



**«Қазақ энциклопедиясының»
Бас редакторы Бауыржан ЖАҚЫП**

Редакциялық алқа мүшелері:

Мәлік-Айдар АСЫЛБЕКОВ

Бүркітбай АЯҒАН

Ханкелді ӘБЖАНОВ

Меруерт ӘБУСЕЙТОВА

Ғұсман ЖАНДЫБАЕВ

Бақыт ЖҰМАТАЕВ *(жауапты хатшы)*

Тұрсынбек КӘКІШҰЛЫ

Берекет КӘРІБАЕВ

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ

Уәлихан ҚАЛИЖАНҰЛЫ

Зардыхан ҚИНАЯТҰЛЫ

Серік ҚИРАБАЕВ

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД

Нұрымжан МАУЫТОВ *(бас редактордың орынбасары)*

Нәбижан МҰХАМЕТХАНҰЛЫ

Болатбек НӘСЕНОВ

Көбетай НҰРПЕЙІСОВ *(құрастырушы-редактор)*

Талас ОМАРБЕКОВ

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ

Ерлан СЫДЫҚОВ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ

Марат ТӘЖИН

Шот-Аман УӘЛИХАН



تاریخ و جغرافیا کتابخانه

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ



Алматы
2013

УДК 94(574+031)
ББК 63.3(5Қаз)я2
А 16

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Құрастырушы-авторлар:
Б.К.Жұматаев, К.Ә.Нұрпейісов, Ғ.Жандыбаев

А 16 **АБЫЛАЙ ХАН.** Энциклопедия. / Бас. ред. Б.Ө.Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 656 бет + 32 бет түрлі түсті суретті жапсырма. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-7472-23-8

Энциклопедия 18 ғасырда ғұмыр кешкен ұлы хан, дарынды әскери қолбасшы, кемеңгер мәмілегер Абылай ханның қазақ халқының басынан өткен зор-зобалаң замандағы қазақтың елдігін сақтап қалудағы тарихи рөлі және ұлтты ұйыстырып, біріктіру мақсаты жолында өзінің бүкіл күш-жігері мен ақыл-парасатын сарп еткен саяси қайраткерлік әрі мемлекеттік істеріне арналған. Энциклопедияда болашақ ханның бозбалалық шағынан ержетіп, есейіп-толысқан кезі, абыройы мен айбыны артып, өскен ортасы мен сұлтандықтан хан дәрежесіне дейінгі көтерілген өмір соқпақтары, Абылайдың арғы ата-бабалары мен одан тараған ұрпақтары мен үрім-бұтақтары, тұстас-замандастары, елі мен жерін жат жұрттықтардан қан кешіп жүріп қорғаған үзеңгілес жаужүрек батырлары, ел болашағының қамын жеген ақылгөй даналар мен билері; қазақ халқының тәуелсіздігі жолында Абылай ханның ұстанған өмірлік мақсат-мұраты жолында күрес жүргізген ілгері-кейінді ел басылары, қаһарман ерлер және ханның өмірі мен еңбегі жайында қалам тартқан ақындар мен жазушылар, ғалымдар мен зерттеушілер, сондай-ақ Абылай ханнан кейінгі ұрпаққа мұра болып қалған жер-су аттары, т.б. қамтылған.

УДК 94(574+031)
ББК 63.3(5Қаз)я2

ISBN 978-601-7472-23-8

© «Қазақ энциклопедиясы», 2013

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасының Президенті

АБЫЛАЙ АҢСАҒАН АЗАТТЫҚ

Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә.

Алмағайып сұрапыл заманда есеңгіреген елге ес кіргізіп, бір тудың астына біріктіре білген Абылай ерлігі мен ақыл-парасатын қатар жұмсаған сарабдал саясаткерлігінің арқасында қазақ халқын жойылып кетуден сақтап қалды. Осылайша, туған халқының кемел болашағын аңсаған ол **өз дәуірі артқан ұлы жүкті қайыспай көтеріп, ел алдындағы перзенттік парызын атқарып кетті.**

Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болуы үшін біз бабалардан қалған аманатты есімізден шығармай, үнемі електен өткізіп отыруға тиіспіз. Өйткені, біз Абылай бабамыз армандаған осы күнге оңайлықпен жеткеніміз жоқ.

Ел арасында Абылайдың арманына байланысты айтылатын тәмсіл бар. Ақтық сәтінде: «Хан ием, не арманыңыз бар?» деп сұраған Бұқар жырауға Абылай хан: «Үш арманым бар. Біріншісі, елімді бейбіт өмірге жеткізсем деп едім. Қан көп төгілді. Екіншісі, халық жер емшегін еме алмады, қала, кент сала алмады. Үшіншісі, елдің басын біріктіре алмадым», деген екен.

Әрине, сыртқы жауға қарсы қазақтың басын біріктіріп, халқын азат қыламын деп аттан түспеген ардақты ханның ел келешегіне қатысты арманы аз емес еді. Бірақ ауызбірліктің дұрыс болмауынан Абылайдың көп арманы заманында орындалмай қалды. Маңдайына бақ пен соры қатар жазылған Қазақ елі Абылай хан өмірден өткеннен кейін де тағдырдың талай тауқыметін тартты. Ырысын қашырған алауыздықты, «бас басына би болған өңкей қықым» заманды, ұлттық болмысымызды жоймақ болған тоталитарлық саясаттың тепкісін көрді. Алайда, ертеңгі күнге деген үмітімізді өшірмей, бәрінен өттік. **Айбарлы Абылай аңсаған асқақ арманға, ұлы мұратқа бүгінгі ұрпақ жетті.** Байтақ өлкеміздің шекарасын заман талабына сай халықаралық нормалармен бекітіп, әлемдік қауымдастықты мойындаттық. Сол арқылы көршілерімізбен мәңгілік достыққа, өзара тиімді сауда-экономикалық, мәдени байланыстарға негіз қаладық. Бұл күнде ешқандай елдің Қазақ жеріне қатысты дауы жоқ.

Ең бастысы, біз бабалар аманат еткен киелі жерімізде құрған мемлекетімізде ынтымағымызды сақтай білдік. Соның арқасында берекелі бірлігіміз төрткүл дүниеге мәлім болды. Есілдің бойына ел қондырып, еңселі Ордамызды орнаттық. Арқа төсіне әсем Астана салып, әлемге Қазақстан деген абыройлы мемлекет ретінде танылды. Қазіргі жасампаз Қазақстан іргесі берік, ынтымағы мығым, төрт құбыласын тегіс мойындатқан Тәуелсіз мемлекетке айналды. Қандай қиын-қыстау

замандардан өтсе де елдігін жоғалтпаған қазақ халқы Абылай армандаған мамыражай бейбіт өмірді көрді. Абылай мұратының орындалғаны осы емес пе?!

Олай болса, қазақтың тағдыры қыл үстінде тұрған кезеңде хандық құрып, тұтас-тай бір мемлекеттер жер бетінен жойылып кетіп жатқанда елге, жерге қорған болған айтулы Абылай ханның 300 жылдығы – жалпыұлттық ұлағатты той. Ал **республикалық деңгейдегі кез келген мерекелік шара ұлтты ұйыстыруға, мемлекеттілікті нығайтуға қызмет етуі ләзім.**

Осы орайда Абылай ханның ұлағатты өмір тарихын ұлтқа, ұрпаққа кенінен өнеге ету керек. Жас ұрпақ Абылай ханның Қазақ елінің тарихындағы алар орнын жақсы білуге тиіс. Бұл кейінгі буынның жүрегіне отаншылдық нәрін егіп, бойында мемлекетшіл қасиеттердің өркен жаюына ықпал етпек. Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұраланы мен бұлтарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтаңдақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана **өзіне тиесілі замана жүгін діндеген межесіне абыроймен жеткізе алады.** Ол үшін біз ұрпақ алдындағы өз міндетімізді толық атқарып, жастардың ой-санасының дұрыс қалыптасуына барынша жағдай жасауымыз қажет.

Әрине, Абылай хан зерттелмей қалған тұлға емес. Қазір ұлттық тарихымыз тәуелсіз жана көзқарас тұрғысынан түбегейлі қайта зерделенуде. Ал аумалы-төкпелі аласапыранды бастан кешкен Абылай ханның заманы – алыптар дәуірі. «Болу немесе бордай тозудың» алдында, өмір мен өлімнің беттескен тұсында дұшпанға қарсы тізе қосып, Абылайдың қасынан табылған үзеңгілес серіктері де ақылы озған абыздар, төрелігі әділ билер, жүрегі түкті батырлар еді. Атамекен жері үшін қасықтай қанын қиған даңқты бабалардың аттары ұрпаққа ұран болып бүгінге жетті. Тарих тағылым. Сондықтан Абылай хан мен оның дәуірін, сол тұстағы жыраулар мен абыздарды, билер мен батырларды бар болмысымен жас ұрпақтың санасына сіңіру керек.

Мен халыққа арнаған сөздерімде ел бірлігі, ұлт татулығы – игіліктің кепілі екендігін айтудан жалыққан емеспін. Осы жолда бар қажыр-қайратымды жұмсап келемін. Өйткені, бірлігі тайған елге бақ құтаймайтынын осынау азды-көпті жиырма жылдың ішінде өзгенің тәжірибесінен сан рет көрдік. Берекенің бастауы елдің ынтымағы екеніне де Тәуелсіздігіміздің ғасырға бергісіз алғашқы белесінде куә болып отырмыз.

Өткенінен сабақ алмаған ел табысқа жете алмайды.

Сонау қилы замандарда қазақтың жерін жоңғар басып алса, ол қазақ сарбаздарының немесе қазақ ұлтының әлсіздігінен емес, бірлігін құнттай алмағандығынан, ағайынның алауыздығынан және заманның көшіне ілесе алмағанынан болатын. Ал адуынды жаудан қасиетті жерімізді азат етіп, жоңғар әскерін оңалмастай етіп жеңсек, ол да бар күшімізді бір қолға, Абылай хан туының астына жинаған тастүйін бірлігіміздің, ынтымағымыздың арқасы еді.

Абылай хан қызғыштай қорып, тұмарындай тәу еткен, армандап кеткен Қазақ елінің Тәуелсіздігіне біздер, бүгінгі буын қазақстандықтардың жеткені үшін де шексіз тәубе айтып, бөлінуге бастайтын жершілдік пен рушылдық дертінен арылған жөн. Себебі, бүгінгі заманның жаңаша түрленген қауіп-қатері кешегіден кем соқпайды. Ендеше, Абылайдың арманына қазіргі Қазақстан қол жеткізгенін ерекше мақтан тұтып, ішкі ынтымағымызды, сүттей ұйыған татулығымызды сақтауға қызмет ету баршамыздың парызымыз.

Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын, ағайын!

АБЫЛАЙ

Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады.

Ал шынында Абылай Орта жүз қазақтарының XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі Орта жүз сұлтандарының кенже буынынан тарайды да, үшінші атадан басып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай (біздегі дерек бойынша Абылай сұлтан ханның немере інісі) 1739 (дұрысы 1740) жылы Орынборда Ресейге мәңгі бодан болатыны туралы ант берген. Атасы, оның да аты Абылай, Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін қанішер деген қаһарлы да құрметті атакқа ие болған кісі. Бірақ, баласы Уәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілердің бірінің қолынан қаза тапты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасында ғана он үш жасар Абылай аман қалды.

Адал төлеңгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартты. Ағайын-туғандары сыртқа тепкен жас Абылай қырға келіп, Жақсылық руының бір байына малшы болады. Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығын, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды. XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесепат жұт пен ашаршылық тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді. Орынбордағы бір қазақ рубасының өз жерлестерінің қайғылы халін соңынан бір топ ұялас тазы қуған қоянның жағдайына теңегені бар.

Әсіресе, 1723 жыл сұмдық сипатымен қазақтардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жоңғар қонтайшысы Қалдан-Серен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп, қазақтар мен қырғыздарды бұрынғы шалдуарлығы мен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қанқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол-жөнекей дүние-мүлкін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрық малын, үй мүкәмәлін шашып, түстікке барып қойып кетті. Орта жүз – Самарқанның түбіне, Кіші жүз Хиуа мен Бұхар барып паналайды. Ал қырғыздар Болордың адам аяғы баспаған күз-жарына жасырынып, үрейі ұшқаны сонша Гиссар алқабына дейін жетеді. Орта Азияның құм белдерінен шүйгін жайылым таба алмай, жаңа көршілермен жауыққан қазақтар құдіретті Ресейдің шекарасына жүз салып, олардан қолдау мен қолқабыс іздейді.

Міне, осындай екідай, үрейлі қанды-қасап кезеңде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айрықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл-кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында, ол бірден-ақ көреген, кемеңгер деген атқа ие болады. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқаруы үшін Алланың өзі жіберген елшісі, әруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп,

сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте торға түсіп, бірінде қырғыздарға, екіншісінде Қалдан-Серенге тұтқын болды. Оның Қалданнан құтылуы шын мәніндегі керемет. Себебі ол ханның сүйікті ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, күдіретті қалмақтың казактардан табандап тұрып талап етуімен тұтқынға түскен ғой.

Қалай болғанмен де, 1739 жылы біз оны Орта жүздің ең ықпалды, ең күшті билеушісі деп таныдық. Орыс үкіметі де көбінесе Абылаймен және оның ағасы Сұлтанбекпен ғана байланыс жасап отырған. Өйткені, қырға барып қайтқан орыстардың айтуына қарағанда, ол тұста нағыз ханның ешқандай мәні де, беделі де болмаған. Даламен жақсы таныс Тевкелев бұл сұлтанды қазақ билеушілерінің ішіндегі ең айлакері, әрі ең ықпалдысы дейді.

1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысқаны Жолбарыс сұлтанды жіберіп, сый-сияпат сұрайды. Кейін оған өкілеттік қағаз жіберіліп, жылына 300 сом жалақысы тағайындалып, 200 пұт ұн беріп тұру белгіленді. Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың мансап жолындағы ой-арманын жүзеге асыруына жағдай жасайтын оқиғалар болған еді. Ол оның халық алдындағы абырой-беделін тіпті аспандатып жіберді. 1745 жылы казактарға әзірейілдей болған Қалдан-Серен дүние салып, Жоңғарияда билікке таласқан дүрбелең басталады. Қалмақ тайшылары енді Абылайдан көмек күтеді. Ескі кегі зығырданын қайнатып, жоңғарларға тісін қайрап жүрген сұлтан олардың алтыбақан алауыз боп әлсіреуін пайдаланып, бірде бір жағына, бірде екіншісіне ыршып шығып, ұрыс-керістің көрігін қыздыра түседі.

Жоңғарияны тарихта теңдесі жоқ жылдамдықпен оп-оңай жаулап алған император Цян-Лунның жеңімпаз әскерінің жоңғар жеріне келуі Абылайдың саясатына үлкен ықпал етеді. Жоңғария мен Кіші Бұхар аймағын оп-оңай өзіне қаратуы және қытайлықтардың жауынгерлік рухын көтеріп, басқыншылық құштарлығын арттыра түседі. Зайыры, император Цян-Лун хань және тань әулеттерінің заманын қайталағысы келгенге ұқсайды. 1756, 1758 және 1760 жылдары Қытай жасақтары Орта жүз казактарының жеріне ат ізін тастайды. Қазақ билеушілері Кіші жүздің ханы Нұралы, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай Аспанасты империясымен келісімге келуге құлшынады. 1756 жылы Абылай өзін боғдыхан вассалы деп мойындап, бекзада атағы мен жылпарақ алады. Ал Нұралы Пекинге елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Ердене би 1758 жылы, кейін мұрагері Нарбота би Көктің ұлына пенделігін мойындайды.

Осынау сырттай тәнтілікке қарамастан, ортаазиялықтар аса абыржулы еді. Күшті Жоңғария құлап, Кіші Бұхардың басып алынуы адам айтқысыз үрей туғызды. Оның үстіне діндар мұсылмандар ақыр заман болар алдында жердің жүзін қара қытай қаптайды деген аңызға қатты сенетін-ді. 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адамнан тұратын Қытай елшілері келіп, императордың әмірі бойынша көктем туа Түркістан мен Самарқандқа әскер шығатынын жариялап, алда болар жорық үшін көмекке кісі, көлікке жылқы мен өгіз, сойымға қой сұрауы казактардың үрейін тіпті ұшырып жіберді. Олар уақытша өзара іріңгезекті доғарып, одақ құрып, оның басына қолбасшы етіп Нәдір-шахтың түменбасы, Қандағар билеушісі әрі Дурани әулетінің негізін қалаушы Ахметті тағайындады. Абылай сырттай одаққа кіретін сияқты көрінгенімен, шын мәнінде қытай үкіметімен байланысын үзбей, барған сайын онымен жақындаса түсті. Ол тіпті Пекинге аманат етіп ұлы Әділді жіберді. Бірақ Боғдыхан Абылайдың тәнтілігіне дән разы болып, Әділді қолына өкілеттік қағаз беріп, көп сый-сыяпатпен әкесіне қайта аттандырды. Ал, Абылайдың өзі болса Сайрамкөл жағасына Іле цзян-цзунымен (генерал-

губернаторымен) кездесіп, онымен сауда шартын жасасты. Шарт бойынша Тарбағатай (Шәуешек) мен Іледе (Құлжа) айырбас базары ашылып, одан қазақтар айдап әкелген малына қытай бұйымдарын айырбастап алып жүрді. Боғдыханның мұндай мейірімі, әсіресе, тарту-таралғысы баққұмар, даңққұмар қазаққа ұнамай қалған жоқ.

Қытайлармен байланысы бекіген сайын Абылай Ресеймен қарым-қатынастан іргесін аулақ сала бастады. 1771 жылы хан сайлағанда да ол орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп, ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықтап қойғанын, Көктің ұлының және өкілеттік қағазы барын желеу етті. Дегенмен, орыс үкіметі қырға өз қызметшісін арнайы жіберіп, Абылайға ант бергізіп, хан атағының белгілерін (қылыш, қамқа тон және бөрік) тапсырды. Ондағысы өздері бекітпей тұрып, хан болу деген қазақтардың қаперіне де келмесін деген ішкі есеп. Абылай өз балаларына ақыл айтқанда Қытаймен жақындаса түсуге кеңес беріп, Ресеймен келісімді сақтау керек деп тапсырды. Оның ойынша, қытайлар хан билігі үшін ешқашан қатерлі емес, ал, орыс үкіметі болса, жергілікті билікке ең күшті бәсекелес. Оның үстіне заман ағымы қазақтардың Ресей көмегіне мұқтаждығы аз екенін айқындай түсті.

Абылайдың қырдағы билігі тіптен нығайды. Ұлы жүз де (біздегі қағаз бойынша Үйсін болыстары) оның билігін мойындады. Жоңғарларды қытайлар жойып жіберді. Қазақтар ту-талапай еткен, әсіресе Абылайдың өзі түбіне жеткен торғауыттар Ілеге әрең жетіп, қытай саясатшыларының қитұрқы торына түсті. Пугачев бүліншілігі титықтатып, тағдырын енді үкімет қолына алған Жайық казактары өз бетімен басып кіре алмас халге жетті. Қазақтардың ендігі жауы Түркістан, Созақ, Сайрам, Шу мен Ташкенттің арасындағы және басқа қалалардағы қазақ сұлтандарынан ауылын аулақ салуға тырысқан қу қырғыздар мен Орта Азия билеушілерінің бір бөлегі ғана. Абылайға аян беріп отыратын әдеттен тыс аруаққа деген сенім қазақ халқына бұрын-соңды болмаған өжеттік дарытты. 1770 жылы Абылай Шат асуынан да асып, Туро өзенінің маңында қырғыздарға шабуыл жасады. Таулықтарды өкшелей қуып, ол Шу жазығына дейін айдап салды. Шуға құятын Қызылсу мен Шамси өзендерінің бойында қырғыздар Абылайға қарсы одақтасып қан кеше жүріп айқасады. Бұл жайында «Жайыл қырғыны» атты аңыз күні бүгінге дейін бар. Қырғыздардың қырылғаны сонша, Сұлту руының Талқан деген атасынан тек қырық-ақ адам тірі қалады. Сонан соң Абылай олжасын артынып-тартынып өзінің Сібір желісіне жақын сүйікті қонысы Көкшетауға қайтып келеді. Алып келген тұтқындары тіпті көп, қазір олардың ұрпағы Жаңа және Бай қырғыз деген екі болыс ел болып отыр.

Абылайдың Ташкентпен және Ходжентпен соғысы Жизаққа дейін жетіп, шаһарды алуымен тынды. Олардың арасында Әзірет сұлтан, Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа қалалар бар. Ал, Ташкент алым-салық төлеп отыруға тиісті болды. 1774 жылы Абылай Үйсіннің ел ағаларының өтінуі бойынша, оларды басқару үшін ұлы Әділді жіберіп, оған Талас өзенінің бойынан қалашық салып берді. Кентке кілең еңбеккор қарақалпақтар қоныстанды. Ұзын саны жетпіс бірге жететін басқа балаларына ол Орта және Ұлы жүз руларын бөліп берді. Ал, өзі әулет басы ретінде рубасыларының ғұрпы бойынша өмір сүру үшін Түркістанда қалды. Сонда 1781 жылы дүние салып, мүрдесі Қожа Ахмет Ясауидің мешіті алаңына жерленді.

Міне, ғаламат қазақтың саяси өмірінің желісі осындай. Даңқы дәуірлеп көтерілуіне жеке басының кісілігімен, ақыл-парасатының кеңдігімен жеткен ол арыны ауыздықсыз, қызуқанды қызба халықтың қадір-құрметін ие бола білді. Қырдағы бұл құрметтің тылсымдап тастайтын тамаша бір сипаты болды. Әбілмәмбет қайтыс

болғаннан кейін өз сұлтандарының ішіндегі ең лайықтысы осы деп халық оны бірден хан көтерді. Ал, қазақ дәстүріне бақса, Әбілмәмбет балаларының ішінен заңды мұрагерлер табылатын-ақ еді. Осынау сайлаудың куәгері болған орыс азаматы алқалаған рубасыларының оны ақ киізге салып қалай төбеге көтергенін, бірінен-бірі асырып өжеттігі мен өтімділігін, жампоздығы мен жеңімпаздығын жер-көкке сыйғызбай қалай мадақтағанын, сонан соң ол киген шапанды өрім-өрім ғып қиқымдай жыртып, үлесіп алғанын тамсана жазады. Мұның өзі ханның қадір-қасиетін танытар тамаша көрініс еді.

Қазақ хандарының арасында Абылайдай шексіз билікке ие болған бірде-бірі жоқ. Ол өз өктемдігін асырып, ең алғаш өлім жазасын енгізді. Бұрын бұндай сұмдық шешім халық жиынының ұйғарымымен ғана жүзеге асатын. Сөйтіп, ол ханның билігін алқалы кеңес арқылы шектеп отыратын рубасылары мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін тыйды. Әуелі мұндай жаңалық сұлтандар мен билердің наразылығын туғызып, бас көтертті де, 1781 жылы Дайыр сұлтан Орынбор губернаторына арыз айтып, Абылайды өзіне тиісті емес билікті басып алушы деп бейнелейді. Рубасылары ежелгі әдет бойынша кәдімгі Польшадағы корольға қарсы соғыс сияқты, ханға қарсы аттанбақ та болды. Алайда, Абылайдың төлеңгіттері оларды тас-талқан қылды да, бәрі ханның темір тезіне бағынуға мәжбүр болды. Бұл ханның ықылым заманнан аяланып келген еркін жайылуды өктемдікпен басып, өз қимыл-қарекетін қалай заңдастырғанын кім білсін, әйтеуір ұрпақтар оны әулие санап, шабуылға шыққанда есімін жігер шыңдар ұран етіп атайды. Ал, оның өз балаларына қалдырған ауызша өсиеті Ақсақ Темірдің саясатымен астасып жатқанын аңғартады. Балаларына ол қазақ тайпалары арасындағы ру таласын ешқашан түбегейлі шешпе, дұрдараздық пен дау-дамай қашанда хан билігінің тапжылмас таяныш-тірегі болуы керек деп ақыл-кеңес беріп отырған.

Қазақтардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жыр-дастандардың арқауына айналған. Домбыра мен қобызда орындалатын небір күйлер соның дәуірінде дүниеге келген және көбі сол кезеңді сипаттайды. Халық күйі «Шаңды жорық» жаудан қайтып көрмеген жүрек жұтқан Баян батыр опат болған шабуыл кезінде шығарылған. Ал «Қапшық қағу» Еділ қалмақтарына қарсы жорықтан туады. Сол жолы қазақтар жеті күн бойы ашығып, олжаға қолы әрең жетеді. Бұл күйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай ұрпақтарына сонау бір даңқты кезеңдерді елестетеді.

АБЛАЙ

Аблай – в русских летописях называемый царевичем Сибирским.

Аблай – (Абулай) хан Средней киргиз-кайсацкой орды, живший в XVIII веке. Он происходил из младшей линии султанов Средней орды и имел в третьем колене общего родоначальника с Абульмамбетом (точнее Абулмамбет) – ханом, с которым Аблай (в наших бумагах Аблай-султан, двоюродный брат хана) в 1739 (правильно: в 1740) году присягнул в Оренбурге на вечное подданство России. Дед его, тоже имени Аблай, был владельцем города Туркестана и прославился такими воинскими доблестями, что получил грозное и почетное название Кан-Ичер (кровопийца). Сын его, Вали не мог поддержать славы отца; один из соседних владельцев, взяв Туркестан, убил его, и только преданность одного из рабов спасла жизнь тринадцатилетнего сына его, Аблая. Верный слуга бежал с своим питомцем в Киргизскую (то есть в К а з а х с к у ю) степь. Юный Аблай, отвергнутый знатными родственниками своими, вступает в услужение к богатому киргизу, рода якшилых (то есть жақсылық). Смутные обстоятельства того времени дают возможность Аблаю выказать свою храбрость, сметливость и ум самым блестящим образом. Первое десятилетие XVIII века было ужасным временем в жизни киргизского народа. Джунгары, волжские калмыки, яицкие казаки и башкиры с разных сторон громили их улусы, отгоняли скот и уводили в плен киргизов целыми семействами. Холодные зимы, гололедицы и голод, как небесное испытание, увеличивали их бедствия. Один киргизский родоначальник в Оренбурге сравнивал печальное положение своих земляков с положением зайца, которого преследует целая свора гончих. 1723 год особенно памятен киргизам своим роковым характером и сохранился в народной памяти. В этот злополучный год, сопровождавшийся глубокими снегами и гололедицей, Галдан-Церен, джунгарский хонтайши [(хунтайджи) – титул правителя Джунгарского ханства] с несметным чериком (войском) вторгается в Киргизскую степь для наказания кайсаков и бурутов за прежние их набеги и буйства. Преследуемые повсюду свирепыми джунгарами киргизы, подобно стадам испуганных сайгаков (или серн, по народному выражению), бегут на юг, оставляя на пути свое имущество, детей, стариков, домашний скарб и исхудалый скот, и останавливаются: Средняя орда – около Самарканда, Малая – в Хиве и Бухаре, а буруты – в неприступных ущельях Болора и в паническом страхе достигают до окрестностей Гиссара. Не находя в среднеазиатских песчаных степях сытных пастбищ и вступив во вражду с новыми соседями, киргизы обращаются к границам могущественной России, чтобы искать ее помощи и покровительства. В это-то ужасное и кровавое время обращает на себя всеобщее внимание султан Аблай. Участвуя во всех набегах, сначала как рядовой воин, он показывает подвиги необыкновенной храбрости и хитрости. Полезные советы его и стратегические соображения упрочивают за ним имя мудрого. Аблай действительно перенес много испытаний и борьбы, пока значение его не возросло до того, что киргизы считали его воплотившимся духом (арвах), ниспосланным для совершения великих дел. Он был два раза в плену, раз у дикокаменных киргиз (буру-

тов), а в другой – у Галдана-Церена. Спасение его от Галдана считается чудом, тем более, что он убил его любимого сына, Чарча, и был выдан ему киргизами по настоятельному требованию могущественного калмыка. Как бы то ни было, в 1739 году мы находим его самым сильным из владельцев Средней орды, и русское правительство по преимуществу сносится с Аблаем и братом его, Султанбеком, потому, что настоящий хан, по свидетельству всех русских, пославшихся в орду в то время, ничего не значил. Тевкелев, хорошо знакомый с ордою, говорил об этом султанине, так о самом хитром и влиятельном из киргизских владельцев. В 1759 году Аблай посылал к русскому двору родственника своего, Юлбарс-султана, и просил награды, вследствие чего послана была ему грамота, назначено ежегодно 300 рублей жалованья и 200 пудов муки. Между тем в Средней Азии произошли события, которые способствовали Аблаю к достижению его честолюбивых замыслов и которые возвысили его еще более в народном мнении. В 1745 году умирает страшный для киргизов Галдан-Церен, и в Джунгарии происходят смуты за первенство. Калмыцкие тайдзи попеременно ищут помощи Аблая, который, по старой злобе на джунгар, пользуется случаем для их ослабления и поддерживает раздоры, принимая то одну, то другую сторону. Появление в Джунгарии победоносных войск императора Цян-Луна, которые с беспримерною в истории легкостью завоевывают Джунгарию, имело большое влияние на политику Аблая. Успешное покорение Джунгарии и Малой Бухарии возбудило, кажется, в китайцах воинственный дух и жажду завоевания. По-видимому, император Цян-Лун хотел повторить времена ханьской и танской династий. В 1756, 1758 и 1760 годах китайские отряды вступили в земли киргизов Средней орды. Владетели киргизские: Нурали – хан Малой орды, Абульмамбет – Средней и Аблай – спешили войти в сношения с Поднебесной империей (то есть с Китаем). Аблай в 1756 году признал себя вассалом богдыхана [Богдыхан (богдохан – «святой хан») – монгольское название императора Китая] и получил княжеский титул и календарь. Нурали послал посольство в Пекин; кокандский владетель Эрдене-бий, в 1758 году и впоследствии преемник его, Нарбута-бий, также признали покровительство «сына неба» (то есть китайского императора). Несмотря на эту наружную покорность, среднеазиатцы были очень встревожены; падение сильной Джунгарии и завоевание единоверной Малой Бухарии навели на них панический и мистический страх, тем более, что, по господствовавшему преданию, суеверные мусульмане верили, что перед окончанием света китайцы покорят весь мир. Когда же в 1762 году явились к хану Средней орды Абульмамбету и султану Аблаю китайские послы с 130 человеками и объявили, что по воле императора намерены с наступлением весны послать войска в Туркестан и Самарканд и просили людей, лошадей, быков и баранов для предполагаемой экспедиции, страх киргизов еще более увеличился. Они забыли на время междоусобные раздоры и составили союз, во главе которого стал знаменитый генерал Надира-шаха Ахмет, владетель Кандагара и основатель династии дураниев. Аблай, хотя косвенно и участвовал в союзе, но не прерывал сношений и все более и более сближался с китайским правительством. Он даже отправил в Пекин аманатом (то есть заложником) сына своего Адила, но богдыхан, довольный покорностью Аблая, возвратил Адила к отцу с богатыми дарами и милостивою грамотой. Между тем сам Аблай имел свидание с илийским цзянь-цзуном (генерал-губернатором) около озера Сайрам-Куль и заключил с ним торговый договор, по которому открыты были в Тарбагатае (Чугучаке) и в Или (Кульдже) меновые базары, где киргизы выменивали на пригоняемый ими скот туземные китайские товары. Та-

кое внимание богдыхана и особенно дары и тиулы не могли не нравиться корыстолюбивому и честолюбивому киргизу. По мере сближения с китайцами Аблай явно стал избегать сношений с Россией и в 1771 году, избранный ханом, не хотел ехать на русскую границу для принятия присяги, говоря, что он давно утвержден в своем достоинстве народным избранием и грамотою «сына неба». Русское правительство все-таки послало чиновника в орду для приведения Аблая к присяге и для возложения на него знаков ханского достоинства (сабли, шубы и шапки) в тех видах, чтобы не возбудить в киргизах мысли о возможности быть ханом помимо нашего утверждения. Аблай в наставлении своим детям советовал более сближаться с Китаем, но хранить согласие с Россией. Китайцы, по его мнению, не могли быть никогда опасны для ханской власти, между тем, как в русском правительстве он видел сильную оппозицию туземной власти; притом и обстоятельства времени были такого рода, что киргизы всего менее нуждались в помощи России. Власть Аблая в орде была упрочена накрепко, и Большая орда (в наших бумагах усунские волости) признала также его власть. Джунгары были уничтожены китайцами; торгоуты, разграбленные киргизами, особенно самим Аблаем, кое-как дотащились до Или, где и попались в хитрые сети китайской политики. Яицкие казаки, обессиленные пугачевским бунтом и принятые в руки правительства, не могли делать самовластных вторжений; оставались врагами киргизов только хитрые буруты и отчасти среднеазиатские владельцы, стремившиеся к отторжению от киргизских султанов Туркестана, Сузака, Сайрама и других городов между Чу и Ташкентом. Вера и убеждение в сверхъестественную силу, которая руководила Аблаем, дали киргизскому народу небывалую отважность. Аблай в 1770 году нападает на бурутов около реки Туро, совершив замечательный переход через Шату, и преследует этих горцев до Чуйской долины. Кровавая битва, происходившая около рек Кызылсу и Шамси, впадающих в Чу, где все буруты бились в союзе против Аблая, живет до сих пор в их преданиях под именем «джаиловского побоища». Буруты потерпели такое поражение, что из поколения толкан, рода султу осталось только 40 человек. Аблай вернулся в Кокчетав, свое любимое кочевье, близ сибирской линии, обремененный добычею, и пленные, приведенные им, были так многочисленны, что теперь потомки их составляют две волости под названием Яна и Бай-киргиз (т. е. новые и богатые киргизы). Война Аблая с Ташкентом и Ходжендом, в которой он проник до Джизаха, увенчалась взятием семи городов и кончилась уступкою ему городов Азрета, Сайрама, Чимкента, Сузака и др. и обязательством Ташкента платить ему дань. В 1774 году Аблай дал, по просьбе уйсунских старшин, для управления ими, сына своего Адиля, построив ему на реке Таласе городок, который населил трудолюбивыми каракалпаками. Другим своим сыновьям, которых было 71, разделил он на уделы поколения Средней и Большой орды, и сам, по примеру своих родоначальников, остался жить в Туркестане, где и умер в 1781 году и похоронен в фамильном склепе, под мечетью ходжи Ахмета-Ясеви. Такова политическая жизнь этого замечательного киргиза. Обязанный своему возвышению только личным достоинствам, он умел заслужить уважение народа, легкомысленного и необузданного в своих страстях, в такой степени, что уважение это имело какой-то мистический характер. После смерти Абульмамета народ единогласно избрал его в ханы, как более достойного из всех своих султанов, помимо наследственных прав, которые имели, по киргизским законам, дети Абульмамета. Русский очевидец этого избрания говорит, что все собравшиеся родоначальники, подняв его на тонком белом войлоке, осыпали похвалами за храбрость и

проворство и пересказывали друг другу одержанные им победы, и что потом, когда взорвали на мелкие лоскутки и разделили между собой его верхнее платье, всякий доволен был доставшеюся ему безделкой и провозглашал достоинство избранного хана. Ни один киргизский хан не имел такой неограниченной власти, как Аблай. Он первый предоставил своему произволу смертную казнь, что производилось прежде не иначе, как по положению народного сейма, и усмирил своеволие сильных родоначальников и султанов, которые ограничивали советом власть хана. Сначала подобные нововведения возбудили против него неудовольствие султанов и биев. В 1781 году Даир-султан жаловался Оренбургскому губернатору и выставлял Аблая как похитителя власти, по справедливости принадлежащей ему. Родоначальники пытались, по древнему обычаю, идти на хана войной, как в Польше ходили на короля, но были разбиты Аблаевыми «теленгутами» (рабами) и должны были подчиниться его железной воле. Непонятно, каким образом этот хан, действуя деспотически против свободных льгот, освященных временем, умел облечь свои действия в такую форму, что потомство считает его святым, и при набегах для придачи себе храбрости призывает его имя. Весьма замечателен устный наказ его детям, который обнаруживает общий характер его тамерланской политики: он советует им никогда не решать вполне междуродовых дел киргизских племен, ибо только несогласие и раздоры могут быть незыблемою опорой ханской власти.

В преданий киргизов Аблай носит какой-то поэтический ореол; век Аблая у них является веком киргизского рыцарства. Его походы, подвиги его богатырей служат сюжетами эпическим рассказам. Большая часть музыкальных пьес, играемых на дудке и хонбе, относится к его времени и разным эпохам его жизни. Народные песни: «Пыльный поход», сложенная во время набега, в котором был убит храбрый богатырь Баян; «Тряси мешки» – в память зимнего похода на волжских калмыков, во время которого киргизы голодали 7 дней, пока не взяли добычи, – разыгрываются до сих пор киргизскими музыкантами и напоминают потомкам поколения Аблая прежние славные времена.

Chokan VALIKHANOV

ABLAI

Ablai is known as Siberian prince in Russian chronicles.

Ablai (Abulai) is the Khan of the Middle Kirgiz-Kaisak Hordes, who lived in XVIII century. Ablai Khan belonged to the younger generation of sultans in the Middle Horde and had a common ancestor Abulmamet (Abulmambet) Khan. Together with him Ablai (Ablai sultan here is a cousin of Abulmamet) in 1739 (1740) sworn in Orenburg to the eternal Russian citizenship. His grandfather, also named Ablai, was the ruler of Turkestan and became famous for military valor that got such threatening and honorable name as Kan-Icher (vampire). His son Vali could not achieve the father's glory; one of the neighboring rulers captured Turkestan and killed him, then destroyed the city. Only thanks to the loyalty of one of the servants, thirteen year old Ablai stayed alive. Faithful servant ran to Kirghiz steppes with a child.

Young Ablai, rejected by noble relatives, enters into the service of the rich Kirghiz, yakshilik clan (zhaksilik). Vague circumstances of that time made Ablai brave, clever and intelligent. The first decade of XVIII century was a horrible time in the life of Kirghiz people. Djungars, Volgian kalmyks, Yaik Cossacks and Bashkirs had crushed Uluses from different sides, took their cattle and carried off into captivity the whole Kirghiz families. Cold winters, icy conditions and hunger, as heavenly trials, increased their disasters. One Kirghiz ancestor from Orenburg compared sad position of his nation with a hare, which pursues by a whole pack of hounds.

1723 is especially memorable date for Kirghiz nation by its fatal character and preserved for a long time in nations' memory. In this unfortunate year, full of deep snow and ice, Galdan Tseren, Djungar Hotayshi (huntaydzhi) with his troops invades Kirghiz steppes and punishes Kaisak and Burut clans for previous attacks and their rampage. Kirghiz, persecuted everywhere by Djungar clan, like a flock of frightened saigak (or sern, according to public sayings), ran to the south, leaving their property, children, grandparents, household goods, emaciated cattle and find their shelter in the Middle Horde- near Samarkand, Small Horde- in Khiva and Bukhara, but Burut clan in panic settle in inaccessible gorges of Ballore and reach the area of Hissar. Not finding nourishing pastures in the Central Asian sandy steppes and having troubles with the new neighbors, Kirghiz reach the borders of Russia and ask for assistance and protection. In this terrible and bloody time, Sultan Ablai attracts public attention. First, being an ordinary soldier, he participates in all battles, showing the feats of bravery and cunning. His useful tips and strategic directions make him wise among public. Ablai really suffered from trials and Kirghiz called him incarnate spirit (arvah), who was

sent down to perform great deeds. He was captured twice, once by Kirghiz (Burut), and second time by Galdan Tseren. His rescue from Galdan Tseren was a miracle, since he killed his beloved son, Charcha, and he was captured by Kirghiz after insistence of powerful Kalmyk. In 1739 Ablai is one of the most powerful rulers in Middle Horde and Russian government respected him and his brother Sultanbek, because Russian says, no one in the Horde was not really deserve a title of being a Khan. Tevkelev, who had known everything about Horde, said that Sultan was very cunning and one of the popular Kirghiz ruler. In 1759 Ablai sent his cousin Yulbars sultan to the Russian court to ask the awards, so they sent him certificate, scheduled annual salary 300 rubles and 200 pounds of flour. Meanwhile, there were some events in Central Asia that helped Ablai to achieve his ambitions and it elevated him even more in the public opinion. A terrible for Kirghiz nation Galdan Tseren die in 1745 and Djungaria began fighting for the championship. Kalmyk Taidzi seeks for help from Ablai, but he was angry at Djungar and he takes an opportunity for weakening them, he supports the strife, taking one or the other side. Appearance of victorious troops of Emperor Tsyen-Loon, who win easily Djungaria, had a great impact on Ablai's politics. Successful conquest of Small Djungaria and Small Bukhara initiated in Chinese the martial spirit and thirst for conquest. Apparently, the Emperor Tsyen-Loon wanted to repeat the times of Han and Tang dynasties. In 1756, 1758 and 1760 Chinese troops invaded Kirghiz lands of Middle Horde. Kirghiz rulers, Nurali-the Khan of Small Horde, Abulmamet-the Khan of Middle Horde and Ablai, entered to the struggle with Celestial Empire (i.e. China). In 1756 Ablai pleaded himself as vassal of Bogdo Khan (Bogdo Khan-«Saint Khan») and was awarded by princely title and calendar. Nurali sent Kokand ruler Erdene-bii and his successor Narbuta-bii to Beijing and in 1758 they also recognized the protection of the «son of heaven» (i.e. the Chinese Empire). Despite this external obedience, Asian population were very alarmed; the fall of Djungaria and conquest of Small Bukhara brought upon them panic and mysterious fear, moreover, according to the dominant tradition, superstitious Muslims believe that Chinese conquer the world before its end. In 1762 Chinese ambassadors with 130 people came to Khan of Middle Horde Abulmamet and sultan Ablai, they announced that they will sent troops into Turkestan and Samarkand in spring, if their nation do not give them people, horses, bulls and rams. The fear of Kirghiz increased more and more. Kirghiz nation forgot all internecine strife and they created one union, headed by a famous General Nadir-Shah Ahmed, the ruler of Kandahar and a founder of Durrani dynasty. Although Ablai participated indirectly in this union, he became closer and closer to Chinese government. He even sent by amanat (hostage) his son Adil to Beijing, but Bogdi Khan returned the son to father with rich gifts and gracious certificate. Ablai had a meeting with Ili Chien-Tsung (General Governer) near Lake Sairam-kul and concluded a trade agreement, according to which were opened exchange-markets in Tarbagatai (Chuguchak) and Ili (Kuldja), where Kirghiz change their cattle to Chinese goods. Greedy and ambitious Ablai liked such kind of attention from Bogdi Khan, especially his gifts and tituls. As supporting the relationship with Chinese, Ablai avoided any contact with Russia and in 1771 when he was elected as a Khan, he did

not want to go to the Russian border for taking the oath, saying that he had been approved in the dignity by public election and got a certificate of the «son of heaven». Russian government sent the officials to the Horde for bringing Ablai to take the oath and to award him by Khan's dignity (swords, coats and hats), they do not want Kirghiz think about an opportunity to become a Khan without their approval. Ablai gave an advice to his children to support the relationship with China and store agreement with Russia. He thought Chinese are less dangerous for Khan's power, however, as in the Russian government he saw the strong opposition of the native government, and circumstances of that time were such that Kirghiz least need Russian assistance. The power of Ablai in the Horde was reinforced firmly and even Big Horde (in papers Usun parish) also recognized his authority. Djungars were destroyed by Chinese; Torgouts were looted by Kirghiz, especially by Ablai himself, they dragged to Ili where were captured by Chinese politics. Yaik Cossacks, exhausted from Pugachev rebellion and taken by government could not do autocratic intrusion; and only canning Buruts and some Central Asian rulers were the enemies of Kirghiz, they wanted to keep out Kirghiz sultans of Turkestan, Suzak, Sairam and other cities between China and Tashkent. Belief and faith in supernatural power that guided by Ablai, gave an unparalleled bravery to Kirghiz nation. In 1770 Ablai attacks Buruts near the river Touro, having made transition through Shatou and pursues them to the Chu Valley. Bloody battle was taking place near rivers Kyzylsu and Shamsi, flowing into Chu, where all Buruts fought against Ablai, and it still lives in their traditions and has a name of «Dzhailov carnage». Buruts suffered a defeat, which from all their generation Tolkan-Sultu clan just only 40 people stayed alive. Ablai arrived to Kokchetav, his favorite nomadic place near the Siberian region, burdened with prey and taking numerous prisoners, now their descendants make up two-parish called Jan and Bai Kirghiz (i.e. new and rich Kirghiz). The battle of Ablai with Tashkent and Khujand, in which he penetrated to Dzhizah, crowned by taking seven cities and finish by concessions of Azreti, Sairam, Shymkent and Suzak towns. Tashkent had an obligation to pay him tribute. In 1774, Ablai gave the reins of his son Adil, at the request of Usun elders. Having evicted hard-working Karakalpak, he built a town to his son on the river Talas. To his other 71 sons, Ablai shared the areas of Middle and Big Hordes. As another his ancestors, he stayed living in Turkestan, where he died in 1781 and was buried in the family vault, under the mosque of Khoja Ahmet Yassavi. That is the political life of this remarkable Kirghiz. Only by his personal achievements, he got public respect and this respect had a mystical character. After the death of Abulmamet, nation unanimously elected him to the Khan, as more worthy among all sultans, even if the children of Abulmamet had more inheritance rights, according to Kirghiz law. Russian eyewitness said, that all ancestors raising him by a thin white felt, showered with praise for his courage and agility; they retold to each other the victories won by him; even when they tore his clothes into tiny shreds and divided between them, everyone was happy to have such trifle and proclaimed the dignity of elected Khan. No one among Khans had not such power as Ablai. He was the first who introduced the death penalty and pacified willfulness of strong ancestors and sultans. At

first, such kind of innovations had displeasure among Sultans and Bii. In 1781 Dair sultan complained to Orenburg governor about Ablai, saying him the plunderer of power. Ancestors tried to go to Ablai by war, according to ancient custom, as in Poland people went to the king, but they were destroyed by «Telenguts» of Khan (i.e. slaves) and had to submit to his iron will. It is unclear how this Khan, acting arbitrarily against freedom of rights of that time, could make his actions in such form that the offspring considers him a saint and even when they raid to other nation, they call his name before it. Quite remarkable his verbal mandate to his children, which discovers the general character of Tamerlan policy: he gives an advice not to solve some problems of Kirghiz clans, for only disagreement and discord can be unshakeable bulwark of Khan's power. In Kirghiz tradition, Ablai is a poetic halo; Ablai century is a century of Kirghiz chivalry. His campaigns, feat of his heroes are epic scenes stories. Most of musical plays, played on the Fife and Honba refer to his time and different periods of his life. Folk song, «Dusty hike», composed during the raid, in which a brave hero Bojan was killed; «Shake sacks» – is in the memory of Volgian Kalmyks in winter hike, in which Kirghiz starved 7 days, until they got booty-played up to now by Kirghiz musicians and remind descendants of Ablai's generation of the former glory days.

ҚАЗАҚТЫҢ ДАҢҚЫН АСЫРҒАН

Бүгінде біз тәуелсіздік биігінен кеңес заманында жазылған жалтақ тарихты қайта қарап, зерделеп жатырмыз. Алайда бұл іс бір күнде бітер шаруа емес. Басқасын былай қойғанда, тіпті хандарымыздың ең алыбы Абылай ханның өміріне байланысты ақтаңдақтар қаншама? Сондықтан да болар әуесқой тарихшылар, не болмаса кешегі отарлық Ресей кезінде қалыптасқан жалған тұжырымдама жетегінде жүргендер ұлы ханның өмір жолын тоқсан тоғыз саққа жүгіртеді. Абылай ханға деген мұндай алақолдықты түсінуге де, түсіндіруге де болады.

Өйткені, ақ патшаның 18 ғ-да Абылай ханнан асқан жауы болмаған. Амалсыздықтан тәуелдімін деп мойындағанмен, Абылай іс жүзінде Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіруге, тәуелсіз ел етуге күшін салды, осы тұрғыда ерлік те, қайраткерлік те жасаған. Ресей патшасы сондықтан да халық алдында Абылай беделін төмендетуге ұмтылды. 18 ғ-дың 30-жылдарынан бастап Абылайдың хандық статусы бар екенін мойындамай, көп сұлтанның біріндей төмендетіп, тұқыртып ұстағысы келді. Ал шын мәнінде, Орта жүз ханы Әбілмәмбетті ордаға барған орыс өкіметінің өкілдері, Ш.Ш.Уәлиханов пайымдауына жүгінсек, «настоящий хан... ничего не значил» (Ч.Ч.Валиханов, Собр.соч. в пяти томах, т. 4. А.-А., 1985, 113-б.) деп санады. Міне, осы тұста тарих сахнасында алып тұлға болып Абылай бейнесі сомдалды. «В это то ужасное и кровавое время обращает на себя всеобщее внимание султан Аблай. Участвуя во всех набегах, сначала как рядовой воин, он показывает подвиги необыкновенной храбрости и хитрости. Полезные советы его и стратегические соображения упрочивают за ним имя мудрого. Аблай действительно перенес много испытаний и борьбы, пока значение его не возросло то того, что киргизы считали его воплотившимся духом (арвах), ниспосланным для совершения великих дел. ...Как бы то ни было, в 1739 году мы находим его самым сильным из владельцев Средней орды и русское правительство по преимуществу сносятся с Аблаем ...» (Сонда, 112–13-б.).

Ресей архивіндегі патша отаршылары жазған құжаттарды абсолюттендіретін кейбір тарихшылар («Егемен Қазақстан», 1999, 7-қаңтар) Абылайдың хандық статусы 18 ғ-дың 30-жылдарының басында болды деген пікір «ақиқаттан тым алшақ» деп санайды. Фактілерге жүгінейік. Қазақтың ұлы ғалымы Уәлиханов өзінің «Абылай» атты мақаласында «век Абылая у них является веком киргизского рыцарства», – дей келіп, 1771 ж. Абылай үш жүзге хан болып сайланғанда, орыс мемлекеті Орта жүз ханы деген статус беріп, ант алғысы келгенде, «не хотел ехать на русскую границу для принятия присяги, говоря, что он давно утверждён в своем достоинстве народным избранием и грамотою «сын небо» (Валиханов, Собр.соч. в пяти томах, т. 4, 114–15-б.) дегенді айтты деп куәлендіреді. Ендеше ол өзін 1771 жылға дейін де (ол кезде Абылай хан 60 жаста) хан болғанмын деп әділ санайды.

Шәкәрім қажы өзінің «Уәлибақының нәсілі» деген еңбегінде «Үш жүзден тоқсан жақсы ертіп барып, өздері қасиетті көретұғын Арғын, Шақшақ нәсілінен деген кісіден бата алып, Әбілмәнсұрды үлкен хан қойыпты...» – дейді. Шәкәрімнің айтуы бойынша, кейін бұл шешімге Төле би де ризалығын білдірген (Абылай хан, А., 1993, 357- б.). Арқаның ардагерлері сексен көлді қоршаған Бурабайды еншісіне

беріп, Атығай-Қарауылдың алты аруын алты отауына енгізген. 1740 ж. Абылай ұлысында 20 мың түгін болса, 1760 ж. керей, уақ, наймандар қосылып, 30 мың түгінге (Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов, А.-А., 1961, 155-б.; Р.Сулейменов, В.Моисеев, Из истории Казахстана XVIII века, А.-А., 1988, 77-б.) жетеді. Абылайды Орта жүзге хан көтерген Жәнібек деген (Қазақ халқының қаһармандары, Павлодар, 1991, 30-б.) сөз содан қалған. Шәді төре Жәңгірұлы «Тарихат» деген дастанының «Абылайдың хан болғаны» деген тарауында осы жайды қайталайды (Абылай хан, А., 1993, 109-б.). «Айқап» журналында М.Дулатов «Абылай» деген мақаласында: «Атағы жер жарған Абылай XVIII ғасырда дүниеге келіп, Көкшетау деген жерде қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрыпты. Кешегі Кенесарының заманында Толыбайдың баласы Арыстан ақынның айтқаны бар:

Қылады Мекережде (қазіргі Нижний Новгород қ.) байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалың жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері,
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда.

(Айқап, А., 1995, 158-б.).

Дулатов мәселені дәлдей түсіп: «Бұрынғының сөзі бар еді: Қой асығы деме, қолайыңа жақса сақа ғой, деген, кел осыны хан көтерелік!, – деп «Әу» десіп, атығай Есенаман байдың іргесіне алып келіп, ақ отау көтеріп, Атығай Қарауылдан алты қатын алып беріп, хан көтерген екен. Арыстан ақынның Кене ханға сөздің бір ретінде тағы да айтқаны бар:

Кене хан, жақсы көрсең қарашыңмын,
Жек көрсең де өзіңнің алашыңмын.
Атаңа алты қатын алып берген,
Атығай, Қарауылдың баласымын.

(Бұл да сонда, 159-б.).

Шежіреші Құрбанғали Халидұлы «Абылай хан» атты еңбегінде Абылайдың 1756–57 ж. мамыр айында Аягөз түбінде «Батпақ су» деген жерде қалмақ пен қытай арасындағы дауды шешеді. «Содан былай, – дейді Халидұлы, – суды халық «Мамыр су» деп, Абылайға «ижн» аты берілді. «Ижн» монғол тілінде хан атағы, демек Абылайдың билігін – хандығын қалмақ пен қытай да мойындаған болып шығады» [Құрбанғали Халид, Тауарих Хамса (Бес тарих), А., 1993, 108-б.].

Ақад., халық жазушысы С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» (А., 1974) деген еңбегінде былай дейді: «Ақтабан шұбырындыда» Арқаға көшкен қазақ рулары (Арғын, Найман, Қыпшақ, Керей, Уақ) бірнеше жыл хансыз тұрды. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет ол кезде Түркістан қаласында қалып, қашық жатқан Арқадағы елді билей алмады. Мемлекет билігі бір қолда болмай, берекесіз өз бетімен күн көрген елді патшалық Россия, Қытай, Жоңғария әлсін-әлсін шаба берді. Арқадағы қазақ халқы осылай айнала таланып қысылған кезде олардың арасында Абылай хан пайда болып, бытырап жүрген халықтың басын қосып, біріктірді, елдің мемлекеттік рухын көтеріп талан-тараждан құтқарды. Сондықтан Абылайдың халық алдындағы беделі өзге хандардан гөрі арта түседі. Ел аузында «Абылайдың ала туын ала аттанса, артынан еретін аламаны бізбіз» деген аңыз шығады... Хан сайланып, ел билігін қолына алғаннан кейін, Абылайға зор қауіп Россия мемлекеті тарапынан болады» («Халық мұрасы», А., 1974, 191–92-бб.).

1740 ж. 27 тамызда орыс ген.-лейтенанты В.А.Урусов Ресейге бодандық антын алу үшін Әбілмәмбет хан мен сұлтан Абылайды қабылдады. Орыс отаршы әкімі арнайы эскортқа 48 гренадер, бір рота әуез аспаптарында ойнайтын драгундарды бөліп, аса зор құрметпен қарсы алды. Қабылдау барысында Абылай орыс әкімшілігінің Әбілмәмбет ханға ерекше көңіл бөліп, өзіне сұлтандық статус тигенін аңғарды. Сондықтан қолма-қол тек хандық этикеттерді орындауды талап етті.

Ең алдымен Абылай хан: «салтан», «салтан» деп отырған орыс генералы, князь Урусовқа: «наши-де предки, назвав многих ханами, были честные и знатные люди...», – деп бір ескертті (Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов, А.-А., 1961, 153-б.). Ант беріп, киіз үйдің төріне шыққанда: «Я понеже в кибитке токмо двои кресла поставлены были, обитые соломенками, на которых сидели генерал-лейтенант и хан, салтан сидел хотя в покойных же, но в кожаных креслах и для того просил, чтоб ему стул переменить, объявляя, что тот, на котором сидит, низок и непокоен, а в самой весчи усмотрено, что ему хотелось такой же стул иметь, на каком хан сидит, и для того принесены были под него большие кресла обитые соломенкою». Қабылдау кезінде орыс ген. Урусов қазақ хандарының сайлану тәртібі жөнінде сауал қойды. Хандықтың атадан балаға мұра болатыны, кейде еңбегімен көзге түскен жақындарынан да сайланатыны, Орта жүзде көптеген старшындық хандар бары айтылды. Осы тұста Абылай өзіне тәуелді елдің қонысынан хабар берді.

Қайтар кезде Әбілмәмбет хан салт атпен қайтпақшы болды.

Абылай хан хандық статусына сай даярланған арбаға мініп қайтатын ниетін білдірді. Қабылдау журналында бұл туралы былай деп хатталған: «Хан сел на верховую свою лошадь, а салтан, которой во всех своих поступках казался честелюбнее хана, пожелал, чтоб ему позволено было в коляске сидеть и сел в коляске, и тако препровождены они были до отъезжаго караула по тому ж порядку, как и приехали» (Сонда, 156-б.).

Міне, осылай Абылай хан өзінің хан статусының Әбілмәмбет ханнан дәрежесі кем еместігін қасақана көрсетті. Бұл арада ыстық қандылық, не болмаса өркөкіректілік жоқ, церемониал (рәсім жүргізу тәртібін сақтау) арқылы өзінің кім екенін таныту үшін істелген қаракеті көрініп-ақ тұр.

Абылай хан бүкіл Орта жүз деңгейінде мемлекет биледі, үш жүз көлемінде қарулы қол жасақтады, дипломат. шара-рәсімдер жүргізді, соғыс жариялады, елі мен жерін қорғауды ұйымдастырды. Бұл қатардағы сұлтанның қолынан келмейтін іс еді. Мемлекетаралық қатынаста шекаралас елдер Абылай ханды ғана білді, оның хандық статусын ашық мойындады.

1757–58 ж. қазақ-қытай қатынастары шиеленісті, қарулы қақтығыстар да болды. Цин императоры 1757 ж. қарашада қазаққа қарсы жорығының сәтсіз болуына байланысты берген бұйрығына «казахи сами хотят захватить и передать нам Амурсану /и что/ лишь ждут прибытия своего хана Абылая, чтобы передать (Амурсану) личным образом», – деп көрсетеді (Цинская империя и казахские ханства (вторая половина XVII – первая треть XIX вв). А., 1989. I-бөлім, 138-б.). Абылай хан ұлы империямен тіл табысуды қалады. Осы тұста жүргізілген келіссөздер барысында, дипломат. құжаттарға Абылай хан деп қолын хаттады (Р.Сулейменов, В.Моисеев, Из истории Казахстана XVIII века, А.-А., 1988, 82-б.).

Осындай бір құжатта «казахский хан почтительно сообщает (қытайлардың аудармасында – «докладывает») великому императору...» – деп басталған («Отан», А., 1999, №1, 52-б.). Император Цяньлун келіссөз барысында Абылайдың хандық статусы-

на арнайы мән берді (сонда, 53-б.). 1763 ж. Цяньлун қазақ еліне билігі жүрген Абылайға арнайы грамота жолдап, оның қазақ ханы (Р.Сулейменов, В.Моисеев. Из истории Казахстана XVIII века, А.-А., 1988, 81-б.) екендігін ресми мойындайды.

Қоқанның ханы Ердане бек өзінің 1764 ж. тамыздың 13-нде жазған хатында: «Почтеннейшему властителю храброму Абылай хану» деп бастайды (Цинская империя и казахские ханства (вторая половина XVII – первая треть XIX вв), А., 1989, 2-бөлім, 50-б.).

Ал 1771 ж. Абылайды үш жүздің өкілдері қасиетті Түркістанда ақ киізге көтеріп, Ұлы хан қылып сайлайды.

«Қазақ даласын біржола отарлауды мақсат еткен Ресей Қазақстанның кешегі Ер Есім хан, Әз-Тәуке хан заманындағы қалпына келіп, қайта бірігуін, әрине, қаламайтын еді. Бұл жолда әуелде артын ойлап, ашық басқыншылық ауанына түспесе де, дөңайбат жасап, қорқытып, ықтырып отыруға тырысты, айла-шарғының неше түрін қолданды. Соның бәріне қарамастан, Қазақ Ордасы қайта күшейіп, біртұтас ел болған шақта, патша өкіметі бұл көпе-көрнеу ақиқатты мойындамады. Мемлекет бірлігін танымаған соң, Абылайды да бүкіл қазақтың ханы емес, Орта жүздің ғана ханы деп санайтынын мәлімдейді. Сөйтіп, дипломат. қатынас қағаздарында, тиісті құжаттарда тегіс «Орта жүздің ханы Аблай» деп жазылады. Осыған орай Абылай хан патшайым Екатерина Екіншіге жолдаған мәртебелі мәлімдемесінде өзінің қазақ жұртының ханы екенін, хан болып халық еркімен сайланғанын екінші қайтара айтады. Тәуелсіз мемлекеттің өкімі зор тақ иесі ретінде ескертіп айтады: «Бұдан былайғы жерде мені бүкіл қазақ жұртының әміршісі Абылай хан деп біліңіз» дейді. Ақиқат шындық осылай» (Мағауин М., Қазақ тарихының әліппесі. А, 1995. 105–106-бб.).

Ресей империясының «жауы» саналған Абылай бабамызға деген жымысқы әрекетке мысал аз емес (Мыс., В.С.Кузнецов, Цинская империя на рубежах Центральной Азии, Новосибирск, 1983; т.б. кітаптар). Абылай хан туралы берекесіз сөздер Қазақстан баспасөзінде де әлі де аз кездеспейді. Осындай империялық көзқарастың бірі – Абылайды ойрат қапасынан К.Миллердің миссиясы нәтижесінде босатылды деген миф. Бұл шындыққа келмейді. Н.Таукин деген әріптесіміздің «Сарыарқа» журналында: «Абылай тұтқыннан өзін-өзі босатқан», – деуі әділдікке саяды. В.А.Моисеевтің «Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв.» (А., 1991, 153-б.) деген кітабында Абылайдың тұтқыннан босауы патшаның әкімшілігін қуанта қойған жоқ делінген. Моисеев бұл пікірді одан әрі дәлелдей түседі: «В советской историографии принято сравнительно высоко оценивать результаты посольской миссии К.Миллера в Джунгарию.... Имеющиеся в нашем распоряжении факты свидетельствуют, что подобная оценка итогов посольства явно не соответствует действительности, тем более, что К.Миллер не был даже пропущен в Ургу. О Старшем жузе в письме начальника Оренбургской комиссии И.И.Неплюева Галдан-Цэрену и в инструкции К.Миллеру не говорится ни слова. Русское правительство и Оренбургская администрация фактически давно уже не оспаривали сюзеренитет джунгарских ханов над Старшим жузом. Возвращение из плена Аблая, на наш взгляд, произошло не столько вследствие дипломатического наступления России, сколько явилось результатом новой тактики джунгарского правительства в отношении казахов Среднего и Младшего жузов, стремившегося «добрым» отношением привлечь казахских владетелей на свою сторону в борьбе с усиливавшимся Кокандским бекством и возникновением напряженности в отношениях с Россией» (Моисеевтің аталған кітабының 156–57-бб.).

Халық жазушысы, белгілі зерттеуші М.Мағауин «Абылайды қапастан алып шыққан – ең әуелі артындағы аталы жұрты, содан соң, әрине өзінің ақыл-парасаты, ерекше талайы» (соның кіт., Қазақ тарихының әліппесі, А., 1995, 110–111-бб.), – деп әділ түйіндейді.

Тарихи әдебиетте екі ғасыр бойы империя заманында уағыздалған тағы бір миф бар. Ол қазақ халқы 17 ғ-да тығырықтан шыға алуы мүмкін емес еді, өйткені оның рухани, саяси бірігуіне дәрмені жоқ еді, тіпті бұл миссия Абылайдың да қолынан келмейді – мыс. Басқаша айтқанда, дәрменсіз халықтың Ресейге бодан болудан басқа балама жолы жоқ еді дегенге саяды. Осы ойды кеңінен уағыздайтын әріптесіміз И.В.Ерофеева бұл идеяны жаңадан шыққан монографиясында былай деп тұжырымдайды: «к середине XVIII в. в Казахстане сложилась такая расстановка политических сил, когда ни один из потенциальных претендентов на роль старшего хана не обладал достаточным ресурсным и людским потенциалом для того, чтобы добиться преимущественного положения в казахских жузах и консолидировать вокруг себя подавляющее большинство родоплеменных групп казахов. Изменить эту ситуацию не смог в последующие годы даже такой авторитетный, сильный и влиятельный правитель, как хан Абылай, действительная компетенция которого никогда не распространялась на Младший жуз, а также на роды найманов Среднего жуза и многие роды Старшего жуза» (Ерофеева, Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик, А., 1999, 305-б.).

Ұлы Шоқан (Уәлиханов) бабамыз империя идеологтарының осы сарынын алдын ала білгендей былай деп жазыпты: «в наших бумагах усунские волости признала также его власть. Джунгары были уничтожены китайцами; торгоуты, разграбленные киргизами, особенно самим Аблаем, кое-как дотащились до Или, где и попались в хитрые сети китайской политики. Яицкие казаки, обессиленные пугачевским бунтом и принятые в руки правительства, не могли делать самовластных вторжений; оставались врагами киргизов только хитрые буруты и отчасти среднеазиатские владельцы, стремившиеся к отторжению от киргизских султанов Туркестана, Сузака, Сайрама и других городов между Чу и Ташкентом. Вера и убеждение в сверхъестественную силу, которая руководила Аблаем, дали киргизскому народу небывалую отважность. Аблай в 1770 году нападает на бурутов около реки Туро, совершив замечательный переход через Шату, преследует этих горцев до Чуйской долины. Кровавая битва, происходившая около рек Кызылсу и Шамси, впадающих в Чу, где все буруты бились в союзе против Аблая, живет до сих пор в их преданиях под именем «джаилковского побоища»... Война Аблая с Ташкентом и Ходжентом, в которой он проник до Джизаха, увенчалась взятием семи городов и кончилась уступкою ему городов Азрета, Сайрама, Чимкента, Сузака и др. и обязательством Ташкента платить ему дань. В 1774 году Аблай дал, по просьбе уйсунских старшин, для управления ими, сына своего Адиля, построив ему на реке Таласе городок, который населил трудолюбивыми каракалпаками. Другим своим сыновьям, которых было 71, разделил он на уделы поколения Средней и Большой орды, и сам, по примеру своих родоначальников, остался жить в Туркестане, где и умер в 1781 году и похоронен в фамильном склепе, под мечетью ходжи Ахмета-Ясеви... Ни один киргизский хан не имел такой неограниченной власти, как Аблай» (Валиханов, Собр.соч. в пяти томах, т. 4, 115–116-бб.)

Абылай хан туралы деректерді – орыс, қытай, Орт. Азия елдерінің ауыз әдебиетін, М.Тынышбаев, М.Көпеев, Қ.Халиди, М.Дулатов, т.б. зерттеулерді біртұтас

пайымдап, ұлы тұлғаның тарихи портретін жасайтын кез келді. Өйткені, Абылай хан – жай-жадағай, кезегінде таққа отырған хан емес, тексіз құл басы, күң анасы, сарт па екен шамасы деп аруағымен ойнайтын жан емес ол. Желкілдеген ту келіп, жер қайысқан қол келіп, ел басына күн туған кезде Әбілмансұр – Сабалақ Абылайлап ұран сап, халықтың ар-намысын қорғаған, күрес стратегиясын болжаған, ұлы Аңырақай шайқасында Шарыштай қалмақ батырының басын доптай қағып, айбары асқан батырлардың батыры Абылай ол. Айбынды елдің айдынды ұлы болып туып, қасиетті ақ тудың астына бостандық аңсаған халқын сыйғызған, жауын қашырып, Алтайдан асырып, барша қазақ жерін тұтас етіп жиғызған, Қазақ мемлекеттігін қаз тұрғызған дана мемлекет қайраткері Абылай хан ол. Таққа таласқан өңшең қырт берекесіз төрелерді су сепкендей тыйып, үш жүзді тас түйнектей бір тудың астына жиып, құба қалмақтың сағын сындырып, қазақ деген халқының батыр деген даңқын үстем еткен ұлтымыздың ұлы саясаткері Абылай хан ол.

Қазақтың болмысын сақтап, болашаққа үміт-сенім отын жандырған, Қытайдың жымысқы оспағына, орыстың содыр тоқпағына қарсы тұрып, бірде айламен, бірде найзамен, өнерін асырып, екі ұлы империяны естерінен тандырған, қазақты тірідей үйітіп жегісі келген жалмауыз отаршылардың бағын ақылы мен айбынымен тайдырған, 18 ғ-дың әлемдік деңгейдегі алып тұлғасы, ғажайып дипломаты Абылай хан ол.

Еліне тыныштық орнатып, қайырусыз жылқы бақтырған, қалыңсыз қатын алдырған, орыспен шекарада сауда-саттық дамытып, қала салғызған, Есіл мен Ертіс бойында Абылай даңғылын қалдырған, Алтай мен Алатаудың асуларын бағындырған, екі жарым ғасырға созылған Ұлы Отан соғысының ұлы қолбасшысы Абылай хан ол.

Ғасырлар тоғысында тәуелсіз ел болып қазақтың жанды бағы, көгілдір көк тудың астындағы егемен елдің ұлы мен қыздарын қолдасын қасиетті Абылай хан аруағы! – деп, тәуелсіздік символы етер Абылай хан ол.

М.Қ.ҚОЗЫБАЕВ,
тарихшы-академик

А

АБАЙ (Ибраһим) Құнанбаев (10.8.1845, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қасқабұлақ қонысы – 6.7.1904, сонда, Балашақпақ қонысы, бейіті Жидебайда) – ұлы ақын, ойшыл-философ, ағартушы, композитор. Әкесі Құнанбай қажы Ескітам деген қоныстан медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. А. сегіз жасында әуелі сол «Ескітам» медресесінде дәріс тындап, ауыл молдасы Ғабитханнан сауат ашқан. Баласының зеректігін байқаған әкесі А-ды он жасқа толған соң Семейдегі «Ахмет Риза» медресесіне береді. Онда А. үш жыл оқиды.



Абай

Медресенің үшінші жылында қаладағы «Приходская школаға» да қосымша түсіп, онда үш ай орысша дәріс алады. Бұл тұста А. барлық уақытын өз бетімен кітаптар оқуға жұмсап, көп ізденеді. А. шығыс классиктері (Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, т.б.), орыс (А.С.Пушкин, А.И.Герцен, М.Е.Салтыков-Щедрин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов) және батыс елдері (Гёте, Дж. Байрон) әдебиеті шығармаларын да оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізді. Есейген шағында, өзі оқыған философ, ақын, ғалымдармен тең дәрежеде пікір таластырып, олардың туындыларын қазақ тіліне аударған. Аударған өлеңдері

көркемдік жағынан негізгі нұсқасымен тең түсіп, кейде асып та жатады. А. ел ісіне араласқан жылдарында әділеттілігімен, білімділігімен көрініп, халық арасында беделі өседі. Ғұмырының соңына қарай пенделік шаруалардан бойын аулақ салып, уақытының көбін шығарм-қа арнаған. А. «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр» (1886) өлеңдерінде қазақ жастарын білім-ғылым үйренуге шақыруды өзекті идея етіп алды. Ақынның рухани, даналық мұрасы – терең мағыналы филос. ойларға толы. Ол күллі Шығыста философияның негізгі мәні болып табылатын «жетілген адамды» өзекті және басты проблема етіп қарастырып, соған айрықша көңіл бөлді. Адамды кісілік тұрғысынан жетілдірудің ұлттық-эстет. мәселелерін алға тартты. А-дың қарасөздері (ғақлия) – ұлы ақынның филос. дүниетанымын даралап көрсететін классик. стильде жазылған прозалық шығармасы. А-дың қарасөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеум. ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, қазақ халқының тұтас бір филос. дүниетанымын құрайды. Олар сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Ақын елінің азаттығы жолында жан аямай күрескен тарихи тұлғалар қатарында «Абылай мен Кенесары – қазақ халқының қаһармандары. Олардың істері мадақтауға лайық», – деп жазды. Ол ақын інісі әрі шәкірті Көкбай Жамантайұлына қазақ халқының тарихында зор орын алатын Абылай мен оның ұрпақтары жайында дастан жазуына да ақыл қосып, кеңес берген. Мұсылманқұл Жиреншин кезінде А-дың өз аузынан естіген «Абылайдың Әтеке жырықпен соғысуы» деген әңгімесін Қазақстан ҒА-ның қолжазба қорына тапсырған. А. мұрасы қазақ мәдениеті мен әдеби тілінің дамуына үлкен ықпал жасады. Оның шығармалары әлемнің көптеген тілдеріне (орыс, өзбек, татар, қырғыз, әзербайжан, қарақалпақ, түрікмен, ұйғыр, молдаван, латыш, украин, ағылшын, араб, қытай, моңғол, чех, т.б.) аударылды.

Шығ.: Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері, СПб, 1909; Толық жин., Қызылорда, 1933; Шығ. толық жин., 1–2-т., А., 1995.

Әдеб.: Байтұрсынұлы А., Қазақтың бас ақыны, «Қазақ», 1913, №39–41; Әуезов М., Абай Құнанбаев, А., 1967; Мұқанов С., Абай Құнанбаев, кіт.: Жарқын жұлдыздар, 1964; Мырзахметов М., Мұхтар Әуезов және абайтану проблемасы, А., 1982; соныкі, Абайтану, Библ. көрсеткіш, А., 1988; соныкі, Абай және Әуезов, А., 1997. Абай Құнанбаев. Библ. көрсеткіш. 1995–2006, А., 2007; Анастасьев Н., Абай, М., 2009.

З.Ахметов, Ф.Құралов
«АБАЙ» – 1918 ж. Мұхтар Әуезов негізін салған (Ж.Аймауытовпен бірге) әдеби журнал. С.Шикібаев ұйымдастырған «Уақ қарыз серіктестігі-

АБАЙДІЛДА

нің» демеуімен 12 саны жарық көрген. Сол кездегі солақай, әсіреқызыл идеологияның салдарынан «ұлтшыл» деген айып тағылып, журнал бір жылға толмай жабылып қалған. Журнал Алаш партиясының ұлттық бағдарын нысана етіп, қазақ елін прогреске тартуды, ғылым мен білімді насихаттауды, жастардың саяси-қоғамдық белсенділігін арттыруды көздеді. Мұхтар Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласында журнал бетінде қазақ тілінде пьесалар, әңгімелер көптеп басылғанын айта келіп, «аз уақыт шығып тұрса да, ғылыми, әдеби журнал болып, «Абай» журналы азын-аулақ түр шығарды» деп, басылымның жақсы қызмет атқарғанын атап көрсетеді. Оның, барлық санында дерлік ұлы каламгердің еліміздің тағдыр-талайын, болашақтағы бағдарын сөз еткен бірнеше материалдары басылды. Солардың ішінде: «Ғылым», «Будда», «Абайдың өнері хәм қызметі», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Философия жайынан», «Абайдан соңғы ақындар», «Екеу», «Жапония», «Бірінші жалпы жастар съезі», «Жастар ұйымдарына ашық хат», «Ғылым тілі», «Қазақ әйелі», «Мәдениет хәм ұлт», «Земство хәм кооператив қауымдары», «Оқу ісі», т.б. мақалалары бар. Ұлы Абайдың әлемдік деңгейде аталып өткен 150 жылдық тойы қарсаңында «А.» журналы қайтадан жарыққа шықты. Бастапқы кезде екі жарым жыл бойы «Парыз» шығарм. тобының ұйымдастыруымен жарық көрді. 1994 ж. журналға респ. мәртебе беріліп, бюджетке алынды. Басылым ұлы ақынның мұрасын насихаттауға, халқымыздың тарихы мен тағдырына байланысты материалдарға айрықша назар салады. Журналдың Бас редакторы – Мұратбек Оспанұлы. Журналда Көкбайдың Абылай хан туралы «Сабалақ» дастаны және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«АБАЙДІЛДА ХАН АЙДАУДАН КЕЛГЕНДЕ ОРЫНБАЙ АҚЫННЫҢ АЙТҚАНЫ» – арнау өлең. Абайділда (Ғұбайдолла) – Абылай ханның немересі, Уәли ханның алғашқы әйелінен туған ұлы. Патша өкіметі хандығын бекітпесе де, ол Орта жүздің бірсыпыра руларына 10 жылдай хандық құрған. Патша өкіметі Абайділданы 8 жылға Тұра (Турунск) қ-на (Тобыл губ.) жер аударады. Оған Абайділданың Кеңесары сөзіне бағынбаған Аббас төренің балаларының 21 мың жылқысын алып кеткені себеп болады. Аббас төренің балалары Абайділданы Кеңесарымен қандас деп шағым түсіреді. Оның үстіне Көкшетау дуанын салуға Абайділда қарсы болады. Абайділда айдаудан қайтып келгенде Орынбай ақын: «Дұшпан алып қабына салып еді, Шірімей-ақ түстің бе, алтыным-ай. Сіз кеткен соң ел түсті талай сынға,

Келе ме деп сарғайдық жылда-жылда. Барған жерің Ит жеккен Қайың Тура, әйтеуір құдай оңдап келдің мұнда. Енді дұшпан тағамын татпағайсыз, Бейсауат бейқам болып жатпағайсыз. Тайғақ жол, тас көшеде жолдас болған, Бетінен ханым жеңгем қақпағайсыз» деп жырға қосады. Өлең Түркістан қазақ білім мекемесінің тілі «Сана» журналының 1924 жылғы 2–3-сандарында (120–121-б.) Қошқе Кеменгеровтің дайындауымен жарық көрген. Осы өлеңді бере отырып, журнал басқармасы «Абайділданың шын аты Ғұбайдолла» деп ескертеді.

С.Ғұрманқызы

АБАҚ КЕРЕЙ – Керей тайпасының бір тармағы. Керейдің «Төр шежіресі» Керей этнонимін Абақ (Әппак) деген әйелмен байланыстырып, А. к-ді сол ананың ұрпағы дейді. Абақ – үйсін Сармырзаның қызы. Күйеуі қайтыс болған соң Шымыр деген ұлын алып, төркініне кеткен. Нағашысы әлгі баланы кішкентайынан ашамайға мінгізіп, «Менің ашамайлы Керейім», – деп ертіп жүреді екен. Абақ соңғы күйеуінен Құттықожа деген ұл туады. Одан Майқы (Майқы би емес), Майқыдан: Ермен-Изен, Жусан туады. А. к-дің қазіргі 12 руы осыдан өрбиді. А. к. 18 ғ-дың соңына қарай өздерінің ата мекендері Қара Ертіс алқабына, Алтайға оралды. Жәнібек бағыр Бердәулетұлының тұсында рулы ел болып қалыптасқан. А. к. – Жастабан, Жәдік, Жәнтекей, Ителі, Көрсатақ, Қарақас, Меркіт, Молқы, Сарбас, Шеруші, Шимойын, Шұбарайғыр деп аталатын 12 ірі, 78 ұсақ аталардан құралады. Әр рудың өз ұран, таңбасы бар. Бас ұрандары – Жәнібек, ортақ таңбасы – абақ. Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының Алтай, Тарбағатай, Құмыл аймақтарында, Санжы, Бөртала автоном. обл. және Гансу, Синхай өлкесіндегі Ақсай, Алтыншоқы автоном. ауд-да, Моңғолияда тұратын қазақтардың басым көпшілігі А. к. руынан тараған.

Әдеб.: Р а ш и д - а д д и н Ф., Джамии ат-таварих (сборник летописей), т. 1, кн. 1, 2, М.-Л., 1952; Моңғолдың құпия шежіресі, Өлгий, 1979; Қ ұ д а й б е р д і ұ л ы Ш. Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі, А., 1991; Ә б і л ғ а з ы, Түрік шежіресі, А., 1992; М ы н ж а н и Қ., Қазақтың қысқаша тарихы, А., 1994.

У.Қыдырханұлы

АБДОЛЛА (т.-ө.ж.б.) – Абылайханның қашғарлық әйелі – Бабах ханымнан туған баласы.

АБДУЛОВ Оразай (18 ғ.) – Ресейдің ұлты татар кәсіби барлаушысы, сержант. Санкт-Петербург қ-нда арнайы дайындықтан өткен соң 1757 ж. қазақ даласына жіберілген. Орта жүздің атығай руынан шыққан Құлсары батырдың хатшысы бола жүріп, 1773–78 ж. Сібір губернаторы кеңсесінің арнайы тапсырмасымен тыңшылық қызметті қоса атқарған. Құлсары батыр қайтыс бол-

ғаннан кейін оның орнына Абылайдың ел ағасы етіп тағайындаған Құлыбек батырдың хатшысы міндетін атқарды. Ресейдің Мемл. Сыртқы істер алқасынан арнайы жалақы алып тұрған А. Абылайдың әр қадамын бағып, оған келіп-кеткен шетел елшіліктерінің адамдарына жолығып, барлау деректерін жинаған. Петропавл бекінісінен жазылған мәлімхатта (23 сәуір, 1773) А-тың Құлсары батырдың тілмашы әрі қазақ арасындағы барлаушы сержант екендігі атап көрсетілген. Мыс., ген.-майор С.К. Станиславский 1773 ж. 4 маусымдағы бекініс бастығы И.А.Деколонгке жолдаған мәлімхатында: «Құлсары батырдың хатшысы сержант Абдулов мыналарды хабарлайды: 1771 жылы Еділ қалмақтары Ресейге қарайтын түркімендерді шауып, бірқатар адамдарын тұтқынға әкеткен екен. Жолда қалмақтарды қазақтар шауып, түркімендерді тартып алған. Ресей патшайымынан сыйлық алатын болса, Абылай сұлтан бұл түркімендерді Ресейге қайтарып бермек көрінеді. Абдуловтың хабарлауынша, қазақ арасында ересегі бар, баласы бар 103 түркімен азаматы жүр екен. Басқаларын іздеп табу үшін Абылай сұлтан өзінің бір ұлын ел аралатып жіберіпті. Қазақтар өз еркімен түркімендерді босапайтын болса, Абылай Ресейдің көмегімен тартып алмақшы. Ал, Абылайдың жеке басына келетін болсақ, ол бұрынғысынша бізге адал, басқа бөтен мінез көрсеткен жоқ», – деп жазылған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы, Петропавл, «Астана» баспасы, 2005; 392–93-б.

С.Темірғалиев

АБЗАНОВ ЕЛШІЛІГІ, 1767 ж. маусым–шілде айларында Орынбор әкімшінің тапсырмасымен Қылшақты өз-нің бойындағы Абылай Ордасына жіберілген башқұрт старшындары Құллышар Абзанов, Әкімбай Құрманнев, Уақит Тұңғатаровтардың сапары. Елшіліктің мақсаты аймақтағы саяси ахуалды анықтау болды. Елшілік Абылайдың Қоқан билеушісі Ерденеге қарсы соғыс ашпақ болған ниеті іске аспай, еліне оралғаны, бұл соғыста Абылайдың қытайлардың әскери көмегіне арқа сүйемек болған мақсаты кейбір қазақ руларының арасынан қолдау таппағаны жөнінен хабардар болды. Абылай Ресеймен ынтымақтаспақ ойы бола тұра Орынбор әкімшімен кездесуден бас тартты. Елшіліктің бұл сапарының нәтижесінде башқұрт пен қазақ халықтарының, Орынбор әкімші мен Абылай ханның арасындағы қарым-қатынас тұрақтала түсті.

Әдеб.: Казаско-русские отношения в XVI–XVIII вв., А., 1961.

Е.Уәлиханов

АБЫЗ БЕН ШОМАҚ (18 ғ.) – «Ақтабан шұбырынды – Алқакөл сұлама» оқиғасынан кейін

Сарыарқаға қайтып оралған қанжығалы руының көшін бастаған белгілі рубасылары. Ресейдің земство статисі Ф.А. Щербина бастаған Қарқаралы уезінде жүргізілген статист. экспед. жұмыстары нәтижесінде 1905 ж. жарық көрген кітапта қазақтардың осы көші жайлы мәлімет келтірілген. А. бен Ш. – өз заманының маңызды бір саяси шарасына мұрындық болған; олар ақыл-парасаттылығымен, мырзалық-жомарттығымен де ерекшеленген. Ауылдары Баянаулада тұрған кездері, яғни 1734 ж. Сабындыкөл жағасында жас төре Абылай Орта жүздің ханы болып сайланғанда Шомақ бай 90 ту бие сойыпты. Ақын-шежіреші Олжабай Нұралыұлы «Сабалақ» шығармасында осы оқиға жайлы: «Баянаула Сабындыкөл басында, Үш жүзге шықты Абылай хан сайланып. Мың бір жүз қырық алтыншы жылында (қазіргі жыл санау бойынша 1734 ж.) еді, Үш жүздің басын қосқан жиын еді. Мәжіліс күткен сыйы, құрмет еткен жері – Қанжығалы Абыз-Шомақ ауылында еді, Алты ата Ажыбайдың Шомақ бірі, Бай болған шаруа-мүлкі өте ірі. Токсан бие сойыпты сол жиынға, Қазақтың той тойлаған шаттық күні», – деп жырлаған.

«**АБЫЛАЙ**» – ән. Әні Мұратхан Егінбайдікі, өлеңі Темірхан Медетбектікі. Әнді Алматыдағы Тәуелсіздік монументі ашыларда Бекболат Тілеухан алғаш рет орындады. Ән мәтіні мен нотасы 1997 жылдың 21 қазанында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланып, оған Ш.Ы.Уәлихан сәт сапар тілеп, алғы сөз жазған. Алғы сөз авторы «тыңдаушысын толғандырып отыратын ән» деп атаған ән мәтінінің «Өзіңсің айбарым да, айбатым да, Санасқан орыс, қытай, ойратың да. Ел берген жігер болды жігерің де, Ел берген қайрат болды қайратың да» деп басталатын негізгі шумақтары да, «Елің үшін жауластың, Жерің үшін дауластың, Уа, Хан ием, Абылай...» деп келетін қайырмасы да тыңдаушы мен оқырманның қанын қыздырып, рухын көтереді. Ән 2000 ж. «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауының бас жүлдесін алды.

Ғ.Серғазыұлы

«**АБЫЛАЙ**» – дастан. Авторы – ақын Мәжит Айтбаев. Дастан 1943 ж. Берлин қ-нда латын қарпімен қазақ тілінде басылған. Кітаптың мұқабасына «Abilai. ABILAI (dastan)» деп латын қаріптерімен жазылған. Кітаптың келесі бетіне Айтбаевтың өзі салған Абылайдың суреті берілген. Тарихи деректер негізінде және өте көркем жырланған «Абылай» дастаны пролог пен эпилогпен және дастанның негізгі мәтінінен тұрады. Ақын дастанға кіріспе бөлімінде: «Алтайдың ардагері Абылайды, Ел үшін алтын таң мен жарық айды, Жад етіп жырлаған болсам Абылайдың Аруағы мені қалай танымайды?! Бабамның сондағы ерлік тұрғыларын, Ел үшін көптеп еткен мұңды зарын,

АБЫЛАЙ



Жырлайтын жазык күннің бұлбұлындай, Тынчасын жаны жара құрбыларым. Кенеттен егер жаудың қақпанына, Ілініп, жаным жерде батқанында, Тірінің тірліктегі нұсқасы деп, Журнақ боп жырым қалсын арттағыға» деп ерекше шабытпен төгілте жырлайды. Дастанның соңында «Октябрь, 1943 ж.» деп жазылған. 1943 ж. Берлинде басылған бұл кітап (дастан) 1971 ж. Мюнхенде қайта басылған. Тәуелсіздік жылдары дастан алғашында араб әрпімен шығатын «Шалқар» газетінде басылды. Кейін журналист Күлән Шегебаева кітапты қазіргі қарпімізге көшіріп шықты. 2004 ж. 24 қарашада «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Сауытбек Абдрахманов М.Айтбаевтың «Абылай» дастанын және бір топ өлеңін алғы сөз жазып, газеттің тұтас бетіне жариялады. 2007 ж. Уақап Қыдырхановтың алғы сөзімен «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып жарық көрді.

С.Ғұсманқызы

«АБЫЛАЙ» – кітапша. Авторы – Б.Кенжебаев. 1943 ж. Алматы қ-нда жарық көрген. Осы кітапша мақаласы «Халық кеңесі» газетінде (1991, 18 сәуір) жарияланды. Мақаланы басылымға әзірлеп, ұсынған – Құлбек Ергөбеков. Мақалада автор Абылай ханның бала жасынан жетім қалып, кісі қолында өскенін, арғы атасы Абылайдың соғыста жаудың қанын судай шашқаны үшін қанішер атанғанын айтады. Қанішер Абылайдың қазақ арасындағы хандық, сұлтандыққа таластарының бірінде туғандарымен сыйыса алмай, Хиуаға қарай ауып, ондағы Қайып ханның қол астын паналағаны да еңбекте ұмыт қалмаған. Ғалым Абылай ханды зерттеу үстінде өз сөзін дәйектеу үшін А.Левшиннің, Н.Кошкиннің еңбектеріне сілтеме жасап отырады. Сонымен қатар Бұқар жыраудың жырларынан және басқа да жыр-дастандардан үзінділер келтіре кетеді.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙ» – Ш.Ш.Уәлихановтың мақаласы. Уәлиханов мақаласында: «XVIII ғасырдың бірінші он жылдығы қырғыз (қазақ) халқының өмірінде өте сұрапыл уақыт болды. Жоңғарлар, еділ қалмақтары, жайық казактары мен башқұрттар тұс-тұстан олардың ұлыстарына ойран салды, малды айдап әкетіп, қырғыздарды (казактарды) тұтас отбасыларымен тұтқындады. Тәңірінің сынағы сияқты ызғарлы қыс, жұт пен аштық олардың қайғысын ауыраттты. Орынбордағы қырғыз (қазақ) бір басшы өз жерлестерінің аянышты жай-күйін бір топ ит қуған қоянның жағдайымен салыстырады. 1723 жыл өзінің қазіргі сипатымен қырғыздардың есінде ерекше орын алып, халық жадында ұзақ сақталып қалды. Осы қалың қар мен жұт қабаттасқан сәтсіз жылы Қалдан Серен – жоңғар қонтайшысы ...қыруар қолмен Қырғыз (Қазақ) даласына басып кірді. Барлық жерде мейірімсіз жоңғарлардың қуғын-

дауындағы қырғыздар (казактар) үріккен киіктер сияқты мүліктерін, балаларын, қарттарын, үйіші бұйымдары мен көтерем малдарын жолда қалдырды» деп, тоз-тозы шыққан қазақ халқының ауыр халін айта келіп, «Сол уақыттың күңгірт жағдайы Абылайға батылдығын, тапқырлығы мен ақылдылығын жарқырата көрсетуге мүмкіндік берді» деген ой-тұжырымын жасайды. Бұл Абылай хан туралы терең, толымды әрі ғыл. тұрғыда мән-мазмұны жағынан ерекше жазылған тұңғыш мақала еді. Уәлиханов өз мақаласында қазақ халқы тарихындағы Абылайдың тұлғалық және қайраткерлік еңбегін кеңінен әрі батырлық даңқын да жан-жақты қамти отырып, ашып жазады. Қазақтың ұлы ғалымы Уәлихановтың «А.» мақаласы кейінгі тарихшы-зерттеушілер үшін нағыз ғыл.-бағдарламалық бағыт сілтеді әрі олардың Абылай тақырыбына қатысты зерттеулеріне, жалпы, абылайтану ғылымына негіз болып қалды. Уәлиханов мақаласының алғашқы түпнұсқасы толық сақталмаған және жазылу мерзімі де көрсетілмеген. 1961 ж. ұлы ғалымның Алматы қ-нда жарық көрген орыс тіліндегі шығ. жинағының 1-т-нда (426–30-б.), одан кейін Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этн. ин-тының Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы арқылы шығарған 5 томдық шығ. жинағының 4-т-нда (А., 1985, 111–16-б.) жарық көрді; ал қазақ тіліндегі алғашқы нұсқасы «Халық кеңесі» газетінде (1991, 1 тамыз) және Уәлихановтың көп томдық шығ. жинағының 4-томында (119–24-б., А., 2010) жарияланған.

М.Маусынбаев

АБЫЛАЙ АЛАҢЫ – Бурабай көлінің жағалауындағы Көкшетау тауының баурайын алып жатқан қалың қарағайлы тоғай ортасына орналасқан табиғи алаң. А. а-ның шығысындағы тау сілемінде биікт. 5–6 м шомбал тас орын тепкен де, оның айналасы адам отыратын сәкі сипаттас болып келеді. Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерде Абылай хан осы жерде өзінің би-батырларын жинап, мәжіліс өткізеді екен, осыған орай халық арасында А. а. аталып кеткен. А. а-нда биікт. 40 м ескерткіш-баған (2004) тұрғызылды. 2004 ж. 8 шілдеде ескерткішті ашып тұрып, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Біз үшін Абылай тақырыбы ол



Абылай алаңы

туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет», – деді.

С.Көбеева
«АБЫЛАЙ АМАНАТЫ» – кітап. Авторы – Т.Қалилаханов. 1993 ж. Үштөбе қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 132 бет. Таралымы 1000 дана. Кітапқа жоңғар шапқыншылығы кезіндегі тарихи оқиғаларды, Абылай хан бастаған қазақ қолдарының ерлікке толы жорығын арқау ететін «Абылай аманаты» атты шығармасы енгізілген. Оның бұл шығармасы – 18 ғ-дағы жоңғар басқыншыларына қарсы Қазақ халқының ұлт азаттық күресін баяндайтын, екі бөлімнен тұратын тарихи-хроникалы драма. Жетісулық қарт журналист, драматург Тәңірберген Қалилахановтың «Алтын бесік», «Өшкен жұлдыз», «Абылай аманаты» сынды пьесаларымен облыс жұртшылығы ертеден таныс. Оның бұл шығармалары обл. драма театрында он жылдан астам уақыт сахналанып келген.

К.Қошым-Нозай
«АБЫЛАЙ АСПАҒАН САРЫ БЕЛ» – мақала. Авторы – филол. ғыл. докт., проф. Серік Негимов. «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылдың 25 мамырындағы санында жарияланған. Мақалада автор көпшілікке белгілі қанатты сөз оралымының шығу мәнісіне, оның мән-мағынасын түсіндіруге орай өз пікірін алдыға тартқан. Автордың айтуынша, «Абылай аспаған сары бел» деген қазақтар сөз тіркесі Мәшһүр Жүсіп жазбаларында кездеседі. Аңыз бойынша, Абылай хан Қаз дауысты Қазыбек бидің еліндегі бір асқа қатынасқан кезде, сол ауылдың желіккен бозбалалары: «Ханның басындағы бөркін қағып түсірсе, нендей қаһар қылар еді?» деп ойлап, солардың бірі – Қаз дауысты Қазыбек бидің інісі ханның ту сыртынан барып, шыбықпен бөркін қағып түсіреді. Бірақ бұған хан міз бақпаған. Бөрік жерге домалаған күйде қала берген. Арада жылдар өткенде Қызылжар жәрмеңкесінде Абылай хан Қаз дауысты Қазыбектің немересі Жанайды, Төртуылдың Ботақан дегенін байлап-матап ұстап, Ботақанды тірідей көрге түсіреді. Ботақан бұған өзінен-өзі долданып, жүрегі жарылып өледі. Осыдан кейін Қаз дауысты Қазыбектің ұлы Бекболат би мен Едіге би атқа қонып, бес Мейрамның баласына, Орта жүзге ат шаптырып, «Абылайды шабамыз!» деп, жар салады. Оларға Жаңабатыр би баласы Жанақ арқылы сәлем айтып: «Ханын жаулаған қара оңбайды, Хан қисайса, бәрі оңбайды... Абылаймен ұрыс-соғыс қыламын демесін. Бітім сөйлесіп, жарассын!» дейді. Мұның арты бейбіт аяқталып, Абылай хан мен Балтакерей Тұрсынбай батыр, Бекболат, Едіге билер, Бекше мерген, Жаңабатыр бидің баласы Жанақ және Көтеш ақын

бір-бірлерімен ұшырасып, бітімге келіп, тыныш тапқаны, хан қарашасымен қауышып, масайрап табысқаны айтылады. Ел аузындағы әңгімелерде аздаған өзгешеліктермен әр түрлі айтылатын бұл әңгімені мақала авторы Мәшһүр Жүсіптің келтіруі бойынша баяндай келіп, «Абылай аспаған сары бел» деген сөздің мәнісі осылай екен деп түйеді.

С.Ғұсманқызы
«АБЫЛАЙ АСПАС АРҚАНЫҢ САРЫ БЕЛ» – Сарыарқадағы жер атауына қатысты қалыптасқан сөз тіркесі. Зерттеушілер сөз мағынасын әр түрлі түсіндіреді. «Салтанатты Сарыарқа, Сәуленген Сарыарқа, Кең қойның кең Сарыарқа, Сан жеткісіз Сарыарқа, Суың шекер бал Арқа, Майда шөбің бал Арқа, Күрделі биік бел Арқа, Малыбасың сай Арқа, Төрт түлікке бай арқа. Маңырап тұрған мал арқа, төңірегі төл арқа» деген жыр жолдарында суреттелетін жер – осы «Абылай аспас сары бел». Құрбанғали Халид: «Жердің жоғары бөлігін «арқа» дейді дей келіп, Обь пен Ертіс өз. аралығын «Сол Арқа», Ертістің оңт. және батыс жағын «Оң Арқа» деп атайтынын алдыға тартады. Ғалымның айтуынша «сары бел» де «арқа» сөзімен байланысты. Оған себеп: «бел – дененің кеуде мен бөксе аралығын жалғастыратын бөлігі» (Қ.Халид). Бұдан шығатын қорытынды: сары бел – «оң арқа» мен «сол арқаның» аралық тұсы дегенді білдіреді. Сонда «Арқаның сары белі» – Обь пен Ертіс өз-нің аралығы, яғни орыс басып алған жер мен қазақ жерінің ортасы, шекарасы болып шығады. Бұл межеден Абылай да асып кете алмағанын ұқтырады. Х.Арғынбаев: «Абылайға асу бермейтін бел – сол Сарыарқаны мекендейтін қалың қазақ» дей келіп, оған дәлел ретінде бес Мейрам оқиғасы, Ботақанның өлімі, Абылайдың құн төлеуі секілді оқиғаларды келтіреді. Жанақ ақын: «Ботақанды Абылай өлтірем деп, Заманы бола жаздаған алмағайып» деп, ол да сол оқиғаларға меңзейді. Е.Мырзахметов «Абылай аспас Арқаның сары белі» деп Сарыарқаның шексіз ұлы даласын айтады» деп, бір шетінен бір шетіне жеткенше құс қанаты талатын қазақ жерінің, Сарыарқа жерінің кеңдігіне сілтеме жасайды. Осыларды қортындылай келгенде, «Абылай аспас сары



Сарыарқа таулары

АБЫЛАЙ



бел» – Абылайдың орындай алмаған армандары (қазаққа жер емшегін емізу, қала салу, мектеп ашу, т.с.с.) мен ішкі өкініштерінің образдық бейнесіндей болып та көрінеді.

Әдеб.: «Ана тілі», 2006, 28 шілде.

А.Тұрышев, Ғ.Серғазыұлы

«АБЫЛАЙҒА АТТЫЛАР КӨЗ САЛАДЫ» – мақала. Авторы – журналист Сүлеймен Мәмет. «Егемен Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 23 қазандағы санында жарияланған. Автор мақаласына суретші Айдарбек Ғазизұлының суретінің атын тақырып етіп алған. Мұнда батырлардың ескерткіш-мүсінін ат үстінде бейнелеу керек деген ұсыныс пікір айтылады. Онда да барлық адамдар көре алатын көрнекі жерде (мыс., Алматыдағы Көктөбеде, Астанадағы Есіл өз. бойында) тұруы, әрі ескерткіш көз тартатындай болуы тиіс. Автор осы талаптарға лайық ескерткіштер қатарында Бішкектегі Манас, Петербургтегі (қазіргі Санкт-Петербург) І Петр («Мыс салтатты»), Уфадағы Салауат Юлаев ескерткіштерін атайды. Атты ескерткіштердің тұңғышы – сонау 1446 ж. дүниеге келген Донателлоның және БҰҰ ғимараты алдына қойылған Зураб Церетелидің «Зұлымдықты әділдік жеңеді» деген туындыларынан бастап, 30 елдің ат үстіндегі батырлары мен қайраткерлерінің мүсін бейнесі ат үстінде көкке шаншыла қарап тұрғанын еске салады. Алайда, мақала авторының пікірінше, қазақ мүсіншілері әзірше бұл биікке көтеріле алмай келеді. Себебі ізденіс аз, асығыстық көп, ескерткішті тұспалдап тұрғыза салуға бейім тұрады. Әсіресе сайгүлік аттардың ескерткіштегі көрінісі олпы-солпы. Құлағы едірейіп, көзі үңірейіп, танауы таңырайып, аяқтары икемге келмей буылтық-буылтық болып, сауыры шөміп, құйрық-жалы бір құшақ болып қолапайсыз кейіпте тұрады. Үстіндегі адам мен аттың үйлеспейтін бірін-бірі толықтыра алмайды. Осы орайда ескерткіш авторлары М.Кенбаевтың «Қашағанға құрық салу», Қ.Телжановтың «Көкпар», А.Ғазизұлының «Абылайға аттылар көз салады» картиналарындағы көріністерді елестетіп барып орындаса болар еді деген ой түйеді. Автор осы ойларының бәрін Абылай хан ескерткіштерін қалай сомдау керек дегенге қатысты өрбітеді. Абылай хан бейнесінен ешкімге ұқсамайтын, өзгелерден ерекше бүкіл ұлт рухы, өткен ғасырлардағы қатпар-қатпар тарихымыз, батырлар мен бағландарымыз, ақылгой даналарымыз, ел бірлігі, жұрт татулығы, тіпті бүгінгі ұрпақтың да болмыс-бітімі табылуы тиіс дейді.

Е.Ерназаров

«АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ЖОЛЫ» – кітап. Авторы – жазушы С.Ақтаев. 2011 ж. «Ана тілі» баспасынан жарық көрген. Көлемі 472 бет. Таралымы 2000 дана. Белгілі қаламгер-публицистің бұл

кітабы елі мен жерін қорғауда, ел еңсесін биіктетіп, елдігінің тұғырын нығайтуда айрықша орны бар Абылай ханның тарихи тұлғасы мен тағылымды жолы және оның рухын жалғастырған ұрпақтары жайлы зерттеліп жазылған эсселерден тұрады. Мол деректер мен дәйектерге сүйене отырып, тумысы бөлек, тұғыры биік ұлы тұлғаның ұлағатты ғұмырбаянынан, терең тарихымыздың шежірелі қайнарынан сыр шертеді. Көпшілік оқырманға арналған бұл кітап Абылай ханның 300 жылдық мерейтойына орай шығарылған.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ АҚ СЕМСЕРІ» – мақала. Авторы – М.Тауұлы. «Парасат» журналының 1992 жылғы 9-санында жарияланған. Мақаламен бірге семсердің бір жағына орыс тілінде, екінші жағына араб хариіптерімен шағатай тілінде жазу жазылған суреті қоса берілген. Автор Абылай семсерінің тарихын айта келіп, оның қашан және қайдан табылғанын баян етеді. Семсерді Абылайға орыс патша ханым Елизавета I сыйға тартқаны айтылады. Абылай сол кездегі саяси жағдайға байланысты орыс пен қытай арасында екі жақты дипломатия ұстанып, екеуінің де көңілін аулап жүргені белгілі. Қазіргі тарихшылар мұны қазақ халқының жойылып кетпеуін ойлаған сол кез үшін ең дұрыс саясат еді деп санайды. Міне, осындай жағдайда Абылайға дипломат тұрғыдан сыйлаған семсердің бетіне: «Божіе милостію Елисавета первая императрица и самодержавице все российская пожаловала киргисъ касаккого Аблай солтана – в Санкт Петербургъ 1758 года» деп жазылған. Ал ақ семсердің кейінгі тарихын мақала авторы былайша әңгімелейді. Кезінде Абылайдың ұлы, Орта жүздің соңғы ханы, Шоқанның атасы Уәлихан ел арасындағы көз тартарлық асыл бұйымдарды патша бұйрығымен көптеп жинап, Мәскеудің өндірістік көрмесіне өткізіп отырады. Әсіресе ориенталистердің халықар. үшінші көрмесіне деп жиналған заттармен қоса, Абылай мен Уәлидің қару-жарак, киімдері, ер-тұрманы қоса өтіп кетеді. Оның ішінде осы ақ семсер де болады. Олардың көбі Мәскеу, Санкт-Петербург, Гамбург мұражайларында сақталған. Ал ішінде Абылайдың ақ семсері бар кейбірі Ташкент мұражайына тап болады. Өзбекстанда тұратын Ирпан Тұхтиев деген ұйғыр ғалымы мұражайда тұрған Абылай семсерінің тарихын баяндаған үлкен мақала жазады және семсердің ақ қағазға түскен сұлбасын Хисамдүн Исламов деген азамат қазақстандық әріптестеріне табыс етеді.

Ғ.Серғазыұлы

АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ТУЫ – Абылай ханның жауынгерлік туы. Кезінде бүкіл қазақ халқының атынан айтылатын жауынгерлік ұран ретінде де қолданылған. 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялы-

АБЫЛАЙ

лары, Алашорда жетекшілері халықты бірлікке шақырып, А.а.т. астына жиналайық деген үндеу тастаған. Шын мәнінде А.а.т. – тарихи зат, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста көтерілген ту. Қыл шашақты, көлемі 2 м² ақ жібек мата. Ту 1930 жылға дейін Арыс қ. маңындағы «Хан қорған» деген жердегі төре тұқымдарының қолында сақталып келген. Ел аузындағы әңгімелердің бірінде НКВД (Ішкі Істер Халық Комиссариаты) адамдары алып кеткен, екіншісінде – жергілікті халық тәбәрік ретінде бөліп-бөліп алған.

А.Тоқтабаев

«АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ТУЫ» – кітап. Авторы – жазушы Ұ.Доспанбетов. 2008 ж. «Самара – Принт» баспасынан жарық көрген. 1-томның көлемі 408 бет, 2-томның көлемі 448 бет. Таралымы 1000 дана. Белгілі жазушының «Абылайдың ақ туы» атты екі томдық тарихи романы ел аузында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен сақталып қалған, осыдан үш ғасыр бұрынғы қазақ-қалмақ соғысы кезеңін суреттейді. Бұл кітап жазушының бұдан бұрын жарық көрген «Қызыл жолбарыс» атты роман эпопеясының жалғасы іспетті. Екі томдықта Іле, Сырдария сияқты ұлы өзендердің жағасында Қаратау бойында, Ташкент қ. төңірегінде Шу, Қаратал өз-дерінің жағаларында өткен тарихи оқиғаларды суреттей отырып, Абылай хан бастаған азаттық күресін жан-жақты баяндайды. Ұлттық дербестік, мемл. қауіпсіздік, ел тағдыры хақында үлкен ой түйеді.

К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІ – ғимарат. 1826 ж. Петропавл қ-ндағы «Ой қаладан» көтерілетін жарқабаққа салынған. Ғимараттың тастан қаланған астыңғы қабатының ені 1 м, оның ортасынан дәлізбен бөлінген қоймалар; ал екінші қабаты кірпіштен салынған, дәлізі бар тұрғын бөлмелер орналасқан. Ғимараттың құжатында «лазарет» деп жазылған. «Абылайдың ақ үйі» деген атаудың қашан, қалай шыққаны белгісіз. А. а. ү. Петропавл қ-ндағы тарих және сәулет өнерінің ескерткіші саналады.

А.Көбеев, З.Тайшыбай



Абылайдың ақ үйі

«АБЫЛАЙДЫҢ АҚ ҮЙІ» – аңыз-әңгіме. Аңыз бойынша, қазақ пен орыс керек-жарағын алысып сауда жасап тарқайтын жәрмеңкеге жер сұрағанда, Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» деген сонан қалған белгі дейді аңыз әңгімеде.

Қ.Сәлімбайқызы

«АБЫЛАЙДЫҢ АЛҒАШ КӨЗГЕ ТҮСУІ» – тарихи аңыз-әңгіме. Бес түрлі нұсқасы бар:

1. *Абылайдың алғаш көзге түсуі* (I-нұсқа). Қолжазбасы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әулеттік мұрағатында (Мәшһүр жазбасы, 2-том, 40–43-б.) сақтаулы. Аталған мәтін ақынның шығармалар жинағында (8-том. Павлодар, 2006. 175–177-б.) жарияланған.

2. *Абылайдың алғаш көзге түсуі* (II нұсқа). М.-Ж.Көпейұлының қолжазба мұрасы. ОҒК-нің Қолжазба қорында(1170-бума, 721–724-б.) сақтаулы. Аталған мәтін ақынның шығармалар жинағында (9-том. Павлодар, 2006. 12–14-б.) жарияланған.

3. *Абылайдың жас күніндегі өмірі* (III нұсқа). ОҒК-нің Қолжазба қорында (829-бума. 10-жинақ.) сақтаулы. «Абайдың аузынан естіп, жадына сақтаған – Мұсылманкүл Жиреншин» деген мәлімет бар.

4. *Абылай туралы*(IV нұсқа). Аңыз ОҒК-нің Қолжазбалар қорына 1945 ж. түскен. Жинаушысы белгісіз. 829-бума.10-жинақта сақтаулы.

5. *Абылайдың қамал бұзған жері* (V нұсқа). Молда Мұқан Машанұлының жинағынан көшірген – Бозтай Жақыпбаев. Қорға 1935 ж. түскен. Қолжазба араб әрпімен жазылған. ОҒК-нің қолжазба қорында (Ш.829-бума, 4-дәп.) сақтаулы. Аталған нұсқалары «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасының 86-томында (Астана, «Фолиант», 2012) жарық көрген. Аталмыш нұсқалардың бәрінде де Абылай ханның «Сабалақ» атануы, Үйсін Төле бидің не Дәулеткелді байдың тәрбиесінде болып, қазақ қолы тұйыққа тірелгенде, жалғыз шауып қамал бұзып, жауды қашырса, бірде жекпе-жекте қалмақ батырын өлтіруі, сөйгіп, ерлігімен танылған соң, хан тағына отыруы сияқты оқиғалар аңызға арқау болған.

Н.Елесбай

«АБЫЛАЙДЫҢ АЛТЫ АҒАШЫ» – аңыз-әңгіме. Аңыз бойынша, Абылай қапылыста дұшпанның қолына түседі. Күзет мықты, қашуға жол жоқ. Абылай қапастан құтылудың жолын ұзақ ойлана келіп, қалмақ ханына шарт қояды. «Мен бір жұмбақ айтамын. Осыны шешсеңдер, мен тұтқын болып қала беремін, шеше алмасаң, босатуға келіс» дейді. «Біз де ел емеспіз бе, бір қазақтың жұмбағын шешерміз» деп, қалмақ ханы келіседі. Хан қалмақ елінің бар білгіш, жақсы-жайсаңын жинап, Абылайды алдырып: «Айт жұмбағыңды»

АБЫЛАЙ



дейді. Сонда Абылай киюын білдірмей жымдастырған сынық сүйемдей алты ағашты қолына беріп, сындырмай, бүлдірмей ажыратуын талап етеді. Қалмақтың бар жақсысы, данасы, күпінгенісінгені кезек-кезек қолға алып, жарты күн бойы арпалысып, шешуін таппайды. Талабы орындалған Абылай осылай босанған екен дейді бір аңызда. Қазіргі кезде сол «Алты ағаштың» көшірмесі мұражайға қойылған.

Әдеб.: «Орт. Қазақстан». 5.1.2010 ж.

Кәмел қажы Жүністеги
«АБЫЛАЙДЫҢ АМАНАТЫ» – екі бөлімді драмалық хикаят. Авторы – Маман Байсерке. Алғаш рет «Жұлдыз» журналының 1996 жылғы 8-санында жарияланған. Қатысатын кейіпкерлер үш адам: Абылай, Бұқар (жырау), Сейіс (Орда күзетшілерінің басшысы). Драмалық шығарманың етек-жеңі жинақы, Абылайдың өлер алдындағы үш күндік оқиғаға құрылған. Осы үш күннің ішіндегі үш кейіпкердің іс-әрекеті арқылы Абылайдың бүкіл өмірі мен қызметі, күресі, арпалысы мен арман-мақсаты, осы көріністер белеңінде қазақ халқының болмыс-бітімі, қасиеті мен қасіреті, баршасы көз алдан тізбектеліп өтеді. Абылай (орда ішін кезіп): « – Ал Абылай, екі басты жылан тұр алдында. Еліңе де, өзіңе де күн туды... Сабыр сақтап, сақтығыңды серік қыл. Егеске келсе – егес, кеңеске келсе – кеңес. Кемел елдің кеменгерлігін бетке ұста. Бірде Ресей, бірде Қытайға жылы ұшырап карап, оң қабақ танытқанымыз рас. Бірақ бүкіл елдің бұйдасын қолдарына беріп, бодан боламыз деп ешқайсына мойын созғанымыз жоқ. Татулық пен достығымызды сақтап көршілік хақысы үшін тыныш тірлік кешейік. Сауда-саттық, алыс-беріс алмасып, араласайық...» деп толғанып, Қазақ хандығының, елінің, өзінің ұстанған хақ жолын екі ауыз сөзбен ашады. Ең соңында Абылай: «...Бас-басымызға тұсау сап, кісен кигізгелі жатыр... Кілең темір тұсау... Күміс кісен... Қаба сақал, қысық көзден сақтансын... Бұқарға айт! Қақпан басып, Қапы қалып жүрмесін... Ел есінен адаспасын...» деген жанталас үстіндегі соңғы сөзін, аманат сөзін айтып үлгіреді. Драма Бұқардың Абылайды жоқтауымен, елге көңіл айтқан жыр жолдарымен аяқталады.

Ғ.Серғазыұлы


«АБЫЛАЙДЫҢ АСЫНДА ШАППАҒАНДА, АТАҢНЫҢ БАСЫНДА ШАБАСЫҢ БА!?» – қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркесі. 1781 ж. Қызылжар өңіріндегі Қарой деген жерде (қазіргі Солт. Қазақстан обл.) қазақ елінің кеменгер ханы, бүкіл өмірін халқының тәуелсіздігі жолында сарп еткен Абылайдың аруағына бағышталып өткізілген ас беру ел өмірінде үлкен тарихи оқиғаға айналды. Кезінде осынау ұлы жиынға қа-


зақ халқының, сондай-ақ көрші елдердің (орыс, қарақалпақ, қырғыз, қалмақ, қытай) бетке ұстарлары да қатысқан. Бұл жиын Абылай ханға деген ел сүйіспеншілігі мен зор құрметінің символына айналып, қазақ халқының тарихында ұмытылмас, халықар. деңгейге көтерілген уақиға болды. Ел ішінде сақталған деректерде Абылай ханға бағышталған астан кейінгі ат бәйгесіне қатысу да әрбір қазақ азаматының қасиетті борышы саналған. Осыған орай уақыт өте келе шексіз сүйіспеншілік пен жомарттықтың (мәрттіктің) символына айналған «Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба?!» – деген сөз тіркесі ел аузында қанатты сөзге айналды.

Г.Ысқақова

АБЫЛАЙДЫҢ АТА ТЕГІ. Шежірелерде, ел аузында сақталған аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарда және тарихи әдебиеттерде А. а. т. әр түрлі таратылады. Әсіресе, Абылайдың әкесі мен бірге туған аға-інілері туралы бір ізге түсірілген айқын да анық мағлұмат жоқ. Мыс., тарихшы Құрбанғали Халид Абылайдың тегін былай таратады: «...Қазақ жеріндегі хан атына жеткендердің соңы Абылай мен Әбілпейіз хандар, бұдан кейінгілер Қытайға, сонан соң Ресейге қарағандықтан хандық жойылған. Төрелердің атасы туралы көп сөз болып, соның лайықтырағын келтірдім: негізіміз Шыңғыстан Орыс ханға тоқтайды, одан арғысын анық білмеймін, деген еді айтушы адам. Орыс хан ұлы Жыңхан, ұлы Бадақұл хан, ұлы Жынтекей хан, ұлы Сығай хан, ұлы Есім хан – бір әйелден. Есім хан ұзын бойлы, денелі кісі болған соң, «Еңсегей бойлы ер Есім» деп дәріптеледі екен. Орыс ханның қызыл туы осының қолында қалған. Сығай ханның екінші әйелінен екі ұлы бар: Сейітқұл және Оннан хан. Бұл Оннан батыр болып, қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген. Ақ тулы төрелер қайда жүрсе де Оннан тұқымы болып есептеледі. Есім хан ұлы Жәңгір ханның бір әйелінен, ұлы Тәуке хан жеке. Мұның ұлы Болат хан, ұлы Әбілмәмбет хан, ұлы Әбілпейіз хан қызыл тулы төрелердің бабасы. Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл болыпты, Ауладан Абылай хан туған. Жас кезінде жау қолына түсіп, тағы бір шапқыншылықта қазақ қолына түсіп, үйсін Төле бидің түйешісі болып жүрген. Содан соң туысы Болат хан өзі қолына алған да, соңынан Әбілмәмбетке қызыл ту беріп, өз орнына қойған. Абылайға жасыл ту беріп, кейбір тайпаларға уәли (басшы) қойған». Осы автор Абылай мен Жолбарысты бір анадан, ал Сұлтанбетті (Солтанмәмет, Сұлтанбек) Жәңгір ханның екінші әйелінен туғызады. Мұндағы бір назар аударатын нәрсе – Абылайдың ұлы атасы «Жәңгір ханның екінші әйелінен Аула, Бақи деген екі ұл

АБЫЛАЙДЫҢ АТА ТЕГІ





Шежіре Ш.Ы.Уәлихановтың жеке мұрағатынан алынды.

болып, Ауладан Абылай хан туған» деген дерек. Бұдан басқа әдебиеттерде Аула мен Бақи екі кісінің аты емес; Уәлибақы – бір кісінің аты, яғни «көркем Уәли» Абылайдың әкесі болып келеді. Шындығында аудармашылардың ескі жазуды дұрыс оқи алмағанынан Уәлибақы деген бір есім екіге бөлініп кетуі ықтимал; осымен қатар Абылайдың азан шақырып қойған аты Әбілмансұр туралы да сөз жоқ. Ш.Ш. Уәлиханов жазып қалдырған «Хандар шежіресінде» де Әбілмансұр антропонимі кездеспейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Түрік, қазақ-қырғыз хәм хандар шежіресі» еңбегінде Абылайдың шын аты «Әбілмансұр» деп жазған. Ханның өз мөрінде «Баһадүр Абылай бин сұлтан Уәлі», ал құлпытасында «Абылай» деп жазылған.

З.Тайшыбай

«АБЫЛАЙДЫҢ ӘТЕКЕ ЖЫРЫҚПЕН СОҒЫСУЫ» – тарихи аңыз-әңгіме. 1929–50 ж. Көкшетау экспед. кезінде жиналған материалдар. Қолжазба ОҒК-де (Қ.829. 10-дәп.) сақтаулы. Мәтін латын әрпіне машинкаға басылған. Жинаушысы, тапсырушысы туралы мәлімет көрсетілмеген. Аңыз «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасының 86-томында (Астана, «Фолиант», 2012) жарық көрген. Аңызда Абылай хан орысқа бағынбай, Алатауға ауып келеді де, қазақ-қырғыз шекарасында отырады. Содан Абылай қырғызға кісі салып: «Қазақ пен қырғыздың жерін ашып белгілейік», – деп кісі жіберіпті. Бұл сөзді қырғыздың Әтеке дейтін батыры қабылдамапты. Абылай қол жинап, қырғызға соғыс ашады. Абылай қырғызды жеңіп, Алатаудың күнгей бетіне асырып жібереді. Абылай өзі Ұлы жүзді мекен қылып, сонда тұрып қалған. Бұл кезде Абылай ханның жасы 73-те, сонан ауырып қайтыс болыпты, – дейді.

Н.Елесбай

АБЫЛАЙДЫҢ БӨРКІ – Абылай ханның тұтынған бас киімі. Статистика қызметкері Жеңіс Кәрібаев «Абылайдың бөркі қайда?» деген мақаласында («Астана хабары», 2007 ж. 22 ақпан), 1865 ж. Мәскеу қ-нда «Ресей халықтарының жетістіктері» деген атпен өткен көрмеге Ақмола және Атбасар өңірінен жіберілген 400-ге таяу асыл бұйымдардың ішінде алтынмен өрнектелген қазақтың ханы Абылайдың бөркі болғанын статист. мәліметтерге сүйеніп хабарлаған. Мақала авторы өз хабарламасының соңында, Абылай ханның бөркі секілді асыл жәдігерімізді іздестіріп тауып, еліміздің игілігіне айналдыру қажет деген ойын Астана қ-ның әкімдігі, ҚР Мәдениет және ақпарат мин., сондай-ақ Президенттік Мәдениет орт. секілді құзырлы орындардың назарына ұсынған.

Қ.Нұрбағи

АБЫЛАЙДЫҢ 280 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АҚЫНДАР АЙТЫСЫ – Көкшетау қ-нда 1991 жылдың ақпан айында өткен респ. айтыс. 3 күнге созылды. Айтыс тақырыбы ұлы қазақ ханы Абылайдың рухына бағышталды. Қорытынды кезеңде жүлдегерлердің есімдері анықталды. Белгілі айтыс ақындары Ерік Асқаров пен Баянғали Әлімжанов, керекулік Серік Құсанбаев пен көкшетаулық Құдайберлі Мырзабеков, талдықорғандық Айтақын Бұлғақов пен жас жүйрік Жаппар Ақылбеков және басқалар жүлделі орындарға ие болды. «Темір қазық» жастар ұйымы өткізген ақындар айтысы Абылай тойына жалғасты.

Әдеб.: «Көкшетау», 2.02.1991.

Р.Сейімов

«АБЫЛАЙДЫҢ «ЖЕТИ ЖАРҒЫҒА» ЕНГІЗГЕН ТҮЗЕТУІ» – аңыз. (Мәшһүр Жүсіп. «Абылай хан». А. 1993). «Жеті жарғы» әз-Тәуке тұсында бекітілген. Осы заң жобасына Абылай хан «ердің құны қанмен емес, төлеммен өтелетін болсын» деп түзету енгізген. Бұл аңыз былайша баяндалады: «Қара құн (кісі өлімі) – жүз жылқы, он екі жақсы (жетім, қалы кілем, нар, мылтық, т.б.), сүйек құны (жаралау) – елу жылқы, алты жақсы. Ұрғашының құны еркектің бір көзінің құны – елу жылқы, алты жақсы. Аттың құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін билік айтпайды екен, босағаға күзеттіреді екен. Босаға күзеттіргеннің мәнісі – сол атының құйрығы кесілген үйден бір жылға дейін кісі өлсе, ат құйрығын кескен ұрыға кісі құнын тарттырады екен. Шідер ұрлағанда шідері қайыс болса, үш атқа үш балағын салып, үш атты үш жаққа айдайды екен. Үш ат үзіп кете алмаса, ұрыға үш ат айып салынады екен. Аттың құйрығының құны – кісі құны болды. Шідер құны – үш ат болды. Біреудің малын ұры ұрлап сойып жеп қойған болса, ол ұрының мойнына арқан салып, мал иесінің қолына береді екен. Өлшеулі мерзімді жері болады екен, соған шейін тартылсын деген. Бірінен соң бірі үш кісі үш басқа тартады екен. Өлсе өліп кетті, өлмей қалғанды «саулауат» деп қоя береді екен».

К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙДЫҢ ЖҮЗБАСЫ Я.ЕРОФЕЕВ АРҚЫЛЫ ПОЛКОВНИК ПАВЛУЦКИЙГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – құжаттық хат. (122-қор. 1745 ж. 7 мамыр). Абылайдың Павлуцкийге жазған жауап хатында оның одақтастыққа адал екендігі айтыла отырып: «Сіздің маған жіберген хатыңыздан естіп отырмын: «Бізге денсаушылық тілей отырып, біздің қоластымызда жаулап алды деген жылқылар және тұтқындар бар депсіз». Ондай жағдай болған жоқ. Тұтқында ешкім жоқ. Егер ондай болса онда қандай одақтастық болады?! Өткен жылы сіздің адамдар 42 адамды тұтқынға алды. 24 адам, 1300 жылқыны, 13 байлардың үй-

АБЫЛАЙ



мүліктері мен 382 жылқыны бізге қайтарды. Енді 918-і сіздерде қалды», – деген жолдар келтірілген.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙДЫҢ КИЕЛЕРІ. Абылайды ұрыста желеп-жебеп, қиындықта қолдау көрсетіп жүретін киелері жөнінде халық аңыздары аз емес. Соның бірін кезінде Құрбан Қажы аузынан Сұлтанмахмұт Торайғыров жазып алып қалған. Онда: «Жалаңаш жүргендіктен Жалаңаш атанған бір диуана бар екен. Ұрысқа аттанарда Абылай әр уақытта содан бата алады екен», – дейді. Монғолияда өмір сүрген көрнекті қазақ ақыны Ақтан Бабаұлының «Өмір жолы» атты өлеңіндегі: «Жалаңаш баба әулием, берген деп бата қазағым», – деп жырлауында сондай мән болса керек. Жалаңаш баба әулие – қазақ елін қолдап, қорғап, қиындықтан құтқарып, жеңіске дем беріп жүрген пір болып табылады. Көп аңыздарда оны тікелей Абылайдың киесі деп көрсетеді. Енді бір аңызда баба түкті шашты Әзіз әулиенің өзі қолдап, қорғағаны айтылады. Абылай жорықтарының сәтті не сәтсіз боларын Сары бураның жатысына қарап болжаған. Мүйізді Өтеген батыр жайындағы аңызда ондай киелі түйе Ақ атан деп аталады. Және оны батырдың тілегін жерде қалдырмай, ерлігін бағалаған Абылайдың сыйға тартқаны айтылады.

Ғ.Мұхаметжан

АБЫЛАЙДЫҢ КӨК ЖАРТАСЫ – тарихи атау. «Сабалақ–Абылай хан» жырында (авторы – Олжабай Нұралыұлы) 1734 ж. Баянаула тауларының арасындағы Сабындыкөл деген көлдің басында Үш жүздің қазағы Абылайды хан сайлағаны айтылады. Үлкен алаңның бір жағы көл, бір жағы шың, ат шабысты тамашалауға оңтайлы болғандықтан, жаңадан сайланған хан, жас Абылай көл жағасындағы шыңға шығып тұрса керек. Сол себепті Сабындыкөлдің оңт.-батыс жағасындағы оқшау жартас осы уақытқа дейін А. к.ж. атанып кеткен. Бұл оқиға Шаймардан Торайғыровтың (Сұлтанмахмұттың немере ағасы) «Баянаула» жырында былай суреттеледі: «Түстік жақ Сабынды көлінің сұлу біткен, Талай ел жайлап-қыстап мекен еткен. Баянды қалмақтардан алғаннан соң, Абылай Көкжартасқа туын тіккен. Абылай жартасының алды тік, арты саты, Өшкен жоқ шыңды қашап жазған хаты. Орта жүз алғаш рет басын қосқан, «Абылай жартасы» атанған шыңның аты».

Әдеб.: Омариде Ж. Қанжығалы қарт Бөгембай. Астана, 2007, 248–249-б.

З.Тайшыбай

«АБЫЛАЙДЫҢ КӨК ТАСЫ» – аңыз әңгіме. М.Дулатов жинаған. Жасы ұлғайған Абылай хан Самарқанд шаһарына елші жіберіп, «ұрыс-жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зиярат етіп қайтамын» дейді. Бұл хабарға Са-

марқанд халқы да қуанып, Абылай ханды қарсы алады. Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқанның көк тасынан қаздыртқанда шыққан тасты Самарқанд жұрты: «Бұл тас Сіздің бақытыңызға шыққан тас, Өмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ» деп сүйінші сұрайды. Сол тасқа: «Абылай хан бин Сүйінші хан» деп жазылып, қайтыс болғаннан кейін басына қойылады.

Қ.Сәлімбайқызы

АБЫЛАЙДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ БЕЙНЕСІ. Көкбай Жанатайұлы, Сауырық Досперұлы, Шәді төре Жәңгірұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Олжабай Нұралыұлы, т.б. ақындардың шығармаларында бейнеленген Абылай тұлғасы 20 ғ-дағы жазба әдебиетте, әсіресе кеңестік кезеңде де жаңа сипаттағы дастандардың кейіпкеріне айналды. Әріп Тәңірбергеновтің «Абылай хан» дастаны Абылайды басты кейіпкер етіп жырлай отырып, Абылай заманындағы тарихи оқиғалардың сырын ашады. Абылайдың тарихи тұлғасын көркемдеп, шынайы сомдаған Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баяны», отаршылдыққа қарсы ұлттық күрескердің идеалдық бейнесі ретіндегі М. Айтбаевтың «Хан Абылайы» қытғымыр саясаттың қалтарысында қалып, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жарыққа шықты. Бұл шығармалардағы романтикалық сарын С.Торайғыровтың «Айттыс» дастанында зар замандық үнге ұласты. Лирикалық кейіпкер Абылай хан болса, бұл ақындардың аңсап-армандаған дәуірі Абылай заманы болды. Абылай дәуірі әділ биліктің, батырлық, ерлік өнегелердің, ынтымақ-бірліктің беріктігі, халықтың рухтылығы сипатында бейнеленді. С. Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында Абылай туралы тарихи деректер, фольклорлық мұралар жиғанымен, тарихи тұлғаға деген жаңа қоғамдық көзқарас ықпалымен, бір жақты кескіндеді. Осы шығарма негізінде композитор Сыдық Мұхаметжанов «Жұмбақ қыз» операсын жазып, басты кейіпкер Абылайдың бейнесін астарлап берді. Ілияс Есенберлиннің «Жанталас» атты тарихи романы – Абылай бейнесін көркем сомдаған алғашқы тарихи шығарма. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Софы Смағайұлының «Елімай» романдарында Абылай бейнесі берілген. Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» романының басты кейіпкері Қабанбай батыр болғанымен, Абылай бейнесі тарихи шындық негізінде сомдалған. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастаны желісінде көркем фильм түсірілген. Ә.Кекілбаев «Абылай хан» атты тарихи драма, Маман Байсеркенов «Абылай ханның ақырғы күндері» атты екі бөлімді рекевием, Сәкен Жүнісов «Абылай» туралы кинохикаят жазды. Қазақ-америка-орыс киношеберлері

бірігіп түсірген «Көшпенділер» көркем фильміне Абылайдың жастық шағы арқау болған.

Әдеб.: Тәңірбергенов Ә. Абылай хан дастаны. Шығармалары // ҚР ҰҒА с.к.к 402, №1; Сейфуллин С. Шығармалар. Алматы, 1962, 1-2, Абылай хан // Алматы, 1993; Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы, 1989; Жұмаділов Қ. Дарабоз. Алматы, 1994, 1996; Жүнісов С. Абылай хан – кинохикаят // Жұлдыз, №9, 1997; Кекілбаев Ә. Үркер, Алматы, 1981; Елең-алаң, Алматы, 1982; Кекілбаев Ә. Абылайхан. Драмалық дастан // Дүние – гапыл. Алматы, 1994; Көкбай Жанатайұлы. Сабалақ. Абылай хан туралы дастан // Абай, №3, 1992; Сматаев С. Елім-ай. Алматы, 1992; Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы). Алматы, 2004.

3. Тайшыбай

«АБЫЛАЙДЫҢ ҚАЛДАН СЕРЕН ТҮТҚЫНЫНАН БОСАУЫ» – аңыз. (Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Түрік, қырғыз қазақ хәм хандар шежіресі». Алматы, 1991). Шәкәрім Абылайдың Қалдан Серен тұтқынынан босауы жөніндегі аңызды былайша келтіреді: «...Қалдан Абылайға: – Мен сені Шарыш сықылды батырдың орнына өлтіремін, не арманың бар? – депті. Сонда Абылай: – Тақсыр, менің үш арманым бар: әуелі, мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем, арманым жоқ еді. Екінші, қазақ орнықпай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып, отырықшы өмірге кіргізіп өлсем, армансыз едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнге өліп кетсем не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой, – дегенде, Қалдан хан төмен қарап отырыпты да, қасындағы уәзіріне: – Мынаның сөзінің бәрі рас. Әсіресе, соңғы сөзін қарашы, мен де төрт атадан бері жалғыз едім. Осы күнгі жалғыз балам Әмірсана өліп кетсе, менің де тұқымсыз кеткенім дағы, – деп қалмақ тілімен айтқан екен. Абылай хан: – Алдияр, – деп қол қусырып түрегеліпті. Қалдан хан Абылайға: – Сен неге алдияр дедің, мен сені өлімнен босаттым ба? – десе: – Тақсыр, жалғыз балаңызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой. Мен қалмақша тіл білемін, – депті. Қалдан хан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсана екеуін дос қылып, қазаққа, орысқа да көп сый беріпті», – делінеді.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ «ҚАНДЫ ҚАРАҒАЙ ҚАН БОЛДЫ, ЖОЛ БОЛДЫ» ДЕП АТ БЕРУІ» – тарихи аңыз-әңгіме. Мәтін ОҒК-нің Қолжазба қорында (829-бума, 8-дәп.) сақтаулы. 1950 ж. Көкшетау экспед. кезінде жинап, қорға тапсырған – К.Қаңтарбаев. Аңыз «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасының 86-томында (Астана, «Фолиант», 2012) жарық көрген. Аңызда Абылай батырла-

рын жинап кеңес ашып отырған кезде, біреу кіріп келіп, қалмақтардың қолына түсіп, әбден мазақ болғанын және олардың қан ішпей тоқтамайтынын айтады. Абылай ту көтеріп қарсы шығады. Абылай мен Қалмақ батыры қалың қарағайдың ішінде жекпе-жек ұрысады, сонда Абылайдың аруағы асып, қалмақ батырын өлтіреді. Жиналған ерлер қалмақты быт-шыт қылып, қалың қарағайдың ішінен паналатпай далаға қуып, ақыры жеңіпті. Абылайдың қолы сол жерге түнеп, жауды жеңгенін жан-жақтағы елге хабарлап, қолға түскен олжаны бөлісіпті. Олжаны бөліп алған соң, көпшілік: «Бұл жорықты қандай жорық деп атаймыз?» – деп шуласыпты, сонда Абылай: «Бұл жорықтың аты «Қанды қарағай қан болды, жол болды» болсын», – деген екен деседі.

Н.Елесбай

«АБЫЛАЙДЫҢ ҚАРА ҚАЗАНЫ» – аңыз-әңгіме. Мәшһүр Жүсіп Көпесев жазып алған. ҚР ҒА орт. ғыл. кітапханасында сақтаулы (п-№1170). Әңгімеде Орта жүз Қаракесек ішіндегі Ботақан дегеннің өліміне байланысты Қазыбек бидің Абылайдың қара қазанын алып кеткені, сол қара қазанды алдымен Қазыбектің өзі, одан соң оның ұлы Бекболат бидің, одан соң оның баласы Тіленшінің асқаны жайында айтылады.

«АБЫЛАЙДЫҢ ҚОЛБАСШЫ, САЯСИ ҚАЙРАТКЕР РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ» – мақала. Авторы – Е.О.Буланов. «Тарих Қазақстан мектебінде» журналының 2011 жылғы 4-санында жарық көрген. Автор өз мақаласында Абылай ханның балалық шағынан бастап, оның өсу жолдарын, яғни саяси қайраткерлікке жеткен шағына дейін толықтай саралап шығады. Бір кездегі Сабалақ атанған жас өспірімнің жаугершілік заманда елін шапқыншылардан қорғау мақсатында қалмақтың батыры Шарыштың басын алып, Абылай атанған шағы 1733 жылғы шайқаста болды деп нақтылайды. Осыдан кейін оның қолбасшылық дәрежеге жеткені, хан атанып, еліне мамыражай заман орнату үшін дипломатиялықтың қырсырын меңгерген саяси қайраткерліктің шыңына шыққаны нақты деректерге сүйене отырып жазылған. Мақалада 1771 ж. Абылайдың Орта жүзге хан сайланғаны жөніндегі деректі келтіре отырып, оның шын мәнінде бүкіл қазаққа билік жүргізгенін қуаттайды. Мақаланы жазу барысында автор ел аузында жүрген аңыз әңгімелерге де назар аударып отырады.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ ҚЫРҒЫЗҒА ЖОРЫҒЫ» – тарихи аңыз-әңгіме. Екі түрлі нұсқасы бар: 1. *Абылайдың қырғызға жорығы* (1 нұсқа). Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ тарихи шығармалары» (9-том. Павлодар, 2006. 74-б.) жинағында жарияланған. Мәтіннің қолжазбасы ОҒК-нің Қолжазба қорында

АБЫЛАЙ



(1176-бума, 294–388-б.) сақтаулы. 2. *Абылайдың қырғыз, өзбекке жорығы* (II нұсқа). Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағында (9-том, Павлодар, 2006. 75-б.) жарияланған. Аңыздың қолжазбасы ОҒК-нің Қолжазба қорында (1170-бума, 787–735-б.) сақтаулы. Аталған нұсқалары «Бабалар сөзі» жүзтомдық топтамасының 86-томында (Астана, «Фолиант», 2012) жарық көрген. Аңызда Абылайдың қырғыз батыры Садыр баламен болған соғысы баяндалады. Садыр бала: – Қазы Мәмбекті алдым, Әлібек-Шолақты алдым, Көкжал Барақты алдым, жалғыз көзді Қарақты алдым. «Арқада Абылай деген бар дейді. Онысы маған не қылады?» – деп мақтанады. Бұған ашуланған Абылай бүкіл қазаққа «Қылқұйрық» деп ұран шақырып, қол жинап, қырғызға аттанады. «Жалаң аяқ әудер (әздер)» деген әулие-диуананың батасымен қырғыз қолын ойсырата жеңеді. Сонан соң қырғыз жалынып-жалпайып, бітімге келіп, Сәру деген бір тайпа елін қазаққа «ақ үйліге» берген екен. Қос басына бір үйлі қырғыздан үлесіп алысып, «осы күнгі арғын ішіндегі қырғыздар – сол жолғы олжа болып үлеске түскендер» десеңді.

Н.Елесбай

АБЫЛАЙДЫҢ ҚЫТАЙ ГУБЕРНАТОРЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ – қазақ ханы Абылайдың 1773 жылдың 3 қарашасында жазған хаты (№450). Абылай өз елшісі Түгел арқылы қытай губернаторына жолдаған шағын хатында екі ел арасындағы сауда ісін жолға қою мақсатымен саудаға салатын мал жібергенін әрі оның саудалау ісінің жақсы жүргізілуіне көмектесуін сұраған. Илеге келіп жатқан Тарбағатай губернаторы Ильту Абылайдың өз атына жолдаған хатты алғанын, Абылайдың өтініші бойынша Түгелге көмектескенін және оған сыйлық ретінде бір топ торқа жібергенін айтқан; осыған қоса ол өз тұсынан ризашылығын білдіре отырып, Абылайдың сыйға тартқан атын қытай патшалығының фермасына қосып қойғанын да хабарлаған. Хат тотын-моңғол жазуымен жазылған, оны қытай тілінен аударған Б. Еженханұлы.

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 3-т., А., 2006, 118–20-б.; Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 301-б.

Н.Көбеева, Қ.Нұрпейісов

«АБЫЛАЙДЫҢ ҚЫТАЙМЕН СОҒЫСЫ» – аңыз. Абылайтанушы ғалым А.Әбсадықтың «Абылай хан: аңыз және ақиқат» атты кітабынан алынды. Қытай әскері мен Абылай жасақтарының қақтығысы Әмірсананың қазақтан пана тапқан жылдары болады. Оның негізгі себебі – Қытаймен соғысқан Әмірсананы Абылайдың қолдауы. Осы соғыстың бір көрінісі аңызда былайша ай-

тылады. «Бірде Абылайдың Қытай әскерінен шегінуіне тура келеді. Тез қамыққыш қазақ мінезін жақсы білетін Абылайды бұл жағдай қатты мазасыздандырады. Мұны байқап қалған Тәтіғара жырау қашқан әскердің және Абылайдың көңілін көтеру үшін мынадай жыр толғапты: «Кебеже қарын, кең құрсақ, Артық туған Абылай, Көтере көр бұл істі, Көп қытайдың жылқысы Тұрымтайдай құнысты, Жау жағадан алғанда, Ер Абылай қорыққан жоқ, Әншейін еңкейе бере жылысты. Бәсентіін Сырымбет Оқ жіберіп ұрысты. Ақыл қалмас қашқанда, Дегбір қалмас сасқанда, Баяндай ерді көрмессің. Бұрылып жауды шанышқанда!...». *Әдеб.*: Бес ғасыр жырлайды.

К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙДЫҢ ҚЫТАЙ ПАТШАСЫНА ХАТЫ – Абылайдың 1766 ж. қытай патшасына жазған хаты (№391). Хатта Ердене бек бастаған қокандықтардың қазақ жеріне басқыншылық соғыс жасағаны жайында хабарлай отырып, осыған орай Қытай патшасынан жаудан қорғану мақсатымен зеңбірек жіберуін сұраған. Бірақ Қытай патшасы өз тарапынан Абылайдың бұл тілегін қолдамайтынын білдіреді. 1767 ж. 23 қыркүйек пен 23 қазан аралығында Абылай өзінің жиені әрі елшісі Дәулеткерей арқылы жіберген хатында қытай патшасын қазақ елінің құрамымен таныстыра келіп, екі ел – қырғыздар мен Ердене бек бастаған қокандықтардың бірлескен шапқыншылығы нәтижесінде «біздің Ұлы жүзді тонап» кеткенін, оған қоса Абылай өзінің туысы Ескендір ханды бүкіл отбасымен өлтіргенін де айтады; мұндай басқыншылыққа төзбеген Абылай сұлтан бастаған әскерлер жауға қарсы жорық жасағанын, Базаршы батыр есімді мықтыларының басын алып, олардың көптеген адамдарын өлтіргенін, сөйтіп, жауды жеңгенін мәлімдеген. Бірақ жеңілген жау Бішкек қ-на шегініп барып, қаладан шықпай қойған. Қаланың бейбіт тұрғындарына тиіспеу мақсатымен Абылай әскерлері кейін шегініп кеткенімен, маңайдағы қазақ қоныстарына тыныштық бермей отырғанын айтып, «20 мың ләшкер (әскер) және зеңбірек» жіберуін өтінеді. Б. Еженханұлы осы хатты қытай тілінен аударып отырып, хат соңындағы қол қоюшылар тізімінде Абылайдың есімі аталмаса да, қазақтың игі жақсылары соның атынан жазған болуы керек деген жорамал жасайды; бұған қытай патшасының хатты ешбір күдіксіз оқығанын және Абылайды көрші елдермен жанжал жасамай сабырға шақырғанын дәлел ретінде келтіреді.

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 3-т., А., 2006, 103–105-б.; Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.Тайшыбай, А., 2011, 229-б.

Қ.Нұрпейісов

«АБЫЛАЙДЫҢ МАМАЙ БАТЫРЫ» – дас-тан-толғау. Авторы – Мұрат Сұлтанбеков. Дас-тан «Семей таңы» газетінің 2011 жылғы 27 жел-тоқсандағы санында жарияланған. Үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде жоңғар жаулаушылары-на қарсы азаттық күресін «абылайлап» бастаған Сабалақты Төле бидің тәрбиелеп жеткізгені, оған ере Қабанбай, Бөгембай, Райымбек, Баян, Ма-май тектес атақты батырлардың шыққаны ай-тылады. Екінші бөлімде Сырдария бауырында өсіп, Ертістің алып күшін бойына сіңірген Мамай батырдың ерлік қимылдары жыр кестесіне түс-кен. Аңырақайда жеңілген жаудың Жоңғар қақ-пасымен қашып, Бақтыда шекараның белгіленге-ні белгілі болады. Үшінші бөлімде Мамай ба-тырдың тоқсан жаста жекпе-жекке шыққаны, тоқ-сан жеті жыл жасап, Түркістандағы Иасауи кесе-несінде, Абылай ханның жанына жерленгені, Ма-майдан тоғыз ұл қалғаны, ұрпақтары өсіп-өнгені айтылады.

Е.Ерназаров

АБЫЛАЙДЫҢ НЕМЕРЕ ІНІСІ СҰЛТАН-МӘМЕТ СҰЛТАННЫҢ ГЕНЕРАЛ-ПОРУЧИК ДЕКОЛОНГКЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – құжаттық хат. (№483. 1772 ж. 22 қараша). Хатта Сұлтанмәмет Абылаймен келіссөз жүргізгенін айта отырып: «13 қарашада маған Абылай хан екі ұлымен және 50 адаммен келіп кетті. Менімен келіссөздер жүр-гізді. Бізге қыр көрсетіп жүрген кейбір қырғыз-дармен сөйлесіп, олардың ішінде қылмыс жаса-ғандары анықталды. Оларды ақсақалдар кеңесінің келісімінен кейін жазалауға шешім қабылдады. Тым жүгенсіздер ретінде 100 қырғызды хамыт кигізіп жазалады. Абылай ханға Бұхар хандығынан елшілер келді. Олар одан егерде қырғыз жеріне түркімен немесе қалмақтардың әскерлері келе қалса, Бұхар ханына беруді талап етті. Абылай хан оларға келісімін берді», – деп мәлімдейді.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ НҰРДАН ПАЙДА БОЛУЫ» – аңыз-әңгіме. Бұхар ханы 40 биінен: «Абылай артық па, мен артық па?» деп сұрайды. Билер: «Сіз артықсыз. Сіздің тегіңіз де асыл, жеріңіз де асыл» дейді. Сонда билермен еріп барған 14 жасар Күнту баласы Жанайдар: «Абылай атасы садағын сағымға көтерген, нұрдан пайда болған», – депті. Абылайдың күн нұрынан жаралған әйгілі Шын-ғыс хан тұқымынан тарайтын асылдың сынығы, тектінің тұяғы екенін меңзесе керек. М.-Ж.Кө-пейұлы жинаған бір аңызда Арқаға паналап кел-ген жас Сабалақ туралы Дәулеткелді байдың бәйбішесі: «...ұйықтап жатқанда үсті жап-жарық болып тұрады. Сыйлап ұстай гөр. Қасиетті болып бір нәрсесіне ұшырап қалып жүрмейік», – дейді. Мұның өзі Абылайды бала кезінен-ақ халықтың

айрықша қасиетті тұлға деп пайымдауы болса керек.

С.Ғұсман

«АБЫЛАЙДЫҢ ОРТА АЗИЯ ҚАЛАЛАРЫ-НА ЖАСАҒАН ЖОРЫҒЫ» – аңыз. (Мәшһүр Жүсіп. «Абылай хан». А. 1993). Абылай ханның Орта Азия қалаларына жасаған жорығы жөнінде-гі аңызда былай айтылады: «Өзіне-өзі әбден кел-ліп, кемеліне толған шағында Абылай Үргеніш, Бұхара, Қоқан, Ташкент жанындағы қазақты сартқа билетіп қоймаймын деп, Үш жүздің бала-сына жар шақыртып, қосын жинап атқа қонады. Түркістанға келіп түсіп, оған өзінің бел баласы Сыдық сұлтанды отырғызады. Шымкент, Сай-рам барып, оған Әбдірахман деген сартты ие қы-лады. Ташкент барып оған Мырзахмет деген сарт-ты ие қылды. Одан Жизаққа барады. Одан әрі Са-марқанды бетке алады. Абылай хан Самарқанға елші жіберіп: – Ұрысым, соғысым жоқ, әулиелерді зиярат қыла келдім, басты-басты ақсақалдары қонаққа келсін, – дейді. Бірін-бірі сыйласып, қонақ болысып, Абылай хан сонда бір көк қасқа айтып сойдырып, басына қойдыратұғын тас қаздырды дейді. Абылайдың бағына шыққан тасты самарқан жұрты: – Бұл баяғы Әмір Темірден соң ешкімге шықпаған тас, – десіпті. Осы арада Абылай хан батырларына қайтуға рұқсат беріпті.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ САБАЛАҚ АТАНУЫ» – аңыз-әңгіме. Тақ мұрагері Әбілмансұр (Абылайдың шын аты), кішкентай кезінде отбасын жоңғарлар кескілеп өлтіріп, жетім қалады. Сөйтіп жүріп, ықпалды адамға (көбіне бұл – Төле би, Дәулетбай шешен немесе басқа бір лақап атты иеленген адам болады) тап болады. Оған көмекші малшы болып жалданады. Ол күтімсіз сыртқы кейпіне қарай Сабалақ (салақ) деген ат алады. Абылайдың Сабалақ аталуы осыдан дейді аңыз әңгімеде.

«АБЫЛАЙДЫҢ САМАРҚАНҒА ЖОРЫҒЫ» – тарихи аңыз әңгіме. Үш түрлі нұсқасы бар. «Ба-балар сөзі» жүзтомдығының 86-томында (құрас-тырушылар: Т.Әлібек, Н.М.Мүрсалимова – жауап-ты шығарушы, Ж.Т.Салтақова, Фолиант, 2012. 160–169-б.) Абылайдың Самарқанға жорығы (I нұсқа), Абылайдың түсі және өлімі (II нұсқа), Абылай хан заманында қазақтан шыққан батырлар (III нұсқа) деген атаулармен аталған нұсқалары түге-лімен жарық көрген, сонымен бірге аңыздың бі-рінші, екінші нұсқалары Мәшһүр Жүсіп Көпей-ұлының шығармалар жинағында «Самарқан жо-рығы, Абылайдың түс жоруы» деген тақырыппен (9-том, Павлодар, 2006. 191-б.) жарияланған. Мәтіннің Қолжазбасы ОҒК-нің Қолжазба қорында (1170-бума, 789–795-б.) сақтаулы. Аңыздың үшінші нұсқасының қолжазбасы да ОҒК-нің Қолжазба қорында (829-бума, 2-дәп.) сақтаулы. 1947 ж. араб

АБЫЛАЙ



әрпімен жазып, қорға тапсырған – халық әдебиеті үлгілерін жинаушы Н.Әминов. Аңыздың үш нұсқасында да негізінен Абылайдың Самарқанға жорығы, сондай-ақ жорық барысындағы ханның төңірегіндегі батырлардың ерлік істері әр қырынан көрсетілген.

А.Оралбек

«АБЫЛАЙДЫҢ САРЫАРҚАНЫ АЗАТ ЕТУЙ», «Абылай ханның 40 батырымен Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан Сереннен тартып алған уақиғасы» – жыр. Хатқа түсірген – Жаяу Мұса Байжанұлы. 1940 ж. осы қолжазбадан Жаяу Мұсаның баласы Салық көшіріп алған. 11 буынды қара өлеңмен, араб әрпімен жазылған. «А.С. а. е.» жырының қысқаша мазмұны – Абылайды хан көтергеннен кейін Түркістанды билеуі, Сыр бойын мекендеуі туралы. Бұл – Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан Сереннің алып қойған кезі еді. Енді сол жерді қайтармақ болып Абылай бастаған 40 батыр соғысқа даярланады. Қалмақтар мұны естіп Ерейментауына көшеді. Қалданның «соғыспай Сарыарқаны тастап кетейік» дегеніне, баласы Шарыш батыр «соғыспай бермеймін» деп, өңшең батырларын жинап алып, бір тауда тосып жатады. Бұл жерге 40 батырын бастап Абылай да келеді. Қалмақтардың «біз көппіз, сендер азсыңдар, жеңе алмайсыңдар?» деп сұрағанда 40 батырдың арасынан Олжабай өз атын атап ұрандап жауға шабады, қалғандары оған қосылады. Шаршы қорған салып, қалмақ әскеріне зор бекініс жасаған болып шығады. 40 батырдың тобында Сары Баян, Малайсары, Олжабай, Қазыбек, Қуандық, Қарашолақ, Ақмырза (Ақмұрза), Бөгенбай, Жасыбай батырлар болады. Олжабай жекпе-жекке шығып, қалмақ батырын өлтіреді. Одан кейін Олжабай жау ортасында жаяу қалған Малайсарыны аман алып қалады. 40 батыр Ерейментауын босатады. Қалмақтардың қашқан асуы «Жасыбай асуы» деп аталып кетеді. Бұл соғыста қалмақтар да, қазақтар да көп қырғынға ұшырайды. Сондықтан да соғыс болған жердің аты «Қалмаққырылған» деген атпен жыр аяқталады. Қолжазба ҚР ҰҒА-ның Орталық кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

3.Тайшыбай

АБЫЛАЙДЫҢ САУДА ТОҒАНАҚТАРЫ – қазақтардың Қытай елімен арада жасасқан сауда-саттық қарым-қатынастарының атауы. Шамамен 1750 ж. болған Ежен хан мен Абылай арасындағы келісім кезінде Цин патшасы Абылайдың хандығын мойындаумен бірге, оның саясатына қолдау білдірген. Бұл келісім қазақ, қытай арасындағы жаңа сауда қатынастарының жандануына әсер еткен. Мәнжу үкіметінің жазба деректерінде 1757 ж. Аягөздегі келісім бойын-

ша, Абылайдың, Әбілпейіздің, Жәнібектің, Қабанбайдың, тағы басқалардың сауда тоғанақтары Үрімжіге үзбей барып, сауда жасасып тұрған. Бұлар «Кұлжа – қазақ саудасы», «Шәуешек – қазақ саудасы», «Үрімжі – қазақ саудасы» деген атпен тарихта қалған. Абылайдың Сайрамкөл жағасында Іле ген.-губернаторы Цзян Жунымен кездесіп, сауда шартын жасағаны, жаңа базарлар ашқаны жайлы Шоқан да жазған.

Е.Ерназаров

АБЫЛАЙДЫҢ ТАС ТАҒЫ – табиғи текше тас. «Абылай хан алаңынан» 100 метрдей жерде, «Оқжетпес» санаторийінен жарты шақырымдай қашықтықта, Көкшенің шыңына көтерілер жерде, биік қарағайлар арасында орналасқан. Тақтың биіктігі 3,8, ұзындығы 8 метрдей, көлденеңі 4 метр, үстінде отыратын кең орны бар. Қазіргі кезде ескерткішке тәжім етуге баратын құмдақ жол төселген. Тастың айналасында отыратын ашық жерлер бар. Жанындағы қарағайларға ілінген ақтықтар анадайдан желбіреп көз тартады. Аңыз бойынша, Абылай хан елінің маңызды мәселелерін осы тағының ең биігінде отырып шешеді екен. Мұнда Үш жүздің батырлары, билері мен сұлтандары жиналатын болса керек. Сөйтіп, бұл тас тағы қазақ халқының тағдырын сан рет шешкен киелі орынға айналған. Бүгінде бұл жерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Астана мен Алматыдан, шет елдерден де қонақтар келіп, бас иіп, тәжім етіп тұрады. Солардың бірі – Германияның Арнштат қ-нан келген инженер Франк Трефлик басқарған радиотехника және электр жүйесін шет елге шығару фирмасының бір топ мамандары 1993 жылдың маусым айында Абылай тас тағына тәжім етіп, ол жайында мағлұматтар алғанына ризашылық білдірген. Мұнда келгендер қазақ халқының біртұтас ел болып, тәуелсіз мемлекет атануындағы Абылай ханның рөлін жоғары бағалаған лебіздерін білдіреді.

Әдеб.: «Орталық Қазақстан», 13.7.1993.

3.Исағұлов

«АБЫЛАЙДЫҢ ТОРҒАУЫТ ҚАЛМАҚТАРЫМЕН СОҒЫСЫ» – аңыз. Бұл аңыз абылайтанушы А.Әбсадықтың «Абылай хан: аңыз және ақиқат» атты кітабында келтірілген. 1771 ж. Еділ қалмақтары Жоңғарияға қарай үдере көшеді. Еділ мен жоңғар қалмақтарын біріктірмеу үшін қазақтар оларға соғыс ашқан. Осы жайындағы аңыз мазмұны былай болып келеді: «...Қазақ қолы шабуылдап отырып, Іле өзеніне жетіп, қалмақтар жеткенше өзен өткелдерін қоршап алады. Қалмақтар тоқтап, жеті кісіден тұратын елші жібереді. Елші басшысы – ұзын бойлы, үлкен түлкі тымақты қалмақ аттан түсіп, жаяулап ханға келіп: «Алла жар болсын! Ұса менен Серен: қазақ пен қалмақ ағайын халық, сол ағайындылығымызды

сақтайық, ақ отауды сыйлық ретінде алыңдар, бейбіт болайық деп жіберді, – дейді. «Бара бер», – деді хан, батырларын жинап, кеңес құрады: Ақ отауды алып, үміттендірейік, сосын шабуылдайық, – деп ұсынысын айтады. Батыр Баян: – Жок! Ақ отауды алмаңыз, алдаймын деп ойламаңыз. Ұса мен Серен жоғарғы және төменгі Қытайды да алдаған, сені де алдайды, – дейді. Хан өзі айтқанын екі рет қайталады, Баян да айтқанынан қайтпады. Хан шешімін өзгертпеді. Қалмақтар қозы көш жерде тұрады. Екі күн күтеді, қалмақтар да, ақ отау да жок. Артынан белгілі болғанындай, қалмақтардың кетіп қалғанына екі күн болған екен. Баян мың кісімен қуады. Қалмақтар Қытайға барып енгенде ғана қуып жетеді. Қайтар жолда қалмақтар өлігінен бүлінген судан ішіп, қара тышқақ ауруына ұшырап қырылады. Атақты Баян осылай көз жұмыпты» делінеді аңызда.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ ТУ ҰСТАУШЫСЫ» – мақала. Авторы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ақылбек Шаяхмет. Автор мақаласында Абылай туын ұстаған батырлардың бірі, белгілі жырау Тәтіғара (1705–80) туралы ойларын білдірген. Автордың пікірінше, ақындық сөздің құдіретімен халықты бірлікке шақырып, сарбаздарды тәуелсіздік жолындағы күреске рухтандырған, Олжабай, Бөгембай, Баян, Жәнібек, басқа да батырлардың ерлігін жырлаған ақын Тәтіғара әскери жорық кездерінде әрқашанда Абылаймен бірге болған. Ақынның өлеңдері жорық үстінде туған. Ол «Үш жүздің ұлдары», «Қамыстың басы майда, түбі сайда», т.б. өлеңдерінде Абылай ханның да бетіне шындықты айтып отырған. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Тәтіғара ақын болумен қатар, аса шебер орындаушы, жыршы, домбырашы да болған. Ақын ханның ғана емес, халықтың да құрметіне бөленген. Оның кейбір өлеңдерін Ш.Уәлиханов жазып алып, орыс тіліне аударған. Ақын Мәриям Хакімжанова соғыстан кейінгі жылдары қостанайлық тұрғындар аузынан Тәтіғараның бірнеше өлеңін жазып алған. Бұл өлеңдер қазақ поэзиясының «Бес ғасыр жырлайды» атты антологиясына енгізілді.

Е.Ерназаров

АБЫЛАЙДЫҢ ТҮТҚЫННАН БОСАҒАНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ ЖОҒАРЫҒА ЖАЗҒАН КИРИЛЛОВТЫҢ ХАТЫ – №173-құжаттық хат. (1744 ж. 23 қаңтар). С.Кириллов жазған хатта Абылайдың тұтқыннан босап келуі былайша баяндалады: «...Абылай сұлтан Қалдан Серенде екі жылдай тұтқында болды. Онымен бірге Жолбарыс сұлтан отырды. Ол Қалдан Серенмен тіл табысты. Осы жылғы күзде оларды (30 қыркүйекте) өз елдеріне жіберді. Тұтқында 35 адам болды. Барлығы да қайтарылды. Өз ұлыстарына аман-

есен жетті. Олар тұтқында болған кезде сол жазда Қонтайшыларда көп адамдар шешек ауруымен ауырып қайтыс болған. Қазіргі кезде Қалдан Серен қайсақтармен бейбітшілікте».

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙДЫҢ ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕНДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ГАЛДЫШЕВТИҢ ХАБАРЫ – мұрағат құжаты. (122-қор, 16-бет. 1742 ж. 18 мамыр). Бұл құжаттық мәлімдемеде Абылай сұлтанның Қалдан Сереннің тұтқынына түскендігі былайша жазылған: «Қырғыз-қайсақтар әңгімелерінде Ақшораның жоңғарларға келгенін айтып отырды. Қырғыз-қайсақтың иесі – Абылай сұлтанды жоңғарлардың қожасы Қалдан Серен тұтқында ұстап, оның аяқ-қолына кісен салыпты. Ақшора келген соң кісендерді алып, Ақшораның адамдарын кісендепті. Ақшора кеткеннен кейін Абылайдың аяқ-қолындағы кісендерді алып тастап, Абылайдың інісін қырғыз-қайсақ еліне қайтарды. Ақшораны қалмақтың үш адамымен жіберді. Егерде 10 отбасын және Қарасақалды әкеліп берсе, сонда ғана жоңғарлықтар тұтқындарды қайтарамыз дейді. Ақшора және үш қалмақ қырғыз-қайсақтардан әлі қайтып келген жок».

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙДЫҢ ТҮТҚЫНДА БОЛУЫ» – тарихи аңыз-әңгіме. Үш түрлі нұсқасы бар. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 86-томында (құрастырушылар: Т.Әлібек, Н.М.Мүрсалимова – жауапты шығарушы, Ж.Т.Салтақова, Фолиант, 2012. 102–109-б.): *Абылайдың тұтқында болуы* (I нұсқа), *Абылайдың тұтқын болуы* (II нұсқа), *Абылайдың тұтқын болуы* (III нұсқа) деген нұсқалары түгел жарық көрген. Аңыздың бірінші нұсқасы ӨӨИ-дің Сирек қорында сақтаулы (828-бума, 3-дәп.). Қолжазбаны жинап, Қорға тапсырған – М.Мәжікеев. Қолжазба қалың дәптерге, көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Қолжазбаның 11-бетінде соңғы екі жол шимайланған. Оқу мүмкін емес. Мәтіннің аяғында «Абылай жайындағы әңгімеміздің бір саласы осымен аяқталды. Бұл әңгімені қарауыл ішінде Бектауыл, оның ішінде сарғалдақ (байбарақ) әулетінен Досқанаұлы Есмағамбет қарт айтты. Ол естігенін ұмытпайтын, көңілде тоқи білетін, тілі орамды адам еді. Фактілері өзгеріссіз жазылды» деген мәлімет бар. Аңыздың екінші нұсқасы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары жинағында (8-том. Павлодар, 2006, 177–181-б.). Аңыздың үшінші нұсқасы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалар жинағында (9-том. Павлодар, 2006, 22–25-б.). Құрастырушылардың мәліметі бойынша бұл нұсқаның 10 үлгісі белгілі. Аңыздың алдыңғы нұсқалардан айтарлықтай ерекшеліктері бар.

А.Оралбек

АБЫЛАЙ



АБЫЛАЙДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ – ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІНДЕ. Қытай деректері бойынша Абылайдан тараған ұрпақтар төмендегідей болып таратылады: Абылайдың үлкен баласы Уәли, ол кейін қазақтың ханы болған; Уәлиден кейінгі екінші ұлы Шыңғыс; ал Әділ болса Абылайдың үшінші ұлы, кезінде үйсін тайпасының ханы болып сайланған. Абылайдың осы аталған үшеуінен кейінгі туған балалары: Жәнібек, Рүстем, Есім мен Жәнке. Жәнкеден кейінгі балалары: Сыдық, Сығай, Қосым, Тағай, Досалы, Қасым, Әбетай, Абдолла, Сөк, Шаһмұхамет, Түлек, Хамза, Барак. Осылардың қатарынан әр жылдары қытай еліне барған Уәли (1769), Әділ (1773), Сығай (1782), Досалы (1790), Қасым (1787), Шаһмұхамет (1795) елшілік сапарларында қытай патшасының қолынан асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлығын алып қайтқан. Абылайдың тұңғышы Уәлиден туған немересі Жәңгір, одан Сайбақ, Бурали және Сұлтанмәмбет туған. Сұлтанмәмбеттен төрт ұл болған: Иман, Орыс, Қарабай мен Түкібай. Абылайдың алтыншы ұлы Есімнен туған немерелері Жолбарыс және Дәулеткерей; ал Жолбарыстан туған шөберелері: Жәңгір, Жәнібек, Жәдік, Барак, Ибак, Қосай. Абылайдың екінші ұлы Шыңғыстан Тоқта туса; Барак атты шөбересінен Айшуақ өмірге келген. Абылайдың шөбересі Ибақтан Мәмбетқұл, Мәмбетәлі мен Асқұл; ал Дәулеткерей атты немересінен Сарығұл туған. Әр жылдары Қытайға барған Жәдік пен Барак (1795) 4-дәрежелі «динлин» сыйлығын, Дәулеткерей (үш мәрте барған) асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлығын, ал Тоқта мен Сарығұл (1809) 2-дәрежелі «динлин» сыйлығын алып келген.

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 1-т., А., 2005, 251–301-б.

З.Тайшыбай, С.Темірғалиев
«АБЫЛАЙДЫҢ ҮШ АРМАНЫ» – аңыз-әңгіме. Абылайды аңдытып жүріп қолға түсірген қалмақ ханы Қалдан Серен оған: «Мен сені Шарыш сықылды батырдың орайына өлтіремін, не арманың бар?» деп сұрағанда, Абылай: «Таксыр, менің үш арманым бар. Әуелі мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені ұйқыда ұстап алып өлтіргелі отырсыз. Қазақ пен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді. Екінші, қазақ орнықпай жүрген ел еді. Бір жерге орнықтырып, өмірге кіргізіп өлсем армансыз едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнде өліп кетсем, не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой» дегенде, Қалдан хан Абылайдың сөзіне риза болып, жалғыз баласы Әмірсамамен екеуін дос қылып, Абылайды тұтқыннан босатады.

«АБЫЛАЙДЫҢ ХАН АТАНУЫ» – М.Ж.Көпейұлының жазба дерегі. Үш үлгіде жазылған.

Бірінші үлгіде Абылайдың ата тегін Шыңғыс хан ұлы Жошыдан бастап Есім ханның ұлы Салқам Жәңгірге дейін тарата келіп, одан әрі былай жазады: «Салқам Жәңгірден әз Тәуке, әз Тәукеден Болат хан, Болат ханнан Әбілмәмбет. Салқам Жәңгірдің екінші қатыны Ғайша ханымнан – Сәмеке, қатаған ханы хан Тұрсынның ұлы. Мұнан туған Уәлі Бақы. Уәлі Бақыдан Абылай. Бұл Абылай Жолбарыс атанып, ұлғая бара «Қанішер Абылай» атанған. Одан туған жалғыз бала көркем Уәлі. Мұнан туған жас бала Сабалақ атанып жүріп, «абылайлап» жауға шауып, Абылай атанған. Арғы тегі Еңсегей бойлы ер Есімнен, бергі тегі Қанішер Абылайдан шыққандығын білген соң, жұрттың басына көтеріп, хан сайлап, атақты Абылай хан атанған осы кісі». Екінші үлгіде Абылай хан ат арқасына мінген соң қалмақтың бетін қайтарғаны, Қалмақты Сарыарқадан аударғаны, басына қара қан жаудырғаны айтылады. Үшінші үлгіде «Қасқа жолды Қасым хан, ескі жолды Есім хан», «Күлтөбеде күнде кеңес» атанған әз Тәуке хан, олардан соң 48 жыл хан болып билеген Абылай хан аталады да, «Қазақ хан болып заң-закон жасап, халық қатарына қосқандар осы айтылған хандар» деп түйеді.

Әдеб.: Орт. ғыл. кіт. қолж. қоры, №1178, №829 папкалар.

Л.Жүсінова

«АБЫЛАЙДЫҢ ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК БАТЫРДЫҢ ТҮСІН ЖОРУЫ» – аңыз-әңгіме. Кезекті бір ұрыста қалмақ жағынан жекпе-жекке жолбарысты құйрығынан ұстап атып ұрған Жайсаң батыр шығады. Оған қазақтан Шақшақ Жәнібек батыр қарсы тұрады. Ұрыс алдында Жәнібек көрген түсті Абылай да көреді. Және Жәнібектің түсін жорып береді. Соңынан жекпе-жекте жеңілген қалмақ батыры мұны Жәнібектің түс жорушысының жақсыға жорығандығымен байланыстырады. Аңызда Жәнібектің батырлығы, ержүректілігінің үстіне, оның қалмақ батырынан басым түсуіне себепкер Абылай аруағының мықтылығы деп ұғындырады.

Қ.Нұрбағи

«АБЫЛАЙДЫ ТҮТҚЫННАН БОСАТТЫРҒАН БАТЫР» – тарихи аңыз-әңгіме. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 86-томында (құрастырушылар: Т.Әлібек, Н.М.Мүрсалимова – жауапты шығарушы, Ж.Т.Салтақова, Фолиант, 2012. 171–174-б.) жарық көрген. Аңызды айтушы – Қарағанды обл. Жаңаарқа ауданының тұрғыны Өміртай Жақыпұлы. 1992 ж. жазып алған – Қарағанды мемл. ун-тінің 2-курс студенті Ж.Б.Сақауова. ӨӘИ-дің Қолжазба қорына (621-бума) 2011 ж. тапсырған – филология ғыл. докт., проф. Б.Рахымов. Аңызда қазақ-қалмақ арасындағы сұрапыл соғыстардың бірінде тұтқынға түсіп қалған Абылай ханды тұ-



АБЫЛАЙ ЖОЛЫ

қыннан босатып алған Нияз батырдың ерлігі туралы айтылады.

А.Оралбек

«**АБЫЛАЙДЫ ХАН КӨТЕРУ**» – картина. Авторы – кескіндемеші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі Ж.Қ.Қайрамбаев. Суретші майлы бояумен кенепке салған өз картинасында – ақ боз ат үстінде отырған айбынды Абылай ханды бейнелеген; қолбасшыны қаумалай қарсы алған көпшілік: билер мен төре-сұлтаннар, жүрек жұтқан білекті батырлар мен ақын-жыраулар, олардың бет жүзінен үміт оты мен қуаныш лебі еседі. Суретші Абылай ханның айбарлы тұлғасын Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі аясындағы ашық алаңда айшықты бояу тілімен бейнелеп өрнектеген.

С.Көбеева

«**АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ**» – мақала. Авторы – тарих ғыл. канд. Е.Уәлиханов. «Қазақ тарихы» журналының 1994 жылғы 1-санында жарияланған. Е.Уәлиханов өзінің мақаласында 18 ғ-дағы тарихи оқиғалардың көпшілігі Абылай хан есімімен тығыз байланысты екендігін айта келіп, әсіресе Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі Абылай ханмен қатысты тарихи оқиғаларға көбірек тоқтап, жан-жақты талқылауға басымдық береді. Оның жоңғарлармен соғыстағы мақсаты елді шапқыншылардан азат ету болғандығына нақты дәлелдер келтіреді. Оған бұлтартпас мысал ретінде Абылай сарбаздарының жоңғарлармен соғысы негізінен Қазақ хандығының жерінде болғанын атап өтеді. Автор мақаланың соңында қалмақтардың түбіне жеткен – Цинь династиясы, ал Абылай жоңғарлардың тарих сахнасынан жойылып кетуіне мүдделі болған жоқ деген қорытынды жасайды. Оның нақты мысалы ретінде Әмірсананы қамқорлығына алып, бірнеше мәрте қанатының астына паналатқанын дәлел етіп ұсынады. Сонымен қатар мақалада 1757 ж. Цинь патшалығы мен Абылай хан арасында Аягөз бітімі болғандығы жайында да дерек келтіріліп кеткен.

К.Қошым-Ноғай

«**АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ХVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ**» – ғыл.-практик. конференция. Абылайдың туғанына 280 жыл толуына арналып, 1991 жылдың 2 тамызында Көкшетау қ-нда өткен. Конференцияда белгілі ғалымдар аса көрнекті мемлекет қайраткері, қолбасшы және дипломат Абылай ханның өмірі мен қызметіне арналған баяндамалар жасады. Конференцияны ҚР ҰҒА президенті А.М.Сұлтанғазин ашты. Абылай ханның жеке тұлғасы мен қызметінің тарихи мәні Ж.М.Әбділин, В.А.Моисеев, Ш.-Ы.Уәлиханов, Р.Б.Сүлейменов, М.Қ.Қозыбаев, Ғ.С.Сапарғалиев, Қ.Қ.Әбуев,

Н.С.Ыбыраев және басқа ғалымдардың баяндамаларында ашылды. Конференцияны ұйымдастырған – ҚР ҰҒА Тарих және этнология ин-тының (директоры акад. М.Қ.Қозыбаев) ғалымдары, оның жұмысына Көкшетау пед. ин-тының (ректоры проф. А.А.Айтмұхамбетов) ұжымы белсене қатысты. Конференцияның негізгі материалдары жеке жинақ болып жарық көрді.

Е.Ерназаров

«**АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК**» – мақала. Авторы – Қостанай мемл. ун-тінің аға оқытушысы Алмас Әбсадықов. «Қостанай таңы» газетінің 1998 жылғы 29 мамырдағы санында жарияланған. Автор өз мақаласында 18 ғасырдың тарихи рөліне баға бере келіп, бұл кезеңді «қазақ елінің мемлекеттілігі, тәуелсіздігі, азаттығы қатал сынға түскен уақыт... Ел тізгінін білгірлікпен ұстап, елге тұтқа болған Абылай, Әбілқайыр, Төле би, Қазыбек, Әйтеке би, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақ Жәнібек сынды батырлардың ерлік заманы» деп сипаттайды. Сондай-ақ, бірімен-бірі жауласқан жоңғар, қазақ екі халықтың тағдырларындағы ұқсастықты бірін қытай (1756 ж.), екіншісін Ресей (1822 ж.) бағындырып, ақыр аяғында отар елге айналдыруымен түсіндіреді. Соған қарамастан, қазақ елі басқыншы жауға қарсы күресін, ерліктің, батырлықтың үлгісін көрсетті. Сондай батырлардың тарихи аңыздарда есімдері көп аталатын тұлғалардың бірі – Абылай мен Шақшақ Жәнібек. Аңыз бойынша, Шақшақ Тархан Жәнібек – жас Абылайды жарыққа алғаш алып шығушы, оның хан тағына отыруына қолдау көрсетуші және Абылайдың жорықтарына белсене қатысушы батыр. Аңыз әңгімелерде Абылай күн нұрынан жаралған Шыңғыс ханның ұрпағы ретінде суреттелсе, Шақшақ Жәнібекті Құдай тағала шешесіне түсінде береді (Мәшһүр Жүсіп жазбасы). Осыдан кейін Абылай мен Шақшақ Жәнібектің соғыстағы ерлік қимылдарын аңыз негізінде баяндаған автор, «тарихи аңыздар факті мен деректерді дәме-дәл жеткізбейді, оны халықтық арман-тілек тұрғысынан баяндайды. Аңыздардан халықтың нені армандағанын байқауға болады. Осы тұрғыдан аңыздар – үлкен тағылым аларлық халық қазынасы» деп аяқтайды.

Ғ.Мұхаметжан

АБЫЛАЙ ЖОЛЫ – 18 ғ-дың ортасында Петропавл қ-ндағы жәрмеңкеге баратын сауда керуен жолы. «А. ж-ның» бірнеше тармақтары болды. Оның бірі Абылай хан ордасынан шығып, Көкшетауға барады. Хан нөкерлері аймақтағы Петропавл, сондай-ақ Орынбор мен Ор жәрмеңкелеріне ондаған мың бас қой мен жылқы айдады. Көкшетау жайылымынан сауда орнына дейін малды айдап апарғанда жөнсіз шығындардан жә-

АБЫЛАЙ ЖОЛЫ



не ұрладан сақтану мақсатында хан өзінің малын айдатқызатын жеке жол иеленді. Оның бірі Бурабай жайлауынан шығып (Ақмола обл., Шортанды ауд.-дағы Бурабай), қазіргі Тайынша, Аққайың және Қызылжар ауд.-дарының жерімен өтті. Мал айдайтын жолда су көздері қарастырылып, мал жайылымы қорғалды және сенімді күзет орнатылды.

С.М.Пресняков

«АБЫЛАЙ ЖОЛЫ» – аңыз-әңгіме. Ел аузынан жазып алған – Міржақып Дулатов. «Айқап» журналының 1912 жылғы 6, 7-сандарында «Азамат Алашұлы» деген бүркеме атпен жарияланған. Аңыз әңгімеде Абылай ханның өмір тарихына қатысты деректер айтыла келіп, «Абылай жолы» аталу себебі баяндалады. Автордың айтуынша, ол заманда бұл күнгідей емес, қазақтың тентегірек кезі. Орыс төрелері Абылай ханға сый жіберіп: «Жұртыңды бізге жау қылма» деп тұрады екен. Алматы, Аягөзге саудагерлер шығару үшін үкімет-патшалық жол сұрағанда, Абылай хан Сарыарқаны бастырмаймын деп, Иманқұстан шығып, Ертіс жағалап Семейге шейін баратын жолды береді. Бұл күнгі Ертістің сол жағасындағы көлденең кара жолдың «Абылай жолы» деп аталу себебі сол дейді аңыз әңгімеде.

С.Ғұсманқызы

АБЫЛАЙКИТ – Шығыс Қазақстан обл.-ның Ұлан ауд.-ндағы өзен. Қалба жотасының Бесшоқы және Талды тауларының солт. беткейлерінен басталатын Сібе және Ұранхай (Ұрыңқай) өз.-дерінің қосылған тұсынан кейінгі бөлігі осылай аталады. Ұз. Сібе өз.-нің бастауынан есептегенде 78 км, су жинау алабының ауд. 1680 км². Өзен түгелдей тау аңғарымен ағады, ағысы қатты. Негізінен еріген қар суымен толығады. Ертіс өз.-не Абылайкит а.-ның тұсында қосылады. Сағасындағы орташа су ағынының мөлшері 4,87 м³/сек. Өзен 1654 ж. қалмақтың Абылай тайшысы салдырған сарай-бұтханасының (Сібе өз.-нің бас жағында) атымен аталған.

Ж.Достайұлы

АБЫЛАЙКИТ БҰТХАНАСЫ – 17 ғ.-дың орта кезінде (1654 ж.) қалмақтың Абылай тайшасы салдырған қамал. Өскемен қ.-нан оңт.-ке қарай 60 км жерде, Сібе өз.-нің жоғ. ағысында, Қалба тауының етегінде орналасқан. Бұтхананы алғаш 1735 ж. проф. К.Миллер мен оның экспед.-на қатысқан В.Шишков зерттеген. Кейін қазақ даласында ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізген Г. Спаский, С.С.Черников т.б. ғалымдар өз еңбектерінде А. б. туралы пікір айтқан. Қамал моңғол-тибет стилінде салынғанымен, онда жергілікті Дешті-Қыпшақ дәстүріндегі құрылыс үлгілері де қолданылған. Бұл белгілер қамалды салуға сырттан әкелінген шеберлермен бірге жергілікті халық

ісмерлері де қатынасқанын көрсетеді. А.б. жан-жағы терең сай, жоталармен қоршалған, таудың етегіне тірей салынған. Биікт. 3 м, қабырғасының қалыңд. 1,5 м. Қамал қабырғасын бірыңғай граниттен қалап, қақпаларын оңт. жағынан шығарған. Қамал ішінде үш үйдің орны сақталған. Оның ең үлкені мінәжат ететін бұтхана, қалған екеуі кісі жиылатын үлкен зал мен асхана. Үстіңгі қабатта тұрақжайлар болған. Бұтхана қабырғалары әшекейленген. Онда адам суреттері, нақыш жазулар жазылып, түрлі мүсін-бейнелермен безендірілген. Көшпенділердің 17 ғ.-дағы сәулет өнерінің үлгісі болып табылатын А.б. 1670 ж. қалмақтар арасындағы өзара бақталастық соғыстар кезінде құлатылған. Бұтханадағы кітапхана, қолжазбалар 17 ғ.-дың 20-жылдарына дейін сақталған. 1711 ж. біраз кітап пен қолжазба Петр І-нің қолына түскен. Олар мазмұнын анықтау үшін Парижге жіберген. Парижде ағайынды Фурмоннттар оқи алмай, орыс патшасына жалған аударма берген. Кейіннен бұл жазбалардың моңғол-тибет тілінде жазылған, көбіне діни мағынада екені анықталды. Қолжазбалар мен кітаптардың кейбір нұсқалары Париж кітапханасы мен Санкт-Петербургтегі Шығыс елдерін зерттеу ин-тының кітапханасында сақтаулы. Жазбаларды тілші-ғалым Н.Невский толық зерттеп, жарыққа шығарды.

Әдеб.: С п а с к и й Г., Древности Сибири, «Сибирский вестник» ч. 3, 1810, ч. 10, 1820; Черников С. С., Памятники архитектуры ойрат-калмыков (материалы), «Записки калмыцкого научно-исследовательского ин-та ЯАИ». В 1, Элиста, 1960.

С.Жолдасбаев, А.Тоқтабаев

АБЫЛАЙ МЕКЕНІ, А б ы л а й қ о н ы с ы – Қызылжар қыраты; қазіргі Солт. Қазақстан обл. Қызылжар ауд.-ның Подгорный а.-на дейін Есіл өз.-нің оң жағалауы бойымен, т. ж. көпірінен басталады, осынау тарихи қоныста – Қызылжар сайының оңт. бөлігінде 18 ғ.-дың ортасында Абылай ханның жеке шаруашылық малы бағылған. А. қонысының ар жағында шөптесінге бай, бір шок окшау орманды, кеңінен көсілген дала жатыр. А. қ.-нан айдалған мал кезінде Петропавл жәрмеңкесіне әкелініп отырған.

С.Пресняков, Г.Ысқақова

«АБЫЛАЙ МЕН АНДЫҚОЖА БАТЫР» – тарихи аңыз-әңгіме. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 86-томында (құрастырушылар: Т.Әлібек, Н.М.Мүрсалимова – жауапты шығарушы, Ж.Т.Салтақова. Фолиант, 2012. 178–179-б.) жарық көрген. Аңыз ОҒК-нің Қолжазба қорында (829-бума, 8-дәп.) сақталған. Қорға 1950 ж. түскен. Кім тапсырғаны белгісіз. Көкшетау экспед. кезінде жинаған – К.Қантарбаев. Аңызда қалмақтар қазақтарға бітімгершілік жөнінде елші жібереді. Абылайға қалмақтың ханы елші салып: – Татулық-

қа келейік, ылғи қанға құмартып, ел талап, елдің тынышын ала бермейік! Бізге қонаққа кел, келешекте елдің қамы үшін қам істейік, – деп елші жіберіпті. Келген елші бар сөзін айтып болған соң, хан бұған көнбекші болып, «қонақтар, жата тұрындар» деп, сыр алдыртпай қаратыпты. Абылай әр уақыт Андықожа батырмен ақылдасып отырады екен. Әдеті бойынша Андықожаға барып ақыл сұрайды. Андықожа бармауын өтінеді. Бірақ хан Андықожаны тыңдамай, барады. Елшілер Андықожаны көреміз деп бүлік шығарады. Жіберген елшілердің арасында әйел адамның да бар екенін білген хан қатты ашуланады. Қаһарына мінген хан келген елшілердің бәрін қуып жібереді.

А.Оралбек

«АБЫЛАЙ МЕН ӘМІРСАНА ДОСТЫҒЫ» – аңыз. Хатқа түсірген – Шәкәрім Құдайбердіұлы («Түрік, қырғыз қазақ хәм хандар шежіресі»). Алматы, 1991). Абылай мен Әмірсананың достығы жайлы аңыз желісін Шәкәрім былайша баяндайды: «Әмірсана қазақтың баласы, деп, қалмақтың көбі өзгелеріне болысып хан қоймаған соң, Әмірсана нағашысы Ежен ханға барыпты. Ежен хан бұл жақтағы шеткі қытайдың бастықтарына: – Қалмақты Әмірсанаға қаратып бер, – десе, қытай келіп, қалмақты шауып, быт-шыт қылып тоздырып жіберген соң Әмірсана: – Елімді тоздыр дегенім жоқ қой, – деп қытайдың әскерімен жауласып, қашып Абылайға келеді. Абылай «Қытай келіп қала ма?» деп жер шола үш мың кісімен барса, осы Аягөз өзенінде қытайдың сансыз көп әскеріне жолығыпты: – Неғылып жүрсің? – десе: – Әмірсана сенде, соны бермесен, қазақты шабамыз, – деген соң, Әмірсананы үш күнге шейін тауып бермек болып, қайтып келіп: – Қытай әскері жоқ, – десе Әмірсана Абылайға: – Сен Қытайға жолықтың, мені береріңді, не қазақты шапқызарыңды білмей отырсың ғой. Мені Қытайға бер! Бірақ екі сөз айттайын: «Әуелі мен алдым деп хат берсін, соған тоқсан жақсы кісінің бармаған сиялап мөр орнына басқызып ал, мөрден танар, қол сызығынан тана алмас. Екінші, мен де хан баласымын ғой және Еженнің жиенімін. Өз алдына алып барғанша, байламай күзетіп бос алып бар деп тілек қыл», – дейді. Абылай хан Әмірсананың айтқанын қылады да, Қытайға береді. Былай шыққан соң, үш күнге жетпей Әмірсана бір тұман күні қашып кетіп және Абылайға келген соң, Абылай ұстап тұра алмай, орыстың Екатерина екінші деген қатын патшасына жібереді. Қытайлар қайта келіп сұраса: – Өздеріңе бергенмін, – деген соң, қайтып кетеді», – деп келтіреді.

К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙ МЕН КЕНЕСАРЫ ЖӨНІНДЕГІ АҢЫЗДАР – ел аузындағы әңгімелер. Бұларды төмендегідей бірнеше топқа бөлуге болады: 1)

халықтық көзқарасқа сай мәселенің саяси реңін ашатын, нақты деректер негізінде пайда болған тарихи ескі аңыздар; 2) олардың адамдық қасиеттерін ашатын ертегілік немесе әлеум. тұрмыстық оқиғалы ескі аңыздар. Олар сирек ұшырасады; 3) аталған қайраткерлер жөніндегі хабарға құралған топоним. ескі аңыздар.

С.Ғұсман

АБЫЛАЙ МЕН КЕНЕСАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ТАРИХИ ЕСКІ АҢЫЗДАРДЫҢ БАЙЛАНЫСЫ. Бұл аңыздарды өзара салыстыра келгенде, Абылай мен Кенесары екі хан да елдің тәуелсіздігі мен еркіндігі үшін күрескен ержүрек батырлар, ақылды да әділ билеушілер ретінде көрінеді. Сонымен бірге ұқсас саяси жағдайларда туғандықтан, екі цикльдің де идеялық-эстетик. және көркемдік деңгейі бірдей. Абылай бейнесінен мемлекет қайраткеріне тән көсемдік, ал Кенесары бейнесінен өмірі әскери жорықпен өткен қолбасшылық және батырлық белгілер көбірек байқалады. Жанрлық жағынан алғанда, Абылай туралы аңыздардың көнелігі, яғни фольклор дәстүрлі формаларының басымдығы, ал кенесарылық цикль, негізінен, оқиғаның куәгерлері мен тікелей қатысушылардың аузынан жазылып алынғандықтан, біршама тарихилыққа ие.

Әдеб.: «Қазақ тарихы», 1994, №5, 33–36-б.

Ұ.Ысмағұлов, Т.Демежанов

АБЫЛАЙ СҰЛТАНҒА ОРЫНБОР ГУБЕРНАТОРЫНЫҢ ҚҰПИЯ КЕҢЕСШІСІ И.И.НЕПЛЮЕВТІҢ ХАТЫ – құжаттық хат. (122-қор, 1-тізім, 3-іс. 1745 ж. 16 сәуір). Губернатордың құпия кеңесшісі И.И.Неплюевтің Абылайға жазған хатында: «...Біз сізден көптен хабар ала алған жоқпыз, көп уақыт өткендігі себепті Сізден өткен кездер туралы хабарларды естігеніміз дұрыс болар еді. Сіздің және қоластыңыздағылардың бір белгісі болсын. Егер мүмкіндігіңіз болса, уақыт тауып Сіз маған келсеңіз. Маған ұнаған болар еді. Мен осы алдағы күзге дейін басқа жаққа баруыма байланысты орнымда болмауым мүмкін. Екеуіміз кездесіп бетпестік әңгімелесіп, көп жағдайларға кеңескеніміз дұрыс болар еді. ...Сіздің қойған талабыңызға байланысты Сібір жағында ұсталған адамдарыңыз бен малдарыңыздың біразы қайтарылды. Басқасына Генерал күш салып көмектесемін деп сенім білдірді», – деген жолдар бар.

Б.Н.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙ СҰЛТАНҒА РЕСЕЙ ИМПЕРАТРИЦАСЫ ЕЛИЗАВЕТА АТЫНАН КЕЛГЕН ХАТ – Омбы обл. мемл. мұрағатында сақталған хат көшірмесі (№310). Абылайдың немере ағасы Сұлтанмәмет сұлтанның өкілі Қайыпназар Изулу арқылы жіберген хатына жауап ретінде жазылған. Ресей императрицасы Елизавета осы хатын-

АБЫЛАЙ СҰЛТАН



да (1760 жылдың маусымы) Абылайдың сәлемін Жолбарыс сұлтан жеткізгенін айта келіп, оның Қошқарбай батырдың тұтқынындағы татарлардың Ресейге қайтарылатынына ризалық көңілін білдіреді. Абылайдың өтінішіне орай «Сіздерге ұн керек болса, Петр ағзам бекінісіне (қазіргі Петропавл қ.) кісі жіберіңіз, қанша керек болса да босатады», – деп жазған. Хат соңында ген.-поручик И.И. Веймарнның атынан Абылайға (мыс., мәуіті шұға, қызыл құрым былғары, темекі мен ақ қағаз, т.б.), оның әйеліне (шай-қант, опа-далап), Сұлтанмәмет (көк шұға, сары құрым былғары, т.б.) пен Жолбарыс (көк шұға, темекі, т.б.) сұлтандарға арнайы жіберген сыйлықтардың тізімі берілген.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 94-б.

Е.Түсін

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ АЛЕКСЕЙ СУХАРВКЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – 1745 жылдың 23 желтоқсанында Тобыл губернаторы А.М. Сухаревке жазған. Абылай хатында 300 шаңырақ үйсіннің жағдайын, бұрын бұлар жоңғар қалмақтары мен қазақтар арасында болып, үнемі Ресейге қарсы болған райынан қайтқанын, енді оларды өз қамқорлығына аласа деген тілегін жазады және жылқы барымталаған осы елдің Нерчин з-тына «мәңгі қара жұмысқа» айдалған Байжігіт Жаулыбайұлы, орыс түрмесінде отырған Есдәулет Шақайұлы мен Боздақ Есенаманов деген кісілерді босатуын сұраған. Хаттың (№101) соңына Абылай сұлтанның аты жазылып, мөр басылған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы, құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, Петропавл, 2005, 154-56-б.; Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 354–56-б.

М.Маусынбаев

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ И.А.РЕЙНСДОРПҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ – Абылайдың 1769 жылдың 24 қарашасында Орынбор губернаторы, ген.-поручик И.А.Рейнсдорпқа жолдаған хаты (№407). Абылайдың араб әлібімен жазған хатын орыс тіліне аударған тілмаш А. Трофимов. Осы хатта Абылай сұлтан Рейнсдорптың тілмәш Я. Гуляев арқылы жіберген хатын алғанын және ондағы жазылған жайлардың барлығын да толық түсініп қабылдайтынын, осыған қоса М. Мәмметов арқылы жолдаған Ресей патшасының тілегін орындағанын, әлі де сол адал ниетте екенін айтқан. Абылай өз беделінің өсуі үшін ұлын генерал дәрежесінде қабыл алуын және патшамен жүздесуіне мүмкіндік туғызуын өтінген. Сұлтан өз мөрі

басылған қағазбен Ресей жерінде, бекіністер мен жәрменкелерде жүрген кісілеріне жол ашық болсын деген тілегі мен өтінішін де білдіреді. Сонымен қатар Ресей патшасының өз әулетіне мәңгілікке тархан (яғни князь немесе мырза) дәрежесін беруді, аманатқа алған ұлдарын 2–3 жылда айырбастап отыру еркін өзіне қалдыруды әрі үш жылдан кейін көріп отыруына рұқсат етуін сұраған. Абылай хатында Ресей патшасы өз иелігіндегі халықтардың құқын тең көретін болса, мұндағы, яғни қазақ еліндегі шеп командирлері де әділ болып, жергілікті халықты жәбірлеп, арнамысына тимеген болар еді деген ой-пікірін білдірген. Абылай өз елін қашықтағы сыртқы жаудан қорғануға 10 мың, шекаралас жақындағы жаудан қорғануға 1 мыңға дейін, ал елдегі ішкі тәртіпті сақтауға 500-ге дейін әскер, сонымен бірге мұны өзі тірі тұрған кезінде, ал өлген соң ұрпақтарына заңдастырып беруін сұраған. Екі елдің бір-бірінен қашып жүрген орыс-қазақ ұрыларын баспабас айырбас түрінде шешуге болар ма деген ойын айтады да, бұл мәселені орыс билігінің қарауына қалдырады. Аманатқа алған балаларының жанында Орта жүз қазақтарының он шақты беделді адамдарының болуын және олардың тұратын жерінде үлкен жәрменке ашуын да жөн көреді. Абылай осындай тілектері мен өтініштерін жаза отырып, осыған келісіп, Абылайдың атына арнайы жазылған тархандық грамотаны әкеліп жеткізетін адамдарын қабылдауға өзінің дайын екенін білдіреді, хат соңына мөрі басып, Орта жүздің ханы Абылай деп қолын қойған. 1772 жылдың 19 қыркүйегінде Абылай келесі бір жазған хатында (№420) елде ұры-қарылардың көбейіп кетуіне байланысты қысқа мерзімге 1000, немесе 500, тіпті 300 әскер беруін қайталап сұраған. Бұл әскердің бүкіл қару-жарақ, киім-кешегімен аманесен оралуына кепілдік бере отырып, ел ішіндегі жағдайды түзеп алғаннан кейін қайтаратынына уәде береді. Хатты орысшаға аударған хатшы М. Баннов пен подполк. П. Чучалов; оның түпнұсқасы Омбы обл. мемл. мұрағатында сақтаулы. 1779 ж. 13 тамызда жазған хатында (№508) Абылай өзінің қол астына қарайтын тек Орта жүз емес, сонымен бірге Ұлы жүз бен Кіші жүз де қарайтынын айта келіп, Ташкент пен Түркістан қаларының маңында орналасқан Ұлы жүз қазақтарының тынышын алған қырғыздарға қарсы өзінің ұлдары мен інілерін, олардың соңын ала өзі де барайын деп жатқанын хабарлаған. Рейнсдорппен кездесе алмайтынына кешірім сұрай отырып, өзінің орнына бір ұлы мен ел ағаларын қалдырғанын айтқан. Бұған қоса Бұхара ханының өзімен құда болмақ мәселесімен оны да күтіп отырғанын хабардар етеді. Бұл хат Рейнсдорптың тілмашы М. Бекчурин арқылы Абылай ханға

арнайы жіберген хатына жауап ретінде жазылған. Хат соңына өзінің ізгі тілегін жолдай отырып, Абылай хан деп қолын қойған әрі сиялап мөрін басқан. Хатты аударған Бекчурин; оның түпнұсқасы Ресей империясының сыртқы саясат мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 249–51, 275–76 және 383–84-б.

Қ.Нұрпейісов

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ ИВАН НЕПЛОЕВ ПЕН АЛЕКСЕЙ ТЕВКЕЛЕВКЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – Абылайдың Орынбор ген.-губернаторы И.И. Неплюев пен елші А.И. Тевкелевке жолдаған хаты. Тілмаш Леонтьев арқылы жіберген хатқа жауап ретінде жазылған осы хатында Абылай олардың сұрақтарына нақты жауап берумен қатар «қытайлардың айтуынша, бүкіл қалмақ ордасы талқандалды, оны өзіміз де білеміз», – дей келіп, «Мұны ақиқат түрінде» хабарлап отырғанын айтқан. Абылай 1757 ж. маусымның бас кезінде Аягөз бен Айтасық өзендері бойында қытаймен келісім шартын жасасқанын және соның нәтижесінде 3 жерде (Қоймаңырақ, Қозымаңырақ пен Жиынкөлде) тұратын 60 мың қытаймен Орынбордағыдай Еренқабырға деген жерде сауда орт-ғын ашуға келіскенін, осы мәселемен қытай боғдыханына 13 кісіні елшілікке жібергенін жазған. Хатының соңына қарай Бектемір бастаған башқұрттардың Жобалай би Байсейітұлының 340 жылқысы мен Лаба бастаған башқұрттардың Тобыл өз. бойынан 150 жылқыны, оған қоса екі үйірлі жылқыны ұрлап әкеткенін, соларды қайтаруға және үш түйеге мініп қашып кеткен қалмақтарды да қайтаруға бұйрық беруін сұраған. Абылай сұлтан 1758 жылдың 15 қаңтарында жазған осы хатына өз қолын қойып, мөрін басқан. Хаттың түпнұсқасы Ресей империясының сыртқы саясат мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, 1-т., А., 2011, 520–22-б.

С.Темірғалиев

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ И.И. ВЕЙМАРНГЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫ – 1760 ж. 6 маусымда ген.-поручик И.И.Веймарнге жазған. Орта жүздің сұлтаны ретінде жазған өз хатында Абылай екі халық арасында (қазақ пен орыс) болашақта ізгі достық қарым-қатынас болуын қалайтынын айтудың бірге екі елдің де өзара талап-тілектерінің орындалатынына сенім білдіреді. Абылай осы хатын туған інісі Жолбарыс сұлтанды қасына серік қосып жіберіп отырғанын және өзінің адал ниетін інісі ауызша айтып жеткізетінін қосып жазған.

Бұл хаттың түпнұсқасы (№311) Омбы обл. мемл. мұрағаты қорында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, 2-т., А., 2011, 95-б.

Н.Көбеева

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ И.И.ШПРИНГЕРГЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫ – Абылайдың Сібір әскерінің командирі, ген.-поручик И.И. Шпрингерге жазған екі хаты (1765 жылдың 14 қыркүйегі мен 21 қыркүйегі; №387–88). Абылай сұлтан осы екі хатында Петропавл бекінісінің бастығы, ген.-майор Девицтің билігіндегі адамдардың өзінің жұмсауымен киіз үй жабдығына қажетті ағаш кесу үшін тоғайға барған екі қазақты ұстап алып сабағанына, бекініске айырбас саудаға апарған жылқы мен сиырын да көпе-көрнеу біздікі деп жала жапқанына ренішін білдірген. Ресейге бодан болғаннан бері өз мойнына алған міндеттерін адал орындап келе жатқанын ескерткен. Екінші хатында бұрын ұн жеткілікті түрде әкелінетін, ал биылғы жылы (яғни 1765) аманатта отырған адамдарға жұмсадық деген сылтаумен жеткізілмей отырғанын ашық жазған. Осыған қоса қашқындарды тауып қайтаруын да сұраған. Хаттың түпнұсқасы Омбы обл. мемл. мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, 2-т., А., 2011, 225–28-б.

Е.Түсин

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ К.Л.ФОН ФРАУЕНДОРФҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ, 1758 жылдың 21 тамызында Абылайдың Фрауендорфтың атына жолдаған хатында (№237) өзіне қарайтын Құлсары, Құлеке батырлар мен олардың туыстарының 200 жылқысын сегіз қалмақтың ұрлап кеткенін, қуғыншылардың жете алмай қалғанын, бұл ұрлықты қалмақтар өз бетінше ме, әлде орыс командирлерінің бұйрығымен жасады ма, осыны анықтап беруін және қалмақтар өз бетінше ұрлаған болса, жылқыларды таптырып, шығынсыз қайтартып беруін сұраған. Абылай өз інісі Жолбарыс қосшыларымен және тілмаш М.Ф.Араповпен бірге Ресейдің патшасына шағым әкеткенін де жазған. Хатты Тобыл татары, тілмаш М.Кучеяров орысшаға аударған және Абылайдың қара мөрі басылған. Түпнұсқасы Ресей мемл. ескілікті құжаттар мұрағаты қорында сақтаулы. 1763 ж. 11 қыркүйекте жазылған хатында (№368) Абылай сұлтан Наурызбай деген кісінің әйелі Түмен қанда татардың қолында тұтқында екенін, ол жайында бұрын да айтқанын еске салады. Сол әйелдің тағдырына алаңдаушылық білдірген сұлтан,

АБЫЛАЙ СҰЛТАН



қайтаратын болса, өз тарапынан бұйрық келе қалса орындайтынына дайын екенін жазған. Қазақтардың қолында он шақты уранхайлық тұтқын бар екенін де ашып айтқан және оларды қалай қайтаруына өз тұсынан кеңес берген. Бұл хаттың түпнұсқасы Омбы обл. мемл. мұрағаты қорында сақталған.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 556–57-б.; 2-т., 191–92-б.

Қ.Нұрпейісов

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ П.А.РОДЕНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ, Абылайдың 1759 жылдың 22 қазанында Үй әскері шебінің командирі Роденге жолдаған хатында (№284) 20 қазанда Орынбор қ-нан генерал жіберген Ресей патшасының құзырхаты мен бес аршын шұғаны тілмаш Филаттың әкеліп бергенін хабарлаған әрі өзінің ризалығын білдіреді. Үш жыл бұрын башқұрттардың өз иелігіндегі Орта жүзден 2500 жылқыны айдап әкеткенін, оны ұрлағандардың атын атап көрсетеді. Бұрынғы кетіп қалған генералдың атына бірнеше рет жазғанымен, одан қайтарылғаны 320 жылқы ғана екеніне де тоқталып өтеді. Бұдан кейін де орыстар Қызылжар бекінісінің іргесінде тұратын қазақтардың 20 жылқысын қуып әкеткенін, жазықсыз жандардың малын бұлай алып кету екі ел арасындағы көршілік достыққа жатпайтынын және қазақтар тарапынан мұндай оғаш қылықтар болса, оларды жазалайтынын да айтқан. Хат соңында өзінің Көкшетаудағы Қылшақты өз. бойында қыстайтынын хабарлаған, Петропавл бекінісінде ұн мен жарма айырбастап алуға мүмкіндік беруін сұраған. Абылай өзіне хатшы болып жүрген Азамат молданың тыңшылығынан сезіктеніп, оны қартайып қалды, көзі әрең көреді деп қайтарғанын, оның орнына жарамды дұрыс адам жіберуін өтінген. Хатқа мөрін басқан. Түпнұсқасы Ресей империясының сыртқы саясат мұрағаты қорында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 61–62-б.

М.Маусынбаев

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ П.Д.МАНСУРОВҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ, Абылай 1777 жылдың 22 желтоқсанында Орынбор губернаторы міндетін атқарушы П.Д.Мансуровқа жолдаған хатында (№481) қазақ елшілерінің Қытай, Парсы, т.б. елдердің патшаларына еркін барып-келіп жүретінін айтып, осыған орай Ресейдің қазақ елшілерін қабылдамау себептерін білгісі келеді. Қазақтар жағынан жаман істерге барып, Ресей адамдарын құлдыққа алып кететін жағдайлар жайына кел-

генде ондай басбұзарларды қазақ жерінде тез ұстаудың мүмкін еместігін айтады. Ресей жағындағы ұрылардың атын атап, оларды ұстала қалған жағдайда Петропавл бекінісіне жіберілсе тыныш боларына сенім артады. Хатқа қолын қойып, мөрін басқан. Бұл хат Омбы обл. мемл. мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 344–45-б.

М.Маусынбаев

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ САНКТ-ПЕТЕРБУРГКЕ ТӨРТ АДАМ ЕЛШІ ЖІБЕРГЕНІ – Абылай сұлтан 1758 жылғы 21 тамызда Сібір шебінің командирі Фраундорфқа хат жазып, соңғы кезде қалмақтар тарапынан шабуылдың молайып, қазақтардың көп малы қолды болғанын хабарлайды және ұры-қарылардың Ресей жақтан, шекара асып келіп-кетіп жүргеніне қарағанда, Ресей әкімш. тарапынан қазақтарға қастық жасалып отырғаны жөніндегі дәлелді күдігін ашық білдіреді. Абылай өз хатында: «Бұл ұрлықты қалмақар орыс командирлерінің бұйрығымен жасады ма, әлде өз бетінше жасады ма, білмей отырмыз. Егер бұған командирлердің қатысы болса, біз патша ағзамға шағынып, көмек сұрауға мәжбүр боламыз. Ал қалмақтар өз бетінше ұрлаған болса, жылқымызды таптырып, менің кісілерімнен қайтаруыңызды сұраймыз... Ал інім Жолбарыс сұлтан қосшыларымен, жанында тілмаш Арапов бар, патша ағзамға шағым әкетті» деп жазған. Тыңшы осы жағдайды анықтап: «Абылай сұлтан Санкт-Петербургке төрт адам елші жіберген. Арасында өзінің інісі Жолбарыс пен Құлсары батырдың баласы Құлыбек бар. Оларды Орынборға дейін төрт кісі шығарып салмақ. Абылайдың елші жіберудегі мақсаты – Ресей жағынан көріп отырған қысымы мен ренішін патшаға жеткізбек. Және өзінің Ресей патшасына деген бұлжымас адалдығын тағы да білдірмек», – дейді.

Н.Ақбай

АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫ – Абылай сұлтаннан Сібір губ. кеңсесіне келген хаттар топтамасы. Бұлар 1743 жылдың 20 желтоқсанында жазылған. Абылайдың ең сенімді адамдары Жолбарыс сұлтан Есімханов, Бекболат батырдың ұлы Елшібай, Қосан мырзаның інісі Байдәулет пен Избасар деген төрт адам Қопа өз. бойын жайлаған Абылай тұрағынан Ресейдің Коркин слободасына 15 күнде келіп жеткен. Ресей шекарасына келген бұлардың мақсаты Абылайдың өз қолымен жазып, мөрін басқан үш хатын Сібір губ. кеңсесіне әкеліп, тиісті адамдарына тапсыру және оның жауабын алу болған. Абылай өз ха-

тында сол кездегі елдің аса ділгір мәселелерін сөз етеді. Атап айтқанда ол хатында екі елдің, яғни Ресей мен қазақ елдерінің бір-бірімен тату көршілігін бұдан былай да нығайтып дамыту, бір-біріне деген сенімділігін арттыру, ел арасынан шыққан бұзақы-ұрыларды аяусыз жазалау құқығын өздерінде қалдыру, өзара тиімді саудасаттық жасау, яғни Есіл бекінісіндегі орыс тұрғындарымен айырбас сауда жасасу ісін бастап, орнықтырып жандандыру және т.б. әлеум. өмір жағдайларына дұрыс түсіністікпен қарауға көңіл аудартады. Бұл хаттарды (№86) орыс тіліне аудартып, мазмұндаған А. Сухарев және хаттаған хатшы Д.Смирнов растап қол қойған.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 330–33-б.

С.Темірғалиев

АБЫЛАЙТАНУДЫҢ КЕҢЕС ЗАМАНЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ. Кеңес үкіметінен бұрын да орыс зерттеушілері мен билік қызметінде болған лауазым иелері Абылайдың орыс-қазақ байланыстарындағы орнына, саясаттағы беделіне, қазақ хандығын нығайтудағы еңбегіне байланысты әр түрлі пікір жазып қалдырса да, коммунистік-таптық идеология ауанына қарай ұлы ханның есімін ұмыт қалдыруға талпыныс байқалды. Сондықтан, қазақтың өткен тарихында Абылайдай қайраткер болмағандай, тарихи әдебиеттерде оның аты аталмай, аталса – кертартпа, қатыгез, жеке басын күйттеуші ретінде көрсетілді. 1944 ж. М.Әбдіхалықов, А.Панкратованың редакциясымен шыққан «Қазақ ССР тарихындағы» тұжырымдама партиялық билік тарапынан әділетсіз сынға ұшырады. 1940–80 ж. жарық көрген А.Баймурзиннің «Из истории захвата царизма Большой и Средней Орд.» (Алматы, 1948), Н.Г.Аполлованың «Экономические и политические связи Казахстана с Россией XVIII в. – начала XIX в.» (Алматы, 1948), В.Я.Басиннің «Россия и казахские ханства в XVI–XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи)» (Алматы, 1971), Б.П.Гуревичтің «Международные отношения в центральной Азии в XVIII – первой половине XIX в.» (Москва, 1979), Т.Ж.Шойынбаевтың «Добровольное вхождение казахских земель в состав России». (Алматы, 1982), С.Е.Толыбековтің «Общественный-экономически строй казахов в XVIII-XIX вв.» (Алматы, 1959) сияқты зерттеулерінде Абылай «халықты тонаушы», «екіжүзді», «жауыз, қанішер», «басқыншы», «зорлықшы», «сатқын», «орыс мемлекетіне қарсы шығушы» болып айыпталды. 1952, 1962, 1977, 1983 ж. жарық көрген «Қазақ ССР тарихы» оқулықтары мен монографияларда Абы-

лайдың бейнесі бұрмаланып, оның билігі мен жүргізген саясаты теріс түсіндірілді. Ал, жеке-леген авторлардың мақалаларында Абылай жағымды көрсетілсе, олар қуғынға ұшыратылды. М.Әуезовтің басшылығымен 1948 ж. жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихында» Абылай туралы келтірілген объективті пікірлер сынға ұшырады, Әуезов қуғындалды. Ермұқан Бекмахановтың «Присоединение Казахстана к России.» (Москва, 1957) және Санжар Асфендияров пен Мұқаметжан Тынышбаевтың қазақ тарихына байланысты ертеде жарық көрген еңбектері Қазақстан тәуелсіздігінен кейін ғана қайта басылды. 1964–65 ж. шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихында» Абылайды қаралайтын аңыздар мен тарихи жырларға ғана орын берілді. Өкінішке қарай, кейін де осындай ғылымға жат, негізсіз айыптаулар Абылайдың тарихи бейнесіне көлеңке түсіру мақсатында әредік жарық көріп жүр.

Әдеб.: Шойынбаев Т., Айдарова Х., Якунин А. За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана //Правда, 1950, 26 декабря; Сулейменов Р. Хан Абылай. // Қазақ бағырлары, 1991, 10 мамыр.; История Казахской ССР. Изд. 3-е. т.1, Алма-Ата, 1952.

З.Тайшыбай

АБЫЛАЙ ТОЙЫ – Абылайдың туғанына 280 жыл толуына арналып, 1991 жылдың 27 қаңтарында Көкшетау қ-нда өткен. Тойды өткізуші – «Темірқазық» жастар ұйымы. Той бағдарламасы бойынша 26 қаңтар күні Абылай рухына арналған салтанатты жиын, ал 27 қаңтар күні респ. ақындар айтысы болып өтті. Айтысқа Қазақстанның белгілі айтыс ақындары: халық ақыны, қостанайлық Әсия Беркенова, торғайлық Жадыра Құтжанова, керекулік Серік Құсанбаев, Екібастұздан Сабыржан Ахметов, алматылық Ерік Асқаров, өскемендік Абаш Кәменов, қарағандылық Қуаныш Мақсұтов, жамбылдық Серік Қалиев, талдықорғандық қос ақын Айтақын Бұлғақов пен Жапар Ақылбеков, оралдық Қатимолла Бердіғалиев, қараөткелдік Мағжан Садықанов, түркістандық Әбдікәрім Манапов қатысты. Сондай-ақ көкшетаулық белгілі айтыс ақыны Баянғали Әлімжанов пен жас ақындар – республикаға танымал халық ақыны Көкен Шәкесв мектебінің түлектері, Біржан мен Ақан, Орынбай мен Шөже сынды алыптардың ізін жалғастырушы Құдайберлі Мырзабеков, Жұмабай Есекесв, Иран Ильяшев, Тыныштық Шәменов, Тұяқ Махитов, Ғосман Төлеғұлов, Есенбек Ерденев, Қабдыраш Кәмәлиев, Ғабиден Жаудин өз өнерлерін көрсетті.

Әдеб.: «Көкшетау», 25.01.1991.

Р.Сейітова

«АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР» – Ә.Әбсадықовтың кандидаттық диссертациясы. Зерттеу еңбекті автор екі тарауға бөліп қарастырған. Бі-

АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ



рінші тарауды «Абылай туралы аңыздардың шындықпен арақатынасы» деп атаса, екінші тарауға «Абылай туралы аңыздардың фольклорлық сипаты» деген тақырып берген. Автор бірінші тарауда Абылай хан туралы аңыздарды «Өмірбаяндық аңыздар және тарихи ғұмыр», «Абылайдың жорықтары мен бейбіт өмірдегі істері туралы аңыздар» деп топтастырады. Екінші тарауды «Абылай туралы аңыздардағы тұтастану құбылысы» және «Абылай туралы аңыздардағы тұрақты мотивтер» деп екіге бөледі. Абылай туралы аңыздарда 18 ғ-да болған елеулі оқиғалар мен тарихи тұлғалардың ерлік істері кеңінен көрініс алған. Еңбекте қазақ халқының тарихи шындығы, әлеум. құрылымы, идеологиясы мен наным-түсінігі жайында мол хабар-деректер берілген.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ ЖЫР», Ш.Уәлиханов жазып алған. Абылай хан туралы ел есінде сақталған әр түрлі мағлұматтар, өлең-жырлар, дастандар көп-ақ. Кем дегенде, екі ғасыр бойы қазақ халқы Абылайға байланысты көптеген аңыз-әңгімелер, әфсаналар, өлең-жырлар тудырды. Бұларда Абылайдың кісілік тұлғасы, ерлігі мен кемеңгерлігі, ұлттың көсемі екені паш етіледі. Шоқан 1855 ж. жырды жазып алады. Оның бұл нұсқасы қазақ және қырғыз тілдерінде араб әрпімен жазылған. Көлемі 273 жол. Авторы айтылмаған. «Мен бір жырды жырлайын, Жырласам мен жырлайын». Ертегі болған Абылай Ханиемді жырлайын», – деп басталуына қарағанда, Бұқар жыраудікі болуы мүмкін. Бірақ одан әрі қазақ пен қырғыз арасындағы соғысты баяндап, қырғыз батырлары Есенғұл мен Ер Садырды мадақтайды: «Есенғұл мен Ер Садыр Қырғызда даңқты ер еді. Бар Садырға, бара гөр, Жауласпаймын Садырмен, Елдесейін Садырмен. Таластың бойы тар жайлау, Таласа барып жайлайық. Кеңестің бойы кең жайлау, Кеңесе барып жайлайық. Қазы менен қартаны Қия кесіп шайнайық», – деп, Абылай қырғыз батырларына кісі жіберіп, екі жақтағы дау-дамайды бейбіт жолмен бітірейік деп мәмілеге шақырады. Абылай хан өлгенде Бұқар жырау шығарған «Жоқтауды» Уәлиханов қырғыз еліне жасаған саяхат кезінде жазып алған. Қазақ және қырғыз тіліндегі нұсқасын араб әрпімен қағазға түсірген. Бұрын ешқайда жарияланбаған. Қазақша оқылуы тұңғыш рет «Боздағым» атты жинақта жарық көрген (1990 ж.). Бір данасы Березиннің Петербургтегі мұрағатында сақталған. Бұл нұсқаны Бұқар жыраудың ұрпағы, ақын әрі әнші Құрекеден Имантай Сәтбаев Потаниннің ұсынғысы бойынша жазып алған. Ал 1855 ж. Шоқан жазып алған нұсқа мен Имантайдың нұсқасының арасында ерекше айырма жоқ. Шоқан жазып алған жоқтауда: «Күшпек сынды күреңді Тәбияға жа-

ратқан. Қырық сан қара қалмақты Жарлығына қаратқан. Еренше мен Серенді Тозғындатып шулатқан, Періштесін жұрт үстінен дулатқан. Еңсесі биік ақ орда Салтанатқа орнатқан», – деп, Абылайдың ерлік істерін, ел басқарудағы ерен еңбегін, халқын байлыққа кенелдіргенін термелеп, мақтап, мадақтаған. «Шаңды жорық» жырында батыр Баянның мерт болғаны, «Қоржын қақпай» жырында Еділ қалмақтарымен соғыста батырлардың жеті күн ашыққаны баяндалады дейді Шоқан. Шоқан Абылай туралы жырларды көп жинаған, алайда оның шығармалар жинақтарына екі өлең ғана енгізілген. Ол бұл жырлардың мазмұнын сипаттайды да, тарихи құндылығы мен мәдени маңызы жөнінде ешқандай пікір білдірмеген. Жырда тарихқа белгілі Абылай жорықтарының кейбір шынайы елестері, соғыстың себептері мен келіссөздер барысы, ұрыс суреттері аңғарылады. Мысалы, Абылайдың ашуға мінген шағын «Қаздай болып қаңкылдап, бурадайын бұрқылдап, сай суындай саркылдап, жай тасындай жаркылдап» деп, эпикалық шығармалардағыдай күшейтіп суреттейді.

Н.Ақбай

АБЫЛАЙ Уәлибақыұлы, Қанішер Абылай (т. ө. ж. б.) – 17 ғ-дың басында Сауран мен Түркістанды билеген қазақ сұлтаны, батыр. Үргеніш өңірінде туған. Абылай (Әбілмансұр) ханның туған атасы, Жәдік әулетінен. «Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін де қанішер деген қаһарлы да, құрметті атаққа ие болған кісі» (Ш.Ш. Уәлиханов). А. кейбір деректерге қарағанда, Кіші жүз бен Орта жүздегі қазақ руларының бір бөлігіне билік жүргізген. Ресей империясы қазақ хандығындағы саяси жағдайға барлау жасау мақсатымен және экон. байланыстар орнатуды көздеп, 1616 ж. Тобылдың дуанбасы И.С. Куракинге А-мен келіссөз жүргізуді тапсырды. А-ға Сібірдегі орыс қамалдарына шабуыл жасаған қалмақтарға қарсы соғыс одағын құру, оның есесіне қазақтарға Сібір қалаларындағы сауда-саттыққа емін-еркін қатысуға рұқсат берілетіндігі ұсынылады. Бірақ Ресей екінші жағынан, қалмақтармен де астыртын келіссөздер жүргізіп, қазақтар жөнінде арандатушылық саясат ұстанды. Осы себепті және Бұхар ханы Имамқулидің 1612 ж. Түркістанға жасаған тонаушылық жорығы салдарынан А. мен орыстар арасындағы бұл кездегі қарым-қатынас нәтижелі болмаған. А. әкесі Уәлибақы, атасы Жәңгір хан, баласы Көркем Уәли сияқты қан майданда қаза тапты.

К.Есмағамбетов

«АБЫЛАЙ ХАН» – тарихи жыр. Жырға Абылай ханның балалық, жастық шағы мен ел билеген кезі арқау болған. Көлемі 1656 жол. Авторы белгісіз. Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр автоном. ау-

данында тұратын қазақтар арасында кең тараған. Жыр Абылайдың балалық шағынан басталып, ер жету, қол бастау, ел билеу жолын көркем баяндап шығады. Абылай хан билеген тұстағы қазақ хандығының дәуірлеу тарихы шынайы айшықтармен нанымды суреттеліп, соңы Абылай хан өлімімен аяқталады. Бұл жырдың Абылай туралы мазмұн, сюжет жағынан ұқсас өзге нұсқалардан айырмашылығы – мұнда ханның ата тегі жырдың кіріспе бөлімінде тәптіштеп айтылып, басты кейіпкер – Сабалақ (Әбілмансұр) Төле биден кетіп, Темірбай деген байға бала болып, оның батасын алған соң қалмаққа қарсы соғысқа аттанады. «А. х.» жырының шыңжандық бұл нұсқасы әдеби көркем тілмен жазылған, шытырман оқиғаларға толы, оқырманды тез баурап алады. Жырда сөз болатын оқиғалар мен адамдар – нақтылы өмірде болған жайлар мен тарихи тұлғалар. Шығарма алғаш рет Шыңжаң тұрғыны Шерияздан Сұлтанбайұлынан (1933–2005) жазып алынып, тұңғыш рет Қытайдың «Ұлттар» баспасынан жарық көрген «Қазақ киссалары» атты 4 томдықта (1985), одан кейін «Жас алаш» газетінде (1991, №25), «Абылай хан» атты кітапта (А., 1993, 183–228-б.), «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының 1-томында (1995, 88–125-б.), «Балалар сөзі» көп томдығының 29-томында (Астана, 2010, 9–61-б.) жарияланған.

С.Қорабай

«АБЫЛАЙ ХАН» – тарихи-антропол. зерттеу кітабы. Авторлары: О.Смағұлұлы, М.Қожаев пен А.Оразаққызы. 1999 ж. Алматы қ-ндағы «Атамұра» баспасынан шыққан кітапта кешенді зерттеулер мен антропол. ізденістердің қорытындылары бойынша Абылай ханның дене құрылымы мен сүйек өлшемдеріне ғыл. анықтамалар берілген және антропол. қайта қалпына келтіру әдісімен Абылай ханның бас сүйегі бойынша бет-әлпетінің дәлме-дәл пішіні жасалғандығы айтылады. «А. х.» кітабы 5 тараудан құралған: 1-тарауда Абылай ханның қазақ тарихындағы дана мемлекет басшысы ретіндегі орны және Ресей мен Шың империяларының ортасында орналасқан қазақ елінің дербестігін сақтап қалу жолындағы қайраткерлік еңбегі; 2-тарауда сақталған құжаттар бойынша Абылай ханның Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішінде жеке жатқан қабірі орнының айқындалып нақтылануы, 3-тарауда Абылайдың дене бітімі (құрылысы) туралы деректермен салыстырмалық нәтижесі сөз болса, 4-тарауда Абылайдың бас сүйегі мен қаңқа сүйектеріне жүргізілген антропол. зерттеулер нәтижелері нақты кесте-суреттер арқылы берілген. Соңғы 5-тарауда қазіргі кезде жұртшылыққа кеңінен таныс Абылай суретінің қайдан алынғаны

және оның авторы М.Айтбайұлы туралы да баяндалған.

Н.Ақбай, Л.Ақбаева

«АБЫЛАЙ ХАН» – ақпараттық-фотоальбом. Авторы – тарих ғыл. докт. Ж.Қасымбаев. 2003 ж. «Аруна» баспасынан жарық көрген. 92 бет, 5000 дана. Суретші – А.Дүзелханов, дизайнерлері – С.Қарпықов, Е.Мельникова. Баспаға дайындаған – В.Б.Ондарев. Жинақ көркем суреттермен безендірілген. Мәтіні аңыз-әңгімелер мен тарихи деректерден құрастырылған. Оқырмандарды тарихымызбен, ұлы адамдардың өмірімен таныстыратын «Шығыстың ұлылары» сериясымен шыққан алғашқы кітаптардың бірі. Балалар мен ересектерге арналып, қазақ және орыс тілінде жазылған бұл көркем суретті туынды әйгілі ханның өмір жолымен таныстырады. Абылайдың көсемдігінің арқасында қазақ хандығы ірі мемлекетке айналғандығы айтылады. Кітап: «Үш жүзге ортақ хан», «Жошы ұрпағы», «Жекпе-жек», «Соғыс жылдарында», «Аян», «Жау қоршауында», «Соңғы соғыс» деп аталатын 6 тақырыпқа бөлінген. Балаларға түсінікті тілмен жазылып, қызықты тарихи оқиғалармен айшықталған. Кітапта екі карта берілген: «XVIII ғасырдың 2-жартысындағы қазақ жеріне жасалынған шабуылдар» және «XVIII ғасырдың 1-жартысындағы қазақ халқының жоңғарларға қарсы жүргізген күресі» деп аталады.

Ғ.Сергазыұлы

«АБЫЛАЙ ХАН» – екі бөлімді кинохикаят. Авторы – Сәкен сері (Сәкен Жүнісов). «Жұлдыз» журналының 1997 жылғы 9, 10-сандарында жарияланған. «Сабалақ-Абылай» деп аталатын бірінші бөлімде «үстіне арнайы соқтырған сауыт-сайман киген 12–13 жасар, түсі суық, алақандай көзі жас қыранның көзіндей өткір, қара қасқа аты секіріп аспанға қарап, найзасын тіреп, атой салғалы тұрған» ханзада Сабалақ-Әбілмансұрды көреміз, қасында сұлу сайгүлікке мінген Ораз. Осылай басталған кинохикаяттың 1-бөлімінің соңына қарай, «Еліміз, жеріміз үшін жан пида! Атқа, бауырларым, қазақ ұлысы, қалмақ жауыздардың қанын шашып, біржолата қуайық жерімізден. Атан, аруақ, аруақ, Абылай, Абылай, Абылай!» деп айғайлап, қалмақ батыры Шарышқа қарай шауып бара жатқан сол Сабалақ-Әбілмансұр қайтадан көз алдан өтеді. Екінші, бөлім қалмақ ханы Қалдан Серенге, сандыққа салып жіберген Шарыштың басымен қоса, Абылайдан келген хатты Қалдан ханның өзінің барша ноян, әскербасы, ламаларының алдында оқитын сәтінен басталады. Хатта, Шарыштың басын қалмақтардың өздеріне жіберіп отырғанын айта келіп, соңында: «...Егер қазақ даласына шабуыл, жаугершілік атаулыны тыймасандар, жаулап алған қазақ же-

АБЫЛАЙ ХАН



рін тез арада босатпасаңдар, бәрінің бастарың осы Шарыштың басындай домалайды. Қанға – қан! Мен – Абылай!» деп жазылғаны әйгілі болады. Осыдан былай күллі қазақтың басын қосып, қазақ жерін қанқұйлы жаудан азат еткен хан Абылайдың қаһарлы тұлғасы сомдалатын көріністер көз алдан өтіп жатады. Кинохикаяттың соңында экраннан Абылайдың арыстандай айбатты бейнесі көрініп, оның «Уа Жасаған, уа жұртым! Қашан Үш жүздің басы бірігіп, қалың қазақ қашан бір шатырдың астында, көп хан емес, бір ханның билігінде, өз жерінің шекарасын белгілеп, өз жерінің байлығына, билігіне өзі ие болып, басқаға жалпақсыз, бөтенге жалтақсыз мықты ел болады екен? А Құдай, мен Абылай!» деген дауысы естіледі. Бірінші бөлімнің басындағы көрініс қайталанып, аспан күркіреп, күн жарқылдайды. Қара ала-торы ала бұлттар көшіп, аунап жатады. Қобыз сарыны естіледі... Автор осындай көріністер арқылы қазақтың басына үйірілген қара бұлттың қаһарын меңзеп, азаттықтың шуақты таңын көксеген ел үмітін Абылайдың арман етіп айтқан сөздерімен жеткізеді.

Е.Ерназаров

«АБЫЛАЙ ХАН» – кітап. Редакторы – Б.Ысқақов. 1992 ж. «Айқап» баспасынан жарық көрген. Алматы. Көлемі 32 бет. Таралымы 30 000 дана. Кітаптың алғы сөзінде қазақ ішіне ғана емес, шет мемлекеттерге де Абылайдың даңқы жайылып, өз заманында-ақ зор құрметке ие болғандығы айтылады. Соынмен қатар Абылай заманы қазақтың ерлікке, елдікке бет бұрған заманы болып саналатынын жеткізеді. Кітапқа Шоқан Уәлихановтың «Абылай» атты шығармасы енгізілген. Сондай-ақ Абылайдың тапқырлығы мен ақылды қолбасшылығынан сыр шертетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Абылай хан» атты шығармасы да қоса берілген. Кітаптың алғы сөзін жазған С.Ақтаев Абылайдың қысқаша өмірбаяны мен сан салалы қайраткерлік қызметін құжаттар мен деректерге сүйене отырып, тиянақтап шыққан. Қалың оқырман қауымға арналған кітаптың іші-сырты әсем безендіріліп, мұқабаның сыртына Абылайдың суреті берілген.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙ ХАН» – киносценарий. Авторлары – А.Әшім, А.Сейдімбек, С.Елубай. «Егемен Қазақстан» газетінің 1994 жылғы 14 қазандағы санында жарияланған. Киносценарийдің аңдатпасында: «Сан ғасыр еңбегі еш, тұзы сор болып келген қазақ халқы басынан не бір тағдыр тауқиметін өткізді. Үлкен ұлт болып ұйып, халық болып қалыптасуда ділмар шешендер мен көреген көсемдер ел қамы үшін түн ұйқысын төрт бөліп, астынан ат, қолынан найза кетпеді. Солардың бірі – Абылай хан. Ол ондаған жылға созылған

жоңғар-ойрат-қалмақ басқыншыларынан ата-жұртты азат етіп, ұлт-азаттық қозғалысын бастады. Сара саясат жүргізіп, екі алпауыт мемлекет арасында қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап, азаттықтың ақ жолына негіз салды», – деген түсініктеме берілген. Бұл киносценарийге авторлар «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейінгі қазақ халқының басынан өткен ірі-ірі тарихи оқиғаларды арқау етеді. Туынды Сабалақ-Абылайдың алғашқы ерлігімен басталып, елдің кемеңгер басшысы болғанына дейінгі қилы-қилы кезеңді қамтиды. Абылайдың қалмақ батыры Шарыштың басын алуы және өзге де тарихи оқиғалар көркем тілмен тізбектеліп берілген.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙ ХАН» – «Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген тұлғалар» сериясымен шыққан кітапша. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Мәдениет к-ті мен «Әзірет Сұлтан» мемл. тарихи-мәдени қорық-мұражайы 2011 ж. шығарған. Мәтінді дайындаған – тарих ғыл. канд. М.Қожа. Кітапша кіріспе мен қорытындыдан және «Абылай ханның қабірі жөніндегі деректер», «Абылай ханның жерленген орны туралы жазылған ең ескі мәліметтерді талдау», «Сүйінші Қожа ханның құлпытасы Абылай хан қабірінің басына қалай келген? «Құлпытас астындағы бейітті археологиялық зерттеу», «Қаңқаны антропологиялық тұрғыдан зерттеу» деген тараулардан тұрады. 9, 11, 13, 17, 18-беттерде қабірдің түрлі түсті суреттері және Абылай ханның Мәскеудегі этнология мен антропология ин-тының М.Герасимов зертханасында жасалған бейнесі берілген.

С.Ғұрманқызы

«АБЫЛАЙ ХАН» – тарихи драма. Авторы – Әбіш Кекілбаев. «Өлке» баспасынан шыққан 12 томдық шығармаларының 6-томына енген (1998 ж.). Халықтық-қаһармандық сахналық дастан еліміз тәуелсіздік алған тұста жазылып, сол тәуелсіздік жолында қызмет еткен ел басшыларын көркем бейнелейді. Пьеса үш көріністен тұрады. Бірінші көріністе тарихтан мәлім Сабалақ атымен жүрген жас Абылаймен кездесеміз. Ұрыс майданында Жоңғар ханы Қалдан Шеріннің батыр ұлы Шарышты өлтіріп, батырлығымен танылады. «–Кім болдың, қарағым?» – деген Көмей әулиенің сауалына Абылай: « – Әбілмансұр қойыпты есімімді, Бал мен удан бұйыртты несібемді. Құрсақтағы күнімнен қуғын көріп, Күдік-күмән тербетгі бесігімді» (194-б.), – деп жауап береді. Автор осы бір шумақтың бойына Абылайдың бүкіл өмірін сыйғыза білген. «Қамыққанда сүйенер жарым – Құдай, Тарыққанда демейтін пірім – Абылай!» деп танылған жас батырдың бейнесі көз алдымызда өсіп, толыса түседі. Екінші көріністе аң аулап жүріп, қапияда кез болған ойрат-



АБЫЛАЙ ХАН

тардың тұтқынына түскен батырдың жан арпалысына кездесеміз. Абылай зынданнан өзінің шешендігімен, тапқырлығымен құтылады. Драматург осы тұста сөз құдіретін таныта білген. Баласын өлтірген батырға бостандықты бергізген де – сөз құдіреті. Бірін-бірі аңдыған екі батырды бәтуаға, сыйластыққа алып келу – драматург шеберлігі. Қалданның астарлы сұрағына Абылай шешендікпен жауап қайырады. Абылайдың өр айбатынан сескенген Қалдан басына азаттық берсем, іргем тынышталар, жау жағадан алғанда қасымнан табылар деген үмітпен қызы Топышты қосып, еліне қайтарады. Үшінші көріністе оқиға шиыршық ата түседі. Бұл көріністе қазақтың өз ішіндегі бітпес дауға кезігеміз. Қазақ шонжарлары қалмақ шапқыншылығынан қорқып, Әмірсананы қайтаруды талап етеді. «Еркек тоқты құрбандық» деп түсінген хан Әмірсананы Ресейге өткізіп жіберуге мәжбүр болады. Автор Абылай ханның түйдек-түйдек ойлары арқылы көпке ой сала біледі: «Сыртта – лаң, іште – жылан. Шытырман да шырғалаң. Алға тартсаң – алдыңнан, Қияға тартсаң – етегіңнен. Жармасып жатқан жау өңшең». Бір жағынан орысы, бір жағынан жоңғары мен қытайы қысқанда да сол қазақтың өз ішінің дау-жанжалы біткен бе? Осындай сан сауалға жауап іздеген Абылай ханның түйінді шешімін: «Азаттықтың қамы үшін, Болашақтың бағы үшін, Ұлы жорық бастаймын, Айналайын әлеумет!» (271-б.) – дегенінен көруге болады. Пьесадағы Абылайдың ақылшысы әрі кеңесшісі болған Бұқар жыраудың бейнесі – Көмей әулие. Ол – ханға қашанда өктем сөйлеп, ақыл-кеңес беруден жалықпаған дана қарт. Ал әйелдер бейнесін Топыш пен Күлпәштан көреміз. Зынданда жатқанда Әбілмансұрға Топыштың: «Мынау құшақ, кірсең – жұмақ, ашсаң – тозақ» дейтін сөзінен оның екіжүзділігін көрсек, ал жүрісінен сайқалдығын аңғарамыз. Күлпәш – өзінің ыстық сезімін көзімен жеткізе білген нәзік жан. Кейуана мен дуана – көрерменнің намысын қоздырып, шабынан түртіп отыратын қосымша кейіпкерлер. Драматург кешегі тарихты қозғай отырып, бүгінгіміз туралы ой өрбітеді. Абылайдың алдына қойған мақсатын – әрбір ел басы көздейтіні анық. Пьесадан ұлттық мінез бен болмысты тану да оңай. «Сыбыр-күбір, пыс та пыс. Жыбыр-жыбыр, пыш та пыш. Шонжарлар жүр, шоқыдай боп шоңқиып. Батырлар жүр бұрқ-сарқ, бурадай боп компиып, Пысықтар жүр, қол-аяғы сып та сып, үйден-үйге, топтан-топқа, табақ тасып, сөз тасып» (250–251 б.) деген жолдарға қарап отырып, 18 ғ-дағы пысықтар мен жанкештілердің күні бүгінге дейін арамызда жүргеніне күйінесің. Жалқаулық, кертартпалық, аяқтан шалу, іштарлық, т.б. жағымсыз қылықтар біздің қазақи

мінезімізді көрсетер жазылмас дерт екенін меңзейді. Ал, «Шуылдаған көп қазақ. Сен бұйдалы боз тайлақ, мен бурамын шабынған. Сыртыңда тұрмын шырпынып, омыртқаңды опырып, жамбасыңды жапырып, шоңқайтқалы кеп тұрмын, қырық бүгіп тізеңді, тоңқайтқалы кеп тұрмын. Ит мүжіген асықтай, омпайтқалы кеп тұрмын» (186-б.) деген жолдардан қазақтың шалқар даласына сұқтана қарап, көз алартқан кешелі-бүгінгі көршілеріміз менмұңдалап тұрғаны байқалады. Ә.Кекілбаевтың «А. х.» пьесасы – қазақтың кешегісі арқылы бүгінгі мінезін туынды. Ол Абылайдың аузына ел басының сөзін салса, жоғарыдағы мысалдар қазақты ел болуға шақырып тұрғаны даусыз. Пьесадағы түйдек-түйдек төгілген толғаулы ойлар, асылдай мөлдіреген сөздер – драматургтің қол жеткізген табысы. Әйгілі прозашының драматургия жанрын да еркін игергеніне осы шығарма дәлел. «А. х.» – сыншы, прозашы, публицист Ә.Кекілбаев шығармашылығының шарықтау биігін танытар туынды.

Г.Орда

«АБЫЛАЙ ХАН» – тарихи жырлар жинағы. ҚР ҒА М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған. Ред. алқа мүшелері: З.Ахметов, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, Шот-Аман Уәлиханов. Құраст. – С.Дәуітов. «Жазушы» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. 416 бет. Таралымы 30 000 дана. Кітапқа Абылай ханның өмірі мен қызметіне арналған жыраулар толғаулары, зерттеу мақалалар, аңыз әңгімелер мен өлең-жыр, дастандар топтастырылған. Кітап редакциялық алқа мүшесі Р.Бердібаевтың «Абылай асуы» атты кіріспе мақаласымен ашылып, Бұқар жыраудың 11 толғауы, Үмбтей жыраудың Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естіртуі, Шәді төре Жәңгірұлының Абылайдың арғы аталары туралы «Тарихат» дастаны, белгісіз авторлардың «Абылай хан» дастаны мен «Сабалақ» атты пьесасы, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы мен М.Айтбаевтың «Абылай» дастаны, М.Ж.Көпеев жинап, өз сөзімен баян еткен Абылайдың түсі, Абылай хан дәуірі туралы аңыз-әңгімелер, тарихшы Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» кітабынан алынған «Абылай хан» зерттеуі, Шәкәрім Құдайбердіұлы өз сөзімен баяндаған аңыз-әңгімелер, А.Байтұрсыновтың «Абылай хан мен Бекболат би» мақаласы, М.Әуезовтің тарихи өлеңдер, зар заман ақындары туралы зерттеуі, Тәтіғара акынның толғаулары енген. Жинақ Абылай хан және оның дәуірі туралы ақпарат беретін тарихи талдаулардың және әдеби жәдігерлердің мол қамтылуымен құнды.

Ғ.Елеу

«АБЫЛАЙ ХАН» – тарихи қаһармандық кинодрама. Авторы – Сәбетқазы Ақатай (Ақ Атай).

АБЫЛАЙ ХАН



«Жас алаш» газетінің 1998 жылғы 28 мамырдағы санында жарияланған. Қатысушылар: Абылай, Көркем Уәлі (Абылайдың әкесі), Бибібегім (анасы), Ораз Аталық (тәрбиешісі), Қойлыбай (бақсы), Жалайыр Шора (құсбегі), бас уәзір, бас бақауыл, Шейбақ (Хиуа Ханзадасы, Абылай әулетінің қас жауы). Кинохикаят оқиғасы Абылайдың әкесі Көркем Уәлінің кезінде 1700 ж. болған үркіншілік дүрбелеңінен басталып, арада біраз жылдар өткенде Абылайдың дүниеге келуімен жалғасады. Бұдан әрі Көркем Уәлінің басқа да туыстарымен бірге жау қолынан қырғынға ұшырап, Абылайдың жетім қалуы, одан Ораз Аталықтың қолында тәрбиеленіп, азамат қатарына қосылуы, ақырында Абылайдың баршаға белгілі бейнесінің қалыптасу кезеңдері суреттеледі. «А.х.» кинодрамасы – ұлы ханның балалық, жастық шағы туралы алғаш жазылған көркем шығармалардың бірі.

Е.Ерназаров

«АБЫЛАЙ ХАН» – халықтық-қаһармандық драмалық дастан бойынша қойылған спектакль. Драмалық дастанның авторы – ҚР халық жазушысы Әбіш Кекілбаев. спектакльді қоюшы реж. – ҚР-ның еңб. сің. қайраткері Болат Атабаев. М.Әуезов атынд. Қазақ акад. драма театрының сахнасында қойылған (1998, маусым). Абылай хан ролінде – Тұңғышбай Жаманқұлов, Қалдан Серен – Тілектес Мейрамов, Топыш ханым – Қымбат Тілеуова, Күлпәш (Абылайдың сүйген қызы) – Дәрия Жүсіп, Әмірсана – С.Сәлімжанов, Кейуана – Т.Аралбай, диуана – Б.Тұрыс. Спектакльде драматург (Ә.Кекілбаев) Қалдан мен Абылайды шешендік жекпе-жегіне түсіріп, сөз күдіреті арқылы екеуін бәтуаға, сыйластыққа әкеліп иілтеді. Абылайдың жоңғар зынданында кездесіп түсініскен сүйгені Күлпәштан туған ұлын ел мен жер мүддесі жолында «еркек тоқты құрбандық» етіп орыс патшасына табыс еткен сәттегі Абылайдың күйі жүректі шымырлатып, жанға әсер етеді. Реж. Атабаевқа тән ерекшелік – сахнаны толық игеру, актерді шеберлікпен таңдау, халықты, ұлтты оның киім үлгісін, тұрмысын, музыкасын үйлесімді көрсете білу. Көріністер арасында хор, би, күй орнымен пайдаланылып отырады. Спектакльде Абылайдың: «Ел жолында еркек тоқтымын. Құрбандыққа шалам басымды. Өлімнен қорқып көргем жоқ. Аңқау жұртымды жатқа есесін жібермес іргелі ел ету – арманым» деуі – елім деп еңіреген қазақтың саналы ұлының арманы болып естіледі. Спектакль кешегіні мысалға ала отырып, бүгінгіден қапы қалма, басқадан кем болмайық, қор болмайық деген ойды аңғартады.

Р.Мұқанова

«АБЫЛАЙ ХАН: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ» – кітап. Авторы – филолог ғалым А.Әбсадық. 1999 ж. Қостанай қаласында жарыққа шыққан. Көлемі 117 бет. Таралымы 200 дана. Абылай туралы аңыздар – халық тарихи прозасының ең көлемді саласы. Кітапта аңыздық деректер шындық, құжат көздерімен салыстырыла қарастырылады. Халық шығармашылығының өзіндік өрнегі, тағылымы таңдалынады. 18 ғ-да болған елеулі оқиғалар мен тарихи тұлғалардың ерлік істері кеңінен көрініс алған және ол аталмыш ғасырдағы қазақ халқының тарихи шындығынан, әлеум. құрылымы, идеология, наным-түсінігінен дәйекті хабар-дерек береді. Автор еңбегінде Абылай туралы аңыздардың дәстүрлі арнадан, яғни Оғыз, Шыңғыс, Едіге, Әз-Жәнібек сынды ел тарихында ерекше із қалдырған тарихи тұлғалардың өмірін, іс-әрекетін, қызметін баяндайтын ежелгі аңыздардағы көркемдік құралдар мен бейнелеу әдістерін бойына сіңіре білгендігін айтады. Сонымен бірге жаңа дәуірге лайықты мазмұнмен толығып, жанрлық сипаты, белгісі ерекшеленетіні де автордың жіті назарынан тыс қалмаған. Автор Абылайдың тарихи бейнесін анықтауда «Сабалақ», «Абылай атануы», «Абылайдың Қалдан Серен тұтқынынан босауы», «Абылайдың Әмірсанамен достығы», «Абылайдың Қытаймен соғысы», «Абылайдың қайтыс болуы» секілді аңыздарды пайдаланған.

К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙ ХАН АУЫЛЫ – Көкшетау өңіріндегі елді мекен. Бір кездері Абылай хан атының басын тіреген, Қабанбай, Бөгембайлар жорыққа аттанып, жортып өткен, Кенесары, Наурызбайдың қос тіккен жеріне орналасқан. Ауыл тұрғындары – түгелге жуық қазақтар. Арғы аталары: бірі – Атығай, бірі – Қарауыл, бірі – Алшын, бірі – алтайлық болса да, бөлектеніп, бөлінбей, бәрі де өздерін Абылай ұрпағы атайды. Ауылдың алғашқы іргетасын қаласқандар: Көкіш Сыздықұлы (кейін ұжымшар басқармасы, Кеңшар директорының орынбасары болған), Ахметбек, Жақыпбек, Асылбек, Сейітмағамбет, Темірболат, Торсан, Татыбай, Өлтай, Қалимұрат, т.б. азаматтар болған. Өткен ғасырдың 40-жылдары осы ауылдан соғысқа аттанған 300-дей адамнан қайта оралғандары некен-саяқ. 1957 ж. Н.С.Хрущевтің жарлығымен ұжымшарларды біріктіріп кеңшарлар құру науқаны кезінде ауыл «Фрунзе» кеңшарының құрамына енді. 1991 ж. тамыз айында Көкшетау обл. Абылай ханның 280 жылдық мерекесін өткізді. Мерекеге республиканың барлық түкпірінен қонақтар келіп, Үш жүздің ханы Абылайдың өмірі мен қызметі жайында ғыл. конференция өтті. Осы тойға орай Фрунзе ауылдық округінің аты өзгертіліп, Абылай хан ауылдық округі аты берілді.

Әдеб.: «Халық кеңесі», 1993, 5 мамыр.

С.Сейітхазин, Ф.Мұхаметжан

АБЫЛАЙ ХАН ӘУЛЕТІ, Абылай ханнан тараған ұрпақтар. Абылайдың 12 әйелінен 40 қызы, 30 ұлы болған. Ұлдарының бізге белгілілері: Сағындық – Шуақбай атты қарақалпақ бегінің қызы Сайман ханымнан: Уәли, Шыңғыс, Әділ, Есім; Қашқар бегі Кенже сарттың қызы Бабақ ханымнан: Шеген, Рүстем, Оспан, Сыздық, Әбітай, Әбділдә; қалмақ ханы Қалдан Сереннің туысы Хошу мерген ноянның қызы Топыш ханымнан: Қамбар мен Қасым; Сарғалдақ қожаның қарындасынан: Тоқ, Қосым, Арық; Атығай-Қаруылдың қызы Тоқта ханымнан: Сығай, Тағай, Сүйік, Әли, Құлдан, Тоғым; Өріс сұлудан (тұтқын) – Шама; басқа әйелдерінен: Ғұмыр, Байыр, Жәңгір, Сыпатай. Абылай хан 1781 ж. қайтыс болғаннан кейін үлкен ұлы Уәли (1738–1819) орнына хан болып сайланды. Уәлидің тұлғасын оның Орынбор губернаторы ген. И.А.Рейнсдорпка (1774 ж., 2 маусым) жазған хаты аңғартады: «Жоғары мәртебелі сіздің Шынаят мырза арқылы жіберген хатыңызды алдық, тек әкем – Абылай хан орнында болмады, ол қалың қолмен сыртыға жауға аттанған еді, жауымыздың тас-талқаны шығарылғандығы жайлы хабар алып отырмыз. Ал мұндағы елді оның орнына мен басқарып отырмын. Сіздер де қандыбалақ қарақшыны ұстапсыздар (Е.Пугачевті. – ред.), бұл хабарды естіп мен қуанып қалдым. Себебі Ұлы мәртебелі императордың біз жауына жау, досына доспыз ғой!». Орыс бақылаушысы Чучалов Уәли туралы: «Уәли әкесі Абылай сияқты өркөкірек, алған бағытынан қайтпайтын қайсар, әрі құбылмалы. Ол мені бір-ақ рет қабылдады. Бұл қылығын: «Әкем де Ресей жақтан келгендермен бір-ақ рет кездескен еді», – деп дәлелдеуге тырысады (Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках, А., 1964, 106-б.). 1782 ж. 25 ақпанда Екатерина II Уәлиді Орта жүздің ханы етіп бекіту туралы әмір еткен грамотаға қол қояды. Сол жылы 2 қарашада Петропавл бекінісінде Уфа мен Симбирскінің ген.-губернаторы И.В.Якобийдің қатысуымен Уәлидің таққа отыру және ант беру рәсімі өткізіледі. Уәли хан Ресейдің қазақ хандығында жүргізген империялық қитұрқы саясатына тосқауыл болуға тырысты. Деректер Ресей билеушілерінің ел ішінде ханға наразы күштер болса жасырын қолдап, керек болса ақша да беріп, ұшқынды өртке айналдырып отырғанын айғақтайды. Орта жүздің Кіші жүзбен, Ұлы жүзбен ағайындық, туыстық байланыстарын үзіп, араларын алшақтатуға тырысқан. 1781 ж. Ресейде Кіші жүздің ханы Нұралы мен Айшуақ сұлтан тұтқынға алынғанда Уәли хан бұған наразылық білдіреді. Ханның бұл әрекетіне Орынбордың ген. губернаторы барон О.А.Игельстром төмендегідей жауап береді: «Жоғары дәрежелі хан, Ұлы мәртебелі императрица Сізге

тек қана Орта жүзді билікке берді, ал қазақтың Кіші жүзінің ісі, ондағы жағдай Сізге мүлдем тапсырылмаған болатын» (Материалы по истории Казахской ССР, т. 4, М.-Л., 1940, 102-б.). Уәли ханның көзі тірісінде 1815 ж. Орта жүзде тағы бір хан сайланады. Ол – Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтірген Барақ сұлтанның ұрпағы Бөкей еді. Уәли ханның 14 ұлы болған: Ғұбайдолла (Абайділдә), Есім, Тәуке, Ғаббас (Аббас), Жошы, Төрежан, Әбілмәмбет (Мәмке), Хамза, Шыңғыс, Абылай (Әбен), Шеген (Шепе), Әлі (Әлжан), Қанқожа, Бегалы. Ғұбайдолладан Болат, одан Сұлтанғазы (Шоқанның замандасы, Омбы кадет корпусын бітірген, ген.-майор) туады. Уәли хан өлген соң оның тұңғыш ұлы Ғұбайдолла хан сайланады, бірақ патша үкіметі бұл шешімді бекітпейді. 1823 ж. қытайлықтар Ғұбайдолланы хан деп таниды. Ресей қазақ хандығын тарату мақсатымен 1822 ж. Жарғы қабылдап, Қазақстанда сыртқы округтер ұйымдастыра бастаған тұста Ғұбайдолла Көкшетау округінің аға сұлтаны болып тағайындалады, оған медаль беріліп, шапан жабуға шешім қабылданады. Ғұбайдолла бәрінен де бас тартады. Туысы – Қасым сұлтанның баласы Саржанмен ойы бір жерден шығып, Ресей империясының қысымына қарсылық көрсетті. 1824 ж. Қытаймен байланыс орнатуға әрекеттеніп жүргенде, сотник Карбышевтің отряды Ғұбайдолланы Баянауылда (90-ға жуық сұлтан-билерімен бірге) ұстайды. Кейін ол Сібірге, Березовқаға жер аударылады. Уәли ханның ұлы Шыңғыс (1815–1905) 40 жылдан астам уақыт аға сұлтан болған, полковник, ресми түрде орыс дворяндарының санатына қосылған. Әйелі – Шорман бидің қызы Зейнеп. Шыңғыс пен Зейнептің 7 ұлы, 6 қызы болды, оның атақтылары: Шоқан (Мұхаммед-Қанафия, 1835–65), Мақы (Әбіл-Мақыжан, 1845–1916), Махмед (Омбы кадет корпусын бітірген, 1849–1916), Қозыке (Сақыпкерей, 1854–96). Шоқан небәрі 30 жыл өмір сүріп, қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырды. Оның ғылымның әр саласында жазған еңбектері ойынның тереңдігімен, тарихи деректерді айшықты талдау-таразылауымен, ұшқыр түйінімен күні бүгінге дейін маңызын жоймай келеді. Шоқанның інісі Мақы талантты өнер иесі – суретші болған. Ол француз суретшісі Лежемен бірге «Орнаменты всех времен и стилей» (СПб, 1890) атты зерттеу шығарған. 1876 ж. С-Петербургте өткен ориенталистердің көрмесінде Мақының қолөнер бұйымдары алтын медаль алды. Ол Саумалкөл, Торанғұл елді мекендері үшін қоғамдық үйлердің жобаларын жасады. Г.Н.Потаниннің айтуынша: «орыс қоғамында Мақыны құрмет көрсетіп қарсы алады екен, оны биік тәрбиелі жүріс-тұрысы әрі ақжарқын мінез-құлқы үшін жақсы көретін».

АБЫЛАЙ ХАН



(Ч.Ч.Валиханов. Собр. соч., т. 4, А.-А., 1985, 241, 290-б.). Шоқанның тағы бір інісі Қозыке – нәзік сезімді сазгер, Ақан серінің досы болды. Оның шығарған «Керқұнажын», «Көкшетаудың биігі» т.б. әндері әншілер репертуарынан түспей келеді. Қозыке туындыларының ішіндегі ең асқағы, саздысы әрі әсерлісі – «Топай көк» әні. Оны біздің заманымызға атақты әнші Жарылғапберді жеткізді. Бұл әннің тылсым қасиетін М.О. Әуезов «Абай жолы» романында шабытпен суреттейді. Шыңғыстың Махмед атты баласы 1916 ж. ұлт-азаттық соғыс кезінде ақтардың қолынан қаза тапты. Абылай ханның ұрпақтарынан аты әйгілісі – Қасым сұлтанның үрім-бұтағы. Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресіп, елін, жерін қорғауға бар күш-жігерін, ақыл-ойын жұмсаған, ақыры сол жолда жанын қиған Абылай ханның ұлы Қасым және оның балалары Саржан, Есенгелді, Кенесары һәм Наурызбай болды. Қасым сұлтанның батырлығы, ер-жүректігі, еліне деген шексіз махаббаты, тар жол, тайғақ кешудегі табандылығы әкесінен дарыған. Қасымның біртуар бейнесі оның Батыс-Сібір ген.-губернаторы Капцевичке (17.09.1824 ж.) қатаң талаптар қойып жазған хатынан айқын аңғарылады: «... Сіз менің мына сұрақтарыма жауап берсеңіз екен: 1) Сіздер неге біздің халыққа қысымшылық жасап отырсыздар? 2) Біздің жерде неге бекіністер салынып жатыр? 3) Суымызға неге ау құрылған? 4) Орыстар иемденіп жатқан көлдерден неге қазақтарға тұз алуға болмайды? Осының бәрі кімнің бұйрығымен жасалып отыр? Менің әкем мен ағам Уәлидің мұрагері, хан болып сайланған Ғұбайдолла серіктерімен бірге зорлықпен ұсталды. Ғұбайдолла Ресейге қандай қиянат жасаған екен? Маған айтыңыздар! Ал, қазақтарға жамандық жасаса, анығын білу өзіміздің де қолымыздан келеді. Егер менің бауырымның не істегенін ашып айтпасаңыздар, бізге өкпелемейсіздер, сәті түскенде жауапқа тартамыз. Біздің қол астымыздағы, сіздерге бодан болмаған қазақтарға жамандық жасаманыздар, себебі, әкем Абылай хан мен мемлекет басшысы императрица арасындағы бейбіт келісімде шекара көрсетілген. Егерде біздің жердегі салынған бекіністер жойылмаса, қазақтарға деген қастандық тоқталмаса – бұл жағдайда ренжімейтін боласыздар. Ресей жерін алатын болсақ, оған байланысты біздің арам ниетіміз жоқ. Ал, енді, сіздер бізге қарсы соғыс ашатын күнде, біз қарап отыра алмаймыз, Ресей тарапынан жалған түрлі алдау, арбау және қастандыққа көнетін шамамыз жоқ. Сөз боп отырған мәселелер жайындағы ойларыңызды маған дереу хабарлаңыз» (Казахско-русские отношения в XVIII–XIX в., А.-А., 1964, 215-б.). Қасым батыр балалары Саржан, Есенгелді, Әлжанмен бірге қару, оқ-дәрі

жиып, келіссөз жүргізіп жүрген кезде қоқандықтардың сатқындығынан мерт болды. Одан кейін тарих сахнасына Қасымның батыр ұлдары Кенесары мен Наурызбай шықты, он жыл бойы Абылайдың ақ туын қолдарынан түсірмеді. Өздерінің үндеулерінде Абылай заманында «қазақтар еркін, бейбіт өмір сүргенін» үнемі еске салып отырды. «Кенесары өзі бастаған сарбаздар қолын, асықтай үйіріп, тыңдата білді. Олардың биік рухына Еуропа әскерінің кез келген қолбасшысы қызғанышпен қарар еді» – деп жазды Н.Середа («Вестник Европы», СПб, 1870). Хан Кене әкесінің жолын қуды, қозғалысының басты арнасы азаттық пен тәуелсіздік болды. Патша үкіметінің өкіліне жазған наразылық хатында Кенесары: «Бабамыз марқұм Абылайдан мұраға қалған жерлер: Есіл-Нұра, Ақтау, Ұлытау, Қарқаралы, Қазалық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Аққайың, Тұзақтан бастап Оралға дейін, тақта отырған патша тұсында бізден тартып алынып бекіністер салынды. Қазір де, атамекен жеріміз күн сайын тартып алынууда, бекіністер салынып халық қан қақсауда. Бұл жай тек болашағымыз үшін емес, бүгінгі, күнбе күнгі тіршілігімізге де қауіпті». Кенесарының ұлы Сыздық (1839–1910) сұлтан да ата жолынан айнымай бар ғұмырын ел бостандығына арнады. Тарихшы Н.Павловтың айтуынша: «Тұрандағы аса ірі тұлғалардың бірі болып табылатын даланың осынау жаужүрек ұлының бойына бізге деген өшпенділік ана сүтімен сіңгендей еді. Сыздықтың сирек кездесер оқшау бір ерекшелігі – атақ, мансап, қадір-құрмет іздемегендігі». А. х. ә-нің шежіресінде Әділ сұлтанның үрім-бұтағының алатын орны бөлек. Хан Абылай баласы Әділді Қытай империясына аманат етіп жіберген (Ч.Ч.Валиханов. Собр. соч., т.1, А.-А., 1961, 428-б). Қытайдан еліне қайтып келген Әділ Жетісуда тұрып, Ұлы жүздің сұлтаны атанды. 1815 ж. Ташкенттің түбінде қайтыс болды. Әділдің Абылай (Құлан), Ғали, Ералы, Нұралы, Бегалы, Тінәлі, Төлөк, Мамырхан, Тәуке, Қайып, Көшен және Сейілхан деген ұлдары Ұлы жүздің дулат, албан, жалайыр, шапырашты, суан руларын биледі. 1823 ж. бұлардың бәрі Сүлейін Абылайхановтың артынан Ресейдің билігіне көшті. Әділ ұрпағының ең атақтысы Тезек төре (1821–79) болды. П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің айтуынша ол: «Ұлы жүз сұлтандарының ішіндегі ең ержүрек әрі алғыр адам, қазақтың кең даласына тегіс танымал кісі» болған. А. х. ә-нің кейінгі ұрпақтарынан елге белгілерінің бірегейі – тарихшы Е.Б.Бекмаханов (1915–66). Ол Уәлиханнның Тәуке деген баласының ұрпағы (Тәукеден Жанбөбек, одан Беген, одан Бекмахан, одан – Ермұхан). Бекмаханов 1947 ж. жарық көрген «Қазақстан 19 ғасырдың 20–40-жылдарында» атты моногр. ең-

бегі үшін қуғынға ұшырап, түрмеге қамалды. Оның бар «кінәсі» – ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі Кенесарыға берген әділетті бағасы еді. Ермұханның қызы Н.Е.Бекмаханова – тарих ғыл. докторы, профессор, беделді ғалым. Кезінде Алаш-орданың өкіметі – Халық Кеңесінің мүшесі болған, саяси қуғынның құрбаны Ә.А. Кенесариннің ұлы КСРО-ға еңбек сіңірген геолог, геол.-минерол. ғыл. докторы, гидрогеолог, Өзбекстан ҒА-ның корр. мүшесі Н.Ә. Кенесарин (1910–75) бабасының атын алып жүргені үшін жапа шекті, ғылымға сіңірген еңбегі еленбей, Қазақстаннан қуылды. Ә.Кенесариннің отбасынан өрбіген Мұхамедхан (1912–80), Хамида (1914–78), Мадияр (1918–65), Тәуке (1927 ж.т.) балаларының, биологтар Напұса (1930), Гаухар (1943), философтар Баян (1934), Раушан (1937), Анатолий (1947), Мұрат (1947) Кенесариндердің, сондай-ақ Ғабит (1921), Гүлжанат (1938), Нэль (1940), Болат және Едіге (1945) Уәлихановтардың Қазақстан ғылымына қосқан өз үлестері бар. Филол. ғыл. докт., проф. Шәкір Ыбыраев (1950 ж.т.) – Кенесарының ағасы Бопының немересі. Ауыл ш. ғыл. докт. Шотаев Аман (1943) – Абылайдың ұлы Әділдің ұрпағы (Әділден – Төлек, одан – Сәтемір – Шота – Илияс – Нұғман – Аман) жануарлар генетикасы, селекциясы және морфологиясы саласындағы белгілі ғалым. Ол қазақтың мол етті кроссбред жүнді қойының авторы. Аманның ағасы Шернияз Нұғыманов (1941) агроном-экономист, інісі Арын Нұғыманов (1941) – танымал дәрігер-хирург. ҚР-ның еңбек сің. архитекторы, Мемл. сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Елтаңбасының, Алматыдағы Тәуелсіздік монументінің және 20-ға жуық ескерткіштердің авторы Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан (1932) – Шоқанның інісі Мақының немересі. Абылайдың ұлы Сығай, одан – Байғара, одан – Бексұлтан, одан – Иманғали, одан – Әнуарбек. Әнуарбекұлы Әбілқайыр Бексұлтанов (1943) – өндіріс жаңашылы, а.ш. ғыл. канд. А.ә-нен Ыдырыс Мақыұлы Уәлиханов (1884–1960) – Троицкінің Расулия медресесін бітірген, 50 жылдан астам мұғалім болған, Ахметқазы Қазыкемелұлы Шотаев (1909–92) – Абылайұлы Шегеннің ұрпағы, Қазақ КСР-нің еңб. сің. педагогі әрі мүсінші Қаусыл Жәкіұлы (Қазан ун-тін бітірген), Жанғали мен Хайролла Құлышұлдары, Құжжат Нұрышұлы Уәлиханов (1916–89) – саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, 10 жылын айдауда өткізген математика пәнінің мұғалімі, Ажар Ешманқызы, Татухан Абылайханов сияқты ұстаздар, С-Петербург көркемсурет академиясын бітірген мүсінші Әділ Маратұлы Шотаев, талантты сәулетші Арыстан Құжжатұлы Уәлиханов (1955), Кенесарының Әбубәкір атты ұлының шөбересі, ұстаз әрі домбырашы Файзолла Үрзімов сынды

өнер қайраткерлері, Кеңестер Одағының Батыры А.Г.Моисеевский сынды генерал шықты.

Ш.Ы.Уәлиханов

АБЫЛАЙ ХАНҒА АРНАЛҒАН КЕШ – жоғары сынып оқушылары үшін мектепте өткізген тәрбие кеші. Ы.Алтынсарин атынд. Қазақтың білім проблемалары ин-ты (қазіргі Білім академиясы) этнопедагогика және тәрбие зертханасының ғыл. қызметкерлері ұйымдастырған (1996). Кеш хандардың, батырлардың суреттерімен, әр түрлі сөздер жазылған плакаттармен безендіріліп, Абылай өмірі мен дәуірінің тарихынан тартымды деректер келтірілген. Абылай мен Қалдан Сереннің арасында болған диалогтар сахналық көрініс түрінде берілген. Кеш соңында сұрақ-жауап түрінде оқушылар білімі тексеріледі. Осылайша оқушылардың Абылай хан, тәуелсіздік жөніндегі түсінігі толықтырылып, тиянақталады.

С.Иманбаева

АБЫЛАЙ ХАН ДАҒҒЫЛЫ – 1) Астана қ-ндағы даңғыл; Кенесары Қасымов атынд. көшеден басталып, Қарағанды–Астана тас жолына дейін созылады. А. х. д-ның ұзынд. 4 км 994 м-ден астам; Илияс Жансүгіров, Мақтымқұлы, Қайрат Рысқұлбеков, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин атынд. және Арқайым, Бурабай мен Еділ көшелерін қиып өтеді. Оның бойында «Мирас» мектебі, Респ. клиник. аурухана, Ұлттық ғыл. мед. орт., «Әділ» дүкені, «Сұлтан Бейбарыс» мейрамханасы мен «Гүлжан» сауда үйі, т.б. орналасқан. 2) Алматы қ-ндағы екі бағытты даңғыл. Ол Алматы мен Жетісу ауд-дарында, Желтоқсан және Панфилов көшелері аралығында. А. х. д-ның оңт. бөлігі ҚР Ұлттық кітапхана ғимаратымен, ал солт. бөлігі 2-Алматы т. ж. бекеті ғимаратымен тұйықталады. А. х. д-н Райымбек даңғылы, Мәншүк Мәметова, Мұқағали Мақатаев, Н.В. Гоголь, Әйтеке би, Қазыбек би, Төле би, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Жамбыл атынд. және Жібек жолы көшелері қиып өтеді. А. х. д. бойында Қазақ мемл. академиялық балалар мен жас өспірімдер театры, Қазақстан Жазушылар одағының үйі, Қазақ ұлттық консерваториясы, Орыс мемл. академиялық драма театры, Қазақ-британ тех. ун-ті, Балалар әлемі, «Заңғар» сауда үйі (Орт. әмбебап дүкені), «Астаналық» дүкені, «Жетісу» қонақ үйі, Абылай хан ескерткіші, Амангелді Иманов ескерткіші, жазушы-драматург, Соц. Еңбек Ері Ғ.М. Мүсіреповтің және Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын алған С.Д. Луганскийдің бюстері, сондай-ақ т.б. мекемелер орналасқан. А. х. д. – қаланың ең әсем магистральдарының бірі; ұзынд. 4,2 км-ге созылған даңғыл бойы газон, гүлзарлармен көмкерілген. А. х. д-нда 5 жер асты өткелі бар. 23. 10. 1991 жылғы Алматы қ. әкімінің шешімімен даңғылға қазақтың ұлы ханы,

АБЫЛАЙ ХАН

мемл. қайраткері, дипломат Абылай ханның есімі берілген.

Г.Темірғалиева

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – Жамбыл обл. Мойынқұм ауданының ортасындағы алаңда әкімші. үйінің алдында орналасқан. Авторлары – А.Орманов пен К.Қораласбаев. Абылай хан басқарған Шу өңірі қазақтарының Шудың төм. бөлігінде (Қоқи мекенінде) қырғыздармен болған шайқастағы жеңістің 230 жылдығы құрметіне 1999 ж. орнатылған. Бетоннан құйылған жартылай мүсін қола түске боялып, тұңғыры гранит плиталармен қапталған. Байсалды түрдегі Абылай хан қолына аса таяғын ұстап алысқа көз салып отырған кейіп байқатады. Ескерткіштің жалпы биіктігі 3,65 м.

А.Көбеев

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – 2000 жылдың 11 ақпанында Қазақ мемл. халықар. қатынастар және әлем тілдері университетінің ғимараты алдында қазақ жерін біріктірген аса көрнекті мемлекет қайраткері Абылай ханның кеудемүсінінің (бюст) қойылуына арналған салтанатты митингінде ресми ашылған. Салтанатты жиынға ҚР Білім және ғылым министрінің, Алматы әкімдігінің басшылары, қаланың ғыл. және мәдени мекемелерінің өкілдері, ардагерлер мен жастар қатысты. Қазақ мемлекетінің іргетасын нығайтып, саяси, мемл., дипломат. және әскери дарынымен халық құрметіне бөленген ұлы ханның кеудемүсіні оның есімімен аталатын университет ғимараты алдына арнайы қойылған.

Е.Ерназаров

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – 2000 жылдың 16 желтоқсанында, ҚР-ның тәуелсіздік күні «2-Алматы» теміржол бекетінде бой көтерген. Ескерткіштің ашылу салтанатына қала басшылары, сондай-ақ акад. Зейнолла Қабдолов, ҚР халық жазушысы, Мемл. сыйл. лауреаты Тұманбай Молдағалиев, Абылай ханның ұрпағы, көрнекті арх. Шота Уәлиханов, т.б. қатысты. Жиналғандардың көз алдында – атқа мініп, оң қолын алдыға қарай созып тұрған Абылай хан бейнесі. Ұлы хан мен астындағы аттың тұлға-пішімі қоладан құйылған және бұл көлемі мен күрделілігі жағынан – Тәуелсіздік монументінен кейінгі екінші ескерткіш. Оның биіктігі 5,6 метр, жалпы, жерден биіктігі 14 метр.

А.Баянов

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – 2004 жылдың 8 шілдесінде Ақмола облысының «Бурабай» курортты аймағында орнатылған. 37 метрлік стела қарағандылық арх-лар тобының күшімен бой көтерді. Ескерткіштің ашылу салтанатына Елбасы Н.Назарбаев қатысып, сөз сөйледі. Ол өз сөзінде Абылай хан есімін қазақ халқының тарихында ұмытылмайтын тұлға ретінде атап, қазақ халқының болу-болмауы күн тәртібіне қойылған



Абылай хан ескерткіші. Алматы қ.



Абылай ханға арналған стела. Ақмола облысы



АБЫЛАЙ ХАН

жоңғар шапқыншылығының ауыр жылдарында ұлттың тағдырын шешіп, болашағын сақтап қалғанын және өз дәуірінің саяси жағдайына орай өте икемді сыртқы саясат қолданғандығын жоғары бағалады. Ресеймен де, Қытаймен де бейбіт қарым-қатынас орнатуға тырысқан дипломат. көрегендігінің арқасында халықтың құрметіне бөленіп, қарсыластарын да мойындатты деді Елбасы. Стеланы ашу салтанатына Ақмола обл-ның әкімі Мәжит Есенбаев, монументті жасаушылар: идея авторы Ерлан Айтуаров, жоба жетекшісі Александр Курицын, дизайнер Игорь Маратов және ландшафтық арх. Асқар Рыспаев, сондай-ақ жақын елді мекендер тұрғындары, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты. 37 метрлік монумент ақ мәрмәрдан жасалған. Оның жұмысына 50 млн. теңге қаржы жұмсалған. Оның бір бөлігі Ақмола обл-ның әкімі арнайы құрған «Абылай хан» қорынан алынған.

Әдеб.: «Казахстанская правда», 9.7.2004.

И.Канкенова

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – Көкшетау қ-ның 175 жылдығына орай қойылған. Ескерткіштің ашылу салтанатына ел Президенті Н.Назарбаев қатысып, тас тұғыр етегіне алқызыл гүл шоқтарын қойды. «Ардақты бабамыздың аңсаған үш арманы – тыныштық, кәсіп, тәуелсіздік



Абылай хан ескерткіші. Көкшетау қ.

еді. Бүгінгі күні ол мақсаттар еңсесін тіктеп келеді. Ал бүкіл Қазақстанда тұңғыш рет толыққанды Абылай ескерткішінің ашылуының өзі тарихи әділеттіліктің салтанат құруы, ұрпақ парызының орындалуы, ұлы рухтың қайта оралуы деп ұғынуымыз керек. Бұл рух бізді үнемі алға бастай береді» деді Елбасы өз сөзінде. Ақ жамылғысы сыпырылған Абылай хан тағында құдіреттеніп, еркін де тәуелсіз жұртына көз тастап отыр. Жанында үш жүздің тілегін биіктеткен өмір дарағы жайқалып, еркіндігіміздің символы саналатын қыран құс қалықтайды. Ұлы хан атынд. бас алаңға орнатылған ескерткіштің етегіне Абылай баба жерленген Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен әкелінген топырақ қойылған. Халық жазушысы Сәкен Жүнісов, еңбек ардагері Жанайдар Рамазанов, т.б. сөйлеп, жиналған жұрт Абылай арманына адал болуға ант берді.

Б.Амалбек

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – Қазақстанда бірінші рет Қызылорда қ-ның орт. алаңында ашылған (1996). Үш метрлік тұғырдың үстіндегі Абылайдың мыс мүсінінің авторы – жергілікті суретші, ҚР өнеріне еңб. сің. қайраткер Қайырбай Зәкіров. Мүсінші Абылайдың көзінің тірісінде бір шетелдік суретшінің салған бейнесін және әр түрлі аңыз бен тарихи көркем шығармалардағы сипаттамаларды пайдаланған. Ескерткіштің ашылу салтанатына ҚР Президенті Н.Назарбаев қа-



Абылай хан ескерткіші. Қызылорда қ.

АБЫЛАЙ ХАН

тысып, үш метрлік мүсін тұғырының лентасын қиды. Ашылу салтанатына акад. Зейнолла Қабдолов, халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов қатысты. Сыр бойындағы Абылай кескіні сұсты да ойшыл, жанары терең де өткір.

Ө.Жанпархан

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Ақсукеңт а-ның әкімш. орт-нда, ежелгі Жібек жолының бойында орналасқан. Ескерткіштің ашылу салтанатына сенатор Мария Жүйрікбаева, Парламент Мәжілісінің депутаттары Қуаныш Төлеметов пен Ерғали Сарманов қатысты. Ескерткіш 2001 жылдың Наурыз мерекесі қарсаңында бой көтерді. Ескерткішті ауыл орт-ндағы Мартөбе алаңына орналастыру идеясын аудан ардагерлері кеңесі мен ұлттық мәдени орт-тар өкілдері ұсынған. Ұсыныс ауд. мәслихат депутаттарының қолдауымен жүзеге асырылып, аудан бюджетінен 1 млн. 450 мың теңге қаржы бөлінген. Абылай ханның 3 метрлік мыстан жасалған мүсіні мәрмәр төсемнің үстіне орнатылған. Мүсіншілер Дәурен Әлденов пен Насыр Рүстемов халық батырының бейнесін түпнұсқаға сай өте сәтті жасаған. Ескерткішті орнатпас бұрын сайрандықтар Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің (қазіргі Мәдениет және ақпарат мин.) ескерткіштің жоғары көркемдік құндылығы жөніндегі қорытындысын алған.

Әдеб.: «Казахстанская Правда», 22.3.2001.

Л.Доброта

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – Түркияның Нигде қ-нда орнатылған (2006). Түркияның Нигде провинциясында «Нигде-Улуқышла қазақ Алтай ауылының құрылуының 50 жылдығы және Түркияға ризашылық күндері» айдарымен 2006 жылдың күзінде маңызды мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Осы іс-шараның шеңберінде Шымкент және Нигде қ-лары арасында бауырластық қарым-қатынастар орнату жөнінде келісімшартқа қол қойылды. Іс-шараға Түркиядағы жергілікті қазақтардың 2 қоры және 3 бірлестігімен қоса, Еуропадағы (Франция, Германия, Англия және т.б.) қазақтардың түгел дерлік ұйымдарының жетекшілері мен өкілдері қатысты. Оған Түркиядан 500, Еуропадан 300 қандастарымыз келген. Түрік тарапынан бір топ Парламент депутаттары, мәдениет және әдебиет өкілдері, саяси партиялар басшылары қатысты. Мерекелік іс-шара қазақстандық делегацияның қаланың бас даңғылындағы салтанатты шеруімен басталды. Бағдарламаға сәйкес, түрік үкіметінің арнайы қаулысымен Нигде қ-ның кіре берісінде орнатылған ұлы бабамыз Абылай ханның 4 метрлік қолдан құйылған ескерткішінің салтанатты ашылу рәсімі болды. Ескерткіш лентасын Түркия үкіметі атынан Мәдениет және ту-

ризм министры А.Коч, ал Қазақстан жағынан Қазақстанның Түркиядағы елшісі Б.Исабаев қиды. Мұның алдында Абайға, Қабанбайға ескерткіш қойған түрік ағайындар енді айбынды Абылай хан бейнесін де асқақтатып берді.

АБЫЛАЙ ХАН ЕСКЕРТКІШІ – Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай, 2011 жылдың 14 мамыры күні Жезқазған қ-нда қайта өңделіп жаңа орынға қойылған ескерткіш. 91-орам мен Алаша хан даңғылы түйісетін аумақтағы Кеңгір өз. жағасындағы дөңге қойылған. Бұл дүбірлі шараға Астана мен Алматыдан мәртебелі меймандар арнайы келіп қатысты. «А.х.е.»-нің ашылу салтанатында Қазақстан халқы Ассамблеясы төраға-



Абылай хан ескерткіші. Жезқазған қ.

сының орынбасары Ералы Тоғжанов, ҚР-ның еңб. сің. қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздіктің 20 жылдығында елдіктің, бірліктің рәмізіне айналған қасиетті Ұлытау өңірінде, Жезқазғанның төрінде Абылай бабамызға ескерткіш тұрғызылуы өте орынды іс болғанын атап өтті. Қазақтың басын біріктірген Абылай хан рухының айбыны арта беруіне тілектестік білдірді. Жергілікті қаламгер, Қазақстанның құрметті журналисі Батырбек Мырзабеков Абылай ханға арналған өлеңін оқыды. Жезқазғанды дамытудың бағдарламасына сәйкес 6,5 млн. теңге қаржыға қайта өңделіп орнатылған ескерткіштің аумағы абаттандырылды.

Әдеб.: «Орталық Қазақстан», 19 мамыр 2011 ж.

А.Рахұлы

«АБЫЛАЙ ХАН. КЕНЕСАРЫ» – мақалалар жинағы. «Ғылым» баспасынан 1993 ж. жарық көрген. ҚР ҰҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-ты дайындаған. Ред. алқа мүшелері: М.Қ.Қозыбаев (жауапты редактор), Ж.С.Кәрібжанов, Ч.Әбутәліпов, А.Айтмұхамбетов. Құрастырушылар: В.З.Галиев. Ж.Қ.Қасымбаев, Ж.Н.Қуанышев, Қ.Қ.Әбуев. 119 бет. Орыс және қазақ тілдерінде 1000 дана болып шыққан. Жинақ қазақ халқының атақты қайраткерлері Абылай хан мен Кенесары Қасымұлына арналған. Жинаққа енген алуан түрлі материалдарда 18 ғ-дың екінші, 19 ғ-дың бірінші жартысында қазақ жерінде мемл. тәуелсіздік идеясы қалай орныға бастағаны және халықтың біртұтас ұлт болуға ұмтылған арман-тілегі дәлелді көрсетілген. Жинаққа енген мақалалардың авторлары – ғылым кандидаттары мен докторлары, профессорлар мен академиктер, ҚР ҰҒА-ның мүшелері, белгілі ғалымдар: тарихшылар, философтар, заңгерлер, фольклор зерттеушілер. Екі бөлімнен тұратын кітап тарихшыларға, тарих және әдебиет пәнінің мұғалімдеріне, жалпы көпшілік оқырманға арналған. Кітаптың бірінші бөліміндегі Ө.Сұлтанғазиннің «Кемеңгер қайраткер, ержүрек, дарынды қолбасшы», Ө.Жәнібековтің «Абылай – алып тұлға», Көкшетау обл. халық депутаттары кеңесінің төрағасы Ч.Әбутәліповтің «Абылай дәуірі туралы сөз», М.Қозыбаевтың «Абылай және оның заманы», Р.Сүлейменовтің «Роль и место Аблая в национально-освободительного борьбе и объединении казахского народа в едином государстве в XVIII веке», Ж.Әбділдиннің «Абылай – тарихи тұлға», Ғ.Сапарғалиевтың «Абылай және қазақ мемлекеттігі», В.А.Моисеевтің «Роль Аблая в укреплении и развитии международных связей казахского ханства», Ш.-Ы.Уәлихановтың «Абылай ел есінде», Қ.Қ.Әбуевтің «Аблай и некоторые вопросы казахской историографии», Н.Ыбыраевтың «Қазақ халық жырларындағы Абылай бейнесі» атты мақалалары берілген. Екінші бөлім Кенесары ханның өмірі мен қызметіне арналған.

С.Ғұсман

«АБЫЛАЙ ХАН. МӘСКЕУ АРХИВТЕРІ СӨЙЛЕЙДІ» – кітап. XIII том. Авторы –Б.Нәсенов. 2011 ж. жарық көрген. Алматы– Новосибирск. Көлемі 848 бет. Автордың бұл томына Мәскеудегі Ресей Сыртқы істер министрлігінің сыртқы саясат мұрағатынан алынған құжаттар берілген. Томдықта Абылай ханның 29 жасындағы өмірінен бастап мұрағат құжаттарына негізделген деректер баяндалады. Сонымен қатар аталмыш томнан 1740 ж. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Орынбор генерал-губернаторының салтанатты қабылдауында болғаны туралы құжаттармен

де танысуға болады. Орынбордың генерал-губернаторы Урусовтың қабылдауында болған Абылай сұлтанға берген біршама анықтама-мінездемелерін де осы кітаптан таба аласыз.

К.Қошым-Нозай

«АБЫЛАЙ ХАН МЕН АТАЛЫҚ» – кітап. Авторы – ақын Т.Сәдуақас. 2005 ж. «Өлке» баспасынан жарық көрген. Көлемі 160 бет. Таралымы 2000 дана. Автордың бұл кітабына әр түрлі тақырыпта жазылған өлеңдері мен жырдастандары енгізілген. Туған жердің әсем табиғаты, егемен елдің жасампаздық қырлары, махаббат сезімдері жыр арқауына айналған. Жинақта Абылай хан, Кенесары, Мағжан, Жанғал батыр, Балуан Шолақ сияқты халқымыздың тарихи тарлан тұлғаларының ғибратты бейнелері бедерленеді. «Абылай хан мен Аталық» атты поэмасында әйгілі тарихи тұлғаның балалық шағынан бастап, мемлекет қайраткері кезеңіне дейінгі аралықтағы дәуірін көркем поэзия тілімен жеткізген.

К.Қошым-Нозай

«АБЫЛАЙ ХАН МЕН ӘМІРСАНАНЫҢ ДОСТЫҒЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ӘҢГІМЕ» – тарихи аңыз-әңгіме. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 86-томында (құрастырушылар: Т.Әлібек, Н.М.Мүрсалимова – жауапты шығарушы, Ж.Т.Салтақова, Фолиант, 2012. 178–179-б.) жарық көрген. Аңыздың түпнұсқасы ӘӨИ-дің Сирек қорында сақтаулы (Қ. 828. 3-дәп.). Қолжазбаны жинап, қорға тапсырған – М.Мәжікеев. Қолжазба қалың дәптерге, көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Мәтіннің соңында «Абылай мен Әмірсананың достығына байланысты осы оқиғаны тарихпен таныстығы бар Құлыбекұлы Ахмет қарт баяндады. Оны Тасым, Алпысбай, Мүсіреп, Кенжеболат, Нарбота, басқа да қарттар мақұлдады» деген мәлімет бар. Аңыз Қалмақ ханы Қалдан Серен қайтыс болған соң орнына қалатын мұрагері туралы таластан басталады. Қалдан хан мұрагер етіп жалғыз баласы Әмірсананы қоймақшы болғанда, қалың бұқара: «Қалмақ ханы қалмақ нәсілінен болуға тиіс, Әмірсана қазақ нәсілі, оны сайлай алмаймыз», – деп, Әмірсананы таққа мұрагер болғызбайды. Аңызда Әмірсананың мұрагерлікке лайық болмауына Қалдан Сереннің жас тоқалының Ұлытаудағы қазақтар арасында бірнеше күн аялдап, еліне жүкті болып келуі, босанған соң ел арасындағы пыш-пыш өсек-аяң, оның Қалдан Сереннің туған баласы екеніне көздерін жеткізе алмауы себеп болады. Соңында осы дауды шешу мақсатында қазақтар қалмақтарға болған жайтты айтпақшы болып кетіп бара жатқан жолда Әмірсана шешек ауруынан көз жұмуымен аңыз аяқталады.

А.Оралбек

АБЫЛАЙ ХАН



«АБЫЛАЙ ХАН МЕН ТҰРСЫНБАЙ БАТЫР» – тарихи аңыз. Аңызда Абылай ханның Бетпақтың сары даласында Балтакерей Тұрсынбаймен кездесіп, жорыққа бірге аттанғаны және Тұрсынбайдың жыланды қауып алып, үшке бөліп, ортасын қалай жұтқандығы туралы айтылады. Мәтін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалар жинағында (8-том. Павлодар, 2006. 184-б.) «Қырғызға жорығы, Тұрсынбай батыр» деген тақырыппен және «Бабалар сөзі» (Тарихи аңыздар, 17–18 ғ.) жұзтомдығының 86-томында (томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлібеков, Н.М.Мұрсалимова, Ж.Т.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2012.) жарияланған.

Н.Мұрсалимова

АБЫЛАЙ ХАН МҰРАЖАЙЫ – Көкшетау өңіріндегі Бурабай кентінде орналасқан. Мұражайды қалыптастыруға көп еңбек сіңірген алғашқы директоры – Әмина Дәулетқызы Тұрсынбаева. Мұражай тек хан Абылай жайлы деректермен шектелмей, оның тұстас батыр, акын, билері, Бурабай кентінің тарихы, осы өңірден шыққан атақты азаматтары жайында жан-жақты бағалы ақпарат береді. Тақырыптық бөлімдерге бөлініп жүйеленген мұражай экспонаттары сан алуан. Мұнда ұлы ханмен тұстас өмір сүрген қазақтың атақты 200-ге тарта батыры туралы деректер бар. Олардың ішінде Бөгембай, Қабанбай, Шақшақұлы Жәнібек, Малай, Қойгелді, Өтеген, т.б. батырлар жөнінде мәліметтер жинақталған. Мұражайға кіреберісте тұрған ат құйрығынан жасалған байрақ пен көк түсті Ту көзге бірден түседі. Сондай-ақ Аңғал батыр айбалтасымен шауып таңба салған тас та осы жерден орын алған. 1840 ж. Петербургте шыққан энциклопедияда берілген Абылай хан жайлы жазылған дерек, Науан хазіреттің, Балдуан Шолақтың бұрын еш жерде жарияланбаған суреттері, Шоқанға, Абайға арналған мүйістерден көп мағлұмат алуға, Абылайдың атын шығарған Аңырақай шайқасының үлкен панорамасын тамашалауға болады.

Қ.Жүсіп

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ А.Д.СКАЛОНҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ – Абылайдың 1776 жылдың 26 қыркүйегіндегі шекара бастығы, ген.-майор А.Д. Скалонға жазған жауап хаты (№469). Хан хатында Скалонның Құдайменде сұлтан өз карауындағы халқымен бірге Ресей құзыретіне мойынсұнатын болса, оның әбестікке жол бергеніне кешірім жасаймын деген ойын Құдаймендеге жеткізгенін жазған. Осыған орай Құдайменде сұлтанның Бағлан (Звериноолов) мен Троицк бекіністеріне саудамен барғысы келетінін және соған байланысты Құдайменденің өзіне мақтау қағазын беріп марапаттауын да сұраған. Бұл оның орыстар арасында еркін жүре алатынына мүмкіндік ту-

ғызатынын да ескерткен. Абылай хан өз тұсынан бұрынғы келісім бойынша қазақтардың алып кеткен 30 төлеуіт қалмағын қайтарып бергенін, осыған қоса Пресногорькое бекінісінен ұрланған 6 адам мен 44 жылқыны да таптырғанын баяндаған. Абылай хан бұрынғыша сертке берік екенін, Көкжарлы болысы Қара Барақтың ұлдарының ұрлыққа байланысты күдікті екенін де білдіріп, оларды ұстау арқылы одан басқа да екі ел арасындағы ұрлық-қарлыққа қатысты адамдарды табуға болатынын да айтып өткен. Скалонның өзіне қажетті тәуір ат, немесе қалмақтың еркек-әйелдері керек болса тауып беретініне сенім білдірген. Хатты орыс тіліне аударған тілмәш М. Кучеяров. Абылай хан 1777 жылдың 16 ақпанында жазған хатында (№473) жиені Дәулеткерейді жақсы қарсы алып, қабылдағанына ризашылық көңілін білдірумен бірге өзінің ұлдары Уәли, Оспан мен Тоғым сұлтандарды ат-көлігі мен асусының толық қамтамасыз етілген жасағымен қазақ жерінде ұсталған орыс тұтқындарын іздестіріп табуға ауыл-ауылдарға аттандырғанын хабарлаған; ол екі арадағы келісілген уағдаға берік екенін білдіреді. 1777 жылдың 23 наурызында жазған хатында (№475) орыс тарапынан үш қазақты түйесімен босатып қайтарғанына ризалық көңілін білдірген. Скалонның өтінішіне байланысты қазақтар жағында тұтқында деп отырған «капитан Дудинді іздеп-табуға, табыла қалса, бекініске қайтаруға бұйрық беріп, қазақ ауылдарына жаушы» аттандырғанын мәлімдеген. Бұдан кейін Семей бекінісіне таяу қырды жайлайтын Маман сұлтанның бекініс бастықтарына көрсеткен дәрекілік істері үшін қатаң ескерту алғанын және орыс қарашекпенділерінің 23 жылқысын тартып алған Ақжігіт мырза да сол жылқыларды қайтарып бергенін де жазады. Сөз аяғында Ресей командирлерінен қысым көрген қазақтардың әділетсіз зорлық-зомбылығына мойынсұнбайтынын, сондықтан да оқыс қадам жасайтынын ашып айтқан да, бұған бұдан былай мұқият қарауын өз тарапынан ескерткен. Ал 1777 жылдың 9 маусымында жазып, өзінің елшісі Атығай арқылы ген.-майор Скалонға тапсырылған хатында (№477) орыс командирлерінің дәрекілігі мен жөнсіз өктемдіктеріне, жергілікті халықтың малдарын Ертістен өткізбей, малдарын, тіпті адамдарын да тұтқындап отырғанына өзінің наразылығын білдірген. Осыған қоса шекара шебіндегі қалмақтар да, бурят қалмақтары мен Астрахан татарлары да Ресейдің қысымына шыдамай, бірі Қытайға, енді бірі армяндарға қосылайын деп отырғанын да ашық мәлім еткен. Абылай хан өз иелігіндегі осы халықтардың тағдыр-талайына алаңдаушылық білдіре отырып, Скалонның өз қарауындағы командирлерге пәрменді ықпал жа-

сауын өтінген. Хан сөзінің соңында «Қазақтар бұрынғысынша алаңсыз, тыныш өмір сүретін болсын», – деп ойын тұжырымдайды. Хаттарға қара мөрін басып, соңында Абылай хан деп қол қойған. Бұл хаттардың түпнұсқасы Омбы обл. мемл. мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 328–29, 333–34, 338 және 340–41-б.

С.Темірғалиев, Қ.Нұрпейісов
«АБЫЛАЙ ХАННЫҢ АТА ТЕГІ» – мақала. Авторы – Ш.Ы.Уәлихан. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1992 жылғы 18 желтоқсандағы санында жарияланған. Газеттің айқара бетін алып жатқан көлемді мақалада автор Абылай ханның ата-тегі анықтау мақсатындағы ойларын баяндаған. Сол арқылы кейбір адамдардың «Абылай хан тұқымынан емес» деген пікірлерін теріске шығарады. Ол үшін ең алдымен сол замандағы қалыптасқан дәстүрді, яғни Ақсақ Темірдің өзі билікті Шыңғыстың ұрпағы Тұғылық темірден тартып алғанымен, өзін хан атай алмағанын келтіреді. Сонымен қатар Көкбайдың «Сабалақ» атты поэмасындағы: «Бала айтты: «Қазақ-қалмақ ерегесі, Мұндайда ердің қозар делебесі. Қысылған соң аузыма түсіп кетті, Абылай – атам, мен оның немересі», – делінетін үзіндісін көрсетіп өтеді. Автор Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» атты еңбегіндегі: «Қызы еді Қайып ханның бір қатыны, Осыдан Уәлі бақы туған ұлы. Әз Тәуке хан болған соң өкпе қылып, Кетіпті Үргенішке дейін мұны. Осы еді Абылайдың арғы атасы, Болмайды бұл сөзімнің еш қатасы. Абылайдың осы атасы сол жақта өліп, Хан болған мұнда келіп қара басы», – деген шумақтарды еске салады. Сондай-ақ мақалада автор Абылай ханның мұрағаттардан табылған хаттарындағы басылған мөрде «Баһадүр Абулай, бин султан Уәли» деген жазу оның кімнен тарайтынын айғақтайтын нақты құжат екенін айтады.

К.Қошым-Ноғай
АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ГЕНЕРАЛ-ПОРУЧИК И.А.ДЕКОЛОНГКЕ ЖӘНЕ ГЕНЕРАЛ-ПОРУЧИК И.А.РЕННЕДОРФКЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – құжаттық хат. (1772 ж. 19 қыркүйек). Бұл хатта Абылай Ген.-поручикке Қазақ Ордасының Ресейдей емес, өте шашыраңқы жатқанын, кімнің қайда көшіп жүргенін білудің қиындығына орай ұрылар мен бұзықтарды ұстаудың тез арада бола қоймайтынын баяндай келе: «Қытайдың Богдоханына мен өз талабымды айтып, былай дедім: «Қандай күші бар мемлекет болса да, егер бізге қарсы шықса немесе дөрекілік білдірсе, онда біз оларға қарсы тұра аламыз». Қытайдан көмек сұрай қалсақ, ол ешуақытта көмек беруге дайын

еместігін білдірді. Осыған байланысты, егерде бізге біреулер көз алартып, соғыс ашу қаупі бола қалса, онда сіз бізге әскери көмек беруге дайынсыз ба? Осы туралы Императорға жеткізіп, маған жауабын хабарласаңыз. Генерал мырза, сізден маған 1000 немесе 500 болмаса 300 әскери адамдарды уақытша беруіңізді сұраймын. Ол біздің ішіміздегі ұрыларды ауыздықтап тыю үшін керек. Ұрыларды ұстап жазаласақ онда олар сіздерге де, біздерге де жаманшылық жасай алмауы тиіс. Екі тарап келісімге келуіміз керек. Мен сіздің әскерді алысқа апармаймын. Бес күн ұрылармен бірге болады. Ол жерге мен өзім барамын немесе балаларымның біреуін жіберемін. Содан кейін оларды қару-жарақтарымен, киімдерімен өз елдеріне апарып саламыз. Бұл мәселені Императорға жеткізбей-ақ өзіміз шеше аламыз ғой. Әскер берсеңіздер де, бермесеңіздер де маған бір хабарын беріңіздер», – делінген өтініш-талабын қоса жеткізген.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай
АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ЖОҢҒАР ТҮТҚЫНЫНА ТҮСУІ. Көшпелі қауымның келешегіне сенбеген Ресей әкімш. Орта жүзбен 1740 ж. күзде қол қойған бодандық шартын сақтамай, сыртқы саясатта босандық танытты. Осыны пайдаланған Қалдан Серен, бір жылға жетпей-ақ, 1741 жылдың ақпанында жер қайысқан қалың қолмен Қазақстанның оңт. мен шығысынан екі бағыттан басып кіріп, қазақ ауылдарын қанға бөктірді. Қалдан Сереннің інісі Септен қолбасының әскерлері Бараба даласына шабуыл жасап, сол арқылы Орта жүздің қазақ ауылдарына беттейді. Есіл өз-нің бастауына жақын маңда, Ереймен тауларының сыртындағы Шідерті өз. аңғарында Ойрат әскерлері қазақтарға кездеседі. Абылай сұлтан 200 адамдық шағын қолмен жоңғардың көпмыңдық қалың қолының қамауында қалып қолға түсті. Сол бегімен ойрат әскерлері Елек өз-нің жоғ. ағысын қыстаған Әбілмәмбет ханның елін шабады. Аз уақыт ішінде ойраттар Есіл мен Тобыл бойындағы қазақтарды шауып, Ырғыз өз. бойында Кіші жүздің ауылдарына шабуыл жасайды. 1741 жылғы көктемнің аяғына қарай, Орынборға 4 күндік жер қалғанда, ойрат әскерлері тізгін тартады. Сол жорықта жоңғарлар қазақтардың көп малын, үш мыңдай адамын алып кетеді. Жоңғар хандығының бұл әрекеті қазақтардың Ресеймен жақындасуына мүмкіндік бермеу ниетінен туған еді. Екіншіден, Ресей үкіметі, жоңғар әскерлерінің қазақтарды тұтқиылдан шабуылдайтынын алдын ала біле тұрса да, бұрыннан дипломатиялық қатынас жасап келе жатқан Қалдан Сереннің қолын қақпады. Абылай жоңғар тұтқынында Тарбағатай аймағында Қалдан Сереннің немере інісі Дауашының иелігінде 1743 жылдың көктеміне дейін болды.

АБЫЛАЙ ХАН



Әдеб.: Ш.Б.Чимитдоржиев «Взаимоотношения Монголии и России в XVII-XVIII вв.», М. 1978; Тайшыбай З. Қазақтың ханы – Абылай, екі томдық, «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ И.А.ДЕКОЛОНГКЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫ, Абылайдың 1772 жылдың 24 шілдесінде Петропавл бекінісінің бастығы, ген. И.А. Деколонгке жазған хатында (№415) өзінің ұлы Уәли сұлтан Ресейден қашып келіп, қазақтардың қолына түскен 26 азаматын өткен жылы қайтарғанын мәлімдей отырып, Петропавлға бастық болып келген ген.-майор С.К. Станиславскийдің кезінде өздерінің жоғалған аттарын іздестіріп, оларды қазақтар алып кеткен деген сылтаумен шыққан орыс жасақтары үш адамды аяусыз сабап, екіншісінің басын жарған, үшіншісінің атын атып тастағанын және түйе бағып жүрген бір адамды тұтқындап, өздерімен алып кеткеніне, ауыл-ауылды аралап, тонаушылық жасағанын, бейбіт халықтың тынышын алып, ойрандап, бала-шағаның үрейін алғанын, т.б. айуандық қылықтары жөнінде ашына жазған. Орыс жасақтарының жосықсыз жасаған қиянаттарын айтып, Станиславскийге хат түсіргенімен, жоғалтқан аттары табылмайынша ештеңе бермейтінін айтып, қазақтардың талабына көңіл бөлмеген. Абылай хан Ресей жағынан жасалып отырған мұндай адамгершілікке жатпайтын, көршілік адал көңілге көлеңке түсіретін келеңсіз іс-әрекеттерге өзінің төзбейтінін сездіреді де, «Жауабын беріңіз және алдағы уақытта менің қазақтарым бұзықтық жасаса, сіздердің адамдарыңызды алып кететін болса, маған ешқандай талап қоймаңыздар. Сондай-ақ, егер Ресей жағы қандай қиянат жасаса да, адамдарымызды зорлықпен ұстап, алып кетсе, мен де сендерден ешқашан қайырым сұрамаймын», – деп ашық айтып, мөрін басқан. 1773 жылдың 6 шілдесіндегі Деколонгке тілмаш М. Кучеяров арқылы жазылған хатында (№437) өз иелігіндегі қашқын қалмақтарды қайтаруын, егер олар басқа дінге кіріп отырғандықтан оларды қайтаруға болмайтынын желеу еткен жағдайда, ондай қашқындардың мініп барған аттары мен киім-кешектерін кері қайтаруын үзілді-кесілді талап етіп жазған. Абылай өз қарамағындағы қазақтарды орыс әскерлерінің өктемшілікпен көпе-көрінеу жасаған жалақорлық, қиянатшыл іс-әрекеттеріне жол беріп отыра алмайтынын мәлімдеген. «Менің қазақтарым маған шағым түсіріп отыр. Сіздің әскерлер қазақтарды жазықсыз ұстап, тұтқындайтын көрінеді. Қазақ әскерлері жоғалған аттарын қазақтар ұрлады, – деп дау шығарады екен. Шынында, ондай ұрлық болмаған. Сондықтан, жазығы жоқ қазақтарды аттарымен қайтаруды сұраймын. Қолынан қолхат

алып қалыңыздар»... деген нық ойын білдірген. Сол жылдың 23 шілдесінде жазған шағын хатында (№442) 1759 ж. Уақ болысының ел ағалары Дербісәлі мен Данияр бастаған қазақтар әбден теперіш көріп, шыдамы таусылған соң Ресей қол астына қарайтын уранхайлықтарды шауып, 40 адамын тұтқындап алып кеткен. Оларды қазақтың ауыл-ауылдарына бөліп берген. Міне, осы жайында түсінік бере келіп, Абылай сұлтан «... бұл қалмақтарды іздеп-тауып, сіздерге қайтару мүмкін болмай отыр» дей келіп, 30 қалмақты іздеп-тауып, Ямышев бекінісіне апарып тапсырғанын, ал «Семей бекінісіне қарсы жайлаудағы қаракерей-найман болысындағы он адамға әлі бара қойған жоқпын», – деп жазған. 1773 жылдың 6 қыркүйегінде Деколонгке жазған кезекті бір шағын хатында (№446) Құлсары батырдың табынынан 28 жылқы, өз елінен 31 жылқы шекара бекінісіне қарай, Покров бекінісіне тағы да 12 жылқы өтіп кеткенін жазып, соларды тауып, қайтаруға бұйрық беруін және іздеп тауып көмектескен адамға екі жылқыны алып қалып, соларға төлеуін сұраған. Хаттың түпнұсқасы Омбы обл. мемл. мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 270–71, 290–91, 295 және 297-б.

С.Темірғалиев, Г.Ысқақова

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ КҮЙЛЕРІ. Абылай қазақ ханы болуымен қатар өзінің дарынды күйшілік өнерімен де танылған тарихи тұлға. Абылайдың шығарған күйлері тақырыбы мен әуен-сазы жағынан ерекшелініп тұрады. Оның есімімен байланысты бірнеше күй туралы мағлұмат бар. Абылай өзі өмір сүрген жаугершілік заманға орай нақтылы өмір құбылыстарын сипаттауға арналған күйлері негізінен ат үстінде бел шешпей ұзаққа созылған жойқын жорықтардың азабы («Алабайрақ», «Жетім торы», «Қоржынқақпай», «Дүние сарсаң», «Садаққақпай», «Шаңды жорық») мен жаудың бетін қайтарған қаһарман батырлардың жеңіс салтанатын көңіл көзіне ұялатады. Сонымен қатар туған жерін қаскөй дұшпандардан тазартып, көшпелі елдің бейбіт өмір-тұрмысын әуезді әуен-ырғақпен өрнектеген күйлері («Майдақоңыр», «Майда жал»), өмірдің мән-мағынасы, халық тағдыры туралы толғанған кезде туған күйлері («Дүние қалды», «Қайран елім») қазақтың ұлттық муз. мәдениеті тарихынан елеулі орын алды. Абылайдың күйлерін кезінде Ілияс Әбдуов (1910–1990; Қарағанды обл., Шет ауд.) деген күйші тартқан. Сәкен Сейфуллиннің орындауында А.Затаевич Абылай ханның атты әскерінің шеруі «Терісқақпайды» жазып алған.

З.Тайшыбай, Е.Түсін

АБЫЛАЙ ХАН

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚАБІРІ – Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде орналасқан Абылайдың қабірі. Абылай хан 1781 ж. қайтыс болғаннан кейін оның мәйіті осы кесенеге әкелініп, «айнатас» деп аталып жүрген құлпытастың астына қойылған. Мұны Абылай ханның сүйегіне антропол. зерттеу жүргізген ғалым О.Ысмағұловтың ғыл. тұжырымдамасы растайды. Ол «...қабір орналасқан бөлмеге қатысты мамандар қолындағы сызбалар, сәулеткерлер жазған күнделіктер, басқа да жанама деректер Абылай хан мүрдесінің, яғни мәйітінің қойылған уақытынан бері қозғалмағанын дәлелдейді», – деген



Абылай ханның қабірі

қорытынды жасайды да, одан әрі «...Жан-жақты салыстырмалы түрде алынған барлық ғылыми нәтижелердің қорытындысы – монолит түрінде алынған блоктың үстіңгі қабатындағы шикі кесектермен қоршалған қабір тек қана Абылай бабамыздың мүрдесі екенін толық қуаттайды», – деп ғыл. тұжырымын жасаған.

Әдеб.: Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразақызы А., Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу, А., 1999.


З.Тайшыбай, С.Темірғалиев

«АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚАМҚА ТОНЫ ЖӘНЕ БАЙДАЛЫ БИ» – кітап. Құрастырған – А.Сейдімбеков. 2007 ж. «Күлтегін» баспасынан жарық көрген. Көлемі 176 бет. Таралымы 10000 дана. Автор кітабында Президенттік мәдениет орт. қорына жинақталған тарихи мұралардың ішіндегі айрықша қастерлі мүліктердің бірі – Абылай ханның қамқа тоны екенін атап өтеді. Кітапта осы қамқа тонның бүгінгі күнге қалай жеткені туралы нақтылы тарихи айғақ-деректер келтірілген. Сондай-ақ, Абылай ханның қадірлес замандасы Байдалы бидің шешендік-билік сөздері де алғаш рет осы кітапқа жинақталып берілген. Кітапта Абылай ханның алтын зерлі қамқа тонын

бүгінге дейін көзінің қарашығындай сақтап келген азамат Қарағанды обл-на қарасты Жаңаарқа ауд-ның тұрғыны Хамзе Сәтжанов екендігі айтылады.

К.Қошым-Нозай

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ҚЫЛЫШЫ – тарихи жәдігер. 1758 ж. 27 наурыздағы Ресей патшасы Елизавета Петровнаың жарлығы бойынша Әбілқайыр ханды, оның ұлдары Ералы мен Айшуақты және Абылай сұлтанды сый-тартулармен марапаттаған. Сол жылдың 21 қыркүйегінде Ресей Сыртқы істер алқасы Орынбор губернаторы И.А. Рейнсдорп арқылы Абылайға оқаман қапталған



ҚР Тұңғыш Президенті музей қорындағы Абылай сұлтанның алтын қылышының басы. XVIII ғасыр (1), қылыш жезіндегі жазулардың сызбасы (2).

бұлғын ішік пен қара түлкі бөрік және қылыш жібереді. Абылайға арнап жіберген қылышқа «Құдайдың құдіретімен, бүкіл Ресейдің императоры және жекедара билеушісі І Елизавета, осы қылышпен өзінің боданы, қазақ сұлтаны Абылайды адал қызметі үшін марапаттады. С.-Петербург, 1758» деген сөздер араб әліпбиімен қазақша және орыс тілінде ойып жазылған. 2004 ж. тарихшы-ғалым Н.Е.Бекмаханова ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа тапсырды, қазір ол Президенттің мұражайында сақтаулы.

Әдеб.: Абылай хан.Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы, Петропавл, 2005, 253-б.

Е.Түсін

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ МӨРІ. Абылай Қытай патшалығы мен Ресейге жолдаған ресми хаттарына өз мөрін қойып, куәландырып отырған. Мөрде: «Баһадүр Абулай, бин султан Уәли» деген жазу бар. Бабамыз өзін «Батыр Абылай, сұлтан Уәлидің ұрпағы» деп таныстырған. 1771 ж. Ресей патшасы Абылайды Орта жүз ханы деп мойындаған

АБЫЛАЙ ХАН



Абылай ханның мөрі

нан кейін, 1778 ж. ақпанның 28-інде Абылай хан орыс патшайымы II Екатеринаға жолдаған хатында: «1771 жылы Түркістан қаласында мұсылманның әулиесі Қожа Ахметтің басында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің хандары мен сұлтандары мені үш жүздің ханы етіп сайлады» деп ресми хабарлап, мөрін басқан («XVIII–XIX ғ. орыс-қазақ қарым-қатынасы». Алматы, 1964 ж. 87-б.). Аталмыш мөр мен хат Астанадағы ҚР Жоғ. соты ғимаратының дәлізіндегі респ. сот тарихына қатысты мұражай-тақта кешеніне қойылған (2001 ж.).

Е.Ерназаров

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ Н.Г.ОГАРЕВКЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ – Абылайдың 1778 жылдың 11 ақпанында ген.-майор Н.Г.Огаревке жазылған жауап хаты (№489). Сібір шебінің қолбасшысы, ген.-майор Огарев Абылай ханға Асан деген қазақтың Ресей азаматтарын тұтқында ұстап отырғанын, соларды босатып беруге көмектесуін сұраған. Хан болса өз жауабын бұрын Петропавл бекінісінің коменданты С.В.Сумароковқа жазғанын және Қарауыл болысында Асан дегендер көп, сондықтан оның айтқан адамдарын қазақ даласынан табудың өзі қиын екенін айтады да, дегенмен оларды іздестіруге бұйрық беріп қойғанын, табыла қалса қайтаратынын айтқан да, Абылай хан Огаревтің бұрынғы хатында «Қазақтардың малын тартып алып, өздерін тұтқындаймын. ... мына хатыңызда райыңыздан қайтып, мені керуен тонаған қарақшы деп айтпайтыныңызды, қазақтарды тұтқынға алмайтыныңызды білдіріпсіз. Ниетіңіздің осындай екеніне сенемін», – деп мысқылдай жазған. Хатының соңын ала өзіне Ресейден елші келіп, ұлын патша сарайына жіберуге сұрағанын, соған орай ұлы Тоғым сұлтанды қазақтың игі-жақсыларымен елшіге қосып жіберейін деп отырғанын да хабардар еткен. Абылай патшаға хат жазғанын, бірақ Огарев пен басқа командирлер туралы ештеңе де жазбағанын және ешқашанда жазбайтынын, «Сіз бен біз бір шаңырақтың астында өмір сүріп жатқандаймыз ғой. Демек, көршілік хақысы қымбат, бірімізді-біріміз ғайбаттағаннан не шығады?» – дей келіп, «Бұдан былай қазақ арасына келетін көпестердің қолында сауда жасауға рұқсаты бол-

сын», – деген талабын қояды. 1778 жылдың 10 маусымында Огаревке жазған екінші бір жауап хатында (№501) Огаревтің әскер командасын жіберуге берген уәдесіне өзінің ризалығын білдіре отырып, енді оның дәл қазір қажеті жоқ екенін мәлімдеген. Қажет болған жағдайда сұрайтынын және болашақта жіберетін әскердің жартысының орыстардан, қалғанының татарлар мен башқұрттардан жасақталуын сұраған. «Ал, енді тау қырғыздарының ел ағасы Садыр батырдың саудагер Шихов арқылы жіберген тауарларын... шамам келгенше... тапқызып беремін», – деп сендірген. Хатты орысшаға аударған аударған М.Кучеяров. Түпнұсқасы Омбы обл. мемл. мұрағатында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 356 және 370-б.

Е.Әліпұлы

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РЕСЕЙ ИМПЕРАТРИЦАСЫНА ЖОЛДАҒАН ХАТЫ – Абылай ханның 1776 жылдың 24 сәуірінде Ресей патшайымы Екатерина II-ге жазған хаты. Абылай өз атынан жазған хатында Ресей патшайымының сарайына туған ұлын жібергісі келетінін және Әбілмәмбет ханның тұсында сұлтан, енді қарауындағы қазақ халқының ұйғарымымен хан сайланғанын хабарлаған. Абылай ұлы Тоғым сұлтан арқылы Орынборға жіберген хатында (1778 жылдың 28 ақпанындағы) өзінің 46 жыл бойы адал қызмет етіп келе жатқанын, қазақ халқының Ресейден пана тауып отырғанын, бұдан 16 жыл бұрын патша сарайына өз адамдарын жібере алмағанын, енді Орынбор губернаторы И.А.Рейнсдорп пен П.Д.Мансуровтың көмегі арқасында ұлының патша сарайына баратынына ризашылығын жазады. Бұдан соң 1771 ж. Түркістан қ-нда халық дәстүрі бойынша өзін қазақтың үш жүзінің ханы етіп сайлағанын, осыған байланысты Ресей патшайымы тарапынан хандыққа бекіткен грамотаны жібереді деген үмітін де білдірген. Хатының соңына қарай патша сарайына ұлы Тоғым бастаған елдің бір топ игі жақсыларын – Дат батыр Қарабатырұлын, Тәуекел батыр Меңдібайұлын, т. б-ларды қосып аттандыратынын хабарлайды және ел ішінен шыққан кейбір сатқындар мен тентектерді тәртіпке салу мақсатымен уақытша әскери жасақ беріп тұруын да сұраған. Орысшаға аударған П.Чучалов. Хаттың түпнұсқалары (№466 және 491) Ресей империясының сыртқы саясат мұрағаты қорында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 323 және 357–60-б.

И.Әбішева

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ С.В.СУМАРОВОКҚА ЖАЗҒАН ХАТЫ – Абылайдың 1778 жылдың 6 қаңтарында Петропавл бекінісінің коменданты С.В. Сумароковқа жазған хатында өз атына «алаяқ, өтірікші» деген сөздеріне түсіне алмағанын, «Ресейге шын ниетіммен берілген адам болмағаным ба, қалай?» – деп ренішін білдіреді де, орыс бургомистрі, көпес Быковтың приказчигі Ерошканың жапқан жаласын нақты дәлелдерімен жоққа шығарады. Сумароковтың Абылайға жазған бұрынғы хатындағы «Ерошка мұндағы бастықтардың рұқсатынсыз кетіп қалыпты» дегенінен айнып, осы хатында ұмытып қалғанын, сондай-ақ патша сарайына елшілік пен ұлын жіберейін деген әлденеше жасаған тілек-ұсынысын аяқасты еткенін бетіне басады. Сумароковтың жалған, дөрекі, өктем сөзіне жаны төзбеген Абылай оған лайықты дәрежеде, кішірейіп төменшіктемей тең дәрежеде өз жауабын берген. Хаттың соңына Абылай хан қолын қойып, қара мөрін басқан. Орыс тіліне аударған тілмаш Ж.Түсмәметов. 1778 жылдың 13 қаңтарындағы хатында алдыңғы хатының мазмұнын кеңейтіп, жан-жақты түсіндіріп жазған. Ресей мен қазақ елі арасындағы өзара қабылданған келісім бойынша рұқсаты жоқ адамдарды екі жақ та ұстап бір-біріне тапсыруы міндетті екені көрсетілгенімен, Сумароков өз тарапынан сол міндетін қиянпұрыстықпен бұзып отырғанын ашып та, ашық та айтқан. Хатына қолын қоймай, мөрін басқан. Соңғы 1778 жылдың 13 наурызындағы шағын хатында Петропавл бекінісінде ұлын жақсы қабылдап, Орынбор қ-на аттандырғанына ризашылығын білдірген. Пресногорькое бекінісінде ұсталып қалған қыпшақ болысының екі адамының себебін анықтап, босатуын және тұқымдық астық пен арнай жіберілген кісілер арқылы төрт соқа жіберуін сұраған. Түпнұсқалары (№483, №486, №493) Омбы обл. мемл. мұрағаты қорында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 347–48-б., 352–54 және 363–64-б.

П.Әбішев

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ С.К.СТАНИСЛАВСКИЙГЕ ЖОЛДАҒАН ХАТЫ – Абылай ханның 1772 жылдың 3-шілдесінде Петропавл бекінісінің бастығы, ген.-майор С.К. Станиславскийге жазған хаттары. Абылай бекініс бастығының қызметіне келген Станиславскийге қуанышты екенін айтумен бірге бекініс жағынан бірнеше адамның келіп, қазақ аулына ойран салғанын, соның салдарынан жазықсыз жандардың жапа шеккенін, үш адамды өздерімен бірге алып, сонымен қатар ауылды тонап, дүние-мүліктерін үптеп кеткенін, «бұзықтар бізге мұнша қиянат жасамас деп ой-

лаған едім» деп ашына жазған. Хатының соңына қарай үш адамның қайтарылуын талап еткен. Мөрін басып, Абылай сұлтан деп қолын қойған. 1772 жылдың 9 тамызында жазылған хатында өзіне тиесілі жалақы, салынып жатқан үй-жайларына қажетті әйнектер туралы, құндыз аулауға екі кісі жіберуін сұраған. Сол жылдың 15 тамызындағы хатында тиісті жалақысын Петропавл бекінісі арқылы алатын болғанына ризалығын білдірген. Ресей жағында бұзықтық жасаған қыпшақ болысының адамдарын таптыруға пәрмен бергенін жазады. Ал 1772 жылдың 2 қыркүйегіндегі хатында қазақ елінен қашып кеткендерді таптырып қайтаруын сұрап, егер тұтқындар қайтарылмайтын болса, оның соңы жақсылыққа саймайтынын, ел арасындағы достық, көршілік қарым-қатынастың бұзылатынын ескертеді және «Біз де Ресей азаматтарын қайтармаймыз» – деген кесімді сөзін айтқан. Тілмаш Ж.Түсмәметов арқылы жіберген хатында ұрлық жасады деген күдікпен ұсталған қазақтарды ісінің анық-қанығына жеткенше оларды таза жерде және жәбірлеп қорламауын сұраған. Түпнұсқалары Омбы обл. мемл. мұрағаты қорында (№414, №416–18, №443) сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 269-б, 271–73-б. және 296-б.

С.Көбеева

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СУРЕТІ – қазақ ханының алғашқы портреті. Басына айыр қалпақ киген, көзінен ұшқын шашқан қаһарлы, сұсты бейнелі қолбасының портреттік бейнесін ақын әрі әуес-



Абылай ханның ақын М.Айтбаев салған тұңғыш суреті. 1943 ж.

АБЫЛАЙ ХАН



кой суретші М.Айтбайұлы Абылайдың шөбересі Ш.Ш.Уәлихановтың суретіне қарап отырып салған. 1943 ж. Берлин қ-нда шыққан «Милли Түркістан» газетінде Абылайдың осы суреті тұңғыш рет жарияланған. 1963 ж. АҚШ-қа іссапармен барған дәрігер-акад. С.Б.Балмұқанов А. х.с-нің негативін әкеліп, ол кезінде «Қазақ совет энциклопедиясының» 1-томында жарияланды. Абылай ханның өмірлік суреті сақталмағандықтан, аталмыш сурет көркем туынды ретінде бағаланып, тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ақшасының 100 теңгелік банкнотына салынды.

З.Тайшыбай, С.Темірғалиев

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СҮЙЕГІН АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ. Қазақстанда Абылай ханның сүйегін антропологиялық зерттеу жұмысын антропологтар О.Ысмағұлов пен М.Қожаев, А.Оразаққызы жүргізіп, құнды мәліметтер алды: қабірде жатқан адамның бойы шамамен 164 см, 70 жас шамасында дүниеден өткен. Оның жоғ. және төм. жақ сүйектерінде бірде-бір тісі жоқ, тіс ұялары тірі кезінде-ақ бітіп кеткен. 50–55 жасында парадонтоз (тіс жегісі) ауруына шалдыққандықтан түгелімен түсіп қалған. Сол аяғының ортан жілігі шамамен 45 жасында сынып, қайта салынғаннан кейін бітіп кеткен. Тірі кезінде егде жасына қарамастан дене бітімі мығым, денсаулығы күшті болған. Оң қолы қарулы, төс сүйегінің бітімі мықты, көкірек-кеудесі кең, жауырынды. Бұл өлшем-сипаттамалар Абылайдың орта бойлы, қарулы, ықшам, икемді де шапшаң қимылдайтын адам болғандығы туралы естеліктерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда сақталған мағлұматтарға сай келеді. Мәскеу қ-ндағы Этнология және антропология ин-тының М.М. Герасимов атынд. зертхана қызметкері Е.Веселовская Абылай ханның бас сүйегінің өзі ерекше әсер еткенін жазады: «1996 жылы профессор О.Исмағұлов (Ысмағұлов) біздің лабораторияға бірнеше бас сүйек жіберіп, сыртқы бейнесін реконструкция жасауды сұрапты». Ысмағұлов жазған хатында «...бас сүйектердің Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен алынғанын, XVI–XVIII ғасырларға жататынын көрсетіпті. Менің қолыма бірінші санды, бас сүйегі тиді. Мен қолыма алысымен-ақ бұл бас сүйек өзінің бедерлі бітімімен, кескінінің әлде бір ғажайып қасиетімен таң қалдырды. Бас сүйектің жігіне қарағанда бұл карт адамның, антропологтардың бағалауынша, 70 жас шамасындағы адамдікі екені байқалды. Енді бір таң қалғаным бірде-бір тісі жоқ, тірі кезінде түсіп, орны бітіп кетіпті... Менің көз алдыма аса бір қайратты қарттың бейнесі келе қалды. Маңдайы кең, ерік күшінің белгісіндей жалпақ келген бет сүйегі... бір сөзбен айтқанда, бұл өзі тұнып тұрған құпия сүйек еді», – деп Веселовская

өзінің таңданысын білдірген. Ысмағұлов бастаған ғалымдар бұл бас сүйекті зерттеудің және қалпына келтірудің нәтижесі туралы мынадай бұлжымас тұжырым жасайды: «Антропологиялық қайта қалпына келтіру саласындағы маман ретінде айтарымыз: қазіргі ғылымның дамуы нәтижесінде қазақ халқының ұлы перзенті, ғажайып тұлға – Абылай ханның шын бет-әлпеті қалпына келтірілді».

Әдеб.: Смағұлұлы О., Қожаев М., Оразаққызы А., Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу, А., 1999.

З.Тайшыбай

«АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СЫНЫ, РАЙЫМБЕК-ТІҢ ЖАУАБЫ» – тарихи аңыз. Аңызда жоңғарлардан туған жерін азат ету үшін Үш жүздің басын біріктіріп, бәріне басшылық жасаған Абылай хан мен қолбасшылары туралы айтылады. Жазушы Т.Қауыпбайұлы құрастырған «Райымбек батыр» (Алматы, Білім, 2005. 216-б.) жинағында және «Бабалар сөзі» (Жүзтомдық. 86-том: Тарихи аңыздар, 17–18 ғ.; томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т.Әлібеков, Н.М.Мұрсалимова, Ж.Т.Салтақова. – Астана: Фолиант, 2012.) көптомдығында, «Ана тілі» газетінің 1993 жылғы 11 ақпандағы санында жарияланған. Соңғы мақалада (авторы – С.Сабырбек) «Абылай ханның Райымбекті сынауы» атты аңыз әңгіменің желісі былайша өріледі. «Жоңғарлардан туған жерін азат ету үшін Үш жүздің басын біріктіріп, бәріне басшылық жасаған Абылай хан қолбасшыларды өзі таңдайтын көрінеді. Бірде қолбасы боламын деген ондаған батырды Абылай алдына шақырыпты. Бұлардың ішінде Райымбек те бар екен. Қатар-қатар сапқа тізілген өңшең алпауыт ерлердің өзін, күлігін, қару-жарағын, көбе-сауытын сын көзден өткізіп келе жатқан Абылай Райымбектің қасына келгенде ерекше тоқтаса керек. Астындағы құнанның ер-тұрманы өте әшекейлі екен. Алдынан қараса, жылқының арқасы, артынан қараса, шоқтығы, жалы көрінетін құранды ердің үстіндегі жігіт өте жас көрінеді. Абылай сынай қарап тұрып: – Мына баланың астындағы ер-тұрман менікі, – дейді. Сол сәт Райымбек: – Ханның екі айтқаны – өлгені! – деп шаңқ ете қалады. Хан әрі қарай басқа батырларды аралап кете барады. Райымбек тапжылмай тұра береді. Сияр сауым уақыттан кейін Абылай қайта оралады. Оралады да манағы сөзін тағы айтады. Сонда Райымбек тізгінін тартып, тақымын қысып қалғанда астындағы құнаны көкке қарғып, кісінеп жібереді. Абылайдың алдына құнанын ойнақтатып барған Райымбек: – Уа, ханым, төресің, Ер-тоқымға төнесің. Дүние көріп тұрмысың Алтындаған шегесің?... Астындағы құнан кер, Құнан керде құранды ер, Әубәкір ұста жасаған, Менің ғана бәсірем. Шы-

ныменен хан болсаң, Бәсіремді сұрап көр, – деп тоқтайды. Абылай хан жас жігітке сүйсіне қарап тұрып: – Қарағым, алтынмен аптаған, күміспен күптеген ер-тұрманға, ойнақшыған кер құнанға мастанып келген қуыс кеуде ме деп сынап айтып едім. Сөзімді қайтып алдым. Қолбасы сен бола-сың, – деген екен», – деп аяқтайды жазып алушы.

Н.Мұрсалимова, К.Қошым-Нозай

«АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТУҒАНЫНА 300 ЖЫЛ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХЫ» – ғыл.-практик. конференция. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай Жезқазған қ-нда 2011 жылдың 14 мамыры күні С.Қожамқұлов атынд. драма театрында өткен. «Нұр Отан» ХДП Жезқазған қ. әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырған. Конференцияны қала әкімі Берік Әбдіғалиұлы ашты. Ғыл.-практик. конференцияда «Нұр Отан» ХДП хатшысы Ерлан Карин, жазушы-тарихшы, Л.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы «Отырар» кітапханасының директоры Тұрсын Жұртбай, Шығыстану ин-тының кафедра меңгерушісі Бақыт Еженханұлы, «Дем Орда» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Серік Ергали, Жезқазған қ-ның құрметті азаматы, өлкетанушы Сағындық Қожамсейітов, журналист Айдос Сарым және басқалар сөз сөйлеп, тарихтың өткеніне көз жүгіртіп, саясаткер және дипломат ретіндегі Абылай ханның рөлін таразылады, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы тарихи-мәдени мұраларды дәріптеу және тарихтан тағылым алу тәжіригінде әңгіме өрбітті. Парламент Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеухан Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар сынды жыраулардың шығармаларындағы ел бірлігі жөнінде ой толғады. Конференция қонақтары одан әрі Ұлытау-Жезді өңірінде болып, тарихи ескерткіштерді көрді, мұражайларды және атқарылып жатқан ұлттық жобаларды тамашалады. Жезқазғанның Кеңгір өз. жағасында жаңартылып қайта қойылған Абылай хан ескерткішінің, Ұлытау орт-ндағы «Таңбалы тас» ескерткішінің ашылу салтанатына қатысты.

Әдеб.: «Орталық Қазақстан», 19 мамыр 2011 ж., 1-б.

А.Рахұлы

«АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТҮСІ» – суретші Аман Бақтығалидың картинасы. Мұнда суретші аса қасіретті, ауыр да тауқыметті тақырыпты бейнелеп шыққан. Картина Абылай ханның түсі және оны Бұқар жыраудың жоруы туралы аңыздың желісіне құрылған. Бірақ суретшінің шығарм. күшінің құдіретімен картина аса әсерлі шыққан. Абылай ханның жүзіне әлдеқайдан бір нұр сезбігілеп тұр. Бұл – Абылай ханның көреген, елшіл, халық үшін өмір сүрген қасиетті кісі екенінің белгі-нышаны. Абылай ханның арт жағында тарихтың доңғалағы айналып тұр. Доңғалақтың бойымен ақырын жылжып-жүзіп жолба-

рыс келеді. Жолбарыстан кейін аю. Көзі от шашып тұр. Айбатты да қайратты. Тіпті ырылы мен гүрлі де құлаққа жетіп жатқандай. Аюдан кейін Көкбөрі. Оның тікиген құлағы мен күдірейген жалына қарап-ақ, ешкімді жауға да, дауға да бермегенін бірден білуге болады. Көкбөріден кейін... Түлкі. Түлкі емес, тек бұлаңқұйрық қана! Бұлаңқұйрықтан кейін... көбелек пен қоян. Бұлардың суретін суретші ашық әрі айқын етіп салған. Бұлаңқұйрықтан соң Абылай ханның артқы жағында айналып тұрған тарихтың доңғалағы да жүрісінен жаңылғандай. Ол енді ханның алдына түсіп, дәл жүрек тұсына келіп тоқтап тұр. Көбелек пен қоянның суреті де осы тұста. Абылай хан оны қатты ауырсынып тұр. Ұлттық дәстүр бойынша, көбелек – уайымсыздықтың, пәруайсыздықтың, қамсыздықтың, уақытшалықтың, жеңілтек-ұшқалақтықтың, бес күндік арзан ойын-күлкінің, орнықсыздықтың, баянсыздықтың, ал қоян – қорқақтықтың, жасықтықтың, үргедек-үркектіктің, дәрменсіздіктің, жалтақтықтың, бас біріктіре алмаудың, көрінгенге жем болудың, бағдарсыздықтың белгі-нышаны. Суретші кешегі арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты Абылай ханның бүгінгі ұрпағының кескін-кеспірін осылай бейнелейді. Пәлсапада «Художественная нация» деген ұғым бар. Бұл ұғым, көбіне, әсіресе ауықшыл, әсіресе салтанатшыл, еліктеп-солықтағыш, өзінің барын бағалай білмейтін, ұлттық дәстүрін сақтай алмайтын, жадьсыздық пен дәстүрсіздікке көбірек ұрынған ұлтқа қарата айтылады. Қазақша «тыраш ұлт» дегенге келіңкірейді. Суретші Аман Бақтығали да осы қасіретті дәл танып, тап басып ұстаған.

Әдеб.: «Жас алаш», 4 мамыр, 2006 ж.

Ә.Меңдеке

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН АС. Алматы қ-нда Абылай ханның 300 жылдығына орай берілген. Шараны Абылай ханның ұрпақтары (шөбере-шөпшек, жиеншарлары) ұйымдастырған. Ас беру рәсімі үстінде, Абылайдың өмірі, елге сіңірген қайраткерлік қызметі еске алынып, қырық жылдан астам уақытын ат үстінде бел шешпей өткізген ханның сол бір аласапыран жылдарда ел тәуелсіздігін сақтап қала білгендігі атап өтілді.

Әдеб.: «Жас алаш». 30 маусым 2011.

К.Қошым-Нозай

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫНДА ҚАЛАМГЕРЛЕРДІҢ МАРАПАТТАЛУЫ. Түркістан қ-нда «Бейбітшілік әлемі» халықар. шығарм. бірлестігінің ұйымдастыруымен Абылай ханның 300 жылдығына орай «Өшпес рух» атты халықар. ғыл.-практик. конференция өткен. Конференцияда көрші елдерден келген М.Н.Дикань (Украина), А.Тұрсын (Тәжікстан), Р.Оридзи (Әзербайжан)

АБЫЛАЙ ХАН



байжан) секілді ғалымдар да баяндама жасап, Абылай ханның Қазақ хандығына сіңірген еңбегіне баға берген. Ғалымдардың баяндамасында Абылай ханның өмірі мен қызметіне талдау жасалып, оның Қытай империясымен дипломатиялық қарым-қатынасына да тоқталып өткен. Атап айтқанда, Қытай әскерлері мен Абылай хан сарбаздары арасында болған қақтығыстардан кейін көп ұзамай қазақтардың Шығыс Түркістандағы ата қоныстарына қайта қоныстануға қол жеткізгендігі жөнінде деректер айтылған. Сонымен қатар конференция соңында Абылай туралы көркем шығармалар жазған бірқатар ақын-жазушылар арнайы сыйлықтармен марапатталған. Олардың ішінде «Абылай ханның ақ туы» атты екі томнан тұратын роман жазған жазушы Ұзақбай Доспанбет пен ақын Саят Қамшыгер Абылай ханның 300 жылдығына арналған алтын медаль иегері атанған.

К.Қошым-Ноғай

АБЫЛАЙ ХАННЫҢ 300 ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ.

Арқаның көрікті Көкше жеріне алыс-жақын шетелдер мен еліміздің түкпір-түкпірінен меймандар жиналып, Қазақ Ордасының ханы, қазақ тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері Абылай ханның 300 жылдық мерейтойын кең ауқымда атап өтті (2013 ж., қазан айы). Ел іргесін берік ұстап, ұлан-ғайыр жерімізді жауға бермей, бүтін сақтап қалу жолында аянбай тер төккен хан Абылайды қалың елі екі күн бойы ардақ тұтты. Алғашқы күні ғыл.-танымдық жиындармен басталған шараның екінші күні Көкшетаудың іргесіндегі Қызылжарда думанды тойға ұласты. Мерекелік шаралар Көкшетау қ-ның қақ төріне орналасқан даңқты қолбасшы Абылай ханның ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталды. Салтанатты шараға Мемл. хатшы Марат Тәжин, «Нұр Отан» халықтық-демокр. партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед пен Абылай ханның ұрпақтары және зиялы қауым өкілдері қатысты. Ұлы қолбасшының ескерткіші алдында Ақмола обл-ның әкімі Қосман Айтмұхаметов құттықтау сөз сөйледі. Осыдан кейін «Көкшетау» мәдениет сарайында «Абылай хан және оның тарихи дәуірі» атты халықар. ғыл.-практик. конференция өтті. Айтулы жиынның ашылуында Мемл. хатшы Марат Тәжин конференцияға қатысушыларға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хатын оқып берді. Конференция шеңберінде «Абылай хан және оның тарихи дәуірі» атты көрме ұйымдастырылды. Оған «Ғылым ордасы» ғыл. кітапханасының сирек кездесетін кітаптары мен жазба деректері қойылған. Мұнда сирек кездесетін 50 шақты қолжазба мен 40 материал ұсынылған.

Олардың ішінде 1765–67 ж. Абылай ханның ген.-губернатор Шпрингерге жазған хатының түпнұсқасы, губернатор Чечеринмен арадағы хаты, «Хандар шежіресі» бар. Осы күні «Көкшетау» мәдениет сарайында Абылай хан туралы деректі фильм көрсетіліп, соңы Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына орай өткізілген салтанатты кешке ұласты. Алғашқы күні ғыл. танымдық жиындармен басталған шараның екінші күнінде Көкшетаудың іргесіндегі Қызылжар жазығында тойдың нағыз думаны дүркіреп өтті. Қаз-қатар ақ шаңқан киіз үйлер тігілген алаңда «Азат рухтың Абылай ханы» атты театрландырылған қойылым көрсетілді. Онда Қазақ Ордасы ханының тәуелсіздік мұраттары бағытындағы күресі жайында, қазақ елінің азаттығы жолындағы ұлы жорықтары, Абылайдың сыртқы саясаттағы өлшеусіз еңбектері, сондай-ақ оның қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті қайраткерлігін сомдайтын көріністер көрсетілді. Түске қарай «Құлагер» атшабарында жорға жарысы мен аламан бәйге өткізілді. «АБЫЛАЙ ХАН. ОМБЫ АРХИВІ СӨЙЛЕЙДІ» – кітап. XI–XII том. Авторы – Б.Нәсенов. 2005 ж. жарық көрген. Алматы – Новосибирск. XI томның көлемі 600 бет. XII томның көлемі 590 бет. Автордың осынау XI–XII томдарына Омбы мұрағаттарында сақталған 18 ғ-дағы Қазақ хандығына қатысты құжаттар енгізілген. Кітапта бұрын ешбір жерде жарияланбаған хаттарды орысшадан қазақ тіліне де аударып беріп отырады. Сол заманда жазылған хаттардың көшірмесі, араб әліпбиімен жазылған нұсқасы қоса берілген. Кітап өте сирек кездесетін құжаттардың молдығымен құнды. Тарихшы ғалымдарға, студенттер мен аспиранттарға таптырмас дерек көзі болып табылады. Сонымен қатар кітаптан өзге де қазақ сұлтандары мен батырларының хаттарымен танысуға мүмкіндік бар.

К.Қошым-Ноғай

«АБЫЛАЙ ХАН. ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚҰЖАТТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР» – Петропавл қ-ндағы «Астана» ЖШС баспасынан (2005) қазақ тілінде жарық көрген ғыл. басылым. Жинақты (көлемі 31,25 б.т.) құрастырып, қазақшаға аударған, деректердің қайнар көздерін, есім және геогр. көрсеткіштерін түзген – *З.С.Тайшыбай*. Құрастырушы Абылайдың өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен деректік материалдарды жинап, уақыт ретімен жүйелеп, тұңғыш рет мемл. тілде шығарған. Кітап құрастырушының «Алғы сөз орнына» деген түсініктемелік мақаласымен ашылады. Бұл жинақта әркілі басылымдарда бұрын жарияланған Абылай ханға қатысты құжаттық материалдар, бірақ кезінде қытымыр идеол. қысымға байланысты күзеліп қысқартылған, бұрмаланған та-

рихи шындықты қалпына келтіру мақсатымен дерек көздері мен құжаттар барынша іріктеліп, бұрынғы түпнұсқалық мәтініне сай толығымен берілген. 1718–81 ж. аралығындағы құжаттық материалдарды қамтитын жинақ абылайтанушы-зерттеушілерге, қазақ тарихына ден қойған қалың оқырмандарға арналған, таралымы 2000 дана. 2011 ж. құрастырушының мұрағаттардан жаңадан іздеп тапқан құжаттық материалдарымен толықтырылып, 2 томдық жинақ ретінде Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» баспасынан шығарылған. Бұл жинақта Абылай ханның жастық шағынан бастап өмірден өткеніне дейінгі қызметіне қатысты құжаттар (оның ішінде 250-ге тарта құжат түпнұсқадан аударылған) жиналып, уақыт ретімен жүйеленіп қазақ тілінде берілген.

С.Көбеева

АБЫЛАЙ ХАН СУРЕТІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕН ҚҰРЫЛҒАН АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ. Төрағасы – акад. Манаш Қозыбаев. Комиссия қорытындысында Мәскеудегі М.Герасимов атынд. антропол. ғыл.-зерттеу ин-тының зертханасында бас сүйек бойынша оның қайта қалпына келтіру жұмысы жүргізілгендігі айтылады. Нәтижесінде Абылай ханның нағыз өзіндік (объективті) скульптуралық портреті тұңғыш рет жасалды деп хабарлайды. Бұдан әрі құжатта былай делінген: «Ауызша және жазбаша жарияланған, сондай-ақ мұрағаттық деректерге қарағанда шындық кескін-келбетке жақыны – жазушы-суретші М.Айтбаев (1913–1945) салған сурет. Қазіргі басылымдарда жарияланып жүрген, жұрттың бәріне белгілі Абылай хан бейнесі (соның ішінде банкноттағы бейне) осы суреттің негізінде салынған. Адамның бет-бейнесін ғылыми түрде антропологиялық қайта қалпына келтіру – идентификациялаудың негізі болғандықтан, осы әдіспен жасалған Абылай ханның скульптуралық бюсті оның нақты портреті болып табылады».

Ф.Елеу

АБЫЛАЙ ХАН ТОЙЫ – 1991 ж. тамыздың 1-інен 4-іне дейін Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Көкшетауда өткен. Мерейтой бағдарламасы бойынша 2 тамыз күні қалалық мәдениет сарайында Абылай ханның өмірі мен қызметіне арналған ғыл.-теор. конференция өтті. Оған Қазақстан ҒА-ның ғалымдары, Көкшетау педин-тының оқытушылары және басқа облыстардан келген мамандар қатысты. «Торпедо» стадионында салтанатты мерейтойдың ашылу рәсімі өткізіліп, соңы ақындар айтысымен жалғасты. 3 тамызда таңертеңгілік Абылай алаңында ұлы ханға арналған ескерткіш-стелла ашылды. Ме-

рейтой 3–4 тамызда Щучье ауд-ндағы Мәдениет а-нда жалғасты. Онда театрландырылған көріністер, ақындар айтысы мен мерекелік концерт, «Алтыбақан» маңындағы ойын-сауық, көркем-өнерпаздар ұжымдарының өнері көрсетілді. Ипподромда ат спорты ойындары, балуан күрес өткізілді. Киіз үйлер жасау-жабдықтарының байқауы, сауда-саттық ұйымдастырылды. Салтанатты мерейтойға республика мен облыстың жауапты қызметкерлері М.Жолдасбеков, Ө.Бәйгелдиев, Ш.Құлмаханов, т.б. қатысты.

Р.Сейітова, М.Ементаев, Д.Шөрентаев

АБЫЛАЙ ХАН ТҰЛҒАСЫ ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА. *Шәкәрім Құдайбердіұлы* Абылай хан тұлғасының қазақ халқы тарихындағы орнын терең білген. Жалпы, Абылай хан тұлғасына хакім Абай және оның ақындық мектебі өкілдері де ерекше назар аударған. Абайдың айтуымен *Көкбай Жанатайұлы* осы тақырыпқа арнап эпикалық шығарма жазған. Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресінде» аталары Жошы хан мен оның баласы Тоқайтемір ханға қатысты тарихы аталып келеді де: «Абылай хан – сол Тоқайтемір нәсілі» деп пайымдайды. Бұдан әрі Төле бидің қолында өсуі, алғаш «Сабалақ» аталуы баяндалады. Шәкәрім жас Абылайдың батырлығын, ел бастар даралығын, топ бастар шешендігін де ел аузындағы аңыздар негізінде әңгімелейді. Бір соғыста «Абылай, Абылай» деп ұран салып барып, Шарышты өлтіріп, басын кесіп алғаны айтылады, Абылайдың хан болғаны 1735 жылдың маңайы болар деп жобалайды автор. Абылай аты Шәкәрімнің екі көркем шығармасында аталады. «Ескі ақындық» шығармасының бастауында Абылай аты аталады: «Мұны оқыған ұлдар, Үмбетей жырын сынаңдар, Байқап оқып әрбірін, Ақылға салып бір сырын, Не деп отыр, көр сырын, Абылайдың алдында, Салып отыр, көрдің бе, Басынан кешкен тағдырын, Сыртын ұқпа, мұны аңғар!». Елдік философиясын айтқан Үмбетей және оны хан Абылайдың алдында айтуы таным тереңдігін қажет етеді дегенді аңғартады. Сол арқылы тұтас халықтың тағдыры Абылай тұлғасымен ұштасып жатқанын көрсеткен.

Әдеб.: Т. Шаңбай. Шәкәрім. Энциклопедия, Семей. «Тенгри» баспасы, 2008, 28–30-бб.

З.Тайшыбай

«АБЫЛАЙ ХАН» ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ КЕШЕНІ – Бурабай ұлттық саябағында орналасқан мүсіндік-танымдық кешен, «Абылай хан алаңы» аталатын табиғи жәдігердің жанында, аумағы 288 шаршы метр. Авторы – Қоңыр Мұхамедиев. «А.х.» э.к. құрамында көркемдік тұрғыда үйлесім тапқан мүсіндер, экспозициялар қазақ даласында болған шайқастар мен батырлар кеңесін

АБЫЛАЙША



бейнелейді. Онда қазақ ханы Абылайдың Ресей, Қытай, Бұхар хандықтарының елшілерін қабылдауы көрініс тапқан. Тарихта Абылай хан бастаған «Шаңды жорық» деген атаумен қалған оқиға барысы мұражайдың бір қабырғасына безендірілген. Ортада ұлы мемлекет қайраткерінің қолбасшылығымен сап түзеген сарбаздардың бейнесі негізінде «Әскери кеңес» атты мүсіндік композиция сомдалған. Осы мүсіндік композицияны айнала орнатылған бағаналарда хан Абылайға қатысты деректер топтамасы жазылған. Кешенді «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы Президенттің Іс басқармасымен бірлесіп, 2009 жылдың қазан айында жүзеге асырған.

З.Тайшыбай

АБЫЛАЙША, А б ы л а й қ о с – киіз үйдің бір түрі. Қос керегесі болмайды, тіккенде уығы жерге қадалып, шаңыраққа шаншылады да, есігі киізбен жабылады. А. алыс жерге көшкенде не ұзақ жорыққа шыққанда қолданылған. Абылай хан әскерлерінің жортуыл кезіндегі киіз үйлері осындай болыпты. А. деп аталуы содан.

Б.Смағұлова

АБЫРӘЛІ БАТЫР (шын аты – Ә л і ; т.-ө.ж.б.) – Абылай хан дәуірінде арғын тайпасының қаракесек руынан шыққан батыр. Қалмақтардың Сарыарқаға басып кіріп, осында бейбіт өмір кешіп жатқан қазақтарға шабуыл жасаған; мал-жанына тиісіп, қатыгездік көрсеткен қалмақтардың қорлығына шыдамаған жергілікті ел қол жинап қалмақтарға қарсы күрес жүргізеді. Сол сұрапыл шайқаста қалмақтың батыры Абыр көк сүңгісін жоғары көтеріп, қазақтың жас ұлдарына сес көрсетіп шыға келеді. Қаракесек Қаратөке батырдың батасын алған орта бойлы жас Әлі батыр қалмақтың атақты батырына қарсы шауып, ұзақ арпалыстан кейін ол жеңіске жетеді, туған жерін жаудан аман алып қалған Әлі ел құрметіне бөленеді. Сол шақтағы шайқас өткен қатар тұрған екі таудың аты Абыр және Әлі аталып, кейін Абырәлі болып кетеді. Ел аузында жас қаһарман Әлі де Абырәлі батыр болып есте қалды.

Әдеб.: Қазақ батырлары, Астана, 2008.

Е.Түсін, Қ.Нұрпейісов

АГҮЙ (18 ғ.) – қытай ген., Іледегі іс басқарушы әкім. А. өз заманында қытай патшасы мен Абылай арасындағы байланысты үйлестіруші әрі дәнекер болған. Цин империясының билеушісі Цянь-Луннің Орта жүз қазақтарымен жасаған қарым-қатынастарына А. өз тұсынан шешуші пәрмен бергені сақталған құжаттардан байқалады. 1761–62 ж. А. қытай патшасының атынан әрекет етіп, еларалық мәселелерді шешуде дербестік таңытқан. 1761 ж. 19 ақпандағы қытай патшасының қазақ хандары Абылай мен Әбілмәмбетке жолдаған хатында Бөкенай бастаған қазақ елшілері мал

өрісіне Аягөзді береді деп барған көрінеді. Мұны сол хатта жазылған мына сөздерден байқауға болады: «Іледегі іс басқарушы, әкім Агүйден бұл сөзді анықтадым. Ол бұрын сіздердің Тарбағатайды сұрағандарыңызды айтады. Бірақ мен оны бермей, сіздерге шегарадан өтпеңіздер деп жарлық берген едім... Солай бола тұра адамдарыңыз бүлік шығарып, өсек өргізуге дейін барып отыр. Сондықтан Іледегі әкімге қазақтар шегарадан өтіп мал жаятын болса, қуып жіберіндер деп әмір еттім. Сендердің бұлай оспақтауларыңызға қарағанда, сол жерлерді дәмепіп отырған көмейлеріңіз көрініп тұр. Тамырымызды ұстап білгілеріңіз келеді-ау тегі», – деген ренішін де білдірген. Қытай патшасының 1761 ж. 19 наурызда шегара әскер басыларына берген жарлығында: «... қазақтар менің жарлығым бойынша дереу көшіпті. ... Хал сұрау тұрғысынан оларды сыйлау қажет. Менің жарлығымды Агүйге жеткізіндер: олар көшкен қазақ ауылдарының атын жазып алысын. Ілеге сауда-саттыққа келгендері болса сый берсін. Олар өздерінің жер шегін берік сақтап, шегарадан өтпейтін болсын. Қазақтарды кері қайтару үшін әлі де сыйлық беріп тұрындар», – деп ескерткен.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар жинағы, Петропавл, 2005, 314–15; 345–46-б.

Е.Түсін

АҒАСАҚ (18 ғ.) – жоңғар нояны. Ол Жоңғария талқандалғанда қытайлықтарға қарсылық көрсетпей аман қалған торғауыттың беделді адамының бірі болған. 1758 ж. 15 қаңтардағы Абылай сұлтанның И.И. Неплюев пен А.И. Тевкелевке «...Аман қалғандары торғауыттың ханы Әкім мен Ағасақтың балалары ғана. Маған Уши деген билеушіден келген елшілер хабарлағанындай, олар 7 мың түндік болса керек. Мұны сіздерге ақиқат түрінде хабарлаймын», – деп жазған хатында А-тың есімін атаған. Абылай сол хатының жалғасы ретінде «... Байымов командасының Бектемір бастаған башқұрттары Жобалай деген қазақтың 340 жылқысын ұрлап әкетіпті деп естіп, өзімізге жақын Бахметьевтен әлденеше мәрте көмек сұрадым. Сол жылқы әлі қайтарылған жоқ. Бізден қашқан қалмақтарды да қайтармайды, олар шоқынып кеткен дейді. Сондықтан біздің жылқыларды қайтаруға бұйрық беруіңізді сұраймын, тілі жоқ хайуандар шоқынбайтыны анық қой», – деп жергілікті орыс билеушісінің әділетсіздігін мысқылмен түйреп өтеді.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005, 246-б.

Қ.К.Нұрпейісов

АҒА СҰЛТАН – хандық ин-тты жойғаннан кейін Ресей үкіметінің қазақ даласын отарлауды одан әрі тереңдету мақсатымен құрған әкімш.-

терр. округті басқарушының лауазымы. Алғашында хан-төрелердің тұқымы сайланған. Кейіннен хан тұқымдарының ықпалын әлсірету үшін «Аға сұлтандарды сайлау хақындағы» жаңа ережелер жасалып, айрықша қабілетімен танылған «қараларды» да сайлауға рұқсат берілді. Ресей үкіметінің «Сібір қазақтары туралы жарғысында» (1822) мынадай әкімшілік бөліктер белгіленді: 50–70 үй – бір әкімшілік ауыл, 10–12 ауыл – бір болыс, 15–20 болыс – бір округ. А.с.-ды болыс басқарушылары үш жылға сайлады. Алғашқы ашылған (1824) Қарқаралы округінің (бұрынғы Бөкейхан иелігі) аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысұлы, Көкшетау округінің (бұрынғы Уәлихан иелігі) аға сұлтаны Ғұбайдолла (Абайділда) Уәлиханұлы болды. Шыңғыс Уәлиханұлы (Құсмұрын), Тезек төре (Ұлы жүз; соңғы үшеуі де Абылай ханның ұрпақтары), Ерден Сандыбаев (Атбасар), Бексұлтан Ағадаев (Аягөз), Әділ Бөкейханұлы (Кіші жүз), Шалғынбай Бірәліұлы (Қарқаралы), Мұса Шорманұлы (Баянауыл) т.б. белгілі а.с.-дар шықты. А.с.-ның басты міндеттері: Ресей билігін жүзеге асыру, алым-салық жинату, сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, «бүлікшілерді» басу т.б. Үш жылдан кейін ақсүйек А.с.-ға Ресей армиясының майоры шені және дворяндық атақ берілді. Қарадан шыққандары кіші офицерлік хорунжий шенімен шектелді. (мыс. Құнанбай Өскенбайұлы). А.с.-ның жылдық жалақысы 380 сом мөлшерінде белгіленді. Оларды халық дәстүрімен ақ киізге отырғызып көтерді. Бұл рәсім елдің әдетте арқа басы кеңіген, шаруасы түзелген тамыз айында жүзеге асырылды. Өздеріне қолайлы үміткерді өткізу үшін А.с. сайлауына орыс әкімшілігі ықпал жасап отырды. Отаршылдық билікті одан әрі күшейту мақсатындағы Николай I патшаның жаңа реформасына (19.5.1854) сай округ тарап, А.с. лауазымы жойылды. А.с.-дар ұрпақтары 1867–68 ж. реформа бойынша біршама жеңілдіктерге ие болды.

Әдеб.: Бекмаханов Е.Б., Казахстан в 20–40-е годы XIX в., А., 1947; Зиманов С.З., Политический строй Казахстана, А., 1960; Қасымбаев Ж., Старший султан Кунанбай Оскенбаев и его окружение, А., 1995.

Ж.Қасымбаев

АҒЫБАЙ БАТЫР, Ш ұ б ы р т п а л ы А ғ ы б а й (1802, Ұлытау өңірі – 1885, Балқаш көлінің жағасы, Тасарал қамалы) – Кенесары Қасымовтың Ресей отаршылығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Сарбаздары Абылай есімімен қатар А.б.-ды да ұранға айналдырған. 13 жасынан қолына қару алып, 1824 ж. Қарқаралы аймағында Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласты. А. б. бастаған қол 1826–49 ж. аралығында Ресей әскерлерімен бет-

пе-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Ресей империясының Қазақстандағы тірек орталықтары – Қарқаралы, Ақтау, Ақмола, Екатеринбург бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін Ырғыз, Тобыл өз-дері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жеңген. Қырғыз манабы Орманға қарсы соғыстарда ерекше ерлік көрсеткен. 1847 ж. Кенесары ханның Кекілік тауындағы қырғыздармен айқасында Наурызбай батырмен бірге дұшпан шебін бұзып өткен. Кенесары өлгеннен кейін де Ресей өктемдігіне қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төре қолы құрамында соғыс жүргізген. Кейінірек, 1849 жылға дейін Ресей өкіметінің қамалдарына өз бетінше шабуылдар жасаған. Өмірінің соңғы кезеңінде егіншілікпен, балық аулаумен айналысқан. Дүниеден қайтқан соң Ресей үкіметі оның мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кешеніне жерлеуге рұқсат етпей, Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен Тайатқан-Шұнақ деген жерінде жерленген. Кенесарының бас батыры А. б.-дың өмір жолы қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің шығармаларына арқау болған. 1914 ж. Есім төренің көмегімен Ә. Бөкейханов Қазан қ-нан «Қызыл қайнар Тектұрмас» деген кітабын шығарды. С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» деген роман жазған.

Әдеб.: А х м е т с ұ л т а н К е н е с а р ы ұ л ы, Кенесары және Сыздық сұлтандар, А., 1992.

Т.Рсаев

«АҒЫБАЙ БАТЫР» – тарихи жыр. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан белгілі батыр Ағыбай Қоңырбайұлының (1802–85) ерлік істерін баяндайды. Жырдың екі нұсқасы сақталған. Қарағандылық жыршы Тәужі Айнағасов жинаған «А.б.» жырында Кенесарының түркімен елінен бір тұлпар әкеп беру туралы өтінішін орындауға аттанған А.б.-дың сапар кезіндегі ерліктері баяндалады. Нұсқа толық емес, он бір буынды, қара өлеңмен жазылған. Жыр оқиға желісі, құрылысы, суреттеу тәсілі жағынан өте қызылдықты. Романтик. сарын басым. Ақын, халық ауыз әдебиетін жинаушы Нұрғали Бейсеновтен 1949 ж. жазып алған «А.б.» жырының 2-нұсқасы көркемдігі мен мазмұны жағынан құндырақ. Ағыбай нақтылы өмірде Ресей отаршыларына қарсы күрес жүргізсе, жырда қалмақпен соғысып, ерлік көрсетеді, даңқы бүкіл елге жайылған қолбасшы атанады. Бұл жыр да он бір буынды қара өлеңмен жазылған. Батыр ерлігі тарихи жыр шеңберінен асып, ертегі сарынымен бейнеленген, осы арқылы жырдың тарихи-әлеум. идеясы айқын байқалады. Ағыбай батырдың елін сыртқы жаудан қорғау жолындағы ерлік істері туралы осындай мазмұндағы басқа нұсқалар ҚР

АДАЙ

ҒА Орт. ғыл. кітапханасында және М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының қолжазбалар орт-нда сақтаулы. «А.б.» жырының Айнатасов жинаған нұсқасы «Ақжолтай Ағыбай батыр» жинағында (Жезқазған, 1992) жарияланған.

С.Қорабай

АДАЙ, **Сегіз арыс Адай** – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша Кіші жүздің байұлы тайпасынан таратылады. Ұраны – Бекет, таңбасы – жебе. А. руын құрайтын басты екі ата: Құдайке, Келімберді. Құдайкеден – Тәзіке, Қосай, Келімбердіден – Құнанорыс, Ақпан, Балықшы, Бұзау, Тобыш, Мұңал. Қазақ шежірелеріндегі Сегіз арыс Адай осы. А-дың қара шаңырағының иесі Мұңал болып есептеледі. Адай баба кенже немересі Мұңалдың қолында қайтыс болыпты. Атасының батасын алған осы ұрпақ сонау замандардан бері «Мұңал ошағын» сақтаушы саналады. «Мұңал ошағы» Қазықұрт тауының оңт-де осы кезге дейін сақтаулы деседі. Аты А-дың ұранына айналған әулие Бекет ата осы Мұңал тұқымынан. А. тайпасының ең көп тараған іргелі аталарының бірі – Қосай. Түркі қағанаты кезінде өмір сүрген Қосай есімі (Кошу) Күлтегін жазуында келтірілген. Түркі қағанатында адтар Елбөрі қыпшақтары деп аталды. Қырғыздың «Манасында» Ер Қосай – басты қаһарманның бірі. Орыстарда ол «Өлмейтін Кошей» есімімен белгілі болды. «Шайбани-намеде» (16 ғ.) А-дың құдайке мен келімберді руларының Қазақ хандығы құрамына кіргендігі жазылады. А. ұрпақтары тастан мазар салудың шебері. Олар шөлейт өңірде терең құдықтар (шыңыраулар) қазумен де аты шыққан. Маңғыстаудың оңт-ндегі шыңырау құдықтардың тереңдігі кейде 150–200 құлашқа дейін жетеді. Маңғыстау, Бейнеу, Қарақия ауд-ның малшылары Өтебалы, Бейнеубай, Қонысбай құдықшылар өткен замандарда қазып, мұқият шегендеген шыңыраулардың игілігін күні бүгінге дейін көріп отыр. А-дан атақты адамдар көп шыққан. Олар: Абыл, Ақтан, Аралбай Қашаған т.б. ақын-жыраулар, Әлиарыстан, Бәйімбет, Тілеген билер, Сүйінқара, Шабай, Ер Қармыс, Балуанияз, Амантұрлы, Қожалақ, Төлеп, Иса, Досан батырлар. А-лар сан рет патша жендеттеріне де, Кеңес өкіметінің де отарлау саясатына қарсы бой көтерді. Иса, Досан батырлар бастаған Маңғыстау қазақтарының көтерілісі болды. А-лар 1870–1873 ж. аралығында патша өкіметінің отарлау саясатына қарсы шықты. (2173 с пробелами)

Әдеб.: Шалабаев С., Өмірбаев Е., Сыдықов Қ., Маңғыстау, А., 1973; Тынышпаев М., История казахского народа, А.-А., 1993; Маңғыстау, Энциклопедия. А., 1997; Омаров М., Сариев І., Ойрандалған Адай даласы.

Ә.Сапарай



Б.Адамбаев

АДАМБАЕВ Балтабай Әбдірахманұлы (24.9.1919, Жамбыл обл. Сарысу ауд. Байқадам а. – 12.10.1990, Алматы қ.) – әдебиет зерттеушісі, фольклоршы, филол. ғыл. канд. (1962). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Жамбыл пед. уч-шесін (қазіргі Тараз қ., 1947), Қазақ мемл. ун-тін (қазіргі ҚазҰУ, 1951) бітірген. Қазақстан ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1957–1986) болды. «Қазақтың шешендік сөздері» (2006), т.б. зерттеу-еңбектері жарық көрді. Қазақ ауыз әдебиетін, оның ішінде халық даналығы – шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді зерттеумен шұғылданды. 20 ғ-дың 60–70 жылдары Орт. Қазақстанды аралап, жергілікті шежіреші, шешен Жәкеш Баймағамбетұлынан (Қарағанды обл. Ку ауд.), еңбек ардагері, карт жылқышы Дүйсенбек Бейсекұлынан (Ақмола обл. Қорғалжын ауд.), т.б. ел аузында сақталған Қазыбек бидің қанағты сөздерін, Бұқар жыраудың өлеңдері мен Абылай ханға қатысты тың мәліметтерді жазып алып, кезінде баспасөз беттерінде жариялаған әрі өзі құрастырған «Шешендік сөздер» (1967) мен «Ел аузынан» жинақтарына да енгізді. А. қазақтың шешендік сөздер туралы еңбектерінде Абылайдың жастық шағынан, есейіп ел басқару тізгінін қолға алған кезіне дейінгі өмірлік ұстанымын сипаттауда халық жадында сақталған аңыз-әңгімелерді ұтымды пайдаланады. А. өз еңбегінде уәжімен айтылар бір ауыз сөзге мән беруі арқылы Абылайдың шешендік өнерден де құралақан еместігін аңғартып өтеді. А-тың шешендік сөздердің тарихы, табиғаты, көркемдік ерекшеліктері туралы «Шешендік» (1969), «Халық даналығы» (1976), «Қазақтың шешендік өнері» (1984) деп аталатын моногр. зерттеу еңбектері шықты. I-дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталған.

Шығ.: Асыл қазына, А., 2009.

Д.Ысқақұлы, Е.Түсін

АЗАМАТ (18 ғ.) – Абылай ордасының хатшысы, молда, тілмаш. Абылай сұлтан оның тыңшылық әрекеттерін сезіп қалып, «қартайып қалған» деген сылтаумен Орынборға қайтарып жіберген.

Бұл туралы Абылай сұлтан Үй әскер шебінің командирі П.Роденге жазған хатының (22-қазан, 1759) соңын А-тың «орнына жарамды дұрыс адам жіберіңдер, әйелімен болса да келе берсін. Азамат молланы үйіне қайтардым. Абылай сұлтан, мөрімді бастым», – деп аяқтаған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005, 277–78-б.

Н.Көбеева

АЗАМАТ АЛТАЙ, шын аты-жөні Қ ұ д а й б е р г е н Х а с е н о в (1920, Ыстықкөл – ө.ж.б.) – кыргыз азаматы. Соғыс кезінде немістердің қолына түсіп, кейіннен АҚШ-қа барып тұрған. Америкаға Мұхтар Әуезов келгенде, қасына еріп, аудармашы болған. Әуезовті «Әке» деп атаған оған Әуезовтің ілтипаты тиіп, жоғары қызметке де тағайындалған. Кейін 1963 ж. Сайын Балмұханов АҚШ-қа барғанда онымен танысып, оған Мәжит Айтбаевтың «Абылай» поэмасы мен суреті шыққан кітабын берген.

«**АЗИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ЕРЕЖЕСІ**» – патша үкіметі өзінің отаршылдық саясатын одан әрі жүзеге асыру үшін шығарған заңдардың бірі. 1835 ж. 5 наурызда шыққан. Бұл заң бойынша Орск мен Троицк арасындағы шеп қазақ жерінің ішіне қарай көшірілетін болды. Осы істің жүзеге асырылуы былай көрсетілді: «1) екі шеп аралығындағы жерге тек казактар ғана орналастырылатын болсын; 2) жаңа шеп ауданына қоныстандыру біртіндеп жүргізілсін, оған жері нашар немесе жері тар казактар орналассын; 3) жаңа шепке көшірілетін Орынбор казактарына шеп бойымен 15 верстік жер бөлінсін; 4) ол жерлер түгелімен Орынбор казактарының мәңгі иелігіне берілсін; 5) екі шеп арасындағы артық қалған жерлер қазынаныкі деп есептелсін...; 6) екі шеп арасында қала тұрамын деген казактар жыл сайын белгілі бір мөлшерде ақша төлейді. Орынбор әскери губернаторының алдына оларды сол жерлерден біртіндеп қуып шығу мәселесі қойылсын» (И.И. Крафат. Сборник уза коненный о киргизских степных областях. Ч. 2. Орынбор, 1898, 169–171 б.). Сөйтіп, жаңа шеп ауданында казактар 4,5 млн. десятина жерінен айырылды.

Ғ.Сергазыұлы

АЗАТТЫҚ [парс. азат: ерікті, еркін] – қазақ ұғымында саяси еркіндік, тәуелсіздік (әлеум. бас бостандығы немесе тәуелділіктен құтылу). **С а я с и е р к і н д і к т і** білдіретін А. ұғымы – азаматтардың өз саяси мақсат-мүдделеріне сәйкес әрекет етіп, әлеум.-саяси және мемл. әр түрлі мәселелер жөніндегі өз көзқарастарын білдіруге, ұстанымдарын қорғауға; саяси оқиғаларға, барлық үлкенді-кішілі үкімет органдарының саяси қызметіне баға беруге; мемл. және жергілікті өкілетті органдарға сайлауға және сайлануға ерікті болуға кепілдік беретін шарттармен белгілен-

ген заңды құқығын танытады. **Т ә у е л с і з д і к т і** білдіретін А. ұғымы – тарихи көне дәуірлерден бері көбіне қантөгістер арқылы жүзеге асып келген халықтық асыл мұрат. Абылай бастаған халық батырлары бастарын өлімге тігіп, өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жанқиярлық күрестер жүргізді. Қазақ халқы Ресейге 18 ғ-дың 30-жылдарынан бастап бодан болып, одан кейін А. алу үшін қан төгіп, азап шеккені де тарихтан белгілі. А-тан айырылу – адамның да, халықтың да табиғи болмысына кереғар құбылыс. Азат халық қана әлеум.-экон. және мәдени даму жолына түсіп, тарих сахнасында қала алады.

Ә.Асан

АЗУЧАНОВ Байтон (18 ғ.) – Ертіс бойы, Железин бекінісі маңындағы қазақтың ел ағаларының бірі. 1760 жылдың маусымында Абылайдың немере ағасы Сұлтанмәметке Ресей императоры Елизавета Петровнаң атынан жазылған хатта А-тың есімі Әлімбет батырдың және Арыстан батырдың есімдерімен қатар аталады; осыған қарағанда А. Абылай дәуірінде қазақ елінің беделді адамдарының бірі болғанға ұқсайды.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты материалдар, Петропавл, 2005, 291-б.

АЗЫНАБАЕВТАР – 19 ғ-дың 1-жартысында Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан ағайынды Тайжан (1802–39 ж.ш.) мен Сейтен (1800–40 ж.ш.) батырлар. Олар – Баянауланың 10–15 мыңдай жылқы біткен әйгілі байы Ақмырзаұлы Азынабайдың балалары. Тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов: «Кенесары Қасымовтың қарулы көтерілісіне алғашқылардың бірі болып, өзінің қаржастарымен келіп қосылған, аталмыш округ казактарының көтерілісін ұйымдастырушы, Кенесарының жақын серіктерінің бірі болған осы Сейтен Азынабаев еді. Сейтен дүниеге көзқарасы кең адам болған. Ол патша отарлаушылары қазақтың шұрайлы жерлері мен шабындықтарын қалай тартып алғандарының куәсі болған және отарлаушылар ызбары өз арқасына да ызғар болып батқан адам», – дейді. 1839 ж. Сейтен Ресей империясының жазалаушы отрядтарымен қоян-қолтық шайқас үстінде қолға түседі. Сол жылдың 8 желтоқсанында Сейтенді Сібір каторгасына жіберу жөнінде үкім шыққаннан кейін ол сол кеткеннен елге оралмаған. 1837 ж. Баянауыл сыртқы округінде болған сайлауда Тайжан дуандағы 2 қазақ қазының бірі болып сайланады. Кенесары Қасымов көтерілісі басталғанда, ол оны жақтаушыларының бірі болып белсенділік танытады. Ел арасында үгіт жүргізіп, көтерілісті қолдауға шақырады. 1839 ж. ұсталынып Ақмола қ-нда атылып, бала-шағасы Сібірге жер аударылады.

АЙБАЛТА

Әдеб.: Баянаула перзенттері, 1-кітап, Павлодар, 2008, 53-б.

АЙБАЛТА – соғыс қаруы. А-ны көшпелі халықтар өте ерте заманнан қолдана бастаған. Қазақтар бұл қару түрін 20 ғ-ға дейін пайдаланып келді. А-ның басы металдан соғылады, пішіні әртүрлі болып келеді. Балта басының – жалманының жарты ай сияқты болып дөңгелене соғылуы А. атауына негіз болған. Көне көшпелі халықтардың А-лары екі басты немесе балта басының шүйдесі ұзынша келген балға пішінді, әйтпесе істік түрінде болып келген. Шүйдесі балға түрін-



Айбалта түрлері

де, бірақ қысқа жасалған А. бастары қазақтарда да кездеседі. Қазақ А-сының басына күмістен ою-өрнек салынады. Ерте замандарда А. басына салынған ою-өрнек магиялық рөл атқарған. А-ның сабы ағаштан жасалып, кейде терімен қапталады, металл жапсырмалармен әшекейленеді. Кейбір балта саптары түгелдей терімен, күміспен қапталуы да мүмкін. Қолға ұстау үшін саптың төменгі жағына қайыстан бүлдіргі тағылады. Қазақтар ұстанған А. саптарының ұз. негізінен 70-90 см аралығында. Мұражай қорларындағы кейбір қазақ А-сының сабы бұдан да қысқа, ал ұзын сапты А-ның үлгілері сақталмаған. Жауынгерлер А-ны белге байлап, жорыққа шыққанда тебінгінің астына қыстырып алып жүрген.

Қ.Ахметжан

АЙБИКЕ (т.ө.ж.б.) – Абылай ханның жау тылындағы барлаушыларының басшысы. Қоластына бірнеше барлаушы ұстаған және ұзақ жылдар «қолға түскен тұтқын күн» түрінде хан ордасында күтуші болған. Зайыбы – белгілі Бұланбай батыр. Тарбағатай мен Алтайдағы, Емілдегі жаудың күшін және олардың орналасқан жері туралы Абылай хан, Қабанбай, Бөгембай бастаған қазақ елінің басшыларына құпия хабар жеткізіп тұрған. А. алғыр ойлы, ержүрек қыз болған. Қалмақ тілін жетік білген. Тарбағатай мен Алтай тауы өңірінде, Зайсан, Марқакөл алабында күндіз де, түнде де, тұманды, боранды күндерде де адаспай жүре беретін «жер шолғыштығымен» аты шыққан. Жоңғар мемлекеті құлағаннан кейін 1757–58 ж. шамасында ата мекеніне оралған.

Ә.Хасенов

«АЙБЫН» – журнал. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің органы болып табылатын бұл әскери, патриоттық журнал 2007 жылдың 7 шілдесінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген. ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырыстары бойынша жұмыс істейді. Қазақ және орыс тілдерінде шығатын журналда мемлекетіміз бен ел армиясында болып жатқан жаңалықтар, оқиғалар жарияланып, әскер қатарындағы азаматтарды отаншылдық, патриоттық бағытта тәрбиелеуге үлес қосады. Сонымен қатар журналда әскерилердің бүгінгі хал-ахуалы, әлеум. жағдайлары, мәдени өмірлері, әскери дайындықтары кеңінен жарияланып тұрады. Әскери-ғыл. техникадағы жаңалықтар да журналдың назарынан тыс қалмайды. Бұрынғы өткен бабалар тарихы, әскери жолдары жас сарбаздарға насихатталып отырады. Өзге де елдерде өткізіліп жатқан әскери жаттығулармен, жетістіктерімен отандық сарбаздарды таныстырып отыру журналдың дәстүріне айналған. А–4 форматымен шығатын «А.» журналының көлемі 40 беттен тұрады. Басылымның бүгінгі таңдағы бас редакторы – Ерғазы Әсембеков. Журналда Ж.Сыдықбайдың «Абылай хан ғана емес, күйші де болған», Б.Иманғалиұлының «Абылайдың ақ туы» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

АЙҒАНЫМ Сарғалдаққызы (1783, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Сырымбет – 19.11.1853, сонда) – Шоқан Уәлихановтың әжесі, Абылай ханның ұлы Уәлидің кіші әйелі. Патша өкіметі Орта жүздегі хан өкіметін таратқанда, Уәлиханнның барлық мұрасы балаларының бөлісіне түсті. Хан ордасы – «Ханның қызыл ағашы» – үлкен ұлы Ғұбайдолла ұрпақтарына, Сырымбет – кіші әйелі А-нан туған балалардың иелігіне қалды. Уәли өлген жылы Шоқанның әкесі Шыңғыс 10 жаста болатын. Әкенің барлық мұрасы ғұрып бойын-

ша үлкен ұлы Ғұбайдоллаға өтуге тиіс еді. Бірақ Ғұбайдолла саяси жағдайларға байланысты әке мұрасына ие бола алмады. Ол ұзақ уақыт айдауда жүріп, қаза тапты. Сондықтан Уәли әулетіндегі ел басқару ісі оның жесірі А-ның қолына тиді. А. өз заманының алдыңғы қатарлы адамы болды, бірнеше шығыс тілдерін меңгерді. Петербургтегі Сібір к-тімен, Ресей Сыртқы істер мин-лігінің Азия департаментімен хат жазысып тұрды. Сібір қазақтарының жарғысы қабылданғаннан кейін, Солт. Қазақстандағы көптеген мәселелерге оның ықпалы тиді. А-ның өз халқы алдындағы айрықша беделін түсінген патша өкіметі қазақтарға қатысты көптеген істерді шешуде ол кісімен ақылдасып отырған. Александр І патша А-ның өтінішін орындап, Сырымбетте қыстау салдырып берген. Қыстау сыртынан ағаш қорғанмен қоршалған. Қорған ішінде үлкен үй, мешіт, қонақ үй, үлкен 5 бөлмелі мектеп үйі, монша, диірмен, керме, сарай т.б. болған. 1828 ж. Қызылжарда А. Батыс Сібірді тексеруге келген Сенат өкілдері В. К. Безродный және Б. А. Куракинмен кездесіп, оларға халықтың мұң-мұқтажы жазылған хат тапсырды. А. өз ұлы Шыңғысты Омбыдағы әскери уч-щеге оқуға берді. 12 жасар Шоқанды да, шешесі Зейнептің қарсы болғанына қарамай, Омбы қ-на оқуға жіберді. Шоқанның болашақта үлкен ғалым болып қалыптасуына әжесі А-ның әсері көп болған.

Ж.Қасымбаев

АЙДАБОЛ – Орта жүздің Арғын тайпасының Сүйіндік руының бір тармағы. 19 ғ-да Павлодар обл. Баянауыл, Далба және Қызылтау жерлерін мекендеген. Жазғы жайлауы Көкшетау уезінің солт. жағында, Торайғыр к-нің маңында болды. А. Жанқозы, Малқозы, Аққозы, Қарақозы, Бозқозы, Тайкелтір, Қожақелді мен Қошөтер ата-ларын құрайды. А-дан туған жері мен елін жаудан қорғаған, есімі елге танылған атақты батырлар шыққан. Мыс., Жәуке, Мамыт, Ерәлі, Тастен, Абылай ханның сенімді серігі Олжабай, Сары, Толыбай, Құлжабай, Жалаңтөс және т.б. **АЙДАБОЛ** Сүйіндікұлы (т.-ө.ж.б.) – би, шешен. Ташкент қ. маңында туып-өскен. «А.би айтқан екен» деген ғибратты сөздер ел аузында нақыл болып қалған. Алысты болжап, адамгершілікті жоғары ұстаған ол дүниеқор, қиянатшыларды аяусыз әшкерелеген. Әділдігі сондай, бір дауда «төрелігім дұрыс болмаса, ұлым Тайгелтірді ат құйрығына салып өлтіремін» деп ант ішкені туралы аңыз сақталған. Арғын тайпасының ішіндегі Сүйіндік руының бір атасы А. би атымен аталады. Көкшетау өңіріндегі Айдабол көлі, Айдабол кенті, т.б. атаулар би есімімен байланысты туған. А-дың ұрпақтарынан, әсіресе, «А-дың бес қозысының» бірі – Жанқозыдан: Тайкелтір

би, Қошөтер (Қосөтер) мерген, Абылайдың ту ұстаушы батырларының бірі – Олжабай батыр, Секербай би, Боштай (Поштай) Тұрсынбайұлы, әкелі-балалы Едіге мен Шоң билер, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, т.б. әйгілі адамдар шыққан.

Әдеб.: Ш о р м а н о в С., Ескі һәм жаңа билер, «Қазақ», 1914, 23 сәуір; *С е й ф у л л и н С.,* Қазақ әдебиеті. Билер дәуірінің әдебиеті, 1-кіт., Қ.-о., 1932.

Б.Сүлейменов

АЙДАУЫЛ – қолға түскен тұтқынды бір жерден екінші жерге апарушы қарулы күзет әскері. Хан маңайындағы арнаулы қолдың бір бөлігін А. деп атаған. «Айдауылдың алдына түспе, аламанның талауына түспе» деген мақал олардың қаталдығынан туған.

Қ.Исабаев

«АЙҚАП» – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911–15 ж. Троицк қ-нда айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Алғашқы редакторы – М.Сералин. «А.» қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінің оянуы мен ұлттық мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. «А.» журналында қазақ ауылындағы оқу-ағарту мәселеесі, әйел теңдігі, отырықшылық тұрмысқа көшу, тарихи т.б. тақырыптар мен мемл. Думаға қатысу сияқты саяси мәселелер де көтерілді. 1912 жылғы №6–7-сандарында Азамат Алашұлы деген бүркеншік атпен М.Дулатовтың «Абылай хан» атты мақаласы жарияланған. «А.» журналының материалдарын 1995 ж. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы жеке кітап етіп шығарды.

Б.Жақып

«АЙҚЫН» – газет. Республикалық-қоғамдық саяси газеттің алғашқы саны 2004 ж. 6 наурызда жарық көрген. «А.-ға» дейін аптасына бес рет шығатын қазақтілді газет тек «Егемен Қазақстан» ғана болды. «А.» аз уақытта-ақ өз бет-бейнесі мен нақты орнын иеленді. Қазақстан Журналистика академиясының «Алтын Жұлдыз» сыйлығын, 2005 ж. Президенттік сыйлықты алған, 2006 ж. «Қазақ тіліндегі ең үздік республикалық газет» атанды. «Айқынның» алғашқы бас редакторы – Серік Жанболат. Газетте белгілі журналист, ғалым-проф. Бауыржан Омаров та бас редактор қызметін атқарды. 2009 ж. «А.» газеті «Нұр-медиа» холдингінің құрамына кірді. Қазіргі бас редакторы – Нұртөре Жүсіп. Газетте Т.Тәшеновтың ғалым З.Тайшыбаймен жүргізген «Абылай ханды аңыздан арашалап алдым» атты сұхбаты, Е.Ахметтің «Айбынды Абылай хан», Г.Айтжанбайқызының Туркиядағы Қазақстан елшісі қызметін атқаратын Бейбіт Исабаевпен жүргізген «Абылай, Кенесары хандар заманын терең зерттеп, назар аударған кісіге «дала дипломатиясы»

АЙМАУЫТ

үлкен сабақ» атты сұхбаты және басқа да материалдар жарияланған.

К.Қошым-Ноғай

АЙМАУЫТ – асыл болаттан соғылған, ұсақ шынжыр торлы сауыт, батырлардың ұрысқа киетін киімі. Соғылуы қиын болғандықтан өте қымбат бағаланып, кез келген батырдың қолына түсе бермеген. А-тың шынжыр торы денеге батпас үшін ішінен киіз кебенек киеді.

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Қызылтау атырабы – 1931, Мәскеу қ.) – жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. А. жастайынан арабша хат тану, оқу үстіне ағаш шеберлігі, темір ұсталығы өнерін қатар үйренген. 15–16 жасында Павлодарға барып, орысша-қазақша екі класты мектепке түседі. Бір жағынан, бала оқытып, қаражат таба жүріп, оқуын 1914 ж. бітіреді де, Семейдегі оқытушылар семинариясына түседі. Оны 1918 ж. аяқтайды. А. 1911–14 ж. ауылда мұғалім, 1919–22 ж. Респ. Халық ағарту комиссариатында алқа мүше-



Ж.Аймауытов

сі, Семей губ. оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы. 1922–24 ж. Қарқаралыда мұғалім, 1924–26 ж. «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер (Ташкент), 1926–29 ж. Шымкент пед. техникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде қамалып, 1931 ж. атылды. Әлеум. төңкеріс заманында өмір сүрген А. өзінің қысқа ғұмырында артына аса бай көркем әдеби, ғыл. мұра қалдырды. Пед., психол., әдістемелік, эстетик. тәрбие туралы зерттеулер жазды; әдебиет, эстетика, сын саласына араласты; сан алуан публицист. мақалалар жазды; «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқу жолдары», «Мағжанның ақындығы туралы», т.б. ғыл. еңбектері оның жазушылық, ғалымдық-зерттеушілік қабілет-дарының кең тыныстылығын аңғартады. 1918–19 ж. М.О.Әуезовпен бірге Семейде «Абай» журналын шығарып, «Екеу» деген бүркеншік атпен,

Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, №2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, №3) деген мақалалар жазды. А. пед. оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақтың жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Оның пед., психол. және әдістеме саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926), т.б. бұл бағыттағы ғылымның бастауында тұрған ірі ғыл. еңбектер.

Р.Нұрғалиев

АЙТБАЙ Төлеулы (шамамен 1720–90) – қазақ батыры, мемлекет қайраткері. Үйсін Төле бидің баласы, Абылай ханның замандасы. Әкесі Төле бидің ел басқару ісінде басты көмекшілерінің бірі болған. 1739–40 ж. Ташкент уәлаятына Ресей және Қытай елшілері келгенде хандық атақ Жолбарыста болғанымен, қаланы Төле би билейтін. А. Ташкент уәлаяты әскерлерінің аға батыры болған. 1740–50 жылдардағы қазақ-жоңғар, қазақ-қоқан, қазақ-бұхар, қазақ-хиуа қақтығыстарының бел ортасында жүрді. Ресей, Қытай билеушілерінің басқыншылық әрекеттеріне қарсы күресті, елшілік жұмыстармен айналысты.

Әдеб.: Хасенов Ә., Қазақ тарихының 5 мыңжылдық баяны, А., 1996.

Ә.Хасенов

АЙТБАЙҰЛЫ Мәжит, Қ о б ы з ш ы Қ о р қ ы т (1914, Қызылорда обл. – 1945, Германия, Дрезден қ.) – ақын. Қазақ пед. ин-тын бітірген. 1937–39 ж. Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, студенттер даярлау курсының бастығы, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда обл. бойынша өкілі қызметтерін атқарған. Өлең, әңгімелері мерзімдік баспасөздерде, жинақтарда жарияланып тұрған. Көркем аудармамен айналысқан. 1939 ж. А. әскерге алынып, батыс шекарада қызмет атқарды. 1941 ж. тұтқынға түседі. «Түркістан ұлттық бірлік комитетіне» мүше болып «Жаңа Түркістан», «Милли Түркістан» газеттерін шығарысқан, «Милли әдебиет» альманағының бас редакторы болған. 1943 ж. Берлинде «Абылайхан» атты өлеңдер жинағы шықты. Оған екі дастан, үш баллада, төрт ән, 41 өлеңі енген. Шығармаларын Қобызшы Қорқыт деген бүркеншік атпен жазған. Шерлі ақын Қорқыт болып күңіренеді. Алтайды, Арканы, Сырды сағынады, Тұранды, Түркістанды іздейді, туған жерге тәуелсіздік туын тігуді армандайды. Ақынның басқа да жинағы болған деген пікір бар. «Жырлайын Алтай Алтай баурайында» дейтін өлеңінде күйікпен өткен күндеріне өкінеді де, түбі Алтай Алтай баурайында жыр төксем, соның бәрінің орны толады деп өзін-өзі жұбата-

ды. А. 1945 ж. Дрезден қ-нда бомба жарылысынан дүние салды. «Абылайхан» жинағындағы өлеңінің бәрі, «Милли Түркістан», «Милли әдебиеттен» табылған 30 шақты жыры 1991–95 ж. Қазақстанда жарияланды.

У.Қыдырханұлы

АЙТУҒАН Шаманұлы (т.-ө.ж.б.) – жоңғарларға қарсы азаттық соғысының батыры. Тарихқа белгілі Киікбай шешеннің әкесі. А. 1726–59 ж. Шығыстан жойқын шабуылдар жасап, қазақтың көп жерін тартып алып, елді азалы еткен жоңғар басқыншыларына қарсы және 1759–71 ж. Еділ-Жайық бойларын, сол екі өзеннің аралығындағы Самар даласын Еділдің батысындағы қалмақ шапқыншыларынан тазарту жолындағы азаттық соғыстарына қатысқан. Майданда көрсеткен ерліктері үшін әуелі жүзбасы-батыр, кейін мыңбасы-сардар атағын алған халық қаһармандарының бірі. А. батыр балаларын медресеге беріп оқытып, білім алуына көп көңіл бөлген.

Әдеб.: «Қазақ батырлары», №12, 2000, 6-б.

Қ.Биғожаұлы, Қ.Сұрағанұлы, Қ.Мұқанұлы
АЙТУҒАНҰЛЫ Киікбай (1748, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Баянауыл шаруа қожалығы орналасқан қоныстағы Маса к. маңы – 1842, сонда) – 18 ғ-дың екінші жартысы мен 19 ғ-дың бірінші жартысында ел қорғаған батыр, от ауызды, орақ тілді шешен, әрі емші, сынықшы, ғұлама, мерген, көреген, би болған адам. Оның бойындағы қасиеттер замандастары Салғара, Жанақ, Баһрам, Көшен ақындардың өлеңдері мен дастандарында суреттелген. Сырт елдер оны Керей Киікбай би деп атайды. Киікбай өз ауылындағы молладан хат танып, әрі қарай медреседе оқиды. Оны жақсы тамамдап, араб, парсы, көне түрік тілдерін үйреніп, терең діни білім алған. Бұдан кейін Самарқанд Медресесін бітіріп, еліне келіп, ұстаз молдалық қызмет атқарады. 1773–77 ж. Батыс Сібір мұсылмандарының өздерінің ата қоныстарын сақтап қалу үшін, жер-суларын себепсіз тартып алып, қыстау, күздік, көктеулерін жылдан-жылға тарылтумен келген Ресей патша өкіметі отаршылдарына қарсы бағытталған Шақшақ, Сартай Көшенұлдары бастаған халық-азаттық қозғалысына белсене араласады. Майданда жараланған сарбаздарды емдеп жазып, қатарға қосуда елеулі еңбек еткен. Киікбай туралы академик-жазушы С.Мұқановтың «Менің мектептерім» атты өмірбаяндық шығармасында, драматург-жазушы Н. Әбуталиевтің «Шоқ жұлдыз» әдеби-тарихи зерттеу еңбегінде, әнші-ақын Игібай Әлібайұлының «Керей Киікбайдың шешендігі» атты мақаласында да айтылған. Киікбай шешен туралы деректерді Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд-ндағы Архангелька а-нда тұратын

шежіреші Балғожа Кенжеғозыұлынан (1956 ж.) және Қызылжар мешітінің имамы Мұхаммеджан Меңдіханұлынан (1960 ж.) ауыз әдебиетін зерттеушілер Қаратай Биғожаұлы, Қазжан Сұрағанұлы, Қайролла Мұқанұлы жазып алған.

Әдеб.: «Қазақ батырлары», №12, 2000, 6-б.

С.Ғұсманқызы

АЙТЫС – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. А. – синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. А-та осыған орай лирик., эпик., драм. сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі әсер-ықпал жасап отырған. Батыр және лиро-эпос жырларына да әсерін тигізіп, өзі де арнасы кең мол салаға айналған. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөлісіп келген А. халқымыздың сан алуан ойын-той, әр түрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтайтын театры іспеттес болған. Жұрт көпшілік алдында сөз сайысына түскен екі ақынның жеңіске жету жолындағы тапқырлықтары мен алғырлықтарына куә болып, солардың біреуінің намысын жыртып, тілеуін тілейтін жанкүйеріне айналады. Бұған айтыстың сауықшылдық, эстетик. ләззат беретін сипаттары да айтарлықтай қызмет атқарады. «Аттың жалы, түйенің қомында» дегендей көп дайындықты керек етпейтін А. кез келген жерде өте береді де, мұның тыңдаушысы да, бағасын беріп төрелік айтушысы да халық немесе қадірлі ел ақсақалдары болады. Айтыстың дәстүрлі өнерге айналуына көшпелі өмір салты тікелей әсер еткені байқалады. Көшпелі елде шілдехана, ойын-тойға ерекше мән беріліп, қонақ кәдеден бастап, кішігірім ауыл айтыстары да өтіп отырған. Бұлар ертеңгі көрнекті А-қа бастайтын дайындық тәрізді бүкілхалықтық сипат алған. Бір де бір үлкен жиын, ас-той ақындар айтысынсыз өтпейтін болды. Бұл дәстүр айтыстың сан алуан мазмұнды, мол ауқымды жанрға ұласуына қолайлы жағдай жасады. 20 ғ-дың 40-жылдарынан Қазақстанда халық ақындарының А-тары өткізіле бастады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ақындар А-ы қайта жанданып, жүйелі түрде өткізіледі, оған республиканың әр түпкірінен келген дүлділ ақындар сайысқа түсіп отырған. 1991 ж. Көкшетау қ-нда Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай респ. ақындар А-ы өткен.

М.Жармұхамедұлы

АЙШУАҚ (1720–1810) – хан, Кіші жүзді билеген (16.10.1797–1805). Әбілқайыр ханның баласы. Нұралы ханның тұсында Жетіруға билік жүргізді. 1748–49 ж. қазақ шонжарларының төрт бала-

АКСАКОВ

сымен бірге (інісі Қожахметті алмастырып) Жанманқалада (Орскіде) аманатта болды. Апақ және Жантөре деген балалары Сырым батыр бастаған қозғалысқа белсене қатысуына байланысты 1785 ж. атаман Донсков А-ты тұтқынға алып, екі жылдай қамауда ұстады. Кейін Сырым батыр және Ералы сұлтандардың араласуымен тұтқыннан босанады. 1797 ж. 8 тамызда ашылған Кіші



Айшуақ ханның мөрі

жүздегі Хан кеңесіне төрағалық етті. Бұл кеңеске шекті сары Шонай би, сықылар Сұлтанбек, алаша Шақшақ, табын Көшекбай, кердері Бітік мырза және патша үкіметінің өкілі мүфти М.Хұсайынов мүше болған. Кеңестің жұмысына, негізінен, Хұсайынов ықпал еткенімен, А. Орынбор әкімш. мен Сырымның арасын бітістіру, ел ішінде тыныштық орнату бағытында елеулі жұмыстар атқарды. Жасының ұлғаюына байланысты 1805 ж. өз өтінішімен хандықтан босатылды. Ресейдің Екатерина II патшайымының таққа отыруына байланысты 1762 ж. 28 маусымда Кіші жүздің Нұралы ханы мен оның інілері Ералы мен А. сұлтанға және Орта жүздің сұлтаны Абылайға грамоталар жіберілген. 1771 ж. қаңтар айының басында Сағыз өз. бойында А. ағасы Нұралы ханның қолдауымен Еділ қалмақтарына күйрете соққы берген, ал қалмақтармен болған ақырғы шайқаста Абылай қолбасшылық жасаған.

Ж.Қасымбаев, Н.Ақбаев

АКСАКОВ Мансұр (18 ғ.) – тілмаш. Ұлты татар А. Орынбор әкімш.-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі қызметкері болған. 1773 жылдың күзінде Орта жүзге тыңшылыққа барып қайтқан. Ол сол жолы Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан босап келгені туралы хабарлаған: «Абылайдан келген кісілердің айтуы бойынша, Абылай жоңғарлардан үлкен құрметпен босаған. Оған алтын оқамен зерленген отау үйі, оқалы шапан, жи-

налмалы темір шатыр, темір сауыт т.б. беріп аттандырған. Мұндай сый-сыяпат Абылайға қазақпен жоңғардың келешекте тату тұруы үшін көрсетілген. Жоңғарлар өз тарапынан бұдан былай қазақтарға тиіспейді. Ал, Абылайдың жанындағы елшілер генералға жолығуға келе жатырмыс. Нендей мақсатпен жолығатынын Абылай жіберген адамдар білмейтін көрінеді», – деген ой-топшылауларын білдірген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005, 135–36-б.

З.Тайшыбай, А.Көбеев

АҚБАНТАЙ БАТЫР (шамамен 1691–1780) – қазақ-қалмақ соғысына қатысқан аға батыр. «Ер Қабанбай» жырының бірнеше нұсқасында Қабанбай батырдың жақын досы ретінде аталады. Хан жарлығы жетісімен бура руынан жиналған 10 мың жасақпен қалмаққа қарсы өз бетінше жорыққа аттана беретін болған. А. б-ды халық көзсіз ер, аңғал, салқам батыр бейнесінде есте қалдырған. Әбілмәмбет, Абылай хандармен, Қабанбай, Бөгенбай батырлармен бірге 1743–50 ж. болған Шорға, Қандысу, Айдынсу, Алқабек, Білезік шайқастарына қатысқан.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVII–XVIII в., Сб. докум., А.-А., 1961.

Ә.Хасенов

АҚБОТА (18 ғ.) – Абылайдың жаушысы. А-ның тегі арғын тайпасының атығай руындағы бабасан атасынан. «Таяуда Құлыбек батырға Бабасан болысынан Ақбота деген қазақ келіп, Абылайдың жарлығын хабарлапты Оның айтуынша, Абылай бекініс маңайындағы қазақтарға тапсырма беріп, орыс әскерлерінен жасырын түрде қорғасын, тұтанғыш күкірт сатып алуды жүктепті. Абылай өзінің Әділ деген ұлына хат жазып, ташкенттіктерден оқ-дәрі сатып алуды тапсырыпты. Бұл оқ-дәрі Абылайға қырғыздармен соғысу үшін керек болыпты-мыс», – деп кәсіби барлаушы-тыңшы О.Абдуловтың жіберген құпия хабары негізінде Петропавл бекінісінің коменданты, әскери бригадир С.В.Сумароков 1778 ж. 9 қаңтарда ген.-майор М.В.Огаревке мәлімхатын жазған. Сумароков мәлімхатында өз тарапынан шекара шебінен өтіп жүрген қазақтар мен Түркістан саудагерлерінің, татарлардың жүктерін мұқият тексеріп отыруына шекара бойындағы командирлерге бұйрық бергенін, әсіресе, қазақтар мен өз арасындағы сенімсіз адамдарды бақылауға алғанын да айтады. Мәлімхатта Абылайдың жаушысының есімін атауынан сол кездегі А-ның атқарған ісіне Сумароковтың ерекше мән бергені байқалады.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005, 419-б.;



Т а й ш ы б а й З.С., Қазақтың ханы – Абылай, 2-т., А., 2011, 349-б.

З.Тайшыбай, Н.Көбеева

«АҚ ЖОЛ» – газет. Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының және мәдени-ағарту ісінің дамуына ықпал еткен бұл басылым 1920–25 ж. Ташкентте Түркістан Компартиясы ОК мен Түрік АКСР-і ОАК-нің органы, 1925–26 ж. Шымкентте БК(б)П Сырдария губкомының органы ретінде жарық көрді. Алғашқы редакторы – С.Қожанов. Кейін газетті шығарушы, редакторлардың ішінде Н.Төрешұлов, С.Оспанов, И.Тоқтыбаев т.б. болды. Оның жұмысына М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, І.Жансүгіров, А.Байтұрсынов, Б.Сүлеев, Т.Шонанов т.б. қазақ зиялыларының үлкен шоғыры араласқан. Басылым беттерінде Алаш қозғалысының қайраткерлері қазақ халқының мүддесіне қатысты тақырыптарды қозғап, құнды мақалалар жариялады. Газеттің саяси-идеялық бағыты құрылтайшыларына ұнамады. Оның жұмысына көп кедергілер жасалды. Коммунистер «қызыл» деген сөзі бар атауды алмай, газеттің «А.» атауының өзінен күдікті мән іздеді. Осыған орай С.Қожанов «Ақ жол» біздің ақ батамыз, ақ жүрегіміз, ақ көңіліміз екенін қазақ-қырғыз жұрты ақылымен біліп, жүрегімен сезеді» деп жазды (1921, №115, 7 желтоқсан). 29.05.1925 ж. И.В.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік к-тіне жолдаған «Қазақ баспасөзі туралы» хатында «А.» мен «ақгвардияшыл эмигрант» М.Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазып, партияда жоқ интеллигенттерді коммунистік басылымға жолатпауды талап етті. Сталиннің хаты ескі интеллигенцияны қуғындауға жол ашып, 20-жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда жарық көрген ұлттық басылымдарға үлкен соққы болып тиді және жариялылық пен демократиялық атаулыны өміршіл-әкімшіл жүйемен ауыстыруға негіз берді. «А.» газеті халық алдындағы борышын адал орындаған, ұлттың рухын көтеретін басылымдардың бірі болды. Бұл күндері «А.» атауын алып келе жатқан басылым Жамбыл обл-ның обл. газеті болып табылады. Оның бас редакторы – Ғалым Қасабай. Газетте Б.Бодановтың «Абылай хан: Мемлекет қайраткері, білікті дипломат, әскер өнерінің білгірі» атты мақаласы және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

«АҚИҚАТ» – ұлттық қоғамдық-саяси журнал. Алғаш РК(б)П Қазақстан өлкелік к-тінің «саясат, білім, шаруашылық хәм әдебиет» органы ретінде шыққан «Қызыл Қазақстан» (1922 ж. қазанда) журналының ізбасары. «Қызыл Қазақстан» журналына А.Асылбеков, Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов, О.Жандосов, Ә.Байділдин, Е.Алдоңғаров басшылық жасады. Уақыт ағымында өзгеретін әлеум.-

саяси жағдайларға орай бейімделіп, жаңа міндеттерге үн қосып отырды. Әр жылдарда атауы «Ауыл коммунисті» (1932 ж., қыркүйек), «Коммунист» (1938 ж., мамыр), «Қазақстан большевигі» (1945 ж.), «Қазақстан Коммунисті» (1952 ж. қараша) болып өзгерді. 1991 жылдан «А.» деген атпен шығады. Осы кезден бастап Абылай хан туралы мақалалар жариялана бастады. Олардың санында Ш.Ш.Уәлихановтың «Абылай» (1995, №3), тарихшы-ғалымдар Р.М.Сүлейменовтің «Абылай. Аңыз бен ақиқат» (1991, №2), М.Қ.Қозыбаевтың «Абылай – алып тұлға» (1991, №11), В.А.Моисеевтің «Қазақ хандары – халық қорғандары, яки 17–18 ғасырлардағы алғаш қазақ өміршілерінің тарихи портреттері» (1992, №4), т.б. мақалалар мен зерттеулер бар.

Т.Қожаскеев, Б.Жақып

АҚҚАЙЫҢ – Солт. Қазақстан обл-ның солт.-шығысындағы әкімш. бөлік, аудан аты. Жер аум. 4,7 мың км². 11 ауылдық-әкімш. округке бөлінген. Орт. – Смирново кенті. Тұрғыны 29,1 мың адам (2003). Климаты континентік. Ауаның орташа темп-расы қаңтарда – 19–20°С, шілдеде – 18–19°С. Жауын-шашынның жылдық мөлш. 300–350 мм. А-да Шағалалы-Теңіз, Тораңғыл, Бозарал, Талдыарал, Үлкен Жарма, т.б. көлдер орналасқан. А. ш-ның басты саласы – егіншілік. Мал ш-нан ірі қара, жылқы, шошқа, құс өсіріледі. А. ел аузында Абылайдан мұраға қалған жер атауы деп аталады. «АҚМОЛА» – Ақмола облысына арналған энциклопедиялық басылым. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы әзірлеген. 1995 ж. орыс тілінде жарық көрді. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың алғы сөзімен ашылады. Көлемі – 43,6 б.т., таралымы – 100 мың дана. Басылым түрлі түсті суреттермен, деректі құжаттармен безендірілген. Кітап шартты түрде үш бөлімнен құрас-тырылған. Оның алғашқы бөлімі облыс табиғаты мен табиғи ресурстары, халқы, экон.-сы, архит.-сы, білім беру ісі, ғылымы және ғыл. мекемелері, денсаулық сақтау ісі, физкультура және спорт, әдебиеті мен өнері, шетелдермен экон. және мәдени байланыстары туралы жан-жақты мағлұматтар береді. Екінші бөлімге Ақмола қ. мен облыс құрамына енетін барлық аудандар бойынша өнеркәсіп пен а. ш. мекемелері, ауылдар мен кенттер, жоғары және арнаулы білім беретін оқу орындары туралы материалдар топтастырылған. Ал соңғы бөлім әліпбилік есімнамаға арналған. Мұнда Абылай ханнан бастап Ақмола топырағында бұрын-соңды өмір сүріп, қызмет атқарған көрнекті мемл. қайраткерлері, батыр-билер, ақын-жазушылар, әнші-композиторлар, ғалымдар мен өнер адамдары, 2-дүн. жүз. соғыс қаһармандары мен еңбек ерлерінің өмірімен таныстырады.

Т.Рсаев

АҚМОЛДА

АҚМОЛДА Байзақұлы (1824–1873) – батыр, би. Әулиеата (Тараз) өңірі қазақтарының Қоқан хандығына қарсы азаттық көтерілісі басшыларының бірі. Ұлы жүз дулат тайпасының шымыр руынан. Атасы Мәмбет батыр Абылай ханмен дос болған. Әкесі Байзақ датқа Кенесарыны қолдаған. Өзі бас батыр атанған. Әкесі екеуі де Қоқан езгісіне қарсы ауық-ауық көтеріліс ұйымдастырып отырған. А. 1864 ж. маусымда өз сарбаздарымен Шымкентті қоқандықтардан азат ету соғысына қатысты.

Әдеб.: Туркестанский край, Сб. материалов по истории его завоевания, 1864, ч. 2, Таш., 1914; Казахско-русские отношения в XVIII–XIX в., А.-А., 1964; Әбілдіев Б., Байзақ датқа, А., 1995.

Е.Әлімжан

АҚНАЗАР, Х а қ н а з а р (шамамен 1510/20–80) – хан (1538–80), қазақ халқын біріктіруге, мемлекеттігін нығайтуға айрықша еңбек сіңірген мемлекет қайраткері, қолбасшы. Қасым ханның ұлы. Әкесінен жастай жетім қалған. А. анасы Қаныкей сұлтан-ханыммен бірге Қасым ханның қарындасы Қараулікті паналап, Ноғайлының алты ұлы әулетін билеген Шахмамайдың қолында тұрған. А. таққа әкесі өлгеннен (1518) 20 жыл кейін отырды. Бұл екі ортада Қазақ Ордасында хан құтаймады. Біразы (Момыш, Тоғым, Ахмет хандар) сырт жауларымен шайқаста шейіт болды. Қасым хан айбынын асырған Қазақ хандығы іштей әлсіреп, сырт жаулармен күресте ірі-ірі сәтсіздіктерге ұшырады. Батысында Ноғайлы, шығысында Моғолстан, солт.-нде Сібір (Көшім хан), оңт.-нде өзбек хандықтарының қысымында болды. Осындай кезеңде билікті қолына алған А. елінің енесісін көтеріп, сыртқы жағдайларды Қазақ Ордасының мүддесіне пайдалана білді. Қасым ханның ісін ілгері жалғастырып, Ноғай ордасының бір бөлігін қазақ хандығына қосты. Мемл. шекарасын Еділ мен Жайыққа жеткізді. Башқұрт халқының Ресейге мойынұсынбаған бөлігі де Қазақ Ордасының құрамына кірді. Орыс патшасы Иван Грозный құдіретті әмірші ретінде танып, елшілер жіберіп тұрды. А. Сібір хандығымен күрестің нәтижесінде Орта жүздің шетте жүрген руларын оңт.-ке топтастырды. Ойраттарға (1554) күйрете соққы берді. Моғолстан ханы Абд әр-Рашид ұлы Абд әл-Ләтиф сұлтанды жеңіп (1555), Ұлы жүз руларының көпшілігін қосып алды. Моғолдар шебі Тәңіртаудан әрі ысырылды. Түркістан, Сығанақ, Сауран, Сайрам, Тараз қ-н қайтарып алды. Қырғыздардың бір бөлігі А-ды хан деп таныды. Бұдан соң Шайбани ұрпақтарымен саяси-дипломат. тәсілдермен де, қарудың күшімен де шешуші ұрыстар бастады. Бұхар ханы Абдолла мен Ташкент уәлаятының әмірі Баба сұлтанның алауыздығын пайдаланып, Ташкентті

қосып алуды көздеп жүрген А. жорықта қаза тапты. А-дан Дінмұхамед, Мұңғытай, Бозғыл есімді балалар қалған. Дінмұхамед біраз уақыт Ташкентті және Хиуаны билеген.

Әдеб.: Х а ф и з - и Т а н ы ш Б у х а р и, Шараф-намайи-шахи, М., 1983; А б у с е и т о в а М.Х., Казахское ханство во второй половине XVI в., А.-А., 1985; М и р з а М у х а м м е д Х а й д а р, Тарихи Рашиди, Таш., 1996.

Ө.Жолымбетов

АҚНАЙМАН ЖАМАН БАТЫР – Абылай хан ордасына жақын жүрген батырлардың бірі. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай батырлардың серігі. Сарысу, Шорға, Алқабек-Білезік, Шаған, Сарыбелдегі шайқастарға қатысқан. Барлық шайқаста ақнайман қолына ағалық еткен. Абылай ханның қазақ елін біріктіріп қуатты мемлекетке айналдыру саясатын қолдаған. Қабанбай, Шонай, Барақ, Есет батырлармен бірге Жоңғар жеріндегі (1750–55) шайқастарға, Цин империясының жаулау жорықтарына қарсы ұрыстарға (1757–58) қатысты.

Ә.Хасенов

АҚ ОРДА – 14 ғ-дың 1-ширегінде Шығыс Дешті Қыпшақта Жошының үлкен ұлы Орда Ежен, оның інілері Шайбан, Шингкүр, Тұқа-Темір ұлыстары негізінде құрылған мемлекет. 1226–1309 ж. А. О-да Орда Ежен (1226–47/50), Күнқыран (1250/51–80), Қоныша (1289–1301), Баян (1301–09) билік құрды. Астанасы алғашында Шығыс Қазақстанда, Ертіс өзінің жоғ. ағысы бойында, Алакөл маңында болды. 13 ғ-дың 2-жартысы мен 14 ғ-дың басында Сырдарияның орта ағысы бойындағы қалалардың экон., мәдени, геосаяси жағынан қайта өркендеуінің және Хайду мен Дуваның Баян ханмен Шығыс Қазақстанда территория үшін талас-тартысының нәтижесінде ұлы орталығы Сыр бойына көшірілді. 1309–15 ж. А. О-да Сасы Бұқа хан билік құрған. Оның ұлы Ерзен (Ибисан) тұсында (1315–20) Сыр бойындағы қалаларда көптеген медресе, мешіт, ханака, ғимараттар салынды. Бұл кезде А. О. әлі де Алтын Орданың құрамында еді. А. О. алғаш рет Ерзеннің ұлы Мүбәрәк Қожа хан тұсында өзінің саяси, тәуелсіздігін сақтауға ұмтылды. 1327–29 ж. оның өзі соқтырған теңгелер айналымда болды. Мүбәрәк Қожа ханның дербестікке ұмтылуы Өзбек хан (1312–42) тарапынан қарсылыққа ұшырап, нәтижесінде ол А. О-дан кетуге мәжбүр болды. 1344 ж. Жәнібек ханның (1342–57) жарлығымен А.О. тағына Мүбәрәк Қожаның інісі, Ерзен ханның баласы Шымтай хан отырды. Алтын Ордадағы «дүрбелең жылдар» (1359–79) Шымтай хан тұсында басталды. 1361 ж. Алтын Орда әмірлері 17 жыл бойы А. О-да билік құрып отырған Шымтайға Алтын Орданың Сарайдағы тағын ұсынды.

Бірақ ол Алтын Орда ісіне араласудан бас тартты. Өріс хан (Ұрұс хан, Орыс хан) тұсында А. О. дербес хандыққа айналды. Өріс хан Алтын Орда тағына да отырды. 14 ғ-дың 70 жылдарында Әмір Темірдің бірнеше жорығынан (1370–405) соң, А. О. әлсіреді. Өріс ханның ұлдары Тоқтақия (1375), Темір Мәлік (1375) хандықты күшейте алмады. 1376 ж. А. О-ға Әмір Темірдің қолдауымен Тоқтамыс хан келіп, 1380 жылдан бастап бүкіл Жошы Ұлысын уақытша болса да қайта біріктірді. 14 ғ. 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың 1-жартысында Тоқтамыс хан мен Әмір Темір арасындағы күресте Өріс ханның ұлы Құйыршық Мауераннахр әмірінің жағында болды. Ол Ақсақ Темірдің жеңісінен соң Шығыс Дешті Қыпшақта билік жүргізді. 1419–22 ж. Құйыршықтың ұлы Барақ хан Ұлықбектің қолдауымен А. О-дағы билік басына келді; 1422–26 ж. Алтын Орда тағына отырды. 1428 ж. Барақ хан Ноғай мырзаларымен болған ұрыста қаза тапты. Барақ ханнан кейін А. О-да Ежен әулеті құлады да Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси билік шайбанилар әулетіне (1428–69) көшті. А. О. – Қазақстанда жергілікті тайпалардың (қыпшақ, қоңырат, керей, үйсін, найман, қарлұқ, арғын т.б.) негізінде құрылған алғашқы мемл. болды. Тарихнамада Ақ Орда, Көк Орда терминдеріне, олардың орналасуына байланысты әлі шешімін таппаған пікірлер көп.

Әдеб.: Т и з е н г а у з е н В.Г., Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т. 1, Извлечения из арабских сочинений, СПб., 1884; Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений), А.-А., 1969; Ө б і л ғ а з ы, Түрік шежіресі, А., 1992; С т э н л и Л э н-П у л ь, Мусульманские династии, М.–Таш.–Биш., 1996; Қ а д ы р ғ а л и Ж а л а й ы р, «Шежірелер жинағы», А., 1997; Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін, 2-т., А., 1998.

Б.Кәрібаев

АҚПАН (1705, Оңт. Қазақстан, Қазығұрт өңірі – 1769, Құлан тауының асуы) – батыр. Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің, Қабанбай, Бөгембай, Наурызбай, Өтеген, Қойгелді батырлардың үзенгілесі. Алакөл қырғынын басынан кешірген. Сарысу өз. бойында 4 мың қолды бастап, қалмақтарға соққы берген. Оның есімі Аңырақай шайқасында бүкіл қазаққа мәшһүр болды. Батырдың қанды күрес жолының куәсі ретінде Арыс пен Шымкент аралығында «Ақпан бекеті», Ташкент маңында «Ақпан арық» сияқты жер аттары тарихта қалған. Кейін қоқан басқыншыларымен шайқасқа түсті, ал қазақ-қырғыз арасы шиеленісіп, соңы соғысқа ұласқанда қырғыз бауырларымен соғысудан бас тартқан. 1992 ж. қыркүйекте Шым-



Ақпан батыр ескерткіші

кентте «Ақпан батыр» қайырымдылық қоғамы құрылды. 1995 ж. Қазығұрт ауд. Рабат а-нда А. батырға ескерткіш (авторлары – А.Тұрсынұлы, Т.Смайылұлы) қойылды.

Р.Бердіғалиева

АҚСҮЙЕК – қоғамдағы әлеуметтік топ. Дәстүр бойынша «қара халыққа» үстемдік етуші таңдаулы әулеттердің өкілдері А. саналған. А-тердің бұқарадан бөлек айрықша құқықтары мен артықшылықтары болған. Мемл. билік А-тер қолына берілген. Өркениет жемісін де солар пайдаланған. Қазақтар «текті», «бекзат», «бек» лауазымын иеленген кісілерді асыл А. деп құрмет тұтқан. Қазақ тарихында Шыңғыс ханның ұрпақтары – хан, сұлтандар А. саналып келді. Олар төре аталып, халықтың ерекше ілтипатына бөленді. Патшалық Ресей өкіметі А-тердің ықпалын шектеді, ал кеңестік дәуірде А. әулетінің өкілдері саяси қуғынға ұшырап, жапа шекті. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы А. ұғымы әлеуметтану ғылымындағы «аристократия», «элита» ұғымдарына жақын келеді.

Д.Дәуітов

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА (1723–25) – қазақ халқының тарихындағы қасірет, Отан басына күн туған кезең. 1718 ж. Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Үш жүздің дербестеніп, бір-бірінен алшақтануы Қазақ хандығының әскери-саяси қуатын әлсіретті. Өз-Тәу-



ке қазақ-жоңғар қатынасы жыл өткен сайын шиеленісуі жағдайында бытыраңқылықты жойып, өз елінің бірлігін нығайтуға көп талпынғанымен, көздеген мақсатына жете алмады. Жоңғар басқыншыларына тойтарыс беруді дйттеген қазақтар 1710 ж. Қарақұм съезіне жиналып, қанжығалы Бөгембайды қолбасшы сайлап, бүкілхалықтық жасақ құруға шешім қабылдаған еді. Аздап болса да жаудан кек ала бастағанымен, бұл кезеңде күштердің ара салмағы көбінесе қалмақтар пайдасына шешіліп отырды. Құба қалмақтар 18 ғ-дың басында өздерінің ішкі қайшылықтарын реттеп, әскерін жарақтады. Орыс елімен қатынасын жақсартып, көрші мемлекеттерден қару, оқ-дәріні көптеп сатып алды. 1715 ж. орыстарда тұтқында жүрген швед шебері Ренатты қолдарына түсіріп, зеңбірек құю технологиясын меңгерді. Сөйтіп, Севан Рабдан (1697–1727) тұсында жоңғарлар өз әскерінің саны жағынан да, қару-жарағы жағынан да қазақтардан басым болды. Мұны 1708, 1911–12, 1714–17 жылдардағы Севан Рабданның жорықтары кезінде өткен қазақ-қалмақтың қантөгіс соғыстары айғақтады. 1723 жылдың көктемінде жайлауға көшуге қамданған бейқам қазақ еліне жоңғарлардың қалың қолы тұтқиылдан шабуыл жасады. Тарихшы А.И. Левшиннің жазуынша және қазақ жырауларының куәлігіне қарағанда Жоңғария қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар 7 қолмен қазақтарды шапқан. Олар Балқаш, Қаратау бағытымен жылжып (қолбасшысы Қалдан Серен), Алтай асып, Көктал өз бойымен (қонтайшы Құлан Батур) өрледі, Нұра өңірін қанға батырып (Әмірсана), Шелек ө. (Доржы), Есік көлі (Лама Доржы), Шу өңірін таптап (Дода Доржы), тоқтаусыз Іледен өтіп (Севан Рабдан) қарудың күшімен, найзаның ұшымен қазақ жерлерін иемденді. Екпіні қатты шапқыншылар Қазақстанның оңт. аудандарындағы бейбіт елді аяусыз қырғынға ұшыратып, Түркістан, Сайрам, Ташкент қ-ларын басып алды. Жоңғарлардың жойқын шабуылының нәтижесінде қазақтар шайқас даласында 100 мыңға жуық жауынгерлерінен айырылды, ал қорғансыз халықтың шығыны одан әлде қайда көп болды. Абылай ханның айтуынша сол кезде әрбір он адамның төртеуі қаза тапты. Бұл деректі Шәкәрім Құдайбердіұлы да қостайды. Қорғануға мұршасы келмеген ел әсіресе Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық, Сырдария өз-дері бойында көп қырылды. Тірі қалғандар ата мекенін тастап шықты. Тарихта бұрын болып көрмеген алапат құбылыс – қазақ халқының үдере қашқан босқыншылығы туды. Тоз-тоз болған Ұлы жүз, Орта жүздің шағын бөлігі Сырға Шыршық құятын тұстан сәл жоғары өткелден өтіп Ходжент, Самарқанд иеліктеріне көшті. Кіші жүз Сауран к-н айналып, Бұхараға ауды. Шұбырған халықтың

басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Кейбір тайпа-рулар Қызылқұм, Қарақұм ішіне сіңді. Осы тұста халықтың жүрегінде мәңгі сақталған ащы зар мен ауыр мұңға толы «Елім-ай» әні дүниеге келді. Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ бойы қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бектері, Бұхар мен Хиуа хандары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады. Қазақтар бұл апаттың сырын түсінді, жасанған жауларына қарсылық жасап бақты, ұрпағын қырғыннан аман алып қалу үшін амалын іздеп қарманды. «А.ш.А.с-ның» шырғалаңы мен аласапыраны қазақтардың азаттықты аңсаған күш-жігерін жасыта алмады, олардың еркіндік пен ерлік рухын шыңдады. Ұлт перзенттері бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінді. Бөгембай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел 1726 жылдың ақырында, 1727 ж. жоңғарларға қарсы майдан ашты. Бұланты мен Бөленті өз-дерінің жағасында қалмақтарға қарсы соққы берді. 1727 ж. қазақтар Қаратауды қайтарды, Хан тауына Орда тігіп, Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. «А.ш., А.с.» қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа хатталды.

Әдеб.: Қ о з ы б а е в М. Тарих зердесі. 1-т., А., 1998.

М.Қозыбаев

АҚТАЕВ Сарбас (30.9.1934 ж.т., қазіргі Ақмола обл. Көкшетау ауд. Жылымды а.) – педагог-журналист, жазушы, Қазақ КСР-інің еңб. сің. мәдениет қызметкері. Қарағанды пед. ин-тын



С.Ақтаев

бітірген соң бір жылдай мектепте мұғалім болды. 1958 жылдан Көкшетау обл. газеті редакциясында, «Ара – Шмель» журналында, «Жетісу» газеті редакторының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеті редакторының 1-орынбасары (1983–1990), «Ха-

лық кеңесі» газеті (1990–94) және «Ақиқат» журналының (1994–96) бас редакторы қызметтерін атқарды. «Абылайхан» тарихи очеркінің (А., 1992), «Ханзаданың қасіреті» (А., 1999), «Абылайдың ақ жолы. Ұлы хан және оның ұрпақтары жайлы эсселер» (А., 2011), т.б. кітаптардың авторы. «Құрмет Белгісі», «Парасат» (2004) ордендерімен және медальдармен марапатталған.

АҚТАЙЛАҚ Байғараұлы (18 ғ-дың орта тұсы, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Сыр бойы – 19 ғ-дың орта шені, Семей обл. Аягөз ауд., Сарыарқа а.) – би, шешен, жырау, қоғам және мемлекет қайраткері, дипломат. Қу дауысты Құттыбай бидің немересі. Әкесі – Байғара би. А-тан Сабырбай ақын туады. Сабырбайдың қызы Қуандық ақын. А. жастайынан шешендігімен көзге түсіп, үлкен жиындарда бір ауыз мақалмен немесе толғау-жырымен даулы істерді әділетті шешкендіктен «қазақтың қара тілі, қас биі» атанған. Мемлекет ісіне ерте араласқан. Абылай хан Көкшетауға үш жүздің елу биін шақыртып, қазақ руларының шежіресін жаздырған, оның ішінде А. бар бес биге соңғы нұсқасын жасатқан. А. 1773 ж. Болат ханның атынан Қытай императоры Цянь-Лунға елші болып барып, келіссөз жүргізген. Бұл туралы Цин патшалығының шежіре кітабында жазылған. А-тың Бопы төремен, Қанай, Тіленші, Балпық және басқа билермен шешендік айтыс, қағыстары ел арасына кеңінен таралған. А. ел арасындағы дау-шарларды шешу мақсатында билік айтып та, заманының келеңсіз көріністерін сынап та өлең шығарған, өмір туралы, адамгершілік асыл қасиеттер жайлы филос. толғаулар мен адам жасы жөнінде, үй-ші, ошақ басы, ата-ана тағылымы мен жас ұрпақ тәрбиесі туралы тәрбиелік ғақлиялары да бар. «Ердің құны – екі елу» атты ұзақ толғауы – Өскенбай тұсында тобықты мен керей арасында болған құн дауында паракор билердің құлқын қамын ойлаған қылмысын аяусыз әшкерелеген терең ойлы, өткір филос. шығарма. А-тың ел бірлігін сақтауды көздеген әділ билігі кейінгі елге нұсқа болып, сот ісінде негізге алынған. М.О.Әуезов осы биліктің шағын нұсқасын «Таң» журналында (1925 ж.) жариялаған.

АҚ ҮЙЛІ АМАНАТ – көшпелі елдердің салтында жеңілгендігін мойындаудың белгісі және бұдан былай жауласпаудың кепілі ретінде берілетін жора. Әрине, бұл аманат та ерікті түрде емес, мәжбүрліктен беріледі. Жеңілген жақ текті және лайықты әулеттен кімді беретінін өзі таңдайды. Жеңген жақ аманаттың қолайына жағатын-жақпайтынын айтып, өз тарапынан таңдау кесімін айтуға құқылы.

Н.Ақбай

АҚШОРА (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр. Орта жүздің елшісі, уақ руынан. Ел аузындағы аңызға қараған-

да, Малайсары батыр мен Нияз батырдың Абылайды құтқаруға барған уақыты осыған сәйкес келеді, өйткені Қалдан Серенге жіберілген адамдардың ішінде осы А. батыр да болған. 1742 ж. қазақ елшілігін бастап келген А. батырға Қалдан Серен: «Қасыңа үш кісі қосып беремін, еліңе қайтып барып, өзіңмен бірге «ақ үйлі» аманат әкелесің және Қарасақалды қолыма тапсырасың, сонда ғана Абылай бастаған барлық қазақ тұтқындарын қайтарамын» депті. Абылай сұлтан жоңғар тұтқынында шамамен 1741 жылғы қаңтардың аяғынан 1743 жылғы наурызға дейін болды. Әуелде оны Қалдан Серен өз ордасында ұстады. 1742 ж. мамырда А. батыр бастап барған елшіліктің көзінше Абылайдың аяқ-қолына кісен салынған. Осылайша А. батыр аттанғанша Абылайды кісеннен босатпапты.

Н.Ақбай

АҚЫШБЕКҰЛЫ Өтепберген (8.10.1950, Алматы обл. Ақсу ауд. Қызылағаш а. – 2007, Астана қ.) – ақын, журналист. Алматы жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітірген. 1973–85 ж. бұрынғы Талдықорған обл. Қапал ауд. «Қапал еңбеккері» газетінде тілші, аға тілші, бас редактордың орынбасары, кейіннен обл. «Октябрь туы» газетінде жауапты хатшының орынбасары



Ө.Ақыпбекұлы

қызметін атқарды. 1985–95 ж. «Қазақ әдебиеті», «Жалын», «Денсаулық», «Жанашыр», «Халық Конгресі» газет, журналдарында аға тілші, бөлім меңгерушісі, бөлім редакторы, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары болып қызмет істеді. 1995–98 ж. Респ. «Казгидромет» агенттігінде, ҚР Парламенті Мәжілісінде, ҚР Ұлттық Банкінде аға референт, кеңесші, ҚР Әділет мин-нің басқарма бастығы қызметтерін атқарды. Бірнеше дүркін Қазақстан Жазушылар одағы, Қазақстан ЛКЖО Орт. к-ті мен «Жалын» баспасының бірлескен дәстүрлі байқауының және респ., халықар. мұшайралардың жүлдегері атанды. Он шақты өлең кітаптары мен кітапшалары, өткір публицист. мақалалары, «Абылайы бар елдің абыройы», «Көшпелілер», т.б. жырлары жарық көрген.

АЛАШ



АЛАШ (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандас-тар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. А. аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Моңғол-татар – қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады. Кеген тас жазуында (б.з.б. 4 ғ. шамасында) «Қаған алты бөріг алаш(а) ерті» деген жолдар, Алтай тауының Сібір жағында (Тыва) А. атты өзен, А. атты тау сілемдері бар. А. атауы бүгінгі күнге дейін түрікмен, қырғыз, қазақ, ноғай, т.б. халықтардың есінде сақталған. Кеген тас жазуында «алты бөріг» («алты қасқыр») деген сөздің «алты алаш» мағынасын беретіні жөнінде (үйсін, қаңлы, қырғыз, хақас, татаб-татар, сяньби-ғұн тайпалары) ғыл. болжамдар бар. А. туралы аңыздарда мал-мүлікке жеке меншік болмаған кездегі қауым тұрмысының сілемі байқалады. «Алаш – алаш болғанда, Ала тай ат болғанда, Таңбасыз тай, еңсіз қой болғанда» деп келетін сөздер осыған меңзейді. Қазақ халқының басын құрайтын ежелгі тайпалардың көпшілігі Оғыз қағанға бағынғанын ескерсек, «Алты Алаш» деген ұғымды оғыздың алты ұлына ерген ел деп те түсінуге болады. Бұл тұрғыдан алғанда А. деген ортақ түркілік атау Алтын Орда (Қыпшақ мемл.) ыдырағаннан кейінгі кезде қайтадан жаңғырған бауырлас түркі халықтарының басын біріктіру ұраны, ортақ атауы да болған сияқты. Ал енді, қара қазақ шақыратын «А.» ұраны «алаш – алаш болғанда, Алаша хан болғанда, бұл қалмаққа не қылмадық» деген сөздер кейінгі Алаша есімімен байланысты деу қисынға келеді. Бұл орайда Сакқұлақ би шежіресін, Ә. Диваевтың, Г.Н. Потаниннің, Ш.Ш. Уәлихановтың, А. Янушкевичтің, Шәкерім Құдайбердиевтің, М. Тынышбаевтың ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелерін, күнделік жазбалары мен ғыл. мақалаларын атаған жөн. Олардың бірінде – алапес болып туған бала, екіншісінде – алашаға отырғызып көтерген хан, үшіншісінде – Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскербасы болғаны, төртіншісінде – қалмақты қорқыту үшін «Алаш» сөзін ұран еткені айтылады. Соның қай-қайсысы да А-тың хан болғандығын, қара халықты соңынан ертіп, айбарының асқандығын дәріптейді. Ескі шежіре деректерінде А. атауы қазақ халқының синонимі ретінде келтіріледі. Мыс., Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде қазақтың орнына А. атауын қолданады. Шежірелердің бірінде А-қа өзбек, түркімен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғайды жатқызады. 1737 ж. маусым-шілде айында Елек өз. бойында Қаз дауысты Қазыбек

бидің басқаруымен өткен қазақ құрылтайында Әбілқайырды қазақтың ортақ ханы сайлаған жиынға «Әбілмәмбет сұлтан, Барақ сұлтан, Керей сұлтан, Батыр сұлтан, Барақұлы Әділ сұлтан, Нұралы сұлтан, Абылай-батыр сұлтан, алты алаштың үлкенді-кішілі билері мен батырлары...» қатысқаны жөнінде дерек бар. Абылай хан 1778 ж. 28 ақпанда Ресей императрицасы II Екатеринаға жазған хатында: «...Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің хандары мен сұлтандары, Ташкент пен Түркістан аймағының үлкен-кішісі тілек қосып, 1771 ж. Түркістан қаласында, біздің мұсылман жұртының әулиесі Қожа Ахмет зиратының басында, өз дәстүріміз бойынша құран ұстап қол жайып, мені қазақтың үш Алашының ханы етіп ақ киізге көтерді», – деп жазғаны мәлім. «Қамбар батыр» жырында («Тамашаға жиылсын, Алты Алаштың баласы»), Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанында («Он сан Алаш баласын, жұмсап бір тұрсын қолыңмен»), Махамбеттің («Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінін берсе қолыма») өлеңдерінде А. сөзі қазақ атауының баламасы ретінде берілген. «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі А. ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу қазақ халқының ауыз бірлігіне, елдің, жердің тұтастығына меңзейді.

Әдеб.: Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений), А., 1969; Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр, Бабырнама, А., 1993; Мұхаммед мырза Хайдар, Тарихи Рашиди, Ташк., 1996; Қадырғали Жалайыр, Шежірелер жинағы, А., 1997; Қазақстан тарихы. 5-томдық, 1-т., А., 1996; 2-т., 1998; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005 424-б.; Т а й ш ы б а й З.С., Қазақтың ханы – Абылай, 2-томдық, А., 2011. 1-том, 157-б.; 2-т., 358-б.

Б.Кәрібаев, Ә.Хасенов, З.Тайшыбай
«**АЛАШ**» – журнал. 2005 жылғы тамыз айынан бастап жарық көріп келеді. Басылымның құрылтайшысы – «Алаш» ғыл.-зерт. орт. Басылым екі айда бір рет жарық көреді. Негізгі мақсаты – студенттер аудиториясына бағытталып, жастардың саяси белсенділігін арттыру. Бас редакторы – Дәурен Бадамұратұлы. Журналда Б.Нәсеновтың жинастырып, дайындаған «Ресей мұрағаттарындағы қазақ тарихының тұлғаларына қатысты деректер» атты мұрағаттық деректері, Д.Міржақыптың «Хан Абылай», З.Жандарбектің «Қожа Ахмет Иасауи және қазақ мәдениеті», Қ.Мұқаметханұлының «Абылай ханның атқарған қоғамдық қызметі» атты мақалалары жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«АЛАШ АЙНАСЫ» – газет. Республикаға тарайтын басылым 2009 жылғы 28 қаңтардан бастап жарық көріп келеді. Таралымы 10000 дана. Саяси-қоғамдық басылым әр түрлі тақырыптарды, көкейкесті мәселелерді, тарихи материалдарды жариялап келеді. Газеттің бас редакторы – С.Жанболат. Газетте Е.Анықбайдың «Абылайдың биік бейнесі қазақтың көкжиегінен төмендемейді», Р.Рақымқызының «Артық туған Абылай...», тарих ғыл. докт. Т.Омарбековтің «Абылай – Төле бидің тәрбиесімен қалыптасқан тұлға» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

АЛАША (АЛАШ) ХАН – халық аңызы бойынша «Алты алашты» құраған тайпалардың түп атасы. Қазақ шежіресінде А. х-ның шыққан тегі қарапайым кісі болған делінеді. Оның есімі қазақтың шығу тегін баяндайтын ең көне аңыздарда кездеседі. Сондықтан кейбір ежелгі деректерде «Алаш» этнонимінің шығуы осы А.х. атымен байланыстырылады. Оның есімі 9 ғ-дың туындысы «Қорқыт» дастанында айтылады. Орта ғ. мұраларындағы А.х. – 14 ғ-дың 2 жартысы мен 15 ғ-дың 1 жартысында өмір сүрген әрі батыр, әрі би, әрі ұлыс билеушісі. А.х. ел жадында жауынгер тайпалар – көшпелі түркілерді біріктіріп, тұңғыш алаш (қазақ) мемл-тін құрған ұлы қайраткер ретінде қастерленеді. Әбілғазы шежіресінде А. х-ның әкесі Көк хан болғандығы, ұрпақтарының бірінің есімі Қара хан, ал немересі – оғыздардың түп атасы – Оғыз хан аталғандығы жазылады. Рашид ад-Дин мен Әбілғазы А. х-ның өмір сүрген жері – Дешті Қыпшақтың орталық бөлігі деп көрсетеді. Бұл тарихи деректер ел аузындағы А.х. ордасы Ұлытау төңірегінде болған деген тұжырыммен ұштасады. Ұлытау өңіріндегі «А.х. ордасы» аталатын үлкен сарай-қамалдың қалдығы (Жаңабыл өз-нің бойында) және Қаракеңгір өз-нің жағасындағы «А.х. күмбезі» аталатын 10–11 ғ-ларда салынған ғимарат әлі күнге дейін сақталған.

Әдеб.: Рашид ад-Дин, Сборник летописей, т. 2, М.-Л., 1960; Әбілғазы, Түрік шежіресі, А., 1993.

Б.Кәрібаев

«АЛАШТЫҢ АЙБЫН-АРДАҒЫ – АБЫЛАЙ ХАН» – кітап. Авторы – филол. ғыл. канд. Ә.Тарақ. 2003 ж. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Көлемі 240 бет. Таралымы 1500 дана. Автордың бұл кітабына әдеби мұралар мен тарихи деректерді салыстыра сараптаған зерттеу еңбектері енгізілген. Монография 4 тарауға бөлінеді. 18 ғ-дағы өлең-толғаулар мен 19 ғ-дағы тарихи жыр-дастандардағы Абылай хан тұлғасы мен өмірінің мәнді тұстары, дәуірі жайлы қызықты зерттеу жасаған. Абылай туралы тың аңыз-әңгімелер даңқты хан өмірінің беймәлім қырларына қанықтырады. Кітаптан Абылай ханға қатысты ел аузында жүрген «Абылайдың

қырғыздарға жорығы», «Самарқанға жорығы» және т.б. көптеген аңыз әңгімелермен танысуға болады.

К.Қошым-Нозай

«АЛАШТЫҢ АЙБЫН АРДАҒЫ – АБЫЛАЙ ХАН» – тарихи-танымдық кеш. Абылай ханның туғанына 300 жыл толуына орай Алматы қ-ндағы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №29 балалар кітапханасында 2013 жылдың 20 ақпанында өткізілген. Кеш осы кітапхана ұжымы мен Т.Жүргенов атынд. мектеп-интернат колледжінің оқушылары, студенттері, ұстаздарымен бірігіп ұйымдастырылған. Кеште Абылай хан өмірінен, өсу жолдарын, жорықтарын дәлелдейтін материалдардан жинақталған слайд, оқушылар қолдарымен салынған суреттер көрсетіліп, кеш соңында кітапхана ұжымы оқушыларды марапаттады. Кешті мектеп-интернат оқушылары жүргізіп, Т.Жүргенов атынд. Қазақ ұлттық өнер академиясы мектеп-интернат, колледж тәрбие ісінің меңгерушісі Гүлфайрус Қазыбайқызы Ибраева қорытындылады.

Әдеб.: «Қазақ әдебиеті», 1.03.2013.

Қ.Исабекова

АЛБАН – қазақ халқын құраған ежелгі ірі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. А. атауы көне жазба тарихи деректерден белгілі. 5–6 ғ-да А-дар Жетісу өңіріндегі Үрбі (Юебань) қауымдастығында чубань тайпасы аталып дулу одағында болған. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында А. тайпасының рулары Жаркент, Верный уезін мекендеген. Верный уезінің оңт.-шығысын А. тайпасының қызылбөрік және сегізсары ру бірлестіктері қоныстанған. Сегізсары руының көпшілігі Іле өз-нің сол жағасында Алабайтал, Сарыбұлақ, Сауысқан, Сарымсақты деген қыстауларды қоныс етіп, ал жаз айларында Асы, Қарқара жайлауларын жайлаған. Олардың қоныс еткен жерлерінің оңт-нде қызылбөрік руы көршілес отырған. Қыстаулары – Шелек өз-нің жоғ. ағысы, Далашық, Биесыймас, Айдасу, Жая, Қызылмойнақ, Қараарша, Қондық, Сарыбұлақ, Қызылауыз, Бақалыда болған. Жаркент уезін А-ның қоңырбөрік және айт, бозым рулары мекен еткен. Қыстаулары Алтынемел жотасының оңт. бөктерінде, Тізгін, Шылбыр, Үшбұлақ деген кішігірім өзендердің бойында, Іле өз-нің сол жақ жағалауының Қаратөбе, Қызылжиде, Үшқоңыр, Қоянды, Айдарлы деген жерлерде орналасқан. Кеген және Мерке өз-дерінің өңірін әлжан, айт, бозым, Текес пен Шылқыдысу жағалауын құрман, әлжан рулары қоныс еткен. Қазақ шежіресінде А. – Үйсіннің Бәйдібек тармағынан тарайтын дулат, суан, шапырашты, ошақты, ысты тайпаларының ағасы болып есептеледі. А. негізінен сары және шыбыл деген екі ру бірлестігіне бөлінеді.

АЛБАН



Сарыдан – Сүйеркүл және Сүйменді. Шыбылдан – кызылбөрік (көтей), қоңырбөрік (өтей), бойдақ өрбіген. А. тайпасынан аттары аңызға айналған Шоған, Жұман, Қожағұл сынды әділ билер, Хангелді Түкеұлы, Райымбек, Рыскелді, Төлесұлы Байсейіт, Диканбай Қажаланұлы, Малайсары, Оңқа, Мамай сияқты батырлар шыққан. А-ның ұраны Бақтияр, тайпалық ұраны – Райымбек, Бәйдібек, таңбасы – дөңгелек.

Әдеб.: Аристов Н.А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-кайсаков Большой Орды и каракиргизов, «Живая старина», вып. 3–4. СПб., 1896; Тынышпаев М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Востров В.В., Муканов М.С., Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX – нач. XX вв), А.-А., 1968.

Н.Байғабатова

АЛБАН – 18 ғ-да жоңғар тайшылары мен жайсаңдары (зайсандары) жаулап алған елдерінен жинаған алым-салықтың бір түрі. Мөлшері белгісіз.

АЛДАР БИ Ернарұлы (1705 ж.ш. – 1795 ж.ш.) – Жайық өңірінің атақты биі, тегі – Беріш. Талай руларды татуластырған, ақиқат айтушы билердің бірі атанған. Шернияз ақынның: «Хандардың ең ақыры Нұралы еді, Төренің «Арқар» деген ұраны еді. Хан ұлын Сырым батыр шабарында, Ақылды Алдар биден сұрап еді» деп жырлауы А.б-дің тарихи орны мен бейнесін аша түседі. Атақты ғалым, Алашорда көсемдерінің бірі Халел Досмұхамедовпен аталас.

Әдеб.: Атырау. Энциклопедия. – Алматы. «Атамұра», 2000, 142-бет.

3.Тайшыбай

АЛДАСПАН – ерекше ауыр қылыш. Қынға салып алып жүретін жеңіл қылыштармен қоса, қынсыз, ауыр қылыштар да болған. Олар алмас, болаттан соғылып, бас жағы үлкен, жалманы (жүзі) жалпақ болады. Сондықтан оны қынсыз ұстайды. Тым салмақты болғандықтан А-ды тек қарулы батырлар ғана ұстаған. Оны белге байлап, не иығына асып жүрген. А. қылыштың ішіндегі ең таңдаулысы, асылы саналады. Ауыз әдебиетінде мықты батырларды бір шапқаннан кесіп түсер А-ға теңейді. Қылыштың ерекше түрі ретінде А. ерте заманда пайда болған. Көшпелі халықтардың өнер ескерткіштерінде, шығыс халықтарының бейнелеу өнері жәдігерліктерінде А. ұстаған батырлар бейнесі жиі кездеседі.

Қ.Ахметжан

«АЛДАСПАН» – журнал. 1997 жылдың тамыз айынан бастап қазақ тілінде, Алматы қ-нда ай сайын шығып тұрады. Құрылтайшысы – қоғамдық «Алдаспан» қоры. Журналдың негізгі мақсаты – жас ұрпақты отаншылдық, ата-бабалар дәстүріне адалдық рухында тәрбиелеп, ел, жер тарихы-

мен, имандылық қағидаларымен таныстыру. «А.» да қасиетті кітап – Құран Кәрімнің ғыл. мәнін ашуға арналған материалдар және Мұхаммед пайғамбардың хадистері, сондай-ақ шығыс ойшылдарының кейбір еңбектері жарияланған. Журналға Қазтай Әбіш бас редакторлық етеді. Басылымда Ш.Уәлихановтың «Абылай хан» атты очеркі, Т.Абылайхановтың «Кенесары ханның елшісі» атты деректі әңгімесі және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«АЛДАСПАН» – кітап. Құрастырған – М.Мағауин. 1970 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Көлемі 280 бет. Таралымы 17000 дана. Жинаққа 15–18 ғ-ларда өмір сүрген қазақтың от ауызды, орақ тілді ақын, жырауларының шығармалары топтастырылған. Атап айтқанда: Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиенбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұқар жыраулардың, Көтеш, Шал ақындардың өлең-жырларымен танысуға болады. Жинақта берілген Бұқардың «Ай, Абылай, Абылай», Үмбетейдің «Бөгенбай өлімін Абылайға естірту», Тәтіғараның «Кебеже қарын, кең құрсак» атты шығармаларында Абылай ханға қатысты тарихи деректер бар.

К.Қошым-Ноғай

АЛДИЯР (парс. Аллаяр – Аллаңыз жар болсын) – қаратпа сөз. Ұлық адамдарға, ханға, сұлтанға, т.б. құрметпен тіл қатудың көне түрі. А. сөзі қазақ арасында ислам діні ықпалымен қалыптасқан. Қазақша мағынасында А. бағыныштылықты, жалыныштылықты, кішілікті, әдептілікті білдіреді. Ұлықтарға бұлайша тіл қату басқа халықтарда да бар. Діни қаттамдар болмаса, қаратпа сөздің бұл түрі бүгінде қолданудан қала бастады.

У.Қыдырханұлы

АЛЕКСАНДРОВ Юрий Исаакович (7.2.1950 ж.т., қазіргі Санкт-Петербург қ.) – режиссер, РФ-нің еңб. сің. өнер қайраткері (1997). Ленинград



Ю.И.Александров

(қазіргі Санкт-Петербург) қ-ндағы мемл. консерваторияның фортепьяно класын (1974) және режиссер (1977) ретінде бітірген. 1977 жылдан

осы қаладағы Мемл. опера және балет театрында (қазіргі Мария театры) қызмет етіп, бірқатар опералық спектакльдерді сахнаға шығарды. А. осымен қатар Мемл. камералық музыка театрында және Астана қ-ндағы Қазақтың Ұлттық опера театры сахнасына да опералық спектакльдерді (Дж. Вердидің «Травиата», 2000; «Риголетто» мен «Аида», 2005–07) шығарды. Алматы қ-ндағы Қазақтың мемл. опера және балет театрында Дж. Пуччинидің «Турандот» операсын (2006) қойған. Әсіресе оның осы театрда Е.Рахмадиевтің «Абылайхан» операсын (2000) қоюы республиканың муз. өнер шежіресінде елеулі оқиға болды.

С.Көбеева

«АЛМАТЫ АҚШАМЫ» – газет. Алматы қалалық әкімдігі мен қалалық мәслихатының ресми басылымы. Бірінші саны 1988 жылғы 1шілдеден бастап «Вечерняя Алма-Ата» газетінің аудармасы ретінде жарық көрген. 1990 жылдың 17 ақпанынан бастап дербес газет болып шығып келеді. Газеттің алғашқы бас редакторы – И.Бейсебаев. Алғашқыда 40 мың данамен тек Алматыда, 1982 жылдан кейін Алматы, Талдықорған, Семей, Шымкент, Қызылорда, Жамбыл обл-тарына тарайды. Қазір республиканың барлық обл. тарайды. Газет қалалық әкімдік пен мәслихаттың жұмысын, Алматы қ-ның әлеум.-экон. өмірін жазып келеді. Редакцияда қоғамдық-саяси өмір, экономика және әлеум. мәселелер, құқық, әдебиет-өнер, хат және қоғамдық пікір бөлімдері бар. Газеттің қазіргі бас редакторы – Қали Сәрсенбай. Газетте Ә.Тарақтың «Абылай хан» дастанындағы дәуір шындығы мен хан бейнесі, И.Шәмшәтұлының «Тарих тағлымдары», «Абылай туралы ақиқат», Н.Мұхаметқанұлының «Абылай», М.Мәшімбаеваның «Абылай дипломатиясы» атты мақалаларымен қоса басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

АЛТАЙ Ебескіұлы (18 ғ.) – батыр. Қазақстанның батысын, әсіресе, Атырау, Жем, Ойыл бойларын қалмақтардан қорғау соғыстарына белсене қатысқан. Кіші жүздің Кете руынан. 1731 ж. қалмақтардың қолына түсіп, екі-үш жылдан соң тұтқын алмасу нәтижесінде босаған. 1738 ж. Құм өз-нің жағасын жайлаған қалмақ ханы Дондукқа қарсы Әбілқайыр хан бастаған жорыққа қатысқан. Бөгембай батыр екеуі 2 мың кісілік қолды бастап шыққан. А. қолы Жем өз-нің бастауына бекінген қалмақтарды Жайықтың арғы бетіне қуып тастаған. 1749 ж. жұттан малды аман сақтау үшін елін бастап Жайықтың арғы (оң) бетіне өтуге Ресей әкімш.-нен рұқсат алған.

К.Кәрсембаева

АЛТАЙ СЫРЫМБЕТ – қазақ-қалмақ жаугершілігі заманында аты шыққан аға батыр. Сыр

бойындағы, Шұбартеңіз жағасындағы, Сарысудағы шайқастарда қазақ жасақтарының бір бөлігін басқарып, Қабанбай батырға көмектескен. 1752 ж. 9 қыркүйектегі Сайын Бөлек, Шахдор, Батыр Убашылардың шабуылын тойтару ұрыстарына белсене қатысты.

Әдеб.: Д о б р о с м ы с л о в А.А., Материалы по истории России. Оренбург, 1900; Қазақ ССР тарихы, 1-т., 1957.

Ә.Хасенов

АЛТЫН ОРДА (1243–1503) – орта ғасырларда Шыңғыс хан империясының құрамында Дешті-Қыпшақта құрылған түрік мемлекеті. Экон. және әскери күш-қуаты толысып, мәдениеті өркендеген кезеңде (13–14 ғ.) мемлекет жерінің көлемі 10 млн. км²-ден асты. Бату хан тұсында мемл. астанасы Еділ бойындағы Сарай қ. болып (1243), кейін Берке сарайына (Сарай әл-Жадид) көшірілді. Берке хан билік еткен кезеңде (1257–66) Шыңғыс хан ұрпақтары, оларға ере келген әскерлер мұсылман дінін қабылдай бастады. А. О. Бату, Берке хандар тұсында Шыңғыс хан империясының орталығына, ондағы Ұлы құрылтайға шартты түрде тәуелді болғанымен, Мөңке-Темір (1266–80) кезінде империядан бөлініп, дербестікке қол жеткізді. Орда халқы кейіннен қазақ халқы құрамына енген қыпшақ, қоңырат, керей, адай, арғын, уақ, найман, қаңлы тайпаларынан, сонымен қатар Еділ бұлғарларынан, ежелгі хазар ұрпақтарынан, армяндардан, славяндардан, гректерден құралды. А. О. кейбір шығыс және батыс деректерінде Қыпшақ мемл. атанды. А. О-ның құрылуы сауда, халықар. қатынастардың дамуын, орталықтанған билік идеясының өріс алуын қамтамасыз ететін біртұтас саяси жүйенің қалыптасуына себепші болды, орыс мемлекеттігінің қалыптасуына игі ықпал жасады. 1312 ж. Өзбек хан А. О-да исламды мемл. дін етіп жариялады. А.О. 14 ғ-дың 2-жартысынан әлсірей бастады. 1502 ж. соңғы билеуші Шейх Ахмед ханның өлімінен соң А. О. мемлекет жойылып, оның жерінде Қырым (1428–792), Қазан (1437–1556), Қасым (1445–1681), Астрахан (1466–1557), Сібір (1563–1656), Башқұрт (1656–1738) хандықтары сияқты мемл. құрылымдар пайда болды. Қазақ хандығы да осы кезеңдерде (шамамен 1456/66) қалыптасты. А.О. мемлекет мұсылмандық Шығыс өркениеті мен монғолдар бағындырған елдердің өзара ықпалы тұрғысындағы интеграц. үрдістердің дамуына мүмкіндік туғызды.

Әдеб.: С а ф а р г а л и е в М. Г., Распад Золотой Орды, Саранск, 1960; Ф е д о р о в – Д а в ы д о в Г. А., Кочевники Восточной Европы под властью золотой ордынских ханов, М., 1966; Қазақстан тарихы, 2-т., А., 1998. «АЛТЫН ОРДА» – газет. 2000 жылдың 21 қаңтарынан бастап шығып келе жатқан қоғамдық-саяси тәуелсіз басылымдардың бірі. Газет бетін-

АЛТЫН ШОҚЫ



де ұлттық құндылықтарымыз жөнінде өткір де, толғақты, ойлы мақалалар жиі жарық көреді. Сондай-ақ, экон., әлеум., мәдени мәселелерге де тұрақты орын беріледі. Республикамыздың барлық дерлік аймақтарында меншікті тілшілері бар, апталықтың таралымы да жыл санап өсіп келеді. Газет жоғары жетістіктері үшін «Республикалық ең үздік газет» номинациясы бойынша Қазақстан Журналистер академиясының «Алтын жұлдызын» жеңіп алған, елдегі реформаларды кеңінен насихаттап, қазақстандық журналистиканың дамуына қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған. «А.О.» газетінде белгілі журналистер – Мейірхан Ақдәулетұлы, Дәурен Қуат, Исатай Балмағамбетов жетекшілік етті. Қазіргі уақытта газеттің бас редакторы – Н.Қабылов. Газетте М.Әбдікәдімұлының «Абылай ханның айбары», Д.Асауовтың «Қарағанды бір жылда ескерткіштер қаласына айналды», Р.Әшееваның «Ұлыларға құрметті Ұлытаудан үйренсек» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

АЛТЫН ШОҚЫ – Қарағанды обл-ндағы Ұлытауда Әмір Темір (1336–1405) белгі қалдырған тау. Алтын Орда ханы Токтамысқа қарсы жорыққа шыққан Әмір Темір Ұлытауға келгенде А-ның басына үлкен құлпытас орнатуға бұйрық берген. Ол тасқа шеберлер мынадай сөздерді қашап жазған: «Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы, жаздың ара (шілде) айы. Тұранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскерімен Токтамыс ханға соғыспаққа жүреді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңірі нәсіп берсін. Иншалла, тәңірі бұл кісіге рақым қылып, барша адам есіне алып жүрсін». Құлпытасы акад. Қ.И.Сәтбаев тапқан. Қазір Санкт-Петербургтегі Эрмитажда сақтаулы. Жазудың түпнұсқадағы тілі қазіргі қазақ тіліне өте жақын.

Е.Әлімжан

АЛТЫШАҒАР – Шығыс Түркістандағы (ҚХР) Тарым ойпаты төңірегіндегі Ақсу, Жаңашар, Қашқар, Қотан, Құшар, Қазақстандағы Жаркент қ-ларының жалпы атауы. Қытайлар 18 ғ-да жаулап алды. Ең бастысы Қашқар болғандықтан, бұл өлкені Қашқария, кейде Тұрпанды да қосып (Ш.Ш.Уәлихановтың жазуы бойынша 2 князьдік пен 5 округтен тұрғандықтан) Жетішағар деп те атайды. А. қалалары шығыс пен батыстың ежелгі сауда жолдарының бойына орналасқан. Абылай заманынан бастап Қазан төңкерісіне дейін мұнда Орта Азия мен Қазақстаннан сауда керуендері келіп тұрды. Қазақтар малын сатып, еліне қытай маталарын, үнді шәйін, тері, күміс тауарларын алып қайтты. Кезінде Қашқарда бір

күннің өзінде 40 мыңға дейін мал саудаланған. А-ды еуропалықтарға ашқан Уәлиханов (1856). Өлке қ-ларының тарихын, әкімш. құрылымын, экономикасын, тұрғындарының ұлттық құрамы мен кәсібін, діни сенімі мен салт-дәстүрін Уәлиханов Қытайдың Нан-лу провинциясының алты қаласының жағдайы туралы жазбаларында көрсетті. А. халқы (ұйғырлар, қазақтар, қырғыздар, тәжіктер, т.б.) қытай билеушілеріне қарсы көтеріліске шығып тұрды. Марко Поло заманынан кейін мұнда алғаш келген еуропалық неміс Адольф Шлагинтвейт (Уәлихановтың алдында) осындай көтеріліс тұсында қаза тапқан.

Әдеб.: Уәлиханов Ш., Бес томдық шығармалар жинағы, 2, 5-томдар, А., 1985, орыс тілінде.

Е.Әлімжан

АЛЫПҚАРА (18 ғ.) – батыр. 1781 ж. тамыз айында Уәли сұлтанның Ресей патшасы Екатерина II-ден өзін хандыққа бекітуді сұрап, жазған хатында: «... Менің әкем Абылай хан 69 жасында қайтыс болды. Елу жыл бойы патша ағзамға қызмет етті, алпыс тоғыз жыл ешкімге жамандық жасамай адал өмір сүрді. Абылай ханның артында отыз ұл қалдық. Бәрі де халықтың сыйлы ел ағалары, игі жақсылары» – дей келіп, тізімге А-ның есімін де қосқан.

З.Тайшыбай

АМАНАТ (араб. – сенімділік, адалдық), д ә с т ү р л і қ ұ қ ы қ т а – міндеттемелік шартпен зат иесінің өз мал-мүлкін өзге біреуге сақтауға, қарай тұруға беруі. Бұл мәміле, негізінен, ауызекі түрде жасалған. Бір куәгер болса да жеткілікті саналған. Екінші жақтың өзіне А-қа берілген мал-мүлкті басқа біреуге беруге, уақытша пайдалануға қақысы жоқ. Қазақтың «Аманатқа қиянат жүрмейді» деген мақалы осыған байланысты айтылған. А. хақында дау-дамай туындаған ретте сақтаушы адам, егер куәсі болмаса, ант ішіп, ақиқатын дәлелдейді. А-қа берілген нәрсе иесіне талап еткен кезде қайтарылуы шарт. Тарихта өзара жасасқан келісімшартқа сенімділікті арттыру мақсатымен бір мемл. басшысы ет жақын туысын екінші мемл. басшысына А-қа беру деректері ұшырасады. Абылай ханды қалмақтардың тұтқынынан босатып алуда Әбілмәмбеттің ұлын А-қа қалдырған; Абылай ханның жұмсауымен оның баласы Әділ Бейжін (қазіргі Пекин) қ-нда А-та болған. Осы дәстүрді өзінің отаршылдық мүддесіне пайдаланып, патшалық Ресей Әбілқайыр ханның балаларын А-қа алып отырды.

Н.Өсерұлы

АМАНГЕЛДІ Үдербайұлы Иманов (3.4.1873, бұрынғы Торғай уезі, Қайдауыл болысы – 18.5.1919, Торғай қ.) – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі, Абылай ханның немересі Кенесары Қасымовтың үзенгілес серігі Иман батыр



АНДАҒҰЛ

Дулатұлының немересі. Әкесі шаруа баққан, момын кісі болған. Шешесі Қалампыр Қақуқызы медресе бітірген. А. әуелі ауыл молдасынан 2 жыл оқып, кейін Тасыбай, Тәшмағамбет ишандардың медресесіне түскен. Әкесінен 7 жасында жетім қалып, жоқшылық тауқыметін ерте тартқан. Ел ішіндегі дау-шарға ерте араласқан, сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілерінің қудалауына ұшырап, 1896–1911 ж. арасында бірнеше рет түрмеге отырғызылды. А. батырдың ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Ресей императорының маусым айындағы жарлығына наразылық ретінде Торғай



А.Иманов

даласында бұрқ еткен ұлт-азаттық көтерілісі барысында айқын көрінді. 2–3 ай ішінде елеулі күшке айналған көтерілісшілер Қоғалыкөлде бас қосып, Әбдіғпар Жанбосыновты хан, А-ні көтеріліс қолбасшысы (сардар) етіп сайлады. Әбдіғпар мен А-нің ұйымдастырушылық іскерлігінің нәтижесінде көтеріліс саяси сипат алды, әскери-ұйымдық жағынан нығайып, оған қатысушы сарбаздар қатары 50 мың адамға жетті. А. Торғай қ-н 27 күн бойы қоршауға алды. Ол көтерілісшілердің Шошқалы, Күйік қопаларындағы шайқастарына, подполк. Тургеневтің жаракты үлкен жасағына қарсы 1917 жылғы 21–23 ақпандағы Құмкешу–Доғал–Үрпектегі соңғы айқасына тікелей басшылық жасаған. Жазалаушылар Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісін тұншықтыра алмады. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне дейін жалғасты. А. 1918 ж. 21 наурыз – 2 сәуір аралығында Орынборда өткен Торғай Кеңестерінің тұңғыш съезіне қатысты. Торғай уезінің әскери комиссары болып тағайындалды. Бірақ 1919 ж. 20 сәуірде Торғайда Кеңес өкіметі құлатылды да, А. тұтқынға алынды. Батыр қазақ

азаматтарын бір-біріне қарсы қойған аласапыран уақыттың алмағайып саясатының құрбаны болды. Қабірінің басына ескерткіш орнатылды (мүсінші Х.Наурызбаев). А-ден Рамазан, Шәріп есімді екі бала қалды. Ұрпақтары Алматыда тұрады. А-нің ерлікке толы ғұмыры көптеген ақын-жазушыларды, суретшілер мен композиторлардың шығармаларына арқау болған. Аудандарға, ауылдарға, көшелерге есімі берілген.

Әдеб.: Амангелді Иманов, Мақалалар, документтер, материалдар, А., 1975; Мүсірепов Ф., Таңдамалы, 2-т., А., 1980; Нұрқанов А., Дала қыраны, А., 1980; Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар жинағы. 1–2-т., А., 1997.

Т.Рсаев

АМАНЖОЛОВ Керейхан Рақымжанұлы (22.7.1926, Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауд. – 2006, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1988), проф., Ресей әскери ғыл. академиясының корр. мүшесі (1998). Ленинградтың (қазіргі Санкт-петербург)



К.Аманжолов

саяси-әскери уч-щесін (1951), ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) тарих ф-тін (1965) бітірген. А. – «Түркі халықтарының тарихы», (А., 2002); «Қазақстан тарихы», (А., 2004) оқулықтары мен әскери терминолог. сөздіктердің авторы. Ол «Қазақстан тарихы» оқулығында Абылай ханның батырлық, сұлтандық және хандық қызметіне ғыл. тұрғыдан талдау жасады.

Г.Ысқақова

АМУРСАНА, қ. Әмірсана.

«АНА ТІЛІ» – апталық газет. Алғашқы нөмірі 1990 ж. 22 наурызда респ. «Қазақ тілі» қоғамының елтану және тілтану апталығы ретінде Алматы қ-нда жарық көрген. Апталықтың негізгі тақырыбы – қазақ тілі мен тарихының көкейкесті мәселелері. 1991–2013 ж. «А. т.» газетінде Абылай ханның өмірі, оның үрім-бұтақтары, кейін табылған ханның хаты, т.б. жайында жазылған бірқатар қызғылықты мақалалар жарияланды.

Б.Жақып, М.Ізімұлы

АНДАҒҰЛ Құлсарыұлы (18 ғ.) – Құлсары батырдың ұлы. 1760 жылдың маусым айында Ресей императоры Елизавета Петровнаң атынан Абы

АНДРЕЕВ

лай ханның немере ағасы Сұлтанмәметтің атына жазылған хатта Өскемен бекінісі маңындағы уақ-керей болысының Тоғлы, Қалабай және Қара батырлардың, Битей мен Тілепберген, тағыбасқалардың қатарында есімі аталған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005, 291-б.

АНДРЕЕВ Иван Григорьевич (1743–1801) – орыс этнографы, тарихшы. Ұзақ жылдар бойы Ямышев, Омбы, Бұқтырма, Өскемен, Семей бекіністерінде әскери қызметте болды. Сібір губернаторының тапсырмасымен қазақтардың шаруашылығы, әдет-ғұрпы, шығу тегі жөнінде нақты деректер жинады. Семейдің топограф. суреттемесін аяқтады. А-тің қазақтар туралы мәліметтері «Новые ежемесячные сочинения» деген журналда және «Орта жүз қырғыз-қайсақтарының суреттемесі» деген еңбегінде жарияланды. Соңғы жұмыстың 18 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ тұрмысы жөнінде деректер келтірілуімен қатар этногр. мәні бар. А-тің еңбегі мамандардың пайымдауынша «белгілі дәрежеде қазақтардың 18-дың тарихы мен этнографиясын зерттеудің қорытындысы болды» делінеді. Г.И.Потанин осы еңбек туралы жағымды пікір білдіріп, «қыр қазақтарының бұрынғы жайы-күйін қазіргі жағдайымен салыстыра зерттеуге пайдалы алғашқы этнографиялық еңбек» деп бағалады. А. бұл еңбегінде Абылай ханның қырғыздарға жасаған жорықтары, Қожаберген батыр бастаған қазақ жасақтарының Қазақстанның шығысында жонғарлардан босаған ежелгі мекендерін қайтарып алуға бағытталған күресі туралы деректер келтірген.

Ш ы ғ.: Описание Средней Орды киргиз-кайсаков, касающихся до сего народа также и прилежащих к российской губерний, по части Кольванской и Тобольской губерний, крепостей. СПб., 1795.

Әдеб.: П о т а н и н Г.Н., О рукописи капитана Андреева, Изв. РГО, 1875, т. 11; О рукописи капитана Андреева о Средней киргизской орде, написанный в 1785 году. // Географические известия. СПб., 1875. Т. 11, вып. 2, с. 107–110; Т а й ш ы б а й З.С., Қазақтың ханы – Абылай, 2-т., Алматы, 2011.

Ж.Шалғынбаева, З.Тайшыбай
АНДЫҚОЖА Әлменбетұлы (1672–1752) – батыр. Орта жүз, атығай руынан шыққан. Абылай сұлтанға жақын, кеңесші, Шакшақ Жәнібек батырмен дос болған. 1726 ж. Бұланты өз. бойындағы соғыста А. бастаған жасақ ерекше көзге түсіп, бас қолбасы Бөгембай батырдан мақтау алған. А. батыр Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

З.Тайшыбай
АННА ИОАНОВНА (1693–1740) – Ресей патшасы (1730–40), Петр I-нің немере қарындасы. Оның патшалығы тұсында дворяндардың құқықтары (1730, 1731, 1736 жылдардағы жарлықтар) ке-

нейтілді. Ресей 1733–34 ж. «поляк мұрагерлігі» үшін болған соғысқа, 1735–39 ж. орыс-түрік соғысына қатысты, Қырым хандығын (1736–38) жаулап алды. А.И. кезінде Әбілқайыр хан Ресейдің қоластына енді: алғашқы ант 1931 ж., екіншісі 1738 ж. қабылданды. Қазақстанда Ресей импе-



Анна Иоановна

риясының отарлау саясатын А.И. кезінде А.И.Тевкелев, И.К.Кириллов, В.Н.Татищевтер белсене жүргізді. 1740 ж. Ор бекінісіне Орта жүздің беделді сұлтан, старшындарын бастап келген Әбілмәмбет хан Абылай сұлтанмен бірге ресей патшасы А.И.-ға ант берген.

Е.Уәлиханов

АНТ – жеке тұлғаның ең қастерлі нәрсемен өзге бір адамды не адамдар қауымын өзінің адал ниетіне салтанатты түрде сендіруі, уәде беруі, куәлік етуі. Қазақ дәстүрінде тіршіліктің ең негізгі нәрі нан ұстап, қасиетті Құранды ұстап адалдығына А. беру рәсімі ежелден қалыптасқан. Жаугершілік замандарда сарбаздар елдің еркіндігі, намысы үшін жан аямасқа сертесіп, қылыштың жүзін сүйіп А. берген. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан 1740 және 1742 ж. Ресей мемлекеті алдында адалдық А-ын берген. Ел қорғау міндетін өтерде А. беру салты қазір жаңа мазмұнмен байыды.

Н.Өсерұлы

АҢЫРАҚАЙ – Жамбыл обл-ның Шу ауд. жеріндегі тау сілемі. Шу–Іле тауларының оңт.-шығыс бөлігіндегі тарихи жер аты. Абс. биікт. 1295

м, ұз. 75 км, ені 5 км. Беткейлерінің оңт.-батысы жазық, солт.-шығысы құлама жар, қорым тасты, шынды келеді. Қиыршық тас араласқан қоңыр топырағында жусан, бетеге, селеу, қараған, тобылғы, ал тау аңғарларында бұта аралас қау өседі. А-дағы Итішпес к-інің маңында 1729 ж. (кейбір деректерде 1730 ж.) қазақ жасақтары жоңғар басқыншыларын ойсырата жеңген.

Қ.Ахметов

АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ (1729 жылдың мамыр-маусымы, кейбір деректерде 1730) – біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі. Болат ханның бастауымен Үш жүз хандары (Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр), билер (Төле, Қазыбек, Ақсуат), сұлтандар, батырлар қатысқан Ордабасы жиынында (1726) бүкіл қазақ қолының бірігуі (бас қолбасшылыққа Әбілқайыр хан сайланған) жауға қарсы бірыңғай стратег. шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген Үш жүз жасақтары 1728 жылдан бастап, Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа әзірлене бастады. Бұл кезде қалмақ қонтайшысы Севан Рабдан өліп, оның ұлы Қалдан Серен (Цэрен; 1727) билікке келген. 1723 жылдан бастап еліміздің Шығысы мен Жетісуды, Оңт-н, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірді басып алған жоңғарлар енді қазақ жерін тұтастай иелену ниетінде еді. Қазақтардың әрекетін сезген олар да Шу мен Балқаштың оңтінде үлкен шеп құрды. Үш жүз жасақтары шешуші шайқас алдында Хантауында, Сұңқар тауында (кейін бұл жер Әбілқайыр тауы аталды) жиналды. Бұл таулардың бауырында «Үлкен Орда қонған», «Кіші Орда қонған» деген жер атаулары күні бүгінге дейін сақталған. Шайқас солт. Балқаш, оңт. Отар даласы, батысы Шу, шығысы Күртіге дейінгі аралықтағы бедерлі жерлерде өткендігін бұл өңірде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдары дәлелдейді. Бұл қорымдар КСРО Бас штабының 1942 жылғы құпия карталарында көрсетілген. Аңырақай аталатын да осы өңір. Шамамен көктемде басталып, жаз айларына ұласқан (40–45 күн) майданда біртіндеп басып түсе бастаған қазақтар Итішпестің Алакөлі (Балқаштың шығысындағы Алакөл емес) маңында ірі жеңіске жеткен. Балқаштан оңт-ке қарай 120 км жердегі бұл көл қазір Сорқұдық деп аталады. Көлдің ұзынд. 10–12 км, ені 2 км. Оның қасындағы шайқас өткен соғыс алаңының ұзынд. 30–35 км, ені 20 км. А.ш-на 30–35 мың қазақ, 35–40 мың жоңғар әскері қатысты деген болжам бар. Орыс барлаушыларының деректеріне қарағанда 1723–25 ж. қырғынға көп ұшырап, жері жау қолында қалған Ұлы жүз 10 мың жасақ шығарған. Орта жүз жауынгерлерінің саны 15 мыңдай болған. Адамда-

ры көбірек сақталған Кіші жүз жер шалғайлығынан 10–15 мыңдай әскермен келді деп топшылауға болады. Үш жүз жасақтарының қимылын үйлестіру міндетін бас қолбасшы Әбілқайыр жүзеге асырды. А.ш-нда алғашқыда позициялық, күштерді барлау соғысы болды. Екі жақ та өңірдің таулы, жыралы бедерлерін өз мақсаттарына ұтымды пайдаланып, жауын аз шығынмен көп қыруға тырысып бақты. Қалмақ жағының қару-жарағы басым еді. Мылтықпен бірге өздерінде құйылған, Ресейден сатып алынған әртүрлі қашықтыққа атқылайтын зеңбіректері де болды. Қазақтар бұл кезде зеңбірекке қарсы ұрыс тәсілдерін меңгергендігін байқатты. Көптеген қазақ батырлары соғыс жетік білетіндігін көрсетті. «Ай қораланды», «Құйрық жеу», «Ашамай» т.б. қазақтың байырғы ұрыс тәсілдерін кеңінен қолданды. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан мен Төле би, бұл қолдың құрамындағы Дулат тайпасының әр руының қолын: сиқым Қарабатыр (Төле бидің күйеу баласы), жаныс Өтеген, ботбай Сәмен, шымыр Қойгелді, ошақтыларды Саңырық, ыстыны Төлек, шапыраштыны Қазыбек бек, албандарды Хангелді батырлар бастады. Орта жүз қолын қанжығалы Бөгембай, шақшақ Жәнібек, керей Жәнібек, қыпшақ Тілеулі, қаракерей Қабанбай, абақ керей Жауғашар (Шақантай), Кіші жүз қолын тама Есет, шекті Тайлақ т.б. батырлар басқарып, үлкен ерлік көрсетті. Қазақ садақшыларының жеке жасағын ошақты Саурық батыр басқарды. Кейбір деректерде болашақ ұлы хан шамамен 17–20 жасар Әбілмансұрдың (Абылайдың) жауға «Абылайлап» шапқаны осы шайқас деп көрсетіледі, сіргелі Елшібек батырдың өз тобымен жау зеңбіректерін жарып жібергендігі айтылады. Шайқасқа болашақ қолбасшы шапырашты Наурызбай да қатысқан. А. ш-нда көптеген батырлар жекпе-жекке шықты. Қанжығалы Бөгембайдың Қалдан Сереннің інісі, қолбасшы Шономен жекпе-жекке шығып, бірін-бірі жеңе алмағандығы айтылады. Шапырашты Бөлек батыр жекпе-жекте қалмақ Аңырақайды, шымыр Ақша батыр қалмақ Дәржіні (Дәржі атты жер бар) өлтірді. Бұл соғыста көптеген атақты батырлар – шымыр Ақша, күнту Барлыбай, сиқым Қарабатыр т.б. шейіт болды. Итішпестің Алакөлі маңындағы соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай, Аягөз, Шарға қарай жөңкіле қашты. Бірақ қазақтар бұл жеңісті одан әрі дамыта алмады. Оған шайқастың соңғы жағында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ үшін талас кедергі келтірді. Болат ханның інісі Сәмеке (Шахмұхамед) ұлы хандыққа сайланбады. Көпшілік Болат ханның баласы жас Әбілмәмбетті қолдады. Бұған наразы болған Әбілқайыр майдан даласын тастап, Кіші жүздің



колын Ырғыз арқылы батысқа алып кетті. Орта жүз қолының көбісін Сәмеке хан соңынан ертіп солт-ке бет алды. Бірақ А. ш-ндағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін бекітті. Бұл жеңіс көршілеріне Қазақ хандығының қуатты ел екендігін паш етіп, Орта Азиядағы саяси ахуалды күрт өзгертті. Жау жағадан алғанда етектен тартқандар енді қазақ елімен санаса бастады. Халқымыз үшін А.ш-ның маңызы орыстардың Бородино даласындағы, Еуропаның біріккен қолының Ватерлоо, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысындағы Сталинград түбіндегі жеңістерімен бірдей. Аңырақай жеңісі тәуелсіздікті, аңсаған қазақ елінің тұтастығын сақтап қала алатындығын айқын дәлелдеді.

Әдеб.: Ба с и н В.Я., Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв., А.-А., 1974; Мо и с е е в В.А., Джунгарское ханство и казахи в XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Ты н ы ш п а е в М., История казахского народа, А., 1993.

Ж.Қасымбаев

АПОЛЛОВА Наталья Геннадиевна (20.6.1898, Саратов обл. Петровск ауд. Саполганьин с. – 21.2.1993, Мәскеу қ.) – ресей тарихшысы, тарих ғыл. докт. (1963). Саратов мемл. ун-тінің қоғамдық ғылымдар ф-тін (1924) және КСРО ҒА Тарих ин-тының аспирантурасын (1945) бітірген. Ғыл. еңбек жолын Мәскеу қ-ндағы Солт. халықтары к-тінде ғыл. қызметкер ретінде бастаған; бұдан кейін ол КСРО халықтары мұражайында ғыл. қызметкер әрі экскурсовод, ал 1935 жылдан КСРО ҒА-ның Тарих ин-тында ғыл. қызметкер болды, әскери з-тта және Мәскеу қ-н қорғау ісінде (1941–42) жұмыс істеген, Мәскеу қ-ндағы В.И. Ленин атынд. Бүкілодақтық мемл. кітапханада бас библиограф (1942–43), КСРО ҒА-ның іргелі кітапханасында библиограф (1945–46), Қазақ КСРО ҒА-ның тарих, археол. және этнография ин-тында (қазіргі Қазақстан ҰҒА-ның Тарих және этнол. ин-ты) аға ғыл. қызметкер (1955–70) болып еңбек еткен. 1963 ж. «XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстанның Россиямен саяси және экономикалық байланыстары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. А. – «18 ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстанның Россияға қосылуы» (1948) атты кітаптың авторы. Ғалым Қазақстан тарихына қатысты жазған еңбектерінде ресейлік мұрағаттарда сақталған құжаттарға сүйене отырып, Абылайға қатысты, әсіресе қазақтардың сол кезеңде орыстармен сауда-саттық жасау ісіне мүдделі болғанына назар аударған.

С.Көбеева

«**АРАЙ**» –журнал. Жастарға арналған респ. қоғамдық-саяси, әдеби-көркем журнал 1987 жылдың сәуір айынан Алматыда айына бір рет қазақ тілінде шыға бастады. Көлемі – 4 б.т. Орысша нұсқасы «Заря» деп аталды. Алғашқы бас редакторы –

Ә.Көпіш. «А.» журналы қазақ жастарының арасында беделді басылымға айналып, 1989–91 ж. арасында таралымы 300 мың данаға жетті. 1992–94 ж. журнал қаржы тапшылығына ұшырап, таралымы күрт азайды. 1995 жылдан жекешелендірілді. Басылымның бүгінгі таңдағы бас редакторы – Клара Қабылғазы. Журналда Т.Айтбайұлының «Абылай хан» спектаклінің сахнадағы қойылымы туралы мақаласы жарық көрген.

К.Қошым-Ногай

АРАЛБАЙ Сырымбетұлы (1712, Жаркент өңірі – 1752, Шу бойы) – қазақ-қалмақ соғысының батыры, елші. Қаракерей Қабанбай, Бөгембай, Наурызбай, Өтеген, Райымбек, Хангелді батырлардың үзеңгілесі. Ұлы жүз ханы Жолбарыстың орыс бодандығын қабылдайтыны жөнінде Әбілқайыр ханға жіберген елшісі. А. 1733–34 ж. Петербургке Ресей патшасы Анна Иоановнаға жіберілген Ералы сұлтан бастаған елшіліктің құрамында болды. 1740 ж. Жетісу, Талас өңірінде қалмақтармен болған шайқастарда қол бастап, ерлігімен көзге түскен. Шу бойындағы осындай соғыстардың бірінде қаза тапқан.

Әдеб.: Суан шежіресі, А., 2000.

Д.Дәуітов

АРАЛ БАТЫР (18 ғ.) – қолбасы. Қалмақтарға қарсы соғыстарға қатысқан. Кіші жүздегі Кете руынан. Әжібай би Балпашұлының інісі. Жоңғарларға қарсы Абылай хан бастаған ұрыстарда көрсеткен ерліктері Олжабай Нұралыұлының «Сабалақ» дастанында суреттелген. Ол Кіші жүздің 10 мыңға дейін жеткен біріккен қолын басқарған А. б. қазақ елінің Ресейге бодан болуына қарсы болды. 1738 ж. Әбілқайыр ханды қолдаған ру басылары Ресейге бодан болуға екінші рет ант бергенде құжатқа қол қоюдан бас тартқан. А.б. Жемнің төм. ағысындағы Бақашы әулиенің қорымына жерленген.

Г.Жорабаева, Т.Дайрабай

АРАЛ ХАНДЫҒЫ, Хорезм хандығының солт-н мекендеген Қоңырат және Маңғыт тайпаларының өзара қырқысуы нәтижесінде бөлінген қауым 18 ғ-да Арал жағасында жеке хандық құрды да, Шыңғыс тұқымдарын хандыққа шақырды. 1712 жылға дейін мұнда Мұса хандық құрды, ол өлген соң Серғазы билік жүргізді. Мұса ханды хиуалықтар мерт қылғанда, жетім қалған ұлы Сәтемірді аталығы Оразалы мен немере ағасы Сердәлі жасырып, сақтап өсіреді де, кәмелетке келген соң, Арал тағына отырғызады. Сәтемір хиуалықтарға бағынбай, дербестікке ұмтылған (Сәтемірдің жастық шағы Абылай ханның аңыздағы өмір деректеріне өте ұқсас екені байқалады). 1740 ж. А.х-н парсының Нәдір шахы басып алды. 1770 ж. қоңыраттардың көсемі Мұхаммед Әмин инақ Түркіменнің жәуміт тайпасын тал-

қандап, елде қоңырат билігін орнатты. Кейбір орыс зерттеушілері «Арал өзбектері» деген сөз тіркесін қолданады.

Әдеб. Т а й ш ы б а й 3. Қазақтың ханы – Абылай, екі томдық, «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

3. Тайшыбай

АРАПОВ Матвей Федорович (1711–1774) – орынбор помещиігі, тілмаш. Ол ержеткен шағында православие дінін қабылдап, шоқындырылған, шығу тегі татар. 18 ғ-дың 30 жылдарынан Бузулук бекінісі кеңсесінің тілмашы болған. А. татараша және орысша сауатты болумен қатар башқұрт, қазақ, қалмақ тілдерін еркін меңгерген. Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің қазақтардың арасына жұмсайтын елшісі, Кіші жүз бен Орта жүз арасында тыңшылықпен де айналысқан А. 1758 ж. Абылай сұлтанның ауылында болады. 1750 ж. Орынбор губ. кеңсесінің тілмашы болды. 1747 жылдың күзінде А. Орта жүзге, Барақ сұлтанның ауылына барып қайтқан. Е.И.Пугачевтің атты әскер отрядының тұтқиылдан жасаған шабуылы кезінде ауыр жарақат алған А. көп ұзамай қаза тапқан.

АРАПОВ ЕЛШІЛІГІ – 1764 ж. маусым – тамыз айларында Орынбордағы Ресей әкімі ген.-поручик А.П.Лочиновтың Қылшақты өз. бойындағы Абылай хан ордасына жіберген елшілігі. Елшіліктің басты мақсаты – Абылайдың саяси бағыты жөнінде мәліметтер жинау. Елшілік Абылайға Ресеймен әскери одақ және сауда қатынасын орнату қажеттігі, Ресей тарапынан Абылайға берілетін кепілдіктер туралы Орынбор әкімшінің хатын тапсырды. Абылай Орынбор әкімшіне берген жауап хатында Қытай ұсыныстарын қабылдамайтынын, Ресеймен ынтымақты одан әрі жалғастыратынын білдірді. А.е. бұл сапарында Орта жүз қазақтарының болашақта Ресей саясатына көзқарасы, бұрынғы Жоңғар хандығының жеріндегі Қытай әскерінің құрамы, Қытайдың Шығыс Түркістан халықтарына қысымы, Абылайдың Шығыс Түркістан билеушілерімен қарым-қатынасы жөнінде мағлұматтар алып қайтты. Абылай А. е-мен бірге Орынборға Орта жүздің 8 адамын өкіл етіп жіберді.

Е. Уәлиханов

АРБА – ертеде әскери көлік ретінде қолданылған, кейін жол жүруге, жүк тасуға, уақытша жылжымалы тұрғынжай ретінде пайдалануға арналған көне көлік түрі. Көшпелі халықтар А-ны қорғаныс құралы ретінде де пайдаланды. «Монғолдың құпия шежіресінде» «қазақ арба» деген сөздер ұшырасады. Бұл да күймелі А. болса керек. Күйме – А. үстіне ағаштан қиып жасаған, ішін киізбен қаптаған терезелі, доңғалақты әрі көлік, әрі үй. Бұл А. үстіне кереге құрып, шаңырақ көтеріп, уық шаншып, туырлық жапқан киіз үй пішінінде

де болады. «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырларында күйме сипаттамалары берілген. Орта Азия мен Таяу Шығыс елдерінде арық-атызды жерлермен жүк тасу үшін доңғалақтарының диаметрі 2 м-ге дейін жететін қос доңғалақты А-лар пайдаланылған. Оларды қазақтар «қоқан арба» деп атаған. Сол «қоқан арбалардың» бірі Қожа Ахмет Иасауи кесенесі жанындағы мұражай-үйде тұр. Жеңіл А-лар негізінен жол жүруге арналады. А. түрлері шаруашылық, тұрмыс қажеттіліктеріне байланысты үнемі жетілдіріліп отырған. Олардың екі, төрт, көп доңғалақты ашық, шатырлы, күйме, үйшік түрлері болған. Ресейдің билеуші өкілдерімен келіссөздер жүргізу үшін Орынбор қ-на келген Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды 1740 ж. 28 тамызда сән-салтанатымен әсем безенген 12 атты әскер және 6 ат жеккен күймелі А-мен қарсы алған; Орта жүз ханы мен сұлтаны өздеріне арналған күймелі арбаға отырып, сап түзеп тұрған қазақ әскерлері алдынан өткен кезде барабан соғылып, музыка ойнаумен құрмет көрсетілген.

Ә. Асан, Ә. Темірғалиев

АРҒЫМАҚ – қазақ жылқысының сұлу, асыл тұқымы. Қазақ жерінің табиғатына үйлескен А. төзімділігі, алысқа шабуы, күй талғамайтындығы жағынан түркімен жылқысынан асып түскен. 19 ғ-дың аяғында орыстың жылқы мамандары 3 ахалтеке мен 3 қазақ А-н жарыстырып сынаған. Жарыс кезінде ахалтекелер бірден озып шыққанмен, ұзай келе А-тан қалып қойған. 18 ғ-дың ортасында Абылай хан Алатау қырғыздарының әрбір түтініне бір-бір арғымақ бағып беруге салық салған. Мұны «ханның қазынасы» деп атаған. А. қазір кездеспейді, бірақ халық арасында жүйріктік пен төзімділік баламасы болып қалған.

Әдеб.: Лучшие породы киргизской лошади – арғымак. Православный вестник, 1898, №11.

А. Тоқтабаев

АРҒЫН – қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүз құрамына енеді. М. Тынышбаевтың айтуынша 20 ғ-дың басында 6 млн-ғ жуықтағы қазақтар ішіндегі сан жағынан ең көбі де (890 мың адам) А-дар болған. Ежелгі қонысы – Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өз-дерінің бойлары мен Балқаш к-нің солт-ндегі шөлейт өлке. Арғындардың арғы тегін «Орхон-Енисей» ескерткіштеріндегі жазуларда кездесетін «ұлық-арғұн», 5 ғ-дағы Қытай жазбаларында ұшырасатын Гаугуй (алун) тайпаларымен, монғол тіліндегі «он» деген сан есімді білдіретін «арған» сөзімен байланыстыра қарастыратын пікірлер бар. «Арғын» атауын көне түрік тіліндегі «бағыс ғұн» дегеннен шықты дейтін де тұжырым да кездеседі. Орыс зерттеушісі Н.А. Аристов а-ды қытай жылнамаларында «башмыл» (орхон жазуларында «бас-

АРҒЫНБАЕВ

мыл») деп атаған тайпалармен тікелей байланысы бар деген қорытынды жасайды. Аристовтың мұндай пікір айтуына 13 ғ-дың атақты жиһанкезі Марко Полоның кітабындағы «Тендік» деген аймақта «аргон» деп аталатын халық бар, ол екі рудан, тендік арғындарынан және Мұхамедке табынатын тендіктерден тұрады» деген жазбалары себепкер болғанға ұқсайды. Марко Полодан 2 ғ. бұрын өмір сүрген Махмұд Қашқари түрік жұртының қатарында «басмыл» деген ел бар, оның Шын еліне дейін ұласып жатқан қонысын «Басмылдар даласы» деп сипаттай отырып, «көп аргу» (ежелгі ғұн құрамындағы тайпа) атауы жөнінде де сөз қозғайды. Көне түрік тілінде «аргун» сөзі «көп», «қалың» мағынасын білдірген. Демек бұл тұжырымдар әуел баста «басмыл», кейіннен «арғын» деп аталған елдің кезінде қазақ шежіресінде «құрама» деп аталатын қауымдастыққа ұқсас, әр текті рулардың одақтастарынан құрылған қалың ел болғанын көрсетеді. Бұлай деуге дәйекті себептер 8–9 ғ-лардағы қытай жазбасында «башми» түрінде айтылатын ел құрамына 40 рулы ел кіргендігі баяндалады. «Қырық рудан құралған» – деген сөз қазақта да бар. 8 ғ-да тибет тілінде жазылған «Теріскейдегі елдерді барлау мәліметі» атты құжатта: «Басмылдардың бес тайпасы ұйғыр, қарлұқтармен бірлесе отырып, түріктердің обұқшар қағанатын ойсырата жеңіп, оның орнына басмыл көсемі қаған болды. Кейінірек ұйғырлар мен қарлұқтар бірігіп басмыл көсемін өлтірді», – делінеді. Ұйғыр мен қарлұқ одағынан жеңілген басмылдар ыдырап, басқа тайпаларға сіңісіп кетсе керек. Қытайдың Таң патшалығы дәуіріндегі жылнамалардың бірінде қарлұқтардың бір ұлысы Сопы аталса керек. Осы «сопы» сөзі қазақ рулары ішінде тек А. құрамына кіретін мейрамсопы, ақсопы, қарасопы, сарысопы сияқты рулар атында ғана сақталған. Демек Түрік қағанаты кезінде Алтай таулары мен Аргун өз-нің арасында көп рулы басмыл тайпасының, кейіннен Тарбағатай, Алакөл, Іле маңын, соңғы ғасырларда Сарыарқа төскейін мекендеген қалың А-ның ата тегі осы сопылардан таралуы да мүмкін. Қазақ шежіресінде А-дар Бәйбіше арғын, Тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Ергүл бәйбішеден өсіп-өнген А-ға жататын рулар бірлестігі «Бес Мейрам» атанады. Олар: қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегендік (қақсал) және қаракесек (болатқожа). «Абылай аспас арқаның сары белі, Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі» деп өленде айтылатындай, А-ның ең беделдісі – осы Бес Мейрам бірлестігі. Бұлар Акмола, Баянауыл және Қарқаралы өңірін мекен еткен. Тоқал арғынға жататындар Момын ананың атына байланысты «Жеті Момын» атанады: қанжығалы, тобықты, бәсентиін, қарауыл,

атығай, сарыжетім, шақшак. Бұлар 19 ғ-дың ақыры мен 20 ғ-дың басында Көкшетау, Ерейментау, Ертіс, Шыңғыстау және Торғай өңірін мекен еткен. «Жауған қардай, шөккен нардай» Абылай ханның ең сенімді серігі Қанжығалы Бөгембай сияқты қаһарманды, Абай сияқты кемеңгер ақынды берген осы Жеті Момын елі. А. тайпасының ұраны – «Ақжол», таңбасы – «көзтаңба».

Әдеб.: Тынышпаев М., Материалы и истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Валиханов Ч.Ч., Собр. соч., т. 1, 1961; Бартольд В.В., Соч., т. 2, М., 1964; Муканов М.С., Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза, А.-А., 1974; Аристов Н.А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности СПб, 1887; Мәшһүр Жүсіпкөпеев, Қазақ шежіресі, А., 1993.

Х.Арғынбаев

АРҒЫНБАЕВ Халел (21.9.1924, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 8.8.1998, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1976), проф. (1982). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1951 ж. Қазақ пед. ин-тын бітіргеннен кейін Талдықорған обл. Панфилов қ-нда пед. уч-щеді мұғалім, 1957 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этногр. ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері, этногр. бөлімінің меңгерушісі, ин-ттың бас ғыл. қызметкері болды. Қазақ халқының тарихи этногр-сын (көшпенділік, мал ш., қол өнері, оқу-ағарту, отбасы, т.б.) зерттеуге зор үлес қосты. Осы салада 200-ден астам ғыл. еңбек, бірнеше ғыл. монография жазған. 1959–76 ж. Қазақстанның бірқатар обл-тарына арнайы ұйымдастырылған этногр. экспед-ларды басқарды. Қазақстан және



Х.Арғынбаев

Орт. Азия халықтарының тарихи-этногр. атласын жасауға атсалысты. А. Қазақстандағы этнография ғылымының негізін салған акад. Ә.Х. Марғұланнның ғыл. мектебі дәстүрін дамытты. 1992 ж. оның «Абылай аспас Арқаның сары белі» атты мақаласы «Ана тілі» газетінде жарияланған; автор мақаласында жоғарыдағы сөз тіркесінің мән-мағынасын тарихи оқиғаға байланысты түсіндіріп, өзінің көзқарасын білдірген. Ел арасындағы аңыз әңгіме бойынша Қаракесек руының Ботақан де-

ген азаматын «Абылай керуен тонады» деп ұстап, тірідей жерге көміп жазалайды. Осыған наразы болған Арқадағы Қаракесек, бес Мейрам елі 700 сарбаз жинап, Қаз дауысты Қазыбек бидің ұлы Бекболат бидің бастауымен, Абылаймен соғысуға дайындалады. Бірақ мұндай соғысты қаламаған Сүйіндік руының биі Едігенің кірісуі арқасында, екі жақ соғыспай, бітімге келеді. Мақала авторының пікірінше, «Абылай аспас Арқаның сары белі» тіркесі осы оқиғаға байланысты шыққан болса керек. Яғни Арқаны жайлаған Қаракесек, бес Мейрам елінің тегеурінімен санасуға Абылай хан да мәжбүр болған деген ойды меңзейді. Осыларды айта келіп, мақала авторы бұл оқиға, бір жағынан, жоңғар шапқыншылығынан құтылған соң, 18 ғасырдың 70-жылдары, қазақтың руға, жүзге бөлінгіштік әдетін қайта бастап, бір ортанған хан билігіне бағынғысы келмеген әрекеттерінің бір көрінісі деген қорытынды жасайды. «Тәуке хан өлгеннен кейінгі жүздер мен ру-тайпалардың алауыздығының салдарынан қалың қазақ «ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаға» ұшырады. Тек Бөгембай, Қабанбай, Абылай сияқты батырлар, Төле, Қазыбек, Бұқар сияқты билер мен жыраулардың күш салуының нәтижесінде қазақ елі бірігіп, өзінің Тәуелсіздігін сақтап қалды. Ал 18 ғасырдың ортасында Жоңғар хандығы қытайлардан түбегейлі жеңілуінің нәтижесінде, қалмақ тарапынан енді қазақ жұртшылығына қауіп жойылған кезде, Абылайдың күшті хандық өкіметіне бойсұнғысы келмеген ру-тайпа басыларының әрекеті әр жерден бой көрсетіп жатты. Міне, сондай әрекеттің бірі осы мақалада сөз болып отырған уақиға» деп, автор «Абылай аспас сары белдің» терең себептеріне ой жүгіртеді. Сөйтіп, бұл сөз тіркесінің сырын аша келе, оның қорытындыларын кейінгі ұрпақтарға тарихи тағылым, сабақ ретінде ұсынады.

Ш ы ғ.: Қазақтың мал шаруашылығының этнографиялық очеркі, А., 1969; Қазақ халқының семья мен неке, А., 1973; Қазақ халқының колөнері, А., 1987; Қазақ отбасы, А., 1996.

Қ.Ерғазиева, С.Ғұсманқызы

«АРҚА АЖАРЫ» – Ақмола обл. әкімш. мен обл. мәслихатының газеті. 1928 ж. қазанда Ақмола қ-нда шыққан «Жаңа арқа» газетінің ізбасары. Газет 1930 жылдың қыркүйегіне дейін аптасына екі рет, Ақмоланың округтік партия, атқару к-тері мен кәсіпшілер одағының органы ретінде жарық көрді. «Жаңа арқа» 1930 жылдың қазанында 76-нөмірінен бастап ауд. газет болды. 1933 ж. «Колхоз екпіндісі» деп аталды. Ақмола Қарағандыдан бөлініп, өз алдына облыс болған кезде (1939 ж.), газет «Сталин туы» деген атпен шығарылды. СОКП XX съезінен кейін (1956 ж.) «Есіл правдасы» деп өзгертілді. 1962–64 ж. «Тың өлкесі», өлке

таратылғаннан кейін «Коммунизм нұры» деген атпен шыға бастады. Ол 1991 жылдың 1 ақпанынан «Арқа ажары» деп аталды. Қазіргі кезде газетке Қайырбай Төрекожа бас редакторлық етеді. Газетте С.Байболовтың «Болаттай шындалған Жантай батыр», Қ.Жүсіптің «Абылай хан мұражайы», Е.Мырзахметұлының «Абылай, Ораз хикаятынан бірер сөз» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

АРҚАБАЙ Өтеғұлұлы (1699, қазіргі Алматы обл. Талғар ауд. Жайық мекені – 1781, сонда) – би. Абылай ханның тұстасы. Тегі Дулат руынан. А. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған алапат кезеңде ел бірлігінің, рулар ынтымақтастығының ұйытқысы болып, ағайын туыстарын Сәмен батырдың туы астына жия білген. Өзінің інісі Көтентай – Жетісу өңірін жоңғар басқыншыларынан қорғау ісінде атақ-даңқы шыққан тарихи тұлғалардың бірі. А-дың баласы Шалабай да 1743, 1755 жылдардағы қазақ-жоңғар шайқастарында ерлігімен танылып, батыр атанған. Көтентай өз-нің жоғ. ағысында, Жетісу Алатауының етегіне таман орналасқан бидің ата қонысы қазір «Арқабай ауылы» деп аталады. А. зираты сол манайдағы Ботпай қорымында.

АРТЫҚБАЕВ Жамбыл Омарұлы (20.8.1959 ж.т., Қарағанды обл. Бұқар жырау ауд. Жаңақала а.) – тарих ғыл. докт. (1997), проф. (2001). Қарағанды мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1984) және Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тының аспирантурасын бітірген. Қарағанды



Ж.Артықбаев

мемл. ун-тінің тарих ф-тінде оқытушы, доцент, декан, проф. (1984–2001), 1997 жылдан кафедра және зертхана меңгерушісі. Павлодар мемл. ун-тінде кафедра меңгерушісі (2003–08), 2008 ж. Астана қ-ндағы Мемлекет тарихы ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары болып қызмет атқарды. «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы» деген тақырыпта докт. диссертация қорғады. Оның негізгі ғыл. еңбектері 15–19 ғ-лардағы қазақ қоғамының этноәлеум.



мәселелерін зерттеуге арналған. А. Қазақстан тарихы мәселелерін қарастыратын бірқатар кітаптар мен оқулықтардың («Этносоциальная структура казахов Северо-Центрального Казахстана во второй половине 19 в.», 1989; «История Казахстана в 19 в.», 1992; «Бухар жырау. Двенадцать историй», 1994; «Этносоциальная структура казахского общества в 18 в.», 1997; «Казахское общество в 19 в.: традиции и инновации», 1993; «История Казахстана», 1999; «Сарыарка – колыбель степной цивилизации», 1999; «Этнология и этнография», 2001; «Казахское общество: традиции и инновации», 2003) авторы. Ол мерзімді басылымдарда («Жас казак», «Нұр-Астана», «Жебе», 2013) Абылай хан туралы өзінің ұсыныс пікірлерін жариялаған.

П.Әбішев, Е.Түсін

АРЫС – Оңт. Қазақстан обл-ндағы өзен, Сырдарияның оң жақ саласы. Ұз. 378 км, алабының ауд. 14900 км². Ақсу – Жабағылы қорығына жақын Шақпақ бұлағынан (Қаратау мен Талас Алатауының аралығында) бастау алып, Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд-ның Талапты а. маңында Сырдария өзе-не құяды. Басты салалары: Ақсу, Бадам, Қабылсай, Жабағылысу, Боралдай. Жоғарғы ағысы терең таулы аңғармен, орта және төменгі ағыстарында жазықпен ағады. Негізінен көктемгі еріген қар суымен және жаңбыр суымен толығады. Суы егістік, бау-бақша, шабындық суаруға пайдаланылады. 1781 ж. мамыр айында жорықта жүрген Абылай хан А. өз-нің жағасында 69 жасында қаза тапқан.

Ж.Достайұлы

АРЫСТАНБАЙ Айбасұлы (1693, қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз – 1748) – батыр. Абылай хан заманында өмір сүрген. Руы – Шөмекей. Жастайынан Әбілқайыр ханмен дос болып өскен. Ханның жауапты тапсырмаларын атқарған. А-дың сыртқы жаулармен 1722–29 ж. болған соғыстарда атағы шығады. Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханмен бірге Барақ сұлтанның қолынан қаза тапқан 40 сарбаздың ішінде А. да бар. Т.Ізтілеуовтің жырында, Ә.Кекілбаевтің «Елең-алаң» романында А-дың көркем тұлғасы жасалған.

Т.Дайрабай

АРЫСТАНБАЙ (Арыстан) Тобылбайұлы (1811, қазіргі Ақмола обл. Қорғалжын ауд. – 1880, сонда) – ақын. Әкесі – Тобылбай би. А. Орынбай, Серәлі, Шөже ақындармен айтысқан. Қоқан, Ташкент, Созақ, Үргеніш, Бұхар қ-ларын аралаған. Ш.Ш.Уәлиханов А. ақынды ірі сөз шеберлерінің қатарына қосқан. Ол «Едіге туралы» жыр мен «Ер Қосай», «Ер Көкше» дастандарын алғаш А-дан естігенін жазады. А. Ұлытау экспед-на жолбасшы болған кезінде (1845–46) бірге болған орыс оқымыстысы И.З.Безверхов оның ақындық, жыршылық, әншілік өнерін өте жоғары бағалай-

ды, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын жатқа айтып бергенін жазады. Өлеңдері мен айтыстары жиналып, 1910 жылдан бастап әр түрлі жинақтарда жарияланып келеді.

М.Жармұхамедұлы

АРЫСТАН БАТЫР (т.-ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – Қайып ханның елшісі. 1718 ж. 10 желтоқсанда Қайып хан Ресейдің патшасы І Петрге жазған жауап хатын осы А. батыр арқылы жіберген. Арғын ішіндегі Қуандық руының батыры, Нияз батырдың әкесі Барқы батырдың туған ағасы. Хатта оның ежелден сенімді қызметшісі екені және баласы Токтай батыр да елшілікке жұмсалғаны нақты айтылған. Нияз бен Тонтай батырлардың жас кезінде Абылай сұлтанмен бірге Қарпақта өскенін көрсеткен. Қайып ханның бұл хатында жоңғар ханының Ресей мен Қазақ хандығына ортақ жау екені, ал 1719 ж. көктем шыға қазақтар жоңғарлармен соғысқа аттанғалы отырғаны, Ресейден көмек күтетіні, өздерінің тату көршілік қарым-қатынасқа пейілді саясат ұстап отырғаны туралы жазылған.

Н.Ақбай

АС, а с б е р у – өлім-жітімде жасалатын кәденің соңғысы, еске алу рәсімі. Ас беруді «жылын беру» деп те атайды. Бұған арнайы сойылатын жылқыны марқұмның қырқында (қырық күн өткен соң берілетін ас-су) тұлдайды. Оған көбінесе марқұмның мінген аты белгіленеді. Мұны жетісінде де белгілей береді. Тұлдау – сол аттың қара терін шығарып барып суыту. Жал-құйрығын күзеу. Сонан соң жүген-құрықтан азат етіп қоя беру. Қазақ Асты бір жағынан той деп есептейді. Ат шаптырып, бәйге береді. «Аруақ риза болмай – тірі байымайды» дейтін қазақ дүниеден өткен туысқанының рухын риза етуді міндет санайды. Астан кейін ол үйде (ауылда) қаралы түсіріліп, азалы күй тоқтатылады. Жесір қалған әйел тек ерінің асын берген соң ғана қайта тұрмысқа шығуға ерікті. Ас беруге қайтыс болған адамның туыс, жекжат, дос-жарандары ат салысады. Осыған орай «Ас пен той ортақ» деген қағида қалыптасқан. Көзі тірісінде елге атағы жайылған, соңында қалған ағайын-туысы мол адамдардың асы ұлан-асыр той дәрежесінде өткен. Ондай аста жүздеген ордалар, киіз үйлер тігіліп, үш жүзге бірдей сауын айтылған. Бұған әр елден есімі белгілі ақсақалдар, батырлар, ақындар, палуандар, әнші, жыршылар, көкпаршылар, мергендер арнайы шақырылып, жүйрік аттар келетін болған. 1860 ж. Ерден Сандыбайұлына А. берілгенде 500 үй тігілген, 160 жылқы, 200 қой сойылған. Ат жарыстың бас бәйгесі 100 жылқы болған. Осылай Ерденге үш рет А. берген. Үшеуіндегі шығын 1860 жылқы, 600 қой, 1000 саба қымыз болған. 1861 ж. Байдәулет Құлбекұлына берілген аста бас бәйгеге 100 жылқы, 100 қой, 1 ақ отау, 10

түйе тігілген. 1874 ж. Лабақ Қуат баласының асы болған. Бұл асқа 700 үй тігілген. Мұның сыртында шақырылғандар әруаққа деп малын, сойысын, сабасын және әкеледі. Аста елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы, біліктілігі сынға түседі. Ас беру дәулетті адамдардың, ұйымшыл елдің ғана қолынан келген. Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы, Қанжығалы Шауыпкел батырдың асы, Керей Сағынайдың асы, дулат Сыпатай батырдың асы бүкіл елге мәлім болып, аңызға айналған. Сағынайдың асына кеткен шығын атақты Тәж-Махал кесенесін салуға жұмсалған қаржымен бірдей болған. Ас беру дәстүрі үзілмей жалғасып келеді. 1991 ж. Торғайдағы Ахмет пен Міржақыптың асы, 1992 ж. өткен Көкшетаудағы Абылай ханның, Ақмоладағы Бөгембайдың, Талдықорғандағы Қабанбайдың астары халықтық дәстүрлердің қайта оралуының көрінісі болды.

Әдеб.: Жүнісов А., Бабалар дәстүрі, А., 1992.


С.Кенжеахметов

АСАН АБЫЗ (т.-ө.ж.б.) – Жәнібек тарханның елшісі. 1748 ж. маусым айының оныншы жұлдызында Жәнібек Тархан мен Бөгенбай (Бесқұртқаұлы) батырдан Орынбордағы А.И.Тевкелевке хат әкелгені туралы Тевкелевтің күнделігінде жазылған. Сақталған құжаттарда А. а. ел ішінде беделді мәмілегер ретінде сипатталады.

Әдеб.: История Казахстана в русских источниках 16-20 веков, III том. Алматы, 2005. С. 155–159.

АСАН ҚАЙҒЫ Сәбитұлы (14 ғ-дың ақыры – 15 ғ-дың басы) – мемлекет қайраткері, ақын, жырау, би, философ. Керей мен Жәнібек хандардың ақылшысы болған. Әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Қызылорда обл. Шиелі ауд. «Жеті әулие» қорымындағы Асан ата кесенесі А. Қ. мазары делінеді. А. Қ. заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш таластартысты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді. Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпелілер философы» (Ш.Ш.Уәлиханов) атанған А. Қ. «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М.О.Әуезов). А. Қ. қазақ халқы ұсақ хандарының басын біріктіріп, іргелі ел етпек болған Керей, Жәнібек сұлтандарды жақтайды. Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде А. Қ. жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады. Ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұртының хал-ахуалын жақсарту мақсатында А. Қ. хан алдына өзінің «ымыраға келу теориясын» ұсынған. Хан

мен кара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білген. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйтқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасаған. Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс қана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқы тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы. А. Қ. осы тарихи ойларын хандармен, сұлтандармен, билермен, әсіресе, Жәнібек ханмен арпалысып жүріп, іске асырмақ болған. Елі мен жұртының болашағы туралы қатты қайғырып толғанған абызды халық А. Қ. деп атаған. Ол жаңа хандыққа үлкен үміт артып, қазақ халқының бақытты болашаққа жетуін көкөсеген. Осы мақсатты көздеп ол сол хандыққа қазақ руларының түгелдей енуіне күш-жігерін



Асан Қайғы Сәбитұлы

жұмсаған. А. Қ. елінің сулы-нулы, шөбі шүйгін, құтты қоныс тауып, «адамды жүзге келмей өлмейтін, қойы екі төлдейтін» мамыражай, еркін өмір сүруін аңсады. Бұл мұратын жырау «Жерұйық» деп атады. Алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, қазақ жерін түгел шолып шығады, әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Бұл бағалары әлі күнге дейін ел аузында ұмытылмай айтылып келеді. Жыраудың бір алуан толғаулары Өз Жәнібек ханға арналған. Ол ең әуелі ханның айналасына көз салмай, шабылып жатқан халқының жағдайын ойламай бейғам отыруына наразылық тұрғысында айтылады («Қымыз ішіп қызарып, мастанып неге терлейсің, өзіңнен басқа хан жоқтай елеуреп неге сөйлейсің?»). Ертеңгі халық болашағын Жәнібек ханның ақыл-айла, көрегендігімен тығыз байланыста алып қа-райды. Осы арнауында жырау күншығысқа көз алмай қарайтын көрші патшалықтан сақтанудың қажеттігін арнайы ескертеді («Қилы-қилы заман

АСАУБАЙ

болмай ма, Суда жүрген ақ шортан Қарағай басын шалмай ма?»). А. Қ. осы «ақ шортан» мен «қарағай» бейнесін келесі бір толғауында кеңірек ашып, орыс патшасы отарлауының мән-жайын алдын ала айтып, көрегенділік танытады. Халық басына төнген бұл қауіптің зардабын, оның немен тынатынын да дәл болжайды: «Ол күнде қарындастан қайыр кетер, Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер, Ұлы, қызың орысқа бодан болып, Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?»). А. Қ-ның жыр, толғаулары негізінен үлгі-өсиет, мақал-мәтел іспеттес болып құрылады. Жырау ру-тайпалық одақтардың генеалогиясын, халықтық әдет-ғұрып, дәстүрлерді дәріптеп, өмір сүрудің мәні туралы, жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, үлкенді сыйлап-қастерлеу, олардың ақылын алу, бір-бірімен босқа қырқыспау, бейбіт өмір кешуге, ізгі ниетті, қарапайым, адал, шыншыл, иманды болуға шақырады. А. Қ. есімі тек қазақ халқына ғана емес, басқа да ағайын халықтарға (қырғыз, қарақалпақ, ноғай т.б.) кеңінен тараған. Бұл орайда жырау толғауларындағы жоғарыдағыдай филология және психологиялық мәні зор қанатты сөздердің атқарған өзіндік рөлі ерекше. Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында А. Қ. есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына айналдырды.

Әдеб.: П о т а н и н Г., Живая старина, СПб., 1917, вып. II–III; Әуезов М., Асан қайғы, кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы, I-т., А., 1960; Уәлиханов Ш., Шығ. I-т. А., 1961; Ертедегі қазақ әдебиеті нұсқалары, А., 1963; Мағамбаев М., Алдаспан, А., 1971; Халид Құрбанғали, Тауарих хамса, А., 1992.

К.Толысбайұлы, М.Жармұхамедұлы
АСАУБАЙ Жәдігерұлы, Қ а н ж ы ғ а л ы А с а у б а й (т.-ө.ж.б.) – белгілі шешен, би. Арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан. Арқадағы Қорқылдақ көлінің төңірегін қоныс еткен. Ш.Ш. Уәлихановтың әкесі Шыңғыс төренің замандасы. А. қара қылды қақ жарған әділ де сыншыл ақын болған. Табан астында шығарып айтқан өлеңдері Махамбет, Ақтамберді сияқты өр мінезді, орақ тілді ақындар шығармаларымен сарын-дас. Оның Шыңғыс төреге, Абылай тұқымынан шыққан Ахмет биге, керей Бекентай байға, Жарқын биге, қарабалық Күлік байға, Омар төреге, т.б. айтқан сөздері ұшқырлығымен, жігерлілігімен ерекшеленеді. Ақын қашан да тұрмысы нашар әлеум. топтың сөзін сөйлеп, жоғын жоқтаған. А. жырлары, суырып салма сөздері респ. баспа-сөздерде, «Қазақтың би-шешендері» (1993) жинағында жарияланған.

Т.Рсаев

АСҚАРОВ Ерік (10.1.1959, Солт. Қазақстан обл. Булаев ауд. Ворошилов ауд. – 2003) – айтыскер ақын. Алматы театр-көркемсурет ин-тын (1983,

қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) бітірген. Алматы қ-ндағы Қазақ телевизиясында режиссер, «Жазушы» баспасында редактор, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби қор директоры, сондай-ақ Көкшетау мен Астана қ-ларында әр-



Е.Асқаров

түрлі қызметтер атқарған. А. – бірқатар жыр жинақтарының («Қарлығаш», «Жетіген», «Аққудың көгілдірі»), авторы. 1991 ж. Көкшетау қ-нда Абылай ханның туғанына 280 жыл толуы құрметіне ұйымдастырылған респ. ақындар айтысына қатысқан. Қазақстан Жастар одағы сыйл. лауреаты (1990).

АСПАНДИЯРОВ (Асфендияров) Санжар Жафарұлы (1889, Ташкент қ. – 25.2.1938, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, ғалым, педагог. Әкесі Жафар (Жағыпар, Сейітжағыпар) – сұлтан, Ресей армиясының ген.-майоры шені болған. А. Ташкенттегі реалдық уч-щені (1907), Петербург әскери мед. академиясын (1912) бітірді. 1914–15 ж. I-дүниежүз. соғысқа қатысты. 1917 ж. Бұхарадағы мұсылман қозғалысына белсене араласты. Сол жылғы қараша айында Түркістан автономиясын («Қоқан автономиясын») жариялаған Мұсылман депутаттарының төтенше съезіне қатысты. 1918–19 ж. А. аштықпен күрес жөніндегі төтенше комиссияның Сырдария обл. бөлімшесін басқарды. 1919 ж. қыркүйекте Т.Рысқұловтың шақыруымен Ташкентке келіп, Түркістан АКСР-інің Денсаулық сақтау халкомы, жер халкомы, Түркістан Компартиясы ОК-нің хатшысы қызметтерін атқарды. Ұлттық-аумақтық межелену тұсында (1924–25) Ортаазиялық Федерация құру идеясын ұстанды. 1924–25 ж. Қазақ АКСР-інің Өзбек КСР-і үкіметі жанындағы өкілетті өкілі, 1925–28 ж. Мәскеуде – БОАК-нің Төралқа мүшесі, хатшысының орынбасары, Мәскеу мемл. ун-тінің проф., Н. Нариманов атынд. Шығыстану ин-тының директоры болды. 1928 жылдан бастап Қазақстанда еңбек етті: Абай атынд. пед. ин-ты болып қайта құрылған Қазақ мемл. ун-тінің алғашқы ректоры (1928–31), Қазақ АКСР Денсаулық сақтау халкомы, Алматы мед. ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық мед.

ун-ті) ұйымдастырушысы және тұңғыш ректоры (1931–33) болды. А. – Қазақстан тарихының күрделі мәселелерін зерттеген белгілі ғалым, Қазақстан тарихын алғашқы зерттеушілердің бірі, «Қазақстан тарихы» (көне заманнан бүгінге де-



С.Аспандияров

йін) монографиясының (1935), «Қазақстан бұрынғы әдебиеттер мен құжаттарда» жинақтарының (1935, 1936) авторы. А. өз еңбектерінде Абылай ханның қызметіне байланысты құнды деректер келтіреді. Қазақ ұлттық мәдениет ғыл.-зерт. ин-тының тарих секторының меңгерушісі, КСРО ҒА-ның қазақстандық базасы, артынан бөлімшесі төрағасының орынбасары (1933–37) қызметтерін атқарды. Кейін А-тың Ресейдің Қазақстанды жаулап алуы жөнінде ашық айтылған, отаршылдықты әшекейленген тарихи шығармаларын оқуға тыйым салынды. А. – жалған жаламен ату жазасына кесілген саяси қуғын-сүргіннің құрбандарының бірі. А. 1958 ж. 26 мамырда ақталды. 1990 ж. Алматы мед. ин-тына А. есімі берілді.

Шығ.: Исламның пайда болу себептері, Самарканд-Ташкент, 1930; Шатер мира, А., 1935; История Казахстана с древнейших времен, т. 1, А., 1935; Қазақ тарихының очеркі, Қызылорда, 1935; Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане, А.-А., 1936.

Әдеб.: Сулейменов Р.Б., О научной деятельности Санджара Джапаровича Асфендиярова, «Вестник АН КазССР», 1959, №12; Санджар Джапарович Асфендияров, Библиография ученых Казахстана, А.-А., 1989; Сейталиев К., Халел Досмұхамедов және Санжар Асфендияров, «Қазақ тарихы», 2005, №1, 69–71-б.

К.Нұрпейісов, А.Рақышев

АСТАНА – мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы; елдікті, ұлттық бірлікті білдіретін бас қаласы. А. ұғымы ұлыстар, тайпалар одағы, мемл. бірлестіктер пайда болған кезеңде, перғауын, қаған, халифа, шаһ, әмір, король, патша, хан, сұлтан, т.б. елбасылар лауазымдарымен қатар өмірге келді. Түркі халықтары, оның ішінде қазақтар ел билеушілер тұрағын орда деп атаған. А. орнын осы хан ордасы атқарды. Көшпе-

лі тайпалардан құрылған мемл-терде хан ордасы да бір орында көп тұрақтамай, көшіп-қонып жүрді. Мыс., Ақтабан шұбырындыдан кейін Түркістан қ-нан шегінген Әбілқайыр хан өз ордасын Ырғыз, Тамды, Сырдария өз. бойына ауыстырып отырған. Абылай ханның А-сы Түркістан шаһары болғанымен, ұзаққа созылған жорықтарында ордасын қалмақтардан азат етілген жерлерге тігіп (Көкшетау, т.б.) біраз уақыт бойы елін сол жерден басқарып отырған. Әбілпейіз Сарыарқада, Уәли хан Көкшетаудағы Сырымбетке, Бөкей мен Жәңгір Жайық пен Еділ аралығындағы Ордаға, қазақтың соңғы ханы Кенесары Ұлытауға ордасын тіккен. Халық түсінігінде Ұлытау, Хантау, Ордабасы, Түркібасы, Күлтөбе, Мәртөбе сияқты хан ордасы қонған, ту тігілген, Үш жүз басын қосқан, құрылтай жиналған, мемл-тің, ұлт тағдырының ең түйінді мәселелері шешілген жерлер аса қастерленіп, қасиеті А. ұғымына жақындастырылған. Алғашқы кезде А-ның басты қызметі елді әкімш. жағынан басқару болды. Кейін астаналық қалалар пайда болған соң олар сауда, колөнер, мәдениет орталықтарына да айналды. Хан ордасы орналасқан, қазына сақталған, камал салынған елді мекен ірі шаһарға айналып, оған керуен жолдары тартылды. Қазақ хандары Тұрсынның, Жолбарыстың, Рүстемнің, Абдолланың, Әбілғазының А-лары Ташкент қ. болды. Қазақ хандығының А-сы Түркістан қ-ның тарихи орны ерекше. Түркістан Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Семеке (Тәукеұлы), Әбілмәмбет, Сейіт, Есім, Болат, Абылай, Тоғай хан тұсында қазақтардың айбынды А-сы болды. Шаһар жалпы түркілік мәнге ие болды. Қожа Ахмет Иасауидің есімі мен кесенесі оны Орталық Азияның діни А-сы – 2 Мекке мәртебесіне жеткізді. Алтын Орда А-лары Батый салған Сарай, Берке хан салдырған Сарай-Беркенің Қазақстан тарихындағы орны ерекше. Сондай-ақ Сарайшық (Ноғай Ордасының А-сы, 14–17 ғ.), Қазан (Қазан хандығы, 15–16 ғ.), Бақшасарай (Қырым хандығы, 15–18 ғ.), Хиуа мен Үргеніш (Хорезм хандығы, 16–20 ғ.), Қоқан (Қоқан хандығы, 18–19 ғ.) қ-лары қазақ шежіресінде терең із қалдырды. Қазақ хандығы жойылғаннан кейін бар билік Ресейдің Санкт-Петербург пен Мәскеу қ-ларына ауды. 20 ғ-дың басындағы қазақ зиялылары А-ны «кіндік қала» деп атады. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан А-лары Орынбор (1920–25), Қызылорда (1925–29), Алматы (1929–97) болды. 1994 ж. соңғы екі ғасыр тарихында қазақ халқы тұңғыш рет өз мемлекетінің А-сы туралы дербес шешім қабылдады. 1997 ж. 20 қазанда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Ақмола қ-ның (1998 жылдың 6 мамырынан – Астана қ.) Қазақстан Республикасының жаңа тұрпатты бас қаласы болғанын жариялады.

Ж.Сүлеймен

АСТАНА



АСТАНА – қала, Қазақстан Республикасының астанасы, Ақмола обл-ның орт. Тұрғыны 780,9 мың адам (2013 ж.). 73%-ын қазақтар құрайды. Қала Есіл өз-нің екі жағалауында жазық жерде орналасқан. Ауд. 0,71 мың км². Қантар айының орташа темп-расы 17–19°С, шілдеде 19–20°С, абс. төменгі темп-ра 52°С, ал абс. жоғары темп-ра 42°С. Жауын-шашынның жылдық мөлш. 280–300 мм. Оның басым көпшілігі жылдың жылы мезгілінде түседі (наурыз – қыркүйек). Жылына орта есеппен 50–55 күндей қуаншылық байқалады. Қыс айларының 30–40 күні бұрқасын болып тұрады, 140–160 күн бойы қалыңд. 20–30 см қар жатады. Сарыарқа қазақтары Есіл өз-нің қазіргі А. қ. орналасқан, көшкен ел аттылы-жаяу өте беретін тайыздау тұсын ежелден Қараөткел деп атаған. Ақмола атауы 13–14 ғ-да тұрғызылған ақ күмбезді бейітке байланысты туған. А. қ-ның негізі 1830 ж. қаланды. Алғашында Ақмола әскери бекінісі атанған елді мекенге 1862 ж. қала мәртебесі берілді. 1863 ж. Ақмола округ, 1868 ж. уезд орт-ғына айналды. Орта Азия, Сібір, Орал өңірлерін жалғастыратын керуен жолында орналасқан Ақмола жедел дамып, қазақ даласындағы ірі әкімш., сауда, шаруашылық, мәдени орталыққа айналды. Кеңес дәуірінде Ақмоланың халқы тез қарқынмен өсті (1930 ж. – 36,1; 1939 ж. – 33,2; 1945 ж. – 80,5; 1959 ж. – 99,0; 1970 ж. – 180,0; 1979 ж. – 232,0; 1989 ж. – 277,0 мың), қаланың Орт. Қазақстанның қоғамдық-саяси, экон. және мәдени өміріндегі алатын орны артты. 1939 ж. 14 қазанда Ақмола обл-ның әкімш. орталығы болды. 1929 жылдың қарашасында қалаға алғашқы пойыз келді. Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде Ақмола обл-мен бірге А. қ. да елеулі өзгерістерге ұшырады. 1960 ж. 26 желтоқсанда Тың өлкесі құрылып, Ақмола қ. оның орт. болды. 1961 ж. 20 наурызда қала Целиноград болып өзгертілді. 1994 ж. 6 маусымда қалаға ежелгі Ақмола аты қайтарылды. ҚР-ның Жоғ. Кеңесі (1994 ж. 6 шілде) және Мин. Каб-і (1996 ж. 6 шілде) ҚР-ның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулылар қабылдады. Оған себеп Ақмоланың респ-ның кіндігінде геосаяси тұрғыдан тиімді орналасуы, қаланың елеулі өнеркәсіптік әлуеті, құрылыс индустриясын одан әрі дамытуға қажетті базаның болуы, ірі тасымал торабына орналасуы әрі қажетті көлік және телекоммуник. инфрақұрылымның болуы, жоғары білікті кадрлар әлуеті, жеке меншік секторды және кәсіпкерлікті дамыту үшін мүмкіндіктердің молдығы, аймақтағы саяси және әлеум. тұрақтылық, қаланы дамытуға қажетті бос жерлердің жеткілікті сияқты факторлар еді. ҚР Президентінің жарлығымен Арнайы Ақмола экон. аймағы (ААЭА) құрылды (1996 ж. 9 қазан). ААЭА-ның жұмыс істеуіне байланысты ішкі-сыртқы экон. қызмет жүйесі дами

түсті. Экспорт-импорттық қатынастардың көлемі үнемі артуда. 1997 ж. 20 қазанда Н.Ә.Назарбаев «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» жарлыққа қол қойды. 1998 ж. 6 мамырда Елбасының жарлығымен ҚР-ның астанасы – Астана қ. болып аталды, ал 20 мамырда «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР-ның Заңы қабылданды. Осы жылғы 10 маусымда тәуелсіз Қазақстанның жаңа астанасының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті. А. қалалық 3 ауданға (Алматы, Сарыарқа, Есіл) бөлінеді. А. қ-нда Абылай атынд. даңғыл бар.

Әдеб.: П о т а н и н Г.Н., Ақмолинск «Сибирская жизнь», 1907, №161; *К а с ы м б а е в Ж.,* История города Ақмолы (1832–1917 г.), А., 1995.

«**АСТАНА**» – журнал. ҚР Президентінің бастамасымен 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап жарық көріп келеді. Халықар. БАҚ каталогына енгізілген. Журналдың бір-бір данасы Президентімізге және барлық елдердің басшылары мен сол елдердегі елшіліктерімізге сыйлық ретінде беріледі. Жалпыұлттық болып табылатын басылымда негізінен қоғам, саясат, экономика тақырыптары қозғалады. Таралымы 10000 дана. Құрылтайшысы – «Елордалық «Астана» журналы» ЖШС. Бас редакторы – Ә.Жапақ. Журналда А.Мекешұлының Абылай хан жайында «Қазақтарды құтқарған саликалы саясат» атты мақаласы және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ногай

«**АСТАНА АҚШАМЫ**» – газет. Астанадан шығатын қалалық басылым алғаш 1990 жылдың 13 қазанынан бастап «Ақмола ақиқаты» деген атаумен жарық көрді. Қаланың елорда мәртебесін иеленуіне орай, 1998 жылғы 12 мамырдан бастап «А. а.» деген жаңа атауды алды. Басылым – Астана қ-ның әлеум.-мәдени, саяси-экон. өмірінің айнасы іспетті. 2002 ж. Қазақстан журналистика академиясының «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері атанған. Қазіргі бас редакторы – Ерболат Қамен. Газетте Е.Түсіпханұлының «Абылайдың айлакер батыры», Б.Қайратұлының «Абылай ханның мөрі мен хаты», Ғ.Қожабековтің «Абылай рухы асқақтады», А.Құсайыновтың «Абылай асуы» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ногай

АСЫЛХАН Сәулебек Есімбекұлы (6.2.1949 ж.т., Алматы обл. Ақсу ауд. Қарашілік а.) – актер, режиссер, педагог, ҚР-ның еңб. сің. қайраткері (1998). 1975 ж. Алматы мемл. консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірді. 1975–81 ж. Талдықорған обл. театрында еңбек етіп, оның қалыптасуына, дамуына еңбек сіңірді. Осы театрда М.Әуезовтің «Түнгі сарын», Ш. Айтматовтың «Армысың, ақ кеме», Т.Ахтановтың «Күшік күйеу», «Өке мен бала», Т. Қалихановтың «Абылай ама-

наты», «Ақын Сара» спектакльдерін сахналады. Жамбыл атынд. халықар. сыйл. лауреаты (2001). **АТАБАЕВ** Болат Манашұлы (14.5.1952 ж.т., қазіргі Алматы обл. Көксу ауд. Балпық би кенті) – режиссер, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1998). Әлем өнері академиясының акад. (2013, Кельн қ.). Алматы шет тілдер ин-ты (1974) мен Алматы театр және көркемсурет ин-тын (1983) бітірген. Қарағанды обл. Теміртау қ-ндағы Неміс



Б.Атабаев

драма театры (қазір Алматы қ-нда), М.Әуезов атынд. Қазақ мемл. академиялық драма театрында режиссер болып, көптеген спектакльдер қойды. А. жаңашыл режиссер ретінде Ә.Кекілбаевтың қаһармандық «Абылай хан» драмасын (премьерасы 10.6.1998, Астана қ-нда өтті) спектаклін Қазақ мемл. академиялық драма театры сахнасына кең тынысты, патриоттық рухта шығарды.

И.Әбішева

АТАҒОЗЫ Айтқұлұлы (1704–94) – батыр. Руы – адай. 40 мыңдай қазақ, қарақалпақ жастарының 1723 ж. қалмақтармен соғысында ерлігімен аты шыққан. 1726 ж. қалмақ ханы Сэрен Дондукке қарсы жорықтарда ерекше көзге түскен. Еділ, Жем, Үстірт, Маңғыстау жерлерінде басқыншылармен болған шайқастарға қатысқан. Халық аузында А. батыр туралы және батыр айтты деген көптеген қанатты сөздер сақталған. Х.Досмұхамедов өзінің «Аламан» жинағында А. есімін қазақтың атақты билері қатарында атайды. Мұрат Мөңкеұлы, Аралбай, Нұрым сынды ақын-жыраулар жырға қосқан. А-ның зираты Бейнеудегі Бекет Ата мешітінің солт-нен 2 км жерде.

Әдеб.: Маңғыстау энциклопедиясы, А., 1997.

Қ.Қыстаубаева

АТА КЕГІ – адамзат қоғамының белгілі бір даму сатысында болған кек алу ғұрпы. Қатты жәбірленген, жараланған, жақыны өлтірілген, мал-мүлкі таланған жеке адам, ата әулеті не бүкіл ру өштесіп, кек («Қанға – қан») қайтарып отырған. Тәуке ханның жарлығымен («Жеті жарғы», 17–18 ғ.) қазақ арасында қанды қанмен жуып, зақымшылық жасау жойылып, кісі өлтірушіге құн төлету тәртібі енгізілді. Кек қайтару үшін қарадан

шыққан ер адамды өлтірушіден бір мың қой, әйелді өлтірушіден жарты құн (500 қой), сұлтан мен қажыны өлтірушіден жеті адамның құнын төлеу талап етілген. Егер өлтірушінің құн төлеуге шамасы келмесе яки туыстары құн төлеуден бас тартса, оны өлген адамның туыстары өлтірген не құлдыққа алынған. А. к. көптеген ұлттарда болған ғұрып. **АТАЛЫҚ** – хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беретін және оқытатын жоғары мәртебелі адам. Өзі тәрбиелеген ханзада билікке жеткен соң оның кеңесшісі қызметін атқарған. Ерте ортағасырларда (7–8 ғ., одан кейінгі 15–19 ғ.) Түрік, Батыс Түрік, Қимақ-Қыпшақ, Оғыз, «Тоғыз Оғыз», Қырғыз, бертіңгі Хиуа, Бұхар, Қоқан, Қазақ хандықтарында А. лауазымын алған адамдар аз болмаған. Орта Азия халықтарының ішіндегі ең аты мәшһүрі – Әлімқұл аталық. А. сөзінің бұдан басқа да ұғымдары бар: 1) ханның ақылшы қариясы; 2) қазақ ауылының батагөй ақсақалы; 3) ізгі қасиетті білдіретін ұғым (мыс., А. борыш, А. камкорлық, А. сөз т.б.).

Ә.Хасенов

АТАЛЫҚ (т.-ө.ж.б.) – қазақ-қалмақ соғысында (18 ғ.) аты шыққан аға батыр. Жазба деректерде «Сүйіндік Аталық батыр» деп жазылады. Сарыарқаны, Алтай тауын, Тарбағатайды жоңғар қалмақтарынан босату жолындағы соғыстарда Қаракерей Қабанбай батыр бұйрықтарын орындап отырған. Баянауыл, Ертіс жағасындағы шайқастарда қанжығалы Қошқарбай, бағаналы Баянбай, балталы Оразымбет, сүйіндік Олжабай, сіргелі Елшібек батырлармен бірге соғысқан.

Ә.Хасенов

АТАМЕКЕН (араб. «мәкан» – орын, жай) – ұрпақтан-ұрпаққа калып отырған «кір жуып, кіндік кескен» аймақ, өңір, өлке. Түркі қауымына ортақ «ата» сөзімен қосылып, әуелде «ата қоныс» ұғымында қолданылған. Кейін келе мәні кеңейіп, «ата-бабалар ғұмыр кешкен, олардың өз ұрпақтарына мәңгілікке қалдырған иелігі, ең қымбат мұрасы» деген ұғымды білдіретін термин ретінде орныққан. «Ата» – көне түркі дәуірлерінде әрі қолбасы, әрі елбасы болған кісілер есіміне жанама қосылатын атау. «Ата» сөзі тіркескен қасиетті орындардың бәрі де сондай адамдардың аттарымен байланысты болып келеді. А. – осындай жерді, мекенді киелі рухқа теңеуден шыққан. Демек, ол – ұран тектес сөз. Бұл, әсіресе, ежелден аталар рухына – аруаққа сиынған түркі қауымдарына тән нәрсе. А. – көне замандарда ру, тайпа иелігіндегі белгілі-бір аймақ, өңір болса, бертің келе туған жер, Отан ұғымдарының баламасына айналған. Ол еліміздің, мемлекеттілігіміздің негізі. 18 ғ-да Абылай хан бастаған қазақтың жойқын батырлары қасықтай қаны қалғанша басқыншы жауларға қарсы күрес жүргізіп, өздерінің қасиетті А-ін қорғаған. Аумалы-төкпелі заманда

АТАМЕКЕН

империялық отаршыл және кеңестік қызыл саясат салдарынан шетке ауып кеткен қандас бауырлар Қазақстанның егемендік алуына орай өз Аіне қайтып оралуда.

Ә.Асан

«АТАМЕКЕН» – газет. Респ. қоғамдық-экол. апталық басылым 1991 жылғы 17 қаңтардан бастап шығып келеді. Көлемі – 2 б.т. Негізгі тақырыбы – қоршаған табиғи ортаны қорғау, бұқараға экол. тәлім-тәрбие беру. «Жер тағдыры – ел тағдыры», «Асан Қайғы ізімен», «Ауылым – алтын бесігім», «Орман-тоғай, жер, су – ортақ байлығымыз» т.б. тұрақты айдарлары бар. Алғашқы бас редакторы – Жолдығали Бақыт. Бүгінгі таңдағы бас редакторы – Жанат Жолдығалиқызы Бақыт. Газетте Ұ.Доспанбеттің «Абылайдың ақ туы» романынан «Жекпе-жек» атты үзіндісі берілген.

К.Қошым-Ноғай

АТА МҰРА – әкеден балаға қалған мал-мүлік, жер, қазына, байлық, бөліп берген енші. Қазақ қауымында ерте заманнан қалыптасқан бұл дәстүр Абылайдың арғы аталары Қасым хан мен Есім хан дәуірінде ресми заң ережесімен бекітілген. Енші алған бала әкесі өлгеннен кейін оның енші алмаған қолындағы баласымен мұраға таласпайды. Мүлік ең алдымен өлген кісінің төлеуге тиісті қарызы болса, соған бөлінеді. Содан кейін жер мен су, мал-мүлік билердің, қалыс адамдардың, заң орындарының анықтауымен енші алмаған балаларға бөлінеді. Мал-мүлікті бөлу кезінде әке өсиеті ескеріледі. Ұлт мәдениеті мен дәстүріне қатысты мүліктер де қымбат мұра ретінде қастерленеді.

Қ.Толыбаев

«АТАМҰРА» – баспа, полиграфия, кітап саудасы салаларына маманданған корпорация. Бас құрылтайшысы әрі президенті М.А. Құл-Мұхаммед болды. Құрамына «Атамұра» баспасы, Полиграфия комб., «Атамұра-Ақпарат» агенттігі, «Атамұра-Жарнама» консалтинг фирмасы, «Атамұра-Столичное обозрение» газеті, «Атамұра-транс» компаниясы кіреді. «Атамұра» баспасы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кітаптар, ғыл., ғыл.-танымдық, әдеби-көркем, энциклопед. басылымдар шығарады. 1992–98 ж. аралығында жалпы таралымы 12 млн. дана кітап, 50 млн. данадан астам түрлі полиграфиялық өнімдер басып шығарған. Олардың қатарында «Абай», «Ақмола» (екеуі де «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясымен бірге), «Маңғыстау» энциклопедиялары, көптомдық «Қазақстан тарихының» алғашқы екі томы (қазақ және орыс тілдерінде) бар. «А.» корпорациясының құрамындағы Полиграфия комб. республикадағы мемл. және тәуелсіз баспалардың тапсырысы бойынша түрлі полиграфия және баспа өнімдерін шығарумен де айналысады.

Ә.Пірманов

АТОЙ САЛҰ – елге жау тигенде немесе жауға қарсы шапқанда айбат шегіп, сес көрсететін әрекет. Сарбаздардың аттарын ойқастата қырға шығуы. Батырлардың қарсыласын жекпе-жекке шақыратын айбынды әрекетін де А. с. дейді.

Қ.Толыбаев

АТ СҮЙЕК БЕРУ, а т с ү й е к – Қазақ хандығындағы жауынгерлік салт, майдан үстінде аты оққа ұшқан ханды, қолбасыны жау қолына түсірмей қағып алып, екінші атқа отырғызу. Мыс., 1750 ж. Шорға шайқасында Абылай ханның астындағы аты оққа ұшқанда, Жәнібек батыр Бердәулетұлы өзінің астындағы көкдөненін мінгізіп, ханды аман алып қалған. Кекілік тауындағы шайқаста Кенесарының аты ұйыққа батып өлгенде қарулас жолдастары үш бурылды қатар алдына тартып, аман алып калуға әрекет жасаған.

А.Тоқтабаев

АТ СЫНШЫСЫ – тұлпар болар құлынды дәл танып, жүйрік аттарға баға бере білетін адам. А. с-лары өздері ат жаратып, бәйгеге қоспаған, көбінесе бәйге алдында жараған аттарды байқап көріп, қайсысы қай орынды иемденетінін болжаған. А. с. қазақ қоғамында зор беделге ие болған.

А.Тоқтабаев

АТТАН – жау шапқанда атқа қонуға шақыратын ұран. Көне заманнан келе жатқан әскери белгі, дабыл. Жаугершілік заманда тұтқиылдан жау тигенде, жауды көрген адам аттандап, халықты көгеретін болған. А-ды естіген адам бөгелмей, тез қару-жарағын алып, атқа қонуға тиіс.

Қ.Ахметжан

АТ ТҰЛДАУ – қазақ халқының дәстүрлі аза тұту рәсімі. Қаза болған адамның атына ерін теріс ерттеп, үстіне киім-кешегін жайып, қару-жарағын іліп, ең үстіне бас киімін қояды. Жоктау айтып жүріп, аттың құйрық-жалын күзейді. Оны тұл ат, кейде қаралы ат деп атайды. Тұл ат жыл бойы мінілмей, бос жүреді. Бір жылдан соң марқұмның асына сойылады. Атты соярада да жоктау айтылады. Мұндай салт қырғыздар, көшпелі өзбектер, осетиндер де кездеседі.

А.Тоқтабаев

АТТЫ ӘСКЕР – әскер түрі, атты-қарулы жасак. 20 ғ-дың 30–40-жылдарына дейін негізгі соғыс күші болып саналған. Шабуыл кезінде не қорғаныста жеке әрекет етіп, жер жағдайын талғамай тұтқиылдан тиісуге оңтайлылығымен ерекшеленеді. А.ә. өте ертеде Азия елдерінде пайда болған. Ұрыстарда шешуші рөл атқарған. Қазақ халқының ерте заманнан бергі жауынгерлік жорықтары А. ә-мен байланысты. Қазақ хандары (15–19 ғ.) арнаулы атты жасақ ұстаған. Жаугершілік кездері олардың құрамы 100 мыңға дейін жетіп отырған.

С.Көшімбаев

АТШАБАР – ескі лауазым, ұлықтың, би-болыстың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман. Кейде бәйге, ат бәйгесі сөзінің баламасы ретінде жүреді. Ат сабылтып жүретіндіктен «ат» және «шабар» сөздері бірігіп, атаулық мағынаға ие болған. 19 ғ-да орыс әкімш. қазақтан атшабарлар жалдап, алыстағы қалалар арасына пошта тасуға, әскери құпия хаттар жеткізуге пайдаланған.

А.Тоқтабаев

АТЫҒАЙ – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі арғын тайпасынан таратылады. Жеті Момынның бірі. Он екі ата А. (Дәуіт) Атығай-Қарауыл деп те аталады. «Ақтабан Шұбырындыда» Сыр бойынан ығысып, Көкшетау, Қызылжар, Омбы өңіріне келіп орын тепкен. Қызылжар (Петропавл) бекінісі салынған (1755) жерде бұрын А. руынан Дәулеткелді байдың ауылы отырған. Кейбір деректерде 14 ата А. делінеді. Ш.Ш.Уәлиханов Абылай ханның тұтқын қырғыздарды А. арасына қоныстандырған соң олар А-ға Байқырғыз атасы болып сіңісіп кеткенін жазады. Шежіре деректері бойынша А-дан: Құдайберді, Бәйімбет, Баба, Моңыс, Бабасан, Бағыс, Ақкиік, Құлсану, Қойлы, Есеншаңырақ, Майлыбалта, Жауғаш аталары тарайды. А. руынан Шал Күлекеұлы, Арыстанбай, М.Жұмабаев, Зілқара, Жандос, Аллақұшақ, Аңғал, Жәпек батыр т.б. белгілі адамдар шыққан. Абылай ханның балалары: Өлі, Құлдан, Сығай, Тоғым атты балаларының шешесі – Тоқты ханым А.-қарауылдың қызы.

Ж.Сүлеймен

АТЫҒАЙ (т.-ө.ж.б.) – Абылайдың елшісі. 1760 ж. 9 шілдеде Қытай патшасының қазақтың ел ағаларына жазған ескерту тұрғысындағы жарлығында қытай еліне келген елшілер қатарында А-ды да атап, оларды Бейжін (Пекин) қ-на жеткізгенін, қазақ елшілеріне қонақасы және сый-тартулар берілгені әрі оларды елге апарып салатын қорғаушыларды қосқаны да айтылған. Абылай А-ды Қытайға жұмсап отырған; Абылайдың тапсырмасымен 1762 ж. маусым, желтоқсан айларында қытай еліне барған.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай: Дәуірі, өмірі мен қызметі, 2-т., А., 2011.

З.Тайшыбай

«АТЫРАУ» – Атырау обл. әкімш. мен мәслихатының қоғамдық-саяси газеті. Алғашқы саны 1923 ж. 1 сәуірде «Ерік» деген атпен шыққан. Кейін «Жұмыскер тілі» (1924, 23 тамыз), «Жем жұмысшылары» (1930, қыркүйек), «Социалистік құрылыс» (1933, 5 қараша), «Коммунистік еңбек» (1963, мамыр) аталған. 1990 ж. 30 маусымнан «А.» деп аталады. Газет обл. көлеміндегі экон.-әлеум. реформаның барысын, өңірдегі мұнай-газ өндіру кешендері, т.б. мәселелерін жазады. 2011 ж. «А.» газетінде журналист Ө.Әлімгереевтің «Алаш ар-

дақтысы – Абылай» атты көлемді мақаласы жарық көрді.

Б.Жақып

АТЫС – ұрыс тәсілі, жауды жоятын немесе әлсірететін негізгі әрекет. Көшпенді халықтардың ертеден қалыптасқан ұрыс тәсілдері бойынша майдандағы шайқас алдымен садақпен, кейін мылтықпен алыс қашықтықтан А-пен басталған. А-ты арнайы құралған садақшылар қосындары жүргізеді. А-тың мақсаты – жаудың әскерін, аттарын құрту, шебін бұзу. Садақты ат үстінде тартатын көшпелі елдер әскерінің мергендері А. кезінде жауды көп шығынға ұшыратқан. Кейде майдан алдындағы батырлар жекпе-жегі де А. түрінде өтуі мүмкін. Онда батырлар кезекпен атысады да, кезек жасы, жолы үлкенге беріледі, ал екінші адам оққа қасқайып қарсы тұру керек. Сондықтан жекпе-жек А. асқан батырлықты, жүректілікті қажет етеді. Батырлардың жекпе-жекте атысуы қазақтың эпостық жырларында жиі суреттеледі. Мылтық пен оқ-дәрінің пайда болуына байланысты А. негізгі ұрыс тәсіліне айналды. Әскери өнерде А. жүргізу әдістері жан-жақты негізделген.

Қ.Ахметжан

АУҒАНСТАН, Ауғанстан ислам мемлекеті – Оңт. Батыс Азиядағы мемлекет. Аум. 652,2 мың км². Астанасы – Кабул. Ауғанстан жері 29 уәлаятқа, және 2 округке бөлінеді. Мемл. тілі – пушту және дари тілдері. Ислам дінін ұстанады (негізінен, суннитер). Жерінің ¼ бөлігінен астамы таулы. Ірі өзендері: Әмудария, Герируд, Гильменд, Кабул, Мургаб. 7–8 ғ-ларда А. жерінің басым бөлігі арабтарға қарап, ислам діні кеңінен тарайды. 1220 ж. елді Шыңғыс хан әскерлері жаулап алды. 16 ғ-да А. жерінде Ұлы Моғолдар мен Сефеви әулеті билік жүргізді. Орта Азиядан ығысқан Бабыр 1504 ж. Кабулды, кейін Ауған жерін тұтас жаулап алып, Ұлы Моғол әулетіне бағындырды. Жеке иеліктерге бөлінген А. жерінде 1747 ж. Ахмад шаһ Дуррани басқарған алғашқы Ауған мемлекеті орнады. Ахмад шаһ басқарған кездері Қазақстан хандарымен келіссөздер жүргізіп, дипломат. қатынастар орнату ісінде де алғашқы игі кадамдар жасалды; ауған шаһы Абылайға арнайы хат жолдап, онда мұсылман елдерінің біріге отырып, Боғды хан билігіндегі Цин империясының басқыншылығына қарсы әскери одақ құру туралы ойын білдіреді, хатының соңында «Боғды ханның мұсылман дініндегі халықтар мен Қашғар, Жаркент секілді басқа да осындай елдерге билік жүргізуге ешбір құқы жоқ», – деген кесімді сөзін де айтқан. Мұның өзі Қазақстан мен Орта Азиядағы мұсылман елдерінің қорғаныс шараларын жүзеге асыру жолындағы мақсат бірлігін айқындай түсті. 1763 жылдың аяғында ауған елшілігі Түркістан қ-нда болып, қазақ ханы Әбілмәмбетпен келіссөздер жүргізеді, келесі жылдың

АХМАД ШАҢ



көктемінде Ауғанстанның Кабул қ-нда Абылайдың тапсырмасымен Байтуған би елшілігі барып, Ахмад шаһтың қазақ елі жайындағы ойын біліп қайтқан. Соның нәтижесінде қазақтың ел ағалары жиналып құрылтай өткізеді, құрылтайда мұсылман елдерінің өзары әскери одақ құруын жақтап шыққанымен, кейін әр түрлі себептердің белең алуымен (саяси ыдыраушылық пен Ахмад шаһтың Үндістанда жүргізген соғысында жеңіліс табуы, т.б.) бұл жоспар іске аспай қалды. Ахмад шаһтың мұрагерлері тұсында мемл. ыдырап, 1818 ж. оның әулеті де биліктен кетті.

АХМАД ШАҢ ДУРРАНИ, А х м а д х а н С а з а д а й (1721–1773) – Ауған ханы (1747–1773). Надир шаһ қайтыс болғаннан кейін абдали тайпасының хандар мәжілісі Кандагарда бүкіл Ауғанстанның билеушісі етіп сайлап, оған дуррдуррани (тендестер арасындағы бірінші) деген лауазым берген. Осы уақыттан бастап барлық абдали атауы дуррани болып ауыстырылды. Елдегі



Ахмад шаһ Дуррани

жоғарғы атқарушы орындар мен әскери қызметтер дуррани тайпасынан шыққан хандарға мұрагерлік жолмен берілді. Мемлекет ең ірі ауғандық тайпаларды біріктіре отырып, Дуррани мемлекеті деген атпен тарихқа енді. А. Ш. Д. өкіметін Кабул мен Кандагардың ғана емес, басқа да көптеген ауғандық тайпалардың шаһтары мойындады. Шаһ Кандагарды астана етіп, дербес «Дуррани империясын» құрды. 1748–57 ж. аралығында Пенджабты, Кашмирді, Сирхиндті, Синдті, Хорасанды, Балхты, Белуджистанды жаулап алды. 1761 ж. Панипат маңындағы соғыста маратхиларға ойсырата соққы берді. Мемлекет құрамына Иранның, Оңт. Түркістанның, Солт.-батыс Үндістанның шығыс аймақтары енді. А. ш. д. Цин империясына қарсы әскери одақ құру туралы Абылайға хат жолдаған, қ. *Ахмад шаһ дуррани елшіліктері*.

Әдеб.: История Афганистана, М., 1982; История стран Азии и Африки в новое время, I часть, М., 1989.

Б.Сайлан

АХМАД ШАҢ ДУРРАНИ ЕЛШІЛІКТЕРІ – Ауған ханы Ахмад шаһ Дурранидің 18 ғ-дың 60-жылдарында Қытайға қарсы мұсылман елде-

рінің әскери одағын құру жөнінде қазақ хандарына жолдаған елшіліктері. 1755–59 ж. Қытайдың Жоңғар мемлекеті мен Шығыс Түркістанды жаулап алып, Орт. Азияға ілгерілеуі Қазақстан мен Орта Азияға қауіп төндірді. Бұл жағдай Орт. Азиядағы мұсылман елдерінің өзара қорғаныс шараларын жүзеге асыру мақсатында әскери одақ құру жөнінде келіссөз жүргізуіне түрткі болды. Сол кездегі қуатты Дуррани империясының шаһы Ахмад қазақ хандарымен және Орта Азия хандықтарымен дипломат. қатынастар орнатып, келіссөздер жүргізу бағытында батыл қадамдар жасады. Оның 40 адамнан тұратын елшілігі Құтшымыр ханның басшылығымен 1762 жылдың күзінде Қытайға барып, Цин империясының Орт. Азияның солт.-батыс аймағындағы жаулаушылық саясатына қарсылық білдірді. Осы елшілік Пекинге бара жатқанда және 1763 ж. көктемде қайтар сапарында қазақ хандары және сұлтандарымен Ахмад шаһтың жоспарын талқылайды. Ауған басшысы қазақ ханы Абылайға арнайы хат жолдайды. Онда соғыс бола қалған жағдайда әскери одақ құру, Қытай әскерлеріне азық-түлікпен, көлікпен көмектеспеу жөнінде айтылған (Ресейдің сыртқы саясаты мұрағаты. Ауған істері қоры, 1763–1766 ж., т. 27/1, 1-іс, 27-п.). 1763 жылдың күзінен Ахмад шаһ Цин империясымен соғысқа шынымен-ақ, әзірлік жүргізіп, қазақ даласына, Хиуа, Бұхар және Қоқанға әскери одақ құру ниетімен елшіліктер жіберді. 1764 ж. 15 наурызда Сібір шебі әскерлерінің қолбасшысы И.И.Шпрингер Санкт-Петербургке Абылай сұлтанға 20 адамнан тұратын ауған елшілігі келді деп хабарлады. Бұл жөнінде Ахмад шаһтың Абылайға жазған хатында Цяньлунға құрамында 40 адамы бар елшілік жібергені және оған: «Боғды ханның мұсылман дініндегі халықтар мен Қашғар, Жаркент секілді басқа да осындай елдерге билік жүргізуге ешбір құқы жоқ», – деп ескерткені айтылған (сонда, Қырғыз-Қайсақ істері қоры, 1763 ж., 2-іс, 8-п.). Сол жылдың соңғы айларында ауған елшілігі Түркістан қ-ндағы Әбілмәмбет ханға да келген. Кейін осы елшілік Нұралы хан ордасына да бет алған. Ахмад шаһтың қазақ хандарына жолдаған бұл хаттарында «Қырғыз-қайсақ ордасына менің әскерлерім жақындаған кезде мініс аттарын, басқа да мал алып келулеріңді талап етемін, ақысына алтын, күміс беріледі», – деп жазылған. Жауап ретінде 1764 ж. Абылайдың Байтуған би бастаған елшілігі Кабулда (қ. *Байтуған би елшілігі*) болып қайтқан. Бірақ Орт. Азиядағы кейбір мұсылман мемлекеттерінің Цин империясына қарсы әскери одақ құру жөніндегі жоспары іске аспады. Оған, негізінен, Ахмад шаһтың сикхтармен (Үндістан) соғыста (1764) жеңіліс табуы, Шығыс Түркістан, Қазақстан мен Орта Азиядағы саяси ыдыраушылық себеп болған.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, Сб. док. и материалов, А.-А., 1961; Гуревич Б.П., Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX в., М., 1979.

К.Есмағамбетов

АЮКЕ, Аю х а й (1646–19.2.1724) – Еділ қалмақтарының ханы, Моншақтың ұлы. 1669 ж. таққа отырған. 1670 ж. қазақ жеріне басып кірді. Сол кезде Абылайды тұтқынға түсірген. 1673 ж. ақпанда Ресей патшасының қол астына кіргендігі жөнінде ант берді. А-нің атты әскері Қырым соғысында орыстар жағында болды. 1681 ж. орыс әкімш. оған дуанбасы атағын берді. 1682–83 ж. А-нің әскері Ресей үстемдігіне қарсы көтерілген башқұрт көтерілісшілерін қырғынға ұшыратты. Орыс әскеріне арқа сүйеп, түрік сұлтанына, Солт. Кавказ тұрғындарына, Қазақ, Түркімен, Хиуа хандықтарына қарсы жорықтар жасады. 1696 ж. орыс әскерімен бірге Азау (Азов) қамалын алды. Сенімді қызметі үшін Петр I оған алтын қылыш тарту етті. А. таққа мұрагері етіп ұлдарының кенжесі Серен Дондукты қалдырған.

А.Шойбекова

АЯГӨЗ – Алматы, Шығыс Қазақстан обл-тары аумағымен ағатын өзен. Тарбағатай жотасының солт. сілемдерінен (1661 м) бастау алады. Балқаш к-нің солт.-шығыс бөлігіне құяды. Үлкен Аягөз және Кіші Аягөз өз-дерінің қосылуынан кейін Аягөз аталады. Ұз. 450 км, алабының ауд. 15,4 мың км². Жылдық орташа су ағыны мөлш. 5 м³/сек. Жылдың 2-жартысында және құрғақшылық жылдары суы Балқаш к-не жетпейді. Жоғ. ағысының жағалары тік шатқалды, ал орта және төм. ағыстары кең жайылымды болып келеді. Балқашқа құяр жері сортаң және батпақты. Ұзындықсықалы 312 саласы бар. Ірі салалары: Нарын, Балықты, Батпақты, Айғыз, Курайлы, Таңсық. Қарашаның 1-жартысында қатып, көкектің басында ери бастайды. Суы тұщы, ауыз суға, жайылымды суландыруға және өндірістік-тех. мақсаттарға пайдаланылады. 18 ғ-дың көктемінде А. өз. бойында және оның саласы Таңсықта Абылай болып, қытайлармен келісім жасасқан. Ол бұл туралы 1758 жылдың 15 қаңтарында Орынбор ген.-губернаторы И.И.Неплюев пен тілмаш А.И.Тевкелевке жазған хатында «Аягөз және Айтансық деген жерде 1757 жылы маусым айының басында мен Қоймаңырақ, Қозымаңырақ және Жиынкөл деген үш жерде тұратын 60 мың қытаймен келісім шартын жасасып, Еренқабырға деген жерде біздің Орынбордағыдай сауда орталығын ашуға келісім және осы мәселе бойынша қытай богдыханына өзімнен 13 кісі елшілікке жібердім», – деп жазған.

Әдеб.: Абылайхан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, Петропавл, 2005, 246-б.

Ж.Достайұлы, Е.Түсін

АЯҒАН Бүркітбай Фелманұлы (20.11.1954 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Ақтас а.) – тарихшы, тарих ғыл. докт. (1996), проф., ҚР Ұлттық Кеңесінің мүшесі, Қазақ Білім академиясының акад. (2006). 1979 ж. Қазақ пед. ин-тын (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. 1979–90 ж. сонда комсомол ұйымының хатшысы, оқытушы, 1990 ж. Қазақ КСР Жоғ. білім мин-нде жетекші ғыл. қызметкер, 1990–96 ж. Президент әкімш. мен Мин. Каб-нің баспасөз қызметінің кеңесшісі, сектор меңгерушісі, ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1996–98 ж. Қазақ заң ун-тінің сыртқы байланыстар орт-ның директоры, 1998–2003 ж. Алматы қ. ақпарат пен қоғамдық келісім басқармасының бастығы, 2003–09 ж. «Қазақ энциклопедиясының» бас директоры болды. 2008 жылдан бері Қазақстан мемлекет тарихы ин-тының директоры міндетін атқарып келеді. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы (қоғамның әлеум. құ-



Б.Аяған

рылымының эволюциясы, саяси өзгерістер, халықтың демогр. құрылымындағы өзгерістер) тарихи мәселелерін зерттеуге арналған. «Қазақстан мемлекеті: қоғамдық жүйелердің эволюциясы» (1994), «Кеңестік социализмнің шарықтау шегі мен бағуы. Қазақстан полигоны» (1999), «Қызылдар мен қаралар», т.б. кітаптардың, көптеген ғыл. мақалалардың, мыс., соның ішінде: «Абылайдың оралуы» («Экспресс К», 31 қазан, 1991), «Ұлы Абылай хан» («Экспресс К», 23 қыркүйек, 2005), т.б. авторы. Мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтарды жазуға қатысты (жалпы білім беретін орта мектептің 11-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» (1993), 9-сыныпқа арналған «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы» (2005), жоғары оқу орындарына арналған «Социология негіздері» (1993) оқулықтары, т.б.). Жапонияда, Түркия, Ресей, Германия мен Малайзияда болған ғыл. симпозиумдарға қатысқан. Баспа және полиграфия ісінің қайраткері, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Н.Әшіров



ӘБДІҒАПАР Жанбосынұлы (1870, бұрынғы Торғай обл. Торғай у. Қараторғай болысы – 21.11.1919, сонда) – қазақ халқының 1916–17 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының Торғай даласындағы басшысы. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би – Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847–95) көп жылдар болыс болған. Анасы – Алуа Ақтасқызы (1840–1934) (Ақтас – Ахмет Байтұрсынұлының әкесінің ағасы). Ә. ауылында бастауыш мектеп ашқан. Ағаштан ою ойған шебер болған, суармалы егіншілікпен айналысқан, ақыл-парасатымен ел ағасы атанған. 1916 жылдың жазында Қараторғай болысының, кейін бүкіл Торғай уезінің көтерілісшілері Ә. маңына топтасты. Сол жылғы 21 қарашада Жалдама өз. бойында 13 болыс ел өкілдерінің құрылтайы Ә-ды хан көтеріп, Кеңесары қолбасшыларының бірі Иман батырдың немересі Амангелдіні сардарбек етіп сайлады. Ә. ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демокр-сы негізінде қайта құрды. Алдымен Ә. өзін хан деп атамай, әмір деп есептеді. Ол өзі басқарған Торғай елін бүкіл қазақтың тәуелсіз мемлекеті құрылғанға дейін метрополияның билігін мойындамайтын, жаугершілік заманда уақытша өмір сүруге құқылы автон. аймақ деп санады. Ә. көтерілісшілерді 20 адамнан тұратын халық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімш., шаруашылық мәселелерін шешетін басшы орт. болды. Жергілікті жерлерде Ә-дың жарлығымен елбегілер сайланды. Көтерілісті жақтаған болыстар өз орындарында қалдырылды. Көтерілісшілер ежелгі шығыс дәстүрімен ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелді. Ә. жасақтаған әскери құрылым империяның қарулы күштеріне аса тегеурінді қарсылық көрсетті. Оның қоластына Қазақстанның көптеген аймақтарынан көтерілісшілер жасақтары келіп қосылды. Сөйтіп, Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ең ірі орталығына айналды. Ә. Кеңестердің Торғай обл. I-съезіне (Орынбор, 1918 ж. наурыз) қатысып, кейін Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартты. Қызыләскерлер қолынан Зәуре қопасында қаза тапты. Ұрпақтары «хан тұқымы» ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.

Әдеб.: Байтұрсынов А., Ақжол, А., 1991; Сүлейменов М., Әбдіғапар хан, А., 1995; Қаһарлы 1916 жыл. Құжаттар жинағы, 2-т., А., 1998.

Ж. Сүлеймен

ӘБДІҚАЛЫҚОВ Мұхамеджан (1.7.1909, қазіргі Қарағанды обл. Спасск кенті – 13.7.2006, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері. ҚазПИ-ді (1932, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген соң осы ин-тта оқытушы (1932–33), Қазақстан өлкелік комсомол және партия к-ттерінде (1933–38) жауапты қызметтер, Қарағанды обл. партия к-тінде насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі (1938), Қазақ КСР Халық ағарту комиссары (1938–41), Алматы қ. атқару к-тінің төрағасы (1941–42), Қазақстан К(б)П ОК-нің үгіт-насихат ісі жөніндегі хатшысы (1942–47), Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тында марксизм-ленинизм классиктерін қазақ тіліне аудару секторының аға ғыл. қызметкері (1947–67) болып еңбек еткен. 1967 жылдан одақтық дәрежедегі зейнетке шыққан. 2-дүниежүз. соғыс жылдары «Қазақ ССР тарихының» (1943) жазылуы мен кітап болып шығару жұмысына зор еңбек сіңірді. Ол қазақ халқының тарихына арналған алғаш жарық көрген томның жауапты редакторы болған. Бұл кітапта Абылай ханның өмірі мен қызметіне мол орын берілген болатын. 1–2-сайл. КСРО Жоғ. Кеңесінің және 2-сайл. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты. 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендері және медальдармен марапатталған.

ӘБДІЛДИН Жабайхан Мүбәрақұлы (16.2.1933 ж.т., Павлодар обл. Май ауд. Майтүбек а.) – филос. ғыл. докт. (1968), проф. (1970), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983), Қазақстанның еңбек сің. ғыл. қайраткері (1993). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және Мәскеу мемл. ун-тінің аспирантурасын (1958)



Ж. Әбділдин

бітірген. Қазақстан ҒА-ның Филос. және құқық ин-тында кіші (1958–60), аға ғыл. қызметкер (1960–65), бөлім меңгерушісі (1965–96), ин-т директоры (1973–84) қызметтерін атқарды. Қазақстан ҒА Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің акад.-хатшысы (1984–86), ҒА-ның вице-президенті

(1986–95) болды. 1968 ж. «Теориялық танымдағы бастама мәселесі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Ә-нің ғыл. еңбектері негізінен диалект. логиканың өзекті мәселелерін зерттеуге арналған. Соның ішінде, әсіресе, нақты ұғым, бастама мәселелерін терең зерттей отырып, олардың философия тарихы тұрғысынан негізделген диалект. анықтамасын жасады, логик. және гносеол. функцияларына сипаттама берді, қазіргі ғылым мен практикадағы логик.-әдістемелік рөлін айқындады. Оның басқаруымен диалект. логиканың категорияларын, заңдарын, принциптерін жан-жақты зерттеуге арналған ұжымдық монографиялары («Диалектикалық логика» аталатын 4 томдық іргелі еңбегі) жарық көрді. Мұнда диалектиканың логик. функциясы анық дәлелденіп, категорияларының ғыл. жүйесі жасалды әрі олар қазіргі жаратылыстану ғылымдарының методол. мәселелерімен ұштастырылды. 1991 ж. Көкшетау қ-нда «Абылай және 18 ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы» деген тақырыпта өткен ғыл.-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінде Ә. Абылай тұлғасын филос. тұрғыдан бағалай келіп, қазақ елінің ой-санасында «Абылай шын мәнінде тарихи тұлға ретінде» орнығып қалғанына назар аударады да, Абылайдың «Қытай алдында да, Ресей империясы алдында да илікпей, өз мемлекетінің дербестігін бәрінен де жоғары санауы осыдан. Мұндай іс тек тарихи тұлғалардың ғана қолынан келмек», – деген тұжырым жасайды. Ә. белгілі қоғам және мемлекет қайраткері. 1990 ж. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1994 ж. ҚР-ның тұңғыш Парламентіне депутат болды. 1995–2005 ж. ҚР Парламентінің сенаторы, Сенаттың Халықар. істер, Қорғаныс және қауіпсіздік к-тінің төрағасы (1998–2007). Павлодар обл.-ның құрметті азаматы. Ш.Ш. Уәлиханов атынд. (1974), Қазақ КСР Мемл. (1984) және ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани татулық (1994) сыйлықтарының лауреаты. 2-дәрежелі «Барыс» (2000), Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ш ы ғ.: Проблемы начала в теоретическом познании, А.-А., 1967; Диалектика Канта, А.-А., 1974; Ой әлемінен сөз, Аст., 2002; Время и культура. Размышления философа, Аст., 2002.

ӘБЖАНОВ Ханкелді Махмұтұлы (11. 10.1953 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд., Атасу елді мекені) – тарих ғыл. докт. (1992), проф. (1993), Қазақстан ҰҒА-ның корр. мүшесі (2013). ҚазМУ-дың тарих ф-тін (1976, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Ақмола құрылыс инженерлері ин-тында және ҚазМУ-да оқытушы (1976–79), Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында зертханашы, ғыл., аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі (1979–93), ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) кафедра меңгерушісі (1993–99), Еуразия ұлттық ун-тінде кафедра мең-

герушісі, Қазақстан мемлекеті тарихы ғыл.-зерт. ин-ты директорының орынбасары (1999–2011) болды, 2011 жылдан ҚР Білім және ғыл. мин. Тарих және этнол. ин-тының директоры қызметтерін атқарады. 1992 ж. «Қазақстанның ауыл интеллигенциясы: қалыптасуының және әлеуметтік



Х.Әбжанов

іс-әрекеттерінің тарихи тәжірибесі (1946–1985 ж.)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ә. 50-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 5 монографияның авторы. «Абылай хан» энциклопедиясының редакциялық алқа мүшесі (2013).

ӘБСАДЫҚОВ Алмас – филол. ғыл. докт., проф. Ә. «Хан Абылай: тарихи шындық және халықтық таным» атты қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген кітабының «Абылайдың жастық шағы және фольклордағы жалған жетімдік» деген бөлімінде Абылайдың жастық шағы туралы өзінің тың пікірлерін білдіреді. Ә. бұл еңбегінде Абылай туралы бұрын-соңды жарық көрген ғыл.-әдеби еңбектерді саралай келіп, оларда ұлы ханның өмірбаянына қатысты тұрақты қорытынды жоқ екенін байқап: «Абылайдың аталары Түркістанды



А.Әбсадықов

биледі» деген Шоқан, «Үргеніште Ғайып хан қолында тұрды» дейтін Шәкәрім, «Бұхара қаласын биледі» деген С.Мұқановтың деректері – «тарихи шындыққа жанаспайтын пікір» дейді. «Абылай туралы тарихи шындық ханның көзі тірісінде, 1768 жылы жазылған М.Мәмедовтің жазбасында

ӘБУЕВ

сақталған» дей келіп, Ә. «бізге жеткен Абылайдың өз тұсындағы жазба деректер бойынша оның аталары Түркістанды емес, Ташкентті билеген. Бұл деректі ханның хатшысы болған, сондықтан, оның өмірбаяны мен шежіресін жақсы білетін бірден-бір кісі М.Мәмедовтің 1768 жылы орыс үкіметі өкілдеріне берген хабарламасынан оқимыз. «Абылай сұлтанның, – дейді ол, – атасы мен әкесі Ташкент қаласының хандары болған. Қаланы жоңғар қалмақтары жаулап алғанда, он жасар Абылай Түркістан қаласындағы Әбілмәмбетке барады». Зерттеуші Ә. пікірінше, Абылайдың жас жігіт күнінде жетімдік көріп, үйсін Төле би немесе қарауыл Дәулетбайда жалшылықта жүруі – фольклордағы сюжет. «Ұлы хан жас кезінде бақташы болғаны – халық қиялынан туған оқиға. Басы Шоқаннан бастап, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, С.Мұқановтардың барлығы Абылай өмірін жазғанда нақты тарихи құжатқа сүйенбей, ел аузындағы аңызға жүгінеді» деп тұжырымдаған Ә. бұл ойларын былайша негіздейді: «Атақты тұлғалардың жас күнінде жетімдік күйін тартып, қарапайым кісілердің қолында малшы немесе аңшы болып күн кешіп, кейін өзіне лайықты орынға, таққа ие болуы – тек қазақ фольклорында ғана емес, әлемдік фольклорда жиі кездесетін сюжет». Ә. бұл ойын Абылайдан бұрын жасаған Едіге батыр, Алаша, Шыңғыс хандардың өміріне қатысты аңыздармен сабақтастырады да: «Демек, Шоқан жазбаларындағы деректер – Абылайды фольклорлық қаһарман кейпіне айналдырған халық шығармашылығының бір нұсқасы» деген тұжырымға келеді.

Шығ.: Әбсадықов А. Хан Абылай: тарихи шындық және халықтық таным, Қостанай, 2000.

3. Тайшыбай

ӘБУЕВ Қадыржан Кабиденұлы (26.12.1938 ж.т., қазіргі Солт. Қазақстан обл. Айыртау ауд. Қызыл әскер а.) – тарих ғыл. докт. (2002), проф. (2003),



Қ. Әбуев

Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі (1978), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2008). Петропавл пед. ин-тының тарих-филол. ф-тін бітірген (1962).

Солт. Қазақстан обл. Булаев ауд. және Көкшетау обл. Володар ауд.-ндағы орта мектептердің директоры (1962–64), Көкшетау обл. к-тінде нұсқаушы (1964–65), Көкшетау мемл. ун-тінде аға оқытушы (1972–74), декан (1974–76), ал 1976 жылдан кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. 8 монография мен 120-дан астам ғыл. мақаланың авторы. Ә-тің кітап пен мерзімді басылымдарда Абылай хан туралы мақалалары («Абылай және Қазақстан тарихнамасының кейбір мәселелері»), «Көкшетау», 20 маусым, 1991; «Қазақтың ұлы ханы хан Абылай», сонда, 20 маусым, 1996; «Хан Абылай атанды. Тарихнаманың кейбір мәселелері», кіт.: Қазақстан: тарих және тағылым, Аст., 2006, 6–50-б.; т. б.) жарияланған.

Қ. Нұрпейісов

ӘБУЖӘЛЕЛ ПІР (17 ғ-дың ақыры – 18 ғ-дың 1-жартысы) – ғұлама. 1726 ж. Ордабасыдағы Құрылтайда біріккен қазақ қолының пірі, рухани көсемі болып сайланған. Көне Үргеніште оқыған, Мекке, Мединеге қажылыққа барған, мұсылман дінінің қағидаларын жетік білген. Халықты имандылық жолында тәрбиелеуге, мешіттер ашқызып, қазақ арасында мұсылманшылықты таратуға көп үлес қосқан. Ә. п-дің кеңесімен Абылай сұлтан Сарғалдақ қожаны Арқаға, Шақшақ Жәнібекті, әкелі-балалы Кәши және Азына қожаларды Торғайға, т.б. алып барып қоныстандырған. Ә. п. 1731–32 ж. М. Тевкелев елшілігінен кейін Ресейге қосылуға келіспей, Әбілқайыр ханға қарсы топ басшыларының бірі болған.

Ө. Жолымбетов

ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ, Әбу Наср Мұхаммад ибн Тархан әл-Фараби (1870, Отырар қ. – 950, Сирия, Шам қ.) – қазақ даласынан шыққан ұлы ғалым, философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Ол Отырар медресесінде, Шам, Самара, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдат шаһарларында білім алған. Ә.Н. әл-Ф. – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Тарихи деректер бойынша, 70-ке жуық тіл білген. Ол философия, логика, этика, метафизика, математика, тіл білімі, жаратылыстану, география, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырған. Алғашқы кезде Ә.Н. әл-Ф. өзін ақын, әнші, күйші ретінде танытып, одан соң ежелгі грек ғалымдарының қолжазбаларын оқу арқылы күрделі ғыл. зерттеулермен шұғылдануға кіріскен. Ә.Н. әл-Ф. өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этик., эстет., мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бакыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Ә.Н. әл-Ф-дің мәдениеттанушылық көзқарастары сол замандағы ең озық өрке-



ӘБІЛДАҰЛЫ

ниет – араб, парсы, түркі мәдениеттерінің тоғысуы нәтижесінде қалыптасқан. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Фасул әл-мәдени», т.б. трактаттарында ол мәдениетті – адамдық болмыстың шешуші буыны ретінде қарастырады. Ә. Н. әл-Ф. философиясында мәдениет термині («мәдениат») қала сөзімен («медина») түбірлес қарастырылады. Рухани мәдениет бас-тауларын Ә. Н. әл-Ф. адамдарды өзара байланыстыратын құндылықтардан – жан дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, ба-

меткер, 1992–96 ж. Қазақстан ҒА Шығыстану орт-ның бөлім меңгерушісі, 1996 жылдан ҚР БҒМ Шығыстану ин-ты директорының орынбасары, 1998 жылдан директоры болды. Ә. шет елдердегі қолжазба қорларынан алғаш табылып, ғыл. айналымға түскен жазба (парсы және түрік тілдеріндегі) деректерді зерттей отырып, Қазақстанның Орта Азиямен, жалпы Шығыс елдерімен саяси, дипломат., экон. және мәдени байланыстары туралы 100-ден астам ғыл. еңбек жариялады. Оның «XVI ғасырдың 2-жартысындағы



Әбу Наср әл-Фараби

қыттан іздеді. Бұларға жету үшін мәдени тәрбиенің маңызы зор. Ғылым мен тәрбие ұштаса келе жоғ. мәдениеттілікке жол ашылады. Ә. Н. әл-Ф. әмбебап музыкант болған. Саз аспаптарында ойнап, ән салған. Өз жанынан ән, күй шығарған. «Музыканың ұлы кітабы» – ғұламаның музыка жайында жазған тарихи үлкен туындысы. Мұнда муз. акустика мәселелері барынша кең қамтылып, дыбыстың табиғаты, тегі, таралуы, т.б. жайында көптеген дұрыс, соны пікірлер айтылған. Музыканың тәжірибелік (эксперименттік) және теор. (матем.) негіздерін жасап, физ.-матем. заңдылықтардың белгілі муз. аспаптарында қалай жүзеге асу жолдарын көрсетеді.

ӘБУСЕЙІТОВА Меруерт Қуатқызы (15.7.1951 ж.т., Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1997), Қазақстан ҰҒА-ның корр. мүшесі (2013). ҚазМУ-ді (1974, қазіргі ҚазҰУ), КСРО ҒА Шығыстану ин-тының Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) бөлімшесінің аспирантурасын (1977) және докторантурасын (1988) бітірген. 1978–92 ж. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археология және этнология ин-тының Шығыстану бөлімінде кіші, аға ғыл. қыз-



М.Әбусейітова

Қазақ хандығы» (орыс тілінде), «XV–XVII ғасырлардағы Қазақстан және Орта Азия: тарих, саясат, дипломатия» аталатын монографиялары отандық тарихнама ғылымына қосылған елеулі үлес ретінде қабылданды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Ә. ыссапармен Қытайға барып, сол елдің мұрағаттарында Қазақ хандығына байланысты сақталған құжаттардың (1730–1911 ж. арасындағы қазақ тарихына қатысы бар 283 томнан тұратын мұрағаттық құжаттар) көшірмелерін жеткізуде елеулі еңбек сіңірді; әсіресе сол құжаттардың арасында Абылай ханға, т. б. қазақ елінің хан-сұлтандарына қатысты құжаттары құндылығымен ерекшеленеді. «Парасат» орденімен (2007) марапатталған.

Е. Әлімжан, Г. Ысқақова

ӘБІЛДАҰЛЫ Бақтияр (10.11.1937, Жамбыл обл. Талас ауд. бұрынғы «Қызыл Октябрь» ұжымшары, қазіргі Ерназар а., – 6.8.2010, Тараз қ.; Талас ауд., Ерназар а-нда жерленді) – журналист-жазушы, Қазіргі ҚазҰУ-нің журналистика ф-тін (1959) бітірген соң Жамбыл обл. «Еңбек туы» (қазіргі «Ақ жол») газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарды. Ол бірқатар пьесалар мен деректі-көркем шығармалардың, оның ішінде «Жауғаш батыр Абылай ханның елшісі» (1999), «Сыпатай батыр» (2000) атты деректі тарихи романымен қатар «Төле би және Қойгелді батыр» (1992), «Рысбек батыр» (1994) жинақтары, «Бөлтiрiк би» деген тарихи хикаяты (1996), «Талас–Тараз» (1998), т. б.

ӘБІЛҚАЙЫР



Б. Әбілдаұлы

кітаптардың авторы. Тараз қ-ның құрметті азаматы (2007). Қазақстан Журналистер одағы сыйлының лауреаты (1997).

Қ. Нұрпейісов

ӘБІЛҚАЙЫР, Әбілқайыр Мұхамбет Ғазизбаһадұрхан (1693–12.08.1748) – хан, қолбасшы. Шыңғыс хан әулетінің кіші буыны – Өсеке ұрпағы, Қажы сұлтанның баласы. Соғыстарда батырлығымен, айлакерлігімен, шабуылдарды ұйымдастыра білуімен аты шығып, мұрагерлік жолмен емес, өз беделімен Кіші жүздің ханы (1710–12.08.1748) болды. 1715 ж. Тәуке хан өлгеннен кейін Үш жүздің бас хандығына таласты. Бірақ мұрагерлік жолмен Тәукенің ұлы Болат бас хан сайланды. Ә. қазақ-қалмақ қарым-қатынасы мейлінше шиеленісіп тұрған 1716–18 ж. Ресей империясынан көмек алу мақсатымен Сібір губернаторы князь М.П.Гагаринге, Уфа воеводасына хат жазып, қазақтардың ахуалын біршама реттеуге атсалысты. 1723 жылға дейін Түркістанда тұрып, одан жоңғар басқыншылары қуып шыққаннан кейін Бұхар мен Хиуа хандықтарының шекарасындағы өзіне қарайтын көшпелі тайпаларға қоныс аударды. Ә. 1726 ж. Ордабасыдағы халық жиналысында қазақ жасақтарының қолбасшысы болып сайланды. Бұланты өз-нің жағасындағы (1728), Аңырақайдағы (1729–30) жоңғарларды талқандаған соғыстарда қолбасшылық қабілеті ерекше көрінді. Аңырақай шайқасында бас қолбасшылықты өз еркімен Болат ханға бергенімен Үш жүздің қолын үйлестіруде көп жұмыс атқарды. Ә. қазақ хандары мен сұлтандарының алауыздығы артып, сыртқы қауіп күшейген шақта Ресей империясына арқа сүйеуді ойлады. Ә-дың Құдайқұлов Сейітқұл мен Қоштаев Құттымбет бастаған елшілігі Петербургке барып (1730), Ресей Сыртқы істер мин. алқасының М.Тевкелев бастаған елшілігі (1731) оған келді. Елшілік қазақ ұлысын Ресейдің қарамағына алу туралы келіссөз жүргізді. Ә. 1731 ж. қазанда Ресей империясының қарамағына кіргендігі жөнінде ант (бұл анты 1738, 1740, 1742 ж. қайталады) берді. Ант беру арқылы ол Ресеймен тату тұруды, оның қарамағы-

на өткен башқұрт пен Еділ қалмақтарының қазақ қоныстарына шапқыншылығын тоқтатуды, Ресейдің көмегімен жоңғар қалмақтарының қол астында қалған қазақ жері мен қалаларын қайтарып алуды, империя әкімш-не сүйеніп, қазақ арасындағы беделін арттырып, Үш жүздің басын біріктіріп өзі билеуді, хандықты балаларына сайлау тәртібімен емес, мұрагерлік жолымен қалдыруды көздеді. Сөйтіп, ол жеке мүддесімен бірге халықты апаттан сақтауды да ойлады. Алайда Ресей саясаты да тереңде жатты. Империя қазақ жерін бүтіндей отарлауды ойлады. Ә. Петербург сарайы мен оның Орынбор әкімш-нің саясатын дер кезінде түсінді. Ханның өз ұлы Қожахметті аманаттан қайтарып алудағы Ресей



Әбілқайыр

әкімдерімен тартысы, императрицалар Анна Иоанновнаның, кейіннен Елизавета Петровнаң талаптарына мойынсұнбауы, Кіші жүзде дербес саясат жүргізуге тырысуы, ел тәуелсіздігін сақтау бағытындағы шаралары отаршылдықтың барлық көріністеріне қарсылығын байқатады. Орыс үкіметімен әртүрлі қатынастарды үзбей, Ә., сонымен қатар, жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серенмен астыртын байланыста болды. Жоңғар шапқыншылығы әлсіреген сайын Ресейден бойын аулақ салуға тырысты. 1740 ж. Хиуаны басып алып, аз уақыт осында хан атанды. Бірақ Иранның Нәдір шаһынан ығысып, тастап шығуға мәжбүр болды. Ә. Үш жүздің билеуші, қадірлі билерімен, белгілі батырларымен, саяси қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынас жасады. Өзінен жас, беделі өсіп келе жатқан Абылаймен әр кезде түсінісе білді. Абылайдың бір әйелі Қарашаш – Ә-дың қызы. Кіші жүз ханы ретінде оның саясатында қай-

шылықтар да бар. Қазақ даласын отарлаудың тірегі болған Ор бекінісін салуды өзі (1735) ұсынды. 1737–38 жылғы башқұрт халқының отаршылдық езгіге қарсы көтерілісін басуға қатысуы туысқан екі елдің қарым-қатынасын шиеленістірді. Ә-дың дербестігі мен «орысшылдығы», қазақ даласына жайылып кеткен атағы кейбір сұлтандарға ұнамады. Солардың бірі – Орта жүздің сұлтаны Барақ Ор бекінісінен қайтып келе жатқан Ә-мен ең далада кездесіп қалып, оны өлтіреді. Ханның серіктері де сол жерде қаза тапқан. Бірақ Барақ Ә-ды «орысшылдығы» үшін емес, өзінің жеке басының мүдделерін көздеп «қарақшылық» іске барған еді. Ә-дың моласы Қабырға өзінің Ұлқұяққа құятын тұсында, Торғай қ-нан 80 шақырым жерде. Кейін бұл ара Хан моласы аталды. Ә-дан көптеген ұрпақ қалған.

Әдеб.: В и т е в с к и й В.Н., И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., т. 3, Казань, 1896; Р ы ч к о в П.И., История Оренбургская (1730–1750), Оренбург, 1896;; Д ж о н К э с т л ь, 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы, Неміс тілінен аударған Ә. Төреханов; алғы сөзі мен ғыл. түсініктемелерін жазған К.Есмағамбетов, А., 1996; Е р о ф е е в а И.В., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX в., в кн.: Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997.

Ж.Қасымбаев

ӘБІЛҚАЙЫР ӘУЛЕТІ – Кіші жүз бен Хиуаның хандары, билеушілері. Шыңғыс хан тұқымдарының дәстүріне сай Әбілқайыр да өз ұрпағын ел билеуге тәрбиелеп, қазақ хандарының жаңа әулетінің негізін қалады. Оның 3 ұлы, 9 немересі, 5 шөбересі хандық дәрежеге көтерілді. Әбілқайырдың қанша әйел алғаны белгісіз (кей деректерде төртеу). Бәйбішесі Бопай хан ақыл-парасатымен ханның кеңесшісі бола білді. Хан одан 5 ұл көрген. Олар – Нұралы, Ералы, Қожахмет, Айшуақ және Әділ. Кенже ұлы Шыңғыс – қалмақ күңінен туған. Тағы бір әйелі башқұрт. Бірнеше қыздары болған. Оның бірі – Қарашашты Абылай сұлтанға қосқан. Ә. ә-нің үлкені Нұралы әкесінің көзі тірісінде-ақ Хиуада хан болды. Әкесі қаза тапқан соң, Кіші жүздің тағын мұралады. Ералы 4.9.1791 ж. хан сайланып, оны Ресей императоры өз жарлығымен (29.1.1791) бекітті. Айшуақ – Кіші жүз ханы (1798–1805), хандар кеңесінің төрағасы болды. Шөбересі Жәңгір – Ресей императоры ресми бекіткен қазақтың соңғы ханы. Әбілқайырдың Тоқтамыс деген ағасының баласы Мамай (Сарыайғыр хан деген атпен белгілі), немерелері Бөлекей мен Әкім әр жылдары Хиуа хандығының тағында отырды. Әбілқайыр Хиуа ханы Елбарыспен (1728–39), Арал өңірін билеуші Шаһ Темірмен (1721–36), қалмақ ханы Дондық-

Дашымен (1741–61), қазақтың Батыр және Абылай сұлтандарымен, кейбір башқұрт тархандарымен қыз алысып, қыз берісіп құдандалы болды. Ә. ә. Қазақстан тарихында елеулі орын алды.

Әдеб.: Р ы ч к о в П.И., Топография Оренбургская, Оренбург, 1887; с о н ы к і, История Оренбургская (1730–1750), Оренбург, 1896.

Ж.Қасымбаев

ӘБІЛҚАЙЫР МЕН СӘМЕКЕ ХАНДАРДЫҢ ЕДІЛ ҚАЛМАҚТАРЫНА ҚАРСЫ ЖОРЫҚТАРЫ – орыс деректерінде екі ханның күш біріктіріп, Еділ бойындағы Кіші Қалмақ ордасына қарсы 2 дүркін жасаған жорығы. Алғашқысы 1723 жылдың 12 желтоқсанында басталды. Әбілқайыр хан мен Сәмеке хан 40 мың адамдық жасақпен Аюке хан иелігіне басып кірді. Бұл туралы Қалмақ ордасына Ресей шекара өкіметі алдын-ала хабар берген. Соғыста олжаға түскен мал «ақтабанға...» ұшырап, аштық қысып жатқан елге үлестірілді. Бұдан кейінгі жорық 1726 жылдың жазында жасалды. Бұл жорыққа Әбілқайыр мен Сәмеке қолына «найман ханы» Барақ сұлтан, Есім сұлтан қосылады. Кіші қалмақ ордасының бұл кездегі ханы Аюкенің ұлы Черен Дондук 30 мың әскерімен қазақтарға күшті қарсылық жасай алмайды. 4 күнгі шайқастан кейін Черен Дондук хан бітім шартын жасауға мәжбүр болады. Бұл бітім бойынша сол жылғы бесіктегі бала ат жалын тартып мінгенше (16–17-ге толғанша) соғыспауға келісіліп, екі жақ қанға қол матырысып, анттасады. Бұл екі жорықтың қазақ жерін қалмақтардан босатуда зор стратег. маңызы болды. Ресей шекара бекіністеріне, Сауран, Сығанаққа босып кеткен ел ата қонысына оралды.

Ә.Хасенов

ӘБІЛҚАЙЫР ХАНҒА РЕСЕЙ ПАТШАСЫ АННА ИОАНОВНАНЫҢ ЖОЛДАҒАН ГРАМОТАСЫ. «Қазақ халқының ханы Әбілқайырға, ел ағалары мен барлық қазақтарға біздің мейірім-шапағатымыз бағышталады. Сен, Әбілқайыр хан, елшілерің Құттымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұлов арқылы жіберген хатыңнан бүкіл иелігіңмен Ресей бодандығына кіретіңді, башқұрттармен тату тұратыныңды оқып білдім, елшілерің оған қоса ауызша сенің мына тілектеріңді жеткізді: Бірінші, біздің құзырымызға башқұрттар сияқты адал қызмет етпексің және салық төлеп тұрмақсың. Екінші, Ресей халықтары тарапынан сендерге зәбір-жапа, талап-тонау болмасын депсің. Үшінші, қазаққа сырттан жау шабатын болса, Ресей патшасы тарапынан қорғау көрсек және бізді Ресей боданы санаңыз депсің. Төртінші, сендер тұтқынға алған Ресейдің башқұрттары мен басқа адамдарын қайтармақсың, башқұрттармен және қалмақтармен тату тұрмақ екенсің. Осыған байланысты біз сені, Әбілқайыр

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ

хан, қазақтың барлық ел ағалары мен халқын, сендердің тілектерің бойынша, жоғарыдағы уағдаларыңа сәйкес, бодандыққа қабылдадық. Сондықтан, қазақтың ханы мен бүкіл халқы патша ағзамға және оның мұрагеріне адал болуы керек. Ресей патшасының жарлығына қарай, қажет болса, бодан башқұрттар мен қалмақтар сияқты айтқан жерге екі айтқызбай баруға; башқұрттарға, Жайық казактарына, қалмақтарға, Ресей карауындағы басқа да жұрттарға шабуыл жасамай, зәбір-жапа көрсетпей, олармен тату-тәтті тұруға; Астрахан арқылы және қазақтың басқа да жерлері арқылы Ресейдің сауда керуендері қазақ даласы арқылы өтетін болса, оларға тиіспей, жолына бөгет жасамай, қайта қауіп төнсе, құтқарып, қорғап, барынша көмек жасауға тиіссіндер...» (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1731 жыл). Осы мәтін Телжан Шонановтың 1926 жылғы аудармасында былай берілген. «Ресейдің қол астына алу туралы бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қырғыз-қайсақтың аламанына берілген жарлық хат. Құдайдың жарылқасыны арқасында біз, ең нұрлы, ең ұлық ханымы Анна Иванқызы барлық Ресейдің патшасымын һәм жеке-жалғыз билеушісімін және тағы басқа дәрежелер иесімін. Қырғыз-қайсақ ордасының бастығы Әбілқайыр ханға, барлық қайсақ аламанына патша қазіретіміздің жарылқасыны жаусын. Сен, Әбілқайыр ханның, елшілерің Қоштайұлы Құттымбет пен Құдайқұлұлы Сейітқұл арқылы барлық жерің, еліңмен бірге біздің қол астымызға кіріп, Ресейдің қарашаларымен һәм башқұрттармен тату тұрамын деп жазған тілегіңізді біз көрдік. Әбілқайыр ханның елшілері, сені қайсақ аламаныммен бірге біздің қол астымызға мына шарттармен кіргің келеді деп баяндады: әуелі, сіз біздің патша қазіретімізге шын көңілмен қызмет қылып, башқұрттарша салық төлегіңіз келеді. Екінші, Ресейдің қарашалары тарапынан сізге ешбір соққы һәм талам-тараж болмаса екен дейсіз. Үшінші, сіз қайсақтарға бір жау тие қалса, біздің патша қазіретіміз, сіздерді Ресейдің басқа қарашаларымен тең көріп, қорғаса екен дейсіз. Төртінші, башқұрттар һәм Ресейдің басқа қарашалары алып кеткен жесірлеріміз қайтарылса екен дейсіз. Және біз де тұтқынға алған орыстарды қайтарып, башқұрт һәм қалмақтармен тату тұрамыз деп уәде бересіз. Біз, ұлық ханым қазіретіміз, бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қырғыз-қайсақ аламанына жарылқасынымызды тигізіп, жоғарыда жазылған шарттарыңызды тілегіңіз бойынша қабыл алып, сіздерді қол астымызға кіргізуге бұйрық еттік. Соның үшін сіз, Әбілқайыр хан һәм барлық қайсақ аламаны, біздің патша қазіретімізге һәм біздің орынбасарларымызға шын көңілмен

қызмет етуге тиіссіндер. Бір жерге қызметке бар деген патша қазіретімізден жарлық бола қалса, Ресейдің барлық қарашалары мен башқұрт һәм қалмақтармен қатар тартынбай, көрсеткен жерге барарсындар. Жайықтың атты казактарына, башқұрттарға, қалмақтарға һәм басқа қарашаларымызға тимей, оларға қарсы жорыққа аттанбай, зәбірлемей, тыныш тату тұрасындар. Сіздің ордаңызға арнап шыққан, болмаса, сіздің ордаңыз арқылы өтіп бара жатқан саудагерлердің керуеніне жол тоқтату қылмай, зәбірлемей, қауіпті жерлерден өтерде қорғап, жардем бересіндер. Сен, Әбілқайыр ханның елшілері дидар шартымызды көрді, Мәскеуде тұрғанда оларға нәпақа беріліп тұрып, қайтарында біздің тарапымыздан алапа берілді. Енді олар, сен Әбілқайыр ханға қайтарылды һәм олардың жолына көлік һәм нәпақа берілді және сен Әбілқайыр хан, біздің патша қазіретіміздің жарылқасынынан дәмелен. 1731 жылы, ақпанның 19-ы күні, біздің патша болғанымыздың екінші жылы Мәскеуде берілді».

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. №28. С. 40–41 (хат мәтінін қазақшалаған – З.Тайшыбай); Шонанұлы Телжан. Жер тағдыры – ел тағдыры, А. 1995, 15–16 пар.; Казахско-русские отношения в 16–18 веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961. 37,38, 40–41-беттер; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 18–22-беттер; Шонанұлы Телжан. Жер тағдыры – ел тағдыры, Алматы «Санат», 1995.15–16-беттер; Тайшыбай З. Қазақтың ханы – Абылай, екі томдық, «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫН АЛҒАНЫ ТУРАЛЫ ИМПЕРАТРИЦА АННАҒА ХАТЫ. 1731 ж. 2 қаңтар күні жазылған хатқа Әбілқайырмен бірге Нұралы сұлтан, Бопай ханша, қарақалпақ ханы мен старшындар қол қойған. Хатта былай деп жазылған: «... Ұлы мәртебелі императрица, Сіздің жарлығыңыз бойынша бізге жіберілген Мәмет мырза Тевкелев бізге Ұлы мәртебелі императрица Сіздің жарлығыңызды жариялады. Ол бойынша мен, Әбілқайыр хан, өз боданымдағы қайсақтарыммен бірге Ұлы мәртебелі императрица Сізге және Ұлы мәртебелі ұрпақтарыңызға бодан болып, төменде жазылған тармақтарды қызмет етуге қабылдадым. Ең алдымен, аса қасиетті және ұлы державаның иесі ұлы патша императрицамыз Анна Иоановнаға бүкіл ресейлік және басқаларының, тағы басқа сол сияқтылардың самодержицасына уәде етіп, ант береміз.

1. Біздің ұлы патша императрицамызға және ұлы мәртебелі Сіздің ұрпақтарыңызға әрқашан адал әрі әділ қызмет етуге уәде беремін.

2. Ұлы мәртебелі императрица Сіздің бізге, қайсақ ордасына қызмет етуге жарлығыңыз келген кезде Ресей бодандары – башқұрттармен және қалмақтармен бірге, соның ішінде айтылған жерге біз өз әділдігімізбен барамыз.

3. Қайсақ ордасы Жайық казактарына, башқұрттарға, қалмақтарға және Ресейдің барлық бодандарына дұшпандық шабуыл жасамайды және оларға залал келтірмейді, олармен тату-тәтті тұрады.

4. Ресей бодандары Астраханнан және басқа жерлерден көпес керуенімен біз, қайсақтар арқылы қай жаққа баратын болса немесе керуен бізге, қайсақтарға келетін болса, біз оларға еш жаманшылық жасамаймыз және оларды жаман адамдардан қорғаймыз және оларды қажетті жерлеріне жеткізіп саламыз.

5. Тұтқынға алынған Ресей бодандары біздің қайсақ ордасынан қайтарылады, ал, алдағы уақытта тұтқын алынбайды және башқұрттардан және Ресейден алынған тұтқындардың біздің дінімізге енгендерден басқалары қайтарылады және ұлы мәртебелі императрица сізге және жасағыңызға (ясак – салық. – 3.Т.) 4000 түлкіден жіберіп тұруға уәде беремін, осыған сендіріп мен, Әбілқайыр хан, осы параққа өз мөрімді бастым және өз елшім Бақа батырды жібердім». Хат 1143 жылғы режеп (ережеп. – 3.Т.) айының 17-сі күні (1731 жылғы қаңтардың 2-сі күні) жазылған. (Хат мәтінін казакшалаған – 3.Тайшыбай).

Әдеб.: «16–18 ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары», құжаттар жинағы Алматы, 1961ж., 28-бет; Тайшыбай 3. Қазақтың ханы – Абылай, екі томдық, «Елшежіре», Алматы, 2011.

3.Тайшыбай

ӘБІЛМАНСҮР – кісі аты, араб, парсы тілдеріндегі «Әбіл» (ата, әке) және «Мансұр» (1. жеңуші, жеңімпаз; 2. құдіретті) деген екі сөзден тұрады. Ә. – Абылай ханның азан шақырып қойған есімі

Әдеб.: Қазақ есімдері. Энциклопедиялық анықтамалық. Құрастырған Смағұлов Асқар, Алматы, 2006.

ӘБІЛМАНСҮР, қ. *Абылай хан*.

ӘБІЛМӘМБЕТ (1690 ж.ш. – 1771, Түркістан қ.) – хан. Болат ханның үлкен ұлы, Тәуке ханның немересі. Сәмеке өлгеннен кейін Орта жүзге хан сайланған. Шыңғыс тұқымының аға тармағы – Жәдік әулетінен тарайды. Абылайдың билікке жетуіне себепші болған. 1740 және 1742 ж. Орбекінісіне, Орынбор қ-на Орта жүздің белді старшын, сұлтандарын бастап келіп, Анна Иоановнаға ант берген. Жоңғар шапғыншылығы елге қауіп төндіріп тұрған жылдарда елдің басын қоса алмады. Алайда Абылай, Барақ сұлтандардың казак руларын қалмақтарға қарсы ұйымдастыруына кедергі жасамады. Ә. хандық құрған тұста 18 ғ-дың 30-жылдарының соңы 40-жылдарының ба-

сында, Әбілқайыр ұлы Ералы сұлтан Орта жүздің басты рулық бірлестіктерінің бірі – керейлерге билік жүргізді. 1744 ж. Ә. өзінің жақтастарымен Түркістан қ-на көшіп кетті. Орта жүз Абылай мен Барақ сұлтандардың билігінде қалды. Ә-тің үлкен ұлы Әбілпейіз Абылайды барынша қолдап, әкесінің соңынан ермеді. 1771 ж. әкесі қайтыс болғаннан кейін дәстүрлі құқынан өзі бас тартып, Абылайдың хан сайлануын қолдады. Ә. халық тарихында, хандық билігін сарқа пайдалана алмаған қайраткер ретінде белгілі. Халық шежіресінде де Ә. ел үдесінен шыға алмаған «ақсүйек» ретінде сипатталған.

Әдеб.: Рычков П.И., История Оренбургская (1730–1750), Оренбург, 1896; Материалы по истории Казахской ССР, т. 2, А., 1948; Ерофеева И.В., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX в., в кн.: Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997.

Ж.Қасымбаев

«ӘБІЛМӘМБЕТ ХАН МЕН АБЫЛАЙ СҰЛТАНДЫ ОРЫНБОР ГУБЕРНАТОРЫ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ В.УРУСОВТЫҢ ҚАБЫЛДАУЫ» – мұрағат құжаты. (Ресей империясының Сыртқы істер мин.-нің сыртқы саясат бөлімі мұрағатының 122-қор, 1-тізбе, 1– 3-істері). Құжатта 1740 ж. 25 тамыз күні таңертеңгілік уақытта Қазақ хандығынан келген Әбілмәмбет ханды, Абылай, Нұралы, Ералы сұлтандарды, сондай-ақ Жәнібек батырды және басқаларды поручик Спиридо келіп құттықтағаны айтылады. 1740 ж. 28 тамызда Орта Орданың ханы Әбілмәмбет пен оның інісі Абылай сұлтанды В. Урусовтың төмендегідей тәртіппен қабылдағаны көрсетілген: «1) Оларды қарсы алуға Премьер-майор Дмитриев және онымен Капитан-поручик және Адъютант-гранадирь – 48 адам, бір рота драгун трубамен қоса жіберілді. Әсем өрнектелген ер-тұрманды аттар жегілген 12 жеңіл арбаны екі гайдук және шапшаң кимылдауға дағдыланған жандар жолға дайындалып тұрған күзетшіге дейін бастап барды. 2) Күзетшілер тұрған жерге аудармашылар да келді. Олар сәлем беріп, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға «хош келіпсіз» айтты. Майор да құттықтап, өзін олардың құрметіне Генерал-лейтенанттың жібергенін айтып, жеңіл арбаға отыруларын өтінді. 3) Алдында Унтер-офицер, 24 гренадир жүріп отырды. Олардың артында ат қораның шапшаң кимылды адамдары, олардан кейін жеңіл арбада хан және сұлтан келеді. Екі жағында жаяу гайдуктер, одан кейін рота драгундері келе жатты. 4) Полктер мен казактар салтанатты сапта тұрды. Хан мен сұлтанды тура казактардың лагеріне әкелді. Бес-он метр жетпей полктің жанына бұрылды. Астрахань полкының қарсысына келгенде оларға барабаннан дабыл

ӘБІЛПЕЙІЗ



қағып, музыка ойнатып құрмет көрсетті. 5) Артиллерияның жанынан өткенде үш үлкен пушкадан аспанға оқ атып құрмет көрсетілді. Хан мен сұлтанды Билар полкінің жанынан өткізіп, содан соң Генерал-лейтенанттың ордасына бұрылды. 6) Сарайға келген хан мен сұлтан арбадан түсіп сарайға енді. Арбадан түсіп, белгіленген жерге жеткенше олар қылыштарын тастаған жоқ. Басқалары қақпаның сыртында аттарынан түсіп, қаруларын тапсырып, олардың соңынан ерді. 7) Аулада күзетте тұрғандар барабаннан дабыл қағып, музыка ойнатып құрмет көрсетті. Көрсетілген құрметтерге ризашылық білдіре алға қарай жүре берді. Жүрер жолға кілемдер төселіп тасталған-тын. Оларды шатырдың алдында подполковник Останков ықылас білдіре қарсы алды. Шатырдың ішінде де парсы кілемдері төселген. Сондай-ақ Император – Ақ Патшаның суреті ілінген шатырға кіре берісте сәндік үшін айна қойылған. Осы жерде оларды полковник Ингделев қабылдады. Шатырдың ортасында Генерал-лейтенант тұрды. Генерал-лейтенант олардың алдында сөз сөйлемекші. Екеуі де Генерал-лейтенантқа өздерінің сөздерінің мәтінін орыс тіліне аударуға хатшы Рычков арқылы берді» (49-беті). Осыдан кейін хан Император – Ақ Патшаның сол жағына шынтақтап отыратын таянышы бар орындыққа, ал Ген.-лейт. сол жағына, оның жанына Абылай сұлтан отырғаны баяндалады. Әңгімелесу кезінде бәрінен де әңгімеге шебері және тезірек жауап беретіні Абылай сұлтан болғаны айтылады. Кезі келгенде Әбілмәмбет хан және Абылай сұлтан Ген.-лейтенантқа: «Әртүрлі жағдайлар, істер туралы сізбен сөйлесуіміз керек. Салтанаттың кезінде әңгімелесу мүмкіндігі болған жоқ», – деп айтқаны, олардың бұл сөзіне орай Ген.-лейтенант та бұл ойды құптайтындығын білдіргені келтіріледі. Содан соң олардың арнайы тігілген киіз үйге келгені, онда арқалығында шынтақтап отыратын таянышы бар екі орындық қойылғаны баяндалады. Ген.-лейт. пен хан ақшыл-сарғыш түсті осы орындақтарға жайғасып, Абылай сұлтанға соған ұқсас, бірақ былғары орындыққа отыруды өтінген. Сұлтан өзіне арналған орындықты ауыстыруын, хан отырғандай орындық болуын сұраған. Оның тілегі орындалып, арқалығында шынтақтап отыратын таянышы бар орындық әкелінгені айтылады. Соңыра үстелге тағам әкелініп, ас ішіп отырғанда Патшаның, Ген.-губернатордың, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның денсаулықтарына арнап зеңбіректерден 9-дан 17-ге дейін аспанға оқ атылғаны баяндалған.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

ӘБІЛПЕЙІЗ (т.ж.б. – 1783) – сұлтан, Әбілмәмбет ханның баласы. Шығыс Қазақстан аймағына би-

лік жүргізген. Қытаймен дипломат. байланыстар орнатып, қазақ-қытай, қазақ-орыс қатынастарының дамуына зор үлес қосты. Абылай хан саясатын қолдады. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті.

Е.Уәлиханов

ӘДІЛ Абылайұлы (т.ж.б. – 1815, Ташкент қ-ның түбінде) – сұлтан, Абылай ханның екінші әйелі қарақалпақ Сайман-ханымнан туған үшінші ұлы. Әкесінің көзі тірісінде Жетісудағы үйсін, дулат тайпаларының біраз бөлігіне билік жүргізді, мәмілегерлік жұмыстар атқарды. 1773 ж. Пекинде Еженханның қабылдауында (15 адам) болды. Қытайға аманат ретінде де жіберілді. Елге қайтып келген соң Жетісуда тұрып, сұлтан атанды. Абылай 1779 ж. қырғыздармен болған ұрыста жеңіске жеткеннен кейін Талас өз. бойында Ә-ге үй салып беріп, осы жерге егіншілікпен айналысу үшін бірнеше қарақалпақ отбасыларын әкеліп орналастырған. 18 ғ-дың 80-жылдары Ә. оларға қоса дулат тайпасының жаныс, сиқым, ботпай және шанышқылы руларын Әбілмәмбет ханның баласы Болатпен бірге биледі. Олардың жалпы саны 40 мың отбасы шамалас, ал қоныстары Талас, Ангрен, Шыршық өз-дерінің бойында, Шыңғыс-Шаған тауларының төңірегінде болған. Ресми түрде таққа отырғаны жөнінде мәлімет кездеспейді, бірақ 19 ғ-дың бас кезіндегі кейбір материалдарда Ә. өзіне қарасты руларды «хан» деген атақпен басқарған. Әкесінен кейін одан қалған билікті мұрагерлік жолмен иемденуге құқылы Қытай тарапынан алған «уан» («ван») атағы болған. Бірнеше әйелден 10 баласы болды (Абылай, Әлі (Ғали), Ерғали, Бегалы, Тінәлі, Төлек, Мамырхан, Қайып, Тәуке, Сейілхан). 1825 ж. Көкшетау округін зерттеген полк. Г.Броневский Батыс Сібір губернаторына жолдаған есебінде олардың ішінен «ықпалды да мықты» рубасы ретінде Абылайды атап көрсеткен.

Қ.Нұрпейісов

ӘДІЛБЕКҰЛЫ Қыдырмолда (1901, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Мақаншы ауд. Жарбұлақ а. – 1987, сонда) – ақын, жыршы. 1932 ж. Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болған. Ол жақта отыз жылдай болып, 1962 ж. туған жерге оралады. Әсет Найманбайұлын ұстаз тұтып, ән-жырларын үйреніп, тәлім алған. Өз кезінде айтыстарға да қатысқан. Жанынан насихат, арнау, мысқыл өлеңдер шығарып, өзіндік әуен-ырғақпен орындаған. Халық мұрасынан «Башпай», «Сабалақ», «Қабанбай», «Мырзаш батыр» тарихи дастандарын жырлаған. Әсеттің бірнеше әндері мен «Қабанбай батыр» жыры ақынның орындауында күйтабаққа түсірілді. Кенен Әзірбаева арналған «Қазіргі Қазақстан Жамбылысың» толғауы «Халық поэзиясы және бүгінгі өмір» (1976) жинағында жарияланды. Ә-ның жеке туындылары мен ел ішінен

жинаған халық әдебиеті үлгілері ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-ты Қолжазба орт-нда сақтаулы.

Т.Әбілқасымов

ӘДІЛГЕРЕЕВ Халел Мұхамеджанұлы (28.4.1904, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Тайпақ ауд. Қырыққұдық а. – 17.10.1974, Алматы қ.) – тарихшы, тарих ғыл. канд. (1939). 2-дүниежүз. соғысқа (1942–46) қатысқан. Қазан шығыс пед. ин-тын (1932) бітірген. «XVIII–XIX ғасырларда қазақтарда төлеңгіттер әлеуметтік тобының пайда болуы, ролі және эволюциясы» деген тақырыпта – Қа-



Х.Әділгереев

зақстанда тарихшылар арасынан тұңғыш канд. дисс. (29.10.1939) қорғаған ғалым. ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ; 1934–42, 1946–51, 1954–74) декан, директор, кафедра меңгерушісі, доцент қызметтерін атқарған. Шымкент мұғалімдер ин-тында да (1951–54) қызмет етті. Ә. қазақ әдебиеттанушылары мен тарихшыларының тұрпайы социол. әдістемелеріне қарсы шығып, шоқантануды бастаушылардың, С.Ж.Аспандияров туралы алғаш қалам тартқандардың бірі болды. 1837–47 ж. Абылайдың немересі Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы жөнінде тарихшы Е.Бекмахановтың тұжырымдамасын қолдағаны үшін саяси қуғынға ұшырады.

Ш ы ғ.: Ш.Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарастары, «Әдебиет және искусство», 1941, №1; К истории образования казахского народа, Вестник АН КазССР, 1951, №1; А.Кунанбаев – как демократический мыслитель, Ученые записки КазПИ им. Абая, 1955 т.б.

М.Дәкенов

ӘДІЛШЕ Азаматов – Уфа (Үфі) губ. Есет провинциясының башқорты, старшина атағы бар, Орынбор әкімш. тарапынан қазақ арасында тыңшылық қызмет атқарған. Ә. – Абылай сұлтанға хатшы болған Азамат молланың ұлы. Ә. 1780 ж. 16 маусымда: «Ташкенттен келген қазақтардың айтуына қарағанда, Абылай Түркістаннан кетіп, Ташкенттен алты күндік жерде отыр» деген хабар әкелген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 440, 447-бб; Тайшыбай З. Қазақтың ханы – Абылай, екі томдық, «Елшежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

ӘЖІБАЙ Қарпықұлы (1791–1866) – би. Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісін қолдаушы және оған белсене қатысушы. Кенесары Орынбор және Батыс Сібір губернаторлықтарының жеріне (Ұлытау – Ырғыз – Торғай) тұрақтай алмай, оңт-ке қарай ойысқанда, Ресей үкіметінің қысымы мен қуғынына ұшыраған Ә-дың елі де Сарыарқадан Сыр бойының Қоқан хандығына қараған Шиелі қыстағының маңына көшіп барған. Ә-ды Қоқан ханы өз руының датқасы етіп бекіткен. Ә. датқа Арқадағы ағайындарымен қатынасын үзбей, белгілі би ретінде олардың дауларына араласып, рулар арасын ежелгі қазақ заңымен реттестіріп отырған. Омбы обл. мемл. архивінде сақталған құжаттарда 1862 ж. қазан айында Сарысу бойын жайлайтын Кіші жүз рулары мен Ұлытаудың батыс бөктерін мекендеген қыпшақтардың арасындағы мал дауын шешуге Ә-дың ерекше ықпалы болғандығы атап көрсетілген.

Қ.Ахметов

ӘЖІБАЙ Найманбайұлы (шамамен 1699–1778) – батыр. Албан тайпасының қызылбөрік руынан шыққан (Қызылбөрік–Есен–Еламан–Найманбай–Әжібай). Абылай ханның дәуірінде Жетісудың Таутүрген мен Таушелек өңірлерінде (қазіргі Алматы обл-ның Еңбекшіқазақ ауд.) өмір сүрді. Ә. Өтеген, Хангелді, Райымбек, Тауасар, Есбол батырлармен тізе қосып, Жетісуды жаудан тазарту жолындағы шайқастарда ерлік көрсетті. Есімі қызылбөрік руының ұранына айналды. Құба қалмақтар жөңкіле қашқан кезде Ә. батыр Сарыарқаға, Қаратауға, Түлкібас пен Қазықұртқа бытырай ауып кеткен Ұлы жүз қазақтарын атамекені Алатауға қайта жинап, мал мен, егіншілікпен, бау-бақша егумен айналысуға жөн сілтеп, жол көрсетті. Түрген өз-нен тоған салдырып, ұз. 15 шақырымдай арық қаздырды. «Әжібай тоғаны» аталған сол арна осы кезге дейін ел кәдесіне жарап келеді. Ш.Ш.Уәлиханов Ұлы жүз туралы мақаласында Ә. батырдың баласы Бердіқожаның, немересі Қожамқұлдың, шөбересі Атамқұлдың би болғанын жазады. Батыр өмірі Ә.Мәлікешұлының «Ер Әжібай» деректі дастанына арқау болған.

З.Сақияұлы

ӘЗ (араб. – ардақты, бағалы, құнды, жарқын) – дәстүрлі қазақ қоғамында ең әділ, ең ардақты қайраткерге берілген атақ (әз Жәнібек, әз Тәуке). Ел ішіндегі мейірімді, сыйлы адамдарды да ауыз-екі әңгімеде осылай атаған.

ӘЗ ТӨЛЕ БИ

«ӘЗ ТӨЛЕ БИ» – кітап. Құрастырушылар: Н.Қапалбекұлы, М.Қазыбек, М.Қожакеев. 2013 ж. Алматы қ-ында жарық көрген. Көлемі 432 бет. Таралымы 2000 дана. Жамбыл облысы әкімдігі Ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша шығарылған. Кітапқа Төле бидің 350 жылдығына орай Тараз қ-ында өткен респ. ғыл.-практ. конференция материалдары жинақталған. Жарияланған материалдардың барлығы дерлік Тәуке ханның тұсында төбе би атанған Төле Әлібекұлының өмірі мен қызметі жайында сыр шертеді. Оның қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінің ұлттық сипатта дамуына қосқан үлесі, әлем халықтарында ұшыраса бермейтін билер ин-тын қалыптастырып, ілгері дамытқандығы кеңінен сөз болады. Кітапқа енген конференция материалдарында Ресей, Қытай және басқа да елдердің мұрағаттары негізінде Төле бидің өмірі мен қызметі әр қырынан ашылып, зерттеле талданып, бұрын бізге беймәлім деректер мен мәліметтер таным таразысына салынады. Аян Нысаналиннің «Дала даналығы» атты мақаласында да Төле бидің Абылай ханмен байланысы нақты ашылады. Болашақ ханның жетім қалған шағында Ораз аталықпен бірге Түркістанға қашып келіп, алдымен атақты Төле бидің қарамағында, кейіннен Дәулеткелді бидің қолында бақташы болғаны баяндалады. Сонымен қатар 1743 жылғы 5 қыркүйекте Төле бастаған 90 кісінің Абылайды жоңғар тұтқынынан босатып алып қайтқаны жөнінде де дерек береді.

К.Қошым-Ноғай

ӘЙТЕЙ Құлмамбетұлы (1712–1761 ж.ш.) – батыр. Ұлы жүздің шапырашты тайпасының асыл руынан. Хангелді батырдың басшылығымен қалмаққа қарсы жүргізілген ұрыстарға белсене қаты-



Әйтей Құлмамбетұлы

сып, соғыс өнеріне шыңдалған 17 жасар Ә. 1729 жылдың көктемінде қалмақтың Жамқайын деген ноянының басын қылышымен шауып түсірген. Жетісу өлкесін қалмақ басқыншыларынан азат ету шайқастарында көзге түскен батыр. Ол Шамалған, Қаскелең, Үш Алматы, Талғар, Есік, Шелек өңірлерін қалмақ басқыншыларынан азат етушілер қатарында ел аузында құрметпен аталады. 1761 ж. кескілескен шайқаста жау қолынан қаза табады. Қарасай ауд-ндағы Алматы–Бішкек автокөлік жолы бойында, Қаскелең қ-ның солт.-батысында 2 км жердегі елді мекен бұл күнде Ә. ауылы деп аталады.

Әдеб: Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006, 93-б.

ӘЙТЕКЕ Байбекұлы (23.3.1644, Өзбекстан, Қаз-бибі тауы, Қызылша м. – 1700, Өзбекстан, Нұрата ауд. Сейітқұл қорымы) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Әмір Темірдің бас



Әйтеке Байбекұлы

кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ, құрама жұрты «Синесоф буа» (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің – үшінші ұрпағы. Ә. Қоқанға (1622–35) хан болған Ақшаның немересі, Самарқан әмірі (1622–56) Жалаңтөс баһадүрдің немерелес туысы. Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ бидің айрықша ықпалы тиеді. Алайда, жеті жасынан бастап аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадүр Ә-ні өз тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандтағы Ұлықбек медресесінде, кейін Жалаңтөс баһадүр салдырған, сән-сәулетімен әйгілі «Тіллә-қари» (Алтынмен атталған), «Шердор» (Арыстанды) медресесінде оқиды. Дін, құ-

қық, аспан әлемі, жағырапия, тарих, математика пәндерін, араб, парсы, шағатай, өзбек тілдерін меңгеріп шығады. Ә. Ақша атасынан ел басқару, елшілік байланыстар жасау жолдарын үйренсе, Жалаңтөс атасынан әскери қолбасшылық дәстүрлер мен дағдыларға жаттығады. Баланың он екі жасында Жалаңтөс атасы, он бес жасында Ақша атасы дүниеден өтеді. Ә. медресені бітісімен туған ауылына оралып, әкесі Байбекпен, ұстазы Қосуақпен бірге ел басқару істеріне араласады. Сөйтіп, жиырма бір жасында бүкіл Бұхара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ, құрама жұртының бас биі болды. Ал жиырма бес жасында барша Кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлады. 1680 ж. Тәуке хан етіп сайлауға қазақ халқының бетке ұстарлары: Әнет баба, Соқыр Абыз, Едіге, Майлы, Төле, Қазыбек, қарақалпақ Сасық, құрама Мұхаммед, қырғыз Қоқым билермен бірге Ә. би де айрықша ат салысты. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқты «Хан кеңесі» сайланды. Ә. Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Тәуке хан мен жоғарыда аталған билердің қатысуымен 1684 ж. «Жеті жарғы» қабылданды. «Жеті жарғыға» Ә-нің ұсынған баптарының ішінде екеуі ғана белгілі. Ол – «Сүйек құны», «Өнер құны». Ә. – шешендігімен, «қара қылды қас жарған» әділдігімен бірге, жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған батыр да. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтының он мың жасағына Нұрата, Қыз Бибі, Ақтау, Тамды, Кенімех төңірегіндегі алшындар мен қарақалпақтардан және құрамалардан жиналған бес мың қол әскерімен Ә. қарсы шыққан. Ә. айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Ол туралы аңыз әңгімелер мен жырлар да жеткілікті. Соның бірі авторы беймәлім, «Әйтеке би» деген ұзақ дастан. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Ә. қайтыс болғаннан кейін Нұрата тауы маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Ә-нің тікелей өзінен тарайтын алтыншы-жетінші ұрпақтары мен аталастары Қызылорда, Ақтөбе обл-тарында, бірқатары Өзбекстан Республикасы Науаи обл-ндағы Нұрата ауд-нда тұрады. Ақтөбе обл-ның бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол ауд-дары біріктіріліп, қазір Әйтеке ауд. деп аталады.

Әдеб.: Толыбеков С., Әйтеке би, Қазақ шежіресі, А., 1992; Үш пайғамбар, А., 1992; Досмұхамедұлы Х., Аламан, А., 1993; Әйтеке би, А., 1998; Есламғалиұлы М., Әйтеке би, А., 1998.

ӘЛІ, қ. *Абырғали батыр.*

ӘЛІКЕ БАТЫР (19 ғ.) – Абылайдың немересі Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан батыр, Базар батырдың туған бауыры.

Руы – Қуандық. Әкесі – Ес батыр, шешесі – Кіші жүздегі Мамай батырдың қарындасы. Ағыбай, Байтабын батырлар сияқты Базар батырмен бірге көтерілісшілердің жекелеген қолын бастап, ханның жауапты тапсырмаларын орындап тұрған. Зираты Қарағанды обл. Теңіз ауд. «Сарыөзен» а-ның батысындағы Тікенекті қорымында.

ӘЛІМБЕТ, Әлімбек (т.ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр, атығай руынан. 1758 жылғы 8 қыркүйекте Абылай сұлтан Сібір шебінің командиріне жазған шағым хатында: «1752 жылы Сізге барып, ант бергенімізде өзіңіз көрген атығай руы Әлімбет батырдың ауылын таяуда капитан-князь әрі тілмаш Мақсұт пен Алексей Михайлович Сухарев Омбыдан келіп, шауып әрі тонап кетіпті. Он бір адамды өлтірген, қырық үш адамды тірідей тұтқынға алған, 28 түйені және 1,5 мың жылқыны айдап кеткен. Ұзын саны 11 үйді тонаған. Қазірге дейін бұл айтылғандардан 9 тұтқын, 500 жылқы және 8 түйе қайтарылмай отыр. Жазығы жоқ болса да, осы күнге дейін Ресей тұтқынындағы ауылдастарын босату жөнінде көмек сұрап, Әлімбек батыр маған қайта-қайта келіп, шағынып жүр. Осы мәселені шешуге патша ағзам атынан жарлық беріп, адамдарыңызды қайтаруды сұраймын» депті. Ә. сондай-ақ Железин бекінісінің командирінен де қорлық көріп отырғанын, Ресей бекіністеріне жақын жердегі Қызылжар бекінісінде тұратын қазақтарға азық-түліктің жетіспей жатқанын да ескерткен.

Н.Ақбай

ӘЛІМҰЛЫ – Қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына енеді. Қаракесек деп те аталады. Таңбасы – алшын таңбасының қосарласқан түрі. Ә-ның алты тармағы болғанына орай ел ішінде «Алты Әлім» деп те атайды. Белгілі ақын Көлдейбекұлы Ерімбет (1850–1911) шежіресінде Ә-на жаманақ (шекті), қарамашақ (төртқара), айнық (қарасақал), ұланақ (қаракесек), тегінболат (қарасақал), тойқожаны (ақ кете) жатқызады. Мұны тарихшылар С.Толыбеков, Х.Маданов, зерттеуші Қ.Салғараұлы, шежіреші Ө.Ахметов те қостайды. Ә-ның тармағы алтау болғанымен, енші алып, ұранға шыққаны – төртеу. Олар: жаманақ, ұланақ, қарамашақ, айнық. Ұланақтың қаракесек атану себебі Әлімнің әкесі Қаракесек немересі Ұланақты бауырына басып, бала қылып алады да жүріс-тұрысына қарай Сасықбай деп атайды. Былайғы жұрт «Күлтелі» бала атандырған. Ұланақтың үйінде үлкен баба Қаракесек тұрғандықтан Ұланақ есімі аталмай Қаракесек болып аталып кеткен көрінеді. Тойқожадан туғандарды ел іші басқа кете ұрпақтарынан айыру үшін Ақ кете деп атаған. Ел аузында «Әлімнің түйе қарағаны бір үйлік» – деуі Ә. өсіп-өнген тайпа екендігін көрсетеді. Ә-ның сан жағынан



көбі – шекті мен төртқара. Ө-ның үлкені болып есептелетін шектіні Ө.Қоңыратбаев, О.Смирнова секілді ғалымдар Бұлғар қыпшақтарымен байланыстырады. «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасында Шу өз-нің бойындағы шекті тайпасы аталады. Ал Ө. бірлестігіне жатқызылатын шөмекей, қаракесек, кетелердің Батыс Түрік қағандығының құрамында болғаны белгілі. Осындай жорамалдардың бәрі Ө. тайпасының тарихын тереңге сілтейді. Ө. Ырғыз өз-нің бойынан Қаратауға дейін көшіп барып, Сырдарияның төменгі ағысындағы Қуаңдария, Жаңадария, Қарақұмдық салаларын, Құлақшы, Барбы-Қайрақты көлдерінің төңірегін жаз жайлап, қыс қыстаған. Ө. бірлестігіне кірген рулардың кейбір бөліктері Каспий т-нің солт. алқабын, Жем, Темір, Сағыз, Ойыл, Қобда, Жайық ө-деріне дейін жайлап, Арал т-нің атырабын, Мұғаджар тауының бөктерін, Сырдарияның төменгі ағысындағы өлкелерді қыстаған. Ө-ның кейбір рулары егіншілікпен айналысып тұрақты баспаналар салған. Тайпаны құрайтын бірқатар рулардың бөліктері ерте замандардан бері Хорезм ойпатының халықтарымен сыбайлас, көрші тұрған. Олардың көпшілігі Қарақалпақстанның Тақтакөпір, Қоңырат қ-ларында тұрады. Бұлардың басым бөлігі отырықшы болып, егіншілікпен, Арал т-нің онт. жағалауын мекендегендері балықшылықпен шұғылданған. Тек, Қызылқұмның батыс жағындағылары ғана бірыңғай көшпелі мал ш-мен айналысқан. 1730–43 жылға дейін Ө. тайпасының білікті адамдары тәуелсіздікті қолдан бермейміз деп Әбілқайыр ханға қарсы болған. Бақтыбай батыр мен Сырлыбай би де көпке дейін келісін бермей жүрсе де, ел іргесінің сөгілмеуін көздеп халыққа басу айтып, хан ұсынысын қолдауға көндірген. 1815 ж. Қоқан ханы Мұхамед-Рақым Ө. тайпасын қол астына қартапак болды. Екінші жағынан Ресей мен Хиуа қысты. Үш жақты езгіге шыдамаған Ө. тәуелсіздік күресін бастады. Бұл Жанқожа батыр бастаған көтеріліске ұласты. Ө. тайпасынан Жалаңтөс баһадүр мен Әйтеке биден бастап алты алашқа белгілі Есет, Көтібар, Құлбарақ, Жанқожа, Ақтан, Алтай, Арал батырлар, қарасақал Ерімбет ақын, Нұртуған жырау, Жегес шешен, Әжібай, Сопақ, Мырзағұл, т.б. билер шыққан.

Әдеб.: Тынышпаев М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; *Востров В.В., Муканов М.С.,* Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968; *Құттыбаев С., Дәуренбеков Ж.,* Алты ата Әлім, А., 1992; *Маданов Х.,* Кіші жүздің шежіресі, А., 1994.

У.Шәлекенов, Т.Дайрабай, Ә.Дүйсенбек

ӘМІР – шығыс елдеріндегі әскербасылық атақ. Араб тілінен енген бұл әскери дәреже түркі тіліндегі «бек» дәрежесімен сәйкес. Мыңдық, он

мыңдық (түмен) әскерді басқаратын қолбасшылар Ө. атағына ие болған. Ө. атағына ие болған адамға әскери ту, дәреже белгісі – байрақ, соғыс кезінде әскерді басқаруға қолданатын дабыл, шындауыл тапсырылған. Сонымен бірге Ө-лердің иелігіне, әкімшілік басқаруына елді мекендер, ұлыстар, уәлаяттар беріліп, олар сол әкімшіліктен түсетін кірістің не салықтың белгілі бір бөлігін алу құқығына ие болған. Бұл иелік Ө-ге белгілі бір мерзімге, не мұрагерлікке берілуі мүмкін. Сондықтан Ө-лер әскербасылықты және елбасылықты бірдей ұстаған.

Қ.Ахметжан

ӘМІРСАНА, **А м у р с а н а** (1722–57) – Жоңғар ханы. Ойрат ақсүйегінің тұқымы. Еділ қамақтарының ханы Аюкенің қызы ұзатылып келе жатып, қазақ жерінде қыстап қалғанда қазақ батырымен көңіл қосып, ішінде кеткен деген де әңгіме бар. Қоңтайшы Қалдан Серен (Цэрен) өлгеннен кейін (1745) оның тұқымдарымен күресте жеңіліс тауып, Дабашы екеуі қазақ жеріне қашып келді. Абылай ханның қолдауымен Дабашының хан болуына (1753) көмектесті. Көп ұзамай Дабашыға қарсы қарулы көтеріліс бастап, жеңілген соң Пекинге (1754) қашып барды. Жоңғар хандығын жоюды көптен көксеткен Қытай осыны желеу етіп, қалмақ жеріне әскер жіберді (1755). Әскердің алдыңғы легін Ө. басқарды. Жоңғар жерін жаулап алған Қытай Ө-ны билеуші етпей, өлтіруді ойлады. Ол қашып шығып, манчжурларға қарсы азаттық күресін бастады. Көп ұзамай Ө. жоңғар ханы болып жарияланды. Қытай үкіметі жоңғар жеріне тағы да қалың әскер енгізді. Ө. 200 жігітімен қазақ жеріне қашып келді. Қытай Ө-ны қайтару жөнінде қатаң талап қойып, елші жіберді (1756). Абылай хан оны орындамай, Ө. Ресейге (Алтай уранхайларына) өтіп, сонда шешектен қайтыс болды.

Әдеб.: Владимирцов Б., Монгольские сказания об Амурсане, т. 1., Л., 1927; *Сулейменов Р., Моисеев В.А.,* Из истории Казахстана XVIII века, А.-А., 1988.

Ж.Қасымбаев

ӘМІРШІ – шығыс халықтарында жиі қолданылған лауазым. Негізінен ханның, бектің, әмірдің жарлықтарын орындаушы уәзірді осылай атаған. Ол күмәнді жағдайда ғана әмірді орындауды уақытша тоқтата тұрып, жарлық берген кісіден анықтап сұрауға ерікті. Ө. жарлықты басқа кісіге орындаттырған. Қазақ халқы ең жоғары билік иесінің өзін де Ө. деп атаған.

ӘНЕТ БАБА (1628–1723) – «Жеті жарғыны» құрастыруға қатысқан атақты 7 бидің бірі. Руы Тобықты. Жас кезінде Бұхар-шарифте үйсін Сарыуаш жыраумен бірге медресе бітірген. Ислам қағидаларына, шарият ережелеріне жүйрік

болған. Әділдігімен, діндарлығымен аты шыққан. Қалқаман–Мамыр дауы кезінде бірін-бірі сүйген екі жас жазадан босатылсын деген билік шығарады, бірақ оған мәмбетбай руының басшысы Көкенай батыр көнбейді. Ол Мамырды атып өлтіріп, «енді тентегінді сен де өлтір» деген ауыр шарт қояды. Көкенай батырдың ауыр шартына амал-



Әнет баба

сыз көнген Ә.б. «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын» деген тоқтамға келеді. Бұл жазадан Қалқаман аман құтылады. 1723 ж. көктемде жоңғарлар шабуылы басталып, ел «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған кезде Ә. б. жұртта қалады. Кейін Көкенай бастаған батырлар ұлы бидің сүйегін тауып, жерлейді. Ә. б-ның Жаубасар, Есболат, Шақа есімді ұлдары болған. Бұлардан бұрын ержеткен 5 ұлы қалмақтармен соғыста қаза табады.

Әдеб.: Құдайбердиев Ш., Түрік, қырғыз, казак һәм хандар шежіресі, А., 1990.

Ә.Хасенов

«ӘНЕТ БАБА» – кітап. Авторы – қаламгер, шежіреші Молдабек Жанболатов. 2011 ж. жарық көрген. ҚР ҰҒА акад. Сұлтан Сартаевтың алғы сөзімен ашылған кітапқа автордың өз ізденісімен тапқан деректерінен бөлек, белгілі қаламгер, ғалымдардың әр жылдары баспасөз беттерінде жарияланған зерттеу мақалалары да енгізілген. Сондай-ақ, Әнет бабаның билік айтқан сөздері, «Жеті жарғының» жасалуына үлес қосқан заңгерлік қыры, Бұхарадағы Көгілташ медресесінен алған тәлімі бойынша дін саласында айқындалған

орны, тектілігін танытқан өзге де қасиеттері жайында Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрөқұлұлы, М.Қозыбаев, М.Мағауин, М.Ибраев, Б.Сапаралин сынды жазушы, заңгер, ғалымдардың ойлары ортаға салынған. Одан бөлек Әнет бабаның өзі айтқан нақыл сөздері де кітап құндылығын арттыра түскен.

Әдеб.: «Семей таны», 27 желтоқсан, 2011, 3-б.

С.Қасымжанұлы

ӘРІП (Мұхамедғарып) Тәңірбергенұлы (1856, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Үшбиік т.ж. бекеті, Жыланды мекені – 21.6.1924, сонда) – ақын. Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. 11–12 жасында ауыл медресесінде, бастауыш орыс мектебінде оқыған. 1877 ж. Семейдегі уездік уч-шеге оқуға түсіп, оны 1881 ж. үздік бітірген. Семейде оқыған кезінде Абаймен танысып, оны өзіне ұстаз тұтқан. 1882–84 ж. Сергиополь уезінде тілмаш болып істеді. 1884–87 ж. Шәуешек қ-нда Ресейдің Қытайдағы елшілігінде тілмаш болып қызмет атқарды, одан кейін Қапалда, Бішкек және Алматы қ-ларында пошта саласында істеп, 1890 ж. өзі туып өскен Қандығатай, Еңірекей болыстарында тілмаш болды. Ә. татар, орыс тілдерін жетік білумен бірге араб, парсы, түрік, қытай тілдерін жақсы меңгерген. Шығыс және орыс классик. әдебиетін оқып, нәр алған. Бала күнінен ақындық жолға түсіп, ақындар айтысына қатысқан. өлеңді қолма-қол суырып салып айтуға шебер, айтыс өнерінің өрен жүйрігі болды. Оның Сәдір, Қуанышбай, Қаумет, Боранбай ақындармен, Көкбай, Әсет сияқты Абайдың талантты шәкірттерімен айтыстары белгілі. Ә. шығыстың ғажайып оқиғалы ертегілік сюжетіне құрылған бірнеше дастан жазған. Ә. сонымен бірге, ислам дінін жақсы біліп, мұсылмандық әдет-ғұрыптарды зерттеген. Көптеген өлеңдерінде қалыңмал сияқты ескі әдет-ғұрыпты әшкерелеп, әйел теңдігі мәселесін батыл көтерді, өнер-ғылымды насихаттап, жастарды білім алуға шақырды. Ә. өз шығарм-нда Абайдың дәстүрін ілгері жалғастыра білді. Ә. 1913 ж. айтыс түріндегі «Тәуке-Ұрқия» дастанын жазды.

Шығ.: Ұмытпаңыздар мені. А., 1969; Кіт.: XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалар жинағы, А., 1963;

Әдеб.: Әуезов М., Абайтанудан жарияланбаған материалдар, А., 1998; Кенжебаев Б., XX ғасыр басындағы әдебиет, А., 1993; Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері, А., 1995.

С.Қорабай

ӘСЕМҚҰЛОВ Таласбек (1.8.1955 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аякөз ауд. Ақтоғай т.ж. ст.) – жазушы. Қазақ пед. ин-тын (1980, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Алматы қ-нда «Жазушы» баспасында редактор, Қазақ ұлттық консерваториясында мұға-

ӘСКЕРБАСЫ

лім, т.б. мекемелерде жұмыс істеген. Ә. – әдеби сын мақалалар мен әңгімелердің, сценарийлер мен хикаят («Шымдан»), романның («Талтүс»)



Т.Дсемқұлов

авторы. Абылайдың өмірімен байланысты халық аңыздарының және М.Мағауиннің шығармасы негізінде «Көкбалақ» әңгімесін (2012) жариялаған.

Е.Түсін

ӘСКЕРБАСЫ – қазақ халқының ежелгі әскери құрылымдарында белгілі бір әскер қосынын, жасакты басқаруға тағайындалған адамдардың жалпылама атауы. Ә-лар қарамағындағы әскер санына байланысты онбасы, жүзбасы, мыңбасы, түменбасы, бас қолбасшы болады да, әскер түріне сәйкес жасақбасы, мергенбасы, қарауылбасы деп аталады. Жоғары дәрежелі Ә-ның түркі тілінде «бек», арабша «әмір», моңғолша «ноян» деген атаулары бар. Парсы тілінен енген «салар», «сардар» сөздері Ә. дегенді білдіреді. Ә-лыққа тағайындалған адамға әртүрлі әскери белгілер – ту, байрақ, дабыл, шыңдауыл, керней тапсырылған. Жоғары дәрежелі Ә-лардың меншігіне елді мекен, ұлыстар берілген. Ә-лыққа тағайындалған адам бұл қызметіне өзінің жауынгерлік ерлігімен, әскерді басқара білетін қабілетімен ие болған. Шығыс елдерінде кейбір Ә. дәрежесі әкеден балаға мұрагерлікке қалдырылған, мыс., әмірлік, тархандық дәрежелер.

Қ.Ахметжан

ӘУБӘКІРОВ Тоқтар Оңғарбайұлы (27.7.1946 ж.т., Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. 1-Май а.) – қазақтың тұңғыш ғарышкері, тех. ғыл. докт. (1998), проф. (1997), Кеңес Одағының еңбек сің. ұшқыш-сынақшысы (1990), авиац. ген.-майоры (1992), Кеңес Одағының Батыры (1988), Қазақстанның Халық қаһарманы (1995), Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері (1995). 1962–65 ж. Теміртау құйма-мех. з-тында токарь болды, есімі облыстың Құрмет кітабына (1964) алтын әріппен жазылды. РФ-дағы Армавир жоғары әскери ұшқыштар уч.-щесін (1969) бітірген. 1969–75 ж. Кеңес Одағы Әскери-әуе күштерінің Қиыр шығыс әскери окр.-інде ұшқыш, звено ко-

мандирі, эскадрилья командирінің орынбасары. Мәскеу ұшқыш-сынақшылар мектебін (1976), Мәскеу авиация ин-тын (1979) бітірген. 1976–92 ж. Мәскеудегі А.И.Микоян атынд. Тәжірибелік конструкторлық бюросының ұшқыш-сынақшысы. Ә. 1988 ж. Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде конбай ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солт. полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 ж. 1-болып авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Сондай-ақ ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 ж. 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орт.-нда ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол



Т.Әубәкіров

өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал т. аймағы бойынша ғыл.-зерт. жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесін, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофиз. бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. Ә. 1991 ж. 10 қазанда Жерге оралды. Ә. Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. Ол 1992–93 ж. ҚР Қорғаныс министрінің 1-орынбасары, 1993–94 ж. ҚР Ұлттық аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, 1994–95 ж. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік к-тінің төрағасы, 1996 ж. ҚР Президентінің кеңесшісі болды. Көкшетау қ-ның құрметті азаматы. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты (2004–07) болып сайланды. Ленин, Қазан Революциясы, «Құрмет Белгісі»

және «Алтын Крест» (1992, Австрия) ордендерімен марапатталған.

ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы (28.9.1897, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 27.6.1961, Мәску қ.; Алматы қ-нда жерленді) – ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), филол. ғыл. докт., проф. (1946), Қазақ КСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1957). 7–9 жас аралығында ауыл мектебінде сауатын ашқан. Ә. 1908 ж. Семейдегі медреседе оқып, одан орыс мектебінің дайындық курсына ауысады. 1910 ж. осындағы қалалық бес сыныптық орыс қазына уч-щесіне оқуға орналасады. Сол уч-щенің соңғы сыныбында оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығармасын жазады. Уч-щені 1915 ж. аяқтап, Семей қ. мұғалімдер семинариясына түседі. Семинарияда оқып жүріп те шығарм-пен айналысады. 1919 ж. семинарияны бітіреді. 1923 ж. Ле-



М. Әуезов

нинград (қазіргі Санкт-Петербург) мемл. ун-ті қоғамдық ғылымдар ф-тінің тіл-әдебиет бөліміне оқуға қабылданады. 1928 ж. Ташкенттегі Орта Азия мемл. ун-тінің аспирантурасында оқыды. Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» аталатын алғашқы мақаласы 1917 ж. 10 наурызда «Алаш» газетінде басылады. Ә. өзінің «Әдебиет тарихы» кітабында (1927) «Тарихи өлеңдер» атты ғыл.-зерт. мақаласын жариялап, ел тарихы мен тарихи жырдың сабақтастығын ғыл. тұрғыдан қарастырады; аталмыш мақаласында қазақ халқының тарихы жайында кенеулі ойларын алға тарта отырып, ел тарихының белесті кезеңдері Абылай хан есімімен байланысты екенін, әсіресе «...сол аласапыран дәуірде қалың елдің «қайрандап жан қала ма» деген Қазығұрттай

үміті, жалғыз ғана Абылай басында қалған болатын. Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін, ту көтеріп бір араға жиған Абылай болатын», – деп тұжырымдайды да, «Қазақтың жат елге бағынбай өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салуы, Абылай заманынан бері қарай 19 ғасырдың ортасынан ауғанға шейін жаңа саяси бет сияқты болады», – деген пікір-тұжырымын білдірген. 1927–29 ж. Абай қолжазбаларының екі томдық толық жинағын баспаға әзірлейді. Осы жылдары Алаш қозғалысының көсемдері түрмеге қамалады. 1930 ж. 16 қыркүйек күні Ә. те тұтқындалады. Тергеу екі жылға созылып, 1932 ж. сәуір айында үш жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарылады. Ә. сол жылы түрмеден босатылып, Қазақ а. ш. ин-тына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы болып уақытша жұмысқа орналасады және Қазақ пед. ин-тының аға оқытушысы, проф. Міндетін атқарушы болып қызмет істейді. 1943 ж. Тіл, әдебиет және тарих ғыл.-зерттеу ин-тының аға ғыл. қызметкері болып қайтадан қызметке тұрады және сол жылдың қыркүйегінен бастап ҚазМУ-дың қазақ әдебиеті кафедрасына проф. болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқиды. 1946 ж. Қазақстан ҒА құрылғанда, оның толық мүшесі (академик, №1 куәлік) болып сайланады, филол. ғыл. докторы, проф. атағы беріледі. 1951–54 ж. Ә. саяси-идеол. тұрғыдан тағы да қыспаққа алынып, оны «ұлтшыл-алашордашыл» ретінде жаппай сынау науқаны басталады. Оған «қазақ фольклоры мен эпостарындағы Ресейге қарсы жазылған, байшылдықты, батырлықты, ұлттық тәуелсіздікті жырлаған дастандарды жарыққа шығарды; Абылайханның немересі Кенесары–Наурызбай көтерілісін жақтап, ғыл.-зерт. жүргізді; ғылымға қарсы Абайдың ақындық мектебі деген бағыт қалыптастырды; «Абай» романында феодализмді мадақтады, Құнанбайды халықтың қайраткері етіп көрсетті; «алашордашыларды» шығармасында жағымды кейіпкер етіп бейнеледі; Қазақстан тарихы мен қазақ әдебиеті тарихын бұрмалап жазды» деген айыптар тағылды. Мерзімді баспасөзде Ә. туралы сынаржақ сындар мен оны «халық жауы» ретінде әшкерелеген мақалалар басылды. Соған қарамастан, ол 1952 ж. Фрунзе (қазіргі Бішкек) қ-ндағы «Манас» жыры туралы конференцияда сөз сөйлеп, қырғыз халқының ұлы эпосын ақтап алуға зор үлес қосады. Өзі жазғандай, «басын қатерге тіге отырып, ел үшін тәуекелге барады». «Манас» эпосына терең талдау жасап, көлемді ғыл.-зерт. жазды. 1953 ж. сәуір айының соңында қамауға алыну қаупі төнгенде, Мәскеуге жасырын аттанып кетуге мәжбүр болады. Онда А.А.Фадеев, К.М.Симонов, В.М.Кожевников,

ӘУЛЕТ

Н.С.Тихонов іспетті орыс жазушылары араша түсіп, Ә-ті жазықсыз жазадан аман алып қалады. Қазақстанға қайтып келудің қауіпті екенін біліп, Мәскеу мемл. ун-тінің проф-ы болып орналасады. 1954 ж. Алматыға қайтып оралып, ақпан айының ортасында «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтайды. 1957–61 ж. Қазақстан ҒА Тіл және әдебиет ин-тының халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады. Ә. – ғалым-жазушы, көркем ойдың алыбы. 1955 ж. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаттығына сайланады. Жазушының 60 жасқа толу мерейтойы Алматыда, Мәскеуде салтанатпен атап өтілді. КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1949). 1959 ж. екінші рет Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болып сайланады, «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін Лениндік сыйл. беріледі. 1961 ж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тына оның есімі берілді, ин-т құрамында ғыл. бөлім ретінде Әуезов үйі (1963) ашылды, ескерткіштер орнатылды. Қазақ академиялық драма театры, Алматы, Астана, Семей және басқа қалалар мен облыстардағы аудан, көше, мектептер Ә. есімімен аталады. Жазушы-ғалымның туғанына 100 жыл толуы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. деңгейде (1997) аталып өтті.

З.Ахметов, Қ.Нұрпейісов

ӘУЛЕТ (парс. ұрпақтар) – бір атадан тараған ұрпақтар. Дәстүрлі қазақ қоғамында қандас-туыстық байланысты айқындауда жеті ата ұстанымы негізге алынған. Туыстық байланыс жеті атаға дейін созылып, одан әрі құдандалық байланысқа ұласады. Ә-тер рулардың қалыптасуының қайнар көзі болды. Жеті атаға толған әрбір Ә. рулы елге ұласу рәсімін жасап, толыққанды ру санатына қосылып отырады. Ә-тің өкілдері өзінің жеті атасын білу арқылы көрші рулармен байланысын айқындаған. Ғыл. әдебиеттерде «Ә.» ұғымы елдегі ең жоғары билік лауазымы мұрагерлік жолмен берілген замандардағы билеушілер (қағандар, хандар, шаһтар, т.б.) шежіресін тарату үшін де қолданылады. Мұрагерлік жолмен таққа отыру салты ежелгі дәуірде-ақ қалыптасқан. Мыс., қыпшақтарда, наймандарда, керейттерде, жалайырларда ең жоғары лауазым жекелеген Ә-тердің қолында болды. Алтын орда құрылғаннан кейін Орт. Азияда Жошы, Шағатай және Үгедей Ә-тері ұзақ жылдар бойы билік жүргізді. Қазақ хандарының арғы тегі Жошы ханнан басталады. Ал, бергі заманда, Қазақ хандығы құрылған кезден бастап хандық ин-т жойылғанға дейін елді Жәдік және Өсеке ұрпақтары биледі. 18–19 ғ-лардағы Қазақстан мен Орта Азияның қоғамдық-саяси өмірінде Әбілқайыр әулеті мен Абылай хан әулеті ерекше рөл атқарды.

Қ.Толыбаев

ӘШІМОВ Асанәлі (8.5.1937 ж.т., Жамбыл обл. Сарысу ауд. Жайылма а.) – актер, режиссер, Қазақ КСР-інің (1976) және КСРО (1980) халық артисі. 1961 ж. Алматы мемл. өнер ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) актерлік ф-тін бітірген. Оқып жүрген кезінде оқ «Ботагөз» көркем фильмінде Кенжетай рөлін (1957) ойнады. 1961–63 ж. «Қазақфильм» киностудиясында актер болып, Жанай («Асау Ертіс жағасында», 1959), Бектасов («Бір ауданда»), Болат («Ұшы



А. Әшімов

қиырсыз жол», екеуі де 1960), Ескендір («Торпта», 1963), Тұрар («Тұлпардың ізінде», 1964), т.б. әралуан мінез-кейіптер галереясын жасады. 1964 ж. Қазақтың мемл. академиялық драма театрының құрамына (1987–88 ж. осы театрдың көркемдік жағын басқарды) қабылданғаннан кейінгі актердің сахналық өмірі осы театрмен тығыз байланысты болды. Ә-тің шығарм. жағынан қалыптасып өсуіне театр мен кино шеберлері Ш.К.Айманов, С.Қожамқұлов пен С.Майқанова көп көмек көрсетті. Театр сахнасында ойнаған алғашқы рөлі М.О.Әуезов пен Л.С.Соболевтің «Абай» спектакліндегі – Айдар. Бұдан кейін лирикалы драмалық рөлдерде ойнап, Әуезовтің «Еңлік–Кебегінде» Кебектің, Ф.М.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш–Баян сұлуында» Қозының және «Болашаққа аманатында» Сырым Датовтың сахналық бейнелерін жарқын бояуымен толымды етіп тұлғалады. Актер классик. пьесалар бойынша қойылған спектакльдерде (У.Шекспирдің бағындағы) Маггиас Клаузен), сондай-ақ театр сахнасында замандастар тұлғасын (Ш.Т.Айтматов пен Қ.Мұхамеджановтың «Көктөбедегі кездесуіндегі» Өсіпбай, т.б.) шынайы жасап мүсіндеуде де сахналық палитрасы мен шеберлігінің көп қырлылығын байқатты. Қ.Мұхамеджановтың «Жат елдерінде» Асанның және Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш– Баян сұлуында» Қодардың ішкі жан дүниесін, күйініші мен күйзелісін терең аша отырып, аталмыш рөлдерді зор құлшыныс-шабытпен ойнады. Ә-тің актерлік өнер шығарм-ғы жоғары сахналық мәдениетімен, психол. тұрғыда айқын

ӘШІМОВ

кескіндеуімен, қызу қандылығымен әрі әсерлі пластикалық қимыл-әрекетімен ерекшеленеді. Ә.К.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» спектаклінде Еламанның (КСРО Мемл. сыйл., 1974), «Қыз Жібек» пен «Атаманның ақырында» Бекежан (1971) мен Шадиаровтың (1971; Қазақ КСР Мемл. сыйл., 1972) рөлдерін ойдағыдай орындауы оның есімін көрермен-көпшілікке кеңінен танытты. Ә. театр және кино өнерінде режиссурамен де айналысып, бірқатар спектакльдер мен көркем фильмдер де қойған; актер жеке басынан бастап қоғамдық өмірге ұластырған өнер мен адамдар туралы ой-сырларын мемуар-күнделік түрінде жазып жеткізген кітаптардың («Майраның әні», «Жан бөлек», «Алаштың Асанәлісі», «Арнау», «Менің жанрым күнделік», «Ғұмыр-дария», «С любовью Вам Асанали Ашимов»; 1992–2008) авторы. 1991 ж. Алматы қ-ның орт-ндағы әсем даңғылға Абылай хан есімін беру салтанатына қатысқан Ә. өзінің қуанышқа толы жүрек жарды сөзінде қазақ тарихында үлкен орын алатын ұлы хан есімінің қайта оралуы – туған халқының арман-тілегінің орындалғаны деген орнықты ой-пікірін жеткізді. Жамбыл обл-ның құрметті азаматы (2002). Тәуелсіз «Тарлан» (2000), 1-Шәкен жұлдыздары» кинофестивалінің (2003) лауреаты. «Отан» (2001), «Құрмет» (2007), Ресейдің М.В.Ломоносов атынд. және ЮНЕСКО-ның Халықар. «Алтын қыран» (2007) ордендерімен марапатталған.

К.Ә.Нұрпейісов

ӘШІМОВ Байкен (10.8.1917 ж.т., бұрынғы Ақмола обл. Көкшетау уезі, Айыртау болысы, Шабакбай а. – 5.2.2010, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, Соц. Еңбек Ері (1977). Қызылжардағы ФЗО мектебін, а.ш. техникумын (1938), Ленинград қолданбалы зоология ин-тын (1957), СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1969) бітірген. 1938–41 ж. армия қатарында, 1941–42 ж. Айыртау ауд. Қазгородок орта мектебінің мұғалімі болды. 1942–45 ж. Ұлы Отан соғысына қатысты. 1945–61 ж. Айыр-

тау, Зеренді ауд-дарында және Көкшетау обл-нда басшы қызметтер атқарды. 1961–70 ж. Қарағанды, Талдықорған облыстарын басқарды. 1970–84 ж. Қазақ КСР Мин-лер Кеңесінің төрағасы болды, осы кезеңде Қазақстанда Қазақ газ өңдеу 3-ты, Ақтау пластмасса 3-ты, Қарағанды резина-тех. бұйымдар 3-ты, Павлодар және Шымкент мұнай өңдеу 3-ттары, Қарағанды металлургия комб-тының ақ қаңылтыр шығару цехы, Екібастұз және Ақсу аймақтық электр ст-лары, Қапшағай су



Б.Әшімов

электр ст., Жәйрем кен байыту комб., т.б. ірі өнеркәсіп орындары салынды, өндіріс технологиясы жаңартылып, ғылым мен техника жетістіктері кеңінен пайдаланылды. Сол кезеңде өнеркәсіп өндірісінің көлемі жөнінен Қазақстан КСРО бойынша үшінші орынға (РКФСР мен Украинадан кейін) шықты. 1984–85 ж. Ә. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының төрағасы болды. 1985 жылдан дербес зейнеткер. «Отан» (2004), «Парасат» (2001), 4 рет Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдермен, Моңғолия орденімен, сондай-ақ, Польшаның ең жоғары әскери құрмет белгісі «Вертути Милитари» орденімен марапатталған.

Шығ.: Ел сенімі – ең қымбатың, А., 1997.

Ж.Сүлеймен

Б

БАБА БИ – Кіші жүз, Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдауына наразы топтардың бірінің көсемі. 1732 ж. Б.б. Жантұма би екеуі күш қосып, қол жинап Әбілқайыр хан мен Тевкелевті шауып алуға дайындалады. Бір айдан кейін бұл райынан қайтады. Бидің бұл шешімі жөнінде үш аптадан кейін ұлы Ақша келіп хабарлаған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 59, 61, 62, 66-66.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

БАБАҚАЙ, А б а қ а й – Құлсары батырдың серігі, өзі жоқта оның қолын басқарған. Орта жүздің ықпалды батырларының бірі. 1764 ж. қазан айында Ресей барлаушысы Шүкір Абязмовтың Абылай сұлтанға, Құлсары және Б-ға арнайы хат әкелгені туралы дерек бар.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 365–366-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

БАБЕКЕ, Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Тоқ баһадүр, Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 451-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

БАБЫҚОВ Керей – сұлтан, 1767 ж. Абылай атынан қазақ елшілігін бастап, Қытай патшасына арнайы тапсырмамен барған. Тапсырманың мәнісі – Қазақ-Бұхар қатынастарына Қытайдың қалай қарайтындығын біліп қайту болса керек.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 377-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

БАҒАНАЛЫ – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі найман тайпасынан таратылады. Кейбір деректер Б-ны дербес рулар бірлестігіне жатқызған. Б-дан – Шегедек, Шегелек, Шүрешек, Шәуешек аталары тарайды. Б және Балталы рулары көне заманнан іргесін бөлмей келгенін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан да аңғаруға болады. Жоңғар шапқыншылығы заманында Б-дан Тұрсыметбай, Баянбай батырлар шыққан. Б. руы Жезқазған, Қызылорда өңірлерін қоныстанған. Ұраны – Қаптағай, таңбасы – бақан.

Әдеб.: Т ы н ы ш б а е в М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1913.

Ә.Хасенов

БАҒЛАНОВА Роза Тәжібайқызы (1.1.1922, Қызылорда обл. Қазалы қ., – 8.2.2011, Алматы қ.) – әнші, Қазақ КСР-інің халық артисі (1955), КСРО халық артисі (1967), Қазақстанның Халық қаһарманы (1996). 1939–41 ж. Қызылорда пед. ин-тында оқыған. Өнер жолын Ташкент филармониясының ән-би ансамбліне әнші болып бастаған. Сол ансамбльмен Ұлы Отан соғысы жылдары майданда өнер көрсетіп, 1945 ж. 9 мамырда Берлиндегі жеңіс концертіне қатысқан.



Р.Багланова

1947–49 ж. Қазақ опера және балет театрының, 1949–60 ж. Қазақ филармониясының, 1960 жылдан Қазақконцерттің әншісі болып, ұлттық ән өнерін дамытуға өлшеусіз үлес қосты, ерекше сазды әншілік мектептің қалыптасуына ықпал жасады. Б. қазақтың халық әндерін, замандас композиторлар әндерін, шет ел халықтарының (венгр, өзбек, қырғыз, тәжік, украин, грузин, әзербайжан, корей, қытай, моңғол, орыс, үнді, чех, швед, т.б.) әндерін нақышына келтіре орындады. Чех халқының «Билебиле», корейдің «Торади» («Қызғалдақ») әнін сол халықтардың ана тілінде орындап тыңдаушыла-

рын риза еткен. Б-ның кең тынысты ашық үні, тұтас сахналық бейнесінің әсерлілігі, тыңдаушының әнді шағын образ ретінде қабылдауына әсер етті. Ол 1946 ж. Мәскеуде өткен бүкілодақтық эстрада әншілері 2-конкурсының дипломанты, 1949 ж. Бухаресте өткен бүкіл дүниежүз. Жастар мен студенттердің 2-фестивалінің лауреаты атанды және халық әндерін шебер орындағаны үшін арнаулы жүлде алды. Одан бергі жарты ғасырдан астам уақыт бойы Б. қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің, кәсіби өнерінің өркендеп, әлемдік арнаға шығуына үлкен үлес қосқан. Б-ға арнап композиторлар Ә.Есбаев, Б.Байқадамов, Ш.Қалдаяқов, Б.Жамақаев, Н.Тілендиевтер ән жазған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, Шапағат медалімен марапатталған.

М.Қожахметова

БАЗАР Есұлы (19 ғ.) – Кенесары ханның қозғалысына қатысқан батыр, ақын. Ақмола өңірінде дүниеге келіп, қазіргі Жамбыл обл. Мойынқұм ауд.-нда қайтыс болған. Өліке батырмен бірге туған. Әкесі – Ес батыр, шешесі – Мамай батырдың қарындасы. Көтерілісшілердің жеке қолын бастап, ханның жауапты тапсырмаларын орындаған. Б. ақын айтты деген: «Тасыма, жігіт, тасыма! Күшігендей сақылдап, күлгенің не досыңа? Жақсылыққа қуанып, жамандыққа жасыма. Өле-өлгенше тұрмайды, Жақсылық пен жамандық, бір кісінің басында» деген өлең жолдары халық жадында сақталған. Зираты Қарағанды обл. Теңіз ауд. Сарыөзен а-ның батысындағы Тікенекті қорымында.

Әдеб.: Бекмаханов Е., XIX ғасырдың 20–30-жылдарындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс, А., 1949; Хан Кене, А., 1993.

Қ.Бижожаұлы, Ә.Дүйсенбек

БАЙБЕК, Б а й п а қ – батыр, Кіші жүз шөмекей-балқының биі, аманат ретінде орыстың қолында болған Айшуақ сұлтанның аталығы, Әбілқайыр ханның Ресеймен, башқұрт, қалмақ, жоңғар билеушілерімен келіссөздеріндегі беделді де сенімді елшісі. 1737 ж. Орта жүздің Қаз дауысты Қазыбек биінің бастауымен өткен құрылтайда Әбілқайыр ханды аға хан қылып сайлағаны туралы құжатты Орынбор әкімш. арқылы Ресей патшасына жіберу үшін арнайы апарып тапсырған – осы Б. Құжатта, мысалы, былай делінген: «Қазақтың ханы Әбілқайыр және мына аты аталған сұлтандар, билер мен батырлар: Әбілмәмбет сұлтан, Барак сұлтан, Керей сұлтан, Батыр сұлтан, Барактың ұлы Әділ сұлтан, Нұралы сұлтан, Абылай-батыр сұлтан, алты алаштың үлкенді-кішілі билері мен батырлары Ұлығ мәртебелі патша ағзамға қызмет ететінімізді мәлімдейміз... Әбілқайыр ханға қыстау есебінде Орынбордан үй-жай, мешіт пен мектеп

салып, қазақтарға сауда орнын ашуды сұраймыз. Патша ағзамның сауда керуендерін өзіміз қорғап-сақтаймыз».... Сақталған құжаттарда Б. 1740 ж. Арал хандығына барған Әбілқайыр ханның бас уәзірі, оң қолы дәрежесінде көрінеді. Хан қайтыс болған соң – Нұралы ханның уәзірі. 1748 ж. күзде Әбілқайыр хан қаза болғанда Орынбор губернаторы И.Неплюев Б-ті ханның қаралы жесірі Болай ханымға Ресей үкіметі атынан көңіл айтуға жібереді. Сақталған құжаттарда «Б. көзі тірісінде ханға да, оның артында қалған ханымы мен балаларына да жақын, жұғымды адам, есті кісі... ел ішіндегі беделі күшті» деген сипаттамаларды кездестіреміз.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; А п о л о в а Н. Г. Көрсетілген еңбек, 141-б.; Л е в ш и н А. И. Көрсетілген еңбек. 188-б.; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 65, 68, 76, 174, 185, 186, 188-бб.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 106-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

БАЙҒАРА Құттыбайұлы (1699, қазіргі Оңт. Қазақстан обл., Сыр бойы – 1775, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Сарыарқа а.) – би. Абылай ханның дәуірінде өмір сүрген. Найманның сыбан руынан. Атасы Нарымбай би Ташкентке бек болса, әкесі «Құдауысты Құттыбай» шешен атанған. Зиялы ортада тәрбиеленген Б. 16 жасында оңт-тегі әулиелердің өлісіне зиярат етіп, тірісіне қол тапсырған («Ғабдылғани Өзізге, Байғара атаң қол берген, Сол кезде бойдақ кезі екен, Тауарихтық жолға ерген»). Ата-бабасының жолын үлгі етіп, билікке ерте араласқан. Жетім-жесірге пана болған Б. бидің әділдігін, шешендігін Дулат, Өсет ақындар жырға қосса, Біржан мен Сара айтысында оның өз заманының айтулы адамы болғандығы тілге тиек етіледі. Баласы Ақтайлақ би (ақын, жырау) Б-ның мектебінен шыққан 17 ақынның бірі. Жергілікті халық көріпкел әулие ретінде зиратына барып мінәжат етеді.

С.Смаилов

БАЙҒОЗЫ Наймантайұлы (1705–1803, қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд. Көктіңкөлі а.) – батыр. Абылай ханның тұстасы. Руы – тарақты. Әкесі Наймантай Тәуке ханның бас батырларының бірі болған (бейіті Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің іргесіндегі қорымда). Әкелі-балалы батырлар есімі жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде қатар шыққан. Б. жоңғарлармен арада болған Қарасире, Аңырақай, Хан тауы, Қызылтау, Ыстықкөл, Ерейментау, Түркістан, Қарқаралы төңірегіндегі шайқастарда ерлік көрсеткен. Б-ның

БАЙДАЛЫ



Байғозы Наймантайұлы

қызы Қойсанадан Шұбыртпалы Ағыбай батыр, немере қызы Шәкіден әйгілі күйші Ықылас Дүкенұлы туған. Б-ның бейіті тұрған жер «Батыр басы» деп аталады.

А.Сейдімбек

БАЙДАЛЫ Бекшеұлы (1737, қазіргі Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Байдалы би а. – 1832, сонда, Қарағанды обл-на. қарасты Шідерті өз. бойында жерленген) – атақты би, шешен. Кей деректерде 1725 ж. туып, 1820 ж. қайтыс болған делінеді. Өз заманында сегіз қырлы, бір сырлылығымен аты шыққан. Руы – Арғын, оның ішінде Қуандық. Б. адам өмірінде адал еңбек, таза несіп, терең ой, әділдік болуын уағыздап, өз басы осы төрт қағиданы ұстанып өткен. Абылай хан оның асқан шешен, ақылды кеңесіне дән риза болып, «сегіз биім, сегіз бидің ішінде семіз биім» деп атаған. Б. – қызыл тілдің шешені, тұңғыық әпсәне (философ) болған, көне арабша сауат ашқан адам. Оның тапқырлығы мен шешендігі, әділ билігі жайында ел аузында қалған әңгімелер көп. Қаз дауысты Қазыбек биден бата алған. Кейін Уәли ханда би болған. Жастайынан ауыл арасына билік айтып, ел ісіне араласқан. Б. биден «Алыс не, жақын не?» деп сұрағанда: «Жақын – ажал, алыс – білімді мен білімсіздің арасы» деген жауап; «Ағайынға қадірім жоқ – бетімді көреді»; «Панасы жоқ таудан без, пайдасы жоқ байдан без»; «Ақсақалға жарасар аузындағы тобасы, бәйбішеге жарасар піспегі мен сабасы» деген нақыл сөздер қалған. Б-дан Сабыдалы, Дербісал, Байғара (шешелері – Қасқарау), Балтақара, Баби, Майкөз, Қосдәуір (шешелері – Маңқан) атты ұрпақ тараған.

Әдеб.: Жорабаева Г. // «Қазақстан» ұлттық энциклопедия, 1999 ж., 53-бет.; Қазақстан тарихы. Энцикло-

педиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006, 108-бет.; Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздік. Алматы, 2005, 95-бет.

3.Тайшыбай, Р.Кәренов

БАЙДӘУЛЕТ Қосанов – Абылай сұлтанның ресейлік бастықтармен қарым-қатынасын қамтамасыз ететін жауапты елшісі, сұлтан. 1743 ж. 20 желтоқсанда Абылай сұлтан Сібір губ. кеңесіне хат жазып, Орынборда қазақтардың сауда жасауына рұқсат сұрағанда жіберген Жолбарыс сұлтан бастаған елшілік құрамындағы Б-ті «менің сенімді адамдарымның бірі» деп атап көрсеткен. Оның алдында 1738 ж. Орынбор комиссиясының бастығы В.Урусовқа Шақшақ Жәнібек батырдың Жайыққа таяп келіп айырбас сауда жасау жөніндегі хатын да осы Б. апарған, ауызша келіссөз жүргізген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 78, 144, 145-бб.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

3.Тайшыбай

БАЙЖІГІТ (1705–95) – Абылай ханның жеке домбырашысы. Сары Нияз төренің шәкірті; өмірі ат үстінде қалмақ басқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күреспен өткен. Б. 300 күй шығарған. Сол жорықтар әсерімен «Нарын», «Қылау батыр», «Алмажай» сияқты күйлерін шығарған. Эпикалық сарында тартылатын күйлерінде ел қорғаны болған жаужүрек батырлардың бітім-келбеті музыка тілмен өрнектелген. Оның «Секіртпе», «Бұлғын сусар», «Тоғыз тоты», «Қособа» атты күйлері тыңдаушыны ерекше нәзік сыршылдығымен елітеді. Бұлардан басқа «Азат», «Ақтабан», «Аңшының зары», «Беласар», «Қашқан қалмақ», т.б. күйлері бар. Байжігіт күйлері қазіргі Шығыс Қазақстан обл-нда (Семей өңірі, Аягөз, Абай ауд.) және Шығыс Түркістанда кең тараған. Оның күйлерін Манеке, Мыңқабыл, Бекжан, Талтүс, Рәш, Қоңыр, Ақжүрсін, Қызай, Бодау, Жүнісбай, Құлыншақ сияқты күйшілер кейінгі ұрпаққа жеткізген. Б. – Абылай ханның күй өнеріндегі ұстазы болған. Абылайдың соғысқа мінетін аты туралы «Көкбалақ» атты күйі бар. М.Мағауин осы аттас хикаят және «Күй атасы Байжігіт» («Патриарх Кюя Байжигит») деген эссе жазды. Қазақ-орыс қарым-қатынасы туралы жинақтан М.Мағауин ген. Шпрингердің есебін тапты. Онда Байжігітті Абылай ханның сенімді адамы және кеңесшісі деп атаған.

Ғ.Елеу

БАЙЖІГІТ (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр, мырза, тархан, атығай руының беделді адамы. Абылайдың өте жақын адамы, оның атынан бірнеше мәрте елшілік міндеттер атқарған. 1781 ж. Уәли сұл-

тан хандыққа сайланғанда, өзінің ақылшы-серіктестерінің қатарында Б-тің есімін атаған. 1760 жылғы 10 сәуірде Абылай сұлтанның аулына барып қайтқан Ураков пен Гуляев: «Бізді Абылай сұлтанның ордасына жеткізбей, үш шақырымдай жердегі Байжігіт батырдың ауылында тоқтатып, күтіп алды» деп жазған. Ал Сібір әскерлерінің командирі 1764 жылғы 16 қарашадағы баянатында: «Арғын-атығайдың беделді ел ағасы, Абылай ханның сенімді уәзірлерінің бірі Байжігіт мырзаға Шақшақ Жәнібектен кейін Ресей үкіметі Орта жүзде тархан атағын берген» деп мәлімдеген.

Н.Ақбай

БАЙЗАҚ Мәмбетұлы, Б а й з а қ д а т қ а (1789, Тараз – 1864, Шымкент) – Қазақстанның оңт. өңірінде Қоқан хандығына және Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық күресті ұйымдастырушы батыр, Тараз аймағында елді отырықшыландыруға көп күш жұмсаған. Руы – Дулат.б. туған өлкесі Қоқан хандығына да, Ресейге де қарамай тұрған тәуелсіз кезде ер жетіп, ел басшысы ретінде қалыптасқан. Оңт. өңірді Қоқан хандығы басып алғаннан кейін, ағасы Байтерекпен бірге сұлтан Рүстем Асфендиярұлы бастаған көтеріліске (1821) қатынасады. Көтерілісшілер қатты жазаланса да, Б. беделді адам ретінде, өз руластарына датқа болып тағайындалады. Б. датқа Қоқан отаршыларының айтқанына көнбей, қазақтардың мүддесін қорғай отырып, тәуелсіз саясат жүргізуге ұмтылады. Отаршыларға қарсы күресте Кенесары Қасымұлының сенімді серігі ретінде әйгілі болады. Оның сарбаздары Кенесары қолына қосылып, Қоқанның бірнеше бекінісін (1841) алды, Созақ аймағын азат етуге қатысты. Қазақтар мен қырғыздардың Қоқан хандығына қарсы көтерілісіне басшылық (1858) жасады. Патша ген. Колпаковскийдің әскеріне қарсы Алматыға жақын Ұзынағашта болған соғыс қимылдарына өз қолымен келіп қатысқан. Әкесі Мәмбет пен Абылай ханның өсиетін ұстап, қазақтың «арқасын тамға, аузын нанға сүйеу» жолында өмір бойы еңбек етті. Жергілікті халықты егіншілік кәсіпке үйрету үшін кезінде 160 км канал қаздырған. Оның игілігін Әулиеата (қазіргі Тараз) төңірегіндегі халық күні бүгінге дейін көріп отыр. Б. датқа Қоқан хандығының әкімі Әлімқұлдың бұйрығымен зеңбірек аузына байланып атылды. Оның быт-шыты шыққан денесінен қалған екі саусағы Талас өзінің жағасындағы Сарыкемер аның маңына жерленді. Жамбыл обл-ның бір ауданы Б. есімімен аталады.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Казахстан в 20–40 годы 19 века, А.-А., 1992; Байзақ датқа (құраст.б. Әбілдаұлы), А., 1995; Әбілдаұлы Б., Ел бастаған Байзақ, Тараз, 2008.

К.Нұрпейіс, Қ.Нұрпейісов

БАЙМАҚОВ Үлей – татар, Орынбор губернаторы И.Неплюевтің 1750 ж. 4 наурызда Абылай сұлтанға жіберген елшілерінің бірі. Троицк бекінісінен қазақтар үшін ашылған жәрмеңкеге қазақтардың келіп-кетуі, сауда тәртібі туралы мәселені реттеген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 199-б.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011, 1-том, 428-б.

БАЙМҰРАТ БАТЫР (т.ж.б. – 1780 ж.ш.) – жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық соғысының батыры, қолбасы Қабанбайдың үзеңгілес серігі, мыңбасы, Найман ішіндегі Төртуыл тайпасының ұраны болған баһадүр, 17 ғ-да өмір сүріп, 1680 жылдары жау қолынан шейіт болған Бұқа батырдың немересі. Б.б. 1765 ж., Абылай ханның, жоңғарлардан босаған қазақтың шығыс аймақтардағы бұрынғы атамекеніне елді қайтадан орналастыру жөніндегі шешіміне орай, Барқытбелдің (Тарбағатай жотасының) күнгейі Құлыстайға көш бастап барып, Төртуылдың Ақбарақ, Ақболат аталарын сонда қоныстандырған. Сүйегі ҚХР-дың Шәуешек қ-нан 6 км жердегі Күжібай аңғарында жатыр.

Қ.Нұрбағи, Ғ.Серғазыұлы

БАЙНАЗАР Бекболатұлы – атығай, Абылайдың орыс үкіметімен арадағы маңызды мәселелеріне жұмсайтын елшісі. 1758 жылдан бастап, белсенді қызметімен көрінеді.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 264-б.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011. 1-том, 367–369, 559-бб.

З.Тайшыбай

БАЙСЕЙІТ Төлесұлы (1720–1825) – жоңғарларға қарсы жорықтарға қатысқан батыр. Іле бойында, Нұр, Сөгеті өңіріндегі Хангелді, Райымбек, Биеке батырлар басқарған шайқастарда жүзбасы болған. Тегі албан руындағы Сүйерқұл атасынан шыққан. Батырға Алматы обл. Райымбек ауд-ндағы Жамбыл а-нда ескерткіш қойылды.

БАЙСЕРКЕ (1724, Алматы обл. Жамбыл ауд. Жайсаң (Ақсеңгір) а. – 1806, сонда) – батыр. Тегі Дулат руының Ботбай тармағынан шыққан. Жастайынан әкесі Сәмен батырдың соңынан еріп, Жетісу жерін ойрат-қалмақтар шабуылынан қорғаумен өткен. Оның сарбаздары, негізінен, Іле өз. мен Іле Алатауы аралығындағы кеңістікті шолып, Жоңғар қақпасынан кіретін тау жолын торуылдаған. Ел аузында сақталған деректерде Б. батырдың бірнеше рет қалмақ нояндарымен жекпе-жек шығып, жеңіске жеткені айтылады. Батырдың ескі қонысында қазір «Байсерке ауылы» және 1929 жылдан т.ж. бекеті бар. Б. баласы – Қожағұл Байсеркеұлы патшалық Ресейдің

БАЙСЕРКЕНОВ

жергілікті әкімш-нде қызмет етіп, Жетісуды Қоқан басқыншылығынан азат етуге қатысқандығы туралы да мағлұмат деректері бар. Б-нің денесі Сәмен батыр күмбезінің (Кербұлақ ауд.) жанында жерленген. Ұрпақтары Алматы обл-нда тұрады.

Әдеб.: Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 110-б.

БАЙСЕРКЕНОВ Маман (13.2.1937 ж.т., Алматы обл. Алакөл ауд. Екпінді а.) – режиссер, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайткері (1970), Қазақстанның халық артисі (1998), проф. (1994). Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген (1964). 1964–65 ж. Атырау облысаралық драма театрында, 1965–70 ж. Қызылорда обл. қазақ драма театрында реж., кейін бас реж., 1972–76 ж. Жамбыл обл. қазақ дра-



М.Байсеркенов

ма театрында, 1976–81 ж. Қазақ балалар мен жасөспірімдер театрында бас реж., 1981–83 ж. Респ. корей музыка театрында реж. болып істеген. 1983 жылдан Алматы театр және кино ин-тында (қазіргі Өнер академиясы) дәріс береді. Б. – жаңа көзқарас, тосын шешімге бейім режиссер. Ол қойған В.С.Вишневскийдің «Оптимистік трагедия» (Қазақстан Ленин комсомолы сыйл., 1968), А.Штейннің «Толас», Ян. Соловичтің «Түлен түрткен тіленші», С. Шаймерденовтің «Әнім сен едің», Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты», У.Шекспирдің «Гамлет», т.б. спектакльдер көрерменнің ықыласына ие болған. Б. қазақ театр өнері тарихында бірінші рет бір спектакльді екі кешке бөліп қойып, М.Шолоховтың «Тынық Дон» трилогиясының Т.Әлімқұлов аударған сахналық нұсқасын Жамбыл обл. драма театрының сахнасына шығарды. Б. – «Түлен түрткен тіленші» атты аударма пьесалар жинағының, «Қолтаңба және қойылым», «Сахна және актер» деген ой-толғаулар кітабының және «Абылай ханның ақырғы күндері», «Кек қылышы – Кенесары», «Кене хан» пьесаларының авторы.

Ж.Ахметова

БАЙТАБЫН Дербасұлы (кейбір деректе Жоламанұлы) (т.ж.б. – 1838) – Кенесары Қасымұлы

бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан батыр, хан жасауылдарының қолбасы. Табын руынан шыққан. Абылай ханның немересі Кенесарының аса жауапты тапсырмаларын орындап отырған. Жасауыл бастығы ретінде қазақ рубасыларымен келіссөз жүргізіп, алымсалық жинаған. Жазалаушы отрядтармен болған қақтығыстарда ерлік көрсеткен. Б. 1838 ж. Наурызбай қолының құрамында, Теке өз-нің бойында көшіп-қонып жүрген жаппас руынан зекет жинауға барғанда, көтеріліске қосылмаған Жанғабыл бидің қарулы қарсылығына кездесіп, 37 адамы шығын болған. Б-ның іс-әрекеттері Н. Ахметбековтің «Жасауыл қырғыны» дастанында, І. Есенберлиннің «Хан Кене» романында суреттелген.

БАЙТОҚА Жолболдин – Уәли ханның елшісі, Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады; сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Тоқ баһадүр, Алыпқара мен Пәшән. Кейін, орыс әкімшілігі бір орт-тан басқарылатын хандық билікті жойып, дуан жүйесіндегі аға сұлтандықты енгізгенде, Көкшетау дуанына аға сұлтанның заң жүзіндегі орынбасары, іс жүзінде аға сұлтан қызметін атқарған Жылғара – осы Б-ның үлкен ұлы.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 451-б.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.1-том, 118-б.

З.Тайшыбай

БАЙТУҒАН БИ ЕЛШІЛІГІ – 1764 ж. көктем-жаз айларында Әбілмәмбет ханның Ауған билеушісі Ахмад шаһ Дурранидің Қазақ еліне қатысты саяси көзқарасын анықтау мақсатында жіберген елшілігі. 18 ғ-дың 60-жылдарының басында Абылай ханның бастауымен Шың (Цин) империясына қарсы мұсылман елдерінің одағы құрыла бастағанда, бұл одаққа Дуррани мемлекетінің негізін қалаушы, 1763 ж. Шың императорына өз елшілігін жіберген Ахмад шаһ та қосылмақ болып, осы кезден бастап мұсылман елдерінің Шыңға қарсы бірігуін жақтады. 1763 жылдың соңы мен 1764 жылдың басында өткен қазақтың ел ағаларының құрылтайы да бұл одақты жақтап шықты. Байтуған би құрылтайдың осы шешімімен Ахмад шаһты хабардар ету үшін жіберілген болатын.

Әдеб.: Международные отношения в Центральной Азии XVII – XVIII вв., кн. 2, М., 1989.

Е. Уәлиханов

БАЙТҰРСЫНОВ Ахмет, А х м е т Б а й т ұ р с ы н ұ л ы (15.1.1873, қазіргі Қостанай обл. Жангелдин ауд. Сарытүбек а. – 8.12. 1938, Алматы қ.) – қазақ халқының 20 ғ-дың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы. Б. 1895–1909 ж. Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қ. уч-щесінде меңгеруші қызметін атқарады. Б-тың саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға келеді. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде жа-



А. Байтұрсынов

зылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы хұзырхаты (арыз-тілегі) авторларының бірі Б. болды. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Б. 1909 ж. 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Б. өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Абылай хан жайында ел арасында тараған аңыз-әңгіме негізінде өзінің «Оқу құралында» (1928) «Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі» деген қысқа әңгімесін жариялап, Абылайдың орынды айтылған уәжге тоқтайтын ақыл-парасатын, өзінің жанындағы кісілерден терең ойлайтын кеңгерлігін ашып көрсетеді. Б. осымен қатар Мәскеу қ-нда «Кіндік» баспасынан шығарған «Жоқтауға» (1923) Абылайдың немерелері «Кенесары-Наурызбай» өлеңін де енгізген. Орынбор қ-нда 1913–18 ж. өзінің ең жақын сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ, қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқының өнер, білімді игеруге шақырды. Б. 1916 ж. ақпанда Мемл. думадағы мұсылман фракциясының төрағасы Қ. Тевкелевтің арнайы шақыруымен фракцияның мәжілісіне қатысып, онда қазақтарға жеке мүфтилік ашу,

қазақтарды атты әскер қатарына жазу, қоныс аударушылар толқынын азайту мәселелерін көтерді. Б-тың Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауда болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Б-тың Бөкейхановпен бірге ұлт-азаттық қозғалысының халық мойындаған жетекші дәрежесіне көтерілуі 1917 жылғы рев. өзгерістер тұсында анық байқалды. Б., Бөкейханов, Дулатов бастаған үштіктің ұйымдастырушылық қызметімен 1917 ж. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі өмірге келді. Б. Алаш партиясының бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Алашорда үкіметі құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Б-ты бекітті. 1919 ж. наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай обл. бөлімінің мүшесі болды. Б. 1919 ж. наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. к-ті төрағасының орынбасары болып сайланды. Б-тың ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. 1920 ж. В.И. Ленинге Кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынаған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай у-н Челябинск обл-на қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920–21 ж. Қазақ АКСР халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 ж. Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орт-тың, 1922–25 ж. Халық ағарту комиссариатының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Б. түрлі мемл. қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921–25 ж. Орынбордағы, 1926–28 ж. Ташкенттегі Қазақ халық ағарту ин-ттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 ж. Алматыда ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ) ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына проф. қызметіне ауысты. Ф.И. Голощекиннің тікелей нұсқауымен Алаш қозғалысы қайраткерлеріне қарсы жасалған қуғын-сүргін кезінде, 1929 ж. 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, «1927 ж. қазақ даласында қарулы көтеріліс даярлау әрекетіне қатынасты» деген айыптар тағылып, ату жазасына

БАЙЫРҒЫ ӘСКЕРИ

кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. 1937 ж. 8 қазанда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, акад. А.Н.Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Б-тың толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Б. есімі берілді. Тіл білімі ин-ты, Қостанай ун-ті Б. есімімен аталды. 1998 ж. оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қ-нда респ. ғыл. конференция өткізілді, Б-тың мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Шығ.: Қырық мысал, СПб., 1909; Маса, Орынб., 1911; Оқу құралы, Орынб., 1912; Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы), 1-жылдық, Орынб., 1914; Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы), 2-жылдық, Орынб., 1915; Баяншы, Қазан, 1920; Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері), 1-тіл танытқыш кітап, Қ.-о., 1925; Тіл – құрал (сөйлем жүйесі мен түрлері), 3-тіл танытқыш кітап, Қ.-о., 1925; Тіл жұмсар, Қ.-о., 1926; Әдебиет танытқыш, Қ.-о. – Таш., 1926; Әліп-би. Жаңа құрал, Орынб., 1928; Шығармалары, А., 1989; Ақ жол, А., 1991; Тіл тағылымы, А., 1992.

Әдеб.: Сыздықова Р., Ахмет Байтұрсынов, А., 1990; Кәкішев С., Ақан туралы ақиқат, А., 1992; Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995.

С.Қирабаев

БАЙЫРҒЫ ӘСКЕРИ РӘМІЗДЕР – әскери белгі ретінде қолданылған ертедегі рәміздер. Олар түрлі әскери мағыналар мен ұғымдарды білдірген. Б. ә. р-ді: 1) киелі рәміздер; 2) әскери дәреже және лауазым белгілері; 3) түрлі айырым белгілері деп бөлуге болады. Ертеде әскер қосындары соғысқа өздері табынатын киелі бейнелерді әскери рәміздік белгі ретінде көтеріп шыққан. Олар ұрыста күш беріп, жеңіске жеткізеді, қауіп-қатерден қорғайды деп ырым еткен. Ондай бейнелер металдан соғылып, алыстан көріну үшін қанық түсті матадан тігілген әскери туға жапсырылып, оның жоғарғы жағына қасиетті аңның құйрығы байланып, тігінен не көлденеңінен ағаш сапқа бекітілген. Туда әскердің киесі, күші болады, тудың құлауы әскердің жеңілуі деп түсінгендіктен әрбір жауынгер, бүкіл әскер туды сақтауға, қорғауға міндетті болған. Әр әскер қосындарының туы өз түсімен ерекшеленген. Әр түс көшпелі халықтар мәдениетінде белгілі бір ұғым-

ды білдіретін болған. Мыс., қазақтарда ақ түс тазалықтың, әділдіктің, қызыл түс ерліктің, жасыл түс жаңғырудың, өркендеудің нышаны болған. Жазбаша, ауызша әдеби деректерде Қаракерей Қабанбай батырдың ақ туы, Абылайдың жасыл туы болғаны айтылады. Бұрынғы кездері арнайы әскери киім болмағандықтан, өз әскерін жау әскерінен айыру үшін жауынгерлер дулығаға және найзаға түсті айырым белгі таққан. Оны жалау деп атаған. «Жалаулы найза қолға алып» деген осыдан шыққан. Мыс., Кенесары сарбаздары мұндай белгілерді киімнің жеңіне таққан. Жалаулы найза ұстаған қазақ жауынгерлерінің бейнесін тастағы суреттерден, 19 ғ-дағы өнер туындыларынан көруге болады.

Әдеб.: Бичурин Н.Я., Средняя Азия и Восточный Туркестан, А., 1997; Прошлое Казахстана в источниках и материалах, А., 1997; Қашқари М., Түрік тілінің сөздігі, 1-т., А., 1997.

Қ.Ахметжан

БАҚАЙ БАТЫР (1703–1802) – 18 ғ-да жоңғарларға қарсы соғыста Райымбек жасағының жүзбасы болған батыр. Руы – Жалайыр. Мықтыбек бидің бәйбішесі Айнаштан туған алты баланың бірі. Б. б., Жетісудың Кеген, Шелек аймағындағы ұрыстарда айрықша көзге түскен. Қазіргі Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Шілікті (Шелек) деген жердегі ұрыста қазақ қолын бастап, Көкпектінің кең жазығындағы кескілескен шайқастардың бел ортасында болған. Онда қаза тапқандарды жерлеген оба кейіннен «Ойран төбе» аталып кетті (Шелек ауд. Сөгеті, Бартоғай бөгенінің маңы). Б. б-дың қалмақ батыры Домбауылды жекпе-жекте жеңгендігі жөнінде ұрпақтан ұрпаққа ұмытылмай жеткен әңгіме көп. Б. б. Қаратал өз-нің жағасына, Қаңғай деген жерге жерленіп, басына күмбез тұрғызылған. Өзен суы жарды бұзып, бейітке жақындаған соң 1960 ж. аталастары (өз кіндігінен ұрпақ жоқ) басқа жерге апарып қойып, басына құлпытас орнатты.

Ә.Ғалымбаева

БАҚБЕРГЕНОВ Сәуірбек (15.5.1920, Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. – 18.1.1997, Алматы) – Қазақстанның халық жазушысы (1996). Түркістан қ-ндағы жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, сондағы теміржолшылар мектебін (1936), пед. үч-шені (1939), кейін Подольск жаяу әскер үч-шесін бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Алғаш өлең жазудан бастап, тұңғыш жыр шумақтары 1939 ж. баспасөз бетін көреді. Соғыстан кейін «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Жазушы» баспасында тілші, редакция меңгерушісі қызметін атқарды. Жастарды адамгершілікке, адалдыққа, отансүйгіштікке баулитын, замандастар жайлы ой толғайтын, тарих қойнауынан сыр шерте-

тін және Ұлы Отан соғысы тақырыбын арқау еткен 20-ға жуық романдар мен повестер жинағының авторы. Көптеген шығармалары орыс, белорусь, грузин, армян, қырғыз, татар, эстон, башқұрт тілдеріне аударылған. Б. көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп, М.Горькийдің, У.Фолькнердің, В.Короленконың бірсыпыра шығармаларын қазақша тәржімалаған. Б. «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Абылай хан» атты жинақтың бірінші томы жайында өз пікірін білдірген. Автор Абылай жөнінде от тілді, орақ ауызды елдің шешендері, билері, ақын-жазушылары, киелі сөзді, келелі пікірлі адамдары айтқан шындық сөздер, жыр-дастан, аңыз әңгімелердің көбі кезінде қағазға түсіп, тасқа басылғанын айта келіп,



С.Бақбергенов

жарық көріп отырған кітаптың үлкен-үлкен төрт бөлімнен тұратынын ескертеді де, одан әрі әр бөлімдегі материалдарды атап өтеді. Бірінші бөлімде Бұқар жырау, Үмбетей, Тәтіғара, Сүйінбай тектес жыр дүлдүлдерінің шығармалары берілген болса, соның ішінде Бұқардың он бір толғауының өзінде Абылай заманының көп тарихы, батырлары, билері туралы нақты мәліметтер бар. Екінші бөлімде шығыстанушы ғалым, ақын, 30-ға тарта кітап жазған Шәді төре (Нұрмағамбет) Жиһангерұлы өзінің арғы атасы Абылай жөніндегі дастанында сол дәуірдің суретін кемел айшықтаған. Сондай-ақ бұл бөлімге Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы, Мәжит Айтбаевтың «Хан Абылай» дастаны, белгісіз авторлардың «Абылай хан», «Сабалақ» атты қиссалары енген. Үшінші бөлімде аңыз-әңгімелер, тарихи шежірелер, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Абылай хан туралы жазып алған аңыз-әңгімелері басылған. Соңғы төртінші бөлім Мұхтар Әуезовтің «Тарихи өлеңдер» деген ғыл. мақаласымен басталады. Әуезов тарихи жырлар, Зар заман ақындарының еңбегін тарихи шындықпен байланыстыра, ұштастыра ашып көрсетеді. Мақала авторы кітаптың құндылығын осылай көрсете келіп, сөзінің соңында, Иман Жүсіп өлеңінің бірінші жолы «Абылай аспаған» емес, керісінше «Абылай асқан Арқаның сары белі...»

болуы керек деген пікір білдіреді. Осы жолды мақаласына тақырып етіп қойған.

Б.Шаханов, С.Ғұсман

БАҚСАРЫ Райжанұлы (1680, қазіргі Ресей Федерациясы, Қорған обл. Манушин ауд. – 1779, сонда) – батыр. Керей руының ашамайлы тармағынан шыққан. 1700–60 ж. Еділ және Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығынан мұсылман жұртшылығын (қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татарларды) қорғау жолында аты кең тарады. Б. батыр туралы Жанкісі Көшекұлы (1734–1817), Жанак Жаңабатырұлы (1768–1850), Сегіз сері Шақшақұлының (1818–54), т.б. 7 нұсқалы тарихи жыр, қиссалары, Балуан Шолақтың «Бақсары ата» деген әні сақталған. Батырдың атында елді мекен, темір жол бекеті және көл бар.

Әдеб.: Әбу т а л и е в Н., Сегіз сері, А., 1991.

Қ.Бигожаұлы

БАҚТЫБАЙ (1720, кейбір деректерде 1698–1780) – аға батыр, қолбасшы. Қазақ-қалмақ соғысында Әбілқайыр ханның сенімді серігі болған. Руы – шекті. Әкесі – Төлес би. Б. 15 жасында Әбілқайыр жасағының құрамында шайқасқа қатысып, ерлігімен көзге түскен. Есет батырдың қолдауымен шекті жасақтарына қолбасшы болып тағайындалады. Есімі сарбаздардың жауынгерлік ұранына айналады. Б. бастаған жасақтар Бұланты және Аңырақай шайқастарында жауды жеңуге үлкен үлес қосқан. М. Тевкелевтің Ресей сыртқы істер мин-не жазған құпия хатында (1732 ж. 20 маусым) полк. Гарбердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуаға бет алған 500 түйелі керуенін Б. басып алып, дүние-мүлкін жергілікті елге таратып бергені баяндалады. Б. ды жергілікті халық «Әлім Қарасақал әулие» деп те атайды. Б. майданда қаза тапты. Жем өз. бойындағы «Қарасақал әулие» зиратына (Ақтөбе обл. Байғанин ауд. Ақжар а.) жерленген.

Әдеб.: Г р и г о р ь е в В.В., Отзыв о статье «О ведом в 1732 году дневнике путешествия Гарбера из Астрахани через Киргизскую степь по пути в Хиву», «Известия Русского географического общества», 1870, т. 6, вып. 1; Аджигалиев С.И., Генезис традиционной погребально-культурной архитектуры Западного Казахстана, А., 1994.

Р.Бердіғалиева, С.Әжіғалиев


БАҚТЫБАЙ Жолбарысұлы (1842, Алматы обл., Текелі өңірі – 1902, Балдырған жайлауы) – айтыс ақыны. Жеті жасында жетім қалып, бірнеше жыл Балқаш, Сексеуіл, Шұрық жақтағы нағашыларының қолында болады. Кейін еліне қайтып келіп, бай ағайындарының малын бағады. Жиын-тойларда өлең құрастырып, ақындығын танытады. Әсіресе, Абылайдың ұрпағы, атақты Тезек төремен айтысы (1861) Б-дың ақындық даңқын бүкіл Жетісу өңіріне әйгілі етеді. Төренің айбынынан ықпай, оның әлсізге жасаған зорлық-

БАҚТЫҒАЛИ

зомбылығын бетіне басады. Ақынның өзге де әділетсіз бай, болыс, т.б. мықтыларды әшкерелеген өлең, айтыстары көп. Б-дың жекелеген толғау, сықақ, жоқтау өлеңдері көп болғанымен, айтыс өнері оны биікке көтерді. Мәйке қызбен, Арыстан, Жүсіпбек, Әсет, Бәйімбет, Қыпшақбай, т.б. ақындармен айтысы суырып-салма шеберліктің, тапқырлық пен батылдықтың айқын үлгісі. Ақынның «Едіге – Нұран» көлемді дастаны да сақталған. Б-дың шығармалары 1987 ж. «Жел қобыз» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Т.Мұқанұлы

БАҚТЫҒАЛИ Аман (2.10.1946 ж.т., Атырау обл. Мұғалжар ауд. Қамысқөл а.) – суретші. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1981). Н.В.Гоголь атынд. Алматы көркем сурет уч-шесін (1972), И.Е.Репин атынд. КСРО Өнер академиясының кескіндеме, мүсін және сәулет ин-тын (1979) бітірген. Ә.Қастеев атынд. Өнер мұражайында «Менің Қазақия елім» атты жеке көрмесі ашылған



А.Бақтығали

(6.5.2006). Б. Өз картиналарындағы кең тынысты пәлсапалық толғамдар мен құлашты ойларды ерекше екшеп, айрықша сығымдап, кемел шеберлікпен бере біледі. Суретшінің «Мен қазақпын!» атты картинасында қазақтың тарихы да, тағдыры да, рухы да, мінезі де, салт-санасы да бар. Ал «Абылай ханның түсі» картинасында автор халықтың тағдыры оның ерік-жігеріне тәуелді, ендеше Көбелек пен Қоян болып қалмай, Көкбөрінің деңгейіне көтерілу, онда да жаңаша, жаңғыра көтерілу – біздің әрқайсымыздың өз қолымызда; Көбелек пен Қоян болып өмір сүру – Көкбөрінің ұрпағына қорлық, сол етімізден өтіп, сүйегімізге жеткен қорлық таңбадан, құлдық таңбадан (Картинада Абылай ханның маңдайындағы таңба) құтылайық деген ой айтады.

Әдеб.: «Жас алаш», 4 мамыр, 2006 ж.

Ә.Меңдеке

БАЛҚАШ – Қазақстанның оңт.-шығысындағы тұйық көл. Аумағы жөнінен Каспий, Арал теңіздерінен кейінгі 3-орында. Алматы, Жамбыл, Қарағанды обл-тарының шегінде, Балқаш-Ала-

көл ойысында, теңіз деңгейінен 340 м биіктікте жатыр. Суының көл. шамамен 100–110 км³. Орташа тереңд. 6 м, ең терең жері 26 м. Б-тың батыс бөлігіне Іле, шығыс бөлігіне Қаратал, Лепсі, Ақсу өз-дері құяды. Б. туралы алғашқы жазба деректер 13 ғ-дан белгілі (В.Рубрук, П.Карпини). Көлді тиянақты зерттеу 17 ғ-да басталды. Қазақ жерінің, оның ішінде Б. көлінің төңірегінде қалмақтармен қырғын соғыстар өткен. 1773 ж. 26 қаңтарда қазақ тұтқынынан қашқан еділ қалмағы Деревгар «...Балқаш көліне жеткенімізде атымыздың аяғы сынып, қазақтардың қолына» түскенін айтса, қалмақ әйелі Жарга Бардазамаева да «...Балқаш көлінің жағасына келгенде» қазақтардың қолына түсіп қалғанын айта отырып, өзін «Абылай сұлтанға қарайтын Уақ болысының ел ағасы Баян батырдың иелігінде» (1773, 26 ақпан) болғанын, ал еділ қалмағы Даразы Шарытов та қазақтардың қолында тұтқында болған кезінде қалмақтан басқа «оларда (яғни қазақтарда) тұтқын болып қалған он шақты орысты» көргенін де айтқан. Көл шөл және шөлейт климаттық белдеуде орналасқан. Қаңтардағы орташа темп-ра -15–17°С, шілденің орташа темп-расы 24°С. Батыс бөлігінің суы тұщы (0,5–1 г/л), түсі сарғылт-сары, лайлы. Шығыс бөлігінің суы тұздылау (5–6 г/л), түсі көгілдір, ашық көк. Б. фаунаға бай. Басты айлақтары: Балқаш, Бұрылбайтал, Бөрлітөбе.

Әдеб.: А б р о с о в В.Н. Озеро Балхаш, Л., 1973; О м а р о в Т.Р., Қазақстан көлдері, А., 1987.

Ж.Достайұлы, Г.Ысқақова

БАЛПЫҚ Дербісәліұлы (шамамен 1705, Алматы обл. Көксу ауд. – 1780, сонда) – би, батыр. Жалайыр руынан шыққан. Өкесі мол дәулетімен атағы шыққан бай, анасының есімі – Ақбалық. Сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр ретінде



Балпық Дербісәліұлы

Б-тың аты Ескелді бимен қатар айтылады. Екеуі бір анадан туғандай «егіз би» атанған. Б. жоңғар шапқыншылығы кезінде өзінің аға достары Ескелді, Қабан жыраумен бірге Іле мен Қаратал арасындағы жалайыр, оған көршілес найман, суан, ысты руларының біраз бөлігін жау өтінен дер кезінде әкетіп, қырылып кетуден сақтады. Хантау мен Қаратаудан әрі асып, Сыр бойында тұрақтағасын бірқатар жорықтарды басынан кешірді. Аңырақай шайқасына, Аягөз бойындағы Таскескен мен бүгінгі Текелі қ. маңындағы соғыстарға қатысып, еліне қорған бола білген. Әділ сөзімен жалайыр мен жаныс руларын табыстырған. Б-тың ұлы Тіленші бидің беделі әкесінен кем болмаған. Әкелі-балалы билердің еліне сіңірген қызметін Ш.Ш.Вәлиханов, Құнанбай Өскенбайұлдары жазып қалдырған, Сүйінбай, Жамбыл, Бақтыбай, Сара Тастанбекқызы, т.б. ақындар жыр еткен. Бейігі Үштөбе қ-ның түбінде. Алматы обл. Көксу ауд-ның орталығына Балпық би есімі беріліп, онда батырдың құрметіне ескерткіш орнатылды.

Ұ.Доспапбетов, Ә. Ғалымбаева

БАЛТА, қ а р у – ежелгі соғыс құралдарының бірі. Көшпелі халықтарда Б. соғыс қаруы ретінде өте ерте заманнан (б.з.б. 1-мың жылдықтан) қолданыла бастады. Б-ның басы металдан, ал сабы мықты ағаштан жасалады. Б-ның шабуға арналған жалпақ жағы – жалманы, өткір қыры – жүзі, жалманға қарсы жағы – шүйдесі, сап кигізілетін ойығы – ұңғысы, сап пен ұңғының түйіскен тұсы – сағағы деп аталады. Бұл оны кез келген іске пайдалануға мүмкіндік берген. Жауынгерлік Балар: қысқа сапты (40–45 см), орташа сапты (75–90 см), ұзын сапты (180 см) болып келеді. Қолдануға қолайлы – орташа сапты Б-ны белбеуге қыстырып, жорықта ердің қапталына бекітіп, тақымға басып жүреді. Халық ауыз әдебиетінде Б-ның «ақ балта», «көк балта», «ала балта» деген атаулары кездеседі. «Тебінгінің астынан, Ала балта суырысып, Телсінісіп келгенде, Тең атаның ұлы едім» (Шалкиіз жырау). Қазақтар Б-ны әскери қару ретінде 20 ғ-ға дейін ұстанды.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в Қ.С., Жараған темір құраған, А., 1996.

Қ.Ахметжан, Д.Шоқпаров

БАЛТАЛЫ – найман тайпасындағы он рудың бірінің атауы. Қазақ шежіресі бойынша Балталы руы найманның Бағаналы руымен бірлесіп, орналасуына қарай Ұлытау немесе Жезқазған наймандары деп аталады. Бұл ру өз ішінде Мардан, Бегіс, Төбекөңір (Қылы), Арғымақ және Қаншегір атты рулық бөлімдерге жіктеледі. Ортағасырлардан бері Орт. Қазақстандағы Сарыарқа, Ұлытау, Кішітау, Мыстау, Жезтау деген жерлерде көшіп-қонып жүрген. 19 ғ-дың соңы – 20 ғ.

басындағы қазақ халқының жерді пайдалануы туралы материалдарында Балталы руының жеке-леген бөлімдері мен бөлімшелері Атбасар уезінің Сарысу және Құмқоңыр, Жарқайың болыстарында, Шымкент уезінің Жаманбай, Бұржар болысында, Әулиеата уезінің Қарабура болысында өмір сүрген. Ұраны – «Қаптағай», таңбасы – балта.

Әдеб.: Т ы н ы ш б а е в М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925, 67-б.; Қазақ шежіресі. Кітапты дайындаған Жарылқап Бейсенбайұлы. Алматы, 1994, 112-б.; «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Найман Т.Х. Екінші кітап. - Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 436-б.

Б.Кәрібаев

БАЛТАШЕВ Төкен, Бал т а с е в (т.ө.ж.б., 18 ғ.) – ұлты башқұрт, қазақша жақсы білген. Әбілмәмбеттің хатшысы болған (1742 ж.). Ресей әкімшінің арнайы тапсырмасымен, кәсіби тыңшы ретінде Орта жүзге бірнеше рет келіп қайтқан. 1743 ж. 22 қыркүйекте Әбілмәмбет пен Барақ сұлтанның, сондай-ақ ел ағаларының жоңғар қалмақтарымен байланыстары жөнінде барлау жүргізіп қайтқан. Сол жылы Б. Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан «сый-құрметпен» қайтуына байланысты құнды деректер әкелген. Мысалы, жоңғар ханы Абылайды босатпай тұрып, қазақтарға арнайы елші жіберген. Өзінде аманатта отырған Әбілмәмбет ханның ұлының орнына Барақ сұлтанның ұлын жіберуді талап еткен. Бұл жайында қазақтар Қазыбек бимен ақылдасқан. Бұдан бір ай өткен соң, Абылай қасындағы адамдарымен бірге тұтқыннан босап келген. Б. Қаз дауысты Қазыбекпен жақын танысып, бидің сеніміне кірген.

Н.Ақбай

БАМБАР – Еділ қалмақтарын билеушілердің бірі, 1771 ж. Еділден ауған қалмақ көшін бастаушы. 1771 ж. Абылай ханға хат жазып: «...шығысқа, Қытайға қарай ауып бара жатқан қалмақтарды қазақ жері арқылы аман өткіз, [ақысына] қалмақтың жүз жақсы қызын береміз» деген тілек білдіріп, Шереңмен бірге қол қойған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 384-б.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық «Ел-шежіре», Алматы, 2011. 2-том, 257, 503–505-бб.

З.Тайшыбай

БАРАБА ЖАЗЫҒЫ – Батыс Сібір ойпатындағы (Ресей) дала. Новосибирск және Омбы облыстарының аумағында орналасқан. Жер бедері тегіс, оңтүстігіндегі ойпаңдарда тұщы және ащы көлдер, батпақты-сортаң жерлер, шалғынды жайылымдар бар, ауылшаруашылығы дамыған, дәнді және техникалық дақылдар егіледі. 1759 ж. қыпшақ Қошқарбай батыр бастаған орта жүз жасақтары Б. даласында қытайлар «уранхайлықтар», ал Ресей үкіметі «бараба татарлары» деп атайтын қос

БАРАҚ

азаматтығы бар тайпаны, бірқатар адамдарын тұтқынға алады. Бұл халық бұрын Ресей әкімшілігіне де, Жоңғар хандығына да салық төлеп тұрған. Жоңғарлардың «құқық мұрагеріміз» деп санаған қытай билігі уранхай тұтқындарын және олардың мал-мүлкін қайтаруды талап етіп, Абылай сұлтанға қокан-лоққы жасаған. Өз тұрғысынан Ресей жағы да «өз азаматтарымыздың мүддесін қорғаймыз» дегенді желеу етіп, Абылайға қысым жасап көрмек болған. Ақыры Орта жүз атынан Абылай сұлтан Қытайдың да, Ресейдің де талаптарын ішінара орындауға мәжбүр болған.

БАРАҚ (т.ж.б. – 1750) – қазақ сұлтаны. Шыңғыс ханның тұқымы. Жәдік әулетінен. Әкесі – Тұрсын хан. Ағасы – Күшік Орта жүздің ханы болған. Б. сұлтан алдымен Орта жүздің найман, қоңырат, каракесек руларын, кейін Ұлы жүздің Дулат тайпасының бір бөлігін билеген. 1720 ж. Жоңғар және Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда



Барақ сұлтан мазары

қолбасы болған. Оңт. Қазақстан мен Сыр өңіріндегі Иқан, Сауран, Отырар, Түркістан, Өгізтау, Созақ қ-ларына билік жүргізді. 18-ғ-дың 30-жылдарынан бастап Кіші жүз ханы Әбілқайырдың басты бақталасына айналады. Шыққан тегі жағынан Әбілқайыр ханнан артықшылықтарын алға тартқан ол Шыңғыс хан ұрпақтары өкілдерінен жоғары билікке өзін ғана лайықты деп санайды. Оның Әбілқайырмен тақ үшін таласын Орынбор ген.-губернаторы И.И.Неплюев Ресейдің отаршылдық

мақсатына пайдаланды. Б. сұлтан екі жақты саясат жүргізді. Ол 1742 ж. қарашада өзінің Ресейге бодандығын мойындап ант бергенімен, Жоңғар хандарымен байланыс жасап, үлкен ұлы Сығай сұлтанды аманатқа береді. Әбілқайырдың ықпалын көре алмаған Б. сұлтан 1748 ж. 1 тамызда оны күші басым жасақтарының көмегімен өлтіреді. Көптеген рубасылардың бұл оқиғаға теріс қарауы Б-ты билер сотына жүгінуге мәжбүр етеді. Өзіне тәуелді 3–4 адамнан тұратын билер соты Б. сұлтанды «ақтап шыққанымен», кейін Қазыбек би, Төле би, Абылай хан, т.б. Б-тың жазаға тартылуын талап еткен. Сол себепті ол жақтастарымен Түркістан өңіріне көшіп кетеді. Оның Әбілқайырдың ұлы Нұралы ханмен бітісуге деген ниеті нәтижесіз аяқталады. 1750 жылдың көктемінде, кейбір деректерге қарағанда, Әбілқайырдың кегін қайтарушылар Қарнақ қ-нда Б-ты және екі ұлы мен қызметшісін у беріп өлтірген.

Әдеб.: В е л ь я м и н о в – З е р н о в В.В., Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времени кончины Абулхайр-хана (1748–1765), Уфа, 1853; М о и с е е в В.А., Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Е р о ф е е в а И.В., Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик, А., 1999.

И.Ерофеева

БАРАҚ (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Қалдан Сереннің елшісі. Қазақтың тұрмыс-салтын, тілін жақсы білген. Қазақ хандығы мен жоңғар хандығы арасындағы көптеген шиеленісті мәселелерді шешуге қатысқан. Кейін жоңғар хандығы талқандалған соң, Еділ бойына, құба қалмақтарға барып паналаған. Одан кейін Нұралы ханның жанында болған. Неплюев 1742 жылғы 2 қыркүйекте Қалдан Серенге жазған хатында былай депті: «Мен сол хандарды (Әбілқайыр мен Әбілмәмбетті айтып отыр) сіздің елшілеріңізбен қоса келсін деп өзіме шақырдым. Сол бойынша Әбілқайыр хан жанына қазақтың белгілі екі ағаларын ертіп, сіздің елшілеріңіз Қасқа мен Бараңды маған алып келді. Бәріміз ақылдасып, сіздің құзырыңыздағы Жоңғар хандығы мен Ресейге бодан қазақтарымыздың тату көрші болып тұруына келістік, хандар халық атынан мұны бекітіп, ұйғарым жасады».

Н.Ақбай

«**БАРАҚ БАТЫР**» – тарихи дастан. Найман ішінде ергенектінің бір тармағы Көкжарлыдан шыққан Барақ батырдың қалмақ шапқыншылығына қарсы соғыстағы ерлік істері жайлы ел аузындағы аңыз, әңгімелер негізінде жазушы, ақын, ауыз әдебиетін жинаушы Бәдел Тұрсынбайұлы 1941 ж. жеке дастан етіп жазған. Шығарма дастан оқиғасы өрбірген Шығыс Қазақстанның Тарбағатай, Күршім, Қатонқарағай, Марқакөл ауд.-дарында кеңінен тараған. Жырдың сюжеттік желісі бой-

ынша қалмақ батырлары осы Алтай өңірін жаулап алу мақсатында көп қолмен аттанады. Бұл кезде Қабанбай, Барак батырлар қырғыздармен арада туындаған мәселені шешуге кетеді де, тұтқиылдан тиіскен қалмақтармен шайқаста Барактың інісі Барлыбай батыр ерлікпен қаза табады. Елге қайта оралған Қабанбай мен Барак батырлар қалмақтармен соғысып, Барлыбайдың кегін алады. Жыр қалмақтардың күш жинап, қайта келіп соғысқан кезінде Абылай хан бастаған Қабанбай, Ер Жәнібек, Бөгембай, Барак батырлардың қалмақ батырларымен жекпе-жекте басым түсіп, Алтай өңірін жаудан мүлдем тазартумен аяқталады. Дастанның негізгі оқиға желісі Барак батыр бейнесін жан-жақты ашып көрсетуге құрылған. Қолжазба нұсқасы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында сақтаулы. Көлемді дастан жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен жазылған. Бұрын еш жерде жарияланбаған.

С.Қорабай

БАРАҚ Жанұзақұлы (1696 ж.ш., кейбір деректерде 1722, қазіргі Қостанай обл. Жангелдин ауд. Алдияр а. – ө.ж.б., Қостанай обл. Сарыкөл ауд.) – батыр. Әкесі Жанұзақ Қарабалуан есімімен мәшһүр болған түйе балуан. Б. 1740–58 ж. қазақ жерін қалмақ басқыншыларынан азат ету жолындағы шайқастарға қатысқан. Батырлығымен қатар емшілік, көрегендік қасиеттерімен де халыққа кең танылған. 1996 ж. Қостанай өңірі Б-тың үш жүз жылдық мерейтойын атап өтіп, батырдың ұрпақтары басына ескерткіш күмбез орнатты.

Қ.Ерғазы

БАРАҚ Сатыбалдыұлы (1743, Үстірт, Сам құмы – 1840, сонда) – батыр, Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі. Б-тың батыр атағы 18 жасында (1761) торғауыт батыры Алакөбікті жекпе-жекте жеңгеннен кейін шықты. 18 ғ-дың 70-жылдарына дейін шөміштітабын қолын бастап, Еділ мен Жайық арасында қалмақтармен соғысты. 1785–92 ж. Сырым Датұлы бастаған Ресей отаршылдығына қарсы күрес басшыларының қатарында болды. Сырымның жақын серігі Б. 3 мыңдық жасағымен Орынбор шебіндегі қамал-бекіністер бойында және қазақ даласына жіберілген патша өкіметінің жазалаушы отрядтарымен кескілескен шайқастар жүргізді. Орал әскери кеңесінің рапортында (1785 ж. наурыз) Б-тың 2000 жасағымен өкімет әскеріне қарсы тұрғаны жазылған. Б-тың әскери күші туралы барон О.А.Игельстромның император Екатерина II-ге жазған хатында да айтылады. Батырдың тегеурінді қарсылық әрекеттері орыс отаршыларының зорлық-зомбылығын шектеп, Жайықтың оң жағалауындағы қазақ жерлерін сақтап қалуға септігін тигізді, Батыс Қазақстанның от-

арлануын тежеді, әскери бекіністердің көптеп салынуына жол бермеді. Б-тың есімі табын руының ұранына айналды. Оның ерліктері «Барак Батыр» дастанына арқау болған. Б-тың ұлы Асау (1763–1846) мен немересі Дәуіт те атақты батырлар болған. Б. пен Асау батырлар Сам құмында Тұрыш а-нан оңт.-шығысқа қарай 15 км жерде жерленген. 1993 ж. Б-тың бейітіне күмбезді кесене тұрғызылды.

Әдеб.: «Жасыл тулы Ер Барак», А., 1994.

С.Әжіғали, Н.Күзембаев

БАРАҚ Шүрекұлы, К ө к ж а л Б а р а қ (шамамен 17 ғ-дың соңы, Шығ. Қазақстан обл. Күршім ауд. – 18 ғ-дың ортасы) – батыр. Найман руының Ергенекті – Көкжарлы аталығынан. «Көкжал Барак» деген атпен Үш жүзге мәшһүр болған тарихи тұлға. Көкжал атануына орай жорамалдар көп. Дегенмен бұл атау батырдың қайсарлығы, ерлігі үшін берілгені рас. Б. әйгілі Аңырақай, Бұлантай, Шыңғыстау, Шаған, Шорға, Сібе шайқастарын басынан кешірген. Қабанбай қолының бір қанатын – көкжарлы сарыжомарт руларынан құралған сарбаздарды бастап шығыстағы Ертістің оң жағалауынан Алтай тауларына қарай кететін кең алқапты қалмақтардан тазартуға қатысқан. Боранбай, Кешу, Ботағара, Шыңқожа, т.б. батырлармен бірге Аягөз жазығы, Алакөл жағалауы, Шыңғыстау, Тарбағатай баурайында жоңғарларға қарсы ұрыстарда ерлігімен көзге түскен. Шарст-ның батыс жағындағы «Бас Қарауыл», Жарма ауд. орталығының теріскей бетіндегі «Орта Қарауыл» немесе «Барак шыққан» тауы, Өскеменге таяу тұстағы «Аяқ Қарауыл» биігі көкжал Б. өткен жорық жолының куәсі ретінде тарихта қалған. Батырдың қазақ әйелі Қойбикеден Бостан, Дос, Кәдір деген ұлдары мен мұнан басқа бес қалмақ әйелінен туған ұрпақтарынан екі мыңға тарта шаңырақ өрбіген. Олар Шығыс Қазақстан облының Күршім ауд-нда тұрады. Б. батыр Жайыл қырғынында 69 жасында қаза тапқан.

Қ.Алтынбаев

БАРДЗАМАЕВА Жарга – Еділ қалмағының әйелі, 1771 ж. Балқаш к. жағасында қазақтарға тұтқынға түскен. Орыс тергеушілеріне 1773 ж. 26 ақпанда берген жауабында «Абылай сұлтанға қарайтын Уақ болысының ел ағасы Баян батырдың ауылында болғаны туралы» мағлұмат берген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 389-б.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011. 1-том, 283, 509-66.

З.Тайшыбай

БАРКӨЛ – көл, аймақ. 1759 жылғы 10 қаңтарда Абылай бастаған қазақ көсемдерімен кездескен қытай жасауылы Науанға Абылай сұлтан былай

БАРЛЫБАЙ

депті: «Біз Боғда Ежен ханға сәлем беріп, оған өзіміздің ризашылығымызды білдіру мақсатында әулет мүшелерімізді жібермек болып отырмыз. Былтырғы барып келген елшілердің айтуына қарағанда, Баркөл бағытындағы жолдарыңыз алыс, онымен жүргенде ауруға оңай шалдығады екен». 1760 жылғы 5 шілдеде тілмаш Гордеевтің Роденге жолдаған мәлімхатында: «қазақтардың арасынан естуімше, Баркөл көлінің жағасында тұрған Қытайдың бұрынғы 40 мың жасақ әскері барған сайын ұлғайып бара жатса керек. Олардың ішіп-жеміне көп түйе керуенімен азық-түлік жеткізіліп, қор жасалуда» дегеніне қарағанда, Қытай үкіметі соғысқа дайындалып жатқан жоқ па деген күдікті күшейте түсетін сияқты.

Н.Ақбай

БАРЛЫБАЙ Тауасарұлы (1753 ж.ш., Орт. Қазақстан, Ұлытау өңірі – 1822, Сыр бойы) – батыр. «Бағаналы Барлыбай», «Барлыбай сардар» есімімен ел жадында сақталған. Әкесі – Тауасар қалмақтармен шайқаста аты шыққан батыр, анасы – Гүлсім башқұрт батыры Қарасақалдың қарындасы болған. Б. Түркістан түбіндегі Қарнак медресесін, Үргеніш медресесін бітіріп, араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгереді. 18 жасында қалмақтың белгілі батырларын жекпе-жекте жеңіп, елінің батасын алады. Осы тұстан бастап қартайғанша Кіші жүздің шөмекей руының әскербасы болады. Шөмекей жасағын бастап орыс, қалмақ, түрікпен, Қоқан, Хиуа әскерлеріне тойтарыс береді. Б. туралы Сегіз сері Шақшақұлы, Ахмет ишан Оразайұлы (1861–1927) шежірелерінде айтылады. Сегіз сері «Барлыбай хан» атты тарихи дастан шығарған, оның ерліктерін Жанкісі (Жанқиса) Басыбайұлы (1772–1849), Әбутәліп (1788–1857), Балтекей Қорғанұлы (1830–1917), Қожабай Тоқсанбайұлы (1841–1919), Мұқан Балтекейұлы (1873–1918), Тайжан Қалмағанбетұлы (1877–1937), Шеген, Қанафия сынды ақын-жазушылар жырлаған.

Қ.Бигожаұлы

БАРМАҚ Мұхаммедқалиұлы (1703, Солт. Қазақстан обл. Целинный ауд. – ө. ж. б., Орынбор обл. Ақбұлақ ауд.) – батыр, қолбасы. Руы – Уақ. Б. 1723–58 ж. Еділ-Жайыққа батыстан шабуылдаған қалмақ шапқыншылығына, Маңғыстауды басып алған түрікпендерге, шығыстан баса-көктеп қазақ жеріне ішкерілей енген жоңғар басқыншыларына қарсы күрестерде Кіші жүз жасағына Балта, Бөгембай батырлармен бірге қолбасшылық еткен. Әбілқайыр ханның Ресей империясының қол астына өту туралы шешіміне наразылық танытқан. Б-тың ерліктерін кезінде қазақ ақын-жыраулары жырға қосқан. Бізге жеткен «Бармақ батыр» қиссасының алғашқы нұсқасын Дәстем сал Қарабасұлы жырлаған. Б. батырдың ұрпақтары

Ресейдің Орынбор обл. Ақбұлақ ауд.-нда, Ақтөбе қ. мен обл.-нда өмір сүріп жатыр.

Қ.Бигожаұлы

БАРТОЛЬД Василий Владимирович (3.11.1869, Санкт-Петербург – 19.8.1930, сонда) – ғалым, шығыстанушы, Шығыс тарихының докт. (1900), проф. (1906), акад. (1913). 1891 ж. Санкт-Петербург ун-тінің шығыс тілі ф-тін бітіріп, сонда ғыл. және оқытушылық қызмет атқарды. Б-тың Орт. Азия және қазақ өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектерінің ғыл. мәні зор. Бұл



В.В.Бартольд

еңбектерін жазуда ол араб, парсы және жергілікті авторлардың материалдарын пайдаланды. Олардың ішіндегі қазақ өлкесіне қатысты аса құндылары: «Жетісу тарихының очерктері» (1898), «Моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі Түркістан» (1898–1900), «Қырғыздар. Тарихи очерк» (1927), «Түркі-моңғол халықтарының тарихы» (1928), «Орта Азиядағы түркі халықтарының тарихы жөніндегі он екі дәріс» (1935), т.б. Б. осы кітаптарында Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихынан құнды деректер беріп, маңызды тұжырымдар жасайды; Абылай хан туралы «18 ғасырдағы ең күшті Орта жүздің ханы Абылай болды» деп жазған. Б-тың көптеген еңбектері ағылшын, француз, неміс, түрік, араб, парсы, т.б. тілдерге аударылған.

Шығ.: Сочинения, т. 1–6, М., 1963–68.

Әдеб.: Крачковский И. Ю., В.В.Бартольд в истории исламоведения, Избр. соч., т. 5, М.-Л., 1958; Байпаков К. М., Кумекоев Б. Е., Бартольд, как историк и археолог средневекового Казахстана, «Изв. АН КазССР. Серия общественных наук», 1974, №6; Лукин Б. В., Жизнь и деятельность академика В.В.Бартольда, Таш., 1981.

М.Қозыбаев

БАРҰҢҒАР (моңғ. – оң қанат) – оң қанаттағы әскер. Көшпенділер мемлекетін құрайтын ру-тайпаларды да, олардан жасақталған әскерді де оң қанаттағылар, сол қанаттағылар деп екі топқа бөлген. Шыңғыс хан кезінде сол қанатты жоңғар, ал оң қанатты Б. деп атаған. Осы екі

қанаттағы әскерлерден таңдалып алынған жауынгерлерден хан жасағы құрылған. Майданда барлық әскери шептің оң, сол қанаты және ортадағы бөлігі – негізгі жасағы болған. Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін әскери атаулар түркі тіліне де ауысып, Б. түркіше оң қанат атауымен қатар қолданылған.

Қ.Ахметжан

БАСИН Валентин Яковлевич (1.2.1921, Беларусь, Гомель обл. Буда-Кошелево қ., – 11.8.1985, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1975), проф. (1984). Рогачев мұғалімдер ин-ты (1941) мен Қазақ пед. ин-тының тарих ф-ттерін (1949, қазіргі Қазақ ұлттық пед. ун-ті) және соңғы ин-ттың аспирантурасын (1959) бітірген. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер (1959–63), Қазақ пед. ин-тында кафедра меңгерушісі (1984) қызметтерін атқарған. 1975 ж. «XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары. Мәні, түрі, кезеңі» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – 16–20 ғ-лардың басындағы Қазақстан мен Ресейдің өзара қарым-қатынасы, Ресейдің бодандық туралы заң актілерінің қазақ өлкесінде жүзеге асуы мен оның сыртқы саясат жүйесіндегі Қазақстанның рөлі, Қазақстандағы рев. қозғалыс, 1916 жылғы көтеріліс тарихының, сондай-ақ Қазан төңкерісі қарсаңындағы өлкенің әлеум.-экон. даму, 2-дүниежүз. соғыс жылдарындағы Қазақстан тарихы, т.б. мәселелері. Б. 200-ден астам ғыл.-зерт. еңбектің авторы. 16–18 ғ-лардағы қазақ-орыс қатынастары жайында жазылған еңбегінде Абылай хан туралы да жазған.

«**БАС САРДАР**» – аңыз-әңгіме. 1989 ж. Шыңжан халық баспасы шығарған «Қабанбай батыр» деген кітапта алғаш рет жарияланған. Одан кейін «Абылай хан» атты жинақта жарық көрген («Жазушы», 1993). Авторы – Зейнолла Сәнік. Шығармада Абылай хан болғаннан кейін Қабанбайдың ерлігіне сүйсініп, оны «Бас сардар» деп атағаны жайында айтылады.

Н.Ақбай

«**БАСТАУЫШ МЕКТЕП**» – журнал. Бұл ғыл.-әдістемелік, пед. басылым алғашқы кезде «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасы ретінде шығып, 1994 жылдан бастап дербес басылымға айналды. Басты мақсаты – жас ұрпаққа заман талабына сай оқытушылардың мақалаларын жариялап, білім беру ісін жетілдіру. Сонымен қатар мұғалімдерге ғылыми-әдістемелік тұрғыдан көмек көрсету. Педагог ғалымдардың тәжірибелерін көпшілікке таныстырып, айналымға енгізу. Басылым айына бір рет 3 баспа табақ көлемінде жарық көреді. Таралымы 9000 дана. Бас редакторы – С.Қ.Елубаева. Журналда А.Сейдімбековтің

«Уәлиұлы Абылай хан» атты мақаласы жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

БАСТЫ ШАЙҚАС – соғысушы жақтар әскери күштерінің соғыс нәтижесіне ықпал еткен ең ірі қарулы қақтығысы. Б. ш-тар бүкіл бір елдің тағдырына да әсер еткен. Мыс., 1223 жылғы Қалқа өзені бойындағы шайқас Ресейде Шыңғыс хан империясы үстемдігінің орнауына негіз қаласа, 1380 жылғы Күлік шайқасы Алтын Орданың ыдырауына түрткі болды. 1729/30 жылғы Аңырақай шайқасы ұлан-байтақ қазақ жерінің жоңғар басқыншыларынан тазартылуына әкелді. Майдандағы қарсылас екі жақтың бірін стратегиялық ірі табыстарға жеткізетін, соғыс барысы мен оның кейінгі нәтижелерін айқындайтын осындай шайқастардың ең маңыздылары Б. ш. деп аталды. Әскери өнердің бұқаралық сипат алуына (18 ғ-дың соңы–19 ғ-дың басы) және дамуына байланысты Б. ш. стратегиясы бірте-бірте бұрынғы өз мәнінен айырыла бастады.

Б.Құрманәлиев

БАТУ, Б а т ы й, С а й ы н х а н (1208–1255) – Алтын Орданың негізін қалаған хан (1227–55), қолбасшы. Шыңғыс ханның немересі, Жошының екінші ұлы. Шешесі – қоңырат Елші ноянның қызы Кочу хатун. Б. 1227 ж. Жошы өлгеннен кейін Шыңғыс ханның ұйғарымымен әкесінің ұлысына хан болды. 1229 ж. Үгедейді моңғол империясының ұлы ханы сайлаған Қарақорымдағы Құрылтай жиналысына қатысты. 1236–42 ж. біріккен ұлы хандық әскерінің Русь пен Шығыс Еуропаға жорығына қолбасшылық етті. Жошы ұлысын Ертістен Дунайға дейінгі байтақ өлкені алып жатқан Алтын Орда мемлекетіне айналдырды. 1251 ж. Онон өз. бойында өткен Құрылтай жиналысында Б-дың қолдауымен Мәнке ұлы хан болып сайланды. Б-дың 26 әйелі, Сартақ, Тоқан, Әбукан, Улақшы есімді 4 ұлы болған. Б. Еділдің сағасындағы (Ахтуба алқабы) аралдарының бірінде орналасқан Сарай қ-нда жерленген.

Әдеб.: Греков Б. Д., Якубовский А. Ю., Золотая Орда и ее падение, М.-Л., 1950; Рашид ад-Дин, Сб. летописей, т. 1–3, М.-Л., 1952–56; Әбілғазы, Түрік шежіресі, А., 1992; Утемиш-хаджи, Чингиз-наме, А.-А., 1992.

А.Махаева

БАТЫР (парс. бәһадур – ержүрек, батыл, батыр) – әскери өнерді жақсы меңгерген, жау түсірер ерлігімен аты шыққан, қаһарман адамға берілетін құрметті атақ. Б. атағы мирасқорлық жолымен берілмейді, оған әрбір адам жеке басының ерлігімен ие болады. Б-ларды қазақ халқы ежелден құрмет тұтқан. Көшпелі халықтарда бүкіл өмірі соғыста өтетін, соғыс ісі атадан балаға жалғасқан негізгі кәсібі болған, мемл. билікті қолына ұстаған қоғамдық топ – әскери ақ-



сүйектер болды. Осы топта соғыс ісінің тәжірибесі жинақталып, әскери өнер дамып, қару-жарақ жасаудың, оны қолданудың биік деңгейі қалыптасты. Б-лар көбіне осы әлеум. жіктің өкілдері арасынан шықты. Олардың бар өмірі елдің қонысын кеңейту, халықты жаудан қорғау жолындағы жорықтарда өткен. Ел үшін жанын қиған Б-лардың есімі ел ұранына айналып, халық олардың аруақтарына табынған. Ата-бабаларынан бері қарай Б. атанып келе жатқан, ауыр жараланса да ұрыс даласын тастамағандар қара Б. не кара берен Б., қауіп-қатерді елемей, ұрысқа жалғыз кіріп ерлік көрсеткен адам жеке Б. атанған. Қазақтың қаһармандық эпостарындағы Алпамыс, Ер Тарғын, Қобыланды, Қамбар, т.б. – жауына жалғыз аттанған осындай Б-лар. Талай рет қақпа бұзып, жау қамалына ойран салған ерлерін қазақ «қамал бұзған қас батыр» деп мақтан еткен. Бағзы заманнан қазақтың көптеген Б-лары жеке басының ерлігімен қатар жыраулық қасиетімен де дараланған. Қазтуған, Марғасқа, Жиымбет, Шалкиіз секілді от ауызды, орақ тілді ақындар – осындай Б-лар. Қазтуған өзі туралы: «Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт, Кіндігімді кескен жұрт, Кір-қоңымды жуған жұрт, Қарағайдан садақ будырып, Қылшанымды сары жүн оққа толтырып, жанға сақтау болған жұрт» десе, Шалкиіз: «Күлікке тастай болып тимесе, Үстіме көбе сайлап кимен-ді, Дулығамның төбесі, Туған айдай болмаса, Батыршылық сурмен-ді» дейді. Марғасқа жырау – еңсегей бойлы ер Есімнің батырларының бірі болса, ал Абылай ханның батырлары Бөгембай, Қабанбай, т.б. болған; қ. *Батырлық*

Әдеб.: Б а й ж а н о в Т., Қазақ тіліндегі әскери лексика, А., 1991; А х м е т ж а н Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Т.Байжанов, Қ.Ахметжан

БАТЫР Қайыпұлы (Батыр Мұхаммед сұлтан) (т.ж.б. – 1771) – 18 ғ-дағы белгілі қазақ сұлтаны, 1748–1771 ж. Кіші жүздің әлім тайпасы руларының ханы. Шығу тегі былайша беріледі: Жәнібек хан, одан Жәдік сұлтан, одан Шығай хан, одан Есім хан, одан Сырдақ сұлтан (кей әдебиеттерде Құдайменде сұлтан), одан Құсрау сұлтан, одан Қайып хан, одан Батыр сұлтан. Бұхара қаласында оқып, тәрбиеленген. 1728 ж. өлтірілген Хиуа ханы Шерғазының қызына үйленіп, біршама уақыт Хиуа тағында отырған. Ондағы билігі бірнеше айға ғана созылған. Қазақ–жоңғар соғыстарында жеке батырлығымен және қолбасшылық қабілетімен ерекшеленген. 1731 ж. Ресей бодандығын қабылдады, бірақ өзінің саяси мақсаттарына жету үшін жоңғарлармен де жақындасады. Б. сұлтан 1730 ж. басына дейін Әбілқайыр ханның жақтасы болып келсе, одан кейін оның басты қарсыластарының бірі болады. Әбілқайыр ханға қарсы Барак сұл-

танмен жақындасады. 1748 ж. Әбілқайыр ханның қазасынан кейін Кіші жүзге хан болуға күш салады. Әбілқайыр ханның орнына хан болған Нұралыны мойындамай, 1748 ж. қазан айының 15-і күні әлімұлының шекті, қарасақал, шөмекей, төртқара руларының билері мен басшылары Батыр сұлтанды хан етіп сайлайды. Бірақ оның билігін Ресей танымайды. 1750–60 ж. Батыр сұлтан Орта Азия аумағындағы хандықтармен бейбіт қарым-қатынастар жасасады. 1771 ж. Сырдың төменгі ағысы бойындағы өз Ордасында жасы келіп қайтыс болады. Артында Құдайменде, Қайып, Тоқтамыс, Қарабай және Бөрі атты бес ұлы қалады. Батыр сұлтанның ұлдары Қайып, Бөрі және Қарабай Хиуа хандығының саяси тарихында үлкен рөл атқарады. Олар 1747–58 ж. Хиуада хан болған.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. (Сборник документов и материалов) Издательство Академии Наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1961.; Ерофеева И.В. Казахские ханы и ханские династии в XVIII–середине XIX в. Мына кітапта: Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. А., 1997.; Фирдаус ал-икбал. Мына жинақта: Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин. Издательство «Наука» Казахской ССР. Алма-Ата, 1969. – 652 с.; Қият А. Төрелер шежіресі. I том. Орал, 2011.

Б.Кәрібаев

БАТЫРБАСЫ – түркі халықтарында ертеде қолданылған әскербасылық атақ, мықты батырлардан іріктелген арнаулы әскери жасақ басшысы. Б. әскери дәреже ретінде 18–19 ғ-ларда Бұхар, Қоқан хандықтарында қолданылды.

БАТЫР ҚОНТАЙШЫ, *Эрдени Батурхунтайжди* (т.ж.б. – 1654, кейбір деректерде 1660) – Жоңғар хандығының негізін қалаушы, оның алғашқы билеушісі. Әкесі Қаракұланың (Хара-Хула) саясатын жалғастырып, өзіне бағынғысы келмеген ойрат ақсүйектерінің қарсылығын басуға көп күш салды. Билік үшін күресте жеңіліске ұшыраған Гуши хан 1635 ж. Жоңғариядан Кукнорға кеткен соң, ойрат тайпаларына жалғыз өзі билік жүргізді. Ол осы жылы Қазақ хандығына шапқыншылық ұйымдастырып, бейбіт жатқан қазақ ауылдарын қасіретке ұшыратты. Жәңгір ханды тұтқынға түсірді. Ресейге бірнеше рет елші жіберіп, онымен астыртын тіл табысуға тырысты. Сөйтіп, жүз жылға созылған қазақ-жоңғар соғысының тұтануына түрткі болды. 1640 ж. қыркүйекте маньчжур шапқыншылығына тойтарыс беру, шашыраңқы ойрат қалмақтарының басын қосу және көшпелі өмірге негізделген заң ережелерін қабылдау мақсатында құрылтай жи-

ынын өткізді. 1643 ж. 50 мың әскермен Жетісуға басып кірді. Бірақ Орбұлақ шайқасында (кейбір деректер бойынша, Қарқара асуы маңындағы шайқаста) саны аз қазақ жасақтарынан жеңіліс тапты. 1647 ж. Б. қ. мен Жәңгір хан уақытша бейбіт келісім жасасты.

Әдеб.: З л а т к и н И. Я., История Джунгарского ханства (1635–1758), М., 1964; Б и ч у р и н Н. Я., Исторические обозрения ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени, Элиста, 1991; М о и с е е в В. А., Джунгарское ханство и казахи, XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Л е в ш и н А. И., Описание киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Г а л и е в В. З., Хан Джангир и Орбулакская битва, А., 1998.

С. Рүстемов

«БАТЫРЛАР ЖЫРЫ» – жинақ. Осы атты сериямен жарық көрген кітаптардың 6-томы. Тарихи өлең-толғаулар мен дастандардан құралған. 2008 ж. «Сардар: Әскери әдебиеттер кітапханасы» сериясымен «Жазушы» баспасынан шыққан. 288 бет, таралымы 2000 дана. Құрастырған – Е. Дүйсенбайұлы. Бұл том жоңғар шапқыншылығынан ел қорғаған Ер Абылай хан мен оның сайыпқыран сарбаздары жайындағы ең таңдаулы жыр-дастандардан құрастырылған. Жинаққа Ш. Уәлихановтың «Абылай» тарихи очеркі С. Ақтаевтың аудармасымен, Бұқар жырау Қалқаманұлының «Бұқарекең жырлайды», «Ашуланба, Абылай», «Ай, Абылай, Абылай», «Батырдың өтті – Бөгембай», «Күнбатыстан бір дұшпан», «Хан Абылай бұйырды», «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда...», т.б. толғаулары, Шәді төре Жәңгірұлының Абылай туралы «Тарихат» дастаны, белгісіз автордың «Абылай хан», Көкбай ақын Жанатайұлының «Сабалақ» («Абылай хан»), М. Жұмабаевтың «Батыр Баян», Мәжит Айтбаевтың «Абылай» дастандары енген. Соңында шығармаларға библиогр. түсініктер берілген.

Қ. Сәлімбайқызы

БАТЫРЛЫҚ, қ а н а р м а н д ы қ – дәстүрлі қазақ қоғамында болған ерекше әлеуметтік топ – батырларға тән қасиеттер мен өмір салты. Қазақ батырларының әлеум. ерекше топ ретінде өзіндік мұраты, қоғамдық қызметі, соған сай өздеріне тән салт-дәстүрі, басқа қоғамдық топтармен арақатынасын реттейтін этикасы, т.б. ерекшеліктері болған. 1) Олардың ең басты ерекшелігі – тек әскери кәсіппен айналысу болған. Батырлар елді басқыншылардан құтқаруды, тұтқында кеткен отандастарын азат етуді, жау қолынан қаза тапқан ата-баба кегін қайтаруды өмірлік мақсат тұтыған; 2) олар үшін әскери іс ата кәсіп саналған, әкеден балаға мұра болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан әскери кәсіппен айналысуға міндетті деп есептелінген. Батырлық жырлардағы Ер Қосай, Едіге, Ер Тарғын, 17–19 ғ-

лардағы Райымбек, Бөгембай, т.б., батырлар тұқым қуалаған батырлар болғандықтан, оларды «шынжырлы тұқым» деп атаған. Мұндай батырларды бала кезінен әскери өнерге баулып, 13–15 жасынан-ақ шайқастарға қатыстырған. Қазақ тарихындағы Ерасылдың Қабанбай, Дарабоз; Әбілмансұрдың Абылай; Еспембеттің Адақ аталуы, Ағыбай батырдың есіміне Ақжолтай атының қосылуы – көне дәстүрдің жалғасы. Әскери әулеттен болғандықтан батырлар алғашқы ерлік жолын көбіне соғыста өлген әкесінің, туысының кегін алудан бастаған. Мыс., қазақ жырларындағы Ер Қосай, Тұяқбай, Қабанбай батырлардың ерліктері әке кегін қайтарудан басталған. Өке кегін қумау батыр үшін ұят; қазақ батыры Ер Қосай ата кегін қайтармайынша қалыңдығына үйленуден, жар төсегіне жатудан бас тартқан. Артында ұл болмаса, кек алу қызына да міндет болған. Батырлар ата кегін қууды кең ұғымда, жалпы халықтың, елдің кегін қуу мағынасында да түсінген; 3) әскери кәсіптің басты мақсаты елді сыртқы жаудан қорғау және ішкі тәртіпті сақтау болғандықтан, ел мен мемлекет билігі де солардың қолында болды. Басқа елдердегідей, көшпелі халықтарда да хандар, әміршілер, ел билеушілер батырлар әулетінен шыққан, осы қоғамдық топтың өкілі болған. Кейін хандық тақ бір әулеттің ұрпағына мұрагерлікке қалғанмен, бұл байланыс жойылған емес. Шыңғыс хан, Әмір Темір, Едіге, Мамай, Абылай, Кенесары, т.б. батыр болған және батырлар әулетінен шыққан. Олар өздерінің жұрттан асқан ерлігінің, Б-ғының арқасында билеушілік дәрежеге көтерілген. Тарихта ханның батыр, батырдың хан болуы жиі кездеседі. Көшпелілер ханда елдің құты болады деп, елдің амандығын ханмен байланыстырып, ерекше батыр адамды қадір тұтқан, хан көтерген. Өз билеушісіне сенімді болу білу – Б. қасиеттердің бірі. Айқас кезінде атынан айырылған Абылай ханға қаптаған жаудың қыспағында қалса да, түсе қалып, атын берген Жәнібек батыр сияқты сенімді серіктер қазақ тарихында көп кездеседі. Әйгілі батырлар ханына құлдық ұра бермей, қажет болғанда ханның қателігін бетіне айтып, дұрыс бағыттан адаса жолға салып, онымен терезесін тең ұстаған. Ақылды хандар батырлардың еңбегін бағалап, сыйлап, қажет болса көмек жасап отырған; 4) батырлар меншік иелері болған. Олардың меншігіне қалалар, елді мекендер, ұлыстар, аймақтар қараған. Бұл меншікке батырлар мұрагерлікпен не әскери қызметі нәтижесінде иелік еткен. Ер Тарғын ноғай елін қалмақтардан қорғап қалғаны үшін ноғайдың ханы Ханзададан бес жүз ауылды, Үш Тарғын деген тауды иелігіне алып хан болса, Өз Жәнібек хан көрсеткен ерлігі үшін Асанұлы Абат батырға Жем бойын берген, «тар-

БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАР

хан» дәрежесіне қоса Шақшақ Жәнібек батыр Торғай өңірін иелікке алған. Жаудан олжа түсіріп, әміршілерден сый-сыяпат көрген батырлардың бәрі бірдей байлық иесі болмағанын да айта кету керек. Олардың арасында да байы, орташа ауқаттысы, кедейі болды; 5) батырлардың өздеріне тән жауынгерлік этикасы, адамгершілік ережесі, діни ырымдары мен салттары болған. Қазақ батырлары алғашқы жорыққа аттанарда, Б. жолына түсерде әулиелерге сиынып, атақты батырлардан не әке-шешелерінен бата алып шыққан. Жауынгерлер қару-жарағын, киімдерін өз руларының, өз әулеттерінің тотемдік бейнелерімен әшекейлейтін болған. Ата кәсіп ұрпаққа жалғасатындықтан, батырлар әулетінің қару-жарағы атадан балаға мұра болып, егер мұрагері қалмаса, батыр өлгенде қаруын бірге жерлеген. Үлкен аяқастар әрқашан жекпе-жекпен басталатындықтан, жекпе-жекке шығу батырлардың басты міндеттерінің бірі саналған. Жауынгердің шын мәніндегі батыр атануы осы жекпе-жекте жеңіске жетуден басталған. Мыс., жас Абылайдың жоңғар батыры Шарышқа жекпе-жекке шығып, жеңіске жетуі. Б-тың тағы бір белгісі өлімге деген көзқарасының басқалардан өзгеше болуы. Жай адам үшін өлім ғұмырының аяғында келуге тиісті болса, қыршын өлімді ел мен жер үшін болған шайқас үстінде қабыл алуға тәрбиеленген батырлар үшін өлу өкініш емес, тек соғыста өлмеу өкініш. Елінің, өзінің намысы үшін, ханы үшін, әскери парызын өтеу үстінде жан кию – даңқ, нағыз Б. өлшемі. Өлімге мұндай көзқарас көшпелі халықтарда батырлық рухты тәрбиелеудің бір шарты болған.

Қ.Ахметжан

БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАР, б а т ы р л а р ж ы р ы – ауыз әдебиетіндегі ең көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. Б. ж. халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеум. қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді. Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын бір қаһарманға теліп жырлап беру тән. Б. ж-дың осы өзгешелігіне байланысты ғыл. ортада көптен бері түрлі тұжырымдар орын алып келеді. Ресейлік зерттеушілер (Б.А.Рыбаков, Р.С.Липец, т.б.) және кейбір қазақ ғалымдары (Ә.Марғұлан, Ә.Қо-

ныратбаев, т.б.) эпостық жырлардағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға сүйене отырып, жыр мен тарихтың жақындығын тілге тиек етсе, енді бір топ ғалымдар (В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов, т.б.) эпостың нақты тарихи оқиғаларға қатысы жанама түрде ғана көрінеді деген пікірді алға тартады. Соңғы кездері, эпостық жырларда тарихтың да, көркемдік шарттылықтың да белгілі бір дәрежеде орын алатынын, бұл екеуінің үнемі бірге әдіптеліп отыратынын негіздеген зерттеулер жарыққа шықты (В.П.Аникин, В.М.Гацак, Р.Бердібаев, Ш.Ыбраев, т.б.). Қазақ эпосын пайда болған дәуіріне қарай топтастыру үлгісін Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, В.Радлов, Ә.Диваев, А.Байтұрсынов зерттеулерінің тәжірибесіне сүйеніп Марғұлан ұсынған болатын. Ол эпосты бес салаға бөлсе, кейіннен Қоңыратбаев эпосты он салаға бөледі. Қаһармандық эпос тарихтағы оқиғалардың халықтық тұрғыдан бейнеленген, оның халық санасындағы көркем тілмен баяндалған шежіресі қызметін атқарады. Б. ж-дың ға-сырлар бойы қалыптасқан көркемдік дәстүрі бар. Оны жыр құрылымынан да, оқиғалардың орналасу ретінен де, кейіпкердің бастан-аяқ атқарған ісіндегі бірыңғай тектестіктен де көр уге болады. Халық ұғымында жамандықты жақсылық, жауыздықты қайырымдылық, зорлықты әділдік жеңу – батырдың ерлігімен болатын іс. Ол кезең – айрықша қаһармандық дәуір, батырлар заманы. Қазақ халқының Б. ж-ы туралы алғаш зерттеулер жазып, жарыққа шығарған ғалымдар Уәлиханов, Радлов, Потанин, И.Н.Березин, Диваев, Т.Беляев, И.Мелиоранский, Г.Сабдуков, Н.Н.Ильминский, Ж.Шайхисламов, т.б. болды. 20 ғ-да С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.С.Смирнова, т.б. ғалымдар қазақ эпосының халықтық сипаты, идеясы, көркемдігі туралы зерттеулер жазып, қазір көпшілікке таралып кеткен батырлық жырларды жариялады. 1950–60 ж. тұңғыш рет эпостың ғыл. мәтінін жариялау жұмысы жүзеге асты. 20 ғ-дың 60-жылдарынан бастап қазақ Б. ж-ын жаңа қырынан зерттеуге Қоңыратбаев, Бердібаев, Т. Сыдықов, С. Садырбаев, Қ. Сыдиықов, С.Қасқабасов, О. Нұрмағамбетов, Ш. Ыбыраев, т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты. Олардың еңбектерінде Б. ж-дың жанрлық ерекшеліктері, варианттары, құрылымы, поэтикасы, тұтастануы, типологиясы, генезисі жан-жақты қарастырылды. Б. ж-дың әдебиетке, ұлттық кәсіби өнер жанрларының қалыптасуына әсері ерекше болды. Мәселен, батырлық эпостар сюжетінің негізінде Ж. Жабаев «Сұраншы», «Өтеген» жырларын шығарған. Драматургия саласында «Қаракыпшақ Қобыланды» (Әуезов), «Арқалық батыр» (Ж.Шанин), т.б. пьесалар жазылып, «Абы-

лай хан» (Е. Рахмадиев) опералары қосылды, «Батыр Баян» кинофильмі түсірілді.

Әдеб.: Маргулан А., О характере и исторической обусловленности казахского эпоса, «Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая», 1946, №2, с. 75–80; Фабдуллин М., Сыдықов Т., Қазақ халқының батырлық жыры, А., 1972; Бердібаев Р., Қазақ эпосы, А., 1982; Ыбыраев Ш., Эпос әлемі, А., 1993.

Ш.Ыбраев

БАУБЕК – би, Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шаукан, Байтоқа, Ток баһадүр, Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 451-бет; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

БАЯН Қасаболатұлы (шамамен 1710/15–1757) – батыр. Алғырлығы, тапқырлығымен Абылай ханның ерекше құрметіне бөленген. Қазақ-жоңғар шайқастарына қатысып, «батыр Баян» атанған. Б. қалмақтарға қарсы шайқастардың бірінде ағасы Сарымен бірге қаза табады. Батырдың ерлігі М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында жырланған. Б. жөнінде осы аттас кинофильм (реж.

С.Тәукелов, 1993) түсірілген. Бейіті Қарағанды обл., Қарқаралы ауд. Шекелек зиратында. Б. батырдың ұрпақтары Солт. Қазақстан обл. Булаев ауд.-нда тұрады.

Қ.Ерғазы

БАЯНАУЛА, ҚАЗЫЛЫҚ – ел аузында сақталған қалмақ жырының үзіндісі делінеді. Жоңғарлар 17 ғ.-да басып қалып, «үш ата» уақыт (шамамен 70 жылдай) қоныс қылған Баянаула, Қу, Қарқаралы, Мыржық, Кент, Қызыларай өңірінен кимай көшіп бара жатқанда шығарған. «Қайранда-қайран, қайран тау, Пайдаң маған тиген тау, Үш атамыз өткен тау, Үш мың қара біткен тау, Баян бір аула, Қазылық, Жолшы жатыр жазылып, Жазғытұры көшкенде, Қалушы едің қара жол Қабырғадан қазылып. Күзгітұры қонғанда, Жатушы едің жазылып...» деп келеді.

З.Тайшыбай

БАЯНАУЛА ТАУЛАРЫ, Сарыарқаның солт.-шығыс бөлігінде, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. аймағына қарайды. Батыстан шығысқа қарай 40–50 км-ге, солт.-тен оңт.-ке қарай 20–25 км-ге созылып жатыр. Абс. биікт. 600–1000 м, ең биік жері – Ақбет тауы (1026 м). Қарағайлы-қайыңды-теректі ормандар, көлдер қоршаған, табиғаты аса көркем. Б.т. төңірегінде Абылай ханның өміріне қатысты көптеген оқиғалар өткен. Жоңғар қалмақтарына қарсы жорыққа шығарда Орта жүз батырлары осы жерге жиналатан болған. Олжабай Нұралыұлының «Сабалақ-Абылай хан» жырында 1734 ж. Баянаула тауларының арасындағы Сабындыкөл көлінің жағасында Үш жүздің қазағы Абылайды хан сайлағаны айтылады. Б.т. – 1756 ж. қыркүйек айында Ертістен өтіп, қазақ даласына баса көктеп кірген шүршіт (Қытайдың манчжурлардан жасақталған жалдамалы армиясы) әскерлерімен қазақ жасақтарының үлкен ұрысы болған аймақ. Мұндағы Жасыбай к-нің жағалауында Көл батырдың есімімен аталған. Жасыбай батырдың бейіті сақталған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 219-б.; Ахметов Қ. // «Қазақстан» ұлттық Энциклопедия., 2-том, 1999, 214-б.

З.Тайшыбай

«**БАЯНАУЫЛ**» – кітап. Авторы – Ж.Артықбаев. 2009 ж. «Фолиант» баспасынан жарық көрген. Көлемі 312 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап қасиетті қазақ даласындағы таңғажайып табиғатымен дараланатын өлке – Баянауылдың табиғатын, тарихын оқырман қауымға паш етуге арналған. Сондай-ақ «Арқаның қас маңдайы» атанған алтын аймақтың тарих тереңінен тамыр тартатын шежіре-сыры да мол екендігі автордың тіліне тиек болған. Сонымен қатар арғы заманда белгілі би-шешен, айтулы ақындар мен батырлар туған



Баян Қасаболатұлы

БАЯНБАЙ БАТЫР

өңірден бертінде берісі алашқа, әрісі адамзатқа аян ғұлама ғалымдар шоғыры өсіп шыққандығы да ұмыт қалмаған. Бір сөзбен айтқанда, Баянауыл – қай қырымен де ерекше, топырағы асыл, талай талант тудырған құнарлы өлке екенін жеткізеді. Аталмыш кітапта киелі мекеннің осынау барша ерекшеліктері, ел мен жердің бай шежіресі нақты деректер арқылы жүйелі баяндалады. Кітаптағы «Қымбат болды қазаққа қалмақтан қайта жер алмақ...» атты тақырып аясында қазақ халқының, соның ішінде Баянауыл өңірінің 18 ғ-дағы тарихына шолу жасалады. Шолуда 1734 ж. Абылайдың Баянаула баурайында Орта жүзге хан сайланғаны жөніндегі деректі пайдалана отырып, оқырманға қызықты етіп баяндайды. Сонымен қатар аталмыш мақалада 1756 жылдың күзінде Қытай әскерлерінің негізгі топтарының бірі Баянның бір шетіне, қазіргі «Шүршітқырылған» тауларына дейін баса көктеп енгені жөнінде және оларға Абылай бастаған қазақ сарбаздарының ойсырата соққы беріп, бетін қайтарғаны туралы деректерді алға тартады.

К.Қошым-Ноғай

БАЯНБАЙ БАТЫР (1709–1767 ж.ш.) – Абылай ордасының белгілі қолбасыларының бірі. Талқы, Күркілдек, Ебі, Еміл, Айдынсу, т.б. жерлерде болған соғыстарға қағысқан. Қазақ – жоңғар, қазақ – қытай қатынастарына Қазақ хандығының беделді тұлғасы ретінде араласқан. Б. б. бейнесі Бұқар, Үмбетай, Жанұзақ, т.б. жыраулардың туындыларында сомдалған.

Ә.Хасенов

БӘЙТЕРЕК – батыр. Б. ағасы Есен батырмен бірге шеркеш, адай сарбаздарынан жасақталған он мың ержүрек жігіттерімен 1745 ж. Абылай хан әскерінің қатарына қосылған. Б. батыр қандайда қиын ұрыстарда жеңіске жетудің шебері, сарбаздарын алымды, алғыр етіп тәрбиелей білген. Әрбір сарбаздың жасынан қылышпен қиып түсуге бейімдігі сынақтан өтеді. Қайрат, күш, шапшаңдық, қорғанудағы шеберлікте қате болмайтындай, бүкіл жаттығу сапасы арқылы іріктелген. Найзагерлер тобы да осылай тәулік бойына дайындықта болған. Ат, ер-тұрман, сауыт-сайман жаттығу сағаттарында мүлтіксіз ұрыс қимылдарына дайындалған. Абылай хан Б-тің әскери тобын «Қаңлы» деп атандырып, майдан даласындағы шұғыл, тосын шабуыл арқылы дұшпандарын жайратып салатын құрама деп бағалаған.

Қ.Нұрбағи

БӘЙТЕРЕК – аталық, Кіші жүз, байұлы-алшын, Нұралы ханның арқа сүйер билерінің бірі. 1748 ж. 21 қыркүйекте «Нұралы сұлтан қасына 400-дей адам ертіп келді. Олардың арасында алшын-алтай Ақкісі би, алаша-алтай Б.а., жаппас Баймұрат,

шектегі Бақтыбай, Көбек мырза, Керейт руынан Көшімқожа, Машқар руынан Жәдік би бар» деген дерек сақталған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 168-б.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

З.Тайшыбай

БӘСЕНТИН – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі арғын тайпасының Жеті Момын тармағынан таратылады. Ақмайдан, Бекмайдан, Тоқмайдан, Ақтілес, Күшік, Қарабұжыр, Апай, Бөрі, Сырым аталарына бөлінеді. Б. руынан Абылай ханның сенімді серігі Малайсары батыр және оның қарындасы Гауһар батыр, Жасыбай батыр, Сырымбет батыр сияқты тұлғалар шыққан. Б-дер 19 ғ-дың орта кезінде бес болыс ел болған. Ұраны – «Барлыбай». Таңбасы – ойық, тілік.

Ә.Барлыбай

БЕГАЛЫ СҰЛТАН (т.-ө.ж.б.) – Кіші жүз ханы Нұралының баласы. Ханның Ресейдегі аманаты болды (1760–63). Кейін әкесінің әр түрлі тапсырмаларын орындады. 1771 ж. Санкт-Петербургте болып, Екатерина II-ге әкесінің хатын тапсырды. 1792 ж. Б. с. канцлер А. Безбородкадан өзінің қол астындағы қазақтарды бағыныштылықта ұстау үшін Жайық өз. бойынан, Сахаровск қамалына жақын жерден бау-бақшалы үй салып беруді өтінді. 1815 жылғы құжатта Кіші жүздің алаша руын басқарғаны аталады.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Е.Уәлиханов

БЕГАЛЫ СҰЛТАН МЕН ТОҚТА СҰЛТАН ЕЛШІЛІГІ – Орта жүз ханы Уәлидің Шың (Цин) императорына жіберген елшілігі (1803). Бұл елшіліктің жіберілуі екі ел арасындағы саудасаттық істердің дамуына жағдай туғызу және Қытай секілді іргелі елге арқа сүйеу арқылы өздеріне қауіп төндіре бастаған Ресей империясына қарсы тұру қажеттігінен туындаған еді. Уәли ханның баласы Бегалы сұлтан мен Тоқта сұлтан бастаған елшілік Шың императорының жазғы тұрағы Пейшушанжонда қабылданды. Бірақ 19 ғ-дың басында қазақ даласында қалыптасқан саяси ахуал екі жақты қарым-қатынастың дамуына жол бермеді. Дегенмен Абылайдың баласы Уәли хан 1809 ж. өзінің інісі Досалы мен Баласы Сарыбай сұлтандар бастаған 16 кісіні Шың императорының мерейтойына арнайы жіберген.

Әдеб.: М ұ қ а м е т қ а н ұ л ы Н., XVIII–XX ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары, А., 1996.

БЕК – ежелгі түркілер мемлекетінде қолбасшылық дәрежесін білдірген әскери шен, атақ. Түрік

қағанаты заманынан бері қолданылған. Б-тердің бір бөлігі түркі қоғамында сот билігін атқарушы, салық жинаушы, т.б. саяси-әкімш. істерді басқарды. Сөйтіп, Б. лауазымы кейде «аймақ басшысы» лауазымын білдірсе, енді бірде ру мен тайпа көсемдері ретінде қолданылған. Шыңғыс хан әскеріндегі жүздік, мыңдық, он мыңдық қолды басқарғандар Б. деп аталған. Б. атағы Орта Азия мемлекеттерінде (Бұхар, Хиуа) 1917 жылға дейін иналшық (ханның уәкіл-әкімі) пен аталықтан кейінгі атак болды. Қазақ хандығында да Б. лауазымы жүздің, тайпаның, рудың әскерін басқаратын қолбасшыға, батырлығымен не ақыл-парасатымен үлкен беделге ие болған тұлғаға берілген. Кейін 15 ғ-дан бастап Б. атауын «би» сөзі ығыстырып шығарды.

Әдеб.: Б у д а г о в Л.З., Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, 1 т., СПб., 1869; Х а р а – Д а в а н Э., Чингиз-хан как полководец и его наследие, А.-А., 1992.

Қ.Ахметжан

БЕКАРЫСТАН Амалдықұлы (1765, Қызылорда обл. Қазалы ауд. – 1858, Қарақалпақстан, Мойнак ауд.) – би. Ел арасында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда Жанқожа батыр жорыққа аттанар алдында Б-ға барып, сәлем беріп, ақылдасып отырған. Абылай ханның ұлы Жанғозы сұлтанды жалғыз ауыз сөзбен тоқтатқан шешендігі, түрікмен барымташыларын садақтың жалғыз оғымен сескендірген айбары туралы ел арасында «Бір ауыз сөзбен ханды қайырған, жалғыз өкпен жауды қайырған жайсаңым-ай» деген қанатты сөз де сақталған. Қызылорда обл.-ның Қазалы ауд.-нда Б. би атынд. ауыл бар.

БЕКБОЛАТ ЕКЕШҰЛЫ МЕН БАЙДӘУЛЕТ БӨРІҰЛЫ ЕЛШІЛІГІ – Қайып ханның 1716 ж. қыркүйекте Сібір ген.-губернаторы М.П. Гагаринге жіберген елшілігі. Хан бұл елшілікке өзінің Ресеймен бейбіт қарым-қатынаста болуды, жоңғарларға қарсы бірлесіп күресу жөніндегі келісімге келуді қалайтынын Тобылдағы Ресей өкіметі органдарына жеткізуді тапсырды. Сонымен бірге елшілік Қайып ханның екі ел арасындағы қарым-қатынасқа нұқсан келтіретін жағдайларды болдырмауға тырысатынын, Қазақ Ордасының Ресеймен сауда-сағтық жасауға мүдделі екендігін жеткізді. Бұл елшілікке жауап ретінде Гагарин 1716 ж. қазанда тобылдық бояр Н. Белоусов бастаған Ресей елшілігін Қайып хан ордасына жіберді.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVII веках. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Б а с и н В.Я., Русско-казахские отношения в XVI–XVII веках, А.-А., 1974.

А.Махаева

БЕКБОЛАТ Қазыбекұлы (т.-ө.ж.б.) – би. Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы. Әкесінен, Төле,

Әйтеке сынды қара қылды қас жарған әділ билерден тәлім-тәрбие алған. Абылай ханның жорық кезіндегі әскери істер жөніндегі кеңесшілерінің бірі болған. Бірде Б-тың кенже інісі байқамай Абылай ханның бір үйір жылқысын қолға түсіріп, айдап әкетеді. Мұны басынғандық деп түсінген ханның сақшылары оның мойнына арқан салып, хан алдына алып келеді. Інісінің соңынан келген Б. төрт ауыз сөзбен хан қаһарын тоқтатып, райынан қайтарыпты. Артынан бір тоғыз айыбын жіберіп, інісін босатып алған екен. Б-тың баласы Тіленші, немересі Алшынбай да би, шешен болған адамдар.

Әдеб.: Т ы н ы ш п а е в М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Казахско-русские отношения в XVI–XVII веках. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Қазақтың би-шешендері, А., 1993.

Қ.Ергазы

БЕКБОЛАТ Қанайұлы (шамамен 1714–1795) – би, шешен. Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Заманында әкесі Қанай, оның әкесі Тоқсейіт те бір рулы елді басқарған беделді адамдар болған. Б. жастайынан жер дауына, жесір дауына араласып, билік айтқан. Абылай ханның тапсыруымен Б. Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібекке еріп, Кіші жүзге де келген. Мұндағы дау да бітімгершілікпен аяқталған екен делінеді ел аузында.

Әдеб.: Т ө р е қ ұ л Н., Қазақтың 100 би-шешені, А., 1995.

БЕКМАХАНОВ Ермұқан (15.2.1915, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 6.5.1966, Алматы қ.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1946), проф. (1949), Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1962). Б. – Абылай ханнан тараған жетінші буын. Воронеж пед. ин-тын бітірген (1937). Пед. ғыл.-зерт. ин-тының (қазіргі



Е.Бекмаханов

Білім академиясының) ғыл. қызметкері, директоры (1937–40) болған. Соғыс жылдары Халық ағарту комиссариатының басқармасын басқарды, сонымен қатар Қазақстан КП ОК-нің лекторы (1941–46) болып қызмет істеді. 1945 ж. Тарих, археология және этнография ин-тының аға ғыл. қызметкері, директорының орынбасары, 1947–

БЕКМАХАНОВА

51 ж. Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) оқытушысы, проф., кафедра меңгерушісі болды. Алғаш рет 1944 ж. «Қазақ ССР тарихындағы» (А., 1943) Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы тараудың авторы ретінде әділетсіз сынға ұшырады. «XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан» атты кітабында (1947) Кенесары Қасымұлының көтерілісін (1837–47) қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бағалағандығы үшін саяси қуғын-сүргінге душар болды. 1952 ж. 25 жылға бас бостандығынан айырылып, жер аударылды. 1954 ж. ақталып шыққан соң, ҚазМУ-де (қазіргі ҚазҰУ) өзі ұйымдастырған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалды. Қазақстанның 18–19 ғ-лардағы саяси, әлеум.-экон. тарихы туралы терең мазмұнды бірнеше ғыл. еңбектер жазды. Ол сол еңбектерінде «Шиеленіскен халықаралық жағдайда Абылай бытыраңқы қазақ жерлерін өз қол астына біріктіруге тырысты. Қазақстанды басып алуға тырысқан көршілері – Россия, Қытай, Жоңғар мүдделерінің қайшылығын дұрыс пайдалана отырып, Абылай іс жүзінде елдің тәуелсіздігін сақтап қала алды», – деген тұжырымын жасады. Павлодар мемл. ун-тінің алдындағы алаңда қоладан бюст-ескерткіші (2003) орнатылды.

Шығ.: Қазақстан в 20–40-е годы XIX века, М., 1947; Присоединение Казахстана к России, М., 1957; Очерки истории Казахстана XIX в., А.-А., 1966.

Әдеб.: Бекмаханов Ермухан Бекмаханович. Библиография ученых Казахстана, А.-А., 1981; Козыбаев И.М., Историография Казахстана: уроки истории, А.-А., 1990.

М.Қозыбаев, Қ.Көшжанұлы

БЕКМАХАНОВА Наилия Ермұқанқызы (20. 11. 1940 ж.т., Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1978), проф., Халықар. славян академиясының корр. мүшесі (1994). Б. – Абылай ханнан тараған сегізінші



Н.Бекмаханова


буын. Мәскеу мемл. тарих-мұрағат ин-тын (1963), КСРО Тарих ин-ты Ленинград бөлімшесінің аспирантурасын (1966) бітірген. 1966–67 ж. Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археол. және этногр. ин-

тының кіші ғыл. қызметкері, 1967–70 ж. Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) аға оқытушысы болды. КСРО ҒА КСРО тарихы ин-тының аға ғыл. қызметкері (1970–90), ал 1990 жылдан Ресей ҒА-ның Тарих ин-тының Ресей халықтарының тарихы және этносаралық қарым-қатынастар проблемалары Орт-ның жетекші ғыл. қызметкері. Негізгі ғыл. еңбектері Қазақстанның тарихи демографиясы мен тарихи географиясы, саяси және әлеум.-эконом. тарихы мәселелеріне арналған. Соңғы 15 жыл бойы Мәскеу қ-ндағы Қазақ аймақтық ұлттық-мәдени автономия төрағасының 1-орынбасары, Ресей астанасында тұратын қазақтар арасында білім, тарих және мәдениетпен байланысты жобаларды, іс-шараларды ұйымдастырушылардың бірі. 300-ден аса ғыл. еңбектердің, соның ішінде 10 монографияның авторы.

Шығ.: Россия и Казахстан в освободительном движении последней четверти XVII – первой половине XIX в., М., 1996.

Н.Көбеева

БЕКМАХАНОВА Нүрия Ермұқанқызы (12.6.1946 ж.т., Алматы қ.) – парапсихолог, философ, филол. ғыл. канд. (1972). Абылайдың 8-ұрпағы. 1968 ж. ҚазМУ-ді (қазіргі ҚазҰУ), «КСРО халықтары әдебиеті» мамандығы бойынша аспирантураны бітірген соң 1968–78 ж. Орыс және шетел-



Н.Бекмаханова

дер әдебиеті кафедрасында оқытушы, 1978–81 ж. Жезқазған пед. ин-тында орыс тілі кафедрасының меңгерушісі болып істейді. 1981–85 ж. Қазақ КСР Оқу мин. жанындағы Ы.Алтынсарин атынд. пед.-ғыл. зерттеу ин-тындағы қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесі бөлімінде аға ғыл. ізденуші болып қызмет етеді. 1985–91 ж. Қыздар пед. ин-тында (қазіргі ун-т) сабақ беріп, ин-ттың ғыл. хатшысы міндетін атқарды. «Достық жолымен» атты монографиясы жарық көрді. Психология, жеке адамның шығарм. қабілеті мәселелеріне байланысты 150 мақаланың авторы.

Шығ.: Мифы. Магия. Наука, А., 2011.


Г.Ысқақова

БЕКНАЗАРҰЛЫ Таңыбай (1670, қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд. Мойынты–Киікті т.ж. ст-салары аралығы – 1755, сонда) – жоңғарларға қарсы азаттық соғысының батыры. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында, 1700–40 ж. Болат тауының маңында, Дуана өз-нің бойында жасак құрған. Кейін келе бес мыңдық қолды басқарып, үзеңгілес достары Тарақты Наймантай, Тобықты Қарамеңде, Тарақты Орақ, Тарақты Байғозы, өзінің жас інілері Керней Жарылғап, Есенаман Тобышақ, Орынбай батырлармен бірге, сол заманда жаулар жайлаған жерлер Шешенқара өңірін (Балқаш к-нің солт-батыс өңірі), Таятқан-Шұнақтағы Батпақсу өз. мен Қалмаққырылған аймағын, Ақкеліншек, Қаракеліншек, Қапал таулы мекендерін, Ешкіөлмес, Ойран жерлерін жоңғар қолдарынан азат еткен. Жасы 80-ге таяғанда жақын інісі, жас қыран Керней Жарылғап батырға ақ батасын беріп, қалың жасақты тапсырған.

Әдеб.: «Қазақ батырлары», №10, 2000, 6-б.

Б.Тобаяқов

БЕКХОЖИН Қалижан Нұрғожаұлы (15.12.1913, Павлодар – 2.10.1990, Алматы қ.) – ақын. Қазақстанның халық жазушысы (1986). Қазақ пед. ин-тын (1938, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Қазақ халқының тарихындағы дарынды тұлғалар туралы «Орман қызы»



Қ.Бекхожин

аталатын тұңғыш поэмасы (1938) респ. бәйге алды. «Кек» поэмасы (1940) Азамат соғысы жылдарындағы қазақ халқының ерлігіне арналды. Тарихи тақырыпқа жазылған «Ақсақ кұлан» атты поэмасында (1938) күй өнерінің құдіретін, қазақ халқының ерлік күресін суреттесе, «Батыр Науан» поэмасы (1940) – қазақтардың Ресей отаршылығына қарсы қаһармандық күресінің көркем шежіресі ретінде танылған шығарма. Пьесалары респ., обл. театрларда қойылды. «Ұлан асу» пьесасында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің қолбасшысы Абылай ханның ерлік жолы, өмірі шынайы суреттелген. Алматы және Павлодар қ-ның бір көшесі мен Павлодардағы №12 мектепке ақынның

есімі берілген. 2013 ж. Павлодар қ-нда Б-нің ескерткіші ашылды. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1978). Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен марапатталған.

Шығ.: Алты асқар. Таңд., 2 т., А., 1973; Шығ. жин., 3 т., А., 1982–84.

Әдеб.: Нарымбетов Ә., Қалижан Бекхожин, А., 1993.

Ә.Нарымбетов

БЕКШЕ БИ – Орта жүздің биі. Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиғангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Тоқ баһадүр, Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 451-б.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

БЕКШОРИН, Бекчурин Меңдияр (1740–1821) – елші, ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаушы. Ұлты – татар. Қызметін Орынбор ген.-губернаторының кеңсесінде «татар тілінің аудармашысы» болудан бастады (1750). Б. жарты ғасыр уақыт бойы Ресей өкіметінің түрлі дипломатиялық тапсырмаларын орындаумен шұғылданды. Осы мақсатта Орта жүз және Кіші жүз қазақтарына бірнеше рет сапармен келіп қайтты. 1778–79 ж. бірінші рет Тоғым сұлтанға Санкт-Петербургтегі император сарайынан шақыру әкеліп, екінші рет Ресей Сыртқы істер алқасы атынан арнайы грамота мен сыйлықтар тапсыру үшін Абылай хан ордасында болды. 1780–81 ж. Ресей елшілігін басқарып, қазақ даласы арқылы Орынбордан Бұхараға сапар шекті. Оның бұл саяхаты кезіндегі жазбалары «Шығыс жинағының» («Восточный сборник», 1916 ж.) 2-кітабында (275–321 бет) жарияланды. Б. 1790 ж. Орынбор мүфтиі Мұхамеджан Хұсайыновпен бірге Сырым Датовпен кездесуге, 1795 ж. Кіші жүз сұлтаны Есімді хан сайлауға қатысты. 1803 ж. Я.П.Гавердовский бастаған керуенмен Бұхараға барды. Б. 1817 ж. қазақтың «Барса келмес» ертегісін жазып алып, «Санкт-Петербургские ведомости» газетінде жариялады (1839, №17). 1819 ж. Коллегия кеңесшісі дәрежесінде Ресей елшілігімен Хиуада болды.

Әдеб.: Масанов Э.А., Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР, А.-А., 1966; Кононов А.Н., Библиографический словарь отече-

БЕКІНІС

ственных тюркологов. Дооктябрьский период, М., 1989; Г а л и е в В.Б., Караванные тропы (Из истории общественной жизни Казахстана XVII–XIX веков), А., 1994.

И.Ерофеева

БЕКІНІС, қ о р ғ а н, қ а м а л – тұрақты әскері, қару-жарағы бар, қажетті азық-түлік, т.б. нәрселермен қамтамасыз етілген, әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды, жау қоршауында қалған жағдайда ұзақ уақыт қарсыласуға мүмкіндігі мол әскери тұрақ. Ол теңіз (теңіз жағалауы) Б-і және құрлықтық Б. болып бөлінеді. Теңіз (теңіз жағалауы) Б-і әскери флот күштерінің шұғыл әрекет тірегі ретінде қызмет етеді. Мұндай Б-тер құрамында теңізге, ішкі рейдтерге шығуға оңтайлы бірнеше (жабық) аралдар, сондай-ақ, қорғанысқа, кемелер мен қайықтарды жөндеуге, жабдықтауға қажетті құралдар болады. Құрлықтық Б. алғашында топырақ үйіндісімен, таспен, ағашпен, т.б. материалдармен қоршалған елді мекен түрінде болды. Ал көшпенділер әскерлері жылжымалы Б-тер құру әдістерін қолданған (суретті қ.). Кейін қалалық мәдениеттің өркендеуіне байланысты қорғаныс құрылыстары бар Б-тер, қамалдар салына бастады. Орта Азия мен көне Қазақстан жерінде де көп қатарлы Б-тер аз болмаған. Олардың орындары ондап саналады. Б. з-дың алғашқы ғасырларында Сырдың оң жағасынан бой көтерген Сауран қ-ның да бірнеше бекініс қабырғалары болған. Б-тің сыртқы қоршауы құлаған жағдайда, ең соңғы кедергі есебіндегі тірек-қорғаны – цитаделі салынған. Қорған-сарайлар ірі жер иелерінің тұрғын жайы мен қол астындағы халықтан алым-салық жинау, ұрыс қимылдарын жүргізу мақсатында жасакталған қарулы әскері орналасатын тұрақ қызметін атқарды.

Әдеб.: В е л и ч к о К. И., Крепости до и после мировой войны 1914–1918, М., 1922; Военный энциклопедический словарь, М., 1986.

Қ.Ахметжан

БЕКІНІСТІК ШЕП – Ресей өкіметінің өз үстемдігін нығайту мақсатында қазақ жерлерінде салған қамалды қорғаныстар жүйесі. 18 ғ-дың 30–40-жылдарында Қазақстанның батыс және солт. шекараларына алғашқы Б. ш-тер салына бастады. Верхне-Яицкіден (қазіргі Верхно-Уральск) Тобылдағы Звериноголовск қамалына дейін ұз. 770 км-ге жуық Уйск Б. ш-бі жасалды. Омбыны Семей және Өскеменмен жалғастыратын ұз. 930 км Ертіс Б. ш-бінің қабырғасы тұрғызылды. 1752–55 ж. Звериноголовск қамалы мен Ертіс аралығында ұз. 560 км-ден асатын жаңа Есіл Б. ш-бі салынды. Бұл Уйск және Ертіс Б. ш-терін бір-бірімен байланыстырды. 19 ғ-дың 2-жартысында Сырдария бойы мен Жетісу өңірінде де Б. ш-тер салынды. Гурьев, Орал, Орынбор, Троицк, Петропавл, Семей, т.б. қамалдар Б. ш-тер құрамына кірді.

БЕНОХ М.И. – тарихшы, өлкетанушы. Қазақстанның солт. аймағындағы орыс отаршылдығы туралы қызықты еңбектер жазған. Мұрағат құжаттары негізінде Абылай хан туралы бірқатар деректер жинаған. Солардың бірі – С.Н.Травниковпен бірге жазып, Ленин атынд. МГПИ баспасынан 1985 ж. шығарған «Методические разработки по курсу «Введение в технику литературоведческого анализа» на примере «Путешествия из Петербурга в Москву А.Н.Радищева» деген кітапта Абылайдың өмірі мен қызметіне қатысты деректер берілген.

БЕРДІБАЙ Рахманқұл (2.12.1927, Оңт. Қазақстан обл. Түркістан ауд. Ащысай кенті, – 3.4.2012, Түркістан қ.) – ғалым, филол. ғыл. докт. (1970), проф. (1983), Қазақ КСР-інің еңбек сін. ғыл. қайраткері (1984), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Қызылорда пед. ин-тын (1949) бітірген. Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер (1959–68), «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясының жауапты хатшысы (1968–70), Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер, фольклор бөлімінің меңгерушісі (1970–97), Түркістан қ-ндағы



Р.Бердібай

Халықар. қазақ-түрік ун-ті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, проф. (1997–2012) болды. Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, фольклор кеңесінің төрағасы болып, ұзақ жылдар бойы Алматы қ. Қазақ әдебиеті мен өнер ун-тінің ректоры ретінде жұмыс жүргізді. Б. 1993 ж. Абылайға ханға қатысты өлең-жырлар, дастандар мен аңыз-әңгімелер және зерттеу еңбектерге зер салады, олардың негізгілеріне шолу жасай келіп, «Абылай асуы» атты мақала жазған. Аталмыш мақаласында ғалым «Қазақ елін халықаралық көлемде мойындатқан, өзі дүниеден қайтқанша жұртының ынтымағын сақтай білген, екі алып империя: Қытай мен Ресей тарапынан қазақ ханы деп ресми танылған, Орта Азияның да бірталай қалаларына билігі жүрген Абылайдың халық қиялында ерекше туған киелі жан болып қалыптасуы мейлінше табиғи», – деген ой-пікірін білдірген. Б. «Отан» (2007) және «Парасат» (1998) ордендерімен марапатталған.

Шығ.: Әдебиет және өмір, А., 1964; Роман және заман, А., 1967; Қазақ прозасындағы замандас тұлғасы, А., 1968; Дәстүр тағылымы, А., 1973; Қазақ романы, А., 1975; От легенды к роману, А.-А., 1976; Ғасырлар толғауы, А., 1977; Қазақ тарихи романы, А., 1979; Жыршылдық дәстүр, А., 1980; Қазақ эпосы, А., 1982; Кәусар бұлақ, А., 1989; Эпос мұраты, А., 1997; Тарихи роман, А., 1997; Мұхтар шыңы, А., А., 1997.

Әдеб.: Тұрантегі Д., Рахманқұл Бердібаев, А., 1997.

Д.Ысқақұлы

БЕРДІҚОЖА БАТЫР (1690–1770 ж.ш.) – жоңғарларға қарсы шайқаста қол бастаған аға батыр. Оны Ұлы жүзде Төле биден кейінгі үлкен саяси қайраткер, ұлы қолбасшы мәртебесінде құрметтеген. Б. б. Аяғөз, Бұланты-Білеуті және Сарысу өз. бойындағы, Іле басындағы Талқы, Ебі, Ембі, Алакөл, Алтайдағы Ұланасу, Қандысу, Айдынсу, Шар, Шорға ұрыстарында, Қозымаңырақ, Қоймаңырақ, Ақшәулі, Итішпес, көлдері маңындағы, Аңырақайдағы шайқастарда Ұлы жүз жасақтарына басшылық еткен. «Бердіқожа батыр» атты тарихи дастан бар.

Әдеб.: Цинская империя и казахские ханства, ч. 1, А., 1989.

Ә.Хасенов

БЕРІШ – қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Кіші жүздегі байұлы бірлестігі құрамына енеді. Есенқұл, Қаратоқай, Жайық, Жаңбыршы, Себек, Бегіс, Есен аталарына таратылады. Б. тайпалық бірлестігінің құрамына енген аталардың тарихы әріден басталады. Акад. Ә. Марғұлан «Қазақтың жыр-аңыздары» атты кітабында 10 ғ-да Хазар хандығы негізінен екі тайпадан құрылған: бірі – Хазароғлы, екіншісі – Берішоғлы деп көрсетеді. Ноғайлы ұлысының құрамында Б-тер де болды. Ноғайлы ыдыраған соң, 16–18 ғ-лар арасында Б-тер Кіші жүз қауымымен аралас-құралас түстікте Бұхардан бастап терістікте Мұғалжар тауына дейінгі жерлерді жайлаған. 17 ғ-дың 30-жылдарында олар Еділ – Жайыққа ентелеген торғауыт қалмақтарына қарсы күрес жүргізген. Мұғалжардан қалмақты Есет батыр өткізбеген. Б. қауымынан Есетке ілесе ел қорғаған батырлары Ағатай, одан кейінгі дәуірлерде Жаубасар, Есболай, Итемген, Қара, Саржала батыр, Құлбарақ, Исатай мен Махамбет, сондай-ақ, Есет Қараұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды ақын-жыраулар шықты. Б. тайпасының ұраны – Ағатай, таңбасы – жебе.

Әдеб.: Қазақтың көне тарихы, А., 1993; Из истории казахов, А., 1997; Сарай Ә., Исатай мен Махамбет, А., 1997.

Ә.Сарай

«**БЕС ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ**» – екі томдық кітап. Құрастырғандар – М.Мағауин, М.Байділ-

даев. 1989 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Көлемі 384 және 496 бет. Таралымы 100 000 дана. Бірінші томға Асан Қайғыдан бастап Біржан салға дейінгі белгілі ақын-жыраулар мұрасы енгізілген. Екінші томға Ыбырай Алтынсариннен бастап, Сұлтанмахмұт Торайғыровқа дейінгі ақындардың шығармалары іріктеліп берілген. Бірінші томда Үмбетейдің «Бөгембай өлімін Абылайға естірту» атты толғауы, Бұқардың «Ай, Абылай, Абылай», «Абылай ханның қасында» және т.б. жырлары, Тәтіғараның «Кебеже қарын кең құрсақ» атты толғауы берілген.

К.Қошым-Ноғай

БЕС ҚАРУ – қазақ батырлары қолданған жауынгерлік қарулардың жалпы атауы. Б. қ-ға соғыста кесу, шабу, түйреу, соғу, ату арқылы жауына жарақат салатын, өзіндік қолдану әдісі бар қылыш, айбалта, найза, шоқпар, жақ (садақ) сияқты қарулар жатады. Әр қарудың өзінің бірнеше түрлері, үлгілері бар. Мыс., кесу қаруына қылыш, семсер, сапы, т.б. үлгілері; шабу қаруына – айбалта, жауынгерлік балта, оның өзге де түрлері; түйреу қаруына – найза, сүңгі, жыда; соғу қаруына – шоқпар, күрзі, босмойын шоқпар, сылкетер, т.б.; ату қаруына – жақ, кейін шыққан мылтық түрлері жатқызылады. Бұрынғы кезде қарудың бір түрін пайдалануды өте шебер меңгерген жауынгерлерді бір топқа біріктіріп, арнаулы садақшылар, найзагерлер, семсершілер қосындары бөлек-бөлек құрылып, оларды қажетіне қарай қолдану әдісі соғыс тактикасын анықтаған. Б. қ. әр түрлі әскери дәрежелерді белгілеуге де пайдаланылып, түрлі рәміздік рөлдер де атқарған. Мыс., жақ – ханның, патшаның рәмізі ретінде, найзаға тағылған байрақ, әскери ту – әскербасылық дәреже белгілері ретінде қолданылған. Б. қ. қасиетті, киелі саналып, оларды қастерлеу нәтижесінде көптеген әскери салт-дәстүрлер қалыптасты.

Қ.Ахметжан

БИ – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеум. жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі. Зерттеуші ғалымдардың, әсіресе, В.В. Бартольдтың пікірінше, «би» сөзі шамамен 14–15 ғ-ларда ежелгі түркі тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейіннен бастапқы семантикалық-тілдік реңкінен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, әділ үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада: 1) ел билеушісі, иелік етуші; 2) сот, төреші; 3) батагөй, шешен; 4) бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған. Ең төменгі (бұқаралық) билікті ауыл-аймаққа, ру-тайпа ішіне сыйлы, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар



атқарса, орта буындағы билік тізгінін ру-тайпа басылары – Б-лер уысына ұстады. Ал мемл. және мемлекетаралық деңгейдегі мәселелерді камтитын жоғары билікті төре тұқымы – хандар мен сұлтандар иеленген. Қазақ қоғамының елдік тұтастығы осы соңғы екі билік жүйесінің өзара тепе-теңдігі мен бір-біріне қарама-қарсылығы принциптеріне негізделді. Мұрагерлік салтымен дала жұртын ғасырлар бойы билеген Шыңғыс хан ұрпақтары – төрелер тұқымы хандық биліктің бұлжымауы үшін Б-лердің әкімш., әлеум.-саяси және мәдени рөлімен санасуға тиіс болды. Қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі Д. Сұлтанғазин «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» атты мақаласында: «... бағзы билер болыпты, бек білімді, атақты һәм ақылды, әділетті, көпті көрген және іс бітіргенде әдет рәсімдерін тегіс біліп, әр жұмысты қара қылды қажарып орнына келтіреді екен..., һәм солардың бітірген жұмыстарын ұлы хандары да әрқашан бұзбайды екен... Сондай билер турасында қазақтың мақалы да бар. Батыр мен биді салыстырғанда, биді қатты артық көретінін білдіретін сол мақалы мынау: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табатын, би деген бір ақсарағат, бүтін елден біреуі ғана табатын» дейді («Дала уәлаятының газеті», 1888, №51). Б-лердің батыр, бай, т.б. әлеум. жіктерден ерекше құрметтелуінің бірнеше тарихи себептері бар. Біріншіден, Б. мемл. басқару жүйесінде кейбір айрықша құқылар иеленді: «Жеті жарғы» қағидаларына сай ол өзіне бағынышты ру-тайпа шегінде сот және әкімш. билік (ханмен қатар) жүргізді. Сот төрелігін жүзеге асыратын болғандықтан, Б. халықтың әдет-ғұрпын, салт-рәсімін, жол-жосығын жатқа білуге, дауласқанға әділдікпен жөн сілтеп, адасқанға даналықпен жол көрсетуге, әсіресе, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген құқықтық-гуманистік принциптен айнымауға тиіс ол ру-тайпаның басшысы ретінде әкімш. қызметті де қоса атқарып, өз қауымының тұрмыс-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болды. Осылайша олар билеуші хандардың халық арасындағы сенімді тіректеріне айналып, сұлтандармен тең құқылы дәрежеде мемл. мәселелерді талқылауға қатысты. Ел ішіне биліктілігімен, қара қылды қажаратын әділдігімен даңқы шыққан Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би мен Әйтеке би, т.б. саңлақтар хан жанындағы билер кеңесінің құрамына енді. Олар нақты тарихи-әлеум. ахуалға қатысты жол-жоба белгілеп, жаңа елдік заң-жосындарды қолданысқа енгізіп отырды. Тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына, әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер енгізе алған. Мәселен, 1695 ж. Қазақ Ордасында болған орыс елшілері Ф. Скибин мен М. Трошин «... Тәуке хан Қазақ Ордасының

таңдаулы адамдарын (яки билерін – ред.) өзіне шақырып алды да, біздің – Федка мен Матюшенің – көзімізше, әлгілерден мына біздерді ұстап қала ма, әлде жібере ме, Русь қалалары мен слободкаларына соғыс ашып бара ма, әлде бейбіт тұра бере ме, соны сұрап алды» деп жазады. Екіншіден, ел тағдыры сынға түскен жаугершілік замандарда Б-лер батыр-баһадүрлермен қатар атқа қонып, қарамағындағы тайпаластарынан жасақ құрып, мемлекет тұтастығын, ұрпақтар азаттығын қорғауға ұйытқы болған, қолбасшылық қызмет атқарған. Үшіншіден, Б. – мәмілегер, елші. Ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұқсан келтірер ағайын араздығын басып, руаралық дау-жанжалдарды бітістірумен шектелмей, қазақ ұлысының көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жасап, әр түрлі байланыс орнату ісінде де ханға көмекші әрі кеңесші қызмет атқарған. Мыс., Абылай хан 1743 ж. жоңғар басқыншыларының қолына түскен кезде Қаз дауысты Қазыбек би Ресей үкіметі жолдаған секунд-майор Миллер экспедициясының құрамында елшілікке барған. Қалдан Серен қазақ еліне қадірі асқан бидің «біз, қазақ, мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, басымыздан құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз, достықты сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз» деп тақпақтай сөйлеп, тайсалмай талап қойғанына разы болып, хан басына азаттық берген. Төртіншіден, Б. атағы мұрагерлік заңымен берілетін лауазым емес. Көшпелілер мәдениетінің ерекше қыры – шешендік өнерді менгермейінше, тек әдет жосындарын жетік біліп, әділет принципін ұстану арқылы ғана Б. ата-ану, ел сенімін иелену мүмкін болмаған. Халық арасында бір ауыз сөзбен құн кешіп, жалғыз уәжбен дау шешкен ділмарлардың аты ардақталып, төрелік істері үлгі-өнеге тұтылған. Орталықтандырылған хандық биліктің пәрменін нығайтуды талап ететін әскери-жорық жылдарында Б. билігі – төрелік ету, әкімш. басқару рөлі төмендей түскен. Патшалық Ресейдің отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімш. реформалары қазақ даласындағы дәстүрлі саяси құрылымды түбірінен өзгертті. 1822 жылғы реформадан кейін хандық билік жүйесі күйреді. Ал билер ин-ты 19 ғ-дың аяғына дейін формальді түрде өмір сүрді. 1854 жылдан бастап Б. атағын сұлтандар мен ауыл ақсақалдары қоғамдық сайлау арқылы, округ басшыларының бекітуімен алды. 1868 ж. 21 қазандағы «Далалық облыстарды басқару туралы ереже» бойынша, Б. атағы уақытша, тек қызметтік лауазымды атқару барысында ғана берілетін болды.

Әдеб.: Апполова Н.Г., Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX в., М., 1960; Кенжалиев З., Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет, А., 1997.

М.Ізімұлы

БИЧУРИН Никита Яковлевич (монахтық есімі – Иакинф) (9.9.1777 – 23.5.1853) – орыс ғалымы, шығыстанушы, ұлты – чуваш. Қазанның діни академиясын бітірген (1799). 1807 жылдан бастап 14 жыл бойы орыстың Қытайдағы (Бейжіңдегі) діни миссиясын басқарды. Мұнда қытай тілін үйренумен шұғылданды. Қытайдан оралғаннан кейін Қазақстан мен Орта және Орталық Азияның, Шығыс Түркістанның тарихы, географиясы, этнографиясы туралы қытай тілінен орыс тіліне көптеген материалдар аударды. Қытайдың тарихын, мәдениетін және философиясын зерттеді. Ресей ҒА-ның корреспондент-мүшесі (1828), Париждегі Азиялық қоғамның мүшесі (1831). Декабристермен байланыста болған. 1846–48 ж. Қазақстанның ежелгі замандағы халқы мен жері туралы өте құнды мағлұматтар беретін «Орта Азияны ерте заманда мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағы» деген 3 томдық еңбегі 1851 ж. Петербургте жарық көрді. Бұл шығарма 1995 ж. «Санат» баспасында бір том болып орыс тілінде қайта басылып шықты.

Н.Ақбай

БОЛАТ (т.ж.б. – 1723 ж.ш.) – Қазақ хандығының ханы (шамамен 1715–23), Тәуке ханның баласы. Ұйымдастырушылық, қолбасшылық қабілетімен ерекшеленбеген Б. мұрагерлік жолмен хан сайланған. Б. билік еткен тұста Орта жүз қазақтары бірнеше рет (1716, 1717, 1722, 1723) ойраттардың шапқыншылығына ұшырады. Б. жоңғар басқыншылары, башқұрттар мен Еділ бойы қалмақтарына қарсы қазақ жасақтарына ортақ күш етіп жұмылдыра алмады. Б. жөнінде тарихи деректер аз кездеседі. Оның балаларының ішіндегі белгілісі – Әбілмәмбет хан.

Әдеб.: Левшин А.И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996.

И.В.Ерофеева

БОЛАТ Әбілмәмбетұлы (18 ғ.) – сұлтан, Әбілмәмбет ханның үлкен ұлы, өзімен аттас ханның немересі. Әкесінің тапсырмасымен елшілік міндеттерін атқарған. Қытай деректерінде «Болат хан» деп те аталады. Б. сұлтан алтай-арғынды, 1771 ж. Орта жүздің арғын мен қоңырат руларының бір бөлігін, Ұлы жүздің сары-үйсін тайпасын билеген. Әкесі қайтыс болғаннан кейін, арғын мен қоңырат тайпаларының бір топ ел ағалары оны хан көтерген.

Н.Ақбай

БОПАЙ (т.-ө.ж.б.) – Кенесары Қасымұлы көтерілісіне белсене қатысушылардың бірі, Кене-

сарының қарындасы. Абылай ханның немере қызы. Көкшетауда дүниеге келген. Қасым төренің Санжар, Есенкелді, Ағатай, Көшек, Кенесары және Наурызбай атты 6 ұлының арасындағы жалғыз қызы. Деректерде Бопы болып та кездеседі. Б. бойжеткен шағында Әбілқайырдың Сәмеке деген ұлына ұзатылады. Жастайынан сұлулығымен, өжеттігімен көзге түскен. Өзінің күйеуі мен оның туыстары сұлтан Сартеке, Досан Әбілқайыровтарды көтеріліске қосылуға тартады. Олардан келісім ала алмаған соң, 1837 ж. өзінің 6 баласын ертіп, көтерілісшілерге қосылады. Б. 600 адамнан тұратын ерекше топты басқарады. Көтерілісшілердің бұл тобы Кенесары әскерлерін жабдықтаумен шұғылданып, елден зекет, көтеріліске қосылмаған сұлтандардан мал-мүлік жинады. Б. қатысқан шайқастардың ішіндегі ең ірісі – 1838 ж. Батыс Сібір ген.-губернаторлығының терістік батыс аудандарына бағытталған Аманқарағай дуанына шабуылы. 1840 ж. Қасым төре, балалары Көшек, Б. қолдау іздеп, Хиуаға барар жолда (Созақ маңында) Ташкент бегінің қолына түсіп, Б. Әзірет бекінісіне қамауға алынады. Көшек Ташкентке жіберіледі. Тұтқында жүріп Б. Кенесары әскерінің құрамындағы ұлы Нұрканның Ақтөбе жасағының қолына тұтқынға түскенін естиді. Б. 1847 ж. қырғыз манаптарына қарсы шабуылда Кенесарымен бірге болған. Дүние салған жері Ырғыз бойы. Ақтөбе обл. Әйтеке би ауд.-нда Б. атында ауыл бар. Зираты осы ауылдың тұсындағы төбешік басында орналасқан.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Қазақстан XIX ғ-дың 20–40 жылдарында, А., 1994.

Е.Пірімбетова

БОПАЙ, Бэтима (1690 ж.ш. – 31.5.1780, Батыс Қазақстан обл. Елек өз. бойы) – ханым, Әбілқайыр ханның зайыбы, ел басқару ісіне араласқан қайраткер, мәмілегер. Төре тұқымынан. Б. күйеуі Әбілқайырдың түпкі мақсаты Жайық казактарының, орыс бодандығындағы башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын тоқтату, жоңғарларды түпкілікті талқандау екендігін және бұл күрделі мәселелерді уақытша болса да, Ресей империясына бодан болу арқылы шешуге тырысқандығын терең ұғынған. Сондықтан да Әбілқайырдың осы бағыттағы саяси қадамдарына қолдау көрсеткен. Ол ханымның 1731 ж. 22 қарашада орыс патшайымы Анна Иоановнаға, 1748 ж. 5 қазанда Елизавета Петровнаға, әр уақытта Орынбор әкімшілігінің басшыларына жазған хаттарынан айқын көрінеді. Күйеуінің қазасынан кейін де Б. өзінің ұстанған бағытынан таймайды. Әбілқайыр саясатының жалғасын табуы баласы Нұралының әке орнын басуына байланысты екендігін терең ұғынған Б. батыл әрі ойлап-

БОРАНБАЙ



пішілген қадамдар жасайды. Орта жүз бен Кіші жүздің беделді билері мен батырларының Нұралыны хан көтеруге келісімін алғаннан кейін ғана, Б. патшайым Елизавета Петровнаға, келесі күні бригадалық генерал А.И.Тевкелев пен Орынбор губернаторы И.Неплюевке қисынды өтініш хаттар жолдайды. Осы хаттарды жеткізу үшін аталмыш екі жүздің 8 беделді биі Орынборға, одан кейін Санкт-Петербургке аттанады. Нұралыны «қырғыз-қайсақ ханы» етіп бекіту туралы Елизавета Петровнаның 1749 жылғы 2 мамырдағы жарлығы, онда Б. ханымның хатына да сілтеме жасалуы, канцлер А.П. Бестужев-Рюминнің Б-ға арнайы хат жазып, патшайым атынан сыйлық жолдауы ханым саясатының жеңісі еді. Б. Әбілқайыр әулетінің дәрежесі мен беделін көтеруге ұмтыла отырып, орынсыз қантөгістің болмауын, ел іргесінің сөгілмеуін қалады. Сол үшін де ол күйеуінің кегін алуға «аттандатпай», Барақ сұлтанды жазалауды орыс әкімшілігі арқылы заңдастырып алуға тырысты. Қоғам дамуының негізгі көзі тыныштық өмір екендігін, тірлігін ат үстінде өткізген халықтың болашағы бұлдырлығын ұғынған ханым орыс әкімшілігін Елек өз. бойында қала салдыртуға да үгіттейді. Қазақ-жоңғар қатынастарына тигізген әсері, Қайып хан мен Нұралы ханды бітістіруге бағытталған әрекеттері Б-дың ел бірлігін қамтамасыз етуге тырысқан мәмілегерлік ниетін аңғартады. Б. орыс-қазақ қатынастарындағы және сол кездегі қазақ қоғамындағы шешімін таппай жүрген кейбір мәселелерді талқылау үшін Орынбор әкімшілігінің басшыларымен кездесіп, келіссөз жүргізгісі келеді. 1740 ж. Санкт-Петербургке ресми сапармен барып, Анна Иоановнаға жолығу ниеті де болған. Б-дың зеректігі мен тапқырлығы жөнінде ағылшын суретшісі Дж. Кэстльдің, Әбілқайыр ордасында болған орыс шенеуніктерінің жазбаларында біршама деректер келтіріледі. Тарихи құжаттармен жақсы таныс А.И. Левшин 19 ғ-дың 30-жылдарында: «Бопай... өзінің ақылдылығы арқасында бүкіл Кіші жүздің құрметіне бөленді және кейде оны басқаруға үлкен ықпал етті» деп жазды. Б. Елекке құятын Жосалы өз-нің жоғарғы жағындағы қорымда жерленген.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961; Кэстль Дж., 1736 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы, А., 1996.

К.Есмағамбетов

БОРАНБАЙ Қалқаманұлы (шамамен 1704–1802) – қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы соғысына қатысқан батыр, белгілі би. Жас кезінде Түркістанда ескіше оқыған. Тарихи-әдеби деректерде Б. мен Қаракерей Қабанбай есімдері қатар жүреді. Ол қазақ хандығының тәуелсіздігі мен ел бірлігі жолында Абылай хан жүргізген

саясатты жүзеге асыру ісіне үлкен үлес қосқан. В.В.Вельяминов-Зерновтың еңбектерінде, Кіші жүздің қаза тапқан ханы Әбілқайырдың орнына таққа оның ұлы Нұралыны отырғызуға мұрындық болып, Орынборға барып қайтқан 8 бидің бірі осы Б. екені айтылады. Кезінде арғын-найман арасындағы жер дауының әділ шешілуіне ықпал еткен. Б. биді Бұқар жырау, Көкбай ақын жырға қосқан. Оның көсемдігі мен шешендігі жайлы ел жадында: «Кім ұқпас Наймандағы Боранбайды, Бес байыс «Боранбайлап» ұрандайды...» немесе «Найманға би Боранбай билік айтып, Артына аруақты болған ұран. Тұсында Абылайдың ақылшы боп, Серік боп ордасында қызмет қылған» деген сияқты көптеген өлең-жырлар қалған. Бұрынғы Қызылкесік ауылы (қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд.) «Би Боранбай» ауылы деп аталды.

Әдеб.: Вельяминов-Зернов В. В., Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времен кончины Абулхаир хана (1748–1765 гг.), т. 1, Уфа, 1853; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Н.Шәкеев

БОСҚЫНШЫЛЫҚ – қалыптасқан саяси-әлеуметтік, экономикалық және табиғи-климаттық ауыр ахуалдарға, апаттарға байланысты адамдардың ата қоныстарынан, тұрғылықты мекендерінен амалсыз босып, ауа көшулері. Босқыншылық соғыс салдарынан да орын алады. Қазақ халқының тарихындағы осындай үлкен Б. 18 ғ-дың 20-жылдарында жоңғар қалмақтарының қазақ жеріне баса-көктеп кіруіне байланысты орын алғаны белгілі. Тарихшы А.И. Левшиннің мәліметтеріне қарағанда, осы зобалаң барысында Ұлы жүздің қырғыннан аман қалған қалдығы Орта жүздің біраз бөлігімен бірге Ходжентке қарай, Орта жүздің үлкен бөлігі – Самарқанға, аз бөлігі Хиуа мен Бұхараға босқын түрінде каша көшкен. Бұл алапат оқиға ел аузында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Сауран айналған» деген атаумен белгілі.

Т.Омарбеков

БӨГЕМБАЙ Ақшаұлы, Қанжығалы Бөгембай, кейбір әдебиеттерде Бөгембай (1680, Қаратау бөктеріндегі Бөген өз. бойы – 1775, кейбір деректерде 1776, 1778, Ақмола обл. Ерейментау ауд. Қоржынкөл к. маңы) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі тарихында ерекше рөл атқарған батыр, қолбасшы. 18 ғ-дағы қазақ батырларының жасы үлкен ақсақалы, сондықтан оны халық аңыздарында ардақтап «Қанжығалы карт Бөгембай» деп атап кеткен. Қарабалта түбінде қырғыздармен болған шайқаста Б. батыр 77 жаста болған деседі. Арғынның қанжығалы руы-

нан. Батырлар әулетінен шыққан. Атасы Әлдеуін батыр Есім хан әскерінің қолбасшысы, әкесі Ақша батыр Тәуке ханның 80 мың қолын басқарған сардар болған. Б. 1708 ж. (кейбір деректерде 1709 ж.) Әз Тәукенің бұйрығымен 30 мың жасақты бастап, қазақ елінің берекесін ала бастаған казак-орыстарды түре қуып, Еділден әрі асырып тастағаны туралы деректер бар. Осы ұрыста Б. алғаш рет ерлігімен көзге түсті. Б. жоңғарларға қарсы 100-ден астам шайқасқа қатысқан. «Қазақтың қамал-қорғаны» (Бұқар жырау) баһадүр Б. қазақ халқының Абылай хан бастаған ұзақ жылдарғы ұлт бірлігі үшін күресінің



Бөгембай батыр ескерткіші. Астана қ.

ұйытқысы болды. 1710 ж. Қарақұмда өткен үш жүз қазақтарының құрылтайында бүкілқазақтық жасақ құрып, жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру жоспары талқыланды, бұл жиында көшіп кетіп жан сақтауды ұсынғандар да болды, бірақ «сол кезде ерлігімен әйгілі болған рубасы Бөгембай мұндай әрекеттердің бәрін тыйды». Осы құрылтайда Б. батыр үш жүздің бас сардары болып сайланды. 1726 ж. Б. бастаған казак қолы Бұланты өз. бойында қалмақтарға қарсы күйрете соққы берді. Сонымен 1725–27 ж. Б. батыр Абылай ханмен бірге қазақ қолын басқарып, осы ұрыс нәтижесінде ойсырай жеңілген онсан қалмақ әскері Түркістан мен Саураннан

Жоңғар Алатауының арғы жағына қуылған болатын. 1727 ж. көктемде Қожаберген басқарған қазақ-татар жасағымен тізе қосып, Б. бастаған қазақ-ноғай-қарақалпақтың біріккен әскері Нияз, Аюлы тауларының етегінде жоңғарлармен болған шайқаста жеңіске жетті. «Аңырақай шайқасында» Орта жүз қолын басқарған Б. батыр Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, керей Жәнібек, т.б. батырлармен тізе қоса отырып, қазақ елінің тұтастығын сақтап қалуда ерекше ерлік көрсетті. Б. Жайық, Ойыл, Жем өз-дері бойы мен Ерейментау, Қарқаралы, Аягөз, Түркістан, Шу бойы, Жетісу өңірі, Қырғыз жерлеріндегі, т.б. шайқастарда қол бастаған. 1756–58 ж. бірінші рет Шығыс Түркістанға келген қытай әскерімен болған әйгілі Талқы соғысында қытай әскеріне қатты соққы беріп, оларды Үрімжіден асыра қуды. Б. жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мешітіне жерлеу үшін батырдың денесін таза арулап, былғарыға орап, қыс бойы сөреге қойып сақтаған. 1776 ж. көктемде баласы Тұраналы мен қанжығалы Айтбай Аتكелтірұлы бастаған елдің игі жақсылары батырдың сүйегін нарға тендеп, Түркістанға жеткізіп, Қожа Ахмет Иасауи мешітіне жерлеген. Б. батырдың денесі сөреге қойылған жер бүгінге дейін Ереймен өңірінде «Бөгембай сөресі» деп аталады. Б. батырдың ерлігін Қожаберген жырау «Елім-ай» атты тарихи дастанында жырлап, «Ер Бөгембай» аталатын қисса арнаған. Бұқар, Үмбетей, керей Жанкісі, Сегіз сері Шақшақұлы Б. туралы дастандар шығарған. Б. батырдың баласы Тұраналы, немересі Бапан би, оның баласы Сәбден (Саққұлақ би) де өз заманында атақты адамдар болған. 1991 ж. Астана – Павлодар, Ерейментау – Павлодар тоғысқан жол торабында Б. батырға арнап ескерткіш орнатылды.

Әдеб.: Қ о з ы б а е в М.Қ., Жауды шаптым ту байлап, А., 1994; Исторический опыт защиты Отечества, А., 1999. **«БӨГЕМБАЙ БАТЫР»** – тарихи жыр. Авторы – Үмбетей жырау. 18 ғ-дың 70-жылдарында шығарылған. 7–8 буынды шалыс ұйқас, ерікті ұйқас үлгісіндегі туынды. Жырда жоңғар шапқыншылығы заманында 26 жыл бас қолбасшы болған Қанжығалы Бөгембайдың қайтыс болғанын (1775) «Батырың өтті Бөгембай» деп, Абылайға естірту түрінде басталып, оның қалмаққа қарсы күрестегі ерлігі, туған халқының азаттығы үшін сiңiрген еңбегі бейнеленеді. Батырдың әкесі мен шешесі туралы да мағлұмат бар. Бөгембаймен бірге, «Қалмақты қуып қашырған, Алтай таудан асырған» Жантай Атан мен Қаракерей Қабанбай сияқты батырлардың да ерлігі жырланады. Сол кездегі қазақтың ру-тайпалары, олардың ұлы күреске ат салысқан басты адамдары жөнінде тарихи-

БӨГЕМБАЙ БАТЫР

этногр. мәліметтер берілген. Қалмаққа қарсы ірі шайқастар болған Баянаула, Қызылтау, Абыралы, Шыңғыстау, Қозымаңырақ, Қоймаңырақ сияқты жер атаулары көрсетіледі. Жыр баспа бетінде толық жарияланбаған. Қазақстан ғыл. кітапханасының қолжазба қорында сақтаулы.

Х.Сыздықов

«БӨГЕМБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАН» – мақала. Авторы – тарих ғыл. канд. Ә.Жүнісов. «Қазақ тарихы» журналының 1997 жылғы 5-санында жарық көрген. Автор өзінің зерттеу еңбегін 18 ғ-дағы Қазақ хандығының бастан кешірген тарихына арнаған. Алмағайып заманда тарих саханасына Абылай хан шығып, оны қолдаған айналасындағы батырлары арқылы ел тәуелсіздігін сақтап қала алғандығы баяндалады. Сонымен қатар еңбекте Қанжығалы Бөгембай батырдың да Абылайдың саясатын қолдап, оның кеңесшісі ретінде қасында болғанын: «Абылай көп кеңесер Бөгембаймен, Ел жайын, жау жайын да тани білген. Құрметтеп Бөгембайды хан Абылай, Атайтын «Үкі батыр» ол тегінен», – деп жыр-дан үзінділер келтіріп отырады. Сонымен қатар мақалада 1750–61 ж. аралығындағы Қазақ хандығының Цин империясымен дипломатиялық қарым-қатынастарына молынан орын берілген. 1757 жылғы наурыз айындағы қазақтар мен қытай қақтығысынан кейін Абылай ханның Бөгембай батыр бастаған жеті адамдық елшіні Қытай империясына жібергендігі жөнінде дерек келтіріледі.

К.Қошым-Ноғай

БӨКЕЕВ Шәңгерей Сейіткерейұлы – ақын, Жәңгір ханның немересі. Алаш ардақтысы Ғұмар Қараш «Жиһангер ханның немересі Сұлтан Шәңгерей Сәйдігерейұлына» мадақ жырында «Алғыр жүйрік сұлтаным, Ақылың жетіп алысқа,



Ш.Бөкеев

Ілгеріні болжадың...» дей келе, тектілік тініндегі ұрпақтар сабақтастығын «Түпкі бабаң белгілі, Баһадүр Шыңғыс хан екен. Арғы атаң атақты, Әбілқайыр, Нұралы, Кіші жүздің елінде, Жарық бір жанған шам екен, Бабаң Бөкей бас болып, Көлденең жатқан Жайықтан, Көктей өтіп ен тастап,

Қоныс алған хан екен» деп толғайды. Б. тұлғасына қатысты М.Әуезов «19 ғасыр мен 20 ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (1933) кітабында «...Самар губерниясындағы орыс дворян-аксүйектерінің тізіміне жазылып, қазақтан шыққан бірінші дворян боп өмір кешеді. Алған жеріне 30–40 үйлі қазақ қоңсы әкеліп, ортасына алмалы тоғай, бау-бақшалар орнатып, көліне құс шүйгітіп, тоғайына тазы жүгіртіп – әрі казакша бай-сері, әрі орысша дворян-аксүйек боп, өз бетінше кең сайран-тіршілік етеді» деп жазады. Б-тің даңқты бабасы Жәңгір хан дәстүрінің желісін үзбей, қазақ топырағында білім мектебін жаңғыртуы ерекше бағалауды қажет етеді. Алғашқыда өзі бастап шәкірттерге білім нұрын құйса, кейіннен кемел іске білімі мен білігі үйлескен зиялыларды жұмылдырады. Ұлттық мәдениет пен өнер күдіретін ерекше эстетик. талғаммен таразылаған Шәңгерей төңірегіне әнші, домбырашы өнерпаз жандарды жинап, ақыл-кеңесімен шапағат нұрын төгіп, әрі қаржылай демеушілік жасайды. Б-тің қаржылай демеушілігімен 1911–13 ж. аралығында ұлттық рух жаршысы болған «Қазақстан» газеті жарық көрді. Басылым халық санасына оқу-білім, ғылым жарығын түсіруде, жатқа кеткен касиетті жерімізге ие болып қалудағы отырықшылық тұрмыс игіліктерінің маңызын насихаттауда ауқымды істер атқарды. Ақынның шығарм. әлемін бағалаудағы ғыл. ізденістер тоталитарлық жүйе қысымына алынғандықтан, таптық танымдағы саяз көзқараспен еш үйлеспейтін өзгеше бітімдегі жойқын мұрасын зерттеу үнемі тұсауланып отырды. 1934 ж. Нұғман Манаев алғы сөзімен жарық көрген өлеңдер жинағы мұрағатта сүрленді. Саяси-идеол. қысымға қарамастан Шәңгерей ақындығының әдебиет тарихындағы құндылығын айқындауға М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов, Б.Ақмұқанова, Х.Сүйіншәлиев, Ы.Дүйсенбаев, М.Мағауин, Ә.Дербісалин ерекше қажыр-қайрат салды. Ақын өлеңдерін кейінгі ұрпаққа жеткізген Фарид Ғатауов еңбегі де зор. Қазіргі шәңгерейтануда әдебиетшілер Х.Сүйіншәлиевтің «19 ғасыр әдебиеті» (1992), Мақсат Тәжімұраттың «Шәңгерей. Жасампаздық өмірі» (1998), А.Жақсылықовтың «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (1999) еңбектері ерекше аталады. «Ала ту Абылайдың ала аттансаң, Аламан артындағы біреуі мен» деп жырлаған Шәңгерейдің Алаш қайраткерлерімен рухани және саяси арнадағы мүдде тоғысуы ұлттық мұраттарға ақтық демі таусылғанша адал бола білген арыстар өмірінің жасампаздық тұғырын асқақтатады. Оның азаматтық тұлғасын, поэзиясын Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы

М.Жұмабайұлы, сынды Алаш алыптары жоғары бағалады.

Қ.Нұрбағи, Ғ.Сергазыұлы

БӨКЕЙ (шамамен 1737–1819) – сұлтан, хан. Тұрсын ханның немересі, Барақ ханның баласы, Ә. Бөкейхановтың 4-атасы. 1749 ж. Б. әкесінің тапсыруымен өзінің төлеңгіттерімен бірге Түркістан аймағынан Солт.-Шығыс Қазақстан өңіріне қоныс аударып, қаракесектің бигелді аталығына сұлтан болып сайланды. 18 ғ-дың 50-жылдарының басында Коряков бекінісі (қазіргі Павлодар қ.) маңын қоныстанып, Орта жүз қазақтарының жоңғар басқыншыларына қарсы шайқасына қатысты. Б. 18 ғ-дың 80–90-жылдарында Ресейден Орта Азияға бағытталған сауда керуендерінің қазақ даласы арқылы өтуіне, сауда жолы торабын Петропавлдан Ямышев бекінісіне ауыстыруға атсалысты. 1786 ж. 2 тамыз бен 1787 жылдың қаңтары аралығында Б-дің тапсыруымен құрамында баласы Батыр сұлтан, 2 старшын мен 2 төлеңгіті бар қазақ өкілдігі Санкт-Петербургте болып қайтты. 18 ғ-дың 90-жылдарының басында Ташкент билеушісі Жүніс қожамен тығыз қарым-қатынаста болып, одан 1740–50 ж. әкесі Барақ ханның иелігінде болған Иқан қонысын қайтарып алды. Ол жерде Түркістан өңірі Бұхар хандығының қол астына өткенге дейін Б-дің қысқы ордасы болды. Б. 1816 жылдың басынан Орта жүздегі қаракесек, төртұлы руларына Уәли ханмен бірге билік жүргізді. 1817 ж. маусымда Коряков бекінісінен 180 шақырым жердегі Жайылма өз. бойында хан болып жарияланды. Б-дің 5 әйелінен 11 баласы болған. Балаларының бірқатары Ресей императорларының арнайы жарлығымен 19 ғ-дың 20–30-жылдары Ресей империясының дворяндар сословиесіне кірді. Б. Түркістанда жерленген.

Әдеб.: Б у к е й х а н о в А., Примечание к аульно-общинным таблицам// Материалы по киргизскому землепользованию, т. 6, СПб., 1905; В а л и х а н о в Ч.Ч., Собр. соч. в пяти томах, т. 4, А.-А., 1985; Кыргызстан – Россия. История взаимоотношений (XVIII–XIX вв.), Сб. документов и материалов, док. №14, Бишк., 1988; Б у к е й х а н о в А., Таңдамалы. Избранное, А., 1995; Андреев И.Г., Описание Средней орды киргиз-кайсаков, А., 1998.

И.В.Ерофеева

БӨКЕЙ (т.ж.б. – 21.5.1815) – Бөкей ордасының ханы (1812–15), Әбілқайыр ханның немересі, Нұралының баласы. Айшуақ хан тұсында хан кеңесінің төрағасы болды. Б. 1801 ж. Ресей өкіметінен рұқсат алып, Кіші жүз қазақтарының бір бөлігін Жайық пен Еділ аралығындағы ноғайлы қазақтардың ескі жұртына қоныстандырды. Каспий жағалауындағы Дамбай деген жерде өз ордасын тікті. 1812 ж. Бөкей ордасының ханы болып сайланды. 1815 ж. хан тағын мұрагерлік жолмен Жәңгір иеленді. Б. ханның бейіті Еділдің оң

жағасындағы Сейіт баба зиратында (қазіргі Астрахан обл. Краснояр ауд.).

Әдеб.: З и м а н о в С.З., Россия и Букеевское ханство, А.-А., 1982; Л е в ш и н А.И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996.

С.Әжіғалиев

БӨКЕЙ ӘУЛЕТІ – Бөкей ордасының негізін салушы Бөкей ханның ұрпақтары. Бөкей ханның Тәуке, Әділ, Жәңгір, Меңдікерей атты 4 ұлы болған. Бөкей хан қайтыс болғаннан кейін ұлы Жәңгір хан сайланды. Бірақ Жәңгір жас болғандықтан, ол ер жеткенге дейін хандық билікті Бөкейдің інісі Шығай сұлтан атқарды. Жәңгір хандық билікті 1824 ж. 24 маусымнан бастап атқарды. Жәңгір өлгеннен соң Бөкей ордасында хандық билік жойылды. Сөйтіп, Б. ә-нен тек Жәңгір ғана хан дәрежесіне көтерілді. Жәңгірдің Ескендір, Ибраһим, Сейіткерей, Зұлқарнай, Сақыпкерей, Ысмайыл, Ғұбайдолла, Ахметкерей атты балалары болған. Оның ішінде Зұлқарнай мен Ескендір Жәңгірдің тірі кезінде-ақ қайтыс болған еді. Жәңгірдің балалары ішінде Ғұбайдолла, Ахметкерей және Ибраһим Санкт-Петербургтегі паждар корпусын бітірді. Ахметкерей орыс әскерінің полк. шенін иемденген. Ол 1877–78 ж. орыс-түрік соғысына қатысқан. Жәңгірдің сүйікті ұлы – Сейіткерей 1852 ж. ауырып көз жұмды. Оның артында екі ұл қалды. Үлкені – Мұхаммедкерей, кішісі – Шәңгерей Бөкеев. Мұхаммедкерей Орынбордағы кадет корпусында оқыған. Ол ислам діні ілімдерін терең меңгерген, діндар адам ретінде танылған. Мұхаммедкерейдің Ақыш атты бір ұлы, Айша, Зәуреш атты 2 қызы болған. Зәуреш Бөкеева Шәңгерейдің қолында тәрбиеленді. Б. ә-нің ішінде Тәукеннің ұлы Нұрмұхамбет 20 ғ-дың басында өзінің белсенділігімен көзге түскен. Ол 1901 ж. Бөкей ордасының 100 жылдық мерейтойын Санкт-Петербургте атап өтуге тікелей ат салысқан. Нұрмұхамбеттің Махамбет, Ғабдол Хакім, Хабир, Баязит деген 4 ұлы болған. Махамбет Бөкейханов – күйші-композитор, ал Ғабдол Хакім Бөкейханов мемлекет қайраткері ретінде танымал. Бөкейдің үлкен ұлы Тәукеден тараған ұрпақтардың ішінен белгілі дәрігер Хазихан Бөкейханов шыққан.

Ш.Аманжолова

БӨКЕЙХАНОВ Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.3.1866, бұрынғы Семей обл. Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-а. – 27.9.1937, Мәскеу) – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Б. – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата тегі: Бөкей – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан. Жасынан зерек, алғыр өскен Б-ты әкесі Қарқаралыға алып барып, жер-

БӨКЕЙХАНОВ

гілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ ол молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныпты бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879–86 ж. Қарқаралы қ-ндағы қазақ балаларына арналған мектепте оқыды. 1886–90 ж. Омбыдағы тех. уч-щеде оқып, оны «техник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1890–94 ж. Санкт-Петербургтегі Орман ин-тының экономика ф-тінде оқыды. Б. Ресей жандармерия басқармасының назарына алғаш рет студенттік жылдары-ақ ілігіп, «саяси сенімсіздердің қара тізіміне алынды». Ол ин-ты бітіргеннен кейін Омбыға барады. Онда орман ш. уч-щесіне математика пәнінен оқытушы болып орналасты. Соц. бағыттағы «Степной край» газетінің қызметіне белсенді түрде араласып, оның редакция алқасы құрамына енді. 1896–1903 ж. Щербина экспед.



Ә.Бөкейханов

жұмысына қатысты. Б. сияқты қазақ зиялыларының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне 1-орыс революциясы ерекше ықпал етті. Студенттік және омбылық өмірінің алғашқы кезеңінде маркстік бағытта тұрған Б-тың саяси көзқарасы өзгерді. Ол қазақ даласын отарлау саясатына білек сыбана кіріскен патша өкіметімен күрес жүргізу үшін әуелі бүкіл қазақ жұртының басын біріктіруді, сонымен бірге орыс қоғамының ішінде ресми билікке қарсы тұрған саяси күштерге сүйенуді алға тартты. Б. 1905 ж. қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысты. Съезде қазақ халқының тіл, сайлау, дін, т.б. бостандықтары мәселесін көтерді. Ол осы жылы «Халық бостандығы» (конституциялық-демократиялық) партиясының мүшелігіне, ал 1906 ж. оның Орт. к-ті құрамына енді. Б. конституциялық-демократиялық партияның Қазақстанда бөлімшесін ашуға ынта білдірді. 1906 ж. маусымда Семейде өткен қазақ сайлаушыларының съезінде Б. «Халық бостандығы» партиясының бағдарламасын қуаттап сөз сөйледі. Б. I-Мемл. думаға Семей обл. қазақтары атынан депутат болып сайланды. Бірақ ол I-Мемл. дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені Б. Дума өз жұмысын бастаған кезде Дала ген.-

губернаторының негізсіз жарлығымен, соттың тергеуінсіз, 3 ай Павлодар абақтысында отырды. Ал абақтыдан шығып Санкт-Петербургке жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қ-на жүріп кеткен екен. Б. та солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды. 1906 ж. Омбыда шығатын кадеттік «Голос степи», «Омиш» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 ж. Петербургте жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. Сол жылы Самараға жер аударылып, 1909–17 ж. Дон егіншілік банкі бөлімшесінде жұмыс істеді. 1912–17 ж. кадеттер партиясы ОК-нің мүшесі болды. 20 ғ-дың басындағы қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне Б. зор еңбек сіңірді. 1914 ж. маусымда Мемл. думадағы мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен шақырылған Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты, мұсылман фракциясы бюросының тұрақты мүшесі болды. I-дүниежүз. соғыс жылдары майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. ел азаматтарына қажет түрлі көмек көрсету ісіне басшылық жасады. Осы мақсатта 1917 ж. 15 ақпанда Минскідегі земство және қала одақтары жанынан ашылған бұратаналар бөлімінің бастығы қызметін Б. атқарды. 1917 ж. 20 наурызда Уақытша үкіметтің Торғай обл. комиссары және Түркістан к-тінің мүшесі қызметіне тағайындалды. Б. ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыс басшысы дәрежесіне көтерілген алғашқы қазақ болатын. Ұлттық мемлекет құру Б-тың түпкі мақсаты болды. Ол Уақытша үкіметке, сондай-ақ, кадет партиясына үлкен үмітпен қарады. Бірақ оның бұл үмітінің негізсіз екендігіне көзі жетіп, кадет партиясынан шығады. Оның жетекшілігімен 1917 ж. шілдеде I-жалпықазақ съезі өткізілді, сондай-ақ, «Алаш» партиясы құрылды. Б. 1917 жылдың күзі мен қысында мемл. бостандыққа жетудің түрлі жолдарын қарастырды. Г.Н. Потанин бастаған Сібір автономияшыларымен қатынас жасап, Сібір автономиясы құрыла қалған күнде Қазақстанның оның құрамына енуін жақтады. Міне, осындай жағдайда Б. пен А. Байтұрсынов бастаған бір топ қайраткерлердің ұсынысы мен ұйымдастыруы бойынша 1917 ж. 5–13 желтоқсанда Орынбор қ-нда қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған жалпы қазақ съезі болып өтті. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе – кеңестік билікке қатынас жөнінде баяндаманы Б. жасады. Съезд қазақ облыста-

рын бүліншіліктен сақтау мақсатында уақытша «Ұлт Кеңесін» құрып, оның аты «Алашорда» болсын деген шешім қабылдады. 25 орыннан тұрған бұл үкіметтің төрағасы болып көпшілік дауыспен Б. сайланды. Азамат соғысы басталып кеткеннен кейінгі кезеңде Б. бастаған Алашорда өкіметі кеңес билігіне қарсы күресіп, ақ казактар мен патша генералдарының жағында болды. Большевиктер партиясы ұсынған бағдарламаны қазақ қоғамын үлкен апатқа ұрындыруы мүмкін деп бағалап, ал қазақ коммунистерін орталық биліктің қол шоқпары ретінде айыптады. 1918–19 ж. Алашорда жасақтары қызыл әскерге қарсы шайқастарға қатысты, кеңес билігін қолдаған қазақтарды жазалады. Кеңес өкіметі 1919–20 ж. Алаш қозғалысына қатысқандарға жариялаған кешірімнен кейінгі уақытта да Б. өз принципіне сенімді күйде қалды. Кеңес билігі тұсында ол туған елі үшін белсенді қызметтен бас тартқан емес. 1920 ж. Қазақ АКСР Егіншілік халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1922 ж. ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты (Мәскеу) жанындағы Орт. баспаның ғыл. қызметкері, 1926–27 ж. Ресей ҒА-ның ғыл. қызметкері болды. Өкінішке орай, Сталин басқарған жоғары билік рев-ға дейінгі казак зиялыларына, оның ішінде Б-қа сенімсіздік танытты, қоғамдық қызметін теріс бағалап, шектеп отырды. 1925 ж. Қазақстандағы саяси билікке Ф.Голощекин келгеннен кейін жүргізген оның қоныс аударушыларға кең жол ашу саясатына жол бермеу үшін казак қожалықтарына қажет жер нормасын анықтау мақсатында КСРО ҒА жанынан проф. С.П. Швецов бастаған экспедицияны құру ісіне белсене араласып, оның құрамына өзі де енеді. Қазақстанда қоныс аударушыларға жарарлық артық жер жоқ екендігін ғыл. тұрғыдан негіздеп берген бұл комиссияны жасаған тұжырымдары мен ұсыныстары Голощекинге және орталық мекемелерге ұнай қойған жоқ. 1926 ж. Б-ты Мәскеуден бақылаушы орындардың рұқсатынсыз шығып кеткені үшін ОГПУ қызметкерлері Ақтөбеде тұтқынға алады да, кейін қайтарып, Бутырка абақтысына жабады. Келесі 1927 ж. одақтың Егіншілік комиссариатында ол проф. Швецов ұсынған жер нормасын қорғап сөз сөйлеп, отаршыл пиғылдағы шенеуніктерді әшкерелеп сынға алды. Б. 1927 жылдың 1 қазанынан бастап Мәскеуде, ОГПУ орындарының бақылауы астында тұруға тиіс болды. Үкімет орындарының жеке адамдардың оны Қазақстанда тұрып, қызмет істеуіне рұқсат сұрап орталыққа жасаған өтініштерінен нәтиже шықпады. 1937 ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғ. соты әскери коллегиясының негізсіз үкімі бойынша ату жазасына кесілген. 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғ. сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ бол-

ғандықтан, ақталды. Б. қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, шаруашылығын, төрт түлік малын, жер-суын, қысқасы, әлеум.-экон. жағдайын жан-жақты зерттеген санаулы ғалымдардың бірі. Б. Ресей императорлық география қоғамының қызметіне қызу араласты. 1896 ж. оның Батыс – Сібір бөлімінің мүшесі болды, ал 1901 ж. оның басқару к-тіне сайланды. Б-тың тарих саласында жазып қалдырған «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» атты алғашқы еңбегі 1903 ж. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген көп томды альманахтың 17-томына еніп, Санкт-Петербургте жарық көрді. Шығармада қазақ өлкесінің тас дәуірінен бергі тарихы көрініс тапқан. Сонымен бірге қазақ даласының соңғы ғасырлардағы өмір-тарихын сипаттаған. «Киргизы» атты еңбегі алғаш рет «Формы национального движения в современных государствах» атты жинақта 1910 ж. Санкт-Петербургте басылып шықты. Бұл еңбекте қазақ халқының отаршылдық саясатқа деген көзқарасын, ұлт-азаттық күресінің бағытын, мақсат-мүддесін ашып көрсеткен. Б. қазақ мемлекетінің пайда болуының тарихи кезеңдерін, даму заңдылықтарын да терең зерттеген. Бұған оның әр жылдары Ресей императорлық география қоғамы Батыс-Сібір бөліміне қараған Семей бөлімшесінің басылымдарында жарияланған «Из переписки (писем) киргизских ханов, султанов», «Из переписки хана Средней киргизской орды Букея и его потомков» және «Из бумаг султана Большой киргизской орды Сюка Аблайханова» атты ғыл. жарияланымдары куә бола алады. Б. назарынан Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі де тыс қалмаған. Оның бұл тақырыпта 1923 ж. Ташкентте «Материалы к истории султана Кенесары Касымова» атты кітапшасы шыққан. Б-тың атқарған ісі, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы әлі де жан-жақты талданып, зерттеле түспек.

Ш ы ғ.: Шығармалар, А., 1994; Таңдамалы, А., 1995.

Әдеб.: А м а н ж о л о в а Д.А., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Н ұ р п е й і с о в К., Алаш һәм алашорда, А., 1995; Қ о й г е л д и е в М., Алаш қозғалысы, А., 1995.

М.Қойгелдиев

БӨКЕЙХАНОВ Ғабдол Хакім Нұрмұхамбетұлы (15.4. 1896, Бөкей ордасы, Шонай а. – 25.2.1938, Алматы обл. Талғар ауд. Жаңалық а.) – мемлекет және қоғам қайраткері. Бөкей ханның ұрпағы. Белгілі күйші М. Бөкейхановтың інісі. Бөкей ордасындағы Жәңгір хан ашқан мектепті, Орал әскери уч-шесін (1917), А.ш. академиясын (Мәскеу, 1922–25) бітірген. Б. 1918 ж. Бөкей ордасы атқару к-ті төрағасының орынбасары қызметін атқарды. 1-қазақ атты әскер полкін құруға тікелей қатысты. 1919 ж. Қазревком мүшесі ретінде

БӨКЕН

Кеңес өкіметі жағына тарту мақсатында Алашорда жетекшілерімен келіссөз жүргізді. Қазревкомның ұлттық кадрларды іріктеп, қызметке тағайындау комиссиясының мүшесі бола жүріп, көптеген Алаш қозғалысы қайраткерлерін ОАК мен ХКК-ндегі жауапты қызметтерге тағайындауға көмегін тигізді. 1920 ж. БОАК-де Қазревком өкілі болды. 6-, 7- және 10-Бүкілресейлік Кеңестер съезіне, сондай-ақ, Коминтерннің 4-конгресіне



Ғ.Бөкейханов

қатысты. 1921–22 ж. Семей губ. атқару к-тінің және Семей мен Ақмола губ-ларының Ашыққандарға көмек көрсету комиссиясының төрағасы. 1925–32 ж. Жер халкомының алқа мүшесі, Қарақалпақ атқару к-ті төрағасының орынбасары, Қазақ мақта к-ті төрағасының орынбасары, 1933–37 ж. КСРО мақта-трактор орталығы тресінің өкілі, Оңт. Қазақстан обл-ның Жер басқармасының бастығы қызметтерін атқарды. Қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 ж. ату жазасына кесілді. 1957 ж. ақталған. Б. дәстүрлі халық мәдениетінің қамқоршысы болған. А.В. Загаевичке қазақтың «Шалқыма», «Қос алқа», «Мерген», «Соқыр Есжан» күйлерін, «Екі жирен», «Атырау», «Карашаш», т.б. жалпы саны 27 әнін жаздырып, Дәулеткерей, Салауаткерей және өзі тәрбиесін көрген Әлікей, Макар сынды халық композиторлары туралы құнды деректер берген.

Әдеб.: Л е в и ц к а я И., Живые драгоценности, А.-А., 1976; Протоколы Революционного комитета по управлению Казахским краем (1919–1920 гг.). Сб. документов, А., 1993.

Ш. Аманжолова

БӨКЕН Қосалұлы (шамамен 1663, Атырау обл. Қызылқоға ауд. Қарабау елді мекені – 1756) – би, мәмілегер. әз Тәукенің «Жеті жарғы» заңының халық арасындағы сенімді жаршысы, насихаттаушысы. 1730–59 ж. Еділ қалмақтары мен жоңғарларға қарсы соғысқа қатысқан. Деректерде Б. ел мен елдің арасын жақындастырған мәмілегер ретінде көрінеді. 1731 ж. Ресей патшасынан қысым көрген башқұрттардың Әбілқайыр басқарған қазақ хандығына қосылмақ ниетіне қолдау көрсетті. Башқұрттардың Ағиәпхан мен Қарасақал деген ба-

тырларын Қазыбек би мен Сәмеке ханға жеткізіп, башқұрттарға көмек беруді өтінген. Қайтыс болар алдында Б.: «Мені жұртымнан бөлек биік төбеге емес, төмендегі көппен бірге жерлендер, басыма қақырайтып тас қоймаңдар. Тау да құлайды, тас та мүжіледі, мұхит та саркылады. Құламайтын нәрсе, сарқылмайтын күш халықта. Менің атым таста қалмай, халықтың есінде қалса болды» деген өсиет қалдырған. Б. бидің зираты Қарабаудағы Өтей қорымында (Атырау обл.).

Г.Жорабаева

БӨКЕНБАЙ Бесқұртқаұлы (1700, қазіргі Қостанай обл. Жангелдин ауд. Торғай өз. бойы – 1759, Жайыққа құятын Шаған өз. бойы) – батыр, қолбасы. Орта жүздегі арғынның қараман-қыпшақ атасынан. Б. арғын-қыпшақ қолын, кейін Кіші жүз қазақтары мен ноғай әскерін басқарған. Маңғыстау аймағы, Жайықтың шығыс жағалауы, Ойыл, Жем, Сағыз өзендері бойы мен Түркістан, Шу, Жетісу, Аягөз өңіріндегі, т.б. шайқастарға қатысып, қазақ, ноғай, қарақалпақ халықтарын, Алатау қырғыздарын жоңғар-қалмақ шабуылынан қорғауда ерлігімен танылған. Мұрағат құжаттарында Б-дың әлеум.-экон. мәселелерге де араласқаны туралы деректер келтіріледі. 1747 ж. 20 мамырда Шақшақ Жәнібек тархан мен Б. батыр Орынбор губернаторы И.Неплюевке Орта жүз жері арқылы Ресейдің тауарлы керуендері ешбір қақтығыссыз өтетіні жөнінде аманат хат жолдаған. 1748 ж. 13 маусымда Ор қамалындағы А.И.Тевкелевке жазған хатында Б. былай деп жазды: «...Менің әкем Бесқұртқа сіздердің қолдарыңызда [Ресей тұтқынында] Уфа қ-нда қаза болды. Ақша деген інімнің өлі-тірісін білмеймін. Әйтеуір, оның қалмақ билеушісі Дундук Дашаның қолында болғаны мәлім. Осы жағдайды біліп, хабар алып берсеңіз... Хатты інім Жанбай арқылы жібердім». 1748 ж. 20 маусымда А. Тевкелев пен қазақтардан Жәнібек тархан, оның баласы Жауқашар, Б. батыр және тағы 6 адам арасында қазақ-орыс қарым-қатынасы жөнінде құжат қабылданды. Бұл құжатта Б. батыр Жәнібек тарханның сенімді адамы әрі орынбасары ретінде «бригадир Тевкелевпен тең дәрежеде» болғаны көрсетіледі. Б. 1759 ж. жазда Маңғыстау аймағын түркімен басқыншыларынан тазартып, жеңіске жеткен соғыста ауыр жараланып, сарбаздары найзаға салып әкеле жатқан жолында қаза табады.

Әдеб.: «Қазақстан» ұлттық энциклопедия., 1999 ж., 396-б.; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 100-б.; Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздік. Алматы, 2005, 125-б.; Тайшыбай З.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

БӨКЕНБАЙ Бозқозұлы (17 ғ-дың 2-жартысы – 18 ғ-дың басы) – батыр. Арғынның сүйіндік руынан.

Павлодар обл. Баянауыл ауд.-нда дүниеге келген. Жоңғар шапқыншылығы кезінде арғын-қыпшақ қолын басқарған сардар. Б. керей Бөгембай батырдың жасағында мыңбасы болған. Батырдың ерлігіне ақын Дәстем сал Қарабасұлы «Бозқозұлы Бөкенбай» атты қисса арнаған.

Қ.Ерғазы

БӨКЕНБАЙ Қараұлы (т.ж.б. – 1741) – батыр, қолбасы. Кіші жүздің табын руынан. Жастайынан өзінің ағаларымен бірге жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске шығып, ерлігімен көзге түсті. 18 ғ-дың бас кезінде табын руына рубасы болып сайланды. 1710 ж. Қарақұмдағы халық құрылтайына қатысып, онда жауға тегеурінді соққы беру үшін бытыраңқы қазақ жасақтарын біріктіру жөнінде ұсыныс білдірді. Жоңғарлармен күресте Әбілқайыр ханмен бірге болып, қазақ жасақтарының үлкен бір тобына қолбасылық жасады. 1726 ж. Әбілқайырдың Еділ қалмақтарына жасаған жорығына қатысты. Кіші жүз қазақтарының Ресей империясы қол астына өтуін қолдады. 1731 ж. қазанда Ресей бодандығын мойындайтындығы жөнінде ант берді. Ол мұндай антты 1740 ж. тамызда Ор бекінісінде екінші рет қайталады. Ресей патшайымы Анна Иоанновна Б-ға күміспен өрнектелген қылышты арнайы сый ретінде жіберген. Б. 1741 ж. 500 адамнан тұратын жасақпен түрікмендерге жорық ұйымдастырды. Ол осы жорық кезінде түрікмендермен болған шайқаста қаза тапқан. Қазіргі Ақтөбе обл.-ның Ырғыз ауд.-ндағы қыраттың бірін халық Б-дың құрметіне «Бөкенбай шоқысы» деп атап кеткен.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Б а к у н и н В.М., Описание калмыцких народов, а особливо из них торгоутского и поступков их ханов и владельцев. Сочинение 1761 года, Элиста, 1995; К э с т л ь Дж., 1736 жылы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы, А., 1996; Л е в ш и н А.И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Е р о ф е е в а И.В., Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик, А., 1999.

И.В.Ерофеева

БӨКЕНБАЙ Мергенұлы (1717, Солт. Қазақстан обл. Қызылжар ауд. – 1758, Шығ. Қазақстан обл. Тарбағатай ауд.) – батыр, қолбасы. Орта жүздің керей тайпасының ашамайлы руынан. Жоңғарларға қарсы күресте қол бастап, ерлігімен көзге түскен. Тарбағатай өңірін жоңғарлардан тазарту кезінде жараланған. Сол жарақаттан қайтыс болған. Б. жерленген жер Бөкенбай сайы деген атқа ие. Оның ерліктерін Қожаберген жырау өз жырларына қосқан.

Қ.Бигожаұлы

БӨЛЕК Қараұлы (1700, Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. – 1785, сонда) – батыр, қолбасы. Ұлы жүздің шапырашты тайпасының асыл руынан. Сатай

батырдың немересі. Б. 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғарларға қарсы күресте Шапырашты Наурызбай батырдың мыңбасы болған. 1729 ж. шайқаста жоңғар әскерлерінің қолбасы Аңырақаймен жекпе-жекке шығып, оны өлтірген. 1734 ж. орыс бодандығын қабылдау жөнінде Ресей патшасы Анна Иоанновна атына Қодар би, Төле би, Сатай батырмен бірге хат жолдауға қатысты. Б. батыр бастаған қазақ жасақтары 1750 ж. жоңғарларды Тұрфаннан асыра қуған. Алматы обл.-ның Еңбекшіқазақ ауд.-нда Б. есімімен аталатын ауыл бар.

Әдеб.: Г у р е в и ч Б.П., Международные отношения в Центральной Азии в XVI – первой половине XIX в., М., 1983.

Л.Динашева

БӨЛЕКЕЙ (т.ж.б. – 1808) – сұлтан, Кіші жүз ханы. Әбілқайыр ханның немересі, Ералының баласы. Сырдарияның төм. ағысы мен Ырғыз өз. бойын мекендеген шөмекей руының 4 мыңға жуық отбасы, сондай-ақ, Жаңадария өз. жағалауындағы қарақалпақтар Б-дің қол астында болған. Ол 1770 ж. Қайып ханның ұлы Жаһангер (Жәңгір) Хиуа тағынан тайдырылған соң, жергілікті ықпалды топтың қолдауымен оның орнына отырды. Бірақ бір айдан кейін әмір Мұхаммед Әминнің тегеурінімен Б. Хиуадан қуылып, әкесі Ералыға жіберілген. 1780 ж. Бұхар әмірінің қолдауымен шөмекей руының және қарақалпақтардың басым бөлігінің ханы болып сайланды. Ол өзінің билігі кезінде орыс шекаралық өкіметімен байланыс жасамауға тырысқан. Б-дің 4 ұлы болған. Олардың ішінде Қасым мен Сауқым мұрагерлік жолмен хан сайланған. Б-дің қызы Хиуа ханы Елтүзер Мұхаммедке ұзатылған.

Әдеб.: Материалы по истории туркмен и Туркмении, т. 2, М.–Л., 1938; Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков, А.-А., 1969.

И.В.Ерофеева

БӨЛТІРІК Әлменұлы (1771, Жамбыл обл. Шу ауд. – 1854, сонда) – шешен, батыр. Жастайынан ақындық, батырлық жолын қуып, есейген шағында ел арасындағы жер, су, еңбек, құн және жесір дауларына талай рет әділ төрелік айтқан. Б. – билер дәуірі әдебиетінің ірі өкілі. Б-тің шешендік сөздері оның заманы мен сол заман адамының ең бір маңызды да мәнді, ең көкейтесті мәселелеріне арналған. Ел арасында «Бөлтірік айтыпты» деген шешендік сөздер көп. Б-тің «Аппақ сақал қараңғы түнде айдай көрінеді», «Ұры-қары деген атақ қалыпты», «Төре баласы мен түйе ботасы», «Хан баласына бата», «Қырғыз-қазақтың байлық айтысканы», «Құдайдың өзі оңғарар», «Даудың түбін қыз бекітеді» секілді сөздері аз сөзбен көп мағына берудің үлгісі болып табылады. Соның бірінде Б. шешен: «Арғымақ атта

БӨРТЕ

жал болмас, Жабы келіп жалыменен теңесер, Ақиық ерде мал болмас, Жаман келіп малыменен теңесер», – деп түйіндейді. Б. сөздері қырғыз, өзбек халықтары арасында да кездеседі. Сондай-ақ Бөлтірік өз тұсындағы Балпық би, андас Құтым би, мырза Жинақ би, сары үйсін Сары



Бөлтірік Әлменұлы

би, ботпай Сыпатай би, Байсерке би, албан Малай би, Ноғайбай би, тобықты Құнанбай мырза, сондай-ақ, Сұраншы батыр, Сыпатай батыр, Тезек төре сияқты игі жақсылармен тізе түйістіріп, бастас болып, ел ісіне бел шеше араласқан. Айтқан сөзі жерге түспеген аға сұлтан Тезек төре айтыпты дейді: «Мен екі ақын, бір шешен көрдім: бірі – жалайыр Бақтыбай, біреуі – қызыл керей Сүйінбай, үшіншісі Бөлтірік шешен. Атам – Абылай, әкем – Әділ, өзім Тезек едім. Он сегіз мың ғаламды жарылқап, қорғауға күшім жетуші еді, осы үшеуінен біржола сағым сынды.» Б. шешендік өнеріне А.Байтұрсынов, М.Ж. Көпеев, С. Сейфуллин, З. Қабдолов, т.б. өз еңбектерінде тоқталған. Халық ақындары К.Әзірбаевтың «Аңыздар сыры» (1969), Б. Бигелдиевтің «Балқаш» (1970) атты жинақтарында Б-тің батырлығы бейнеленген дастандар бар.

Шығ.: Әлменұлы Б., Шешендік сөздер, А., 1991.

Әдеб.: Дәдебаев Ж., Бөлтірік Әлменұлы және казак шешендік өнері, А., 1994.

Ж.Дәдебаев

БӨРТЕ (шамамен 1154–1230/31) – Шыңғыс ханның жұбайы. Қоңырат тайпасының көсемі Дай (Тай) мырзаның қызы. Қият ішіндегі боржіген (бөрітегін) руының батыры Есугей 9 жасар ұлы Теміршіні (болашақ Шыңғыс хан) қоңырат еліне ертіп барып, ежелгі түркілер дәстүрі бойынша Б-ге құда түсіп қайтады. Көп ұзамай Есугей

қайтыс болып, Темірші жетім қалып, көптеген қиыншылықтарды басынан өткізеді. Тек ержеткеннен кейін ғана, шамамен 1178 ж. Б-ні іздеп барып, алып қайтады. Бірақ осы кезде Теміршінің ауылына меркіттер шабуыл жасап, Б-ні тұтқын ретінде алып кетеді. Темірші әкесінің андасы Керей хандығының ханы Тұғырыл (Уән хан) мен жажират руының нояны, өз андасы Жамұқаның көмегімен Б-ні босатып алады. Шыңғыс ханның бірнеше әйелдерінен көптеген балалар тараған. Дегенмен Шыңғыс хан Б-ден туған 4 ұлын: Жошыны (1182–1227), Шағатайды (1183–1242), Үгедейді (1185–1241), Төлени (1193–1256) өз мұрагерлері ретінде таныған. Б-ден туған 4 ұл мен олардың ұрпақтары Шыңғыс ханның серіктері болып қана қоймай, ол бастаған істі әрі қарай жалғастырушылар ретінде түркі-моңғол халықтары тарихында үлкен із қалдырды

Әдеб.: Х а р а л ь д Л э м, Чингис хан – император всех людей, Лондон, 1928; Г у м и л е в Л. Н., «Тайная» и «явная» история монголов XII–XIII вв., М., 1994; соныкі, Черная легенда. Друзья и недруги Великой степи, М., 1994; Х а р а Д а в а н Э., Чингис хан как полководец и его наследие, М., 1995.

Н.Шәкеев

БӨРІБАЙ БАТЫР (шамамен 1694–1756/60) – қолбасы. 1723–40 ж. жоңғарларға қарсы соғыстарда матай руы қолын басқарған. Жалайыр, найман, қоңырат жасақтарының басын біріктіріп, Сарысу өз. бойына қоныстандырған. Жоңғар шапқыншылығының ең ауыр кезеңінде өз қарамағындағы рулардың жаудан қорғану ісін ұйымдастырды. Сарысу өз. бойындағы шайқаста қаза табады. Қожа Ахмет Иасауи кешенінде жерленген. Әкесі Сары мырза 1688–89 ж. Ресеймен арада келіссөз жүргізу үшін қазақ елшілігін Тобылға бастап апарған. Б. б-дың ұрпақтарынан кейін ру басы, ел анасы аталған Бікен-ана, Барлыбек пен Тұрлыбек Сырттанұлдары, Тәнеке батыр, Қыдыралы би, Маман, Тұрысбек сияқты тарихи тұлғалар шықты. Б. б-дың ерлігі жайлы кезінде Сегіз сері, Дәстем сал, Жанкісі жыраулар дастандар шығарып, елге жайған. Абылай мен Әбілмәмбет қытай билеушісіне жолдаған хатында саудамен бара жатқан қазақтарға қамқорлық жасауын өтінген. Сол қазақтар тобын бастап барған Танаш және Бөрібай, Нәрібай мен Нияз есімдері аталған. Бұл жайында 1760 ж. қараша айында қытай уәзірі Өнтайдың мәлімдемесінде жазылған.

Әдеб.: С а л ғ а р а ұ л ы Қ., Қазақтың қилы тарихы, А., 1992; О р д а б а с ы Қ., Елім-ай, А., 1995.

Ө.Ақыпбекұлы

БӨРІБАЙҰЛЫ Қобылан (1760, Баянаула – 1840, сонда) – суырыпсалма халық ақыны, Сарыарқаға аты танымал Бөрібай әншінің ұлы. Өлеңдері көбіне 18 ғ-дағы батырлардың ерлік жорықтары

жайлы сарында келеді. Оның ішінде Баянауладан шыққан, жоңғарларға қарсы күрескен Олжабай батыр туралы өлеңі бар. Сонымен бірге, қазақ халқының тұрмысына арналған өлеңдері де бар. Ақынның туындылары «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967) атты жинақта тұңғыш рет жарық көрсе, кейінгі жылдарда «Бес ғасыр жырлайды» (1984), «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» (1988) кітаптарында басылып шықты.

«БРЕГАДИР ФОН ФРАУЕНДОРФТЫҢ ПОЛКОВНИК ЛЕСТОКҚА ЖІБЕРГЕН ҚҰПИЯ ХАТЫ» – құжаттық хат. (1-қор, 1-тізім, 83-іс. Омбы мұрағаты 1760 ж. 20 қаңтар). Хатта Қырғыз-қайсақтың жерінде мына жағдайларды барлап білу қажеттігі құпия тапсырылған: 1. Олардың жасырын әскерлері қай жерлерде орналасқан, қандай мекенде, саны қанша, Ресей жерінен қашықтығы қандай? 2. Оның тұрақты әскері бар ма? Қанша, қай жерде? Оның бас старшындары кім? 3. Абылай сұлтанның негізгі мақсаты не? Басшылары кім? 4. Ресейдің тұрғындарына шабуыл жасайтын әскерлері бар ма? Шабуыл жасау ойлары бар ма? Егер болса не үшін? 5. Қытайды жақтайтын қырғыз-қайсақтар немесе басқа халықтар бар ма? Қанша? 6. Қырғыздардың басқадай бөтен ойлары бар ма? Көрші елдермен қарым-қатынастары бар ма? Соғыс қаупі туып тұрған жерлері жоқ па? 7. Бұхар, Қашғар, Жаркент, Ташкент, Түркістан тағы басқа да жерлермен ұрыс-керістері бар ма? Олар өзара тату болмаса тез арада олармен ымыраласуға ниеттері бар ма? 8. Жазда Абылай сұлтан сырт жаққа Көкшетау бағытына көшін апармақшы. Ол қайда барады, әрі қарай басқа жерге бармай ма? 9. Батырларды сыртынан бақылау керек. 10. Қабылан сұлтан Орынбордан жіберілген аудармашы Гуляевты қысымға алыпты. Ресей туралы ойын білу керек. Олардың құлықтарын ешкім байқамады ма? Абылай сұлтан, Құлсары батыр, тағы басқаларды бақылауды өте құпия түрде жүргізу керек делінген.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

«БРЕГАДИР ФОН ФРАУЕНДОРФТЫҢ ХАТЫ» – құжаттық хат. (122-қор, 1-тіркеме, 76-іс). Бұл құжаттық хатта Орынбор мен Омбыдағы Ген.-губернаторлардың ауысуына байланысты, онымен танысуға шақыртылған Абылай ханның өзі келмегендігі жөнінде айтылады. Ол жолдар хатта былайша келтірілген: «...Орынборға және Омбыға Генерал-губернаторлардың жаңадан келгендерін хабарлайды. Олар ханның келіп танысуларын сұрапты. Абылай хан бармаған соң, онда ең бір жақын адамын жіберуді қалайды. Оған тағы да Жолбарыс інісін жібереді. Ол алып келген хатта Орынбордың Генерал-губернаторы Абылай сұлтанға сұрақ беріпті. «Егер де Ресей мен Қытай екеуі соғыса қалса кімді жақтар едіңіз?» – дейді.

Абылай хан: «Ешкімді де. Бізге бейбіт өмір қажет», – деп жауап берген».

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

БРЯНЦЕВ ЕЛШІЛІГІ – Петр І-нің жарлығы бойынша Батыс Сібір ген.-губернаторы М.П. Гагариннің жолдауымен 1718 жылдың 21 қаңтарынан 6 тамызға дейін Қазақ Ордасында болған Борис Брянецев бастаған орыс елшілігі. Құрамында Яков Тариштин, Көбай Мамеев, т.б. бар елшілік өз қызметін қазақ – жоңғар қатынасы туралы мағлұматтар жинаудан бастаған. Б. е. өздері тоқтаған алғашқы қазақ ауылында мырза Құттыбайдан 1717 ж. Аягөз өз. бойында Әбілқайыр мен Қайыптың 30 мың әскері мен жоңғарлар арасында 3 күнге созылған шайқас болғанын, онда 2 қазақ ақсүйегі өлгенін, ал жоңғарлардан қанша шығын болғанын білмейтіндігін естіп, жазып алады. Б. е. Әбілқайыр ханның бауыры Мамаймен, өзге де ықпалды қазақтармен жолыққанда, олар орыстармен бейбіт қарым-қатынасты қалайтындықтарын білдірген. Б. е. 4 мамырда Әбілқайыр ордасына келіп, алдымен Бекболат Екешұлы арқылы әкелген сый-сыяпаттарын берді. 5 мамыр күні Әбілқайырдың қабылдауында болады. Б. е-не Әбілқайыр қазақ-жоңғар мәселесі, сондай-ақ, қазақтардың Ресеймен сауда қарым-қатынасын өркендетуге мүдделілігі, Сібір бекіністеріне тонаушылық жорық жасағандарға шара қолдануға әзір екендігі туралы айтқан. Б. е. 25 маусымда Түркістан қ-на келіп, Қайып ханмен кездесіп, екі ел арасындағы даулы мәселелер талқыланады. Қайып хан талас-тартыстарды бейбіт жолмен шешуге, сауда қатынастарын нығайтып, жоңғарларға қарсы орыс мемлекетімен әскери одақ құруға ұмтылатынын мәлімдеген. Бірақ Ресей үкіметі қазақтарға әскери жәрдем көрсетуге асықпады, тек мәмілегерлік миссиялармен шектелді. Өйткені, Ресей өкіметі қазақ даласын «Азия елдеріне кіретін кілт пен қақпа» ретінде өз мүддесіне пайдалануды көздеген болатын.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Б а с и н В.Я., Казахстан в системе внешней политики России в первой половине XVIII в. В кн.: Казахстан в XV–XVIII вв., А.-А., 1969.

А.Махаева

«БУРАБАЙ ЖЕМЧУЖИНА КАЗАХСТАНА» – кітап. Авторы – В.А.Зубов. 2007 ж. «Атамұра» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 176 бет. Таралымы 2000 дана. Автор бұл кітабын еліміздің солт. аймағында орналасқан табиғаты көркем де ғажап Бурабайдың тарихына арнаған. Бурабайдың тарихын зерттеуге сол өңір жайында ел аузында айтылып жүрген аңыз-эпсаналарды, өлең, жыр, поэмаларды негіз еткен. Сол арқылы табиғаты ғажап өлкенің сырына үңіле отырып

БҰҒЫБАЙ

ондағы өсімдіктер, жан-жануарлар әлемін де таса қалдырмаған. Кітапта Абылай хан алаңы мен тұғыр тасына да біршама тоқталып өтеді. Абылай ханның 18 ғ-да Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қалуда орасан еңбек еткендігі жайында да атап кетеді.

К.Қошым-Ноғай

БҰҒЫБАЙ (т.ж.б. – 1847) – батыр, қолбасы. Ұлы жүздегі шапырашты тайпасының ыстық руынан. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күреске белсенді түрде қатысып, ерлігімен көзге түскен. 1847 ж. жазда қырғыздарға жасалған жорық кезінде қоршауда қалып, ерлікпен қаза тапқан. Б-дың ерлігін Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» дастанында, Доскей ақын «Кенесары» дастанында жырау қосқан. М.Әуезовтің «Хан Кене» атты пьесасында Б. бейнесі негізгі кейіпкердің бірі ретінде берілген.

Әдеб.: Хан Кене (қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен хан-батырлар туралы тарихи толғамдар мен дастандар), А., 1993.

Қ.Бигожаұлы

БҰЖЫР БАТЫР (18 ғ.) – Кіші жүздің әлім бірлестігіндегі шекті тайпасынан шыққан батыр. Шежіре бойынша батырдың шығу тегі былайша тарқатылады: Қаракесектен Байсары Әлім, Шөмен. Әлімнің алты баласының бірі – Шекті (Жаманак), одан Шыңғыс, одан Жақайым мен Қалу (Мәку), Қалудан Бөлек, одан Айт пен Бұжыр. Ел ішіндегі аңыздарға қарағанда Бұжыр ірі денелі, балуан тұлғалы, қайратты болған екен. Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы күресте аты шығып, батыр атаныпты. 18 ғ-дың бірінші жартысында ойраттардың торғауыт тайпасы Еділ мен Жайық өзендері аралығындағы ноғайларды жеңіп, сол аумаққа орнығып жатқан болатын. Олар батыста ноғай далаларына, шығыста Кіші жүз аумағына көз салады. Осы кезеңде Кіші жүздің басқа да батырларымен бірге Бұжыр батыр Еділ қалмақтарының Жайықтан шығысқа қарайғы жерлерді жаулап алуына мүмкіндік бермейді. Оның ұрпақтарынан Жәлімбет батыр, Тыным батыр секілді тұлғалар шыққан.

Әдеб.: Қазақ шежіресі. Кітапты дайындаған Жарылқап Бейсенбайұлы. Алматы, 1994; «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Қаракесек бірлестігі (Әлім, Кете, Шөмекей). т.13. 2-кітап, 4-кітап. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2010.

Б.Кәрібаев

БҰҚА БАТЫР (т.ж.б. – 1680 ж.ш.) – қазақтың жоңғарға қарсы азаттық соғысының батыры. Қабанбайдың үзеңгілес серігі болған найман (Төртуыл) Баймұрат батырдың атасы. Мөлшермен наймандар жоңғардан ығысып, Арқаға қарай ауарда жау қолынан шейіт болса керек. Аңыз бойынша теңсіз ұрыста жау қоршауында қалып, он

несше ойрат найзаға шаншып, тік көтеріп алғанда, өне бойынан қан саулап тұрып: «Атаңа нәлет ит қалмақ, өлсем де сендерден найза бойы биік тұрмын!» деген екен. Б. б-дың сүйегі Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. жерінде, Қағыба өз. аңғарындағы «Бұқа шатқалында» жерленген.

С.Ғұсман

БҰҚАР ЖЫРАУ (1693, бұрынғы Баянауыл, Далба тауы бойында – 1787, сол жерде) – әйгілі жырау. Абылай ханның ақылшы-биі, абыз. Жұрт оны «Көмекей әулие» деп атаған. Сөйлегенде үнемі қара сөзбен емес, көмекейі бүлкілдеп, түйдек-түйдек жырмен сөйлейтін болған. Көбіне-көп Абылай ханның өтінішімен, «сәуе айтшы» деген



Бұқар жырау

тілегімен түсінде көрген істерін болжап айтады екен, бұлары дәлме-дәл келіп отырған. Әкесі Қалқаман батыр болған. Б. ж-дың өзінен Ақдербіс, Жарылғап, Жанта есімді үш ұл тараған. Жарылғап ұрпақтарынан Құреке ақын, ғалым Б.Аяпбергенов, т.б. белгілі адамдар шыққан. Б. ж. қазақ халқының Жоңғар басқыншылығы тұсында, елдің болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, сол алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап бере білді. Осындай ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты басқыншы жауға қарсы күресте біріктіруге, бір тудың астына топтастыруға күш салды. Өзінің саяси-әлеум. мәнді жыр-толғауларымен сол жалынды күрестің жыршысына айналды. Осы мақсатта ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау сол азаттық жолын-



да өлімге бас байлап, ерліктің небір ғажайып үлгілерін көрсеткен хан мен оның батырларын жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйытқысы бола білгенін асқақ жырлады: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай, Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай. Үш жүзден үш кісіні құрбан қылсам, Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!». Осы бір шумақ жырда халық пен ханның байланыс-бірлігін қиыннан қиыстыра білген. Жыраудың «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал, «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекен біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Б. ж-дың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол қасындағы Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанады. Соның арқасында ата жауы Жоңғарлардың іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолдана отырып тарих сахнасынан кетуіне қолайлы жағдай жасағанын мақтанышпен жырлайды. Бұл орайда жырау Абылай ханды «әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деп бейнелейді. Тіпті, ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін де жоғары бағалай келіп, оның байлық-салтанатын «қырық мың атан тарта алмас» деп сипаттайды. Мұның бәрін жырау ханның жас кезеңдерімен тығыз байланыста алып қарастырады: «Қырық жасқа келгенде, Алтынды тонның жеңі едің. Қырық беске келгенде, Жақсы-жаман демедің. Елу жасқа келгенде, Үш жүздің баласының, атының басын бір кезеңге тіредің!». Жырау жас мөлшерін сипаттағанда, бұрыннан келе жатқан дәстүрді ұстанып, оның күш-қайратқа байланысты екенін, әсіресе, жастықтың шыңы жиырма бесті шалқыта жырлайтыны бар. Алайда ол адамның жас кезеңдерін үнемі сол қалыпта сипаттай бермей, оның ақыл-парасат, толысу, кемелдену тұрғысынан алып суреттейтінін де көреміз. Бұл орайда жырау жас сипаттамаларын Қожа Ахметше жырлайтынын аңғартады: «Отыз жасқа келгенде, Дүниедей кең едің. Отыз бес жасқа келгенде, Қара судың бетінде, Сығылып аққан сең едің. Қырық жасқа келгенде, Алтынды тонның жеңі едің... Елу бес жасқа келіпсің, Елу бес жасқа келгенде, Жақсы болсаң толарсың, Жаман болсаң, маужырап барып соларсың»... Б. ж. Абылай ханның «бәйгелі жерде бақ болған» әйгілі батырларын «өзіңе тұғыр болған төрт тірек» деп лайықты

бағалай отырып, олардың тарихи ерлік істерін қазақтың абырой-арына біткен ерлер деп асқақ жырлайды. Жыраудың «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» атты толғаулары халық болашағы мен бейбітшілікті сақтау, отарлауды көздеген елден жыраққа, Жиделі байсыңға көшу мәселесін қозғайды. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Жыраудың табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсе де», т.б. Осының бәрі жыраудың көңігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Б. ж-дың толғаулары, шын мәнінде, Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының тамаша рухани адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан да қасынан бір елі қалдырмаған. Ақыл-ойға кемел «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемлекеттің арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге барынша ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған асқан қолбасшы, біртуар баһадүр, үздік мәмілегер, зерделі мемлекет басшысы Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттар жолындағы ізгі, жалынды күресі – жырау мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Әсіресе, Б. ж. толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мыс., «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан қайшылығы мол заманды елестетеді: «Күнбатыстан бір дұшпан, Ақырында шығар сол тұстан. Өзі сары, көзі көк, Діндарының аты боп, Күншығысқа қарайды. Шашын алмай, тарайды, Құдайды білмес, діні жоқ, Жамандықта міні жоқ, Затсыз, тексіз бір кәпір, Аузы-басы жүн кәпір, Жемқорларға жем беріп, Азды көпке теңгеріп, Ел камын айтқан жақсыны, Сөйлетпей ұрар ұртына. Бауыздамай ішер қаныңды, Өлтірмей алар жаныңды, Қағазға жазар малыңды. Есен алар пұлыңмен, Солдат алар ұлыңнан, Күндердің күні, Абылай, Жаяулап келер жұртыңа, Жағалы шекпен кигізіп, Балды май жағар мұртыңа, Есе тимес өзіңе, Есіктегі құлыңнан». Қазақ қоғамының сәнінен, мәнінен айрылатынын, дінінің, тілінің, жерінің тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жайлайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Бұл «Қилы заман» толғауының қалай туындағанын Мәшһүр Жүсіп Көпеев былайша түсіндіреді. Абылай хан бір салтанатты күнде ат үстінде Бұқардан сұраған: «Асан Қайғының қилы-қилы заман болар,



қарағай басын шортан шалар дегені не тантық, суда жүрген шортан тауға біткен қарағайдың басына қайдан шығады. Миға қонбайтұғын сөз ғой», – деп. Сонда Бұқарекен қырын қарап тұрып, атының басын бұрып, қамшысын ерінің үстіне арта салып, көзіне жас алып; «Әй, хан! Бұл сөзді сен сұрамасаң керек еді, мен айтпасам керек!» деп, осы толғауды айтыпты. Отарлаудың небір қанқұйлы амал-айлаларын қапысыз ойластырған Ресей империясы сахарда қара шекпенділер мен келімсектерді түпкілікті қоныстандыру үшін, алдымен, тұс-тұстан қалалар мен бекіністер салды. Нулы, сулы, шүйгінді, орман-тоғайлы жерлерден қазақтарды қырға ығыстырды. Атамекенінен, ата кәсібінен ажырап, абдырай бастаған тағдыр тәлкегіне ұшыраған халқының күйін Б. ж. былайша жоқтап зарлайды: «Өзің қонған Көкшетау, Кәпір қала салды, ойла! Жарқайың деген жерлерге, Шашылып шеті барды, ойла! Атбасар мен Қалқұтан, Балығы тәтті су еді. Өзен бойын шаңдып ап, Сүзекісін салды, ойла! Нұрада бар Ақмола, Есілде бар Қараөткел, Екі өткелдің аузынан, Қараөткелді салды, ойла! Баянауыл, Қызылтау, Оны да кәпір алды, ойла! ...Кетпейін десе жері тар, Кетейін десе алды-артын, Қарқаралы деген тауларға, Қарқарасын шанышты, ойла! Ұлытау, шеті Созақтан, Берекелі жерлерден, Көкорай шалғын көре алмай, Шұбырып қазақ кетті, ойла! Қоршап алған кәпір бар. Ұйлыққан қойдай қамалып, Бүйірден шаншу, қадалып, Сорлы қазақ қалды, ойла!». Б. ж. поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, күйлі-қуатты толғамдарын білімпаздықпен бажайлаған М. Әуезов: «Жырау... заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді... Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді. Б. ж. есілтіп-төгілтіп, алмастай жарқылдап, дария суындай құйылып отырады. Бұған: «Еліңнің қамын же – сана, Есіліп кеңес айт – сана» деген лебізі қуә. Кейде сәуегей абыз ишаратпен, тәмсілмен сөйлейді. Оның қапияда шығарылған филос.-дидактикалық сипатқа бөленген құдіретті ой-толғаныстары, тапқыр билік-кесімдері толғау түрінде беріледі. Қиыннан қиыстырылған құрыштай тастүйін сөздер, қанатты кесек ойлар, пайымды терең байламдар белгілі бір нақысты мақалмен тақпақтата, түйдектете, толқындата айтуды қалайды. Б. ж. дәуір, өмір, тұрмыс-тіршілік құбылыстарын және олардың себеп-салдарын түп-тамырынан қозғап қана

қоймаған, білгір дана қиял қанатында самғап, келешек заманның кереметін де көре білген, көрегендікпен болжай таныған: «Әлемді түгел көрсе де, Алтын үйге кірсе де, Аспанда жұлдыз аралап, Ай нұрын ұстап мінсе де, – Қызыққа тоймас адамзат!» Ұлы ойшыл-философ сөзін де, пікірін де ойнатып, жайнатып, етек-жеңі жинақы, ықшам, жүзктің көзінен өткендей сырлы да сұлу мінсіз түйдек әкелген. «Әлемді түгел көру», «Аспанда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап міну» деген данышпандық толғамдары есіңді аларлықтай есті сөздер. Б. ж. толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау процесінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Тармақтар 7–8 буынды, ұйқастары еркін. Тегінде, толғау муз. аспаптардың (қобыз яки домбыра) сүйемелдеуімен орандалады. Б. ж. толғауларының поэзиялық сәулеті, ерекше қасиеті және оның сөз қолдану ерекшелігі де өзгеше. Қара суды теріс ағызған Абылай ханды «Ай, Абылай, сен бір он бір жасында», «Күпшек санды күреңді» дейтін толғауларында: «Қара судың бетінде, Шайқалып аққан сең едің... Алтын тонның жеңі едің», «Алтын тұғыр үстінде, Ақсұңқар құстай түледің... Бақ үйіне түнедің», деп «Айбалтасын алтынменен булатқан», «Періштесін жұрт үстінен дулатқан», «Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп, Зәмзәм суын мыс табаққа толтырған. Қазығын қалайыдан қақтырып, тоқпағын сом алтыннан соқтырып, Нақыра күміш шаптырып...», «Орындығын оймыштан, Ою нақыш салдырған, Сануылғын сары алтынға малдырған» деген поэзиялық сипаттаулары; ердің ері Бөгембай батырды «Қазақтың қамал қорғанына», «Бұтақты мүйіз бұғысына» ұқсатуы, жыраулардың пірі өзін «Мен – Арғын деген арыспын, Аузы кере қарыспын. Сен – бұзау терісі шөншіксің, Мен – өгіз терісі талыспын» деген метафоралық салыстырулары яки өзінің образдық көркемдік бейнесін сомдауы келісті кесек, немесе: «Бірі етек, бірі жең болған», «Найзасының ұшы алтын» тәрізді кестелі, келісті, көркем суретті сөйлемдер жырау поэзиясының муз. архитектуроникасын, образдық-бейнелілік табиғатын анықтайды. Осылардың баршасы Б. ж.-дың жаратылысы, дүниені, ғаламды жан-жақты ұғып-түсінуден, танып-білуден, «тұрмыс қазанында қайнап піскен», сөз-ұғымдарды, сөз-образдарды жаңғырта, көркейте түсер шығарымпаздық қабілетінен, филос. көзқарасынан туған деуге болады. Б. ж. поэзиясында ақындық даналықтан, тапқырлықтан нәр алған әсерлі, көркем теңеулер де кездеседі. Мыс., «Ұрғашының жақсысы, Абжыландай есіліп... Бозжорғадай бұлғаны»; «Ормандай көп Орта жүз»;

«Қорғасындай балқыған»; «Киігін қойдай қайырған»; «Құланы құлындай тулаған, түлкісі иттей шулаған»; «Буыршындай тіздесті»; «Ағып жатқан бұлақтай Жарға ойнаған лақтай»; «Ерттеп қойған құр аттай»; «От орындай тұяқтым... Саптыаяқтай еріндім, Сарымсақтай азулым... Кекілін қыздай тараған» және т.с.с. Бұлар ұлттық поэзия тілінің құлпыра түсуіне, сырты сұлу, іші ну оюлы, өрнекті сөздердің молая беруіне жойқын ықпал жасайтындығы даусыз. Б. ж. толғауларының танымдық-эстетикалық мәні, сұлулық әлемі даралық-авторлық айқындаулардан да байқалады. Айталық: «сегіз қиыр шартарап», «Төсі аршынды сұлу», «құрсағы жуан боз бие» «алпыс басты ақ орда», «еңсесі биік кең сарай», «құбылып тұрған бәйшешек», «ардақталған сұлулық», «ойнай басқан аяқтым», «қиғаш қамыс құлақтым» «Шұбар көсем сары аяқ», «Қоспақ өркеш сары атан», «Тостаған көзді торыны» және т.б. Сөз кестесі мен бунақталу тәртібінің әуенін, орайын, шырайын түрлендіріп келтіруде меруерттей мөлтілдеген фразеологиялық оралымдардың бір-бірімен әсем қиысып, табиғи құйылып отыруы – жырау поэзиясының басты ерекшелігі. Мыс., «өкпеңменен қабынба, өтінменен жарылма», «омыртқасы үзілген», «Өлетұғын тай үшін, «Қалатұғын сай үшін», «Тар құрсағын кеңіткен, Тас емшегін жібіткен», «Назыменен күйдірген, Құлқыменен сүйдірген» «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, Қайырусыз жалқы бақтырған, Қалыңсыз қатын құштырған», «екі қара көзді алар», «Ауыздағы сөзі алар, Бойындағы әлді алар, Бетіндегі нұрды алар, Бойындағы шарды алар, Аузындағы тісті алар, Қолындағы істі алар», «Еңкейіп орақ ораға, Тоңқайып масақ терерге», т.б. Б.ж. ой-пікірін, лебізін құйқылжыта, тамылжыта жеткізуде бірінен бірінің артықшылығын, айырмашылығын көрсетуде қарама-қарсы құбылыстарды шендестіре суреттейді: «Айналасын жер тұтқан, Айды батпас деменіз. Айнала ішсе таусылмас, Көл суалмас деменіз». Я болмаса: «Құландар ойнар қу тақыр, Қурай бітпес деменіз. Қурай бітпес құба жон, Құлан жортпас деменіз». Б. ж. шығармаларында замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой таразысынан өткізілген өмір тәжірибесінің, ұлттық тарихи санасының даналық қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті нақыл-ғибрат сөздер мол. Әсіресе, белгілі бір құбылыстарды, заттар мен нәрселерді тізбелеп, салыстырып айтатын «Қара құлаш жүйрік деп», «Ежелгі дос жау болмас», «Бағаналы орда, басты орда», «Жар басына қонбаңыз», Көкте бұлт сөгілсе», «Алыстан қызыл көрінсе», «Биік тауға жарасар», «Қорғанды шаһар қаласын», «Жал, құйрығы қаба деп», «Асқар таудың өлгені», «Ақсаңнан биік тау болмас» секілді термелерінде

несше алуан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді келтіруге болады. Мыс., «Тар пейілді кеңімес, Кең пейілді кемімес», «Ер жігітке жарасар, Қолына алған найзасы. Би жігітке жарасар, Халқына тиген пайдасы». Б. ж. шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері – Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік. «Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана, – деп жазады жыраудың тұңғыш библиографы Мәшһүр Жүсіп Көпеев – бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нұқтың өмірі, Айыптың сабыры, Аплатонның ақылы керек». Б. ж. шығармаларының текстологиясы әлі күнге ретке келтірілмеген. Ең қажетті таңдамалы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер іріктеліп, сұрыпталып алынбаған, дұрыс, түзу, мұқият салыстырулар жүргізілмеген. Бұл – болашақтың ісі. Б. ж. мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ. Халид, Г.Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Қ.Мұқаметқанов, М.Мағауин, Р. Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірді. Әдебиеттанушылар Б. ж. толғауларының жазба әдебиетке тән сипат белгілерін атап айтқанда, элеуметшілдік сарынын, азаматтық нысанасын, сондай-ақ, жыраудың даралық өзгешеліктерін талдаса (Әуезов), екіншілері өмірі мен шығарм-на үңіледі (Мұқанов, Жұмалиев, Мұқаметқанов, Мағауин), соңғылары жыраудың тілі мен стилін қарастырады (Сыздықова). Сөз жоқ, Бұқартану ілімінің қалыптасуы мен дамуы тарихы бар. Болашақта ұлы жырау мұралары жаңаша көзқарас, дүниетаным тұрғысынан (ислам құндылықтарымен сабақтастығы, мораль философиясы, мемлекет мүддесі, поэтикасы) тексерілуге тиіс.

Шығ.: «Таң» журналы, 1925, №1–4; XVIII–XIX ғ. казак акындарының шығармалары, А., 1962; Сейфуллин С., Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары, А., 1931; Казахский фольклор в собрании Г.Н. Потанина, А.-А., 1972; Алдаспан, А., 1970; Халид Қ., Тауарих хамса, А., 1992; XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы, А., 1982; Бес ғасыр жырлайды, Үш томдық, 1 т., А., 1984; Поэты Казахстана, Л., 1978; Шығармалары, А., 1992; Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия, А., 1993.

Әдеб.: Валиханов Ч.Ч., Собр. соч., в пяти томах, т. 1, А.-А., 1984; Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Елаузын жинаған әдебиет үлгілері, А., 1992; Дулатов М., Шығармалары, А., 1991; Жұмалиев Қ., XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті, А., 1967; Дүйсенбаев Ғ., Ғасырлар сыры, А., 1970; Мұқаметқанов Қ., Бұқар жырау, «Қазақ әдебиеті», 1982, 30 шілде, 6 тамыз; Мағауин М., Қобыз сарыны, А., 1968; Сыздықова

БҰҚАР ЖЫРАУ

в а Р., Қазақ әдеби тілінің тарихы, А., 1984; Н е г и м о в С., Шешендік өнер, А., 1997.

С.Негимов, М.Жармұхамедұлы
«БҰҚАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ» – сабақ жоспары. Авторы – ҚР Білім беру ісінің үздігі, педагог-зерттеуші Гүлбану Махамбетова. «Қазақ және әлем әдебиеті» («Казахская и мировая литература») журналының 2007 жылғы №5–6-санында жарияланған. Мұғалім сабағында ел камын ойлап, оның тәуелсіздігі үшін күрескен Абылайдың қазақ халқы тарихындағы тұлғасы мен Бұқар жырау толғауларындағы бейнесін салыстыра отырып ашуды көздеген. Оқушыларды тарихи деректер бойынша тұжырым жасай білу дағдысына үйретуді, түсініктемелерді деректермен, дәйектемелермен дәлелдеуге жаттықтыруды, өз пікірін қорғай білуге төселдіруді, сондай-ақ, туған жерді сақтау, оны аянбай қорғау сезіміне баулуды, бабалардың ерлік рухын сезінуді арқылы азаматтық тәрбие беруді, поэзияны сүюге баулуды, ұлттық сананы қалыптастыруды мақсат еткен. Сабақ сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру, ізденіс жұмыстары арқылы өткізілген. Көрнекі құрал ретінде Абылайдың портреті, «Бұқар толғауларындағы Абылай бейнесі» атты буклет, кітаптар мен накыл сөздер пайдаланылған.

Қ.Дүйсебаева
«БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ АБЫЛАЙ ХАНДЫ ЖОҚТАУЫ». Абылай хан қайтыс болғанда шығарған. Бар-жоғы 47 жолдан тұратын, бас-аяғы бүтін, жағасы ренді, етегі зерлі, алтынмен аптап, құрыштан құйғандай шымыр жыр. Көркемдігі жағынан бүкіл жыраулар поэзиясындағы, сондай-ақ Бұқардың өз шығармаларындағы ең бедерлі туындылардың бірі. Қазтуғанның «Мадақ жыры» деп аталатын, шыңға біткен шынардай кесек бітімді жырымен теңдес. Ерекше тебіреністен, шынайы жан толқынысынан туған. Жырда «Күпшек санды күреңді Тәбияға жаратқан, Қырық сан кара қалмақты Жарлығына қаратқан, Айбалтасын алтынменен булатқан, Алафасын арттырып, Арпа лап атты қунатқан, Лабашы деген бір елді Антыменен улантқан, Еренші менен Серенді Тозғындатып шулатқан, Перістесін жұрт үстінен дулатқан, Еңсесі биік боз Орда, Салтанатқа орнатқан, Болаттан шеге соқтырып, Шаңырағын торлатқан... Қазығын қалайыдан қақтырып, Топқағын сом алтыннан соқтырып, Нақыра күміш шаптырып, Былғары сына піштіріп, Шыны аяқпен іштірген. Орындығын оймыштап Ою-нақыш салдырған, Сандығын сары алтынға малдырған... Бетіне бедер қамқа салдырған. Туырлығы кара кіс, Толулы бір түңлігі ұшығадан ұстатқан. Байтағы байып мал беріп, Байрақты жерге қыстатқан...» Абылай ханның дара бітім-жеке тұлғасы бүкіл қазақ

қауымының символы ретінде көрсетілген. Жырдың соңында «Имандының ісіне қарап бет берген. Бір құдайдың сен көрмеген кім көрер, табандасқан дұшманға күнінде қылыш шауып өткерген!» деп, Абылайдың елі үшін өмірін арнаған ерлігі мен иман жолындағы биік кісілік, азаматтық, көсемдік келбетін алтын-күмісі араласқан зергер сөз кестесімен нақыштаған.

Қ.Нұрбағи, Ф.Елеу
«БҰҚАР ЖЫРАУ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ БЕЙНЕСІ» – мақала. Авторы – Р.Т.Кешуова. «Ауыл мектебі» журналының 2009 жылғы 4-санында жарық көрген. Мақала 18 ғ. әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармаларын орта мектептерде оқыту барысына қосымша құрал ретінде пайдалану мақсатында жазылған. Автор бұл мақалада Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай ханның бейнесін оқушыларға айшықтап беруге тырысады. Бұқар жыраудың Абылайға қарата айтқан мына жырындағы: «Жиырма жасқа келгенде, Бақыт берді басына, Тақыт берді астыңа», – делінетін үзіндісі арқылы оның елге алғаш танылған шағындағы өмірін, «Алтын тақтың үстінде Үш жүздің басын құрадың, Жетім менен жесірге Ешбір жаман қылмадың», – деген жыр жолдары арқылы елге қайырымды, сыйлы, ел бірлігін, жұрт камын жеген азамат екенін жеткізеді.

К.Қошым-Ноғай
БҰЛАНТЫ–БІЛЕУТІ ШАЙҚАСЫ – 1727 ж. Ұлытау өңіріндегі Бұланты және Білеуті өздері аралығында қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларымен болған шайқасы. 1723–25 ж. қазақ жерінің шығысы мен Жетісуды, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірін басып алған жоңғарлар Ұлытауға қарай бет бұрды. Осы қауіпті кезеңде Ордабасы жиынында біріккен бүкіл қазақ қолының бас қолбасшылығына Әбілқайыр хан сайланды. Бұл жоңғарларға қарсы ұйымдасқан шабуылға шығуға мүмкіндік туғызды. Соның нәтижесінде Ұлытау өңіріне енуді көздеген жоңғарлар 1726 ж. Шұбартеңіз шайқасында қазақ жасақтарынан ойсырай жеңіліс тапты. Мұның артынша Бұланты мен Білеуті өз-дері арасындағы кең жазықта шешуші ұрыс болды. Ол тарихқа Б. – Б.ш. деген атпен енді. Онда қазақ жасақтары жеңіске жетіп, жоңғарлар Ұлытауға жеткізбей тоқтатылды. Сол жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе Қалмаққырылған атанды. Қанжығалы қарт Бөгембайдың ұсынысымен соғыста қаза болған қазақ жауынгерлерінің денесі таудың басына шығарылып жерленді. Өзінің маңыздылығы жөнінен Б. – Б.ш. 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі жеңіспен тең. Осы оқиғадан кейін жоңғарлар басып алған қазақ жерлерін азат ету кезеңі басталды.

Әдеб.: Тынышпаев М., История казахского народа, А., 1993; Бұланты шайқасы, Қарағанды, 1998.

М.Қозыбаев

БҰЛҚАЙЫР СҰЛТАН (т.ж.б. – 1732/40 ж.ш.) – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың туған інісі, Қажы сұлтанның үшінші ұлы. Шығу тегі былайша беріледі: Жәнібек хан, одан Өсек сұлтан (Ұзақ), одан Бөлекей-Қоян сұлтан, одан Айшуақ сұлтан, одан Ырыс сұлтан, одан Қажы сұлтан, ал одан Тоқтамыс сұлтан, Әбілқайыр хан және Бұлқайыр сұлтан. Бұлқайыр сұлтан 18 ғ-дың бірінші жартысында Қазақстан аумағындағы саяси өмірде белсенді рөл атқарып, көзге түскен. 1718 ж. 10 желтоқсанда өз атынан Ресей императоры Бірінші Петрға хат жолдайды. Туған ағасы Әбілқайыр ханмен бірге шығыстағы жоңғарларға, батыстағы қалмақтарға қарсы барлық соғыстарға қатысып, ерлігімен, қолбасшылық қабілетімен ерекшеленген. 1731 ж. Әбілқайыр хан 70 мыңдық қазақ әскеріне қолбасшылық жасауды інісі Бұлқайыр сұлтанға тапсырады. Ол сол жылы Шу-Талас өңіріндегі жоңғарларға күйрете соққы береді, 3 мың жылқысын олжалайды. 1732 жылдан бастап Хиуа хандығы жақта өмірін өткізеді және 1740 жылға дейін сол жақта қайтыс болады. Тарихта белгілі болған жалғыз ұлы – Досалы сұлтан. Ол әкесінің өлімінен соң Хиуадан Кіші жүз аумағына көшіп келеді.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. (Сборник документов и материалов) Издательство Академии Наук Казахской ССР. Алма-Ата, 1961, С.28.; Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик.-Алматы, «Санат», 1999.-336 стр.; Қият А. Төрелер шежіресі.1 том. Орал, 2011.

Б.Кәрібаев

БҰХАРА, Бұхари я – қала, мемлекет. Өзбекстандағы Бұхара облысының орталығы. Қызылқұм шөлінің оңт. шетінде, Зарафшан өзені аңғарының батысында, Шахруд каналының бойында. Б.з.б. 1-мыңжылдықтың орта шенінде іргесі қаланып, соғды тілінде Нумижкат деп аталды. Б. атауы 5 ғ-дағы қытай жазба деректерінде кездеседі. 709 ж. арабтар басып алған кезде ол ірі сауда және мәдениет орталығы болған. 8–10 ғ-да Самани әулеті мемлекетінің астанасы болды. 12 ғ-дың ортасында қарақытайларға бағынды, 13 ғ-да Хорезмшах, Шыңғыс хан әскерлері жаулап алды. 14–16 ғ.-дан 1920 жылға дейін Бұхар хандығының, 1920–24 ж. Бұхар Кеңес Республикасының астанасы болды. 1759 жылғы 20 наурызда Тевкелев пен Рычковтың Ресей Сыртқы істер алқасына жазған хатында: «Қытай елшілері Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтаннан Самарқандты, Ташкентті, Бухарияны және сол маңайдағы басқа да қалаларды жаулап алуға көмек ретінде қазақтардан қарулы

қол сұрапты. Бірақ Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан олардың бұл тілегінің бетін қайтарып, тіпті егер қытай әскерлері қазақтарға жаулық ойлап, жерімізге көз тігетін болсаңдар, біз Ресей жағынан көмек сұраймыз» депті. Ал 1763 жылғы 11 наурызда Фрауендорф Қазыбек би туралы Сыртқы істер алқасына мәлімхат жолдап: «Тілмаш Гордеев пен көпес Возмиловтың айтуынша, Қытай әскерлері Бұхарамен соғыс ашу үшін, өзіне көмекке Орта жүзден әскер күшін, мініс аттары мен ірі қара, сондай-ақ әрбір түндіктен бір пұттан құрт беруді талап етіпті» деп мәлімдеген.

Н.Ақбай

БҰХАРБАЕВ Әбдімәлік Абдықадырұлы (1940 ж.т., Ташкент қ.) – Өзбекстанның белгілі монументалист-суретшісі, портретші. Ұлты – қазақ. Ташкент көркемсурет уч-щесінің қолданбалы өнер бөлімін (1968), Мәскеу театр-көркемсурет ин-тын (1973) бітірген. Өзбекстанның көптеген ірі архитек. объектілері мен құрылыстарын безендіруге қатысқан. 1990 жылдан өз халқының тарихы мен мәдениетіне, оның дана ойшылдарына ойысып, циклді портреттер жазған. Ұлы қазақ жазушысы М. Әуезовтің шығарм. өмірінің әр кезеңіне арналған туындылары 15 топтамадан тұрады. Абылай ханның да портретін салған. Өзбекстанда, Қазақстанда, т.б. көптеген елдерде бірнеше рет суретшінің көрмесі ұйымдастырылған. Екі дүркін Өзбекстан Мемл. сыйл. лауреаты (1976, 1982).

И.Әбишева

БҰХАР ХАНДЫҒЫ – Орт. Азиядағы Шайбани хан негізін салған мемлекет (16 ғ-дың басы – 1920). 16 ғ-дың 2-жартысында хандықтың астанасы Самарқаннан Бұхара қ-на көшірілді. Б. х. деген ат осыған байланысты шыққан. Хандықта алғашында Шайбани әулеті (16 ғ-дың басынан 1598 жылға дейін), кейін Аштархан әулеті (1599–1740) және Маңғыт әулеті (1755–1920) билік жүргізді. Шайбани әулеті билік еткен тұста Орт. Азиядағы саяси жағдайға байланысты Б. х-ның жер көлемі жиі өзгеріп тұрды. 1506–10 ж. Қазақ хандығына қарсы ұйымдастырған 4 жорығының алғашқылары табысты болғанымен, соңғысында Шайбани әскері Қасым ханнан ойсырай жеңілді. Абдолла II ханның тұсында Б. х. саяси жағынан күшейіп, территориясы айтарлықтай кеңейді. Ресеймен сауда және дипломатиялық қатынастар орнатылды. Бұхар ханы Иранмен арадағы толас-сыз күрестерінде қазақтардың көмегіне сүйенді. Қазақ хандығы билеушілерінің мұндай жәрдемі тиісті дәрежеде бағалап, қазақ ханы Шығайға Ходжент қ-н, оның баласы Тәуекел сұлтанға Зеравшан мен Адеркент өлкесінің біраз бөлігін сыйға тартты. Б. х. мен Қазақ хандығы арасындағы мұндай қатынас ұзаққа созылмады. Тәуекел хан

БҮРКІРЕК



1583 жылдан бастап Б. х-на қарсы күрес бастады. Соның нәтижесінде 1588 ж. Ташкент хандығының қарамағына көшті. 1599 ж. Қазақ және Бұхар хандықтары арасында жасалған шартқа сәйкес, Ташкентпен қоса Түркістан аумағы да қазақтардың қарамағына көшті. Абдолла ханның мирасқоры Абд әл-Мұмин билікке таласқан топтың қолынан қаза тапқан соң, Б. х. саяси жағынан әлсірей түсті. Осы тұста Хорезм Б. х-нан бөлініп шықты. Шайбани әулеті тұсында хандық мәдени жағынан едәуір өркендей түсіп, қала құрылысы қарқынды жүргізіліп, бірқатар мешіттер, медреселер салынды. Абдолла хан тұсында хан сарайында 250-ге жуық адам ғылыммен, әдебиетпен шұғылданған. Аштархан әулетінің билігі кезінде Б. х-ндағы басқару жүйесі күрделене түсті. Мемл. басқару жүйесінің негізін аталық, диуан бегі, парванчи, датқа секілді лауазым иелері құрады. Сот, білім беру жүйесі дін иелерінің қолында болды. Аштархандықтар да Иранмен ұзақ уақыт соғысты. Қазақтардан жәрдем алған Имамқұл (Имамқули) хан (1611–42) ақыры ирандықтарға ойсырата соққы берді. Жеңіске қол жеткізгеннен кейін, Ташкентті қазақтардан тартып алды. Б. х. 1680–1702 ж. Хиуа хандығымен үнемі соғыс жағдайында болды. 1740 ж. парсы қолбасшысы Нәдір шаһ Бұхараны басып алды. Аштархан әулеті билігі кезінде Б. х-нда 150-ге жуық медреселер болды, емханалар салынды. 17 ғ-да Б. х-нда өмір сүрген Жүсіп Қарабағи, Молла Ширази сынды ғұламалар өздерінің филос. трактаттарын жазып қалдырды. Сайид Несефи (1637–1710) секілді сарай ақындарының, «Ұбайдолла наме» атты тарихи еңбектің авторы Мир Мұхаммед Амин Бұхаридың есімі Шығысқа танымал болды. 1755 ж. ақсүйектер мен дін иелерінің қолдауына сүйенген маңғыт тайпасының жетекшісі Мұхаммед Рахым Б. х-ның тағына отырғаннан кейін мемлекеттің саяси-экон. жағдайы едәуір жақсара түсті. Ал әмір Хайдардың тұсында (1800–26) Хиуа, Қоқанмен соғыстар қайта жанданып, Бұхар әмірі қазақтар тарапынан қолдау күтті. Ресей отаршыларының қазақ дала-сына тереңдей енуі Бұхар әмірінің алаңдаушылығын туғызғанымен, Қоқан хандығымен жүргізіп жатқан соғысын тоқтатпады. Бұл соғысты Ресей отаршылдары өз мүддесіне пайдаланып, 1865 ж.

Ташкентті, 1866 ж. Жизақты, Ходжентті басып алды. 1868 ж. Самарқан іргесінде Ресей армиясы әмір әскерлеріне қирата соққы берді. 1868 және 1873 ж. жасалған шарттарда Б. х. мен Ресей империясының арасындағы қарым-қатынас ережелері белгіленді. Б. х. Ресей протектораттығын қабылдауға мәжбүр етілді. Б. х. Ресей империясы қол астындағы мұсылмандардың 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басындағы рухани өмірінде елеулі рөл атқарды. Бұхара медреселерінде қазақ, татар, өзбек, башқұрт, қырғыз секілді түркі тілдес мұсылман халықтарының өкілдері діни білім алды. Б. х. Түркістан өлкесінде кеңестік биліктің орнығуына барынша наразылық танытып, оған қарсы шыққан мұсылман зиялыларына қолдау көрсетті. 1920 ж. 2 қыркүйекте Қызыл Армия Бұхараны басып алды. Б. х-ның соңғы әмірі Сейіт Әлім хан Ауғанстанға барып паналады.

Әдеб.: Л а г о ф е т т Д.Н., Бухарское ханство под русским протекторатом, т. 1, 2, СПб., 1911; А х м е д о в Б.А., Государство кочевых узбеков, М., 1965; История народов Узбекистана, т. 2, Таш., 1993.

А.Махаева

БҮРКІРЕК Марқадамұлы (1646, Қызылорда обл. Арал ауд. Ақшатау а. – 1726, Бұланты өз. бойы) – бағыр. Кіші жүздегі әлім тайпасының шекті руынан. Жоңғарларға қарсы күресте қазақ жасағының бір бөлігін басқарған. Ел арасындағы аңыздарға қарағанда, Б. қалмақ ханы Аюкенің қазақтарға жасаған жорығын тоқтатқан. 1717 ж. Бекович-Черкасский экспед-сын талқандауға қатысқан. Б. батыр Бұланты – Білеуті шайқасында қаза тапқан.

Ө.Жолымбетов

БҮЛДІРГЕ, б ұ л д і р г і – қамшы, сойыл, шоқпар, босмойын, сылкетер сияқты қол қаруларының сабына тағылатын қайыс не былғары таспадан түйілген тұйық бау, ілмек. Б. сөзінің түп-төркіні буын және ілдіргі (буын-ілдіргі – буылдіргі – бүлдіргі – бүлдірге) сөзінен түзілсе керек. Б. көбіне ұрыс қаруларына тағылатындықтан және қарсыласы қаруды сілкі тартқанда тез үзіліп кету үшін жіңішке, әлсіз таспадан жасалады. Үзілмей қалса тақымдап (тақымға салып сүйреп) кетуі ықтимал. Б-ні ерекше етіп түйеді, оны кейде «бүлдірге түйіс» немесе «қоқан түйіс» деп атайды.

Д.Шоқпарұлы

В

ВЕЙМАРН Иван Иванович фон (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Сібір шебінің қолбасы, ген.-майор. 1760 ж. 6 қаңтарда Абылай сұлтанға жазған хатында алдағы уақытта екеуінің жақсы қарым-қатынаста болуын өтінген. Сонымен қатар Жоғ. Ертіс бекіністерінен қашқан драгун Василий Кондратьев пен Жайық татары Аллаберді Токтаровты қайтаруын сұраған. Ал хатты апаратын Ресей тыңшысы Сафар Сәмиевке мынадай нұсқау берген: «1) Қазір қытай әскері қай жерде, саны қанша? 2) Олардың бағыты қайда, қай жаққа қашан жорыққа шықпақ, әскербасылары кім? 3) Абылайдың жіберген өкілдері жоқ па, олар кім және қайдан? Абылай қайдан, кімнен хат алып тұрады? 4) Қытай әскерлерінің орыс елді мекендеріне шабуыл жасайтын пиғылдары жоқ па? 5) Қазақтар немесе Абылайдың өзі Қытайға қалай қарайды, оларға беріліп кеткен қазақтар жоқ па? 6) Қазақтар көрші елдермен қалай тұрып жатыр, ұрыс-керістері жоқ па? 7) Бұхараға қарайтын Қашқар, Жаркент, Ташкент, Түркістан қалай, оларды басқа біреу билей ме, ұрыс-керіс жоқ па? Бұл қалалар кімге бағынуды көздейді? 8) Абылай сұлтан биыл Көкшетаудан қалай қарай көшпек, әлде көшпей ме? 9) Құлсары батыр туралы да түгел білу керек? 10) Барған соң Орынбордан жіберілген тілмаш Гуляевті тауып, қазақтарға сездірмей, құпия сөйлесіп, орыс жағына пайдалы мәліметтерді сұрап алуың керек. Оның маған жазған хаттарын қазақтар көріп қоймасын, сырыңды біліп қойса, қатты жаза тартасың. Абылай сұлтан мен Құлсары батырға менен хат әкелгенінді және олардан жауап хат алып қайтатыныңды басқаларға білдір». Сөйтіп, Жұмағұл және Жақып (орысша Юмагул мен Яков) есімді екі татар тілмаштары Абылайдың хатшысы қызметінде, әрі Ресей үкіметінің мүддесіне тыншылық жасаған.

Н.Ақбай

«**ВЕК КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ**» – кітап. Авторы – Ж.Қасымбаев. «Көшпенділер» сериясы бойынша шыққан кітаптың IV томы. 2006 ж. ЖШС «ЭКО» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 248 бет. Таралымы 500 дана. Ж.Қасымбаевтың «Көшпенділер»

сериясымен шыққан бұл кітабына құнды деректер енгізілген. Сонымен қатар бұл кітапта Ш.Ш.Уәлихановтың, М.Ж.Көпеевтің, Н.Г.Апполованың да қазақтар мен жоңғарлардың арақатынасы жайында жазылған еңбектері кірген. Кітапта берілген Уәлихановтың мақалаларының ішінде «Абылай» атты еңбегі де бар. Бұл еңбек әйгілі хан жөніндегі қазақ ғалымдары жазған ең алғашқы шығарма болуымен құнды.

К.Қошым-Ноғай

ВЕЛЬЯМИНОВ-ЗЕРНОВ Владимир Владимирович (12.11.1830 – 30.1.1904, Киев қ.) – орыс тарихшысы, шығыстанушы, тілтанушы, нумизмат, археолог. Петербург ҒА-ның академигі (1861). Александровск лицейін бітірген (1850). 1851 жылдан Азия департаментінде қызмет істеді. 1888–1902 ж. Киев оқу округының қамқоршы уәкілі болды. Негізгі еңбектері Ресейдің қоластындағы Шығыс халықтарының, соның ішінде қазақтардың тарихына арналған. «Қазақтар және Әбілқайыр хан өлгеннен кейін (1748–65) Ресейдің Орта Азиямен қатынасы туралы тарихи деректер» (1–2-том, 1835–55), «Орыс патшалары башқұрттарға тағайындаған тархандықты зерттеуге арналған деректемелер» (1884), «Қасымнан тараған хандар мен ханзадалар туралы зерттеулер» (1–3-том, 1863–66) т.б. еңбектері жарық көрген. Шығармалары жылнамалар-шежірелер мен актілік деректемелер негізінде жазылған және нақты материалдардың молдығымен құнды саналады. «Абдолланама», сондай-ақ Шығыс елдерінің тарихына байланысты басқа да көптеген қолжазбаларды аударды. Қасым хандығының тарихын жазу үшін «Бабырнама», «Хабиб-ас-сийар», «Жаһанара», «Тарих-и Рашиди», «Шайбанинама», «Жамиғ ат-тауарих», «Тарих-и-Хайдари», «Тарих-и-Алашарай Аббаси», «Шаджарай-Түрк», 16–18 ғ-лардағы т.б. Шығыс қолжазбаларын пайдаланды. Әсіресе қазақ хандықтарының ертедегі тарихына, соның ішінде абылайтану мәселесіне де баса назар аударды. Файызханов 1863 жылғы 7 сәуірде Шоқанға жазған хатында: «Вельяминов екі жылдан бері «Қасымнан тараған хандар мен ханзадалар туралы зерттеулермен» шұғылданып жүр. Қазір көлемі жүз, тіпті жүз жиырма баспа табақ болатын алғашқы бөлімі жарық көрді. Егер екі данасын берсе, біреуін Сізге салып жіберемін, бәрі үш бөлімдей болады. Біз Вельямин екеуміз қазақ тілімен айналысуымыз керек еді, ол бұны кейінге қалдырып қойды. Бұған оның қайта кірісер-кіріспесін білмедім. Қырым хандарының жарлықтары (грамоталары) жазылып бітті. Алайда Вельяминов-Зерновтың қолы тимегендіктен, алғы сөзі әлі жазылған жоқ, сондықтан баспаханаға жіберуге кешігіп жатыр. Қажет болса, бір да-

ВЕЧЕРНИЙ АЛМАТЫ

насын жіберемін» деп, В.-3-пен бірге атқарған ғыл. жұмыстарынан хабардар еткен. Сондай-ақ В.-3. Шағатай, Хиуа, Қокан хандары шығарған теңгелерді (монеталарды) Ш.Уәлихановтың топтамасынан алып, 1860 ж. жарық көрген шығармаларында жариялаған.

Н.Ақбай

«**ВЕЧЕРНИЙ АЛМАТЫ**» – Алматы қалалық әкімшінің газеті. 1968 жылдың 2 қаңтарынан бастап шығады. Газет қала әкімші. мен мәслихатының, қоғамдық және мәдени ұйымдарының тұрмысындағы жаңалықтарды, кәсіпкерлік, іскерлік, сауда мен көлік саласындағы ақпараттарды жариялайды. Сондай-ақ, нарықтық экономика мәселелері мен әлеум.-құқықтық тақырыптарды кеңінен қамтып, оқырман сауалдарына заңи кеңес беріп отырады. 1991–2000 жылдары газетте Абылай хан туралы тарихшы-ғалымдардың (Ж.Қасымбаев, В.А.Моисеев, т.б.) мақалалары жарияланған.

Ғ.Молдамұратов

ВИТЕВСКИЙ Владимир Николаевич (1845–1906) – 19 ғ-дың аяғында Ресей үкіметі ағарту министрлігінің қызметкері болған. Қазан қ-нда (Татарстан) шыққан үш томдық «И.И.Неплюев және Орынбор өлкесі. Оның 1758 жылға дейінгі құрамы» (Қазан, 1897 ж.) атты тарихи монографияның авторы. Мұрағат құжаттарына сүйеніп жазылған бұл еңбегінде В. 18 ғ-дағы қазақ-орыс қатынастарына, оның ішінде Кіші жүздегі қоғамдық-саяси жағдайларға көбірек назар аударады, Ресейдің отарлау саясатын ақтап, орыс ұлтының өмірлік қажеттігінен туған шара ретінде көрсетуге күш салады. Соған қарамастан В. еңбектері Абылайдың өмірі мен қызметінен құнды деректер береді. 1-томның 612–616-беттерінде Еділ қалмақтарының Қазақстан аумағы арқылы 1771 ж. қаңтартамыз айларындағы көші туралы бірсыдырғы байыпты жазылған. Көштің барысында Абылай ханға байланысты және ханның тікелей қатысуымен болған оқиғаларды ақиқат бағалаудың ғыл. мәні бар. IV томның 707–722-беттерінде Орынбор губернаторы И.И.Неплюев пен Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың арақатынасы арқылы берілген Қазақ-Ресей байланыстары, әсіресе, Әбілқайыр ханның қазасына әкеліп соққан жағдайлар, бұл оқиғадан кейінгі құбылыстар жан-жақты дәйектеліп баяндалған. Бұл деректер Орта жүз бен Кіші жүздің, дәлірек айтқанда Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Нұралы хандардың, Абылай, Ералы, Барақ сұлтандардың арасындағы қатынастарды ашады, Абылайдың өмірбаянын толықтыратын деректі мағлұматтар береді. Автор өзінің кітабында Д.А.Корсаков есімді тарихшы-проф. білдірген жағымды пікірді келтіре отырып, оның мына

сөздерін үзінді ретінде берген: «Қазір мына заманда біз орыс халқының ұзақ та шытырман оқиғаларға толы тарихи өмірінің жемісін татып отырмыз. Бүгінгі бүкіл саяси, қоғамдық, діни және мәдени өміріміздің бастауы өткен дәуірлерде, тарихта жатыр».

Әдеб.: Қазақтар. Тоғыз томдық анықтамалық. VII том. А. 2003, 38–39-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақ ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ВОЛКОВ Дмитрий Васильевич (1718–1785) – орыс мемлекет қайраткері. Канцлер А.П.Бестужев-Рюминнің жақын көмекшісі. Петр III-нің тұсында Ресей империясының ішкі және сыртқы саясатына зор ықпал етті. Ол өлгеннен кейін, Екатерина II 1763 ж. В-ты Орынборға губернаторлық қызметке жіберді. Сол жылы тамыз айында Нұралы хан мен Орта жүздің сұлтаны Абылайға В-тың Орынбор губернаторы болып тағайындалуы туралы хабарланған. В. Орынборда Кіші жүз ханы Нұралымен және т.б. қазақ билеушілерімен кездесіп тұрды. Екатерина II-ге «1763 ж. Орынбор губерниясы туралы хат» ұсынды. Бұл құжаттың сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамын зерттеу үшін маңызы зор. Аталмыш құжат «Орынбор губерниялық ведомстволарында» (1859, №50–52; 1860, №1) және «Орыс географиялық қоғамының хабаршысында» (1859, т. 27. №9) басылған.

ВОРОНЦОВ Александр Романович (1741–1805) – граф, мемлекет қайраткері, дипломат. 1762–64 ж. Англияда, 1764–68 ж. Голландияда өкілетті министр, 1773–94 ж. Коммерц-коллегия президенті, 1802–04 ж. канцлер болған. В. 1760 жылғы 18 шілдеде Сыртқы істер алқасының Давыдовқа берген жарлығына қол қойған. Онда былай делінген: «Абылай сұлтан Орта жүздің атығай руының ішінде тұрады, сол руды билейді. Басқаларға қарағанда Абылайдың беделі артық, ол ширақ әрі ержүрек және соғыстарда жолы болғыш деп сыйлайды. Абылайды қытай жағы оңашада хандыққа тағайындамақ болған екен, Абылай «бұл жөнінде Әбілмәмбетпен ақылдасу керек, оны әкем деп сыйлаймын, сондықтан бұл ұсынысты қабылдай алмаймын» депті. Қазақтарды ұстап тұрудың амалдары мынау: әрбір қолайлы жағдайда қазақтардың игі жақсыларын өзімізге қаратып, олардың осынау қауіпсіз өмірі кімнің арқасы екенін, шекара бойында емін-еркін, алаңсыз көшіп жүргенін еппен құлақтарына құя беру керек. Керісінше, қытайдың өз қоластындағы елдерге қалай қарайтынын, оларға қорлық көрсетіп отырғанын жеткізу қажет. Біз Абылай сұлтанды керексіз деп есептемейміз. Оның өз елінде ықпалы бар, демек белгіленген жалақыны ала берсін, сол үшін де біздің дәмімізді татып қалған соң, Ресейден бой тартып кете қоймас. Қайта, сырт



ВЫДАЮЩИЕСЯ

көзге болса да, ол бізге адал берілгендігін айта берсін. Дәл қазргі жағдайда бізге осы қажет және Абылайдың мұнысына да қанағат етеміз. Ал шектен асып кетсе, тағы да тиісті нұсқау береміз. Егер Абылай сұлтан Орынборға келіп қалатын болса, оны мейлінше жақсы қарсы алып, риза етіп қайтарындар. Жанына еріп келген ел ағаларын, басқа да қазақтарды сыйлап, қазына есебінен тәуір бұйымдар тарту етіндер. Бірақ ханға көрсетілген құрметті Абылайға сәл кемітіндер. Мұның бәрі Абылай сұлтаннан және қазақтың ел ағаларынан айырылып қалмас үшін жасалып отыр. Орта жүздің қытай жағымен ара қатынасы туралы жиі-жиі сенімді хабар алып отыру керек. Сіз әр түрлі себеп тауып, Абылайдың өзіне тікелей кісі жіберіп тұрыңыз. Оның біраз уақыттан бері қытайлармен қаншалықты шатысқанын білу керек». Дәл осындай жарлық Сібір губернаторы Саймоновка да жолданған еді. Демек Ресей үкіметі қазақтарды бодандықта ұстаудың түрлі әрі құйтырқы тәсілдерін қолданып баққан.

Н.Ақбай

«ВЫДАЮЩИЕСЯ ПРАВИТЕЛИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ» – кітап. Авторы – Ж.Қасымбаев. 2006 ж. «Кітап» баспасынан жарыққа шыққан. Таралымы 3000 дана. Бұл еңбекте автор қазақтың белгілі хандары – Абылай хан, Әбілқайыр хан және Кенесары хандардың өмірі, тұлғалық ерекшеліктері, дипломатиялық қызметтері жайында әңгіме қозғаған. Кітапта дара тұлға – Абылай ханның балалық шағынан бастап, өмірінің соңына дейінгі уақыттардағы деректерді кездестіруге болады. Автор зерттеу еңбегін жазу барысында мұрағаттық құжаттарға, аңыз әңгімелерге сілтемелер жасап отырады. Мысалы, Абылайдың жоңғар тұтқынында болған шағын Үмбетей жыраудың «Бөгембайдың өлімін естірту» атты жырындағы: «Қапияда тұтылдың, Қалмаққа бітеу жұтылдың, Шешендік жолын тұтыңды, Үш ауыз сөзбен құтылдың, Ұмыттың ба соны, Абылай!», – деген жолдарымен беріп өтеді. Басылым көркем безендірілген суреттермен көмкерілген.

К.Қошым-Нозай

Г

ГАЛДАН ЦЕРЕН, қ. *Қалдан Серен*.

ГАУҒАР – 18 ғ-да өмір сүрген қазақтың батыр қызы. Қаракерей Қабанбайдың жан жары. Бәсентиін Малайсары батырдың қарындасы. Қабанбай батырмен бірге бірқатар шайқастарға қатысқан. «Қылышын қынапқа салмаған батыр» атанған. Ерлі-зайыпты қос батырдың тұла бойы тұңғышы – Назым қыз да батырлығымен көзге түскен.

ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОР – патшалық Ресейдегі жергілікті жоғары әкімш. лауазым. 1719 ж. енгізілген. Бастапқы кезде құрметті атақ ретінде қолданылды. 1775 жылғы губ. реформаға сәйкес жергілікті әкімш. жұмыс Г.-г-ға тапсырылды. Ол бірнеше губ.-дан тұратын генерал-губернаторлықты басқарды. 1782 жылғы патша жарлығы бойынша Г.-г. жергілікті әкімш. жұмысқа және полицияға басшылық етті, сот үкімін бұзуға, оны жүзеге асырмай тастауға еркі болды, соғыс округ-ның қолбасшысы қызметін қоса атқарды. 1796 ж. Г.-г. қызметі уақытша доғарылды. 19 ғ-дың 2-жартысында империяның бірқатар аймақтарында Г.-г. қызметі қайта қалпына келтіріліп, Мәскеу, Варшава, Киев, Түркістан, Дала, Иркутск, Финляндия, Амур өңірі генерал-губернаторлықтары құрылды. Патша өкіметінің отаршылық саясатын жүзеге асыруда шет аймақтардағы Г.-г-лар маңызды рөл атқарды.

Әдеб.: Б л и н о в И. А., Губернаторы, СПб., 1905; Е р о ш к и н Н. П., Очерки истории государственных учреждений дореволюционной России, М., 1960; Ж и р е н ч и н К. А., Политическое развитие Казахстана в XIX – начале XX веков, А., 1996.

М.Жолсейітова

ГЕОРГИ Иоганн Готлиб (1729–1802) – ұлты неміс, этнограф, жаратылыстанушы, Ресей ҒА-ның толық мүшесі (1783), И.П.Фальк пен П.С.Паллас бастаған ғыл. экспед-лар құрамында Ресейдің Оңт.-шығысын, Еділ, Жайық бойын, Алтай өлкесін, Солт. Қазақстанды кешенді түрде зерттеуге қатысқан. Оның «Описание всех в Российской империи обитающих народов...» («Ресей мемлекетінде тұратын барлық халықтар, олардың тұрмыстық дәстүрлері, діндері, әдеттері,

киімдері, баспанасы және басқа да сын-сапасы туралы жазбалар», 2-бөлім. СПб., 1776) деген еңбегінде 18 ғ-дағы қазақ қоғамының әлеум. жағдайы және құрылымы, мемл. билік тәртібі туралы құнды деректер келтіреді.

Әдеб.: Қазақтар. Тоғыз томдық анықтамалық. 8-том. Алматы, 2003, 42–43-бб.

ГОРДЕЕВ, Г о р д и е в, Ф и л а т (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – тілмаш, тыңшы. Абылай сұлтанға барып қайтқан Г. өзінің бастығы Роденге жазған ерекше құпия мәлімхатында (1760 жылғы 5 шілде): «Қытай патшасы қазақтарға өшіккен екен. Қазақтар олардың қарауындағы ұранқайлар мен торғауыттарды шауып, адамдарын тұтқындап әкеткеніне қытай патшасы шамданыс білдірген. Бұған Абылайдың өзінің тікелей қатынасы бар ма, жоқ па? Егер бұл шапқыншылық Абылайдың құзырымен жасалған болса, Абылай ұранхай мен торғауыт адамдарын, мал-мүлікті түгел қайырып, шапқыншылық жасаған ұры қазақтарды ұстап беруге тиіс. Шығын болған адамдардың да орнын толтырсын. Егер Абылай бұл айтқандарды бұлжытпай және тез орындамайтын болса, қытай жағы әскер жасақтап, қазақтарды шабуға аттандырады. Ал мұндай әскерлер қазірдің өзінде дайын тұр, тек Абылайға жанымыз ашығандықтан және ол кісі өзі жауап берсін деп отырмыз» деп, қытай елшісінің жеткізген сәлемі осындай еді. Абылай қазақтың игі жақсыларын жинап, қытай елшілігінің басшысын шақыртып алды да, шілде айының басында Қытайдың қазақтар шапқан жеріне баратынын, тұтқынға алынған ұранхай мен торғауыт адамдарының тірілерін жинап, еліне қайтарытыны жөнінде уәде берді» деген.

Н.Ақбай

«ГОРОД» – газет. Басылым 1994 ж. Н.Б.Семущиннің құрылтайшылық етуімен жарық көрді. 1995 жылдан бастап газет аптасына 3 рет шығып тұрды. Басылымның апталық «Город-экспресс», «Город» теледидар бағдарламасы, «Город официальный» атты бюллетені де болды. 2002 жылдан бастап газет өз шығарылымын тоқтатқан. Қалалық газеттің бас редакторы – Ю.А.Жигерь болған. Газетте «Резиденция Абылай хана» атты редакция ұжымының мақаласы жарияланған.

К.Қошым-Ноғай

«ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ДЕЯТЕЛИ КАЗАХСКИХ ХАНСТВ (XVIII в.)» – кітап. Авторы – Ж.Қасымбаев. 1999 ж. «Білім» баспасынан жарық көрген. Көлемі 288 бет. Таралымы 4000 дана. Бұл кітапты автор 18 ғ-дағы Қазақ хандығының атақты хандары мен зиялы сұлтандарының өмірі, атқарған істері жайына арнаған. Атап айтқанда, Әбілқайыр, Барақ, Абылай, Нұралы, Ералы секілді тұлғалардың сан қырлы жақтарымен танысу-

ға мүмкіндік береді. Белгілі тұлғалардың өз жүздері арасындағы рөлін автор барынша ашып беруге тырысады. Аталмыш еңбекті жазу барысында Мәскеу, Барнаул, Новосібір, Алматы, Омбы, Орынбор архивтеріне жүгінгендігін сілтемелер арқылы көрсетіп отырады. Аталмыш еңбекте Абылай хан жөнінде автордың «Ему Султану быть над всеми ханами главным», «Смерть и бессмертие Абылай хана» атты мақалалары жарияланған. Екінші мақалада Абылай ханның Самарқан сапарынан қайтып келе жатқан шағында Түркістан маңында қайтыс болғандығы жөнінде деректі келтіреді. Еңбектің соңында Абылай ханның өзі өлгенімен, артында тарихи шындық болып қалған ерлік жолдары, қайраткерлік қызметтері ұрпақтарға мәңгі сабақ болып қалғандығы жайында айтады.

К.Қошым-Нозай

ГУЛЯЕВ Юмагул, Ж ұ м а ғ ұ л – татар, тілмаш, тыңшы. 1745–70 ж. Кіші жүз бен Орта жүздегі жағдайлар жөнінде мол деректер жинаған. Мұрағат құжаттарынан Г. шебер аудармашы әрі сауатты барлаушы екені көрінеді. Абылай сұлтан Г-тің тыңшылық қызметінен хабардар болған және Ордадан алысырақ ұстаған. 1748 ж. қазанда Әбілқайыр ханды Барақ сұлтанның қалай өлтіргенін тәтіпштеп жазып әкелген: «Барақ сұлтан осы оқиға бойынша Төле биге 3 кісі жіберіпті. Төле би наймандармен және арғын-қаракесектермен ақылдасып, Барақтың тілегін қабылдамай қайтарыпты». «Орта жүздің ханы – Әбілмәмбет, оны қазақтың өзге сұлтандары мен ел ағалары ғана емес, Абылай сұлтанның өзі де тындайды, ханның ақыл-кеңестерін орындайды. Әбілмәмбет хан өзі Түркістанда тұрса да, жаз айларында Арқадағы алтай-арғын руына келеді, Абылай шеше алмаған мәселелерді шешеді». «Қытай жағы жасырын түрде Абылайды хандыққа тағайындамақ болған екен, Абылай: «Бұл жөнінде Әбілмәмбеттің өзімен ақылдасуым керек, оны әкем деп сыйлаймын» депті. Орыстардың ұсынысына да осылай жауап берді. Оның хан болуға құлқы жоқ» деген деректерді қалдырған осы Гуляев. Ол Нұралы сұлтанның хан сайлану рәсімін бақылаған. 1759 ж. 28 қарашада Абылай сұлтанды Орта жүзге хандыққа тағайындау мәселесін қозғау үшін, тапсырма алып, Абылаймен тілдескен, Абылай бұл ұсыныстарды қабылдамаған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 151, 165, 173, 180, 183, 185, 186, 188, 193, 196, 200, 278, 285 295,

296, 299–301, 383–66.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ГУТКОВСКАЯ Катерина Карловна (1846, Ресей, Омбы к. – ө.ж.б.) – Ш.Ш.Уәлиханов мұрасын жинаушы. 1863 жылдан өмірінің соңына дейін Санкт-Петербургте Д.И.Менделеевтің химия зертханасында жұмыс істеген. 1865 жылдан Абылай сұлтанның ұрпағы Уәлихановтың ғыл. мұраларын баспаға даярлаумен айналысқан. Г-ның көмегімен 1904–05 ж. Уәлихановтың бірқатар ғыл. еңбектері жарық көрді. 1920 ж. Г. 1865 жылдан бері сақталған Абылайдың ұрпағы Уәлихановтың қолжазбаларын Санкт-Петербургтегі ҒА-ның мұрағатына тапсырған.

ГУТКОВСКИЙ Карл Казимирович (1815, Ресей, Каменец-Подольск губ. – 1867) – Ресейдің әскери қызметкері, Қазақстанды зерттеуші, Абылай ханның ұрпағы Ш.Ш.Уәлихановтың ең жақын достарының бірі. Кадет корпусы мен Ресей Бас штабының әскери академиясын бітірген. Батыс Сібір ген.-губернаторы, князь Г.Г.Горчаковтың аға адъютанты, Семей обл. губернаторының жәрдемшісі (1847), Ұлы жүз қазақтарын басқарушы (1850), Сібір қазақтары обл. басқармасының төрағасы, сол облыстың әскери губернаторының жәрдемшісі (1851–63) болған. Омбыға келгеннен бастап (1838) Г. әкімш. қызмет атқарумен қатар, қазақ даласын зерттеу ісімен де шұғылданған, Сібір кадет корпусында геогр. мен геодезиядан сабақ берген. Уәлихановтың ғыл. мұрасын баспаға әзірлеу ісіне ат салысқан. 1865 ж. Уәлиханов қайтыс болғаннан кейін Орыс геогр. қоғамында ғалымның еңбектерін жинап, баспаға даярлау жөнінде мәселе көтерген. Сол жылы Уәлиханов еңбектерінің толық жинағын жарыққа шығару жөнінде комиссия құрылып, оның жауапты хатшысы болып ген. Г. сайланды.

ГҮРЗІ, к ү р з і – ауыр шоқпар түрі. Басы шойыннан, темірден, қоладан, қорғасыннан құйылып жасалады. Сырты темірмен қапталады. Сабы ағаштан жасалып, сырты темірмен қапталуы мүмкін. Ауыр шоқпар болғандықтан, Г-ні шайқаста қолдануға көп күш керек, сондықтан оны аса қарулы адамдар ұстаған. Г-ні батырлар иыққа қойып алып жүретінін бейнелеу өнері ескерткіштерінен көруге болады, соғыс кезінде оны екі қолмен ұстап жұмсайды. Бұл шоқпар түрімен ат үстінде айқасуға үлкен шеберлік қажет, қолдана білмеген адам өзінің атын ұрып алуы мүмкін, соғыс кезінде ондай жағдайлар жиі болып тұрған.

Қ.Ахметжан

Ғ

«ҒАСЫР ҚАТЕЛІГІ» – кітап. Авторы – жазушы Т.Нұрмағанбетов. 2001 ж. «XXI ғасыр» баспасынан жарық көрген. Көлемі 92 бет. Таралымы 500 дана. Кітаптың алғы сөзінде автор: «Абылай хан қазақ тарихындағы аты аңыз болып кеткен орны бөлек тұлғалардың бірі. Оның қазақтың байтақ даласын мекендеген халықты тұтас мемлекет етіп қалыптастырудағы орнын ешкім жоққа шығара алмайды», – деп атап кетеді. Жиырмамыншы ғасырдың соңғы жылдарына қарай Абылайдың сүйегі табылып, сол сүйек негізінде бас бейнесі жасалған шақта, жазушы өздігінше журналистік зерттеулер жүргізіп, аталмыш оқиғаға орай өзінің түйген ойларын жария еткен. Жазушы жарық көрген мақалаларының басын қосып, аталмыш кітабына арқау етеді.

К.Қошым-Ноғай

ҒУБАЙДОЛЛА Уәлиұлы (1778, Көкшетау өңірі – ө.ж.б., сонда) – хан, Көкшетау сыртқы округінің аға сұлтаны (1824–39), Абылай ханның немересі, Уәли ханның үлкен ұлы. 1819 ж. Уәли хан дүние салғаннан кейін Ғ. өзінің әкесінің орнына Орта жүзге хан сайланады. Бұл шешімді бекіту үшін Ғ. Ресей патшасы Александр І-ге Болат атты баласын, Қытай императоры Ежен ханға Жантөре есімді інісін жібереді. Ресей үкіметі Ғ-ны хан етіп бекітпейді. 1823 ж. қытайлықтар Ғ-ны хан деп таниды. 1822 жылғы Ресей империясының «Сібір қазақтары туралы» Жарғысына сәйкес хандық билік жойылғаннан кейін, Ғ. 1824 ж. 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округінің аға сұлтаны болып тағайындалды. Оған алтын медаль, подполк. шені берілген. Ғ. бәрінен де бас тартып, туысы Қасым сұлтанның баласы Саржанмен бірігіп, Ресей империясының қысымына қарсылық көрсетті. 1824 ж. Қытаймен байланыс орнатуға әрекеттеніп жүргенде, сотник М.И.Карбышевтің отря-

ды оны Баянауылда 90-ға жуық сұлтан-билермен бірге тұтқынға алады. Тұтқыннан Шоң және Шорман билердің Батыс-Сібір ген.-губернаторына өтініш хат жолдауымен босатылады. 1839 ж. қайта тұтқындалып, Сібірге, Томск губ-на (Березовкаға) жер аударылды. Оны айдаудан босатуды Ресей өкіметінен Кенесары Қасымұлы 1841 ж. талап еткен. Ғ. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық күрес басылғаннан кейін, 1847 жылдың қыркүйегінде елге қайтарылды.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Родословное древо Вали-хана, Собр. соч., т. 3, А.-А., 1964; Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв., А.-А., 1964; Қ а с ы м б а е в Ж., Кенесары хан, А., 1993.

С.Өтенияз, Қ.Исабай

«ҒЫЛЫМ» – респ. ғыл. әдебиеттер баспасы. Қазақстан ҒА Төралқасының шешімімен 1946 ж. Алматыда ұйымдастырылған. 1992 жылға дейін «Наука» баспасы аталған. Алғашқыда редакциялық-баспа кеңесін Қ.Сәтбаев басқарды. Тұңғыш директоры – Б.Я.Нинбург. 1948 ж. 17 қарашада Қазақстан ҒА-ның дербес баспасы ретінде қайта құрылды. 1962 ж. Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тке (қазіргі ҚР Мәдениет және ақпарат мин.) қарасты ғыл. әдебиеттер шығаратын баспаға айналды. 2001 ж. ҚР Білім және ғылым мин-нің «Ғ.» баспасы болып қайта құрылды. «Ғ.» – республикадағы ең ірі баспалардың бірі. Полиграф. базасы, өз баспаханасы бар. Негізінен, ғыл. монографиялар мен жеке және ұжымдық ғыл.-зерттеу жұмыстарын, ҰҒА-ның журналдарын, ғыл.-көпшілік, ғыл.-көркем, сондай-ақ, танымдық әдебиеттер, әр түрлі салалық сөздіктер мен анықтамалықтар шығарады. 1946–2000 жылдар аралығында «Ғ-нан» қазақ, орыс, ұйғыр және басқа халықтар тілдерінде 31 млн-нан астам данамен 13307 кітап пен журналдар жарық көрді. Абай, Ш.Уәлиханов, Қ.Сәтбаев, т.б. ірі тұлғалардың шығармалары, ғылым және өнер қайраткерлерінің еңбектері, 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», 5 томдық «Қазақ КСР тарихы», «Дала уәлаятының газеті», т.б. сияқты іргелі еңбектер – «Ғ.» баспасы жұртшылыққа ұсынған рухани құндылықтар. 1993 ж. «Абылай хан, Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері)» жинағы жарық көрді. Баспа шетелдік әріптестерімен тығыз кәсіби байланыс орнатқан.

А.Бермаханов

Д

ДАВАЦЫ, Де б а ч и, Да у а ш ы, Ла ба ш ы (т.ж.б. – 1756, Пекин) – Жоңғар хандығының билеушісі (1753–55). Қалдан Сереннің ағасының ұлы. Батыр қонтайшы әулетінен. Таққа таласта жеңіліп, 1751 ж. Абылай ханға барып паналады. 1753 жылдың басында Әмірсананың көмегімен Лама Доржыны өлтіріп, таққа отырды. Зайсандар мен нояндардың бір бөлігі Немеху Жиргалды хан сайлады да, екі хан пайда болды. Көп ұзамай Жиргалды өлтіріп, жеке билеуші атағын алды. 1754 ж. Д. мен Әмірсананың арасында күрес басталады. Абылай Әмірсананы қолдап, Жоңғарияға бірнеше рет кірді. 1755 ж. Цин өкіметі Жоңғарияға шабуыл жасаған кезде Д.-ны тұтқындап, Пекинге жөнелтті, ол сонда абақтыда қаза тапты. 1753 жылғы 25 тамыздағы Ресей үкіметі әскери алқасының жарлығында: «Дауашы заңды мұрагер ретінде Жоңғар тағына отырыпты да, Абылай сұлтанға елші жіберіп, қазақтармен тату-тәтті тұру ниетін хабарлапты», – делінген.

Н.Ақбай

ДАВЫДОВ Афанасий Романович (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Орынбор губернаторы. Абылай сұлтанға аттанған Ураков пен Гуляевқа берілген нұсқаудың түпнұсқасына Д. пен Тевкелев қол қойған. «Түркістанда тұрып жатқан Әбілмәмбет ханның Орта жүзге қандай дәрежеде билік жүргізетінін білуіміз керек, өйткені Әбілмәмбеттің орнына Абылай сұлтанды хан етіп жариялап жіберсек, Әбілмәмбеттің намысына тиеміз, сөйтіп, ол Қытай жағына бет бұрып кетуі мүмкін. Біз хандыққа тағайындасақ, аманат беретін-бермейтінін білуіміз керек. Троицк бекінісіне аманат ұсынып, хан болып алсаңыз, жалақыңыз да Нұралы ханмен теңелер еді, тек бұл туралы патша ағзамға өтініш білдіруіңіз қажет деп Абылайдың құлағына құя беру керек. Тіпті Абылайға хандық лауазым берілген күнде де, Әбілмәмбеттің хандық лауазымы сақталады дегенді Абылайдың өзіне құпия білдіріп қою керек, бірақ Абылай Орта жүзді аға хан болып басқарады деген ойды да жасырмай айту қажет» деп, Абылай сұлтанның басқан ізіне шейін аңдытып қойған. Сыртқы істер алқасының Д-қа берген арнайы жарлығында қазақтарды ұстап тұрудың амалдарын тізіп көрсеткен: «Әрбір қолайлы жағдайда қазақтың

игі жақсыларын бауырымызға тартып, олардың осынау қауіпсіз өмірі кімнің арқасы екенін, шекара бойына емін-еркін, алаңсыз көшіп-қонып жүргенін құлақтарына құя беру керек. Керісінше, Қытайдың өз қоластындағы елдерге қалай қарайтынын, оларға қорлық көрсетіп отырғанын жеткізу қажет. Егер Абылай сұлтан Орынборға келетін болса, мейлінше жақсы қарсы алып, жанына еріп келген ел ағаларын да барынша сыйлап, жақсы бұйымдар тарту етіңдер. Әсіресе бізге етене жақын Құлсары мен Құлекеге үлкен құрмет көрсету лайық. Орта жүздің Қытай жағымен ара қатынастары туралы жиі-жиі, сенімді хабар алып отыру керек». Мұның бәрі патша үкіметінің арнайы нұсқауы бойынша Д-қа ескертіп, Абылай сұлтаннан және қазақтың ел ағаларынан көз жазып қалмас үшін жасалған құйтырқы, қулық, көзбояу әрекеттер еді.

Н.Ақбай

ДАЙЫР (т.ж.б. – 1786) – Орта жүз сұлтаны, Барақ ханның үшінші ұлы, Тұрсын ханның немересі. Әкесі өлгеннен кейін Түркістан маңындағы туыстарының қолында тәрбиеленген. 18 ғ-дың 60–80-жылдары найман тайпасының бірқатар рулық бірлестіктерін басқарып, Арал т-нің батыс жағалауы, Сырдарияның төм. ағысы бойын қоныстанды. 18 ғ-дың 70-жылдарының ортасында Орта жүздегі найманның төртуыл, арғынның қаракерей, қоныраттың кейбір руларының старшындары Д-ды хан етіп сайлайды. Шамамен сол кездері Д. Абылай ханның бәйбішесі Қарашаш ханымнан туған қызына үйленеді. Ол әкесі сияқты шыққан тегі жағынан өзін Абылай ханнан жоғары санап, оған қызғанышпен қарады. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін 1781 ж. маусым айында Орынбор губернаторы И.А.Рейнсдорптан өзін Ұлы жүз ханы етіп бекітуді сұрады, бірақ бұл өтініші жауапсыз қалдырылды. Д. 1786 ж. қайтыс болды.

Әдеб.: Международные отношения в Центральной Азии XVII–XVIII вв. Документы и материалы. Кн. 2, М., 1989; Андреев И. Г., Описание Средней Орды киргиз-кайсаков, А., 1998.

И.В.Ерофеева

ДАЛАБАЙ Нұрлан (1961 ж.т.) – Кенесары Қасымұлы ескерткішінің авторы, мүсінші. Алматы көркемсурет уч-шесін (1983) және Ленинград көркемсурет, мүсін және сәулет ин-тын (1989, қазіргі Санкт-Петербург сурет акад-сы) бітірген. Ин-ттан кейін Германияның Дрезден қ-ндағы Әсем өнер жоғары мектебінде сынақ мерзімін өтеп қайтқан. 1993 жылдан Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Абылай ханның мүсінін жасауды армандаған. Алматыдағы Республика алаңында тұрған Тәуелсіздік монументінің айналасындағы төрт ескерткішті («Дана карт», «Жерана», «Құлын мінген ұл», «Құлын мінген қыз»),

ДАЛА ДИДАРЫ

Дина Нұрпейісованың Атырау қ-ндағы ескерткішін жасаған.

Е.Ерназаров

«ДАЛА ДИДАРЫ» – газет. А. ш-на арналған басылым 1991 жылғы қаңтар айынан бастап жарық көрген. 1993 ж. аты «Ауыл» деп өзгертіледі. Құрылтайшысы А.ш. мин. болды. Республиканың барлық аймағына тараған. Алғашқы бас редакторы – Бекболат Әдет (1991–95). 1995–96 ж. аралығында Ділдар Мамырбай, 1996–99 ж. Кенжеғали Қошым-Ноғай бас редакторлық қызметін атқарды. Газет 1999 жылдың аяғына таяу шығуын тоқтатқан. Басылымда Қ.Аманжолдың «Абылайдан асқан бар ма асу», «Абылай асының дүбірі» атты мақалалары жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«ДАЛА МЕН ҚАЛА» – газет. 2003 жылғы 1 шілдеден бастап шығып келеді. Құрылтайшысы – «Нұр-Медиа» холдингі. Меншік иесі – «Нұр-Медиа» баспа үйі» ЖШС. Бас директоры – Ерлан Байжанов. Бас редакторы – Сапарбай Парманқұлов. Газеттің Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Оңт. Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Жамбыл обл-тары мен Астана қ-нда меншікті тілшілері бар. Газетте М.Садыханұлының «Абылай хан ақ ордасын тіккен жер», Ә.Әуелбектің «Абылай ханның суреті қалай келді?» атты мақалалары және басқа да материалдар жарияланған.

К.Қошым-Ноғай

ДАНИЯР – батыр, Орта жүз, уақ руынан, 1773 ж. 23 шілдеде Д. батыр мен Дербісәлі батыр Ресейге қарайтын уранқайлықтарды шауып, 40 адамын тұтқындаған. Абылай бұл тұтқындарды Ресейге қайтаруға талап қойған. Аталған батырлар «Кезінде қалмақтардан көрген қорлығын айтып», наразылық білдірген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 398-б.

«ДАРАБОЗ» – кітап. Авторы – Қазақстанның халық жазушысы, Мемл. сыйл. лауреаты Қ.Жұмаділов. 2009 ж. «Ан Арыс» баспасынан жарық көрген. 2 том. Әр томның көлемі 416 беттен. Таралымы 2000 дана. Тарихи романда жоңғар қалмақтарына қарсы азаттық соғыстың даңқты қолбасшысы Қаракерей Қабанбай батырдың өмірі мен жорық жолдары әңгіме болады. Романда 18 ғ-дағы Абылай ордасы мен оның ішкі-сыртқы саясатына да кең орын берілген. Жазушы тек Қабанбай батыр өмірімен шектелмей, тарихта орны бар басқа да батыр мен билердің реалистік бейнесін жасаған. Романда Түркістанда өткізілетін құрылтайдың алдында Әбілмәмбет ханның ордасында шағын мәслихаттың болғандығын айта келіп: «Бұл әдейі арнап шақырылмаған, былайша ұлы ханға сәлем бере келген бір топ Орта жүз кісілерінің арасында болып еді. Қазір Әбілмәмбет ордасын-

да Абылайдан басқа Әбілфейіз, Ханбаба, Жолбарыс, Дәулеткерей, Уәли сұлтандар, қолбасы батырлардан: Бөгенбай, Қабанбай, Ер Жәнібек, Батыр Баян, Олжабай, Көкжал Барак, Баймұрат, Оразымбеттер бар еді», – деп келтіреді.

К.Қошым-Ноғай

ДАРАБОЗ АНА (шамамен 1690, Алматы обл. Ескелді, Қаратал ауд-дары өңірі – 1770) – Абылай заманында өмір сүрген шешен, би. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасынан шыққан. Шын есімі – Қалипа, кейін Үлпілдек атанған. Қайын атасы Кенжеке келінінің ақыл-ой жағынан өзгелерден ерекше екенін танып, Жолбарыс биге сынатады. Сонда би Қалипадан былай деп сұрапты: «Көкке тіреу не болар? Көлге піспек не болар? Терісін теспей етін сорған не болар? Жілігін шақпай майын сорған не болар?». Д. а-ның жауабы: «Көкке тіреу күн болар. Көлге піспек жел болар. Терісін теспей етін сорса, қара нарды қалтыратқан қаңтар ғой. Жілігін шақпай майын сорса, екі ағайынды ақпан (айы) ғой». Сонда Жолбарыс би: «Сенің өз қатарыңнан мойның озық, бұдан былайғы ныспың Дарабоз болсын» деп бата берген екен. Д. а. ел басына күн туған сәтте Жетісу жерінде жауға қарсы күресті ұйымдастырған Ескелді Жылгелдіұлы, Балпық Дербісәліұлы, Қабан Асанұлы сынды ел басшыларына үзеңгілес серік бола білді. Ел ішіндегі даулы мәселелерді бітімгершілікпен шешіп, екі жақты жарастырып отырған. Күйеуі Құлжа табиғатында жуас, қарапайым адам болғанымен, Д. а-ның ықпалымен ол да ел ісіне араласқан. Д. а. көріпкелдік қасиетімен де ерекшеленген, әйелдердің қоғамдағы орнын белгілеуге, ықпалын көтеруге де көп күш салған. Бірде Балпық би Д. а-дан: «Әйелдің қандайы жақсы?» деп сұрапты. Сонда Д. а.: «Көшкенде жетелейтін боталы түйесі болса, ерттеп мінетін құлынды биесі болса, алдында бесігі болса, маңдайының несібі болса, әйелдің жақсысы сол болады» деген екен. Д. а. туралы ел аузындағы аңыздарда оның ас дайындау, қымыз ашыту, оны жорық үстінде бұзылмайтындай етіп сақтау жөніндегі шеберлігі де сөз болады.

Әдеб.: «Жетісу». Энциклопедия. «Арыс» баспасы, Алматы, 2004, 244-б.

Ұ.Доспанбеті

ДАРДАНА (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Қытай генералы. 1756 жылғы 27 қыркүйекте Д. мәлімдеме жасап, былай депті: «Қазақтардың бізге тұтқын болған Шүрек және Аралбай деген адамдары арқылы Абылайға Әмірсананы тұтқындау туралы хабар айттық. Одан кейін Хадаха да қазақтың Хангелді, Жауғаш атты екі адамын ұстап, олардан Әмірсананы тұтқындау туралы

Абылайға ұғындыруды өтінді. Хангелдіні алып қалып, Жауғашты босатты». Қытай патшасының 1757 жылғы 9 ақпандағы жарлығында: «Сатқындарға қолды болған қарауылымыз қайта қашып келіп, Әмірсананың жақын маңда екенін Дарданаға мәлімдейді. Бірақ Дардана оны ұстауға әскер жібермейді. Егер сол кезде Дардана алдауға түспей, жедел шабуылдаған болса, Әмірсананы ұстап қалу мүмкін де еді. Осылай алдануға бола ма?» деп өкініш білдіріпті. «Былтыр бүлікші Әмірсананы қуғындап ұстау үшін қазақ жеріне ілгерілеп барған батыс бағыттағы қосынға Дардана, терістік бағыттағы қосынға Хадаха генерал болып тағайындалған еді. Олар қазақ жеріне барса да, Әмірсананы ұстай алмады. Оның үстіне (олардың сылбырлығынан) қазақтың Абылайы да сытылып, құтылып кетті. Сол үшін Дардана мен Хадаха екеуі ауыр жазаға тартылуға тиіс» делініпті.

Н.Ақбай

ДАРМАБАЛА – Дәрбін ойрат ұлысының ханы Сыбан Раптанның әкесі бір, шешесі бөлек қарындасы. Еділ бойы қалмақтарының ханы Аюкенің тоқалы. Кейін Қалдан Серенмен өштескен інісі, қазақ арасында Сына батыр атымен мәлім Шона Лаузаңмен бірге туған. Аюке қайтыс болғаннан кейін, Ресей императоры мен сенатының мақұлдауымен хан тағына отырған Серен Дондук осы Д-дан туған. Ресей императоры І Петр Аюкемен танысқанда ханның жас тоқалының ақыл-парасатына, ерік-жігеріне тәнті болған. Осылайша, Д. Ресейдің биік мәртебелі билік иелерінің алдында беделді болған да, іс жүзінде құба қалмақ жұртына билік жүргізген. Аюкенің ұлдары мен немерелері арасында тақ таласы асқынғанда Ресей үкіметі осы Д. ханымға жүгінетін болған. Қалдан Сереннің жоңғар хандығын тұтастыру ниеті бар екендігін сезетін Ресей билеушілері Д. тарапынан жоңғарлармен байланыстың үзілмегенінен күдіктеніп, ханымның соңынан жасырын бақылау қойған. Осы тыңшылықтың нәтижесінде орыс барлаушылары Абылай сұлтанның Д-ға жолдаған хатын қолға түсірген. Хат шамамен 1743 жылдан кейін, 1745 жылдың күзінен бұрын жазылған. Орысша мәтіннен қазақшаға аударғанда хаттың мазмұны мынадай: «Мен, Абылай сұлтан, Сізге сәлем жолдап, ұзақ ғұмыр тілеймін. Қазақ жұрты да амандығыңызға тілектес. Өз жайымды мағлұм етер болсам, Қалдан Сереннің қолынан аман-есен, құрметпен босап қайтып, ордама келдім. Сіз де есен-амандықта жүріп жатқан боларсыз. Қалдан Серен мені өз ұлындай көреді, Сіздің бауырыңыз Септен мені інісі санайды. Демек, мен де Сізге бауыр аталамын ғой». Бұл құжат-

тың маңызы – Абылай сұлтанның халықар. беделін айғақтаумен қатар, қазақ-жоңғар қатынастарының Қалдан Сереннің көзі тірісіндегі татулық жағдайын көрсететіндігінде.

3.Тайшыбай

ДАСТАН (парс. – айту, баяндау, жырлау) – әдеби-эпикалық жанр. Шығыс халықтары әдебиетінде, әсіресе, парсы және түркі әдебиеттерінде кең тараған. Д. белгілі бір сюжетке құрылады. Құрылымында кейде өлең мен кара сөз араласып келе береді. Д-ның классик. үлгі-лері: «Ләйлі – Мәжнүн», «Хұсырау – Шырын», «Мұңлық – Зарлық», т.б. «Сейітбаттал», «Сал-Сал», «Жұм-жұма» сияқты Д-дар діни сарынымен ерекшеленсе, «Қырымның қырық батыры», «Рүстем – Дастан», т.б. Д-дар қаһармандық жырға жатады. Қазақ пен жоңғар арасындағы қиян-кескі соғысты, сол кезеңнің шындығын Әбілмәмбет, Абылай сөздерімен ашып көрсететін Доспер Саурықұлының «Есенгелді», сонымен қатар М. Айтбаевтың «Хан Абылай» атты Д-дары туған. Әдебиеттану ғылымында Д-ды дербес жанр емес, эпос ұғымының баламасы деп түсінетін бағыт та бар. Мұндай пікір бойынша, батырлық жырлар, лиро-эпикалық жырлар, тарихи жырлар, поэмалар ортақ көркемдік белгілеріне орай Д. болып табылады. Ортақ сюжет негізінде әр халықтың ақын-шайырлары Д. жазып, кезінде өнер сайысына түсетін дәстүр де болған. Д. өлең өрнегі жағынан он бір буынды болады, кейде жеті-сегіз буынды болып келеді. Кейбір Д-дарды жеңіл жырға тән ырғақпен (муз. аспаптардың сүйемелдеуімен) жатқа айтушыларды бұрын ел арасында «дастаншылар» деп атаған.

Т.Шаңбай

ДАТ БАТЫР Қарабатырұлы – 1778 ж. ақпанда Ресей патшасының сарайына Абылай сұлтанның атынан барған Уәли, Шыңғыс, Гумер, Тоғым сұлтандардың тобын бастаған игі жақсылардың бірі. Сол жолы Ресей үкіметінің теріс ниетін танып, «Абылай Петропавл бекінісіне келетін болса, оны орыстар ұстап қалмақ екен» дегенді айтып келген. 1779 ж. 27 шілдеде Абылайға келген капитан Г. Лилигрейнге ерген саудагер Рахметолланы шауып, тауарын тартып алған. Уәли сұлтан өзін хандық-ка бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсын-да менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһан-гер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек,

ДАТҚА

Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Д. б., Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Тоқ баһадүр, Алып кара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 422, 424, 436, 440, 441, 451-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

3. Тайшыбай

ДАТҚА (парс. – тілек, әділдік) – Бұхар, Қоқан хандықтарындағы жоғары лауазым, атақ. Д. хандықтағы төртінші дәрежелі адам, билерден жоғары, сұлтандармен шендес, тек хан әміріне бағынышты болды. Бұл лауазым ру басыларына және әдет-ғұрып салтын жақсы білетін шешен, батыл адамдарға берілді. Д. жұрттың ханға берген өтініш, арыздарын қабылдап, ханның жауабын, жарлығын жұртқа хабарлап отырды. Бұхар хандығында Д. сөзі әскербасы мағынасында да айтылған. Д. лауазымына ие болған қазақ азаматтарының арасында Байзақ Мәмбетұлы (1789–1864) ел мүддесін бәрінен жоғары қойған.

ДАУ – дәстүрлі қазақ қоғамындағы әділеттілік жолымен шешілуге тиісті әлеум. талас-тартыстар мен тұрмыстық кикілжіңдердің жалпы атауы. Олардың арасында жер дауы, жесір дауы, мал дауы, жан (құн) дауы маңызды мәселелер болып саналған. Кез келген талас-тартыстың әділетті кесіміне, ортақ ұйғарымына жету үшін дауласушы тараптар билер сотының, ақсақалдар кеңесінің төрелігіне, кейде хан билігіне жүгінген. Дауласушылардың, куәгерлердің қағысуымен өтетін дәстүрлі сот процесі қаралатын іс бойынша айыптыны тауып, әлдебір жаза тағайындауды не ықпалды шара белгілеуді мақсат тұтпаған, негізінен, екі тарапты татуластыруды, бәтуалы бітімге шақыруды көздеген. Яғни қазақ қоғамындағы құқықтық мәдениеттің негізгі принципі «Дау мұраты – бітім» қағидасы басшылыққа алынған. Д-лы мәселелер өш алу, есе қайтару мақсатымен емес, ел тыныштығын, ағайын татулығын сақтау тұрғысынан қаралып, гуманистік құндылықтар аясында шешімін тапқан. Көп жағдайда ағайын-туыс, ру-тайпа арасындағы кикілжіңді, араздықты сот төрелілігіне жүгініп, дабыра қылмай-ақ, өзара түсіністік, сыйластық салтымен, рухани факторлармен (мыс., «сөзге тоқтау») реттеп отырған. «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген тәмсіл де кешірімшілдік механизмі ретінде Д-дың алдын алып, әлеум. ортадағы қалыптасқан тұрақтылықты сақтауға, ұлт бірлігін нығайтуға қызмет еткен. Қазіргі заманда Д-лар арнаулы заңдарға сай сот тәртібі-мен шешіледі.

Әдеб.: К е н ж а л и е в З., Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет, А., 1997.

М.Бекиора

ДАУЫМШАР Құттықадамұлы (1770–1810) – Ресей отаршылдығына қарсы күресте қазақ жерінің тұтастығын сақтауда көрсеткен ерлігімен, табандылығымен танылған батыр. Кіші жүз құрамындағы адай тайпасынан шыққан. Әкесі Құттықадам Тікенекұлы (1705–1798) қалмақтармен шайқасқа қатысқан. Орт. Үстіртте, Білеулі керуен сарайынан оңт.-шығысқа қарай 25 шақырым жерде жерленген. Д. батыр жөнінде нақты деректер аз. Х.Досмұхамедов өз еңбегінде оны Атағозы, Сүйінқара, Өтен, Нарынбай, Құлбарақ, Жапарберді, Мыңбай, т.б. атақты батырлармен тең қояды. Халық арасында Д. батыр туралы Жемнің сол жақ жағалауында зерттеу жұмыстарын жүргізген экспедициялық отрядпен (кейбір мәліметтерде орыстар, енді бірінде ағылшындар) болған ұрыста қаза тапты деген аңыз бар. Шайқаста қаза тапқандардың барлығы, соның ішінде қарсыластарының басым күшінен сескеніп, шайқасқа қатысудан бас тартқаны үшін Дауымшардың өз қолынан қаза тапқан Құдабай батыр да сол жерге жерленіп, ол жер Дауымшар қорымы аталып кеткен. Батырдың бейітіне қару мен ат бейнеленген құлпытас орнатылған.

Әдеб.: А д ж и г а л и е в С. И., Генезис традиционной погребально-культовой архитектуры Западного Казахстана (на основе исследования малых форм), А., 1994; Д о с м ұ х а м е д ұ л ы Х., Исатай–Махамбет, А., 1996.

С.Әжіғалиев

ДӘСТЕМ Қарабасұлы (1677, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Гүлтөбе қонысы – 1752, Ресей, Қорған обл. Петухово ауд. Өзентал қыстауы) – ақын, күйші, Толыбай сыншының немересі, Қарабас батырдың үшінші ұлы. Бала кезінде ауыл молдасынан сауат ашқан. Д-ді әкесі Самарқандағы медресеге оқуға береді. Д. өлең-жыр шығарып, ән салу, сыбызғы, домбыра тарту өнерін медреседе жүргенде де тастамай, жетілдіре берген. Ол Самарқан медресесінен діни білім алып шығады. Д. 17 ғ-дың соңы мен 18 ғ-дың 1-жартысындағы қазақ-қалмақ соғысына қатысқан. Д. «Хан-сұлтандар», «Бозқозыұлы Бөкенбай», «Дәстемнама» атты тарихи дастандар, «Майдан», «Ақбоз ат» деген әндер, «Шайқас», «Жекпе-жек», т.б. күйлер шығарған.

Әдеб.: С ү л е й м е н о в Т., Сегіз сері, А., 1991; Әбу-талиев Н., Ордабасы Қожаберген, А., 1993; К е н ж е г а з и н Ә., Сегіз серінің шыққан тегі, «Жұлдыз», 1999, № 2.

Қ.Бижожен

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ (кейбір деректерде Даулеткеле, Довлет-Керей) (т.-ө.ж.б.) – сұлтан. Қытайда білім алған, қытай тілін жақсы меңгерген.

Д. дипломатиялық тапсырмалармен бірнеше рет Пекинде болған. 1760 ж. Жолбарыс сұлтанмен бірге Абылайдың Қытайға жіберген елшілігін бастап барды. Елшіліктің басты міндеті – кезінде ойраттар басып алған қазақ жерлерінің босауына байланысты, мұнда казактардың еркін көшіп-қонуына қатысты мәселелерді шешу болды. Сонымен қатар казактарға тұтқынға түскен Цин императорының қол астына қарайтын уряххайлықтарды қайтару осы елшілікке тапсырылды. Пекинде бұл елшілікке барлық сый-құрмет көрсетілді. Қазақ-қокан қарым-қатынастарының шиеленісуіне байланысты Д. Абылайдың тапсыруы бойынша 1767 ж. Қытайға (әскери көмек сұрау мәселесімен) қазақ елшілігін бастап барды.

Әдеб.: Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в., ч. 2, А.-А., 1989.

Э.Телеуова

ДӘУІТ Сәрсенбі (1947 ж.т., ҚХР, Шығыс Түркістан, Шыңжаң өлкесі) – филол. ғыл. докт. (2001). ҚазПИ-ді (1970, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қазақ телевизиясында, Талдықорған обл. (қазіргі Алматы обл.) «Октябрь туы» (1972–73), респ. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»),



С.Дәуітов

«Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), 1974–75) газеттерінде қызмет атқарған. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және өнер институтында кіші, аға ғыл. қызметкер (1975–98) болған. 1998 жылдан Д.Қонаев атынд. гуманитар. университетінде дәріс (2002 жылдан проф.) береді. «Диуани Хикмет» және қазақ поэзиясы» (1998), т.б. зерттеу еңбектерінің авторы. «Абылай хан» (1993), «Төле би» (1993), т.б. кітаптарды құрастырды.

ДЕВИЦ (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – ген.-майор. 1766–70 ж. Петропавл бекінісінің бастығы. Ол осы жылдары казактарға көп басыздық жасап, қиянат көрсеткен. Олардан ақша, мал талап етіп отырған. Д. бір жолы 39 қазақты жазықсыз дүрелетіп, 190 жылқысын тартып алған. Бірақ Орынбор губернаторы Рейнсдорф оның үстінен жазылған

арыз-шағымдарды қарамай, өз әріптесін қызғыш-тай қорғап отырған.

Н.Ақбай

ДЕКОЛОНГ Иван Александрович (т.-ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – Петр ағзам бекінісінің бастығы, ген.-майор. Абылай хан 1772 жылғы 24 шілдеде Д-ке жолдаған хатында мынаны хабарлаған: «Станиславский Петропавлға бастық болып келгеннен кейін, оның жасақтары (екі адам) жоғалған екі атты іздеп, қазақ арасына келген де, «ат ұрладың» деп үш адамды ұстап, қамшының астына алып, әбден сабаған. Біреуін найзамен түйреп, екіншісінің басын жарған, үшіншісінің атын атып тастаған. Олар менің адамдарым еді. Ал түйе бағып жүрген бір адамды тұтқындап, өздерімен бірге алып кеткен. Онымен қоймай, қазақ аауылдарын ойрандап, бала-шағаны үрейлендіріп, екі қазақты тұтқындап әкеткен. Ауылды тонап, сандықтағы бұйымдарын тартып алған. Мұндай басыздық жасай беретін болса, біздің арамызда ешқандай татулық болмайды» деп ескерткен. Ал «менің қарамағымдағы казактар бұзықтық жасаса, маған ешқандай талап қоймаңыздар» деп талап қойған.

Н.Ақбай

ДЕРЕКТАНУ – тарихи деректер, олардың ашылуы, зерттелуі және қолданылуының теориясы мен практикасы туралы ғылым. Д. тарихшылардың теориялық, методологиялық және арнаулы даярлығын қамтамасыз ететін іргелі ғылымға жатады. Д-дың іргелілігі ең алдымен тарих ғылымының аса маңызды ерекшелігімен байланысты. Тарихтың нысаны – қоғамның өткені тарихшыға тек тарихи деректер арқылы ғана танылады. Ал тарихи деректер тарихи Д. ғылымының тікелей зерттеу нысаны болып табылады. Д. әр түрлі нақты тарихи проблемаларды және тұтас тарихи процестерді терең де тиімді зерттеуге көмектеседі. Д. арнаулы ғылым ретінде тарихи зерттеулер тәжірибесі барысында тарихи құжаттардың түпнұсқасын анықтау тәртібін жасау негізінде пайда болды. Тарихи деректер қорының кеңеюі мен ғыл. айналымға жаңа деректердің біртіндеп енуіне байланысты, бір тарихи оқиғаның деректерде қарама-қайшы бейнеленетіні байқала бастады. Сондықтан, ол деректерді зерттеу, бір-бірімен салыстыру, сол арқылы шындықты іздеу қажеттілігі туды. Деректі талдау екі кезеңнен тұрады: деректің түпнұсқамен дәлдігін анықтау және алынған мәліметтердің анық-қанығына көз жеткізу. Деректердің әр алуан түрлеріне талдау жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Деректегі нақты мәліметтерді логикалық талдау және салыстыру арқылы тексеруге болады. Әр алуан деректерде берілген мәліметтердің бір-бірімен



сәйкес келуі олардың нақтылығын дәлелдейді. Отандық Д. ғылымының қалыптасуы мен дамуына Абылай ханның ұрпағы Ш.Ш.Уәлиханов, Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Е.Бекмаханов, Ә.Х. Марғұлан, т.б. зор үлес қос-ты. Қазіргі Д-дың теориялық-әдістемелік проблемаларына, деректерді зерттеуде матем. тәсілдер мен компьютерлер пайдалануға ерекше көңіл бөлінген.

Әдеб.: Атабаев Қ. М., Қадыртаева М. А., Деректандық теориялық мәселелері. А., 1999.

«10 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ КАЗАХСТАНА: ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ» – кітап. 4 том. 2001 ж. Алматы қаласында жарыққа шыққан. Таралымы 180 дана. Көлемді 4 томды құраған бұл жинаққа 2001 жылы 22–24 ақпанда Алматы қаласындағы «Қайнар» университетінде өткен Халықаралық ғылыми конференцияның материалдары берілген. Конференцияда Б.Аяған, А.В.Бойко, З.Қ.Мұқатаева сынды басқа да көптеген ғалымдар баяндама жасаған. Аталмыш жиын әртүрлі мәселелерді кең көлемде талқылауға ұсынады. Жинаққа В.Измаевтың «Қазақ қоғамын топтастырудағы саяси лидерлердің рөлі» атты зерттеу мақаласы берілген. Бұл мақалада зерттеуші ғалым XVIII ғасырда өмір сүрген Абылай мен қазіргі кездегі елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ел басқарудағы өзіндік ерекшеліктерін салыстырмалы түрде саралап отырады. Автор еңбегінде екі тұлғаның сыртқы саясаттағы саяси-дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеудегі ұқсастықтарын екі-шеп шығады.

К.Қошым-Ноғай

«ДЕСЯТЬ ЛЕТ РЕФОРМ НА ПОСТСОВЕТСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ: ОЖИДАНИЯ, РЕЗУЛЬТАТЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ» – орыс тілінде шыққан кітап. 5 том. 2001 ж. Алматы қ-нда жарыққа шыққан. 2001 ж. 18–19 мамырда Алматы қ-ндағы «Тұран» ун-тінде өткен халықар. ғыл. конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияда елге танымал ғалымдар К.Сағадиев, Р.Алшанов, Ж.Құлекеев, т.б. баяндама жасаған. Екі күнге созылған конференцияда еліміздегі реформалардың жағдайы жан-жақты талқыланды. Конференцияда баяндама жасаған ғалым В.Измаев, өз еңбегін «Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен біртұтастығын нығайтудағы Абылай ханның рөлі» деп атаған. Аталмыш баяндамада Абылай ханның саяси іс-әрекеттері, дипломатиялық қызметтері толықтай қамтылған. Мысалы, Абылай хан сарбаздарының Қытай әскерлерімен бір жолғы қақтығысы Үмбетей жыраудың «Абылайға Бөгеубай батыр өлімін естірту» атты жырында айтылатын: «Кебеже қарын, кең құрсақ, Артық туған Абылай, Көтере көр бұл істі. Көп қытайдың жылқысы Тұрымтайдай құныс-ты.

Жау жағадан алғанда, Ит етектен алғанда, Ер Абылай қорыққан жоқ, Әншейін еңкейе бере жылысты», – делінетін жырынан үзінді беріледі.

К.Қошым-Ноғай

ДЖУЗЕППЕ КАСТИЛЬОНИ (Giuseppe Castiglione, қытайша есімі Лан Шинин) – католик миссионері. 1715 ж. Қытайға барып, Цин патшасының сарай суретшісі болып, Циннің үшінші дәрежелі лауазым шенін алған. Циннің үш патшасына (Канси, Юнчжэн және Цяньлунға) қызмет көрсеткен оның тарихта атын қалдырған еңбектерін атап айтуға болады: 1) әйгілі цин патшалық саябағы әрі сарай кешені – «Юаньминюаньді» жобалау жұмысына қатысқан (қытай және батыс сәулет өнерінің сол кездегі ең керемет деген үлгілерін өз бойына жинаған әрі өте көп тарихи жәдігерлер сақталған бұл кешен 1860 ж. Пекинге басып кірген британ-француз бірлескен армиясының қолынан өртенген); 2) Еуропа мен Қытайдың сурет салу дәстүрлерін тоғыстыру арқылы көптеген өнер туындыларын жасаған. Оның салған суреттерінің ішінен мыналарды ерекше атап өтуге болады: «Жоңғар мен Хуэйбуды (Қашқарияны) тыныштандыру операциялары» 16 суреттен құралған. Оны Д. К. Цин патшасы Цяньлунның сарай суретшісі болып жүрген басқа еуропалықтармен бірлесіп, 1765 ж. салып бітірген. Өзінің аты көрсетіп тұрғандай, бұл туынды Жоңғар хандығының соңғы кезеңі мен 18 ғасырдың екінші жартысындағы Қашқарияның тарихына тікелей қатысы бар аса құнды тарихи дерек болып табылады; «Цяньлун патша әскери парад өткізуде»; «Цяньлун патшаның Оңтүстікті аралаған сапары»; «Цяньлун бұғы аулауда»; «Цин патшасына арғымақ сыйлауы»; «Көктемде қала шетінде арғымақтарды сынау»; «Хасак гун ма ту», яғни «Қазақтардың Цин патшасына арғымақ сыйлауы». Д. К-дің «Хасак гун ма ту» атты суретінде Абылай хан қатарлы қазақ көсемдерінің Цин патшасы Цяньлунға жіберген елшілері және олардың Цяньлунға апарған арғымақтары бейнеленген. Суреттің түпнұсқасы қазір Париждегі Гимэ шығыс өнері мұражайында сақтаулы.

ДИПЛОМАТИЯ (грек. diploma) – мемлекет пен үкімет басшыларының, мемлекеттің сыртқы істер органдары қызметкерлерінің сыртқы саясат саласындағы саяси іс-әрекеттері. Бұған қоса Д-ға халықар. ынтымақтастықты орнату, кеңейту, сақтау, ұлтаралық жанжалдарды болдырмау және оны реттеу мақсатында жүргізілетін келіссөздер, халықар. конференциялар жұмысына қатысушы делегациялардың қызметі, сондай-ақ, мемлекеттің шет ел азаматтары мен мекемелерінің құқықтарын, мүдделерін қорғау да жатады. Президент не үкімет өз мемлекеті-

нің Д-лық бағыт-бағдарын белгілейді, ал сыртқы істер мекемелері осы бағдарды жүзеге асырып отырады. Көптеген әдебиеттерде Д-ны «сыртқы қатынастар ғылымы» немесе «келіссөздер жүргізу өнері» деп те атайды. Д. алғаш рет шығыс елдері (Мысыр, Вавилон, Қытай, т.б.) мен Ежелгі Грекияда пайда болды. Түркі елдері, оның ішінде Ғұн, Сақ, Үйсін, Қаңлы, Оғыз, Хазар мемлекеттері, Шыңғыс хан империясы, Алтын Орда, Қазақ хандығы тарихында әлемнің әр қиырындағы елдермен жүргізілген Д-лық қызметі туралы деректер көп. Ежелгі Қазақстан туралы жазбалардың авторларының көпшілігі (Карпини, Рубрук, Ибн Фадлан, т.б.) – осы өлкеге Д-лық қызметпен келгендер. Қазақ хандығы тарихында да Д-лық келіссөз жүргізу шеберлігінің сан түрлі үлгілері туралы деректер мол. Әсіресе, Қаз дауысты Қазыбек бидің Абылай ханды жоңғар ханының тұтқынынан босатуы осындай мәмлекерліктің жарқын үлгісі болып табылады. Ежелгі заманда Д-лық елшіліктер белгілі бір жағдайларға байланысты (бітімге келу, одақ құру, дау-дамайды шешу, т.б.) бір елден екінші елге барып, келісім жасалынғаннан кейін дереу елдеріне қайтып отырған. Мыс., Абылайдың Қытай еліне жіберген елшілері.

Әдеб.: История дипломатии, т. 1–3, М., 1959–65; Левин Д. Б., Дипломатия. Ее сущность, методы и формы, М., 1962.

М.Мырзабеков

«ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ҚЫТАЙТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» – кітап. Авторы – тарихшы ғалым Н.Мұхаметханұлы. 2010 ж. жарық көрген. Көлемі 204 бет. Таралымы 500 дана. Бұл зерттеу еңбекте 18 ғ-дан қазірге дейінгі Қытай мен Орт. Азия елдері және Қазақстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың маңызды мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ қазақтың кейбір тарихи дипломатиялық тұлғаларына баға беріліп, қазіргі таңдағы еліміздің қытайтану мәселелері мен оралмандар саясаты жөнінде терең ой қозғалады. Сонымен қатар, автордың отандық тарих ғылымында және ұлттық идеология саласында орын алған аса маңызды мәселелер жөнінде жазған ғыл. дискуссиялық мақалалары мен сұхбаттары да кітапта қамтылған. Зерттеушінің әрбір еңбегінен кәсіби тарихшыға тән ерекшеліктер айқын байқалады. Оның қолданған деректерінің тың әрі молдығы, жасаған қорытындылары мен тұжырымдары логикалық талдаулармен анықталып отырады. Кітапта автордың «Абылай ханның дипломатиялық саясаты» деген көлемді зерттеу мақаласы берілген. Мақалада Абылайдың қытай империясымен қарым-

қатынастары құжаттық деректер арқылы қамтылып отырады. Еңбек гуманитарлық ғылымдар мамандарына, дипломаттарға, жоғары оқу орындарының студенттері мен көпшілік оқырман қауымға арналған.

К.Қошым-Ноғай

ДОЙЫР – жуан өрімді қамшы. Өрімі жұмыр, кейде төрт қырлы болып келеді. Өрімнің арасына қайыстан жұмырлай ширатылған өзек салып, сыртын таспамен тоқи өреді. Таспа кебе келе көнге айналып, өте қатты әрі берік болады. Әдетте, Д-дың сабын ырғай, тобылғы тәрізді қатты ағаштан жасап, мықты болуы үшін ұшы мен дүмін металмен құрсаулап қояды. Кейде өрімнің ұшына тас не металл тобыршық бекітеді. Өрім мен сап тілше қайыс арқылы бекітіледі. Қайыстың сапқа бекітілетін ұшының үстіне сәндік үшін жұқа жез салынады. Д-дың сабы да күм-іс жезбен әшекейленіп, қолға ұстайтын жағына бүлдірге өткізіледі. Д. қару ретінде қолданылған.

Д.Шоқпарұлы

ДОНДУК ДАШЫ (т.ж.б. – 1761) – Еділ қалмақтарының ханы. 1741 ж. 14 қыркүйекте Астрахан губернаторы В.Н. Татищевтің (1689–1750) тікелей қатысуымен ханның мирасқоры болып жарияланды. Ол билік басына келген соң алдына мынадай міндеттер қойды: шет мемлекеттермен қарым-қатынас орнатпау; шоқынған қалмақтарды өкімет құрамына қабылдамау; өзінің ұлы Асарайды аманатқа беру. 1640 ж. шыққан заңдар жинағына Д. Д-ның ұсынысымен қалмақтар өміріне қатысты бірқатар шарттар қосылып, қайта жазылды. Д. Д. билік еткен тұста Ресей империясы қалмақтарға қатаң саяси талаптар қойды. Д. Д-ның Серен Дондук, Галдан Данжин мен Дондук Омбоның бұрынғы ұлыстарын қайтарып беру жөніндегі өтініші Ресей империясы тарапынан қанағаттандырылмады. Екі жақ арасындағы жағдай Д. Д-ның аманатқа берілген ұлы 1744 ж. Астраханда шешек ауруынан қайтыс болғаннан кейін одан әрі шиеленісе түсті. Қалмақтардың орыс селоларына қарсы шапқыншылықтары қайта басталып, олар Жайықтың оң жақ жағалауына көшті. Жергілікті аймақ билеушілері мен Ресей үкіметі арасындағы ұзақ тартыстардан соң 1758 ж. 20 ақпанда ғана Д. Д-ға хан атағы беріліп, ханның мирасқоры етіп 17 жасар баласы Убашиды бекітті.

А.Шойбекова

ДОНДУК ОМБО (т.ж.б. – 21.3.1741) – Еділ қалмақтарының ханы, Аюкенің немересі. 1735 ж. 7 наурызда тақ мұрагері болып жарияланды. 1735 ж. 14 қарашада Ресей империясына өзінің адалдығын білдіріп ант берді. Ол билік еткен тұста Ресей қалмақтардың қарулы күштерін

ДОСАЙ

Түркиямен соғыста пайдаланды. Д. О. өзінің әскери жетістіктерінің арқасында Ресей үкіметінің сеніміне кіріп, адал қызметі үшін жыл сайын ақшалай, заттай сыйлықтар алып тұрды. 1737 ж. 3 наурызда Д. О-ны Ресей үкіметі хан етіп бекітті. Д. О. әскери қолбасшы ретінде танылды. Ол ел ішінде қатаң тәртіп орнатты. Д. О. Кубанда болған кезінде кабардин князі Магомет Кургокиннің Джан есімді қызына үйленіп, одан туған 10 жасар ұлы Рандулары тақ мұрагері етіп жариялады. Бұл оның бірінші әйелінен туған баласы Галдан Нормоның наразылығын туғызды. Д. О. 1738 ж. жазда қазақ жеріне шапқыншылық жорық ұйымдастырды. Қалмақтардың әскерін Галдан Нормо басқарды. Ол қолындағы қарулы күшті пайдаланып, әкесіне қарсы шықты. Ресей патшасының көмегімен, әкесі мен баласы тіл табысқан соң, Д. О. Галдан Нормоны Царыцынға, кейін Қазанға жібереді. Баласы 1740 ж. 24 шілдеде қайтыс болды. Д. О-ның өзі өлгеннен кейін өзара таққа талас басталды.

А.Шойбекова

ДОСАЙ Бәйгелұлы (1692, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Алғабас а. – 1790) – би, шешен. Ұлы жүз құрамындағы үйсін тайпасынан шыққан. Бала кезінен ауыл-аймақ арасындағы кішігірім дау-дамайларды шешіп, тапқырлығымен, шешендігімен көзге түскен. Кейін көптің қалауымен би сайланған. Ел басына күн туған алмағайып кезеңдерде елді жаудан қорғаудың түйіні қиын мәселелерін Төле, Әйтеке, Қазыбек билермен бірге ақылдасып, шешкен. Інісі Қосай – жоңғарларға қарсы бірқатар шайқастарды басынан кешкен батыр. Халық арасында Д. би айтқан деген уәжді нақыл сөздер көп сақталған.

Н.Төрехұл

ДОСАЛЫ СҰЛТАН ЕЛШІЛІГІ – 1790 ж. Цяньлунның 80 жасқа толу тойына қатысу үшін Уәли ханның жіберуімен Пекинде болған қазақ елшілігі. Бұл елшілікті Уәли ханның кіші інісі Досалы сұлтан бастап барды. 1809 ж. құрамында 16 адамы бар елшілік Цин ордасында болып қайтқан. Досалы – Қытай императоры тарапынан құрметке ие болған қазақ сұлтаны.

Әдеб.: Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в., ч. 2, А.-А., 1989; Мұхаметқанұлы Н., Тарихи зерттеулер, А., 1997.

Э.Телеуова

ДОСЖАН Құрақұлы (2.4.1878, қазіргі Қызылорда обл. Сырдария ауд. Нағи Илиясов атынд. а. – 21.1.1944, сонда) – домбырашы, күйші. 1938 жылдан Нартай Бекежановтың концерттік бригадасы құрамында болып, сол жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық а.ш. көрмесіне қатысып, өнер көрсетеді. Д. «Көкек тоғайы», «Бәти қыз»,

«Бұқтым-бұқтым», «Жетім қыз», «Терісқакпай», «Абылай хан», «Кербез төре», «Қаражорға», т.б. күйлер шығарған. 1964 ж. фольклортанушы М.Бәйділдаев Д-ның 32 күйін ұнтаспаға жазып алған. 1978 ж. Д. күйлері С.Ысқақовтың орындауында жеке күйтабақ болып шықты.

Әдеб.: Рүстемов М., Нартай, А., 1983; Теренөзек тарихы, А., 1996.

Т.Дайрабай

ДОСҚАРА БАТЫР (18 ғ-дың ортасы, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Марқаш соры кннің жағалауы – 19 ғ-дың 30-жылдары) – батыр. Орта жүз құрамындағы ашамайлы керей тайпасының көшебе руынан шыққан. Әкесінің есімі – Байкісі. Оның «қос батыр» атанған Есқара, Досқара есімді екі ұлы да 1770–71 ж. болған соңғы қазақ-қалмақ соғыстарына қатысқан Д.б. сондай-ақ, 18 ғ-дың соңғы ширегінде Батыс Сібірде Ресей отаршылдарына қарсы күреске белсене қатысып, ерлігімен көзге түскен. Д. б-дың ерлігін Жанкісі, Шал ақын, Жанақ ақын, Көтеш, Салғара, т.б. өз жырларына арқау еткен. Д. б-мен замандас Көшен Бауыржанұлы «Досқара батыр» жырында оның батырлығымен қатар күйшілік өнері болғанын да айтады. «Кер жорға», «Қызыл нар», «Жаралының зары» атты күйлері жазып алынбағандықтан, халық арасына көп таралмаған.

Әдеб.: Әбуталиев Н., Шок жұлдыз, А., 1998.

К.Бизгожаұлы

ДОСПАНБЕТОВ Ұзақбай Әбдікерімұлы (30.3.1941 ж.т., қазіргі Алматы обл. Ескелді ауд., Қаратал а.) – жазушы. 1966 ж. ҚазМУ-дің (қазіргі ҚазҰУ) филология ф-тін бітірген соң мектепте мұғалім, ауд. газетте, Респ. радио үйінде, «Қазақстан коммунисті» және «Жұл-



Ұ.Доспанбетов

дыз» журналында, «Ұлан» газетінде жұмыс істеді. 1962 жылдан әдеби шығарм. жұмыспен айналысып келеді. Жазушының алғашқы «Ел есінде» (1983) деген атпен шыққан романы соғыстан күйзелген а. ш-н қалпына келтіру кезеңіне, ал «Шың мен шыңырау» дилогиясы

(1986, 1991) атақты Нұрмолда Алдабергеновтің өмірі мен еңбегіне арналған. Д. – кейінгі жылдары жарық көрген екі кітаптан тұратын «Қызыл жолбарыс» (1–2-кітабы, 2000) және «Абылайдың ақ туы» (1-кітабы, 2004; 2-кітабы, 2008) атты тарихи романдардың, т.б. көркем шығармалардың авторы.

С.Көбеева

ДРУЖИНИН Николай Михайлович (13.1.1886, Ресей, Курск қ. – 8.8.1986, Мәскеу қ.) – орыс тарихшысы. Мәскеу ун-тінің заң (экон. құқық бөлімі, 1911) және тарих-филология (1918) ф-ттерін бітірген. Революция музейінде (Мәскеу) қызмет істеген, магистрлік диссертация қорғап (1929), 1929–48 ж. Мәскеу ун-тінде, 1935–39 ж. Мәскеу пед. ин-тында дәріс берді. Д. – Мәскеу ун-тінің тарих ф-тін ұйымдастырушылардың бірі (1934) Ұлы Отан соғысы жылдары Алматыда болып, акад. А.М. Панкратова басқарған авторлық ұжым құрамында Қазақстан тарихын жазуға қатысты. «Мемлекеттік шаруалар және П.Д. Киселевтің реформалары» атты ғыл. еңбегі бойынша докторлық диссертация қорғады (1944). 1953 ж. КСРО ҒА-ның толық мүшесі болып сайланды. Д. 19 ғ-дағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы, Ресейдегі тарихи процестердің Қазақстанға ықпалы, т.б. мәселелерге қатысты бірқатар зерттеулер жүргізді. Оның «Мемлекеттік шаруалар және П.Д. Киселевтің реформалары» атты еңбегінің 1-томы үшін (2-томы 1958 ж. жарық көрді) КСРО Мемл. сыйл. берілді (1947). «Қауырт өзгеріс кезіндегі орыс деревнясы» (1978) атты монографиясы үшін Лениндік сыйлық алды (1980). Д. – 300-ден астам еңбектің авторы. Оның басшылығымен «Москва тарихы» (2-, 3-томдары), көптомдық «Көне заманнан бүгінге дейінгі КСРО тарихы» жарық көрді. 2 рет Ленин орденімен және басқа медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Я ц у н с к и й В. М., Николай Михайлович Дружинин. В кн.: Исторические записки, т. 54, М., 1955; Библиография обществоведов Казахстана, А.-А., 1986; К о з ы б а е в И. М., Историческая наука Казахстана, А.-А., 1990.

М.Қозыбаев

ДУАН (парс. – мемл. кеңес), Ресей империясының 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғысына» сәйкес қазақ даласында ашылған окр-тердің орт-н орысша «Приказ», қазақша «Дуан» деп атаған. Кейде Д. атауы округ атауына балама ретінде де колданылған. Аталған жарғы бойынша Орта жүз қазақтары 1824–68 ж. 8 Д-ға (Көкшетау, Қарқаралы, Аманқарағай, Ақмола, Аягөз, Үшбұлақ, Баянауыл, Көкпекті) бөлінген. 1859 жылдың аяғында Құсмұрын Д-ы (1852 жылдан бастап Аманқарағай Д-ы осылай атал-

ған) жабылып, орнына Атбасар Д-ы ашылған. Бірақ Құсмұрын Д-ы жерінің негізгі бөлігі саналатын Қызылжар аймағы 1859 жылдың соңына қарай Көкшетау Д-ына қараған.

Қ.Бигожаұлы

ДУАНБАСЫ – лауазым; дуанға қарасты қауымды билеуші ұлық. 1822 жылғы Ресей империясының «Сібір қырғыздары туралы жарғысына» сәйкес ашылған округтерді қазақтар «Дуан» деп атаса, сол дуанды басқарушы адамды Д. немесе аға сұлтан, ал оның орынбасарларын заседательдер деп атаған және олар төрт адамнан тұрған. 1824 ж. құрылған Көкшетау дуанының Д-лары: З.Байтоқаұлы, Т.Зілғараұлы болған. Сол жылы Орт. Сарыарқада ашылған Қарқаралы дуанында Барақ Тұрсынұлының үш немересі кезек сайланып отырған. Сонымен қатар, Қарқаралы дуанында 1849–52 ж. Құнанбай Өскенбайұлы Д-лық еткен. 1830 ж. Аманқарағай дуаны ашылып, оның Д-лары: Жалбыр Абдоллаұлы (1830–34), Абылай ханның ұрпағы Шыңғыс Уәлиханұлы (1834–52), Есней Естемесұлы болған (1852–59). 1832 ж. Ақмола дуаны ашылып, оны Қ.Құдаймендеұлы, Ы.Жайықбайұлы басқарған. Сондай-ақ, бұл лауазым Қазақстанда және кейбір түркі тілдес халықтарда 20 ғ-дың басына дейін сақталып келді.

Қ.Бигожаұлы, Қ.Исабаев

ДУДИН – капитан. 1771 ж. ақпанда Еділ бойынан ауған қалмақтар Д-ді командасымен тұтқындап, өздерімен бірге қазақ даласына алып кеткен. Жолда қазақ жасақтары Д-ді қалмақтардан тартып алған. Д-ді босату мәселесі Ресейдің ең жоғ. билік орындары арқылы қозғалған. Бұл жөнінде Ресей әкімш. бірнеше рет Абылай ханға хат жазған, тіпті, 1778 ж. маусым айында патша сарайының бас министрі, канцлер Панин Абылай ханға жалынышты хат жазған, Д-ді тауып берген адам болса деп сыйлық ұсынып, дәмелендірген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 434, 436-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ДУЛАТ, Д у л у, Д у л у ғ, Д а л у, Д а л у ғ, Д о ғ л а т – қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Д. атауы тарихи деректерде өте ерте заманнан және түрліше болып кездеседі. Олардың ішіндегі ең жиі ұшырайтыны – дулу (қытай жылнамасы бойынша). Атақты шығыс зерттеушісі Н.Я.Бичурин мен Г.Е. Грумм-Гржимайлоның жазуына қарағанда, Д-тар б.з.б. 2 ғ-да өз алдына хандық құрған (ол кезде билеушісі хан деп аталмай, «би» деп аталған). Дулулар Түрік қағандығы кезінде (6–8 ғ-лар) бес елге бөлініп, Жетісу өлкесінде ықпалын жүргізген. Рашид әд-Диннің айтуынша,

ДУЛАТОВ

олар Шыңғыс хан империясы дәуіріндегі ірі тайпалардың бірі болған. Көптеген тарихи деректерге қарағанда, Д. тайпасы, әсіресе, 14–16 ғ-лар арасында зор ықпал иеленген. Бұл дәуірде олардан көптеген атақты билер мен бектер шығып, әуелі Шағатай ұлысында билік жүргізеді, кей-ін Әмір Темір хандығының ісіне араласады. Бауырты, Бұлатшы, Хұдайдад, Камариддин, Әмір дәуіт және Әбубәкір (Шығ. Түркістан мен Жетісуды билеген), т.б. тұлғалар ерекше ықпалды болған. Шағатай әулетінің соңғы хандары Сейіт пен оның баласы Рашидтің кезінде Д-тар бұрынғыдай ұлыс мәселесіне қатыспай, тек әскер басы қызметін атқарған. 15–16 ғ-ларда Д-тардан Мұхаммед Хайдар Дулати («Тарихи Рашидидің» авторы), Махмұд Жорас, Әмір Уәли сияқты оқымысты ғалымдар шықты. Олар өз көздерімен көрген тарихи оқиғалар туралы еңбектер қалдырған. Қазақ халқының үш ұлы биінің бірі, Абылай ханның ақылшы-қамқоршысы Төле би де осы Д. тайпасының жаныс тармағынан. Қазақ шежіресі бойынша, Д. – Ұлы жүз құрамына кіретін ірі тайпалардың бірі. Н.А. Аристовтың Ботбайдан шыққан Диканбай батырдан (1876 ж.ө.) жазып алған шежіресі бойынша, үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ анадан (Нұрилла) Жарықшақ туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат болып тарайды. Д-тан Ботбай, Шымыр, Сикым, Жаныс тараған.

Әдеб.: Г р у м м - Г р ж и м а й л о Г. Е., Западная Монголия и Урянхайский край, т. 2, Л., 1926; Р а ш и д а д - Д и н, Сборник летописей, т. 1–3, М.-Л., 1952–56; А р и с т о в Н. А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и кара киргизов, «Живая старина», 1894, в. 3–4, с. 398–402; Б и ч у р и н Н. Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, т. 1–3, М.-Л., 1950–53; К ю н е р Н. В., Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока, М., 1961; А к и ш е в К. А., К у ш а е в Г. А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, А.-А., 1963; Г у м и л е в Л. Н., Древние тюрки, М., 1967.

ДУЛАТОВ Міржақып (21.11.1885, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Қызбел атырабы – 5.10.1935, Ресей, Карелия, Беломор-Балтық каналы, Сосновец бекеті) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, журналист, 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. Д. алғашында ауыл молдасынан хат танып, кейін Торғайдағы Ы.Алтынарин ықпалымен ашылған 2 сыныптық орыс-қазақ мектебінде білім алған (1902). Ауыл мұғалімі деген куәлік алып, ауылда бала оқытады. 1904 ж. Омбы қ-на қоныс аударған. Осы қалада А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановпен танысады. Омбы, Қарқаралы, Орал, Санкт-Петербург

қ-ларында көрнекті қоғам қайраткерлерімен пікірлесу, саяси қозғалыстарға араласу Д-тың саяси-әлеум. көзқарасының қалыптасуына ықпал етеді. Д. 1905 ж. 17 қазанда Ресей үкіметіне қазақ халқы атынан жолданған Қарқаралы құзырхатын дайындаушылардың бірі болды. 1905 – 07 ж. Зайсан уезіндегі Бекмұхамбет қажы ашқан қазақ мектебінде сабақ берген. 1906 ж. Д. Конституциялық демократтар партиясы делегаттары қатарында Санкт-Петербургке барады. Түрлі сипатты жиындар мен саяси күштер



М.Дулатов

ұйымдастырған көше шерулеріне, ереуілдерге қатысады. Осы кезден бастап Ресей үкіметі құпия полициясының саяси сенімсіз адамдар тізіміне ілігеді. 1907 ж. Санкт-Петербургте жалғыз ғана нөмірі шыққан «Серке» газетінде Д-тың «Жастарға» деген өлеңі басылады. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы 1909 ж. Қазан қ-ндағы «Шарк» баспасынан «Оян, қазақ!» деген атпен басылып шығады. Қазақ оқырмандары үшін бұл кітаптың әсері үлкен болды. Ауыл арасында қолдан-қолға тарап, аз уақыттың ішінде ақынның есімі танымал болды. Ресей әкімдері тарапынан бұл кітапты оқуға тыйым салынып, қолға түскен даналары тәркіленген. Д. Қызылжарда сот кеңсесінде тілмаштық қызмет атқарып, мұғалімдігін де жалғастырады, қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді. Қазақ басылымдарына, әсіресе, «Айқап» журналына үзбей мақала жазып тұрады. Әр өлкедегі ел тұрмысын өз көзімен көру ниетімен 1911 ж. қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей обл-на қарай саяхатқа шығады. Құпия полиция тыңшыларының қатты аңдуына алынған Д. 1911 ж. маусым айында тұтқындалады да, 19 ай қамауда отырады. 1912 ж. Орынборға келеді. Осындағы қазақ зиялылары ақыл қосып, ел санасын оята беру мақсатымен баспасөз қызметін қолға алуды ұйғарады. Д. 1913–18 ж. «Қазақ» газетінің бас редакторы Байтұрсыновтың орынбасары, жауапты хатшы қызметінде болады. 1917 жылдың 25 ақпанында Торғай губернаторы М.Эверсман, Ә.Бөкейхановтың

ұсынуымен Д-қа және дәрігер Ә.Алдиярұоқа арнайы куәлік беріп, оларды Минск маңы мен Баранович қ-нда тыл жұмыстарында жүрген қазақтарға қолдау көрсетіп, жетекшілік етуге жібереді. Д. Минскі-де Бөкейханов ұйымдастырған «Еркін Дала» (1917) атты саяси үйірменің ісін жандандырып, қазақ жастарының көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті. Д. 1916 жылғы оқиғалардың зардабынан қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында, Семей қ-нда, қазақ тарихындағы ең алғашқы «Жанар» жәрдем қорын ұйымдастырды. Осы жылдары Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жұмысына белсене араласады. Д. Алаш қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде 1917 ж. Орынборда өткен 1- және 2-жалпықазақ съезіне белсене қатысып, «Алаш» партиясының бағдарламасын жазған. 1917 ж. Қызылжарда сот мекемелерінде, 1918–20 ж. Ташкент қ-нда Түркістан Республикасының «Ақ жол» газетінде қызмет атқарған. 1922 ж. Алаш қозғалысына қатысқаны үшін қамауға алынып, Орынборға жөнелтіледі де, сонда қамаудан босатылды. 1922 ж. 9 наурызда Семей қ-нда қазақ зиялылары бас қосып, ашыққан елді аман сақтап қалу үшін сенімді азаматтарды елге шығарып, шаруасы күйлі азаматтардан жылу ретінде мал жию керек деген байламға тоқтайды. Д. пен Ж.Аймауытов осы іске басшылық жасап, екі-үш айда 15 мың бас ірі қара жиып, ашыққан елді мекендерге жібереді. 1922–26 ж. Орынбордағы Қазақ халық ағарту ин-тында оқытушы, Қызылжарда, Семейде сот мекемелерінде, Қызылордада мерзімді баспасөз орындарында қызмет істеген. 1928 жылдың желтоқсанында қамауға алынады. 1930 ж. ату жазасына кесіліп, кейін оны он жыл абақтыға ауыстырады. Беломор-Балтық каналының құрылысы бойында Сосновск ст-ндағы лагерьде «жазасын» өтейді. 1935 ж. 5 қазан күні осы лагерьдің лазаретінде ауыр науқас-тан қайтыс болады. Сүйегі 1992 ж. 1–18 қыркүйек аралығында Торғай өңіріндегі өз есімімен аталатын ауыл бейітіне әкелініп, қайта жерленді. Д. – көрнекті саясаткер. Ресей империясының отарлық саясаты, атақонысы мен мал-мүлкінен, дәулетінен айырыла бастаған халқының мұң-зары, ауыр тұрмысы Д-ты саяси күрес жолына шығарды. Ол «Қазақ» газеті бетінде алуан түрлі саяси-әлеум. мәселелерді көтереді. Зәбір, зорлық көрген қарапайым адам құқы мен отарлық езгі тепкісіндегі қазақ елі туралы тынбай жазды. Д-тың шығармалары зорлыққа қарсы тұруға, күресуге үндейді. «Жастарға» өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» мақаласынан бастап барлық шығармалары осы мақсатты ғана көздейді. Ол «Айқап» журналынан «Еңбекші қазаққа» дейінгі

аралықтағы баспасөз ұйымдарының қызметіне белсене араласады. Әсіресе, Д. негізін қалаушылардың бірі болған «Қазақ» газеті Қазақстанда өтіп жатқан саяси-әлеум., мәдени-шаруашылық, оқу-ағарту, өнер-білім салаларындағы әрекеттердің көш басында тұрды. Д. 1916 жылғы маусым жарлығынан соң Ресей үкіметі мен қазақ халқы бетпе-бет келген қиын күндерде де аса күрделі саяси мәселелердің ушығып кетпеуі үшін күресті. Ол Қазақстанның аса көрнекті қоғам қайраткерлері жайында очерк, әңгіме, портрет, тарихи дерекнамаларын орыс, татар басылымдарында да жариялады. Оларды өзге халықтарға танытуға күш салды. «Абай», «Хан Абылай», «Қазақ ақыны», «Қазірет Сұлтан», «Ахмет Байтұрсынұов Байтұрсынов», т.б. іргелі зерттеу мақалаларын жазды. Д. Қазақстан мен қазақ халқының тегі, тарихы туралы еңбектер жазып қалдырды. Әсіресе, «Қазақ, қырғыздың ата-тегі» туралы көлемді шығармасы 20 ғ. басындағы осы сипатты еңбектер арасынан тарихи деректік мазмұнымен назар аудартады. Еңбекте 18 ғ-да қазақ елі туралы жазған Г.Миллер, П.Паллас, И.Георгий, Н.Рычков, Ф.Фишер, 19 ғ-дағы Г.Клапорт, К.Рейтер еңбектеріндегі көптеген пікірлердің терістігін, тарихи мәліметтер бұрмаланатыны атап көрсетіледі. Қазақ тарихын зерттеушілер арасынан А.Левшинді айрықша бағалайды. Орыс, түрік, қытай, т.б. халықтардың танымал тарихшыларының еңбектеріне сүйене отырып, қазақ, қырғыз халықтарының тегі туралы байсалды ой айтады. Д. «қазақ» этнонимінің тарихта белгілі болуы туралы нақты деректер келтіре отырып, оны бертінде ғана топтасқан құрама халық деп есептейтін көзқарасты тарихи, жүйелі, негізді дәлелдермен жоққа шығарады. О.Синковский, В.Григорьев, В.Вельяминов-Зернов, Э.Мэйр, В.Радлов, Н.Ибрагимов, Н.Веселовский, т.б. пікірлерінің тарихи деректен гөрі болжамды сипатын көрсетеді. Д. Фердоусидің «Шахнамасындағы» қазақтар туралы мәліметтерге, қазақтар жайында 10 ғ-дағы Вамбери пікіріне сүйене отырып, қазақ атауының тарихы ежелгі дәуірлермен астасады деген пікірге тоқталады.

Шығ.: Шығармалары, А., 1991; Оян, қазақ!, А., 1991; Шығармалары, 1–2-т., А., 1997.

Әдеб.: Труды по востоковедению. Издаваемые Лазаревским институтом восточных языков. Выпуск XLIII // Восточный сборник в честь А.Н.Веселовского, М., 1914; Казахи о русских до 1917 года, Оксфорд, 1985; Дулатова Г., Шындық шырағы, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Әбсеметов М., М.Дулатов (өмірі мен шығармашылығы), А., 1995; Мұхамедханов Қ., Абай мұрагерлері, А., 1995; Уямо Томахио, Мироззрение казахских

ДУЛЫҒА

интеллигентов в начале XX века. О книге Мир – Якуба Дулатова «Проснись, казах!», Токио, 1997; Қ о з ы б а е в М., Тарих зердесі, 1–2 т., А., 1998.

З.Бисенғали, С.Иманбаева

ДУЛЫҒА – сарбаздардың ұрысқа кірерде бастарына киетін темір қалпағы. Түркі жауынгерлері Д-сының екі жағы мен артқы етегіне темір тор тағылатын болған. Д-лар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінген. Ең көне түрі көбелі Д-лар киіз, мата, теріден тігілген бас киімге сүйек, металл көбелерді бастыра тігіп жасалынған. Көбелері бас киім астарына қайыспен не шегемен бекітілген. Мұндай Д-лар көбіне көбе сауытпен киілген. Қаттама Д-лар күләпара пішінде жасалып, жібек матадан тігілген астарының ішіне жүн, мақта, кіреуке үзіктері салынған. Кейде бетті қорғау үшін маңдайдан төмен темір тілшелер орнатылады. Орта ғасырлардан бастап Д-лар темірден жасалды. Ыңғайлы болу үшін олар, көбінесе, бірнеше бөліктен құрастырылып, құрама Д. деп аталды. Темір Д-ның бір түрі металдан тұтастай құйылып, тұтас Д. деп аталды. Тұтас Д-ның кейбіреуінде бетті жауып тұру үшін темір томағалары болған. Томағалы Д-лардың қорғаныстық қана емес, ырымдық, магиялық та сипаты болды.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в Қ. С., Жараған темір кигендер, А., 1996.

К.Ахметжан

ДҮЗЕЛХАНОВ Ағымсалы (19.8.1951 ж.т., Қызылорда обл. Қазалы к.) – суретші, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1996). 1976 ж. Алматы көркемсурет уч-щесін, 1982 ж. Мәскеу көркемсурет ин-тын бітірген. Қолданбалы графика, плакат, кітап безендіру, кескіндеме, портрет



А.Дүзелханов

жанрларында еңбек етеді. Тарихи, фольклорлық тақырыптағы және балаларға арналған 200-ден астам кітап, әлеум. және тарихи тақырыптағы 50-ден астам плакаттар безендір-ген. «Томирис», «Сақтар», «Айман – Шолпан», «Қыз Жібек», т.б. литографиялардың, «Алтын сарбаз», «Түркістан», «Ордабасы», «Көрөғлы»,

«Оғыз хан», т.б. кескіндеме жанрындағы туындылардың авторы. Сондай-ақ, оның «Абылай хан», «Әбілқайыр хан», «Әйтеке би», «Қазыбек би», «Төле би», «Қорқыт» тәрізді портреттер сериясы бар. Қазақстанның ұлттық ақшасы – теңгені безендірушілердің бірі. «Жоғалған ұйқы» қуыршақты мультфильмінің қоюшы-суретшісі болған. Туындылары Қазақстанның және шет елдердің өнер мұражайларына қойылған.

Қ.Болатбаев

ДҮЙСЕНБАЙ – Қалмаққырылған өз-нің саласы. Қарағанды обл-ның Ұлытау ауд. жерінде. Ұз. 114 км, су жиналатын алабы 1,7 мың км². Ұлытаудың оңт-ндегі Майтөбе (628 м) және Суықтөбе (546 м) тауларынан бастау алады. Қарадыр мекені тұсында Қалмаққырылғанға оң жағынан құяды. Қар және жер асты суларымен толығады. Арнасы жоғ. ағысында тар әрі терең, сағасында 50–60 м-ге дейін кенейеді. Жылдық орташа су ағыны 0,47 м³/с. Жазда тартылып, қарасуларға бөлініп қалады. Мал суғарылады. Д. және Қалмаққырылған өз-дері бойында 1727 ж. Бұланты–Білеуті шайқасы болған.

С.Әбдірахманов

«ДҮНИЕ ҚАЛДЫ» – күй. Авторы – Абылай хан. Күй аңызын А.Сейдімбеков Торғай обл-на қарасты Жангелдин ауд-ның тұрғыны Ахметжан Әбіқаевтың, Жезқазған обл-на қарасты Босаға т.ж. бекетінің тұрғыны, домбырашы Бегімсал Орынбековтың айтулары бойынша жазып алған. Аңыз бойынша 1781 ж. Абылай хан Үш жүздің батырларына хабар жіберіп, Шымкент, Сайрам, Ташкент, Қокан, Бұқара, Үргеніш жақтағы қазақтардың сарттардан тұрткі көріп жүрген жағдайларын реттемек болып жорыққа шығыпты. Жолай Жұпар қорығына жеткенде, тізгін тартып, әулиенің басына түнеп кетуге ниет етеді. Таңертең оянған соң Абылай Бұқарға түсінде жолбарыс көргенін, оның аюға, содан соң қасқырға, түлкіге, ең соңында қоянға айналып кеткенін айтады. Абылайдың түсін жорыған жырау өзінің түсінде бүкіл әулиелер: «Абылай хан өлді, соның жаназасын шығаруға Түркістанға бара жатырмыз» деп жиналып жүр екен. Аман-есенінде қайтқаның жөн болар! – дейді. Мұны естіген хан өмірінің соңы таяу қалғанын сезіп, «Дүние қалды» атты күйін шығарған екен.

К.Қошым-Ноғай

ДҮРБЫТ, д ө р в ө т – қазіргі моңғолдардың құрамындағы ежелгі тайпа. Көне моңғол жазбаларында Д-терді Оғыз тайпалары одағының қият тайпасынан шыққан Бөрте Чиненің (Н.Бичурин «Бертченъхан» деп атаған) 12-ұрпағы, Добун Мергеннің ағасы Дува Соқырдан өрбиді деп көрсеткен. Дува өлгеннен кейін оның төрт ұлы ағасы Добун Мергенге бағынбай бөлі-



ДЮРИНГ

ніп, Дөрвөндер (төрттік) атанып кетеді. Шыңғыс хан Жамухадан бөлініп, жеке шаңырақ көтергенде Д-тің Мөчи будун бастаған тобы Шыңғыс ханға келіп қосылады. Д. бұл кезде Орман елінің негізгі тобын құрайтын төрт ойраттың құрамында болған. Алғашында Д-тер Шыңғыс ханның жарлығымен Хорчы Ноянның қол астында болады да, 1207 ж. Орман елін бағындыру үшін әдейі келген Жошыға бағынды. Д-тің негізгі бөлігі 14 ғ-да бұрынғы қырғыз, наймандар мекен еткен Увс, Қырғыз к., Қарқара жотасы маңына қоныс аударып, сонда тұрақтап қалды. Мұнда қоныс тепкен Д-тер кейін төрт ойрат тайпасы (чорос, дүрбіт, торгут, хошуд) құрамында Жоңғар хандығын құрып, жоңғарлардың қазақ даласына, Орт. Азияға жасаған шапқыншылығына қатысқан. Ал Д-тердің тағы бір бөлігі Шыңғыс хан әскерлерімен Орт. Азияға келіп, қалып қояды. Олардың ұрпақтары қазір өзбек, қырғыз, ноғай халықтары арасында кездеседі. Д. тайпасының ежелгі атауы, этносалты қазіргі Батыс Моңғолияда сақталған. Моңғолияның Увс аталатын бір аймағын, негізінен, баяуд, Д-тер құрайды. Моңғол тілінде сөйлейді, будда дінін ұстанады, бірақ ежелгі салт-дәстүрі, этн. ерекшеліктері сақталған.

Әдеб.: Ә б і л ғ а з ы, Түрік шежіресі, А., 1992; Л е ш и н А. И., Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Из истории казахов, А., 1997; Б и ч у р и н Н. Я., Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена, А., 1998.

З.Қинаятұлы

ДЮРИНГ фон (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Семей бекінісінің бастығы, полк. 1760 ж. 18 қазанда Д. хат жазып, Абылай сұлтанның қойған талаптарына жауап беріпті. Онда орыс бекінісіне қазақ жағынан қашқын соңынан іле-шала жоқшы келсе, дереу қайтарылады. Қашқындар шоқындырылғанша, алты аптаға дейін ұсталады деп ескертіліпті. Тіпті кейбір қазақтар қаштық демей, жоңғар жерінен келдік деп өтірік айтады екен. Ал қазақтар мен қытай жағынан қашқындарды қабылдамайтын көрінеді. Жалпы, қашқындардың кімдер екенін анықтағанша біраз уақыт өтеді, мұны Абылай сұлтан жақсы біледі екен. «Сондықтан, құрметті, Абылай сұлтан, өз адамдарыңыз қашқындардың ізін суытпай, қуып келетін болсын деп бұйрық беріп қойыңыз. Сонда мәселе тез шешілер еді. Тек әйтеуір екі жағымыз да дау-жанжалдан аман, тату болайық. Ертістің шығыс жағасына мал өткізбесін, өздері де көшіп өтпесін. Біздің жақтың адамдарымен қақтығысып қалмасын» деп аяқтаған алғашқы хатын. Енді фон Д-тің 1776 жылғы 18 қазандағы Абылай ханға жазған хатында қазақтар жақтан қашып келгендерді алты апта бойы ұстап, осы мерзім ішінде өз еркімен христиан дініне кіріп, шоқынатын болса, ондайларды қайтара алмайтынын және осы мерзім ішінде соңынан қуғыншы келмесе, олардың өз еркімен шоқынуға құқығы бар екенін ескерткен. Демек, Ресейге қашқан мұсылмандардың бөтен дінге кіріп кетуіне жол ашық болған.

Н.Ақбай

Е

«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» – респ. қоғамдық-саяси газет. Қазақстандағы ең үлкен мерзімді басылымдардың бірі. Құрылтайшы және шығарушы – «Егемен Қазақстан» респ. газеті ашық акционерлік қоғамы (Президенті С.Абдрахманов). Тұңғыш саны «Ұшқын» деген атпен 1919 ж. 17 желтоқсанда 2 бет болып жарық көрді. Кейін аты өзгеріп, «Еңбек туы» (1920), «Еңбекшіл қазақ» (1921–25), «Еңбекші қазақ» (1925–32), «Социалды Қазақстан» (1932–37), «Социалистік Қазақстан» (1937–91), «Егеменді Қазақстан» (1991–93) болып шықты. 1993 жылдан бастап қазіргі атымен шығып келеді. Газет ең алғаш Орынбор қ-нда, одан кейін Қызылорда қ-нда басылды. 1929 жылдан бастап Алматыда басылады. 1932 жылдан бері аптасына 5 (кейде 6) рет шығады. Газетке әр жылдары Х.Есенбаев (1919–20), Т.Сафиев (1920), Б.Күлеев (1920), С.Сәдуақасов (1921, 1925–26), Ж.Аймауытов (1921), М.Әуезов (1921), Ә.Байділдин (1922), Б.Майлин (1922), С.Сейфуллин (1922–24), М.Жолдыбаев (1922–25), Т.Рысқұлов (1926), О.Жандосов (1926), О.Исаев (1926), Ғ.Тоғжанов (1926–32), А.Мусин (1932–34), Ғ.Мүсірепов (1934–36), Ж.Сәдуақасов (1936), Ж.Арыстанов (1937–38), С.Бәйішев (1938–40), Ә.Қанапін (1941–42), Б.Асанов (1943–49), Қ.Шәріпов (1949–51, 1955–60), Қ.Бекмұратов (1951–52), Ғ.Аққұлов (1952–55), К.Үсебаев (1960–69), Ұ.Бағаев (1969–73), С.Байжанов (1973–83), Б.Қыдырбекұлы (1983–87), К.Дүйсеев (1987–89), Ш.Мұртаза (1989–92), Ә.Кекілбаев (1992–93), Н.Оразалин (1993–96), У.Қалижан (1996–98), Е.Смайыл (1998 жылдан) бас редактор болды. «Е. Қ.» жетекші басылым ретінде еліміз бастан өткерген барлық тарихи кезеңдер мен оқиғаларға дер кезінде үн қосып отырады. Ол республиканың саяси, әлеум., экон. және мәдени өміріндегі жаңалықтар мен өзекті мәселелерді шұғыл жариялап, жұртшылықты Қазақстан үкіметінің және респ., обл., қалалық, ауылдық әкімш.-тердің қызметі туралы хабардар етеді. Газет бетінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Парламенті қабылдаған заңдар, Үкімет шешімдері жарияланады. Абылай хан туралы мақала алғаш рет 1943

ж. жарық көрген. Бұдан кейін еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылдан бастап тарихшы, әдебиетші ғалымдардың (М.Қ.Қозы-баев, Ж.Қасымбаев, М.Жолдасбеков, т.б.), акын-жазушылардың (Т.Молдағалиев, Т.Медетбек, С.Н.Жүнісов, Ә.Кекілбаев, Ш.Ы.Уәлиханов, т.б.) Абылайдың өміріне, оның қазақ тарихындағы атқарған қызметіне, хандық дәуіріне қатысты мақалалар топтамасы жарияланған. 2013 ж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Азаттықты аңсаған Абылай хан» мақаласы жарияланды. Газеттің меншікті тілшілері республиканың барлық облыс орт-тарында, ТМД елдерінің астаналарында, кейбір шет елдерде тұрақты жұмыс істейді. Көлемі, негізінен, 4 бет, кейде 8 немесе 16 бет болып та шығады, таралымы 200601 дана (2013).

Г.Сапарқызы, И.Әбішева

ЕДІГЕ БИ (17 ғ-дың ортасы – 18 ғ-дың басы) – Тәуке хан ордасындағы билер кеңесінің беделді мүшесі, «Жеті жарғыны» түзуге қатысқан би, қазақ халқының күш біріктіріп, жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беру ісінде көрнекті рөл атқарған саясаткер. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының қаржас руынан шыққан. Оның шешендік сөздері ел аузында көп сақталған. Халық арасында Е.б. «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген» деп те дәріптеледі.

ЕДІЛ ҚАЛМАҚТАРЫ – Еділ, Жайық және Дон өз-дерінің аралығына 17 ғ-дың басында Орт. Азиядан ығысып барып қоныстанған ойрат тайпаларының (дөрбеттер, торғауттар, хошауттар және т.б. этникалық тармақтар) бір бөлігі. Олардың ата тегі ойраттан (ойн арат) тарайды. Ойрат қауымы алғаш Жошы ұлысы (Ақ Орда) билігінде болды. 1450 ж. Шыңғыс хан империясының бас уәзірі болған Тогоң тайшының ұлы Эсэн қазіргі Бағыс Моңғолияда Ойрат мемлекетін құрады. Бірақ 16 ғ-дың орта тұсында мемлекет қайта ыдырайды. Қарахұл төрт ойрат тайпасының (чорос, дөрбет, торгут, хошут) басын қосып, біріккен мемлекет құруға әрекеттенеді. Торгут тайпасының басшысы Хөө Өрлөг бұл әрекетке қарсылық ретінде 1607 ж. 50 мың отбасы, 250 мың жанды соңынан ертіп, Тарбағатайдан қозғалып, Есіл, Тобыл, Жем өз. арқылы көшіп, ақыры 1636 ж. Еділ бойына келіп қоныстанады. 1663 ж. Хөө Өрлөгтің соңынан оларға Хөндлен Уваш Даян Омбы бастаған 10 мың отбасы көшіп келіп қосылады. Тарихта «Еділ қалмақтары» деген ұғым осылай қалыптасады. Қалмақтар қазақ жері арқылы өтті. Қазақтар елі мен жерін қорғап, көшпелі қалмақтармен көп шайқасты. Қазақтың «Ер Көкше», «Қобыланды», «Қыз Жібек» жырында кездесетін қалмақтар, міне, осылар. Қарахұлдың ұлы Хотогчин қонтай-



шы 1640 ж. жоғарыда аталған және басқа да тайпалар негізінде Жоңғар (Сол қол) мемлекетін құрды. Жоңғарлар мен қалмақтардың шыққан тегі бір болғанымен, 16–18 ғ-ларда атқарған ролі тұрғысынан тарихы екі түрлі. Сондықтан оларды бір-бірімен шатастыруға болмайды. 1640 ж. тамызда Тарбағатайдың Улан-Бура деген жерінде болған жоңғарлар құрылтайына Хөө Өрлөг бастаған Е. қ-ның өкілдері де қатысады. Осы құрылтайда «Моңғол-Ойраттың ұлы жарғысы» қабылданып, батыстағы қалмақтарды «Ұлы Жоңғарияға қайта біріктіру» мәселесі көтеріледі. Қазақ жеріне жоңғарлар шапқыншылығы осы кезеңнен басталғаны белгілі. Қазақ жерін батысынан Е. қ., шығысы мен оңт.-шығысынан жоңғарлар шапты. Бұл қазақтардың басына іс түскен аса қайғылы кезеңдердің бірі. Е. қ. Ресеймен, Жоңғариямен және тибеттік Далай-ламамен байланысып тұрған. Аталған күштердің көмегімен 1650 ж. Қалмақ хандығын құрады. Бірақ ол дербес хандық ретінде ұзақ тұра алмады. 1655, 1657, 1661 жылдары қалмақ тайшылары Ресей патшасына үш мәрте ант беріп, Ресей билігін мойындады. Ресей көмегіне арқа сүйеген қалмақтар қазақ жеріне батысынан ұдайы шабуылдаумен болды. Олардың осындай бейберекет әрекеттерінің қайтарымы ретінде қазақтар да өз тұсынан Е. қ-н жыл сайын шауып тыныштық бермейді, тіпті олармен қоса орыстарды да тұтқынға алып отырған. Осымен байланысты Ресей Сыртқы істер алқасы 1747 ж. құпия жарлық шығарып, онда Сібір губ. жағындағы дінсіздер мен орыстарға ерік беріп, олардың қазақтармен соғысуына ұлықсат етеді; сонда ғана қазақтарды Ресей шекарасынан қуып тастап отыруына жол ашылады деп санаған. Ресей империясы тарапынан қатты қысымға ұшыраған қалмақтардың бір бөлігі (125 мың адам) 1771 ж. кері Жоңғарияға қайтпақ болды, қалмақтар сол кездері жол-жөнекей Ресейге қарайтын түркімендерді де шауып, бірқатар адамдарын тұтқынға алып кетеді. Ал қазақтар жолда қалмақтарды шауып, түркімендерді тартып алады. С.К. Станиславский 1773 ж. 4 маусымда жазған мәлімхатында «Абылай сұлтан бұл түркімендерді Ресейге қайтарып бермек көрінеді», егер де «қазақтар өз еркімен түркімендерді босатпайтын болса, Абылай Ресейдің көмегімен тартып» алатынына сенім білдірген. Бірақ соған қарамастан Е. қ-ның көпшілігі жолда қырылды. Ресей патшасы 19 ғ-да Е. қ-н казачество құрамына ресми қабылдады. Олар будда дінін ұстанады. Моңғол-тунгус тілінде сөйлейді, мал, егін және балық шаруашылығымен айналысады.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVII–XIX вв., А.-А., 1961; Златкин Н. Я., Джунгарское ханство, М., 1983.

З. Қиянатұлы, П. Әбішев

ЕДІЛ ҚАЛМАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒЫСҚА ҚАРАЙ ҰЛЫ КӨШІ ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ САЯСАТЫ. Қазақ тарихында 18 ғ-дағы «Шаңды жорық» деген атпен қалған оқиға – дерек көздері жеткіліксіз болғандықтан, аңыз-әпсана түрінде ғана ел жадында сақталып, теріс түсіндіріліп келген, сондықтан Абылайтануда соңғы кезге дейін шешімін таппай келген күрделі мәселелердің бірі. 1771 жылдың басында тарихта «Еділ қалмақтары», қазақ түсінігінде «құба қалмақтар» деген атаумен мәлім торғауыт тайпасының 100 мыңнан аса адамы Ресей империясының қысымына шыдай алмай, бұрынғы жоңғар хандығы иеленген, кейін Қытай империясы жаулап, басып алған тарихи мекеніне қарай, шығысқа көтеріле көшті, жол бойындағы орыс бекіністерін, түркімендерді талқандап, тұтқындарды өздеріне зорлап қосып алып, қазақ даласымен ілгерілей берді. Ресей жасақтары қалмақ көшін тоқтата алмай, Кіші жүз бен Орта жүздің хандары Нұралы мен Абылайға хабар беріп, торғауыт көшін тежеп, кері қайтару туралы тілек білдірді. Нұралы хан өзінің інілері Ералы, Айшуақ сұлтандарға бастатып қарулы күш жібергенімен, ұрыса отырып, қорғануға алдын ала дайындалып, мықты қаруланған торғауыттардың бетін қайтара алмай, қуа соғысып отырды. Торғауыт көсемі Обашы Абалай ханға жаушы жіберіп, «қорлыққа шыдай алмай ауып барамыз, бұрынғы ренішті қояйық, бізге тиіспей, Сарыарқа арқылы өткізіп жібер, ақысына қалмақтың 100 жақсы қызын беремін» деп сәлем айтты. Сонымен бірге, Обашының «қазақтарға тиіспейміз, бізге қастық жасама!» деп Нұралы ханға да тілек білдіргені туралы жазба дерек сақталған. Торғауыттарды қазақ жері арқылы аман өткізу туралы Қытай императорынан Абылай ханға келген хабар туралы да ақпар бар. Кейінгі зерттеулерге қарағанда, Абылайдың торғауыт босқындарын жауламай, өткізіп жіберуге бекінгені анықталып отыр. Соған қарамастан, «Шаңды жорық» деп аталған осы оқиға Абылайдың ерлігі еді деген оғаш пайымдау тарихшылар арасында әлі орын алуда. Тарихшылар А.И. Левшиннің «...Абылай сұлтан бірнеше рет шауып, жеңіске жетті...» деген сөздеріне сүйенеді де, дәл сол автордың іле-шала: «...Ералы да Абылайды күш қосып соғысуға шақырған еді, Абылай оған көмектескен де жоқ» дегенін ескермейді. Анығында, А.И. Левшин бұл мәселені терең зерттемеген және «Абылай Еділ қалмақтарының көшін өзі бастап барып,

ЕЖЕН ХАН

шабуылдаған ба?» деген сұрақты жауапсыз қалдырған. Абылай ханның өмірі мен қызметін зерттеу барысында Левшиннің және басқа авторлардың назарынан тыс қалып, ғыл. айналымға тұңғыш рет енгізіліп отырған құжаттар бұл оқиғада Абылайдың сабыр сақтап, адамгершілік ұстанымда болғанын, босқындарды өз ынта-сымен талқандамағанын, ал сол жолғы қантөгіске торғауыт көсемдері серт бұзып қастандық жасап, өздері жазықты болғанын көрсетеді. Кезінде Шоқан Уәлиханов «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар (жырлар)» деген жазбаларында ел аузынан естіген әңгімелер негізінде бұл жағдайды жанама түрде баяндаған.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч. Собр. соч. в пяти томах, Т-1, Алта-Ата, 1981, С. 216–222; Л е в ш и н А. И. «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей.-Алматы, «Санат», 1996. Ч. II. С. 251, 256; Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I-том. Алматы, 2005. 238–239-бб.; Д о р д ж и е в а Е. В. Исход калмыков в Китай а 1771 г. Элиста, 2002. С. 47; Қ о з ы б а е в М. Өркениет және ұлт, 2001, Алматы. 194-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай, «Ел-шежіре», Алматы, 2011, 2-том, 257-269-беттер.

З.Тайшыбай

ЕЖЕН ХАН (т.ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – Қытай императоры. 1757 жылғы 18 қарашада Қытайдың кіші генералы Жау Хойдың хабарында: «Абылай Ежен ханға сәлем айтты. Біз Абылайға: «Сіздердің бағынғандарыңызға мәртебелі Ежен хан өте қуанды. Егер ел ағаларына түгел лауазым алып бергіңіз келсе, ру-тайпа ақсақалдарының тізімін жасап, Ежен ханға мәлімдейін деді» деп баяндаған. Ал 1760 жылғы 9 шілдеде Қытай патшасының ескертуінде: «Қазақтың жері аса кең, жүйеге жүгінер болсаңыздар, сол бұрынғы шекараларыңызды сақтаған жөн. Қоныс кеңейтуді ойламаңыздар. Маған, Ежен ханға, бағынғандарыңыз үшін шекарадан өтіп, көшіп-қонуымызға бола ма деп есептемеңіздер. Абылай, сіздердің Тарбағатайдан қоныс сұраған ұсыныстарыңызды мақұлдамаған едім. Жоңғар тұрған шағында шегімізге маңайлай алмаушы едіңіздер. Біз Ілені тыныштандырғаннан кейін ғана бейбіт тұрмысқа қолдарыңыз жеткендей болды. Бұған шүкіршілік етпейсіздер ме?» деп басу айтқан. Сонымен қатар: «Сіздер шынында жарлығыма бойсұнып, елдеріңізді тежеп ұстап, бейбіт حرکتке шындап бейімделер болсаңыздар, қолдарыңызды баянды бақытқа жеткізіп, биік мәртебеге кенелтер едім» деп жақсылықтарын үйіп-төккен. Князь Пуятин Сыртқы істер алқасына хат жолдап: «Абылай сұлтан өз пайдасын ойлап, Қытай жағына өтірік берілгенсіп отырса да, Ресейге бағыныштылығын артық санайды. Керісінше, оған қарайтын кейбір қазақ ру-

лары, мысалы, бір мың түндік Бура наймандар қазірдің өзінде қытайға берілген, ауылдарымен көшіп, жоңғарлардан босаған жерлерге қонуда. Қытайлар ол жерлерге қала тұрғызып, егін салып жатыр. Абылайға қарайтын басқа елдер бұрынғы жерлерінде тұрып жатса да, қытайлардың бауыр тартып емексіткеніне, саудадан пайда көргеніне мәз болып, біртіндеп қытайға беріліп жатқан сыңайлы. Бірақ олар Ресейге де теріс көзқарасын білдірген емес» деп баяндаған.

Н.Ақбай

ЕКАТЕРИНА II (21.04.1729 – 6.11.1796) – Ресей империясының билеушісі (1762–96). Неміс ақсүйегінің отбасында дүниеге келген. 1745 ж. Ресей патшасының мұрагері Петр III-ге тұрмысқа шығады. Жас кезінен өте алғыр, еңбекқор болғандықтан, орыс тілін тез үйренеді. Петр III таққа отырғаннан кейін князь Г.Г.Орловтың көмегімен сарай гвардиясына төңкеріс ұйымдастыртып, күйеуін тактан тайдырады. Баласы Павел жас болғандықтан, таққа өзі отырады. Е. II-нің таққа отырғаны туралы



Екатерина II

Кіші жүз ханы Нұралы мен оның інілері Ералы, Айшуақ сұлтандарға және Орта жүз сұлтаны Абылайға грамота жіберілген. Е. II билік еткен кезең орыс дворяндары үшін «алтын заман» болды. 18 ғ-дың 2-жартысындағы Ресей империясында болған өзгерістердің барлығы осы патшайымның есімімен тығыз байланысты. Е. II-нің тұсында сарай төңірегіне А.Р.Воронцов, П.А.Румянцев, Г.А.Потемкин, А.В.Суворов, Ф.Ф.Ушаков, т.б. ірі-ірі мемлекет және әскери қайраткерлер топтасты. 1765 ж. помещиктік жер иелену мұрагерлікке қалдырылып, шаруаларды қанау күшейді. Дворяндарға Оңт. Ресейден қосымша 800 мың га жер шаруаларымен бірге үлестірілді. 1773–75 ж. Е.Пугачев бастаған

шаруалар көтерілісі асқан қаталдықпен басып жаншылды. Жаңа көтерілістерді болдырмау үшін үкімет 1775 ж. басқару реформасын жүргізіп, губ. әкімш. басқару жүйесін жетілдірді. Патша саясатына наразыларды бақылап отыру үшін арнайы мемл. тыңшылар кеңсесі құрылды. Бұл орган алғашқы орыс демократтары А.Н. Радищевті, А.И.Новиковты, т.б. қатты қудалады. Сыртқы саясатта Қара т. үшін Осман сұлтандығымен бірнеше соғыс қимылдарын жүргізді. Революцияшыл Францияға қарсы Еуропа монархтарымен одақ құрылып, Ресей әскерлері Батыс Еуропадағы соғыс қимылдарына белсене араласты. 1772, 1793 және 1795 ж. Пруссия, Австрия мемлекеттерімен бірлесе отырып, Польшаны бөліске салып, поляк халқын тәуелсіздігінен айырды. Е. II кезінде Ресей империясының Еуропа елдері арасында ықпалы күшейіп, беделі артты. 1775 ж. шығарылған Ереже бойынша қазақтарды бақылау Сібір және Уфа генерал-губернаторларына тапсырылды. Қазақтармен тікелей қарым-қатынас жасау Орынбор оберкомандантына, кейіннен осы мақсатта арнайы құрылған Орынбор шекара комиссиясына жүктелді. Бұл кезде Кіші жүзде хандық билік әлсіреп, саяси және ру таласы күшейіп кетті. Осыны шебер пайдаланған Ресей үкіметі Кіші жүзге біртіндеп ену саясатын қолданып, өзен бойларына жаңа бекіністер салды. Бекіністерді күзетуші Жайық казактары Кіші жүз руларына жиі-жиі күш көрсетіп отырды. Мұндай қысымға қарсы Кіші жүзде Сырым Датұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысы болды (1783–97). Көтеріліс патша үкіметіне ғана емес, Нұралы ханға да қарсы бағытталды. Бірақ үкіметтің Кіші жүзді тікелей басқаруға тырысқан әрекеті сәтсіздікке ұшырап, көтеріліс әрі қарай күшейді. Сондықтан патша хандық жүйені қалпына келтіріп, 1791 ж. Ералыны хан етіп бекітті. Орта жүз бен Ұлы жүзде бұл кезеңде саяси жағдай біршама тұрақты еді. Абылай хан ешкімге бағынбай, дербес саясат ұстанды. 1781 ж. Абылай хан қайтыс болып, орнына үлкен ұлы Уәли хан сайланды. Е. II оған өздерінің Уәлиді Орта жүздің ханы деп бекітетіні жөнінде грамота мен арнайы сыйлық жіберді.

Әдеб.: Б р и к н е р А. Г., История Екатерины Второй, СПб., 1885; С о л о в ь е в С. М., История России с древнейших времен, Соч., т. 25–29, М., 1965–66; М ә ш и м б а е в С., Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, А., 1994.

С.Мәшімбаев

ЕЛ – көне түркі тілінде «халық» сөзінің синонимі ретінде қолданылған атау. Дәстүрлі қоғамдағы көшпелі шаруашылық қарым-қатынастарының дамыған кезеңдерінде Е. атауы қауымдық-туыстық құрылымның (патриархалды отбасы, ру, тай-

па, мемл. бірлестік) жоғары деңгейін білдіретін мағынаға ие болды. Мәселен, Көк түркілердің алғашқы мемл. құрылымдары (Батыс Түрік қағанаты, Шығыс Түрік қағанаты), сондай-ақ, ірі тайпалық бірлестіктер құру негізінде дамыған қаңлы, қыпшақ, т.б. ежелгі қазақ руларының одағы «ел» деп аталған. Әрбір Е-дің меншікті аумағы және өзіндік шекарасы болған әрі олар өз қарамағындағы жер аумағының шегін өзге тайпалық одақтардан қорғап отырған.

Әдеб.: К а д ы р б а е в А. Ш., За пределами Великой степи, А., 1997.

ЕЛ АЙЫРЫЛҒАН – қазақ және ноғай халықтарының бір-бірінен бөліну оқиғасы. Қазақ тарихында 17 ғ. сыртқы жаулар тарапынан болған шапқыншылықтың ауыр зардабы мен ішкі қырқыстың қайғылы заманы болды. Мейірімсіз жау халықты атамекенінен тықсырып, қазақ пен ноғайды екі айырды. Қалмақ ханы Хо-Урлық шапқыншылығынан соң ноғайлар Жайық пен Еділдің арғы бетіне өтіп, қазақтар 1636 ж. оңт-ке ығысады. Қазақтың өзі екіге бөлініп, Есім хан Түркістанды билесе, Тұрсын хан Ташкентке табан тіреді. Қазақтар мен ноғайлардың жылап айырылысуы сол кезде дүниеге келген аңыз-дастандарда, күйшілердің қобызда ойнаған күйлерінде өшпес ізін қалдырды.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Соч., т. 2, А., 1985; С а л ғ а р а ұ л ы Қ., Қазақтың қилы тарихы, А., 1992.

ЕЛБАРЫС ХАН (т.ж.б. – 1740) – Хиуа ханы (1728–40), Шерғазы мен Батыр хандардың мұрагері, Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі. Жәнібек ханның баласы Өсек сұлтанның ұрпағы, Әбілқайырдың немере інісі. Әбілқайыр ханның ықпалымен өзбек әмірі Ишмұхаммед би Елбарысты Хиуа ханы етіп сайлайды. Е. х. билік еткен тұста Хиуа хандығы Әбілқайыр хан мен Кіші жүз сұлтандары арқылы Ресеймен сауда қатынасын орнатып, бірнеше рет Ор бекінісіне елшіліктер жібереді. Е. х. 1740 ж. парсы шаһы Нәдірдің Орта Азияға жасаған жорықтарына қарсы күресіп, сол жылы күзде 20 шақты Хорезм әмірлерімен бірге өлтіріледі. Кейін Е. х-ның ұрпақтары Хиуадан Арал маңының солт.-шығысына қоныс аударады.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; История Узбекистана (XVI – первая половина XIX века), т. 3, Таш., 1993; Е р о ф е е в а И. В., Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик, А., 1999.

И.В.Ерофеева

ЕЛБЕГІ – жергілікті ұлыс әкімінің лауазымы. Түркі тілдес елдерде орта ғасырлардан 20 ғ-дың басына дейін сақталған. Е. ұлысты бақылап отыр-

ЕЛЕК

ды. Даулы істерді шешуге араласып, кінәлі адамдардан қазына пайдасына айып өндіріп алып тұрды.

ЕЛЕК, Е л і к – Жайық алабындағы өзен. Ресейдің Орынбор, Қазақстанның Ақтөбе, Батыс Қазақстан обл-тарының жерімен ағып өтеді. Жарық деген саласын қоса есептегенде, ұзындығы 699 км, Мұғалжар тауының батысындағы Бестөбе сілемінен қос тармақ болып басталады да, Жайықтың сол жағына келіп құяды. Қар және жер асты суымен толығады. Жайылмасында тоғай, шалғын өседі. Өзеннің 75 саласы бар; ірілері – Қобда, Көктөбе, Табантал, Қарғалы, Сазды. Қараша – сәуір айларында мұз қатады. Өзен балыққа бай. Суы өнеркәсіп орындарында пайдаланылады, егістік суарылады, орта тұсында жайылым суландырылады. Тарихи құжаттарда: «Неплюев Жәнібекке қазақтар Жоңғар жеріне барып тиіспесін, іргесіне көшіп бармасын, жайылым керек болса, Елек пен Берді өзендеріне, тіпті Жайыққа таяп келсін» деді (1742 жылы 22 қыркүйек), – деген дерек келтіріледі.

Н.Ақбай

«**ЕЛЕҢ-АЛАҢ**» – кітап. Авторы – Ә.Кекілбаев. 1984 ж. «Жазушы» баспасынан жарық көрген. Көлемі 432 бет. Таралымы 30000 дана. Белгілі жазушы Әбіш Кекілбаевтың бұл романы мұнан бұрын жарық көрген «Үркер» атты романының заңды жалғасы. Екі кітаптың да негізгі желісіне Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы кезеңіндегі оқиғалар өзек болған. «Елең-аланда» оқырмандар өздеріне «Үркерден» таныс Әбілқайыр, Жәнібек, Есет, Тевкелев, тағы басқа көптеген кейіпкерлермен қайта кездеседі. Сонымен бірге бұл романда автор Орынбор экспед-сының бастығы Кирилловтың, Орал з-ттарының билеушісі Татищевтің және де біраз жаңа кейіпкерлердің бейнесін жасаған. Романның арқауы негізінен тарихи деректерге құрылған. Одан Қазақ хандығын билеп тұрған Абылай хан заманындағы тарихи шындықтарды көз алдыға елестетуге болады.

К.Қошым-Нозай

ЕЛЕУКЕНОВ Шериаздан Рүстемұлы (3.9.1929 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Аршалы а.) – филол. ғыл. докт. (1988), проф. (1990). Қазақстанның еңб. сің. мәдениет қызметкері (1981). ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген (1951). 1951–59 ж. Шығыс Қазақстан обл. «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1959–63 ж. ҚазМУ-дың журналистика ф-тінде аға оқытушы, 1967–71 ж. Қазақстан КП ОК-нің аппаратында нұсқаушы, сектор меңгерушісі, бөлім меңгерушісінің орынбасары, 1971–86 ж. Қазақстан Баспа, по-

лиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тінің төрағасы, 1986–88 ж. Әдебиет және өнер ин-тының директоры, 1988–96 ж. осы ин-ттағы орыс әдебиеті бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1997 жылдан аталған ин-тта бас ғыл. қызметкер және ҚазҰУ-дың журналистика ф-ті кітаптану кафедрасында профессор болды. Ғыл. еңбектері қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы мәселелеріне арналған. «Қазақ романы және қазіргі дәуір» (1968), «Замандас парасаты» (1977), «Фольклордан роман-эпопеяға дейін» (1987), «Мағжан» (1995, ҚР Мемл.



Ш.Елеуєєнов

сыйл., 1998), «Әдебиет және ұлт тағдыры» (1997), т.б. зерттеу кітаптары жарық көрген. Е. «Мағжан» монографиясында ұлы ақынның шығармаларына жан-жақты талдау жасап, байыпты баға берген. «Ақиқат» (2012, №4) және «Керуен» (2012, №2) журналында «Абылай хан тарихи роман айнасында» атты мақаласы жарық көрген. Е. Абылай туралы шығармаларды Ш. Уәлихановтың «Абылай» атты зерттеуі мен Бұқар жыраудың Абылайға арнаған толғауларынан бастап талдай келе, І. Есенберлиннің «Көшпенділер» (1971, Абылай образы «Жанталас» атты екінші кітабында бейнеленгені), Софы Смағайұлының «Елім-ай» (1998), Ұзақбай Доспанбетовтің «Абылайдың ақ туы» (2004, 2008) романдарындағы Абылай бейнесінің сомдалу ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталады. Есенберлиннің «Жанталасы» туралы айта келіп, автор: «Роман Абылай хан характерінің жарқын жағына көбірек үңілген. Абылайдай алып тұлғаның ірілік, әділетшіл қасиеттерін ардақтаған. Абылай образының ұлылық күші жеке-дара қасиетінде ғана емес – халықта, халықтың қайнаған ортасынан шыққан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай сынды батырларда екенін жеріне жеткізе бейнелеген» деп тұжырады. Оның «Кітаптану негіздері» (1997), өзге авторлармен бірігіп жазған «Газет жанрлары» (1964), «Қазақ кітабының тарихы» (1999) кітаптары баспагерлер үшін құнды оқулықтар болып табылады. «Құрмет



Белгісі», «Парасат» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Т.Шаңбай

ЕЛИЗАВЕТА ПЕТРОВНА (29.12.1709 – 5.8.1762) – Ресей империясының билеушісі (1741–61), Петр I мен Екатерина I-нің кіші қызы. Е.П. патшалық құрған кезеңде әкесінің тұсында қалыптасқан ел басқару жүйесін қалпына келтіріп, дворяндардың экон. жағдайы мен саяси артықшылықтарын нығайтты. Ресей Пруссия королі Фредрик II-нің басқыншылық саясатына қарсы шығып, жеті жылдық соғысқа белсе-



Елизавета Петровна

не араласты. Ресей әскерлері П.А. Румянцевтің және А.В. Суворовтың басқаруымен ірі-ірі жеңістерге жетіп, Берлин қ-н алды. Бұл кезеңде орыс мәдениеті де жаңа сатыға көтерілді. Мәскеу ун-ті (1755) және Көркемөнер академиясы (1756) ашылды. Е.П. патшалық еткен дәуірде қазақ жерін отарлау саясаты әрі қарай жалғасты. Осы мақсатпен Орынбор губерниясы құрылды (1749). 1758 ж. Е. П. Орта жүздің Абылай сұлтанын қылыш қаруымен марапаттаған; сондай-ақ 1760 ж. Абылай сұлтанға хат жолдап, «...сізден сұрайтыным, арамыздағы көршілік татулықты бұзбас үшін қарауыңыздағы қазақтарға Ертістің шығыс жағына малымен өтпеді қатты тапсырыңыз..» – деген өтінішін білдірген.

Ә.Әбдірасілов

ЕЛТІНДІ Байтүгейұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Ұлы жүз құрамындағы суан руынан шыққан. Салқам Жаңгірдің оң қолы болған. Орбұлақты қазуға ат салысқан. 1994 ж. Е. батырдың 350 жылдығы аталып өтті.

ЕЛШІ – бір мемлекеттің екінші бір мемлекеттегі өкілетті мәмілегерлік өкілдігінің басшы-

сы. Мыс., Абылай Қытайға Атығай, т.б. Е-лерін жұмсап отырған.

ЕЛШІБЕК БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – 18 ғ-да өмір сүрген қазақ батыры. Ұлы жүздің құрамындағы сіргелі руынан шыққан. 18 ғ-да жоңғар қалмақтарына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен. Е. Б. туралы ел арасына таралған әңгіме-жырлар көп. Сондай әңгіменің бірі – кезінде Ш. Уәлиханов ел аузынан жазып алған «Елшібек туралы әңгіме». Ол әңгімеде Абылай ханның қалмақтармен болған бір соғысында Е. Б-дың жауға қарсы жасқанбай жалғыз шапқан ерлігі, батылдығы туралы айтылған.

ЕЛШІЛІК – бір мемлекеттің екінші мемлекеттегі елші басқаратын дипломатиялық өкілдігі. Өзі тұрған мемлекеттің орт. қаласында орналасып, сол ел мен өз мемлекеті арасында дипломатиялық қатынас үзілгенге дейін болады. Е. құрамына елшіден басқа ресми дипломатиялық қызметкерлер және қызметшілер штаты енеді. Е. қызметкерлерінің және олардың отбасы мүшелерінің дербестік және дипломатиялық-иммунитеттік құқықтары бар, яғни Е. үйіне, мүлкі мен мұрағаттарына қол сұғуға болмайды. Ертеден қалыптасқан халықар. қатынастар тәжірибесінде бір елден екінші елге арнаулы тапсырмалармен немесе әр түрлі салтанатты шараларға қатысу үшін жіберілетін адамды не адамдар тобын да Е. (мыс., Абылай заманындағы Қытайға, Ресейге жіберген елшілері) деп атаған. Өзге елге барған немесе басқа елден келген мұндай Е-тер туралы деректерді ертедегі Ғұндар мемлекеті, Түрік қағанатынан бастап, Қазақ хандығы тарихына дейінгі кезеңдерден көптеп кездестіруге болады.

«**ЕЛІМ-АЙ**» – жоңғар шапқыншылығының ауыр кезеңіндегі (1723–25) қазақ халқының басына төнген қауіп-қатер, азап-қиыншылықты, босқан елдің мұң-зарын толғайтын тарихи сазды өлең. Ол соңғы кездерге дейін «халық өлеңі» деп танылып келді. Кейінгі зерттеулерде оның нақты авторын анықтауға талпыныстар жасалуда. Сондай болжамдардың бірінде өлеңнің авторы – әйгілі Қожаберген жырау Толыбайұлы делінеді. Ол аты аңызға айналған Толыбай сыншының баласы. «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңін ең алғаш рет баспасөзде жариялаған – белгілі тарихшы, қоғам қайраткері М.Тынышбаев. Бұл асыл жырды кейінірек Ә.Байтұрсынұлы, Ж.Досқараев, Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиндер де жариялады. Фольклортанушы М.Оразаев тапсырған бір нұсканы әдебиет зерттеушісі Ы.Дүйсенбаев зерттеді. Осы тарихи өлең туралы С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Н.С. Смирнова, Б.Уақатов, Г.Тұрсыновалар мақалалар жазды. Кейбір зерттеулерде (Оразаев нұсқасында)



жырдың авторы ретінде арғын Топыш ақынның аты аталады, алайда, мұндай кісі туралы дерек жоқ. Жыр өзінің жүрек тербейтін мазмұнымен қатар, әдемі де әуезді әуенге құрылған.

Әдеб.: Т ы н ы ш б а е в М., Ақтабан шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казахов), Таш., 1927; Д ү й с е н б а е в Ы., Қаратаудың басынан көш келеді жыры хақында // Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері, А., 1976.

М.Жармұхамедұлы
«ЕЛІМ-АЙ» – кітап. 3 том. Авторы – С.Сматаев. 2009 ж. жарық көрген. Таралымы 2000 дана. Жазушы 3 томдық «Елім-ай» трилогиясын 17–18 ғ-дағы Қазақ хандығының тарихына арнаған. Көркем әдебиетте халқымыздың ғасырлар қойнауында бұйығып жатқан тарихына алғашқылардың бірі боп қалам сілтеген жазушы 432 беттен тұратын бірінші кітабында қазақ халқының қайғылы кезеңі – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманындағы оқиғаларды тілге тиек етеді. Ал 469 беттен тұратын екінші кітабында «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі, елдік пен бірлікті аңсаған халық-тың тебіренген жай-күйі, азаттықты аңсаған жұрттың ширыққан халі баяндалса, 616 беттен тұратын үшінші кітап Қаз дауысты Қазыбек би мен Абылай ханның тарихи тұлғаларын ашып көрсетуге арналған. Осы кітабында жазушы бір көріністі: «Қазыбек Абылайға қатты риза пейілмен бас ізей берді.– Сал барыңды, бауырым. Халқыңның бабын да, бақытын да тап. Сен тап. Бүлінгенді емес, бірлігіңді тілер түрінді бақтым. Әділет құған жаныңның ақтығынан шырылдаған үнін де естідім. Қыл мойныңды қылышқа төсеп, келеге түсер кесектігіңді де байқадым. Ел үмітін, ел тілегін сенен, өзіңнен күтермін-ақ, – деп би сенімін кәдімгідей сездіріп отырды», – деп суреттейді.

К.Қошым-Ноғай
«ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ» – Қазақ хандығының билеушісі (1598–1645) Есім хан туралы тарихи жыр (17 ғ.). Көлемі 7000 жол. Дәстүрлі эпикалық жанр арнасында жазылған. Жырдың 1938 ж. Қазанғап Байболұлынан жазып алынған бір нұсқасы «Есім хан туралы жыр» деп аталады. Ақын мұны ел есінде қалған тарихи аңыз-деректерге сүйене отырып жырлаған. Жырдың алғашқы «Шыңғыс хан», «Тәуекел хан» деп аталатын тараулары Шыңғыстың, Тәуекелдің өмірге келуі және хан тағына көтерілуі туралы аңыз сарындармен басталады да, олардан бергі қазақ хандарының тарихына қысқаша шолу жасайды. Шығарманың бұдан кейінгі тараулары Есім ханның ер жетуі мен жорықтарына, оның заманындағы тарихи оқиғалар мен ел басқару

үлгісін баяндауға арналған. Жырдың, әсіресе, деректі тарихи оқиғалар мен нақты адамдар жайынан мағлұмат беретін тұстары аса құнды болып табылады. Онда Әбілғазы хан, Жиёмбет жырау, Алатау, Сүлеймен, Жақсығұл, Сиқымбай сияқты батырлардың көркем тұлғалары сомдалған. «Е. б. е. Е.» жырында халқымыздың өмір салты, тұрмыс ғұрыптары, ынтымағы мен жауынгерлік дәстүріне байланысты аса мол материалдар жинақталған. Есім хан туралы өлеңмен жазылған жыр-аңыздар Шығыс Түркістан қазақтарының арасында да ұшырасады. Қ.Байболұлынан жазылып алынған жырдың бұлардан ерекшелігі Тараз, Шымкент, Сайрам, Ташкент, Түркістан жерінде болып өткен сол кездің тарихи оқиғалары мол қамтылуымен дараланады. Аталған жырдың қолжазбасы Орт. ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы. Авторы белгісіз. Жазушы М.Мағауин бұл жырды алғаш жырлаған Марғасқа ақын деп есептейді. Жырдың шағын үзіндісі «Ана тілі» газетінің 1990 жылғы 31 мамырдағы санында жарияланған.

М.Мырзахметұлы, Т.Рсаев
ЕРӨЛІ, Е р м ұ х а м е д е л і (т.ж.б. – 26.6.1794) – Кіші жүз ханы (1791–94), Әбілқайыр ханның баласы. Е. жастайынан әкесімен бірге хан кеңесіне қатысып, әкімш. істерге ерте араласады. 1733 ж. қаңтар айында Әбілқайыр ханның Ресей империясына жіберген елшілігін басқарған. Бұл елшіліктің құрамында ағасы Ниязсұлтан да болды. 10 ақпанда Уфа арқылы Ресей астанасына жеткен елшілікті Ресей патшайымы Анна Иоанновна салтанатты түрде қабылдайды. Е. әкесі Әбілқайыр ханның ерік-қалауын білдіре отырып, Ресей патшасынан Кіші жүз қазақтарына «биік мәртебелі патша ағзамның қолдау көрсетуін» өтінеді. Е. Әбілқайырдың аманаты ретінде Ниязсұлтанмен бірге Санкт-Петербургте қалады. Олар бірте-бірте Ресей империясының отарлау саясатының шын сырын таниды. Елге қайтуға асығып, Е. әкесінен аманаттыққа басқа бір баласын жіберуді өтінеді. Әбілқайыр 1738 ж. Санкт-Петербургке үшінші ұлы Қожахметті жібереді. Е. Ниязсұлтанмен бірге Орынборға жетіп, сол жерде біраз кідіріп, әкесіне хабарламай, жасырын жағдайда өзі басқаратын керей, уақ, тарақты руларынан қарулы күш жасақтап, Сырдың арғы бетіне, Қызылқұм жағына билік жүргізіп жатқан хиуалықтарға шабуыл жасайды. Оларды қарақалпақтар қонысына дейін ығыстырады. Бұдан соң Е-ні 1740 ж. Орта жүздің түстігін алып жатқан Сырдың екі жақ өңіріне хан көтереді. Ол 1787 ж. ағасы Нұралы ханның Уфаға жер аударылуына және туысы Айшуақ сұлтанды патша әкімшілігінің Орал қ-нда ұстап, Кіші жүзге

қайтармауына байланысты Ресей империясының саясатына қарсы наразы топтардың қозғалысына басшылық етеді. Алайда Е. елдің жағдайына қатысты мәселелерді дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ол бастаған халық қозғалысын оңай баса алмайтындығын түсінген Орынбор ген.-губернаторы А.А.Пеутлинг 1790 ж. қайтыс болған Нұралының орнына Кіші жүз ханы етіп Е-ні сайлауды ұйғарады. 1791 ж. 4 қыркүйекте Орск қ. түбінде зеңбіректерден салют беріліп, Е. Кіші жүз ханы болып сайланады. Хан болып сайланғаннан кейін де ол өз ордасын Сыр бойындағы бұрынғы орнынан көшірген жоқ.

Әдеб.: Левшин А. И., Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей, СПб., 1832; Касымбаев Ж., Государственные деятели Казахских ханств (XVIII в.), А., 1999.

И.Шамишатұлы

ЕРДЕНЕ, Батыр қоңтайшы (Эрдене Батурхунтайджи) – Жоңғар хандығының негізін қалаушы әрі қоңтайшы шеніндегі алғашқы билеуші. Моңғолдың шорос текті хандар әулеті Есеннен тарайтын Эсмун Дархан ноянның ұрпағы саналған. 1640 ж. Халха, Көкенүр, Жоңғария мен Еділ бойындағы қалмақ билеушілерінің басын қосып, көшпелі тұрмыс жағдайындағы нояндардың бытырыңқы билігін тәртіпке келтірген, олардың ара қатынасын реттеген, бір орт-тан бағынатын мемл. қорғаныс жүйесін қалыптастырып, тиісті заң-жоралармен бекіткен қайраткер ретінде тарихта қалған. Уақыт өте келе, кезекті ханның тұсында бұл қағидалар нақты жағдайларға бейімделіп, жетіліп отырған.

Әдеб.: Здаткин И. Я. История Джунгарского ханства. М. 1983; Тайшыбай З. Қазақтың ханы – Абылай, екі томдық, «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ЕРДІҢ ҚҰНЫ – қазақ халқының дәстүрлі құқықтық нормаларындағы ер азаматты өлтірген немесе дене мүшесіне ауыр зақым келтірген жағдайда қылмыскер мойнына салынатын айыптың мөлшері. Кек алу мақсатынан туындайтын «қанға – қан, жанға – жан» қағидасы, яғни кісі өлтіргеннің өзін, не оның туысын өлтіру немесе мүгедек ету үрдісі біртіндеп қылмыскерден құн алумен алмасты. Кек қайтару кезінде жазықсыз жандардың да нақақтан жапа шегуі өлген адам мен өлтірген адамның артындағы жоқтаушы мен жауапшы рулы елдің арасын қан төгіске ұластырып, ұзаққа созылған жанжал мен өшпенділікке айналдыратын. Осы қан төгісті болдырмау және өлген адамның артындағы отбасы, бала-шағасын одан әрі тарықтырмау мақсатында дәстүрлі қазақ қоғамында жасалынған қылмыс түріне қарай кінәліге салынатын арнаулы айып мөлшері анықталған. Соның ішінде

ер азаматты өлтіру аса ауыр қылмыс қатарына жатқызылып, айып көлемі барынша қомақты болды. Мыс., Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» бойынша, ер адам құны 1000 қой не 200 жылқы, не 100 түйе болып саналды. Сондай-ақ, дене мүшелерінің зақымдануына орай қанды кекті алмастыратын құн мөлшері: екі көзді соқыр етсе – толық құн, бір көзге – жарты құн, екі құлаққа – жарты құн, екі қолға – толық құн, омыртқа сынып, сал болса – толық құн, сынған әрбір тіске –қырықтан бір құн, қатты соққыдан жынданса толық құн төлеттіру ұйғарылды. Егер де кісі өлтірушінің құн төлеуге шамасы келмесе немесе төлеуден жалтаратын болса, төленетін құнды рулас ағайындары көтеріп алуы міндеттелінді және бұл айып руға салынған айып болып есептелінді. Сол себептен телі мен тентегін тыйып ұстауға әр рудың өзі де мүдделі болды. Алайда, ішінара өлім жазасы да сақталып қалды, өлген адамның өлу себептері егжей-тегжейлі анықтап тексеріліп, қылмыс неғұрлым ауыр болған сайын, яғни адам асқан жауыздықпен өлтіріліп, өлген адамның сүйегі қолға түспесе немесе екі не одан да көп кісі өлтірушілерге жаза да ауырлап, «қанды кек» құқын қолдануға рұқсат етілді. Қанды кек алуға құқық берілген жақ кісі өлтірушіні өлтірмей-ақ, орнына құн алуға келіскенде ғана құн төленді. Қасақана кісі өлтіруші – қолмақол, абайсызда кісі өлтіруші үш ай мерзім ішінде құн төлеуі тиіс. Сондай-ақ, «Жеті жарғыда» хандық билікті нығайту мақсатында төре мен жожа тұқымдарын өлтіргені үшін басқалардан жеті есе көп құн төленетіндігі де айтылған. Мұның өзі құн мөлшері барлық уақытта бірдей болмағандығын, құн төлеу тәртібінің түрлі мүдделер мен уақытқа байланысты өзгеріске ұшырап отыратындығын аңғартады. Әсіресе, бір рудың сөзін сөйлейтін, ел құрметіне бөленген беделді адамның, атақты бидің, айтулы ақынның, даңқты батырдың қастандықпен өлтірілуі жай өлімнен ерекше қаралған. Бұл жағдайда құн мөлшерін анықтап, төрелік айту, сол арқылы екі жақты бітімге келтіру әділдігімен ағы шыққан, беделді билердің кеңесіне қалдырылған.

Әдеб.: Әсерұлы Н., Жеті жарғы, 1995; Келіев З., Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқық-тық мәдениет, А., 1997; Зимапов С., Әсеров Н., Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері, А., 1998.

ЕРЕЖЕ – қазақ халқының дәстүрлі құқығының қайнар көзі, нормативтік-құқықтық қағидалар. Ежелгі дәуірде және орта ғасырларда «жөн-жосық», «ата-баба жолы» деп аталған Е-лердің құқықтық-реттеушілік, азаматтық-



тәрбиелеушілік мәні жоғары болды. Олар дәуірдің ерекшелігіне, уақыттың талабына орай түрін өзгерткенімен, имандылыққа, адамгершілікке негізделген мазмұнын сақтап қалды. Е-лер сырт пішімі жағынан мақал-мәтелге, қанатты сөзге ұқсас болғанымен, нақтылығымен, дәйектілігімен ерекшеленді. Би-қазылар дау шешу, төрелік айту кезінде Е-лерді жатқа біліп, істің ыңғайына, әділеттілік салтына орай қолдануға тиіс болды. Мыс., қазақтардың дәстүрлі құқық қолдану үрдісінде «Он екі жылда ердің құны – салауат» деген Е. болған. Осы құқықтық қағида бойынша, өлген кісіге 12 жыл өткен соң құн даулауға болмайды. Көптеген Е-лер өзінің кара қылды қақ жарған әділдігімен, ата-баба жолын – әдет заңдарын жетік білетіндігімен әлеуметтің құрметіне бөленген тура билердің тұрақты қағидасы іспетті. Әсіресе, Мөңке, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Алшынбай және т.б. билердің дау шешіп, бітім-бәтуеға шақырған қанатты сөздері қағидаға, кейінгілер үлгі тұтар құқықтық Е-ге айналған. Жалпы, ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа тарап, көшпелілер қоғамындағы құқықтық-әлеум. қарым-қатынастарды реттеуге қызмет еткен Е-лер сұрыптала, жүйелене келіп, кодекстік деңгейге жеткен. Солардың қатарына – «Абақ Керей ережесін», «Жетісудың жеті салының ережесін», т.б. жатқызуға болады. Ресей империясының қазақ жерін отарлау процесінің күшейе түсуіне орай, Е-лердің дәстүрлі құқықтық мәдениеттің бастауы ретіндегі мән-маңызы шектеле түсті. Билер тобының құрамында ресми сот жүйесін қолдаушы адамдардың да, дәстүрлі әдет нор-маларын жақтаушы адамдардың да болуы Е-лердің мазмұндық сапасы мен кәсіби деңгейіне тікелей әсерін тигізген. Мыс., 1885 ж. мамыр айында Шар бойындағы Қарамола съезінде қабылданған Е-ні жазуға Семей обл-ның 5 дуанының билерімен қатар құрметті өкіл ретінде Абай Құнанбайұлы да қатысқан.

Әдеб.: Мемлекет және құқық тарихынан хрестоматия, 2-кіт., А., 1998.

М.Ізімұлы

«ЕР ЖАСЫБАЙ» – тарихи жыр. 18 ғ-да өмір сүрген батыр Жасыбайдың ерлігін баяндайды. Жасыбай – Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының бәсентіін руынан шыққан атақты батыр, Олжабай батырдың досы. Халық арасында сақталған бір аңызда Ер Жасыбайдың жоңғар шапқыншылығына қарсы ұрыста жау оғынан қапылыста қаза тапқаны туралы айтылады. «Е. Ж.» жырын 1939 ж. Ә.Х. Марғұлан Павлодар обл-ндағы Екібастұз қ-ның тұрғынынан (аты-жөні белгісіз) жазып алған. Көлемі – 850 жол.

Жыр Жасыбай мен әкесі Тұяқтың жоңғарларға қарсы ұрысын суреттеуден басталады, осы шайқаста ауыр жараланған Тұяқ қаза болар алдында баласына інісі Темірді тауып алуды аманат етеді. Еліне қайтқан Жасыбай Қарабайдың құлы болып жүрген інісі Темірді іздеп тауып, босатып алады. Жыр Жасыбайдың қалыңдық іздеп жолға шығуымен аяқталады. «Е. Ж.» жыры қазақ халқының жоңғарларға қарсы күресінің бір кезеңін суреттейді. Негізгі идеясы – туған жерді жат жерлік басқыншылардан қорғау, елдік пен ерлікті дәріптеу. Қазіргі Павлодар обл-ның Баянауыл ауд-нда Жасыбай көлі, Жасыбай асуы деген жерлер бар. Жасыбай батыр жерленген деген бейіт сол асудың үстінде. Жыр қолжазбасы Орт. ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

Е.Құдайбергенов

ЕР ЖӘНІБЕК, Ж ә н і б е к Бердәулетұлы (т.ж.б. – 1792, Қалба тауы) – батыр, шешен. Жоңғар шапқыншыларына қарсы соғысқа аттанарда нағашы атасы Қаз дауысты Қазыбек биден бата алады. Бір шайқаста мінген тұлпары болдырып қалған Абылай ханға астындағы көк дөненін түсіп беріп, Абылайды құтқарып қалады. Өзі жекпе-жекке шыққан екі қалмақ батырын жеңіп, жаудың бетін қайтарады. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, т.б. батырлармен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстың аяғына дейін қатынасады. 1731 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайыр Ресей империясының бодандығын қабылдаған кезде Е. Ж. керей тайпасын бастап, Сыр бойынан үдере көшіп, Қалба тауына келіп қоныстанады. Осы арадан Алтайдың Ақтау төңірегіндегі бір асуынан жол салып асып барып, Өр Алтайды шолып қайтады. Бұл асу кейін «Жәнібек асуы» деп аталып кеткен. 1760 ж. Жәнібек батыр абақ керей руын Алтай тауының қазіргі Шыңжаң өлкесіне қарасты байырғы мекеніне апарып орналастырады. Сөз бастаған шешендігімен, ел бастаған көсемдігімен, жауға шапқан батырлығымен бүкіл абақ керейдің ұранына айналған Е.Ж. сексеннің үстіне шығып қайтыс болады. Батырдың Шіңгіл ауд-нда тұратын он бірінші ұрпағы Зардықанның үйінде сақталған қасиетті туын 1940 ж. Оспан батыр Қытай қазақтарының ұлт-азаттық көтерілісі кезінде көтеріп шығады. Батырдың зираты Семей обл. Жарма ауд. Ортабұлақ деген жерде. Зиратының басына ескерткіш орнатылған.

Әдеб.: Т а т а н а й ұ л ы А., Тарихи дерек, келелі кеңес, Ү., 1987; С ү г і р б а е в П., Алтай арпалыстары, Ү., 1995.

Ж.Самитұлы



«ЕР ЖӘНІБЕК» – тарихи жыр. Ер Жәнібектің жоңғар қалмақтарына қарсы күресі баяндалған. Жырдың бір нұсқасы «Ер Жәнібек» деген атпен 1995 ж. «Жұлдыз» журналының 5-, 6-сандарында жарияланған. Сондай-ақ, Жәнібек батыр туралы аңыз-әңгімелердің бір шоғыры тарихи жырлардың бірінші томында жарық көрген (1913). Атақты Үмбетей жырау «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» атты толғауында Жәнібектің Абылай тұсында өмір сүрген батыр екенін айтса, тарихшы Құрбанғали Хамидтің «Тауарих хамса» кітабында да Жәнібектің Абылай заманында болған батыр екені баяндалады. Жыр Жәнібектің әкесі ерте қайтыс болғандықтан, оның тәрбиесі нағашы атасы Қаз дауысты Қазыбек бидің қолына өтуінен басталады. Он сегізге келіп, күш-қайраты толысқан кезінде жоңғарлар шабуыл жасайды. Жәнібек те Абылай қолына қосылып, жорыққа аттанады. Жәнібек жаумен беттескен сайын ерлік жасап, өзінің нағыз батыр екенін танытады. Жырда Жәнібек жердің бүтіндігі, елдің тәуелсіздігі үшін күрескен ер ретінде сипатталады. Жәнібек батыр ғана емес, айтулы шешен адам ретінде көрінеді. «Е. Ж.» жырының қолжазбасы Орт. ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

З.Сейтжанұлы

ЕРИНЦИН, Е р е н ш і, Е р е н ж і, Э р е н ц и н (т.-ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – жоңғар нояны. 1748–55 ж. Жоңғариядағы тақ таласы кезінде елінен қашып, Абылай сұлтанға келіп паналаған. Көбінесе Қазыбек биді, оның ұлы Бекболат биді арқа тұтқан. Бір қызын Бекболат алып, одан Тіленші би (Қазыбектің немересі) туады. 1755 ж. Қытай империясы Жоңғарияны талқандағаннан кейін, Әмірсапаға, Еркесарылға қосылып, Қытайға қарсы тұрған. Кейін Е. қазақтарға сатқындық жасап, арғын-қаракесектің біраз адамын өлтіріп қашқан. Қытай жағы қазақ арасынан Е-ні іздеп, бірнеше мәрте әскер жіберген. Ақыры ұстап алып кеткен.

Н.Ақбай

ЕРКЕСАРЫЛ, Е р к е ш о р а, С а р ы л (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – қытай әскербасы. Қытай патшасы 1755 жылғы 29 ақпандағы жарлығында: «Жоңғар бағындырылғаннан кейін, оның екі тізгін-бір шылбырын Әмірсананың қолына түгел бермеймін. Қайта ойраттың тайшыларын алды-алдына хан етіп тағайындаймыз. Ал Әмірсананың Тарбағатай алқабын мекен етіп, қазақтармен көршілес отырамын дегені – мойынды қашыққа салып, қазақтардың көмегімен біржолала құрық салдырмай әкетудің амалы болмаса, империямыз үшін қызмет етсе, онда әрине,

менің жарылқауымда болады. Жеке өзалдына ел билеп, жұрт сұрамақшы болса, оған мүлде жол берілмейді» деп, істің тоқетерін айтқан. Патша бұл жарлықты құпия түрде Бан Ди, Еркесарылдарға жеткізілуін тапсырған. Шекараны орнықтырушы генерал Жау Хой 1757 жылғы 18 қарашада Е-дан келіп түскен мәліметке сүйеніп: «Абылай Үліңгірде жылқы өткізіп, айырбасқа бұйым алсақ деп тілек білдірген еді. Оған: «Жер мойыны тым қашық болса, саудагерлердің барып-келуіне қолайсыз болады, келер жыл шілде айында Еренқабырға, Үрімжі өңіріндегі базарға жылқы айдап апарып, айырбасқа бұйым алыңыздар» деп жауап бердік» деп, қазақтармен сауда-саттық мәселесін жақсарту беруді көздеген.

Н.Ақбай

«ЕР ҚАБАНБАЙ» – тарихи жыр. Абылай ханның сенімді серігі, Қазақ халқының дарабоз батыры Қаракерей Қабанбай (Шын аты – Ерасыл) туралы жырлар 18 ғ-да туып, 19 ғ-да хатқа түсе бастаған. «Е.Қ.» жырының ертеректегі қолжазбалары Санкт-Петербург (Березин мұрағаты), Омбы (Потанин мұрағаты), Қазан (Қа-зан ун-ті қоры, Б.Тәуекелұлы өткізген) қларында сақталған. Қабанбай батыр туралы жырлардың кейінірек жазылып алынған мәтіндерінің саны оннан асады. Жырларды сақтап жеткізушілер: Қ.Әбжанұлы, Қ.Омарұлы, Н.Байматайұлы, Б.Мергенбаев, Ә.Құрманов, Е.Ахметбеков, Қ.Әділбеков, Т.Мағзиев, т.б. Қабанбай батыр туралы жырлардың көлемділері – «Қабанбай батыр», «Қаракерей Қабанбай батырдың әңгімесі», «Қисса Қабанбай», «Е.Қ.» жырлары. «Е.Қ.» Бжырының Нұғыман нұсқасы (1936), Потанин нұсқасы (1972) жарық көрсе, Қ.Әділбеков нұсқасы (1976) күйтабаққа жазылған. Жырдағы оқиғалар үш ірі қақтығыс төңірегінде шоғырланған: Қабанбай мен жоңғар батырларының жекпе-жекгі, Қабанбай мен Дәулетбай, Қабанбайдың қайта айналып шапқан жаумен шайқасы. «Е.Қ.» жыры Қабанбай батырдың туысы Дәулетбайға жорықта алып жүретін ақ туын тапсырып тұрып, «еліңе ие бол, жауыңнан сақтан, Қабанбай өлді дегізбе» деп айтқан өсиетімен түйінделеді. Қабанбай батырдың өлімі жырдың шарықтау шегі болып табылады. Жыр Қабанбай сүйегінің моладан ұшып кетуі сияқты аңыздық-мифтік сарынмен аяқталады. Жырда тарихта болған адамдар есімі мен геогр. атаулар да кездеседі. Бұл жырдың нақты тарихи деректерге негізделгенін дәлелдейді. Жырдың негізгі идеясы – ата жұртының бостандығын ардақ тұту, туған жердің тыныштығын қорғау. Қабанбай батыр тура-

ЕР ҚАБАНБАЙ

лы дастан-жырлардың нұсқалары Орт. ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы тұр.

Б.Абылқасым

«ЕР ҚАБАНБАЙ» (С.Байырбеков нұсқасы) – тарихи жыр. Бұл нұсқада Әтеке жырық пен Қабанбайдың ұрысы сөз болады. Басқа нұсқалардан мұның мынадай айырмашылықтары бар: Қабанбай туының астына жиналған қазақ батырларынан бұрынғы нұсқада аталған батырлардан басқа Баба төре, Тумадан Шынғожа батыр мен Шағала шешен аттары аталады. Батырлар жорыққа аттанған сапарында Барақ батыр орта жолдан: «соғыспай кейін қайталық», – дейді. Оған Қабанбай рұқсат етпейді. Қабанбайға өкпелеп, Қызылсу деген жерге көшіп кеткен Дәулетбай батырды Бұқар жырау шақыртады. Оған елшілік-ке барғандар Тума Шынғожа батыр мен Шағала шешен болады. Қабанбай ауырып өлім алдында жатқанда, елді шабуға Әтекенің баласы Мысадыр келеді. Қайта шапқан жау жеңіліс табады. Ажалмен арпалысып жатқан Қабанбай қаптап келген жаудан күшті болып шығады. Халық жыры мұнымен туған жерді қорғаудың қасиетті рухын мадақ етеді. Жырда Қабанбайдың ерлігіне қоса, адамгершілік қасиеттеріне де назар аударылып отырады. Қабанбай ақ көңіл. Қарашапан қыздың жоқтауына жүйкесі босауы, Мысадырды аяп, өлтірткісі келмейтін детальдар бұған жақсы дәлел. Жырда суреттелген Қабанбай заманындағы Абылай, Дәулетбай, Шағала, Шынғожа, Боранбай, Бұқар жырау, т.б. бәрі де – өмірде нақты болған, тарихта есімдері қалған ірі тұлғалар. Олардың жырда бейнеленген ерліктері, мінездері, т.б. шындыққа сәйкес келеді. Жыр он бір буынды қараөлең үлгісімен баяндалады. Тілі шұрайлы. Көлемі 721 жол. Негізгі тақырыбы – Отан қорғау, ал идеясы – ел бірлігі. Жыр қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында сақтаулы. Жырдың Қ.Әбжанұлы, Қ.Омарұлы, Қ.Әділбеков, Е.Ахметов, Б.Мергенбаев, т.б. жазып алған нұсқалары ҚР ҒА-ның Орт. Ғыл. кітапханасы мен ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. «Қабанбай батырға» арналған жырлар «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланып жатқан көптомдықтың 58-тамында (2010) жарық көрді.

Қ.Алтысбаева

«ЕР ҚАБАНБАЙ» (Е.Ахметов нұсқасы) – тарихи жыр. Көлемі 359 жол. Тілі шұрайлы. Нұсқада қазақ пен қалмақ арасында болған жорықтар баяндалады. Бас кейіпкердің бірі Әтеке жырық – қырғыз, ол қалмаққа сіңген, қазаққа қалмақтарды бастап келген әскербасы ретінде суреттеледі. Жырдың негізгі идеясы – ерлік

пен батырлықты дәріптеу, ел бірлігін сақтау. Жыр қазақ халқының бірлігі, ынтымағы, тәуелсіз ету жолында күрескен, қытаймен, қырғызбен арадағы қарым-қатынасты реттеу жөнінде қалмақтар мен қазақ арасында болған шайқастарда Абылай ханның қасында болып, елінің еркіндігі үшін жанын құрбан еткен халықтың қамқор ері Қабанбайдың ерлігін мадақтайды. Нұсқа алғаш рет «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 58-томында (2010) жарияланды. Қолжазбасы М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының Қолжазба қорында сақтаулы. Жырдың бұдан басқа жиырмаға жуық нұсқасы бар. Бұған дейінгі бұрынғы қолжазбалар Санкт-Петербург (Березин мұрағаты), Омбы (Потанин мұрағаты), Қазан (Қазан ун-ті қоры, Б.Тәуекелұлынан) қ-ларында сақталған. Кейінгі жазылып алынған мәтіндердің саны оннан асады. Жырды айтушылар: Қ.Әбжанұлы, Қ.Омарұлы, Н.Байматайұлы, Б.Мергенбаев, Қ.Әділбеков, Т.Мағзиев, т.б. Жырдың аталуы да әр түрлі: Қабанбай батыр, Қаракерей Қабанбай, Қабанбай батыр әңгімесі, т.б. «Е.Қ.»-дың Нұғыман Байматайұлы нұсқасы жарық көрген (1936), Потанин жазып алған нұсқадан үзінді жарияланды (1972). Қалған нұсқалар «Бабалар сөзі» көптомдығының 58-томында басылым көрді (2010). Жырдағы оқиғалар үш ірі қақтығыс төңірегінде шоғырланған: Қабанбай мен жау батыры, Қабанбай мен Дәулетбай, Қабанбай мен қайта айналып шапқан жау. Нұсқалардың мазмұны мен оқиғалары бір-біріне жақын болғанымен, жыр көлемінде, жыршылардың тыңдаушыға жеткізудегі формасында айырмашылықтар бар. Қабанбай батырдың өлімі жырдың шарықтау шегі болып табылады. Ол әр нұсқада әр түрлі баяндалады. Е.Ахметов нұсқасының айырмашылығының бірі – Қабанбай өлім үстінде жатқанда Дәулетбайды алып келуге Бұқар жырау мен Шағалақты жұмсауы, т.б. Жыр Қабанбайдың Дәулетбайға басын сүйеп қаза болуымен аяқталады.

Қ.Алтысбаева

ЕР ҚАРУЫ, к. *Бес қару*.

ЕРНАЗАРОВ Елтай (1887, Сырдария губ. Шымкент уезі Бадам болысы – 1945) – Қазақстандағы партия, кеңес қызметкері. Кедей шаруа отбасында туған. 1919 ж. коммунистік партияға мүше болып, 1927 жылға дейін ауылдық кеңестің хатшысы, «Қосшы ұйымының» төрағасы, кәсіподақ ұйымдастырушысы, болыстық атқару к-тінің төрағасы болады. 1927 ж. сәуірде Қазақ Автоном. Респ. Кеңестерінің VI съезінде Е. Қазақ АКСР-і ОАК-нің төрағасы болып сай-

ланып, бұл қызметті 1935 жылдың қаңтарына дейін атқарады. 1935–42 ж. республика А.ш. халкоматының бөлім бастығы болып жүріп, зейнеткерлікке шығады. Е. 1930 ж. 21 сәуірде Қазақстан өлкелік партия к-тінің 1-хатшысы Ф.И.Голощекинге хат жазып, кеңес өкіметі жүргізген солақай саясаттың жергілікті жердегі ауыр салдарларын ашық көрсетеді. Бұл 1930 жылдардағы қазақ ауылының мүшкіл халін шыннайы бейнелеп, тарих шындығын көрсете білген құжат. 1930 жылдың 21 сәуірінде жазылған. Бұл хатында Е. Балқаш көтерілісінің қысқаша тарихын баяндаған. Кеңес өкіметінің әміршіл-әкімшіл саясатына қарсы 1929–31 ж. Қазақстанда 80 мыңға жуық адам қатысқан 372 көтеріліс болғаны тарихтан белгілі. Әсіресе Созақ, Шемонайхо, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қармақшы, Самар, Абыралы, Биен-Ақсу, Шыңғыстау, Бөрібаев, Қастек, Балқаш, Қарақұм, Шұбартау, Маңғыстау ауд.-дарындағы шаруа қозғалыстары ерекше қасіретті болған. Кейбір жерлерде қарулы бас көтерулерге ұласқан, ауқымы бүкіл Қазақстанды шарпыған бұл көтерілістер Мәскеуге арқа сүйеген Голощекин басқарған Өлкелік партия к-тінің күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналады. Мұны Өлкелік к-ттің өзі де 1930 жылдың 12 сәуіріндегі бюро мәжілісінде қабылдаған қаулысында: «Қазақ шаруаларын егін егуге ұжымдастыруда аса көп қателіктер жіберілді» деп мойындайды. Жергілікті жерлерде орын алған қателіктерді түзету үшін ол жерлерге республиканың басшы және жауапты қызметкерлері жіберіледі. Партия тапсырмасы бойынша Алматы обл-ның Іле, Балқаш аударына жіберілген Е. басқарған мемл. комиссия ауылдарды аралап, олардың жағдайын өз көздерімен көріп танысқаннан кейін халық наразылықтарының себептерін анықтап, ол туралы Өлкелік партия к-тінің хатшысы Ф.И.Голощекинге хат жолдайды. Ұзақ жылдар бойы мұрағат қойнауында сақталып келген бұл құжат 30-жылдардағы (20 ғ.) қазақ ауылдарының саяси ахуалын сипаттайтын құнды тарихи дерек болып табылады. Е. хатында ауылдардағы жағдай былайша суреттелген: «Орташалар шаруашылығы кедейленген, кедейдікі – батырақтанған, кедейлер мен орташалардың шаруашылықтары жартылай аштықта өмір сүруге душар болған. Барлық шикізаттың түрін, жүнді дайындау, жүннен бастап ескі-құсқы шикізатқа дейін астық дайындау тәсілдерімен дайындалады, оның жоспары кедей отбасына да енгізілген, еріктілік элементтері жоқ, сондықтан заттай салық сипатын қабылдаған. Ауылдық кеңес Кеңестердің тәсілдерімен жұмыс істемей-

ді, ауыл кеңестері төрағаларының әкімшілік зорлық-зомбылығы үстемдік етеді. №15 ауылдың кеңесі ауыл өкіметіне арызданушыларды сот жауапкершілігіне тарту туралы қаулы шығарған, партиялық ұйым сөз жүзінде ғана (формалды) өмір сүреді...». Өзі ауылда туып-өскен, әрі ауыл жағдайымен етене таныс хат иесі Балқаш, Шоқпар көтерілістерін қантөгіссіз, қару күшін қолданбай, бейбіт жолмен реттеуді ұсынады. Алайда голощекиндік жазалаушылар отряды Е-тың ұсынысына құлақ аспай, көтерілісті басып тастады. Көтерілісте белсенділік көрсеткендер қатал жазаланды. Қылмыстық жауапкершілікке 57 адам тартылып, олардың ішінен Қазақстан ОГПУ-інің Ерекше үштігінің 1930 жылғы 30 мамырдағы шешімімен 30 адам атылды, 20 адам 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімдерге концлагерьлерге айдалды, 2 адам 3 жыл мерзімге Қазақстанның басқа жерлеріне жер аударылды.

Әдеб.: 20–30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. А., «Санат», 1997, 152-б.; «Қазақ тарихы». 2000, №3, №5.

Т.Омарбеков

«ЕР ОЛЖАБАЙ» – Олжабай Толыбайұлы туралы тарихи жыр. Олжабай – 18 ғ-дағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше ерлігімен және қолбасшылық дарынымен көзге түскен тарихи тұлғалардың бірі. Жырда Олжабай батырдың дүниеге келуі, соғысқа төселуі, айдаһарды өлтіруі баяндалады. Жыршысы – М. Жадайұлы. Жырдың қолжазбасы Орт. ғыл. кітапхананың Қолжазбалар қорында сақтаулы тұр. Бұл жырдан басқа Қолжазбалар қорында атақты батыр өмірінің әр кезеңін бейнелейтін Е.Құлсариевтің «Орта жүз Олжабай батыр», Жаяу Мұса Байжановтың «Олжабай батыр» және өз қолтаңбасымен жазған «Олжабай батырдың бір соғысы» атты жырынан өзге, баласы Салық Жаяумусин тапсырған «Олжабай, өмір тарихы» атты аңыздар топтамасы, М.-Ж.Көпеев жинаған «Он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай батыр» деп аталатын аңыздар мен әңгімелер сақтаулы. Мыс., Жаяу Мұсада Олжабай батырдың қырғыздармен болған соғысы, ал тағы бір нұсқада Абылай бастаған 40 батырдың Сарыарқаны қалмақтардан азат етуі, Олжабайдың айрықша қайрат-жігер жұмсап, ерлік көрсетуі, Ертау Құлсариев нұсқасында Олжабайдың балалық шағы, қырғыз Әтекеден атын қайтарып алып, Бөгембай батырмен достасуы, ұйықтап жатқанда аузына кірмек болған жыланды қыршып өлтіруі, қалмақтармен соғысы, Қалдан Сереннен Абылайды босатып алуы сияқты Олжабайдың ерлігі, қайсарлығы, адамгершілігі, т.б қасиеттері суреттеледі. «Ер Олжабай», «Орта жүз Олжабай батыр», «Олжабай және қырық ба-

ЕР ӨТЕГЕН

тыр» атты жырлардың мәтіні «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» көптомдығының 59-томында (2010) басылым көрді.

Әдеб.: «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 2-том. Алматы, 2001, 403-б.

Қ.Алтысбаева

«ЕР ӨТЕГЕН» – тарихи жыр. Жырда жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес оқиғасы бейнеленеді. Жырдың негізгі идеясы – ерлік пен батырлықты дәріптеу, ел бірлігін сақтау. Жыршысы – Тілеміс Есболұлы. Көлемі 621 жол, тілі шұрайлы. Жыр Өтегеннің ата-бабалар аруағының жәрдемімен ғайыптан пайда болуын суреттен басталады. Бас кейіпкердің басынан өткен жағдайлар хронологиялық тәртіппен тізбектей баяндалған. Туындыда бір ұрыста Абылай ханға өкпелеп, одан бөлініп кетіп, Төле биден бата алып, туған халқына құтты қоныс, жайлы мекен іздеп шарқ ұрған батыр бейнесі айқын суреттеледі. Қолжазбасы Орт. ғыл. кітапхананың Қолжазбалар қорында сақтаулы. Жыр мәтіні «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 59-томында (2010) жарияланды. Бұл жырдан басқа, «Өтеген батыр» эпосының бірнеше нұсқасы бар. Олар – Т.Есболовтың «Жорықта», Ж.Жабаевтың «Өтеген батыр», Ж.Досқараевтың «Өтегеннің келешекті болжауы», т.б. нұсқалар. Жырдың барлығының мазмұны ұқсас болғанымен, кейбір өзгешеліктері де бар. Мыс., «Жорықта» атты жырда Өтеген батыр алғаш таныла бастаған кезінде оның ерліктеріне тәнті болған Төле оны сынап тұсу мақсатында жақын маңдағы бейіттің ағаштарын отын қылу үшін алып келуге жұмсағаны, бидің алдын ала көрдің ішіне отырғызып қойған адамдары қарсылық жасап, өлі аруаққа қиянат жасағанын айтып қорқытқысы, ұялтқысы келгеніне назар аудармай, Өтегеннің: «Өлі аруақ, тыныш жат! Тірі аруаққа ас пісірем!» деп бейіттің ағаштарын алып кеткені баяндалса, Жамбыл нұсқасында Өтегеннің адамдармен қақтығысы айтылмайтын себепті, оның қарсыластары айдаһар, әбжылан, жезтырнақ секілді мифол. жануарлар болып суреттеледі, ал халық аңыздары мен жырлардың көпшілігінде Өтегеннің қос мүйізі болғаны атап өтіледі.

Қ.Алтысбаева

ЕРТІС – Солт. Мұзды мұхит алабына енетін өзен, Обь өзінің сол саласы. Қазақстан жерінде Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Жалпы ұз. 4248 км, оның 1698 км-і Қазақстан жерінде. Су жиналатын алабы 1643 мың км². Бастауын Алтай (Қытай) сілемдерінен

алады. Зайсан к-не дейінгі бөлігі – Қара Ертіс, көлден төмен қарай Ақ Ертіс немесе Ертіс деп аталады. Арнасы бастау жағында, негізінен, қар, мұз суымен, орта және төм. ағыстарында қар, жаңбыр және жер асты суымен толығады. Алабы Алтай тауларының оңт.-батысын, Тарбағатайдың солт.-батыс баурайын, Сарыарқаның солт.-шығысын, Ресей жерінде Батыс Сібір жазығы мен Шығыс Орал етегін қамтиды. Қазақ жерінде Е. ағынын Қатын, Қалба, Нарын, Тарбағатай және Сауыр жоталарынан, Құлынды даласынан жинайды. Көп жерінде тау сілемдерін тіле терең шатқалдар қалыптасқан. Бұл тұста жағаларының биікт. 500 м-ге жетеді. Қазақстандық бөлігіндегі басты салалары – Есіл, Тобыл, Бұқтырма, Шаған, Үлбі, Шар, Күршім, Үлкен Бөкен, Қалжыр, Нарын, Алқабек, Ұлан, Қайыңды. Қараша айынан бастап мұз (қалынд. 125 см-ге дейін) құрсаңады, сәуірде мұзы ериді де сең (6–8 күннен 20 күнге дейін) жүреді, ағысы жайылмасына шығады. Жылы маусымдағы суының орташа темп-расы 15,3°C, шілде айында 20,4°C-қа дейін көтеріледі. Өзенде сүйрік, сылан, шортан, алабұға, елец, т.б. балықтар бар. Сазан, табан, көксерке және Байқал омулі жерсіндірілген. Өзен бойында Бұқтырма, Өскемен, Шүлбі бөгендері салынған. Сарыарқа аймағындағы табиғи қорларды игеру мақсатында Ертіс – Қарағанды каналы тартылған. Абылай ханның өмірі мен қызметінде Е. өз-не қатысты деректер жеткілікті. Мыс., Орт. Қазақстанға шабуыл жасауының ықтималдығын болжаған Абылай хан алдын ала әзірленіп, қазақ әскерлерін шығысқа қарай топтастырады да Ертіс өз. бойындағы Жәміш, Железинск бекіністерінің тұсынан – шығыстан келуі мүмкін қытай әскерлерін күткен. 1756 ж. күзде қытай әскері жоңғар нояны Әмірсананы қуып келдік деген желеумен, Е. өз-нің Ақсу тұсынан өтіп, қазақ жеріне басып кіргенде Абылай хан басқарған шайқастарға Бөгембай батыр, Қаракерей Қабанбай қолдары да қатысқан. Сонымен Абылай бастаған халық батырлары Е. өз-нің Ақсу тұсынан қазақ жеріне басып кірген қытай-шүршіт әскерімен Жарлы аңғарында ақырғы шайқастар жүргізді.

Қ.Карпеков, П.К.Әбішев

ЕРТІС ШЕБІ – патшалық Ресейдің қазақ даласын біртіндеп отарлау саясатына орай, 18 ғ-дың 1-жартысында салынған бекіністердің жиынтық атауы. Оның құрамына Ямыш (1715), Омбы (1716), Железинск (1717), Семей (1718), Өскемен (1719–20), Семиярск (1720) бекіністері енді. Шептің жалпы ұз. 920 шақырым болды. Сібір әскерінің қолбасшысы ген. Х.Т. Киндерман 1745 ж. Ресей патшасына жолдаған рапор-

тында «бірінен-бірі 15–20 шақырымдай жерде тұратын бекіністер мен күзет орындарының тізбегі шепке қаһарлы бейне береді» деп жазған. Алайда 1742 ж. осы «қаһарлы шеп» басшылығы 40 мың жоңғар әскерінің Семиар мен Семей бекіністері аралығынан Сарыарқаға қарай өтуіне жол берген.

Қ.Исабай

ЕСЕНБЕРЛИН Илияс (10.1.1915, Ақмола обл. Атбасар қ. – 5.10.1983, Алматы қ.) – жазушы. Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын бітірген (1940, қазіргі ҚазҰТУ). Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1942–47 ж. Қазақстан КП ОК-нің нұсқаушысы, 1947–51 ж. Қазақ филармониясының директоры, 1953–54 ж. Қазақстан Геология министрлігінің инспектор, 1954–55 ж. Ақтөбе



І.Есенберлин

обл-ндағы Берсүгір шахта басқармасының бастығы, 1955–57 ж. Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958–67 ж. «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, сценарий редколлегиясының мүшесі, 1967–71 ж. «Жазушы» баспасының директоры, 1971–75 ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы қызметтерін атқарды. Е-нің алғашқы шығармалары баспасөз бетінде 1940 жылдан бастап жарық көрді. Ол поэзия, проза, драматургия, кинодраматургия саласында жемісті еңбек етті. Алғашында ақын («Сұлтан», «Айша» дастандары, 1945) ретінде танылды. 20 ғ-дың 60-жылдары проза жанрына қалам тарта бастады. Жазушы қазақ әдебиетінде роман жанрын дамытуға, әсіресе, тарихи тақырыпты игеруге елеулі үлес қосты. «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971), «Жанталас» (1973) романдары, «Көшпенділер» (1976) мен «Алтын Орда» (1982, 1983) трилогиялары жарияланды. Тарихи тақырыпқа арналған «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» трилогияларында қазақ халқының басынан өткен елеулі тарихи кезеңдер қамтылады. Трилогияда 15–19 ғ-лардағы қазақ халқының өмірі тарихи нақтылықпен әрі үлкен

суреткерлік шеберлікпен көрсетілген. Жазушының «Айқас» (1966; Қазақ КСР Мемл. сыйл., 1968), «Қатерлі өткел» (1967) романдары – қазақ ұлттық интеллигенциясының қалыптасу жолындағы күрделі әлеум. және рухани құбылыстарды суреттеген патриоттық рухтағы шығармалар. Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресін, Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілісін алғаш рет ұлттық көзқарас тұрғысынан шынайы суреттеген «Қаһар» романы ұлттық сананы оятып, қоғамда рухани қозғалыс тудырған, әдебиеттегі елеулі құбылыс болды. Е-нің шығармалары көптеген тілдерге (орыс, украин, латыш, литва, өзбек, алтай, башқұрт, қарақалпақ, болгар, венгр, поляк, ағылшын, француз, қытай, неміс, араб, испан) аударылып жарияланды. Олардың ішінде «Көшпенділер» трилогиясы, т.б. бар. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдермен марапатталған. Атбасар қ-ндағы, Алматыдағы мектептерге, көшелерге Е-нің есімі берілген.

Әдеб.: Ті л е п о в Ж., Есенберлин романдарындағы конфликт мәселелері, А., 1969; Б е р д і б а е в Р., Тарихи роман мәселелері, А., 1978; А л ы с б а е в Қ., Тарихи шығарма: таным және көркемдік, А., 1999.

Т.Жұртбай

ЕСЕНБИКЕ – 18 ғ-да өмір сүрген Қаратай батырдың қызы, Олжабай батырдың шешесі. Е. кішкентайынан Айдабол бидің бәйбішесінен туған кенже ұлы Кенжеқозыға атастырылған. Алайда Кенжеқозы жастай өліп, Е. Айдабол бидің бәйбішеден туған екінші ұлы Малқозының баласы Толыбайға (басқа құжаттарда Төлебайға) ұзатылады. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің дерегі бойынша, Толыбай кедей адам болған. Ал Ә.Х. Марғұланнның жазуынша, Толыбай 1723 ж. жоңғар шапқыншылығы кезінде оққа ұшып, Е. баласы Олжабайды Қаратай батырдың тәрбиесіне беріпті. Аңыз бойынша, Олжабай батыр ең алғаш рет сол нағашы атасы Қаратай батырдың туын ұстап, ұрысқа кіреді. Ел аузында есімінің сақталуына қарағанда, Е. Олжабайдың батыр болып қалыптасуына көп әсерін тигізген.

Әдеб.: Қазақ тарихи жырларының мәселелері, А., 1979; М ә ш һ ү р Ж ү с і п К ө п е й ұ л ы, «Олжабай батыр», «Абылай хан». Тарихи жырлар, 1-т., А., 1993.

Ұ.Доспанбеті

«ЕСЕНКЕЛДІ» – тарихи дастан. Абылай заманындағы күрделі оқиғаларды тарихи шындықпен көрсететін шығарма. Дастан кейіпкері Есенкелді 18 ғ-да, өмір сүрген, әділеттілігімен ел құрметіне бөленген би. Мұнда басқа дастандарда айтылмайтын Абылайдың саяси қайраткерлігі қамтылған. Дастан Ұлытауда үлкен бір мәселенің талқыға салына-



тынынан хабардар етеді. Дастандағы Үш жүз басшыларының жазда Ұлытауда жиналып, тасқа қашап таңба салуы, оның халық аузында «Тасқа басқан таңба» аталуы да – Абылай заманының шындығы. Үш жүздің игі жақсыларының ұлар етін жеп, бір-біріне қас қылмауды серттесуі – Қазақ Ордасының береке-бірлігінің нығайған кезімен сәйкеседі. «Ұлытауға бардың ба, ұлар етін жедің бе?» деген накылдың осы ұлы жиынан қалғаны айқындалады. Кеңесте елді жаудан қорғаудың жоспары жасалып, оны көпшіліктің бірауыздан мақұлдауы, қалмақ жағының одан секем алуы – қазақ пен қытай арасындағы бітім жайлы әңгіме қозғалғанын аңғартады. «Қазақтың Үш жүз болып жиылғанын, Ханы естіп жоңғарлардың жөн тартады... Мақсаты ата жаумен бір айқасу – Кеңестің негізгі бір тиегі еді». Бұл – екі халық тағдырының шешуші кезеңі. Тарихи дерекке қарағанда, 1755 жылғы жоңғарды жуасыту, тыныштандыру алдындағы алқалы кеңес болғанға ұқсайды. «Тіресу кезеңіне жеттік, міне» деген сөздің өзі ақтық шайқасты білдіреді. Дастанда Абылай – осы жорықтың негізгі ұйымдастырушысы, шешуші ұрыстың тізгінін ұстаған бас қолбасшы. «Тағы да қарап жатпай хан Абылай, Керекті бұл соғысқа қол жинады. Өзіне ақыл қосып, ес қатағын, Ішінен әр рудың топ жинады. Ту тігіп, тұлпар мініп, әскер бастап, Атақты әр рудан ер жинады». Дастанда Абылай қазақ батырларын жеңіске жігерлендіруші, рухтандырушы бейнесінде танылады. Қалмақ қамалына екі жақтан атойлап кіруді ұйғарып, ұрыс тізгінін Қабанбайға береді. Сөйтіп, «қазақ жеңіп, қалмақты алған» ұрыста әдіс-айла, батырлығымен қамал бұзған Қабанбайға Абылай ықылас танытады. Қабанбайға «хан» атағын береді. («Қабанбай хандай болып ардақталды, Абылай Қабанбайды «хан» деп қакты»). Дастанда Абылай хан Қытайға елшілікке барды делінеді. Абылай бұл елшілікке өжет те өткір, от ауызды, орақ тілді, қабілетті адамдарды таңдаған. Осы қатарда Есенкелді би мен Төбет бидің болғаны мақтан етіледі. Ө.Тарақ «Есенкелді» дастаны және Абылай дәуірінің елеулі кезеңдері» атты зерттеу еңбегінде Есенкелді бидің ел қорғаудағы елеулі үлесін, ақыл-парасатын нақты фактілерге сүйеніп, ол туралы дастанның мазмұнын Абылай дәуірінің елеулі кезеңдермен бірлікте қарастырған.

Әдеб.: «Шалқар», 1997 ж. 7 наурыз.

Ғ.Елеу, Ғ.Мұхаметжан

ЕСЕТ Көкіұлы, Т а м а Е с е т (шамамен 1667–1749) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресі тарихындағы белгілі батыр, қолбасшы. Кіші жүздің жетіру

тайпасының тама руынан шыққан. Абылай хан заманында өмір сүрген. Тарихи деректерге қарағанда Кіші жүздің жетіруын билеген. Жоңғарлар мен қалмақтарға қарсы көптеген шайқастарда (Бұланты-Білеуті, Аңырақай шайқастары, т.б.) қазақ жасағын басқарушылардың бірі болған. 1731 ж. 10 қазанда Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүз өкілдерімен бірге патша үкіметіне ант берді. 1740 ж. Орынборда Орта жүз бен Кіші жүз өкілдерінің Орынбор комиссиясының бастығы В.В.Урусовпен жүргізген келіссөздеріне қатысып, патша үкіметіне екінші рет ант берді. Осы келіссөздердің барысында ол қазақ-орыс қарым-қатынастары туралы талқыланған барлық мәселелерге ат салысты. Еділ қалмақтарына қарсы күрестегі қызметі үшін патша үкіметі Е. батырға 1743 ж. тархан атағын берген.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Ә.Сарай

ЕСКЕЛДІ БИ Жылгелдіұлы (шамамен 1695, Алматы обл. Іле мен Қаратал өз. аралығы – 1770) – би, шешен, қолбасшы, Төле бидің Ұлан-бике атты қызынан туған жиен немересі. Абылай хан дәуірінде өмір сүрген. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының сиыршы руынан шыққан. Е. б. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Тұрлымбет Бекенұлы, Жайнақ, Тәттібай мерген, Малтабар, Құлжан сияқты батырларды өз маңына жинап, жоңғар шапқыншылығына қарсы қанды шайқастарда қаһармандық көрсетті. Кейін Е. б. бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Аягөз, Таскескен мен қазіргі Текелі қ-нан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қызқұлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосты. Е. б-дің Абылай ханның сенімді серігі болғаны жайында да аңыздар сақталған. Соның бірі – Е. б-дің қалмақ ханы Қалдан Серенмен келіссөз жүргізуге барып, соңында «судың түбін шым бекітеді, даудың түбін қыз бекітеді» деп, хан қызын Е. б-ге бергендігі туралы аңыз. Бірақ Е. б. «Ата салтты санасыз бұзады. Тон жағасыз, ел ағасыз болмас» деп, жолын Абылай ханға берген екен. Халық арасында «Ескелді би айтты» деген ұлағатты сөздер кең таралып, ол жөнінде Бақтыбай Жолбарысұлы, Сара Тастанбекқызы, т.б. жыр жолдарын арнаған. Алматы обл.-ның Талдықорған ауд. 1929 жылға дейін «Ескелді би» ауданы аталып, 2000 ж. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бұл атау қалпына келтірілді. Е. б. туралы жазушы Ұ.Доспанбеті «Қызыл жолбарыс» атты 2 томдық тарихи роман жазған.

Ұ.Доспанбеті, Ә.Ғалымбаева

ЕСКЕНДІР СҰЛТАН ЕЛШІЛІГІ – Барак сұлтанның бодандық жөнінде Санкт-Петербургке 1745 ж. жіберген елшілігі. Белгілі мемлекет қайраткері, ел аузында «көкжал» деп аталып кеткен Барак сұлтан ұзақ уақыт Ресей империясына бағынған жоқ. Сол кездегі Орынбор губернаторы И.И.Неплюев осындай жағдайға байланысты Бараққа қарсы өте қатаң және жауыздық саясат жүргізді. Сол әрекеттердің қысымымен Барак сұлтан Ресей империясының ресми мұрагері Петр Федоровичке өзінің жақыны Ескендір сұлтанды, оған қоса Байымбет, Тілеуімбет, Жиан деген қазақтарды (барлығы 5 адам) елшілікке жібереді. Елшілік империя астанасы Санкт-Петербургте 1747 жылдың көктеміне дейін болады, нәтижесінде Барак сұлтан және оған қарасты рулар Ресей бодандығына қабылданды. Барак сұлтанға грамота және сыйлықтар тапсырылды. Елшілік 1747 ж. наурызда қайта оралды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Е.Уәлиханов

ЕСПЕМБЕТ БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – қазақ батыры. Батырдың есімі халықтық аңыздарда ғана емес, тарихшылар Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түқиянымнан өзіме шейін» және Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса» атты еңбектерінде кездеседі. Қ.Халид аталған еңбегінде: «Абылай ханның дәуірінде батыр және әскербасы болып келген адамдар: Қаракерей Қабанбай батыр, Ақтамберді батыр, Еспембет батыр, Керей Жәнібек батыр, Бура Ақпантай, Қанжыға-лы Бөгембай батыр, Бәсентин Малайсары батыр және...» (117-б) деп, Е. б-ды қазақтың әйгілі қолбасшылары қатарында атайды. Бұқар жырау Еспембетке: «Асылдан шыққан Еспембет, Қалмақтың жолын кескен көп» деген жыр жолын арнайды. Кәрібай ақын да Еспембет батырдың ерлік істерін асқақтата жырлайды. Дулат Бабатайұлы «Еспембет» дастанын дүниеге келтірді. Дулат дастанында батыр бейнесі: «Ер Еспембет көшелі Ерекше ер деседі. Тіл біткеннің шешені, Топта бермес есені. Үлгі айтса – көшелі, жауға шапса – көсемі» деп сипатталады. Дулат Бабатайұлы Еспембеттің шыққан тегінен толық мәлімет береді («Бәйбішесі Сыбанның Жарасқұл деген атадан, Нағашысы Уақта Ер Қосайдай ер өткен, Жетім қалып Еспембет, Қолында соның ер жеткен...»). Халық аңыздарында Еспембеттің зағы Найман, руы Қаракерей, одан бергісі – Сыбан. Үнемі Қабанбай батыр қолында жорыққа аттанатын айтулы батырлардың бірі болған. Ел аузындағы аңыздарда да, Кәрібай

ақын өлеңдерінде де Еспембет Қабанбай сарбаздарының бірі етіп суреттеледі.

Ғ.Серғазыұлы

«ЕСПЕМБЕТ БАТЫРДЫҢ АДАҚ АТАНУЫ МЕН МАРЖАН ҚЫЗ» – аңыз-әңгіме. Аңыз бойынша, Шаған шайқасында қалмақ жағынан қолға түскен аса сұлу бір қызды жасырақ батырлардың барлығы алғысы келеді. Мұны сезген Абылай хан батырларға мынадай кеңес беріпті: «– Мына қызға бола ренжісіп қалмаңдар. Ер олжаға таласса, жау жеңіске жетеді, бұл – бабамыз қазақ хандарынан қалған тәжірибе, сабақ. Енді біз ерікті осы қыздың өзіне берелік, кімді ұнатса, соған барсын, басқамыз кеңшілік етелік». Хан жарлығын ұққан қыз былай депті: «...Бірінші, дәмелі батырларыңыз басымдағы жаулығымды бір ағашқа байлап, анау биік тастың басына тіктеп қойып, соны садақпен атып түсірсін, өзім сол тастың басында тұрамын, егер кім атып түсірсе, соған жар болуға ырзамын...». Бұл талабы орындалмаған қыз екінші талабын қояды. «Көлдiң жағасындағы бiр төбеге шығып, дәмелi жiгiттер бiрiн-бiрi арқалап, қайсысы бұрын менiң қасыма жетсе, соған жар болуға разымын» деп, судың иiрiм тұсына келiп тұрыпты. Бұл жолы да ешкiм дара озып шықпай, қыз үшiншi талабын қояды: «Сiздердiң мергендiктерiнiздi сынадым. Ендi ақылдарыңызды сынап көрейiн» деп, өз басынан өткендерiн кептердiң әңгiмесi етiп бейнелеп айтады. Бұл жұмбақты да ешкiм шеше алмағанын көрген Қабанбай батыр жан-жағына қараса, Еспембет батыр шеткерек тұр екен. «Сен неге қатыспадың?» – дейдi оған. Еспембет: «Мен жаңарақта келiп, қызықтап тұр едiм» дейдi. Қабанбай оны «кел, қатыс» деп көндiрген соң, Еспембет «Мен осы бәсекенiң екi түрлiсiне қатысайын» дейдi де, садағын керiп, Жебесiн қадап, тартып қалғанда оғы орамалды қыран iлген қаздай жалп егкiзiп ұшырып түсiрiптi. Еспембет қыздың жұмбағын былай шешедi. «Бұл қыз, – дептi ол, – бiр адамның үш баласының бiрi екен. Ауылын жау шапқан бiр жолы қызды өз елiнiң бiр батыры құтқарыпты да, осы қызбен уәде байласып, қосылу үшiн осы орамалды берген көрiнедi. Сол аралықта бiздiң адамдардың қолына түскен сияқты. Оның үстiне бұл қыз махаббат қадiрiн өмiрiнен жоғары қоятын шынайы адал адам екен. Егер бiрiншi ретте жебе орамалға тисе, онда тастан ұшып өлу үшiн ең биік тасқа шыққан екен. Екiншi жолы батырлардың бiрi бiрiншi болып төбеге шықса, онда шыңырау суға түспек екен. Мен басында осыны сезiнiп, қатынаспадым. Ендi сынақ бойынша бұл қызды мен алсам нәпсiге iлесiп, осынша сүйiспеншiлiк байлаған адам-



ды қорлауым болар. Хан алдында қараның билік айтуына жол жоқ. Ендігі билікті тақсыр Хан-кең өзі айтсын», – дейді. Сонда Абылай хан мынадай билік айтқан екен: «Еспембеттің мергендігіне, ерлігіне, кең ойлы кемеңгерлігіне, нәпсіге жол бермеген мәрттігіне разы болып, оның тілегі бойынша қызға кешірім етіп, талабын орындалық. Барлық жас батырларымыз Еспембеттей әрі шешен, әрі кешірімді, әрі мәрт болсын. Қызды босаталық. Бір таңдаулы атқа мінгізіп, азық-түлігін толықтап, үш адам Шағандағы Ақпантайға жеткізіп салсын», – дейді. Хан билігі орындалып, Назым батыр бастап, қызды Ақпантай батырға тапсырып беріп қайтады. Бірақ қыздың есімін сұрамай қалады. Сонда Назым батыр: «Қыздың мінезі, көркі, істеген ісі тізген маржандай екен. Маржан қыз болсын» депті. Сол жиында алқа топтың ортасында тұрған Қазыбек би ханға, халыққа қарап: «Бұл да артқа белгі болсын. Еспембеттің мергендігіне, ерлігіне, қайраты мен қайласына, ақыл-ойының озықтығына қарап бір атақ берілсе, осының бәрі біздің жеңісімізге қосылған тың үлес емес пе. Еспембет мергендікте екі рет ағалады, біріншісі, қысылтаянда Ақпантайды құтқарды, екіншісі, Оқжетпеске ілінген қыздың ормалын сонша биіктен атып түсіріп, ағалап алуға шықты. Үшіншісі, қыздың айтқан астарлы сөзін дөп басып шешіп, қыздың өзін мойындатты. Әрі қыз туралы дұрыс шешім жасады. Сөйтіп, өшпес еңбек көрсетіп, артқыға үлгі боларлық із қалдырды. Біздің қазақ озғанға өрелі орын береді ғой. Сондықтан бұл жігітке «Адақ» деп ат берелік. Барлық жастарымыз Адақша алға ұмтылсын, Адақша үздік қара болып шығатын, Адақша табандылық көрсететін болсын. Тапқырлығы өзінікі, пайдасы мен даңқы қазақ халқынікі емес пе?» дегенде, хан барлық ақылшыларымен қосылып, жиындағы қалың топ құптап, Еспембетке «Адақ» деген ардақты атақ беріліп, сонан мәңгілік есім болып қалыпты. Кейін Бұқар жыраудың сұрауымен Байғозы ақын Маржан қыз оқиғасына арнап ән шығарады... С.Сейфуллин «Көкшетау» поэмасында осы аңыздың сюжетін пайдаланған.

Әдеб.: Қаракерей Қабанбай. А., 1991, 143–146-б.

З.Сәнік, Б.Садыхан, Ф.Серғазыұлы

ЕСТИРТУ – қазаға ұшыраған адамның қайғылы хабарын оның жақын туыстарына хабарлау рәсімі. Ауыр қаза, қайғылы оқиғаны жанашырларына, ел-жұртына өлеңмен Е. дәстүрі қазақ халқында ертеден бар. Ардақты азаматы не батырбағланы өлген үйдің жанкүйер жақын, туыстарын азалы хабарға дайындап, әзірлеп алу үшін Е., көбінесе, «Аққу ұшып көлге кетті, сұңқар ұшып шөлге кетті, ол адасып кеткен жоқ, әркім

барар жерге кетті» деген сияқты салыстырулар түрінде болған. Мыс., Байшуақ өлгенде бала-сы Байғараға Избасты шешен келіп: «Алып арыстан құласа, жан беруші бар ма екен. Аққан дария құрыса, су беруші бар ма екен» деп естіртеді. Осы секілді Үмбетей жырау да Бөгембай батырдың өлімін өлеңмен (мыс., «Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естірту») естіртіп, оның жау шебіне жалғыз шапқан ерлігін баян дайды. Е. кейде күңіренген күй сазымен де орындалатын болған. Бұған Жошының аң алуап жүріп өлген ұлының өлімін оған күймен Е-і дәлел. «Ақсақ құлан» күйі осылай туған. Е-дің соңы көңіл айтып, қайғылы хабарға ортақтасып, жұбатуға ауысады.

Б.Вахатов

ЕСІЛ – Ертіс өз-нің сол жақ саласы. Қазақстанның Қарағанды, Ақмола, Солт. Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерінен өтеді. Жалпы ұз. 2450 км, су жиналатын алабы 177 мың км². Қазақстан жеріндегі ұз. 1607 км. Сарыарқаның солт. бөлігіндегі Нияз тауының батыс беткейінен басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим с. тұсында Ертіс өз-не құяды. Көкшетау қыратын батыс жағынан айнала ағып, үлкен иін жасайды, осы тұста өзеннің арнасында шоңғалдар кездеседі. Одан әрі өзен Батыс Сібір жазығына шығып, Есіл жазығындағы кең жайылмамен (ені 5–8 км), төм. ағысында батпақты (Имгыт батпағы) жерлермен ағады. Басты салалары: оң жағынан – Қалқұтан, Жабай, Аққанбұрлық, Иманбұрлық, сол жағынан – Терісаққан. Е. қар және жер асты суымен толығады. Қарашаның басында қатып, сәуір – мамырда мұзы ериді. Е. елді мекендерді сумен қамтамасыз етуге, жер суғаруға кеңінен пайдаланылады. Өзенде ақбалық, нәлім, мөңке, аққайран, шортан, алабұға бар. Абылай сұлтаннның жазғы жайлауы Е. өз-нің жағалауында. Жалпы бұл өзен Абылайдың өмірімен тығыз байланысты болған. Е. өз-ні бойында Астана, Есіл, Петропавл, т.б. қ-лары орналасқан.

С.Әбдірахманов

ЕСІЛ ШЕБІ – Қазақ даласына ішкерілей ену үшін Ресей империясының 18 ғ-дың басында салған бекіністері. Ресей тарихында «ескі» және «жаңа» Е. ш. болып екіге бөлінеді. Петр І 1708 ж. Ресейді тұңғыш рет губ-ларға бөлді. Губ-лардың жер аумағы жағынан ең үлкені – Сібір губ. болды. Ол батысы мен шығысында Орал қыраттарынан Тынық мұхитқа дейін созылып, солт. Мұзды мұхитқа, оңт-гі 1711 ж. жасалған Ертіс жағасындағы Большерецк (қазіргі Омбы қ-ның солт. жағында 200 шақырымдай жерде) – Абатск – Қашқарағай – Омут – Мамай елді мекендері арқылы батысқа қарай белгілен-

ген шепке тіреледі. Бұл екінші жағынан, Қазақ хандығының солт. шекарасы болатын. Осы шеп 1745 ж. кей тұсында 200, кей тұсында 50 шақырым оңт-ке қарай жылжытылып, 73 күзет орны арқылы шығысында Ертіс, батысында Орынбор шептерімен жалғастырылды да, бұдан былай, 1711 ж. белгіленген шеп ескі Е. ш., соңғысы жаңа Е. ш. деп аталды. 1752 ж. Есілдің Қызылжар деп аталатын тұсына жаңа Е. ш-нің («Горькая линия» деп те аталды) бас қамалы салына бастап, оған православие дінінің әулиелері Петр мен Павел есімдері қойылып Петропавл деп аталған.

Қ.Исабай

ЕСІМ (1739/44–27.3.1797) – Кіші жүз ханы (17.9.1795 – 27.3.1797), Нұралы ханның үлкен баласы, Ерәлі ханның мұрагері, Әбілқайыр ханның немересі. Шешесі Орта жүз ханы Күшіктің қызы. Алғашында Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының бір руын басқарған. 1795 ж. күзде Орынбор ген.-губернаторы С.К. Вязмитиновтың қолдауымен хан болып сайланды. Е. іс жүзінде Орынбор шекарасына дейінгі Жайық өңірінің далалық жерін қоныстанған жетірудің бір бөлігі мен байұлының кейбір руларына ғана билік жүргізді. Е-дің хан сайлауға байбақты руының старшыны, батыр Сырым Датұлы мен оны жақтаушы Кіші жүздің басқа да старшындары қарсылық білдіреді. Бұған себеп: 1788 ж. Е. Сырым батырды Ерәлі ханға ұстап беріп, ол бір жыл қамауда болады. 1794 ж. Сырымның үзенгілес серігі, есентемір руының старшыны Мыңбай қамауға алынғаннан кейін Сырым батыр бастаған старшындар тобының Е-ге қарсы наразылығы күшейе түседі. 1799 ж. 27 наурызда Е. кердері Тілеп Қорбасұлы, шекті Өтеғұл, кете Қосбаймырза, шөмекей Баймырза, алаша Шолақ, т.б. старшындардың қолынан қаза табады. Ханның туған-туыстары Жайықтың арғы жағына қашып, Орал қ-н паналайды. Е. қалмақ бекінісіне карама-қарсы Орал қ. маңындағы далада жерленген. Е-нің 9 ұлы болған.

Әдеб.: Орлов А., Об избрании хана Ишима ханом Киргиз-кайсацкой орды в 1798 г. // Оренбургские губернские ведомости, 1889, № 11; Рязанов А. Ф., Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797–1838) // Труды общества изучения Казахстана (Киргизского края). Отдел истории и этнографии, т. 7, в. 2, Кызыл-Орда, 1926; Вяткин М. П., Батыр Сырым, А., 1998; Ерофеева И. В., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – сер. XIX вв. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997; Касымбаев Ж. К., Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.), А., 1999.

И.Ерофеева

ЕСІМ (18 ғ.) – Абылайдың алтыншы ұлы. Ол Абылай ханның Сағындық-Шуақбай атты қарақалпақ бегінің қызы Сайман ханымнан туған баласы. қ. *Абылай хан әулеті*.

ЕСІМ (т.ж.б. – 1798) – Тәуке ханның немересі, Сәмеке ханның кенже ұлы. 18 ғ-дың ортасында Әбілмәмбет ханмен билікке таласып, Түркістан маңайындағы көшпелі ұлысқа хан сайланған. 1758 ж. Әбілмәмбет ханды Түркістаннан кетуге мәжбүр еткен. 1768 ж. көктемде Қаз дауысты Қазыбек би мен Абылай сұлтан Әбілмәмбетті Е-мен татуластырып, Түркістан қ-н екеуіне бөліп берген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005; Ташыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ЕСІМ ХАН, Еңсегей бойлы ер Есім (т.ж.б. – 1645) – Қазақ хандығының ханы (1598–1645), Шығай сұлтанның ұлы. Қазақ хандығының астанасы Түркістан қ-нда тұрып, билік жүргізген. Сұлтан кезінде-ақ ағасы Тәуекел ханмен бірге Түркістаннан Самарқанға дейінгі жерді Қазақ хандығы құрамына қосқан. 20 мың әскерімен өзі Самарқанда қалып, ағасы Тәуекел 80 мыңдай әскермен Бұхараға аттанды. Бірақ жеңіске жете алмады. 1598 ж. Тәуекел қайтыс болған соң, хан тағына отырды. 1599 ж. Бұхар хандығымен шарт жасасып, Ташкент қ. мен оның айналасын Қазақ хандығына қосып алды. Осыдан бастап Ташкент екі ғасыр бойы Қазақ хандығы билігінде болды. 17 ғ-дың басында Ташкентті билеуші Тұрсын мен Е. х. арасында билік үшін күрес шиеленісе түсті. Тұрсыннан жеңілген Е. х. Шығыс Түркістан билеушісі Абд әр-Рахымның ордасына кетеді. Кейбір зерттеулерде Е. х. Шығыс Түркістанға Абд әр-Рахым ханның тілегі бойынша барған деп көрсетіледі. Абд әр-Рахым ханның қызы Падшаһ аруға үйленеді. Абд әр-Рахым Е. х-ның ағасы (кейбір деректерде інісі) Күшік сұлтанның қызын алады. Бұл кезде Шығыс Түркістан хандығының ішкі саяси жағдайы шиеленісіп, өзара талас-тартыстар күшейген еді. Е. х. Абд әр-Рахым ханмен біріге отырып, Шығыс Түркістандағы көптеген қалаларды қайтадан хан билігіне бағындырады. Сөйтіп, Шығыс Түркістан хандығының Абд әр-Рахым хан төңірегіне топтасуына жәрдемдеседі. Осы тұста билікке таласқан өз ағаларынан қуғын көріп, қашып жүрген Әбілғазы Баһадүр хан Е. х-ды паналап, оның қолында үш айдай тұрады (қ. Әбілғазы Баһадүр хан). Шығыс Түркістан хандығына арқа сүйеген Е. х. 1628 ж. Тұрсынды өлтіріп, Қазақ хандығының билігін қайтадан толық өз қолына алып, бір орт-қа бағынған ірі мемлекет құрды. Е. х. ойрат қалмақтарымен

ЕСІМ ХАННЫҢ



күресте ерлік пен батылдықтың өнегесін көрсетіп, «Еңсегей бойлы ер Есім» атанады. Е. х-ның қалмақтар мен Тұрсынға қарсы күресінде Қарасай, Алатау, Жалаңтөс, Жарылқамыс, Сүлеймен, Маянбай, Жиёмбет, т.б. батырлар ерлігімен көзге түсті. Жиёмбеттің «Уа, Еңсегей бойлы Ер Есім» деп басталатын жыры осы кезеңде туған. Қалмақтарға қарсы күресте Е. х. Батыс Қазақстан жеріндегі ноғайлармен арадағы қарым-қатынасты күшейтті. Е. х. қазақ-қырғыз ынтымағын орнатуға күш салды. Е. х-ға арнап қырғыз жеріндегі Кеңсай шатқалында ескерткіш салынса, Е. х. Ташкентте қырғыз Көкім биге күмбез орнатқан. Е. х. билік еткен тұста Қазақ хандығының әскери қуаты күшейіп, 300 – 400 мыңға дейін атты әскер шығара алған. Ал бұл кезде көршілес үлкен мемлекеттер Иран 50–60 мың, Ресей 70–80 мың, Қытай 100 мыңдай ғана атты әскер шығарған. Е. х. Жетісу жеріндегі Қазақ хандығының ықпалын күшейту мақсатында Шығыс Түркістанмен саяси байланысын жақсартты. Ел билеудегі жол-жобалар мен әдет-ғұрыптар туралы ережелер жинағы – «Есім ханның ескі жолы» қазақ елінде 19–20 ғ-лар ортасына дейін сақталып, қызмет етті. Ресей деректерінде Е. х-ның тұсында қазақ халқы арасындағы жеті атаға дейін некеге тұрмау тәртібі заңдастырылғаны туралы айтылады. Е. х. қазақ халқының ата салтының сақталуына шешуші мән берді. Қазақ хандығының бірлігін нығайтып, шекарасын кеңейтуге үлкен үлес қосты. Е. х. Түркістанда жерленген, қабірінің басына кесене орнатылған.

Әдеб.: Материалы по истории казахских ханств, А.-А., 1969; Султано в Т., Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. Вопросы этнической и социальной истории, М., 1982; В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч., т. 2, А.-А., 1985; М о и с е е в В., Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Ж о л д а с б а е в С., Жетісу тарихы (Палеоэтнологиялық зерттеу), А., 1996.

М.Мырзахметов, С.Жолдасбайұлы
«ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ» – дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының

жиынтығы. Оның негізі Қасым хан (1511–23) тұсында сұрыпталған. (қ. *Қасым ханның қасқа жолы*). Бастапқы кезде әскери-жарғылық сипатта жасалған бұл жосындарды Есім хан өзгеріссіз пайдаланып, халық арасында жаппай қолдануға тырысқан. Есім хан билігі тұсында күнделікті көшпелі тұрмыстағы даулы мәселелерді шешуде, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарда «ата-баба жолы» басшылыққа алынды. Есім хан ғасырлар бойы сұрыпталып, орныққан осынау жол-жоралғы, әдет-ғұрып жосындарын өз заманының әскери-саяси және әлеум. қажеттіліктеріне орай жетілдіріп жүйеледі. Оны халық «Есім ханның ескі жолы» деп атаған. Дау шешіп, төрелік айту құзыретін иеленген билеушілердің оны білуі міндетті саналған.

ЕСІРКЕП Жаманқараұлы (1696–1764) – қазақ-жоңғар және қазақ-қоқан соғысына қатысқан батыр. Абылай хан заманында өмір сүрген. Қазығұрт тауының өңірінде туып, сол жерде жау қолынан қаза тапқан. Ұлы жүз құрамындағы сіргелі руының байжігіт атасынан шыққан. Анасының есімі – Ақторғын. Ел аузында Е. батырдың Төле биден бата алғандығы туралы аңыз сақталған. Е-ті батырлыққа, бес қаруды жете меңгеруге, ат үстіндегі шайқасқа Тоғанас батыр баулыған. Сіргелі қолын бастаған Ер Тоғанас қаза тапқанда (1723), Е. батыр сіргелілердің қолбасшысы болып сайланады. Бөгембай батырдың қол астында мыңбасы болған Е. Түркістанды қорғауға (1724–25), Ордабасыдағы құрылтайға (1726), Қалмаққырылған (1728), Аңырақай шайқасы және т.б. үлкен шайқастарға қатысқаны туралы деректер сақталған. Оның есімімен бірге Елшібек, Қойгелді, Саңырақ, Қасқара, т.б. батырлардың аттары аталады. Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Ағыбет а-нда Е-ке ескерткіш орнатылып (1999), орта мектепке аты берілген. Денесі Қожа Ахмет Иасауи кесенесі жанындағы Кіші ақсарайға жерленген. Құлпыгасы сол жерде.

Б.Қалаубаев

Ж

ЖАБАЙ Қарабиұлы (шамамен 1697, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Қарағайлы к. жағалауы – 18 ғ-дың 70-жылдары, сонда) – батыр. Абылай дәуірінде өмір сүрген. Орта жүз құрамындағы керей тайпасының ашамайлы руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығына қарсы ұрыстарға қатысып, ерлігімен көзге түскен. Ж. батыр туралы Дәстем салдың «Қаһармандар» дастанында айтылады. Оның ерліктерін Бұқар жырау, Үмбетей, Жанкісі, Тәтіғара, Көтеш, Шал ақындар жырлаған. Ж. батырдың Тоқсан, Сексен, Мыңжасар есімді ұлдарынан тараған ұрпақтар бүгіндері Ресейге қарасты Түмен обл. мен Солт. Қазақстан аумағында тұрады.

Әдеб.: Мағауин М., Алдаспан, А., 1971; Әбуғалиев Н., Сергісери, А., 1991; соныкі, Ордабасы Қожаберген, А., 1995.

Қ.Бигожаұлы

«ЖАЗУШЫ» – Қазақстандағы, негізінен, көркем әдеби шығармаларды басып шығаруға маманданған баспа. Қазақ мемл. баспасының жастар мен балалар әдебиеті, көркем әдебиет бөлімдері негізінде 1933 ж. Қазақ көркем әдебиет баспасы құрылып, ол Қазақстан Жазушылар одағына бағынды. Баспаның тұңғыш директоры Ғ.М. Мүсірепов болды. 1941 ж. 26 қаңтарда республикадағы барлық кітап баспалары қайта біріктіріліп, Қазақ біріккен мемл. баспасы атанғанда, аталған баспа да соның құрамына кірді. 1950 ж. қаңтарда Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасы қайта бөлініп, ол Қазақстан Мәдениет министрлігіне беріледі. 1964 ж. «Жазушы» баспасы аталып, Қазақстан Мин. Кеңесінің Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тіне бағындырылды. «Жалын» альманағы алғашқы жылдары осы баспаның жанынан жарық көрді. «Ж». баспасы қазақ әдебиетін дамытуға, республикадағы баспа ісін өркендетуге елеулі үлес қосты. Әлем әдебиетінің алтын қорына қосылған М.О.Әуезовтің «Абай жолынан» бастап, С.Мұқанов, Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, Қ.Р.Аманжолов, Ә.К.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, І.Есенберлин, О.О.Сүлейменов, Қ.Н.Бекхожин, Ә.Кекілбаев, М.М.Мағауин, т.б. аса көрнекті қаламгерлердің алғашқы туындыларынан бастап, таң-

дамалы жинақтары, көп томдық кітаптары осы баспадан жарық көрді. Саяси қуғын-сүргінге ұшырап, көп уақыт оқырманнан қол үзіп қалған қазақ әдебиетінің арыстары А.Байтұрсыннов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Ж.Майлин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиевтердің шығармалары авторлары ақталғаннан кейін алғаш рет осы баспадан оқырман қолына тиді. Халықтың ауыз әдебиетінің асыл мұралары, жыраулық әдебиеттің үздік үлгілері, Абайдың, Жамбылдың шығармалары «Ж.» баспасынан сан рет басылып шықты. Абылай хан туралы сыр шертетін әр замандағы ақын-жыраулардың таңдаулы өлең-жырлары, дастандары және аңыз-әңгімелері топтастырылып, осы баспадан С. Дәуіттің құрастыруымен 1993 ж. «Абылай хан» жинағы жарық көрді. 1976 ж. қаңтарда «Ж.» баспасының балалар мен жастар әдебиеті Бас редакциясының негізінде жаңа әдеби баспа «Жалын» құрылды. «Ж». баспасы 1999 ж. жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылды. Директоры – Е.Раушанов.

Б.Шаханов

ЖАЙЛАУ – жазғы қоныс. Ж-ды суы мол, шөбі шүйгін, маса-сона, шыбын-шіркейі аз жерлерден таңдайды. Қазақ елінің дәстүрлі Ж-ы Сарыарқа атырабы мен орманды, желді өлкелерде, Қазақстанның солт.-батысында (Мұғалжарда), солт.-шығысында (Алтай, Сауыр және Тарбағатай өңірінде), оңт.-шығысында (Жетісу Алатауы, Іле Алатауы және Тянь-Шань тауының солт. атырабында), оңт.-нде (Қаратау алқабында) болды. Қазақстанның әр өңіріндегі Ж-ды рулы ел, қала берді жеке ата ұрпақтары пайдаланған. Халық қыстаудан Ж-ға, Ж-дан қыстауға көшіп отырды. Ж. мен қыстау малға тиімді, тіршілікке қолайлы, көшіп-қонуға ыңғайлы жерлерден таңдап алынды. Мыс., Жетісу өлкесінде қыстау Балқаш к-нің оңт.-ндегі құмды, қамысты аймақта орналасса, Ж-лардың көбісі оның солт.-ндегі таулы атырапта жатты. Қазақстан жеріндегі Ж. мен қыстау арасының қашықтығы да әр түрлі болды. Мыс., көшпелі өмір сүрген адай – табын, шөмекей – шекті, бағаналы – балталы руларының Маңғыстау түбегінен Мұғалжар тауларына, Қызылқұмнан Торғай даласына, Шу өз-нің төм. алабынан Ұлытау төңірегіне дейінгі көш жолдарының ара қашықтығы 1000 шақырымға дейін жететін. Ал Қазақстанның солт. бөлігіндегі жартылай көшпелі қауымның көш жолдары 10–20 шақырымнан 40–80 шақырымға дейін болды. Бұл төңіректегі Ж-лар құдықтар мен көлдердің айналасына орналасты. Жетісудағы Ж-лар мен қыстаулардың арасы солт.-тен оңт.-ке қарай 100–200 шақырымға жететін. Қазақстан жеріндегі Ж-лардың адамға да, малға да ең қолайлысы – тау алаптары. Солт-

ЖАЙНАҚ БАТЫР



тегі жазық даладағы Ж-ларда мал, негізінен, құдық суынан суарылатындықтан қол еңбегін көп қажет етеді. Есіл өз-нің жағалауында Абылай сұлтанның Ж-ы болған.

ЖАЙНАҚ БАТЫР (шамамен 1705, Алматы обл. Қаратал өз-нің жағалауы – 1790, сонда) – жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыстарға қатысқан батыр. Абылай ханның тұстасы. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының мырзасәбден аталығынан шыққан. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Ж. б. Іле мен Қаратал өз-дерінің аралығындағы елдің басын біріктірген Ескелді би Жылгелдіұлы, Балпық Дербісәліұлы және Қабан (Қабылиса) жырау Асанұлының қасында болған. Ж. б. жоңғарларға қарсы соғыстарда қол бастаған, елшілік қызмет те атқарған. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, көмекейі кең, дауысы аса қатты адам болған. Ж. б. осы қасиетін жауға қарсы шайқас үстінде пайдаланған. Өз замандастары Бекен Тұрлымбетұлы, Тәттібай мерген, ағайынды Малтабар, Құлжан батырлар, Дарабоз ана, т.б. адамдармен бірге Жетісу жерін басқыншы жаудан азат етуге ат салысқан. Ж. б-дың бейіті Талдықорған қ-ның маңындағы «Еңбек» а-нда.

Ү.Доспанбет

ЖАЙСАҢ, 3 а й с а н (ежелгі түркі сөзі) – орта ғасырлардағы рубасының, ауқатты әулет өкілінің лауазымы. Қазіргі қазақ тілінде «қасқа мен жайсаң» тіркесі түрінде сақталған. Ж. ұғымы ұлық, мырза атауларымен мәндес.

ЖАЙЫҚ ШЕБІ – Ресей империясының қазақ даласын отарлау үшін 1591 ж. Жайық қазақ әскерін жасақтаумен бірге құрылған әскери бекініс шебі. Жайық қазақ әскерлерінің этн. құрамы әр түрлі болды. Алғашқыда (17 ғ.) Еділден, Доннан, Теректен және басқа да батыс өңірлерден қашқан шаруалар Жайық бойына қоныстанды. Олардың құрамында христиан дінін қабылдаған қалмақтар, башқұрттар, сонымен қатар түркі, моңғол, иран тілдес халықтардың да өкілдері болды. Біртіндеп Ж. ш. бекіністерінде қоныс тепкен қазақтар Ресей мемлекетінің қарулы қолшоқпарына айналды, күшейіп келе жатқан Мәскеу үкіметінің жаулап алу соғыстарына белсене қатысты. 1629 ж. Қырым жорығына, 1677 ж. Чичиринге, 1687 ж. башқұрттарға қарсы, 1684–85 ж. тағы да Қырым хандығына қарсы, 1695–96 ж. Азов жорығына белсене қатысты. 18 ғ-да Ж. ш. бойында қоныстанған қарулы, әскери жүйеде қалыптасқан қазақтар Ресей мемлекетінің сойылын соғушы жазалаушы күшке айналды. 1708 ж. башқұрт халқының көтерілісін басуға, 1711 ж. Кубань ноғайларына, 1714–16 ж. И.Д. Бухгольцтың, 1717 ж. князь Бекович – Черкасскийдің жорықтарына ат салысты. 1742 ж. императрица Елиза-

вета Петровнаның Жайықтың оң жағына қазақтардың көшіп-қонуына, мал жаюына тыйым салуы Ж. ш. қазақтарына қолайлы болды. Жүздеген жерсізденген қазақ жанұялары осы өзеннің екі жағасына бұрынғыдан да топтаса қоныстанып, жергілікті қазақтарды байырғы иелігінен ығыстыра бастады. 1783–97 ж. Сырым Датов бастаған көтерілісті басуда Ж. ш. қазақтары басты рөл атқарды. 1811 ж. 11 наурыздағы император Павел I жарлығынан кейін Ж. ш. қазақтарының қазақтарға қысымы күшейді. Жайықтың бойындағы Магнитная, Сахарная, Мергеновская, Жайық қалашықтары қазақтардың өзеннің оң жағасына өтуіне тосқауыл болды. 1833 ж. патша өкіметі арнайы құрған қазақтар мен қазақтардың арасындағы шиеленісті шешетін комиссия ешқандай нәтиже бермеді. 1868 ж. 21 қазандағы Далалық облыстарды басқаратын «Уақытша ереже» Ж. ш-нің қазақтарды қудалауына кең жол ашты. 1885 ж. Жайық қазақтары облыс халқының 27%-ын құрады. Әрбір қазақтың үлесіне 17 десятина жер кесіліп берілді. Жайық қазақ әскерінің қарамағында 132868 жылқы, 649547 қой болды. Жайық қазақ әскері Оңт. Қазақстанды, Жетісуды жаулап алуға белсене қатысты. 1905–07 ж. Жайық қазақтары еңбекшілердің патша үкіметіне қарсы саяси көтерілулерін жаншыды. Кеңес үкіметі тұсында Жайық қазақ әскері таратылды.

Әдеб.: А б д и р о в М., История казачества Казахстана, А., 1996; *К а с ы м б а е в Ж.,* Государственные деятели казахских ханств XVIII в., т. I, А., 1999.

Ж.Қасымбаев

ЖАЙЫЛ батыр, Жайыл Қоңырбайұлы (1703/1705–1770) – қырғыздың солты руының атақты батыры, Талқан бидің немересі. Жас кезінде жетім қалып, Қосай бидің қолында тәрбиеленіп, жақсы білім алып өседі. Абылай бастаған қазақ әскерлеріне қарсы қырғыздың солты, сарбағыш, саяқ, бұғы, шоңбағыш, азық және басқа руларының қолын бастап көтеріліп, Ақсу және Қызтуған өз-дерінің Шуға құйылысының тұсында соғысқан. Бұл жөнінде ел аузында сақталған атақты «Жайыл қырғыны» деген аңызда айтылады.

Әдеб.: Қырғыз тарихы (энциклопедия), Бішкек, 2003, 173-б.

ЖАҚЫП Бауыржан Өміржанұлы (1.5.1963 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Аққора а.) – ақын, филол. ғыл. докт. (2004), проф. (2007), ҚР Мәдениет қайраткері (2006), Қазақстан Журналистика академиясының акад. (2006), ҚР Жоғары мектеп ұлттық ғыл. академиясының корр. мүшесі (2007), Семей мемл. ун-тінің құрметті проф. (2009), Халықар. Ш. Айтматов академиясының акад. (2011), ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі (2012). ҚазМУ-дың журналистика ф-тін (1985, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын Қазақ телевизия-

сының Әдеби-драмалық хабарлар бас редакциясында бастады. «Жалын» баспасында редактор қызметін атқарды. ҚазМУ-да стажер-зерттеуші (1986–88), ассистент (1988–91), оқытушы, аға оқытушы (1991–94), деканның орынбасары, кафедра меңгерушісі (1995–2001, 2008–09), журналистика ф-тінің деканы (2001–09) қызметтерін атқарды. 2009 жылдан «Қазақ энциклопедиясы» ЖШС-нің Бас директоры. «Қаныш Сәтбаев» (2011) және «Абылай хан» (2013) тұлғалық энциклопедияларының Бас редакторы. 1980 жылдан респ. баспасөз бетінде өлеңдері жарияланып келеді. «Жұлдызды шак» (1987), «Көзімнің нұры» (1990), «Айдындағы аспан» (1996), «Ақлақ» (1997), «Қолтаңба» (2001), «Уақыт ұршығы» (2004), «Қызыл кайың» (2008), «Абайдың



Б.Жақып

Қасқабұлағы» (2012), «Еліккөрген» (2013) т.б. жыр жинақтары және «Мұхтар Әуезов – публицист» (1997), «Ұлы суреткер ұлағаты» (1998), «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» (2004), «Публицистикалық шығармашылық негіздері» (2007) атты ғыл. монографиялары жарық көрген. Ж-тың бірқатар өлеңдері «Екі мың жылдық дала жыры» атты антологиялық таңдаулы жырлар кітабына (2000) енді. «Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Оның ғыл. жұмыстарының негізгі бағыты – қазақ көркем әдебиеті мен журналистикасындағы публицистика жанрының қалыптасуы, дамуы, теор. және шығарм. мәселелері. Ж. – 200-ден астам ғыл. еңбектің авторы. «Жігер» фестивалінің (1984), Қазақстан Жазушылар (1990), Қазақстан Журналистер (1998) одақтары және ҚР «Дарын» мемл. жастар (1999) сыйлықтарының және 11-Бүкіл түркі дүниесі ақындары фестивалінің (2004, Баку қ.) лауреаты, Шыңғыс Айтматовқа арналған бүкіл түркі дүниесі ақындарының 15-фестивалі (2007, Түркия, Елазығ қ.) мен Македонияда (2007, Скопье, Струга қ-лары), Қазақстанда (2011, Өскемен қ., «Шығыс шынары») өткен халықар. жыр мүшәйраларының жеңімпазы. «Күр-

мет» орденімен (2012), «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісімен (2013) марапатталған.

Шығ.: Мұхтар Әуезов – публицист, А., 1997; Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары, А., 2004; Публицистикалық шығармашылық негіздері, А., 2007.

Ғ.Жандыбаев

ЖАЛАЙЫР – қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Шежіре бойынша, Ұлы жүз құрамына енеді. Діқанбай батыр шежіресі (Н.Аристов жазып алған) бойынша, Үйсіннен – Ақсақал (абақ таңбалы), Жансақал (тарақ таңбалы) таратылады. Соңғысынан – Ж. тарайды. Басқа бір шежіреде Майқы биден тарайтын Жансақал (тарақ таңбалы) мен Ж. бір адам деп тұжырымдалады. Ждың шын аты Қабылан екен. Аңыз бойынша, жабайы құланның жалын айырып, содан Ж. атанған. Ж. сырманақ, шуманақ, бірманақ болып үшке бөлінеді. Шуманақтан – андас, мырза, қарашпан, орақты, ақбұйым (арықбұйым), қалпе, сыпатай аталары тарайды. Сырманақтан: арықтынымбайшегір, балғалы, қайшылы, күшік тарайды. Бірманақтан тек сиыршы (байбөген) тарайды. Кейбір шежірелерде бірманақтың аты аталмай, сиыршыны сырманаққа жатқызады. Осыдан келіп он екі ата Ж. атанған. Сырманақ, шуманақ атаулары Сыр мен Шу өздерінің бойын жайлағандықтан шыққан делінеді. Ал бірманақ жекедара, жалғыз дегенді білдіреді. Кейбір шежірелерде Ж-дан шыққан, бір атадан тараған арықтынымбайшегірді екі атаға бөліп, он үш ата Ж. деп аталады. Аңыз бойынша, қазіргі Қызылорда обл-ндағы Шиелі а-на таяу жердегі Оқшы ата (Мерген ата) қорымы Ж-ға кіретін орақтының арғы атасы Орақ батырдың лақап аты екен. Кейінгі ұрпақтары оны әулие санап, атын тура атамаған көрінеді. А.И. Левшиннің пайымдауына, Ж-лар 13–14 ғ-лар тоғысында әуелі Сыр өңірі, одан Қаратау бойына қоныс аударып, сонда бес ғасыр бойы көз жазып қалған сырманақ, шуманақ тобымен қайта табысады. М.Тынышбаевтың пайымдауы бойынша, Шыңғыс ханнан соң Ж-лар төрт топқа бөлінеді. Бірінші бөлігі Моңғолия, Қытайда қалды. Екінші бөлігі Жошы ұрпақтарының билігіндегі Шу бойынан төменірек мекен еткен шуманақ тобы, үшіншісі – Шыршық және Ангран қойнауындағы жалайыр ордасы немесе сырманақ аталатын топ. Төртінші бөлімі Хулагу ханмен бірге парсы еліне аттанған топ. Бүгінгі Ж-лар – Қазақстанның алып өлкесіне шашырай қоныстанған қазақтың белгілі тайпаларының бірі. Қазақ халқының құрамындағы Ж. тайпасынан Қадырғали Жалайыри, Балпық би, Ескелді би, т.б. белгілі адамдар шыққан.

Әдеб.: Рашидад-дин, Сборник летописей, т. 1, кн. 1, М.-Л., 1952; Оссон Д., От Чингисхана до Тамерлана, А., 1966; Левшин А. И., Описание киргиз-

ЖАЛАУ

казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қ а д ы р ғ а л и Ж а л а й ы р , Шежірелер жинағы, А., 1997; В а л и х а н о в Ч. Ч., Киргизское родословное. // Из истории казахов, А., 1997.

ЖАЛАУ, й а л а у – түркі халықтарының өз әскерін жау әскерінен ажырату үшін жауынгерлердің найзасына, дулығасына матадан қиып таққан арнайы белгісі. Найзаға, дулығаға жалау таққан жауынгерлер шығыс миниатюраларында жиі кездеседі. Бұл дәстүр кейіннен түркілерден орыстарға, онан әрі Еуропаға ауысып, «ялов», «яловец», «еловец» деп аталған. Еуропалықтар Ж-ды жетілдіріп, әскер түрін ажырататын түсті жиекке (погондағы, жеңдегі түсті жапсырма) айналдырып, осы күнге жеткізді. Қазақ тілінде «жалаулы найза» сөзі жорықтың, соғыстың рәмізі болған: «Жалаулы найза қолға алып, Қоңыр салқын төске алып, Жау қашыра ма екенбіз» (Ақтамберді) деген өлең жолдары осының айғағы. Алыстан жақсы көріну үшін Ж. түстері ашық қызыл, көк, сары, жасыл, ақ болып келеді. Кейде қазақтар мұндай түстегі шүберектерді жеңге де таққан. Мыс., Кенесары әскерінде мұндай айырым белгілерін (қызыл матадан тігіліп, үш қатар бау түрінде болған) жауынгерлер кеудесіне, иығына таққан. Бір елдің әскерін басқалардан ажырату үшін қолданылған Ж. кейіннен мемлекеттен мемлекетті айыратын белгіге айналып, Мемл. Ту пайда болды. Айырым белгі болғандықтан, Ж. үлкен де, кішкентай да болып жасалып, көбейтіле береді, түрлі заттарға басылады. Ал Мемл. Ту тек бір ғана дана болып, өзгертуге, көбейтуге жатпайды.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в К.С., Жараған темір қигендер, А., 1996.

«ЖАЛЫН» – журнал. 1969 ж. маусым айында «Жазушы» баспасының жанынан 2 айда бір рет шығатын әдеби, мәдени және қоғамдық-саяси альманах болып ашылды. Алғашқы жылдары көлемі 10 баспа табақ, таралымы орта есеппен 90 мың данаға жуық (1974) болды. Альманах республика жастарының дүниетаным өрісін, эстет. талғамын жетілдіруді және дарынды жас ақын, жазушыларға шығарм. қамқорлық көрсетуді мақсат етті. «Ж-да» жастар өмірін, олардың еңбегі мен өнерін бейнелейтін көркем туындылар, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, өнері мен әдебиетіне қатысты мақала, очерктер, әдеби портреттер, проблемалық және ғыл. танымдық материалдар көптеп жарияланып тұрды. «Ж» альманағы 1986 ж. өз алдына дербес журналға айналып, 1999 жылдың ортасына дейін шығып тұрды. Журналдың алғашқы бас редакторы – Ө.Қанахин. Жас ақындардың үздік шығармаларына Т.Айбергенов атынд. сыйлық беріп тұрды. 2000 ж. «Ж.» журналының негізінде «Таңшол-

пан» журналы ұйымдастырылды. «Ж.» журналында жазушы Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық драмасы (1993) және С.Сматаевтың «Абылай хан» атты прозалық шығармасы, (2010) жарық көрген.

ЖАМАНБАЕВ Базарғали Әжиұлы (9.1.1942 ж.т., Ақтөбе обл. Шалқар а.) – хормейстер, реж. Қазақстанның халық арт. (1990; 1980 жылдан Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері), проф. (1985). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) кон-



Б.Жаманбаев

серваториясын бітірген (1965). Қазақ опера және балет театрында хормейстер (1967), бас хормейстер (1968–78), театр директоры (1986–94) қызметтерін атқарған. 1967 жылдан Қазақ ұлттық консерваториясында дәріс береді. Қазір сол жоғары оқу орнының кафедра меңгерушісі. Сонымен қатар Қазақ опера және балет театрында дирижерлік қызмет атқарып, осы театрда қойылған «Абылай хан» операсының дирижері болды.

И.Әбішева

ЖАМАНҚҰЛОВ Тұңғышбай Қадырұлы, Ә л - Т а р а з и (2.10.1948 ж. т., Жамбыл обл. Байзақ ауд. Абай а.) – актер, реж., Қазақстанның халық арт. (1992; 1982 жылдан Қазақстанның еңб. сің.



Т.Жаманқұлов

арт.), проф. (1979). Алматы өнер ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) актерлік ф-тін бітірген (1973). Актерлік өнер жолын студенттік кезінен Қазақ драма театрында бастады

(1970). 1993–2001 ж. осы театрдың директоры әрі көркемдік кеңестің төрағасы болды. Ж. Қазақ драма театры сахнасында Көтібар, Сырым (М.Әуезовтің «Айман – Шолпан» мен «Қарагөзінде»), Жалмұхан (Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқтысында»), Абылай хан (Ә.Кекілбаевтың «Абылай ханында», М.Байсеркеновтің «Абылайдың ақырғы күндерінде»), кино өнерінде Тәңірберген («Қан мен тер»), Әбілқайыр («Жаушы»), Қайырхан («Отырардың күйреуі»), Құнанбай («Жас Абай») бейнелерін, т.б. сомдады. «Отырардың күйреуі» фильміндегі Қайырхан рөлі үшін ҚР Мемл. сыйл. лауреаты атанды (1992). Ж. режиссер ретінде К.Гоццидің «Турандот ханшайым», М.Ғапаровтың «Тұзды шөл», Қ.Шахмарданның «Томирис» пьесаларын сахнаға шығарды. Ж. – концерттік ұжым «Тамашаны» алғашқы ұйымдастырушылардың бірі. Ол 1974 жылдан пед. қызметпен шұғылданып, Қазақ драма театры жанындағы студияда, Алматы мемл. ун-тінде дәріс оқыды. 1979 жылдан Қазақ ұлттық өнер академиясында актерлік шеберлік бойынша сабақ беріп, жеке курс жүргізеді.

Қ.Ысқақ

ЖАМБЫЛ Жабаев (28.2.1846, Жамбыл обл. Жамбыл тауының етегінде – 22.6.1945, Алматы қ.) – қазақ ақыны, жырау, жыршы. Балалық шағы Жетісу өңірінде – осы күнгі Алматы обл-ның Жамбыл ауд-нда өткен. Анасы Ұлдан мен нағашысы Қанадан әнші, күйші өнерпаздар болған. Ж. жастайынан осындай өнерлі ортада өсіп, ер жеткен. Ол нағашысының соңына ере жүріп, қобыз, домбыра тартуды үйренеді. Сүйінбай ақынға шәкірт болып, одан бата алған, бірқатар, өлең, дастандар үйренген. Содан былай ол: «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай» деп, жырды өрбіте түскен. Ж-дың енді бір үлкен мектебі – қазақ фольклор қазынасы болды. Ол жастайынан-ақ «Қобыланды», «Алпамыс» және қырғыздың «Манас» эпосынан үзінділерді, Шығыстың «Рүстем дасанын», «Көроғлыны», «Жүсіп-Зылиханы» жатқа жырлады. Сүйінбай ұстазынан Сұраншы, Өтеген батырлар туралы аңыздарды үйренеді; сонымен қатар халық аузында сақталған Абылай хан жайындағы аңыз-әңгімелерді де естіп өседі. Ж. – көптеген ақындармен айтысып, жеңіске жеткен, халқымыздың ақындық өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан ақын. Ж-дың ақындық, айтыскерлік даңқын шығарған – Құлмамбетпен айтысы (1897). Жетісу өңірінде елді сыртқы жаулардан қорғауда даңқы шыққан батырлардың ерлік қимылын баяндайтын Ж. дастандары халық арасына кең тараған. Оларды жыршылар жаттап алып, жұрт бас қосқан жерлерде айтып жүрген. Сол дастандардың бірі – «Өтеген батыр». Оны Ж. 1876–80 ж. жырлай бас-

таған. Өтегеннің өмір тарихын, оның ерлік жолдарын Ж. ең әуелі әкесінен, кейін Сүйінбай мен Сарыбайдан естіп, ойына тоқи береді. Екінші бір күрделі дастаны – «Сұраншы батыр». Ертеде Сұраншы батыр қокандықтармен соғысып, оларды Әулиатаға қарай ығыстырады. Жиренайғыр өз-нің бойын жайлаған Шапырашты, Ысты, Дулат, Жаныс адамдары ақыннан Сұраншыны жырлауды өтінеді. Ж. сол айтылған ел талабы бойынша Сұраншы дастанын жырлап береді. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына Ж. ақын белсене қатысты. Патша жарлығына қарсы көтерілген халық бұқарасының қалың ортасында жүрді. Өзінің отгы үндеу жырларын толғады. Оның көбісі сақталмаған. Тек есте қалып,



Жамбыл Жабаев

хатқа түскені – «Патша өмірі тарылды», «Зілді бұйрық» деген өлең-толғаулары. Осы шығармаларында Құлансаз, Қарабастау жайлауындағы Қарғалы, Самсы, Ұзынағаш және Шейінпенде болған қақтығыстардан елес береді. Ж. көтерілісшілерді өлең-жырымен жігерліндірді, оның үгітшілік әрекетін сезген патша әкімдері жазаламақ болды, бірақ халық Ж-ды қорғап отырған. Ж. 1934 ж. болған Қазақстан өнер шеберлерінің тұңғыш слетінде жыр толғап, тағы бір көзге түсті. «Белсенділерге», «Батырақ кедейлерге», «Жастар алдындағы сөз» сияқты арнау, толғаулары осы тұста жырланды. 1936 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқан. «Қайта жасардым», «Туған елім», «Халықтың сәлемі», «Орден алғанда» сияқты ондаған патриотизмге толы жырлары орталық баспасөзде жарияланып, бүкіл әлемге таралды. Міне, осы тұста Ж. өзін және қазақ поэзиясының даңқын үлкен бір белеске көтерді. 1937 жылдың ая-



ғында ол Қазақстан делегациясын басқарып, Грузияға сапар шекті. Шота Руставели тойы қарсаңында «Кавказға сәлем», «Өмір жыры», «Шотаға» тәрізді жыр-толғауларын шығарды. Жасы тоқсаннан асқан, хат танымайтын қазақтың қарт жырауы сол тойға келгендерді таң-тамаша қалдырды. Қазақстан жұртшылығы 1938 ж. мамырда Ж-дың ақындық қызметіне 75 жыл толу мерекесін атап өтті. 1941–45 ж. соғыс кезінде Ж. бұрынғыдан да шабыттана жыр төкті. Оның фашизмді тезірек талқандауға шақырған патриотизмге толы «Ленинградтық өренім», «Майданға хат», «Отан өмірі», т.б. көптеген толғау, жырлары тылдан майданға жетіп, кеңес жауынгерлеріне күш-қайрат, жігер берді. Сол сияқты, тыл еңбеккерлері де ұлы ақын шығармаларынан күш-қуат алды. Майданға қару-жарақ, киім-кешек, азық-түлікті көп жіберу жолында жұмыс істеді. Ұлы жеңіске ұлы ақын жырмен үлес қосты. Ж-дың ақындық мұрасы халқымыздың рухани қазынасының алтын қорынан орын алды. 1-сайл. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты болды. Қазақстанның бір облысы, бірқатар елді мекендер мен оқу орындары және қала көшелері Ж. есімімен аталады. 1941 ж. қарт ақынға КСРО Мемл. сыйл. берілді. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Шығ.: Жамбылдың өлеңдері, А., 1937; Жамбыл жинағы, А., 1938; Сұраншы батыр, А., 1939; Болат тонды батырлар, А., 1941; Шығармаларының толық жинағы, А., 1946; 2 томдық шығармалар жинағы, А., 1982; 2 томдық шығармалар жинағы, А., 1996.

Әдеб.: Бегалин С., Тәжібаев А., Ритман – Фетисов М., Жамбылдың өмірбаяны, А., 1946; Кенжебаев Б., Жамбыл Жабаев – қазақ халқының жыршысы, А., 1955; Жыр алыбы. Жамбыл жайлы естеліктер, А., 1972; Жамбыл Жабаев. Библиографиялық көрсеткіш, А., 1982; Дастан-ата. Жамбыл туралы естеліктер, А., 1989; Жолдасбеков М., Жүз жырлаған жүрек, А., 1992; Жамбыл туралы сөз. Ақынның 150 жылдығына арналған ғылыми конференцияның материалдары, А., 1996; Садырбаев С., Жамбыл және фольклор, А., 1996; Каскабасов С., Золотая жила, ч. 2, Аст., 2000.

Н.Төреқұлов

ЖАН Құрманқожа – Кабарданың беделді князьдерінің бірі Магомед Кургокиннің қарындасы, қалмақ ханы Дондук-Омбоның тоқалы. 1741 ж. күйеуі өлгеннен кейін өзінің ұлын таққа отырғызбаққа ұмтылды. 1742 ж. баласының Ресей тұтқынында болуына байланысты Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға арызданған. 1743 ж. балаларымен Петербургке жеткізіліп, шоқындырылған, орысша Вера Дондукова атын алған. Бұл тұқым – Ресей князьдері Дондуков-Корсаков әулетінің басы.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 102-б.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ЖАНАЙ Шенейұлы (1536–1621) – батыр. Есім ханның бас қолбасшысы, шапырашты руынан. Ж. Қарасай батырдың жойқын ерлігіне сүйсініп, өзінің жасының ұлғаюына байланысты қолындағы көк байрағын оған ұсынып, қол бастауға батасын берген.

ЖАНАЙДАР Орынбайұлы (шамамен 1818, Ұлытау өңірі – 19 ғ-дың 70-жылдары) – батыр, Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі. 1837 ж. Ақмола дуанына қарайтын арғын тайпасының Қуандық, Сүйіндік, Төртуыл, Қойлыбай, Қалқаман, Темеш, Тінәлі руларының жасақшыларын бастап Кенесары әскеріне келіп қосылды. Кенесары Ақмола бекінісіне шабуыл жасар алдында Ж-ды бас етіп бекіністі барлауға шолғыншылар жіберді. Шабуыл кезінде ерлігімен мергендігімен көзге түскен Ж. ханның сенімді серігі, қол бастаушы батырларының біріне айналады. Ж. өзінің бауырлары Жанатай, Бектұрған, Өтебайлармен бірге Кенесарыға еріп, он жыл бойы азаттық жолындағы шайқастың бел ортасында жүрген. Жанатай осы жорықта қаза табады. Кенесары мен Наурызбайдан айырылып, көтеріліс тығырыққа тірелген тұста Ж. амалсыздан ат басын Арқадағы еліне бұрады. Ұлытаудағы ата қонысын бағаналы найман елінен қайтаруды талап етіп, Санкт-Петербургке барады. Көтеріліске қатысқанына Ресей патшасы кешірім жасағаннан кейін Ж. Терісаққан өз. бойымен Арғанаты тауының етегіне қоныстанады. Ж. 1868 ж. қазақтың игі жақсыларымен бірге князь Владимирдің Омбыға келген құрметіне жасалған салтанатқа қатысады. Қажылық сапардан қайтып келе жатып жолда қайтыс болған. Баласы Мейрам Қайрақты деген жерде ат шаптырып ас берген. Ж-ды «Баласы Орынбайдың Жанайдарды, Адаққан жөнге салған талайларды», «Төртуылда Жанайдар жиһан асқан ер еді» деп ақын-жыраулар жырға қосып, Сарамен айтысында Біржанда: «Кім жетер Жанайдарға Алтайдағы, Алты жүз жас бота мен тайлағы бар» деп, байлығын, парасаттылығын тілге тиек еткен.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Казахстан в 20 – 40-е годы XX века, А., 1992; Хан Кене, А., 1993; Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова, А., 1996.

С.Омарбекұлы

ЖАНАҚ Қамбарұлы, Керей Жанақ (1760, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Гүлтөбе а. – 1857, сонда) – ақын. Әкесі Қамбар мерген, аңшы болған. Ж. бала кезінде Қожаберген – Асқан медресесінде,

кейін Самарқан медресесінде оқыған. Елге оралып, өзі оқыған медреседе сабақ берген. Абылай заманында өмір сүрген. Ж. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бір нұсқасын, «Ер Сырым», «Қазақ ханы Ер Есім», «Ақпамбет батыр», «Абылай хан» дастандарын жырлаған. Түбек бастаған 16 ақынды жеңіп шыққан осы Ж. ақын. Оның шығармаларының көпшілігі сақталмаған. Ж-тың халыққа белгілі шығармалары – «Орынбайға айтқаны», Түбекпен, Сабырбаймен айтыстары.

Қ.Бигожаұлы

ЖАНАҚ Сағындықұлы (1770 – 1856) – ақын. Семей мен Қарағанды обл-ның шегіндегі Абырлай өңірінде туып-өскен. Өлеңді қобызбен айтқан, импровизацияның асқан шебері. Ауыл молдасынан хат танып, хадамше хат танып, діни білім алған. Түркістан мен Ташкенттегі медреселерде оқыған. Домбыра, қобыз тартып, жыр-дастандарды жатқа айтқан. 1748 – 58 ж. қазақ-қалмақ соғысында мергендікпен көзге түскен, ал 1790 – 97 ж. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысып, жауынгерлерді жырымен жігерлендіріп отырған. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең көркем нұсқасын шығарған.

Н.Ақбай

ЖАНАҚ Төлекұлы, ү л к е н Ж а н а қ (1743, Қостанай обл. Наурызым ауд. Қайқы а. – 1821, сонда) – ақын. Әкесі Төлек дихан болған. Абылай қалмақ тұтқынынан босаған жылы өмірге келген Ж. ауыл молдасынан оқып, хадамше хат танып, діни білім алған. Бұқар жырау, Тәтіғара, Үмбетей, керей Жанкісі жырауларға шәкірт болыпты. Ж. Баян батырға, Бөгембай батырға, т.б. арнап дастандар шығарған. Олар бізге жетпеген, не жиналмаған. Ж-тың «Данышпан бабалар» атты толғауы ғана белгілі. Ж. туралы дерек жазушы Н.Әбуталиевтің «Сегіз сері» (1991) атты кітабында берілген.

Қ.Бигожаұлы

ЖАНКІСІ Көшекұлы (1734, Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Маманай а. – 1817, сонда) – ақын, батыр. Қожаберген – Асқан медресесінде, кейін Бұхара медресесінде оқыған. Көшек батырдың он төрт баласының бірі. Он жасынан өлең шығарып, ән салған, домбыра, сыбызғы тартқан. Ж. 1752–58 ж. қазақ-жонғар соғысында ерлік көрсетіп, батырлығымен көзге түскен. 1759 ж. түрікмендерден Маңғыстауды, Кердері шағылын (Красноводск ауд. бұрынғы атауы) азат етуге белсене қатысады. Ж. жырларының көпшілігі сақталмаған. Тек «Керей Бөгенбай батыр», «Керей Бердіқожа батыр» дастандары, Қанжығалы Бөгембай батырды жоқтауы, жас туралы толғауының, «Бақсары батыр» жырының үзінділері ғана жеткен.

Қ.Бигожаұлы

ЖАНТАЙ БАТЫР (т.ж.б., Солт. Қазақстан обл. Айыртау ауд. – 1771, Жетісу өңірі, Іле бойы) – қазақ халқының жонғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіне белсене қатысқан батыр. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының қанжығалы руынан шыққан. Абылай хан 1771 ж. Ресейден Қытайға қарай ығысқан қалмақ әскерін барлауға әрқайсысына 500 әскер беріп, Бөгембай батыр мен Ж. б-ды жіберген. Ж. б. қолға түсіп қалған інісі Арқандар батырды құтқармақ болып 10 мың адамдық жау шебіне басып кіріп, осы соғыста қаза тапқан. Батыр қазасын Абылай ханға баласы Тоқыш жеткізген. Батырдың сүйегі қазіргі Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Жантай а-ның жанында жерленген.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч., Исторические предания о батырах XVIII в., Собр. соч., т. 1, А.-А., 1984, с. 216–22; Қазақ әдебиеті тарихы, 1-т., А., 1948.

Т.Рсаев

«**ЖАНТАЙ БАТЫР**» – тарихи жыр. Жырдың қолжазбасын М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының Қолжазба қорына 1969 ж. журналист, фольклор жинаушысы Ғалымжан Мұқатов өткізген. Ел арасындағы көнекөз қарттардан жазып алған әңгімесіне қарағанда, жырды атақты Үмбетей жырау шығарған. Үмбетейден туысы Бапан би Тұраналыұғлы естіп, елге таратады. Жырға өзек болған оқиға қалмақ қонтайшысы Уса-Серен мен қазақ ханы Абылайдың әскері арасында өрбиді. Бұл соғысқа Қанжығалы Бөгембай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібектер, т.б. белді қазақ батырлары қатысады. Ереймен тауын иемденбек болған қалмақ қонтайшысы бар айла-амалын қолданады. Соғыста жеңілген Уса-Серен Абылай ханға көп сыйлықтар беріп, құрметтейді. Жас ханзада Қасым сұлғанды қарындасы Айныш сұлу арқылы алдаусыратып, ақыры казактарды қапыда қалдырады. Бір түнде көтеріле көшкен қалмақтар Жантай батырдың інісі Арқандарды өлтіріп кетеді. Абылайдың аңғалдығына күйінген, бауырдың қайғысына шыдамаған Жантай батыр бес жүз сарбазымен қаптаған қалың қалмақтың жолын кеседі. Күші басым жаумен соғыста ерен ерлік көрсетіп, жүздеген жауын жер құштырған батыр осы жорықта қаза табады. Жырдың түпнұсқасы М.О.Әуезов атынд. ӘӨИ Қолжазба қорында (Қ.717) сақталған. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы бойынша дайындалған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 60-томында (2010) жарияланған.

Ж.Салтақова

«**ЖАНТАЛАС**» – Қазақ КСР Мемл. сыйл. лауреаты, жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясының екінші кітабы. Роман үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде – Хақназар хан өлгеннен кейінгі Ақ Орданың ыдырауы, қазақ

ЖАҢАҚЫСТАУ

халқының Бұхара ханы Абдолланың шабуылына қарсы күресі баяндалған. Қасым, Хакназар хандардың жолын ұстаған қазақ халқының тәуелсіздігі үшін көп еңбек сіңірген Тәуекел, Есім, Тәуке хандардың өмірі мен ерлік істері әңгіме болады. Екінші бөлімге 18 ғ-дың бас кезіндегі қазақ ханының жоңғар басқыншыларына қарсы күресі, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» трагедиясы өзек болып тартылған. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты тарихи фактілер негізінде суреттелген. Ал үшінші бөлімде қазақ даласының жоңғар басқыншылығынан тазартылуы, Абылай ханның Қытай богдыхандарының шабуылын тойтаруы, Абылайдың үш жүзге хан болуы мен оның орыс пен қытай мемлекеттері ортасындағы күрделі саясаты жан-жақты сөз болады. Роман 18 ғ-дың соңын ала, Абылайдың өлімімен аяқталады. Романда Абылай ханның өзімен қатар, жоңғар басқыншылығына қарсы күресте жан аямас ерлігімен көзге түскен, халықтың даңқты ұлдары Бөгембай, Қабанбай, Батыр Баян, Қияқ пен Тұяқ, т.б. батырлар зор сүйіспеншілікпен суреттелген. Романның «Жанталас» аталуы да тегін емес. Сөз болып отырған дәуірде қазақ баласын үш жақтан бірдей басқыншы жаулары қыспаққа алды. Оңт-те ежелгі шайбани тұқымы Бұхара хандары дүркін-дүркін шабуыл жасап, Сыр бойындағы қазақ қалаларын басып алумен болса, Шығыста қытай богдыхандарының айтақтауымен жоңғар басқыншылары қазақ халқын талай рет қайғылы апатқа ұшыратты. Батыста орыс патшалығы да қазақ даласына қарай жыланбауырлап жылжып келе жатты. Абылай хан мен оның батыр қолбасшылары бастаған қазақ халқының осындай қысталаң жағдайдан жол тауып шыққан тарихи жеңісі баяндалады.

Қ.Жұмаділов

ЖАҢАҚЫСТАУ – Ақмола обл-ндағы Кенесары елді мекенінен оңт.-шығысқа қарай, Қылшақты өз. өткелінен 7 км жердегі қоныс. 1765 ж. Ресей әкімш. Абылайға бес бөлмелі ағаш үй салып берген қоныс, сол жылдан бастап Ж. атанған. Сақталған құжаттарға қарағанда, әуелі жасалған жоспар бойынша, Абылай сұлтанға тұрғын үй және әкімш. ғимараттар салынбақ болған. Алайда, шын мәнінде тек тұрғын-жай мен мал қоралары ғана салынғанға ұқсайды. Бұл күнде ғимараттың орны сақталмаған.

Әдеб.: Т а й ш ы б а й 3.С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

«ЖАҢА САРЫАРҚА» – журнал. Астана қаласынан шығатын Қазақстан жазушыларының әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналы 1991 жылғы қаңтар айынан бастап жарық көріп келеді. Басылымда еліміздің мәдени, әдеби өмірі, тарихы және бүгінгі рухани тыныс-тіршілігі мен

ертеңгі болмыс-бітімі ұдайы көрініс тауып отырады. Журналдың бас редакторы – Н.Ораз. Журналда Ш.Тілегеновтің «Абылайға көңіл айту» атты аңызы, Б.Х.Хұсайынов пен Е.Ә.Шахановтың «Абылайдың арманы – ел мүддесі» атты мақаласы жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ЖАРҒЫ – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жинағының атауы. Ежелгі түркі тіліндегі «иар» («жар») сөзінен шыққан. Мағынасы – әмір, әмір беру, билік айту. Ал «Кодекс Куманикусте» бұл сөз – жағ түрінде жазылған, мәні – шешім, берілген әмір. Қазақ хандығын билеген Тәуке хан заманында ұлы билер Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. қатысуымен ел ішіндегі құқықтық қарым-қатынастарды реттейтін заңдар жинағы – «Жеті жарғы» құрастырылды. Ж., негізінен, хан тарапынан бекітілген шешім болғандықтан, ол бүкіл хандық аумағында орындалуға тиіс болды. «Ж.» термині қазіргі кезде «устав» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр.

Н.Өсерұлы

ЖАРҒЫ – Ресей империясының қазақ даласын әкімш. тұрғыдан басқаруға арналған құқықтық ережелерінің жалпылама атауы. Мыс., «Сібір қазақтары туралы жарғы» (1822) Орта жүзде хандық билікті жойып, әкімш. басқару жүйесін Ресей үкіметінің басқаруына тікелей көшірді.

ЖАРЛЫ – өзен. Бастауын Орт. Қазақстандағы Қарқаралы тауларының оңт. сілеміндегі Бөрітас жоталарынан алады. Нұра өзені – оның бастауларының бірі. 1756 жылдың күзінде Абылай сұлтан бастаған әскери қол Ертістің Ақсу тұсынан қазақ жеріне басып кірген Қытай империясының әскерімен осы Ж. өзенінің аңғарында ақырғы шайқастар жүргізді. Басқыншылар жеңілгенін мойындап, соғысты тоқтату туралы мәміле ұсынды. Қытай императоры Цянлунь әскерінің қалдығын кейін шақырып алып, Хадаха және Дардана деген қолбасы генералдарын жауапқа тарту жөнінде жарлық берді. Қытайдың әскер құрамы негізгі ұлт болып табылатын хань нәсілінен емес, сол кезде мемлекет билігін иемденген манчжурлар Цин әулетінің өкілдері болғандықтан (қазақтар оларды «шүршіт» деп атаған), қазақ тарихында қазақ-қытай соғысы дегеннен гөрі, «қазақ – шүршіт соғысы» деген түсінік сақталған.

Н.Ақбай

ЖАРМАҒАМБЕТОВ Қайнекей (25.8.1918, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Шилі а. – 10.9.1974, сонда) – ақын, жазушы, әдебиет зерттеушісі, педагог, қоғам қайраткері. ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген (1941). Қазақстан КП ОК-де нұсқаушы, Қазақстан ЛКЖО ОК-де хатшы (1941–48), ҚазПИ-де аға оқытушы, директордың орынбасары (1948–58), 1958–64 ж. «Жұлдыз»,

«Ара», «Шмель» журналдарының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының жауапты хатшысы, әдеби кеңесшісі қызметтерін атқарған. 1964–74 ж. шығарм. жұмыста болды. Ж-тың тұңғыш туындылары 1945 ж. жарық көрді. Бұдан кейін Ж-тің бірқатар өлең жи-



Қ. Жармағамбетов

нақтары шықты. Ж. қазақ поэзиясындағы баллада жанрының дамуына елеулі үлес қосты. Сондай-ақ, ол Ә. Қашаубаев өмірі туралы «Әнші азамат» (1951) повесін жазды; аудармамен де айналысты. Ж. – «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» (1949, 1958, 1960), орта мектепке арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулығы (1948–51) авторларының бірі. Абылай ханға арнап «Ұлылық» өлеңін жазған. 3 рет «Құрмет Белгісі» орденімен және медальдермен марапатталған.

Ә. Нарымбетов

ЖАРЫЛҒАП Байшораұлы (шамамен 18 ғ-дың орта шені) – батыр. Орта жүз құрамындағы найман тайпасының қаракерей руынан шыққан. Қаракерей Қабанбай батыр мен найман Барақ сұлтанның жасағында жоңғар шапқыншылығына қарсы шайқастарға қатысқан. Ел ішінде «жауырыншы қара Құдыс» атанған Ж-тың арғы атасы Құдыс Жалмамбетұлының алыстағыны болжайтын көріпкелдік қасиеті болған. Ж. батыр 1744 жылдың көктемінен 1745 жылға дейін Барақ сұлтанның баласы Шығай сұлтанмен бірге Қалдан Сереннің қолында аманатта болады. Бұл туралы арнайы мақсатпен Қазақ елінде болған Тукен Балтасов деген башқұрттың 1743 ж. 14 тамызда Орынбор комиссиясына жазған рапортында айтылған. Ж. Барақ сұлтанның ұлы Шыңғыс сұлтан, қаракерей қожамбет Сырымбет би, т.б. елдің игі жақсыларымен бірге қожамбет руын бастап, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Марқакөл өңіріне қоныстандыру ісіне ат салысқан. Ж. батырдан 7 ұл туып, «Жеті Жарылғап» атанған. ұрпақтары Шығыс Қазақстан обл. Марқакөл, Күршім аудандары мен Қытай, Моңғолия жерінде тұрады. Ж-тың Атанбай есімді баласынан Алтай өңіріне белгілі Бәшкі деген атақты би туған.

Әдеб.: Маргулан А., Найманы, «Казакки». Сб. статей. Материалы комиссии экспед. исслед. В. 15, Серия казахстанская, Л., 1930; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

М. Әбдеи

ЖАРЫЛҒАП Түрікпенұлы (18 ғ.) – батыр, би. Найман руының қаракерей атасынан. Қан майданда ерен ерлік көрсетіп, Қытай патшалығымен дипломатиялық қатынастарда елшілікте жүрген. Наурызбай батырмен аты қатар аталып, ақылымен, батырлығымен көзге түскен, елді біріктіруші тұлға ретінде танылған. 1757 ж. қанжығалы Бөгембай мен шапырашты Наурызбай бастаған қазақ елшілері Абылай ханның тапсырмасымен Бейжің (Пекин) қ-на барғанда, олардың қатарында Ж. би де болған. Император Цянлунның алдында өзгелермен бірге сөз саптап, өз ойын орнықты жеткізе білген. Сөйтіп мақсатты сапардың ойдағыдай орындалуына айтарлықтай үлес қосқан.

Н. Ақбай

ЖАРЫЛҒАП БАТЫР (шамамен 1733 – ө.ж.б.) – батыр, би, шешен. Бұқар жырау «Қарашорда Сәңкібай, Алтекеде – Жидебай, Тобықтыда – Қараменде, Кернейде – Жарылғап» деп, Ж. б-ды жоңғарларға қарсы шайқастарда ту ұстаған батырлар қатарында мадақтайды. Ж. б-дың әкесі Түйте 18 ғ-дың басында ноғайлармен бірге Ресей отаршыларына қарсы күрескен. Ж. б. 16 жасында Қаз дауысты Қазыбек биден бата алып, жорыққа аттанған. 1748 ж. Қалба – Шаған шайқасында Кебін қалмақты жеңіп, ерлігімен көзге түскен. Бөгембай батыр бірнеше шайқастарды басынан бірге кешірген үзеңгілес серігі Ж. б-дың баласына қызын ұзатып, құда болған. Ж. б. ел билеген көсем, дауға түскен шешен ретінде де танылған. Абылай ханмен, Қаз дауысты Қазыбек бимен, Бөгембай батырмен сөз қағыстырып, артында тағылымды, шешендік сөздер қалдырған. Түркістанда жерленген. 1993 ж. қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд-нда Ж. б-ға арнап ас беріліп, Ақшатау кентіндегі орг. алаңға батыр есімі берілді.

У. Қыдырханұлы

ЖАСАҚ – 1) тайпа көсемінің, ханның, князьдің, корольдің төңірегінде топтасқан жауынгерлердің жалпы атауы. Алғашқы мемл. бірлестіктер пайда болған кезеңнен бастап әр түрлі аймақтарда осындай жауынгерлер тобы құрала бастаған. Ж. мүшелері үздіксіз жүргізілген соғыстардың нәтижесінде бірте-бірте байып, тайпаның, мемлекеттің әскери-ақсүйек топтарына, ірі жер иелеріне айналды. Оқпен атылатын қарулар пайда болып, тұрақты әскер (рекрут, ұлан, т.б.) жасақтала бастағаннан кейін бірте-бірте жойылып кетті; 2) басқа елге жорық жасар алдында, тайпаға не ұлтқа сырттан қатер төнген кезде, сондай-ақ, қоғамдағы әлеум. өзгерістер тұсында халық ара-

ЖАСАҚШЫ

сынан өз еркімен жиналып, басқыншыларға не әлеум. әділетсіздікке қарсы көтерілген қарулы қол. Мыс.: Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде халық Ж-тарға біріккен; 3) жеңілген елден заттай алынатын алым-салық. Мыс.: Алтын Орда хандары қол астындағы елдерден, кейін Ресей патшалары Еділ бойы, Сібір, Орт. Азия халықтарынан осындай Ж. жинаған.

ЖАСАҚШЫ – жасақ құрамындағы жауынгер. Ежелгі түркі мемлекеттерінде басқа елге жорық жасар алдында астында аты, қолында қаруы бар ер жігіт жасаққа қатысуға ерікті болған. Бірақ жасақ заңы бойынша ол қашан жаудан олжа (аттон, қару-жарақ) түсіргенше санда бар, санатта жоқ болып есептелген. Жаудан түскен олжадан үлес алуға құқы болмаған. Бір жауын өлтіргеннен кейін ғана барып санатқа ілінген. Кейін жасақтың басқа түрлерінің мүшелерін де Ж. деп атайтын болған.

«**ЖАС АЛАШ**» – газет. Алғашқы саны 1921 ж. 22 наурызда Ташкент қ-нда жарық көрді. Ұйымдастырушысы әрі тұңғыш редакторы Ғ. Мұратбаев, жауапты хатшысы І. Жансүгіров болды. Газет 1927 ж. 22 қыркүйекте «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Қазақстан өз алдына тәуелсіз мемлекет болғаннан кейін газетке «Жас алаш» атауы қайтарылды. «Ж. а.» газетінде М.Айтбаевтың «Абылай» дастаны және тарихшы-ғалым Ж.Қасымбаевтың «Абылай хан» мақаласы (1991), С.Н.Ақатаевтың «Абылай хан» атты тарихи-қаһармандық кинодрамасы (1998), М. А. Құл-Мұхаммедтің «Абылай – қазақ халқының айбыны» (2000), М.Мағауиннің «Абылай–300» (2010) және «Абылай – баһадүр хан» (2013), т.б. мақалалар жарияланды.

К.Бекбембет

ЖАСАУЫЛ – 1) ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі әскербасының қасындағы шабарманы. Ол жорық кезінде әскерді қару-жарақпен, азық-түлікпен, мініс аттарымен қамтамасыз ету, тексеру, бақылау істерімен шұғылданған. Қала қорғанының қақпасын мезгіл-мезгіл ашып-жабатын күзет әскерлерін де Ж. деп атаған; 2) 1576 жылдан казак-орыс әскерлерінде әскери атақ, шен ретінде қолданылған есауыл сөзінің қазақша дыбысталуы. Бұл шен 1775 ж. обер-офицер, 1798–1800 ж. атты әскер ротмистрі атағына теңгерілді. 1917 жылдан кейін шен ретінде жойылды.

«**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЖАРШЫСЫ**» – журнал. Журналдың негізі «Жас зерттеуші – Молодой исследователь» деген атпен 2007 ж. шілдеде қаланып, 2010 жылдың сәуірінде қазіргі атымен қайта тіркелген. Басылымда докторанттардың, магистранттардың, студенттердің жоғары білім, жоғары оқу орнынан кейінгі «Білім», «Гуманитарлық ғылымдар», «Құқық», «Өнер», «Әлеуметтік

ғылымдар», «Экономика және бизнес», «Жаратылыстану ғылымдары», «Техникалық ғылымдар және технологиялар», «Ауыл шаруашылық ғылымдары», «Қызмет көрсету», «Әскери іс және қауіпсіздік», «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету», «Ветеринария» мамандықтары бойынша ғыл. еңбектері жарияланады. Журналдың бас редакторы – филол. ғыл. канд., доцент Мырзантай Қожабайұлы Жақып. Журналда Ә.Қожабай және Ұ.Бабиевалардың «Абылай ханның қазақ елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолындағы күресі» атты зерттеу мақаласы жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«**ЖАС ҚАЗАҚ**» – ұлттық апталық газет. 2005 жылдың 7 қаңтарынан бастап шығып келеді. Басылымның басты қағидасы – ақиқатты және адамдардың ақиқатқа көз жеткізу, ақиқатты білу құқығын қастерлеу. Басылым аптасына бір рет, жұма күні, 12 беттік көлемде жарық көреді. Газетте қоғамдық өмірдің барлық салалары толық қамтылады. Бас редакторы – Срайыл Смайыл. Газетте Ж.Артықбаевтың «Абылайдың асында шаппағанда...», С.Әкімбековтің «Жоңғар қалай жойылды?», атты мақалалары, Б.Әбдіразақтың «Абылайдың алдына бір бармасам» атты өлеңі және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«**ЖАС ТҮРКІСТАН**» – журнал. Алғашқы саны 1929 ж. желтоқсанда Парижде жарық көрді. Ұйымдастырушысы – Мұстафа Шоқай. Түркістанның ұлттық тәуелсіздік идеясын насихаттады. Журналды Польша президенті Маршал Пилсудский тарапынан құрылған «Прометей» қоры қаржыландырды. 1939 жылдың тамызына дейін журналдың 117 саны жарық көрген. Мұстафа Шоқай Женент, Аتكелтір деген лақап атпен әр түрлі тақырыпқа мақалалар жазып отырған. Ахмет Наим, Тәуекел батыр, Ахметжан Оқай, Ибрагим Жарқын, Найым Өктем сияқты жас қаламгерлердің де мақалалары басылған. 1939 ж. 2-дүниежүз. соғыстың басталуына байланысты журналды шығару тоқтап қалған. Алматыда құрылған (1996) Мұстафа Шоқай қоры 1998 жылдың мамырынан бастап журналды «Ж.Т.» атымен қайта шығара бастады. С. Өзбекұлының «Абылай хан және Бұқар жыраудың ұлттық мемлекеттілікке көзқарасы» мақаласын (1998) және жазушы Ұ. Доспанбеттің «Абылайдың ақ туы» атты романының үзіндісін (2003) жариялаған. Журнал 2 айда бір шығады.

К.Қошым-Ноғай

ЖАСЫБАЙ Өмірұлы (1716 ж. ш. –1741) – жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен қазақтың әйгілі батыры. Орта жүздің арғын тайпасының бәсентінін руынан шыққан. Әкесі Өмір әділ, от

ауызды, орақ тілді шешен адам болған, анасы – атақты батыр Олжабайдың апасы. Ж-ды шежіре деректерінде Олжабайдың жиені дейтіні де содан. Ж-дың інісі Байсары да – жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен көзге түскен белгілі батырлардың бірі. 18 ғ-дың 40-жылдары жоңғарлар Баянауыл өңіріне шапқыншылық жасап, жаулап алмақ болған кезде қазақтар жауға қарсы қол жинайды. Ж. жасақтары ең бірінші болып жаумен ұрысқа кіріседі. Оның сарбаздары жауды тау тасасынан тұтқиылдан шабуылдап, тойтарып тастайды. Жау әскерлерінің есін Сабындыкөлге жеткенше жиғызбай, қуғындайды. Осы ұрыста жоңғар мергенінің жебесінен қапылыста Ж. батыр мерт болады. Батырдың мәйіті лайықты әскери құрметпен Шойынкөлдiң жағасына жерленіп, кейіннен халық көлді Жасыбай атымен және ол қорғаған Баянаула тауының асуын «Жасыбай асуы» деп атап кеткен. Оның есімімен Павлодар қ-нда және Баянауылда көше аталады. Баянаула тауындағы асулардың біріне мүсіні орнатылған.

ЖАУҒАШ Қырбасұлы (1733, Алматы обл. Қарасай ауд. – 1782, Жамбыл обл. Меркі ауд.) – Абылай ханның әскери қолбасшысы, елші. Ұлы жүз құрамындағы ботбай руының Қоралас аталығынан шыққан. Абылай хан оның ерлігін жоғары бағалап, «Жаралы жолбарыс» деп атаған. 1733 ж. күзде қазақтар жеңіске жетіп, жоңғарлар қашқан Аюлы, Арқарлы тауларындағы шайқас кезінде туғандықтан әуелгі қойылған есімі Жауқашты екен, анасы Қоңырбике еркелетіп, Ж. атанып кеткен. Әкесі Қырбас 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғарлармен болған бірқатар шайқастарға қатысқан, Аңырақай шайқасында ботбай қолын басқарған Сәмен батыр әскерінде мыңбасы болған. Ж. 15 жасында атқа қонып, қасындағы Қарпық, Майлыбай сияқты серіктерімен ел еркіндігі жолында Алатаудан Арқаға барып, Абылай ханның орда сарбаздарының қатарына қосылған. Ж. 1751–53 ж. Абылай ханның бірнеше тапсырмаларын тиянақты орындап, сенімді серіктерінің біріне айналды. 1754–56 ж. Абылай ханның арнайы әскери қолын басқарды. 1756 ж. қытайлармен болған шайқаста Абылай хан жараланып, Ж. ұрыс болып жатқан жерден ханды аман алып шығып, құтқарып қалады. Бұқар жырау жырларында Абылай хан «Іздесем де табылмас, Жауғашжан, сендей құбаша ұл» деп мадақтаған Ж. батыр осы. Ол Қытаймен арадағы қатынасты реттеуге қатысқан елші де болған. Сол жылы (1756) қытай генералы Хадаха өз қолына түскен Ж. батырды Абылай ханмен келісім жасауға жібереді. Ж. батыр 1771–74 ж. қырғыздармен қақтығыстардың мәмілегерлікпен аяқталуына ат салысқан. Қырғыз Момохан батыр мен

Жайыл батырдың баласы Итекеге ара түсіп, Абылай ханның кескен өлім жазасынан аман алып қалып, қазақ-қырғыз арасындағы бауырластықтың сақталуына үлес қосқан. Абылай ханның өмірінің соңына дейін жанында болып, айнымайтын тірегі саналған Ж. батырға хан аманат етіп тапсырған, жоңғарларға қарсы соғыстарда көтерген қасиетті жеңіс туы батырдың ұрпақтарының қолында күні бүгінге дейін сақтаулы. Денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің ішінде, дәліздің Ақсарай жағына, Абылай ханның қасына жерленген. Қазіргі Жамбыл обл. Меркі ауд. Папанин а-на Жауғаш батыр есімі берілген.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч.Ч., Собр. соч., т. 1, А.-А., 1984; С а л ғ а р а ұ л ы Қ., 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар), А., 1998; Ә б і л д а ұ л ы Б., Жауғаш батыр – Абылай ханның елшісі (тарихи деректі роман), А., 1999.

Б.Әріпбай

ЖАУҒАШ БАТЫРДЫҢ ТУЫ. Бұл жайында Б.Әбілдаұлының «Жауғаш батыр – Абылай ханның елшісі» атты кітабында айтылады. Сол деректердің негізінде Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, қару зерттеуші Халиолла Ахметжан бұл Тудың ғыл. сыпаттамасын берді. Ауызша жеткен деректерге қарағанда кезінде бұл Туды Жауғаш батыр Абылай ханнан қалап алған. Тудың желегін Жауғаш батыр өзінің жолдасы Қарпық батырға берген деген сөз бар. Желекті 1934 ж. Кеңес белсенділері алып кеткен. Ж.б.т-ның бұл күнде басы ғана сақталған. Зерттеуші Х.Ахметжан Тудың басын стилистик. тұрғыдан зерттеп, оның мұсылман туларына мүлде ұқсамайтынын, будда діни өнеріндегі «Космостық жалын» стиліне жататынын, бұған Ту басының лотос гүлі сипатындағы өрнегі де дәлел болатынын айтады. Сонымен, бұл ту басының стильдік сипаты 18 ғасырда Қазақстанға шабуыл жасаған моңғол тайпалары, ойрат қалмақтардың әскери (жауынгерлік) Туының басы екенін көрсетеді. Х.Ахметжан көшпелі халықтарда әскери рәміздердің бірнеше түрлері болатынын, олар: ту, байрақ, жалау болып бөлінетінін айтады да, оларды жеке-жеке сыпаттайды. Байрақ – ондық, елулік, жүздік сияқты әскери бөліктердің әскери белгісі, ол қыл не жібек шашақтан, аңның құйрығынан, немесе түсті матаның таспасынан жасалады. Ту – түсті матадан тігіліп, ағаш сапқа бекітілген, түрлі киелі белгілер салынған желек, мындық, түмен, лек деп аталатын үлкен әскери бөліктерінің белгісі. Авторлар: «Жауғаш батырға бұл Туды Абылай ханның сыйлауы да мұның олжаға түскен сый екенін көрсетеді. ... Жауғаш батырдың оны олжа ретінде өзінің серіктерімен

ЖАУЛЫБАЙ БАТЫР

бөлісуі, Тудың желегін жолдасы Қарпыққа беруі, Тудың айкаста жаудан олжаға түскеніне айғақ деп санайды.

Әдеб.: Әбілдаұлы Бахтияр. Жауғаш батыр – Абылай ханның елшісі. – Алматы: Мерей, 1998. 221–228-бб.; Ахметжан Х. Қай халықтың туы деген қисынды? // «Қазақ тарихы», 2003, №5, 27–30-б.

Қ. Нұрбағи

ЖАУЛЫБАЙ БАТЫР (1697–1760 ж.ш.) – Бағаналы руының Сары-Сарғалтақ, Тәңірберлі бұтағынан. Жаулыбайдың әкесі Өтеген де елге сыйлы батыр кісі болған. Қазақ елінің шығысы мен оңт. өлкесін жаулап алған жоңғар басқыншылары 1728 ж. Ұлытауға шабул жасауға әзірленеді. Осы мақсатпен әскер басы Септен 20 мың қолмен Төлікөлге келіп, соғысқа дайындалады. Қалмақ әскерінің қатары үсті-үстіне толықтырыла берді. Үш жүздің біріккен жасағын басқару Кіші жүздің ханы Әбілқайыр мен Қанжығалы Бөгеубайға тапсырылды. Бұлантының жоғ. ағысы (Қарасиыр, Білеуті) теріскейінде болатын шайқасты Жаулыбайға тапсырды. Бұл шайқасқа Бағаналының батырлары: Барлыбай, Төлек, Сарғаттақ Шәлтекеден Мыңжылқы мен Мыңбай, Жұртшы Сағындық батырлар және Арғын атадан Бостан, Жауғаш, Биғаш батырлар, Қыпшақтан Тілеулі батыр қатысады. Жәнібек пен Жаулыбай бұл ұрыста жаудың бір шетінен шабуыл жасап, қаша жүріп соғыс салу арқылы қарсыластың шоғырланған күшін бөлшектеп, майдан алаңынан ұзатып әкетіп, әлсіретіп, әр жерде қоршауға алып, жеңіске жетеді.

Әдеб.: Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011; «Қарағанды облысы», энциклопедия. Алматы, 2006, 250-б.

ЖАЯУ МҰСА Байжанұлы (1835, Павлодар обл. Баянауыл ауд. Жасыбай к-нің маңы – 31.7.1929, сол аудандағы Далба тауы етегіндегі Ақшоқы деген жер) – әнші, ақын, композитор. Әкесі Байжан кедей болған. Анасы Нақыш ертеректе дүние салып, Мұса Байжанның ағасы Тайжанның қолында тәрбиеленеді. Жеті жасында хат таниды. Ж. М. жастайынан халық музыкасымен, ауылға келіп-кетіп жүрген әнші-күйшілер өнерімен танысады. Өзі де ән салып, домбыра тартады. 1851 ж. Қызылжарға (қазіргі Петропавл) келіп, орыс тілін үйренеді. Ол домбыра, қобыз тартумен қатар, сырнай мен скрипка ойнауды да меңгереді. Ол жас кезінен ел арасында Абылай хан жайындағы аңыз-әңгімелерді, өлең-жырларды жақсы білген. Ж. М-ның Ш.Ш. Уәлихановпен бірге жүруі, Ы.Алтынсариннің өлеңіне («Кел, балалар, оқылық») ән шығаруы, өлеңмен күнделік жазуы, Абайға өлең арнауы, Л.Н.Толстой кейіпкерінің атын баласына қоюы – оның заман лебін терең сезінгендігін байқатады. Ж. М.

1854 ж. Омбы қ-ндағы орыс мектебінде оқыды. Сол тұста өмір сүрген Токсанбай, Жанақ, Түбек, Көтеш, Жаңабай сынды ақын-жыршылардың дәстүрлерін үлгі тұтып, жаңалыққа құлаш ұрды. Ж. М-ның әлеум. теңсіздікті әшкерелейтін «Ақсиса», «Хаулау», «Шормановқа», «Толғау», «Бұзау зары», «Тұтқын зары», «Сүйіндік», туған жер табиғатын суреттейтін және күлдіргі әндері бар. Ж. М. – композитор, әнші ғана емес, өз



Жаяу Мұса Байжанұлы

әндеріне лайықтап, өлең шығарған ақын. Қазақ қоғамының әлеум. істеріне белсене араласып, ұлт мәдениетіне елеулі үлес қосты. Ж. М-ның көптеген қолжазбалары Алматы, Қазан, Санкт-Петербург, Омбы мұрағаттарынан табылды. Оның әндері мен күйлерін алғаш нотаға түсіріп, жазып алғандар – А.В.Затаевич, А.Қ.Жұбанов, Б.Г.Ерзакович, М.Лалинов; әндерін айтып берушілер – Қ.Бабақов, Қ.Байжанов, Ө.Қашаубаев, Қ.Лекеров, Ж.Елебеков және Ж. М-ның баласы Салық Мусин. Оның муз. мұрасын қазақ композиторлары опера («Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Біржан – Сара», «Бекет»), симфония, эстрада жанрында пайдаланды. Павлодар обл-ның Ақсу қ-ндағы мәдени-ағарту уч-щесі және Павлодар қ-ның бір көшесі Ж. М. есімімен аталады.

Әдеб.: Қоспақов З., Әнші тағдыры, А., 1971; соны к і, Жаяу Муса Байжанов, М., 1977.

З.Қоспақов, И.Әбішева

ЖӘДІГЕР Анайұлы – 18 ғ-да өмір сүрген батыр. Орта жүз арғын тайпасы, сүйіндігінен шыққан. Қаржастың Құлыкесінен Телі, одан Анай, ал Анайдан бес бала: Нияз, Мырзағұл, Құл, Құдайқұл және Жәдігер туған. Жәдігер батыр туралы Мәшһүр Жүсіп Көпеев: «Жәдігер төртеуден соң ең кенжесі, Бұлардан кем болған жоқ несібесі. Ерлікпен бұл жалғаннан беті қайтпай, Әркімге тиген екен көлеңкесі», – деп батырдың ер-

лігін жырлаған. Жәдігер батыр 14 жасында ағасы Мырзағұлды жоңғар тұтқынынан босатып алған. Мұндай ерлігі үшін жоңғарлар ағасын абақтыдан босатып қана қоймай, батырға қызын қосып берген. 2005 жылдың шілде айында Жәдігер мен Мырзағұл батырлар рухтарына арнап ұрпақтары Тендік а-нда үлкен ас берді.

П.Әбішев

ЖӘДІК СҰЛТАН, Д ж а д қ, А д и к, И а д и к (т.-ө.ж.б.) – қазақ сұлтаны. Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы. Мұхамед Хайдар Дулати Ж. с-ды ықпалды сұлтандардың бірі болған деп көрсетеді. Ж. с-ның бауыры Қасым хан түрлі саяси, дипломатиялық жолдармен Қазақ хандығын нығайтып, аумағын кеңейтуде оның қолдауына сүйенгені байқалады. Тарихи деректерде Ж. с-ның өмірі туралы мәліметтер аз кездеседі. Ол Моғолстан ханы Жүністің төртінші қызы Нигар ханымға үйленген. Ж. с-ның Тоғым және Шығым деген екі ұлы Қазақ хандығының хандары болған. Мұхаммед Шайбани хан 1503 ж. Ташкент қ-н басып алған кезде Ж. с. қазақ даласына қашып кетеді. Ж. с. Шығым мырза бастап барған, ноғайлармен болған шайқаста Жыландытөбе деген жерде қаза табады. Бұл 1518 жылға дейін болуы керек, өйткені Шығым мырза 1518 ж. өледі. Қадырғали Жалайырдың мәліметіне қарағанда, Ж. с-ның бейіті Үргеніштегі Бақырған Ата деген жерде.

Әдеб.: Вильяминов-Зернов В.В., Исследование о Касимовских царях и царевичах, ч. 2., СПб., 1864; Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков, А.-А., 1969; Қадырғали Жалайыр, Шежірелер жинағы, А., 1997; Султанов Т.И., Правители первого казахского государства (1470–1718), А., 1998; Мұхамед Хайдар Дулати, Тарихи-Рашиди, А., 1999; Жолдасбаев С., М.Х. Дулати және XV–XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы, А., 2000.

Н.Шүкеева

ЖӘДІК ӘУЛЕТІ – Жәдік сұлтаннан тараған әулет. Ол қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның тоғызыншы ұлы. В.В.Вельяминов-Зернов 1864 ж. өзінің «Исследование о Касимовских царях и царевичах» атты еңбегінде Жауық (Джаук) есімін Жәдік (Джадик) деп оқу керектігін, өйткені Жәдік пен басқа да деректерде келтірілетін Йадық есімінің бір адам екенін жазған. Жәдік Өсек сұлтанның туған бауыры еді. Жәдік пен оның ұрпақтары жөніндегі негізгі деректерді Қыдырғали Жалайыри (17 ғ.) келтіреді. Ол былай деп жазады: «Қасым хан өмір сүрген кезде Жәдік хан да өмір сүрді, оны Жыланды төбеде болған шайқаста Шығым мырзаның ұлдарының біреуі өлтірді. Оның бейіті Үргеніштегі Бақырған атада. Жәдік ханның әйелдері мен

ұлдары көп болды, ұлдарының ішіндегі ең белгілілері – Тоғым хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан. Соңғыларының анасы Абайхан бегім болды. Тоғым ханның ұлдары Тоғыз сары деп аталады. Тоғым хан Мәліктің ұлы Бәшібек сұлтанмен, барлық Тоғыз Сары бірге Жаға атаның шегінде қаза тапты. Ж. ә-нде 37 белгілі сұлтан болды». В.В. Бартольдтың айтуынша Тоғым ханмен бірге болған бұл 37 сұлтан Моғолстан ханы Рашидпен 1537–38 ж. болған шайқаста қаза тапқан. Бартольдтың деректерін белгілі ирантанушы О.Ф. Акимешкин де растайды. Қазақтың атақты билеушілері: Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан, Абылай хан, т.б. Ж. ә-нен шыққан. Олар Жәдіктің кейін қазақ ханы ретінде таққа отырған ұлы – Шығайдың ұрпақтары болатын. Жәдіктің Қы-дырғали бек атаған 4 ұлынан басқа Йанги (Жаңа) Баһадүр-сұлтан атты ұлы да белгілі. Ол жөнінде Хафиз Таныштың «Шараф-наме-ий» еңбегінде баяндалады.

Әдеб.: Султанов Т.И., Поднятые на белой кошме, Потомки Чингиз хана, А., 2001.

Н.Әшіпов

ЖӘМЕҢКЕ Мәмбетұлы (1838, бұрынғы Жетісу обл. Жаркент уезі – 10.8.1916, Қырғызстан, Қаракол қ.) – батыр. Жетісудағы 1916 жылғы Қарқара көтерілісі жетекшілерінің бірі. Жастайынан өткірлігімен, шешендігімен көзге түсіп, 18 жасынан билікке араласып, әділдігімен елге танылған. 19 жасында Қарқара өңірінің игі-жақсыларымен бірге Абылай ханның шөбересі Тезек төремен кездеседі. Ж. Қарқара қазақтары мен Ыстықкөл қырғыздарының ақылгөй ағасы атанған. Туысқан екі елдің татулығы мен достығын, бірлігі мен бейбітшілігін сақтап, нығайтуға көп еңбек сіңірген. Ж-нің ұйымдастырушылық дарыны 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тұсында айқын байқалды. Патша үкіметінің 1916 ж. 25 маусымдағы жарлығына орай туындаған жағдайға байланысты Нарынқол-Шарын өңіріндегі албан тайпасының 16 болысының өкілдері Қарқара жәрмеңкесінің шығыс жағындағы төбенің үстіне жиналып мәжіліс өткізеді. Мәжілісті Ж. бастап ашып, ол патшаның жарлығына қарсы шығып: «... бізден бала сұрайды. Қара жұмыс істетеміз деп жақақтады. Елден бір кеткен соң не қылса, өзі біледі. Қолдан шыққан соң соғысқа айдап салмай не қылады. ... бала өлгенше, шал өлсін, патшаның жарлығын орындамаймыз» – деп сөз сөйледі. Осы мәжілістен кейін халық бұқарасы патша үкіметінің билік орындарына бағынудан бас тартты. 11 шілде күні Қарқара жәрмеңкесінде жиналған халықтың алдында Ж. Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы Подворковке қазақ халқы ресми түрде патша жарлығын орындамайтынын мәлімдеді. Ж-ге Ұзақ Саурықұлы,

ЖӘНБЕКЕЙ

Жаңабай Құдайбергенұлы, т.б. ұлт-азаттық қозғалысты ұйымдастырушылар қолдау көрсетті. 22 шілде күні бөлімше бастығы Подворков Ж. мен Ұзақ Саурықұлын, 10 күннен кейін 11 шілде күні жәрменкедегі жиынға қатысып, белсенділік көрсеткен бір топ адамды тұтқынға алып, Қарақол түрмесіне айдатады. Түрмеге түскеннен кейін уезд бастығы полк. Иванов олардан патша жарлығын орындауды талап етеді, Ж. бастаған қозғалыс жетекшілері бұл шарттан бас тартады. Патша жендеттері 9 тамыз күні Ж-нің тамағына у қосып береді де, 10 тамыз күні Ж. қайтыс болады. Ұзақ Саурықұлы қайтыс болған Ж-ні құшақтап отырып: «Жан жолдасым Жәмеңке», деп басталағын жоқтау айтады.

Әдеб.: Ә у е з о в М.О., Қилы заман, Қ.-о., 1928; Ж ұ р т б а е в Т., Бейуақ, А., 1990; Қарқара айбаты (Құжаттар мен материалдар жинағы), А., 1991; Т ә н е к е в С., 1916. Ереуілтөбе әсерлері, А., 1994.

Ш.Тілеубаев

ЖӘНБЕКЕЙ Төлеулы (т.-ө.ж.б.) – әйгілі Төле би Әлібекұлының баласы. Қазығұрт тауының маңында дүниеге келген. Ұлы жүз құрамындағы дулат тайпасының жаныс руынан шыққан. Ж. Төле бидің өзімен бірге қартайған деген аңыз бар. Ел аузындағы аңыздарға қарағанда, Ж. асқан байлығымен халыққа танымал болған. Ол басқыншы жауға қарсы күрес жылдарында қазақ әскерін мініс аттарымен, ас-сумен қамтамасыз етіп, жоқ-жітіктерге қамқорлық көрсеткен.

Ұ.Доспанбету

ЖӘНІБЕК, Е р Ж ә н і б е к Б е р д ә у л е т ұ л ы (1714–92) – батыр. Керей тайпасының Абақ тармағы, Жантекей руынан. Жантекейден Сүйіндік, одан Алты, одан Сары, одан Ж-тің әкесі Бердәулет туады (Абақ керей шежіресі, Жантекей бөлімінен, Үрімжі, 1996, 358-бет). 1753–54 ж. Жанатай, Қабанбай, Бөгембай, Керей Жәнібек, Мүйізді Өтеген батырлар бастаған халық қосындары қысы-жазы демей әлденеше рет жоңғарды шауып қайтады. (Мағауин М., Қазақ тарихының әліппесі, Алматы 1995, 115-бет). Тарихшы Халид, Құрбанғали өзінің «Тауарих Хамса» деген кітабының 105-бетінде «Абылай заманында батыр, сардар болғандар: Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Ақтанберді батыр, Еспембет батыр, Матай Шөңкей батыр, Керей Жәнібек батыр, Бура Ақпантай батыр, Бәсентиін Малайсары батыр» деп жазған. Бұқар жыраудың: «Ғалданменен ұрысып, жеті күндей жүрісіп, Сондағы жолдас адамдар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Керейде батыр Жәнібек...» дегені туралы мағлұмат бар. (Мырзаханұлы Жақып. Қазақ халқы және оның салт-санасы. ҚХР, Шыңжан халық баспасы, Үрімжі, 1992 ж., 339-бет; Абылай хан. Алматы, «Жазушы», 1993, 294-

бет). Үмбетей жыраудың Абылай ханға Бөгембай батырдың өлімін естіртуінде мынадай жолдар бар: «Әруағына болысқан, әділ билік қылысқан. Қашан қандай ұрыстан, Керейде батыр Жәнібек, Қаз дауысты Қазыбек, Қу дауысты Құттыбай, Қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгембай, Абы-



Жәнібек батыр

лай сенің тұсында, Сол бесеуі болыпты-ай». («Бес ғасыр жырлайды». Алматы, 1989, 177-бет). Ер Жәнібектің көркем бейнесі көптеген шығармаларға арқау болған. Ақыт Үлімжіұлының «Ер Жәнібек» дастаны, моңғолиялық Сұлтан Тәукейұлының «Ақыр Жәнібек» романы, Шыңжан қазағы Шәмис Құмарұлының «Ер Жәнібек» романы, осы уақытқа дейін ұрпақтарының зердесіне сақталып қалған түрлі тарихи өлеңдер, аңыз-әфсоналар баршылық. Ж-тің сүйегі Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауданының Ортабұлақ а-нда.

Әдеб.: Абақ керей шежіресі, Жантекей бөлімі, Үрімжі, 1996, 358-б.; Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі, Алматы, 1995, 115-б.; Халид, Құрбанғали «Тауарих Хамса», Алматы, 1997; Мырзаханұлы Жақып. Қазақ халқы және оның салт-санасы. ҚХР, Шыңжан халық баспасы, Үрімжі, 1992, 339-б.; Абылай хан. Алматы, «Жазушы», 1993, 294-б.; Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989, 177-б.; Шәкен Жәди. Ер Жәнібек есімі не ұлықталмайды? // Түркістан, 2006, 14 сәуір; Бегенхан Қыдырбайұлы, Абақ –Керей Тайлақ шежіресі, 2006 ж., Буыршын қаласы, ҚХР, 18–25-бб. Бегенхан Қыдырбайұлы. Жәнібек батыр (1714–1792) // «Қазақ тарихы», 2008., №3, 33–34-бб.

«ЖӘНІБЕК БАТЫР» – тарихи жыр. Жырда 18 ғ-дағы «ақтабан шұбырынды» кезінде ел басынан өткен дүрбелең оқиғалар мен Абылай хан



ЖӘНІБЕК ТАРХАН

бастаған қазақ батырларының қалмақтарға күйрете соққы бергені баяндалады. «Жәнібек батыр» тарихи жырының бірнеше нұсқасы бар. Олардың көпшілігі Қытай қазақтары арасында кеңінен тарап, 20 ғ-дың бас кезінде өлең түрінде хатқа түскен. Эпостың көлемді бір нұсқасын 1927 ж. Тарбағатай өңірінің тумасы Ыбырай деген кісі жазып таратса, екінші бір нұсқасын белгілі ақын – Ақыт қажы Үлімжіұлы жырлағаны белгілі. Қазақ арасында керей Жәнібек батырдан басқа тағы екі Жәнібек батыр туралы тарихи жыр кең тараған. Оның бірінде 16 ғ-дың екінші жартысында қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі – Жәнібек ханның ерлік жорықтары аңыз түрінде баяндалса, екінші бір нұсқада 18 ғ-да Әбілқайыр ханның маңында болып, жоңғар шапқыншыларына қарсы азаттық қозғалыстарына белсене қатысқан белгілі қолбасы, мемлекет қайраткері – Шақшақ Жәнібек тархан жайындағы тарихи оқиғалар жырға өзек болған. Ыбырай ақынның айтуына қарағанда керей Бердәулетұлы Жәнібек батырдың есімін осы аталған Шақшақ Қошқарұлы Жәнібек тархан өзі ырымдап қойса керек. Соңғы екі Жәнібек батыр туралы тарихи жырлардың қолжазбасы ҚР БҒМ ОҒК сирек қорында (Қ.585, Қ.778, 3-дәп.) сақталған. Оларды жырлаушы халық ақындары – Орынбай Тайманұлы мен Иманжан Жылқайдарұлы. Жыр «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы бойынша дайындалған «Бабалар сөзі» жазылымдығының 59-томында (2010) жарияланған.

Ж.Салтақова

ЖӘНІБЕКОВ Өзбекәлі (28.8.1931, Оңт. Қазақстан обл. Отырар ауд. Сарықамыс а. – 22.2.1998, Алматы қ.) – мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғыл. канд. (1990). ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ, 1952) бітірген. Қазіргі Оңт. Қазақстан облының Келес ауд-нда мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі (1952–55), Келес ауд. комсомол к-тінің 1-хатшысы (1955–56), Шымкент обл. комсомол к-тінің хатшысы (1956–61), Қазақстан ЛКЖО ОК-нің 1-хатшысы (1961–70), Қазақстан КП Торғай обл. к-тінің хатшысы (1970–75), Қазақстан КП ОК-нің шет елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі (1975–77), Қазақ КСР Мәдениет министрінің орынбасары (1977–88); мәдениет министрі (1987–88), Қазақстан КП ОК-нің хатшысы (1988–91) қызметтерін атқарды. Ж. қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. 20 ғ-дың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды. Ж-тің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этногр. мұражайлар ашылды, Республиканың тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қал-

пына келтіру мақсатын көздеген. Қазақ халқының төл мерекесі – «Наурыз» мейрамының, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы есімдерінің туған еліне қайта оралуына белсене ат салысты. Оның «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолай-



Ө.Жәнібеков

рықта» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), т.б. тарихи-танымдық кітаптары жарық көрген. Ж. «Абылай алып тұлға» (1993) атты мақаласында: «Абылай – аса ірі тұлғаға тән зеректілігімен, ақыл-парасатымен, «Ханың мен» деген қамқорлығымен дараланған жан. ...Іскер басшы, терең ойлы қайраткер болған Абылай қазақ елін өз кезіндегі ықпалды мемлекеттермен тең дәрежеде ұстаған», – деп Абылай ханның мемл. қайраткерлігіне жоғары баға береді. 3 мәрте Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдермен марапатталған.

И.Әбішева

ЖӘНІБЕК ТАРХАН Қошқарұлы, Ш а қ ш а қ Ж ә н і б е к (1693–1752, Қостанай обл. Жангелдин ауд. Тосын құмы) – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің қарманы. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының момын руынан шыққан. Атасы Шақшақ Аманжолұлы «Еңсегей бойлы Ер Есім» атанған атақты Есім хан қолбасшыларының бірі болған. Ж. Т. 1710 ж. он жеті жасында Тәуке ханның қолымен бірге жауға шауып, жекпе-жекте қалмақтың бас батырын өлтірген. Абылай ханның тұсында қол бастап, ханның негізгі кеңесшілерінің бірі болған, ел басқару және мемлекетаралық қатынастарға белсене араласқан. 1717 жылғы Аягөз маңындағы шайқаста 24 жасында қол бастап, ерлік көрсеткен. 1723 жылдан бастап Ж. Т. бір жағынан, Кіші жүз жасақтарына көмектесіп Еділ қалмақтарымен, екінші жағынан, Бөгеубай, Қабанбай, Малайсары, Райымбек, Өтеген батырлармен бірге оңтүстікте жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беріп отырды. 1726 ж. Ордабасыдағы ұйғарымнан кейін құрылып, Сарысу өзінің Бұланты саласының бойында жоңғарларға ойсырата соққы берген біріккен қазақ жасағы-

ЖӘҢГІР ХАН



ның құрамында Орта жүз әскерлерінің ең ірі қолын Ж. Т. басқарған. Ел жадында сақталған аңыз әңгімелер бойынша, Төле бидің түйесін бағып жүрген Сабалақтың (болашақ Абылай ханның) Ташкентті билеген Уәли сұлтанның баласы екенін алғаш жария еткен де, Абылай хан тағына отырғанда оған бата берген де Ж. Т. болған. Ол 1740–41 ж. жоңғар қоңтайшысының тұтқынындағы Абылайды құтқарып алуда да ерекше дипломатиялық шеберлік танытқан. Орынбор комиссиясының бастығы И.И. Неплюевпен арадағы қатынасын ұтымды пайдаланып, жоңғар қоңтайшысына арнаулы елшілік шығартқан, бұл іске Әбілмәмбет, Әбілқайыр хандарды да араластырып, ақыры Абылайды басқа адаммен аманатқа ауыстырып алған. Ж. Т. 1732 ж. жеті мың қолдық жоңғар әскерлері Орта жүзге шабуыл жасағанда қазақ әскерлеріне басшылық еткен. Ж. Т. бастаған қазақ жасақтары саны жағынан анағұрлым басым басқыншыларға тойтарыс береді. Бірақ үздіксіз шапқыншылықтан әбден титықтаған Қазақ елі Ресей патшасынан көмек сұрауға мәжбүр болады. Ж. Т-ның қазақ даласының тұтастығы мен елінің еркіндігі жолындағы саяси күресінің елеулі белестері осы кезеңде басталды. Абылай хан да, Ж. Т. да Ресей мемлекетінің қазақ жеріне бекіністер салуына үзілді-кесілді қарсы шыққандарына қарамастан 1740 ж. шекара комиссиясының бастығы В.А. Урусовпен қазақ-орыс сауда қатынасын орнатуға, саяси байланыстарды одан әрі нығайтуға бағытталған келіссөздерге қатысқан. Ресей әкімшілігі Орта Азиядан Орынборға қатынап тұрған сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді Ж. Т-ға жүктеген. Кейін Ж. Т. да Абылай сұлтан, Әбілмәмбет хан, Қабанбай, Бөгембай батырлармен бірге Орта жүздің Ресейдің қол астына өтуін ресми тіркеген құжатқа қол қойды. Осы тұста, 1743 ж. 11 шілдеде Ресей патшайымы Елизавета Петровнамың жарлығымен Қошқарұлы Жәнібекке тархан атағы берілді. Орта жүз хандығының билігі Абылайдың қолына көшкеннен кейін Ж. Т-ның өкілдігі де жоғарылады. Ш.Уәлихановтың пікірінше, Ж. Т. көп тындап, аз сөйлейтін, ердің құнын екі ауыз сөзбен шеше алатын әділ де шешен адам болған. Ж. Т-ның үлкен бәйбішесі – Тұрсынбай датқаның қызы, екінші әйелі – Әйтеке бидің қызы, үшіншісі – қалмақ ханының қызы, кіші әйелі – Қосым батырдың қызы. Бұлардан тараған Дәуітбай, Жауғашар, Ақпанбет, Тоқпанбет, Деріпсалы, Тоқтамыс ұрпақтары қазіргі уақытта, негізінен, Қостанай обл. Жангелдин ауд-нда тұрады. Ж. Т-ның мәйіті Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген. Батыр есімі Бұқар жырау, Тәтіғара ақын, Абыз әулие жырларында кездеседі. Халық ақыны Иман-

жан Жылқайдаровтың жырлауында бізге жеткен «Шақшақ Жәнібек батыр» жырында, Көкбайдың «Абылай» дастанында Ж. Т-ның ер тұлғасы нағымды сомдалған. 1993 ж. Арқалық қ-нда батырға ескерткіш орнатылды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Т.Рсаев

ЖӘҢГІР ХАН, С а л қ а м Ж ә н г і р (1608–1680) – Қазақ хандығының ханы (1628/45–1680), Есім ханның баласы. Әкесінің тірі кезінде-ақ Қазақ хандығының шеткі ұлыстарын, нағашы атасы Әбдірақым хан билейтін Тұрфанмен шекаралас жерлерін басқарып жүрді. Бұл кезең қазақ-қалмақ арақатынасындағы аумалы-төкпелі, текетірес жылдар болатын. 1620 ж. қазақтың Есім сұлтаны, қалмақтың Алтын ханы, Шолай Убашы тайшы үшеуі ойраттарға қарсы одақ құрады. Алтын хан Қарақұлдың елін шауып, бала-шағасын тұтқындайды. 12 жасар Ж.х. осы кезде қалмақ елінде қазақ елшілігінің құрамында барған. Төрт жыл өткен соң қазақ сұлтаны Есім мен шорастың тайшысы Қарақұл бірігіп, Ресей иелене бастаған Тары бекінісіне шабуыл жасайды. Осы сәтті пайдаланған ойраттың Байбағыс пен Далай тайшылары Есім сұлтанның еліне тиіседі, бірақ жеңіліс табады. Осы кездегі ұрыстарда жас Ж.х. өзінің қолбасшылық қабілетін байқатады. 1635 ж. қазақ елінің солт-нде көшіп жүрген Ж. х-ның еліне Далай тайшы, Гужи тайшы, Тәуірхожа тайшы бастаған қарақалмақтар шабуыл жасайды. Ж.х. айналасындағы адамдармен қалмақтардың қолына түсіп, жеті жылдай тұтқында болады. Қалмақтар оны «лама» болсын деген ниетпен Тибетке жібере жаздайды. Қалмақтардың әскери тактикасын молынан игерген Ж. х-ды Батыр қоңтайшының Өргесіне келген орыс елшісі Ремезов көріп, онымен тілдеседі. Кейін Ж.х. біраз серіктерімен еліне оралып, Қазақ хандығының билігін қолына алады. 1643 ж. Андасай бойындағы Кеңгір деген шақпақ таулы мекенде алты жүз ғана сарбазбен Ж.х. Батур қоңтайшының алпыс мың әскеріне қарсы тұрып, шегінуге мәжбүр етеді. Шақпақ Кеңгір тауларының қапшық сайына қапылыста кірген қалмақ әскерлері қазақ мергендерінің оғынан әрең құтылады. Ж. х-ға Самарқан шаһарының аталығы Жалаңтөс баһадүр жиырма мың қолмен көмекке келіп жетеді. Осы шайқас Ж. х-ның даңқын шартарапқа жеткізеді (қ. *Орбұлақ шайқасы*). Оқыс оқиға тоғыз жылдан кейін Ж. х-ды ауыр жарақатқа душар етеді. Астындағы атының аяғы суырдың ініне кіріп кетуі, Ж. х-ның қалмақтың жас батыры, Цецен ханның ұлы Ғалдаманың сілтеген шоқпарын бойына дарытуына себепші болады. Осы жекпе-жекте мертліккен Ж.х. жиырма жыл сал болып



ЖЕБЕ

жатып, өмірден қамқөңіл өтеді. Қазақтардың «Салқам Жәңгір» деп атауы осыдан. 1680 ж. әкесінің орнын басқан Тәуке хан тұсында Қазақ елі едәуір есін жиды. Бұған қонтайшының екінші әйелі, 1635 ж. Ж. х-мен бірге қалмақтарға тұтқынға түскен Ақтайлақ бидің қызы Жұмақас көп септігін тигізеді. Жұмақас өзінің Сенге мен ұлдан Бошақты сынды балаларына нағашыларының еліне маза беруді өтінеді. Балалары анасының бұл өтінішін жерге тастаған жоқ. Ж. х-ның тұсында, оның баласы Тәуке ханның заманында Қазақ елі жарты ғасырдай тыныштау, бейбіт өмір сүрді деуге болады.

Әдеб.: Султанов Т. И., Кочевые племена Приаралья в XV–XVIII вв., М., 1982; Моисеев В. А., Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв., А.-А., 1991.

А.Сатаев

ЖӘПЕК Түктікұртұлы, Тоқтығұрұлы (1712–1749) – Жетісу өлкесін жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан батыр. Шапырашты руының ту ұстаушысы. Халықтық шежіре деректері бойынша осы рудың Есқожа аталығынан шыққан. Қарасай батырдың баласы Түрікпеннің



Жәпек батыр

немересі. Абылаймен бірге қалмақ тұтқынына түскен батырлардың бірі. Оның ерлігі Бұқар жыраудың «Қалданменен ұрысып...» деген толғауында, 1928 ж. Ұзынағаш ст-ның тұрғыны Үмбет Дәулетбаевтан жазып алынған «Қарасай батыр» дастанында мадақталған Сүйінбай ақын да: «Ұрпағы Қарасайдың Дәулет, Қаумен, Алысқан қан ағызып талай жаумен, Қайратына Жәпектің жай шыдамай, Қашыпты Қытай асып алатайдай» деп жырлаған. Ж. батырдың қару-жарақтары (айбалта, шиті мылтық, садақ) мен сауыт-

сайманы, күдері шалбары 20 ғ-дың басына дейін сақталған.

П.Әбішев

ЖӘПЕК БАТЫР – Алматы обл. Іле ауд-ндағы ауыл, Ащыбұлақ а-дық әкімш. округі құрамында. Аудан орт. – Өтеген батыр кентінен батысқа қарай 10 км. жерде, Үлкен Алматы өз-нің Первомай тоғандары бойында орналасқан. Іргесі 1948 ж. М.Түймебаев атынд. жеміс-жүзім кеңшарының құрылуына байланысты қаланған. 1999 жылға дейін «12 Декабрь» а. аталып келді. Кеңшар негізінде 1997 жылдан өндірістік кооператив, серіктестіктер мен шаруа қожалықтары жұмыс істейді. Ауылда орта мектеп, клуб, кинотеатр, фельдш.- акушерлік пункт бар. Тұрғындары басқа елді мекендермен автокөлік жолы арқылы қатынасады.

ЖӘРІМБЕТ Солтанұлы (1735–1809) – би. Сырдарияның төм. ағысы бойында туып-өскен. Кіші жүз құрамындағы шөмекей руынан шыққан. Ел бірлігін, тыныштығын сақтауға ат салысқан. Ж. биді Сыр бойының ақындары өз жырларына арқау еткен. Есімі бүтін бір рулы елге айналған Ж. биден 14 ұрпақ тараған. Белгілі қоғам қайраткері Т.Жүргенов Ж. бидің 5-ұрпағы. 1995 ж. Ж. бидің қабірі қайта тұрғызылып, басына ескерткіш күмбез орнатылды.

Әдеб.: Маданов Х., Кіші жүз шежіресі, А., 1994; Дайрабаев Т., Кете-Шөмекей шежіресі, А., 1995; Келмембет батыр, А., 1998.

Т.Дайрабай

ЖӘУКЕ Назарғұлұлы (1822, қазіргі Қостанай обл. Амангелді ауд. Ақшығанақ қонысы –1904, сонда) – Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы күрескен батыр. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасынан шыққан. Ж. жастайынан өр мінезді, намысқой, дұшпанына қатал болып өскен. Ол Ресей империясының отаршылдық саясаты мен озбырлығына қарсы қазақ ханы Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлының көтерілісіне 1838 жылдан кейін қосылған. Бұл кезде қазақ ханы Кенесары Қасымұлының қолы торғай, Ырғыз өңіріне ығысқан. Кенесары сарбаздарының отаршылдармен Өлкейек өз-нің бойындағы, Толыбай, Балапан мекендеріндегі қақтығыстарында, Ресей өкіметінің жандайшабы Ахмет Жантөрин тобына қарсы 1844 жылғы соғыста Екатеринбург ст-на шабуыл кезінде ерекше көзге түскен. Халық қамын ойлаған батыр қаракылды қақ жарған әділдігімен, ақыл-парасатымен де ел құрметіне бөленген. Ақын Н.Ахметбекөвтің «Қарға» дастанында Ж. батырдың көркем тұлғасы өрнектелген.

Әдеб.: Кенжалин Ж., Жәуке батыр, А., 1994.

ЖЕБЕ – 1) садақ оғының ұшы. Кейде оқтың өзінде Ж. деп атайды. Ж-ні алғашында тастан, сүйектен, кейін қола мен темірден жасаған. Те-

ЖЕКЕ БИ

мірден жасалынған Ж-лер 19 ғ-дың ортасына дейін қолданылды. Түркі халықтарында Ж-лердің «қозыжауырын», «сауытбұзар», «үш қырлы», «доғал оқ» деген түрлері бар. Жасалған темірлеріне қарай «сұр жебе», «көк жебе», сабының ұзындығына қарай «сай кез оқ», «кез оқ» «он екі тұтам», сабының ағашына байланысты «ку жебе», «қайың оқ», «тобылғы сапты оқ» деген атаулары бар; 2) найзаның ұшы; 3) жаудың жолына құрылатын тікенек темір.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в Қ. С., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Қ.Ахметжан

«ЖЕКЕ БИ» – аңыз. Дайындаған – Б.Бекенов. «Көкшетау» газетінің 1991 жылғы 1 мамырдағы санында жарияланған. Басылымға автордың ел аузынан жазып алған төмендегідей аңыз әңгімесі берілген. «Абылай ханның тұсында арғын мен тобықтының арасында жесір дауы болып, екі елдің игі-жақсылары жиналып, бітімге келе алмапты. Себебі кеткен жесірдің ішінде жеті айлық бала болса керек. Екі жақтың сөзін ұстаған Шеттібай мен Жәнібек бәтуаласа алмай отырғанда, орталарына бір бала кіріп, сайрай жөнеліпті: – Алдияр, алдарыңа бас қоямын, Жақсыға осы отырған мен куәмін. Үш жүздің қиы кеткен дауындай-ақ, Біткенге қапа болып ойланамын. Келіп ем ағаларды көрейін деп, Бітпейтін қандай қиын жұмысы бар, Отырсыз бәріңіз не уайым жеп? Досқа сақ алты сырды айта аламын, Дұшпанды жалғыз сөзбен қайтарамын. Маған бер осы даудың оқ тізгінін, Десеңдер тыныштықпен жай табамын. Сонда Абылай хан баланың сөзіне риза болып, мынадай бата беріп: – Балам, тартқанда жолың болсын, Басыңа – бақ, кеудені сана толсын. Жалғыз айтып, үш жүзді еске салдың, Соның үшін Жеке би атың болсын. Ал, билігінді айта бер, – депті. Сонда бала Жеке би: «Көрінбей іште кеткен жеті айлық балаға, жеті айлық баласымен жесір қалған кісіге жеті мұрны тесілмеген бота-тайлақ аз бола ма, жеті мұрны тесілмеген бота-тайлық көп бола ма?», – деген екен. Отырған билер баланың билігіне риза болып, алғыс айтыпты», – делінеді.

К.Қошым-Ноғай

ЖЕЛЕЗИН – Ертіс өз. бойында 1717 ж. негізі қаланған бекініс-қала (қазіргі Павлодар обл.). Ж. қ. Сібір ген.-губернаторлығының тұңғыш губернаторы М.П. Гагариннің бастамасымен салынды. 1714–16 ж. Петр I жарлығымен Ертіс өңіріне аттандырылған И.Д. Бухгольцтың жорығы сәтсіздікпен аяқталғаннан кейін, князь Гагарин Ертіс өзінің бойында жаңа бекіністер тұрғызу үшін П.Северский мен В.Чередов басқарған экспед. ұйымдастырды. Чередов Колбасинск бе-

кінісін, Северский Ж. қ-ның негізін салды. Ж. қ. алғашында төрт бұрышты, зеңбіректер орналас-тырылған бастияндары бар кішігірім бекініс еді. Ресей әкімш. оны Зайсан к-не, Қара Ертіске, Шығыс Түркістанға жасалатын жорықтардың әскери тірегі ретінде пайдаланды. 18 ғ-дың 20–30-жылдарында Ж. қ. казактарды жоңғар шапқыншылығынан қорғауда үлкен рөл атқарды. Екінші жағынан, орналасқан жері қолайлы болғандықтан Ресей империясы Ж. қ-н Орта жүзді отарлаудың бір тірегі ретінде пайдаланды. Қала 18 ғ-дың 40–50-жылдарында қазақ-орыс, орыс-жоңғар сауда байланыстарын дамытуда елеулі рөл атқарды. 1757 ж. 20 қазанда Ж. бекінісінен түскен рапортта 3 мыңнан астам казактардың көшіп келгенін және бұлар Абылай сұлтанның адамдары екені айтылған. Ж. қ. әкімш. жағынан Сібір ген.-губернаторлығына, 1783 жылдан бастап Тобыл наместничествосына бағындырылды. Кейін Семей, Өскемен, Омбы қ-ларымен бәсекелесе алмай, жай ғана қоныс болып қалды. 1868 ж. Семей обл. Павлодар уезінің құрамына кірді.

Әдеб.: К а с ы м б а е в Ж., Казахстан – Китай. Караванная торговля в XIX – начале XX вв., А., 1996.

Ж.Қасымбаев

«ЖЕЛКІЛДЕК БАТЫР» – поэма. Авторы – А.Сопыбеков. «Сырдария» журналының 2012 жылғы 2-санында жарық көрген. Тарихи деректер бойынша 1766 жылдың жазында Қоқан ханы Ердана-Бек Абылай ханға бағынуды талап етіп елші жібереді. Бұған намыстанған Абылай елшілерді қабылдамай, кері қайтарады. Ердана-Бек Абылайдың әрекетіне ызаланып, жасырын қарақшылар тобын жіберу арқылы Қарашық қ-ның бегі, Абылайдың інісі Искендірді төрт баласымен қоса бауыздап өлтіріп, әйелін алып кетеді. Мұндай басынуға шыдамаған Абылай хан Қоқан хандығына шабуыл жасайды. Осы жорықта бас батыр етіп Желкілдек батыр Бөлтекұлын тағайындайды. Шабуыл кезінде жеңілерін сезген Ердана-Бек әйелдің киімін киіп қаладан шығып, Ташкентке қашады. Абылай мен Желкілдек батыр бастаған қол артынан Ташкентке жеткенде, Ердана-Бек Бішкектегі қырғыздарға қарай өтіп кетеді. Осы жерде Абылай хан мен Желкілдек батыр Ташкенді бағындырып, қаланы қазақ хандығына қаратып, Хан ордасы Түркістанға қайтады. Ақын Адырбек Сопыбекұлы поэмасына осы оқиғаны және 1771 жылғы тарихта аты «Шаңды жорық» деген атпен қалған қалмақтарға қарсы соғысты арқау етіп алған. Шығармада Желкілдек батырмен қатар Көкжал Барақ, Батыр Баян, Бөгенбай, Саурық, Қалбағай секілді тарихи тұлғалардың да ерліктері көркем суреттеледі.

К.Қошым-Ноғай

ЖЕҢСЕ – жаугершілік замандарда қолдың білек бөлігін қорғау үшін темірден жасалған арнаулы жарақ. Қимылдауға ыңғайлы болу үшін сауыттар, көбінесе, жеңсіз не қысқа жеңді болып жасалғандықтан батырлар қолды арнаулы Ж-мен қорғаған. Оны парсыша «базубанд» деп атаған. Ж-лер екі бөліктен жасалып, бір жағынан топса, бір жағынан баумен не ілгекпен байланған. Мыс., сақтар киген сауыттардың Ж-лері бөлек жасалынған. Пішіні жағынан 2 түрге бөлуге болады: қолдың білектен шынтаққа дейінгі бөлігін қорғайтын Ж-лер және бүкіл қолды қорғайтын ұзын Ж-лер. Мұражайларда сақталған қазақ батырларының Ж-лерінің беттері алтынмен оюланып, қолға жұмсақ болу үшін іші мақпалмен, барқытпен астарланған.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в Қ. С., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Қ.Ахметжан

ЖЕТЕН Бұқаұлы (1817–1912) – Албан тайпасынан шыққан батыр. Албан тайпасының айт руынан шыққан және 19 ғ-дың екінші жартысында айт руын басқарған батыр. Шежіре бойынша Жетен батырдың шығу тегі мынадай: Айт, одан Бауыс, одан Сады, одан Қабанбай, одан Бұқабай және Бұқабайдың жеті ұлының бірі – Жетен батыр. 19 ғ-дың 60–70-жылдары Жетісу жерін Ресейдің жаулауына және оның отаршыл саясатына қарсылық білдірген. Жергілікті орыс әкімшінің билігіне қарсылық ретінде қол астындағы руын Қытайға көшіріп алып кеткен. Біршама уақыттан кейін қайта оралып, орыс билігін мойындайды. Орыс деректерінде Жетен батырды «Жетісудың Жетені» деп атаған. Батыр 95 жыл өмір сүріп, қазіргі Алматы обл., Кеген ауданы аумағында қайтыс болады. Жетен батырдың Игенбай, Атамқұл, Мәді және Балапан атты төрт ұлы 20 ғ-дың басындағы қазақтардың жерді пайдалану туралы материалдары бойынша Кеген өңіріндегі Жалаулы, Ақтасты қоныстарында өмір сүрген. Батырдың төрт ұлынан тараған ұрпақтар қазіргі күнде Алматы обл-ның Кеген, Нарынқол өңірлерінде, Алматы қ-нда және Қытай Халық Респ-нда тұрып жатыр. Ұрпақтары Жетен батырға арнап Кеген ауд-ның Жалаулы а-нда ескерткіш-белгі қойған.

Әдеб.: Шәрен Белғожаұлының қолжазба шежіресі.

Б.Кәрібаев

ЖЕТІ ЖАРҒЫ – Тәуке хан тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. 17 ғ-дағы кейбір хан, сұлтандардың өз иеліктеріндегі ұлыстарды жеке-дара билеуге ұмтылушылығы Қазақ хандығының ыдырау қаупін тудыруына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарасты-

рып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығына қабылданды. Ж. ж-ға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. Ж. ж-дан кейін арнайы атаулы заң жүйесі жасалмағандықтан және Ж. ж-ның өзі талап, тілекті қанағаттандырарлық деңгейде болғандықтан, оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары 20 ғ-дың басына дейін қолданылып келді. (Мыс., бұл қағидаларға Абай да үлкен мән бергені және кезінде өзі жасаған заң жобасында ескергені белгілі.) Ж. ж. қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Бұл жүйені мазмұндық-кезендік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген және Тәуке ханның өз дәуіріне, саясатына сай енгізілген өзгерістер деп үшке бөлуге болады. Ж. ж-ның толық нұсқасы сақталмаған. Кейбір үзінділері К.Шүкірәлиевтің (1804), Я.Гавердовскийдің (1806), А.И. Левшиннің (1832) жазбаларында кезігеді. Олардан басқа Н.Гродеков, Л.А.Словохотов, А.П.Чулошников тәрізді орыс ғалымдарының зерттеулері мен айтқан ой-пікірлері шежіреші Ә.Қайнарбайұлынан алынған нұсқаға жақын келеді. Аталған нұсқада Ж. ж-ның аталуы Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты деген тұжырым жасалған. Бұл өзгерістерде төрелер мен қожаларға ерекше құқық беру арқылы билікті нығайту мақсаты көзделгені айқын байқалады. Мыс.: 1) «Халықтың ханы, сұлтаны, пір-әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін». Яғни қарапайым ер адамның құны 1000 кой немесе 100 түйе, я болмаса 200 жылқы болса, сұлтан мен қожаның құны одан жеті есе көп; 2) «Төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлсе, олардың әрқайсысына екі кісінің құны төленсін». Сонымен қатар, қоғамдағы тұрмыстық және адамгершілік қатынастарды

ЖЕТИ ЖАРҒЫ



құқықтық тұрғыдан жетілдіре түскен. Мыс.: 3) «Сырттан кірген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан біреуді теуіп өлтірсе, бүтін құн, үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе, жарты құн, ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе тек ат-тон айып тартады». 4) «Ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы келіп, қол жұмсаса, онда ол баланы ата-ана өлтірсе де ерікті, сұраусыз болады». 5) «Кәмелетке жеткен баласы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) қара сиырға не қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, ауылды айналдыру керек». 6) «Құйрық-бауыр жесіп, құда болған соң ақ баталы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалыңмал жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалыңмалы беріледі». 7) «Ұры айыр түйеге нар, атқа аруана, тайлаққа атан, тайға ат, қойға тана төлейді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді». Осы соңғы өзгерістермен қатар жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдет-ғұрып заңдары Ж. ж-да көрініс тапты.

Н.Өсерұлы

«ЖЕТИ ЖАРҒЫ» – кітап. Авторы – Ж.Артықбаев. 2003 ж. «Заң әдебиеті» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 150 бет. Таралымы 500 дана. Кітапта «Есім ханның ескі жолы» мен «Қасым ханның қасқа жолын» негіз ете отырып жасаған Тәуке ханның «Жеті жарғы» атты заңы жайында айтылған. Бұл заңға Абылай хан тұсында да біршама өзгерістер енгізіліп, барынша жетілдіріліп, кемеліне келтірілгендігі айтылады. Аталмыш кітапта Қазақ хандығының бас заңы жайында мол мағлұматтар берілген. Оқу құралында қазақ мемлекетінің хандық дәуірдегі ел басқару жүйесі және оның құрылымындағы «Жеті жарғы» кеңесінің қызметі, маңызы көрсетілген. Дәстүрлі мемлекет және құқық ережелері турасында автор қолданысқа түсе бермейтін тың деректер мен пайымдауларын ұсынады.

К.Қошым-Ноғай

«ЖЕТИМ ТОРЫ» – Абылай ханның күйі. Күй туралы аңызды Балқаш қ-ның тұрғыны домбырашы Әшірбек Мүсәпіровтің айтуы бойынша А.Сейдімбеков жазып алған. Аңыз-әңгіме қысқаша былай болып келеді. Абылай ханның елдің шетіне, желдің өтіне, жаудың бетіне тұтқан, қорғаны болған Қарабұжыр Жантай атты батыры болған екен. Сол батыры қалмақтармен болған бір ұрыста аз қолмен ерен ерлік көрсете жүріп, қаза болады. Арқа тұтқан батырынан айырылған Абылай хан аза тұтып, арулап жер қойнына бер-

ген соң батырының мініп жүрген атын тұлдап, асына союға әзірлеп бос жібереді. Күндердің бір күнінде Абылай хан ордасына қосын жиып, кезекті бір жорыққа дайындық жасап жатады. Осындай шақта ордаға қарай құйғыта шауып келген баяғы батыр Жантайдың торы аты кермедегі ереуіл аттардың қатарына қосыла жер тарпып тұра қалады. Торы атты тани кеткен Абылай хан Жантай батырды есіне түсіріп, мұнайған қалпында осынау «Жетім торы» атты күйін шығарған екен.

К.Қошым-Ноғай

ЖЕТИСУ – тарихи-геогр. аймақ. Солт-ге Балқаш, солт.-шығысында Сасықкөл мен Алакөл, шығыста Жетісу (Жоңғар) Алатауы, оңт. және оңт.-батысында Солт. Тянь-Шань жоталарымен шектеседі. Тарихи деректер мен зерттеулерде Ж. атын құрайтын 7 өзен туралы түрліше пікір бар. А.К.Гейнс бұлардың қатарына Лепсі, Басқан, Сарқан, Ақсу, Бүйен, Қаратал және Көксу өз-дерін жатқызса, А.Влангали Басқан, Сарқан өз-дерінің орнына солт.-шығыстағы Аяғөз, оңт.-шығыстағы Іле өзендерін атайды. В.В.Бартольдтың айтуынша, алғашқыда жергілікті халық Ж. деп Іледен солт-ке қарай созылған аймақты атаған, оған Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу өз-дері енген. Ал Ж. Іленің оңт-не қарай созылған таулы аймақ деген ұғым 19 ғ-да тарап, сондай-ақ, оған Тянь-Шаньның солт.-батыс және орт. аудандары да қосылатын болған. 15 ғ-дың 60-жылдарының орта шені мен 70-жылдардың басында Ж-дың батыс бөлігінде Қазақ хандығы құрылды. 15 ғ-дың аяғы мен 16 ғ-дың бас кезінде Қазақ хандығының шекарасы Жетісу, Дешті Қыпшақ және Түркістан өлкесінің солт. бөлігінде (Созақ, Сауран, Сығанақ қ-лары қосылды) бірте-бірте кеңейе түсті. Бұл жерлерді жайлаған қазақ рулары мен тайпалары Қазақ хандығына бірігіп, қазақ халқының ұзаққа созылған қалыптасу үрдісі аяқталды. Қазақ халқының құрамында тарихи даму барысында тайпалардың үш тобы пайда болды. Олардың әрқайсысының шаруашылық мүдделері ортақ болғанмен, жер аумағы жағынан бір-бірінен айырмашылықтары болды. Осыған байланысты қазақ даласындағы Үш жүздің қалыптасуы, соның ішінде Ж-дағы Ұлы жүздің қалыптасуы 15 ғ-дың соңы мен 16 ғ-дың басында аяқталды. Қасым хан тұсында (1511–23) Қазақ хандығының шекарасы Қаратал өз-не дейін жетсе, Тахир ханның билігі дәуірінде Қас және Күнес өз-деріне дейінгі атырапты қамтыды. Қазақ хандығының күшеюі 16 ғ-дың бас кезінде Моғолстанның Ж-да билігінің жойылуын тездетті. Шығыс Түркістан өлкесін билеген Сұлтан Саид (1514–33) пен Абд әр-Рашид (1533–65) хандар Ж-ды өздеріне қайтарып алуға тырысып

бақты. Алайда қырғыздармен одақтасқан қазақ билеушілері оны жүзеге асыртпай тастады. Бұл күрес Ақназар хан тұсында да тоқтаған жоқ. 17 ғ-да Ұлы жүз басқа қазақ жүздері сияқты жеке хандық болып саналды. Ж. рулары басқа да отырықшы егін ш-мен айналысатын аймақтармен сауда-экон. қарым-қатынастар жасап тұрды. 1643 ж. Жоңғар қонтайшысы Батур Ж-дың біраз жерін өзіне бағындырды. Ал 1681–88 ж. Жоңғар хандығы Ж-дан Оңт. Қазақстанға бірнеше дүркін жорықтар жасады. 18 ғ-да Ж-дың едәуір бөлігі Жоңғар хандығының қол астында болды. Жоңғар мемлекетін Цин империясы талқандағаннан кейін, енді Ж-ды осы империя басып аларлықтай қауіп төндірді. 18 ғ-дың 70-жылдары Абылай ханның баласы Әділ Ж-да тұрып, сұлтан атанған. Абылай Әділге үй салғызып беріп, осында егіншілікпен айналысу үшін бірнеше қарақалпақ отбасыларын әкеліп орналастырған. 18 ғ-дың 80-жылдары Әділ Әбілмәмбет ханның баласы Болатпен бірге дулат тайпасының ботпай, жаныс, сиқым және шанышқылы руларын билеген. Ж-дың Ілеге дейінгі оңт. бөлігін 19 ғ-да Қоқан хандығы жаулап алды. Жоңғар және Қоқан хандықтарының қайыршылыққа ұшыратқан зорлық-зомбылығына қарсы Ұлы жүз қазақтары күрес жүргізді. 19 ғ-дың 40-жылдарының ортасында Ж-дың Қапал аймағында көшіп-қонып жүрген қазақтарды Ресей өз қол астына қаратты. Ж-дың Іле өз-не дейінгі бөлігі Ресей мемлекетінің құрамына енді. 1854 ж. Алмалы деген жерде патшалық Ресейдің Орт. Азияны отарлау барысында «сенімді» тірегі саналған «Верный» бекінісі салынды. 1860 ж. қазақтың атты жасақтарымен бірге Ресей әскерлері Ұзынағаш түбінде Қоқан хандығының әскерін ойсырата жеңді. 1860 ж. аяғында патшалық Ресей Ж-ды толықтай өз отарына айналдырды. 1867 ж. Ж. территориясында Жетісу обл. құрылды. Ж. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі ошақтарының бірі болды.

Әдеб.: В л а н г а л и А. Г., Геогностические поездки в восточной части Киргизской степи в 1849 и 1851 годах, I – II ч., СПб., 1853; У э л и х а н о в Ш. Ш., Шығ., I т., А., 1961; Б а р т о л ь д В. В., Очерк истории Семиречья, Соч., т. II, ч. I, М., 1963; Ж о л д а с б а е в С., Жетісу тарихы (Палеоэтнографиялық зерттеу) XV–XVIII ғғ., А., 1996.

С.Жолдасбаев, Ш.Тілеубаев, П.Әбішев
«ЖЕТИСУ» – Алматы обл. қоғамдық-саяси газет. Алғашқы саны 1918 ж. 21 маусымда «Жетісу ісші халық мұқбыры» деген атпен жарық көрді (41 нөмірі). 1918 жылдың желтоқсанынан «Көмек» деп аталған дербес қазақ газеті аптасына екі рет шығарыла бастады. Ол алғаш 1500 дана болып жарық көріп, тегін таратылды. 1920 ж. 4

қаңтардан бастап «Ұшқын», 1 қарашадан «Бұқара» деп аталды. 1921 жылдың наурыз айына дейін ұйғыр тілінде шығарылған «Бұқара» газетіне Исмаиыл Тайыров редактор болып, оның 17 нөмірі жарық көрді. Соңынан Қ.Абдуллин редакторлық еткен «Кедей еркі» газетінің 25 нөмірі шығып, ол 1922 жылдың 18 тамызынан «Тілші» газеті болып өзгерді. Алғашқы редакторы Сәдуақас Оспанов болды. 1929 жылдың соңында «Еңбекші қазақ» газетіне қосылды. Облыста 1934–54 ж. «Сталин жолы» деп аталатын газет шығарылды. Ол 1954–63 ж. «Коммунизм таңы» деп аталды. 1963 жылдан «Ж.» деген атпен шығып келеді. 1991 жылдан Абылай ханның тарихи істері жайында мақалалар (Р. Сүлейменовтің «Хан Абылай», 1991) мен көркем шығармалар да (Ұ. Доспанбетовтің «Абылайдың ақ туы» романының 2-кітабынан үзінді, 2006) жарияланған. Газет қазір Алматы обл. әкімш-нің органы ретінде бұрынғы 4 беттік көлемін кеңейтіп, 24 бет болып жарық көруде (2001). Бас редакторы – Ж.Нұрғожаев.

А.Қорғасбекова
«ЖИДЕБАЙ БАТЫР» – тарихи жыр. Жырдың бас кейіпкері Жидебай батыр – 18 ғ-дағы жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Абылай ханға сенімді серік болған, ерекше ерлігімен көзге түскен, көрнекті тарихи тұлға. Оның ерліктері халық жадында сақталып, ауыздан-ауызға тарап, аңыз, жырға айналып, бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр. Жырдың кіріспесінде қарасөз бен өленді араластыра біраз шежірелік деректерді келтіре кетеді. Одан кейін Жидебай батырдың жас кезінде көрген қиыншылықтары жырға арқау болады. Шешесі өзіп, жетімдіктің зарын тартып, ақырында өгей шешесі тарапынан көрген зәбірі салдарынан он бес жасында елінен кетеді. Абылай ханның сарбаздарының қатарына қосылып, алғашқы ұрыстың өзінде-ақ топ жарып, ерлік көрсетеді. Жыр 1927 ж. Семей обл-нда жазылып алынған. Жинаушысы, айтушысы белгісіз. Жырдың түпнұсқасы Орт. ғыл. кітапхананың Қолжазба қорында (Ш.364) сақтаулы. Аталған жыр «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы бойынша дайындалған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 59-томында (2010) жарияланған.

Ж.Салтақова
ЖИЕМБЕТ Б о р т о ғ а ш ұ л ы – жырау, әскербасы. 16 ғ-дың соңы мен 17 ғ-дың алғашқы жартысында ғұмыр кешкен Ж. – қазақ тарихындағы ел бастаған көсем деңгейіне көтерілген елеулі тұлғалардың бірі. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасынан шыққан Ж. өз заманында бүкіл алшынға әмірін жүргізген. Еңсегей бойлы ер Есім ханның ұлы жорықтарында асқан ерлік көрсетеді. Ол 1620 жылғы ойраттармен болған ірі

ЖОБАЛАЙ

соғыста Кіші жүз қолын басқарып, қазақтардың жеңіске жетуіне ықпал еткен. 1627 ж. Қазақ хандығы құрамынан бөлініп шығып, дербес билік құрғысы келген Қатағанның ханы Тұрсынның бүлігін басқан Есім ханның қасында болып, ел тұтастығын сақтау жолында қажырлы қайрат көрсетеді. Кейін Кіші жүзге сөзі өтіп тұрған Ж-тің билігінен сескенген Есім хан, оны інісі Жолымбетпен бірге жер аударып жібереді. Ж. ханның қаһарынан қайтпаған өр кеуделі адам болған сияқты. Иесіз аралға айдалып бара жатқан Ж.: Еңсегей бойлы ер Есім, Есім сені есірткен, Есіл де менің кеңесім»... деп Есім ханға айбат шеге, ойындағысын тайсалмай айтып кетеді. Ел аузындағы бір деректерге қарағанда, Ж. ж. сол айдауда жүріп, қайтыс болады. Келесі бір деректерде, Есім хан дүниеден өткеннен кейін туған жұртына қайтып оралады. Бірақ Ж-тің Есім хан қайтыс болған 1643 жылдардан кейінгі ғұмыры белгісіз.

Б.Атығай

ЖОБАЛАЙ Бәйсейітұлы (1730–1818) – би. Билік жолын әкесі Бәйсейіт биден алған Ж. би елін әділдікпен, халық арасынан шыққан азаматтармен ақылдаса отырып билеген. Ж. биден кейін



Жобалай Бәйсейітұлының мазары

билік Томан, Байкотан, Тоқсанбай, Есенжол билерге жалғасып кете берген. Ж. бидің соңында көптеген сөздер қалған. Солардың бірі: «Атыма тай бер, Тайыма қой бер, Қой болар, қозы болар, Келер жылы өзі болар», – деп келетін билік сөздері. Бұл сөздердің мағынасын ел-жұрт Абайдан сұрағанда, Абай: «Күшті зорлығын қойған ба? Өлсізді әлім-жеттікпен жеп, есе бермегеннен кейін, Жобалай бидің ойлап тапқан билігі

ғой» деп жауап беріпті. Дау шиеленісе бергеннен кейін, тұяқ орнына тұяқ алып бітісуді «Жобалай жолы» деседі. Ж. би жайындағы сөздер М.Мағауиннің «Мен» атты ғұмырнамалық романында кездеседі. Ж. бидің өмірі, билік сөздері ел ішінде жиі айтылады. «Қаракерей Қабанбай» дастанында Ж. бидің жорықтағы істері суреттелген. Ж. бидің тікелей ұрпағы, заманының көзі ашық азаматы, Томск мал-дәрігерлік ин-тын бітірген, Саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Тойсарыұлы Бейсембай 1914 ж. Ж. бидің бейіті басына Қазан қ-нда жаздырылған көктас (биікт. 2 м, ені 80 см) қойдырады. Көктаста шағатай жазуымен керей елінің қысқаша шежіресі берілген. Ж. бидің мазары қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Шұбартау өңірінде.

Б.Атығай

ЖОЛАМАН Тіленшіұлы (т.-ө.ж.б.) – қазақ халқының 19 ғ-дың 20 – 30-жылдарындағы Ресей империясының отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, халық батыры. Кіші жүз құрамындағы Жетіру тайпалары бірлестігінің табын руынан шыққан. 19 ғ-дың 20-жылдарының басында Ресей империясының Орынбор әкімш. Елек өз-нің бойындағы табын руының жерлерін тартып алып, бекіністер сала бастайды. Орал, Елек, Бердянка, Құраты өз-дерінің бойында 29 бекініс бой көтеріп, ол Жаңа Елек шебі деп аталды. Ресей империясы әкімш-нің мұндай отарлау саясатына қарсылық білдіріп, Ж. бастаған бір топ табын руының адамдары 1823 ж. 3 қыркүйекте Орынбор ген.-губернаторы Эссенге хат жолдайды. Қазақтың жер мәселесін қарайтын комиссия төрағасы Шерғазы хан олардың бұл талаптарын заңсыз деп танып, наразылық қимылдарына қарсы әскер күші қолданылатынын ескертеді. Мұндай өктем жауап Ж. батыр бастаған табын руы қазақтарының қарулы көтеріліске шығуына түрткі болды. 1835 жылға қарай олардың қатарына жағалбайлы, жаппас, алшын, арғын, қыпшақ тайпаларының адамдары қосылып, көтерілісшілер саны 3 мыңға жетті. Көтерілісшілерге қарсы Орынбор әкімш. арнайы әскери бөлімдер жіберіп, көтерілісті басып тастауға күш салды. 19 ғ-дың 30-жылдарының ортасынан бастап Ж. батыр Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы жасағымен бірігіп, отаршыл саясатқа қарсы күрес жүргізеді. Кенесары қолы оңт-ке қарай бет алғанда Ж. батыр бастаған көтерілісшілер тобы ыдырай бастайды. 19 ғ-дың 40-жылдарының басында Ж. батырдың өзі Бұхараға қоныс аударады. Одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Әдеб.: Материалы по истории Казахской ССР, т. 5 (1785–1828), М.–Л., 1940; Бекмаханов Е., Казах-

стан в 20–40-е годы XIX века. 2-изд., А., 1992; Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. Сб. документов, А., 1996.

Е. Уәлиханов

ЖОЛАН Төлеұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр, Төле бидің баласы. Ж. қазақ жерлерін жоңғарлардан азат ету кезіндегі бірқатар шайқастарға қатысқан. Екі рет Жоңғар контайшыларының қолында аманатта болып, ғұмырының 14 жылын сонда өткізген. Ж. көршілес қырғыз халқымен арадағы даулы мәселелерді шешуге ат салысып, мәмлегерлік қызмет те атқарған. Ж. батырдың Баба, Жәнібек, Байгел, Жақабай, Жайылмас, Оратан, Бостан есімді ұлдары болғандығы белгілі. Досалы би Ж-ның тікелей ұрпағы.

Ұ. Доспанбету

ЖОЛБАРЫС Абдуллаұлы (1690 ж.ш. – 1740) – Ұлы жүз ханы (1720–40). «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» соң Ж. өзі билеген қазақ рулары мен Ташкент тұрғындары атынан Жоңғар хандығына тәуелділігін мойындап, жоңғар әскербасына алым-салық төлеп тұрған. 1733 ж. Ұлы жүз ханының елшілері Аралбай мен Оразкелді Кіші жүздегі Ерәлі сұлтанмен бірге Ресейге барып, патшайым Анна Иоановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар, Сатай, Хангелді, Бөлек сынды батырларының атынан жазылған хатын тапсырды (қ. *Ерәлі*). 1738 ж. Ж. Ресей бодандығын қабылдау ниетін білдіріп, Ресей үкіметіне хат жазады. 1738 ж. 19 қыркүйекте Анна Иоановна Ж-тың атына арнайы грамота жолдап, оның тілегін қабылдағанын мәлімдеді. Бірақ жоңғар билеушілерінің қарсылығы және Ресей мен Ұлы жүз хандығы арасындағы саяси қарым-қатынастардың қалыптаспауы себепті Ж-тың саясаты жүзеге аспады. Ж. 1739 ж. Абылай ханмен тізе қоса отырып, жоңғар басқыншыларына қарсы күрес ұйымдастырды. Соның нәтижесінде Ташкент, Сайрам қ-лары жоңғар әскерлерінен азат етілді. Ж. Ташкент тұрғындарының қолынан қаза тапты. Оның орнына Ташкенттің ұлысбегі болып Төле би тағайындалды.

Әдеб.: С а б ы р х а н о в А., Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары, А., 1970; Д о б р о с м ы с л о в А. И., Материалы по истории России, т. 2, Оренбург, 1910; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Труды общества изучения Казахстана, т. 7, в. 2, К.-О., 1926.

ЖОЛБАРЫС Есімханов (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – сұлтан. Абылай ханның немере інісі. Сол кездегі Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саясатында үлкен рөл атқарған. Абылайдың тапсырмасымен Ресей мен Қытайда елшілік сапарда болған. Абылаймен

бірге қалмақтардың қолында тұтқында отырып (1742 – 43), кейін ханның елшілік тапсырмаларын орындаған. 1743 ж. күзде құрамында 4 адамы бар Қазақ хандығының елшілігі Ресей империясының Тобыл бекінісінде болып, сауда қарым-қатынасы жөнінде келісімге қол жеткізді. 1758 ж. патшайым Елизавета Петровнаға жіберілген елшілік сапар да сәтті аяқталып, патшайым тарапынан Абылай ханға арнайы грамота мен сыйлықтар жіберілді. 1760 ж. сұлтан Абылайдың тапсырмасымен Орынбор әкімшілігінде болды. Ал Қытайдағы сапарында Ж. сұлтанның дипломатиялық шеберлігі жоғары бағаланып, оған сыйлықтар тапсырылған.

Н. Ақбай

ЖОЛБАРЫС БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – батыр. 18 ғ-дың 2-жартысы мен 19 ғ-дың басында Абылай хан заманында өмір сүрген. Ұлы жүз құрамындағы дулат тайпасынан шыққан. Өтеген батыр сарбаздарының бірі – Қарабектің баласы. Жоңғарларға, Қоқан хандығына қарсы шайқастарда ерлігімен көзге түсіп, есімі ел жадында сақталған.

ЖОЛБАРЫС БИ Жылқайдарұлы (1671–1761) – би, батыр. Ұлы жүз құрамындағы жалайыр тайпасының күшік тармағынан шыққан. Абылай тұсында, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Іле мен Қаратал өз-дерінің аралығындағы жоңғарлармен болған шайқастарға қатысқан. Кейін қазақ жері жаудан тазартылған соң, босқын елді атамекеніне қайтаруға да үлес қосқан. Ел аузындағы аңыздарда, Ж. б. денесіне жау қаруын дарытпаған батыр, әрі ертеңгі күнді болжай алатын сәуегей, қара қылды қақ жарған би ретінде сипатталады. Бейіті Алматы обл. Үш-төбе қ-на жақын Кәлпе а-ның құншығыс жағындағы үлкен қорымда. 1996 ж. бидің ұрпақтары онда үлкен кесене тұрғызып, құлпытас орнатты. Журналист-жазушы О.Исмайылұлының «Шұбар ата», «Жолбарыс» атты кітаптарында, Қ.Қарамановтың «Қаратал – күндіз күміс, түнде алтын» кітабында Ж. б. туралы деректер бар.

Ұ. Доспанбету, Қ. Қараманов

ЖОЛБАРЫС СҰЛТАН ЕЛШІЛІКТЕРІ – Жолбарыс сұлтанның Абылай хан тапсырмасымен Ресейге, Қытайға барған елшілік сапарлары. Жолбарыс сұлтан (т.-ө.ж.б.) – Абылай ханның немере інісі, сол кездегі қазақ хандығының ішкі, сыртқы саясатында үлкен рөл атқарған. Оның жеке өмірі, қызметі туралы мәліметтер сақталмаған. Жолбарыс сұлтан Абылай ханмен бірге Қалдан Сереннің (Цэрен) қолында тұтқында болып (1742–43), кейін оның сенімді өкілі ретінде елшілік тапсырмаларын орындаған. 1743 ж. күзде құрамында 4 адамы бар Қазақ хандығы елші-

ЖОЛДАСБЕКОВ

лігі Ресей империясының Тобыл бекінісінде болып, Тобыл әкімш-мен сауда қарым-қатынасы жөнінде келісімге қол жеткізді. 1758 ж. Ресей патшасы Елизавета Петровнаға жіберілген елшілік сапар да сәтті аяқталып, патша тарапынан Абылай ханға арнайы грамота мен сыйлықтар жіберілді. 1760 ж. Жолбарыс сұлтан Абылай хан тапсырмасымен Орынбор әкімш-нде болды. 1761 ж. Қытайда болған сапарында Жолбарыс сұлтанның дипломатиялық шеберлігі жоғары бағаланып, оған сыйлықтар тапсырылған.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Е.Уәлиханов

ЖОЛДАСБЕКОВ Мырзатай (27.5.1937 ж.т., Жамбыл обл. Талас ауд. Ақтөбе а.) – мемлекет қайраткері, филол. ғыл. докт. (1993), проф. (1993). ҚазМУ-ді бітірген (қазіргі ҚазҰУ, 1960). 1960–64 ж. осы ун-ттегі қазақ әдебиеті кафедрасында ассистент, 1964–67 ж. аспирант. 1970–74 ж. аға оқытушы, доцент, 1974–77 ж. филология ф-тінің деканы болды. 1977–87 ж. Талдықорған пед. ин-тының (қазіргі ун-т) ректоры, 1987–88 ж.



М.Жолдасбеков

Қазақстанның Оқу министрі, Білім министрінің бірінші орынбасары, 1988–90 ж. Қазақстан КП ОК-нің бөлім меңгерушісінің бірінші орынбасары, бөлім меңгерушісі, 1990 ж. Қазақстанның Мемл. кеңесшісі, 1991–93 ж. ҚР Премьер-министрінің орынбасары, 1993–97 ж. ҚР-ның Иран Ислам Респ-ндағы Төтенше және өкілетті елшісі, 1997–2000 ж. ҚР Сыртқы істер мин. жанындағы Дипломатиялық академияның ректоры, 2000 жылдан Астанадағы Еуразия ұлттық ун-тінің ректоры қызметтерін атқарды. Ж. қазақ әдебиетінің алғашқы қайнар бастауларын, Жамбыл Жабаев шығарм-ғын зерттеуге мол үлес қосты. Түрік қағанаты кезіндегі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін қазақ ғалымдары арасында алғашқылардың бірі болып жаңаша зерделеп, қазақ тіліндегі аудармасын ғыл. айналымға енгізді. Жамбылдың ақындық мектебін зерттеп, оның тұстастары мен шәкірттерінің туындыларын жан-

жақты талдады. «Халықтар достығы», «Құрмет» ордендерімен марапатталған.

Шығ.: V–XIV ғасырлардағы көне әдебиет нұсқалары. Ертедегі әдебиет нұсқалары, А., 1967; Асыл арналар, А., 1986, 1990; Күлтегін, А., 1986; Токсан толғау (Н.Төрекұловпен бірге), А., 1992; Жүз жыл жырлаған жүрек, А., 1993; Асыл сөздің атасы, А., 1996; Ел тағдыры – ер тағдыры, А., 1997.

Т.Шаңбай

ЖОЛДЫАЯҚ Тілеуұлы (1665, Ақтөбе обл. – 1684, Сайрам қ.) – батыр, Кіші жүздің белгілі биі Тілеу Айтұлының баласы. Абылай хан дәуіріне дейінгі Сайрам шайқасында ерлігімен көзге түскен. Сол шайқаста қаза тапқан. Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесі жанына жерленген. Түркістан қ-нда әкелі-балалы Тілеу мен Жолдыаяқ батырлар атында көше бар. Ұрпақтары Ақтөбе обл-нда тұрады.

Әдеб.: Мағауин М., Қазақ тарихының әліппесі, А., 1994; Алдияров Ж., Сайрам шайқасының сардары, А., 2000; Елеусізұлы Қ., Адамның сұңқары, А., 2001.

Ж.Асанов, К.Төлеубай

ЖОЛДЫБАЙ (т.-ө.ж.б.) – атығай руының биі. Абылай ордасына өте жақын әрі ақылшы биі. Ол қазақ хандығының сыртқы саясатынан мол хабардар болған, әсіресе қазақ-қытай қатынастарына баса назар аударып отырған.

ЖОЛШЫ, Ж о ш ы (т.-ө.ж.б.) – сұлтан. Әбілпейіздің ұлы. Әкесінің тапсырмасымен Цин империясымен екі арадағы дипломатиялық және сауда байланыстарын дамыту мен нығайту мақсатында 1769, 1773, 1782 ж. Пекинге қазақ елшілігін бастап барған. Елшілік сапарларында Ж. сұлтан дипломатиялық шеберлік танытып, Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы достық, сауда қарым-қатынастарын дамытуға үлес қосқан. 1768 жылғы 6 қыркүйекте қазақтың ел ағасы Әбілпейіз Қытай елшілігіне хат жолдап, күзге салым өзінің ұлы Ж-ны Бейжіңге жіберетіні жөнінде хабарлаған. Ал 1769 жылғы 24 қаңтарда Қытай патшасы өз жарлығында былай депті: «Қазақтың ел ағасы Әбілпейіз өз ұлы Жолшыны маған сәлем беруге Бейжіңге аттандырыпты. Бұғанасы қатпаған Жолшының ит арқасы қияннан сәлемге келе жатқаны – бізге деген құрмет көрсетуі. Жергілікті әкімдеріміз әскери құдіретімізді айрықша көрсетеміз деп, парықсыздықпен шошындырып алса, келіспес деп қорқамын. Сондықтан сырт иеліктерге менің қамқорлығымды әйгілеу үшін жол бойы (Әбілпейіздің ұлы Жолшыны) ықыласпен күтіп алу керектігі ұлықтарға ұқтырылсын» деп, дипломатиялық көрегендік пен кішіпейілділік танытқан.

Н.Ақбай

ЖОЛЫМБЕТ Бортоғашұлы (шамамен 16 ғ-дың басы, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Ақжайық

ауд. – 17 ғ-дың ортасы) – батыр. Кіші жүз құрамындағы байұлының бір тармағы тана руынан шыққан. Кейбір әдебиеттерде Ж. батыр есімі ағасы Жиёмбет жыраумен қатар айтылады. Абылай ханнан бұрын өмір сүрген Ж. ел арасында «алшын Жолымбет» деген атпен белгілі болған. Есім ханның Ташкент, Бұхара, Самарқан қ-ларына жасаған жорықтарына қатысқан бас батырлардың бірі. І.Есенберлиннің «Жанталас» романында «Кіші жүздің таңдаулы қолын басқарған» Ж. батырдың да есімі аталып өтеді.

Әдеб.: Тынышпаев М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Сариев Қ., Үш жүздің шежіресі, А., 1997; Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Т.Дайрабай

ЖОЛЫМ ҮЙ – киіз үйдің бір түрі. Ұзақ сапар немесе жорық кезінде тігіледі. Ж. ү. тез тігуге қолайлы, киіз үйден жеңіл, кішірек келеді. Онда уық пен шаңырақ қана болады. Шаңыраққа уық шаншып, үстіне туырлық жабады. Ал Орынбор қазақтары тұрмысында пайдаланылған Ж. ү. үш қанаттан аспайды, оның керегесі сирек орнатылады, түзу уықтары шаңыраққа шаншылмай, басы түйістіріліп байланады да, үстіне туырлық жабылады. Абылай хан жорықшылары кезінде Ж. ү-ді пайдаланған.

«**ЖОҢҒАР ЖОРЫҒЫ**» – дастан. Ақын Мәмбет Әзімбаевтың бұл жыры 20 ғ-дың елуінші жылдары жазылып, Жазушылар одағының поэзия бөліміне тапсырылған. Ұзақ талқылаудан кейін осы ұйым 1961 жылдың 15 наурызында туындыны Мемл. көркем әдебиет баспасының жоспарына ұсынады. Бұған әр жылдары проф. Е.Ысмайылов, С.Бегалин, Қ.Тоғыззақов І.Мәмбетов, А.Сабырханов, Ә.Ахметов, Ғ.Орманов т.б. пікірлер жазған. Дастанның оқиғасы, сюжет тартысы, көркемдеп суреттеу әдісі жағынан қызғылықты, оқырмандарға қажетті еңбек екендігі жөнінде аталған ғалымдар мен ақын-жазушылардың ойтұжырымдары бір жерге тоғысқанмен, көпшілігі «дастан бар, бірақ басы артық жерлері көп, қайта өңдеу керек» деген қорытындыға келген. Алайда дастан авторы қарт ақын біраз жыл бұрын қайтыс болып кеткендіктен, бұл шаралар дер кезінде жүргізілмей, тек 1971 ж. қайта көтеріледі. Баспа редакторы жырды қысқарту керектігін, алынып тасталған үзінділердің орнын қайта жымдастыру үшін қосымша автор іздестіру қажеттілігін мәселе етіп қойып, шығарманы баспаға дайындаудан қашақтайды. Сөйтіп, баспада тағы да он жылдан астам жатып қалған қолжазба 1984 ж. М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының Қолжазбалар қорына өткізілген. Тапсырушының аты-жөні көрсетілмеген. Мәтін машинкаға тері-

ліп, үстінен түзетулер жүргізілген. Көлемі 4560 жол жырдың негізгі түпнұсқасы сақталмаған. Екі бөлімнен тұратын жырда ақтабан шубырынды, құба қалмақ жорығы заманында Жетісу мен Оңт. өңірлеріне даңқы шыққан Мырқы батырдың жастық, ерлік, отансүйгіштік, адамгершілік өмірі баяндалады. Алғашында айлалы, опасыз Қарлыға қыздың жат қылықтарынан опық жеп, өмір тунғығының тереңіне батып, ауыр өкініш, ұмытылмас күйіктен кейін Айғанымды кездестіріп, бақыт табады. Екеуінің жарасты өмір сүруі Мырқы өмірінің ең қуанышты кезеңі болғанмен, аяғы баянды болмайды. Елін жоңғарлар шауып, бақытсыздыққа, апатқа ұшырайды. Айғаным жас баласы Қорамжанмен қаңғып, басынан ауыр азапты күндерді өткереді. Күң болып, еріксіз ерге шығады. Кейін туған жері Сарыарқаға қайта оралып, ұлы Қорамжан мен қызы Балбикені ел қатарына қосады. Жырдағы Айғанымның басынан өткен бұл жағдайлар ақтабан шубырындыдан соң еңсесін көтере бастаған бүкіл бір ұлттың бейнесін елестетеді. Туындыда кездесетін Абылай, Жәнібек сынды тулғалардың бейнесі – жырдың тарихилығын бекіте түсетін негізгі айғақтардың бірі. Жыр тілі жағынан көркем әрі тартымды. Оқиғаларды, шиеленіскен тартыстарды, жеке кейіпкерлердің күйініш-сүйініштерін, мінез-құлықтарын суреттеуде ақынның эпикалық құлашы серпінді, өрісті екендігі айқын аңғарылады.

Әдеб.: «Ана тілі», №36, 2012 ж.

Т.Әлібек

ЖОҢҒАРЛАР – Батыс Моңғолияны қоныстанған ойраттардың шорос, дүрвэд, торғаут, хошоут (1635 ж. бұларға хойт тайпасы қосылған) тайпалары одағының атауы.

ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ – Батыс Моңғолияда 17 ғ-дың 30-жылдарына қарай төрт ойрат тайпасының бірігуі негізінде құрылған мемлекет. Ғыл. әдебиеттерде Ж. х-ның негізін салған төрт тайпа – шорос, хошоут, дүрвэд, хойттар аталады (торғауттар 1627 ж. батыстағы Еділ бойына қоныс аударған). Шыңғыс хан ұрпақтары құрған Юань империясы ыдыраған соң (1368 ж.) олар Батыс Моңғолияда қоныстанып қалған еді. Олармен туысқан тайпалардың бір бөлігі халхалар Шығыс Моңғолияда тұратын. Қытайға апаратын сауда жолдарын иемдену құқығы үшін Шығыс Моңғолия мен Батыс Моңғолияда тұратын ойраттар арасында бірнеше дүркін қанды соғыстар болған. 15 ғ-дың 1-жартысында ойраттардың басшылары Тогон (1418–40) және Эсен (1440–50) шығыс пен батыстағы ойрат тайпаларын бір мемлекетке қосқан. Бірақ ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты біріккен мемлекет ұзақ өмір сүрген жоқ. Олар Қытайға апаратын сауда



жолынан айырылып қалды. Моғолстан мен Қазақ хандығына жасаған жорықтары да сәтсіз аяқталды. Тәуекел хан кезінде дурвэд және торғаут тайпалары Қазақ хандығына бағынған. 17 ғ-дың 20-жылдары хошаут байбағыс пен шорос тайпасының тайшысы (тайджи) Хара-хула ойрат мемлекетін қайтадан құруға әрекеттер жасады. Ақырында Хара-хуланың баласы Батыр қонтайшы біртұтас ойрат мемлекетін құрады (1635 ж.). Мемлекет аты тарихи әдебиеттерде, көбінесе, Ж.х. деп аталады. Тогоң мен Эсен хандар кезінен бастап түркі тіліндегі әдебиеттерде және қазақтар арасында ойраттар – қалмақ деп аталып кетті. Батыр қонтайшы кезінде (1635–53) хандықта қалалар сипатындағы отырықшы елді мекендер салына бастады, жер игеру біршама ілгеріледі. Осыған қарамай Ж. х. көшпелі мемлекет ретінде тарихта қалды. 1640 ж. Тарбағатай тауларының етегінде біріккен моңғол, қалмақ және ойрат тайпалары басшылары моңғол-ойрат заңдарын қабылдайды. Жинақ «Цааджин бичиг» деп аталды. Онда моңғол-ойрат тайпаларының ішкі тіршілігі, мемл. құрылымы, әскери қызмет атқару тәртібі, діни ұстанымдары белгіленген. Батыр қонтайшыдан кейін билік басында болған қонтайшылар Сенге (1653–71), Қалдан Бошақты (1671–97), Севан Рабдан (1697–1727), Қалдан Серен (1727–45) Батырдың саясатын одан әрі жалғастырды. Олар хандықтың ішінде егін ш. мен ұсақ кәсіпшіліктер, сауда қатынастарының дамуына едәуір ықпал жасады. Қол өнері мен кәсіпшілік дамыды. Оларда соғыста қолға түскен тұтқындар да жұмыс істеді. Саудаға Шығыс түркістандықтар белсене қатысты. 18 ғ-ға қарай Ж. х-ндағы адам саны 1 млн-ға жетті, басқа ұлттарды қосқанда мемлекеттегі халық саны 1,5 млн-ға жуық еді. Ж. х-нда билеушілердің сатылы бағыныштылық тәртібі орнатылды, билеушілер тобына ұлы тайшылар, кіші тайшылар, зайсандар және жоғары ламалар кірген. Кіші тайшылар ұлы тайшылардың вассалдары болып есептелді. Ұлы тайшылар және кіші тайшылар көшпелі тайпалардың мал жайылымдарын, жоғары ламалар ғибадатханаларға тиесілі жерлерді иеленді. Зайсандар кіші тайшыларға бағынды. Ал төменгі әлеум. топтар араттар (қарапайым шаруалар) деп аталып, екіге бөлінді: албату – билеушілерге және шабинарлар – діндарларға тәуелділер. Олар өз иелеріне басыбайлы бекітіліп берілді. Албату Ж.х. әскерінің негізін құрады, ал шабинарлар әскери қызметтен босатылды. Хандықта құлдар да болды, бірақ олардың қоғамда рөлі болмады. Хандықтағы жоғары билікті хандар жүргізді, хан тағына тек шорос тайпасынан шыққандар отырды. Хан лауазымы қонтайшы деп аталды. Ж. х-н

құрған негізгі тайпалардан – ұлы тайшылар шықты, кейін қосылған тайпалардың билеушілері – кіші тайшылар болды. Кіші тайшылар билік жүргізген топтар – анги деп аталды. Ең шағын әлеум. бірлестік – хотон деп аталып, оның құрамында 4, 10, 50 отбасы болды. Бірнеше хотон аймақты немесе отоқты (шіркеу иелігінде иасы деп аталған) құрады. Әкімш. басқару жүйесінде мемл. аппарат маңызды рөл атқарды. Шенеуниктер 12 дәрежеге бөлініп, әрқайсысының атқаратын қызметі анықталды. Ұсақ қызметтерді атқарушылар да көп болды: 30 адамға бір басқарушыдан келді. Олардың жалпы саны 35 мыңға жеткен. Сот билігін атқарушылар зорго (сот өкілдері) деп аталып, ең беделді 8 зорго министрлер қызметін атқарды. Әскерді басқаруда бұрынғы Шыңғыс хан империясында қалыптасқан жүйе сақталып, өте қатаң тәртіп енгізілді. Сыртқы саясатта Шығыс Моңғолия тайпаларымен және Цин империясымен әр кез соғыстар жүргізіп отырды. Бұл саясат хандық жойылғанға дейін тоқталған жоқ. Ресей мен Ж. х-ның арасында өзара елшілік қарым-қатынас орнады. Жоңғарлардың Кузнецк уезінен қару-жарақтар сатып алып тұрғаны туралы деректер бар. Ж. х-ның Ресей империясына бодан болу туралы ұсыныс жасаған кезі де болған. Ресейден Ж. х-на тұтқынға түскендер онда маңызды рөл атқарған. Тұтқынға түскен швед офицері Ренат 18 ғ-дың 1-ширегінде Ж. х-ның қарулы күштерін жарактандыруға елеулі үлес қосқан. Ж. х. Шығыс Түркістан халықтарына басқыншылық жорықтар жасап, оларға билік жүргізді. Басқа да тәуелді халықтарға қатаң тәртіп орнатты. Ж. х. мен Қазақ хандығының арақатынасы өте шиеленісті болды. 16 ғ-дың 30-жылдарынан бастап Ж. х. Қазақ мемлекетіне қарсы басқыншылық саясат ұстанды. Қазақ халқы ойрат-жоңғар шапқыншылығына қарсы екі жүз жылға жуық уақыт бойы ерлікпен күрес жүргізді. (қ. *Жоңғар шапқыншылығы*) Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейін Ж. х-нда тақ үшін таластарғыс басталды. Осы жағдайды пайдаланған Цин империясы 1755, 1756, 1757 ж. бірнеше дүркін шабуылдар жасап, Ж. х-н талқандады. Цин империясы басқыншыларына қарсы Әмірсана бастаған көтеріліс жеңіліске ұшырады. Цин әскерлері көтерілісшілерді аяусыз басып-жаншыды. Жоңғарлар қатты қырғынға ұшырап, нәтижесінде Ж. х. жойылып кетті.

Әдеб.: З л а т к и н И. Я., История Джунгарского ханства (1636–1758), М., 1964; В а л и х а н о в Ч. Ч., Очерки Джунгарии, Соч., т. 1, А.-А., 1961; Ч е р н ы ш е в А. И., Общественное и государственное развитие ойратов в XVIII веке, М., 1989.

Е. Уәлиханов

ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ, жоңғар-қазақ соғыстары (Ұлы Отан соғысы деп те аталады) – Қазақ хандығы құрылған кезден бастап, 18 ғ-дың 50-жылдарына дейін оның аумағына ойраттардың бірде өршелене, бірде беті қайта жасаған шапқыншылықтары. Қазақ халқы ойраттарды алғашқыда қалмақтар, кейін жоңғарлар деп атаған (к. *Жоңғар хандығы*). 15 ғ-дың 50-жылдары ойраттардың қалмақ тайпасының билеушісі Үз-Темір тайшы өздерімен іргелес жатқан қазақ даласына шабуыл ұйымдастырады. Дешті Қыпшаққа баса-көктеп кіріп, Ақ Орданы ойрандады. Сыр бойына жетіп, қазақ ұлыстарын оңт.-шығысқа қарай ығыстырып, Түркістанды, Ташкентті басып алды. 15 ғ-дың 70-жылдары ойраттар шабуылдары жиілей түсті. Қазақ ханы Таһир (Тайыр) ойраттардың жолына кедергі жасау мақсатында Жетісуда ірі Жатан бекінісін салдырды. 16 ғ-дың екінші жартысында Ақназар хан тұсында қазақ әскері ойраттарға қарсы тойтарыс беріп, үлкен жеңістерге қол жеткізді. Тәуекел хан билік еткен тұста да қазақ жасақтары жау әскеріне қарсы күйрете соққы берген. Ойраттар Сырдария бойындағы сауда орталықтарын басып алғысы келді. Бұлай жорамалдауға ағылшын көпесі әрі саяхатшысы Дженкинсонның келтірген мәліметтері негіз бола алады. Ол 1557 ж. Орта Азиядан Қытайға өтпекші болғанда, оған қазақтар мен ойраттардың Ташкент қ. үшін жүргізген соғысы кедергі жасаған. 16 ғ-дың орта шені мен оның 2-жартысында қазақ хандары ойрат билеушілеріне қарсы күресте едәуір басым түскен. Өйткені бұл кезде ойрат нояндары Моғолстанға қарсы күрес және ойрат қоғамының өз ішіндегі алауыздық салдарынан біршама әлсіреген болатын. Орыс патшасы Иван IV-нің Ноғай ұлыстарына жіберген елшісі Данила Губин Мәскеуге қазақтардың күштілігі және олардың ойраттарды бағындырғаны жайында хабарлаған. 1594 жылдың басында Мәскеуде болған Тәуекел ханның елшісі Құлмұхаммед те осындай мәлімет келтіреді. Ол Тәуекелдің інісі Шаһ-Мұхамедтің қалмақтарға хан болғанын патша сарайында болған әңгімесінде баяндаған. Жоңғар хандығына біріккен төрт ойрат тайпасының шабуылдары, әсіресе, Батыр қонтайшының тұсында өрши түсті. Соның ішінде 1635, 1643–44, 1651–52 ж. қазақ жеріне жасалған жорықтардың зардаптары ауыр болды. 1643 ж. Батыр қонтайшының туы астында 50000 жоңғар әскері Жәңгір хан бастаған қазақ жасағына қарсы ірі жорық ұйымдастырды. Қазақтарға қарсы бұл қанды жорыққа халха тайпасының билеушісі Алтын ханның баласы Омбо Эрдени әскері де ат салысты. Кейбір деректерге қарағанда бұл жорыққа Еділ қалмақтары да қатыс-

қан. Жәңгір хан бастаған 600 ғана қазақ әскері (кейбір зерттеушілер, бұл мылтықпен қаруланған сарбаздар саны, ал қазақ әскерлері бұдан әлдеқайда көп болған деп есептейді) қорғаныс ұйымдастырып, жедел көмекке келген Жалаңтөс баһадүр сарбаздарымен тізе қосып, 10 мыңдық жау әскерінің шабуылын тежеген (к. *Орбұлақ шайқасы*). 1681–84 ж. қалмақ қонтайшысы Севан Рабдан Қазақстанның оңт. аудандарына басып кірді. Қазақ ханы Тәуке хан шайқаста жеңіліске ұшырап, оның баласын ойраттар тұтқынға алды. 1684 ж. ойраттар қазақ жеріне тағы да жорық жасады. Сайран қ-н талан-таражға салды. Қазақтардың әлсіреген халін пайдаланған Аюке бастаған Еділ қалмақтары да қазақтар мен оларға одақтас болған түркімен, қарақалпақтардың біріккен әскеріне шабуыл жасады. 1690–97 ж. ойратқытай соғыстары Жоңғар хандығы әскерлерінің бір бөлігінің оңт. майданға кетуіне мәжбүр етіп, олардың қазақ жеріне шабуылдарының қарқынын біршама бәсеңдетті. Осыны пайдаланып Тәуке хан 1698 ж. ойраттарға да, Еділ қалмақтарына да күйрете соққы берді. 17 ғ-дың 80-жылдарында Тәуке жоңғарлардың қолында қалған баласын қайтаруды талап етті. Баласымен бірге еріп келген 500-ге жуық жоңғар жауынгерлері Тәуке ханның шешімімен өлтірілгеннен кейін қазақ-жоңғар қатынасы одан әрі шиеленісе түсті. 1708 ж. жоңғарлардың жаңа шабуылы басталды. Бұл шапқыншылық Қазақ хандығының оңт. аудандарына айтарлықтай нұқсан келтірді. 1710–11 ж. Ж.ш. қазақтар мен оларға одақтас қарақалпақтарды Ташкентке қарай ығысуға мәжбүр етті. 1710 ж. Үш жүздің басын қосқан Қарақұм жиынында жауға қарсы күш біріктіріп тойтарыс беру жөнінде шешім қабылданды. Бөгембай батыр біріккен жасақтың қолбасшысы болып бекітілді. 1711–12 ж. 50 мың адамдық Қазақ хандығының әскері Жоңғар хандығына басып кірді. Бұл қыста болған жорықты ойраттар күтпеген болатын. 1713 ж. ойраттардың 3000 адамы бар әскер күшінің қарсы шабуылы жеңіліске ұшырады. 1715–23 ж. ойраттардың негізгі әскери күші Цин империясы әскерлеріне қарсы соғысып жатыр еді. 1722 ж. Цин императоры Кансидің өлімінен соң Севан Рабдан енді басты күшті Қазақ хандығына бағыштады. Кенеттен жасалған шабуылды күтпеген қазақ қолы соғысқа дайын емес болатын. Әскер күшін біріктіріп үлгермеген қазақ хандары елдің орталық аудандарына шегінуге мәжбүр болды. 1723 ж. Севан Рабданның 100 000 адамдық жасағын бастаған оның балалары Қалдан Серен мен Шоно қазақ ауылдарына басып кіріп, ойран салды. Мұндай қанды жорықтар 1723–27 ж. аралығында тағы да бірнеше рет

ЖОШЫ

кайталанды. Бұл тарихта «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деген атпен қалған ел басына күн туған ауыр кезең еді. Тек 1726 ж. Қазақ хандығының хандары мен сұлтандары, билері мен батырлары Күлтөбеде бас қосып, ойраттарға қарсы күресті қайтадан ұйымдастыруға мүмкіндік алды. Қазақ халқының үш жүзінің әскери күшін топтастыруда Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер үлкен рөл атқарды. Бұланты – Білеути өзендері аралығындағы жазықта болған жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста қазақ жасақтары жау әскеріне күйрете соққы берді (қ. *Бұланты-Білеути шайқасы*). 65 000 қазақ қолы шамамен 40 мыңдық ойрат әскерлерін талқандап, ірі жеңіске қол жеткізді. Қазақ жасақтары құрамында қырғыздар, қарақалпақтар да ерлікпен шайқасты. Сыр бойына жеткен ойраттар қарақалпақ ауылдарын да шапқыншылыққа ұшыратып, осының салдарынан қарақалпақтар төменгі және жоғарғы болып екіге бөлінді. 1726 ж. Ж. ш. қазақтар мен оған көршілес жатқан Орта Азия халықтарының ш-на ауыр зардаптарын тигізді. 1726 ж. Болат хан Үш жүздің хандары (Жолбарыс, Сәмеке, Әбілқайыр), билері мен батырларының, сұлтандарының басын қосып, Ордабасыда өткен жиында Әбілқайыр хан бас қолбасшылыққа тағайындалып, жауға қарсы жаңа стратег. шабуыл ұйымдастыру келісілді. Әскери күшін біріктірген үш жүз жасақтары 1728 жылдан бастап жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресте түбірлі бетбұрыс жасаған Итішпес к-нің маңындағы ауыр шайқасқа (қ. *Аңырақай шайқасы*) даярлана бастады. 1738–41 ж. қолбасшы Сары Манжаның 30 мыңдық әскерінің шабуылы – ойраттардың қазақ жеріне жасаған соңғы ірі шапқыншылықтарының бірі. 1745 ж. Қалдан Серен қайтыс болғаннан кейінгі Жоңғариядағы билік үшін өзара тартыс олардың саяси жағдайын әлсіретіп жіберді. Осыны пайдаланған Абылай хан басқарған қазақ әскерлері жоңғарларға шешуші соққылар беріп, Жетісу мен Шығыс Қазақстанды қайтарып алды. 1755–58 ж. жоңғарлар Цин әскерлерінің шабуылынан кейін тас-талқан етіліп, дербес ел ретінде өмір сүруін тоқтатты. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін 1757–58 ж. Қазақ хандығы өзінің жаңа көршісі Цин империясы әскерлерімен соғыс жағдайында болып, кейіннен бітімге келді. Қытайлар Жоңғарияны толық жаулап алды, ал қазақтар өздерінің ежелгі ата мекені Жетісу, Тарбағатай, Алтай өңірлерін иеленіп, шығыстағы шекарасын бекітті. Кейіннен 1771 ж. батыста бөлініп қалған қалмақтар да Еділ–Жайық арасындағы қоныстарын тастап, қазақ жері арқылы Жоңғарияға ауды. (қ. *«Шаңды жорық»*). Ж. ш-на қарсы күресте Сәмеке, Жолбарыс, Болат, Әбілмәмбет, Әбілқайыр сынды хан-

дар қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін оятқан, әскери біліктілігімен танылған тарихи тұлғалар ретінде ел жадында қалды. Көрнекті мемлекет қайраткері, есімі жауынгерлік ұранға айналған, даңқты қолбасшы, дарынды дипломат Абылай хан бастаған еркіндік пен ерлік рухы биік, соғыс даласында тегеуріні мықты Қабанбай, Бөгембай, Баян, Наурызбай, Саурық, Бөлек, Малайсары, Шоқантай, Жауғаш, Сәмен, Өтеген, Райымбек, Қарасай, т.б. батырлардың өшпес ерлігі тәуелсіздікті аңсаған қазақ халқының тұтастығын, бірлігін сақтап қала алатындығын дәлелдеді.

Әдеб.: Златкин И. Я., История Джунгарского ханства (1635–1758), М., 1983; Моисеев В. А., Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Касымбаев Ж. К., Под надежную защиту России, А., 1996.

Ж.Қасымбаев

ЖОШЫ (1187–1227) – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, Алтын Орданың негізін салушы, қазақ хандарының арғы атасы. 1207–12 ж. Оңт. Сібірді, Алтайды, Шығ. Түркістанды қоныстанған көптеген тайпаларды бағындырды және 1211–15 ж. Солт. Қытайға жасалған жорыққа қатысты. 1219 ж. Жетісудағы барлық қалаларды бағындырып, 1220–22 ж. Сырдария бойындағы Отырар, Сығанақ,



Жошы мазары

Үзкент, Баршынкент, Жанкент, т.б. қ-ларды қоршап, Хорезм мемлекетін толығымен жаулап алды. Сайрам және Талас аралығындағы Құланбасы жазығында өткен құрылтайда Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін үлкен әйелі Бөртеден туған 4 ұлына бөліп берді. Ж-ға Ертістен Орал тауларына дейінгі, одан әрі Батысқа қарай бағындырылған жерлердің бәрі тиесілі болды. Ордасы Ертіс өз. бойында орналасты. Жошы ұлысының негізін бұрын Дешті Қыпшаққа кірген бірыңғай түркі тілдес тайпалар құрады. Ж. шешесі Бөрте

Қоңырат қызы болғандықтан, өз қол астындағылармен өте жақын қарым-қатынаста болды әрі ол түркі тайпаларының басын біріктіріп, тәуелсіз саясат жүргізуге тырысты. Ж-ның мазары Жезқазған қ-нан 45 км жердегі Кеңгір өз-нің сол жағалауында орналасқан. Ж-ның өлімі жөнінде қазақ халқында «Ақсақ құлан, Жошы хан» атты тарихи күй бар. Бұл жөнінде Қ.И.Сәтбаевтың 1935 ж. тамыз айында жазылған «Жезқазған ауданы жөніндегі тарихи-археологиялық деректер» атты еңбегінде Кеңгір өз-нің жағасында сақталған үш мазар туралы қысқаша сипаттама берілген. Соның бірі Жошы хан күмбезінің де күйдірілген кірпіштен салынғандығын және ол «алтын орда» стиліне жақын екендігін айтқан.

ЖОШЫ СҰЛТАН ЕЛШІЛІКТЕРІ – Әбілпейіз сұлтанның тапсырмасымен Қытайға (Цин империясына) жіберілген елшіліктер. Цин империясымен арадағы дипломатиялық байланысты нығайту мақсатында 1769, 1773, 1782 ж. Пекинде болған қазақ елшілігін Әбілпейіз сұлтанның баласы Жошы сұлтан (кейбір деректерде Жолшы) бастап барды. Елшілік сапарлардың барлығында Жошы сұлтан дипломатиялық шеберлік танытып, Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы достық, сауда қарым-қатынасын дамытуға үлес қосты.

Әдеб.: Цинская империя и Казахское ханство, ч. 2, А.-А., 1989.

Е. Уәлиханов

«**ЖҰЛДЫЗ**» – респ. әдеби журнал. Алғашқы саны 1928 ж. жарық көрген. Сол жылдан 1957 жылға дейін әр түрлі атпен («Жаңа әдебиет», «Жыл құсы», «Әдебиет майданы», «Майдан», «Әдебиет және искусство») шығып тұрған. 1957 жылдан «Ж.» деген атпен шығады. Таралымы 5390 дана (2012). Журналдың қалыптасуына қазақ әдебиетінің классиктері Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов көп еңбек сіңірді. Әр жылдары Ә.Нұрпейісов, С.Мәуленов, М.Мағауин, т.б. бас редактор болды. Қазіргі бас редакторы – Ұ.Есдәулетов. Журналда қазақ ақын-жазушыларының жаңа шығармалары, қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне қатысты мақалалар жарияланады. 1990 ж. журналдың 1-санында М.Дулатовтың «Абылай хан» шежіресі жарияланды. Бұдан кейін әр жылдары М.Байсеркенің «Абылайдың аманаты» атты драм. хикаяты (1996), Сәкен Серінің (С.Жүнісов) «Абылай хан» кинохикаяты (1997), Бұқар жыраудың «Абылайды жоқтау» деген топтамасы мен Т.Медетбектің «Абылай» өлеңі (1998), А.Сатаевтың «Абылай жайлы хикаялары» (2002), Қ.Жұмаділовтың «Абылайдың ақырғы күндері» (2012), Ә.Тарақтың «Батырларға қамқор болған Абылай» (1998), Ш.Ы.Уә-

лихановтың хан тегі жайлы «Абылай хан» (2001), т.б. мақалалар жарық көрген.

Е.Ж.Түсін

ЖҰМАБАЕВ Мағжан (Әбілмағжан) Бекенұлы (25.6. 1893, қазіргі Солт. Қазақстан обл., қазіргі Мағжан Жұмабаев ауд., Сасықкөл жағасы – 19.3.1938) – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. Ж. ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–10 ж. Қызылжардағы (Петропавл) №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегішевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Баспадан 1909 ж. шыққан Абай өлеңдерін оқып, «Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға» деген өлең жазды. 1910–13 ж. Уфа қ-ндағы «Ғалия» медресесінде білім алды. Ғ.Ибрагимовтің көмегімен 1912 ж. Қазан



М.Жұмабаев

қ-ндағы Кәрімовтер баспасында «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылып шығады. «Садақ» журналын шығаруға қатысады, оған өзінің өлеңдерін жариялайды. 1913–16 ж. Омбы мұғалімдер семинариясында оқыды. «Бірлік» ұйымы жұмысына белсене араласып, «Балапан» қолжазба журналын шығаруға қатысады. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді алаш қайраткерлерімен байланыс орнатып, «Қазақ» газетінде өз өлеңдерін жариялайды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан саяси жағдайға сай қоғамдық өмірге белсене араласып, Ақмола обл. қазақ съезін өткізуді ұйымдастырушылардың қатарында болды. Осы жылы сәуірде Ақмола обл. қазақ к-ті құрамына сайланды. Мәскеу қ-нда өткен Бүкілресейлік мұсылман съезіне қатысты. Бірінші жалпықазақ съезінің шешімі бойынша Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. «Алаш» партиясының Ақмола обл. к-тінің мүшесі болды. «Үш жүз» партиясы өкілдерінің жалған айыптауымен бір айға жуық абақтыға отырып шықты. Екінші жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысып, онда оқу мәселесі бойынша құрылған комиссияға төрағалық етті. 1918–19 ж.

ЖҰМАДІЛОВ

Петропавл уездік земство басқармасында қызмет етті. 1919–23 ж. Ақмола губ. «Бостандық туы» газетінде, «Шолпан», «Сана» журналдарында, «Ақжол» газетінде қызмет істеп жүріп, халық ағарту жұмысына белсене араласады. Сол кезде қалың қауымға таныс поэмасы «Батыр Баянды» жазып, жарыққа шығарады. Ақын осы поэмасында батыр Баян өмірінің бір кезеңін Абылайдың ел мүддесін ту етіп ұстаған өмірлік мақсатымен ұштастыра жырлаған. 1923–27 ж. Мәскеуде Жоғары әдебиет-көркемөнер ин-тында оқиды. Онда орыс әдебиетін, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп, орыс мәдениет қайраткерлерімен жете танысып, көпшілігімен достық қарым-қатынаста болады. Мәскеуде оқып жүргенде оның шығармалары орынсыз сынға ұшырады. 1924 ж. 24 қарашада Мәскеу қ-ндағы Шығыс еңбекшілері коммунистік ун-тінде қазақ жастарының жерлестік ұйымында жиналыс өтіп, олар Ж-тың 1922 ж. Қазанда, 1923 ж. Ташкентте басылып шыққан жыр жинақтарын талқыға салды. Онда ақын шығармаларын теріске шығаратын қаулы қабылданды. Бұл қаулы «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 ж. 14 ақпандағы санында басылды. Орынсыз сыннан көңілі жабыққан ақын «Сәлем хат» деген өлең жазды. Ол «Тілші» газетінде жарияланды. «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 ж. 19 желтоқсанындағы санында С.Мұқановтың «Сәлем хат жазған азамат Мағжан Жұмабайұлына» деген ескертпелермен «Сәлемге сәлем» деген жауап өлеңі басылды. Жаңа құрылысқа, жаңа тұрмысқа қатысты нақтылы өлең жазбаса да, «уралап айқайламадың» деген кінәмен, тап күресіне белсене араласып, кедей сөзін сөйлемедің деген айыппен Ж. қатаң сынға алынды. Ж. 1927–29 ж. Бурабайда, одан соң Қызылжарда оқытушылық қызметтер атқарады. 1929 ж. Ж. «Алқа» атты жасырын ұйым құрғаны үшін деген айыптаулармен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалып, 10 жыл айдауға кесілді. 1936 ж. М.Горький мен Е.Пешкованың араласуымен бостандық алып, Қазақстанға қайтады. Петропавл қ-нда мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Көп ұзамай қалалық оқу ісінің меңгерушісі оны саяси себептерге байланысты деген айыппен мұғалімдік қызметтен босатады. 1937 ж. наурызда Ж. Алматыға келеді. Аударма ісімен айналысады. 1938 ж. қайтадан қамауға алынып, ату жазасына кесілді. Кеңестік жүйенің қуғын-сүргінінің құрбаны болған Ж. есімін ақтау ісі 1958 ж. қолға алынды. Осы жылы ресми комиссия құрылып, ақынның таңдамалы лирикаларын жариялау жөнінде ұйғарым жасалды. Бірақ одан нәтиже шықпай, Ж. шығармалары басылмай қала берді. 1960 ж. Түркістан әскери окр. әскери трибуналының алқасы шешімімен Ж. толығымен, біржола ақталды. Ж. есімі ақталса да

ол жөнінде Қазақстан Жазушылар одағы мен ғыл. мекемелерге хабарланбады. Осылайша, Қазақстан халқы ұзақ уақыт бойы Ж. шығармаларымен таныса алмай келді. Түркияда ақын кітаптары жарық көргенімен, олар қазақ оқырмандары қолына тимеді. 1969 ж. Ж-пен қызметтес, таныс болған адамдар Ж-ты ақтау, шығармаларын жариялау керектігі жөнінде Қазақстан басшыларына хат та жолдаған болатын. Бірақ Ж-тың шығармалары 1989 ж. ғана қайтадан жариялана бастады. Ж. есімін мәңгі есте қалдыру бағытында да біршама жұмыстар атқарылды. Алматы және Петропавл қ-ларында бір-бір көшеге Ж. есімі берілді. Петропавл қ-нда және ақынның туған ауылында ескерткіш қойылған. Солт. Қазақстан облысының бұрынғы Булаев ауд. енді Мағжан Жұмабаев ауд. (2000) болып аталды.

Шығ.: Қазақтың көңіл күйі, өлең, «Үзік» жинағында, Орал, 1912; Шолпан, өлеңдер, Қазан, 1912; Өлеңдері, Қ.-О., 1922; Өлеңдері, Таш., 1923; Шығармалары, А., 1989; Таңдамалы, А., 1992; Шығармалар, 3 т., А., 1995.

Әдеб.: Мұқанов С., XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I-бөлім, Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі, А., 1932; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995; Нұрпейісов К., Алаш хәм Алашорда, А., 1995.

Ш.Елеуенов, С.Рустемов
ЖҰМАДІЛОВ Қабдеш (24.4.1936 ж.т., Қытай, Шынжаң өлкесі, Тарбағатай аймағы, Шәуешек ауд.) – Қазақстанның халық жазушысы (1998). Шәуешек гимназиясын бітірген соң, жолдамамен Қазақ мемл. ун-тіне (қазіргі ҚазҰУ) оқуға түскен (1956). 1958 ж. Қытай үкіметі органдары оны кері шақыртып алады. Сол кездегі Қытайдағы саяси науқандарға байланысты Ж-ке «ұлтшыл» деген айып тағылып, саяси қуғын-сүргінге ұшырайды.



Қ.Жұмаділов

Бакты шекарасын бұзып өткен қазақ жастарымен бірге Ж. Қазақстанға біржола оралады (1962). Қазақ мемл. ун-тіндегі оқуын қайта жалғастырып, оны 1965 ж. бітіріп шықты. «Қазақ әдебиеті» газетінде (1965–67), «Жазушы» баспасында (1967–76), Қазақстанның Баспа, полигр. және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-тінде (1976–81)

қызмет істеген. 1980 жылдан бірыңғай шығарм. жұмыспен айналысады. Ж-тің алғашқы өлеңдері 1954 жылдан жариялана бастады. «Жамал» атты тырнақалды әңгімесі 1956 ж. Үрімжіде шығатын «Шұғыла» журналында жарияланды. Содан бері Ж-тің бір өлеңдер жинағы, бірнеше роман, хикаят, ондаған әңгіме, мақалалар жинақтары жарық көрді. Олардың негізгілері «Көкейкесті» (1969), «Атамекен» (1985), «Тағдыр» (1988, Қазақстанның Мемл. сыйл., 1990) романдары, «Соңғы көш» (1-кіт. 1974; 2-кіт. 1981) және «Дарабоз» (1-кіт. 1994; 2-кіт. 1996) дилогиялары. «Соңғы көш» дилогиясында Қытайдағы қазақтардың бастан кешкен азапты ауыр тірлігі мен азаттық жолындағы күресі көркем бейнеленсе, «Тағдыр» романында 19 ғ-дағы екі империя арасындағы шекара бөлісі, амалсыз екіге жарылып, телімге түскен қазақ ұлтының ауыр тағдыры көрсетілген. «Дарабоз» романында даңқты қолбасшы – Қаракерей Қабанбайдың жорық жолдары баяндалады. Сондай-ақ, романда 18 ғ-дағы қазақ халқының тыныс-тіршілігі эпикалық кең тыныспен көрсетіліп, Абылай ханның, қазақтың басқа да батырлары мен билерінің көркем бейнелері сомдалған. Ж-тің мақалалары мен ой-толғаныстары «Қалың елім, қазағым» (2000) атты кітапта топтастырылған. Ж. шығармалары көптеген шет ел тілдерінде, соның ішінде орыс, украин, беларусь, өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерінде жарық көрген.

Т.Шаңбай

ЖҰМАЛИЕВ Қажым (28.12.1907, Батыс Қазақстан обл., Қаратөбе ауд. – 1968, Алматы қ.) – сыншы, филол. ғыл. докт. (1947), проф. (1950), 1946 жылдан Қазақ КСР ҒА-ның коореспондент-мүшесі, 1967 жылдан академик. 1925–1932 ж.



Қ.Жұмалиев

Орынбор мектебінде, Шымкент а.ш. техникумында оқыған. Абай атынд. Алматы мемл. ун-тін (қазіргі ҚазҰПУ) бітірген (1932). Жоғары оқу орындары филология ф-ттеріне арналған «18–19 ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1967) оқулығын жазды. Онда Абылай хан дәуіріндегі жыраулар поэзиясына арналған тарау бар.

ЖҮМБАҚТАС – аңызға айналған орын, Әулиекөл (Бурабай) к-ндегі Көгілдір шығанақ суында орналасқан биіктігі 20 метр болатын керемет тас арал. Ол шашы желбіреген жас қыздың бейнесін елестетеді. Егер Көгілдір шығанақ жағалауымен жүре берсек, тас қыз біртіндеп қартайып, ақырында көз аддымызда данышпан қарияның кейпі елестейді. Ж. – әйел тағдырының, оның жай таппаған жанының символы. Жартас бізден қаншалықты алыс болса, қыздың бейнесі соншалықты жас, ал қаншалықты жақын болса, ол соншалықты кәрі. Біздің өміріміздің фалсапасы да осында. Ж. туралы рубаяттар бізді Абылай хан заманына сапар шектіреді. Бірде, хан қалмақтарды жеңіп, туған жеріне үлкен орламен оралады. Тұтқындардың арасында жас сұлу қалмақ қызы болады. Жауынгерлер сұлу қыздың кімге бұйыратынына өзара бәстесіп жатады. Абылай хан қызға күйеу жігітті өзі тандауды ұсынады. Ол Оқжетпес жартасының үстіне шығып, ақ орамалды бекітеді де, осы орамалға кім жебесін тигізсе, соған жар болатынын жариялайды. Жігіттер күш сынасып, көп жебе атылғанымен, олардың бірде-бірі шың басына жете алмайды. Хан сұлуға «жерге түс» деп бұйырады, бірақ ол өздігінше шешім қабылдап, көгілдір шығанақ суына құлайды да, мәңгілік азат болады. Ал біраз уақыт өткен соң, көл ортасында беймәлім жұмбақ жартас – Жұмбақтас пайда болады.

Ғ.Елеу

ЖҮЗ – Қазақ хандығының аймақтық-әкімш. бөлігі ретінде 15–16 ғ-ларда қалыптасқан тайпалық-рулық бірлестіктер (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз). Қазақ хандығы құрылып (1456), көрші жұрттарға танылған соң (1465–70), оның аумағы күрт кеңейе бастады. Әр заманда Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы ордалары, Түркі қағанаты, Найман хандығы, Керей хандығы, Дешті қыпшақ, Алтын орда, Көк орда, Моғолстан сынды мемлекеттердің ұйытқысы болған туысқан тайпалардың көпшілігі Қазақ хандығының туы астына топтасты. Ақназар (Хакназар) хан тұсында (1560–80) Қазақ хандығына қазіргі Қазақстан аумағы түгел қарап, бүгінгі қазақ халқының негізін құраған тайпалар, сондай-ақ, қырғыздар, қарақалпақтар, құрамалар, қатағандар біртұтас мемлекетке топтасты. Кейбір зерттеушілер (М.Мағауин, т.б.), Қазақ хандығының аймақтық-әкімш. бөлінісі ретіндегі Ж. ұғымы осы Ақназар хан тұсында қалыптасқан деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер Ж. ұғымы қазақ халқының қалыптасуынан бұрын пайда болған, кейін Қазақ хандығы да сол бөліністі сақтап, оны мемлекеттің онтайлы аймақтық-әкімшілік құрылымы ретінде пайдаланған деген пікірде. Қалай болғанда да, Қазақ хандығындағы Ж. деп аталатын аймақтық-әкімш. құ-

ЖҮЗБАСЫ

рылым ұзақ уақыт бойы кең-байтақ аймақты басқарудың, сырттан қатер төнгенде шұғыл жасақ жинап, қорғаныс ұйымдастырудың тиімді тетігі болып келді. Әсіресе, қазақ халқының басына қатер бұлты үйірілген жоңғар шапқыншылығы жылдары Ж-дік құрылым халықтың басқыншыларға қарсы топтасып, әскер күшін негізгі шайқас бағыттары бойынша шоғырландыруына жағдай туғызды. Тәуке хан билік құрған кезеңде (1680–1715) хандықтың Ж-дік құрылымын күшейтіп, жергілікті билік пен орталық биліктің ара қатынасын нақтылы айқындауы осындай жағдайға байланысты еді. Ж-дік бөлініс ежелден қонысы, шаруашылығы, тіпті, тектітуыстық қарым-қатынастары бір-біріне жақын тайпалар мен рулардың топтастырылуы негізінде құрылды. Атап айтқанда, Ұлы жүзге сарыүйсін, қаңлы, жалайыр, албан, суан, дулат, шапырашты, сіргелі, ысты, ошақты, шанышқылы тайпалары енеді. Олар – ежелден Жетісу жерінде, Шу, Талас, Сырдария, Іле өз-дерінің алқаптарында қоныстанып, б.з.б. Үйсін ордасынан бері іргелері ажырамаған туысқан тайпалар. «Ұлы жүз – үйсін» деген ұғымның халық жадында берік орнығуы осыдан. Ал Орта жүзге арғын, найман, керей, уак, қоңырат, қыпшақ тайпалары енеді. Олар да ежелден қазіргі Солт., Орт., Шығыс Қазақстан аумағын, Оңт. Қазақстан обл-ның бір бөлігін (Сырдария өз-нің орта тұсы) қоныстанып, бір-бірімен аралас-құралас ғұмыр кешкен. Араларындағы саны да көп, қонысы да кең тайпа – арғын тайпасы болғандықтан, халық арасында «Орта жүз – арғын» деп айтылады. Кіші жүзге байұлы (12 ата), әлімұлы (6 ата), жегіру (7 тайпалар бірлестігі) енеді. Олар ежелден қазіргі Батыс Қазақстан өңірін, Еділ, Жайық, Ырғыз, Торғай, Тобыл өз-дері атырабын, Маңғыстауды, Каспий мен Арал т. жағалауын, Сырдарияның төм. ағысына дейінгі алқапты қоныстанып, бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған. Ел аузындағы аңыздарда олардың арғы тегін Алшыннан таратады (кейбір зерттеушілер бұл этнонимді Алтайда Түркі қағанатының негізін қалаған Ашина тайпасымен байланыстырады). «Кіші жүз – Алшын» деген ұғым осыдан шыққан. Қазақ хандығы кезінде әкімш. басқарудың және елді сыртқы жаулардан қорғаудың онтайлы тетігі болған Ж-дік құрылым қазақ халқының біртұтастығына сызат түсіре алған жоқ. Керісінше халықтың топтасуына, бірігуіне, бірлігінің нығаюына ықпал етті. Қазақ тілінде ешқандай диалектінің болмауы, барлық аймақтағы адамдардың қан құрамының бірегейлігі, дүниетанымның, ділдің, діни және әдет-ғұрыптық сенімдердің, адамгершілік құндылықтардың бірдейлігі, т.б. осының айғағы.

Әдеб.: Бартольд В. В., История изучения Востока в Европе и России, Л., 1925, с. 217; Востров В. В.,

Муканов М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968; Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков: извлечения из персидских и тюркских сочинений. А.-А., 1969; Асфендияров С. Д., История Казахстана (с древнейших времен), М., 1935, т. 1, 2-ое изд., А.-А., 1993.

ЖҮЗБАСЫ, жүзбегі – түркі халықтарында орта ғасырларда қолданылған әскери лауазым; жасақтағы жүз сарбаздың басшысы. Соғыс кезінде әрбір шаңырақтан 1 жауынгер алынатын болғандықтан, бейбіт уақытта Ж. жүз үйді басқарған. Осы себептен кейіннен (19 ғ-дың ортасы) Ж. лауазымы әкімш. сипатқа ие болып, оған жүз үй немесе жүз жауынгер шығара алатындай мөлшердегі халық бағынған. Бұл лауазым түркілерден славяндарға ауысып, 16 ғ-дан бастап казак-орыс жасақтарында да Ж. (сотник) шені болып, ол тек 1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін жойылған.

ЖҮЗДІК – Түркі қағанаты кезінен орныққан әскери бөлімше атауы. Түркілер әскерінің құрылымы ондық, Ж., мыңдық, он мыңдық (Шыңғыс хан заманынан бастап – түмен), яғни он оқ жүйесінен тұрған. Жасақтың ең аз тобы – ондық. Бұлар үнемі алдыңғы шепте барлаушылық қызмет атқарған. Ал Ж-тер белгілі аумақты, ұрымтал жерді, елді мекенді қорғаған. Ондаған Ж. мыңдық деп, ал бірнеше мыңдық қосын аталған. Ал бірнеше қосыннан қол құралған. Ж – осы қалың қолдың тірегі саналатын негізгі әскери бөлімше. Алтын Орда кезеңінде Ж. әскери бөлімше бірлігі ретінде түркілерден Русь князьдігіне ауысты. Осы жүйе Қазақ хандығы жасақтарының құрылымының да негізіне алынған.

Қ.Толыбаев

ЖҮНИСОВ Сәкен Нұрмақұлы (1.2.1934, Солт. Қаз. обл., Қызылту ауд., Қызылту а. – 2006) – Қазақстанның халық жазушысы (1996). ҚазМУ-



С.Жүнісов

ді (қазіргі ҚазҰУ) бітірген (1957). «Пионер» (қазіргі «Ақжелкен») журналында (1957–59), Қазақ драма театрында (1960–64) бөлім меңгерушісі, Қостанай пед. ин-тында оқытушы (1964), «Қазақ



ЖЫЛҚЫАЙДАҰЛЫ

әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі (1964–68), КСРО Әдеби қоры Қазақ бөлімшесінің директоры, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы (1988–92) қызметтерін атқарған. 1992 жылдан шығарм. қызметте болған. Ж-тің жасөспірімдерге арналған тұңғыш әңгімелері студент кезінде жарық көрді. «Сонарда» (1958), «Әжем мен емші және дәрігер» (1961), «Кімнің мекені жақсы?» (1961), «Өшпейтін іздер» (1968) атты әңгімелер мен повестер жинағы жарық көрген. «Жапандағы жалғыз үй» романы (1965) кезінде қазақ әдебиетіндегі елеулі құбылыс ретінде бағаланды. Мұнда тың игеру кезіндегі қазақ даласындағы әлеум. қайшылықтар алғаш рет көркем шығарма арқауына айналған. Өнерде жарқын із қалдырған ақын, әнші-композитор Ақан сері Қорамсаұлының әдебиеттегі көркем образын сомдаған «Ақан сері» романы (1-кіт., 1971; 2-кіт., 1978) шығарм. адамының қоғамдағы жеке трагедиясына ғана бойлап қоймай, 19 ғ-дың 2-жартысындағы қазақ қоғамындағы әлеум. қарым-қатынастарды терең көпара көрсетіп берді. Туған жерге деген перзенттік махаббат пен Отанға деген сүйіспеншілікті суреттейтін «Аманай мен Заманай» романы (1987) бойынша «Заманай» атты көркем фильм түсірілді. Ж-тің «Ажар мен ажал» (1967),

«Тұтқындар» (1972), «Жаралы гүлдер» (1973), «Қызым, саған айтам» (1973) сияқты драм. туындылары респ. және обл. театрлар сахнасында қойылып, көрермендердің ықыласына ие болды. Ж. – әдебиет пен театрдың келелі мәселелерін қозғаған жүзге жуық зерттеулер мен сын макалалардың, «Абылай хан» кинохикаятының авторы. Көркем аударма саласында да жемісті еңбек етіп, орыс, украин жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1986).

Шығ.: Жапандағы жалғыз үй, роман, А., 1965; Ақан сері, дилогия, А., 1 т., 1971, 2 т., 1978; Сәкен сері ел жайында, ел Сәкен сері жайында, А., 2000.

Б.Шаханов

ЖЫЛҚЫАЙДАҰЛЫ Жолбарыс – би, қазақтың алғашқы мәмілегерінің бірі, Жалайырдың Күшік елінен, Сүйіндік әулетінің Байтақ атасынан тарайды. Абылайдың замандасы, үзеңгілес досы болған. Ел басына күн туғанда қолына найза ұстап, «Бактиярлап» жауға шапқан. Абылай сұлтан бастаған қазақ елінің елшілерінің ішінде Қытай императорына мәмілегерлікке барған. Абылайды Түркістанда Орта жүздің ханы етіп сайлауға ұйытқы болғандардың бірі.

Әдеб.: «Жетісу», 10.4.10.

Ж.Қожамқұл

З

ЗАМАН, э р а (лат. aera – бастапқы сан) – астрономияда белгілі бір уақыттан басталатын күнтізбелік жылдар есебінің жүйесі, яғни жылдар есептемесі. З-ның басталатын уақыты оның дәуірі деп аталады. Уақыт есебін жүргізу үшін айлар мен күндер жүйесі жеткіліксіз. Бұларға қоса тарихи оқиғаның болған жылы да айтылуы керек. Ертедегі халықтар әр түрлі З-дарды қолданып келген. Бірталай З-дардың дәуірі белгілі бір соғыстан, жер сілкінген, жойқын тасқын болған уақыттан немесе патшалардың таққа отырған кезінен алынған. Әр З-ның дәуірі әр түрлі. Халықтың ауызекі сөзінде белгілі бір адамның өмір сүрген мезгілін де оның атымен байланыстырып З-ы деп жатады: мыс., Абылай хан З-ы.

Әдеб.: И с к а к о в М., Халық календары, А., 1963. «ЗАМЕТКА О КИРГИЗСКИХ РОДАХ И СУЛТАНАХ В КАРКАРАЛИНСКОМ КРАЕ» – орыс тіліндегі жазба дерек. Авторы – Н.Коншин. 1992 ж. Семейде жарық көрген «Памятная книжка Семипалатинской области» атты кітапта басылған. Автор Қарқаралы аймағын мекен еткен Орта жүз тайпаларының шежіресін тарата зерттейді. Сонымен бірге олардың мекен еткен қоныстары жайлы деректер келтіреді. Жазбада хан, сұлтандардың да шежіресіне тоқталып өтеді. Онда Шығай ханның Тәуке, Есім, Ондан атты үш ұлы болғанын, одан ары қарайғы шежіреде Тәуке – Сәмеке – Есім – Жәңгір – Абылай (қанішер) – Уәли (көркем) – Абылай (Әбілмансұр) – Уәли – Шыңғыс деп таратыла келіп, Шыңғыстың (полк. шені бар) Көкшетау уезінің сұлтаны екенін айтылады. Ал Солтанбеттен тарайтын ұрпақтардың Павлодар уезінде тұратынын көрсеткен.

К.Қошым-Ноғай «ЗАҢ ГАЗЕТИ» – газет. Қазақ тілінде жарық көретін респ. апталық. Алғашқы саны 1994 жылдың 3 қарашасында шықты. Тұңғыш редакторы – М.Тоқашбаев. Газетте ҚР Президентінің Жарлықтары мен өкімдері, халыққа Жолдаулары, Қазақстан Парламенті қабылдаған заңдар, Үкімет қаулылары жарияланады. Республиканың саяси, әлеум., экон. және мәдени өміріндегі жаңалықтар мен өзекті мәселелер туралы мақалалары арқылы газет жұртшылықты құқықтық реформаның жүргізілуі барысымен таныстырып келеді.

Көлемі 4 баспа табақ. Басылымның қазіргі бас редакторы – Бекжан Әшірбаев. Газетте ел тарихына қатысты белгілі ғалым Ж.Қасымбаевтың «Тәуелсіздік демі немесе тарихтан тағылым», Сәбит қажы Салқынбекұлының «Бабалар салған сара жол», Ә.Жұмабайдың «Дулығалы дала перзенті» мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ – қазақ әдебиеттану ғылымына алғаш рет (1927) М.О.Әуезов енгізген термин, зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зармен жырлаған ақындар шоғыры. З.з.а. шоғырының белгілі өкілдері: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, т.б. Әуезов З.з.а. дәуірін Абылай хан тұсынан Абайға дейінгі жүз жылға ұластырып, Нарманбетпен аяқтайды. З.з.а. тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипат алатынын атап көрсетеді. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың өзгеруі, елді басқару жүйесінің басқа сипатқа ауысуы, отаршылдықтың белең алуы, халықтың қатты күйзелуі З. з. а-н тарих сахнасына шығарған. З.з.а. халқының жай-күйін ойлаған ұлт қайраткерлері ретінде танылды. Олардың шығармалары халықтық салт-дәстүрлерді қаймағы бұзылмаған қалпында сақтауға, ұлттық болмыс-бітімнен ажырамауға үндейді. Ресей империясы отарлаушыларының озбырлығы мен сұрқия саясаты З.з. а-ның өлең-жырларында жан-жақты суреттеледі. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен аулақтату сықылды империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсыласу қозғалысы З.з. а-ның қайраткерлік поэзиясын өмірге әкелді. Бұрынғы жыраулар поэзиясымен үндесіп жататын өршіл рух, әсіресе, Мұрат Мөңкеұлының жырларынан айқын байқалады. З.з.а. шығармаларындағы ұлттық болмысты, қазақы қадыр-қасиетті сақтап қалуға үндеген ой-пікірлер жанайқаймен, шарасыздықпен, соңғы төзімді сарқа айтылғандығымен ерекшеленеді. Мұндай өлеңдерден бодандықтың бұғауына бас игісі келмеген ұлт қайраткерлерінің өршіл үні айқын аңғарылады. З.з. а-ның шығармаларында сары уайымға салыну, қайғы-мұңға берілу сарыны да байқалады. Бұл кезең ақындары келер күннен үміт жоқтығына налиды, тығырықтан шығатын жол таппай қиналады. Олар елдің басына түскен нәубетті ақырзаманның келгені деп ұғады. Бұл жердегі ақырзаман – ғаламдық апат, жарық дүниедегі көзге ілінген нәрсенің тып-типыл болуы турасындағы емес, отаршылдықтың шеңгеліне мықтап түскен ұлттың күйреуі сипатындағы ақырзаман. Халықты қан қақсатқан зобалаңның себебін З.з. а-ның бірі



адам қолымен жасалған зұлымдықтан, екіншілері діннің бұзылғандығынан деп топшылайды. Әсіресе, Шортанбай ақын шарасыздықтан дінді таяныш қылады. З.з. а-ның өлең-жырларында елмен қоштасу, туған жердің өткенін аңсау сарыны орын алған. Жалпы «ауа көшу», «қонысты тастау» ұғымы көптеген халықтардың фольклорлық шығармаларына тән. Талауға түскен елден кетіп, жайлы жер, ыңғайлы қоныс іздеу идеясы еркіндік, бостандыққа ұмтылу мұраттарымен орайлас келеді. Туған жердің табиғатына қарап тұрып, өткен күннің елесін іздеу, жастық дәуренді еске алу үрдісі ата қоныстың бүліншілікке түсіп, өзгенің ойранына айналған сәтте туындаған мұншермен астасып жатады. Ақындардың бірқатары жұтаған жер мен көшкен елге қайырылып сөз айтып тұрып, басқыншылық пиғыл мен зорлықшыл әрекеттерді зарлана жырға қосады. З.з. а-ның көпшілігіне тән ерекшелік – келешекті көрегендікпен болжап, алдағы уақыттағы ел сипатының өзгерісін қолмен ұстап, көзбен көргендей бейнелеп айтуы. Мұндай болжам өлеңдер З.з.а. шығармашылығының бастапқы кезеңінде, яғни отарлаушылардың ойранынан бұрынырақ айтылғандығымен құнды. Бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарасақ, олардың ойлаған қауіп расқа айналғанына куә боламыз. Бұл ақындардың ішінде өлең-жырдың бар қуатын пайдаланып, атабаба дәстүрімен астарлай айтып, батыс пен шығыстан келетін кесапатты бірдей болжап бергені – Дулат Бабатайұлы. З.з. а-ның қайраткерлік биікке көтерілуі отаршылдықтың белең алуынан басталады. Жыр жүйріктерінің бар құдіреті, бар қабілеті ел-жұртының санасын оятуға жұмсалды. Олар қауіп-қатерді, зорлық-зобалаңды алдынала ескертті, зардаптарын күн ілгері тайға таңба басқандай етіп айтып берді. Елдің берекетін кетірген отарлаушылардың құбыжық кейпіндегі бейнесін жасады. Солардың ойранына жол ашқан өз халқының кейбір жандайшаптарын аяусыз сынға алды, кей тұста ел бірлігінің кемістігін де түйреп өтті. Зар заманның бүкпесіз баяндалған оқиғаларын кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырды. З.з.а. шоғырының белгілі өкілі – Дулат Бабатайұлы қазақ халқының дәстүрлі жыр үлгісін түр жағынан өзгертіп, өлеңді көркемдеп кестелеудің жаңа үлгісін жасады. Аталған ақындардың қай-қайсысы да ұлттық поэзиямызды мазмұн жағынан байытуға үлес қосты. Кеңестік идеология үстемдік еткен кезеңде З.з. а-ның шығармаларын насихаттауға тиым салынды. Олар барлық оқулықтардан алынып тасталды. Соған қарамастан З.з.а. шығарм. әр жылдарда зерттеу нысанасына айналды. Қазақ әдебиетінің тарихын оқып-үйренуге арналған ғыл. жинақтарда олардың кейбір өлең-толғаулары арагидік жарық көрген тұстары да болды. Мыс., 1978 ж. Ленин-

градта (қазіргі Санкт-Петербург) басылып шыққан «Поэты Казахстана» жинағында (құрастырған М.Мағауин) З.з. а-ның отаршылыққа қарсы жазылған бірқатар өлеңдері орыс тілінде жарық көрді. 20 ғ-дың соңынан бастап зар заманның тарихи сипаты, З.з.а. шоғырының белгілі өкілдері, әдеби ағым ретіндегі ерекшеліктері, көркемдік кестелері туралы бірқатар еңбектер жазылды. З.з.а. шығарм. – жаңалығы мол, өзгеше дәстүрі бар күрделі құбылыс ретінде әдебиеттану ғылымының тұрақты зерттеу нысанасы болып қала бермек.

Әдеб.: М ұ қ а н о в С., XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихынан очерктер, А., 1942; Әдеби мұра және оны зерттеу, А., 1961; Д ү й с е н б а е в Ы., Ғасырлар сыры, 1970; Поэты Казахстана, Л., 1978; Ө м і р ә л и е в К., Қазақ поэзиясының жанры мен стилі, А., 1983; Ә у е з о в М., Әдебиет тарихы, А., 1991; Д о с м ұ х а м е д ұ л ы Х., Аламан, А., 1991; С ү й і н ш ә л и е в Х., ХҚХ ғасыр әдебиеті, А., 1991; К ә к і ш е в Т., Санадағы жаралар, А., 1992; О м а р ұ л ы Б., Мұрат Мөнкеұлы, А., 1993; с о н і к і, Бұғауға бағынбаған жырлар, А., 1998; С ы д и ы қ о в Қ., Халқымен қайта табыскандар, А., 1997; М ә д і б а й Қ., Зар заман ағымы, А., 1997.

Б.Омарұлы

ЗӘКІРОВ Қайырбай (25.2.1945 ж.т., Қызылорда обл. Арал қ.) – суретші, ҚР еңбек сің. өнер қайраткері (1988). Елімізге белгілі қылқалам шебері. Н.В.Гоголь атынд. Алматы көркемсурет уч-щесін, Абай атынд. ҚазҰПУ-дың көркемсурет-



Қ.Зәкіров

графика ф-тін бітірген. Оның қолымен Нартай, Бекарыстан би және Нұртуған ақын мүсіндері ашылған. З. – Қызылорда қ-ның орт. «Даңқ» алаңына қойылған Абылай ханның үш метрлік мыс мүсінінің (1996) авторы.

ЗВЕРИНОГОЛОВ, Б а ф л а н – бекініс. 1745 жылғы 4 желтоқсандағы Ресей үкіметі сенатының шекара шебін жаңаша тарту туралы жарлығында З. деген жерден Омбы бекінісіне дейін 621 шақырым 400 сажын қашықтықта 11 бекініс пен 31 редут орнату туралы ұсыныс енгізді. Жаңа шепті егжей-тегжейлі тексеру үшін шеп бойына ел қондыру мүмкіндігін қарау үшін подполк. Кутузов жіберілді делінген. Абылай сұлтан Рейнс-



дорпқа 1769 жылғы 24 қарашада: «Менің балаларым аманат ретінде сақталатын жерден Орта жүздің үлкен жәрмеңкесін ашқан жөн болар еді. Омбы және Бағлан (Звериноголов) жәрмеңкелері арасындағы қазақтардан аманат алып, олардың жылқыларын ішке өткізіп жаюға рұқсат етілсе» деп өтініш жасапты. «Қажет десеңіз, сол қыпшақтардың жайлауына таяу Звериноголов (Бағлан) бекінісінен немесе басқа бір жерден атты әскер жүздігін берсеңіздер, мен кісі жіберіп, тұтқындарыңызды босатып алар едім» депті Абылай хан 1772 жылғы 15 тамызда Станиславскийге жазған хатында. Ал 1777 жылғы 9 маусымда жазған хатында: «Жалғыз бұл ғана ма, Орынбор шебіндегі Троицк және Бағлан бекіністері тұсындағы қазақтар да сол жақтағы әскер командирлерінен қатты қиянат көріп отыр. Мұндай бассыздық қашан тыйылады» деп Скалонның бетіне басқан.

Н.Ақбай

«ЗЕРДЕ» – қазақ тіліндегі респ. ғыл. танымдық журнал. Алғашқы саны «Білім және еңбек» деген атаумен 1960 ж. жарық көрді. Алғашқы редакторы – Камал Смайылов. 1989 жылдан «З» деген атаумен шығып келеді. Журнал өз оқырмандарын, оның ішінде жастар мен жасөспірімдерді отандық және әлемдік ғылым мен білім саласындағы жаңалықтармен таныстырып келді. Қазақ басылымдарының ішінен алғаш рет әл-Фараби туралы мақала осы журналда жарияланды. Абылай хан мен Әбілқайыр ханның суреттері де тұңғыш рет осы журналда жарық көрді.

Ә.Аманкелді

ЗИМАНОВ Салық (19.2.1921, Гурьев, қазіргі Атырау к., – 4.11.2011, Алматы к.) – қоғам қайраткері, заң ғыл. докт. (1961), проф. (1963), Қазақстан ҒА-ның акад. (1967), Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1971). Бүкілодақтық заң ин-тын бітірген (1948). 2-дүниежүз. соғысқа бастан-аяқ қатысқан. Гурьев обл. прокуратурасында тергеуші, аға тергеуші (1946–47), Қазақ КСР Прокуратурасы жанындағы ерекше маңызды істер жөніндегі тергеуші (1947–48) қызметін атқарды. Қазақстан ҒА құқық секторының аспиранты, аға ғыл. қызметкері, сектор меңгерушісі (1948–52) болды. Алматы мемл. заң ин-тының директоры, ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) декан (1952–58), Қазақстан ҒА Философия және құқық ин-тының директоры (1958–69), осы ин-ттың бөлім меңгерушісі, құрметті директоры (1969–76), Қазақстан ҒА Төралқасының бас ғалым-хатшысы (1976–77) қызметтерін атқарған. 1995 жылдан Қазақтың құқық академиялық ун-тінің ректоры (1995–2005), «Интеллектуал-Парасат» ЖШС-нің президенті (2005–11), 1999 жылдан Қазақстан ҰҒА Төралқасының мүшесі, ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты (1990–95) болып сайланды. Білікті заңгер маман ретінде егемендік, тәуелсіздік

жолын таңдаған Қазақстанның халықар. қарым-қатынастарын заңдастырып, қазақ тіліне мемл. мәртебе беру, президенттік басқару ин-тын енгізу, құқықтық-демокр. реформаларды жүргізу ісіне, т.б. белсене араласты. 3-тың ғыл.-зерттеу еңбектері, негізінен, мемлекет және құқық тарихы мен теориясына, Қазақстан мен Орт. Азияның



С.Зиманов

басқа да аймақтарында ұлттық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуына, Қазақстан Респ-ның мемл. тәуелсіздігі сияқты өзекті мәселелерге арналған. Абылай хан армандаған азаттықты көріп, сол үшін үлкен қызмет еткен заңгер-ғалым 3-тың 1950–60 ж. кеңестік дәуірге дейінгі Қазақстанның саяси және құқықтық тарихына арналған «Қазақтардың XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қоғамдық құрылысы» (1958), «Қазақтардың XVIII ғасырдың аяғындағы және XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қоғамдық құрылысы» (1960), «Шоқан Уәлихановтың саяси көзқарастары» (1965), т.б. құнды зерттеулері жарық көрген. Атырау обл-ның құрметті азаматы. З. ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйл. (1993), Қазақстан Мемл. сыйл. (2002) лауреаты. «Парасат» орденімен (2002), «Отан» (2010), екі рет Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

С.Темірғалиев

ЗІЛҒАРА Байтоқаұлы, шын есімі Желқара (18 ғ-дың соңы, Көкшетау өңірі – 19 ғ-дың соңы, Солт. Қазақстан обл. Есіл ауд. Алуа көлі жағасы) – би. Жасынан ел басқару ісіне араласқан. 1822–24 ж. Андағұл-Ырсай болысын басқарған. 1824 ж. Көкшетау округі ашылғанда аға сұлтан болып Абылай ханның немересі Ғұбайдолла Уәлиұлы, округ қазысы болып З. сайланған. Ғұбайдолла аға сұлтандықтан бас тартқан соң орнына З-ны бекітеді. 1824–54 ж. Тоқтамыс би екеуі кезек аға сұлтан болып округ басқарған.

Әдеб.: Мұқанов С., Өмір мектебі, А., 1953; Әбуталиев Н., Сегіз сері, А., 1991; соныкі, Шоқ жұлдыз, А., 1998.

Қ.Бигожин

И

ИГЕЛЬСТРОМ Осип Андреевич, О т т о б а р о н (1737–1812) – патшалық Ресейдің қазақ халқын отарлау әкімш. өкілі, ген.-губернатор. Ген.-поручик, барон, кейін жаяу әскер генералы болған. 1784–92 ж. Сібір және Уфа губ. ген.-губернаторы, 1796–98 ж. Орынбор әскери губернаторы болған. 1-орыс-түрік соғысына, Швециямен соғысқа қатысқан. 1792, 1793 ж. Ресей губ.-ларында бірқатар әкімш. басқару қызметтерін атқарған. Кейін Ресейдің Польшада орналасқан әскерлеріне басшылыққа тағайындалған. Негізгі қызметі Орынбор өлкесін және Кіші жүз қазақтарын басқаруды реформалау ісімен тығыз байланысты болған. И. – Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық қозғалысты басып жаншушылардың бірі. Оның қазақ өлкесін басқаруының алғашқы кезеңінен-ақ Кіші жүз билеушісі Нұралы ханмен арадағы қатынасы шиеленіскен болатын. Ол Нұралы ханның халық алдында беделін түсіруге тырысып бақты, Екатерина II-нің қолдауына арқа сүйеп, Кіші жүздегі хан тұқымымен күрес жүргізді. Кейін Нұралы ханның билік басынан кетуіне де, Уфаға жер аударылуына да И. себепші болған. Қазақ әскерлерін Айшуақ ханға қарсы пайдаланған. Кіші жүзде Ресейдің отаршыл саясатын жүзеге асыру, хандық билікті жою мақсатында жүргізген И. реформасы сәтсіз аяқталды. 19 ғ-дың басынан И. саяси аренадан кетті.

Әдеб.: Қ а с ы м б а е в Ж.Қ., Айшуақ хан (1719–1810), А., 2001.

Ж.Қасымбаев

ИГЕЛЬСТРОМ РЕФОРМАСЫ (1786) – Кіші жүзді басқарудың 1786 ж. Екатерина II қуаттаған жобасы. 1775 жылғы реформаға сәйкес О.А. Игельстром далалық жерлерді жалпыимпериялық негізде басқару мақсатында, Кіші жүзде хандық басқару жүйесін жоюды көздеген жоба ұсынып, патшайымның мақұлдауынан соң ол «И.Р.» деп аталды. Бұл жоба бойынша негізгі билік шекаралық комиссияның орнын басатын шекаралық сотқа берілуі тиіс болды. Оның құрамына патша шенеуніктері мен басқа да жергілікті қауым өкілдері кірді. Орынбор губ. басқару кеңсесінің бақылауында болатын жаңа әкімшілік органдар – расправалар құрудағы Ресей

өкіметінің мақсаты ең алдымен сұлтандарды басқару ісінен шеттету болды. Расправаларды алғаш құрған кезде көптеген беделді старшындар оның құрамына енуден бас тартты. Сондықтан патша әкімш. енді «бас старшын» деген атақ енгізді. Дегенмен расправалардың Кіші жүзді басқару ісіне араласуына сұлтандар қарсылық білдірді. Ресей үкіметінің Кіші жүзде расправалар құру жолымен хандық билікті жою жөніндегі шаралары нәтижелі болмады. И. р-ның сәтсіздікке ұшырауының басты себебі – дәстүрлі басқару түрін жоюдың алғышарты қалыптасуында болатын. Расправалардың басқару ісіне араласуына Кіші және Орта жүздердегі ықпалды сұлтандар қарсы шықты, олар Кіші жүздегі хандық билікті қалпына келтіруге ұмтылды. 1789 жылғы Француз революциясынан шошынған патша үкіметі И. р. туғызған наразылықтардың монархиялық басқару негізін шайқалтуы ықтималдығын ойлап, И. р-н аяғына жеткізуден бас тартты.

Әдеб.: В я т к и н М. П., Батыр Срым, М.-Л., 1947; К а с ы м б а е в Ж., Хан Айшуақ (1719–1810), А., 2001.

Ж.Қасымбаев

«И ГРОЗНЫЙ ХАН НА ВЗДЫБЛЕННОМ КОНЕ» – мақала. Авторы –В.Гаврилко. «ОКО» газетінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі санында жарияланған. Журналист шағын мақаласына 18 ғ-да ел билеген Абылай ханның өмірін арқау еткен. Мақалада 1733 ж. оның қалмақ батырымен жекпе-жекте қазақтарға жеңіс рухын сыйлағаны айтылған. Жарты ғасырға жуық ел билеген Абылайдың сол кездегі Қазақ хандығының тарих сахнасынан жойылып кетпеуін қамтамасыз етіп, барша қазақтың қалаулы ханы болғанын жеткізеді. Сонымен қатар еліміздің солт-нде орналасқан Петропавл қ-нда қонақтармен қоса қала халқы Абылай ханның арғымақ үстінде тұрған ескерткішінің ашылуына куә болғандығын хабарлайды. Ескерткіш «Абылай ханның ақ үйі» аталып кеткен қазіргі кездегі мұражайы орналасқан бір жарым гектарлық алаңға қойылған.

К.Қошым-Ноғай

«ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА XVIII ВЕКА» – кітап. Авторлары – Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев. 1988 ж. «Ғылым» баспасынан жарыққа шыққан. Таралымы 2400 дана. Бұл кітап 2001 ж. «Жазушы» баспасынан (Алматы) «Абылай хан» деген атпен екінші рет толықтырылып, өңделіп басылған. Көлемі 168 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап ғыл. қызметкерлер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, жалпы тарихты білуге қызығушылық танытқан барша оқырманға арналады. Авторлар бұл кітабында Ресей және Қытай мұрағаттарынан алынған 18 ғ-дағы тарихи құжаттарды басшылыққа ала отырып талдау жасаған. Сонау бір замандардағы қазақ хал-

ИЗ ПЕРЕПИСКИ



кының басынан өткен аласапыран жылдар оқиғасы, елді тұманды да тұңғыықтан сын сағаттарда мұқалтпай алып шыққан дара тұлға Абылай ханның саяси бейнесі құжаттық дәлелдермен айна қатесіз көрсетілген. Абылай ханның өмірінің соңына дейінгі кезеңдері оқырмандарына түсінікті де сенімді түрде баяндалып отырады. Еңбекте орыс тарихшысы А.Левшиннің жазбасына сілтеме жасай отырып, 1739 ж. Орта жүзде Сәмеке ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбет пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізгендігін атап өтеді. Сонымен қатар кітапта 1757 ж. Абылай ханның Қытай империясымен тәуелсіз сыйластық туралы келісімге қол жеткізгендігі, 1760 ж. қазақтар бейбіт жолмен ата жұрты Шығыс Түркістанға қайтадан қоныстана бастағандығы жөнінде де деректер келтіріледі.

К.Қошым-Нозай

«ИЗ ПЕРЕПИСКИ КИРГИЗСКИХ ХАНОВ, СУЛТАНОВ И ПРОЧ.» – хаттар. Жинақтаған – Әлихан Бөкейханов. 1902 ж. Семей қ-нда жарық көрген «Памятная книжка Семипалатинской области» атты кітапта басылған. Кітап Семей обл. әскери губернаторының басшылығымен обл. статистика к-тінің қаулысы бойынша шығарылған. Кітапта сол кездегі Семей обл-ына қарасты ел-жұрттың халық саны, әдет-ғұрпы және басқа да мәліметтер берілген. Сонымен қатар Әлихан Бөкейхановтың мұрағаттардан жинақтаған қазақ хан, сұлтандарының хаттары жарияланған. Кітапта реттік нөмір бойынша 27 хаттың саны көрсетіліп, олардың 20-сы ғана енгізілген. Хаттар 1777 жылдан 1825 жылға дейінгі аралықта жазылған. 1777 ж. қарашада әскери қолбасшы ген.-майордың Қыпшақ болысының старшинасы Қонай батырға Ресей әскерлері орналасқан аумаққа қазақтардың бақташылары малын жақын жаюға болмайды деген сөздер келтірілген. Хаттың соңындағы сілтемеде Ә.Бөкейханов Қонай батыр жөнінде «Қазақтардың айтуына қарағанда Қонайдың әкесі Қошқарбай батыр Абылай ханға қызмет еткен жан екен. Ол қазіргі кездегі Черлаковский поселкесінің қарсы бетін қоныстанған. Көнекөздер Қошқарбай батырды Бараба далалықтарына шабуыл жасаған деп те айтады», – деген түсінік береді.

К.Қошым-Нозай

ИМАН Дулатұлы (1780, бұрынғы Торғай уезі, Дулаттың Қызыл жары – 1847, Қырғызстан, Кекілік тауы, Майтөбе мекені) – батыр, Ресей отаршыларына қарсы көтеріліс қайраткері, Амангелді Имановтың атасы. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының ұзын тармағынан тарайтын кеддел руының Бегімбет атасынан. Арғы атасы Қақай, өз әкесі Дулат жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлік көрсеткен батырлар болған.

Торғай, Жыланшық өз-дерінің аңғарын жайлаған. Абылай ханның немересі – қазақ халқының соңғы ханы Кенесары Қасымовтың Ресейдің отарлау саясатына қарсы он жылға созылған қарулы көтерілісіне Ахмет сұлтан Жантөрин 1838 ж. өз ауылын шапқаннан кейін келіп қосылған. Ол Кенесары жасағының белді ұйытқысы, әскербасыларының бірі болған. И. батырдың ақыл-парасатын, адалдығы мен әділдігін, өткірлігі мен табандылығын жоғары бағалаған Кенесары оны Ағыбай батыр, Шоқпар шешен, Сайдақ жожа, інісі Наурызбаймен бірге хан кеңесінің мүшесі еткен. И-ның жасақ алдындағы беделін құрметтеп есімін атамай, «Айеке, Көсем көк, Бозжорға» деп атаған. Осы атақтарына сай И. батыр да ханға берген сертіне адал, дұшпанына қатал бола білген, қашан да хан жасағының ынтымағы мен бірлігін сақтауға күш салған. И. батыр көтерілісшілердің Ақмола приказына, Көкалажар камалына, Айдарлы, Байтоқ қоныстарына шабуылдары, Ұлытау, Торғай, Ырғыз далаларындағы ұрыстары кезінде ерекше ерлік көрсеткен. 1847 ж. бірқатар қазақ батырлары аттарының басын кері бұрғанда берген антынан таймай, ханмен бірге қырғыз манабы Орманға қарсы Кекілік тауының шығыс беткейіндегі шайқаста, қазіргі Тоқмақ қ-ның маңындағы Майтөбе деген жерде қолға түсіп, қаза тапқан. Осы соғыста И. батырмен бірге оның туған бауырлары Тауық, Кейкі, Қарауыл және үлкен ұлы Бердәлі де мерт болған. 2000 ж. қыркүйекте Қостанай обл-ның Амангелді ауд-ның орт-нда И. батырға ескерткіш орнатылды.

Әдеб.: Б е к м а х а н о в Е. Б., Қазақстан в 20–40-е годы XIX века, А.-А., 1992; Р с а е в Т. Б., Көсем көк, «Қазақ батырлары», 2000, №5.

Т.Рсаев

ИМАНТАЙ Сәтбайұлы (1845, бұрынғы Ақкелін болысы, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1928, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Сәтбаев а.) – қазақ зиялысы, акад. Қ.И.Сәтбаевтың әкесі. Ол ауқатты отбасында туған; ауылда сауат ашып, кейін Омбыдағы Әбдірахим медресесінде оқыған. Шығыс ғұламалары мен ақындарының шығармаларымен таныс болған, біршама орыс тілін де меңгерген. И. Баянауыл тарихын жақсы білген, кезінде өлкетанушыларға құнды деректер берген. Бұқар Жырау Қалқаманұлының өмірі мен мұрасының кейбір деректерін хатқа түсірген. Бұл деректерді Петербург қ-ндағы И.Н. Березин мұрағатынан акад. Ә.Х.Марғұлан тауып, Ш.Ш.Уәлихановтың орыс тілінде 5 томдық шығ. жинағының 1-томында (А., 1961) жариялады. Земство статисі, тарихшы, проф. Ф.А.Щербинаның экспед-на Абылай ханның батыры, Олжабай Толыбай би ұлы (1709–1783) туралы мәліметтер жинауға көмектескен. Марғұлан

1969 ж. жарияланған «Зор ғалым, сүйікті азамат» атты мақаласында И. Омбыда оқыған кезде Абылайдың ұрпағы «Шоқан Уәлихановпен танысып, жақын араласып, онымен бір пәтерде біраз уақыт бірге де тұрған» деген мәлімет келтіреді. И. Уәлихановтың жан досы Г.Н.Потанинмен де сыйлас болған. Оның ауылында ағайынды өлкетанушы В.Н. және А.Н.Белослюдовтар жиі болып, емделіп, демалыстарын өткізген.

П.Әбішев, Е.Түсін

ИМПЕРАТОР ХАНЫМНЫҢ КАНЦЛЕРІ ГРАФ ВОРОНЦОВТЫҢ ХАТЫ – құжаттық хат. (122-қор, 1-тізім, 3-іс. «Қырғыз-қасак ісі»). Хат 1759 ж. Орынбордың губернаторы, құпия кеңесші Давыдовқа және Ген.-майор Тевкелевке, Сібір губернаторындағы әскери қолбасшы Бригадир Фрауендорфқа, Сібірдің губернаторы, құпия кеңесші Саймоновқа жолданған. Хат қысқартылып берілген. Хатта Абылай сұлтанды өздеріне жақынырақ тарту мақсатында артықшылықтар беру және көбірек марапаттау қажет екендігі айтылған. Мұндай жоғары жалақы мен марапаттаулар оның қытайлықтардың ықпалына кетіп қалмай, өз жақтарына шығуға ықпал етуі үшін қажет екендігі баса көрсетілген. Сонымен қатар одан айырылып қалмай, Ресейді қолдауға бет бұрғызу талап етілген. Сол үшін де онымен жиірек хат жазысып, хабарласып тұру қажеттігі де тапсырылған. Хатта осы секілді тапсырмаларды бере отырып: «Абылай сұлтанға Император – Ақ Патша ханымның атынан биылғы 1759 жылдың басынан бастап жалақы төлегеніміз дұрыс. Орынбордың шет ел шығыны есебінен қырғыз-қайсақтардың Кіші Ордасының ханы Нұралының жалақысын азайтып, әр-қайсысына 600 рубльден жалақы бөлінсін. Оларда реніш болмау үшін жылына 300 рубльден тағайындау керек. Оның үстіне 100 рубль басқа қырғыздарға берілмей, Абылай сұлтанның пайдалануына беріледі», – деген шешімін де келтіреді. Сонымен қатар хатта Абылай сұлтанды жергілікті халықтың көпшілік бөлігі хан деп атайтынын, олардың арасында беделі өте жоғары екендігін, оған қарсы тұрудың қиын болатынын айта келіп: «Абылай сұлтан қойған мәселелерін шешу үшін қабылданған жарлықты нақты орындайық. Абылай сұлтан кейбір жағдайға сенбеуі мүмкін. Оның талаптары толығымен орындалған жоқ», – делінеді.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Нозай

ИСАБАЕВ Қалмұқан (25.8. 1925 ж.т., Павлодар обл., Баянауыл а.) – жазушы. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1954 жылға дейін КСРО Қарулы Күштерінің Германиядағы батыс тобында қала коменданты болып қызмет атқарған. ҚазМУ-ды (1961, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1955–85 ж. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен

Қазақстан») газетінде әдеби қызметкер, «Жұлдыз» журналының бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы әдебиетті насихаттау бюросының директоры болды. 1954 жылдан И-тың әңгіме, очерктері мен романдары т. б. жарық көре бастады. И. акад. Қ.И.Сәтбаевтың ақыл-кеңесімен 1959 ж. Ертіс–Қарағанды каналының жобасымен танысады, канал өтетін жерлерді көзімен көру үшін 1961 ж. Ертіс пен Қа-



Қ.Исабаев

рағанды аралығын жаяу аралап өтеді. Оның «Арман арнасымен» (1962), «Даладағы ерлік», «Сұңқар самғауы» (екеуі де 1966), т.б. деректі кітаптары осы өңір тарихы мен канал құрылысшыларының ерен еңбегіне арналған. Ол – 18–19 ғ-лардағы қазақ ауылының өмірі, рулар арасындағы және аға сұлтандық шен-дәрежесіне деген тартыс-талас, қазақ елінің шекаралық аймағында алғашқы орыс бекіністерінің салынуы, Ресей билеушілерімен қарым-қатынас, т. б. сияқты жайларды кеңінен суреттеген «Шоң би» атты трилогияның (2005) авторы. Трилогияда Абылай хан және оның ұрпақтары жайы да қамтылған. И. көркем очеркпен қатар эссе, әңгіме, повесть, роман т. б. жазған. Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, 1-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Ғ.Жайлыбаев, Е.Түсін

ИСАБЕКОВ Дулат (20.12.1942 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд.) – жазушы, драматург. 1966 ж. ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1967–68 ж. Телевизия және радио хабарын тарату жөніндегі мемл. к-тте аға редактор, 1968–70 ж. Қазақ кеңес энциклопедиясы Бас редакциясында аға ғыл. редактор, 1971–76 ж. «Жұлдыз» журналында бөлім меңгерушісі, 1976–80 ж. «Жалын» баспасында редакция меңгерушісі, 1980–88 ж. Қазақ КСР Мәдениет мин. Репертуарлық редакциялық алқасының бас редакторы, 1990–92 ж. Қазақ телевизиясының Бас директоры, 1992–95 ж. «Жазушы» баспасының директоры, 1995–98 ж. шығарм. жұмыспен айналысты, 1998–2006 ж. Қазақ мәдениеттану және өнертану

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ

ғыл.-зерт. ин-тының директоры, 2006 жылдан «Мәдениет» журналының бас редакторы. «Жолда» атты алғашқы әңгімесі 1963 ж. жарияланды. Осыдан кейін «Бекет» (1966), «Ащы бал» (1969), «Мазасыз күндер» (1970), «Қара шаңырақ» (1973),



Д.Исабеков

«Тіршілік» (1975), «Екі жиырма» (1983), т.б. повестер мен әңгімелер жинақтары, «Қарғын» романы (1980) жарық көрді. Бірқатар шығармалары орыс, неміс, поляк, чех тілдеріне аударылған. И-тің пьесалары («Әпке», «Мұрагерлер», «Кішкентай ауыл», респ. театрларда, сондай-ақ Санкт-Петербург қ-ндағы театрда қойылған, прозалық шығармалары бойынша көркем фильмдер («Гауһар тас», «Дермене», т.б.) түсірілген. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты («Ай-Петри ақиқаты» атты повестері мен әңгімелері жинағы үшін, 1992). 2005 ж. И. «Экраннан Абылайды көп іздедік» («Мәдениет»), «Сахнада «Абылайхан» («Парасат»), «Абылай ханды, Абайды, Махамбетті өзгеге сеніп беруге болмайды» («Жас қазақ») деген мақалаларын жазған. «Кұрмет» (2001) орденімен марапатталған.

И.Әбішева

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ (1791–12.7.1838) – Бөкей ордасы мен Кіші жүздің батыс бөлігінде болған азаттық көтерілістің (1836–37) басшысы. Абылай ханның азаттық жолындағы бағытын ұстанған күрескер. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының беріш руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Бөкей хан И. Т-на ықыласты болып, оны 21 жасында Жайықтағы беріш руына старшын етіп тағайындайды. 1814 ж. 25 қарашада Орынбор губернаторы Р.С. Волконский осы ұсынысты және Бөкей қағазға түсірген қонысын (Кокарев пен Кулпин қорғандарының аралығы) бекітіп береді. Бөкей қайтыс болып, ел билігі оның інісі Сығай Нұралыұлына тигенде И. Т-мен жеке бас араздығы туып, екі арада барымта, ауылды шауып кету оқиғалары орын алады. 1817 ж. Орынбор шекара комиссиясы, старшын Өтеміс Құлманизұлын шаптың деп И. Т-н Сарайшық қамалының түрмесіне жап-

ты. Ел-жұрты 20 мың сом ақша жинап беріп, И. Т-н босатып алды. 1823 ж. Сығай сұлтан тама руының 2 адамын өлтірдің деген желеумен екінші рет түрмеге қаматтырды. Бірақ бұл істе айғақ-дәлелдері жоқ болып, И. Т-н босатуға мәжбүр болады. Жәңгір хан таққа отырған соң И. Т-ның жағдайы жақсарды. 1826 ж. Жәңгір хан И. Т-ның бұрынғы қонысында қала беретінін мақұлдап, қуаттау қағазын береді. Жәңгір ханның тапсыруымен 1826 ж. 29 қарашасында Санкт-Петербургтен қайтып келе жатқан Бұхар елшісін Сарайшық бекінісінде қарсы алып, Астраханға жеткізіп салады. 1927–29 жылдар аралығында И. Т. Бөкей ордасы өмірінде айрықша белсенділік көрсетеді. Ол Жәңгір ханның беделін асырып,



Исатай Тайманұлы

билігін нығайтуға көп күш салды. Жәңгір ханға қарсы Қайыпқали Есімов сұлтан көтерілісті бастап, Бөкей ордасын дүрліктіргенде, И. Т. хан жасағында жүреді. Көтерілісті басу үшін қырғашыққан Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Г.Ф. Генстің қауіпсіздігін сақтап, жолбасшы болды. Кейбір старшындарды ханмен мәмілеге келтіру үшін өткізілген Ұялы съезінде Жәңгірге адалдыққа ант етті. Генс оған Бөкей ордасына сіңірген еңбегі үшін Орынбор шекара комиссиясының мадақ грамотасын табыс етті. 1833 ж. Жәңгір хан Каспий жағалауындағы руларды екіге бөліп, бір жағын қайын атасы, ірі жер иеленуші әрі саудагер Қарауылқожа Бабажановқа басқартып қойғаны халықты ашыңдыра түсті. И. Т. бастаған 8 старшын басқарушының жолсыздықтарын жіпке тізіп, ханға арыз жолдайды. Бірақ оған еш тыйым салынбайды. 1834 жылдың маусымында Жәңгірдің хандық

құрғанына 10 жыл толып, той жасалады. Той соңы «би сайлау съезіне» ұласады. Осы жиында Жәңгір мен И. Т. арасына сызат түсіп, алшақтайды. Би сайлауында қарсы шығып, қатты-қатты сөз айтқан батырға Жәңгір хан 60 атан айып тарттырып, әрі біржола ықтыру үшін оны ата қонысынан да айырады. Сонда да И. Т. Қарауылқожаның озбыр билігіне тыйым салуды ханнан батыл талап етіп, хат жазады. Бірақ ханнан ешбір дұрыс жауап болмайды. Керісінше, И. Т.-ның өзін кінәлағандай болады. Бұған қасарысқан И. Т. және оны қолдаған кейбір ру старшындары Қарауылқожаға бағынудан бас тартып, ешбір жылу жинап бермейді. Ақыры И. Т. басшылығымен бұқара халық қолына қару алып, ханға қарсы көтеріліске шығады (қ. *Исатай Тайманұлы бастаған көтеріліс (1836–1838)*). И. Т. 1878 ж. 12 шілдеде Ақбұлақ өз-нің бойында болған шайқаста қаза табады.

Әдеб.: Русско-казахские отношения, т. 2, А.-А., 1967; К е н ж а л и е в И., Исатай Тайманұлы, А., 1972; С а р а й Ә., Исатай–Махамбет, А., 1997.

ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1836–38) – Бөкей ордасында Жәңгір хан мен орыс үстемдігіне қарсы болған ұлт-азаттық көтеріліс. И. Т. б. к. Исатай Тайманұлының Жәңгір ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанов қиянатына қарсы шығып 1834 жылғы би, старшын сайлауында ханмен кетісуінен, ата қонысынан айрылуынан кейін басталған. 1836 ж. 17 наурызда Қарауылқожа хан бұйрығы бойынша, 500-дей қолмен Исатайды ұстауға шықты. Исатай 200 қолмен оған қарсы аттанды. Бетпе-бет келгенде бес адам (Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Үбі Үсін, Есенәлі Боранбайұлы, Тінәлі Тайсойғанұлы) ұран салып, қарсыластарын жекпе-жекке шақырды. Олардың батылдығынан сескенген Қарауылқожа кейін қайтуға мәжбүр болды. Исатай 1836 ж. шілдеде 17 адаммен ел талабын ханға білдіруге бара жатқанда оған жолжөнекей 100 шақты адам келіп қосылды. Исатай 1837 ж. 11 шілдеде Орынбор ген-губернаторы В.А.Перовскийге, 1837 ж. 2 қарашада ханға жазған шағым хаттарында халыққа жасалған қиянаттарды атап көрсетті. Оған біраз рулардың адамдары (600) қол қойды. Тексеру жүргізілгенімен Исатайдың талаптары ескерусіз қалды. Бұрын да үміттері шамалы патша әкімш-не сенімдері біржола жоғалды. И. Т. б. к-тің қимылы шұғыл өзгеріп, дауды заң жолынан гөрі енді жаңадан халық жасақшыларын жинап, көтерілістің күшімен шешпек болды. 1836 ж. қазанда қыстауға Каспий т. жағалауына құлаған Исатай жасағы бар-жоғы бір айдың ішінде екі-үш есе көбейіп, ордалы жұртқа айналды (20 ауыл). Олар енді Қарауылқожадан рұқсат сұрамай, өздерінің қыстауына қолайлы жерлерді күшпен тартып ала бастады. 1837 жыл-

дың 16 қыркүйегінде Исатай батыр екі жүз адамдық жасақпен Қарауылқожаның ауылын шапты. 1837 жылдың 26 мамырында Теректі мекеніндегі Балқы бидің, кейінірек байбақты руының билеушісі Шөкі Нұралыхановтың және басқа да ондаған ел билеушілердің ауылдары тып-типыл таланып, олжаланды. Бұл хабарды естіген Орынбор ген.-губернаторы Перовский Ордаға Покатилов бастаған Жайық казактары отрядын Исатайды тұтқындап, Орынборға алып келуге жібереді. Бірақ Покатилов Исатайды таба алмайды, себебі орыс отрядының ізін бақылаған халық Исатайды жауға бермейді. Сөйтіп Покатилов жорығы сәтсіздікке ұшырап, кейін қайтады. 1837 жылдың қазан айында Исатай Тайманұлы 3500-дей қолмен хан ордасына 12 шақырым таяп келіп орналасады. Ордаға бірден шабуыл жасамай, ханмен хат алмасып, екі жұмаға жуық өздерінің талаптарының орындалуын күтеді. Осы кезде Жәңгір хан уақытты ұту үшін Исатаймен келіссөз жүргізе отырып, Орынбордан көмек сұрайды. 1837 ж. 15 қарашада Геке басқарған 1200-дей патша әскері И. Т. б. к-ті басып тастады. Осы соғыста Исатайдың баласы әйелімен бірге қаза тапты. Күші басым жау қолына төтеп бере алмай, Махамбет Өтемісұлы және т.б. сенімді 40 жолдасымен түн жамылып, қарулы тосқауылды бұзып, Жайықтан өтіп кетті. Кіші жүз даласында Исатайдың халықты қанауға қарсы қозғалысы – ұлт-азаттық қозғалысқа ұласады. Ресей империясының казак жерлерін иемденіп алғанын көрген Исатай озбырлықтың қай жақтан болып отырғанын түсінеді. Адай руының сұлтаны, Кіші жүздің батыс жағындағы руларға хан болуды көздеп, Хиуа ханының көмегін күтіп жүрген Қайыпқали Есімов төрені уақытша қолдап, өзінің қолын нығайтып, жауды жеңудің жолын қарастыру үшін келісімге келеді. И. Т. б. к. әуел бастан-ақ хандық құрылымға емес, хан әділетсіздігіне қарсы күресті. Исатай қазақ өмірінде хандықтан басқа құрылымды көрген жоқ, ол хандықты төңкеріп тастағанда елдің ертеңгі күні не болатынын жақсы білді. Ресей әкімшілігіне бағынбасқа жол жоқ-ты. Ал оның сорақылығы ханнан асып түспесе, әсте кем емес-ті. Бір жағынан елдің осындай жағдайға душар болуы оған мұрындық болып отырған сұлтандардың сатқындығынан еді. Оларға халық емес, билік керек екеніне бұқараның көзі жетті. 1838 ж. Исатай Баймұхаммед сұлтанның ордасына шабуыл жасамақшы болды. Осы шайқаста Ақбұлақ өз-нің бойында жаудың қоршауында қалып, қаза тапты. И. Т. б. к. жеңіліске ұшырап, түпкі ой-мақсаттарына жетпесе де, халықтың сана-сезімінің оянуына үлкен әсер етті.

Әдеб.: Русско-казахские отношения, т. 2, А.-А., 1967; К е н ж а л и е в И., Исатай Тайманұлы, А.,

ИСМАИЛОВ

1972; С а р а й Ә., Исагай–Махамбет, А., 1997; М ә ш і м б а е в С., Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, А., 1994.

ИСМАИЛОВ Ораз (24.6.1940 ж.т., Алматы обл. Ескелді ауд. Шұбар а.) – жазушы. 1962 ж. Қазақ мемл. ун-тетінің (қазіргі ҚазҰУ) филология ф-тіне түскен. Респ. телерадиок-ттің Талдықорған (қазіргі Алматы) обл-ндағы меншікті тілшісі



О.Исмаилов

болған. 2004 жылдан Қазақ гуманитар. Заң ун-тінде ректордың кеңесшісі әрі айрықша тапсырмалар жөніндегі көмекшісі. Қазақ халқының тарихи тұлғалары туралы «Шаңды жол» (А., «Жалын», 1985); «Ескелді би» («Үштөбе», 1992); Қабан жырау (Талдықорған. 1993); «Балпық әулие» (Талдықорған. 1994); «Орақты батыр» (Талдықорған. 1995); «Бабалар сөзі – даналық көзі». (А., «Білім», 1996); «Шұбар ата – Жолбарыс». (Талдықорған. 1997); «Бақтыбай» (А., «Шартапа», 2000); «Ел жүрегіндегі Ескелді би», «Бақтыбайдың балалық шағы» атты прозалық және драмалық туындылары бар. «Вашингтоннан жеткен жәдігер», «Тағылымды тұлғалар» атты хикаяттарында Абылай ханның ұрпақтары және олардың тағдыры хақында әңгімелейді.

Ғ.Сергазыұлы

«ИСТОРИЧЕСКАЯ НАУКА И СОВРЕМЕННОСТЬ» – кітап. 2001 ж. Алматы қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 290 бет. Таралымы 500 дана. Жинаққа 2001 жылғы 28 – 29 қараша аралығында Алматы қ-ндағы «Қайнар» ун-тінде өткен ғыл. конференция материалдары топтастырылған. Конференцияға белгілі академиктер А.К.Қошанов, М.Қ.Қозыбаев қатысып, «Қазақстанның тарихи ғылымының дамуының жаңа кезеңдері» деген тақырыпта баяндама жасаған. Сонымен қатар жинаққа Э.Ж.Уәлихановтың «Международные отношения и Казахстан в XVIII веке» атты зерттеу еңбегі берілген. Еңбекте Абылай ханның жоңғарлармен, Ресей, Қытай империяларымен жасаған дипломатиялық қарым-қатынастары қарастырылады. Автор мақалада Әмірсаның Абылай ханды пана тұтып қашып келуі

Қытаймен арадағы қарым-қатынастың күрделене түсуіне әкеліп соққанын жазады. Осы оқиғаны сылтауратқан Цин үкіметі 1755–58 ж. аралығында бірнеше мәрте Қазақ хандығына баса көктеп кіргендігі жөнінде дерек келтірген.

К.Қошым-Ногай

«ИСТОРИЯ АБЫЛАЙ ХАНА» – кітап. Авторы – К.Данияров. 1998 ж. «Жібек жолы» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 96 бет. Таралымы 3000 дана. Автордың бұл кітабы қазақтың біртуар тұлғасы, мемлекет қайраткері, қолбасшы, дипломат, саясаткер – Абылай ханға арналған еңбектерден тұрады. Онда Абылай ханның аз ғана уақыттың ішінде қазақтың Үш жүзінің басын біріктіріп, жоңғарлармен соғыста жеңіске жеткен, Қазақ хандығының іргетасын шайқалтпай, тәуелсіздігін сақтап қала білген алғыр да көреген басшылығы кеңінен сөз болған. Жоңғар хандығы талқандалғаннан кейінгі замандардағы Абылай ханның Қытай, Ресей империяларымен саяси-дипломатиялық қарым-қатынасты шебер жүргізгендігі тарихи құжат деректерімен нақтыланып отырады. Еңбекте 1740 ж. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан бастаған топтың Орынбор губернаторының қабылдауында болып, Ресей бодандығын қабылдайтындығы жөнінде ант бергенімен, шын мәнінде Абылайдың ел саясатын тәуелсіз жүргізіп отырғандығы айтылады. Сонымен қатар 1757 жылғы Қытай империясы мен Қазақ хандығының арасында болған «Аягөз келісімі» атты тарихи оқиға жөнінде дерек те келтірілген.

К.Қошым-Ногай

«ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ССР С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ» – кітап. Авторлары – Е.Бекмаханов, Н.Бекмаханова. 1979 ж. «Мектеп» баспасында жарыққа шыққан. Көлемі 112 бет. Таралымы 126000 дана. Басылым орта мектептің 7–8-сынып оқушыларына арналған оқулық болып саналады. Мектеп оқушыларының Қазақстан тарихына мағлұматтар алуына бағытталған. Басылым негізгі 3 тараудан тұрады. Бірінші тарауда алғашқы қауым кезеңі қамтылса, екінші тарау – Қазақстанның феодалдық дәуірі, 6 ғ-дан бастап, 19 ғ-ға дейінгі тарихы қамтылады. Үшінші тарауда Ресейге қосылғаннан кейінгі 19 ғ-дағы кезең мен Ұлы Октябрь революциясына дейінгі аралықтағы Қазақстан тарихы қамтылған. Оқулықтың екінші тарауындағы VI–VII бөлімдері 18 ғ-дағы, яғни Абылай хан заманымен тұстас келетін кезеңді қамтиды. Онда қазақтардың жоңғар шапқыншыларына қарсы күрестері, Ресей патшалығымен қосылу үрдістері жайында мағлұматтар берілген. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың 1731 ж. Ресей бодандығын



қабылдағаны және 1740 ж. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның бодандықты қабылдау жөнінде ант бергені жайында деректер келтірілген.

К.Қошым-Нозай

«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ЛИЦАХ» – кітап. Авторлары – В.К.Григорьев, А.Қ.Құсайынов. 1999 ж. Астана қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 128 бет. Таралымы 1000 дана. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналып шығарылған бұл оқу құралына қазақтың белгілі тұлғалары – Абылай, Әлихан Бөкейханов, Бақытжан Қаратаев, Көлбай Тоғысов, Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Дінмұхамед Қонаев, Нұрсұлтан Назарбаевтардың өмірі өзек болған. Кітапта аталмыш тұлғалардың ел, Отан алдындағы атқарған қызметтері, қысқаша өмірбаяндары нақтылы деректер бойынша беріліп отырады. Кітаптың алғашқы беттері А.Құсайыновтың «Абылай» атты очеркімен ашылған. Онда Қазақ хандығының 18 ғ-да бастан кешкен тарихы, Абылай ханның қазақ халқының тәуелсіздігін сақтап қалу жолында атқарған ерен істері тарихи шындық, дерек көздері арқылы баяндалады. Еңбекте жоңғарлармен арада болған 1733 жылғы соғыстың қазақтар үшін түбегейлі жеңіске бет бұру сәтімен аяқталғаны жөнінде айтылады.

К.Қошым-Нозай

«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В РУССКИХ ИСТОЧНИКАХ XVI-XX ВЕКОВ». VI ТОМ (Алматы, «Дайк-пресс», 2007, Құраст.: И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев) – 18 ғ-дағы қазақ хандығының тарихына, абылайтануға қатысты материалдар қамтылған кітап. Абылайдың тарихи бейнесін ашуда, оның айналасындағы қазақ батырлары мен билері туралы сол кезде хатқа түскен жазбалардың танымдық құны қымбат. Мыс., «Карл Миллердің қолжазбасы» аталатын құжаттардың (32–55-б.) бірінші бөлімінде (29.8.1738–5.6.1739) Орта жүздің Әбілмәмбет сұлтан, Күшік хан, Бөкенбай, Жәнібек, Нияз, Жарылғап, Алақүшік, Мырзағұл, Қожамберді, Құдайшүкір, Қазы, Баян батырлары туралы, Ұлы жүздің Төле би, Қонай мыр-

за, Жолбарыс хан, Жаубасар хан, Әбілез сұлтан, Қойгелді, оның ұлы Қара мен Сары, Базар батырлар туралы мағлұматтар табуға болады. «Шубай Арсылановтың әңгімесінде» (86–100-б.) Орта жүз арғынның Төлек батыры мен оның інілері Бертіс және Байғозы батырлар; Ұлы жүз Төле би, оның інісі Абыл батыр, қойгелді және Шүкір батырлар туралы, уақытша жоңғар қол астында қалған Ұлы жүз қазақтарының жағдайнан хабар беретін деректер баршылық. Шартты түрде «Миллердің журналы» (3.9.1742–2.5.1743) деп аталған жолжазба Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан босауына қатысты тарихи жағдайларды ашады. Мұнда қазақ-жоңғар қатынастарында Абылайдың жеке басының ерекше маңызы болғанын бағамдауға көмектесетін дәйектемелер кездеседі. Жолжазбада көптеген тарихи тұлғалар, атап айтқанда Кіші жүзден Ералы сұлтан, Ұлы жүзден Төле би, Қойгелді, оның інісі Жаубасар, Өтеміс, жоңғар елшісі қызметін атқарған Базар батырлар, үйсін Бектемір би, Наурызбай батыр, Келдібай, Бәйітбай, шымыр Қонай мырзалар, Тоқтабай, Жарылғап, Жанжигіт батырлар туралы айтылады. Орта жүзден Қазыбек би, Солтанмәмет сұлтан, уақ-керейдің Сары батыры, найманның Бұқа, Борамбай, Қожагелді батырлары, Жәнібек тархан, Нияз, Торғай батырлар жайлы мағлұмат бар. Жинақта Абылай ханның қырғыздарға жасаған шабуылы туралы үш құжат (138–142-б.), Абылай ханның қазасына байланысты Ресей әкімдері өзара жазысқан хаттар мен хабарлар бірқатар деректер береді (142–152-б.). Подпоручик, атаман Дмитрий Телятников пен сержант Безнесиковтың оңт. Қазақстанға сапарынан (30.5.1796–23.7.1797) қалдырған жазбалардағы ежелгі жер-су атаулары, қазақтардың тұрмыс-салтына байланысты деректер ғылым үшін осы күнге дейін маңызды. Кітаптың соңында берген ғыл. түсініктердің тарихи танымдық мәні зор.

Әдеб.: История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. VI том. Алматы, «Дайк-Пресс», 2007 (сост. И.В.Ерофеева, Б.Т.Жанаев).

К

«КАЗАХСТАН В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АБЫЛАЙ ХАНА» – дерекнама. Авторы – М.Қайсарова. «История Казахстана» журналының 2005 жылғы 11-санында жарық көрген. Бұл дерекнамаға Абылай хан ел басқарып тұрған жылдардағы тарихи оқиғалардың нақты деректері берілген. Дерекнама «Абылай хан басшылығы тұсындағы Қазақстан», «XVIII ғ-дың 30–40-ж. Қазақстан және көрші мемлекеттер», «XX ғасырдағы Қазақстан және көрші мемлекеттер», «XIX–XX ғасырлардағы Қазақстан және көрші мемлекеттер мәдениеті» деген тақырыпшаларға бөлінген. «XVIII ғ-дың 30–40-ж. Қазақстан және көрші мемлекеттер» атты тақырыпшада жоңғарлармен арада болған соғыстардың жылдары көрсетілсе, «XVIII ғ-дың 50–60-ж. Қазақстан және көрші мемлекеттер» атты тақырыпшада 1756 ж. Абылайдың бастауымен қазақтар қытай мен қалмақтардың біріккен күшімен екі рет шайқасқандығы, 1757 ж. Абылайдың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскеріне тойтарыс бере алғандығы жайындағы деректерді көрсеткен.

К.Қошым-Ноғай

«КАЗАХСТАН В 20–40 ГОДЫ XIX ВЕКА» – кітап. Авторы – Е.Бекмаханов. 1947 ж. Алматы қ-нда жарық көрген. Көлемі 390 бет. Таралымы 10000 дана. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан» деп аталса, екінші бөлім «Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған азаттық қозғалыс» деген тақырыппен берілген. Алғашқы бөлімде автор 19 ғ-дың бірінші жартысындағы қазақтардың құрылымына, әлеум. жағдайларына, Ресеймен және Орта Азия хандықтарымен қарым-қатынасына кеңінен тоқталады. Басылымның екінші бөлімінде Абылайдың Қасымнан тараған ұрпағы және ұлы атасының жолын қуып, еліне азаттық әперу үшін арпалысқан Кенесары жайында ой қозғайды. Тарихи деректерді саралай отырып, көтерілістің туу себептерін, салдарын жан-жақты талдап, сараптап береді. Кенесары ханның Қоқан хандығымен, қырғыздармен арада болған қақтығыстары жайында да шолу жасап өтеді.

К.Қошым-Ноғай

«КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА» – респ. қоғамдық-саяси газет, Қазақстандағы беделді мерзімді басылымдардың бірі. Құрылтайшы және шығарушы – «Казахстанская правда» респ. газеті ашық акцион. қоғамы. 1920 жылдың қаңтарынан қыркүйегіне дейін «Известия Киргизского края», 1921 жылдың 1 шілдесінен 1923 жылдың 18 қарашасына дейін «Степная правда», 1923 жылдың желтоқсанынан 1931 жылдың аяғына дейін «Советская степь» атауымен жарық көрді. 1932 жылдың қарашасынан «К. п.» атымен шығып келеді. 1920 ж. Қырғыз (Қазақ) ревкомының, 1921–23 ж. РК (б) П Қырғыз (Қазақ) обкомы мен Орынбор губкомының және Қырғыз (Қазақ) ОАК мен Орынбор Кеңесінің, 1923–25 ж. РК(б)П Қырғыз (Қазақ) ОАК-нің, 1925–37 ж. БК(б)П Қазақстан өлкелік к-ті мен Қазақстан ОАК және Кәсіпшілер одағы кеңесінің, 1937–91 ж. Қазақстан КП ОК, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі мен Мин. Кеңесінің органы болды. 1957 ж. ұйымдастырушылық және насихаттық қызметі үшін он мыңыншы санының жарық көруіне байланысты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1991 жылдан респ. қоғамдық-саяси газет. «К. п.» еліміз бастан өткерген тарихи кезеңдер мен оқиғаларға дер кезінде үн қосып отырды. Республиканың саяси, әлеум., экон. және мәдени өміріндегі жаңалықтарды жиі жариялап тұрады. Әр жылдары газетте тарихшы-ғалымдар В.А.Моисеевтің (1992), И.В.Ерофееваның (2012), ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың (2013) Абылай хан туралы мақалалары жарияланды. Газет аптасына 5 рет орыс тілінде шығады.

КАУФМАН Константин Петрович (19.2.1818–4.5.1882, Ташкент) – орыс инженер-генералы (1874), ген. адъютант (1864), Түркістан ген.-губернаторы (1867 жылдан) Санкт-Петербург ҒА-ның құрметті мүшесі (1873). Ресей Бас инженерлік уч-щесін бітірген (1839). 1844–56 ж. Кавказда әскери қызметте болып, Қырым соғысына (1853–56) қатысқан. 1865 ж. Вилен округі әскерлерінің қолбасшысы, 1867 ж. Түркістан ген.-губернаторы болып тағайындалған. 1868 ж. Бұхараға, Самарқанға, 1873 ж. Хиуаға қарсы соғыс қимылдарын, 1874 ж. Қоқан көтерілісін басып-жаншуды басқарды. Түркістан округінде шексіз билікке ие болған К. Орт. Азияны отарлау саясатын дәйектілікпен жүргізді. Оқу-ағарту ісіне де көңіл бөлді. 1874 ж. К. Түркістан округінде 4 гимназия, 60 мектеп, кітапхана ашты. К-ның тапсырмасымен бүкіл Орт. Азияның библиографиясы қамтылған «Түркістан жинағы» (құраст. В.И.Межов) жарық көрді. Түркістан өңіріндегі сауда, өнеркәсіп салаларының дамуына, жібек, жүзім өсіруге көңіл бөлді. Мақта ш-н өркендету мақсатында жаңа техникамен жабдықталған

ферма салғызды. К. 1876 ж. 21 ақпанда ішкі істер министріне жазған хатында мұсылмандар әдебиетінің Түркістан өңірінде кеңінен таралуы туралы сөз қозғай келіп, Қазаннан жарық көрген мұсылман басылымдарының, бағасы арзан болғандықтан өлкедегі отырықшы тұрғындар ішінде ғана емес, көшпелі қазақ халқының арасында да таралып жатқанына назар аударды. Осыған байланысты Баспа ісі жөніндегі бас басқарма тарапынан мұсылман басылымдарының санын шектеу және олардың өңірде таралуына жол бермейтін шаралар қолданылуы жөнінде ұсыныс айтты. К. өзінің адъютанты Ш.Ибрагимовпен бірге Абылай ханның ұрпағы Ш.Ш.Уәлихановтың қабіріне барып, басына ескерткіш тас орнатты.

Шығ.: Проект всеподданнейшего отчета К.П.Фон-Кауфмана 1-го по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал-губернаторства, СПб., 1885.

Әдеб.: Остроумов Н. П., Константин Петрович Фон-Кауфман, устроитель Туркестанского края // Личные воспоминания Н.Остроумова (1877–1881 гг.), Таш., 1899.

Ж.Шалғынбай

КӘКІШЕВ Тұрсынбек (15.8.1927 ж.т., Ақмола обл. Бұланды ауд. Даниловка а.) – ғалым, филология ғыл. докт. (1972), проф. (1973). Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1979) және Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2005), Халықар. жоғары мектеп ғылым академиясының құрметті



Т.Кәкішев

акад. және Халықар. Ш.Т.Айтматов академиясының академигі. ҚазМУ-ды бітірген (қазіргі ҚазҰУ, 1950). Студент кезінде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бөлім меңгерушісі болып, «Мектеп» баспасында аға редактор міндетін атқарған. 1952–58 ж. Қазақстан КП ОК-нің Партия тарихы ин-тының ғыл. қызметкері, 1960–68 ж. Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер болды. 1968 жылдан Қазақ ұлттық ун-тінде аға оқытушы, доцент (1968–78), филология ф-тінің деканы (1978–86), кафедра меңгерушісі (1990–2000) қызметтерін атқарды. Қазір осы ун-тің профессоры. «Дәуір суреттері» (1967), «Сын

сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982), «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994), т.б. еңбектерінде қазақ әдебиеті мен сынының тарихы терең зерттелген. К. «Қазақ әдебиетінің тарихы» (3-т., 1–2-кіт., 1967), «Қазақ кеңес әдебиеті тарихы» (1970, орыс тілінде), «Көп ұлтты кеңес әдебиетінің тарихы» (1970, Мәскеу) сияқты еңбектерді жазуға қатысты. С.Сейфуллиннің шығарм. өмір жолын баяндайтын «Сәкен Сейфуллин» (1967), «Қызыл сұңқар» (1968), «Сәкен Сейфуллин» (ЖЗЛ, Мәскеу, 1972), т.б. еңбектерін жазды. «Санадағы жаралар» (1992), «Кер заманның кереғар ойлары» (1995), т.б. жинақтарында қазақ әдебиетінің өткені, бүгіні жайлы толғаныс-пікірлері топтастырылған. «Ұштасқан үш өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Садақ» (1986), «Жасампаз өлке» (1989) атты сапарнамалық кітаптары жарық көрді. 2013 ж. 5 қазанда Көкшетау қ-нда өткен Абылай ханның 300 жылдық тойына қатысқан К. Абылайдың тойы өзі хандық құрған Көкше жерінде өтуінің тағылымына жан-жақты тоқталып, сөз сөйледі. Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атынд. сыйл. иегері. «Парасат» орденімен марапатталған.

Әдеб.: Исмаилов Е., Сын мен шығарма, А., 1962.

Д.Бисқақов

КӘРІБАЙ Таңатарұлы (1872–1931) – ақын. Найман ішіндегі Байыс руының Жолымбет атасынан шыққан. К. ақын өз заманында қоғамдық өмірге белсене араласып, әлеум. өзгерістерге көзқарас, пікірін өлеңдері арқылы білдіріп отырған. К. шығарм-ның бір арнасы – тарихи өлең-жырлар. Қ-дың тарихи жырларының қомақты бөлігі Абылай хан, қазақ-жоңғар соғысында ел қорғаны болған батырлар, Қаракерей Қабанбай батыр, Қанжығалы Бөгембай батыр сияқты қолбасшылардың жанқиярлық ерліктеріне арналды. «Бөгембай батыр туралы аз әңгіме», «Қазақ батырлары», «Қубас ат» атты тарихи жырлары бар.

Әдеб.: Бибекоев Қ. Шәкәрім. Энциклопедия. Семей. «Тенгри» баспасы. 2008. 421-б.

КӘШКЕ (1768–1813) – Абылай заманында өмір сүрген батыр. Ұлы жүз құрамындағы шапырашты тайпасының ескожа руынан шыққан. Қарасай батырдың ұрпағы. Қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. Қарақастек а-нда туып-өскен. К. батырдың Ақымбек, Ыстамбек есімді екі баласы болған. Ақымбектен Сұраншы батыр, Ыстамбектен Саурық батыр туған. К. – Жетісу өңірін жоңғар шапқыншылары мен Қоқан хандығы басқыншыларынан азат ету үшін болған шайқаста ерлігімен көзге түскен батыр. Қазақстанның онт. мен онт.-шығысындағы халық арасында К. батырдың ерлігі, тапқырлығы туралы аңыз-әңгімелер сақталған. К-нің батырлығы Жамбыл Жабиев жырларында да кездеседі.

К ВОПРОСУ

«К ВОПРОСУ ОБ ОЦЕНКЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ РОЛИ АБЫЛАЯ» – мақала. Авторлары – Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев, М.Қ.Қойгелдиев. «Қазақ ССР Ғылым академиясы хабаршысының» 1988 жылғы 2-санында жарық көрген. Белгілі ғалымдар бұл мақалада 18 ғ-дағы тарихи тұлға – Абылай ханның қазақ хандығын қалыптастыру мен нығайтудағы рөліне тоқталған. Зерттеу мақалада олар І.Есенберлиннің «Көшпенділеріне», В.Я.Басин, Б.П.Гуревичтердің еңбектеріне сілтеме жасап отырады. Сонымен қатар олардың назарынан Ш.Уәлиханов, Су Бей Хай, А.Левшиндердің жазбалары, ел аузындағы аңыз әңгімелер де тыс қалмаған. Мақалада авторлар А.Левшиннің: «1739 ж. Орта жүзде Сәмеке ханның орнына хан сайлаудан бұрын Әбілмәмбет пен Абылай екеуі бірдей хандық билік жүргізген», – деп жазған дерегін көрсетеді. Және де осы пікірді Ш.Уәлихановтың да қолдайтындығын айтады. Аталмыш мақала тарихшылар, оқытушылар мен студенттер және жалпы оқырман қауым үшін құнды дерек көздері болып табылады.

К.Қошым-Ноғай

КЕЗЕН, п е р и о д (грек. periodos – айналып өту, айналып оралу, белгілі бір уақыт ауқымы) – белгілі бір аяқталған оқиға барысын қамтитын мерзім, әлеум. үрдіс жүзеге асырылатын, қалыптасатын уақыт аралығы. «К.» ұғымы әр түрлі салаға қатысты қолданылады. Тарихи К. – тарихи немесе әлеум. үрдістердің басталуынан аяқталуына дейінгі белестік уақыт аралығы. Адамзат қоғамының дамуын К-дерге, дәуірлерге бөлуге ежелгі дәуірде-ақ талпыныс жасалған. Бірақ олардың көпшілігіне біржақтылық, шарттылық сипаттар тән болып қалып отыр. Адамзат қоғамының даму тарихын дәуірлерге (ежелгі дәуір, орта ғасырлар, жаңа дәуір) бөліп қарастыру жүйесі орныққан. Ал «К.» деп, көбінесе, жалпы адамзат тарихындағы немесе жеке ел тарихындағы белгілі бір әлеум. үрдіс басым көрініс тапқан мерзімді (мыс., Абылай хан кезеңі, т.с.с.) атайды.

КЕКІЛБАЕВ Әбіш (6.12.1939 ж.т., Маңғыстау обл. Оңды а.) – жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы (1992), Қырғыз Республикасының еңб. сің. мәдениет қайраткері (1995), ҚР Әлеум. ғыл. академиясының акад. (1997), Қазақстанның Еңбек Ері (2009). ҚазМУ-ді бітірген (1962, қазіргі ҚазҰУ). 1962–65 ж. «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газеттерінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, 1964–68 ж. Мәдениет министрлігінде репертуарлық-редакциялық алқа мүшесі қызметтерінде болды. 1970–75 ж. «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, 1975–84 ж. Қазақстан КП ОК-нің мәдениет бөлімінде нұсқаушы, сектор меңгерушісі. 1984–86 ж.

Қазақстан мәдениет министрінің орынбасары, 1986–88 ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы, 1988–90 ж. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орт. кеңесі төрағасының төрағасы. 1990 ж. Қазақстан КП ОК-нің бөлім меңгерушісі, 1991 ж. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің депутаты Мәдениет, тіл және ұлтаралық қатынастарды дамыту к-тінің төрағасы, 1992–93 ж. «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1993–94 ж. ҚР Мемл. кеңесшісі, 1994–95 ж. ҚР Жоғ. Кеңесінің төрағасы, 1995 ж. Мемл. кеңесшісі, 1996 ж. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, к-т төрағасы қызметтерін атқарған. 1996–2002 ж. ҚР-ның Мемл. хатшысы болды. 2002–08 ж. ҚР Парламенті Сенатының депутаты. К. ең әуелі халыққа көркем шығарм-мен танылды. Оның алғашқы өлеңдері («Алтын шуақ», 1962), мақалалары, әңгімелері жалпы шығарм. мүмкіндіктерінен хабар берсе, шағын көлемді



Ә.Кекілбаев

хикаяттары автордың жазушылық қарымын, өзіне тән қолтаңбасын, қалыптасқан стилін айқын танытты. «Бір шөкім бұлт» (1966), «Дала балладалары» (1968), «Тырау-тырау тырналар» (1973), «Бір уыс топырақ» (1974), «Құс қанаты» (1975), т.б. әңгімелер мен хикаяттар жинақтары, эсселер мен романдары шығарм. мұрат-мақсаттарының ауқымын анықтап, оның стиліндегі эпиктерге тән байсалды баяндау, филос., психол. терендіктерге бару, кең тынысты бейнелі, иірімді тілдік құралдарды пайдалану секілді ерекшеліктерін байқатты. Жазушының «Шыңырау» (1982), «Бәсеке» (1968) атты повестері қарапайым оқиғаны шебер реалистік мәнерде трагед. коллизиялар дәрежесіне көтереді. Осы аталған хикаяттардағы көркемдік-эстет., әлеум.-филос. сипаттар «Аңыздың ақыры» (1971) романында әрі қарай жалғасып дами түсті. К-тың тарихи балладалар цикліндегі ізденістері осы романда өзінің толық көркемдік шешімін тапқан. Жазушы шығармаларының негізгі арқауы – белгілі тарихи жағдай мен оған тап болған жеке адам, халық ахуалы, тағдыры, олардың бір-бі-

ріне тигізетін ықпалы, соларға берілетін бүгінгі күннің бағасы («Үркер», 1981; «Елең-алаң», 1984 романдары; Қазақстан Мемл. сыйл., 1986). К-тың көркемдік палитрасының қуаты мен қасиеті ежелгі аңыз, әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізе отырып, тарихи филос. тұрғыдан екшей алатындығында, сол әңгімелерден күллі адам баласына ортақ адамшылық тамырларды тауып, өткен күндер шындығына бүгінгі күннің жарық сәулесін түсіретіндігінде. К. прозасы, жалпы алғанда, өмір құбылыстарына байсалды ой-парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі. К. тарих пен бүгінгі күннің маңызды мәселелерін ұтырлы қозғап, әлеум. ірі идеяларды өзек ететін, адам баласының болмысы мен оның іс-әрекетінің себеп-салдарын іздеп, үнемі ой толғайтынын көптеген тарихи, филос., ғыл.-танымдық, әдеби-эстет., эсселер мен публицист. шығармалардың («Ұйқыдағы арудың оянуы», 1979; «Дәуірмен бетпе-бет», 1972; «Заманмен сұхбат», 1996) авторы. К-тың қоғам қайраткері ретінде кеңінен танымал болған кезі Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуымен тұспа-тұс келді. Тәуелсіздікті нығайту мен баянды ету жолындағы шешуші сәттердегі маңызды шешімдерді қабылдау барысында оның жоғары парасаттылығы мен өзіне мол жауапкершілікті ала білетіндігі айқын көрінді. Елде ұлтаралық жанжалдарды болдырмау, саяси мәселелерді ушықтырмай тиянақты, дұрыс шешу жолдарын қарастыру кезінде сарабал саясаткерге тән саяси көрегенділік таныта білді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында пайда болған экон. дағдарыстар мен өзге де саяси-әлеум. тығырықтардан шығу үшін жүргізілген реформалардың халық тарапынан қолдау табуына, халқымыздың тарихи жадын жаңғыртуға, рухани мұраларын қайта қалпына келтіруге үлес қосты. Оның қазақ халқының тарихындағы ұлы тұлғалар бейнесін терең ашқан, тарихи оқиғалардың мән-маңызын айқындаған шығармалары тың деректерімен, ой-толғаныстарының ауқымдылығымен құнды. «Абылай хан» драмасы Қазақ драма театры сахнасында қойылды. К. бұл драм. шығармасында ұлы қолбасшы, дана саясаткер Абылай ханды елдің еркіндігін, келешегін ойлаған кесек тұлға ретінде шынайы бейнелеген. Соңғы кездерде – «Дүние ғапыл» (1999), «Дала балладалары» (2 том, 2001), сондай-ақ, «Қазақ классикасы сериясы» бойынша 12 томдық шығармалар жинағы (1999) жарық көрді. Маңғыстау обл. және АҚШ-тың Кентукки шт.-тының құрметті азаматы. ҚР Президентінің Бейбітшілік және рухани келісім сыйл. (1995) лауреаты, «Тарлан» сыйл. иегері (2003). «Отан», «Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті»

ті», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Г.Бельгер

КЕНЕСАРИН Әзімхан Ахметұлы (1878, Шымкент қ. – 29.10.1937) – Алаш қозғалысының қайраткері. Кенесары Қасымұлының немересі, Абылай ханның шөбересі. 1897 ж. Шымкентте қалалық уч-щені бітіріп, Әулиеата уездік басқармасында хатшы болып қызмет етті. 1905 ж. Әулиеата уезінің қазақтары атынан Ресей империясы Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.Ю. Витте атына петиция жазуға қатысты. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан жағдайға сай Әулиеата уезі қазақтарының саяси белсенділігін арттыру жолында қоғамдық өмірге қызу араласты. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау мақсатында құрылған Әулиеата уездік Ұлттық кеңесіне төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезінде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы-



Ә.Кенесарин

на депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына Әулиеата уезінен сайлауға түсті. Оның ұйымдастыруымен 1917 ж. 12 қарашада Әулиеата уезі қазақтарының съезі болып өтті. 1917 ж. желтоқсанның 5–13 аралығында өткен екінші жалпықазақ съезіне Сырдария обл. қазақтары атынан қатысып, онда съездің төрағасының орынбасары болды. Түркістан (Қоқан) автономиясына ізгі ниеттілік танытып, оны кеңес өкіметінің әскери күшпен талқандауына наразылық білдірді. 1921 жылдан Сырдария рев. к-тінің хатшысы, уездік атқару к-тінде жер бөлімінің меңгерушісі, гидротехник болып қызмет етті. 1930 ж. Кеңес өкіметі тарапынан «ұлтшыл» деп айыпталып, тұтқынға алынды. Одан көп ұзамай босатылды. 1937 ж. тамызда қайтадан тұтқындалып, ату жазасына кесілді. 1956 ж. Түркістан әскери округі трибуналының шешімі бойынша К. есімі ақталды.

С.Рүстемов

КЕНЕСАРИН Натай Әзімханұлы (24.6.1908, Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. 16-а. – 16.4.1975, Өзбекстан, Ташкент қ.) – ғалым, геол.-минерал.

КЕНЕСАРЫ

ғыл. докт. (1958), проф. (1952), Өзбекстан ҒА-ның корр. мүшесі (1962), Өзбекстанның еңб. сің. геологі (1967), Кенесары ханның шөбересі, Абылай ханның шөпшегі. Орта Азия индустриалдык ин-тын бітірген (1935). 1935–44 ж. Өзбекстан ҒА-да ғыл. қызметтер атқарған. 1944–52 ж. Қазақстан Үкіметінің шақыруымен Алматыға келіп, Геол. ғылымдар ин-тында гидрогеология және инж.



Н.Кенесарин

геология бөлімін басқарды. 1952–60 ж. Ташкент а. ш. ин-тында кафедра меңгерушісі, проф. болды. 1960–62 ж. Ташкент қ-ндағы Гидрогеол. және инж. геология ин-тын ұйымдастыруға белсене ат салысып, сол ин-тта директордың орынбасары, директоры (1962–68) қызметін атқарды, 1968 жылдан зертхана меңгерушісі болды. Негізгі ғыл. еңбектері жер асты суларын зерттеуге арналған. Сырдария алабының суармалы жерлеріндегі грунт суларының әсерін анықтау, Жезқазған қ. мен Ембі мұнай кәсіпорындарын жер асты суымен қамтамасыз етуге қатысты көптеген ғыл. зерттеулер жүргізді. Суармалы аймақтардағы грунт суларының режимі мен балансын, Күн энергиясымен байланысын, артезиандық сулардың қорын анықтап, оның пайдалану бағыттарын негіздеді. 150-ден астам ғыл. еңбектердің авторы.

Ж.Сыдықов

КЕНЕСАРЫ, Х а н а у ы л ы, Жамантұз, Александровка – қазіргі Ақмола обл-ның Щучье ауд-ндағы ауыл, Кенесары ауылдық әкімш. округінің орт. Ол Шучинск қ-нан солт.-батысқа қарай 35 км жерде, Қылшықты өз-нің сол жағалауындағы әр түрлі астық тұқымдас шөптер өскен қиыршық тасты қара топырақты дала белдемінде орналасқан. 1750 жылдың аяғы мен 1770 жылдың бас кезінде Абылай ханның қыстауы Қылшықты өз. бойында болған. К. а-ның іргесі 1879 ж. Хан ауылы орнына қаланған. 1957 жылдан «Жамантұз» астық ш., 1976 жылдан «Жамантұз» ет өндіру бағытындағы кеңшардың орт. болып келді; кейін оның негізінде ЖШС, шаруа қожалықтары құрылды.

С.Әбдірахманов

КЕНЕСАРЫ Қасымұлы (1802, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Жетіжал жотасының оңт. алабындағы Кекілік-Сеңгір аңғары) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837–47 ж. болған ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, Қазақ хандығының соңғы ханы (1841–47). К. Шыңғыс ханның 27-нші ұрпағы, Абылай ханның немересі. Ордасын Көкшетауға тіккен Абылай ханның отыз ұлы болған. Абылайдың қалмақ қонтайшысы Қалдан Сереннің қызынан дүниеге келген баласы Қасым сұлтанның бәйбішесі Айкүмістен К. (алты ағайынды – Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай, Бопай), екінші әйелінен Наурызбай туған. К. өзге бауырлары секілді көшпелі әскери ақсүйектер қауымының дәстүріне сай жастайынан шабандоз, ұшы-қиыр-



Кенесары Қасымұлы

сыз даланың катал табиғатына шыныққан, қиындыққа төзімді болып тәрбиеленеді. Жеке басының ерлік қасиеттері, бірбеттігі, алға қойған мақсатына жету жолындағы қайсарлығы мен дүлей күш-жігері оның жетекшілік қабілетін айнала-сына ерте мойындатқан. К-ның саяси көзқарасының қалыптасуы Ресей империясында Петр I билігі кезеңінен басталған Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы қатынастар сипатымен тығыз байланыста болды. Ресей империясы өзіне шекаралас жатқан Қазақ хандығын күллі Азия елдері мен жерлеріне бастар қақпа деп есептегендіктен, оны Ресейге қосып алу қажеттігіне ерекше мән берген-ді. Қазақ хандығы аумағын империяға күштеп қосу оның отарлануымен қатар жүрді. Ресей отаршылдығының ерекшелігі – «орыс солдаттының соңынан орыс мұжығы ілесіп отыратындығында, сөйтіп, жаулап алған жерін

орыс жеріне айналдырып жіберуге тырысатынында» (М.Шоқай) еді. Атасы Абылай хан заманынан бері үдей түскен бұл үрдіс жас сұлтан К. санасына ұлт тәуелсіздігіне төнген қауіпті терең түйсінтті. Патша үкіметінің 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Жарғысы» қалыптасқан хандық құрылымды, дәстүрлі билік үлгілерін жойып, қазақ елін жалпыресейлік басқару жүйесіне сіңістіріп жіберуді көздеді. Сол мақсатта қазақ даласына орыс шаруалары ағылып келіп қоныстана бастады. Абылай ханнан кейін орнына билікке келген Уәли хан (1781–1821) патша әкімшінің Көкшетау алқабында қала құрылысын бастауына келісім берді. Уәли өлгеннен кейін хан сайланған баласы Ғұбайдолланы Ресей үкіметі бекітпей тастады және Орта жүзде хандық билікті жойды. Қарсылық көрсеткен Ғұбайдолланы тұтқындап, Сібірге жер аударды. Осыған байланысты К. Ресей мен Абылай хан арасында жасалған жазбаша келісімшарттың бұзылғанына наразылық білдірді. Оның: «Алла қостаса, қазақтардың басын біріктіреміз де, қайтадан Абылай хан тұсындағыдай дәрежеге жетеміз» деген пікірі әкесі Қасым сұлтанның, бауырларының, көптеген қазақ батырларының тарапынан қолдау тапты. К. қазақ халқының дербестігін қалпына келтіру жолындағы ұзақ та ауыр күресін (қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*) бастады. Абылай хан ұрпақтары К-ға дейін де ұлт-азаттық көтерілісіне шыққан болатын. Олар Ресейге қарсы Қокан ханымен одақтаса отырып күресіп болған еді, бірақ үміттері ақталмады. Керісінше, 1836 ж. Қокан билеушісінің нұсқауымен К-ның бауыры Саржан өлтіріледі. 1840 ж. әкесі Қасым төре қаза тапты. К. Абылай хан тұсындағы Қазақ хандығының аумақтық тұтастығын қалпына келтіруді, Ресей құрамына кірмеген аймақтардың тәуелсіздігін сақтауды көздеді. Отаршылдарға қарсы соғысты бастамас бұрын К. бірнеше рет дипломатиялық қадамдар жасап: Николай I патшаға, Орынбор ген.-губернаторлары В.А. Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір ген.-губернаторы П.Д.Горчаковқа хат жолдады. Ақылды саясатшы және әскери қолбасшы ретінде К. жаудың мықты қарулы күші бар екендігін жақсы түсінді, сол себепті соғысқа мұқият даярланды. Бұл оның қазақтың Үш жүзін бір мақсат жолына біріктіру саясатынан, қару-жарақ соғуды, соның ішінде зеңбірек құюды жүзеге асыру үшін орыс және өзге ел шеберлерін тартуынан көрінеді. Қазақ ақсүйектері екі жарылып, бір тобын көтерілісті қолдаушылар құраса, екінші жағы оған қарсылар болды. Соған қарамастан, К-ның қол астына 20 мыңға жуық сарбаз жиналды. Оның

ішінде Орта жүз руларынан басқа, Кіші жүздің шекті, тама, табын, алшын, шөмекей, жаппас, жағалбайлы, т.б. руларының, Ұлы жүздің үйсін, дулат, т.б. руларының сарбаздары болды. К-ның жауға қарсы жорығында Ағыбай батыр, Иман Дулатұлы, Басығара, Аңғал, Жанайдар Орынбайұлы, Жеке, Сұраншы Ақынбайұлы, Байсейіт, Жоламан Тіленшіұлы, Бұқарбай Естекбайұлы, Мыңжасар және т.б. батырлар аянбай шайқасты. Әскери қимылдар 1838 ж. Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан басталды. Көтерілісшілер қамалдарды өртеп жіберді. К. соғыс ауқымын Торғай арқылы Кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 ж. қыркүйекте К. үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы К-ның әскері Қокан хандығының иелігіндегі Созақ, Жанақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. 1843 ж. Ресей үкіметі К-ға қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырды. К-ның әскері Ресей армиясы мен Ресей жағында күресуші қазақ сұлтандарын бірнеше рет ойсырата жеңді. Алайда, әскери қуаты әлдеқайда басым жау К. сарбаздарын Жетісуға шегінуге мәжбүр етті. Азаттық үшін шайқаста К. қырғыз манаптарының өзіне бағынуын талап етті. Алайда, патша әкімдерімен құпия байланыста тұрған манаптар оған мойынсұнбады. К. бағынудан бас тартқан қырғыздарға шабуыл жасады. Өз жақтастары ішіндегі опасыздық салдарынан К. мен інісі Наурызбай дұшпандарының қолына түседі. К. айуандықпен өлтіріледі. Жаулары оның басын кесіп алып, орыс әкімшілігіне жібереді. Князь Горчаков К-ның басын Батыс Сібір бас басқармасындағы «Кенесары бүлігі туралы» іске қосып сақтауға бұйрық береді. К. қазақ халқының дербес мемлекеттілігін қалпына келтіру, халқын бодандықтан құтқарып, басын біріктіру, азаттықпен бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ел ету мұратын көздеген сұңғыла саясатшы, қайраткер, ірі мәмілегер, дарынды әскери қолбасшы ретінде ел есінде қалды. Оның дипломатиялық және саяси белсенділігі, Ресей үкіметінің әскери-әкімшілік орталықтары мен сол тұста көптеп құрылып жатқан бекіністерін жою жөніндегі шешімдері және нақты әскери қимылдары сол кезгі тарихи құжаттар мен зерттеулерде көрініс тапты. Саяси ахуал оған қарулы күрестен басқа таңдау қалдырмағаны анық. Оның әкімші. және сот реформаларын жүргізгені, биліктің орталықтандырылуын күшейтуге тырысқаны, өз армиясын заман талабына сай қайта құрғаны, артиллерияны қолданып, әскери тактиканы дамытқаны, қатал тәртіпке бағынған, ұтқыр тәсілдермен әрекет ететін әскер құра білгені әділ бағасын алуда. К-ның өмірі мен азаттық жолындағы күресі көпте-



ген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» дастаны (19 ғ.) 1875 ж. сұлтан Жантөриннің тәржімасымен «Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесінің жазбаларында» орыс тілінде жарияланды. 20 ғ-дың 30-жылдары М.О.Әуезов «Хан Кене» пьесасын (сахнаға бірер қойылуынан кейін тыйым салынған), 60-жылдары И. Есенберлин «Қаһар» романын жазды. Алғашқы зерттеулер ішінде «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымовтың бүлігі» деген тақырыппен Н.Середаның 1870 ж. «Вестник Европы» журналының бірнеше нөміріне бастырған кітабының дерек көзі ретіндегі маңызы зор. 1888 ж. Ташкентте «Кенесары мен Садық» деген атпен шыққан К-ның баласы сұлтан Ахмет Кенесариннің естеліктер жинағы да құнды еңбек болып табылады. Кеңес өкіметі тұсында К-ның күрес жолына іргелі ғыл. зерттеу арнаған тарихшы-ғалым Е.Бекмаханов («XIX ғасырдың 20–40-жылдарындағы Қазақстан», М., 1947) саяси қуғын-сүргінге ұшырады. К. тұлғасына жаңаша қарап, оның шыннайы бағасын беру ісі Қазақстан тәуелсіз мемлекетке айналғаннан кейін ғана қолға алынды. Тарихшылар (Ж.Қасымбаев, т.б.) өз зерттеулерін жариялады. 2002 ж. К-ның туғанына 200 жыл толуына орай халықар. ғыл. конференция өтті. Астана қ-нда К-ға ескерткіш қойылған және онда оның есімімен аталатын көше бар.

Б.Орынбекұлы

КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫ БАСТАҒАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ (1837–47) – Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыс. Патша үкіметінің 1822–24 ж. Орта жүз бен Кіші жүзде енгізген басқару ережелері қазақ ұлтының дәстүрлі басқару және құқық жүйесін жойып, орнына округтік және шекаралық ресейлік басқару мекемелерін ашты. Ресей билеушілері қазақ жерінің ең шұрайлы жерлерін тартып алып, Ақтау, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, т.б. жерлеріне өз әскери бекіністерін сала бастады. Қазақ халқының қарулы қарсылығына бір ғана әкімш. басқару жүйесіндегі отаршыл өкімет жасаған өзгерістер себеп болып қойған жоқ, оған Солтүстік, Шығыс Қазақстанда суы мен жайылымы мол Ертіс, Есіл өзендерінің бойындағы жерді біртіндеп орыс-казак шаруаларының өз иелігіне бөліп алуы, алым-салықтың өсуі де қатты қозғау салды. Ресей империясының саясатына қарсы алғашында Абылай хан ұрпақтары Ғұбайдолла сұлтан, кейін Қасым төренің ұлы Саржан сұлтан көтеріліске шыққан болатын. Бірақ олардың Ресейге қарсы күресінде одақтас болған Қоқан

хандығы сатқындық жасады. 1836 ж. Қоқан билеушісінің нұсқауы бойынша Саржан өлтіріледі, ал 1840 ж. Қасым төре қаза табады. Осындай тарихи кезеңде сұлтан, (1841 жылдан хан) Кенесары Қасымұлы үш жүзді де толық қамти отырып, қазақ елінің Абылай хан тұсындағы территориялық тұтастығын, дербестігін қалпына келтіру мақсатын алдына қойды. Кенесары қарулы көтерілісін бастамас бұрын Ресей империясының билеушілеріне (Николай I патшаға, Орынбор ген.-губернаторлары В.А.Перовскийге, В.А.Обручевке, Сібір ген.-губернаторы П.Д.Горчаковқа) әлдешешет рет хат жазып, тиісті талаптар қойды. Ресей үкіметі «бөліп ал да, билей бер» саясатын ұстанды, қазақтың би-болыстарын шен беру тәсілі арқылы бір-біріне айдап салып, қарсы қойды. Сондықтан да К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. қ-на көптеген аға сұлтандар, би-болыстар толық тірек бола алмады. 1837 ж. Кенесары қолы Ақмола бекінісіне шабуыл жасап, орыс-казак әскерлерін талқандады, қамалды өртеп жіберді. 1839–40 ж. көтерілісшілер Есіл өз. бойындағы бекіністерге жиі шабуыл жасап, Жарғалаң өз. бойында бекініс тұрғызу жөнінде шешімнің қабылдануына түрткі болды. Кенесары келесі жорығын Торғай өңірі арқылы Кіші жүз жеріне жасады. 1841 ж. қыркүйекте үш жүз өкілдерінің мақұлдауымен Кенесары қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылдың жазында Қоқан хандығына қарсы соғыста оны ойсырата жеңіп, оның иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды. Батыс Сібір ген.-губернаторы Перовскийдің орнына Обручев келген соң, 1843 ж. К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. қ-на қарсы кең көлемді әскери жорық ұйымдастырылды. 1843–44 ж. Ресей әскерінің қолбасшылары Лебедев, Жантөрин, Дуниковский әскерлерімен шайқаста Кенесары жасағы әр түрлі айла-тәсілді мол пайдаланып, үнемі үстем түсіп отырды. 1844 ж. шілдеде Ресей жағында соғысушы Кіші жүз сұлтандарының біріккен күшін Кенесары әскері бірнеше рет ойсырата жеңді. Осы жылдың тамыз айында Наурызбай, Ағыбай батырлар бастаған қол Екатерина қамалын тас-талқан етті. 1845 ж. Кенесары әскері шегінуге мәжбүр болды. Орынбор ген.-губернаторы Обручев Солт. батыс өлкеде қосымша бірнеше бекіністер салу арқылы Кенесарының басты күштерін ығыстыра бастады. Қазақтардың мейлінше жиі көшіп-қонатын жерлерінде Қарабұтақ, Ырғыз, Торғай, Арал (Райым) бекіністерінің тұрғызылуы көтерілісшілермен күресу мақсатын көздеген еді. 1846 ж. қуаты әлдеқайда басым Ресей әскерінен ығысқан Кенесары қолы Сарыарқаны тастап, Шу өз. бойына ойысады. Кенесарының ойы Абылай ханның тікелей тұқымдары билеген Ұлы жүзге барып, пат-

ша үкіметіне және Қоқан ханына қарсы күресте қолдау табу еді. Патша үкіметі де Кенесарының басты күштерінің Жетісуға бет алғанынан хабардар бола отырып, 19 ғ-дың 20–40-жылдарында Ресей билігін мойындаған Сүйік Абылайұлы сияқты империяның осы өлкедегі тілектестеріне сүйенуге тырысты. Жетісу жерінде Кенесары Абылай тұқымдарынан қолдау таппады. Дегенмен Кенесарыға Байзақ Мәмбетұлы, Белқожа би, Медеу би, Құдайберген датқа (Қ.Байетұлы), Сыпатай батыр және Ұлы жүздің басқа да ру басшылары тарту-таралғыларымен келіп, бағынатындықтарын білдірді. Қырғыздардың Жанғараш, Жантай, Тыналы, Төрегелді секілді басшыларына елшілер жіберіп, патша өкіметіне бірлесу күресу керектігі жөнінде ұсыныс жасалды. Бірақ қырғыз билеушілері Ресей империясы билігін мойындауға ыңғай берді, ал ол қазақ ханының ашулы ерегесін туғызды. Сол себепті қырғыздарға қарсы шабуыл жасалды. К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. к-ның тағдырын шешкен ақырғы қанды шайқас Кекілік-Сеңгір тауының етегіндегі Майтөбе деген жерде өтті. Осында Кенесарыны Ресей отаршылдарына арқа сүйеген қырғыз манаптары қапылыста қолға түсіріп, азаптап өлтірді. К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. к-ның жеңілу себептерінің бірі – бір жағынан, Ресей өкіметінің, екінші жағынан, Қоқан билеушілерінің қырғыздарды қазақтарға айдап салуының да салдары болды. К. Қ. б. қ. х. ұ.-а. к., шын мәнінде, Ресейдің қырғыз жерін де, Қоқан хандығын да жаулап алуын біраз уақытқа кейін шегерді.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Казахстан в 20–40-е годы XIX в., А.-А., 1947; Янушкевич А., Дневники и письма из путешествия по казахским степям, А.-А., 1966; Кенесарин А., Султан Кенесары и Сыздық, А.-А., 1992; Қасымбаев Ж., Кенесары хан, А., 1993.

Ж.Қасымбаев

КЕНЕСАРЫ ҮҢГІРІ, Көкшетау үңгірі, Көкше өңіріндегі Бурабай к-нен оңт.-батыста 0,5 км жерде, Ақмола обл-ның Щучье ауд. жерінде орналасқан. Үңгір Көкшетау қыратының гранитті сілемінің үгілуінен пайда болған және ол аласа шоқының үстінде жатыр. Үңгірге кіре берістеі қуыстың биікт. 3 м-дей. Ол екі бөліктен тұрады. Оларды бір-бірімен тар қуыс жалғастырады. Екінші бөліктен сыртқа шығатын ауыз бар. Негізгі үңгір дөңгелек пішінді диам. 5–6 м, биікт. 1–3 м. Үңгір ішіндегі темп-раның сыртқы темп-радан айырмашылығы 2–3°С.

«КЕНЕСАРЫ ХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ» – ғыл.-практ. конференция. Кенесары Қасымовтың туғанына 190 жыл толуына арналып, Көкшетау қ-нда 1992 жылдың 13 маусымында өткен. Конференцияда Қазақстанның

көрнекті ғалымдарының баяндамалары тыңдалды. Конференция материалдары «Абылай хан. Кенесары» жинағына (А., «Ғылым», 1993 ж.) енді.

Е.Ерназаров

«КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ БАСЫ» («Ханның басы қанша тұрады?») – хикаят. Авторы – Қабдеш Жұмаділов. «Таңшолпан» журналының 2013 жылғы 2-санында жарияланған. Хикаятта Абылай ханның Ресей мен Қытай патшалығы арасындағы оңтайлы дипломат. саясатының маңызы айтыла келіп, Абылай өлгеннен кейін («Ресейде жасалып, Ташкентте берілген у Абылайды алып соққан соң») ғана Орынбор мен орыс әкімдері «кең тыныс алғаны» жөнінде баяндалған. Абылайдан кейін оның басқа балалары мен немерелері Ресей ыркына біртіндеп бас ие бастағаны, тек Абылайдың қалмақ әйелінен туған ұлы Қасым төре әулеті (Кенесары, Наурызбай, т.б.) ғана патша отаршылдарымен өмірінің соңына дейін күресіп өткені сөз болады. Осы мәселелерді тарихи деректер негізінде әңгімелей келіп, автор Кенесары мен Наурызбайды қырғыздардың қалай өлтіргенін осы оқиғаларды тірі куәлардың аузынан жазып алған қырғыз тарихшысы Б.Солтанаевтың 19 ғ-да жазып қалдырған еңбегінен келтірілген үзінділермен дәлелдеп көрсетеді. Кенесары мен Наурызбайдың ел тәуелсіздігі жолында ерлікпен бастарын қиғанын айғақтар арқылы әңгімелейді. Хикаят (2012 ж. жазылған) соңында автор Эрмитажда тұрған Кенесары ханның басы соңғы жылдары ұштықүйді жоғалғанын айта келіп, оның себептеріне өзінше жорамал жасайды. Бірақ ханның басы табыларына, сөйтіп, бас пен дененің бірігетініне, мұның өзі билік пен халықтың да бірігуінің нышаны болатынына сенім білдіреді.

Ғ.Серғазыұлы

«КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ЕЛШІСІ» – деректі әңгіме. Авторы – Т.Абылайханов. «Алдаспан» журналының 2002 жылғы 11–12-сандарында жарық көрген. Автор шығармасына Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық күрестің басшысы Кенесары хан өмірінің бір үзінгін арқау етіп алған. Кенесары сарбаздарының соңына түскен патша әскеріне хан Кене елшісін жібереді. Елшілікке барған Сартай Арықұлы Кенесарының немере туысы болатын. Одан ары қарайғы әңгіме желісі елшілікке барған Сартайдың орыс әскерлерімен болған диалогына ойысады. Әңгімеде Ресей патшалығының отарлау саясаты көркем тілмен шынайы суреттеледі. Атасы Абылай ханның жолын қуып, ел тәуелсіздігін көксепп, ұлт-азаттық күреске шыққан хан Кененің соғыс тактикасы әсерлі баяндалады.

К.Қошым-Нозай

КЕНЕСАРЫ

«КЕНЕСАРЫНЫ ҚЫРҒЫЗ МАНАПТАРЫНЫҢ ТҮТҚЫНҒА АЛУЫ ЖӘНЕ ӨЛТІРУІ» – аңыз-әңгіме. Алып-қашпа лақапқа айналдырылған аңыздар мынадай үш түйінге келіп тіреледі: 1. Тұтқын Кенесары қазақтармен соғыста күйеуі мен ұлынан айырылған қырғыз әйелінің қолынан қаза табады. Аңыз осы оқиғаға орай Кенесарының аузымен: «Қас батырдың ажалы қас әйелден» деген сөз айтқызады. 2. Қарапайым қырғыздар оның абырой-атағына бас ие отырып, босатып жібермек болғандықтан, манаптар тұтқындағы Кенесарыны жасырын өлтіреді. 3. Кенесарыны халықтың алдында жазаға тартады. Келтірілген барлық пікірлердің әртектілігіне қарамастан, бұлардың барлығына ортақ бір ой бар. Кенесарының қазасы барлық жерде жалғастыратын ерлік үлгісі ретінде әспеттеледі.

С.Ғұсман

КЕНЕСАРЫ ХАН ҰРПАҚТАРЫ – Кенесары хан әулетінің шежіресі. Кенесары ханның бәйбішесі Күнімжан ханымнан (арғын руының қызы) үш ұл туады: Жапар, Тайшық, Ахмет. Екінші әйелі Жаңыл ханымнан бес ұл туады: Құмар (кейбір деректерде Омар), Әбубәкір, Құсман (Осман), Сыдық, Жақшы (Жегей) (бұл мәліметтер Әзімхан Кенесариннің отбасылық мұрағатынан алынған). Кенесарының үлкен ұлы Жапар Ресей империясы әскерлерімен болған соғыста тұтқынға түсіп, көп жыл айдауда болады. Ақырында Бекет батырмен бірге тұтқыннан қашып келеді. Денсаулығы нашарлағандықтан көп кешікпей қайтыс болады. Кенесарының ұлы Сыдық (кейде Сыздық) сұлтан (1839–1910) әке жолын қуып, Ресей империясына қарсы күресті. Тайшық пен Ахмет сұлтандар амалсыз патша үкіметіне барып қызметке тұрады. Қоқандықтармен болған бір соғыста Тайшық сұлтан қатты жарақаттанып, қайтыс болады. Ахмет сұлтан алғашында Шу бойындағы қазақ, қырғыз елдерін Қоқан шапқыншылығынан қорғап тұрады. Шымкент уезі ашылған соң Ахмет сұлтан онда уезд басшысының үшінші жәрдемшісі болып тағайындалып, осы жұмыста 20 жыл істейді. Қазақ руларымен патша әкімші арасындағы қатынастарды реттеп тұрады. Ахмет сұлтан 46 жасында қайтыс болды. Ахмет сұлтанның ұлдары – Смайыл, Ыбырай, Мұқан, Әзімжан, Шірінхан. Ахмет сұлтанның ұлдарының ішінде ең белгілісі Әзімхан Кенесарин (1878–37) – Алашорда партиясын құрушылардың қатарында болған, саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1996 ж. толығымен ақталды. Әзімханның ұлдары: Натай, Мұхамедхан, Мадияр, Тәуке, қыздары: Хамида, Напуса, Аян, Баян. КСРО-ға еңб. сің. геолог, геол.-минерал ғыл. докт., гидрогеолог, Өзбекстан ҒА-ның корр, мүшесі Натай Әзімханұлы Кенесарин кезінде бабасының атын алып жүргені

үшін қуғындалып, Қазақстаннан қоныс аударуға мәжбүр болған. Кенесарының Әбубәкір атты ұлының шөбересі, ұстаз әрі домбырашы, өнер қайраткері Файзолла Үрімзов пен жиендері арасынан Кеңес Одағының Батыры А.Г.Моисеевский сынды генерал шықты.

Н.Кенесарина

КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫ Сейіт (12.1.1939 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд. Сарыкопа а.) – жазушы-этнограф. Қазақ мемл. а.ш. ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық аграрлық ун-ті) оқыған. Кейін ҚазМУ-дің (қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. 1977–89 ж. Қазақстан Жазушылар одағының Торғай обл-ндағы кеңесшісі, 1989–2002 ж. Торғай обл. «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы әрі Ы.Алтынсарин атынд. Аркалық пед. ин-тын



С.Кенжеахметұлы

да доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды, қазақ әдебиеті тарихынан дәріс оқыды. Астана қ-ндағы «Отырар» кітапханасы Ғыл. орт-ның ғыл. қызметкері міндетін атқарады. 1957 жылдан бастап сықақ, мысал өлеңдер мен әзіл әңгімелер жазып келеді. ҚР Құрмет грамотасымен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Аркалық, Торғай қ-ларының құрметті азаматы. «Қазақтың қаһарман хандары» атты кітабында Керей мен Әз Жәнібек хандардан бастап Кенесары Қасымовқа дейінгі хандардың өмірі мен қызметіне баға бере келіп, әсіресе Абылай ханның Қазақ хандығының құрылымын нығайтуға, Қазақ мемлекетінің дербестігін сақтауға сіңірген зор еңбегін атап өтеді. Абылайды үлкен саясаткер, ойлы кемеңгер деп бағалайды.

Қ.Нұрбағи, Ф.Серғазыұлы

КЕНЖЕБАЕВ Бейсенбай (4.10.1904, Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Бөген а. – 17.7.1987, Алматы қ.) – ғалым, филология ғыл. докт. (1959), проф. (1961). Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік ун-тін (1925), Әдебиет ин-тының 2 курсы, ҚазМУ-ді (1942) бітірген. «Жас қайрат», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш», 1923–28), «Кеңес туы» (1929–30), «Оңтүстік Қазақстан» (1932–33), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Еге-

мен Қазақстан», 1928–29, 1931–32, 1933–35), т.б. газет-журналдарда бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор, «КСРО Жоғ. Кеңесінің Ведомостарында» аудармашы (1938–41), Қазақстан мемл. біріккен баспасының бас редакторы (1941–44) болып қызмет істеген. 1961 жылдан Қазақ мемл. ун-тінің кафедра меңгерушісі, 1975–87 ж. осы ун-те проф. болды. К. – қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің авторы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты; сонымен қатар Абылай хан туралы мақала жазған. Кеңес-



Б.Кенжебаев

тік кезеңде коммунистік идеологияға орай қазақ әдебиетінің тарихын Бұқар жыраудан басталады деген пікірді теріске шығарып, оның Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғыл. тұрғыдан дәлелдеді. Осы тақырыпта «Көне әдебиет туралы» (1969), «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» (1973) атты еңбектерін жазды. «Қазақ әдебиеті тарихы» (1948) кітабының фольклорға қатысты тарауларын жазған. К. – көркем проза және аударма саласында да еңбек етті. Бірнеше орден және медальдермен марапатталған.

Шығ.: Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ақындығы, А., 1949; Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары, А., 1958; Шындық және шеберлік, А., 1966; Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері, А., 1973; Жылдар жемісі, А., 1984; Әдебиет белестері, А., 1986.

Әдеб.: Ізденіс іздері, А., 1984; Қазақ әдебиеті және мектеп, А., 1979.

Д.Ысқақов

КЕҢГІРБАЙ Жандосұлы (1735, Кеңгір өз. бойы – 1825, Шыңғыстау) – би, ұлы Абайдың 4-ші ағасы (К.–Ырғызбай–Өскенбай–Құнанбай). Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының тобықты руынан шыққан. К. туралы тарихи деректерде, естелік жырларда, дастандарда, шежіре жазбаларында көп айтылады. Абайдың Байкөкше

ақынға жаздыртқан «Кеңгірбай би» дастанында да би өмірінен деректер молынан қамтылған. Сол сияқты «Абылай хан» тарихи дастанында: «Кеңгірбай, Боранбай би ел үлгісі, Избасты, Бұқар жырау сөз үлгісі. Дұғагөй Шақшақ Жәнібек тағы да бар, Жан досы Абылайдың молда кісі» деп жазылған. Шәкәрім, М.О.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Т.Әлімжанов, М.Мағауин, т.б. көптеген белгілі ақын-жазушылардың шығармаларында К. тұлғасы жан-жақты сомдалған. 1996 ж. 22 тамызда Абай ауд-нда К. биге арналып үлкен ас берілді. Жидебай қорығында, Шидің бойындағы биік төбе басына Құнанбай Өскенбайұлы салдырған (1825) Кеңгірбай би күмбезінің сырты бір жарым ғасыр өткеннен кейін, көпшілік кеңесімен, 1996 ж. жазда жаңадан қапталып, биікт. 8, ені 4 м-лік зәулім кесене тұрғызылды.

Б.Сапар Али

КЕРЕЙ ХАН, К и р а й, Г и р е й (т.ж.б. – 15 ғ-дың 70-жылдарының бас кезі) – Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы екі тарихи тұлғаның бірі, алғашқы қазақ ханы. Ақ Орда ханы Орыстың (Өріс) ұрпағы. Орыс ханнан Тоқтақия, одан Болат, одан К. х. тараған. «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегі бойынша, К. х. – Болаттың жалғыз баласы. 15 ғ-дың ортасына дейінгі тарихи оқиғаларда К. х. туралы мәліметтер кездеспейді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде К. х. туысы Жәнібек ханмен бірге 15 ғ-дың 50-жылдарының аяғында Қазақ хандығының құрылуына қатысты оқиғаларда алғаш рет атала бастайды. Онда К. х. мен Жәнібек ханның Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанның батысындағы Шу бойы мен Қозыбасы өңірі аралығына келіп қоныстанғаны туралы баяндалады. Бұл аймақ – сол жылдардағы Моғолстан билеушісі Есенбұға хан мен оның туған ағасы Жүніс хан иеліктерінің арасы болды. Соңғы жылдары ғыл. айналымға енгізілген аңыз мәліметтері бойынша, К. х. мен Жәнібек хан қол астындағы ру-тайпалармен 1457 жылдың күзінде Шу өңіріне көшіп келген. Ал 1458 жылдың көктемінде Керейді хан етіп көтерді. К. х. мен Жәнібек ханның бөлінуімен Көшпелі өзбектер мемлекетінде ыдырау үрдісі басталады. Әбілхайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары К. х. мен Жәнібекке келіп қосылады. Аз уақыт ішінде Қазақ хандығындағы халықтың саны 200 мыңнан асып кетеді. К. х. мен Жәнібек ханның арқасында Есенбұға хан ағасы Жүніске қарсы күресте сенімді, әрі мықты одақтас табады. Жүніс 1461/62 ж. Есенбұға хан қайтыс болғанға дейін Моғолстан тағына қарсы ешқандай әрекет жасай алмайды. 1461/62–1469 ж. Моғолстан ханы Досмұхаммедтің мәнсіз, мағы-



насыз жүргізген саясаты салдарынан К. х. Жүніске қолдау көрсете бастайды. Ақыры, 1469 ж. Досмұхаммед хан қайтыс болғаннан кейін, Моғолстандағы билік басына еш қиындықсыз Жүніс хан келеді. К. х. тұсында негізі қаланған Қазақ-моғолстан қатынасы 16 ғ-дың 30-жылдарына дейін достық, бейбіт сипатта болады. Әбілхайыр хан К. х. мен Жәнібек хан ықпалының күшейе бастағанынан қауіптеніп, оларды дер кезінде талқандау мақсатымен 1468/69 ж. жорық ұйымдастырады. Жорық кезінде Әбілхайыр хан ауырып, қайтыс болады да, әскері кейін оралады. Көп ұзамай Көшпелі өзбектер мемлекетінде билік үшін талас-тартыс басталып кетеді. Кешегі Әбілхайыр ханның қарсыластары – Ахмет пен Махмұт хандар, ноғай мырзалары Мұса мен Жәңгірлы, Сібір ханы Ибақ, шайбанилық Берке сұлтан және қазақ хандары Әбілхайыр ханның мұрагері Шайх Хайдар ханға қарсы шығады. «Тауарих-и гузида-йи нусратнаме» дерегінде қазақ хандары ретінде К. х. мен Жәнібектің есімдері аталса, «Фатхнама», «Шайбанинаме» деректерінде тек қана Жәнібек ханның есімі кездеседі. Дегенмен К. х. есімі тарихи деректерде соңғы рет 1472–73 ж., Жүніс хан ордасына Бұрыш оғлан деген сұлтанның шабуыл жасауына байланысты аталады. Соған қарағанда К. х. 1470 жылдардың бас кезінде қайтыс болған. Аңыз бойынша, К. х. Қазақ хандығын 10 жылдай билеген және Хан тауы етегінде жерленген. К. х-ның қандай жағдайда, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде нақты мәліметтер жоқ. К. х-ның үш баласы болды. Олар: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі. Олардың ішінде 30 жылдан астам Қазақ хандығын билеген Бұрындық ханнан соң тақ билігі түпкілікті түрде Жәнібек ханның ұрпақтарының қолына өтеді. К. х-ның қалған екі ұлы жөнінде деректер кездеспейді.

Әдеб.: Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. (Извлечение из персидских и тюркских сочинений). Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П.Юдин, А.-А., 1969; С у л т а н о в Т. И., Поднятые на белой кошме. Потомки Чингизхана. А., 2001; Е л е у ұ л ы М., Шу өңірі: аңыз бен тарих // «ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы». №3.

Б.Кәрібаев

«КЕРУЕН» – ғыл. және әдеби-көркем журнал. 2005 жылғы желтоқсан айынан бастап Алматы қ-нда жарық көруде. Басылымның құрылтайшысы – ҚР Білім және ғылым мин. Ғылым к-ті. Журнал 3 айда бір рет, яғни жылына 4 рет қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде шығады. Таралымы 500 дана. 2005–2012 ж. С.Қасқабасов Бас редакторлық қызмет атқарған. Қазіргі кездегі Бас редакторы – У.Қалижан. Журналда Н.Набиолла-

ның «Жәнібек батыр» жырларындағы Абылай хан бейнесі», А.Хаванның «Тәуелсіздікті жырлаған жыраулар шығармашылығындағы хандар бейнесі», Ш.Елеукеновтің «Абылай хан – тарихи роман айнасында» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

КИНДЕРМАН Теофил фон Христиан (т.ж.б. – 1752) – ген.-майор. 1744 жылдан Сібір корпусының командирі. Ол Жаңа Есіл шебінің жобасын жасап, оны Звериноголовск қамалынан бастап, Омбыға дейін жеткізуді ұсынды. Бұл жоба бойынша, ұзындығы 556 километрлік бұл арада 11 бекіністі қамал, 33 редут салынуға тиісті еді. Жобаны сенат 1752 ж. бекітті, ал Жаңа Есіл шебі негізінен 1855 ж. салынып бітті. Ол Петропавлда Орта жүз үшін сауда жәрмеңкесінің ашылуына да атсалысты (1759), сондай-ақ Орта жүздің басқа көршілес елдермен қатынасын бақылап отырды. Ш.Уәлиханов «Қырғыздар туралы қолжазба материалдар» деген шағын мақаласында әскер командирі полк. Зориннің генерал К-ға берген баянатында айтылған мәселені баяндаған. Онда 1746 ж. жазда Өскеменге 12 адамның – әйелдер мен балалардың келгенін, олар өздерін қалмақ-қырғыз немесе қырғыз-қалмақ деп айтқанын, Красноярдың маңында Танбын батырдың қоластында тұрғанын мәлімдеген. Бұдан кейін К. мұндай халықтың бар-жоғын тексеріп, зерттеуді Зоринге тапсырады. «Полковник Павлуцкийдің Абылайға жазған хаты» деген мақаласында ханның өтініші айтылған екінші хаттың К-ға тапсырылғаны айтылған. Өйткені К. Омбы шекаралық әскердің командирі болған, ал Абылай оған көршілес Орта жүзді билеп тұрған. Бұл арадан Жонғар қалмақтарының сауда керуені қатынаған. Олардың арасында қалмақ жансыздары жүрген. Мұны Шоқан үнемі қадағалап отырған (Потанин. «Шоқан Уәлихановтың өмірбаяны туралы мәліметтер»). 1754 жылғы маусым айында «Омбы мұрағатындағы материалдарды қарап, Сібір әкімшіне қарайтын қазақ тарихын жазу жөнінде К. Шоқанға тапсырма береді. Ал қазақ ғалымы өзінің атасы Абылайға қатысты мұрағат құжаттарын зерттеп, бірқатар маңызды құжаттардың көшірмесін алған. Шоқан бұл мұрағатпен 1754 жылдың 8 шілдесінен 27-сіне дейін жұмыс істеген

Әдеб.: «Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар», Астана, 2005.

Н.Ақбай

КИРИЛЛОВ Иван Кириллович (1689–14.4.1737) – Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымы, Ресей империясының мемлекет қайраткері. 1727 ж. Ресей империясы Сенатының обер-хатшысы қызметіне тағайындалған. Астрон., топогр., картогр.

жұмыстармен шұғылданып, Ресейге, көрші өлкелерге экспедициялар (1731–33 ж.) ұйымдастыру ісіне араласты, «Бүкілресей империясының атласын» шығарды (1734). К. 1727 ж. жарық көрген «Бүкілресей мемлекетінің гүлдену жағдайы» аталатын еңбегінде Ресей империясына геогр.-статист. сипаттама берген. 1734–37 ж. Орынбор өлкесіне келген экспедицияға жетекшілік етті. 1734 ж. Ресей үкіметіне берген «Қырғыз-қайсақ және карақалпақ ордалары туралы түсіндірмесінде» карақалпақтардың 1733 ж. Ресейге тәуелділігін мойындағаны, ал Қазақ хандығы хандарының империя құрамына кіруге өтініш білдіргені туралы жазған. Осыған орай К. Ресейдің шығыс «шетіне» қосып алу мақсатымен Ор өз. бойында қала салу жобасын ұсынды. К. Орынбордан басқа Арал т-не порт салу, «жан-жаққа шашырап кеткен Бұхар иеліктерін» бағындыру туралы ұсыныс білдірді. 1784 ж. 1 мамырда граф А.П.Бестужев-Рюминнің қолдауымен бұл жобаны Ресей патшасы бекітіп, оны орындау К. пен полк. Тевкелевке жүктелді. 1735 ж. тамызда К. Ор өз. бойына жетіп, Орынбор қ-ның негізін қалауға қатысты. Орынбор экспедициясына жүктелген тапсырма әскери-саяси сипатта болғанымен, К. өңірдің табиғи, экон. жағдайымен, жергілікті халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігімен танысуды да экспедиция жұмысына енгізуді ұсынды. Экспедицияның қала, бекіністер салу ісіне байланысты жүргізген картогр. жұмыстарына ағылшын инженер-капитаны Джон Эльтон, ботаник И.Г.Гейнцельман қатысты. Экспедиция нәтижесінде жинақталған материалдар Ресей империясының ҒА-на жіберіліп, ғыл. сараптаудан өткізілді.

Ж.Шалғынбай

КИРИЛЛОВ ЖОСПАРЫ. 1734 ж. Орынбор экспед-на бастық болып тағайындалған И.К. Кириллов іс жүзінде аймақтағы бүкіл билік құзыретін өз қолына алды. Ол Үкіметке жағынып, бірден көзге түсу мақсатымен Оралдың оңт-н, Қазақстан мен Орта Азияны отарлауды тездетуге бағытталған шараларды батыл жүргізді. Тиісінше мол ақпараттық материалдар жинап, әсіресе, Қазақстан туралы деректер жинап, қазақ жерлерінің сызбасын жасатты. Қазақ Жүздерінің саяси жағдайына, көршілермен қарым-қатынасына жіті назар аударды. Қазірдің өзінде бұл құжаттардан империяның Орт. Азия жөніндегі саясаты мен мақсат-жоспарларын білуге болады. Сондай-ақ жер бедері, экономиканың жайы және мүмкіндіктері, әскери-стратег. мәселелер, үкіметтің соғыс жоспары егжей-тегжейлі сипатталған құжат патша назарына ілігіп: «Бас хатшы Кирилловтың жоспары» деген атаумен мәлім болған.

Әдеб.: Проект обер-секретаря Ивана Кирилова об удержании в русском подданстве киргиз и способах управления ими. // Материалы по истории России / Сост. А.И.Добросмыслов. Т. 1., Оренбург, 1900. Изъяснение о киргиз-кайсацкой и каракалпакской ордах И.К.Кириллова // ЛО ААН. Разр.

КИРИЛЛОВ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ. 1734 ж. Ресей үкіметінің сенаты Жайық өз. бойынан камал салу туралы және бұл камал қазақ даласын отарлаудың бастапқы тірегі болуға тиіс деген мәселе қарады. Мемл. бас хатшы И.Кирилов ұсынған жоспар мақұлданып, камал құрылысын жүргізуге арнайы экспед. ұйымдастыруға шешім қабылданды. Оған жетекшілік ету И.Кириловтың өзіне тапсырылды. Ресей патшасы К.Э-ның алдына мынадай міндеттер қойды: 1) Қазақ даласы мен башқұрт жерлерінің аралығынан Орынбор қаласын тұрғызып, оған орыс адамдарын қоныстандыру; 2) Қазақтарды қандай айламен болса да: сый-құрмет, жанашырлық көрсету немесе қаталдық танытып, басып-жаншу арқылы үнемі қорқынышта ұстау, сөйтіп, Ресей билігін мойындату; 3) Қазақтарды Жайық өз-нің оң қабағына өте алмайтындай етіп, қарулы бекіністер шебін құру; 4) Алтын және басқа да кен орындарын іздестіру, зауыттар салу. Орта Азия елдерімен сауда байланыстарын жасау, Арал теңізінде кеме жүргізу; 5) Қазақтар мен башқұрттарды үнемі бақылауда ұстап, назардан тыс қалдырмау, олардың тарапынан патшалық саясатына наразылық толқулары байқала қалса, бұл халықтарды біріне-бірін айдап салып, қырқыстырып қою, жер мәселесін отарлау тұрғысында шешу. Нұсқауда Ресей үшін Жайық өз. шекара болып белгіленсін, бірде-бір қазақ оң жағалауға өтпейтін болсын, бұл тәртіпке көнбегендерге қару қолдануға рұқсат етілсін деп жазылған.

Әдеб.: Исторический очерк присоединения к России Оренбургского края. Оренбург, 1891. С. 30; Ескербаяев Д.Б., Толубаев Ә.Т. Орынбор қазақтары. Алматы, 2004, 27-б.

КИКБАЙ Әлібекұлы (шамамен 1728, Ырғыз өңірі – 1798, сонда) – батыр. К. батырдың есімі 1743 ж. мұрағат құжаттарында кездеседі. Онда К-дың жасауыл шенінде болғаны айтылады. 1744 ж. К. Қотыр батырмен бірге Ресей империясының саясатына өз пікірлерін білдірсе, 1749 ж. 4 қаңтарында Әбілқайырдың баласы Ерәлі сұлтанға қарсылық танытып, Ресей патшасына хат жазғандардың қатарында болған. К. батыр Қанжығалы Бөгембай, Қаракерей Қабанбай батырлармен бірге Абылайды хан сайлауға қатысқан. Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алан» романдарында К. батыр тұлғасы сомдалған.

Т.Дайрабай

КӨБЕКОВ

КӨБЕКОВ Қойбағар (18 ғ-да өмір сүрген) – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың 1726 ж. Санкт-Петербургке жіберген елшісі. Бұл елшіліктің алдына Кіші жүз қазақтарын Ресей үкіметінің қолдауына қол жеткізу міндеті қойылды. К. патшалық иемденіп алған жер-суды, Еділ мен Жайық өзендері арасындағы жайылымдарды қайтарып алу, Ресеймен сауда-саттық қатынастарды жолға қою, Жайық казак-орыстары тарапынан төніп тұрған қауіп-қатерге жол бермеу, соғыс тұтқындарын алмастыру сияқты мәселелерді шешуге тиіс болды. Бірақ К. бастаған елшіліктің жұмысы сәтсіз аяқталды.

З.Сисенғалиев

КӨБЕКҰЛЫ Бектау – батыр. Үш жүз бойынша Абылай ханның әскеріне сарбаздар дайындап, оларды шеберлігіне сай таңдаудан өткізіп, әскерилердің тұрмыс-тірлігін, азық-түлік, қару-жарағын қалтқысыз қамтамасыз ету тобын басқарған. Бәйтерек батырдың кіші інісі. Оның құрамында жаудың күтпеген шабуылы, шекарадан басып кіруі байқалса, Үш жүзге дабыл қағып, хабар салатын жаушылар болған. Абылай хан батырларды Үш жүзден тандап, іріктеп, әскери тәртіп пен тәрбиені нық ұстаған. Бәйтерек батырдың екі ұлы Текебай мен Шаншар К-ның ықпал етуімен Ресейден білім алған. Текебай да Абылай хан әскерінде қолбасшылардың бірі болған.

Әдеб.: «Егемен Қазақстан», 2010 ж. 4 қыркүйек, 5-б.

Т.Құлыяс

КӨГЕДАЙ Әбілпейізұлы (т.ж.б. – 1823) – сұлтан, Орта жүз құрамында болған абақ керей руларының билеушісі. Ұлы жүз ханы Әбілпейіз өзінің алтыншы ұлы Көгедайды абақ керей руларының сұрауы бойынша оларды басқаруға жіберген. К. 1790 ж. Ұлы жүз ханы Ханқожаның інісі Жолшы бастаған елшілік құрамында Пекинге елшілікке барған. Цинь әулеті императоры Цяньлун оған «гун» («князь») деген лауазым шенін берген. Көгедай билеп тұрған тұста он екі абақ керей рулары арасындағы алауыздық бәсеңдеп, ел тіршілігі оңала түскен. К. 1823 ж. сұлтан Тоқтақұштің ұлы Құрақтың соққысына жығылып, аурудан қайтыс болған.

Н.Мұқаметханұлы

КӨКБАЙ Жанатайұлы (1861, Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Шыңғыстау бөктері Тақыр а. – 1925, сонда) – ақын, ағартушы, Абайдың әрі шәкірті, әрі інісі. К. бала кезінде хат танып, үш жылдай Төлетай молдадан дәріс алған соң, Семейдегі Қамали қазірет медресесінде, уездік уч-щеде оқиды. Елге келген соң үнемі Абайдың жанында болады. 1901 ж. өз қаржысына медресе ашып, онда сол өңірдегі қазақ ауылдарының балаларын оқытады. Сабақ мұсылманша, орыс-

ша қатар жүрген. Оқулық ретінде шәкірттеріне «Араб тілінің қағидаларын» өлеңмен жазып шығады. К. 1908 ж. қала тәртібімен биік мұнаралы мешіт салдырады. 1913 ж. Меккеге барып, қажы атанады. Жаңаша оқу жүйесі шыққанда медресесін мұғалімдерге босатып береді. 1921 ж. ауруға шалдығып, Мәскеу, Томск, Санкт-Петербург, Омбы сияқты қалаларға барып емделеді. Ауырғанына қарамастан 1924 ж. Абайдың дүниеден өткеніне 20 жыл толуына орай Семейде өткен кешке қатысып, естелік әңгімесін айтады. 1925 ж. Мәскеуге емделуге бара жатқан сапарында дүниеден қайтады. К. он-он бес жасынан айналасына өткір тілді, өжет, суырып салма ақын ретінде таныла бастайды. Шәкірттерінің ішінде Абайдың өлеңдеріне аты кірген жалғыз Көкбай болса, ұстазына ең көп жыр жолдарын арнаған да сол («Семейге Абай келсе бізге думан», «Абайдай ұлы тумағы болар ғайып», «Абайдан сабақ алдым бала жастан», «Жаннатта жаның болғыр Абай құтып», т.б. өлеңдері). Оның «Дүтбайға», «Күлембайға» сияқты өлеңдері Абай үлгісіндегі сыншылдық сипатта жазылған. К-дың Әріп, Кемпірбай, Жүнісхан, Жидебай, Саржан, Міржақыптармен айтыс, сөз қағысулары сақталған, әсіресе, нағашылы-жиенді Әріппен сөз сайыстары кең тараған. К-дың «Сабалақ», «Құлынды», «Қандыжап», «Ғаділ патша киссасы», «Арон Рашид киссасы» дастандары белгілі. «Сабалақ» дастанын мезгілі, мазмұны, кейіпкерлеріне қарай үш дәуірдің адамдары туралы жазылған үш бөлімді жеке жырлар ретінде қарастыруға болады. Абайдың ақыл-кеңесімен дастанның алғашқы бөлімі Абылай ханға арналған «Сабалақ» жыры болса, екінші бөлімі – Абылайдың бір топ ұрпақтарына арналған «Төрт төре» жыры, үшіншісі Наурызбай батыр жайында жазылған «Наурызбай – Фатима» атты ғашықтық жыр. К-дың ақындық дарынына М.О.Әуезов жоғары баға берген. К-дың өлеңдері мен айтыстары «XX ғасырдағы қазақ поэзиясы» (1985), «Бес ғасыр жырлайды» (1989, т. 1), «Айтыс» (1988, т. 2), «Абайдың ақын шәкірттері» (1994, 2-кіт.) жинақтарына еніп, ол туралы зерттеу мақалалар «XX ғасырдағы қазақ ақындары» ұжымдық монографиясы (1988) мен Қ.Мұхамедханұлының «Абайдың ақын шәкірттері» кітабында (1994) жарияланды.

Ж.Әубәкір

«КӨКБАЛАҚ» – Абылай ханның жауынгерлік тұлпары. Абылай ханмен бірге қалмақ тұтқынында болған, кейін тұяғынан от шашып, талай ұрыс-соғысқа кірген «К.» тұлпар – аңыздық тұлға. Ханның күйшісі Байжігіт әйгілі тұлпарға ар-

нап күй шығарады. «Көкбалақ» деп аталатын бұл күй қазақтың ішінде әлі күнге дейін тартылады.

Е.Ерназаров

КӨКЕНАЙ Үмбетейұлы (17 ғ. аяғы, Сыр бойы – 18 ғ. ортасы, Түркістан қ.) – батыр. Орта жүз құрамындағы арғын тайпасының тобықты руынан шыққан. К. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары қол бастаған ірі тұлғалардың бірі. Өнет баба өнегесін алған. «Қалқаман-Мамыр» дастанында К. батыр, мінезі қатты кісі тұлғасында суреттелген. К. батыр мәйіті Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Б.Сапар Али

КӨКСУ – Балқаш алабындағы өзен. Алматы обл-ның Ескелді би, Көксу ауд-дары жерімен ағып өтеді. Ұз. 205 км, су жиналатын алабы 4670 км². Жетісу Алатауындағы Басқан мұздығының оңт-нен басталып, Көксу т. ж. бекеті тұсында Қаратал өз-не құяды. Қараарық пен Қазан бастауларының қосылған жерінен К. аталады. Жоғ. бөлігінде тар шатқал арасымен өтеді. Арнасының жағасы тік, биікт. 4 м-ге жетеді. Су жайылмасының ені 5–10 м-ден аспайды. Ағысы қатты, суы мол. Қытай императорының Абылайға жолдаған хаттарында (1760, маусым және шілде айында) Тұрсынбайдың қарамағындағы Жаңалғыр руының адамдары Алтынеміл мен Қараталды жайлайтыны айтылады. Сол хатта К. да аталған; бұрын Тарбағатай жері жоңғарлардың жайылымы болғандығын, сондықтан бұл жерге қазақтардың иеленуіне құқы жоқтығы ескертіледі.

С.Әлімқұлов

КӨКШЕТАУ – Қазақстанның солт-нде орналасқан тарихи-геогр. аймақ. Қазіргі Ақмола обл-ның солт. бөлігі мен оған шектесіп жатқан Солт. Қазақстан обл-ның Айыртау, Тайынша, Ғ.Мүсірепов, Ақжар, Ш.Уәлиханов ауд-дарын қамтиды. Орт. бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан. Осында шығыстан батысқа қарай Көкше, Жақсы Жалғызтау, Жаман Жалғызтау, Имантау, Жыланды, Сандықтау, Үлкентүкті, Бұқпа, Қошқарбай, Зеренді таулары, Айыртау, Сырымбет секілді таулар мен Шортанды, Бүркітті асуы, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты, Бурабай, Айнакөл, Айдабол, Зеренді, Қопа, Атансор, Майлысор, Мамай, Саумалкөл, Шалқар, Үлкен Қоскөл, Кіші Қоскөл, Жолдыбай, Қалмақкөл, Шағалалытеңіз, Сілетітеңіз, Теке, Үлкен Қараой, Кіші Қараой, Қалибек, т.б. көлдер орналасқан. Бурабай к-нің ортасында Жұмбақтас тұр. Бұл аймақта Оқжетпес, «Жеке батыр», Кенесары үңгірі, т.б. тарихи орындар бар. Қыраттың батыс жағынан Есіл өз. ағып өтеді. Қыста күн суық, қаңтар айындағы жылдық орташа темп-ра мөлш. –16–19°С, шілдеде 19–20°С. Жылдық жауын-шашын мөлш. 230–

400 мм. К. аймағына халық ежелгі заманда-ақ қоныстана бастаған. Ежелгі заманда К-ға андрон мәдениетін жасаған тайпалар, сақ тайпалары қоныстанса, б. з-дың 1–2 ғ-ларынан бастап шығыстан ғұндар келіп қоныстанды. К. өңірі 6–8 ғ-ларда Түрік қағандығының құрамында, ол ыдырағаннан кейін әр кезеңдерде қимақ, қыпшақ, т.б. түркі тайпаларының иеліктерінде болды. Шыңғыс ханның Орт. Азияға жасаған жорығынан кейін (1219–22) бұл өңірге Алтайдың арғы бетінен басқа да түркі тайпалары келіп қоныстанып, Дешті Қыпшақта бұрыннан қоныстанған тайпалармен араласып кетті. 13–14 ғ-ларда Алтын Орда мемлекетінде 200 жыл бойы түркі тайпаларының өзара сіңісуі нәтижесінде біртұтас этник. топ – қазіргі қазақ халқы қалыптасты. 15 ғ-дың 2-жартысында Жетісуда құрылған Қазақ хандығы күшейе келе 16 ғ-дың бас кезінде бүкіл қазақ даласын (соның ішінде К. өңірін) біріктірді. 17 ғ-дың орта тұсында пайда болған Жоңғар хандығы қазақ халқына үлкен қатер төндірді (қ. *Жоңғар шапқыншылығы*). Қазақ даласының басқа жерлеріндегі сияқты К. өлкесінде де жоңғарлармен болған қиян-кескі шайқастарда қазақ батырлары (Бөгембай, Сары, Баян, Қарасай, Ағынтай, Қабанбай, Олжабай, т.б.) асқан ерлік көрсетті. 18 ғ-дың 40-жылдарынан бастап К. бірте-бірте қайтадан күшейген Қазақ хандығының орталығына айнала бастады. Ордасын К-ға тіккен Абылай хан Ресей, Қытай, Орт. Азия мемлекеттерімен аса тиімді дипломат. саясат жүргізді. Нәтижесінде, Қазақ хандығы өзінің бұрынғы күш-қуатын қалпына келтіріп, Ресей, Қытай, Ауған мемлекеттері мен Бұхар, Қокан, Хиуа хандықтары К-дағы Абылай ордасына өз елшілерін жіберіп тұрды. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығы тұтастығын жоғалта бастады да, К. өңірі Абылай хан әулетінің (Уәли, Қасым, Ғұбайдолла, т.б.) ата қонысына айналды. Қазақ жерін отарлай бастаған Ресей империясы 19 ғ-дан бастап К. жеріне орыс шаруаларын біртіндеп қоныстандыруға кірісті. Сібір ген.-губернаторы болып қызмет істеген (1819–21), Ресей империясының Мемл. кеңесі және Сібір к-тінің мүшесі М.М. Сперанскийдің (1772–1839) басшылығымен 1822 ж. «Сібір қазақтары туралы жарғы» жасалып, Орта жүзде хандық билік жойылды. 1824 ж. 29 сәуірде Көкшетау сыртқы округі құрылды, аға сұлтандыққа Уәлидің үлкен ұлы Ғұбайдолла тағайындалды. Осы жылы күзден бастап округтің орт. ретінде бұрынғы Көкшетау қонысының орнына Көкшетау бекінісі салына бастады. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған, Қазақ хандығын қайтадан қалпына келтіруге ұмтылған қазақ халқының

КӨКШЕТАУ



ұлт-азаттық қозғалысы алғаш осы К. өңірінде бастау алды. Күш тең болмады да, Кенесары өз әскерімен К-ды тастап, оңт-ке шегінуге мәжбүр болды (қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*). 1823 ж. Батыс Сібір ген.-губернаторы П.М. Капцевичтің қолдауымен Орта жүз ханы Уәлидің жесірі Айғанымға Сырымбет тауында арнайы қыстау салынды. Осы үйде 1835 ж. Құсмұрын қамалының маңында дүниеге келген Ш.Уәлихановтың балалық шағы (қазіргі Солт. Қазақстан обл. Айыртау ауд. Сырымбет а-нда) өтті. 1853 ж. Көкшетау сыртқы округінің аға сұлтаны болып Шоқанның әкесі Шыңғыс Уәлиханов тағайындалды. К-да қазақтың белгілі өнерпаздары (Орынбай, Зілғара, Шөже, Ақан сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай, т.б.) өмірге келді. 1868 ж. Көкшетау сыртқы округі таратылып, оның орнына Ақмола обл-на бағынатын Көкшетау уезі құрылды. 1895 ж. Көкшетау бекінісіне қала мәртебесі берілді. Қазақтың жер-суы Ресей мемлекетінің меншігі деп жарияланып (1891), қоныс аудару қозғалысы салдарынан, тек 1885–93 ж. Ақмола обл-нда (К. аймағы соның құрамында) қазақтардан 252 мың гектардан астам жер тартып алынып, 24 селоға 11 мыңдай ер адамы бар отбасылар қоныстандырылды. 1894 ж. орыс ұлтының саны 1868 жылға қарағанда 75 мыңға көбейді. Сондықтан да отарлық езгінің күллі экон., әлеум., рухани қысағын К. өңірінің көзі ашық азаматтары бірден сезінді. Көкшетау мешітінің молдалары Науан хазірет пен Ш.Қосшығұлов 1903 ж. қазақ елінің беделді азаматтарына (соның ішінде Абайға да) хаттар жолдап, ел басына түскен ахуалды талқылайтын кеңес өткізуге шақырды. 1-дүниежүз. соғыс жылдарында (1914–18) майдан қажеттігі үшін К. өңірінен орасан көп мөлшерде шикізат, азық-түлік, мал өнімдері, т.б. жинап алынды. Жергілікті халықтан алынатын салық мөлш. 3–4, кейбір жерлерде 15 есеге дейін өсті. Оған қоса 1916 ж. 25 маусымда қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу жөніндегі патша жарлығы шықты да, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі басталды. К-дағы көтерілісті патша жазалаушылары 1916 жылдың күзіне қарай күшпен басты. 1917 ж. К. уезінде Алашорда үкіметіне қарайтын қазақ к-ті құрылды. 1918 ж. ақпан – наурыз айларында Кеңес өкіметінің атқару органдары да құрыла бастады. Алайда, мамыр айында Кеңеске қарсы күштер жеңіске жетіп, қысқа қарай қолчакшылар өз биліктерін орнатты. Көкшетау өңірінде азамат соғысын өршітті. 1919 ж. 12 қарашада Колчак әскерлері талқандалып, Көкшетау қ-нда Кеңес билігі орнады. Сол бір аумалы-төкпелі кезеңде халқының азаттығы

үшін алысқан Ә.Досов, С.Сәдуақасов, С.Шәріпов сияқты күрескерлер шықты. 1920 ж. Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылып, К. өңірі соның құрамына енді.

Б.Қойшыбаев, С.Ақтаев

КӨКШЕТАУ – Сарыарқаның солт-нде, Көкшетау қыратының солт.-шығыс бөлігінде оқшау орналасқан, жақпартасты, орманды көлді тау. Оңт-тен солт-ке қарай 20 км-ге доғаша иіле созылып жатыр, ені 5 км-дей. Ең биік жері – Көкше шоқысы (947 м). Ақылбай кезеңі К-ды екіге бөледі: солт-нде Көкше, Бура, Жекебатыр, оңт-нде Айыртөбе (Седловатка), Шортан шоқылары бар. Тау девон, силур кезеңі граниттерінен түзілген; гранит ашылымдары сан алуан қат-қабат тастардан, ғажайып мүсіндерден, қираған мұнара тәріздес тастардан тұратын аласа таулы жартасты бедер құрайды. Қылшықты өз. осы таудан бастау алады. Тау беткейлерінің шымды күлгін топырағында қарағай, қайың, терек, әр түрлі бұта, тау етегіндегі аңғарлардың шалғындық топырағында бидайық, арпабас, бұтақты бидайық, айрауық аралас әр түрлі шөптер өседі. Қылшықты өз. бойында Абылай ханның қонысы болған.

С.Әбдірахманов

«**КӨКШЕТАУ**» – қалалық газет. 1930 ж. 17 қыркүйекте ауд. газет ретінде «Колхоз жолы» деген атаумен шыға бастаған. 1944 ж. 5 тамыздан «Көкшетау правдасы» деп аталып, Қазақстан Компартиясы Көкшетау обл. және қалалық к-ттері мен Еңбекшілер депутаттары обл. кеңесінің органы болып өзгерген. Облыстың экон., әлеум. саладағы жетістіктерін насихаттағаны үшін үш мәрте Бүкілодақтық шығарм. байқаудың лауреаты атанған. 1980 ж. газет «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. 1990 ж. қаңтар айынан бастап «К.» деген атпен шыға бастады. 1997 ж. 3 мамырда Көкшетау обл-ның таратылуына байланысты газет уақытша жабылған. 1997 жылдың 1 тамызынан бастап Көкшетау қ-лық қоғамдық-саяси газеті ретінде шығып тұрады. 1991 жылдан бастап «К.» газетінде Абылай хан жайында М.Қ.Қозыбаевтың «Тұңғыықтай терең тұлға», Р.Б. Сүлейменовтің «Абылай. Аңыз бен ақиқат» және «Ірі саясаткер, жауынгер, қолбасшы», С.Жүнісовтің «Хан мен Президент», т. б. мақала, көркем шығармалар жарияланды.

Б.Сәрсенбаев, И.Әбішева

КӨПШ Әшірбек (30.4.1947 ж.т., Жамбыл обл. Қордай ауд. Керу а.) – жазушы, журналист, баспагер. 1970 ж. Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) филология ф-тін бітірген. 1970–94 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Пионер» («Ақ желкен») журналында жауапты



қызметтер атқарған. 1987 ж. жаңадан ашылған «Арай» – «Заря» журналының бас редакторы, 1995 ж. Қазақ радиосы және теледидары респ. корпорациясының президенті болып жұмыс істеді. 1996 жылдан бері респ. «Өнер» баспасының Бас директоры. «Дөңгеле, күн, дөңгеле», «Таудан түскен тұман», т.б. прозалық кітаптардың авторы.



Ә.Көніу

Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Грамотасымен (1982), Құрмет Грамотасымен (1985), «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен (2001), «Құрмет» орденімен (2007) марапатталған. Халықар. Жамбыл сыйл. лауреаты, ҚР Мәдениет қайраткері, ҚР Полиграфия және баспа ісінің үздігі. К. – Жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық соғысында өшпес аты қалған жекелеген батырлар мен билер туралы мақалалардың авторы. Ол, сондай-ақ, «Өнер» баспасында Қазақ хандығының құрылуы мен мемлекеттігінің қалыптасуы жөнінде жүйелі түрде жан-жақты ақпарат беретін «Тарихи тұлғалар» атты кітаптар сериясын өзінің жеке идеясы бойынша шығарып келеді. Мұнда әйгілі қазақ билері, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тараған барлық қазақ хандары бар, оның ішінде, әсіресе, Абылай ханның өмірі мен қызметі, қазақ халқын біріктіру мен сыртқы жаулардан азат етудегі айрықша рөлі айғақты дәлелдермен айшықталған.

Әдеб.: Қазақстан жазушылары. XX ғасыр. А., 2011.

Е.Ерназаров

«**КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ТАҒЫЛЫМЫ**» – кітап. Авторы – Н.Қадырбаев. 2010 ж. Шымкент қ-нда жарық көрген. Көлемі 164 бет. Таралымы 1000 дана. Кітаптың алғы сөзінде: «Көркем әдебиеттің танымдық және тағылымдық мәні мен маңызы орасан зор. Өткенді тірілту, кейіпкерлер бейнесі, олардың ішкі дүниесі арқылы көз алдына өз халқының рухын елестету, оның еңсесін биіктету – тек көркем әдебиеттің ғана қолынан келеді», – дейді автор. Кітапта көркем әдебиет тағылымы, әдеби үдеріс мәселелері және әдебиеттің халықтық, ұлттық, елдік мүдделері нақты шығармалар ақылы көрсетіледі. Мыс., «Да-

рабоз» роман-дилогиясы – ұлт мүддесінің көркем шындығы» атты зерттеу еңбекте, ойсырай жеңілген қалмақтарға Абылай ханның екі шарт қойғаны көрсетіледі. Ол шарттардың бірі – қалмақтардың Сыр бойына, Алатау мен Жетісу өңіріне аяқ басуын доғаруы, ал екіншісі – Тарбағатай мен Алтайды және Ертіс бойын түгел қайтаруы. Кітап көпшілік оқырмандармен қатар әдебиет зерттеушілеріне, филолог студенттерге, мұғалім-оқушыларға арналған.

К.Қошым-Нозай

КӨТЕНТАЙ (1709 ж.ш., Алматы обл. Талғар ауд. Жайнақ а. – 1769 ж.ш., сонда) – батыр. Дулат тайпасынан шыққан. Аңырақай шайқасына қатысқан (1729). Сарбаздарын Іле өз. мен Алатаудың ортасына (қазіргі Жетіген а.) орналастырып, Жоңғар қақпасының күзетінде болған. Жоңғарлармен шайқастарда ерлігімен көзге түскен. Қайтыс болған соң өзі туып-өскен Жайнақ а-на күмбез орнатылып, ол 1969 ж. Қапшағай су қоймасының салынуына байланысты су астында қалған.

Әдеб.: «Қазақстан тарихы». Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006, 348-б.

КӨТЕШ Райымбекұлы (1745, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1818, сонда) – ақын. Алғаш рет 17 жасында Абылай ханға қарсы бас көтерген Мейрам руын мадақтаған өлеңі арқылы аты шығады. Оның өлеңдерінің көпшілігі шешендік, нақыл, жұмбақ түрінде халыққа тараған. Ақынның өлеңдерін зерттеп-жинаушылар: Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Бозтай Жақыпбаев, Ғалымжан Мұқатов. К. шығармаларының көркемдік құндылығы жоғары, идеясы терең, мазмұнды болып келеді. «Күржелінің бауыры күнде дауыл», «Қартайғанда қатының дұшпан болары», «Қыз бен Көтеш», «Көтештің Зағипамен айтысы» деген өлеңдерінде көшпелі халық өмірінің шындығы көрінсе, екіншіден, тоғышарлықты келекелеп, астарлы сөзбен әжуалап отырғаны байқалады. Ақынның бірқатар өлеңдері мен айтыстары «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1961), «Алдаспан» (1971), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» (1985) атты жинақтарда жарияланды.

Қ.Қабдолова

КӨТІБАР Бәсендеұлы (т.ж.б. – 1823) – батыр. Кіші жүз құрамындағы шекті руынан шыққан. Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы кезінде сарбаз жинап, Ресей үкіметінің отарлау саясатына қарсы күрескен. Жайық бойындағы бекіністерге бірнеше рет шабуыл жасаған. К-дың жеті баласы болған, үлкені атақты Есет батыр – тарихи тұлға. К. – «Айман-Шолпан» дастанында, М.О.Әуезовтің осы дастан желісімен жазылған пьесасының кейіпкері.

КӨШПЕЛІЛІК



КӨШПЕЛІЛІК – көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеум.-экон. даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. К. б.з.б. екі мыңыншы жылдықта еуразиялық және афроазиялық аридтік аймақта жайылымдық мал ш-н жетілдіру негізінде қалыптасты. Тарихшылар К-тің ежелгі, классик. және кейінгі кезеңдерін атап өтеді. Еуразиялық Ұлы даланың ежелгі көшпелілеріне сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, т.б. жатса, түркі-моңғолдық классик. көшпелілер уақытында бұл мәдени тип әлемдік үдерістерге өзінің терең әсерін тигізеді. Ғыл. әдебиетте К. өмір салтының мынадай белгілері айқындалған: 1) мал бағу шаруашылығының басым түрі; 2) жыл бойы малды табиғи жағдайда ұстауға негізделген шаруашылықтың экстенсивтік тәсілі; 3) жер жағдайына қарай маусымдық көшіп-қону; 4) шаруашылықтың натуралдық әдістерінің басымдығы. К. материалдық өндірістің дамуының сақтысы бола тұра, тайпалық одақтар құрылған кезден-ақ өнім өндіру шаруашылығы ретінде орнығып, эвол. жолмен дами бастады. Еуразия даласын мекендеген көшпелі халықтардың негізгі өндірістік құралына айналған мал ш. тамақ өнімдерін беріп қана қоймай, айырбас үшін де пайдаланылды. К. көшпелілердің мал жаюдың тәсілдерін жетілдіре отырып, күнделікті тұтынатын тұрмыстық заттар мен құралдардан бастап моральдық-этик. таным-түсініктеріне дейін шыңдаумен болды. Ол жергілікті халықтың тұрмыс салтына айналды, игерілмей жатқан жерлерді пайдаға асыруға қолайлы жағдай туғызды. Әрдайым көшіп-қонуға дайын отырған дала көшпелілері үшін мал күзету, аң, балық аулау, егін егу тұрмыстың дағдылы машығына айналды. К. отырықшылық ошақтарының мәдениетімен тікелей өзара байланысты болды, өйткені көшпелі халықтардың мәдениеті Шығыс пен Батыс елдері, жер иеленушілік алқаптары арасында делдалдық рөл атқарды. Қазақ мәдениетінің негізгі архетипі саналатын К-тегі маңызды мәселенің бірі – ондағы әлеум. құрылым, қоғамдық ұжымдасу ерекшеліктері, қауымдық тұтастықтың болуы. Еур. нарықтық қоғамда зат иелену мен азаматтық қатынастар шешуші қызмет атқарса, көшпелілерде туысқандық, рулық байланыстар аса құнды болып есептелінді. «Ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындау болды. Ата қоныстың әрбір геогр. аймағы халық санасында киелі жерлер деп есептелінді, яғни қоршаған орта киелі таулардан, өзендер мен көлдерден, аңғарлар мен төбелерден, аруақтар жатқан молалардан, т.б. тұрады.

Олардың қасиеттілігі аңыз-әфсаналарда, жырлар мен көсемсөздерде болашақ ұрпақтарға мұра ретінде қалдырылған. Көшпелілер уақыт пен кеңістікті игеруі, танып түсінуі нәтижесінде көшіп-қонып, табиғаттың қолайлы белдеулерінде орналаса отырып, мәдениет пен климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Мыс., Қазақстанда ерте заманнан бері маусымдық жайылымдар пайдаланылған. Жауын-шашыны молырақ Арқаның теріскейіндегі орманды-далалы алқапты, оңт.-шығыстағы таулы өңірді жұрт ең алдымен жайлау, ал шығыс және орт. аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдардың рулар арасында бөліске түскенімен мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу – мұның бәрі көшпелілер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді. «Құрғақ даланы, – дейді ағылшын тарихшысы, социолог А.Дж. Тойнби (1889–1975), – тек бақташы ғана меңгере алады, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді қалыптастырады». Малшылық егіншіліктен гөрі күрделілеу, өйткені дихан табиғат өнімдерін тікелей тұтынса, көшпелілерде мал табиғи өсімдіктерді өңдейтін механизм тәрізді. Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, жоғары интуициялық қабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді. Кеңістікпен үйлесімді дамыған мәдениет адам мен табиғаттың арасында нәзік үндестікті білдіретін дәнекер қызметін атқарды. Көшпелі қоғамның тіршілік етуінің көшпелі, жартылай көшпелі мал ш. болуы олардың дүниетанымына шешуші әсер етті. Көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі «әлем» және «адам» түсініктеріне негізделіп дамыған дүниетаным жүйесі болды. Табиғатты игеру және адамдардың практик. іс-әрекетін бейнелейтін алуан түрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптар, әпсаналар, қарапайым түсініктерді тудырды. Ертедегі көшпелілер дүниетанымының негізі – көк аспан, шексіз әлем болса, сол көк аспан мен шексіз әлемнің құдіретті жаратушысы – көктегі Күн. Көшпелі өмір, төрт түлік мал, жер-ана барлығы жинала келе көшпелілердің материалдық игілігін, дүниетанымын қалыптастырып, төл мәдениетін жасады. Уақыт пен кеңістікті игеру арқылы К-ке тән әрі тұрмысқа қажетті алғашқы астрон., ғарыштық талғам-түсініктер орнықты. Көшпелі өмір салты жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша



КӨШІМҚОЖА

талап-тілектерін дүниеге әкеліп, жас адамның ел-жұртқа жағымды моральдық-психол. нормаларын белгіледі. Көшпелі өмір тіршілігіне сай қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш, ат үстіндегі алыс сапарларды қайыспай көтеретін дала перзенттері, жан-жүйесі жағынан да шыңдалған, қоғаммен үйлесімдігі, қауыммен етене жақын жан-жақты жетілген адамдар қалыптасты. Дала көшпелілерінің ақынжанды болуы, ой-қиялының жүйрік болып келетіні көшпелі тіршіліктің арқасы еді. Көшпелілердің сан ғасырларға созылған тарихи-әлеум. дамуы барысында материалдық және рухани игіліктер жинақталып, көшпелілердің болмыс-бітімінің, рухани өрісінің кеңдігін, өмірлік арман-тілектері мен дүниеге талғам-түсініктерін ашып бейнеледі. Көшпелі халықтардың рухани өмірі мен дүниетанымы кездейсоқ, жүйесіз деп танылып, олардың адамзат өркениетінің дамуына қосқан рөлі төмендетіліп, оған қатысты жабайылық, тағылық секілді орынсыз пайымдаулар айтылды. Алайда, ғыл. негізделген дәйектер К-тің адамзат тарихында елеулі рөл атқарғандығын дәлелдейді. Қазіргі уақытта К-тің отырқышы өркениет елдерінің шаруашылығынан, мемл. атрибуттары мен қоғамдық билік жүйесінен, мәдени бітімінен ешбір кем емес екендігі дәлелденіп отыр.

Әдеб.: Толыбеков С. Е., Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века, А.-А., 1971; Кшибеков Д., Кочевое общество (генезис, развитие, упадок), А.-А., 1984; Тойнби А., Постигание истории. М., 1991; Фабитов Т., Мәдениеттануға кіріспе. А., 1996; Сейдімбек А., Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау, А., 1997; Фабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А., Мәдениеттану, А., 2003.

Т.Фабитов, Г.Сабденова, Е.Уәлиханов
«КӨШПЕНДІЛЕР» – кітап. Авторы – І.Есенберлин. «Жазушы» баспасынан жарық көрген (1976 ж., 1986 ж., 1998 ж.) «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» деп аталған үш кітаптан тұрады. Соңғы 1998 жылғы басылымы «Есенберлин атындағы қордың» демеушілігімен шығарылған. Шығармада автор жоңғар шапқыншылығы салдарынан қазақтардың басына төнген зұлмат замандардың болғанын көркем суреттейді. Ұлт-азаттық соғыста ел басқарған хандардың бейнелері ашып көрсетіледі. Сонымен қатар романда Абылай ханның атақты түсі жайында да әсерлі баяндалған. Соңғы басылым Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың алғы сөзімен ашылған. Н.Әбішұлы өз алғы сөзінде: «Бүгінгі таңда трилогияны қайта оқи отырып, егемендік алу ісіне біздің бабаларымыз – Әбілқайыр, Абылай, Кенесары хандар, Наурызбай, Қобыланды, Бөгембай батыр-

лар, Төле би, Асан қайғы, Бұқар жырау сынды даналар қаншалықты зор үлес қосқанын ерекше түйсініп, пайымдайсың...» деп баға берген.

К.Қошым-Нозай

«КӨШПЕНДІЛЕР» – кинофильм. 2005 ж. «Қазақфильм» киностудиясы шығарған. Сценарийін жазған – бас продюсер Рүстем Ибрагимбеков, режиссерлері: Иван Пассер (АҚШ), Сергей Бодров (Ресей) және Талғат Теменов (Қазақстан), безендіруші – Франко Фумогалли (Италия), басты рөлдерде: Джейсон Скотт Ли және Марк Дакаскос (АҚШ, Голливуд) ойнайды. Фильмнің бюджеті – 34 миллион АҚШ доллары. «К.» кинофильмін түсіру үшін Іле өз. бойында Ежелгі Түркістанның көрінісі бейнеленген декорация салынды, жүздеген қазақ, жоңғар киіз үйлері тігілді, 15 мыңдай жасау-жабдық, 13 мыңдай қару-жарақ үлгілері дайындалды. Негізгі кейіпкерлердің саны 22, эпизоттық рөлдер 300-ден асады. Фильмге 5 мыңға тарта атты жауынгер, 25 шет елден 160 маман шақырылды, олардың ішінде 12 «Оскар» сыйлығының иегерлері бар. «К.» кинофильмі Абылай ханның жас шағындағы ерлігін көрсетуге арналған. Бас титрға: «Қазақ халқының ғасырлар бойғы тәуелсіздік үшін күресі туралы бұл кинодастанның қойылуына тікелей ықпал етіп, қамқорлық көрсеткен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» деп жазылған. Фильмнің соңында: «Ежелгі қазақ жері Батыс пен Шығыстың өзегін жалғаған Еуразия құрлығының жүрегінде, әлемдік өркениеттер тоғысында орналасқан. Біз жүздеген жылдар бойы азаттық үшін арпалысып келдік. Жан алысып, жан берісе жүріп өз жеріміз бен бас бостандығымызды сақтап қалдық. Сондықтан біз үшін тәуелсіздік – көздің қарашығындай сақтайтын қастерлі құндылық. Ол бізге ержүрек бабаларымыз – Ұлы Дала көшпенділері қалдырған киелі өсиет. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» деп жазылған.

Әдеб.: Әбдірахманов С. Жаңа жұлдыз туып келеді. Ол – Қазақ елінің жұлдызы. // «Егемен Қазақстан» 2005, 8 шілде.

Ғ.Сергазыұлы

КӨШІМҚОЖА – Кіші жүз, керейт руының биі, Нұралы ханның арқа сүйер билерінің бірі. 1748 ж. 21 қыркүйекте «Нұралы сұлтан қасына 400-дей адам ертіп келді. Олардың арасында алшын-алтай Ақкісі би, алаша-алтай Байсау би, Жаппас Баймұрат, шекті Бақтыбай, байұлы-алшын, шехлар, Бәйтерек аталық, Көбік мырза, Көшімқожа, Машқар руынан Жәдік би бар» деген дерек сақталған.



Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 168-б.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

КРАСОВСКИЙ Николай Иванович, 1867–77 ж. Ресей бас штабының офицері, подполк., кейін ген.-майор. «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Область Сибирских киргизов» (СПБ, 1868) деген кітапта К. Қазақ хандығы мен Ресей мемлекетінің арақатынасы туралы құнды мағлұматтар қалдырған. Оның ішінде Абылай есіміне байланысты тарихи деректі мәліметтер бар. Мыс., К. былай деп жазып қалдырған: «...Абылай сұлтанның сұрауы бойынша 1750 жылдың өзінде-ақ Троицкіде қазақтар мен орыстар арасында сауда және айырбас бекеттері ашылған болатын... 1754 ж. жоңғарлар Орта жүз қазақтарын біздің шепке қарай күшпен ығыстырды, Әмірсананы талқандады, тиісінше, ол Қытай жағынан пана іздеді, бұл кезде қытайлар Дауашы (Даваци) билігіне қарсы әскер аттандырған болатын. Абылайдың жоңғарлардан қатты қысым көргені соншалық, ол шекара бастықтарына хат жолдап, бірқатар қазақ ауылдарындағы әйелдер мен балаларды шеп ішіне өткізіп, құтқаруды сұрады. Алайда, шекара бастығы бұған рұқсат берген жоқ (Әскери алқаның 1755 жылғы 31 қаңтардағы жарлығы). Керісінше, жоңғар сияқты болмашы жаудың бетін өзін-ақ қайтар дегендей кеңес берді және бұдан былай да қолдау тілемеді, көмек бермейтінін ескертті... (Кейін, 1756 жылдың 24 қазанында Ресей сенаты бұл шешімді өзгертіп, қауіп төнсе, қазақтарды шекара ішіне енгізуге болатынын заңдастырды). Алайда, Абылайдың Ресей үкіметіне деген сеніміне сызат түсті. Ол Ресейдің өзі жоңғардан қорқып отыр екен деген ойға бекінсе керек».

Әдеб.: Қазақтар. Тоғыз томдық анықтамалық. VII том. Алматы 2003, 74–75 б.

КҮДЕРІҚОЖА Көшекұлы (1820, қазіргі Қызылорда обл. Тереңөзек ауд. Шіркейлі а. – 1858, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд.) – ақын. Ақындық, әншілігімен жастай аты шыққан. К-ның өзі өмір сүрген тұстағы ата мекеннен ауа көшкен ел мұңын жырлап айтқан «Қарқаралы, қазылық», қалмақтардың шапқыншылығына арналған «Абылай ханның қалмақты аударғанына айтқаны» деген өлең, толғаулары бар. К. айтысқа да түскен. Оның Ұлбикемен айтысы (1840 ж.ш.) қыз бен жігіт айтысының жұмбақ аралас келетін көне түріне жатады, халықтың дүниетанымын, филол. ой-түсініктерін білдіреді. К-ның бұл айтысын В.В.Радлов жазып алып, «Түркі тайпалары ауыз әдебиетінің үлгілері» (1870) кітабына

енгізген. Ақынның «Қарқаралы, қазылық» атты толғауын М.О.Әуезов пен С.Сейфуллин жоғары бағалап, өздері құрастырған хрестоматияларға кіргізген. К-ның осы толғауы және Ұлбикемен айтысы «Бес ғасыр жырлайды» атты жинақта жарияланды (1985).

С.Дәуітов

КҮЗЕМБАЕВ Талғат Пердебекұлы (6.1.1971 ж. т., қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Бәйдібек ауд. Алғабас а.) – әнші. Қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясының вокалдық-хор ф-тін (1998) және оның ассистентурасын (2000; проф. Х.Есімовтің жетекшілігімен) бітіргеннен кейін Қазақтың мемл. академ. опера және балет театры труппасына қабылданды. Оның опералық-орындаушылық репертуарынан қазақ композиторларының, сондай-ақ дүниежүз. классик. муз. шығармалар кең орын алды. Негізгі орындаған партиялары: Жанбота, Жиенқұл (М.Төлебаев, «Біржан – Сара»), Абай, Жиренше (А.Жұбанов пен Л.Хамидидің осы аттас операсы), Бекежан (Е.Г.Брусиловский, «Қыз Жібек»), Абылай хан (Е.Рахмадиевтің осы аттас операсы, 2004; ҚР Мемл. сыйл., 2006). Сонымен қатар Н.А.Римский-Корсаков, П.И. Чайковский, Ж.Бизе, Дж. Пуччини, Дж. Верди операларында күрделі партияларды орындады. К-тың орындауындағы Қазақстан мемл. әнұраны әнұстабаққа жазылды. Ол 2007 ж. Қазан қ-ндағы Татар мемл. академ. опера және балет театры сахнасында Вердидің «Трубадур» операсын қоюға қатысты. Сол жылы Қазақтың мемл. академ. опера және балет театрының опералық труппасымен Кипрдегі Пафос қ-нда «Афродита» фестиваліне қатысып, Граф ди Луна партиясын (Верди, «Трубадур») айтты. К.Байсейітова атынд. респ. әншілер байқауының (1998, 3-сыйл.), Халықар. «Шабыт» шығарм. жастар фестивалінің (2001, 1-сыйл.), Б.Төлегенова атынд. 2-халықар. әншілер байқауының (2004, 1-сыйл.) лауреаты және Астрахан қ-нда өткен М.И. Глинка атынд. халықар. әншілер байқауының дипломанты (2003).

И.Темешина

«КҮЙ ҚАЙНАРЫ» – кітап. Авторлары – А.Райымбергенов, С.Аманова. 1990 ж. «Өнер» баспасынан жарық көрген. Көлемі 288 бет.Таралымы 6000 дана. Кітапта сыбызғы, қобыз, домбыра күйлері тәрізді халық музыка өнерінің жүйе-жүйесімен іріктелген інжу-маржандары берілген. Жинаққа қазақ аспаптық музыкасының бұрын баспа бетінде жарық көрмеген көне дәуірлердегі күйлерінен бастап, жұртшылыққа кеңінен танымал халық композиторларының көптеген шығармалары енгізілген. Сонымен қатар мұнда күйлердің шығуы туралы аңыздары, авторлар мен орындаушылар туралы деректері де

қоса жарияланған. Кітаптан күйлердің нотасымен де танысуға болады. Басылымда 18 ғ-да жоңғар шапқыншылығы тұсындағы Абылай заманында туған күйлер де қамтылған.

К.Қошым-Нозай

«КҮЙ ӨНЕРІ» – кітап. Авторы – Акселеу Сейдімбеков. 2002 ж. «Күлтегін» баспасынан жарық көрген. Көлемі 832 бет. Таралымы 2000 дана. Бұл кітапқа белгілі ғалымның ұзақ жылдар бойы кешенді зерттеу жүргізген қазақтың күй өнері туралы еңбектері енгізілген. Кітап алғаш рет осы атаумен 1992 ж. Алматыдағы «КРАМДС-Яссауи» баспасынан 488 бет көлемінде жарыққа шыққан. Бұл басылымын автор толықтырып қайта шығарған. Ол қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орны бар күй өнерін тарихи және этногр. аяда зерделеп, оның өзіндік қалыптасу жолдарын, әлеум. өмірмен біте қайнаса байланысқан болмысын, сондай-ақ төлтума қасиеттерін нақтылы айғақ деректерге сүйене отырып саралайды. Кітапта қазақтың мұзыкалық мәдениетіне қатысты мейлінше мол эмприкалық материалдар алғаш рет рухани айналымға түсіп, көптеген халық композиторларының шығарм. тың дерек-тұжырымдар негізінде пайымдалған. Басылымда Абылай ханның күйлеріне арналған арнайы мақала бар. Мақалада кейбір күйлерінің шығу тарихы жайында ел аузынан жазып алған аңыздар да келтіріледі. Сонымен қатар Абылай ханның «Дүние қалды», «Майдақоңыр» (2 түрі), «Дүние сарсан», «Қайран елім», «Қара жорға» (2 түрі), «Терісқақпай» күйлерінің нотасы қоса берілген.

К.Қошым-Нозай

КҮНТУАР Ернарұлы (шамамен 1730–1810) – би. Сырдарияның төм. ағысы бойында туып-өскен. Кіші жүз құрамындағы шөмекей руынан шыққан. Атасы Тәтімбет Былғақұлы 1733 ж. қаңтар айында Әбілқайыр ханның Ресей империясына жіберген Ерәлі хан бастап барған елшілік құрамында болған. Әкесі Ернар би ел бірлігін, тыныштығын сақтауға көп ат салысқан. К. би жөнінде ел аузында сақталған әңгімелер көп. Оның батырлығымен де даңқы шықты. Ру, тайпалар арасындағы жер, жесір дауына К. екі жаққа тиімді кесім айтқан. Қазақ пен қарақалпақ арасындағы жер дауын ұтымды сөздермен шешкені халық арасында әлі күнге дейін айтылады. К. би есімін Сыр бойының Б.Базар, Ш.Бектасұлы, Б.Құлымбайұлы, Т.Ізтілеуов секілді ақындары шығармаларында атап өткен.

Т.Дайрабай

КҮШІК ХАН, Көшекхан, Кішікхан (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Орта жүздегі садыр-найман руының ханы (1717 ж., кейін 1749–50 ж. хандық құрған). Тұрсын ханның ұлы, Барак сұлтанның

туған інісі. 1720-жылдары Оңт. Қазақстандағы Сайрам қаласында хан болған. Мекені Қаратау өңірінде, Талас пен Арыс өз-дерінің аралығында, Жоңғар хандығымен іргелес болған. 1730 жылғы 20 шілдедегі құжатта: «Ташкентті – Әбілқайыр ханның інісі Жолбарыс хан, Түркістанды – Сәмеке хан, Сайрамды – Күшік хан билейді» деп жазылыпты. Бұл жылдары К.х. Жоңғар ханына тәуелді болған. 18 ғ-дың ортасына қарай К.х-ның аты естілмейді, өйткені Абылай сұлтанның даңқы артуына байланысты К.х. саясат сахнасынан біржола кетті. Әбілқайыр ұлы Нұралының бәйбішесі – осы К-тің қызы.

Н.Ақбай

КІШБЕКОВ Досмұхамбет (15.12.1925 ж. т., Қызылорда обл., Шиелі ауд.) – философия ғыл. докт. (1965), проф. (1967), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003). Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңб. сің. қызметкері (1974), ҚР Жоғары мектебі академиясының акад. (1996). Қызылорда пед. ин-тының тарих ф-тін бітірген (1948). 1943–46 ж. 2-дүниежүз. соғысына қатысып, кеңес әскері қатарында болды. 1948–1949 ж. Қызылорда



Д.Кішібеков

мемл. пед. ин-тының оқытушысы, 1949–53 ж. КСРО ҒА Философия ин-тының аспиранты, 1953–1964 ж. Қазақ политех. ин-тының (қазіргі ҚазҰТУ) кіші ғыл. қызметкері, аға ғыл. қызметкері болды. 1964–1996 ж. қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті философия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды, 1996 жылдан осы ун-ттің қоғамдық пәндер кафедрасының профессоры. К. шет елдерде көптеген ғыл. баяндамалар мен дәрістер оқыды, халықар. симпозиумдарға қатысты. Онда Қазақстанның ғылымы мен мәдениетін, қоғамдық ғылымдардың даму дәрежесін саралап, көптеген мәселелер қойды. К. 580-нен астам ғыл. еңбектің, соның ішінде 47 монография, оқулық, кітаптар мен кітапшалардың авторы. К. қоғамдық ғылымдар жайындағы еңбектерінде Абылай хан есімін атаған. Достық орденімен, «Академик С.И.Вавилов» (1982), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001)



медальдарымен, құрмет грамоталарымен марапатталды.

Шығ.: О закономерностях замены докапиталистических производственных отношений социалистическими (на материалах Казахстана). А.-А., 1963; Переходные общественные отношения. А.-А., 1973; Переходные общественные отношения. А.-А., 1973; Кочевое общество. Генезис. Развитие. Упадок. А.-А., 1984; Философия. Оқулық. - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994 (телавтор); Казахстан. Переходный период. Проблемы и трудности. А., 1997 (соавт.); Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. А., 1999; Философия истории и современность. А., 2003; Речь и письменность: философия происхождения (соавт.). А., 2003.

Л.Асқаров, И.Әбішева

КІШІ ЖҮЗ – Қазақстанның батыс аймағын мекендеген рулар мен тайпалар одағы. Қазақ халқының этник құрамына енеді. Шежіре бойынша К. ж. рулық бірлестіктері әлімұлы, байұлы, жетіру тайпаларынан тарайды. Қазақ халқы қалыптасқаннан көп бұрын Батыс Қазақстан өңірінде Маңғыт немесе Ноғайлы тайпалар одағы өмір сүрген болатын. Оның құрылуына ішкі себептермен қоса, сыртқы дұшпаннан қорғану мақсаты да әсер еткен. Ноғай Ордасынан бөлінген қазақ тайпаларының, яғни Алшын одағының негізінде К. ж. бірлестігі қалыптасты. Соған байланысты К. ж. қазақтары ел арасында «Кіші жүз – Алшын» атанған. Оның құрамына – 12 ата Байұлы (адай, алшын, жаппас, алаша, байбақты, беріш, масқар, таз, есентемір, ысық, қызылқұрт, шеркеш), Жетіру (табын, тама, кердері, керейт, жағалбайлы, телеу, рамадан), 6 ата Әлімұлы (қаракесек, қарасақал, төртқара, кете, шөмекей, шекті) тайпалары енеді. К. ж.-дің рулық құрамы туралы алғашқы мәліметтерді 1748 ж. А.И.Тевкелев жазған. Ол К. ж. рулық құрамын түзе келе, Жетіруға кірген рулардың бұрын бытыраңқы болып, неғұрлым күшті рулардан теперіш көріп келгенін айтады. Олар өздерін бірігу ғана сақтап қалатынын аңғарып, Тәуке ханның ақылымен, туыстық жағынан байланысты емес одақ – Жетіру болып бас қосқан. Қазақ жүздерінің қай кезде, қандай жағдайда құрылғаны жайындағы деректер нақты емес. Жалпы, 15–17 ғ-ларда К. ж. құрамына енген ру-тайпалық топтар Бұрындық, Қасым, Ақназар, Тәуекел, Есім және Тәуке хандардың иеліктерінде болды. Қасым ханның інісі Тахирдың тұсында қазақ хандығы бытыраңқылыққа ұшырап, саяси рөлінен айрылды. Алайда, Қасым ханның ұлы Хақназар (Ақназар) қазақ руларының басын біріктіріп, Қасым хан тұсындағы аумақты қалпына келтірді және біріктірушілік саясат жүргізуінің нәтижесінде қазіргі К. ж. аумағы қосылды. Кейінірек Тәуке хан Әйтеке би арқылы

К. ж.-ге билігін жүргізген. Тәуке хан тұсында К. ж.-ге Әбілқайыр хан сайланды (1710). 1717 ж. қазақ хандары Тәуке, Қайып, Әбілқайырдың Ресейге қосылу үшін жасаған әрекеті ескерусіз қалды. 1723 ж. Жоңғар шабуылы қазақ даласын үлкен апатқа ұшыратып, бұл кезең «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталды. Басқыншылардың шабуылына төтеп бере алмай К. ж.-дің бірқатар рулары Сауранды айналып өтіп, Хиуа мен Бұқараға беттеді. Бірақ мұнда да тұрақтай алмай, Жайыққа қарай ығысты. Бұл жөнінде А.И.Левшин Кіші Орда өзінің бұрынғы шекарасы болған Жем өз-не жетіп, онымен де тоқтамай, өзеннің оң жағасына өтіп, Жайыққа дейін жеткенін жазады. Жоңғар хандығымен күрестің барысында К. ж. бен Орта жүз жеке-жеке иеліктерге бөлініп кетті. Ықпалды хан деп саналғанмен Әбілқайырдың билігі К. ж.-ге түгелдей жүрмеді. Мұнда оған қоса Қайыптың (Хиуа ханы) баласы Батыр сұлтан, Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан өз алдына ел биледі. 1731 ж. 19 ақпанда патшайым Анна Иоановна К. ж.-дің Ресейдің қол астына ерікті түрде қабылданғаны туралы грамотаға қол қойды. Әбілқайыр ант беру арқылы (1731) Ресеймен тату тұруды, оның қарамағындағы башқұрт пен Еділ қалмақтарының қазақ қоныстарына шапқыншылығын тоқтатуды, Ресей көмегімен жоңғар қалмақтарының қол астында қалған қазақ жері мен қалаларын қайтаруды, патша әкімшілігіне сүйеніп, қазақ арасындағы беделін арттыруды, хандықты мұрагерлік жолмен балаларына қалдыруды көздеді. Дегенмен, Ресей империясының түпкі саясаты қазақ жерін түгелдей отарлау болды. Мұны кеш түсінген Әбілқайыр хан Ресей патшайымдарының талаптарына мойынсұнбауға, дербес саясат жүргізуге тырысып бақты. Оны «орысшыл» деп айыптап, жеке мүддесін көздеген Барақ сұлтан 1748 ж. өлтірді. Одан кейін К. ж.-де оның мұрагерлері Нұралы, Ералы, Есім, Айшуақ және Шерғазы хандар билік құрды. 18 ғ.-да Байұлы рулары Жайық өз-нің төменгі ағысы мен Жем бойын, Сам құмы мен Маңғыстау түбегін мекендеген. Жетіру руларының көпшілігі Жайық өз-нің орта ағысын, Қобда, Елек және Ор өзендерінің бойын, Мұғалжар тауларының қойнауларын мекен еткен. Әлімұлы тайпасының құрамындағы рулар Ырғыз, Торғай өзендерінің бойын, Шалқар к-нің төңірегін, Кіші және Үлкен Борсық құмдары мен Қарақұм атырабын және Сырдарияның төменгі ағысын мекендейтін. Бұл көрсетілген мекен-жайлар әрдайым тұрақты болып қала берген жоқ, түрлі жағдайға байланысты өзгеріп отырды. Нұралы хан тұсында К. ж. жайлаған өлкенің тұрғындары Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғы-



сына белсене қатысты. Көтеріліс басып-жаншылған соң, патша әкімшілігі қыспағынан К. ж-дің кей аталары басқа өңірлерге қоныс аударуға мәжбүр болды. К. ж. қазақтарының Ресей қол астына алынғанына жарты ғасыр өткенде, империялық езгіге қарсы ұлт-азаттық қозғалысы басталды. 1783–97 ж. Сырым Датұлы бастаған шаруалар көтерілісінің шығу себебі – жер мәселесінің шиеленісуі, патша үкіметінің қазақтарға Жайық пен Еділ аралығына өтуге тыйым салуы, ру басыларының құқыларына қысым жасауы, хандардың, сұлтандардың, жайық казак-орыс әскерінің және патша әкімшілігінің халықты ашықтан-ашық тонап, озбырлық жасауы болды. К. ж. қазақтарының 14 жылға созылған қозғалысы сәтсіздікке ұшырады. Бұл күрес қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. К. ж. қазақтарының бірсыпырасы Еділ мен Жайық аралығының төменгі ойпатына көшіп, 1801 ж. Бөкей ордасын (Ішкі Бөкей ордасы) құрды. 1812 ж. мұнда 7500 түтін, ал И. Казанцевтің дерегі бойынша 1820 ж. 10234 түтін, яғни 102350 адам мекен еткен. 1889 ж. санақ бойынша Бөкей ордасында 236937 адам, ал Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) обл-нда 412001 адам тұрған. 19 ғ-дың 2-жартысынан бастап Бөкей хандығында қара халыққа экон. қысым күшейді. Империялық қанау мен жергілікті әкімшіліктің қысымы салдарынан, хандықта халық наразылығы орын алды. 1845 ж. Жәңгір хан өлген соң патша өкіметі Бөкей ордасындағы хан билігін де жойды. 1824 ж. патша өкіметі К. ж-де хандық басқаруды жойып, оның орнына жекелеген аймақтарды билейтін басқарушы сұлтандар тағайындауға кірісті. К. ж. жерін – бат., орта және шығыс әкімш. жерлеріне бөлді. 1867 – 1868 жылдары К. ж. жері облыстарға, уездерге бөлінді де, жұртшылығы Орал обл-ның – Орал, Ілбішін, Темір уездерінде, Торғай обл-ның – Ырғыз, Торғай және Ақтөбе

у-дерінде, Сырдария обл-ның – Перовск, Қазалы у-дерінде, Закаспий обл-ның – Маңғыстау у-нде және Бөкей ордасында қалды. Реформа патша өкіметінің отарлау саясаты мүддесіне сай жасалғандықтан, ол бүкіл К. ж. ру-тайпалары наразылығын туғызды. Төрелер мен билер қоғамдағы құқтарының біраз шектелуіне, ал бұқара халық отаршылық езгінің одан әрі күшеюіне наразы болды. К. ж. құрамына енген тайпалар мен рулар 15 ғ-дың екінші жартысы мен 20 ғ. басында негізінен Қазақстанның шаруашылық және геогр. жағынан өзіндік ерекшелігі бар батыс өңірін мекендеп, қазақ халқының этногенезіне ұйытқы болды. Әр кезеңдегі дүрбелеңді оқиғалар, қоғамдық сілкіністер (жаугершілік жорықтар, «Ақтабан шұбырынды», т.б. салдарынан К. ж-дің жекелеген тайпаларының бұтақтары, рулары мен аталары Орта жүз бен Ұлы жүздің тарихи аймақтарына, яғни Қазақстанның түкпір-түкпіріне, сондай-ақ, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Ресей және алыс шетелге (Иран, Ауғанстан т.б.) көшіп барып қоныстанып қалған. Осындай көші-қон, араласулар нәтижесінде тайпалық одақтардың алғашқы құрылған кездегі мәні жойылып, біртұтас қазақ халқы ұғымының алға шығуы объективті ақиқатқа айналды.

Әдеб.: Ле в ш и н А. И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, СПб., 1832; Ры ч к о в П. И., История Оренбургская, Оренбург, 1896; А р и с т о в Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения о касимовсеих царях и царевичах, СПб., 1897; В о с т р о в В. В., М у к а н о в М. С., Родоплеменной состав и расселения казахов (конец XIX – начало XX вв.), А., 1968; М а д а н о в Х. Кіші жүз шежіресі. А., 1993; Қазақ шежіресі, А., 1994; А р х ы н б а е в Х., М ұ қ а н о в М., В о с т р о в В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000; Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия, А., 2002.

С.Мәшімбаев, Е.Тұрғынбаев

Қ

ҚАБАНБАЙ Қожақұлұлы, Қ а р а к е р е й Қ а б а н б а й, Д а р а б о з (1692, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауд. Барлық тауы – 1770, сонда) – батыр. Азан шақырып қойылған есімі – Ерасыл. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, талантты қолбасшы ретінде аты шыққан. Найман ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. Қ-дың жеті жасында әкесі Қожақұл, он алты жасында ағасы Есенбай жоңғарлар қолынан қаза тапқан. 16 жасар бала жау арасына жасырын барып, ағасын өлтірген жоңғар батырын өлтіріп, кек алған. Осыдан кейін Ерасыл 5–6 жыл Зайсандағы Керей ішіне кетіп, әпкесі Меруерт пен жездесі Бердәулеттің қолында болды. Осында жүріп жылқыға шапқан жабайы қабандарды жайратып, «Қабан батыр» атанды. 1717 ж. Аягөз шайқасында ерекше көзге түсіп, Қ. батыр атанады. 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына, кейін Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды. 1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанды. 1751 ж. Арқадан Оңт. Қазақстанға Қ. – Ханбаба (Барак сұлтанның үлкен ұлы) жорығы жасалды. Ұлы жүз жасағын өзіне қосып алған 2 түмен қазақ әскері, Сыр бойы, Шымкент, Сайрам, Ташкент қ-ларын жоңғарлардан тазартып, Ташкентте Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Шыршық өңірінде Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалды. 1752–54 ж. Жетісу, Тарбағатай, Алтай өлкелерін жоңғарлардан азат ету жорықтарында Қ. басқарған қазақ әскері алдымен Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуға қатысты. Осыдан кейін қазақ жасақтары Тарбағатайдың күнгейі мен теріскейінде 2 бағытта шабуылға шықты. Күнгейдегі әскер тобын басқарған Қ. сарбаздарымен Қарақол мен Нарынды, Үржар мен Қатынсуды, Алакөл мен Барлықты азат етіп, терістік бағыттағы Бөгенбай әскеріне қосылды. Баспан-Базар, Шорға, Маңырақ шайқастарына қатысып, Зайсан, Марқакөл, Күршім өңірлерін азат етті. Қазақ жері

басқыншылардан азат болғаннан кейін Қ. 1756 ж. жоңғар билеушісі Әмірсананы қуып келген қытай әскерінің бетін қайтаруға ат салысты, Шығыс аймақтарға ел көшіру, қоныс бөлу ісіне араласты. Жоңғар үстемдігі кезінде қолдан шығып кеткен Шонжы, Нарынқол, Кеген өңірлерін қырғыздардан қайтарып алуға қатысты. Қытаймен бітім жасалғаннан кейін, 1758 ж. қыркүйекте Барлықтан Үрімжі қ-на 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. Әкесі Әтеке жырықтың кегін алу үшін 500 адамдық қолмен келген қырғыз батыры Қарабекке ауырып жатқанына қарамастан қол бастап, қарсы шығып, Қ. жекпе-жекте Қарабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де ат үстінен құлап түсіп, қазаға ұшыра-



Қабанбай батыр ескерткіші. Талдықорған қ.

ды. Қ-дың 2 әйелінен жеті ұл туған. Алматы обл-ндағы бұрынғы Андреев а-на, Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауд. Жарбұлақ а-на, Алматы, Семей, Өскемен, Талдықорған қ-ларындағы бір-бір көшеге, сондай-ақ, Аягөз қ-нда орналасқан танк дивизиясына Қ. есімі берілген. Алматы обл. Алакөл ауд. орт. Үшарал қ-нда батырға ескерткіш орнатылған. 1992–93 ж. бұрынғы Талдықорған және Семей обл-тарында Қ. батырдың 300 жылдығы аталып өтіліп, үлкен ас берілді. Астана қ. іргесінде батырға ескерткіш-монумент орнатылған. Батыр туралы жыр-дастандар, зерттеу еңбектері аз емес. Қ-дың өмірі мен ерлік күресі Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіғара, т.б.



ҚАБДОЛОВ

халық ақындары жырларына арқау болған. Қазақстан Республикасы Ұлттық ҒА-ның көне қолжазбалар бөлімінде Қ-ға арналған жырлардың 4 нұсқасы, Қытай қазақтарында 10-ға тарта нұсқасы сақталған. Бұл жырларды жинау ісіне Ш. Уәлиханов, С. Торайғыров, Қ. Халидұлы, Қытайда тұратын қазақ ғалымдары З. Сәнік, Б. Садықан, т.б. көп еңбек сіңірген. Жазушы Қ. Жұмаділов «Дарабоз» тарихи романын жарыққа шығарды.

Қ. Жұмаділов

«ҚАБАНБАЙ БАТЫР» – тарихи жыр. Қабанбай батыр туралы жырлардың бұл нұсқасын 1933 ж Ақмола обл. Еңбекшілдер ауд.-ның тұрғыны М. Сағымбаев жазып алған. Көлемі 620 жол. Жыр сюжеті Қабанбай батырдың өзі жоқта елін шауып кеткен қырғыздардан кек қайтаруы, інісі Дәулетбайдың өкпелеп көшуі, арада сегіз жыл өткен соң Қабанбай батырдың дертті болып, інісімен қайта татуласуы және елімен қоштасуы жайындағы оқиғаларға құрылған. қ. *«Ер Қабанбай»*. **ҚАБАН БИ**, Қазыбек бидің жақыны аталады, тіпті 1763 жылғы құжатта «Қытайлар Қазыбек бидің және оның інісі Қ. б.-дің көзінше қазақтардың Сарысудағы ауылын басып қалып, жылқыларын тартып әкеткен, жылқышыларын өлтіріп кеткен» деген мәлімет бар.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 342, 355-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚАБАН ЖЫРАУ Асанұлы, Қ а б ы л и с а (1733, қазіргі Алматы обл. Көксу ауд. – 1824, Көлбастау а.) – жырау. Жасында мінезі мен тұлғасына орай «Қабан» атағанымен, қартайған шағында



Қабан жырау Асанұлы

есімін тура айтпай «Абыз ақын», «Ақын-Ата», «Көріпкел әулие» деп, кие тұтқан. Қ. ж. дарынды ақындығымен қатар сөз бастаған шешен, ел басқарған көсем, соңына қол ерткен батыр болған. Ол Жетісудағы айтыс өнерінің негізін қалаушы. Албан батыры Ә. Найманбайұлы (1699–1778) қалыңдық түсіргенде жас келін Тұмаршамен ай-

тысқан. Атақты Сүйінбай, Сарбас, Кенен, т.б. ақындардың шабыт шақырғанда қолын алға сермеп, құлақ бұрауы Қ. ж.-дан қалған дәстүр. Ол Тұмаршамен, Таутан қызбен, Қоянмен айтысып, соңына көптеген ғибрат өлең, толғаулар қалдырған. Қ. ж.-дың өмірі мен шығарм. туралы «Қабан жырау» (1993), «Айтыс» (1988) жинақтарында, журналист Әміре Әріннің «Қабан жырау» атты мақаласында («Жетісу», 2010, 9 қазан) баяндалған.

С. Ғұсманқызы, Т. Әлібек

ҚАБДОЛОВ Зейнолла (12.12. 1927, Атырау обл. Мақат ауд. Доссор кенті – 25. 8. 2006, Алматы қ.) – жазушы, әдебиет зерттеушісі, ұстаз. Филология ғыл. докт. (1970), проф. (1972), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), Қазақстанның халық жазушысы (1994), ҚР (1984) және Қырғыз Респ.-ның (1995) еңб. сің. ғыл. қайраткері. ҚазМУ-ды



З. Қабдолов

(1950, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Қ. «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1954–57), Қазақстан Компартиясы ОК-нің сектор меңгерушісі (1957–1959), «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы және Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы (1959–1961), ҚазМУ-да ассистент, аға оқытушы (1950–62), доцент, кафедра меңгерушісі (1975–2001) қызметтерін атқарған. Қ. көркем әдебиеттегі алғашқы қадамын өлең («Жайық қызы», «Туған ел») жазудан бастаған. Кейін романға айналған «Ұшқын» повесінде (1956) Алматыдағы қазақ студенттерінің білім жолындағы, азамат ретінде қалыптасу кезеңдері суреттелді. «Менің Әуезовім» роман-эссесінде (1997; ҚР Мемл. сыйл., 1998) ұлы жазушының балалық шағынан өмірінің соңғы жылдарына дейінгі өмірін қамти отырып, оның өміршіл қоғам қиындықтарын жеңіп шыққан өр бітімі шыншылдық бояулармен бейнеленген. Қ. қазақ әдебиеттану ғылымына зор үлес қосты. Ол «Жанр сыры» (кейінгі аты «Шеберлік мектебі», 1964) монографиясында қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының идеялық-көркемдік табиғатын ашып берді. «Әдебиет теориясының негіздері» (кейінгі аты «Сөз өнері», 1970–2002) атты көлемді ғыл.

ҚАҒАН

еңбегінде әдебиеттің жанрлық тектері мен түрлері, сюжет пен композиция, мазмұн мен пішін, образ бен образдылық, көркем шығарма тілі сияқты іргелі теор. мәселелерге жан-жақты талдау жасады. Атырау қ-ның, Қызылқоға, Мақат ауд.-дарының құрметті азаматы. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. иегері. «Құрмет Белгісі», Халықтар достығы, «Парасат» (2001) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Шығ.: Әдебиет теориясының негіздері, А., 1970; Таңдамалы. Екі томдық, А., 1983; Сөз өнері, А., 2002; Шығармалары, 1–5 т., А., 2013.

Әдеб.: Жүсіп Қ. Жазушы, Ғалым, Ұстаз, А., 1997; Мүтәліева Р., Зейнолла Қабдоловтың жазушылық шеберлігі, А., 1997; Зейнолла Қабдолов – ұстаз, ғалым, жазушы, А., 2002; Биобиблиографиялық көрсеткіш. Құрастырған Ә.Нарымбетов, А., 2002.

Ә.Нарымбетов

ҚАҒАН, қаһан (хандардың ханы, бас хан деген ұғымды білдіреді) – ерте түрік мемлекеттерінің басшысы. Түрік, Батыс және Шығыс Түрік, Түргеш, Қимақ секілді қағандықтарды (империяларды) Қ. басқарған. Ол жоғ. билеуші, әскербасы болды. Оған белгілі бір тайпа өкілдері сайланған. Қағандықтағы жоғары лауазымдарға (ябғу, шад, елтебер, бұрық, тархан, т.б.) Қ. өз туыстарын тағайындап, соларға арқа сүйеді. Олар қағандыққа қарасты тайпаларды билеп-төстеді және өз үлестеріне тиісті әскерді басқарды. Түрік қағандығында мемлекеттің ең жоғ. билеушісі, Қ-нан бастап-тайпа бастығы – бектерге дейін 28 дәрежелі лауазым иелері болған. Қ. мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық етті. Соғыс ашу немесе бітімге келу, шетелдік елшілерді қабылдау, құрылтай жиналысын шақыру ру басшыларын тағайындау, алым-салықты қадағалау, т.б. істермен айналысты. Қ. тек билеуші ғана емес, қағандықтағы барлық жер иесіде болуы мүмкін. Алайда көшпелі қоғам жағдайында билік негізінен жерге емес, жерді пайдаланатын адамдар ұжымына жүргізілді. Мемлекетке сіңірген еңбектері үшін Қ. жоғары лауазым иелеріне үлестік иеліктер беріп, керек кезінде олардан әскер алып, өзіне бағынышты етіп ұстады. Қ. билігі ғана емес, ақсүйектердің де билігі мұрагерлік жолмен ұрпақтан ұрпаққа өтіп отырды. Қ-ның байлығы туралы мәліметтер жеткілікті. 7 ғ-дың бас кезінде Бат. Түрік Қ-ны Ябғудың ордасында болған будда монахы Сюань Цзан Қ-ды аң аулап жүрген кезінде кездестіріп, аңшылар киімінің сәнділігіне таң-тамаша қалады. Қ. киіз үйінің алтынмен сәнделгені соншалық, тіпті «көз қаратпайды» деп жазды. Соған қарағанда алым-салықтың басым бөлігі Қ-ға түсіп тұрған. Қ-ның күш қуаты әлсіреген, соғыс жорықтарында үлкен сәтсіздікке ұшыраған кездерде немесе

жергілікті шонжарлар жасағы күшейген кезде, олар өздерін «қаған» деп жариялағанда қиян-кескі қырқыстар мен ішкі соғыстар туындады. Қ. атауы дамыған ортағасырлық мемлекеттер тұсында өзгеріске ұшырап, оны хан сөзі алмастыра бастады.

Әдеб.: Қазақтың көне тарихы, А., 1993; Қазақстан тарихы, 1-т., А., 1996.

Э.Телеуова

ҚАЖЫБАЙ Төлеген (12.12.1942 ж.т., Ақмола обл. Чкалов ауд. Ортақ а.) – журналист, ақын, Қазақ КСР-інің еңб. сің. мәдениет қызметкері (1980). ҚазПИ-дің филол. ф-тін (1966, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Қ. еңбек жолын Көкшетау обл. «Көкшетау правдасы» газетінде бастап, одан кейін «Коммунизм нұры» (Целиноград), «Солтүстік



Т.Қажыбай

Қазақстан», «Арқа ажары» (Ақмола), т.б. обл. газеттерде қызмет істеді. «Жол басы», «Жырлайды жүрек», «Қарасай дастан», «Сексен көл сылдыры», «Айналайын атыңнан», «Құлан қырғыны», «Жеті жыл», «Көкшетау қарлығаштары», «Ақиқат жолы алыс жол», «Сәуле – менің ауылым» кітаптарының авторы. «Зауал», «Хан Кененің қазасы» драмалары Ақмола обл. драма театрында қойылып, «Сейіт-Бөкен», «Жапақ батыр» дастандары жарық көрген. 2000 ж. «Арқа ажары» газетінде Абылайдың қалмақ тұтқынында бірге болған серігі Жәпек батыр, т.б. жайында мақала жариялаған. Көкшетау қ-ның құрметті азаматы. ҚР Журналистер одағының А.Байтұрсынов атынд. сыйл. лауреаты (1996).

ҚАЗАҚ – Қазақстан Республикасының жергілікті халқының атауы. «Қазақ» сөзі бастапқыда Шығыс Дешті Қыпшақта таралған. А.Н.Самойлович уақыты жағынан оны 11 ғ-ға жатқызады. 1245 ж. мәмлүктер билеген Египет мемлекетінің қыпшақтары жасаған араб-қыпшақ сөздігінде «қазак» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі. 11–12 ғ-ларда Қыпшақ хандығында этн. үрдістердің даму барысында Қ. халқының этн. ұйтқысы қалыптасты. Моңғолдардың жаулап алуы қыпшақ тайпаларының едәуір топтарын Дешті Қыпшаққа бытыратып жіберді. Қыпшақтардың орын

ауыстыруы Қ. терминінің орнығынуына және оның әмбебап мәнге ие болуына себепші болды. 15 ғ-дың екінші жартысында Қазақ хандығы құрылған соң халықтың этногенез үрдісінің күрделі ерекшелігінің бірі болып табылатын «қазақ» атауы этн. маңызға ие болды. Керей хан мен Жәнібек хан 1457–69 ж. аралығында өздеріне қарасты тайпалармен Әбілхайыр хандығынан бөлініп, Шу өңіріне көшіп барып, жеке Қазақ хандығын құрды. Мұндағы түркі тілдес тайпалар тарихи деректерде алғашқыда «өзбек-қазақ», кейінірек «қазақ» атауымен атала бастады. Орыс империясында казактар аталатын әскери әлеум. топ қалыптасуына байланысты, 17 ғ-дан 20 ғ-дың 30-жылдарына дейін жергілікті қазақ халқы орыс әдебиеттерінде қайсақ, қырғыз, қырғыз-қайсақ, қазақ-қырғыз, киргиз-қазақ деп қасақана бұрмаланып, халықтың тарихи атауы аталмай келді. Бұл бұрмалау 1925 ж. Қазақстан Кеңестерінің 5-съезінде түзетілді. 1936 ж. Қазақстанның әкімш.-шаруашылық өзгерістеріне байланысты Қ. сөзі ресми түрде енгізілді.

Әдеб.: Кляшторный С. К., Султанов Т. И., Казахстан. Летопись трех тысячелетий, А., 1992; Қазақстан тарихы, т. 2, А., 1998.

«ҚАЗАҚ» – газет. 1913–18 ж. Орынбор қ-нда шығып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. Басылымның алғашқы саны 1913 жылдың 2 ақпанында жарық көрді. 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серіктігі. Газетке қаржылай көмектескендердің көшбасында Мұстафа Оразайұлы бар. Жалпы 265 саны жарық көрген. Газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – қазақ ұлты деген ұғымды береді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары «қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын» деп жазды. «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. 1918 ж. газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды. Басылымға Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбайұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалиев, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентайұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. қазақтың зиялы азаматтары ат салысып, мақалаларын жариялап тұрған. 20 ғ. басында газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл

газет-журналдар осы «Қ-тың» шекпенінен шықты. Араға 88 жыл салып барып, аталмыш басылымның атын алған бүгінгі «Қазақ» газеті 2006 жылдан бері қарай үзіліссіз шығып келеді. Қазіргі кездегі бас редакторы – жазушы Қоғабай Сәрсекеев. Басылымның мақсаты – ұлттық мінездің, тілдің, діннің, рухтың өсіп-жетілуіне, өркендей беруіне үлес қосу. Басылымда А.Әбсадықтың «Абылай мен Үмбетей жырау: естірту ме, ескерту ме?», М.Қозыбаевтың «Абылай хан» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ» – апталық әдеби, мәдени газет. Қазақстан Жазушылар одағының органы ретінде бірінші саны 1934 жылдың қаңтарында жарық көрген. Алғашқы редакторы Б.Майлин. Ш.Мұртаза, С.Мұратбеков, А.Жақсыбаев, т.б. бас редактор болды. Қазіргі бас редакторы – жазушы Ж.Шаштайұлы. Газет 1940–54 ж. тоқтап, 1955 ж. қаңтар айынан қайта шыға бастады. «Қ.ә.» – ұлттымыздың рухани айнасы, еліміздің әдеби һәм мәдени өмірін жан-жақты қамтитын басылым. Апталық өнер сүйер оқырман қауымының эстет. талғамын тәрбиелеуде маңызды рөл атқарған. Қазақ әдебиетінің көркемдік сапасын арттыру, өнердің эстет.-тәрбиелік мәніне терең талдаулар мен байыпты сараптамалар жасау, тек қазақ жұртшылығының ғана емес, қоныстас отырған өзге де халықтардың рухани бірлестігін сақтау газеттің басты тақырыбы болды. Әдебиеттің, мәдениет пен өнердің шынайы өмірмен тығыз байланысын зерттеп, қадағалап отырады. Газет беттерінде қазақ ақын-жазушыларының өлең, жыр, дастандары, әңгіме, эсселері, повесть, романдарынан үзінділер, байырғы мәдени-рухани қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызды тануға мүмкіндік беретін тың деректер мен археол.-этногр. мұралар, қазақ әдебиетінің өткені, бүгінгі және келешегі жайлы байыпты әдеби-сын мақалалар; елдік елеулі мәселелер – қоғамдық-саяси, әлеум.-мәдени оқиғалар жөнінде публицист. өткір ой-толғаулар, дүние жүзі классиктерінің үздік туындыларынан аудармалар жарияланады. Сонымен бірге оқу-ағарту, білім, ғылым саласындағы әр алуан көкейкесті мәселелерді сөз етеді. Кино, театр, музыка, сымбат, қол өнері, сәулет өнерінің келелі тақырыптарын кеңінен толғап, белгілі әдебиет, өнер қайраткерлерімен сұхбат жүргізіп, олардың жаңа шығарм. туындыларын оқырмандарға таныстырып отырады. 1990 жылдан бастап газет бетінде Абылай хан жайында, оның ата-тегі, қолбасшылық қызметі жөнінде тарихи-танымдық мәні бар мақалалар жарияланды.

Б.Шарахымбай

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ ТҮЛҒА ПРОБЛЕМАСЫ (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы)» – монография. Авторы – филология ғыл. докт. Әнуар Тарақов. «Қазақ университеті» баспасынан 2005 жылы жарық көрген. Көлемі 356 бет. Зерттеуші аталған еңбегінде Абылай ханның қаһармандық жорықтары мен саяси істері жөніндегі тарихи деректер фольклорда молынан кездесетінін айта келіп, жазба әдебиеттегі көркем туындыларға талдау жасайды (Қазақ фольклорындағы Абылай хан бейнесі өз алдына жеке зерттелген). Автор қазақ әдебиетіндегі Абылай хан бейнесінің қалай сомдалғандығын нақты шығармаларға талдау жасай отырып, ұлттық әдебиеттану ғылымына тың тұжырымдар ұсынған. Монографияның құрылымы кіріспе, негізгі үш тарау және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. «Қайшылықты тарихтағы тарихи тұлға» деп аталатын бірінші тарауда І.Есенберлиннің «Жанталас» романы мен С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясы (алғашқы екі кітап кеңестік кезеңде жазылған), «Жарылғап батыр» атты тарихи-өлең романы және Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдары мен тәуелсіздік тұсында жазылған «Абылай хан» тарихи-халықтық драмалық дастаны зерттеу нысанына алынған. Зерттеуші 1972–73 ж. аралығында І.Есенберлиннің «Жанталас» романының үш рет талқыланып, 180 беті қысқаруға түскенін «сол кездегі Орталық Комитет идеологтерінің «Абылайдың жауыздығын күшейтуге» үкім еткенімен» дәлелдейді. Жазушы Оразқұлдың өлтірілуі сынды эпизодты кіргізуде «замана ызғарынан ығынып, солай сипаттауға еріксіз мәжбүр болғанын» айтса, Ботақан мен Жанай оқиғасына қатысты Абылайды айыптайтын аңыздар пайдаланылған. Осындай нақты мысалдар – кеңестік цензураның өткеннің шындығын коммунистік идеологияның тұжырым-талаптарына еріксіз бағындырғанының айғағы. С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясындағы Абылай есімінің Әділмен алмастырылуы, оның бойындағы қасиеттердің көркем шындықпен баяндалуы, Бұқар жыраудың жастар ортасына келіп Әділмен жүздесуі – бәрі де әдеби талдаудың негізгі көзі. Зерттеуші «Жарылғап батырда» Абылай мен Жарылғап арасындағы достық, Абылай өмірінің қиын кезеңдерін тарихи шындықпен бірлікте көрсеткен. Ә.Кекілбаев романдарында Абылай бейнесі психол. монологпен сурттелсе, «Абылай хан» дастанында кеменгер, көреген ел билеушісінің ерлік шежіресі толымды жасалған. Аталған шығармалардағы Абылай бейнесінің сомдалу еркшелігіне назар аударған автор жазушылардың дәуір су-

реттерін жасаудағы тарихи шындық пен көркем шешімге көңіл бөлген. Жазушылардың барлығы да Абылай ханды «саясаткер, қолбасшы, көреген қайраткер, халықтың азаттық күресінің қаһарманы» ретінде нанымды бейнелегені көрсетіледі. «Поэмалардағы Абылай бейнесі» деп аталатын екінші тарауда М.Жұмабаевтың «Батыр Баян», С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмалары жөнінде «Мағжан Абылайдың аруағын, қадір-қасиетін асқақтатса, Сәкен Абылайды ел шапқыш, қатыгез хан деп бейнелейді» деген тұжырым жасайды. Ә.Тәңірбергеновтің «Абылай хан», С.Торайғыровтың «Айттыс», М.Айтбаевтың «Хан Абылай», Б.Тұрсынбаевтың «Көкжал Барак» поэмаларында Абылайдың шынайы бейнесі сомдалғанына көңіл аударды. Романтик сарында жазылған лирика-психол. шығармалардың негізгі жетістігі – Абылай мен ол өмір сүрген тарихи дәуірге берілген әділ көзқараста. «Дәуір рухындағы тарихи тұлға» деп аталатын үшінші тарауда Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» дилогиясындағы Абылай бейнесінің шынайылығына назар аударылған. Дилогия «Дарабоз», «Хан батыр» атанған Қаракерей Қабанбайға арналғанмен, мұндағы басты кейіпкердің бірі – Абылай хан. Жазушы Бұқар, Үмбетей, Тәтіғара өлең-толғауларын сюжетке енгізу арқылы Абылай дәуірінің ақиқатына қанықтыра түскен. Зерттеуші Абылай бейнесі ауыз әдебиеті мұраларында сирек бейнеленсе, жазушы бұл бағытта көп ізденгендігін шығармаға жасалған талдаулармен дәлелдей түскен. «І.Есенберлиннің «Жанталас» романында Абылай «Жайыл қырғынында» бейбіт халықты қырып-жоюшы басқыншы бейнесінде сомдалса, Қ.Жұмаділов Абылайдың көрші елге жорығын қырғыз манаптарының оңтүстік өңіріндегі қазақтарға көрсеткен қиянат-қорлығымен сабақтастырады, қазақ-қырғыз қарым-қатынасына қатысты құжаттарды саралап, тарихи шындық көзін ашқан», – деген екі шығармаға берілген тұжырым екі дәуірде билік құрған саясаттан хабардар етеді. Қ.Жұмаділовтің Абылай ханның толыққанды, тағылымды тұлғасын жасауы тарихқа деген жаңа көзқарастың қалыптасқандығын аша түседі. Зерттеуші Ұ.Доспанбеттің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» романдарындағы Сабалақ бейнесіндегі фольклор негізін іздеуі орынды. Осы тұста зерттеуші Мәшһүр Жүсіп жинағында кездесетін 14 жасар Жанайдардың «Абылай атасы садағын сағымға көтерген нұрдан пайда болған» деген сөзін негізге алып, романдағы Шыңғыс ханның сәуледен пайда болғандығы туралы аңызды алға тартады. Ұ.Доспанбет шығармаларында «Сабалақтың көпшілігі, ақыл-ойының тереңдігі

мен зерде зеректігі, мінезіндегі өткірлігі мен өжеттілігі, алғырлығы, қайсарлығы, табандылығы, тегеуірінділігі дәуір рухында нанымды бейнеленген» дей келіп, «Қызыл жолбарыстағы» жасөспірім Сабалақтың өзіне тән мінезіне көңіл бөледі. Әнуар Тарақ аумалы-төкпелі дәуірде өмір сүрген күрделі тұлға бейнесінің қазақ әдебиетіндегі сомдалуын тыңғылықты зерттеп, ғыл. айналымға түсірді. Бұған дейін аталған шығармалар туралы жекелеген мақалалардың болғанын ескеретін болсақ, тәуелсіздік үшін күрес жолында елдік пен ерлікті бірлікте ұстаған ұлы тұлға Абылай хан туралы бұл зерттеу – тәуелсіздік мұраттардың жасампаздық сипатын аша түсетін еңбек.

Г.Орда

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ» – ҚР Білім мин. бекіткен оқулық. 1997 ж. жарық көрген. Авторы – Х.Сүйіншәлиев. Оқулық «Ежелгі әдебиет», «XV–XVII ғасырлардағы әдебиет», «XVIII ғасыр әдебиеті», «XIX ғасыр әдебиеті», «Жаңа реалистік әдебиеттің дамуы» атты негізгі бес бөлімнен тұрады. «XVIII ғасыр әдебиеті» атты бөлімінің «Би-шешендер, жыраулар мен акындар поэзиясы» атты тарауында Абылай хан өмір сүрген дәуір мен оның қазақ әдебиетіндегі орнына тоқталған (307–308-б.). «Тарихтың қазақ хандығы басына салған ауыр да тар тағдырын кинала жүріп, қисынын табу талабында өнімді еңбек еткен батыр ханы Абылай болды», – дей келіп, оның өмір сүрген кезеңі қазақ халқының жоңғар шапқыншылығынан титықтаған кезіне дәл келгеніне тоқталады. Зерттеуші Ресей мен Қытай сынды ірі империялар қазақты өз қарамағына алу әрекеттеріне кірісіп, қазақ жеріне қамалдарын сала бастаса, хиуалықтар Маңғыстау маңын, Бұхар, Үргеніштен Сыр бойына, қоқандықтар оңт. пен Жетісу өңірін баса-көктеп, өздеріне қарату мақсатында қамалдарын орната бастағанын еске түсіреді. «Осы бір қан майдандарға ұлы хан (үш жүздің ханы) ретінде басшы болған Абылай қырық шақты жыл бойы, яғни дүниеден озған күніне дейін соғыс зардабын басынан кешті. Ел жұртының тәуелсіздігі үшін жан аяған жоқ. Батырларының тобын жазбай, өз қарамағында ұстай білді», – дейді. Зерттеуші «халқының тұтастығы үшін күресіп өткен, азатшыл азаматы» Абылайды Бұқар жыраудың да ардақтап өтуіне көңіл аударған. Сонымен бірге Бұқар Қалқаманұлының шығарм-на қатысты: «Бұқар тұлғалаған адамдар ішінде ерекше дәріптеле бейнеленетін хан Абылай» екенін еске салады. Қазақтың ханы Абылайға Бөгембайдай батырының дүниеден өткенін естірткен де Бұқар жырау болатын: «Қазақтың ханы Абылай, Абылай ханым, бұл қалай? Ақиықты аспанға ұшпас-

тай қып торлады. Құлағанға ұқсайды, қазақтың қамал қорғаны. Қайғырмаңыз ханзадам, айтпасыма болмады – Батырың өтті Бөгембай!» (349-б.). Бұқар Абылай ханды да, Бөгембай батырды да өз ортасынан асып туған батырлар ретінде суреттеді. Жау қамалын бұзып, елі мен жерін жаудан қорғаған батырлардың жанкешті ерлігін жеткізе жырлады. Зерттеуші еліне аса мейірімді Абылайдың жауласқан жауына қатыгез болғанын да жадында ұстаған. «Табандасқан дұшпанға, Күнінде қылыш шауып өлтірген...» (352-б.) деген жолдар оның екінші қырын аша түседі. Ол Абылайдың жеті жасар бала шағынан бастап, қол бастап қамал бұзған, хан болып таққа отырған кезеңдерін сатылай бейнеледі. Жырау поэзиясында «Әділ төре, білгір басшы, қазақтың бәріне түгел қызмет еткен, үш жүздің ұйтқысы болған» Абылайдың бейнесін толықтыра түсетін мадақ сөздерге толы арнаулар жетерлік. Бұхар жырау – Абылай Ресейге қарсы соғыс ашпақ болған кезде оны райынан қайтарған ақылшысы, кеңесшісі. «Орыспенен соғысып, Басына моншақ көтерген Жұртыңа жаулық сағынба!...» (354-б.) деп, хан алдында тайсалмай, өз пікірін білдіреді. Хан халқын сыйласа, халық ханын қадірлесе, ел мақсаты орындалады деп түсінген жырау «Ханның жақсы болмағы – Қарашаның елдігі. Қараша халқы сыйласа, Алтыннан болар белдігі» деп, оған ақыл-кеңес беріп отырған. Абылайдың байлығы мен жомарттығын, сән-салтанатын жеткізе жырлап, Үш жүздің басын қосқан ұлы хан бейнесінің толымды портретін жасады. Абылай дүниеден өткенде: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай, Қайыруссыз жылқы бақтырған, ханым-ай. Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай...» (351-б.) – деп жоқтаған Бұқар жырау – Абылай хан бейнесін қазақ әдебиетінде тұңғыш жасаушы болса, Ханғали Сүйіншәлиев – оны тыңғылықты зерттеушілердің бірегейі.

Г.Орда

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ» – кітап. 3-том. 2008 ж. «Қазақпарат» баспасынан жарық көрген. Көлемі 536 бет. Таралымы 3000 дана. Көп томдық М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының ғыл. кеңесі ұсынуымен «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы бойынша баспа бетін көрген. «Қазақ әдебиеті тарихының» 3-томы 13–18 ғ-лардағы жазба әдебиет пен акын-жыраулар поэзиясына арналған. 13–15 ғ-ларда өмір сүрген Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері Хорезми, Құтб, Сәйф Сарай, Дүрбек, Рабғұзи, Әли шығарм., 16–18 ғ-ларда өмір сүрген белгілі тарихшылар – жазба әдебиеттің көрнекті өкілдері Захириддин Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири, Әбілғазы Баһадүрхан



сияқты ақын-жазушылардың туындылары талданып, олардың қазақ әдебиеті тарихындағы орны ашып көрсетілген. Сонымен бірге 15–18 ғ-лардағы ақын-жыраулар поэзиясының танымал өкілдері: Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Ақтамберді, Тәтіғара жыраулар шығарм. дербес түрде қаралып, қазақ шешендік өнерінің белді өкілдері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер осынау әдебиет тарихына кең көлемде енгізілген. Кітапта Бұқар мен Тәтіғара жыраулардың шығарм. тарындағы Абылай ханның ел басқарудағы рөлі жан-жақты талқыланады. Бұқар жыраудың «... Орыспенен соғысып, Басыңа жаулық сағынба...» деп келетін жыры Ресей тарихында өзіндік із қалдырған әйгілі Е.Пугачевтің көтерілісіне көмек бермек болған ханға тоқтау салғанынан хабардар етеді.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ. I ТОМ. ФОЛЬКЛОР» – ұжымдық монография. Редакциясын басқарған – Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі, проф. Мұхтар Әуезов. Алматыдағы Қазақ КСР Ғылым академиясының баспасынан 1948 ж. жарық көрген. Көлемі 438 бет. Тіл және әдебиет ин-тының ғалымдары дайындаған ұжымдық еңбек «Фольклор және ол жөніндегі советтік ғылым», «Салт өлеңдері», «Ертегілер», «Батырлар жыры», «Ғашықтық жырлар», «Айтыс өлеңдері», «Шешендік сөздер», «Тарихи өлеңдер», «Қазақ совет фольклоры» деп аталатын тоғыз бөлімнен тұрады. Тоғызыншы бөлімнің мазмұнын құрайтын кіріспе және Абылай, Сырым туралы тарауларды филология ғыл. канд. Б.Кенжебаев жазған. Ғалым «Абылай туралы жыр мен әңгімелер» (302–309-бб.) тарауында Абылай туралы көптеген аңыз-әңгімелермен қатар үлкен бір жырдың бар екендігінен хабар береді. Аңыз-әңгімелердің көпшілігін Шоқан мен Мәшһүр Жүсіп жинаса, жыр Ресейдің ойрат обл-ндағы қазақ айтушылардың аузынан жазылып алынғандығын айта келіп, оның мазмұнымен таныстырады. Жырда Үйсін Төле бидің үйіне бір жетім бала келіп, биге бала болғысы келетінін айтады. Баладан аты-жөнін сұраса: – атым жоқ, сіз қойыңыз, – дейді. Сонда Төле би: «Сәлем бердің қасыма жағалап кеп, Мені тауып алыпсың сағалап кеп. Үстіңдегі киімің жалба-жұлба, Тымағың басыңда тұр сабалақ боп. Түйе бақ, Сабалақ деп атың қоям, Тілің тәтті, сөзіңе әбден тоям. Жақсы болсаң ұлымсың, Сабалағым, Ырым қып, мал келген соң қойды соям» (303-б.), – дейді. Сабалақ Төле бидің ұлы да, құлы да болып, түйесін, жылқысын бағып жүреді. Күндердің күні болғанда, ел басына ауыр күн туғанда: – қалмаққа қарсы қол аттандыр, – деген Хан жарлығы келе-

ді. Төле би елін жинап: – жауға елі, жері көп кеткен біз, жорыққа тегіс аттануымыз керек: қатын-бала, кемпір-шалдан басқа түгел атқа мінсін, – дейді. Сабалақ жорыққа сұранғанда Төле би оған рұқсат бермейді. Жалынып, жорыққа құмарлығын айтып қоймаған соң, Төле би амалсыз жібереді. Сөйтіп, ол Ұлы жүз қолымен бірге жауға аттанады. Жырда атын Төленің жылқысынан таңдап мінген Сабалақ «Абылайлап ат қойды Шоқаманға, Қорқатұғын әуелден ол бір жан ба?», – деп келеді. Абылай Шоқаман мен Қалдан ханның жиені Шарыш батырды өлтіріп, содан қалмақ қолы қашады. Соғыстан кейін Әбілмәмбет Сабалақты шақырып алып, не себепті «Абылайлап» ат қойғанын сұрайды. Сол кезде Сабалақ өзін: – Боламын қанішер Абылай немересі... Өз атымды сұрасаң Әбілмансұр, – деп таныстырады. Әбілмәмбет: – Бауырым, – деп бетінен сүйіп, Уәли, Бақы сынды әкесінен жалғыз қалған баланы Үш жүздің алдында өз орнына хан сайлайды. Б.Кенжебаев жырдың тарихилығы басым екендігін былай түсіндірген: «Жырда тарихтық фактілер көп: тарихи оқиғалардың болған кезі, себебі, тарихи кісілердің аттары, істері көп кездеседі. Және, көбінесе, тарихтық шындыққа жақын көрсетіледі» (304-б.). Ғалым жырдың басында орыс патшасының көмегімен босады десе, соңында өзінің тапқырылығымен, ерлігімен, шешендігімен басына азаттық алғандығын айтады. Сонымен бірге зерттеуші жырдың көркемдік құрылысына, тіл кестесі мен мазмұнына талдау жасайды. Абылай туралы аңыз-әңгімелердің дені жырдың мазмұнымен үндесіп жатады. Ішінара жекелеген өзгешеліктер болғанмен, тұтасымен алғанда негізгі мазмұн ортақ. Аңыз-әңгімелердің бәріне ортақ жайт – Абылайдың қалмақ қолында тұтқында жатқан кездегі батырлығы мен сөзге шешендігі. Абылайға қатысты аңыз-әңгімелерде кездесетін келесі сюжет – оның киесі жөнінде. Бір аңызда Абылайдың киесі сары бура десе, келесі аңызда Жидебай батырға қатысты оқиғада оның киесі қыран болып көрінеді. Ескі аңыздар Абылайдың аруағы, киесі бар дегенге саяды. Ғалым «Бұл айтылғандардан басқа Абылайдың жеке батырларының ерлігін сипаттайтын тарихтық аңыз, әңгімелер де бар» екендігін еске салады. Абылайға қатысты аңыздардың ішінде «Қап қағылған» соғысы мен «Шаңды шабуыл» жорықтарының, Сіргелі Елшібек батырға қатысты жырдың сюжеттік ерекшелігі назар аударуды талап етеді. Зерттеуші Абылай туралы ауызша жыр мен аңыз-әңгімелердің негізгілері осы болғанмен, Шоқан сөзіне сүйеніп, Абылай туралы, Абылайдың төңірегіндегі қас батырлар туралы өлең-жыр, ән-күйлердің көп екендігін айтады. Абылай өмір сүрген дәуірде қазақтың ержүрек батырлары, ау-



зы дуалы шешендері көп болды. Тарихи аңыздарда Абылай Қабанбай, Бөгембай, Баян, Жәнібек, Олжабай, Базар, Барақ, Жантай тәрізді батырлардың қолбасшысы болғаны айтылады. Олай болса, осы батырлар туралы аңыз-әңгімелер, өлең-жырлардың бәрінде Абылай бейнесі қатар жүретіні анық. Абылай ауызша, жазбаша әдебиеттің бәрінде бірдей сомдалды және олардың барлығы да бір-біріне өте ұқсас, себебі ол – өмірде болған тарихи тұлға. Осы жөнінде ғалым: «Бәрінде де ол ерлік, батырлық, шешендік, әділдік бейне, халық қамқорының бейнесі болып суреттеледі. Бұл жағынан қарағанда Абылай тарихи адам бола тұрса да, әдебиеттік образға айналып кеткен деуге болады. Тарихтық шындықта болған нақтылы істерге, кейінгі аңыз, қиялдың қосқан, көтермелеп дәріптеген қоспасы көп болады» (308–309-бб.), – дейді. Бұдан ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетте Абылай бейнесі мейлінше жырланған тарихи тұлға екенін байқауға болады. Кеңестік дәуір тұсында Абылай сынды ханды дәріптегені үшін зерттеушілердің барлығы да кеңестік идеологиядан өз сыбағаларын алды. Соның салдарынан бұл еңбекті пайдалануға тыйым салынды. Дегенмен Абылай хан туралы ауыз әдебиеті үлгілерін бір жүйеге келтірген Б.Кенжебаев еңбегінің ғұмырлы екендігін еліміз егемендік алған қазіргі таңда біліп отырмыз. Арада 65 жыл уақыт өтсе де, аталған зерттеу өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше күн өткен сайын оның зәрулігі артауда.

Г.Орда

«ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ» – дерекнама. Авторы – Сейіт Кенжеахмет. «Азия транзит» журналының 2002 жылғы 6-санында жарық көрген. Автор 15–20 ғ-лар арасындағы қазақ батырларының тізімін берген. Яғни Қара қыпшақ Қобыландыдан бастап, бүгінгі Талғат Мұсабаевқа дейін бар. Дерекнамада батырлардың өмір сүрген уақыттары да көрсетілген. Дерекнама «XV–XVIII ғасырдағы батырлар», «XVIII ғасырдағы батырлар», «XIX ғасырдағы батырлар», «Совет Одағының батырлары», «Отан қорғау жолындағы Қазақстанның «Халық Қаһармандары», «Шетелдердің батыры атағын алғандар» деген тақырыпшаларға бөлінген. Дерекнамада батырлардың қатарынан Абылай хан да өз орнын тапқан. Автор Абылай ханды 1711–80 ж. өмір сүрген, хан әрі батыр деп көрсетеді.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ» – кітап. Құрастырған – К.Табылдиев. 2008 ж. «Фолиант» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 360 бет. Таралымы 2000 дана. Кітап «Нартұлға» сериясы бойынша шығарылған. Онда «Ұлы даланың теріскейі мен

күнгейіне жылдар бойы көз алартқан басқыншы жаулардан жерімізді кімдер, қалай сақтап қалды?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Қазақ сархасын ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғаған батыр бабаларымыз жайлы терең сыр шертеді. Олардың арасынан Абылай ханмен бірге қоян-қолтық жүрген Қабанбай, Бөгембай сынды тұлғалар жайында мағлұмат береді.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ» – қоғамдық-тарихи, археол.-этнол. газет. Алғашқы саны 1998 ж. 10 қаңтарда шықты. Содан бері айына бір рет 16 бет болып шығады. Газет қазақ халқының ерлік дәстүрлерін, ел-жұртын басқарған хандарын, билерін, шешендері мен көсемдерін, елін жаракты жаудан қорғаған батырлары мен бағландарын, ел шежіресін жазып келеді. Оның тұрақты айдарлары: «Ел қорғаған – ер бабам!», «Кемеңгер туған тұлғалар» (мыс., Ұ.Доспанбеттің «Абылайдың ақ туы» романынан үзінді, 2001–2002; А.Ш.Махаеваның «Абылай жорығының ақиқаты» атты мақаласы, 2007; т.б.), «Тайпаларымызды таныстырамыз», «Нәрлі сөз – әрлі сөз», «Атыңнан айналайын, әруақтар!», «Түбін білмеген – түгін білмейді», «Қызыл қырғын құрбандары», т.б. Құрылтайшысы – «Мерей» ЖШС. Шығарушы – журналист-жазушы Ә.Ибрагимов.

Н.Ибрагимов

«ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ ТҮЛҒАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІК» – мақала. Авторы – филология ғыл. докт. Қ.Әбдесұлы. «Да Қазақстан» журналының 2005 жылғы 2-санында жарық көрген. Автор өз мақаласына ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырларын арқау еткен. Ел басына күн туған алмағайып замандарда бел шешпей бекініп, астарындағы аттарына ауыздықпен су ішкізген Қабанбай, Бөгембай, Наурызбай, Қарасай, Ағынтай, Саңырық, Сәңкібай, Тайлақ, Өтеген секілді көптеген батырлардың елге сіңірген еңбектеріне тоқталып өтеді. Жоңғар шапқыншыларына қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресте осынау батырлардың бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қарсы тұруында Абылай ханның да зор үлесі болғанын автор мақалада атап айтады. Жеріміздің шапқыншылардан азат етіліп, сол кездегі хандығымыздың тәуелсіздігін сақтап қалуы дара тұлғаның ерен еңбегінің арқасы деген қорытынды жасайды.

К.Қошым-Ноғай

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА АҒА СҰЛТАНДАР САЙЛАУ ТӨРТІБІ – патша үкіметі жүргізген саяси-әкімш. шара. Ол Қазақ елінің мемлекеттілігін біржолата жоюды мақсат етті. Абылайдың баласы, Орта жүз ханы Уәли қайтыс болғаннан кейін

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН



(1819), Ресей үкіметі жаңа хан сайлатпай, қазақ даласында хандық басқару жүйесін жоюды көздеді. Мемл. кеңес мүшесі М.М. Сперанский жасаған «Сібір қазақтары туралы жарғы» бойынша Орта жүз бен Ұлы жүз жерлерінің Ресейге қараған бөлігі Сібір қазақтары облысы атанып, басқару орт. 1839 жылға дейін Тобыл қ-нда, ал 1839 ж. Омбыда орнасалып, жаңадан құрылған Батыс Сібір ген.-губернаторлығы құрамына қосылды. Сөйтіп, қазақ еліне басқарудың ресейлік жүйесі енгізілді. Жарғы бойынша Орта жүз Көкшетау (1824), Қарқаралы (1824), Аягөз (Сергиополь (1831), Атбасар (1848), т.б. округтерге (дуан) бөлінді. Округтерді әр үш жыл сайын сайланып отыратын аға сұлтан мен оның орынбасары және 2 қазы басқарды. Аға сұлтандар мен оның орынбасарлары алғашында тек төрелерден сайланғанмен, келе-келе Шоң, Шорман, Құнанбай секілді әйгілі билерден де тағайындалды. Әр округ 15–20 болыстан, болыстар 10–12 ауылдан тұрды. Әрбір 50–70 үй бір ауыл болып белгіленді. 1824 ж. Кіші жүзде де хандық билік жойылып, орнына әкімш. 3 бөлік құрылды. Бұларды сұлтан-әкімдер басқарды. 1831 ж. Кіші жүзде дистанциялық басқару енгізіліп, Батыс бөлік 8, Орт. бөлік 20, Шығыс бөлік 28 дистанциядан тұрды. 1867–68 ж. Уақытша ереже бойынша дуандар таратылып, орнына облыстар құрылды.

Қ.Исабай

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ОТАРЛАУЫ. Ресей патшалығы мен Қазақ хандығының арасындағы саяси байланыстар Тәуекел хан елшілігінен басталды. 1594 жылдың аяғында Ресеймен достық келісім жасау үшін Мәскеуге қазақ елшісі Құлмұхаммед жіберілді. Тәуекел орыс патшасымен «достық пен ынтымақ» жасауға асықты. Өйткені Бұхар ханы Абдолламен уақытша бітім жасап, ноғайлармен арадағы қатынас шиеленісіп тұрған болатын. Елшілік мақсаты Мәскеуде аманат ретінде ұсталып отырған ханның інісі Оразмұхаммедті босату және Орыс патшасы Борис Годуновтан «отты қару» алу болатын. Орыс патшасы тек уәдемен шектелді. Кейін Ресей патшалығы мен Қазақ хандығының жақындасу қажетігі жоңғар шапқыншылығынан да туындады. Еділ өз. бойындағы қалмақтар, башқұрт, казактар да маза бермеді. Осындай күрделі мәселелерді Ресеймен одақтасу арқылы шешуге болатын еді. Ал қазақ даласы Ресей үшін Шығыс мемлекеттерімен жалғастыратын көпір іспетті болатын. Орта Азия елдеріне, Қытайға жол ашатын қақпа деп білген Петр I (1682–1725) қазақ жеріне бірнеше экспед. жіберді. 1718 ж. Семей қамалының, 1720 ж. Өскемен бекінісінің негізі қаланды. 1730 ж. 8

қыркүйекте Үфіге Әбілқайыр ханның Сейітқұл Қойдағұлов пен Құлымбет Қоштаев бастаған елшілігі келді. 1731 ж. 19 ақпанда Ресей патшайымы Анна Иоановна Әбілқайыр ханға грамота жіберді. 1731 ж. 30 сәуірде Кіші жүзге орыс тілмашы, елші *А.И.Тевкелев* бастаған елшілік келді. Олармен бірге Санкт-Петербургке жіберілген қазақ елшілері де оралды. Сонымен, 1731 ж. 10 қазанда өткен Қазақ құрылтайында Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы шешім қабылданды. 1731 ж. 15 желтоқсанда Тевкелевпен келіссөз жүргізген Орта жүз ханы Сәмеке Ресейге қосылу туралы ұсыныс жасады. Ол ұсыныс 1734 жылдан кейін жүзеге асырыла бастады. 1734 ж. 10 маусымда Анна Иоановна Әбілқайырға Ор өз. сағасынан бекініс салу қажеттігі жөнінде хат жолдап, қала салатын жерге *И.К.Кирилов* пен *А.И.Тевкелевті* жіберді. Жайық бойына 14 қамал салынды. 1740 ж. Орынбор экспед. бастығы ген.-л. Князь *В.А.Урусов* Орынборға елшілік басқарып келді. 19 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Нұралы, Ералы сұлтандармен, Жәнібек, Бөгембай, Есет батырлармен, кейінірек Орта жүз ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтанмен келіссөз жүргізді. Оның барысында Кіші жүз бен Орта жүздің 399 өкілі Ресейге қарайтындығы жөніндегі шартқа қол қойды. Алайда осы шарттан кейін де Ресейге Кіші жүздің біраз бөлігі, Орта жүздің азғана бөлігі қосылды. Ал Солт.-шығыс және Орт. Қазақстанның негізгі аймақтарын Ресей өз құрамына тек 19 ғ-дың 20–40 жылдары әскери-саяси күш қолданып қосты. Жоңғарияда 1745 ж. Қалдан Серен өлгеннен кейін, оның мұрагерлері арасында таққа талас басталды. Абылай хан осы сәтті пайдаланып, қазақ жерін азат етуге кірісті. Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент қ-лары Әбілмәмбет ханның қарамағына өтті. Абылай бастаған қазақ жастары 1750 ж. жауға Жоңғар қақпасы маңында күйрете соққы берді. 1755 ж. жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кетті. 1755–58 ж. Қытай әскерлері жоңғарлардың өз арасындағы тақ таласын пайданана отырып, оларды мүлдем жойып жіберді. 1758 ж. Жоңғар мемлекеті құлады. Цинь империясының батыс шекарасы Қазақ жерімен шектесті. Қытайлар қазақтарға дүркін-дүркін шабуыл жасап, тыным бермеді. Абылай келісімге келу туралы Пекинге елшілер жіберді. Сөйтіп, Қытаймен сауда, экон. қатынас орнай бастады. 1771 ж. Әбілмәмбет хан өлгеннен кейін, Түркістанда Абылай Үш жүздің ханы (бас хан) болып сайланды. Бір жылдан кейін, 1772 ж. Ресей патшайымы Екатерина II-нің жарлығымен, Абылайға арналып Есіл өз-не таяу жерде, Жалғызтөбеде ағаш үй салынды. Абылай 1781 ж. қайтыс болды. Орнына ұлы Уәли хан сайланды.

Әдеб.: «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Алматы, 2003. 291–292-бб.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ» – Астана қ-ның бас алаңының төрінде орналасқан монумент. 2009 жылдың 20 қазанында ашылған. Төрт қырлы, төрт түрлі бедермен (барельеф) айшықталған алып іргетастан шырқау көкке шаншыла тік көтерілген биік мұнараның ұшар басында қанатын жая қомдап, аспан әлеміне самғауға ұмтылған құс патшасы қыран қонақтаған монумент қаланың қай тұсынан болса да асқақ та айбынды көрінеді. Мұнараның негізгі бет жағы батысқа қараса, шығысында қорған тәріздес 120 метрлік үлкен бағаналар тізбегі бар. Оның арғы жағында ортасында 515 метрлік Ана мүсіні және оны қоршай түрлі мамандықтағы адамдарды көрсететін мүсіндер топтамасы орналастырылған. Бұл – «Бірлік» деген ескерткіш. Сәулет өнерінің бұл жаңа туындысы Қазақ елінің кешегісі мен бүгінгінің болмысын көз алдыға әкеліп, болашағына бағыт сілтеп тұрғандай әсер етеді. Төрт бедер – елдіктің төрт тірегі мензейді. Бірінші бедер – «Халық пен Президент» деп аталады. Екінші бедер – «Қаһармандық», үшінші бедер – «Жасампаз», төртінші бедер «Болашақ» деп аталады. Биік мұнараның ұшар басындағы алып қыран – Тәуелсіздік символы, Ел еркіндігінің символы. «Қ.е.» сәулет-мүсін кешені әлі жалғасын таппақ. Бұл аллея қаланың бір басынан басталып, екінші шетіне дейін барады. Жалпы ұзындығы 25–30 шақырымға жетпек. Батысында «Хан шатырдан» Бузокка дейін, ал шығыс жақ бетінде айналма жолға дейінгі аралықты қамтиды. Оның жобалық аты – «Мыңжылдық аллеясы». Оның ішінде Қазақ елінің өткен тарихы да, басынан кешкен қиынқыстау заманы да, жарқын күндері мен болашағы да қамтылатын болады. Кешен құрылысы – арх-лар, мүсіншілер, құрылысшылар, тарихшы ғалымдар, басқа да мамандардың қатысуымен жүретін жұмыс. Кешеннің тұжырымдамасы жасалғаннан кейін, оны жобалауға Астана жобалау ин-ты мен Қарағанды «Промстрой» жобалау ин-ты қатысты. Арх-лары – Бақтыбай Тайталиев, Ерлан Жақынбеков, Әлібек Әбдіралиев, Юрий Дунаев. Жобаның қазірге дейінгі біткен құрылысын Валим Беридзе басқаратын «Тамыз» компаниясының құрылысшылары жүзеге асырды. Мүсіншілер Нұрлан Долбай мен Мұрат Мансұров жобаланған кішкентай модельдерді кешенге лайықтап «өсіріп» шығарады. Адамның бойындағы ерлік рухты, отан сүйгіштік сезімдерді тәрбиелейтін қасиетті орын «Қ.е.» арх.-мүсіндік кешені – бас иіп, тағзым ететін киелі ескерткіш, әрі Астананың көз тартар әсем, мазмұнымен бай тағылымды орнына айналмақ.

Әдеб.: «Егемен Қазақстан», 20.10.09, 1-б.

А.Тәлпұханқызы, С.Жүнісов

«ҚАЗАҚ ЕЛІ» – газет. Шет елдердегі қазақтарға арналған алғашқы басылым. 1944 ж. жарық көрген. 1956 ж. жабылып қалды. Арада 20 жыл өткен соң 1976 ж. «Біздің Отан», кейін «Шалқар» апталық газеті болды. «Қ.е.» газеті осы басылымдардың ізбасары 1995 жылдың 20 сәуірінен қайта шыға бастаған. Төте араб жазулы «Шалқар» қосымшасы айына екі рет жарық көріп тұрады. Алғашқы қаржыландырушы құрылтайшысы – Дүние жүзі қазақтарының қауымдастығы. Кейін ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-нің (қазіргі ҚР Мәдениет және ақпарат мин.) қарамағына өткен. 1999 ж. қаржы тапшылығына байланысты газет жабылып, 2000 ж. қайта шыққан. «Қ.е.» шет елдердегі қазақтардың тыныс-тіршілігі, ата жұрттың қамқорлығы, оралмандарды орналастыру мәселелерін үзбей көтеріп келеді. 2003 жылдан көші-қон тақырыбы кең қамтылады. Бас редакторы – журналист, жазушы Бақыт Сарбалаұлы. 7000 данамен тарайтын апталық газет Өзбекстанға, Моңғолияға, Ресейге, Түркияға, Қытайға, т.б. шет елдерге жіберіледі. Газетте Н.Мұхамедханұлының «Абылайдың шығыстағы атамекенге аттанысы», Т.Нұрмағанбетұлының «Абылай ханның бас-сүйек бейнесі анықталды», А.Сагаевтың «Дозақты жеңген қазақ». «Тарихтың талмау тұсы» атты мақалалары жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРЫ. Екі жүз жылдай көршілес өмір сүрген көшпелі қазақ және ойрат халықтарының арақатынасы қайшылыққа толы әрі күрделі жағдайда болды. Екі мемлекет үнемі соғыс жағдайында, бірін-бірі аңдумен, бірінің байлығына екіншісі қызығып, көз алартумен өтті деуге де келеді. Бір геогр. аймақта, ортақ табиғат аясында, тұрмыс-тіршілігі өте ұқсас жағдайда, «төскейде малы, төсекте басы қосылып» дегендей, дос-туыстық қатынастар аз болмаған. Алайда, ауа райының қолайсыз өткен жылдарында мал жайылымына деген мұқтаждық артып, жер қорғау мүддесіне байланысты, немесе әр кезде жекелеген билеушілердің менмендігі мен ашкөздігінен екі хандықтың арасында қатығыстар болып, аяғы кек қайтаруға, есе алуға ұласқан қанды қырғынға әкеп соққан оқиғалар да аз болмаған. Мұның сыртында сол кездегі шығыс елдеріндегі халықар. қатынастардың да салқыны тимей қалған жоқ. Соған орай, Қ.Ж.қның әр кезеңдегі ерекшеліктері зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған.

Әдеб.: Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи. (XVII–XVIII вв.). А.-А., 1991; Аполлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х гг. XVIII в. А.-А., 1948; Материалы по истории Казахских ханств

ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ



XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений), Алматы, 1969; А б у с е и т о в а М. Х., Казахское ханство во второй половине XVI века. А., 1985; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2–3 т. А., 1998–2003; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005.

ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ БІТІМІ (1742) – жоңғарлар мен қазақтар арасындағы келісім. Бітім 1742 ж. мамыр айына дейін жасалды. Ұлы жүз түгелімен, ал Орта және Кіші жүздер жартылай жоңғарларға бағынышты болғандықтан, бітім қазақтарға өте ауыр тиді. Жоңғар билеушісі Қалдан Серен Еділ қалмақтарымен қосылып қазақтарға 1741 ж. күйрете соққы берді. Орта жүзге Сары Манже басқарған 30 мыңдық жоңғар қолы басып кірді, Кіші жүзді Жайық өз-нің оң жағасына дейін ығыстырды. Кейбір қазақ рулары тіпті Кубаньға өтіп кетпекші болды. Қ.-қ. б-не екі жақтан 40 адамнан қатысты. Қазақтар арасында Әбілқайыр хан, Күшік хан, Әбілмәмбет хан, Барақ сұлтан, Есет, Жәнібек, Алтыбай, Жанақ, т.б. батырлар болды. Жоңғарлар жағынан құжаттар бойынша Будансюк-Зайсанның аты ғана кездеседі. Ресми түрде келісімге қазақтар жағынан Бармақ, жоңғарлар жағынан Кусяп қол қойған. Қ.-қ. б. бойынша екі жақ жаңа туған бала ат жалын тартып мінгенше соғыспайтын болып келісті. Бірақ, 1742 жылдың жазында-ақ бұл келісім бұзылды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 16–18 вв. Сб. документов, А.-А., 1961; Г у р е в и ч Б. Н., Международное отношение в Центральной Азии в 17 – первой половине 19 вв., М., 1979.

Е. Уәлиханов

ҚАЗАҚ-ҚАЛМАҚ ҚАТЫНАСТАРЫ – 18 ғ-дағы Кіші жүз рулары мен Еділ қалмақтары арасындағы байланыстар. 1723–25 жылғы шапқыншылықтар барысында жоңғарлар Сыр бойындағы қалаларды басып алып, Арал т-не дейін жетті. Сырдарияның төм. ағысын мекендейтін Кіші жүз және Қарақалпақ руларының бір бөлігі Хиуа мен Бұхар хандықтарына қарай шегінсе, қалғандары батысқа, Ресей шекараларына ойысты. Олар Елек, Жем, Тобыл, Есіл өз. бойын жайлайтын Ресей қарамағындағы қалмақ және башқұрт халықтарын кері ығыстырды. Қалмақ ханы Аюке жоңғар қонтайшысы Цэбан-Рабданмен үнемі елші алмасып отырды және қазақтарды екі жақтан қысымға алуды көздеді. Осы теперіштің алдын алу үшін 1723 ж. қыркүйекте Әбілқайыр хан мен Есет батыр 20 мың қолмен Еділ қалмақтарына шабуыл жасады. Қазақтар Жем және Жайықтан өтіп Доржи Назаровтың 5 мың әскерін талқандады, Досанга тайшының жасағын кері шегінуге мәжбүр етті. Дегенмен, Ресей тарапынан әскери көмек алған қалмақ тайшылары қазақтарды Жайықтан ығыстырды. 1731 ж. Кіші

жүздің бір бөлігі Ресейдің қол астына өткеннен кейін де Еділ қалмақтарымен соғыстар тоқтаған жоқ. Орынбор губернаторы болып тағайындалған И.И. Неплюев қалмақтар мен қазақтарды үнемі бір-біріне айдап салып отырды. Ол 1744 ж. 24 сәуірде қалмақ билеушісі Дондук Дашаға қазақтармен соғысуға қажетті қарулы жасақ ұстауға рұқсат ететін арнайы грамота берді және жорықтардан түскен олжа қалмақтардың өзінде қалатынын атап көрсетті. 18 ғ-дың ортасында қазақ-қалмақ шекарасы Жайық өз. бойымен өтті. 1754–58 ж. шығыста Жоңғар мемлекеті жойылғаннан кейін Еділ қалмақтары да әлсірей бастады. Оларға Ресей үкіметінің қысымы күшейді де қалмақтардың бір бөлігі (125 мың адам) кері көшіп Жоңғария жеріне (қ. *Шаңды жорық*) өтті. Бос қалған жерлерге 1801–04 ж. Ресей үкіметінің рұқсатымен қазақ рулары қоныстанды.

ҚАЗАҚ-ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ (15–18 ғ.) – екі халықтың арасындағы экон. шаруашылық және саяси байланыстар. Қарақалпақтар 15–16 ғ-да Ноғай ордасының құрамында болған. 16 ғ-дың аяғындағы тарихи деректерге қарағанда, қарақалпақтар Сырдария бойындағы Сығанақ қ. төңірегін мекендеген қазақтармен қоныстас болып, экон. қарым-қатынас жасаған. 17 ғ-дың бас кезінде Бұхар хан Имамқұл (1611–42) Сырдария бойына жорыққа аттанғанда қазақтар мен қарақалпақтар оған қарсы бірлесіп күрес жүргізген. Қарақалпақтар қазақ хандарының әскер құрамында жоңғарларға қарсы соғысқа қатысқаны да белгілі. Тәуке хан тұсында қарақалпақ биі Сасық қазақ хандығына тәуелді болды. «Ақтабан шұбырынды» кезінде қарақалпақтар қазақтармен бірге Орта Азия хандықтары мен Ресей шекарасына қоныс аударған. Осыдан кейін қарақалпақтар «төменгі» және «жоғарғы» делініп, екіге бөлінді. Жоғ. қарақалпақтар Сырдария бойымен өрлеп, Ташкент жаққа көшкен. Төм. қарақалпақтар Әбілқайыр ханға тәуелді болып, Сырдарияның төм. саласына орналасты, олар Кіші жүз қазақтарымен бірге 1731 ж. Ресей империясына қарады. 1743 ж. қарақалпақтар Әбілқайыр ханға алым-салық төлеуден бас тартқандықтан, хан кенеттен оларға шабуыл жасап, көптеген тұтқын мен 40 мыңдай малын айдап әкеткен. Бұдан кейін олардың бір бөлігі «жоғарғы» қарақалпақтарға, қалғаны Хиуа хандығының шекарасына көшіп кетті. 19 ғ-дың 2-жартысында олар Хиуа ханына бағынып, Әмударияның төм. сағасына түпкілікті орналасты.

«ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫН ТОПТАСТЫРУДАҒЫ САЯСИ ЛИДЕРЛЕРДІҢ РӨЛІ» – кандидаттық диссертация. Авторы – В.А.Ізтаева (2007 ж.). Көлемі 202 бет. Ғыл. жетекшісі – ҚР ҰҒА академигі Ә.Н.Нысанбаев. Ғыл. еңбек «Қазақ қоғамы-

ның саяси-әлеуметтік дамуы – саяси лидерлік құбылысының қалыптасу іргетасы» және «Қазақ қоғамының тәуелсіздігі үшін күрескен ұлттық лидерлер саясатының ерекшеліктері: Абылай хан және Н.Ә.Назарбаевтың саяси іс-әрекеттерін салыстырмалы талдау» атты екі тараудан тұрады. Әр тарау 3 бөлімге бөлінген. В.А.Ізтаева өзінің зерттеу еңбегіндегі бірінші тарауда саяси лидерлік феноменін талдаудың теориялық-методол. алғы шарттарына тоқталып өтеді де, Қазақ хандығының саяси-әлеум. құрылымы мен ондағы қайшылықтарға, үрдістерге талдау жасайды. Сонымен қатар 18 ғ-дағы саяси үрдістердің қазіргі Қазақстанның саяси өмірімен сабақтастығына тоқталады. Екінші тарауда автор Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатына, Президенттік ин-т пен Н.Ә.Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның өзіндік дамуының үлгісін қалыптастырудағы саяси рөліне тоқталады. Ғалым өз еңбегін Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаевтың болашақ Қазақстан саяси лидерін қалыптастырудағы идеяларының маңыздылығын салыстырмалы түрде зерттеумен қорытындылайды.

К.Қошым-Нозай

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ҚАҚТЫҒЫСТАРЫ. 18 ғ-дың 70-жылдары қазақ-қырғыз қақтығыстары асқынып кетті. Абылай хан (1771–81) Орта жүзде билігін орнатып, халықты біріктіру мақсатында, Ұлы жүздің қазақтарын да өзіне бағындыруға күш салды. Осы мақсатта ол Ұлы жүзбен шекаралас отырған қырғыздарға қарсы бірнеше жорықтарында жеңіске жеткен. 1775–76 ж. Абылай әскер жиып (шамамен 30 мың), Талас және Шу қырғыздарын бағындыруға кірісті. Қырғыздың солты, сарбағыш, саяқ, бұғы, шоңбағыш, азық және басқа рулары Жайыл батырдың бастауымен Ақсу және Қызтуған өз-дерінің Шуға құйылысының тұсында соғысқан. Бұл жөнінде ел аузында сақталған «Жайыл қырғыны» деген аңызда айтылады. Абылай әуелі Талас өз-нің жоғ. ағысы арқылы өтіп, Қарабалта мен Соқылықтағы солты және саяқ а-дарын бағындырады. Солты руының қолбасшысы Жайыл батыр және оның ұлдары Үсен мен Теке батырлар құрбан болған. Абылайдың әскерлері Шуды, Кемин, Ыстықкөлдің батыс жағын, Қошқарды алып, Соң көліне дейін жеткен. Бұл соғыстарға Жаманақ, Бердеке, Әтеке, Нышау, Садыр Арзыматұлы сияқты үзенгілес батырлар бірлесе аттанған.

Әдеб.: Қырғыз тарихы (Энциклопедия), Бишкек, 2003. 23-б.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (16–17 ғ.) – екі елдің арасындағы саяси байланыстар. Қ.-қ. қ.-к. қазақтардың Моғолстан мен қалмақтарға қарсы күресі барысында қалыптас-

ты. Бұл қарым-қатынастар, әсіресе, Таһир ханның тұсында нығая түсті. Шығыс авторларының деректеріне қарағанда, 1525–26 ж. қазақ елінің ішіндегі шиеленіскен саяси жағдайға байланысты, Таһир Моғолстанға кетуге мәжбүр болды. Осы кезде оған қырғыздардың үлкен тобы қосылды. Қазақтар мен қырғыздардың біріккен күшінен қорыққан Моғолстан билеушісі Рашид сұлтан Қошқардан Атбасы деген жерге шегінді. Ол, ақыры, Ыстықкөл маңында болған ұрыста қазақ-қырғыз біріккен күші қолынан қаза тапты. Таһир өмірінің соңғы күніне дейін қырғыздарға саяси билік жүргізді. Қазақтар мен қырғыздардың саяси соғыс одағы Ақназар (Хақназар) ханның билік жүргізген дәуірінде де өз күшін жойған жоқ. Ақназардың Моғолстан билеушісі Абд әл-Латиф сұлтанға қарсы күресінде қырғыздар оған әскери көмек берді. Қазақтар мен қырғыздардың біріккен қолы моғолдарды жеңіп, Абд әл-Латифты қолға түсірген. Моғолстан мен қазақ хандығы арасындағы Жетісудағы жер үшін күрес Есім ханның дәуірінде де тоқтамады. Бұл күресте оны қырғыз билеушілері қолдады. Қырғыздардың біраз рулары оған бағынышты болды. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарындағы Есім салған жол Тәуке ханның тұсында одан әрі дамыды. Қырғыздардың едәуір бөлігі Тәуке ханға тәуелділігін мойындаған. Тәуке хан өз өмірін қырғыз биі Қоқым арқылы жүргізіп отырды.

Әдеб.: Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков, А.-А., 1969; «Труды общества изучения Казахстана», т. 7, в., 11, К.-О., 1926.

«ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ТАРИХЫ» – кітап. Авторы – Қ.Данияров. 2010 ж. «Алейрон» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 472 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап екі бөлімнен тұрады. Еңбектің бірінші бөлімінде автордың жіктеуі бойынша үшінші кезең болып табылатын 15–18 ғ. аралығындағы Қазақ хандығының тарихы қарастырылады. Сирек кездесетін мұрағаттардың көп мөлшерде қолданылуы авторға Қазақ хандығының құрылу мерзімі және уақытын анықтауға, қазақ халқының Жүзге бөліну себептерін айқындауға, қазақ хандарының сіңірген еңбектері мен атқарған қызметтеріне баға беруіне мүмкіндік берген. Оқулықта қазақ халқының жоңғарлармен соғысына және сол аласапыран замандағы қазақ халқының тағдырына қатысты ғыл. сараптама жасауға көп көңіл бөлінеді. Кітапта Абылайға қатысты «Абылай ханның Қазақ хандығын біріктіруі», «Жоңғарлардың талқандалуы», «Жоңғарияны талқандағаннан кейінгі Абылай ханның сыртқы саясаты», «Абылай хан қызметінің қорытынды нәтижелері» деген тақырыптар аясындағы еңбектері бар.

К.Қошым-Нозай



«ҚАЗАҚ МУЗЫКАСЫНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ» – кітап. Авторы – П.Момынұлы. 2002 ж. «Қазақпарат» баспасынан жарық көрген. Көлемі 334 бет.Таралымы 2000 дана. Кітапта Қорқыт, Әбу Наср әл-Фараби дәуірінен бастап, 18–20 ғ. аралықтарындағы күйші, әнші, композиторлардың өмірі, шығарм-тары жайында мағлұматтар берілген. Еңбекте 120 өнер иесінің шығарм-тары қамтылған. Проф. Пернебек Момынұлы осы еңбегі арқылы жеткіншектерді муз., эстет., адамгершілік тәрбиеге баулуды мақсат тұтқан. Басылымда Абылай ханның өмірі мен күйшілік шығарм. жөнінде біршама мағлұматтар қамтылған. Абылайдың «Сары бура», «Қоржын қақпай», «Көкбалақ», «Дүние қалды», «Майдақоңыр», «Дүние сарсаң», «Қайран елім», «Қара жорға», «Терісқақпай» сияқты күйлері бар екенінен айтып өтеді.

К.Қошым-Ноғай

ҚАЗАҚ-НОҒАЙ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ (15–17 ғ-лар) – екі халықтың саяси және этн. байланыстары. Қазақ хандығының сыртқы байланыстарында Ноғай ордасы елеулі орын алады. Қазақтар мен ноғайлар этн. жағынан өте жақын. Олар бұрыннан Дешті Қыпшақты мекендеген туыстас ру-тайпалардан құралды. Екі ел қарым-қатынастары әр кезеңде әр түрлі сипат алды. 15 ғ-дың ортасында қазақтар мен ноғайлар бірге тізе қосып, Шайбани ұрпағы билеген Әбілхайыр хандығын құлату үшін соғысты. Әбілхайыр хандығы құлаған соң, қазақтардың күшеюінен қорыққан ноғай билеушілерінің бірі Мұса би Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбаниді жақтап шығады да, оны Қыпшақ даласының ханы етіп көтеруге талпыныс жасайды. Бұған жауап ретінде Қазақ хандығының билеушісі Бұрындық хан 50 мың әскерімен ноғайлар мен Мұхаммед Шайбаниға қарсы жорық ұйымдастырды. Олардың арасында шайқас болып, Бұрындық Мұсаның ағасы Хорезмиді өлтіреді, бірақ шайқаста жеңіске ноғай әскері жетеді. Алайда ноғай билеушілері Мұхаммед Шайбанидің күшеюінен қорқып, оның хан болуына қарсы шықты. 15 ғ-дың 80-жылдары қазақтар мен ноғайлар Мұхаммед Шайбаниға қарсы Түркістан аймағында бірігіп күресті. Ноғай билеушілерін Едіге ұрпақтарының бірі Хамза бек басқарды. Қазақ хандығының тегеурініне шыдамаған Мұхаммед Шайбани Орта Азияға кеткен соң, олардың арасында ортақ мақсат болмай, Қ.-н. қ.-қ-нда енді ел мен жер үшін күрес орын алады. 16 ғ-дың басында, Бұрындық хан тұсындағы күресте қазақтар басым түсіп, Ноғай ордасының астанасы Сарайшық қ. Қазақ хандығының қол астына өтті. Қасым ханның Ноғай ордасына қарсы 1519–21 ж. жүргізген соғыстарын Қазақ

хандығының құрамына бұл елдің көп аумағын қосты, ноғайлар Еділ өз-нің оң жағалауына өтіп, бой сағалауға мәжбүр болды. Ноғай ордасындағы көптеген ру-тайпалар өздеріне туыс қазақ ру-тайпаларымен қосылу мақсатында Қазақ хандығы жағына шықты. Бірақ Қасым хан өлген соң (1521) жағдай күрт өзгерді. 16 ғ-дың 20–30-жылдары ноғай билеушілері қайта күш жинап, тақ үшін таласып жатқан Қазақ хандығына қарсы соғыс жүргізіп, кезінде айырылған жерлерінің көбін қайтарып алды. Осы жылдары олар қазақтарға қарсы құрылған өзбек-моғол одағына қосылып, Қазақ хандығының әлсіреуіне үлкен әсер етті. 40-жылдардағы Қ.-н. қ.-к. туралы нақты дерек жоқ. Бірақ жанама мәліметтер екі ел арасы бейбіт өмір сүрді деген тұжырым жасауға негіз береді. 50-жылдары Ноғай ордасындағы ішкі саяси тартыстар мен елдегі ашаршылықтан (1557–58) ноғайлар көрші мемлекеттерге – Қырым, Қазақ, Орта Азия хандықтарына ауды. Осы жағдайды Қазақ хандығының жаңа билеушісі Ақназар хан (1551–80/81) ұтымды пайдалана білді. Ол Ноғай ордасының билеушілерімен бейбіт қарым-қатынас ұстап отырса да, ауып келген ноғайларды қол астына алып, Жайық өз-не дейінгі жерлерді Қазақ хандығының құрамына енгізді. 1568 ж. Ақназар Ноғай ордасына үлкен жорық жасады. Сөйтіп, ол біртіндеп құлдырап бара жатқан Ноғай ордасының едәуір бөлігін өз қарамағына қаратты, бұл 16 ғ-дың аяғында кең өріс алды. Қазақ халқы осы ноғай руларын өз құрамына қоса отырып қалыптасты. 1577 ж. Ақназар Сарайшық қ-н қайтадан қазақтар қарамағына қосты. Ақназар ханның өлімінен кейін ноғай билеушілері айырылған жерлерін қайтадан қайтарып алуға талпыныс жасап, Қазақ хандығына бірнеше жорық жасады. Алайда, бұл кезде ноғайларға да, қазақтарға да қауіпті жаңа жау – ойраттар (қалмақтар) пайда болды да, олардың арасындағы соғыс біраз уақытқа тоқтады. 17 ғ-да ноғай билеушілері өзара қырқысып, халқы күйзеліп жатқанда қалмақтар Жайық бойына орныға бастады. Оларға ноғайлар жалғыз төтеп бере алмай, қазақ билеушілерімен қосылып соғысуға мәжбүр болды. 1619 ж. ноғайлар Есім ханның қол астында соғысты. 17 ғ-дың бас кезінде ноғайлар үшке бөлінді. Олардың екеуі Кубань, Азов, Терек және Еділдің төм. ағысын мекендеп, үшінші бөлігі Жайықтың шығыс жағын қоныстанды. 20–30-жылдары қалмақтар ноғайлардан Еділ – Жайық өз-дері арасын тартып алады. Ноғайлардың кей бөлігі оларға тәуелді болып қалды. Кейінірек олар түгелдей Солт. Кавказға орын тепті.

Әдеб.: К а л м ы к о в И. Х., К е р е й т о в Р. Х., С и к а л и е в А. И., Ногайцы. Ставропольское книж-

ное издательство Карачаево-Черкесское отделение, 1988; К о ч е к а е в А.-А. Б., Ногайско-русские отношения в XV–XVIII вв., А.-А., 1988; И с и н А. И., Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV–XVI в. Семип., 2002; История Ногайской Орды, М., 2002.

Н.Атыгаев

ҚАЗАҚ-ОЙРАТ ҚАТЫНАСТАРЫ (16–17 ғ.) – екі халықтың арасындағы саяси байланыстар. Қ.-о. к. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін-ақ басталған болатын. 14–15 ғ-ларда ойраттардың бірқатар тайпалары күшейіп, көрші елдерге қатысты басқыншылық саясат ұстанды. Екі ел арасындағы толассыз қақтығыс жайылымдық жер мен маңызды сауда жолдарын бақылауға алу мақсатында жүрді. 16 ғ-ға қарай ойраттардың шапқыншылығы Ыстықкөлге, тіпті Сырдарияға дейін жетті. 16 ғ-да қазақтар Жетісу өлкесі үшін монғол хандарымен де, ойраттармен де қақтығысқа түсті. 16 ғ-дың 20-жылдары ойрат өктемдігіне қарсы Таһир ханның нұсқауымен Жетісуда Жаган камалы тұрғызылды. 16 ғ-дың екінші жартысында Ақназар хан тұсында ойраттардың шабуылдарына тойтарыс берілді. 16 ғ-дың аяғында Сыр өңіріндегі қалаларды басып алуға тырысқан ойраттарға Тәуекел хан күйрете соққы берді. Ол 1586–98 ж. шығыс ойрат билеушісі Алтын ханмен өзара түсінісіп, келісімге келді. Бұл тұста қазақтар басым түсіп, соғыста жеңілген ойраттардың бір бөлігін бағындырды. 17 ғ-да екі ел арасындағы қарым-қатынас негізінен Оңт. Қазақстан қалалары мен Жетісу жері үшін күреспен байланысты болды. 1616 ж. ойраттардың қалың қолы жайылымдық мол жерлері бар және сауда жолдары өтетін Жетісуға басып кірді. Бұл тұста жеңіліске ұшыраған ойраттардың шабуылы Жоңғар хандығы құрылғаннан кейін, Батыр қонтайшының тұсында өрши түсті. Жалаңтөс баһадүр 30 мыңдық жасағымен Батыр қонтайшының қалың қолына тойтарыс берді. 1640 ж. қыркүйекте Жәңгір хан елшілері Батыр қонтайшының ордасында болды. Бірақ Батыр қонтайшы қазақ хандарына қарсы шапқыншылық мақсатпен бірнеше көршілес иеліктердің басын қосып, одақ ұйымдастырды. 1643–44 ж. жаңа жоңғар-қазақ соғысы басталды. Ойраттар қазақ руларына ғана емес, Тянь-Шань қырғыздарына да қауіп төндірді. Шағын қолын бастаған Жәңгір хан Жалаңтөс баһадүр сарбаздарымен және қырғыздармен тізе қосып, соғысты қазақтардың (қ. *Орбұлақ шайқасы*) пайдасына шешті. Бірақ бұл жеңіс екі ел арасындағы шиеленіскен жағдайды түзей алмады. Жәңгір ұлдары Тәуке мен Апақты Жоңғарияға аттандырып, арадағы қайшылықты дипломатиялық жолмен шешуге қадам жасады. 1652 ж. ойраттар қазақ хандығына тағы

да басып кірді. Жәңгірдің туы астында шоғырланған қазақ сарбаздары жоңғарларды кейін ығыстырып тастады. Алайда қазақ-ойрат қатынастары Тәуке хан тұсында қайтадан шиеленісті. 1698 ж. ойраттар мен қазақ әміршілері арасындағы қарулы қақтығыстардың жаңа кезеңі басталды. Жоңғар нояндары ірі сауда орт-тары орналасқан Оңт. Қазақстан аумағын басып алуды көкседі. 17 ғ-дың аяғындағы Тәуке ханның ойраттарға қарсы соғыстары да үлкен жеңіске қол жеткізе алмады. Бұл алдағы уақытта да қазақтардың ел мен жер бірлігін сақтап қалуы үшін барынша күш жинап, бірігуін қажет етті; қ. *Жоңғар шапқыншылығы*.

Әдеб.: Б а т а м а е в М. М., Калмыки В XVII–XVIII вв., Элиста, 1992; Қазақстан тарихы, I том, А., 1998; М и т р о в А. Г., Ойраты-калмыки: века и поколения, Элиста, 1998.

Ж.Қасымбаев

«ҚАЗАҚ ОПЕРАЛАРЫ» – кітап. Авторлары – С.Ә.Күзембаев, Г.Ж.Мұсағұлова, З.М.Қасымова. 2010 ж. «Жібек жолы» баспасынан жарық көрген. Көлемі 296 бет. Таралымы 500 дана. Аталмыш кітап оқырман қауымды муз. театрлардың құрылған кезінен бастап, Қазақстан композиторларының 50-ге жуық операларының мазмұнымен таныстырады. Қазақстанның музыка білімі тарихында бұл жұмыстың бағыт-бағдарына сәйкес жазылған еңбектер жоқ. Опера шығарм. басылымда алғаш рет көп аспектілі тұрғыда зерттелген. Отандық классик композиторлардың және заманауи авторлардың Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері жазған барлық опералары туралы мәліметтер қамтылған. Басылымда либреттосын Ә.Кекілбаев жазған Е.Рахмадиевтің «Абылай хан» операсын талдауға арналған мақалаға да орын берілген.

К.Қошым-Ногай

ҚАЗАҚ ОРДАСЫ – қазақ халқының байырғы әкімш. бөлінісі. Көне орыс деректерінде «Жүз» деген түсінікті білдірген. 19 ғ-дың орта шенінен бастап, «Қ.О.» атауы ғыл. әдебиетте қолданылмайды, тек қана «Жүз» деген термин қалыптасқан. Орыс тіліндегі мәтіндерде кездесіп қалатын «орда» сөзі «жүз» болып аударылады.

Әдеб.: Б а р т о л ь д В. В. Соч. Т. II. и Ч. I. С. 97.

«ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫ», «Казахско-русские отношения в 16–18 вв.» – екі томдық құжаттар жинағы. 1961–64 ж. орыс тілінде жарық көрген. 1-томға (1961) 16 ғ-дың аяқ кезінен 1738 жылға дейінгі кезеңді қамтитын, әр түрлі мұрағаттардан алынған 276 құжат енгізілген. Алғашқы құжаттарда 16 ғ-дың аяқ кезіндегі қазақ ханы Тәуекел мен Московия билеушілері арасындағы келісімдер, I Петр патша тұсындағы «Қ.-о. к.» жөнінде сөз болған. Оның ішінде Қа-



йып хан мен Петр әкімш. арасында жазысқан хат алмасулар кіргізілген. Көптеген құжаттарда 1731 жылға дейінгі «Қ.-о. ю», атап айтқанда: қазақ-жоңғар соғыстары, «Ақтабан шұбырынды» кезеңі, қазақтардың Орта Азия елдеріне көшкен кездегі аса қиын жағдайы және кейбір саяси қайраткерлер жөнінде деректер берілген. А.И. Тевкелевтің жүргізген күнделік-журналынан үзінділер: орыс бодандығына Әбілқайыр ханның, Жәнібек, Бөкенбай, Есет, т.б. батырлардың көзқарастары, Орта жүз қазақтарының, соның ішінде Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Ресей бодандығына өту себептері, қазақ халқының саяси, әскери, шаруашылық жағдайлары айтылады. Кейбір құжаттарда сол кезеңдердегі қазақ билеушілерінің көршілес мемлекеттермен байланысы, сауда қатынастары, қалалар мен елді мекендер көрсетілген. 18 ғ-да қайраткерлердің саяси қызметі жан-жақты ашылады. Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай, Нұралы хандар, Барақ, Батыр, Ерәлі, Әбілпейіз сұлтан, Жәнібек, Есет, Қабанбай, Бөгембай, т.б. батырлар, Қазыбек, Төле, т.б. билер, Ресей елінен І Петр, Анна Иоановна, Елизавета, Екатерина II, Орынбор мен Сібір губернаторлары, елшілер, аудармашылар, т.б. қайраткерлердің «Қ.-о. қ-на» сіңірген еңбектері жайлы кең мағлұматтар береді. Жинақтың 2-томына (1964) Ресей империясы құрамындағы Қазақстан жөніндегі 359 құжат жинақталған. Онда Е.И.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қазақтардың қатысуы, Кіші жүз саяси қайраткерлерінің Ресеймен байланысы, Сырым, Исатай-Махамбет, Есет, Жанқожа, Кенесары бастаған көтерілістер қамтылады. Көптеген құжаттар Абылай ханның Ресеймен, көрші мемлекеттермен байланысына арналған. Бұған қоса Ұлы жүз қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, қазақ ауылындағы жер, қаржы, салық жүйелері, өндіріс орындары, т.б. экон. мәселелер жөнінде дерек береді. Оларды жинақтауды Орт. мемл. архив пен Ш.Ш.Уәлиханов атынд. тарих және этнол. ин-ты мамандары атқарған. Жинақ материалдары белгілі бір идеол. мақсатпен сұрыпталған.

«ҚАЗАҚ СОВЕТТІК СОЦИАЛИСТІК РЕСПУБЛИКАСЫ» – энциклопедиялық анықтамалық. 1980 ж. «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы әзірлеп, баспадан шығарған. 1981 ж. орыс тіліндегі нұсқасы жарық көрді. Бас редакторы – М.Қ.Қозыбаев. Кітап Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР ХКК-нің «Қырғыз (қазақ) Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» декретінің қазақша мәтінімен ашылып, республиканың мемл. рәміздері – Гербі мен Туының суреттері, ҚКСР-дің мемл. гимнінің мәтіні, ҚКСР Конституциясының толық мәтіні бе-

рілген. Бұл күрделі еңбек Қазақстанның қоғамдық-мемл. құрылымынан бастап, елдің табиғаты мен қазба байлықтарын, оның көне замандардан бергі тарихы мен тарихи тұлғаларын (мыс., Абылай хан, т.б.), партия, кеңес, т.б. қоғамдық ұйымдарын, халық ш-ның қалыптасу, даму және өркендеу жолдарын, мәдени құрылысы мен ғылымының, әдебиет пен өнерінің қол жеткізген табыстарын жан-жақты талдап, қорытындылаған зерттеу очерктерден құрастырылған. Сонымен қатар республика астанасы – Алматы қ. мен барлық облыстардың мәдени-шаруашылық өміріне қысқаша шолу жасалады. Анықтаманың соңында Қазақстан Компартиясы мен ҚКСР-ның жоғ. басшы органдарының құрамы мен әліппелік ретпен осы кезеңдегі жауапты басшы қызметкерлер өмірлерінен деректер берілген. Республиканың мемл. сыйлықтары мен құрметті атақтары туралы ресми материалдар бар. Кітап түрлі-түсті суреттермен, фотолармен, карталармен, диаграммалармен көркем безендірілген.

Т.Барақұлы

«ҚАЗАҚ СОВЕТ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» (ҚСЭ) – қазақ елінің көп салалы әмбебап тұңғыш энциклопедиялық басылымы. Қазақстан коммунистік партиясы ОК мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі 1967 жылғы 13 қыркүйекте ұйымдастырған Қазақ совет энциклопедиясы Бас редакциясы шығарған. Бас редакторы – акад. М.Қ.Қаратаев. 1972–78 ж. аралығында бұл күрделі еңбектің 12 кітабы жарық көрді. Қосымша 13-том әліппелік пәндік-есім көрсеткішіне арналған (1982). Тұңғыш әмбебап энциклопедияда қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихи даму жолын, Қазақ КСР-ның құрылу және тарихи қалыптасу кезеңдерін, экономика, ғылым, мәдениет пен әдебиет саласындағы табыстарын, туысқан халықтардың, соц. елдердің достығы мен ынтымағын көрсететін материалдар мен құнды деректер жинақталған. Қазақ жерінің жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемі, табиғи байлықтары кең қамтылған. Республиканың өндіріс орындары, кеніштер, қала-селолар, оқу ордалары мен мәдени мекемелер, ұжымдық, кенестік шаруашылықтар тарихы мен соңғы жетістіктері туралы мол мағлұматтар бар. Халықтың ардақты ұлдары, батырлары мен ғалымдары, өнер қайраткерлері жайында өмірбаяндық деректер келтірілген. «ҚСЭ» әмбебап анықтамалық болғандықтан да адамзат қоғамындағы елеулі құбылыстар мен оқиғаларға, елдер мен ұлыстар, тайпалар тарихына, партиялар мен одақтар, ілімдер мен саяси ағымдар мәніне, шетелдік саяси қайраткерлер мен ғылым мен мәдениеттің аса көрнекті өкілдері өмірлеріне байланысты мол мағлұматтар

берген. «ҚСЭ-нің» 1-томында тұңғыш рет – Қ.С.Әбілханов жазған Абылай хан туралы мақала портретімен берілген. Бұл күрделі еңбекті әзірлеуге республика ғана емес Мәскеу, Ленинград, Киев, одақтас республикалар ғалымдары мен зиялы қауымы, ғылым мен мәдениет орталықтары кеңінен тартылған. Көрнекті ғылым қайраткерлері – академиктер: У.М.Ахметсафин, О.А.Байқоңыров, С.Б.Бәйішев, С.Б.Бейсембаев, Т.Б.Дарқанбаев, О.А.Жәугіков, Ә.Х.Марғұлан, т.б. ғалымдар мақалалар жазған. Энциклопедияның 8 мыңнан астам авторының ішінде 313 ғылым докторы, 4 мың ғылым кандидаты бар. Жалпы есептегенде «ҚСЭ-ның» 12 томына 48931 мақала енгізілген. Энциклопедия түрлі түсті карталармен, диаграмма-кестелермен, сұлбалармен жабықтылып, портреттермен және фотосуреттермен көркемделген.

Т.Рсаев

«ҚАЗАҚ ССР», қысқаша энциклопедия – энциклопедиялық әмбебап басылым. Қазақ және орыс тілдерінде 1984–91 ж. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы шығарған. Әрқайсысы 4 томнан тұратын 8 кітап. Бас ред. – Р.Нұрғалиев. Негізінен Қазақстанға қатысты мәселелер қамтылған. Әр кітабы әлеум.-экон. өмірдің белгілі саласына арналып, тақырыптар бойынша жинақталған. Кітаптар тарихи очерктер мен әліпби ретімен берілген мақалалар бөлімдерінен тұрады. Қысқаша энциклопедияның 1-кітабы ел мен жер, партиялар мен одақтар, дін, баспасөз тарихына, белгілі тарихи оқиғалар мен саяси-қоғамдық, мәдени-экон. қарым-қатынастар мәселелеріне арналған. Сонымен қатар құқық, қоғамдық және мемл. құрылыс әскери істе қамтылған. Этногр. ұғымдар мен археол. атауларға түсініктер берілген. Оқырман қауым біздің заманның ерлерімен, әйелдер мен жастар қозғалыстарының көрнекті өкілдерімен қатар қазақ халқының өткендегі мемл. қайраткерлерінің (мыс., Абылай хан, Кенесары Қасымов, т.б.), қол бастаған батырларының, шешен-билерінің өмірлерімен танысады. 2-кітапқа қазақ елінің табиғаты, халқы, әкімш.-аумақтық құрылысы, қалалары мен ірі елді мекендері, экономикасы мен халықтың әл-ауқаты хақындағы материалдар топтастырылған. 3-кітап республикадағы қоғамдық ой-пікірдің, ғылым мен оқу-ағарту ісінің қалыптасу және даму барысын, ғыл.-зерт. және жобалау мекемелерінің табыстарын, жаңа техника мен технологияны, денсаулық сақтау ісін, денешынықтыру мен спорт жетістіктерін баяндайды. 4-кітапта халық шығарм.-на, әдебиет пен өнер тарихына, олардың бүгінгі көрнекті туындыларына, шығарм. одақтар мен ұжымдарға бай-

ланысты мақалалар енгізілген. Энциклопедияның әр кітабы түрлі-түсті суреттермен, карталармен, диаграммалармен, бейнелеу өнері шығармаларының көшірмелерімен безендірілген. Кітаптардың соңына қамтылған тақырыптық мәселелерге байланысты библиогр. және есімнамалық көрсеткіштер берілген.

«ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫ» – көп томдық кітап. 1982 ж. шыққан 3-томында Абылайдың қызметіне баға беріле келіп, «Абылай өзін қазақтың барлық үш жүзінің ханымын деп есептеді. Іс жүзінде оның билігі Орта жүзге қоса едәуір дәрежеде Кіші жүз бен Ұлы жүзге де жүрді» (82-б.) деп жазылған. Бірақ Абылайға қатысты көзқараста КСРО кезіндегі саясаттың салқыны да болды. Мұны «Алайда Абылайдың екі ұшты сыртқы саясаты Россия империясының Цин империясымен шекаралас жерлерінде барынша күрделі және шиеленіскен жағдай туғызды» (183-б.) деген жолдардан көруге болады.

С.Ғұрманқызы

«ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ», «Материалы по истории Казахской ССР» (1741–1751) – құжаттар жинағы. Редакциясын басқарған М.П.Вяткин. Жоспарланған 2 томдықтың екінші кітабы ғана 1948 ж. Алматыда орыс тілінде жарық көрген. Жинақтағы материалдар Ресейдің көне құжаттар орт. мемл. мұрағаты (Мәскеу) мен Ресей тарихы орт. мемл. мұрағатынан (Санкт-Петербург) алынған. Оған 1741–51 ж. қабылданған 140 құжат енген. Жинақ Вяткиннің «Қазақ одағының ыдырауы» атты көлемді мақаласымен ашылады. Мұнда қазақ елінің, әсіресе, Кіші жүздің 18 ғ.-дағы саяси ахуалы, Әбілқайыр ханның Ресей отарлау әкімш.-мен қарым-қатынастары айтылады. Кітаптың келесі бөлімі «Археологиялық кіріспе» деп аталады. Басылымның бұдан басқа негізгі екі бөлімі бар. Алғашқы бөлімінде Қазақ Жүздерінің саяси-экон. жағдайы және 18 ғ.-дың 40-жылдарындағы патшалық Ресейдің Қазақстандағы отарлық үстемдігі (1741–45), 2-бөлімінде Әбілқайыр хан мен Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің арасындағы шиеленістер мен Ордадағы саяси тартыстар (1746–49) жайында баяндайды. Кітаптың қосымшасында араб графикасымен берілген археогр. мәліметтер, ескертпе түсіндірмелер, жекелеген қазақ тайпаларының таңбалары, геол. және атаулық анықтамалар берілген.

Ж.Қасымбаев

«ҚАЗАҚ ССР ТАРИХЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ», «Материалы по истории Казахской ССР» (1775–1825) – құжаттар жинағы. 1940 ж. шығарылған. Кітапта Сырым Датұлы басқарған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі, Орынбор гу-

ҚАЗАҚСТАН



бернаторы О.А. Игельстромның жүргізген реформалары, Кіші жүздегі отарлық езгі мен оған қарсы ұлт-азаттық қозғалыстары, шаруашылықтың жай-күйі, Бөкей ордасының құрылуы, т.б. мәселелер қамтылған. Бұл құжаттарды белгілі ғалым М.П.Вяткин Қазақстан тарихы жөніндегі еңбегінде кеңінен пайдаланған. Жинақта С.Датұлы басқарған көтерілістің қозғаушы күштері мен себептері, көтеріліс басшыларының Нұралы, Ералы, т.б. Кіші жүз билеушілерімен қарым-қатынасы туралы құжаттар берілген. Көптеген құжат патша үкіметінің отарлау саясатын айқындай түседі. Кіші жүздегі хандық жүйені жоюға тырысу, экон., шаруашылық, т.б. мәселелерді көрсетуге арналған. Бұлардан қазақ қоғамының отаршылдыққа қарсы қозғалысының үздіксіз жүріп отырғанына көз жеткізуге болады.

Е.Уәлиханов

ҚАЗАҚСТАН, Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы – Еуразия құрлығының орт. бөлігінде орналасқан мемлекет. Батыстан шығысқа 3000 км-ге, солт-тен оңт-ке 1600 км-ге созылған. Қоңыржай белдеудің негізінен орт. және оңт. ендіктерін, ал қиыр оңт-нде субтропикке өтпелі белдеуді қамтиды. Солт-нде Ресей Федерациясымен (ұз. 6467 км), оңт-нде Түркіменстан (380 км), Өзбекстан (2300 км) және Қырғызия (980 км) республикаларымен, шығысында Қытаймен (1460 км) шектеседі, батысында Каспий т. (600 км) орналасқан. Жер аум. 2724,9 мың км². Халқының саны – 17,098 млн. (2013 жылғы есеп бойынша). Оның 8,3 млн. немесе 55,7%-ы қазақтар. Республикада 131 ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Астанасы – Астана қ. Әкімш. жағынан 14 облыстан және респ. маңызы бар 2 қаладан тұрады. Одан басқа республикада 85 қала, 160 аудан, 176 кент, 2237 ауылдық округке біріккен 7684 ауылдық елді мекендер бар (2003). Мемл. тілі – қазақ тілі. Ұлттық валютасы – теңге. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың ең жоғ. өкілді органы – Парламент. Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі палатадан: сенат пен мәжілістен тұрады.

Ж е р б е д е р і. Республика аумағының 10%-ы биік таулы өңір, қалған бөлігі – ойпат, жазық, үстірт, қырат жерлер. Оңт.-батыс, солт. және орт. аймақтарға негізінен теңіз деңгейінен 200–300 м ғана биік жазық жер бедері тән. Оңт.-шығысы биікт. 5000–6000 м-лік таулы өңір. Ең биік жері – Хантәңірі шыңы (6995 м). Каспий т-нің шығыс жағалауында құрлықтық бөлігінің ең ойыс жері, теңіз деңгейінен 132 м төмен жатқан Қарақия орналасқан. Қаңтар айының орташа темп-расы Қазақстанның солт. және шығыс

аудандарындағы – 18°C-тан оңт. аудандарында 3°C-қа дейін көтеріледі. Шілденің орташа темп-расы бұл аудандарда тиісінше 19°C-тан 28–30°C-қа дейін. Қазақстанның солт.-шығысында климаттың континенттілігі тым жоғары, бұл өңірде қаңтар мен шілденің орташа темп-расының айырмашылығы 41°C-қа жетеді. Оңт. аудандарда 10 ай бойы орташа тәуліктік темп-ра 0°C-тан жоғарырақ болады. Республиканың солт-нде қыс ұзақ, қарлы әрі суық, аяз кей уақыттарда –45°C-тан –50°C-қа жетеді. Жазы қоңыржай жылы, қысқа, кейде ауа темп-расы 35°C-тан 45°C-қа дейін қызуы мүмкін. Қазақстандағы ең суы мол өзен – Ертіс. Оның республика жеріндегі ұз. 1700 км, жалпы ұз. 4248 км. Екінші өзен – Сырдария. Қазақстандағы ұз. 1400 км, жалпы ұз. 2219 км. Іле өз-нің республика шегіндегі ұз. 815 км, жалпы ұз. 1001 км. Батыс Қазақстан жерін негізінен Жайық өз. суландырады. Ол республика жерінен тыс Оңт. Оралдан басталады. Қазақстандағы ұз. 1082 км, жалпы ұз. 2428 км. Ірі өзендер қатарына сонымен бірге Есіл, Тобыл, Елек, Шу, Торғай, Ырғыз, Сарысу, Нұра, Талас, Ойыл, Жем, т.б. жатады. Каспий және Арал т-дері, Балқаш, Алакөл, Теңіз, Сасықкөл, Марқакөл, т.б. ірі көлдер тектоник. қазаншұңқырларда қалыптасқан.

Ж а н у а р л а р ы. Қазақстан жерінде сүтқоректілердің 180, құстың 500, бауырымен жорғалаушылардың 52, қосмекенділердің 12, балықтың 104-ке жуық түрі бар. Омыртқасыз жәндіктер (шаян тәрізділер, ұлулар, құрттар, т.б.) бұдан да көп. Тек жәндіктер түрлерінің өзі-ақ 30 мыңнан асады. Қазақстанның солт-ндегі орманды дала белдемінде бұлан, елік, ақ қоян, сұр тышқан, су егеуқұйрығы, орман тышқаны, бұлдырық, ақ кекілік, көл айдындарын су құстары – аққу, қаз, үйрек, шағала, тарғақ, қасқалдақ мекендеген. Еділ өз. жағалауынан Алтай тауы бөктеріне дейінгі астық тұқымдас шөп пен жусан, бетеге өскен далалық белдемде суыр, дала алақоржыны, сүйірбас сұр тышқан, кәдімгі сұр тышқан, дала тышқаны, саршұнақ, ал құстан – дуадақ, безгелдек, жылқышы, сұңқар, бозторғайлар, қыранқара, дала құладыны кездеседі. Көктемнен күзге дейін бұл жерлерде ақ бөкен үйірлері жайылады, олар қысқа қарай шөлді аймаққа ығысады.

Т а р и х ы. Қазіргі Қазақстан жерін ежелгі адамзат баласы бұдан 1 млн-дай жыл бұрын мекен еткен. Оны Қаратау, Маңғыстау өңірлерінен табылған тұрақтардан алынған материалдар дәлелдейді. Республика аумағындағы тас дәуірі әр түрлі ендіктердегі әлемдік дамудың (олдувей мәдениеті, ашель мәдениеті, мустье мәдениеті, т.б.) барлық заңдылықтарын сақтаған. Б.з.б. 1-мыңжылдықтың басында Қазақстан далалары мен

шөлейт, таулы аудандарында негізгі кәсіп көшпелі мал ш. болды. Б.з.б. 6–3 ғ-да Қазақстан жерінде өмір сүрген сақ тайпаларының алыс-жақын елдермен саяси қарым-қатынастарға түскенін жазба және археол. деректемелерден көруге болады. Олардың шығысында әр түрлі тайпаларды біріктірген ғұндар тұрады. Зерттеушілер ғұндарды түріктердің арғы ата-бабалары деп есептейді. Бұл бірлестікті Модэ басқарған кезде ғұндар б.з.б. 206 ж. Қытайға, б.з.б. 201 ж. Алтай тайпаларына сәтті жорықтар жасады. Ғұндардың батысқа жорығы «Халықтардың ұлы қоныс аударуына» түрткі болды. Жетісуда ежелгі тиграхауда сақтарының жерін мұра етіп алған усундер (үйсіндер) орт. азиялық тайпалар еді. Қаңлы (кангюй, канцзюй) мемлекеті жазба деректемелерде б.з.б. 2 ғ-да айтыла бастайды. Қазақстан жері 6 ғ-да билеушілері ашин руынан шыққан Түрік қағандығының билігінде болды. Бұл мемлекет 603 ж. Батыс және Шығыс болып екіге бөлінді. Батыс түрік қағандығы «ежелгі усун жерлеріне» ірге тепті. 704 ж. Жетісуда Түргеш қағандығы (704–756) орнады. 756 ж. қарлұқ тайпалары саяси үстемдікке қол жеткізді. 9 ғ-дың басында оғыз жабығлары қарлұқтармен және қимақтармен одақтасып, печенег-қанғар бірлестігін жеңді де Сырдарияның төм. ағысы мен Арал өңірінде Оғыз мемлекетін (9–11 ғ-дың басы) құрды. Оғыздармен бір кезеңде Солт., Шығыс және Орт. Қазақстан жерінде Қимақ (кимек) қағандығы (9–11 ғ-дың басы) үстемдік етті. 10 ғ-дың орта шенінде Жетісу аумағында және Шығыс Түркістанның бір бөлігінде Қарахан мемлекеті (942–1210/12) пайда болды. Қазақстанмен шектесіп жатқан Моңғолия аумағында пайда болған найман, керейіт, жалайыр ұлыстары ежелгі Қазақстанның мемлекеттілік бастауларына айтарлықтай үлес қосты. Жетісудағы Қарақытайлар мемлекетінің (1128–1213) құрылуы Орт. Азияның қидан тайпаларымен тығыз байланысты. Бұрынғы қимақ, қыпшақ және куман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік 11 ғ-дың басында Қыпшақ хандығына (11 ғ-дың басы – 1219) көшті. 11 ғ-дың орта тұсында қыпшақ тайпалары Еділден өтіп, еуропа халықтарымен қарым-қатынас жасай бастады. 1219–24 ж. Қазақстан жері толығымен Шыңғыс хан империясының құрамына енеді. Қазақстан жері үш моңғол ұлысының құрамына: оның дені (далалық жағы) – Жошы ұлысына, Оңт. және Оңт.-Шығыс Қазақстан – Шағатай ұлысына, Солт.-Шығыс бөлігі – Үгедей ұлысына енді. Жошы ұлысы Батудың інісі Берке хан (1255/56–66) тұсында дербес мемлекетке айнала бастады. Мөңке-Темір (1266–80) кезінде толық дербестікке қол жеткізді. Ал-

тын Орда Туда Мөңке (1280–87), Төле-Бұқа (1287–91), Тоқты (1292–1312), әсіресе Өзбек (1312–42), Жәнібек (1342–57) хандар тұсында күшейді. Мұнда 1312 ж. Өзбек хан исламды мемл. дін деп жариялайды. Алтын Ордадағы «дүрбелең жылдар» кезінде (1357–80) мемлекет ыдырай бастады. 14 ғ-дың 80-жылдарында елді уақытша Ақ Орда ханы Токтамыс пен Манғыт биі Едіге біріктірді. Бірақ, ішкі тартыстар, Өмір Темірдің Алтын Ордаға жорықтары, бұл мемлекеттің бөлшектенуіне алып келді. 13 ғ-дың орта кезі мен 15 ғ-дың 1-ширегінде Алтын Ордаға тәуелді Шығыс Дешті Қыпшақ жеріндегі Ақ Орда мемлекеті Өріс хан (Ұрұс хан, Орыс хан) тұсында дербес хандыққа айналды. Ақ Орда – Қазақстанда жергілікті тайпалардың (қыпшақ, қоңырат, үйсін, керей, найман, қарлұқ, т.б.) негізінде құрылған алғашқы мемлекет болды. 1428 ж. Шығыс Дешті Қыпшақтағы саяси билік шайбанилер әулетіне көшті. 14 ғ-дың орта кезі мен 16 ғ-дың бас кезінде Оңт.-Шығыс Қазақстан Моғолстан мемлекетіне кіреді. Ноғай ордасы 14–15 ғ-ларда Батыс Қазақстан аумағының бір бөлігін иемденді. 15 ғ-дың 2-жартысында халықтың бір бөлігі Шайбанилер әулетінен бөлініп, Жетісудың батыс өңіріне (1456) көшіп келді. Оны Жәнібек пен Керей сұлтандар басқарды. Осы оқиға дербес қазақ мемлекетінің негізін қалады. Мырза Мұхамед Хайдар Дулат Қазақ хандығының құрылған уақытын хижраның 870 жылына (1465–66) жатқызады. Қазақтың алғашқы ханы Керей (1458–73), одан кейін Жәнібек (1473–80) болды. 16–17 ғ-ларда қазақ хандығы нығайып, шекарасы едәуір ұлғайды. Өз тұсында «жерді біріктіру» үрдісін жедел жүзеге асырып, көзге түскен хандардың бірі Жәнібек ұлы Қасым еді. Қасым ханның (1511–23) тұсында қазақ хандығының саяси және экон. жағдайы нығая түсті. Ол билік құрған жылдары қазақ халқының қазіргі мекен-тұрағы қалыптасты. Бірсыпыра қалалар қосылды, солт.-те Қасым ханның қол астындағы қазақтардың жайлауы Ұлытаудан асты. Оңт.-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өңірлері) қарады. Қасым ханның тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Орыс мемлекетімен байланыс орнады. Мәскеудің Ұлы князі III Василий (1505–33) билік құрған кездегі Мәскеу мемлекеті, Батыс Еуропа қазақ хандығын осы кезде танып білді. «Қасым ханның қасқа жолы» деген әдет-ғұрып ережелері негізінде қазақ заңдары жасалды. Дегенмен, Қасым хан тұсында Қазақ хандығы бір орталыққа бағынған мемл. деңгейіне көтеріле алмады. Қасым өлгеннен кейін өзара қырқыс, таққа талас басталды. Моғол және өзбек хандары-



ның қазақ билеушілеріне қарсы одағы қалыптасты. Өзара тартыс кезінде Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты. Қасым ханның немере інісі Таһир (1523–32) хан болды. Маңғыт (Ноғай) және Моғол билеушілерімен қақтығыстар басталды. Бұл соғыстар қазақтар үшін сәтті болмай, оңт-тегі және солт.-батыстағы жерінің біраз бөлігінен айырылып, ықпалы Жетісуда ғана сақталды. Таһир ханның інісі Бұйдаштың (1533–34) тұсында да өзара қырқысулар мен соғыстар тоқталған жоқ. 1538–80 ж. Қасым ханның баласы Ақназар (Хақназар) хандықты біріктіруге әрекет етті. Ноғай ордасындағы алауыздықты сәтті пайдаланған ол, Жайық өзінің сол жағындағы жерді қосып алды. Бір орталыққа бағынған Жоңғар хандығы 1635 ж. Оңт. Сібір мен Шығыс Түркістанды толық бағындырып Қазақ хандығының ең басты жауына айналды. Тәуке хан (1680–1718) тұсында «Жеті жарғы» заңдар жинағы құрастырылды. 1723 ж. ерте көктемде жоңғарлар қазақ жеріне жойқын шапқыншылық жасап, Ұлы жүзді қырып-жойып, Орта жүз, Кіші жүз жерлеріне жетті. Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары Самарқанд пен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Босқындардың біразы Сырдың сол жағындағы Алқакөл маңына топтасты. Халық бұл кезенді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атады. «Елім-ай» деген қасіретті ән осы кезден қалған. Халық бірігудің қажеттігін түсінді. 1726 ж. Ордабасы құрылтайында қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып Әбілқайыр хан сайланды. 1728 ж. Әбілқайыр хан, Тайлак батыр, Саурық батыр бастаған жасақтар Ырғыз өзінің оңт.-шығыс бетіндегі Бұланты өзінің жағасындағы «Қара сиыр» деген жерде қалмақтарға қарсы соққы берді. 1730 ж. көктемде Балқаш к. маңында ірі шайқас өтті. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сияқты батырлар бастаған қазақ жасақтары жоңғарларға шешуші соққы берді. Бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті. Қалмақтар Іле өз. бойымен шығысқа қарай қашуға мәжбүр болды. Бірақ қазақ жерін азат ету жолындағы Отан соғысын жеңіспен аяқтау жорықтары аяғына дейін жеткізілмеді. Тәуке ханның ұлы Болат хан (бас хан) қайтыс болып, Орта жүз ханы Сәмеке де, Кіші жүз ханы Әбілқайыр (бас қолбасшы) да тақтан дәмеленді. Алайда таңдаушылар аға хан етіп Болаттың үшінші ұлы Әбілмәмбетті сайлады. Әбілқайыр мен Сәмеке бұған наразы болып, майдан шебінен әскерлерін алып кетті. Осы тұста әрбір жүздің өз ішінде бытыраңқылық күшейді. Кіші жүз сұлтандары Батыр мен Нұралы (Әбілқайыр ұлы) өз алдына ел биледі. Сол сияқты Орта жүзде Күшік пен Барак сұлтандардың да өз иеліктері бар еді. Қазақ

хандығының Бұхара, Хиуамен қатынасы да нашар болды. Еділ өз. бойындағы қалмақтар мен башқұрттар Кіші жүздің жеріне шабуыл жасап, үнемі қауіп-қатер туғызып отырды. Ресей патшалығы мен Қазақ хандығының арасындағы саяси байланыстар Тәуекел хан елшілігінен басталды. 1594 ж.-дың аяғында Ресеймен достық келісім жасау үшін Мәскеуге қазақ елшісі Құлмұхамед жіберілді. Тәуекел орыс патшасымен «достық пен ынтымақ» жасауға асықты. Өйткені Бұхара ханы Абдолламен уақытша бітім жасап, ноғайлармен арадағы қатынас шиеленісіп тұрған болатын. Елшілік мақсаты Мәскеуде аманат ретінде ұсталып отырған ханның інісі Оразмұхамедті босату және орыс патшасы Борис Годуновтан «отты қару» алу болатын. Орыс патшасы тек уәдемен шектелді. Кейін Ресей патшалығы мен Қазақ хандығының жақындасу қажеттігі жоңғарлар шапқыншылығынан да туындады. Еділ өз. бойындағы қалмақтар, башқұрттар, қазақтар да маза бермеді. Осындай күрделі мәселелерді Ресеймен одақтасу арқылы шешуге болатын еді. Ал қазақ даласы Ресей үшін Шығыс мемлекеттерімен жалғастыратын көпір іспетті болатын. Орта Азия елдеріне, Қытайға жол ашатын қақпа деп білген Петр I (1682–1725) қазақ жеріне бірнеше экспедиция жіберді. 1718 ж. Семей қамалының, 1720 ж. Өскемен бекінісінің негізі қаланды. 1730 ж. 8 қыркүйекте Уфаға Әбілқайыр ханның Сейітқұл Қойдағұлов пен Құлымбет Қоштаев бастаған елшілігі келді. 1731 ж. 19 ақпанда Ресей патшайымы Анна Иоановна Әбілқайыр ханға грамота жіберді. 1731 ж. 30 сәуірде Кіші жүзге орыс тілмашы, елші А.И.Тевкелев бастаған елшілік келді. Олармен бірге Санкт-Петербургке жіберілген қазақ елшілері де оралды. 1731 ж. 10 қазанда өткен қазақ құрылтайында Кіші жүздің Ресейге қосылуы туралы шешім қабылданды. 1731 ж. 15 желтоқсанда Орта жүз ханы Сәмеке Ресейге қосылу туралы ұсыныс жасады. Ол ұсыныс 1734 жылдан кейін жүзеге асырыла бастады. 1734 ж. 10 маусымда Анна Иоановна Әбілқайырға Ор өз. сағасынан бекініс салу қажеттігі жөнінде хат жолдап, қала салынатын жерге И.К. Кириллов пен Тевкелевті жіберді. Жайық бойына 14 қамал салынды. 1740 ж. Орынбор экспед. бастығы ген.-л. князь В.А.Урусов Орынборға елшілік басқарып келді. 19 тамыз бен 1 қыркүйек аралығында Нұралы, Ерәлі сұлтандармен, Жәнібек, Бөгенбай, Есет батырлармен, кейінірек Орта жүз ханы Әбілмәмбет және Абылай сұлтанмен келіссөз жүргізді. Оның барысында Кіші жүз бен Орта жүздің 399 өкілі Ресейге қарайтындығы жөніндегі шартқа қол қойды. Алайда осы шарттан кейін де Ресейге Кіші жүздің біраз бөлігі, Орта

жүздің аз ғана бөлігі қосылды. Ал Солт.-шығыс және Орт. Қазақстанның негізгі аймақтарын Ресей өз құрамына тек 19 ғ-дың 20–40-жылдары әскери-саяси күш қолданып қосты. Жоңғарияда 1745 ж. Қалдан Серен өлгеннен кейін, оның мұрагерлері арасында таққа талас басталды. Абылай хан осы сәтті пайдаланып, қазақ жерін азат етуге кірісті. Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент қ-лары Әбілмәмбет ханның қарамағына өтті. Абылай бастаған қазақ жасақтары 1750 ж. жауға Жоңғар қақпасы маңында күйрете соққы берді. 1755 ж. жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кетті. 1755–58 ж. Қытай әскерлері жоңғар билеушілері арасындағы тақ таласын пайдалана отырып, оларды мүлдем жойып жіберді. 1758 ж. Жоңғар мемлекеті құлады. Цинь империясының батыс шекарасы қазақ жерімен шектесті. Қытайлар қазақтарға дүркін-дүркін шабуыл жасап, тыным бермеді. Абылай келісімге келу туралы Пекинге елшілер жіберді. Сөйтіп, Қытаймен сауда, экон. қатынас орнай бастады. 1771 ж. Әбілмәмбет хан өлгеннен кейін, Түркістанда Абылай үш жүздің ханы (бас хан) болып сайланды. Бір жылдан кейін, 1772 ж. Ресей патшайымы Екатерина II-нің жарлығымен, Абылайға арналып Есіл өз-не таяу жерде, Жаңғызтөбеде ағаш үй салынды. Абылай 1781 ж. қайтыс болды. Орнына ұлы Уәли хан сайланды. Бұл кезде Ресей үкіметі барынша күшейіп, қазақ даласымен шындып айналыса бастаған. Қазақ даласында патша өкіметінің отарлау саясаты үш бағытта: 1) гарнизондар мен күшейтілген бекіністі әскери шептер құрылысын салу және тұрақты казак-орыс (Орынбор, Жайық, Батыс-Сібір, кейін Жетісу) мекендерін құру жолымен; 2) саяси әкімш. реформалар енгізу; 3) қазақ даласын өзіне қосу, ал Орта Азия мемлекеттерімен сауда-саттықты кеңейту жолымен жүргізілді. Отарлық билікке қарсы қазақ халқының алғашқы көтерілісі Ресейге алдымен бағынған Кіші жүз жерінде басталды. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» далалық аудандарды басқарудың құрылымын өзгертті. Енді басқарудың округтік жүйесі енгізілді. Қарқаралы (бұрынғы Бөкей ханның иелігіндегі) және Көкшетау (Уәли ханның иелігіндегі) округтерін құрып, Орта жүз бен Ұлы жүздің рулары мекендеген аймақтардың түйіскен жеріндегі жайылымдарды тартып ала бастады. 19 ғ-дың 30-жылдарында отаршылдық саясатқа қарсы Абылайдың кіші ұлы Қасым төре бас көтерді. Қоқан хандығына арқа сүйемек оймен, 40 мың үймен Қоқан хандығының қол астына көшіп барды. Оның қоқандықтардан күткен үміті ақталмады. Ұлдары Саржан, Есенгелді, кейінірек өзі мерт болды. 19 ғ-дың алғашқы

ширегінде патша үкіметі Қазақстанға әкімш.-саяси өзгерістер енгізуге кірісті. Отарлық езгінің күшеюі, шұрайлы жерлерді тартып алып, бекіністер салу Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын (1837–47) тудырды. 1838 жылдың көктемінен бастап Кенесары жасақтары патша әскеріне қарсы жоспарлы күрес жүргізді. Ақмола қ-н қиратты, Қоңырқұлжа ауылын шапты. 1840 ж. күзде Ырғыз бен Торғай маңында патша әскерімен қарулы қақтығыс басталды. 1841 ж. қыркүйекте үш жүз өкілдері Кенесарыны хан етіп сайлады. Кенесары ел билеу тәртібін өзгертті. Алым-салық реформасы іске асырылды. Көрші елдермен сауда-саттық жасалып, керуеннен салық алынатын болды. Хан кеңесі құрылды. Жасақтар жүздіктерге, мыңдықтарға бөлінді. Кенесары орыс үкіметімен тату көршілік қарым-қатынас орнатуға тырысты. 1841–42 ж. Кенесары жасақтары қоқандықтарға қарсы соғыс жүргізді. Созақ, Сауранды алды. Қоқандықтар Кенесарымен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Бұхар әмірі, Хиуа хандығы Кенесарымен түсіністік қатынасқа көшті. 1843 ж. Орынбор ген.-губернаторы В.А.Перовский орнына келген генерал В.А.Обручев Батыс Сібір губернаторы П.Д.Горчаковпен бірге Кенесарыны қуғындауға кірісті. Ырғыз өз. бойында патша әскерінің бір тобымен кездескен Кенесары патша үкіметімен келіссөз жүргізіп жатқанын айтып соғысты болдырмады. Бұл тұста екі жақ та әскери дайындығын мұқият жүргізіп жатты. 1844–45 ж. көтеріліс өршіді. Оған Сыр бойының, оңтiн қазақтары қосылды. Кенесары өз әскерінің санын 20 мың адамға жеткізді. Кенесары жасақтарын құрту, халық қозғалысын басу үшін 1844 ж. жазда Ор бекінісінен, Ұлытаудан, Тобыл өз. бағытынан шыққан патша әскерінің үш тобымен кескілескен шайқастардан соң, 1845 ж. Кенесары Ұлы жүз жеріне қоныс аударып, халық күшін біріктіруді, қырғыздармен одақтасып, Қоқан хандығына шабуыл жасауды, сөйтіп олардың қол астындағы қазақтарды азат етуді мақсат етті. Қытаймен келіссөз жүргізу үшін, Құлжаға елші жіберді. 1845 ж. қазан-қараша айларында Кенесары әскері Қоқан хандығына жорыққа аттанды. Олар Қорған, Жаңа Жүлек, Созақ бекіністерін алды. Патша үкіметі қырғыз манаптарын, Кенесарыға қас бай-сұлтандардың басын қосып, көтерілісшілерге соққы беруді іске асыруға кірісті. 1847 ж. сәуірде Кенесары жасақтарымен қырғыз жеріне басып кірді. Қырғыздармен соғыс Ыстықкөлдің тау шатқалы қойнауында, Шу өз. жоғ. ағысында өтті. Кенесарыны Тоқмақтың маңында Кеклік-Сеңгір тауындағы Майтөбе деген жерде қырғыздар мен ген. Вишне夫斯基 жасағы, Қоқан



хандығы әскері қоршауға алып тұтқынға түсірді де, айуандықпен өлтірді. Хиуа, Қоқан хандары Сырдың төм. ағысы бойындағы, Ырғыз, Торғай, Ембі өз-нің бойындағы қазақтарды билеуге тырысты. Сыр қазақтары Хиуа, Қоқан езгісіне қарсы көтерілді. Оны әлім руынан шыққан Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарды. 1854 ж. Верный (Алматы) бекінісі салынғаннан кейін, Бат. Сібірден Жетісуға қазақ-орыс әскерлері мен орыс шаруалары қоныс аудара бастады. 19 ғ-дың 60 жылдарында Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісі аяқталды. 1867 ж. Түркістан ген.-губернаторлығына бағынатын Жетісу және Сырдария облыстары, ал 1868 ж. Орынбор ген.-губернаторлығына қарасты Орал мен Торғай, Батыс Сібір ген.-губернаторлығына қарайтын Ақмола және Семей облыстары құрылды. Облыстар уездерге, уездер болыстарға, болыстар ауылдарға бөлінді. Әкімшілік бөліктер аум. принцип бойынша ұйымдастырылды. Патша үкіметі «рулық бірлестіктің» ролін төмендетіп, ру ақсақалдары мен билерінің ықпалын жоюды көздеді. Барлық жер мемлекет меншігі деп жарияланды. Қазақстандағы 1867–68 жылдардағы реформалар сот құрылысына да өзгерістер енгізді. Қазақстанда Ресей империясының құқығы мен соты қолданылды, сонымен бірге ішінара әдеттік құқық пен билер соты да қалдырылды. Бірақ билер соты тежеліп, ел басқарудың жаңа жүйесіне икемделді. 1916 жылғы көтерілістің басталуына патшаның 1916 жылғы 25-маусымдағы майдандағы қара жұмысқа Қазақ және Түркістан өлкелерінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43 жас аралығындағы ер-азаматтарын шақыру жөніндегі жарлығы түрткі болды. 1917 ж. патшаны тақтан құлатқаннан кейін 21–28 шілдеде Орынборда 1-Бүкілқазақ съезі өтті. Съезде қазақтың ұлттық саяси ұйымы – Алаш партиясы құрылды. 1917 ж. 25 қазанда Қазан революциясы болды. Қазақ қоғамы Орынборда (1917 ж. 5–13 желтоқсанда) 2-Бүкілқазақ съезін өткізді. Онда Алаш Орда өкіметі құрылды. 1918–20 ж. Қазақстанды азамат соғысы шарпыды. 1920 ж. 30 тамызда Бүкілресейлік ОАК мен РКФСР-дің құрамында «Автономиялы Киргиз (казак) Социалистік Кеңес республикасын құру туралы» декрет қабылданды. 1925 ж. Түркістан АКСР-інің таратылуына байланысты Жетісу және Сырдария облыстары Қазақ АКСР-іне қосылды. Жергілікті халықтың «Қазақ» атауы қалпына келтірілді. Отырықшыландыру ісі күштеп ұжымдастырумен астасты, соның салдарынан шаруалар мал өрісінен, су мен жайылым ауыстыру мүмкіндігінен айрылды. Мұның бәрі ашаршылыққа, мал ш-ның құлдырауына әкеліп соқтырды, егіс көлемі төмендеді. Халық наразылығы

күшейді. 1929–31 ж. Қазақстанда 372 көтеріліс болып өтті. Шет елдерге (Қытайға, Моңғолияға, Иранға, Ауғанстанға) жаппай ауа көшу басталды. Қазақ жері саяси тұтқындар лагеріне айналдырылды. Олардың ең ірісі Қарағанды лагері болды. 1937 жылдың күзінде Қазақстанға Қиыр Шығыстан 100 мың кәріс, 1934–44 ж. күрд, түрік, иран, азербайжандар, шешен-ингуштар жер аударылып, қоныс тепті. 1941 ж. 22 маусымда Германия КСРО-ға соғыс ашты. Қазақстан алғашқы күндерден-ақ соғыс арсеналына айналды. Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы жасакталды. Соғыстағы ерліктері үшін 499 қазақстандық (96-сы казак) жауынгерлер Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. 410 мыңға тарта қазақстандық соғыстан оралмады. 1946 ж. 1 маусымда Қазақстан ҒА ұйымдастырылып, оның тұңғыш президенті болып Қ.И.Сәтбаев сайланды. 1948 ж. үш облыстың (Семей, Павлодар, Қарағанды) түйіскен жеріне ядр. сынақ полигоны салынды. 1949 ж. 29 тамызда Семей полигонында тұңғыш рет ядр. сынақ жасалды. Қорғаныс мин-нің өз мәліметі бойынша 1949 жылдан 1963 жылға дейін аралықта полигонда қуаты бірнеше тоннадан 100 килотоннаға дейін жететін 113 жарылыс ауада жасалған. 1986 ж. 16 желтоқсанда Орт. үкіметтің жергілікті халықтың ар-намысын аяққа басқан озбырлық шешіміне қарсы студенттер мен жұмысшы жастар демонстрацияға шықты. Жастардың Алматыдағы бұл ереуілін үкімет қарулы күшпен таратты. КОКП ОК-нің қаулысымен желтоқсан көтерілісіне «казак ұлтшылдығының көрінісі» деген баға беріліп, көтеріліске қатысқан азаматтар қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстан тәуелсіздігін алған соң желтоқсан көтерілісі туралы шындық қалпына келтірілді. 1991 ж. 1 желтоқсанда болған бүкілхалықтық сайлауда Н.Ә.Назарбаев тұңғыш президент болып сайланды. 1992 ж. 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-на мүше болып қабылданды. 1993 ж. қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның бірінші Конституциясы қабылданды. Осы жылы 15 қарашада Қазақстанның тұңғыш валютасы айналымға түсті; оның жүз теңгелігінде Абылай ханның портреті бейнеленді. Осыдан кейін Қазақстанның сыртқы елдермен қатынасы (республиканы жүзден аса ел таныды) күшейді. 1995 ж. 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. 1998 ж. 6 шілде күні Қазақстан Республикасының астанасы Ақмола қ-на көшіріліп, ол осыдан былай Астана қ-сы деп аталды. Қазақстанның бірқатар қалаларында Абылай хан ескерткіштері (Алматы, Астана, Жезқазған, Көкшетау, Қызылорда, Түркістан, т.б.) тұрғызылды.

ҚАЗАҚСТАНДЫ РЕСЕЙДІҢ ОТАРЛАУЫ – 1731 ж. Кіші Жүз ханы Әбілқайырдың Ресейге қосылуынан басталды. Бұл процесс 130 жылдан аса уақытқа созылып, 19 ғ-дың 60-жылдарының ортасына қарай толық жүзеге асырылды. 1731–1860 ж. Қазақстан Ресейге, көбіне сөз жүзінде ғана бағынып, іс жүзінде ру, тайпа билеушілері дербес саясат жүргізді. Патша өкіметі халық көтерілістерін аяусыз басып отырғанымен, елдің ішкі істеріне (сот жүйесіне, ру аралық мәселелерге) араласпады. Ел ішіндегі беделді адамдарға, ру басыларына жалақы тағайындап, әр түрлі атақтар беріп, екінші жағынан әкімш. реформалар жасап, көнбегендерін жазалау арқылы өз билігін күшейтті. Мыс., 1822 ж. Орта жүзде, 1824 ж. Кіші жүзде хандық басқару жойылды, қарсы шыққандар (к. *Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*) күшпен талқандалды. 19 ғ-дың ортасына қарай Батыс, Солт.-шығыс, Орт. Қазақстан Ресейге толық бағынды. Оңт., Оңт.-шығыс Қазақстан Қоқан, Хиуа хандықтарына қарады. Олар жергілікті қазақтарға салықты үсті-үстіне көбейтті. Көтеріліске шыққан халық Ресей өкіметінен көмек сұрады. Бұған қоса осы кезде Орт. Азияны отарлау жөнінде Ресей мен Ұлыбритания елдері арасында бәсеке күшейе бастады. Үндістан арқылы Ауғанстан мен Иранға орныққан ағылшындар Қоқан, Бұхар, Хиуа хандықтарын Ресейге айдап салып, оларға өз ықпалын жүргізуге тырысты. Қоқан, Хиуа хандықтарының езгісіне қарсы көтеріліске шыққан қазақтарға көмек беруді желеу етіп Ресей өкіметі оңт. бағытта ел ішіне ене түсті. 1854 ж. Верный (Алматы) бекінісі салынды. 1862–64 ж. орыс әскерлері Әулиеата, Шымкент, Түркістан қ-ларын басып алды. Оңт. Қазақстанды бағындырғаннан кейін Қ. Р. о. толық іске асты. 1867–68 жылғы Ресей үкіметінің «Уақытша Ережесі» бойынша әкімш. және сот жүйелері толығымен Ресей өкіметінің қолына көшіп, қазақ жері облыстарға бөлінді.

К. Аманжолов
«ҚАЗАҚСТАН–ЗАМАН» – газет. Халықар. қоғамдық-саяси, танымдық газет 17.01.1992 ж. алғаш рет «Заман–Қазақстан» болып жарық көрді. Қазақстандағы алғашқы халықар. басылым ретінде 2000 ж. «Қазмедия» ЖШС компаниясының құрамында қайта құрылып, «Қазақстан-Заман» болып өзгертілді. Аптасына бір рет, 12 беті қазақ тілінде, 4 беті түрік тілінде шығады. Газетте Қазақстандағы саяси, әлеум., экон., танымдық тақырыптармен бірге халықар. жаңалықтар беріліп тұрады. Газет Қазақстан мен Түркия арасында ақпараттық байланыс орнатуға елеулі үлес қосып келеді. Республикамыздың

барлық аймақтарына тарайды. Басылымның қазіргі таңдағы бас редакторы – Ертай Айғалиұлы. Басылымда Е. Айтмұхаммедұлының «Аяғөзден атажұртқа», С. Мешітбаеваның «Қазақ, Қытай, Жоңғар бас қосқан», Б. Әлдибекұлының «Батырдан батыр туған бабаларым» атты мақалалары, Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, «Есіл-Агро» ЖШС-нің директоры А. С. Есмағанбетовтың «Хан Абылайдың асына «Аққайың» лайық» атты сұхбаты жарық көрген.

К. Қошым-Ноғай
«ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМІ» – апталық газет. Бастауыш және орта мектептердің мұғалімдері мен пед. жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алғашқы нөмірі Қазақстан Халық ағарту комиссариатының органы ретінде 1935 жылғы 20 наурызда «Төте оқу» деген атпен жарық көрді. Газеттің алға қойған мақсаты мектептерге, мұғалімдерге, өз беттерінше сауат ашушы адамдарға іс жүзінде көмек беру болды. Әсіресе, оқу ісін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік материалдарды жариялап, ауыл мектебінің хал-ахуалына ерекше назар аударды. 1939 жылдан «Сауатты болуға көмекші» деген атпен, латыншадан орыс графикасына көшуге байланысты 1940 жылдан «Жаңа жазу» деген атпен шықты. 1952 жылдың қараша айынан қазіргі атымен шығып келеді. 1991 ж. газетте Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Қ. Бижановтың «Халқының басын қосқан» атты мақала жарияланды.

М. Сермағамбетов
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨТКЕНІ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ МЕН МАТЕРИАЛДАРДА», «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» – Отан тарихы бойынша ғыл. жүйеленген құжаттар жинағы. Қазақ өлкелік баспасынан орыс тілінде жарық көрген (екі томдық). Оның 1-кітабы 1935 ж. проф. С. Аспандияров пен проф. П. А. Кунтенің, 2-томы Аспандияровтың редакциялауымен 1936 ж. жарияланды. 3-кітабы саяси қуғын-сүргінге байланысты аяқталмай, қолжазба күйінде қалды. Жинақтар 1997–98 ж. «Қазақстан» баспасынан қайта басылып шықты. Жауапты шығарушы – Н. Оразбек. Қазақ елі туралы антик. авторлардың жазғандары, Қытай шежірелерінен деректер келтірілген еңбектің алғашқы томы б.з.б. 5 ғ-дан б.з. 18 ғ-ға дейінгі кезеңді қамтыған. 2-томда Қазақстан тарихының Ресей империясы құрамындағы кезеңіне (19 ғ.) қатысты маңызды құжаттар жинақталған.

Қ. Тулақбаева
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ҚҰРЫЛЫСЫ ТАРИХЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ» – құжаттар жинағы. 1960 ж. ҚазКСР ҒА-ның «Ғылым» баспасында орыс тілінде 1-томы ғана жарық



көрген. Құрастырушы М.Г.Масевич, жауапты редакторы С.З.Зиманов. Жинақ Ресей империясының сыртқы саясатына қатысты Қазақстан, Өзбекстан Орт. Мемл. мұрағаттары мен Мәскеу, Омбы обл. мұрағаттарының құжаттары негізінде құрастырылған. Оған Қазақстанның Ресейге қосылуынан бастап Қазан төңкерісіне дейінгі уақытты қамтитын 137 құжат енген. Кітапқа Қазақстанның сол кезеңдегі мемл. басқару жүйесі және сот құрылымдарына байланысты патша өкіметінің бұйрықтары, заңдары, реформалары және Ресей империясының заңдарының толық жинағы енгізілген. Мәліметтердің көпшілігі Кіші және Орта жүздегі патшалық Ресейдің әкімш.-аумақтық басқару жүйесін орнатуы жөнінде баяндайды. Қосымшасында құжаттарды пайдаланудағы көмекші түсіндірмелер көрсетілген.

Ж.Қасымбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ – ғыл.-ағартушылық мекеме. 1910 жылғы 31 желтоқсанда Верный-да оқу залы ретінде ашылған. 1924 ж. Жетісу губ. көпшілік, 1928 ж. Алматы округтік көпшілік кітапханасы деп аталды. Ал 1931 ж. Қазақ КСР-інің мемл. көпшілік кітапханасы болып қайта құрылды. Тұңғыш директоры, көрнекті қоғам қайраткері О.Жандосов кітапхананың басты міндеттерінің бірі Қазақстан туралы және қазақ тіліндегі барлық баспа өнімдерін жинау деп есептеді. Кітапхана республикадағы мемл. ұлттық кітап қорын және жазба мұраларын жинақтап, сақтайтын бірден-бір мекеме қызметін атқарады. Қазақ КСР-і Мин. Каб-нің 1991 жылғы 9 желтоқсандағы қаулысымен Ұлттық кітапхана мәртебесі берілді. Ол – кітапханатану, библиот., кітаптану, кітапхана жұмысын автоматтандыру, компьютерлендіру бағытындағы Қазақстанның ірі ғыл.-зерт. және ғыл.-әдістемелік орт-на айналды. Қазақстандағы баспа өнімдерінің міндетті даналарын, 1995 жылдан ҚР Жоғ. аттестациялық к-тінің қорындағы диссертацияларды, 1993 жылдан ЮНЕСКО басылымдарын жинай бастады. Кітапханада әлем халықтарының 100-ден астам тілдеріндегі 5,6 млн. дана басылым қоры бар. Бағалы және сирек басылымдар қоры Шығыс халықтарының тілдеріндегі, көне орыс, Еуропа халықтарының тілдеріндегі кітаптардан құралған. Сирек кітаптар арасында араб тіліндегі Құран (12 ғ.), парсы және араб тілдеріндегі басылымдар, Қожа Ахмет Иасауидің еңбектері (Стамбұл, 1897 ж., Ташкент, 1915 ж.), Бақырғанидың еңбектері, Низамидің парсы тіліндегі «Хамсасы» (1488 ж.), Фирдаусидің «Шахнамасы» (1723 ж.), Шығыс ақындары Рудакидің, Омар Хайямның, Саадидің, Хафиздің жинақтары, 19 ғ-дың ба-

сында жасалған қазақ хандарының шежіресі, т.б. сақталған. 1991 жылдан бастап кітапхана қорында Абылай ханның өмірі мен қызметіне байланысты жарық көрген сан алуан басылымдар топтамасы жинақталған. Кітапхана мамандары әзірлеген ұлттық компьютерлік РАБИС бағдарламасы кең өріс тауып, сала жұмысы автоматтандырылды. Әлемдік интернет торабы арқылы ақпарат алуға мүмкіндік беретін электронды басылымдар залы, электронды каталог жан-жақты қызмет көрсетеді.

«ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ» – кітап. Авторы – Қ.Әбуов. 2006 ж. «Елорда» баспасынан жарыққа шыққан. Астана. Көлемі 320 бет. Таралымы 1000 дана. Қазақ тарихын көп жылдардан бері зерттеп жүрген тарихшы ғалымның бұл кітабына әр жылдары жазылған еңбектері топтастырылған. Онда Қазақстанның тарихи кезеңдері мен маңызды оқиғалары қамтылады. Негізінен шығармада тарихи атақты жеке тұлғалардың өмірбаяны атқарған қызметі арқылы қарастырылады. Сондай-ақ, кітапта «Тың хикаясы», «Мәдени революция» тақырыптары және Көкшетау қ-ның тарихы мен бүгінгі жағдайы да қамтылған. Ғалым кітабының кіріспесін өзінің «Хан Абылай атандың...» атты еңбегімен бастаған. Еңбекте Абылайдың саяси-қайраткерлік тұлғасы сөз болады. Әбілмәмбет хан тұсында-ақ оның беделі ханнан кем болмағандығы, 1771 жылы хан сайланғаннан кейін барша қазаққа билік жүргізгендігі айтылады.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» – энциклопед. анықтамалық. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасы бойынша шығарылған. Онда ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі Қазақстан тарихына қатысты мақалалар жинақталған. Кітапта Қазақстан аумағындағы ірі тайпалар, тайпалық одақтар, мемлекеттер, олардың көрші елдермен саяси қарым-қатынасы, онда өткен үлкенді-кішілі саяси оқиғалар (ірілі-ұсақты соғыстар, азаттық жолындағы көтерілістер, саяси науқандар, т.б.) баяндалады. Мемлекет басшылары (қаған, хан, патша, президент, т.б.) мен тарихтан өз орнын алған ірі тұлғаларға да (билер, батырлар, зиялылар) үлкен мән берілген. Анықтамалықта Абылай хан туралы мақала суретімен (8–10-б.) орын алған. Сонымен бірге Қазақстан тарихынан хабар беретін ежелгі қалалар мен археол. ескерткіштер, жазба ескерткіштер мен олардың авторлары, тарихқа байланысты терминдер мен тарихи дәуірлер қарастырылған. Кітап 2006 ж. «Аруна» баспасынан жарық көрді.

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» – кітап. 5 том. 2010 ж. «Атамұра» баспасынан жарыққа шыққан. Бірінші томның ред. алқасы: К.А.Ақышев, К.М.

Байпақов, О.И.Исмағұлов, Б.Е.Көмеков. Көлемі 544 бет. Таралымы 3000 дана. Томда тас ғасыры дәуірінен маңғол шапқыншылығы кезеңіне дейінгі тарих қамтылған. Екінші томның ред. алқасы: К.М.Байпақов, Б.Е.Көмеков, М.Қозыбаев, К.А.Пищулина. Көлемі 640 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл томда 13 ғасырдың ортасынан 13 ғ-дың басына дейінгі соңғы ортағасырлық дәуірдегі Қазақстанның тарихы баяндалады. Қазақ хандығының қалыптасуы және даму процесі, қазақ халқының құрылуы, оның этн. аумағы, қазақ қоғамы әлеуметтік-экономикалық қатынастары жазбаша деректер мен археол. ізденістер кешенінде қарастырылған. Қазақ мемлекеті саяси тарихының мәселелері, оның сыртқы саясаты, көршілес мемлекеттермен және халықтармен өзара байланыстары, Жәнібек, Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр, Абылай хандардың және басқаларының мемлекеттік қызметі елеулі орын алған. Үшінші томның ред. алқасы: К.С.Алдажұманов, М.Х.Асылбеков, Ж.Қ.Қасымбаев, М.Қ.Қозыбаев. Көлемі 768 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл томға 18 ғ-дың басынан 1917 жылға дейінгі аралықтағы тарихи оқиғалар берілген. Қазақстанның әлеум.-саяси, шаруашылық және мәдени өміріндегі өзгерістер қарастырылған. Төртінші томның ред. алқасы: К.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әбілғожин, К.Н.Бұрханов, А.Т.Қапаева, С.Ф.Мәжитов. Көлемі 752 бет. Таралымы 3000 дана. Аталмыш том 1917–1985 ж. Қазақстанның кеңестік кезеңдегі тарихына арналған. Бесінші томның ред. алқасы: К.С.Алдажұманов, Ж.Б.Әбілғожин, К.Н.Бұрханов, А.Т.Қапаева, С.Ф.Мәжитов, Л.Н.Нұрсұлтанова, Б.М.Сужиков. Көлемі 688 бет. Таралымы 3000 дана. Соңғы том 1985 ж. бастап бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихына арналған. Мұнда Қазақстанның қазіргі заман тарихының өзекті мәселелері кең ауқымда қарастырылады.

К.Қошым-Нозай
«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ (Көне заманалардан бүгінге дейін)» – тарихи очерктер жинағы. 1994 ж. «Дәуір» баспасынан жарық көрген. Кітапта Абылай ханның есімі төрт рет қана аталады. Ал, оның тарихи тұлғасы мына он төрт жолмен ғана шектеліп: «Аймақта патша үкіметі әскери әрекеттерінің күшеюі, циндік әскерлердің Қазақстан жеріне басып кіру қаупі Абылай бастаған ықпалды сұлтандардың Ресей бодандығын сақтай отырып, Цин боғдыханының сюзелендік жоғарғы үкімет билігін қабылдауына түрткі болды. Абылай ұстанған екі жақты тату көршілік саясаты Қазақстанның өмірлік мүдделерінен туған еді. Екатерина-II мен циндік сарайдың, яғни ірі екі мемлекеттің Абылайды Орта жүз ханы деп

мойындауы оның позициясын едәуір нығайта түсті» делінеді.

Әдеб.: Қазақстан тарихы (Көне заманалардан бүгінге дейін). Очерк, Алматы, «Дәуір», 1994, 192–193-бб. **«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ»** – журнал. Ай сайын шығатын республикалық және пед. басылым Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде (қазіргі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі) 2002 жылғы 26 желтоқсанда №3481-ж кезеңін алып, 2003 жылғы шілдеден бастап жарық көріп келеді. Есептік баспа табағы – 4,98. Құрылтайшысы – «Азимур» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бас редакторы – Т.О.Әзімханова. Журналда Б.Әбдіғұлованың «Абылай хан – Әбілмансұр», С.Дүйсеновтің «Абылай ханның сыртқы саясаты», С.Қабыловтың «Абылай хан өмірінен бір үзік сыр», Ө.Айтуғанның «Абылай хандығы», А.Досқалиеваның «Абылай хан – дарабоз тұлға» атты мақалалары жарық көрген.

К.Қошым-Нозай
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ҒЫЛЫМЫ – дүние жүзі халықтары тарихының бір саласы. Өз бастауларын алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі жартастар мен үңгірлерде салынған суреттерден, кейінгі құл иеленушілік қоғам тұсындағы тасқа жазылған сына жазулардан алады. Авестада, Ахемен әулеті тұсындағы парсы деректерінде, Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың, т.б. антик. авторлар еңбектерінде қазақ жерін мекендеген ежелгі сақтар, турлар, дайлар, исседондар, т.б. тайпалар жөнінде, олардың Иран, т.б. елдермен байланыстары, А.Македонский әскерлерімен соғыстары жайында аса құнды жазба деректер бар. Б.з.б. 2 ғ-дағы Қытай деректері де Қазақстан тарихын зерттеуде үлкен рөл атқарды. Ислам дінінің таралуы мен Араб халифатының күшеюі нәтижесінде 9–14 ғ-ларда араб саяхатшылары мен ғалымдары Қазақстан мен Орт. Азияны мекендеген түркі ұлыстары жөнінде толып жатқан жазба деректерін қалдырды. 16 ғ-да шығармаларын парсы тілінде жазған, түркі текті тарихшылар М.Х. Дулат («Тарих-и Рашиди»), Бабыр («Бабыр-наме»), т.б. өз еңбектерінде Әбілхайыр хандығы, Орыс хан ұрпақтары, қазақ хандығының қалай құрылғандығы, алғашқы қазақ хандары (Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, т.б.), олардың саяси-әскери қызметтері жөнінде егжей-тегжейлі мәлімет береді. Қ.Жалайыри (1530–1605) 15–16 ғ. қазақ хандығы жөнінде аса құнды деректер («Жами атауарих») қалдырды. Осы кезеңдегі қазақ мемлекетінің саяси-әлеум. жағдайы, тұрмыс-тіршілігі, көрші елдермен қарым-қатынасы жөнінде Хиуа ханы Әбілғазының «Түркімен шежіресінде»

де жан-жақты баяндалады. 15–17 ғ-ларда қазақ халқы, билеушілері, батырлары мен билері жөніндегі деректер ауыз әдебиетінде де көп кездеседі (Асан қайғы, Жиренше шешен әңгіме-аңыздары, «Едіге», «Ер Сайын», «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырлары, т.б.). Қазақ хандығы Ресей бодандығына өте бастағаннан кейін, 18 ғ. ағылшын кескіндемешісі Джон Кэстль, 18–19 ғ. ресей тарихшылары (П.С. Паллас, А.И. Левшин, Н.Я. Бичурин, т.б.) өлке тарихын жан-жақты зерттей бастады. Қазақстанда тарих ғылымының жандануы 19 ғ-дың 2-жартысынан бастау алады. Ол қазақтың тұңғыш тарихшы-ғалымы, шығыстанушысы, географы Ш.Ш. Уәлиханов (1835–1865) есімімен тығыз байланысты. Мыс., ол қазақтар мен ноғайлардың этн. жақындығы туралы алғаш пікір айтып, қазақ, қырғыз, ұйғыр, басқа да түркі тектес халықтардың тарихын зерттеді. Орыс тарихшылары мен шығыстанушылары (мыс., В.В. Вельяминов-Зернов, т.б.) Орт. Азия халықтарының тарихын зерттеген. 19–20 ғ. шебінде Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Бабажанов, М.Шорманов, Қ.Халиди, Т.Сейдалиев, А.Жантөрин, С.Нұрмұхамедов, М.Көпеев, т.б. қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге үлес қосты. Олардың жазғандары қазақ тарихнамасында өлкетану еңбектері ретінде бағаланады. Сондай-ақ, осы кезеңде жарық көрген (1911 ж. Орынборда) Шәкерім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» қазақ халқының құрылу тарихын ғыл. негізде зерделеген еңбек болатын. Әбілғазының шежіресі, Н.А. Аристов, В.В. Радлов еңбектерінің негізінде жазылды. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басында ақад. В.В. Бартольд, П.И. Лерх, т.б. осы өлкеде археол. зерттеу жұмыстарын бастады. 20 ғ-дың бас кезі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің рухани өркендеген дәуірі болды. Баспасөз беттеріне қазақ зиялылары (М.Тынышбаев, С.Аспандияров (Асфендияров), Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамбедұлы, М.-Ж. Көпеев, К.Кемеңгеров, С.Сәдуақасов, т.б.) Отан тарихына байланысты жиі-жиі мақалалар жазды. 1925 ж. Тынышбаевтың «Қазақ (Қырғыз-қайсақ) халқының тарихы жөніндегі материалдар» деген еңбегі орыс тілінде жарық көрді. Бұл еңбекте қазақтардың негізін қалайтын ру-тайпалар, олардың таңбалары мен ұрандары, қазақтардың шыққан тегі туралы аңыз-әңгімелер, қазақ жүздерінің пайда болуы, этн. құрамы, қазақ хандығының құрылуы сияқты өзекті мәселелер ғыл. тұрғыдан талдауға алынған. Сондай-ақ, Аспандияровтың 1935 ж. жарық көрген «Көне заманнан бергі Қазақстан тарихы» деп аталынатын еңбегі де (орыс тілінде) 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстан тарихына

арналды. Ол қазақтардың тарихын патша өкіметі жаулағанға дейінгі және кейінгі деп екі кезеңге бөлді. Аспандияров Ресейдің басқыншылық саясатын жүйелеп көрсете отырып, қазақ жерлерінің Ресейге өз еркімен қосылмағандығын дәлелдеді, бұл процестің прогрестік жол еместігін анықтап берді. Т.Шонановтың 1926 ж. Ташкентте жарық көрген «Қазақ жер мәселесінің тарихы» деген еңбегі қазақтардың бұрынғы жер иелену тарихын, жерге деген көзқарасын, патшалық отарлау саясатының нәтижесінде қазақтардың жерден тапшылық көргендігін мол деректі материалдары негізінде көрсеткен зерттеу болды. Қазақстанның Ресейге қосылу мәселелері Ә.Бөкейханның «Қазақ (Қырғыз) өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени табыстары» деген еңбегінде жан-жақты қаралды. Автор «қосылу», «өз еркімен» деген сөздерді қолданбай қайта, керісінше, «жаулап алу», «бағындыру» деп жазды. Кіші және Орта Ордалар қазақтары «оңтүстіктегі жаулары Горькая шебіне дейін тықсырғандықтан, орыс билігін тануға мәжбүр болды» деп атап көрсетеді. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында бір топ мәскеулік тарихшылар (А.М. Панкратова, С.В. Бахрушин, Н.М. Дружинин, М.П. Вяткин, Д.А. Балеvский, А.П. Кучкин, С.В. Юшков, т.б.) Қазақстанға көшіп келіп, қазақ ғалымдарымен бірлесіп жұмыс жасады. Нәтижесінде 1943 ж. орыс тілінде «Қазақ КСР тарихы» (ерте заманнан осы күнге дейін) жарық көрді. Бұл Қазақстан тарихы жөнінде жүйелі түрде жазылған тұңғыш еңбек болды. 1945 ж. Қаз. КСР ҒА-ның Тарих, археол. және этногр. ин-ты құрылды. Соғыстан кейінгі жылдары тарихи, археол., этногр. зерттеулердің көлемі едәуір кеңейді. Екі томдық «Қазақ ССР тарихы» шықты (2-бас., 1949). Қ. тарихын кезеңге бөлу мәселелері талданды. Кіші жүз қазақтарының Сырым Датұлы бастаған 1783–97 жылдардағы көтерілісін, Бөкей Ордасындағы Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған 1836–37 жылдардағы көтерілісті және қазақ халқының патша өкіметіне қарсы ұлт-азаттық қозғалысының басқа да мәселелерін зерттеуге елеулі үлес қосылды (мыс., Вяткин, В.Ф. Шахматов еңбектері). Түркі дәуірі, қыпшақ, қаңлы, қарлұқтар туралы еңбектерінде М.Ақынжанов, Б.Көмеков, А.Қадырбаев, С.Сыздықов, т.б. араб, түркі деректері негізінде зерттеулер жүргізді. Қазақстанның соңғы орта ғасырлардағы тарихына қатысты шығыс деректерін аударып, осы кезеңді зерттеуге С.Ибрагимов, Н.Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин көп еңбек жасады. 16 ғ-дың 2-жартысындағы Қазақ хандығының саяси тарихын парсы деректері негізінде М.Әбусейітова, ал 18–19 ғ. қытай–қазақ байланыстарын қытай деректері негізінде К.Хафизова зерттеді. Сонымен бірге 17 ғ-дағы қазақ

тарихының мәселелері (қазақ-орыс қатынастары, қазақ-жоңғар қатынастары) В.Я.Басиннің, В.А.Моисеевтің, И.Я.Златкиннің еңбектерінде қарастырылды. Қазақ жерлерінің Ресейге қосылуы, 18–19 ғ-ларда қазақ қауымында болған әлеум.-экон. өзгерістер, Ресей капитализмінің «кеңейе» келіп, Қазақстанға да таралуы және ауылдағы рулық қатынастардың ыдырауы, 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың басындағы қоныс аудару, жұмысшы және агр. қозғалыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, Ақпан революциясы жөнінде моногр. зерттеулер (П.Г.Галузо, Е.Б.Бекмаханов, Н.Г.Аполлова, Ф.Мәліков, С.Е. Толыбеков, т.б.) жасалды. Ш.Ш.Уәлиханов шығармаларының 5 томдық жинағы жарық көрді. Шет елдегі қазақ тарихшылары (Қытай, Түркия, Еуропа елдеріндегі) Қазақстан тарихына байланысты көптеген еңбектер (Н.Мыңжани, Х.Оралтай, Х.Алтай, Б.Хайт, т.б.) жазды. Д.Дулатованың, Ж.Қасымбаевтың, Пищулианың, М.Қозыбаевтың, И.В.Ерофееваның 1970–90 жылдарда жарияланған нақтылы-тарихи және тарихнамалық зерттеулерінде қазақ хандығының құрылуы мен дамуының, 18 ғ-дың 40–80-жылдарындағы (әсіресе Абылай хан, Кенесары Қасымұлы, т.б. өмірі мен қызметінің шындықтары) Қазақстанның Ресейге қосылуын зерттеулердің қорытындылары шығарылды. Акад. Қозыбаев өзінің 20 ғ-дың 80-жылдары соңынан бастап жариялаған топтама еңбектерінде Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» мәселелерін қарастырып, жабық тақырыптардың зерттелуіне, өз бағаларын алуларына күш салды. Әсіресе, ұлт-азаттық қозғалыстар, т.б. Қазақстан тарихының шындығы Қозыбаев зерттеулерінің басты нысандарына айналды. Көптеген тарихшылар шет елдердегі мұрағаттарда (Ресей, АҚШ, Қытай, Еуропа және кейбір мұсылман елдері) жұмыс істеп қайтты. АҚШ-тағы Стэнфорд ун-тінің архивінде Б.Ғ.Аяған, Қытай мұрағаттарында К.Хафизова, Қ.Салғарин зерттеулер жүргізді. 1996 жылдан бастап ҚР ҰҒА-ның Тарих және этнология институтының, Археология ин-тының ұжымдары, респ. кейбір жоғары оқу орындарының, қоғамтанушы ғалымдарымен бірлесе отырып Қазақстанның көне заманнан бүгінге дейінгі академиялық бестомдық тарихын жазуға кірісті. Қазірге дейін оның алғашқы үш томы қазақ және орыс тілінде жарық көрді, ал қалған екі томы (4–5 томдар) таяу кезде жарық көрмек. Жекелеген тарихшылар (М. Қозыбаев, К.Нұрпейіс, Б.Аяған, Б.Көмеков, К.Байпақов, К.Ақышев, Ж.Қасымбаев, т.б.) тәуелсіздік жағдайына орайластырып орта мектептер мен жоғары оқу орындары үшін оқулықтар мен оқу құралдарын дайындап, жариялады.

К.Нұрпейіс, Е.Жақытов

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ «АҚТАҢДАҚ» БЕТТЕРІНЕН – кітап. Авторы – Қ.Әбуев. 1994 ж. «Қазақстан» баспасынан жарыққа шыққан. Алматы. Көлемі 144 бет. Таралымы 22000 дана. Кітаптың кіріспесінде автор Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу кезеңінде оның жаңа талаптарға сай тарихы да болуы шарт екенін айтып кетеді. Алайда халқымыздың өткен тарихы алғашқыда Ресей империясы тарихнамасының ықпалымен, кейін коммунистік идеологияның қағидаларына сәйкес өңі өзгеріп, мүлдем теріс бағаланып, кейбір тарихи тұлғаларымыздың аты аталмай да қалып жатқандығын келтіреді. Осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында «ақтаңдаққа» айналған тұлғаларымыз жөнінде кітапта автор өз ойларын өрбітеді. Басылымда автор сондай тұлғалардың қатарында Абылай хан, Шоқан, Мәмбетәлі төңірегінде де сөз қозғайды. Автор шығармасында аталмыш тұлғаларды тарихи шындыққа жанасымды тұрғысынан алып қарастырған. Кітапта автор Қазақ хандығын жоңғар шапқыншыларынан азат етудегі Абылайдың ерен еңбектеріне де шолу жасай кетеді. 1733 ж., 1738 ж., 1741 ж., 1742 ж. жоңғарлармен болған соғысқа да қысқаша тоқталып өткен.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ» – кітап. 5 том. Аударғандар: Б.Еженханұлы, Ж.Ошан, С.Сұңғатай. 2005ж. «Дайк-Пресс» баспасынан жарық көрген. Алматы. Таралымы 3000 дана. «Мәдени мұра» мемл. бағдарламасының шығыстану секциясы бойынша шыққан бұл 5 томдықта Қазақстан тарихына қатысты құжаттар Қытай мұрағаттарынан алынып, қазақ тіліне аударылған нұсқасында жарияланған. Бірінші томға «Саяхаттамалар мен тарихи географиялық еңбектерден таңдамалылар» атты тақырыптағы құжаттық деректер енгізілсе, екінші томға «Цин патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары, үшінші томға «Тарихи-мәдени жәдігерлер», төртінші томға және бесінші томға «Әулеттік тарихи жылнамалар» атты тақырыптағы құжаттық деректер енгізілген. Көп томдықтың 2 және 3-томдарында 18 ғ-дағы Қазақ хандығының ішкі жағдайларымен қоса оның сыртқы елдермен, әсіресе Цин патшалығымен арадағы саяси-дипл. және экон. қарым-қатынастарын, сол замандағы қазақ тілі мен этномәдениетін тану үшін аса құнды әрі тың деректемелер, сауда байланыстары бейнеленген тарихи картиналар берілген. Бұл томдықтардан Абылай ханмен байланысатын көптеген құжаттарды кездестіруге болады. Мысалы: Динбянь цзян-цзунь Чжаозуэйдің ойрат Букучағанды тұтқындауға көмек сұрап

ҚАЗАҚТАР

Қазақ ханы Абылайға жолдаған хаты, Жалан-жаңгі Наванның өзінің Қазақ жеріне елші болып барып Абылай қатарлы қазақ көсемдерімен кездескендігі туралы цензунь мен амбандарға жазған мәлімдемесі, т.б. құжаттар бар.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚТАР» – «Патша тексеріп, бекіткен Шыңжаң деректемелері» атты қытай тіліндегі 12 томдық қолжазба еңбектің шағын тарауы. Қолжазбаны 1821 ж. Сүң Үйін жазған. Фотоға түсірген баспа нұсқасы 1966 ж. Тайваньнан шыққан. «Сырт елдер» деп аталатын соңғы томының «Қ.» деген тарауында қазақ халқы туралы шолу жасалып, кестемен қазақ хандарының шежіресі берілген. Онда «Сол қанат» – Орта жүз хандары шежіресін (Абылай, Уәли, Абылай, Ғаббас), «Оң қанат» – Ұлы жүз хандары шежіресін (Тәуекел, Сәмекеден бастап) таныстырады.

Н.Мұқаметханұлы

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖОҢҒАРҒА ҚАРСЫ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІНІҢ БАСТАЛУЫ – 1643 ж. жоңғар қонтайшысы Батур қазақ жұртын құлдану мақсатында зор күшпен аламан жорыққа аттанды. Батур ордасы маңында 50 мың атты жасақ сап түзеді. Қаһарлы қонтайшы 50 мың жасақты Қазақ хандығына қарсы 5 бағытта жорыққа шығарды. Шабуыл барлық бағытта бір мезгілде, Шу-Талас бойымен, Қаратаудан, Сусамыр жоталарынан, Алакөл-Бетпақ арқылы Түркістан, Ташкентті бетке ала жүргізілді. Соғыс ең алдымен Алатау қырғыздарын шабудан басталды. Қазақ ханы Есім бұл соғысқа өз тарапынан күшті дайындық жүргізді. Адамдар үлкен жолдардан шалғайға, алыс түкпірлерге көшірілді, тау асуларына мықты күзет қойылды. Ақжайықтан Алтайға, Сібір ормандарынан Ташкент, Самарқанд іргелеріне дейін шалқып жатқан қалың елге жар салынып, қазақ жасақтарының Түркістанға жиналуы хабарланды. Алшын Жалаңтөс Баһадүр, Жәңгір сұлтан, Марқасқа сияқты қолбасы, жыраулар ел басына ауыртпалық түскен мұндай күндерде Енсегей бойлы ер Есімінің жанында болып, оған ақыл-айласымен көмектесті. Шу-Талас аңғарында, Сусамыр тауында, Бетпақта, Алакөл-Аягөз жазығында, Тарбағатай асуларында жүріп жатқан сұрапыл соғыстарда бүкіл қазақ қолына басшылық ету сенімі мен мәртебесі Жалаңтөс Баһадүрге тапсырылды. Бұл соғыста Батур қонтайшының ойы іске аспады. Соғысты қыста бастаған ол мамыр айында кері шегінуге мәжбүр болады. Сөйтіп, 1643 жылғы сұрапыл соғыс оқиғасы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы 100 жылдық азаттық күресінің алғашқы ерлік беттері болып тарихқа енді. Бұл оқиға Қазақ КСР тарихында былай баян-

далды: «Жәңгір өз отрядының бір бөлігіне қалмақтар асудан асып келгенше екі таудың арасындағы тар жылғаға ор қазып, бекініп жатуға бұйырып, отрядының екінші бөлімімен таудың арғы бетіне жасырынады. Сөйтіп, Жәңгірдің ойлағанындай болып шығады. Қонтайшы ор қазып алып ерлікпен қорғанып жатқандарға қарсы шабуыл жасады. Ал осы кезде Жәңгір сұлтан жауға тылдан бас салады... Сөйтіп, қалмақтарды қатты жеңіліске ұшыратқаны сонша, дұшпандар жағынан 10 мыңдай адам табанда қаза тапты. Ұрыс бітуге жақындағанда Бұхар әскерлері келіп қалды да (20 мыңдай адам – 2 лек), Батур кейін шегінуге мәжбүр болды» (Қазақ ССР тарихы. А., 1957, 248-б.). Бұл алапат соғыс Сібір деректерінде былай жазылған: «Богатырь тайша 1643 году при помощи друзей своих собрал войск из пятидесять тысяч человек состоящее, и с самого начала овладел двумя провинциями или народами, Алать киргизским и Токмоксским которых до десяти тысяч человек считались... а между тем Янгир султан напал на неприятеля с тылу, и винтовками своими произвел между ими таков поражение, что с неприятельской стороны до десяти тысячи человек на место пало. В тоже время другой татарской князь Ялан Тусив пришесть на помощь Янгир султан с двадцать тысячами человек. Сие подудило Контайшу отступить назад».

Ә.Хасенов

«ҚАЗАҚТАР – КАЗАХИ» – кітап. 1-том. Анықтамалықтың бірінші томын құрастырғандар: Г.Ахметжанов, Д.Галаямова, Е.Қарин, М.Машанов, Л.Музапарова, А.Оразбаева, А.Тулегулов. 1998 ж. «Редакционно-издательский центр «10К – ПРО»» баспасынан жарыққа шыққан. Алматы. Таралымы 3000 дана. Көпшілік оқырманға арналған тоғыз томдық анықтамалықтың бірінші томы қазақ халқының тағдырында терең із қалдырған, Қазақстан тарихында ерен елеулі деген оқиғалардың жылнамасынан тұрады. Томның хронол. шеңбері б.д.д. 5 ғ-дан қазіргі күндерге дейінгі аралықты қамтиды. Анықтамалықта Абылай ханның өмірі, ел басқарудағы қайраткерлік қызметтері жайында қысқаша мағлұматтар берілген.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫ» – хрестомат. жинақ. Құрастырған және жауапты редакторы – филология ғыл. докт., проф. Берік Серікбайұлы Рахым. Қарағанды қ-ндағы «Болашақ-баспа» 2009 ж. шығарған. 458 бет. Таралымы 1000 дана. Кітап Б.С.Рахымның «Тарихи жырлар тағылымы» деген мақаласымен ашылып, «Абылай хан» жырының 2 нұсқасы (бірінші және екінші) берілген. Бұдан басқа Жәнібек, Бөгембай, Қа-

ҚАЗАҚТЫҢ АРҒЫ ТЕГІ

банбай, Олжабай, Өтеген, Ағыбай, Кенесары, Бекет, Сұраншы, Жанқожа, сонымен қатар Исатай, Махамбет, Амангелді батырлар туралы жырлар бар. Кітап соңында тарихи жырларға түсініктер және Абылайдың ата тегі туралы шежіре-сұлба берілген.

С.Ғұсман

«ҚАЗАҚ ТАРИХИ ЖЫРЛАРЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ» – кітап. 1979 ж. «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Көлемі 312 бет. Таралымы 2000 дана. Оқырманға ұсынылған бұл кітап қазақ ауыз әдебиетінің үлкен бір саласы – тарихи жырларға арналған. Оның ішінде қазақ халқының үш ғасырлық тарихын және сол замандарда өмір сүріп, ел намысының жоқшысы болған тарихи белгілі тұлғалардың өмірін қамтиды. Және осының өзі ауыз әдебиетінің асыл үлгілері өлең, жыр, аңыз, әңгіме сияқты өткен замандардың айғағындай болған халықтық қазынамызды кең қамтып талдау арқылы беріледі. Еңбекте тарихи белгілі бір дәуірде өмір сүрген батырлардың ел қорғау жолындағы ерлік ісі, заманы, оған деген ел бағасы, оның ауыз әдебиетіндегі көрінісі сияқты көптеген күрделі мәселелер көтерілген. Кітапта Абылай ханның өмірі мен тұлғасын ашатын «Абылай туралы жыр, аңыздар» атты зерттеу мақала орын алған. Мақалада Бұқар, Үмбетей, Тәтіқара секілді жыраулардың шығармашылығында көрініс табатын Абылайдың бейнесі талданады. Мақалада сонымен қатар Абылайға қатысты айтылатын «Сабалақтың Абылай атануы», «Қырғыздарға жорығы», «Самарқанға жорығы» секілді аңыздарға тоқталып кетеді. Басылым әдебиетші-фольклоршыларға, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, аспиранттар мен ауыз әдебиетін сүйетін жалпы жұртшылыққа арналған

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ» – журнал. Қазақ халқының төл тарихына арналған ғыл.-әдістемелік, пед. басылым ретінде 1993 ж. шілдеден «Қазақстан мектебі» журналына қосымша ретінде шыға бастады. Басылым алғашқы санынан бастап «Ата қазақтың арғы тарихы» бөлімін ашып, қазақтың арғы-бергі тарихына, оның атауының шығу тегіне, жазу-сызуының пайда болған уақытына қатысты материалдарды жүйелі жариялап келеді. «Отан қорғаудағы ұлы шайқастар» бөлімінде жоңғар-қазақ шайқастары (қазақ елін жаудан қорғап, тұтастындырудағы Абылай ханның тарихи рөлі), Шыңғыс хан басқыншылығының қыр-сыры баяндалса, «Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістер» бөлімінде отаршылдыққа қарсы күрес кезеңдері, оның көріністері, жетекшілері жөнінде мағлұматтар берілді. «Қазақ халқы қазан төңкерісінен кейін» бөлімінде ұлтымыздың Ке-

нес империясы тұсындағы саяси өмір тынысы, экономикасы, мәдениеті көрініс тапты. «Оқу-ағарту ісі, оқулық және оқу құралдары» бөлімінде орта, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тарихын оқыту тұжырымдамалары, әдіс-тәсілі, оқулықтары талқыланды. «Қазіргі заман: тарих және қоғам» бөлімінде қазақ халқының тәуелсіздігі, саяси, экон. жаңаша бітім-пішіні көрсетілді. Кезеңді өзгерістер, қоғамдық даму барысында журнал «Тарих және тарихи тұлғалар», «Сәулет өнері, кесенелер», «Қазақ қалаларының тарихы», «Шет ел ғалымдары қазақтар туралы» сияқты жаңа айдарлар ашты. Қазақ тарихына қатысты Ш.Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Қ.И.Сәтбаев, М.О.Әуезов, Ә.Х.Марғұлан пікірлерімен таныстырды. Журнал 2003 ж. дербес басылымға айналды.

Т.Қожаскеев, Б.Жақып

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ӘЛІППЕСІ» – кітап. Авторы – М.Мағауин. 1995ж. «Қазақстан» баспасынан жарық көрген. Көлемі 208 бет. Таралымы 40000 дана. Автордың бұл ғыл. байыптау еңбегі Қазақ Ордасының тарихына арналған. Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда тарихымен жалғасып жатқан Қазақ Ордасының қалай құрылғаны, тайғақты тағдыр-талайы тың таным, соны көзқарас тұрғысынан байыпталып, осы уақытқа дейін кеңес тарихшылары теріс жазып келген Қазақ Елінің ерлікке толы тарихына мүлде жаңаша баға беріледі. Кітапта қазақтың біртуар ханына қатысты «Абылай – баһадүр хан», «Шанды жорық» атты еңбектер бар. Сонымен қатар басылымның соңғы жағындағы «Қазақ Ордасының тарихындағы таңбалы оқиғалар жылнамасы» атты тақырып аясында Абылай ханның заманында орын алған тарихи даталар кестесі берілген. Еңбек көпшілік оқырманға және мектеп, жоғары оқу орындарына арналады.

К.Қошым-Ноғай

«ҚАЗАҚТАР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША БАЯН» – «Солтүстіктің қорғанысы» атты қытай тіліндегі қолжазба еңбектің шағын тарауы. Қолжазбаны 19 ғ-дың орта шенінде Хы Чютау жазған. Онда Цин патшалығы кезіндегі қазақтардың геогр. орналасуы, тілі, жазуы туралы айтылып, әдет-ғұрыптарымен таныстырады. Қытай әскерлерінің жоңғар нояны Әмірсананы қуғындау барысындағы қазақ әскерлерімен соғыстары, қазақ хандығының Цин империясымен қарым-қатынас орнатуының тарихы баяндалады.

Н.Мұқаметханұлы

«ҚАЗАҚТЫҢ АРҒЫ ТЕГІ» – «Батыс іргені басқару істері» атты қытай тіліндегі 12 томдық қолжазба еңбектің 11-томы. 1808 ж. Сүң Үйін

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР

жазған. 1958 ж. Пекин кітапханасы оның фотоға түсірген нұсқасын баспадан шығарды. Қолжазбада қазақтардың арғы тегі ертедегі қаңлы, үйсіндер екендігі қысқаша баяндалып, қазақтардың Цин патшалығы (1644–1911) кезінде қоныстанған геогр. аймақтары берілген. Абылай ханмен жасасқан байланыстары біржақты баяндалады. Қолжазбада қазақтардың қоғамдық құрылымдарына баса назар аударылған. Онда іргелі қазақ рулары және оларды кімдер басқарып отырғандығы нақтылы жазылған.

Н.Мұқаметханұлы

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ – жоңғар шапқыншылығының тұсында ерлік көрсеткен қазақ арулары. Қан майдан қырғындарда қазақ жасақтарымен, мыңбасылармен үзегілес жүрген жыраулардың шығармаларында, ел аузындағы аңыздарда ерлік көрсеткен арулардың қаһармандық тұлғасы да суреттеледі. 18 ғ-дағы «Орбұлақ», «Аягөз», «Қалмаққырылған», «Аңырақай», «Аяқ» маңындағы шайқастарға байланысты аты шыққан ару бикелер аз емес. Солардың қатарында Қабанбай батырдың жары Гауһар мен ерлі-зайыпты қос батырдың қызы Назымды атауға болады. Ал Олжабай батырдың анасы Есенбике жоңғарлардың қалың қолы орныққан жерден өз адамдарымызды бірнеше рет аман өткізіп, барлаушының қызметін атқарған. Сондай-ақ, шаншар руынан шыққан Қызданбике, Нұрбике, Айбике деген елжұртқа ақыл-парасатымен қадірлі болған ару аналар қолбасшылар арасында өткізілетін кеңестерге үнемі қатысатын болған. Аруларды бике деп атау қазақтың әдет-ғұрпында бар. Жоғарыда аты аталған Назым көп жерлерде Тәттібике деп кездеседі, халықтың оны солай атап кеткені расталады. Сондай арулардың бірі Ақбике – Бұланбай батырдың жары, барлаушы топтың жетекшісі болған. Алтай, Ертіс, Тарбағатайдың бөктеріне орналасқан жоңғар әскерлерінің күшқуаты, орналасу ерекшелігі туралы ағасы, бас қолбасшы Қабанбай батырға құпия мағлұматтар жеткізіп тұрған. Ал Ақбикеш ару – өзінің алыстан көргіштігімен ел-жұртқа, қазақ жасағына көмектескен ержүрек қыз. Ақбикеш қарауыл қарайтын мұнараның үстінде тұрып, алыстан келе жатқан қара құрым жаудың дерегін алдын ала хабарлап тұрған.

Е.Пірімбетова

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ – соғыс құралдары мен киім-кешектері. Көшпелілік өмір салтын 20 ғ-дың басына дейін сақтап келген қазақтарда қару-жарақтың өзіндік этник. сипаты қалыптасты. Қ. д. қ.-ж. ат үстінде соғыс жүргізуге сәйкестендіріліп жасалған, олар шұғыл қимылға ыңғайлы, жеңілдігімен ерекшеленді. Ол қазақ халқын құраған ру-тай-

палардың әскери өнері негізінде қалыптасты және тарихи себептерден көрші халықтардың ықпалымен жетілдіріліп отырды. Қару-жарақтар екі үлкен топқа бөлінген: 1) шабуыл құралдары – қару; 2) қорғаныс жабдықтары – жарақ. Шабуыл қаруларына ер қаруы саналатын бес қару жатады. Оған қоса қосалқы қарулар: қанжар, пышақ, селебе кіреді. Қорғаныс жарақтарына денеге киіліп кеудені қорғайтын сауыттар, шарайна, дулыға, қол-аяқты қорғайтын қосымша жарақтар (жеңсе, балтырлық, т.б.) жатады.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Вооружение киргиз в древние времена и их военные доспехи. Собр. соч., т. 1, А.-А., 1972; К у ш к у м б а е в С. К., Военное дело казахов в XVII–XVIII вв., А., 2001.

Қ.Ахметжан

ҚАЗАҚТЫҢ ЖОҢҒАРДАН БОСАҒАН ЖЕР-ЛЕРГЕ ҚОНЫСТАНУЫ – Абылай дәуіріндегі көші-қон үдерісі. «1756 жылы қытайлар Жоңғар хандығын жойғаннан кейін Абылай жоңғарлар жаулап алған жерге қазақтың көшіп-қонып жүруіне рұқсат береді. Алғашында қытайлар келіспейді. Абылай мұны реті келген сайын айта береді. 1767 жылы қазақтарға Тарбағатайда және қазіргі Шығыс Қазақстанның кейбір жерлерінде қыстауға рұқсат береді» (Ғ.С.Сапарғалиев). Бұл – Абылайдың саясаттағы елеулі табысы еді. Іле, Тарбағатай, Алтай өңіріндегі шұрайлы жерлерге елді қоныстандырудағы Абылайдың табанды ұсынысы нәтижесінде ақыры Қытай патшалығы да рұқсат бергені «Чин патшасы Тау Зұңның орда естелігінде» де айтылады. «Абылай ханның соғыстары қалмақпен болды да, қалмақ елін Қызылжар, Қарқаралы маңынан Аягөз өзеніне қуып, қазақтың жерін кеңейткен кісі» дейді Қ.Халидұлы. Қазақ және шетел ғалымдары мұны Абылай ханның көрші мемлекеттермен жүргізген ойлы, тапқыр, жемісті саясатының нәтижесі ретінде бағалайды. Осы жайлар «Есенкелді» дастанында да нақты суреттелген.

Әдеб.: «Шалқар», 1997 ж. 7 наурыз.

Ә.Тарақ

«ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ХАНДАРЫ» – мақала. Авторы – Ж.Әкім. «Айғақ» газетінің 2009 жылғы 21 қазандағы санында жарияланған. Мақалаға 15 ғ-дан бері қарайғы қазақ хандарының тұлғалары арқау етіліп алынған. Алғаш Қазақ хандығының ірге тасын қалаған Жәнібек пен Керей тұсында Жәнібек сарбаздарының саны 300 мыңға дейін жеткендігін келтіреді. Одан кейінгі уақыттарда хандықты басқарған Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке, Әбілқайыр сынды хандардың атқарған істеріне тоқталып өтеді. Еңбектің ауқымды бөлігі Абылай ханға арналған. Абылайдың тұлғасын ашуда «Сол қантөгіс заманда сұлтан Абылай

басқалардан ерекше көрінді. Ол сол кездегі барлық негізгі соғыстарға қатысып, онда өзінің ерекше батырлығымен және айлакерлігімен көзге түсті. Пайдалы кеңестері мен стратегиялық шешімдері оны даналардың қатарына қосты», – деп баға берген ағартушы-ғалым Шоқан Уәлихановтың пікірін келтіреді.

К.Қошым-Нозай

«ҚАЗАҚТЫҢ ХАНЫ – АБЫЛАЙ» – Абылай ханның дәуірі, өмірі мен қызметіне қатысты деректемелік құжаттардан құралған 2 томдық ғыл. жинақ. 2011 ж. Алматы қ-ндағы «Ел-шежіре» қоғамдық қоры басып шығарған. Жинақты құрастырып, мұрағаттарда сақталған құжат материалдарын түпнұсқадан қазақ тіліне аударған, көрсеткіштерін түзіп әрі түсініктерін жазған – филол. ғыл. канд. *З.С.Тайшыбай*. Екі томда Абылай ханның өмірі мен қызметіне қатысты көптеген құжаттар мен материалдар топтастырылған: олар ұлы ханның жас кезінен өмірден озғанына дейінгі қызметін қамтыған және уақыт ретімен жүйеленіп берілген. Құрастырушы мұрағаттардан іздеп тапқан 250-ге тарта құжат материалдарын алғаш рет ғыл. айналымға енгізумен осы 2 томда жариялаған. 1-т-дағы құжаттар 1718–58 (көлемі 640 б.), ал 2-т. құжаттары 1758–1803 (көлемі 640 б.) жылдарды қамтыған.

Е.Түсін

«ҚАЗАҚТЫҢ ХVIII–ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫНАН ОЧЕРКТЕР» – кітап. 1942 ж. «Қазақтың біріккен мемлекеттік баспасы» жарыққа шығарған. Алматы. Көлемі 246 бет. Таралымы 10 000 дана. Кітап «Бостандық күресі», «Зар заман» және «Айтыс туралы» атты үш бөлімнен тұрады. Бұл еңбек – 18–19 ғ-дағы қазақ әдебиетіне мол үлес қосқан ақын-жыраулардың шығармалары жөнінде жазылған очерктер жинағы. Бұқар жыраудан бастап, бертіндегі Біржан, Сара шығарм-тарына дейінгі аралықтағы қазақ әдебиетінің тарихын қамтыған. Әйгілі Бұқар жырау шығармасынан үзінді берілген тұстардан Абылай ханға қатысты деректерді мольнан кездестіруге болады. Бұқардың: «Ай, Абылай, Абылай, Сен мен көргенде тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға Қызметкер болып тұр едің», – делінетін жырынан оның балалық шығынан бір үзік сырды көз алдымызға елестетсек, «Жиырма жасқа келгенде, Бақыт берді басыңа, Тақыт берді астыңа...», – деген жолдардан Абылайдың ел басшылығына араласа бастаған тұстарынан хабар ала аламыз.

К.Қошым-Нозай

«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» – журнал. Ғыл.-пед., әдістемелік басылым 1958 жылдың наурыз айынан 1959 жылғы қарашаға дейін шы-

ғып тұрған. Алғашқы бас редакторы – Т. Ақшолақов. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 ж. қайтадан шыға бастады. Журналдың «Көкейтесті көзқарас», «Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс», «Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс», «Оқулыққа қосымша», «Жас маманға жәрдем», «Тіл тарихы мен теориясы», «Әдебиет тарихы мен теориясы», «Өнеге сағаты», «Сабақтан тыс тәрбие», «Оңаша ой отауы», «Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани уыз», «Лингвистикалық көмек: сөз төркіні», «Ел қазынасы – ескі сөз», т.б. тұрақты айдарлары қалыптасқан. ҚР Білім мин. алқасының 20.12.1993 жылғы шешімі негізінде 1994 ж. шілдеде журналдың ғыл. тәлім-тәрбиелік «Ұлағат» қосымшасы жарыққа шыға бастады. Бұл тек Қазақстан емес, Орт. Азия республикалары бойынша ғыл.-психол. және пед. мәселелерге арналған тұңғыш басылым. 2001 жылдың басында, журналдан орыс мектептеріне арналған респ. ғыл.-пед. «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде – Казахский язык и литература в русской школе» журналы бөлініп шықты. Журналдың бас редакторы – Зернебек Шілдебайұлы. Басылымда Қ.Бітібаеваның «Абылай – Бұқар және замана», А.Омарованың «Абылай хан» операсындағы поэтикалық мәтіннің ерекшелігі» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

ҚАЗАҚ ҰЛЫҚТАРЫНЫҢ ОР ӨЗЕНІ БОЙЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУЛЕРІ – 18 ғ-да Ресей өкіметі әкімдері өткізген мәжілістер. Бірнеше рет өткен. 1738 ж. тамызда Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В.Н.Татищев Кіші және Орта жүз билеушілерімен кездесу өткізді. Оған Кіші жүзден Әбілқайыр хан мен оның ұлы Ерәлі сұлтан, Орта жүзден Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан шақырылды. Бірақ Әбілмәмбет пен Абылай кездесуге келген жоқ, ал Орта жүзден келген билер мен рубасыларының ресми кездесуде әлдебір шешім қабылдауға құқықтары шектеулі болды. Сондықтан Татищев тек Әбілқайырмен келіссөз жүргізді. Онда Әбілқайыр бастаған Кіші жүз билері орыс патшасына екінші рет ант берді және қолға түскен қалмақ тұтқындарын қайтаруға, қазақ даласы арқылы өтетін сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенді. Екінші кездесуді Орынбор комиссиясы төрағасы В.А.Урусов 1740 ж. Орск бекінісінде өткізді. Оған Кіші жүзден Нұралы және Ерәлі сұлтандар бастаған 70-тен астам би, Орта жүзден Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан қатынасты. Еділ қалмақтары мен қазақтар арасындағы әскери қақтығыстар, орыс тұтқындарын қайтару, керуен саудасы, т.б. мәселелер қаралды.



Кездесудегі басты оқиға – Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Ресейге қосылу туралы ант беруі болды. Осының нәтижесінде Орта жүздің солт.-шығыс бөлігі Ресей бодандығын мойындады. 1742 ж. өткен үшінші кездесуді Орынбор комиссиясы төрағасы И.И.Неплюев ұйымдастырды. Оған Кіші жүзден Әбілқайыр бастаған бір топ адам (Ерәлі, Дербісәлі сұлтандар және Орта жүзден Жәнібек батыр) қатынасты. Кездесуде қазақтар мен жоңғарлар және Еділ қалмақтары арасындағы қарым-қатынастар, орыс және башқұрт тұтқындарын қайтару мәселелері қаралды. Оған жоңғар билеушісінің және қарақалпақтардың елшілері де қатынасты. Кездесуден кейін қазақтармен даулы мәселелерді шешу үшін жоңғарларға, қарақалпақтарға, Кіші жүзге елшіліктер аттандырылды. Жалпы бұл кездесулер Ресей үкіметінің қазақ даласындағы, соның ішінде, ең алдымен, Кіші жүзде саяси ықпалын арттыру мақсатында жүргізілді.

Әдеб.: Аполлова Н. Г., Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв., М., 1960; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв., сб. документов и материалов, А.-А., 1961. «ҚАЗАҚ ҮНІ» – газет. Алғаш 2000 жылдың қыркүйегінде «Жас қазақ үні» деген атпен жарық көрді. 2013 жылдан бастап «Қ.Ү.» болып өзгертілді. Негізгі тақырыбы – мемлекет пен ұлт мүддесін қорғау. Газеттің редакторы – ақын, журналист Қазыбек Иса. Газетте жазушы-публицист Мыңжан Байжаниннің Абылай хан туралы «Алты алаштың айбыны» атты мақаласы жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ, Абылай хан атынд. – жоғары оқу орны. 1940 ж. құрылған Алматы пед. шет тілдер ин-ты 1998 жылдан Абылай хан атынд. Қазақ мемл. халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті деп аталды. Ун-т жоғары оқу орындары мен мектептер үшін шет тілдер оқытушылары мен мұғалімдерін және халықар. қатынастар саласының мамандарын даярлайды. Ун-т түлектері маман дипломын алып шыққан соң екі жылдық магистратурада оқуын жалғастыра алады. Күндізгі оқу бөлімінің студенттері екі немесе үш шет тілін меңгеріп шығады. Халықар. ынтымақтастық шеңберінде АҚШ, Франция, Германия, Ұлыбритания, Испания, Бельгия, Жапония, Корея, Түркия, Ирак, Қытай, т.б. елдер елшіліктерімен тікелей байланыс орнатылған, шет елдердің 16 ун-тімен және білім беру орталықтарымен студенттер мен оқытушылар алмасып, жыл сайын тағылымдама өткізу ісі жолға қойылған.

С.Құнанбаева

«ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ӘДЕБИЕТІ» – 1986–96 ж. аралығында жарық көрген көп томдық жинақ. «Қ. х. ә-нің» алғашқы алты томы қазақ халқының батырлар жырына арналған. 1-томға (1986) «Қобыланды батыр» жыры, 2-томға (1986) «Алпамыс батыр» жырының үш нұсқасы, 3-томға (1987) «Қамбар батыр», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Ер Тарғын» жырының екі нұсқасы, «Қарабек», «Бөгенбай батыр» жыры енген. Батырлар жырының 4-томында (1989) «Көроғлы» жырының жеті нұсқасы жарияланды. 5- (1989), 6-томдарға (1990) 1942 ж. Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» жыры енген. Көп томдықтың төрт томы қазақ халқының ертегілеріне арналып, оның 4-томына (1989) батырлық ертегілері енген. Көп томдықтың 15-томы 1995 ж., 16–17-томы 1996 ж. жарық көрді. 15-томға Абылай хан туралы, 17-томға Кенесары, Наурызбай туралы тарихи жырлар енді. Жинақты ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-ты дайындаған.

Ә.Нарымбетов

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПОЭЗИЯСЫ – қазақ әдебиетінің бір саласы. Қазақ халқының саяси-әлеум., қоғамдық-тарихи даму сатыларына тән көркемдік-эстет. талғам-түйсігін, этик. және филос. талап-тұжырымын танытады. Көне дәуірлерден бастау алатын Қ. х. п. синкретті (ажыратылмас) құбылыс. Сондықтан оның халық ауыз әдебиетімен, музыка мәдениетімен, фольклормен тоғысар арнасы мол. Қ. х. п-нда елдік жолындағы ерлік пен өрлік, рух асқақтығы мен қайсар батырлық, табиғаттың ғажайып үйлесімді көрінісі, ғашықтықтың күйініш-сүйініші, рухани асқақ сезім, адам мейірімі мен дүниетанымы ажырамас тұтастықта көрініс табады. Қ. х. п-ның жанрлық құрамы сан салалы. Дастан, толғау, айттыс, жыр, т.б. бастауын халық шығарм-нан алады. Қ. х. п-н жанрлық, түрлік жағын А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.О.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Е.С.Ысмайылов, М.С.Сильченко, т.б. ғалымдар ғыл. тұрғыдан жүйеледі. Әуезов қазақ халық өлеңдеріне сыршылдық салт өлеңдер деген анықтама бере отырып, оны туу ретіне қарай үш түрге бөлген: 1) жалпақ елдің салтымен байланысқан шерлі өлеңдер; 2) дін салты мен ұғымынан туатын өлеңдер; 3) қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдері. Ел салтындағы шерлі өлеңдерді мазмұнына қарай: жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту деп жіктейді. Қоштасудың өзін іштей тақырыптарға бөледі: а) жермен қоштасу, елмен қоштасу; ә) өмірдің өткен шағымен қоштасу; б) өтіп бара жатқан заманмен қоштасу («Әдебиет тарихы», Ташкент, 1927). Х.Досмұхамедұлы қазақ фольклорының жанрлары мен түрлерін жүйелеп, халық поэ-

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ

зиясының шілдехана, бесік жыры, ғашықтық әдебиет, үйлену тойы жырлары (іштей жар-жар, тойбастар, беташар), қоштасу, көрісу, сәлем, сәлемдеме, жерлеу, мақтау, көңіл айту жырлары, бата мен алғыс, қарғыс, болжам өлеңдер, насихат, зар заман мен толғау, батырлық жырлар, тарихи өлеңдер (мыс., Абылай хан жайындағы өлең-толғаулар), тұрмыстық жырлар, жарапазан түрлерін айтады («Аламан», 1991, 15 – 25 бб.). Н.Төреқұлов ауыз әдебиетіндегі халық өлеңдерінің (лирика) жеті саладан тұратынын көрсетеді: 1) саяси-әлеум. лирика: арнау, мадақтау, тарихи өлеңдер, қара өлеңдер, хат өлең, ән өлең; 2) тұрмыс-салт лирикасы: тойбастар, сыңсу, жар-жар, беташар, бесік жыры, қоштасу, жоқтау, естірту, көңіл айту, жұбату; 3) еңбек-кәсіп өлеңдер: төрт түлік, егіншілік, саяткерлік және наурыз өлеңдері; 4) ғақлият өлеңдер: өсиетнаме, алғыс, бата, тілек, мысал өлең, жұмбақ өлеңдер; 5) қиял-ғажайып өлеңдер: аңыз өлең, өтірік өлең; 6) күлкі-сықақ өлеңдер; 7) діни өлеңдер: бақсы сарыны, бәдік, арбау-байлау, жарапазан. Поэзиядағы дәстүр мен жалғастық, тарихи сабақтастық тұрғысынан алғанда лириканың негізі – халық өлеңдерінде. Бұл ретте халық мәдениетінің, ән-күй өнерінің өкілдері Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Шашубай, т.б. сал-серілер шығарм-ғы Қ. х. п-ндағы лириканың тамаша үлгілері болып табылады. Сал-серілер – әншілік өнер мектебін қалыптастыра отырып, халықтық поэзияны көркемдік, тақырыптық, идеялық арнада дамытты. Әнші-ақындар поэзиясы қазақ әдебиетінде ерекше дәстүр қалыптастырды. Мыс., Арқадағы Біржан сал, Ақан сері, Батыс Қазақстандағы Мұхит, Сыр бойындағы Нартай дәстүрі соның дәлелі. Қ. х. п. – ұлттық рухани мәдениеттің асыл арнасы, ажырамас бөлігі болғандықтан дәуір талабына, замана рухына сай жаңарып, жаңғырып отырады. Бұл ретте Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Доскей, Шашубай, Төлеу, Нартай, Естай, Кенен, Үмбетәлі, Көшен, Нұрқан, Нұрлыбек, Сәт, Омар, Қалқа сынды халық ақындарының шығармалары халық әдебиеті дәстүрлерін сақтаудағы, жалғастырудағы Қ. х. п-ның өміршендігін айқындайды. Мұның өзі халық талантының сарқылмас көркемдік қуатын да танытады. Қ. х. п-ның көркемдігі, бейнелілігі қашанда ақындық шеберлікті ұштауда үлкен маңызға ие және қоғамдық-әлеум. сипаты, тәлім-тәрбиелік мәні зор. Өлең, жыр түрінде шығарылатын Қ. х. п. өмір құбылысын, адамның жан әлемін сыршылдықпен, сезімталдықпен көркем, бейнелі түрде жеткізеді.

Әдб.: У а х а т о в Б., Қазақтың халық өлеңдері, А., 1974; Қазақ фольклорының типологиясы, А., 1981; Ә у е з о в М., Әдебиет тарихы, А., 1991; Д о с м ұ х а м е д о в Х., Аламан, А., 1991; Б а й т ұ р с ы н о в А.,

Ақжол, А., 1991; Қазақ фольклористикасының тарихы, А., 1993.


С.Жұмағұлов

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ГЕНЕАЛОГИЯСЫ – қазақ мемлекетінде (1459–1847) билік жасаған әулет шежіресі. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханнан бастау алады. Қазақ хандарының атасы – Орыс (Өріс) хан. Оның аталары жөнінде тарихи әдебиетте екі жақты пікір қалыптасқан. Бірінде оны Жошы ханның 13-ұлы Тоқай Темір әулетінен таратады («Нұсрат-Намә», «Муиза алансаб», «Түрік шежіресі» (Әбілғазы), «Шыңғыс-Намә» (Өтеміс қажы), кейіннен Ш.Ш.Уәлиханов пен Ш.Құдайбердіұлы, т.б.). Осы жазба деректерге байланысты Қожа Ахмет Иасауи маңында қойылған хандар тақтасында қазақ хандары «Тоқай Темір әулетінен» деп жазылған. Екіншісінде – Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен тарайды (Ф.Рашид-ад Дин, В.Вельяминов-Зернов, П.Савельев, Т.И.Сұлтанов, т.б.). Орда

Қазақ мемлекетінің бас хандары (XV – XVIII ғ. басы)



Қазақ мемлекеті
1456 жылы
Жөнібек сұлтан, Керей
сұлтан іргесін қалады
Шу, Қозыбасы



15–18 ғасырлардағы қазақ хандары

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Ежен Жошы ұлысының сол қанатын басқарды, Жошының 5-ұлы Сыбан (Шайбани) мен Тоқай Темір сол қанаттың құрамындағы кіші отаулар болды. Батыс жорығы аяқталғаннан кейін Бату хан 1241 ж. Тоқай Темірге Солт. Кавказдан үлес берді. Кейіннен Тоқай Темір әулеті Қажы Тархан (Астрахан), Кавказ, Қырым аймақтарын басқарды. Махмуд ибн Уәлидің «Бұхар ар-асрар» еңбегінде бұл әулет «Ханеан-н Тукай тимурийандықтар» деп аталып 14 ғ-дың бас кезінде отырықшы халықтарды басқарғанын және Алтын Орда құлағаннан кейін «Хан-оғландары» атанғанын жазады. Мұның бәрі қазақ хандарының Тоқай Темір әулетінен емес екенін дәлелдейді. Рашид ад-Диннің, т.б. айтуынша Орда Ежен өлгеннен кейін орнына тұңғышы Сартақтай емес, 4-ұлы Қоқыран отырған. Оның орнына Сартақтайдың ұлы Қоныш келген. Қоныштан соң тұңғышы Баян, онан соң Баянның ұлы Сасыбұқа келеді. Оны моңғол шежірелерінің бірі – «Чингис хааны язгуур төрлийн-цадигууд» («Шыңғысханның ата шежіресі») растайды. Онда Ақ Орда хандары кестесін Шыңғыс хан – Жошы – Ордана – Кали (Кули) – Буян (Баян) – Сасыбұқа – Абисан (Эрзен) – Шымтай – Орыс хан деп таратып, олардан әрі қарай «Шығыс Қыпшақ хандары» деп атаған. Орыс ханнан кейін Ақ Орда тағына оның сегізінші кенже ұлы Құйыршық, онан соң Құйыршықтың үлкен ұлы Барақ отырды. Ақ Орданың орнына құрылған қазақ хандығының негізін қалаушылар Керей мен Жәнібек Орыс ханның шөберелері еді. Жәнібек – Барақ ханның тұңғыш ұлы, Керей – Орыс ханның ұлы Тоқтақияның немересі. Керей мен Жәнібектен кейін ел билігі Бұрындыққа (Керейдің ұлы) (1480–1503/1511) ауысты. 1511 (1503) ж. таққа Жәнібектің ұлы Қасым (1503 (1511)–1518 (1523) отырды. Оның тұсында қазақтар күшейіп, бүкіл Дешті Қыпшақты биледі. Қасым өлгеннен кейін таққа баласы Мамаш (1518 (1523)–23), інілері Таһир (1523–33), Бұйдаш (1533–34), Қожахмет (1534–35), Тоғым (1535–37) кезек-кезек отырды. Бұл жылдар қазақ хандығы үшін аса ауыр кезең болды. Қасымның ұлы Ақназар (Хақназар) (1538–80) тұсында қазақ хандығы қайта күшейді. Ол «қазақ-ноғай», «қазақ-қырғыз» патшасы атанды. Ақназар қазаға ұшырағаннан кейін билікке Жәнібек ханның немересі Жәдік сұлтанның ұлы Шығай (1580–86(82) келді. Осыдан соң таққа 1586–98 ж. Шығай ханның үлкен ұлы Тәуекел, 1598–1628 (45) ж. Тәуекел ханның інісі Есім (Еңсегей бойлы Ер Есім), 1628 (45)–80 ж. Есім ханның баласы Жәңгір (Салқам Жәңгір), 1680–1718 ж. Жәңгір ханның үлкен ұлы Тәуке (Өз Тәуке) отырды. Өз Тәукенің тұсынан бастап қазақты жүзге бөліп басқаратын мирас (к. Жүз) пайда бол-

ды. Үш ұлысты да алғашқы қазақ хандарының бірі Жәнібектің ұрпақтары басқарды. Кіші жүзді Әбілқайыр, кейіннен оның ұрпақтары Нұралы, Есім, Қаратай, Бөкей, Шығай, Жәңгір, т.б. басқарды. Орта жүзді Өз-Тәукенің інісі Қайып, ұрпақтары Болат, Әбілмәмбет хандар басқарды. 1771–81 ж. Орта жүз тағына отырған Өз Тәукенің ағасы Бақының шөбересі Абылай хан Үш жүзді уақытша біріктірді. Кейіннен Орта жүзді Абылай ханның баласы Уәли мен немерелері Ғұбайдолла (Абайдәл) мен Кенесары, әйгілі Барақ сұлтанның немересі Бөкей биледі. Ұлы жүзді Әбілқайырдың ағасы Жолбарыс, Әбілпейіз (Әбілмәмбет ханның баласы), Әділ (Абылайдың ұлы), т.б. басқарды. Ресей үкіметі тарапынан Қазақ хандығы күшпен жойылғаннан кейін де бұл әулеттен көптеген саяси-әскери қайраткерлер, ғалым-ағартушылар (Ғ.Жәңгіров, Ш.Ш.Уәлиханов, Ө.Бөкейхан, Б.Қаратаев, т.б.) шықты.

Әдеб.: Уәлиханов Ш. Ш., Шығармалар жинағы, 2 т., А., 1985; Тынышбаев М., Великие бедствия, А., 1992; Левшин А. И., Описание Киргиз-Кайсацких орд степей, А., 1996; Қыдырғали Жалаири, Шежірелер жинағы, А., 1997; Сұлтанов Т. И., Поднятые на белой кошме. Потомки Чингис хана, А., 2001.

З.Қинаятұлы

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – қазақ халқының тұңғыш мемлекеттік құрылымы (шамамен 1456–1847). Астаналары әр түрлі кезеңдерде Сарайшық, Сығанақ, Түркістан, Созақ, т.б. қ-лар болды. Қ. х. 14–15 ғ-ларда Алтын Орда өлсірегеннен кейін, Дешті Қыпшақта Ақ Орда (кейіннен Әбілхайыр хандығы немесе көшпелі өзбектер мемлекеті), Ноғай ордасы бөлініп шығып, өз мемлекеттерін құрды. Жетісуда Шағатай ұрпақтары билік жүргізген Моғолстан хандығы өмір сүрді. Жаңадан құрылған ұлыстар өз ішінде билікке таласты, сондай-ақ, бір-бірімен керуен жолдары мен жайылымдық жерлер үшін үздіксіз соғыс жүргізді. Қазақстанның оңт-нде жер өңдеудің қайта қалпына келуі, қалалар өркендеп, онда қолөнердің қайта жандануы көшпелі, жартылай көшпелі Орт. Қазақстан даласы мен Жетісудың Оңт. Қазақстанның отырықшы диқандарымен шаруашылық байланысының дамуы – бұл кезеңнің этн. бірлесу бағытына, тілі, рухани мәдениеті, шығу тегі бір этн. топтардың бауырласуына, ақыры қазақ халқының құрылуына ықпал етті. Бірақ қазақ халқының бірігуінің толық аяқталуына оның кейбір бөліктерінің оқшаулануы, тарихи кезеңдерде қалыптасып, шаруашылығы дараланған үш аймаққа, яғни жүзге (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) бөлінуі, қазақтың ру-тайпаларының бірнеше мемл. құрамына енуі кедергі жасады. Ел ішіндегі өзара қақтығыстар мен соғыстар, көршілес ойрат (қалмақ) тайпа-

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ларының, Мауераннахрды билеген Темір әулеті билеушілерінің жаугершілік саясаты бұлардың арасын алшақтата берді. 15 ғ-дың орта шенінде тұрақты біртұтас мемлекеттің қажеттілігі айқын сезілді. Осындай мемлекет қана Қазақстанды мекендеген ұлыстар жерінің, шаруашылығының біртұтастығын сақтай алатын еді. Мұндай жағдайға ең әуелі қазақтың қалың бұқарасы – көшпелі малшылар мен Оңт., Оңт.-шығыс Қазақстан ойпатын мекендеген дикандар мүдделі болды. Мұның екеуі де өнімді еңбектен қол үздірген өзара қырқысқан қақтығыс пен соғыстардан қатты жапа шекті. Оларды қорғайтын күшті мемлекет қажет болды. 15 ғ-дың 50–60-жылдарында Орт. және Оңт. Қазақстанды мекендеген қазақтың кейбір ру-тайпаларының (Мұхаммед Хайдар Дулаттың дерегінде 200 мыңдай адам) Әбілхайыр қол астынан бөлініп, Батыс Жетісуға қоныс



аударуы осындай мемлекеттің – Қ. х-ның құрылуына тікелей ұйтқы болды. Әбілхайырдың қарсыластарын Орыс ханның шөбересі, Ақ Орданың билеушісі Барақ ханның баласы Жәнібек пен оның туысы Керей сұлтандар бастап келді. Олар Моғолстан ханы Есенбұғамен одақ құрды. Есенбұға одақ құрып, жер бөліп беруде Моғолстан билігіне таласқан бауыры Жүнісханға қарсы тірек іздесе, арысы өз иелігін Әбілхайыр мен Темір әулетінің ұрпақтарынан, қалмақ басқыншыларынан қауіпсіздендіру еді. 1462 ж. Есенбұға дүние салғаннан кейін Моғолстандағы билік дағдарысы қазақ сұлтандарына өздері иемденіп отырған Жетісу жерінде жеке саяси бірлестік құруға жағдай туғызды. Қазақ хандарының ешкімге тәуелсіз билік құра бастаған кезеңін «Тарих-и Рашидидің» авторы Мырза Мұхамед Хайдар Дулат 1465–66 жылдар деп жазған. Қ. х. алғаш Батыс Жетісуда (Шу, Талас ойпаты) құрылды. Жошы әулетінен шыққан сұлтандардың Шығыс Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресі 1468 ж. Әбілхайыр өлгеннен кейін қайтадан өршіді. Оған жергілікті халық пен ауып келушілерден едәуір әскери күш жинаған және Жетісуда берік тылы бар Жәнібек

пен Керей де қосылды. 15 ғ-дың ақырында Жәнібек хан мен Керей хан, кейін Бұрындық хан және Қасым хан (16 ғ. басы) қазақ ру-тайпалары мекендеген Сарысу, Сырдария, Арал маңы, Қаратау етегінің едәуір бөлігінде үстемдігін орнатты. Әбілхайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбанимен Сырдария бойындағы Сығанақ, Сауран, Отырар, Ясы (Түркістан) қ-лары үшін кескілескен ұрыстар болды. Бұл қалалар көшпенділер мен отырықшы – егінші аймақ халықтарын байланыстыратын шаруашылық, мәдени-этн. орт. болды. Алғашқы қазақ хандары Дешті Қыпшақтағы өкімет билігіне таласушы барлық хандарды бірте-бірте жеңіп, өз иеліктерін ұлғайтты. Ақырында Созақ, Сауран, Сығанақ қ-ларын Қ. х-на қосып, Мұхаммед Шайбаниды Мауераннахрға кетуге мәжбүр етті. Мұнда ол Темір әулеті арасындағы өзара тартысты пайдалана отырып, өкімет билігін басып алды. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының саяси, экон. жағдайы нығая түсті. Қасым мен оның бауырлары Жаныш пен Таныш шекаралас қалаларды қорғап, 1503–10 ж. Мұхаммед Шайбанидің бірнеше тонаушылық шапқыншылығын тойтарды. Қасым сол аймақтағы саяси жағдайды жіті бағдарлады, моғол ханы Сұлтан Саидпен достық қатынас орнатып, ноғай (маңғыт) тайпаларын өз жағына қаратты. Ол ірі ақсүйектердің қарсылығын әлсіретіп, әскери күштерді нығайтты, өз билігіндегі жерлерді ұлғайтты. «Тарих-и Рашиди», «Шайбанинама», т.б. деректемелерде Қасым хан тұсында хандық қазақтардың этн. аумағының негізгі аймақтары біріктірілгені айтылған. Хандықтың шекарасы батыста Жайыққа дейін, оңт.-батыста Сырдарияның оң жағалауына, Аралдан Маңғыстауға дейінгі жерлерді алып жатты, оңт.-те хандыққа Сырдария бойындағы бірсыпыра қалалар қосылды. Жайлау-қоныстары солт.-те Ұлытаудан асты, оңт.-шығыста оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өз-дерінің алаптары) бағынды. Қасым ханға қараған халық 1 млн. адамға жетті. Алғашқы қазақ хандарының іс-әрекеттері рубасылар мен ақсүйектер тарапынан қолдау тапты. Олар ру ақсүйектерінің көмегімен Қ. х-н әрі қарай күшейтті. Бұған қоса Оңт. Қазақстан тұрғындары Шығыс Дешті Қыпшақ және Жетісу жерлерімен экон. және мәдени даму дәстүрлері жағынан ғана емес, этногенетик. туыстығымен, ортақ этносаяси тағдырларымен де байланысты болды. Дегенмен, қазақтардың этн. аумағын біріктіру қарапайым халықты сұрапыл ауыртпалыққа ұшыратқан көрші мемлекеттер арасындағы ұзаққа созылған соғыстар барысында жүзеге асты. Қазақ билеушілерінің жеңіске жетуі әділдік еді. Сөйтіп, 15 ғ-дың аяғында Қазақстан аумағының басым бөлігінде өмір сүретін этн. топтардың тұңғыш рет

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ



бір мемлекетке бірігуі басталды. Әбілхайыр хандығы, Моғолстан, т.б-ларға қарағанда Қ. х-ның өте кең де берік этн. базасы болды. Бірігу 16 ғ-да әрі қарай жалғасып, күрделі жолмен, көбіне өздері бодан болып келген мемлекеттердің билеушілерімен қақтығыс жағдайында өтті. Қ. х-ның негізін салушылар Жәнібек және Керей хандармен Моғолстан тығыз қарым-қатынас жасады. Бұл байланыс 16 ғ-дың 30-жылдарына дейін созылды. Нәтижесінде Жетісу тайпалары Қ. х-на бейбіт түрде қосылды. Сөйтіп, оның тұрғындары Қазақстанның басқа аймақтарымен тығыз байланыс орнатты. 16 ғ-да Қ. х-ның Шайбани мемлекетімен қарым-қатынасы аса күрделі күйінде қалды. 16 ғ-дың алғашқы ширегінде қазақтар Ресей мен Батыс Еуропаға белгілі болды. 16 ғ-дың 2-ширегінде Қ. х. біраз дағдарысқа ұшырап, әлсіреді. Өзара қақтығыста Қасымның мұрагері Мамаш хан қаза (1523) тапты. Өкімет билігі Қасым ханның немере інісі Тахир (Тахыр) ханның қолына (1523–33) көшті, бірақ ол өзара тартысты баса алмады. Сырдария бойында Шайбани әулетіне қарсы соғыстар сәтсіз аяқталып, Тахирдің Ноғай Ордасымен қарым-қатынасы шиеленісті. Осының бәрі ішкі тартыс пен алауыздықты өршітті. Халық бұқарасы соғыс ауыртпалығына, ханның қатыгездігіне төзе алмай басқа жаққа жаппай көше бастады. Тахир хан хандық аймағының көп бөлігінде билігінен айрылды, оның ықпалы Жетісуда ғана сақталды. Мұнда ол қырғыздармен одақ құрып, моғол ханы Сұлтан Саидтың Жетісуда өз билігін қайта құрмақ әрекетіне тойтарыс берді. «Тарих-и Рашидидің» айтуынша 1531–32 ж. Тахир (Тахыр) хан қырғыздар арасында өліп, орнына інісі Бұйдаш хан таққа отырған. Ол қырғыздармен жақсы қарым-қатынаста болды және билігі тек Жетісуда ғана жүрді. 16–17 ғ-ларда жазылған деректерде Бұйдаштан басқа ұсақ хандар да болды деп жазылған. Олардың ішінде аттары мәлімдері Ахмет хан мен Тоғым хан. Қ. Жалайыридің деректері бойынша, 1537–38 ж. Шағат деген жерде болған соғыста Тоғым хан 37 қазақ сұлтанымен бірге қаза тапқан. М.Х. Дулат 1523–24 ж. қазақ халқы миллион адам еді, 1537–38 жылдан кейін «жер бетінде ізі де қалған жоқ» деп жазады. Бұл кезең қазақ халқы үшін қасірет жылдары болды. 16 ғ-дың 2-жартысында Ақназар (Хақназар) хан мен Тәуекел хан тұсында Қ. х. қайта өрлеген. Ақназар Жайықтың сол жағалауын қосып алып, ноғай ұлыстарының бір бөлігіне билік жүргізді. Оның тұсында Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген моғол ханы Абд-ар Рашид пен ойраттарға (қалмақтарға) тойтарыс берілді. Сібір ханы Көшімнің қастық әрекетіне қарсы өзбек ханы Абдолламен одақ құрып, бұрын қолынан шығып қалған Сауран

мен Түркістан қ-ларын қайтарып алды. 1573 ж. орыстың бірінші патшасы Иван Грозный Ақназар ханға Т.Чебуков бастаған елшілік жіберді. Қазан мен Астрахан хандықтарын қосып алғаннан кейін Еділ бойына толық өз бақылауын орнатқан Ресей Ноғай (Маңғыт) ордасы мен Сібір хандығын бағындыруға кірісті. 16 ғ-дың екінші жартысында Орт. Қазақстан мен Сырдарияның төм. ағысына қарақалпақтар көшіп келді. 1580 жылдан кейінгі деректерде Ақназар туралы ештеңе айтылмайды, оның орнына немере інісі Шығай қазақ ханы деп аталады. Ол өзбек ханы Абдолламен одақтасып, Ташкент билеушісі Баба сұлтанмен соғысты. 1582 ж. (кейбір деректерде 1586) Шығай хан өліп, орнына баласы Тәуекел хан болды. Осы жылы ол Баба сұлтанға өлтіріп, Абдолладан сыйға уәлаят алды. Бірақ бұл одақ 1583 ж. бұзылады. Тәуекел Сыр бойындағы қалалар үшін күрес бастады. 1586 жылдан бастап ол Ташкентке, тіпті Самарқанд сияқты орт. қалаларға қауіп төндірді. 1594 ж. Тәуекел хан тұтқынындағы інісі Ораз-Мұхаммедті елге қайтару (ол 1580 ж. Көшім ханмен соғысып жүргенде тұтқынға түскен болатын) әрі Абдолла мен Көшім хандарға қарсы соғыс одағын құру және «отты қару» сұрау мақсатымен Ресей патшасы Федор Ивановичке Құл-Мұхаммед бастаған елшілік жіберді. 1595 ж. наурызда Тәуекел ханға В.Степанов бастаған елшілік келді. Өзара тартыстың бәсеңдеуі, ішкі саяси өмірдің, мал және егін ш-тарының нығаюы Орта Азия, Сібір, Россиямен сауда қатынасын дамытуға көмектесті. 16 ғ-дың ақырында Түркістан аймағында күрес қайта өрістеді. Тәуекел Орта Азияның сауда орталықтарына шығу жолындағы күресін әрі қарай жалғастырды. 1598 ж. Тәуекел Орта Азияға жаңа жорық жасады. Бұл кезде Бұхарада тақ таласы басталып, Абдолла қазаға ұшыраған соң, билік оның баласы Абд әл-Момынның қолына көшкен еді. Алайда, оның билігі баянсыз болып, бүлікшіл әмірлердің қолынан қазаға ұшырады. Аз уақыт ішінде Тәуекел Түркістанды, Ташкентті, Ферғананы, Ахсиді, Өндіжанды, Самарқандты алды. Бірақ Бұхараны қоршау кезінде қатты жараланып, Ташкентке шегінді. Тәуекел хан мен оның інісі Есім сұлтанның Мауераннахрға жасаған жорығының нәтижесінде Түркістан, Ташкент, Ферғана қазақ хандығының құрамына қосылды. Шайбани әулеті жойылып, орнына билікке басқа әулет (Аштархан әулеті) келді. Бұл Қ. х-ның экон. жағынан күшеюіне және Орта Азиядағы мемлекет шекарасының тұрақтануына аса күшті ықпал етті. 1598 ж. Бұхарамен жасасқан шарт бойынша Сырдарияның орта бойындағы барлық қалалармен бірге Ташкент те Қ. х-на қарады. 17 ғ-дағы Қ. х-ның ішкі саяси жағдайында билеушілердің

өзара тартыстары күшейе түсті. Тәуекел хан қаза тапқаннан кейін билік Есім ханның (1598–1628(45) қолына көшті, Ташкентте Ақназардың немере інісі Тұрсын Мұхаммед өзін хан жариялады. Үш жүздің әр қайсысында бірте-бірте дербес хандар пайда болды. Қ. х-ның сыртқы саясаты, әсіресе, оңт., оңт.-шығыс шекарасындағы жағдай шиеленісе түсті. Бұхараның ханы Имамқұл, т.б. Ташкент пен Түркістан қ-ларын қайтарып алуға тырысты. Ойраттардың қазақ жеріне жорығы жиіледі. Билеушілер (Есім хан мен Тұрсын-Мұхаммед) арасындағы араздық салдары соғысқа ұласты. Ташкент төңірегінде болған шайқаста 1628 ж. Тұрсын хан мерт болды. Тұрсын ханмен бірге оны қолдаған қатаған тайпасы да қырылды. Есім хан қайтыс болған соң Қ. х. әлсірей бастады. Ташкент пен Әндіжан аймағын Абылай сұлтан биледі. Есімнің орнына билікке Жәңгір хан (Салқам Жәңгір) келді. Жәңгір хан Бұхара хандығымен тығыз байланыс орнатты. 17 ғ-дың 1-жартысындағы жоңғар шапқыншылықтары қазақтардың, қырғыздардың, ноғайлардың, башқұрттардың, қарақалпақтардың қалыптасқан шаруашылық аудандарын қатты күйзеліске ұшыратты. Жоңғарлармен соғыстың негізгі ауыртпашылығы Қ. х-ның мойнына түсті. 1643–47 ж. қазақ-жоңғар соғысы басталды. Екі жақ арасындағы негізгі шайқас Орбұлақ түбінде болды. Самарқанд билеушісі Жалаңтөс баһадүрдің көмегімен Жәңгір хан 50 мың әскері бар Батыр қонтайшыны (қ. *Орбұлақ шайқасы*) талқандады. Қ. х-ның билігі 1680 ж. Жәңгірдің ұлы Тәукеге көшті. Ол көреген саясаткер, ақылды дипломат, құдіретті хан болды. Тәуке хан өкіметтің беделін көтеруге және оған үш жүздің руларын бағындыруға бағытталған шаралар қолданды. Жеті жарғы деген атпен белгілі әдеттегі құқық нормаларының жинағы құрастырылып, мемл. құрылымның негізгі шарттары белгіленді. Үш жүздің басын біріктіруде билер кеңесі шешуші рөл атқарды. Қ. х. Орта Азия елдерімен берік одақ құрды, нәтижесінде Сырдарияның бойында Тәуке ханның билігі берік орнады. Түркістан қ-н астана етті. Тәуке Ресей мемлекетімен қарым-қатынасты нығайту бағытын жалғастырды. Ол 1686–93 ж. Ресейге бес елшілік жіберді. Екі ел арасында сауда байланыстары нығайды. Оның есесіне қазақ-жоңғар қатынастары қатты шиеленісті. Жоңғарлар маңызды сауда жолдары өтетін Оңт. Қазақстанды басып алуға (қ. Жоңғар шапқыншылығы) ұмтылды. 1711–12, 1714, 1717 ж. жоңғар-қазақ соғыстары толастамады. 1715 (1718) ж. Тәуке хан қайтыс болып, орнына інісі Қайып хан отырды. Бірақ ол да 1718 ж. аяғында қайтыс болып, орнына Тәукенің ұлы Болат таққа отырды. Осындай жағдайда 1723 ж. жоңғарлар 70 мың әскермен қа-

зақ жеріне (қ. *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»*) басып кірді. Бүкіл оңт. өңірден айрылған қазақтар Бұхарға, Жем мен Жайыққа, Арқаға босып кетті. Оларды Орта Азия хандықтары, Еділ қалмақтары мен башқұрттар да қырғынға ұшыратты. 1726 ж. Ордабасыда өткен құрылтайда қазақ батырлары мен билері бас қосып, елді басқыншылардан азат ету мәселесін талқылады. Мемлекеттің біріккен қолын басқару бас қолбасшы болып сайланған Әбілқайыр ханға жүктелді. Әбілқайыр ханның басшылығымен 1728 ж. Бұланты-Білеуті шайқасында, 1730 ж. Аңырақай шайқасында жоңғарларға соққы берілді. Бірақ жеңіс баянды етілмеді, билеушілер бас хан құзырына мойынсұнбай, Қ. х-ның бірлігіне нұқсан келді. Әбілқайыр хан, Сәмеке хан, Жолбарыс хан иеліктері дербес басқарылды. Сыртқы саяси жағдайдың күрделілігі қазақтарды одан аман шығудың жолын іздеуге мәжбүр етті. 18 ғ-дың 1-ширегінде жоңғар басқыншыларының әрекетінің күшеюіне әрі экон., саяси жағдайдың қиындығына Қазақстанның Ресейге қосылу мәселесі туындады. Кіші жүз билеушілері Әбілқайыр ханның басшылығымен 1726 және 1730 ж. 2 рет Ресейге елшілік аттандырып, өздерін бодандыққа алып, қорғауын өтінді. 1731 ж. 18 ақпанда император әйел Анна Иоановна Кіші жүзді Ресей бодандығына алатындығы жөнінде грамотаға қол қойып, тиісті келісімшарт жасатып алып келуге Сыртқы істер алқасының тілмәші А.И.Тевкелев бастаған елшілікті жіберді. 1731 ж. 10 қазанда Кіші жүз билеушілері Ресейге ант берді. Қалыптасқан жағдайға байланысты Орта және Ұлы жүз билеушілері де Әбілқайыр хан арқылы орыс патшасына өтініш білдіре бастады. Бірақ жағдай күрделі күйінде қалып, жоңғарлардың шабуылы тоқтамады. Жаңадан қосылған жерлерге билігін нығайту үшін Ресей үкіметі 1734 ж. Орынбор экспедициясын ұйымдастырды. 18 ғ-дың 40-жылдары жоңғар шапқыншылығы күшейе түсті. Осы кезде Абылай сұлтан өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен ерекше көзге түсті. Ол қазақ руларын өз төңірегіне біріктіре бастады. 50-жылдары Орт. Азияда аса үлкен өзгерістер болды. Жоңғар хандығы жойылды. Қазақстанға Цин (Қытай) үкіметі тарапынан тікелей қауіп төнді. Ресей Ертiс өз. бойындағы қамалдарын күшейтіп, 1756 ж. қазақтардың Жайық өз-нен өтуіне тыйым салды. Осындай жағдайда қазақ халқы Абылай сұлтанның айналасына топтасып, біртұтас Қ. х. қайтадан қалпына келтірілді. 1771 ж. үш жүздің билері мен батырлары жиылып, Абылайды хан көтерді. Бірақ 1781 ж. Абылай қайтыс болғаннан кейін Қ. х. тағы да орт. биліктен айырылды. Абылайдың орнына хан болған Уәли тек Орта жүзге ғана билік жүргізді. Ол Ресей бодандығын

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

толық мойындады. Бірақ, Қытай және Орт. Азия мемлекетімен тығыз байланыс орнатты. Ресей үкіметі Қ. х-н жоюды көздеді. Сырым Датұлы бастаған көтеріліс нәтижесінде Кіші жүзде хандық билікті жоюды көздеген Орынбор губернаторы барон О.А.Игельстромның реформасы сәтсіздікке ұшырады. 1821 ж. Арғынғазы, 1824 ж. Шерғазы хан орнынан түсірілді де, Кіші жүзде дәстүрлі мемлекеттілік жойылды. 1824 ж. «Орынбор қырғыздары (қазақтары)» жөніндегі жарғы бойынша хандық билік Ресейдің әкімш. жүйесімен алмастырылды. Орта жүзде Уәли ханның Ресей мен Қытай арасында бұлтақтау саясатын ұстануы патша үкіметіне ұнамады. 1815 ж. Орта жүзде Бөкей екінші хан болып тағайындалды. Ал 1817 ж. Бөкей хан, 1819 ж. Уәли хан қайтыс болғаннан кейін Ресей ешкімді хан етіп бекітпеді. 1822 ж. «Сібір қазақтары (қырғыздары) жөніндегі Жарғыға» сәйкес Орта жүз бен Ұлы жүздің Ресейге қараған бөлігі «Сібір қазақтары» деп аталып, хандық билік жойылды. Бірақ Қ. х-ның жойылуын жергілікті халық қабылдамады. Сондықтан, отаршылдыққа қарсы жиі-жиі бас көтерулер болды. Әсіресе, 1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс бүкіл қазақ халқын қамтыды. Көтерілісшілер арасында Кіші, Орта, Ұлы жүз өкілдері болды. Олар 1841 ж. Кенесарыны Үш жүздің ханы етіп сайлады. Кенесары бір жағынан солт.-шығыс пен батыстағы Ресей бекіністеріне шабуыл жасаса, екінші жағынан оңт. Қоқан хандығымен де соғысты. Бірақ күш тең болмады да, 1847 ж. Кенесары қырғыз жерінде қазаға ұшырады. Кенесары өлімінен кейін, Қ. х. біржолата жойылды. 1801 ж. Нұралы ханның баласы Бөкей Ресеймен бейбіт келіссөздер жүргізу арқылы Еділ мен Жайық арасында жатқан ата қоныстарын қайтарып алды да, ол жерде Бөкей Ордасы құрылды. 1823–46 ж. Бөкей Ордасының ханы болған Жәңгір кейбір реформалар жүргізді (мектеп-медреселер ашу, отырықшылықты насихаттау, т.б.). Бірақ Жәңгір ханның жүргізген саясаты Ресей тарапынан қолдау таппады. Жәңгір хан мен оның мұрагерлері белгісіз жағдайда қазаға ұшырағаннан кейін Бөкей Ордасында да хандық билік жойылды. Қазақтардың 15–19 ғ-лардағы негізгі кәсібі – өлкенің жеріне, ауа райына байланысты тарихи қалыптасқан көшпелі, жартылай көшпелі мал ш. еді. Мал ш-ның өнімі қазақтың негізгі азықтық қорегі әрі киімі, үй жиһазы болды. Суармалы егіншілікпен Оңт. Қазақстан мен Жетісу қазақтары шұғылданды. Өзге аймақтардың кейбір жерінде қыстау маңы өңделді. Негізгі дақылдардан тары, кей жерлерде аздаған бидай, арпа егілді. Көшпелі малшылар арасында қол өнері, әсіресе, мал өнімі жақсы өңделді. Соғыс қару-жарақтары да жасалды. 15–17 ғ-да Сығанақ,

Ясы (Түркістан), Сауран, Отырар, Сайрам, Арқук (Арқөк), Үзкент, Аққорған, Сүткент, т.б. қ-лар Қарашоқы, Қарнақ, Қарасаман, Аюкөк, Өзкент, Қарақұрым сияқты белгілі елді мекендер болды. Қалаларда көзе, ағаш өңдейтін, тері илейтін, киім тоқитын кәсіпорындар болды. Ясы мен Отырарда теңге соғылды. Көшпелілер сауда-саттықты жақсы білді. Олар малын, оның өнімін затқа, астыққа айырбастады. Қазақстан жері арқылы керуен жолдары өтіп, Орта Азиямен, Шығ. Түркістанмен, Орыс мемлекетімен, Сібірмен сауда қатынастары орнады. 15–18 ғ-ларда қазақ қоғамының экон. және әлеум. құрамында рулық қатынастар үстем болды. Бұл қатынастарға тән ерекшеліктердің бірі қоғам мүшелерінің арасындағы қатынастарда елеулі рөл атқарған қауымдық-рулық қатынастарды және ин-тарды сақтап қалу еді. Оңт. өңірлерде жерге жеке меншік болды (икта, мылық, вакф, т.б.). Ал далалық аймақта жеке меншік көші-қоныс, жайылымдыққа байланысты еді. Барлық жердің қожасы хан саналды. Ол жерді ұлысқа, сұлтандарға, ірі ақсүйектерге бөліп берді. Хан өз бағыныштыларынан алым-салық (малшыдан – зекет, соғым, сыбаға, дикан мен қолөнершілерден – ұшыр, тағар, бада, харадж) жинады. Хандық бірнеше ұлысқа бөлініп, олардың билігін Шыңғыс тұқымынан тараған сұлтандар жүргізді. Мемлекет билігін бір қолда ұстаған хан азаматтық, әкімш., әскери істерді басқарды. Басқару жүйесі әдет заңымен және шарият заңымен жүргізілді. Тәуке ханның «Жеті жарғы» деп аталған заңдар жинағы әдет-ғұрып заңдары нормаларының жинағы еді, онда қазақ қоғамында қалыптасқан құқық шарттары неғұрлым толық және айқын тұжырымдалды.

Әдеб.: Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений), А.-А., 1969; А б у с е и т о в а М. Х., Казахское ханство во второй половине XVI века, А.-А., 1985; М о с е е в В. А., Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 2–3-т., А., 1998–2003; С ұ л т а н о в Т., Қазақ хандығының тарихы, А., 2003.

К.Пищулина

«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ» – Қазақстан балалар энциклопедиясы. Авторлары – Т.Жұмаханов, Б.Жұматаев. 2006 ж. «Аруна» баспасынан жарық көрген. Алматы. Көлемі 224 бет. Таралымы 10 000 дана. Балалар мен ересектерге арналған бұл көркем суретті туындыда Орталық Азиядағы XV–XIX ғасырлар аралығындағы қоғамдық-саяси жағдай, тарихи тұлғалардың өмір жолдары мен атқарған істері қызғылықты баяндалған. Кітапта жоңғарлардың Қазақ хандығына жасаған шапқыншылығы жайында баяндалатын тарихи оқиғаларға кеңінен орын берілген. Сонымен қатар

кітапқа Абылай ханның өмірі мен қайраткерлік қызметін айшықтайтын деректерге толы материал жайғастырылған. Мақалада Абылайдың жастайынан жетім қалғандығы, Ораз аталықтың тәрбиесін көріп өскендігі айтылады. Жаудан беті қайтпаған жоңғардың Шарыш батырын жер қаптырған Абылайдың өсу, елге кеңінен таны- мал болу кезеңі де қызғылықты баяндалады.

К.Қошым-Нозай

«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ» – кітап. Авторы – М.Мағауин. 1992 ж. «Ана тілі» баспасынан жарық көрген. Алматы. Көлемі 176 бет. Таралымы 8500 дана. Белгілі жа- зушы және әдебиет зерттеушісі М.Мағауиннің «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атты ең- бегі көп томдық қазақ әдебиеті тарихының үшін- ші кітабы болып табылады. Ғалым жаугершілік, ұлы жиын, той-думан күндерінде, ел абыржы- ған, халық толқыған, хан дағдарған кездерде жұрт алдына шығып, көсемдік танытқан жы- раулардың жыршылық өнерін саралай зерттеп, толғаулардың ойшылдық, сыршылдық сипаты- на барынша кең тоқталады. Жыраулардың ерте кездегі халық поэзиясын дамытушы өнегелі ақын, әрі елдің ақылгөй ақсақалы ретіндегі бей- несін ашып көрсетеді. Кітаптың «XVIII ғасыр әдебиеті» атты екінші бөлімінде Тәтіғара, Үмбе- тей, Бұқар жыраулар мен Көтеш ақынның шы- ғармашылықтарына талдау жасаған. Бұл ақын- жыраулардың шығармашылықтарын талдау ба- рысында жыраулар шығармашылығындағы Абы- лайдың да тұлғасын аша кетеді. Атап айтқанда Тәтіғара жыраудың «Кебеже қарын, кең құр- сақ», Үмбетейдің «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту», Бұқар жыраудың «Ай, Абылай, Абылай» сынды және басқа да толғауларына тоқтала оты- рып, оның қайраткерлік, тұлғалық бейнесін ашады.

К.Қошым-Нозай

«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ МЕН ЦИН ПАТША- ЛЫҒЫНЫҢ САЯСИ-ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ МҰРА- ҒАТ ҚҰЖАТТАРЫ» – кітап. I том. Құрастыр- ған – Б.Еженханұлы. 2009 ж. «Дайк-Пресс» ба- спасынан жарық көрген. Алматы. Көлемі 456 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл томда 1754–60 жыл- дар аралығындағы Қазақстан тарихына қатысты мәнжу, көне қытай тілдерінде жазылған мұрағат құжаттарының аудармасы және сол құжаттарға берілген шығыстанулық түсіндірмелер қамтылған. Сондай-ақ томда аталмыш құжаттардың фак- симилелік мәтіндері де қоса берілген. Томға ен- ген құжаттар осы жылдар аралығындағы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы сая- си-дипломатиялық қатынастың жан-жақты қыр- ларынан сыр шертеді. Бұл құжаттар қазақ тіліне түпнұсқаларынан тұңғыш рет аударылған. Ба-

сылым тарихшыларға, этнографтар мен филолог өлкетанушыларға, сондай-ақ Отан тарихына ден қоюшы көпшілік қауымға арналған.

К.Қошым-Нозай

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ – халқымыздың шығу те- гін, таралуын баяндайтын ауызша жылнама. Шежіре қазақ, түрікмен, қырғыз, моңғол және т.б. халықтар арасында сақталған. Шежіре біздің аталарымыз үшін тарих қызметін атқарған. Шежірешілдік көшпелі қоғам туғызған қажетті- лік және көшпелілердің әдет-ғұрып, салт-са- насының негізінде туған. Ол халықтың этн. құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бір бөлігі. Ел арасында өткен өмір тарихын өте жақсы білген «шежіре адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің дүниетанымын жете түсінген, аңыз-әфсана, жырларды жадында сақтаған. Қ. ш. жалпы түркі-моңғол шежіре дәстүрінің жалғасы ретінде қарастырылады. Оның нақты дәлелін Рашид әд-Дин, Әбілғазы баһадүр, Өтеміс қажы еңбектерінен көруге болады. Далалық түркі- моңғол тайпаларында ерте кезден бері шежірені, тарихи деректерді хатқа түсіру дәстүрі болған. 15–16 ғ-ларға қатысты деректердің мол жинағы М.Х.Дулаттың «Тарих-и Рашиди» шығармасы болып табылады. Екі бөлімнен тұратын бұл шы- ғарма Моғолстан мен Қашқарияны мекендеген шағатай тұқымынан тараған хандардың саяси та- рихы, дулат тайпасы және оның Шығыс Түркістанда билік құруына қатысты бірнеше дерек келтіреді. Соның бірі Керей мен Жәнібектің соңына ерген жұртымен Моғолстанға қоныс аударғанын және оларға қазақ атауын өзге жұрт бергендігін жа- зады. Қазақ елінің тарихын толықтыра түсетін келесі бір дерек Абдаллах бин Мұхаммед бин Әли Насраллахидың «Зубдат әл-Асар» атты тарихи шығармасы. Ол қазақтардың көрші елдермен саяси қарым-қатынасының оқиғаларына толы. Дегенмен, көне заманнан бері көшпелі тұрмыс құрып, ауыз әдебиетімен өмір сүрген қазақ тарихын зерттеу- ші ғалымдар негізгі дерек көзін шежіреден таба- ды. Ел арасында айтылып келген тарихи оқиғалар 19 ғ-дың соңында қағазға түсіріліп, жинала бас- тады. Халықтың өткен тарихын баяндаған «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген ше- жіре кітабының кіріспесінде Шәкерім Құдай- бердіұлы ел ішінен естіген-білгенінен басқа, кө- не замандағы түрік, араб, парсы, қытай жазба- лары мен орысша кітаптарды оқығаны жайында жазады. Шежіре 1911 ж. Орынбор қ-нда басы- лып шықты. Халық ауыз әдебиетін жинауда Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің де еңбегі зор. Оның

қолжазбаларында көп шежіре жазылған. Жарық көрген құнды шежірелердің бірі – Құрбанғали Халидтың «Тауарих Хамсасы». Шағатай тілінде жазылған бұл туындыда қазақ елінің тарихы, әдет-ғұрпы, «қазақ» этнонимінің шығу тарихы, қазақтың қырғыз аталуы туралы, рулар жөнінде тың деректер кездеседі. 19 ғ-дың соңында қазақ шежірешілері бірнеше бағытты ұстанды және ел аузында сақталған, не хатқа түскен мұраларды өңдеп, бір ізге түсірді. Құдайбердіұлы батыстық зерттеушілерге бағыт ұстанса, Халид шығысқа еліктеді. Көпеев қазақ ауыз әдебиетіне сүйенді. Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңдегі көптеген ресейлік зерттеушілер шежірені, тарихты терең түсінбек түгіл, қазақ, қырғыз елдеріне бір этнос ретінде қараған. Тек А.И.Левшиннен бастап қана орыстар қазақ пен қырғыз өз алдарына жеке-жеке этнос екенін айтады. Қ. ш-н зерттеуге ресейлік ғалымдардан Н.А.Аристов, П.И.Рычков, А.И.Тевкелев, Г.Е.Грум-Гржимайло, В.И.Даль, В.В.Бартольд, т.б. үлес қосты. 19 ғ. мен 20 ғ-дың басында Қ. ш-н жасауға Ш.Уәлиханов, Абай Құнанбаев, М.Сералин, М.Тынышбаев, Н.Наушабаев, т.б. көп еңбек сіңірді. Кеңес заманында шежіре ескінің қалдығы есебінде танылды, оның дамуына тосқауыл қойылды. Алайда ғасырлар бойы қалыптасқан шежірешілік дәстүрді Х.Арғынбаев, С.Толыбеков, С.Мұқанов, В.Востров, М.Мұқанов, т.б. ғалымдар жалғастырды. Қ. ш-нен адамның тегі, ата қонысы, қауымға қосқан үлесі, Отан қорғаудағы орны, меншігі, адами құқығы байқалады. Ру, бау, сан, тайпа, тұқым, тек, арыс, жүз, жұрт, ел, отан сияқты халықтың тарихын көрсететін мағлұматтар – шежіренің негізгі өлшемдері, тұтас этнос, халық тарихының сырын ашуға бірден-бір қажет деректер. Қазақ халқының ата шежіресі ерте кезден сақталған. Жеті ата – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы әркімнің ата жағынан тегін таратудың нақтылы жүйесі. Қазақ баласы өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының нақты есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Жетінші атаға дейінгілер – қандас; 13 атадан асса – ру; бірнеше ру қандастықпен, не ортақ мүддемен біріксе – тайпа; өзара қоғамдасып, қауымдасқан тайпалар – халық немесе ел, оның ішінде өзге ұлт, этностармен саяси теңдігі болса – ұлыс, дербес шекара, саяси-экон. тәуелсіздікке қолы жетсе – мемлекет, тілі мен дәстүрі, мәдениеті, жері, әлеум. 2 рухани, этн. ерекшелігі ортақтасып, дараланса – ұлт болады деген тұжырымға тоқтаған. Жеті ата: әке, ата, өз ата (бұл үшеуі аталар), баба, тектік, төркін, тұқиян (бұл төртеуі бабалар). Осы жетеуі бірігіп «Ата-бабалар» аталады. Қ. ш-нде рулар жүзге барып тіреледі. Жүз – тарихи-әлеум. категория.

«ҚАЗАҚ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» – ғыл.-анықтамалық баспа мекемесі. Әмбебап және тақырыптық (пәндік), салалық энциклопедиялар, анықтамалықтар, сөздіктер, тілашарлар, т.б. шығарумен, көне қолжазбаларды, басылымдарды, ұлы ғұламалардың еңбектерін қайта басумен, күрделі ғыл.-зерттеулер жариялаумен айналысады. 1968 ж. 1 қаңтарда Қазақстан Компартиясы ОК мен Қазақ КСР-і Мин-лер Кеңесінің 1967 жылғы 13 қыркүйектегі Қаулысына сәйкес Қазақстан ҒА жанынан «Қазақ Совет энциклопедиясының» Бас редакциясы болып құрылған. 130 адамнан тұратын ұжымның шығарм. күші 11 ғыл. редакцияға топтастырылды. Қазақтың тұңғыш энциклопедиясының Бас редакциясы жанынан барлық ғыл. салалары бойынша 29 ғыл.-салалық алқалар мен кеңесшілер тобы ұйымдас-тырылып, оларға 313 ғалым мен маман тартылды. Олардың ішінде Қазақстан ҒА-ның 27 акад. мен корр. мүшесі, 84 ғыл. докт., 189 ғыл. канд. болды. Бас редакция қызметтік құрылымы мен ғыл. мекеме мәртебесін сақтай отырып, 1975 ж. Қазақ КСР-і Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемл. к-ттің жүйесіне қосылды. Еліміз егемендік алғаннан кейін 1993 ж. «Қ. э-ның» Бас редакциясы болып өзгерді. 2001 ж. 2 қарашада жабық акцион. қоғам болып қайта құрылды. «Қ. э.» ұжымы өзінің алғашқы күрделі жұмысы 12 томдық «Қазақ Совет энциклопедиясын» 1972–78 ж. аралығында әзірлеп, баспадан шығарды. 1982 ж. осы тұңғыш энциклопедияның әліпбилік пән-есім көрсеткіші жеке кітап болып шықты. Бұған жалғаса «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» анықтамалығы (қазақ, орыс тілдерінде 1980 – 81) жарық көріп, барлығы 15 томдық топтама шығару ісі жемісті аяқталды. Бас редакция ұжымының ең сүбелі еңбектерінің бірі – әрқайсысы төрт томнан қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген «Қазақ ССР» атты қысқаша энциклопедиясы (1986–89). Бұл анықтамалыққа, негізінен, қазақ елінің тарихына, әлеум. тұрмыс-тіршілігіне, экономикасы мен табиғатына, қазба байлықтары мен жер-су, қоныстарына байланысты мәліметтер енгізілді. Елдегі саяси-әміршілдік жағдайларға орай бұрын аталмай келген халқымыздың асыл азаматтары туралы әділ бағасын берген мақалалар жарияланды. Еліміз егемендік алып, қазақ тіліне мемл. мәртебе берілуіне байланысты бірнеше тілашар мен сөздік шығарылды. Жас оқырмандарға арналған «Ол кім, бұл не?» (үш томдық, 1985–87), «Негеш» (1995), «Әлемде талай қыздық бар» (екі тілде, 1986–90) кітаптары жарық көрді. «Қ. э.» еліміздің ұлы адамдарының өмірі мен шығарм. қызметіне байланысты да біраз жұмыстар атқарды. Ш.Уәлиханов шығармаларының ака-

демиялық бес томдығын (орыс тілінде, 1984–85), М.Әуезовтің таңдамалы шығармалар жинағын (қазақ, орыс тілдерінде аралас, 1997), «Құрманғазы» (1998), «Қорқыт» (1999), «Ә.Бөкейхан. Таңдамалы» (қазақ, орыс тілдерінде аралас, 1995) кітаптарын қайта басып, 20 ғ-дың басында шығып тұрған «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын жеке кітап етіп шығарды (1998, 1995). Ал қазақтың ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбаевтың бүкіл дүние жүзі елдері атап өткен 150 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абай» энциклопедиясын (1995) әзірлеп, баспадан шығарды. Ақын өмірі мен шығарм-на арналған бұл соны еңбек ҚР Мемл. сыйлығымен бағаланды. «Хирургтің анықтамалығы» (акад. М.Әлиев, 1997), «Қазақстанда инженерлік істің дамуы» (екеуі де орыс тілінде, 2001 ж. жарық көрді) атты көлемді анықтамалықтар да мамандар мен оқырмандардың қажетін өтеген маңызды басылымдар болды. Бас редакция облыстар мен қ-лар тарихына да көңіл бөліп, «Алматы» (1983, 1996), «Қарағанды» (1990), «Ақмола» (1995), «Тараз» (2003), «Сыр елі» (2005), «Оңтүстік Қазақстан» (2005), «Маңғыстау» (2008), «Ақмола облысы» (2009) энциклопедияларын шығарды. Халықар. «Түркістан» энциклопедиясы (2001) оқырмандарды еліміздің тарихымен, ғылым, әдебиет, өнер қайраткерлерінің өмір жолымен, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, кәсібімен, мәдениетімен, бүгінгі егеменді елдің өскелең экономикасымен таныстырды. 2-дүниежүз. соғыстағы кеңес халықтары жеңісінің 50 жылдығына орай «Отан қорғау жолында құрбан болған боздақтарға ескерткіш-кітап» деген айдармен әр облыс бойынша 2–7 томнан тұратын «Боздақтар» көп томдығы қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді. Баспа 1998–2007 жылдар аралығында 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын жарыққа шығарды. Тақырыптық энциклопедиялардың алғашқы легі де (мыс., көп томдық «Қазақстан табиғаты», 1–2-томы, 2008–09; 2 томдық «Қазақстан ғылымы», 2009–10) шығарыла бастады. 2011 ж. қазақтың аса көрнекті ғалымына арналған «Қаныш Сәтбаев» энциклопедиясы жарық көрді. «Қ. э.» Бас редакциясын академиктер М.Қ.Қаратаев (1968–79), М.Қ.Қозыбаев (1980–86), Р.Н.Нұрғалиев (1986–97), Ә.Нысанбаев (1997–2003); проф. Б.Ф.Аяған (2003–09) басқарды. 2009 жылдан проф. Б.Ө.Жақып басқарып келеді.

ҚАЗАНАТ – батырлардың жауынгерлік аты. 19 ғ-дың жазба деректерінде бұл жылқылардың арғымақтар мен далалық қазақы жылқыларды (жабы) будандастыру арқылы алынғаны айтылған. Қ. дене бітімі жабыдан ірі, шоқтығы биік, омыраулы, кең кеуделі, күпшек санды, құйма тұяқты, басы онша үлкен емес, кең танаулы болып

келеді. Денесі келісті, мүсінді де, шымыр. Мініске берік, шабысқа жүйрік. Қ-ты «ер аты», «жауынгерлік ат» деп атаған. Түркілердің жергілікті жылқыларды араб сәйгүліктерімен будандастырып, асыл тұқымды жылқы алғандығы Тан әулеті тұсындағы Қытай деректерінде айтылады. Батырлардың атын өсіру құлын кезінен бастап, 6–7 жасына дейін созылған.

Қ.Ахметжан, А.Жұмағұл

ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК Келдібекұлы (1667, Сыр бойы – 1764, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Теректі бұлағындағы қыстау, бұрынғы деректерде 1665–1765) – қазақ халқының 17–18 ғ-лардағы үш ұлы биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін



Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлы

болатқожа атасынан шыққан. Арғы аталары Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек есімдері елге белгілі әділ билер болған. Қ. д. Қ-тің оқыған жерлері, алған білімі туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме-аңыздар мен биден жеткен шешендік сөздер оның өз заманында білімді де жетелі, халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүр, рәсімдерін, ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық ойлы, әділ де көреген, батыл да батыр адам болғандығын айқын аңғартады. Әділдігі мен алғырлығы үшін Тәуке хан Қазыбекті Орта жүздің Бас биі еткен. Би өз-Тәукенің тұсында хан кенесінің белді мүшелерінің бірі болса, кейін Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай ел билеген кезеңдерде де мемлекет басқару ісіне жиі араласып, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-кеңестер беріп отырған. Қ. д. Қ. бидің жастық шағы мен бүкіл саналы өмірі қазақ елінің өз ішінде



рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Сондықтан да батыр білекті, отаншыл жүректі алғыр азаматтың тым ерте атқа мінуіне тура келген. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне атқосшы болып алғаш рет қалмақ қоңтайшысы Севан Рабданға (Цэван-Рабданға) барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханының алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіңкіреп қалған сәтте жасөспірім Қазыбек: «Дат, тақсыр!» – деп жұлқынып алға шығады да: «Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп – найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса – хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – құн боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен құн етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, біз көмірміз – еріткелі келгенбіз, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең – шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан – алысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» – депті. Жас баланың бұл сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған қалмақ ханы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып: «Дауысың қаздың дауысындай екен, бұдан былай сенің есімің Қаз дауысты Қазыбек болсын», – деген. Елшілік жау қолындағы 90 тұтқынды шабылған мал, тоналған мүлігімен шашау шығармай қайтарып алып, елге олжалы оралған. Қазыбек бұдан кейін де жоңғарларға екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан. 17 ғ-дың соңғы ширегінде ең жатқан қазақ жеріне көз алартқан орыс, жоңғар мемлекеттері мен Орта Азия хандықтарының қоқан-лоқысы, қарамағындағы ұлыстарды жеке билеуге құмартқан төре тұқымынан шыққан сұлтандар мен хандардың өзара айтыс-тартыстары эз-Тәукенің бір орталықтан жүргізіп отырған басшылығына іріткі түсіріп, мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіре бастады. Ендігі уақытта хандықтың басшылыққа тұтынып келген байырғы әдет-ғұрып заңдары, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты ел басқарудың бұрыннан

қалыптасқан жүйе-жосықтары уақыт талаптарын өтей алмайтын күйге жетті. Осыны ескерген Тәуке хан қазақ халқының өз ішінен шыққан үш кемеңгері – үйсін Төле, алшын Әйтеке, арғын ол билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Күлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатты. Сөйтіп, үш ұлы бидің көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, құн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-дамайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешілу жүйесі жаңаша белгіленді. 1718 ж. эз Тәуке қайтыс болғаннан кейін жоңғар шапқыншылығы бұрынғыдан да үдей түсті, оңт-тен қырғыздар, қарақалпақтар, Хиуа, Бұхар хандықтары, батыстан башқұрттар, орыс казактары, Еділ қалмақтары қыспаққа алды. Ел «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» нәубетіне ұшырап, қатты күйзеліске түскен осы кезеңде Қазыбек би Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды өзара ынтымаққа шақырды. И.И. Неплюев, Д.Гладышев сияқты Ресей үкіметінің шенеуніктері арқылы орыс патшасымен достық қарым-қатынас орнатуды жақтады. Би тап осы тұста сыртқы саясатта ерекше белсенділік танытқан. Ол 1731 ж. орыс патшалығына бодан болған Әбілқайыр ханға айтарлықтай қолдау көрсетті. 1741 ж. Орск қамалына аттанған Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға хат жазып, Арғын тайпасының атынан ант беруге әзір екенін білдірген. Осы жылы Сары-манжы бастаған ойраттардың отыз мың қолдық әскері Орта жүз иеліктеріне тұтқиылдан шабуыл жасап, Абылай сұлтан тұтқынға түсіп қалғанда Қазыбек би Абылайды құтқару үшін қолдан келген барлық дипломаттық айла-әрекеттерін жасап баққан, орыс комиссиясының бастығы Неплюевпен келісімді жеделдете түскен. Ауызекі әңгімелерде 1742 ж. ерте көктемде Қазыбектің Қалдан-Серенге өзінің де барғандығы айтылады. Сөйтіп, 1743 ж. Абылай тұтқыннан босап, қазақтың 33 қаласы Әбілмәмбет ханға қайтарылып берілген. Би бұдан кейін де орыс патшалығынан қол үзген жоқ. Бұған Сібір ген.-губернаторының міндетін атқарушы ген.-майор К.Л. фон Фрауендорфтың үкіметтің сыртқы істер алқасына 1763 ж. 11 наурызда жолдаған мәлімдемесіндегі «Орта жүздің төбе биі Қазыбектің Ресейге жақсы ниетпен қарайтындығы» жайлы тұжырым қуә. Бірақ би 1762 ж. екінші ұлы мемлекет Цин империясының елшілерін қабылдамай, сыйлықтарын алудан бас тартып, Абылай сұлтанға Қытай боғдыханынан іргені аулақ салуға кеңес берген. Қазыбек мем-

лекет істерімен қатар ру аралық, сұлтандар арасындағы кикілжің тартыстарға да әділ билігін айтып отырған. Орыс патшасының өктемдігіне қарсы 1740 жылғы башқұрттар көтерілісінің басшысы Қарасақалдың Қабанбай батырға бармас бұрын Қазыбек биге келіп паналағаны, 1761 ж. Түркістандағы Орта жүз ханы Әбілмәмбет Сәмекеңі баласы Есім сұлтаннан теперіш көріп, қаладан қуылғанда өз баласы Әбілпейіз бен Қазыбек биді арқа тұтып Арқаға келіп, ұлы бидің қазылығына жүгінгені тарихтан белгілі. Ал Барак сұлтан қасастықпен 1748 ж. 24 тамызда Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіргенде, мұны ел бірлігіне іріткі салатын қылмыс деп бағалаған. Қазыбек бидің артында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өнегелі өсиет сөздер қалды. Олар ел жадында құрандай жатталып, қалауы бұзылмаған саф алтындай таза күйінде бүгінгі ұрпаққа жеткен. Күміс көмей кеменгер бидің шешендік сөздері айтпақ ойының ұшқыр да тапқырлығымен, тап басатын көркем теңеулерінің дәлдігімен, тілінің өткір де айқындығымен ерекшеленеді. Оның тұжырымы терең толғаулары, суырып салма тақпақтап айтқан сөздері тыңдаушы ойында тез сақталатын нақылға толы мақал түрінде өрілген. Сондықтан Қ. д. Қ. биден бізге жеткен мұра халық қазынасының алтын қорынан лайықты орын алған. Би 18 ғ-дың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қарай ауа көшіп, Ұлытау, Қарқаралы өңірін қоныс қылып, Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Маңқан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған. Баласы Бекболат, одан ілгері жалғасатын Тіленші, Алшынбайлар да дүйім жұртты аузына қаратқан әділ де тура билер болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы да Қазыбек бидің ұрпағы. Қазыбек би қыс түсе Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Марқұмның мәйітін Бекболат оңаша киіз үйде төрт ай сақтап, көктем шыға Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеген, басына құлпытас орнатқан. Қазыбек бидің қайраткерлік қызметі мен шешендік өнері туралы А.И.Левшин, Ш.Ш.Уәлиханов, Ш.Маржани, Б.Адамбаев, Н.Төрехұлов, т.б. зерттеулері сақталған. Жазушы С.Сматаевтің «Елім-ай» романында кеменгер бидің келісімді тұлғасы жасалған. Қарағанды облысында бір ауданға, Алматы, Шымкент қ-ларында көшелерге би есімі берілген, ел ордасы – Астанада ескерткіш орнатылған. Қазыбек бидің әдеби мұрасы әр жылдарда баспадан жарық көрген шешендік сөздер жинақтарына енгізілген.

Әдеб.: Левшин А. И., Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-кайсацких, орд и степей, 2 том, 1832; Марджани, Мустафат улахбар фи ахвал Қазан ва Булгар, Қазан, 1885; Валиханов Ч. Ч., Собр. соч. в пяти томах, А., 1984–85; Қазақстан тарихы, 2-т., А., 1998.

Т.Рсаев

«ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ» – энциклопедиялық басылым, 2011 ж. «Болашақ-Баспа» (Қарағанды) шығарған. Бас редакторы – заң ғыл. докт., проф. Нұрлан Дулатбеков, көлемі 74 баспа табақ, таралымы 1500 дана. Басылымның аңдатпасында: «Энциклопедия қазақ халқының ұлы перзенті, философ, шешен, мемлекет және құқық тарихында өшпес із қалдырған Қаз дауысты Қазыбек Келдібекұлының (1667–1764) өмірі мен саяси, әлеум., тарихи еңбегіне арналған. Ұлы тұлғаның өскен ортасы, дүниетанымы, қайраткерлік көзқарас, ұстанымы, Ұлы даланың арғы-бергі тарихында алатын орны, барша болмысы, қоғамдық саяси келбеті, халқына қалдырған тағылым, тәлімі жан-жақты зерделеуден өткізілді» деп жазылған.

ҚАЗЫБЕК БЕК Тауасарұлы (1692, қазіргі Алматы обл. Кербұлақ ауд. – 1776, қазіргі Алматы обл. Күрті ауд.) – батыр. Ұлы жүздің шапырашты тайпасының асыл руынан шыққан. Кейбір мәліметтер бойынша жас кезінде шығыс елдерінде болып, мұсылманша жан-жақты білім алған. Жоңғар шапқыншылығы кезінде шапырашты Наурызбай батырдың әскерінде мыңбасы (кейбір деректерде ақылшысы) болған. Жоңғарлармен болған 1727 жылғы Бұланты шайқасына, 1729 ж. Аңырақай шайқасына қатысқан. Батыр қайтыс болған жерді халық Қазыбек тауы деп атап кеткен. Оның ұлы Қасқары батыр да жоңғарларға қарсы соғыста көзге түскен. Б.Қыдырбекұлы, Б.Нұржекеев, т.б. авторлардың пікірлері бойынша Қ. Б. «Түп тұқияннан өзіме шейін» деген шежіре еңбек жазған.

ҚАЗЫБЕК БИДІҢ ШАПАНЫ – алтыннан тігіліп, 300 жыл бойы сақталып келген тарихи жәдігерлік. Шапан Қарқаралы – Егіндібұлақ өңіріндегі Қазыбек бидің ұрпақтарының қолында сақталған. Шапанды Астанадағы Президенттік мәдени орт-қа Қазыбек бидің 6-ұрпағы, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Айырық елді мекенінде тұратын Алтын Қожахметұлы тапсырған. Оның айтуына қарағанда Қ. б. ш. оның ұлы Бекболаттан – Тіленшіге, одан – Берліге, Берліден – Алтын ақсақалдың ұлы атасы Божанның қолына өткен. Шапанды сақтау оңай болмаған. Әсіресе 1935–37 ж. бидің ұрпақтары көп қуғынға ұшыраған. Бұл жылдары шапан екі жыл бойы жер астында көмулі жатқан. Атақты бидің шапанын таба алмаған кеңес белсенділері 1938 ж. Алтынның ағасы Құлахметті оның ұлы Қылышпен бірге

ҚАЗЫЛЫҚ

тұтқынға алып, көп ұзамай оларды халық жауы ретінде атып тастаған. Содан былай шапан Қожахметтің туыстарының, оның ішінде Алтын Қожахметұлының қолында сақталған. Қ.б.ш-н баға жетпес тарихи жәдігер ретінде танып, оны жарыққа шығаруға Қазыбек бидің ұрпақтарының бірі, тарихшы мұғалім Ахмедия Ығыбасұлы Сүлейменов көп еңбек сіңірген. Соның нәтижесінде Қ.б.ш. Қазақстан Республикасы Президентінің мәдени орт-на 2008 ж. жазда алынып, қалпына келтіру шаралары қолданылған.

Әдеб.: «Дайжест К.», 2008. 26 мамыр; «Айқын», №81, 6.5.2008.

Қ.Ахметов

ҚАЗЫЛЫҚ – шұрайлы, малға жайлы таулы өңірлерге қойылған ортақ атау. Орт. Қазақстандағы Қарқаралы, Қу, Кент, Боқты, Баянаула таулары аймағы монғол, қытай, орыс жазбаларында «Бес қазылық» аталған. Тіпті, бұл аймақ кеңейтіліп, сол өңірдегі өзеннің атымен «Он екі қазылық ой Түндік» деп аталғаны тарихи әдебиеттерден көрінеді. Түбірі қазы (жылқының қазысы) болуы да мүмкін. Аса көрнекті ғалым Әлихан Бөкейхан 18 ғ-да арғындардың Арқаға келіп қоныстануы жөнінде айта келіп: «Қазыбек би алдын ала жер шолуға кісі жібереді. Бұ кісілері Қу, Едірей, Мыржық жақта шалқып байып отырған қанжығалы абыз Шомаққа келген. Жері жақсы, тай құлындап, тоқты қашады. Осы жерлерге қызыққан Қазыбек қанжығалыны мүйіздеп, Қу, Едірейден қуған. Абыз-Шомақ ауылы осы күні Песшан қ. тұсында, он шақырымда болады. Қарқаралы, Қаракуыс (Кент таулары), Едірей, Қу, Баянауыл тауын «бес қазылық» дейді» деп жазған. 18 ғ-дағы қазақ-қытай байланыстарына қатысты құжаттарда аталған аймақ «Қу қазылық», «Қарқаралы қазылық» деп хатталған. Қазақ ауыз әдебиетінде Орт. Қазақстандағы Қарқаралы-Қу-Кент аймағының «Үш қазылық» деп айтылуы жиі кездеседі.

Әдеб.: «Қазақ» газеті, 1915 ж. 15 наурыз; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Елшежіре», Алматы, 2011.

«ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ» – кітап. 2007 ж. Қостанай қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 300 бет. Таралымы 250 дана. Жинаққа Манаш Қозыбаевтың 75 жылдық мерейтойына орай Қостанай қ-нда 2006 ж. өткен ғыл.-практ. конференция материалдары топтастырылған. Конференцияның негізгі мақсаты – қазіргі кездегі гуманитарлық ғылымдардың мәселелерін талқылау. Жинаққа Манаш Қозыбаев атынд. Солт. Қазақстан мемл. ун-тінің қызметкері Б.А.Ғабдуллинаның «Абылай хан – саясаткер, тарихи тұлға» атты зерттеу еңбегі орын алған. Автор өз еңбегінде Абылай-

дың саясаткерлігі мен қайраткерлігіне кеңірек тоқталып, оның тарихи тұлғасын ашып көрсетуге талпынады. Еңбекте 1740 ж. Әбілмәмбет хан мен Абылай бастаған бір топ азаматтардың Орынборда Ресей бодандығын қабылдауға ант бергендігі жөнінде және 1757 ж. қытайлықтармен арада «Аягөз» келісімін жасағандығы жөніндегі деректер келтірілген. Осындай деректерді алға тарта отырып, автор екі алып империяның ортасында жатқан еліміздің тәуелсіздігін сақтап қалу барысында Абылайдың саясатты ақылмен ұштастырғандығы жөнінде айтады. Екі империяның да бодандығын мойындаған қалып танытқанымен, көбіне өз саясатын дербес жүргізгендігі баса айтылады. Сондай салиқан саясаттың нәтижесінде Шығыс Түркістандағы ата жұртқа қазақтардың қайта қоныстануы Абылайдың арқасы екендігін көрсеткен.

К.Қошым-Ноғай

ҚАЙҚЫ ҚЫЛЫШ – қару. Басының қайқылығына орай бірнеше түрге бөлінеді: 1) қайқылығы аз жатаған қылыш; 2) қайқылығы орташа қылыш; 3) бастары өте қайқы қылыш немесе кескір қылыш. Жалпы қылыш басы неғұрлым қайқы болса, оның кескіршілік қасиеті күшті болады; қ. *Қылыш*.

Қ.Ахметжан

ҚАЙРАМБАЕВ Жұмақын Қожақынұлы (8.3. 1953 ж.т., ҚХР, Құлжа қ.) – суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1985). Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербургтің) кескіндеме, мүсін және сәулет өнері ин-тының кескіндеме ф-тін (1981, Ю.М.Непринцевтің шеберханасы



Ж.Қайрамбаев

бойынша) бітірген. 1981 жылдан пед. қызметпен айналысады. «Абай», «Абылай хан», т.б. плакат-портреттердің авторы. Газет (Жас Алаш, 2010, 28 қыркүйек) тілшісімен әңгімесінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Абылайдың қара түсті түпнұсқа суреті негізінде тұлғалық портретін салуға арналған байқау жарияланғанын, өзінің сол байқауда қазылар алқасының шешімімен ең алдыңғы орынды алғанын тілге тиек ете оты-

рып, бейнелеу өнеріндегі Абылай ханның кескін-келбеті жөніндегі ойларын ортаға салып, бұдан былай Абылай хан бейнесін әр суретші өзінше салып жүргенін айта келіп, солардың бәрін қазылар алқасының сарабы бойынша бір ізге түсіретін уақыттың келгенін айтады. Қ-тың қолынан шыққан туындылары Қазақстан, Австрия, АҚШ, Бельгия, Германия, Жапония, Италия, Ресей, т.б. елдердегі жеке меншік қорларда сақтаулы.

С.Көбеева

«ҚАЙРАН ЕЛІМ» – Абылайдың күйі. Үш жүзге, ру-руға бөлінген сиыр бүйрек, алакөз қазағының басын берік-бекем біріктіріп, ешкімнің қанжығасында қаны сорғалап кетпейтіндей мықты ел етсем, қара қазан, сары бала қарны аш болмастай, жер емшегін емізсем; көшерін жел біліп, қонарын сай білген қаңбақ тәрізді халқын жер кіндігіне байлап, тұрақтандырсам деген үш арманына жете алмай, «көргені күнің қалай болар екен?!» деп алып жүрегі сыздап, алапат жаны ауырған ашы зары, көкірегін қарс айырған күрсінісі.

Ғ.Елеу

ҚАЙСЕНОВ Қасым (23.4.1918, Шығыс Қазақстан обл. Ұлан ауд. Асубұлақ а. – 30.12.2006, Алматы қ.) – қазақ батыры, жазушы, полковник, Қазақстанның Халық қаһарманы (1995). Өскемен саяси-ағарту техникумын бітіріп, Павлодар оқу бөлімінде қызмет істеген (1938). 1939–40 ж. Мәскеудегі әскери диверсиялық-барлау мектебінде оқыған. 2-дүниежүз. соғыс басталған кезде Украина орманына десант болып түскен. Ол басқарған партизандар отряды фашистік-герман



Қ.Қайсенов

әскерлеріне қарсы ерлікпен шайқасып, Украинаны, Белоруссияны, Карпат елдерін азат етуге қатысты. Соғыстан соң бейбіт еңбекке араласып, Қазақстан Жазушылар одағында, баспа орындарында жауапты қызметтер атқарды. Партизандық өмір жолын, қарулас жолдастарының қаһармандығын бейнелейтін «Жас партизандар» (1954), «Ажал аузында» (1959), «Жау тылындағы бала» (1961), «Жау тылында» (1973), «Партизан

соқпақтары» (1978), т.б. прозалық шығармалар жазды. Оның шығармалары әлемнің көптеген халықтарының тіліне аударылған. Сондай-ақ, ол М.Мұратовтың, Н.Томанның, М.-К. Жәлелдің повестерін қазақ тіліне аударды. Ұлан ауданы және Арқалық қ-ның құрметті азаматы. Қ. Отан соғысы орденінің 3 дәрежесімен, сондай-ақ, «Чехословакия партизаны», Украинаның 3-дәрежелі «Даңқ» ордендерімен (2003), көптеген медальдармен, атаулы қарулармен марапатталған.

М. Ізімұлы

ҚАЙЫП, Қ а й ы п ж а н (т.ж.б. – шамамен 1789) – қазақ сұлтаны, Хиуа ханы (1747–57). 1740 ж. Хиуаны Иран билеушісі Нәдір шаһ басып алып, бұрынғы билеушілер әулетін жойып, билікке өз адамдарын қойды. Хиуа халқы басқыншыларды мойындамай жиі-жиі көтеріліс жасады. 1747 ж. Нәдір шаһ қайтыс болғаннан кейін хиуалықтар Шыңғыс хан тұқымдарынан адам іздеп, Кіші жүздің бір бөлігін басқаратын Батыр сұлтанның баласы Қ-ты таққа отырғызған. Ол Хиуада 10 жылдай билік жүргізді. В.В.Бартольдтың айтуынша 1757 ж. кезекті тақ таласы кезінде Қ. Хиуадан қуылды. Онан кейінгі тағдыры белгісіз.

ҚАЙЫП ХАН, Қ а й ы п М ұ х а м б е т (17 ғ-дың ортасы – 1719) – қазақ ханы (1716 – 19). Қазақ хандығын Тәуке ханнан кейін билеген. Жәдік ханның әулетінен шыққан. Абылай сұлтанның нағашысы. Түркістан қ-нда тұрған. Оның кезінде ішкі-сыртқы саяси жағдай өте шиеленісті еді. Шығыстан – жоңғарлар, батыстан башқұрт пен қалмақ билеушілері үнемі қауіп төндіріп отырды. Бұларға қарсы шығатын, елеулі жәрдем беретін одақтас іздеу ханның басты мақсатына айналды. Бұл ретте ол батыстағы көршісі Ресейден көп үміт күтті. 1716 ж. Тобылға жіберілген қазақ елшілері Б.Екешов пен Б.Бөриев Жоңғар хандығымен күресу үшін Қ. ханның Ресеймен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын екенін Сібір губернаторы М.П.Гагаринге хабарлады. Қ.х. Сібір өлкесінде қазақтар үшін еркін сауда жасауға рұқсат сұрады. Сібір әкімшілігі бұл тілектерді орындауға әзір екенін білдірді. Сондай-ақ Жоңғар хандығымен күресу үшін Қ.х. Қазан губернаторы П.С.Салтыковпен де байланыс жасауға мәжбүр болды. Сөйтіп Қазақ хандығы мен Ресей арасындағы саяси қарым-қатынастардың жандануы Жоңғарияға қарсы күресте екі жақтың өзара күш біріктіруіне түрткі болды. Ал Қ. х-ның 1718 жылғы 10 желтоқсанда І Петр императорға жазған хатына жауап ретінде Қазан губернаторы П.С.Салтыковтың 1719 жылғы 8 қаңтарда жазған хатында былай делінген: «Қайыптың інісі Абылай сұлтан патша ағзам атынан барған уфалық Федор Жилиннің солдаттарының мылтықтары мен оқ-дәрілерін тартып алыпты, әзірге қайтармай

ҚАЛДАН

отыр, патша ағзамның әскери заңы бойынша, мұндай бұзақылық әрекет жасаған адам өлім жазасына кесіледі. Ал Абылай мынадай әрекетке барып, елшілердің мылтығын тартып алып, ешбір мемлекетте жол берілмейтін, қайта елшілерді құрметпен қарсы алып, шығарып салатын ежелгі дәстүрді бұзып отыр» деп ренішін білдірсе де, ортақ жаулары Қоңтәжіге қарсы бірлесіп соғысуға әзір екенін баяндаған.

Н.Ақбай

ҚАЛДАН (моңғ. Galdan) Бошигт (1652–13.3. 1697) – жоңғар хандығының билеушісі (1671–97). Жоңғар мемлекетінің негізін қалаған Батыр қонтайшының 3-ұлы. Жас кезінде Тибетте дини-филос. білім алған. 1679 ж. оған Тибет далай ламасы «Бошигт» (Тәңір елшісі) лауазымын берген. 1671 ж. ағасы Сэнгэ өлгеннен кейін таққа отырды. Елдің ішкі бірлігін нығайту үшін Жоңғарияның мемл. және заң жүйесінде кейбір реформалар жасады. 1678–80 ж. Шығыс Түркістанды, Турфан, Қашқар, Жаркентті басып алды. 1681 ж. жоңғар әскерлері Қырғызстанның көптеген жерлерін, Самарқанд пен Бұхараны жаулап алды. Жетісу мен Оңт. Қазақстанға шабуыл жасады. Өмірінің соңғы жылдарында моңғол тайпаларының (халқа, ойрат, торғауыт, дүрбіт, т.б.) Цин империясына қарсы соғысына басшылық жасады. Ол бұл соғыста халха моңғолдары (қазіргі Моңғолия) және Ішкі моңғолдармен одақтасып, Цин империясына қарсы тұрмақшы болды. Бірақ ішкі моңғолдар мен халха моңғолдарының билеушілері 1688–91 ж. Қ-ға қарсы соғысып, 1691 ж. шүршіттерге ресми түрде бағынды. Қ. шүршіттер мен моңғолдардың біріккен әскерімен 8 рет соғысты. 1691 ж. қазіргі Уланбатыр қ. маңында болған шайқаста ол күйрей жеңіліп, аз ғана қолмен кері шегінді. 90 мыңдық шүршіт-моңғол қолына қарсы тұруға шамасы жетпейтінін білген Қ. Ақ Алтай елді мекенінде у ішіп өлді. Сүйегін жау қолына бермес үшін, өртеуге, сөйтіп, өзі дүниеге келген Хангилцаг өз-не тастауға өсиет еткен.

Әдеб.: Б и ч у р и н Н. Я., Исторические обозрения ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени СПб., 1834; П о з д н е в А., Монгольская летопись «Эрдэнийн түүх», СПб., 1883.

З.Қинаятұлы

ҚАЛДАН СЕРЕН, Ц э р э н, моңғ. Galdan Seren (1693–1745) – жоңғар хандығының билеушісі (1727–45), қолбасшы. Әкесі Сыбан Раптан 1723 ж. әскерін жеті топқа бөліп, қазақ жеріне басып кіргенде, Қ. С. 10 мың қолмен жоңғардың 2 тобын бастап Балқаш пен Қаратауды (қ. *«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»*) шапқан. Сыбан Раптан өлгеннен кейін жоңғар тағына отырды. Оның тұсында қазақ жеріне жоңғар шапқыншылығы күшейе түсті. Жоңғарлар Жетісудың

біраз жерін, Іле Алатауынан Балқашқа дейінгі өңірлерді, Сібір өңірін жаулап алды. Әйгілі Аңырақай, Бұланты шайқастары, Қалмакқырылған оқиғалары осы Қ. С. билеген кезеңдерде өтті. Болашақ қазақ ханы, сұлтан Абылай 1741–43 ж. жоңғар тұтқынында отырды. Қ. С-мен соғыс барысында қазақ хандығының билеушілері, батырлары мен билеушілері бір орталыққа бірігіп, өз еліне қорған бола білді. Осы кезеңде Ресей үкіметі екі жақты саясат жүргізіп, бір жағынан жоңғарлармен тығыз әскери дипломат. қарым-қатынаста болса, екінші жағынан қазақтарды «өз қамқорлығына алуға» тырысты. 1745 ж. Қ. С. қайтыс болғаннан кейін, жоңғар хандығында тақ таласы басталды. Көп ұзамай, 1755–58 ж., Цин империясы жоңғар мемлекетін жойып жіберді.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч. в 5-ти томах, т. 1, А.-А., 1961; З л а т к и н И. В., История Джунгарского ханства (1635 – 1758), М., 1964; Т ы н ы ш б а е в М., Великие бедствия, А.-А., 1992; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2000.

З.Қинаятұлы

«ҚАЛДАН СЕРЕННИҢ АБЫЛАЙҒА АЙТҚАНЫ» – аңыз-әңгіме. Аңыз бойынша, Қалдан хан Абылайды тұтқыннан босатарда (1743 ж.) одан үш сөз сұрайды. Бірі: «Еліңде қой көп бола ма?» депті. Абылай: «көп» десе, «Ендеше, қойшы өтірікші, қой ұры деген сөз бар еді. Еліңнің ұсақ жанжалы басылмас» дейді. Екінші сөзі: «Еліңде сиыр, жылқы көп пе?» дегенде, Абылай: «көп» десе, «Ендеше, елің еңбексіз сүт пен қымыз ішіп, ет жеп, балалары ақымақ туады десеңші» дейді. Үшінші: «Елің егін сала ма?» дегенде, Абылай: «салмайды» десе, «Олай болса, жер емшегін ембеген ел әлі де болса, неше аударылып, қозғалып, жуырда орнықпас» дейді.

Ғ.Елеу

ҚАЛДЫБАЙ Қангелдіұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр, қоғам қайреткері. Қазақ Ордасын жоңғар басқыншылығынан қорғауда көзге түскен. 1681–84 ж. Сайрам маңындағы соғыстарда ерлік көрсеткен. Қазіргі Өзбекстан жерінде ел билеп, «қарадан шыққан хан» атанған. Пұсырманұлы Қарабас, Жарас батырлардың, Шекті Мөңке бидің ұстазы. Түркістан қ-нда бір көше Қ. есімімен аталады.

Әдеб.: Д э у р е н б е к ұ л ы Ж., Қ ұ т т ы б а й ұ л ы С., Алты ата әлім, А., 1992; Т а б ы л д и е в Х., Қ а л м ұ р а т о в А., Кіші жүз рулары, А., 1994.

ҚАЛҚАМАН Жолымбетұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Орта жүз арғын тайпасының қаржас руынан. Атақты Бұқар жыраудың әкесі. Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған атақты қолбасшы Ақшаның сарбазы болған; көбінесе жеке ерлігімен аты шыққан. Қ-ның есімімен қазір Павлодар обл. Ақсу ауд-нда кент аталады.

ҚАЛҚАМАНҰЛЫ Боранбай (1705/1709–1801) – би. Абылай ханның кеңесшісі болған. Бидің туып-өскен ортасы, туған жұрты, ұрпақ жалғастығы жөнінде деректер өте аз. Қ-ның інісі Нарбота атақты батыр болған. Қ. туралы деректер Қарпық Егізбаевтың, ақын Қалихан Алтынбаевтың еңбектерінде кездеседі. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Әбділпар Жайсанов Қ. бидің өмірі туралы деректерді жинап, кітап жазған.

Әдеб.: Семей таңы, 2011 ж. 27 желтоқсан. 3-б.

ҚАЛҚАН – қорғаныс құралы. Қазба деректері бойынша оның алғашқы үлгілері б.з.б. 2000 ж. ассириялықтарда кездеседі. Дөңгелек, төрт бұрышты, жүрекше, астауша, т.б. түрлері болған. Соғысты негізінен ат үстінде жүргізгендіктен көшпелілерде шағын, жеңіл, дөңгелек Қ-дар жақсы дамыған. Жасалу әдістеріне және материалдарына қарай 4 түрге бөлуге болады: 1) талдан өріліп жасалып, терімен қапталған Қ-дар өте ерте пайда болған; 2) жалпақ не жіңішке ағаш тақтайшаларды көлденең ағашпен бекітіп, сыртынан немесе астарынан терімен қапталған Қ-дар. Беріктігін арттыру үшін ортасына және қолға ұстайтын қайыс баулары бекітілген жерлеріне металл күмбезшелер орнатылған. Бұл Қ-дар көбіне дөңгелек түрде жалпақша болып келеді; 3) тұтастай теріден, кейде бірнеше қабат теріден жасалған, беттері металл күмбезшелермен күшейтілген Қ-дар. Пішіні дөңес болып келеді, орта ғасырларда кеңінен қолданылған. Қазақ батырлары осы Қ-дарды көп қолданғандықтан, еліміздің мұражайларында көптеп кездеседі; 4) тұтастай болат темірден соғылған Қ-дар. Пішіні дөңгелек, дөңес келеді. Беті оюланып, алтынмен әшекейленеді, Құран аяттары жазылады. Қолға жұмсақ тию үшін киізбен астарланған. Билеушілер мен әскербасылар арнайы Қ. соқтырып, беттеріне алтын жалатып, асыл тастар орнаттырған. Оны «тілле Қ.» деп атаған. Көшпелілер Қ-ды ердің қасына іліп, не қанжығаға байлап жүрген. Кейде арнайы қайыс баулармен иыққа асқан. Ұрыс кезінде шегінген жағдайда, артқа бұрылып садақ тартатын сарбаздар Қ-ды басынан асыра арқасына асынған. Ал бетпе-бет шайқаста батырлар Қ-ды қолға ұстап соғысқан. Сол үшін жасалған 2 қайыс баудың біреуін білекке іліп, екіншісін қолға ұстаған.

Қ.Ахметжан, Ш.Картаева

ҚАЛМАҚҚЫРЫЛҒАН, Қ а л м а қ қ ы р ғ а н – Қазақстанның әр түкпірінде кездесетін жер атаулары. Жоңғар-қазақ соғыстарында қазақтардың ойрат тайпаларының әскерлеріне қарсы соққы беріп, жау қолы жеңілген жерлер осылай аталған. 1727 ж. Әбілқайыр хан бастаған біріккен қазақ қолы Ұлытау өңірінде жоңғарларға тойтарыс беріп, ірі жеңіске жеткен майдан даласы Қ. деп

аталса, 1756 ж. Олжабай батыр бастаған Баянауыл мен Ертіс аралығындағы Серектас тауында өткен қазақ-жоңғар шайқасындағы жеңіс белгісі ретінде Серектас атауы Қ. деп өзгертілген. Қазіргі Қарағанды обл. Ұлытау ауд-ндағы Қ. өз., Павлодар обл. Май ауд-ндағы, Ақтөбе обл. Темір ауд-ндағы Қ. аталатын ауылдар қазақ жерінің тәуелсіздігі үшін күрестің куәсі болған тарихи мекендер.

Қ.Исабай

ҚАЛМАҚ-НОҒАЙ ҚАТЫНАСТАРЫ – 17 ғ-да Үлкен Ноғай ордасының күйреуіне алып келген соғыстар. Ноғайлар мен қалмақтар арасындағы алғашқы әскери қақтығыстар 1607 ж. көктемде Жем өз. бойында (қ. *Қалмақтардың Еділге көшуі*) басталды. 1610 жылдан бастап Арал т. маңайы тұрақты қақтығыс орнына айналды. 1613–19 ж. 2 рет ноғайларға күйрете соққы берген қалмақтар олардың әлсіз екеніне көздері жетті. Барлаушылар 1618 ж. Солт. Каспий жағалауларында ешкім мекендемейтін бос жер бар екендігін анықтады. Ноғайлар қарсылық көрсету үшін Ресеймен және Бұхар хандығымен одақтасуға тырысты. Бірақ бұл әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Ноғайлар арасында бірлік болмады. Шейх-Мамайдың ұрпақтары (алты ұлы) қалмақтардың одақтасы болып шықты. Ноғайлар Еділге қарай шегіне бастады. Босаған жерлерге (қазіргі Батыс Қазақстан аумағы) қалмақтар жаппай көшіп келе бастады. Жайық пен Жем аралығына толық орнығып алған олар 1628 ж. Үлкен Ноғай Ордасына күйрете соққы берді. Қанай бидің қалмақтармен келісімге келуге тырысуы еш нәтиже бермеді. 1632 ж. Еділ жағасына қалмақ билеушісінің ордасы тігілгеннен кейін, 1633–34 ж. ноғайлар Еділден Солт. Кавказ бен Қырымға жаппай көшті. Тек қалмақтарға бағынышты кейбір рулар ғана қалып қойды. Үлкен Ноғай Ордасы толық күйреп, халқы Қара т. жағалауына қоныс аударды. Үлкен Ноғай Ордасының күйреуімен түркі халықтарының тұтастығы бұзылды. Қазақ хандығының батысында оның жаңа жауы ретінде Қалмақ хандығы пайда болды. Бұл кезең туралы қазақ халқында «Ел айрылған» деген күй сақталып қалған.

Әдеб.: К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства Элиста, 1994; Т р е п а в л е в В. В., История Ногайской Орды, М., 2002.

Ж.Құндақбаева

ҚАЛМАҚТАР (өзд. атауы – х а л ь м г) – Ресей Федерациясы құрамындағы Қалмақ Республикасының (Хальмг Тангч) жергілікті халқы. ТМД елдерінде 190 мыңдай, өз республикасында 170 мыңдай (2002) адам. Антропол. жағынан моңғол тектес нәсілге жағады. Ішінара суропа тектес аралас топтар да кездеседі. Моңғол-тунгус тілінде сөйлейді. Қ. будда дінін ұстанады. Аз бөлігі – христиандар. Б.з.б. 1-мыңжылдыққа Солт. Қытай

ҚАЛМАҚТАРДЫҢ

мен қазіргі Моңғолия жерін моңғолдар мен Қ-дың арғы тегі бэй-ди тайпалары мекендеген. Қ-дың арғы тегі б.з-дың 1-мыңжылдығында дунху, сяньби, жужан, кидан, чжурьчжен саяси бірлестіктеріне кірген. 13 ғ-да Моңғол империясының құрамына енді. Қ-дың ата тегі ойраттардан тарайды. Бұл қауым алғаш Жошы ұлысы билігінде болды. 15 ғ-дың 1-жартысында Тогон (1418–40) және оның ұлы Эсэн (1440–50) Моңғолияның шығысы мен батысындағы ойрат тайпаларын бір мемлекетке біріктіргенімен, ол қайта ыдырады. Осы кездері Қ. халық ретінде қалыптасқан болатын. 1635 ж. Батыр қонтайшы біртұтас ойрат мемлекетін (қ. Жоңғар хандығы) құрды. Тогон мен Эсэн хандар кезінен бастап түркі тіліндегі әдебиеттерде және қазақтар арасында ойраттар Қ. деп аталып кетті. 17 ғ-да Хөө Өрлөг (1636), Хөндлен Уваш Даян Омбы (1663) бастаған тайпалар Еділге (қ. *Еділ Қалмақтары; Қалмақтардың Еділге көшуі*) қоныс аударды. 1640 ж. тамызда Тарбағатайдың Улан-Бура деген жерінде болған жоңғарлар құрылтайында «Моңғол-Ойраттың ұлы жарғысы» қабылданып, батыстағы қалмақтарды «Ұлы Жоңғарияға қайта біріктіру» мәселесі көтерілді. Осы кезеңнен бастап Жоңғар хандығы қазақ еліне қарсы басқыншылық саясат ұстанды. Қазақ халқы ойрат-жоңғар басқыншылығына қарсы ұзақ уақыт бойы ерлікпен күрес (қ. *Жоңғар шапқыншылығы*) жүргізді. Кейбір деректерге қарағанда 1643 ж. Батыр қонтайшы мен Жәңгір хан арасындағы соғысқа Еділ қалмақтары да қатысқан. Олар 17 ғ-дың 30-жылдары ноғайларды Еділдің оң жағасына, кейін Донға ығыстырып, 1650 ж. Қалмақ хандығын құрады. Қалмақ билеушілері оны ұзақ уақыт ұстап тұра алмады. 1655, 1657, 1661 ж. олар Ресей патшасына ант беріп, оның билігін мойындады. Жоңғарлардың 1723 жылғы жойқын шапқыншылығының салдарынан қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қасіретіне ұшырады. 1755–58 ж. жоңғарларды Цин империясы тас-талқан етіп, қалмақтар дербес ел ретінде өмір сүруін тоқтатты. Ал, Еділ бойындағы Қ. Ресей империясы тарапынан көп қысымға ұшырап, 1771 ж. Жоңғарияға оралмақ болды. Қазақстан жерін басып өткен олардың көпшілігі жолда (қ. *Шаңды жорық*) қырылды. 13 мыңға жуық қалмақ отбасы Астрахан губ. басқармасының қарамағына өтті де, Қалмақ хандығы (1771 ж. қазан) жойылды. Қалмақтар С.Т.Разин, Е.И.Пугачев бастаған шаруалар көтерілістеріне қатысқан. 18 ғ-дың аяғында Дон бойында тұрған Қ. казачество құрамына қабылданды. 19 ғ-да патшалық Ресей әкімш. Қ-дың көшіп-қонып жүрген жайлау-қыстауларының іргесін Еділ мен Каспий жағасынан 30–40 км алыстатып (1806), шұрайлы жайылымда-

рынан және өзен-теңізге байланысты кәсіптерінен айырды. Соның салдарынан мал саны кеміп, халық күйзеліске ұшырады. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында елде капит. қағынастар күшейді. Мұнда 1917 ж. 1 (14) шілдеде Уақытша үкімет шешімі бойынша «Қалмақ халқының далалық облысы» құрылды. Азамат соғысынан кейін 1920 ж. Қалмақ автон. обл., 1935 ж. Қалмақ АКСР құрылды. Қазіргі Қ-дың материалдық және рухани мәдениетінен көршілес түркі, орыс, кавказ халықтары мәдениеттерінің ықпалы байқалады.

Әдеб.: Э р д н и е в У. Э., Калмыки (конец XIX – начало XX вв.). Историко-этнографические очерки, Элиста, 1970; Ч е р н ы ш е в А. И., Общественное и государственное развитие ойратов в XVIII веке, М., 1989; М о и с е е в В. А., Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства, Элиста, 1994; К а с ы м б а е в Ж. К., Под надежную защиту России, А., 1996.

Г.Сабденова

ҚАЛМАҚТАРДЫҢ ЕДІЛГЕ КӨШУІ – 17 ғ-дың бірінші жартысында болған тарихи оқиға. Бітпейтін соғыстар мен жайылым жерлер үшін өзара тартыс нәтижесінде ойраттар 16 ғ-дың соңы мен 17 ғ-дың бас кезінде екі топқа бөлінді. Билік үшін тартыста жеңіліске ұшыраған Торғауыт тайпасының көсемі Хоө-Өрлөг өз қол астындағыларды ертіп, 1607–08 ж. Тарбағатайдағы қонысынан солт.-батысқа қарай Ертіс өз. бойымен Сібірге көшті. 17 ғ-дың 20-жылдарында олардың жағдайы нашарлап кетті. Қалмақтар тағы да әрі қарай Есіл және Тобыл өз-деріне, Ресей қол астындағы Тобыл, Түмен қ-лары төңірегіне қоныс аударды. Бұл жерде олар жергілікті халықтармен және орыс әскерлерімен қарулы қақтығыстарға барды. Сөйтіп, қалмақтар Сібірде орнығып қала алмай, жаңа қоныс іздеуге мәжбүр болды. Олар Башқортостан шекарасынан өтіп Жайық, Сақмар, Елек, Ор, Қиыл, Тоғызақ, т.б. өзендердің бойына қарай ауды, бірақ ол жерлерде башқұрттардың табанды қарсылығына тап болды. Қол астындағы башқұрттарды қолдай отырып, орыс үкіметі қалмақ тайпаларынан кейін шегінуді талап етті. Сібірде орыс бекіністері, шығыста – халха моңғолдары, оңт-те – қазақтар қыспаққа алғаннан кейін, қалмақтар оңт.-батыс бағытта жылжиды. Олар Жем өз-не жетіп, онан әрі Еділ–Жайық арасына қоныс аударды. Бұл жерді мекендеген ноғайлар өзара тартыстардың салдарынан қалмақтарға төтеп бере алмады. Сөйтіп Хоө-Өрлөг бастаған топ қалған ойраттардан біржолата бөлініп, Еділ–Жайық арасына көшіп барды. 1628 ж. ол Жайықтан өтіп, Үлкен Ноғай ордасына басып кірді. 40 мың ноғай оған бағынуға мәжбүр болды. 1632 ж. қалмақ ордасы Еділде тігілді де, 1633–34 ж. ноғайлар (қ. *Қалмақ-ноғай*

қатынастары) жаппай көше бастады. 1630–40 ж. қалмақтар Еділ–Жайық, Жем, Елек, Ырғыз, Үлкен және Кіші өзен, Самар өзендерінің бойларында тұрақтап қалды. Осы жерде 17 ғ-дың 60-жылдары Ресей боданындағы қалмақ хандығы құрылды.

Әдеб.: К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства, Элиста, 1994.

Ж.Құндақбаева

ҚАЛМАҚ ХАНДЫҒЫ (1650–1771) – Ресейге вассалды тәуелділікте болған мемлекет (қ. *Еділ қалмақтары*). Шамамен 1650 – 60 ж. құрылған. 1664 ж. жазда Ресей сюзерен ретінде оны ресми түрде өз вассалы санатына алды. Қ. х-ның негізін Дайшын тайшы мен оның мирасқоры Моншак (Пунчук) қалаған. 1650–64 ж. қалмақтар Қырым татарларына, кабардалықтарға, Дон, Запорожье казактарына, қазақтарға, башқұрттарға шабуыл жасап, Ресей мемлекетінің оңт.-шығыс шекарасын қорғады. Осы қызметі үшін орыс патшасы олардың қоныстарын кеңейтіп, Дон бойындағы кеңістікті қосып берді. Ресей қалаларымен еркін сауда жасау мүмкіндігін берді әрі тайпа көсемдері мен билеушілерге жалақы тағайындап, әр түрлі сый-сияпаттар жасап тұрды. Патша тарапынан Моншакқа мемл. биліктің ерекшелік белгілері (шоқпар, ту) мен қалмақ халқының билеушісі деген атақ берілді. Сөйтіп, Ресей үкіметі ресми актілер арқылы қалмақ хандығының вассалдық құрылымын заңдастырды. Қ. х-ның гүлденуі, өркендеуі Аюке ханның (1669–1724) билігі кезеңіне сай келеді. Ресейге сіңірген ерекше еңбегі үшін Петр I оның билігіне араласпай, ол сырт көзге тәуелсіз билеушіге айналды. Аюке өлгеннен кейін орыс патшалары хандарды өздері тағайындады. 18 ғ-дың 2-жартысында Жоңғар мемлекеті жойылды, Кіші жүз бен Орта жүз Ресей бодандығына өтті, Солт. Кавказ халықтары, Дон, Запорожье казактары толық бағындырылды. Сөйтіп, Ресейге Қ. х-ның әскери қызметінің қажеті болмай қалды. Сондықтан оларға патша өкіметі тарапынан қысым күшейді. 1771 ж. Үбіші хан қалмақтардың көпшілік бөлігін бастап қазақ жері арқылы Жоңғарияға (қ. *Шаңды жорық*) көшті. Осыны пайдаланған Екатерина II 1771 ж. 19 қазанда арнайы жарлығымен Қ. х-н жойды. Қазақтар жоңғарлардан ажырату үшін Қ. х. адамдарын «құба қалмақ» деп атады. Екі ел арасында, әсіресе 18 ғ-дың 1-жартысында, көші-қон аймақтары үшін жиі-жиі әскери қақтығыстар болып тұрды. Бұл соғыстарда қалмақтар үнемі Ресейге сүйеніп, одан қару-жарақ (мылтық, зеңбірек, оқ-дәрі, т.б.), тіпті әскери көмек те алып тұрды. Көптеген зерттеушілер 1731 ж. Әбілқайыр ханды Ресей бодандығына өтуге мәжбүр еткен себептердің бірі батыстан төнген осы «құба қалмақтар қаупі» деген пікір айтады.

Әдеб.: Б а т м а е в М. М., Калмыки в 17–18 вв., Элиста, 1993; К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства, Элиста, 1994.

Ж.Құндақбаева

ҚАЛЫМОВ Мұхит (5.5.1931, Атырау обл. Индер ауд. Мәмбет а. – 3.11.2002, Алматы қ.) – кескіндемеші, Қазақстанның еңб. сің. өнер қайраткері (1989). Ленинградтың (қазіргі Санкт-Петербург) кескіндеме, мүсін және сәулет өнері ин-тының кескіндеме ф-тін (1964), осы ин-ттың аспирантурасын (1970) бітірген. 1965 жылдан суретшілігімен қоса ұстаздық етті. 1965–70 ж. Алматы көркемсурет уч-щесінде, 1970–80 ж. Қазақтың мемл. пед. ин-тының көркемсурет кескіндеме бөлімінде, 1980–85 ж. Алматы архит.-құры-



М.Қалымов

лыс ин-тында (қазіргі Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы) кескіндеме мен мүсін кафедрасын басқарды, 1985–93 ж. Алматы театр-көркемсурет ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық өнер академиясы) кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. 1993 жылдан. өмірінің соңына дейін осы ин-ттың кескіндеме кафедрасының проф. болды. Қ. тарихи тақырыптарға, қазақтың белгілі өнер сандықтары мен ірі қайраткерлердің бейнесін жасауға көп көңіл бөлді. Оның «Бабалар», «Абылайхан», «Сырым батыр», «Исатай – Махамбет», «Мұрат ақын», «Құрманғазы», «Қайран шешем» полотенелерінен көпке тұлға болған ерлердің бейнесін көреміз. «Ғани Мұратбаев», «Әуезов пен Ш.Айтматов», т.б. портреттері бейнелеу әдісінің сонылығымен және адамның ішкі психол. жан-дүниесін ашудағы шеберлігімен ерекшеленеді. Бұдан басқа «Алғашқы қазақ атты әскері», «Абылай хан билер ортасында», «Көбік шашқан», т.б. картиналарын салды. Махамбет атынд. сыйл. иегері (1996). Суретші туындылары Ә.Қастеев атынд. өнер мұражайында, Атырау, Астана, Қарағанды мұражайларында сақтаулы.

Ә.Төлебиев

ҚАНАЙ Құттымбетұлы, Қ а р а у ы л Қ а н а й (шамамен 1695–98, қазіргі Ақмола обл., Зеренді ауд. – 1780, Ташкент қ.) – би, қоғам қайраткері.

ҚАНАЙ-АБЫЛАЙ

Орта жүз арғын тайпасының қарауыл руынан шыққан. Атығай – қарауылдың бас биі болған. Абылай хан мен Бұқар жыраудың ұсынысымен көп жыл Орта жүзде төбе би болған. 1771 ж. Үш жүздің басшылары Абылайды хан сайлағанда Қ-ды да ақ киізге орап, қараша би ретінде, қатар көтерген. Бізге жеткен ел аузындағы әңгімелер мен тарихи шығармалардың деректеріне қараған-



Қанай Құттымбетұлы

да Қ. би Абылайдың ең жақын кеңесшілерінің бірі болған. Хан Арқа жерімен қоштасып, екінші рет Түркістанға бет алғанда жанында көптеген батырлармен бірге Қ. би де аттанған. Қ. Абылайдың көмегімен Ташкенттің бегі болып, қаланы билеп тұрған кезінде дүние салған, сүйегі Түркістанға, Абылай хан зиратының жанына жерленген. Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында бір бөлімінде әділ де көреген бидің тұлғасы жарасымды сомдалған. Қ. өмірін зерттеуге проф.: М.Ғабдуллин, М.Ысқақов елеулі үлес қосты. Кейін зерттеушілер Қ.Нұралин, С.Мырзагелдин, С.Әлібековтің материалдары жарық көрді. Қ. бидің Бақы, Итқара батыр, Солтангелді деген балаларынан тараған ұрпақтар Зерендідегі атамендерінде тұрады.

Б.Жаңғалов, С.Әлібеков
«ҚАНАЙ-АБЫЛАЙ» – дастан. Авторы – Қорғанбек Аманжол. «Егемен Қазақстан» газетінің 2009 жылғы 16 мамырдағы санында жарияланған. Дастанда «Түу баста Абылайды хан көтерген – Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай» (М.Жұмабаев) бидің өмірі мен қазақ халқы алдындағы еңбегі дәріптелген. Ақын оны «Халқына туғызбаққа күн мен айын, көтеріп ақ киізге Абылайын, Алашқа алтын заман орнатысқан, Дарига,

ұмытсын кім би Қанайын?» деп сипаттайды. Одан әрі: «Тіл безеп, найза кезеп батыр Қанай, Жау күнін қараң қылып батырғаны-ай. Алаштың аруағын асырысып, Саңқылдап бірлікке елді шақырғаны-ай!» деп жырлайды. Автор Абылай туралы бұрынғы дастандар желісімен, Сабалақтың Төле бидің түйесін баққанын, жекпе-жекте қалмақ батырын жеңіп, «Абылайлап» шапқанын айта келіп, «Би Қанай, батыр Қанай, шешен Қанай, Атығай-Қарауылға көсем Қанай» бас болған Үш жүздің тоқсан биінің шешімімен Абылайды ақ киізге орап Орта жүзге хан сайлағанын, ақырында «Қанайдың түсіндегі қара бүркіт Қыдырлы Абылай боп самғағанын» баян етеді.

Қ.Сәлімбайқызы
ҚАНДЫАҒАШ ҰРЫСЫ – 1738 ж. қазақ қосындары мен Жұрын бастаған торғауыт қалмақтарының арасында болған ұрыс. Шақшақ Жәнібектің үлкен ұлы Түктібайды үйлендіріп, ұлан-асыр той жасау сәтін пайдаланған торғауыттар Жем мен Сағыз бойындағы қазақ ауылдарын шауып, қырғынға ұшыратқан. Сонда тама Есет Көкіұлы, табын Бөкенбай, шақшақ Жәнібек жігіттерімен жауды қуып жетіп, сұрапыл шайқас жүргізеді. Содан бастап бұл жер Қандыағаш атанған. Үш батыр торғауыттардың алға жіберген қолын Астрахан қ-на дейін қуып барып, ген.-губернатор В.Н. Татищевке өтініш айтқан. Қарақшылық шабуыл жасаған Еділ бойы қалмақтарын жазалау үшін Ресей жерінің үстімен ішке өтуге рұқсат сұраған. Бірақ губернатор қазақ батырларының Еділден өтуіне рұқсат бермей, тартқан сыйлықтарын қабылдамаған. Сол Қ. ұнда қолға түскен қалмақтардың әскербасы Жұрын кейін Есет батырға адал қызмет етіп, оның тұтқында із-түссіз кеткен ұлының орнына ұл болған. Батыс Қазақстан т. ж. бойындағы қазіргі Жұрын ст. соның есімімен аталған.

Әдеб.: Жаңғалұлы С., Есет батыр, Ақтөбе, 1991; Жәнібек тархан. Деректі повесть және поэмалар мен құжаттар, А., 1994.

Ө.Жолымбетов
ҚАНДЫЖАП ШАРТЫ – қазақтар мен қалмақтар арасындағы келісім (1760–61). Жоңғар ханы Қалдан Серен өлгеннен кейін (1745) жоңғарлардың өз ішінде алауыздық басталды. Оның үстіне Қытай императоры Цяньлун (1736–96) әскерлері Жоңғарияны жаулап алды (1758). Кіші және Орта Ордалар жеріне қауіп төнді. Осындай жағдайда Абылай хан қытайлармен арадағы қарым-қатынасын сақтай отырып, қалмақтармен достық шарт жасасты. 1760–61 ж. қазақ, қалмақ өкілдері (әр жақтан 2 мың адамнан) Аягөз өзінің Батпақсу деген саласында (осы жердегі бір соғыста қалмақтың Қандыжап деген ханы өлген) келіссөз жүргізді. Халық дәстүрі бойынша көк

қасқа айғыр, қарабас қошқар сойылып, қолдарын қанға батырып, анттасып, достық шартын жасасты, қазақ пен қалмақ көп қырылған «қалмақ қырған», «алқакөл сұлама» деп аталатын жерлерге барып бас иіп, қару-жарақтарын сындырып, жазықсыз қаза тапқан ата-бабаларды еске алған. Қалмақтың осы жерде қаза тапқан қоңтайшысы есімімен бұл достық шарты «Қ. ш.» деп аталды. Батпақсу өз. Мамырсу (қалмақша – Молшылық) аталып кетті.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр., соч. т. 1, А.-А., 1961; Х а л и д Қ., «Тауарих хамса», А., 1992.

ҚАНЖАР – қару. Екі жүзі бар, кесу-түйреу арқылы жаракат салады. Неолит дәуірінен бері қолданылып келеді. Қоладан, темірден, мыстан, болаттан соғылады. Ауқатты адамдар мен әскербасылар сабы мен қынына асыл тастар қондырып, өрнек салған немесе алтын, күміс жалатқан Қ. ұстаған. Сабы, жүзі, балдағы пішіні жағынан әр заманда әр түрлі болған. Сақ, сармат тайпалары ақинақ деп аталатын екі жүзді, түзу Қ. ұстаған. Түркілер ұстаған Қ-лар бір жүзді, сабы жүзіне қарай қисайтыла орналасқан, сол кездегі семсер, қылыш пішініне ұқсас. Қазақ Қ-лары балдақсыз, түзу, негізінен екі жүзді, кейде бір жүзді болып, саптары ағаштан, мүйізден, сүйектен жасалған. Қ-дың қыны белдікке қайысбау арқылы алдыңғы жақтан тағылады. Қ. бес қаруға жатпайды, өйткені ат үстінде соғысатын көшпелілерге ұрыста қажеті шамалы болған. Сондықтан олар Қ-ды тек қосымша қару ретінде қолданған.

Әдеб.: А л л а н и я з о в Т. К., Очерки военного дела кочевников Казахстана, А., 1996; К у ш к у м б а е в А. К., Военное дело казахов в XVII–XVIII веках, А., 2001.

Қ.Ахметжан, Ш.Қартаева

ҚАНЖЫҒАЛЫ БӨГЕНБАЙ – қ. Бөгембай.

ҚАНЖЫҒАР ЕЛШІЛІГІ (Хың жигыр) – Абылай ханның 1757 ж. қыркүйек–қазан айларында Қытайдың Цин патшалығына жіберген ең алғашқы елшілігі. Елшілікті Қанжығалы (Қанжығар) Бөгенбай батыр бастап барған. Оның құрамында Танаш, Атағай, Өміртай, Бекенай т.б. болды. Цин патшасы Цяньлун (1736–96 ж. биледі) оларды өзінің жазғы ордасында қабылдаған. Одан соң елшілікті Пекин қ-на бастап барған. Елшілік Цин патшалығына: «Тарбағатай бұрын біздің атажұртымыз еді, ол жерді патша жарылқап қайтарып берсе», – деген Абылай ханның өтінішін жеткізген. Оған Цин патшалығы: «Ол өңір енді ғана тыныштандырылды, қазір иен жатыр. Патша ол жерді (сендерге беруге) қимайды емес. Бірақ сендер ебін тауып бізбен елдесіп алдыңдар. Сендер бізге еңбек сіңірген жоқсындар. Егер ол өңірді сендерге жарылқап беріп жіберсек, онда мемлекеттің жүйесіне қайшы келеді», деген сылтаумен өтінішті қабылдаудан бас тартқан.

Әдеб.: Чиң (Цин) патшалығы, Гаузуң патшаның орда естелігі, 548 т., 9–10 бб.

Н.Мұқаметханұлы

ҚАҢЛЫ – қазақ халқының негізін құраған ежелгі тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Ұлы жүз құрамына енеді. Қ. этногенезі мен тарихы туралы жазба деректер аз емес. Қаңлылардың шығу тегі туралы Хиуа ханы Баһадүрхан Әбілғазы төмендегідей аңызды келтіреді: «Оғыз хан барып, татарларға тиді. Татар ханы сан мың әскерімен оған қарсы шықты; олар шайқасып, Оғыз хан кенет шабуыл жасап, оның (татар ханының) қолын быт-шыт қылды. Оғыз ханның қолына көп олжа түсті, оларды тиеп алып кетуге лау жетпейді. Олардың қасында қолы епекті бір шебер кісі болып, ол ойланып-толғанып арба жасады. Оған қарап, бәрі де арба құрастырып, оған олжаны тиеп, бәрі үйіне қайтып келді. Арбаны «қаңлы» деп атады. Бұған дейін оның (арба) аты да, заты да болған емес, ол қозғалғанда «қаңқ-қаңқ» дегенге ұқсас дыбыс шығаратын себепті оны «қаңқ» атады. Оны жасаған адамды «қаңқылы» деді. Бүкіл қаңлы елі – сол адамның үрім-бұтағы». Шығыстанушы Н.А.Аристов: «Қаңлылар – дулат тәрізді ежелгі түркі руы. Бәлкім, Авеста мен Махабхаратада қаңқа деп еске алынатындар солар шығар», – деп жазады. Сырдариядағы, Заравшан мен Әмударияның төм. ағысындағы ұсақ отырықшы аймақтар бағынатын Кангюйдің ұлан-байтақ иелігі б.з.б. қытай деректерінде айтылады. Кіші хандар дәуірінде (25–221) Кангюй мен қаңлылар Арал мен Каспий т-дерінің аралығындағы аландарды биледі. 568 ж. Земарх Дзивул Холиат аталатын Византия елшісі түркі қаңлыларының жерін басып өткен. Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах қосынында Таластан келген он мыңдаған Қ. қызмет еткен. Италиялық саяхатшы Плано Карпини құмандардан (қыпшақтардан) кейін Қ. елімен жүріп өткен. Ақсақ Темір кезінде Қ-лардың біраз бөлігі Сырдың оң жағасын жайлады. Оған дейін Еуропаға құйындай тиген ғұн мен кыпшақ жауынгерлерінің өздерімен бірге ілестіре кетуі Қ-лар санын азайтты. Қазақ-қырғыз одағына Қ-лар аз ру болып қосылады, Себебі олардың көпшілігі Шайбани әулетімен Мауераннахрға кеткен болатын. Қ-лар 14 ғ-дың аяғында Жошы ұлысының бір бөлігін құрап, Сырдария мен Талас арасында көшіп жүрді. 17 ғ-дың басында Қ-лар Ташкент аймағын мекендеді. 1629 ж. Есім хан оңт. өңірдегі қазақтарды тонағаны үшін Тұрсын ханды өлтіріп, Қ. мен қағандарды қуғындады. Кангюй, Қ. этнонимдерінің этимологиясына байланысты айтылып жүрген пікірлерде бірізділік жоқ. Қ-ларды зерттеуде Аристов, А.Н.Бернштам, С.Г.Кляшторный, В.Мурзаев, М.Тынышбаев, В.В.Бартольд, С.Аманжолов,

ҚАПСАЛАҢ

В.В.Востров, Ә.Қайдаров т.б. қажырлы еңбек етті. Әсіресе, Қайдаров Қ. руының этногенезі мен этн. тарихы, тайпалық құрылымы мен ерекшеліктері туралы жазды. Востров Қ-лардың ежелгі тайпа және олардың түркі тілдес екенін нақтылап берді. «Кангюй» атауына қатысты пікірталас әлі нақты шешімін тапқан жоқ. Дегенмен ғалымдардың көпшілігі (Қайдаров, Востров, Арғынбаев) кангюйлер мен Қ-лар бір деп есептесе, аздаған бөлігі (Т.Жданко, т.б.) мұны қолдамайды. Қайдаровтың тектану кестесінде Қ-лардың атасы Майқы би болып саналады. Қ. сары-қаңлы мен кара-қаңлы болып екіге бөлінеді, оның үстіне Сырдария мен Жетісу Қ-лары осылай жіктеледі. Ұлы жүздің Төбейден басталатын шежіресінде, Төбейден – Бәйтерек, одан – Қаңлы, одан Қанкөжек, Келдібек таратылады. Келдібектің бірінші әйелі Сары бәйбішеден – сары қаңлы ұрпақтары, ал екінші әйелінен кара қаңлы ұрпақтары өрбиді. Жетісу Қ-лары да сары қаңлы мен кара қаңлы болып тарайды. Қайдаров Жетісу Қ-ларының атасы Сырдария қаңлылары деп есептейді. Жетісуда қоныстанған Қ-ның кейбір рулық тобы – ақ қаңлы және қызыл қаңлы деп бөлінеді, соңғылары сары қаңлының бір тармағы – Телқожа атасының ұрпақтары болып саналады. Тіршілік ету аясына байланысты әрбір топ екіге бөлінеді. Мыс., сары қаңлылар да, кара қаңлылар да Сырдария және Жетісуда екі атадан тұрады. Сырдарияның сары қаңлылары 5 ата: ақбота, ақынқожа, телқожа, омыртқа, миям; Жетісудың сары қаңлылары 6 ата: әлсейіт, ақбарак, құйысқансыз, бозым, ешкілі, шанышқылы. Сырдарияның кара қаңлысы 6 ата: тоғызбай, оңбай, тоғанбай, бақа, бадырақ, кара; Жетісудағылар да 6 ата: ерезен, коспан, еңке, тан-та, оразымбет, бақа. Бұл тізімге қызыл қаңлы мен қаңлы рулық құрылымын қоспағанда, осы төрт топтан 23 ата тарайды. Мұның өзі бұрын Қ-ның көп болғанын көрсетеді. 19 ғ-дың аяғында Аристов Қ-ның шағын тобы Верный уезінде (300 үй) кездесетінін айтады. Олар Әулиеата (350 үй), Шымкент (478 үй), Ташкент (1650 үй) уездерінде де тұрған. Аристов еңбегінің тағы бір жерінде Қ-лар мен шанышқылылардың жалпы саны – 10 мың үй болды деп көрсетеді. Қайдаров 1885 ж. Ташкент уезінде Қ-лар мен шанышқылылар 14 мың түтін болған деп есептейді. Тынышбаевтың 1917 жылғы келтірген мәліметінде Қ-лар мен шанышқылылардың жалпы саны уездер бойынша берілген. Мыс., бұл жылы жоғарыдағы үш уезде барлығы – 190 мың жан өмір сүрген. Сырдария Қ-ларының негізгі шаруашылығы суармалы егіншілік болды, ал жетісулықтар егін салумен қатар да төрт түлік өсірумен шұғылданды. Ұраны – «Бәйтерек», «Айрылмас», таңбасы – көсеу.

Әдеб.: Аристов Н. А., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина, в.3–4, СПб., 1896; Бартольд В. В., К истории культурной жизни Туркестана, Л., 1927; Арғынбаев Х., Мұқанов М. С., Востров В. В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

ҚАПСАЛАҢ Сәменұлы (1722 ж.ш., қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. Жайсаң а. – 1815 ж. ш.) – батыр. Сәмен батырдың үлкен ұлы, Дулат тайпасының ботбай руынан шыққан. Қ. жас шағында қалмақтардың қолына түсіп, зынданға қамалады. Амалын тауып зынданнан шығып, қалмақтың әскербасының жүйрік атына мініп еліне келеді. Елге келіп қол жинап, қалмақтарды Жетісудан жоңғар қорғанына дейін кері шегіндіреді. Қ. батырлығымен қоса, билікке де араласып, 1798 ж. Ташкентте ботбай руының атынан сөз алған. Ол Қастек өз. бойында жерленген.

ҚАПТАҒАЙ – қазақ руы. Найман тайпасының матай руындағы рулық бөлім атауы. Қазақ шежіресі бойынша матай руы өз ішінде Аталық, Қаптағай және Кенже атты үш рулық бөлімге жіктеледі. Рулық бөлім атауы 15 ғ-ды өмір сүрген Ер Қаптағай батыр есімімен байланысты шыққан. Шежірелік материалдар Қаптағай ру бөлімінің Жолдас, Қияс, Қарауыл және Жасық атты төрт рулық бөлімшеге бөлінетіндігін, одан әрі Жолдастан – Есенгелді, Қиястан – Көлдей, Жұмай атты тармақтардың шығатынын айтады. Жалпы ұраны – «Қаптағай», ал ру ұраны – «Бөрібай». 19 ғ. ортасындағы орыстың статистикалық материалдарына карағанда Қаптағай рулық бөлімі Жетісу облысының Лепсі, Қапал және Верный уездеріндегі болыстарда қоныс тепкен. 1860 жылдары Қапал уезіндегі Кенже-қаптағай болысын Тәнеке батырдың ұлы Есімбек басқарған.

Әдеб.: Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925, 71-б.; Қазақ шежіресі. Кітапты дайындаған Жарылқап Бейсенбайұлы. Алматы, 1994, 125-б.; «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Найман Т. Х. Екінші кітап. Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. 336–339-бб.

Б.Кәрібаев

ҚАРА Ақкісіұлы – батыр, Кіші жүз, 1731 ж. Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауына қолдау көрсеткен, ниеттес серіктерінің бірі. М.Тевкелев елшілігін қорғап, қамқорлық көрсеткен, ел ішінде ықпалды, беделді адам ретінде танылған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 46, 54, 66-бб.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚАРАБАС (1633, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Қызылжар ауд. Гүлтөбе қонысы – 1723, сонда) – 17 ғасырдың басындағы Қазақ хандығы әскері-

нің Бас қолбасшысы Дәулетұлы Толыбай сыншының (1603–80) баласы. Жас бала кезінде өз ауылындағы медреседе оқып, хадимше сауат ашып, діни білім алған. 1647 доңыз жылы бір күні ауылға кенеттен жау тиіп, қалмақ шапқыншылары 14 жастағы Қ-ты тұтқындап әкетеді. Қ. әкесіне тартқан сыншы болады. Атбегілердің тұлпарды қалай таңдап, қалай баптағанына көзі қанық болып өскен Қ. жоңғар тайшысының бәйгеге қосатын Қаракер тұлпарын баптап, бәйге кезінде оған өзі мініп шауып, тайшыға бас бәйгені алып береді де, оған қарап: «Бәйге сенікі, тұлпар менікі. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне, қайыр кош» деп, ат басын бұрып алып, жолға түсіп, «Алаштап» ұран салып, ілгері қарай жөнеле береді. Сөйтіп, туған елге аман-есен оралады. Өз заманында әскер бастап, сыртқы жауларға соққы беріп, дұшпандардан елді, жер-суды қорғағаны үшін Қ-қа Шығай ханның тұсында әуелі ордабасы, кейін тархан деген әскери атақ беріледі. Кейін әз Тәуке ханның бас уәзірі болады. Шежіре бойынша, Қ. Орта жүз Керей ішінде Ашамайлы, сондай-ақ, атақты Қожаберген жыраудың туған ағасы болып келеді. (Белгілі шежіреші, абайтанушы, әрі ауыз әдебиетінің білгірі Сейітқали Қарамандұлынан 1991 ж. жазып алып жариялағандар: Өзал Тәнекұлы, Аманғали Мұхтаров).

Әдеб.: «Қазақ батырлары», 2000, №5, 14-б.

ҚАРАБАС – батыр Әбілмәмбет ханның елшісі, Ресей патшасы Елизаветаның таққа отыруына байланысты 1742 ж. қаңтарда Ресей астанасына Қ., Болат батыр, Баймұрат батыр, Қараман батыр бірге барған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 97-б.

ҚАРА БАТЫР (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – уақ-керей. Дат батырдың әкесі. Орта жүздің сенімді өкілі ретінде оңтүстіктен келетін сауда керуендерінің Орта жүз арқылы Ор, Орынбор, Троицк жәрменкелеріне аман өтуіне жауапты адам болған. Осыған сәйкес Қ.б. өз кезінің мемлекеттік қызметтері ретінде орыс шекара командирлерімен тікелей қарым-қатынас жасаған. Ол өз інілерімен, Әбілқайыр ханмен, Бөкенбай батырмен бірге Тевкелевтің үйінде кездесіп, дәмдес болған. Дастарқан үстінде орысқа бодан болу мәселесін көтерген. Тевкелев: «Мен патша ағзамның еркімен, Әбілқайыр ханның шақыруымен келгенмін. Ресей патшасы сендерді бодан бол деп өзі сұраған жоқ. Тілектерің адал болса, қабылдайды. Бір сөзбен айтқанда, патша ағзам өзі тіленіп келгендерді қанатының астына алады, келмегендерге жалынбайды» деген. Әбілқайыр: «Бүкіл қазақ ордасы бодандыққа қарсы болып, мені өлтіремін десе де мен алған бетімнен қайтпаймын» деген. Тевке-

левке ниеттес ағайынды Қ.б. мен Бейімбет батыр Ресейге бодан болу-болмау туралы оқиғаның ортасында жүріп, көп жағдайларға куә болған.

Н.Ақбай

«ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ. ЭНЦИКЛОПЕДИЯ» – кітап. 2006 ж. «Атамұра» баспасынан жарыққа шыққан. Алматы. Көлемі 584 бет. Таралымы 5000 дана. Бас редакторы – А.Абдуллин. Орталық Қазақстанда орналасқан Қарағанды облысына арналған энциклопедия. Кеңес өкіметі тұсында индустриалды-аграрлық өлкеге айналған облыстың табиғаты, елді-мекендері, байлығы, танымал азаматтары, ертеден келе жатқан тарихи орындары және т.б. көптеген мәліметтер қамтылған. Энциклопедияда Абылай ханға қатысты мәліметтер және «Абылайдың Сарыарқаны азат етуі» деген жыр туралы деректер келтірілген.

К.Қошым-Нозай

«ҚАРА ЖОРҒА» – Абылайдың күйі. Тарихына қатысты ел аузындағы аңыз бойынша, Абылайдың Ұлытау баурайында саятшылық құрып жүріп, түнгі ұйқыға жатқанында қалмақ қолына түсіп, қапы қалғаны, бұл кезде Ташкент шаһарында тұрған Қалдан Серенге жеткізіліп, екі жылдай тұтқында ұсталғаны айтылады. Қалмақ ханы Абылайды өлтірмей, оның кеменгерлігі мен ерлігіне тәнті болып, қазақ елін билеуде сенімді кепіл етуді ойластырады. Сол мақсатпен өзінің сұлу қарындасы Хошаны (қазақтар Топшы атаған) Абылайға қосады, астына су төгілмес қара жорға мінгізіп, үш жүздің әрқайсысынан отызотыздан келіп жатқан мәмілегер елшілерге қосып, еліне қайтарады. Аңыз осы сапарда еліне қайтып келе жатып көңілі өскен Абылай «Қара жорға» күйін шығарған дейді.

Е.Ерназаров

ҚАРАКЕРЕЙ – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша Орта жүз найман тайпасына кіреді. Қ-ден қожамбет, мұрын, ақымбет, ерсары, сыбан, қыржы, байжігіт, жастабан, шүрентай, тоқпақ, тума, ақнайман, семізнайман, болатшы, тайлақ, жайнақ, балқабет атты аталар тарайды. Олардың негізгі тобы Қазан төңкерісіне дейін Зайсан, біразы Семей, Өскемен және Лепсі уездерін мекендеген. Кәсібі мал өсіру болған, аздап суармалы егіншілікпен айналысқан. Ертіс өз. мен Зайсан к-нің жағасындағы жатақтар балық аулаған. Әйгілі Қабанбай батыр Қ-ден шыққан. Ұраны – Қабанбай, рудық таңбасы – мүйіз.

ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ – қ. *Қабанбай*.

«ҚАРАКЕРЕЙ ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ ӘНГІМЕСІ» – тарихи жыр. Қабанбай батыр туралы жырлардың бұл нұсқасы 1935 ж. Шығ. Қазақстан обл. Күршім ауд-ның тұрғыны Қ.Омарұлынан жазылып алынған. Көлемі 700 жолдан астам. Басқа нұсқаларынан бір айырмашылығы –

ҚАРАКЕСЕК

мұнда қайта шапқан жау Өтеке-жырықтың баласы Садыр деп көрсетілген, қ. «Ер Қабанбай».

Б.Абылқасым

ҚАРАКЕСЕК – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі арғын тайпасының «Бес мейрам» аталатын рулар бірлестігіне кіреді. Қ-тен: Қамбар, Майқы, Бошан, Таңас тарайды. Шәкерім Құдайбердіұлы Майқы мен Бошанды тоқалдың бел балалары, қалғандарын асыранды ұлдар деп есептейді. Мұндай пікірлерді Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбаев та айтқан. Халық арасындағы кей шежірелерде болатқожаны даралап «төрт қаракесек» (болатқожа, қамбар, жалықбас, шұбыртпалы), басқаларында «үш қаракесек» (шұбыртпалы кірмейді) деседі. Қ-тің рулық ұраны мен таңбасы бүкіл арғын тайпасымен бірдей болғанымен, арғын ішінде болатқожаның шешесі Қарқабат атын ұран еткен.

Ж.Сүлеймен

ҚАРА ҚАЛМАҚТАР – ғыл. әдебиетте «дэрвэн ойрат», «ойрат одағы» немесе «4 ойраттың (дербет, чорос, торғауыт және хошауыт) одағы» деген атпен белгілі болған Жоңғар хандығы мен Батыс Моңғолиядағы ойрат жерлерін мекендеушілер. Ойраттар туралы алғашқы мәліметтер 13 ғ-дың басында мәлім бола бастаған (Рашид-ад-Дин. Сборник летописей, Т. 1. М.–Л., 1952, стр. 118–121). Ол кезде ойраттар Моңғолияның қиыр Солт. батысы мен Енесейдің жоғ. ағысын жайлап қыстаған. 1204 ж. олар наймандармен күш қосып, Шыңғыс ханға қарсы шықты, кейін 1208 ж. оған бағынды. 14–17 ғ-ларда ойраттар Алтай тауларынан батысқа қарай көсілген кең далада мал бақты. Мин заманындағы Қытай жазбаларында ойраттар о-ла, в-ла немесе өлуеуттер, елеуіттер, олюттер деп қағазға түскен. Дәл осы құжаттарда ойраттардың дербет, чорос, торғауыт және хошауыт болып төртке бөлінетіндігі айтылған. Тек қана чоростың орнына жоңғар атауы енгізілген. 17 ғ-дың алғашқы ширегінде Хо-Урлюк бастаған торғауыттар Ресей мемлекетінің шегіне еніп, Еділдің төменгі ағысына қоныс тепті. Кейін оларға дербеттер (дүрбіттер) мен хойттар барып қосылды. Орыс құжаттарында жоңғар ұлыстарын жаппай «Қара қалмақтар» деп атау үрдісі бар.

Әдеб.: Рашид-ад-Дин. Сборник летописей, Т.1. М.–Л., 1952, С. 118–121; Златкин И. Я., История Джунгарского ханства (1635–1758), М., 1964; Очерки истории Калмыцкой АССР, М., 1967.

ҚАРАҚАЛПАҚТАР. 17 ғ-дың соңы мен 18 ғ-дың ортасына дейін Сырдарияның орта және төм. ағысын мекендеген. Қазақ хандарына бағынып, Кіші жүзбен аралас-құралас болған. Тәуке ханның тұсында Қ-ды Тобыршық сұлтан биле-

ген. Орыс деректерінде 1709 ж. қарақалпақтың ханы ретінде Тобыршық сұлтанның ұлы Қайып, 1722 ж. Есмұхамет (Есім Мұхаммед) аталса, 30–40 ж. Кіші жүздің Әбілқайыр ханына бағынған. Қ. қазақ хандарына жыл сайын алым төлеп тұрды, қазақтардың орыс бекіністері мен Бұхара, Қоқан хандықтарына жасаған шабуылдарына Қ. жасақтары да қатысуға тиіс болды. 18 ғ-дың 20-жылдарында жоңғарлар Сырдарияның орта ағысындағы жерлерді басып алуына байланысты, Қ. халқы «жоғ.» және «төм.» аталып, екіге бөлінуге мәжбүр болды, «жоғ.» Қ-тар жоңғар билігіне, «төм.» Қ-тар Кіші жүзге қарап қалды.

«ҚАРАҚАС–КЕНЕСАРЫ» – тарихи жыр. Бұл патшалық Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы отаршылдығына қарсы 1837–47 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ ұлт-азаттық көтерілісі тақырыбына арналған халықтық шығарма. Шығарманың идеясы да қазақтың және түркі-мұсылман халықтарының тәуелсіздігі мен азаттығын аңсау, сол жолда қызмет еткен азаматтардың ерлік істерін дәріптеу арқылы жас ұрпақты отаншыл, елшіл дәстүрде тәрбиелеуді мақсат тұтқан. Жырдың авторы белгісіз, ол бұрынғы Шығыс Түркістан, қазіргі Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар арасында ауызша таралған нұсқадан жазылып, 1984 ж. Бейжіңде шыққан «Қазақ киссалары» атты әдеби жинақта (4-том. «Ұлттар» баспасы, 85–110-б.) алғаш рет жарық көрген. Шығарманы жазып алып бастырған – Іле аймағы қазақ ағарту орт-ның қызметкері Исакхан Рақымжанұлы. Жыр 2006 ж. Мемл. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Бабалар сөзі» сериясымен алғаш рет Қазақстанда басылды (29-том: Тарихи жырлар. Астана, Фолиант, 2006, 291–306-б. Мәтіндерді жүйелеп, ғыл. түсініктерін жазып, баспаға дайындағандар: филология ғыл. канд. – С.Қосан және О.Егеубаев, Қ.Тастанов.). 482 жолдан тұратын шағын шығарма 10–11 буынды қараөлең ұйқасымен жазылған. Жырдың оқиғасы тартымды, тартысты құрылған, кейіпкер образдары шебер сомдалған, таза әдеби-көркем кестелі тілмен, халық аңыз-әңгімелерінің негізінде 20 ғасырдың басында, немесе 2-жартысында қайта жырланған. Жыр сюжетіне Қасым сұлтанның төрт баласының және кіші әйелінің орыс саясатымен келіспей, ел-жұртымен Арқадан Қоқан хандығына қоныс аударуы кезінде бастарынан өткен азабы, жергілікті тоғышарлардан көрген қорлығы, оларға қарсы азамат ретіндегі әрекеті арқау болған. Шығарма, біріншісінде – Абылай ұрпақтарының орыс өкіметінің басқыншылығына төзбей, көршілес елге қоныс аударуы кезінде Саржан мен Есенгелдінің жергілікті жұрт өкілдері мен Ташкен шаһарбасы Бектербектің

құрбаны болуы, екіншісінде – Қасымның тоқалы Қарақастың ақылдылығы мен өжеттігі арқасында жас Наурызбай мен Кенесарының Бектербектің қанды торынан аман-есен бостандыққа шығуы, Кенесарының ағаларының өлімі үшін шаһарбегінен кек қайтарып, елін аман сақтап, Арқаға көшіруі секілді екі негізгі оқиғадан құралған. Жырда тарихи тұлға Абылайдың образы осы күрескерлік әрекеттердің идеялық ұйтқысы ретінде көрініс тапқан. Ол жыр кіріспесінде, жыршының атынан, замана талқысына түскен Құбайдолланың (тарихта Ғұбайдолла, Абайділда), баласы Қасымның және оның балалары Саржан, Есенгеді, Наурызбай, Кенесарының іс-әрекетінің рухтандырушысы ретінде көрінеді. Негізгі кейіпкердің бірі Қарақас Қоқан билеушісі Омар ханға: «Сұрасаң, арғы атамды – Абылайхан, Басымнан мен бір сорлы бағым тайған», – деп, хан заманындағы түбі бір, жақсылық-жамандықты бөліскен елміз деп, ата-баба аманатын жеткізеді. Өздерінің мақсаты туралы «Абылай атам өлді, байым да өлді, Суалтты, мырза құдай, терең көлді», – деп, тәуелсіздікті ту еткен тұлғалардың заманы өтіп, енді қиын кезең туғанын баян дауы жырда сәтті суреттелген. Айбынды хан Абылайдың атымен келген батыл да көреген әйелдің сөзі Қоқан билеушісі Балаханның хан ұрпақтарының тағдыры оң туралы шешім шығаруына игі әсерін тигізеді. Бұл болашақ ұлы тұлға Кенесарының күрескерлік жолының басы деген емеурін шығармада көрініс береді.

Қ. Орынғали

ҚАРАҚҰМДАҒЫ ХАЛЫҚ ҚҰРЫЛТАЙЫ – 1710 ж. қазақ Жүздері өкілдерінің жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыруға арналған Арал маңындағы Қарақұмда өткен жиын. 18 ғ-дың басында жоңғар әскерінің басқыншылық әрекеттері күшейе түсті. Бұл бас қосудың өтуіне ықпал жасаған Тәуке хан болды. Ол қазақ жасақтары мен қазақ руларын басқаруды құрылымдық тұрғыда қайта ұйымдастырудың жоспарын ұсынды. Қазақтардың қорғаныс қабілетін нығайту үшін сұлтандар билігін шектеуге, үш жүзді жауапты билер арқылы басқаруға ұмтылды. Жиынға қатысушылардың көзқарастары бірдей болған жоқ. Бұған дейінгі оқиғалар жоңғарларды жеңудің оңай еместігін көрсетті. Қатысушылардың бір бөлігі жоңғарларға бодан болуды жөн көрсе, кейбіреулері аңысын аңдау көзқарасын ұстанды. Дегенмен Қанжығалы Бөгембай батыр халықты жоңғарларға қарсы шабуыл жасауға көндірді. Бұл бас қосуда хандар арасынан жоғарғы қолбасшы сайлау туралы мәселе көтерілді. Оған үміткерлер Қайып сұлтан және Әбілқайыр болды. Қазақ жасақтарына Бөгембай жетекші болып сайланды, ал хан билігі Әбілқайырға берілді.

Әдеб.: Аполлова Н. Г., Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века, А.-А., 1948; Қазақстан тарихы, 3 том, А., 2002.

Э. Телеуова

ҚАРАҚШЫ – 1) орта ғасырдағы жаугершілік уақыты кезінде биік төбеге шығып, айналаны көзбен шолып, бақылап отыратын жауынгер, қарауыл. Ол алыста келе жатқан жауды көре салысымен түнде от жағу, күндіз түтін түтету арқылы шабармандарға немесе келесі төбе басындағы Қ-ға хабар беріп отырған; 2) кісі, жолаушы, керуен тонаумен айналысатын қылмыскер.

ҚАРАМАН – батыр, арғын, Әбілмәмбет ханның елшісі, Ресей патшасы Елизаветаның таққа отыруына байланысты 1742 ж. қаңтарда Ресей астанасына Баймұрат батыр, Қарабас батыр, Болат батыр, Қ. батыр бірге барғандығына қарағанда хан ордасында беделі биік, елге қадірлі батыр екені көрінеді.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар, Аст., 2005, 98-б.

ҚАРАМЕНДЕ Шоқаұлы (1720–1818) – би, шешен. Тобықты руының төбе биі болған. Өзінің шешендік тапқырлығы, әділ билігімен ел құрметіне бөленген. Қ-ні Абайдың әкесі Құнанбай өзіне ұстаз тұтқан. Қ. қазіргі Жезқазған обл. Ақтоғай ауд. жеріндегі «Жұмбақ қара» деген таудың етегіне жерленген.

Б. Сапаралы

ҚАРАМЕНДЕ Сейітқали Ыдырысұлы (10.1.1913, қазіргі Шығ. Қазақстан обл. Абай ауд., Әйтей а. – 10.6.1997, Алматы қ.) – қазақ ауыз әдебиетін жинаушы. Қ. жинаған ауыз-әдебиеті үлгілерін төрт топқа бөлуге болады: 1) кисса, дастандар, айтыстар, мақал-мәтелдер мен шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер («Сөз тапқанға қолқа жоқ», А., 1988); 2) билер мен батырлар туралы тарихи жырлар (Қараменде би, Көкбай би, Бөгенбай, Бұғыбай, Наурызбай батырлар); 3) ақындар мен шешендердің (Құл ақын, Шөже, Қожаберген, Қаумен, Қасен, Өмірбай, Садыр, Төлеу және Алтыбай, Толыбай шешендер) сөздері («Қос ішек», А., 1989); 4) сегіз сері, Біржан сал, Балуан Шолақ, Ағаш аяқ секілді әнші-ақындар шығармалары, Абай өлеңдерінің текстологиясы және оның замандастары Байкөкше, Тәңірберді, Байқұлақ ақындар жайындағы деректер. Сонымен қатар ол Көкбай Жанатайұлы туралы ел аузында жүрген шығармаларды алғаш рет жүйелеп, топтастырды. Көкбайдың «Абылай хан» жинағындағы «Сабалақ», «Төрт төре», «Наурызбай-Фатима» дастандары Қ. нұсқасы бойынша жарық көрді. Қ. жинаған ауыз әдебиеті үлгілері ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тының қолжазба қорында сақтаулы.

Р. Бердібай

ҚАРАСАЕВ

ҚАРАСАЕВ Ғани Мұқашұлы (8.2.1955 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Тарбағатай ауд. Ақжар а.) – тарих ғыл. докт. (2007), ҚР Тарихшылар және қоғамтанушылар академиясының акад. ҚазПИ-ді (1978, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Тарбағатай ауд-нда комсомол, партия қызметінде (1978–88), Ақжар а-ндағы Абай атынд. орта мектептің директоры (1988–93) қызметтерін атқарған. 1993–



Г.Қарасаев

2007 ж. ҚР Жоғары білім беру жүйесінде қызметтер атқарды. 2007 жылдан Шығыс Қазақстан мемл. тех. ун-тінде кафедра меңгерушісі. Негізгі ғыл. бағыты – Қазақстанның шығысы мен Алтай аймағының көне заманнан XX ғ-дың басына дейінгі тарихы, Қазақстанның егемендік алған жылдарындағы сыртқы саясаты. «Қазақстанның шығысы және Алтай өлкесі XIX–XX ғасырлар басында (экономикалық, саяси, әлеуметтік даму тарихынан)» тақырыбында докт. дисс. қорғаған. 200-ден астам ғыл. еңбектің, оның ішінде 7 монографияның авторы. «Қазақ-жоңғар, казак-қытай қатынастарындағы Абылайдың саясаты» («Ақиқат», №9, 2011) атты зерттеу мақаласы жарық көрген.

Ғ.Елеу

ҚАРАСАЙ БАТЫР Алтынайұлы (1589, Алматы обл. Жамбыл ауд. Суықтөбе тауы – 1671, Көкшетау) – батыр. Жетісуда жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғыста қол бастаған. Алатау бөктерінде туып өскен. Ұлы жүз шапырашты тайпасының ескожа руынан. Қарғалы, Ұзынағаш, Қарақыстақ, Қастек, Жиренайғыр, Ырғайты өзендері бойындағы, Қарақия, Ақтасты, Сарыжазық, Суықтөбе тауларындағы, т.б. жерлердегі ұрыстарда жау шебін бұзып, Суықтөбе басына туын тіккен. Сол жеңістен бастап шапыраштының, одан тарайтын рулардың ұраны Қарасай болды. 1643 ж. Жәңгір хан мен Жалаңтөс батыр бастаған Орбұлақ шайқасына қатысқан. 1652 жылғы соғыстарда Қ. б. қазақ әскерлерінің басшыларының бірі болған. Көкшетау жерінде болған соғыстардың бірінде ауыр жараланып, дүние салды. Сүйегі өзімен бірге сол ұрыста қазаға ұшыраған арғын Ағынтай батырмен бірге жер-

ленген. Қ. б. туралы деректер орыс шығыстанушысы В.В.Вельяминов-Зерновтың және И.Э.Фишердің еңбектерінде келтіріледі, ұлы ақын Жамбыл жыр арнаған. Қарақыстақтағы Ауызөткел



Қарасай батыр ескерткіші. Алматы обл. Ұзынағаш а.

тұсындағы биік шоқы Қарасай шоқысы деп аталады. 1999 ж. Петропавл қ-ның театр алаңында Қарасай мен Ағынтай батырларға ескерткіш орнатылды.

Әдеб.: Ел тұтқа, А., 2001.

ҚАРАСАҚАЛ, Қ а р а х а н, Ш о н а (шамамен 1705–1749) – батыр. Шыққан тегі белгісіз. Кейбір деректер бойынша – башқұрт. 1735 жылдан бастап Ресей өкіметіне қарсы күресті. Алдымен И.К.Кирилов бастаған Орынбор экспедициясына қарсы шықса, 1740 ж. башқұрттар көтерілісін басқарды. Көтеріліс талқандалғаннан кейін, қазақ даласына келіп, Орта Жүзді паналады. Қаз дауысты Қазыбек бидің, Қаракерей Қабанбай батырдың қол астындағы руларды паналап, өзінің саяси күресін жалғастырды. Сол кездегі қалыптасқан жағдайды шебер пайдалана отырып, өзін «жоңғар қонтайшысы Қалдан Цереннің інісі Шонамын» деп жариялады. Қазақ еріктілерінен құралған жасақтарды бастап, жоңғарларға, орыс бекіністеріне, қарақалпақтарға жиі-жиі жорық жасап тұрды. Өмірінің соңына дейін қазақ жерінде тұрған. Белгісіз жағдайда қазаға ұшыраған.

ҚАРАТАЕВ Мұхамеджан Қожасбайұлы (27.12.1910, Қызылорда обл. Шиелі ауд. Телікөл

а. – 9.6.1995, Алматы қ.) – әдебиет сыншысы, ғалым, жазушы. Филология ғыл. докт. (1963), проф. (1965), Қазақстан ҒА-ның акад. (1975). Қаз КСР-ның еңб. сің. ғылым қайраткері (1974). ҚазПИ-ді (қазіргі ҚазҰПУ) (1933), Ленинградтың (Санкт-Петербург) Тарих, философия және әдебиет ин-тының аспирантурасын бітірген (1936). 1936–37 ж. Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының жауапты хатшысы, 1937–38 ж. төрағасы болып қызмет етті. Қ. бұл жылдары пед. жұмысты қоса атқарып ҚазПИ-де кафедра меңгерушісі (1938) болды. 1947–51 ж. Жамбыл пед. уч-щесінде оқытушы, 1955–60 ж. «Қазақ мемл. көркем әдебиет баспасының» редакторы, бас редакторының орынбасары, директоры, 1960–88 ж. Қазақстан ҒА-ның Әдебиет және тіл ин-тында аға ғыл. қызмет-



М.Қаратаев

кер, бөлім меңгерушісі, 1967–79 ж. «Қазақ совет энциклопедиясының» бас редакторы, 1988 жылдан өмірінің соңына дейін ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-ты директорының бас кеңесшісі болды. Жалған айып тағылып, 1938–51 ж. аралығында саяси қуғынға ұшыраған. Қ. әдебиетке 1934 ж. келді. Жас сыншы жаңа дамып келе жатқан қазақ кеңес әдебиетіне қызу араласты. Қ-тың алғашқы күрделі еңбегі – С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасы туралы мақала. Әдеби жұртшылық арасында үлкен айтыс туғызған бұл поэманың көркемдік-идеялық құны туралы дұрыс талдау жасады. Ғ.М.Мүсіреповтің «Шұғыла» повесі туралы да оның сол кездегі мақаласы жұртшылық назарын аударды. Қ. тұтас алғанда қазақ әдебиетінің түрлі мәселелерін қамтыған жеті жүзден астам мақаланың, қырықтан аса кітаптың авторы. Қ. еңбектерінің негізгі арқауы – қазақ әдебиетінің тарихи жолы мен өсу сатылары, туған елдің топырағынан жаралып, ана сүтімен енген ұлттық дәстүр, оның жаңа сапада қалыптасуы, түр мен мазмұнның біте қайнасып, шеберліктің шырдаулы. Қ. көркем әдебиеттің эстет. мұраты жөнінде де толымды пікірлер айтты. Қ. көркем шығарм-пен де шұғылданды. Оның «Даладағы дабыл» атты көркем публицистик. романы қазақ,

орыс тілдерінде басылым көрді. Қ. – көркем аудармаға да елеулі еңбек сіңірді. М.Горькийдің «Менің университеттерім», М.А.Шолоховтың «Тынық Дон» романының 3-кітабын қазақ тіліне аударды; көркем аударма теориясын дамытуға қызу ат салысып, қазақ әдебиетін орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі мәселелері жайында сүбелі еңбектер жазды. Қ. – көптеген оқулықтардың авторы, хрестоматиялардың құрастырушысы. 6 томдық Қазақ әдебиеті тарихының үш томының, орыс тілінде шыққан Қазақ әдебиеті тарихының кеңестік дәуіріне арналған томының бас редакторы және негізгі авторларының бірі болды. Сыншының бірсыпыра еңбектері орыс тілінде де жарық көрген. «Асулар алда» («Вершины впереди») атты сын кітабы үшін Қазақстанның Мемл. сыйл. лауреаты (1974) атағын алды. Ғылымға сіңірген көп жылдық еңбегі үшін Қазақстан ҒА Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. иегері болды (1985). Қ. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Шығ.: Туған әдебиет туралы ойлар, А., 1958; Казахская литература, М., 1960; Шеберлік шыңына, А., 1963; Мирозрение и мастерство, А.-А., 1965; От домбры до книги, М., 1969; Эпостан эпопеяға, А., 1969; Әдебиет және эстетика, А., 1970.

Д.Ысқақұлы

ҚАРАТАЕВ Төреғали (8.5.1934 ж.т., қазіргі Ақтөбе обл. Әйтеке ауд. Ақкөл а.) – тарихшы, педагог, тарих ғыл. канд. (1974), проф. (1995). ҚазМУ-дың (қазіргі ҚазҰУ) тарих ф-тін (1958) бітірген. Еңбек жолын Алматы обл. Қарасай ауд. Шамалған а-ндағы орта мектепте мұғалім болудан бастаған. Бұдан кейін Респ. оқу-пед. баспасында (1959–62), ҚазҰУ-да аға оқытушы, кафедра меңгерушісінің орынбасары қызметтерін (1962–99) атқарды. Қ. 20 шақты кітап («Қазақстан жас металлургтерінің тарихы», 1974; «Президент Н.Назарбаевтың еңбектеріндегі терминдер мен түсініктер», 1996; т.б.) пен кітапшалар; 150-ге жуық ғыл.-көпшілік мақаласы жарық көрді. 1998 ж. «Абылай хан хақында» («Саясат», №12, 87–94-бб.) және 2002 ж. «Алтын орда» газетінде «Әбілмансұрдан Абылайға дейін» (№30–33) атты мақаласын жариялап, Абылайдың ата-тегі, өмірі мен қайраткерлік қызметі, айнала төңірегі, оның үрім-бұтақтары, жалпы қазақ хандарының есімдері жайында қызғылықты мағлұматтар келтіреді. Әйтеке би ауд-ның құрметті азаматы (1995).

Қ.Нұрпейісов

ҚАРАТОҚА – би, Кіші жүз, төртқара, 1748 жылдың тамыз айында Барақ сұлтан Кіші жүздің ханы Әбілқайырды өлтіріп, қолына қарайтын елмен Орта жүзге қарай ауа көшкенде, орта жолдан Қаз дауысты Қазыбек көлденең тұрып, «...

ҚАРАШ

ханыңды қалай өлтірсең, халқыңды қынадай қырасың... сылтауратып сытыла алмайсың, бұлталақтап құтыла алмайсың...» дей келіп, билер сотына мойынсұнуға мәжбүр еткен деген сөз бар. (Сматай С. Қаз дауысты Қазыбек // Үш пайғамбар. Алматы, 1992, 81–82-бб). Барақ сұлтан Қазыбектің айтқанына көніп қана қоймай, өзінің ісін қарайтын билерді де өзі таңдап алыпты, олар: Алшын-Төртқара Қаратоқа би, Қаракесек-Қожанай Мәмбет би, Найман-Бағаналы Өтебай би. Ел аузында сақталған бұл мағлұматтар жазба деректермен де тиянақталады. Орынбор обл. мемл. мұрағатындағы (3-қор, 1-тізбе, 18-іс, 196-бет) құжатта нақты былай айтылған (орысшадан аударған – З.Тайшыбай): «... аталған билер Әбілқайыр ханды өлтіргенім үшін мені жазықты деп санаса, олардың еркіне бағынамын. Таразы басына салып, бүкіл байлық-мүкәммәлімді бір басына, шыбын жанымды бір басына тартып, малым мен жерімді аламыз десе де, басымды аламын десе де кесім солардыкі болсын». Ал, зерттеуші В.А.Моисеев Барақ сұлтанның ісін талқыға салған билер сотының қатарында Төле, Әйтеке, Жалған, Баба, Сырлыбай билер де бар болғанын көрсетеді. Қ. Абылай ханның елшісі болғандығы туралы проф. Ж.Артықбаев деректер келтіреді.

Әдеб.: С м а т а й С. Қаз дауысты Қазыбек // Үш пайғамбар. Алматы, 1992. 81–82-бб.; А р т ы қ б а е в Ж. Қазақ этнографиясы: этнос және қоғам. 18 ғ. Қарағанды, 1995. 263–266-бб.

ҚАРАШ Жарылғапұлы (1715, Жетісу өңірі – 1813) – Жетісуға аты әйгілі болған батыр. Шапырашты тайпасының Есқожа руынан. Әкесі Жарылғап та батыр болған, Қарасай батырдың немересі. Қ. – Жарылғаптың «Жеті қабан» атанған ержүрек жеті ұлының бірі. Алып қара күштің иесі, палуан, сайыскер болған адам. Асау жылқыны жалынан ұстап-ақ жыға берген. Жаз күндері – кейіннен «Қараш шоқысы» атанып кеткен Суықтөбе тауының шығыс жағын жайлаған. Қараш батыр ең алғаш Қордай тауының маңында болған шайқаста көзге түседі. Қалмақтың екі батырын найзамен түйреп жер құштырады. Тағы бірде інісі Қаумен екеуі 60 қалмақты жер жастандырып, Алтун деген батырын тұтқынға түсіреді. 1742 ж. Жетісуға жоңғардың Қалдан Серен бастаған қалың қолы келіп, Қопа, Аңырақай, Балқаш, Іле жерлерінде өткен қырғын соғысқа Қараш әкесі Жарылғаптан туған бауырлары Жанкелді, Қойкелді, Қараша, ағайындары Дәулет, Жәпек, Қаумен сынды ерлермен бірге қатысып, ерлік көрсетеді. Алатау бөктеріндегі Іле, Шу, Талас өз-дерінің бойларында болған соғыстарда халықты жауға қарсы ұйымдастыру қабілетімен де жиі көзге түсіп, атағы елге кеңінен жайылады. Жасақтарды басқарып, шабуылға шығатын қол-

басшы ретінде де танылады. Ел аузында: «Ұрпағы Қарасайдың Қараш батыр, Орнатқан дұшпанына заманақыр» деген қанатты сөз қалған. Қ-тың батырлығымен қоса қазақ-қырғыз арасына тату көршілік қарым-қатынас орнатып, ел бірлігін сақтаудағы әділеттілігімен де аты шыққан. Қараш батыр өзінің өсиеті бойынша Қоңыртөбе, Шоқпарғас, Ырғайты өңіріндегі Қолқамыс жазығына жерленеді. Кейін бір жарым ғасыр өткен соң Қ. ұрпақтары оның бейітінің басына ескерткіш орнатты. Ол Жамбыл ауд. Ақтерек а-нан оңт-ке қарай 4 км. жерде.

Әдеб.: Қазақ батырлары, 2000, №6, 4-б.

А.Бейімбеттегі

ҚАРЖАС – Орта жүз Арғын тайпасының Сүйіндігінен тарайтын ру аты. Қ-тан тарағандар 19 ғ-да Павлодар уезіне қарасты Ақкелін мен Баянауыл болыстарын мекендеген. 1964 ж. Саққұлақ бидің шөбересі Барлыбайұлы Айтбай ақсақалдың әңгімесінде Қ. Сүйіндіктен емес, Мейрамсопыдан туған дегенін ел аузында сақталған айғақты дәлелдерімен айтқан. Осы пікірді Өкпеұлы Кәрімтай қажы да Мәшһүр Жүсіптің «Бақ қонып, қыдыр дарып, дұға қонған, Бабамның Мейрам сопы баласы едің», – деген өлең жолдарымен растап, өз ойын тұжырымдайды. Ш.Қ.Сәтбаеваның «Қазақ елі» газетінің 1996 ж. 5 қаңтарда жарияланған «Сәтбай баба тағдыры мен тағылымы» атты мақаласында ел ішінде тараған қазақ шежіресіне сүйене отырып Арғынның Ақжолынан төрт ұл (Мейрамсопы, Қарасопы, Кенжесопы мен Бәсентиін) болса, сол төртеуінің үлкені Мейрамсопыдан Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік пен Болат деген ағайынды бес ұл туғанын жазады; осы ағайындылардың Сүйіндігінен Жанболды, Құлболды, Орманшы және Қаржас атты ұлдар болған. Қ-тың Алтынторысынан Қалқаман батыр, оның баласы атақты Бұқар жырау болса, Құлықесінен Шорман би, Мұса Шорманов, Сәдуақас Шорманов сынды есімі елге белгілі адамдар шыққан. Қ-тан Құлықе, одан Анай, ал Анайдан Жәдігер мен Сатай, бұлардан Баубек, Баударбек, Олжабай мен Шегір тарайды.

ҚАРҚАРАЛЫ ТАС БӨГЕТІ, қалмақ қорғаны деп те аталады. Суықбұлақ өз. аңғарында 17 ғ-да жоңғарларға қарсы соғыста қорған ретінде салынған, ұзындығы 5 км, ені 2–3 метр, биіктігі 3 метрге таяу. Қ.т.б. Жоңғар басқыншыларының Сарыарқаға өтетін негізгі жолын бөгеп, жаудың тұтқиылдан шабуыл жасауынан сақтану мақсатында жасалған. Бұл күнде Таркезең деген тұсында тас бөгеттің қалдықтары сақталған.

ҚАРҚАРАЛЫ ТАУЛАРЫ – Сарыарқаның шығысындағы таулы-орманды алқап. Қарағанды обл. Қарқаралы ауд-ның орта тұсында орналасқан. Айналасындағы ұсақ шоқылы, төбелі, белесті

жазықтан көп көтеріңкі күмбезді, жоталы, қырқалы таулар мен биік шоқылар тобының тізбегінен тұрады. Олар солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 30–35 км-ге бір-біріне жалғаса созылып жатыр, ені 20–25 км. Алқаптың солт.-батысында Шаңкөз (1360 м), батысында жеті өркешті Көктөбе (1254 м), солт.-шығысында осы таулы-орманды алқапқа атауы берілген сүйір шыңды Қарқаралы (1206 м), орта тұсында Бұғылы (1323 м), оңт.-батысында Мырзашоқы (1169 м), оңт.-нде Жиренсақал (1403 м, алқаптың ең биік нүктесі), оңт.-шығысында Ақтерек (1230 м), шығысында Жауыртоғай, Найза, т.б. таулар орын тепкен. Таулары мен шоқыларын Кеңдара, Құрөзен, Қаратоқа, Оянаға, т.б. тауаралық аңғарлар, кең сайлар бөліп тұрады. Халық ұғымында Қарқаралы алабы Абылай ханнан мұраға қалған жер атауы саналады. Климаты континенттік, қысы ұзақ, суық, боранды, қары аз (30 см). Қаңтардың орташа темп-расы –14°C, абс. минимумы –49°C. Жазы қоңыржай ыстық, қуаң. Шілденің орташа темп-расы 19°C (абс. максимумы 40°C). Жауын-шашынның жылдық орташа мөлш. 350–400 мм, негізінен жылы мерзімде жауады. Өзен жүйесі біршама жиі. Таулардан Қарқаралы (Қараөзек, Түлкілі, Тасбұлақ салаларымен қоса), Жарым, Жарлы өз-дерінің оң салалары Қопа, Құрөзен, Кеңдара, т.б. өз-дер бастау алады. Тау басында көркем Шайтанкөл, Бассейін, етегінде Үлкенкөл, Шортанды, т.б. көлдер бар. Қ. т. жер асты тұщы суларына бай, олардан Суықбұлақ, Тасбұлақ, Сырашы бұлағы, т.б. ағып шығады. Таулардың етектері, аңғарлары мен сайларында аласа таудың қара және күнгірт қоңыр топырақтары тараған. Беткейлерінде қарағай ормандары, жатаған арша, сайлар мен өзендер бойларында қайың, көктерек, түрлі тал, шілік, сарықараған, тобылғы, ырғай, долана, қарақат, аққұрай, итмұрын, мойыл, бөріқарақат, тасжарған, т.б. өседі. Тегіс жерлерінде бетегелі-селеулі әр түрлі шөпті дала өсімдіктері, сілтсіз қара топырақты аңғарларының шалғын батпақты жерлері мен көл жағаларында қамыс, құрақ, өлең, қияқ, т.б. өседі. Арқар, елік, сілеусін, түлкі, қарсақ, қасқыр, қоян, күзен, жерсіндірілген тиіндер, жабайы шошқа, Еуропа бұғысы, құр, шіл, бөдене тіршілік етеді. Жапалақ, тоқылдақ, сарышымшық, торғай, қарға, сауысқан, көккөптер жыл бойы мекендейді. Жазда бозторғай, көкек, барылдақ торғай, т.б. ұя салады. Жыртқыш құстардан бүркіт, ителгі, бөктергі, қаршыға кездеседі. Көлдерінде қарақұтан, үйрек, қаз, т.б. су құстары ұялайды.

С.Әбдірахманов

ҚАРНАК – қала, ескі атауы Ишкент. Түркістанның түбіндегі орта ғасырдағы қалашық. Кентау қ-нан 18 км жерде орны сақталған. Оны 1947 ж. А.Н.Бернштам, 1986 ж. К.Байпақов экспед-лары

зерттеген. Қала 10 ғ-да Қатақ, 11 ғ-да Қарнак деген атаулармен белгілі болған. 13–14 ғ-ларда және Қазақ хандығы дәуірінде қала маңызды рөл атқарған, шойын қорыту, қорғасын балқыту, оқдәрі жасау ісі жолға қойылған. Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі Тайқазан 14 ғ-да осында құйылған. Абылайдың нағашысы Қайып хан осы Қ. қаласында тұрған кезде болашақ хан соның қолында тәрбиеленіп, жастық шағы осында өткен.

Н.Ақбай

ҚАРЫМБАЙ, Қарымбай Әулие, Қ а р ы м б а й Т ә т т і б а й ұ л ы (1732–1822) – би. Жалайыр руының андас (толымбек) әулетінен. Әкесі Тәттібай батыр жоңғарларға қарсы соғысқан. М.Тынышбаев өз еңбегінде Абылай хан жасағында болған Тәттібай батыр, оның ұлы Қ. би жөнінде деректер береді. Қ. әрі сәуегей әулие болған. Ол Ескелді бимен және Балпық бимен бірге Қаратал, Көксу, Желдіқара өңірлерін мекендеген халықты егін егіп, отырықшылыққа көшуге үндеген. Тоғандар қаздырып, егін салдырған. Қ. биге арнап ел-жұрты 2003 ж. Қаратал өз-нің қотанына жақын тұстағы «Қорғантөбедегі» зиратына кесене орнатты. Әулие жайындағы деректер Р.Толымбекұлының «Жалайыр» шежіресінде, Қ.Қараманның, О.Исмайылұлының еңбектерінде кездеседі.

Қ.Қараман

ҚАСАБАЙ (1713 ж.ш., Алматы обл. Алакөл ауд. Көктұма мекені, – ө.ж.б.) – батыр, Орта жүздегі Найман тайпасы Қаракерей тармағының Токпақ атасынан шыққан. Қ. Қазақ жерін жоңғар хандығының езгісінен азат ету жолындағы күреске белсене қатысып, Қаракерей Қабанбай батырдың мыңдығын басқарған. Аңырақай шайқасы мен Сайрам соғысында қалмақ батырларымен болған жекпе-жекте де жеңіске жеткен. «Жетісу энциклопедиясы» аталатын кітапта (2000) Қ. батырды 1713 ж. туған деп көрсетсе, басқа бір зерттеуші (Жарылқасын Шантуов, «Парасат», №12, 2006) оны 1700 ж. туды деп мөлшерлейді. Алғашқы дерек бойынша 1993 ж. Алакөл ауд-нда (Алматы обл.) Қ. батырдың 280 жылдығы құрметіне ас беріліп, Мамырсудағы (Аягөз өз-нің етек жағында) зиратының басына құлпытас орнатылған. Қос ғалым К.Аманжолов пен А.Тасболатовтың «Қазақстанның әскери тарихы» (1999 ж. «Білім» баспасы) кітабындағы Әбілқайыр ордасында мыңдықтан әскер құрған, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембайлардан басталатын 29 сардардың тізіміндегі 14-орында «Токпақ Қасабай» есімі көрсетілген. Қ. батырдың мың сарбазды бастап сан мәрте қанды шайқастарға қатысқаны, талай жекпе-жекте жоңғар батырларынан үстем түсіп, жеңіске жеткені әр қилы басылымдарда, тарихи деректерде келтіріледі. 3. Сәнік пен Б.Садыханның

ҚАСАБОЛАТ

«Хан батыр Қабанбай» аталатын кітабында Абылай хан тұсындағы әскер басшылары бас қосқан кеңеске Қ. батырдың да шақырылғаны сөз болады да, Қытайға қатысты мәселе көтерілген сол жиында әр батырға жеке-жеке тоқталып, «Жұмық Дәулет батыр, Тоғас Қосай батыр, Мұрын Боранбай батыр, Абылай хан алтын тонын иығына жапқан Сыбан Еспенбет батыр, Тума Шынғожа батыр, Тоқпақ Қасабай батыр...», бұларды Қабанбай батыр баулып, ерлікке бастаған, ауыр шайқастарға жұмсап отырған» деген сипаттама беріледі. Тарих зерттеушісі Б.Садыхан: «Қазақтың ержүрек батырларының ішіндегі қара нардай өркештісі Қабанбай, Бөгембай, Шақшақ Жәнібек... Қасабай және тағы да басқалар болды» дейді. Ел арасында кенінен тараған «Қабанбайдың Қасабайға айтқаны» дейтін жырда хан батыры Қабанбай қарамағындағы сардарға «Қалмаққа қарсы шапқан Ер Қасабай, Тоймап ең жау жүрегін бір асамай. Шайқастың Зұбыңкермен отыз бес жыл, Тыптып болды қалмақ ала алмай тіл. Аршындап алға шықтың кейінгі он жыл, Сүйіндім ерлігіңе жиырманда, Зұбыңкер өлексесі жиылғанда. Қанталап екі көзің кетуші еді, Байыстың аруағына сиынғанда» деп баға береді. Ел аузында Қ. батыр туралы аңыз әңгімелер көп. Солардың бірінде, Зайсан, Алакөл атырабынан қол жинап хан ордасына аттанғанда Тоқпақ руынан қосылған Қ. батырдың мыңдығын Қабанбай батыр барша әскердің көші-қонын, азығын, киім-кешегін, қару-жарағын дайындайтын, оларды сақтап, күзететін қосынның басшысы етіп тағайындайды. Кейін қазақ қолы толық жасақталып, әрбір түмен, мыңдық өз қосынына өзі иелік ете бастаған соң Қ. батыр да қарауындағы жасақтармен сан мәрте қан майданға шығады. Енді бірде, Наурызбай батырдың қолы ханның бұйрығымен жоңғарларды оң қанатынан қыспаққа алуға аттандырылады да, дәл маңдай тұстағы қорғаусыз қалған жермен дұшпан ілгерілей бастайды. Осыны естіген Қабанбай батыр енді ғана қоныстана бастаған қазақ ауылдарын қорғауға төрт мыңға жуық сарбазымен ер Қ-ды аттандырады. Осы жолы Қ. дұшпан қолымен бетпе-бет шайқасқа түсіп, жоңғардың мыңдығын ойсырата жеңеді. Оған қоса жаудың қыруар малын олжа етіп айдап қайтады. Құрбанғали Халидтің «Тауарих Хамса» деп аталатын кітабында (108-бет), кейіннен «Мамыр су» аталып кеткен Аягөз өзінің етек жағындағы лай су бойында қалмақ ханы елші жіберіп, Абылай ханмен бітім жасасқаны және Абылайға «цжк» (моңғол тілінде «хан» дегенді білдіреді) аты берілгені айтылады. Абылай бітім жасаған кезде қос қасқа сойылған сол төбенің басындағы зираттың бірін қазір «Қасабай бейіті» деп атайды.

Әдеб.: Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006, 504-б.

Ғ.Жандыбаев

ҚАСАБОЛАТ (1729 ж.ш., Жамбыл ауд. қазіргі Жайсаң а. – 1812 ж.ш.) – батыр. Ол Сәмен батырмен бірге Арқарлы асуының оңт.-батыс беткейінде сарбаздарымен Жоңғар қақпасы арқылы келетін ойрат-қалмақ жолын күзеткен. Қалмақтармен соғыста неше рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен. Әсіресе, Арқарлы асуының шығысындағы соғыста көзге түскен. Қ. батыр қайтыс болғаннан соң Сәмен күмбезінің жанына жерленген. Ұрпақтары Жамбыл, Алматы обл-тарында тұрады.

Әдеб.: Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006, 504-б.

ҚАСҚА, Қ а ш қ а м е р г е н, М е р г е н - Қ а с қ а (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Еділ қалмақтарының зайсаңы Доржы Назаровтың 1732 жылғы елшісі. 1742 ж. Қалдан Сереннің елшісі Барақ екеуі Абылай сұлтанды тұтқыннан босатудың шарттарын келісіп, пісіруге Қазақ хандығына келген. 1757 ж. Қытай басқыншыларының зорлығына шыдамай, Еділ бойына қайта қашып келеді. Тағы да Нұралы ханның сарайынан көрінеді, мұнда маңызды елшілік міндеттер атқарады. Осыған байланысты Тевкелев Нұралыға жолдаған бір хатында «Сіздің қызметкеріңіз Мерген-Қасқа...» деп жазған. 1742 ж. 2 қыркүйекте Жоңғар қонтайшысы Қалдан Серенге аттанған майор Миллерге Орынбор комиссиясының берген нұсқауында: «Өткен 1741 жылы жоңғар ханы Қалдан Сереннің әскерлері Ресей қоластындағы қазақтарды шауып, көп шығынға ұшыратып кетті. Ал биыл жоңғар ханы қазақтарға арнайы елші жіберіп, аманат талап етті, құн сұрады және біз ұйғарған жерлерді ғана қоныстайсындар деп қазақтарға қысастық шарт қойып отыр. Кейінде ол өзінің Қашқа және Баран деген елшілерін жіберіп, қазақтардан аманатқа адам алып келуді бұйырған» деген. Ал Ресей императоры Елизаветаның осы 1742 жылғы 12 желтоқсанындағы жарлығында: «Жоңғар елшілерін қайтарып, олармен бірге бір дұрыс адам жіберуді ойластырып, бұл іске Пенза гарнизонының секунд-майоры Миллерді таңдадық. Ол соның алдында Ташкентке барып, жоңғардың бас елшісі Қашқамен танысып, дос болған. Оларды қазақ даласы арқылы аман өткізуді Әбілқайыр хан мойнына алып, ұлы Ералы сұлтанды қосып берді» деп хабарланған.

Н.Ақбай

ҚАСҚАБАСОВ Сейіт Асқарұлы (24.6.1940 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Семей қ.) – ғалым, филология ғыл. докт. (1989), проф. (1996), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003), Қырғызстанның Халықар. Ш.Т. Айтматов академиясының мүшесі (2007). ҚазПИ-ді (1964, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында ғыл. қызметкер



ҚАСЫМБАЕВ

(1968–70, 1979–81), бөлім меңгерушісі (1984–87), ин-т директорының орынбасары (1994–97) және директоры (2001–12), Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің ғалым-хатшысы (1970–79), КСРО ҒА Әлем әдебиеті ин-тының аға ғыл. қызметкері (1981–83), ҚазКСР КП ОК идеология бөлімінің кеңесшісі (1988–91), ҚР Президенті мен Мин. Каб. аппаратының қызметкері (1991–92), ҚР Мин. Каб. жанындағы Жоғары аттестаттау комиссиясының төрағасы (1992–94), Еуразия ұлттық ун-ті жанындағы Еуразия ғыл.-зерт. орт-ның жетекшісі, декан (1997–2001), Қазақстан ҰҒА-ның Әдебиет



С.Қасқабасов

және өнер ин-тының директоры (2001–11) болды. 2011 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінің проф. қызметтерін атқарады. «Қазақ халық прозасының жанрлары» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. Ғыл.-зерт. еңбектері қазақ фольклорының теориясы мен тарихына, әдебиет пен өнер мәселелеріне, этнография мен ауыз әдебиеті мұраларының текстологиясына арналған. Абылай хан жайында халық жадында молынан сақталған сан алуан аңыздар мен жырлардың, толғаулар мен дастандардың, ән-өлеңдер мен күйлердің мол екеніне көңіл аударды және Абылай өміріне байланысты төрт оқиғаны бөліп алып қарайды. Қ-тың пайымдауынша ол жас Абылайдың жетімдік көруі, Сабалақ атанған бала Абылайдың алғашқы ерлігі, болашақ ханның жекпе-жекте жау батырын өлтіруі, оның қапыда қалмақ қолына түсіп, тұтқында болуы мен одан шығуы деп, тақырып аясын ғыл. тұрғыда айқындап тұжырым жасайды. Абылай хан туралы аңыз-әңгімелер мен өлең-толғаулар, жырлар мен дастандар Қ-тың төрағалығымен жарық көрген жүз томдық «Бабалар сөзі» атты кітаптар томтамасынан мол орын алды. 250-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. ҚР Мемл. (1992) және ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атынд. сыйл-тардың (1996) лауреаты.

Қ.Көшжанұлы

ҚАСҚАРЫ Қ а з ы б е қ ұ л ы (1710–71) – батыр. Жоңғарларға қарсы соғыстарда көзге түскен. Шапырашты тайпасының асыл руынан шыққан.

1729 ж. он сегіз жасар Қ. Шамал ханның сақа батыры Боралдаймен (қазіргі Алматы қ-ның түбіндегі Боралдай аталатын дөңесте) жекпе-жекке шығып, оны найзамен түйреп өлтірген. Қ-ның бұл ерлігі жоңғар қалмақтарының Жетісудан біржола ығысуының бастамасы болды.

Қ.Караман

ҚАСТЕК Жарылғапұлы (т.ж.б. – 1723) – батыр. Наурызбай батыр әскерінің құрамында соғысқан. Ұлы жүз шапырашты тайпасының ескожа руынан шыққан. Жоңғарларға қарсы күресте аты белгілі болды. 1723 ж. тау ішінде жоңғарлармен соғысып, кейін шегіндірген. Сол соғыста бірнеше жерінен оқ тиіп мерт болған. Содан бері батыр өлген жер Қастек асуы атанып кеткен.

ҚАСЫМБАЕВ Жанұзақ Қасымбайұлы (25.12.1941, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. Баршатас а. – 26. 2. 2003, Алматы қ.) – тарих ғыл. докт. (1983), проф. (1984), Қазақстан Білім беру ісінің енб. сің. қайраткері (1990). ҚазМУ-дың тарих ф-тін (1965, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Талғар қ-ндағы орта мектепте мұғалім (1965–67), 1967–



Ж.Қасымбаев

2004 ж. ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) ассистент, аға оқытушы, доцент, проф., 1982 жылдан Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Ғыл.-зерт. жұмыстарының басты бағыттары: 18–20 ғ-дың бас кезіндегі Қазақстан қалаларының қазақ ауылдарымен және іргелес елдермен қарым-қатынастары, Орт. Азия елдеріндегі саяси және сауда байланыстары, қазақ жерін Ресей империясының отарлауы, 18–19 ғ-ларда қазақтан шыққан саяси және әскери қайраткерлер, т.б. Ол Абылай хан туралы кітаптар («Абылай хан. Тарих, тұлға, уақыт», 2003; 2007) мен мерзімді басылымдарда көптеген мақалалар жариялаған. «Парасат» орденімен (1999) марапатталған.

Ш ы ғ.: Қазақстан – Китай. Караванная торговля в 19–нач. 20 вв., А., 1996; Государственные деятели казахских ханств 18 – пер. пол. 19 вв., А., 1999; Генерал султан-правитель Баймухамед Айшуаков (1790–1847), А., 2000; Государственные деятели казахских ханств, т. 3, Жанто-

ҚАСЫМЖАНОВ

ре хан (1759 – 1809); т. 4, Жангир хан (1801–1845), А., 2001; Последний поход хана Кенесары и его гибель, А., 2002; Выдающиеся правители казахской степи. Абылай-хан, Абулхаир-хан, Кенесары-хан, А., 2006; Абылай хан. История, личность, время, А., 2007.

Е.Түсін, Ш.Әліп

ҚАСЫМЖАНОВ Ағын Хайроллаұлы (19.10.1931, Алматы қ. – 2.11.2000, сонда) – филос. ғыл. докт. (1968), проф. (1970). Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1970). ҚазМУ-ды (1954, қазіргі ҚазҰУ) және аспирантурасын (1954–57) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Философия және құқық ин-тында кіші ғыл. қызметкер, доцент, бөлім меңгерушісі (1957–76), ҚазМУ-да декан (1976–77),



А.Қасымжанов

ҚазМУ жанындағы жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру ин-тының директоры (1977–83), осы ун-те кафедра меңгерушісі (1983–86), Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) проф. (1987–93) болды. 1994–2000 ж. ҚазҰУ-да кафедра меңгерушісі қызметін атқарған. «Идея совпадения диалектической логики и теории познания» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Қ-тың ғыл. еңбектері диалект. логиканың өзекті мәселелеріне арналған. Оның «Портреттер» атты кітабында Абылай хан туралы мақала (1997) жарияланған.

ҚАСЫМ СҰЛТАН (т.-ө.ж.б.) – Орта жүз сұлтаны. Абылай ханның қалмақ ханы Қалдан Сереннің туысы Хошу мерген ноянның қызы Топыш ханымнан туған кіші ұлы, Кенесары ханның әкесі. Абылай хан өлер алдында халықты жиып, өзінен кейінгі ханды тандасын дегенде, халық үлкен ұлы Уәлид хан қылып ақ киізге отырғызады. Сонда Абылай хан халықтың Қасымды таңдамағанына қатты өкінген екен, өйткені Қ. с. өте табанды және әділетті, ұлтына берік хан болатынына сенімді еді. Әкесі қайтыс болғаннан кейін ол ағасы Уәли ханның ықпалында болды. Қытайға, Орта Азия хандықтарына барған т.б. елшіліктерді басқарды. Көкшетауда тұрды. Уәли хан қайтыс болып, Орта жүзде хандық билік жойылғаннан

кейін (1822) Қ. с. Ресей өкіметінен округтерді жойып, хандық жүйені қалпына келтіруді талап етті. Абылай әулетінің өкілі ретінде хандық жүйені сақтап қалуға тырысты. Қ. с. мен оның балалары Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек, Кенесары, Наурызбай 20 жылға жуық Ресей отаршыларына қарсы күресті. Қ. с. алғашында Ресей өкіметінен Орта жүз тағының заңды мұрагері, Уәли ханның үлкен ұлы Ғұбайдолланың (Абайділдә) хан сайлануын талап етті. Бірақ Ғұбайдолла тұтқынға алынып, Сібірге жер аударылғаннан кейін үкіметке қарсы оппозицияны Қ. с. мен оның үлкен ұлы Саржан басқарды. Олар бүкіл қазақ даласын көтеріліске шығаруға және Қоқан хандығымен одақтасуға тырысты. Осы мақсатпен Саржан 1836 ж. Ұлы жүз жеріне көшіп барды, бірақ Ташкент билеушісі оны және інілері Ержан мен Есенгелдіні, қастарына еріп барған т.б. адамдарды опасыздықпен өлтірді. Осыдан кейін көп ұзамай Қ. с. қайтыс болды. Қ. с. бүкіл өмірін Ресей империясына қарсы күресте өткізді. Оған жәрдемдескен екі ұлы, Саржан сұлтан мен Кенесары болды. Қ. с-ның бастаған ісін кейін ұлы Кенесары жалғастырды; қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы.*

ҚАСЫМ ХАН [шамамен 1445–1518 (1523)] – қазақ ханы (1503/1511–1518/1523), Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның баласы. Шешесі Жаған бегім – Мұхаммед Шайбани ханның інісі Махмуд сұлтанның шешесінің туған сіңлісі. Қ. х-ның ішкі және сыртқы саясаты, ел басқару әдісі, т.б. жөнінде мәліметтер өте аз. Жазылған еңбектердің бәрі М.Х. Дулаттың «Тарихи Рашиди» атты шығармасына сүйенеді. Мұхаммед Шайбанидың қазақ билеушілеріне қарсы соғыстары туралы деректемелерде Қ. х-ның есімі алғаш рет аталады және оған «белгілі сұлтандар мен баһадурлардың» бірі деген баға беріледі, «Бұрындық ханның атты әскерінің жетекшісі» екені атап көрсетіледі. Бұрындық хан Самарқанға кетуге мәжбүр болып, шет жерде дүние салады да, Қ. х. билікті біржолата өз қолына алады. Қ. х. билеген кезеңде қазақтар мен Шайбани әулеті арасында Сырдария маңындағы қалалар үшін қақтығыстар мен соғыстар одан әрі жалғасты. 1510 жылдың қысында Шайбани хан әскері Ұлытау бөктерінде отырған Қ. х. ұлысына шабуыл жасады. Оларға күшті тойтарыс бере алмайтынын білген Қ. х. шегініп кетті де, тұтқиылдан шабуыл жасап, дұшпанын тас-талқан етті. 1513 ж. Қ. х. Қараталда отырған кезде Сайрам билеушісі Қаттабек қаланы Қ. х-ның билігіне берді де, оны Ташкентті билеп тұрған Шайбани Сүйін Қожаға қарсы аттануға көндірді. Сол жылы жазда Моғолстан ханы Сұлтан Сайд Ташкентке бірлесіп жорық жасауды ұсынды, алайда

Қ. х. бұл соғыстан бас тартты. 1515 ж. Сұлтан Сайд Шығыс Түркістанға кеткен соң қазақ хандығының Жетісудағы билігі нығая түсті. Батыста оның қол астына Ноғай Ордасынан кеткен рулар мен тайпалар келіп қосылды. Хандықтың шекарасы оңт.-нде Сырдарияға дейін, оңт.-шығысында Жетісудың едәуір бөлігін, солт.-батысында Жайық өз. аңғары мен солт.-шығысында Ұлытау және Балқаш к-нен өтіп, Қарқаралы тауларының



Қасым хан

сілемдеріне дейін кеңейді. Халқының саны 1 млн. адамнан асты. Оның тұсында қазақтар Батыс Еуропаға дербес этн. қауым ретінде танылды. Қазақ хандығының орыс мемлекетімен елшілік байланысы басталды. Қ. х. билігінің соңғы жылдарында қазақ билеушілері мен шайбанилердің өзара қатынастары шиеленіскен қалпында қала берді. 1516 – 17 ж. қыста Шайбани әулетінің сұлтандары күш біріктіріп, қазақтарға қарсы жорыққа шықты. Қазақтардың «Қасым ханның қасқа жолы» дейтін белгілі заңдары Қ. х-ның есімімен байланыстырылды. Мұхаммед Хайдардың жазуы бойынша, Қ. х. 1518 ж. өлген. Ал Тахир Мұхаммед «Рузат ат-Тахирин» атты еңбегінде Қ. х. 1523/24 ж. өлген деген дерек келтіреді. Қыдырғали Жалайыридың айтуынша, Қ. х. Сарайшық к-нде қайтыс болған.

Әдеб.: Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков, А.-А., 1969; Қазақстан тарихы, 2 том, А., 1998.

Б.Кәрібаев

«ҚАСЫМ ХАННЫҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ» – қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығы. Қасым хандық құрған кезде (1511–23) ел басқару ісінде қолданыл-

ған. Негізі орта ғасырларда Қыпшақ, Шағатай ұлыстары қолданған «ярғу» заңынан (қазақша «жарғы» – хақиқат деген ұғымды білдіреді) алынған. Қасым хан өзі билік құрған кезеңде қазақ халқының этн. аумағын кеңейту барысында әдет-ғұрыптық заңдарға арқа сүйеді. Тіпті шарифат қағидасын мығым ұстанған отырықшы аудандарда Қасым ханның қол астына өткен соң, әдет-ғұрыпқа сүйенген қазылық биліктерге жүгіне бастады. Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтады. Мыс., жеті атаға дейін үйленбеу, әменгерлік, құдалық жол-жоралар, қазылық билік, т.б. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүрді, әдет-ғұрыптық «жарғыны» жаңғыртып, күшейтті. Бұл заңға енген ережелер: 1) мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы); 2) қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу); 3) әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат); 4) елшілік жоралары (майталман шешендік, халықар. қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық); 5) жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бәйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл міндеттері). Бұл жарғы халық арасында ілтипатпен «Қ.х.қ.ж.» деп аталып кетті. «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз 17 ғ-ға жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598 – 1645) «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа атқа ие болды. Тәуке ханның тұсында (1680 –1708) бұл заң әлі де шарифат қағидасымен боялмай, ежелгі билер жасаған қалпын жақсы сақтады. Құба қалмақтың жортуыл-шапқыншылығына байланысты тарихи-саяси жағдайдың аса шиеленіскен кезеңінде сұңғыла ойшыл билер бес тараудан тұратын ежелгі ережелерге тағы да екі тарау қосып, «Жеті жарғы» (Жеті хақиқат) деп атаған. Тәуке кезінде қосылған бұл екі тарау: жесір дауы; құн дауы. Бұл кезеңде шапқыншылық, кісі өлтіру көп болғандықтан құн дауын өз алдына бөлектеп, қылмыс заңына айналдырған. 15 – 18 ғ-ларда қолданылған ежелгі жарғының үзінділері халық аузында қысқа-қысқа мәтел сөздер қалпында сақталған. Мыс., «Қара қылды қақ жару»; «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіру», «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», т.б.

Н.Өсерұлы

ҚАСІРЕТ БЕЛДЕУІ, Ащылыөзекшебі («Жаңа Есіл сызығы», «Горькая линия») – 18 ғ-дың 50-жылдары Тобыл мен Ертіс өзендерінің аралығында салынған Ресейдің әскери бекіністері. Қазақ жерін кесіп өтетін Орынбор, Қорған арқылы Петр І-нің тұсында салынған Омбы (1716), Ямышев (1716), Семей (1718), Өс-

ҚАҺАРМАН

кемен (1720) бекіністеріне ұласатын орыс мемлекетінің оңт. шекарасында «Даланың мазасыз тағы көшпенділерінен» берік қорғаныс шебін жасау қажеттігін сылтау еткен Ресей Сенаты 1752 ж. 25 ақпанда Сібір корпусының командирі ген.-майор Х.Т. фон Киндрманнның орыс-қазақ шекарасын «түзулеген» жобасын бекітті. Бұл жоба қазақ хандарымен келісілмей жасалды. Жаңа бекіністер жүйесінің құрылысы сол жылғы жаз айларында қауырт қарқынмен басталып, 1755 ж. негізінен аяқталды. Қазақтардың қарсылығына қарамастан орыс әкімші. Қазақстан аумағына 50–200 км ендеп кіріп, 86 камал, редут, острог, пикет, т.б. атаулы әскери қамалдар мен бекіністер орнатты. Оларға көптеген зеңбіректерімен күшті гарнизондар орналастырылды. Бекіністер аралығын атты казактар бөлімшелері күзетті. Жаңа бекіністер шебі Орынбор мен Омбы арасындағы Ресей–Қазақстан шекарасын 2 есе қысқартты. Қ. б. қазақ даласына сұғына кірудің алғышартын жасап, қарашекпенділердің Солт. Қазақстанға кең көлемде қоныстануына жол ашты.

Әдеб.: П о т а н и н Г., Материалы для истории Сибири, М., 1867; К а т а н а е в Г., Киргизские степи, Средняя Азия и Китай в 17–18 столетиях//Записки Западно-Сибирского отдела РГО, Омск, 1893.

Ж. Сүлеймен

ҚАҺАРМАН – батыр, ерекше ерлігімен, батырлығымен көзге түскен адам. Қ. сөзі араб, парсы тілдерінде құдірет деген мағына береді. Қ. қаһарлы, сұсы басым, түсі суық, айбынды, айбарлы адам. Араб, иран тілдеріндегі қиссаларда Қ. батыр ұғымына эпитет ретінде кездеседі. Оның жасаған қаһармандық іс-әрекеті өскелең ұрпақты жігерлілік, батылдық, табандылық, төзімділік секілді қасиеттерге баулиды. Мыс., Абылай ханның Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Олжабай батырлары.

ҚАШҚЫНБАЙ Кемелұлы (шамамен 1789–1869) – батыр. Сыр өңірінде өмір сүрген. Кіші жүздің Қожагелді руынан. Бұхарбай, Тоғанас батырлармен Кенесары жасағында бірге болған. Абылайдың немересі Кенесары ханның баласы Тайшықты қырғыздардан босатып алу қимылдарына басшылық жасаған. 1860 ж. күзде Тайшық пен Ахметтің Қызылқұмға орнығуына көмектескен. Қ. туралы Т.Ізтелеуовтің «Ел камын жеген ерлер» атты толғауында және т.б. Сыр бойы ақындарының жырларында айтылады. Жіңіш-кекұмдағы батырдың зираты тұрған жер Қ. есімімен аталады.

Т.Дайрабай

ҚИНАЯТҰЛЫ Зардыхан (1940 ж.т., Моңғолия, Қобда ауд.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1987), проф. (1991). Моңғолия мемл. ун-тінің, Мәскеу

қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген. 1975–87 ж. Моңғолия кәсіподағы орт. к-тінің хатшысы, 1990–92 ж. Моңғолия үкіметі басшысының орынбасары және Моңғолия Парламенті төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған. Моңғолияның жаңа Конституциясын және сол елде



З. Қинаятұлы

жүргізілген саяси-экон. реформалардың құқықтық негізін жасаушылардың бірі. 1994 ж. Қазақстанға қоныс аударған. Ғыл.-зерттеу еңбектері ұлттану және ұлтаралық қатынастар мәселесіне арналған. Қ. – Абылай хан туралы зерттеу мақалалардың авторы.

Шығ.: Жылаған жылдар шежіресі, А., 1995; Моңғолиядағы қазақтар, А., 2001; Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түрік тайпалары. IX–XII ғасырлар, Астана, 2001.

Х.Бабақұмар

«ҚИССА ҚАБАНБАЙ» – тарихи жыр. Қабанбай батыр туралы жырлардың бұл нұсқасын 1958 ж. Шығыс Қазақстан обл. Мақаншы ауданының Жарбұлақ а-нда тұратын Ә.Құрманов жазып алған. Оқиға желісі басқа нұсқалармен ұқсас. Басты айырмашылығы – жекпе-жекте қаза табатын Әтеке-жырықтың баласы Сұлтанқара. Бұл дерек «1770 ж. қазақ-қырғыз ұрысында қаза болған Әтеке ұлы Қарабек» деген Ш.Ш.Уәлихановтың мәліметіне сай келеді. қ. «Ер Қабанбай».

Б.Абылқасым

ҚИРАБАЕВ Серік Смайылұлы (23.3.1927 ж.т., Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а.) – филол. ғыл. докт. (1964), проф. (1966), КСРО Пед. ҒА-ның корр. мүшесі (1968), ҚР ҰҒА-ның акад. (1994). Қазақстан Республикасының (1977) және Қырғызстан Республикасының (1995) еңбек сің. ғыл. қайраткері. Қазақстанның еңбек сің. қайраткері (2005). ҚазПИ-дің филол. ф-тінің (1951, қазіргі ҚазҰПУ) және аспирантурасын (1952) бітірген. «Қазақ мемл. көркем әдебиет» баспасында аға редактор (1951), «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналының бөлім меңгерушісі (1951–52), «Пионер» (1952–55, қазіргі «Ақжелкен») журналының редакторы,

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ

«Социалистік Қазақстан» (1955–58, қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі, Қазақстан Компартиясы ОК үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары (1958), ҚазПИ-де оқытушы (1958–69), кафедра меңгерушісі (1969–88), декан (1967–68),



С.Құрабаев

проректор (1980–85), ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер ин-ының директоры (1988–95), 1995 жылдан бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. «Сәкен Сейфуллин» тақырыбында докт. дисс. қорғады. 40-қа тарта сыни-зерттеу кітабының авторы. Қ. жас кезінен әкесі мен ауыл ақсақалдары әңгімесінен Абылай хан, оның ұрпақтары Кенесары мен Наурызбай, Уәли хан туралы көп естіген; кейін өзінің қазақ әдебиеті жайындағы және естелік кітаптарында Абылай ханның есімін атап өтеді. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (1994), ҚР Мемл. (1996) сыйл-тарының лауреаты. Еңбек Қызыл Ту (1974), «Құрмет белгісі» (1987), «Парасат» (2007) ордендерімен, медальдармен марапатталған.

С.Көбеев

ҚОБЫЛАН Бөрібайұлы (1760, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1840, сонда) – ақын. Қ. өлеңдерінде кедейлік пен тұрмыс тауқыметін уақыт, заманмен ұштастыра жырлайды («Кедейлік, жас кезімде келмеп едің», «Бұл дүние алуан-алуан заман екен», т.б.). «Шоң биге» деген толғауында 18 ғ-дағы жоңғар басқыншыларына қарсы халқының тәуелсіздігі жолында шайқасып өткен Олжабай, Баян сияқты ерлердің есімдері мен жауынгерлік істерін жырға қосып, Саққұлақ бидің баласы Нұралы секілді тоғышарларды сынмен түйрейді. Адамзат өмірінің, қоғамдық ортаның кескін-кейпі мен ішкі қайшылықтарын «Не жаман», «Ай-хай, кәрілік», «Қадір-құрмет тоқтықта», «Әудем жер», «Заман», т.б. шығармаларында кеңінен толғаған.

Ж.Тілепов

ҚОДАР БИ (т.-ө.ж.б.) – би, Жолбарыс ханға қызмет еткен. 18 ғ-дың 30-жылдарында Ұлы жүздегі белгілі қайраткерлердің бірі болған. Жоңғар-

ларға қарсы соғыста Ресеймен одақтасуды жақтап, Әбілқайыр хан арқылы Ресеймен байланыс орнатуға тырысқан. Ресей патшайымы Анна Иоановна 1734 ж. 10 маусымда Орынбор комиссиясының басшысы, Сенаттың обер-хатшысы И.К. Кирилловқа жіберген грамотасында Ұлы жүздің ете ықпалды адамдары Қ. б., Төле би, Сатай, Хангелді, Бөлек батырларға «аса зор мейірімділікпен ... қарау, әрі осының бәрі туралы білуге рақым білдіреді». Алайда Ұлы жүзді Ресей құрамына алу аймақтың тым алыстығына және Үлкен Орданың ойраттарға тәуелділігіне байланысты кейінге қалдырылатыны айтылады.

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ, Әзірет Сұлтан [шамамен 1093, кейбір деректерде 1103, 1041, Сайрам (Исфиджаб) – 1166, Түркістан (Иасы)] – түркістандық ғұлама, әулие. Арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим; анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Қ.А.И-дың ұстаздары: Арыстан баб. Юсуф Хамдани; шәкірттері: Мансұр Ата, Сайид Ата Хорезми, Сүлеймен Бақырғани, Мұхаммед Даныш-



Қожа Ахмет Иасауи

менди, Садр-Ата, Бадр Ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шейх Лұқпан Перенде, т.б. Дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қ.А.И. дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы «Диуани Хикмет», «Мират-ул Қулуб», «Пақырнама» сияқты мұраларынан көрінеді. Дүниетанымдық тұжырымдамасының теор. негізін шариат пен мағрифат құраса, тәжірибелік негізін тариқат белгілейді. Қ. А.И. дүниетанымының мәні – «адамның өзін-өзі тануы» арқылы «Хақты тануы», ал хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам «кемелдікке» жетуі үшін қажетті

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ

білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет. Оның хикметтерінде адамның табиғаты Құранда айтылғандай – су мен топыраққа телінеді. Сопылық мағынада «топырақ» – адамның жаратылыс табиғаты, парасаттылық пен қарапайымдылық. Ал, нәпсіқұмарлық, менмендік, өркөкіректік – адамды адамшылықтан кетіретін қасиеттер. Топырақ болу, нәпсіден арылу – Хаққа қауышудың бірінші шарты. Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Ал, халыққа, ұлтына қызмет етудің шарты – топырақ сипатты болу, нәпсіні тыю. Топырақ сипатты болып, өзін халқына арнау кемелдікті білдіреді. Қ.А.И-дың көзқарасы бойынша, «шынайы өмір» деп, рухтың нәпсіден арылып, илаһи нұрлармен шайылуын айтады. Бұл ілім негізінде адамдарды «өлілер» және «тірілер» деп қарауға болады. Бұл жердегі «өлілер» – дүниеде нәпсінің құлы болып өткендер, «тірілер» – нәпсілерін жою арқылы рухтарына «өмір» сыйлағандар. Қ.А.И. ілімі бойынша, «өлілер» мен «тірілер» ұғымына сәйкес, еркіндік мәселесінде де адамдарды екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші топ – «еркіндікті аңсаушылар». Бұлар тек қана Хаққа табынып, құлшылық етеді. Екінші топ – «еркіндіктен қорқатындар». Бұлар – нәпсі, мансап, байлық, атақ, дүние, адамға, т.б. табынып, құлдық ұрады. Хикметтің басы – Алланы бар және бір деп білу. Осы ақиқатты адам баласына ескертіп, тікелей еске салып отыратын таным көзі – Құран деп біледі. Сонымен қатар, Алланы танудың негізгі сыры адамның өзінде екендігін айтады. Адам – микрокосмос болса, рух, бүкіл әлем, болмыс – макрокосмос, Алланың аяттары, яғни белгілері. Жалпы сопылық дүниетанымға тән теор.-тұжырымдамалық ұстанымды Қ.А.И.Түркілік дүниетаным негізінде жаңғыртты, оның ілімі де түркілік дүниетанымның негізгі категориясы болып табылатын эмбебаптыққа сай дамыды. Тәңірді жазалаушы, қорқыныш иесі ретінде ғана емес, Тәңірді сүю және оның үкімдерін құрметтеу арқылы Аллаға махаббатпен қауышу-ұласу әдістерін қалыптастырды. Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-нанымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін діни-мистик. мектептің негізін қалаған Қ.А.И. шығарм. сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. «Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады» деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйлетті.

ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ КЕСЕНЕСІ – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан қнда орналасқан. 1396–99 ж. Әмір Темірдің бұйрығымен Қожа Ахмет Иасауи қабірінің басына тұрғызылған. Қ.А.И. к. – үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Архит. жергілікті

дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңт.-шығыстан солт.-батысқа қарай созылып жатыр. Ені – 46,5 м, ұз. – 65 м. Күйдірілген шаршы кірпіштен өрілген. Кесене жобасының ерекшелігі – онда Орт. Азия сәулет өнерінде бұрын-соңды ұшыраспаған шатыр жабу тәсілдері қолданылған. Ескерткіште күмбезді, аркалы элементтер мол. Сәулетші-шеберлер тек аркалы күмбезді жүйенің өзіне сан түрлі әдістерді қолданған. Кесенеде бірнеше күмбез, 35 бөлме бар. Ғимараттың биікт. – 37,5 м. Сыртқы қабырғалардың қалыңд. – 1,8–2 м, қазандық қабырғаларының қалыңд. – 3 м. Қ.А.И. к. мешіт, медресе қызметін де атқарған. Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағымен



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі

өтетін эпиграфтық фризде Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған. Жазулар көгілдір қышпен өрнектелген. Жазулардан «Алла», «Мұхаммед», «О, жарылқаушы», «Билік Аллада», «Алла менің әміршім», «һижраның 800 жылы» деген сөздерді оқуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да сәулет өнерінің інжу-маржандарының қатарына жатады. Бұларда оны жасаушы исфандық шебер Таж әд-Дин Изеддиннің есімі жазылған. Қола шырағдандағы жазулар һижраның 799 ж. 20-рамазанында жасалғандығын көрсетеді. Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – қабірхана ортасында Қожа Ахмет Иасауиге құлпытас қойылған. 16 ғ-дан кесенеде және оның төңірегінде қазақ халқының атақты адамдары (Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр, т.б.) жерлене бастады. 19 ғ-дың алғашқы ширегінде Қокан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамалбекіністер салуды қолға алды. 1864 ж. Түркістан қ-н жаулап алған Ресей отаршылары зеңбірекпен атып, кесененің 11 тұсына зақым келтірген. 19 ғ-дың соңына қарай Қ.А.И. к. тарихи-мәдени мұра



ретінде ғыл. тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 ж. қыркүйекте Қожа Ахмет Иасауи респ. мұражайы ашылды. 1989 ж. 28 тамызда ҚР Үкіметінің шешімімен «Әзірет Сұлтан қорық-мұражайы» ұйымдастырылды. Түркия елімен арадағы келісім бойынша жүргізілген ғимаратты қалпына келтіру жұмыстары 2000 ж. аяқталды. 2003 ж. маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында Қ.А.И. к. дүниежүз. мәдени мұралар тізіміне енгізілді.

ҚОЖАБЕРГЕН – батыр, 1756–57 жылғы орыс деректерінде Қ.б. кіші Керей болысынан, мекені – қазіргі Солт. Қазақстан обл. Преснов ауд.-ның аймағы. Құжаттарда Қ.б. Преснов қамалынан шыққаны анық жазылған. Ал, Монғолиядағы Абақ керейлердің жазуы бойынша Қ. батыр Керей тайпасының Абақ руына жатады, оның ішінде шұбарайғыр тарауы. Қ. батыр Абылай жасағының белді батырларының бірі, беделді ел ағасы болған. 1750 жылдардан бастап тарихи құжаттарда көріне бастайды, 1756 ж. қазақ-шүршіт соғысында ойрат нояны Әмірсана екеуі қол бастап, Манчжур басқыншыларына қарсы соғыста ерекше көзге түседі. 1766 ж. Үржар, Тарбағатай жайлаулары үшін қытайлармен шайқасқан. Одан кейінгі қытай құжаттарында Қожаберген есімі Қабанбай, Дәулетбай, Барак т.б. батырлармен, Әбілпейіз, Ханбаба сұлтандармен қатар аталады.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005; 220, 221, 234, 237, 253, 254, 374, 375-бб.

ҚОЖАБЕРГЕН Толыбайұлы (шамамен 1663, Солт. Қазақстан обл., Жамбыл ауд., Гүлтөбе-Маманай өңірі – 1763, сонда) – жырау, батыр. Шыққан тегі – Орта жүздегі Ашамайлы Керейдің Көшебе руындағы Таузар әулеті. Жастайынан нағашысы Жалаңтөс баһадүрдің ұрпақтары тәрбиелеп өсірген. Өзбекстандағы медреселерде оқып, араб, парсы тілдерін меңгерген. Он үш жасынан ақындыққа бет бұрып, аңыз-әңгімелерді жырлаған. Қазақтың шығу тарихы жөнінде «Ата тек» дастанын шығарған. Тәуке хан тұсында Қокан, Хиуа, Бұхара хандықтарында, парсы, түркімен мемлекеттерінде елші болған. 1688 ж. эз-Тәуке бастаған күллі қазақ жақсылары 25 жастағы Қ-ді ордабасы етіп сайлаған, сөйтіп, ол жоңғар басқыншылығына қарсы күресте қазақ жасағын басқарған. «Жеті жарғы» заң жинағын әзірлеуге қатысып, оның ақ былғарыға жазылған нұсқасын Әз Тәукеге табыс еткен. Сондай-ақ ол қазақ елінің әлеуметтік жағдайы туралы «Жеті жарғы» деген тарихи дастанын жазды. Ақынның қаламынан «Елім-ай», «Баба тіл», «Ата тек», «Қуаныш», «Ер Қойлыбай», «Жастық», «Кәрілік», «Өсиет», «Наурыз батасы», «Насихат өлеңдері», т.б. бізге жеткен. Аталған туындылары Петропавлда жарық

көрген «Елім-ай» жинағына енгізілген (2001 ж.). Орыс тарихшысы Вельяминов-Зернов қазақ тарихын зерттеу барысында кездескен құжаттарға сүйеніп былай деп жазыпты: «Абылай ханмен бірге Қытайға қарсы соғысқан қазақ көсемі Қожаберген 1757 жылдар шамасында Қытай үкіметіне бағынды, осы Қожаберген 1750 жылы керей руын басқарды. Орынбордан табылған деректерге қарағанда, 1752 жылы абақ-керейдің ел ағасы деп аталған. Қожаберген осы болуға тиіс. Ол кезде Қожаберген Есіл өзенінің бойында, өзге керейлерден шығысқа қарай қоныс тепкен» (Вельяминов-Зернов В.В. «1748–1765 жылдардағы қырғыз-қайсақтар туралы тарихи мағлұматтар», Уфа, 1853).

Н.Ақбай

ҚОЖАЛАР – Орт. Азияда ислам дінін таратуда белсенділік танытқан әулеттер. Қ. арғы тегі бойынша Мұхаммед пайғамбардан кейінгі халифалар Әбу Бәкр ас Сыдық (632–634), Омар (634–644), Осман (644–656) және Әли Әбу Талиб (656–661) ұрпағы болып есептеледі. 13 ғ-дың 1-жартысында Маулана Сафи ад-дин Орын Қойлақи жазып қалдырған «Насабнама» шежіресінде дін таратушы Ысқақ баб (Баб Ата), Әбдіжәлил баб (Абд ал Жалил, Хорасан Ата), Әбдірахим бабтардың (Абд ар Рахим) Орт. Азия аумағына 766 ж. келгендігі айтылады. Түркі даласына келген Қ. орта ғасырларда түрлі сопылық ағымдарды ұстанды. Әли Әбу Талибтің арабтың халифа тайпасынан алған әйелі Хауладан туылған имам Мұхаммед ибн ал-Ханафиядан тарайтын Қ. әулеті Қожа Ахмет Иасауи тариқатының өкілдері болып табылады. Осы тариқаттағы Қ. Алтын Орда мемлекеті дәуірінен бастап, қазақ халқының рулық, тайпалық, жүздік құрылымдарының пірлеріне айналды. Аққорғандық Қ. Ұлы жүз рулары мен Орта жүздің бір бөлігінің, Хорасан қожалар Орта жүздің бір бөлігі мен тұтас Кіші жүз руларының, сонымен қатар Жошы ханның Шибаннан тараған ұрпақтарының пірі болып саналды. Дуана Қ-ды Орта жүз бен Ұлы жүздің кей рулары, сондай-ақ, Орда Ежен ұрпақтары, кейіннен қазақ хандары пір тұтты. Қарахан Қ. – Ұлы жүздің кейбір руларының және өзбек халқы мен қырғыз халқына сіңіп кеткен ру, тайпалардың пірі болды. Иасауи тариқатындағы Қ. әулеті қазақ халқының рухани-мәдени, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлік бірлігін қамтамасыз етуде, қазақ мемлекеттігінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Қ. әулетіндегі Қылышты және Сабылты Қ. нақшбандия тариқатын ұстанды. Қ-ларға қазақ хандығында жоғары құрмет көрсетіліп, ерекше құқықтық (қ. «*Жеті Жарғы*») артықшылықтар берілді. Қазіргі уақытта Қ. Орт. Азия елдеріндегі этностардың тарихи құрамдас бір бөлігі болып

ҚОЖАНАЙ

қалыптасқан. Отбасылық әдет-ғұрыптарында кейбір этномәдени ерекшеліктері сақталғанымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері жергілікті халықтармен астасып кеткен. Өмір сүрген ортасына қарай шартты түрде «өзбек қожа», «түрікмен қожа», «татар қожа», т.б. болып аталады. Қазақстанда Қ. көп шоғырланған жерлер Қызылорда және Оңт. Қазақстан облыстары.

ҚОЖАНАЙ – би, Кіші жүз, Қаракесек руынан. Әбілқайыр ханды өлтірген Барақ сұлтанның өзіне сот құруға таңдап алған билерінің бірі. Барақ сұлтан алшын Төртқара Қаратоқа биге, қаракесек Қ. б-ге, Мәмет аталыққа және бағаналы найман Өтебайға сәлем айтып: «Билікті өздеріңе бердім, Әбілқайыр ханды жазықсыз өлтірдің деп кінәмді мойныма қойсаңдар, биліктеріңе құлмын. Бүкіл байлығымды таразының бір басына, шыбын жанымды бір басына қойыңдар. Мал-мүлкімді аласыңдар ма, басымды аласыңдар ма? Ерік сендерде» депті.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 169-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚОЖАХМЕТ (т.ж.б. – 1750) – сұлтан, Әбілқайыр ханның ортаншы ұлы. Әбілқайыр хан 1731 ж. Ресейге бодан болу туралы ант бергеннен кейін, өзінің сүйікті ұлдарының бірі Қ-ті патша өкіметіне аманатқа берген. Аманатта 10 жылға жуық болған Қ-ті Ресей өкіметі Орынбор өлкесінен алдыртып, Қазанға, кейіннен Санкт-Петербургке жіберген. Тарихшылар А.И.Левшин, В.Витевский, П.И.Рычков, т.б. бұл жағдай Әбілқайырдың Ресейге, оның ішінде Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке деген ашық ренішін туғызды және ол осыдан кейін орыс иеліктеріне шабуыл жасай бастады деп есептейді. Әбілқайырдың тынбай талап етуі арқасында Ресей өкіметі 1747 ж. Қ-ті ханның екінші ұлы Айшуақпен айырбастауға келісті. Қ. еліне келгеннен кейін көп ұзамай қайтыс болды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XIII веках. Сб. документов и материалов. т.1., А., 1961; Қ а с ы м б а е в Ж., Государственные деятели казахских ханств (XVIII), А., 1999.

Е. Жақыпов

ҚОЗЫБАЕВ Манаш Қабашұлы (16.11.1931, Қостанай обл. Меңдіғара ауд. Тазкөл а. – 30.10.2002, Алматы қ.) – ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, тарих ғыл. докт. (1969), проф. (1970), ҚР ҰҒА акад. (1989). 1953 ж. ҚазМУ-ды (қазіргі әл-Фараби атынд. ҚазҰУ) бітірген. 1953–58 ж. Қостанай пед. ин-тында, 1958–74 ж. СОКПОК жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының Қазақ бөлімшесінде, 1974–79 ж. Алматы мал дәрігерлік ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық агроун-ті), кейін ҚазМУ жанындағы Қоғамдық ғылымдар оқыту-

шыларының білімін жетілдіру ин-тында ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты. 1979–86 ж. Қазақ Кеңес энциклопедиясының Бас редакторы, 1986–88 ж. Қазақстан ҰҒА Тарих және этнол. ин-ты тарихнама бөлімінің меңгерушісі, 1988 жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-т директоры болды. Оның 30 монографиясы, 50-ден астам ұжымдық еңбектері бар. Қ. басшылығымен «Қазақстан тарихы» академиялық басылымының 3 томы, ағылшын тілінде «Қазақстан тарихы», көптеген құжаттар жинақтары, т.б. жарық көрді. Ғалым Абылай хан туралы ғыл. конференцияларда баян-



М.Қозыбаев

дамалар жасап, бірқатар мақала («Абылай алып тұлға», 1991; «Абылай хан», «Қазақтың даңқын асырған», 2000; т.б.) жариялады; ол Абылай ханды «Айбынды елдің айдынды ұлы болып туып, қасиетті ақ тудың астына бостандық аңсаған халқын сыйғызған, жауын қашырып, Алтайдан асырып, барша қазақ жерін тұтас етіп жиғызған, Қазақ мемлекеттігін қаз тұрғызған дана мемлекет қайраткері» деп жоғары бағалаған. Қ. отандық тарихнамада жеке ғыл. мектеп қалыптастырды. 90-ға жуық шәкірт тәрбиеледі. Халықар. конгрестерде, конференциялар мен симпозиумдарда 200-ге жуық баяндамалар жасады. Еңбектері Ресей, Украина, Қытай, Түркия, Иран, АҚШ, Корея, Армения, Беларусь, т.б. елдерде жарық көрді. Қ. 1990–93 ж. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты, Жоғ. Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту к-тінің мүшесі, 1993 ж. ҚР Президенті жанындағы мемл. саясат жөніндегі Ұлттық кеңес мүшесі, 1994–98 ж. Адам құқығы жөніндегі мемл. комиссия мүшесі болды. Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (1970), Қазақстан Мемл. сыйл. (1995), ҚР Президентінің Бейбітшілік пен рухани келісім сыйл. (1997) лауреаты, 2001 ж. «Парасат» орденімен марапатталды. Қ. – Қостанай обл. Меңдіғара ауд-ның, Қостанай қ-ның құрметті азаматы. Петропавл қ-ндағы Солт. Қазақстан ун-тіне Қ-тың есімі берілді (2003).

Ш ы ғ.: История и современность, А.-А., 1991; Ақтандақтар ақиқаты, А., 1992; Жауға шаптым ту бай-



ҚОЙЛЫБАЙ

лап, А., 1994; Қазақстан на рубеже веков; размышления и поиски, А., 1995; Тарих зердесі, 1–2 т., А., 1998; Өркениет және ұлт, А., 2001; Шығармалары, 1–7 т., А., 2013.

Әдеб.: Қ о з ы б а е в М. Қ., Абылай және оның заманы, Абылай хан. Кенесары, Алматы, 1993, 16–26-бб.

З.Төленова, И.К.Әбішева

ҚОЙГЕЛДИЕВ Мәмбет Құлжабайұлы (18.8.1946 ж.т., Жамбыл обл. Шу ауд. Төле би а.) – тарих ғыл. докт. (1994), проф. (1995). ҚР Әлеум. ғыл. академиясының акад. (1996). Қырғыз мемл. ун-тін бітірген (1968). ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тын-



М.Қойгелдиев

да ғыл.-пед. жұмыстармен айналысты (1971–2002). ҚР ҰҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тының директоры (2002–06) болды. 2006 жылдан С.Демирел ағынд. ун-те проф. «Қазақ демократиялық интеллигенциясының 1905–1917 жылдардағы қоғамдық саяси қызметі» тақырыбында докт. дисс. қорғады. 20 ғ-дың алғашқы жартысындағы қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен шұғылданады; тарих ғылымында Алаш қозғалысы тарихына жаңа көзқарас қалыптастырды. Сондай-ақ орта ғасырдағы қазақ ғұламасы, тарихшы Қадырғали Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» ортағасырлық тарихи жазба дәстүрі негізінде өмірге келген құнды еңбек екендігін ғыл. тұрғыда негіздеді.

Ш ы ғ.: Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы, А., 1991; Тарих тағлымы не дейді? А., 1993; Алаш қозғалысы, А., 1995; Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы, А., 1997.

ҚОЙГЕЛДІ Сартұлы (1702–1795) – жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күрестің көрнекті өкілі, қолбасшы. Шыққан тегі Ұлы жүздің дулат тайпасы шымыр руынан. Қ-нің бүкіл өмірі қазақтың атақты биі – Төле бимен тығыз байланыста өтеді. Ол Төле бидің сенімді серігі, жауға жұмсар батыры болған. Қ. түрлі шайқаста жекпе-жекке шыққанда жеңіліс көрмей, жоңғарлардың тоғыз батырын өлтіріп, қазақ сарбаздарын жеңіске рухтандырған ерлігі ел ауызында аңызға ай-

налған. 1730 ж. Аңырақай шайқасына, 1734 ж. жоңғарлардың екінші шабуылына қарсы күресте оңт. қазақтарының әскербасы болған. Аңырақай шайқасында Қ-мен бірге оның екі інісі Қожық пен Ақша және баласы Қарабатыр да қатысады. 1739 ж. Қ. сарбаздарымен Қаратау, Алатау өңірін жайлаған жоңғарларға деп жөнелтілген орыс керуенін қолға түсірді. Сөйтіп, ол өз сарбаздарын орыс мылтығымен қаруландырды. 1740–50 ж. жоңғар қалмақтарымен болған шайқастарда, 1756–57 ж. Оңт. Қазақстанды қалмақтардан азат етуде ерлік, тапқырлық көрсеткен. Қ. Төле би



Қойгелді Сартұлы ескерткіші

көз жұмғаннан кейін Ұлы жүздің билік тізгінін қолына алып, 1771 ж. Абылайды хан сайлап, ақ киізге көтеруге қатысқан. Оның денесі Түркістанда жерленген. Тараз қ-нда Қ. батырға ескерткіш қойылған және оның есімімен аталатын көше бар.

Әдеб.: Т ы н ы ш б а е в М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Ташкент, 1925; Төле би мен Қойгелді батыр, А., 1992.

Б.Әбілдаұлы, А.Әлімқұлов

ҚОЙЛЫБАЙ – Уәли ханның елшісі, 1781 ж. тамызда Уәли ханның өзін хандық лауазымға бекітуді сұрап жазған хағын Ресей патшасы сарайына Есім сұлтан бастап апарған елшілік құрамында болған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 453-б.;

ҚОЙДАҒҰЛОВ

Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚОЙДАҒҰЛОВ Сейітқұл (т.-ө.ж.б.) – батыр, Әбілқайыр ханның орыс патшасы Анна Иоановнаға Құтлымбет Қоштаев бимен бірге жіберген елшілік басшысының бірі. 1730 ж. қыркүйекте Уфа арқылы Петербургке келген қазақ елшілері Анна Иоановнаға Кіші жүз ұлыстарын қорғауға алып, бодандығына қабылдауын сұраған Әбілқайыр ханның өтінішін жеткізген.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 3-том, А., 2000.

А.Әбділдабекова

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ – 18 ғ-дың соңы мен 19 ғ-дың бас кезіндегі Орт. Азиядағы мемлекет. Орт. – Қоқан қ. болды. Қ. х-ның негізін салушы Шахрук-би шааман 1710 ж. Бұхара әмірлігіне тәуелсіз шағын иелік құрды. Немересі Ирдан-би көрші елдермен қиян-кескі соғыстар жүргізіп, Өндіжан, Наманган, Маргелан аймақтарын қосып алды. 1758 ж. Бұхара оны тәуелсіз мемлекет ретінде мойындады. 1760–70 ж. Қ. х. оңт.-ндегі қазақтармен қақтығыстарға барды. Қ. х. 19 ғ. бас кезінде қатты күшейді. Әлім (1800–10), Омар (1810–22), Мұхаммед-Әли (Мадали, Мәделі) (1822–42) хандар тұсында оның аумағы барынша кеңейді. Кухистан тәжіктерінен шыққан Әлім бек жеке билігін күшейтіп, хан атанды. 1807–09 ж. Орта Азиядағы аса ірі стратегиялық орт. Ташкентті бағындырды. Ташкент маңындағы қазақ билеушілерінің бір бөлігі Қ. х-н қолдаса, қалғандары Бұхарамен одақтасты. 10 мың отбасы Абылайдың 3-ші ұлы Әділ төренің басшылығымен Қытайға көшіп кетті. 1813–14 ж. Сайрам мен Түркістан қ-лары бағындырылды. Хандықтың ресми тілі орта азиялық парсы тілі (16–19 ғ. тәжік әдеби тілі) болды. 19 ғ-дың 1-жартысында Қ. х. қазіргі Қырғызстан мен Оңт. Қазақстанның көпшілік аумағын бағындырды. Басып алған жерлерінде олар Ақмешіт, Жөлек, Жаңақорған, Шымқорған, Күмісқорған, Әулиеата, Меркі, Пішпек, т.б. бекіністер тұрғызды. 1821 ж. қазақтар Түркістаннан Әулиеатаға дейінгі аралықта көтеріліс жасап, Шымкент пен Сайрамды алды. Бірақ әр ру өз бетінше әрекет жасағандықтан, көтерілісшілер табысқа жете алмады. Хандық халқының негізгі бөлігін өзбектер құрады. Сондай-ақ оның аумағында тәжіктер, қазақтар мен қырғыздар да мекен етті. Қ. х-ндағы жердің едәуір бөлігі мемлекет меншігінде болды, оны хан өз қалауынша пайдаланды. Бұл жерлерде еңбек еткен шаруалар, мемл. жерді жалға алушылар ретінде салық төледі. Жердің бір бөлігін хан өзіне ерекше қызмет көрсеткен адамдарға сыйға тартты. Негізгі жер салығы басқа да мұсылман мемлекеттеріндегідей харадж еді. Мәделі хан билігінің соңына

қарай күшейе түскен бүліктер мен халық көтерілістері Бұхара әмірі Насрулланың Қ. х-на соққы беріп (1839 және 1841–42), Ташкент пен Ходжентті басып алуына жағдай жасады. Қоқанға Бұхарадан әкім тағайындалды. Алайда қоқандықтар шақырып алған Әлім ханның немере-інісі – Шир-Әли хан (Шерәлі) (1842–45) Ташкент пен Ходжентті қайтарып алды. Шир-Әлидің мұрагерлері тұсында хандық қатты әлсіреді. Салықтардың өсуі халықтың жаппай көтерілістерге шығуына алып келді. Қ. х-ның әлсіреуіне, сондай-ақ, хандық ішіндегі өзара бақталастық және көрші халықтармен саяси күрес те әсер етті. Қоқандықтар Жетісу мен Ұлытауға жорық жасаса, орыстар көтеріліске шыққан қазақтардың Қ. х-мен бірігіп кетуінен қауіптеніп, Ұлытаудағы Қоқан бекіністерін талқандады. 1837–47 ж. Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс кезінде Ресей мен Қ. х. қазақтарға қарсы одақ құрды. Бірақ 1856 ж. болған Қырым соғысынан кейін Орт. Азияға ағылшындардың еніп кетуінен қорыққан Ресей Жетісуға орнығып алды. 19 ғ-дың 60-жылдары патша әскерлерінің Орта Азияға шабуылы басталды. Қ. х-н жаулап алу бірінші кезектегі мақсатқа айналды, өйткені ол Бұхарамен және Хиуамен күресте аса тиімді аймақ болып саналады. 1865 ж. 17 мамырда орыс әскерлері Ташкентті, 24 мамырда Ходжентті алды. Осындай аса ауқымды жерлерінен айырылу Қоқан хандарын салықты тағы да өсіруге мәжбүр етті. Мұның өзі халықтың наразылығын күшейтті. Бұл наразылық 1874–76 ж. Қоқан көтерілісіне ұласты. Қоқан ханы көтерілістерді басу үшін Ресейден әскери көмек сұрауға мәжбүр болды. 2 ай ішінде орыс әскерлері көтерілісшілерді талқандады. 1876 ж. 19 ақпанда Ресей өкіметінің жарлығымен Қ. х. жойылып, оның орнына Ферғана обл. құрылды. Ол Түркістан ген.-губернаторлығының құрамына енді.

Әдеб.: История Узбекской ССР. С древнейших времен до наших дней, Таш., 1974; Қазақстан тарихы, 3-том, А., 2002.

Е.Қартабаева, Е.Жақыпов

ҚОЛ – дәстүрлі әскери атау. Көшпелілер арасында жасақ, қосын, лек ұғымымен қатар қолданылған. Түркі халықтары әскерінің ұрыс тактикаларында әскерді оң Қ., сол Қ-ға бөлу арқылы майдан қанаттарына жіктеу тәсілі кеңінен пайдаланылған, сондықтан құрамы мен ұрыс жағдайына қарай Қ-дың ішінде мыңдық та, түмен де болуы мүмкін.

Ә.Дәулетхан

ҚОЛБАСШЫ – мемлекеттің қарулы күштерін, соғыс жағдайында ірі әскери құрылымдарды (оперативтік-стратег. бірлестіктерді) басқаратын әскери басшы. Қ-лар соғыс кезінде әскери опе-

рацияларды дайындайды және оның нәтижесіне жауапты болады, бейбіт уақытта қарамағындағыларды әскери шеберлікке үйретеді, әскери жаттығуларды басқарады. Әдетте, Қ. етіп дарынды, көреген, әскери жағдайлардың дамуын болжай алатын, қолда бар күштер мен құралдарды тиімді пайдалана білетін, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті бар жігерлі, батыл адамдар тағайындалады. Әрбір тарихи кезеңдердегі үлкен соғыстар өз Қ-ларын шығарды. Қазақ халқында да аты аңызға айналған көптеген қолбасшылар болды (Абылай, Бөгембай, Қабанбай, Қарасай, Жәнібек, Раһымбек, Амангелді, т.б.).

Ш.Қартаева

ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАР – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым мин. Ғылым к-тінің Орт. ғыл. кітапханасында (бұрынғы ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасы) Абылай ханның өмірі мен ерлік еңбектері туралы жинақталған қолжазбалар. Әр кезде ел аузынан жиналып, қағазға түскен аңыз-өңгімелер, тарихи дастандар мен жырлар абылайтану ғылымы үшін құнды материал болып табылады. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқымыздың Абылай тұлғасына деген ілтипат-құрметі мен разылық-сүйіспеншілігінің ескерткішіндей фольклорлық нұсқалардың саны көп, тақырыбы әр түрлі және Қазақстанның барлық аймақтарынан жиналған. «История Казахстана. Дореволюционный период. Аннотированный библиографический указатель казахских, русских книг и рукописей, хранящихся в фондах Центральной научной библиотеки. Алматы, 2007» деген басылымның 1-томында осы қолжазбалардың сипаты туралы анықтама деректер тізіліп басылған, қысқаша түсінік беріліп, кімнен, қашан жазылып алынғаны немесе кім әкеп тапсырғаны көрсетілген. Абылай есіміне қатысты қолжазбалардың төмендегі тізімі қорда сақталған жүйесі бойынша, жинақта белгілеген рет санымен берілді:

1. 542. ҚАЗАҚ ішіне қырғыздардың келуі / Жинаушы: Д.Шақанов. – 25–30-б.

Қырғыз-қазақ арасындағы жер дауы. Қырғыз ханы Садырбаланың қазаққа шабуылы. Абылайхан, Шақшақұлы Жәнібек, Андығожа батырлардың Алатауда қырғызбен соғысы. Абылайдың ақ туын көтерген Бәйімбет туралы мәлімет. Қырғыз-қазақ арасындағы елшілік және бітімге келуі. Садырбаланың қолға түсуі.

2. 803. АБЫЛАЙ туралы / Жинаған: Тоғастайұлы; Тапсырған: Б.Бәженұлы. – Ж.б. – 19-б.

XVIII ғасырдың 1731 жылғы қазақ-қалмақ соғысы, қазақтың сол кездегі ханы Әбілмәмбет хан бастап, қазақтар қалмаққа қарсы қол жинау үшін Ұлытауда бас қосуы. Төле би мен жетім бала өңгімесі. Баланың Сабалақ аталуы. Оның Төле

биден бата алып, қалмаққа қарсы соғысқа аттануы. Шөкеман, Шарыш сынды қалмақ батырларын жеңіп хан болуы. Көкшетау, Бурабай. Уақ Өтеген батырмен қалмаққа тұтқынға түсуі. Төле би мен Кіші жүз ханы Әбілқайыр ханның орыстардан көмек сұрауы. Қазақ пен қалмақ арасындағы келіссөз. Тоғалақ батыр. Абылайдың тұтқыннан босап, қалмақ ханының қызын алып қайтуы.

3. 804. АБЫЛАЙ хан / Айтушы: М.Толыбаев. – 1936–1949. – 38–39-бб.

Абылай ханның Сабалақ аталуы. Оның арғы аталары Қайып хан, Уәли, Абылай хандар жайлы. Ханның серіктері қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгембай, сүйіндік Қаржас, Бұқар жырау. Олардың қазақ-қалмақ арасын қарауға шығуы.

4. 805. АБЫЛАЙ ханның бір жорығы. / Жинаған: М.-Ж.Көпеев.-Ж.б. – 208–211-бб.

Қара қалмақ Қати Сибанхан Абылай ханға елші жіберіп, батырларын жекпе-жек соғысқа шақырады. Абылай ханның лайықты батыр іздеп ел аралауы. Шақшақұлы Жәнібек. Оның соғыс алдында көрген түсі. Шақшақұлы Жәнібектің жиені Керейден шыққан Жәнібек. Алатау, Алтай тауы аралығы, Алакөл, Сарыарқа. Абылай хан заманындағы қазақтан шыққан батырлар: Қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгембай, Көкжарлы көкжал Барақ, шанышқылыдан Бердіқожа, сырым Малайсары, балта-керей Тұрсынбай, тарақты Байқозы, Олжабай, Бөрібас, Жидебай, Баян, байжігіт Тасболат, қанжығалы жас Жанатай, балталы-бағаналы Оразымбет, бәсентин Сырымбет, сіргелі Елшібек.

XVIII ғ. қазақ жерін қалмақтардан тазарту.

5. 806. АБЫЛАЙ ханның 40 батырымен Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан Сереннен тартып алған уақиғасы / Жинаушы: Жаяу Мұса Байжанов; Тапсырған: Салық Жаяу Мусин. – 1940. – 11-б.

Абылайды бүкіл қазаққа хан көтеруі. Абылай хан өзіне таңдаулы 40 жігіт жинауы. Сарыарқаны қалмақтан босатуға жорыққа аттануы. Қалмақ ханы Қалдан Серен мен інісі Шаршық батыр арасындағы тартыс. Шаршық батыр қазаққа қарсы әскер жинап, жорыққа аттанауы. Олжабай батыр мен Шаршық батыр жекпе-жегі. Сары Баян, Малайсары, Бөгембай, Қазыбек би, қуандық қарашолақ Қошқарбай, Жасыбай батырлар. «Шүршіт қырылған» соғысы. «Ереймен тауы», «Жасыбай асуы», «Қалмақ қырылған».

6. 807. АЛШЫН Қорлыбай батыр / Жинаған: Қайып Айнабеков. – 1945. – 1–13-бб.

Қорлыбай батырға тұтқын жігіттің өтініші. Тұтқын жігітті алтынымен қоса мінер ат беріп еліне қайтаруы. Қалмақ ханы Қалдан Серен қазақ жерін басып кіруі. Келе жатқан жауға қарамастан, Қорлыбай бастаған бесеу аттарынан түсіп: «тәңірден қорықпай, жаудан қорқамыз ба?» – деп ас-

пай-саспай намаздарын оқиды. Келе жатқан жауды Қорлыбай батырдың соғыссыз тоқтатып, бейбіт бітімге келуі.

7. 808. БАРАҚ батыр / Жинаушы: Ж.Аралбаев – 1947. – 1–23-бб. Қарақалпақ экспедициясы.

Қазақ пен қалмақ соғысы. Барақ батыр Кіші жүз, Табын руынан. Нағашысы Серке батыр. Қалмақ батыры Алакөбемен жекпе-жегі. Бөгембай, Есет, Жәнібек батырлар. Абылай сұлтанның хан болуы. Қызыр бабаның Барақ батырға бата беруі. Түгел батырдың батасы. Қара қалмақ Қатты Сыбанның жорығы. Тайша батырдың қалмаққа жансыз болып баруы. Барақ батыр мен қалмақ Сыбан батырдың айқасы.

8. 809. БАЗАР батыр: Үш бөлімді дастан / Жинаушы: Бәдел Тұрсынбаев. – 1941–1942. – 116-б. Алтай жеріндегі қазақ-қалмақ соғысы. Қалмақ ханы Қарын ағасы Барынның кегін қайтару үшін Базар батырдың басын сұрайды. Қазақ ханы Даниярдың қалмақтармен бітімге келуі. Базар батырды ұстап беру мақсатымен, батырдың сейілде жүрген жеріне жауды бастап баруы. Базар батырдың жұбайы Күлғайшаның көрген түсі. Қиял батырдың Базар батырға жаудан бұрын хабар беріп, халқының сәлемін жеткізуі. Қалмақтар мен қазақ батырлары арасындағы қанды қырғын. Сегіз жерден жаралы батырды әйелі Күлғайшаның іздеп келуі. Қалмақ басқыншыларын жеңгеннен кейін бір жылдан соң жерін, елін өзінің отарына айналдыру саясатын жүргізген орыс патшасына қарсы күресі. Батырын қалмаққа байлап бермекші болған Данияр ханға қарсы жорығы.

9. 810. БҰҚАР жыраудың бір сөзі / Тапсырған: Х.Байсов. 1940. – 2-б.

Бұқар жырау Қаржас ішінде алтынторы Қалқаманның баласы. Абылай хан жорыққа шығар алдында жыраудан кеңес сұрай келіпті. Жырау ханға Асан Қайғының «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар...» сөзінің мәнісін түсіндіруі.

10. 811. БҰҚАР жыраудың жыры / Айтушы: М.Толыбаев. — 1936–1949. – 40-б. Бұқар жырау Қалқаманұлы (1685–1777). Арғын ішінде Сүйіндік. Абылай ханның шығу тегі, Бөгембай, Қабанбай батырлар ханға үзеңгілес серік болғаны жайлы айтқаны.

11. 814. БІР ЕРТЕГІ / Жинаған: М.Ж.Көпеев. ж.б. – 201–203-бб.

Қалмақ ханы Аюке қызын нөкерлерімен Қалдан Серенге жіберуі. Қызы бір ұл туып, атын Сене қайыпты. Сене Абылай хан қарамағына қазақ ішіне қашып кетуі. Қалдан Серен қашқынды қайтарғысы келеді. Ұлытау, Кіші тау. Қалмақ ханы мен Абылай хан арасындағы әңгіме.

12. 816. ТӘУКЕ батыр / Тапсырған: Нұрлыбек Баймұратұлы. – 1949. – 5-б.

Тобықты, Керей рулары арасында болған жер дауы, жесір дауы. Сондай бір қақтығыста Тобықтыдан шыққан Тәуке батыр мен Керейлердің батыры Шекебайдың жекпе-жекке шығуы. Тәуке батыр жеңісі.

13. 818. ТӨЛЕ би / Жинаушы: Сәрсен Аманжолов. – 1935. – 2–4-бб. Үйсін Төле бидің екі дауға қазылық етіп, төрелігін айтқаны.

14. 820. ЖӘНІБЕК батыр, Шақшақұлы ер Жәнібек / Айтушы: Иманжан Жылқайдаров. – 1941. – 36-б. (1–2 варианты берілген).

Жәнібектің арғы аталары. Арғын Аманжолдың баласы Шақшақ би, оның баласы Көшей, Көшей баласы Қошқар батырлар жайлы айтылады. Шақшақ батырдың Сарыарқадан қалмақтарды қууы. Жәнібектің нағашысы үйсін Бектас ауылына баруы. Сүйіндік, Олжабай, Жәнібектің ерлікпен көзге түсуі. Түркістандағы хан ордасы. Әбілқайыр, Сәмекенің таққа таласы. Сыр өңірі мен Қаратауды мекендеген елдің Арқаға аууы. Қалмақ ханы Қалдан Сереннің Сыр бойындағы елді шабуы. Қазақ халқының Сыр бойын тастап, Сарыарқа, Ұлытау, Торғай өңіріне ауа көшуі. Жәнібек пен Абылайдың елдің басын біріктіруі. Абылайдың хан болуы. Қабанбай, Бөгембай, Барақ, Жантай, Олжабай, Сырым батырлардың ерлігі. Жәнібектің Қалдан Серенді жекпе-жекте өлтіруі. Сыр, Қаратау, Балқаш, Сарыарқа, Алтайға дейінгі жерлерді басқыншылардан азат ету. (екі нұсқаның да мазмұны бірдей).

15. 822. ЖИДЕБАЙ батырдың тарихы. – 1927. – 1–8-бб.

Орта жүз, Арғын руынан Жидебай батыр. Жастайынан жетімдік көрген ол, Абылай ханның әскерін іздеп шығады. Алатау маңайындағы жоңғармен соғыста қалмақ батыры Сезенді өлтіріп көзге түсуі. Бөгембай батыр. Жидебай батырдың Хан әскеріне қолбасшы болуы.

16. 824. САБАЛАҚ / Жазып алушы: Т.Кенесарыұлы; Жаздырған: Х.Майқыұлы; Жинаған: З.Алдабергелді. – 1940. – 12-б.

Уәли хан нағашысы Қайып ханның еліне ауып көшіп баруы. Қалмақ шапқыншылығы. Жас Әбілмансұрдың жетім қалып, ата-жұртын іздеп келуі. Төле бимен кездесуі. Оның Сабалақ аталып түйе бағуы. Бөгембай, Қабанбай, Жәнібек батырлар. Қалмақпен соғыстағы ерлігі. Әбілмәмбет өз інісін тануы, оны хан тұқымы деп хан көтеруі. Хан болып, Абылай деп ат алуы.

17. 825. ШАҚШАҚҰЛЫ Жәнібек батыр Үйсін Төле биден ақыл сұрапты / 1941 ж. Ғабитованың қолжазбасынан; Тапсырған М.Тырбиев. – 1943. – 3-б.

Шақшақұлы Жәнібек батыр үйсін Төле биден ақыл сұрайды. Жігіттің жақсы болуы үшін қажетті қасиеттер. Төле бидің жауабы. (18 ғ.)

18. 827. ҚАЗ ДАУЫСТЫ Қазыбек бидің сөзі / Жазған: Төлеу Түгелбаев; Тапсырған: М.Хакімжанова. – 1913–1914. – 143-б. Қазыбек би Келдібекұлы (1667–1764) Орта жүз Қаракесек. Оның бір дауды шешкені. Бірақ бұл жерде 17 жасар Төле би Қазыбек биден ақыл сұрай келеді.

19. 829. ҚОШҚАРБАЙ батыр туралы аңыз / Айтушы: Райымбек Құдайбергелұлы; Жинаушы: Бекқожа Бөбенұлы. – 1935. – 1–8-бб.

Қыпшақ Қошқарбай батырдың қалмаққа қарсы соғысқа аттануы. Молда Жайықбайдың түсі. Батырдың молдаға уәдесі. Жауды жеңіп, көп олжамен оралуы. Қалмақ ханы әйелінің олжа қызды өзің ал деген өтініші. Олжа қызды уәде бойынша Жайықбайға беруі. Олардан қыпшақ Ыбырай туады. Ыбырайдың Қытаймен келісімге баруы. Қытай мен Ресей арасындағы шекара бөлісі.

20. 830. КӨПЕЕВ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары мен жинаған материалдары. – 1906–1915. – 182-б. Жетісу, Ақтабан шұбырынды. Саққұлақ балалары, арғын шежіресі, Қуандық тарихы. Сайдалы ішінде өсіп-өнген қырғыз, Жәнібек батыр балалары, қара Еділ ұрпағы, Малайдан тарағандар, Бөсентин, Алтай ұрпағы, Қаныш сопыдан, Қарадан, Тұяқ ішінде Жанкелді, Матай, Найман руы, Абылай хан, Барак батыр, Қамбар батыр, Керей руы. Мұраттан Төлебайдан туғандар, Тілеукабыл мырза, Тентек жайында бір-екі сөз, Балағазы батыр, Елтай ақын, Алданазар ұрпағы, Мейрам сопы, Қожаңның билігі, Жанқа батырға жабылған жала, Көтеш ақынның өлеңдері. Қамбар Жанак ақын мен Орманшы ақын. Бұрынғы заман адамдары қандай болғандығы турасында, Жәмшібай мен Түбек ақынның айтысқаны, Ұмыс қыз бен Жаманқожаның айтысқаны, Ұлбике мен Жангел ақынның айтысқаны т.б. ел аузынан жинаған материалдары мен өзінің шығармалары.

21. 834. ОРТА ЖҮЗ Олжабай батыр / Жинаушы: Ертай Құлсариев. – 1939. – 37-б.

Сүйіндік елінің биі Айдабол мен шанышқылы елінің биі Қаратайдың құда болуы. Толыбайдың екі ұлы Олжабай, Көшетар. Олжабай мен қырғыз Өтекенің достығы. Бөгембай мен Олжабай батырдың қалмаққа қарсы соғысқа аттануы. Торғауыт қонтайшысының екі қызын Бөгембай батыр мен Олжабай батырдың алуы. Уақ Баян, көкжал Барак, Малайсары, керей Балта, Бердіқожа, Жасыбай, Бөгембай батырлар Абылай ханды тұтқыннан босатам деп қалмақпен соғысы. Өмір сана қалмақтың қазақ арасына келуі. «Қалмақ қырылған» жер атауының шығуы. Қалдан Серенді қолға түсіруі.

22. 835. ОЛЖАБАЙ батыр туралы / Молдажан Жалайұлы; Жинаушы: Бозтай Жақыпов. – 1946. – 4-б. Ақмола, Көкшетау экспедициясы.

№1. Сүйіндік руынан шыққан Толыбай батыр туралы. Сүйіндік Айдабол би мен Толыбай батыр

екеуінің елін бастап Далба Баян аралығына келіп қоныстануы. Қалмақтар иелігіндегі Қызылтау, Баянауыл, Арқалық, Толыбай, Жалаңтөс батырлардың қалмақтарға қарсы соғысы. Қара Ертіс. «Қалмақ қырылған» тау атының шығуы.

№2. Олжабай батыр туралы. Олжабайдың асқан батыр болуы. Торғауыт қара қалмақтарды қуып, Емілден өткізді. Майлы Жайыр тауына туын тіккен.

23. 836. ОЛЖАБАЙ батыр өмір тарихы / Айтушы: Ж.Байжанов; Тапсырған: С.Жаяу Мусин. – 1940. – 1–9-бб.

Сүйіндік Толыбай өліп, балаларының жетім қалуы. Алажағын мен Ақтанай әйелімен кездесуі. Олжабай деп атануы. Нағашысы Қаратайды табуы. Оның қалмақтарға қарсы алғаш соғысқа аттануы. Сүйіндік елі. Қалмақтың «Темір қақпа» қорғанын алуға Абылай хан әскерімен бірге жорыққа аттануы.

24. 838. АБЫЛАЙ МЕН ҚАЛДАН / Тапсырған: И.Матаков. – 1939. – 23–24-бб.

Абылайдың Қалдан Серенге тұтқынға түсуі. Төленгіт еліне байланысты мәлімет.

25. 839. АБЫЛАЙ туралы. – 1939. – 22–23-бб. / Қазақстан зерттеу қоғамынан.

Абылайды Көкшетауда хан көтеруі. Бөгембай батыр. Қалмақ батыры Қараспанның қазақтан жылқы ұрлауы.

26. 840. АБЫЛАЙ ТУРАЛЫ ПОЭМА. / Жинаушы: М.-Ж.Көпеев. – 1–26-бб.

Ақтабан шұбырынды кезіндегі жетім бала Саба-лак. Үйсін Төле бимен, Түркістанда Әбілмәмбет ханмен, Бөгембай батырмен кездесуі. Көкшетауда хан көтерілуі. Баласы Қасым, одан Кенесары, Наурызбай, Саржан. Қырғыз ханы Садыр. Әбәйділде хан келгенде Орынбай ақынның өлені. Кенесары, Наурызбай, Құдайменде, Ержанның қазасы. Оған Өтеке жырықтың балаларының қатысы. Ағыбай батыр мен Жанайдардың «хан талау» жасауы.

27. 841. АБЫЛАЙДЫҢ ӨТЕКЕ ЖЫРЫҚПЕН СОҒЫСУЫ / Жинаушы: М.Жиреншин. – Ж.б. – 4–6-бб. / Қазақстан зерттеу қоғамынан.

Абылайдың Алатауға келіп, жер дауымен Өтекеге елші жіберуі. Қырғыздармен болған соғыста Жайыл батырдың өлімі. Малайсары, көкжал Барак батырлар.

28. 842. АБЫЛАЙДЫҢ ЖАС КҮНІНДЕГІ ӨМІРІ. / Айтушы: Абай; Жинаушы: М.Жиреншин. – Ж.б. – 4-6-бб. / Қазақстан зерттеу қоғамынан.

Абылайдың балалық шағынан хан болғанға дейінгі өмірі қысқаша айтылады. Төле би, Бөгембай батыр, Әбілмәмбет хан.

29. 843. АБЫЛАЙДЫҢ ҚАЛМАҚ ҚАЛДАН ХАННЫҢ ҚОЛЫНА ТҮСУІ ТУРАЛЫ Өңгіме-

СІ / Айтушы: М.Жиреншин. – 34–36-бб. / Қазақстан зерттеу қоғамынан.

Өтеген батырды қолға түсірген Қалдан хан өз әскерімен Абылайды тұтқындайды. Ташкентке Қараменде бидің баласы бастап, бір топ ақсақалдар Абылайды босатуын сұрап барады. Қалдан Сереннің Абылайды сынауы.

30. 844. БАЛТАКЕРЕЙ ТҰРСЫНБАЙ БАТЫР ТУРАЛЫ / Жинаушы: Ә.Өскенов. – 1941. – 5-б.

Қазақ-қалмақ жаугершілік заманында Қалдан Серен ханның қазақ би-батырлары туралы айтқаны. Қалмақтың ханы қазақпен бітімге кісі шақырғанда Қаз дауысты Қазыбек би, Айдабол баласы Тайкелтір би, Балтакерей Тұрсынбай батыр, Шақшақ ұлы Жәнібек батырлардың баруы

31. 845. БЕКБОЛАТ БИ: Шешендік, тапқырлық, тақпақ, терме сөздер / Жинаушы: Темірғали Исмаилов. – 1941. – 1-б.

Бекболат Қанайұлы (1714–1795). Бір жорықта Бекболат бидің кенже інісі жаңылысып, Абылай ханның бір үйір жылқысын сіңіріп кетіпті. Мұны естіген хан жігітті жазаламақ болады. Осы жазадан арғын қаракесек Бекболат бидің інісін қалай құтқарғаны туралы қолжазбада толық баяндалған. Екінші бөлімде Бекболат би қартайған кезінде, арғынның жақсылары жиылып, бидің баласы Тіленшіге әкесінің орнын ұстауға бата беруі айтылған.

32. 846. БӨГЕНБАЙ БАТЫР МЕН АБЫЛАЙ / Жинаушы: И.Нұрмағанбетов. – 1935. – 134-б.

Бұқар жыраудың Бөгембай батыр мен Абылайға айтқаны.

33. 847. ҚАНАЙ ҰЛЫ БЕКБОЛАТ БИ: Шешендік, тапқырлық, тақпақ, терме сөздер / Жинаушы Т.Исмаилов. – 1941. – 4-б.

Қанайұлы Бекболат би Қаз дауысты Қазыбекке, Шақшақұлы Жәнібекке еріп, Кіші жүзге бір дауды шешуге барады. Кіші жүзден бітімге шыққан адам айтатын сөзін сөйлемей, қолымен әртүрлі қимыл-ишарат жасап, алақанын ашып-жұмып, қолын созып, саусақтарын көрсетеді. Міне осы жұмбақты Бекболат би шешіп, Абылай ханға түсіндіреді.

34. 848. МАЛАЙСАРЫ БАТЫР / Жинаушы: Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – Ж.б. – 1–4-бб.

Тоқтауыл батырдың баласы Малайсары батырдың өліміне Абылайдың қатысы.

35. 851. ҮШ БИ: Шешендік, тапқырлық, тақпақ, терме сөздер / Жинаушы Ф.Ғабитова. – 1941. – 15–21-бб.

Төле би, Әйтеке би, Орманбет бидің Қасқакөл үшін болған дауы. Көлді бөліске салу жайы.

36. 852. АБЫЛАЙ / Тапсырған: Әбін Өскенов. – Ж.б. – 8–9-бб.

Абылайдың (Әбілмансұр) балалық шағы және Сабалақ атануы. Алғашқы аты шыққан кезі, Көк-

шетауда хан көтерілуі. Жорықта қасына ерген батырлары. Қалдан Серенге тұтқынғы түскендігі, олардың Абылайды сынағаны.

37. 853. АБЫЛАЙ / Көшіруші: И.С. – 9–15-бб. 18 ғ. Орта жүз ханы Абылай орыс шежіресінде Сібір ханы деп аталады. 1771 жылы хан сайлануы. 1739 жыл Орынбордағы Ресейге қосылу келісімі. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары, башқұрттар. 1723 жылғы шапқыншылығы. Шаршы батырды өлтіріп, Қалдан Серенге тұтқынға түсуі. 38. 854. АБЫЛАЙ аса алмаған Сары бел атанған мәнісі / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – Ж.б. – 291–198-бб.

Бекболат би мен Абылай хан арасындағы қақтығысқа негіз болған оқиға. Хан мен қараша арасындағы дауға қатысты мәлімет. Арғын, найман мен керей, уақ рулары арасындағы шиеліністі болдырмау үшін Шотананың шешендік жолын ұстауы. Төртуыл Ботақан, қаракесек Жанай, күлік Жаңа батыр, би Жанақ, Бекболат би, Едіге би, Олжабай батыр, балта-керей Тұрсынбай батыр, Көшек, Мұсабай қажы есімдері аталады. Жолдыөзектегі кездесу. Әулиелі Қызылтаудағы Шотаның тасы.

39. 855. АБЫЛАЙ аспас Сары бел / Жинаушы: А.Данияров. – 1947. – 1–3-бб. Омбы экспедициясы. Ботақанның өліміне қатысты оқиға. Балапан, төртуыл Жанай, Бекболат би, Едіге би, Шотана би, Жанақ би, Олжабай батыр, Текеш мерген, Көтеш ақын туралы мәлімет берілген. Ақын Төлеген қожаның өлеңі. Жолдыөзектегі бітімгершілік.

40. 856. АБЫЛАЙ мен Бұқар / айтушы: Жамбыл; Жинаушы: К.Әбдіқадыров. – 1938. – 1–8-бб. Кітап болып басылып шыққан: Абылай хан / Құрастырған С.Дәуіт. – Алматы, 1993. – 41–42-бб. Бұқар жырау мен Абылайдың өмірі мен қызметінің алғашқы жылдары.

41. 857. АБЫЛАЙ туралы. Қаракас ханым / Айтушы: Мұстапа ұлы; Жинаушы: Е.Бекмаханов. – 1945. – 10–11-бб. Қазақстан зерттеу қоғамының материалдарынан көшірме.

Қалдан Серен Абылай хан әскерінен бітімге төбе би болатын адам әкел деп Қаракас ханымды жібереді. Қаракас ханым қазақтан Қаз дауысты Қазыбек биді, айдабол баласы Тайкелтір биді, балта-керей Тұрсынбай батырды, Шақшақұлы Жәнібек батырды апарып, қазақ-қалмақтың бітімге келуіне ықпалын тигізген екен.

42. 858. АБЫЛАЙ туралы әңгімелер / Жинаған: К.Қантамбаев. – 1950. – 4-б. Көкшетау экспедициясы.

Абылай мен Андығожа батыр. Абылайға қалмақтың ханының елші салып, қонаққа шақыруы. Абылай мен Андығожа батырдың елшілерге берген жауабы.

43. 859. АБЫЛАЙ туралы жинақ / Абайдың аузынан естіп жазып сақтаған: Мұсылманқұл Жиреншин. – Ж.б. – 4-б.

Абылайдың Төле бидің қолында тұрған кезі, жастық шағы. Қазақтардың қалмақпен соғысына қатысып, Бөгембай батырдың орнына жекпе-жекке шығуы, Әбілмәмбет ханмен кездесуі.

44. 860. АБЫЛАЙ туралы жинақ. Абылай мен Қалдан. – Ж.б. – 31–32-бб.

Абылай ханның әйелдері мен балалары туралы. Балаларының ел билеген сұлтан болуы, батыр болып ел қорғауына сипаттама берген.

45. 861. АБЫЛАЙ туралы жинақ. Абылай ханның балалары. – Ж.б. – 18–24-бб.

Абылай ханның әйелдері мен балалары туралы. Балаларының ел билеген сұлтан болуы, батыр болып ел қорғауына сипаттама берілген.

46. 862. АБЫЛАЙ Түркістаннан қашып Орта жүзге келген жері. – 1–3-бб. 1939 жылғы Торғай экспедициясы.

Түркістаннан қашып шыққан Абылай мен Оразқұл екеуі Орта жүз Малайсары Күшіктен ат сұрап мінеді, кейін дос болады. «Абылайлап шапқан сен кімсің?» – деген Жәнібек ханға, «затыс Түркістандық, атым Сабалақ» – деп жауап берді. Абылайды хан көтеруі.

47. 863. АБЫЛАЙ хан. 1-вариант // Богатырский эпос. Героические поэма о батырах эпохи Аблая. – Т. 5. – 1–17-бб.

Абылайдың қалмақ шапқыншылығына дейінгі өмірі. Ғайып хан, Уәли хан, Төле би. Қанжығалы Бөгембай мен Үйсін Төле биден бата алған алғашқы жорығы. Әбілмәмбет хан. М.Ж.Көпеев варианттарымен салыстырылды.

48. 864. АБЫЛАЙ хан. 2-вариант / Тапсырған: Б.Бәженұлы. – 20–39-бб.

Абылай Қалдан Серен тұсындағы қазақ-қалмақ соғыстары. Шарыш пен Шөкеманның қазақ еліне қарсы жорыққа аттануы. 1731 жылғы үш жүздің бас қосып жиналуы. Сабалақ баланың алғашқы соғысқа кіруі. Хан көтеруі. Жәнібек Шақшақұлы, Доғалық батыр, Төле би, Қазыбек би. Абылай хан мен уақ Өтеген батырдың тұтқынға түсуі. Әбілқайыр хан, үйсін Төле би, князь Тевкелев, майор Миллер, арғын Қаракесек Тоғалақ батыр.

49. 865. АБЫЛАЙ хан әңгімесі / Жинаған: Бекташ Саубол. – 1–16 б. Абылай ханның өмірі. Уәли, Ғайып хан, Төле би, Бөгембай батыр, Жәнібек батыр, Әбілмәмбет хан. Абылай мен қалмақ батыры Шеріннің жекпе-жегі. 1777 жылы үйсіндерге барған сапары.

50. 866. АБЫЛАЙ хан туралы әңгімелер жинағы / Жинаған: К.Қаңтарбаев. – 1950. – 2–3-бб.

Көкшетау экспедициясы. Абылайдың қалмақ ханы Қалданның інісі Шарыш батырмен жекпе-

жек соғысы. Соғыс болған жердің «Қанды Қарағай қан болды, жол болды» деп атануының себебі.

51. 867. АБЫЛАЙ ханның елшілерінің әңгімесі // Қазақ ертегілері. – Алматы, 1946. – 71–72-бб.

Абылай хан мен Қалдан Серен арасындағы елшілік. Елшілікке Қарабас ханым, Қаз дауысты Қазыбек би, балта-керей Тұрсынбай, сарыжетім Шақшақ Жәнібектің, Айдабол бидің баласы Тайкелтірдің қатысуы. Қарабас ханымның елшілерді сынауы.

52. 868. АБЫЛАЙ ханның қалмақты аударғанын Кәшекұлы Күдері ханның сөйлегені / Жинаған: М.Ж.Көпеев. – 1–4-бб.

Абылайдың әскерімен Науалыдан қалмаққа аттануы. Дайыр, Егіз, Тайым, Ералы, Нұралыға қатысты мәліметтер.

53. 869. АБЫЛАЙДЫҢ батырын сынауы / жинаушы: Бекенов. – 1941. – 6-б. Қазақстан зерттеу қоғамынан.

Жорықтан қайтқан Абылай ханның батырын сынауы.

54. 870. АБЫЛАЙДЫҢ қамал бұзған жері // Қазақ ертегілері. – 1946. – Т. 1. – 69–71-бб.

Қалмақ ханы Сыбанның қазақ жылқысын барымталап кетуі. Қалмаққа қарсы қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгембай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, көкжарлы көкжал Барақ, шанышқылы Бердіқожа, сырым Малайсары, керей-уақтан шыққан Сары Баян батырлардың аттануы. Абылай туралы Арыстан ақынның өлеңі. Сарыарқадағы Қылшақты өзенінің Қымыз өзені аталуы. Толыбай бидің баласы Арыстан ақынның Кенесарыға айтқаны.

55. 872. АЙДОС батыр. Халық аузындағы ертек әңгімеден / жинаған: Қ.Бекниязов. – 1952. – 2–9-бб.

Қазақ-қалмақ жаугершілік заманында Айдос батырдың жорыққа аттануына байланысты Қарашаштың айтқаны. Айдос батырдың қалмақ тұтқынына түсуіне қатысты оқиға. Айдос туралы әңгіме Кіші жүз Ақтөбе облысы төңірегінен шығады.

56. 875. АЛШЫН Әйтеке би: Шешендік тақпақ сөздер / Жинаған: Байғали Алиманов. – 1936–1939. – 14-б.

Әйтеке бидің қаракесек Қазыбекке барғанда айтқаны.

57. 881. ӨНЕТ бабаның ұрпағы. Шешендік, тапқырлық, тақпақ сөздер жинағы / Жинаған Данияров. – 1950. – 36–38-бб. Омбы экспедициясы.

Қаз дауысты Қазыбек барып үлгі алған, сөз үйренген, атағы зор Орта жүздегі Өнет бабаның қалмақтармен соғыста алты баласы қаза болады, сол уақытта әйелі де қайтыс болған екен. Өнет баба екінші рет үйленіп, одан екі ұл сүйіпті. Әңгімеде 75-ке келген Өнет бабаның қалай үйленгендігі жайлы айтылады.

58. 885. БӨГЕНБАЙ батыр өлгенді Үмбетай жыраудың Абылай ханға ескерткен сөзінен / Жинаған: Иса // «Таң» журналы. – 1925. – №4. – 33-б.

Бөгембай, Қабанбай, Жәнібек батырдың, Қазыбек бидің ерліктерімен байланысты қанжығалы Бөгембай батырдың өлімін Абылай ханға естіртуі.

59. 886. БӨГЕНБАЙ батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылайға естірткені / Жинаушы: Иса Байзақов. – «Таң» журналы. – 1925. – 1–5-бб.

Абылай өміріндегі елеулі оқиғаларды, қалмақ қолында тұтқында болуын, қырғыздармен болған шайқаста қол бастаған батырларын айта келіп, Бөгембай батырдың өлімін ескертуі.

60. 887. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. Қанжығалы карт Бөгембай өлгенде Сүйіндік Бұқар жыраудың Абылай ханға естірткені / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, 1957. – 4–7-бб.

Орта жүзден шыққан төрт терек: қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгембай, Қаз дауысты Қазыбек, шақшақұлы Жәнібек, Ақшулыны найманда қоныс қылған, Борлықөлден қалмақты қуған, Тарбағатайға қосын тіккен. Қазаққа қорған болған ер Бөгембайдың өлімін Абылайға жырмен естіртеді.

61. 893. ЖӘНІБЕК батыр // Қазақ ертегілері. – Алматы, 1946. – Т. 1. – 61–65-бб.

Абылай мен Қалдан Серен арасындағы келісім. Жәнібек батырдың шығу тегі. Абылайдың түс жоруы.

62. 895. ҚАЗ дауысты Қазыбек сөзі: Шешендік, тапқырлық сөздер / Жинаушы: Уайыс Жақыпұлы. – 1940. – 9-б. Қаз дауысты Қазыбектің арғын мен қыпшақ елі арасындағы дауда айтқан сөзі.

63. 896. ҚАЗ дауысты Қазыбектің Қаз дауысты атануы / Жинаушы: Уайыс Жақыпұлы. – 1940. – 5–8-бб.

Қаракесек Қазыбектің Абылай заманында қалай қаз дауысты атанғаны туралы.

64. 897. ҚАЗЫБЕК бидің қалмақтың ханы Қонтажыға айтқаны / Ә.Оспанұлы. – 1962. – 116–117-бб.

Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облысының экспедициясы.

Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға, қазақтың қандай ел екендігіне сипаттама беріп айтқаны.

65. 898. ҚАЗЫБЕКТІҢ Төле биге айтқаны / Жинаушы: Қарта Қаңтарбайұлы. – 1962. – 36-б. Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облысының экспедициясы.

Қалмамбет ерші деген шебер. Оның Орта жүздің біреуіне соғып берген ері, сол ердің даулы болуы. Дауды шешуге Төле би мен Қазыбек бидің қатысуы. Билердің бітім туралы айтқан сөздері.

66. 900. ҚАНЖЫҒАЛЫ Бөгембай батыр // батырлар жыры. – Алматы: КазОГИЗ, ж.б. – Т. 5. – 97–244-бб.

Көксу, Қияқ жерін қоныс еткен қанжығалы елінің ішкі араздығына себеп болған оқиға. Феодалдық

дәуірдегі қазақ әйелінің беделі, тұрмысы мен салт-дәстүріне қатысты мәлімет берілген. Қалмақ ханы Шынардың өлімі. Оның баласы Қаранайдың Желдіөзек бойында Тыныбек Бексұлтанмен жекпе-жегі. Бөгембай батыр, Әбілмәмбет хан. Қанжығалы елінің жұтқа ұшырауы. Шетқурайды қоныс еткен дулат Құлжабек, Есімбет төрелер, он екі абақ Сәдір төре, Құнан би, Сыр еліндегі Үйсін Қопа, Орда жер есімдеріне байланысты мәліметтер.

67. 901. ҚАРАКЕРЕЙ Қабанбай батыр // Батырлар жыры. – Алматы. – КазОГИЗ, ж.б. – Т. 5. – 57–96-бб.

Қырғыз Аманәлі батырдың қазақ ауылын шабуы. Қабанбай батыр бастаған Бөгембай, көкжал Барақ, Шақшақұлы Жәнібек, шанышқылы Бердіқожа, Дәулетбай, найман Жантай батырдың Аманжол батырмен жекпе-жегі. Қырғыз қызының әкесін жоқтауы. 96 жасар Бұқар жыраудың Қызылсу бойындағы Дәулетбайға хабар жіберуі.

68. 902. ҚАРАКЕСЕК Қаз дауысты Қазыбек сөзі: Шешендік, тапқырлық сөздер / Жинаушы: Хакім Байысов. – 1939. – 12–13-бб. Қаз дауысты Қазыбек жол жүріп келе жатып, жолдастарымен бір үйге түстікке келеді, үй иесі жоқ екен. Қонақтарды әйелі қарсы алыпты. Әйелдің қонақ күткісі, сөйлеген сөзі, істеген ісі Қазыбекке ұнайды, Кешкілік ері келгенде, оның әйелге тең емес, адамгершілігі нашар екендігін байқайды. Көңілі толмаған Қазыбек жолдастарына қарап:

Жігіттер бұл сөзімнің мәнісі бар,
Мәнсіздің мәндіменен не ісі бар?
Құдайдың құдіретіне қарап тұрсаң,
Жапалақ үйрек ілген бір ісі бар.

69. 905. МАЛАЙСАРЫ батыр. – 9–11-бб. Абылаймен бірге Малайсары батырдың соңғы жорығы. Малайсарының өліміне қатысты Абылайдың айтқаны. Токтауыл батыр мен Тілеуқабыл батыр.

70. 907. ОЛЖАБАЙ батыр // Батырлар жыры. – Алматы: КазОГИЗ. – Т. 5. – 295–345-бб.

Сопак ақынның Олжабай батыр туралы айтқан жыры. Шыққан тегіне, қоныс еткен жеріне қатысты мәлімет берілген. Олжабай батырдың қазақ-қырғыз елінің достығын нығайтуға себеп болған оқиғасы. Қалмақтарға қарсы азаттық күрес жолындағы Абылайдың әскери тактикасы. Олжабай батырдың қара Ертіс бойындағы шабуылы, Шарыштың тұтқынға түсуі. Шідерті өзенінің бойындағы Күңгірлек тасында қалмақтармен шайқасы. Әбілмәмбет хан. Қалмақ Серен батырдың тұтқынға түсуі.

71. 908. САБАЛАҚ / Жинаушы: К.Жанатаев. – 14–26-б.

Сабалақтың әкесі Уәли ханның нағашысы Ғайыпханның қолында тұруы. Ұлы жүз Үйсін Төле би-

дің Сабалақ баланы тануы. Бөгембай, Қабанбай, Жәнібек батырлармен Сабалақтың қалмаққа ұрыс салуы. Әбілмәмбет ханның жарлығы. Сабалақтың «Абылайлап» ұрандап жауға шабуы. Жәнібектен бата алып, хан болуы.

72. 909. САБАЛАҚ: (Абылай) / Жинаушы: М.Жабаев. 1946. – 15–22-бб. Ақмола экспедициясынан.

Береке хан. Тоқтамыс хан. Өмір темір заманынан қысқаша мәлімет берілген. 16 ғасырдағы түрік елінің гүлденуі. Алтын Орданың ыдырауы мен жеке хандықтың құрылуы. Абылайдың Бөгембай, Жантай, Мәмбет батырлармен алғаш кездесуі. Талқы асуы мен Құлжаға шегінісі. Балқаш жерінде бас қосудың мақсаты. Абылайдың қалмақ қорғанындағы Шакан, Қырыс батырлармен жекпе-жегі.

73. 910. САБАЛАҚ: Поэма / Жинаушы: Көкбай Жанатаев. – 1–14-бб.

Абылайдың жекпе-жектегі жеңісі мен өзіне тиесілі билікті қайтарып алуына ықпал еткен адамдар. Төле би, Бөгембай батыр, Жәнібек батыр, Әбілмәмбет хан.

74. 911. ТӨЛЕ би: шешендік, тақпақ сөздер / Жинаушы Байғали Алиманов. – 1936–1939. – 14-бб.

Қаракесек Қаз дауысты Қазыбек биге үйсін Төле би 17 жасында келіпті. Осы кезде Қазыбек биге екі кісі дауласып келіп отыр екен. Даудың шешімін Төле биге айтқызуы.

75. 912. ШАҚШАҚ ұлы ер Жәнібек // Батырлар жыры. – Алматы: КазОГИЗ. – Т. 5. – 250–294-бб. Арғын Шақшақұлы Жәнібектің шыққан тегі. Керей Абыз әулиенің берген батасы. Тәуке хан тұсында қалмақ ханы Аралбайдың басқыншылық жорығына қарсы күрескен Жәнібектің серіктері. Бағаналы Барлыбай, шұбар тулы Жаулыбай, найман Барақ батыр, Сүйіндік Олжабай. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай. Тәуке хан дүние салғаннан кейін Қалдан Серен жойқын шабуылмен Түркістан, Хиуа, Ташкент, Самарқан, Сарыарқа, Ұлытауды басып алып, елді Мұңбұлақтан қуып, Сарысуға қарай ығыстырады. Бұқара халықтың босып, ашаршылыққа ұшырауы, тақ таласы. Қазақтардың басқыншыларға қарсы азаттық күресі. Жәнібек батырдың Қалдан Серенмен жекпе-жегі.

76. 913. ШАҚШАҚ ұлы Жәнібек: Шешендік, тапқырлық сөздер / Жинаушы. Уаис Жақыпұлы. – 1940. – 16–17-бб.

Шақшақұлы Жәнібек үйсін Төле биден ақыл сұрапты. Бозбала болып ерлік құрайын ба, елде жүріп билік құрайын ба? – депті. Сонда Төле бидің айтқан ақылы өлең шумақтарымен берілген.

77. 1210. АБЫЛАЙ (туралы Мұстафиннің аузынан) // Халық аузынан жазылған әңгімелер. 1-бөлім. – Алматы, 1946. – 1–8-бб.

Сабалақтың атығай-дәулет елінде Көкшетау жерінде бір байдың жылқысын бағуы. Қара қалмақтар байдың жылқысын барымталап кетуі. Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек, ер Мамай, көкжал Барақ, Бердіқожа батырлармен бірге қуып баруы. Абылайлап ұран сап, қамал бұзуы. Халық оған Абылай деп ат беріп, хан көтеруі. Қалмақтармен бір соғыста оның үлкен ұлы қаза болып, Бұқар жыраудың шешімімен Жәнібектің естіртуі. Уақ Қара жыраудың Абылайға басу айтуы. Балалары Уәли, Қасым хандар жайлы. Шоқай батыр атын қойған Қасым ханұлы Кенесары жайлы. Абылай хан қалмақтың ханы Уса Зеренді шауып, екі қызын тұтқынға алғандығы.

78. 1211. АБЫЛАЙ туралы // Айтушы: Мұстафаұлы; Тапсырған: Е.Бекмаханов. – 1946. – 8-б.

Бұқараны билеуші Абыл-Пайыз еліне жау шауып, елі тозып кетеді. Баласы Абылайдың Көкшетау маңында атығай Дәулеткелді байдың жылқысын бағуы. Қара қалмақтардың байдың жылқысын айдап кетуі. Абылайдың алғаш батыр атануы. Атығай-қарауыл елінде Абылайды хан көтеруі. Хан баласының өлімі. Жәнібек батырдың ханға баласының өлімін естіртуі.

79. 1212. АБЫЛАЙ хан / Жинаушы М.Ж.Көпеев. – 1920. – 287–294-бб. Жас Әбілмәмбеттің нағашы жұртында жетім қалуы. Оның туған еліне оралғанда Төле бимен кездесуі. Қазақ-қалмақ соғысы, Сабалақтың көзге түсуі. Абылай ханды ақ киізге орап хан көтеруі. Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Баян, Тұрсынбай батырлардың ерлігі.

80. 1213. АБЫЛАЙ хан уақытында айтылған тарихи, үлгілі сөз / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – 1947. – 2-б.

Абылай хан үш жүздің билерін жиып: «Дүниеде өлмейтін не, тозбайтын не?» – деп сұрақ қояды. Ешбір би дұрыс жауабын таппайды. қыпшақ аймақ Жуа бидің Абылай ханға берген жауабы.

81. 1214. АБЫЛАЙ ханға Бұқар жыраудың айтқаны / Айтушы: Ж.Төлепов; Жинаушы: Ж.Аралбаев. – 1946. – 38-бб.

Абылай ханның сұрағына Бұқар жыраудың берген жауабы. Асан қайғы мақалының шешуін айтуы.

82. 1215. АБЫЛАЙ ханның ең алғаш көзге түскен кезі. Бұрынғы заманның бір шайырының өлеңмен сөйлегені. – 1907–1927. – 194-б.

Абылай хан (1711–1781). Абылай ханның арғы аталары Еңсегей бойлы ер Есім ханнан бастап, өз Тәуке, Болат хан, Әбілмәмбет хан, Жәңгір хан, одан тараған Уәли, Әбілмансұрға (Абылай) дейін. Абылай ханның ең алғаш Сабалақ атанып, Төле бидің түйесін бағуы. Алғаш рет Абылайлап ұран сап жауға қарсы шабуы. Ораз ұлық сарт екеуі Сарыарқаға, Орта жүз ішіне келуі. Көкшетау жерінде ақ киізге орап хан көтеруі, таққа отыруы.

Он жеті әйел, отыз ұлды болып, алпыс жеті жасында қайтыс болуы. Төлеңгіттердің шығу тарихы. Абылай ханнан қалған ұрпағы қазақ ханы Қасым хан, Кенесары, Наурызбай сұлтандар. Абылай ханның ерлігі, батырлығы, үш жүздің басын қосып, даңқы кең тарағаны. Қырғызда Садыр бала хан болыпты, онымен бірге алты ұлы бар Өтіке жырық болыпты. Садыр хан Абылай маған не істей алады деп мақтанғаны. Абылай ханның қырғыздарға жорығы. Кіші жүз керейіт Сары сопының баласы, жалаң аяқ Әждәр дуанамен әңгімесі. Қырғыздарды қуалап, Қарабалта белесіне дейін келуі. Қырғыздардың жеңілгенін мойындап, елші жібергені. Абылай аспас асу атануы. Қос басы бір үй қырғыздан батырларға үлес беруі.

83. 1216. АБЫЛАЙ ханның жалғыз баласы Жанбай опат болғанда үш жүздің басшы адамдарның көңіл айтқаны. Жәнібек батыр, Құлан шешеннің айтқан көңілі. – 2-б.

Жәнібек батыр, Құлан шешен және үш жүздің басқа да беделді адамдарының Абылай ханға баласы Жанбай опат болғанда көңіл айтқаны. Жарияланған: Абылай хан / Құрастырған С.Дәуіт. – 1993. – 66–67-бб.

84. 1217. АБЫЛАЙ ханның түсі / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – 131–136-бб.

Абылай ханның Үргеніш, Бұхара, Қоқан, Ташкент жақтағы қазақтарды сарттарға билетіп қоймаймын, деп жорыққа дайындалуы. Түркістанға өзінің бел баласы Сыздықты билеуші қылуы. Абылай ханның жорыққа бара жатып, жолда көрген түсі. Бұқар жыраудың ханның түсін жоруы.

85. 1218. АБЫЛАЙ заманына арналған халық әдебиеті (зерттеу) / Жинаушы: Қайым Мұхамбетханов; Пікір жазған Мұхтар Әуезов. – 1944. – 24–27-бб. Қайым Мұхамбетхановтың Абылай заманына арналған халық әдебиеті деген зерттеу мақаласы.

Қазақ халқының басына түскен ауыр кезеңде ақылдылығымен, батырлығымен Абылайдың көзге түскендігі. Оның әрқашанда қасынан табылған көш бастаған көсемдері, сөз бастаған шешендері, үзенгілес серіктері: Қаз дауысты Қазыбек, Қабанбай, қанжығалы қарт Бөгембай, Шақшақұлы Жәнібек, көкжал Барақ батыр, шанышқылы Бердіқожа батыр, балта-керей Тұрсынбай батыр, тарақты Байқозы батыр, Олжабай батыр, бөрте атты Бөрібас батыр, Жидебай батыр, уақ Өтеген батыр, Баян батыр, байжігіт Тасболат, шешен Қанай, жас Жанатай, Бұқар, Тәтікара жыраулар, балталы Оразымбет, Елшібек, найман Ақтамберді, Еспембет, Шынқожа батырлардың ерен ерліктері, батырлығы, қара қылды қақ жарған шешендігі айтылады.

86. 1219. АБЫЛАЙДЫҢ алғашқы аты шыққан әңгімесі (Абайдың тапсыруы бойынша Көкбай жырлаған, одан Төлеу ақын үйреніп айтып жүрген) / Жинаушы: Қ.Төлеуов. – 1936–1946. – 22-б. Қалмақ ханы Қалдан, батырлары Шаршы, Шөкеман бастап, Ұлытау мен Арқаны бетке алып, қазақ еліне қарсы соғысқа аттануы. Әбілмансұрдың Сабалақ атанып Төле бидің түйесін бағуы. Сабалақтың Төле биден жауға қарсы жорыққа аттануға рұқсат сұрап, Ұлы жүз батырларымен Ұлытауға келуі. Әбілмәмбет хан бастаған үш жүздің батырларына Шақшақұлы Жәнібектің бата беруі. Сабалақтың қалмақ батырлары Шөкеман, Шаршылармен жекпе-жек айқаста, қалмақ батырларын өлтіріп, көзге түсуі. Сабалаққа Абылай деп ат қойып, қазаққа хан көтеруі. Абылай хан мен уақ Өтеген батырдың қалмаққа тұтқын болуы. Қалмақ Жалбы батыр. Ханды тұтқыннан босатып алуда арғын Тоғалақ батырдың жекпе-жек айқасқа шығуы.

87. 1222. ЕЙ, АБЫЛАЙ, Абылай / Айтушы: М.Толыбаев. – 1936–1949. – 56-б.

Бұқар жыраудың Абылайға айтқан нақыл сөздері. Жанұя, тұрмыс, тіршілік жайлы айтқаны («Бес ғасыр жырлайды». – 1989. – 100-б.)

88. 1223. БАРАҚ батыр, Абылай // Айтушы: Тұрсынбаев Бәдел. – 1946. – 94-б.

Алтайдың оңтүстік-батысы Марқакөл, Тарбағатай жері. Қалмақтың Дұланқара, Еркауыл, Қарсеңге, Бөкембай батырлары бастаған қалың қолының қазақ еліне шабуылы. Қабанбай, Барақ батырлар Алатауды бетке алып, қырғыз еліне кеткен екен. Барақ батырдың інісі Барлыбай батыр мен Айсұлу екеуінің арасындағы шынайы махаббат. Қалмаққа қарсы соғысқа Қарасеңгір, Бөгембай, Барлыбай батырлардың аттануы. Барлыбай батырдың қаза табуы. Барақ батырдың інісінің кегін қайтаруы. Абылай хан бастаған Барақ, Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек сынды қазақ батырларының қалмақтардан Алтай жерін босатуы.

89. 1226. БҰҚАР жырау (1668–1781) / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – 1907–1927.

Бұқар жыраудың 93 жасқа келгенде Абылай ханға бір жырлағаны. Соғысқа аттанар кезде тоқтатып, бейбітшілікке шақыруы. Мұнда тәлім-тәрбиелік мәні зор термелері айтылады.

90. 1227. БҰҚАР жырау (1668–1781) / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – 1907–1927. – 63-б.

Үш жүзді билеген Абылай хан ауырып, денсаулығы нашарлағанда Бұқар жыраудың айтқаны. Жыраудың үш жүзден үш кісіні құрбандыққа атағаны. Абылай ханның орындалмай қалған арманы.

91. 1229. САБАЛАҚ, Әбілмәнсұр, Абылай хан. – 1946. – 17-б.

Әз Тәуке ханның қырғызбен тату-тәтті өмір сүргендігі. Тәуке хан өліп, балалары өзара келісе алмайды. Кіші баласы Әбілқайыр Кіші жүзді, ортаншы баласы Сәмеке Орта жүзді, Әбілмәмбет Ұлы жүзді бөліп алып басқарады. Әбілмәмбетті парсы ханы өлтіріп, баласы Әбілмәнсүр жетім қалады. Оның Көкшетауға келіп Шөміш байға кез келуі. Оның Сабалақ аталуы. Бай жылқысын жұттан құтқарып, батасын алуы. Ұлы жүз ішіне Түркістанға хан сарайына келуі. Қалмақтың қазақпен соғысы. Сабалақ Абылайлап ұран сап, жауға шабуы. Абылай деп ат алып, Орта жүзге хан болуы.

92. 1230. ҚАБАНБАЙ батыр / Айтушы: Н.Байматайұлы; Жинаушы: Рахметұлы. – 1946. – 5-б. Қабанбай батырдың қырғызға қарсы елін соғысқа көтеруі. Қабанбай батыр туы астына Жантай батыр, Бөгембай батыр, Шақшақ ұлы ер Жәнібек, көкжал Барак батырлардың жиналуы. Қырғыз Әтекемен жекпе-жекке шығуы. Әтеке батырдың қызы Қабанбай батырға келіп әкесінің денесін сауғаға сұрап алуы.

93. 1231. ҚАБАНБАЙ батыр ауырып жатқанда Бұқар жырау көңілін сұрап келіп мынау сөзді айтыпты / Айтушы: Н.Байматайұлы; Жазған: Рахметұлы. – 1946. 6–7-бб. Бұқар жырау Қабанбай батырдың көңілін сұрап айтқаны. «Сендей батыр қазақта қайта тумас. Жолына үш жүз кісі, үш жүзден құрбандық шалайын», – деген екен.

94. 1232. ҚАЗАҚ ішіне қырғыздардың келуі / Айтушы: Д.Шақанов; Жинаушы: Б.Жақыпбаев. – 1946. – 8-б. Көкшетау-Ақмола экспедициясы. Қырғыз ханы Садыр бала қазақ елін шауып, малын, адамын алып кетеді. Абылай батырларымен қырғыз еліне, Алатауға аттанады. Жекетаудағы қырғыз-қазақ арасындағы келіссөз. Үш күн соғыстан кейін Садыр баланың қолға түсуі. Қырғыз бен қазақ елі арасындағы Абылай хан әділ шешімінен кейінгі бейбіт өмір.

95. 1233. ҚАЗЫБЕК би, Абылай хан, Бекболат би / Айтушы: М.Толыбаев. – 1936–1949. 30–33-бб. Қазыбектің бес баласы Бекболат, Қазымбет, Сырымбет, Базаралы, Барқы жаугершілік заманда, байқамай Абылай ханның бір үйір жылқысын ұрлапты. Бекболаттың бір бақталас биі оны Абылай ханға жеткізіпті. Абылай хан нөкерлерімен Бекболат би аулына келуі. Базаралыны байлап әкетуі. Бекболаттың інісін арашалап алуы.

96. 1235. КӨПЕЕВ Мәшһүр-Жүсіп. Шығармалары мен жинаған материалдары. – 1906–1915. – 182-б. Жетісу, Ақтабан шұбырынды. Саққұлақ балалары, арғын шежіресі, қуандық тарихы. Сайдалы ішінде өсіп-өнген қырғыз, Жәнібек батыр балалары, қара Еділ ұрпағы, Малайдан тарағандар, бәсентин, алтай ұрпағы Қаныш сопыдан, Қарадан, тұяқ ішінде Жанкелді, матай, най-

ман руы, Абылай хан, Барак батыр, Қамбар батыр, керей руы. Мұраттан Төлебайдан туғандар, Тілеуқабыл мырза, Тентек жайында бір-екі сөз, Балағазы батыр, Елтай ақын, Алданазар ұрпағы, Мейрам сопы, Қарақожаның билігі, Жанқа батырға жабылған жала, Көтеш ақынның өлеңдері. Қамар Жанақ ақын мен Орманшы ақын. Бұрынғы заман адамдары қандай болғандығы турасында, Жәмшібай мен Түбек ақынның айтысқаны, Ұмсын қыз бен Жаманқожаның айтысқаны, Ұлбике мен Жангел ақынның айтысқаны т.б. ел аузынан жинаған материалдары мен өзінің шығармалары.

97. 1239. АБЫЛАЙ аспаған Сары бел атанған жер / жинаушы: М.Ж.Көпеев. 27–38-бб. Абылай аспаған Сары бел деген жердің аталу тарихы. Оған Балапанның, Ботақан мен қаракесек Жанайдың, Бекболат би мен Едігенің, Шама төренің, Шотананың, Олжабай батыр мен балтакерей Тұрсынбай батырдың, қорған Бекше мергеннің, Жәңке би мен баласы Жанақтың қатысы. Күлік Көтеш ақынның Абылайға айтқаны. Абылайдың ханымының берген кеңесі. Қызылжардағы жәрмеңке.

98. 1240. АЯЗ БИ / Жинаған: Сәлменов. – 1937. – 1–18-бб. Ертеде Мадан деген хан уәзірлеріне «Адамның, құстың, шөптің жаманын тауып әкеліндер», – деп жарлық беріпті. Олардың жаман деп әкелген адамы тапқыр, ақылды, әділетті адам болыпты. Ханның сынағының бәрін де тапқырлықпен тауып, шешіпті. Тапқырлығына, ақылдылығына риза болған хан оған Аяз би деген ат беріп, өз орнына хан қылыпты. Аяз би халқына жаққан әділетті хан болыпты.

99. 1245. БЕКБОЛАТ би: Шешендік тапқырлық, такпақ, терме сөздер. / жинаушы: Темірғали Исмаилов. 1941. 1-б. Бекболат Қанайұлы (1714–1795). Бір жорықта Бекболат бидің кенже інісі жаңылысып Абылай ханның бір үйір жылқысын сіңіріп кетіпті. Мұны естіген хан жігітті жазаламақ болады. Осы жазадан арғын қаракесек Бекболат бидің інісін қалай құтқарғаны туралы қолжазбада толық баяндалған. Екінші бөлімде Бекболат би қартайған кезінде, арғынның жақсылары жиылып, бидің баласы Тіленшіге әкесінің орнын ұстауға бата беруі айтылған.

100. 1246. БЕКБОЛАТ би мен Абылай / тапсырған: У.Жақыпұлы. 1940. 36–38-бб. Арғын ішінде қаракесек Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат би сегіз ағайынды екен. Кенже інісінің Абылайдың жылқысын ұрлауына байланысты хан мен би арасындағы әңгіме.

101. 1247. БЕКБОЛАТ би мен Абылай ханның түйісуі: Шешендік, тапқырлық сөздер / тапсырған: У. Жақыпұлы. 1940. 38-б.

Бір жорықта Бекболат бидің кенже інісі жаңылысып, Абылай ханның бір үйір жылқысын сіңіріп кетіпті. Мұны естіген хан жігітті жазаламақ болыпты. Бекболат бидің інісіне ара түсе келуі.

102. 1248. ЖАНАЙДАР БАТЫР / Жинаған: М.Ж. Көпеев. – Ж.б. 5–11-бб.

Күлік баласы Тілеуімбеттен туған Күнтудың баласы Жанайдар батырдың «Жақсы Жанайдар» атануы. Бұқар ханы мен Абылайдың Жанайдарды сынауы. Балалары Өтеміс абыз бен Андас туралы батырдың айтқаны.

103. 1251. АБЫЛАЙ / Көшіруші: И.С. 9–15-бб.

1759 жылы Жолбарысты Ресейге жібереді. Баласы Әділ Пекинде аманат болады. Хан Іле князі Сээн-сзунмен / ген-губер. / Сайрам көлінде келіссөз жүргізеді. 1770 жылы Шату тауынан асып, Торы өзеніндегі қырғыздарды Шу аңғарына қууы. Қырғызбен Қызыл су және Шамси өзенінде болған соғыс, кейін «Жайыл қырғыны», – деп аталады. Жырақ, Ташкент, Ходжент қалаларына шабуыл жасайды. Батыр Баян қаза болатын жорықта «Шаңды жорық», «Қоржын қақпай» деген жыр шыққан. 1781 жылы Қожа Ахмет Иассауи мешітіне жерленген.

104. 1252. АБЫЛАЙ мен Андығожа батыр / Айтушы: Сағынай Ахметшаұлы; Жинаушы: К.Қоңыртаев. – 1950. – 4-б. Көкшетау экспедициясы.

Абылай мен қалмақ арасындағы елшілік. «Алдыннан жау қашқан, аузынан дау қашқан Андығожа батыр» туралы қалмақ елшісінің айтқаны.

105. 1253. АБЫЛАЙ мен Қалдан // Қазақ ертегілері. – Алматы, 1946. – Т. 1. 53–58-бб.

Қарқаралы жеріндегі Бокты, Кент тауына қатысты оқиға. Сына мен Қырғынқұштың қазақ елін паналауы. Ұлытауда Абылайдың тұтқынға түсуі. Баласы Әбжан мен Абылайды салыстыруы. Қалданның Абылайға қазақ елінің тұрмысы жайлы айтқаны.

106. 1254. АБЫЛАЙ орыспен соғысам дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы / Жинаушы: Мұхтар // «Таң». 1925. №4. 24–30-бб.

Бұқар жыраудың Абылайға береке-бірлік, орысқытай, қырғыз елдерімен тату көршілік орнату жайында айтқаны. Жиделі-Байсын, Көкшетау, Атбасар, Қарқаралы өңіріне қатысты мәлімет берілген.

107. 1255. АБЫЛАЙ туралы / Айтушы: Мұстафаұлы; Тапсырған: Бекмаханов. 4–8-бб. Қазақстан зерттеу қоғамының материалдарынан көшірме.

Абылай шыққан орта. Жетім қалып Сабалақ атануы. Қаракерей Қабанбай, қанжығалы қарт Бөгембай, қаракесек Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, еменәлі ер Жабай, көкжарлы көкжал Барақ, Шанышқылы Бердіқожа батырдың қалмаққа қарсы аттануы. Қоңырат Күлен шешеннің Абылайға айтқаны.

108. 1256. АБЫЛАЙ туралы әңгімелер / Жинаушы: К.Қантарбаев. – 1950. – 3-б. Көкшетау экспедициясы.

Абылайдың өзі өмір сүрген ортасы мен уақытындағы халықтың жағдайына көзқарасы.

109. 1257. АБЫЛАЙ туралы жинақ / Абайдың аузынан естіп, жазып сақтаған: Мұсылманқұл Жиреншин. – Ж. б. 4–6-бб.

Абылайдың Төле бидің қолында тұрған кезі, жастық шағы. Қазақтардың қалмақпен соғысына қатысып, Бөгембай батырдың орнына жекпе-жекке шығуы. Әбілмәмбет ханмен кездесуі.

110. 1258. АБЫЛАЙ хан. (2-ші вариант) / Жинап тапсырған: Б.Бауқенұлы. – 20–39-бб.

Абылай мен Қалдан тұсында қазақ-қалмақ жиі жауласқан. Күйеу баласы Шарыш пен Шекеман батыр қазаққа аттанады. 1731 жылы Ұлы жүзден Қангелді Дулат, Орта жүзден Әбілмәмбет хан және Кіші жүздің жиналуы. Сабалақ бата алып, жауға қарсы аттанады. Абылайлап ұран сап, қалмақ батырлары Шарыш пен Шекеманның басын алып, Әбілмәмбет ханға келеді. Атам Абылай, атам Уәли, өз атым Әбілмансұр. Арғын Шақшақұлы Жәнібектен бата алуы. Жәнібек, Доғалақ батыр, Төле би, Есұлы Алпысбай, Қазыбек би. Көкшетау жеріне ордасын тігуі. Уақ Өтеген батыр мен Абылай ханның қалмаққа тұтқынға түсуі. Генерал-губернатор князь Тевкелев қалмаққа майор Миллерді жіберуі. Арғын Қаракесек Тоғалақ батырдың қалмақ батырымен жекпе-жекке шығуы. Қалмақтан қыз алуы.

111. 1259. АБЫЛАЙ хан. (2-ші вариант) / Жинаушы: Б.Бәженұлы. – 20–39-бб.

Қасым, Кенесары, Наурызбай.

112. 1260. АБЫЛАЙ хан әңгімесі / Жинаған: Бекташ Сабдол. – 16–38-бб.

Абылайдан кейін Ғұбайдулланың хан болуы мен орыс тұтқынына түсуі. Қасым хан мен Саржан, Кенесары, Наурызбай, Есенкелді, Рүстем сұлтандармен бірге Қарақас ханым, Бопай ханым туралы. Төрелердің Қоқанға келуі. Ташкенттің бегі Беглербектің Саржан өліміне қатысы. Орыс патшасына жазылған хат. Қоқан әміршісі Бала хан, Заға үйсін, Сағындық би есімдері аталады. Төрелердің Ор тауына шабуылы. Ғұмар хан мен Абылай арасындағы қарым-қатынас, саяси бірлік.

113. 1261. АБЫЛАЙ хан туралы әңгіме / Айтушы: С.Ахметжанұлы; Жинаушы: К.Қантарбаев. – 1950. папка. Көкшетау экспедициясы.

Орыстардың Арқаға келуі. Өзбек, Бұхар хандарының Арқаны өздеріне бағындыру үшін жүргізген діни әрекеті. Абылайдың ішкі-сыртқы саясаты.

114. 1262. АБЫЛАЙ ханның балалары / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – 1–3-бб.

Абылайдың көп әйелінен тараған ұрпақтары. Қарауыл қызы әйелінен бір қыз, қарақалпақ әйелінен Шыңғыс, Әділ, Ишем сұлтан; сарт қызы әйелінен Рүстем, Шекен, Сыдық, Әбубәкір, Шабдулла; Қожа қызы әйелінен Құсам, Арық, Тоқ; және қарауыл қызы әйелінен Шығай, Таған, Сүйік; қалмақ қызы Топыш сұлудан Қасым хан. Осы көп баланың ішінде Абылайлап жауға шапқан Қасымның ұрпақтары Саржан, Кенесары, Наурызбай, ең ақыры Сыздық төре. Қалмақтан шапқыншылықта олжаға түскен әйелінен Шама төре; және қалмақтан олжалап алған тоқалынан Толан төре. Тоқ төреден Бірәлі төре, одан Шалғынбай төре; Шама төреден Басқын, Есім, Қарамахан, Жәңгір, Уатай, Досым, Самрат, Есім хан, Сыздық төре. Көтеш ақын туралы материал берілген. Әділ мен Нұрлыға байланысты Тезек, Оймақ төре, Сарыбай Әбілпейіз, Самай, Мамай аталған. Уәлиден соң Әбәйділде хан болған.

115. 1263. АБЫЛАЙ ханның бір жорығы балтакерей Тұрсынбайды сынағаны // Қазақ ертегілері. – Алматы, – 1946. – Т. 1. – 59–61-бб.

Абылай мен балта-керей Тұрсынбай батырдың Бетпақдаладағы кездесуі. Ханның батырды сынауы.

116. 1264. АБЫЛАЙ ханның қалмақты аударғаны / Айтушы: Күдеріқожа Көшекұлы; Жинаушы: Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. – 1–4-бб.

Еділ мен Жайықтан Серен бастаған қалмақ қолының өтуі. Ұлытаудағы ұрыс. Абылайдың қалмақты женуі. Малай жәдігерден шыққан Егіз, Тайым батырлардың қатысы. Дайым төре.

117. 1265. АБЫЛАЙДЫҢ ажалы // Қазақ ертегілері. – Алматы, – 1946. – 65–68-бб.

Абылайдың қалмақпен, шүршітпен, орыспен жүргізген саясаты. Сыздық сұлтанның Түркістанды билеуі. Бұқар жыраудың түс жоруы. Ханның Самарқантқа сапары. Абылайдың ажалы. Шымкент, Сайрам билеушісі Абдырақман сарт. Арыс бойында Бұқар жыраудың өлеңіне байланысты Абылайдың айтқаны. Септен, Итқара. Сұлтан деген кісілердің хан өлімін Сарыарқадағы жанұясына естіртуі. Абылайдың сарт әйелінен туған балалары: Рүстем, Шекен, Сыздық, Әбубәкір, Әбділдә.

118. 1266. АБЫЛАЙДЫҢ өз түсін жоруы / Айтушы: Сағынай Ахметжанұлы; Жинаушы: К.Қаңтарбаев. – 1950. – 3-б. Көкшетау экспедициясы.

Абылай өзінің көрген түсі арқылы халқының, ұрпақтарының болашағын болжауы.

119. 1267. АБЫЛАЙДЫҢ соңынан ерген батырларын сынауы. / Айтушы: Сағынай Ахметжанұлы; Жинаушы: К.Қаңтарбаев. – 6-б. Көкшетау экспедициясы.

Абылайдың Ораз немересі Сапақты сынауы.

120. 1272. БАЙДАЛЫ би: Шешендік, тапқырлық

сөздер / Жинаушы: Қали Жақанұлы. – Ж.б. – 1–10-б.

Байдалы бидің Абылай хан мен Төле бимен кездесуі қысқаша берілген.

121. 1273. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. Абылай ханға Бұқар жыраудың айтқан толғауы / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 36–57-б.

«Он сан алаш баласы...» өзіме қарап тұрғанда, орыспен соғыспа дегені. Абылайдың шыққан тегін есіне салып сабасына түсіруі.

122. 1274. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. Бұқар жырау Абылай ханға келеді / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 19–20-бб.

Бұқар жыраудың Абылай ханға келуі. Ханның қасындағы нөкерлері қымызды жасырады. Сонда, Бұқар жырау айтқаны: «адам қартаймайтындай, жастық шақ өтпейтіндей болады, бірақ ажалдан ешкім құтылмақ емес».

123. 1275. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. Бұқар мен Жәнібек / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 58–59-бб.

Қалмақпен соғыста Абылайдың он екі жасар Жаныбай деген баласы өледі. Баласының қазасын естіруге үш жүз ақылдаса келе, Бұқар жырауға тоқталады. Бұқар өз жолын Жәнібекке береді. Жәнібектің сонда ханға айтқаны.

124. 1277. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. «Ей, Абылай, Абылай...» / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 28–29-бб.

Абылайды үш жүзге хан көтеруі. өмір жолы айтылады.

125. 1278. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. «Ей, Абылай, сен он бір жасыңда...» / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 20–28-бб.

Бұқар жыраудың жастық шақ, кәрілік жайлы Абылайға айтқан ой-толғамдары. Жаныс Қарабайдың Абылайға қалмақ шапқыншылығында ел қорғаған батырлар – Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақұлы Жәнібек, сіргелі қара Тілеуке, қарақалпақ Құланбек, Естербек, шапырашты Наурызбай, құдайменде Жібекбай, Сеңгібай мен Шүйбекбай, Таңсық қожа Мамыт, Қасқарыұлы Молдабай.

126. 1279. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. Жыраудың айтқан сөзі / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 32–36-бб. «Он сан алаш билігі хан абылай өзінде...», құдайдың бергеніне қанағат ет. Соғыспа, елінді, жерінді ойла. Орыстар Қарқаралы, Нұра, Есіл бойына, Созаққа, Баянауылға қорған, қамал салуда, содан сактан, дегені.

127. 1280. БҰҚАР жырау Қалқаманұлы. Сондағы Бұқар жыраудың айтқан сөзі / Жинаушы: М.Бөжеев. – Алматы, – 1957. – 60–85-бб.

Бұқардың Көкшетау, Жарқайың, Қарқаралы, Баянауыл, Қызылтау бекінісі, Нұра, Есіл өзендерінің

ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАР

бойындағы орыс қамалдарының салыну себебі жайлы Абылайға айтқан толғанысы. Адамдық, имандылық, Абылайдың шыққан тегі, шүршіт пен қырғызбен ынтымақтастығын нығайтуы, ел бірлігі жайлы айтқан ой-толғамдары. Жәнібектің, Бұқар жыраудың Абылайға баласы Жаныбай өлімін естіртуі.

128. 1282. БҰҚАР жыраудың Абылай ханға айтқан толғауы / Жинаған: Р.Жаманкүлді // «Таң». – 1925. – №3. – 18-б.

Абылай хан мен Қаракерей Қабанбай батыр арасындағы қарама-қайшылық. Абылай мен Бөгембай бастаған жорықты тоқтату үшін айтқан Бұқардың толғауы.

129. 1283. БҰҚАР жыраудың сөздері / Жинаушы: М.Бөжеев. – 1957. – 8–19-бб.

Бұқар жырау Қаржас ішіндегі алтынторы Қалкаманның баласы. Абылай ханның ақылшысы, атакты жырау. Бұқардың айтқан өсиет, тілектері.

130. 1284. ЖЕКЕ батыр: Шешендік, тапқырлық сөздер / Бастырушы: Ыбырай Қасенұлы. «Таң» журналы. – 1925. – №2. – 113–114-бб.

Абылай ханның тұсында арғын мен тобықтының арасында бір үлкен жесір дау болып, әр рудың билері жиналып, осы дауды шешпек болғанда, бір жас бала келіп мен шешейін деп сұранып, төрелік айтады. Абылай хан оған Жеке би деп ат қояды. Шыбынтай би баланы ертіп кетіп бара жатқанда, Жәнібек бидің баланың болашағын болжап айтқаны.

131. 1285. ҚАЗ дауысты Қазыбек би: шешендік тапқақ сөздер / Жинаушы: Ералин. – 1941. – 1–2-бб. Қазақстан зерттеу қоғамынан.

Абылай ханның заманында қалмақ ханы Қоңтайшы қазақ жерін шауып алады. Көп олжа, екі жүздей әйелді әкетеді. Қалмақтарға елшілікке Айдабол бидің баласы Сары батыр, Тайкелді, қаракесек Келдібек бидің он алты жасар баласы Қазыбек барады. Қалмақ ханы жас Қазыбектің сөзіне тоқтап, шапқыншылықта алған олжаларын қайтарып беріпті. Қазыбекті «Қаз дауысты...» деп атапты.

132. 1286. ҚАЗАҚ ішіне қырғыздардың келуі / Жинаушы: Д.Шақанов. – Ж.б. – 25–30-бб.

Қырғыз-қазақ арасындағы жер дауы. Қырғыз ханы Садыр баланың қазаққа шабуылы. Абылай хан, Шақшақұлы Жәнібек, Андығожа батырлардың Алатауда қырғызбен соғысы. Абылайдың ақ туын көтерген Бәйімбет туралы мәлімен. Қырғыз-қазақ арасындағы елшілік және бітімге келуі. Садырбаланың қолға түсуі.

133. 1287. ҚАНЖЫҒАЛЫ қарт Бөгембай өлгенде Сүйіндік, Бұқар жыраулардың Абылай ханға естірткені / Жинаушы: М.Бөженов. – Ж.б. – 1957. 4–7-бб.

Бұқар жыраудың Абылай ханға үзенгілес серігі, батыр Бөгембайдың өлімін ескертуі. Тарбағатайдан қалмақты асырып, Ақшаулыны найманға қоныс етіп әперген.

134. 1290. ОРМАНБЕТ бидің Абылайға айтқаны / Жинаған: Бекіш Исаұлы. – 1962. – 68-б. Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облысы.

Орманбет бидің Абылай ханға тұрмысын таныстыруы.

135. 1291. ОРМАНБЕТ бидің Абылайдың батырларының бірі / Жинаушы: А.Данияров. – 1947. – 4–6-бб. Омбы экспедициясы.

Абылайдың Ташкентке кетуіне байланысты оқиға. Оспан батыр мен төрт ата қарауыл Нұр, Қоныспай батырлардың арасындағы шиеленіс. Кешубай Шалқарындағы жекпе-жек. Оспан мен Абылай өлімі. Абылайдың асындағы Уәли ханның бітімі.

136. 1306. АБЫЛАЙ хан (өлең) // Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. СПб., – 1870. – Ч. III. – С. 69–71.

Абылай хан туралы үш бөлімнен тұратын әңгіме. 1-бөлім. Абылай хан 40 би мен қызын Бұқар ханға жіберуі. Бұқар хан мен қырық би арасындағы «Абылай хан тегі» туралы әңгіме. 2-бөлім. Қазақтың ханы Абылай Керейдің Бота ханын тірідей көрге көмеді. Бота хан жүрегі жарылып өледі. Арғын, найман рулары. Қазыбектің асулы қазанды алып кетуі. 3-бөлім. Абылай ханның орысты, қалмақты және шүршікті жеңген ерлігі туралы жыр.

137. 1533. ТОБЫҚТЫ Құнанбай сөзі (Абайдың әкесі): XIX, XX ғасырлар ақындардың өлеңдері мен шешендік сөздері / Жинап тапсырған: Қыздарбек Қазыбеков. – 1937–1938. – 17-б.

Абайдың әкесі Құнанбайдың өмірі туралы дос туралы айтқан сөзі.

138. 2014. АЛШЫНБАЙДЫҢ Бөкей ханға айтқаны / Жинаушы: Бозтай Жақыпбаев. – 1947. – 10-б.

Алшынбайдың бұл өлең жолдарында Бөкей ханына деген наразылығы, реніші көрсетілген.

139. 2034. БАРАҚ батыр / Жинаушы: Жақсыбекұлы. – 1937. – 3–4-бб.

Барактың шекара маңындағы Қарағаш деген жерден орыстың Қытайға кеткен малын қайтаруына қатысты оқиға. Құнанбай, Қалдан есімдері аталады.

140. 2046. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ: Исатай, Махамбет. – 1–9-бб.

1731 жылы Кіші жүз бен Орта жүздің осы күнгі Торғай, Орал, Бөкейлік елдердің орысқа қарауы. Қазақтардың патша үкіметімен, қалмақ, өзбек, түрікмен елдерімен арақатынасы. Абылай, Әбілқайыр, Баймағанбет Айшуақұлы, Нұралы, Арыс-

тан, Бөкей, Ықылас, Мұрат ақын Бөкей есімдері аталады. 1816 жылы Бөкей өлімінен кейін Жәңгірдің ел басқаруы. Беріш Қуан жыраудың Исатай көтерілісіне көзқарасы адай, әлім руларының Ресейге қосылуға қарсылығы туралы мәлімет берілген.

Патша үкіметіне қарсы 1785–1800, 1830–1845, 1869–1870 жж. көтеріліс. Көтеріліске Исатай, Махамбет, Есет батыр, адай руынан Құдайбай, Қолбарақ, Дауыншар, Сүйінқара батырлардың қатысы. Қилы өзені маңында орыс әскері мен болған қақтығыс. 1838 жылы Исатай, 1745 жылы Махамбеттің өлімі. Исатай мен Махамбет батырлардың шыққан тегі.

141. 2048. АБЫЛАЙ туралы / Айтушы: Мұстафаұлы; Тапсырған: Е.Бекмаханов. – Ж.б – 9-б. Қазақстан зерттеу қоғамының материалдарынан көшірме.

Баласы Қасымның өліміне халықтың қайғыруы. Арғын, Шоқай батырлардың Қасымның ұлы Кенесары деп ат қоюы.

142. 2049. АБЫЛАЙ ханның балалары / Жинаушы: М.Ж.Көпеев. – Ж.б. – 4–9-бб.

Наурызбай Кенесары хан шежіресі. Саржан төреге қатысты мәлімет. Түркістандағы медресе. Есіл, Нұра және Қаратаудағы оқиғалар. Алтыбас Балқожа Жаманқара манаптың өлімі. Қырғыз манаптарының Кенесарыға көзқарасы. Шабдан Жантаевқа Ахмет Төренің патшаның таққа отыру мәжілісінде айтқаны. Қырғыз тұтқынынан Наурызбайдың қашып шығуы. Наурызбайдың Кіші жүзден Қаратауға қайтуы. Қазақ-қырғыз арасындағы саяси байланыс.

143. 2084. КЕНЕСАРЫ-Наурызбайдың әдебиеттегі бейнеленуі: Кенесарының Дулатқа келуі / Айтушы: Жамбыл. Жамбылдың есте қалған әңгімесінен. – Ж.б. – 329–331-бб. – Қ. 1331.

Бұл әңгімеде Кенесары, Наурызбайдың, батырлығы, Ақмола, Ақтау, Адырлы қалаларын патша әскерлерінен азат етуі; Сарыарқадағы соғысы, Көкшетау, Есіл, Нұра, Баянауыл, Қарқаралы жерлерін қорғауы туралы; Патша әскерлері Сарыарқаға тұрғызбай мазасын алған соң, әуелі Балқашта, Іле бойында, сонаң соң Шу бойымен өтіп, Қордайда шапырашты Тайшыбек батырдың ауылына тоқтағаны туралы айтылады. Батырға амандасуға дулаттың батыры Сыпатай, шапырашты батыры Саурық, Сұраншы, қоңыраттан Байұзақ, төре Рүстем, Байсейіт батырлардың келгендігі туралы айтылған.

144. 4724. АБЫЛАЙ хан туралы заманындағы үлгілі сөздер // шешендер сөзінің антологиясы. – 59–66-бб.

Қыпшақ Таймас, Жуас, Ордабай би, Бекболат би, Тіленші, Базаркелді, Жанай, Ботақан, Шота-

ма, Жанак, Катем, Андықожа батыр, Кәдегей батыр есімдеріне байланысты мәліметтер берілген. Абылайдың ел басқару ісі мен қарапайым халықпен байланысы.

ҚОҢТӘЖІ – қытайша «тақ мұрагері» дегенді білдіретін «хуан тай-цзы» деген сөздердің ойратша сәл бұрмаланған түрінің қазақша айтылуы. Әдебиеттерде «Қоңтәжі», «Қоңтайшы» түрінде жазылып келеді. Ресей құжаттарында бұл атау 17 ғасырда Жоңғар хандығының негізін салушы Чорос ханы Хара-Хулань (Қарақұла) Хотохочин деген ұлын Баатур Хунтайжи (1630–1757) деп лақап атпен атауға байланысты шыққан деген жорамал бар. Содан бері жоңғар билеушілерінің есіміне қосылып, хан дәрежесіне синоним ретінде айтылып келген. Жоңғар хандығын одан кейін билеген Сыбан Раптан (еуропалықтарша Цеван Равдан), Қалдан Серен (Ғалдан Серен) Қ. лауазымын иеленген. Қазақ түсінігіндегі «хан» дегенге балама. Іс қағаздарында Еділ қалмақтарынан жоңғарларды айыру үшін Қ. қалмақтары деген атау қолданылған. Жаркентте құйылған мыс теңгелерге (пұл) «Сыбан хун-тай-чи», «Қалдан Черен» деп араб әліптерімен ойылып жазылған.

Әдеб.: Петровский Н. Загадочные яркендские монеты. // Записки Восточного отделения имп. Русского археологического общества. Т. 7. СПб., 1893, С. 307.; Златкин И. Я., История Джунгарского ханства (1635–1758), М., 1964.

ҚОНАЕВ Дінмұхамед Ахметұлы (12.1.1912, Алматы қ. – 22.8.1993, сонда) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым. Қазақстан ҒА-ның акад. (1952), тех. ғыл. докт. (1969), үш мәрте Соц. Еңбек Ері (1972, 1976, 1982). 1936 ж. Мәскеудегі



Д.Қонаев

Түсті металдар және алтын ин-тын бітірген. 1936–42 ж. Балқаш, Алтай, Риддер, Лениногор кен орындарында басшы қызмет атқарған. 1942–52 ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары болды. 1952 ж. сәуірде Қазақстан ҒА-ның президенті болып сайланды. 1955–60 және 1962–64 ж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің

ҚОҢЫРАТ

Төрағасы. 1960–62 ж. және 1964–86 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы болды. Қ. өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты. Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр ст., Павлодар трактор з-ты, т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Маңғыстаудың мұнай кен орындары игерілді, теміржол құрылысы, көлік түрлері дамыды. Республика титан, магний, синтетик. каучук өндіре бастады. Электротех., машина жасау, химия салалары тез дамыды. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай обл-тары шаңырақ көтерді. Қ. Алматы обл-ның Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы каналын салуға ерекше көңіл бөлді. Алайда Қазақстан экономикасы, жалпы алғанда, Одақ үшін шикізат базасы бағытында дамыды, мұнда көп жағдайда өнім шығаруға қол жетпеді. Қ. әдебиет пен өнердегі, мәдениет пен ғылымдағы ахуалды әрдайым бақылап отырды. Республикаға Қ. басшылық жасаған тұста Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Ол Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМУ (қазіргі ҚазҰУ) қалашығы, Арасан сауықтыру орт., Медеу спорт кешені, т.б. ірі ғимараттар бой көтерді. Алматыны тасқыннан қорғау үшін Медеу сайында үлкен бөгет жасалды. Қ. дипломат. сапармен Қытай, АҚШ, Алжир, Уругвай, Иран, Италия, Үндістан, Корея, Египет, Болгария, Жапония, т.б. мемлекеттерде болды. 1986 ж. 16 желтоқсанда өткен Қазақстан Компартиясы ОК-нің пленумы КОКП ОК-нің өкілі Г.Разумовскийдің ұсынысымен Қ-тың орнына ҚКП ОК-нің 1-хатшысы етіп Г.В. Колбинді сайлады. Қ-тың орнына өзге ұлт өкілінің тағайындалуын қазақ халқы ұлттық кемсітушілік ретінде қабылдады. Мұның соңы КСРО-дағы ұлт саясатына қатысты халық көңілінде қордаланған наразылықтардың сыртқа шығуына алып келіп, Желтоқсан көтерілісіне ұласты. КОКП ОК Қ-ты көтерілісті ұйымдастырушылардың бірі деп санады. Сөйтіп, 1987 ж. 26 маусымдағы пленумда Қ. «Қазақстан Компартиясы ОК-нің 1-хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП ОК-нің мүшелігінен босатылды. Көп кешікпей, ол ҚКП ОК-нің мүшелігінен де

шығарылды. Қ. қайтыс болғаннан кейін Қазақстан ҒА-ның Тау-кен және түсті металлургия ин-тына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Қ. есімі берілді. Алматыда Қ. атынд. ун-т бар. 1992 ж. 13 қарашада Алматыда «Халықаралық Қонаев қоры» құрылды. 2002 ж. 12 қаңтарда Алматы қ-нда Қ-тың мұражай-үйі ашылды. Қ. өмірінің соңғы сәтін өткізген Алматы обл. Алакөл ауд-ндағы Ақши а-нда (Жетісу қақпасы) 2003 ж. 15 тамызда арнайы құлпытас орнатылды.

Шығ.: Развитие открытых горных работ в Казахстане, А., 1964; Совершенствование технологии горных работ на карьере Соколовско-Сарбайского горнообогатительного комбината, А., 1966; О моем времени, Книга воспоминаний, А., 1992; От Сталина до Горбачева (в аспекте истории Казахстана), А., 1994; Ақиқаттан аттауға болмайды (естелік-эссе), А., 1994.

К.Нұрпейіс

ҚОҢЫРАТ – Орта жүз құрамындағы тайпа. Түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың этник. тарихында Қ. тайпасының орны ерекше. Қ. тайпасы көтенші, көктіңұлы деген екі үлкен бірлестіктен тұрады. Көтеншіден – жаманбай, аманбай, жетімдер, божбан, саңғыл тараса, көктіңұлынан – байлар, жандар, аққой, оразгелді, тоқболат, қаракөсе, құлшығаш ұрпақтары өрбиді. Қазақтардың құрамына кірген Қ-тар 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанның оңт-нде мал ш-мен айналысқан. Жаз айларында солт-тегі Қорғалжын к-не дейінгі аумақта жайлауға шығып отырған. Моңғол, араб, парсы деректері және Қытай авторлары бұл тайпаны ежелгі қият тайпасы және моңғол үстіртін мекендеген олхонут, хонхират руларымен байланыстырады. Осыған орай, бірқатар зерттеушілер (В.В.Бартольд, Д.Оссон, Б.Сайшаал, т.б.) Қ-тарды моңғол текті тайпа деп есептейді. Дегенмен кейінгі зерттеулер және түркілер арасындағы «Қ.» этнонимі бұл тайпаның моңғолдармен байланыстылығын теріске шығарады. Қ-тар 12–13 ғ-ларда көршілес моңғол тайпаларымен тығыз байланыста болды. Мыс., Шыңғысханның шешесі Қ. тайпасынан болатын және мұрагерлері (Жошы, Шағағай, Үгедей, Толы) үлкен әйелі Бөртеден туған балалар еді. Бөртеде Қ. қызы. Қ. тайпаларының қалыптасуында моңғол-Қ. элементтері елеулі болды, бірақ олардың негізгі бөлігі түркі рулары еді. Қ-тар Дешті Қыпшақтың сол қанаты есебінде Темір әулетіне қарсы күресте Әбілхайыр ханды қолдады. Осындай саяси тартыстар салдарынан Шайбани әулетімен бірге Мауереннахр хандығының негізін салып, кейінірек қарақалпақ халқының құрамына енді. Жәнібек пен Керей бастаған топ көшпелі өзбек мемлекеті құрамынан ауа көшкенде Қ-тардың бір бөлігі олармен бірге Бат. Моғол-

станға келіп орнықты. Ш.Ш.Уәлихановтың жазуынша, Қ. тайпасы 19 ғ-дың басында Қаратау, Талас, Ташкент, Бұхара, Қоқан маңына тұрақтаған. Сөйтіп Қ-тар Қазақстан мен Орта Азия жеріндегі түркі тілдес тайпалармен араласып, қазақ, өзбек, қарақалпақ, ноғай, башқұрт халықтарының құрамына еніп, сіңісіп кетті. М.Тынышбаевтың еңбектеріне қарағанда, Қ-тардың Қазан төңкерісіне дейінгі жалпы саны 310 мың адам болған. Олардың 100 мыңы Бұхара маңында, 90 мыңы Түркістан у-нде, 30 мыңы Перовск (Ақмешіт) у-нде тұрған. Түркі халықтарының тарихында Қ-тардың үлкен қызмет атқарғанын Қ. тайпасынан шыққан Алпамыс батыр туралы эпостың түрлі нұсқаларының болуы дәлелдейді. Бұлар – қазақтар мен қарақалпақтардың «Алпамыс», өзбектердің «Алпамыш», башқұрттардың «Алпамыш пен Барсын Хылду» эпостары, татарлардың батырлық ертегісі «Алпамша», алтайлықтардың «Алып-Манаш», қырғыздардың «Манас» эпосы. Таңбасы – П – «босаға таңба», ұраны – «Алатау», «Мүкәмал» болып келеді.

Әдеб.: Аристов Н., Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей, СПб., 1897; Арғынбаев Х., Мұқанов М. С., Востров В. В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000; Қинаятұлы З., Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: XI–XII ғ., Астана, 2001.

Е.Тұрғынбаев

ҚОҢЫРАУЛЫ НАЙЗА – басына қоңырау тағылған найза. Найзаға әскери белгі ретінде кішкене қоңырау тағу дәстүрі көне түркі заманынан қалған. Көне тас петроглифтерде Қ. н. ұстаған жауынгерлер бейнесі жиі кездеседі. Мұндай найзалар қазақ ауыз әдебиетінде, жыраулар поэзиясында жиі сөз етіледі («Қоңыраулы найза қолға алып, қоңыр салқын төске алып, қол төңкерер ме екенбіз?», Ақтамберді жырау). Көшпелілер өркениетінде кәсіби әскерилер ретіндегі батырлар ин-тының жойылуына байланысты Қ. н. ұстау дәстүрі 19 ғ-да қолданыстан шығып қалған.

Қ.Ахметжан

ҚОҢЫРҚҰЛЖА Құдаймендеұлы (18 ғ-дың соңы – 19 ғ.) – сұлтан. Әкесі Құдайменде Орта жүзде Обаған мен Есіл арасындағы аймаққа билік жүргізді. 1820–30 ж. алдымен Ғұбайдолла, кейіннен Саржан сұлтандар Ресейге қарсы бас көтерген кезде Қ. өкімет әскеріне көмектесті. 1832 ж. Ақмола окр. ашылғанда, оның алғашқы аға сұлтаны болып сайланды. 1837–47 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысушылардың басты жауларының бірі болды. **ҚОРАМСАҚ**, қ о р а м с а, қ о р а м – садақ оғы (жебе) қабының бір түрі. Түркі халықтары 13 – 14 ғ-дан бастап кеңінен қолданған. Қазақ

жауынгерлері Қ-ты 19 ғ-ға дейін қолданған, ол әскери жабдық ретінде ауыз әдебиетінде жиі айтылады. Қазақтар қолданған Қ-тардың ұзындығы 50 – 60 см, ені 15 – 20 см болды. Садақ оқтары басы төмен қаратылып салынған. Қ-тар матадан, жұмсақ былғарыдан, көне теріден жасалынып, беттерін ою-өрнекпен, оюланған металл (алтын, күміс, жез) жапсырмалармен әшекейленген. Ертеде Қ-қа жауынгерлік белгі ретінде қабыланның құйрығынан, аттың қылынан шашақтар таққан.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Вооружения киргизов в древние времена и их военные доспехи // Соч. соч., т. 1, А.-А., 1972; Қ а й д а р о в А. Г., Доспехи и вооружения воина – батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // Известия АН КазССР, Серия общественная, 1973, №6.

Қ.Ахметжан

ҚОСАН МЫРЗА – Абылай дәуіріндегі белгілі адам. 1743 ж. Абылай хан Орынбор губернаторына хат жазып, «...өзіне және ағалар Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандарға Орынборға сауда жасауға» рұқсат беруді сұрайды. Бұл – қазақ-орыс қатынастарында сауда байланыстарын мемл. деңгейде көтерген тұңғыш қадам еді. Абылайдың бұл хатын апарған – қазақтың алғашқы ресми елшілігінің құрамындағы Есім ханның ұлы, Абылайдың немере інісі Жолбарыс сұлтан, оның қасында Бекболат батырдың ұлы Елшібай, Қ. мырзаның інісі Байдәулет және Ізбасар деген азаматтар. Хаттың және көтерілген мәселенің мазмұнына қарағанда алғашқы елшілік құрамы беделді-беделді ел ағаларынан мұқият іріктелген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 144-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚОСҚҰЛАҚ Керейұлы (шамамен 1728–1800) – би. Ырғыз өз. бойында өмір сүрген. Ресей патшалығында аманат ретінде отырған Әбілқайырдың ұлы Қожахметке барып, ел жағдайын, ханның өсиет тапсырмасын жеткізген. 1748 жылдың 6 қазанында А.И.Тевкелевке Бопай ханым өзінің ұлы Нұралы сұлтанды хан сайлау туралы ұсыныс жасап хат жолдады. Осы ұсынысты мақұлдап, бекіткен Нұралы сұлтан хат соңында қол астындағы 5 руының белгілі адамдарын жіберіп отырғанын және өздеріндегі Қ. биді қайтаруын өтінген.

«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ» – Қостанай обл. газеті. Алғашқы саны 1922 ж. «Ауыл» деген атпен шықты. РК(б)П Қостанай губ. к-тінің органы болды. Алғашқы ұйымдастырушы әрі редакторы – М.Сералин, жауапты шығарушысы – Б.Майлин. Кейін «Социалды ауыл» (1931–36 ж.), «Большевиктік жол» (1936–53 ж.), «Коммунизм жолы»

ҚОСЫМҚОЖА

(1953–63 ж.), «Коммунизм таңы» (1966–91 ж.) деген атпен шықты. 1991 жылдан «Қ.т.» деп аталады. Аптасына 3 рет шығады. Газеттің бұл күндегі бас редакторы – Жайберген Болатов. Газетте А.Әбсадықовтың «Абылай және Шақшақ Жәнібек», Ә.Жүсіпұлы мен Б.Әденұлының «Шақшақ Жәнібек» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ҚОСЫМҚОЖА Мүсірәліұлы (1710–1780) – діни қайраткер. Сыр өңірінде туып өскен. Кіші жүздің керейт руынан шыққан. Әкесі Мүсірәлі Тәуке ханның «Жеті жарғысын» жасауға қатысқан. Қ. қазақ-орыс қатынастарының орнығуына белсене атсалысқан. Сыр бойы мен қарақалпақ еліне ислам дінін уағыздаушылардың бірі болған.

Әдеб.: Қазақ ССР тарихының материалдары, А., 1940; Записки о Бухарском ханстве, М., 1983; Нұртайұлы С., Дін кереметі, А., 1997.

Т.Дайрабай

ҚОСЫН – орта ғасырлардағы түркі-моңғол жауынгерлік жасағы.

ҚОТАН, Қ о т а н б а й (т.-ө.ж.б.) – би. Қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі. Арғын тайпасының ақындары оны өздерінің түп атасы деп санады. Бұқар жырау: «Бәрімізді сұрасаң, Қотан байдың баласы, арғындардың сабасы. Қарақожа бас болып, Қабыл да болған дуасы», Көтеш ақын: «Біздердің түп атамыз ақын Қотан, Өзгеден өлеңге үстін болса керек» деп жырлаған. Шежіре бойынша Қ-ның баласы Дайырқожаны (Ақжол би) Қобыланды батыр өлтіргенде (шамамен 1456–59), арғындар өзбек ханы Әбілхайырдан бөлініп, Жетісуға көшкен. Қ. биден қалған әдеби мұра – баласына айтқан жоқтауы. Қ. би туралы Ш.Ш.Уәлиханов, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Г.Н.Потанин, Н.Я.Коншин, М.Шорманов, М.Тынышбаев, М.Мұқанов, Х.Арғынбаев, М.Сәрсеке, Ш.Қуанғанов, т.б. шежірешілер мен зерттеушілер еңбектерінде түрлі деректер кездеседі.

Әдеб.: У а л и х а н о в Ч. Ч., Киргизское родословие, Собр. соч., т.1, А., 1961; М ә ш һ ү р Ж ү с і п К о п е й ұ л ы, Қазақ шежіресі, А., 1993.

Ж.Сүлеймен

ҚОШАНОВ Аманжол Қошанұлы (11.10.1934 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Алқағаш а.) – экономист-ғалым, экономика ғыл. докт. (1979), Қазақстан ҒА-ның акад. (1989), еңб. сің. ғыл. қайраткері (1994). Мәскеу мемл. ун-тінің экономика ф-тін (1957) бітірген. Ақтөбе кооп. техникумының (1957–59), Қазақстан ҒА-ның Экономика ин-тының директоры (1959–89). ҚР ҰҒА-ның вице-президенті (1989–2003). Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыттары: ұлғаймалы ұдайы өндіріс және индустр. өсу теориясының өзек-

ті мәселелері, аймақтық экономиканың әлеум.-экон. мәселелері, Қазақстанда нарықтық қатынастардың қалыптасу теориясы мен әдістемесі. Қ. өтпелі экономика жағдайында Қазақстанда меншік қатынастарының өзгеруі, кәсіпкерліктің дамуы, ұлттық экон. мүдделер жүйесі, жаһанда-



А.Қошанов

ну және аймақтық интеграция жағдайында экономиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде іргелі ғыл. зерт-лер жүргізіп, бұл мәселелер бойынша ғыл. бағдарлама жасауға атсалысты. Ол экон. теория бойынша өзіндік ғыл. мектебін қалыптастырды. ҚР ҰҒА Экономика ин-тының жанындағы докт. дисс-лар қорғау жөніндегі арнаулы кеңестің төрағасы, ҚР ҰҒА Төр-алқасының жанындағы ғыл. сараптамалық кеңестің төрағасы, Экон. реформа жөніндегі ғыл. кеңестің тең төрағасы, ҚР Президенті Аппаратының ғыл. сарапшысы, ҚР Президенті жанындағы Мемл. саясат жөніндегі ұлттық кеңес комиссиясының мүшесі. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйлығын алған (1983).

Ш ы ғ .: Формирование регионального комплекса отраслей группы Б, А.-А., 1988; Экономические основы и политика разгосударствления и приватизации собственности в Республике Казахстан, А., 1993; Формирование системы акционерных отношений в Республике Казахстан, Формирование государственного предпринимательства в Республике Казахстан в условиях смешанной экономики, А., 2000; Отношения собственности в рыночной трансформации Казахстана, Аст., 2003; Отношения собственности и функционирование индустриальных предприятий, Астана-Караганда, 2004.

М.Шорманова

ҚОШҚАРБАЕВ Рақымжан (19.10.1924, Ақмола обл. Ақмола ауд. – 10.8.1988, Алматы қ.) – Берлиндегі Рейхстагқа жеңіс туын тіккен қазақ азаматы, Қазақстанның Халық Қаһарманы (1999). 1942 ж. әскерге алынып, 1944 ж. Фрунзедегі (қазіргі Бішкек) жаяу әскер уч-щесін бітірген. 1944 ж. қазан айынан бастап 1-Белорус майданындағы 150-Идрицк атқыштар дивизиясы құрамында взвод басқарып, Польша және Герма-



ҚҰДАЙБЕРЛІҰЛЫ

ния жерлеріндегі ұрыстарға қатынасты. Лейтенант Қ. Берлин операциясы кезінде асқан ерлік көрсетті. 30 сәуірде ол жауынгер Г.Булатов екеуі Кеңес әскерлері арасынан Рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын тікті. Соғыстан кейінгі жылдары Эльба бойындағы кеңестік оккупац. әскер



Р.Қошқарбаев

бөлімінде қызмет атқарды. 1947–67 ж. Ақмола обл. аткомында нұсқаушы, Қазақ КСР Мин-лер Кеңесі жанындағы қоныс аударушылар жөніндегі бас басқармада инспектор, 1967 жылдан «Алматы» қонақ үйінің директоры болды. Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы ордендері, көптеген медальдармен марапатталған.

ҚОШҚАРБАЙ Сағалайұлы (шамамен 1710–1758) – батыр. Жоңғар шапқыншылығы кезінде батыр атанған. Қыпшақ тайпасының құлан руынан шыққан. Омбы архивіндегі Г.Н. Потанин мен П.П. Семенов-Тянь-Шанскийлер 1860 ж. жинаған мәліметтерде Қ-дың жоңғарларды Омбы қ. маңынан Обь өз-не қарай ығыстырып тастағаны жайлы айтылады. Жаяу Мұсаның «Олжабай батыр» және О. Нұралыұлының «Сабалақ–Абылай хан» атты дастандарында Қ. тұлғасы көркем бейнеленген.

Ж.Құндақбайұлы, Қ.Шортанбайұлы

ҚОШТАЕВ Құтлымбет (т.-ө.ж.б.) – би, Әбілқайыр ханның 1730 ж. Петербургке жіберген елшісі. Елшілік орыс патшасы Анна Иоановнаға Әбілқайыр бастаған Кіші жүз қазақтарының арнаулы хатын жеткізді. Бұл кезде қазақтар жоңғар қалмақтарымен қатар көршілес башқұрттар тарапынан да шапқыншылыққа ұшырай бастаған. Елшілік егер патша өкіметі қазақтарды өз қорғауына алатын болса, жасақ беруге әзір екендіктерін мәлімдеді. Патша өкіметі бұл өтінішті қабылдап, 1731 ж. 19 ақпанда Кіші жүзді Ресейдің қол астына алатындығы жөніндегі грамотаны елшілікке табыс етті.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. (1771–1867 гг.), Сб. документов и материалов, А.-А., 1964; Қазақстан тарихы, 3-том, А., 2000.

А.Әбділдабекова

ҚҰБА БИ Өтебайұлы (1700–1796) – би. Кіші жүз ішінде шөмекей руынан шыққан. Сыр, Торғай, Ырғыз өз-дері аралығын мекендеген қазақтар арасында әділ билігімен аты қалған. Қ. б. айтты деген аңыз әңгімелер ел ішінде көп айтылады. Қ. б. мен оның ағайын, замандастары Бәйтік, Тоғанас, Зарқұм батырлар жөніндегі деректер Қазан төңкерісіне дейінгі жазбаларда жиі кездеседі.

Әдеб.: Қазақ КСР тарихының материалдары, 2-т., А., 1940; Келмембет батыр, А., 1999.

Т.Дайрабай

ҚҰДА БИ – қарақалпақ елшісі, 1748 ж. 26 тамызда, Әбілқайырды Барақ сұлтанның мерт қылуы себепті болған қарақалпақ көшінің ішінде аталады. Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке Әбілқайыр ханның қазасы туралы алғаш хабар әкелгендердің біреуі.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 184-б.

ҚҰДАЙБЕРДІ Сағындық – Абылай сұлтанның Қытайға жұмсаған елшісі, әрі батыры, қытай-маньчжур әскері қазақ даласына басып кіргенде, солардың қолына түсіп қалған, бірақ қытай тарапынан сый-сыяпатпен босатылған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 217, 253, 307-бб; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚҰДАЙБЕРЛІҰЛЫ Бөдес (1700, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз өңірі – 1752, Алматы обл. Ақешкі бойы) – батыр. Найман елінде 13 жасынан бастап ерлігімен көзге түскен. Палуан денелі, өткір көзді, кең жауырынды, бес қаруға шебер адам болған. Аягөз, Қалба, Аңырақай, Алакөл шайқастарында Қабанбай батырмен бірге ірі жеңістерге жетіп, Үйгентастан бастап Бақанас өңіріне дейін өз руының қоныстануына ықпал еткен, есімі ұранға айналған қолбасшы (мыңбасы). Абылай қолы бірде жоңғарлармен бетпе-бет кездеседі. Сол кездегі көшпенділердің соғыс ережесі бойынша қалмақтар жағынан жекпе-жекке қолбасшы батыры Шонжы шығады. Абылай хан: «Кезекке кім шығады?» деп жар салғанда найзасын кезеп тұра қалған сақа батырлардың алдын орап суырыла шыққан Бөдес: «Хан ием, ақ батаңызды беріңіз. Бір жолғы құрбандықтарыңа жарайын» деп, есікпен төрдей шұбар атымен келіп, тағзым етіп, рұқсат сұрайды. Осы жекпе-жекте Бөдес Шонжыны аттан құлатып, қазақ қолы жеңіске жетеді. 1718 ж. Аягөз бойындағы қанды ұрыста атына оқ тиген қазақ жасағының қолбасшысы Әбілқайырға Бөдес өз атын түсіп береді. Ел аузында: «Қырық жігіт болып жолға шықсаң, бір жолдасың Бөдес болсын, сонда жолың болады» деген сөз қалады. Бөдес батыр туралы Есенсары Тұрлыбекұлы Құнанбаевтың «Бөдес», «Сұлу» дастан-

ҚҰДАЙҚҰЛОВ

дары бар, ол туралы Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» романында жазылған. Ақешкі бойындағы қанды ұрыста мыңбасы Бөдес жараланып, қаза тапқанда, Абылай, Қабанбай, Малайсары, бас болып, батырды Ақешкінің биік жотасына жерлейді.

Әдеб.: «Қазақ батыры», 2000, №3, 14-б.

Т.Кәрімұлы **ҚҰДАЙҚҰЛОВ** Сейітқұл, (т.ө.ж.б.) – батыр, Әбілқайыр ханның елшісі. 1730 ж. шілде-тамыз айларында Әбілқайырдың хатын Ресей патшасына жеткізгендердің бірі. Әбілқайыр ханның хатында: «Патшаға адал қызмет етеміз, башқұрттар мен Еділ қалмақтары сияқты тең дәрежеде боламыз, башқұрттар мен қалмақтарға, Ресейге қарайтын басқа да халықтарға тиіспейміз, сауда керуендерін қорғаймыз және өз жеріміз арқылы аман өткіземіз, қазақтардың қолында тұтқындағы Ресей азаматтарын қайтарамыз, жыл сайын 4 мың түлкі терісін салық ретінде төлеп тұрамыз...» деп жазылған. Қоштаев Құтлымбет пен Қ. бастаған елшілікті башқұрт Алдарбай Исекеев Мәскеуге 1730 жылдың 28 тамызында алып барған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 15–17, 20, 22, 23, 30, 38-бб.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 517-б.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚҰДАЙНАЗАР МЫРЗА – табын Бөкенбай (Қараұлы) батырдың немере інісі, Әбілқайырдың жақтасы және Ресейге бодан болу жөнінде ханмен, Бөкенбай және Есет батырлармен бірге алғаш ант бергендердің бірі. М.Тевкелев бастаған елшіліктің сәтті аяқталуына жан сала көмектескен.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005.

ҚҰЗЫРХАТ – грамота, Ресей үкіметінің 18 ғ-дағы заң актілерінің бір түрі. Ол кезде заң актілері мазмұны, жазылу және таратылу түрі, пәрмені, қолданылу аясы сияқты белгілері бойынша жіктелмеген. «Патшаның айтқанының бәрі – заң» деген қағида басым болып, құжаттың заңдық сипаттары мен белгілері, атауы қандай болуы керектігін патшаның атқарушы үкіметі ескере бермеген. Ресей империясының Заңдары жинағының «Заңдар туралы» деп аталатын 18-тарауында атап көрсетілгендей, «Заң деп қол қойып бекіткен немесе мақұлдаған ереже, жарғы, құзырхат, нұсқау, манифест түрінде таратылған мемлекеттік кеңестің пікірлері мен тұжырымдары аталған». Ресей империясының 18 ғ-дағы Қазақ хандығына қатысты жиі кездесетін заң құжаттары – осы құзырхат.

Н.Ақбай

ҚҰЛБАРАҚ Табылдыұлы (т.ж.б. – 1832) – батыр. Кіші жүздегі беріш руынан шыққан. Хиуа хандарының озбырлығына қарсы күрескен. Матай ақын «Батыр болып туыпты, Табылдыдан Құлбарақ, Алты сан Алаш жиылып, Кем деген жоқ бір қазақ» деп жырлаған. Қ. ұрыс кезінде қаза тапқан.

ҚҰЛЕКЕ, Қ ұ л ы к е (1710, Сыр өз. бойы – 1771, қазіргі Ақмола обл-на қарасты Азат ст-ның маңы) – батыр, Шал (Тілеуке) ақынның әкесі, Абылай ханның елшісі болған. Ата-бабалары бұрын Сыр бойында тұрған. «Ақтабан шұбырынды» кезінде халық босып көшкенде олар да көшіп, осы күнгі Ақмола обл-ның қазіргі Азат ст. маңына орналасқан. Оның ұлы Шал (Тілеуке) ақын 1748 ж. сол жерде дүниеге келген. Жазба құжаттарда Қ-ні батыр немесе старшина деп атап отырған. Ресей Сыртқы істер алқасының Орынбор губернаторы А.Давыдовқа 1760 жылғы 18 шілдеде берген жарлығында Құлеке батырдың қазақ ішінде аса атақты, беделді адам екендігі айтылып, онымен жақсы қарым-қатынаста тұру керектігі, лайықты сый көрсетілуі қажеттігі ескертілген. Ресей үкіметінің ресми құжаттарына қарағанда, Қ. батыр 1742 жылдан 1765 жылдың қаңтарына дейін 24 жыл Абылай ордасымен тығыз байланыста болып, қызмет етеді. Абылай оны әр түрлі ұсақ шаруашылық істерден бастап, ел дауын, кісі құнын шешуге, тіпті шекара комиссиясына қатысты саяси мәселелерге жұмсап отырған. Абылайдың қос батыры, қос елшісі Қ. мен Құлсары Ресей патшалығының Батыс Сібір мен Орынбор губерниясын басқарып тұрған шенеуніктерімен кездесіп, келіссөздер жүргізіп, Қазақ елінің мүддесіне сай қызмет еткен. Мұны Ресей мұрағаттарында сақталған көптеген құжаттар (1742 жылдың тамыз айынан 1766–70 жылдарға дейінгі уақыт ішінде хатқа түскен) растайды. Қос батыр Қ. мен Құлсары есімдері Орта жүз хандығына, Абылай әкімш-не қатысы бар Ресей шекара приказдарымен, шекара комиссиясымен жазысқан қатынас қағаздарда, ресми құжаттарда жиі кездеседі. Қ. қайтыс болған соң Есіл өз-нің жағасындағы Аютас деген жерге уақытша жерленеді. Соңынан мәйітті, Қ-нің өз өсиеті бойынша, бірнеше салт атпен айшылық жол жүріп, атақты Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып, Жер-ана құшағына баласы Тілеуке (Шал ақын) тапсырады. Қ-нің бейітінің басында ескерткіш құлпытасы осы күнге дейін сақталған.

Е.Ерназаров

ҚҰЛ-МҰХАММЕД Мұхтар Абрарұлы (12.12. 1960 ж.т., ҚХР, Шәуешек қ.) – мемлекет қайраткері, тарих ғыл. канд. (1995), заң ғыл. докт. (1999), проф. (2000). Нью-Йорк Ғыл. академиясының толық мүшесі (1997), ҚР Өлеум. ғыл. академия-



сының акад. (2001). ҚазМУ-ды (1982, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясында ғыл., аға ғыл. редактор, филос., құқық және социология редакциясының меңгерушісі, жауапты хатшы (1982–92), «Атамұра» корпорациясының президенті (1992–99), ҚР Парламенті Сенатының депутаты (1999–2001), ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі (2001–03), ҚР Президентінің кеңесшісі



М.Құл-Мұхаммед

және баспасөз хатшысы (2003–07), Қызылорда облысының әкімі (2007–08), ҚР Мәдениет және ақпарат министрі (2008–10), ҚР Мәдениет министрі (2010–12), ҚР Мемл. хатшысы (2012–13) қызметтерін атқарды. 2013 жылдың қаңтар айынан бері ҚР Мәдениет және ақпарат министрі. «Қазақстанның XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басындағы саяси-элеуметтік тарихының проблемалары» деген тақырыпта канд., «Жақып Ақбаев және Алаш қайраткерлері саяси құқықтық көзқарастарының эволюциясы (XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басы)» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі бағыты – қазақ мемлекеті мен құқығының тарихы, түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті, руханият пен өркениет мәселелеріне арналған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Мерзімді басылымдарда Абылай туралы мақалалары (1999–2000) жарияланған. Астана қ-ның құрметті азаматы. Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты (1996). «Құрмет» (2004) және «Парасат» (2010) ордендерімен марапатталған.

ҚҰЛСАРЫ (1696–1777) – батыр. Орта жүздегі арғын тайпасының атығай руының биі, Абылай ханның кеңесшісі әрі елшісі. 1737 ж. 24 маусым күні Әбілқайыр хан Барақ батыр, Орта жүздің көптеген билері мен батырлары қатысқан Хан кеңесінде Қ. батыр басты тұлғалардың бірі ретінде көзге түсті. Хан кеңесінің жиыны аяқталған соң, «киіз үйге Әбілқайыр хан мен Құлсары би кірді де, бізді шақыртып алды. Әбілқайыр хан бізге қарап: «Сұлтандар мен билер, батырлар, барлық қазақтар ақылдаса келіп мені өздеріне

хан сайлады, иліп тағзым етті. Дұға оқып, қол жайды. Бұдан былай ханның әмірі болмаса, ешкім ешкіммен соғыспайды» деп жазды Ресей барлаушылары. Қ. ақылы мен парасатына сай беделге ие болған, «Құлсары әулие» атанған. Әбілқайырды, Әбілмәмбетті және Абылайды хан көтеруге қатысқан. Саяси көзқарасы жағынан Қазақ хандығының Ресеймен жақын болуын қолдаған, тіпті ол өз ұлы Құлыбекті аманатқа өткізген. Абылай ханның қырық қатпарлы терең саясатын дұрыс түсінген. Хан да оны қатты сыйлап, құрмет көрсеткен. Орыс әкімшілігі «шын берілген адал қызметшіміз, сізге ғана сенеміз» деп, оның астына көпшік қоя отырып, Қ-ның соңына тыңшы салып, әр қадамын аңдыған. Ұзақ жыл өзіне серік болған Қ. батыр қайтыс болғаннан кейін, Абылай хан оның орнына үлкен ұлы Құлыбекті ұсынады. Бейіті Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарының шекарасы маңындағы Бұлақ елді мекеніне таяу жерде. Атырау обл-ның Жылыой ауд-нда Құлсары атынд. мұнайлы қала бар.

Н.Ақбай

ҚҰЛТАБАЕВ Тайқоңыр – Қазақ хандығының елшісі. 1715 ж. шілдеде Ресейдің І-Петр патшасына Қайып ханның жазған хатын Қазан губернаторы П.С.Салтыковқа тапсырған. 1718 ж. желтоқсанда Қайып ханның І-Петр патшаға жазған хатын апарған Арыстан батыр бастаған елшіліктің құрамында болған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 10-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ҚҰЛЫБЕК (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр. Құлсары батырдың ұлы. «Өзім әбден қартайдым, о дүниелік болып кетсем де, балаларым Ресей патшасына адалдығын сақтайды» деп, өзінің орнына үлкен ұлы Қ-ті ұсынып, соған сый-құрмет көрсетілсе деген тілек білдірген. «Егер менің ұрпақтарыма осындай құрмет көрсетілсе, басқа қазақтар да Ресей жағына сенім артып, адал болар еді. Ресей патшасына мейлінше адал Орта жүздің Жәнібек батыры қайтыс болғаннан кейін, үкімет тарапынан көңіл бөлінбей, оның балалары ұмыт қалды. Әкесінің еңбегі бағаланбаған соң, ол адалдықты сақтамады. Бірақ мен өз ұлдарымды Ресей командирлеріне жиі-жиі жіберіп тұрамын» деп ойындағы арманын айтқан. 1776 жылғы 25 қазанда Абылай хан Қ. батырға жалақы тағайындау туралы генерал-майор А.Д.Скалонға хат жазып: «Құлыбек батырды қабылдап, жоғарғы үкімет орындары арқылы менің тілегім бойынша оған жалақы тағайындау мәселесін шешіп беруіңізді өтініп сұраймын. Құлыбек батыр да әкесі Құлсары батырдың орнын басып, пат-

ҚҰЛЫН ШЕШЕННІҢ

ша ағзамға адал болатынына сенімдімін» деген. Қ. батыр Абылай хан туралы (1778 ж.) былай депті: «Ал енді Абылайдың орыс жағына шын берілген-берілмегені туралы әңгімеге келсек, аты аталған ел ағаларының айтуына қарағанда, ол екіұшты саясат ұстанып, түрлі айла-шарғымен түлкібұлаңға салуда. Патша тарапынан берілген хандық белгілерді қабылдауға ниет те білдірмейді. Абылайдың бұлай суынуына оның ұлы Тоғым сұлтанға еріп, Санкт-Петербургке барған Дат батыр мен Тәуекел молла себеп болса керек, олар «Абылай Петропавл бекінісіне келетін болса, оны орыстар ұстап қалмақ екен» деп айтып келіпті-міс. Сондықтан Абылай орыс тұтқындарын қамап отыр, оларды босату жөнінде емеурін де білдіретін емес».

Н.Ақбай

ҚҰЛЫН ШЕШЕННІҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА КӨҢІЛ АЙТУЫ – ел аузындағы әңгіме. Халқымыздың арғы-бергі ауыз әдебиетінде көңіл айту, қаралы болған үй ішінің бойын сергітіп, жанын жадырату – қашаннан бергі үзілмей келе жатқан ескі салт, ежелгі дәстүр. Мұндайда ақындар өлеңмен толғап, жыршылар термелеп-тақпақтап, шешендер мақамдап-мақалдап сөйлеген. Кейбір аңыздарда күймен де көңіл айтылған (Кетбұғаның Шыңғыс ханға үлкен ұлы Жошының өлімін домбыра күйімен есіртуі). «Абылай ханға айтылған көңілдің» өзіндік ерекшелігі – мұнда әлі қабырғасы қатып, бұғанасы бекіп жетілмеген жас баланың топтың ортасынан суырылып шығып, ұлы ханға тайсалмастан қасқая қарап сөйлеуі. Жай ғана сөйлеп қоймай, маржандай мөлдіреген асыл мақаммен қайғылы жанды жүйе-жүйесіне түсіріп, аузын Аллаға, көңілін тәубаға келтіруі. Аңыз әңгіме былайша өрбиді. Абылай ханның баласы Жандай опат болғанда Үш жүздің игі жақсылары көңіл айтуға келеді. Онда ылғи жүйріктер «Сөзді қайсымыз бастаймыз?» дегенде, Орта жүзден Жәнібек батыр: «Жарқ-жүркеткен жарак-ай, Жапанға біткен терек-ай, Таудан аққан бұлақ-ай, Артында қалған тұяқ-ай, Бұл сөзімді әлі естіген жоқ шығар Абылай ханның құлағы-ай. Құдайдан бұйрық болған соң, Өз қолымыздан өткерілді Абылайдың Жанбай деген шырағы-ай» деп сөз бастайды. Бірақ Абылай басын көтермейді. Сонда Ұлы жүз жақтан келген бір бала: «Әй, аталар, бұл Абылай Үш жүздің баласының ақылын тапқан хан еді, бір ойлап жатқан сөзі бар шығар» дейді. Мұны естіген көпшілік: «Ол сөзді өзін білсен, өзін айтып тұрғыз Абылайды» дейді. Сонда бала: «Уа, Абылай, басыңды көтер, Абылай! Ай амайды, Абылай, Күн айнымайды, Абылай. Алтын шірімейді, Абылай, Үш жүздің баласы Ағып жатқан үш өзен Емес пе еді, Абылай. Үш өзеннің құйған жеріне сен біткен алтын бәйтерек

Емес пе едің, Абылай. Алтын бәйтеректің мың бұтағы бар емес пе еді. Мың бұтақтың бірі сынбастай, Мың жапырақтың бірі ұшып түспестей, Құдайдың сен несі едің, Абылай?» дегенде, Абылай хан басын көтеріп алып, балаға қарап: «Жарайсың балам! Ақыл айтсам, азуым бол, ат арқандар қазығым бол, оң тізем орның болсын» дейді. Сонда отырған жұрт баладан: «Сен кімсің?» дегенде, бала: «Руым Қоңырат, атым Құлын» деп жауап береді.

Әдеб.: «Социалистік Қазақстан», 27.4.1991.

С.Дәуіт

ҚҰНАНБАЙ Өскенбайұлы, Қ ұ н а н б а й қ а ж ы (1804, бұрынғы Семей обл. Шыңғыстау, Ақшоқы қыстауы – 1886, сонда) – би, аға сұлтан. Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер. Қ. жасынан палуан, найзагер болды, қатал да әділдігімен ерекшеленіп, әкесі Өскенбайдың тәрбиесінде ел билігіне араласты. 1834 ж. әкесінің орнына Күшік-



Құнанбай Өскенбайұлы

Тобықты болысының старшындығына сайланды. Осыдан 1856 жылға дейін билік тізгінін қолынан шығармаған. 1846 ж. ген. Вишне夫斯基дің Ұлы жүз қазақтарын Ресейдің боданы ету мақсатында жүргізген арнайы экспед-на қатысты. Экспед. құрамында болған поляктың саяси қайраткері А. Янушкевич сапарнамалық күнделігінде Қ-дың қайраткерлік тұлғасы туралы: «Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. Ғажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған

би және өнегелі мұсылман. Жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған» – деп сипаттайды («Қазақ даласына жасалған саяхат туралы жазбалар», А., 1979). Қ. «Ескі там» деген жерде мектеп ашты. Патша өкіметіне адал қызметі үшін оған 1846 ж. хорунжий атағы берілді. 1849–52 ж. Қарқаралы окр-нің аға сұлтандығына сайланды. Бірақ Шыңғыстың бөктеріндегі қыстау үшін Бөжейге жасаған қысымына байланысты тергеуге тартылып, Омбы қ-нда мырзақамақта (қамауда) жатады. Қамаудан Дала ген.-губернаторының қазақ істері жөніндегі кеңесшісі, полковник Шыңғыс Уәлихановтың кепілдігімен босанып шығады. Аға сұлтан кезінде Қарқаралы қ-нда мешіт салдырды. Арқат-Аягөз бекеті аралығында поштаны тонап, хорунжийді өлтірген Табылды, Үдербай, Әбділда, Түңлікбай есімді қазақ жігіттерін Барлық тауында тығылып жүрген жерінен Аягөз окр-нің аға сұлтаны Барақ Солтабаевтың көмегімен Қ. патша өкіметіне ұстап береді. Осының арқасында оның үстінен жүргізілген тергеу ісі тоқтатылып, хорунжий атағы қайтарылған. Ұсталғандар Аягөз қ-нда дарға асылып, атылғаннан кейін өзінің алданғанын түсінген Қ. биліктен бас тартып, қайтып мұндай іспен айналыспауға бекінеді. Омбы архивіндегі «Құнанбай Өскенбаевтың қылмыстық ісі» деген көлемі 1700 беттік тергеу ісінің соңына 1862 ж. Қ-дың қажылыққа кетуіне байланысты «істі жабу» туралы мин-лікке жолданған хаты тіркелген. Кей деректерде Қ. қажыға 1874 ж. барды делінеді. Меккеде 2 жылдан астам уақыт тұрып, құдайға құлшылық етушілерге арнап тәкия (қонақүй әрі медресе қызметін атқарған үй) салдырады. Қ. – аса күрделі тұлға, билік тізгінін ұстаған кезіндегі қайраткерлігі қарама-қайшылықтарға толы. Ол би, болыс, аға сұлтан кезінде биліктің үш тұтқасын – қазақтың дәстүрлі заңын, патша өкіметінің «Сібір қазақтарына арналған низамын», шариат жолын қатар ұстанды. Қазақ дәстүрінің негізіне сүйене отырып, оңтайлы шешімдерді жүзеге асырды. Қатал да әділ билік елді тезге салып, жөнге келтіреді деп білді. Барымтаға, ұрлыққа, дінбұзарлыққа, зинақорлыққа қатаң тыйым салды. Заманның ауқымын аңдап, ертеңін болжай білді. Балаларын орысша оқыта отырып, мұсылмандықты уағыздады. Медресе салдырып, Әуез, Ұабитхан, Кішкене молда секілді шариат білгірлерін аулына көшіріп әкеліп, бала оқыттырды. Сырттай Кенесары қозғалысына қарсы күрескер ретінде көрінгенімен, оған астыртын қолдау жасап, көмек

берді. Қ-дың бәйбішесі Күнкеден – Құдайберді, екінші әйелі Ұлжаннан – Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, үшінші әйелі Айғыздан – Халиола, Смағұл, Кәмшат атты ұл-қыздары туған. Төртінші әйелі Нұрғанымнан туған баласы жасында қайтыс болған. Балаларының ішінде Абайдың болашағынан ерекше үміт күтіп, оны 13 жасынан қасына ертіп, билікке баулыған. Абай да әкесінің билік жолын үлгі тұтты. Ел арасында Құнанбай айтты деген нақыл сөздер кең таралған. Қ-дың өмірі мен қайраткерлігі туралы деректерді жинап, бір ізге түсірген – М.О.Әуезов, оның «Абай жолы» эпопеясында Қ. бейнесі кеңестік идеол. ықпалына сай бұрмаланғанымен, жан-жақты сипатталып, шебер сомдалған.

Әдеб.: К а с ы м б а е в Ж., Старший султан Құнанбай Оскенбаев и его окружение, А., 1995; Абай, энциклопедия, А., 1995.

Т.Жұртбай, Е.Уәлиханов
ҚҰНДАҚБАЙҰЛЫ Бағыбек (11.10.1926, қазіргі Қызылорда обл. Сырдария ауд. Сұлутөбе а., – 22.1.2010, Алматы қ.) – театртанушы, өнертану докт. (1996). 1955 ж. Ташкенттің мемл. театр-көркемсурет ин-тын, 1963 ж. Мәскеу қ-ндағы Мемл. театр өнері ин-тының аспирантурасын бітірді. Қазақтың Балалар мен жасөспірімдер театрында (қазіргі F.M. Мүсірепов атынд. Қазақ мемл.



Б.Құндақбайұлы

академиялық жастар мен балалар театры), Жамбыл мәдени-ағарту уч-шесінде, ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында, Қазақ мемл. консерваториясында, Алматы көркемсурет уч-шесінде қызмет етті. 1989 жылдан Қазақ ұлттық өнер академиясында пед. қызмет атқарған. Қ., негізінен, қазақтың театр өнері тарихын, оның қалыптасуы мен өсу мәселелерін, актерлер мен режиссерлер шығарм-н, сондай-ақ, обл. театрлардың көркемдік ізденістерін зерттеумен айналысты. 100-ден астам ғыл. жарияланымның авторы. Қазақтың академиялық драма театрында қойылған спектакль туралы «Ассалаумағалейкүм, хан Абылай» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» газетінде (2006) жарияланған. «Құрмет» орденімен марапатталған.

ҚҰРБАНҒАЛИ

Шығ.: Режиссер және спектакль, А., 1971; Путь театра, А.-А., 1975; Уақыт және театр, А., 1981; Мұхтар Әуезов және театр, А., 1997; Заман және театр өнері, А., 2001.

Қ.Кошжанұлы, Қ.Әліпұлы

ҚҰРБАНҒАЛИ Халид (1846, Аягөз – 1913, Шәуешек) – тарихшы, этнограф, саяхатшы. Аягөз қ-нда дүниеге келіп, осы қалада, кейіннен Семейде медреседе оқыған. 1874 ж. Шәуешек қ-на ауысады. Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, тарихи материалдар жинайды, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы қалаларында зиялы қауым өкілдерімен танысып, араласады. 1885 ж. Шығыс Түркістандағы Тұрфан қ-на барады. Онда ұйғырлар тарихына арналған «Тарих-и жәриде-и жәдидә» атты кітап жазып, оны 1889 ж. Қазанда бастырып шығарады. 1897 ж. Меккеге аттанады. Жолда Түркияда, Еуропа елдерінде, бірнеше араб елдерінде болады. 1910 ж. Қазанда көпшілікке танымал «Тауарих-и хамса-и шарқи» («Шығыстағы бес елдің тарихы») атты кітабын басып шығарады. Бұл кітапта ұйғыр, өзбек, моңғол, қазақ халықтары туралы баяндалады. Әсіресе, қазақ халқының тарихы мен этногр-на, мәдениеті мен әдебиетіне қатысты кітапта көп орын берілген. Мысалы, автор қазақ халқының шежіресі, рутайпалық құрылымы, алаш атауы, қазақ сөзінің шығуы туралы жинаған деректерін ұсынады. Қазақстанда Қ-дың еңбегіне, оның ішінде «Тауарих хамсаына» деректік құндылығы мен маңызына арналған кандидаттық диссертация қорғалған. 18–20 ғ. басы аралығындағы қазақ тарихына арналған зерттеулерде авторлар міндетті түрде Қ-дың еңбегіне соқпай өтпейді. Қ-дың Әбдінәсір (Әбіке) атты ұлы болған. Осы Әбдінәсірден – Фазыл, Ғазиз, Рауфа, Хасана, Зайнаб, Райфа, Мәштай, Хамида атты ұл-қыздар өсіп-өніп, олардан тараған ұрпақтар қазіргі күнде Қазақстанның әр қалаларында өмір сүруде.

Шығ.: Тауарих хамса: /Бес тарих/. Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. Алматы, 1992.

Б.Кәрібаев

ҚҰТТЫБАЙ, Қ у д а у ы с т ы Қ ұ т т ы б а й (шамамен 1700–1770) – би. Найман тайпасының Қаракерей руынан шыққан. Арғы аталары Жанбөбек, Нарынбайлар өз заманында әйгілі билер болған. Қ. 1760 ж. Абылай және Әбілмәмбет хандардың тапсырмасымен Пекинге Цин императоры Цяньлунге қазақ елшілігін басқарып барды. Елшіліктің сапары нәтижелі болып, Қытаймен шекарадағы аймақтарға қазақтардың қоныстануына жол ашылды. Қазақ саудагерлерінің Үрімжі, Құлжа, Шәуешек қ-ларына келіп сауда жасауына рұқсат етілді. Қ-дың баласы Байғара, немересі Ақтайлақ билер де әйгілі адамдар болды. Ақтайлақ би 1773 ж. Әбілпейіз хан мен

Болат сұлтанның атынан Ежен ханға елші болып барған. Әйгілі Ақтамберді жырау мен акын Дулат Бабатайұлы – Қ-дың немере ағайындары.

Әдеб.: Мыңжани Н., Қазақтың қысқаша тарихы, Үрімжі, 1987.

Қ.Жұмаділов

ҚҰТПАНҰЛЫ Иманжүсіп (1863–1929) – Арқаның ардагер азаматтарының бірі, серілік құрған адам. Қ. нақақ жаламен Өскеменге жер ауып бара жатып, туып-өскен елімен, алтын бесік мекенімен қоштасуын: «Абылай аспас Арқаның сары белі, Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі...» деген жолдармен бастайды. Қ. осы өлең жолдарындағы сөз тіркесінің мән-мағынасын былайша түсіндіреді: «Абылай аспас Арқаның сары белі» дегеніміз – бес Мейрам ұрпағы: «ә» десе, «мә» деген Қуандығы бар, қоса шыққан жуандығы бар; жылан құртша жегенін білдірмейтін Сүйіндігі бар, алып кел, барып келге жарайтын Бегендігі (Қозғап) мен Шегендігі (Қақсал) бар; қара құртша қаптаған Қаракесегі бар. Осы тегурінді елдер бірігіп, тізе қосқанда олар Абылай ханға да ырық бермей, оған ықпал жасаған, одан Абылай да аса алмаған...».

Ғ.Елеу

ҚЫБЫРАЙ БИ Жайылмысұлы (шамамен 17 ғ-дың 20–30-ж., қазіргі Өзбекстандағы Бостандық ауд. аумағы – ө.ж.б.) – би. Дулат ішіндегі билік үзілмеген Жаныс – Жанту – Жайылмыс бұтағынан. Жайылмыс биден – Қожамберді, Қыбырай, Жамбай. Қыбырай – ортаншысы, Қожамбердінің туған інісі. Ел ішіндегі билікті Жайылмыс биден кейін жалғастырушы Қыбырай болған. Ел «Қ.Б.» атаған. Денесі ірі, өзі аса сабырлы, кесіп бір-ақ сөйлейтін, ұзақ жасаған адам. 1678 ж. Түркістандағы халық жиынына билік қызметке аттанып бара жатқан 15 жасар жас Төлеге қалың ел ағынан бата берген. Төле би Әлібекұлын жастайынан өз қамқорлығымен тәрбиелеген. Орыс тарихшылары А.Е.Алекторов, А.И.Левшин, М.Е.Массон, қазақ тарихшылары Ә.Диваев, М.Тынышбаевтардың еңбектерінде Қ. Б-дің осы тарихи рөлі нақты көрсетілген. Қазақ халқының рулық-тайпалық бірлігіне сәйкес, әрбір әулет ауыл-ауыл болып қоныс тепкен. Осы орайда, Жайылмыс би әулеті де бірліктен айырылмаған. Топтана өмір сүріп, ата дәстүрін биік ұстанған әулетте Қ. Б-дің қолында (шамамен 1713 ж.) бала Әбілмансұр (кейіннен Абылай хан) дүниеге келген. Әбілмансұр-Абылай ханның Төле би Әлібекұлының айналасында дүниеге келгендігін, ел билігіне Төле бидің тікелей қолдауымен көтерілгендігін тарихшылар жеткілікті дәлелдейді. Бұл туралы қазақтың әйгілі абыз жырауы Бұқар Қалмақанұлы: «...Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің..., Үйсін Төле билердің, Түйесін баққан құл едің...», «Абылай атың жоқ еді, Сабалақ

атпен жүр едің, Оны да көрген жерім бар, Жаныс Қарабайдың қолында, Түнде туған ұл едің...», – деп анық айтқан. Мұндағы Қарабай деп отырғаны – Қыбырай екені күмән тудырмайды. Өйткені Төле би Әлібекұлының арғы-бергі жеті ата-сында Қарабай деген қарияның жоқ екені, тіпті, Төле биге дейінгі ата бұтақта – жаныс ішінде Қарабай деген адамның болмағандығы шежіреден белгілі. Ал, Төле бидің тікелей бабасы Қожамбердінің туған інісі – Қ.Б. ел құрметінде болғандығы тарихи ақиқат. 20 ғ-дың басында өз халқының тарихын тиянақтап жазып қалдырған М.Тынышбаев: «...Бүкіл Ұлы жүзге билігін жүргізген қазақ халқының даңқты билерінің бірі Төле би Әлібекұлы Шымкент жолымен бара жатқандағы Ташкенттен 10 шақырым жерде тұрған. Кейіннен Абылай хан аталып кеткен жетім бала – Сабалақ 1725 жылы Қарақамыс деген жерде Төле бидің түйесін баққан. Ал, қазіргі Қыбырай деп аталатын кентте Төле бидің жақыны Қыбырай батыр тұрған...» деп жазды. Тәуелсіздіктен кейінгі зерттеу еңбектер де Төле биге тұғыр болған Қ. Б-дің сәби Әбілмансұрды (Абылай ханды) туғаннан алақанына салып, әуелден пана болғанын дәлелдеп отыр (М.Қойгелді, М.Жолдасбеков, А.Сатаев, С.Дәуітов, т.б.). Бүгінгі Ташкент шаһарының дәл түбінде Қыбырай деген кент бар. Осы елді мекен жөнінде өзбек энциклопедиялық әдебиеттерінде «Қыбырай» деген атауды – «елге белгілі тарихи тұлға...» деп қана қойған. Ал, шын мәнінде, бұл – Жайылмыс бидің ұлы, Төле би Әлібекұлының тікелей бабасы Қожамбердінің туған інісі – Қ. Б-дің тарихи мекені. Кенттің бас жағында көне бейіт бар. Оны жұрт «Жалғыз ағаш әулие» бейіті деп атайды. Төле биді тәрбиелеп өсірген бабаларының бірі, хан Абылайды ержеткенше қолында ұстаған – Қ.Б.Жайылмысұлы осы бейітте жерленген.

Әдеб.: Тынышбаев М., Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар, Ташкент, 1925; Қазақ шежіресі, Алматы, 1994; Қазақ шежіресі, Целиноград, 1991; Дәуітов С., Төле би, Алматы, 1993; Ақбата, Алматы, 2002; Үш ғасыр жырлайды, Алматы, 1968; Ай, Заман-ай, Заман-ай, Бес ғасыр жырлайды, Алматы, 1991; Тарих өткелдеріндегі Төле би, Алматы, 2010.

Ә.Көниш

ҚЫДЫРАЛЫ Бөрібайұлы (шамамен 1732/1737–1807) – би. Орта жүздегі найман тайпасының матай руынан шыққан. Әкесі Сарыұлы Бөрібай батыр жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қазақ жасақтарына қолбасшылық еткен батырлардың бірі. Қ. жасынан шешендік өнерге тәрбиеленіп, билік айтуға араласқан. Қаз дауысты Қазыбек биден бата алған. Көзі тірісінде «Қайырымды Қыдыралы би» атанған. Бидің ел аузында сақталған, дау-дамайларда айтқан кесімі

ғибраттық мазмұнға толы. Оның «Ханда ұл болмайды, биде құл болмайды». «Хан – халқының ұлы, би – әділдіктің құлы» деген сияқты нақыл сөздері ел аузында сақталған. Ақсу, Қапал өңірін қоныстанған бір ру ел Қ-ның атымен аталады.

Әдеб.: Тынышбаев М., «К истории киргиз-казахского народа» – «Қазақ шежіресі», Таш., 1925; Хасенов Ә., Қазақ тарихының бесжылдық баяны, А., 1996.

Ө.Ақылбекұлы

ҚЫДЫРХАНҰЛЫ Уақап (23.12.1933 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Зайсан ауд. Ақарал а.) – жазушы, журналист. Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. Еларалық «Шалқар» газетінде бас редактор қызметін атқарған. Қазақстан Журналистер одағы сыйл. үш мәрте иегері. Қазақстанның еңб. сің. мәдениет



У.Қыдырханұлы

қызметкері. Зайсан қ-ның құрметті азаматы. Қ. Абылайдың суретін салып, «Абылай» дастанын жазып, оны 1943 ж. Берлиннен шығарған ақын Мәжит Айтбаевтың өлеңдерін «Шалқар» газетінде жариялап, «Жазушы» баспасынан кітабын (2006) шығарған. «Абылайдың суретін салған кім?» атты мақала жазып жариялаған.

ҚЫЛ ЖАЛАУЛЫ БІР ҚОСЫН – Әбілпейіз сұлтан бастаған қазақ әскерлерін осылай атаған. Бұл арада 1756 жылғы тамыз-қазан айларындағы Қарқаралы төңірегіндегі соғыстан беті қайтқан Қытай әскері келесі 1757 ж. келеміз деп кеткен еді. Қазақтар бұл шайқастарға қатты дайындалды. Қазақстанның бірнеше қиырынан әскерлер жинала бастады. Болашақ соғыстың мүмкін боларлық ауыртпалығын болжаған Абылай сұлтан серіктерімен кеңес құрып, шама келгенше, Цин империясымен бітімге келуге ұйғарған екінші жоспарды да дайындады. Әбілпейіз бастаған қол Қытай әскерінің алдынан шығып, Абылай сұлтанның сәлемін жеткізеді. Бұдан кейінгі оқиғалар бейбіт келіссөздер өрісінде дамып, ақыры қазақ-қытай келісімдеріне ұласты. Осылайша Қазақ хандығының тәуелсіздігіне қауіп төндірген екінші қазақ-қытай соғысының беті қайтарылды. Шын мәнінде бұл қақтығыстың ал-

ҚЫЛШАҚТЫ

дын алуға екі жақ та мүдделі еді. Қытай генералы Абылаймен өзі бетпе-бет тілдесіп, бұдан былай қарулы қақтығысқа бармау жағын реттегісі келгенін көрсетті. Сондай-ақ басқа құжаттарда «майын тамызып»: «Абылайдың өзі келіп бас иді..., сыйлыққа бірнеше сәйгүлік жіберді, бодан болмақ ниетін білдірді...» деген мазмұнда жазылған жобалардың астарын ақтарып тастады. Мұның тағы бір дәйегі ретінде императордың екінші бір жарлығынан: «Абылаймен кездескенде, оның бізге деген ілтипатын мақтауы керек, қазақтарды бодан болуға зорламаңыздар...» деген үзіндіні де келтіруге болады.

Н.Ақбай

ҚЫЛШАҚТЫ, Қылышты – Ертіс алабындағы өзен. Ақмола обл-ндағы Шучье ауд. жерімен ағады. Ұз. 104 км, су жиналатын алабы 1010 км². Щучинск қ-ның оңт.-шығысынан басталады, Көкшетау қ. арқылы өтіп, Қопа к-не құяды. Аңғары жоғ. және төм. бөлігінде кең (2–3 км), беткейлері жатық, орта ағысында 0,5–1,5 км-ге жетеді. Арнасының ені 10–20 м, жағасы жарлы, биікт. 2–4 м. Ені 100–300 м жайылмасы арнасының бір жағында ғана. Жауын-шашын суымен толығады. Су ағымы Кенесары а. тұсында 0,54 м³/с. Өзеннің 10 км-ден астам 14 саласы бар. Өзенге 10 тоған салынған. Қ. бақша, мал суаруға пайдаланылады. 18 ғ-дың 60 жылдары Қ. өз. бойында Абылайдың қыстауы болған.

С.Әбдірахманов

ҚЫЛЫШ – қарудың бір түрі. Қ. ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару қажеттігінен туындаған. Көшпелі халықтарда 8 ғ-дан бастап семсерлер бір жүзді, қайқы етіп жасалып, қолданысқа енді. 10 ғ-да түркілер арқылы Батыс Еуропаға тарады. Кейіннен бұл қару жетілдіріліп, атты әскердің басты қаруы ретінде 20 ғ-ға дейін қолданылды. Қазақтар Қ-ты бес қарудың біріне жатқызады. Қазақ Қ-тары: алдаспан, наркескен, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш, т.б. болып бөлінеді. Олардың ұзындығы 90–95 см аралығында, ені 3–3,5 см. Атты әскер құрамаларының жойылуына байланысты (20 ғ.). Қ. қазір тек кейбір әскери қызметкерлердің салтанатты рәсімдерде ұстайтын қаруы ретінде ғана қолданылады.

Қ.Ахметжан

ҚЫПШАҚ – қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орт. Азия мен Шығ. Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қ. атауы ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде алғаш кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша, 9 ғ-дағы Қ-дың құрамына имақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі, т.б. рулар мен тайпалар енген. Қ. Түрік қағандығы ыдырағаннан

кейін алғашында Қимақ қағандығының құрамында болып, 11 ғ-да бөлініп шықты. Қыпшақ хандығы тез арада күшейіп, Қ. Орт. Азия мен Шығ. Еуропаға тарала бастады. Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ деп атады. 13–14 ғ-ларда Қ. сөзі жалпы «түркі» ұғымын алмастырып, Алтын Ордадағы саудагерлер үшін қыпшақ сөздігі – «Кодекс Куманикус» шығарылды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қ. көптеген ұлыстарға бөлініп кетті. Бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына кірді. Н.А.Аристов қазақ халқының құралу кезінде көлденең, ұзын, танабұға, қарабалық, т.б. Қ. рулары болған деп көрсетсе, В.В. Радловтың айтуынша ол кезде Қ. тайпасы құрамында торайғыр, түйшіке, қытайқыпшақ, бұлтың, қарабалық, көлденең, танабұға, ұзын, көкмұрын рулары болған. Қазақ шежірелерінде 92 баулы Қ. деп аталады, бірақ ешқайсысында оның барлығы бірдей таратылмайды. Шежіре бойынша Қ-тың өсіп-өнуі төмендегіше сипатталады: Қ-тан ақтамсопы, одан құланқытай, одан сүлімалып, одан кебекалып, одан мүйізді сарыабыз. Мүйізді сарыабыздан қытайқыпшақ, қарақыпшақ, сарықыпшақ, құланқыпшақ тарайды. Қазақ құрамына енген Қ. шежіре бойынша, қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасына (ұзын, бұлтың, көлденең, қарабалық, торы) бөлінеді. Қарақыпшақтан басқа үшеуі туралы мәлімет жоқ. Әйтсе де Қ-ты Орхон жазбаларында «сір» (мүмкін «сары»), 9 ғ-да қимақтар ығыстырған кезде шары (сары) деп атаған. Бірқатар ғалымдар (Аристов, Г.Е. Грум-Гржимайло, Л.Н. Гумилев, т.б.) Қ-дың сырт пішіні әуелде еуропалықтарға ұқсас болды дегенді айтады. Қазақстанда жүргізілген антропол. зерттеулер орта ғасырларда Қ. мекендеген жерлерде моңғолдық және еур. нәсілдер аралас қоныстанғандығын көрсетеді. Сондай-ақ шежірелерде келтірілген қытай-қыпшақ атауы да ежелгі замандарда Қытаймен көршілес отырған Қ-тың атауы болуы да мүмкін. Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыр 15 ғ-да көшпелі өзбек мемлекетін билеген Әбілхайыр ханның замандасы ретінде сипатталады. Қай өңірді жайласа да, Қ. белгілі бір халықтың әр түрлі тобы есебінде ғана көрінген, бірақ бір тілде сөйлеп, бір тектес болған. Қ. қазақтан басқа да түркі халықтарының (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарашай, әзербайжан, түркімен, балқар, т.б.) ұлт болып қалыптасу барысында елеулі рөл атқарды. Қазақ халқының құрамына енген Қ., негізінен, Сыр бойын, Арқа өңірін, Солт.-Батыс Қазақстан (Ақмола, Қостанай, Торғай) аумағын мекендеді. Қ-тың ұраны – Ойбас, таңбасы – екі тік сызық (қос әліп).

Әдеб.: Кудряшев К. В., Половецкая степь, М., 1948; Закиров С., Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом (XIII–XIV), М., 1966; Дашкевич Д. Р., Документы на половецком языке XVI в., М., 1967; Исследования по лексике старокипчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря», А.-А., 1970; Кумекоев Б. Е., Арабские и персидские источники по истории кипчаков VIII–XIV вв., А.-А., 1987; Акинжанов С. М., Кипчаки в истории средневекового Казахстана, А.-А., 1989; Плещина С. М., Половцы, М., 1990; Қазақ шежіресі, А., 1994.

Б.Көмеков, Ә.Құрышжанұлы

ҚЫРҒЫЗДАР, Қытайға қараған қырғыздар – Жоңғар хандығы күйрегеннен кейін, басты жауын жойып тыныс алған Цин патшалығы Орта Азиядағы ұсақ хандықтар мен Қазақ хандығын жаулап алу ниетінен қайтпады. Жоңғар хандығына қарсы соғыс аяқталса да, бақайшығына дейін қаруланған әскерін таратпай, бейбіт жатқан көршілеріне ашық шабуылды бастады. «Қашқан қалмақтарды шауып, ұстаймыз» деген сылтаумен әуелі қазақ даласына 1756 жылы, одан кейін өзбектер мен қырғыздарға қалың қол жіберді де, әскер күшімен қорқыта бастады. 1758 жылғы маусымда Орынбор әкімшілігіне келіп түскен мәліметтерге сүйенсек: «Арғы бетте, яғни Ресей шекарасынан тыс, Қытайдың қалмақтардан босаған жерлерінде, Сырдарияның жоғарғы ағысында 18 сан (әр сан – он мыңнан) әскері бар. Оның он екі саны тау қырғыздарына, алты саны қазақтардың Орта жүзіне, сегіз саны Ресейдің Сібір шекара шебіне бағытталған. Ресей мен Қазақ хандығына қашқан қалмақтарды қуып, ұстауға екі сан әскер жұмсалған. Қазақтар үрей үстінде» деп мәлімдеген. 1760 жылы қытай әскері қырғыздың Атбасы жайлауына баса-көктеп келгенде, Шерікші би бастаған қырғыздарға кезігіп, Ферғана жотасында беті қайтты. Соған қарамастан, «Қырғыздарды өзімізге қараттық» деп лақап таратқан. Шынына келсек, қырғыздарды айдап салып, қазақтардың жайлауларын шапқыншылыққа ұшыратқан. 1765 жылы қазақтың Сары Баян батыры Абылайға: «Алатау қырғыздарына Қытайдан 100 адамдық елші келіп жатқан көрінеді» деп хабарлаған. 1765 жылы Абылайдың жасағы Қаработа бидің қарауындағы қырғыздарға шабуыл жасаған. Екі жақ мәмілеге келіп, қырғыздар 9 отбасы «ақ үйлі аманат» алып бігіседі. «Абылай сұлтан тек қазақ халқы ғана емес. Орта Азияның бытыраңқы иеліктері өзара қырқысып жүргенде, сыртқы дұшпандарынан қорғана алмай, Ресей мен Қытайға кезек жалтақтап, үмітсіз тірлік кешетінін түсініп, тек қазақтың үш жүзін ғана емес, шыққан тегі, ділі мен тілі бір, тағдырлас керейлерді де бір

тудың астына жинауға бекінді» деп, Мәмбетов деген қазақ орыс әкімшілігіне 1768 жылғы 28 наурызда мәлімдеген.

Н.Ақбай

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ, Қыргызия, Қыргызстан – Орта Азияда орналасқан мемлекет. Жер аум. – 198,5 мың км². Оның 90%-ы теңізден 1500 м биіктікте орналасқан. Қ. Р. Тянь-Шань және Памир-Алтай таулары аралығында орналасқан. Жерінің 75%-дан астамын тау жоталары алып жатыр. Ең биік жері – Қоңгур шыңы (7439 м). Жер қойнауы полиметалл мен сирек кездесетін металдар, алтын, күміс, сынап, сүрме, қалайы, мұнай, газ, тас көмір, қоңыр көмір, т.б. кендерге бай. Жерінің көп бөлігі сейсмик. аймақтар қатарына жатады. Климаты континенттік, қаңтардағы орташа темп-ра биік тау жоталарында –8–20°C, биік шыңдарда –53°C-қа дейін жетеді, тау бөктері мен аңғарларда –1,5–8°C. Жазы қуаң, ыстық. Жылдық жауын-шашынның ең аз мөлш. (100 мм). Ең ірі өзені – Нарын. Ол Қарадария өз-мен қосылып Сырдарияға құяды. Солт-тегі ірі өзені – Шу, солт.-батыста – Талас, қиыр оңт-те – Қызылсу. Қ. Р-нда 3000-ға жуық көл бар. Ірілері – Ыстықкөл, Шатыркөл. Өсімдіктің 3,5 мың түрі кездеседі. Жерінің 3,3%-ы – орман (шырша, арша, жаңғақ, т.б.). Тау беткейлерінде шалғын шөп қалың өскен. Шөлейт аймақтарында қоян, сарышұнақ, кірпі, далалық өңірлерде сұр аламан, ақшыл күзен, ормандарында қоңыр аю, сілеусін, жабайы шошқа, елік, сусар, марал; құстардан: аққу, қаз, үйрек, қаршыға, т.б. кездеседі. Өзен-көлдерінде балықтың 40 түрі бар. Қ. жерін адам баласы ежелгі тас дәуірінен (бұдан 300 мың жыл бұрын) мекендей бастаған. 10–12 ғ-ларда Жетісу мен қырғыз жерінде Қарахан мемлекеті құрылып, өндіргіш күштер жоғары сатыға көтерілді. Талас өңірі күміс шығарудың орталығына айналып, қолөнер, сауда дамыды. 13 ғ-дың бас кезінен Шыңғысхан империясына, оның ішінде Шағатай ұлысына қарады. 14–15 ғ-ларда ел аумағы Моғолстан мемлекетінің құрамына кірді. 15 ғ-дың 2-жартысынан жергілікті қырғыз тайпалары бір орталыққа біріге бастады. 16–17 ғ-ларда қырғыз тайпалары алдымен Моғолстан, кейіннен жоңғар және қазақ хандықтарының құрамына кірді. Әсіресе жоңғар шапқыншылығы қырғыздарды қатты қырғынға ұшыратты. Бұдан кейін қырғыз бен қазақ арасы алшақтай бастады; қырғыз тұтқынындағы Төле бидің кенже ұлы Жоланды босатуға Қойгелді батыр бастаған қол Абылай сұлтанның әскерімен аттанады. 18 ғ-дың аяқ кезінен бастап қырғыздар Қоқан хандығына бағынышты болды. Қоқан езгісіне қарсы күресте қырғыздар Ресейден көмек алу

ҚЫРҒЫЗ-ҚАЙСАҚ

мақсатында 1814 және 1824 ж. Батыс Сібір өкімет орындарымен келіссөз жүргізді. 1863 ж. елдің солт. бөлігі 1876 ж. оңт. бөлігі Ресейге қосылып, Түркістан ген.-губернаторлығына (1867–1917) қарады. Елге ішкі Ресейден казак-орыстар мен орыс шаруалары келіп, қоныстана бастады. 1916 ж. қара жұмысқа адам алу жөніндегі патша жарлығына сәйкес қырғыздар да жаппай көтеріліске шықты. Бірақ бұл көтерілістер күшпен басылды. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін елде көп үкіметтілік орнады. Қырғыз интеллигенциясы казак зиялыларымен бірлесіп, автономияға қол жеткізуге тырысты. 1917 жылдың аяғы мен 1918 жылдың бас кезінде Кеңес өкіметі жеңіске жетіп, ел сәуір айынан бастап (1918) Түркістан АКСР-інің құрамына кірді. 1993 ж. 5 мамырда Жоғ. Кеңестің сессиясы Қырғызстан Республикасы атауын Қырғыз Республикасы деп өзгертті. Қ. Р. 1992 жылдан бастап БҰҰ-ға мүше.

Әдеб.: Бартольд В. В., Киргизы, Исторический очерк, М., 1963; Страны мира: Справочник, М., 1999.

Е.Қызырханұлы

ҚЫРҒЫЗ-ҚАЙСАҚ – Патшалық Ресей үстемдігі кезеңінде қалыптастырылған казак халқының бұрмаланған аты. Казакстанды Ресей өзіне қосып алған кезінен бастап патша үкіметінің ресми құжаттарында казак халқының шын аты бұрмаланып, оны көршілес қырғыз халқының атымен атаған. Сондықтан барлық жазбаларда, құжаттарда «Қ-қ» немесе «қырғыз» деген атау қалыптасқан. Тек 1925 ж. 15–19 сәуірде өткен Казак АКСР кеңестерінің 5-съезі казак халқының шын атын – «казактар» деген атауды қалпына келтірді. Съезд шешімдерінің орысша мәтінде «казаки», «Казакстан» деп жазылғандықтан, кейінірек, Казак АКСР ОАК Төралқасының 1936 ж. 9 ақпандағы қаулысы бойынша, орыс тілі үшін неғұрлым дәлірек «казахи», «Казакстан» деген атау қыбылданды.

ҚЫСТАУБАЙ Жиенәліұлы (шамамен 1814–1845) – батыр. Шыққан тегі Кіші жүздегі шөмекей тайпасының құлан руынан. Сыр өңірі казактарының Хиуа, Қокан хандықтарының езгісіне қарсы күресіне, 19 ғ-дың 40-жылдары Абылай ханның немересі Кенесары Қасымовтың Созақ жорығына Жанқожа, Бұқарбай, Тоғанас батырлармен бірге қатысқан. Қ-дың ерлігі туралы Балқы Базар, Т.Ізтілеуов, Шораяқтың Омары, т.б. ақын-жыраулар көп жырлаған. Мәйіті Қызылорда обл. Сырдария ауд. Көктөбе деген жерге қойылған.

Әдеб.: «Сыр өңірі тарихы», А., 1998.

Т.Дайрабай

ҚЫТАЙ ӘКІМШІЛІГІНІҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ – шамамен 1757 жылдың қыркүйек айында Абылайға жазылған хат. Хаттың

басы казак елінің шалғайда жатқан бөтен ел екенін, бұрынғы қоғамдық салт-дәстүр жүйелерінде болуын және «елші жіберіп, патшаға сәлем беріп тұрсаңдар, рақым көресіңдер» деп басталған. Абылайдың елшісі арқылы казактың байырғы жайлауы Тарбағатайды «... патша бізге берсе» деген сөзге «бұл жерлер жаңа ғана тыныштандырылған. Әлі иен жатқан өңір». Шағын хаттың соңында «... Әмірсананы тұтқындап әкеліп беретін болсаңдар, онда ол жерлерді сендерге жарылқап беруге болады» деген шартын қойған.

Әдеб.: Казактың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., казакшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 497–98-б.

А.Көбеев

ҚЫТАЙ ГЕНЕРАЛЫНЫҢ АБЫЛАЙҒА ЖОЛДАҒАН ХАТЫ, шамамен 1758 жылдың 7 мамыры мен 3 маусымы аралығында Абылай сұлтанға жазылған хатта оның жіберген елшілері Кенжекара мен Танаш, т.б. келгенін, қытай әскерінің Қорғас жеріне кіріп, ойраттарды ойсыратқандарын, патша әскерінің Іленің батысындағы Түгірік жеріне жеткенде Әбілқайырдың ұлы Ералыға кездескенін, өткен жылы Абылайдың жіберген хатындағы келісім бойынша Сарыбел жерінде жоңғар ауылдарын жойғанын хабарлай отырып, казак жеріне қашып, паналап жүрген ойраттардың жайсаңдары Қасақшира мен Букучағанды және т. б-ларды «неғұрлым тез арада тұтқындап» тапсыруын сұраған. Ұлы патшасы атынан «қасақшираларды» ұстағандарға мадақ пен сыйлықтар берілетінін айтқан; сондай-ақ, Үрімжіде сауда жасауға рұқсат берілетінін жазған.

Әдеб.: Казакстан тарихы туралы қытай деректемелері, 3-т., А., 2006, 45–47-б.; Казактың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., казакшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 539–41-б.

П.Әбішев

ҚЫТАЙ ИМПЕРАТОРЫНА АБЫЛАЙ СҰЛТАН МЕН ҚАБАНБАЙ БАТЫРДЫҢ АТЫНАН ЖОЛДАНҒАН МӘЛІМХАТ – 1758 жылдың 25 қазанында жазылған мәлімхатта (№260) қазан айының тоғызы күні қытай елшісімен казактың батыры Қабанбайдың ұлдары Едіге мен Төлетай бастаған 50-ден астам адам Үрімжіге келе жатқаны айтылған. Олардың қытай жеріне келу мақсаты: жоңғар жайсаңы Букучағанның ұлын тұтқындап әкеле жатқанын, сонымен бірге казак жерінен Үрімжі қ-ның қаншалықты қашық екенін білу және сауда-саттық жасауға 500 жылқыны айдап келе жатқаны жазылған. Сондай-ақ мәлімхатта өткен жылы Абылай мен Қожаберген екеуіне сый ретінде тартқан торқасының бі-



разын Қабанбайға да бөліп бергенін, оның бұған риза болғанын, осыдан кейін қазақтардың «бірінен соң-бірі жоңғарлардың басшыларын тұтқынға алып, оларды» қытай еліне тапсырып жатқаны айтылған. Қытай жағы қазақтарды «біртұтас, ортақ билеушісі жоқ халық» ретінде танитындығынан хабар бере отырып, қазақ елінен қытай жері «қаншалықты шалғай екендігі мен саудагерлеріміздің қаншалықты көп екендігін білгілері келсе, онда Абылай, Әбілпейіз... қатарлылардың адамдары да келуі тиіс еді» дей келіп, «Қабанбай осы жолы шын мәнінде басқалардың жолын орап, Букучағанның ұлын айдап жеткізуді пайдаланып, өз ұлы мен інісіне өз тауарларын әкелгізіп» отырғанына біршама көңіл танданысын да аңғартады. Дегенмен, жылқыларды сатып алуда «бағаны өте жоғары да, төмен де ұстап тұрмай», жағдайға қарай сауда саясатын ұстану, қазақтар еліне қайтқан кезде қытай дәстүріне лайық «Қабанбай мен оның ұлын, інісін марапаттау керек» екенін де еске салады. Қазақ еліне сапар шеккен қытай елшісі Науанның Абылаймен кездесе алмағандығы, дегенмен қытай шекарасына жақын жерде тұрып жатқан Абылайдың туысы Әбілпейіз, болмаса Дәулетбай батыр мен Қожаберген сынды ел жақсыларымен кезігер деп үміт артады. Қытай еліне үлкен сауда жүргізу мақсатымен Абылайдың елшісі келе жатқаны жайында өз елшісі Науаннан хабар түсе қалған жағдайда оны патшаға кешіктірмей, қолма-қол мәлім етерін айтқан. (Қытай мұрағатында сақталған деректен қазақ тіліне мазмұндаған Б. Ежелханұлы).

Әдеб.: Қазақ хандығы мен Цин патшалығының сауда қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары, А., 2009, 1-т., 40–41-б.; Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 3-т., А., 2006, 45–47-б.; Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 25–27-б.

С.Темірғалиев

ҚЫТАЙ ИМПЕРАТОРЫНЫҢ АБЫЛАЙ ХАНҒА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ – 1755 жылдың 17 маусымында жазылған хат. Абылай ханның атына жазылған қысқаша хатта (№155) ежелден қазақтарға жоңғарлардың өштігін, қытай патшасы әскерлерінің жоңғарларды тыныштандырғанын айта келіп, енді қазақтардың өз алдына ел болу-болмауы еріктерінде, тек өз беттерімен «шекарадан өтіп келіп, жоңғарларды» тонауға болмайтыны ескертілген. Сол жылы маусым айында Абылай ханның атына жазылған келесі бір шағын хатта (№156) жоңғар жерінің тыныштандырылғаны, енді олардың бәрі де қытай патшалығына бағыныштылығы, бұдан былай жоңғарлардың

қазақ еліне шабуыл жасауы тыйылғанын айтумен бірге «Егер өздерің өз бетінше дербес ел болып тұрғыларың келсе де, шекараны тыныш сақтап тұруларың керек. Шабуыл жасап, бізді әуре-сарсаңға салмаңдар» деп аяқтаған. 1756 жылдың 1 наурызындағы «Қазақ ханы Абылайға!» деп басталатын хатта (№169) кейінгі жылдары жоңғарлардың арасында бүлік жайлағанын, соның салдарынан ойрат жұртының тозып, ел болудан қалғанына шыдамай жаза жорығын жүргізудің нәтижесінде «Ілені бейбіт күйге» жеткізгенін айтқан. Бірақ осыған қарамастан Әмірсананың «бүлік шығарып, әбден құтырып, шегіне» жеткенімен, ол қытай әскері мен жоңғар тайпаларының біріккен қимылына қарсы келе алмай қашуға мәжбүр болғанын, енді Әмірсана бас сауғалаумен қазақ жеріне қашып кеткені жазылған. Соған байланысты Абылайға «оны есте қанатыңыздың астына алушы болмаңыз. Егер ол қарақшыны паналатып, қорғаштар болсаңыз, ұлыстарыңызға пайдалы емес, кесірі ғана тиеді» дей келіп, «Әмірсананы ұстап берсеңіз, менің мәңгі жарылқауымда боласыз» деп аяқтаған. 1756 жылдың 22-мамырындағы хатында (№171) қазақ жерінде бой тасалап жүрген Әмірсананың өсегіне ермей, оны ұстап беруге көмектесуін қайталап сұраған. Ал 1760 жылдың 8-маусымындағы хат (№312) Абылайдың өтінішіне орай жауап хат ретінде жазылған. Абылай өз елшісі арқылы «қазақтардың Ілеге барып, мал бағуына рұқсат берсе» дегеніне қазақтың «жайылым жерлері ұлан-ғайыр кең дала ғой, бұрынғы шекараларыңды сақтап» тұруды еске салып, қытай генералдарына шекараға әскер жіберіп, барлау жүргізіп отыруын, Абылайдың адамдары қоныстанып алса, тез қуып жіберу керек – деп жарлық та түсірген.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 454-б.; 469–71 және 473–74-б.; 2-т., 95–96-б.

И.Әбішева

ҚЫТАЙ ПАТШАСЫНЫҢ АБЫЛАЙҒА ХАТТАРЫ – 1757–77 жылдары Абылайға жазылған хаттар топтамасы. 1757 жылдың 1 қыркүйегіндегі жазылған хатта (№187) қазақ еліне артықша ереже-заң қолданудың қажетсіздігін, Абылайға хандық лауазым халық мойындаған жағдайда қытай патшасы өз тұсынан дереу бекітіп беретінін, екі елдің бейбіт татулықта болуын қалайтынын, қашқын Әмірсананы ұстап тапсыратынына сенетінін, бірақ жоңғарлар жайлаған жерлердің барлығы да қытайдың иелігінде болатынын, ал қытай қосындарының жорығынан кейін қазақ жеріне қашып барған ойраттардың бас қылмыске-



рінен басқасын Абылай өз қарауына қалдыруына болатынын, хат соңында жіберген елшісі арқылы төрт орам торғын, т.б. сыйлықтар жіберіп отырғанын жазған. Сол жылдың 31 қыркүйегінде жазылған жарлық сипатындағы хатта (№194) қытай жағынан Абылайдың хандық лауазымы бекітілгенін, қазақ елінің бұрынғы салт-саналарымен қала беруін, ал алым-салықты төлеу-төлемеу де қазақтың өз ықтиярында екенін мәлімдеген. 1757 жылдың 16 қарашасындағы хатта (№206) Абылай мен Әбілпейіздің жіберген елшілерімен (Қанжығалы, Танаш, Атығай, Өміртай, Төлен, т.б.) қытай патшасының дидарласып, сый-құрмет көрсеткенін, Бейжіңге (Пекинге) де апарғанын, ал елшілердің «ежелгі өрісіміз еді», – деп сұраған Тарбағатай жерінің бос жатқанын мойындай келіп, оны алу үшін Әмірсананы ұстап берген жағдайда сыйға беруге болар еді деген сөздерін жазған. Хаттың соңына қарай келген елшілер арқылы Абылай мен Әбілпейізге арнайы асыл киімдер жіберіп отырғанын да хабарлаған. 1758 жылдың 16 желтоқсанындағы хатта (№262) Абылайдың есімі аталғанымен ол негізінен Әбілпейіздің өзіне жазылған. Мұнда оның атынан келген елшілерді (Жолан, т.б.) қабылдап, сый-құрмет көрсеткенін, Бейжіңге (Пекинге) бірге барғанын хабарлаған. Қытай елшілері қазақ еліне барғанда Абылай ордада жоқ болғандықтан ол елші жібере алмапты, соған қарамастан оған да арнайы киім-кешек жіберіп отырғанын айтқан. 1761 жылдың 19 ақпанындағы хат (№337) «Қазақтың ханы Абылай, Әбілмәмбеттерге!...» деп басталып, қазақ елінен Жолбарыс бастап келген елшілердің аман-есен қытай астанасы Бейжіңге (Пекинге) жеткенін, оларға дастархан жайғызып қонақасы және Абылай мен Әбілмәмбеттерді атап елшілердің қолына торқа, қамқа, ыдыс-аяқ, сапалы шай секілді тартулар бергенін жазады. Содан кейін елшілер арқылы жеткізілген өтініш-хаттарды алғанын, Барак батыр уранхайлардың мал-жанын шапқанда генералының әскер күшімен кек қайтармақ болғанын әрі жаза жорығын жүргізуге келіспегенін айта келіп, жасауыл Науанға Барак батырды ұстауға, шапқыншылыққа ұшыраған заттарды түгендеп қайтаруға бұйрық бергенін, Абылай мен Науанның бірлесе отырып, бұл істі нәтижелі аяқтағанын, сонымен қатар Бейжіңге елші жіберіп, Барак үшін кешірім сұрағандықтан Баракқа кешірім еткенін тәптіштеп жазған. Бұл хатында да шекараны бұзбау жағын, оның салдарының жамандыққа әкелетінін баяндап, қытай қолына түскен үш қазақты қайтармайтынын, егер оларды «қайтарып алғыларыңыз келсе», Бейжіңге Барак батырды айдап әкелгенде ғана босатуға жарлық

беретінін айтқан. 1762 жылдың 29 қыркүйегіндегі хат (№358) Абылайдың Дәулеткерей сұлтан арқылы жіберген хатына жауап түрінде жазылған. Бұл хатта қазақтар жағынан Тарбағатай жеріне жылыстап баруын, осыған байланысты оларды қытай әскері қуғанын, бұдан былай шекарадан бей-берекет өтпеуін, мұны Абылайдың өз қауымына ұқтыруын ескерткен. Қытайға келген елшілер арқылы Абылайға алуан түрлі асыл қамқа, торғын, т.б. сый-сыяпат беріп жібергенін және елшілерді құр қалдырмағанын, ал Омар деген елшінізді «сол жерде қалып, арада барып-келіп тұруды» қалаған Абылайдың ұсынысын құп алғанын да жазған. 1767 жылдың 20 қазанында жазылған хат (№395) Абылайдың Іле генералы арқылы жолдаған хатына жауап ретінде жазылған. Қоқанның Ердене бегі Ескендір ханды, оның төрт ұлы мен ханымын өлтіргенін және өзге балаларын ұстап әкеткенін, соған байланысты оған шабуыл жасағанын айта келіп Абылай қытай патшасынан көмекке 20 мың әскер мен зеңбірек беруін сұраған. Бірақ қытай патшасы мұны қолдамайтынын, өйткені қоқандықтар да өзінің қарашасы екенін айтады да «бұл талаптарыңызбен келісуге болмайды» – деп сөзін доғарған. Бергі беттегі жайылымдарды кедей-кепшіктердің мал өрісі ретінде пайдалануына рұқсат етіп, жарлық бергенін, осыған қоса Дәулеткерей бастап келген елшілер арқылы сыйлықтар (асыл торғын мен торқа тартуларын) жібергенін де айтқан. 1777 жылдың 15 ақпанында жазылған хатта (№472) Абылайдың Отаршы бастаған елшілерінің Бейжің қ-на келіп, патша қабылдауында болғанын, Абылай хатын табыстағанын айтады. Осы хатта жазылған «Бізге бірнеше ұрпағы алым-салық төлеп келген Ташкенттегі 30 мың тұтқынды Сарайға сыйлаймыз» дегеніне күмән келтіреді де «Қазір сіздер ташкенттіктердің бірнеше ұрпағы алым-салық төлеп келгенін сылтауратып, оларды маған бере қоймақсындар. Дәлірек айтқанда, ол жерді алуға өздеріңнің шамаларың келмеген соң, біздің күшімізді пайдаланғың келеді. Бірақ ташкенттіктер де менің қарашы қауымым, сіздердің пайданың үшін оларды шабуылдасам, қалай болады...» деген сөздермен өз уәжін айтқан. Абылайдың әскери көмек сұрағанына қытай патшасы «Қазақтар, қырғыздар, қокандықтар, әндижандықтар, бәрі де менің қарашам. Ешқайсыңды аламаймын, баршаңа тең қараймын», сондықтан «Менің жарлығым бойынша Абылай, сіздің жайылымдық жерлеріңізді берік сақтап, көрші ұлыстармен тату тұрып, мейір шапағатымды мәңгі ақтауыңызды тілер едім» деп кеңес берген.

Ж.Ақмақанов

Л

ЛАМА-ДОРЖЫ, Эр дэ ни - Ла ма (1726–1753) – жоңғар контайшысы (1750–53), Қалдан Сереннің (Цэрен) үлкен ұлы. Жоңғария тағы үшін тартыста Даваци мен Әмірсана одан жеңіліп, 1751 ж. орта жүз ханы Абылайға барып, бас сауғалаған. Л.-Д. екі қашқынды қайтаруын сұрап Абылайға және экон. көмек сұрап Пекинге елші аттандырады. Оның бұл қадамдары сәтсіз аяқталады. 1752 ж. Л.-Д.-ның нояндары бастаған 20 мың қол қазақтарға қарсы аттанды. Шекарада жоңғар қолын Абылай қолы күтіп алды. Күзде болған екі жақты қақтығыстарда жоңғар қолы басымдылық көрсете алмады. Осы мүмкіндікті пайдаланып, еліне қайта оралған Даваци мен Әмірсана 1753 ж. қаңтарда Л.-Д.-ны өлтіріп, Даваци хан болды.

Әдеб.: З л а т к и н И. Я., История Джунгарского ханства (1636–1758), М., 1964; Л е в ш и н А. Н., Описание киргиз-казакских или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1990.

3. Қинаятұлы

ЛАПИН Иван – казак, орыс барлаушысы. М.Аксаков деген тілмашпен бірге 1743 ж. күзде Орта жүзге тыңшылыққа барып қайтқан. Сол жолы Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан келгені туралы хабарлаған. Өз бастықтарына жеткізген мәліметінде: «Абылай жоңғарлардан үлкен құрметпен босаған. Оған алтын оқамен зерленген отау үй, оқалы шапан, жиналмалы темір шатыр, темір сауыт т.б. беріп, қыз ұзатып аттандырған. Мұндай сый-сыяпат Абылайға қазақ пен жоңғардың келешекте тату тұруы үшін көрсетілген. Жоңғарлар өз тарапынан бұдан былай қазақтарға тиіспейді» дегенді жазған. Сонымен бірге: «Малайсары батырға сый ретінде 40 құл мен 100 бие беріп қайтарыпты» деген мағлұмат бар.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 106, 135, 137-66.

ЛЕВШИН Алексей Ираклиевич (1799, Ресей, Тула губ. – 28.9.1879, Курск губ.) – ресейлік тарихшы, түркітанушы. Харьков ун-тін бітірген (1818). 1831–37 ж. Одессаның қала бастығы, 1844 ж. а.ш. департаментінің директоры болды. Ол орыс география қоғамының негізін қалаушылардың бірі. 1868 жылдан Мемл. Кеңестің мүшесі. Л. Ресей-

де қазақтар жөнінде алғаш моногр. еңбек жазған адам. Л.-нің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» (1832) атты еңбегінің 1-бөлімінде қазақ жерінің геогр. сипаттамасы берілген. 2-бөлімі қазақ халқының тарихына, 3-бөлімі этнографиясына арналған. Бұл еңбегінде Л. «қазақ» деген атауға ғыл. анықтама беруге тырысты. Қазақ халқының Ресей әкімш.-не өтуінен бастап, 19 ғ.-дың басына дейінгі Орынбор әкімш. және орыстармен арадағы сауда, ресми және саяси қарым-қатынастан көптеген мағлұматтар берді. Ол еңбегінде Абылайдың ақыл-айласы мен тәжірибесін жоғары бағалаған, сондықтан да Абылай хан өзінің беделі мен тәуелсіздігін қатар ұстаған деген ойын білдіреді. Л.-нің «Орал казактарының тарихы және статистикалық сипаттамасы» (1823), «Кіші жүз ханымен (Шерғазымен 1820 ж. 16 қазан) кездесу», «Татарлардың ежелгі қаласы Сарайшық туралы хабар» (1824), «Қазақ халқының аты-жөні және оның нағыз немесе жабайы қырғыздардан айырмашылықтары туралы» (1827), т.б. еңбектері бар.

Әдеб.: Л е в ш и н А. И., Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996.

ЛИЛИГРЕЙН Гаврила (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – капитан. 1779 жылдың 27 шілдесінде Абылай ханға барып қайтқан. Л.-нің хабарламасында: «Абылай өз қоластындағы қазақтардан мүмкін болғанша көп қол жинап, өзіне бағынғысы келмей, ауа жайылған қырғыздарды тәртіпке салуға аттанбақ және сол жақта үш жыл болады, бәлкім, сол жақта тұрып та қалғысы келетін көрінеді. Биылғы қыркүйек айында жүріп кетпек, өзінің ұлы Рүстем сұлтанды алдын ала жіберіп те қойды» деп жазылыпты. Сондай-ақ Абылай хан бұдан былай Ресей шекарасына жақындап көшіп келмек емес, керісінше, бұрынғы мекенін тастап, көшіп кеткен. Тіпті хандық рәміз белгілерін алуға Ресей жағына барғысы да жоқ көрінеді. Абылай елінде болған кезде Л.-ге Ресейден қашып шыққан бірнеше сотталған адамдар келіп жолыққан. Тұтқын орыстардың айтуынша, ханның ауылдарында еркек-әйелі бар көптеген Ресей адамдары отырған көрінеді, олар Ресейге қашуға дайын екен.

Н.Ақбай

ЛИХАРЁВ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ – Ресей патшасы Петр І-нің Қазақ хандығына аттандырған арнайы экспед. (1719). Экспед. Петр І патшаның бұйрығы бойынша Жаркенттің алтын кенін, оны Ресейге жеткізетін жолдарды іздестіру және Сібір губернаторы князь М.П.Гагариннің ісі бойынша тергеу жұмыстарын жүргізу мақсатын көздеді. Экспед. құрамына әскери отрядпен қатар екі геодезист енгізілді. Экспед. басшысы И.М.Лихаревтің бұйрығы бойынша подполк. П.Ступин 1719 ж. қазан айында Өскемен бекінісін салу жұмыста-

ЛЫКОШИН



рын бастады. Геодезистер Петр Чичигов пен Иван Захаров Зайсан көлінің жағалауларында геодезиялық, геогр. зерттеулер жүргізді. Лихарев 1720 ж. көктемде Зайсан көліне дейін жетіп, әрі қарай Қара Ертістің жағалауымен жоғары көтерілді. 1720 ж. тамыз айының басында Л. э. жоңғарлармен болған сәтсіз шайқастың нәтижесінде Ертіс өз-мен кейін қайтуға мәжбүр болды. Л. э. сонымен бірге жоңғар қонтайшысына Ресей мемлекетінің әскери күшін таныту мақсатын да көздеген еді. Л. э. зерттеулерінің нәтижесінде – Ертіс өз-нің жағасында Өскемен бекінісі салынды, экспед. жүріп өткен жерлер картаға түсіріліп, Ертіс жағалаулары мен Зайсан көлін геогр. жағынан зерттеу ісінің негізі қаланды.

ЛЫКОШИН Н.С. – орыс зерттеушісі, шығыстанушы. Абылай хан мүрдесінің орналасқан жерін және құлпытасын зерттеген Л. кесенені ара-лағанын, Абылай хан мүрдесі кесененің оң жақ бөлігінде жатқанын, оның үстіндегі құлпытасы

казактардың қастерлейтінін жазады. «Біз мешіттің Абылай хан қабірі жатқан оң жақ бөлігіне кіргенде, қасымдағы жігіт еденнен топырақ алып, топырақ салу рәсімін жасады. Мұсылмандар бұл әулие қабірдің шарапаты тиеді, мақшар күнінде Алла тағаланың кәрінен сақтайтын киесі бар деп біледі. Осы бөлмеде «Айнатас» деп аталатын ғажайып көрдік, ол – Абылай ханның мәрмәрдан қашалған құлпытасы. Қазақтар айтады: егер ескерткіштің тік қырына бүйірінен қарасаңыз, мешіттің үлкен залын көресіз, оның бетіне залдың ортасында тұрған үлкен қазанның көлеңкесі түседі. Ғажабы, қабырға екінші бөлмеге апаратын есік босағасының ар жағында тұрса да, айнадағыдай байқалады. Бұл ерекшелікті құлау бұрышының шағылу бұрышымен теңдігі жөніндегі оптика заңымен түсіндіруге болады».

Әдеб.: Лыкошин Н. С. Пол жизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения. Вып. 1. Петроград. 1917. С.221.

М

МАҒАУИИ Мұхтар Мұқанұлы (2.2.1940 ж.т., Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд.) – жазушы, әдебиет зерттеушісі, ғалым. Қазақстанның халық жазушысы (1996). ҚазМУ-ды (1962, қазіргі ҚазҰУ), осы ун-ттің аспирантурасын (1965) бітірген. 1965–86 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, «Жазушы» баспасында, «Жалын» альманағында бас редактордың орынбасары, Әдебиет және өнер ин-тында, ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) аға ғыл. қызметкер, доцент, «Жазушы» баспасында бас редактор, «Жұлдыз» журналының бас редакторы (1988–2006) қызметтерін атқарған. «Кешқұрым» атты тұңғыш әңгімесі «Жұлдыз» журналында (1964) жарияланды. Соғыстан кейінгі ел өмірі бейнеленген әңгіме, повестер жинақтары мен романдары басылып шықты. Қазақ халқының көрші мемлекеттермен дипломат. қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген «Аласапыран» тарихи дилогиясы (1981–83), «Жармақ» романы (2012) жарық көрді. «Аласапыран» романында казак



М.Мағауин

ордасын Тәуекел хан басқарған тұстағы (16–17 ғ-лар) қоғамдық-әлеум. жағдай көрініс тапқан. Хан мұрагері Ораз-Мұхаммед пен оқымысты Қыдырғали Жалайыридың, Едіге би ұрпағы, Петр Урусовтың көркем бейнелері сомдалған. Тоған би, Манақ бағыр, Ділшат, Ай-Шешек бегім секілді кейіпкерлерді суреттеу арқылы қаламгер Ораз-Мұхаммед тұлғасын даралай түседі. Романда көшпелі тұрмыс көріністері, аңшылық, саятшылық сынды ұлттық дәстүрлер көрініс тау-

ып, Қазақ хандығының Ресей, Иран, Бұхар, Сібір хандықтарымен өзара қатынастары, ішкі-сыртқы саяси жағдайлары сипатталған. «Қобыз сарыны» (1968) монографиясында хандық дәуірде өмір сүрген акын-жыраулар шығарм-н (15–18 ғ-лар) жүйелі түрде талдады. Ол «Алдаспан», «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» атты акын-жыраулар шығармаларының антологиясын құрастырып, жарыққа шығарды. «Ғасырлар бедері», «Қазақ тарихының әліппесі» зерттеу еңбектері қазақ тарихының 500 жылдық кезеңін қамтиды. М. «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» (1992) оқулығы мен хрестоматиясының (1993), т.б. оқу құралдарының авторы. Ол 1995 ж. жарық көрген «Қазақ тарихының әліппесі» кітабында (1995) «Абылайдың бейбіт күндердегі ел ішіндегі билігі, әділдігі мен парасаты оның кемеңгерлігін танытып, даналығын мойындатады, халықтың сенімі мен пейілі әміршінің беделін көтеріп, үкімін күшейте түседі», – деп жазды. Қаламгер шығармалары бірнеше шет тілдерге аударылған. Ол Қазақстан Мемл. (1984) және «Түркі дүниесіне қызмет» халықар. (1997) сыйл-тарының лауреаты. «Парасат» орденімен (2005) марапатталған.

Шығ.: Шығармалар жинағы, 13 том, А., 2002.

Т.Тебегенов

МАҒАУИЯ Абайұлы Құнанбаев (1870, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. – 26.5.1904, сонда) – Абайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі. Абайдың Ділдәдан туған кенже ұлы. Жастайынан әке ықпалымен ақындық өнерге тәрбиеленеді. Ауыл молдасынан мұсылманша



М.Абайұлы

сауат ашқан М. 1884 ж. Семей қалалық орыс уч-шесіне оқуға түсіп, денсаулығына байланысты 3 жыл ғана оқыған. Бірақ білімін тереңдету мақсатында ол өз бетімен орыс, шығыс тілдеріндегі кітаптарды алдырып оқыды. Зерек, өмірге бейімді М. әкесімен бірге ел басқару ісіне араласып, старшындық, болыстық қызметтер атқарды. М. әкесінен көп нәрсе үйреніп, оның ұсынысы бойынша батыс ақындарының үлгісінде терең сезімді, сырлы дастандар жазды. Оның қаламынан

МАЛАЙ

адал махаббат жолында құрбан болған екі жас жайындағы «Еңлік–Кебек» (1890), қазақ халқының ұлт-азаттық күресін паш етуге арналған «Абылай» поэмалары туындады. Қазақ әдебиеті тарихында мазмұндық құрылымы, стилі мен сюжеті жағынан ерекшеленетін «Медғат–Қасым» поэмасы – шығыс үлгісіндегі романтизм сарынындағы эпик. туынды (1900). М. отаршылдыққа қарсы Кавказ халықтарының ұлт-азаттық күресін басқарған Шәмілдің ерлік істерін баяндайтын «Шәміл» атты поэма жазған. Шығарма қолжазба күйінде жоғалып кеткен. М. поэмалармен қатар махаббат тақырыбына бірнеше өлеңдер мен ағасы Әбдірахманға (Әбіш) арнап сәлем хат түрінде көңіл сұрау, жоқтау өлеңдерін жазған.

Әдеб.: Әуезов М., Әр жылдар ойлары, А., 1957; Мұқамедханов К., Мағауия Абайұлы Құнанбаев, А., 1959; Сүйіншіев Х., Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері, А., 1967.

С.Қорабай

МАЛАЙ Қарабасұлы (шамамен 1724–1794) – батыр. Албан тайпасындағы аққыстық руының майасар тармағынан шыққан. Әкесі Қарабас Хангелді батыр жасағының құрамында Аңырақай шайқасына (1730) қатысқан. Райымбек, Әжібай, Өтеген, Саурық батырлармен бірге М. Жетісу өлкесін жаудан азат ету шайқастарына қатысып, ерлігімен көзге түсті. 1747 ж. маусым айында Бұғыты мен Аласа тауларының арасындағы Көкпек жазығында жоңғарлармен болған шайқасқа қатысты. М. Қулық тауының оңт. сілемдерінің бірінде (қазіргі Райымбек ауданындағы Жалаулы елді мекеніне жақын жерде) күші басым жаумен шайқаста қаза тапты. М. қаза тапқан жерге ескерткіш кешен орнатылған (1994).

Әдеб.: Моисеев В. А., Джунгарское ханство и казахи в XVII–XVIII вв., А.-А., 1991; Бәйдібек баба – алып бәйтерек, ұрпақтар шежіресі, А., 2003.

МАЛАЙСАРЫ (шамамен 1700–1756) – Орта жүздің батыры әрі биі. Арғын ішіндегі бәсентиін руынан шыққан. Әкесі Токтауыл – батыр, балуан, анасы Мөлдір – қалмақ қызы, қарындасы Гауһар (Қабанбай батырдың әйелі) – ерлігі аңызға айналған қаһарман қыз. М. Абылай ханның сұлтан кезінен сенімді серігі болған. Ш.Ш.Уәлихановтың жазуына қарағанда, Абылай хан М-ның батырлығын, ақылы мен қайратын жоғары бағалаған. М. Ресейдің қоластына кіруге қарсы болған. Қазақ-қалмақ соғысын тоқтатып, екі хандық арасында бейбіт бітім жасау саясатын ұстанды. Ол жоңғарларға қазақтың елшісі болып барған. Қазіргі Павлодар обл. Май ауданындағы М-ның туған жеріне, Жоңғар Алатауының батыс сілеміндегі тауға М. есімі берілген.

Ж.Сүлеймен

МАЛАЙСАРЫ (1661–1756 ж.ш.) – батыр, албан. Тарихшы Х.Арғынбаев «Қаз дауысты Қазыбек би елшілігі» деген еңбегінде 1681 ж. қалмақтың қоңтайшысы Ғалдан Бошоқтуға қазақ елінен барған елшілердің қатарында атайды. Елшілікті Тайкелтір би бастап, қосшысы 14 жастағы Қазыбек болғанда, осы құрамда батыр ретінде барған М.Б. сол кезде 18–20 жас шамасында болса керек. Зерттеуші Ж.Ғизатовтың жорамалдауынша, «Жоңғар жотасындағы ұзындығы 100, ені 25–30 шақырымдай тауға есімі берілген батыр албан Малайсары болуы керек».

Әдеб.: Ғизатов Ж. Атлас Малайсарылар хақында. // Қазақ тарихы. 2008, №3. 35–39-бб.

МАЛАЙСАРЫ БИ (1692–1762 ж.ш.) – Жайық бойындағы атақты билердің бірі. Ауызша деректерде Әйтеке би қайтыс болғаннан кейін, Кіші жүзге даңқы жайылып, барша жетіруға басшы әрі би болған. Бір аңызда Сырым Датұлының қарт әжесі немересін бата сұрауға М.Б-ге жібергені айтылады. Сонда М.Б-дің берген батасы мынау: «Кеудең толған бауыр болсын, Арқаң қара нардай жауыр болсын. Үйіңнің сыртынан дүбір кетпесін, Құлағыңнан сыбыр кетпесін». Өнертанушы Жарқын Шәкәрім «Малайсары биден Шәмілге дейін» атты кітабында М.Б. 18 ғ-дағы қазақ тарихында ерекше орны бар қайраткер екендігін көрсетеді. Шежіреде: Сырым батыр жиырма алты жасында бір жолдасымен Нұралы ханның үйіне барса, хан Қараман тана Малайсарымен сөйлесіп отыр екен деген дерек бар. М.Б. зираты Батыс Қазақстанда, Жайық өзінің Қараой тұсындағы жағасында.

Әдеб.: Мұқтар Ә., Ысмайылов С. Сырым бастаған қозғалыс. // Қазақ тарихы. 2003 ж., №5. 35–38-бб.; Ғизатов Ж. Атлас Малайсарылар хақында // Қазақ тарихы. 2008 ж., №3. 35–39-бб.

МАЛТАБАР (шамамен 1680–1760) – батыр. Ұлы жүз жалайыр тайпасының шыршы-жақсымбет тармағынан шыққан. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары Ескелді Жылгелдіұлы, Балпық Дербісәлұлы, Құлжан сияқты батырлармен бірге Жетісу өңірінде жоңғарларға қарсы күрескен. М. ел арасында аңыз әңгіме, шежірені көп білуімен де танылған.

Ұ.Доспанбетов

МАМАЙ Жұмағұлұлы (1702–1799) – батыр. Орта жүз арғын тайпасының тобықты руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығында батылдығымен танылған. Қол басқарудағы көрегендігі, соғыс жүргізуіндегі шеберлігі үшін Кіші жүз ханы Әбілқайыр оған мыңбасы атағын берген. Нұралы хан тұсында М. Кіші жүздің басты батырларының бірі болды. Еділ, Жайық бойын, шығыстағы Алтай, Тарбағатай, Зайсан өңірлерін жаудан тазартуға қатысқан. 1780 ж. батыста жүрген аз санды то-

бықтыны Шыңғыстауға әкеліп орналастырды. М. батыр жайлы Ә.Т.Әлімжанов кітап жазса, белгілі реж. Ә.М.Мәмбетов кітап желісімен «Жаушы» кинофильмін түсірді. Сегізсері Баһрамұлының баласы Мұсайын «Ер Мамай», белгілі айтыс ақыны Қ.Алтынбаев «Мамай батыр» дастандарын жазған. Батырдың ұрпақтары Шығыс Қазақстанның Арқат, Қарауыл, Қасқабұлақ, Көкбай ауылдарында және Семей қ-нда тұрады. Семей қ-ндағы бір көшеге М. батыр есімі берілген.

Н.Әшіров

МАМАЙ СҰЛТАН (т.ж.б. – 1728) – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың немере інісі Тоқтамыстың ұлы, Хиуа ханы. Ағасы Әбілқайыр хан ұстанған сыртқы саясатты қолдап, Жоңғар хандығына қарсы күресте Ресей империясына арқа сүйемекші болды. 1718 ж. 5 наурызда Сібір губернаторы князь М.П. Гагаринмен келіссөздер жүргізу мақсатында Тобылға аттанған өкілдікті басқарды. Шыңғыс хан заманынан Хорезм Жошы ұлысының бір бөлігі болғандықтан, 18 ғ-да Хиуа ханының тағында Кіші жүзден шыққан қазақ хандары отырды. Осы тәртіпке сай Шерғазы хан (1715–28) қайтыс болған соң Хиуа билеушілері М. с-ды хан сайламақ болды. 1728 ж. М. с. Хиуа ханының тағын иемденді. Хиуалықтардың арасында М. с. «Сарыайғыр хан» деген атпен белгілі болды. Аз ғана уақыт билік құрып, дүние салды.

Әдеб.: Е р о ф е е в а И. В., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX в., в кн.: Культура и история центральной Азии и Казахстана, Проблемы и перспективы исследования, А., 1997; Қазақстан тарихы, Көне заманнан бүгінге дейін, 3-том, А., 2002.

И.Ерофеева

МАНЖЫ, С а р ы М а н ж ы (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – беделді жоңғар қолбасысы, Қалдан Сереннің жақын серігі, хандықтың қазақтарға байланысты мәселелерін шешеді. 1742 жылғы 15 қарашада Жоңғар хандығына барып қайтқан орыс елшісі, майор Миллердің жазбаларында баяндалғандай, Қалдан Серен қазақтардың барлық мәселелерін шешуді Манжыға тапсырып қойған еді. 1739–40 жылдың қысында жоңғар әскерлері Қазақстанға екі жақтан соқтықты. Септен бастаған армия Есіл мен Тобыл бойындағы Орта жүз ауылдарын шапты. Сары Манжының қолы оңт-те, Сырдария бойында соғыс жүргізді. Бұл ұрыстардың салдарынан қазақ шаруашылығы қатты күйзелді. Балықшылар аларын алып кеткеннен кейін, сол қыста қарымта қайтару мақсатымен, Орта жүздің жасақтары Еділ бойындағы Құба қалмақтарды шауып, көп мал тұтқын әкетті. 1740 жылдың күзінде ойрат жасақтары Орта жүзге қайта басып кірді. Бұл жолы олар қазақтардың едәуір ұйымдасқан қарсылығына тап болды. Қазақ батырлары әр тұстан кірген жаудың бетін қайтарды.

Қырғын ұрыстар басталды. Абылай да осы соғыстың жуан ортасынан көрінді. Сібір әскерінің қолбасы полк. Павлуцкийдің 1742 жылғы 7 маусымда Орынбор комиссиясынан Сыртқы істер алқасына жолдаған хаттарына қарағанда, «Жоңғар ханының әскерлері еліне әлі түгел қайтпапты. Тағаш өзенінің бойында Сары Манжы бастаған мың қаралы әскері жатыр. Өткен қыста осы Сары Манжының әскерлері аң аулап жүрген көп қазақты тұтқындап алып кетіпті». Қазақтар орыс әскерлерінен қауіптенбейді, Ресейдің қарамағында болғандықтан, орыс командирінің тиіспегеніне разылық білдіреді.

Н.Ақбай

МАРАЛ ИШАН Құрманұлы (1780, Қостанай обл. Қайранкөл маңы – 1841, Қызылорда обл. Қармақшы ауд.) – әулие, діни қайраткер. Әкесі Құрман Кенжебайұлы Абылай ханның замандасы, батыр әрі тәуіп болған. М.И. жас кезінде Бұхара маңындағы Жалаңаяқ әулиеден білім алған. Медреседе діни іліммен қатар дәрігерлікті қоса меңгерген. Еліне оралған соң, Қызылжарда мешіт салдырған. Кейбір деректерде Сыр өңіріне қайта келген кезінде 7 мешіт салдырғаны, Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысында діни басшы болғандығы айтылады. 1821 ж. ол өзін императорға жолықтыруды сұрап Орынбор әскери ген.-губернаторы П.Г.Эссенге және Сібір әскери бөлімінің бастығы ген. П.М.Капцевичке хат жолдаған. Хатында қазақтарды зорлап шоқындыруға, құнарлы жерлерді тартып алуға қарсылық білдірді. Қазақ ру басылары мен бас көтерер азаматтарына арнап патша өкіметінің отаршылдық саясатына, Қоқан және Хиуа хандықтарының жаулаушыларына қарсы бірлесе күресуге шақырған ұнпарақтар таратты. М.И. туралы неміс тарихшысы Т.Вамберидің «Түркі халықтарының этнологиясы мен этнографиясы» атты еңбегінде, И.Ф. Бларамбергтің «Естеліктерінде», С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат», «Аққан жұлдыз» романдарында мәліметтер келтірілген. М. И-ға арнап Қостанай өңірі мен Қармақшыда мешіт салынып, көше аттары берілген. Ол туған Қайранкөлді халық Әулиекөл атайды. Бейіті Қармақшы ауд. Баба қорымында.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVII–XIX веках, Сб. документов и материалов. А.-А., 1964; Н ұ р т а й ұ л ы С., Ислам және Марал баба, А., 1997; Б ү р к і т б а й ұ л ы С., Марал ишанның нұр шапағаты, Қостанай, 1998.

Т.Дайрабай

МАРҒҰЛАН Әлкей Хақанұлы (11.5.1904, Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 12.1. 1985, Алматы қ.) – ғалым, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы, шығыстанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы. Бүкілодақтық геогр. қоғамының толық мүшесі (1933), филол. ғыл. докт. (1945),

МАРҒҰЛАН

Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), ҚазКСР-інің еңбек сің. ғыл. қайраткері (1961). Абылай ханның ту ұстаушыларының бірі – Олжабай батырдың шөпшегі. Бастапқы білімді ауыл мектебінен алды. Павлодар қ-ндағы мұғалімдер курсын бітіріп, туған ауылында мұғалім болып істеді. 1921–25 ж. Семей пед. техникумының студенті бола жүріп, «Таң» журналы мен «Қазақ тілі» газетінің редакцияларында қызмет атқарды. Осы жылдары ол М.Әуезовпен, М. Жұмабаевпен танысты. 1925–29 ж. Ленинградтағы (қазіргі Санкт-Петербург) Шығыстану ин-тының түркітану және тарих-филология ф-ттерінде қатар оқыды. 1926–27 ж. М. КСРО ҒА-ның акад. А.Е. Ферсман мен проф. С.И. Руденконың басшылығымен ұйымдастырылған Қазақстан және Алтай археол. және этногр. экспед-ларының жұмысына қатысты. Экспед. кезінде Ә.Бөкейхановпен тығыз қарым-қатынас орна-



Ә.Марғұлан

тып, бірлесіп қызмет жасады. М. 1928 жылдан қазақ халқына қатысты әдеби, мұрағаттық материалдар жинақтаумен шұғылданды. 1929 ж. Абай шығарм. туралы дипломдық жұмыс қорғап, орыс геогр. қоғамы архивіндегі Абай колжазбалары туралы нақты тарихи деректер негізінде ғыл. дәйекті тұжырымдар жасады. 1930–31 ж. Терми-нол. комиссияның ғалым хатшысы, 1931–34 ж. Ленинградтағы Мемл. материалдық мәдениет тарихы академиясының аспиранты, 1931–35 ж. Шығыстану ин-тының оқытушысы, 1936–38 ж. Мәскеудегі материалдық мәдениет тарихы ин-тының ізденушісі және ғыл. қызметкері болды. Осы жылдары ол Шығыс Түркістан археология-сы мен өнері бойынша маманданып, бірнеше археол. экспед-ларға қатысты. 1939–41 ж. КСРО ҒА-ның қазақ бөлімшесі Тарих ин-тының аға ғыл. қызметкері болды. 1940–41 ж. оның «Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы түркі эпосы», «Декабри-стер және Қазақстан», «Әлішер Науаи және қазақ мәдениеті», «Мұхаммед Хайдар – тарихшы», «Шоқан Уәлиханов және Орта Азия тарихы», «Су-воров», «Жамбыл Жабаев», т.б. еңбектері жарық көрді. 1941 ж. КСРО ҒА қазақ бөлімшесінің тарих

бөлімін басқарды. Осы қызметте жүріп «Хандар жарлығының тарихи маңызы» деген тақырыпта қорғаған канд. диссертациясында көне қыпшақ тарихына байланысты құнды зерттеулер жасады (1943). 1945 ж. «Қазақ халқының эпикалық жыр дастандары» тақырыбында қорғаған докт. диссер-тациясы қазақ әдебиеті мен тарихы саласындағы іргелі зерттеулердің нәтижесі саналды. 1946–53 ж. археология, палеолит бөлімінің меңгерушісі, аға ғыл. қызметкері, 1953–55 ж. Қазақстан ҒА-ның Архитектура құрылыс және құрылыс материал-дары ин-тының аға ғыл. қызметкері болды. 1958–76 ж. этнография бөлімін басқарды. Осы жылда-ры М. Сырдария, Шу, Талас өз-дері бойында және Отырар, Сауран, Сығанақ қ-лары орнында қазба жұмыстарын жүргізіп, соның негізінде «Көне қа-зақ жерінің қалалары мен құрылыс өнерінің та-рихы» аталатын монографиясын жариялады (1950). К.Ақышев, М.Қадырбаев, М.Оразбаевтар-мен бірге Орт. Қазақстанда жүргізген археол. қазба жұмыстарының қорытындысы саналатын «Орталық Қазақстанның ежелгі мәдениеті» (Древ-няя литература Центрального Казахстана, 1966) атты ғыл.-зерт. еңбегін жазып, кітаптың редак-циясын басқарды. М. – қорқыттанушы. Ол оғыз-қыпшақ тайпасынан шыққан данагөй абыз, жы-рау, күй атасы, қазақ бақсыларының жебеушісі, батагөй-сәуегейі Қорқыт мұрасын зерттеді. Оның жазуынша, қазақ музыкасы мен философиясын-да «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыт толғауы», «Тәңір биі» дейтін рухани ізгі дәстүрлер, макамдар қалыптасып дамыған. Демек, Қорқыт – «керемет иесі», «ұлыстың ұлы кеңесшісі», «та-рихи оқиғаларды жырлаушы жырау». М. Қорқыт мұрасын, дәстүрін ұстаған халық мәдениетінің көрнекті өкілдерін былайша топтастырады: 1) бақсы-жыраулар (Қойлыбай, Қарамырза, Ны-сан абыз, т.б.); 2) қобызбен күй орындаушы-лар (әл-Фараби, Кет бұға); 3) сәуегей жырау-лар, шешендер (Сыпыра жырау, Асан қайғы, Шалғез, Қазтуған, Әнет баба, Бұқар жырау, Тә-тіқара, Майлықожа, т.б.); 4) Қорқыт дәстүрін жал-ғастырған, қобызбен жыр туындатқан ақындар (Балқы Базар, Ерімбет жырау, Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Абыл, Оңғар жырау, Шораяқтың Ома-ры, т.б.). М. «Қазақ халқының көне замандағы ақындық өнерінің шеберлері» атты еңбегінде (1959) қазақ халқының эпикалық жыр дәстүрін дамытқан ақындарға, шебер орындаушыларға, сал-серілерге тоқталып, олардың сөз өнеріндегі орнын айқындады. Еңбектегі ғыл. тұжырымдар таным-дық тереңдігімен ерекшеленеді, онда көне ойшыл-дардан бастап Жанақ, Шөже, Арыстанбай, Мара-бай, Сүйінбай, Жамбыл, Нұрпейіс, Иса секілді ақындар шығарм. талданады. М-ның «Тамғалы тас жазуы» атты зерттеуінде әдеби-тарихи һәм мәдени

деректер молынан кездеседі. Ол сонымен қатар қырғыз халқының «Манас» эпосы туралы ғыл.-зерт. ісінің дамуына үлес қосты. Қырғыз эпосын дүние жүзіне алғаш таныстырған Ш.Уәлиханов, кеңес заманында бастапқы зерттеулерді жүргізген Әуезов болса, кейіннен осы дәстүр М-ның «Шоқан және Манас» атты монографиясында жалғасты. Ол эпостағы өмір шындығы, жырдың шығу тегі, дәуірі, кейіпкерлері мен көркемдік кестесі және манасшылардың жырды жетілдірудегі қызметі, т.б. жөнінде ғыл. маңызы жоғары пікірлер айтты. 1957–67 ж. Уәлихановтың ғыл. мұраларын жинайтын топқа (Әуезов, С.Бәйішев, С.Мұқанов, Қ.Сәтбаев, А.Нүсіпбековпен бірге) басшылық етіп, оның таңдамалы (1958) және 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды. 1976–84 ж. Қазақстан ҒА этнография бөлімінің аға ғыл. қызметкері болды. Оның ынта-жігері мен ұсынысы бойынша қазақ даласының ең шалғай аудандарына бірнеше археол. және этнограф. экспед.-лар ұйымдастырылды. Ол өзіне дейінгі Қазақстанды зерттеуші орыс ғалымдарының қазақ даласы тек көшпелілер мекені болды деген тұжырымдарының шындыққа сай келмейтіндігін дәлелдеді. Ғалым 40-жылдардың аяғында бірнеше рет саяси қудалауға ұшырады, кейін де ұдайы саяси бақылауда болды, ғыл. ортаның кейбір қисынсыз сындарына ұшырады. М. тарих, археология, этнография, әдебиет, өнер (қолданбалы және сәулет өнері) және металлургия саласына қатысты 300-ден астам ғыл. зерттеу жұмыстар, 100-ден астам энциклопед. мақалалар жазды, сонымен қатар қазақстандық этнографтардың, археологтардың, тарихшылардың бірнеше буынын даярлады. Оның ғыл. еңбектерінің бірқатары шетел тілдеріне аударылды. 1991 ж. Ш.Уәлиханов атынд. Тарих, археология және этнография ин-тындағы археол. орт-тың негізінде М. атынд. Археология ин-ты құрылды. Астана, Павлодар, Екібастұз, Жезқазған қ-лары мен Оңт. Қазақстан обл.-нда, Баянауыл, Екібастұз аудандарында бірнеше көшелер, мектептер М. есімімен аталады. Павлодар қ-нда мүсіні орнатылған, сондай-ақ С.Торайғыров атынд. Павлодар пед. ун-тінде М. атында стипендия тағайындалып, мұражай ашылған. 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО-ның шешімімен дүниежүз. деңгейде аталып өтті (2004). 1967 ж. Қазақстан ҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд. сыйл., 1982 ж. Қазақстан мемл. сыйл. алды. Еңбек Қызыл Ту, «Халықтар достығы», Ленин ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Шығ.: Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана, А.-А., 1950; Открытие новых памятников культуры эпохи бронзы Центрального Казахстана, А.-А., 1966; До исламская архитектура Казахстана, М., 1968; Бегазы–Дандыбаевская культура Централь-

ного Казахстана, А.-А., 1979; Ежелгі жыр аңыздар, А., 1985; Казахское народное прикладное искусство, 1–3 т., 1986–90; Собрание соч., 1–4 т., А., 1998–2003.

МАРЖАНИ Шиһамиддин, Ш и һ а б е т д и н, Ш и һ а м и д д и н б и н е Б а һ а у и д д и н э л - М а р ж а н и (1818–89) – көрнекті татар ойшылы, ғалым, ағартушы, тарихшы. М. «Әл-қыйсьмес-сани мин китаби», «Мөстәфадел-әхбар фи әхвали казан вә болгар» деген еңбегінде қазақ хандығының Абылай тұсындағы тарихынан мағлұматтар келтірген, Абылай ханды бүкіл түркі жұртының бетке ұстар айбынды батыры әрі ханы деп бағалаған.

Әдеб.: Ш и һ а б е т д и н М ә р д ж ә н и. Әл-қыйсьмес-сани мин китаби. «Мөстәфадел-әхбар фи әхвали казан вә болгар», Қазан, 2001.

МАССОН Михаил Евгеньевич, (5.12.1897–1986) – орыс тарихшысы, археолог, 1924 ж. Түркістан респ. мұрағаттар мен көне ескерткіштерді қорғау к-тінің төрағасы, 1936 ж. Орта Азия (кейін Ташкент) мемл. ун-ті археология кафедрасының менгерушісі болып істеді. Орта Азия мен Қазақстанды аралаған кезде Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесін зерттеп, Абылай ханның кабірі туралы: «...Мұнда Сүйініш ханның үлкен тасы жатыр, тастың мейлінше жылтыр беті айна сияқты, оның ұзын қырына бүйірден қарасаңыз, «қазандықтың» қабырғасын көресіз. Мұның мәнісі – құлау бұрыштарының теңдік заңына байланысты. Сондықтан да, осынау ғажайып тасты «Айнахас» деп атап кеткен» деген мағлұмат қалдырған.

Әдеб.: М а с с о н М. Е. Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави. Ташкент, 1930. С. 17.

«МАТЕРИАЛЫ ПО ИСТОРИИ ПОЛИТИЧЕСКОГО СТРОЯ КАЗАХСТАНА» – кітап. Құрастырған: М.Г.Масевич. 1960 ж. «Қазақ ССР ғылым академиясы» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 442 бет. Таралымы 925 дана. Жинақ 4 бөлімнен тұрады. Жинаққа Қазақстанның Ресеймен қосылған кезінен бастап, Ұлы Октябрь революциясы кезеңдеріндегі Қазақстанның саяси құрылымы жайында сыр шертетін тарихи мұрағат материалдары енгізілген. Құжаттар негізінен Мәскеу, Омск, Қазақ және Өзбек КСР-інің мұрағаттарынан көшіріліп алынған. Жинақтың бірінші және екінші бөлімдерінде Ресей өкіметі мен Абылай хан арасындағы қарым-қатынасқа қатысты құжаттар бар. Солардың ішінде 1745 ж. 16 сәуірде Орынбор губернаторының құпия кеңесшісі И.И.Неплюевтің Абылай сұлтанға жазған хаты да кездеседі.

К.Қошым-Нозай

МАХАМБЕТ Өтемісұлы (1803, қазіргі Батыс Қазақстан обл. Жәнібек ауд. – 20.10.1846, қазіргі Атырау обл. Махамбет ауд. Қараой а.) – ақын, күйші, Исағай Тайманұлы бастаған көтерілістің (1836–38) рухани көсемі әрі жалынды жыршысы.

МӘДЕНИЕТТЕР

Бала кезінде сауатын ашқан. Әкесі Өтеміс елге ықпалды би болған. Жәңгір хан М-тің қасына баласын косып, Орынборға оқуға жібереді. М. онда 1824–28 ж. тұрды. Кейін Исатай батырмен тізе қосады. Бұлар басқарған көтерілісшілер күші басым қарсылыстарынан жеңіліс табады. Бұл шайқаста Исатай қаһармандықпен қаза тауып (1938), М. азғана серіктерімен қашып құтылады. Ол Хиуа хандығына барып, тағы да жасақ жинауға күш салады. Бұл ниетінен нәтиже шықпағаннан кейін Бөкей ордасына жасырын өтіп, ел ішін паналайды. Мұны естіген Жәңгір хан М-ті ұстап әкелуге 40 кісіден құралған жасақ жібереді. Тілекеев деген қазақтың үйінде жайбарақат отырған М-ті



Махамбет Өтемісұлы

олар қолға түсіреді. Калмыков а-нда (қазіргі Тайпақ ауд.) екі апта түрмеде ұстап, Орынборға айдатады. Орынбор ген.-губернаторы М-тің ісін әскери соттың қарауына тапсырған. Сот бұдан былай «бүліншілік» іске араласатын болса, қатаң жазалансын деп үкім шығарады. М. тұтқыннан босағаннан кейін өмірін Жайықтың бергі бетінде, Кіші жүздің батыс бөлігінде ел ішінде өткізеді. Жәңгір хан өлген соң елге сұлтан болған Баймағамбет Айшуақов М-ті қудалауын қоймайды. Ол М-тің басына 1000 сом тігіп, қара ниетті адамдардан шағын отряд құрып, М-тің үйіне жібереді. Олардың ішінде хорунжий атағын алған Ықылас Төлеев те болды. М. соның қолынан қаза тапты. М. бұқара халықтың патша өкіметіне, оның жергілікті өкілдеріне қарсы ұйымдасқан түрде қарулы көтеріліске шақырған қазақ ақыны. М. шығармалары – өз дәуіріндегі еңбекші бұқара өмірінің рухани-поэтик. шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. «Ереуіл атқа ер салмай», «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк

шалғын», «Атадан туған ардақты ер», т.б. жырларында алдағы күнге зор сеніммен қарайды, жақсылыққа иек артады, бақытты, бостандықты күреспен ғана жеңіп алуға болады, «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді. М. өлеңдерінде Исатайдың бейнесі және көтерілістің ұраншысы ретінде ақынның өз бейнесі де бар. Исатай – ақынның көп өлеңдерінің басты қаһарманы. М. қазақ халқының әдебиет мұраларын жақсы біліп, одан көп тәлім алған. Өлеңдерін дәстүрлі үлгіде шығара отырып, оны түр, мазмұн жағынан көп байытқан, жетілдірген. М. шығармалары – жанры жағынан лирика. Көбінше соны толғау, жыр, терме үлгісінде болып келеді. Исатайға арналған кейбір өлеңдерін жоқтау түрінде шығарды. Нақылға, шешендікке құрылған жырлар, филос. тебіреніс түріндегі толғаулар, үгіттеу, үндеу, шақыру, тілек ету мәніндегі арнаулар – ақын шығармашылығына тән сипат. 1939 ж. Қ.Жұмалиев М. өлеңдерінің жинағын шығарды. Ақынның 200 жылдық мерейтойы аталып өтіп (2003), 4 томдық жинағы жарық көрді.

Әдеб.: К е н ж а л и е в И., Махамбет Өтемісұлы, А., 1974; Ж ұ м а л и е в Қ., Егеулі найза, А., 1979; Т і л е п о в Ж., Елім деп еңіреген ерлер жыры, А., 1995; С а р а й Ә., Исатай мен Махамбет, А., 1997; С ү й і н ш ә л і Х., С ү й і н ш ә л і Қ., Ішкі орда және жалынды ақын Махамбет, А., 2002.

«МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ТІЛ, ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕЛЕРІ» – кітап. 2011 ж. Алматы қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 530 бет. Таралымы 500 дана. Бұл жинаққа 2011 жылғы 29–30 сәуір аралығында Сүлейман Демирел атынд. ун-тте өткен халықар. ғыл.-практ. конференцияның материалдары топтастырылған. Жинақта жас ғалым Ақнұр Қошымованың «Абылай хан – тарихи жырларда» атты зерттеу мақаласы берілген. Автор мақаласында «Абылай хан», «Сабалақ» «Абылай туралы жыр», «Сабалақ – Абылай хан», «Абылай мен Олжабай», «Абылай хан... Ақ атан» секілді бірқатар жыр-дастандарда кездесетін тарихи тұлғаларды саралайды. Сонымен қатар тарихи жазба құжаттық деректер мен жыр-дастандарда келтірілген деректерді салыстыра отырып, Абылайдың шынайы бейнесін аршып алуға тырысады. Бұқар жыраудың: «Ай, Абылай, Абылай, Сені мен алғаш көргенде, Тұрымтайдай ұл едің. Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға, Қызметкер болып тұр едің», – деп толғайтын жырынан үзінді келтіріп, оның балалық шағынан бір көрініс бере кетеді. Абылайдың туған жылы туралы әркілі пікірлердің барлығын айта келіп, автор Қалдан Сереннің ұлы Шарышпен жекпе-жекке түскен кезінде Абылайдың 20 жаста болғандығын, Орта жүз жасақтары мен жоңғарлардың арасында үлкен ұрыстар 1732–1733 ж. аралығында

өткендігін айтып өтеді де, оны 1713 ж. туылған деген қорытындыға келеді.

К.Қошым-Нозай

МӘМБЕТ Бұлғақұлы (шамамен 1704–1769) – Әбілқайыр ханның 12 биінің бірі. Кіші жүздегі шөмекей руынан шыққан. 1738 ж. тамызда Әбілқайыр хан бастаған Орта жүз бен Кіші жүздің беделді би, батырларымен бірге шөмекей руының атынан Ресей патшалығына ант берген.

Т.Дайрабай

МӘМБЕТ Күнбасұлы (шамамен 1711–1808, Жамбыл обл.) – батыр, Абылай ханның жорықтас серігі. Атақты Аңырақай қырғыны кезінде 18 жасар М. жекпе-жекте қалмақ батыры Домбауылдың басын қылышпен шауып түсірген. Кейбір деректерде Абылайды жоңғар тұтқынынан алып қайтқан отыз бес қазақ ішінде Сеңкібай, Шойбек батырлармен қатар аталады. Бұқар жыраудың «Қалданменен ұрысып» атты толғауында басқа батырлармен бірге М. есімі де айтылады. Мазары Талас өз. бойындағы Төктұрмас жотасында; кейін батырдың аруағына ас беріліп, басына күмбез орнатқан. Тараз қ-ндағы көрнекті көшелердің бірі М. есімімен аталады.

Әдеб.: Төле би мен Қойгелді батыр. Жинақты құраст., алғысөзі мен кейбір мақалалардың авторы Б.Әбілдаұлы, А., 1992.

Б.Әбілдаұлы, А.Әлімқұлов

МӘМЕТ – аталық, Кіші жүз қаракесек руынан. Әбілқайыр ханды өлтірген Барак сұлтанның өзіне сот құруға таңдап алған билерінің бірі. Барак сұлтан алшын Төртқара Қаратоқа биге, қаракесек Қожанай биге, М. а. және бағаналы найман Өтебайға сәлем айтып: «Билікті өздеріңе бердім, Әбілқайыр ханды жазықсыз өлтірдің деп кінәмді мойныма қойсаңдар, биліктеріңе құлмын. Бүкіл байлығымды таразының бір басына, шыбын жанымды бір басына қойыңдар. Мал-мүлкімді аласыңдар ма, басымды аласыңдар ма? Ерік сендерде» депті.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 169-б.

МӘСКЕУ, М о с к в а – Ресейдің басты қаласы, астанасы. 18 ғ-да мұнда Ресей Сыртқы істер алқасының кеңсесі орналасқан. Бұл мекеме империя шекарасынан тыс Қазақ хандығы сияқты елдермен қарым-қатынас ұйымдастырады. Осының өзінен-ақ «бодандық» деген ұғымды айқын түсіну қиын емес. Яғни қазақтар Ресей мемлекетінің азаматы, тіпті «подданный» дәрежесіндегі бағыныштысы болған емес, тиісінше, Ресей заңдарын орындауға да міндетті емес еді. Мұны Абылай хан жақсы түсінген. Келісім жасасып, ант берісіп, тату көршілік міндеттің екі жаққа бірдей екенін, қазақ жерлері Ресейдің құқық аясына кірмейтінін түсінген. Сондықтан да

өзінің қазақ дәстүрімен сайланған хандық лауазымын Ресей патшасының бекітуін міндетті санамаған, патша берген ресми рәміз сипатындағы жора-белгілерді қабылдап алмаған. Мұнысы халықар. құқық тұрғысынан дұрыс еді. Ал Ресей патшасының «сайланған қазақ хандары міндетті түрде бекітілмесе, лауазымына сәйкес өкілеттікке ие болмайды» деп пайымдауы көпкөрнеу заңсыздық, атап айтқанда, көрші тәуелсіз мемлекеттің ішкі істеріне араласқан патшаның – өз өкілеттігін асыра пайдаланғандығы. Қазақ хандығы халықар. құқықтың дербес субъектісі ретінде көрші Ресей мемлекетінің алдында ешқандай да тәуелді болмаған.

Н.Ақбай

МӘШІМБАЕВ Серік Мектепұлы (22.11.1939 ж.т., Батыс Қазақстан обл. Казталов ауд.) – тарих ғыл. докт. (2001), проф. (2005). Қазақстан Білім беру ісінің үздігі (1974). ҚазМУ-ды (1967, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Осы ун-те кафедра меңгерушісі (1995–2005); 2005 жылдан проф. Негізгі ғыл.



М.Мәшімбаев

еңбектері патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатының тарихы мен әкімш. тәсілдері мәселелеріне арналған. «Патшалық Ресейдің Қазақстандағы мемл. басқару мекемелерінің тарихы (18 ғ. 30 ж. – 19 ғ. 60 ж.)» атты тақырыпта докт. дисс. қорғады. М. 1993 ж. «Абылай дипломатиясы» атты мақаласын жариялап, «... Абылай ханның дипломатиясы 1758–81 ж. арасында қазақ даласында тыныштық орнап, қазақ халқының шаруашылығының, саудасының және мәдениетінің дамуына негіз болды. Абылай дипломатиясының негізі қазақ ұлтының егемендік дербес сыртқы саясаты болды», – деп жазды. 120-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның авторы.

Қ.Көшжанұлы, Д.Д.Омарбекова

МӘШҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ (1858, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1931, сонда) – ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. «Бес жаста «бісімілла» деп жаздым хатты, Бұл тағдыр жастай маған тиді қатты» деп М. Ж. К-ның өзі

МЕДЕТБЕК

айтқандай, бес жасынан бастап-ақ молдадан хат таныған ол 1870 ж. Хамеретдин хазіреттің медресесінде, одан кейін Бұхарадағы діни жоғары оқу орнында оқыды. Өнер-білімге, әдебиетке құмар болып, «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» сияқты халық жырлары мен Шығыстың кисса-дастандарын жатқа айтқан. Сол себепті де Мәшһүр Жүсіп атанды. «Мәшһүр» арабша белгілі деген мағынаны білдіреді. Медреседе оқып жүрген кезінде ол балалардың алды болып, он бес жасынан өлең жаза бастаған. 1875 жылдан біраз уақыт оқытушы болды. «Дала уәлаяты» газетіне хат-хабар, мақала жіберіп тұрды. 1887–90 ж. Самарқанд, Ташкент, Түркістан, Бұхара, т.б. қалаларды аралап, араб, парсы тілдерін үйреніп, Шығыстың классик. әдебиетімен жете танысқан.



Мәшһүр Жүсіп Көпөйұлы

Осы жылдары түркітанушы ғалым, акад. В.В. Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысты, жар-жар, аужар, бата, ұлағатты сөздер, ертегі, аңыздар, діни киссаларды жинап, жариялады. Сонымен бірге «Гүлшат–Шеризат», «Гибратнама», «Шайтанның саудасы» сияқты Шығыс дастандары үлгісін және бірнеше тарихи жырларды жинап, хаттаған. «Көроғлы», «Ер Көкше», «Сайын батыр» жыр-дастандары мен Бұқар жырау, Шортанбай, Орынбай, Шөже, Жанақ, Сақау секілді ақын-жыраулардың әдеби асыл мұраларын хатқа түсірген. Ақынның 1907 ж. Қазан қ-нда Хұсайыновтар баспасынан үш бірдей кітабы шықты. «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» атты шығармаларында қазақ халқын өнер-білімге баулу, елде мектеп, медреселер ашу, жер тағдыры, т.б. өзекті мәселелерді көтереді. М.Ж. К-ның Абылай хан өміріне бай-

ланысты көнекөз қариялардан естіп білгендерін, қағазға түсіріп жинаған аңыз-әңгімелерінің өзі халық ауыз әдебиетіндегі аса құнды көркем дүниелер болып саналады. «Абылай хан дәуірі», «Абылай заманында», «Абылай ханның түсі», «Абылайдың қалмақтың ханы Қалдан Серенге тұтқын болған хикаясы», т.б. М.Ж. К. осындай әңгімелерінің бірінде «Қалмақтың құтын қашырып, Сарыарқадан аударған, қалмақтың басына қан жаудырған Абылай хан екен. Сол заманда сүрген дәуренді Қазақбайдың баласы Абылайдан бұрын Адам Атаға шейін көрген емес», – деп жоғары бағалаған. Оның таңдамалы екі томдығы (1990), «Қазақ шежіресі» атты еңбегі (1993), т.б. жарық көрді. Павлодар қ-нда ақын атында мешіт, Баянауылда Мәшһүр Жүсіп мұражайы бар.

Әдеб.: Ке н ж е б а е в Б., Қазақ халқының 20 ғасыр басындағы демократ жазушылары, А., 1958; М ұ қ а н о в С., «Халық мұрасы», А., 1964; Т э ж і б а е в Ә., Әдебиет үлгілері, А., 1992.

С.Дәуітұлы, Д.Омарбекова

МЕДЕТБЕК Темірхан (6.3.1945 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Түркістан ауд. Амангелді а.) – ақын. ҚазПИ-дің филол. ф-тінде (қазіргі ҚазҰПУ) оқыған. 1968–2002 ж. Радио мен телевидениеде, әр түрлі газет-журналда, шығарм. ұйымдарда қызмет атқарған. Қазақстан Жазушылар одағында 2-хатшы, 2003 жылдан «Ақиқат» журналының бас редакторы болды. Алғашқы жыр жинағы «Жанымның жас құрағы» деген атпен 1970 ж. жарық көрді. Оннан астам өлең жинақтары жарияланып, оқырмандар мен сыншылардың жоғары



Т.Медетбек

бағасын алды. «Абай әлемі» (1995) және «Баба дәстүрдің мұрагері кім: туған әдебиет туралы ойлар» (2001) атты әдеби-сын еңбектерінде қаламгер Абай әлемінің поэтик. тереңдігін, қазақ мәдениетінің даму сипатын саралап, ақындық психологияның ішкі болмысына баға берді. М. «Абылай хан» атты өлеңінде: «Уа, Абылай, хан ием! Асқар таудай алып ең, қазағым деп налып ең; тосылғанда қалың ел өзінді өзін танып ең, жауға жалғыз шауып ең, Уа, Абылай, хан ием! ...Уа, Абы-

лай, хан ием! Қорғаным ең, бағым ең. Қаптап келген жауларды қалқан болып қағып ең. Уа, Абылай, хан ием!» – деп, хан рухымен сырласады. Ол украин, өзбек тілдерінен В.Гужва, Е.Вахидов өлеңдерін тәржімалады. М-ке «Тағдырлы жылдар жырлары» жинағы үшін ҚР Мемл. сыйл. берілді (2000).

Шығ.: Сапар алдында, А., 1973; Алыс шақырымдар, А., 1975; Мәртебе, А., 1977; Өуедегі толқындар А., 1980; Көгершін қауырсындары, А., 1982; Дауыс, А., 1984; Жүректегі ендіктер, А., 1987; Сырым бар саған айтатын, А., 1989; Аңқа кептірген аңызак, А., 1992; Тынышыңды алам, дүние, А., 1998.

Т.Тебегенов, Ә.Сұлтанхан

«МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ: ТЕОРИЯ – ПРАКТИКА – ПОИСК» – кітап. 1999 ж. Алматы қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 458 бет. Таралымы 500 дана. Бұл жинаққа 1999 жылғы 29 – 30 сәуір аралығында Алматы қ-нда «Международные отношения: теория – практика – поиск» атты тақырып бойынша өткен халықар. ғыл.-практ. конференцияның материалдары топтастырылған. Әлемнің әр шалғайынан жиналған ғалымдар бұл конференцияда негізінен халықар. қарым-қатынастар мәселесін жан-жақты талқыға салады. Жинаққа Р.Балғозинаның «Внешнеполитическая стратегия Абылай хана: история и традиции» атты еңбегі берілген. Мұнда 18–19 ғ-лардағы Қазақ хандығының тарихы, Абылай ханның дипломатиялық қызметтері сөз болады. Мақалада автор жоңғар шапқыншылығы кезеңін кеңінен талқылайды. 1723 жылғы жоңғарлардың ауыр соққысынан кейін де қазақтардың ұлт-азаттық күресі ширек ғасырдан астам уақытқа жалғасқаны баяндалады. Сонымен қатар еңбекте Абылайдың Әбілмәмбет ханмен бірге 1740 жылы Ресей генерал губернаторы Урусовтың қабылдауында болғаны жөніндегі дерек те келтірілген.

К.Қошым-Ногай

«МЕЖ ТРЕХ ОГНЕЙ» – мақала. Авторы – Ж.Қасымбаев. «Вечерняя Алма-ата» газетінің 1991 жылғы 29 қарашасындағы санында жарияланған. Қазақ хандығында өзіндік алар орны бар Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай жазылған мақалада Абылай ханның өз заманында халқын үш оттың ортасынан, яғни Жоңғар хандығы, Ресей, Қытай империялары қыспағынан аман алып шыққанын, Қазақ хандығының тәуелсіздігін сақтап қала алғанын айтады. Абылай ханның қайраткерлігі, саяси көрегендігі деректермен беріліп отырады. 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығы қазақтарды қатты күйретіп кеткенін, сол шапқыншылықтан кейін Абылайдың алғаш елге танымал болатын 1733 жылғы шайқаста қазақтардың рухы көтерілгенін жазады. Еңбекте жоңғарлардан елді азат еткеннен кейін 1755–58 ж. аралығында Қытай басқыншыларына қарсы той-

тарыс бергендігі де келтірілген.

К.Қошым-Ногай

МЕЙРАМ – Орта жүздегі арғын тайпасының құрамындағы бес рудан құралған бірлестік. Бес М. деп те аталады. Оған қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегенді (қақсал), қаракесек (балтақожа) рулары кіреді. М. рулары Ақмола, Атбасар, Қарағанды, Павлодар аймағында көп қоныстанған. Бұл бесеуіне қаракесектің маңында топтасқан шұбыртпалы және қамбар рулары да жатады. Таңбасы арғынның көз таңбасы, ұраны «Ақжол».

Н.Бәйтұрсын

МЕЙРАМОВ Тілектес Уахитұлы (20.5.1948 ж.т., Қарағанды обл. Бұқар жырау ауд. Көкпекті а.) – актер, Қазақстанның халық артисі (1996). М. 1971 ж. Алматы мемл. өнер ин-тының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) актерлік бөлімін (проф. А.Токпанов пен Ш.Жандарбекованың жетекшілігімен) бітіріп, Қазақтың мемл. академ. драма театры труппасына қабылданды. Мұнда 2001 жылға дейін еңбек етті (1988–89 ж. ҚазКСР Мәдениет мин-нде бас маман қызметін атқарды). 2001 жылдан Қазақтың мемл. академ. жастар мен балалар театрының директоры. Ұлттық драматургия негізінде қойылған спектакльдерде Қозы (алғашқы рөлі), Байғара (Ф.М.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»), «Амангелді»), Ознобин (Ә.Нұрпейісов, «Қан мен тер»), Жұмат, Мәлік (А.Сүлейменов, «Жетінші палата»), «Қыздай жесір – шатат қысқарту»), Еркін, Ақан (А.Жағанова, «Беймаза әйел»), «Жан алқымда»), Жәңгір (Н.Әбүғалиев, «Өттің дүние»), Шыңғыс хан (Иранғайыптың осы аттас спектаклінде), Қалдан Серен (Ә.Кекілбаев, «Абылай хан»), сонымен қатар шетел драматургтерінің аударма шығармаларында бірқатар басты рөлдерді орындап, өзінің жоғары сахналық мәдениетімен, эстет. талғампаздығымен, актерлік ізденімпаздығымен ерекшеленді.

«МЕКТЕП ГАЛЕРЕЯСЫ» – Алматы қ-ндағы орыс тілінде оқытатын №73 орта мектепте ашылған (2000). Галереяға қойылған картиналар сан алуан тақырыптарды қамтиды. Олар: «Қазақстанның ұлы адамдары», «Қазақстан өнері – балаларға», «Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен шығармашылығы», «Қазақтың ханы Абылай», «Бауыржан Момышұлы – жауынгер әрі жазушы», «Қазақстан тарихы», «Туған өлкем – Қазақстаным», «Алматы – менің сүйікті қалам», т.б. «Атамекен» саяхат ойыны бойынша тарихи, әдеби және эконом. үш бекет бейнеленген. Оқуы орыс тіліндегі мектепте ашылған тарихи-танымдық галерея – мектеп оқушыларының қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында жасалған игі қадам.

Е.Ерназаров

МЕҢДЕКЕ БАТЫР (18 ғ.) – әскери қолбасшы. Орта жүз арғын ішінде қанжығалы. Абылай

МЕРГЕН

хан әскерін басқарушылардың бірі болған. Құлеке, Тілеке, Құлсары т.б. батырлармен бірге жоңғарларға қарсы соғысқан. М. б-дың ерліктерін Шал ақын өз өлеңдерінде жырлаған. Оның мола-сы Тимирязев ауд-на қарасты Приозерный с-ның маңында.

Әдеб.: Мұқанов Қ. «Солтүстік Қазақстан облысы» энциклопедия. Аламы, 2006, 411-б.

МЕРГЕН – көздеген нысанаға дәл тигізетін шебер атқыш. Мылтықпен не садақпен оқ атып, көздеген затына дәл тигізу – мергендік өнер. Ежелгі және орта ғасырларда садақшылардың ішінде «құралайды көзге атқан» атқыштардан арнаулы әскер тобы – «мергендер тобы» құрылған. М-дердің міндеті жаудың қолбасы, әскербасы, басты батырларын жою, т.б. болды. Мыс., Кенесары әскерінде М-дерден құрылған ерекше әскери топ болып, оның басшысы «мергенбасы» деп аталған. «**МЕТЕОР**» – мақала. Авторы – И.Веселовский. 2010 ж. «Алатау» баспасынан жарық көрген Шоқан Уәлихановтың таңдамалы шығармалар жинағының 1-томында басылған. Кітапта ағартушы-демократ ғалымның очерктері, тарихи, геогр. және этногр. еңбектері, 1851–56 ж. жиналған шығыс халықтары туралы аңыз әңгімелер мен тілтану мәселелері жөніндегі жазбалары енгізілген. Сонымен қатар Шоқан еңбектері жайында ой қозғаған орыс ғалымдарының да шығармалары берілген. Веселовскийдің «М.» атты мақаласында отыз жасқа да жетпейтін қыршын ғұмырында артына үлгі боларлық мол еңбек қалдырған ғалымның өмірін аққан жұлдызға теңейді. Абылай ханның шөбересі болып келетін Шыңғысұлы Шоканның әсіресе Қашқар сапарынан жазған еңбектері автордың тарапынан жоғары бағаланады.

К.Қошым-Ноғай

МИЛЛЕР Герард Фридрих (1705–83) – неміс тарихшысы, Сібір мен Алтай өлкесін зерттеуші, Петербург ғылым академиясының мүшесі, Сібір мен Қазақстанның географиясы, тарихы және халықтарының этнографиясы туралы бірқатар еңбектер жазған. М. 1733–43 ж. Батыс және Шығыс Сібірдің әкімш. Орт-тарында мұрағат құжаттарын он жыл бойы зерттеп, 38 томдық құжаттар көшірмесін («Миллердің портфелі») алған. М-дің басты еңбегі – «История Сибири» деп аталған екі томдық зерттеу кітабы Омбының А.С.Пушкин атынд. ғыл. кітапханасында сақтаулы. М-дің сүйікті сыншыл әдісі түрлі деректерді салыстыру болып табылады. Ол қорытынды жасауға асықпайды, тарихи үрдісті баяндамайды, тек қана құбылысты тіркейді, құжаттарды өңдейді, сынаиды. М. Сібірді Ресейге қосылған уақыттан бастап тарихтың нысанына айналдырды, еңбектерінде 17–18 ғ-лардағы қазақ қоғамы туралы құнды деректер бар.

Шығ.: Миллер Г. история Сибири. Т. 1. С.-Петербург, 1768.

Әдеб.: Бахрушин С. Б. Г.Ф.Миллер как историк Сибири // Миллер Г. Ф. История Сибири. Т. 1. М. 1999, Мирзоев В. Г. Историография Сибири (XVIII в.). Кемерово, 1963.

МИЛЛЕР ЕЛШІЛІГІ. 1739–42 ж. қатты шиеленіскен жоңғар-қазақ қатынастарынан қауіптенген Ресей императрицасы Елизавета 1742 ж. 12 желтоқсанда арнайы жарлық шығарып, Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке тапсырма берді. Жарлықта былай делінген: «... парсы шахы Бұхараны, Хиуаны төңірегімен қосып жаулап алды. Естуімізше, онымен тоқтамаған, қазақтардың іргесіне жақындап келеді. Екінші жағынан, Жоңғар ханы да күшейіп, бүкіл Кіші Бұхарияны, Ташкентті, Түркістанды, қазақ еліндегі басқа да қалаларды басып алды, қазақтың Ұлы жүзін өзіне қаратып, аманат алып отыр... Міне, осы жағдайда қазақтың Кіші жүзі мен Орта жүзін, жаңадан қараған төменгі қарақалпақтарды патша ағзамның қарауында берік ұстап тұру үшін, Орынборды, шекара бойындағы бүкіл бекіністерді жоғарғы Жайық айлағына дейін, одан әрі Тобылға дейін бүкіл ел-жұрт, мекендерді бекіту қажет... Сондықтан, тайный советник барлық жағдайды жасап, Қалдан Серенді қазақтарға тигізбеуі керек, олардың арасында ұрыс-жанжалға жол берілмесін, мұның бәрі – Ресей шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шарасы». Осы жарлыққа байланысты 1742 жылғы 2 қыркүйекте арнайы елшілік жасқалып, Жоңғар ханы Қалдан Серенге жіберілді. Майор Карл Миллер бастаған бұл елшілікке Ресей патшасының атынан Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің хатын Қалдан Серенге табыстап, тиісті жауабын алып қайту тапсырылды. Елшілік 1742 ж. 3 қыркүйекте Ор бекінісінен атанып, 17 қазанда жоңғар шекарасына келіп кірді. Мұнда олар Іле-Жетісу аймағындағы Жоңғар әскерінің қолбасы Сары Манжыға жолықты, қолбасшы «Қазақ пен жоңғар хандықтарының өз арасындағы қатынастарға Ресейдің қатысы жоқ» дегенді желеу етіп, орыс елшілігін қабылдамай қойды. Елшілік басшысы Миллердің өз жазғандарына қарағанда, Сары Манжы Неплюевтің хатына тек 1743 жылғы 1 ақпанда ғана жауап берген және соған дейін К.Миллерді қасындағы жолсеріктерімен бірге, елді мекеннен алыс, бір түкпірге апарып, ешқайда шығармай ұстаған. К.Миллер бұл сапардан 1743 жылғы мамыр айының 1 жұлдызында оралды. Бұл кезде Абылай сұлтан жоңғар тұтқынынан сый-сыяпатпен қайтып оралған болатын. 1743 жылдың наурыз айында Абылай сұлтанды тұтқыннан босата отырып, Қалдан Серен Әбілқайыр ханға мына мазмұнда хат жолдады: «Әбілқайыр хан Түркістан

мен Ташкентке көшіп келіп, алаңсыз, бізбен тату-тәтті көрші болып тұра берсін. Уағда берік болуы үшін Әбілқайыр хан бір мың қосшы ертіп, өзінің ұлын маған жіберсін, оған жауап ретінде мен де сонша адаммен ұлымды Әбілқайыр ханға жіберейін. Қазақ-қалмақ қыз алысып, қыз берісіп, құда болайық, төскейде малымыз, төсекте басымыз қосылсын. Әбілқайыр ханның Ресей патшасына бодан болғаны жаңылыс қадам екен. Байқасын да тұрсын: күні ертең-ақ, жеріңе қала тұрғызып, өзіңді құл қылып, еліңді талап алады. Әлі-ақ қазақтарға Еділ қалмақтары мен башқұрттардың кебін кигізеді. Жоңғар ханы Ресейден қаймықпайды, оның мына елшісін де табалдырықтан аттапай қойды емес пе!».

Әдеб.: Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата, 1991. С. 90; Моисеев В. А. К вопросу о государственности казахов на кануне и в начальный период присоединения Казахстана к России // Восток, 1995. №4; Ташыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай, «Ел-шежіре», Алматы, 2011, 1-том. 311-б.

МИЛЛЕР Карл (т.ө.ж.б., 18 ғ.) – майор, Ресей шекара әкімшінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі. 1734 ж. сауда керуенін бастап, көпестің жамылып, барлаушылық тапсырмамен Оңт. Қазақстанды аралап, Ташкентке дейін барып қайтқан. 1742–43 ж. орыс үкіметінің арнайы тапсырмасымен Жоңғар ханы Қалдан Серенге Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің хатын апарған. Басқа мәселелермен қатар, хатта Абылай сұлтанды тұтқыннан босату жөнінде тілек жазылған. Алайда, М-дің мәмілегерлік сапары сәтсіз болып, ол Қалдан Серенге жолыға алмай қайтты. Және де жоңғар ханы Абылай сұлтанды құрметпен аттандырып салу мәселесін М. елшілігі келместен бұрын шешіп қойған. Абылайдың орнына білікті деген азаматтарды аманатқа беруді талап еткен. Осындай жағдайларға қарамастан, Ресей билігі «Абылай жоңғар тұтқынынан Миллер сапарының нәтижесінде, яғни, орыс үкіметінің талабы бойынша босады» деген сөз таратқан. Осы қауесет содан бері, біздің заманымызға дейін ақиқат ретінде қабылданып келеді. Тек, М. жазбаларының толық мәтіні табылып, ғыл. айналымға енген соң, шындықтың беті ашылды. М. Қазақтың бұрынғы хандарының, би-батырларының біразын көзімен көріп, көбімен дәм-тұздас болған. Оны Орынбор ген.-губернаторлары қазақтың хандарымен, ықпалды ру басыларымен кездесуде дәнекер етіп пайдаланаған. М. хандар мен сұлтандардың ордасына жиі барып, олардың талап-тілектерін өлке басшыларына жеткізіп тұрған. Қазақ даласында елшілік қызметпен мыңдаған шақырым жол жүріп, бірталай күрделі тапсырмаларды орындап жүрген кезінде майор М. жол-жөнекей көзбен

көріп, көңілге түйгенін қағазға түсіріп, күнделік те жүргізген. Қазақ тілін де үйренген. Жолжазбада ол елдің сол кездегі саяси ахуалы, биліктегі адамдары, түрлі келіссөз, кездесулер туралы қаз-қалпында баяндаған. С.Ақтаевтың «Ханзаданың қасіреті» («Жібек жолы» баспа үйі, Алматы, 1999 ж.) атты кітабының «Майор Миллер және Жәнібек тархан» деген тарауында орыс елшісінің жолжазба журналынан үзінділер келтіріліп, Абылай хан заманындағы саяси қатынастардан біраз хабардар етеді.

Әдеб.: Чимитдоржиев Ш. Б. Взаимоотношения Монголии и России в XVII–XVIII вв. М., 1978. С.152; Ерофеева И. В. Русско-джунгарские отношения в 40-х гг. XVIII в. И Казахстан (посольство К.Миллера) // Из истории международных отношений в Центральной Азии (Средние века и Новое время). А.-А., 1990. С. 43–67; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 83, 84, 90, 99, 102, 107, 108, 113, 115, 120–122, 126, 127, 129–132, 134, 139, 150, 152-бб.; Ташыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай, «Ел-шежіре», Алматы, 2011, 2-том. 524–554-бб.

Ғ.Елеу, А.Смантайұлы
«МИРОВАЯ ЦИВИЛИЗАЦИИ И КАЗАХСТАН» – кітап. 2007 ж. Алматы қ-нда жарық көрген. Көлемі 454 бет. Таралымы 300 дана. Жинаққа 2007 жылғы 6–9 шілде аралығында Алматы қ-ндағы «Қайнар» ун-тінде өткен Халықар. ғыл. конференцияның материалдары топтастырылған. Мұндай Халықар. ғыл. конференцияны ЮНЕСКО-ның басшылығымен екі жылда бір рет өткізіп отыру дәстүрге айналған. Бұл жолғы конференцияда Е.Омаров, Б.Көмеков (Қазақстан), А.Кулагина (Украина), Ли Шэн, Хуа Тао (Қытай) секілді әр елден жиналған белгілі ғалымдар баяндама жасаған. Жинақта Қытай ғалымы Алтан – Очирдің «Исследование даты смерти Абылай хана» атты еңбегі және Е.Байдаровтың «Эпоха хана Абылая и казахская цивилизация в контексте глобальной истории» деген тақырыптағы көлемді зерттеулері берілген. Бұл мақаласында Е.Байдаров Абылай хан заманы мен қазақ өркениетіне тарихи-философиялық және жаһандық тарих аспектісінде қарауды ұсынады.

К.Қошым-Нозай
МОИСЕЕВ Владимир Анисимович (25.3.1948, РФ, Алтай өлкесі, Змеиногорск қ. – 17.6.2007, Барнаул қ.) – қазақстандық және ресейлік тарихшы, тарих ғыл. докт. (1991), Ресей Жаратылыстану академиясының корр. мүшесі. ҚазПИ-ді (1973, қазіргі ҚазҰПУ) және КСРО ҒА Шығыстану институтының аспиранурасын (1978) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этногр. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1980), Қазақстан ҒА-ның Ұйғыртану ин-тында бөлім меңгерушісі (1986), Алтай мемл. ун-тінің проф. (1993), кафедра мең-

МОЙЫНТЫ

герушісі (2000–07) қызметтерін атқарған. М. – «Шоқан Уәлиханов – шығыстанушы» (1985), «18 ғасырдағы Қазақстан тарихынан» (1988), «Абылай хан. Ішкі және сыртқы саясаты» (2001, үшеуі де Р.Б.Сүлейменовпен бірге), «XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақстан және Жоңғар хандығы» (1991) зерттеу кітаптарының және 200-ден астам ғыл.-көпшілік жарияланымдарының авторы. М. «Студенттік зерттеулердегі Абылай және 18 ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі» (1991), «Абылайдың Қазақ хандығының халықаралық деңгейдегі байланысын нығайтып дамытудағы рөлі» (1993) және «Қазақ қорғандары – халық қорғандары – яки XVII–XVIII ғасырлардағы алғаш қазақ әміршілерінің тарихи портреттері» (1992) атты мақалаларын жариялады. Аталмыш мақалаларында М. 17–18 ғ-дағы қазақ халқының өміріндегі аса бір күрделі кезең болғанын айта келіп, «сондай қиын да, қысылтаң шақта елдің басын біріктіріп, жоңғар басқыншыларына қарсы күреске жұмылдыра білген, сөйтіп, сайын сахараның тұтастығын сақтап қалуға лайықты үлес қосып, қазақ мемлекеттілігінің шаңырағын көтеріскен ел басшылары» қатарында Әз Тәуке, оның ұлы Қайып, Әбілқайыр мен Абылай ханды атайды да өз ойын Абылай ханды «ержүрек батырлығымен бірге, тумысынан мемлекет қайраткері болып жаралған жан еді» – деп қорытады.

Қ.Нұрпейісов

МОЙЫНТЫ – Солт. Балқаш алабындағы өзен. Қарағанды обл. Шет ауд. жерімен ағады. Ұз. 167 км, су жиналатын алабы 3640 км². М. Қызылтас тауының оңт. етегіндегі бұлақтардан басталып, Мойынты–Шу т. ж. бойындағы Қаражыңғыл т. ж. айырмасы маңында 10–12 км-ден соң тартылып қалады. Аңғары кең, арнасы тік жарлы. Өзенжол, Арқалық, Қызылжар тауларының етегіндегі бұлақтардан басталатын кішігірім 26 саласы бар. Арнасы көктемде ғана суға толады. Орыс мұрағатында сақталған құжатта М. өз. бойында 18 ғ-дың 80-жылдары басында қазақ даласы арқылы Обашы бастаған қалмақ көшін «Нұралы ханның, Абылай ханның, Орыс сұлтан мен Әділ сұлтанның 50 мыңдық қалың қолы қоршап» алғаны жөнінде деректер сақталған.

МОЛДАҒАЛИЕВ Тұманбай (20.3.1935, Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Жарсу а. – 2012, Алматы қ.) – ақын, Қазақстанның халық жазушысы (1996). ҚазМУ-дың филол. ф-тін бітірген (1956). 1956–86 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналында әдеби қызметкер, «Жазушы» баспасында редактор, «Балдырған» журналында жауапты хатшы, «Жазушы» баспасы жанындағы Балалар мен жастар әдебиеті редакциясының, «Жалын»

альманағының бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы қызметін атқарды. 1986 жылдан «Балдырған» журналының бас редакторы болды. Ақынның «Украин қызына» атты алғашқы өлеңі 1954 ж. «Коммунизм таңы» (қазіргі «Жетісу») газетінде, тұңғыш өлеңдер жинағы «Студент дәптері» деген атпен 1957 ж. жарық көрген. Алғашқы жинақтарынан бастап-ақ М. нәзік сыр-



Т.Молдағалиев

лы, ойлы да отты, әсіресе жастардың жан дүниесіне жақын жырларымен танылды. М-тың жалындаған жастық шақ пен албырт сезімді жырлаған «Қош, көктем» (1974), «Махаббат оты сөнбейді» (1975), «Жиырма бесінші көктем» (1980), «Тынық мұхит дәптері» (1985), т.б. жыр жинақтары шықты. Оның өлеңдеріне қазақ композиторлары ән («Құстар әні», «Құстар қайтып келеді», «Бақыт құшағында», «Әнім сен едің», т.б.) шығарған. Ол Байрон, М.Ю.Лермонтов, Т.Г.Шевченко, С.Капутикян, Ғ.Ғұлам, Р.Ғамзатов, т.б. ақындардың өлеңдерін, қырғыз эпосы «Манастың» бірнеше бөліктерін қазақ тіліне тәржімалады. М. 2000 ж. Алматы қ-ның т. ж. бекеті алдында Абылай ханға үлкен ескерткіш ашылғанда оған арнап «Ұрпағына өзіңнің өмірі үлгі, Кең жеріңе жеңістің желі кірді Тәңір өзі жарылқап қазағыңды, Нұрсұлтанның көк туды көгіме ілді. Елбасымды қолдасын сенің киің, Алдиярлап алдыңа, басымды ием. Алматыңды аңсап бір келгендерді, Өзің қарсы ал алдымен, о хан ием» деген жыр жолдарын арнаған. Қазақ КСР Мемл. сыйл. (1982), Ж.Физули атынд. халықар. (1992) сыйл. лауреаты. «Парасат» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Т.Сарыбаев, Е.Әліпұлы

МОЛДАЖАН Жадайұлы (1879, Ақмола обл. Еңбекшілдер немесе Егіндікөл ауд. – 1958, сонда) – халық ақыны. 1916 ж. патша жарлығына наразылығын білдіріп, Ерейментау өңірінде болған көтеріліске қатысқан. «1916 жыл оқиғасы» поэмасында осы ұлт-азаттық көтеріліс шынайы суреттелген. Оның «Бөгембай батыр», «Сабалақ», «Олжабай батыр» дастандары қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күресіне арналған.

М. шығармалары ҚР ҰҒА Орт. ғыл. кітапханасының қорында сақтаулы.

МОМЫШҰЛЫ Бауыржан (24.12.1910, Жамбыл обл. Жуалы ауд., Көлбастау а. – 10.6.1982, Алматы қ.) – әскери қайраткер, ержүрек қолбасшы, жазушы, Кеңес Одағының Батыры (12.12.1990). Қазақстанның Халық Қаһарманы (1995). Малшы отбасында дүниеге келіп, 13 жасқа дейін ауылда, одан соң интернаттарда тәрбиеленді. Мектеп бітіріп, біраз уақыт мұғалім болды. 1932 ж. әскер қатарына алынып, мергендік өнерін меңгерді. Ауылына оралған соң қаржы орындарында жұмыс істеді. 1936 ж. қайтадан армияға шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота командирі болды. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен ген.-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-атқыштар (8-гвардиялық) дивизиясы құрамында майданға аттанды. Батальон, полк командирі болды. Соғыстың соңғы



Бауыржан Момышұлы

жылдарында гвардиялық дивизияны басқарды. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құраммен аман-есен дивизиясына қосылды. Ресейдегі Волоколамск, Горюнь, Матренино, Лопастино, Крюково, Бородино, Трашково, т.б. қала, деревнялар үшін болған қырғын ұрыстарда 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты; ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы М-ның осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін

әскери маман ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. М. жау шептерінде ішкерілей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алған қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Ол бұл теорияны жүзеге асыруда бүкіл әскер түрлерінің өзара тығыз байланыста әрекет етуіне баса көңіл бөліп отырды. Отан соғысы кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті, батырлық атақ-даңқы аңызға айналды. 1952 жылы Кеңес Армиясы Бас Штабының жанындағы Жоғары әскери академияны бітірді. 1950–56 ж. әскери академияда сабақ берді және тұрақты әскери қызмет атқарды. Шығарм. жұмыспен айналысып, «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954, орыс тілінде), «Біздің семья» (1956, орыс тілінде) атты алғашқы кітаптары сол тұста жарық көрген. «Москва үшін шайқас» (1959, орыс тілінде – 1958) – Отан үшін ұлы шайқастың үлкен бір шежіресі іспетті күрделі шығарма. Мұнымен қатар «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан» (1961), «Майдандағы кездесулер» (1962, орыс тілінде), «Генерал Панфилов» (1963, қазақ тілінде – 1966), «Артымызда Москва» (1963), «Төлеген Тоқтаров» (1965), «Куба әсерлері» (1969), «Ел басына күн туса» (1970), «Ұшқан ұя» (1975), «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап» (1990, 1991), т.б. туындыларын айтуға болады. 2000 ж. «Жазушы» баспасынан шығармалар жинағының екі томдығы, одан кейін «Өнер» баспасынан 30 томдық шығармалар жинағы шықты. Шығармалары бірнеше шетел тілдерінде басылған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1976). Оның қаһармандық ерлігі туралы орыс жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (1947, 1960, 1962, 1988; қазақ тілінде «Арпалыс» – 1948, 1959, 1977, ауд. Қ.Сағындықов) повесінде жан-жақты жазды. Б.Момышұлының өміріне арналған Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» (1976) роман-дилогиясы жарық көрді. «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» (1967) көркем фильмін түсірді. Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 1-дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

МОНТАЙ БАТЫР – Абылай ханның туын ұстаған батырлардың бірі. Ел аузындағы әңгімелерде Абылай хан М. б-ға олжаның басы ретінде қалмақ сұлуын сыйлағаны, оның Бағыстың ішіне сіңген Алшын ағайындарға араша түскені жөнінде айтылады.

Т.Сәдуақасов

МОНШАҚ, Б у н ш а қ, П у н ч а қ (т.ж.б. – 1669) – Еділ қалмақтарының билеушісі (1664–69), Қалмақ хандығының негізін салушы. Өзін

МОҢҒОЛИЯ



Ресей патшасының боданымын деп есептеді. Ресейдің көмегіне сүйене отырып, башқұрттарға, солт. кавказ халықтарына, қазақтарға жиі-жиі жорық жасап тұрды; қ. Қалмақ хандығы.

МОҢҒОЛИЯ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ МҰРАҒА-ТЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТАР – Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. ҚР БҒМ Шығыстану ин-ты дайындаған жинақ (2006). Жинақта мынадай құжаттар бар.

№1. 1756 жылғы құжат. Көне моңғол тілінде моңғол жазуымен хатталған «Манжұр дәуірінің «Жинақтар» қорындағы құжаттар (1725–1911 жылдар)» атты қорда сақтаулы. Тіркеу саны М-3, Д-1. ХН-325. 3-парақ. Құжатта 1756 ж. Іле жеріне аттанған Халқа моңғолдардың әскеріне жасақталған моңғол нояндары мен хошундарынан қатысқан лауазымды адамдардың тізімі берілген. Атап айтқанда, Түшээт Хан аймағынан, Сайн ноян аймағынан тартылған хошуын билеушілерінің тізімі берілген. Түсінік: 1755 ж. манжұрлардың қарулы қолдары Жоңғарияны шабуылдай бастады. Қалың әскердің құрамында манжұрлар, қытайлықтар, Ішкі Моңғолия жасақтары, Халқа Моңғол және т.б. ұлыстардан жасақталған күштер бар еді. Манжұр армиясы 1757 ж. Жоңғарияны түгел жаулап алды. 1756 ж. манжұр басқыншылығына қарсы ойраттарды көтерген ханзада Әмірсана (Амарсанаа) өзінің анда болысқан досы – қазақтың Абылай ханына барып бас сауғалап, ойраттардың ішкі қарсылықтарына қарсы көмек сұраған.

№2. 1757 жылғы құжат. Көне моңғол тілінде моңғол жазуымен хатталған «Манжұр дәуірінің «Жинақтар» қорындағы құжаттар (1725–1911 жылдар)» атты қорда сақтаулы. Тіркеу саны М-3, Д-1. ХН-336. 5-парақ. Құжаттың 2-парағында 1756 ж. Іле жеріне аттанған Халқа моңғолдардың әскеріне жасақталған моңғол нояндары мен хошундарынан қатысқан лауазымды адамдардың тізімі берілген. Құжаттың қазақшасы: «Тәңірі есіркеген 20-сыншы жылы (1756 ж.) Іле жерін жайландырып орнатуға тыңшылық қосында жүрген тайжылар, түшмел, шерік әскерлерінің үш дәрежелі есебі». Құжаттың 5-парағында 1757 ж. қазақтың Абылай ханына қарсы шабуылда болған Дарин Засақ Сандыпдоржының тобында жүрген Халқаның түшмел әскерлерінің тізімі. Құжаттың қазақшасы: «Тәңірі ескерген 21-інші жылы (1757 ж.) күздің бас айының 17-күні қазақтың Абылайын қуып шабуылда болған Дарин Засақ Сандыпдоржының тобында жүрген Халқаның түшмел, әскердің үш дәрежелі қосын жасап жазған бір дәптер қуамин (сәйкесті) есебі».

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. III том. Деректемелер мен мұрағаттық құжаттар (дайындаған Еженханұлы Б., Базылқан Е., Нұрманова А.Ш.),

А., «Дайк-Пресс», 2006; Сүлейменов Р. Б., Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII века, А., 1988.

МӨҢКЕ ТЕМІР ХАН – 1266–1282 ж. Алтын Орда ханы. Батый ханның немересі, оның Туқан атты ұлынан туған. 1266 жылы Берке хан қайтыс болғаннан кейін Алтын Орда тағына отырады. Берке ханның билігі тұсында Моңғол империясынан оқшаулана бастаған Алтын Орданы іс жүзінде Мөңке Темір хан дербес мемлекет етеді. Егерде Батый ханның тұсында соғылған ақшаларда Мөңке қағанның, Берке ханның тұсындағы ақшаларда Арық Бұға қағанның есімдері жазылса, 1266 жылдан бастап Мөңке Темір хан ақшаларға өз атын жаздыра бастайды. Бұл – Алтын Орданың іс жүзінде толық дербес ел екенін білдіреді. Сонымен бірге Мөңке Темір хан Ұлы қағанның жарлықтарына құлақ аспай, оның қарсыласы Хайдуға қолдау көрсетеді. Сондай-ақ Мөңке Темір хан жеке билеуші ретінде бірнеше маңызды мемлекеттік шараларды жүзеге асырады. 1267 жылы ол Алтын Орда мен орыс шіркеуі арасындағы қатынастарды реттейтін, митрополитті бірнеше міндеткерліктерден босататын жарлықтар шығарады. 1266 жылы генуиялық саудагерлерге Қырымда (Кафада) өз факторияларын ашу туралы жарлық, неміс саудагерлерінің Новгород жері арқылы Алтын Ордаға еркін өтуіне мүмкіндік беретін жарлық шығарады. Мұның бәрі өз кезегінде Алтын Орданың Батыс Еуропа елдерімен сауда байланыстарының дамуына жағдайлар жасайды. Мөңке Темір хан ыдырай бастаған Моңғол империясының ішкі өміріне де белсене араласады. 1269 жылғы Талас құрылтайын даярлаған және өткізген Алтын Орда болды. Құрылтай іс жүзінде Моңғол империясының ыдырап, оның орнында Алтын Орда, Хайду мемлекеті, Шағатай ұлысы, Ирандағы Хұлағу мемлекеті және Қытайда Хұбылай билігінің қалыптасқанын заңдастырды. Алтын Орданың ішкі өмірінде де Мөңке Темір хан хандық билікті нығайтуға бағытталған саясат жүргізеді. Алтын Орда хандары өздері жаулап алған жерлердің бәрінде өз биліктерін орнатқанымен, кейбір аймақтарда, мысалы Кавказда аландар мен шеркестер Алтын Орда хандарының билігін мойындамады. Сол себепті 1277 жылы Мөңке Темір хан осы халықтарға қарсы жорық ұйымдастырады. Терек өзенінің шығыс жағалауында бекініс салдырып, ол Алтын Орданың Кавказдағы тірек пункті қызметін атқарады. Алтын Орда аумағындағы бағындырылған халықтардың билікке қарсы көтерілістерін аяусыз жаныштап отырады. Хан билігін нығайту мақсатындағы жүргізген бір саясатына ұлыс билеушілерін ауыстырып отыруы жатады. Мөңке Темір хан 1282 жылы қайтыс болады.

Әдеб.: Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. II. Извлечения из передских сочи-

нений, собранные В.Г.Тизенгаузенем и обработанные А.А.Ромаскевичем и С.А.Волиным. Издательство Академии Наук СССР. М.-Л., 1941.; Рашид ад-дин. Сборник летописей, т. II. М.-Л., 1960.; Сафаралиев М. Г. Распад Золотой Орды. Мына жинақта: На стыке континентов и цивилизаций... (из опыта образования и распада империй X–XVI вв.). М.: ИНСАН, 1996. с. 768.

Б.Кәрібаев

МҰҚАМЕТЖАНҰЛЫ Нәбижан (12.4.1954 ж.т., ҚХР, Іле Қазақ автон. обл. Тоғызтарау ауд. Мұқыр а.) – қытайтанушы-тарихшы, тарих ғыл. докт. (2001). Қытайдың Гуаньчжоу қ-ндағы мемл. ун-ті бітірген (1977). Еңбек жолын Іле Қазақ автон. обл. үгіт-насихат бөлімінде бастады. ҚХР Шыңжаң қоғамдық ҒА-ның Орт. Азия зерттеу ин-тының кіші, аға ғыл. қызметкері болып бастады, директордың орынбасары (1981–93) болды.



Н.Мұқаметжанұлы

1993 ж. Қазақстанға оралып, Тарих, археол. және этнол. ин-тында докторант (1993–97) болды. 1997 жылдан осы ин-тың жетекші ғыл. қызметкері, сонымен қатар ҚазҰУ-да оқытушы қызметін атқарады. 18–20 ғ-лардағы Қазақ–Қытай қарым-қатынастарын, Қытайдағы қазақтар тарихын, мәдениетін зерттеумен шұғылданады. Қытай мұрағаттарында сақталған деректерді іздестіруі нәтижесінде Абылай ханның мәмілегерлік, қоғамдық қызметі мен оның қазақ тарихындағы орны мен рөлі туралы мерзімдік басылымдарда (1992–2012) бірқатар мақала топтамасын жариялаған.

Шығ.: Тарихи зерттеулер, V., 1989; 18–20 ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары, А., 1996; Чин патшалығы кезіндегі қазақ халқы, V., 1998; Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860–1920), А., 2000.

С.Сұңғатай

МҰҚАНОВ Сәбит (22.4.1900, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Сәбит Мұқанов атынд. а. – 18.4.1973, Алматы қ.) – акад.-жазушы, қоғам қайраткері, Қазақстан ҒА-ның акад. (1954). Омбыдағы мұғалімдер курсы (1918–19) бітірген соң ауылда біраз уақыт оқытушылық қызметте болды. 1922–26 ж. Орынбордағы рабфакта оқиды. 1926–28 ж. «Бостандық туы» газетінің жа-

уапты хатшысы, «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан Мемл. баспасының бас редакторы, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы (1935–36), Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы (1936–37, 1941–51), ҚазПИ-дің профессоры (1937–41, қазіргі ҚазҰПУ) қызметтерін атқарды. Ол қазақ әдебиетінің барлық жанрында өндіре еңбек етіп, артына мол мұра қалдырды. М. 80 мың жолға жуық лирик. өлең, жиырмаға тарта поэма, бірнеше повесть («Менің мектептерім», 1940; «Балуан Шолақ», 1945) пен романдар («Адақандар», 1931; осы романы 1959 ж. «Мөлдір махаббат» деген атпен қайта басылып шықты; «Жұмбақ жалау», 1938; «Ботагөз», 1964; «Сырдария», 1947), көптеген әңгіме, очерктер, оннан астам пьеса, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар, қазақ



С.Мұқанов

ақын-жазушыларының шығарм-н талдайтын монографиялар, қазақ мәдениетінің тарихы және этнографиясы туралы зерттеу еңбектер («20 ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1932; «17–19 ғасырлардағы қазақ әдебиеті тарихы очерктері», 1941; «Өсу жолдарымыз», 1960; «Жарқын жұлдыздар», 1964; «Халық мұрасы», 1974;) т.б. сан-салалы кітаптар жазды. М. қазақтың 19 ғ-дағы ойшыл-ғалымы, Абылай ханның шөбересі Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығарм-н ұзақ жылдар бойы терең зерттеді. Соның нәтижесінде оның қаламынан «Шоқан Уәлиханов» пьесасы мен «Жарқын жұлдыздар» атты зерттеу еңбегі туды. М. өмірінің соңғы жылдарында Шоқан өмірінен «Аққан жұлдыз» романын жазып, оның екі кітабын шығарды. Жазушы 4 том ретінде жоспарлаған бұл роман аяқталмай қалды. «Қазақтың 18–19 ғ-лардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» (1942, кейін тыйым салынған) атты монографиясында ақын-жыраулар (Бұқар, Байтоқ, Жанұзақ, Махамбет, Шортанбай, Шернияз, Мұрат, т.б.) поэзиясы мен жыр-дастандарға, сондай-ақ атақты тарихи тұлғаларға (Абылай, Кенесары) қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тұрғысынан қарады. М. қазақ елінің мүддесі, халық тағдыры

МҰСАБАЕВ

тұрғысынан патша өкіметінің отаршылдық саясатын сынға алды. М. сонымен қатар қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көркеюі, өсіп-өнуі жолында көптеген қазақ қаламгерлерінің әдебиет жолындағы бастапқы шығарм. қадамдарына қолдау көрсетті, қарапайым халықпен тығыз байланыс орнатты. 1930–50 ж. аралығында әдебиетке келген өз қатарластары мен жаңа толқын өкілдері М. жанашырлығын көріп өсті. М. есімі қазақ әдебиетінің «алыптар шоғыры» қатарында аталады. Оның шығармалары әлемнің 46 тіліне аударылды. 1956–66 ж. Қазақстан КП ОК-нің мүшесі болды. 2–8-сайл. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты, КСРО Жазушылар одағының басқарма мүшесі болып сайланды. Дүниежүз. Бейбітшілікті қорғау к-тінің мүшелігіне қабылданып (1958–69), Араб елдерімен достық және мәдени байланыстар қоғамы қазақ бөлімшесінің төрағасы да (1965–69) болған. М. ҚР Мемл. сыйл. 1-лауреаты атанды. 2 рет Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталды. Алматы қ-ндағы М. атынд. көшеде ескерткіш мүсіні орнатылған (2000).

МҰСАБАЕВ Талғат Амангелдіұлы (7.1.1951 ж.т., Алматы обл. Жамбыл ауд. Қарғалы а.) – ұшқыш-ғарышкер, ген.-лейтенант (2007), тех. ғыл. докт. (2008), Ресей Федерациясының Батыры (1994), Қазақстанның Халық қаһарманы (1995). Халықар. астронавтика, Халықар. ақпараттандыру, Ресей



Т.Мұсабаев

Жаратылыстану ғыл., ҚР Ұлттық Инж. академиялардың акад. Рига азаматтық авиация инж-лері ин-тын (1974) және Ақтөбе жоғары ұшқыштар уч-щесін (1993) бітірген. Авиация және радиоэлектроника жабдықтарының Боралдай авиаотрядында инж., комсомол к-тінің хатшысы (1974–76), Қазақ азаматтық авиация басқармасының нұсқаушысы, аға нұсқаушысы (1976–79), Алматы біріккен авиаотрядында 240-ұшқыштар отряды командирінің саяси-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары (1979–84), Азаматтық авиацияның 30-оқу-жаттығу отрядының жаттығушысы, Ан-2 ұшағының 2-ұшқышы, командирі (1984–90),

ТУ-134А ұшағының 2-ұшқышы (1990–91) болды. 1991 ж. М-қа «ғарышкер-сынақшы» квалификациясы беріліп, «Мир» ғарыш кемесінің ғарышкерлер тобы құрамында (1991–93), «Мир» ғарыш кемесі 2-экипажының және «Союз ТМ-18» ғарыш кемесінің (1993–94) борт-инж. ретінде дайындықтан өтті. 1994 ж. 1 маусымнан 4 қарашаға дейін (ұзақт. 126 тәулік) «Союз-ТМ» ғарыш кемесінде борт-инж. ретінде ғарышта болып, 2 рет ашық ғарыш кеңістігіне (жалпы ұзақт. 11 сағ. 07 мин.) шықты. ЭО-25 бағдарламасы бойынша 1998 ж. 29 қаңтар мен 25 тамыз аралығында (ұзақт. 208 тәулік) «Союз-ТМ-27» және «Мир» ғарыш кемелерінің командирі ретінде ғарышта болды. Ұшу кезінде 5 рет (жалпы ұзақт. 30 сағат 08 минут) ашық ғарыш кеңістігіне шықты. Мұнда ғыл.-зерттеулер мен эксперименттердің қазақстандық 3-бағдарламасын орындады. 2001 ж. 28 сәуір мен 6 маусым аралығында «Союз-ТМ-32» кемесімен ғарыштық алғашқы турист Денис Титомен Халықар. ғарыш ст-на барған 1-экспед-ның экипаж командирі. Бұл ұшу кезінде ғыл.-зерттеулер мен эксперименттердің қазақстандық 4-бағдарламасын орындады. Ресей Қарулы Күштері әскери авиациясының әскери дайындық басшысы (2003–05), «Байқоңыр» ғарыш аймағындағы «Бәйтерек» зымыран кешенін жасаумен айналысқан Қазақстан–Ресей біріккен «Бәйтерек» кәсіпорнының Бас директоры (2005–07) болды. 2007 жылдан ҚР Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы. «Разработка комплексной методики повышения уровня безотказности ракет космического назначения в полете» тақырыбында докт. дисс. қорғады. Қызылорда және Алматы обл-ның, Қызылорда, Жезқазған, Алматы, Арқалық, Талдықорған, Приозерск қ-ларының, Түлкібас пен Жамбыл ауд-ның құрметті азаматы. «Отан» (1998), «Қазақстан Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» (2011), Халықтар достығы (1991), «Серебряный орел» (1991, Австрия), 2- және 3-дәрежелі «Отан алдында сіңірген еңбегі үшін» (1998, 2001; Ресей), 1-дәрежелі «Барыс» (2001) ордендерімен, NASA-ның «Ғарышқа ұшқаны үшін» (1988, АҚШ) медалімен марапатталды.

МҰСТАФА ШОҚАЙ (25.12.1886, Қызылорда обл. Шиелі ауд. Сұлутөбе кенті – 7.12.1941, Берлин қ.) – мемл. және қоғам қайраткері, ғалым, журналист, көсемсөзші. Санкт-Петербург ун-тінің заң ф-тін (1917) бітірген. 1914 ж. Ә.Бөкейхановтың ұсынуымен Ресей Мемл. думасындағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалып, бұл міндетті М.Ш. 1917 жылғы рев. өзгерістерге дейін атқарды. 1917 ж. соғыс майданындағы окоп қазу жұмысына алынған мыңдаған қазақ және басқа түркістандық жастарды өз еліне жеткізу жұмысына ат салысады. Осы жылы

Түркістанның саяси орт-ғы Ташкент қ-на келіп, Түркістан мұсылмандарының Ұлттық Орт-ғына басшылық етті және қазақ тіліндегі «Бірлік туы» газетін ұйымдастырып, оған редакторлық жа-сады. Қоқан автономиясы үкіметінде алдымен Сыртқы істер министрі, сонан соң Бас министр міндетін (1917) атқарды. 1918 ж. Кеңес өкіметі әскерлері Қоқан қ-на басып кіріп, М.Ш. басқарған Түркістан автономиясы үкіметін күшпен таратып жібереді. 1918 ж. Ташкент қ-нан жасырын шыққан М.Ш. азамат соғысы жылдары кеңестік билікке қарсы оппозицияның қатарында болып, 1919 ж. Маңғыстау арқылы Тбилиси қ-на өтіп, «Вольный горец», «Борьба» деген газеттерде жұмыс істеді және «На рубеже» деген журналдың редак-торы болды. 1921 ж. М.Ш. зайыбымен Стамбұл



Ш.Мұстафа

қ-на аттанып, 1921 ж. Париж қ-на келіп орнала-сады. Осы қалада орыс эмигранттарының «Дни» және «Последние новости» газеттерінде қызмет етеді. 1929 ж. өзі редакторлық жасаған «Яш Туркестан» журналын шығарады. Берлин қ-нда жарық көрген «Яш Туркестан» 1939 жылға дейін Польша өкіметі тарапынан бөлінген қаржыға шығып тұрды. Осы журналда М.Ш-дың кеңестік биліктің Түркістандағы саясатын және 2-дүниежүз. соғыс қарсаңындағы халықар. қатынасты жан-жақты талдауға арналған мақалалары жарық көріп тұрды. Оның Еуропа елдері тілдерінде жарық көрген «Түркістан», «Кеңестер билігіндегі Түркістан», т.б. ғыл.-танымдық еңбектері ба-тыс оқырмандарын Түркістанның терең тамыр-лы мәдениетімен, кеңестік биліктің бұл өлкеде жүргізіп жатқан реформалық шараларының шы-найы мазмұнымен таныстыруды көздеді. 1930 ж. жазылған «Түркістан ұлттық күресінің себептері мен мақсаттары», «Большевиктер «тарихты» қалай жазады?», «Кеңес патриотизмінен – орыс ұлтшылдығына», «Шовинизм», «Бір ғылыми өтірікке қарсы» атты мақалаларында кеңестік идеологияның ұраншыл ұстанымдарын сын тезіне сала отырып, оған қарсы өзінің дәлелді де дәйекті пікірлерін алға тартады, әрі ғалым ретінде тари-

хи зерттеулер әдістемесі жөнінде құнды пікірлер айтады. 1940 ж. неміс-фашист әскері Париж қ-на кірген соң, М.Ш. тұтқынға алынып, бірнеше ай концлагерьде отырып шығады. Тұтқыннан боса-тылған М.Ш-ды Германия өкіметі түркістандық соғыс тұтқындарынан құрылуға тиіс болған Түр-кістан легионын ұйымдастыруға тартпақ бола-ды. Соғыс тұтқындарының жағдайымен танысып шыққан М.Ш. неміс басшылығының бұл әреке-тіне қызу қолдау таныта қоймады. Соғыс тұтқын-дарын аралап жүріп сүзек ауруына шалдыққан М.Ш Берлин қ-ндағы ауруханада қазаға ұшырайды. Осы қаладағы мұсылман зиратында жерленген. М.Ш. – Түркістанда орнаған кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен ымырасыз күреске бүкіл ғұмырын арнаған, сондай-ақ, бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тари-хында болмаған жаңа мазмұн, сипат беріп, оны өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген қайраткер. 2010 ж. Париж қ-ның маңындағы Ножан-Сур-Марн қ-нда М.Ш-дың саябағы ашылып, бюсті қойылды.

Ш ы ғ.: Мұстафа Шоқай. Таңдамалы, 1–2-т., А., 1998–99.

Әдеб.: Е с м а ғ а м б е т о в К. Л., Әлем таныған тұлға. М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы, А., 2008.

МҰХАМЕДЖАНОВ Сыдық (5.9.1924, Жезқазған, қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд. – 1991, Алма-ты қ.) – композитор. Қазақстанның (1967) және КСРО халық арт. (1990). 1957 ж. Алматы мемл. консерваториясының композиторлық бөлімін (Е.Г.Брусиловскийдің класы бойынша) бітірген.



С.Мұхамеджанов

1960–62 ж. Қазақстан Композиторлар одағы басқармасының төрағасы. 1964–68 ж. Қазақ мемл. филармониясының директоры әрі көркемдік жетекшісі, 1969–72 ж. Қазақ мемл. академ. опера және балет теа-трының директоры болды. М-тың қазақ ән өнерінде «Жарқ етпес кара көңілім не қылса да», «Өзгеге көңілім тоярысың», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» (Абай өлеңдері) әндері ерекше дараланды.

МҮСІРЕПОВ

Шуақты лиризмге тұнған «Көктем вальсі», «Сырлы қайың», «Шолпаным», «Тербеледі тың дала»; отты патетикалы «Жарқырайды Теміртаудың оттары», «Жастар маршы», «Әйтеуір сол қыз бір сұлу», «Есімде», «Қырманға кел қалқатай», т.б. балалық шақ, жастық, бейбітшілікті жыр еткен әндері мен романстары ел арасына кең тарды. «Шаттық Отаны» симф. поэмасын (Жамбыл атынд. респ. жүлде, 1952), «Бекет» (1957), «Ақан сері – Ақтоқты» (1982), «Айсұлу» (1964), «Жұмбақ қыз» (С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша, 1971) операларын, «Ғасырлар үні» (1960) ораториясын жазды. Ал «Дауыл» атты бірнеше бөлімді симфониясы (Қазақстан Мемл. сыйл., 1974) ұлттық музыкаға қосылған елеулі үлес болды. Оның скрипка мен фортепианоға арналған сонаталары, халық аспаптар оркестріне жазылған пьесалары, күйлері, сондай-ақ камералық оркестрге жазған поэмалары қазақтың аспаптық, оркестрлік, камералық шығармаларының жан-жақты дамығандығын, оның биік көркемдік дәрежесін көрсетеді. М. шығармаларынан ұлттық әуен, кең ауқым, мол тыныс анық байқалады. Ол спектакльдер мен кинофильмдерге де музыка жазды. Халықтар достығы, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ә.Телғозиев

МҮСІРЕПОВ Ғабит Махмұтұлы (22.3.1902, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Ғ.Мүсірепов атынд. а. – 31.12.1985, Алматы қ.) – жазушы, Қазақстан ҒА-ның акад. (1958), Соц. Еңбек Ері (1974), Қазақстанның халық жазушысы (1984). 1908–10 ж. ауыл мектебінде дәріс алып, діни сауат ашқан. Оқуын Қостанай уезінің Обаған



Ғ.Мүсірепов

болысындағы 2 кластық орыс мектебінде (1916–18) жалғастырған. 1923–26 ж. Орынбордағы рабфакта (жұмысшылар ф-тінде) С.Мұқановпен бірге оқыды, онда С.Сейфуллинмен танысты. Омбы а. ш. ин-тын бітірген (1927). Бурабай орман ш. техникумында оқытушы (1927–28), Қазақ мемл. баспасының бас редакторы (1928–32), Қазақ АКСР-і Халық ағарту комиссариаты өнер

секторының меңгерушісі (1933), «Қазақ әдебиеті» (1934), «Социалистік Қазақстан» (1935, қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерінің бас редакторы, «Ара–Шмель» журналының бас редакторы (1956–57), Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-хатшысы (1956–61, 1964–66) қызметтерін атқарды. Жазушының әр тұста жазған ана тақырыбындағы шоғыр әңгімелері қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңіткен еңбектер. Ол «Ананың анасы», «Ашынған ана» «Ананың арашасы» «Ер ана», «Ақлима» атты белгілі әңгімелерімен қазақ әдебиетіне жаңа леп, көркемдік өрнек әкелді. М. – қазақ әдебиетінде роман, хикаят, очерк, публицистика жанрларында қалам тербеді. Жазушының осы шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды ұшырамаған адам мінезінің тың қырлары жарқырап көзге түсе бастады. «Өмір жорығы», «Қыран жыры» сияқты әңгімелер терең ойлы сөз шеберінің қолынан шыққан бөлек туындылар. Оның «Кездеспей кеткен бейне» (1966; Қазақ КСР-і Мемл. сыйл., 1970) повесі – классикалық шығарма. М-тің алғашқы романы – «Қазақ солдатты» (1950). Бұл шығарма бүкіл қазақ әдебиетінің проза саласында 2-дүниежүз. соғыс тақырыбына арналған тұңғыш туынды және қазақ әдебиетіндегі соғыс тақырыбында жазылған таңдаулы шығармалардың санатынан лайықты орнын алған аса елеулі еңбек болды. «Оянған өлке» (1953) тарихи романында қазақ халқының 19 ғ-дағы өмірі үлкен суреткерлікпен өрнектелген, қазақ жеріне өндіріс орындарының орнай бастауы шынайы сипатталған. «Оянған өлкенің» заңды жалғасы болып табылатын «Жат қолында» (1984) романы 30 жылдан соң жарық көрді. Қаламгердің көп ізденіс, үлкен дайындықпен келген образы – Ұлпан бейнесі («Ұлпан» романы, 1974), ол – қазақ әдебиетіндегі қайталанбас, оқшау тұрған әдеби образ. Өзінің бар ерекшелігімен, көркемдік бітімімен, эстет. әсеркүшінің молдығымен көрінетін Ұлпан бейнесін жасауға жазушы өмір бойы іштей дайындалып, көп ізденіп, толғанғаны байқалады. Шығармадағы Ұлпан мен Есеней ойдан шығарылған образдар емес, тарихта болған адамдар. М-тің драматургия саласына сіңірген еңбегі де («Қыз Жібек», 1934; «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 1939; т.б.) орасан зор. 5-сайл. КСРО Жоғ. Кеңесінің, бірнеше мәрте Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты болған. 1974–75 ж. Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. Қазақстан ҒА-ның Ш. Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. (1977) иегері. 3 мәрте Ленин (1962, 1972, 1974), 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту (1957), Халықтар достығы (1982) ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. 2002 ж. жазушының 100 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде тойланды. М-тің мерейтойы қарсаңында (2002)

Солт. Қазақстан обл-ндағы бір ауданға, Астана қ-ндағы көшелердің біріне М. есімі берілді. Қазақ мемл. Балалар мен жасөспірімдер театрына есімі берілген, сондай-ақ театр алдына ескерткіш-мүсіні қойылған (2002).

МЫЛТЫҚ – оқ-дәрімен атылатын қару. Аңшылық кезінде және соғыста қолдану үшін жасалған. 14–15 ғ-ларда алғаш рет аркебуза, кулеврина, пицаль деген атпен Еуропада белгілі болды. М-ты 15–16 ғ-ларда қазақ ұсталары қолдан соқты. Оның иыққа тіреп атуға ыңғайлы ағаштан жасалған құндағы, оқтығы (оқпаны, түтесі), шүріппесі, шаппасы, пілтесі, жерге тіреп қоятын тіреуіштері болды. М-тың қазақ арасында пілтелі М., жалғыз ауыз, қосауыз, жездіауыз, көкберен, бытыралы сияқты түрлері болған. Пілтелі М. 16–18 ғ-ларда жоңғар басқыншылығына қарсы соғыста қолданылды. Оған жерге тірелетін 3 сирақ орнатылды. Аузынан оқталып, дәрісі мақта пілтемен тұтатылды. Халық арасында оның оқтығы ұзын, салмағы ауыры «шамқал», алысырақ ататыны «күлдір мамыл» деп те аталды. Жалғыз ауыз М. жеке оқпен оқталады.

С.Арғынғазин

МЫҢБАСЫ, мыңбегі – ертедегі түркі-моңғол әскерлерінің бір мың жауынгерлік бөлімінің қолбасшысы. М. атағы әуелде Шыңғыс хан әскерінде тағайындалып, кейіннен Орт. Азия мен Қазақстан жеріндегі хандықтардың әскерлерінде пайда болды. М-ға түркіше – бек, моңғолша – ноян, арабша – әмір лауазымы беріліп, әскери билікпен бірге уәлаяттар мен ұлыстарға басшылыққа, әкімш. билікке тағайындалған. М-ға көптеген құқықтар берілді. Мыс., М. қарамағындағы жауынгерлерді өлім жазасына да кесе алған. Дәрежесіне қарай М-ға ту тапсырылған. М. түменбасыға [он мың әскердің (түменнің) басшысы], ал М-ға жүзбасы бағынған.

МЫҢБЕГІ, қ. *Мыңбасы*.

МЫҢДЫҚ – Түркі қағанаты кезінен орныққан әскери құрама атауы. Түркілер әскери құрылымы ондық, жүздік, М., он М. (Шыңғыс хан заманынан бастап – түмен) жүйесінен тұрған. Әр М-тың өз әскери тулары болған. М-ты басқаратын адамды мыңбасы, мыңбегі деп атаған.

МЫҢЖАНИ Нығымет (22.3.1922, Тарбағатай аймағы Толы ауд. – 22.6.1993, сонда) – тарихшы, этнограф, әдебиет зерттеушісі. 1941 ж. Үрімшідегі Моңғол-қазақ уч-щесін және полиция уч-щесін бітірді. 1945–49 ж. Шыңжаң өлкелік Қаржы департаментінің бас хатшысы, 1949–50 ж. өлкелік үкімет бас хатшысының орынбасары, 1950–52 ж. Қытай Коммунистік партиясы ОК Шыңжаң басқармасының бастығы, 1952–58 ж. Пекиндегі «Ұлттар» баспасы қазақ редакциясының бөлім меңгерушісі болды. 1958 ж. «оңшыл» ретінде тұт-

қындалып, 1976 жылға дейін түрмеде отырды. 1978 ж. толық ақталып, аз санды ұлттар тілін зерттеу ин-тында ғыл. жұмыстармен айналысты. М. қазақ, ұйғыр, ескі түркі тілдерін білумен қатар қытай, орыс, араб тілдерін де меңгерді. 1980 жылдан қазақ тарихымен айналысып, «Шыңжаң қазақтары» (1981), «Қазақ ру-тайпалары мен ұрандары» (1982) және мемл. тапсырыс бойынша «Қазақтың қысқаша тарихы» атты еңбектер жазды. Ол «Тіл – әдебиет» (1942), «Қазақ тарихының



Н.Мыңжани

дерегі» (1949), «Қазақ хандығының ауыз әдебиеті» (1980), «Қазақ әдебиетінің қалыптасу және даму дәуірлері» (1981), «Қазақ киссасы», «Бақтияр және оның қырық бұтағы» (1982), «Қазақ әдебиетіндегі кисса-дастан жанры» (1982), «Қазақ халық дастандарының тарихына тән кейбір деректер жайында» (1982), «Қорқыт ата кітабы және қазақтың Қорқыт жыры жайында» (1984), «Қазақтың мифтік аңыздары» (1986) атты көптеген зерттеу еңбектер жазды. Ғалымның 1987 ж. «Қазақтың қысқаша тарихы» және «Қазақтың мифтік аңыздары» атты монографиялары жарық көрді. Сондай-ақ М-дың «Тұрмыс тілшісі» повесі (1948) мен өлеңмен жазылған «Қарлығаш» романы қытай қазақтары әдебиетінің өсу жолындағы елеулі шығармалар болды. М. аударма саласына да үлкен еңбек сіңірді. Ол «Сәлиха-Сәмен» дастанын, Шәкерімнің «Қазақ шежіресін», Абайдың «Қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты еңбектерін қытай тіліне аударды. Сондай-ақ қытайдың ескі әдеби тілінде жазылған «Су бойында» (3-томын), «Қызыл сарай түсі» (4, 6-томдарын) сияқты классик. шығармаларды қазақ тіліне аударды.

Н.Мұқаметжанұлы, З.Сейтжанұлы
«МЫҢЖЫЛДЫҚ САҢЛАҚТАРЫ». «Абылай хан» және «Алтын адам» қорлары, сондай-ақ Қазақтың Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы бірлесіп, «Мыңжылдық саңлақтары» мен «Ғасыр саңлақтарын» анықтаған болатын. Бұл шара Қазақ елінің тарих бетінен жоғалып кетпей, өсіп, өркендеуіне, мемлекет болып қа-

МЫРЗА

лыптасуына аса зор еңбек сіңірген ұлы бабалар атын ардақтап, рухына тағзым ету еді. Олар: Әбу Наср әл-Фараби (10–11 ғ.), Жүсіп Баласағұн (11 ғ.), Махмұт Қашғари (11 ғ.), Қожа Ахмет Йасауи (1094–1167); Бейбарыс (1225–1277); Асан Қайғы (15 ғ.), Жәнібек хан (15 ғ., 1456 ж. құрылған Қазақ мемлекетінің негізін салушы); Мұхаммед Хайдар Дулати (ғалым, 1499 ж. Ташкент қ-нда туған); Қасым хан (1445 ж.ш.т.); Қадырғали Жалайыри (1530 ж.т., Жами ат-тауарих, жылнамалар жинағы); Есім хан (1598–1645); Тәуке хан (1680–1747); Төле би (1663–1756); Қазыбек би (1665–1765); Әйтеке би (1683–1739); Әбілқайыр (1693–1748); Абылай (1711–1781); Кенесары Қасымов (1802–1847); Махамбет Өтемісұлы (1804–1846); Құрманғазы Сағырбайұлы (1818–1889). Шоқан Уәлиханов (1835–1865); Абай Құнанбаев (1845–1904).

Қ.Сәлімбайқызы

МЫРЗА – қазақ қауымында ауқатты, беделді адамдардың есіміне қоса айтылған атау. Олардың балаларын, үрім бұтақтарын да М. деп атаған (мыс., Құнанбай М., Тәкежан М.). Бұл сөз сыйлау, құрметтеу нышанын білдіреді, сондай-ақ қолы ашық, жомарт адамды да қазақтар М. деп мадақтайды. Кеңес дәуірі кезеңінде таптық көзқарасқа байланысты қоғамдық ортада М. сөзі қолданылмады. Кейінгі кезде М. қаратпа сөз ретінде (мыс., көпшілік жиындарда «Ханымдар мен мырзалар!») айтылып жүр.

МЫРЗА ӘЛИ Қадыр (5.10.1935, Орал обл. Жымпиты кенті – 2011, Алматы қ.) – ақын. ҚР халық жазушысы, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты. 1958 ж. Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) филология ф-тін бітірген. Еңбек жолын сол кезде жаңадан



Қ.Мырза Әли

ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. 1968–73 ж. «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. Тұңғыш туындысы 1954 ж. «Пионер» журналында жарияланды. 40-тан астам жыр жинақтары, 2001 ж. «Қазығұрт» баспасынан 15 томдығы шыққан. Бірнеше пьесасы сах-

нада қойылған. 2001 жылы Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығын алды. М. – «Абылай» атты өлеңнің (1992) авторы. Ақын 11 шумақтан тұратын бұл өлеңінде ой ағынын нақылдата, лақылдата төгетін ежелгі мәнерімен параллель салыстырулар жасай отырып, Абылайдың өмір жолындағы айтулы кезеңдерді және ханның халық пен ұлт алдында сіңірген еңбегін жыр тілімен жинақы түрде баян етеді. Өлең «Мұрагер» альманағының 1992 жылғы 3–4-санында жарияланған.

С.Ғұсманқызы

МЫРЗАХАН Жакып Бірлікұлы (1940 ж.т., ҚХР, ШУАР) – ғалым. Үрімжі қ-ндағы Шыңжан ун-тін бітірген (1959). ҚХР ҒА Шыңжан бөлімшесінің тарих ин-тында ғыл. қызметкер (1959), ин-т директорының орынбасары (1979–84), ШУАР қоғамдық ғылымдар академиясының вице-президенті (1986–2001) болып істеген. Қазақ тарихы мен этнографиясы бойынша «Абылай хан» (тарихи эссе. Пекин. «Ұлттар» баспасы, 2000), «Сабалақ» дастанының тарихи астары», «Қабанбай батыр туралы» зерттеулерін жазған. Автор Абылай ханның Қазақ хандығының дербестігін сақтап қалғанын, қазақ-қытай байланыстарының дипломатиялық және сауда-экон. қырларын жақсы көрсеткен. Бұдан басқа «Қазақ шежіресінің жиналуы және зерттелуі», «Қазақ шежіресінің тарихи жазба деректермен байланысы», «Алаш қауымы туралы», «Қазақ ұлты» (монография. Қытай тілінде. Пекин. «Ұлттар» баспасы, 1989), «Тарихи-этнографиялық зерттеулер» (таңдаулы ғыл.-зерттеу мақалаларының жинағы. Күйтің. «Халық» баспасы, 1990), «Қазақ халқы және оның салт-санасы» (монография. Үрімжі. «Халық» баспа-



Ж.Мырзахан

сы. 1992), «Қазақтар» (тарихи-танымдық толғау. Үрімжі. «Әсемөнер» баспасы. 1996), «Күшлік хан» (тарихи эссе. Пекин. «Ұлттар» баспасы. 2002), «Ғасырлар қойнауынан» (ғыл.-зерттеу мақалаларының жинағы. Пекин. «Ұлттар» баспасы. 2004) атты іргелі еңбектерінде де ұлы ханның қазақ тарихындағы орнын көрсетіп отырады. Аталған зерттеулер туралы ғұлама ғалым, тарих-

шы Нығымет Мыңжани көзі тірісінде: «... автор жазба тарихи деректер мен шежірелік аңыздарды ұштастыра зерттеу тәсілін қолданған. Бұдан бұрын қазақтың ауыздан-ауызға таралып келген аңыздары мен шежірелеріне онша көңіл бөлмеген едік. Ал мына кітаптың авторы болса, шежірелік аңыздар мен тарихи жазба деректерді ұштастыра зерттеу тәсілін қолданып, көптеген тың көзқарастарын ортаға салды», – деп жоғары бағалады. М. 1982 жылдан ҚХР Жазушылар одағының мүшесі, ҚХР аз ұлт жазушылары ғыл. қоғамы төрағасының орынбасары. ҚХР тарихы ғыл. қоғамының, ҚХР ұлттар тарихы ғыл. қоғамының, ҚХР этнографтар ғыл. қоғамының, ҚХР Орта Азияны зерттеушілер ғыл. қоғамының, ҚХР ұлт теориясы ғыл. қоғамының, ШҰАР Жібек жолы қоғамының, ШҰАР қазақ тілі мен мәдениеті ғыл. қоғамының, ШҰАР Алтайтану ғыл. қоғамының мүшесі әрі төрағаның орынбасары міндеттерін де атқарып келеді.

Шығ.: Абылай хан (тарихи эссе, Пекин. «Ұлттар» баспасы. 2000); Сабалақ дастанының тарихи астары (Үрімжі. «Халық» баспасы. 1992); Қабанбай батыр туралы (Күйтін. «Халық» баспасы. 1990); Қазақ ұлты (монография. Қытай тілінде). (Пекин. «Ұлттар» баспасы. 1989); Тандаулы ғыл. зерттеу мақалаларының жинағы. (Күйтін. «Халық» баспасы. 1990); «Қазақтар» (тарихи-танымдық толғау). (Үрімжі. «Әсемөнер» баспасы. 1996); Күшлік хан (тарихи эссе. Пекин. «Ұлттар» баспасы. 2002).

3. Тайшыбай

МЫРЗАХМЕТОВ Естай (15.1.1927, бұрынғы Көкшетау обл. Шортанды ауд. Жарқайың а. – 2007) – журналист, жазушы. ҚазМУ-дың журналистика ф-тін (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1961 ж. балаларға арналған «Сынық шаңғы» атты әңгімелер жинағы жарық көрген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), «Ленин туы», «Тың өлкесі», «Көкшетау правдасы» газеттерінде жұмыс істе-

ген. Әңгімелер мен повестер жинақтары, романы («Медет») шығып, аудармамен де айналысқан. 1991–2005 ж. мерзімді басылымдарда Абылай



Е.Мырзахметов

хан жайындағы мақалалары жарық көрді. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

«**МЫСЛЬ**» – республикалық қоғамдық-саяси журнал. Алғашқы нөмірі 1920 ж. шықты. Әр жылдарда «Известия Киргизского облбюро и Оренбургско-Тургайского губкома ВКП(б)» (1920), «Красный Казахстан» (1926), «Большевик Казахстана» (1936), «Коммунист Казахстана» (1952), «Партийная жизнь Казахстана» (1958) деген атпен шықты. 1992 жылдан «М.» деп аталады. Негізгі мақсаты – елдегі демокр. процестерді жеделдетуге, азаматтық қоғамды орнықтыруға, мәдениет пен өнерді ілгері дамытуға үлес қосу, сондай-ақ ұлтаралық келісімді, саяси тұрақтылық пен ынтымақтастықты насихаттау. Ж. Ахметов («Абылай хан: геосаяси және геостратегиялық қызметі», 2007, №2) пен Г.Мұқанованың («В поисках кода нации. Антитеза: Абулхаир–Абылай») Абылай хан туралы мақалалары жарияланды.

Ә.Қалмырзаев

Н

НАЗАР (т.-ө.ж.б.) – батыр. Кіші жүздің адай руынан. Еділ-Жайық аралығын мекендеген қалмақтармен (торғауыт) болған шайқастарда аты шыққан. 1726 ж. Әбілқайыр, Сәмеке хандар мен Барақ, Есім сұлтандар қалмақ хандығына 10 мың жасақпен басып кіргенде қазақ қолының бір бөлігіне Н. басшылық жасады. Бұл шайқаста қалмақ жасағы қазақ жасағынан үш есе (30 мың адам) көп болуына қарамастан Серен Дондук хан мен Доржи Назаров қазақтармен 15–16 жылға бейбітшілік шартына қол қоюға мәжбүр болды. Нәтижесінде қазақ жасақтары азаттық жолындағы күресін екі жақты емес, Жоңғар хандығымен ғана жүргізуге мүмкіндік алды.

Әдеб.: Каримов М. Г., «Мазхар әл-ахвал». М.Амина как источник по истории Бухары середины XVIII в., Таш., 1979.

Ә.Хасенов

НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан Әбішұлы (6.7.1940 ж.т., Алматы обл. Қарасай ауд. Шамалған а.) – мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының Президенті. Экон. ғыл. докт. (1992), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (1993). 1958 ж. Днепродзержинск қ-ндағы (Украина) №8 тех. уч-шені, 1967 ж. Қарағанды металлургия комб. жанындағы жоғары тех. оқу орнын бітірді. Еңбек жолын Теміртау қ-ндағы «Қазметаллургқұрылыс» тресінің жұмысшысы болып бастаған. Кейін Қарағанды металлургия з-тында (Қарметкомбинат) шойын құюшы, домна пешінің көрікшісі, диспетчер, газ айдаушы болды. 1969–73 ж. Теміртау қ-ндағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды. 1973–77 ж. Қарағанды металлургия комб-ның партком жетекшісі, 1977–79 ж. Қарағанды қ. партия к-тінің хатшысы, 2-хатшысы, 1979–84 ж. Қазақстан КП ОК хатшысы, 1984–89 ж. Қазақстан Мин-лер Кеңесінің төрағасы, 1989–91 ж. Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы әрі Қазақстан Жоғ. Кеңесінің төрағасы (1990 ж. ақпан–сәуір) болды. 1990 ж. 25 наурызда КСРО-да президенттік басқару ин-ты енгізілуіне орай 12-сайл. республика Жоғ. Кеңесі «Қазақ КСР Президенті қызметін бекіту және Қазақ КСР Консти-

туциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылдады (24.4. 1990) және сол күні Н. Қазақ КСР-інің Президенті болып сайланды. Сонымен бірге Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы қызметін қоса атқарды. Мемлекет басшысының алғашқы маңызды заң актілерінің бірі – 1991 ж. 10 желтоқсанда қол қойылған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының аталуын өзгерту туралы» заң. Бұл заң бойынша Қазақ КСР-і бұдан былай Қазақстан Республикасы деп аталатын болды. 1991 ж. 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңға қол қойып, жаңа тәуелсіз мемлекеттің егемендігін жариялады. 1991 ж. 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық



Н.Назарбаев

президенттік сайлауда Н. республика азаматтарының 98,78% дауысына ие болып, жеңіске жетті. 1995 ж. 29 сәуірде өткізілген бүкілхалықтық референдум нәтижесінде Н-тың президенттік өкілеттілігі 2000 жылға дейін ұзартылды. Қазақстан Парламентінің шешімімен 1999 ж. 10 қаңтарда өткен сайлаудың нәтижесінде Н. 79,78%, 2005 жылғы 4 желтоқсанда өткен сайлауда 91%-дан астам дауыс алып, Қазақстан Республикасының Президенті болып қайта сайланды. Тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде қысқа мерзім ішінде ұлттық қауіпсіздік құрылымы, қарулы күштер, мемл. рәміздер, мемл. басқару жүйесі секілді жаңа Қазақстан мемлекеттілігінің негіздері қаланды. Егемен Қазақстанның алғашқы күндерінен бастап мемлекет басшысының алдында елде нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократия, саяси тұрақтылық, ұлтаралық және дінаралық келісімді

нығайтуға бағытталған кең көлемді шараларды іске асыру міндеттері тұрды. Н-тың ішкі саясаты, ең алдымен, елдегі демокр. ин-ттарды дамытуға бағытталды. Елдің күнделікті өміріне сөз бостандығы, сайлау құқығы, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер құру құқығы, т.б. азаматтық қоғамның либералдық құндылықтары енгізіле бастады. Президенттің бастамасымен және тікелей бақылауымен елде сайлау заңнамасын, бұқаралық ақпарат құралдарының, саяси партиялар мен бейүкіметтік ұйымдардың қызметін жетілдіру, жергілікті өкілетті органдардың өкілеттіліктерін кеңейту бағытында қомақты іс-шаралар жүзеге асырылды. Экон., саяси және демокр. өзгерістердің нәтижелі жүргізілуіне президенттік басқару нысанындағы мемл. құрылыс үлгісі игі әсерін тигізді. Н. кеңестік жоспарлы әкімш. жүйе мен бірыңғай халық ш. кешенінің құлдырауынан кейін үлкен дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын түбегейлі реформалауға баса назар аударды. Бастапқы кезеңде ағымдағы мәселелерді шешумен қатар болашаққа арналған жоспарларды әзірлеуді қолға алды. 1992 жылдың басында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуы стратегиясын» әзірлеп, елдің ішкі және сыртқы саясатының бағыт-бағдарын айқындады. Сол жылдардағы қажырлы еңбектің нәтижесінде елде инфляция деңгейін төмендету, өнеркәсіпті жандандыру, жекешелендіру, макроэкон. тұрақтану, қаржы-бюджет және салық жүйесін, жинақтаушы зейнетақы жүйесін құру, тұрғын үй, коммуналдық ш-ты реформалау, т.б. іс-шаралар жүзеге асырылды. 1997 жылдың басына қарай елде реформалар жүргізу барысында қол жеткізілген нәтижелер мемл. стратег. мақсат-міндеттердің жаңа сапалық деңгейіне шығуына мүмкіндік берді. Осындай жағдайда Н-тың жетекшілігімен «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы» әзірленіп, мемлекет дамуының басым бағыттары айқындалды. «Қазақстан – 2030» даму стратегиясының іске асырылуының нәтижесінде 1999 жылдың аяғына таман Қазақстанда экономиканың тұрақты және шапшаң өсімі, өндіріс көлемінің ұлғаюы, қаржы ресурстарын жинақтау үрдісі белгіленді. 1997 ж. 20 қазанда Н. Ақмола қ-н Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы жарлыққа қол қойды. Н-тың экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестиц. ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықар. қаржы ин-ттарымен қарқынды экон. ынтымақтасуға игі ықпал етті. Экономиканың қарқынды өсуі мемлекет басшысына ауылды дамыту, кедейшілікпен күрес, тұрғын үй құрылысын

дамыту, т.б. шараларды көздейтін ірі әлеум. бағдарламаларды іске асыруға мүмкіндік берді. Осы реформалардың нәтижесінде Қазақстан экономикасына 30 млрд. АҚШ долл. көлемінде тікелей шетел инвестициясы тартылды, Қазақстан кірісі жағынан орта деңгейдегі елдердің тобына қосылды, елде тұрақты әлеум.-экон. дамуды қамтамасыз ету, сыртқы қолайсыз факторларға тәуелді болмау үшін Ұлттық қор құрылды. Республика экономикасын одан әрі дамыту мақсатында Президенттің тапсырмасы бойынша Индустриалды-инновац. даму стратегиясы әзірленіп, инвестиц. және инновац. қорлар құрылды. Елдің ішкі саясатында Н. Қазақстан қоғамын демократияландыру мәселесіне ерекше мән береді. Оның бастамасымен республикада жүргізілген саяси реформалар мынадай нәтижелер берді: Қазақстанда демокр. ин-ттардың дамуы дәйекті жүргізілді, елде саяси плюрализм мен көппартиялық жүйе орнықты; 5 мыңнан астам бейүкіметтік ұйымдарды қоса алғанда, азаматтық қоғам ин-ттары мен құрылымдары жасақталды; тәуелсіз сот жүйесінің негіздері қаланып, заңның үстемдігі; сөз бостандығы қамтамасыз етілді, мемл. емес бұқаралық ақпарат құралдары құрылды; адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету саласында маңызды қадамдар жасалды; Қазақстан діни сенім бостандығын қамтамасыз етіп, конфессияаралық келісім мен діни тең құқылық орнықты. Н. саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын ұсынып, мемл., саяси және қоғамдық ин-ттарды реформалауға бірыңғай әрі біртұтас тұрғыдан келуді көздеді. Оның мәні – Қазақстанды батыс демократиясы мен қағидағтарына және Оңт.-Шығыс Азияның іргелі мемлекеттерінің тәжірибелеріне, халықтың негізгі дәстүрлеріне сәйкес одан әрі демократияландыру. Н. ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мемлекеттілікті сақтап қалу ең басты мақсат деп санайды. Оның бастамасымен ұлттық қауіпсіздікті нығайту мақсатында лаңкестікпен, экстремизм мен сепаратизмнің өзге көріністерімен күрестің мемл. бағдарламалары бекітіліп, ТМД мемлекеттерінің лаңкестікке қарсы орт. құрылды (2000). Н. қазіргі заманғы әлемдік өзгерістерді және елдегі саяси-әлеум. реформаларды ескере отырып, Қазақстанның сыртқы саясатының тұжырымдамасын жасап, оның стратег. мақсат-міндеттерін, негізгі принциптері мен басты бағыттарын айқындады. Өзара байланыс ауқымын кеңейту мақсатында Н. Кеден одағын нығайту, еркін сауда аймағын құру және ТМД органдарын жетілдіру жөнінде бірқатар жаңа бастамалар көтерді. Н-тың 1994 ж. наурызда ұсынған Еу-

НАЗЫМ ҚЫЗ



разиялық одақ құру туралы идеясы ерекше маңызға ие болды. Оның ойынша, бұл одақ ТМД елдері ықпалдасуының болашақтағы нысаны ретінде Еуразия өркениетіне серпіліс береді. Нытың түрлі мәдениеттер, діндер, өркениеттер арасында жүйелі сұхбат орнату бағытында жүргізіп отырған салиқалы саясаты ерекше мәнге ие. Нығылымның дамуына, білім беру жүйесін реформалауды іске асыруға қомақты үлес қосып келеді. Ол Қазақстан халықтары ассамблеясының жетекшісі (1995) және Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы (1992), сондай-ақ Орт. Азия мен Қазақстан халықтарының достығы қорының құрметті төрағасы ретінде елде азаматтық келісім ахуалын орнықтырып, Еуразия кеңістігінде, күллі әлемде бейбітшілік пен татулықты сақтауға, халықар. саяси, экон., мәдени ынтымақтастық аясын кеңейтуге үлесін қосып келеді. 2004 ж. Абылай алаңында ханға арналған ескерткіш-баған орнатылды; осы ескерткішті ашу сәтінде ҚР Президенті Н. «Біз үшін Абылай тақырыбы ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет» деді. Ал 2013 ж. «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласында «Айбарлы Абылай аңсаған асқақ арманға, ұлы мұратқа бүгінгі ұрпақ» жеткенін, олай болса «Абылай қызғыштай қорып, тұмарындай тәу еткен, армандап кеткен Қазақ елінің Тәуелсіздігіне біздер, бүгінгі буын қазақстандықтардың жеткені үшін де шексіз тәубе айтып, бөлінуге бастайтын жершілдік пен рушылдық дертінен арылған жөн» деп жазды. 1992 ж. Н-қа «ТМД-дағы аса маңызды республикалардың бірінде жаңа саяси, экон. және әлеум. жүйені дамытып, нығайтуға сіңірген қомақты үлесі үшін» «Капри сыйлығы» берілді. 1998 ж. желтоқсанда Түркия Республикасының 75 жылдығына орай «Түркі әлемі халықтарының арасындағы қарым-қатынасты дамытуға қосқан үлесі үшін» сыйлығы, 1999 ж. 8 маусымда «Түркі әлеміне қызмет еткені үшін» сыйлығы, 1996 ж. 22 маусымда прогресті дамытуға сіңірген еңбегі үшін Кранс-Монтана халықар. форумының арнаулы жүлдесі, т.б. табыс етілді. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Ресейдің жоғары мемл. наградасы – Қасиетті апостол Андрей Первозванный (12.10.1998), Өзбекстанның «Буюк хизматлари учун» (Үздік табыстары үшін), Румын елінің аса мәртебелі наградасы – «Стяуа Ромынией» (Румыния жұлдызы), т.б. ордендермен марапатталды. 1999 ж. 26 қазанда Н-қа «Алтын Атлант» сыйлығы мен халықар. технол. акаде-

миясының мүшелік дипломы және Ниобий медалі берілді.

Шығ.: Экономика Казахстана: реальность и перспективы становления, А.-А., 1988; Без правых и левых, М., 1991; Әділеттің ақ жолы, А., 1991; Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства, А., 1992; Идеиная консолидация общества как условие прогресса Казахстана, А., 1993; Ресурстарды сақтау және нарыққа өту стратегиясы: нарық және әлеуметтік-экономикалық даму, А., 1994; Слово об Абае, А., 1995; Ғасырлар тоғысында, А., 1996; О времени, о судьбах, о себе, Лонд., 1997; Жаңа Астана – жаңа мемлекет – жаңа қоғам, Аст., 1998; Тарих толқынында, А., 1999; Туған елім – тірегім, А., 2001; Стратегия трансформаций общества и возрождения евразийской цивилизации, М., 2002; Бейбітшілік кіндігі, А., 2002; Сындарлы он жыл, А., 2002; Бәйтерек, А., 2005.

НАЗЫМ ҚЫЗ – қазақтың ержүрек батыр қыздарының бірі. Қабанбай батырдың жары, қазақтың батыр қызы Гауһардан туған. 18 ғ-дың ортасына қарай (1745 ж.) жоңғар қонтайшысы Қалдан Серен өліп, жоңғарлардың өз ішінде тақ таласы басталады. Осы жағдайды ұтымды пайдаланған Абылай Түркістан мен Сыр бойындағы қалаларды азат етуді алдына мақсат етіп қояды. Абылай сол жорықтардың бірінде қазақ әскерлерін үш топқа бөледі. Оның бірінші тобын Қанжығалы Бөгембай басқарады. Ол Созақ бекінісіне барып бекінуге тиіс болады. Екінші қолды Жәнібек батыр басқарады. Ол Сырдарияның төм. сағасына қарай бет түзейді. Үшінші негізгі қолды Абылайдың өзі басқарады. Жоңғарлар тарапынан Қалдан Сереннің ортаншы ұлы, тақ мұрагері болған Цевен Доржы шығады. Ол өзінің ауыр қолымен Абылай әскерлерінен бұрын келіп, Жаңақорғанға бекініп алады. Абылай Жаңақорғанды алуды Қабанбайға тапсырады. Зеңбірек оларға қарсы оқ жаудырып, жүздеген сарбаз қырылады. Амалсыз Абылайдың қолы кейін шегінеді. Не әрекеттен бастарын білмей абдырап тұрғанда, қазақ жасақтарының оң жақ тұсынан Цевен Доржы тұрған төбеге қарай басында үкілі кәмшет бөркі бар, ақ боз атты бір қыз бала «Қабанбай! Қабанбай!» деп ұран тастап, суырылып шыға шабады. Қыздың қолында не найза, не сойлы жоқ, бар болғаны қамшы ғана. Мұны, көрген қалың қол шыдай алмай лап қойып, «Абылай! Ақ жол! Қабанбай! Абылай!» деп айқайлап, зеңбірекшілердің түйесін таптап өтеді. Цевен Доржының топ қолын талқандап, жеңіспен оралған Абылай манағы қалмақтарға қарсы шауып, жеңіске жол салған қызды іздеттіреді. Бұл Қабанбай батыр мен оның зайыбы, қазақтың батыр қызы Гауһардан туған жас Назым екен. Бүлдіршіндей қыздың осыншама ерлігіне дән риза

болған Абылай беліндегі сом алтыннан соғылған белбеуін шешіп, қызға сыйлапты. Абылайдың жоңғарларды толық талқандауға жол салған жеңісі сол Назымның атымен байланысты болған.

Е.Пірімбетова

НАЙЗА – жақын қашықтықта, бетбе-бет айкаста түйреу мақсатында қолданылатын қару түрі. Ерте заманнан бері әлем халықтарының көпшілігі соғыс және аң аулау кезінде қолданған. Алғашқыда ұшы ұшталған таяқтан жасалды, бергін келе ұз. 1,5–2 м-ге дейін жететін ағаш сапқа тастан немесе сүйектен, металдан үшкір үш орнатылған түрлері шықты. Н-ның ұзын сапты, екі басы үшкір, сауытты бұзуға арналған түрі – «сүңгі» деп аталады. Сүңгілердің ұз. 3–3,5 м-ге дейін жетеді. Ерте замандарда көшпелі түркі халықтарында лақтыруға арналған қысқа Н-лар – «жыда» да болған. Ұшының қырлануына қарай Н. сегіз қырлы, төрт қырлы деген түрлерге бөлінген. Сынбас үшін сабын тарамыспен орап, темір шығыршықтармен бекітеді. Н-ға жауынгерлер әр түрлі дәрежеде белгі ретінде қыл шашақтар, жалаулар таққан.

Әдеб.: Батырлар жыры, 6 т., А., 1990; Х у д я к о в Ю. С., Вооружения средневековых кочевников Южной Сибири и Центральной Азии, Новосибир., 1986; К у ш к у м б а е в С. К., Военное дело казахов в XVII–XVIII вв., А., 2001.

С.Аргынгазин

НАЙМАНДАР – қазақ халқын құраған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Н. тайпасының тегі туралы мәселе ертеден-ақ тарихшылардың пікірталасын тудырып келді. Бірқатар зерттеушілер (И.Я.Шмидт, А.М.Позднева, Д.Оссон, В.В.Бартольд, В.П.Васильев, т.б.) Н-дарды моңғол, басқалары (Рашид әд-Дин, Х.Ховарс, П.Поуха, А.Бобричников, Г.Е.Грумм-Гржимайло, Н.А.Аристов, С.Аманжолов, Ә.Х.Марғұлан) түркі тегіне жатқызды. Қазіргі уақытта олардың түркі тектес екендігі толық дәлелденген. Көптеген зерттеушілердің пікірінше «найман» атауы моңғолша «сегіз» деген сөзді білдіреді. «Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілдес халық болды. Олар 8 ғ-дан бастап «сегіз оғыздар», кейінірек «цзбу-бу» одағын құрап келді. «Найман» сөзі оларға көрші халықтардың берген атауы» деп жазды Л.Л.Викторова. Әбілғазының пікірінше: «наймандар – көне жұрттардың бірі, малы мен басы көп өскен халық». 16–17 ғ-ларда кейбір Н. рулары Атбасар, Ырғыз аймақтарында өмір сүрген. М.Шайбанимен бірге Мауераннахрға ауған Н. Сырдарияның төм. ағысындағы Балық пен Мерв аралығы өңірлерінің саяси-әлеум. өмі-

рінде жүзден аса жыл маңызды рөл атқарды. 1620–25 ж. Хорезмдегі билік үшін болған тартыстан кейін Н. бас сауғалап бір тобы қырғыздарға, бір бөлігі Еділ, Жайықтағы Ноғай ордасына, енді бірі Бұхар хандығына бағынды. М.Тынышбаевтың айтуынша, 1680 ж. Н-дың бір тобы Әулиеатадан Ташкентке дейін, Арыс пен Сырдария өңірін, Қаратау сілемдерін қоныстана бастаған. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында Н-дың көпшілігі қырылып, қалғаны Самарқан, Бұхар өңірлеріне ығысады. 1726 ж. Н. Ресей шекарасына жақын келіп, Сәмеке ханның қол астына өткен. Ол қайтыс болғаннан кейін Абылай билігіне қарай бет бұрып, Алакөл, Зайсан, Алтайға дейінгі алқапқа орын тебеді. Олар қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресіне белсене қатысты. Қазақ қолы 1750–60 ж. Жетісу мен Алтайды жоңғарлардан азат еткенде Н. Қара Ертіс, Бұқтырмаға дейінгі бұрынғы ата мекенінің бір шетіне ие болып, сонда түбегейлі орнығып қалды. Бұл қоныстану 1810 жылға дейін жалғасты. 1917 ж. Ресей үкіметі жүргізген санақ бойынша Ресей және Қытай империяларының құрамында 830 мыңдай Н. өмір сүрген. Н. Орт. Азияның өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, т.б. халықтарының құрамына енген. Қазақ халқының шежіре деректері бойынша Н. Орта жүзге кіреді. Қазақ халқының құрамындағы Н-дан: терістаңбалы (кейде елата), сарыжомарт (ергенекті найман), төлегетай деген рулар бірлестіктері тарайды. Терістаңбалыдан: мәмбет, рысқұл; сарыжомарттан: балталы, бағаналы, көкжарлы, бура, қаратай; төлегетайдан: қаракерей, мұрын, төртуыл, матай, аталық (кейбір деректерде кенже), садыр. Келесі бір шежіре нұсқасында Н-дан тоқпан, елата, өкіреш таратылады. Елатадан: келбұға мен кетбұға; өкірештен: төлегетай және сүгіріш; төлегетайдан: қаракерей, төртуыл, садыр, матай тарайды. Сүгіріштен: ертекті, бағаналы, балталы; ертектіден: көкжарлы, сарыжомарт, бура рулары тарайды. Әр рудың өз рулық таңбасы мен ұраны бар. Н-дың ортақ таңбасы – бақан, ұраны – Қаптағай.

Әдеб.: М а р г у л а н А., Найман // Казахи, Л., 1930; В и к т о р о в а Л. Л., К вопросу о найманской теории происхождения монгольского литературного языка и письменности (XII–XIII вв.) // Уч. зап. ЛГУ, Серия востоковедческих наук, вып. 12, №305, 1961; М у к а н о в М. С., Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков, А.-А., 1991; Б е й с е н б а й ұ л ы Ж., Қазақ шежіресі, А., 1994; Қ и н а я т ұ л ы З., Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: 9–12 ғасырлар, Аст., 2001.

З.Қинаятұлы

НАМКИ

НАМКИ Доржы (т.-ө.ж.б.) – ноян, жоңғар әскерінің қолбасы, Қалдан Сереннің сенімді серігі. Соның тапсыруымен Қазақ хандығымен барыс-келіс мәселелерін шешетін атакты ноян Сары Манжының ұлы. Жоңғарлар талқандалғаннан кейін, Цин билігін мойындамай, қарсы шыққандардың бірі. Орыс өкіметі Қытайға наразы басқа нояндар сияқты Ресейден пана сұрауға мәжбүрлеген. Ол жаңа билеуші Дауашыға наразы болып, 10 мың түндікті алып, Сарысу өз-не қарай көшкен, одан әрі Еділ қалмақтарына өтпек болған. Жоңғар билеушілері арасындағы мұндай алауыздық салдарынан олар әлсіреді, «бұл біздің мүддемізге де тиімді, Н.Д-ның Еділ қалмақтарына өтуіне бөгет жасамаған жөн, одан бізге келетін зиян жоқ» делінген Ресей патшасының 1753 жылғы 22 қарашадағы «Жоңғариядағы ішкі соғыстар туралы» құпия жарлығында. Мұндай жарлықтардың қазақтардың далалық облыстарының тағдырына да тікелей қатысы бар еді.

Н.Ақбай

НАРБОТА Әбдірахманұлы (т.ж.б. – 1798/99) – Қоқан билеушісі. Н. Ферғана ойпатында су каналдарын салдырып, егістік жердің көлемін арттырды. Қалаларды көркейтті, сауда-саттық пен кәсіпкерлікті дамытты. Орт. Азия мен Ресей арасында сауда қарым-қатынасының орнауына түрткі болды. 36 жыл билік құрды. Н-ның мұрагерлері Әлім мен Омардың тұсында коқандықтар Оңт. Қазақстанға билік жүргізді.

Әдеб.: Н а л а в к и н В., Краткая история Кокандского ханства, I., 1886; *Х а л и д Қ.,* Тауарих хамса, А., 1992; *И б р а т И с х а қ х а н,* Тура Танланган асарлар, Таш., 2005.

А.Махаева

НАРКЕСКЕН – қылыштың бір түрі. Асыл металдан екі жүзді етіп жасалады. Сабын сүйектен немесе мүйізден әзірлеп, алтынмен немесе күміспен әшекейлейді, асыл тастар орнатады.

НАУАН, *Н а в а н* (т.-ө.ж.б.) – қытай жасауылы, шабарман, елші. Қытай уәзірі Нусан 1758 жылғы 9 қазандағы мәлімдемесінде: «Науан әлі Қазыбектің жерінде болып, Абылаймен кезіге алмапты. Бұл туралы біз, патшаның құлдары, былай деп ойлаймыз: Науан Абылайдың өзімен кездесе алмағанымен, Абылайдың бауыры Әбілпейіз бен Дәулетбай, Батыр, Қожаберген сынды адамдардың барлығы біздің шекарамыздың маңында тұрады, сондықтан Науан соңғы аталғандармен де кездеспей қалмас. Егер Науаннан «үлкен сауда жүргізбек мақсатында Абылайдың елшісі келе жатыр» деген хабар келсе, біз, патшаның құлдары, дереу патшаға мәлім етерміз». 1760 жылғы 4 сәуірде Қытай патшасы Барақ батырды

ұстап беру туралы жарлық шығарып, жасауыл Науанға мынадай тапсырма берген: «Абылай ханға барып, Барақ батырды ұстап беру керектігін бетке басып айт. Абылай ұстап бермейтін болса, қазақтардың ішінен Барақтың мекенін анықтап біліп, хабарын бер. Жаңадан барған Солон мыңдығын үстінен түсірер болсақ, Барақ батырдың қолға түсері хақ». Өйткені Қытай патшасының «Барақ батырды ұстап беру туралы 1760 жылғы 6 сәуірдегі жарлығына қарағанда, ұранқайлардың малын талап алған адам Барақ батырдың дәл өзі екен. Ал Барақ батыр әпербақан, есіріктеу екен. Сондықтан оны ұстаудың оңтайлы тұсын қадағалау қажет екені тапсырылған көрінеді. Ал 1761 жылғы 19 ақпанда қытай патшасы Абылай мен Әбілмәмбетке жазған хатында былай деген: «Өткенде Барақ батыр ұранқайлықтардың мал-жанын шапқанда, Ұлыстайда тұратын қосымыздың генералы әскер күшімен кек қайтармақ болып, өтініш білдірген еді. Бірақ Сіздердің адал боламыз деп жиі айтатын сөздеріңізді еске алып, жаза жорығын жасауға келіспедім. Жасауыл Науанды жіберіп, оған Барақ батырды ұстауға, шапқыншылыққа ұшыраған заттарды түгендеп қайтуға бұйрық бердім. Абылай, Сіз бұл істі Науанмен бірге бітіріп, ұранқайдың мал-жанын түгел қайтарыпсыз және Бейжіңге елші жіберіп, Барақ үшін менен кешірім өтінісіз. Мен аспан астындағы күллі халықтардың патшасымын. Сырт бағыныштыларымыз өз қателігін танып, жамандықтан тыйылса болғаны, оларды есіркеп келемін. Райынан қайтпайтындар, нақ бұзақыларды ғана әскер аттандырып, жазалаймын. Қазір мына Барақ батырдың тәубесіне келіп, кешірім сұрағанын, Сіздің де адам салып, оларға кешірім өтінгеніңізді адалдық деп білемін. Мен олардың Барағына кешірім жасауға келістім. Былайғы жерде адамдарыңызды бұрынғыдан да ойдағыдай басқарыңыз. Өзді-өзіміздің жер шегімізге ие болайық. Өз тұрмыс қамдарыңызды жақсырақ ойлаңыздар. Менің айтқандарымды еліңізге түгел құлаққағыс етіңіздер».

Н.Ақбай

НАУРЫЗБАЙ Қасымұлы (1822, Көкшетау өңірі – 1847, Қырғызстан, Кекілік тауы, Майтөбе мекені) – батыр. Абылай ханның немересі, Кенесарының туған інісі. 1837–47 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысында ерекше ерлігімен көзге түскен. Н. Кенесарының тапсырмасымен көтеріліске қарсы жергілікті басшыларды бағындыру, салық жинау, барлау, әскерді қару-жарақ және азық-түлікпен қамтамасыз ету, дипломат., т.б. қызметтер атқарған. Ресей отаршылары мен Қоқан

ханының озбырлықтарына қарсы соғыстардың барлығына қатысқан. 1841 ж. Кенесары хан болып сайланғанда хан кеңесінің мүшесі болған. Соғыста тапқыр, ұрыста батыл Н-дың сөзге шешен, әнші-күйшілігімен, жауырыны жерге тимеген палуандығымен аты шыққан, бүркіт, қаршыға, лашын ұстап, құсбегілікпен айналысқан. Н. 1847 ж. тұтқынға түскен ағасы Кенесарының қасына өз еркімен барып, қырғыз манаптарының қолынан қаза тапты. Оның көркем бейнесі Нысанбай ақынның «Кенесары–Наурызбай» дастанында, М.О.Әуезовтің «Хан Кене» пьесасында сомдалған.

Әдеб.: Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова, А., 1996; Бекмаханов Е., Казахстан в 20–40 годы 19 века, А., 1992; Валиханов Э., Кенесары, М., 2004.

Т.Барақұлы

НАУРЫЗБАЙ Құтпанбетұлы (1706, Алматы обл. Жамбыл ауд. – 1781, сонда, Дегерес а-ның маңы) – жоңғарларға қарсы күрескен батыр. Ұлы жүз шапырашты тайпасының төлеміс руынан. Ел ішінде, ғыл. әдебиеттерде Шапырашты Наурызбай деген атпен белгілі. Н. 1729 ж. Аңырақай



Наурызбай батыр ескерткіші

шайқасында шапырашты руының қолын басқарды. Жоңғарлармен соғыста оның Құдайберген, Шолпан, Дүйсен деген үш бауыры қаза болған. Н. жоңғардың Шамалған мен Қаскелең батырларын жекпе-жекте өлтірген. 1748–53 ж. ол бәсентіін Малайсары, шапырашты Қасқары батырлармен бірге Шығыс Қазақстанды, Жетісуды азат ету соғыстарына қатысқан. Жоңғарлар қуылғаннан кейін Н. жаудан азат етілген аймақтарға қазақ ру-

ларын орналастыру ісінде ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсіп, ел басқарған. Бұл жөнінде «Қазақ-орыс қатынастары» атты құжаттар жинағында К.Миллер Н-ды Ұлы жүз ордасының старшинасы деп атап көрсетеді. Бұқар, Жамбыл, т.б. ақын-жыраулар оны жырға қосқан. Н-дың Онтағар, Жақсылық, Шәшке деген балаларынан тараған ұрпақтары бүгінде Алматы обл-ның Жамбыл, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында тұрады. Алматы қ-ндағы бір көшеге Н. есімі берілген.

Ұ.Доспанбетов

НЕПЛЮЕВ Иван Иванович (15.11.1693, Новгород обл., Поддубье селосы –22.11.1773, сонда) – орыс мемлекет қайраткері, сенатор. 1721–34 ж. Константинопольдегі Ресей елшісі болды. 1736 ж. сыртқы істер коллегиясының мүшесі, 1741 ж. Украина әскер бөлімшесінің бас қолбасшысы 1742–58 ж. Орынбор ген.-губернаторы, 1760–64 ж. сенатор және конференц-министр қызметтерін атқарды. 1764 ж. отставкаға кетті. Ол – патша үкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының көрнекті өкілі. 1743 ж. Орынборды жаңа орынға – Сакмара өзенінің Жайыққа құяр сағасына көшіріп, қала құрылысын өрістеті, Жайық пен Үй өзендерінің бойында 70-ке жуық әскери бекіністерін салу және Орынборда сауда жұмысын жандандырып, қаланың Орта Азиямен саудасаттық байланыстарын күшейту жұмыстарына көп еңбек сіңірді. Қазақ хандары мен сұлтандарын бір-біріне айдап салу, қазақтар мен көршілес халықтардың арасында ұлт араздығын өршіту саясатын жүргізді. 1825 ж. 2 қаңтарда ашылған Орынбор училищесі Н. атымен аталды, кейін ол «Неплюев кадет корпусы» деп өзгертілді. 1742 жылғы қыркүйектің 2-жұлдызында Орынбор комиссиясының бастығы И.Неплюев өзінің Қалдан Серенге жолдаған хатын елші К.Миллердің қолына ұстатты. Хатта былай делінген: «Құрметті жоңғар ханы! Қазір сіздерде тұтқында жатқан Абылай сұлтанды, онымен бірге ұсталған қазақтарды босатып, еліне қайтаруға бұйрық беруіңізді сұраймын. Сіздерге менен хат апарған майорды, жанындағы қосшыларын елшілік дәстүрі бойынша дұрыс қарсы алып, күтіп, шаруаларын бітірген соң, шекараға дейін қауіпсіз етіп шығарып салыңыз. Алдағы уақытта сіздерден келетін елшілерді де біз дәл осылай қарсы алып, шығарып салатын боламыз». Осы хаттан кейін 1743 жылғы сәуірдің соңында Абылай Қалдан Сереннің тұтқынынан босап шығады. Сонымен қатар қалмақ ханы Абылайға сый-сияпат көрсетіп, өзінің бір туысының Топыш сұлу деген қызын қосып, өз қолымен некесін қияды. Бұл некеден Абылайдың

НИКОЛАЙ

Қамбар және Қасым деген ұлдары дүниеге келеді («Қазақтың ханы – Абылай», 2011, 483-б).

Н.Ақбай

НИКОЛАЙ I, Николай Павлович Романов [25.6(6.7), 1796, Царское село – (18.2(2.3), 1855, Петербург] – Ресей императоры (1825 – 1855), император Павел I-нің үшінші ұлы. Ағасы Александр I-нің кенеттен қайтыс болуына байланысты таққа отырып, билігін декабристер көтерілісін басып-жаншу мен оның басшыларын жазалаудан бастады. Н. I билік еткен кезде Ресейдегі шексіз монархия өзінің шарықтау шегіне жетті. Бюрократтық аппарат пен оның орталықтануы күшейе түсті. Құпия саяси полиция басқармасы – «Үшінші бөлім» құрылды. 1835 ж. «Ресей империясы заңдарының жинағы» атты кодекс құрастырылды.



Николай I

Халық ағарту саласында дворяндарға артықшылық жағдай жасаған, сословиелік бөлінуді қатаң қағидамен жүзеге асыратын заңдар қабылданды. Әдебиетке мемл. бақылау күшейтілді. Ресейдің озық ойлы қайраткерлері қуғын-сүргінге ұшырады. Н. I төңкерісшіл ұйымдарды талқандап, ұлт-азаттық қозғалыстарды (мыс., Шәміл бастаған тау халықтарының көтерілісі, 1830–31 ж. поляк көтерілістері, Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс, т.б.) қатал басып-жаныштады. Өзге ұлттарды орыстандыру мен шоқындыру күшейтілді. Сыртқы саясаттағы басты бағыт – Шығыс мәселесі болып, ол Қырым соғысының басталуына әкеп соқты. Н. I Еуропадағы рев. қозғалысқа қарсы күресті. 1848 ж. Франциямен дипломат. қарым-қатынасты үзіп, Венгриядағы 1848–49 жылдардағы төңкерісті қатал басып-жаныштады. Орт. Азия мен

Қазақстаннан жаңа жерлер басып алу саясатын жүргізді. Қырым соғысындағы жеңіліс Н. I-нің саяси жүйесінің күйреуі мен императордың өзінің өліміне әкеп соқты.

Л.Исова

НИАЗ Тілеуліұлы (1741–1790) – Абылай ханның бас билерінің бірі. Ұзын қыпшақтың алтыс тармағынан шыққан. Тапқырлығы мен әділдігіне риза болған Абылай Н. би талантын жоғары бағалаған. Би өмірінің көпшілігін Қараөткелде, Көкшетау өңірінде өткізген. Зерттеушілер Ақмола (қазіргі Астана) қ. атауының тарихын Н. би қабірінің басына орнатылған ақ моламен байланыстырады. Ұзын қыпшақтар Торғай өз. алқабындағы қазіргі қоныстарына 18 ғ-дың ақырында Н. және Кенжетай билердің нұсқауымен келіп мекендеген. Н-дан Айдаралы, Байдалы, Жақсылық, Айдарбек, Байғозы ұрпақтары тарайды.

Т.Барақұлы

НИАЗ – сұлтан, Әбілқайыр ханның немере ағасы. Санкт-Петербургке, Орынборға жіберілген елшіліктерді басқарды. 1742 ж. Әбілқайыр орыс патшасы Елизаветаға жазған хатында Н-ды балалары Нұралы, Ералы, Айшуақ, Әділ және басқа да ең сенімді әрі жақын адамдарының қатарында атайды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 16–18 века: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961, 730-б.; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Аст., 2005. 49, 72-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», А., 2011.

НИАЗ Барқыұлы (18 ғ-да өмір сүрген) – батыр, би, сайдалы Нияз деп те аталады. Орта жүздің арғын тайпасындағы қуандықтан тарайтын сайдалы-барқы атасынан. Әбілмәмбетті хан көтерген игі жақсылардың бірі. Алғыр шешен, байсалды ақылман, табанды қайраткер ретінде Ресей әкімшілігіне де беделді болған. 1740 ж. тамыз айында ген. В.Урусовпен Орынборда болған келіссөздерге Әбілмәмбет ханмен, Абылай сұлтанмен бірге бас уәзір дәрежесінде қатысқан. Түскі дастарқан үстінде бәлендей әңгіме болған жоқ, тек орыс әскерінің қуаты үшін шарап ішіліп отырды. Н. батыр майор Миллермен Ташкентте танысыпты. Бұл жолы ол Н-ға арақ ұсынып, ол «ішпеймін» десе, «пәленше батыр да ішіп қойды ғой» десе керек; сонда Н. батыр: «Мен ол батырдай болғанша, өлгенім жақсы» деген көрінеді. Абылай тұтқынға түскенде Н. өзінің бір ұлын 1742 ж. қараша айында аманатқа тапсырған. Саяси көзқарасы жағынан ол Жоңғар хандығымен тату көршілікті жақтаған. Сондай-ақ Абылайдың Бұхара, Хиуа хандарына, қырғыздарды Қазақ

хандығына қарату жорықтарына қатысқан. Осы соғыстардан кейін Абылай Н-ды Ташкент қаласының төңірегіндегі аймақты басқаруға жіберді. Сонда билік жүргізіп, қартайған шағында Қарағанды обл-ндағы Ортау, Ақтау өңіріне көшіп келеді. Сүйегі Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің іргесіне жерленген.

Н.Ақбай

НҰРАЛЫ (1704–1790) – Кіші жүз ханы (1748–86), Әбілқайыр ханның баласы. Әкесінің орнына таққа отырды және хандық дәрежесі Ресей тарапынан бекітілді. Оны хан сайлау рәсіміне Ұлы жүз бен Орта жүз өкілдері де қатысты. Бастапқыда шешесі Бопай ханымның ақылымен әрекет жасап, әкесінің саясатын жалғастыруға тырысты. Н. күрделі де қайшылықты тұлға, сондықтан оған бір жақты баға беруге болмайды. Ол Ресей әкімшінің Жайық бойын отарлауына барынша қарсылық көрсетті. Орыс патшайымы Елизавета Петровнаға бірнеше рет елші жіберіп, қазақ даласын отарлаудың негізсіздігін дәлелдеуге, оны тоқтатуға талпынды. Орынбордың тұңғыш губернаторы И.И.Неплюевтің көмегімен Кіші жүздің тұтастығын сақтап қалуға тырысып, Арал бойында өзін «хан» жариялаған Батыр сұлтанмен күресті. Жоңғария билеушісі Сыбан Доржымен дипломат. байланыс орнатты. 1750 ж. әкесі Әбілқайырға кесене салдыртты. Алайда орт. билікті күшейту қамымен қол астындағы халықтың бір бөлігін өзіне қарсы қойып алды. Әсіресе қайшылықты ахуал Сырым Датұлының көтерілісі кезінде тым шиеленісіп кетті. 1773 – 75 ж. Е.И. Пугачев көтерілісіне жасырын қолдау көрсетті, немере інісі Досалы сұлтанның қазақ жасақтарымен сол көтеріліске қатысуына тілектес болды. Н-ның өз ықтиярымен Ресей билігіне көнбейтіндігіне әбден көзі жеткен Екатерина II 1786 ж. 6 маусымда арнайы жарлығымен Н-ны тақтан түсірді. Алғашында Жайық бекінісіндегі абақтыға қамалып, кейін Уфаға жер аударылды. 1790 ж. көктемде ол осы қалада дүние салды. 1792 ж. хан тағына інісі Ералы отырды. Н-ның бірнеше әйелінен тараған ұрпақтарының арасынан кейіннен қазақ халқының саяси, әскери, мәдени тарихында үлкен рөл атқарған қайраткерлер көп шықты.

Әдеб.: Қ а с ы м б а е в Ж., Нұралы хан (1704–1790) // Отечественная история, №1, 1998; с о н ы к і, Государственные деятели казахских ханств в XVIII веке, т. 1, А., 1999; Қазақстан тарихы, көне заманнан бүгінге дейін, 3-т., А., 2002.

Е.Уәлиханов

НҰРҒАЛИЕВ Рымғали (17.6.1940, Шығыс Қазақстан обл. Семей қ. Қайнар а. – 16.2.2010,) –

әдебиет зерттеушісі, сыншы, жазушы, Қазақстан Жоғары мектебінің үздік қызметкері» (1984), ҚР-ның еңб. сің. ғыл. мен тех. қайраткері (1998), Халық. ақпараттандыру академиясы (1995) мен Халықар. Ш.Т.Айтматов академиясының (2003) және ҚР ҰҒА-ның (2003) акад. ҚазМУ-дың филол. ф-тін (1963), аспирантурасын (1967), докторантурасын (1972) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде тілші, Қазақстан Жазушылар одағы сын секциясында кеңесші, ҚазМУ-да доцент, проф., филол. ф-тінің деканы (1962–96),



Р.Нұрғалиев

Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакторы (1986–96), Еуразия ун-тінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (2000–10) қызметтерін атқарған. Алғашқы ғыл. еңбегі «Сабыр Шәріпов» деген атпен 1961 ж. жарық көрді. Зерттеу еңбектері қазақ әдебиеті мен драматургиясының тарихына, теориясына, оның жанрлық жүйесі мен поэтикасына арналған. Ол «Трагедия табиғаты» еңбегінде М.О.Әуезовтің драматургиясын саралап, жазушы шығарм-ндағы тартыс, сюжет, идея мәселелерін кең ауқымда талдады, шығарм. зерхана сырларын ашты. «Талант тағдыры» атты зерттеу еңбегінде қазақ театр өнерін қалыптастырушылардың бірі, алғашқы режиссер, көрнекті драматург Ж.Т.Шанин мұрасын жан-жақты қарастырды. «Өнер алды – қызыл тіл», «Өнердің эстетикалық нысаны», «Күретамыр», «Айдын» кітаптарында драматургияның жанрлық-эстет. мәселелері, поэтика, стиль бедерлері сан қырынан танылған. Оның еңбектерінде Әуезов трагедияларындағы ішкі монолог құдіреті, тарихи желінің беріктігі, тіл айшығы, С.Сейфуллин драмаларындағы, І.Жансүгіров пьесаларындағы ақындық үрдіс сілемдері, әрекет, тартыс негізінде пернеленетін адамдық қасиеттер («Қазақ революциялық поэзиясы», 1987) терең талданған. «Телағыс» монографиясында эстетика тарихы, әдебиеттанудың әдіснамасы, көркемдік әдіс, бейнелеу құралдары, аударма сипаты, т.б. қамтылған. «Абай» энциклопедиясының бас редакторы, 11-сыныпқа арналған Қазақ

НҮРЖЕКЕЕВ

әдебиеті оқулығының авторларының бірі. «Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедиясы», «Ол кім? Бұл не? Шәкірт энциклопедиясы», «Ислам», «Абай», «Философиялық сөздік», «Әлемде талай қызық бар», «Боздақтар. Естеліктер кітабы» сияқты энциклопедиялар мен сериялардың, жобалардың, әдебиет пен өнер, эстетика мен театр мәселелерін сөз ететін көптеген эссе, портрет, шолу, мақалалар топтамасының авторы. Л.Н.Толстойдың «Әзәзіл» повесін, Н.Ф.Погодиннің «Салтанат жыры» пьесасын, А.Кешоковтың «Соңғы шақырым» драмасын, т.б. қазақ тіліне аударды. «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» трилогиясы үшін Қазақстан Мемл. сыйл-н (1988) алған. ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері. Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. (2003) мен А.Байтұрсынов сыйл. (2006) және «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының (2006) иегері. «Парасат» орденімен (2005) және медальдармен марапатталған.

Шығ.: Қазақ драматургиясының поэтикасы, А., 1973; Қазақ драматургиясының жанр жүйесі; Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму, А., 1986; М.Әуезов тағылымы, А., 1987; Ай қанатты арғымақ, А., 1990; Ахмет Байтұрсынов, А., 1990; Арқау, 2 т., А., 1991; Қазақ революциялық поэзиясы; Арқау. 2 томдық, А., 1991; Әуезов және Алаш, А., 1997; Вершины возвращенной литературы, А., 1998; Сырлы сөз, А., 2000; Айғақ, А., 2000; Сырлы сөз – бір томдық зерттеулер, А., 2000; Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры, А., 2002; Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры, А., 2003; Көкейкесті әдебиеттану, А., 2005; Жеті томдық шығармалар жинағы, Аст., 2005–06.

Б.Майтанов, Ж.Әбілов

НҮРЖЕКЕЕВ Бексұлтан (22.2.1941 ж.т., Алматы обл. Панфилов ауд. Ақжазық а.) – жазушы. ҚазМУ-ды (1965, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1965–92 ж. бұрынғы Талдықорған обл. Панфилов ауд.



Б.Нұржекеев

нда ұстаздық етіп, комсомол жұмыстарымен айналысты: Үшарал орта мектебінде мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі (1965–68), Панфилов ауд. комсомол к-тінің 2-ші, 1-ші хатшысы (1968–69), Қазақстан ЛКЖО ОК-інің нұсқаушысы (1969–72)

қызметтерін атқарған. «Жалын» альманағында (1972) «Жұлдыз» журналында (1973–76) бөлім меңгерушісі болды. «Жалын» баспасы бас редакторының орынбасары, бас редакторы (1976–79), «Парасат» журналының бас редакторы (1989–92), ал 1992 жылдан «Жалын» баспасының директоры. Оның «Жау жағадан алғанда» (1993) романына өмірде болған адамдардың (К.Қожагелдиев, Ж.Ауғанбаев, М.Қожамяров, Ю.Қадыров) бастан кешкен оқиғалары арқау етілген, ұжымдастыру мен ашаршылық секілді халық басынан өткен нәубет жайы шынайы көрсетілген. «Ойұшқын» (2002) жинағына Әсет, Сара, Төрөбай секілді әнші-ақындар, Қабанбай, Бөгенбай, Ағынтай батырлар жайлы эсселері топтастырылған. «Құрмет» орденімен (2000), медальдармен марапатталған.

Шығ.: Өзендер өрнектеген өлке. Тарихи-этнографиялық эссе. А., 1984; Шығ. жин. 2 т., А., 1993.

Ә.Орынбаева

НҮРҚАБЕК – Орта жүздің беделді кісілерінің бірі. Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Н., Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Тоқ баһадүр, Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 452-б.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

НҮРМАҒАМБЕТОВ Сағадат Қожахметұлы (25.5.1924, Ақмола обл. Ақкөл ауд. Қосым а. – 24.9.2013, Алматы қ.) – әскери қайраткер, армия генералы (5.5.1993), Кеңес Одағының Батыры (27.2.1945), Халық Қаһарманы (23.5.1994). 1943 ж. сәуірде Қушқа қ-ндағы Түркістан пулемет уч-щесін бітіргеннен кейін майданға жіберілді. Солт. Кавказ, 4-Украин және 1-Белорус майдандарында взвод, рота және батальон командирі болып, Польша жерінде Пилица өз-нің сол жағалауындағы плацдарм үшін болған ұрыста ерекше ерлік көрсетті. 1949 ж. Мәскеудегі Әскери академияны бітіріп, Түркістан әскери округі штабында істеді. 1954–58 ж. мотоатқыштар полкінің командирі, 1958–61 ж. мотоатқыштар дивизиясының штаб бастығы, 1962–69 ж. Қазақ КСР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, 1969–89 ж. Орта



НҮРПЕЙІС

Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік әскери тобы қолбасшысының 1-орынбасары болды. 1991–92 ж. ҚР Мемл. қорғаныс к-тінің төрағасы, 1992–95 ж. Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, 1995–96 ж. ҚР Президентінің



С.Нұрмағамбетов

кеңесшісі қызметтерін атқарды. Н. Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарында аумақтық тұтастықты қамтамасыз етуде, республиканың Қарулы күштерін құруда, ұлттық кадрларды даярлауда үлкен еңбек сіңірді. Н. Алматы, Астана, Донецк (Украина) қ-ларының, Ақмола обл-ның, Ақкөл ауд-ның құрметті азаматы. Н. Ленин, 2 Қызыл жұлдыз, 1, 2-дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», Октябрь революциясы, 2 Еңбек Қызыл Ту, «Отан» ордендерімен, медальдармен, шетелдердің орден, медальдарымен марапатталған.

Шығ.: Лицом к огню, А.-А., 1985; Надежный страж Социалистической Революции, А.-А., 1989; Мой передний край, А., 1995; А в памяти нет тишины, А., 2000.

НҮРМАҒАМБЕТОВ Тынымбай (10.6.1945 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Қосүйенкі а.) – жазушы. Қызылорда пед. ин-тын (1968), Мәскеудегі жоғары әдебиет курсы (1981) бітірген.



Т.Нұрмағамбетов

Қызылорда обл. радио к-тінде, «Жазушы» баспасында редактор, «Қазақфильм» киностудиясында түрлі қызметтер атқарған. 1996 жылдан «Қазақ елі» газеті редакторының орын-

басары. Алғашқы әңгімелер жинағы 1971 ж. «Қауын иісі» деген (Бүкілодақтық жастар сыйл-н алды, 1979) атпен жарық көрген. Жазушы прозасында ауыл адамдарының мінез-құлқы, олардың жан дүниесінің қыр-сыры, ұлттық сана психологиясындағы замана тудырған өзгерістер терең суреттеледі. Н. жеңіл юмордың шебері, бірнеше комедиялық туындылары («Жоғалған көл», «Кемпірлер үкімі»), т.б. пьесалары бар. Н-тің Абылай хан мүрдесінің жерленген орны туралы ой топшылаулары баяндалған мақалалары және «Ғасыр қателігі» атты кітабы жарық көрді.

Шығ.: Қош бол, ата, А., 1972; Қарлығаштың ұясы, А., 1975; Туған ауыл түтіні, А., 1989; Таңд., А., 1997.

І.Тамабаева

НҮРПЕЙІС Кеңес Нұрпейісұлы (15.3.1935 ж.т., Алматы обл. Райымбек ауд. Саты а.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1973), проф. (1980), Қазақстан ҰҒА-ның акад. (2003), ҚР білім беру ісінің үздігі (1995), Қазақстанның еңбек сің. ғыл. және тех. қайраткері (1998). Қазақ мемл. ун-тінің (қазіргі ҚазҰУ) тарих ф-тін (1957) бітірген. 1958 жылдан Қазақстан ҒА-ның Тарих және этнология ин-тында еңбек еткен. Н. 460-тан астам ғыл. және ғыл.-көпшілік еңбек жазған. Олардың ішінде 20-дан астам монография мен мектептерге арналған оқулықтар бар. Көптеген ұжымдық еңбектерді, олардың қатарында академ. 5 томдық Қазақстан тарихының екі басылымын жазуға қатысқан. Ғыл. зерттеулерінің басты бағыттары: Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы, ұлттық-мемл. құрылыс пен Қазақстанның 20 ғ-дағы қоғамдық-саяси өмірінің өзекті мәселелері, агр. және шаруалар тарихының мәселелері, Алаш қозғалысы мен 20 ғ-да Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін тарихы, т.б. Н. республикадағы археогр. істің дамуына көп үлес қосты. Н. 15



К.Нұрпейіс

жыл бойы «Қазақ КСР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы» журналы ред. алқасының жауапты хатшысы болды, Швецияда шығатын «Центральная Азия и Кавказ» қоғамдық-саяси журна-

НҮРПЕЙІСОВ

лы ред. алқа мүшесі міндеттерін үш жыл атқарды. 2003 жылдан бастап «Туған өлке» журналының бас редакторы. 1989 ж. құрылған Респ. тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамы құрылтайшысының бірі және оның вице-президенті. Н. 1989–2005 ж. саяси қуғын-сүргін құрбандары болған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Т.Рысқұлов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, О.Жандосов мұраларын жариялап, бағалауға қомақты үлес қосты. Н-тің «Абылай» («Білім және еңбек», 1981, №10) атты мақаласында ханның өмірі жан-жақты қамтылады. Бір кездегі Сабалақтың Аңырақай шайқасында Абылай атанғаны жөніндегі деректі келтіреді. Автор осы пікірін қуаттай түсу үшін Үмбетей жыраудың «Бөгембай өлімін Абылайға естірту» атты жыр-ырындағы: «Қанжығаңа бас байлап, Жау қашты деп айғайлап, Абылайлап шапқанда... Ұмыттың ба соны Абылай!», – деген секілді үзінділер беру арқылы нақтылап отырады; сонымен қатар Бұқар жыраудың да шығармаларын пайдаланған. Атақты ханның Ресей патшалығы мен Қытай империясы арасында жүргізген саяси-дипломатиялық қарым-қатынасы нақты дереккөздер арқылы берілген. Абылай ханның 1777 ж. Бейжіңге Отаршы бастаған елшілерін жібергендігі жөніндегі деректі де келтіреді. Оның ғыл. жетекшілігімен 9 докторлық, 40-қа жуық кандидаттық дисс-лар қорғалды. Қазақстан Мемл. сыйл. (1982) лауреаты.

Ш ы ғ.: Қазақстан советтерінің құрылтай съезі, А., 1970; Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы (телавтор), А., 1996; Қазақстан тарихы, Эссе, Ағылшын тілінде (телавтор), А., 1998; Қазақстан тарихы (1914–2004), Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық, А., 2005 (телавтор).

Әдеб.: Қ о з ы б а е в М. І., Кеңес шыққан белес // Тарих зердесі, А., 1998, 2-кіт, 250–264 б.; Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейіс. Қазақстан ғалымдарының библиографиясына материалдар, А., 2005.

НҮРПЕЙІСОВ Әбдіжәміл Кәрімұлы (22.10.1924 ж.т., Қызылорда обл. Арал ауд. Құланды а. Үшкөң деген жерде) – ҚР халық жазушысы (1985), қоғам қайраткері. 1942–45 ж. 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. Мәскеудегі Әдебиет ин-тын (1956) бітірген. 1962–64 ж. «Жұлдыз» журналының бас редакторы болды. 1992 жылдан халықар. Қазақ ПЕН клубының Президенті, 2000 жылдан «Таң-Шолпан» журналы редакторлар кеңесінің төрағасы. Тұңғыш туындысы «Қурляндия» романы (1950, осы жылы ҚР Жазушылар одағының сыйл., «Күткен күн», 1958) соғыс тақырыбына арналды. Н-тің «Қан мен тер» трилогиясы («Ымырт», 1961;

«Сергелден», 1964; «Күйреу», 1970) 1916–18 жылдардағы аласапыран кезең мен қазақ халқының әлеум. қайшылыққа толы күрделі өмірін көркем бейнелеген. 200-ге тарта кейіпкерлер шеберлікпен сомдалған. Еламанның жігерлі бейнесі арқылы қазақ халқының өршіл қаһармандық рухы шынайы бейнеленген. Оның «Қан мен тер» романы бо-



Ә.Нурпейісов

йынша жазылған инсценировкасы респ. театр репертуарларынан тұрақты орын (1974 жылдан) алды. «Соңғы парыз» роман-дилогиясы (1999) – әлеум.-психол. шығарма. Дилогияда Арал теңізінің апатқа ұшырауына кінәлі адамдардың хикаясы нақты суреттелген. Шығармада экология, табиғат пен адам арақатынасын толғаған қаламгер оқырмандарды рухани-адамгершілік мұраттарға жетелейді. Н-тің «Толғау» («Раздумье») атты әдеби-сын мақалалар, эсселер жинағы 1972 ж. қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді, кейін толықтырылып «Жүрегі толы жыр еді» («Все в нем пело») деген атпен басылды. «Край голубых озер» («Көгілдір көлдер өлкесі», 1979), «Ақбидай туралы аңыз» (1985), т.б. очерктер жинағы шықты. «Возвышая наши святыни» («Қасиетіңді қадірле») атты кітабына соңғы уақытта жазған әдеби мақала, очерк, эсселері енген (1996). Ол А.П. Чеховтың, А.М. Горькийдің, Назым Хикметтің, испан жазушысы А.Кэсонның шығармаларын қазақ тіліне аударды. Н-тың туындылары бірнеше шетел тілдеріне аударылған. КСРО Мемл. сыйл-н (1974), Мәскеудегі Халықар. Әдеби қордың «За честь и достоинство» сыйл-н (2001), Халықар. М.А.Шолохов атынд. сыйл-ты алған (2003). Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі», Халықтар достығы, «Отан» (1994) ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Қ и р а б а е в С., Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, А., 1998; Е л е у к е н о в Ш., Ғасырмен сырласу, Аст., 2004; А н а с т а с ь е в Н. А., Небо в чашечке цветка. А.Нурпейсов и его книги в мировом литературном пейзаже, А., 2004.

Ә.Нарымбетов



НҮРПЕЙІСОВ

НҮРПЕЙІСОВ Көбетай Әліпұлы (29.12.1941 ж.т., Жамбыл обл. Жуалы ауд. Успеновка а.) – театртанушы, өнер энциклопедияшысы, ұлттық өнер энциклопедиясының негізін салушылардың бірі. Мәскеу қ-ндағы Мемл. театр өнері ин-тының театртану ф-тін (1965, қазіргі Ресейдің театр өнері академиясы, проф-лар Г.Н.Бояджиев, П.А.Марков пен Н.И.Львовтың жетекшілігімен) бітірген. Сол жылдан Қазақтың мемл. академ. драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1966 ж. осы театрдың 40 жылдық шығарм. өнер жолына арналған кітабы (Б. Құндақбаевпен бірге) жарық көрді. ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1966–67), ғыл. қызметкер (2000–2005), Қазақ кеңес энциклопедиясы Бас редакциясының Өнер және архит. редакциясында аға ғыл. редактор (1968–70), осы редакцияның меңгерушісі (1971–89, 1993–97) және жетекші ғыл. редакторы (1990–92), «Қазақ энциклопедиясы» баспа мекемесінде жетекші маман (1997–98, 2005 жылдан) қызметтерін атқарады. 1958 жылдан театр өнері туралы мақа-

лалары обл., респ. және одақтық баспасөз бетінде жарияланды. Ол негізінен энциклопед. ғыл. мақалалар жазумен айналысты; ұлттық, жалпы театр өнері, оның терминдері мен теор. мәселелері жөнінде жеті мыңға тарта жазған мақалалары Қазақ энциклопедиясы, сондай-ақ басқа энциклопед. басылымдарда (әзербайжан, қырғыз, литван, молдаван, орыс, украин тілдерінде) басылды. Н. – республикада тұңғыш жарық көрген «Қазақ өнері» энциклопедиясының бас редакторы (1997–2002), екі томдық «Қазақстан ғылымы» (2009–10), сондай-ақ «Қаныш Сәтбаев» (2011) пен «Абылай хан» (2013) тұлғалық энциклопедияларының құрастырушы-редакторы, ред. алка мүшесі болды. КСРО Баспа ісінің үздігі (1983), ҚР Мәдениет мин-нің Мәдениет қайраткері (2008). Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының Грамотасымен (1978), ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат мин-нің Құрмет грамотасымен (1996) марапатталған.

Р.М.Гинзбург

О

ОГАРЕВ Н.Г. (т.-ө.ж.б.) – ген.-майор. Омбы бекінісіндегі Сібір корпусының бас қолбасшысы. 1778 жылғы 20 қаңтарда Сумароковтың Оқа жазған хатында: «Естүімізше, алдағы көктемде Абылай қазақтың ел ағаларын жинап, кеңес өткізбек. Егер Абылай олардың тарапынан қолдау тапса, Қытай ханының бодандығына кірмек. Абылай қазақтардың Ресей бекіністеріне барып, сауда істеуіне тыйым салыпты-мыс. Сондықтан сіздерге ескертемін: өз командирлеріңіз қырағылықты күшейткені жөн деп есептеймін. Абылай сұлтанның тарапынан қандайда бір теріс әрекет-қылқ болса керек» деген маңызды ақпарат жазылыпты. Демек орыстар Абылайға онша сене бермеген, оның сыртынан жасырын бақылау қойған. Ал 1781 жылғы 17 наурызда О. Петр ағзам бекінісінің коменданты Сумароковқа «Абылай хан қайтыс болды» деп жазбаша хабарлаған. Егер сол замандағы ақпарат алмасудың шамасын ескерсек, хан 1780 ж. күзде қайтыс болған. Шынында Абылай ханның қазасы Ресей әкімшілігі үшін төтенше жағдай саналды.

Н.Ақбай

«**ОГНИ АЛАТАУ**» – газет. Орыс тілінде шығатын Қазақстан КП Алматы облыстық және қалалық к-ттері мен еңбекшілер депутаттары кеңесінің органы болды. 1918 ж. «Заря свободы» деген атаумен шыға бастады. Әр жылдары «Вестник Семиреченского трудового народа» (1918 ж.), «Голос Семиречья» (1919 ж.), «Правда» (1919 ж.), «Джетгусуская правда» (1922 ж.), «Джетгусуская искра» (1925 ж.), «Красное знамя», «Социалистическая Алма-Ата» аталды. 1963 жылдан қазіргі атымен шығып келеді. Газеттің бүгінгі таңдағы бас редакторы – Әміре Әрін. Газетте Қ.Әуелбекованың «Абылай хан и его сардары», Қ.Балтабаеваның «Хан Абылай без ярлыков» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ОЗҒАНБАЕВ Өмірзақ (9.6.1941 ж.т., Маңғыстау обл. Қаракия ауд. Құрық кенті) – филос. ғыл. докт. (1993), тарих ғыл. докт. (1998). Халықар. пед., Ресей білім және жоғары мектеп академияларының акад. Қазақстанның еңб. сің. қызметкері (1996). Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қызылорда мемл.

ун-ті) бітірген (1966). 1959–94 ж. Маңғыстау обл-нда орта мектепте мұғалім, директордың орынбасары, ауд. оқу бөлімінің инспекторы, ауд., қалалық партия к-ттерінің бөлім меңгерушісі, обл. «Білім» қоғамының басшысы, обл. Мұғалімдер білімін жетілдіру ин-тының директоры, респ. оқу-әдістемелік орт-ның директоры, обл. білім беру басқармасының бастығы, 1994–95 ж. ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты, 1995–99 ж. ҚР Парламенті Сенатының депутаты, к-т төрағасы, 1999–2001 ж. Қазақ білім академиясының президенті, 2002–04 ж. Қазақ экон. ун-тінің проректоры, 2004–07 ж.



Ө.Озганбаев

«ҚазМұнайгаз барлау және өндіру» АҚ Бас директорының кеңесшісі. Маңғыстау обл. әкімі жанындағы Ардагерлер Кеңесінің төрағасы (2007–13) қызметтерін атқарды. 2013 жылдан ҚР Ардагерлер ұйымының төрағасы. «XX ғасырдың басындағы Қазақстан және Ресей Мемлекеттік Думасының саясаты (нақты тарихи талдау)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 21 кітаптың авторы. О. «Атыңнан айналайын хан Абылай!» мақаласында («Айқын», 2011, 5 қазан) «... Қазақ халқының жадында Абылай қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келді. Оның есімі тәуелсіздік символына, жауынгерлік ұранға айналды» деп жазды. Түрікменстан (1968), Қазақстан (1977), КСРО (1989), ҚР Білім беру ісінің үздік қызметкері, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері (2001). «Құрмет» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Е.Түсін

ОЙРАТТАР – орта ғасырларда Батыс Моңғолияны мекендеген тайпалардың ортақ атауы. О. құрамына дүрбіт (дэрбэт), баят (баит), торғауыт, хошшоут, захчин, т.б. тайпалар кірген. Тарихи деректемелерде О. 11–12 ғ-лардан белгілі. Шыңғыс хан империясы құрылғаннан кейінгі кезеңде ойрат қауымы Жошы ұлысы билігінде болған. О-дың басшылары Тоған (1418–40) және Эсэн (1440–50) шығыс пен батысқа бөлінген тайпа-

ларының басын қосқанымен, ішкі және сыртқы жағдайларға байланысты мемлекет ұзақ өмір сүрген жоқ. 1635 ж. Батыр қонтайшы біртұтас ойрат мемлекетін құрады. Мемлекет аты тарихи әдебиеттерде, көбінесе, Жоңғар хандығы деп аталады. Құрылған күннен бастап-ақ ол қазақ сарарасын жаулап алу үшін бірнеше жорықтар ұйымдастырды (қ. *Жоңғар шапқыншылығы; «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама»*). Түркі тіліндегі әдебиеттерде және қазақтар арасында О. қалмақтар деп аталған. Жоңғарлар мен қалмақтардың шыққан тегі бір болғанымен 16–18 ғ-ларда атқарған рөлі тұрғысынан тарихы екі түрлі. 18 ғ-ға қарай хандықтағы адам саны 1 млн-ға жетті, басқа ұлттарды қосқанда мемлекеттегі халық саны 1,5 млн-ға жуық еді. Халқы негізінен мал ш-мен айналысты. Егін ш. мен ұсақ кәсіпшіліктер, сауда қатынастары дамыған. 1755–57 ж. Цин империясы Жоңғар хандығына бірнеше дүркін шабуыл жасап, халықты аяусыз қырып жойды. Батыс Моңғолияда қалған дүрбіт, баят, олет тайпалары қазіргі Моңғолия Республикасы құрамында. Жалпы саны 100 мыңдай адам (2002). Олар Убсунур, Қобдос аймақтарын мекен етеді. Аздаған топтары Қытай Халық Республикасында да кездеседі. Дәстүрлі кәсіптері – көшпелі мал ш. (жылқы, сиыр, қой, ешкі, қодас, түйе өсіру).

Әдеб.: Народы Восточной Азии, М.-Л., 1965; 3 л а т и н Н. Я., Джунгарское ханство, М., 1983.

Е. Уәлиханов

ОЙРАТ-ҚАЗАҚ СОҒЫСТАРЫ, 1690–97 ж. О.-қ. с. Жоңғар хандығы әскерлерінің бір бөлігінің оңт. майданға кетуіне мәжбүр етіп, олардың қазақ жеріне шабуылдарының қарқынын біршама бәсеңдетті. Осыны пайдаланып Тәуке хан 1698 ж. ойраттарға да, Еділ қалмақтарына да күйрете соққы берді. 17 ғ-дың 80-жылдарында Тәуке жоңғарлардың қолында қалған баласын қайтаруды талап етті; баласымен бірге еріп келген 500-ге жуық жоңғар жауынгерлері Тәуке ханның шешімімен өлтірілгеннен кейін қазақ-жоңғар қатынасы одан әрі шиеленісе түсті. 1708 жылы жоңғарлардың жаңа шабуылы басталды. Бұл шапқыншылық Қазақ хандығының оңт. аудандарына айтарлықтай нұқсан келтірді. 1710–11 ж. Жоңғар шапқыншылығы қазақтар мен оларға одақтас қарақалпақтарды Ташкентке қарай ығысуға мәжбүр етті.

ОЙРАТ ХАНДЫҒЫ, қ. *Жоңғар хандығы.*

«ОКО» – газет. Басылым 2001 жылғы 11 қаңтардан бастап жарық көріп келеді. Заңгерлерге арналған газеттің көнеретін тақырыбы негізнен қоғам, саясат, экономика, қылмыс және зерттеу болып табылады. Мамандарға және жалпы оқырманға тағлым ретінде тарихи материалдар да жарық көріп отырады. Республикамыздың бар-

лық аймағына тарайды. Құрылтайшысы – «ОКО медиа» ЖШС. Бас редакторы – Б.Т.Ережепов. Газетте В.Гаврилконың «И Грозный хан на вздыбленном коне», «Дом Абылая встречает гостей», А.Шалғынбайдың «Послание сквозь тысячелетие» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

ОЛЖАБАЙ Нұралыұлы (1881–1935) – ақын, аудармашы, «Сабалақ-Абылай хан» деген поэма (1928) жазған. Шығарма О. баласы Қазыбек Олжабайұлының дайындауымен «Сарыарқа» журналында (1992 ж. №2), «Жұлдыз» журналында (1995 ж. №7) «Сабалақ-Абылай хан» деген атпен, сондай-ақ «Хрестоматия» (Омбы өңірі қазақтарының XVIII–XX ғасырлардағы әдеби шығармашылығы) деген кітапта (Омбы, 2001) «Абылай қалай хан болған?» деген атпен жарияланды. Аталған нұсқалардың шумақ саны болмаса, басқадай ерекше айырмашылығы жоқ. Ақын өз поэмасында Абылай ханның өмір өткелдерін уақыт тізбегімен былайша баяндайды: Абылайдың асыл тегін Шыңғыс ханнан таратады; жетім қалған Әбілмансұрдың Түркістаннан Төле бидің еліне жетуі; Төле бидің Сабалақты сынауы; Төле бидің еліне Бөгембай батырдың келуі; Сабалақтың Бөгембай қолына қосылып, шайқаста ерлік көрсетуі; Бөгембай батырдың Наркызыл атын Сабалаққа мінгізіп, бата беруі; келесі жылғы шайқаста Сабалақтың қалмақ батырларын жекпе-жекте жеңуі; Талқы-Құлжа маңындағы аяқаста Сабалақтың «Абылайлап» қамал бұзуы; Абылай өзінің шын ата тегін айтуы; Баянауладағы Сабындыкөлде Абылайдың үш жүзге хан сайлануы; үш жүздің басын қосқан жиын Қанжығалы Абыз-Шомақ ауылында өтуі. «Сабалақ-Абылай хан» поэмасы мына шумақтармен аяқталады: «Қазаққа кәміл толған ол да бір кез, Толған нәрсе төгілер деген бар сөз. Еркін өскен, ерке өскен, ерлік ескен Болар ма енді бізге сондай бір кез?!».

Шығ.: Нұралыұлы О. Шығармалары. – Алматы, 1995. 232-б.

Әдеб.: Олжабай Нұралыұлының шығармалары ҰҒА ОҒК: 1618-бума, 2-дәптер, 133-б.; Нұралы Н. Қ. Сабалақ-Абылай хан // «Жұлдыз» №7, 1992.; Абылай хан. Тарихи жырлар. – Алматы 1993. 416 б.; Хрестоматия (Омбы өңірі қазақтарының XVIII–XX ғасырлардағы әдеби шығармашылығы) Алматы, 2001. 172-б.; К е м е н г е р о в Қ. Олжабай Нұралыұлының шығармашылығы. Алматы, 2007.

ОЛЖАБАЙ Толыбайұлы (Төлебайұлы; 1709–1785, қазіргі Ақмола обл. Ерейментаудағы Сілеті өз. бойы) – батыр. Орта жүз, арғын тайпасының сүйіндік руынан. Әкесі Толыбай Тәуке ханның билерінің бірі, шешесі Есенбике Төле бидің

ОЛЖАБАЙ

туысканы Қаратайдың қызы. Толыбай 1723 ж. Жоңғар шапқыншылығы кезінде оққа ұшып, О. нағашы атасы Қаратай батырдың тәрбиесінде болған. О-дың ерлігі жайлы қазақ аңыздары мен деректі әңгімелер орыс ғалымдары Ф.А. Шербиннің, Н.Я. Коншиннің, Н.С. Смирнова мен Д.Примақтың еңбектерінде баяндалған. Аңыз бойынша ол ең алғаш рет Қаратай батырдың туын ұстап, ұрысқа кірген. «Олжабай батыр» атты халық жырында оны қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіне белсене қатысушы, халық қамқоршысы ретінде бейнелейді. О. Абылайдың ту ұстаушы батырларының бірі («Ала ту» деген лақап атқа ие болған) ретінде 1735 ж. Түркістан мен Ташкентті жоңғарлардан азат ету жорығына, 1736 ж. Баянауылды Қалдан Сереннен босатқан шайқастарға, 1756 ж. қазақ жеріне басып кірген қытай әскерін талқандауға қатысқан. Абылай жоңғарлардың қолына тұтқынға түскенде, оны құтқаруда елеулі еңбек етті. Абылай оны «Ер Олжабай», «Қу жарғақ» (атқан оқ О-ға тимегендіктен) деп атап, Әбілмәмбет хан оған алтын сапты қылыш сыйлаған. О. жасы егде тартқан кезінде Абылай ханға кеңесші би де болған; Абылай ханның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту бағытындағы әрекеттеріне елеулі үлес қосқан. Ол Түркістан медресесінде оқып, арабша, қалмақша жетік білген. Акад. Ә.Х.Марғұланның естеліктерінде О-дың немере інісі Едіге бимен бірге 1762 ж. Екатерина II-ге хат жазғаны атап көрсетілген. Хатта патшайымнан Ертістің шығыс жағындағы қалың орманнан жайылымдық жер сұрағаны айтылады. О-дың өз қолымен жазып қалдырған «Қара кітабы» болған. Онда соғыстар жайлы әңгімеленіп, Қазыбек би, Абылай, Бөгенбай есімдері жиі аталады. Батырдың туы 1937 жылға дейін сақталған. Әйгілі ғалымдар акад. Марғұлан О-дың шөпшегі болса, ақын О.О. Сүлейменов жетінші ұрпағы.

Әдеб.: Қазақ тарихи жырларының мәселелері, А., 1979; Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Олжабай батыр», «Абылай хан». Тарихи жырлар, 1-т., А., 1993, 327–43-б.

Ж.Сүлеймен

«ОЛЖАБАЙ ЖӘНЕ ҚЫРЫҚ БАТЫР» – 18 ғ-да жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерекше ерлігімен және қолбасшылық дарынымен көзге түскен Олжабай батыр туралы тарихи жыр. Қазақтың даңқты жиырма бір батыры бірігіп Абылайды хан сайлағаннан кейін Олжабай бастаған қырық бір батыр Сарыарқаға аттанады. Басты мақсаттары – сол жерлерді мекендеген Қалдан Серен бастаған қалмақтарды қазақ жерінен түбегейлі қуып шығу. Қазақтардан жеңіліс табатынын алдын ала сезген Қалдан Серен ба-

тырларына соғыспауды ұсынғанмен, інісі Сару көнбейді. Екі қол кездескенде қазақтар жағы біршама абыржып қалып, Абылайдың жігерлі сөздерінен соң аттарына мінеді. Жекпе-жекте Сару батыр Олжабайдың қолынан қаза тауып, тоғыз мыңдық қолы күйрей жеңіледі. Қазақ батырлары Ереймен, Баян тауларына ту тігіп, Сарыарқаны жау қолынан ажыратып алады. Жаяу Мұса Байжанов жырлаған Олжабай батыр туралы жырдың бұл нұсқасы кеңестік кезеңде жарияланбаған, зерттелмеген. Алғаш «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясының 59-томына (2010) енгізілді. Қолжазбасы М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының Қолжазба қорында сақталған.

Т.Әлібек

ОЛКОТТ Брилл Марта (1949 ж.т.) – америкалық тарихшы, саясаттанушы. Чикаго ун-тін (АҚШ) бітірген. 1974–2002 ж. Колгейт ун-тінде қызмет атқарды. 5 жылға жуық Орта Азиядағы Америка даму қорының директоры, АҚШ Мемл. департаментінің Орт. Азия және Қазақстан бойынша кеңесшісі болды, «Бұрынғы КСРО елдеріндегі саяси және этн. қарым-қатынастар» жобасы бойынша жұмыс істейтін Карнеги Мәскеу орт. директорларының бірі. Негізінен Орта Азия және



Б.М.Олкотт

Кавказдың дамуы, сондай-ақ Каспий аймағындағы қауіпсіздік мәселелерін қарастырды. Кейінгі жылдары Кеңес Одағы құрамында болған республикалар мен Ресейдегі этностық қарым-қатынастарды зерттеумен айналысады. 1975 ж. және кейінгі жылдары Қазақстанға ғыл. сапармен келді. Қазақстан тарихы жөнінде бірнеше моногр. зерттеулер мен көптеген мақалалар жазды. Ол «Қазақтар» (Гувер ин-ты, 1987, 1995) еңбегінде 15 ғасырдан бастап 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына дейінгі Қазақстан тарихын батыстың дәстүрлі ортаазиятану көзқарасымен ұлттық қайшылықтарға, әсіресе, орыс-қазақ қайшылықтарына баса назар аударар отырып жазса, Орт. Азиядағы жаңа мемлекеттер (Вашингтон, 1996) кітабында Қазақстанның қазіргі саяси даму тарихын қарастырады. Тегерандағы халық-

ар. конференцияда (1992) Қазақстанның геосаяси позициясы, Гарвард ун-тіндегі конференцияда (1993) Қазақстанның алғашқы президенті жайлы – «Нұрсұлтан Назарбаев» атты ғыл, баяндамалар жасады. О. өз зерттеуінде Абылай ханға зор баға бере отырып, Абылай – қазақтың соңғы тәуелсіз ханы деп жазды және Абылай хан болу үшін Ресей үкіметіне жүгінген жоқ, одан куәлік құжат сұрамай, билікті тура өз халқының қолынан алды.

ОМАРБЕКОВ Талас (29.5.1948 ж.т., Жамбыл обл. Байзақ ауд. Ақжар а.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1994), проф. (1995). ҚазПИ-ді (1971, қазіргі ҚазҰПУ) бітірген. Еңбек жолын Жамбыл облысы Жуалы және Байзақ ауд-дарында орта мектепте мұғалім болып бастаған. 1980–2001 ж. ҚазПИ-де, Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы ин-тында, «Ақиқат» журналында, Қазақ ұлттық ун-тінде ғыл.-пед., шығарм. қызметпен айналысты. 2001 жылдан ҚазҰУ-дағы ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі. М.Х.Дулат мұраларын, орта ғасырлардағы тарихи тұлғаларды ұлттық көзқараста зерделеп, Отан тарихын кезеңдеудің теор.-методол. мәселелері бойынша бірқатар зерттеулер жүргізді. Қазақстанда ста-

кен баланы «Сабалақ» атандырған да Төле би деген пікірін жеткізеді. Көзінен от шашып тұрған баладан түбінде үлкен азамат шығарын сезіп, би оның тәрбиесін өз қолына алған. О-тің жазуынша Аңырақай шайқасы қызып жатқан кезде жауға «Абылайлап» шабуға кеңес беріп, Төле мен Қазыбек би оны ұрысқа әдейі қосқан. Осылай жасау арқылы ел назарын Әбілмансұрға аударған. Ал 1745 ж. билікті қолға алғанда Абылай ақ боз атқа мініп, ақ ту көтерген. Оның бұл әрекетін де О. Төле мен Қазыбек билердің данагөй ақылымен жасаған деген ой қорытады.

Шығ.: Тарих тағлымы не дейді? А., 1993; Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық, 1929–1931 жылдары болған халық наразылығы), А., 1994; XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері, А., 2001; Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас, А., 2004.

Ш. Тілеубаев

ОМАРОВ Ілияс (1.10.1912, Қостанай обл. Сарыкөл ауд. Қараоба а. – 19.7.1970, Алматы) – мемлекет және қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, жазушы, публицист. Орта Азия жоспарлау экон. және сауда-тауар ісі ин-тын бітірген (1933, Ташкент). 1933–36 ж. Республиканың сауда мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған.



Т.Омарбеков



І.Омаров

линдік тоталитарлық жүйенің орнығу тарихы мен оның салдарын зерттеген алғашқы отандық тарихшылардың бірі болды. Ол 20 ғ-дың 20–30-жылдары Қазақстанда байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру саясатының зардаптарын ашып көрсетіп, сол тарихи кезеңде орын алған халық наразылықтарына жаңа тарихи көзқарас қалыптастырды. О. «Абылай – Төле бидің тәрбиесімен қалыптасқан тұлға» деген мақаласында («Алаш айнасы», 2011, 26 ақпан) Абылай ханның шежіресін тарата келіп, Түркістанды билеген сұлтан Көркем Уәлидің бел баласы екендігін айтады. Аңыз әңгімелерге сүйене отырып, Абылайдың өмірге келгеніне талдау жасаған ғалым жетім қалғаннан кейін оны Төле би арнайы іздеп барып алып келгенін жазады. Шашы өсіп кет-

1941–45 ж. Қазақ КСР Сауда халық комиссарының орынбасары, комиссары болды. «Қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хатын» ұйымдастыруда, 1944 ж. желтоқсанда Алматы қ-нда өткен респ. ақындар айтысын өткізуде, «Қазақ КСР-інің ерте заманнан осы күнге дейінгі тарихының» жарық көруіне ұйытқы болды. Қазақ мемл. қыздар пед. ин-ты мен Құрманғазы атынд. мемл. консерваторияны ұйымдастырды. 1945–47 ж. Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары, Шығыс Қазақстан обл. партия к-тінің 1-хатшысы қызметін атқарды. 1947–52 ж. Қазақстан КП ОК-нің идеология жөніндегі хатшысы. Ол 1949 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен мәдениетінің онкүндігін ұйымдастырды. О. халық өнері мен музыкасын, ауыз әдебиетін насихаттауға зор үлес



косты, Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерін өнеге ретінде ұсынды. 1949 ж. жарық көрген «Қазақ КСР тарихының» толықтырылған 2-басылымының жауапты редакторы болды. Е.Бекмахановтың қазақ халқының шын мәніндегі тарихын ашық жазуына, Кенесары, Наурызбай батырлар жайында ақиқаттың айтылуына, Қ.Жұмалиевтің Исатай мен Махамбет жөніндегі материалдарды бастыруына ұйытқы болды. Осы жағдайлар оның 1951–52 ж. «ұлтшылдарды қолдаушы» деген науқаншыл айыппен Қазақстан КП ОК-нің құрамынан шығарылып, қудалануына алып келді. 1952–55 ж. КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебінің тыңдаушысы болды. 1955–59 ж. Солт. Қазақстан обл. партия к-тінің хатшысы қызметін атқарды. 1959–61 ж. «Қазақфильм» киностудиясының директоры, Қазақ КСР Мин-лер Кеңесінің кеңесшісі қызметтерін атқарып, жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ кино өнерінің дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырды. 1961–67 ж. Қазақ КСР-і Мин-лер Кеңесі жанындағы Мемл. жоспарлау к-ті төрағасының орынбасары, 1-орынбасары, 1967–70 ж. Қазақ КСР-і Мәдениет министрі болды. О. осы кезеңде қазақтың эстрад. өнерін, ұлттық циркті, театр жұмысын жетілдіруге, кәсіби өнердің басқа да салаларын тыңнан дамытуға барынша күш салды. Осы жылдары қазақтың хор капелласын, классик. және халық билерінің хореограф. «Жас балет» ансамблін, Жетісай қ-нда қазақ музыкалы драма театрын ашуға және жас-тардың эстрад. «Гүлдер» ансамблін құруға ұйытқы болды. «Мәдени ескерткіштерді қорғау туралы» заң қабылдануына себепкерлердің бірі. «Әдебиет туралы ойлар» (1962), «Оқушы көзімен» (1967), «Серпін» (1970), «Шабыт шалқары» (1973) еңбектері жарық көрген. О. Ленин орденімен, 3 рет Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған. Қостанай обл. қазақ драма театры О. есімімен аталады.

Әдеб.: Молдағалиев Ж., Жомарт жүрек, А., 1990; Сулейменов М., Сулейменова Ж., Голубев А., Ильяс Омаров. Жизнь и философия, А., 2003; Ибраев К., Нұрпейісов М., Медиабаев С., Омаров Т., Ильяс Омаров. Сборник воспоминаний, А., 2003.

А.Қайыптаева

ОНБАСЫ – 1) түркі халықтарында орта ғасырларда қолданылған әскери лауазым; жасақтағы он сарбаздың басшысы. Дәрежесіне қарай О-ға байрақ тапсырылған. О. жүзбасыға бағынған. 2) 1868 жылғы Ресей империясының қазақтарға арналған «Уақытша ережесі» бойынша әр ауылда 10 үйден бір адам О. сайланды.

«**ОН ҒАСЫР ЖЫРЛАЙДЫ**» – кітап. Дайындағандар – С.Дәуітұлы, А.Смақова. 2006 ж. Алматы қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 408

бет. Таралымы 5000 дана. Кітапқа негізінен отаншылдық, білім, сенім және әдеп, мәселелерін жырлаған ақын-жыраулардың, абыз, ғалымдардың еңбектері берілген. Онда Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгінекилерден бастап, Асан Қайғы, Қазтуған, Бұқар, Дулат, Махамбеттермен жалғасып келеді де, Абай, Шәкәрім, Тұрмағамбет, Міржакып, Мұқағалиға келіп бірақ тіреледі. Жинақтағы Бұқар жыраудың шығармалары арасында Абылай ханға қарата айта-тын: «Ханның сөзі түзік деп, Орынсыз сөзді жолдама», – деп келетін жыры енгізілген. Сонымен қатар Үмбетей жыраудың «Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту» атты шығармасы бар.

К.Қошым-Ноғай

ОНДАН, О н н а н (т.-ө.ж.б.) – сұлтан, Шығай ханның баласы, Жәдік сұлтанның немересі. Атақты Ораз-Мұхаммед хан осы Онданның ұлы (Ш.Уәлиханов. «Қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі»). Ал А.И.Тевкелев осы О-нан кейінгі буын Ер Есімнен бастап Абылайдың аталарын таратады («Қазақтың ханы – Абылай», Алматы, 2011, 33-б.).

Н.Ақбай

«**XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН** (Абылайдың ішкі және сыртқы саясаты туралы)» – кітап. Авторлары – тарихшылар Рамазан Бимашұлы Сүлейменов, Владимир Анисимович Моисеев. Алматыдағы «Ғылым» баспасынан 1988 ж. жарық көрген. Кітапта Қазақстан тарихының Абылай хан дәуіріне сипаттама беріле келіп, авторлар Абылайдың Ресей империясымен және Цинь Қытайымен қарым-қатынасын «бұлталаң саясат» дейтін Кеңес тарихнамасында етек алған бағамен толық келісуге болмайтынын айтады. Осыған орай авторлар: «Абылайдың сыртқы саяси бағыты нақты тарихи жағдаяттардан түзілді. Мемлекеттік даму деңгейінің төмендігі, тұрақты әскердің болмауы бұл екі жақтың бірде-бірімен тіресу саясатын ұстауға мүлдем мүмкіндік бермеді. 1740–41 жылғы Жоңғарияның шабуылына байланысты оқиғалар қазақтарға патша өкіметінің көмегіне сенудің қиын екенін көрсетті. Қазақстанның шекара аудандарына Цинь әскерлерінің басып кіруі оны тағы да дәлелдеп берді. Мұндай жағдайда бірден-бір мүмкін саясат екі жақпен де қалыпты мемлекетаралық қатынас ұстану еді. Мұнда Абылайдың Сібір қалаларының базарына шығып, Шыңжаңмен сауда жасасу және бір кезде жоңғарлар басып алған жерлерді қайырып алу есептері де аз рөл атқармады» (138-б.) деген бұрынғыдан өзгеше жаңа тұжырым жасайды.

С.Ғұсманқызы

ОҢДАСЫНОВ Нұртас Дәндібайұлы (26.10.1904, Оңт. Қазақстан обл. Түркістан ауд. – 4.11.1989, Мәскеу қ.) – мемлекет және қоғам қайраткері.

1920–26 ж. Ташкенттегі №14 қазақ мектеп-интернатында тәрбиеленіп, Түркістан орман техникумында оқыды. 1926–30 ж. Қызылорда, Жамбыл, Шымкент округтерінде әр түрлі қызметтер атқарды. 1931–38 ж. Ташкент ирригация институтында меңгеруші, кеңшар директорларын даярлайтын курс директорының орынбасары, Қазақ орман ш. тресі директорының орынбасары, директоры, Қазақ КСР Жер Халық Комиссариаты



Н.Оңдасынов

басқармасының бастығы болды. 1938 ж. Шығыс Қазақстан обл. атқару к-тінің төрағасы. 1938–51 ж. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің (1946 жылдан Қазақ КСР-і Мин-лер Кеңесі) төрағасы. 1954–55 ж. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1954–58 ж. КСРО Жоғ. Кеңесі Төралқасы төрағасының орынбасары, 1955–62 ж. Гурьев (қазіргі Атырау) обл. атқару к-тінің төрағасы, обл. партия к-тінің 1-хатшысы қызметтерін атқарды. О. жергілікті ұлт кадрларын дайындауға баса көңіл бөлді. 1946 ж. Қазақ КСР ҒА-ның құрылуына байланысты ұйымдастыру жұмыстарына басшылық жасады. 1962 жылдан зейнеткерлікке шығып, Мәскеуде ғыл. жұмыспен айналысты. Арабша-қазақша, парсыша-қазақша түсіндірме сөздіктер жазды. Оңт. Қазақстан обл-ндағы бірқатар мектептер мен көшелерге О-тың есімі берілген. 2 рет Еңбек Қызыл Ту, 3 рет Ленин орденімен және медальдармен марапатталған.

Шығ.: Арабша-қазақша түсіндірме сөздік, А., 1969; Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік, А., 1974.

Әдеб.: О р а з а л и е в а Г., Нұрғас Оңдасынов. Ғұмырбаяндық хикаяттар, А., 2004.

Г.Оразалиева

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН» – облыстық газет. Түркістан Респ. Орт. партия к-тінің органы ретінде «Ақ жол» атауымен 1924 жылдың 26 қарашасынан бастап жарық көріп келеді. Алғашқы кезде газет облысқа және Сырдария, Жетісу губ-ларына, Қарқалпақстанға тарайды. 1925 ж. республика астанасы Қызылорда қ-на көшірілгенде газет сол қалада шыға бастаған «Еңбекші қазақ» газетімен біріктірілді. Ал 1929 ж. республика астанасы Ал-

маты болған соң, Сырдария аймақтық партия к-ті мен атқару к-тінің органы ретінде «Ленин жолы» атауымен шыға бастады. 1932 жылдың көктемінде республиканың аумақтық құрылымдары қайта қаралып, облыстар құрылған кезеңде газет қазіргі атауына ие болды. Газеттің негізін қалағандар – Т.Рысқұлов, С.Қожанов, О.Жандосов, О.Исаевтар. Басылымға М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Ізтілеуов, Б.Момышұлы секілді танымал азаматтар ат салысып, материалдарын жариялап тұрды. Газет 1967 ж. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1980–90 ж. Бүкілодақтық Халық ш. жетістіктері көрмесінің күміс және қола медальдарын алды. Таралымы 23 мың дана, аптасына үш рет шығады. Қазіргі таңдағы бас редакторы Б.Тайжан. Газетте Журналистер одағының мүшесі Ж.Рсымбетовтың «Абылай хан дәуірі», О.Смағұлұлының «Біздің маңдайымызға о бастан ұлт болып ұйысуды жазған» атты мақалалары, Ү.Алтаеваның «Қазақты сақтап қалған рухы» атты археолог М.Қожамен жүргізген сұхбаты және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ОРАЗАҚ (шамамен 1700–1780) – қарақалпақ батыры, әрі биі. О. қарақалпақ халқының жеке ел болып қалыптасуында, көршілес қазақ, өзбек және Ресеймен қарым-қатынас жасауда көрнекті рөл атқарған. Әбілқайыр ханмен бір мезгілде Ресейге бодан болуды қалап, орыс елшісі М.Тевкелев арқылы келіссөз жүргізген. 1731 ж. қараша айында Ресей патшасына жазған хатында «Мен қарақалпақ старшинасы Оразақ батыр қолымды қойып, мөрімді бастым», – дейді. 1731 ж. 9 желтоқсанда Қарақалпақ ордасынан Қайыпхан және бас мүфти Мұрат шейх бастаған елшілер Тевкелевпен сөйлесуге жіберілді. Ол 1732 ж. 10 ақпанда Тевкелевке Хиуа ханымен ұрыс жүргізіп жатқанын хабарлап, одан көмектесуін сұраған. 1741 ж. поручик Гладышев Сыр бойындағы «Адам-ата» маңында Қарақалпақтың үш белгілі биімен кездескенін және соның бірі О. екенін естелігінде жазған. Ал ағылшын саудагері Гок 1742 жылдың 1 тамызында О. батырдың көмегіне сүйеніп, қамқорлығын көргенін айтады.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Т.Дайрабай

ОРАЗБАЕВ Сәбит Қоңырбайұлы (29.1.1936 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд.) – актер, Қазақ КСР-інің халық арт. (1976) және Өзбекстанның еңб. сің. арт. (1994). 1959 ж. Алматы мемл. өнер ин-тын (қазіргі Алматы мемл. консерваториясы) (проф. А.Тоқпановтың жетекшілігімен) бітірді. Сол жылдан Қазақтың мемл. академ. драма театрының құрамында актер. Осы театр сахнасын-

ОРАЗКЕЛДІ

да алғаш ойнаған рөлдерінің бірі – Қ.Байсейітов пен Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай» комедиясындағы Сұлтан. Бұдан кейін Арыстан (Қ.Мұхамеджанов, «Бөлтірік бөрік астында») мен «Құдағи келіпті»), Мағауия (М.Әуезов пен Л.С. Соболев, «Абай»), Мұса (З.Ақышев, «Жаяу Мұса»), Дүрбіт (Ә.Тәжібаев, «Майра»), Бөпіш, Сығанақ (С.Н.Жүнісов, «Ажар мен ажал» және «Кемегерлер мен көлеңкелер»), Сәтнәсіп (А.Сү-



С.Оразбаев

лейменов, «Төрт тақта – жайнамаз»), Алдар Көсе (Ш.Хұсайыновтың осы аттас комедиясында), т.б. сан алуан сахналық мінез-кейіптерді жан-жақты, шынайы ашып бейнелеуімен О. актерлік талантын байқатты. Әсіресе О. репертуарындағы Жантық (Ғ.М.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу»), Сүйеу (Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тері» бойынша), Исабек (Ш.Т.Айтматов пен Қ.Мұхамеджанов, «Көктөбедегі кездесу») және Бұқар жырау (М.Байсеркеұлы, «Абылайдың ақырғы күндері») рөлдері актерлік шеберліктің үлгісі саналады. О. 1972 жылдан киноға түскен, кезінде «Қымызхана» телеспектакліне де (Шөңгебай рөлі) қатысқан. 1970 жылдан Қазақтың мемл. академ. драма театры студиясында пед. қызметпен шұғылданды. О. ҚР Мемл. сыйл. иегері (1994), соңғы жылдардағы рөлдері үшін. «Парасат» және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

Әдеб.: Сығай Ә., Сәбит Оразбаев, соныкі: Сахна саңлақтары, А., 1998; Актер Сәбит Оразбай, А., 1999.

К.Нұрпейісов

ОРАЗКЕЛДІ (т.-ө.ж.б.) – қазақ-жоңғар соғысының батыры, елші. 1733–34 ж. Ұлы жүз ханы Жолбарыстың елшілері О. мен Аралбай Кіші жүздегі Ералы сұлтанмен бірге Ресейге барып, патшайым Анна Иоановнаға Ұлы жүздің Төле би, Қодар, Сағай, Хангелді, Бөлек сынды батырларының атынан жазылған хатын тапсырды. 1734 ж. 9 сәуірде О. мен Аралбай Ресей Сыртқы істер мин-лігі коллегиясында қабылдауда болды. Осы жылдың 10 шілдесінде Анна Иоановна қабылдап, елшілер Ұлы жүздің өкілдері атынан өздерін Ресей бодандығына қабылдауды

сұраған. Ол Ташкент, Самарқанд, Бұқара, Хиуа қ. мен Ресей арасындағы сауда байланысының жандануына атсалысқан. О. жоңғарлармен шайқастарда қол бастап, ерлігімен көзге түскен айбынды батырлардың бірі болды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А.-А., 1961.

Т.Дайрабай

ОРАЗҚАН – беделді кісі. Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, О., Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Ток баһадүр, Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005 452-б.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ОРАЗМӘМБЕТ, О р а з ы м б е т т а р х а н – қыпшақ руының ел ағасы, орысша сауатты болған, Ертіске таяу Железин бекінісін жайлағандықтан, Ресей әкімш-мен жақын қатынаста болған, шекара әкімдері, Сібір губернаторы О.т-ды қазақ арасына елшілікке жиі пайдаланған. 1762 ж. қараша айында Орта жүздің Қазыбек биіне елші болып келіп, биді Ресейдің жаңа патшасы Екатеринаға адалдық анттын беруге шақырған. Қазыбек би өзінің қартайып қалуына байланысты (сол жылы 96 жаста) бұл ұсынысты қабыл алып, өзінің ұлы Сырымбет биді, немере інісі Отарбайды, Байназар биді қосып, патша сарайына жіберген. О.т. сонымен бірге Сұлтанмұхаммет сұлтанның да елшілік тапсырмаларын орындаған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 307, 350, 351, 353-бб.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», А., 2011.

ОРАЗ МҰХАММЕД (1573–1610) – қазақ сұлтаны, Қасым (Касимово) хандығының ханы, Тәуекел ханның немере інісі, Ондан сұлтанның ұлы, Орыс ханның жетінші ұрпағы. О. М. орыс жылнамаларында «қазақ ордасының ханзадасы» деп аталады. О. М. 1586 ж. өз қарашысы Қадырғали Жалайыримен бірге Сібір хандығының астанасына келді. Сібір ханы Сейдахметпен (Сейдек, Сейдақ) Ертіс бойында қаршыға салып аңшылықта жүргенде орыс жасақтарының (1588) қолына түсті. Сол жылдың қыркүйек айында Мәскеуге жөнелтіледі. Мәскеу патшасы оны

жылы жүзбен қарсы алып, қызметке тартты, патша сарайындағы салтанатты қабылдауларда болды. О. М. орыстардың шведтерге (1590), Қырым хандығына (1598) қарсы соғыстарына қатысты. 1595 ж. Тәуекел хан Мәскеуге Құлмұхаммед бастаған елшілік жіберіп, Қазақ хандығын Ресей қол астына алуға сұраған кезде патшадан О. М-ті елге қайтаруды өтінген еді, бірақ Тәуекелдің өлімі бұл өтініштің орындалуына кедергі жасады. Орыс патшасы Борис Годунов О. М-ті 1600 ж. Ока өз-нің бойындағы Қасым (Касимово) хандығының ханы етіп тағайындады. Шығыс билеушілерінің өкілдерін патша қызметіне осылайша пайдалану сол кезде Ресей патшаларының кәдуілгі қаруы болып саналған. О. М. 1608 ж. Лжедмитрий II жағына шығып, жалған патшаның сарайында атақты адамдардың бірі болды. О. М-тің өзіне адал қызмет етпейтінін сезген Лжедмитрий II оны Ока өз-нің бойына аң аулауға ертіп барып, жалдамалыларына өлтірді.

Әдеб.: В е л ь я м и н о в - З е р н о в В.В., Исследования о касимовских царях и царевичах, ч.2, СПб., 1864; Б е р е з и н И. Н., Библиотека восточных историков, т.2, ч.1, Казань, 1854; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв., А.-А., 1961.

Б.Кәрібаев

ОРАҚТЫ Әлшағырұлы (шамамен 1420–1501) – батыр. Ұлы жүздің жалайыр руынан шыққан. Керей мен Жәнібек хандардың тұстасы. 1465 ж. шаңырақ көтерген Қазақ хандығының нығаяуына үлкен үлес қосып, ойрат басқыншыларына қарсы шайқастарда ерлік көрсеткен. Ол туралы Сүйінбай, Бактыбай, т.б. ақындар толғаулар айтса, халық ақыны Қ.Жапсарбаев «Орақты батыр» атты дастан, жазушы О.Исмаилов повесть жазды. 1995 ж. О-ның 575 жылдығы аталып өтіп, Балқаш ауд-ндағы Жиделі а-нда оған ақ мәрмәрдан ескерткіш белгі орнатылды. Батыр жерленген шоқы бұрыннан «Орақты төбе» деп аталады. Ұрпақтары Алматы, Жамбыл, Оңт. Қазақстан обл-нда тұрады. Талдықорған қ-ндағы бір көшеге батыр есімі берілген.

ОРАЛ КӨТЕРІЛІСІ (1869) – Орал облысында болған ұлт-азаттық қозғалыс. Көтеріліс Ресей өкіметі 1868 ж. қабылдаған «Уақытша Ережеге» («Далалық облыстарды басқару жөніндегі Ереже») қарсы бағытталды. Ресей өкіметінің 1867–68 ж. реформалары, алым-салықтың көбейіп, қанаудың одан әрі күшейе түсуі, қазақ халқының жаппай наразылығын тудырды. 19 ғ-дың 60-жылдарында әр түтінге салынатын салықтың мөлш. 10–12 сомға жетіп, әр отбасынан жеке-жеке өндірілді. Заттай төлемдер тұрақты алымға айналды. Кіші жүз қазақтары мемлекет кіресін тегін тарту үшін (Наурызым орманынан Сырдария бойындағы қалаларға ағаш тасу, т.б.) түйешілер-

мен қоса 4 мың түйе беруге, Орта Азия хандарына жорыққа шыққан патша әскерлерін азық-түлікпен, баспанамен, жылы киімдермен, т.б. жабдықтауға міндетті болды. Жергілікті әкімдер көлікпен, қаражатпен халық есебінен қамтамасыз етілді. Күйзеліске ұшыраған қазақ кедейлері топ-тобымен казак-орыс шептеріне, қалаларға жалданып жұмыс істеуге кете бастады. Жалшылардың егіншілікпен айналысуына тыйым салынды. 1868 жылғы «Ереже» бойынша жер өкімет меншігі болып жарияланды. Қазақтар пайдаланған жері үшін түтін басы салығын бұрынғы 1 сом 50 тиын орнына 3 сом 50 тиын төлеуге, түрлі қосымша алымдар төлеуге тиіс болды. 1869 жылдың басында елге ұйымдастыру комиссиялары шықты. Комиссия халық санағын жүргізіп, салық жинауға, жергілікті әкімдер сайлауын өткізуге, болыстар құруға кірісті. Бұл халық наразылығын күшейтіп, көтерілістің шығуына тікелей түрткі болды. Табын, Кете, Таз, Шеркеш, Есентемір руларының қарулы көтерілісшілері 1869 ж. наурызда Гурьев (қазіргі Атырау) қ-ндағы ұйымдастыру комиссиясына шабуыл жасап, 10 көлік пен 900 сомның бағалы заттарын қолға түсірді, комиссия мүшелері қашып кетті. Елек өз. бойында 200 солдат күзеткен азық-түлік отрядына 600-ге жуық көтерілісші қазақтар шабуыл жасады. 1869 ж. наурызда ұйымдастыру комиссиясына қарсы көтеріліс Орал обл-н түгел қамтыды. Көтеріліс жаз шыға күшейе түсті. Көтерілісшілерді Т.Есенжанов, Қ.Өтерғазин, О.Нақанов, О.Байғожин, Ү.Сүтемғенов, Б.Жездібаев, Ж.Намазов, т.б. басқарды. Ханкөл, Азнабай, Тайпақ, Өлеңті, Қурайлы аймақтары көтеріліс орталығына айналды. Көтерілісшілер казак-орыс селолары мен сауда керуендеріне 41 рет шабуыл жасады. Көтерілісті басуға 5300 солдат, 20 зеңбірек бөлінді. С.Түркебаев, Б.Ұсман басқарған 20 мыңдай көтерілісші 2 зеңбірегі бар фон Штемпельдің 360 солдатын Калмыково қамалына шегіндірді. Көтерілісшілердің енді бір тобы Григорьевтің 150 солдаттына, Рукиннің 300 солдаттына тойтарыс берді. Патша өкіметі көтерілісті біржола басуды Орал обл-ның әскери губернаторы Н.Н. Веревкинге тапсырды. Ол 1700 солдат, 1 атқыштар ротасымен Қазыбек биігіне келді. Қатары сиреген көтерілісшілер бұл күшке қарсы тұра алмады. Патша әскері көтерілісшілерді ауылдарымен бірге аяусыз жазалады. Кіші жүз қазақтарының үштен бірі Орт. Азия хандықтарына өтіп кетті. Қалғандары түтін сайын 1 сомнан айып төледі. «Жаңа Ереже» күшпен енгізілді, әрбір үй, мал есепке алынды, 144 мың сом контрибуция өндіріліп, 511 адам әскери сотқа берілді. Көтерілістің ең табанды, қажырлы басшысы Түркебаев түрмеде азаптап өлтірілді. Көтеріліс жеңіліске ұшыраса да қазақ халқының отарлау

ОРАЛ ӨңІРІ

саясатына қарсы қозғалысының ерекше көрінісі болды.

Әдеб.: Шахматов В., К вопросу о характере восстания 1869 г. в Тургайской и Уральской областях // Вестник, А.-А., КазССР, 1953, №1; Касымбаев Ж. К., О некоторых вопросах истории национально-освободительного движения в Казахстане второй половины XIX в., В кн.: История и историография национально-освободительных движений в Средней Азии и Казахстане вторая пол. XIX – нач. XX вв., Таш., 1989.

«ОРАЛ ӨңІРІ» – Орал облыстық газеті. Басылым Қазақстан КП Орал обл. және қалалық к-тері мен еңбекшілер депутаттары обл. кеңесінің органы болды. Алғашқы саны 17.11.1918 ж. Бөкей обл. кеңесінің органы ретінде «Хабар» деген атпен жарық көрді. 1.1.1919 жылдан «Қазақ дұрыстығы», 26 ақпаннан 10 шілдеге дейін «Дұрыстық жолы», кейін «Сахара таңы», 1920–32 ж. «Қызыл Ту», 1932–57 ж. «Екпінді құрылыс», 1957–63 ж. «Октябрь туы» деген атпен шықты. 1963 ж. мамырдан «Орал өңірі» деген атпен шығып келеді. Газет облыс экономикасын көтеріп, мәдениетін өркендетуде, халыққа тәрбие беруде зор рөл атқарып отыр. Құрылтайшысы – обл. әкімдігі мен обл. мәслихат. Қазіргі кезде Жантас Сафуллин Бас редакторлық қызметте. Газетте Ш. Уәлихановтың «Абылай» атты очеркі және басқа материалдар жарық көрген.

К. Қошым-Ноғай

ОР БЕКІНІСІНДЕГІ КЕЛІССӨЗ. Абылай сұлтанды тұтқында ұстап, оны босату үшін өз тарапынан қатаң талаптар қойған Қалдан Серен Орта жүзге қысымды күшейтіп, сонымен бірге Кіші жүзге де ауыз сала бастады. 1742 ж. 14 сәуірде Кіші жүздің Батыр сұлтанына арнайы кісі жіберіп, жоңғарға қарауға үгіттеді, сол елші арқылы Әбілқайыр ханға хат жазды. Қалдан Серен бұл хатында Орта жүз қазақтарына қару кезеп, қорқытып, Әбілмәмбет ханның, Барақ сұлтанның, Жәнібек батырдың ұлдарын аманатқа беруді талап еткен. Әбілқайыр ханға да бұйрық беріп, «ұлыңды аманатқа өткіз және балаңды білікті-білікті ел ағаларына ертіп маған жеткіз. Соғыс ашамын» деп қоқан-лоққы жасаған. Екінші жақтан парсы әскері Қоқан, Хиуа мен Бұхараны басып алды. Осыған байланысты өз шекарасының қауіпсіздігі үшін мазасы кеткен Ресей үкіметі Орта жүз бен Кіші жүздің, тіпті Ұлы жүздің қазақтарынан тағы бір қайтара ант алып, олардың Ресейге деген көзқарасын нығайта түспек болды. Тиісінше, Үш жүзге де шақырту жіберілді. Шақыртуға Әбілмәмбет хан келген жоқ. Сақталған құжатта: «1742 жылғы тамыздың 23-жұлдызында Әбілқайыр ханмен бірге келген қазақтың мына төмендегі елағалары мен басқа

да кісілері патша ағзамға адал қызмет ететіні жөнінде ант беріп, өздерінің таңбаларын басты» деп жазылған. Құжатта қазақ руларының атаулары мен адам есімдері орысша, көбіне бұрмаланып хатқа түскен.

3. Тайшыбай

ОРБҰЛАҚ ШАЙҚАСЫ – қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғысындағы алғашқы бетбұрысты оқиға. Бұл соғыс 1643 жылдың жазында қазақ қолын басқарған Жәңгір сұлтан мен жоңғар қолын басқарған Батыр қонтайшы арасында өтті. Ол жайлы мәліметті алғаш айтқан – тарихшы И.Э.Фишер. Осы шайқас жайында орыс тарихшылары А.И.Левшин, И.Я.Златкин, А.П.Чулошников, Гуревич, В.А.Моисеев, қазақ ғалымдары М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, С.Аспандияров, С.Сейфуллин жазғанымен, бірақ олардың бірде-бірі ұрыс өткен жерді нақтылап айтпайды. Тау қойнауында өткен шайқас туралы тұңғыш деректі жазып қалдырушы – Тобыл әскербасшысы Р.С.Куракин, ал оған бұл соғыс жайындағы мәліметті жеткізушілер Тобылда қызмет еткен, Ресейдің Жоңғарияға барған елшілері Г.Ильин мен К.Кучелев (Кучембердейке). Олардың 1644 жылғы хабарламасында: «Біз барғанда қонтайшы ұлысында болған жоқ... 50 мың әскермен Қазақ ордасының Жәңгір сұлтанымен, Жалаңтөспен және Алатау қырғыздарымен соғысуға кеткен екен», – деп жазылған. Есім ханның ұлы Жәңгір шығыстан төнген жойқын қатерді көзімен көріп, қазақ руларын біріктіруге, басқыншыларға бірлесе тойтарыс беруге ұмтылды. Бұхара әміршісі, алшын (Кіші жүз) батыры Жалаңтөс баһадүрге хабарласып, көмек сұрады. Бірақ халха билеушісі Алтын ханның ұлы Омбы – Ерденемен, хошот билеушілері Үшүрті (Сенхан) қонтайшымен және Шокур, Солжан тайпаларымен одақ құрған Батыр қонтайшы Жәңгірдің қазақтарды біріктіру жоспарын жүзеге асырмау мақсатында 50 мың қолмен жедел жорыққа шықты. Жолшыбай жоңғар шеріктері Алай және Токмақ қырғыздарының аумағын, бірсыпыра қазақ ауылдарын шапқыншылыққа ұшыратып, 10 мың адамды тұтқындағаны туралы хан ордасы – Түркістанға хабар жетті. Жәңгір шұғыл әрі батыл шешім қабылдап, қазақ жеріне ішкерілеген жоңғарлардың жолын кесу үшін білтелі мылтықпен қаруланған 600 сарбазбен қарсы аттанды. Әлемдік соғыс өнерінің жылнамасына енуге лайық О. ш-нда Жәңгір мылтықпен қаруланған 300 адамды тау ішіндегі тар өзекеге ор қазып бекінуге, ал екінші жартысын жоңғарлар тар өзекеге орға жеткенше таудың арғы бетіне жасырына тұруға бұйырады. Оның ойлағаны айнымай келіп, Батыр қонтайшы қаймықпай қорғанған ор-бекініске шабуыл жасайды, сол сәтте Жәңгір жауға ту сыр-

тынан лап қойып, білтелі мылтықтарынан оқ жаудырады. Осы кезде Самарқандтан алшын Жалаңтөс баһадүр 20 мың қолмен көмекке келіп, 10 мыңнан аса адамынан айырылып, күйрей жеңілген жоңғарлар кері шегінеді. Ұлы жеңіске арғын Ағынтай, Қомпай, найман Көксерек, Бөдес, шапырашты Қарасай, төртқара Жиёмбет жырау, қаңлы Сарбұқа, суан Елтінді, дулат Жақсығұл, қырғыз Көтен мен Табай, т.б. батырлар үлес қосқан. Бұл ұрыс қазақ қолбасшыларының стратег. та, тактик. та қабілетті болғанын, жауды алдын-ала зерттеп, барлап барып соғысқанын көрсетеді. Соның арқасында аз күшпен өзінен әлдеқайда көп әскерге тойтарыс беріп қана қоймай, оның 10 мыңнан аса әскерін жойып жіберген. Бұл Еуразия кеңістігіндегі жас мемлекет – Қазақ хандығының тәуелсіздігіне төнген қауіп-қатерді бірнеше жылға кейін шегерген жеңіс еді. Отандық тарихнамада О. ш. өткен жер туралы бір-біріне қарама-қарсы пікірлер бар. Қазақ халқының орта ғ-лардағы тұрмысын зерттеп, тарихи шығармалар жазған қаламгер М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты еңбегінде ойрат-халха шабуылының хронол. өрбу тізбегін, геогр. орналасу ретін негізге ала отырып, О. ш. Қазақ хандығының құрамына кірген өңірде, қазіргі Қырғыз Республикасының шегінде өтті дейді. Ш.Ш.Уәлиханов «Ыстықкөлге сапар күнделігінде» (1961, 243-б.) қырғыз жерінің қазіргі Алматы обл.-ның Райымбек ауд.-мен шектесер тұсындағы асудағы қолдан жасалған табиғи ескерткіш – Сантас үйіндісі туралы сипаттай келіп, оны қазақ-жоңғар соғысындағы елеулі бір оқиғамен, яғни қазақтардың жеңісімен байланыстырады. 1990 ж. жазушы Б.Нұржекеев О. ш.-ның қазіргі Алматы обл. Панфилов ауд.-ның Белжайлау алабында өткендігі жөнінде дәлел ұсынды. 1993 ж. 3 шілдеде осы Белжайлау алабында ұлы жеңістің 350 жылдығына арналған той өткізілді. Ұрыс болған жердің атауы Орбұлақ, ал оқиға О. ш. деп аталып, гранит тастан белгі қойылды.

Әдеб.: Русско-монгольские отношения. 1607–1636 гг., М., 1959; Златкин И. Я., История Джунгарского ханства, М., 1983; Мыңжани Н., Қазақтың қысқаша тарихы, А., 1994; Мағауин М., Қазақ тарихының әліппесі, А., 1995; Галиев В., Хан Джангир и Орбулакская битва, А., 1998; Орбұлақ шайқасы. Тарихи шығармалар, А. 2003.

Б.Нұржекеев, М.Ізімұлы

ОРДА – түркі және моңғол халықтарындағы әскери-әкімш. ұйым, мекен, көшпелілер тұрағы. Орта ғасырларда О. термині, негізінен, көшпелі тайпалардың мемлекеттері мен одақтарының атауы ретінде қолданылған. Мыс., Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Көк Орда, т.б. 18–19 ғ-лардағы орыс ғалымдары мен шенеуніктері қазақ қоғамындағы жүздерді О. деп те атаған. Дала өркениетінен хабары мардымсыз еуропа-

лықтар басы бірігіп ұйымдаспаған қыруар адамдардың тобырын О. деп атады. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында О. ұғымы мемлекеттілікті, елдікті білдіреді.

Г.Сабденова

ОРДАБАСЫ ЖИЫНЫ, Ордабасы құрылтайы – 1726 ж. Қазақтың Үш жүзі өкілдерінің Бадам өз. бойы Ордабасы тауындағы тарихи бас қосуы. 18 ғ-дың басында қазақ жеріне баса-көктей кіріп, бейбіт елді қырып-жойып, қасіретті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» апатына душар еткен жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыруға арналған халық құрылтайына Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс хандар мен Төле би, Қазыбек би бастаған әр рудың билері, даңқы шыққан қолбасшылары мен батырлары қатысты. Онда жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруді ұйымдастыру және қазақ жасағының қолбасшысын сайлау туралы мәселе қаралды. О. ж-нда Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып тағайындалды. Жиынға қатысушылар өз қимылдарын үйлестіріп отыруға, жауға біріккен майдан құрып аттануға ант берді және алдағы елді азат ету үшін жүргізілетін шайқастардың жоспарын жасады. Осы жолғы қазақтың үш жүзінің тізе біріктіріп, бас қосқан іс-қимылдарының нәтижесінде қазақ халқы 1727 ж. жоңғарлармен болған Бұланты-Білеуті шайқасы мен 1729–30 жылдардағы Аңырақай шайқастарында жеңіске жетті. Қазіргі кезде осы тарихи жиынның белгісі ретінде Ордабасы төбесінде қазақ халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін көп еңбек сіңірген атақты үш биге ескерткіш орнатылған.

Әдеб.: Тынышпаев М., История казахского народа, А., 1993; Қозыбаев М., Тарихи зерде, 1-т., А., 1998; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

ОРДА-ЕЖЕН, Орда Әджен, Орда-Ичжен, Орду, Ордахан, Ордана (т.ж.б. – 1253) – Ақ Орда мемлекетінің негізін қалаған хан (1226–53), қолбасшы. Шыңғыс ханның немересі, Жошы ханның үлкен ұлы, қазақ хандарының арғы атасы. О.-Е. 1236–42 ж. моңғолдардың батысқа жасаған барлық жорықтарына белсене қатысты. Жошы ұлысы екі қанатқа бөлінгенде сол қанатын О.-Е., оң қанатын Бату басқарған. Осының негізінде 13 ғ-дың ортасында әскери-саяси иеліктер қалыптасып, соңынан олар дербес мемлекеттерге айналды. Жошы ұлысының сол қанатын билеген О.-Е. інілерімен қосылып Алтын Орда құрамына енетін, ішкі-сыртқы саясаты тәуелсіз Ақ Орда мемлекетін құрды. Рашид әд-Дин Алтын Орда мен Ақ Орда жөнінде олар бір-бірінен өте алыста жатты және өзара тәуелсіз ұлыстар болды деп жазды. Алғашында О.-Е. өзінің ордасын әкесі Жошының орталығына жақын жердегі Ертіс өз. жағалауына



жайғастырды. Дегенмен, 1246 ж. П.Карпини Моңғолияға бара жатқан сапарында оның ордасы Алакөл маңында болды деп көрсетеді. О.-Е. өз беделінің күштілігіне қарамастан әкесінің орнына інісі Батудың Алтын Орда тағына отыруын қолдады. Қарақорымда Күйікті ұлы хан көтерген құрылтайға Жошы әулетінің атынан қатысты. Осы жиында Шыңғыс хан ұрпақтарының үлкендері ретінде Мөңке екеуі бірігіп, көтеріліске шыққандардың ісін тексеріп, жазаға тартты. О.-Е-нің саяси рөлі тек Жошы ұлысында ғана емес, бүкіл моңғол империясында да жоғары болды. Рашид әд-Диннің айтуы бойынша, Алтын Орда билеушісі ресми түрде Бату болғанымен, Мөңке хан Шыңғыс хан империясының атынан өзі шығарған үкімдері мен жарлықтарында О. Е-нің атын Батудан бұрын қойған. О. Е. өлген соң оның орнына төртінші ұлы Күнқыран келді.

Әдеб.: Ускенбай К., Восточный Дашт-и Кыпшак в XII – первой трети XV вв. Из истории Ак Орды // Вопросы истории Казахстана. ч.3, А., 2002; Қинаятұлы З., Қазақ мемлекеті және Жошы хан, Аст., 2004.

Қ.Өскенбай

ОРМАН СҰЛТАН (т.ж.б. – 1813) – Кіші жүз сұлтаны, 18 ғ-дың аяғы – 19 ғ-дың бас кезіндегі көрнекті саяси тұлғалардың бірі. Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның қалмақ әйелі Ырыстан туған. Өз ордасында мектеп ашқан. Сырым Датұлына қарсы күреске және Кіші жүздегі хандық басқаруды қалпына келтіру жолындағы қозғалысқа белсене қатысты. 1809 ж. Хан кеңесінің төрағасы болды. Қаратай сұлтанның көтерілісіне қатысып, сол үшін тұтқындалды. 1810 ж. 11 наурызда Орынбор шекаралық комиссиясының шешімімен барлық шендері мен сұлтан атағынан айрылып, Иркутск губерниясына жер аударылды. Кейіннен жер аудару Петербургтегі камалға қамаумен алмастырылды. Қамауда қайтыс болған.

Әдеб.: Бекмаханов Е., Казахстан в 20–40-е годы 19 века, А.-А., 1992; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

ОРТА ЖҮЗ – қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экон. және мәдени бірлестігі. Шежіре бойынша О. ж. құрамы алты рудан тұрады: арғын, найман, керей, уақ, қоңырат, қыпшақ. О. ж. қазақтарының тарихы мен рулық-тайпалық құрамының толық сипаттамасы толымды түрде Ш.Ш.Уәлиханов, М.Тынышбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, Қ.Халиди, А.И.Тевкелев, А.И.Левшин, П.И.Рычков, т.б. ғалымдар еңбектерінде баяндалды. Бұл тайпалар өз ішінде руларға бөлінеді. Арғын руы өз ішінде екі үлкен атадан тұрады: бес мейрам (қуандық, сүйіндік, бегендік, шегендік, қаракесек) және жеті момын (атығай, қарауыл, қанжығалы, тобықты, бәсентиін, шақшақ, сарьжетім), қыпшақ: қара қыпшақ, құлан қыпшақ, сары қып-

шақ, қытай қыпшақ; найман: терістамғалы, сары-жомарт (ергенекті), төлегетай, сүгірші; қоңырат: жаманбай, аманбай, жетімдер, божбан, саңғыл, байлар, жандар, құлыншақ; керей: ашамайлы және абақ; уақ: жантелі және жангелді деген үлкен аталарға бөлінеді. Кейбір шежірелер алты тайпаға қосымша жетінші етіп тарақтыны қосады. Аңыз бойынша тарақты О. ж. нокта ағасы. Нокта ағасы ретіндегі құрметке Ұлы жүзде жалайыр, кіші жүзде табын руы ие. Нокта сөзі бұл рулардың жетекші рөлге ие болғанын көрсетеді. Әрі аталған үшеуінің де таңбалары тарақ таңба, яғни төре таңбасымен үндес келеді. 1917 жылға дейін О. ж. рулары қыста Сырдария, Қызылқұм, Қаратау, Мойынқұм өңірлерінде, Балқаш көлінің солт.-де, жазда Тобыл, Есіл, Нұра, Торғай, Ертіс, Сарысу өз-дері салаларының алқабында, Орт. Қазақстанның кең байтақ далаларында көшіп-қонып жүрген. О. ж. аумағы оңт.-те Сырдарияның орта ағысы алабындағы және Орта Азия өңіріндегі отырықшылық жағдайда егіншілігі өркендеген көне мәдени орталықтармен шектескен. Ауызша деректер бойынша кезінде Ұлы жүз бен О. ж. табиғи шекараларының бірі болып Шу өз. белгіленген. О. ж. солт.-те Ресей иеліктеріндегі жерлермен шектесті. Кейбір рулар қазіргі Қазақстан шекарасынан тыс жерлерде де орын тепкен. Найман руының бір бөлігі (қызай, байжігіт) мен керей руының үлкен бір бөлігі (абақ керей) қазіргі Шыңжаң жеріне (ҚХР) қоныстанған. Моңғолияның Баян-Өлгий, Қобда аймағында өмір сүріп жатқан қазақтардың да негізгі бөлігін осы абақ керейлер құрайды. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін абақ керей руы малға жайылым іздеп бұрынғы қоныстарынан шығысқа қарай көшіп, қазіргі Қытай жеріндегі Алтайдың таулы аймақтарын, Қара Ертіс бойын жайласа, қыста Моңғолия жеріне өтіп, қыстап жүрген. Моңғолияда революция жеңіске жетіп, 1921 ж. Қытаймен арадағы шекара белгіленген соң, абақ керейлер Моңғолияның Қобда аймағында түпкілікті орналасып қалған. Моңғолияда біршама найман, аздап арғын, уақ рулары кездеседі. Қытай жерінде өмір сүріп жатқан О. ж. руларының көпшілігі Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі зұлматтың нәтижесінде Қазақстаннан қоныс аударғандар. О. ж. құрамына кірген тайпалар ежелгі заманда-ақ көшпелі жағдайда мал ш-мен шұғылданған. Сырдария бойында, Сарысу, Нұра, Торғай өз-дері, Алтайдың тау бөктерлерінде суармалы егіншілікпен де айналысқан. Балық аулау Балқаш, Зайсан көлдерінде жақсы дамыды. Аңшылық кәсіп, қолөнер түрлері де (ағаш ұсталығы, зергерлік, кілем тоқу, т.б.) айтарлықтай дәрежеде болды. Бұған қосымша О. ж. жұртшылығы өзіне көршілес аймақтардан астық, өнеркәсіп және қолөнері бұйымдарын



негізінен малға және мал ш. өнімдеріне айырбас жасады. Ортағасырлық деректемелерде О. ж. құрамына кірген тайпалар туралы біршама мәліметтер бар (Рашид әд-Дин, Әбілғазы, т.б.). Олардың тарихы ежелгі уақыттардан басталады. О. ж. тайпалары ерте орта ғасырларда (6–12 ғ-лар) болған саяси-тарихи оқиғаларға белсене араласып, Орт. Азиядағы түрлі халықтардың этногенезінде маңызды рөл атқарды. Кейіннен басқа да түркі-моңғол тайпалары сияқты Шыңғыс хан құрған мемлекеттің құрамына кірді, Жошы әулеті билеген Алтын Орда мемлекетінде үлкен рөл атқарды. Этнотарихи жағынан О. ж-дің қалыптасуы орта ғасырдағы қыпшақ этномәдени ортасымен, Ақ орда, Өзбек ұлысы ру-тайпаларымен байланысты. Оның қалыптасуына 15–16 ғ-ларда пайда болған геогр. және этносаяси факторлар негіз болды. Яғни, Алтын Орданың, оның шығысындағы автон. құрылым Ақ Орданың ыдырауы, жаңадан құрылған тәуелсіз ұлыстардың (өзбек, қазақ, ноғай, т.б.) өзара соғыстары өзара жақын, туысқан руларды біріктіруге мәжбүр етті. Қазақ хандығының нығайуы мен халықтың топтасуында О. ж. тайпалары елеулі қызмет атқарды. 16–17 ғ-ларда Қасым хан, Ақназар, Тәуекел, Есім хан, Тәуке хан тұсында қазақ хандығының аумағы күрт кеңейіп, бір-біріне жақын тайпалар бірігіп, аумақтық-әкімш. бөлік (қ. Жүз) болып қалыптасты. Үш жүздің қалыптасуы жаугершілік уақытта, сыртқы жауға қарсы әскер топтастыруда шешуші рөл атқарды. 18 ғ-да қазақтарға қарсы Жоңғар хандығының агрессиясы (қ. Жоңғар шапқыншылығы) күшейіп, қазақ тайпаларының батысқа қарай ығысуына, көшуіне әкеп соқты. Жеке-жеке бытырай қоныстанған олар жоңғарлардың ұйымдасқан тегеурінді күшіне төтеп бере алмады. Уәлиханов бұл жайында былай жазады: «Құтырылған жоңғарлар түре қуған О. ж. қазақтары Самарқанд маңынан барып шықты, олардың бірқатары көмек пен қамқорлық іздеп, Ресей шекарасына жақын қоныстанды». Жоңғар шапқыншылығына қарсы халықты Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, т.б. батырлар көтеріп, оларға қарсы бірнеше рет соққы берді. Сыртқы жаудан қорғану үшін О. ж. тайпаларының біразы Ресей бодандығына өте бастады. 1734 ж. 10 маусымда Сәмеке хан бастаған О. ж. руларының бір бөлігі Ресейдің қол астына өз еркімен өтті. 1740 ж. тамызда Әбілмәмбет хан, 1742 ж. қарашада найман тайпасын билеуші Барак сұлтан Ресей бодандығын қабылдады. 1754 ж. қазанда қоңыраттардың біраз бөлігі бодандыққа кіргенімен, олардың Ресей қол астына өтуі 19 ғ-дың орта тұсына дейін созылды. Жоңғар шапқыншылығы кезінде жан-жаққа бытырай көшуге мәжбүр болған О. ж. тайпалары мен рулары 18 ғ-да өз жерлеріне қайта орналаса бастады. Қазақ хандығының күш-қуаты Абылай хан

тұсында артты. Ол О. ж. руларына ежелгі жерін қайтару үшін әскери және дипломат. әдістерді қатар қолданды. Қазақтарды іштей ыдыратуды көздеген Ресей өкіметі 1815 ж. О. ж-де екінші хандық құрып, оған Бөкей хан болды. 1817 ж. Бөкей хан, 1819 ж. Уәли хан өлген соң 1822 ж. орыс патшасының жарлығымен О. ж-де хандық билік жойылып, 8 сыртқы дуанға бөлінді. «Сібір қазақтары туралы ереже» бойынша әр дуан 15–20 болыстан, әр болыс 10–12 ауылдан, әр ауыл 50–70 түтіннен құралды. Ереже бойынша белгіленген 8 сыртқы дуанның [Қарқаралы, Құсмұрын (1824), Аягөз (1831), Ақмола, Аманқарағай (1832), Баянауыл, Үшбұлақ (1833), Көкпекті (1844)] ашылуы жергілікті халықтың наразылығын туғызды. 1824–36 ж. Саржан сұлтан басқарған Қарқаралы және Көкшетау округтеріндегі халық бірнеше рет стихиялы түрде көтерілді. 1837 ж. Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс одан да ауқымды болды. Алғашқыда оған Ақмола, Қарқаралы, Аманқарағай, Баянауыл округтерінің халқы қосылса, уақыт өте келе бұл көтеріліс үш жүзді қамтыды. 19 ғ-дың 2-жартысында Қазақстанға әкімш.-аумақтық бөлініс енгізілді (1866, 1891 жылғы реформалар). О. ж. қазақтары Семей және Ақмола облыстарының құрамына енді, олар Жетісу обл. Лепсі у-нде, Торғай обл. Қостанай және Торғай у-нде халықтың көпшілік бөлігін құрады. О. ж. тайпаларының біраз топтары Торғай, Сырдария обл.-тарының кейбір уездерінде қоныстанған. О. ж. қазақтары енген екі облыста 130 болыс, 1048 старшын, 183668 шаңырақ болған. 1889 жылғы санақ бойынша, Семей обл-нда – 519887, Ақмола обл-нда 466364 адам тұрған. 1897 жылғы санақ бойынша, халық саны көбейіп, мұнда барлығы 1267198 қазақ тұрған. О. ж. құрамына енген тайпалар мен рулар 15 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың басында негізінен Қазақстанның шаруашылық және геогр. жағынан өзіндік ерекшелігі бар шығыс, орт. және солт. өңірлерін мекендеп, қазақ халқының этногенезіне ұйытқы болды. Әр кезеңдегі тарихи оқиғалар («Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «ашаршылық», «кәмпеске», дүниежүз. соғыстар, т.б.) салдарынан О. ж. тайпаларының бұтақтары, рулары мен аталары Ұлы жүз бен Кіші жүздің тарихи аймақтарына, яғни Қазақстанның түкпір-түкпіріне шашырай қоныстанды. Сондай-ақ О. ж. рулары Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Ресей және алыс шетелдерге (Моңғолия, Қытай, Түркия, бірқатар Еуропа елдеріне) көшіп, бүгінде сол елдердегі қазақ диаспорасын құрап, өмір сүріп жатыр. Қазіргі таңда тайпалық одақтардың алғашқы кездегі мәні жойылған. О. ж. өкілдері тек біртұтас қазақ ұлты ретінде ғана табылмай,

Әдеб.: Рычков П. И., История Оренбургская, Оренбург, 1896; Востров В. В., Муканов М. С.,

ОРТА ЖҮЗ

Родоплеменной состав и расселения казахов (конец XIX – начало XX вв.), А.-А., 1968; Қазақ шежіресі, А., 1994; Арғынбаев Х., Мұқанов М.С., Востров В.В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Н.Атығаев, О.Ошанов
«ОРТА ЖҮЗ ОЛЖАБАЙ БАТЫР» – тарихи жыр. Көлемі 1128 жолдан тұратын көркем туынды 1939 ж. Алматы обл.-ның Іле ауд.-нда хатқа түскен. Жырлаған және Орт. ғыл. кітапхананың сирек қорына тапсырған – жетісулық ақын, жыршы, халық мұраларын жинаушы Ертай Құлсариев. Жыр өзге нұсқаларына қарағанда көркемдігімен де, толықтығымен де ерекшеленеді. М.Жадайұлы нұсқасында Олжабай батырдың дүниеге келуі, соғысқа төселуі, айдаһарды өлтіруі бейнеленсе, Жаяу Мұсада Олжабай батырдың қырғыздармен болған соғысы, Абылай бастаған 40 батырдың Сарыарқаны қалмақтардан азат етуі, бұл тарихи оқиғаның қазақтардың жеңісімен аяқталуына Олжабайдың айрықша қайрат-жігер, ерлік көрсетуі ықпал еткені баяндалады. Ертай нұсқасында Олжабайдың тууы, он төрт жасар кезінде арыстанмен алысуы, қырғыз Өтекеден атын қайтарып алып, жолай Бөгембай батырмен достасуы, ұйқыда жатқанда аузына кірмек болған жыланды қыршып тастауы, торғауыт қалмақтармен соғысы, Қалданнан Абылайды босатып алуы сияқты Олжабайдың ерлігі, қайсарлығы, адамгершілігі, т.б. адами қасиеттері толық ашылған. Жыршы шешуші шайқастарда Олжабай бастаған қолдың жеткен жеңістері ғасырлар бойғы қазақ-қалмақ қақтығысының қазақтар пайдасына шешілуі үшін бетбұрыстық мәні болғанын атап көрсетеді. Кеңестік кезеңде оған қатысты «Қазақ әдебиетінің тарихы» зерттеулерінің 1-томында аздаған пікірлер айтылғанмен, баспа жүзінде жарияланбаған. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 59-томына енгізілді. Қолжазба нұсқасы Орт. ғыл. кітапхананың Сирек қорында сақталған.

Т.Әлібек

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» –Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті. Басылым 1931 жылдан бастап шығып келеді. 2006 ж. облыс жұртшылығы газеттің тұңғыш саны шығуының 75 жылдығын салтанатты түрде атап өтті. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі құрылтайшысы – облыс әкімінің аппараты. Қарағанды таскөмір бассейнінің қауырт игеріле бастауына байланысты бастапқыда «Қарағанды пролетариаты» деп аталған. Қарағанды қ. обл. орт.-на айналғаннан кейін 1938 ж. «Советтік Қарағанды» деген ат алды. 1963 ж. 1 мамырдан – «О.Қ.». 1981 ж. басылымның 50 жылдығы құрметіне Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 2001 ж. басылым газеттерді безендіруге арналған «Жаңа ғасыр жарнамасы – 2001» респ. байқауында жүлделі

орынға ие болды. 2002 ж. газет «Тәуелсіздік жылнамасы» мақалалар тізбегі (1991–2001 ж.) үшін Қазақстан Журналистер одағының респ. шығарм. бәйгесінің лауреаты атағын алды. 2007 ж. Қазақстан Журналистика Академиясының «Алтын жұлдыз» сыйл.-мен марапатталды. Бас редакторы – 1997 Мағауия Сланбекұлы Сембаев. Газетте А.Сейдімбековтің «Уәлиұлы Абылай хан», Қ.Есімовтің «Абылайды жоңғар тұтқынынан босатқан кім?», Е.Оразбайдың «Алла берген Алашқа Абылайды», А.Рахұлының «Қазақ рухының айбары – Абылай хан» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ОРЫНБОР (1938–57 ж. Чкалов) – Ресей Федерациясындағы қала, облыс орталығы. 1735 ж. бекініс қамал ретінде қаланып, аты Ор өз-нің атына байланысты қойылған. О. Жайық өз-нің он жағалауына орналасқан. Солт. батыс бөлігі Сақмар және Жайық өз-дерінің қосылған қиылысына дейін жетеді. 1735 ж. 15 тамызда И.К.Кирилов бастаған экспед. Жайықтың сол жақ жағалауына құяр сағасына қала (қазіргі Орск) сала бастады. 1740 ж. В.Н.Татищев сауда керуендері түнейтін, үлкен әскери күштер орналасуы керек деп жоспарланған қамал орнын қолайсыз деп тауып, О-ды 200 шақырым Жайық ағысымен төменірек жерден салуға рұқсат сұрады. 1742 ж. жаңадан тағайындалған губернатор И.И. Неплюевке бұл жер ұнамай, 1736 ж. Кирилов іргесін қалаған Берді бекінісі қала орны болуы керек деп Сенатқа ұсыныс жасайды. Сөйтіп, 1743 ж. О. іргесі Берді қамалының орнына түпкілікті қаланады. Жаз айларында арадағы сауда қатынасы Жайық өз-нің сол жағалауында жүргізілді. Осы жерде ірі сауда алаңы ашылып, сауда сарайы салынды. Сауда алаңының О-ға және қазақ даласына қараған екі үлкен қақпасы болды. О. 1868 жылдан Ресейдің Қазақстан және Орт. Азиямен арадағы ірі сауда орталығы болды. 1920 ж. 4 қазанда О-да Қазақ өлкесі Кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-і құрылды. О. 1920–25 ж. Қазақ АКСР-інің астанасы болды. Қазіргі уақытта О. облысында 120 мыңдай қазақтар тұрады. Олар негізінен Домбар, Ясный және Адамов ауд.-дарына шоғырланған. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты облыс қазақтары «Достық», «Үркер», «Қазақ тілі» және т.б. мәдени орт.-тарға бірігіп, өздерінің «Айқап» атты газетін шығарады.

Әдеб.: Б о р и с о в А.Я., Оренбург, Челябинск, 1968; Е с к е к б а е в Д., Орынбор қазақтары. Тарихи-этнографиялық зерттеу, А., 2001.

Д.Ескекбаев

ОРЫНБОР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҒЫ – Қазақстанның батыс, солт.-батыс және оңт.-батыс иеліктерін отарлау мақсатында 1850 ж.

құрылып, 1881 жылға дейін сақталды. 1868 ж. О. г.-г. құрамында орт-ғы Орынбор қ. болған Торғай обл. құрылды. 1876–81 ж. Қазақстанның солт.-шығысы мен оңт.-нде Дала және Түркістан ген.-губернаторлықтарының құрылуына байланысты О. г.-г. жойылып, Орынбор губ. қалпына келтірілді. Дегенмен Торғай обл. Орынбор губ. құрамында қалдырылды.

ОРЫНБОР ГУБЕРНАТОРЫ ИВАН НЕПЛЮЕВТІҢ АБЫЛАЙ СҰЛТАНҒА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ – Абылай сұлтанның атына жазылған үш хат. Алғашқысын (№90) Орынбор губернаторы И.И. Неплюев 1745 жылдың 16 сәуірінде жазған. Абылай сұлтанға Ресей патшасының мейірімі түскенін хабарлауды өзінің парызы санаумен бастаған хатында Абылай сұлтанның Орынбор қ-на келіп, жүзбе-жүз кездесуін, «көп нәрсені ақылдасып шешуге болар еді» деген ойын білдіреді. Орынборда сауда-саттық, алым-берім жасауға барлық жағдайлар жасалғанын, Ресей көпестерінің тауарларының жыл өткен сайын молайып келе жатқанын және Ор бекінісіне де баруға болатынын құлаққағыс еткен. Абылайдың екінші өтінішіне орай Сібір жағында әр түрлі жағдаймен ұсталып қалған кісілер мен жылқылардың біразын тауып қайтарғанын, қалғандарын да Сібір губернаторы іздестіріп жатқанынан хабар берген. Хатының соңын «Сіздің көшіп жүрген халқыңыз біздің жаққа ешбір алаңдамасын. Абыройыңыз арта берсін, менің сізге деген шын ниетімді қабыл алыңыз» деп қолын қойып мөрін басқан. Неплюев 1750 жылдың 4 наурызындағы хатында (№136) 1749 ж. Шобалай мен Төлетай батырлар арқылы жіберген Абылайдың хаты мен қойған талаптарын қабыл алғанын әрі оны орындайтынын және достық көңілмен жіберген қызыл шұға кездемені алған боларсыз деп, «патшаның жарлықтарын бұлжытпай» орындайтынына сенім білдірген. Орыс патшасы «... бүкіл қазақ халқының игілігіне, Орта жүз бен Кіші жүзге қатысты қандай мәселелері болса да шешіп отыруды» тапсырғанын, сонымен бірге Троицк бекінісінде сауда жасауға болады деген шешім қабылданғанын, мұның өзі орыс патшасының «сізге және бүкіл қазақ халқына деген ізгі қызметін білдіретіндігін» айтқан. Неплюев хатының соңына қарай «...Ұлы жүздің сауда адамдары қазақ даласы арқылы Орынбор, сондай-ақ Троицкіге алаңсыз, аман-есен келіп, қайтатын болсын» деп тапсыра отырып, сауда керуендеріне «қиянат жасады деген сөз» шықпайтынына сенім білдіреді. Бұған бас-көз болуға У. Баймақов пен И. Ишеевті арнайы жіберіп отырғанын хабарлаған. Бұл хаттардың түпнұсқалары Ресей империясының сыртқы саясат мұрағаты қорында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін

түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 339–40 және 428–29-б.

С.О.Көбеева

ОРЫНБОР ГУБЕРНИЯСЫ – әкімш. аумақтық бөлік. 1744 ж. құрылған. Алғашқы ген.-губернаторы И.И.Неплюев болды. Бастапқыда О. г. Кама өз., Каспий т., Батыс Сібір мен қазақ даласы арасындағы жерлерді қамтыды. Кейіннен жаңа губерниялар мен облыстардың құрылуына байланысты солт.-те Пермь, батыста Уфа және Самара, оңт.-те Орал және Торғай, шығыста Тобыл губ.-ларымен шектесті. 1897 ж. жер аум. 15 млн. десятина, халқы 1 млн. 608–388 адам болды. О. г-нда алтын, мыс және темір рудасы, тұз, сланец, тас көмір өндірілді. 1894 ж. О. г-нда Белорецк, Тираянск, Кагин, Жоғ. Авзяно-Петровский, Төм. Авзяно-Петровский, Зигазин және Инзер з-ттары болды. Екіншілік пен сауда өрістеді. О. г-на халқы негізінен қазақтардан тұратын Торғай обл. тікелей бағынды.

Б.Тәшкенбаева

ОРЫНБОР ҒЫЛЫМИ МҰРАҒАТ КОМИССИЯСЫ – ғыл.-құжаттық мекеме. 1887 ж. желтоқсан айында 25 адамнан тұратын О. ғ.а.к. құрылды. Комиссияның басты мақсаты – мұрағат істерін ретке келтіру, Орынбор өлкесінің тарихын зерттеу, археол. және этногр. материалдар жинау болды. Алғашқы жылы қазақтардың тарихы жөніндегі құжаттар, көрші мемлекеттермен сауда және қарым-қатынастар туралы құжаттар жинақталды. Жергілікті өлкетанушылармен бірге комиссияның жұмысына В.В. Бартольд, Санкт-Петербург археология ин-тының директоры Н.В. Покровский, акад. В.В. Радлов құрметті мүшелер ретінде қатысты. А.Балғымбаев, А.Байтұрсыннов, М.-Ф.Кәрімов, М.-З.Рамеев, М.-Ф.Сүлейменов, т.б. қазақ, татар және башқұрт зиялылары комиссия жұмысына белсене араласты. О. ғ. а. к-нда 18–19 ғ-ларда Қазақстанды Ресейдің отарлау тарихы жөнінде көптеген деректер жиналды. И.А. Кастаньенің «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» деген еңбегінде Қазақстан тарихы жөнінде алуан түрлі деректемелік материалға жүйеленген шолу берілді. Комиссияның «Труды» атты өз баспасөз органы қызмет істеді. 1894–1917 жылдарда бұл басылымның 34 саны жарық көрді. О. ғ. а. к. Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді.

С.Рүстемов

ОРЫНБОР ЖӘНЕ БАТЫС СІБІР ГЕНЕРАЛ-ГУБЕРНАТОРЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ УАҚЫТША ЕРЕЖЕ – 1868 ж. Ресей императоры Александр II қол қойған құжат. Осы құжат бойынша Орынбор және Батыс-Сібір ген.-губернаторлықтарында саяси-әкімш. реформа жүргізіліп, ген.-губернаторлықтар облыстарға, об-



лыстар уездерге, уездер болыстықтарға, болыстықтар ауылдарға бөлінді. Орынбор ген.-губернаторлығына Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір ген.-губернаторлығына Ақмола және Семей облыстары кірді. Орал обл. – Орал, Гурьев, Калмыков, Желі; Торғай обл. – Елек, Николаевск, Ырғыз, Торғай; Ақмола обл. – Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавл; Семей обл. – Семей, Жаңасарысу, Баянауыл, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Өскемен у-деріне бөлінді. Ген.-губернаторлықтардағы әкімш. және әскери билік ген.-губернатордың қолына шоғырландырылды. Облыс әкімш-н әскери және әкімш. билік берілген әскери губернатор басқарды. Ол облыс аумағында орналасқан казак әскерінің атаманы болып саналды. «Ережеде» далалық облыстардың әскери губернаторлары дивизия командиріне теңестіріледі деп көрсетілді. Уезд бастықтарын облыс әскери губернаторының ұсынуы бойынша ген.-губернатор тағайындады. Уезд бастықтарының қолына әкімш. және полицейлік билік шоғырландырылды. Орал обл-ның уезд бастықтарына, Семей обл. Көкпекті у-нің бастығына жергілікті әскери бөлімдер бағындырылды. Болыстықтар 1000 шаңырақтан 2000 шаңыраққа дейінгі бірнеше ауылды қамтыды. Әкімш. ауылдар 100–200 шаңырақтан құралды. Болыстық және ауыл әкімш-н құру тәртібі Қазақстан аймағын отарлау мақсатына қызмет етті. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындары әрбір үш жылда қайта сайланды. Сайлау кезінде рулық талас-тартыстар мен әр түрлі жолсыздықтарға орын берілді. Болыстық басқарушылар мен олардың кандидаттары обл. әскери губернатор бекіткеннен кейін ғана қызметке кірісті. Ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы бекітті. Болыс басқарушысы өз болыстығындағы билігін жүзеге асыру барысында «тыныштық пен тәртіптің» сақталуын, алымдардың жиналуын, т.б. қадағалап отыруға міндетті болды. Болыс басқарушысына тәртіп бұзушыларды үш күн мерзімге қамауға алу және ақшалай айып төлету құқығы берілді. Өзінің әкімш. шегінде старшындардың да болыс басқарушыларындағыдай құқықтары болды. Жергілікті халық өкілдері болыстық және ауылдық деңгейдегі басқару орындарына ғана тартылды. Одан жоғары деңгейдегі басқару орындары отаршылдардың әскери адамдарынан құрылды. Ресей империясының қазақ даласына тұтастай саяси өктемдігін орнатуын 1891 жылы қабылданған «Ақмола, Семей, Жетісу және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» заңдастырды.

Әдеб.: Материалы по истории политического строя Казахстана, т.1, А.-А., 1961; Жиренчин К.А., Политическое развитие Казахстана – начале веков, А., 1996.

С.Рустемов

ОРЫНБОР ҚАЗАҚТАРЫН БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ – 1844 ж. 14 маусымда Ресей империясы қабылдаған заңдық құжат. 1824 жылғы жарғыға қарағанда бұл құжат патша өкіметінің қазақ даласындағы билігін күшейту жолдарын заңдастыра түсті. Ережеде жергілікті әкімш-тердің өкілеттіктері шектеліп, қызметтері өлкелік өкімет тарапынан қатаң бақылауға алынды. Жарғыда қазақ арасындағы егіншілік, тұз өндіру өнеркәсібі және сауданы дамыту қажет деп көрсетілген болса, ереже тек қана мал ш-мен айналысуды мақұлдады. Бекітілген салық жүйесі бойынша әрбір түгінге 1 сом 50 тиын мөлшерінде салық белгіленді. Оған қоса линиялық казактарға жалданып жұмыс істеу үшін казактар орыс әкімш-не билет бағасы ретінде күміс 15 тиын, билет алу мерзімін өткізіп алған жағдайда күміс 30 тиын төлейтін болды. Осындай қанаушы салық жүйесі арқылы Ресей империясы қазақ жерлерін күшпен тартып ала бастады. Кей мәліметтерге қарағанда, Ресей империясының қазынасына түгін басына белгіленген салықтан 4 млн-нан астам пайда түскен. О. қ. б. т. е. қазақ қоғамында қалыптасқан билер сотының құқықтық мәртебесіне де ерекше назар аударды. Патша өкіметі бұл ин-ттың құзыры мен қызметін барынша шектеуге тырысты. Бұдан былай билер соты 50 сом күміс ақша мөлшеріне дейінгі азаматтық істерді ғана қарайтын болды. Ал кісі өлтіру, тонау, барымта, Ресей өкіметіне күш көрсету, руластарын өкіметке қарсы үгіттеу сияқты қылмыстарды қарау жергілікті әскери соттардың құзырына берілді. Ереже қазақ қоғамына Ресей империясының басқару жүйесін енгізуге және «бөліп ал да билей бер» қағидасына сүйенген отарлық саясатты іс жүзіне асыруға құқықтық негіз болды.

С.Өзбекұлы

ОРЫНБОР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ – Ресей өкіметінің Кіші жүз қазақтарын жаңаша басқару мақсатында жасаған шарасы. 1824 ж. наурызда Сыртқы істер мин-лігінің жанындағы Азия департаментінде бекітілді. Оның жобасын 1822 ж. Орынбор ген.-губернаторы П.К.Эссен дайындады. Бұл жоба бойынша Кіші жүзде хандық билікті жою туралы шешім қабылданды. Кіші жүз ханы Шерғазы Орынбор қ-на шақырылып, Орынбор шекара комиссиясының жұмысына кеңесші қызметіне тағайындалды. Кіші жүз жері – батыс, орта және шығыс әкімш. жүйелеріне бөлініп, оны билеуші сұлтандар басқарды. Жүздің бөлінуі рулардың орналасуына және олардың арасындағы билеуші сұлтандардың беделіне байланысты болды. Сондықтан бөліну аумағы жағынан да, халықтың саны жағынан да біркелкілік болған жоқ. Шекаралық комиссия құрамына төраға, төрт кеңесші, аумақты қазақтардан тұратын төрт өкіл

кірді. Шекаралық комиссияның міндетіне далада тәртіпті сақтау, жергілікті қазақ шенеуніктерінің тіршілігін қадағалау, салық жинау, сот істері, мед. жағын бақылауға алу кірді. Жергілікті әкімш-тің құрамына Кіші жүздің үш бөлігінің сұлтандары, дистанция басқарушылары кірді. Сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, ал басқа шендердің бәрін шекаралық комиссия тағайындады. Әрбір билеуші сұлтанның 100–200 адамнан тұратын әскери командасы болды. Олардың ордасы казак станицалары мен бекіністерінде орналасты. Бұл жарғыдан кейін сот жүйесінде де көптеген өзгерістер болды. Ірі қылмыстық істер әскери сот немесе шекаралық комиссияның қолына көшті, ал кішігірім қылмыстық істер қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары негізінде қаралды. Патша әкімш. жергілікті билік органдарын, оның ішінде билер сотын полиц. жазалаушы органдарға айналдыруға талпынды. Оларға қамауға алуға, дүре соғуға, Сібірге жер аударуға рұқсат берілді. Дәстүрлі билік құрылымын қиратқан жаңа жүйе – Кіші жүз қазақтарын Орынбор шекара комиссиясы арқылы басқаруды күшейтіп қана қойған жоқ, әлеум.-саяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын да қамтыды. Қазақтарды құнарсыз жерлерге ығыстырған орыс қоныс аударушыларына кең мүмкіндіктер ашылды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 18–19 веках, А.-А., 1964; М ә ш і м б а е в С., Патшалық Ресейдің отарлық саясаты, А., 1994;

Г.Өскенбаева

ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНІҢ ОТАРЛАНУЫ – патша үкіметінің отарлық саясатының көрінісі. Бұл жөніндегі пікір І Петр кезінен айтылған болатын. Бұл іс Анна Ивановна патшалық құрған тұста жедел түрде жүзеге асырыла бастады. 1734 ж. жаңадан салына бастаған Орынбор бекінісін қорғау және қазақ жерлерін одан әрі отарлау үшін бұл жаққа Уфа, Шет, Самара және тағы басқа мекендерден казактар әкелініп орналастырылды. 1755 ж. Орынбор қазақтарының ресми түрде құрылуы болып есептелінді. Бұл аймақта камал бекіністер салынып, шеп тартыла бастады. Самар шебі Жайықтың төм. шебін Еділмен қосты. Жайықтың төм. шебі Чернореченск қамалынан басталып, Каспий т-не дейін 700 верст созылып жатты. Самар шебінде 2 камал, 2 редут, Жайықтың жоғ. шебінде 9 камал, 16 редут болды.

Ү.Ысмағұлов

ОРЫНБОР ШЕБІ – 18 ғ-дың 30–40-жылдары Қазақстанның батыс бөлігінде Ресей империясы құрған инж.-құрылыс жүйесі. Төм. Жайық, Самара, Қызыл, т.б. бөліктерден құралды. Кейіннен Закамск шебімен алмастырылды. О. ш. Ресейге жаңадан қосылған, бірақ әлі де толық бағына қоймаған қазақтардың башқұрттармен бірігіп

жергілікті патша әкімш. мекемелеріне күтпеген шабуыл жасауынан қорғану, әрі осы аймаққа орыс шаруаларын әкеліп орналастыру мақсатында құрылды. Көп кешікпей 18 ғ-дың 2-жартысында Кіші жүздегі жағдайдың шиеленісіп, О. ш-не қазақтардың шабуылының үдеуі Ресей әкімш-н қатты алаңдатты. 1784 ж. жаңа тағайындалған Орынбор ген.-губернаторы О.А. Игельстром О. ш-нде жағдай өте қауіпті деп санады. Ол хандық билікті жоюды мақсат етіп, қазақтардың ойын білу үшін рубасы, старшындармен жиналыс өткізді. 1785 ж. күзде өткен осы жиналыс Кіші жүзде хандық биліктің жойылуын қолдап шықты. Бірақ Франциядағы революцияның Ресейге тарау мүмкіндігінен қатты сескенген патша өкіметі көп ұзамай хандық жүйені қалпына келтірді. 1798 ж. 10 сәуірде Орынбор ген.-губернаторына мынадай нақты тапсырма берілді: 1) О. ш-не жақын маңда тұратын 20 мен 50 жас аралығындағы казак, башқұрт, қалмақтарды кантондарға бөліп, олардың шепте әскери қызмет өтеуіне қатаң бақылау жасау; 2) О. ш-нің өзін әскери қызмет мақсатында 5 қашықтыққа бөлу. Сол жылдың күзінде О. ш. 5 қашықтыққа бөлінді: 1) Усть-Уйск бекінісінен Верхнеуральскіге дейінгі бекіністер мен редуттар (Звериноголовск бекінісі мен Алабужск редутын қоса есептегенде); 2) Верхнеуральскіден Орск қалашығына дейін; 3) Орскіден Орынборға дейін; 4) Орынбордан Оралға дейін; 5) Оралдан Гурьев қалашығына дейін.

Әдеб.: Семенов В. Г., Семенова В. П., Губернаторы Оренбургского края, Оренбург, 1999.

ОРЫНБОР ШЕКАРА КОМИССИЯСЫ – үкіметтік мекеме. 1799 ж. 19 наурызда Орынбор шекаралық сотының орнына құрылды. О. ш. к. құрамында сот, азаматтық іс жүргізу және қаржы-есеп бөлімдері болды. Бұдан басқа Кіші жүз қазақтарын бақылаушы бөлім ашылды. Комиссияда негізінен қазақтар арасындағы барымта, жер дауы, орыс-казак бекіністері коменданттарының арыз-шағымы қаралды. Сонымен қатар комиссия казак жері арқылы өтетін сауда керуендерімен бірге Хиуа, Қоқан, Бұқар хандықтарына арнаулы барлаушылар мен тыңшылар жіберіп, Орт. Азияда болып жатқан жағдайлар туралы құпия мәліметтер алып отырды.

ОРЫС СҰЛТАН (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Абылайдың немере ағасы Сұлтанмұхамметтің (Солтанмәмет) ұлы. Абылайдың атынан Ресей мен Қытайға барып, жауапты тапсырмаларды орындаған. Мыс., 1760 ж. 18 ақпан – 15 наурыз айларында О.с. құрамында Досай мен Ақтамберді батырлар бар елшілікті бастап, Қытайға барып қайтқан. Қытай үкіметі оларды жақсы қабылдап, қайтқанда Әбілмәмбет ханға, Абылай мен Әбілпейіз сұлтандарға арнайы сыйлықтар, негізінен әр түрлі торқа, торғын ма-



талар, шай, шыны, ыдыс-аяқ, форфор ыдыстар сыйлаған. Елшіліктің құрамындағы Досай мен Ақтамберділерге кестелі камқа тон, кестелі шапан кигізіп, баскиімге тағатын асыл тастар берген. Елшілік құрамындағы 18 адамға әр түрлі бағалы заттар мен камқа тон сыйға тартылған. 1774 жылғы 8 наурызда А.Д.Скалонға хат жазып, О. сұлтан былай депті: «Бұдан былай Ресейге қарайтан елді мекендерге тиіспендер. Бұл жөнінде Әбілпейіз сұлтанға, Қусақ ханға, Барақ батырға, Үмия батырға, Серкебайға, бәсентіін Болатқа, Бейімбет бекке, Сырымбет Қазыбекұлына, Төртуыл Бағырбекке, қаржас Тәуке сұлтанға хабар жеткізілген.

Н.Ақбай

ОСАКАРОВ – Қарағанды обл-ндағы аудан. 1940 ж. құрылған. «Абылай аспас Арқаның сары белі» деп ата-бабамыз аңызға айналдырған жер – осы О. ауд-ның аумағында жатыр. Аудан өңірінің жер қойнауы пайдалы қазбаларға бай. Астана қ. мен Қарағанды қ-ның дәл ортасына орналасқан. Ауд. орт. Осакаровка кеңтінің іргетасы қаланғанына 100 жыл толды. Аудан атын Асакарлы (қар көп жауады) яки Сарыбел деп өзгертуге ұсыныс енгізілген (2010 ж.).

Әдеб.: «Орт. Қазақстан», 22.4.2010, 3-б.

А.Кемпірбаев

ОСТАНКОВ (т.-ө.ж.б.) – подполк., Орынбор коменданты. 1740 ж. тамыз-қыркүйек айларында Орынбор комиссиясының бастығы В. Урусовтың Әбілмәмбет ханмен, Абылай сұлтанмен жүргізген келіссөзін ұйымдастырушы. Абылай сұлтанды алғаш көрген Ресей командирі.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 84, 102, 116-бб.; Та й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ОСТЕРМАН Иван (т.-ө.ж.б.) – граф, Ресей Сыртқы істер алқасының қазақ істері жөніндегі бөлімінің бастығы. Абылай сұлтанды Орта жүздің ханы лауазымына бекітуге байланысты шаруаларды жүргізген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 427-б.; Та й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

«ОТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ» – кітап. 2011 ж. «Тарих тағлымы» баспасынан жарық көрген. Көлемі 259 бет. Таралымы 800 дана. Алматы қ-ндағы Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология ин-тында 2011 жылғы 5 мамырда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткен ІІ Респ. жас тарихшы ғалымдардың ғыл. конференцияға дайындаған еңбектері осы жинаққа топтастырылған. Конференцияда Отан тарихын жаңаша көзқараспен

зерттеу, оны халыққа дұрыс жеткізе баяндау мәселелері көтерілген. Жинақта жас ғалым Ғ.Ахметжанованың «Қазақ хандығы мен Орта Азия хандықтарының қарым-қатынасындағы Абылай ханның рөлі» атты зерттеу мақаласы берілген. Мақалада Абылайдың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастағы саяси-дипломат. тұлғасы жан-жақты талқыланады. 1740 ж. Әбілмәмбет ханмен бірге Абылайдың Ресей бодандығын қабылдауға барғанын келтіреді. Әйтсе де оның хандық саясатын дербес жүргізіп отырғандығын айтқан. 1771 ж. хан сайланғаннан кейін де Ресей өкіметі оның хандық мәртебесін бекітуге шақырғанынан бас тартып, қыр көрсеткенін де тілге тиек етіп кетеді.

К.Қошым-Ногай

«ОТАН ТАРИХЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРУЫ» – кітап. 1999 ж. «Қазақстан» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 176 бет. Таралымы 2000 дана. Кітапқа 1999 ж. 4 шілдеде Алматы қ-нда өткен ҚР Ғылым мин. ғылым академиясы ғалымдарының Халық бірлігі және ұлттық тарих жылына арналған ғыл. сессияның материалдары енгізілген. Жиынның ашылу баяндамасын сол кездегі Ғылым министрі В.С.Школьник жасап, М.Қозыбаев, К.Байпақов сынды ғалымдар сессияда сөз алған. Осы жинаққа ғалым Ж.Қасымбаевтың «Абылай хан и проблемы казахской государственности» атты және О.Смағұловтың «Историко-антропологическая идентификация Абылай хана» деген еңбектері енгізілген. Ж.Қасымбаевтың жоғарыдағы еңбегіне Абылайдың Қазақ хандығының іргесін нығайту барысындағы қайраткерлік, саясаткерлік іс-әрекеттері арқау болса, О.Смағұлов Абылай ханның мүрдесін зерттеу барысында оның бет-бейнесін қалпына келтіру тұрғысындағы еңбектері жөнінде әңгіме өрбітеді. Сонымен қатар автор өз еңбегінде Абылайдың бет-бейнесі тұңғыш рет антропологикалық ғыл.-зерттеу аясында жасалғандығын атап өтеді.

К.Қошым-Ногай

ОТАРБАЙ (18 ғ.) – Орта жүз, Қазыбек бидің немере інісі, елшісі. Ресей патшасы Екатерина Алексеевнаның таққа отыруына байланысты 1762 ж. желтоқсан айында Қазыбек бидің ұлы Сырымбет және елшісі Байназар бимен бірге Мәскеуге баруға тиіс болған. Бірақ Қазыбек бидің бұл талабы орындалмады. Себебі: «...патшаның таққа отыруы және тәж кию салтанаты бұрынырақ өтіп кеткен, салтанатқа... Кіші жүздің Нұралы ханы мен Орта жүздің Абылай және Сұлтанмұхаммет сұлтандарының өкілдері барып қайтты. Сондықтан, Қазыбек бидің бұл тілегін орындауды кейінгі бір сәтті мерзімге қалдырдым»

деген Сібір губернаторы міндетін атқарушы Фрауендорфтың хаты сақталған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 351-б.; Та й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ОТАРШЫ (т.-ө.ж.б.) – мәмілегер, елші. Абылайдың Қытаймен екі арадағы байланыстарында ерекше тапсырмалар атқарған, император Цяньлунның қабылдауында 1777 ж. ақпанда болған. 1781 ж. Уәли сұлтанды хандық лауазымға бекітуге байланысты, беделді ел ағасы ретінде О. есімі де аталады.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 371, 408, 413, 452-бб.; Та й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ – халықтың бір жерде қоныстануы, тұруы. Жергілікті жер жағдайы мен табиғат ерекшеліктеріне байланысты Қазақстанда ерте заманда мекендеген көне түркі тайпалары ғасырлар бойы көшпелі мал ш-мен айналысты. Дегенмен өзен-көл жағалаулары мен құнарлы аймақтарда егіншілік те қатар дамыды. Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес тайпалар 6 ғ-да Ертіс өңірінде, Сыр бойында және Жетісуда егіншілікпен айналысып, отырықшылық өмірге дағдылана бастады. 6–7 ғ-ларда Түрік қағандығы тұсында Шу, Талас, Сырдария аңғарларында мал ш-мен қатар егіншіліктің де дамуы О-ты жеделдетті. Далалық солт. аудандарда бұл процесс баяу жүрді. 6–7 ғ-ларда қазақ жері арқылы Орта Азияны Қытаймен байланыстырған «Ұлы Жібек жолы» өтті. Бұл жол бойында отырықшыл Суяб, Құлан, Тараз, Меркі қ-лары болды. Тұрғындары саудамен де, егіншілікпен де айналысты. 8–10 ғ-ларда қарлұқ тайпалары Қазақстанның Балқаш пен Ыстықкөл аралығын, Іле, Шу, Талас аңғарларын, Тянь-Шань баурайларын қоныстанып, отырықшылық өмір салтын ұстанды. Осы мемлекеттің солт.-батыс жағында Сырдарияның орта және төм. ағысында және осыған жапсарлас Бат. Қазақстан даласында 9–10 ғ-ларда өмір сүрген оғыз тайпаларының мемлекетінде отырықшылықпен айналысқан Суяб, Тараз, Жент, Жаңақент қ-лары болды. Жетісудың оңт.-батысындағы Құлан, Ақтөбе, Меркі, Жуантөбе қалалары Қырғыз жотасындағы өзендер бойына салынып, өркендеді, отырықшылықтың басты белгілері саналған қолөнер мен сауда орттары стратег. маңызға ие болды. 10–12 ғ-ларда Қазақстанда қалалар мен қалалық қоныстар шапшаң өсіп, Іле алқабында 56 қаланың іргесі қаланды, Шу мен Талас алқаптарында, Сырдария бойында отырықшылыққа көшкен ондаған қала қоныстары орнады. Қала мәдениеті Орт. Қазақстанда Ұлытау бөктерінде Сарысу, Нұра, Кеңгір

өз-дері алқаптарында да дамыды. Осы кезеңде Отырар өңірі отырықшы өркениеттің ірі орт. болды. Отырар алқабындағы ирригац. көп тармақты жүйе суландырудың құрамдас бөлігін түгелдей қамтыды. Исфиджаб, Отырар, Тараз қ-лары басты сауда орт-тары болды. Отырықшы-егіншілік мәдениет пен қалалардың көбейіп өсуі этн. шоғырлану процесін күшейтті. Қазақ хандығы тұсында мемлекет экономикасының мешешілігі салдарынан оңт-тегі қалалар құлдырап, О. саябырлады. Хандықтың саяси-әкімш. және сауда-экон. орт. Сығанақ, ал астанасы Түркістан қ-лары болды. 17–18 ғ-ларда қазақ даласында отырықшы, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық түрі дамып, егіншілікпен оңт-те ғана айналысты, елдің басым бөлігінде мал ш. негізгі күнкөріс көзі болды. Патша өкіметінің Қазақстанды отарлауы жергілікті халықтың отырықшылыққа көшуін мүлдем тежеді. 18 ғ-дың 50-жылдары патша өкіметі қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алып, Каспий жағалауынан Ертістің жоғ. ағысына дейінгі аралықта шептер мен бекіністер, форпостар мен бекініс қамалдар, қалалар салды. 19 ғ-дың 2-жартысынан бастап 60–90-жылдардағы реформаларға байланысты отарлық жүйе күшейіп, қазақтардың О-қа көшуі күн тәртібінен алынып тасталды. Жергілікті тұрғын халықтың жері тартып алынып, Ресейдің орт. аудандарынан көшіп келген шаруаларға берілді. 19 ғ-дың 2-жартысында Сырдария аймағы егіншілік дамыған О-тың негізгі орт. болды. Жетісу, Шу, Талас, Іле өз-нің алқабында О. өмір салты өз қалпын бұзбай, суармалы егіншілік басты әдіске айналды. Орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуына байланысты О. нығая түсті. 20 ғ-дың бас кезіне қарай патша өкіметі орыс шаруаларын жоспарлы түрде қоныстандыру үшін жергілікті халықтың 40 млн. десятина шұрайлы жерін тартып алып, қазақтарды шөл далаға ығыстырды. Көшпелі халықтың жерін күшпен тартып алу жалғасып, О-қа мейлінше кедергі жасалды. Капит. қатынастардың қазақ даласына енуі көшпелі және жартылай көшпелі мал ш. мен рулық қатынастардың ыдырау барысын жеделдетті, қазақ даласында өнеркәсіптің жаңа салалары пайда болып, жергілікті ұлт өкілдері арасынан жұмысшы кадрлар көбейді.

Әбед.: Аманжолов К., Рахметов Қ., Түркі халықтарының тарихы, А., 1996–97; Қазақстан тарихы, 1–3 т., А., 1996–2002; Қазақ қоғамындағы әкімшілік-шаруашылық жүйелердің эволюциясы, А., 1999.

Н.Жанақова

ОШАҚТЫ – Ұлы жүз құрамындағы тайпа. Көне жазба деректерде О. тайпасы туралы ешқандай мәлімет жоқ. Тек 15 ғ-ға жататын «Тарих-и Абулхайырхани» шығармасында О-дан тараған байлы руы туралы азды-кемді мағлұматтар ғана бар.

ОЯН



Ол байлы (немесе байназар), қоңыр (қойназар), аталық (немесе бекназар), тас жүрек (ақназар) секілді рулар бірлестігіне бөлінеді. Байлыдан – сүзік (созақ), байсары, касқа, қабыл рулары; қоңырдан – шуылдақ, алданар, жамантымақ, түлікші рулары; аталықтан – орақ (төртауыл, қарсақ), жалмәмбет (берді, сүгір, төбет, тас) рулары таратылады. Ал тасжүректен он екі ру тарайды: қосақ, солақай, сейіт, тоқтауыл, қараман, келмембет, бөлек, тас, тілеу, қайқы, таз, кенже. Халық ауыз әдебиеті мен тарихи деректерге қарағанда О. тайпасы Жоңғар шапқыншылығына елеулі қарсылық көрсеткен (Саурық батыр, т.б.). Кенесары Қасымұлы қозғалысына, т.б. ірі тарихи оқиғаларға белсене араласқан. О. тайпасы Талас өз-нің төм. ағысын қоныстанған. 19 ғ-да көпшілік рулары Әулиеата уезін, біраз бөлігі Шымкент уезін қыстаған. Олар өз қандастары сияқты отырықшы және жартылай отырықшы өмір кешті. Талас өз. алқабында жатақтар суармалы егін ш-мен айналысты. Ал көшпелі тұрғындар Мойынқұм өңірін қыстады. Жазғы жайлаулары Қаратау қойнауы болды. Н.А.Аристов 19 ғ-дың аяғында Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерінде О-лардың шамамен 2 мың отбасы тұрды деп есептейді. М.Тынышбаев 1917 ж. Әулиеата мен Шымкент у-дерінде 70 мыңдай жан болды деп көрсетеді. О. тайпасының ұраны «Бақтияр», таңбасы – тұмар.

Әдеб.: А р ғ ы н б а е в Х., М ұ к а н о в М. С., В о с т р о в В.В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Н.Байғабатова

«**ОЯН, ҚАЗАҚ!**» – М.Дулатовтың өлеңмен жазылған шығармасы. «Оян, қазақты» бір жағы саяси трактат, тарих оқулығы деуге болады. Тек сауаты жоқ қалың қазақтың жаттап алуына қолайлы болсын деп өлеңмен жазылған. Автор сөзін «халық үшін», әсіресе «жиырмасыншы ғасыр жастарына» арнайды. Алғашқы екі өлең «қазақ халқының бүгінгі халін және бұрынғы тарихын» әңгімелейді. Автор алдымен қазақ неліктен жеке ел болудан қалды деген сұраққа жауап іздейді.

Жер байлығы кең, емін-еркін өскен халық сыртта жау бар екен-ау деп ойламайды. Мұнда ел шетіне енген жауға емес, өз бауырына өзінің мейрімсіздігі ғадетке айналған. «Күштісі нашарларын шауып» алып отырған. Өзге жұрт отанын, елін қорғағанды «батыр» атандырса, қазақ бұл түсінікке қазан бұзар тентекті де қосқан. Ел шауып, кісі өлтірсе батыр деген. Сөйтіп, Абылай дәуіріндегі батыр түсінігі өзгере бастаған. Дулатов, сонымен бірге, патша әкімш-нің отарлық саясатын қатты шенеді; «Жеріне тимеймін» деген уағда далада қалғанын сынайды. «Тұманға кірді біздің қалың қазақ, Арты жар, алды тұйық, бұл не ғажап» дейді. Бұл тұйықтан шығу үшін Дулатов қазақтың азын-аулақ зиялыларын ұйқы басқан қазақты оятуға шақырады. «Қазақ жерлері» өлеңінде патша үкіметінің 1868 жылғы пәрмені бойынша қазақ жерінің қазына меншігіне берілу зардаптарын ашына айтады. Отаршылдық саясат жергілікті халықты жер-суынан айырды. Егін салатын жақсы жер де қалмады. Ащы су, шөл далада тықсырылған елдің күні не болады. Мұжықтар егін салып байып кетті. Сен неге өйтпедің? – деп қапаланады автор. Оның бұл ойлары Абылай ханның «халқыма жер емшегін емізсем» деген арманының жалғасындай көрінеді. «Сайлау хақында» өлеңі қырық жылдан бері өткізіліп келе жатқан сайлау жүйесі де ел тонаған кесепатқа айналғанын сынайды. «Ағадан іні айырылды, атадан – ұл, Ағайын арзандады, қымбаттап пұл. Сатылды ғазиз ұждан аз ақшаға, ғаламаты надандықтың емес пе бұл», – дейді. Дулатов аталмыш жинағының соңында («Тәржиман» атты газет бойынша) Исмағұл Гаспринскийдің бір мақаласынан (1909 ж. №46) үзінді келтіреді. Мұнда ұзын саны алты миллион қазақ халқы өз жеріне өзі отырықшы бола алмай жүргені айтылған. Осы жерде Дулатов қазақ ішінен шыққан социал-демократтарға өз ұлтына артығырақ назар салу керектігін ескерткен.

С.Ғұрманқызы



ӨМІР, Ө м і р т а й, О м а р, Г у м е р (т.-ө.ж.б.) – Абылайдың ұлы, Қытайға жұмсайтын елшісі. 1757 ж. 16 қарашада Цяньлунның жазғы сарайында Абылай атынан келіссөз жүргізген топтың ішінде болды.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005 240-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ӨСЕРБАЙ (т.-ө.ж.б.) – Абылай ханның батыры, 1756 ж. күздегі қазақ-шүршіт соғысында қытайлардың қолына түсіп қалып, босаған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005 217-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алма, 2011.

ӨТЕБАЙ (т.-ө.ж.б.) – би, бағаналы-найман, Әбілқайыр ханды өлтірген Барак сұлтанның өзіне сот құруға таңдап алған билерінің бірі. Барак сұлтан алшын Төртқара Қаратоқа биге, қаракесек Қожанай биге, Мәмет аталыққа және бағаналы найман Ө-ға сәлем айтып: «Билікті өздеріңе бердім, Әбілқайыр ханды жазықсыз өлтірдің деп кінәмді мойныма қойсаңдар, биліктеріңе құлмын. Бүкіл байлығымды таразының бір басына, шыбын жанымды бір басына қойыңдар. Мал-мүлкімді аласыңдар ма, басымды аласыңдар ма? Ерік сендерде» депті.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 169, 175, 176-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ӨТЕГЕЛДІ, Ө т е ғ ұ л (т.-ө.ж.б.) – Абылайдың сенімді көмекшілерінің бірі. Құлсары батырдың ұлы, әкесінің тапсырмасымен Сібір шекара әкімшілігіне барып тұрған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005 390-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ӨТЕГЕН Өтеғұлұлы, М ү й і з д і Ө т е г е н (1699, Шу өз. бойындағы Изенді өңірі – 1773, Іле өз. бойындағы Шолақтау, Шеңгелді өңірі) –

жоңғар басқыншыларына қарсы күрескен батыр, қолбасшы. Ұлы жүздің дулат тайпасынан шыққан. Бабасы Сырымбет 1643 ж. Батыр қонтайшының 50 мың әскеріне соққы берген Салқам Жәңгірдің сапында ұрысқан. Ө. 15 жасынан жоңғарларға қарсы соғысқа қатысып, қазақ елінің түстігін, Жетісу мен Шығыс Қазақстан өңірін жаудан азат етуге зор еңбек сіңірді. Түркістан, Ташкент маңындағы кескілескен ұрыстарға, Аңырақай шайқасына қатысқан. Қалмақтың Бөтхишар, Сабан Тайшық секілді аты шулы батырларын жекпе-жекте жеңіп, қазақ әскерінің даңқты қолбасшыларының біріне айналды. Төле бидің, Абылай ханның серігі болған. Батырдың ерлігі аңызға айналып, Күсен, Майкөт, Сүйінбай, Жамбыл, Тілеміс секілді



Өтеген Өтеғұлұлы

ақындардың жыр-дастандарына арқау болған. Бұлардың ішінде бізге жеткені – Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны. Ө. батыр туралы дерек-аңыздарды әдебиетшілер Е.С.Ысмайылов, Қ.Тұрғанбаев, Н.С.Смирнова, С.Бегалин зерттеді. Кейбір зерттеушілердің мәліметтеріне қарағанда, Ө. Бұқара, Самарқанд, Кабул, Исфахан, Тегеран, Стамбұл сияқты қалаларда болып, білім алған. Ө. батырдың соңында атағы ғана емес, Қосағал, Қосдәулет, Асау, Ылау, Бердіс, Тарпақ, Базарбай, Аюса, Жақұлы, Төке, Тоқтарбай есімді балаларынан тараған үрім-бұтағы да қалды. Атақты Байсерке күйші, Тілеміс шешен Ө. батырдың ұрпағы. Ө. батыр әуелде Іле өз. бойына (қазіргі Қапшағай су қоймасының табаны) жерленген. Кейін оның сүйегін ұрпақтары Қордай ауд-на апарып, қайта жерледі (1973). Жерленген жері Өтеген а. атанды. Алматы обл-нда бірсыпыра жерлер Ө. есімімен

ӨТЕТІЛЕУ



аталады. 1999 ж. батырдың 300 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Соған орай қабірінің басына кесене тұрғызылып, Қордай ауд. орт-нда Ө. батырға ескерткіш орнатылды. Ө. батыр туралы екі телефильм түсірілді, екі кітап шығарылды. Алматы қ-ның бір көшесіне, Іле ауд-ның орт. Энергетический кентіне Ө. батыр есімі берілді.

Әдеб.: Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана, А.-А., 1952; Ж а м б ы л. Таңд. шығ., А., 1996; Ж о л д а с б е к о в М., Асыл сөздің атасы, А., 1996; Ы с қ а қ б а й М., Мүйізді Өтеген, А., 1999.

М.Ысқақбай

ӨТЕТІЛЕУ Қасқаұлы (1690–1786) – би, 1731 ж. 10 қазанда Ырғыз жерінде Кіші жүздің Ресей бодандығын қабылдайтындығы туралы ант беріп, қолын қойған 27 бидің бірі. Кіші жүз құрамындағы жаппас тайпасының жылкелді руынан шыққан. 1738 ж. 3 тамызда Ресейге барған Ерәлі сұлтан елшілігінің құрамында Ө. би де болған. 1749 ж. Ресей патшайымы Елизавета

Петровнаның жарлығымен Ө-ге тархан атағы берілді. Ө. би айтты деген адамгершілік хақындағы өсиет сөздер ел ішінде көп сақталған. Оның ұрпақтары бүгінде Қостанай, Қызылорда обл-тарында тұрады.

Әдеб.: Қазақстан тарихының материалдары, А., 1948; Казахско-русские отношения в 16–18 вв., т. 1, 2, А.-А., 1964.

Т.Дайрабай

ӨТЕШЕВ Темірбай (18 ғ.) – қазақ батыры. Орта жүздің керей руынан. 1773–75 ж. Пугачев бастаған көтеріліске қатысқан. Абылай ханға қарайтын Сарғалдақ, Елеусіз және Темірбай Өтешевтер басқа қазақтарға қосылып, орыс бекіністерін шауып, Пресногорьков, Қабан қамалына шабуыл жасап, құртып жібермек болған. Көтеріліске қатысқандар, олардың көсемдері патша әкімшілігінің тарапынан аяусыз жазаланған. Ө. те 1774 ж. дарға асылған.

Н.Ақбай

П

ПАНИН Никита Иванович (1718–1783) – граф, мемлекет қайраткері, дипломат. 1747 жылдан бастап Дания мен Швецияда елші. 1762 жылғы сарай төңкерісіне қатысушы. Болашақ император І Павелдің тәрбиешісі. 1763–81 ж. Сыртқы істер алқасын басқарды. Конституциялық жобалардың авторы. 1770 жылғы 26 мамырда Нұралы хан П-ге хат жазып, әрбір сұлтанның өзара хат жазысып, өз мәселелерін дербес түрде шешіп жатса, жауапкершіліктің жеңілдейтінін көтерген. Одан әрі Нұралы: «Енді Орта жүздің билеушісі Абылай сұлтанның үлгі ал дегеніңізге келетін болсам, ол жақтың сұлтандары мен ел ағалары да Сібір шекара бастықтарымен хат алысып, кездесіп тұратын көрінеді. Орта жүзде де бастықтардың көбейіп кетуіне байланысты тәртіп бұзушылар көбейіп, тынымсыздық басталған. Патша ағзамның нұсқауына сәйкес, тәртіпті күшейтуге кірістім, менің қолыма және інілеріме барлық билік берілетін болса, қазақ арасына тиісті тәртіп орнап, сауда керуендері қауіпсіз өтетіндей жағдайға келер едік» деп, шекара мәселесіне тоқталған. П. 1778 жылғы 21 қыркүйекте Абылайға жазған хатында: «Біріншіден, қолдарындағы жүз елу түркімендерді қайтаруы тиіс, өйткені олар қазақ халқына жатпайды, сондықтан ұстап тұра алмайсыздар. Екіншіден, сізде Түмен көпесі Федор Быковтың 1050 қойы, басқа да көп заттары бар. Сіздің ұлыңыз Әділ сұлтан алты жүздей қойды бермей отыр. Бұл дегеніңіз, басқаға зәбір көрсету және әділетсіздік болып табылады. Үшіншіден, қазақ ел ағалары осыдан біраз жыл бұрын Пресногор бекінісін шауып, адамдарды тұтқындап, көп жылқы айдап әкеткен екен. Сол бұзақылар табылды ма, жазаланды ма? Әкеткен адамдар мен малдар қайтарылды ма? Бізге әлі хабар келген жоқ. Соған қарағанда, сіз әлі тиісті әрекет жасамаған сияқтысыз», – деп мәлімдеген. П. тағы бір мәселені қозғаған. 1771 ж. қашқан қалмақтар капитан Дудинді командасымен тұтқындап, өздерімен бірге алып кеткен екен. Кейін қазақ жасақтары қалмақтардан тартып алып, Абылайға әкеп береді. Қазір сол Дудин қазақтардың арасында тірі жүрген көрінеді. Енді соны тауып алып, босатсаңыз, пат-

ша ағзамды разы етер етіңіз деп, П. бұл шетін мәселені шешуді Абылайға тапсырды.

Н.Ақбай

ПАНКРАТОВА Анна Михайловна (4(16).2.1897, Одесса – 25.5.1957, Мәскеу қ.) – кеңес тарихшысы, қоғам қайраткері. Беларусь КСР ҒА-ның толық мүшесі (1940), РКФСР Пед. ҒА-ның акад. (1944), РКФСР мен Қазақ КСР-інің еңб. сің. ғыл. қайраткері (1943), КСРО ҒА-ның акад. (1953). Одесса (Новороссийск) ун-тінің тарих ф-тін (1917)



А.М.Панкратова

бітірген. П. Ресей жұмысшы қозғалысы мен кеңестік қоғам тарихын зерттеді. «Дипломатия тарихын» жазуға қатысқаны үшін КСРО Мемл. сыйл-на (1946) ие болды. Орта мектепке арналған КСРО тарихы оқулығы авторларының бірі және бас редакторы болды. КСРО тарихшыларының ұлттық к-тін (1955–57) басқарды, БҰҰ-ның КСРО-дағы Жәрдем ассоциациясының төрайымы болды. П. 2-дүниежүз. соғыс жылдарында (1941–45) Алматы к-нда тұрып, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінде жұмыс істеді, Қазақстанда тарих ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Ол белгілі қазақ тарихшысы Е.Бекмаханов пен оның пікірлестерін жазалауға батыл қарсы шықты және кейіннен олардың қызметке орналасуларына көмектесті. Ленин орденімен, 2 рет Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Әдеб.: Академик А.М. Панкратова, в сб.: Из истории рабочего класса и революционного движения, М., 1958; Е д ы г е н о в Н. Е., С у л е й м е н о в Р. Б., Культура и наука Казахстана в военные годы // Казахстан в Великой Отечественной войне, А.-А., 1968, вып., 1.

Б.Тәшкенбаева

«ПАРАСАТ» – журнал. Респ. қоғамдық-саяси, әдеби-көркем безендірілген журналдың алғашқы саны 1958 ж. шілдеде «Мәдениет және тұрмыс» деген атпен жарыққа шықты. Журналдың тұңғыш саны 10 мың дана тиражбен тарады. 1990 жылдан «Парасат» деп аталады. Журнал бетінде тарих пен әдебиет, мәдениет пен өнер, руханият мәселелері көтеріледі. Басылымның «Ойтолғақ», «Жаңғырық», «Тарих-тағдыр», «Таным», «Дерек



пен дәйек», «Салауат», «Ғұмырдария», т.б. тұрақты айдарлары бар. Айына 1 рет шығады. Ұзақ жылдар Баққожа Мұқан басшылық еткен журналдың қазіргі кездегі Бас редакторы – Ерғали Сағат. Журналда «Айғақ» атты айдармен мұрағат материалдары, тарихшы ғалым Д.Салқынбековтің «Абылай ханның сыртқы саясаты», Ә.Тарақтың «Абылай хан – 280», М.Тауұлының «Абылайдың ақ семсері» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕМЕЛЕР, 13 – 19 ғ-лардағы Орт. Азия және қазақ халқының тарихы мен мәдениеті туралы құнды дерек көздері. П. т. Қ. т. т. д. жалпы тарих және әулеттер тарихы бойынша жазылған еңбектер ретінде екі үлкен топқа жіктеледі. Сондай-ақ оны жазылған уақыты мен саяси бағдарына қарай аумақтық-кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. Қазақстан тарихын зерттеуде Хулагу әулетінің жазба ескерткіштері моңғол шапқыншылығы, одан кейінгі уақытта Орт. Азияда жаңа саяси бірлестіктердің құрылуы жөніндегі мейлінше елеулі еңбектер болып табылады. Оларда Шағатай, Жошы, Үгедей ұлыстарының Қазақстан аумағында орналасуы, 13 ғ-дың ортасында Шағатай ұлысында болған саяси таластар туралы деректер көп. «Тарих-и жаһангушай», «Жамиғ ат-тауарих», Тарих-и гозиде», «Нұзхат әл-құлуб» моңғолдарға дейінгі және одан бергі Орт. Азия мен Қазақстанның этн. тарихын баяндаса, Әмір Темір әулетінің «Зафар-наме», «Зафар-наме-ий Темури» шығармалары кейінгі қазақ халқының құрамына кірген Жетісу өлкесінде тұратын халықтар туралы құнды мәліметтер береді. Сонымен қатар Дешті Қыпшақтағы өзбектердің Мауераннахрға кеткенге дейінгі рулық құрамы туралы деректер көптеген рулардың өзбектер мен қазақтар арасында екіге бөлінгенін анықтауға мүмкіндік берді. Айталық, «Тарих-и Абулхайыр-ханиде» 15 ғ-дың 30–60-жылдарында Қазақстан жерін мекендеген: кият, маңғыт, байлы, қоңырат, дүрмен, күшші, барақ, найман, ички, тубай, таймас, қарлұқ, кенгерес, үйсін, күрлеуіт, емші, шымбай, шабдақылы, шұңқырлы, бүркіт, т.б. рулар аталған. Бұл деректерді өзге шығармалармен, мәселен, «Фатх-наме» одан кейінгі кезеңдегі «Бахр әл-асрарфи манакиб әл-ахиар», т.б. шығармалармен салыстырғанда, кейбір рулардың Мұхаммед Шайбани ханды қолдамай сол кездегі Қазақстан жерінде қалып қойғаны анықталды. Бұхар және Қоқан хандықтарының жазба ескерткіштері де осы хандықтар аумағында тұрған жалпы қазақ тайпалары және жекелеген кейбір аудандардағы қазақ тайпаларының құрамы туралы деректер береді. Парсы тіліндегі деректер Дешті Қыпшақтағы са-

яси бірлестіктер мен олардың мемл. құрылымының ерекшелігін анықтауға көмектеседі. Деректерде айтылатын хан, сұлтан, оғлан, би, бек, әмір, ноян, аталық, диван, т.б. лауазымдар арқылы мемлекеттің әкімш. құрылысы қандай болғанын бірден байқауға болады. Бұл еңбектерде, сондай-ақ Дешті Қыпшақта Алтын Орда ханымен қатар жеке билік құрған бірқатар тәуелсіз мемлекеттердің құрылу тарихы сөз болады. «Зафар-наме-ий Темури», «Тарих-и арба’улус», т.б. еңбектерде Шағатай ұлысындағы 28 хан мен Жошы ұлысының 39 ханының есімі аталған. Қазақ хандығы мен хандары туралы жан-жақты мәліметтер мол кездесетін парсы тіліндегі шығармалардың ішінде Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегінің маңызы зор. Тарихи жазбаларда автор тұңғыш рет қазақ хандары Керей мен Жәнібектің қоныс аударып, Қазақ хандығын құруы әрі оның қалыптасу барысы туралы баяндап, бұл оқиғаларды осы тұстағы Қазақстанның шаруашылық, әлеум. және саяси тұрғыдан өсу дәрежесімен байланыстырады. Шайбани әулеті кезеңінде жазылған шығармаларда қазақ хандары: Бұрындық, Қасым, Тахир, Ақназар, Барақ, Шығай, Тәуекел, Жаныш сұлтан, Ахмед сұлтан, Таныш сұлтан, т.б. туралы құнды мәліметтер бар. Бұл деректемелерден қазақ мемлекетінің әлеум.-саяси құрылымы, қазақ билеушілерінің ішкі тартыстары және көршілес елдермен қарым-қатынасы туралы тың деректер алуға болады. Соның ішінде Рузбеханның «Михманнама-и Бұхарасында» Қазақстан қалаларының 16 ғ-дың басындағы тарихы және экономикасы, мәдениеті мен тұрмыс-салты, Мұхаммед Шайбани ханның қазақ билеушілері Бұрындық, Қасымға, Жаныш сұлтандарға қарсы жорығы баяндалады. Рузбехан бұл жорықтарда Шайбани ханның қасында болып, барлық жағдайды өз көзімен көрген. Аштархан әулетінің деректері 17 ғ-да Ташкентте билік еткен қазақ ханы Тұрсын-Мұхаммед, Ахси мен Өндіжанда билік жүргізген Абылай сұлтанның саяси қызметі туралы бірегей мәліметтер береді. Сонымен қатар парсы тіліндегі деректемелерден Дешті Қыпшақ билеушілерінің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын білуге болады. Мыс., Әмір Темірдің Дешті Қыпшақ билеушілерімен дипломат. байланысы, әсіресе оның Тоқтамыс ханмен қарым-қатынасы, олардың бірігіп 1376 ж. Орыс ханға шабуыл жасауы туралы деректерді Әмір Темір әулетінің жазба ескерткіштерінен табуға болады. Шайбани әулетінің «Шараф-наме-ий Шахи» мен «Мусаххир әл-билад» еңбектерінде Абдолла II мен қазақ билеушілері арасындағы соғыстардың себебі мен кезеңдерін анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтер көп. Онда Тәуекелдің Абдолла ханға қарсы Шайбани ұрпақтарының

басқа өкілдерімен одағы, Тәуекелдің Мауераннахрдағы билікке ие болу әрекеттері туралы деректер бар. Шайбани әулетінің деректері шайбанилықтардың қазақ хандары мен сұлтандарымен түрлі жағдайға байланысты өзгеріп отырған қарым-қатынастарын толықтай баяндайды. 1588 ж. Ташкент көтерілісі жайындағы деректе қазақ сұлтаны Жанәлі және Ақназар ханның ұлдары Мұңғғай мен Дінмұхамед сұлтандар туралы мағлұматтар берілген. Аштархан әулеті мен Бұхар хандығының деректерінде қазақтар мен өзбектердің Ұлы Моғолдарға қарсы біріккен күресі, Ташкент уәлаятындағы қазақтардың Бұхара әмірімен әскери одағы, 1603–05 ж. Түркістан, Сайрам, Ташкент, Ахсикент, Өндіжан үшін қарақалпақтармен біріккен күресі, кейінірек аштархандықтарға қарсы қырғыздармен болған одағы туралы да мәліметтер бар. Бұхар және Қокан хандықтарының деректері ортаазиялық хандықтарда болған саяси оқиғаларға қатысты айтылатын 18–19 ғ-лардағы қазақ халқы тарихының кейбір тұстарынан мағлұматтар береді. П. т. Қ. т. т. д. қатарына сопылардың өмірбаяны мен діни трактаттары жазылған ортаазиялық агиографияларды жатқызуға болады. Онда шейхтар туралы аңыз әңгімелермен қатар Орт. Азия мен Қазақстан халықтарының әдет-ғұрпы, мәдениеті, олардың ру-тайпалық құрылымы, діні, кей ретте саяси тарихы да баяндалған. 13–19 ғ-лардағы парсы деректерін қазақ халқының тарихына қатысты сенімді дерек көзі ретінде қарауға болады. Себебі бұл шығармалардың көпшілігі негізінен араб жазбаларына, ресми моңғол жылнамаларына, моңғолдар жаулап алған түрлі елдердегі тарихи деректерге, оқиғаларға қатысушы хабарламашылардың мәліметтеріне сүйеніп жазылған. Бұл жазба ескерткіштердегі мәліметтердің дәлдігін фольклор мен нумизматика деректері де растайды. П. т. Қ. т. т. д. 13–19 ғ-лардағы қазақ халқының тарихына қатысты басқа дерек көздерінде келтірілген мәліметтерді толықтырып қана қоймай, біржақты зерттелген көптеген жағдайды терең әрі кеңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Айталық, орыс материалдарында көп айтылмайтын қазақтардың Мауераннахрмен, Иранмен тарихи өзара байланыстарының даму барысынан мағлұмат алуға болады. Дегенмен ортағасырлық тарихнаманы қолданғанда аса сақтықпен қараған дұрыс. Мыс., «Мунтахаб ат-тауарих-и Му'ини» («Ескендір анонимдері») деректерін басқа дерек көздерімен салыстырғанда Дешті Қыпшақтың саяси тарихы мен билеушілерінің генеалогиясының автор жағынан, немесе шығармаға тапсырыс беруші тарапынан алдын ала қасақана бұрмаланғаны байқалады. Соған қарамастан, бұл жазбалар 13–19 ғ-лардағы Қазақстанның саяси тарихының

бағытын, кейбір кезеңдерді дәлірек зерттеуге, бағдарлауға, әлеум.-экон. тарихы мен мәдениетін зерттеу үшін бағалы деректемелер болып табылады.

Әдеб.: Материалы по истории казахских ханств в XV–XVIII вв., А.-А., 1969; Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г., Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв., А., 2001; Юдин В.П., Центральная Азия в XIV–XVIII веках глазами востоковеда, А., 2001.

Ж.Төлебаева

ПЕКИН, Б е ж і н, Б э й ц з и н (солт. астана деген сөз) – Қытай Халық Республикасының астанасы. Солт. Қытай жазығының солт. шетінде Юндинхэ өз. алабында орналасқан. Үш жағынан тау жоталарымен қоршалған, оңт-шығыс жағы ғана жазық болып келеді. П. тұрған жердегі елді мекен туралы алғашқы дерек б.з.б. 2-мыңжылдықта кездеседі. Б.з.б. 11–8 ғ-лар аралығындағы жылнамаларда (Багыс Чжоу заманы) ол Цзи қ. деп аталады. Соғысушы патшалықтар дәуірінде (б.з.б. 475–221 ж.) ол Янь патшалығының орт. болып, Солт. Қытайдың стратег. маңызды қаласына әрі ірі сауда орт-на айналды. 10 ғ-дың басында Ляо әулеті қидандарының екінші астанасына айналып, атын Яньцзин деп өзгертті. 12 ғ-дың ортасынан Чжунд, Дасин (чжурчжэннің Цзинь мемлекетінің ортаңғы астанасы) атанды. 1215 ж. қаланы моңғолдар басып алды. 13–14 ғ-ларда Дадү немесе Ханбалық атанып, моңғолдың Юань империясының астанасы болды. Абылай ханның тапсырмасымен елшілері бірнеше рет П-де болған. П-дегі мемл. мұрағаттарда қазақ халқының тарихына, қазақ-қытай қатынастарына байланысты көптеген құжаттар сақтаулы.

Әдеб.: Энциклопедия нового Китая, М., 1989; Все столицы мира, М., 2001.

Н.Алдабек

ПЕТР I, Ұ лы П е т р (9.6. 1672, Мәскеу – 8.2.1725, Петербург қ.) – мемлекет қайраткері, орыс патшасы (1682–1725), Ресей императоры, қолбасшы, реформатор. Романовтар әулетінен шыққан. Бала кезінде үй тәрбиесінде білім алды. 1682 ж. ресми түрде таққа отырды. Бірақ 1689 жылға дейін оның атынан апайы София билік құрды. П. I Ресейдің әскери қуаты мен халықар. беделін арттыруға тырысты. Тұрақты орыс армиясы мен әскери-теңіз флотын құрып, әскери мектептің негізін қалады, әскери өнеркәсіпті дамытуға ерекше көңіл бөлді. 1695–96 ж. Ресей түріктермен соғыс нәтижесінде Азов бекінісін алып, Азов т-не шықты. 1700 ж. Түркиямен бейбіт келісімге келіп, Еуропадағы ең қуатты держава – Швециямен соғысқа кірісті. 1700–21 ж. Солт. соғыс нәтижесінде Ресей жеңіп, Еуропадағы қуатты державалар қатарына қосылды. 21 жылға созылған

ПЕТРОПАВЛ

Солт. соғыста жеңіске жеткен ол император атанып, Ресей империяға айналды. 1721 ж. Ништадт бейбіт келісімі бойынша Ресей Карелияға, Рига мен Нарва қ-ларына иелік етіп, Балтық т-не шықты. 1722–23 ж. Парсы жорығы нәтижесінде Ресей Дербент және Баку қ-ларымен бірге Каспий т-нің Батыс жағалауына иелік етті. П. I басыбайлылық құқықты, помещиктердің қоғамдағы жоғ. орнын сақтай отырып, Ресейдің дамыған Батыс Еуропа елдерінен артта қалуын жоюға бағытталған реформалар жүргізді. Бұл реформалар боярлар мен дінбасылардың қарсылығына ұшырады. Басыбайлы шаруалардың жеке басына салық енгізілді, шаруаларды қала, бекініс, көпір құрылыстарына тарту заңдастырылды. 1722 ж. әскери және азаматтық



Петр I

қызмет тәртібі бекітіліп, мемл. қызметке тегіне қарамай алу енгізілді. А. ш., металлургия, тау-кен өндірісі, сауда дамыды. Саудагерлер 2 гильдияға бөлініп, қолөнершілер мамандығына сәйкес цехтарға біріктірілді. Оның мемл. аппаратқа енгізген реформалары орыс самодержавиесінің 18 ғ-да дворяндық монархияға айналуында маңызды қадам болды. Боярлар думасы сенатпен (1711), приказдар коллегиялармен (1718) ауыстырылды. Мемл. басқаруды бақылайтын ген.-прокурор басқаратын прокурорлар қызметі енгізілді. Шіркеуге мемл. бақылау орнату мақсатында жоғ. діни орган – синод құрылды. 1708–09 ж. воеводалықтар және наместниктер орнына 8 (кейін 10) губерния мен уездер құрылды. 1703 ж. Петербургтің негізгі қаланып, 1712 ж. астана Мәскеуден осында көшірілді. П. I мәдениет, халық ағарту саласында да ірі реформалар жасады. Зайырлы мектептер пайда болып, шіркеудің білім берудегі үстемдігі жойылды. Орыстың алғашқы

көпшілік театры құрылды. 1703 ж. «Ведомости» газеті жарық көрді. 1699 ж. пушкарлар мектебі, 1701 ж. математика-навигация ғылымдары мектебі, медицина-хирург. мектебі, 1715 ж. Теңіз академиясы, 1719 ж. инж. және артиллерияшылар мектебі, алғашқы мұражай-кунсткамера, 1725 ж. Петербург ҒА ашылды. Сәулет өнері дамып, Батыс Еуропа мәдениетімен байланыс күшейді. Ресейдің шетелде тұрақты елші ұстауы тұңғыш рет П. I тұсында басталды. П. I Қазақстанды Азияға шығатын «кілт пен қақпа» деп таныды. Оның бұйрығымен 1715–24 ж. Сібір губернаторы М.П. Гагарин мен Қазан губернаторы П.С. Салтыков Тәуке, Қайып және Әбілқайыр хандардың елшілерін қабылдады. П. I-нің тікелей жарлығымен салынған әскери-инж. құрылыстар – Ямышевск, Омбы, Железинск, Семей, Өскемен, Коряков, т.б. әскери-қорғаныстық пункттер Жоғ. Ертіс шебін құрап, қазақтарды жоңғар шапқыншылығынан қорғауда белгілі дәрежеде рөл атқарса, сонымен қатар қазақ жерін отарлауға алғышарт жасады.

Әдеб.: Павленко Н.И., Петр Великий, М., 1990; Тарле Е.В., Избр. соч. в 4-х томах, т. 3., Ростов-на-Дону, 1994.

Ш.Рахменшеев

ПЕТРОПАВЛ, Қызылжар – қала (1825 жылдан). Батыс Сібір ойпатының оңт.-батысындағы Есіл жазығының орманды-дала белдемінде, Есіл өзенінің оң жағасындағы «Қызылжар» деп аталатын ежелгі қазақ қонысының орнында орналасқан. Қаланың іргесі 1752 ж. патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына сәйкес Петр I-нің әскери бекінісі ретінде қаланған. Алғашында әскери форпост, кейіннен Сібір татарларының (түркілердің) қаласы атанып, Ресейдің Солт. және Орт. Қазақстанды отарлау кезіндегі негізгі тірек пункті болды. 1838 ж. Есіл округінің, 1868 ж. Ақмола обл-ның құрамына еніп, уездік қалаға айналды. 1868 жылдан кейін П. Сібір мен Түркістан сауда жолының бойында орналасуына байланысты Ресей мен Орта Азия хандықтарының және қазақ даласы арасындағы сауда қатынасының ірі орт. болды. Мұндай ірі сауда орт-на айналуына Абылай сұлтанның Орынбор және Сібір губернаторларынан Қызылжарда (қазіргі П. қ-нда) ірі сауда орт-н ашуға рұқсат алуы себеп болды. П-дегі сауда айналымы жылдан-жылға ұлғая түсті және орыс көпестері мен Орта жүз қазақтары арасында сауда-саттық жүрді. 18 ғ-дың соңында шағын елді мекеннен (форштадт) ірі сауда орт-на айналды. Патша өкіметі П-де сауданың дамуына көмек беріп, онда қалалық Қоғамдық банк ашты (1871). Кейін ол Мемл. банк болды (1880). 1849 ж. 7 май, 7 былғары, 4 сабын, 17 кірпіш з-ты, диірмендер, т.б. кәсіпорындар жұмыс істеді. 1912 ж. мұнда 600-ге жуық сауда мекемесі болды. Қаланың одан



ПОТАНИН

әрі дамуына Транссібір т. ж-ның салынуы үлкен әсер етті. Егер 19 ғ-да қала сауда және әкімш. пункт ретінде дамыса, 20 ғ-дың басында а. ш. және өнеркәсіптің басты орталықтарының бірі болды. Осы жылдары Ресейден жер аударылған шаруалар келіп қоныстана бастады. Олардың басым бөлігі қалаға көшіп келіп, жұмыс күшін көбейтті. Қалада қолөнер мен майда кәсіпкерлік дамыды. Қаланың экономикасына 1-дүниежүз. соғыс пен Азамат соғысы кері әсер етті.

Қ.Ахметов, Қ.Базарбаев

ПИЩУЛИНА Клавдия Антоновна (10.11.1934 ж.т., Ресей, Большой Самовец с.) – шығыстанушы, тарих ғыл. канд. (1979). ММУ-дың шығыс тілдері ин-тын (Азия және Африка елдері ин-ты) бітірген. 1957–59 ж. осы оқу орнының аспиранты. 1959–2001 ж. ҚР ҰҒА Тарих және этнол. ин-тында кіші ғыл. қызметкер, ғалымхатшы, жетекші ғыл. қызметкер, ежелгі және орта ғасырлар



А.А.Пищулина

бөлімінің меңгерушісі болды. Ол парсы және түркі деректемелері негізінде Қазақ хандығы кезіндегі Оңт. Қазақстан мен Сыр бойындағы қалалардың тарихын және 14–16 ғ-лардағы Моғолстан мен Қазақ хандығының құрамындағы Оңт.-Шығыс Қазақстанның этносоясы және әлеум.-экон. дамуын қарастырды. Қазақ халқының этногенезі, оның этн. тарихы және аумағы, әкімш. құрылысын зерттеу мәселесіне елеулі үлес қосты. «Қазақ КСР тарихы» (2-т., 1979) мен «Қазақстан тарихы» (2-т., 1997) академ. басылымдарының негізгі авторларының бірі. Жоғары оқу орындары мен мектеп оқулықтарын жазған. «Достық» орденімен марапатталған.

Ш ы ғ.: Материалы по истории Казахских ханств 15–18 вв. (извлечения из персидских и тюркских сочинений), А.-А., 1969; Юго-Восточный Казахстан в середине 14 – начале 15 веков (вопросы политической и социально-экономической истории), А.-А., 1977; Казахстан тарихы. Конец заманнан бүгінге дейін, 2-т., А., 1998.


Қ.Өскенбай

«ПОРТРЕТЫ» – кітап. Авторы – А.Қасымжанов. 1995 ж. «Қайнар» баспасынан жарыққа шыққан. Көлемі 128 бет. Таралымы 3266 дана. Кітапта

Тоныкөк, Күлтегіннен бастап (6 ғ.), кешегі (20 ғ.) Мұхтар Әуезов сынды қазақтың 30 ірі тұлғалары құжаттық деректер бойынша бейнеленіп шыққан. Автордың бейнелеген осы тұлғалары арқылы «Қазақ дегеніміз кім?» деген күрделі сұраққа жауап алуға болады. Аталмыш еңбекте қазақтың айтулы хандарының бірі Абылайға да орын берілген. Онда Абылайдың өмірі және қайраткерлік қызметі де қысқаша баяндалып өтеді. Жас күнінде оның Сабалақ деген атты иемденгені, жиырма жасқа толғанда қалмақтың батыры Шарыштың басын алып, елге танылған соң Сабалақ деген аттан арылып, Абылай атанғаны жөнінде айтылып кетеді.

К.Қошым-Нозай

ПОТАНИН Григорий Николаевич (4.10.1835, Павлодар губ. Ямышево а. – 30.6.1920, Ресей, Томск қ.) – Орта Азияның табиғатын, этнографиясын зерттеген саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы. Омбыдағы кадет корпусын бітірген



Г.Н.Потанин

(1852). Семей мен Омбыда әскери қызметте болды (1853–58). Сонда жүріп, Абылайдың ұрпағы Ш.Ш.Уәлихановпен достық қарым-қатынас жасады. Петербург ун-тінің табиғаттану бөлімінде оқыды (1859–62). 1861 ж. студенттік толқуларға қатысқаны үшін Сібірге жер аударылды. 1863–64 ж. Зайсан көлі мен Тарбағатай тауын зерттеді. 1876–77 және 1879–80 ж. Моңғолияның солт.-батысы және Туваға, 1884–86 және 1892–93 ж. Солт. Қытай, Шығыс Тибет, Орт. Моңғолия, 1899 ж. Үлкен Хинганға шыққан экспедицияларға қатысты. Қазақ фольклоры үлгілерін, жалпы түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиетін жинап, «Қазақтардың және алтайлықтардың аңыздары, аңыз-әңгімелері және ертегілері» (1916) атты еңбегін жазды. П. есімімен Наньшань тауындағы жота, Моңғол Алтайындағы мұздық аталған. П. «Қазақ хандығының соңғы мұрагері» деген мақаласында Абылай ханның немересі, Шоқанның әкесі Шыңғыс сұлтанның кезіндегі қазақ халқының жай-күйі туралы өз ойларын баяндаған. Мақалада «Әзірше қазақ ұлысына деген орыс ықпалы тек ориенталистер, этнографтар мен фольклоршылар арасында

ПРОСТОР

ғана оянып отыр, бірақ олар қазақ халқының санасын ояту үшін емес, Еуропа білімін толықтыра түсу үшін ғана зерттелуде» деген пікір айтқан.

Ғ.Серғазыұлы

«ПРОСТОР» – журнал. Қазақстан Жазушылар одағының органы болып табылатын аталмыш әдеби-көркем журнал 1960 жылдан бері қарай шығып келеді. Сексенінші жылдардың аяғына қарай журналдың таралымы 160 мың данаға дейін жеткен-тін. Журналға бүгінгі кезде Валерий Михайлов жетекшілік етеді. Журналда Т.Әсемқұловтың «Смерть Көкбаласа: По мотивам произведений М.Магауина», М.Масалиннің «Юность Абылая» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

ПУГАЧЕВ Емельян Иванович, **Үшінші Петр** (1742, Дон бойындағы бекет – 21.1.1775, Мәскеу к.) – Ресейде 1773–75 жылдары болған шаруалар соғысының басшысы. 1756–63 жылғы жеті жылдық соғысқа, 1768–70 жылғы орыс-түрік соғысына қатысқан. 1770 ж. хорунжий дәрежесін алған. 1771 ж. армияда қызмет етуден бас тартып, Терекке қашқан, 1772 ж. тұтқындалып, одан



Е.И.Пугачев

да қашып кетеді. Сол жылы күзде Ырғыз өзінің бойында тұрған, осында казак-орыстарды Кубань даласына қашуға үгіттеді, бірақ тұтқындалып, 1773 ж. қаңтарда Қазан қ-на әкелінген, мамыр айында бұл арадан да қашып құтылған. 1773 ж. тамызда ол Жайық әскерлері тұратын жерге келіп, казак-орыстармен байланыс жасайды да, жаңа көтерілісті басқаруға келіседі. Бірақ көтеріліс талқандалып, П. төрт жолдасымен бірге 1775 ж. 10 қаңтарда Мәскеуде дарға асып өлтіріледі. П. 1773 ж. 20 қыркүйекте қазақ халқына арнап мына-

дай жарлық шығарыпты: «Құдай тағала қуат беріп, ойлағаным болса, мен сендердің бәрінді де далаға тастамаймын, әділ жарылқаймын, қажетінше жерсу, жайылым беремін, мылтық та, азық-түлік те, өзен де, тұз бен нан беремін, қорғасын беремін, басыңнан аяғыңа дейін киіндіремін». Алайда Абылай хан П. көтерілісін қолдамаған. Өйткені ол мұндай көтерілістің мәні жоқ екенін әуелден-ақ түсінген.

Н.Ақбай

ПУГАЧЕВ КӨТЕРІЛІСІ ЖӘНЕ АБЫЛАЙ ХАН. Абылайтануда осы уақытқа дейін басы ашылмаған және Абылай ханның азаматтық тұлғасын айқындауда маңызды орны бар күрделі мәселелердің бірі. Мыс. Н.Бекмаханова Е.Пугачевтің Ресей монархиясына қарсы күресін Абылай қолдаған және көтерілісшілерге көмек көрсеткен деп санайды. Кезінде таптық ққарасқа негізделіп, қазақтардың Ресей отаршылығына қарсы күресінің бір көрінісі ретінде қағазға түсіп қалған, мазмұнынан сол кездегі идеология сарыны сезілетін бұл тұжырым кейінгі зерттеулерінде нақты жазба құжаттар негізінде терістеліп, ақиқат арнасына түсті. Абылайдың Пугачев көтерілісін қолдамағаны, көмек бермегені анықталды. Ал, кейбір авторлар сүйеніп, негізге алған мұрағат құжаттарының көтерілісшілер штабы таратқан жалған насихат екендігі бірнеше дерекпен бекітіледі. Айталық, 1774 жылдың жазында пугачевтік «полковниктер» башқұрт Кенже мен жайық казагы Идеркай Баймекөвтің жұмсауымен Абылай ханның ордасына Опақ, Шүкір деген башқұрттар, Райым Әлиев есімді татар келіп қайтқаны рас. Оларды ордада Уәли сұлтан қабылдағаны, ханның елде болмағаны, жол жүріп кеткені сұлтанның Орынбор губернаторына 1774 жылғы 2 маусымда жазған хатынан көрінеді. Сол күні Уәли Пугачев әскерінің талқандалғанын біліп отырған және шекара бастығын жеңісімен құттықтаған. Ал, Абылай хан Опақ пен Шүкір арқылы хат жолдап, өзінің «40 мың адаммен орыстың Звериноголов бекінісіне келгені, бекіністі шабуға дайын екендігі» туралы хат 15 маусымда жазылған-мыс. Бұл хаттың жалған ақпар екені басқа да деректермен дәлелденді.

Әдеб.: Пугачевский бунт в Зауралье и Сибири. С-Петербург, 1907. С. 120–121; Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. 1100 қор, 8-іс, 335-сырт. 336-сырт. пар. Перевод с татарского. // Документы ставки Е.И.Пугачева, повстанческих властей и учреждений. М. Изд-во Наука, 1975. С. 120-121; Б е к м а х а н о в а Н. Легенда о невидимке (Участие казахов в крестьянской войне под руководством Пугачева в 1773–1775 годах). Алматы, 1968. С. 169; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай, «Ел-шежіре», Алматы, 2011, 2-том, 299, 300, 303, 308, 309-66.

Р

РАЙЫМБЕК Түкеұлы (1705, қазіргі Алматы обл. – 1785, Алматы қ.) – батыр, қолбасшы. Ұлы жүз албан ішіндегі алжан руының сырымбет тармағынан. Атасы Хангелді батыр 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғарларға қарсы күресте аты шығып, 1733 ж. Төле, Қодар билер, Сағай, Бөлек батырлармен бірге Ұлы жүз қазақтары атынан орыс патшайымы Анна Иоановнаға елші жіберген. Р. 17 жасында жоңғар басқыншыларына қарсы күресте ерлік көрсетіп, батыр атанды. Қалмақтың Бадам, Қорын, Ағанас, Секер, т.б. хан, ноян, батырларын жекпе-жекте жеңіп, Қаратау өңірі мен Жетісуды жаудан азат етуге басшылық жасағандардың бірі болған. Торайғыр және Сөгеті таулары аралығындағы «Ойрантөбе» деген жерде өткен шайқаста ерекше көзге түсті. 1733 ж. Бөлек батырмен бірге жоңғарға елші болып барған. Р-тің ерекше еңбегін оның есімі албан тайпасының ұранына айналғанынан да білуге болады. Көзі тірісінде «көріпкел», «әулие» атанған. Ол Алматы алқабында Шілік, Жалаңаш өңірінде тоған қаздырып, су шығартып, егін ектірген. Жазушы Ж.Тұрлыбайұлы роман, ақын М.Мақатаев «Райымбек, Райымбек» атты поэма жазған. Алматы обл-нда Р. есімімен аталатын жер-су аттары көп кездеседі. Торайғыр тауындағы Айырлы асуының маңында «Райымбек бастауы» бар. Алматы обл-ның Нарынқол, Кеген ауд-дары бірігіп, қазірде Р. атымен аталады, онда батырға ескерткіш орнатылған. Батырдың бейіті Алматы қ-ндағы оның есімімен аталатын үлкен даңғылдың бойында. Бейітінің басына кесене-күмбез тұрғызылған. 1990 ж. «Райымбек» тарихи-этногр. қоғамы құрылды.

Ж.Тұрлыбайұлы
«РАЙЫМБЕК» – тарихи жыр. Ел аузында сақталған аңыз, әңгімелердің негізінде жырлаған – Қытайдағы қазақтардың арасынан шыққан Сабдалы жырау (ол туралы мәліметтер кездеспейді). Туындыны М.Болысов жырлаған жырмен салыстыра қарағанда, олардың мазмұны, сюжеттік желісі бір-біріне мүлде ұқсамайтындығы байқалады. Сабдалы жырау нұсқасында Райымбектің жоңғарлармен өткен соғыстардағы ерліктері мадақ-

талып, Ойрантөбедегі жекпе-жекте жаудың он жеті батырын қалай жеңгені бір-бірлеп баяндалып шығады. Сондай бір соғыста қазақ қолы шегініп, Іле бойына сырғиды. Мұнда Райымбектен өзге қол бастап жүрген қазақтың да, жоңғардың да батырларының есімі аталмайды. Алдыңғы жырда батырдың аты Көкойнақ аталса, соңғысында



Райымбек батыр ескерткіші. Алматы обл. Райымбек ауд.

Ақмойнақ деп аталады. М.Болысовта қамысты талмен қоса буып, Ілеге өткел жасаса, Сабдалы жырау нұсқасында әр сарбаз баулаған қамысты атқа артып, соның көмегімен өзеннен жүзіп өтеді. Сабдалы жырау Райымбектің әулиелігіне көп көңіл бөліп, Іле бойындағы құмдауыт жерде оның тіккен ағашын, қылыш шаншыған жерден шыққан шипалы суды, ұзақ жыл қорған болып, кейін батыр дүние салғанда тәнін Алматыға дейін алып келген Ақбураны ерекше суреттейді. Оның Қарасаздан (Райымбек ауд.) бергі Кегенде, Көкпекте, Сөгетіде, Шелекте алдынан қанша адам шығып жоқтау айтса да тоқтамай, Алатаудың бөктеріндегі Алмалы қыстағына тоқтап, сондағы бір тепсеңге шөккені баяндалады. Жыр Қазақстанда алғаш «Жетісу»

РАЙЫМБЕК

газетінде (2005, 15 маусым), кейін «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 59-томында (2010) жарияланды.

Т.Әлібек

«**РАЙЫМБЕК БАТЫР**» – 18 ғ-дағы қазақ-жоңғар соғыстарын баяндайтын тарихи жыр. Ақын, жыршы Қ.Сауранбаев жинаған аңыздардың желісінде жырлаған – Мөкен Болысов. Жырда Райымбек батырдың екі ірі әскери жорығы баяндалады. Олар: жас батырдың алғаш «Райымбек, Райымбек!» деп өзінің атын ұран етіп шақырып, бетпе-бет келіп қалған қалың жаудан шегінген қазақ сарбаздарын Іле өз-нен өткізу амалы; батырдың Түрген өңірінің билеушісі Қорынды жеңіп, оның қол астында жүрген қазақтарды босатып, елдің қонысын кеңейтуі, сондай-ақ Көкпектегі Секер ханды (Ойрантөбедегі соғыс), Таушелек пен Торайғырды ұзақ жылдар мекен еткен жоңғардың Ақанас, Арыс хандарын қуып, Жетісуды жау тырнағынан босатуы әңгіме болады. Мөкен ақын туындыда қазақ эпикалық жырларының дәстүрлі тәсілдерін еркін пайдалана отырып, елінің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен Райымбек батырдың қаһармандық тұлғасын шындық шеңберінде сомдауға талпыныс жасаған. Жырдың басты кейіпкерлері Хангелді (Райымбектің атасы), Рыскелді, Сағай, Бақай, Аралбай, Биеке батырлар – Жетісуды жау тырнағынан босатуда ерлік көрсеткен ірі тұлғалар. Шығармада көрсетілген жер-су атаулары да тарихи шындықтан алшақ кетпейді. Мысалы, жоңғардың Ақанас, Арыс сияқты батырларына қатысты жер атаулары бүгінгі күнге дейін сақталып қалған. Туынды алғаш «Лениншіл жас» (1990) газетінде, кейін «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 59-томында (2010) жарияланды. Жеке жинақ ретінде «Райымбек батыр» (А., 1992) деген атпен басылым көрді. М.Болысовтың өз қолымен тапсырған қолжазба М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының сирек қорында сақтаулы.

Т.Әлібек

РАХМАДИЕВ Еркеғали (1.8.1932, Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. – 9.4.2013, Алматы қ.) – композитор, педагог, проф. (1979), қоғам қайраткері, Қазақ КСР-інің (1975) және КСРО-ның (1981) халық арт. 1952 ж. Алматы муз. уч-щесін, 1957 ж. Алматы мемл. консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы, проф. Е.Г.Брусиловскийдің класы бойынша) бітірген. 1959–61 ж. Қазақ филармониясының көркемдік жетекшісі, 1961–65 ж. Қазақ КСР Мәдениет мин-нің Өнер істері бас басқармасының бастығы, 1966–67 ж. Қазақ мемл. академ. опера және балет театрының директоры, 1967–75 ж. Алматы мемл. консерваториясының ректоры қызметтерін атқарды. 1968 жылдан Қазақстан Композиторлар одағы басқар-

масының төрағасы. 1990–93 ж. ҚР Мәдениет министрі, 1993 жылдан шығарм. жұмыста болды. Р. шығарм-нда қаһармандық-патриоттық тақырып негізгі орын алады, онда қазақтың халық музыкасының бай мұрасы мен классик. музыка өнері жетістіктерін шебер пайдалана білген. Р-тің симф., опералық, вокалды-аспаптық, камералық



Е.Рахмадиев

шығармалары кәсіби ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, жанрлық салаларын байытты. Ол симф. шығармаларында қазақ күйлерін жаңашылдықпен қолданды. Р. «Қамар сұлу» (1963), «Алпамыс» (1972), «Тың тынысы» (1980), «Абылай хан» (2004) операларын, «Амангелді» (1956), «Толғау» (1960), «Дайрабай күйі» (1961), «Мейрам күйі» (1966), «Құдаша-думан» (1973), «Ортпа» (1977) атты симф. поэмаларын, «Сәлем саған Аястан» (1968), «Мерекелік кантата» (1970), «Конституция туралы поэма» (1977) кантаталарын, хорға арналған вокалды-хореогр. шығармалар, көптеген ән-романстар жазған. Р. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (1980). Еңбек Қызыл Ту және «Халықтар достығы» ордендерімен марапатталған.

С.Күзембаева

РЕЙНСДОРП Иван Андреевич (1730 ж.т. – ө.ж.б.) – 18 Ресей патша өкіметінің мемлекет қайраткері. 16 жасында юнкерліктен бастап, әскери дәрежесі тез өрлеп, 29 жасында полк., 35 жасында ген.-майор шенін алады да, Орынбор губернаторы болып тағайындалған. Патша саясатын Кіші жүзде іске асыруға белсене кіріскен. 1769 ж. жаңа қызметке келгеннен бастап, шекара ішіндегі және сыртындағы мұсылман халықтардан, әсіресе қазақтардан қорғануды күшейту үшін, бекіністі мейлінше күшейткен. Қарулы жасақтың санын арттырып, Ресей экономикасына тиімді үлес қосуды патшаға бірнеше ұсыныс түсірген. Орманды сақтау үшін мыс пен темір зауыттарын салуды доғаруды ұсынды. Жүз мыңнан аса құба қалмақтардың Еділ бойынан көшіп кетуі, Пугачев көтерілісі сияқты қайғылы әрі қанды оқиғалардың жуан ортасында жүрді. Мұндай оқиғалар

аяқталған соң, Қазақстандағы егіншілік проблемаларына байланысты шаралар белгіледі. Абылай ханның 1772 ж. 19 қыркүйекте Р-қа жазған хатында былай делінген: «Ал қазіргі жағдайда, генерал мырза, мүмкін болса, маған бір мың немесе бес жүз адам беріңіз. Оларды өзіме қарайтын Орта жүздегі ұры-қарыларға тыйым салуға қолданамын. Ресеймен тізе қосып, қазақ даласындағы ұры-қарақшылардың иманын қашырайық. Әйтпесе біздің елімізде де, сіздің мемлекетіңізде де ұрлық пен зорлық тыйылар емес».

Н.Ақбай

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТ МҰРАҒАТЫ, Ресей Сыртқы істер министрінің Мәскеудегі Бас мұрағаты (1832–1920) мен Санкт-Петербургтегі Бас мұрағатының (1834–64) біріктірілуі негізінде 1946 ж. құрылған. 1992 жылға дейін Ресейдің сыртқы саясат мұрағаты деп аталды. Онда 1917 жылға дейінгі Ресейдің сыртқы саясатына байланысты 600 мыңға жуық істі құрайтын құжаттар жинақталған. Бұл құжаттар негізінен Ресей империясы Сыртқы істер министрінің, шетелдердегі елшіліктер мен консулдықтардың қызметіне тікелей байланысты. Ең көне құжат 16 ғ-ға қатысты. Қорының жалпы саны – 374. Сыртқы істер министрінің Санкт-Петербургтегі Бас мұрағатты, Қырғыз-қайсақ ісі, Азия департаменті деп аталатын қорларда патшалық Ресейдің 17–19 ғ-ларда Қазақстанға, Түркістан өлкесіне қатысты ұстанған саясатына байланысты құжаттар көптеп кездеседі. Кіші, Орта және Ұлы жүз қазақтарының Ресей бодандығына өтуі мен қазақ жерінде жүргізілген орыс отаршылдығын зерттеуде бұл құжаттардың маңызы зор. Сондай-ақ мұрағат қорларында Есет Көтібарұлы, Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт-азаттық күреске қатысты құжаттар да бар. Сыртқы істер министрінің Орта Азия үстелі, Түрік үстелі, Константинопольдегі консулдық деп аталатын қорларда 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезіндегі қазақ зиялыларының өзге түркі-мұсылман халықтары өкілдерімен азаттық қозғалыстағы байланыстары жайында мәліметтер кездеседі. Патша өкіметінің 1916 жылғы көтерілісті аяусыз басып-жаншуына байланысты Жетісудағы қазақ-қырғыздың Қытай жеріне босуы және ондағы ауыр жағдайы туралы құжаттар Сыртқы істер министрінің Қытай үстелі және Құлжа консулдық қорларында жинақталған.

А.Махаева

РЕСЕЙ КӨНЕ ҚҰЖАТТАР МҰРАҒАТЫ (Российский Государственный архив древних актов – РГАДА), Мәскеуде орналасқан, 11–19 ғ-лардағы Ресей тарихының аса құнды жазба деректері сақталған. Мұнда қолжазбалар, баспа құ-

жаттар мен кітаптар баршылық. 1763 ж. құрылған Сенат мұрағаты, 1768 жылғы Отан тарихы және 1752 жылдан келе жатқан көне істер мұрағатының басын қосып, 1852 ж. дербес мекеме болып құрылған. 1941–92 жылға дейін ЦГАДА аталып келсе, 1993 жылдан бері орысша қысқаша РГАДА аталады. Мұрағатта қазақ-орыс, қазақ-жоңғар, қазақ-қытай қатынастарына байланысты, Ресейдің қазақ жерлерін отарлау саясатын қалай бастап, қалай өрістеткенін көрсететін өте құнды құжаттар мен материалдар жинақталған. Бұл мұрағаттың қорларынан Абылайдың өмірі мен қызметіне байланысты көптеген құжаттар алынды. Аталған мұрағат орт. үкіметтің жанында болғандықтан, мұнда басқа мұрағаттарда көшірме түрінде сақталған құжаттардың түпнұсқасын табуға болады.

РЕСЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ МҰРАҒАТЫ – Ресей Федерациясындағы тарихи құжаттар жинақталған тарихи мұрағаттық ғыл. мекеме. Санкт-Петербург қ-нда орналасқан. Патшалық Ресей кезіндегі билік орындары мен мекемелердің құжаттарын бір жерге топтастыру негізінде 1925 ж. құрылған. Бастапқыда Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) тарих мұрағаты, 1929 ж. Орт. тарих мұрағатының Ленинград бөлімшесі, 1961 ж. КСРО мемл. тарихи мұрағаты, 1992 ж. РМТА аталды. Онда 18 ғ-дан 1918 жылға дейінгі кезеңге қатысты 7 млн-ға жуық істі құрайтын құжаттар жинақталған. Олардың басым көпшілігі Мемл. кеңестің, Мемл. думаның, Мин-лер. кеңесінің, Сенаттың, Синодтың, мин-ліктердің, к-тердің қызметіне тікелей қатысты. Сондай-ақ мұрағатта өндіріс орындарының, мәдени ағартушылық ұйымдардың және жеке адамдардың қорлары да бар. Жоғары үкімет орындарының құжаттарында патшалық Ресейдің ішкі саясаты, 19 ғ-да жүргізілген реформалар, басқару мәселелері, сот жүйесі және халық ағарту ісінің ерекшеліктері көрініс тапқан. Мемл. думаның қорында 1-және 2-Мемл. думаға сайланған қазақ депутаттары жайында нақтылы мәліметтер берілген. Синодтың қорында Қазақстандағы православиелік шіркеулердің ашылуы және шоқындыру ісі көрініс тапқан. Ішкі істер мин. мен Жер шаруашылығы министрінің қорларында орыс шаруаларының Ресейдің орт. аудандарынан шет аймақтарына қоныс аударуы, қазақ жеріндегі азаттық қозғалыстың барысы жайында құжаттар көп кездеседі. Қаржы министрінің қорында патша өкіметінің экон. саясаты, ішкі және сыртқы сауданың жағдайы, Халық ағарту министрінің қорында бастауыш, орта және жоғары білім беру ісінің, Жол қатынастары мин. қорында т. ж. құрылысының дамуы туралы құжаттар кеңінен орын алған. Қазақстандағы ислам дінінің ахуа-

РОДЕН

лы, мешіттер мен медреселердің қызметі Шет діндер департаменті қорында жинақталған. Баспа ісі мен цензура к-ті қорынан алғашқы қазақ баспасөздері «Серке», «Қазақ», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналының шығу тарихына қатысты құжаттарды кездестіруге болады. РМТА қорларындағы құжаттардың 18 ғ. мен 20 ғ-дың бас кезіндегі Қазақстандағы саяси-әлеум. жағдайды және ұлт-азаттық қозғалыстың дамуын зерттеуде маңызы зор.

А.Махаева

РОДЕН П.А. (т.-ө.ж.б.) – Үй әскер шебінің командирі, полковник. 1759 жылғы 22 қазанда Абылай сұлтан Р-ге хат жазып, бұдан үш жыл бұрын башқұрттар Орта жүзден 2500 жылқыны айдап әкеткенін, ұрлағандар Барынтабын болысынан Лана, Көбелек болысынан Бектемір дегендер екенін, әзірге небәрі 320 жылқыны қайтарғанын, 9 жылқысын майор Нармоцкий ұстап отырғанын мәлімдеген. «Егер жылқыларымыз табылмайтын болса, патша ағзамның өзіне шағымданамын» деп ескерткен. 1760 жылғы 18 шілдеде Сыртқы істер алқасы Орынбор губернаторы Давыдовқа жарлық беріп, Абылай туралы хабар-ошар алудың екі жолын қарастыруды ұсынады: 1) Троицк бекінісінің бастығы Роден мен Сібір әскер шебінің бастығы ген. Веймарн екеуі әртүрлі нанымды себептер ойлап тауып, қазақ арасына жансыз ретінде кісі жұмсап тұрсын. Ол үшін қолынан іс келетін, сенімді адамды татарлардың арасынан іздеу керек. Өйткені татарлар қазақтармен діндес, тілі ұқсас, қазақтардың сеніміне тез кіре алады да, жақсы барлау жүргізеді. Ресей үкіметіне сенімді адамдар болып табылатын – солар. Ал қызмет адамдарын барлауға жіберу оңай емес. Офицер жіберу үшін маңызды себеп керек, шені төмендер қажетті мәліметтерді тауып әкеле алмайды. Екіншіден, қандайда бір аса қажет жағдайда Абылайға кісі жіберу керек болса, күдік туғызбас үшін, бізге берілген ел ағаларын пайдаланған жөн. Әсіресе Құлсарының қазақтар арасында беделі күшті. Оған өзі сұрап жүрген жалақының орнына қазына есебінен тәуір бұйымдардан сый-сыяпат жіберіп отыру қажет. Мысалы, Сібір жағынан да, Орынбор жағынан да 100 рубль Құлсарыға, одан азырақ сома Құлекеге жіберілетін болсын. Бұл жөнінде Абылай сұлтан немесе басқа біреулер мүлде білмеуі тиіс. Ал жасырын затты бергендер де, алғандар да өздерін бізге борышкер санап, адалдық көрсетеді және ақы алып отырған қызметі үшін жанын салады, қазақ арасындағы сөздерді бізге жеткізіп тұрады, қарауындағы халқын да дұрыс ұстайды делінген. Осы жарлыққа байланысты шығындарды қаржы түрінде өтеу туралы хат үкімет сенатына жіберілген. Бұл, әрине, бер-

се – қолынан, бермесе – жолынан» деген мақалды еске түсіреді.

Н.Ақбай

РСАЕВ Таңатқан Баракұлы (29.12.1936 ж.т., Қостанай обл. Амангелді ауд. Ағаштыкөл а.) – журналист-жазушы, аудармашы, энциклопедияшы-ғалым, КСРО Баспасөзінің үздігі (1989), ҚР Баспасөз және полиграфия ісінің еңб. сің. қайраткері (2004). ҚазМУ-ды (1959, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын 1959 ж. респ. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде бастаған.



Т.Рсаев

1967–70 ж. Қазақ радиосында қазақ тіліндегі бағдарламалардың бас редакторы болды. Бұдан кейінгі жылдары бірқатар респ. баспасөз орындарында жауапты қызметтер атқарды. 1973 жылдан «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясында аға ғыл. редактор, редакция меңгерушісі, орт. бастығы, 1-вице-президент қызметтерін атқарды. Р-тың көркем очерктері мен тарихи-әдеби зерттеулері «Самал» (1977), «Дала дауылпаздары» (2004) жинақтарына топтастырылған, «Жұлдызды жол» (1983), «Үндескен өмір» (1986) деректі повестері жарық көрген. Ол, әсіресе Иман батыр, А.Иманов, Ә.Жангелдин, К.Көкембаев өмірлеріне және 1916 жылғы Торғай көтерілісіне байланысты деректерді анықтауға көп еңбек сіңірді. «Құрмет» орденімен марапатталған.

С.Ерназаров

РЫСҚҰЛОВ Тұрар (26. 12. 1894, бұрынғы Жетісу обл. Верный у., Шығыс Талғар бекінісі – 10.2. 938, Мәскеу қ.) – мемлекет қайраткері. Әкесі Рысқұл Жылқыайдарұлы 1904 ж. желтоқсанда халыққа тізесі батқан Саймасай Үшкөмпіров деген болысты атып өлтіреді. Әкесі он жылға сотталып, Сахалинге жер аударылған Р. «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолына келіп, Меркедегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқиды. 1910 ж. Р. Пішпектегі 1-дәрежелі а. ш. мектебіне қабылданып, оны 1914 ж. қазан айында бау-бақша өсіруші мамандығы бойынша бітіріп шығады. Бұл мектепті үздік бітірген оған

Самара қ-ндағы орта дәрежелі а. ш. уч-шесіне түсу үшін арнайы жолдама беріледі, бірақ уч-ше директоры «қазақ – көшпелі, оған жер өңдеуді оқудың қажеті жоқ» деп қабылдамай қояды. Тауы шағылған Р. 1915 ж. Ташкенттегі мұғалімдер семинариясына түсуге тырысады, бірақ оны мұнда да «бұратана» деген сылтаумен қабылдамайды. Ақыры ол оқу министріне арыздана жүріп, арнайы рұқсатпен емтихан тапсырады да, оқуға қабылданады. Күн көру үшін оқумен қатар Ташкент қ-ның іргесіндегі Красноволск тәжірибе алаңында бағбан болып істеді. 1916 ж. жазда қазақ даласында ұлт-азаттық көтеріліс басталған кезде Р. оқуын тастап, Әулиеата уезіндегі Мерке а-на аттанды. Меркедегі көтерілістің өршіген



Т. Рысқұлов

кезінде Р-ты патша әкімш. тұтқынға алды, бірақ оның іс-әрекетінен кінә таппай босатып жіберуге мәжбүр болды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін көктемде Р. Меркеге оралып, онда «Қазақ жастарының революциялық одағын» құрды. 1917–18 ж. Әулиеата уездік Совдепі аткомының төрағасы болды. 1918 ж. Түркістан Республикасы денсаулық сақтау халкомы, 1918–20 ж. Түркістан Республикасы ОАК төрағасының орынбасары, РК(б) II Мұсылман бюросының төрағасы, Түркістан Республикасы ОАК-нің төрағасы болды. 1920–21 ж. Ұлт істері халық комиссариатының Әзербайжан республикасы бойынша уәкілі. 1921–22 ж. РКФСР Ұлт істері комиссариатының қызметкері, алқа мүшесі және халкомның 2-орынбасары, 1922–24 ж. Түркістан Респ. халкомсовының төрағасы болып істеді. 1924–26 ж. Коминтерн АҚ Орта Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Коминтерннің Моңғолиядағы уәкілі, 1926 ж. БК(б)П Қазақ Өлкелік к-ті баспасөз бөлімінің меңгерушісі және өлкелік «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің жауапты редакторы, 1926–37 ж. РКФСР халкомсовы төрағасының орынбасары болды. Р. өзінің Түркістандағы саяси қызметінде Түркі Коммунистік партиясын және Түркі республикасын құруды талап еткен жергі-

лікті қызметкерлердің тобын басқарды. Кеңестік ұжымдастыру саясатының зардаптарын жою, Қазақстандағы ашаршылық апатынан халықты құтқару жайында И.В. Сталинге нақты ұсыныстар жасады. Осы қызметі арқылы ол Қазақстанға жаңа басшылықтың келуіне және ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсетуде үлкен ықпал етті. 1937 ж. 21 мамырда Кисловодскіде демалыста жүрген Р. «пантүрікшіл», «халық жауы» деген айыппен тұтқынға алынды. Кеңестік қуғын-сүргінге ұшырап, Мәскеу түрмесінде жүрек ауруынан қайтыс болды. Р. КСРО Әскери коллегиясы Жоғ. Сотының шешімімен 1956 ж. 8 желтоқсанда ақталды. Қазіргі кезде Жамбыл обл-ның бір ауданына Р. есімі берілген. Тараз қ-нда Р. есімімен аталатын демалыс бағы бар, оның орт. алаңына әскерткіш орнатылған Алматы қ-ндағы Қазақ экон. ун-тіне, бір көшеге Р. есімі берілген.

Шығ.: Избр. тр., А.-А., 1984; Собр. соч. в 3-х т., А., 1994.

РЫЧКОВ Николай Петрович (15.10.1746–1784) – ғалым, тарихшы әрі географ. П.И. Рычковтың баласы. Алғашында армияда қызмет атқарған. 1767 ж. капитан шенінде отставкаға шығып, П.С. Паллас басқарған Орынбор экспед-ның құрамында болды. Жайық бойымен Оңт. Орал және Бат. Қазақстанға саяхат жасап, зерттеу жұмыстарымен айналысты. 1771 ж. Р. Жоңғарияға қашқан қалмақтарды қайтару үшін Орскіден аттанған әскери жасақтың құрамына еніп, жолшыбай табиғи-геогр. және этногр. мәліметтер жинауға П.С.Палластан арнайы тапсырма алды. Осы сапардың негізінде «Н.Рычковтың 1771 ж. қырғыз-қайсақ даласына сапары кезіндегі күнделігі» атты еңбегі жарық көрді (1772). Мұнда қазақтардың әскери өнері мен қару-жарақтарына көп көңіл аударылған. Онда қазақ жүздері, халық саны мен этногр. аймағы, әдет-ғұрпы, шығу тегі жөніндегі аңыз-әңгімелерді де табуға болады.

Әдеб.: К е н ж а л и е в З., Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет, А., 1997; Қ о з ы б а е в М., Тарих зердесі, 1–2 т., А., 1998.

С.Хасенұлы

РЫЧКОВ Петр Иванович (1.10.1712, Вологда – 15.10.1777, Екатеринбург) – Ресей тарихшысы, географы және экономисі. Петербург ҒА-ның тұңғыш корр. мүшесі (1759), Ерікті экон. қоғамның мүшесі (1765). Орынбор өлкесінде ұзақ жылдар қызмет істеп, Ресейдің қазақ даласын отарлауына атсалысқан. 1734–43 ж. Орынбор экспед-ның құрамында болып, 1744–60 ж. губ. кеңседе жұмыс істеді. 1770–77 ж. Орынбор Түз кеңсесінің директоры болды. Р-тың тарихи еңбектері Еділ бойы, Оңт. Орал, Сібір, Қазақстан мен Орта Азиядағы халықтардың археологиясын, этнографиясын жә-

РЫЧКОВ

не экономикасын зерттеуге арналған. Оның қызмет бабына байланысты Орынбор әкімш. атынан орт. органдарға жазған хаттары, экстракттары, осы өлкедегі халықтардың саяси жағдайы тура-



П.И.Рычков

лы жазған мәлімдемелері орыс-қазақ қатынастарын, қазақ халқының тарихы, экономикасы, этнографиясы, т.б. жайлы құнды деректер береді. Р-тың алғашқы еңбектері «Орынбор қаласының сипаттамасы» (1744), «Татарлар туралы қысқаша мәлімет» (1750), одан кейінгі кітабы «Орынбор тарихы» (1759) – қазақтардың Ресейге бодан болуы, орыс-қазақ қарым-қатынастарының дамуына арналған тұңғыш ғыл. туындылар. Мұнда

қазақтардың ру, тайпа құрылысы және олардың орналасуы, кәсіптері, қару-жарақтары, діни нанымдары, әдет-ғұрыптары туралы да мәліметтер бар. «Орынбор топографиясы» (1762) атты еңбегінде Орынбор өлкесінің табиғат байлығын, оны мекендеген халықтардың этн. құрамын, шаруашылығын, тұрмыс жағдайын баяндады. 1772 ж. Лейпцигте «Орынбор топографиясы» неміс тілінде басылып шықты. Бұл еңбек – Р-тың 18 ғ-дың орта шеніндегі Қазақстан, Оңт. Орал және Орта Азия туралы жинаған мәліметтерін толық қорытындылаған құнды зерттеулер. Р. өзінің «Орынбор губерниясының тарихы» атты кітабында: «1740 жылғы тамыздың 24 жұлдызында Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Абылай сұлтан ел ағаларымен, көп халқын ертіп, Орынбордың іргесіне келді. Орынбор кеңсесінде олардың алдынан штаб-квартирмейстер Новокшенов шығып сәлемдесті және көштің еру болатын жерін нұсқап берді. Бұл ықыласқа хан мен Абылай сұлтан разылық білдірді», – деп жазды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов и материалов, т. 1., А.-А., 1961; У э л и х а н о в Ш., Таңд. шығ. жин., А., 1985; Қазақтар, 7-т., А., 1998; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002. «Қазақтың ханы – Абылай», 180-б.

Н.Ақбай, С.Арғынгазин

С

«САБАЛАҚ» – тарихи жыр, «Абылай хан–Сабалақ» атты тарихи жырдың бір нұсқасы. Авторы белгісіз. Жыр сюжеті бас кейіпкер – Абылайдың жетім қалып, Сабалақ деген лақап есіммен кісі қолында жүруі, алғашқы ерлігі, яғни жеңісті ұрыстан соң үлкен абыройға жетіп, хан сайлануы сияқты мотивтерге құрылған. Абылай хан жырларының біраз нұсқаларымен салыстырып карағанда, «С-та» Абылай туралы жырларға тән байырғы желісі сақталғанымен, кейбір айырмашылықтары бар екені де байқалады. Мыс., Абылай ханның қалмақ қолына тұтқын болып түсуі, жоңғар нояны Қалдан Сереннің қызын алатын, т.б. көріністер «С.» жырында кездеспейді. «С.» жырының тіл көркемдігі де біршама жоғары деңгейде екені байқалады. «С.» жырының қолжазбасы ҚР Орт. ғыл. кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы. «Бабалар сөзі» атты көп томдықтың 57-томында (203–14-б.) тұңғыш рет жарияланған.

И.Әбішева

«САБАЛАҚ» – Абылай хан туралы дастан. Авторы – Көкбай Жанатайұлы. Көкбайдың өзі бұл дастан Абайдың тапсырмасымен жазылғанын айтады. Дастанның тақырыбы жайында Мұхтар Әуезов: «Онысы – Абылай мен содан бергі замандар турасындағы тарихтық тартыстар жөніндегі тақырып болады. Көкбай сол Абай берген деректер бойынша ұзақ шығарма жазды. Бұнда Абылай заманын айтып кеп, содан Қасымға, Есенгелді, Саржанға ауысады» дейді. Тарихи дастанның бірінші бөлімі Абылай, Кенесары, Наурызбай жорықтары, ал екінші бөлімде Саржан мен Есенгелдінің Ташкент барып, қалай қаза тапқаны туралы айтылады да, Кенесары жайы әңгімеленеді. Көкбай дастаны, оның құрылымы туралы Әуезов былай дейді: «Көкбай бұл жайынан ұзақ шығарма жазды. Әңгімелі поэмасының айқын жіктелетін екі бөлімі бар. Мезгілі, мазмұны, кейіпкерлерінің қалыптасу айырмасына қарай бұл ұзақ шығарманы айқын екі дәуірдің адамдары турасында, екі ұдай бағытта жазылған шығарма деп жіктей аламыз. Сонда поэманың алғашқы бөлімін –

Абылайға арналған «Сабалақ» поэмасы деп атауға болады. Екінші бөлімі Абылайдың бір топ нәсілдеріне арналады» деген. Сабалақ дастанының Көкбай жазған түпнұсқасы сақталмаған («Абай», №3, 1992, 60-бет). Қолжазба кезінде қолдан-қолға ауысып, жатталып және көшіріліп жазылып, халық арасына кең тарап кеткен. «Сабалақ» дастанының жыршылардың аузынан жазылып алынған бірнеше көшірме-жазба нұсқалары бар. Сол нұсқалар күні бүгінге дейін салыстырылып зерттеліп, Көкбай жазған түпнұсқа қалпына келтірілмеген. Дастанның бір нұсқасы 1992 ж. «Абай» журналында (№3, 4) жарияланған.

С.Ғұсман

«САБАЛАҚ» – аңыз. Бұл аңыз абылайтанушы А.Әбсадақтың «Абылай хан: аңыз және ақиқат» атты кітабында келтірілген. «Сабалақ» – Абылай туралы аңыздардың ішіндегі ең көп нұсқалы аңыз. Аңыздың жазбаға түскен алғашқы нұсқасы Ш.Уәлихановтың «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» атты еңбегінде орын алған. Бұл нұсқада Абылай «Сабалақ» есімімен аталмайды, бірақ сюжеті өзге Сабалақ есімі аталатын аңыз нұсқаларымен бірдей. Аңыздың қысқаша мазмұны мынадай: жол тартқан Абылай Ораз аталықпен бір атқа мінгесіп, жа-қын туысы Әбілмәмбет ханға келеді. Қалыптасқан жағдай оны біраз уақыт Қарауыл руы Жақсылық атасындағы Дәулетбай деген бай кісінің жылқысын бағып күн көруіне мәжбүр етеді. Дәулетбайдың әйелі сырттан келген жас баланың әкеп бермесе өзі ешқашан да ас сұрап ішпейтінін, ішкеннің өзінде де тартынып отыратынын, жуылмаған ыдыстан ас алмайтынын байқайды. Баланың бекзаттылығы Дәулетбайдың да назарын аударып, Ораздан баланың жөн-жосығын, тегін сұрайды. Бар шындықты білген Дәулетбай Абылайға табыннан ең жақсы ат мінгізіп, Әбілмәмбет ханға апарады. Абылайға тарту етілген ат атақты Шалқұйрық еді. Соның арқасында Абылай батыр атанып, қазақ құрметіне ие болады.

К.Қошым-Нозай

«САБАЛАҚТЫҢ АБЫЛАЙ АТАНУЫ» – аңыз-әңгіме. Сабалақ жігіт жасына жеткенде қазақтар мен жоңғарлар арасындағы ірі шайқасқа қатысып, жекпе-жекте қалмақ батыры Шарышты жеңеді. Ұрысқа өзінің атасы Қанишер Абылайдың аруағын шақырып, «абылайлап» кіреді. Осыдан бастап ол Абылай сұлтан атанады.

САБЫРҰЛЫ Сұлтанмұрат (20.5.1940 ж.т., қазіргі Батыс Қазақстан обл. Бөкей ордасы ауд. Талап а.) – тарих ғыл. канд. (1974), проф. (1997). Орал а.ш. техникумы (1961) мен Орал мемл. пед. ин-тының тарих-филол. ф-тінің (1952, қазіргі Батыс Қазақстан ун-ті) және

САБЫТАЙ

ҚазМУ-дың аспирантурасын (1974, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Еңбек жолын 1962 ж. Орал обл. Чапаев (қазіргі Ақжайық) ауд. Аңқаты а-нда бөлімше агрономы болып бастаған. Бұдан кейін Орда орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, мұғалім (1964–65), Орал мемл. пед. ин-тында (1970–72), Алматы мемл. мед. ин-тында (1975–86, 1975 жылдан доцент; қазіргі Қазақ ұлттық мед. ун-ті), Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясында (1986–2004, 1997 жылдан проф.), 2004 жылдан Қазақ халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-тінде пед. қызметпен айналысады. 1974 ж. «Қазақстан тыңының астығы» деген тақырыпта канд. дисс. қорғады. С. өзінің пед. қызметінде Абылай хан өмірі мен қызметі жайында студенттерге арнап дәрістер оқыды; ол оқушы жастарға арналған «Қазақстан тарихы» оқулығында (Алматы, 2011, 60–62-б.) «Әбілмансұр кезі қазақ халқы үшін жойылып кету қаупі туған, өлім мен өмірдің арасында күн кешкен аласапыран уақыт еді. «...18 ғасыр оқиғаларының бел ортасында болған үлкен тарихи тұлға Абылай хан», – деп жазады.

А.Оразалина

САБЫТАЙ БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – батыр. Кіші жүз Адай руынан шыққан. Кіші жүз қазақтарының «Сауран айналған» оқиғасы тұсында Ер Жәнібектің жоңғарларға қарсы қимылын белсене қолдады. Бұдан кейінгі кезеңде Бұланты-Білеуті, Сарысу, Шорға, Қандысу, Аңырақай, Шар, Баянауыл, т.б. соғыстарға қатысып, Әбілқайыр ханның сыртқы саясатын қолдады. Бірақ, 1740–50 ж. Кіші жүз хандығының іргесіне Орынбор бекінісі салына бастағанда оған алаңдаушылықпен қарады. Қазақ жерлерінің тұтастығы жолында түркімен жасақтарымен болған бірнеше шайқастарда қазақ қолына басшылық жасаған.

Ә.Хасенов

САДАҚ – жебе атуға арналған қол қаруы. Садақты тас дәуірінен 20 ғ-ға дейін дүние жүзінің барлық халықтары пайдаланған. Ерте кезде аң аулауда, кейін соғыс ісінде қолданылған. Қарапайым С-ты тобылғы, үйенкі, т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайды. Күрделі С-тың сыртқы бетіне сіңір тартылып, ішкі жағы мүйізбен қапталады, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады. Күрделі садақты ежелгі Шығыста, оның ішінде сақтар, кейінірек ғұндар мен Орт. Азия халықтары көп қолданған. Қазақ садағы көшпелілер садағының жетілдірілген жалғасы болып саналады. Ауыз әдебиетінде С-тардың қолданылған материалдарына қарай «қайың С.», «қарағай С.», «үйенкі С.» деген атаулары кездеседі. Қайыңның қабығы-

мен қапталған, сарғайған түсіне байланысты «сарыжа», «сарсадақ» деген атаулары да бар.

Қ.Ахметжан

САДАҚШЫ – садақпен қаруланған жауынгер. Көшпелілердің соғыс тактикасында алыстан атысу маңызды рөл атқарғандықтан, С-лар әскердің маңызды бөлігі болып саналды. С-лардың ішінен арнаулы «мергендер тобы» құрылған.



Садақшы

Олар қолбасшының бұйрығымен айқас кезінде жау мергендерін, әскербасыларын, күшті батырларын жоюға, т.б. қолданылған. Кенесары әскерінде асқан мергендерден құрылған ерекше әскери қол болып, оның басшысы «мергенбасы» деп аталған. С-лар көне заманнан 19 ғ-ға дейін қолданыста болды.

Қ.Ахметжан

САДЫР БАТЫР, Е р С а д ы р, С а д ы р - х а н (т.-ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – қырғыз батыры. Талас өңірін жайлаған саяқ-қырғыздың ханы. Оған дейін қырғызда хан болмаған, әр ру өз бетінше дербес тіршілік еткен. Абылай Орта жүз қазақтарына жоңғарлардан қалған бос жерлерді ие болындар деп бөліп берген. Сөйтіп қазақ рулары Әулиеатадан Меркіге дейінгі алқапқа көшіп келіп, қоныстана бастайды. Мұны көрген қырғыздар атақонысын қорғауға бел байлап, Садыр батыр арқылы қаба саяқтарын көшіріп әкеліп, Таластың қақпасына қорған құрған. Көп уақыт өтпей өзін «хан» деп жариялайды. Солтылар мен бағыштарды да Шудың батысына қарай жылжытып, түндік қырғыздардың басын қоспақ болған. 1779 ж. күзде оңт-ке аттанған Абылай хан қырғыздарға қарсы



аттанады. Ол Ташкентте отырып, қырғыздарды келіссөзге шақырады. Абылайға атақты Қосай бидің немересі, Жамансарт-тың ұлы 18 жастағы Тілеуберді би бастаған қырғыз елшілері келеді. Абылай хан қырғызбен бітісіп, Тілеуберді би бастаған 15 отауды «ақ үйлі аманатқа» алады да, басқа қырғыздардан хабар күтеді. Бірақ қырғыздың Садыр мен Момақан батырлары Қосағаның Көкжотасы деген жайлауда отырған ботпай ауылдарын шабады, құдайқұл руынан Абылайдың жақсы көретін батырын жазым қылады. Осы себепті Абылайдың өзі қол бастап, қырғыздарға қарсы соғыс ашады. Бұл 1780 жылғы тамыздың басы. «Сүмбіле туды сүмпиіп, ат семірді құнтиып» деген кез. Қырғыздар қатты қарсылық көрсетеді. Соғыс кезінде Садыр батыр ұлымен, Жайыл батыр екі ұлымен қаза табады. Тілеуберді би еліне қайтып барып, Есенғұл батыр бастаған қырғыздардың игі жақсыларының кеңесінде Абылай ұсынған қазақ-қырғыз шекара межесін талқылап, екі жақ келісім табады. Бір туған екі ел арасындағы шекара дауы осымен аяқталады. Бұл бітімге қырғыздың сол қанатынан Тұма би мен Мама би, солтыдан Кебек би мен Тілеуберді би, сарыбағыштан Есенғұл батыр мен Атеке батыр, бұғыдан Бірназар би, шегірсаяқтан Жанболат батыр мен Қожеке батыр, саяқтан Сейіт би мен Келдібек би қатысқан.

Н.Ақбай

САЙДАҚ, Сайдаққожа (т.-ө.ж.б.) – Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы көмекшілерінің бірі. Самарқанд пен Бұқарада діни білім алған. Елшілік келісімдерде және хандықты басқаруда ол Кенесарының ең сенімді көмекшісіне айналып, хан кеңесінің құрамына кірді. Патша үкіметі тұтқынға алғаннан кейін ол туралы жазылған құжаттарда былай делінеді: «Османов өзінің ақылымен, сөзге шешендігімен ерекшеленеді. Кенесарының басты көмекшілерінің бірі, оны көп жағдайда зекет жинауға және ордалықтарды Кенесары жағына тартуға пайдаланды. Қолға түскен кезде одан әр түрлі бұйрықтар мен ордалықтарға арналған үндеулер табылды».

Әдеб.: Бекмаханов Е., Қазақстан в 20–40-е годы XIX в., А.-А., 1947; Хан Кене, А., 1993.

САЛҒАРЫҰЛЫ Қойшығара (1.4.1939 ж.т., Қостанай обл. Жангелдин ауд.) – жазушы, филол. ғыл. канд. (1995), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2003). ҚазМУ-ды (1964, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1957–75 ж. Жангелді ауд.-нда шопан, «Ауыл өмірі» газетінің редакторы, Қазақ радиосының Қостанай обл.-ндағы меншікті тілшісі, Торғай обл. телерадио к-тінің редакторы, «Егемен Қазақстан» газетінде әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1998 жылдан Еуразия ұлттық ун-тінде деректану

зертханасының меңгерушісі. Оның шығармалары 1960 жылдан жариялана бастады. Соңғы уақытта қазақ халқының тарихын ерте дәуірден



Қ.Салғарыұлы

бастап жүйелі түрде зерттеуге атсалысып келеді. «Қазақтар» трилогиясы үшін ҚР Мемл. сыйл-н (1996) алды.

Шығ.: Ілгешек, А., 1966; Алтын тамыр, А., 1986; Көмбе, А., 1989; Қазақтың қилы тарихы, А., 1992; Қазақтар, А., 1995; Түрік әлемі, А., 2000; Байырғы түріктер баяны, А., 2005.

Ж.Шойынбет

САЛЫҚОВ Кәкімбек (22.1.1932, Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд. Еңбек а. – 27.11.2013, Алматы қ.) – ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2001). Мәскеудің түсті металлургия және алтын ин-тын (1955) бітірген. Жезқазған кенішінде кен шебері, бас инж., Жезқазғанның кен металлургия комб. Парткомының хатшысы, Қазақстан



К.Салықов

КП Жезқазған қ-лық к-тінің 1-, 2-хатшысы, Жезқазған обл. к-тінің 2-хатшысы, КОКП ОК аппаратында нұсқаушы, Қарақалпақ обл. партия к-тінің 1-хатшысы, КСРО Жоғ. Кеңесінің Экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі к-тінің төрағасы қызметтерін атқарды. Мемл. қызметтермен бірге ол әдеби-көркем шығарм-пен де айналысады. Алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» деген ат-

САНА

пен (1970) шықты. Замандастар тағдырын, табиғат пен адам үйлесімін, туған жерге деген махаббатты өрнектеген «Мәңгі шырақ» (1979), «Парасат сыры» (1980), «Шын жүректен» (1981), т.б. өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрді. Ол көптеген поэмалар («Дала дастаны», «Гэкку», «Еңлікгүл», т.б.) мен ән мәтіндерінің авторы; орыс ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударған. С. қазақтың ұлы ханына арнайы өлеңдер топтамасын жазды. Мыс., «Сыйынар пірім – Абылай» өлеңінде ол «Аруақты кетпе танымай, Жасанған жауға жасыма. Сыйынар пірің – Абылай, Төнгенде қатер басыңа. Іргелес ел боп теңдестік, Әлемге атым самғады. Бүгінгі біздің дербестік – Абылай ханның арманы» деп жырлады. С. «Абылай хан», «Абылай ханның алаңы», «Қастерлесек Абылай ханның есімін», «Абылай ханның суреті», «Абылай ханның ақ үйі», «Жыр әкелдім» (2000–13), т.б. өлеңдерін жазған. Көкшетау қ-нда өткізілген Абылай ханның тойына «Қуанышта не келмейді ойыма, Беу, құрбылар! Қартайды деп мойыма. Жыр әкелсем... Ол – арнайы шашуым. Абылай ханның 300 жылдық тойына» – деп ақындық жүректен төгілген өлең жолдарын жолдаған. Ленин, 2 рет Еңбек Қызыл Ту, ордендері және медальдармен марапатталған.

Ф.Жайлыбай, Е.Түсін

«САНА» – журнал. Түркістан қазақ білім мекемесінің тілі. Өткен ғасырдың 20-жылдарында Ташкент қ-нда екі айда бір шығып тұрған тәрбие, білім, әдеби мақалалар жинағы. Таралымы 1500 дана. Көлемі 126 бет. Журналдың «Тәрбие-тәлім» бөлімінде мектеп бағдарламасына, оқулықтарына қосымша «1-басқыш мектепте қолданылатын жиынды программа», «Бірінші басқыш ауыл мектебінің жиынды (комплекс) программасы», т.б. секілді материалдар; «Білім» бөлімінде «Мырза Едіге батыр», «Жануарлар мен адамзат жаратылысы туралы», «Пән сөздері туралы» тәрізді мағлұматтар, «Әдебиет» бөлімінде «Мерген Бөкен», «Зұлыс» (Ақылбай), «Абайдың баспадан қалған өлеңдері» секілді шығармалар, «Сын» бөлімінде «Ақан сері» (Мағжан), «Қорғансыздар» (Өуезов), т.б. шығармаларға қарата жазылған пікірлер, «Халық әдебиеті» бөлімінде ауыз әдебиетінің үлгілері беріліп отырған. Журналдың 1924 жылғы 2–3-сандарында Орынбай ақынның «Абайдлда хан айдаудан келгенде айтқаны» деген өлеңі жарияланған. Дайындап, журналға ұсынған – Қошке Кемеңгерұлы.

Ф.Елеу

САНБАЕВ Сәтімжан (16.9.1939, Атырау обл. Мақат а. – 29.6.2013, Алматы қ.) – жазушы. Орынбор а.ш. ин-тын, КСРО Жазушылар одағы

жанындағы жоғары әдебиет курсын бітірген. «Жазушы» баспасында редакция меңгерушісі, Азия-Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі Қазақ к-тінің жауапты хатшысы қызметін атқарған. Павлодар трактор з-тында



С.Санбаев

инженер-конструктор, Балқаш кен-металлургия комб-нда инженер, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші болып істеген. «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. «Батыр Баян» көркем фильмінде Абылай хан рөлінде ойнаған.

САҢЫРЫҚ, Саңырақ Тоқтыбайұлы (1691–1740) – батыр. Ұлы жүз, ошақты руының тасжүрек атасынан шыққан, шешесі жағынан Кіші жүз Тайлақ батырға немере жиен. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында С. есімі де аталады. Ә.Диваев мәліметтерінде де С. есімі кездеседі. Зерттеушілердің пікірінше, С. 18 ғ-да болған негізгі қазақ-жоңғар соғыстарының барлығына қатысқан. Ол Бұланты, Қарасиыр шайқастарында қазақ қолының алғашқы жеңістеріне үлес қосты. Аңырақай шайқасында садақшыларға жетекшілік еткен. С. батыр әсіресе, Талас өңірін жаулап алып, Ақкесене мен Көккесенені әскери қосынға айналдырған, жоңғарларға жиі-жиі шабуыл жасап, қолбасшылық шеберлігін танытқан. Төле би оған арнайы кісі жіберіп, дарынды қолбасшыларға ғана тиесілі сый – кеудеге тағатын айрықша белгі тартып, батасын берген. Жазушы-журналист Б. Әбілдаұлы «Алты алашқа әйгілі Саңырық» атты мақаласында батырдың інісі Қалет те: «... Саңырықтың бастауымен Тайкөк, Таскөк атты қос тұлпарын кезек мініп, Абылай бастаған кейінгі соғыстардың бәріне де қатысқан» – деп жазған. 1740 жылдың соңына қарай жаумен болған кезекті бір шайқаста С. батыр ауыр жарақат алып, соның салдарынан көз жұмады. Төле бидің жарлығымен батырдың денесі Түркістанға жерленген. Ұрпақтары Алматы, Жамбыл обл-ның Талас, Сарысу ауд-дарында, Қызылорда, Оңт. Қазақстан

және Өзбекстанның Ташкент обл-тарында да тұрады.

Әдеб.: Төле би мен Қойгелді батыр, А., 1992, 85–89-бб.

Ә.Төлеуова, Г.Ысқақова

САПАРҒАЛИЕВ Ғайрат (26.6.1930, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Семей қ-лық әкімдігі, Жаңасемей а. – 21.7.2010, Алматы қ.) – заңгер-ғалым, ҚР-ның еңб. сің. заңгері, заң ғыл. докт. (1967), проф. (1972), ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). Саратов заң ин-тын (1952) бітірген. 1952–92 ж. Философия және құқық ин-тында ғыл. және басшылық қызметтер атқарды. 1992–94 ж. Алматы мемл. ун-тінде (қазіргі ҚазҰПУ) заң



Г.Сапарғалиев

ф-тінің деканы болды. 1995 жылдан ҚР ҰҒА Мемлекет және құқық ин-тының директоры қызметін атқарған. С-тың еңбектері Қазақстан мемлекеті мен құқықтық жүйесінің қалыптасу тарихын зерттеуге арналған. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 20 монографияның авторы. Ол 1993 жарияланған мақаласында Абылай ханның айтқанынан қайтпайтын өжет, өткір ойлы, шешен адам болғанын, мемл. қайраткер және көреген, байсалды саясатшы екенін айрықша атаған.

Ш ы ғ.: Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане, А.-А., 1971 (телавт.); Основы государства и права Республики Казахстан, А., 1994. (Сапарғалиев Ғ., Абылай және қазақ мемлекетігі, Абылай хан. Кенесары, Алматы, 1993, 37–43-бетте). Сапарғалиев Ғ. (1930–2010) – заңгер-академик.

«САРБАЗ» – газет. Әскери, патриоттық апталық басылым 2007 ж. Қазақстан Респ-ның Мәдениет және ақпарат мин-де тіркелген. ҚР Қарулы Күштерінің негізгі басылымы болып табылады. Еліміздің армиясындағы болып жатқан жаңалықтар мен оқиғаларды көпшілік оқырмандарға жеткізіп отыратын газет қазақ және орыс тілдерінде жарық көреді. ҚР Қорғаныс мин-нің тапсырыстарын орындайды. Әскер қатарындағы жігіттерді отаншылдыққа, әскери мамандықтардың қыр-сырын меңгеруге

тәрбилейтін басылымның атқаратын рөлі зор. Әскерилермен қоян-қолтық қызмет атқаратын газет олардың өмірін, жетістіктерін және басқа да көптеген жағдайларды басылым беттерінде жариялап, паш етіп отырады. Сонымен қатар өзге елдердегі жаңадан шыққан әскери қару-жарақ, техникалармен отандастарымызды таныстырып отырады. Көлемі 4 баспа табақты құрайтын басылым 16 беттен тұрады. Бас редакторы – Ярослав Голышкин. Газетте Б.Абайқызының «Алаштың арыстаны хан Абылай», Р.Әбеуованың «Ұлы хан Ұлытауда ұлықталды» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

САРБАЗДАРДЫҢ СОҒЫС ТАКТИКАСЫ. 18 ғ-да қазақ жасақтары далалық ұрыс тәсілдерін қолданған. Яғни, шегініп ұрыс салу, тосқауыл соғыстары, қашып бара жатып, қайырылып соғуы қазақтарды жеңіске жеткізген. Мыс., 1756 жылғы қазақ-шүршіт соғысында Қытай армиясының орт. штабы Ертістен өтіп, Баян таулары, Қу қазылық және Қарқаралы төңірегінде соғыс салған әскерінің қолбасшысы Дардана есімді ген-ға мынадай нұсқау берген: «Біздің әскерлер ішкерілеп барғанда, қазақтар ту сыртынан тұтқиыл шабуыл жасауы да мүмкін. Бұдан да сақтанбауға болмайды». Немесе, сол соғыста Қытайдың екінші жасағын басқарған кіші ген. Хадаха 1756 жылғы 27 қыркүйекте Пекинге жазған мәлімхатында: «Абылай, енді міне, бүгін табан тіреп соғыса алмай жеңіліп қаша жөнелді» деп жазғанда қазақ жасақтарының соғыс тактикасын түсінбей: «Абылайдың жүрегі шайлығып, беті қайтты» деп жазған. Алайда, сол соғыста Қарқаралы тауларының оңт.-шығысындағы Жарлы деген жерде және соған таяу Нұра өз-нің бастауында 20 мыңдай қолмен кездескен қазақтың екі-үш мыңдық қолы жеңіске жеткені мәлім. Ақыры, Абылай сұлтан, Бөгембай, Қожаберген, Жауғаш, Хангелді, Аралбай батырлар бастаған қазақ қолының қарсылық-тегеурініне шыдай алмай, «Арқада қыс ерте түсіп, күн суытып кетті» деген желеумен Дардана, Шундана мен Хадаха бастаған 20 мыңдық шүршіт қолының үш мыңға жетер-жетпес қалдығы еліне қайтуға мәжбүр болды.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 221–226-бб..

САРЖАН Қ а с ы м ұ л ы, Саржан сұлтан (т.ж.б. – 1836) – қазақ халқының 1825–36 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісі басшыларының бірі, Абылай ханның немересі. Қарқаралы окр-не қарасты Қарпық болыстығын басқарған. Орта жүзде хандық биліктің жойылуына (1822) тақ мұрагері Ғұбайдолла Уәлиұлы және әкесі Қасым сұлтан-

САРЖАН



мен бірге қарсылық танытып, Ресей өкіметі тарапынан ашылған округтерді жойып, хандық билікті қалпына келтіруді талап етті. Оның осы мақсаттағы Солт. және Орт. Қазақстан аудандарын қамтыған көтерілісі (қ. *Саржан сұлтанның көтерілісі*) он жылдан астам уақытқа созылды. 1836 жылдың жазында Қоқан билеушілері Саржанды інілері Ержан, Есенгелділермен бірге зұлымдықпен өлтірді. Оның бастаған ісін інісі Кенесары жалғастырды; қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*.

Әдеб.: Б е к м а х а н о в Е., Қазақстан в 20–40 годы XIX века, А., 1992; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

А.Махаева

САРЖАН СҰЛТАННЫҢ КӨТЕРІЛІСІ (1825–36) – Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс. Хандық биліктің жойылуына байланысты окр. және шекаралық ресейлік басқару мекемелері ашылып, әскери бекіністер салына бастады. Көтерілістің шығуына Солт. Қазақстандағы суы мен жайылымы мол Есіл өз-нің бойындағы жерлердің орыс-казак шаруаларына берілуі және алым-салықтың өсуі де әсер етті. Саржанның Қытайдағы Цинь өкіметімен қарым-қатынас орнату әрекеті сәтсіздікке ұшырады. Ол інісі Есенгелдімен бірге казак ауылдарында халықты ашық бас көтеруге үгіттеп, 1825 ж. Қарқаралы окр-не қарасты Қарпық болыстығы қазақтарының көтеріліске шығуына ұйытқы болды. Қарулы жасақтар Саржан сұлтанның басшылығымен окр. приказдарға, керуен жолдарына тұтқиылдан шабуыл жасап, жергілікті билік орындарын әбiгерге түсірді. Жасақтар қатарында Саржанның інісі Кенесары да болды. 1826 ж. 31 қаңтарда Батыс Сібір ген.-губернаторы П.М. Капцевичтің бұйрығына сәйкес жіберілген 200 казактан жасақталған жазалаушы жасақпен Саржан бастаған көтерілісшілер арасында шайқас болып, көтерілісшілер жеңіліс тапты. Бірқатар көтерілісшілер тұтқынға түсті. Қудалаудан құтылу үшін Саржан өз қол астындағы көптеген ауылдармен Орынбор шебіне қарай көшіп, Кіші жүз қазақтарын өз жағына тарту бағытында жұмыстар жүргізді. Соған орай Орынбор ген.-губернаторы Саржан сұлтанды Кіші жүздегі «барлық мазасыздыққа басты кінәлі» деп бағалап, оның мұндай әрекетіне тосқауыл қоюға әрекеттенді. Бұған қарамастан көтерілісшілер қатарына Кіші жүз қазақтарымен қоса қашқын орыс, татар, башқұрттар да қосылды. Саржан Қоқан, Хиуа хандықтарымен және Бұхар әмірлігімен байланыс орнатты. Саржан жасақтары барған сайын жаңа көтерілісшілер

мен толығып отырды. Оның жасақтарының бірін басқарған сұлтан Абылай Ғаббасов Қарқаралы окр-не жорықтар ұйымдастырды. Көкшетау окр-нде сұлтан Сартай Шыңғысов Саржанға қолдау білдіретіндігін танытып, ондағы халық көтерілісіне басшылық жасады. Отаршылдық әкімш-ке жағымпаздануымен ерекшеленген Қарқаралы окр-нің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов Саржан бастаған көтерілісшілердің талқандалуына ынталылық танытып, патша әскеріне көмектесті. Саржан 1832 ж. Қоқан хандығының Ташкент құсбегімен патша өкіметіне қарсы бірлесе күресу жөнінде келісім жасап, Ұлытауға, Сарысу өз. бойына келіп қоныстанды. Қоқандықтардың қолдауымен бірнеше рет Орта жүз жеріне жорық жасады. Ол Ташкент құсбегіне бағынышты Ұлы жүз қазақтарын да өз жағына тартуға тырысты. Бұл өз кезегінде Саржанның қоқандықтармен жанжалына негіз болды. Ташкент құсбегі 1836 ж. жазда Саржанды және оның інілері Ержан мен Есенгелдіні, сондай-ақ оны қолдаған бірқатар белгілі батырларды Ташкентке алдап шақырып, зұлымдықпен өлтірті. Саржанның өлімінен кейін Ресейдің отарлық саясатына қарсы күрес оның інісі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына ұласты.

Әдеб.: Б е к м а х а н о в Е., Қазақстан в 20–40 годы XIX века, А., 1992; Қ а с ы м б а е в Ж., Кенесары хан, А., 1993; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

А.Махаева

САРТАЕВ Сұлтан (15.10.1927 ж.т., Қызылорда обл. Жаңақорған ауд. Жаңақорған кенті) – заң ғыл. докт. (1970), проф. (1971), ҚР ҰҒА-ның акад. (1996), Қазақстанның еңб. сің. ғыл. қайраткері (1994). Алматы мемл. заң ин-тын (1949) жә-



С.Сартаев

не Мәскеу мемл. заң ин-тының аспирантурасын (1952) бітірген. Алматы мемл. заң ин-тында (1952–55), ҚазМУ-да (қазіргі ҚазҰУ) кафедра менгерушісі, декан қызметтерін (1955–97) атқарды. 1997 жылдан Қазақ құқықтану және халықар. қатынас ин-тының ректоры. ҚР Президенті

жанындағы кешірім жасау жөніндегі комиссияның төрағасы, Қазақстан заңгерлер одағының төрағасы, ҚР Президенті кеңесінің мүшесі, ҚР заңгерлер ассоциациясының вице-президенті болды. 500-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 30 монографияның авторы. «Құрмет Белгісі» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

САРТАЙ БАТЫР, С а р т а й Б а й ж а н ұ л ы (шамамен 1711–1785) – батыр. Кіші жүз әлім ішінде жақайым атасынан шыққан. Есімі А.И. Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей», А.И.Тевкелевтің «Күнделіктерінде», М.П.Вяткиннің «Сырым батыр» кітаптарында кездеседі. Тевкелев өзінің күнделігінде 1732 ж. 6 наурыз күні С. б-мен әңгімелескенін жазады. Ген.-губернатор О.А. Игельстромның 1785 ж.



Сартай батыр

Кіші жүзді басқару жөніндегі реформасы бойынша С. б., Қара Көбек би мен Мұратбек би үшеуі әлімұлын басқарған. С. б-дың ерлігі мен елшілік қызметі туралы Нұрмағамбет Қосжанұлының «Мың бала» немесе «Сартай батыр» деп аталатын дастанында айтылады. Осы дастаны үшін Қосжанұлы 1937 ж. саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, шығармаға тыйым салынды. Жырда мың баланың жасағын басқарған 15 жасар Сартайдың Әбілхайыр хан басқарған сарбаздар құрамында болғаны айтылады. Сартайдың Шұбартеңіз, Қалмаққырылған және Аңырақай шайқастарына қатысқандығы туралы тарихи деректер бар. Ел ішіндегі аңыз әңгімелерге қарағанда Сартай тек батыр ғана емес, би де болған. Оның Әбілхайыр ханның Кіші жүзді Ресейге қосу сәтіндегі талас-тартыста хан саясатын

қолдағанын Тевкелев, Мейер жазбаларынан білеміз. Батырдың өз өсиеті бойынша денесі Қазалы к-ның оңт-ндегі Қызылдың құмындағы Қосым қожа қорымына жерленген.

Әдеб.: Қ о с ж а н ұ л ы Н., Сартай батыр, А., 1997; Д э р с е н о в Т., Мырзастан шыққан шайырлар, Қ.-о., 2002.

Б.Еңсенов

САРЫ Қасаболатұлы (1690–1771, Солт. Қазақстан обл. Докучаев а-ның маңы) – батыр. Жоңғар басқыншыларына, Еділ қалмақтарына қарсы соғыста ерлігімен көзге түскен қолбасы. Баян батырдың ағасы. Жаугершілік заманда Орта жүздің уақ жасағының қолын басқарған. Көзсіз ерлігіне байланысты «Ер Сары» атанған. С. батыр бейнесі Тәтіқара ақын, Үмбетей, Қожаберген жыраулардың туындыларында, М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанында сомдалған. Ш.Уәлиханов та ол жайында дерек қалдырған С. қалмақтарға қарсы шайқастардың бірінде ауыр жараланып, қайтыс болады.

САРЫАРҚА, А р қ а – Қазақстанның бүкіл орт. бөлігін алып жатқан аймақ. Солт-те Солт. Қазақ жазығынан оңт-те Бетпақдала мен Балқаш к-не дейінгі аралықта орналасқан. Батыста Торғай үстіртіне тіреледі. Шығыстағы шекарасы Балқаш к-нің солт.-шығыс шетінен Тарбағатайдың етегіне, онан әрі Зайсан қазаншұңқырының шетін ала Қалба жотасына дейін жетеді. Батыстан шығысқа қарай 1200 км-ге созылып жатыр. Ені батысында 900 км, шығысында 400 км. Ауданы 1 млн. км²-ге жуық. Қарағанды, Ақмола обл-тарын толығынан, Шығыс Қазақстан обл-ның басым бөлігін, Павлодар, Қостанай обл-тарының біраз жерін қамтиды. Жазықтардың үстінде шашырап тараған аласа оқшау таулар, сансыз көп төбелер, қырқалар мен шоқылардан тұрады. Жер беті жан-жағынан қоршаған ойпаңдарға бірте-бірте аласарып барып, ұласып кетеді. Балқаш көлінің жартасты солт. жағасына жарқабақтанып, тік түседі. Жер бетінің ерекшеліктеріне қарай С. батыс және шығыс бөліктерге бөлінеді. Батыс бөлігі біршама аласа және азырақ тілімделген (орт. абс. би-ікт. 300–350 м). Бұл бөлігінде биік жазықтар және кең аумақты ойпаңдар мен қазаншұңқырлар басым, қалдық тау массивтері мен шоқылар аз таралған. Орта тұсын кең аумақты Теңіз – Қорғалжың қазаншұңқыры алып жатыр. Маңайындағы жазықтармен қоса С-ның батыс бөлігін солт. және оңт. аудандарға бөледі. Солт. ауданды аласа таулы, ұсақ шоқылы Көкшетау қыраты қамтиды (Көкше тауы, 947 м). Оңт. ауданның жер беті көбінесе, төбелі биік жазық болып келеді. Батыс бөлігінде биік жазықтар

САРЫ БАТЫР



мен қыраттардың ортасында солт-тен оңт-ке қарай неғұрлым ірі тау массиві – Ұлытау (1134 м) созылып жатыр. Оның оңт.-шығысында Сарысу өз. алабындағы төбелі биік жазығының батыстан шығысқа қарай созылатын шығыс бөлігі көтеріңкі (орт. абс. биікт. 500–1000 м) және көбірек тілімделген. С-ның солт.-і, солт.-шығысы оңт-ке қарай ағатын өзендердің суайрығын құрайтын орта тұсы тұтасып жатқан таулы қыраттан және көптеген оқшау тау массивтерінен тұрады. Ірілері: Қызыларай [С-ның ең биік тауы (1565 м) орналасқан], Қарқаралы (1377 м), Кент (1361 м), қиыр шығысында Шыңғыстау массиві (Қособа тауы, 1305 м) оқшау көтеріліп тұр. Осылармен қатар, айтарлықтай тау массивтерінің қатарына әр жерде шашырап тараған Баянаула (1026 м), Қоянды (922 м), Желтау (909 м), Ерейментау (892 м), Нияз (830), т.б. таулар жатады. Осы орт. тау түйінін жан-жағынан кең жайылған биік жазықтар қоршайды. Олардың үстінде ұсақ шоқылар түзетін қырқалар мен төбелер көтеріліп тұрады. Биік жазықтар солт-те Сілеті, Өлеңті, Шідерті және Ащысу өз-дерінің алабына кіреді, оңт-нде Солт. Балқаш маңын, батыста Ұлытау мен Теңіз ойпатына іргелес аудандарды қамтиды. С-ның климаты тым континенттік, қысы қатаң, жазы ыстық. Қаңтардың орт. жылдық темп-расы –14 – 18°C. Абсолют минимум –46 – 52°C. Шілденің орт. жылдық темп-расы 19 – 24°C, абс. максимум 40°C-тан асады. Жылдық жауын-шашын мөлш. солт-нде 300 мм, оңт-нде 150 мм-ге дейін жетеді. Таулардың бәрінде де жауын-шашын манайындағы жазықтардан 50 мм-ге артық (Көкшетауда 400 мм, Ұлытауда 350 мм) түседі. Буланушылық дәрежесі түсетін жауын-шашыннан 2–4 есе көп. Жазда қуаңшылық жиі қайталанады. Өзендері түгелдей дерлік қар суымен толығын типке жатады (жылдық ағынның 80%-дан астамын еріген қар суы құрайды). Ең ірі өзені – Есіл. Ең ірі көлі – Қорғалжың ойысындағы Теңіз көлінің суы кермек. Көкшетау қыратында суы тұщы, тектоник. көлдер таралған (Бурабай, Шортанды, Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты). С. арқылы үш табиғат белдемі ендік бағытта өтеді. Олар: дала, шөлейт және шөлдік белдемдер. Солт. бөлігінде және оңт. қара топырақты аймақта әр түрлі жусанды селеулі дала өсімдігі өседі. Шоқылардың қиыршық топырағында өсімдік сирек. Шоқыаралық аңғарларда қайың, көктерек шоқтары, бұта кездеседі. Аласа таулы массивтердің теріскей беткейлерінде қайың мен қарағай өседі. С-ның Теңіз – Қорғалжың ойысынан және одан шығыста Түндік өз-нің алабына дейінгі бөлігіндегі жазықтар мен ұсақ шоқыларда

қыш-қыл қоңыр-қызғылт топырақ қалыптасқан. Олар-ды бетегелі-селеулі дала алып жатыр. Баянаула, Қарқаралы аласа тауларының беткейлерінде қайың, қарағай шоқ ормандары өседі. Батыста Сарысу алабынан шығыста Аягөз өз. алабына дейін нағыз қиыршықты, тасты шөлейт дала созылып жатыр. Жазық өңірінің сортаң, қызғылт қоңыр топырағында астық тұқымдасты-жусанды өсімдік басым. Шоқылардың солт. беткейлерінде селеулі-бетегелі дала, оңт-нде сирек жусанды өсімдік, шатқалдарда бұта өсімдігі қалыптасқан. Тау шатқалдарында қайың, итмұрын, мойыл, долана, тобылғы өседі. Тау бастарында қарағай мен арша кездеседі. Шөл белдемінің қоңыр және сұрғылт қоңыр топырағында ақ жусан, бұйырғын, сұр жусан және баялыш өседі. С-ның дала белдемінде кемірушілерден: аламан, суыр, сарышұнақ, қосаяқ, алақоржын, дала шақылдағы, жыртқыштардан: қасқыр, түлкі, қарсақ, дала күзені кездеседі. Құстардан – бозторғайдың бірнеше түрі (далалық, айдарлы, ақ қанатты, қара), ірі құстардан – тырна, құтан, әуілдек, су құстарынан – үйрек, сұр қаз, аққудың бірнеше түрлері мекендейді. Ерекше қорғалатын құс – қоқиқаздың саны соңғы кезде күрт азайып кеткен. Шөлейт және шөл белдемдерінде кемірушілер мен жорғалаушылардың түрлері көп. Аласа таулардағы қарағай және қарағайлы – қайыңды ормандарда орман жануарлары: бұлан, елік, т.б., құстар кездеседі. Ерейментау, Қарқаралы, Қызыларай, Ұлытау тауларында арқар сақталған. Шөлейт және шөл белдемдерінің аса кең алқаптары мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

Әдеб.: С в а р и ч е в с к а я З. А., Геоморфология Казахстана и Средней Азии, Л., 1965; Казахстан. Природные условия и ресурсы СССР, М., 1969; Ф и н ь к о Е. А., Центрально-Казахстанский мелкосопочник // В кн. Равнины и горы Средней Азии и Казахстана, М., 1975; Рельеф Казахстана (Пояснительная записка к геоморфологической карте Казахской ССР масштаба 1:1500000), ч. I, II, А., 1991.

Ә.Бірмағамбетов, Қ.Ахметов
САРЫ БАТЫР – (18 ғ-дың 1-жартысы – 19 ғ-дың басы) – батыр, рубасы. С.б-дың үлкен бәйбішесінен Нар мен Досалы, кіші бәйбішесінен Ералы батыр мен Ақкісі, тоқалынан Қалыбай мен Қозыбақ туған. С. б-дың қара шаңырағы Ақкісіден тараған Бекбау а-ның қыстауы Ақбеттаудың іргесі, Торайғыр мен Жасыбай көлдерінің аралығында, Ботпайдың Қызыл шілігі деп аталатын бұлақтың маңында орналасқан. С. б. елі ішінде атаға бөлуден ада, ауызбірлігі мықты, ынтымақты болған.

«САРЫ БУРА» – күй. Авторы – Абылай хан. Бұл күйдің аңызын А.Сейдімбеков Балқаш қаның тұрғыны, домбырашы Шәміртаза Әшімовтың, Жезқазған обл-на қарасты Босаға темір-жол бекетінің тұрғыны, домбырашы Бегімсал Орымбековтың айтулары бойынша жазып алған. Аңыз бойынша Абылай ханды желеп-жебеп жүретін киесі – сары бура болған екен. Сары бураның берген белгісі Бұқар жыраудың да түсіне еніп отыратын көрінеді. Бұқар жырау сары бураның жатысына қарап, алдағы болар іске болжау айтады екен. Қиын кезде белгі беріп, желеп-жебеп отыратын сары бураға ризашылығы ретінде Абылай хан осы күйін арнаған екен делінеді.

К.Қошым-Ноғай

САРЫҚАЗАҚ – Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, С., Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Тоқ баһадүр, Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 451-бет; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

САРЫҮЙСІН – Ұлы жүз құрамындағы тайпа. Қазақ шежіресі бойынша Абақ немересі Бәйдібектің бәйбішесі – Сарыбәйбішеден өрбіген. Жалайыр Спандияр шежіресінде (жинаған Б.Бактияров) Бәйдібек бидің Сарыбәйбішесінен Байтоқты – Мырзатаз – Жақыпқалша (Жездем Қалша) – С., ал А.Нұрбеков жинаған шежіреде Сарыбәйбішенің қызынан туған асырап алған жиені Сыйлықсарыны ел «С.» атап кетеді. Одан Қалша, Жақып ұрпақтары тарайды. 1897 жылғы санақ бойынша С. 1700 түтін, екі болыс ел болған. Мекендері: Сарытауқұм, Мойынқұм, Шуға құйылатын Құрақатты өз-нің бойы. С-нен Сары би шешен, Алтай шешен шыққан. С. туралы Ш.Уәлиханов, П.И. Рычков, А.И. Левшин, Н.А. Абрамов, В.В. Радлов, Н.А. Аристов зерттеулерінде айтылады.

Әдеб.: Левшин А., Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайсацких орд и степей, ч. 3, СПб., 1822; Аристов Н. А., Опыт выяснения этнического состава., «Живая старина», СПб., 1894.

САСЫҚ, С а с ы қ б а й – би, батыр. Қытайда сақталған қазақ тарихына байланысты құжатта: «Ұлы жүздің қолбасшысы (ханы) Әбілез

деген. Оның үш батыры бар. Біреуі Төле би, екіншісі Қойгелді және үшіншісі Сасықбай. Әбілез ешқандай іске араласпайды. Онда тек елбасы деген атағы ғана бар. Олардың (Ұлы жүздің) саясатын Төле би жүргізеді екен», деген мағлұмат бар.

Әдеб.: Мұқаметқанұлы Н. XVIII–XX ғасырлардағы қазақ-қытай қатынастары. Алматы, 1996, 38-бет; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

САТАЕВ Амантай Рақымжанұлы (25.10.1933, Ақмола обл. Ерейментау ауд. Шәкей а. – 18.7.2003, Алматы қ.) – жазушы. Мәскеудің тарихи архив ин-тын бітірген. Ол әр жылдары «Советтік Қарағанды», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» секілді газет-журналдарда қызмет еткен. «Қазақфильм» студиясының сценарий бөлімінде редактор,



А.Сатаев

1963–67 ж. Тың өлкесіндегі әдеби-драмалық редакцияның аға редакторы, 1967–69 ж. Мәскеудегі Әдебиет ин-ты жоғары әдебиет курсында тыңдаушы болған. Қазақстан Жазушылар одағында драматургия және кинодраматургия секциясының меңгерушісі қызметін атқарған. 1957 ж. «Жұлдыз» журналында «Дала күйлері» киносценарийі жарияланды. «Ақбөпе», «Белгілі белестер» (киносценарийі Қ.Мұхамеджановпен бірге), «Ақбала» (1959), «Ботагөз» тарихи драмасы (С.Мұқановпен бірге), «Бір шаңырақ астында» (1971), «Ажал вагонының тұтқыны», «Күй құдіреті» (Х.Ерғалиевпен бірге) пьесаларының сондай-ақ, «Сары жайлау», «Біздің Сәбит», «Сахна ақсақалы», «Достық әні» фильмдер сценарийінің авторы. Пьеса, новелла, ғыл.-зерт. мақалалары шетел тілдеріне аударылған. С-тың «Жұлдыз» (2002, №9) журналында «Абылай жайлы хикаялары» жарияланған; хикаялары «Ықтимал», «Мүмкін», «Гәрізді», «Бәлкім», «Секілді», «Дүдәмал» деген алты әңгімеден тұрады. Шығармада Сабаалақ-Әбілмансұрдың бала кезінде, жастық шағында бастан кешкен кейбір сәттері, оның қалмақ тұтқынына түскен кезі әңгіме болады. Автор

САТАЙ

бірыңғай оқиға қумай, болашақ ханның қалыптасу кезеңінен дерек беретін қалтарыс жайттарды көрсетуді мақсұт тұтқан.

САТАЙ Аққабақұлы (т.-ө.ж.б., қазіргі Алматы обл. Панфилов ауд.) – 18 ғ-дағы қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат етуге қатысқан батыр. Ұлы жүз ішінде суан руынан шыққан. Әкесі Аққабақ елге сыйлы би болған. С. Хангелді, Аралбай, Бақай, Райымбек батырлармен бірге Ойрантөбе шайқасына қатысқан. К.Әзірбаев «Райымбек батыр» атты дастанда С-дың ерлік қимылдарын сүйсіне жырлайды. С. 1733 ж. елшілік тапсырмамен Ұлы жүздің атақты адамдары Қодар би, Төле би, Хангелді, Бөлек батырлармен бірге орыс патшасы Анна Иоановнаға барған. «Суан шежіресіндегі» деректер бойынша С-дың 1-әйелі Қойкеден Абылай, Көбес, Бектемір (Сарман), Қарабатыр туған. 2-әйелінен Досқұлы (Сақа), Мәуке, 3-әйелінен Әбдікер, 4-әйелінен Ақылбек (Сапақ), 5-әйелінен Жетімқозы деген ұлдары дүниеге келген. Кейін батырдың ұрпақтары суан руының ішіндегі «Сатай» деп аталатын үлкен әулетке айналған. Сарыбел а-ндағы бір көшеге және орта мектепке С. батырдың есімі беріліп, ескерткіш тақта орнатылған.

Әдеб.: Суан шежіресі, А., 2000; С а т а е в А., Тұңғықтағы тұнықтар, Аст., 2004.

С.Дәуітұлы

САУҒА – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұғым. С. сөзі тікелей әскери олжамен байланысты. Соғысқа, жорыққа қатыспағандар олжадан С. сұрап алған. Жеңілген батырдың, тұтқынға түскен адамның бас бостандығын, өмірін С-ға сұрап алуға болады. Жеңілген жауынгер кейде өз өмірін де С-лап алуы мүмкін. «Сауға сұрау» дәстүрінің қалыптасуы ел ішіндегі асыраушылары жоқ, жарлы, кемтарларға жорық олжасынан үлес алуға мүмкіншілік беруден туған.

Әдеб.: А х м е т ж а н Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

САУРЫҚ Қайдауылұлы (шамамен 1670, Талдықорған өңірі – 1740, Алматы обл. Райымбек ауд.) – батыр, қолбасшы, мәмлегер. Ұлы жүз жалайыр тайпасының андас руынан шыққан. 1723–40 ж. аралығындағы қазақ-жоңғар соғыстарына бастан-аяқ қатысып, Аңырақай шайқасында Ұлы жүз қолына тікелей қолбасшылық жасады. Ел аузында С-тың ерліктері туралы көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. С. Ескелді би, Балпық билермен Жетісу жерін қалмақтардан босатуда көп істі бірігіп атқарған. Мұны алуан түрлі аңыз-әңгімелер дәлелдейді. С-тың Құлшығаш, Байшығаш, Қасқарау, Қарқабат, Байғабат, Танаш атты алты ұлының бәрі де батыр, ел басшысы ретінде белгілі. Оның атақ-даңқы

тек Жетісуда ғана емес, одан тысқары жерлерде де кең жайылған. 19 ғ-дың 1-жартысында Аягөзге дейін келіп қайтқан орыс ғалымы В.В. Радлов өз еңбегіне С. туралы деректер енгізген. Тарихшы Е.Бекмахановтың 1948 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихында» Бөгенбай, Тайлақ батырлармен қоса С-тың да есімі аталады. Бұл жөніндегі деректер Ә.Х. Марғұланды да бар. С-тың есімі қазақ ақындарының өлең-жырларында да көптеп кездеседі. Ақын Ғ.Қайырбеков оны өлеңге қосқан. Тарихшы-ғалым Кәмен Мамырұлының «Қазақ тарихы» атты еңбегінде, жазушы Ұзақбай Доспанбетовтың «Қызыл жолбары» атты екі томдық және «Абылайдың ақ туы» атты тарихи романдарында С-тың біраз істері сипатталады. С-тың есіміне байланысты жер атаулары Талдықорған өңірінде көп кездеседі. Көксу ауд-ндағы жұрты «Саурық сазы» деп аталады. Көксу кенішінің қасында «Саурық сазы» деп аталатын екінші жер де бар. Ұрпақтары Алматы обл-ның Қаратал, Көксу, Ескелді ауд-дарында тұрады.

Ұ.Доспанбетов

САУЫТ – садақ оғы, қылыш, найза, т.б. қарулардан қорғануға арналған киім. Ұсақ темір шығыршықтардан тоқылған қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. С-тың дулығасы, бұған қосымша мойынды жабатын жалбағай С. пен қол С., аяқ С. темір шығыршықтан жеке тоқылады. Алғаш б.з.б. 1-мыңжылдықта Ассирияда пайда болған. Кейіннен басқа елдерге тарады. Соғыс өнерінің дамуына, шабуыл құралдарының жетілуіне байланысты С-тардың жасалуы, пайдаланылған материалдары өзгеріп отырды. Қазақта С-тың берен С., жалаңқат, қаттама С., көбе С., кіреуке С. және торғауыт деп аталатын түрлері болған. С-тың жағасы, жеңі, етегі, астары болады. Пішімі жағынан сырт киімнің негізгі үлгілеріне сәйкес келеді. Сол себепті С-тардың «шапан пішіндес», «бешпент пішіндес», «қамзол пішіндес», «күрте пішіндес», «кеудеше пішіндес» үлгілері болады. 15–16 ғ-ларда мылтықтың шығуына байланысты С. бірте-бірте пайдаланудан қалды. Отпен атылатын қарулардың аз қолданылуына байланысты жеңіл С. үлгілерін қазақтар 18 ғ-да дейін пайдаланды.

Қ.Ахметжан

СӘДУАҚАС Тортай (20.4.1954 ж.т., Көкшетау обл. Шучье ауд. Кіндікқарағай а.) – ақын. 1977 ж. Қарағанды ун-тінің филология ф-тін тамамдаған. 1979–95 ж. «Жазушы» баспасында редактор болып қызмет істеді. Қазір Премьер-Министр Кеңесінің Үкіметтік басылымдар редакциясында бас сарапшы. Тарихи-танымдық «Назар би және туған өлке тарихы» (2000), «Ел мен жер»



Т.Садуақас

(2003) кітаптарының авторы. Абылай ханның туын ұстаушылардың бірі Монтай батыр туралы мақаласы бар.

СӘЛИЕВ Сафар (т.-ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – татар тілмаш, барлаушы, тыңшы. Көбінесе Абылайдың маңайынан саудагер, татар молдасы кейпінде көрінген. Ген. Веймарн С-ке мынадай нұсқау беріп, Орта жүздегі Абылай сұлтанға жіберген: «Құлсары батырға менен хат апарасың. Барған бетте Құлсары батырдың өзіне хат тапсырасың. Одан сенімді көлік және жолбасшы алып, Абылай сұлтанға барасың» дейді. Одан кейін хатты үлкен ізетпен тапсырып, Абылай мен Құлсарының хаттарын әкелу керек. Қошқарбай батыр тұтқындап әкеткен Кузнецк оязының татарларының және біздің шептен қашқан бір атты әскер мен екі Жайық татарының табылған-табылмағанын жазбаша түрде тез хабарлау қажет. Қазақ даласында әлдекімнің шамына тиме, ренжітіп алма, ізетпен жүр, сыпайы бол. Әлдеқалай үстіңнен шағым түссе, қатты жазалаймын» деп мықтап тапсырған.

Н.Ақбай

СӘЛТЕКЕ Мәметекұлы (т.-ө.ж.б.) – Сыр өңіріне белгілі би әрі батыр. Кіші жүздің алтын руынан шыққан. С. 1711 ж. Еділ бойында башқұрттармен болған үлкен дауда башқұрттың Алдар биімен жүздесіп, ел арасындағы жанжалды бейбіт жолмен шешкен. 1719 ж. қалмақ билерімен де кездесіп, ұтымды келісімге келген. 1803 жылғы дерек бойынша, С. бидің ұрпақтары Туған би мен Барқы батыр алтын руының бес мың шаңырағын басқарып, Троицк мен Бұқара арасында сауда жүргізген. Барқы есімі алтын руына ұран болған. С. би мен оның ұрпақтары туралы деректер «қазақ-орыс қатынастары» құжаттарында кездеседі. Бүгінде Қармақшы өңірінде «Мәметек арығы», «Сәлтеке төбесі» атты жерлер бар.

Әдеб.: Келмембет батыр, А., 1998.

Т.Дайрабай

СӘМЕКЕ, Ш а х м ұ х а м е д х а н (т. ж. б. – шамамен 1734/37/38) – Орта жүздің ханы, Тәуке ханның баласы. Ордасы Түркістанда болды. С. наймандар мен қыпшақтардың кейбір рулар-

ына және арғындардың бір бөлігіне иелік етті. Ол ішкі саясатта Орта жүзді біріктіруге күш салды. Сыртқы саясатта жоңғарлар мен Орта Азия хандықтарының басқыншылық әрекеттеріне қарулы қарсылық көрсетуімен белгілі болды. С. Әбілқайыр ханмен күш біріктіріп, казак жерін қалмақтардан босату мақсатында 1723 және 1726 ж. Еділ бойындағы Кіші қалмақ ордасына 2 дүркін жорық жасады (*қ. Әбілқайыр мен Сәмеке хандардың Еділ қалмақтарына қарсы жорықтары*). Сыртқы және ішкі жаулармен күресте күшті көршісі Ресейге арқа сүйеуге тырысты. 1731 ж. 15 желтоқсанда А.Тевкелевпен Ресеймен арадағы қатынасқа байланысты келіссөз жүргізді. С. жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте казак халқының рухын көтеріп, болашаққа деген сенімін оятқан, әскери біліктілігімен танылған тұлға ретінде тарихта қалды.

Әдеб.: В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч. т. 3, А.-А., 1964; Б а с и н В. Я., Россия и казахские ханства в 16–18 вв., А.-А., 1971; Л е в ш и н А. И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы, 3-т., 2002; Әбілқайыр хан, А., 2004.

С.Өтенияз

СӘМЕН (1704, қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. Жайсаң а. – 1778, Кербұлақ ауд. Сәмен а.) – батыр. Ұлы жүз дулат тайпасының ботбай руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен. С-нің ерлігін Төле би жоғары бағалап, батасын берген. Соғыс аяқталған соң С. батыр Төле бидің тапсыруы бойынша Қасаболат, Текебай батырларды сарбаздарымен Арқалы асуының Күнгей бағысына, Көтентай, Шалабай, Байсерке батырларды сарбаздарымен Іле өз. мен Алатаудың ортасына орналастырып, Жоңғар қақпасы арқылы келетін жау жолын күзеткен. С. туралы мәліметтер М.Тынышбаевтың зерттеулерінде кездеседі. Оның күмбезі Кербұлақ ауд-ның Сәмен а-нда. Жамбыл ауд-ндағы Сапшы а. маңына С. батырға ескерткіш қойылған.

Ә.Ақпейілов

СӘНИАЗ – сұлтан, 1762 ж. наурызда Қытайға сүйіндік Жанқозы батырды елшілікке жіберген Әбілмәмбет, Әбілпейіс, Болат сұлтандар қатарында аталады. Баянауыл аймағын билеген. Содан бастап С. қытаймен байланыстарын үзбеген, 1773 ж. «аспан асты» империясына С-дың ұлы Қасым сұлтан елшілікпен барған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 335, 338, 386-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

СӘРКЕ Өмірқұлұлы (шамамен 1680–1724) – Сыр өңіріне белгілі батыр. Кіші жүздің табын


СӘРСЕКЕ

руынан шыққан. 16–17 жасында Ырғыз өңірінде қалмақтармен шайқасқа шыққан уақыттан бастап оның есімі Сыр табындарының ұранына айналған. С. батыр асқан палуан да болған. Негізінен құба қалмақ, башқұрттармен болған ұрыстарға қатысқан. 1724 ж. қалмақтармен болған ұрыста қазіргі Жезді ауд.-ның Сартөбе деген жерінде мерт болады. Келесі жылы сүйегін Қорқыт Ата қорымына әкеліп, қайта жерлеген. Қарындасы Қарқарадан туған Асау Барақ өз заманында айтулы батырлардың бірі болды. Ал С.-нің тікелей ұрпағы Байқадамның әрі батыр, әрі би болғандығы туралы деректер Ресей құжаттарында кездеседі. С. қайтыс болған жер «Сәркенің төбесі», «Сәркенің ақшиі» аталып кеткен.

Әдеб.: Бердәулетов К., Бұқарбай батыр, А., 1992; Есіркепұлы Ж., Сәрке батыр, Қ.-о., 2002.

Т.Дайрабай

СӘРСЕКЕ Медеу Сапаұлы (2.1.1936 ж.т., Шығыс Қазақстан обл., бұрынғы Абыралы ауд. Қайнар а.) – инж.-металлург, жазушы. Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1958, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) бітірген. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің редакциясында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, одан кейін Өскемен қ-ндағы қорғасын-мырыш комб-тында, Семей цемент з-тында ауысым инж, диспетчер, аға инж. (1959–64), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Шығыс Қазақстан обл. бойынша меншікті тілішісі (1964–65), Қазақстан Жазушылар одағының Ертіс бойындағы аймақтық бөлімшесінің жауапты хатшысы (1965–97) болып қызмет етті. Әдебиетпен әуестенуі ғыл.-фантастикалық шығармалар жазумен бастап, «Ғажайып сәуле»,



М.Сәрсек

«От және атом», «Көрінбестің көлеңкесі» және «Жетінші толқын» хикаяттарын (1959–64) жариялаған. Бұл шығармалардың соңғы екеуі бірнеше рет қайыра басылып, қазақ балалар әдебиетінің алтын қорына енді. С. – акад. Қ.И. Сәтбаев туралы бірнеше кітап-еңбектердің,

сондай-ақ «Жаңғырық» (1979), «Көмбе» (1985) романдарының, «Шыңғыс хикаясы» пьесасының, очерктер мен повестердің авторы. Оның жазушылық шығарм-ғынан Сәтбаевтану тақыры-бы үлкен орын алады, ол осы тақырыпқа үлкен дайындықпен келді. Бірнеше рет Жезқазғанда болып, Ұлытау–Қарсақбай–Жезді өңірімен жіті танысты. Алматы, Мәскеу, Семей, т.б. қ-ларда ұлы ғалым Сәтбаевқа қатысты көптеген материалдар жинады. Соның нәтижесінде ғалым жайлы 7 кітап жазды. Олардың ішінде «Сәтбаев» атты деректі ғұмырнамасы Мәскеуде «Тамаша адамдар өмірі» (1980, 1989; ЖЗЛ) сериясымен жарық көрді. 1994 ж. «Қуғындалған Сәтбаев» кітабы Алматы қ-ндағы «Шабыт» баспасынан шықты. С.-нің бұл еңбектері аса көрнекті ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Сәтбаевтың тұлғасын, өмірі мен қызметін тарихи шындық тұрғысынан жан-жақты баяндайды. Сондай-ақ Абылай ханның ұрпағы Е. Бекмаханов туралы кітабы да «Тамаша адамдар өмірі» (2010, 2012) топтамасымен жарық көрген. С. Семей қ. мен Павлодар обл. Баянауыл ауд.-ның құрметті азаматы, Павлодар обл.-ның еңбегі сің. қайраткері, ҚР Индустрия мин-лігінің «Даңқты кенші» төсбелгісінің иегері (2006) және Жер қойнауы к-тінің «Құрметті кен іздеушісі» (2010), Шығыс Қазақстан мемл. тех. ун-тінің құрметті проф. (2006). «Құрмет» орденімен (2001) марапатталған.

А.Жақсыбаев

СӘРСЕНБАЙ Оразбек (1938 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд. Жаңа тұрмыс а.) – жазушы. ҚазМУ-ды (1962, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 1964–95 ж. мектепте мұғалім, «Жас Алаш» газетінде, «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер, «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан



О.Сәрсенбай

Жазушылар одағында әдеби кеңесші, «Жазушы» баспасының бас редакторы (1987–93), «Өнер» баспасының директоры (1993–95) қызметтерін атқарған. 1996 жылдан «Қайнар» баспасының бас директоры. Алғашқы жинағы «Даңқ» 1965 ж. жарық көрген. С.-дың «Жалғыз күрке» (1967),

«Сағым» (1970), «Таңбалы тас» (1971), «Бақыт құсы» (1973), «Жиде гүлдегенде» (1977), «Жақсының көзі» (1979), «Замандас» (1982), «Уәде» (1985, М.О.Әуезов атынд. сыйл. 1987), «Таңдамалы» (1-т., 1992, 2-т., 1993), «Меченый камень» (1989), «Шамшырақ» (1990, «Алаш» сыйл., 1994), «Волшебная лампа» (1996), «Менің мекенім» (2000), «Өмірнама» (2005), «Жарық дүние» (2005) атты романдар, өлеңдер, әңгімелер мен повестер жинақтары басылған. С. – бүгінгі күн тақырыбына қалам тартып келе жатқан жазушы. Оның туындылары бүгінгі ұрпақтың қилы-қилы тағдырын сөз еткен көркем дүниелер. Ол В.Г.Короленко, В.В.Иванов, Ф.А.Абрамов, Ф.А.Искандер, т.б. қаламгерлер әңгімелерін қазақ тіліне аударған. «Құран Кәрім», «Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистері», «Қасиетті дұғалар», «Адал мен арам», «Мұсылмандық әдеп сабағы», «Мұхтасар», т.б. кітаптарды қазақшаға аудару ісіне атсалысқан. Көптеген шығармалары шет тілдерге аударылған. С. әңгімесі негізінде «Долана» атты көркем фильм (реж. С.Ж.Нарымбетов) түсірілген (1981). «Шеңбер» (1998) романы үшін Қазақстан Мемл. сыйл-н (2000) алған. 2000 ж. С. «Қазақ тарихында екі шамшырақ – Абылай мен Абайдың рухтары мына біздің заманымызда қайтадан азаттыққа қол жетіп, жаңа арман, жақсы үміттерге иек арта бастаған тұстарда, бір-біріне қосылып, түрі мен тілін, ділі мен дінін сақтап қалған қауымдас халқына жарығын шаша бастағандай көрінеді», – деп жазды. «Құрмет» орденімен марапатталған.

Ә.Сұлтанхан

СӘТБАЕВ Қаныш Имантайұлы (12.4.1899, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Сәтбаев а. – 31.1.1964, Мәскеу, Алматыда жерленген) – ұлы ғалым-геолог, мемл. және қоғам қайраткері, геол.-минерал. ғыл. докт. (1942), проф. (1950). Қазақстан ҒА-н ұйымдастырушы әрі тұңғыш президенті (1946). КСРО ҒА-ның акад. (1946; 1943 жылдан корр. мүшесі), Қазақстан ҒА-ның акад. (1946), Тәжікстан ҒА-ның құрметті мүшесі (1951). Семейдегі мұғалімдер семинариясын (1918), Томск технол. ин-тын (1926) бітірген. 1918–19 ж. Семей қ-ндағы екі жылдық пед. курста мұғалім, 1920–21 ж. Баянауылда халық соты, 1926–29 ж. «Атбасар түсті металл» тресінің геол. бөлімінің жетекшісі, 1929–41 ж. Қарсақбай комб-тының геол. Барлау бөлімінің бастығы, бас геологы, 1941–64 ж. Қазақстан ҒА-ның (1946 жылға дейін КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі) Геол. Ғылымдар ин-тының директоры, КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі Төралқасы төрағасының орынбасары (1941–42), төрағасы (1942–46), Қазақстан ҒА-ның президенті (1946–

52) болды. 1952 ж. әміршілдік жүйенің тарапынан қысымға ұшырап, қызметінен шеттетілді. Қызметтен босаған соң Қазақ КСР Геология ин-тының директоры болып еңбек етті. 1955 ж. Қазақ КСР ҒА-ның президенттігіне қайта сайланып, бұл қызметті өмірінің соңына дейін атқарды. С. – кен геологиясы саласындағы көрнекті ғалым, әлемдік металлогения ғылымын дамытушылардың өкілі, қазақстандақ металлогения мектебінің негізін салушы. Негізгі ғыл. еңбектері кен орындарын және Қазақстанның минералды қорларын зерттеуге арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орт. Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда (1952–58) көп еңбек сіңірді. С-тың қолдауымен Алматыда Орта Азия геофизика тресі ұйымдастырылып (1948), Қазақ КСР-і



Қ.Сәтбаев

Геология және жер қойнауын қорғау мин. құрылды (1956). Металлогендік болжам картасын қолдану нәтижесінде үлкен табысқа қол жеткізді. 1954–58 ж. аралығында Орт. Қазақстанда түсті металдардың көптеген жаңа кендері ашылды және олардың 90%-дан астамы бірінші және екінші кезекте зерттелетін өңірлерден табылды. С. басқарған бір топ қазақстандық ғалымдарға металлогендік және болжам картасын жасап шығарғаны үшін Лениндік сыйлық берілді (1958). С-тың геологиядан басқа ғылымдарда, мәдениет саласында, тарихта қалдырған іздері жеткілікті. С. халық ауыз әдебиетін зерттеуді Баянауылда жүргенінде бастап, студент шағында одан әрі жалғастырды. Ш.Ш.Уәлиханов жазып алған, әйгілі Едіге батыр жайындағы «Ер Едіге» эпосын қазақ тіліне аударғанда, үш қасиетін ашып берді: 1) тілді сақтауға, дамытуға пайдалылығын; 2) эпостағы шебер тілмен берілген ескі толғауларға назар аударды; 3) қазақ халқының өткен тұрмысы, салт-сана, әдет-ғұрпы суреттелген тарихын білуге құнды мағлұмат беретіндігін көрсетті. Жезқазған – Ұлытау өңірінде бұл талабын күрделі ғыл. зерттеуге айналдырып, көптеген этногр. мұраларды жинап, «Жезқазған



ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазды. С. Шоқан Уәлихановтың алғашқы толық шығармалар жинағын басып шығаруды ұйымдастырды. КСРО Мемл. сыйл. (1942) лауреаты. С. есімімен Қарағанды обл-ндағы қала, Қазақстан ҒА-ның Геол. ғылымдары ин-ты, Қазақ ұлттық тех. ун-ті, Жезқазған кен-металлургия комб-ты, Жетісу Алатауындағы мұздық және шың, Алматы, Балқаш, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Семей қ-лары және ауылдардағы көшелер, 40-тан астам мектеп, Қаратауда табылған минерал, ғарыштағы кіші планета аталған. ғалым ескерткіштері бар. Ескерткіштері Павлодар обл. (Баянауыл), Жезқазған және Алматы қ-нда қойылған. Алматы қ-нда Халықар. Сәтбаев қоры жұмыс істейді. С-тың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО деңгейінде атап өтілді. 4 мәрте Ленин, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Шығ.: Собр. трудов, т. 1–8, А., 1998–2001.

Әдеб.: Сарсекеев М., Қаныш Сатпаев, М., 1980, 1982; соныкі, Қазақтың Қанышы, А., 1999; Академик Қ.И. Сәтбаев туралы естеліктер, А., 1989; Сәтбаев а. Ш. Қ., Сәулелі әулет, А., 1996; Батырбеков Г. О., Академик К.И. Сатпаев и его современники, А., 1999; Қаныш Сәтбаев. Энциклопедия, А. 2011.

А.Нұрлыбаев, К.Салықов

СӘТЕМІР ХАН – Аралдың ханы. С.Х-ның тағдыры Абылай ханның жас кезіндегі жағдайы туралы ел аузында сақталған әңгімелерге ұқсас. С.Х-ның әкесі 1710 жылдары Арал мен Хиуаға хан болып тұрғанда, бақталастарының қолынан қаза табады да, орнына Серғазы хан болады. Аталығы, яғни Мұса ханның құлы Оразалы жас С.Х-ды құтқарып, жасырын асырайды. Ер жеткен соң, немере ағасы Сердәлі мен Оразалы аталық С.Х-ды Арал ұлысының хан тағына отырғызады. 1731 ж. Кіші жүзде болған кезінде М.Тевкелев С.Х-ды Ресей бодандығына қабылдаған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 63, 65, 66–66.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

СЕВАН РАБДАН, **Цеван Рабтан** (1665–1726) – жоңғар ханы (1697–1726). Жоңғар хандығында 1653–71 ж. билік еткен Сенге ханның ұлы. Ағасы Қалдан өлгеннен кейін таққа отырды. Ол Циндік Қытаймен ашық қақтығыстарға барудан бас тартып, жоңғар хандығын нығайтуға күш салды. Тянь – Шань қырғыздарының жерін, Шығыс Түркістанды, Саян – Алтай өңірін және Барабин даласын қоныстанған халықтарды жаулап алды. Оның шапқыншылық жорықтарының онан әрі өршуіне цин әскерлерінің Шығ.

Түркістанға басып кіруі кедергі келтіреді. Ол патшалық Ресейден жоңғарларды қол астына алуын сұрады. 1723 ж. Цин императоры Канси қайтыс болғаннан кейін, шабуылдың толастауына байланысты ол ойынан қайтты. Қалыптасқан жағдайды пайдаланған ол өзінің басқыншылық ниетін Қазақстанға (қ. *Жоңғар шапқыншылығы*) бұрды. 1723 ж. С. Р-ның 100 мыңдық жасағы қазақ жеріне басып кіріп, ойран (қ. *Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама*) салды. С. Р-ның жаулаушылық саясатына қарсы қазақтардың алғашқы тойтарысы Бұланты–Білеуті шайқасында берілді. Бұдан кейін Аңырақай шайқасында қазақ жасақтары жеңіске жетіп, азаттық соғыста бетбұрыс жасалды.

Әдеб.: Златкин И. Я., История Джунгарского ханства (1635–1758), М., 1964; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

М.Жолсейітова

СЕЙДАЛИН Әлмұхамед (т.-ө.ж.б.) – Кіші жүз сұлтаны, Орыс географиялық қоғамының мүшесі. Әбілқайыр әулетінің өкілі, атасы Сейдалы Е.И Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қатысқан. 1855 ж. С. Орынбордағы Неплюев кадет корпусының азиялық бөлімін бітіріп шығып, прапорщик шенінде Орынбор әскери корпусының 4-жаяу әскер батальонында қызмет атқарды. 1856 ж. Шекаралық комиссия төрағасының тілмаштығына ауыстырылды. Шығыстанушылар В.В. Григорьев, Ю.Ф. Костромитин, А.А. Бобровниковпен жақын таныс болған. 1856 және 1860 ж. Петербургке жіберілген қазақ делегациясының тілмашы болып, сол сапарларында Абылайдың ұрпағы Ш.Ш. Уәлиханов және В.В. Вельяминов-Зерновпен танысқан. 1859 ж. Арал флотилиясының 1-рангілі капитаны А.И. Бутаковтың Қоңыратқа жасаған экспедициясына қатысты. 1860–65 ж. шаруашылық мәселелермен айналысты. С. халықтық дәстүрлер мен құқықтың терең білгірі ретінде жерлестері арасында үлкен беделге ие болды. 1865 ж. Түркістан өлкесін зерттеу жұмысына қатысты. 1866–69 ж. Кіші жүздің батыс бөлігінің сұлтаны болды. 1869 ж. полк. Мұхамеджан Баймұхамедовпен бірге «Уақытша Ережеге» қарсы көтеріліс жасаған қазақтармен келіссөздер жүргізуге жіберілді. Келіссөзден кейін С-ге майор атағы беріліп, Торғайға сот жұмысына жіберілді. 1869–89 ж. шешекке қарсы егу жұмыстарын ұйымдастыруға, Ы.Алтынсаринмен бірге Ырғызда, Қостанайда, Ақтөбеде, Қарабұтақта орыс-қазақ мектептерін ұйымдастыру жұмыстарына белсене араласты. 1876 ж. шығыстанушылардың бүкілдүниежүз. конгресінің жұмысына қатысқан.

Әдеб.: Г а л и е в В., Имею-честь – Альмухамед Сейдалин. Памятники истории и культуры Казахстана, А., 1992.

С.Рустемов

СЕЙДИМБЕК Ақселеу Сланұлы (12.12.1942, қазіргі Қарағанды обл. Жаңаарқа ауд. Атасу а. – 16.9.2009, Астана қ.) – ғылым, жазушы, филология ғыл. докт. (1997), проф. (2003), Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2004). ҚазМУ-ды бітірген (1968, қазіргі ҚазҰУ). 1968–99 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеби қызметкер, меншікті тілші, «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде бөлім меңгерушісі, «Зерде» журналының бас редакторы (1983–87), Қазақстан ҒА Әдебиет және өнер ин-тында зертханашы, аға ғыл. қызметкер, бөлім меңгерушісі, Ы.Алтынсарин атынд. Білім



А. Сейдімбек

проблемалары ин-тының директоры (1997–98), ҚР Президенті Мәдени орт. директорының ғылым жөніндегі орынбасары, 2000 жылдан Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия ұлттық ун-тінде журналистика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. С. еңбектері қазақ халқының рухани құндылықтарын зерделеуге бағытталған, оның ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, әсіресе, күйшілік өнердің ұлт өміріндегі орнын сөз еткен аса құнды зерттеулері бар. Алғашқы «Ақиық» әңгімелер жинағы 1972 ж. жарық көрген. «Күңгір-күңгір күмбездер» (1981), «Серпер» (1982), «Мың бір маржан» (1989), «Қазақтың әйгілі күйшілері» (1992), «Күй шежіре» (1, 2-кіт., 1992, 1997), «Көшпелілер тарихы» (1995), «Қазақ әлемі» (1997), «Қазақтың күй өнері» (2002, Мемл. сыйл. 2004), ғыл.-зерт. еңбектері халқымыздың аса бай мәдени мұрасын зерделеуге арналған. Абылай хан туралы мақала (1991) жазған. «Күйші Абылай хан» («Қазақ әдебиеті», 1991, 26 шілде) мақаласында Абылай ханның жеке тұлғасына және оның шыққан тегі, ата-бабаларына кеңінен тоқталып, тарихи фактілерді молынан келтіреді; сонымен қатар

Абылайдың жеке өнеріне тоқтала келіп, «Күйшілік Абылай хан бойындағы қабілет-қарымның бір қыры ғана еді. Оның күйлері де өзі өмір сүрген замандағы өнердің үрдісімен дүниеге келіп, алмағайып кезеңнің айғағы бола білді. Елдің мұңы, ердің сыры, қызығынан қиындығы көп тағдырдың жазуы Абылай күйлерінің өзекті арқауы» деп тұжырады. Абылай күйлері өзінің тартылу үлгісі мен әуен-сазының ерекшелігі тұрғысынан Қазақстанның орт. мен шығысындағы күйшілік дәстүрге жақын келетінін, өзінің алдындағы Байжігіт (17–18 ғ.) салған күйшілік дәстүрге көбірек ден қойғанын айтады. «Қара жорға» күйі туралы А.В.Затаевичтің: «Абылайдың «Қара жорға» күйі осы тектес күйлердің ішіндегі ең тәуірі деуге болады. Оған жау тұтқынынан босанған Абылай ханның алып ұшқан көңіл күйін, астындағы аттың желдей ескен жүрісін бейнелейтін осынау мамыражай күйдің сұлу суреті және бел буындағы әсем ырғағы жарқын айғақ бола алады» деген сөзін келтіреді. Бұдан әрі С. «Қара жорға» күйін Затаевич 1926 ж. Қарқаралыда Майтасов Асылбек деген домбырашыдан жазып алғанын, ал «Дүние қалды» күйін Маясар ақынның баласы Тұрабай, Жезқазған обл.-ның Шет ауд.-ндағы Әбуов Ілияс (1910–90) кезінде Қыздарбек күйшіден үйреніп тартқанын, ал қазір Абылай хан күйлерін Ілияс марқұмның баласы Әбдуов Мұхаметқали тартатынын айтады. Гомердің «Илиада», «Одис-сея» (1974) эпостарын, И.Можейконың «Әлемнің 7 және 37 кереметі» (1988) атты кітабын қазақ тіліне аударған. С. «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Ақтамбердінің толғауы», «Алтын асық», «Арарай», «Арман-ай», «Гагигай», т.б. әндер шығарған. «Құрмет» орденінің иегері.

Д.Ысқақұлы, С.Ғұсман

СЕЙФУЛЛИН Сәкен (Сәдуақас) (15.10.1894, қазіргі Қарағанды обл. Шет ауд. Қарашілік қыстағы – 25.2.1938, Алматы қ.) – жазушы, көрнекті мемл. және қоғам қайраткері. Нілдідегі орыс-қазақ, Ақмоладағы бастауыш приход мектебінде (1905–08), қ-лық уч-щеде (1908–13), Омбыдағы мұғалімдер семинариясында (1913–16) оқыған. Онда М.Жұмабаевпен бірге оқиды, демокр. көзқарасы қалыптасып, ақындық дарынын ұштай түседі. Қазақ жастарының «Бірлік» атты ұйымы басшыларының бірі болып, патша өкіметінің қысымына қарсы күрес пен қазақ арасына оқу-білім тарату ісіне араласады. 1914 ж. Қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағын бастырды. Омбы семинариясынан кейін Ақмолаға қайта оралып, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске тілектес боп өлеңдер жазды. Сілеті-Бұғылы а-нда мектеп ашып мұғалімдік қызмет атқарады. 1917 ж. Ақпан төңкерісінен

СЕЙФУЛЛИН

кейін қалаға ауысады. Осы тұста «Асығып тез аттандық» (1917), «Кел, жігіттер» (1917) атты өлеңдер жазып, халықты күреске үндейді. 1917 ж. Ақмола Совдепінің төралқа мүшелігіне сайланып, ағарту комиссары болып тағайындалды. 1918 ж. Ақмола қ-нда актердың бүліншілігі болып, Совдеп басшысы ретінде тұтқындалды. Атаман Анненковтың азап вагонында ажалмен алысып, талай қиындықты бастан өткерген С. ақыры Омбыдағы тұтқындар лагеріне жіберілді, одан 1919 ж. қашып шықты. С. Кеңес өкіметі қайта орнағаннан кейін 1920 ж. Ақмолаға қайта оралды. Атқару к-ті төрағасының орынбасары және әкімш. бөлімінің меңгерушісі болды. 1920 ж. Орынбор қ-нда өткен Қазақстан Кеңестерінің 1-Құрылтай съезіне арнайы шақырылып, Қазақстан ОАК-нің төралқа мүшесі



С. Сейфуллин

болып сайланды. 1922 ж. «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы, халық ағарту комиссарының орынбасары қызметтерін атқарды. Қазақстан Кеңестерінің 3-съезінде Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы (1922–25) болып тағайындалған С. қоғамдық қызметпен қатар шығарм. жұмысқа да белсене араласты. Бұдан кейінгі жылдары Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғыл. орт-тың төрағасы және Қазақтың пролетар жазушылары ассоциациясының (ҚазАПП) басшысы (1925), БК(б)П Өлкелік к-тінде бөлім меңгерушісі (1926), Қызылорда қ-ндағы халық ағарту (1925), Ташкент қ-ндағы қазақ пед. ин-тының (1927–29) директоры қызметтерін атқарды. Алматы қ-ндағы Қазақ мемл. пед. ин-тында (1929, қазіргі ҚазҰПУ), Қазақтың коммунистік журналистика ин-тында дәріс берді. 1932 жылдан «Әдебиет майданы» журналының редакторы болды. 1936 ж. қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеу қ-нда өткен 1-онкүндігіне қатысты. С. шығарм. жұмыспен белсенді түрде айналысты, өмір шындығы, кезең тудырған келелі мәселелер оның назарынан тыс қалмай, үнемі көркем сөз өрнегінен көрініс тауып отырды. Ол өз өнерін халық мақсатына,

туған елінің жарқын болашағына арнап, жаңа заманның дауылпаз ақыны атанды. Қазақтың өлең өнеріне өзгеріс енгізу, өлеңнің ішкі ырғағын күшейту, ұйқасты дауыс екпініне бейімдеу, буын жүйесін ойға бағындыру секілді жайттар – С. поэзиясының сол тұстағы жаңашылдық сипатын танытатын белгілер еді. «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926), «Тұрмыс толқынында» (1928), «Көкшетау» (1929) өлең-поэмалар жинақтарын бастырып шығарды. «Альбатрос» (1932), «Қызыл ат» (1934), «Социалистан» (1935) атты кітаптарын жариялады. С. – қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Қазан төңкерісіне дейінгі шығармаларында сол тұстағы демократтық-ағартушылық әдебиеттің дәстүрін жалғастырып, азаттық үшін күрестің от жалынын кеше отырып, қолына қаламымен бірге қаруын ұстады. Қазақ әдебиетінің классик. туындысына айналған «Көкшетау» поэмасы халық өмірін филос. тұрғыдан терең толғауымен, келешек ұрпақ мұраттарын шын-айы бейнелеуімен, заман бейнесін жетілдіре әрі Көкше аңыздарын халықтық сарында суреттеуімен құнды. «Тар жол, тайғақ кешу» мемуарлық романында қазақ халқының патшаға қарсы күресі мен Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнығу жолдарын шыншылдықпен суреттеді. Ол поэзия, прозамен қатар драматургия, әдеби сын, сөз өнерін зерттеу саласында да көрнекті еңбек етті. Қазақ әдебиеті тарихында өлшеусіз еңбек еткен С. әдеби сынның даму процесіне белсене араласты. «Әдебиет хәм оның бағыттары» (1922), «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (1924), «Көшпелі дәуірдегі қазақ әдебиетінің күйлерінен» (1929), т.б. әдеби-сын мақалалары С-нің әдеби-сыншылдық ойының құнарлылығын танытты. С. қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын жинау, зерттеу, оның таңдаулы үлгілерін жариялау ісімен де шұғылданды. Оның құрастыруымен «Қазақтың ескі әдебиеті нұсқалары» (1931), «Батырлар жыры» (1933) жинақтары, Ы.Алтынсарин, Ақан сері, Ақмола, т.б. шығармалары (1935), жарық көрді. Бұл жинақтарда Абылай дәуіріндегі батырлар, олардың елі мен жері үшін күрескен ерлік істері (мыс., «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда», «Құбылып шыққан бәйшешек», т.б.) мадақталады. С. шығармалары бірнеше шет тілдеріне аударылған. С-нің өмірі мен шығарм. туралы С.Мұқановтың «Сәкен Сейфуллин» пьесасы, Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейне» повесі, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Қ.Бекхожин, т.б. поэмалары, Е.Ысмайылов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, т.б. ғалымдардың әдеби зерттеулері, естеліктері жарық көрді. С. есімімен көптеген ауыл, елді мекендер, театр, мектеп, кітапхана, көшелер аталады. Астана қ-

нда Сейфуллин мұражайы жұмыс істейді. С. Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Шығ.: Шығ. жин. 1–6 т., А., 1960–64; Көп томдық шығ. жин., 2, 3-т., А., 2004.

Әдеб.: Қирабаев С., Сәкен Сейфуллин, А., 1962; Ысмайылов Е., Ақын және революция, А., 1964; Кәкішев Т., Қызыл сұңқар, А., 1968.

Т.Кәкішев, К.Садыққызы

СЕЙІТҚҰЛ Құдайқұлов – Кіші жүздің батыры, 1730 жылдың 28 тамызында Құтлымбет Қоштаев екеуі Әбілқайыр ханның Ресей патшасына жазған хатын Мәскеу арқылы Петербургке апарған. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың сенімді серіктерінің бірі.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 13, 16, 17, 20, 22, 23, 38-бб.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Елшежіре», Алматы, 2011.

СЕЙІТ ХАН (т.ж.б. – 1745) – сұлтан, Тәуке ханның немересі, Сәмеке ханның үлкен ұлы. Әкесі қайтыс болғаннан кейін Түркістанды және сол маңдағы қоңырат тайпасын басқарған. Жоңғар ханы Қалдан Серенге жағынып, хандық дәреже алып, соның атынан қызмет істеген. Қарауындағы халықтың арасында беделі болмады. 1741–45 ж. Әбілмәмбет ханмен билікке таласты. 1738 ж. Миллер Ташкентте бөгіліп, қайтар жолда Түркістанға тоқтайды да, С. ханның ордасында мейман болған, Манжы оны бодан еткен. 1743 жылғы 10 наурыз күні Бәйтібай Түркістанға өз адамын жіберіп, Манжыдан С.Х. жолданған хатты жеткізуді тапсырды. Хатта былай деп жазылған екен: «Орыс елшісі Қалдан Серенге жақпайтын, қолайсыз шаруамен келген екен, сондықтан мен оларды Қалдан Серен ханға жолықтырмай, қайтарып отырмын. Ал Сейіт хан бұларды бөгемей, Әбілқайырға аттандырып жіберсін».

Н.Ақбай

СЕКЕРБАЙ Малкелдіұлы (1811, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – ө.ж.б., сонда) – белгілі болыстық би. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлының тұстасы. С. шешендігімен елге танылған; ол жайында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Секербай – Малкелдінің бел баласы, Ешкімнен қызыл тілде кем болды ма?!» – деп жазған. С. 1833 жылдан Баянауыл сыртқы округінде шенді билік қызметтерді (есауыл, хорунжий, сотник) атқарған. 1839–42 және 1850–53 ж. Жанғозы-Айдабол болысының биі. 1853–56 ж. Айдабол болысы. 1842–43 және 1865–66 ж. Баянауыл окр-нің заседателі болған. С. – Санкт-Петербург қ-на қазақтар атынан барған депутация мүшелерінің бірі (1855). Ол қызметі үшін Анна жібек бауына тағылған күміс медалы және

Владимир жібек бауына тағылған қола медалымен марапатталған.

Н.Көбеева, Қ.Нұрпейісов

СЕМЕЙ БЕКІНІСІНІҢ БАСТЫҒЫ ФОН ДЮРИНГТІҢ АБЫЛАЙ СҰЛТАНҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ – Абылай сұлтанға жазылған жауап хат. Абылайдың Семей бекінісінің бастығына қойған талаптарына жауап бере келіп, фон Дюринг өткен 1759 ж. Ресей жеріне қазақ елінен қашып келген екі қалмақтың қолында жоқ екенін және заң бойынша ізін суытпай іле-шала іздеу болмаған жағдайда, яғни алты апта ұсталады, жоқшы келсе ғана қайтарылады. Белгіленген мерзім өткен соң олар шоқынып, ресейлік азаматқа айналады. Ресей адамдары болып есептелген соң олар қайтарылмайды. Осыған байланысты бұл жағдайды Абылайдың білетіндігін айтқан. «Сондықтан, құрметті Абылай сұлтан, өз адамдарыңыз қашқындардың ізін суытпай, қуып келетін болсын деп бұйрық беріп қойыңыз. Сонда мәселе тез шешілер еді» деп жауап берген. Абылайдың қойған екінші талабына орай Ертіс өз-нің батыс жағына Абылайдың 100 жылқысы мен Құдайбердінің малдарын да жаюға ешқандай кедергінің жоғын, Ертістің шығыс жағына мал өткізілмесін, өздері де көшіп келмесін, өйткені екі арада түсінбестіктен қақтығыс болып қалуы ықтимал деп ескертеді. Хат 1760 жылдың 18-қазанында жазылған, түпнұсқасы (№329) Омбы обл. мемл. мұрағаты қорында сақтаулы.

Әдеб.: Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 2-т., 128–29-б.

И.К.Әбішева

«СЕМЕЙ ТАҢЫ» – облыстық газет. 1919 жылдың желтоқсанында Семейдегі қарулы көтерілістен кейін үш күн өткен соң большевиктік «Қазақ тілі» газетінің тұңғыш нөмірі жарық көрді. Оның бастауында «Қазақ тілінің» ұйымдастырушысы Мәннан Тұрғанбаев, қазақ есімін әлемге әйгілеген ұлы жазушы Мұхтар Әуезов, қазақ жазба әдебиеті классиктерінің бірі Жүсіпбек Аймауытов, ірі қоғам қайраткері, публицист, дарынды тұлға Шаймардан Тоқжігітов сынды Алаш арыстары, көш бастаған ұлт мақтаныштары тұрды, олар газеттің алғашқы редакторлары болды. «Қазақ тілі» газетінде мақалалары жарық көрген Шәкәрім бастаған ғұламалар керуеніне Ахмет, Мағжан, Сұлтанмахмұт, Қаныш секілді шоқжұлдыздар шоғыры келіп қосылды. Бірі ойда, бірі қырда жүрсе де туған халқының ертеңі ойлаған ерлер «Қазақ тілінде» күш қосып, елдің, жердің үнін көтерді. Сондай-ақ, Әбілқайыр Досов, Нәзіпа және Нұрғали Құлжановтар, Жұмат Шанин, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев сияқты әйгілі өнер



қайраткерлері мақалалар, өлеңдер жариялап тұрған болса, Сәбит Дөнентаев бастаған, сондай-ақ Сәду Машақов, Мұқсын Қордабаев, Кәйкен Шамкин, Қарқабат Бәйкенов, Мұздыбай Жөкембаев, Мағауия Әбдин, Жұмағали Серікболов, Ғифат Баймұратова және тағы басқалар атсалысты. Замана ағымына қарай «Жаңа ауыл», «Қызыл дала», «Социалды Шығыс», «Екпінді», «Семей правдасы», «Ертіс» болып аттары өзгеріп тұрды. Газет 1969 ж. «Құрмет белгісі» орденімен және екі мәрте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Құрмет грамотасымен марапатталды. 1997 ж. Семей обл-ның Шығыс Қазақстан обл-на бірігуіне байланысты облыстық «Семей таңы» газеті қалалық газет деген мәртебеге ие болды. «Семей таңы» газетінің қазіргі кездегі Бас редакторы – филология ғыл. канд. Риза Молдашева. Газетте М.Сұлтанбековтің «Абылайдың Мамай батыры» атты поэмасы, М.Ибраевтың «Абылай хан», Ә.Қойшығұлованың «Абылай хан және оның заманы», М.Маханбетованың «Абылай ханның тұсындағы қазақ хандығы» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

СЕМСЕР (араб. шамшир) – қарудың бір түрі. Көне заманда көшпелі халықтар екі жүзді, түзу С-лер қолданған. Скиф, сақ, сарматтардың С-лері алғашқыда қысқа (70 см) болып, оны «акинақ» деп атаған. Кейін ұзын С-лер қолданысқа енді. 8 ғ-дан бастап бір жүзді, қайқы С-лер жасалынды. Қазақтың батырлық ертегілерінде батырлардың қаруы ретінде бүктемелі С. де айтылады. Бүктемелі С. өте иілгіш, бүктеп, жасырып алып жүруге ыңғайлы, болаты мықты, жазылғанда өз қалпына қайта келетін болған. Шығыс халықтарында бас киімге тығып немесе белге орап жасырып алып жүретін солқылдақ иілгіш С-лер болған, оны қазақтар да қолданған. С-ді қынап деп аталатын арнаулы қабына салып, белге тағады. Қынабы ағаштан жасалып, сыртынан түрлі материалмен қаптайды. С. атты әскердің басты қаруы ретінде 18–19 ғ-ларға дейін қолданыста болды.

Әдеб.: А х м е т ж а н Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

С.Аргынгазин

СЕНГЕ (т.ж.б. – 1671) – 1653–70 ж. Жоңғар қонтайшысы. 1653 жылы Батыр қонтайшы қайтыс болғаннан кейін кіші ұлдарының бірі Сенге тақты мұралайды. Батыр қонтайшы тірі кезінде бүкіл иелігін екіге бөліп, бір бөлігін С-ге, екінші бөлігін қалған ұлдарына бөліп береді. Батыр қонтайшының он ұлы болған еді. С. таққа отырысымен Батыр қонтайшының ұлдары әке мұрасының тең бөлінбегеніне және

кіші ұл – С-нің билікке келгеніне наразылық білдіреді. Олар екі топқа бөлініп, бір-біріне жау болады. Екі топтың күштері бір-бірімен бірнеше рет ашық айқасқа түседі. Мұның бәрі Жоңғар хандығын С. қонтайшының билігі тұсында әлсіретіп жібереді. С. қонтайшы тұсында қазақ-жоңғар қарым-қатынасында тыныштық кезең қалыптасады. Жазба деректер екі жақ арасында бірде-бір ірі шайқастардың болғанын айтпайды. Батыр қонтайшының үлкен ұлдары – Цецен-тайшы мен Цзотба-батыр ұйымдастырған қастандық барысында 1670 жылдың соңында С. қонтайшы қаза табады. Ал 1671 жылы Жоңғар тағына Батыр қонтайшының оныншы ұлы Галдан Бошоқты келеді.

Әдеб.: З л а т к и н И. Я. История Джунгарского ханства. 1635–1658. Издание второе. М., 1983. с. 135–151.

Б.Кәрібаев

СЕНКІБАЙ Оразғұлұлы (1709, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – 1786, Қарағанды обл. Шет ауд. Қызылтау жайлауы) – батыр, би. Орта жүз арғын ішінде болатқожа (қаракесек) руынан шыққан. Атасы Қожас батыр болған. С. Бөгембай батырдың жасағы құрамында 1725–29 ж. Алакөл, Шұбартеңіз, Бұланты-Білеуті, Аңырақай шайқастарында ерлігімен көзге түскен. Жоңғардың Ноян Қорек батырын жекпе-жекте жеңген. С-ды Абылай хан «ақиық сұңқарым» деп бағалаған. Ел арасындағы барымта, жер-су, жесір дауын әділдікпен шешкені үшін халық оны «Биата» атаған. Ұрпақтары 1993 ж. тамыз айында С-ға ас беріп, қабірінің басына ескерткіш орнатты.

СЕРЕН, Ч и р и н (т.-ө.ж.б.) – жоңғар нояндарының бірі. Жоңғар жерлерін қытайлар басып алғанда, жақтастарын ертіп, Орта жүздің үстімен Еділ бойынан қашып бара жатып, Қызылжар маңында Абылай сұлтанға қарайтын елді шауып, көп жылқы әкеткен. С-ге орыс шекара әкімш. қолдау көрсеткен. Осыған байланысты Абылай сұлтан: «Егер орыстар Серенді жазаламаса, тұрысатын жерін айтсын, онымен өзіміз сөйлесеміз» деген мазмұнда қатқыл хат жазған.

Әдеб.: Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

СЕРКЕБАЕВ Ермек Бекмұхамедұлы (4.7.1926, Петропавл қ. – 16.11.2013, Алматы қ.) – әнші, Қазақ КСР (1956) және КСРО (1959) халық арт., Соц. Еңбек Ері (1986). 1941–43 ж. Алматы музыка уч-щесінде (скрипка класы бойынша) оқыды. 1951 ж. Алматы мемл. консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірді. 1947 ж. Қазақтың мемл. академ. опера және балет театрында Абай партиясын (А.Жұбанов пен Л.Хамидидің осы аттас операсы) орындады. Сол жылдан осы театрдың әнші-солисі бол-

ды. Таңдаулы партиялары: Қожағұл, Амангелді (М.Төлебаев, «Біржан – Сара» мен «Амангелді», соңғысы Е.Г.Брусиловскиймен бірге), Тарғын, Артем (Брусиловский, «Ер Тарғын» мен «Дударай»), Алпамыс (Е.Рахмадиев, «Алпамыс»), Панфилов (Ғ.Жұбанова, «Жиырма сегіз»), Евгений Онегин, Мазепа (П.И.Чайковскийдің осы аттас опералары), Олег Кошевой, Владимир Ульянов (Ю.С. Мейтус, «Жас гвардия» мен «Ағайынды Ульяновтар», Қазақ КСР-і Мемл. сыйл., 1972), Фигаро (Дж.Россини, «Севиль шаштаразы»), Дон Жуан (В.А.Моцарттың осы аттас операсы),



Е.Серкебаев

Эскамильо (Ж.Бизе, «Кармен»), Жермон (Дж. Верди, «Травиата»), т.б. Ол камер. және эстрад. әнші ретінде де кеңінен танылды. Репертуарында қазақтың халық әндері, сондай-ақ қазақ және ТМД елдері, Батыс Еуропа композиторларының ән-романстары бар; фильмдерге («Біздің сүйікті дәрігер», «Ән канатында», «Тақиялы періште», т.б.) түскен. 1958 ж. Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне, АҚШ-та өткен Қазақстан күндеріне (1981) қатысты. 7-сайл. КСРО Жоғ. Кеңесі мен 8–11-сайланған Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесінің депутаты болды. 1953 ж. Бухаресте өткен жастар мен студенттердің дүниежүз. фестивалінің лауреаты. 1977 ж. концерттік-орындаушылық шеберлігі үшін КСРО Мемл. сыйл-н алған. 1973 жылдан Алматы мемл. өнер ин-тында (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) пед. қызметпен (1983 жылдан проф.) шұғылданды. 2 рет Ленин орденімен, Октябрь Революциясы және Еңбек Ізыл Ту ордендерімен марапатталған.

С.Күзембаева

СИҚЫМ – Ұлы жүз дулат тайпасына кіретін рулар бірлестігі. Шежіре деректері бойынша Дулаттан С., жаныс, ботбай, шымыр тарайды. Мұның төртеуі де рулар бірлестігі. С-нан аққойлы, қарақойлы, қусирақ, шуылдақ, әлсейіт, жансейіт тараған. Енді бір шежіреде Сиқым атаның бәйбішесі қожа қызынан туған төрт ұл нағашыларының құрметіне «Сейіт» аталады:

Мырзасейіт, Байсейіт, Токсейіт, Құлсейіт. Мырзасейіттен аққойлы, қарақойлы өрбиді. Соңғы екеуінің орта ғасырлардан бері белгілі түркі руы екені жазба деректерден мәлім. С. 19 ғ-дың 2-жартысында ботбай, шымырмен араласып Әулиеата у-нің Шу, Аса, Талас өз-нің бойын, Верный у-нің Қаскелең, Қараой өңірін, Кіші Алматы, Қаскелең, Қарасу өз., Алатаудың Ащыбұлақ қойнауын мекендеген. Қыстаулары Шымкент, Ташкент уездерінде Қаратаудың күнгей жағында орналасқан. С-нан Мәлік, Қарабатыр, Рысбек сияқты батырлар шыққан. Таңбасы дөңгелек, бұрыш, көсеу.

«СИЮЙ ВЭНЬ ЦЗЯНЬ ЛУ» – қытай тілінде жазылған шығарма. Кітаптың «Торғауыттардың бағынып көшіп келгені туралы қысқаша баяндама» атты тарауында былай делінген: «Цяньлун жылнамасының 35-жылы торғауыттың ханы Обаши [елін ертіп] Ресейдің Еділ өзенінен аттанып, Балқаш арқылы Қытайға өтпек болды. Сонда 5 күн бойы басып өткен шөл даладан әредік бұлақ кездесе де, бұлақ бойынан ешқандай шөп таппайды. Көш Шыңғыс Шағанға жеткенде қазақ хандары Абылай мен Әбілпейіз, Әбілмәмбеттер олармен соғысты. Онан кейін оларға тәйжі (сұлтан) Ералы мен Нұралы шабуыл жасады. [Обаши] жиырма неше күнге созылған шайқастан кейін Шалаболэге (Сарыбел) бұрылып, сол жердің оңтүстік шекарасына жеткенде жиналған 100 000-нан астам бұрыттар алдарынан сау етіп шыға келді. Обаши Шалаболэнің солтүстік шекарасына шегініп, одан әрі басып өткен 1 000 лиден астам шөл даладан бір тамшы су, бір тал шөп кездестіре алмады. Бұл кез күн жылынған наурыз айы болатын. Адамдар жылқы мен сиырдың қанын ішті. Ел арасында оба тарап, 300 000 адам қырылып, малдың оннан үш-төрт бөлігі ғана қалып, он неше күнде сол шөл даладан ерең қашып шыққан».

Әдеб.: «Шынжаң ши люе». Кітапта: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, II-том. Саяхатнамалармен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. Алматы, «Дайк-Пресс», 2005, 251–301-бб.; Қазақшаға аударған – Б.Еженхан.

«СИЮЙ ЦЗУН ЧЖИ» (Батыс өлке карталары мен сипаттамалары) – қытай тілінде жазылған тарихи шығарма. Тағы бір аты – «Хуан юн си юн ту чжи». Қытайдың Мань-Цин дәуірінде орт. үкімет кеңсесінде арнайы құрастырылған жер-аймақтық шежіре. Жалпы саны 52 тараудан тұрады. 1756–62 ж. аралығындағы оқиғаларды қамтиды. Кітап ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов атынд. Шығыстану ин-ты тарапынан зерттеліп, қазақшаға аударылып, «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері» (Алматы, 2005) деген жинақтың I-томына ықшамдалып енгізілген. Шығыс

СИЮЙ ШУЙ ДАУ ЦЗИ

Түркістан, Қазақстан аймағының тарихы мен географиясы сипатталған бұл еңбекте сол кезеңдегі қазақ-қытай байланыстарына қатысты құнды деректер баршылық. Мыс., кітаптың 44-тарауының «Сол бөлік қазақтары» деген бөлімі Қазақ хандығының Орта жүзіне арналып, Абылай ханның қызметі, 1756–58 ж. қазақ-қытай қақтығыстары, одан кейінгі дипломат. байланыстар қорытылып, сипатталады. Ал, «Оң бөлік қазақтары» деген бөлімде Ұлы жүздің Төле би, Қойгелді және Сасық би туралы деректер берілген. Жолан мен Басарманның 1759 жылғы елшілігі суреттеледі. 45-тарау Ташкент ұлысына арналған. Кітапта Абылай басқарған қазақтар туралы былай деп баяндалған: «Қазақтар ... вандарының есімі Абылай. Оны қол астындағылардың барлығы «Абылай би» деп атайды. Жерлері кең, жан саны мол, малдары көп. Байларының жылқысы мен сиыры он мыңнан есептелінеді, қойларына сан жетпейді. Осы байлар бірнеше әйелдеріне ретімен барып қонып кетеді. Кедей аттыларының өзі неше жүз сиыр мен жылқы, неше мың қойға ие, киген-ішкендерінен қам жемейді. Ұлдары 16 жасқа толғанда еншілерін бөліп беріп, өз тіршілігін бастатқызады. Той-томалық болғанда жейтін тағамдары – жылқы, сиыр, түйе және қойдың еті, ішетіндері – қымыз. Ағаш табак, ағаш тостаған және ағаш қасық қолданады. Байлар мыс, қалайы ыдыстар жасатады. Киімді көп кісе әсем көрінеді деп есептейді, тіпті шілденің ыстық күндерінде де 8–9 қабат киім киіп алады. Қытайдың фарфорын, шайын, түрлі түсті маталарын және ұсақ алтын бедері бар торқаны ұнатып, қадірлейді. Ал киіп жүрген торғын мен жібектерді айтарлықтай аяп та қимейді...».

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I-том. Алматы, 2005. 210–225-бб..

Б.Еженхан

«СИЮЙ ШУЙ ДАУ ЦЗИ» (Батыс өлкедегі өзен арналары) – кітап. Қытайдың Іле әкімш. тарапынан 1811–21 ж. тарихи құжаттардың негізінде құрастырылған. Кітап ҚР БҒМ Р.Б.Сүлейменов атынд. Шығыстану ин-туты тарапынан зерттеліп, қазақшаға аударылып, «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері» (Алматы, 2005) деген жинақтың I-томына ықшамдалып енгізілген. Негізінен геогр. анықтамалық сипатында жазылса да, Жоңғар шапқыншылығы заманындағы Қазақ хандығының Оңт.-шығыс бөлігінің қоғамдық-саяси жағдайынан хабар беретін деректер де аз емес. Мыс., 1767 жылғы қазақ-қоқан қақтығыстары, осыған байланысты Абылай ханның іс-әрекеті суреттелген. Бұл деректер Қытай патшалығы тарихи мұрағатында

сақталған құжаттармен бекітіледі. Қытайшадан аударған – Б.Еженхан

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I-том. Алматы, 2005. 226–247 бб..

Б.Еженхан

СКАЛОН Антон (т.-ө.ж. белгісіз, 18 ғ.) – кавалер ген.-майор, шекара бастығы, Сібір әскерлер шебінің қолбасшысы. Ол 1774 ж. 8 тамызда Өскемен бекінісінде қазақша-орысша сөздік жасау ісіне кіріскен. Бұл орыс әрпімен қазақша жазудың ең алғашқы талпынысы еді. Кейін 1778 жылғы қыркүйекте тілмаш Матвей Радионовтың жазып қалдырған ақпарына қарағанда, бұл сөздікті жинақтау жұмысы Петербургте жалғасқан. Оның көрсетуі бойынша Орта жүз ханының Петербургке келген ұлы және оның жанындағылар аударма жасауға көмектескен. Бұл іске Абылайдың көп ұлдарының бірі – Тоғым сұлтан көп үлес қосқан. Абылай хан 1776 ж. 26 қыркүйекте Скалонға хат жазып, Құдайменде сұлтанның Бағлан және Троицк бекіністеріне саудамен барғысы келетінін мәлімдеген, сөйтіп екі арада сауда-саттық мәселесін жандандыруға ниет білдірген. Ал 1777 жылғы 9 маусымдағы хатында қазақ ханы: «Менің тілегімді аяқсыз қалдырмай, бізге арнайы сауда жасауға көпесті аттандырғаныңызға өте-мөте разымын» дей келіп: «Шекара әскерлері 15 қазақты босатқан да, қалған бір адам мен жылқыларды қайтармай отыр. Қазақтар жылқысын бір биыл ғана емес, жыл сайын Ертістен өткізіп бағып келе жатқаны мәлім. Жалғыз бұл ғана ма, Орынбор шебіндегі Троицк және Бағлан бекіністері тұсындағы қазақтар да сол жақтағы әскер командирлерінен қатты қиянат көріп отыр. Мұндай бассыздық қашан тыйылады?!» деп, реніш білдірген.

Н.Ақбай

СЛОВЦОВ Петр Андреевич (1767–1843) – «сібір ойшылы» атанған орыс тарихшысы. 19 ғ-дың I-жартысында жазған «Историческое обозрение Сибири», «Прогулки вокруг Тобольска в 1834 году» деген еңбектерінде Сібірдегі басқа халықтармен бірге, қазақ ауылдары туралы да мағлұмат келтірген. С. 18 ғ-дағы қазақ-жоңғар қатынастары туралы айта келіп, «Миллер Жоңғарияда Ренат деген швед инженерінің металл балқытқанын, мылтық жасап, зеңбірек құйғанын жазады. Зеңбірек туралы бұл мағлұматтар жалған, Рабатанның кезінде де, Қаданның кезінде де Жоңғарияның ешбір жерінде ондай қару болған емес... Майор Угрюмов тұтқын орыстарды, оның ішінде швед штык-юнкері Ренатты да Жоңғариядан алып кетті» деп жазады.

Әдеб.: С л о в ц о в П. А. История Сибири от Ермака до Екатерины II. М.: Вече, 2006. С.214.

СМАЙЫЛОВ Камал (24.4.1932, Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Сарлық а. – 2003, Алматы қ.) – публицист-жазушы. 1954 ж. ҚазМУ-дің (қазіргі әл-Фараби атынд. ҚазҰУ) филология ф-тінің журналистика бөлімін бітірген. Қазақстан Комсомолы Орт. К-тінің хатшысы, «Қазақфильм» киностудиясының директоры, ҚР Кинематография жөніндегі мемл. к-тінің төрағасы, Қазақ телевизиясы респ. мемл. к-тінің төрағасы болып істеді. Көп жыл бойы саяси-қоғамдық қызметтер атқарды: Қазақ КСР Министрлер Кеңесі мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1991 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Мәдениет жөніндегі комитетінің төрағасы болған. Т.Жүргенов атынд. Қазақ ұлттық өнер академиясының проф., өнертану ғыл. канд. Алматыдағы Халықар. мамандықтар ин-тының (бұрынғы Халықар. журналистика ин-ты) проф. ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының және Қазақстан журналистика академиясының мүшесі. Қ. Р-ның еңбек сің. қайраткері. Қазақстан Жазушылар одағының Сәкен Сейфуллин атынд. сый. лауреаты болған. Екі рет «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. «Батыр Баян – халық тағдырының шежіресі» атты мақаласында («Казахстанская правда», 1994 ж. 23 желтоқсан) М.Жұмабаевтың дастаны негізінде түсірілген «Батыр Баян» фильмінің жетістіктеріне талдау жасап, ондағы ел қорғаған батырлардың, әсіресе Абылай хан мен Баян батырдың көркем бейнелерінің тарихи шындықпен байланысын ашып көрсетеді.

«СМЕРТЬ КЕКБАЛАКА» («Көкбалақтың өлімі») – тарихи-өмірбаяндық кинохикаят. Авторы – Т.Әсемқұлов. М.Мағауин шығармасының желісімен жазылған. Кинохикаят Көкшетау баурайында орналасқан Қазақ ханы Абылайдың ордасын суреттеуден басталады. Хан түнгі ауылды жаяу аралай келіп, өзінің соғысқа мінетін сайгүлігі Көкбалақ тұрған үйге бас сұғады. Ортадағы от жанған ошақтан сәл әрірек оң жамбасымен Көкбалақ жатыр. Бұл – Көкбалақтың ауыр жаралы халі екенін оқырман қиналмай аңғарады. Хан сүйікті сайгүлігінің басын тізесіне қойып, бір сәт онымен сырласқандай, мұңдасқандай болады. Сайгүлік те жасаураған көзін ханға, өзінің қожайынына аударып, оған мұңая қарағандай. Осы бір сәтте, от жарығының жалынында бір сәт ойланып кеткен хан да өзінің өтіп кеткен жастық шағына ойша қайта оралғанын сезбей қалады. Бірде Абылай жоңғарлардың қолына түскен жолы Қалдан Серенмен не туралы сөйлескенін есіне алады. Абылай Қалдан Сереннің: «Кімсің? Қай тайпадансың?» деген сұрағына өзінің Шыңғыс ханның тұқымынан, оның үлкен

ұлы Жошының ұрпағы екенін айтады. Бергі ата-лары – Өз Жәнібек, Есім хан, Салқам Жәңгір, өз әкесі Уәли сұлтан екенін жасырмайды. Шығармада Көкбалақ атпен Абылай ханның талай мәрте жеңісті жорықтарға қатысып, мәртебесі өскені әңгіме болады. Сондай ұрыстың бірінде Көкбалақ ауыр жараланады... Шығарма соңында Хан түнде келіп, жаралы Көкбалақтың жанына жайғасқан орнында әлі отыр. Таң атқанда бас жылқышы Абылай ханға: «Хан ием, Көкбалақ көз жұмды. Түні бойы осы арада отырдың, бәлкім, шаршаған шығарсың, енді демал!» – дейді. «Бұл қалай болғаны сонда? – дейді Абылай хан таңғалып. – Өйткені біз тұтқынға түскен жоқпыз ғой... Көкбалақ қоршаудан аман алып шықты емес пе». «Дәл солай, хан ием, – дейді Маддахия. – Қасиетті Көкбалақ бізді жау қоршауында қалдырмай, аман-есен алып шықты. Бірақ ол қазір өлді. Мәңгілік ұйқы құшағына енді». Көкбалақты жылқышының айтуымен көне салт бойынша отқа жағады. «Біздің бәріміз де Тәңірінің отты денесінен жаралғанбыз және соған қайта барып қосыламыз», – деген жылқышының ақырын дауысы естіледі. «Мейлі, солай!» – деп Абылай соңғы шешімін айтады.

Ғ.Елеу, З.Наурызбаева

СОЙМОНОВ Федор (т.-ө.ж. белгісіз) – Сібір губернаторы, ген.-майор, тайный советник. 1758 жылғы қараша айының 27 жұлдызында үкімет сенатының журналында былай деп жазылыпты: «Тайный советник Соймоновтың рапортында Ресейдің қарауына кірген қалмақтар қазақтардың 7 мың жылқысын ұрлап әкеткені жөнінде Абылай сұлтанның ренішті талабы туралы баяндалған. Сондықтан Абылай сұлтан қарулы қол жинап, шекараны бойлап Ресейге бара жатқан қалмақ көштерін шауып, қолды болған жылқыларын қайтарып алмақ. Осындай қауіп төніп тұрғанда, торғауыт көшін бастап бара жатқан Ресей командасына Омбы бекінісінде қалған дон казактарын түгелдей, оған полк зеңбірегін қосып атандыру керек. Егер Абылай «ұрланған жылқыларды қайтар» деп талап қоятын болса, оған: «Ресейдің қарауына жаңа ғана кірген бейшара қалмақтар мұнша көп жылқыны басқа жақтан айдап әкелген жоқ, бізге келген кездегі жылқыларының саны осынша болатын». Сөйтіп, сыртқы істер алқасына да, әскери алқаға да осылай деп хабарланған. Ал әңгіменің шындығы былай: Жоңғар хандығы талқандалған соң, торғауыттардың бір бөлігі Қытайдың билігінен қашып, Еділ қалмақтарына қосылу үшін, Ертісті бойлап, батысқа қарай аттанған еді. Ресей үкіметі босқын қалмақтарды бөгетсіз қабылдап алудың шараларын жан-жақты қарастырып, тіпті оларға көмек ретінде



қарулы әскер беруге дейін барған. Бұрынғы жоңғар жерінен үдере көшкен қалмақтар жолда кездескен қазақ ауылдарының малдарын қуып әкеткен. Ал 1758 жылғы 10 қазанда Соймоновтың сенатқа жазған хатында былай делінген: «Серен есімді торғауыт нояны бастаған қалмақтар өткен айда қазақтардың әуелі бес мың, кейінірек 500 жылқысын қуып әкеткен. Олардан қалған екі ат пен бір қап кептірілген нан жолда табылған. Абылай осы жылқыларды тауып, қайтаруды, ұрыларды жазаға тартуды талап етеді. «Ал малымыз қайтарылмаса, жолымызды ашып беріңдер. Ресей империясының қалмақтарымен өзіміз есеп айырысамыз» депті. Бұған қоса Абылай былай деп жазыпты: «Ресей бодандығында болуым керексіз болса, маған жазбаша хабар беріңдер, патша ағзамға шағынып, хат түсіремін, елші жіберемін, өзім қиыр-қиянға көшіп кетемін». Сондықтан Абылайдың талаптарын қабылдап, оны тыныштандыру үшін, торғауыттардың қосы тұрған Бағлан бекінісінің командирі майор Кондыревке біздің тарапымыздан тапсырма берілді. Ол қалмақ көшін тоқтатып, барлық жылқысын санап, тексеруге тиіс. Бағлан бекінісіне кісілер жіберіп, Абылай сұлтан, Құлсары мен Құлеке батырлар жоғалған малдарын танып алуы керек».

Н.Ақбаев

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН» – Солт. Қазақстан обл. газеті. «С.Қ.» газеті мемл. тілде ақпараттық саясатты жүзеге асыратын Солт. Қазақстан обл. әкімінің ресми басылымы болып табылады. Газет 6 баспа табақ көлемінде, аптасына 3 мәрте басылады. Негізгі айдарлары – «Ел жаңалықтары», «Президент Жолдауы: ерге міндет, елге бағдар», «Облыстық әкімдікте», «Әкім – әлеумет алдында», «Әкімдер есебі: нәтижесі қандай?», «Облыстық мәслихатта», «Кең-байтақ Отанымызда», «Жол картасы», «Инновациялық жобалар», «Әлеуметтік қорғау», «Ауыз су» бағдарламасы», «Қызылжарда не жаңалық?», «Әлеуметтік әріптестік», «Деректер мен дәйектер», «Өнеркәсіп», «Өнім сапасы – өзекті мәселе», «Агроөнеркәсіп кешені», «Ауыл шаруашылығы», «Ахуалың қалай, ауыл?», «Кәсіпкерлік», «Өнеркәсіп», «Қаржы нарығы», «Тіл тағдары – ел тағдыры», «Мемлекеттік тілді дамыту», «Күн-айғақ», «Құрылыс» және т.б. 2007 жылдан бастап білім саласының қызметкерлеріне «Тағылым» қосымшасы, әйелдер мен қыз балаларға арналған «Ұлпан» қосымшасы, студенттер мен жастарға арналған «Ақ семсер» қосымшасы, аптасына 1 рет «Мағжан» әдеби беті шығады. Бас редакторы К.Мұсырман. Газетте Қ.Мұқановтың «Абылай және оның заманы» атты мақаласы және Ыбырай ақын

Сандыбайұлының «Абылайдың ақ үйіне» атты өлеңі және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

СОМЖҮРЕК Жұма-Назар (1.2.1940 ж.т., Торғай обл. Аманкелді ауд. Қайыңды а.) – ақын. 1964 ж. ҚазМУ-дің (қазіргі ҚазҰУ) филология ф-тін бітірген. Әр жылдарда мұғалім, жастар жетекшісі, респ. «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналында, обл. «Торғай таңы» газе-



Ж.Сомжүрек

тінде тілші болып жұмыс істеген. Өткір әдеби сындары, проблемалық, әлеум. тақырыптарды өзек еткен көптеген мақалалары респ. баспасөз беттерінде жарияланған. «Сарыарқа» таңдамалы жыр жинағы шыққан. «Абылай алаңы» атты толғау өлеңнің («Түркістан», 2010 ж. 18 наурыз) авторы.

СОПЫБЕКОВ Адырбек (5.5.1937 ж.т., Қызылорда обл., Жаңақорған ауд. Бесарық а.) – ақын. ҚазМУ-дің (қазіргі ҚазҰУ) филология ф-тін және Алматы жоғары партия мектебінің журналистика бөлімін бітірген. Баспасөз саласында жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан



А.Сопыбеков

Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, Қызылорда обл.-ның Құрметті қайраткері, Жаңақорған ауд.-ның және Жаңақорған кентінің Құрметті азаматы. Шығармалары: «Көзілдірік», «Айналайын», «Айға сапар», «Шешілген жұмбақ», «Кім қалай

ұйықтайды», «Көктем жыры», «Базарлық», «Күншуақ», «Дөңгеленген дүние». Өлеңдері орыс, беларусь, өзбек тілдеріне аударылған. Абылай ханның сенімді батырларының бірі Желкілдекке арнап «Желкілдек батыр» атты поэма жазған.

К.Қошым-Нозай

СТАНИСЛАВСКИЙ Сергей Кирилович (т. - ө.ж.б., 18 ғ.) – Петропавл бекінісінің бастығы, ген.-майор 1772 жылғы 3 шілдеде жазған хатында қазақ ханы С-ді жаңа қызметімен құттықтап, бекіністегі тентектер мен ұрыларға тыйым боларына үміт ететінін айта келіп: «Сіздің жақтан бірнеше адам келіп, бір қазақты сабапты, екіншісінің басын жарыпты, атын мылтықпен атып тастапты. Тағы басқа бір адамдарыңыз менің түйешімді тұтқындап алып кетіпті, ауылға келіп ойран салып, бала-шағаны қорқытқан, екі қазақты алып кеткен. Ауылды тонап, дүние-мүлкін алып кеткен. Сіз келген соң, бұзықтар бізге мұнша қиянат жасамас деп ойлаған едім» деген. Осы жылғы 9 тамыздағы хатында Абылай өзіне тиесілі үш жүз рубль жалақыны Петр ағзам бекінісінен бергізуді сұрап, бұл тілегін генералитетке жеткізуді хабарлауын өтінген. Бұдан соң Абылай үй-жайларына қажет терезе шыныларын жіберуді сұрап, олардың өлшемін көрсеткен. Құндыз аулау жөнінде кемінде төрт аңшы жіберуді, оларды ренжітпейтінін, Қылшақты өзенінен құндыз аулататынын мәлімдеген. 9 қыркүйектегі үшінші хатында өз қоластындағы қазақтардың қолындағы үш тұтқынның – екі түркімен, бір башқұрттың қашып кеткенін, олардың өздерімен бірге төрт ат, бір доғаны ала кеткенін, тағы екі торғауыт қалмақтың жаяу қашып кеткенін мәлімдепті. «Егер біздің тұтқындарды қайтармайтын болсаңыздар, арты жақсы болмайды, дос көршілік, қарым-қатынасымыз бұзылады. Біз де Ресейдің тұтқын азаматтарын қайтармаймыз» деп мәлімдеген.

Н.Ақбай

«СТЕПНОЙ КРАЙ: ЗОНА ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ РУССКОГО И КАЗАХСКОГО НАРОДА (XVIII–XX вв.)» – кітап. Омбы – Көкшетау. 2002 ж. Көлемі 269 бет. Таралымы 300 дана. Кітапқа 2001 жылы өткен Халықар. ғыл. конференцияның материалдары топтастырылып берілген. Осы тақырыптағы алғашқы конференция 1998 ж. Омбы обл.-ның 175 жылдығына орай өткізілген. Сол кезде РФ мен ҚР зерттеушілері осындай ғыл. конференцияларды өткізіп тұруды дәстүрге айналдыру жөнінде ұсыныс білдірген. Көкшетауда өткен конференция – сол дәстүрдің жалғасы. Осы жинақта К.Әбуевтің «Хан Абылай и развитие казахско-русских отношений (историография и проблемы)» атты мақаласы жарық көрген. Мақалада 1740 ж.

Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан бастаған қазақ азаматтарының Орынбор губернаторы Урусовтың қабылдауында болғандығы жайында айтылады.

К.Қошым-Нозай

«СТЕПНОЙ МАЯК» – газет. Қазақстан КП Көкшетау обл. және қалалық к-ті мен халық депутаттары обл. кеңесінің органы ретінде орыс тілінде 1920 ж. шілдеде жарық көрді. «Красный пахарь» (1920–30), «Колхозный фронт» (1930–36), «Колхозный путь» (1936–44), «Сталинское знамя» (1944–56), «Кокчетавская правда» (1956–63) деген атпен, 1963 жылдан қазіргі атымен шығып келеді. 1997 ж. Көкшетау обл.-ның таратылуына байланысты уақытша жабылды. 1997 жылдан бастап Көкшетау қ. қоғамдық-саяси газеті ретінде шығып тұрады. Басылымның қазіргі бас редакторы – С.Смағұлов. Газетте «Письмо полковника Павлуцкого Абылаю» атты хат, «Цитаты известных людей об историческом значении деятельности хана Абылай» атты тақырыппен топтама, Ж.Абдилдиннің «Сын своего времени», Ш.Уәлихановтың «Он умел заслужить уважение народа», Л.Воробьеваның «Время Абылая: Страницы истории» атты мақалалары жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

«СТРАНА И МИР» – газет. Басылым 2002 жылдан бері шыға бастады. Еліміздің түкпір-түкпіріне тарайтын басылымның қамтитын тақырыптары саясат, экономика, қоғам, қайырымдылық, халықты әлеуметтік қорғау, спорт болып табылады. Газеттің бас редакторы – Р.Гарипов. Газетте Х.Абжановтың «Алаш»: след в истории народа», К.Бегалиннің «Хан Абылай» атты мақалалары жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

СҰАН – Ұлы жүз құрамындағы тайпа. М.Тынышбаев өзінің «Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» атты шығармасында С. тайпасының аты 16 ғ-да аталатынын айтады. Нәлшік қ-нда тұратын ғалым Исмайыл Мизиев 1986 ж. Зеленчук өз-нің бойындағы Ескі жұрт деген мекендегі көне таңбалы таста дулат, ботбай, албан, С. таңбалары бар екенін анықтады. Шежіре деректері бойынша Бәйдібектің Жарықшақ (шын аты Тілеуберді) деген баласынан Албан, С., Дулат тараса, С-нан Бай мен Дай тарайды, оларды Байсуан және Дайсуан деп атаған, бірақ Дайсуанды ешбір шежіре таратпайды, ал Байсуан тұқымы былай тарайды: Шақай – Томық – Сарық – Өрдин – Омақан – Орынхан – Кәрмақ – Шор – Қолуық – Бармақ – Момбай – Оғанбек – Құра – Таңғұт – Ғауыт – Ертөбе – Берікбай – Балтабай – Құрым – Шоғыл – Мақатай – Нау – Түбіт – Майлы – Ақтай – Арқалды – Нақ – Текес – Арқас – Қанбағыс,



Досбағыс, Бекарыстан, Тоғарыстан. Осы төрт ұлдың Қанбағысынан тараған ұрпақтар Қазығұрт төңірегін мекендейді, оларды жалпылай Бағыс С. деп атайды. Ал Жаркент аймағын мекендейтін С-дар Бекарыстанның Байтүгей аталатын баласы мен Арқастың Тоғарыстанынан тарайды. 1643 ж-ғы Орбұлақ шайқасына Байтүгейдің баласы Елтінді (Елтынды) батыр қатысқан. Ал 18 ғ-да қалмақтың Мұқыры батырын жекпе-жекте жеңген Бағай батырдың, қазақ-қалмақ соғысында Аралбай, Сатай, Бөлек, Ұзын мұрт Ұзақ батырлардың аты шыққан. Кеңес Одағының Батырлары тұңғыш қазақ ген. С. Рақымов Бағыс С-ның ұрпағы болса, Х. Көбіков – Байтүгей ұрпағы. Тарихшы П.П. Румянцев 18–19 ғ-ларда С. тайпасының біразы Тарбағатай, Бар-лық бойын мекендегенін айтады. Ол арада қазірге дейін С. бейіті сақталған. Таңбасы – абақ, ұраны – Байсуан.

Әдеб.: Л е в ш и н А. И., «Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей, СПб, 1832; А р и с т о в Н. А., Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и кара киргизов..», «Живая старина», СПб, 1894, в. 3–4; Р у м я н ц е в П. П., «Джаркентский уезд», СПб, 1912; Т ы н ы ш б а е в М., «Материалы к истории киргиз-казахского народа», Таш., 1925; Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. А., 1964; «Суан шежіре», А., 1993.

Б.Нұржекеұлы

СУМАРОКОВ С.В. (т.-ө.ж.б.) – Петропавл бекінісінің коменданты, ген. Абылай хан 1778 жылғы 13 наурызда С-қа жазған хатында патша ағзам бекінісіне барған өз ұлын жақсы қабылдап, алып барған кісілерін де ойдағыдай күткені үшін алғыс айтқан. Сонда ұсталып қалған қыпшақ болысының Бөкенбай және Қарақожа деген адамының себебін анықтап, босатып жіберуді өтінген. Ал ген.-м. Огарев 1781 ж. 17 наурызда С-қа жазған хатында: «Абылай хан қайтыс болды деп 1781 жылдың 9 ақпанында хабарлаған екенсіз. Барлық күш-жігеріңізді салып, Құлыбек батырды Абылайдың қаза тапқан жеріне жіберіп алыңыз. Абылайдың қазасы рас па, неден өлгенін анықтасын» делінген. Ал 1781 ж. 20 наурызда С-тың Хвабуловқа жолдаған мәлімхатында: «Орта жүздің билеушісі Абылай хан Ташкент маңында қаза болыпты. Ұзынқұлақтан естігендері: Абылай ханды ташкенттіктер у беріп өлтіріпті, бірақ әзір анық-қанығына жете қойған жоқпыз» деп жазыпты. Огарев 1781 ж. 29 мамырда жолдаған екінші хатында: «Абылай хан жорықта жүргенде оқыс науқастан алпыс тоғыз жасқа қараған шағында бұл дүниеден өтті. Ресей жағына елу жыл адал қызмет етіп еді» деген.

Н.Ақбай

СУХАРЕВ Алексей Михайлович (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Тобыл губернаторы. Абылай сұлтан 1745 ж. 23 желтоқсанда Тобыл губернаторы С-ке жазған хатында үйсіндердің мәселесін қозғаған. «Бұған дейін үш жүз шаңырақ Үйсін деп аталатын халық жоғарғы Жоңғар қалмақтары мен қазақтардың арасында болып, үнемі Ресейге қарсы шығып келген еді, енді бұл әрекеттерінен ешқандай пайда болмағандығына өкініп, өздерінің бұрынғы әдеттерін тастап, осыдан былай патшайымның қарауында болғысы келетінін білдіріп, бізге бір ел ағасын жіберіпті. Ол халықты қарауыңызға аласыз ба, алмайсыз ба, Сіздің құзырыңызға хабарлап отырмын; ал бұл халық бодан болғысы келеді» деп мәлімдеген. Одан әрі С-тің қолында тұтқында отырған Байжігіт Жаулыбайұлы есімді кісісін босатуды сұраған. Бұл адам жылқы айдап кеткен жерінен ұсталып, дарға асуға кесілген. Бірақ поручик Савва Меншиковтың және тілмаш Фома Даветияровтың қатесінен оның орнына Тобылда түрмеде отырған қылмыскер қалмақ Календер дарға асылып, Байжігіт Нерчин зауытына мәңгілікке қара жұмысқа айдалған. «Жоғарыда аты аталған қазақ Байжігіт қайдан, қанша жылқы әкетіпті? Кім, қандай жағдайда қолға түсірген екен, қандай жарлықпен өлім жазасына кесілген екен. Өйткені жылқы айдап әкеткені үшін өлім жазасына кесу деген жосық жоқ қой» делінген Абылайдың хатында. Хаттың соңында ешқандай жазығы жоқ Байжігіт Жаулыбаевты түрмеден босатуды өтінген.

Н.Ақбай

СҰЛТАН (араб. билеуші, әмірші) – ислам дінін ұстанған кейбір Шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазымы. С. атауы Құранда да кездеседі. Хижра жыл есебінің алғашқы кезеңінде мұсылмандар арасындағы жалпы билікті, 10 ғ-да Аббас халифатының (Аббас әулетінің) ыдырауына байланысты діни басшылықты білдірген. 11 ғ-да салжұқтардан бастап С. лауазымын дербес әулет басшыларына халифа бекітіп отырды. Египетті түрік османдары басып алып (1517), мәмлүк сұлтандарының билігін жойғаннан кейін, Баязид I кезінен бері С. атағына ие болған түрік билеушілері халифтік қызметті қоса атқарды. Қазақстанда С. лауазымының мән-мағынасы сол қалпында сақталып, ол Шыңғыс ханның тұқымына берілді. Тәуке ханның тұсында қабылданған «Жеті жарғы» заңдар жинағы С-ның дәрежесін заңдастырып берді. С-ды қазақтар «төре» деп те (қ. *Ақсүйек*) атаған. 1822 ж. қабылданған «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша С-дар іс жүзінде жергілікті отаршылдық әкімш-тің құралына айналды. 1868 жылғы

реформа бойынша С-дар өмірлік зейнетақымен қамтамасыз етіліп, салықтардан босатылды.

С.Арғынғазин

СҰЛТАНБЕКОВ Мұрат (28.1.1938 ж.т., Семей к.) – Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, аудармашы. Семей ин-тының филология ф-тін (1960), Н.Крупская атынд. пед. ин-ттың аспирантурасын (1962) бітірген. Шығармаларын қазақ, орыс тілдерінде жазады. Абай, Шәкәрім Құдайбердиев өлеңдерін орыс тіліне аударған. «Абылайдың Мамай батыры» атты толғау-дас-таны бар.

СҰЛТАНБЕТ, С ұ л т а н м ұ х а м е д, С ұ л т а н м ә м е т (шамамен 1708, Түркістан төңірегі – 1790, қазіргі Павлодар обл.) – мемлекет қайраткері, қазақ сұлтаны, дипломат. Абылай ханның немере ағасы. 18 ғ-дың 1-жартысында Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің жарлығымен қыпшақтардың билеушісі болып тағайындалды. Жоңғарлармен болған әскери қимылдарға белсенді түрде қатысып, Абылай сұлтанды тұтқыннан босатуға ат салысқан. Мәмілегерлік қабілеті мол С. кейде хандардың атынан Ресей ұлықтарына дала халқының мұң-мұқтажын айту үшін жиі барған. Абылай ханның жұмсауымен екі рет (1762 және 1767 ж.) Қытайға елші болып барып, шекара мәселесін реттеген. Ертістің оң жағалауын орыс отаршыларынан сақтап қалуда зор еңбек етті. Ертіс бойын билеген С-тің беделі жоғары болғанын Ш.Ш.Уәлихановтың «Орыс үкіметі шынайы ханның өзі тұрғанда да Орта жүз билеушілерінің ішінен Абылаймен, оның бауыры Сұлтанбетпен көбірек қарым-қатынас жасады» деп жазғанынан көруге болады. Ресей үкіметі оған арнап Ертіс өңіріндегі Төретұмсық деген жерде еур. үлгідегі сәулетті үй-жай салып берген. Оның 1762 ж. Ресей патшайымы Екатерина II-мен және басқа да ықпалды орыс қайраткерлерімен жазысқан хаттары сақталған. Екатерина II өзінің таққа отыру рәсіміне орай шақырған санаулы қазақ билеушілерінің ішінде С. те болған. Абылай хан қайтыс болғаннан кейін мұрагерлікке ұсыныс жасалғанда, жасының ұлғайғанын ескеріп, орнын Абылайдың үлкен ұлы Уәлиге берген. С-тің он үш ұлы (кейбір деректерде он сегіз) болған. Олардың көбі (Орыс, Иман, Жәңгір, Үкібай, Торған, Шаншар) кезінде Ертіс бойын мекендеген іргелі руларды билеп, сұлтан атанған. Осылардың ішіндегі танымалы, бәсентиін руының билеушісі – Орыс сұлтан. Ол Абылай хан мен С-тің тапсырмасы бойынша бірнеше рет Ресей және Қытаймен дипломат. келіссөздер жүргізген.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 16–18 вв., А.-А., 1961, 1964; В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч., т. 4, А.-А., 1985; Х а ф и з о в а К. Ш., Китайская

дипломатия в Центральной Азии (14–18 вв.), А., 1995; Прошлое Казахстана в источниках и материалах, т. 1, А., 1997; А н д р е е в И. Г., Описание средней орды киргиз-кайсаков, А., 1998; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Ш.Уәлиханов, Е.Қананиянов

СҰЛТАНҒАЗИН Өмірзақ Махмұтұлы (4.10.1936, Қостанай обл. Сарыкөл ауд. Қараоба а. – 20.5.2005, Алматы қ.) – ғалым, қоғам қайраткері. Физ.-матем. ғыл. докт. (1973), проф. (1974), Қазақстан ҒА-ның акад. (1983). Қазақ ұлттық ун-тін бітірген (1958). 1958–78 ж. осы ун-тте ғыл.-пед., басшылық қызметтер атқарды. 1978–89 ж. Қазақстан ҒА Механика және математика ин-тының директоры, 1988–94 ж. Қазақстан ҒА-ның президенті, 1996–98 ж. Білім министрінің орынбасары, 2002–03 ж. Қазақстан ҰҒА-ның вице-президенті, 1991 жылдан өмірінің соңына



Ө.Сұлтанғазин

дейін Ғарыштық зерттеулер ин-тының директоры болды. Қазақстанда сәуле шығарудың тасымалдану теориясы ғыл. мектебінің негізін салған. Ғыл. еңбектері сәуле шығарудың тасымалдануының матем. теориясы және оның ядр. реакторларды есептеу тәсілдеріне қолданылуы, дистанц. зондтау және атмосф. оптика мәселелеріне арналған. С-ның тікелей басқаруымен Қазақстан ҒА-ның үш аймақтық бөлімшелері (Оңт., Батыс және Шығыс), бірнеше ғыл. ин-ттар мен орталықтары ашылды. Сондай-ақ ол «Мир» орбиталық кешенінің ғыл.-зерттеулері мен эксперименттері қазақстандық бағдарламасының, Т.О.Әубәкіров пен Т.А.Мұсабаевтың қатысуымен халықар. ғарыш ст. сапарының (1991, 1994, 1998, 2001), «Қазақстан Республикасы ғарыштық мониторингінің ұлттық жүйесі» ғыл.-тех. бағдарламасының ғыл. жетекшісі болды. 300-ден аса ғыл. еңбектің авторы. Ол Көкшетауда өткен конференцияны ашарда «Бізді бүгін Абылай дәуірінен 300 жылдай уақыт бөліп тұр. Қазіргі уақыт тұрғысынан қарасақ, Абылайдың қазақ хандығының беделін халықаралық деңгейге көтеруіне, қазақ мемлекетінің шын мәніндегі

СҮЙІНБАЙ

тәуелсіздігі мен біртұтастығын қорғау ісінде, сондай-ақ Ресеймен байланыс орнатуда үлкен еңбек сіңіргені бәрімізге айқын», – деп оның кемеңгер қайраткерлігін, дарынды қолбасшылығы мен қаһармандығын айрықша атаған болатын. Қазақ КСРО Мемл. сыйл-н (1987), қоғамдық «Тарлан» сыйл-н (1987, 2002) алған. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Парасат» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Шығ.: Методы сферических гармоник и дискретных ординат в задачах кинетической теории переноса. А., 1979; Состояние и перспективы развития космических исследований в Казахстане // В кн.: Космические исследования в Казахстане. А., 2002 (соавт.).

СҮЙІНБАЙ Аронұлы (1815, Алматы обл. Жамбыл ауд. Қарақастек а. – 1898, сонда) – айтыс ақыны. Жасынан жыраулығымен елге танылған. Жамбыл ақын «Менің пірім – Сүйінбай, сөз сөйлеймін сыйынбай» деп оны ұстаз тұтқан. Арғы атасы Күсеп Жиенқұлұлы (1701–91) жауынгер ақын, жыршы, күйші, қобызшы болған. «Өтеген батыр» жырын шығарып, «Мың бір түн», «Шаһнама», «Көроғлы», «Тотының тоқсан тарауы» дастандарын жырлаған. Күсептің үлкен ұлдары Жаңбыршы мен Жаманак қазақ арасына жыршы, қобызшы, күйшілігімен белгілі болса, кенже баласы Арон (1750–1835) жастайынан өткірлігімен, мәмілегер шешендігімен ел аузына іліккен. Атадан балаға жалғасқан ақындық, шешендік өнер С-ға дарыған. С-дың өзінен үлкен Жаманшал, Жұмық деген ағалары, Оспан атты інісі сыншыл, бірқақпай өлеңдерімен ауыл арасына танылған. Бұл жөнінде Жаманшал С-ға: «Отбасында мен жүйрікпін, шаршы топта сен жүйріксің» дейді екен. Тарихи деректерде Қоқан хандығы шапқыншылығының әсерінен жан-жаққа бытырай көшіп, қиын-қыстау кезеңде (1840–60) іргесі ыдыраған қазақ руларының басын біріктіруде С. мен Сарыбай бидің ықпалы зор болғандығы айтылады. Осы тұста ақын халықты қоқандықтарға қарсы тұрып, тәуелсіздік үшін күресуге шақырды. «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», «Қарасай батыр» сияқты толғаулар шығарды. Аумалы-төкпелі қоғамда өмір сүргендіктен, С. сал-серіліктен гөрі қоғамдық-әлеум. істерге белсене араласқан. Өлеңдерінде Қоқан билеушілері мен жергілікті әділетсіз сұлтан, төрелерден, бай-болыстардан жасқанбай, турасын айтып отырған. Әсіресе, ақын Абылай ханның шөбересі Тезек төремен, қырғыз ақыны Қатағанмен айтыстарында, сондай-ақ «Датқаларға», «Үмбетәліге», «Төрт биге», «Момын малын зұлымға алып беріп», т.б. өлеңдерінде қиянатшылдықты, озбырлықты аяусыз сынға

алған. Оның шешендік нақылдары, болысбилерге арналған сықақ өлеңдері («Максұтқа», «Қасымға», «Болыстарға баға», т.б.) сақталған. Қазақ халқының тарихи-қоғамдық даму сатылары мен өткен ғасырлардағы өмір шындығы ақын шығарм-нда жан-жақты көркем суреттелген. М.О.Әуезов С-ды «айтыс өнерінің алтын діңгегі» атаған. Қазақ халқы әділет үшін күресте қорғаушысы, жақтасы болған ақиық ақынның өлең, толғау, айтыстарын күні бүгінге дейін сақтап, «Сүйінбай осылай деген» деп әрдайым зерделерінде тұтқан. С-дың айтыстары мен өлең-толғауларын жинау, жариялау ісі 20 ғ-дың бас кезінде қолға алына бастады.



Сүйінбай Аронұлы

1920 ж. Түркістан АКСР-і халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған қырғыз (қазақ) ғыл. комиссиясы ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мақсатында Сырдария, Жетісу облыстарына экспедиция ұйымдастырып, этнограф ғалым Ә.Диваев С-дың өлең-толғауларын, айтыстарын жазып алған. 1929 ж. алғаш рет «Жаңа әдебиет» журналында (№6) ақынның «Апырмау, мынау жатқан Сарыбай ма?» деген өлеңі басылды. Ақын шығармалары әр кезеңде жарық көрген хрестомат. оқулықтарға енгізіліп, ел ішінде насихатталды. С.Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» атты жинаққа (1931) «Шапырашты Сүйінбай ақынның қартайған шағында айтқаны» деген өлеңі енген. 1935 ж. І.Жансүгіров пен Ф.Ғабитованың құрастыруымен ақынның бір топ шығармасы «Сүйінбай ақын» деген атпен тұңғыш рет жеке жинақ болып жарық көрді. С.Мұқанов пен Қ.Н.Бекхожин 1939, 1940, 1941 және 1944 ж.

орта мектептің 8-сыныбына арналған хрестоматиясына С-дың бірнеше өлеңін енгізген («Сүйінбай мен Тезек төре», «Сүйінбайдың Тезектің өлген баласына көңіл айтқаны», «Кәрілік туралы»). Қазақстан ҒА құрылғаннан кейін (1946) С. ақын мұрасын жинап, жариялаумен айналысқан ғалымдар Диваев, С.Бегалин, Б. Жақыпбаев, қырғыз фольклористері Ш. Уметәлиев пен Э. Мұқанбетовтардың еңбектерін айрықша атауға болады. Сондай-ақ С. мұрасының біршамасы Жамбыл Жабаевтың мемориалдық мұражайының әдеби қорында сақтаулы. «Ақын жырлары», «17–19 ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары», «Үш ғасыр жырлайды» атты жинақтарда С. шығарм-на кеңінен орын берілген, «Айтыс» жинағының 1-томында «Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы» жарияланған. С. ақынның «Ақиық» атты жинағына (1976) таңдаулы шығармаларымен қатар, тыңнан қосылған көптеген өлең-толғаулары, айтыстары енген, шығармалары жүйеге келтіріліп, тақырыптарға бөлінген, кітапқа көлемді ғыл. алғысөз жазылып, соңынан түсіндірме сөздік берілген. Мәскеуде «Әлем әдебиетінің кітапханасы» сериясымен жарыққа шыққан 200 томдық жинақтың 102-томында С-дың «Кәрілік» атты өлеңі жарияланған. Бұл ақын шығарм-ның дүниежүз. сөз өнеріне қосылған асыл мұра, аса құнды әдеби ескерткіш екендігін танытады. С-дың Малыбай, Жетібай, Әзірбай атты ұлдары, Бағжан, Қойжан деген қыздары болған. Ақынның сүйегі Қарақыстақ өзінің шығыс жағындағы биік жотаға қойылған, қабіріне кесене тұрғызылған. Алматы обл. филармониясы, сондай-ақ Алматы қ-ндағы үлкен даңғыл, туған ауылы, ондағы мектеп, көшелер С. есімімен аталады. Туған жерінде С-дың мемориалдық мұражайы жұмыс істейді.

Шығ.: Ақиық, А., 1976; Шығ. жин., А., 1990; Таңд. шығ., А., 1996.

Әдеб.: Үмбетбаев М., Пірім менің – Сүйінбай, А., 1992.

М.Үмбетбаев

СҮЙІНҒАРА Үргенішбайұлы (1756–1841) – батыр, би. Абылай дәуірінде өмір сүрген. Кіші жүздің адай руының мұңал тармағынан шыққан. Ресей империясының, Хиуа хандарының, түркімен билеушілерінің үстемдігіне қарсы күрескен. 1831 ж. Орынбор әскери губернаторы граф П.П.Сухтеленге орыс тұтқындарын қайтарып, өзі басшылық жасайтын маңғыстаулықтардың атынан Ресеймен достықта болатыны жайлы сенімхат жазған. Граф Сухтелен өзінің ризашылығын хат арқылы білдіріп, батырға қылыш сыйлаған. С. 1837 ж. Жайықтың шығыс бетіне өткен Исатай мен

Махамбетке қол жинауға көмектескен. С-ның інісі Кезінің, балалары Бүркіталы, Сатыбалды, Көтібардың ерлігі, қыздары Айсалқам мен Жансалқамның қайғылы тағдыры туралы ел аузында аңыздар көп сақталған. Батыр туралы А.Ф.Рязанов пен В.Ф.Шахматовтың ғыл. еңбектерінде, Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдықов, Е.Жаманбаев, Қ.Шыртанов, Ә.Спановтың көпшілікке арналған мақалаларында сөз болады. Оған А.Өтембетұлы, Ы.Шөреков жыр арнаса, М.Әбдіқалықов «Сүйінғара» атты роман жазған. Сондай-ақ Ә.Әлімжанов «Махамбеттің жебесі» романында, Кекілбаев «Күй» повесінде С-ның бейнесін сомдаған. Денесі Маңғыстаудағы Сейсен ата қорымына жерленген.

Ж.Тіленов

СҮЙІНДІК – Орта жүз арғын тайпасының рулар бірлестігі. Шежіре деректері бойынша С. – арғынға кіретін бес мейрамның бірі. С-тен қаржас, орманшы, құлболды (айдабол, күлік, ақбура, тұлпар, қаблан), жанболды және мәжік (малай, жәдігер) ұрпақтары тарайды. Бұл рулардың мәжіктен басқасы төңкеріске дейін 8 болыс ел болып, Павлодар у-нің Баянауыл өңірін мекендеген. Бұлар 18 ғ-дың 30-жылдарында С-тен тарайтын төрт ру (қаржас, орманшы, құлболды және жанболды) төртуыл деген атпен бірігіп, Сыр бойынан Сарыарқаға қоныс аударған. Ал мәжік ұрпағы (Жанайдар батырдың елі) төңкеріске дейін Қостанай у-н мекендеген.

СҮЛЕЙМЕНОВ Бекежан (12.12.1912, Ақтөбе обл. Шалқар ауд. – 30.6.1984, Алматы қ.) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1965), проф. (1968), ҚР ҒА-ның корр. мүшесі (1972). Мәскеудегі Мемл. пед. ин-тының тарих ф-тінің (1938) бітірген. 1938–42 ж. қазіргі



Б.Сүлейменов

ҚазПИ-де (қазіргі ҚазҰПУ) оқытушы, 1942–43 ж. қазіргі Абылай хан атынд. Халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-тінің ректоры, 1943–45 ж. КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесінің Тіл, әдебиет және тарих ин-ты директорының ғыл. жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1946–52 ж. Тарих ин-тында (қазіргі Тарих, археол. және этнология ин-ты)

СҮЛЕЙМЕНОВ

бөлім меңгерушісі болды. Патшалық Ресейдің Қазақстанда жүргізген отаршылдық саясатын зерттеумен шұғылданды. 1-орыс революциясы тұсындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері жайында еңбектер жазды. Е.Бекмахановтың негізсіз айыпталуына қарсылық танытып, оның Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысы туралы ғыл. тұжырымын қолдады. 1952 ж. С-тің өзі де кеңестік тоталитарлық жүйе тарапынан қысымшылыққа ұшырады. Оның еңбектеріне «реакциялық пиғылдағы бай феодалдарды, хандар мен сұлтандарды дәріптеді, ұлтшылдық идеяларды насихаттады» деген айыптар тағылып, сот шешімімен 25 жылға сотталды. Жазасын Иркутск обл-ндағы еңбекпен түзету лагерінде өтеп жүрген кезінде 1954 ж. ақталып шықты. Осы жылы қазіргі Тарих, археол. және этнология ин-тына ғыл. қызметкер болып орналасты, 1957 жылдан ин-тың революцияға дейінгі Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі болды. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезіндегі агр. мәселе, 1916 жылғы көтеріліс және Қазақстандағы қоғамдық ой-пікір мен ағартушылық тарихы туралы ғыл. еңбектерін жариялады. Ы.Алтынсариннің шығармалар жинағын құрастыруға жетекшілік етті. 1980 ж. Қазақстан ҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. берілді.

Ш ы ғ.: Казахстан в первой русской революции, А.-А., 1949; Аграрный вопрос в Казахстане в последней четверти XIX в., А.-А., 1963; Революционное движение в Казахстане. 1905–1907 гг., А.-А., 1976; Восстание 1916 года в Казахстане, А.-А., 1977 (телавт.); Навеки вместе, А.-А., 1980; Казахстан в составе России, А.-А., 1981 (телавт.).

Әдеб.: Асылбеков М. Х., Ескалиев С. А., Бекежан Сүлейменов – тарихшы-ғалым, А., 2001.

З.Төленова

СҮЛЕЙМЕНОВ Олжас Омарұлы (18.5.1936 ж.т., Алматы қ.) – ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы (1992). Абылай ханның кеңесші биі, ту ұстаушыларының бірі болған Олжабай Толыбайұлының жетінші ұрпағы. ҚазМУ-ды (1959, қазіргі ҚазҰУ), Мәскеудегі Әдебиет ин-тын бітірген. 1962–84 ж. «Казахстанская правда» газетінде, «Простор» журналында бөлім меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясында сценарийлік-редакциялық алқаның бас редакторы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, ҚР Кинематография жөніндегі мемл. к-т төрағасы қызметтерін атқарған. 1972 жылдан Азия мен Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі к-ттің, 1989–95 ж. Халықар. «Невада–Семей» қозғалысының төрағасы болды. 1995

жылдан Қазақстанның Венгриядағы, кейін Италиядағы төтенше және өкілетті елшісі, қазір ЮНЕСКО-дағы төтенше өкілетті елшісі және тұрақты өкілі. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Арғымақтар» 1961 ж. жарық көрді. С. шығармның алғашқы кезеңі (1961–65) жалынды рухқа толы болды, ол тұстағы шығармалар мазмұнынан қоғамдық дағдарыс пен руханият мәселесін, жаман мен жақсының тайталасын, қоршаған орта мен адам табиғатының сырын ашуға, ұлт тарихының тереңнен тартқан тамырын тануға деген ұмтылысты байқауға болады. «Адамға табын, Жер, енді» поэмасы (1961, Қазақстан Ленин комсомолы сыйл., 1964) ғарышкер Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшу сәтіне арналған,



О.Сүлейменов

онда аспан кеңістігін бағындырған адамзат санасының салтанат құруы марапатталған. 60-жылдардың орта тұсынан бастап С. шығармнда жаңа түр ізденістері, эпик. суреттеулер, шығармаларының сан түрлі жанрды қамтуы, сөз бен оның дыбысталуына ерекше мән беру, сөз өнері мәселелерінің тұптамасын көне дәуірдегі тарихи кезеңдерден іздеу мәселелері орын алды. Осы тұста ақынның «Қыш кітап» (1969), «Кактус», «Өлмейтін құмырсқа» поэмалары дүниеге келді. С-тің 70-жылдардағы басты шығармасы – «Көгершін кітап» еңбегінде алдыңғы туындыларында бой көрсеткен ұлттық сана жайындағы талдаулар жарасымды жалғасын тауып, әлемдік мәдениетпен үйлесімде синтезделді. Архив дереккөздеріне сүйене отырып, бірнеше тіл сөздерінің этимол. құрылымына жасалған талдаулар «Аз и Я» (1975), «Язык письма» (2000) атты филол. зерттеу еңбектерде көрініс тапқан. С. поэзиясының көркемдік әлемін тануда қаламгер шығарм-на тән екі түрлі дүниенің бір арнада тоғыса нақты көрініс табу ерекшелігін атап айтуға болады. Ол – орыс тілінде жазатын қазақ ақыны, екі бірдей эстет.-филол. дүниетанымдық жүйеден сусындаған: туған халқының фольклорлық дәстүрінде, рухани-адамгершілік ұстанымдар үрдісінде тәрбиелен-

ген, сондай-ақ орыс мәдениетінің рухани мұрасынан тәлім алған. С. поэзиясында қазақ халқының сан ғасырлық тарихы көрініс тапқан, ол – өзіндік мәдениетін, дәстүрін сақтаған ұлт ретінде қазақ халқын әлемге танытқан суреткер. Оның еңбектері әлемдік тұрғыда жоғары баға алды. С. шығарманың өмірлік кредосы «тауды аласартпай, даланың даңқын асқақтату» болып саналады. Оның «Шапағатты шақ» (1964), «Әр күн – арайлы таң» (1973, қазақ тілінде 1986), т.б. атты кітаптары жарық көрді. С. қазақтың кино өнерін дамытуға да үлкен үлес қосты, оның сценарийі бойынша «Бабалар жері», «Қыс – қысылшаң мезгіл» (1972), «Мұхтар Әуезов туралы сөз» (1979), «Үндістан сазы» (1984), «Жастық шақ заставасы» (1984), т.б. кинофильмдері түсірілді. С. шығармалары шетел тілдеріне аударылған. «Жалынның шалқуы» өлеңдер жинағы француз тілінде (1981) жарық көрген. ҚР Мемл. сыйл-н (1967, 1972) және тәуелсіз «Тарлан» сыйл. (2000) алған. «Құрмет Белгісі» (1981), Еңбек Қызыл Ту (1984), «Октябрь революциясы», 1-дәрежелі «Барыс» (2001), «Отан» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Шығ.: Нұрлы түндер, А., 1962; Мешін жылы, А., 1967; Таңдамалы лирика, М., 1968; Определение берега, А., 1979; Тюрки в доистории, А., 2002; Шығ. жин., 7-т., А., 2004.

Әдеб.: Ахметов З. А., Национально-характерные черты языка поэзии Олжаса Сулейменова // в кн. О языке казахской поэзии, А., 1970; Гусев В., Национальное, интернациональное и общечеловеческое: об Олжасе Сулейменове и его «Глиняной книге» // в кн. Герой и стиль, М., 1983; Толмачев Г., Повесть об Олжасе, А., 1996; Вместе с Олжасом, А., 1996.

Г.Шашикина

СҮЛЕЙМЕНОВ Рамазан Бимашұлы (17.2.1931, Астана қ. – 23.3.1992, Алматы) – ғалым, тарих ғыл. докт. (1972), ҚР ҒА-ның акад. (1989). ҚазМУ-ды бітірген (1954, қазіргі ҚазҰУ). Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнология ин-тының аспирантурасында оқыған. 1959 жылдан өмірінің соңына дейін осы ин-тта ғыл. қызмет атқарды. 1974 жылдан ин-ттың Қазақстан мәдениеті тарихы бөлімінің, 1979 жылдан Шығыстану бөлімінің меңгерушісі болып еңбек етті. Кеңестік дәуірдегі Қазақстан мәдениетінің тарихын зерттеп, бұл салада атқарған жемісті еңбегі үшін Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйлықтың иегері (1973) болды. Ол ғыл. ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыстарға қызу ат салысып, Азия мен Африка халықтары достастығының Қазақ бөлімшесінің вице-президенті, Шығыстанушылардың Бүкілодақтық ассоциациясы төрағасының орынбасары, т.б. қызметтер атқарды. 1984–88 ж. Тарих, археол. және этнология

ин-тының директоры, 1987 жылдан Қазақстан ҒА-ның Қоғамдық ғылымдар бөлімінің акад.-хатшысы болған. Ш.Уәлиханов, С.Аспандияров, Т.Жүргенов, т.б. көрнекті өкілдер жайлы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстан тарихына қатысты қытай деректерін жинастырып, құжаттар жинағын даярлауға жетекшілік етті. Оның редак-



Р.Сүлейменов

циясымен «Цин империясы және Қазақстан», «17–18 ғасырлардағы Орталық Азиядағы халықаралық қатынас», «18 ғасырдың 2-жартысы мен 19 ғасырдың алғашқы ширегіндегі Цин империясы мен қазақ хандықтары» атты құжаттар жинағы жарық көрді. 18 ғ-дағы Қазақстан тарихына қатысты ғыл. еңбек жазып, Абылай ханның ішкі және сыртқы саясатындағы ұстанымдарының ерекшелігін ашып көрсетті. С-тің есімі ҚР БҒМ-ның Шығыстану ин-тына берілген. Алматы қ-нда оның есімімен аталатын көше бар.

Шығ.: Чокан Валиханов – востоковед, А.-А., 1989; Асфендияров С.Д. и становлении советской исторической науки в Казахстане // Великий Октябрь и социально-экономический прогресс в Казахстане, А.-А., 1987; Исторический прогресс социалистической наций, М., 1987; Из истории Казахстана 18 в., А.-А., 1988 (В.А. Моисеевпен бірге); Историография культурной революции // Историческая наука Советского Казахстана, А.-А., 1990; Политический плюрализм и развитие социализма, А.-А., 1990.

Г.Омарова

СЫЗДЫҚ Кенесарыұлы, Садықсұлтан, Сыздықтөре (1837–1910) – 19 ғ-дың 2-жартысындағы ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері, Абылай ханның шөбересі. Кенесары ханның екінші әйелі Жаңыл ханымнан туған. Кенесары қаза болғаннан кейін оның бала-шағасы төлеңгіттермен Түркістан қ-на іргелес Қаратау маңына көшіп барған. Олар салық төлемеу шартымен Қоқан хандығына қарады. С. ауыл молдасынан білім алып, ер жеткенде Қоқан ханына әскери қызметке кірді. Оған пансағт басы (бес жүз әскербасы) атағы берілді. Ол

СЫЗДЫҚ

өзінің әскерімен Ұзынағаш шайқасына қатысып, ерлігімен көзге түсті. 1864 ж. Қоқан ханының әмірімен Созақтың әкімі болып тағайындалды. Бұл кезде Ресей полк. Веревкин Түркістан қ-на таяп келіп, қоршауға алды. Осыған орай ол өзінің жасақтарымен Түркістан қ-н қорғауға аттанды. С. жасақтары орыс әскерлерінің қоршауын бұзып, Түркістан қ-на еніп, оны қорғауда батылдық танытты. Сондай-ақ Түркістанға іргелес Иқан а. маңында орыс әскерлеріне ойсырата соққы берді. С. Шымкент қ-н қорғауға да қатысып, ген. М.Г. Черняев әскеріне тойтарыс беруде өзінің талантты қолбасшы екенін көрсетті. Ген. Черняев



Сыздық Кенесарұлы

Шымкентті алғашқы шабуыл барысында ала алмай, кейін шегінуге мәжбүр болды. Ташкентті қорғау барысында Әлімқұл қаза тапқан соң қаланың беделді ақсақалдарының ұсынысымен С. әмір лашкар (әскербасы) болып сайланып, Ташкентті қорғауды қолға алды. С. патшалық Ресейдің басқыншылық саясатына тегеурінді тойтарыс беру мақсатында Бұхар әмірлігімен одақтасу қажет деп тапты. Соған орай Бұхар әмірі Әбулмұзафарға елші жіберді. Бұхар әмірі мұндай келісімді қабыл алып, Ташкентке өзінің Тайшыбек атты өкілін аттандырды. Тайшыбек келгеннен кейін С. Ташкентті басқаруды соған тапсырды. Ген. Черняев әскері Ташкентті алып, Жызаққа қарай бет алғанда С. оған тегеурінді қарсылық ұйымдастырды. Сырдария бойындағы Шардара камалы маңындағы қазақтарды орыс әскерлерінің тонап жатқаны жайлы хабар алған С. оларға көмекке аттанды. Ол жергілікті қоңыраттардан жасақ құрастырып, орыс әскерлеріне ойсырата соққы беріп, Шардара маңы қазақтарының

тоналған мал-мүлкін қайтартты. Бұдан соң С. Самарқандқа барып, Бұхар әмірімен бірге Бұхараға кетті. Сол жақтан 800 адамнан тұратын жасақ алып, Қазалыны азат етуге аттанды. Қазалының оңт-ндегі Сарыбұлақ деген жерде орыс әскерлерімен шайқасты. Үш күнге созылған шайқаста С-тың жасағынан 22, ал орыс әскерлерінен 60-тан астам адам қаза тапты. Перовскіден Қазалыға қосымша орыс әскері жіберілгеннен хабардар болған С. жасағымен Қызылқұм арқылы жүріп Жызаққа келіп, орыс әскерімен шайқасқа түсіп, оларды шегінуге мәжбүр етті. Бірақ бұл кезде Бұхар әмірінің әскері Самарқанд түбінде ген. К.П.Кауфман әскерінен жеңілген еді. Самарқандты қорғаушыларға С. жасақтарымен келіп қосылғанымен қаруы басым орыс әскерлері жеңіске жетіп, Самарқандты алды. Бұхар әмірінің орыстармен бітімге келуін С. сатқындық деп бағалап, онымен де күресуге бел буды. Ол өзімен пікірлес әріптестерімен бірге қазақтар арасынан жасақ жинап, Нұратаны алды. Бұхар әмірі С-тың Нұратаны алғанын естігеннен кейін оған қарсы бес мың сарбаз бен сегіз мың атты әскер жіберді. Жазалауға жіберілген бұл әскер С-тың жасағымен бетпе-бет келгенде үрейленіп, ұрыссыз тізе бүкті. Осылайша С-қа он үш мың әскер қосылды. Алайда бұл әскер С-қа шын беріле қоймады. Соның салдарынан Зеравшан өз. бойында Бұхар әмірімен болған шайқаста С. маңында мыңға жуық адам ғана қалды, қалғандары шайқасқа түсуден бас тартып, қашып кетті. Бұл оқиғадан кейін ол Хиуа хандығы иелігіне өтіп, Сырдарияның сол жағалауын қоныстанған қазақтардың басшысына айналды. 1873 ж. көктемде Кауфман Хиуаны жаулауға аттанған кезде С. өзіне қарасты қазақтардан 700 адамнан тұратын жасақ құрды. Бұған Хиуа ханы түрікмендерден құралған 500 адамдық жасақты қосып, С-ты Кауфман бастаған әскерге қарсы аттандырды. Әмудария бойындағы Үшошақ деген жерде Кауфман әскерімен С. жасақтары шайқасқа түсті. Шайқас барысында Хиуа ханының орыс жаулаушыларымен келіссөз жүргізіп жатқандығынан хабардар болған С. өз күресін Қашқарға барып жалғастырмақ болды. Ол Гератқа өтіп, сонда үш айдай тұрақтап, Бадахшан арқылы Қашқарға келді. Мұнда оны Қашқардың билеушісі Якупбек қабылдап, оған әскери қолбасшы лауазымын береді. С. Қашқардағы мұсылмандардың көмегімен Түркістан өлкесін орыс жаулаушыларынан азат етуге болады деп үміттенді. Алайда 1877 ж. Қашқарды Цин империясы әскерлерінің жаулап алуына байланысты бұл үміт те үзілді. С. Қытай жаулаушыларымен шайқас барысында ауыр жарақат алды. 1878 ж. Ферғана өңіріне

өтіп, орыс билігін мойындауға мәжбүр болды. Оған Сырдария обл-ның Шымкент у-нде тұруға рұқсат етілді. С-тың ерлік істерін Майлыкожа мен Жамбыл ақындар жырға қосқан.

Әдеб.: Кенесарин А., Кенесары и Садык, Таш., 1889; Терентьев М. А., История завоевания Средней Азии. СПб., 1906; Павлов Н., История Туркестана, Таш., 1910.

А.Махаева

СЫПАТАЙ Әлібекұлы (1782, қазіргі Жамбыл обл. Мерке ауд. – 1868, сонда) – батыр. Ұлы жүз дулат тайпасының ботбай руынан. 19 ғ-дың 1-жартысында қоқандықтардың елге көрсеткен зорлық-зомбылығын көріп өскен С. батыр Қоқан хандығынан елін азат етуді өз өмірінің басты мұраты еткен. Атқа мініп, қол жинап, салық жинастырған Қоқан ханының жасауылдарын елден қуды. Міне, осы кезде оның ұйымдастырушылық қабілеті ерлік істерімен ел құрметіне бөленді. Диканбай, Тойшыбек



Сыпатай Әлібекұлы

батырлармен тығыз байланыста болады. Арқадан ығысқан Кенесары хан оңт-ке келіп, Қоқан бекіністеріне шабуыл жасағанда ел азаматтарын бастап, С. Кенесары ханға қосылып, оның сенімді батырларының біріне айналды. Бірақ Кенесары хан қырғыздарға қарсы соғыс ашқанда, С. одан бөлініп, өз әскерін бастап кетіп қалған. Оның өзіндік себебі де бар еді. Жиырмадан жаңа аса берген албырт кездерінде өз елінің жуандары ағайынды екі батырды – Андас пен С-ды сыйғызбай қуып жібергенде, олар көрші қырғыздарға барып паналаған болатын. Қырғыздар елін Қоқан басқыншыларынан қорғасқан екі батырға риза болып, алдарына мал салып,

үстеріне үй тігіп, қоныстығына жер берген. Қырғыздардың солто тайпасының манабы Қанай С-дың екінші әкесіндей болып, үлкен қамқорлық көрсеткен. Өздеріне адамгершілікпен соншалық жақсылық жасаған елге шабуыл жасауға ұзданы жібермеген әрі ата жұртының ежелгі көршілес бауырлас елімен қарым-қатынасын бұзғысы келмеген. Сөйтіп, екі жақтың арасындағы қантөгіске қатысудан бас тартқан. 1863–64 ж. ген. М.Г.Черняев бастаған орыс әскерлерінің Қоқан хандығына қарсы жорығына С-дың балалары қатысты. С. батыр қайтыс болған соң 1870 ж. оған ас берілген. 1991 ж. С. батырдың 210 жылдығы аталып өтілді. Кесенесі жаңартылып, қайта салынды. 2002 ж. С. батырға Меркеде ескерткіш тұрғызылды. Жамбыл обл-ның Мерке ауд-нда бір ауыл С. батыр есімімен аталады.

Әдеб.: Әбілдаұлы Б., Сыпатай батыр, А., 2000.

Ә.Ақпейілов

СЫРЛЫБАЙ Қожасұлы (т.-ө.ж.б.) – әйгілі би әрі батыр, Кіші жүздің шекті руынан шыққан. Абылай заманында өмір сүрген. Кіші жүзге Әбілқайыр ханның шақыруымен келген Ресей елшісі М.Тевкелевтің отаршылдық пиғылына бірінші болып қарулы қарсылық көрсеткен. С. бастаған топ хан ордасына, елшілікке бірнеше рет шабуыл жасап, Әбілқайырды және елшіні қолға түсіруге әрекет жасаған. 1731 ж. 3 қарашада інісі Байғара батыр оққа ұшты. С. бастаған қарсылыққа байланысты Сырдарияның құяр сағасына жетіп, бекініс салуды ойластырған Тевкелевтің жоспары іске аспай, хан ордасы мен елшілік 1731–32 жылдың қысын Арал т-нің батысындағы елі сирек Қаратүп жарты аралында өткізген. 1731 ж. басталған қарулы қақтығыстар бір жылдан астам уақытқа созылып, ақыры Әбілқайыр ханның Байғараға құн төлеуімен аяқталды. Араға қазақтың белгілі батырлары Есет пен Бөкенбай түспегенде Ресей елшілігінің сәтсіздікке ұшырауы да мүмкін еді. Тіпті Петербургтегі патша сарайы Тевкелевке Уфаға оралуды сұраған. Қазақ батырлары С-мен келісіп, 1731 ж. 13 қарашада қолға түскен башқұрт старшыны Таймас Шайымовты босаттырды. Бодандыққа қарсы бұл күрестің күшті болғандығы соншалықты, Тевкелев 1732 ж. 5 қаңтарда вице-канцлер А.Остерманға жазған хатында «...Үш ай бойы басым қылыштың астында болды, олар мені сырттай өлім жазасына кесті...», – деп жазады. С-дың қарсылығы, Байғараның өліміне байланысты оқиғалар жазушылар Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984), А.Сергеевтің «Петербургский посол» (1981) романдарында жан-жақты көркем суреттелген.

СЫРЫМБЕТ

Әдеб.: Русско-казахские отношения в XV–XVII веках, А.-А., 1961; Казахстан в XV–XVIII веках, А.-А., 1969.

Ө.Жолымбетов

СЫРЫМБЕТ би – Орта жүз, Қазыбек бидің ортаншы ұлы, бірнеше маңызды елшілік қызмет атқарған. Ресей патшасы Екатерина Алексеевнаның таққа отыруына байланысты 1762 ж. желтоқсан айында Қазыбек бидің немере інісі Отарбаймен және елшісі Байназар бимен бірге Мәскеуге баруға тиіс болған. Бірақ Қазыбек бидің бұл талабы орындалмады. Себебі: «...патшаның таққа отыруы және тәж кию салтанаты бұрынырақ өтіп кеткен, салтанатқа... Кіші жүздің Нұралы ханы мен Орта жүздің Абылай және Солтанмәмет сұлтандарының өкілдері барып қайтты. Сондықтан, Қазыбек бидің бұл тілегін орындауды кейінгі бір сәтті мерзімге қалдырдым» деген Сібір губернаторы міндетін атқарушы Фраундорфтың хаты сақталған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 351-б.; Т а й

шы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

«СІБІР ГУБЕРНИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНЕН СЫРТҚЫ ІСТЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК КОЛЛЕГИЯСЫНА БАЯНАТЫ» – мұрағат құжаты. (122-қор, 1-тізім, 10-іс. 1747 ж 3 наурыз). Баянатта Сыртқы істер мемл. алқасы жіберген Абылай сұлтанның: «... Мен үйсіндерден естідім. Олардың бір адамы Байжігіт Жайлаубаев және оның інісі Ақбеш Тоболда түрмеде отыр. Сізден, ген. Киндерман мырза, мемлекетіңізде басыбайлы адамымызды босатып жіберуіңізді сұраймыз. Сіз мейірімділік жасайсыз. Оған жіберілген Даулет Чакаев хабарлапты. Оның аты Байжігіт Жайлаубаев. Туған жері Қазақ Ордасы, Шапырашты руынан. Онда старшын Наурызбай Төлемішев. Ол жылқы ұрлап қолға түскен...» деп жазған хатын алғанын, соған орай Абылай ханның сұрауын қанағаттандыру мақсатында 1743 ж. 2 маусымда тұтқынға түскен Жайлаубаев Байжігітті, інісін жолдастарымен түгелдей еліне қайтарғанын баяндаған.

Б.Нәсенов, К.Қошым-Ноғай

Т

ТАЙКЕЛТІР Айдаболұлы (т.-ө.ж.б.) – би, шешен, акын. 18 ғ-да Абылай заманында Баянауыл өңірінде өмір сүрген. Әкесі Айдабол биге еріп жер аралап, ел көрген. Бала кезінде үйсін Төле биден бата алған. Әділдігімен, тапқырлығымен, елдің құнын екі ауыз сөзбен қайыратын шешендігімен аты аңызға айналған. Арғын – Сүйіндіктің бас биі болып тұрған кезінде ел тыныштығы мен ынтымағын сақтау саясатын жүргізген. Т. есімімен байланысты «Төле бидің сынынан өтуі», «Қыз – жігіт дауы», «Бота дауы», «Т-дің қаракесек Алшынбай биді жұбатыуы», «Т-дің төреге көңіл айтуы» сынды шешендік сөз өнерінің қасиетін ашатын тарихи-тағылымды әңгімелері, Т. би айтыпты деген адамгершілік пен парасаттылықты уағыздайтын ұлағатты сөздер ел аузында сақталған.

ТАЙҚОҢЫР ЕЛШІЛІГІ, Тәуке хан Ресеймен келіссөз жүргізу үшін 1694 ж. жіберген. Ел-шілікті Тәуке ханның ең сенімді адамы Тайқоңыр бастап барған. Т. е. қазан айында Тобыл қ-на келіп, патша өкіметінің сондағы билік орнына Тәуке ханның Петр I-ге жолдаған хатын тапсырды. Бұл хатта Тәуке хан Ресеймен бейбіт қарым-қатынас орнатуды қалайтындығын танытқан және 1693 ж. жіберген елші Келдей мырзаны тұтқыннан босатуды талап еткен. Патша өкіметі бұл талап-тілектерді қабыл алып, Келдейді тұтқыннан босатты және Т. е-не жауап ретінде Тәуке ханға Скибин мен Трошин елшілігін аттандырды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961.

Б.Жүрсінбаев

ТАЙҚОҢЫР ЕЛШІЛІГІ, 1715 ж. Әбілқайыр хан башқұрт-қазақ дауларын шешу мақсатында аттандырған. Әбілқайыр ханның 1715 жылғы башқұрттар жеріне жасаған әскери жорығы мен башқұрттардың жақын жердегі Кіші жүз ауылдарына басып кіруі қазақ билеушілерінің Қазан губ. мен Батыс Сібірдегі орыс шекаралық өкімет орындарымен саяси қарым-қатынастарын шиеленістірді. Осыған байланысты күзде башқұрт-қазақ дауларын тыю және олардың тұтқындар алмасуы туралы мәселені шешу

мүдделерін көздеп, Әбілқайырдың елшісі Тайқоңыр батыр Қазанға барып, онда жергілікті губернатор П.С. Салтыковпен келіссөз жүргізді. Бірақ бұл келіссөз нәтижелі бола қоймады. Қазақ-башқұрт қатынастарының реттелуіне патша өкіметі мүдделілік танытпады.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

ТАЙЛАҚ Мәтіұлы (т.-ө.ж.б.) – 18 ғ-да өмір сүрген батыр, қолбасшы. Кіші жүздің жетіруынан шыққан. Әбілқайыр ханмен үзеңгілес құрдас әрі ақылшы-кеңесшісі болған. 1726 ж. Ордабасы жиынында Кіші жүз жасақтарының қолбасшысы болып сайланды. Т. жиені, Ұлы жүздің батыры ошақты Саңырықпен бірге жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен көзге түскен. Бұланты–Білеуті шайқасында, Аңырақай шайқасында Кіші жүз жасағын басқарған. Қожаберген жыраудың «Елім-ай» дастанында Т. есімі де аталады. Көрнекті түркітанушы ғалымдар В.В. Бартольд, И.Кастанье, Ш.Ш. Уәлиханов, Ә.Диваев, М.Тынышбаев еңбектерінде де Т. есімі жиі кездеседі. Т. жайында жазушылар І.Есенберлиннің «Жанталас» (1973), Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (1981), «Елең-алаң» (1984), Ә.Әлімжановтың «Жаушы» (1974), С.Сматаевтың «Елім-ай» (1978, 1980) атты кітаптарында суреттелген.

Т.Дайрабай

ТАЙМАС Шайымов (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр, башқұрт тарханы, руы – қақсал. Сібір даруғасы Қаратабын болысының елағасы. Тевкелевтің жақын көмекшісі әрі кеңесшісі ретінде қазақтарды Ресейдің бодандығына бейімдеуге едәуір үлес қосқан. Ресей билігін жан сала жақтап, башқұрт көтерілістерін басуға жәрдемдескені үшін тархан атағын алған. Қазіргі башқұрт тарихында башқұрт халқының мүддесін «сатқан Таймас» деп аталады. 1779 жылғы 27 шілдеде Абылай ханға барып қайтқан Лилигрейннің хабарламасында: «Қақсал руының батыры Таймас батыр айтады: Абылай хан Петропавл бекінісіне хандық белгілерін алуға бармайтыны анық. Өзінің қарауындағы қазақтарға тиіскен қырғыздарды тәртіпке салуға аттанамын, сол жақта жеті жыл боламын дегені – көз алдау. Таймас батырдың айтуына қарағанда, Абылай орыстың қоластынан біржола шығып кеткен. Бірақ Абылай оңтүстікке төленгіттерімен ғана көшеді, ал атығай, қарауыл, қақсал, қыпшақ және басқа болыстардан оған ешкім де ермейді. Таймас батырдың айтуына қарағанда, орыс бастықтары Абылай ханның жазғандарына сенбеуі керек, өйткені оның өтіріктері ашылып қалады», – деп көрсетілген.

Н.Ақбай

ТАЙПА – этникалық қауымның, қоғамдық бірліктің бір түрі. Т. дамыған рулық қоғамда

ТАЙШЫБАЙ

пайда болып, нақты рулардың бірлігі ретінде қалыптасқан. Т-ның негізгі белгілері – ортақ қалыптасқан тіл, жеке атауы және нақты өмір сүру аймағының болуы. Т. өз құрамындағы әр рудың билеушілерінен құралған кеңес арқылы немесе әскери жағынан күшті, саны жағынан көп рудың билеушісі арқылы басқарылған. Соғыс, бейбітшілік, т.б. мәселелерді шешу үшін арнайы халық жиналысы өткізілген. Т-лар уақыт өте келе өзара іштей бөлініп, рулардың қауымдағы орны өзгеріп отырды. Т. билеушісіне арнайы адам сайлау жүзеге асырылып, ол билік мұраға қалдырыла бастады. Тайпааралық соғыста билік Т. билеушісінде болып, одан кейінгі билікте әскери көсем тұрды. Оның айналасындағылар уақыт өте келе арнайы қоғамдық топқа бірігіп, жеңілдіктер берілген әлеум. топқа айналды. Т. билігіне көбінесе әскери басшылар келіп, саяси, әскери және азаматтық билікті бір қолға шоғырландырды. Үлкен, қуатты тайпалар басқа Т-ларды жаулап ала бастады. Соның нәтижесінде ортақ мүддені қорғау үшін тайпалар одағы құрылды. Қазақстан тарихында жекелеген Т-лардың алған орны орасан зор. Қазақ жерін мекендеген Т-лар б.з.б. кезеңнен бері белгілі бола бастады. Ежелгі қытай деректерінде канцзю (қаңлы), хунну, усунь (үйсін), т.б. Т-лар мен тайпалық одақтар жайлы деректер көптеп кездеседі. Орта ғасырларда Орт. Азияны мекендеген жекелеген Т-лар тұтас бір мемлекеттің құрылуына да әсер етіп отырды. Мыс., дулат Т-сы билеушілерінің Моғолстан мемлекетіне әсері, т.б. Қазақ халқының этник. негізін қалыптастыруда үйсін, қаңлы, найман, керей, арғын, алшын, т.б. тайпалар үлкен рөл атқарған. Қазіргі кезде қазақ халқын құраған Т-лар өз құрамын аса өзгерте қойған жоқ және бұдан 150–200 жыл бұрын қоныстанған жерлерінде шоғырланған.

А.Беделханұлы Қ.Ахметов

ТАЙШЫБАЙ Заркын Сыздықұлы, (1.5. 1942 ж.т. Қарағанды обл. Қу ауд.) – филология ғыл. канд., проф., әдебиеттанушы, тарихшы. ҚазҰУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. Көп жыл бұқаралық ақпарат құралдарында, 1989 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-да жұмыс істеген. 2000 жылдан Солт. Қазақстан мемл. ун-тінің журналистика кафедрасының меңгерушісі, этномәдени ғыл.-зерттеу орт-ның жетекшісі болып істейді. Қазақ, орыс баспасөзінің, қазақ әдебиетінің тарихын, мемлекет және құқық тарихын, Алаш көсемдерінің өмірі мен қызметін зерттеді, «Абылай хан. Өмірі мен қызметі» (2005) атты кітабы, «Қазақтың ханы – Абылай» (2011) атты екі томдық еңбегі жарық көрді, бес монография мен үш оқулық, бірнеше оқу

құралдарын жарыққа шығарды, Қазақстан білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстанның құрметті журналисі, А. Байтұрсынов атынд.



З.Тайшыбай

«Санлақ автор» төсбелгісінің иегері, «Абылай хан» тұлғалық энциклопедиясының (2013) редакциялық алқа мүшесі.

Шығ.: Алтын бесік ән орда, Қарағанды, 1996; Жакып Ақбаев. Күрескерлік өмірбаяны (монография, Н.Дулатбековпен бірге), Алматы, «Жеті жарғы», 1997; Мемлекет және құқық тарихы. Хрестоматия (құраст. Ж.Артықбаев, Н.Дулатбековпен бірге), Алматы, «Жеті жарғы», 1998; Баспасөз тарихы (оқулық), Петропавл, 2003; Алаш көсемсөзі, 2004; Абылай хан. Өмірі мен қызметі, Астана, 2005; Абайтану арнасында. Астана, 2005; Мағжанның Қызылжары, «Астана-Полиграфия», 2007; Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ТАЙШЫҚ Кенесарыұлы (1827–1863) – сұлтан, Абылай ханның шөбересі. Кенесары Қасымұлының бәйбішесі Күнімжан ханымнан туған. Әкесінің хандық билікті қайта жаңғырту бағытын қызу қолдаған. Кенесары ханның өлімінен кейін өзінің ағайын-туыстарымен бірге Қоқан хандығының қол астындағы Қаратау өңіріне қоныс аударды. Қоқан ханына әскери қызметке кіріп, пансат басы (бес жүз әскердің басшысы) атағын алған. Өзінің әскерімен Ұзынағаш шайқасына қатысқан. Осы шайқастан кейін бауыры Ахметпен бірге Ресейдің қол астына өтуге ұйғарым жасады. 1861 ж. қарамағындағы елмен Сырдария бойына көшіп, Сырдария шебінің бастығы ген. Дебүдің қол астында болды. 1862 ж. Қоқан бекінісі Жаңақорғанды алуға қатысып, ерлік көрсеткені үшін зауряд-хорунжий шенін алды. Т. пен Ахмет сұлтандардың күш салуымен Түркістанға қараған қоңырат, қыпшақтардың бір бөлігі, сунақтардың бір тобы, Шу бойындағы көптеген қазақ рулары орыстардың қол астына өз еріктерімен өтті. Т. 1863 ж. Жөлек бекінісі маңында қоқандықтармен болған шайқаста Телқожа батырдың қолынан ауыр жарақат алып, қаза тапқан.

Әдеб.: Кенесарин А., Султан Кенесары и Сыздык, А.-А., 1992; Хан Кене, А., 1993.

ТАЙЫР, Таһир – 1773 ж. Абылай ханның қырғыз жорығына қатысқан, 1781 ж. Уәли сұлтанды хан сайлап, таққа отырғызғанда, Барақ сұлтан әулетінен өкілдік еткен. Ресей әкімшінің өкілі Чучаловтың жазбаларында мынадай сөздер бар: Абылай ханның орнына Орта жүзге хан сайлау рәсімінде Барақ сұлтан әулетінен Тайыр сұлтан, Уәли әулетінен Ұлы жүздегі Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіс сұлтан да хан тағынан үміткер ретінде дауысқа түсуге тиіс болғанымен, аты аталған сұлтандар бір ауыздан жолды Уәли сұлтанға берген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 399, 454-б.; Тайшыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ТАҚ – патшаның, ханның, корольдің және монархтың салтанат кезінде отыратын орны, билікке ие болу белгісі. Халық арасында «Бір кісі таққа отырса, алпыс кісі атқа отырады» деген мәтел де бар. Бұл таққа отырған адамның билігі шексіз болатынын білдіреді. Мыс., бүкіл өмірін Абылай ханға ақыл-кеңес айтумен өткізген атақты абыз Бұқар жырау Қалқаманұлының: «Алтын тақтың үстінде, Үш жүздің басын құрадың» деуі Абылайдың шексіз билікке ие болғанын, оның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту жолындағы игі істерін бағалауы іспетті.

Ғ.Тәшімбаев

ТАМА – қазақ халқының құрамындағы тайпа. Шежіре бойынша Кіші жүз құрамына кіретін жетірудың ішіндегі белгілі атаның бірі. Т. жайында 1748–65 ж. орыс жазбаларында М.Тевкелев пен П.И. Рычковтың тізімінде кездеседі. Т. 14–16 ғ-ларда Оңт. Оралды, Орал мен Тобыл өзендерінің сағасын, Орынбор, Саратов, Ақтөбе, Троицк маңын мекендеген. Кейбір деректер бойынша Т. 11–12 ғ-ларда Қаратау бөктерін, Созақ қ-н, Қазалы өңірін қоныстанған. Т. Қарадөң батыр ұрпақтары Мұрын жыраудың айтуынша былайша өрбиді: Қарадөң батыр – Жұбаньш – Сүйініш – Ер Бегіс – Ер Көгіс – Тама. Ел аузындағы шежіреде және М.Тынышбаевтың пайымдауы бойынша Тамадан – Қарабура, одан – Нәрік, Нәріктен – Шора батыр, Шорадан – Шотқара, ал Шотқарадан – Есенгелді, Жөгі, Жабал өрбиді. Тарихи деректерде «Шора батыр» және «Нәріктің ұлы Шора дастандары» Т. тайпасын бір кезде Қазан маңын жайлаған ел етіп бейнеледі. Шора батырдың «Арғы атамды сұрасаң Қарабура – тамамын, бергі атамды сұрасың Нәріктің ұлы Шорамын, сұрап тұрған Қазанды Есімге іні боламын» деп жырлауында да Т. тайпасының сол өңірді қоныстанған ел екенін көрсетеді. Т.

тайпасының даңқты батырларының бірі Есет Көкіұлы. Кіші жүздің Ресейге қосылуы барысында Т-ның бір тобы Қазақстанның батысындағы, Ресейдің кейбір облыстарындағы қоныстарын тастап, Орт. Қазақстанның Жаңаарқа өңіріне, одан Оңт. Қазақстан обл-ның Созақ, Жамбыл обл-ның Сарысу ауд-на және Өзбекстан Республикасының Төм. Шыршық елді мекеніне қоныс аударуға мәжбүр болған. Т-ның бір бөлігі Есет батырдың бастауымен Қызылорда обл-ның Жалағаш ауд-ның Ақарық елді мекенінде қоныстанған. Ұраны – Қарабура, таңбасы – тарак.

Әдеб.: Тынышбаев М., Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925, Вестероф В. В., Муканов М. С., Родо-племенной состав и расселение казахов, А., 1968; Кекілбаев Ә., «Елдік пен ерлік киесі, Қарабура», Тарихи-танымдық жинақ, А., 1997; Жақанов І., «Қарабура», Тарихи-танымдық жинақ, А., 1997.

Ә.Омбаев

ТАНТАЙ БАТЫР ЕЛШІЛІГІ – 1718 ж. желтоқсанда Қайып ханның Ресеймен келіссөз жүргізу үшін Қазан қ-на жіберген елшілігі. Елшіліктің құрамында Тантай Арыстановпен бірге Тоғынұр батыр Құлтабаев болды. Т.б. е. қазақ жеріне келген орыс елшісі Федор Жилинді Қазан қ-на жеткізіп салып, Қазан губернаторы П.С. Салтыковпен жоңғарларға қарсы бірлесе ұрыс қимылдарын жүргізу мәселесін талқылады. Қазан губернаторы Т. б. е-нің жоңғарларға қарсы бірлесе күресу жөніндегі ұсынысын қабыл алғанымен, мұндай келісімді Ресейдің орт. үкіметі мақұлдамады.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

С.Рустемов

ТАҢАТАР Жайықұлы (шамамен 1768, Қызылорда обл. Қуандария бойындағы Қаражынғыл а. – 1867, сонда) – белгілі би, елші. Т.Алтай арғыны, арғы бабалары түрлі себептермен шөмекей руының арасына келіп қоныстанған. Ол Сыр өңіріндегі қазақтар мен қарақалпақтарды билеген Хиуа хандығы арасында 30 жылдай елші болып, сол кезеңнің белгілі батырлары Жанқожа, Байқадам, Тоғанас, Бұқарбаймен тұстас болған. Оның Шымбайда, Көне Үргеніште арнайы адам қабылдайтын үйі болған. Халыққа қамқоршы болып, елдің бірлігін, жердің тұтастығын сақтауға күш салып, жұртшылықты егін егуге баулыған. Өзі бас болып қаздырған жарма қазір «Таңатар каналы» деп аталады. Оның айтқан биліктері, халықты бірлікке шақырған сөздері ел аузында көп сақталған. Қокан және Хиуа хандықтары туралы деректерде, сондай-ақ орыс әскер басшыларының күнделіктерінде Т. есімі кездеседі. Т-ды Балқы Базар, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Шор-

ТАРАҚ

аяқ Омар, Т.Ізтілеуов жырға қосқан. Т. жерленген жер 1867 ж-дан бері «Таңатар» атанған. 1868 ж. ұрпақтары басына сәулетті күмбез тұрғызған.

Әдеб.: Қ а л ы б а е в а К., Естелік дәптерден, Көкшетау, 2003; Д а й р а б а й Т., Сырдың сырлы сыры, А., 2005.

Т.Дайрабай

ТАРАҚ Әнуар (23. 4. 1956 ж.т., қазіргі Алматы обл. Райымбек ауд. Шалкөде а.) – филол. ғыл. канд. (1998; филол. ғыл. докт., 2006). ҚазПИ-дің филол. ф-тін (қазіргі ҚазҰПУ) бітіргеннен кейін «Лениншіл жас» (1980–1990, қазіргі «Жас Алаш») газетінде, «Парасат» журналында (1990–92), «Алматы ақшамы» газетінде (1992–2000) қызмет істеген; қазір ғыл.-пед. жұмыспен шұғылданады.



Ә.Тарақ

Т-тың өлеңдері «Баспалдақтар», «Атамекен» деген ұжымдық жинақтарға енген; бірнеше әндердің мәтінін жазған. 1998 ж. «Өлең-толғаулар және тарихи жыр-дастандардағы Абылай хан тұлғасы» атты тақырыпқа канд., ал 2006 ж. «Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы» деген тақырыпта докт. дисс. қорғаған. Қазақстан Жазушылар одағы сыйл. лауреаты (1996).

ТАРАҚТЫ – Орта жүз құрамындағы тайпа. Т. ежелгі одақтар мен мемлекеттердің құрамына енуі жайында әдебиетте деректер кездеспейді. Оның шығу тегі жөнінде қазақ шежіресінде бірізділік жоқ. Шежіре деректері бойынша ақжолдан қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, Т., уақ, Т-дан апай, тоқтауыл, қыдыр, жәші (жасши), әлі, сары, әйтей, қосанақ, алакөз, шәуке, әлеуке, көгедей болып он екі арыс ел тарайды. Басқа шежіре деректерінде Т-ны арғын тайпасына жатқызады. Т. Қазан төңкерісіне дейін Орт. Қазақстанның Ақтау, Қызылтау, Ортау мекендерін, Жоғ. Сарысу, Көктің көлі, Есіл, Нұра өзендерінің бойын мекендеген. 1897 жылғы санақ бойынша Т. 4000 түтін, ал 1829 ж. Қарқаралы округінде 9 ауыл, 590 түтін болған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте Т-ның Наймантай, Байғозы батырларының есімдері

аңызға айналған. Бетпақдаланың Арқа жақ шетінде, Шажағай өз-нің бойында Т. Алтыбай батырға ескерткіш-күмбез соғылған. Ұраны – Жауғашар, Байғозы, таңбасы – (тарақ).

ТАРБАҒАТАЙ – Алтай тау жүйесіндегі жота. Шығыс Қазақстан обл. Қатонқарағай ауд. жерінде орналасқан. Абс. биікт. 2725 м. Жота батыстан шығысқа қарай 50 км-ге жуық созылып жатыр. Енді жері 10–12 км. Т-дың геол. жер қыртысы Алтай тау жүйесімен бірге қалыптасқан. Оңт-нде Оңт. Алтай жотасынан Қарақоба өз. аңғарымен бөлінген. Солт. және шығыс етегімен Бұқтырма өз. ағып өтеді. Жотаның тіктеу келген осы беткейін қайың, терек аралас қылқан жапырақты орман көмкеріп жатыр. Батысындағы Сарымсақты жотасынан Т. абс. биікт. 2141 м болатын асу арқылы бөлінген. Т. баурайында 1752–54 ж. Абылай ханның сенімді қаһармандары Қабанбай, Барақ батырлар бастаған қазақ әскерлері жоңғарларға қарсы күрес жүргізіп, Т. жерін жоңғарлардан тазартады; сөйтіп қазақтың ата қонысын қайтарып алып, Т. жеріне қазақтарды түпкілікті қоныстандырады.

Қ.Ахметов

ТАРБЕЕВ Иван – Уфа ротасының жауынгері, капитан деп жазылады, алайда оны шекара әкімшінің маңызды қызметтерге жұмсайтын жаушысы деген дұрыс. Т. 1730 ж. Құтлымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұлов елшілігін Ресей астанасына апарған, 1743 ж. жазда И. Неплюевтің атынан Барақ сұлтанға арнайы жұмсалған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 16, 133-бб..

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің ғыл.-зерттеу мекемесі. 1945 ж. 14 тамызда КСРО ҒА-ның Қазақ бөлімшесі төралқасының қаулысына сәйкес Тіл, әдебиет және тарих ин-ты негізінде Тарих, археология және этнография ин-ты болып құрылды. 1961 ж. оған Ш.Ш.Уәлиханов есімі берілді. 1991 ж. ин-ттан Археология ин-ты бөлініп шықты. Ин-ттың құрамында ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы, жаңа тарих және тарихи демография, Қазақстанның кеңестік дәуіріндегі тарихы, тарихнама және демография, антропология, ғыл. ақпарат бөлімдері және «Отан тарихы» журналы редакциясы бар. Ә.Марғұлан, А.Нүсіпбеков, Б.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, Р.Сүлейменов, Г.Дахшлейгер, С.Покровский, М.Қозыбаев, Х.Арғынбаев, т.б. ғалымдар ин-ттың қалыптасып дамуына зор еңбек сіңірді. Қазақ халқының тарихы, этнологиясы және антропологиясы бойынша іргелі де жан-жақты зерттеулер жүргізу ин-т жұмысының негізгі мазмұнын құрайды. Сонымен бірге мәдениеттану, тарихи демография, тарихнама, этно-

социология салаларының өзекті мәселелері де зерттелуде. Ин-тың ғыл. жетістіктері қатарына қазақ және орыс тілдерінде 1977–81 ж. жарық көрген бес томдық «Қазақ ССР тарихын», Уәлиханов еңбектерінің екі мәрте шыққан бес томдық басылымын, Ы.Алтынсарин шығармаларының үш томдық жинағын, Марғұланның қазақтың өнері бойынша іргелі зерттеулерін, қазақ және орыс тілдеріндегі «Қазақстан тарихының» жаңа бес томдық басылымының алғашқы үш томының жарық көруін және т.б. зерттеулерді жатқызуға болады. Моногр. еңбектерде Абылай хан дәуірі, Алаш қозғалысы мәселесі, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихы, жұмысшы, шаруа, интеллигенция тарихының әлеум.-экон. және саяси астары, күштеп ұйымдастыру мәселесі, 2-дүниежүз. соғыс жылдарындағы республика тарихы, егеменді Қазақстанның әлеум.-экон., мәдени өмірінің қазіргі жай-күйі зерделенген. Ин-тта мынадай бағыттарда ғыл. мектептер қалыптасып, жұмыс жасауда: қазақ халқының шығу тегі және антропологиясы (О.Смағұлұлы, С.Әжіғали), Қазақстанның көне және орта ғасырлардағы тарихы (К.Пищулина, З.Қинаятұлы), қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы (М.Қойгелдиев, В.Галиев), Қазақстан кеңестік жүйе аясында (К.Нұрпейіс, Ж.Әбілғожин, Қ.Алдажұманов), тарихи демография және диаспоралогия (М.Асылбеков), тарихнама және деректану (М.Сужиков). Ин-т жанында докт. және канд. дисс-лар қорғайтын Дисс. кеңес қызмет істеді.

Әдеб.: Қазақстанның тарих ғылымы, А., 2005.

З.Төлєнова

ТАРИХИ ЖЫРЛАР – белгілі бір тарихи оқиғаға байланысты туындаған эпикалық шығармалар. Т. ж-да оқиғаның деректі дәлдігі сақтала бермейді, әр кезеңнің тарихи-әлеум., қоғамдық-саяси бет-бедері көркемдік тұрғыдан бейнеленеді, жалпыхалықтық мүдделер басты сипат алады. Батырлар жырында кездесетін ғайыптан дүниеге келу, жар іздеп жолға шығу, құда түсу, батырдан туған ізбасар сияқты оқиғалар, сондай-ақ гиперболалық көркемдік тәсілдер Т. ж-да сақтала бермейді. Бұл жырлардың бәрі де нақты тарихи оқиғаларға негізделген, басты кейіпкерлері тарихта болған адамдар. Жыр авторлары көбіне сол оқиғаларды көзімен көрген тұстас замандастар болып келеді. Автор өзі бастан кешкен немесе куәсі болған оқиғаларды уақытына қарай рет-ретімен баяндайды. Т. ж-дың шығу, пайда болу мерзімдері әр халықтың фольклорында әр түрлі. Қазақ ауыз әдебиетіндегі Т. ж. туындау мерзіміне байланысты 4 кезеңге бөлінеді. Алғашқы кезеңдегі Т. ж-да Алтын Орда, Ноғайлы, Астрахан, Қырым хандықтары кезіндегі соғыстар (14–17 ғ-лар) суреттелген («Едіге», «Нұрадин», «Қарасай –

Қази», «Мұсахан», «Телағыс», т.б.). Жоңғар, қалмақ шапқыншылығына қарсы жорықтарды қамтыған екінші дәуірде (18 ғ.) Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Өтеген, Жәнібек батырлар туралы жырлар туындады. Үшінші кезеңге ұлт-азаттық пен бостандық жолындағы күресті (19 ғ.) сипаттайтын жырлар жатады: «Исатай–Махамбет», «Досай батыр», «Жанқожа батыр», т.б. Төртінші кезең 20 ғ-дың басындағы төңкеріс пен 1916 жылғы патша өкіметіне қарсы халық көтерілісі жайындағы жырлармен сипатталады. («Туар ма екен бізге күн?», «Еріксіз келдім елімнен», «Зарлы заман кезінде», «Құлақасқа», «Бекболат», «Ұзақ батыр», «Амангелді», т.б.). Қазақ әдебиетіндегі Т. ж-ды Үмбетей, Мұрат, Тілеміс, Нысанбай, Жанкісі, Шернияз, Жамбыл, Нұрпейіс, Мұрын сияқты ақын-жыраулар шығарған не болмаса толықтырып, өңдеп қайта жырлаған. Т. ж. жөнінде алғаш пікір айтқан Ш.Ш.Уәлиханов болды. Ол «Абылай», «Орақ батыр» жырларын жазып алып, ғыл. тұрғыдан зерттеген. 19 ғ-да В.В. Радлов, Г.Н. Потанин, И.Н. Березин, И.В. Аничков, 20 ғ-дың басында М.Ж. Көпеев, Ә.Диваев, т.б. көрнекті фольклортанушылар Т. ж-ды жинауға ерекше еңбек сіңірді. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» былай дейді: «Тарихи жыр деп тарихта бар, мағлұм уақиғалар турасында өлеңмен шығарған сөздер айтылады. Мәселен, «Орақ – Мамай», «Абылай», «Кенесары – Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» өлеңдері тарихи жырлар болады. 1879–80 ж. болған «Қоян қыстың жұты» турасында шығарылған өлеңде қыстың қалай болғанын, елдің жұтағанын, қандай аштық азап тартқанын айтушы еді. Сол өлең осы күнге дейін сақталған болса, о да тарихи жыр болады. Жанкісі бидің зекетшілер турасында айтқан өлеңі қазақтың Қоқанға қараған шақтағы тарихына қатысы бар сөз болғандықтан, бұл да тарихи жыр тобына жатады». М.Әуезов «Тарихи жырдың батырлық эпостан жанрлық айырмашылығы бар. Тарихи жырларда эпостық баяндауға тән объективтік сарынның орнын оқиғаларды тікелей қабылдаған автордың әсері араласқан субъективтік баға басады» дейді. Кеңес дәуірінде Т. ж-ды зерттеуге С.Сейфуллин, Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова, Б.Кенжебаев, Р.Бердібаев, Б.Уахатов, Н.Төрөқұлов, К.Сейдаханов, т.б. ғалымдар үлес қосты. Көптеген Т. ж. хрестоматияларға, жинақтарға енді, жеке кітап болып басылды. Қазір Орт. ғыл. кітапхананың қолжазба қорында 400-дей Т. ж. бар.

Әдеб.: Әуезов М.О., Уақыт және әдебиет, А., 1962; Байтұрсынұлы А., Әдебиет танытқыш // кіт.: Шығ. жин. 5 томдық, 1-т., А., 2003.

А.Исмақова

ТАРИХИ

«ТАРИХИ ЖЫРЛАР» – кітап. 1-том. Құрастырғандар – А.Сейдімбеков, Б.Әзірбаева, М.Шафиғи. 1995 ж. «Білім» баспасынан жарық көрген. Көлемі 288 бет. Таралымы 3000 дана. Оқырман қауымға ұсынылған бұл «Тарихи жырлар» атты кітап бұдан бұрын «Қазақ халық әдебиеті» сериясымен «Жазушы» баспасынан шығарылған көптомдық әдеби мұрамыздың жалғасы іспетті. Кітапқа ел болып бірігіп, халық болып қайрат көрсетуге елеулі үлес қосқан Абылай хан жайындағы жырлар енгізілген. Жыр жинақтарының Алғашқы беттеріне ағартушы ғалым Шоқан Уәлихановтың «Абылай» атты зерттеу жазбасы С.Ақтаевтың аудармасымен берілген. Сондай-ақ кітапқа Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихановтың «Абылай хан туралы өлең-жырлар және тарих» деп аталатын көлемді мақаласы жарияланған.

К.Қошым-Ноғай

«ТАРИХИ ЖЫРЛАР: АБЫЛАЙ ХАН», 1-том – «Жазушы» баспасынан 1993 ж. жарық көрген тарихи жыр жинағы. Жинақта Абылайдың бозбала шағынан бастап, бүкіл қазақ халқының басын біріктірген, ел тәуелсіздігін мақсат еткен 18 ғ-дағы беделді тарихи тұлға ретіндегі кезеңдерін, ұлы жорық жолдарын, қолбасшылық, елбасшылық, дипломаттық қасиеттерін, маңындағы батырлары мен сарбаздарының ерлік іс-әрекеттерін, би-шешендердің, жыраулардың өнегелі өмірін көркем баяндайтын өлең-толғаулар, жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер топтастырылған. Жинақ акад. Р.Бердібайдың «Абылай асуы» зерттеуінен, «Өлеңдер», «Дастандар», «Аңыз әңгімелер», «Қосымша» атты бөлімдерден және ғыл. түсініктен тұрады. Түсініктерін жазып, баспаға әзірлеген – С.Дәуітұлы. Көлемі – 416 бет, 30000 дана.

«ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР» – кітап. Авторы – акад. К.Нұрпейісов. 2007 ж. «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан жарық көрген (көлемі 376 б. Таралымы 3000 дана) автордың бұл кітабына кейінгі жылдары жазылған және кезінде баспасөзде жарияланған материалдары жинақталған. «Т.т.» жинағында коммунистік идеологияның кесірінен есімдері аталмай келген көрнекті алаш ардагерлерінің өмірі мен қоғамдық қызметтері, тәуелсіздік жолындағы табанды күрестері жайлы дәйекті сөз болады. Кітапта «Азаттық жолындағы аяусыз күрес: XVIII ғасырдағы батыр бабалардың ерлік дәстүрлерінің тарихи тағлымы» атты тарауынан Абылай ханға қатысты деректермен танысуға болады. Еңбекте жоңғар шапқыншыларына қарсы ұлт-азаттық күресте Абылайдың басты рөл атқарғандығы айтылады. 1733–55 ж. аралығында жоңғарлармен болған соғыстар жайы кеңінен талқыланған.

К.Қошым-Ноғай

«ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢ» – кітап. Авторы – тарих ғыл. докт. И.Шәмшәтұлы. 1998 ж. жарық көрген. Алматы. Көлемі 43 б. Таралымы 500 дана. Автор Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» болып жарияланғандығы жөнінде айтады. Осыған орай тарихшыларымыз патшалық Ресейдің отарлық саясатын жаңаша жалғастырған кеңес өкіметінің кезінде орыс империализмінің мүддесіне сәйкестендіріліп жазылып келген қазақ тарихына жаңаша көзқараспен қарауға талпына бастағаны жеткізіледі. Соның арқасында тарихымыздағы ақтаңдақ беттер ашылып, шынайы шындыққа да көзіміз жете бастағанын жазған. Ұлттық тарихымызды зерделеуде қазақ мемлекетінің көсемдері – хандардың тарихи орны мен рөлін ашып көрсетудің маңызы ерекше екендігін кітапшадағы кіріспеде түсіндіре кеткен. Ұсынып отырған еңбегін автор 18–19 ғ-лардағы ұлы хандарымыз Абылай, Әбілқайыр және Кенесары туралы тарихи шындықтың бетін ашуға арнайды. Еңбекте Абылай ханды ұстау үшін қонтайшы Қалдан Сереннің 1741 ж. қазақ даласына Септен, Сары Мәнжі атты батырларын және өзінің үлкен ұлы Лама Доржы бастаған үш жасақ жібергендігі жөнінде дерек келтіреді. Қонтайшының үш жасаққа қосымша қалмақтың кәрі көкжалдарының бірі, Бошохту хан заманынан белгілі Жалбы батырды да жібергендігін, Жалбының Абылайды Ұлытауда ұстағандығын айтып кетеді.

К.Қошым-Ноғай

ТАРХАН – әскери атақ. Түркі-моңғол халықтарында Т. атауы өте ертеде пайда болған. Бұл дәрежесі жағынан ханнан кейінгі екінші дәрежелі ақсүйектер. Батырлар да ерекше әскери еңбегі үшін Т. лауазымын алғаннан кейін салық жинау құқығын иеленген. Қала, уәлаяттарға әкімдікке тағайындалған. Шыңғыс хан атақты әскербасыларға Т. атағын берген. Олар бас киімдеріне қауырсын («қылшан тағушылар») таққан. Шыңғыс хан Т., нояндарға ұлыстарды меншікке беріп, Т. дәрежесін алғандарды 9 жазадан босатқан. Ресей патшасы да көшпелілердің көне дәстүрі бойынша көрсеткен қызметі үшін қазақ батырларына (мыс., Есет, Жәнібек тархан) Т. атағын берген.

ТАТАНАЙҰЛЫ Асқар (1906, ҚХР ШҰАР – 1994, сонда), Қытайдағы қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Алғашқы өлең-жырлары 20 ғасырдың 40-жылдары жарық көре бастаған. Ұзақ шығарм. ғұмырында 10-нан аса ірі дастан, 20 пьеса, көптеген прозалық шығармалар жазған. Олардың ішінде «Ел қорғаны – Абылай», «Арқалық батыр» тарихи дастандары, «Бір ғасыр»



ТӘЖИН

өлең-романы танымдық, көркемдік қасиеттерімен ерекше көзге түседі. Т. 2500 жолдық тарихи дастанында Абылай ханның ел жадында сақталып қалған өмірбаяны мен ерліктері жайындағы



А. Таманайұлы

аңыз-әңгімелерді көркем тұтастық сипатында қисынымен өрбігіп отырады. Ақын Абылайды елі үшін туған ардагер азамат ретінде асқақ жырға арқау етеді. Кеңес заманында Абылай ханның атын ашық айтып, лайық бағасын бере алмаған ұрпақтың есін жиғызып:

«Абылайын жамандап, қара басқан,
Жусауы мен өрісін өзге біліп,
Жазды еріксіз, шындыққа қарамастан.
Бейне бір қара қарға күннің көзін,
Тоспақ боп, қанатымен аспанда ұшқан...» дей келіп, ақын «Абылай хан бейнесін ешкім бүркеп, кеміте алмайды, соңғы қазақ қалғанша абылайлап өтеді» деген ой білдіреді.

Шығ.: Ел қорғаны – Абылай, А. 2008.

З. Тайшыбай

ТАТИЩЕВ Василий Никитич (19.4.1686, Псков – 15.7.1750) – Ресейдің саяси қайраткері, тарихшы. Түркі текті помещик отбасында дүниеге келген. Мәскеудегі артиллерия мектебін бітірген. Солт. соғысына (1700–21) қатысып, Петр І-нің түрлі әскери, дипломат. тапсырмаларын орындады. 1720–22, 1734–37 жылдарда Оралдағы қазына з-ттарын басқарды, Екатеринбург қ-ның негізін қалады. Т. 1738–41 ж. Орынбор экспед-н басқарып, Абылай, Әбілқайыр, т.б. қазақ билеушілерімен тікелей байланыс орнатты. 1741–45 ж. Астраханның губернаторы болды. Т. орыс тарихын зерттеуші және географ ретінде танылды. Ол орыс және шетел деректері негізінде «Ерте заманнан бергі Ресей тарихы» атты еңбек жазды. Бұл еңбек 19 ғ-дың І-жартысына дейінгі аралықта 5 рет жарық көрді. Т-тің тарихи көзқарасы Петр І-нің реформашылдық қызметінің әсерімен қалыптасты. Мемл. құрылысты монархия, аристократия, демократия сияқты үш түрге бөліп, билік жүргізудің самодержавиелік формасын жақтады. Т. Ресей тарихын үш

кезеңге: жеке биліктің үстемдігі (862–1132), жеке биліктің бұзылуы (1132–1462), жеке биліктің қалпына келтірілуі (1462 жылдан) кезеңдеріне бөлді. Сөйтіп, Ресей тарихын самодержавие тарихы деп түсіндірді. Т. жұртшылыққа үлкен ұйымдастырушылығымен танымал болды. Ол ескі кәсіпорындардың өнімділігін арттырып, жаңа кәсіпорындар құруға күш салды. Пайдалы қазбалар іздестіруді ұйымдастырды. Оның басшылығымен бастауыш және арнаулы кен мектептері ашылды. Т. Ресейде алғаш энциклопед. сөздік әзірлеуді қолға алды. Ол «Ресейдің тарихи геогр., саяси және азаматтық лексиконы» сөздігін «К» әрпіне дейін жасады. Бұл еңбек ол қайтыс болғаннан кейін (1793) жарық көрді.

А. Оразбақов

ТӘЖИН Марат Мұхамбетқазыұлы (8.4.1960 ж.т., Ақтөбе қ.) – саясаткер, социология ғыл. докт. (1991), проф. (1993). Алматы халық ш. ин-тын (1981, қазіргі Қазақ экон. ун-ті) және ҚазМУ-дың (1985, қазіргі ҚазҰУ) аспирантурасын бітірген. ҚазҰУ-дың қоғамдық ғыл. оқытушыларының біліктілігін жетілдіру ин-тында кафедра меңгерушісі (1991–92). ҚР Президенті мен Үкіметі



М. Тәжин

аппараттарында ішкі саясат бөлімінің жетекшісі, Президент аппараты жетекшісінің орынбасары, Ақпараттық-сараптама орт-ның жетекшісі (1992–94), ҚР Президентінің кеңесшісі (1994–95), Президент Әкімш. жетекшісінің орынбасары, Талдау және стратегиялық зерт. орт-ның жетекшісі (1995–99), ҚР Президентінің Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы (1999–2001) болды, 2001 ж. ҚР ҰҚК-ны басқарды. 2002 ж. Президент Әкімш-нде қызмет етті. ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы (2006–07), ҚР Сыртқы істер министрі (2007–09) қызметін атқарды. 2009 жылдан ҚР Президентінің көмекшісі – ҚР Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы (2009–13), 2013 жылдан ҚР Мемл. хатшысы қызметінде. 1990 ж. «Методологические аспекты исследования социально-территориальных различий» тақырыбында докт. дисс. қорғады.

ТӘРБИЕ

40-тан астам кітаптары бар. «Құрмет» орденімен марапатталған.

«ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ» – Респ. ғыл.-пед., әдіс-метелік журнал. 2002 жылдың қараша айынан бастап шығып келеді. Басылымның құрылтайшысы – «Ақпарат – АТА» ЖШС. Журналдың таралымы 1500 дана. Бас редакторы – Ә.Қайран. Журналда К.Рахатованың «Ардақты Абылай хан» атты мақаласы және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

ТӘТТІБАЙ Есімбекұлы (т.-ө.ж.б.) – 18 ғ-дың 1-жартысында жоңғар шапқыншылығына қарсы соғысқан батыр. Орта жүз найман ішінде матай руынан. Ол кейіннен ру атауы болып кеткен андастан тарайтын төртінші ұрпақ. Т. Абылай ханмен замандас. Ел аузындағы аңызға қарағанда Т. жоңғар басқыншылығына қарсы соғысқа 12 жасында қатысып, ерекше ерлік көрсеткен. Бұл ерлігі Сара Тастанбекқызының «Қош бол, елім» атты өлеңінде бейнеленеді. Т-дың үш ұлы – Түйте, Қаңтарбай, Қарынбайдан тараған ұрпақтары негізінен Алматы обл. Көксу, Қаратал аудандарында тұрады.

ТӘТІҒАРА (1705, қазіргі Қостанай обл. Сарыкөл ауд. – 1780, сонда) – ақын, жырау. Абылай ханның ақылшысы ретінде біршама уақыт хан сарайында тұрған. Олжабай, Бөгенбай батырлардың қалмаққа қарсы жорықтарына қатысып, олардың ерлік істерін мадақтаған, толғауларында жауынгерлерді табандылыққа, төзімділікке үндеген. 1756 жылғы Цин империясы басқыншылары мен Абылай сарбаздары арасында өткен соғысты сипаттаған жалынды жырлары («Қамыстың басы майда, түбі сайда», «Кебеже қарын, кең құрсак», т.б.) Т. есімін халыққа кеңінен танытты. Өткір мінезді Т. ел билеген ханның осал жақтарын сынап, батыр-бектердің кемшін тұстарын беттеріне айтып отырған. «Кеше тоқыраулы судың бойында» атты толғауында ол «Ат құйрығын күзеңдер, Аллалап атқа мініңдер, Ханталау қылып алыңдар» деп халықты күреске шақырады. Бұдан кейін Абылай мен ақын арасы алшақтап, Т. сарайдан біржола қуылады. Жасы ұлғая келе жағдайы ауырлап, жоқшылық көреді. Алайда ақын қиыншылыққа мойымаған, ханға бас имеген. Бұған көңілін сұрай келген билерге айтқан «Ассалаумағалейкум, жайсаңдар мен қасқалар» дейтін жыры дәлел.

Шығ.: Ертедегі әдебиет нұсқалары, А., 1967; Алдаспан, А., 1971; 15–18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы, А., 1982; Бес ғасыр жырайды, А., 1984.

С.Қорабай

ТӘТІМБЕТ Бұлғақұлы (шамамен 1700, қазіргі Қызылорда обл. – 1764, сонда) – белгілі батыр, би, елші. Кіші жүздің қаратамыр руынан шыққан.

Әбілқайыр хан 1732 ж. желтоқсанда Ресей патшайымына екінші елшілігін аттандырды. Елшілік құрамына Нияз, Ерәлі сұлтандар, Ұлы жүзден Аралбай, Оразкелді батырлар, Кіші жүзден Т. батыр, Баубек төлеңгіт және үш башқұрт биі кірген. Аталған елшілік Петербургке 1734 ж. қаңтар айында барып, ақпан айында патшайым Анна Иоановнаның қабылдауында болды. Онда Ресейге адалдығын білдіріп, башқұрт билерімен бірге Т. те ант берді. Т-ке Сыр сүлейлері жыр арнаған. Одан тараған Ерназар, Күнтуар, Мұрат, Тұяқ, Темір, Пышан, Ағзтай, Төребай билер жайында ел аузындағы әңгімелер мен жазба деректер көп. Ұрпақтары Қармақшы, Ырғыз, Тамды өңірлерінде тұрады.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Сергеев А., Петербургский посол, А.-А., 1983; Қазақ тарихынан, А., 2004; Д а й р а б а й Т., Сырдың сырлы сыры, А., 2005.

Т.Дайрабай

ТӘУЕКЕЛ Меңдібаев, Т ә у е к е л м о л л а (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр. Абылай хан Ресей патшайымы II Екатеринаға жазған хатында (1778 жылғы 28 ақпан): «Сіздің сарайыңызға ұлым Тоғам сұлтанды екі баласымен, игі жақсыларды қосып аттандырып отырмын. Олар – Дат батыр Қарабатырұлы, Тәуекел батыр Меңдібайұлы» деп жазған. Ал Огарев 1781 ж. 23 мамырда Уәли сұлтанға көңіл айтып жазған хатында: «Аса қадірлі екеніз Абылай ханның қаза болғаны туралы Тәуекел молла арқылы жіберген хатты алып отырмын. Марқұм Ресей жағына шын берілген, ниеті адал еді. Өкінішімде шек жоқ, тек қана айтарым – ендігі жерде екеніздің өмір бойғы өнегелі ісін жалғастырып, Ресейге айнымастай адал қызмет ететін болыңыз» деген. Уәли сұлтан осы жылғы 23 тамызда жазған хатында: «Абылай ханның артында отыз ұл қалдық. Бәрі де халықтың сыйлы ел ағалары, игі жақсылары» деп, олардың аты-жөндерін түгел атап шығып, солардың ішінде Т. молланы атап өткен.

Н.Ақбай

ТӘУКЕ ХАН, э з - Т ә у к е М ұ х а м м е д Б а h а д ү р (т.ж.б. – 1718, Түркістан) – Қазақ хандығының билеушісі (1680–1718). Жәңгір ханның ұлы. Ол билік еткен кезең Қазақ хандығының «алтын ғасыры» саналады. А.И. Левшин Т. х-ды көне Спартаның ақылгөйі Ликургпен теңеген. Т. х. дала ақсүйектерінің өкілі билердің көмегіне сүйене отырып, орт. билікке жікшілдік пиғылда болған төрелерге қарсы күрес жүргізді. Мемл. мәселелерді шешетін хан кенесін құрды. Оған барлық қазақ руларының билері мен әскербасыларын тартты. Кеңесті Түркістан қ. жанындағы Битөбеде, Сайрам қ. маңын-



ТӘУКЕ ХАННАН

дағы Мәртөбеде және Ангрен өз-не жақын жердегі Күлтөбеде өткізіп тұрды. Ұлы жүзде Төле биге, Орта жүзде Қазыбек биге, Кіші жүзде Әйтеке биге басқару тұтқасын берді. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарын және «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасады (қ. *Жеті жарғы*). Даулы істерді шешуде билер сотының беделін арттырды. Түркістан қ-н Қазақ хандығының астанасы



Тәуке хан

етті. Сырдария бойындағы 32 қаланы өзіне қаратып, Бұхар хандығымен сауданы дамытуға күш салды. 1687 ж. Бұхар ханы Субханкулимен Ташкент қ-на байланысты келіссөз жүргізіп, оны қазақтар иелігінде қалдырды. Орыс-қазақ қарым-қатынасының бейбіт түрде жүруіне мүдделік танытып, 1686–93 ж. Сібірге бес елшілік жіберді. Т. х. тұсында қазақ-ойрат қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Севан Рабдан маңызды сауда жолдары өтетін және ірі сауда орт-тары орналасқан Оңт. Қазақстан аумағын басып алуды көздеді. Т. х. Сығанақ, Түркістан, Отырар, Сайрам және Созақ қ-ларын жоңғарлармен күресте стратег. тірек бекетіне айналдырды. Т. х-ның ойраттармен күрестегі кейбір сәттіліктері оған үлкен жеңіс әкелмеді, соғыс белсенділігі ойраттардың жағында болды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в веках, Сб. док. и материалов, А., 1961; Тынышпаев М., История казахского народа, А., 1993; Левшин А. И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы, 2-т., А., 1998.

Б.Жүрсінбаев

ТӘУКЕ ХАН ЗАҢДАРЫ – 1684–85 ж. Тәуке ханның реформашылдық қызметінің нәтижесінде қабылданған құқықтық нормалар жиынтығы. Т. х. з-ның құрамына «Жеті жарғы», билер сотының тәжірибесі (түйінді биліктер, шежірелер), би-батырлардың ынтымағын арттыруға және көршілес елдермен дипломат. және сауда-саттық қатынасты нығайтуға бағытталған жазба құжаттар кіреді. Т. х. з-ндағы қылмыстық және неке нормалары шариғат негізінде түзілді. Т. х. з. елеулі өзгерістер әкелді. Хан кеңесі, билер кеңесі, жыл сайын үш жүз батыр-билерінің жиынын шақыру қалыптасты. Рулар арасындағы маңызды дау-шарлар үш жүзге танымал билердің қатысуымен шешілетін болды. Билер тобы хандықты басқаруға, заң шығаруға және соттық қызметке араласты. Барлық ру, тайпалардың ұрандары мен мал-мүлікке арналған таңбалары белгіленді; қ. «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы».

С.Өзбекұлы

ТӘУКЕ ХАННАН ТАРАҒАН ҰРПАҚТАР ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ДЕРЕКТЕРІ.

1. Тәуке – ата-бабасынан қазақтың ханы болып келген. Бұл дерек Ш.Уәлихановтың жазбаларымен сай келмейді. Қытай авторы қазақ ақсүйегінің осы бір тармағын Тәукеден (Тәуке-1) бастап таратып, оның ұлы Себеке, Себекенің ұлы Тәуке (Тәуке-2) деп келсе, Ш.Уәлиханов: Жәңгірден Тәукені, Тәукеден төртінші ұлы Себекені таратады. Қытайша керісінше берілгені көрініп тұр.
2. Себеке – қазақтың ханы Тәукенің үлкен ұлы.
3. Сейіт – Тәукенің екінші ұлы.
3. Тәуке – Себекенің үлкен ұлы. Цяньлун жылнамасының 37-жылы (1772 ж.)
4. Есім – Себекенің екінші ұлы.
5. Құдайменде – Есімнің үлкен ұлы.
6. Қасым – Есімнің екінші ұлы.
7. Тұрсын – Тәукенің үлкен ұлы. (Ш.Уәлихановтың кестесі бойынша Тұрсын Тәукенің екінші ұлы болып табылады.)
8. Жәнібек – Тәукенің екінші ұлы.
9. Күшік – Тәукенің үшінші ұлы.
10. Әбілмәмбет – Тәукенің үшінші ұлы (Әбілмәмбетті Тәукенің ұлы деп қате жазған. Ш.Уәлихановтың берген мәліметі бойынша Әбілмәмбет Болат сұлтанның ұлы. Тәукенің немересі болып табылады. (Валиханов Ч.Ч. собр. соч. Т. 4 с. 174, табл.1)
11. Болат – Әбілмәмбеттің үлкен ұлы. Мұрагер ретінде таққа отырған. Цяньлун жылнамасының 37-жылы (1772 ж.) Болат жат елдің жазуымен жазылған ресми хат жолдап, өзін хан деп атаған. Іле цзянцзуны Шу Хэдэ патшаның бұйрығымен мұның себебін анықтай келе, мынадай мәлімдеме жіберген. «Мен қазақтардан сұрадым, олар

ТӘУКЕ ХАННАН



былай деп жауап берді: «Өз кезінде Әбілмәмбет Түркістан қаласында тұрған. Аталмыш қала Қазақ жерінің ортасында орналасқан. Әбілмәмбет орталықта отырып іс басқарғандықтан, қазақ жұрты оны хан деп атаған. Оның ұлы Болат бұрыннан бері алтай-арғын жерінде тұрады. Ол жер Абылайдың иелігіндегі жерге жақын. Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін қазақ жұрты Болатты хан деп атаған».

12. Әбілпейіс – Әбілмәмбеттің екінші ұлы, қазақтың ваны. Цяньлун жылнамасының 23-жылы (1758 ж.) цанцаньдачэнь, дутун (қолбасшы) Фудэ әскер бастап жоңғар қалдықтарын қуып, оң бөлік қазақ жеріне жеткен кезде, ондағы қазақтар Ташкент елімен соғысып, шешуші шайқасты бастамақ болып жатқан екен. Фудэ Моңғолдай есімді қорғаушысын ғана қазақтардың шебіне жіберіп, жарлықты жеткізген. Сонда Әбілпейіс бұйрыққа бойсұнып, сол күні-ақ елші жіберіп, сыйлығын жолдап, «Сол бөлік қазақпен бірге сіздерге бағынамын» деген ниетін білдірген, оның елші уәзірі патшамызға сәлем беріп, Паньшаньға келгенде, патшамыз оған қонағасы берген және ол Наньюандағы әскери башықты тамашалауға қатысқан. Кейін оған көп сыйлық беріп қайтарған. Цяньлун жылнамасының 29-жылы (1764 ж.) Әбілпейіс өзінің уәзірі Себек қатарлы жеті адамды елшілікке жіберіп, патшамызға сәлем бере келгенде, патша оларға қонағасы беріп, патшалық саябағын аралатқан, Цяньлун жылнамасының 47-жылы (1782 ж.) қазақтар Іледегі чахарлар жүргізіп тұрған патшалық мал фермасынан 200-ден астам жылқыны ұрлап әкеткен. Сонда Іле цзянцзуны Илэту істі тексеріп, ұрыны тұтқындау үшін Чахар қолбасшысы Наянды қазақ жеріне жіберген. Бұдан хабар алған Әбілпейіс дереу жылқыны ұрлаған Мөңке қатарлы бес адамды ұстап беріп, ұрлаған жылқыны толық қайтарып, Ілеге елші жіберіп, кешірім сұраған. Осы себептен патшамыз оған мадақтау хағын жолдап, торғын-торқа сыйлаған.

13. Бөлен – Болаттың үлкен ұлы.

14. Жабағы – Бөленнің үлкен ұлы.

15. Нарбағы – Бөленнің екінші ұлы.

16. Әбілқайыр – Бөленнің үшінші ұлы.

17. Рыстанбек – Бөленнің төртінші ұлы.

18. Рүстем – Бөленнің бесінші ұлы.

19. Темен – Бөленнің алтыншы ұлы.

20. Тоғым – Болаттың екінші ұлы. Бөлен ерте қайтыс болғандықтан, цзяцин жылнамасының 14-жылы (1809 ж.) Тоғым хан тағына отырған.

21. Жәнен – Тоғымның үлкен ұлы.

22. Алтынсары – Тоғымның екінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 14-жылы (1809 ж.) патшамызға сәлем беріп келген. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған.

23. Ырымбет – Тоғымның үшінші ұлы.

24. Мұрат – Болаттың үшінші ұлы.

25. «Сәтімбер» – Болаттың төртінші ұлы

26. Ханқожа – Әбілпейістің үлкен ұлы, қазақтың ваны. Негізінен, Ханқожа – батыс қазақ бөлігінің сұлтаны Барақтың ұлы. Барақ аурудан қайтыс болғаннан кейін, Барақтың шешесі Әбілпейіске тиген. Сол кезде Ханқожа екі жастағы бала екен. Әбілпейіс оны үлкен ұлы қылып бауырына басып алған екен. Кейін Әбілпейістен тағы Жолшы есімді ұл дүниеге келіпті. Әбілпейіс цянълун жылнамасының 48-жылы (1783 ж.) аурудан қайтыс болған. Патшамыз Ханқожаның көп жыл бойы әкесінің жанында ел басқару ісіне араласқандығын және біздің сөзімізді тыңдайтынын ескеріп, ол Ван лауазымына мұрагер болсын деп ұйғарған.

27. Жанқожа – Ханқожаның үлкен ұлы. Цзяцин жылнамасының 5-жылы (1800 ж.) Ханқожа аурудан қайтыс болғанда, патшамыздың бұйрығымен Жанқожа Ван лауазымына мұрагер болған. Сол кезде Жолшы шет тілімен жазылған ресми хат жолдап, Ван лауазымына ие болғысы келетіндігін білдірген. Іле цзянцзуны Боулин бұл жөнінде мәлімдегеннен кейін патша Жолшының бұл талабын тойтарып тастаған. Жанқожаның құзырында жиырма ұтық бар.

28. Бөкек – Ханқожаның екінші ұлы. Цяньлун жылнамасының 60-жылы (1795 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған.

29. Суыңқұл – Ханқожаның үшінші ұлы.

30. Күшік – Ханқожаның төртінші ұлы.

31. Дәнияр – Ханқожаның бесінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 14-жылы (1809 ж.) патшамызға сәлем беруге рұқсат алып, сапар шегіп Үрімжіге жеткенде қызылша шығып, сол себептен еліне кері қайтқан.

32. Шыңғыс – Ханқожаның алтыншы ұлы.

34. Жолшы (Жошы) – Әбілпейістің екінші ұлы, қазақтың гуны. Цяньлун жылнамасының 33-жылы (1768 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған (қытай деректері бойынша Жолшы мұрын-найман руын басқарған).

33. Айқожа – Жолшының үлкен ұлы. Цяньлун жылнамасының 60-жылы (1795) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған екінші дәрежелі «динлин» сыйлаған. Іле-шала ол еліне қайтып бара жатып, Суджоу жеріне жеткенде ауырып қайтыс болған.

34. Сарт – Жолшының екінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 16-жылы (1811 ж.) Жолшы аурудан қайтыс болғаннан кейін, ол гун лауазымына ие болған. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған.

35. Уәли – Жолшының үшінші ұлы.
 36. Есім – Жолшының төртінші ұлы.
 37. Қалиман – Жолшының бесінші ұлы.
 38. Әликең – Жолшының алтыншы ұлы.
 39. Тұрсын – Жолшының жетінші ұлы.
 40. Шаймұрат – Жолшының сегізінші ұлы.
 41. Бопы – Әбілпейістің үшінші ұлы, қазақтың гуны цяньлун жылнамасының 54-жылы (1789 ж.) ол бар ықласымен қарақшыларды тұтқындау ісімізге қатысқандықтан, оған патшамыздың бұйрығы бойынша гун лауазымы беріліп, асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйланған. Оның құзырындағы ұтықтың аты – сыбан-найман. Ескерте кететін бір жайт: Жанқожа, Жолшы және Бопы басқарып келе жатқан ұтықтардың жалпы атауы – найман. Олардың мекендеген жері Шыңғыс деп аталады. Ол жер – қазақтардың жалпы бас қосып жиналыс өткізетін орны.
 42. Ғадай – Әбілпейістің төртінші ұлы. Цяньлун жылнамасының 40-жылы (1775 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған.
 43. Жанай – Бопының үлкен ұлы.
 44. Жанкүшік – Бопының екінші ұлы.
 45. Солтыбай – Бопының үшінші ұлы.
 46. Жанқаба – Бопының төртінші ұлы.
 47. Жанқораз – Бопының бесінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 14-жылы (1809 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған екінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.
 48. Асанбек – Бопының алтыншы ұлы.
 49. Майлы – Бопының жетінші ұлы.
 50. Оспан – Бопының сегізінші ұлы.
 51. Дәнияр – Бопының тоғызыншы ұлы.
 52. Мұрат – Бопының оныншы ұлы.
 53. Мұсахан – Бопының он бірінші ұлы.
 54. Рүстем – Бопының он екінші ұлы.
 55. Ағдай – Әбілпейістің бесінші ұлы, қазақтың гуны. Цяньлун жылнамасының 51-жылы (1786 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған.
 56. Бөке – Ағдайдың үлкен ұлы.
 57. Әбілназар – Ағдайдың екінші ұлы. Цзяцинның 14-жылы (1809 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған екінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.
 59. Көгадай – Әбілпейістің алтыншы ұлы, қазақтың гуны. Цяньлун жылнамасының 55-жылы (1790 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған асыл тас тағылған қос көзді «хуалин» сыйлаған. Оның құзырында қыржы-найман қатарлы он ұтық бар.
 60. Ажы – Көгадайдың үлкен ұлы.
 61. Жанқазы – Көгадайдың екінші ұлы.
 62. Әділқазы – Көгадайдың үшінші ұлы.

63. Омарқазы – Көгадайдың төртінші ұлы.
 64. Сәмен – Әбілпейістің жетінші ұлы.
 65. Жабыхақ – Әбілпейістің сегізінші ұлы.
 66. Бөлтірік – Әбілмәмбеттің үшінші ұлы ол хан лауазымына да, ван лауазымына да мұрагер болмаған.
 67. Төбет – Бөлтіріктің үлкен ұлы.

Әдеб.: «Шыңжаң ши люе». Кітапта: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері I-том. Саяхатнамалармен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. Алматы, «Дайк-Пресс», 2005, 251–301-бб.

ТӘШЕНОВ Жұмабек Ахметұлы (20.3.1915, Ақмола обл. бұрынғы Вишневск ауд. Танагүл а. – 18.11.1986) – мемлекет қайраткері. Ақмола құрылыс техникумын (1955), КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін (1955) бітірген. 1934–38 ж. Ақмола қ-нда, Солт. Қазақстан обл. Краснояр ауд-нда, Ақмола обл. Вишневск ауд-нда ауд.



Ж.Тәшенов

атқару к-тінің хатшысы болды. 1938 ж. Қарағанды обл. атқару к-тінің референті. 1938–39 ж. Солт. Қазақстан обл. қоғамдық тамақтану бастығы. 1939 ж. Солт. Қазақстан Совет ауд. атқару к-тінің хатшысы. 1939–44 ж. Совет, Полудинск ауд. даярлау бөлімінің бастығы, Солт. Қазақстан обл. даярлау бөлімі бастығының орынбасары болып жұмыс істеді. 1944–47 ж. партияның Солт. Қазақстан обл. к-ті мал ш. бөлімінің меңгерушісі, хатшысының орынбасары болып жұмыс істеді. 1947–52 ж. Солт. Қазақстан обл. атқару к-ті төрағасының 1-орынбасары, төрағасы қызметтерінде болды. 1952–55 ж. Ақтөбе обл. партия к-тінің 1-хатшысы. 1955 ж. наурыз – 1960 ж. қаңтар аралығында Қазақ КСР-і Жоғ. Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1960–61 ж. Қазақ КСР Мин. Кеңесі Төрағасы қызметтерін атқарды. 1961–75 ж. Шымкент обл. атқару к-ті төрағасының орынбасары болды.

ТӘШІМ БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – Тәуке ханның 1687 ж. Тобыл қ-на жіберген елшісі. Оның мақсаты Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы ежелгі сауда-саттық қатынастарды қалпына келтіруге және одан әрі дамытуға дәнекерлік жасау болды.

ТЕВКЕЛЕВ

Тәуке хан Т.б. елшілігі арқылы қазақ жеріне орыс көпестерін көптеп жіберуді сұраған.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 2-т., А., 1998.

ТЕВКЕЛЕВ Алексей Иванович (1674–1766) – тілмаш, елші. Христиан дінін қабылдағанға дейінгі аты-жөні – Құтлұғмұхаммед Мамашев. 1711 ж. Петр І-нің Прут жорығына қатысып, онда тілмаштық қызмет атқарған. 1716 ж. А.Бекович-Черкасскийдің Хиуа мен Бұхарға жасаған экспедицияна қатысқан. 1719 ж. Сыртқы істер алқасына тілмаш болып қызметке орналасты. 1720 ж. Аюке ханның қарамағына қалмақ тілін үйренуге жіберіледі. 1722–23 ж. парсы жорығына Петр І-нің құпия істер жөніндегі аға тілмашы ретінде қатысты. 1730 ж. Әбілқайырдың Петербургке келген елшілерін қабылдаушылардың қатарында болды және осы елшілікке жауап ретінде патша өкіметінің Кіші жүзге жіберген елшілігін басқарды (қ. *Тевкелев елшілігі*). Кейіннен И.К. Кирилловтың Орынбор экспедициясына, 1735–36 ж. башқұрт көтерілісін басуға қатысты. Т. басқарған жазалаушы отрядтар 50 деревняны өртеп, 2 мыңдай адамды өлтірді. 1742 ж. бригадалық генерал атағын алды. 1743 ж. Т-тің тікелей қатысуымен Орынбор қ. мен оның төңірегіндегі бірнеше қамалдың негізі қаланды. 1743–49 ж. патша өкіметі оны Әбілқайыр басқарған Кіші жүз билеушілері мен Орынбор әкімші. арасындағы жанжалды реттеуге пайдаланды. 1751–59 ж. Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің көмекшісі болып, патша өкіметі жүргізген отаршылдық саясаттың сойылын соқты. 1755–56 ж. кезекті башқұрт көтерілісін басу кезінде қазақ даласына қашып кеткен башқұрттарды кері қайтару ісіне араласты. 1760 ж. қызметтен біржола босап, демалысқа шықты. Т-тің елшілік қызметі барысында жүргізген мың беттен астам «Күнделігінде» қазақтардың қоғамдық-саяси, мәдени өмірі жайында және ру-тайпалық құрамы туралы көптеген мәліметтер қамтылған.

Әдеб.: Разные бумаги генерал-майора Тевкелеева об Оренбургском крае и киргиз-кайсацких ордах // Временник Императорского Московского общества истории и древности российских, Кн. 13. М., 1852; Ханыков Я. В., Сведения о роде Тевкелеевых и о службе генерал-майора Алексея Ивановича Тевкелеева // с о н і к і, Б и ж а н о в М., Дневник Тевкелеева как источник по истории Казахстана // Известия АН КазССР. Серия общественная, 1967, №4; А р а п о в Д. Ю., Первый русский генерал-мусульманин Кутлу-Мухаммед Тевкелеев // Сборник русского исторического общества: Россия и Средняя Азия, т. 5, М., 2002.

А.Махаева

ТЕВКЕЛЕВ Құтлұғмұхаммед (1850, Уфа губ. Белебей у. – ө.ж.б.) – қоғам қайраткері, Ресейдегі мұсылмандар қозғалысы жетекшілерінің бірі.

1870 ж. Паж кадет корпусын бітіріп, әскер қатарында офицер болып қызмет етті. 1877–78 ж. орыс-түрік соғысына қатысты. 1885 ж. отставкаға шығып, қоғамдық жұмыстармен айналысты. 1887–1905 ж. Уфа қалалық думасының, Уфа губ.-сы мен Белебей у. земство басқармасының мүшесі. Бүкілресейлік 1-ші мұсылман съезіне қатысты. 1-ші Мемл. Думаға және 2-ші Мемл. Думаға депутат болып сайланды. Бүкілресейлік 2-ші мұсылман съезіне қатысып, онда Ресей империясындағы мұсылман халықтардың мүддесін қорғайтын саяси партия құру керектігін жақтады. Бүкілресейлік 3-ші мұсылман съезін өткізуге белсене ат салысты. «Ресей мұсылмандары одағы» партиясы ОК-нің мүшесі болды. 3-ші Мемл. Думаға депутат болып сайланып, онда Мұсылман фракциясына төрағалық етті. Қазақтар мен Түркістан өлкесінің өзге де жергілікті халықтарының 1907 жылғы 3 маусым заңына сәйкес Мемл. Дума жұмысынан шеттетілуіне қарсылық білдіріп, бұл заңның өзгертілуін талап етті. 4-ші Мемл. Думаға депутат болып сайланып, тағы да Мұсылман фракциясына жетекшілік етті. Қазақтардың діни істерінің Орынбор мүфтилігі қарамағында болуын жақтап, бұл жөнінде Мемл. Думаға өзінің ұсынысын түсірді. 1914 ж. маусымда оның тікелей ат салысуымен бүкілресейлік мұсылман съезі өткізілді. 1916 жылғы 25 маусым жарлығына өзінің наразылығын танытып, Мин-лер Кеңесі төрағасының атына қазақтар мен Түркістан өлкесіндегі өзге де жергілікті халықтардан майданның қара жұмысына адам алуды тоқтата тұру керектігі жөнінде мәлімдеме түсірді. Осы жылы қыркүйекте патша өкіметінің көтеріліске шыққан халықты қару күшімен басу кезінде тигізген зардаптарын тексеру үшін А.Ф.Керенский, М.Шоқай, т.б. қайраткерлермен бірге Түркістан өлкесінде болып қайтты. 1917 ж. наурызда Уақытша үкімет жағдайында Ресей мұсылман халықтарының саяси әрекеттерін үйлестіру және мүдделерін қорғау мақсатында құрылған Ресей мұсылмандарының уақытша орт. бюросы құрамына енді.

Әдеб.: Мусульманские депутаты Государственной думы России (1906–1917 гг.). Сборник документов и материалов, Уфа, 1998; Я м а е в а Л. А., Мусульманский либерализм начала XX века как общественно-политическое движение, Уфа, 2002.

С.Рустемов

ТЕВКЕЛЕВ ЕЛШІЛІГІ – Ресейдің 1731 ж. Кіші жүзге жіберген елшілігі. Бұл елшілік 1730 ж. Әбілқайыр ханның атынан Петербургке барған Құтлымбет Қоштаев бастаған елшілікке жауап ретінде жіберілді. Күзетпен қамтамасыз етілген елшілікті А.И.Тевкелев басқарды, оның

құрамында қазақ жерін картаға түсіру жүктелген геодезиттер А.Писарев пен М.Зиновьев болды. Т. е-не патша өкіметі 12 тармақтан тұратын «Нұсқау» тапсырды. Онда Кіші жүздің билеуші тобынан Ресейдің қол астына өту жөнінде ант қабылдау, бодандықты мойындағандарға Анна Иоанновнаның атынан сыйлық тарату (қылыш, қанжар, бұлғын тон, бөрік, т.б.), қазақтар туралы мәлімет жинау, Кіші жүзге көршілес жерлердің Ресей бодандығын қабылдауына негіз қалау, т.б. мәселелер қамтылды. Т. е. 1731 ж. 5 қазанда Ырғыз өз. жағасындағы Майтөбе сайында орналасқан Әбілқайыр хан ордасына келді. Т. е-нің Ресей бодандығын қабылдану жөніндегі миссиясы Кіші жүздегі көрнекті ақсақалдардың, сұлтандардың үлкен тобының ашық қарсылығына ұшырады. Олар Т. е-н мұндай пиғылы үшін жазалауға талпынды. Қалыптасқан осындай ахуал жағдайында Әбілқайыр Т. е-н алып жүруді және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді өзінің баласы Нұралыға тапсырды. 1731 ж. қазанда Т. е-не Ресей бодандығын мойындайтыны жөнінде бірінші болып Әбілқайыр хан ант берді, оған Бөкенбай, Есет батырлар мен Құдайменде мырза қосылды. Сол арада бодандыққа 27 ақсақал ант берді. Бұдан соң Т. е. «Нұсқауға» сәйкес көршілес елдердің бодандыққа ант беруіне негіз қалауға кірісті. 19 желтоқсанда Т. е. Әбілқайырды Нұралы сұлтанды Хиуаға жіберуге көндіріп, ол елдің бодандыққа деген көзқарасын білуге тырысты. 1732 ж. 2 наурызда Хиуадан оралған Нұралы сұлтан Т. е-не Хиуаның бодандық мәселесіне наразылығы мен ашу-ызасын білдірді. Т. е. 1733 ж. қаңтарда Петербургке қайтты. Т. е-мен бірге Әбілқайыр Петербургке Ералы сұлтан бастаған жауап елшілігін аттандырды.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сборник документов и материалов, А.-А., 1961; Левшин А. И., Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей, А., 1996; Досмухамедұлы Х., Таңд., А., 1998; Ерофеева И. В., Хан Абулхайр: полководец, правитель и политик, А., 1999; Мұхтар Ә. Қ., Азаттық таңы жолында, А., 2001; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002; Биназаров И. Н., А.И.Тевкелев и его роль в осуществлении юго-восточной политики России в 30–50-х гг. 18 века, Уфа, 2005.

А.Махаева

ТЕВКЕЛЕВ КОМИССИЯСЫ (1755–56) – Ресей өкіметінің 1755 жылғы башқұрт көтерілісін басу кезінде қазақ даласына қашқан башқұрттарды қайтару мақсатымен жіберген елшілігі. Оны А.И.Тевкелев басқарды. Башқұрт көтерілісін басу кезінде 50 мыңға жуық башқұрт Кіші жүз аймағын паналауға мәжбүр болды. Т. к. 1755 ж. қазан – желтоқсан аралығында және 1756 жылдың тамызында Кіші жүз ханы Нұралымен,

т.б. ақсүйектермен келіссөз жүргізді. Оның барысын Сенат ұдайы бақылап отырды. Келіссөз нәтижесінде қазақ билеушілері көтеріліске қатысқан башқұрттарды кері қайтаруға көмек көрсететіні жөнінде ант берді. Т. к-ның бұл мақсатын орындауға патша үкіметі 10 мың сомнан астам қаржы бөлді. Т. к. қызметінің нәтижесінде қазақ даласынан кері қайтқан башқұрттар саны жылдан-жылға арта түсті.

Әдеб.: Материалы по истории Башкирской АССР, ч. 1., М.-Л., 1936; Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Башкирское национальное движение, Уфа, 1992; Рычков П. И. История Оренбургская, Уфа, 2001.

А.Махаева

ТЕЗЕК ТӨРЕ, Тезек Нұралы (1820–1879, бұрынғы Жетісу обл. Қапал у. Алтынемел өңірі) – аға сұлтан, Абылай ханның шөбересі. Ата тегі Абылай – Әділ – Нұралы – Т. т. Жастық шағы Ресейдің, Қытайдың және Қокан хандығының Жетісу жері үшін өзара тайталасқан уақытына сәйкес келді. 19 ғ-дың 40-жылдары Ұлы жүздің албан тайпасына билік жүргізген Хәкімбек сұлтан қайтыс болғаннан кейін билік тізгіні Т. т-ге тиді. Т. т-нің қол астындағы албандар Үйгентас пен Құлжаға дейінгі алқапты қыстайтын болғандықтан, қытайлықтарға салық төлеп тұрды. Қытай өкіметі Т. т-ге 3-дәрежелі тәйжі лауазымын берді. 1847 ж. Т. т. Ресейдің бодандығын қабылдады. Патша өкіметі оған 1849 ж. алтын жіппен безендірілген шекпен, 1850 ж. «ынталылығы үшін» деген жазуы бар алтын медаль берді. Батыс Сібір ген.-губернаторының ұйғарымымен албандардың аға сұлтаны болып тағайындалды. 1856 ж. Алатау округінің приставы М.Д.Премышльский Тянь-Шаньға сапарға шыққан П.П.Семеновқа көмек көрсетуді Т. т-ге тапсырды. Ол П.П.Семеновтың Тянь-Шаньды тыңғылықты зерттеуіне игі ықпалын тигізді. Ш.Ш.Уәлихановпен тығыз қарым-қатынаста болды. Кейіннен Уәлиханов өмірінің соңғы жылдарын Т. т-нің ауылында өткізді және оның қарындасы Айсараға үйленді. 1858 ж. патша өкіметі Т. т-ге поручик шенін, күміс семсер, қару асынатын алтын белбеу, 1859 ж. капитан шенін берді. 1860 ж. Т. т. Ұлы жүздегі дулат тайпасының аға сұлтаны Әли Әділовтің ұйымдастыруымен Қарғалы өз. бойында өткен жиынға қатысты. Онда патшалық Ресейдің үстемдігінен құтылу үшін Қокан хандығына қолдау көрсету, оның көмегіне арқа сүйеу жөнінде шешім қабылдады. Т. т. мұндай шешімге ниеттес екендігін танытты. Бірақ ол қокандықтар жағына өте қоймай, Ұзынағаш шайқасы қарсаңында патша өкіметін қолдады. Сондай-ақ ол орыс әскеріне өзінің жасағымен келіп қосылуды қаламай, шайқасқа әдейі кешігіп келді. Бұдан кейін Т. т. орыс әскерлерінің Пішпек

ТЕКЕЙ

пен Тоқмақты жаулап алуына ат салысты. 1861 ж. подполк., 1863 ж. полк. шені, 1865 ж. 2-дәрежелі «Святой Станислав» ордені беріледі. Ресей өкіметінің тапсырмасымен 1866 ж. Парижде өткен дүниежүз. көрмеге қазақтар тұтынатын көптеген бұйымдар жіберді. Ол қырғыздардың сарбағыш пен бұғы рулары арасында 1854 ж. басталып, ұзаққа созылған қантөгісті бейбіт жолмен шешуге араласты. Патша өкіметінің үстемдігіне қарсылық та танытты. Өз ауылымен Қытайға көшуге әрекеттенгені үшін 1868 ж. билік орындары тарапынан айыпталып, 6 ай абақтыға отырғызылды. Патша өкіметі оның соңынан қатаң бақылау қойды және оның ел ішіндегі беделін түсіру жолында әрекеттенді. Т. т. қайтыс болғанда оның отбасында 700 жылқы, 110 түйе, 90 сиыр, 190 күміс жамбы, 2500 алтын ақша, 50 кілем қалғандығы жайлы мұрағат мәліметі бар. Т. т. өз заманында айтыскер ақын, белгілі күйші ретінде де танылған. Ол Сүйінбай, Бақтыбай, Түбек, т.б. ақындармен айтысқан.

Әдеб.: Семенов П. П., Путешествие в Тянь-Шань в 1856–1857 годах, М., 1958; Валиханов Ч. Ч., Собр. соч. в 5 томах, т. 4., А.-А., 1985; Тезек төре: Айтыстар мен жыр-өлеңдер, А., 1996.

А.Махаева

ТЕКЕЙ Қарпықұлы (шамамен 1679–1764) – бағыр, қолбасшы. Кіші жүздің кете руынан шыққан. 1710, 1723, 1726 ж. жоңғар басқыншыларымен болған ұрыстарда ерлігімен көзге түскен. Ел аузындағы әңгімелерде Т-дің бағыр, палуан, әнші болғаны айтылады. Т. есімі Сыр сүлейлерінің шығармаларында орын алған. Т.Ізтілеуов, Шегебай Бектасұлы және Аманжол ақындар оған арнау, дастан, журналист-жазушы М.Исаев «Өз Тәукенің Текей батыры» (1994) атты кітап шығарған. Т. есімі Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіндегі хан, би, бағырлар тізімінде жазылған, Қызылорда обл. Қармақшы ауд. аумағында «Текей әулие» бейіті бар. Сонымен қатар ауданда «Текей құмы», «Текей қазған құдық» атты жер-су атаулары кездеседі.

Т.Дайрабай

ТЕМІРҒАЛИЕВ Сайынғали Жанғалиұлы (2.7. 1934 ж.т., Ресей, Новосибирск обл. Черепаново ауд. Белово с.) – педагог, экон. ғыл. канд. (1980), доцент (1997). Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын (1957, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) және Мәскеу қ-ндағы Бүкілодақтық политех. ин-тының энергет. ф-тін (1966) бітірген. «Карагандашахтострой» комб-тында шебер (1957–59), Қазақстан ҒА Кен ісі ғыл.-зерт. ин-тында аспирант (1959–61), Алматы қ-ндағы жобалау мекемелерінде инж.-жобалаушы, аға инж., бас маман (1961–74), Қазақ автомобиль көлік жобалау ғыл.-зерт. ин-тында бас инж. (1974–84),

«Средазкурортпроект» ин-тының директоры (1984–89), Мәскеу «Гипроцветмет» ин-тының қазақ бөлімшесінің директоры (1989–91), Қазақ политех. ин-тының проректоры (1991–96, қазіргі Қазақ ұлттық тех. ун-ті) қызметтерін атқарды. 1996 жылдан Қазақ ұлттық тех. ун-тінде доцент. Ол пед. дәрістері мен жазбаларында Абылай хан дәуіріндегі Қытаймен экон.-сауда қатынастарын қарастыру арқылы сол кезеңдегі қазақ пен



С.Темірғалиев

қытай арасындағы айырбас жасаудың екі елге де тиімді болғанын зерделеді; әсіресе 18 ғ-да Ресейдің жергілікті өкімет билеушілерімен Абылай ханның табанды түрде жүргізген дипломат. келіссөздері нәтижесінде Қызылжар жәрмеңкесінің ашылуы, оның өзі қазақтардың сол кездегі әлеум. өмір-тұрмысында үлкен рөл атқарғанына көңіл аударады. «Оптимальное размещение станций технического обслуживания легковых автомобилей» деген тақырыпта канд. дисс. қорғады. 50-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 3 монографияның («Дипломдық жобаның экономикалық бөлімі», 2000; «Экономикалық есептер», 2002; «Экономикалық дәрістер», 2004) және 5 оқу-әдістемелік құралының авторы.

А.Темірғалиев

ТОБЫЛ – Ертіс алабындағы өзен. Қазақстанның Қостанай обл. және Ресейдің Қорған, Түмен облыстары жерімен ағады. Жалпы ұз. 1591 км, Қазақстан жеріндегі ұз. 800 км, су жиналатын алабы 395 мың км², қазақстандық алабы 130 мың км². Т. Оңт. Оралдың шығыс сілемдерінің бірі – Қараадырдан басталып, Ертіске құяды. Басты салалары – Шортанды, Сынтасты, Әйет, Үй, Обаған (көпшілігі сол жағынан құяды). Өзен алабында Жаксы Алакөл, Жаман Алакөл, Құлыкөл, Тентексор, Томарлыкөл, Теңіз, т.б. көлдер бар. Бастаулық бөлігінде Торғай қолатымен өтеді. Бұл тұста өзен арнасы тастақты келеді және аңғарында ойдым-ойдым қарасулар көп кездеседі. Аңғары өте енді, 2–30 км аралығында. Негізінен қар (60%-ы) және жауын-шашын суымен толысады. Өзен қараша – сәуір айлары аралығында

катады; мұзының қалыңд. 70 – 78 см. Жазғы суының орташа темп-расы 19–20°C кейде шілдеде 28,2°C-қа дейін жылынады. Кең жазық болып келген өзен жайылмасында шоқ қарағайлы орман өседі. Өзенде балық бар. Халық аузында Т. өзені мен осы аттас қала Абылайдан мұраға қалған жер атауы делінеді.

Қ.Карпеков

ТОҒА – Әбілпейіс сұлтанның атынан Қытайдың шекара әкімш-не 1757 ж. 17 маусымда барған елшілерінің бірі. Осы елшілік туралы құжатта, 1756 ж. күздегі қазақ-қытай қақтығыстарының қалай аяқталғанынан маңызды мағлұмат берген. Бұл оқиғаларды Абылай білмеген болады, «тығыз-таянда найза түйістіріп қалдық» деп қазақ жасағы атынан Әбілпейіс кешірім сұрайды, «Абылай Әмірсананы ұстап береді және ...бүкіл қазақты бастап, бағынады» деген мәлімдеме жасайды.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 229-б.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ТОҒАЛАҚ батыр – Орта жүз, қаракерей-найман. 1747 жылдың жазында Барақ сұлтанның ұлы Ескендірді Орынборға, губернатор И.Неплюевке, одан әрі Петербургке апарған елшіліктің құрамында болған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 161-бет; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ТОҒАНАС Бәйтқұлы (1813–1864/67) – батыр, би. Сырдарияның төм. ағысы бойында туып-өскен. Кіші жүз құрамындағы шөмекей руынан шыққан. Хиуа және Қоқан хандықтарының жергілікті халыққа жасаған озбырлық әрекеттеріне қарсы тұрған. Т. қарақалпақ, түрікпен бектерімен де соғысып, олардың Сыр бойынан ауа көшуіне ықпал еткен. 1836 ж.т., Бұқарбай, Түлкібай батырлар қоқан бегі Ниязбекпен соғысып, Күмісқорғанды шапқан. 1839–40 ж. хиуалықтармен бірнеше рет Қуаңдария бойындағы Аққыр тауы маңындағы Қарақ деген жерде айқасып, Қожанияз бекті ойсырата жеңіп, «Қожанияз – қамал-бекінісін» жойып жіберді. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысып, шөмекей жасағын басқарды. 1845–52 ж. қоқандықтар мен хиуалықтардың бірнеше шабуылын тойтарып, барымталаған малдарды қайтарды. Т-тың өзінің арнайы мөрі, әкесі Бәйтқ батырдан қалған ақ туы болған. Т. ерліктері ауызша, жазбаша деректерде, тарихшылар *Е.Бекмаханов* пен *Ж.Қасымбаевтың* еңбектерінде, ақын Т.Ізтілеуовтың «Назым» (1982), зерттеушілер Қ.Бердәулетовтің «Бұқарбай батыр»

(1992), Т.Дайрабайдың «Тоғанас батыр» (1992), «Сырдың сырлы сыры» (2005), Ә.Оспановтың «Жанқожа батыр» (1993) кітаптарында және «Келмембет батыр» (1998), «Жолбарысты Төребай би» жинақтарында көрініс тапқан. Қызылорда қ. мен Жалағаш, Теренөзек (Сырдария), Жосалы кенттеріндегі көшелерге Т. есімі берілген.

Т.Дайрабай

ТОҒЫМ Абылайұлы(т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – сұлтан. Кейде Тоқ сұлтан деп те атайды. Абылай хан 1778 ж. 11 ақпанда Огаревке хат жазып: «Таяуда маған елші келді. Патша сарайына жіберуге ұлымды сұрады. Ұлым Тоғым сұлтанды қасына қазақтың игі жақсыларын қосып, осы елшіге ертіп жіберейін деп отырмын» деген, сөйтіп Т. сұлтан 1778 жылғы 21 сәуір күні қасындағы қосшы ел ағаларымен өздеріне дайындалған жайын жайға қонып шығып, екі пәуескемен сарайға келген. Олар демалғаннан кейін Абылай ханның хатын тапсырады да, пәтерлеріне қайтады. Хатта ол өзінің елінде қазақтың ежелгі салты бойынша, хан болып сайланғанын хабарлап, хандық лауазымға бекітуін сұраған. Патшайым Екатерина II жарлық шығарып: «Біз Абылай сұлтанның Ресей тағына мейлінше адал екендігін бағалап, оның өтінішін қолдаймыз, қазақтың Орта жүзінің ханы етіп бекітеміз, қарауымыздағы халқымызға оның хандығын мойындап, әрқашан құрмет көрсетуі керек екендігін жариялаймыз» деген (1778 жылғы 24 мамыр). 1781 жылғы 27 қаңтарда Ягуда Османовтың айтуына қарағанда, Тоғым сұлтан нөкерлерімен патша ағзамның құзырхатын әкелген соң, тиісті хандық рәсім белгілерін келіп алуға шекара бекінісіне шақырылғанына қарамастан бармай қойған. Өйткені Түркістан мен Ташкент арасындағы қырғыздарды күшпен бағындыру үшін көмекке орыс әскерін сұраған. Бұл тілегі қабыл алынбай, әскер берілмейтін болған соң, бекініске барудан үзілді-кесілді бас тартты. Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамыз айында патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетпен қызмет етті» деп жаза отырып, отыз шақты аға сұлтандар мен ел ағаларының аты-жөндерін, солардың ішінде Т. сұлтанды да атаған. А.Скалонның 1774 жылғы 8 тамызда Өскемен бекінісінде қазақша-орысша сөздік жасау ісін қолға алғаны туралы деректі Петербургтегі Салтыков-Щедрин атындағы кітапханадан тапқан зерттеуші Шота Уәлиханов: «Абылайдың ұлдары көп болған ғой. Сонда Петербургке барып, сөздік жасауға үлес қосқан кім?» деген сұрақ қояды да, «бұл – Тоғым сұлтан» деп ескертеді. 1777 жылғы 16 ақпанда Абылай хан ген. Скалонға жазған хатында: «Сондықтан өзімнің үш ұлымды – Уәли

ТОЙҒАРА



сұлтанды, Тоғым сұлтанды және Оспан сұлтанды қасына көп кісі қосып, Ресей тұтқындарын ұстап отырған ауылдарға жібердім» деген. «Таяуда маған елші келді. Патша сарайына жіберуге ұлымды сұрады. Ұлым Тоғым сұлтанды жанына қазақтың екі игі жақсысын қосып, осы елшіге ертіп жіберейін деп отырмын» деп жазған Абылай хан ген. Огаревқа 1778 жылғы 11 ақпан айында. Ал осы жылдың 28 ақпанында Т. сұлтан әкесінің хатын патша сарайына алып барған. Бұдан кейін де ол Абылай ханның қызметіне байланысты ресми құжаттарды реттеп, тиісті орындарға жеткізіп отырған.

Н.Ақбай

ТОЙҒАРА ХАНШАЙЫМ (т.ж.б. – 1805) – Нұралы ханның қызы. Ақылына сай сұлулығымен ерекшеленген, Ресейдің жоғ. мәртебелі ортасына танымал болған тұлға. Белгілі тарихшы, ғалым А.Рязанов «Сырым батыр» кітабында: «Орынборда Нұралы ханның қызы Тойғара ханшайым өмір сүрді. Оның жолдасы Нұрмұхамед қажы шекара сотында сұлтан-заседатель қызметін атқарды. Т. Орынбор қ-нда тұрақты тұрды. Ол астанаға жиі барып, қонақ қабылдап, ұлттық киім киіп жүретін. Қарт барон О.А.Игельстром бұл әйелдің сұлулығына бас иген» деп жазса, ал зерттеуші этнограф П.Небольсин «Қазақтар» кітабында: «Нұралы ханның қызы Тойғара 1805 (1806) ж. қайтыс болды. Ол өзінің ақылымен, сұлулығымен, тартымдылығымен көзге түсетін. Екатерина II Тойғараға әшекейлеп ойылған арба мен жеміс бағы бар құнарлы жер бөлігін, Ресейдің бір губ-ндағы таңғажайып қыстақты сыйға тартқан. Өз халқының арасында Т. х. сыйлы болған. Тіпті ағалары (сұлтандар) оның кеңесін тыңдап, оған қарсы келмеген. Т. х. ұзақ уақыт бойы Петербургте тұрып, тек 1777 ж. Орынборға көшкен» дейді. Көптеген тарихи деректер Т. Х-ның Сырым Датұлына да көмектескенін, оған аса ілтипатпен қарағанын көрсетеді.

Н.Ақбай

ТОЙШЫБЕК Қасаболатұлы (1783, қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. Таран а. – 1860, қазіргі Жамбыл обл. Қордай ауд. Қақпатас а.) – би, батыр. Ұлы жүздің дулат тайпасының ботбай руынан. Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қолдау танытқан. 1849 ж. Алматы қ-на таяу маңда, Ақсай және Қарасу өзендерінің түйіскен тұсында бекініс салдырды. Бекініс қабырғасының ұз. – 85 м, биікт. – 5 м болған. Патшалық Ресейдің Жетісу өңіріне енуіне қарсылық танытып, оған қарсы күресте Қоқан хандығына арқа сүйеді. Осы мақсатта өзінің бекінісінде қоқандық Аққұлы бек басқарған әскери гарнизон ұстады. 1850 ж. 19–23 сәуірде Ресей

армиясының капитаны Гутковский 2 зеңбірегі бар 300 әскермен Т. бекінісіне шабуыл жасады. Бірақ Т. бастаған жасақ Гутковскийдің шабуылына тойтарыс беріп, бекіністі талқандауға жол бермеді. Шабуылда Т-тің жасағынан 200-ден астам адам қаза тапты. Ресей өкіметі Т. бекінісін алу үшін 1851 ж. маусымда 1 мың 370 адамнан тұратын, полк. Карбышев бастаған экспед-ны аттандырды. Т. күштің тең еместігін байқап, өзін қолдаған қазақтармен қоқандықтар ықпалындағы Шудың бойына бет бұрды. Мұны пайдаланған полк. Карбышев Т. бекінісін талқандауға бұйрық берді. Т. баласы Байсейітпен бірге қырғыздар мен қоқандықтардың көмегіне сүйеніп, орыстардың иелігіне айналған Іленің сол жағалауына жиі шабуылдар ұйымдастырып, орыс әскерлерін шығынға ұшыратты. Бұған жауап ретінде 1854 ж. жазда Ұлы жүз қазақтарының приставы Перемышльский 2 зеңбірегі бар 160 әскермен Т. ауылына тұтқиылдан шабуыл жасады. Шабуыл кезінде Т. ауылынан 40-тан астам адам қаза тауып, және бидің үлкен ұлы Жанғазы бала-шағасымен тұтқындалды. Перемышльский бастаған орыс әскері Т. ауылынан 753 жылқы, 118 түйе және 66 ірі қара малды айдап әкетті. Осы жылғы күзде Т. қырғыздың Орман, Жаңғараш, Жантай манаптарымен және қоқандықтармен бірлесіп патшалық Ресейдің билігін мойындаған Іле бойындағы қазақтарға шабуыл ұйымдастырды. Шабуыл кезінде екі жақ та көптеген шығынға ұшырады. Т. өмірінің соңғы жылдарын орыс үстемдігі орныға қоймаған қоқандықтар ықпалындағы Пішпекке (Бішкек) таяу маңда өткерді. Алматы қ-нда Т. есімімен аталатын көше бар.

Әдеб.: Махаева А. Ш., Тойшыбек би және оның заманы, А., 2006.

А.Махаева

ТОЙШЫБЕКҰЛЫ Байсейіт (1831, қазіргі Алматы обл. Жамбыл ауд. Таран а. – 1867, сонда) – батыр, Тойшыбек бидің баласы, Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан. Патшалық Ресейдің Жетісудағы үстемдігіне қарсы күресті. 1854 ж. әкесімен бірге орыстар үстемдігі орнаған Іле өңіріне жорықтар ұйымдастырды. Ұзынағаш шайқасына қатысқан. 1862 ж. бауыры Керімбекпен бірге Жетісудағы патшалық Ресей билігін мойындауға мәжбүр болды. Ресейдің Әулиеатаға жасаған жорығына қатысып, қоқандықтар қолына тұтқынға түсті. 1863 ж. тұтқыннан қашып құтылу кезінде ауыр жарақат алды. Оның ерліктерін халық ақындары жырға қосқан.

Әдеб.: Махаева А. Ш., Тойшыбек би және оның заманы, А., 2006.

А.Махаева

ТОҚ БАҒАДҮР. Уәли сұлтан өзін хандыққа бекітуді сұрап, 1781 ж. тамызда патшаға жазған хатында: «Әкеміз Абылай ханның тұсында менің мына інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет етті» деп жаза отырып, мына төмендегідей тізім қосады: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым, Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Түлек, Сентен, Хош, Оразқан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Т.Б. Алып қара мен Пәшән.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 451-бет; Таышыбай З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ТОҚПАҢБЕТ Тұңғатұлы (1705–1801) – батыр. 1728 ж. Шұбаркөл, Бұланты өз. бойындағы казак қолының жоңғарларға алғашқы тойтарыс беру соғысы «Қалмақ қырылғанға», одан Алакөл маңындағы Аңырақай соғысына қатысқан. 1739, 1742, 1745 жылдардағы соғыста ерен ерлік көрсеткен. 1745 жылғы соғыста қатарынан 3 рет жекпе-жекке шығып, бәрінде жеңіске жеткен. Сол үшін Абылай ханнан «Үш тоғыз өсімтал бол» деген бата алған. Орт. мұрағатта ер Тоқпанбет «1742 жылы Кіші жүз және башқұрт жасақтарын басқарып, шекараны қорғап, Жайықтың төм. ағысындағы мекендерді дұшпандардан тазартқан» деген дерек бар. Қанжығалы Бөгембай батыр ер Тоқпанбетті 10 мың қолды басқаруға тағайындаған. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында «Тоқпанбеттің төсі, шыңы, жазығы, қыстауы» деген жер атаулары кездеседі. Т. қайтыс болған соң, немересі Құлтай батыр Түркістандағы Ахмет Иасауи мазарына апарып жерлеген. Онда Тоқпанбет батыр «Қолағаш баба» атымен тіркелген. Ел ардақтысы жөнінде сан алуан жырлар, аңыздар мол. Алматы қ-нда «Тоқпанбет» қоры ұйымдастырылған.

ТОҚТАР (т.-ө.ж.б.) – батыр. Кіші жүздің шеркеш руынан шыққан. 18 ғ-да Абылай хан заманында өмір сүрген. Еділ қалмақтарымен көп жылдар бойы соғысып, талай рет оларды талқандап, бетін қайтарған. Ресейдің Жайық бойын отарлау саясатына қарсы белсене күресіп, оларды Сарайшық түбінде болған ұрыстардың бірі – Сарыөзек шайқасында талқандаған. Өзімен үзеңгілес Қаржау батырмен бірігіп, Жайықтың батыс тармақтарының біріне бекініс салып, кейін оны Т. қаласы деп атады.

ТОЛЫБАЙ Дәуленұлы, Толыбайсыншы (т.-ө.ж.б.) – батыр, қолбасшы. Орта жүз ашамайлы керей руының аты аңызға айналған елбасшысы. Қазақ-қалмақ соғысында ерен ерлігімен танылған, әділ би, шешендігімен қоса

алдағыны болжайтын көрегендігімен де сыйлы болған. «Толыбай сыншы», «Толыбай әулие» есімі қазақ, ноғай, башқұрт, сібір татарларына жайылған. Аңыз бойынша арғын айдабол руының қызы Ақбілектен 20 ұл көрген. Балаларын үлкен қалаларға жіберіп оқытқан. Елін өнер-білімге баулыған. Ұлдарының ең кенжесі Қожаберген жыраудың «Толыбай сыншы ұлымын, Ғаскер бастап, ту алған. Тыныштық кезең болғанда, мағына айтқан Құраннан» дегеніне қарағанда имандылық рухын сепкен. Ұрпақтары Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд-нда тұрады.

Ж. Сүлеймен
ТОРАЙҒЫР Едігеұлы (1772–1825) – белгілі би, шешен. Шыққан тегі арғын ішіндегі айдабол. Павлодар обл. Баянауыл өңірінде туып-өскен. Әкесі Едіге Төлебайұлы Тәуке хан тұсында би болған. Т. орысқа бағынудан бас тартты. Орта жүзде Ғұбайдолла Уәлиұлының хандық билігін орнықтыруға әрекет жасады. Орыс отаршылығына қарсы ақыл-парасатымен, айбынды сөзімен күрескен Т. Ресей құжаттарында империяға қарулы қарсылық жасаған Саржан Қасымұлымен теңестірілген (1825). Т-дың адамның қоғамдағы орны туралы түсінігі мен нақылдарына, жақсы мен жаманды безбендеген көркем әрі бей-нелі сөздеріне дала даналығы, халық философиясы тән. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы замана қайшылықтарын терең таныған Т. бидің нақыл сөздерін («Аспан, жер және адам жаратылысы туралы») өзінің тіршіліктің бастау сөздері жөніндегі ой-пікірлеріне дәлел ретінде пайдаланған. Баянауыл өңірінде «Торайғыр көлі», «Торайғыр ауылы» аты жер-су аттары бар.

Ж. Сүлеймен
ТОРАЙҒЫРОВ Сұлтанмахмұт – (28.10.1893, Көкшетау облысы Қызылту ауд. – 1920) – ақын, ағартушы-демократ. 1912 жылдан ақындық-



С. Торайғыров

қа ден қойып, «Оқып жүрген жастарға», «Оқудағы мақсат не», «Жарлау», «Досыма хат», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Түсімде», «Жазғы қайғы», «Қымыз», «Кешегі түс пен бүгінгі іс»,



«Шәкірт ойы», т.б. өлеңдерін, «Зарландым», «Өлең әм айтушылар», «Ауырмай есімнен жаңылғаным», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», т.б. әңгіме, мақалалар жазды. 1913–14 жылдардың қысында «Айқапта» хатшылық қызмет істеп, жазғандарының бірқатарын журналда жариялайды. Осы тұста «Ендігі беталыс», «Сымбатты сұлуға», «Қыз сүю», «Гүләйім», «Ләнет бұлты шатырлап», «Өмірімнің уәдесі», «Жан қалқам», «Гүл», т.б. өлеңдерін жазып, «Қамар сұлу» романын аяқтады. 1917 жылдың наурызында Семейге келіп, обл. к-те жұмысқа орналасады. Осы тұста оның қаламынан «Шал мен қызға», «А, дүние», «Жас жүрек», «Сарыарқаның жаңбыры», т.б. өлеңдері туды. 1918 ж. «Неге жасаймын», «Соғыстың кесірі», т.б. өлеңдерін жазады. «Кедей», «Адасқан өмір» поэмаларын бастап, 1919 ж. аяқтайды. Т. Абылайды ұрыста желеп-жебеп, қиындықта қолдау көрсетіп жүретін киелері жөніндегі ел аузындағы аңыздардың бірін Құрбан Қажының әңгімелеуі бойынша жазып алған.

ТОРҒАУЫТТАР – Жоңғар хандығын құраған төрт тайпаның бірі. Моңғол тегіне жатады. Алғаш хан ордасы, хан және аксүйек нояндардың қорғаушысы, оқ қағары болған әскери топтан шыққан қауым. Бұл топ 12 ғ-да пайда болды. Кереиттің ханы Тоғорыл Уаң хан өзінің мың турхагтарды (turqagud) бір шайқасқа салғаны туралы айтылады. Шыңғыс хан өз мемлекетін құрғаннан кейін алғашқы шаралардың бірі ретінде маған бір мың хэшигтэн, торгут (гвардия әскері) бөліп беріндер дегені бар (Моңғолдың құпия шежіресі. 224-бап). Кейін хэвтүүл, хорчин, торгуттардың жалпы саны бір түменге жеткен (ол да сонда). Деректерде Шыңғыс хан бұрын Кереит Уаң ханның билігінде болған турхагтарды (turqagud) өзінің орт. түменіне қосып алғаны туралы айтылады. Оларды 15 ғ-ға дейін кереиттен шыққан нояндар басқарған. 1420 жылдары Уаң хан Тоғорылдың ұрпағы өз билігіндегі турхагдарын ертіп Моңғолияның шығысынан көшіп, ойраттың Тогон тайшысына барып қосылады. Осыдан бастап ойраттардың арасында Торгут деген тайпа пайда болды. Ойраттарды 1634 жылға дейін Қара құла ноян, 1634–63 ж. Хотогчин батыр қонтайшы басқарып, төрт тайпаның басын қосып, ойраттардың біріккен мемлекетін құруға әрекеттенді. Хонтайшының бұл әрекетіне Торгут тайпасынан Хөө Өрлөг қарсы шығып, 1607 ж. қарамағандағы 5000 отбасы, 250 мың халқын ертіп Есіл, Тобыл, Жем өз., Батыс Сібір арқылы батысқа жылжып, Еділ бойында тұрақтап қалды. Кейінірек олардың соңынан Хошудтың Байвагас ханының ұлы Хөндлэн уваш тэйжі 3000 отбасымен көшіп

барды. Бұлар төрт ойраттың торгут тобының бір бөлімі ғана. Ел жерінен ауып кеткені үшін жергілікті моңғолдар оларды «Халимаг» немесе «Ата жұртынан ауып кеткендер – ауғандар» деп атайды. Торгуттардың бұл жолғы көші еркек, әйел демеі мүздай қаруланып ат жалында ұрыс сала жүріп, тұрғылықты жұртқа талай қиямет әкелген рыцарлық көш болатын. Көш қазақ жерін басып өтті. Оларды қазақ жерінен ығыстырып шығару үшін 25–30 жыл қажет болды. Қазақ, қалмақ арасында талай қантөгістер орын алды. Сондығынан болар, қазақтың батырлық жырларындағы қазақтың басты жауы қалмақтар деп көрсетіледі. Қазақтың ауыз әдебиеті, ауызша, жазбаша тарихында ойраттарды жаппай «қалмақ» атандыру орын алды. 1771 ж. олардың бір тобы қазіргі Моңғолия және Қытайдың Шыңжаң өлкесіне қайтып оралды. Еділ қалмағының қазіргі мұрагері – РФ құрамындағы Қалмақ Республикасы. Ондағы қалмақтың бір бөлегі Ресейде болған Азамат соғысы және Ұлы Отан соғысы кезінде шет елдерге кетуге мәжбүр болды. Олардың Еуропадағы ұрпақтары қазір Франция, Югославия, Германия, Болгария, Солт. Америкада тұрады. АҚШ-тың Вашингтон мен Нью-Йорк қ. аралығында қалмақтардың жеке ауылы бар. Шыңғыс хан туралы әйгілі монография жазған және еуразияшылдық теориясының авторларының бірі докт. Эренжен Хара-Дава – сол топтан шыққан белгілі тұлғалардың бірі, Югославияның Белград ун-тінің проф. болды. Тибет-моңғол автоном. аймағының Көкнорында тұратын қалмақтар «императорлық моңғолдар» (degedu Mongol) деп аталады. Олардың ұрпақтары қазір Хатун өз-нің оңт. және Цинхай маңында тұрады. Ішкі Моңғолияның Алашань аймағында да торгуттар тұрады. Олардың көпшілігі қазір қытайға айналып кетті. Моңғолия, Шыңжаңдағы торгуттар өзінің этник. нарқын сақтап отыр. Өлемдегі торгуттардың саны қазір жарты миллионға жуық. Торгуттар қазіргі күні көп ел-жұртта бытыраңқы өмір сүреді. Бірақ қайда жүрмесін: «Қатпар, қатпар тауыңнан мұнарған сағым кетпейді. Торғауыт жерін ойласам, Көзімнің жасы кеппейді» деген сағыныш әнін айта жүреді.

Әдеб.: Д-р Эренжен Хара-Даван. Чингис-хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII–XV веков. Алма-Ата: КРАМДС Ахмед Яссауи, 1992; Ш.Норво. Зая-Пандита (материалы к биографии). Элиста. Калмыцкое книжное издательство. 1999; Халхын засагт хаан аймгийнхны угсаатны бүрэлдэ XV үн, гарал. Ред. Ц.Цэрэндорж, Ц.Гантулга. УБ., 2003.

З.Қинаятұлы

ТОТЫН ЖАЗУЫ – моңғолша todorqay nom-un uzug (тодорхой ном-үн үзүг). Сөзбе-сөз аударған-


да айқын кітаптың әрпі дегенді білдіреді. Ойратша тотын жазуы деген осы. Жазу көне моңғол жазуы секілді жоғарыдан төмен қарай жазылады. Қазақша «Төте жазу» дегенге ұқсайды. Тарихи әдебиеттерде бұл жазуды Жоңғарияның Батыр қоңтәжі билеушісінің тапсыруымен 1648 ж. жасап шығарған дін ғұламасы, тибет, санскрит тілдерінің білгірі Ражжам Зая Бандида (1599–1662 ж.). Бандида – моңғол тілінде «тақуа» деген мағынаны білдіреді. Зая Бандиданың жасаған төте жазуы ойрат, қалмақ ортасына кезінде кең тараған. Кейін бұл жазу қазақ-жоңғар, қазақ-қытай қатынастарында құжат түзуге пайдаланылған.

Әдеб.: Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. III том. Деректемелер мен мұрағаттық құжаттар (дайындаған Еженханұлы Б., Базылқан Е., Нұрманова А.Ш.), Алматы, 2006, 46–47-бб..

ТӨБЕ БИ – екі немесе бірнеше тайпалар мүддесін қамтитын руаралық дау-шарларды шешуге жиналған билер алқасының төрағасы. Т.б. даудан тыс жатқан рудан және аса қадірлі билер қатарынан сайланған. Оның қолына соңғы кесімді айту билігі тапсырылған. Т.б. дәстүрлі қазақ қоғамында арбитр қызметін атқарған; қ. *Би*.

ТӨЛЕ ӘЛІБЕКҰЛЫ (1663, қазіргі Жамбыл обл. Шу өңірі, Жайсаң жайлауы – 1756, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Төле би ауд. Қазығұрт өңірі) – қазақ халқының бірлігін нығайтуға зор үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Ұлы жүздегі дулат тайпасының жаныс руынан. Әкесі Әлібек момындығы үшін ағайындары арасында «қарашоғыр» атанған. Т. жастайынан қазақ халқының ақындық-шешендік өнерінен тәлім алған. 15–20 жасында билікке араласып, әділдігімен, шешендігімен елге танылды. Т. би Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билермен бірге Тәукені хан етіп сайлауға, үш жүздің ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп, бірегей қазақ хандығын нығайтуға, жоңғар шапқыншылығына қарсы бауырлас қазақ, қарақалпақ және өзбек халықтарының жауынгерлік одағын құруға бағытталған шараларды жүзеге асыруға қатынасты. Т. би Қазыбек бимен және Әйтеке бимен бірлесе отырып, қырдың қатал заңын бір жүйеге келтіріп, оны жаңа жағдайдағы тіршілікке сәйкес бай мазмұн мен түр беріп, қайта түзді. «Жеті жарғы» атанған жаңа түзілген құжатта ертеден келе жатқан дала демократиясы есеріліп, жаңаша көзқараста жер мен жесір дауы, құн мәселесі, т.б. әділ шешімін тапты. 1726 ж. Ордабасы жиынында Т. би көш басшылық етіп, тірлік бірлікке ұйытқы болып, халықты жоңғар басқыншыларына соққы беруге үндеді. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, үлкен билік құрып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында көрегенді саясатты жүзеге

асырған болашақ Абылай ханды (Әбілмансұр) өкіл бала етіп тәрбиелеп, үлкен азамат қатарына қосуда Т. бидің қызметі орасан. Кезінде Т.б. басшылық жасап, жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарыс беруге ұйтқы болды. Шашырап кеткен қазақтардың басын қосып, Ресей мен Қытай секілді екі алпауыт мемлекет арасында оңтайлы саясатты жүргізген Абылай ханды өкіл бала етіп тәрбиелеп, азамат қатарына қосуда Т. бидің қызметі орасан. 1742 ж. Абылай тұтқиылдан шабуыл жасаған жоңғарлардың қолына түсіп қалғанда оны тұтқыннан босатуда



Төле Әлібекұлы

да Т. би белсенділік танытты. Тарихи жырларда қазақ билеушілерінің атынан Әбілқайыр хан мен Т. бидің Орынбор әкімш-нен Абылайды тұтқыннан босатуға өтініш жасағандығы айтылады. Қазақтың үш жүзінен Т.б. бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады. Т.б. ішкі және сыртқы саясатта сара бағыт ұстанды. Хандық пен мемлекет тұтастығын, тәуелсіздігін діттеп, жаугершілікте дұшпан қолында қалған қалалар мен жерлерді қайтаруға күш салды. 1743 ж. Ресей патшасы Анна Иоановнаға, кейіннен, 1749 ж. Орынбор губернаторы И.И. Неплюевке хат жолдап, Ресей бодандығын қабылдауға ризашылық танытты. Бұл сол тарихи кезеңде шарасыздықтан жасалған қадам болатын. Ол жоңғар шапқыншылығынан титықтаған халықтың жағдайын жақсартуды бірінші кезекке қойды. 1748–49 ж. орыс сауда керуені тонағанда, бұған кінәлі Қойгелді батырды билер алқасына шақыртып, оған бүкіл шығынды жұрт көзінше төлеттірді. Сөйтіп екі ел арасындағы татулықты жоғары қоятындығын көрсетіп берді.

ТӨЛЕБАЙ



1748 ж. Әбілқайыр хан қаза тапқанда оның баласы Ералы сұлтан әкесінің құнын даулап Т. биге шағымданады. Т. би Әбілқайырдың өлімі үшін айыпкерлердің Жеті жарғы заңына сәйкес жеті құн төлеуі туралы шешім шығарады. Әбілқайырдың өліміне кінәлі болған Барак сұлтан өзінің әрекетіне төрелік айтуды Т. бастаған билер тобынан өтінген. Ел аузында Т. би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған Оның атымен байланысты толып жатқан нақыл, мәтел сөздер, билік кесімдер халық арасында кең тараған. Т. би Шымкент, Түркістан және Ташкент қ-нда көпшілік пайдаланатын ғимараттар салу ісіне белсене араласқан. Т.б. Ташкент қ-ндағы Шайқантәуір зиратына жерленген. Қабірі Бабырдың нағашы атасы Жүніс хан мазарының қасында. Т. би қабіріне кесене салынған. Т. бидің туған жерінде оған ескерткіш қойылған. Оңт. Қазақстан обл. мен Жамбыл Т. би есімі берілген аудандар бар. Т. бидің туған жерінде Астана және Тараз қ-нда оған ескерткіш қойылған. Алматыда, Шымкентте және бірқатар елді мекендерде Т.б. есімімен аталатын көшелер бар.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. Сб. Документов и материалов, т.1., А., 1961; Төле би, А., 1991; Үш пайғамбар, А., 1992; Төле би мен Қойгелді батыр, А., 1992; Л е ш и н А. И., Описание киргиз-кайсацких или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 1998.

Е.Жасыбаев

ТӨЛЕБАЙ (т.-ө.ж.б.) – Абылай ханның қол астына жиналған батырлардың бірі. Шамамен жас жағынан Қабанбай батырдан мүшел жас кіші. Найман тайпасы, садыр руы, қанай атасынан шыққан. Жасынан жаугершілік жорықтарға қатысып, 2 жыл қалмақ тұтқынында болған. Кейіннен мыңбасы атанып, жекпе-жек соғыстарда аты шықты. Ұрпақтары Алматы обл. Ақсу ауданының Көкжиде а-нда тұрады. Сауыты мен қылышы сақталған, сүйегі осы өңірде Керегетас жотасына жерленген.

ТӨЛЕК – жоңғар шапқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры, қолбасы. 17 ғ-дың аяғы, 18 ғ-дың алғашқы жартысында өмір сүрген. Ол өзінің замандастары Өтеген, Қабанбай, Бөгембай, Наурызбай, Райымбек, Қойгелді, Сәмен, Шеніт сияқты жаужүрек батырлармен тізе қосып, қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат етуге белсене қатысқан. Ақын Тілеміс Есболұлы Т-тің ерлік істерін жырға қосқан.

М.Берік

«**ТӨЛЕ БИДІҢ ӨСИЕТІ**» – мақала. Авторы – Т.Абылайханов. «Жетісу» газетінің 1991 жылғы 3 тамыздағы санында жарияланған. Автор мақаласына белгілі қазақтың биі Төле жайындағы ел аузында айтылып жүрген шешендік өсиет

сөздерді арқау еткен. Ел арасындағы дау-шарларға жүргізген билік сөздері де келтіріледі. Сонымен қатар Төле бидің өмірден озар алдындағы соңғы өсиетін келтіреді. Өсиетте «Өлсем Ташкентке, еңсегей бойлы Ер Есім ханның қасына қойындар. Көргенсіздік танытып, қатар қойып жүрмеңдер. Жарықтықтың аяғы менің басыма тұспа-тұс келетін болсын. Ол Салқам Жәңгірдің әкесі. Өз Тәукенің атасы. Оның үстіне қазақтың көсемі, ханы болған адам. Ханнан қадір кетпесін, қарадан ұят, елден бірлік кетпесін деу парыз. Ұрпағым деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, найза өңгеріп өткен есіл ерлерді ардақтау – кісілік» деген екен. Сонымен қатар оның көз жұмар алдында: «Киелі ұлым Абылайға сәлем айтындар, елді елге қоссын» деген аманатын жазған.

К.Қошым-Ноғай

ТӨЛЕҢГІТТЕР – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақсүйек-төрелерге (хандар мен сұлтандар) қызмет етуші адамдардың әлеуметтік қауымы. Негізінен жаугершілік замандарда сырт елдерге жорық жасау барысында қолға түсіп, билеушілердің жеке иелігіне берілген соғыс тұтқындарынан тұрды. Сондықтан олар үш жүздің ешқайсысына да кірмейді, тек төрелерге ғана қызмет ететін әлеум. топ болып есептелген. Олар хандар мен сұлтандардың барлық шаруашылық жұмыстарын атқаруға міндетті болды. Т-дің енді бір бөлігі – сұлтанның немесе хан ордасында билеушілердің жеке басын қорғайтын әскери жасақ, бейбіт уақытта олардың тапсырмаларын орындаушы, зекет, соғым жинаушы, сот биліктерін орындатушы шабармандар міндетін де атқарған. Мыс., Абылай ханмен бірге 1000-нан астам Т. отбасы көшіп-қонып жүрген. Ресей өкіметінің 1822 жылғы жарғысына сәйкес хандық жойылғаннан кейін Қазақстандағы жағдайға байланысты бұл әлеум. қауым үлкен өзгерістерге ұшырады. Хандық жүйенің жойылуына байланысты қазақ билеушілері өз Т-ін асырау, ұстап тұру мүмкіндіктерінен айрылды. Сондықтан жеке шаруашылығы бар Т. біртіндеп басқа руларға қосыла бастады. Кейбір рулар ішінде төлеңгіт деген аталар пайда болды. Орта жүз бен Бөкей хандығында бұрынғы Т-ден жеке төлеңгіт рулары шықты.

ТӨЛЕТАЙ (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – батыр. Қабанбайдың інісі. 1758 жылғы 25 қазандағы Қытай императорына жолданған мәліметте: Биылғы жылғы қазанның 9-жұлдызында Қабанбай өз ұлы Едіге мен інісі Төлетайға 50-ден астам адамды бастатып, Букучағанның ұлын Үрімшіге біздің елшімен бірге айдап апарып, екі ортаның қаншалықты қашық екендігін білу үшін келе жатыр. Олар өздерімен бірге бес жүздей жылқы айдап келуде. Қабанбай осы жолы шын мәнінде басқалардың жолын орап, Букучағанның ұлын

айдап жеткізуді пайдаланып, ұлы мен інісіне өз тауарларын әкелгізіп отыр. Олар қайтқан кезде дәстүрімізге сай, Қабанбай мен оның ұлын, інісін марапаттау керек» делінген. Шынында олар Үрімшідегі сауданың жағдайын бақылап қайтқан, жолға бір айдай уақыт кеткен, сондай-ақ көп мал айдап әкеліп, сатқан. Үрімшіде сауда ашу жөнінде 1759 жылғы 11 тамызда жазылған мәлімдемеде: «Қазақтарды Үрімжіге сауда жасауға барғызу мақсатында сіздер біздің Абылай сынды көсемдерімізге 1 дана хат жазып жіберулеріңізге болады» деп жазылыпты. Шынында екі жақты келісім жасалып, қытай патшасы бұл істі қолдаған, сөйтіп Үрімжіге көп мөлшерде тауар апарылып, базар ашылған.

Н.Ақбай

ТӨЛЕШ – батыр, қарақалпақ. 1731 ж. 9 желтоқсанда Қарақалпақ ханы Қайыптың атынан Әбілқайыр хан ордасында жатқан Тевкелевке Ресей бодандығын қабылдау жөнінде тілекпен келген бір топ ел ағаларының құрамынан көрінеді.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 54-б.

ТӨМЕНГІ ҚАРАҚАЛПАҚТАР – 1723 ж. жоңғарлар Сырдарияның орта ағысын басып алуына байланысты Қарақалпақ хандығы екіге бөлініп қалған. Бір бөлігі Сырдария мен Амударияның арасында тұрақтап, Т. Қ. атанған.

ТӨРЕ – қазақ қоғамындағы әлеум. топ. Шыңғыс ханның ұрпақтары Т. саналған. Олар қазақ руларына қосылмайтын өз алдына дербес қауым болып есептелген. Т-лер өздерін «ақсүйек» қатарына жатқызған. Хандар тек Т-лер арасынан сайланды. Т-лер әкімш. және сот билігін жүзеге асырды. Сонымен қатар олардың соғыс кезінде жасақ құрып, оған қолбасшылық ету құқы болды. Қазақ жүздерінің Ресейге қосылуы барысында Орта жүз бен Кіші жүзде бірте-бірте хандық жүйе жойылып, Т-лер қазақ қоғамының саяси-экон. өмірінде бұрынғыдай рөл атқара алмады. Қазақстанда 1867–68 жылдардағы реформалардың енгізілуі Т-лердің экон. және саяси артықшылықтарын біржола жойды.

ТӨРТҚАРА – Кіші жүз әлімұлының тармағы. Т. М. И. Тевкелевтің, А. И. Левшиннің деректерінде ру ретінде жазылады. 19 ғ-дың аяғында әлімұлынан тараған ру бірлестігі ретінде айтылады. Шежіре деректері бойынша Т-дан – қараш, оразкелді, ораз, жаншүкір. Бұл төртеуінен тоқпан, аппақ, қасым, торым, бақшақ, мазы, келтеқара, құламан, құлтас, ақкиіз, қаракісі, сейітқұл, шобан, тәлтекем, қонысбек, қаракемпір аталары өрбіген. Бұл деректер 16–17 ғ-ларға жатады. Ал таңбасына, аталарының таралуына қарағанда, белгісіз бір себептермен найманның матай руымен туыстығы байқалады. Оның

қаптағай тармағының бір атасы да Т. аталады. Қазан төңкерісіне дейін Жетісу обл. Қапал у-н мекендеген. Өзге Т-ның негізгі қыстауы Сырдың төм. ағысы, жаз Қарақұмнан өтіп, Ырғыз, Өт өз-дерінің бойын жайлаған. Енді бір аталары таңбасына қарағанда керей тайпасынан тарайды. Т-лар негізінен Ақтөбе, Қызылорда обл-тарында, Самарқандта (Нұратада), Қарақалпақстанда тұрады. Т-дан Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би шыққан. Таңбасы И. Н. Гродеков, Э. Мейер, С. Аманжолов зерттеулерінде + (айқыш), М. Тынышбаев зерттеуінде +, X; ұраны – Алдияр, Айыртау.

Әдеб.: В о с т р о в В. В., М у к а н о в М. С., Родоплеменный состав и расселение казахов, А.-А., 1968; М а д а н о в Х., Кіші жүздің шежіресі, А., 1994; Қазақ шежіресі хақында, А., 2002; Қазына, А., 2002.

Т. Дайрабай

ТРОИЦК – Ресей Федерациясындағы қала. Челябинск обл-ндағы Троицк ауд-ның орт. Үй өз-мен Увелька өз-нің тоғысқан жерінде орналасқан. Негізі 1743 ж. бекініс ретінде қаланған. Абылай сұлтан 1749 ж. Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтің атына хат жазады. Абылай хатында Орынборға барып, сауда жасау Орта жүз қазақтары үшін қолайсыз, сондықтан осы Т. бекінісінен айырбас сауда орнын ашуды сұраған еді. Абылай тарапынан жасалған сұрау И. И. Неплюевтің ойынан шықты: өйткені Т-де сауда орнын ашу Ресей өкіметіне де, сауда-өнеркәсіп тобына да тиімді болды. Соның нәтижесінде Т-бекінісінде 1750 ж. Орт. Азиямен және Шығыс Түркістанмен сауда жүргізу мақсатында жәрмеңке ашылды. Орта және Кіші жүз қазақтары жәрмеңкеге жылқы айдап әкеліп, оны өзге тауарларға айырбастап отырған. Осы жылқы саудасынан патша өкіметі жыл сайын 9 мың сом көлемінде кіріс түсірді. Ташкент пен Бұхарадан келген көпестердің қауіпсіздігі қазақ билеушілері тарапынан қамтамасыз етілген. 19 ғ-дан бастап, Т. қаласы қазақтардың мәдени өмірінде елеулі рөл атқара бастады. Алғашқы қазақ баспасөздері (мыс., «Қазақ» газеті, 1907; «Айқап» журналы, 1911–15) осы қалада жарық көрді.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

М. Жолсейітова, И. К. Әбішева

ТУ – әскери бөлімнің рәмізі. Т. найза немесе басқаша бейнелер түріндегі металл ұштығы бар ағашқа бекітілген белгілі бір өлшем мен мата полотнаның тұрады. Т. жауынгерлердің жиналуы мен бірігуі үшін алыстан жақсы көрінетін белгі ретінде ежелгі Таяу Шығыс, Үндістан, Қытай, т.б. елдерде биік сырыққа орнатылған қандай да бір бейнелер түрінде пайда болған. Ағашқа немесе белдем ағашқа жазулар мен рәміздік бейнелері бар ерекше тақташалар (цоколь) немесе мата кесіндісі бекітілген. Көшпелі

ТУШЫ



халықтарда да (сақ-скифтер, ғұндар, түркілер, т.б.) Т-ды жауынгерлік рухтың белгісі ретінде ерекше құрметтеген. Т. үлкен матадан түсті желек түрінде жасалып, найзаның сабына байланып көтерілген. Жауынгерлерге күш беріп қорғау үшін оған киелі белгілер (жыртқыш аңдар мен айдаһардың басы, кейіннен Ай, Құран аяттары) салынды. Т. әскердің киесі саналғандықтан, шайқас кезінде оны ұстау ең батыр адамдарға тапсырылған. Т. желбіреп тұрса әскер жеңіске жетеді, ол құласа жеңіледі деген ырым болған. Қазақ қоғамында ханның Т-ынан басқа, белгілі қолбасшыларға да Т. тапсырылған. Мыс., Абылай хан заманында Қабанбай, Бөгембай, Жәнібек, т.б. әйгілі батырлардың өз Т-ы болды. Ол Т-лар кейіннен сол батырдың ұрпақтарында қалып, кие тұтылды. Ауру-кеселден, жамандықтан қорғайды деп қастерленді. Негізінен мыңбасыларға, түменбасыларға берілетіндіктен, кейде әскер саны Т-мен есептелді.

Әдеб.: Рейпольский С. Н., Боевое красное знамя, М., 1964; Ахметжанов Қ. С., Жараған темір кигендер. Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері, А., 1996.

Н.Әшіров

ТУШЫ – әскер туын ұстаушы. Ту әскердің киесі саналғандықтан көшпелілерде айқас кезінде туды ұстау ең батыр адамдарға жүктелген. Қазақ ауыз әдебиетінде өздері жараланса да туды құлатпай ұстап тұрған батырлар туралы аңыздар көп. Халық аузында жоңғарлармен болған бір соғыста Абылайдың туын ұстаған Олжабай батыр қолына жоңғар оғы тисе де туды құлатпай ұстағандығы туралы аңыздар айтылады.

Әдеб.: Ахметжанов Қ. С., Жараған темір кигендер, А., 1996.

ТҰЛПАР – бітімі бөлек, ең жүйрік жылқы. Қазақ ғасырлар бойы жылқының жүйріктерін, мықтыларын сұрыптап, іріктеп Т. өсірген. Оны негізінен батырлар мінген. Мыс., Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Қарақасқасы, Абылайдың Көкбаласы, Қабанбайдың Құбасы, Бұғыбайдың Қарасеркесі, Наурызбайдың Ақазуы, Исатайдың Ақтабаны, т.б.

ТҰРСЫНБАЙ, Балта Керей (1707, Есіл өз. бойы – 1800, қазіргі Ресейдің Челябинск обл. Итиль ауд.) – батыр. Орта жүз батыры Ертісбайдың отбасында дүниеге келген. Т-дың атасы Атық 17 ғ-да батыр әрі әулие атанған. Т. 9 жасында ата-анасынан айрылып, жетім қалғанына қарамастан отбасы шаңырағын күйзелтпей, інілері Есілбай мен Толыбайға қамқорлық көрсеткен. Өзі Түркістан түбіндегі «Қарнак» медресесінде білім алды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары інілері Есілбай мен

Толыбай жау қолынан қаза тапты. Т. жасақ құрып, жоңғарлармен күресте ерлігімен көзге түсті. Оның ерлігін ақын Дәстем Қарабасұлы жырға қосқан. 1750–81 ж. қазақ әскерлеріне басшылық жасап, Абылай ханның сенімді қолбасшысы ретінде танылды. Сол тарихи кезеңде шиеленіскен қазақ-башқұрт қарым-қатынасын реттеуге елеулі үлес қосты. Бұқар жырау, Үмбетей, Тәтіқара, Жанкісі, т.б. жыраулардың мұраларында Т-дың ерлік істері жайлы көптеген мәліметтер бар.

Қ.Бигежаұлы

ТҰРСЫН ХАН (т.ж.б. – 1717) – Ұлы жүздің шымыр, дулат руларын билеген. Т. х-ның әкесі Құдайменде, оның әкесі Бөкей, оның әкесі Қайнар-Көшек, оның әкесі Ондан сұлтан болып таратылады. Ондан сұлтан Тәуекел ханның тұсында қазақ әскерінің ірі қолбасшысы болған. Т. х-нан тараған ұрпақтар туралы Қытай деректері мынадай:

Күшік – Тұрсынның үлкен ұлы.

Әділ – Күшіктің үлкен ұлы.

1. Сәмен – Әділдің үлкен ұлы.

2. Тәукежан – Сәменнің үлкен ұлы. Цяньлун жылнамасының 60-жылы (1795 ж.) патшамызға сәлем беріп келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.

3. Әбілпейіс – Сәменнің екінші ұлы.

4. Нұрасыл – Сәменнің үшінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 8-жылы (1803 ж.) және 14-жылы (1809 ж.) ол екі мәрте патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.

5. Қуат – Сәменнің төртінші ұлы.

6. Ерасыл – Сәменнің бесінші ұлы.

7. Орыс – Әділдің екінші ұлы.

8. Әбілқайыр – Әділдің үшінші ұлы.

9. Сардақ – Әділдің төртінші ұлы.

10. Балқайыр – Әділдің бесінші ұлы.

11. Жанқайыр – Әділдің алтыншы ұлы.

12. Досалы – Әділдің жетінші ұлы.

13. Көкек – Әділдің сегізінші ұлы.

14. Сатыпалды – Әділдің тоғызыншы ұлы. Цяньлун жылнамасының 55-жылы (1790 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.

15. Ералы – Әділдің оныншы ұлы.

16. Сәт – Әділдің он бірінші ұлы. Цяньлун жылнамасының 60-жылы (1795 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.

17. Ырыс – Әділдің он екінші ұлы.

18. Бокбасар – Әділдің он үшінші ұлы.

19. Есей – Әділдің он төртінші ұлы.

20. Тілек – Әділдің он бесінші ұлы.

21. Сәтімбер – Әділдің он алтыншы ұлы. Цзянцин жылнамасының 14-жылы (1809 ж.) патшамызға



сәлем беріп келуге рұқсат берген. Цзинхэгэ келгенде қызылша шыққандықтан кері қайырған.

22. Сәнияз – Күшіктің екінші ұлы.
23. Жәдік – Сәнияздың үлкен ұлы.
24. Сөк – Сәнияздың екінші ұлы. Цзяньлун жылнамасының 48-жылы (1783 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.
25. Қасым – Сәнияздың үшінші ұлы.
26. Бөлеке – Жәдіктің ұлы.
27. Нұржан – Сөктің үлкен ұлы.
28. Нарбота – Сөктің екінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 8-жылы (1803 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.
29. Тұрап – Сөктің екінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 8-жылы (1803 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.
30. Себек – Сөктің төртінші ұлы.
31. Тұрсын – Сөктің бесінші ұлы.
32. Қамбар – Сәнияздың төртінші ұлы. Цзяцин жылнамасының 5-жылы (1800 ж.) қазақтар ұранқайдардың жылқысы мен түйесін ұрлағанда Қамбар барымташыларды ұстатуға қызмет көрсеткен. Сонда шекарадағы ұлықтарымыз бұл істі патшаға мәлімдеп, оған бесінші дәрежелі «диндай» сыйлаған. Сол жылы ол тағыда Цзимозэрэларунда (әскери бекініс) құжат тасып бара жатқан жасақтарымызды тонаған қазақтарды ұстап бергені үшін патшамыз оған «хуалин» сыйлаған. Ол жиырма төрт ұтық басқарады.
33. Тоқтақүшік – Сәнияздың бесінші ұлы. Цзяньлун жылнамасының 47-жылы (1782 ж.) патшамызға сәлем бере келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған. Ол басқаратын ұтық кара-байжігіт деп аталады.
34. Жабай – Сәнияздың алтыншы ұлы.
35. Исәділ – Тұрсынның екінші ұлы.
36. Барақ – Тұрсынның үшінші ұлы.
37. Ханбаба – Барақтың үлкен ұлы (А.И.Левшиннің 1832 ж. дерегі бойынша Барақтың үлкен ұлы Сығай, И. В.Ерофееваның көрсетуі бойынша да Барақтың үлкен ұлы Сығай-Шығай, ал Ханбаба екінші ұлы).
38. Құдайменде – Ханбабаның үлкен ұлы.
39. Шаншар – Құдайменденің үлкен ұлы.
40. Әли – Құдайменденің екінші ұлы.
41. Бармәмбет – Құдайменденің үшінші ұлы.
42. Мүсірәлі – Құдайменденің төртінші ұлы.
43. Сырдақ – Ханбабаның екінші ұлы.
44. Досалы – Сырдақтың үлкен ұлы.
45. Қырғызбай – Сырдақтың екінші ұлы.
46. Досан – Ханбабаның үшінші ұлы. Цзяньлун жылнамасының 41-жылы (1776 ж.) патшамызға

сәлем беріп келген. Патшамыз оған төртінші дәрежелі «динлин» сыйлаған.

47. Бөрі – Ханбабаның төртінші ұлы.

Әдеб.: «Шынжаң ши лие». Кітапта: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 1-том. Саяхатнамалармен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. Алматы, 2005, 251–301-бб..

ТҮРСЫНБАЕВА Әмина Дәулетқызы (1928 ж.т.) – Бурабайдағы Абылай хан мұражайының алғашқы директоры. 1987 жылдан осы мұражайда жұмыс істеп, мұражайдың қалыптасуына, толықтырылуына еңбек сіңірген. Зейнет демалысына шыққаннан кейін де мұражайдан қол үзбей, ыстық-суығын көтеріскен. Өз сөзімен айтқанда, «үш ғасырда не қалды Абылайдан, әйтеуір мақсат қой бір ойыма алған. Ақ үйін Абылайдың ашып қойдым, аз-кемін толықтырар артта қалған» деген ізгі мұрат жолында тер төгіп, еңбек еткен. 35 жыл бойы орта мектепте тарих пәнінен сабақ беріп ұстаздық еткен.

Ғ.Жандыбаев, Б.Сәрсембина

ТҮБЕК Байқошқарұлы (1780, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Жарма ауд. Үшбіік т. ж. бекеті – 1870, Жалғызтал қыстағы) – айтыс ақыны. Найман ішінде сыбан руынан шыққан. Жастайынан ақындық талантымен танылған. Сыбаннан шыққан он алты ақынға бас болып, арқалы ақын Жанақ Сағындықұлымен айтысқан. 1830 ж. Керекуде апалы-сіңлілі Жәкежан, Айымжан деген қыздармен үш күн бойы айтысып, жеңіске жеткен. М.О. Әуезов бұл айтысқа ерекше тоқталып, жоғары баға берген. Поляк зерттеушісі А. Янушкевич 1848 ж. Семейде болған кезінде Т. ақынмен кездесіп, «Қырғыз даласынан жазылған хагтар мен күнделіктер» атты кітабында ақын талантына сүйсініп, ол туралы тебірене жазған. Құлмамбет ақынмен Абылай ханның шөбересі, атақты Тезек төренің үйінде 1863 ж. сөз сайыстырып, жеңіске жетуі Т-тің даңқын Жетісу өлкесіне мәшһүр еткен. Сондай-ақ Т-тің Қарқабат, Орынбай, Сабырбай, Қосан, Бақтыбай, т.б. жыр жүйріктерімен сөз қағысулары белгілі. Т-тің ақындық өнері жас Абай шығарм-на да әсер еткен, Абай айтыскер ақынды ұстаз тұтқан. Бұл туралы Әуезов «Абай жолы» эпопеясының 1-кітабында жазған. Т-ті жыр алыбы Жамбыл да ұстазы санап, 1863 ж. онымен жүздесіп, ерекше әсер алғандығын естеліктерінде айтып кеткен. Т-тің ақындығын В.В. Радлов, Ы.Алтынсарин жоғары бағалап, оның Жанақпен айтысын өздері құрастырған жинаққа енгізген. Халық ақыны Қ.Алтынбаев «Қалбатау» кітабында (1997) Т. өмірі мен шығарм. жайлы зерттеу мақаласын жариялаған.

Ә.Сұлтанхан

ТҮМЕНБАЙ

ТҮМЕНБАЙ Орынтайұлы (т.-ө.ж.б.) – би. Абылай хан заманында, 18 ғ-да қазіргі Алматы обл. Райымбек ауд-нда өмір сүрген. Ұлы жүз албан ішінде бозым атасынан шыққан. Ұлы жүз қазақтарының Ресейдің қол астына кіру жөніндегі өтінішіне қол қойған беделді тұлғалардың бірі. Ел аузындағы аңыздарда, көбінесе Т-дың көріпкелдік қасиеті жиі ауызға алынады. Оның балалары – Алпар мен Тұлпар, немересі Саурық ұлт азаттығы үшін күрескен батырлар ретінде халық жадында қалған. Ал Саурықтан тарайтын шөбересі – Ұзақ батыр 1916 ж. Қарқара көтерілісі басшыларының бірі болған. Райымбек ауд-ның орт. Кеген а-ның оңт-нде Т. атынд. ауыл және бұлақ бар. Бұлақтың шығ-ндағы зиратына биікт. 3–4 м күмбез тұрғызылған.

Ж.Сағынбекұлы, Т.Қауынбайұлы

ТҮНДІКТІ – Ертіс өз. алабына қарайтын, ұзындығы 303 шақырым, басын Кент, Кешубай, Қоңыртемірші тауларынан шығатын бұлақтардан алатын өзен. Балатүндік, Қызылашы, Қарасу өз-дерімен молаяды. Т. өз. бойында 17–18 ғасырлардағы қазақ-жонғар, қазақ-шүршіт соғыстарынан қалған көптеген елеулі тас қорымдар мен молалар сақталған.

ТҮРКІСТАН – тарихи-географиялық ұғым. Ол ұзақ уақыт бойы Орта және Орт. Азияның негізінен түркі халықтары мекендеген аймақтарды анықтау үшін қолданылды. Т. өлкесінің атауы ғасырлар бойы түркі тайпалары мен халықтарының көшпелі өмір кешуіне ғана емес, көбіне саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. 6–8 ғ-лардағы армян және парсы деректері мен Табари еңбектерінде Т. Өмудариядан солт-ке, Каспий т. мен Оралдан, Алтай мен Қытайға дейінгі аралықты алып жатқандығы айтылады. Ал 9–10 ғ-лардағы араб географтарының еңбектерінде Т. деп Мауереннахрдың солт. және шығыс жақтары немесе Сырдариядан арғы жерлер аталғандығы баяндалады. 10–14 ғ-ларда әр түрлі түркі тайпалары мен халықтары мекендеген жерлер бірыңғай тарихи геогр. және мемл.-әкімш. атауларға ие болды. Олар: Дешті Қыпшақ, Моғолстан, Өзбекстан (Шығыс Дешті Қыпшақ), т.б. 14–16 ғ-лар деректерінде Т. аймағына Мауереннахр мен Дешті Қыпшақтың аралығындағы Сырдарияның орта сағасы жататындығы айтылады. Рузбехан Аркуқты – Самарқанд пен Бұхарадан Дешті Қыпшаққа қарай шығатын жолдың бойындағы «Түркістанның алғашқы қамалы», ал Сығанақты – солт-тегі «Түркістанның шеткі қаласы» деп пайымдайды. Демек, 14–16 ғ-ларда Т-ға Оңт. Қазақстан қалалары: Отырар, Сауран, Сығанақ, Иасы, Сайрам, Аркук, Үзгент, т.б. қалалардың жерлері қараған. Т. (жері 3 млн. км²-

ден астам) Оралдан Алтайға, Каспийден Қытайға дейін, оңт-те Иран мен Ауғанстаннан Томск мен Тобылға дейінгі аралықты алып жатты. Ол Батыс және Шығыс бөліктерге бөлінген. Батыс бөлікке Орта Азия мен Қазақстанның оңт., Шығыс бөлікке – Қытайдың Шыңжаң провинциясы және Ауғанстанның солт. аймағы қарады. 1865 ж. Батыс Түркістан жерінде Түркістан обл., 1867 ж. құрамында Жетісу (1882 жылға дейін) және Сырдария облыстары бар Түркістан ген.-губернаторлығы құрылды. 1886 ж. ген.-губернаторлық ресми түрде Түркістан өлкесі аталып, 1898 жылдан оның құрамына Закаспий, Самарқанд, Жетісу, Сырдария және Ферғана облыстары қарады. Батыс Түркістанның аумағында патшалы Ресейдің вассалдары – Хиуа хандығы мен Бұхар хандығы болды.

М.Жолсейітова

ТҮРКІСТАН, И а с ы – Қазақстан Республикасындағы тарихи қала. Сырдарияның оң жағалауында, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Қаланың іргетасы б.з. 1-мыңжылдықтың орта шенінде қаланған. Археологтар Т. қаласының тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Т. қаласының айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері – Шоқтас, Қосқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Б.з.б. 2-мыңжылдықтан бастап Т. қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңірлеріндегідей андрон мәдениетін жасаушылар тұрған. Т-ның ежелгі аты – Иасы. Т. Есім ханнан бастап Қазақ хандығының орт. болды. Сол кезден Иасы қ. Т. деп атала бастады. 18 ғ-да жоңғар шапқыншылығы қаланы құлдыратып жіберді. 1819–64 ж. Қоқан хандығының қол астына қарады. Т. қ-ның түбіндегі Қарнақ қ-нда Абылай жастық шағын өткізген. Арыс өз. бойында қайтыс болғанда Абылайдың сүйегі Т. қ-ндағы Қожа Ахмет Иассауи мазарына қойылған. Сол кезеңде Т. қаласының аум. 70 га-ға жуық болды. Ол балшықтан соғылған қамалмен қоршалды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қақпа болған. 19 ғ-дың 60-жылдары Т-да 20-ға жуық мешіт, 2 медресе, базар, 22 су диірмені, 5 мыңдай тұрғыны болды. 1864 ж. 11 маусымда Т-ды Ресей әскерлері жаулап алды. 1872 жылдан уездік қала аталды. 20 ғ-дың басында Т. 1400 га-дай жерді алып жатты. ЮНЕСКО шешімімен Т. қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді (2000).

Әдеб.: М а с с о н М., Мавзолей Ходжа Ахмеда Яссауи, Таш., 1930; Х о д ж а е в М., Туркестан – столица позднесредневекового Казахстана, А., 1995; Т ұ я к б а е в М., Түркістан сырлары, А., 2000; Ә м е т ұ л ы Ө., Түркістан салтанаты, Аст., 2002.

М.Жолсейітова, И.К.Әбішева

«ТҮРКІСТАН» – газет. Басылым 1993 ж. қарашада ҚР Министрлер Кабинетінің арнайы қаулысымен ашылған. 1994 жылдың 28 қаңтарынан бастап Алматы қ-нда жарық көріп келеді. Алғашқы бас редакторы – Қазақстанның халық жазушысы Қ.Мұхамеджанов. (1993–99 ж.). Бүгінгі таңдағы бас редакторы – Ш.Паттеев. Газетте К.Адырбекұлының «Асқақ еді айбыны Абылайдың», Ә.Алыбаевтың «Абылай: Хан тағына жеткенше», Е.Бектастың «Қазақтың ханы – Абылай», Ж.Боранбайдың «Абылайдың ақиқаты мен аманаты» және басқа да мақалалар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

«ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ» – кітап. Авторлары – Қ.Аманжолов, Қ.Рахметов. 1997 ж. «Білім» баспасынан жарық көрген. Көлемі 288 бет. Таралымы 3000 дана. Бұл оқу құралында 9–13 ғ-лардағы Орыс және Түркі халықтарының тарихына қысқаша шолу жасай отырып, Алтын Орданың қоғамдық-саяси құрылысы (13–15 ғ.), Кавказдағы түркі халықтары (13–18 ғ.), Ақ Орда мен Көк Орданың ыдырауы және тәуелсіз хандықтардың құрылуы, олардың Ресеймен қарым-қатынасы (15–18 ғ-дың бірінші жартысы), Жошы, Шағатай ұлыстарының ыдырауынан кейінгі Орта және Орталық Азияда құрылған тәуелсіз мемлекеттер (15–18 ғ-дың 1-жартысы), Кіші Азияда түркі халқының қалыптасуы және Осман империясының құрылуы мен нығаюы (14–18 ғ-дың 1-жартысы) туралы мәселелер баяндалады. Кітаптың бесінші тарауындағы «Қазақ ұлтының қалыптасуы және Қазақ мемлекетінің құрылуы мен нығаюы» атты бөлімінде «Жоңғар хандығының күйреуі және Абылай» атты жеке тақырып бар. Бұл тақырыпта сол замандағы Абылайдың қайраткерлік тұлғасы мен Қазақ хандығының іргесін нығайту барысындағы рөліне қысқаша тоқтала кетеді.

К.Қошым-Ноғай

«ТҮРІК, ҚЫРҒЫЗ, ҚАЗАҚ ҺӘМ ХАНДАР ШЕЖІРЕСІ» – кітап. Авторы – Шәкәрім Құдайбердіұлы. 1911 ж. Орынборда жарық көрген. Шежіреде Абылай ханның өмір тарихына қатысты аңыз әңгімелер келтірілген. Олардың ішінде Абылайдың ата-бабалары (Салқам Жәңгір, Уәлибақы, Қанішер Абылай, Көркем Уәлі), Көркем Уәлінің баласы Әбілмансұр, оның бала кезінде Үргеніштен қазақ жеріне, өзінің атамекеніне қайтадан келіп, Төле бидің түйесін, жылқысын баққаны, Сабалақ атануы, «Желкілдеген тудан, жер қайысқан қолдан қалғанша, жігіт адамның өлгені жақсы» деп, Төле биден сұранып, соғысқа өзі аттануы, қалмақпен арадағы бір ұрыста қалмақ ханы Қалдан Сереннің әскер басы Шарышты

жекпе-жекте өлтіруі, Шарыштың кегі үшін Қалдан Сереннің Әбілмансұр-Сабалақ-Абылайды қолға түсіріп (1741 ж.), одан Абылайдың қалай босанып шыққаны (1743 ж.), сондай-ақ, оның алдында алғаш рет «Абылайлап» шауып, Шарышты жекпе-жекте өлтіргеннен кейін, Үш жүзден тоқсан жақсы жиылып, Шақшақ Жәнібектен бата алып, Абылайды Орта жүзге хан қойғаны (1735 ж.) жөніндегі әңгімелер бар.

ТЫНЫШБАЕВ Мұхамеджан (12.5.1879, бұрынғы Жетісу обл. Лепсі уезі, Мақаншы-Садыр болысы – 1938, Ташкент) – Алаш қозғалысының қайраткері, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш т. ж. инженері. 1900 ж. Верныйдағы ер балалар гимназиясын алтын медальмен бітірген. Гимназияда оқып жүргенде Т. өзінің ізденімпаздығымен, жан-жақтылығымен ерекшеленіп, 1899 ж. Верный қ-нда өткен А.С.Пушкиннің 100 жылдық мерейтойында баяндама жасады. Гимназия директоры Жетісу обл.



М.Тынышбаев

әскери губернаторына жолдаған өтінішінде Т-ты «тамаша шәкірт қана емес, нағыз талант иесі» екендігін мәлімдеп, жоғары оқу орнында білім алуына арнайы стипендия бөлуді сұрады. 1900 ж. жол қатынасы ин-тына түсіп, 1906 ж. бітірді. Студент кезінде қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, баспасөз беттерінде отарлық билікті сынайтын мақалалар жазып, патша өкіметінің жүргізіп отырған саясатына қарсы үгіт-насихат жүргізді. Патша өкіметіне оппозициядағы партиялардың ұйымдастырған іс-шараларына ат салысты. 1905 ж. қарашада автономияшылдар одағы ұйымының ұйымдастыруымен өткен съезге қатысып, сөз сөйледі. Ол өз сөзінде патша өкіметінің қазақ жерінде жүргізіп отырған отаршылдық саясатын айыптай отырып, ендігі уақытта ұлттық езгідегі халықтарға автономия берілуін талап етті. Ин-тты бітірген соң инженер-маман ретінде Орта Азия т. ж. құрылысына жіберілді. 1907 ж. 2-ші Мемл. Думаға депутат болып сайланды және онда агр. комиссия құрамында қызмет етті. Дума таратылған соң Орта Азия т. ж. құрылысына айрықша



өкілетті нұсқаушы-инж. болып тағайындалып, Әмудария өз. арқылы өтетін көпірді салуға қатысты. 1911 ж. Урсатьевск – Әндіжан т. ж. құрылысының бастығы әрі бас инженері болды. 1914 ж. Арыс–Әулиеата т. ж. құрылысының бас инженері қызметін атқарды. Ол 1916 жылғы 25 маусым жарлығына қарсы шыққан халық көтерілісінің салдарын күні бұрын болжап, көтерілісшілерді сабырлылыққа шақырды. Патша өкіметінің жергілікті билік орындарының көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздарды жазалауда жасаған озбырлығын әшкерелеуде белсенділік танытты. 1917 ж. Ақпан революциясынан кейін Т. Уақытша үкіметтің Түркістан к-ті құрамына мүше болып тағайындалды. Ол Түркістан өлкесі орталық атқару комитеттері өкілдерінің съезіне қатысты. Уақытша үкіметтің Түркістан к-тінің мүшесі ретінде Жетісу обл-ндағы 1916 ж. Қытайға ауып кеткен қазақ-қырғыз босқындарына көмек көрсетуді ұйымдастырды. 1-ші жалпықазақ съезіне қатысып, онда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Түркістан өлкесінде жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің билікті өз қолына алу жолындағы әрекетіне қарсылық танытты. Түркістан өлкесі мұсылмандарының төртінші съезіне қатысып, онда құрылған Түркістан автономиясының Уақытша үкіметінің төрағасы және Ішкі істер министрі болып сайланды. Көп ұзамай ол бұл қызметтерінен бас тартты. Оның орнына Мұстафа Шоқай тағайындалды. 2-ші жалпықазақ съезінде Т. Алашорда үкімет құрамына сайланды. Т. алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге қазақ елі дербестігін қалпына келтіруге, елдің амандығын сақтауға күш салды. Ол осы мақсатта Ә.Бөкейханов, Х.Ғаббасов, Р.Мәрсекөв, Ғ.Танашев секілді Алашорда үкіметі мүшелерімен бірге Уақытша Сібір үкіметімен, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелері к-тімен және Колчак үкіметімен келіссөздер жүргізуге қатысты. 1920 ж. 1 қазанда Ташкент қ-нда ашылған Қазақ халық ағарту ин-тына қызметке орналасып, осы оқу орнының аяғынан тік тұрып кетуіне көп еңбек сіңірді. Ин-т үшін Т. ел арасынан қаржылай көмек жинауды ұйымдастырды және осы оқу орнында білім алу үшін Сырдария мен Жетісу обл-тарынан қазақ жастарын жинастырды. Т. халық ағарту ин-тында математика, физика, химия, түркі халықтары тарихы пәндерінен дәріс оқыды. Т. сонымен бірге ғыл. жұмыспен де белсене айналысты. Ол Орыс географ. қоғамының Түркістан бөлімінің, Қазақстанды зерттеу қоғамының, «Талап» ұйымының мүшесі болды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының қызметіне ат салысты.

Т. халқымыздың тарихының күрделі, бұрын зерттелмеген кезеңдеріне арнап, дерек көздері бай, ғыл. тұрғыдан негізделген іргелі еңбектер жазды. Оның тарихты терең түсіне білгендігі, зерттеушілігі, қазақ халқының өміріне, кейінгі тағдырына әсер еткен ірі оқиғаларды тұпқазық етіп алып, жүйелі түрде қарастыруынан байқалады. Бұл пікірге Т. еңбектеріндегі «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі», «Қырғыз-қазақтың шығу тегі», «Қазақ этнонимі туралы», «Алтын Орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы», «Ақтабан шұбырынды» секілді, т.б. тақырыптағы еңбектері дәлел бола алады. Қазақ тарихының көне дәуірі, орта ғасырлар кезеңі, жаңа заманы ретінде жеке қарастыратын күрделі мәселелерді кеңінен қамтуға талпынысы, Т-тың өзіндік қалыптасқан тарихи көзқарасы бар екендігін аңғартады. Т. еңбектері ұлттық мүдде тұрғысында жазылуымен ерекшеленеді. Ол қандай да бір халықтың тарихын жазу үшін сол ұлттың тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін жетік меңгеру керек деген принципті берік ұстанды және бұл принципті өзге зерттеушілердің ұстануын талап етті. Т. 1922 ж. Түркістан АКСР Су ш. басқармасында, 1924 ж. Ташкентте Жер суландыру бөлімінде, 1925 ж. Қызылорда қ-ның құрылыс-жөндеу жұмыстарында, 1926 ж. Жетісу губ. атқару к-тінің Жол бөлімінде еңбек етіп, өзін білікті инж.-маман ретінде таныта білді. 1927 жылдан бастап Түркістан – Сібір темір жолы құрылысында қызмет етті. Осы құрылыстың жобалаушысы, негізгі маманы болды. Т-тың кәсіби шеберлігі Түркісіб құрылысын салу барысында айрықша танылды. Осы еңбектеріне қарамастан Т. кеңестік биліктің қуғын-сүргініне ұшырап, Түркісбті салып жатқан кезінде 1930 ж. 3 тамызда тұтқынға алынды. Оған «тап жауы», «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Кейінгі жылдары да үнемі бақылауда болған ол, ақырында кеңестік саяси қуғын-сүргіннің құрбаны болды. Алматы қ-ндағы Қазақ көлік және коммуникация академиясына Т. есімі берілген. Алматы обл. Сарқант ауд-ндағы бір ауыл және Алматы қ-ндағы бір көше Т. есімімен аталады.

Ш ы ғ.: Материалы к истории киргиз-казахского народа, Таш., 1925; Великие бедствия и великие победы казахов, А., 1992; История казахского народа, А., 1993.

Әдеб.: Аманжолова Д. А., Казахский автономизм и Россия, М., 1994; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1994; Нұрпейіс К., Алаш һәм Алашорда, А., 1994; Жүгенбаева Г., Мұхамеджан Тынышбаевтың өмірі мен қызметі, А., 2000; Туркестан в начале XX века Таш., 2000; Исхаков С. М., Российские мусульмане и революция (1917–1918 гг.), М., 2003.

М.Әбдешов

ТІЛЕНДИЕВ Нұрғиса Атабайұлы (1.4.1925, Алматы обл. Іле ауд. Шилікемер а. – 15.10.1998, Алматы қ., Алматы обл. Жамбыл ауд.-нда жерленді) – композитор, дирижер, виртуоз домбырашы, Қазақ КСР-інің (1975) және КСРО (1984) халық артисі. Қазақстанның Халық қаһарманы (1998). Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1949–50 ж. Алматы мемл. консерваториясында (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы), ал 1950–52 ж. Мәскеу мемл. консерваториясының дирижерлік ф-тінде (проф. Н.П.Аносовтың сыныбы бойынша) оқыды. 1952–61 ж. Қазақтың



Н.Тілендиев

мемл. академиялық опера және балет театрының дирижері, 1960–64 ж. Қазақтың мемл. академиялық халық аспаптар оркестрінің бас дирижері болып қызмет атқарды. 1968–81 ж. «Қазақфильм» киностудиясы муз. редакциясының бас редакторы, 1981–98 ж. өзі ұйымдастырған «Отырар сазы» фольклорлық этногр. ансамблінің көркемдік жағын басқарды. Еркін төгілген әсем әуен, сымбатты ырғақ, нәзік лиризм, азаматтық пафос пен динамикалық серпін – композитор шығарм-на тән қасиет болатын. Ол балет-поэма («Ортеке»), кантата («Менің Қазақстаным», екеуі де 1957), оркестрге арналған поэмалар («Ата толғауы», «Алтын дән», «Ақсақ құлан», «Аққу», «Махамбет», «Көш керуен», т. б.), увертюралар, 400-ден астам ән мен романстардың авторы. Театр спектакльдері мен көркем, деректі, мультипликациялық фильмдерге де музыка жазған. Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті проф. (1995) болған. Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты (1978). «Отан», 2 рет Еңбек Қызыл Ту ордендері және медальдармен марапатталған.

К.Оршын

ТІЛЕНШІ Тоқбайұлы (1746–1844) – батыр, би әрі шешен. Абылай хан дәуірінде өмір сүрген. Әкесі Тоқбай, атасы Бергіс Қожығырұлы қазақ-жоңғар соғыстарында ерлігімен танылған. Т. еліміздің батыс бөлігін Еділ қалмақтарынан

азат ету шайқастарына қатысқан. Жорықтарда өзінің қаһармандығымен даңққа бөленген, мыңбасылыққа тағайындалған. Көптеген түйіні қиын мәселелерді реттеп, халық арасында шешендік талантымен танылған. Т. қазақ халқының тәуелсіздігі жолында Марал ишан Құрманұлының орыс отаршылдығына қарсы жүргізген күресіне қолдау көрсеткен.

ТІЛЕУ Айтұлы (1630, қазіргі Ақтөбе обл. – 1684, Сайрам қ.) – би әрі батыр қолбасшы. Ноғай ұлысының билеушісі Мұсаның ұрпағы, Мөңке бидің әкесі. Абылай ханнан бұрын өмір сүрген. Құлтөбеде Тәукені хан сайлауға, Сұпы Әжіні пір сайлауға қатысқан. Т-дің Есіркеміс, Алдаберді, Жолдыаяқ, Жақсымбет, Мөңке есімді балалары болған. 1681–84 ж. жоңғарлармен болған Сайрам соғысына 17 мың қол жинап, қасына баласы Жолдыаяқ, інісі Қалдыбай батырларды ертіп барып, соғысқан. 1684 ж. Сайрам қ-н қорғаудағы шешуші ұрыста өзі де, баласы Жолдыаяқ та опат болды. Екеуінің сүйегі Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген. Есімдері кесенедегі ескерткіш-тақтада жазулы. Түркістан қ-нда Т., Жолдыаяқ батырлар атынд. көше бар. Кіші жүздегі рулы ел Т. есімімен аталады. «Тілеуқабақ» әні Айттан туған ағайынды Т. мен Қабаққа арналған. Т-дің тікелей ұрпақтары: Қаражігіт молда Бектауұлы, Мырзағұл би Шыманұлы, Достан би Тәңірбергенұлы, Сарышолақ шайыр, Сары Батақұлы, Таразы ақын, жазушы Т. Ахтанов, саясаткер М. Тәжин, т.б.

Әдеб.: Мағауин Е. М., Едіге, А., 1993; Мағауин М., Ғасырлар бедері, А., 1991; соныкі, Қазақ тарихының әліппесі, А., 1994; Байдосов З., Үш ғасыр перзенттері, Ақтөбе, 1997; Алдияров Ж., Сайрам шайқасының сардары, А., 2000; Елеусізұлы К., Адамның сұңқары, А., 2001.

Ж.Асанов

ТІЛЕУКЕ БАТЫР (т.-ө.ж.б.) – 1740 ж. Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан бастатқан Орта жүздің игі жақсылары Орынборда В. Урусовпен келіссөз жүргізгенде, елшілік құрамында болған. 1 қыркүйек күні, келіссөз аяқталып, Ресей үкіметі тарапынан қазақ билеушілеріне сый-сыяпат көрсетілгенде Абылай сұлтанға, Жәнібек батырға және Т.б.-ға темір сауыт кигізілген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 95-б.

ТІЛЕУКЕНОВ Ебелек (т.-ө.ж.б.) – батыр, Ұлы жүздің елшісі, 1742 ж. Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевтің Әбілқайыр ханмен және Жоңғар хандығы елшілерімен жүргізген келіссөздеріне Ұлы жүз қазақтары атынан қатысқан. Келіссөз соңында жайылған ресми

ТІЛЕУЛІ



дастарқанға Т. те шақырылған. Бұл құжатта: «Жоңғар елшілерінің айтуынша, Абылай Қалдан Сереннің ең жақын және атақты адамын өлтірген. Сол үшін тұтқында. Бірақ, тұтқында да құрмет көріп отыр. Сондай-ақ қазақтардың қолында жоңғардың бірқатар текті қыздары қалған. Қазақтар оларды қайтарса, бәлкім, Абылай бостандыққа шығар» деген маңызды мағлұмат берілген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 119-б.

ТІЛЕУЛІ Әбдірахманұлы (т.-ө.ж.б.) – жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте қол бастаған батыр. Орта жүздің қара қыпшақ тайпасының ұзын тармағынан шыққан. Үш жүздің 1710 ж. Қарақұмдағы халық құрылтайына, 1723 ж. Талас өз. бойында жоңғарлармен болған шайқасқа, сондай-ақ Бұланты–Білеуті, Аңырақай шайқастарына қатысқан. Абылай сұлтан заманында өмір сүрген. Бөгембай, Саурық, Тайлақ, т.б. батырлармен бірге Әбілқайыр ханға жасақ ұйымдастыруға көмектесті. Жәнібек тархан мен тама Есет батырлармен жолдас болып, қазақ елінің Ресейге қосылуын рәсімдеген құжатқа Т. мен оның баласы Нияз би де қолын қойған. Т. Ақтөбе қ-нан 18 км жердегі Бестамақ деген елді мекенінде тама Есет батырдың жанына жерленген. Ұрпағы Әбдіғапар Жанбосынұлы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының бірі

болды. Қазіргі ұрпақтары Қарағанды, Қостанай, Қызылорда обл-тарында, Ресейдің Новосібір обл-нда тұрады. Т. жайында ел ішіндегі аңыз-әңгімелер мол сақталған. Сондай-ақ тарихшылар М.Қ.Қозыбаев пен З.Байдосовтың зерттеу мақалаларында, зерттеуші М.Сүлейменовтың «Әбдіғапар хан» атты кітабында, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді. Жазушылар Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаң» (1984), Қ.Сәрсекеевтің «Ылаң» (1988) романдарында, «Шақшақ Жәнібек батыр» кітабында Т. туралы мағлұматтар келтірілген.

Ш.Рахметов, Ж.Ерманов

ТІЛЕШ, Т ө л е ш, Қ а р а Т ө л е ш (т.-ө.ж.б.) – Абылайдың елшісі. Қашқар уәзірі Илытудың мәлімдемесінде былай делініпті (1768 жылғы 30 наурыз): «Биыл Абылайдың жіберген елшісі Тілеш Қашқарға жетті. Патшаның құлы, біз, оны қабылдадық. Ол былай деді: «Былтыр біздің Абылайымыз елші жіберіп, ұлы ханмен дидарласып, оған дұғай сәлемін жеткізген. Қазір, міне, Абылай тағы арнайы мені жіберіп, уәзір, сіздерге сәлем айтып, хаттамасын жолдап отыр». Сөйтіп, ол Абылайдың 2 аты мен мөр басылған, мұсылман жазуымен жазылған хатын тапсырды. Абылай бұл хатының соңында: «жіберген елшім Тілешке қамқорлық жасап, оны аман-есен кері қайтаруыңызды өтінемін» деп жазған.

Н.Ақбай

У

УАҚ – Орта жүз құрамына кіретін тайпа. Шежіре бойынша: шоға, сарман, байназар, сарыбағыш, сіргелі, еренші, әлімбет, бидалы, жансары, баржақсы, шәйкөз руларына бөлінеді. Мұның соңғы төртеуін Ергенекті У деп те атайды. Шежіре деректерінде У аталарының бірі ретінде әйгілі Еркөкше батыр мен оның ұлы Ер Қосай батырдың есімдері аталған. У-тың шығу тегі туралы пікірлер де әр түрлі. Тарихшылар Ә.Марғұлан мен Н.Мыңжани 9–13 ғ-ларда моңғол үстіртін мекендеген онгуттарды У деп есептеген. Олар Шыңғыс ханға өз еріктерімен қосылып, түркі-моңғолдардың Қытайға және Хорезмге жасаған жорықтарына белсене араласқан. Жалпы 16 ғ-ға дейінгі деректерде У-тардың аты аталмайды. Сондықтан Шәкерім Құдайбердіұлы мен А.И.Левшин оларды қазақ хандығына 16–17 ғ-ларда ғана қосылды деп санаған. Ал Ш.Ш.Уәлиханов Еркөкше, Ер Қосай батырлар арқылы У-тар Алтын Орда ыдыраған кезден бастап көріне бастады дейді. Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша У керей тайпасымен туыстас. У-тың арғы атасының анасы ері Жаубасар өлген соң бір жылдан кейін әмеңгерлік әдет бойынша оның ағасы Ойшыбайға (Керейдің әкесі) шығады. Сондықтан да У керейдің інісі болып есептеледі. Тарихи деректер негізінде де У керейлермен іргелес болып қана қоймай, өзара соғыс одағын құрып, соғыс кезінде әрқашан әскердің оң қанатында болған. Керей мен У-тың аталастығының тағы да бір айғағы, олардың рулық таңбасының ұқсастығы, яғни «Ашамай таңба» екеуіне де ортақ. У-тың алғашқы ата мекені Қазақстанның оңт.-шығысы мен Моңғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға жылжуының салдарынан У-тар өзінің ата-мекенінен ығысып, солт-те Тобыл және Үй өз-деріне, батыста Торғай өлкесіне, ал оңт-те Арал т-нің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жетті. 18 ғ-дың ортасында Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін У-тың негізгі бөлігі керейлермен бірге өзінің шығыстағы және солт.-шығыстағы ата мекеніне қарай ойысып, 18 ғ-дың 2-жартысында Ертіс өзінің бойына қоныстанды. 18 ғ-дың аяғы мен 19 ғ-дың 1-жартысында У-тың жайлауы Есіл өз. мен

Жайылма к-нің жағасы, қыстауы Ертіс бойы болды. Оның Шоға, Сіргелі және Ергенекті бірлестігі Өскеменнің төм. жағындағы Талицкий және Долон форпостарының арасында, Семейдің төм. жағындағы Ертіс бойымен көшіп-қонып жүрген. Енді бір бөлігі Ямышев пен Железин бекіністерінің аралығында және Лебяжі бекінісінің қарсаңындағы Қамысты к-нің жағасында мекендейді. У-тың бір бөлігі Торғай даласында қалды. 1820 жылғы дерек бойынша Орта жүздегі У-тар 6000 түтін шамасында болған. Орта жүзде хандық жойылып, «Сібір казактарын басқару» туралы ереже қабылдануына байланысты У-тар жаңа құралған бірнеше дуандарға таратылды. Ергенектегі У-тың басым көпшілігі Томск губ-ның Бийск окр-н және Тобыл губ-ның Омбы окр-н мекендеген. Омбы окр-ндегі казак-орыстар иелігіндегі жерде У-тардың 1500-дей түтіні тұрды. Ресейдің отаршылдық саясаты салдарынан 19 ғ-дың 60-жылдары Тобыл және Үй өз-дері бойындағы У-тар Қазақстанның солт.-шығыс аймақтарына көшті. Негізінен Ергенектегі У-тар Есіл және Ертіс өз-деріне дейін жетіп, Ақмола обл-на қарасты Петропавл уезінің Пресногорьков, Преснов, Құсмұрын, Полуден болыстарының солт.-шығыс және оңт.-шығыс бөліктеріне қоныстанды. 20 ғ-дың басында бұлардың жалпы саны 2300 түтін шамасындай болды. 19 ғ-дың 2-жартысында У-тардың жекелеген топтары Ертіс бойында Өскемен уезінің Ұлан болысын мекендеген. Олардың солт-тен, оңт.-шығыстан және Орт. Қазақстаннан қоныс аударып келген негізгі топтары (6000-дай түтін) Семей уезінің Аққұм, Майлыбай, Сейтен, Көкен, Қызылмолла және Бесқарағай болыстарында тұрақтады. Павлодар у-нің Тереккөл болысын У-тың 1400-дей түтіні қоныстанса, Көкшетау, Омбы уездерінде де У-тар тұрды. 20 ғ-дың басында Кіші жүздегі У-тың аздаған тобы Торғай обл-ның Ақтөбе және Ырғыз уездерінде бытырап қоныс тепті. Негізгі шаруашылығы төрт түлік мал өсіруге негізделгенімен 19 ғ-дың ортасынан бастап У-тар отырықшылыққа көше бастады. Ұраны – Жаубасар, Бармақ, таңбасы – босаға, ашамай.

Әдеб.: С п а с к и й Г. И., Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды, «Сибирский вестник», ч. 9–10, СПб, 1820; В о с т р о в В. В., М у к а н о в М. С., Родоплеменной состав и расселение казахов, А.-А., 1968; М у к а н о в М. С., Этническая территория казахов в 18 – начале 20 веков, А.-А., 1991; Қ и н а я т ұ л ы З., Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: 9–12 ғасырлар, Аст., 2001.

З.Қинаятұлы

УӘЗІР – хандық дәуірдегі лауазым иесі. У ханның ақылшысы, кеңесшісі болған. Аңыз-ертегілер бойынша олардың саны 40-қа дейін жеткен.

УӘЛИ



УӘЙІС Байжанұлы (1796–1876) – би. 1831 ж. Ресей өкіметі Ұлытау өңірін болыстық басқару жүйесіне көшіргенде, У. бағаналы руының ішінен тұңғыш рет болыс болып сайланды. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын белсене қолдады. Сол үшін патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. У. басшылығындағы ел мекендерінен қуылып, олардың жерлері казактар иелігіне өтті. 1858 ж. Ұлытау станицасы жабылғаннан кейін, бағаналылар ата қонысына көшіп барды. Бұл мәселе У. пен Ерден Сандыбайұлының табандылығы арқасында ғана шешілді. У. өз заманында талай дауға түсіп, айрықша беделге ие болған. Ел аузында Қарасарт бидің «Қайыс созылса да, Уәйіс созылмайды», Қарадос бидің «Уәйіс дегенше барыс десенші» деген оның әділдігін бағалаған сөздері сақталған. Сүйегі Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне жерленген.

Әдеб.: Омбы обл. мемл. архиві, 3-кор, 3542, 17633-істер.

Қ.Ахметов

УӘЛИ, У ә л и х а н (1738/41–1821) – Орта жүз ханы (1781–1821). Абылай ханның екінші әйелі қарақалпақ Сайман ханымнан туған үлкен ұлы. Жасынан билікке араласып, арғын тайпасының билеушісі болды, бірнеше рет әкесінің тапсырмасымен елшіліктерді басқарды. Абылай қайтыс болғаннан кейін, Орта жүз өкілдерінің құрылтайында хан сайлау негізінде билікке келді. Таққа отырысымен Ресей және Қытай билеушілеріне елшілік аттандырды. 1782 ж. 25 ақпанда Ресей патшайымы Екатерина II У-ді Орта жүздің ханы деп танытындықтары жөнінде грамота жіберді. Көп ұзамай У-ді билеуші деп танытындықтары жөніндегі осындай грамота Цин императоры тарапынан да келді. У. ішкі-сыртқы саясатта әкесі Абылайдың ісін әрі қарай жалғастырушы болды. Ол Орта жүз руларының ішіндегі тұрақтылықты сақтай отырып, сыртқы саясатта Ресей мен Қытайға тең қарым-қатынас жасауға тырысты. Ресей өкіметі өз тарапынан У-дің Қытаймен байланыстарына тыйым салуға ұмтылды. Қазақ әскерлерін жіберіп, хан сарайына келе жатқан Қытай елшілерін орта жолдан қайтарып отырды. Дегенмен, У. Қытаймен қарым-қатынасын тоқтатқан жоқ. Орта жүзге ықпалын күшейту үшін патша өкіметі шекаралық шепті қазақ даласының ішіне жылжыта бастады. Ресейдің ықпалын бәсеңдету мақсатында У. Қытай үкіметімен және Бұхар хандығымен байланысын күшейтті. Патша өкіметінің үсті-үстіне жасаған қысымына қарамастан У-дің алғашқы он жылдық билігі тыныш жағдайда өтті. Алайда 18 ғ-дың аяғына қарай У-дің ішкі саясатына кейбір қазақ рулары тарапынан қарсылық күшейді. Олар 1795 ж. Ресей

патшасына ханның үстінен наразылық хат жазды. Сол жылы 2 сұлтан мен 19 би қарамағындағы 120 мыңнан аса адамымен орыс шекарасына жақын жерлерге көшіп барып, өздерінің патша өкіметіне тікелей бағынғылары келетінін мәлімдеді. Бірақ дипломат. шеберлігі арқасында У. бұл жанжалды ушықтырмай, өз пайдасына шешті. Дегенмен, ол 1803–05 ж. қарамағындағы қазақ рулары мен сұлтандарды Сырдарияға, Шығыс Түркістанға көшуге үгіттеді. Патша өкіметі қазақ руларының оңт.-шығысқа көшіп кетуіне жол бермеу үшін У-мен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. У-дің негізгі қонысы Есіл өз. бойында Көкшетау мен Шыңғыстау аралығында орналасты. Бас ордасы Бурабай көлінің маңайында (Ханкөл, Қызыл ағаш), екінші ордасы Көкшетаудың шығысындағы Сырымбет қыстауында болды. Ол ішкі-сыртқы саясатта әкесі Абылайдың ісін жалғастырып, қазақ хандығының дербестігін сақтауға тырысқанымен, 19 ғ-дың басында қалыптасқан саяси ахуал оған мүмкіндік бермеді. Ресей өкіметі қазақ даласындағы хандық басқару жүйесін құлату үшін барлық амалдарды қолданды. Нәтижесінде У-дің билігі бірте-бірте әлсірей бастады. У-дің билігін одан әрі әлсірету үшін патша өкіметі қазақ рулары арасында ішкі қайшылықтарды пайдалану арқылы 1816 ж. Барақтың тұқымы Бөкейді Орта жүздің 2-ханы етіп бекітті. У. Ресей, Қытай және Орт. Азия мемлекеттері толық мойындаған соңғы қазақ ханы болды, ол қайтыс болғаннан кейін, көп ұзамай патша өкіметі Орта жүзде хан сайлауды мүлдем тоқтатты. У-дің 2 әйелінен 14 ұлы болған. Оның ішінде мұрагері болып саналатын Ғұбайдолла мен кіші әйелі Айғанымнан туған Шыңғыс Уәлиханов Көкшетау және Құсмұрын окр-терінің алғашқы аға сұлтандары болып сайланған. Даңқты қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов – У-дің немересі.

Әдеб.: Казахско-русские отношения в 18 – 19 веках, А.-А., 1964; В а л и х а н о в Ч. Ч., Собр. соч. т. 4, А.-А., 1985; Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, А.-А., 1989; Л е в ш и н А. И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Е.Балгабекұлы

УӘЛИ СҰЛТАН ЕЛШІЛІГІ – 1769 ж. Абылай ханның Пекинге жіберген елшілігі. Оны Абылай ханның үлкен ұлы Уәли сұлтан басқарған. Елшіліктің құрамында 15 адам болды. Олардың қатарында Бұқар жыраудың ұлы Жарылғап би мен жалайырлардың биі Қараби бар еді. Елшілік 1769 ж. мамырда Пекинге келіп, қытай императорының қабылдауында болған. Бұл елшілік Абылай ханның Қытаймен бейбіт қарым-қатынаста болып, онымен сауда-саттықты дамыта түсуге ынталы екендігін танытты.

Әдеб.: Цинская империя и казахские ханства (вторая половина 18 – первая треть 19 в.), ч. 2, А.-А., 1989; 100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар), А., 1998.

С.Есқалиев

УӘЛИХАНОВ Ғазы Болатұлы (т.-ө.ж.б.) – әскери қайраткер, полк., Абылай ханның ұрпағы, Уәли ханның үлкен ұлы әрі мұрагері Ғұбайдолланың немересі. Омбы кадет корпусын бітіргеннен кейін Сібір әскері штабында қызмет атқарған. Поручик шенінде эскадрон басқарып, Вильно қ-ндағы поляктар көтерілісін басуға қатысты. 26 жасында штабс-ротмистр шенінде ген. М.Г.Черняев жасағының құрамына алынып, жеке батальонды басқарды. Осы жорықтан кейін Петербургте патша гвардиясында қызмет атқарды. Арнайы елшілік құрамында Парижде болған. Баласы қазақтың алғашқы зиялыларының бірі болған – Д.Сұлтанғазин.

УӘЛИХАНОВ Мақы (Әбділмақыжан) Шыңғысұлы (1845, Көкшетау окр-і Сырымбет тауының етегіндегі Айғаным қонысы – 22.2.1916, сонда) – қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби суретші. У. жеті жасында сүзекпен ауырып есту және сөйлеу қабілетінен айырылған; он жасында әкесі Шыңғыс Санкт-Петербург қ-ндағы императорлық тәрбие үйіне орналастырып, кемістігі бар балалар оқитын уч-щеге түсірді. Бұл оқу орны балаларды әр түрлі өнерге: сурет салу, сызу, каллиграфия, литография, гравюра жасауға, кітап шығаруға, ағаш жонуға (столлярлық), темір жонуға (токарлық) үйретті. Уч-щеге У. тоғыз жыл оқып (11.5.1855 – 14.9.1864), сурет салу, жазу-сызу мамандығын алды. Ағасы Шоқан Уәлиханов оған көп тәрбие берген; 1860–61 ж. Санкт-Петербург қ-нда болғанда інісін үлкен өнер иелерімен таныстырды, суретшілік қабілетін ұштай түсуге көмектесті. У. 1864–66 ж. Санкт-Петербург қ-ндағы губ. басқармасында, елге оралған соң (1866–86) Батыс Сібір ген.-губернаторы кеңсесінде қызмет істеді. Ресми қызметтермен қатар, сурет салумен, әсіресе, қолөнерімен айналысқан. Ағаштан төс-ағаш, сандық, астау, ожау, түрлі заттарға нақышты қап (футляр), тағы басқа бұйымдар жасады. Ағаш бұйымдардың бетін әшекейлеп, текеметтің, сырмақтың оюларын ойды, сәнді киім-кешектерді пішіп, кесте-өрнектерін салды, күнбе-күнгі пайдаланылып жүрген заттардың әсем түрлерін жасап шығарды. Көптеген еңбектері халықар. және бүкілресейлік көрмелерде (мыс.; 1876 ж. Санкт-Петербургте өткен шығыс зерттеушілерінің конгресіндегі көрмеде У. шығармаларына алтын медаль берілді) қойылды. У. әкесіне, туған-туыстары, жолдас-жораларына арнап ескі қолжазба кітаптарды каллигр. жазумен көшіріп, қайта

жазды. Оның сызуымен, жобасымен салынған үйлер Саумалкөлде, Торанғұлда, Көкшетау мен Қызылжарда күні бүгінге дейін кездеседі. У. ұлы Ыдырыс, қыздары Ажар, Қалима, әкесі Шыңғыстың портреттерін де салған.

Ш.Ы.Уәлиханов

УӘЛИХАНОВ Шыңғыс (1811 – 1895) – аға сұлтан, полк., қоғам қайраткері. Ұлы ғалым Ш.Уәлихановтың әкесі. Уәли ханның кіші әйелі Айғанымнан туған. Ауылында мұсылманша сауат ашқаннан кейін, Омбыдағы линиялық уч-ще жанындағы Азиялық мектепті бітірген. Жастайынан билікке араласып, алдымен Аманқарағай



Шыңғыс Уәлиханов

(Құсмұрын), кейіннен Көкшетау окр-терінің аға сұлтаны болып сайланды. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісін қолдады, бірақ белсене қатыспады. Заман ағымын терең түсініп, оқу-білімді, экономикадағы өзгерістерді жоғары бағалады. Балаларын алдымен мұсылманша, кейіннен орыс мектептерінде оқытты. Ресей зиялыларымен және зерттеушілерімен жақын қарым-қатынас орнатып, олардың қазақ халқы мен даласы жөнінде ғыл., этногр. материалдар жинауына көмектесті. И.Ибрагимов, А.Гейнс, М.Ладаженский, Н.Ф. Костылецкий, Г.Н. Потанин, т.б. зерттеуші-ғалымдармен достық байланыста болған. У. жинаған материалдар Мәскеу мен Санкт-Петербургтегі көрмелерге қойылған, кейбір экспонаттары Мәскеу, Санкт-Петербург, Гамбург қ-ларындағы мұражайларда сақтаулы.

Әдеб.: Ө т е н и я з С., Шоқан өскен орта, А., 1995.

С.Өтенияз

УӘЛИХАНОВ

УӘЛИХАНОВ Шоқан (Мұхамедханафия) Шыңғысұлы [қараша, 1835, бұрынғы Күнтимес, Аманқарағай окр-нің орт. (қазіргі Қостанай обл.) – 10.4.1865, Алтынемел, Алматы обл.] – қазақтың ұлы ғалымы, ағартушы, шығыстанушы, тарихшы, этнолог, географ, фольклоршы. Омбы кадет корпусын (1853) бітірген. Санкт-Петербург ун-тінде (1861–62) дәріс тыңдаған. Арғы аталары – Абылай, Уәли хандар. Әжесі Айғанымның тәрбиесін көрген. У. жасынан араб, шағатай тілдерін, кейінірек Орт. Азиядағы түркі тілдерін меңгерді. Халық мұрасын жинауды қолына алған әкесіне көмектесе жүріп, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Едіге» жырларының нұсқаларын хатқа түсірді.



Шоқан Уәлиханов

1852 ж. У. пен И.Н. Березин арасындағы тікелей достық қатынас басталып, оның тапсырмасымен Тоқтамыстың «Хан жарлығына» және Қыдырғали Жалайыридың «Жамиғ ат-Тауарих» атты шығармасының орыс тіліндегі аудармасына талдау жасады. Бұл оның алғашқы ғыл. жұмысы болды. Жас У-тың Шығыс елдері, оның ішінде қазақ даласы жөнінде терең білімді екендігін С.Ф. Дуров, П.П. Семенов Тянь-Шанский, Г.Н. Потанин, Н.М. Ядринцев жоғары бағалаған. 1853 ж. У. кадет корпусын бітіріп, бір жылдан кейін Батыс Сібір мен Қазақстанның солт.-батыс аймағын басқарған Г.Х. Гасфорттың адъютанты қызметіне белгіленді. Екінші жағынан Батыс Сібір өлкесінің Бас басқармасы оны қазақ даласы мен Орт. Азия елдері бойынша айрықша тапсырмаларды орындайтын офицер етіп ұстады. Көп ұзамай Жетісу өңіріне жасақталған экспед. құрамына енгізілді. Осы экспед.-да У. 1855 ж. Омбыдан Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келді. Қайтарда

Жоңғар қақпасына, Алакөл, Тарбағатайға саяхат жасады. Қарқаралы, Баянауыл, Көкшетау арқылы күзде Омбыға оралды. Осы сапарда ол қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясына қатысты материалдар жинап қайтты. 1856 ж. М.М. Хоментовскийдің Жетісуға жасаған әскери-ғыл. Экспед.-на қосылды. Осы экспед. кезінде ол «Манас» дастанына назар аударды. Іленің басындағы Манас жорық жасады деген қаланың орнын барып көреді. Экспед. кезінде У. оринтол., энтомол. коллекция жинап, гербарий құрастырады. Жетісу, Ыстықкөл аймағының фаунасы мен флорасын зерттеді. Ыстықкөлдің картасын жасауға қатынасты. Сол алаптағы қираған көне қалалардың мәдениетіне, эпиграфиялар мен тас мүсіндерге зер салды, қырғыз халқының шежіресін, өлең, жыр, аңыз-әңгімелерін, соның ішінде «Манас» жырын жазып алды. 1856–57 жылдардағы саяхаттарының ғыл. нәтижелері У-тың «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс провинциясы мен Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» атты еңбектерінде баяндалған. Сібір мен Тянь-Шань аралығында көшіп жүрген қырғыздар Алатаудың автохтонды тұрғыны екенін тарихта тұңғыш рет У. анықтап берді. Сол көне заманда қырғыздар Енисей алабымен тығыз байланысты болған, Енисей мен Алтай, Жоңғар даласы, Тянь-Шань – бәрі біртұтас геогр. аймақ болып тұрғанын дәлелдеді. Ол қырғыздар жөніндегі шығыс жазба деректерін де зерттеген. Сол бойынша Алтай мен Тянь-Шань арасында 17 ғ-да Ойрат (Жоңғар) мемлекеті пайда болғанда ғана қырғыздардың Енисеймен байланысы тоқталғанын анықтаған. У-тың тарих, геогр. саласындағы еңбегінің даңқы Петербург ғалымдарына жетіп, 1857 ж. 27 ақпанда 20-дан жаңа асқан Шоқан Орыс география қоғамының толық мүшелігіне сайланды. У. әр аймақтан келген саудагерлермен, Қашқарияның саяси қайраткерлерімен, ғалымдарымен, ақындарымен кездесіп, Алты шаһардың өткен тарихы мен бүгінгісі туралы нақтылы деректерді жергілікті ғалымдардан жинады, сирек кездесетін Шығыс қолжазбаларының бірнешеуін қолға түсіріп, нумизматик. коллекция, гербарий, тау жыныстарының топтамасын жасады. Қашқар сапарының жемісі – У-тың «Алты шаһардың яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі – Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, географиясына, әлеум. құрылысына арналып, заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы болды. Оның материалдары көп ұзамай неміс және ағылшын тілдерінде жарияланды. 1860 ж. Петербург ун-тінде дәріс тыңдады. Бас штабтың әскери-ғыл. к-тінің тапсыруы бойынша

Орт. Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын жасады. Оның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жотасы аралығының картасы», «Құлжа қаласының жобасы», «Ыстықкөл экспедициясының қорытындысына қосымша карта», т.б. дайындалды. Орыс геогр. қоғамы мүшелеріне Шығыс Түркістан, Тянь-Шань, Жетісу тақырыбы бойынша дәріс оқыды. Науқасы меңдеген У. дәрігерлердің кеңесімен 1861 ж. туған еліне қайтты. 1864 ж. У. М.Г. Черняевтің әскери экспед-на шақырылды. Черняевтің бұл сапардағы қанқұйлы қаталдығы У-ты ғана емес, бүкіл Ресейдің алдыңғы қатарлы азаматтарының жанын түршіктірді. Ондай қанқұмардың қол астында болғысы келмеген бір топ офицермен бірге сол жылдың шілде айында У. Верныйға қайтып кетті. Черняевтің шағымы бойынша бұлардың көбі жазаға тартылды, әскери атактары төмендетілді. Сібір казак-орыс әскері офицерлерінің осындай қылықтарына зерттеу жүргізуге Санкт-Петербургтен Омбыға арнаулы комиссия шығарылды. Сондықтан У. Омбыға қайтпай, албан руының аға сұлтаны, Абылай ханның шөбересі Тезек төренің ауылында тұрып, оның қарындасы Айсарыға үйленді. Осы арадан Петербургпен, Батыс Сібір басқармасының басшыларымен хат арқылы байланыс жасап тұрды. Меңдеген ауруына шипа таба алмай, Тезек төренің ауылында 9 ай тұрып, қайтыс болды. Көкшетаудан Алтынемелге келген туыстары оның қабіріне күйдірілген кірпіштен күмбез орнатты. Аз өмірінде У. Орт. Азия халықтарының тарихына, географиясына, фольклорына және қоғамдық-саяси құрылысына арналған көптеген құнды еңбектер қалдырды. Қазақстан географиясында Балқаш пен Алакөлдің бұрын біртұтас су айдыны болғандығы және Жоңғар қақпасынан соғатын Ебі желі туралы ғыл. деректерді алғаш келтіруші де У. болды. Ол ортағасырлық деректер мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде «Қазақ шежіресі» атты еңбек жазды. Ғыл. еңбектері ішінде Жетісу, Ыстықкөл, Тянь-Шань, Шығыс Түркістанға тарихи-геогр. шолу жасауға арналған «Жоңғария ескерткіштері», «Қазақтар туралы жазбалар», «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) жайы» сияқты зерттеулерінің орны ерекше. Қазақтың тарихы мен этнографиясына, қазақ даласының әлеум.-саяси қатынастарына арналған еңбектерінің де («Абылай», «Қазақтың шежіресі», «Көне замандағы қазақтың қару-жарақ, сауыт-саймандары», «Шона батыр», «Сот реформасы туралы жазбалар», «Даладағы мұсылмандық», «Қазақтағы шаман дінінің сарқыншақтары», «Қазақтың көші-қоны», т.б.) мәні зор. Көптеген еңбектерінде ол тарихшы, географ, этнограф қана емес, көсемсөзші, әдебиетші, жа-

зушы ретінде де көрінеді. Туған халқының бай ауыз әдебиетіне ерте сусындап, «Едіге» жырын, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының бір нұсқасын жазып алған. Қазақ ауыз әдебиетінің теор. мәселелері сөз болатын «Қазақтың халық дастандарының үлгілері туралы», «Орта жүз қазақтарының аңыз-әңгімелері», «18 ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар», т.б. еңбектерінен оның терең білімдарлығы көрінеді. У. қазақтың батырлар жыры үнді-герман эпостарына ұқсайтындығын ашты. Тарихи жырлардың шығу тегін қуалай келіп, Ноғайлы заманының бұл туындылары 14–16 ғ-ларға жататынын анықтады. «Ер Көкше» жырын зерттегенде шығарманың бас кейіпкері Ер Көкше батыр тарихта болған адам екенін, оның 1423 ж. ұрыста қаза тапқаны туралы дерек келтіреді. Қырғыздың «Манас» жырын тұңғыш зерттеуші де, оны әдебиеттану ғылымы әлеміне алғашқы таныстырушы У. болды. «Манас» жырын тарихи, этногр. мағлұматтарының молдығы, көркемдік дәрежесінің биіктігі жағынан «Илиада», «Одиссея» сияқты эпостармен қатар қоюға болатын құнды, кесек туынды деп бағаланды. Қазақтың халық поэзиясын жасаушы, орындаушы ақын, жырауларды У. Батыстың рапсод, бардтарымен салыстырды. У. тастағы жазуларды, ондағы көне заманның суреттерін қағазға айнытпай түсіру арқылы кейінгі ұрпақтың сол жазуларды оқуына жағдай жасады. Ұлы ғалым артына мол ғыл. мұра қалдырды. 1904 ж. Санкт-Петербург қ-нда Н.И. Веселовскийдің жинауымен У-тың 1 томдық еңбегі жарық көрді. Қазақстанда оның 5 томдық шығармалар жинағы 2 рет (1961–72; 1985–86) баспадан шығарылды. Бұл іс белгілі қазақ ғалымы Ә.Х. Марғұлан бастаған ғалымдар тобының еңбектерінің арқасында жүзеге асты. 1958 ж. У-тың Алтынемелдегі қабірі басына биік ескерткіш, сондай-ақ Алматыда, Көкшетауда, Семейде, Алтынемелде мүсіндік ескерткіштері орнатылған. Қазақстан ҰҒА-ның Тарих және этнология ин-тына, Көкшетау мемл. ун-тіне, Алматыдағы бір көше мен мектепке, Ақмола облының бір ауданына У. есімі берілген. Сүйегі жатқан Алтынемелде (Алматы обл.) мемориалды кешен орнатылған. Ғылым саласындағы жетістіктері үшін ғалымдарға У. атынд. сыйлық белгіленген.

Шығ.: Соч. Ч.Ч. Валиханова, изд. под ред. Н.И. Веселовского, СПб. 1904; Избр. произв., под ред. А.Х. Маргулана, А.-А., 1958; Собр. соч., в 5 т.т., т. 1–5., А.-А., 1985–86; Избр., М., 1986; Таңд., А., 1986.

Әдеб.: Бейсенова Ә.С., Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы, А., 1990; Өтенияз С.К., Шоқанмен қайта кездесу, А., 1990; соныкі, Шоқан өскен орта, А., 1995.

С.Өтенияз, Ә.Бейсенова

УӘЛИХАНОВ

УӘЛИХАНОВ Шота Ыдырысұлы (26.4.1932 ж.т., Солт. Қазақстан обл. Айыртау ауд. Сырымбет а.) – архитектор, Қазақ КСР-інің еңб. сің. архитекторы (1978), проф, Шығыс елдері Халықар. архит. академиясының акад. (2001). 1956 ж. Мәскеу мемл. архит. ин-тын бітірген. 1956–65 ж. Қазақ қала құрылысын жобалау ин-тында, КСРО құрылыс және архит. академиясы Қазақ бөлімшесінде арх., кіші ғыл. қызметкер болды. Бұдан кейінгі жылдары Алматы қ. бас арх-ының орынбасары (1966–67), Қазақ өнеркәсіп құрылысын жобалау ин-тының аға ғыл. қызметкері (1967–70), ҚР тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы төрағасының орынбасары (1971–78; 1976



Ш.Ы.Уәлиханов

жылдан 1-орынбасары), Қазақстан Арх-лар одағы басқармасының төрағасы (1973–82), КСРО Арх-лар одағы басқармасының хатшысы (1975 жылдан) қызметтерін атқарды. 1982 жылдан Қазақ азаматтық село құрылысын жобалау ин-тында бас архитектор, 1990–95 ж. ҚР ҰҒА-ның Әдебиет және өнер ин-тындағы өнер және архит. бөлімінің меңгерушісі, ал 1995 жылдан ҚР Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орт. кеңесінің төрағасы әрі Халықар. Абылай хан қорының президенті қызметін атқарды. У. – бірнеше ірі ғимараттардың, 20 монумент пен ескерткіштің (басқалармен бірге) авторы. Солардың қатарында: Алматы қ-ндағы «Динамо» стадионы (1958), «Универсам» дүкені (1979), «Казгипрозем» үйінің (1983) ғимараттары; Уәлиханов ескерткіші (1969; Қазақ КСР Мемл. сыйл., 1970), Ә.Жангелдин, Т.Бокин (екеуі де 1975), Ғ.Мұратбаев (1984), Шығыс Қазақстан обл. Қарауыл а-ндағы Абай (1970), Көкшетау қ-ндағы Т.Бигелдинов (1998), Қостанай қ-ндағы А.Байтұрсынов (1999), Астана қ-ндағы Кенесары Қасымұлы (2001), т.б. ескерткіштері; Д.Қонаев бюсті (1985), Тәуелсіздік монументі (1996, жоба авторы әрі жетекшісі), т.б. бар. У. 1996 ж. Қазақстан Республикасының жаңа мемл. елтаңбасы бойынша өткен байқауында ҚР Арх-лар одағының алтын медалі мен дипломын алды,

елтаңба авторы. Сондай-ақ ол Қазақстан сәулет және бейнелеу өнерінің көкейтесті мәселелерін көтерген көптеген ғыл. мақалалар мен бірқатар драм. шығармалардың да («Шоқан», алғаш рет 1962 ж. қойылған; «Тағдыр», 1984; т.б.) авторы; пьесалары респ. (Алматы) және обл. (Көкшетау, Қарағанды, Шымкент) театрлар сахнасында қойылды. Халықар. арх-лар одағының дүниежүз. 12–13, 20-конгрестеріне (Мадрид, 1975; Мехико, 1978; Пекин, 1999) қатысты. «Күрмет» орденімен марапатталған.

Әдеб.: Е р г а л и е в а Р., Вселенское чувство свободы духа, «Күмбез», 2002, №1, с. 3–5. (Уәлихан Ш.Ы., Абылай ел есінде, Абылай хан. Кенесары, Алматы, «Ғылым», 1993, 61-б.).

Ж.Ақмақанов, Б.Смағұлова

УБАШЫ, У б а ч и, Ү б і ш і (1741 – ө.ж.б.) – Қалмақ хандығының соңғы ханы (1761–71), Дондук Дашының ұлы. 1761 ж. қалмақтар Ресей патшасына үшінші рет ант беріп, Ресей билігін біржола мойындады. Осы жылы Қалмақ хандығына мың шаңырақпен торғауыт тайпасының басшысы Церен келіп қоныстанды. Ресей көмегіне арқа сүйеген У. қазақ жеріне батыс жағынан шабуылдап отырды. Дегенмен, патша үкіметі У-ның билігін елемей, Түркиямен соғысқа қатысу үшін саны айтарлықтай әскер бөлуді талап етті. Оған қоса 1770 жылдарға қарай У-ның башқұрттармен, қазақтармен, Солт. Кавказ халықтарымен қатынасы шиеленісе түсті. Кіші жүздің бір бөлігінің Ресейге бодан болуы және Солт. Кавказда орыс үстемдігі күшеюіне байланысты патша үкіметіне У-ның әскери қызметінің онша қажеті болмай қалды. Сондықтан қалмақтарға патша өкіметі тарапынан қысым күшейді. Патша өкіметі тарапынан жылдан-жылға күшейіп келе жатқан саяси, экон. қысымнан құтылу үшін 1770 ж. У. мен Церен тайшы еділ қалмақтарын өздерінің ежелгі отаны Жоңғарияға көшіруге бел байлады. 1771 ж. қаңтарда У. қалмақтардың көпшілік бөлігін бастап (шамамен 170–180 мың адам, оның 40 мыңы жауынгер) қазақ жері арқылы Жоңғарияға (қ. Шаңды жорық) көшті. Абылай мен Нұралы хандар басқарған қазақ жасақтарымен болған шайқастарда қалмақтардың көпшілігі қырылып, 15–20 мың адам ғана Жоңғарияға аман жетті. Цинь әкімшілігі оларды жекелеген ұсақ ауылдарға бөліп жіберіп, өзінің боданы етті. 1771 ж. 19 қазанда Екатерина II-нің арнайы жарлығымен Қалмақ хандығы жойылды.

Әдеб.: Б а т м а е в М. М., Калмыки в 17–18 вв., Элиста, 1993; К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства, Элиста, 1994; М о и с е е в В. А., Россия и Джунгарское ханство, Барнаул, 1998; К а с ы м б а е в Ж., Государственные деятели казахских ханств, 18 – пер. пол. 19 вв., А., 1999; Қазақстан тарихы, 3-т., 2002.

З.Қинаятұлы

УЕЗД, О я з – әкімш. аймақ. Ресейде 13 ғ-дан бастап қолданылып келген. У. қала мен оған бағынышты болыстардан тұрды. Әуел баста оны князьдің жергілікті билеушісі, ал 17 ғ-дан бастап воевода басқарды. 18 ғ-дан У. губ-ның құрамды бөлігіне айналды. 1775 жылдан У. 20–30 мың түтін мекендейтін әкімш., сот және қаржы қызметі бар төм. бөлік болып қалды. У-дегі полицейлік-әкімш. өкімет бөлігін исправник (уезд полициясының бастығы) атқарды. Ол Қазақстанның саяси-әкімш. өміріне 1867–68 жылдардағы реформа негізінде енді. Осы реформаларға сәйкес құрылған Орал обл-нда – Орал, Гурьев, Калмыков, Жем; Торғай обл-нда – Торғай, Николаевск (Қостанай), Ырғыз, Елек; Ақмола обл-нда – Ақмола, Көкшетау, Омбы, Петропавловск, Жанасарысу (Атбасар); Семей обл-нда – Семей, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл, Қарқаралы, Өскемен; Жетісу обл-нда – Сергиополь (Аягөз), Қапал, Верный, Ыстықкөл, Тоқмақ; Сырдария обл-нда – Қазалы, Перовск, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Ташкент, Ходжент және Жизак У-дері құрылды. У-дер болыстарға бөлінді. У. бастықтарын облыстардың әскери губернаторларының ұсынуы бойынша ген.-губернатор тағайындады. У-ді басқару патша офицерлерінен қойылды да, олардың көмекшілері ретінде қазақ шонжарлары тағайындалды. У. бастықтарының қолына әкімш. және полицейлік билік шоғырландырылды. Ол заңдардың, отарлық басшылықтың қаулылары мен өкімдерінің орындалуын, У-дік басқару аппаратының қызметін бақылап отырды. У-дегі әскер күші де тікелей У-дік бастықтарға бағынды. Осымен қатар үкімет тарапынан тағайындалған У-дік сот қызметі де құрылды. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың бас кезінде Қазақстан аум-нда барлығы 26 У. болды.

Әдеб.: В о с т р о в В. В., М у к а н о в М. С., Родолеменный состав и расселение казахов, А.-А., 1968; М ұ қ а н о в М. С., Қазақ жерінің тарихы, А., 1994; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Д.Самнай

УНКОВСКИЙ Иван (1681–1746) – орыс армиясының артиллерия капитаны. 1722 ж. І Петрдің арнайы тапсырмасымен Жоңғар қоңтайшысы Севан Рабданға орыс-жоңғар қатынастарын реттеу мәселесімен елшілікке барып, сонда екі жылдай тұрды. У. жолжазбасы Жоңғар хандығының сол кездегі ішкі-сыртқы саясатынан, қазақ-жоңғар қатынастарынан бірқатар мағлұматтар береді. Бұған қоса ол Жоңғар хандығы мен іргелес елдердің геогр. картасын сызып әкелген.

Әдеб.: Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

УНКОВСКИЙ ЕЛШІЛІГІ – Ресей өкіметінің 1722 ж. Жоңғар хандығына жіберген елшілігі. Орыс артиллериясының капитаны И.Унковский

басқарған бұл елшілікке жоңғар билеушісінен Ресей бодандығына мойынсұнатындығы жөнінде ант қабылдау және Жоңғар хандығы жерін картаға түсіру міндеті жүктелді. Елшілік 1722 ж. 26 қарашада Севан Рабдан қабылдауында болып, оған Ресей патшасы жіберген сыйлықтарды табыс етті. Севан Рабдан Ресей бодандығын қабылдау Цин әскерлерінің Шығыс Түркістанға басып кіруіне тосқауыл қояды деп санады. Бірақ бодандық мәселесін шешу үшін ол жоңғар ақсүйектерімен байдан астам уақыт бойы кеңес жүргізді. Севан Рабданның ұлы Шоно-Лоузан мен лама шіркеуінің ақсүйектері Ресей бодандығын қабылдауды жақтады. Ал әскери жасақтардың басшылары Ресей бодандығын қабылдауға мүлде қарсы шықты. Осыған орай Севан Рабдан У. е-не Ресей бодандығын қабылдауға ант беруден бас тартты. 1723 ж. қазанда ештеңе шеше алмаған елшілік Ресейге қайтты. Елшілік барысында капитан Унковский күнделік журнал жүргізді. Онда сол дәуірдегі Орт. Азиядағы саяси жағдай, соның ішінде жоңғар-қазақ қарым-қатынасы жөнінде көптеген деректер қамтылған.

Әдеб.: В е с е л о в с к и й Н. И., Посольство к зюнгорскому хун-тайчжи Цеван-Рабтану капитана от артиллерии И.Унковского и путевой журнал его за 1722–1724 годы, СПб, 1887; М о и с е е в В. А., Россия и Джунгарское ханство, Барнаул, 1998.

Е.Жасыбаев

УРАЗЛИН, Уразин, Оразлин Роман (т.-ө.ж.б.) – Орынбор губерн. кеңсесінің тілмашы, губернатор И.И.Неплюевтің маңызды тапсырмалармен Әбілқайыр, Әбілмәмбет хандарға, Абылай, Барақ сұлтандарға жіберіп отыратын мәмілегер елшісі, әрі кәсіби тыңшы-барлаушысы.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 98, 103, 115, 124–126, 128, 130, 131, 148, 149–66.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

УРАКОВ, О р а қ о в (т.-ө.ж.б.) – князь, Орынбор гарнизонының поручигі. 1760 жылғы 10 сәуірде Абылай сұлтанға барып қайтқан У. пен Гуляевтің Абылай сұлтанның естігендеріне қарағанда: «Осыдан он жеті жыл бұрын Сібір шебінен жіберілген адамдар Орта жүздің атығай руына қарайтан Әлімбет батырдың ауылын шауып, малын талап, адамдарын алып кеткен еді. Міне, солар осы уақытқа дейін қайтарылған жоқ. Әлімбет батырдың әйелі осы күнге дейін Тары қаласында. Ал қазақтардың ауылынан Ресейге қашып барған тұтқындарды Ресей жағы кедергісіз қабылдап жатыр, мініп кеткен аттары мен түйелерін және ұрлап әкеткен дүние-мүліктерді толық қайтарған жоқ. Қайтарса да, Орынбор шебіне алып келуі керек, оның өзінде толық емес. Қазақтар Ресейге

УРУСОВ

бодан болып, содан біршама үміт күткен еді. Алайда бекіністегі кейбір командирлер (Абылай олардың нақты кім екенін атаған жоқ) қазақтарға әлі де тізесін батырып, зиян келтіріп отыр». Бұдан кейін Байжігіт ауылында жатқан У. пен Гуляевқа келіп, Абылай сұлтан бастықтарға жазған хатын тапсырады.

Н.Ақбай

УРУСОВ Василий Алексеевич (т.ж.б. – 1742) – князь, ген.-майор. Мінезі қатыгез, қытымыр адам болған. Ол патша үкіметінің Қазақстандағы саяси ықпалын нығайтуда біршама еңбектенген. Кіші жүз бен Орта жүздің едәуір бөлігінің Ресейге қосылуына зор үлес қосқан. 1740 ж. тамыз айында бұлардың ел билеушілерімен керуен саудасын ұлғайту, қазақ-қалмақ қарым-қатынастарын реттеу, қазақ жеріндегі орыс тұтқындарын қайтару, патша үкіметі мен қазақ шонжарларының арасындағы саяси одақты одан әрі күшейту әрі нығайту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде Кіші жүздің сұлтандары Нұралы,

Ералы мен Жәнібек батыр бастаған 180 старшын патша үкіметіне адал қызмет етеміз деп ант еткен. Орта жүздің сол кездегі ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан өз қарамағындағы рулардың атынан патша үкіметінің қол астында болатынын мойындаған. Сөйтіп, Орта жүздің Ресейге қосылу үрдісі іс жүзінде басталды.

Н.Ақбай

УСМАНОВ Ягуда, Османов Жағда – татар, молла. Абылай ордасында бала оқытқан әрі сұлтанның, кейін ханның жеке хатшысы қызметін атқарған. Абылай ханның қазасына байланысты маңызды мағлұмат берген. Оның інісі Мәуліт Усманов кейін, 1824 ж. Көкшетау сыртқы окр-нің аға сұлтаны Жылғара Байтоқиннің хатшысы әрі молласы болған. Қазақ билеушілерінен жер сұрап алып, қоныс тепкен.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 437-б.; Т а й ш ы б а й 3. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.



ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС – ұлттық тәуелсіздікті жеңіп алуға, шетелдік үстемдікті, отарлық езгі мен қанауды жоюға бағытталған күрес. Бұл қозғалыстар орта ғасырлардан бастау алады. Орта ғасырларда халықтар мен ұлттық топтар жат жерлік езгіге қарсы күресіп, өздерінің өмір сүріп, даму құқықтарын қорғады (мыс., оңт. славяндардың түрік үстемдігіне, чех халқының неміс отаршыларына қарсы күресі, т.б.). 16–19 ғ-ларда ұлттық сананың өсуі шетелдік құлданушылар мен езгіге ұшыраған халықтардың арасындағы қарама-қайшылықтардың шұғыл шиеленісуіне себеп болып, жат жерлік үстемдікке қарсы күреске шаруалар мен қала халқының қалың топтары тартылды. Оған капит. қатынастардың дамуы нәтижесінде жалпы ұлттық рыноктың құрылуы себеп болды. Мемлекеттілігі жоқ немесе одан айырылған халықтардың ұлт-тық мемлекеттер құруға ұмтылысы үстем ұлттардың қарама-қарсылығына ұшырады. 18–20 ғ-ларда қазақ даласында Ресей отаршыларына қарсы бірнеше ірі-ірі Ұ.-а. қ. болып өтті. Ұ.-а. қ. көсемдері: Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Жанқожа, Амангелді, т.б. қазақ халқының жадында ұлт батырлары ретінде қалды (қ. *Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы*).

Н.Әшіров

«ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ» – ұжымдық монография. 240 бет. ҚР БҒМ Ғылым к-ті Философия және саясаттану ин-тының дайындауымен Алматы қ-нда 2010 ж. жарық көрген. Жинақ «Түркілік кезең», «Қазақ хандығы» және т.б. төрт тарауға бөлінген. Кітапта ҚР этноәлеум. кеңістігі үшін маңыздылығы жоғары ұлттық идея құбылысы қазақ халқының сан ғасырлық философ. ойының тарихи ауқымында қарастырылады. Түркілік кезеңде Қорқыт туралы аңыздарда көтерілетін «Өмір» идеясы мен әл-Фарабидың «Қайырымды қала» идеясынан Асан Қайғының «Жерұйық» идеясына дейінгі аралық, кейінгі дәуірлерде қазақ еліндегі қиын кезеңдерге байланысты өзектелген «Атамекен» идеясы, тәуелсіздікті аңсаған қазақ зиялыларының «Алаш» идеясы мен «Бірлік» идеясының қазіргі қазақ қоғамының саяси философиясының өзегіне

айналғандығы зерттеледі. Екінші тарауда Қазақ хандығы дәуіріндегі халықты біріктіруші идеялар: 1) Асан Қайғы өрнектеген «Жерұйық» идеясының, 2) Абылай хан мен Бұқар жыраудың саяси-әлеум. көзқарастарының, 3) Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясындағы ұлттық идеяның сипаты айқындалады. Ғыл. еңбек ЖОО студенттері мен аспиранттарына, гуманитар. сала мамандарына және әр түрлі деңгейдегі отансүйгіштік тәрбие жұмыстарында пайдалануға арналған. Еңбектің бас редакторы – ҚР ҰҒА акад. Ә.Нысанбаев, жауапты редакторы – философия ғыл. докт., проф. С.Е.Нұрмұратов, авторлар ұжымы: С.Е.Нұрмұратов, К.М.Қоңырбаев, Ж.Б.Ошакбаев, Г.И.Нүсіпова, М.Н.Тоқтарбекова.

С.Ғұсман

ҰЛТТЫҚ НАМЫС – ар-ожданнан бастау алатын, отансүйгіштікпен ұштас, рухани-құндылық сезім. Ұ. н. адамның ұлттық құндылықтарының маңызын түйсінуден туындап, халқының мұң-мұқтажын түсініп, туған елін қорғауымен сипатталады. Ұ. н-тың негізгі көрінісі адамның туған еліне сүйіспеншілігінен, төл мәдениетіне деген құрметінен байқалады. Намыс адамның өзіне етене жақын дүниесінің, ұлттық рухани мұраларының қадірін білуімен негізделгендіктен, оның құрамдас бөлігі Ұ. н-тың этностың рухани өмірінде өзіндік зор маңызы бар. Ұ. н. ұлттың өзіндік менін, өткен тарих тағылымын ұмытпай, ар-ожданын таптаппауы үшін керек. Ұ. н-тың қозғаушы күшқуатын әдеби мұралардан: батырлық жырлардан, тарихи жырлардан, соларды арқау еткен тарихи шығармалардан айқын көреміз. Ұ. н. – елдің ұлттық тұтастығына, рухани бірлігіне қызмет жасайтын, елдікпен егіз ұғым. Елдікті ардақтаған ерлер есімі ел намысын қорғаушы, сонымен қатар халықтың бірлігі, ел іргесінің бүтіндігі үшін күресуші ретінде ел есінде қалады. Қазақ хандығы тарихындағы Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан, Салқам Жәңгір, Абылай хандар – Ұ. н-тың жоқтаушысы болған, елін, жерін сүйген ақылға кеніш, ерлікке кемел тұлғалар. Олар ұлт игілігіне қызмет жасап, дұшпаннан қорғап, ұлысының өрісін кеңейтті, тәуелсіздігін қамтамасыз етті. Ұ. н-ты сақтаудың үлгісін елді сыртқы жаулардан қорғаған батырлар да көрсеткен. Кейіннен елдің рухани серпіні көркем сөзден бой көрсетіп, Бұқар жырау, Махамбет бастаған отаршылдыққа қарсылық ұраны, азаттық жыры Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір жырларына өзек болған. Ұ. н. – халықтың мәңгілік құндылықтарын сақтаудың кепілі.

А.Досжанұлы

ҰЛЫ ЖҮЗ – қазақ халқының этн. құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экон. және мәдени бірлестігі. Жері жапсарлас, әдет-ғұрпы,



тірлігі ұқсас әрі туыстас Жетісу тайпалары кіретін Ұ. ж. бірлестігінің қалыптасуы ұзақ жылдарға созылды. Олардың ежелгі мекені Жетісу көне мәдениет орт. болатын. 14–15 ғ-ларда бұл тайпалар Моғолстан мемлекетінің құрамында біртұтас этн. бірлестікке біріге бастады. 15 ғ-дың 2-жартысында Жетісуда Қазақ хандығының құрылуы Ұ. ж. бірлестігінің қалыптасуын тездетті. Осы кезден бастап бұл бірлестікке қазақ жеріндегі қилы-қилы тарихи кезеңдерден өткен жалайыр, қаңлы, албан, суан, дулат, шапырашты, сіргелі, шанышқылы, ысты, ошақты, сарыүйсін, қатаған тайпалары ене бастады. Бұл тайпалардың басым бөлігі б.з.б. 1 ғ-да Жетісуда, Шығыс Түркістан, қазіргі Қырғызстан жерінде құрылған үйсін мемлекетінің құрамында ерте темір дәуірінде тіршілік еткен болатын. Үйсін мемлекетінде үйсіндермен туыстас (юечжи, т.б.) бірқатар тайпалар тіршілік етті. Н.Я.Бичурин, Г.Е.Грумм-Гржимайло сынды ғалымдардың еңбектерінде үйсіндер құрамында дулұ тайпасы өмір кешкені айтылады. Бұл мемлекет Қытаймен тығыз дипломат. қатынастар орнатып, алыс-жақын елдерге кеңінен танылды. Белгілі зерттеуші Н.Мыңжанұлы «б.з.б. 3-ғасырдан заманымыздың 10-ғасырына дейінгі 1200 жылдық Үйсін тарихында, Үйсін күнбилері әулетінің тек он ұрпағы жөнінде ғана нақты дерек сақталғанын» айтады. Халқымыздың автохтондық тұжырымдамасын қолдайтын ғалымдар көне үйсіндердің қазақ этносында маңызды рөл атқарғандығын жазады. Мұны Қытай ғалымдарының басым бөлігі мақұлдайды. Түркітанушы-археолог А.Досымбаеваның мәліметтеріне қарағанда, Жетісу жеріндегі үйсін және түркі дәуіріндегі археол. ескерткіштер кешені өзара тығыз байланыста дамыған. Оны жазба дерек көздері де растайды. «Таң патшалығының көне тарихы. Түрік шежіресі» атты тарихи дерек көзінде «Теле ... қатарлы елдер бағынғаннан кейін, олардың халқы дулат, нұшбе, қарлық, шиуо, шымыр, обырларға араласып, сіңісіп кетті» деген жолдар бар. Бұл өз кезегінде Түрік қағандығының құрыла бастаған кезіндегі саяси жағдаймен этн. қатынастарды айғақтайды. Сондай-ақ Батыс Түрік қағандығының құрамында да Ұ. ж-ге кірген бірқатар тайпалар болды. Бұл мемлекеттің негізгі өзегін «он оқ бодон» (он оқ халқы) деген он ірі тайпа құрады. Олар өз кезегінде бес тайпалы дулат (дұғлу) пен бес тайпалы нұшбелер (нушубилер) одағынан тұрды. Екі иеліктің шекарасы Шу өз. болды. Қытай деректемелері бойынша дулаттардың бес тайпасы – түргеш (мамандардың есептеуінше сарыүйсіндердің ата-бабалары), қойлау, чимойын (шимугін), ысты, жаныс, ал нұшбелер одағы азғыр

(әскіл), қасо, барысқан (барсаған) сынды ұлыстардан немесе тайпалардан тұрған. Ерте орта ғасырлардағы Қазақстан аумағында болған мемлекеттерде Ұ. ж. құрамына енген көптеген ру-тайпалар болғандығы белгілі. Мыс., жоғарыда аталған тайпалар арасынан түргештер күшейіп, кейіннен Түргеш қағандығын құрады. Кейіннен бұл мемлекетті қарлұқтар бағындырады. Қарахан мемлекеті тұсындағы жазба деректемелерде де кейіннен Ұ. ж. құрамына енген ру-тайпалардың атаулары кездеседі. Жетісуда қаракытайлар (қидандар) үстемдік құрған кезде мұндағы бірқатар ру-тайпалар солардың билігін мойындады. Кейіннен қидандардың өздері түркі халықтарына сіңісіп кетті. 13 ғ-дың бас кезінде Шыңғыс хан бастаған түркі-моңғол тайпаларының шапқыншылығы кезінде Ұ. ж. тайпаларының құрамы жалайырлар есебінен толықты. Шыңғыс ханның басты әскери күштерінің бірі болған жалайырлар осында ілкі замандардан бері мекендеп келе жатқан ру-тайпалармен біте қайнасып, араласып кетті. Жергілікті билеушілердің (Күшлік ханның) діни озбырлығына наразы болған ру-тайпалардың біразы Шыңғыс хан әскерлерін азат етуші ретінде қарсы алды. Біраз бөлігі оның әскеріне қосылып, Хорезмді жаулап алу соғыстарына қатысты. Шыңғыс ханның Орта Азия мен Қазақстанды жаулап алуы (1219–1221) және ол жерлерді ұлыстарға бөлу нәтижесінде Ұ. ж-ді құраған ру-тайпалардың этн. аумақтары ішінара Жошы мен Шағатайға берілді. Ұ. ж-ге кірген тайпалардың басым бөлігі Шағатай ұлысының аумағында тіршілік етті. Ол ыдырағаннан кейін Моғолстан мемлекетінің құрамында өмір сүрді. Бұл мемлекетте дулат тайпасының әмірлері ұлысбегі лауазымын иемденіп, әскери және әкімш. билікті өз қолдарында ұстады. Ұлысбегілер өздері қалаған адамды хан сайлап, ұнамағандарын тақтан түсіріп отырды. Моғолстан мемлекетінде Ұ. ж-дің шоғырлану үрдісі зор қарқынмен жүріп, ортақ тіл, мәдени дәстүр қалыптасты. 15–16 ғ-ларда қазақ жүздері, негізінен үш мемлекет аумағында Ноғай Ордасынан бөлінген тайпалардан Кіші жүз, Әбілхайыр хандығынан бөлінген тайпалардан Орта жүз, ал Моғолстанда Ұ. ж. қалыптаса бастады. Бірақ бұл үрдіс Қазақ хандығы құрылғаннан кейін 17 ғ-дың 2-жартысында ғана толық аяқталып, қазақ халқы қалыптасты. Сөйтіп, ұзақ жылдарға созылған кірігу нәтижесінде қазақ халқының этн. аумағы қазіргі Қазақстан Республикасының аумағын толық қамтыды. Қазақ халқын құраған негізгі үш бірлестіктің бірі болған Ұ. ж. қазақтары егін ш-мен және мал өсірумен айналысты, көрші елдермен сауда қатынасын

орнатты. Ұ. ж. құрамына енген тайпаларды халық «Ұлы жүз – үйсін» деп атады. 1643 ж. Жоңғар контайшысы Батыр Ұ. ж-дің шығыс аймағының біраз жерін өзіне қаратты. 1681–88 ж. Жоңғар билеушілері Ұ. ж-дің Оңт. Қазақстандағы жерлеріне бірнеше рет шабуыл жасады. 18 ғ-дың 1-жартысында Үш жүз бірлестігінің арасында саяси және экон. байланыс нашарлап кетті. Қазақ шонжарларының әр түрлі топтары арасындағы өзара бәсекелестікті пайдаланған Жоңғар билеушілері қазақ жеріне, әсіресе, Ұ. ж. тайпалары мекен еткен Іле, Сыр, Талас, Шу бойына шапқыншылығын күшейте түсті. Ақыры 1723 ж. жоңғарлар жойқын жорыққа аттанып, Ұ. ж-ді басып алды (қ. *Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама*). Ұ. ж. қазақтары зор шығынға ұшырап, ұлыс билеушісі Жолбарыс өзі билеген қазақ қауымдары мен Ташкент тұрғындарының атынан Жоңғар хандығына тәуелділігін мойындады. 1733 ж. Ұ. ж. елшілері Аралбай мен Оразгелді Ресейге барып, сыртқы жауға қарсы күресте орыс патшасынан көмек алуға тырысты. 1734 ж. 20 сәуірде Ресей патшайымы Анна Иоановна Жолбарыстың атына арнайы грамота жолдады, бірақ Ұ. ж. бен Ресей арасы шалғай болғандықтан саяси байланыстар тоқтап қалды. 19 ғ-дың 1-жартысында Ұ. ж-ге қараған оңт. аудандарды Қоқан хандығы басып алды. Әулиеата (Жамбыл), Сайрам, Шымкент, Түркістанды мекендеген Ұ. ж. рулары 1821 ж. қоқан үстемдігіне қарсы бас көтерді. Олар Шымкент пен Сайрамды бағындырғанымен, күші басым қоқан әскерлеріне төтеп бере алмады. Қоқан хандығынан қысым көрген Ұ. ж. қазақтары біртіндеп Ресейдің қол астына өте бастады. 1837–47 ж. Ұ. ж. қазақтарының бір бөлігі Кенесеры Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісті қолдаса, келесі тобы қырғыздармен болған шайқастан кетіп қалды. Осыдан кейін-ақ патшалық Ресей Ұ. ж. қазақтары аумағындағы қысымын күшейтті. 1849 ж. Іле мен Қаратал аралығын, Балқаш к-нің жағалауын қоныстанған 59 мың Ұ. ж. қазақтары Ресейдің қол астына өтті. 19 ғ-дың 60-жылдарында Қазақстанның Ресейге қосылуы аяқталды. 1848 ж. 10 қаңтарда патша үкіметі Ұ. ж. қазақтарын басқару үшін және Жетісу өлкесін бақылау үшін Үлкен Орданың приставы деген қызмет орнын белгіледі. Пристав Батыс Сібір ген.-губернаторлығына бағынды. Ұ. ж. қазақтары Ресейге толық қарағаннан кейін Түркістан ген.-губернаторлығына бағынды да, Сырдария және Жетісу обл-тарын мекендеді. Бұл облыстардың шекарасы Құрағаты, Шу өз-дерінің бойымен өтті. Ұ. ж-дің Жетісу обл. 1882 ж. Ақмола, Семей обл-тарымен бірге жаңадан ұйымдасқан Дала ген.-

губернаторлығының құрамына кірді. 1897 ж. қайтадан Түркістан ген.-губернаторлығына енді. Ұ. ж. тайпалары туралы деректер Қазан төңкерісіне дейінгі ресейлік П.И. Рычков, А.И. Левшин, Н.А.Аристов, В.В. Бартольд сынды зерттеушілердің шығармаларында кездеседі. Сондай-ақ М.Тынышбаев, т.б. қазақ ғалымдарының еңбектерінде Ұ. ж. ру-тайпаларының саны, т.с.с. мәселелері көтеріледі. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың басында Ұ. ж. қазақтары, негізінен Жетісу обл-ның Қапал, Жаркент және Верный уездері мен Сырдария обл-ның Әулиеата, Шымкент және Ташкент уездерін мекендеді. 20 ғ-дың 1-жартысында болған ұлт-азаттық көтерілістерге, Азамат соғысына, ашаршылық жылдарындағы жағдайларға тап болған Ұ. ж. қазақтары едәуір шығынға ұшырап, біраз бөлігі көршілес елдерге көшуге мәжбүр болды. Қазіргі таңда Ұ. ж. ру-тайпаларының өкілдері тек қазақ халқы ретінде ғана танымал.

Әдеб.: Акишев К. А., Кушаев Г. А., Древняя культура саков и усуней долины реки Или, А.-А., 1963; Левшин А.И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Қазақстан тарихы, 1–2 т., А., 1996–98; Арғынбаев Х., Мұқанов М. С., Востров В. В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Д.Жұмаш

«ҰЛЫ КӨШ» – кітап. Авторы – Б.Ғабдуллин. 2012 ж. «Мереке» баспасынан жарық көрген. Көлемі 392 бет. Таралымы 1000 дана. Бұл кітап сандаған ғасырлар бойы Қазақстан мемлекетін құруға қатысқан тарихи тұлғаларға тағзым ретінде жазылған еңбек болып табылады. Кітаптың кіріспесінде автор: «Мұның өзі біздің қазіргідей аласапыран ғұмырымызда әлемдік қауымдастық мойындаған Қазақстан секілді алып мемлекетті басқаруда ата-бабамыздың салт-дәстүрін сақтай отырып, жинақтаған асыл мұралары мен тәлім-тәжірибелерін ескеріп, еліміздің қуаттылығын арттырудың және кемел келешегін орнатудың қаншалықты қиын екендігін түсіну мен түйсінуге ұмтылыс екені анық», – деп айтып өтеді. Кітапта «Абылай хан. Аңызды аңсау...» және «Абылай хан. Тобықтай түйін» атты тақырыптар аясында қазақтың біртуар ханы Абылай туралы ой-толғанымдары берілген. Абылайдың ел басқарудағы қайраткерлігі, қолбасшылығы, саясаткерлігі жайында әңгіме өрбітеді. Сонымен қатар автор сол кездегі қазақ елінің жай-күйін де назарынан тыс қалдырмайды.

К.Қошым-Нозай

ҰЛЫС – мекен, аймақ, әкімшілік мағынасын беретін көне түркі сөзі. Түркі-моңғол халықтарында Ұ. бірнеше мағынада айтылады. 6 ғ-да Ұ. мекен, қала мағынасында қолданылған. Мыс.,



көне түркі қолжазбаларында «халықтан халыққа, ұлыстан ұлысқа, елден елге жүрдім» деген сөз бар. 13 ғ-да Шыңғыс хан әрбір ұлына иелік бөліп бергенде, олар Ұ-тар деп аталды. 16–19 ғ-ларда Сібірді мекендеген буряттар мен қалмақтарда рулық бірлестіктегі әкімш. «Ұ.» аталған. Бұл халықтардың көшпелі тіршілігінде Ұ-тар арасында жер бөлісі болған. Әрбір Ұ. орда саналып, оны ноян биледі. Ұ-тар аймаққа, хотанға бөлінді. Бұларды старшындар басқарды. Ал бірнеше Ұ-тын нояны тайшыға бағынды. Бұл халықтар отырықшы тіршілікке көшкенде де Ұ. әкімш. сақталды. Орт. Азия халықтарында Ұ. негізінен аймақ мағынасында қолданылды. Мыс., ноғай ұлысы, он сан ноғай ұлысы. «Ұлыстың ұлы күні» дегенде Ұ. «аймақтың, елдің» деген мағына берген, яғни сол елге тиесілі ең қасиетті мейрамды білдіреді.

ҰЛЫТАУ – Сарыарқаның батысында, Қарағанды және Қостанай обл-тары аумағында орналасқан ұсақ шоқылы аласа таулар жүйесі. Оңт.-батыстан солт.-шығысқа қарай 360 км-ге созылған. Жер бедері сатылы болып келеді. Орташа абс. биікт. 400–600 м, орт. қырқалы бөлігінде аласа таулар 800–1000 м-ге көтерілген. Ең биік жері Ұлытау (1131 м) мен Едіге (1063 м) таулары ортасында орналасқан. Оңт-ке қарай Кішітау (793 м), Қантөбе (676 м), Қарамола (643 м), Майтөбе таулары кездеседі. Бұл қалдық таулар жүйесінің солт-не 130 км-ге созылған Арғанаты тауы жалғасады. Орт-нда орналасқан Дондығұл тауынан (757 м) солт-ке (Қосаяқ тауы, 525 м) және оңт-ке (Қаражыланды тауы, 546 м) қарай Арғанаты таулары аласара түседі. Климатының қалыптасуында аласа таулы жер бедерінің әсері болған. Орограф. фактор темп-ралық режимі мен ылғалдың таралуын анықтайды. Қоршаған жазықтарға қарағанда ылғал 50–100 мм көбірек түседі (200–350 мм), темп-ра жазда 2–3°C-қа төмен. Шілдедегі орташа темп-ра 22°C, қаңтарда –16–17°C. Таулардағы ең ыстық ауа тем-расы 42°C, ал ең төмені темп-ра –44°C-қа жетеді. Ұ-дан батысында – Қараторғай, Сарыторғай, Үлкен Жыланшық, Дулығалы Жыланшық, Қарғалы, Байқоңыр, Қурайлы, ал шығысында – Қаракеңгір, Жезді, Жыланды, Кумола өз-дері бастау алады. Олар негізінен қар суымен толығындықтан негізгі ағысы көктемде өтеді және осы кезеңде тасиды. Жылдың қалған мезгілдерінде арналары құрғап, бір-бірінен үзіліп, қарасуларға бөлініп қалады. Ұлытауда ұсақ шоқылы шөлді дала ландшафтысы үстем. Шөлейтті даланың өсімдік құрамында боз, бетеге, жусан, дала бұталары (негізінен тобылғы) кездеседі. Ұсақ шоқылы шөлейт даланың ортасында, аласа таулар арасында

шұрат (оазис) ерекше көрінеді. Ұлытаудың етегімен көптеген бұлақтар ағады. Сайлар мен аңғарларда, ысырынды конустарында түрлі шөпті астық дақылды шалғындар, сортанды шалғындар қалыптасқан. Сирек болса да тау шатқалдары мен баурайларында көктеректі-қайыңды орман өскен. Ашық далалы өңірінде бұталы-жусанды, селеулі дала белдеуі қалыптасқан. Әр жерде қара арша, қарақат, долана, ырғай бұталары өседі. Ұ. атырабы мал жайылымына қолайлы, әсіресе қой өсіруге жайлы. Ұ. Абылайдан мұраға қалған жер атауы.

Қ.Карпеков

ҰЛЫТАУ – ежелгі тарихи өлке. Ұ-ды адамдар ерте кезден бастап мекендеген. Ұ-дың аты ежелгі грек тарихшысы Геродот, ортағасырлық саяхатшы Плато Карпини, т.б. батыс, шығыс тарихшылардың еңбектерінде, орыс, қытай саяхатшыларының жазбаларында аталады. Мұнда тас дәуірінің ескерткіштері молынан кездеседі. Қаракеңгір өз. жағасындағы Дүзен кесенесіне жақын орналасқан тас дәуірінен қалған шеберхана Қазақстандағы ең ірі ескерткіш болып саналады. Тас ғасырының Жетіқоңыр ескерткіші, қола дәуірінің ескерткіштері – елді мекендер, мазарлар мен беғазы-дәндібай мәдениеті кесенелері, ежелгі патша әулеттері жерленген Айбас дарасы, Үйтас-Айдос, Ақоба, Талдысай обалары зерттеушілер назарында болса, Қорғасын обалары мен Терісаққан жағасындағы Қа-раоба 2,5 мың жылды қамтиды. Ұ-да Мұртты обалар көп сақталған. Ежелгі ғұн, түркі, оғыз-қыпшақтар мәдениетінің ізі осы жерде ұшырасады. Балбал сомтастар өрнегінің қатары кей жерлерде 250 м-ге жетеді. Ұ-да бұдан 3 мың жыл бұрын жергілікті тайпалар мыс, қалайы, күміс, алтын өндеген. Аң аулау бейнелері, ежелгі адамдардың дүниетанымын танытатын суреттер Теректі әулие, Зыңғыртас, Арғанаты таулары жартастарында, Байқоңыр, Тамды, Жанғабыл, Жетікыз өзендерінің бойында бар. Ұ. арқылы Ұлы Жібек жолының «Сарысу» немесе «мыс жол» аталған негізгі тармақтарының бірі өткен. Аңыз бойынша алаш жұртының негізін қалаушы алғашқы билеушісі болған Алаша хан күмбезі Кеңгір өз-нің бойында тұр. Бұл өлке орта ғасырларда Дешті Қыпшақ аталған. Оның аумағы кейіннен қыпшақтардың, кимақтардың, оғыздардың ірі рулық бірлестіктері арасында бөліске түскен. 13 ғ-дың 1-жартысында Ақ Орда билеушілері Орыс хан, т.б. Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы хан Ұ-ды тұрақты қоныс еткен. Шығыс Еуропаны тізе бүктірген Бату өз. жорығын осы жерден бастаған. Ұ. жеріндегі Шыңғыс хан ұрпақтарымен байланысты сәулет ескерткіштеріне – Жошы хан, Болған ана күмбездері, Құт-лық

Темір, Келінтам мазарлары жатады. Ұ. жерінде Алтын Орда билеушілері Едіге мен Тоқтамыс та болған. Әмір Темір де осы өлкеде болып, Алтыншоқы тауында тасқа қашап белгі қалдырған. Ұ-да ақ киізге отырғызып, хан көтерген. Олардың тікелей ұрпақтары, қазақ хандығының негізін салушы алғашқы билеушілері Керей мен Жәнібек хандардың жайлауы Ұ-да болған. Қасым хан 1510 ж. Ұ-да Шайбаниге соққы берді. Әйгілі Тәуке ханды үш жүз өкілдері Ұ-да хан сайлаған. Абылай ханның ордасы да Ұ-да болған. Кетбұғы, Барақ, Көшім, Әбілқайыр, Ақжол, Қазыбек, Төле, Әйтеке билер, Бөгенбей, Қабанбай, т.б. тарихи тұлғалардың өмірлері Ұ-мен тікелей байланысты. Сондықтан да Ұ. – қасиетті жер, қазақ бірлігінің бастауы аталып келген. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында өлкенің оңт.-шығысындағы шатқалда қазақ руларының біріккен күші алғаш рет жоңғарларға тойтарыс берді. Содан бері осы жер Қалмаққырылған деп аталады. Ұ. жері патшалық-отаршылдық саясатқа қарсы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің орт. болды. Ұ-да қазақ атты жаңа ұлысты құру жөнінде тарихи алғашқы құрылтай кеңесі өтіп, оның шешімін кеңеске қатысқан рулардың өкілдері Сарысу өз. бойындағы Тасбұлақ бастауындағы биік жартасқа өз таңбаларын қашап түсіру арқылы белгілеген. Ұ-дың өте сирек кездесетін тарихи археол. ескерткіштер мен табиғат көркін сақтау мақсатында 1992 ж. табиғи-тарихи қорық-мұражай құрылды.

С.Хасенұлы

ҰЛЫТАУ КЕҢЕСІ – 1752 ж. Ұлытауда болған үш жүз өкілдерінің жиыны. 1750 ж. Жоңғарияда Лама-Доржының билік басына келуі өзара қырқысқан күрестің қайтадан тұтануына әкеп соқты. Бұл күресте жеңіліс тапқан Даваци жиендері Әмірсапа мен Байнджурмен 1751 ж. көктемде қазақтарға қашып келіп, абақ-керейлердің билеушісі Қожаберген батырды паналады. Лама-Доржы қазақ билеушілерінен өзінің саяси бақталастарын қайтарып беруді талап етті. 1752 жылдың жазында ордада Орта жүз бен Ұлы жүз батырлары мен рубасыларының құрылтайы болып, онда Абылай және батырлардың көпшілігі Давациді қолдауды жақтады. Бұл шешімді қабылдау кезінде содан аз уақыт бұрын елшілікті бастап Жоңғарияда болып қайтқан және Лама-Доржы жағдайының әлсіздігін жақсы білген Төле би шешуші рөл атқарды. Қазақтардың Давациді беруден бас тартқанына ашуланған Лама-Доржы Орта жүзге Сайын-Бөлек пен Шадыр басқарған әскер жіберді. Жоңғарлар Орт. Қазақстанда көшіп жүрген үйсін, уақ және керейлердің қоныстарына

шабуыл жасады. 3 мыңнан астам қазақ тұтқынға алынып, орасан көп мөлшерде мал мен мүлік қолға түсірілді. Бұған жауап ретінде Абылай Сайын-Бөлекке қарсы Давациді жіберді, оған Қожаберген басқарған абақ-керейлердің жасағын және қазақ ұлыстарында тұтқында жүрген барлық жоңғар жауынгерлерін қосып берді. Сонымен бірге ірі ауқымды соғысқа дайындық басталды, қазақ ауылдары асығыс Тобыл мен Обағанға көшіріліп, қазақ жасақтары Торғай өзенінде жиналатын болып белгіленді.

Әдеб.: Сулейменов Р., Моисеев В. А., Из истории Казахстана XVIII века, А.-А., 1988; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

ҰРАН – халықты, кейде жеке адамдарды да жеңіске, ерлікке шақыратын айбарлы сөз. Ол ежелгі халықтардың рулық, тайпалық құрылыс жағдайына байланысты пайда болған. Жауға қарсы аттанғанда руластарды жігерлендіріп, олардың рухын көтеру үшін Ұ. шақыру халықтардың бәрінде де болған. Екі палуан күрескенде де, бәйгеге ат қосқанда да Ұ. шақырылған. Әмір Темірдің, Тоқтамыстың жорықтарын баяндайтын шығармаларда «сүрен салу» деген бар. Ол да Ұ-мен мәндес. Халықтың немесе рудың, тайпаның Ұ-ы аса құрмет тұтатын ата-бабаның, асыл ананың немесе сол халық табынатын табиғи күштің ағынан шығады. Ұ. көшпелі түркі-моңғол халықтарында көп тараған. Қазақ жүздерінің, руларының, тайпаларының бәрінің де өз Ұ-дары бар және олар әр түрлі. Мыс., албанның Ұ-ы – Райымбек, суанның Ұ-ы – Байсуан, арғынның ортақ Ұ-ы – Ақжол, найманда – Қаптағай, қыпшақта – Ойбас, Ұлы жүзде – Бақтияр, Кіші жүз адайда – Бекет, беріште – Ағатай, тамада – Қарабура, т.с.с. Іргелі рулардан тұратын тайпалардың Ұ-дары да бөлек болады. Мыс., найманнан тарайтын қаракерей Ұ-ы – Қабанбай, арғыннан тарайтын сүйіндік Ұ-ы – Жолбике, жалайырдың андас руының Ұ-ы – Балпық. Арғын ішінде қаракесек руының Ұ-ы – Қарқабат, бұл – оның анасының есімі.

Әдеб.: Рашидад-Дин, Сборник летописей, М.-Л., 1952; Ахметжанов Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996; Арғынбаев Х., Мұқанов М. С., Востров В. В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

С.Хасенұлы

ҰРАН-ОТ – соғыс кезіндегі белгі беру әдісі. Жаугершілік заманда қазақ рулары сақтық шараларына көп көңіл бөлген. Жолдарға күзеттер қойылып, бірнеше шақырым жерлерге аз адамдардан шолғыншылар жіберілген. Жау келетін жолдарда төбелердің үстіне қарауылдар қойылып, ондай төбелерді «қарауыл төбе» деп атаған. Ол төбелерде қарауылдар қауіп төнгенде хабар беретін оттар жағып, оны Ұ.-о. деп атаған. Түнде

ҰСТА



көптеп жағылған оттар жаудың жақындағанын не шабуылын білдірген, сол себепті әскерлер не тұтастай ауылдар сол түнде орнынан қозғалып, көшіп кеткен. Маңғыстау адайлары түркімендер шабуыл жасағанда түнде от жағып, ішке қарай көшіп кетіп отырған, отты көрген көршілері де сол түні от жағып, басқаларға белгі беріп өздері көшіп кеткен. Сөйтіп, алдында ғана бейбіт отырған қазақ ауылдары таң ата із-түзсіз жоқ болған. Жоңғарлармен жаугершілік заманда Орта жүз қазақтары да осылай істеген. Бұл туралы деректер ауыз әдебиетінде көп кездеседі.

ҰСТА – шебер, ісмер адам. Түрлі материалдардан тұрмысқа, күнделікті өмірге қажетті заттар, бұйымдар жасаған. Ұ-ның негізгі құралдары: көрік, төс, ерітетін ожау, балғалар, көсеу, бұрғы, қашау, егеу, шеге, сым, қалыптар. Ұ. қалыпта құю, соғу, шегендеу, кара бағдар қондыру, зер жүргізу, сіркелеу сияқты тәсілдерді қолданған. Қазақстан аумағындағы ұсталық өнер қола дәуірінен бастап кеңінен дамыған. Жасайтын материалына не бұйымына қарай дәстүрлі қазақ қоғамында Ұ-лар мүйізші, ерші, тоқушы (шыбық тоқушы), ағаш оюшы, сазгер, майдагер, мыскер,

балғашы, таспашы, бәдізші, темірші, т.б. болып бөлінген. Көпшілік Ұ-лар ұсталықтың бірнеше түрін меңгерген. Халық арасындағы мәліметтерге қарағанда ұсталықпен бастапқыда бақсылар айналысқан. «Тәңірдің өзі жіберген іс істеуші адамдар» деп оларға халық аса құрметпен қараған. Темірші Ұ-лар өз ісіне кірісер алдында мал сойып, қан жағу, сүт шашу сияқты жоралғыларды жасап отырған және рухани тазалыққа мән берген. Ұ-лар темірді төске басар кезде «менің қолым емес, Тәңірдің қолы» деп табынған. Мұнда «мен жасағам» деген менмендіктен арылу, сақтану бар. Жаугершілік заманда темірші Ұ. мен берен Ұ. өнері батырлықпен бірдей бағаланған. Себебі олар әрбір жауынгерге ең кемі бес қаруын, сауыт-дұлығасын, т.б. қажетті заттарын тез арада дайындап беріп отырған. Ұлттық саз аспаптарын жасайтын белгілі сазгер Ұ-лардың да туындыларын қазақ сал-серілері арнайы алдыртқан, тапсырыс берген. Дәстүрлі қазақ қоғамында ұсталық киелі кәсіп ретінде бағаланған. Ұ. дүкенін, көрігін, құрал-саймандарын да киелі санаған. Ұ-лық кәсіп ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады.

Г.Сабденова

Ү

ҮЗЕҢГІ – ер-тұрман әбзелдерінің бірі. Ердің екі қапталына қайыс бау арқылы тағылады. Екі қабырғасының жоғ. жағында таралғы өткізетін тесік болады, ал аяқ киімнің табаны тұратын жері тұтас сопақша болып келеді. Археол. зерттеулерге қарағанда Ү. б.з.б. 1-мыңжылдықтан бастап қолданылып келеді. Ол атқа оңай мініп-түсу үшін және ат үстінде мығым отыру үшін пайдаланылады. Жауынгер шауып келе жатқан аттың үстінде Ү-ге аяғын тіреп тұрып найзасын сілтегенде, оның күші екі есе көбейген. Қазір ғалымдар атты әскердің пайда болуын Ү-ні ойлап табумен байланыстырады. Бұл қарапайым зат бүкіл көшпелі өркениеттің алға басуына өз ықпалын тигізген. Қазақ шеберлері Ү-ні ағаштан, қоладан және темірден жасаған. Ағаш Ү-лер (солт. аудандарда) қайыңнан иілген. Темір Ү-лердің сыртын күміспен әшекейлеген. Кейде ою-өрнектер де түсірілген. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ү-нің түрлері (жалпақ табан, торлама, ашамай, т.б.) көп.

Г.Қасенова

ҮЙ – Тобыл алабындағы өзен. Қостанай обл. Қарабалық ауд. жерімен ағады. Ұз. 462 км. Су жиналатын алабы 34400 км² (оның 5500 км²-і Қазақстанда). Бастауы Башқортостан (Ресейден) жеріндегі Азнашево с. тұсынан (Орал т-ның шығыс беткейі) басталып, Қаражар а-нан 10 км жоғары Тобыл өз-не құяды. Қостанай обл. жеріндегі ұз. 235 км. Ең ұзын саласы – Тоғызак. өзеннің оң жағалауы бұйратты жазық. Ү. өңіріндегі жердің жартысынан артығы егістік. Аңғарының ені Новоукраинка а-на дейін 1,8–3,0 км, қалған бөлігінде 4–6 км. Жайылмасы бас жағында 60–80 м, төм. ағысында 2,0–3,2 км. Жауын-шашын суымен толысады. Суы көктемде, жазда тұщы, сәл кермек, ауыз суға жарамды. Суы егін, мал суаруға, елді мекендер тұрғындарының қажеттігіне пайдаланылады. 1737 ж. мамыр айында Әбілқайыр хан Үй өз. жағалауын уақытша жайласа, Абылай да осы өз. жағалауындағы Үй бекінісіне таяу жерді жайлаған.

Ж.Достай

ҮЙСІН, У с у н – қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі түркі тайпаларының бірі. Ежелгі қытай жазбаларында Ү. атауы б.з.б. 2 ғ-дан бастап кездеседі. Ғұндардың күшеюінен

қорыққан Қытай үкіметі өзіне одақтас іздеп, батыс елдеріне елшілік жіберді. Қытай елшісі келген кезде Ү-дер Қытаймен және ғұндармен терезесі тең қуатты мемлекет болды. Ү-нің шығу тегі, таралуы, халықтардың тарихындағы рөлі жайында тарихи-генеалог. зерттеулерде талас пікірлер азды-кемді ұшырасады. Оған себеп жазба дерек көздері. Оларда адамдардың есімі, лауазымы, қытай транскрипциясы бойынша жазылған. Атап айтқанда, 7 ғ-дағы Қытай жазушысы Чингу, «Батыс өлкенің өзге шетелдіктерінен Ү-дердің едәуір айырмашылығы бар, олардың көзі көк, жирен сақалды» деп жазады. Ү-дердің шаруашылық жағдайы мен мәдениеті жайындағы деректер археол. қазбалардан анықталып отыр. Б.з.б. 105 жылдарда Ү. күнбиіне ұзатылған Қытай императорының қызы киізбен ораған дөңгелек үйде тұратынын, ет, сүтпен қоректенетінін айтып, өлеңмен зарлы хат жазған. Жазба деректемелерде б.з.б. 1 ғ-да Ү. халқының жалпы саны 630 мың адам (120 мың түтін) болғаны айтылады. Олар 188 мың 800 адамнан тұратын әскер ұстаған. Алғашында Бұлыңғыр өз-нің бойын мекендеген. Б.з.б. 2 ғ-дың орта шенінде Жетісуға, Іле бойына ығысқан. Дегенмен, олардың барлығы көшпеген деген ғыл. жорамал бар. Оны шығыстанушы С.Е.Малов Тоныкөк ескерткіштеріндегі Ү. есімінің жазылуымен дәлелдейді. Жетісу Ү-дерінің шығу тегін анықтау жолында А.Н.Бернштам, К.А. Акышев, Г.А.Кушаевтар археол. қазба жұмыстарын жүргізді. Шығыстағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі деректер де осындай бұлтартпас қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл деректерге сүйенген Ресей ғалымдары Ү-нің исседондармен туыс екенін дәлелдеп, оларды Тянь-Шань және Шығыс Түркістан тармағы деп бөледі. Б.з. 6 ғ-дан бастап Ү. этнонимі тарихи әдебиетте кездеспейді. Бірақ одан тараған рулар дулат, албан, шігіл (жікіл) Түрік қағандығы кезіндегі мемлекеттерді құруға қатысқан. 13 ғ-да Рашид әд-Диннің шығармасында Шағатай ұлысындағы Ү. халқы туралы айтылады. Жетісу, Оңт. Қазақстанды мекендеген Ұлы жүз құрамындағы тайпалардың жалпы атауы ретінде халық арасында да, жазба әдебиетте де қолданылды. Қазақтың дәстүрлі шежіре деректері Ү-ді Шыңғыс хан заманындағы Майқы биден таратады. Ботбай руынан шыққан Диканбай батырдың шежіресінде (Н.А.Аристов жазбасында) Майқы биден: Қаңлы, Бақтияр, Қырықжүз, Мыңжүз. Бақтиярдан: Үйсін, Ойсыл. Ү-нен: Ақсақал (Абақ), Жансақал (Тарақ). Абақтан – Қараша, одан Бәйдібек, Байтулы. Ұлы жүздің негізін құраған тайпалар Бәйдібектің балалары болып саналады. Олар: албан, дулат, суан, шапырашты, сарыүйсін, ошақты, ысты. Ш.Ш.Уәлихановтың жазбаларында Ү. – бұл



тайпалардың ғана емес, Ұлы жүздің барлық тайпасының түп атасы. Онда Төбейден – Ү., одан – Қойылдыр (Қатаған, Шанышқылы), Мекрейіл (Жалайыр), Майқы (Абақ), Қоғам (Қаңлы) тарайды. Ү. қырғыз халқының құрамында да бар. Солты тайпасының бір тармағы Усон, Қаракесек тармағы Сарығүйсін, Бағышындағы Қалша аталары Ү. деп аталады. Сол сияқты Ү. қарақалпақтардың құрамына да енген.

Әдеб.: В о с т р о в В. В., М у к а н о в М. С., Родоплеменной состав и расселения казахов (конец XIX–начало XX вв.), А.-А., 1968; Қазақ шежіресі, А., 1994; А р ғ ы н б а е в Х., М ұ қ а н о в М. С., В о с т р о в В. В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Д.Жұмаштегі

ҰҚІБАЙ Найзабекұлы (1778–1856) – би. Ү. сөзге тапқыр, от ауызды, орақ тілді шешен адам болған. Сол себепті оны Шоң би қадыр тұтқан. 1831 ж. Орта жүздің қаржас және қанжығалы рулары арасында Ереймен қыраттары үшін таласта жеті адам мерт болады. Орыс жағы әкімш. заңымен екі жақты бітімге келтіре алмағаннан кейін істі қазақтардың өзіне тапсырады. Билердің келісімі бойынша бұл даулы мәселені Ү. шешеді. 1833 ж. Баянауыл округінің құрамына кіретін Сатылған – Алтынторы болысының басшысы болып сайланған. 1839 ж. Батыс Сібір ген.-губернаторының жарлығы бойынша Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан болыстар ыдыратылып, басқа болыстарға таратылып берілді. Бұл іске Ү. араласып, Сатылған – Алтынторы болысын ыдыратпай аман алып қалған. Ү-дың билігі жөнінде ел аузында көптеген аңыз-әңгімелер сақталған.

Қ.Исабай

ҰМБЕТӘЛИЕВ Шора (Александр) Бисемәліұлы (16.6.1941, қазіргі Астрахан обл. Володар ауд. Тюрино а. – 8.1.2007, Алматы) – әнші (бас), Қазақ КСР-інің халық арт. (1984). 1970 ж. Алматы мемл. консерваториясының (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) вокалдық ф-тін (проф. Н.Шәріпованың класы бойынша) бітірген. Өнер жолын көркемөнерпаздар үйірмесінен бастаған. 1968 жылдан Қазақтың мемл. академ. опера және балет театрының жеке (соло) әншісі. Негізгі партиялары: Сырттан (А.Жұбанов пен Л.Хамиди, «Абай»), Бекежан мен Қожақ (Е.Г. Брусилковский, «Қыз Жібек») пен «Ер Тарғын»), Мазамхан (Қ.Қожамиров, «Садыр палуан»), Мылқау және Абылай хан (С.Мұхамеджанов, «Ақан сері – Ақтоқты») мен «Жұмбақ қыз»), Кеңгірбай (Ғ.Жұбанова, «Еңлік-Кебек»), Тайшық (Е.Рахмадиев, «Алпамыс»), Греммин (П.И.

Чайковский, «Евгений Онегин»), Мельник (А.С.Даргомыжский, «Су перісі»), Пимен (М.П.Мусоргский, «Борис Годунов»), Кончак пен Галицкий (А.П.Бородин, «Князь Игорь»), Сперафучиле Мантероне, Рамфис және патша (Дж. Верди, «Риголетто» мен «Аида»), Лепорелло (В.А. Моцарт, «Дон Жуан»). Ү. өзінің концерттік репертуарымен қазақтың халық әндерін («Япурай», «Бір бала», «Қара торғай», т.б.) насихаттауға да белсене ат салысты. Ү. Орта Азия мен Қазақстан әншілері байқауының лауреаты (1969). 1983 жылдан қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясында ұстаздық етті.

Т.Әлибақиева

ҰМБЕТЕЙ Байсейітұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Орта жүз ішінде арғын тайпасынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде ерлігімен көзге түскен. Ұлдары Жасыбай, Аранбай жоңғар-қазақ соғыстары кезінде қаза болған. Ал Жиенбай, Аралбай есімді ұлдары Пугачев бастаған шаруалар соғысы кезінде қазаға ұшырады. Ү-дің 7 әйелінен 29 ұлы болған. Олардан тараған ұрпақтар бүгінде «Үмбетей руы» деп аталады. Ү. – Ахмет Байтұрсынның арғы атасы болып келеді.

ҰМБЕТЕЙ Тілеуұлы (1697, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Қаратау өңірі – 1786, қазіргі Ақмола обл. Ерейментау ауд.) – жыраулық поэзияның көрнекті өкілі. Ү. қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күресінің қызу ортасында болып, тарихи оқиғаларды жырлаған. Ү. шығармаларының тарихи және әдеби көркемдік дәрежесі оның қанжығалы Бөгембай батырды жоқтауы мен батырдың дүниеден өткенін Абылайға естірту жырларынан айқын көрінеді. Мұның алғашқысында жоңғарларға қарсы күресте асқан ерлігімен көзге түскен халық батыры Бөгембайды дәріптесе, соңғысында Абылайға ханның күші батырмен, елмен бірлікте екенін ескертеді. Ү-дің Бұқар жырау өмірін суреттейтін толғауы да тарихи деректерге толы, көркемдігі жоғары, аса құнды шығарма. Оның өз ағалары Бөке мен Жауғашардың елге жат мінез-құлықтарын әшкерелейтін жырларында сыншылдық сарын басым. Жырау шығармаларының негізгі тақырыбы – ел қорғау, жер қорғау күресі, халық ынтымағы, береке-бірлігі. Ол – халық мүддесін жырлаған. Халық мүддесіне жат мінез-құлықты, хансұлтанның бет-жүзіне қарамай әшкерелеп айтағын әділ, адал, турашыл ақын болған. Ү-дің бірқатар өлеңдері «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «Бес ғасыр жырлайды» (1-т., 1984) жинақтарында жарияланды. Үмбетей Тілеуліұлы (1697–1786) – жырау. Әдеб. 1500.

**ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУДЫҢ БӨГЕМБАЙ БА-
ТЫРҒА АЙТҚАНЫ** – арнау жыр. Онда Бөгем-
байдың батырлық, көшбасшылық дара тұлғасы
былайша суреттеледі. «Уа, Алатаудай атадан, Асыл
тудың, Бөгембай, Болмашыдай анадан Болат тудың,
Бөгембай! Қалақайлап дулатқан, Қалқамандап
шулатқан, Қалмақты алдың, Бөгембай! Құбыла
көшкен байтақтың Ордасындай Бөгембай! Темір
жұмсап, оқ атқан, Қорғасындай Бөгембай!
Қолтығы ала бұғының Пәйкесілдей Бөгембай!
Жалаңкыя жерлерден Жазбай түсіп түлкі алған,
білегі жуан бүркіттің Тегеурініндей Бөгембай!
Баянаула, Қызылтау, Абралы, Шыңғыстау, Қозы
Маңрақ, Қой Жанрақ. Арасы толған көп қалмақ;
Қалмақты қуып қашырдың, Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың! Ақ шәуліге қос тігіп,
ауыр қол жидырып алдырдың, Қалмаққа ойран
салдырдың; Қабанбай мен Бөгембай, Арғын менен
Найманға Қоныс қылып қалдырдың!»

Ә.Хасенов

ҮРГЕНІШ, К ө н е Ү р г е н і ш [Г у р г а н ч,
Г у р г а н д ж (парс.) Д ж у р д ж а н и я] – ежелгі
қала, ортағасырлық Хорезм мемлекетінің аста-
насы. Орны қазіргі Түркіменстан Республикасы,
Ташауыз уәлаятындағы Көне Үргеніш елді ме-
кенінің жанында. Ү-тің пайда болған уақыты
анықталмаған. Қала жөніндегі алғашқы деректер
мұсылман жазбаларында келтірілсе де, қаланың
арабтар келерден әлдеқайда бұрын салынғаны
күмән туғызбайды. Ү-тің гүлдену кезеңі 12–13 ғ-
лардағы хорезмшаһтар билік еткен кезеңге тура
келеді. 1388 ж. Ү-ті Әмір Темірдің әскерлері
қиратты. 1391 ж. ішінара қалпына келтірілгенімен,
даму қарқыны төмендеді. 17 ғ-да қала тіршілігі
құлдырап, кері кетті. Оның негізгі себептерінің
бірі – Әмудария өз. арнасының ауысып, қаланың
судан қашық қалуы еді. Ү. тұрғындарын Хиуа
ханы Әбілғазы жаңа Ү-ке көшірді. Ү-те сақталған
тарихи-мәдени ескерткіштердің қатарына Фахрад-
дин Разидің кесенесі (12 ғ-дың 2-жартысы), Текеш
кесенесі (12 ғ-дың соңы мен 13 ғ-дың бас кезі),
Құтлұқ Темір мұнарасы (1321–33), т.б. жатады.

Әдеб.: Труды Хорезмской археолого-этнографичес-
кой экспедиции, т. 2, М., 1958; Б а р т о л ь д В. В.,
Сочинения, т. 3, М., 1965; П и л я в с к и й В. И., Куны-
Ургенч, 2 изд., Л., 1974.

С.Өтенияз

«ҮРКЕР» – Қазақстанның Ресейге қосылуын көр-
кем бейнелейтін төрт бөлімнен тұратын тарихи
роман. Авторы – Әбіш Кекілбаев. Алғаш рет 1981 ж.
жарияланған. Шығармаларының жиырма томдық
толық жинағына енген. Романның негізгі бас
кейіпкері – Әбілқайыр. Тарихи-психол. романдағы
оқиға негізгі қаһарманның ойымен дамиды. Оны

Іле бойындағы шайқасқа қатысты Әбілқайырдың
психол. монологу растайды. «Қаншама сұңғыла
қолбасшы, қаншама ержүрек батыр болсаң да,
жүйезізден жүйе табу, мағынасыздан мағына табу
қолдан келмейтін шаруа екеніне» көзі жеткен
Әбілқайыр жоңғарларды Іле бойынан түре қуып
тастаудың оңай еместігіне көзі жетеді. Осындай
тығырыққа тірелген сәтте қазақ қолын бастайтын
Абылайдай батырды іздеген оның көз алдына
Әбілмансұрдың «Абылайлап!» салған соғысы
елестейді. Әбілқайырдың алдындағы шайқасқа
Әбілмансұр қолының келіп араласуы – оның
түпкі мақсаты. «Сабалақ-сабалақ сары ат мініп,
қалың жауға «Абылайлап!» жалғыз тиіп, баудай
сұлатқан Әбілмансұр сұлтан сол шайқастан
Сабалақ батыр атанып қайтқан-ды», – деген
жолдар Бұланты бойындағы ұрыста танылған
Абылай өміріне қатысты тарихи шындықты
жаңғыртады. Жазушының оның Сабалақ атануын
астындағы сабалақ-сабалақ аттан іздейтіні
байқалады. Төле биге сәлем бере келген Бөгембай:
«Шырағым, көзің отты бала екенсің, Мінезің
бөлек біткен хан екенсің. Жазға салым қалмаққа
аттанамыз, Соған да керек болар жан екенсің»,
– деп астындағы Нарқызыл атын беріп кетеді.
Алғашында осылай танылған Абылайдың қол
бастаған кездегі бейнесі тіпті бөлек. «Ол бұл
жолы қол бастап келді. Екі жағына қылыш
жанығандай қарасұр, томаға көз сұлтанның өн
бойында бір оқ жыландай ысқырынған суық ызғар
бар» (331-б.), – деп, Абылайдың бозбала шағы
мен қол бастаған кезін бұлжытпай бейнелеген
жазушы оны қасында жүрген Әбілқайырдың
көзімен суреттейді. Заманақырдың өзі болған
ақтабан шұбырындының аласапыранын еске
алған Әбілқайыр Аңырақай жазығында қазақтың
жеңіске жеткендігін Барақтың сөзімен: «Бұл
жолы қысылтаяң жерде Абылай айла таппағанда,
ұрыстың артының қойболды боп кетуі әбден
мүмкін еді» (339-б.), – деп жеткізген. Сол соғысты
еске алып қана қоймай, Абылай бастаған қолдың
өзіне жәрдемге келгенін күткен «Әбілқайыр
қасында қалған Кіші жүз қолы жығылған ат пен
жайраған өліктен көз тұнатын ұшан жазыққа қарап
біраз тұрды да, аттарына қамшы басты» (338-б.).
Жоңғарға бодан болмаймыз деп, қызыл қырғынға
ұшырап жатқан қазақты орысқа өз аяғымен
апарып бодан етудің арты неге соқтыратынын
білмей, тығырыққа тірелген Әбілқайырдың
осындай психол. тоқырауға шалдыққанда Үш
жүздің басын қосқан Абылай ханды іздеуі орын-
ды болса керек деген ойды жазушы, негізгі
оқиғаға сыналап қосқан. Сабалақ атпен жүрген
Әбілмансұрдың жиырма жасында «Абылайлап!»

ҮРІМЖІ



жоңғарға шауып, Қонтәжінің ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіруі, жоңғарға қарсы қазақ қолын бастаған батырдың Аңырақай жазығында жеңіске жетуі Әбілқайырға үлкен міндет жүктейді. Ел басына күн туған заманда одан шығар жолды дұрыс таңдай білу – ел басқарған басшылар мен қол бастаған батырлардың міндеті. Сондықтан да бұл оқиғалар психол. күйзеліске ұшыраған негізгі қаһарманды тығырықтан алып шығар жолдың қызметін атқарған.

Г.Орда

ҮРІМЖІ, Ү р і м ш і (қыт. Дихуа) – ҚХР-дың Шыңжаң ұйғыр автономиялы районының орталығы. Үрімжі шұратында орналасқан. Орта ғасырларда Ү. өңірінде юйлүң (Ұрым) атты түркі тайпасы өмір сүрген және Үлнтай (Үрімтай) деген қала болған. Ү. деген атау сол Үрімтай деген сөзден шыққан дейтін жорамал бар. Кейбір ғалымдар Ү. моңғол тілінде «Көркем жайлау» дегенді білдіреді дейді. 16 ғ-да моңғолдың ойрат тайпасы шығыстан ауып келіп, Ү. өңіріне қоныстанды. 1755–57 ж. Цинь патшалығы Жоңғар хандығын жойып, 1759 ж. бүкіл Шығыс Түркістанды бағындырып, Тянь-Шань өңіріне өз билігін орнатты. 1763 ж. Цинь патшалығы қазіргі Ү. қ-ның ішіндегі Хуңшань (Қызыл тау) маңынан қала-қорған салып, атын «Ди хуа» (ақыл көзін ашу, ағарту және

келтіру деген мағынада) қойды. Сол кезден бастап қала құрылысы үздіксіз салынды. Цинь өкіметі Абылай ханмен келісу арқылы 1758 ж. Ү-ден қазақтармен сауда жасайтын арнайы базар ашты. Сол жылы Қабанбай батыр бастаған қазақтың сауда делегациясы Ү. базарына жылқы айдап барып сауда жасады. Содан кейін Ү. біртіндеп Шығыс Түркістандағы негізгі сауда қаласына айналды. Бағыс Қытайдағы мұсылмандар көтерілісі талқандалғаннан кейін 1884 ж. Ди хуа Шыңжаң өлкесінің орт. болып белгіленді. Ү. тұрғындары көбейіп, қала құрылыстары ұлғая түсті.

Н.Мұқаметханұлы

«ҮШ ҚОҢЫР» – газет. «Үш қоңыр» қоғамдық қоры құрылтайшылық ететін басылым 2009 жылдан бері жарыққа шығып келеді. Басылымның негізгі мақсаты – еліміздің әдебиетін, мәдениетін, өнерін көтеруге үлес қосу. Көлемі 2 баспа табақ, таралымы 10000 данадан асады. Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы Болат Батыр. Бас редакторы – Гүлжанат Шонабай. Газетте Қ.Дүйсеннің «Абылай ханның 300 жылдығында қаламгерлер марапатталды», Қ.Тоқмырзиннің «Сүйінші, Алаш жұрты! Абылай тарихы нақтыланды» атты мақалалары және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай



ФАЙЗОЛЛА – сұлтан, Әбілмәмбет ханның ұлы, 1762 жылға қарай Қытай империясы жоңғарлардан босаған жерлерге қалың әскер орналастырып, қазақ хандығының шегіне таяп келгенімен, Орта жүздің қазақтарына алым-салық салмақ ниетін, Түркістанды басып алу ниетін ашық білдіре бастайды. Осындай шиеленіскен жағдайда қазақтар қытай империясына ашық қарсылық көрсетеді. Соның бір дәлелі ретінде 1762 жылдың жазында Қытайдан келген 36 елшіні Әбілмәмбет хан қабылдамай, өзінің ұлы Ф. сұлтанның ордасынан қайтарып жіберген және қытайдың зорлығына қазақтардың көнбейтінін айтып хат жазған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 343-б.; Та й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ФАЛЬК Иоганн Петер (1727, Швеция – 1773/74, Санкт-Петербург, кейбір деректерде Қазан к.) – ғалым, дәрігер, табиғат зерттеушісі, топограф және тарихшы, Ресей ҒА-ның акад. Ужаль унтінің мед. ф-тін бітірген. Санкт-Петербург ҒА-ға кепілдеме бойынша алынып, Ботаника бағының директоры болған. 1768 ж. ҒА-ның тапсырмасымен И.Г. Георги басқарған экспедиция құрамында болып, Ресей империясының шығыс бөлігінің табиғатын, тарихы мен этнографиясын зерттеді. 1771 ж. Сібірге саяхат жасап, Қабан, Становой қорғандарында және Қасірет белдеуі бойындағы көлдерде болған. Қазақстанның солт. және шығыс аудандарына саяхат жасаған Ф. Каспий төңірегіндегі ойпаттың пайда болуы жөнінде П.С. Палластың пікірін қолдады. Ф. өзі Сібірге барар жолында басып өткен Есіл даласы туралы қысқаша геогр. очерк жазған. Очеркте Есіл даласының жер бедерінің сипаты, Петропавл қ. тұсындағы Есіл жағаларының геол. құрамы туралы кейбір мағлұматтар берілген. Топырағының құнарлылығы атап көрсетіліп, өсімдіктері суреттелген, сондай-ақ Есіл өз-нің біршама толық гидрогеол. сипаттамасы келтірілген. Семейге барған сапарында Жоңғар Алатауы мен Солт. Тянь-Шань аймақтарында болған. Мұны 1825 ж. оның жолсерігі Х.Барданес жарыққа шығарған Ф-тің «Қырғыз және Зюнгар

даласы туралы хабарлама» деген еңбегі дәлелдейді. Бұл шығармада Ф. Жоңғар (Жетісу) Алатауы мен Тянь-Шаньда биік жоталар мен тау араларындағы қыраттардың көп екені туралы ойын білдіреді. Балқаш к. жанындағы құмайт алаңқайлар, Кеген мен Қарқара өзендеріндегі тас тұз, Ақсу өз. алабындағы жер сілкірудің іздері және басқалары жайында сөз болады. Ф. сонымен қатар Батыс Қазақстан аймағының тұрмыс-салты, флорасы жөнінде құнды материалдар жинады. Оның қолжазбасы Санкт-Петербург ҒА-ның баспасында 1785–86 ж. неміс тілінде жарияланды. Кіші жүз қазақтары жөніндегі бағалы басылымы 1818–25 ж. орыс тілінде жарық көрді.

Шығ.: Полное собрание путешествий ученых по России, издаваемое императорской Академией наук, по предложению ее президента, с примечаниями, изъяснениями и дополнениями. т. 6. Записки путешествия акад. Фалька, СПб., 1824.

Әдеб.: Г н у ч е в а В. Ф., Материалы для истории экспедиций Акад. наук в 18 и 19 вв., М.-Л., 1910; Б е й с е н о в а Ә., Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы, А., 1990.

С.Рустемов

ФАТИМА (1809/11 ж. ш., Орынбор қ. – 2.10.1845, Бөкей Ордасы) – Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің әйелі. Орынбор және Уфа муфтиі, Қазан ун-тінің құрметті мүшесі Мұхамеджан Хұсайыновтың (Гусеиновтың) қызы. Жәңгір ханға 1824 ж. тұрмысқа шыққан. Өз кезінде мұсылманша және еуропаша жақсы білім алып, тәрбиеленген зиялы, ақылды әйел болған. Бірнеше шығыс және еур. тілдерді (орыс, француз, неміс) еркін меңгерген. Қазанда, Орынборда жоғары деңгейдегі қабылдауларда болып, 1826 ж. Жәңгірмен бірге Санкт-Петербургте Николай I патшаның таққа отыру салтанатына қатысты. В.И.Даль, Г.С.Карелин, В.А.Перовский, Фукстермен таныс болып, олармен пікірлескен. Жәңгір ханның кеңесшісі болып, оның барлық бастамаларына көмектесіп отырды. Халық арасында Ф-ны еркелетіп, «Фатима тоташ» деп те атады. Оқу-білім тарату, отырықшы өмірге көшуді жақтады. Хан ордасының салынуына ықпал етті, Жәңгір хан ашқан мектепте сабақ та берді. Халық арасында Жәңгірдің үлкен әйелі Жүзім мен кіші әйелі Айсұлудың өлімін Ф-ның есімімен байланыстыратын болжам бар. Алайда мұрағат деректері бұл болжамның негізсіз екендігін дәлелдеген. Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейін (1845 ж. 9 тамыз) Ф. Ресей императорының бұйрығымен ханның мұрагері болып бекітілген және Жәңгірдің еркіне сай өзінің үлкен ұлы Сақыпкерейді хандық билікке отырғызуды өтінді. Алайда патша үкіметінің Бөкей Ордасындағы

ФРАУЕНДОРФ



хандық билікті жоюға мүдделі болуына байланысты Орынбор өлкесінің губернаторы ген. В.А. Обручевтің бұйрығы бойынша Сақыпкерей Санкт-Петербургке жіберілді. Ф. 1845 ж. 2 қазанда қайтыс болды.

Әдеб.: З и м а н о в С., Россия и Букеевское ханство, А.-А., 1982.

Ш. Аманжолова

ФРАУЕНДОРФ Карл (т.-ө.ж.б.) – фон ген.-майор, Сібір шебінің командирі әрі қолбасы. Ол 1763 жылғы 11 наурызда Қазыбек би туралы мәлімхатында: «Шекараға іргелес аймақта қазақтардың Орта жүзінің Абылай сұлтанға қарайтын ұлыстары көшіп-қонып жүреді. Абылай бұл жақта бүкіл Орта жүздің басты билеушісі болып саналады. Алайда қазақтар Абылай сұлтанды үнемі тыңдай бермейтін көрінеді. Билік ісінде Абылай өзі де кейбір ел ағаларынан келісім, кеңес сұрап отыратын болса керек» деп жазыпты. Одан әрі Орта жүздің қазақтары 30 жылдан астам уақыт бойы Ресейдің қоластында екенін айта келіп, Абылай сұлтан да, Қазыбек би де

қазақтың Орта жүзін Ресей жағынан аулақтатып, Қытайдың қоластына енгізбек ниетте болғанын, ал Қытай боғдыханы жоңғардың бос қалған жерінен Қазыбек биге қалағанынша жер бөліп беруге уағда еткенін тілге тиек еткен. Бірақ қазақ биі Ресей мемлекетінің күш-қуатынан қаймығып, Қытайдың ұсынысына жауап бермеген. Сондай-ақ Абылай сұлтан мен Кіші жүздің Ералы сұлтаны былтырғы күзде төменгі қарақалпақтарды шабуға көп қолмен кеткен. Бұл соғысқа себеп болған жағдай мынадай еді: Кіші жүздің алшын руының Бөрі сұлтаны төменгі қарақалпақтарға хан болып сайланған еді, әрі ол Абылайдың қызын алған күйеу баласы болатын. Бірақ оны қарақалпақтардың өлтіргенін есітіп, Абылай кек алу үшін оларға қарсы аттанған еді. Алайда қарақалпақтар Бөрі сұлтанды өлтіргені үшін соның алдында ғана Абылайдан кешірім сұрапты, ал Абылай жорықтан әлі қайтпаған. Бұл сапардың немен аяқталатыны әлі белгісіз. Бұл оқиғалардың бәрін Ф. сыртқы істер алқасына мәлімдеген.

Н.Ақбай

Х

ХАДАХА (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – қытай генералы. 1736 жылғы 3 қазандағы қытай генералы Дардананың мәлімдемесіне қарағанда, «қазақтардың бізге тұтқын болған Шүрек және Аралбай деген азаматтары арқылы Абылайға Әмірсананы тұтқындау туралы хабар айттық. Одан кейін Хадаха да қазақтың Хангелді, Жауғаш деген екі адамын ұстап, олардан Әмірсананы тұтқындау туралы Абылайға ұғындыруды өтінді. Хангелдіні алып қалып Жауғашты босатты. Бұған қоса сол қанат генералы Хадаха былай деп хабарлайды: «Біз қазақ қолын қайтарғаннан кейін, жасауыл әкімі шеріктерін бастап, Сайкөсуге кетті. Біз олардың соңынан ердік. Олар Абылайдың соңғы топ әскерін қуып жетіп, 100-дей адамын өлтірген, 20-дай ат пен қару-жарақ олжалаған. Одан Абылай қолының Бөгембай бастаған тобымен шайқасып, олардың 20-дай адамын сұлатқан. Бір адамын қолға түсірген, 40-тай сәйгүлік олжалаған. Одан соң Абылай, Бөгембайлардың соңынан қуып, қолдарын ыдыратқан». 1757 жылғы 9 ақпандағы Қытай патшасының жарлығында айтылғандай, «Сатқындарға қолды болған қарауылымыз қашып келіп, Әмірсананың жақын маңда екенін Дарданаға мәлімдейді. Бірақ Дардана оны ұстауға әскер жібермейді. Қасындағы біреу Хадахаға жаудың ізін байқағанын айтады. Бірақ Хадаха қуғынды кешеуілдетеді. Егер Хадаха сол сәтте тез қимылдап, Кисабпен бірдей шабуылдаған болса, Абылайды қолға түсірер еді, әрі оны Әмірсанамен айырбастауға болар еді». Енді осы жылғы 10 қазандағы Қытай патшасының жарлығына назар аударсақ: «Былтыр бүлікші Әмірсананы қуғындап ұстау үшін, қазақ жеріне ішкерілеп барған батыс бағыттағы қосынға Дардана, терістік бағыттағы қосынға Хадаха генерал болып тағайындалған еді. Олар қазақ жеріне баруын барса да, Әмірсананы ұстай алмады. Оның үстіне (олардың сылбырлығынан) қазақтың Абылайы да сытылып құтылып кетті. Сол үшін Дардана мен Хадаха кеуі ауыр жасаға тартылуы тиіс» деген қорытынды жасаған.

Н.Ақбай

ХАҚАН, қ. *Қаған*.

ХАҚНАЗАР, қ. *Ақназар*.

«**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АБЫЛАЙ ҚОРЫ**» – Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы үйінде өткен құрылтайда құрылған (1994). Құрылтайға ғалымдар, жазушылар, өнер мен мәдениет қайраткерлері, кәсіпкерлер және Қазақстандағы Моңғол елшілігінің 1-хатшысы Жарғалын Чулуунхуу қатысты. Жиналыс барысында Қорды құру, оның жарғысын бекітіп, басқару органдарын сайлау мәселелері талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды. Қордың басты мақсаттары: Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуға, халқымыздың тарихи жадын қалпына келтіруге көмектесетін адами және ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ықпал ету, Абылай хан мен оның үзеңгілестерінің атқарған тарихи еңбектерін насихаттау, оларды мәңгі есте қалдыру мақсатындағы ескерткіш жобаларын халық қазынасына айналдыру. Бұған қоса әр кезеңдегі тарихи тұлғалардың өмірін зерттеу, еңбектерін жарыққа шығару. Құрылтай жиналысының соңында ұйымдық мәселелер қаралып, көпшіліктің бірауыздан қолдауымен Абылай хан қоры құрылды. ҚР ҰҒА академигі Шафиқ Шөкиннің ұсынысымен, Абылай қорының президенті болып, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты, республикаға еңб. сің. сәулетші Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан, вице-президенттері болып филология ғыл. докт. Шәкір Ыбыраев, сәулетші Арыстан Уәлиханов сайланды. Басқарушы орган – Орт. кеңестің құрамына жазушылар Ө.Кекілбаев, Ө.Тарази, Г.Бельгер, И.В.Щеголихин, т.б. енді. ҚР Әділет мин-нде тіркелген бұл халықар. қордың Моңғолия бөлімшесі ашылды.

Әдеб.: «Қазақ әдебиеті», 1994 ж. 20 мамыр.

Н.Тұрдақынұлы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ, А б ы л а й х а н а т ы н д. Алматы шетел тілдері пед. ин-ты негізінде қайта құрылған Қазақ мемл. әлем тілдері ун-тіне Абылай хан есімі беріліп, Қазақ мемл. халықар. қатынастар және әлем тілдері ун-ті мәртебесін алды (1998). Елбасының бұл шешімі Білім, мәдениет және денсаулық сақтау мин. (қазіргі Білім және ғылым мин.) мен Қазақстан сыртқы саясат ведомствосының ұсыныстарының негізінде жүзеге асты. Ун-т дүниежүз. француз тілді жоғары оқу орындары қауымдастығының құрамына еніп, Халықар. жоғары мектеп академиясының ұжымдық мүшелігіне қабылданды. Шетелдердегі 16 ун-тпен бірлесе отырып, білім беру және ғыл. зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыруда. Ун-т өзінің материалдық-тех. базасын нығайтты, 9 оқу орт-н (АҚШ, Германия, Австрия, Ұлыбритания, Түркия, Жапония, Иран, Корея, Ислам қоры) ашты. Бүгінде ун-т Бельгия, Германия, Испания, Франция, Ұлыбритания, Нидерландия оқу орындарымен

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ

әріптестік қарым-қатынастарды жандандыру негізінде Еуропалық қауымдастықтың «TEMPUS, TACIS» бағдарламаларында 4 бағытта жұмыс жүргізіп келеді. Осы бағдарламалар негізінде «Халықар. туризм менеджменті», «Америкатану», «Шет тілінде іс жүргізу», «Шет тілін бұқаралық негізде оқыту» мамандықтары бойынша еуропалық оқыту үлгілері енгізілді. Ун-те оқытылатын тілдер саны 11-ге, мамандықтар 17-ге, ф-ттер саны 7-еуге жетіп, 15-ке жуық шетел ғалымдары мен мамандары тұрақты жұмыс істеуде.

Әдеб.: «Егемен Қазақстан», 21.04.1998. 4-б.

С.Құнанбаева

«ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ» – қоғамдық-саяси газет. 1990 ж. 24 сәуірде Қазақ КСР халық депутаттарының газеті ретінде құрылды. Құрылтайшысы Қазақ КСР Жоғ. Кеңесі болды. Басылым 1996 жылдың ақпан айына дейін Алматы қ-нда шығып тұрды. Газеттің алғашқы редакторлары С.Ақтаев, Ж.Кенжалин болды. Газет елдегі жариялылық пен демократ. көзқарастардың орнығуына байланысты көптеген мақалалар жариялады, Қазақстан парламентаризмінің қалыптасуына үлес қосты. Редакцияның облыстарда көшпелі лездемелері, отырыстары өткізілді. Негізгі айдарлары: «Жоқшысы болмаса – жер жетім», «Толғауы тоқсан тіршілік», «Дәнекер», «Замана запыраны», «Жағдайың қалай, жергілікті Кеңес», «Депутат дауысы», «Депутат дидары», «Ғазалда – ғасыр ғибраты», т.б. болды. Осы басылымның негізінде 2005 ж. «Халық Кеңесі» журналы шықты. Журнал негізінен Қазақстан халықтары Ассамблеясы мен жергілікті мәслихаттар өміріне арналған мақалалар жариялайды. 1991 ж. газетте Ш.Ш. Уәлихановтың және Б. Кенжебаевтың «Абылай» атты мақалалары жарияланды.

Ж.Кенжалин

ХАН, х а ғ а н, қ а ғ а н, қ а н – түркі халықтарында ең жоғары лауазым ретінде қолданылған атау. Көне Орхон – Енисей жазба ескерткіштерінде ұшырасады. Алғашқыда Х. тайпа көсемі деген ұғым берсе, кейінірек ол жоғ. мемлекет билеушісінің лауазымы ретінде қолданылған. Осман империясында Х. лауазымын сұлтан-дарға да беретін болған. Сефеві әулеті Х. атағын жекелеген облыс-арды билеген әмірлерге де берген, ол 16 ғ-дың 2-жартысынан бастап сұлтан лауазымынан жоғары саналған. Сол кездің өзінде-ақ Иран мен Ауғанстандағы әр түрлі көшпелі тайпалардың, яки рулардың көсемдері өздерін Х. деп атаған. Қаджарлар дәуірінде (19 ғ.) түрлі дәрежедегі әскери және азаматтық ұлықтар да Х. аталған. Ал, Үндістандағы мұсылман мемлекеттерінде түрлі мансапқа ие болған төрелер де Х. саналған. Қазақ қоғамы билеуші табының ең жоғарғы әлеум. сағысында Х. тұрған. Көршілес

елдермен қарым-қатынас жасау, өзге мемлекеттерге соғыс жариялау және олармен бітім шарттарын жасау да Х-ның еркіне жататын. Соғыс жағдайында ол хандық көлемінде жиналған жасактардың қолбасшысы рөлін атқаратын-ды. Жоғары өкімет билеушісі және шетел саудагерлерінен баж салығын жинауға, ру арасындағы даулы мәселелерді шешуге құқы болды.

«ХАН АБЫЛАЙ» – М.Дулатовтың мақаласы. «Айқап» журналының 1912 жылғы 6, 7-сандарында басылған. Ақын ақталғаннан кейін «Жұлдыз» журналы көшіріп басқан (1990 ж. №1). Автор «Бұл күнге шейін қазақ жұртында Абылайдың анық ата жөнін білуші кем» дей келіп, ол туралы ескілікті аңыздарға сүйеніп, өмірбаяны жөнінде дерек береді. Елін жау шапқанда жетім қалған Абылай он екі жасында Түркістандағы тұқымдасы Әбілмәмбет деген кісіге қызметкер болып тұрады. Бұдан әрі үйсін Төле бидің түйесін, Сарыарқадағы атығай Дәулеткелді деген байдың жылқысын баққаны айтылады. «Төре баласымын деуге арланып, «затым Сарт, атым Сабалак» дейді екен». Автор осыларды айта келе, Абылайдың Көкшетау деген жерде қазақ жұртына 48 жыл хан болып тұрғанын, оның 17 әйелі, 30 ұлы болғанын, солардың ішінде Қалдан Сереннен тартуға келген Топыш ханымнан туған Қасым төренің балалары – кешегі даңқты Кенесары хан мен Ер Наурызбай екенін еске алады. Абылайды қазақты өрге сүйреген хан деп бағалайды.

Ғ.Елеу

«ХАН АБЫЛАЙ: ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ТАНЫМ» – кітап. Авторы – филология ғыл. канд. А.Әбсадықов. 2000 ж. Қостанай қ-нда жарыққа шыққан. Көлемі 128 бет. Таралымы 500 дана. Автордың зерттеу кітабына атақты хан тарихындағы ақиқат ретінде қабылданып жүрген кейбір танымдардың нақты шындық емес екендігі арқау болған. Зерттеудің ерекшелігі – аңыз шырмауына оралған Абылай өмірбаянындағы халықтық таным мен тарихи шындықтың арақатынасында елеулі айырмашылықтарды нақты дәлелдерге сүйене отырып баяндауы және жаңаша ғыл. пайымдарды жас ғалымның батыл ұсына білуінде. Кітап тарихшы, филолог мамандарға, студенттер мен аспиранттарға, сондай-ақ атақты Абылай хан тарихына ықылас қоюшы көпшілік оқырман қауымға арналған.

Ғ.Қошым-Ноғай

ХАНБАБА – Қытайлар Абылайды осылай атаған. Қытай патшасының атынан Абылай мен Әбілпейізге жазған хатында (1758 ж. 16 желтоқсан): «Естүімше, біздің елшілеріміз сіздің елге барғанда Ханбаба Абылай ордада жоқ екен, сол себепті елші жібере алмапты. Сонда да ол кісіге тартуға киім-кешек жібердім. Шын ықыласым-

ды білдіре отырып, сіздердің мәңгі шексіз бақытты болуларыңызды тілеймін» деп жылы лебіз білдірген. Абылай сұлтанның хан болып заңды түрде сайланғанын біле тұрса да, Ресей әкімшілігі көпке дейін мойындамай, патша тарапынан ресми бекіту қажеттігін талап еткен. Сондықтан ресми қағаздарда Абылайды бұрынғысынша «сұлтан» деп қана жазып келген. 1771 ж. өз ханын сайлап алған Орта жүз заң жүзінде хансыз басқарылып келгендей көрінгенмен, ата салтымен сайланып, таққа отырған Абылайдың лауазымын мойындамаған Ресей үкіметі халықар. құқық нормаларын өрескел бұзып, өз азаматы болып табылмайтын көрші мемлекеттің ханын бекітемін деуі өз өкілеттігін асыра пайдаланудың өрескел мысалы еді. Мұны жақсы түсінген Абылай Ресей патшасының бекітуінсіз-ақ, толық құқылы билеуші міндетін іс жүзінде атқара берді. Ал бір құжатта Ресей генералы Абылайды «Ханбаба» деп атаған. Бәлкім, сол кездің өзінде Абылайдың қазақ-орыс қатынастарындағы орны мен рөлі туралы Ресей әкімшінің жоғарғы буындарында әрқилы пікірлер болған шығар.

Н.Ақбай

ХАН БИЛІГІ – далалық сайланбалы билік жүйесі. Х.б. шексіз болмаған. Халық тағдырына, жер-аймақтың бүтіндігіне, қорғаныс шараларына байланысты күрделі мәселелер Хан кеңесінде, кейде ел ағалары мен сұлтандардың мәслихатында талқыланып, ханға тиісті ұсыныстар берілетін болған. «Мемлекеттік ақсүйектер билігі» деп аталатын билік жүйесі Х.б-н тежеп, кеңес түрінде көрінетін демократиялық билік тұтқасы болып табылады. Абылайдың сұлтан кезінде ірі-ірі мәселелер Әбілмәмбет ханның, Барақ, Әбілпейіз сұлтандардың қатысуымен, Қаз дауысты Қазыбек бидің төрағалығымен өткен хан кеңестерінде талқыланып шешілген. Х.б-не тиесілі мәселелерді хан немесе оның Орта жүздегі өкілетті өкілі Абылай сұлтан дербес шешетін болған. Әбілмәмбет ханның Түркістанда болуына байланысты Х.б. Абылайға беріліп, ол сыртқы дипломатиялық қатынастарды хан деңгейінде толық пәрменімен жүргізген.

Әдеб.: Рычков П. И. История Оренбургская. 1730–50. Оренбург, 1896, 72-б.

ХАНГЕЛДІ, **Х а н к е л д і С ы р ы м б е т ұ л ы** (шамамен 1688/90–1760/63) – жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен батыр. Ұлы жүздің албан тайпасының әлжан руынан шыққан. Ұлы жүздің ақылман білікті адамдарымен араласқұралас жүріп ел басқарысқан, жау жүрек батырларымен үзгенгілес жүріп қол бастаған, сондай-ақ жауырыншы болған. Аягөз, Тесіктас жерлерінде жоңғарлармен болған шайқастарда ерлігімен ерекше көзге түскен, атақты Аңырақай

шайқасында албан жасағын басқарды. Жоңғарларға қарсы күресте әкесімен тізе қосып, үлкен ұлы Тілеуке мен немересі Райымбек батырлар да жауға шапқан. Х. сол кездің жағдайына орай Ұлы жүз қазақтарының жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста Ресейге арқа сүйеуге тырысты. Осы мақсатта 1733 ж. Төле би, Қодар би, Сатай және Бөлек батырлармен бірге орыс мемлекетінің қол астына қарауға тілек білдіріп, орыс патшайымы Анна Иоановнаға хат жазады. Бұл алғашқы хатты Аралбай мен Оразкелді батырлар жеткізсе, 1734 ж. тағы да патшайым атына жазылған екінші хатты Петербургке тікелей Х. мен Төле бидің немере інісі Айтбай екеуі апарды. Ел аузындағы аңыздарда Абылай сұлтан жоңғарларда тұтқында болғанда, оны босатуға Төле би бастап барған тоқсан адамның ішінде Х-ді болғаны айтылады. Ол қолбасшылығымен аты танылған кезде еларалық бітімгерлік жұмыстарға да барып, өзінің білікті мәмілегерлігімен де көзге түскен. Қытай деректерінде оның Жауғаш батырмен бірге Қытайдың шекара әкімші-не барғаны айтылады.

Әдеб.: Казахстан в XV–XVIII веках, А.–А., 1969; Бабалар аманаты, А., 1996; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Ж.Тұрлыбайұлы

ХАНДЫҚ – орта ғасырлардағы түркі-моңғол қоғамында болған дәстүрлі мемл. бірлестік. Х. дала өркениетінің ерекшеліктерімен тығыз байланысты болды және өз заманында прогресшіл рөл атқарды. Оның құрамына енген қауымдардың көшіп-қонатын белгілі жері, шаруашылық бірлестігі болды және олар саяси жағынан бірлесіп, сыртқы жаудан өз шекарасын қорғап тұрды. Дегенмен, дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі шаруашылық, әрбір жүздің өзіне тән экон., шаруашылық ерекшеліктері Қазақстан аумағында орталықтандырылған бір Х-тың өмір сүруіне мүмкіндік бермеді. Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі кезеңде ірі саяси қайраткерлер (Қасым, Хакназар, Есім, Тәуекел, Тәуке, Абылай) Х-ты біріктіріп, орталықтанған мемлекет орнатуға тырысты. Алайда мұндай Х-тар көп ұзамай-ақ ыдырап отырды. 18 ғ-дың өзінде қазақ жерінде бірнеше Х-тар (Кіші жүзде Әбілқайыр, Орта жүзде Әбілмәмбет, Сәмеке, Ұлы жүзде Жолбарыс басқарған) өмір сүрді. Ресей империясының 1822–24 ж. жүргізген әкімш. реформаларынан кейін көп ұзамай қазақ жерінде Х. өкімет жойылды.

Әдеб.: Зиманов С. З., Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков, А.–А., 1960; Султанов Т. И., Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана, А., 2001.

ХАН ЖӘРМЕНКЕСІ – 1831 ж. Жәңгір ханның өз иелігіндегі аумақтан ашқан сауда-саттық орны. Ол алдымен рұқсат сұрап, патшаның қаржы мин-

ХАНЗАДА



не өтініш жасайды. 1832 ж. хан тілегі орындалып, қазынадан едәуір қаржы бөлініп, ордадан 35 км жерде Х. ж. ұйымдастырылды. Жәрмеңке жылына екі рет, 7–25 мамыр, 14–25 қыркүйек аралығында жұмыс істеген. Жәрмеңке басында жүздеген сауда орындары, киіз үйлер тігілген. Оған Иран мен Ирактан, Бұхарадан, Ресейдің ірі орталықтары – Мәскеу, Новгород, Астрахан, Саратов, Ростов, т.б. жерлерден өнеркәсіп өнімдерінің алуан түрлерін әкелген, ал жергілікті қазақ байлары мен шаруалары төрт түлік малын айырбас саудаға салған, қой, түйе жүні, ешкінің түбіті, мал терісі, текеметтер, түрлі түсті алаша мен кілем үлкен сұранысқа ие болған. Әсіресе, қазақтардың қымыз, шұбат, айран, көже, ірімшік, құрт, қазы-қарта, т.б. жеңсік тағамдарын шеттен келген көпестер көтере сатып алған. Х. ж-не қатысушыларға жергілікті әнші-күйші, ақын-жыраулар, т.б. өнер көрсеткен. Х. ж. 1929 ж. жабылды.

К.Көбейсінов

ХАНЗАДА – ханның ұлдары. Бұл термин хандық құрып отырған отбасы иесінің ұлдарына қолданылды. Х. сөзінің түпкі мағынасы олардың ханмен тікелей туыстық байланысын, яғни тегі (заты) хан екендігін білдіреді. Орт. Азиядағы ортағасырлық мемлекеттерде Шыңғыс хан ұрпақтарынан туған ханның ұлдары ғана Х. деп есептелді. Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін оның мұрагер төрт ұлының балалары (жалпы саны 40–45 шақты) мен олардан тараған ұрпақ Х-лар мен хандардың рубасыларын, яғни «алтын ұрық» өкілдерін құрады. Х-лар мемлекеттегі маңызды мәселелерді шешуге ат салысты. Соғыстарда қол бастады, бірқатары өз иеліктеріндегі елді басқарды. 14 ғ-дан бастап кейбір әулет (Жошы, Шағатай, т.б.) мүшелері тарихи дерек көздерінде сұлтан деп аталына бастады. Дәстүрлі қазақ қоғамында сұлтан лауазымын иемденген адамдар төре әлеум. тобын құраған. Олар 20 ғ-ға дейін ақсүйек, яғни «қара халыққа» билік жүргізуші әулет өкілдері ретінде саналып келді. Бірде-бір қазақ жүзіне кірмей, жоғ. сословиелік топ құрды.

Г.Сабденова

«ХАНЗАДАНЫҢ ҚАСИРЕТІ» – кітап. Авторы – журналист-жазушы Сарбас Ақтаев. Алматыдағы «Жібек жолы» баспа үйінен 1999 ж. жарық көрген. Көлемі 160 бет. С.Ақтаевтың бұл кітабына Абылай хан бастаған тұғыры биік тұлғалар туралы жазған деректі дүниелері жинақталған. Мұнда Абылай хан, Абылай ханның ағасы – Сұлтанбет, майор Миллер және Жәнібек тархан, хан Уәли, Уәли ұлы Ғұбайдолла, Зілғараның әні – «Жиырма бес», Шыңғыс сұлтан, Науан хазірет, Тезек төре, Сұлтан ұлы Сыздық туралы деректі шығармалар жинақталған. Кітаптың «Андатпа ретінде айтар сөз» деген алғы сөзінде автор: «...Абылайды 1771

жылы қазақтың үш алашының игі жақсылары, би-сұлтандары Түркістанға жиналып, Қожа-Ахмет Жасауидің қасиетті кесенесі түбінде әумин десіп, ақ киізге көтеріп хан сайлады. Оны «бөлшекте де билей бер» саясатын ұстанған орыс патшасы бекітпеді деп, жалпы қазақтың емес, Орта жүздің ғана ханы болған деп шектеп тастау – шындыққа қиянат болмақ. Ол – күллі қазақтың басын құрап, мызғымайтын күшті мемлекет құруды мұрат тұтқан тұғыры биік тұлға. Еншісіне егемен елдің шаңырағын көтеріп, тәуелсіз мемлекеттің іргетасын бекітіп, еңсесін биіктеуге тиген кейінгі ұрпақ Абылай ханның сол еңбегі мен ерлігін, өнегелі өмірін білуі шарт» дейді. Қаламгердің «Дарабоз дана» туындысы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» кейін көп ұзамай қазақ халқының басын қосып, жоңғар басқыншыларына күйрете соққы берген Абылай хан бейнесін толықтыра түсті. Қаламгер 1991 ж. Абылай ханның 280 жылдығы қарсаңында Ғылым академиясында өткен ғыл.-теор. конференцияда айтылған тың ойлар мен соны пікірлерге сүйене отырып, оның қайраткерлік қызметі мен қаһармандық ерлігіне шолу жасайды. Түркістанға әмір болған атасы Абылайға қатысты аңыз-әңгімелер Абылайдың не себепті Сабалақ аталып кеткенін түсіндірсе, «Қойшы-қолаңның қойыртпағын ішпейтін, тақыр жерге отыра кетпей, астына күпісін төсеп алатын бозбаланың бойында бір дегдарлық барын алдымен бәйбіше байқағаны» туралы әңгіме болашақ хан бойындағы тектілікті аша түседі. Қанжығалы Бөгембайдың «жанары ұшқын шашып, оттай жайнаған, тілі орамды, ойы айқын, тұла бойы жалын атып тұрған жігіттің тегін жан емес екенін» сезіп, оны қалмақтарды барлауға ертуі, одан аман оралған жігітке «Шырағым, көзің отты бала екенсің, Мінезің бөлек біткен хан екенсің. Жазға салым қалмаққа аттанамыз, Соған да керек болар жан екенсің» деп, астындағы Нарқызыл атын беруін автор орынды пайдаланған. Қалдан Сереннің жиені, әскербасы Қонтәжінің ұлы Шарыштың жекпе-жекте басын алып, «Абылайлап!» ұран салуы бізге таныс. Автор шежіреде Абылайдың 1734 ж. хан сайланғанына түсінік береді. Ағасының көзі тірісінде хандықтан бас тартқан оның әуелі Орта жүздегі Атығай-Қарауылдың сұлтаны болғанын алға тартады. Атығай Арыстан ақынның Кенесарыға айтқаны, Нәйла Бекмаханованың «Көзбояушы келіншек» кітабындағы, князь генерал В.Урусов күнделігіндегі, генерал-губернатор хаттамасындағы, «Қазақ-орыс қатынастары» кітабындағы, Шәкәрім шежіресіндегі, майор Неплюев, Миллер экспедицияның жазбалары, орыс тарихшысы А.Левшин деректері, В.В.Радлов жазып алған Сүйіндік Жанайдарға қатысты аңыздар, Шоқан

Уәлихановтың «Абылай» атты очерктері Абылайдың өміріне қатысты деректерді толықтыра түскен. Автор Абылайға қатысты деректерінде ұлан-байтақ аймаққа Абылайдың ықпалы күшті болғанын дәлелдейтін мәлдіметтерді тиімді пайдаланған. Сонымен бірге Абылай ханның қырық жыл қоныс еткен Көкшетауды тастап, Түркістан қ-на келіп тұрақтауының, 1781 ж. дүниеден өткенде мүрдесі Қожахмет Иасауи мазарының алдына қойылуының да өзіндік себептерін нанымдылықпен түсіндірген. Қаршадайынан жетім қалған Абылайдың өзінің қажыр-қайратымен, ақыл-парасатымен халқының құрметіне бөленуінің басты себептерін ашып түсіндірген автор оның жауына қатал болумен бірге еліне жайлы хан болғанын да жадында ұстаған. Хан жөніндегі мұндай оң пікірлер еліміз егемендік алғаннан кейін ғана айтыла бастағаны белгілі. Автор Абылай ханның 280 жылдығы қарсаңында атқарылған шаралардың бәрін атай келіп, «кезінде Абайдың Көкбай ақынға арнайы тапсырма беріп, Абылай туралы тым тәуір дастан жазғызғанын» еске салады. Сарбас Ақтаевтың еліміз егемендік алғаннан кейін жазылған шығармасында Абылай ханға әділ баға беріліп, тарихтағы орны дұрыс көрсетілген. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылған еңбекте Абылай өміріне қатысты тарихи деректер мен аңыз-әңгімелердің түгелдей жинақталғанын ескеретін болсақ, бұл – тарихи тұлғаның күрделі бейнесін толымды бейнелеген туынды.

Г.Орда

«ХАН КЕНЕ» – кітап. 1993 ж. «Жалын» баспасынан жарық көрген. Көлемі 448 бет. Таралымы 50 000 дана. Кітапта көрнекті қолбасшы, ұлт азаттық көтерілістің көсемі Кенесары Қасымұлы 1841 ж. хан сайланғаннан кейін хандық мемлекетке көптеген өзгерістер енгізгендігі әңгіме арқауына айналады. Оның алдына қойған мақсаты – атасы Абылай ханның жолын жалғастыру, яғни патша өкіметінің тартып алған жерлерін халықтың өзіне қайтару; жаппай салынып жатқан әскери бекіністерді жою; тәуелсіз ел болу екендігі ашып көрсетілген. Міне, осындай ұлы мұрат жолында қанды жорық жасап, халықтың ұлттық батыры ретінде тарих бетінде қалған қазақтың соңғы ханының есімі мен ерлігі жөніндегі шындық қаншама жылдар жабулы жатты. Жабулы қазандардың беті 20 ғ-дың соңына қарай ғана ашыла бастаған-тын. Тарихи толғамдар топтастырылған бұл жинақта тағдыры қайшылықтарға толы Кенесарыдан басқа Абылай хан ұрпақтары – Наурызбай батыр, Сыздық сұлтан және басқа да қазақ сардарларының күрескерлік рухы кеңінен сөз болады. Бұл жинақ ел азаттығы үшін арыстандай алысқан Кенесары Қасымұлының туғаны-

на 190 жыл толу мерейтойына орай шығарылған. Халқымыздың өткен тарихына қызығушылар мен оны саралаушыларға еңбек мол септігін тигізері күмәнсіз.

К.Қошым-Нозай

ХАН КЕҢЕСІ – Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің ұйғарымымен 1827 ж. құрылған билер алқасы. Құрамына әр рудың беделді билері енген. Ресми құжаттарда «Ханның билер кеңесі» деп те аталады. Х. к. орталықтандырылған жергілікті хандық билік жүйесіндегі ең жоғ. орган болып саналған. Кеңес мүшелері маңызды әлеум.-экон., саяси мәселелерді талқылап, ханға ақыл-кеңес беріп отырған, ханның кейбір өкім, жарлығының баптарын өзгертуге ұсыныс жасаған. Жергілікті сипаттағы заңдар қабылдау ісіне қатысып, өз пікірлерін білдіруге құқылы болған. Сондай-ақ Х. к-нің мүшелері ұрлық жасаған адамдарға жаза тағайындау, зекет, соғым салықтарын төлемегендерге айыппұл салу, т.б. мәселелерді талқылап, ұсыныс-пікірлерін хан құзырына жолдап отырған. Кеңес мүшелері бейбіт кезеңде толық құрамда сирек бас қосқан, тек 1835–37 ж. көтеріліс кезінде жылына 3–4 рет мәжіліс құрды. Олардың мүшелік қызметі мен өкілеттілігі тұрақты саналған.

ХАН КӨТЕРУ, х а н с а й л а у – хандықты басқаратын адамды хан сайлау рәсімі. Түркі-моңғол халықтарындағы ұлысты билеушіні таққа отырғызу, яғни Х. к. ерте орта ғасырдан бастау алады. Х. к. рәсімі Плато Карпини, Рашид әд-Дин, Жуайни, И.Шильтбергер, т.б. ортағасырлық авторлардың еңбектерінде жан-жақты баяндалған. Көне моңғол мемлекетінде Х. к. құрылтайда атқарылғанымен, таққа кімнің отыратындығын ханзадалар алдын ала шешіп алған. Құрылтайды басқарып отырған рудың ең жасы үлкені немесе мемлекетте уақытша билік жүргізіп отырған ханзада шақырылды. Оның уақыты алдын ала жаушылар арқылы ұлыстарға хабарланды. Айтылған мерзімде, көрсетілген жерге елдің түкпір-түкпірлерінен ханзадалар, жақын туыстар, нойондар мен әмірлер, мемлекетке тәуелді патшалар мен билеушілер өз қызметшілерімен келіп орналасады. Бірнеше аптаға созылған құрылтайда Х. к. рәсімі арнайы шатырда атқарылды. Жұлдызшылар белгілеген қолайлы күні құрылтайға қатысушылар Х. к. рәсімін жүргізген. Қатысушылар дәстүр бойынша бас киімдерін, белбеуін шешкен. Белбеулерін иықтарына салып тұрған. Хан әулетінің ең үлкен екі мүшесі үміткерді қолынан ұстап таққа отырғызған. Одан кейін жаңадан сайланған ханға ханзадалар ант берген. Ол біткеннен кейін ақ киізге отырғызылған. Шильтбергер Жошы ұлысындағы Х. к-ді былай деп баяндайды: «ақ

ХАН ҚАБАНБАЙ

киізге отырғызады да, үш рет көтереді. Содан кейін оны шатырды айналдыра алып жүреді де, қолына алтын қылыш береді; осыдан кейін ол дәстүр бойынша ант беруі тиіс». Рашид әд-Диннің айтуы бойынша қатысушылардың барлығы тоғыз рет (Жуайни жазбасында үш рет) тізелерін бүгіп жаңа ханның есімін атаған. Бұдан кейін олар ханға ант беріп, шатырдан шығарда Күнге қарап үш рет тағзым еткен. Х. к. аяқталғаннан кейін бірнеше күн той болған. Х. к. дәстүрі қазақ халқында 20 ғ-дың бас кезіне дейін сақталған. А.И. Левшин қазақтардағы Х. к-ді өз еңбегінде былай дейді: «Таққа үміткер сұлтандар мен ақсүйектердің көпшілігінің келісімін алған соң, хандықтағы ең беделді сұлтандар мен билер оны жұқа ақ киізге отырғызған, киіз шетінен ұстап үш рет көтеріп, бірнеше рет «Хан! Хан! Хан!» деп айқайлаған». Ақ киіз дала шөбіне тиер-тиместе көпшілік оны аспанға қайта-қайта көтеріп түсірген. Содан кейін жиналған жұртшылық хан отырған тақ есебіндегі киізді «хан талапай» жасап осы тарихи оқиғаға қатысушының куәсі әрі тәбәрік ретінде бөліп-бөліп алған. Кейін той басталып, ол бірнеше күнге жалғасқан. Х. к-ге келген көпшілік мұнда бірнеше күн тыныққан, сондай-ақ беделді қайраткерлер мемл. маңызды істерді ақылдасқан. Жаңа ханға ел ішіндегі жайттарды мәлімдеген. Қазақ сахарасы Ресейге өткеннен кейін патша үкіметі Х. к-ді тоқтатып, хандық жүйені жойды. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамындағы билік жүйесіне нұқсан келтірді, отарлық езгіні күшейтіп, ұлт-азаттық көтерілістердің тууына себепші болды; қ. Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы.

Әдеб.: В е л ь я м и н о в - З е р н о в В. В., Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России со Средней Азией со времен кончины Абул-Хайр-хана (1748–65), т. 1–2, СПб., 1853–55; Р а ш и д а д - Д и н, Сборник летописей, т. 1–3, М., 1946–60; Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Рубрука, М., 1957; Б а р т о л ь д В. В., Соч., т. 1–9, М., 1963–77; Л е в ш и н А. И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей, А., 1996; С у л т а н о в Т. И., Поднятые на белой кошме, Потомки Чингиз-хана, А., 2001.

Г.Сабденова

«ХАН ҚАБАНБАЙ» – дастан. Авторы белгісіз. Дастанның «Ерасылдың алғашқы кек алуы» атты тарауы «Қазақ батырлары» газетінде жарияланған (2000 ж., №5). Оны ұзақ жылдар сақтаған Шәкура Ахметжанқызы Алматы обл. Алакөл ауд-ның орт. Ұшаралда туған. Дастанның бұл тарауы Шәкураның Қытайда тұрып жатқан қызы Нұрғисаның күйеуі Омар Мұжманұлы арқылы келіп жеткен. Дастан тарауы жас Ерасылдың атынан баяндалып, оның жалайыр Ақбай ба-

тыр деген қариямен жолығуы, қарияның: «Жауыңды өлтірмесең сені өлтірер, қолыңа ал ақ семсерді жауға серме» деп, қасына Естек пен Жебе батырларды қосып беріп, жаудан кек қайтаруға жұмсағаны, осы жолы Ерасыл бастаған үш батырдың Өлжат, Арслынбад есімді жау батырларын өлтіріп, қалай кек алғаны өлеңмен баян етіледі. Жас батыр Ерасыл өзінің жыр тілімен айтылған әңгімесін: «Тездікпен найза сабын ұстай алып, Жазасын Арслынбад тауып кеттім. Атымнан қарғып түсіп, айдарынан Ерінің қасына әкеп таңып кеттім» деп аяқтайды.

О.Исмайылұлы

«ХАН ҚОРҒАН» – археологиялық ескерткіш. Оңт. Қазақстан обл. Сайрам ауд. Мәдени а-нда, Ақсу және Арыс өз-дерінің құйған жерінде орналасқан. Ғалымдардың пайымдауынша, мұнда 6–8 ғ-лардағы ерте түрік дәуірінің, сондай-ақ 12–13 ғ-лар мекендерінің іздері сақталған. Ал 18 ғ-да дәл осы арада Абылай ханның жазғы тұрағы (ставка) орналасқаны анықталды. Абылайдан кейін бұл жерді ханның немересі Садық сұлтан қоныс еткен.

Е.Ерназаров

ХАН ОРДАСЫ – Бөкей Ордасының орталығы. 1826 ж. Жәңгір хан Еділ мен Жайық аралығындағы Нарынқұм етегінде салдырған. Ханның отырықшылық тұрмысқа үйренген татар әйелі Фатима қазақтың көшпелі өміріне көндіге алмайды. Ол күйеуінен хан сарайы ретінде үй салып беруін өтінеді. Жәңгір хан әйелінің өтінішін орындап, Нарын құмының нулы жеріне үй салдырады. 19 ғ-дың 2-жартысында Х. о. кішігірім қалашыққа айналып, ағаштан және кірпіштен салынған 400 үйде 1200-дей адам тұрды. 1841 ж. мұнда тұңғыш орыс-қазақ мектебі ашылып, ол 1879 ж. 2 сыныптық уч-ще болып қайта құрылды. Кейінірек Х. о-нда басқа да оқу орындары ашылып, аурухана, шіркеу (1869), мешіт (1888), түрме және казарма салынды, көптеген сауда орындары жұмыс істеді. Кеңес дәуіріне дейін Х. о-нда жәрмеңкелер өткізіліп тұрды. Азамат соғысы кезінде Х. о. Орда деп аталды.

Т.Шәріпқалиев

«ХАН ОРДАСЫ» – Абылайдың Бурабайдағы қонысы. Қазіргі Бурабай қорығындағы Абылай хан алаңынан сыртқарырақ, Бурабай а-нан екі жарым шақырым жерде орналасқан. Сондағы Жыланды деген төбенің бір жақ бетіне Абылай хан өз ордасын салғызған. Оны салғандар – орыстар. Он ағаш шеберін шақырып әкеліп, қасына қазақтарды қосып жасатқан. Хан тағы – Абылай алаңындағы тас. Абылай жазда жайлауын алаңқай жерге құрып, далаға шығып демалған кейбір кездерінде, сол мандағы бір әдемі тасқа отыратын болған. Хан тағы деген атауы содан қалған.

А.Ерназаров



«ХАН ТАБАҚ» – ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан қасиетті жәдігер. Ел аузында «Абылайдың табағы» немесе «хан табақ» деп аталған. Табақ мәрмәр тастан (доломит мраморированный) қашап жасалған. Салмағы – 3,5 кг, диаметрі – 45 см, шұңғылдығы – 3,5 см. Жиегіне Құран Кәрімнің Фатиха сүресі айналдыра жазылған. Жасалғанына шамамен 250 жылдай болған. Табақтың соңғы иесі – таяуда ғана дүниеден өткен халық емшісі, Әбдірейім Қайымұлы болған көрінеді. Бүгінде «Х. т.» оның ұлы Мұқағали Әбдірейімұлының иелігінде. Марқұм Әбдірейім емші – әйгілі Балуан Бозан емшінің немересі. Қазақтың соңғы ханы Кенесары ұрпағы Сыздық сұлтан кек алу мақсатында орыс-қырғызға қарсы соғысқа дайындалмақ болып, бүгінгі Науаи облысының Тамды ауданындағы Аяққұдық а-ның аймағын мекендейтін Кіші жүз руларының рубасыларымен байланысып, әскерге адам жинап, соғысқа әзірленеді. Тереңдігі қырық құлаш құдық та қаздырады. Бұл құдық әлі күнге дейін «Сыздық сұлтан құдығы» деп аталады. Шағатай байдың әулеті Сыздық сұлтанды әскермен қамтамасыз етіп, азық-түлік жеткізіп, айрықша көмек қолын созады. Өйткені, Сыздық сұлтанның да, Шағатайдың да ата-бабалары Көкшетаудан шыққан. Байға аса риза болған сұлтан оған «Х.т-ты» сыйға тартқан деседі. Шағатай, Шағатайдан Бозан, Бозаннан Қайым, Қайымнан Әбдірейім, Әбдірейімнен Мұқағали, тағы басқалары өрбіген. Сөйтіп, қасиетті «Х.т.» атадан балаға мұра болып қалып, біздің күндерге жеткен. Ел ішінде қасиетті атанған бұл «Х.т-пен» «көктемнің алғашқы жаңбырының суын ішкен адам ауруынан айығады» деген наным бар. Бұл киелі табақтан кезінде Бұхар ханы болған Әмір Әлімхан ас жеген. Сондай-ақ, «Х.т-ты» Әбдірейім емші күнделікті ас табақ ретінде де пайдаланып, шаңырағына мейман болып келген елге танымал азаматтарға дәм татырған екен. Ауыр науқасқа шалдығып, жолы болмай жүрген адамдарға су ішкізіп, ас беріп емдеген. «Х.т-тың» осындай қасиет-киесімен аталмыш әулеттен емші-шипагерлер көп шыққан. Өткен ғасырда Ақбет Керейіт ұрпағынан Дәуіт әулие, сонымен бірге Наркүл, Бозан, Рыскүл, Әбдірейім емшілер шығып, ерекше қасиетімен елге танылған. Қасиетті Құран Кәрімнің сүресі жазылған «Х.т.» – осындай аса құнды және қасиетті жәдігер.

Әдеб.: «Егемен Қазақстан», 2013 ж. 10 сәуір.

Қ.Аманжол

ХАНТАУ – Шу-Іле тауларының оңт.-шығыс сілемі. Жамбыл обл. Мойынқұм, Шу аудандары жерінде орналасқан. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 40–45 км-ге созылған, енді жері 10 км-дей. Салыстырмалы орташа биікт. 600–650 м. Абс. биікт. – 1052 м (Сұңқар тауы). Беткейлері өзен

аңғарларымен, сай-жыралармен қатты тілімделген. Таудан Ақсүйек, Үлкен Жиделі, т.б. өз-дер бастау алады. Х. өңірінде боз жусан басым өскен сораң өсімдік жамылғысы қалыптасқан.

Қ.Ахметов

ХАНША – ханның әйелі. Шыңғыс хан империясы ыдырағаннан кейін пайда болған мемлекеттерде хандардың әйелдері ғана Х. аталды. Түркі-моңғол ұлыстарында кейде Х-лар мемл. істерге де араласып отырды. Әсіресе, хан көтеру кезінде өз ұлдарының таққа отыруы үшін түрлі әрекеттер жасады. Елге беделді ақсүйектерді өз жағына тартып, ұлдарын хан етіп тағайындауға үгіттеді. Құрылтайға өз өкілдерін жіберіп, қайтыс болған хан өсиетінің орындалуын қадағалауға ұмтылды. Шыңғыс хан әулетінің тарихына қатысты дерек көздерінде ханның (мыс., Күйік ханның) әйелдері (Оғыл-Қаймыш, Төлі-гәйхан) есімдеріне Х. сөзі қосылып айтылады. Кейінгі орта ғасырларда Х-ны ел құрметтеп ханым деп атады. Бұл сөздің бастапқы мән-мағынасы қазіргі таңда елеулі өзгерістерге ұшыраған.

Г.Сабденова

ХАРА-ХУЛА, Қ а р а қ ұ л а (т.ж.б. – 1634) – Жоңғар хандығының негізін қалаушы. Бұрын әр жерде ыдырап жүрген ойрат иеліктері 17 ғ-дың 30-жылдары Х.-Х-ның басшылығымен дербес бір хандыққа бірікті. Оның тұңғыш билеушісі Х.-Х-ның баласы Батыр контайшы болды. Бұл тұста Жоңғар хандығының жағдайы біршама нығайды. 1620 ж. Х.-Х. бейбіт қарым-қатынасты сақтап, сауданы дамыту ниетімен келіссөз жүргізу үшін тұңғыш рет Мәскеуге елшілер жіберді. Мұндай қатынасқа екі жақ та мүдделі еді. Х.-Х. тұсында ойраттардан торғауыттар бөлініп шығып, олардың басшылары 17 ғ-дың орта кезінде Еділ бойында дербес Қалмақ хандығын құрды, ал 30-жылдары Жоңғариядан хошоуттар бөлініп шығып, Кукунорда өзінің хандығын құрды.

Әдеб.: З л а т к и н Н. Я., Джунгарское ханство, М., 1983; Б и ч у р и н Н. Я., Исторические обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени, Элиста, 1991; К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства, Элиста, 1994.

З.Қинаятұлы

«ХАСАКЭ ГУН МА ТУ» («Қазақтардың Цин патшасына арғымақ сыйлауы») – сурет. Суретті проф. М.Әбусейітова 2004 ж. Париж қ-ндағы Шығыс өнері мұражайының қорынан фотокөшірме жасап алып келген. Суреттің авторы Джузеппе Кастильони, католик миссионері ретінде 1715 ж. Қытайға барып, Лан Шинин есімінен сарай суретшісі болған. Зерттеуші Б.Еженхан суретке негіз болған 1758 ж. Цин империясына Ұлы жүздің Төле биі атынан барған елшілер: Төле би ұлы Жолан (бас елші), Пұсырман би және Мең-

ХАСИК ШИРА

нияз қожа екендігін дәлелдеді. Х.г.м.т. суретінің фотокошірмесі негізінде суретшілер Асейн Жұмабеков пен Ерболат Есенбай жасаған репродукция ҚР Президенттік мәдениет орталығына қойылған.

Әдеб.: «Шынжаң ши люе». Кітапта: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, II-том. Саяхатнамалармен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. А., 2005, 251–301-бб.

ХАСИК ШИРА (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Жоңғар нояны, шешесі қазақ қызы. 1758 жылғы 3 сәуірдегі Қытай патшасының жарлығында айтылғандай, Еділ қалмақтарының билеушісі Убашының шешек ауруынан өлгенін, қоластындағы жұртының қарақшыға айналғанын Дәулетбай батыр мәлімдеген. Ал қалмақ жауынгері Шерік қашып кетіп, соғына Нұралы ханның сарбаздары түсіпті. Шеріктің қоластында әлі де он мыңдай түгін бар екен, олардың азық-түлігі таусылып, аш отырған көрінеді. 1758 жылғы 5 қарашада Орта жүз ханы Абылайға Қытай жағы 14 адам елші жіберіп, қазақтардан Х.Ш-ны босатуды талап еткен. Қазақтар жағы бізде ондай адам жоқ деген.

Н.Ақбай

ХАФИЗОВА Клара Шайсұлтанқызы (24.4.1939 ж.т., Орал қ.) – шығыстанушы ғалым, тарих ғыл. докт. (1995), проф. (1998). 1964 ж. ТашМУ-ды, 1973 ж. КСРО ҒА Шығыстану ин-тының аспирантурасын бітірген. 1964–69 ж. Самарканд қ-ндағы орта мектепте мұғалім, 1969–70 ж. Қазақ КСР ҒА-ның Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археология және этнография ин-тында кіші ғыл. қызметкер, 1974–90 ж. Қазақ КСР-і ҒА-ның ұйғыртану ин-тында аға ғыл. қызметкер, 1990–94 ж. ҚазМУ-де қытай филологиясы кафедрасының меңгерушісі, 1995–98 ж. ҚР Президенті жанындағы стратег. зерттеулер ин-тында жетекші ғыл. қызметкер, бөлім бастығы, 1998–2005 ж. Қайнар ун-ті стратег. және халықар. зерттеулер орт-ның директоры қызметтерін атқарды. 2005 жылдан Қайнар ун-ті қазақ тарихы мен өркениеті ин-тының директоры. Х. – Қазақстандағы белгілі қытайтанушы ғалым. Зерттеу еңбектері, негізінен 14–19 ғ-лар арасындағы Орт. Азия мен Қытай, оның ішінде Цинь империясы мен қазақ хандары арасындағы байланыстарға арналған. 1997–98 ж. ҚР Президентінің арнайы тапсырмасымен қазақ шығыстанушылары арасында тұңғыш рет Қытайдың бірінші тарихи мұрағатында зерттеулер жүргізіп, күрделі еңбек жазды.

Ш ы ғ.: Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина 18 – первая четверть 19 вв., А.-А., 1989; Китайские источники по истории Восточного Туркестана, Средней Азии и Казахстана, А., 1994; Китайская дипломатия в Центральной Азии. 14–19 вв., А., 1995; «Казахская» стратегия цинской империи, А., 2007.

ХВАБУЛОВ М.А. (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – князь. Орынбор губернаторының орынбасары, ген.-майор. 1781 жылғы 20 наурызда Сумароков Омбыдан Х-қа хат жазып: «Орта жүздің билеушісі Абылай хан Ташкент маңында қаза болыпты. Ұзынқұлақтан естігендері: Абылай ханды ташкенттіктер у беріп өлтіріпті, бірақ әзірге анық-қанығына жете қойған жоқпыз» деген. Және бұл хабардың рас-өтірігін анықтап, нәтижесін хабарлайтынын айтқан. 1781 жылғы 11 мамырда Огарев Х-қа хат жазып: «Осы жылғы мамырдың 10-жұлдызында Абылайдың ордасында болған Уәли мен Шыңғыс сұлтандар бүкіл Орта жүзге хабар таратып, ханның Түркістан маңында қайтыс болғанын жариялапты» деген.

Н.Ақбай

ХИУА ХАНДЫҒЫ – 1512–1920 жылдар аралығында Орт. Азияда өмір сүрген мемлекет. Өзбек ханы Елбарыстың басшылығымен, Шайбани әулетінен бөліну негізінде құрылды. Астанасы бастапқы кезде Вазир мен Үргеніш қ-лары болды. 16 ғ-дың 70-жылдары астана Хиуа қ-на көшірілді. Елбарыс хан билік еткен 1512–16 ж. Х. х. ұлыстарға бөлініп, оларды ханның туыстары басқарды. Алғашқы кезде құрамына Хорезм, көшпелі түркімендердің Маңғыстаудағы Дихистан мен Үзбой бойындағы аумақтары мен Хорасанның солт. бөлігі енді. Елбарыс қайтыс болғаннан кейінгі кезеңде Х. х-нда Сұлтан Қажы хан (1516), Құсайын Құли хан (1517), Суфие хан (1517–22), Бужақа хан (1523–26), Аванем хан (1527–38), Әли хан (1538–47), Ақатай хан (1547–56), Жүніс хан (1556–57), Досты хан (1557–58), Қажы Мұхаммед хан (1559–1602) билік жүргізді. Осы билеушілер кезінде Х. х. өзара тақ тартысынан көз ашпады. Бұхар хандығымен де соғыс жүргізді. 1537, 1593, 1595 жылдары Бұхар хандығы Х. х-на жойқын жорықтар жасап, қысқа мерзімге болса да өзіне бағындырды. 17 ғ-дың бас кезінде билік еткен Араб Мұхаммед ханның тұсында Х. х. күшейіп, сыртқы жауларына, қалмақтардың шапқыншылығына тойтарыс берді. 1740 ж. хандықты Иран билеушісі Надир шах Афшар басып алды. Бірақ ол қайтыс болғаннан кейін хандық қайтадан өз тәуелсіздігін алды. Х. х-ндағы өзара тартыс бұдан кейін қайта жалғасты. Өзара билікке таласқан Хиуа шонжарлары билікке кейде қазақ сұлтандарын да (қ. *Қайып*) шақырды. Бұл күресте қоңырат тайпасының билеушісі Ишан Мұхаммедәлі жеңіп шығып, жаңа Хиуа – Қоңырат әулетінің негізі (1763) қаланды. Бұл әулет алғашында өздері тағайындаған хандар арқылы билік жүргізді, ал 19 ғ-дың бас кезінде өз тайпаластары Елтізерді (1804–06) таққа отырғызды. Қоңырат әулетінің ірі өкілі Мұхаммед Рахым хан болды (1806–25). Ол Х. х-н бір орт-қа біріктірді. Жоғ. кеңес

ХИУА ХАНДЫҒЫНЫҢ

құрып, салық реформасын жүзеге асырды, мемл. кірісті ұлғайтты, көршілес ұсақ иеліктерді (Арал маңы, каракалпақтар, т.б.) бағындырды. Бұл орт. өкіметтің нығайып, күшейген кезеңі болды. 1714–17 ж. Петр I патша Хиуаға А.Бекевич-Черкасский басқарған экспед. (қ. *Хиуа экспедициясы*) аттандырды. 19 ғ-дың бас кезінде Х. х. Арал маңы мен Үстіртті мекендеген Кіші жүз қазақтарына шабуыл (қ. *Хиуа хандығының Қазақстанға шапқыншылығы*) жасауды үдетті. Орт. Азия үшін күресте Ұлыбританиямен бәсекелескен Ресей өкіметі 1839–40 ж. В.А. Перовскийдің басшылығымен Х. х-на қарсы әскери шабуыл ұйымдастырды. Кіші жүзді билеген кейбір казак билеушілерінің көмегіне қарамастан Ресей империясының бұл әрекеті сәтсіз аяқталды. Бірақ Орт. Азияға біржолата орнығуды көздеген Ресей отаршылары Х. х-на үнемі әскери және экон. қысым жасап отырды. Ақыры 1873 ж. К.П. Кауфман бастаған Ресей әскерлері Хиуаны басып алды. 1873 ж. келісім бойынша Х. х. Әмударияның оң жағалауындағы жерлерден бас тартты, егемендігінен айрылып, Ресей протекторатына айналды. Х. х-ның тұрғын халқы – өзбек, түркімен, каракалпақ, қазақтар суармалы егіншілікпен және мал ш-мен айналысты.

Әдеб.: Погорельский И. В., Очерки экономической и политической истории Хивинского ханства конца 19 и начала 20 вв. (1873–1917 гг.), Л., 1968.

Е.Қалданов

ХИУА ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ – Хиуа хандығының Сырдарияның төм. сағасы, Арал маңы мен Үстіртті мекендеген Кіші жүз қазақтарын жаулап алу мақсатында ұйымдастырған жорықтары. 19 ғ-дың басынан бастап Хиуа хандығы қазақ жеріне жорық жасауын күшейте түсті. Хиуа ханы Мұхаммед Рахым тұсында (1806–25) хандықтың шека-

расы Сырдарияның төм. саласы мен Арал т. маңындағы қазақ қоныстарына жақындады. Хиуа бектері осы жерлерде қорғаныс бекіністерін салып, оны қазақ даласының ішкі жағына қарай кіре түсу үшін алдыңғы шеп ретінде пайдалануға тырысты. 1835 ж. Қуаңдария сыртындағы Құртөбе деген жерге хиуалықтар бекініс салып, онда 200-ге жуық әскер ұстады. Сырдарияның сол жақ беткейіне Қожанияз (осы бекіністі салуға басшылық еткен Хиуа бегінің атымен аталған) бекінісі, одан кейін Жаңақала деген бекіністі камал салынды. Хиуа ханының қазынасы үшін қазақтардан зекет, ұшыр секілді әр түрлі алым-салықтар жинау мақсатымен Жем өз-не дейін Кіші жүз жеріне осы бекіністерден әскери жасақтар жіберілді. Хиуа хандары Кіші жүз аумағын өз қол астына қарату мақсатында қазақ сұлтандарын пайдаланды. Оларға хан атағын сыйлаған жарлықтар беріп, қару-жарақ және әскери көмек көрсетті. Қазақ рулары бағынудан бас тартқан кезде Хиуа бектерінің жасақтары бағынбаған ауылдарды шауып, тонап отырды. Мыс., 1847 ж. наурызда Уәйіс-Нияз бектің жасағы Сыр бойына қоныстанған қазақтардың 1400-ге жуық үйін ойрандады. Сол жылдың тамыз айында Хиуаның 1500 адамдық жасағы Сырдың оң жағасына өтіп, мұндағы қазақ ауылдарына шабуыл жасады. Бұл шапқыншылықта бір мыңнан аса үй талқандалып, тоналды. 1847 ж. тамыздан 1848 жылғы наурызға дейінгі уақыт ішінде Хиуа нөкерлері жүздеген қазақ ауылдарын шауып, 500-дей адамды өлтірді, көптеген адамды тұтқынға алды. Мұндай шапқыншылықтар қазақ руларының хиуалықтарға деген өшпенділігін күшейтті. Бұл шабуылдар Хиуа хандығы Ресей протекторатына айналғаннан кейін тоқтады.

Әдеб.: Қазақстан тарихы, 3-том, А., 2002.

Е.Қалданов

Ц

ЦЕВАН-РАВДАН, Цеван Рабтан, қ. *Севан Рабдан*.

ЦИНЬ ИМПЕРИЯСЫ, Чинь (Шың) патшалығы (1644–1911) – Қытайдағы маньчжурлар әулеті билеген соңғы патшалық. Билеуші Нурцахи (Нұрхаш) (1559–1626) 16 ғ-дың аяғында Солт.-Шығыс Қытайда тұратын көшпелі маньчжур тайпаларын біріктіріп, Мин патшалығына қарсы күрес бастады. Ол 1616 ж. Хатула деген жерде «Да чжин» («Ұлы алтын», тарихта оны «Ху чжин – Соңғы чжин» деп атаған) мемлекетінің құрылғанын жариялады. 1626 ж. Нурцахи қайтыс болғаннан кейін оның орнына баласы Абахай (Хуан Тайчжи) отырды. 1636 ж. Абахай мемлекеттің атын Цин (Чин – мөлдір) деп өзгертті. Бұл кезде Қытайдың орт. аудандарында Мин патшалығына қарсы Ли Цзычэн, Чжан Сяньжун бастаған халық көтерілістері болып жатты. 1644 ж. Цзычэн бастаған көтерілісшілер Пекинге басып кіргеннен кейін Мин патшалығының соңғы императоры Чжу Ючжиян өзіне-өзі қол жұмсап, қаза болды. Маньчжурлардың әскері Қытай қорғанын күзетіп тұрған Мин патшалығының ген-ы У Саньгуймен бірігіп, көтерілісшілерге қарсы аттанды. Біріккен әскер Пекиннен көтерілісшілер армиясын ығыстырып шығарып, 1 мамыр күні Қытайда Ц. и-ның орнағанын жариялады. Ц. и. негізінен Мин патшалығы кезіндегі саяси жүйені нығайтты. Императорлық кеңес маньчжур ақсүйектерінен құрылды. Әкімш.-аумақтық бөлініс провинция, аймақ, округ пен ауданнан құрылды. 1683 жылға дейін әскери жорықтардың, билеуші топ өкілдерімен тиімді саясат жүргізудің барысында Тайвань аралына дейінгі жерлер бағындырылды. 17–18 ғ-ларда елде а. ш. мен қолөнер дамып, алғашқы мануфактуралар пайда болды, капит. қатынастар орын ала бастады. Тың жерлер игерілді, кейбір салық жеңілдіктері жасалды. 1712 ж. халық санағы жүргізіліп, егістік жерлердің көлемі есепке алынды. Ц. и. елдің батысындағы Жоңғар хандығымен үздіксіз соғыс жүргізді. Ол соғыста жоңғарларды Ішкі Моңғолия мен Халхадан ығыстырып шығарды. Қиыр

Шығыста да үлкен табыстарға жетіп, Ресейді Амур бойынан бас тартуға мәжбүр етті. Ц. и. шет елдермен, әсіресе, еур. мемлекеттермен «жабық есік» саясатын жүргізіп, империя аумағын сыртқы шабуылдардан қорғауды күшейтті. 17 ғ-дың аяғында Қытайдың шеткері аймақтардағы орт. өкіметке қарсы жүргізілген «Сан фан» қозғалысын күшпен басты. Жоңғар ханы Қалдан Сереннің Қытайға жасаған шабуылы тойтарылды. Орт. Азияда қалыптасқан ішкі қайшылықтарды пайдалана отырып, 1755–57 ж. Жоңғар хандығын біржолата жойып жіберді. 1756–57 ж. Қазақ хандығымен болған шекаралық әскери қақтығыстардан кейін өзара келісім жасалып, дипломат. қарым-қатынастар орнатылды (қ. Абылай, Цянь Лун). Ц. и. Үрімжі, Құлжа мен Тарбағатайда қазақтармен малға тауарлар айырбастайтын арнайы базарлар ашты. 1759 ж. Қашғариядағы ұйғырлардың қарсылығын жаныштап, Шығыс Түркістанға өз билігін орнатты. 1762 ж. Іле өзінің бойында Чжаньчжунфу генерал-губернаторлығы құрылды. 1762–65 ж. оңт.-те Бирма, Вьетнам, Непалға жаулап алу соғыстары жүргізілді. 18 ғ-дың аяқ кезінде Тибет жаулап алынып, Ц. и. өзінің шарықтау шегіне жетті. 19 ғ-дан бастап Ц. и. әлсірей бастады. Орт. өкіметке қарсы халық көтерілістері жиілеп, батыс державалары Қытайға ену әрекеттерін күшейтті. 1840–42 ж. Қытай мен Ұлыбритания арасында болған «апиын соғысы» екіншісінің жеңісімен аяқталды. Ц. и. Нанкин келісіміне қол қойып, еур. державаларға тәуелділікке түсуге мәжбүр болды. Маньчжурлардың билігі мен шетелдіктердің үстемдігіне қарсы болған тайпиндер көтерілісі (1850–66) Ц. и-н одан әрі әлсіретті. 19 ғ-дың 2-жартысынан бастап Қытай еур. мемлекеттер (Ұлыбритания, Франция, Ресей, Германия) мен Жапонияның үлес алуда өзара бәсекеге түскен жартылай отарына айнала бастады. Бірте-бірте билеуші топтардың арасында шетелдік үлгідегі өнеркәсіп құруды жақтайтын «Яну пай» тобы пайда болды. Қытайдың ұлттық буржуазиясы дүниеге келді. Қоғамды жаңарту, саяси жүйеге өзгерістер енгізуді талап ету қозғалысы күшейді. Ц. и-ның Франциямен (1884–85) және Жапониямен (1894–95) болған соғыста ауыр жеңіліске ұшырауы ұлттық дағдарысты тереңдетте түсті. Сун Ятсен басқарған саяси қайраткерлер маньчжурлардың билігін халықтық республика құрумен алмастыруды ұсынды. Ихэтуаньдер көтерілісі мен оны басып-жаншу үшін сегіз мемлекет әскерлерінің Пекинге жасаған шабуылы Ц. и-н мүлдем дәрменсіз күйге түсірді. 1911 ж. жазда Учань қ-нда Сун Ятсеннің басшылығымен басталған көтеріліс бүкіл ха-



ЦЯНЬ-ЛУН

лықтық қолдауға ие болып, жеңіске жетті. Ц. и. билігі жойылды. Желтоқсан айында Нанкин қ-нда Қытай Республикасы жарияланып, Сун Ятсен басқарған Уақытша үкімет құрылды.

Әдеб.: Меликсетова А. В. История Китая, М., 1998.

Н.Мұқаметханұлы

ЦЯНЬ-ЛУН, Х у н Л и (25.11.1711, Пекин – 7.2.1799, сонда) – Цин империясының билеушісі, императоры (1736–96). Билікке келісімен «Цянь-лун» (қыт. – аспан жарығы) деп аталған. Ц.-л. тұсында Қытайды билеген Цин әулеті күшею шегіне жетті. Оңт-те, әсіресе, батыс бағытта Қытай өкіметі аса белсенді сыртқы саясат ұстанып, көптеген жаңа жерлер басып алды. 1755–58 ж. Жоңғарияға бірнеше дүркін шабуыл жасап, нәтижесінде Жоңғар хандығы дербес ел ретінде өмір сүруін тоқтатты. Шығыс Түркістан толық жаулап алынып, Шыңжаң (жаңа шекара) деп аталды. 1756–57 ж. Қазақ хандығымен соғыс жағдайында болып, кейіннен бітімге келді. Цин империясы қазақтарды «алыста тұратын сыртқы» вассалымыз деп санай бастады. Абылайдың Ц.-л-ға жіберген елшіліктері 1757 ж. Тарбағатайға, 1759 ж. Ертістің жоғ. ағысындағы

жерлерге, 1760 ж. Іленің жоғ. ағысына қазақтардың құқықтарының танылуына қол жеткізді. Екі ел арасында сауда байланысы орнады. Алайда 18 ғ-дың 60-жылдарынан бастап Ц.-л. қазақтарға байланысты саясатын күрт өзгертті. Қытай әскерлері қазақтарды шығыстағы орнығып алған жерлерінен қуып шығаруға тырысып, 1762–65 ж. ерекше қатыгездік әрекеттерге барды. Сонымен қатар оңт-те Бирма, Вьетнам, Непалға қарсы жаулап алу соғыстарын жүргізді. Оның билігі кезінде қытай патриоттары елден қуылды, маньчжур билігі сыналған кітаптарға тыйым салынып, өртелді. 18 ғ-дың аяғына қарай Тибет жаулап алынды. Осы кезден бастап Цин империясы өзінің даму шегіне жетті. Орасан зор аумақты алып жатқан империяны ұстап тұру қиынға соға бастады. Цинь әулеті дағдарысқа ұшырап, Ц.-л-ның билігі әлсірей бастады. 1796 ж. Ц.-л. биліктен кетіп, орнына оның ұлы Юнян отырды.

Әдеб.: Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина 18 – первая треть 19 в. Сб. документов и материалов, А.-А., 1989; М ұ қ а м е т х а н ұ л ы Н., Тарихи зерттеулер, А., 1994; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

Н.Мұқаметханұлы

Ч

ЧЕРЕН ДОНДУК, Серен Дондук (т.-ө.ж.б.) – Еділ қалмақтарының ханы (1724–35), Аюке ханның кенже баласы. Әкесі қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік жолмен Қалмақ хандығын биледі. 1726 ж. қазақ хандары Әбілқайыр мен Сәмеке бастаған қазақ әскері қалмақтардың Ч. Д. бастаған әскерімен шайқас жүргізді (қ. Әбілқайыр мен Сәмеке хандардың Еділ қалмақтарына қарсы жорықтары). Ч. Д-тен кейін тақ мұрагері болып Дондук Омбо жарияланды.

Әдеб.: К и ч и к о в М. Л., Образование Калмыцкого ханства, Элиста, 1994; Қ а с ы м б а е в Ж., Государственные деятели казахских ханств в 18 – пер. пол. 19 вв., А., 1999.

ЧИЧЕРИН (т.-ө.ж.б.) – Сібір губернаторы. Оның 1763 жылғы 25 және 30 қарашада жазғандарына қарағанда, Орта жүздің Абылай сұлтаны Жаңа шептің ішкі жағынан жайылым беруді сұраған, өйткені өз жағындағы мал жайылымдары күйіп кеткен. Қытай жағында жайылым мол болса да, қазақтар Ресей шекарасынан алысқа ұзағысы келмейді. Егер бұл өтініш орындалмаса, қазақтар малын айдап, қытай жағына қарай көшетінін мәлімдеген. Бұл – Абылай сұлтанның талаптары бойынша, Ресей сыртқы істер алқасының Сібір шебінің командирі, генерал Фрауендорфқа жолдаған жарлығы. Онда: «1) қазақтар малдарын шекара ішіне айдап өткенде, олар бұл жақтағы орыс аңшылармен және балықшылармен қақтығысып қалады да, кімнің жазықты екенін айыру қиын болады; 2) қазақтар мен ресейліктер тыйым салынған тауарлармен сауда жасап қалуы мүмкін; 3) қазақтардың шекарадан әрі-бері жүргеніне көздері үйренген әскери қызметкерлердің қырағылығы бәсеңдейді, шекараның мәні жоғалады да, кімнің қашан өткені белгісіз болады; 4) Орта жүздің қазақтары қайтсе де «шекарадан өтеміз», «Қытайға қарай көшеміз» деп, бізге қоқан-лоққы жасайды. Осы жағдайларды ескеріп, Абылай сұлтанның тілегінен үзілді-кесілді бастартпай, қазақтардың малдарын шекараға таяу екеліп бағуына болатынын еппен түсіндіру керек. Бұған қосымша мына мәселелерді де есте ұстаған жөн: 1761 ж. Веймарн Сібір шебінде болған кезде Абылай сұлтанды және басқа ел ағаларын шекараға таяу аймақта өздеріне үй-

жай малдарына қора-қопсы салғызуға көндірмек болып еді. Бұған Абылай сұлтан мен Құлсары батыр көніп қалғандай еді. Абылайдың «Қылшақты өзенін мекен етемін» дегенін пайдаланып, мұндай құрылыс мәселесін тағы да жаңғыртып, есіне салып қойған жөн. Басқа ел ағаларын да осыған бейімдеу қажет. Сондықтан бұл туралы Ч-ге хабарлаған дұрыс болар еді» делінген. 1777 ж. 20 ақпанда Ч. жазған мәліметке назар аударсақ: «Абылайдың Ресей жағына адалдығы берік емес, Абылай хан да, қазақтың басқа ел ағалары да Ресейден іргесін аулақ салуға дайындалып жатса керек; ал башқұрттар Абылай ханға қарамақ екен» дейді. Ч. одан әрі: «Есет провинциясының воеводы Лазарев маған рапорт жолдап, башқұрттардың қазақ сұлтандары жағына көшіп өтпегі жөнінде ешқандай күдік байқамағанын және тыныш жатқанын хабарлады» деп көлгірсиді. Ал башқұрттардың арасындағы сенімді адамдардың хабарына сүйенген ген.-майор Скалонның айтуына қарағанда, «Абылай сұлтанға башқұрт жағынан он шақты ел ағасы келіп, өздерін қарауындағы башқұрттарымен қоса қоластына алуды және Торғай өзеніне таяу жерден жер бөліп беруді сұрапты. Оған қоса, өздеріне билеушілікке Абылайдың бір ұлын сұраған». Башқұрттардың бұл тілегіне Абылайдың берген жауабы: қазақ ханы көктем шыға сұлтандар мен қазақтың игі жақсыларын жинап, ақылдасады, олар мақұл көретін болса, Абылай башқұрт еліне кісі жіберіп, хабар жеткізеді. Башқұрттардың Қазақ хандығының құрамына енуі жөніндегі мұндай мәселе 1735 жылдан басталған. Абылай хан башқұрт мәселесі қазақ-орыс қатынастарын шиеленістіріп жіберуі мүмкін екендігін болжап, кесімді жауап бермеген. Бұл мәселе Қазыбек бидің алдында, хан кеңесінде де бірнеше мәрте талқыға түскен, бірақ башқұрттардың тілегі қабыл алынбаған.

Н.Ақбай

ЧУВАЛ – шұбалма пеш. Ошақтан шыққан түгін құбыр арқылы жоғары көтеріледі. Тік тартпа құбырдың ішінде талдан торлап өрілген баған түріндегі құрылғы. Түгінмен бірге жылу тез шығып кетпес үшін, жасалған амал. Әдетте, бөлменің бұрышына орнатылады. 1765 ж. жазда Көкше тауларының сыртындағы Қылшақты өз. бойына орыс әкімш. Абылайға арнап салған тұрғынжайдың жылыту жүйесі осындай болған. Кейбір деректерге қарағанда «Татар пеші» деп те аталған. Мыс., Н.М.Ядринцев: «Сібір қыстауларында осындай Ч. салынған» деп көрсетеді.

Әдеб.: Я д р и н ц е в Н. М. Сибирские инородцы. Омск. 1885. с. 634.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.



ЧУНЬЮАНЬ Циши-и (т.-ө.ж.б.) – маньчжур жазушысы, ғалым. 18 ғ-дың екінші жартысында оның жазып қалдырған «Сшой цзун чжи» деген кітабында Абылай басқарған қазақтар туралы мынадай ақпараттар айтылыпты: «Қазақтар хандарының есімі – Абылай. Оны қоластындағылардың барлығы «Абылай би» деп атайды. Жерлері кең, жан саны мол, малдары көп. Байларының жылқысы мен сиыры он мыңдап есептеледі, қойларына сан жетпейді». Одан әрі орыстардың қарамағындағы торғауыттар басқа діндегі олармен шығыса алмай, Обашы есімді басшылары өз елінде жасақталған 100000-нан астам әскерін бастап, шалғайдағы Ілеге (Құлжаға) келіп, Қытайға бағынады. Бұлар қазақтар мен қырғыздардың жерлерінен өткенде, сол елдермен соғысқан, одан тыс жолда келе жатқан көш арасында жұқпалы ауру тараған. Осындай себептердің салдарынан олардың 40–50 мыңдай ғана адамдары Ілеге әзер жеткен. Қытай патшасы шалғайдан келіп бағынғандығын ескеріп, оларды жан-жаққа орналастырады да, талаптілектерін орындауды ұйғарған. Қазіргі Іле жерінде олардың патшамызға келіп бағынуына арналып, тасқа қашалған естелік жазуы орнатылған делінген. Бұл кітаптың «Торғауыттардың бағынып көшіп келгені туралы қысқаша баяндама» деген тарауында былай делініпті: «1771 жылы торғауыт ханы Обашы елін ертіп, Ресейдің Есіл өзенінен аттанып, Балқаш арқылы Қытайға өтпек болды. Сонда 5 күн бойы басып өткен шөл даладан әре-дік бұлақ кездескенмен, олардың маңынан ешқандай шөп табылмайды. Көш Шығыс Шағанға жеткенде, қазақ хандары Абылай мен Әбілпейіз, Әбілмәмбеттер олармен соғысты. Одан кейін оларға Ералы сұлтан мен Нұралы хан шабуыл жасады. Бұдан соң 100 000 қырғыз алдарынан шығып, қырғын соғыс болады. Обашы бес жүз шақырымнан астам шөл даладан бір тамшы су, бір тал шөп таба алмай, адамдар жылқы мен сиырдың қанын ішіп, оба ауруына ұшырайды. 300 мың адам қырылып, малдың жартысынан астамынан айырылады да, оннан аса күнде шөл даладан әрең қашып шығады» деп жазылған бұл кітапта.

Н.Ақбай

ЧУЧАЛОВ П. (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Троицк шекара кеденінің директоры, ассесор. 1781 жылғы 31 желтоқсанда ген. Якобидің Сыртқы істер ал-

қасына жолдаған мәлімхатында жазылғанға назар аударсақ, ол патша ағзамның 23 тамыздағы жарлығын орындау мақсатында, Орта жүздің сұлтандарына, ел ағалары мен халқына патша ағзамның грамотасын таныстырып, қайтыс болған Абылай ханның орнына көп болып ақылдасып, лайықты адамды сайлауға және сол сайланған ханды бекіту жөнінде, патша сарайына арнайы кісі жіберу мәселесі бойынша Ч-ты аттандырыпты, сондай-ақ патша жарлығын орындау туралы да нақты нұсқаулар беріліпті. «Кеше Орынбор губернаторының міндетін атқарушы Хвабулов Ч-тан екі хат алған, онда марқұм Абылай ханның орнына оның үлкен ұлы Уәли сұлтан сайланғанын хабарлапты. Қазақтардың айтуына қарағанда, Уәли сұлтан марқұм әкесінің жанында жүріп, ел басқару жөнінде жақсы өнеге көрген, қабілетті, пысық және ханға лайық басқа да қасиеттері мол көрінеді. Сөйтіп жаңа хан 1781 жылдың көктемінде таққа отырған. Абылай қайтыс болғаннан кейін, өзара ақылдасып, Абылай ханға ас беру жағын да шешкен. Сонымен Орта жүздің барлық сұлтандарын, ел ағаларын, қалың қазақты – барлығы бес мыңдай адамның басын оқсан. Осы астың үстінде марқұм Абылайдың орнына бірауыздан Уәли сұлтан таңдалған. Жұма күні сұлтандар, ел ағалары мен қазақтар аланға жиналып, халық дәстүрі бойынша хан сайлауға кіріседі. Ташкенттен шақырылған ахун, басқа да дінбасылар тиісті дұғаларын оқып болған соң, Уәли сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Ханды жерге түсірген соң, жиналғандар ханның іш көйлегінен басқасын түгел шешіндіріп, сырт киімдерін сұлтандар, ішкі киімдерін хан сайлау рәсіміне куә болған қазақтар жыртқыс ретінде бөліп алыпты. Тойшылар оған тілек тілеп, жабыла құттықтаған. Хан сайлау рәсімі жеті күнге созылған. Салтанат қызығы аламан бәйгеге ұласып, домбыра мен қобыз тартылған, ән шырқалған, мол дастархан жайылып, ұлы думанқызық болған. Уәли хан Абылай сияқты тәкаппар, бірбеткей, оспадар, өр мінезді адам екен. Ол Ч-ты өзіне бір-ақ рет шақырып, тілдескен. Ч. ханға жолығып, сөйлесуге ұмтылса да, хан мән бермеді. Уәли хан: «Ресей жағынан келген өкілдерді менің әкем де бір-ақ рет қабылдайтын», – дейді.

Н.Ақбай

Ш

ШАБАНБАЙ Қалқаманұлы (1754, қазіргі Қарағанды обл. Ақтоғай ауд. – 1839, сонда) – би, арғынның қаракесек руынан шыққан. Қаракесектің немересі Майқы, Майқының немересі Өтеміс. Ш. сол Өтемістің немерелерінің бірі Қалқаманның баласы. Замандастарының бағалауынша Ш. аса қарапайым, мейірімді адам болған. Зерек, зерделі, көкірегі қазына, ақылға бай, ойы терең, толғауы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да тапқыр әділ би атанған. Зираты қазіргі Шет ауданының «Кеншоқы» өңірінде, Ақтоғай–Қарағанды тас жолының 103 км тұсында, өзен жағасында орналасқан. Ақтоғай ауданында Ш. би атында ауыл бар. **ШАБАРМАН** – билеушілердің бұйрығын, жарлығын, олардан тарайтын жаңалық хабарларды халыққа жеткізетін алып кел, барып келдің адамы. Қазақстанның Ресейге толық отар болған 19 ғ-дың 2-жартысы мен 20 ғ-дың бас кезінде болыс, билердің, губерния, уезд бастықтарының қарамағында арнаулы Ш-дары болды. Олар жоғ. ұлықтардың бұйрық-жарлығын жеткізіп қана қоймай, момын елге үстемдік, күш көрсету үшін де пайдаланылған. Сондықтан Қазақстанның кей жерінде Ш. сөзінің «шапқыншы», «тонаушы», т.б. мағыналары бар.

ШАҒЫР Айтұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Орта жүз найман ішінде қаракерей руының қара қожамбет аталығынан шыққан. 17 ғ-да Алтайды жоңғар басқыншыларынан азат ету шайқастарына қатысқан. Қара қожамбет елінің жасағын басқарған қолбасшы. Жауға шапқанда өз атын ұрандап, сол себепті «сегіз Шағыр» аталған ұрпақтарының ұраны Ш. болған. Ш. ұрпақтары қожамбет ішінде 8 рулы елге (Сырымбет, Атақозы, Қарақозы, Мамыт, Жанқозы, Аққозы, Құлеке, Тныке) бөлінеді. Ұрпақтары арасынан би-шешендер, палуандар, ақындар көп тараған (Сырымбет, Майлықан, Дәулет, Бұтабай, Нарбота, Сары билер, Тұрар палуан Бексайынұлы, Жолды Пұшық ақын, т.б.). Ұрпақтары Марқакөл өңірінде, көршілес елдерде тұрады.

Әдеб.: М а р г у л а н А., Найманы, Материалы комиссии экспед. исслед., в. 15, серия Казахская, Л., 1930; К і т а п б а е в Б., Шежіре, 2-бөлім, А., 1994.


М.Әбдиев

ШАҚАЙҰЛЫ Есдәулет (18 ғ.) – 1745 ж. Абылайдың хатын алып, Тобыл губернаторына, 300

үй үйсіндерді Ресей бодандығын қабылдау жөніндегі мәселемен барған екі елшінің біреуі, екіншісі – Жаулыбаев Байжігіт. Бұл үйсіндердің Сарыарқада, тіпті жоңғар қалмақтарымен шектес аймақтарда ежелден тұрғандығы туралы дерек берілген.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 155-б.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ШАҚАНТАЙ Жауғашарұлы (1706–1791) – батыр. Орта жүз ішінде керей тайпасынан. 14 жасынан жоңғарларға қарсы күреске бастан-аяқ қатысқан. Қазақ-жоңғар соғысында Қабанбай, Жәнібек тархан, т.б. батырлармен бірге ірілі-ұсақты 34 шайқаста ерлік көрсеткен. 1724 ж. Қабанбай батыр бастаған отыз мың әскер Аягөз өзі бойында жоңғарлармен арадағы соғысында 18 жасар Ш. жоңғар батырын жекпе-жекте жеңіп, батыр атанды. Ш. 1760 ж. Жобалай, Байқотан



Шақантай Жауғашарұлы мазары

билермен бірге Алтай, Сауыр тауларын мекендеген өзендеріне қарасты 200 шаңырақты Шұбартау жеріне, Баканас өзінің бойына әкеліп қоныстандырды. Ш-дың артынан ұлағатты, өсиет сөздер көп қалған. Қартайған шағында дулығасын балалары Құлбарак пен Байбаракқа аманат етіп тапсырған. Айттыс ақыны Қ. Алтынбаев «Ақырғы айқас», ақын К. Шалқарұлы «Шақантай батыр» атты тарихи дастандарын жазған. Батырдың мазары қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд-

на қарасты Шұбартау өңіріндегі Бақанас өз-нің бойындағы «Орта қарауыл» төбесінде орналасқан.

Т.Төлтай

ШАҚШАҚ – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре деректері бойынша Орта жүздегі арғын тайпасының момынынан тарайды. Ш-тан бақай, көшей, жүзей, ақназар, есназар, томай аталары өрбітіледі. Кейбір шежірелерде Ш. руы бес атадан тұрады делінген. 19 ғ-дағы орыс дерек көздеріне қарағанда Ш-тың басым көпшілігі Торғайдың төм. ағысы және Өлкейек өз-дері алқаптарын қыстап, жазда Тобыл өз. мен оның тармағы Алабұға және Әйет өз-дері атыраптарында көшіп-қонып жүрген. Демогр. деректер оларды алты мың отбасы деп көрсетеді. Ал мыңнан астам тағы бір бөлігі Павлодар, Қостанай уездерін қоныстанған. Ш. руының өкілдері жоңғарларға қарсы соғыста аты шыққан. Ел арасында Жәнібек, т.б. батырлар туралы әңгімелер көп кездеседі. Қазан төңкерісіне дейін негізінен мал өсіріп, егін еккен. Ұраны – Ақжол.

Әдеб.: М у к а н о в М. С., Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза, А.-А., 1974; А р г ы н б а е в Х., М ұ қ а н о в М. С., В о с т р о в В. В. Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

ШАҚШАҚ Көшекұлы (1740, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Жамбыл ауд. Майбалық а-на жақын жердегі қыстау – 1837, сонда) батыр, би. Ашмайлы керей тайпасының көшебе руынан шыққан. Жоңғарларға және Еділ қалмақтарына қарсы азаттық соғыстарына қатысып, жүзбасы, кейіннен мыңбасы болған. 18 ғ-дың аяғы мен 19 ғ-дың басында Марал ишан Құрманұлының Ресей өкіметінің отарлау саясатына қарсы азаттық үшін күресіне қолдау көрсеткен. 1819 жылға дейін керей және уақ тайпаларына басшылық етіп, еділ би атанды. 1830–37 ж. аға сұлтан Жалбыр Абдуллин мен Шыңғыс Уәлиханов өздері иелік ететін рулардың біріне старшина етіп сайлаған. Меккеге барып, қажылық сапарын өтегеннен кейін Петропавл қ-нда өз қаражатына мешіт пен медресе тұрғызған. Ш-тың «Ақтық пен шақтық» өлеңі біздің заманымызға жеткен. Ш. – белгілі ақын, әнші әрі композитор Сегіз серінің туған атасы.

Қ.Мұқанов

ШАЛ (Т і л е у к е) Күлекеұлы, Ш а л а қ ы н (1748, қазіргі Көкшетау обл. – 1819, қазіргі Солт. Қазақстан обл. Шал ақын ауд.) – ақын. Әкесі Күлеке батыр Абылай ханның жақын серігі болған. Жас кезінде мұсылманша білім алып, өз заманына сай біршама сауатты әрі әнші адам болған. Ш. Қ-ның өлең, жырларынан өз дәуірінің өмір көріністері айқын аңғарылады. Бұлардың бәрінде берлік жақсылық пен жамандық, әділдік пен зұлымдық, ынсап пен тойымсыздық, ақылдылық пен аңғалдық, ізгілік пен надандық, байлық пен кедейлік тәрізді кереғар жайттар кең

қамтылып сөз болады («Ата-ананың қадірін», «Жігіт туралы», «Жігіттің өзін білем дегені», «Әйел сыны», «Қыздар туралы», т.б.). Ш. Қ-ның шығармаларында моральдық, этикалық қатынастар да ұтымды бейнеленген («Кәрілік туралы», «Жастықты көкसेгені», «Он бес деген жасым-ай», «Елу ердің жасы екен», «Жаманға дәулет бітсе ауа айнар», «Екі арыстан жабылса дәуді өлтірер», «Айтайын біраз кеңес», т.б.). Ш. Қ. кезінде ел өмірінде елеулі орын алған айтыс-қағыстарға қатысып отырған. Бұлардан оның үшқыр қиялды тапқырлығы мен от ауызды, орақ тілді алғырлығы да мол көрінеді («Шал мен қыз», «Бәйбіше мен шал», «Шал мен жігіт», «Шал мен келіншектер», т.б.). Бір топ жырлары «18–19 ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962), «Үш ғасыр жырлайды» (1965), «Алдаспан» (1971), «15–18 ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Бес ғасыр жырлайды» (1984) жинақтарында жарық көрді. Ш. Қ. атына Солт. Қазақстан обл-нда аудан аты берілген.

А.Мамашұлы

ШАЛАБАЙ Арқабайұлы (1718/38, Іле бойы – 1758/70, Шу өңірі) – жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлігімен көзге түскен батыр, қолбасы. Ұлы жүз дулат ішінде ботбай руынан. Жастайынан Көтентай батырдың соңына еріп, жоңғарларға қарсы бірнеше шайқастарға қатысты. Шайқастарда бірнеше жекпе-жекке шығып, жеңіп шыққан. Ш. қалмақ тілін жетік білгендіктен арнайы тапсырмамен жау арасына еніп, олардың саны мен соғыс қимылдарын дер кезінде жеткізіп отырған. Ол жаумен күрестегі осындай батыл қимылдармен халық арасында зор құрметке ие болып, қолбасы дәрежесіне көтерілді.

Ә.Ақпейілов

«ШАЛҚАР» – газет. Қазақстандағы төте жазумен шығатын жалғыз басылым 1976 жылдың желтоқсан айынан бастап шет елдерде тұратын қазақтармен байланыс орнату мақсатында «Біздің Отан» деген атпен шыға бастаған. Газет негізінен ҚХР-ндағы қандастарға арналғандықтан, солар қолданып жүрген төте жазумен (араб графикасы негізінде) шығарылып, айына 2 рет жарық көрді. Әлемнің 30-ға жуық еліне 40 мың тиражбен тарайды. Бұл газет Мәскеудегі «Отан» қоғамының Қазақстандағы бөлімшесінің атынан шықты. 1990 ж. «Отан» қоғамының қазақстандық бөлімшесі «Қазақстан» қоғамы болып қайта құрылды да, осыған байланысты «Біздің Отан» газеті қазіргі атына өзгертіліп, көлемін кеңейтіп, апталық газетке айналды. 1976 – 86 ж. газеттің алғашқы редакторы, белгілі журналист Мұса Дінішев болды. 1986–96 ж. газетке Уақап Қыдырханұлы, 1996–98 ж. Әділғазы Қайырбеков редактор болды. Газет 1999 ж. жабылып, 2000 жылдан «Шалқар-2» деген атпен қайта шықты. Қазіргі редакторы – Жаңыл Әпетова. Газетте А.Татанайұлының «Жәнібек

ШАНЫШҚЫЛЫ

батырдың Абылайдың оң тізесінен орын алуы» атты мақаласы жарық көрген.

К.Қошым-Нозай

ШАНЫШҚЫЛЫ – қазақ халқының құрамындағы тайпа. Шежіре деректеріне қарағанда, Ұлы жүз құрамына кіреді. Ш. тайпасының шығу тегі ғалымдар арасында түрлі талас-тартыстар туғызып келеді. Н.А.Аристовтың жорамалдауынша оның өкілдері ертеде Алтайдағы Бий өз-нің бір саласы Аққу өз. мен Шошқалы, Шаңғылбұлақ, Қалжыр өз. ағып шығатын Марқакөлдің сағасындағы құмандар арасында болған. Ол «Шанышқылы ұрпағы Шағатай кезінде қаңлының жергілікті руларынан қалыптасып, моңғолдардан шыққан чаншиут немесе шанышқылы атасының атын иемденіп, одақ түрінде құрылды» деп жазады. Ал, А.И. Левшин Ш-ның Ұлы жүздің өзге тайпаларымен қатар ежелгі үйсін, дулат, қаңлы, сіргелі тайпаларымен туыстығын толымды түрде дәлелдейді. Ортағасырлық деректерде Ш. қатағандармен тығыз байланыстырыла қарастырылды. Басқа халықтардың құрамында да Ш. атауы кездеседі. Айталық, олар қырғыздардың чекир, саяқ, қарақалпақтың қандақты, өзбектің локайлықтарының арасында да аталады. Бұған қарағанда, Ш. түркі халықтарының этногенезінде өзіндік рөл атқарған көне тайпалардың бірі болған. М.Тынышбаев қатағандардың бір бөлігі Ш. болып, қаңлыға қосылды деп есептейді. Негізінен алғанда, олардың қаңлымен туыстас екендігін атауы да нақты көрсетеді. Соған қарағанда Ш. тайпасы ерте замандарда Қазақстанның оңт. аудандарын жайлауы да мүмкін. Қазақ шежіре деректерінде Ш-ның ата-тегінің құрамы әрқилы өрбітіледі. Мыс., Тынышбаев еңбегінде Ш-дан – Сымыршық, одан Айрылмас, мұнан соң Құрбақа (Балық, Саңырау, Мамыт), Дарқан, Қырықсадақ, Бектау (Қырпық, Арапшы, Сырдым), Жойсын, Бағыс (Қырғызтекті) таратылады. Келесі бір деректе Ш-дан – Балық, Күрпік, Дарқан, Саңырау таратылып келеді. 19 ғ-дың аяғында Сырдария обл. Ташкент у-нде 2 мың түтін, Верный, Қапал, Әулиеата, Шымкент у-дерінде 10 мың түтін Ш. өмір сүрген. Тынышбаевтың көрсетуінше 1917 ж. қаңлылар мен Ш-лар Верный у-нде 10 мың жан, Әулиеатада 20 мың жан, ал Ташкент уезінде 160 мың жан өмір сүрген. Ш. тайпасы мал өсіріп, суармалы егіншілікпен айналысты. Ұраны – Айрылмас, Бәйтерек, Бақтияр, таңбасы – қолтаңба.

Әдеб.: А р ғ ы н б а е в Х., М ұ қ а н о в М. С., В о с т р о в В. В., Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Н.Байғабатова

«ШАҢДЫ ЖОРЫҚ» – қазақ-қалмақ соғысындағы соңғы шайқастардың бірі. Қазақ әскерлерінің Еділден Жоңғарияға үдере көшкен Еділ қалмақтарын өкшелей қуған жорығы халық арасында осылай аталған. Қытайдағы Цин империясы Жоңғар хандығын талқандап, халқын қырып-

жойғаннан кейін Еділ қалмақтарына ата-бабаларының жері қаңырап, иесіз қалды деген лақап тарады. Осыған байланысты халықтың көшбасшылары Убашы хан және Церен тайшылар тайпаластарын атамекендері Жоңғарияға қайтару үшін ұлы көш жасауға үгіт жүргізді. Шапқыншылықтардан қажыған, Ресей өкіметінің қысымына шыдамаған қалмақ халқы 1771 ж. қаңтарда көшуді бастады. Қалмақтардың негізгі бөлігін құрайтын торғауыттар Еділдің сол жағасын, яғни оның шығыс жағын; дүрбіт пен хошауыттар оң жағасын алып жатқан еді. Көш 5 қаңтарда басталып, 11198 отбасы өзеннен өте алмай Ресей шегінде калуға мәжбүр болды. 30909 отбасы немесе шамамен 170–180 мың адам қазақ жері арқылы өтуге бет алды. Олардың қарулы күштері – 40 мың жауынгер еді. Еділ қалмақтарының көшкені туралы хабар алған Ресей үкіметі оларды күшпен кері қайтаруға тырысты. Бірақ олар қуғыншы ұйымдастырғанша, қалмақтар қазақ иеліктеріне тереңдеп еніп үлгерді. Қалмақтар бірнеше қазақ ауылдарын таптап өтіп, Жем өз-нің жағасында аз уақыт аялдады. Олардың келгенін білген Кіші жүз ханы Нұралы тез арада әскер жинап, қарсы аттанды. Жем өз-нің бойында алғашқы шайқас өтті. Убашы жеңіліс тапты және Нұралыға уақытша бітім туралы хат жолдады. Бірақ ол нәтижесіз болды. Қалмақ көштері Мұғалжарды айналып өтіп, одан әрі жылжыды. Көктемгі су тасуы кезінде қамыстан сал жасап, Торғайдан қиындықпен өтті. Көштің артында қалған қаза тапқан адамдардың мәйіттері, әлсіреген адамдар күн сайын көбейе берді. Қазақтар көштің жүрісін қадағалап отырды және толассыз шабуылдар ұйымдастырып, мол олжаға кенелді. Наурыз айынан бастап жаздың ортасына дейін төрт айдай уақыт бойы қалмақтар қазақ жасақтарын қиындықпен тойтарып, аялдамастан ілгері жылжыды. Маусымның аяғына қарай олар Сарыарқаны толығымен Балқашқа дейін қиялай кесіп өтіп, Мойынты өз. жағасында аялдады. Осы жерде оларды Абылай хан бастаған қазақтардың біріккен әскері қоршауға алды. Қазақ жауынгерлерінің жалпы саны елу мың болды, жекелеген жасақтарды Нұралы хан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан басқарды. Өлім қатерін сезген қалмақ басшылары Абылай ханға бодандыққа қабылдауды ұсынып, елші жіберді. Қалмақ елшілерінің ұсыныстарын талқылау үшін Абылай әскери кеңес шақырады. Абылай олардың ұсынысын қабыл алып, шығыстан төнген қытайлардың қаупіне қарсы қалқан ретінде пайдалануды көздеді. Бірақ тоғыз ұрпақ бойы осы жаумен соғысып келген халық өкілдері оларды біржолата жойып жіберу керек деп мәлімдеді. Кеңес созылып кетіп, үш күндік бітім жарияланды, оның соңғы күнінде тұтқындар алмасып, мәселе түпкілікті шешілетін болып белгіленді. Бірақ үшінші тәулікке қараған



түнде қалмақтар аса күшті соққы жасап, қоршау шеңберін бұзып өтті. Таң алдында қазақтар жауынгерлік қатарын қайтадан тәртіпке келтірді. Қазақ жасақтары жауды күндіз-түні өкшелей қуып, әскери күшін біртіндеп жоя берді. Қалмақтар Балқаштың тұщы сулы батыс жағынан айналып, Іле өз-нің бойымен жоғары өрлеп Жоңғарияға өтуді жоспарлады. Алайда қазақтар оларды суға жеткізбей, шөл даламен босуға мәжбүр етті. Шөл мен сансыз шайқастардан қалжыраған қалмақтар қырылып, тірі қалғандары тұтқынға түсумен болды. Тек ең табанды, жақсы қаруланған аз ғана тобы Қастек, Қаскелең, Кеген және Нарынқол арқылы зор қиындықпен Жоңғарияға жетті. Мойынтыдағы түнгі шайқаста қалмақтардың бір тобы бөлініп шықты. Танжу тайшы басқарған бұл топ Балқаштың солт. жағалауын жағалай жүрді. Біраз уақытқа дейін оларды ешкім байқамай бұл көш жағдайларын жақсартып алады. Алайда көп ұзамай қазақтар бұларды да қыспаққа алды. Бұл кезде олар Аяғөз, Лепсі, Қаратал өз-дерінен өтіп, Ілеге жеткен еді. Соған қарамастан қазақтардың шабуылынан олардың да 1/10-і ғана қашып құтылды. Олар Іленің жоғ. жағына қарай қашып, Қытай шептеріне жеткен еді. Жайықтан Жоңғарияға дейінгі аралықты алты айда азаппен өтіп, тірі жеткен 10–15 мыңдай қалмақтар Қытайға барып, құлдық қамытын киді. Цин әкімшілігі оларды жекелеген ұсақ ауылдарға бөлшектеп, өзінің боданы деп жариялады. Қалмақтардың Еділден Жоңғарияға үдере көшуі Еділ-Жайық бойында үлкен дүрбелең туғызды. Көп ұзамай бұл маңда Е.И.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі басталды. Жайықтан өте алмай Ресейде кідірген 50–60 мың адам аман қалды; қ. *Қалмақтар*.

Әдеб.: Б а т м а е в М. М., Калмыки в 17–18 вв., Элиста, 1993; М о и с е в В. А., Россия и Джунгарское ханство, Барнаул, 1998; К а с ы м б а е в Ж., Государственные деятели казахских ханств, 18-пер. пол. 19 вв., А., 1999; Қазақстан тарихы, 3-т., 2002.

Ж.Қасымбаев

ШАПҚЫНШЫЛЫҚ – бір елдің жерін, дүние-мүлкін тартып алып, халқын құлдыққа түсіру үшін екінші бір елдің жасайтын қарулы шабуылы. Ежелгі және орта ғасырларда үздіксіз жүргізілген соғыстар, бейбіт халықты қырғынға ұшыратып, қалаларды, құрылыстарды қиратты. Мыс., 17–18 ғ-ларда 100 жылдан астам уақыт бойы қазақ жеріне жоңғар басқыншылары Ш. жасады.

ШАПЫРАШТЫ – қазақ халқының құрамындағы тайпа, Ұлы жүзге кіреді. Шежіре деректері бойынша Абақтан тарайтын Бәйдібектің екінші әйелі Зеріптен Жалмәмбет (Жәлменде), одан – Ш., ысты, ошақты тарайды. Діқанбай батыр шежіресінде Ш-дан Асыл, Шыбыл, Екей, Еміл, Есқожа, Айқым өрбітіледі. Бұларды «бесшам шапырашты» деп те атайды. Ш. тайпасы туралы ежелгі заманнан қалған мәліметтер өте сирек. Жазба де-

рек көздерінде Ш. деген атау ұшыраспағанымен, оның құрамындағы шыбыл мен еміл рулары Махмұт Қашқаридың жазбасындағы Чигил (Жікіл), Чумул есімімен аталады. Этнолог ғалымдар бұл екі руды шыбыл мен еміл, кейде екей болуы да мүмкін деген тұжырым ұстанады. Ортағасырлық қытай жазба әдебиеттеріне қарағанда, Батыс Түрік қағандығындағы нұшбелер одағында азғыр (әскіл), қасо тайпалары өмір кешкен. Олар Ш-ның асыл, есқожа руларымен үндеседі. Әскілдер Шыбар Ахилаш қаған тұсында нұшбелер арасындағы ең қуатты тайпа болған. Ш. атауын кейбір деректер көзі шапыраш болғандықтан осылай аталған дейді. Бірақ ол Шыбар Ахилаш қаған есімінен бастау алуы ықтимал. Оның «Ахилаш» есімі ақи, шапыраш болып уақыт өте келе семантик.-тілдік реңкін өзгертуі мүмкін. Қалай болғанда да Ш. Жетісуды ілкі замандардан мекендеп келе жатқан тайпа екендігі белгілі. Ш. тайпасының есімі Жоңғар шапқыншылығы кезінде жиі кездеседі. Осы шапқыншылықта Ш. тайпасы басқаларға қарағанда көп шығынға ұшырап, ауыр зардаптарды басынан кешірді. Халық арасында жоңғарларға, кейіннен қоқандықтарға қарсы күрес жүргізген Қарасай, Кәшке, Бөлек, Жәпек, Байторы, Байқұлақ, Қаумен, Қастек, Наурызбай, Сатай секілді көптеген батырлардың ерлігі жайлы әңгімелер көп тараған. 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың бас кезінде Ш-лар Верный, Әулиеата у-дерінде тіршілік еткен. Н.И. Гродековтың деректерін пайдаланып, Н.А.Аристов Ш-ны 7 мың түтін деп көрсетеді. М.Тынышбаев 1917 ж. Верный у-нде 70 мың жан Ш. өмір сүрген деп есептейді. Аристов Ш-ның бес ірі бірлестігін екшей келе екейлер Ұзынағаш пен Шамалған болыстарындағы Қарасу, Тәуке-Тайлақ, Қасқабұлақ, Қызылауыз, Ұзынағаш, Сасықбай, Текенді, Сүмек, Сары Шыбыр шатқалдарын мекендейтінін жазады. Қастек, Кіші Алматы, Үлкен Алматыда, ішінара Ұзынағаш болысының Қарақастек, Құтырған, Найманбай, Түгереккөрші, Жиренайғыр, Қастек, Самсы өз. бойындағы, Қойжалдамалы, Қарабастау мен Тасөзек шатқалдарында есенқожа руының көптеген атаулары қыстаған. Шыбылдар Күрті болысының Токмоласаз, Қараөткел, Кемпірсай, Құрманбай, Қалбұлақ, Өтеген мен Үшшоқы шатқалдарын жайлады. Жайлаулары Іле Алатауында болды. Асылдың көптеген аталары Түгелсай мен Күрті болыстарындағы Терісбұтақ, Қаракемпір, Талдыбұлақ, Жаманбұлақ, Қосағаш, Ақсеңгір, Шыбық пен Үшарал қойнауларын мекендеді. Бір тобы Кіші Алматы болысындағы Құрөзек, Талдыжидек пен Шамалғанға жақын Қаскелең өз. бойында қыстады. Айқым руы Қарғалы болысының жерінде орналасты. Төңкеріске дейін Ш. тайпасының өкілдері отырықшы, жартылай отырықшы болып күн кешті, төрт түлік мал өсірді. Ұраны – Бақтияр, Қарасай, таңбасы – айтаңба.

ШАТАҚ

Әдеб.: Қазақтың көне тарихы, А., 1993; А р г ы н-баев Х., М ұ қ а н о в М. С., В о с т р о в В. В. Қазақ шежіресі хақында, А., 2000.

Д.Сүлейменұлы

ШАТАҚ Есенбайұлы (т.-ө.ж.б.) – батыр. Орта жүз найман ішінде қаракерей руының жалмамбет аталығынан шыққан. 18 ғ-дың соңында жоңғар басқыншыларынан азат етілген Марқакөл өңірін қоныстанған елін көршілес торғауыт, ойрат, ұранқай шапқыншылығынан қорғап, кейбір төрелердің елді біріктірудегі дәрменсіз істеріне қарсы шыққан. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда дене тұрқы ірі, қызыл шырайлы адам болған. Батырлық шалт қимылына қарап өзінің шын аты ұмытылып «аты шулы Шатақ батыр» аталып кеткен. Ұрпақтары шал, қанжа деп бөлініп, ата қонысы Марқакөл өңірінің Ақбұлақ, Күнгей Бөкенбай жерлерін мекендейді.

Әдеб.: М а р г у л а н А., Найманы, Материалы комиссии экспед. исслед., в. 15, Серия Казахская, Л., 1930; К і т а п б а е в Б., Шежіре, 2-бөлім, А., 1994.

М.Әбдешев

ШАҒ, ш а х – Шығыстың кейбір елдеріндегі жоғары билеушінің лауазымы. Тұңғыш рет «Ш.» термині Сасани мемлекетінде қолданылған. Орта ғасырларда Иран, Хорезм, Дели сұлтандығы секілді мемлекеттерді Ш. басқарды. Оның билігі шексіз болған. Иранда шаһиншаһ (патшалардың патшасы) термині Ш. үкіметі құлатылғанға дейін (20 ғ.) мемлекеттің ең жоғ. лауазымы ретінде пайдаланылып келді.

ШАШАҚ – дәрежені білдіретін рәміздік белгі. Жылқының, аңның құйрықтары, түсті мата бау (лента), жібек Ш. тағылған найзалар орта ғасырда хандардың, патшалардың, әскербасылардың, батырлардың дәрежесін білдірген. Шығыс халықтарында бұл заттарды аттың мойнына да таққанын бейнелеу өнері ескерткіштерінен көруге болады. Қабыланның құйрығы, мата баулар – хандардың, шаһтардың, ал аттың, кодастың құйрығын тағу, жібектен жасалған Ш-тар әскербасылар мен батырлардың дәреже белгісі болған. Кейде дәрежесіне қарай бұл аталмыш белгілері қосарланып тағылды. Шығыс миниатюраларында хан-сұлтандар аттарының басына Ш. пен бау, немесе қабылан (барыс) құйрығы мен Ш., т.б. қосарланып тағылғанын көреміз. Ат мойнына тағылған бұл белгілерді орысша султан, түркі тілінде «хутаж», «кутаж» деп атайды. Бұл лауазым белгілері адамның дәрежесін, оның кім екенін көрсетті. Шығыс өнері материалдары, көшпелі халықтардың өз бейнелеу өнері, бұл рәміздік белгілерді хандар, батырлар, әскербасылар қарудың басқа түрлеріне де (қылышқа, жаққа, қылшанға, т.б.) және дулығаларына тағатынын көрсетеді. Мыс., көне Рим өнерінде сармат батырларының дулығаларында барыстың (қабылан) құйрығы тағылғаны бейнеленген. Мұражай-

лық экспонаттар қазақ, моңғолдардың аттың қылын (құйрығын) найзаға, дулығаға таққанын көрсетеді. Түркі петроглифтерінде, моңғол миниатюраларынан түркі, моңғол әскербасыларының, хандардың дулығаға, қаруға мата бау-лента таққанын көруге болады. Түрік, Иран, Әзербайжан миниатюраларында атақты хан, батырлардың қылшандарына тағылған қабылан құйрығы бейнеленген. Қазақ батырлары, хандары атақ, дулығаға жібектен Ш. таққан.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Қ.Ахметжан, С.Хасенұлы

ШАШАҚТЫ НАЙЗА – қару; қ. Найза.

ШАЯХМЕТОВ Жұмабай (30.8. 1902, қазіргі Ресей Федерациясы, Омбы обл. Шарбақты ауд. 1-ауыл – 17.10.1966, Алматы) – саяси және мемлекет қайраткері. 1917 ж. Полтавадағы 2 сыныпты қазақ-орыс уч-щесін бітірген. 1919–23 ж. ауыл мұғалімі, болыстық к-ттің хатшысы, 1923–25 ж. Шерлак уездік қылмысты іздестіру бөлімінің қызметкері, уездік атқару к-тінің іс жүргізушісі, 1925–26 ж. Ақмола губ. әкімш. бөлімінің



Ж.Шаяхметов

іс жүргізушісі, кеңес аппаратын жергіліктендіру комиссиясының хатшысы, 1926–28 ж. Петропавл окр. «Қосшы» одағында нұсқаушы болды. 1928–38 ж. Петропавл мен Алматыда ішкі істер халық комиссариаты органдарында әр түрлі жауапты қызметтер атқарды. 1938–46 ж. Қазақстан КП ОК-нің алдымен 3-, кейіннен 2-хатшысы, болып сайланды. 1946–54 ж. Қазақстан КП ОК-нің 1-хатшысы болды және 3-сайланған КСРО Жоғ. Кеңесінің 1-сессиясында КСРО Жоғ. Кеңесі Ұлттар кеңесінің төрағасы болып сайланды. Ш. басшылықта болған кезде Қазақстан халқы артта қалған, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргінді және соғысты бастан кешірген кезеңнен өтіп, аздап болса да ес жия бастады. Соғыс жылдары Қазақстанға КСРО-ның батыс аймақтарынан көптеген зауыт-фабрикалар, ғыл. және мәдени мекемелер көшіп келді. Осыған байланысты қаладағы халық саны күрт өсіп, жаңадан өндіріс ошақтары пайда болды. Мәскеуден, Ленинградтан,



Киевтен, т.б. ірі-ірі қалалардан келген ғылым мен мәдениеттің көрнекті қайраткерлері республика басшылығы көмегімен жергілікті жағдайға тез бейімделіп, елдің ғыл. және мәдени өміріне белсене араласты. Осы ғалымдарды және жергілікті күшті жұмылдыра отырып, 1946 ж. Қазақ КСР-і ҒА құрылды, жоғары оқу орындарының ғыл.-тех. базасы нығайды, жаңа оқу орындары ашылды. Ш-тың Қазақстанды басқарған жылдары жарық көрген «Қазақ ССР тарихында» (1943) тұңғыш рет Абылай ханның өмірі мен тарихи қызметіне оң баға берілгенімен, кейін саяси идеологияның қаһарлы сынына ұшырады. Бұрынғы ұсақ ұжымшарлар біріктіріліп, жаңадан кеңшарлар құрыла бастады. 1937–49 ж. республикаға КСРО-ның түпкір-түпкірінен қуғынға ұшыраған халықтар (Солт. Кавказ халықтары, немістер, корейлер, т.б.) зорлықпен көшіріліп әкелініп, Қазақстан көп этносты өлкеге айналды. Соған карамастан Ш. басқарушы кадрлар арасында қазақ басшыларын көбейтті. Көптеген қазақ жастары Мәскеу мен Ленинградта оқыды, аспиранттар мен докторанттар көбейді. Қазақстанда жаңадан жүздеген з-ттар мен фабрикалар салынды, мыңдаған шақырым т. ж. төселді. Мырыш өндірісі, қара металлургия, машина жасау, мұнай өңдеу, а. ш. тыңайтқышын өндіру, т.б. салалар жаңадан құрылды. Қазақстан артта қалған елден аграрлы-индустриялы республикаға айнала бастады. Бірақ Ш. сол кезде билік басында болған басқа да басшы қызметкерлер сияқты «партия солдатты» болды. Сондықтан 1940–50 ж. бүкіл КСРО-да өз үстемдігін орнатқан тоталитарлық жүйеге қарсы тұра алмады. 20 ғ-дың 40-жылдарының аяғы мен 50-жылдардың бас кезінде КСРО-да болған саяси қуғын-сүргін қазақтарды да айналалып өткен жоқ. 1920–30 жылдардағыдай болмағанымен, бұл жолы да қазақ зиялылары саяси қудалауды бастан кешірді. Атап айтқанда Қазақ КСР-і ҒА-ның Тіл және әдебиет ин-ттарының жұмысында «өрескел қателіктер» табылды. Көптеген адам сотталып, студенттер оқудан шығарылды. Акад. М.П. Русаков, А.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Е.Бекмаханов, т.б. қудаланды. Ш. орталықтың Қазақстандағы орыстандыру саясатына қарсы тұра алмады. 1953 ж. КСРО-ны ұзақ жылдар басқарған И.В. Сталин қайтыс болды. Осыған байланысты Мәскеуде болған саяси тартыстардан кейін билікке Н.С. Хрущев келді. Ол КСРО-ны азық-түлік жетіспеушілігінен аман алып қалу үшін Қазақстан мен Батыс Сібірдің тың және тыңайған жерлерін игеру қажет деп есептеді. Ш. Қазақстанның геогр. ерекшеліктерін және осыған байланысты қазақ халқының негізінен мал ш-мен айналысқанын ескере отырып, жерді жаппай жыртуға қарсылығын білдірді. Сондықтан Ш. орнынан алынып, 1954–55 ж. Оңт. Қазақстан обл. партия к-тінің 1-хатшысы қызметіне төмендетіл-

ді. 1955 ж. одақтық дәрежедегі дербес зейнеткер дәрежесінде демалысқа шықты. 3 рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Әдеб.: Первые лица государства: политические портреты (с точки зрения истории и современности), А., 1998.

Ә.Ғали

ШӘДІ Жәңгіров (1865, қазіргі Оңт. Қазақстан обл. Созақ ауд. бұрынғы «Құмкент» кеңшары – 12.11.1931, Өзбекстан, Сырдария обл. Қаратөбе мекені) – ақын. Бала кезінде Шаян, Қарнак, кейіннен Бұхарадағы Көкілташ медреселерінде оқып, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік білген. Шығыс тарихынан, философиясынан, әдебиетінен мол мағлұматы болған ол шығармаларын Шығыс ақындары жиі қолданған нәзіралық әдіспен жазды. Ташкент, Қазан, Орынбор баспаларынан 18 дастан, хисса-хикаят кітабын бастырып шығарған. Олар «Төрт дәруіш» (1913, 1914), «Хикаят Қамар-заман» (1914), «Назым чәһар дәруіш» (1913), «Хатымтайдың хикаясы» (1914), «Хикаят Халифа һарон-ар Рашид» (1914), «Хикаят Орқа-Күлше» (1917), «Қаруынның жер жұтқан оқиғасы» (1917), т.б. «Тарихнама» атты көлемді дастаны қолжазба күйінде сақтаулы. А.С. Пушкин поэмаларының сюжетін де еркін аударып жырлаған («Полтаваның соғысын Пушкиннің бәйін қылғаны», 110 жол). Халық арасында кең тараған «Шардарбек болысқа», «Бір молдаға», т.б. өлеңдері белгілі. Шығармалары негізінен қара өлең, жыр, терме, назым үлгісінде болып келеді. Ақын шығарм. жөнінде Н.Келімбетов «Шәді ақын» (1974) атты зерттеу еңбек жазды. Ш. төренің «Тарихат» дастанында Абылайдың бүкіл өмір кезеңдері, хан жанындағы батырларының ерлік істері қамтылған. Ш-нің бұл шығармасы «Абылай хан» жинағына (1993) енген.

ШӘКӘРІМ Құдайбердіұлы (24.7.1858, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Қарауыл а. – 2.10.1931, сонда) – қазақ ақыны, ойшыл, композитор, аудармашы. Әкесінен жастай жетім қалып, немере ағасы Абай Құнанбаевтың қолында тәрбиеленді. Бұл жағдай Ш-нің дүниеге көзқарасының қалыптасуына, ақындық шеберлігінің шыңдалуына зор әсер етті. Ол орыс, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгеріп, Батыс, Шығыс әдебиеттерін терең білді. Жеті жасынан өлең жазып, өмірінің соңына дейін ағартушылық бағыт ұстанды. Ақын нақты өмір суреттерін, туған табиғаттың әсемдігін тебірене жырлады, 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың басындағы қазақ өміріндегі оқиғаларға, құбылыстарға қызу үн қосты. «Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық» (1877) өлеңінде талапты жастарды ұлы Абайдан үлгі-өнеге алуға, содан үйренуге шақырса, «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» (1879) өлеңдері Абай үлгісінде жазылып, адам өмірінің

ШӘМШӘТҰЛЫ

мән-мағынасы туралы толғанады. «Өмір», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», «Қалжыңбас», «Тойымсыз нәпсі» сияқты дидактик. өлең-жырларында боямалы ажарды, жасанды мінез бен жағымсыз қылықты сынға алды. Ғашықтық сезім таза, пәк жүректен маздайтынын айта келіп («Анық асық әулие», «Шын сырым»), адамгершілік ақ жолға, өнер-білімге («Жастарға», 1880) үндейді. Ш. – қазақ поэзиясында оның филос. саласын дамытқан ақын. Абайдың кеңесі бойынша «Қалқаман–Мамыр» дастанын (1888) жазды. Мұнда кіршіксіз махаббат дәріптеліп, орта ғасырлық қатыгез тіршілікке қарсылық,



Шәкәрім Құдайбердіұлы

оны айыптау бар. «Айсұлу–Нартай» поэмасы жамандықты жазаласа, «Әділ–Мария» романында шынжыр балақ, шұбар төс алпауыттардың зорлық-зомбылығына қарсылық білдіреді. Ш. – «Қодардың өлімі», «Кірез патша» дастандарының авторы. 1905 ж. Ш. қажылық сапар шегеді. Меккеге барған бұл сапарын пайдаланып, ақын өзінің байырғы арманын жүзеге асырады. Стамбұл, Париж кітапханаларынан туған халқының тарихына байланысты кітаптарды оқиды. Осылай жинаған материалдар негізінде Абылай ханның жас кезіндегі өмірінен хабар беретін «Уәлибақының нәсілі» деген аңыз-әңгімесі енген «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» (1911) кітабын, ислам дінін халық мүддесіне үйлестіре түсіндіру мақсатымен «Мұсылмандық шарты» деген еңбек (1911) жазды. Бұл тұста ақынның діншілдігі ғана емес, үлкен ойшыл философ екені айқын танылады. Ол жаратушы Алланы ақылға салып түсінуге ұмтылды. Америкалық жазушы Гарриет Бичер-Стоудың (1811–96) «Том ағайдың балағаны» романын, Л.Н. Толстойдың «Асрхадон патша», «Үш сауал», т.б. әңгімелерін, А.С. Пушкиннің «Боран», «Дубровский» повестерін қазақ тіліне аударды. Физулидің «Ләйлі–Мәжнүн» дастанын назирә үлгісімен (1907) жырлады. Семей қ-нда ақынға орт. көше аты берілген, «Семей» мемл. ун-ті Ш. атында.

Шығармалар, А., 1988.

Шығармалар, А., 1988.

А.Мамашұлы

ШӘМШӘТҰЛЫ Ибрагим (4.8.1921 ж.т., Қызылорда обл. Қармақшы ауд. Төрткүл а.) – тарих ғыл. докт. (1982), проф. (1984). Шымкент оқытушылар ин-тын (1949, қазіргі Оңт. Қазақстан мемл. ун-ті), Қызылорда пед. ин-тын (1952, қазіргі Қызылорда мемл. ун-ті) бітірген. Қармақшы а-нда орта мектепте мұғалім (1941–43), директор (1946–48). Ауд. партия к-тінің меңгерушісі (1949–53). Қазақстан КП Орт. к-ті жанындағы партия тарихы ин-тында аспирант (1953–56), Қазақ КСР ҒА-ның Тарих, археол. және этнография ин-тында кіші ғыл. қызметкер (1957–58, 1962–65), Қазақ КСР ҒА Төралқасының акад.-хатшысының



И.Шәмиәтұлы

орынбасары (1958–62), ҚазҰПУ-да доцент, кафедра меңгерушісі, проф. (1965–2001) қызметтерін атқарды. 220-дан астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 11 монография, 3 оқу құралының авторы. Ш. «Абылай туралы ақиқат» мақаласында («Алматы ақшамы», 1998, 7 тамыз) 17–18 ғ-лардағы қазақ хандығының тарихына, Абылай хан заманына, оның ұлт-азаттық күресін басқарған қайраткерлігіне арнайды. Сонымен қатар мақалада Абылайдың 1771 ж. Үш жүздің ұлы ханы болып сайланғанын, Ресейдің әйел патшайымы Екатерина II-нің қайтадан екі рет ант қабылдау жөніндегі ұсынысынан бас тартып, басқа да берілетін сый-сыяпат, артықшылықтарын қабылдамай тастағаны, Қытаймен қарым-қатынаста да елді тәуелсіз жағдайда ұстағанын көрсетеді. 18 ғ-дың 50-жылдары аяғына қарай Қытаймен арадағы дипломат. қарым-қатынас біршама оңғарылып, сауда-саттықтың жолға қойылуына қол жеткізгендігі де сөз болады. КСРО Ағарту ісінің үздігі (1978). ҚР Жоғары мектебі ҒА-ның құрметті акад. (1996). 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.



ШЕЖІРЕ – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Ру, тайпалардың тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген, қалыптасқан ресми Ш. барлық халықтарда кездеседі. Ресей, Германия, Англия, Франция және көптеген шығыс елдері де Ш-нің көп томдық жинағын баспадан шығарған. Башқұрт, өзбек, түркімен, қырғыз, Сібір халықтарында Ш. дерек көздері ретінде молынан кездеседі. Ш-ні шежіреші қарттар ауызша таратып отырған. Сондықтан оны кейбір ғалымдар далалық ауызша тарихнама (ДАТ) деп те әспеттейді. Кеңес өкіметі заманында Қазақстанда Ш-ні зерттеу, оны тарихи дерек ретінде пайдалану идеол. саясат әсерінен көп қолға алына қойған жоқ. Дегенмен, Х.Арғынбаев, М.С. Мұқанов, В.В. Востров, т.б. этнолог ғалымдар еңбектері тарапынан ішінара көрініс тапты. Жалпы Ш-ні жинақтаған көнекөз қариялардың көмегімен қазақтың ру-тайпаларының өткені туралы біршама мәліметтер алуға болатындығы 18 ғ-да белгілі болды. 18–19 ғ-ларда мұндай Ш-лердің біразын Н.А.Аристов, А.И.Левшин, В.К.Григорьев, Л.Мейер, П.И.Рычков, М.Тевкелев, Н.И.Гродеков, И.Г.Андреев, Ш.Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев, т.б. зерттеушілер жазып алып, ғыл. айналымға енгізді. Алынған жинақтар Ш. деректері орта ғасырлардан бастау алатындығын, тіпті жекелеген нұсқалары Адам атадан басталатындығын айқындады. Кейбір Ш. нұсқалары ортағасырлық деректемелермен де ұштасып жатты. Рашид әд-Дин, Ұлықбек, Әбілғазы, Бейбарыс, ибн Халдун, т.б. көптеген ортағасырлық авторлардың еңбектерінде белгілі бір тұлғалардың, ру-тайпалардың, халықтардың шығу тегі таратылып, бірнеше ұрпақтар алмастығы өрбітіліп отырды. Түркі, соның ішінде қазақ ойшылдары топтаған Ш-лердің ең бағалылары – Мұхаммед Хайдар Дулат пен Қыдырғали Жалайыридың еңбектері болып саналады. Сондай-ақ «Көшен-Қарауыл шежіресі» (18 ғ.), «Жәңгір хан шежіресі» (1835), Уәлиханов жазып алған «Ұлы жүз шежіресі», А.Ниязовтың «Үш жүздің шежіресі», А.Жантөриннің Ш-сі, Потанин жазып алған Мұса Шорманұлы Ш-сі, Ө.Бөжейұлының «Қазақ жұртының шежіресі», Қ.Бірімжанұлының бастауымен жинақталған «Орта жүз және Кіші жүздің шежіресі» (1894), «Насабнама» сынды шығармалардың да құндылығы жоғары. Ш-ні топтаудағы дерегі мол еңбектер қатарына Шәкерім Құдайбердіұлы, Қ.Халиди, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Н.Наушабаев, Торғай би жинаған «Үш жүздің шежіресі» (Гродеков жазбасында), Диханбай батырдың «Ұлы жүз шежіресі» (Аристов жазбасында) сынды жұмыстар жатады. Қазақ Ш-сінде тайпа, ру, аталардың таралуымен қатар, оларға байланысты тарихи оқиғалар, елдің қоныс аударуы, бір ел мен екінші елдің қарым-қатынасы, ол елдерден шыққан шешендер, батырлар

жайлы әңгімелер қоса жазылады. Қазіргі таңда Ш-ні дерек көзі ретінде қарастырып, одан алынған мәліметтерге ғыл. пайымдаулар жасау, тарихи материалдармен байланыстыру біршама жолға қойылып келеді. Қазақ тайпаларының Ш-сі «Өнер» баспасынан бірнеше том болып басылып шықты. «Алаш» ғыл.-зерт. орт-нда (жетек. Х.Ғабжәлелов, Т.Омарбеков) Ш. деректері жинақталып, қазақ ру-тайпаларының нақты тарихы жан-жақты баяндалуда. Ш-нің қазақ қоғамындағы рөлі, одан алынатын құнды мағлұматтар тарихшы мамандар тарапынан зерттелу үстінде.

Д.Сүлейменұлы

ШЕЖІРЕШІ – халықтың өткен тарихын, тұрмыс-тіршілігін ауызша таратып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші. Ш-лер көптеген халықтарда болған, кейбірі өз дерегін жазып та қалдырған. Уақыт өте мұндай деректемелерді келесі Ш-лер буыны толықтырып отырды. Қазақтар түркі тектес 200-ден астам рудан құралып, әр рудың өз Ш-сі болған. Олар жүз, тайпа, ру, ата тарихын терең талдаумен қатар әрбір рудың белді тұлғаларының ел үшін жасаған ерлік істерін жастарды патриоттық тұрғыдан тәрбиелеу мақсатында жиын-тойларда, мерекелерде үнемі айтып отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір азамат Ш. ретінде ілім-білім алуға міндетті болды. Кемінде жеті атасын таратып бермегендерді қазақ қоғамы «жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі» секілді нақыл сөздермен қағытып, ал білгендерді «жеті атасын білген ер – жеті жұртың қамын жер» сынды мадақ сөздермен мақтаған. Ш-лер тек жүз, тайпа, рудың ғана емес, ел мен жердің де тарихын жетік білді. Олар үнемі ізденіс үстінде болды, шежіре мәліметтерін толықтырып, тың материалдар (соңғы ақпараттарды) қосып отырды. Кейбір Ш-лер руаралық қатығыстарда дау-дамайларды әділ шешу үшін де билерге өз мағлұматтарын беріп, этн. аумақ бірлігін нығайтуға ат салысқан. Ел арасындағы Ш-лерден әрбір қазақ өз ата-бабасының, оның туған-туыстары мен құда-жекжаттарының кім екендігін білді. Одан алған мәліметтер арқылы бейтаныс, алыс-жақын адамдармен тез арада тіл табысып, ортақ шаруаларын бітірген. Ерте кездегі ата-бабалары туысқандығын айтып, өзара көмегін алып отырған. Мұны «құда – мың жылдық» сияқты халық арасында кең тараған тәмсілдер де айғақтайды.

Г.Сабденова

ШЕРУБАЙ Биболдыұлы (1693–1742) – батыр. Туып-өскен мекені – қазіргі Қарағанды обл. Топар кентінің маңы. Орта жүз жеріне жоңғарлардың шабуылы кезінде ел жиып, жауға қарсы ту көтерген. Оның хас батырлығы, өлшеусіз ерлігі туралы ел аузында әңгіме көп. Қарағанды обл-ның Шет және Бұқар жырау аудандарының жері арқылы ағатын Шерубайнұра өз. батырдың атымен аталған.

ШИТІ МЫЛТЫҚ

ШИТІ МЫЛТЫҚ – дәстүрлі қазақ қоғамындағы мылтық түрі. Жерге тіреп қойып атуға ыңғайлы сирағы болады. Оны негізінен аңшылар аң аулауда қолданады.

ШИХОВ Әлім (т.-ө.ж.б.) – бұхаралық саудагер, Ресей жағының тыңшысы. Алғаш рет 1760 ж. мамырда саудагер ретінде, Омбы губернаторы Веймарн Ш-ты Абылайға сыйлық апарған қылып, екінші рет 1760 ж. қазан айында Петр ағзам бекінісінде ашылған жәрмеңкеге тауар апарған қылып жібереді. Осы екі сапарында Ресей мүддесіне «құнды деректер» әкелгені үшін сенімге ие болған Ш. 1761 ж. маусымда кәсіби барлаушы ретінде 13 бабтан тұратын құпия нұсқау алып, Абылай ордасына аттанады. Негізгі міндеті – қазақ-қытай байланыстарының жай-жапсарын білу, әрі қазақтарды қытаймен жақындаспауға үгіттеу.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 289, 290, 292, 309, 318-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ШОБАЛАЙ (18 ғ.) – батыр, Абылай ханның тұстасы. Ол туралы дерек М. Ж. Көпейұлының «Мес» шежіресінде сақталған: «Шобалай – батыр болған адам», – деп жазады Мәшһүр Жүсіп. «Бұл Күлікте аузы дуалы, айтқанын Алла қабыл қылған Шобалай батырдан асқан біреуі де жоқ. Шобалай батырдан туған Жаңабатыр би, ел Жәңке батыр деп те атайды екен. Өзі қартайғанша біреуден ақыл сұрамаған кісі екен. Онан туған доғалы оқты Жанақ әулие, бір туысқаны Қосақ, Торсықбай билер. Ел іздеп баратын, барса жолын табатын адамдар болған. Кешегі дұғасы болған Өтеміс абыз, Төлебай дуаналары, Амалдық сопы мен Қабдолла хазірет, құт дарыған Қуанбайлар, Ақай, Әлдебек, Әкімбек, Қабылбектер сол Шобалай әулиенің батасы тиген жақсылар» – екенін айтқан. Оның есімі Орынбор губернаторы И.И. Неплюевтің 1750 ж. 4-наурызда Абылай ханға жазған хатында аталады.

Е.Түсін

ШОҚАЙ Қарабекұлы, Ш о қ а й д а т қ а (т.-ө.ж.б., Қаратау өңірі, Саудақент қ.) – би, датқа. 19 ғ-да өмір сүрген белгілі тарихи тұлға. Ол қара қылды қақ жарған әділдігімен, ауыздыға сөз бермес шешендігімен кеңінен танылған, жастайынан ел басқару ісіне араласып, рулар мен тайпалар арасында ғана емес, көрші жатқан туыстас елдер арасында мәмілегерлігімен аты шыққан қайраткер. 19 ғ-дың 2-жартысына дейін Қазақстанның оңт., оңт.-шығыс аймағы Қоқан хандығының ықпалында болды. Қоқан хандары қазақтарға олардың арасынан шыққан беделді, ел арасында қадірі асқан ықпалды тұлғалар арқылы басшылық жасады. Қаратаудың теріскейіндегі қазақ елінің беделді, билікке араласа бастаған жас Ш-ына Қоқан билеушілерінің қалауы түсіп, оған хан сарайының лауазымды қызметі – датқа атағы

берілді. Ол сол замандағы оңт. өңірінің тарихи тұлғалары Сапақ датқа, Бөлтірік шешен, Байзақ датқа, Жәкел датқа, Майкөт ақын, басқа да белді азаматтармен жақын қарым-қатынаста болды. Ел бірлігіне, халықтың болашағына байланысты мәселелерді солармен ынтымақта шешіп отырды. Ол Абылайдың немересі Кенесары хан Шу бойына келгенде онымен дәмдес, тұздас болды. Оған қолдау көрсетті. Қырғыз, қазақ арасындағы даудамайларды шешуге араласты. Қоқан хандығында қызметте жүріп Ш. қазақ халқының дербес дамуын армандады және осы жолға өмірін арнады. Ол қазақтарды Қоқан езгісінен қорғау үшін Ресеймен жақындасуды жақтады. Бұл жөнінде нақты тарихи дерек бар. Полк. М.Г. Черняевтің өзінің басшыларына жолдаған хатында Қоқан хандығына ықпалы зор, қазақтар арасында да зор беделге ие Ш-мен осындай келісім болғандығын жазады. Оның орыстармен ынтымаққа баруын қоқан билеушілері кешірмеді. Кейбір деректер бойынша, Ш. кезекті бір сапардан оралғанда қокандықтардың үзеңгісіне жаққан уынан қайтыс болған. Ш. – еліне, жеріне өлшеусіз қызмет жасаған, артында сөзі мен ісі қалған ірі тарихи тұлға. Оның өмірі мен қызметі қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана зерттеліп, жарық көре бастады. Ол жайлы ақын М.Ыбыраев дастан жазды. Жазушылар Б.Әбділдаұлы хикаят, Д.Шалқарбаев пьеса, М.Төлепбергенов, т.б. зерттеу мақалалар арнады. 2001 ж. Саудақент а-ндағы өзінің кесенесі жанына Ш-дың еңселі ескерткіші орнатылды. Оның 200 жылдығы Сарысу ауд. көлемінде кеңінен аталып өтті. Ш-дың туған жері Саудақент а-ндағы кесенесі сәулет өнерінің респ. дәрежедегі үздік үлгісі болып табылады.

Ж.Миллионов

«ШОҚАН ТАҒЛЫМЫ» – кітап. 2001 ж. Көкшетау қ-нда шыққан. Көлемі 403 бет. Таралымы 140 дана. Басылымға ҚР Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конференциясының материалдары енгізілген. Аталмыш конференция 2001 ж. Көкшетау қ-ндағы Көкшетау мемл. ун-тінде өткен. Конференцияда әр түрлі салалардағы өзекті мәселелер көтерілген. Қ.Қ.Әбуев, Ө.Қожақұлы, Ю.А.Сорокин, Ө.И. Исенов секілді ғалымдар баяндамалар жасаған. Кітапқа белгілі ғалым Ө.Исеновтың «Тағдыры тоғысқан тұлғалар» атты зерттеу еңбегі берілген. Еңбекте автор Абылай хан мен Есет батырдың ел мүддесі жолында бірлесіп істеген мемлекеттік қызметтері туралы сөз қозғайды.

К.Қошым-Ноғай

«ШОҚАН ТАҒЛЫМЫ» – 7-кітап. 2002 ж. Көкшетау қ-нда жарық көрген. Көлемі 285 бет. Таралымы 100 дана. Жинаққа Көкшетау мемл. ун-тінің құрылғанына 40 жыл толуына орай 2002 ж. өткен халықар. ғыл.-практ. конференциядағы материалдар топтастырылған. Конференцияда әр



түрлі салалардағы өзекті мәселелер көтеріледі. Жинақта К.Әбуевтің «Роль хана Аблая в развитии казахско-китайских отношений» атты мақаласы жарияланған. Автор мақаласында 18 ғ-дың 1755–57, 1761–63 және 1767 жылдардағы қазақ-қытай қарым-қатынастарына кеңінен тоқталып кетеді. 1757 ж. қытайлықтармен арада Аягөз келісімі жасалғандығы жайында дерек келтіреді. Осы келісімнің нәтижесінде екі елдің арасында сауда-саттық қарым-қатынасы жолға қойылып, 1760 жылдары Шығыс Түркістандағы ата жұртқа қазақтардың қайта қоныстана бастағандығы жайлы да айтылған.

К.Қошым-Нозай

«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ» – 6 томдық шығармалар жинағы (қазақ тілінде). Аударғандар – Т.Ж.Жұманов, Д.Б.Мәзен 2010 ж. «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Толағай групп» баспасынан жарыққа шыққан. 1-томының көлемі 376 бет. Таралымы 3000 дана. Қазақ халқының көрнекті ғалымы, ағартушы демократ Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағының бірінші томына ғалымның өмірі мен қызметі жайлы мақалалар және оның 1851–56 ж. аралығындағы тарих, география және этнография, шығыс елдерінің ауыз әдебиеті және тіл біліміне қатысты еңбектері енгізілген. Кітапты алғаш рет 1985 ж. Тарих, археология және этнография ин-ты дайындап, қазақ тілінде 5 том етіп шығарған. Екінші томының көлемі 464 бет. Таралымы 3000 дана. Аударған – Д.Е.Медерова. Томда ғалымның Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Түркістанның тарихы, географиясы мен этнографиясы, деректануы бойынша жазылған ғыл. еңбектері жинақталып берілген. Бұл еңбектерде Ресейдің Батыс Қытаймен саяси және сауда қарым-қатынасы сипатталған. Қазақстан, Орт. Азия аумағын қоныстанған түркі халықтарының этник. тарихы көрініс тапқан дәйекті материалдар берілген. Үшінші томының көлемі 424 бет. Таралымы 3000 дана. Аударған – А.Ш.Нұрманова. Бұл томға Ш.Уәлихановтың 1858–59 ж. Қашғарға сапары кезінде жазған жолжазбалары, күнделіктері, Шығыс Түркістан және оған шекаралас Орт. Азия өңірлерінің тарихы, экономикасы, саясаты, географиясы жөніндегі зерттеулер енген. Төртінші томның көлемі 496 бет. Таралымы 3000 дана. Аударған – А.Таусоғарова. Аталмыш томға ұлы ғалым өмірінің соңғы жылдары жазған тарих, этнография, құқық, деректану, тарихи география, хронология және генеология, Қазақстан және Орта Азия халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің әртүрлі мәселелеріне арналған зерттеулері енген. Осы томда Абылай ханның өмірбаянын баяндайтын «Абылай» атты очеркі орын алған. Ғалымның бұл еңбегі Абылай хан жайында жазылған алғашқы зерттеу болып табылады. Бесінші томның көлемі 528

бет. Таралымы 3000 дана. Аударған – Л.Мұсалы. Бұл томға Шоқан Уәлихановтың қызметтік және ғыл. өмірбаянын қамтитын тараулар енгізілген. Еңбектер хронол. және тақырыптық тәртіппен құрастырылған. Сонымен қатар ғалымның Орыс геогр. қоғамында баяндалған еңбектері де орын алған. «Хат алысулар» тарауында А.Н.Майковтың Ш.Ш. Уәлихановқа жазған хаты, Шоқанның Г.А.Колпаковскийге жазған екі хаты және басқа да хаттар берілген. Алтыншы томның көлемі 256 бет. Таралымы 3000 дана. Құрастырғандар – Е.Б.Саиров, А.Ә.Сарын, Т.Е.Жабелова. Мұнда ғалымның жарық көрген еңбектері, оның өмірі мен қызметі жайлы әр жылдары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жазылған еңбектердің мазмұндалған көрсеткіші жарияланған. Әдебиеттердің тізімі хронол. ретпен түзілген.

К.Қошым-Нозай

«ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ» – кітап. Құрастырған және аударған – С.Ақтаев. 2010 ж. «Ана тілі» баспасынан жарық көрген. Көлемі 320 бет. Таралымы 2000 дана. Қазақ халқының кемеңгер перзенті, саңлақ ғалым Шоқан Уәлихановтың қалдырған тарихи-мәдени мұрасы ұшан-теңіз. Осынау асыл қазына – алтын арналарымыздың қазіргі таңда да тарихи және ғыл. мән-маңызы орасан зор. Бұл шығармалар жинағы ғалым әрі ағартушы тұлғаның мерейтойы қарсаңында шығарылған. Кітапқа енгізіп отырған шығармаларды Сарбас Ақтаев қазақ тіліне аударып, құрастырған. Кітап қалың оқырман қауымға арналған. Шығармалар жинағынан Шоқанның «Абылай», «Бұқар жыраудың Абылай қайтыс болғандағы айтқаны», «Абылай туралы жыр» атты еңбектерімен танысуға болады.

К.Қошым-Нозай

ШОҚПАР – қару. Қазақтар Ш-ды бес қарудың біріне жатқызған. Оны негізінен басы мен сабын тұтас етіп, ырғай, тобылғы, қайың сияқты қатты түбірлі ағаштан жасайды. Жасалуы оңай болғандықтан ағаш Ш-ларды қазақтар соғыста да, барымтада да, жылқы баққанда да жиі қолданған. Археол. деректер мен жартастағы суреттер көрсеткендей ерте кездерде басы тастан жасалған «тас шоқпарлар» да болды. Ондай тас Ш-лар орта ғасырларда да қолданылған. Ш-дың негізгі ұруға арналған бөлігі «басы», қолға ұстайтын бөлігі «сабы», басының сабымен тұйысқан жері «сағағы» деп аталады. Қолға іліп алу үшін сабына қайыстан «бүлдіргі» тағылады. Бастары металдан құйылған ауыр Ш. түрі гүрзі деп аталады. Әскербасының белгісіне айналған, басы алты, сегіз тілімді болып темірден жасалған Ш-дың жеңіл түрін «бұздыған» («бұздырған») деп атаған. Шығыста оны билеушілер тапсыратын болған. Мұндай Ш. жоғары әскери дәреже алғандарға ту, байрақпен бірге берілген. 1916 жылғы көтеріліс кезінде Амангелді сарбаздары

ШОҚПАР

қолданған Ш-лардың ішінде басы осындай бірнеше тілімді, жеңіл келген, бірақ қарапайым жасалған, темірден соғылған Ш-дың кездесуі, бұл Ш. түрі қазақтарға таныс екенін және оны жасай білгенін көрсетеді. Басы сабына қайыспен, не шынжырмен байланған дойыр Ш-ды орыс тілінде «кистенъ» деп атайды. Кейбір зерттеушілер Ш-дың бұл түрін ұқсастығына қарап, камшыға жатқызады. Еуропада бұл қару Ш. түріне жатқан. Оның батыс елдерде жаяу әскерлер қолданатын адам бойындай ұзын сапты түрлері болған. Шығыста мұндай Ш-дың басы жуан және қысқа бекітіледі. Қазақтар бұл қаруды «босмойын шоқпар» деп атаған. Босмойынның қайысы шынжырлы сабына «айналсоқ» арқылы еркін қозғалағындай етіп бекітіледі. Бастары темірден, ағштан, не тастан жасалып, терімен қапталады. Көне көшпелі халықтардың археол. мұраларында осындай Ш-дың бастары кездеседі. Олар кейде жұмыр, кейде бірнеше қырланып жасалған. Қазақ ауыз әдебиетінде Ш-лардың жасалу материалына байланысты «шойын шоқпар», «жез шоқпар», «тас шоқпар» деген атаулары кездеседі. Ал салмағына қарай «бес батпан шоқпар», «он екі батпан күрзі» деген атаулары бар. Ш-ларды бүлдіргісі арқылы қолға іліп немесе белге алдыңғы не артқы жақтан қыстырып алып жүреді. Ұзақ жолда, жорықта жүргенде Ш-ларды айбалта сияқты тебінгінің астына салып, тақымға қысып немесе алдыңғы қанжығаға байлап алып жүрген. Қазақтар қолданған Ш-лардың ішінде сабының ұз. жағынан қысқа сапты немесе орташа түрлері де кездеседі. Ұзын сапты ағаш Ш-ға қазақтардың сойылдарын жатқызуға болады. Бірақ ол соғыста қолданатын ер қаруына жатпайды, тек ауыл арасындағы барымта, төбелестерде ғана қолданылған. Ш. гүрзілердің соққылары ауыр болғандықтан олармен көбіне бастан ұрады. Салмағы ауыр қару болғандықтан Ш-мен айқасу үшін үлкен күш, әдіскерлік керек. Ауыр Ш-ды көбіне айналдырып, үйіріп ұрады. Ш-ды жұмсаудың бір әдісі соғу, балғамен соққандай жылдам, қысқа ұру. Ш-ды салмағына қарай бір, не екі қолмен ұстап ұрады. Негізгі қаруы Ш. мен сойыл болған қазақтың жылқышылары және барымташылары бұл қаруды қолданудың көптеген әдістерін білген. Ш-мен соғысу әдісін жетік меңгерген жауынгерді шоқпаршы, ал ауыр Ш., гүрзімен айқасатындар «палуандар» деп аталған. Мұндай жауынгерлер көбіне қоян-қолтық ұрыс кезінде шайқасқа араласқан. Көшпелі халықтардың көне бейнелеу өнерінде Ш-мен қаруланған, осы қарумен соғысып жатқан жауынгерлер бейнелерін жиі ұшыратуға болады. Жорыққа шықпаған кезде, үйде болғанда Ш. киіз үйдің оң жағына кереге басына ілінген.

Әдеб.: Бағырлар жыры, 5-т., А., 1989; А х м е т ж а н о в Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Қ.Ахметжан

ШОҚПАР Жауғаштыұлы, Ш о қ п а р б а т ы р (шамамен 1691 – ө.ж.б.) – батыр. Шыққан тегі Орта жүз арғын ішінде қаржас руынан. Сүйіндік-қаржас жасағын басқарып, қазақ-жоңғар арасында болған шайқастарда жаудан Баянаула, Желтау, Қызылтау сілемдерін азат еткен. 1756 ж. қашқан жоңғар әскері Баянауыл мен Ертіс аралығындағы Серектас деген тауға тығылып, қатты қарсылық көрсеткен. Ш-дың ақылымен Олжабай бастаған қазақ қолы жоңғарларды қырға қарай алдап шығарып, қырғынға ұшыратты. Серектас шайқасы өткен жер кейіннен «Қалмақ-қырылған» аталып кеткен. Осы жаугершілік кезінде Ш-дың 9 ұлы жау қолынан қаза болды. Сондықтан Олжабай батырдың шешімімен Қызылтау сілеміндегі Қарадің адырына Ш-дың аты қойылып, Үшбұлақ өлкесі оған қоныс ретінде берілді. Ш-дың кейіннен алған қалмақ әйелінен көрген балалары болған. Ұрпақтары 1996 ж. «Шоқпар адырына» белгі тас қойды.

Қ.Исабай

ШОНА БАТЫР, Ш о н о - Л о у з а н – Цэван-Рабданнның тоқалы, қалмақ ханы Аюкенің қызы Сетержаптан туған, Қалдан Сереннің шешесі бөлек, әкесі бір інісі. Әкесі өлгеннен кейін Қалдан Серенмен таққа таласып, жеңіліп, 1727 ж. Еділ бойындағы нағашыларына кеткен. Қалдан Серен Ш. б-ды ұстап, жазалауға көп күш жұмсап ұмтылды. Осы кезде башқұрт көтерілісінің (1740 ж.) басшысы Қарасақал (Меңдігүл Жолаев) шығып, өзін Ш.б. боламын деп қазақ қолын бастап, жоңғарларға қарсы бірнеше жорық жасаған. Қалдан Сереннің 1743 ж. Абылай сұлтанды тұтқыннан босатуының басты шарттарының бірі ретінде Қарасақалды ұстап беру екендігін баса көрсетуі – Ш.б-дан қатты қауіптенгендігін білдіреді.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 101, 105, 117, 141-66.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ШОНАНОВ Телжан (17.12.1894, Ақтөбе обл., Ырғыз ауд. Ұ.Құлымбетов атынд. а. – 27.2.1938, Алматы қ.) – қоғам қайраткері, ағартушы, педагог, аудармашы, ғалым. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы, оқыту әдістемесі саласында 32 кітап жазды, жүзге жуық ғылыми мақалаларын жариялады. 1923 ж. «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты кітап жазды. Бұл еңбек 1995 ж. «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген атаумен «Санат» баспасында екінші рет жарық көрді. Автор мұнда Абылай заманындағы Қазақ жерлерінің тағдыры жөнінде бірқатар құнды мағлұматтар келтіреді: «Зорлықпен қазақты Ертістен кетіре алмаған үкімет еп жұмсауға кіріседі. Ол ебі мынау ойдан шыққан: қазақ күші – мал, қазақтың малына қоныс керек, қазақ малдан айырылса, үкіметпен қарсыласуға, Ертісті алуға әлі келмейді. Және

жарлыланған қазаққа жер де аз керек. Міне, осы ойды әуелі қозғаған Сібір шебіндегі әскер бастығы генерал-майор Вейнмарн деген. Сыртқы істер басқармасына берген баяндамасында». Бұл ойды сенат мақұлдап, бекіткен. 1764 ж. Вейнмарн Абылай мен Құлсары батырға үй салып беру жөнінде үкіметке ұсыныс жасайды. «Қазақты тыншытып тұрғызу үшін, білдіртпей бірте-бірте қазақтың күші мен байлығының көзі – малы мен жылқысын азайту, кеміту керек, қазақтың малы кеміп, жарлы болса, бізге қауіпсіз болады, қазақ амалсыз тынышталарды» деген Вейнмарнның арам ойын Шорманов аталған кітабында әшкере еткен.

Н.Ақбай

ШОҢАЙ Қожамқұлұлы (шамамен 1700, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Шұбартау ауд. – 1760/70, сонда) – батыр. Тегі – Орта жүз найман ішінде матай руынан. Ш. Жастай жетім қалып Бөрібай батырдың тәрбиесінде болған. Жоңғарлармен болған алғашқы ұрыстарда матай қолын басқарды. Аңырақай шайқасында асқан ерлік көрсетті. Кейіннен найман жасағын басқарған Қабанбайдың оң қолы болды. Ш-дың бірінші әйелінен Назар, Нартайлақ, екінші әйелінен Елшібай, Атан есімді ұлдар тараған. Назар мен Нартайлақ жоңғарлармен шайқаста шамамен 1750/55 ж. мерт болып, Ш. екі ұлының сүйегін қазіргі Алматы обл. Ақсу ауд. Қарашілік а. маңына өз қолымен жерлеген. Ол жер қазір «Қос батыр» деп аталады. Алматы обл. Ақсу ауд-ның орт. Жансүгіров кентінде және Талдықорған қ-нда Ш. батырдың атында көше бар.

Әдеб.: С а л ғ а р а ұ л ы К., Қазақтың қилы тарихы, А., 1992; Х а с е н о в Ә., Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны, А., 1996.

Ө.Ақыпбекұлы

ШОРМАН Күшікұлы, Ш о р м а н б и (1799, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1837, сонда) – төбе би, аға сұлтан. Орта жүз арғынның ішіндегі қаржас руынан шыққан, өз еліне танымал Сәтиұлы Күшік шешеннің ұлы. Шын есімі – Жұмабай. Қуандық руының Қожы төре бастаған жігіттері қаржастардың жылқысын барымталауға келгенде екі жақ сойылдасып, барымташылардан үш адам (ішінде төренің өзі де бар) қаза тапқан. Мұны естіген Уәли хан қаржастарға қыруар жылқы құн кеседі. Осы даулы, шешімі қиын мәселені өз руының пайдасына шешіп шыққан 15 жасар Жұмабай «Бала би» атанып кеткен. Бұл жөнінде өз еңбектерінде Ш.Ш. Уәлиханов та жазған. Осы оқиғаның тағы бір нұсқасы Шонмен байланысты баяндалады. Жұмабай ханнан жеңіспен оралған соң Шоң оған Шорман атағын беріп, қаржас руының төбе биі етіп тағайындаған. Ол төрелерге билік бермеу мақсатымен сүйіндік арасынан хан тұқымын аластау жөніндегі Шоң бидің саясатын қолдап, оны іске асыруға көмектескен. Жер дауын шешу, жалпы қазақтарды жер-

ге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шоңмен бірге Батыс Сібірдегі отарлық әкімш-ке бірнеше рет хат жолдайды. Шоңның тапсыруымен Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қ-лары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрмеңкелеріне барады. Архивте Ш-ның 1830 ж. Омбыға, 1832 ж. Тобылға барып, губернаторға жолыққаны жөнінде дерек сақталған. Баянауыл окр. ашылғанда Ш. аға сұлтанның орынбасары болып тағайындалды да, Шоң қайтыс болғаннан кейін оның орнын басты. Алайда Ш. аға сұлтан міндетін бір жылдай ғана атқарып, келесі жазда дүниесін салды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазуы бойынша Ш. Ақмырза өз. Сілетіге құяр тұсына жерленген. Ш-ның тұңғыш қызы Зейнеп – ғалым Уәлихановтың анасы. Үлкен ұлы Шорманов Мұса белгілі адам болған.

Әдеб.: И с а б а й К., Шоң би, Аст., 2005.

ШОРМАНОВ Мұса (1819, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Баянауыл а. – 26.12.1884, Омбы қ.) – Баянауыл сыртқы окр-нің аға сұлтаны, би, шешен. Қаржас руынан шыққан атақты би Шорман Күшікұлының үлкен ұлы. Шорман бидің Мұсадан басқа: Мұстафа, Иса, Аужан атты үш ұлы мен Зейнеп атты қызы болған. Ш. өз заманы үшін жеткілікті білімді, көпке танымал және беделді адам болған. Александр Лукин деген офицердің қолында екі жыл оқып, орысша сөйлеу мен жазуды үйренген ол 1833 ж. Баянауыл сыртқы округі ашылғанда үмбетейлердің болысы болып сайланды, 1843 жылдан округ қазысы болды. 1844 ж. Баянауылда мешіт құрылысын ұйымдастырып, медресе ашты. 1847–49 ж. Сібірден 60 мыңдай қазақтарды көшіріп әкеліп, округке таратып қоныстандырды. 1854 жылдан – аға сұлтан. Ш. Мәскеу мен Петербургте екі рет: 1855 ж. Ресей патшасы Николай I қайтыс болғанда, 1856 ж. Александр II патша таққа отырған салтанатына барған. Қоғамдық істермен белсене араласып, өзінің туған жиені, белгілі ғалым, Абылай ханның ұрпағы Ш.Ш. Уәлихановпен тығыз байланыста болды. Абайдың әкесі Құнанбай істі болып, Омбыға тергеуге шақырылғанда, Дала ген.-губернаторына кепілдеме беріп, қамаудан босатып алған. 1868 ж. жаңа басқару ережесі бойынша округтер жабылып, аға сұлтандық жойылғаннан кейін 1869 ж. Ш-қа полковник әскери атағы беріліп, жылына 350 сом жалақы төленетін демалысқа шығарылды. Енді ол елінің этногр. ерекшеліктерін зерттеумен айналысты. Сібірде шығып тұратын газеттерге материалдар ұсынып, Геогр. қоғам ұйымдастырған көрмелер мен оның Г.Н. Потанин, Н.И. Ядринцев, Н.Ф. Костылецкий сияқты мүшелеріне қазақ елі жөнінде материалдар дайындап тұрды. Орыстың кен іздеуші көпестері келе бастағанда оларға жол көрсетуші қазақтарға жер-су аттарын орысшаламау жағын қатаң тапсырған. 1882 ж. Дала ген.-губернаторы

ШОТАЕВ

Г.А. Колпаковскийдің тапсыруымен Павлодар мен Семей у-дерінің шекарасын белгілеуге қатысқан. Қазақ жастарының білім алуына үлкен көңіл бөліп, көшпелі дала гимназиясын ашу жөнінде Батыс Сібір басшыларына бірнеше рет хатпен өтініш білдірген. Ш. Павлодар обл. Баянауыл ауд.-ндағы Ақкелін қонысында жерленген.

Қ.Исабай

ШОТАЕВ Аман Нұғыманұлы (2.1.1943 ж.т., Алматы обл. Кербұлақ ауд. Басши а.) – а. ш. ғыл. докт. (1992). Абылайдың ұлы Әділдің ұрпағы. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (1970, қазіргі Қазақ ұлттық агр. ун-ті) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Эксперименттік биол. ин-тында кіші,



А.Шотаев

аға ғыл. қызметкер, ғыл. хатшы, лаборатория меңгерушісі қызметтерін (1971–2005) атқарды. Сонымен бірге 1979–80 ж. Бүкілодақтық а. ш. ғылымдары академиясының Шығыс бөлімшесінің ғыл. хатшысы болды. 2006 жылдан ҚР А. ш. мин-лігінің Мал ш. және малдәрігерлік ғыл.-өндірістік орт-ның бас ғыл. қызметкері. Ғыл. еңбектері жануарлар генетикасы, селекциясы, морфологиясы және оларды өсірудің теор. және тәжірибелік мәселелеріне арналған. 100-ден астам ғыл. жарияланымның, оның ішінде 1 монографияның авторы. 2 патент, 1 авторлық куәліктің иегері.

Б.Смағұлова

ШОТАН (т.-ө.ж.б.) – батыр. Абылай ханның заманында, шамамен 18 ғ-дың 1-жартысында өмір сүрген. Кіші жүз байұлы ішінде адай руынан шыққан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде Түркістан қ-ның маңында болған ұрыстарда ерекше көзге түсті. 1739–42 ж. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Хангелді, Өтеген батырлармен бірге Ұлы жүз жерін Серен Дондук пен Септеннің 35 мыңдық жасағының шабуылынан қорғау ұрыстарына қатысып, қазақ қолының бір бөлігіне басшылық етті. 1739 – 40 ж. қыста жоңғарлардың қазақтарды Бетпақтың суығына ұстап қырмақ болған әрекетін іске асыртпай, табандылықпен шайқасты. Ш-ның есімі 1750 жылдан кейінгі деректерде аталмайды, со-

ған қарағанда кіші қалмақ ордасымен болған шайқастардың бірінде қаза тапқан болуы керек. Ш. есімі түркімендермен болған шайқастарда да көп кездеседі.

Ә.Хасенов

ШӨРЕК БАТЫР, Б а й ғ а н а Ш ө р е к б а т ы р (т.-ө.ж.б.), 18 ғ-да өмір сүрген. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық соғыста ерекше ерлігімен көзге түскен. Орта жүз найман ішінде қаракерейдің байғана тармағынан. Қаракерей Қабанбай басқарған әскердің құрамында көптеген шайқастарға қатысқан. Қабанбай батыр туралы тарихи жырлар мен дастандарда Ш. б. есімі жиі аталады.

С.Қорабай

ШПРИНГЕР Иван Иванович (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Сібір әскерінің командирі, ген.-поручик. 1764 жылғы 16 қарашадағы баянатында былай депті: «Мен осында қызметке келгелі бері Абылай сұлтан мен оның қарауындағы туған інісі Жолбарыс сұлтан, Құлсары мен Құлеке батырлар, Байжігіт мырза және басқалары біздің бекіністің бастықтарына өздерінің балалары мен беделді кісілерін жіберіп, қысқы тамаққа қара бидай мен ақ бидай ұнын, басқа да түрлі жармаларды беруді үнемі сұрап келеді. Мемлекеттік алқаның 1760 жылғы 18 шілдедегі жарлығы бойынша, Абылай сұлтанның бізге деген көзқарасы өзгермейінше, оның сұраған астығын беріп тұруымыз қажет. Ал қазақ арасындағы және шекара бойындағы басқа халықтардың жағдайы туралы құнды мағлұмат хабарлағандарға кісі басы 10–15 рубль сыйлық беріледі» деп мәлімдеген. Демек, патша үкіметі Абылай сұлтанның қарамағындағы адамдарды бір-біріне тыншы етіп қоюға тырысқан. Ал осы жылғы 14 желтоқсандағы Сыртқы істер алқасына жолдаған рапортында Ш. Абылай сұлтанның жеке елшісі Отаршыны Қытайға аттандырғанын қазаққа қас қырғыздарды шабуға қамданумен байланыстырады: «Қырғыздар бұл күнде Қытайдың қоластына кірген деген сөз бар. Абылай сұлтан Отаршыға қырғыз мәселесін Қытай патшасына түсіндіруді жүктеген. Ал егер қырғыздар Қытайдың қоластында болмаса, Абылай сұлтан келесі жылғы күзде қарулы қолмен барып, қырғызбен соғысады». Екі халықтың арасындағы шиеленістің себебі қырғыздар қазақ даласында жүріп-тұратын сауда керуенін тонап, тыныштық бермейді-міс. Абылай сұлтан 1765 жылғы 21 қыркүйекте Ш-ге жолдаған хатында былай депті: «Биылғы жазда тау қырғыздарына барып, сол жақтағы өз қазақтарымының жай-күйін байқап қайтайын деп отырмын. Тау қырғыздары біздің қазақтарға көп қиянат жасап жатқан көрінеді. Қырғыздар бізге және Кіші жүзге сауда керуендерін өткізбейді екен. Бұл жөнінде оңтүстіктегі қазақтардан маған көп шағым келіп түсті. Алыс сапарға аттанып бара жатып, ұлысымды сізге

тапсырамын. Оларға көз қырыңызды салып, екі жағымыз да ұрлық-қарлыққа, ұрыс-керіске жол бермесек екен деймін» деп туыстас екі халықтың өзара тату-тәтті, бейбіт өмір сүруін тілеген.

Н.Ақбай

ШУ – Қырғызстан мен Қазақстан жеріндегі өзен. Ұз. 1186 км (Қазақстан аум-нда 800 км), су жиналатын алабы 148000 км² (Қазақстан аумағында 62500 км²). Теріскей Алатау мен Қырғыз Алатауынан бастау алатын Жуанарық және Қошқар өз-дерінің қосылған жерінен бастап Ш. аталады. Ірілі-ұсақты 80 саласы бар, ірілері: (Қазақстанда): Қорағаты, Мерке, Қарабалта, Ақсу, т.б. Теріскей Алатау мен Қырғыз жотасын кесіп өте бере Ш. Жоғ. Оротокой және Төм. Оротокой шатқалдарын қалыптастырған. Төменде Ш. Ыстықкөлдің қазаншұңқырына шығады. Ш. мен Ыстықкөлдiң суайрығы айқын емес. Қазіргі кезде көлмен байланысы жоқ. Қазаншұңқырдан шыға бере тағы да бірнеше тар шатқалдар арқылы өтетін аңғары Боом шатқалынан кейін біртіндеп кеңейеді, сағалық аңғары айқын байқалмайды. Қорағаты өз-нен кейінгі саласыз аумағында Ш. Мойынқұм құмды алқабына шығады. Одан әрі бірнеше тармақтарға бөлініп, тартыла бастайды. Суы мол кезеңдерде Қаратаудың солт. сілемдері етегі мен Бетпақдаланың аралығындағы Ащысу ойысының көлдеріне жетеді. Арнасының ені орта ағысында 50–100 м, төм. ағысында 40–60 м. Ертеде суы Сырдарияға құйған. Қар, жаңбыр, жер асты суларымен толығады.

Ж.Достай

ШУНДАНА (т.-ө.ж.б.) – Қытай генералы. Қытай патшасының жарлығында: «Шунданалар қазақ елшілігін бастап Ілеге барады, қазақтар бағынуды қалайды екен деп хабарлаған екен. Асылы қазақ ханы Абылай берілуге шындап мойын қойған екен, бұған құмандануға еш негіз жоқ» деп мәлімдеген 1755 жылғы 11 желтоқсанда. Сөйтіп, 1756 жылғы 1 наурызда Қытай патшасы Ш-ға жақсы хабар жеткізгені үшін аға жасауыл лауазымы және жүз сәрі күміс сыйлық берген. Қазақ жеріне Ежен хан жарлығын жеткізу үшін Ш-ны аттандырмақ болған. «Абылай кезінде бізге елші жіберіп, тарту тартқан. Бұдан оның адалдығын байқауға болады. Егер Абылай Бейжіңге елші жіберер болса, оларды бастап әкелуді Шундананың өзіне бұйырамын» делінген жарлықта.

Н.Ақбай

ШҮРЕК Құдайқұлды (т.-ө.ж.б.) – 18 ғ-да өмір сүрген би, қоғам қайраткері, Абылай ханның елшісі. Орта жүз найман шінде бураның үмбетқұл тармағынан. Павлодар обл. Екібастұз ауд. аумағында өмір сүрген. Әкесі Құдайқұл белгілі би, байлығы мен беделіне орай «Дұт» атанған. Ш. те жастайынан от ауызды, орақ тілді шешен әрі бай болып, жылқысы 30 қосқа жеткен. Жазба деректер бойынша 1738 ж. Ор қ. маңында Кіші

жүз ханы Әбілқайырмен бірге Орынбор ген.-губернаторының қабылдауында болып, Ресей патшасына ант беру құжатына қол қойған. Осы жиын алдында Ш. Ресей елшісі В.Н. Татищевке: «Хан Тәтіш мырзаға бара ма, жоқ Тәтіш мырза ханға келе ме?» деп батыл сауал қойғанда сөзден жеңілген елші Әбілқайыр ханның шатырына өзі барып сәлем берген. Ш. білгір дипломат ретінде де танылып, 1756 ж. Қытаймен арада бітім жасау үшін Абылай ханның атынан Құлжа қ-на барды. Осы сапарында Қытай билеушісіне қазақтар атынан 90 торы ала атты сыйға тартқан. Қытай билеушісі ризашылық белгісі ретінде Ш-ке бұзау терісіне жазылған грамота тапсырды. Туып-өскен жері Екібастұз маңында «Шүрек соры» дейтін көл бар. Ш. туралы деректер Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаң» романында баяндалады.

Әдеб.: Алтынтаев К., Қалбатау, А., 1997; Ата-сы асыл сөздің Ақтайлақ би, А., 1999.

С.Қорабай

ШҮРШТ – қытай-маньчжур текті халықтардың қазақтар арасында тараған жалпылама атауы. Кейінгі орта ғасырлардан бастап, 19 ғ-дың соңына дейін кеңінен қолданылған. Қазақтар тілі шүлдірлеп тұрған қытайлықтарды көріп, Ш. деп атаған. Кейбір деректер бойынша бойларының қысқалығына байланысты шыққан. Кейіннен қытай атауы Ш. сөзін ығыстырып шығарды.

ШЫҒАЙ (т. ж. б. – 14.11.1825) – сұлтан, Бөкей Ордасының билеушісі (1815–25). Әбілқайыр ханның немересі, Нұралы ханның баласы. Ағасы Бөкей қайтыс болғаннан кейін хан тағының мұрагері Жәңгір ержеткенше Бөкей Ордасын (Ішкі Орда) уақытша басқарды. 1816 ж. 24 қазанда Орал қ-нда Ресей патшасына ант берді. Ш. билік еткен жылдар халық басына түскен ауыр оқиғалармен қатар келді. 1815–16 ж. болған жұттан қазақ ауылдарының малы қырылып қалды, біраз рулар хандықтан кетуді ойлады. Қалмақтар мен Орал казак-орыстары жерге таласып, Ішкі Орда қазақтарына қысым көрсетті. Дегенмен, орыс көпестерімен сыйлас болған Ш. қол астындағы жұртын жұттан аман алып шықты. Билеуші ретінде ол қарауындағы елді қантөгіске ұшыратпай, бейбіт мәмілегерлік жолмен жер дауын шешу ісіне көп еңбек сіңірді. 1819 ж. малы жұтқа ұшыраған қазақ шаруаларына көмектесуді әрі даулы жерлерді қазақтарға алып беруді өтініп, Орынбор губернаторына хат жазды. Қазақтарды отырықшылыққа баулымақ ниетпен 1820 ж. Каспий т-нің жағасынан ағаштан қиылған еңселі үй салды. 1822 ж. Орынбор шекара комиссиясынан өзін тұрақты хан етіп ресми тағайындауды талап етті. Бірақ Ішкі Ордада оның ағасы Бөкей хандай беделі бола қойған жоқ. 1824 ж. билікті тақтың заңды мирасқоры Жәңгірге беруге мәжбүр болғаннан кейін Ш. ел билеу ісіне араласпай, қалған өмірін тыныш өткізді.

Т.Шәріпқалиев, Т.Боранғалиұлы

ШЫҒАЙ

ШЫҒАЙ, С ы ғ а й с ұ л т а н – Барақ сұлтанның ұлы. 1743 ж. Барақ сұлтан осы ұлын Абылайды Жоңғар тұтқынынан босатып алудың кепілі ретінде Қалдан Серенге аманатқа өткізген. 1745 ж. жазда Қалдан Серен Ш. сұлтанға жасауымен қыз беріп, құрметпен елге қайтарған.

Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005, 141, 151, 161, 172-бб.; Т а й ш ы б а й З. С. Қазақтың ханы – Абылай. Екі томдық. «Ел-шежіре», Алматы, 2011.

ШЫҒАЙ ХАН (т. ж. б. – 1582 ж. ш.) – қазақ ханы. Жәнібек ханның немересі. Көпшілік авторлардың (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, т.б.) пікірінше Ш. х. Жәдік сұлтанның баласы. Келесі бір зерттеушілер (Шәкәрім Құдайбердіұлы, т.б.) оны Қасым ханның ұлы деп есептейді. Ол қазақ сұлтандарымен бірге Ақназар (Хақназар) бастаған жорыққа қатысып, Ташкенттің билеушісі Баба сұлтанмен соғысты. Кейін Ш. х. баласы Тәуекелмен бірге өзбек ханы Абдолла ханға келді. Абдолла оны қошеметпен қарсы алып, Мауераннахрдан сойырғалдық иелік береді. Ш. х. 1582 ж. Абдолла ханның Баба сұлтанға қарсы Ұлытау жорығына қатысты. Ш. х. мен Тәуекелді қудалаған Баба сұлтан ноғайларға қашты. Ш. х. 1582 ж. қайтыс болғаннан кейін, орнына Тәуекел хан сайланды. Қыдырғали Жалайыридің еңбегінде Ш. х. туралы мынадай мәлімет бар: «Шығай хан хикаясы әркашан оның батырлығымен мәлім, мәшһүр болды. Ақырында ол да дүниеден қайтты. Бұл күнде оның қабірі Күміскентте, Әли атаның қасында жерленген болатын. Ш. х-ның әйелдері көп еді, олар белгілі үш шаңырақтан тұратын. Олардан туған ұлдар – Сейітқұл сұлтан, Ондан сұлтан, олар Алтын ханым Байм бегім атты бәйбішеден туған еді. Текей хан (Тәуекел – ред.), Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек ханым. Бұл үшеуінің анасы Жағатқызы Яқшым бегім еді. Әли Сұлтан, Ибрагим сұлтан – бұлардың анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханымнан туған еді». 17–18 ғ-лардағы қазақ ордасының даңқты билеушілері Жәңгір хан, Тәуке хан, Абылай, т.б. Ш. х-ның баласы Есім ханның ұрпақтары болып табылады.

Әдеб.: С ы з д ы к о в а Р., Қ о й г е л д и е в М., Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы, А., 1991; С у л т а н о в Т. И., Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана, А., 2001.

Г.Сабденова

ШЫМКЕНТ – Қазақстанның оңт-ндегі ежелгі қалалардың бірі. Жерінің аум. 300 км² Ш. қазіргі Оңт. Қазақстан обл-ның шығысында, Өгем (Угам) жотасының тау алды жазығымен ағатын Бадам мен Сайрам өз-дерінің аралығында, теңіз деңгейінен 506 м биіктікте орналасқан. «Шымкент» (түркіше «шым» – алқап, қойнау және иранша «кент» – елді мекен) – «Жасыл қала» деген мағынаны білдіреді. 12 ғ-да Еуропадан Ресей, Сібір, Орта

Азия, Жетісу мен Қытайға баратын маңызды сауда-керуен (Ұлы Жібек жолы) жолдарының тоғысындағы қыстақ болған. Ш. туралы алғашқы жазба деректер Ақсақ Темірдің 1365–66 ж. әскери жорықтары туралы жазылған парсы тарихшысы Шараф ад-дин Әли Йездидің (1415) «Зафар наме» («Жеңістер кітабы») кітабында жазылған. Ш. Қоқан хандығының, моңғолдар мен жоңғарлардың шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. Қала орналасқан өңірдің климаты қоңыржай континенттік. Жазы ыстық, қысы біршама жылы. Жылдық орташа темп-ра шілдеде 24°–26°С, қаңтарда 4°–6°С. Аязсыз кезеңнің ұзақтығы 187 күнге созылады. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 400–500 мм. Қар жамылғысының қалыңд. 20 см. Ш. тау етегі аймағындағы қуаң, сұр топырақты агроклиматтық белдемде орналасқан.

Л.Алиева

ШЫМЫР – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре деректері бойынша Ұлы жүздегі дулат тайпасының құрамына кіреді. Ш-дан шынқожа, бекболат, келесі бір деректерде шынқожа, бекболатпен бірге темірболат ұрпақтары тарайды. 19 ғ-дың соңы мен 20 ғ-дың бас кезінде Ш. руы Верный у-нің Қараой, Қызылеспе, Ақжар, Жалғызғаш өңірін, Алатау етегіндегі Ақсай аңғарын, Шымкент уезіндегі Арыс, Иірсу, Сайрамды, Әулиеата у-ндегі Шудың төм. бойын, Талас, Қорағатының екі жақ алабын мекендеген. Мал өсірген және егіншілікпен шұғылданған. Ұраны – бактияр, шымыр, қойгелді, таңбасы – дөңгелек.

Э.Телеуова

ШЫМЫР БАТЫР, Ш ы м ы р а т а (т.-ө.ж.б.) – Ұлы жүздің дулат тайпасынан шыққан батыр, әулие. Шежіре деректері бойынша Дулаттың кенже ұлы, шамамен Қазақ хандығының қалыптасып, нығаюы кезінде өмір сүрген. Талас, Шу өз-дері өңірлерінде, Ташкент, Сайрамда билік жүргізіп, ұлұғ-бек (ұлы бек) атағына ие болған. Ш-дан шынқожа, бекболат, темірболат рулары тарайды. Олардың ішінен ел мақтанышына айналған шешендер, билер, батырлар, датқалар, қоғам қайраткерлері (Қойгелді батыр, Байзақ датқа, Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза, т.б.) шықты. Ш. б. Ташкент қ-ның маңында жерленген. Қабірінің басына 2000 ж. кесене тұрғызылды.

ШЫНЖАҢ ШИ ЛЮЕ («Шынжаң туралы қысқаша шолу» немесе «Патша бекіткен Шынжаң туралы қысқаша шолу») – шамамен 1809 ж. Цин патшалығының Іле аймағындағы ұлығы Сюй Сун тарапынан құрастырылған анықтамалық. 12 бөлімнен тұратын бұл кітаптың құндылығы – онда 32 беттен тұратын 3 шежіре кесте берілгендігінде. Шежіреде Абылай хан, Әбілпейіз сұлтан және Барақ сұлтаннан тараған жиыны 273 адамның есімі аталып, олардың туыстық жөні, Цин патшалығымен қарым-қатынас деңгейі



көрсетілген. Кітап ҚР БҒМ-ның Р.Б.Сүлейменов атынд. Шығыстану ин-туты тарапынан зерттеліп, қазақшаға аударылып, «Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері» (Алматы, 2005) деген жинақтың I-томына ықшамдалып енгізілген. Қытайшадан аударған Б. Еженқанұлы.

1. Қазақтардың бөлінісі жөнінде кітап авторы өзінің «Қазақ шежіресі» атты кестесінен бұрын берген кіріспесінде былай деп түсіндірген: «Қазақтар үшке бөлінеді, олар: «сол бөлік» (оны «шығыс бөлік» деп те атайды), «оң бөлік» (оны «орта бөлік» деп те атайды) және «батыс бөлік». «Цяньлун жылнамасының 37 жылы (1772 ж.) қазақтан Болат деген кісінің «хан» деп аталуының себебі туралы Іле цзянцзюні (генерал-губернатор) Шухэдэнің екінші рет патшаға берген мәлімдемесінде былай дейді: «қазақтан қашып келген ойрат әскери корпусының цзолины (Цин патшалық дәуіріндегі монғолдардың билік лауазымы, бір цзолин 5 сұмылды басқарады, билік құзыры қазақтардың жүзбасынікімен қарайлас.) Саэргалэдай және Цяньцинмэньнің (Пекиндегі патша сарайының бір дарбазасы) күтушісі, «динлиньді» тағу мәртебесіне ие болған. Қазақ Сиэрмоте (Сырымбет) екеуінен сұрастыра келгенде, олар: «қазақтар «Иэке жүн», «Думада жүн» және «Баған жүн» деп үшке бөлінеді.

«Иэке жүн» дегеніміз үйсін оток (тайпа, ру), оларда бұрыннан бері өздеріне тән арнаулы ел басқаратын адамдары жоқ, іс бола қалған жағдайда олар өздерінің тұрған жерлерінің ұзақ-жақындығына қарай Абылай, Болат немесе Әбілпейізге барып, солардың төрелік етуін сұрайды; «Домда жүн» дегеніміз найман мен арғын сынды екі ұтық;

«Баған жүн» дегеніміз алшын ұтық» деп жауап берген.

Осы аталғандардың геогр. жағдайларын зерттей келе мынаны пайымдауға болады: «Иэке жүн» – [қазақтың] сол бөлігі, «Домда жүн» – [қазақтың] оң бөлігі де, «Баған жүн» – [қазақтың] батыс бөлігі...». Автордың берген осы мағлұматтарына қарап, оның айтып отырған «үш бөлік қазақтарын» қазақтың үш жүзі деп айтуға мүлде келмейді. Мұны осы шежіре-кестедегі көрсетілген әр «бөліктің» құрамына кіретін хан-сұлтандардың есімдерінен де, басқа қытай дерегінде сақталған осы хан-сұлтандар басқарған ру-тайпалардың атауларынан да байқауға болады.

Осы деректе айтылып отырған «сол бөлік қазақтар», «оң бөлік қазақтар», батыс бөлік қазақтар іс жүзінде қазақтың Орта жүзі мен Ұлы жүзінде билік жүргізген Абылай ханның, Әбілмәмбеттің және Тұрсын сұлтанның ұрпақтарын меңзеп отырғаны анық.

2. Цин патшасы Цяньлунның билік құрған кезіндегі жылнама, ол 1736–95 жылдарын қамтиды.

3. Ш.Ш. Уәлихановтың айтуынша, Абылай ханның 40 қызы, 30 ұлы болған. Алайда өзінің еңбегінде берген Абылай ханның ұрпағы туралы кестеде Ш.Ш. Уәлиханов сол 30 ұлдың он тоғызын ғана атаған (Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: В 5 т. Т.4. Алма-Ата, 1985. С. 175). Ал қытай дерегінде де Абылайдың тек 20 ұлының аты ғана аталған. Осы екі деректе аталған есімдердің он төрті бір-біріне сай келеді. Олар: Уәли, Шыңғыс, Әділ, Рүстем; Осман, Тоқ, Сыздық, Сығай, Қосым, Тағай, Қасым, Абетай, Абдұлла және Сөк (Сүйік). Екі деректің бірінде аталған есім екіншісінде кездеспейтін жағдай да байқалды: Ш.Ш. Уәлиханов кестесіндегі Ишим, Чечен, Арық, Қамбар және Чама есімді 5 ұл қытай шежіре кестесінде кезікпейді, ал осы қытай дерегіндегі Жәнібек, Досалы, Шамұхамет, Төлек, Хамза (немесе Әмізай) және Барак қатарлы 6 ұлдың есімін Ш.Ш. Уәлиханов атамаған.

4. Көне Қытайдың иерархиялық жүйесінің әр дәуірде өзіндік ерекшеліктері болғанымен, жалпы, Қытайдың дәстүрлі ұғымында жоғ. деңгейдегі билік иерархиясы былайша сатылап таралады: ди, ван, гун, хоу...

Цин патшалығы кезіндегі деректерге сүйенсек, Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін Цин патшалығы өздерімен қарым-қатынас орнатқан Қазақ хандығының Абылай, Әбілмәмбет сияқты көсемдер құрған билік жүйесін мойындаған. Бірақ сонымен қоса олар аталмыш тұлғалардың ұрпақтарына сыйлық ретінде құр лауазм-атақтар мен торғын-торқа беріп, қазақтарды өздеріне тартып, өздерінің билік жүйесіне бірте-бірте бой үйрету мақсатында болған. Ал кейінгі қазақ билеушілерінің біразы өздерінің елдегі билік орнын нығайту үшін немесе басқа себептермен Цин патшалығының осындай лауазымдарына ие болуға ұмтылғаны байқалады.

5. Бұл шежіреде қытай авторы Уәлидің Абас, Хамза, Ғұбайдұлла, Бегалы және Сарыбай есімді 5 ұлын атайды. Ш.Ш. Уәлиханов өзінің берген Уәлиханның шежіре кестесінде Уәлидің 14 баласының есімін атаған, олар: Әбілмәмбет, Шыңғыс, Хамза, Бегалы, Абылай, Чеген, Төрежан, Абас, Жошы, Тәуке, Ханқожа, Әли, Ғұбайдұлла және Есім. Есімдердің көп-аздығынан тыс, екі шежіре кесте арасында тағы мынадай ұқсастықтары байқалады. Ш.Ш. Уәлихановқа сүйенсек, Абас–Уәлидің үлкен ұлы емес, жетінші ұлы; Хамза–Уәлидің екінші емес, үшінші ұлы; Ғұбайдұлла–Уәлидің үшінші емес, он үшінші ұлы; Қытай дерегіндегі Сарыбайды Ш.Ш. Уәлиханов аузына алмаған; Ш.Ш. Уәлиханов атаған Уәлидің 10 ұлын қытай авторы білмеген.

6. Цин патшасы Цзяциннің билік жүргізген кезіндегі жылнамасы 1796–1820 жылдарды қамтиды.

7. Ш.Ш. Уәлиханов өзінің берген Уәли ханның шежіре кестесінде Абастың 5 ұлын атаған. Олар: Әбілпейіз, Абылай, Тәуке, Пірәлі және Тұрсын.

ШЫҢЖАҢ ШИ ЛЮЕ

Бұл есімдер қытай дерегіндегі көрсетілген үш есімнің ешқайсысына да сай келмейді.

8. Цаньцзань дачэнь – Цин патшалығының Шынь-жан жеріндегі ең жоғ. лауазымы – генерал-губернатор (қытайша «Ле цзянцзюнь» деп атайды) болса, одан төм. лауазымның бірі – осы цаньцзань дачэнь. Осы лауазымға ие болғандар генерал-губернатордың көмекшісі ретінде Ле, Тарбағатай және Қашқария сияқты аймақтарды басқарған. Қазақтар бұл лауазымды оның маньчжурше атауымен атап, «кебей эмби» немесе «кебей эмбан» деп келген (кейде «кеб эмби» деп те атайды).

9. Хуалин – Цин патшалығы кезіндегі шенеуніктердің бас киіміне арналған тауыстың қауырсынынан жасаған әшекей бұйым. Цин патшалық шенеуніктерінің бас киімінің төбесінде асыл тас-тан жасалған, лауазымын көрсететін маржаны болады (оны сол кездегі қазақ-қырғыз тілінде «шарик тас» немесе «дінсе тас» деп атаған. Ч.Ч. Валиханов Собрание сочинени, Т. 2. С. 88; «Манас», 2-том, 207-б.), «хуалинді» сол маржанның түбіне тағып, желкені бойлай салактатып қояды. Шенеуніктердің лауазымына қарай «хуалин» бір көзді, екі көзді және үш көзді болып бөлінеді. Оны бесінші дәрежеден жоғ. лауазымдылардың барлығы тағуға болады. Цин патшалары аталмыш қауырсынды ерекше сыйлық ретінде аксүйектерге, зор әскери еңбек сіңірген адамдарға және өздерімен бірге аңшылық, әскери жаттығу немесе ас беруге барған адамдарға да беріп отырған.

10. Динлин – бұл жерде екі түрлі зат айтылып тұр: бірінші иероглиф «дин» дегеніміз – «диндай» немесе «динци» (жоғарыда аталған көне қазақ-қырғыз тіліндегі «дінсе тас» сөзінің құрамындағы «дінсе» сөзі осы «динци» сөзінен келсе керек) сөзінің қысқарған түрі. Соңғысы жоғарыдағы түсіндірмеде айтылған Цин патшалығы шенеуніктерінің бас киіміне арналған тауықтың қауырсынынан жасаған әшекей бұйым.

11. «Батыс өлкелерді басқару істері туралы» («Си чуй цзун тун ши люе») кітабының 11 цзюанында берілген қазақ хан-сұлтандарының құзырындағы ұтықтар (ру-тайпалар) тізімі бойынша Уәлидің қол астында мына ру-тайпалар болған:

- 1) Атығай-арғын, ұтық (аталмыш деректерде осы ру атауының соңында кішірек иероглифтермен «бұл – қазақтың ханы Абылайдың бұрынғы мекендеген жері (әсілі) қол астындағы қарайтын рулардың жері» болуға тиісті.), қазір онда Абылайдың ұлы Уәли сұлтан тұрады» деп жазылған);
- 2) Құлансу-арғын, ұтық;
- 3) Ақкиік-арғын, ұтық;
- 4) Қойлыатығай-арғын, ұтық;
- 5) Бабасан-арғын, ұтық;
- 6) Ақсақсарай-арғын, ұтық;
- 7) Бабаатығай-арғын, ұтық;
- 8) Құдайменде-арғын, ұтық;

9) Бәйімбет (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «бай му бо тэ» деп жазылған);

10) Есенкелді-арғын, ұтық;

11) Алысай-арғын, ұтық;

12) Ақсары-арғын, ұтық;

13) Сатыпалды (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «са бо эр ти» деп жазылған);

14) Қатай (?) -арғы ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ха тай» деп жазылған);

15) Қаракөкірек (?) -арғы ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ха ла ку ку лу кэ» деп жазылған);

16) Қармақшы (?) -арғы ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ха эр ма кэ ци» деп жазылады);

17) Чобалатэбалай (?) (шұбыртпалы)-арғын, ұтық (осы атаудың бірінші бөлігі «чо ба ла тэ ба лай» деп дыбысталатын алты иероглифпен жазылған);

18) Бағаналы-арғын, ұтық;

19) Балталы-арғын, ұтық;

20) Тастар-арғын, ұтық;

21) Балта (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ба эр тай» деп жазылған);

22) Көшубай (?) (Кешубай)-арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ку шу бай» деп жазылған);

23) Қалды-арғын, ұтық;

24) Қуандық-арғын, ұтық;

25) Көмекей (?) (Бұқар жырауды «Көмекей» деп неге атағанын тағы бір ойланып көріңіз)-арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ку мо кэ и» деп жазылған);

26) Күрдей (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ку эр дэ и» деп жазылған);

27) Досым (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «дун сюнь» деп жазылған);

28) Майлы (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ма ли» деп жазылған);

29) Шұңқыршы (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «чун гу эр цзи» деп жазылған);

30) Жақсылық (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «цзя кэ са ла кэ» деп жазылған);

31) Айтық (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «а тэ кэ» деп жазылған);

32) Жатар (?) -арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «цзя та эр» деп жазылған);

33) Мылтық-арғын, ұтық;

34) Сары-арғын, ұтық;

35) Жаңқырғыз (Жаңақырғыз)-арғын, ұтық;

36) Байқырғыз-арғын, ұтық;

37) Бағыс-арғын, ұтық;

38) Қаракесек-арғын, ұтық;

39) Бәсентиін-арғын, ұтық;



40) Малайгэдэгээр(?)–арғын, ұтық (біз қалпына келтіре алмай отырған осы атаудың бірінші бөлігі «ма лай гэ я дэ гэ эр» деп дыбысталатын жеті иероглифпен жазылған);

41) Төртуыл–арғын, ұтық;

42) Боржы(?)–арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «бо эр ци» деп жазылған);

43) Мойын–арғын, ұтық (бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «мо чун» деп жазылған. Біздің ойымызша мұндағы екінші иероглиф «чун» емес, «юнь» болуға тиісті, екі иероглиф бір–біріне ұқсайтындықтан қытай қаламгері шатастырып алған);

44) Қаракей(?)–арғын, ұтық (деректе бұл атаудың бірінші бөлігі қытайша «ка ла кэ и» деп жазылған) (303–307-бб.).

1) 308-бет: Үйсін ұтық;

2) Шымыр–үйсін ұтық;

3) Сикым–үйсін ұтық;

4) Жаныс–үйсін ұтық;

5) Ботбай–үйсін ұтық;

6) Алжан (Албан)–үйсін ұтық;

7) Семізсары–үйсін ұтық;

8) Шапрашты–үйсін ұтық;

9) Қызылбөрік–үйсін ұтық;

10) Суан–үйсін ұтық;

11) Хасихалу(?)(Қасқарау?)–үйсін ұтық;

12) Қоңырбөрік–үйсін ұтық;

13) Болокэци(?)(Бөрікші)–үйсін ұтық;

14) Қыстық–үйсін ұтық;

15) Тама–үйсін ұтық;

16) Сары–үйсін ұтық;

17) Шанышқылы–үйсін ұтық;

18) Жалайыр–үйсін ұтық;

19) Қаңлы–үйсін ұтық;

20) Тақты(?)–үйсін ұтық;

21) Сіргелі–үйсін ұтық;

22) Айсюбосому(?)–үйсін ұтық;

23) Көкжарлы(?)–үйсін ұтық;

24) Сарыжомарт(?)–үйсін ұтық;

25) Үйсін-жағалбай(немесе; жылқыбай?) ұтық (308–309-бет).

Абылайдың әкесі Уәлидің інісі Есім «хэ бо кэ я арғын» деп аталатын руды басқарған. Бұл ру атауының бірінші бөлігін біз қазақша қалпына келтіре алмадық. (Біздің ойымызша мұны көмекей–арғын деп оқуға болады (311-бет).

1) Ақымбетсуан(?)–найман ұтық (деректегі осы ру атауының соңында кішірек иероглифтермен «бұл қазақтың ваны Әбілпейіздің бұрынғы мекендеген жері (әсілі «руының жері» болуға тиісті. – Б.Е.), қазір онда Әбілпейіздің немересі Жанқожа тұрады» деп жазылған);

2) Семіз–найман ұтық;

3) Қаржы–найман ұтық;

4) Терістанбалы–найман ұтық;

5) Тоғызтоқпақ(?)–найман ұтық;

6) Майтипсимагу(?)(Матай)–найман ұтық;

7) Қаптағай–найман ұтық;

8) Бакэтулимоси(?)–найман ұтық;

9) Тисияэр(?)–найман ұтық;

10) Эмолихайнияэр(?)–найман ұтық;

11) Бегінбет–найман ұтық;

12) Бура–найман ұтық;

13) Ергенекті–найман ұтық;

14) Садыр(?)–найман ұтық;

15) Байғана–найман ұтық;

16) Қарауылжасық(?)(Қарауылжасак)–найман ұтық;

17) Қоңырат–найман ұтық;

18) Сарыжомарт–найман ұтық;

19) Бесқозы(?)–найман ұтық; –найман ұтық;

20) Төртуыл–найман ұтық. 313-бет.

Әбілпейіздің ұлы Мұрын–найман руын басқарған. (Көл жағасындағы найман) (314-бет)

1) Семіз–найман ұтық;

2) Қыржы–найман ұтық;

3) Шеруші–найман ұтық;

4) Көкшығыс(?)–найман ұтық (Салыстырыңыз: төменде көрсетілген Қамбар басқаратын рулардың ішіндегі №19 ру атауы);

5) Жастабан–найман ұтық;

6) Молқы–найман ұтық;

7) Жәдік–найман ұтық;

8) Тасқоян(?)–найман ұтық;

9) Қарақас–найман ұтық;

10) Шұбарайғыр–найман ұтық.

1) Байжігіт ұтық;

2) Уақ–найман ұтық;

3) Төртуыл ұтық;

4) Қожамбет ұтық;

5) Жарболды ұтық;

6) Ақ найман ұтық;

7) Сарыжомарт ұтық;

8) Көкжарлы ұтық;

9) Шеруші ұтық;

10) Қаракерей байғана ұтық;

11) Дұзақшы–төртуыл ұтық;

12) Халакоцзэбайкэ(?) төртуыл ұтық;

13) Ашамайлы–керей ұтық;

14) Абақты(?)–керей ұтық;

15) Көнсадақ–керей ұтық;

16) Ителі–керей ұтық;

17) Молқы–керей ұтық;

18) Моэршолэ(?)–керей ұтық;

19) Көкшығыс(?)–керей ұтық (салыстырыңыз: жоғарыда көрсетілген Көгдай, Сәмен басқартын рулардың ішіндегі №4 ру атауы);

20) Қаракерей(?) ұтық;

21) Сибан–керей ұтық;

22) Аталық(?)–керей ұтық;

23) Қарақас–керей ұтық;

24) Тоқымбет–керей ұтық; (315–316-бет).

Әдеб.: «Шыңжаң ши люе». Кітапта: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, I-том. Саяхатнамалармен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар.

ШЫНЖЫРЛЫ ТҰҚЫМ

Алматы, «Дайк-Пресс», 2005, 251–301-бб.; Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. I-том. Алматы, 2005. 248–316-бб.. «Шынжаң ши лие».

Б.Еженханұлы, 3.Тайшыбай

ШЫНЖЫРЛЫ ТҰҚЫМ – батыршылдыққа қатысты атау. Жаугершілік заманда батырлар үшін әскери кәсіп ата кәсіп саналып, әкеден балаға мұра болған. Батырлар әулетінде туған бала жастайынан ел үшін соғысқа араласып, әскери кәсіппен айналысуға міндетті болған. Батырлық жырлардағы Ер Қосай, Ер Тарғын, Қобыланды, 17 – 18 ғ-лардағы Райымбек, Бөгембай, Қабанбай, 19 ғ-дағы Исағай, Жанқожа, 20 ғ-дағы Амангелді, т.б. батырлар бәрі де ата-бабаларынан ұрпағына дейін батыр болғандар. Қазақта мұны Ш. т. деп атаған. Осылай ата кәсіптің батырлар әулетінде ұрпағына жалғасуын «шынжыры үзілмеу» деп атайды. Жаугершілік кезінде батырлар әулеті үшін ата кәсібін жалғастырмау масқаралық болып саналған. Сондықтан батырдың балаларының 13–15 жастан соғысқа қатынасып, жорыққа аттанғаны эпостарда, тарихи жырларда айтылады. Ш. т., «шынжырлы ер», «шынжырлы туған», «шынжыры үзілмеген» сияқты сөздердің ауыз әдебиетінде жиі кездесуі, бұл ұғымның тұрақты ұғым, қалыптасқан түсінік екенінің дәлелі. Қазақта 19 ғ-дың аяғы мен 20 ғ-дың бас кезінде ірі байларға қатысты айтылатын «шынжыр балақ, шұбар төс» деген сөз тіркесі ертеде әйгілі батырлар әулетіне қатысты шыққан. Әр буынында бүкіл қазаққа әйгілі батырлар шыққан Ш. т. қазақ халқында көп болған.

Әдеб.: А х м е т ж а н о в Қ., Жараған темір кигендер, А., 1996.

Х.Ахметжанұлы

ШЫНҚОЖА Базарқұлұлы (1705/1706, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Аягөз ауд. – 1770, Қырғыз Республикасы, Нарын обл.) – аға батыр. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінде ерекше ерлік көрсетіп, Қаракерей Қабанбай батыр әскерінде талантты қолбасшы ретінде ағы шығып, Тума Ш. батыр есімімен белгілі болған. Орта жүз найман ішіндегі қаракерей руының тума тармағынан. 1727 ж. Бұланты-Білеуті шайқасында жеке ерлігімен көзге түсіп, жас батыр атанған. 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына, 1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасына қатысып, тума, тоқпақ, байғана руларынан құралған жасаққа басшылық еткен. 1752–54 ж. Жетісу, Алтай, Тарбағатай өңірлерін жоңғарлардан азат ету жорықтарында дарынды қолбасшы ретінде ел құрметіне бөленді. Қазақ-қырғыз арасында болған қақтығыста Ш. қоршауда қалып, өз бармағын қылышпен шауып орайды да, сау қалған батырларға қазақ жерінде көмуге аманат ретінде тапсырады, өзі сол «Жайыл қырғыны» деп аталған шайқаста ерлікпен қаза табады. Ш-ның денесі қай жерде жерленгені

белгісіз, ал бармағы Шығыс Қазақстан обл-ның Аягөз ауд-ндағы Ш. есімімен аталған ауылда Нарын өз-нің бойындағы төбеге көмілген. 1996 ж. Ш. батырдың 290 жылдығы осы Аягөз өңірінде кеңінен атап өтіліп, бармағы көмілген жерге жаңа кесене орнатылды. Аягөз к-ндағы үлкен бір көшеге Ш. есімі берілген. 2000 ж. қазан айында



Шынқожа Базарқұлұлы ескерткіші

Шығыс Қазақстан обл. Үржар ауд-ның Мақаншы а-нда Ш.Б-ның туғанына 295 жыл толуына арналған ас берілді. 1997 ж. Аягөз, Үржар, Мақаншы елі батырдың мүсін ескерткішін орнатты. Ш. батыр ерлігі туралы Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» дилогиясында жақсы суреттеледі.

Әдеб.: С ә д у а қ а с ұ л ы Ә., Тарихыңды танып біл, А., 1996; Х а с е н о в Ә., Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны, А., 1998; А л т ы н б а е в Қ., Ж ұ м а х а н Е., Ақсуат, А., 1998.

С.Қорабай, С.Керімбекова, Ә.Сәдуақасұлы
ШЫҢҒЫС ХАН, Т э м у д ж и н, Т э м у ж и н, Т е м у ч и н (1155/62 ж. ш., Онон өз. бойындағы Дэлгуун Болдог шатқалы – 18(25).8.1227, қазіргі ҚХР, Ганьсу өлкесіндегі Ся елді мекені) – Шыңғыс хан империясының (1206 жылдан) негізін салушы ұлы хан, қолбасшы, саясаткер. Ш. х. – Азия мен Шығыс Еуропа халықтарына қарсы жаулап алушылық жорықтар ұйымдастырды. Оның арғы тегін шығыстық мұсылман және түркі шежірешілері Оғыздың қият руынан, ал Қытай мен моңғол тарихшылары Ди-Шивэй тегінен



ШЫҢҒЫС ХАН

таратады. Дегенмен көпшілік мойындаған шежіре деректері бойынша Ш. х. – қият Бөрте чинөнің 23-, Боржығын Бодончардың 13-ұрпағы, әкесі Есукей (Есугэ) батыр «Хамат моңғол» әулетінің билеушісі Хабулдың (Қабыл) немересі, Бардан батырдың ұлы. Ш. х. жас кезінен-ақ саяси істерге белсене араласа бастады. 1179 ж. керейттер



Шыңғыс ханның әлемдегі ең биік мүсіні. ҚХР, Жилин провинциясы, Сұңяң қ.

ханы Тоғорыл хан, жажирдай тайпасының басшысы Жамұқамен бірігіп, меркіттерге қарсы жорық жасап, жеңіске жетті. 1189 ж. дүйім моңғол («хамаг моңғол») халқының ақсүйектері бас қосып, Темучинді «Шыңғыс (Чингис) хаһан» деп жариялады. Ежелгі түркі-моңғол ұғымында бұл «хандардың хаһаны» («тенгис-далай хаһан») деген мағынаны береді. Ш. х-ның таңба-мөріндегі «Көкте тәңір, жер бетінде хаһан біреу, әлем билеушісінің таңба-мөрі» деген жазу бекер жазылмаған. Ол 1189–1206 ж. Шығыс Моңғолиядан бастап Алтай тауына дейінгі өзара қырқысқан көшпелі түркі-моңғол тайпаларын бағындырып, бір орт-қа біріктірген соң, 1206 ж. Онон өз. бойында Ұлы Құрылтай шақырды. Бұл Құрылтайда Барша жұрт ежелгі түркі дәстүрі бойынша Ш. х-ды ақ киізге салып, «хан көтерді». Ол Орт. Азияда бұрынрақта билік жүргізген Түрік қағандығы мен басқа да көшпелілер мемлекеттерінің озық жақтарын сараптай отырып, өз заманындағы алдыңғы қатарлы мемлекет үлгісін жасады. Хан-

дық екі қанатқа және әскери жағынан 95 мыңдыққа бөлініп, оларға мыңбасы болып хандықты құруға елеулі еңбек сіңірген адамдар тағайындалды. Мыңдықтар жүздікке, жүздіктер ондықтарға бөлінді. 4 бас қолбасшы мен 9 бас уәзірі тағайындалды, олардың құрамына істе сыналған әскербасылар мен білікті кеңесшілер кіргізілді. 10000 жауынгерден құралатын орда гвардиясын Ш. х-ның өзі басқарды. Әскери жарғы қабылданып, әрбір жауынгер 7 түрлі қару-жарақ асынуға, 3–5 жетек аттар алып жүруге міндетті болды. Жауға қарсы алдымен барлаушы топ аттанды, әскери өндіріс негізгі әскермен бірге көшіп жүрді. Ш. х. өз айналасына ұлтына, ру-тайпасына, дініне қарамастан іскер, білгір, алғыр адамдарды топтастырды. Кеңесшілерінің дені қытайлар, мен түркі тектестер болды. Барлық заңдар мен ережелер «Көк дәптерге» жазылып, тіркеліп отырды. Ол дәптер тарихқа «Ұлы жасақ (ясақ)» немесе «Жасақ заңы» деген атпен енді. Қарақорым хандықтың астанасы болып белгіленді. Көршілес елдерден елшілер қабылдап, өзі де қарымта елшіліктер аттандырып, оларды жан-жақты зерттеді. Бір орт-қа бағынған күшті мемлекет құрғаннан кейін Ш. х. өз шабуылын ең қауіпті жауы Цзин (Алтын) елін жаулап алудан бастады. 1211–16 ж. Солт. Қытай, 1219–24 ж. Орт. Азия мен Иран жаулап алынды. Ш. х. Сары теңізден Каспий, Кавказға дейінгі, Байкалдағы Си Ся мемлекетінен Түркістандағы шөлді аймақтарға дейінгі жерлерді жаулап алды. Немерелері бұл жерлер аумағын батысында Адрия т-не, шығысында Ляодун түбегіне дейін жеткізіп, орасан зор империя құрды. Бұл империя 1260–70 жылдарға дейін өмір сүрді. Осынау жойқын жорықтың бас стратегі, қолбасшысы Ш. х-ның өзі болды. Ш. х. Таңғұт мемлекетіне қарсы жорықта жүріп дүниеден өтті. Ұлдары оны өз аманаты бойынша туған жерінде жерледі. Ш. х. – тарихтың аса ауыр кезеңінің өкілі. Сондықтан оның ағы мен қарасы аралас атқарған бүкіл іс-әрекеттерін өмір сүрген заманымен салыстырып қараған жөн. Ш. х. қатыгездігі бола тұра шынайы ерлікті, пәктікті, адалдықты сыйлады. Ол өзінің барлық іс-әрекетінде білімдіні пір тұтып, ақылына жүгініп отырған. Өзінің әр қадамына қырағылықпен қарап, досын жаудан, жауын досынан ажырата білген. Әрине ол өзі жүргізген толып жатқан соғыстарда мыңдаған адамдардың қанын төгіп, жүздеген қалаларды жойып жіберді. Дегенмен, бұл жорықтар Батысқа Шығыстың, Шығысқа Батыстың бетін ашты. Ш. х. көшпелі тайпалар құрған ежелгі түркі мемлекеттер үрдісін жаңғыртып, оны келе жатқан жаңа заманға жалғап берді. Батыстағы Ш. х. құрған ордаларда іс түркі тілінде жүргізілді. Ол түркі тектілерді жақын тұтып, солардың күшімен әлемнің жартысын жаулап алды. Сондықтан да көшпелілер немесе түркі-моңғол

ШЫҢҒЫС ХАН

дүниесі үшін де Ш. х-ның алатын орны ерекше болмақ.

Әдеб.: Владимирцев В. Я., Чингис хан, М., 1931; Рашид ад-Дин, Сборник летописей, т. 1, М.-Л., 1952; Оссон К. Д., От Чингисхана до Тамерлана, А., 1996.

З.Қинаятұлы

ШЫҢҒЫС ХАН ӘУЛЕТІ – Шыңғыс ханның үрім-бұтағы, Шыңғыс хан империясының құрамында болған Орт. Азия мен Иран, Алтын Орда, Юань Қытайы, т.б. мемлекеттердегі моңғол билеушілері. Шыңғыс хан империясы тарағаннан кейін бұл мемлекеттер дербес өмір сүрді, дегенмен Ш. х. ә. билікті өз қолдарында сақтап қалды. Олар Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөртеден туған 4 ұлдан тарады және «Алтын ұрпақ» («Алтын ұру») деп аталып, түркі-моңғол ақсүйектерінің ішінде ерекше құрметке бөленді, мұрагерлік жолмен хан тағына отыруға және елдегі билікке араласуға құқылы болды. Шыңғыс ханның басқа әйелдерінен тараған ұрпақтары мұндай құрметке бөленген жоқ. Шыңғыс хан көзінің тірісінде өзіне бағынған жерлерді 4 ұлына бөліп берді. Шыңғыс ханның төртінші ұлы Төлеге 1227 ж. әкесінің қара шаңырағы – Моңғолия жері иелікке тиді. Бірақ Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін оның орнына отырған Үгедейдің ұрпақтары ұлы тақты өздерінде сақтап қалу үшін Төле тұқымымен кескілескен ұрыстар жүргізді. Осыған байланысты көп ұзамай Ш. х. ә. арасында өзара әскери қақтығыстар жиілеп кетті. Тақтан мұрагерлер өздерінің қол астындағы ұлыстарға сүйенді. Соған байланысты империя бірте-бірте құлдырай бастады. Орталықтан бөлініп шыққан ұлыстар жеке мемлекеттерге айналып, оларды Ш. х. ә-нен шыққан билеушілер басқарды. Тіпті бұл әулетті биліктен ығыстырып, тақты өз қолдарына алған билеушілердің өздері (Әмір Темір, т.б.) Ш. х. ә-не туыс екендіктерін (күйеу, жиен, т.б.) баса көрсетіп отырды. Ұлы хандар. Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін хан тағына Үгедей отырды (1229–41). Оның баласы Күйікке (1246–48) билік әкесі қайтыс болғаннан кейін 5 жылдан соң тиді. Бірақ ол 2 жылдан кейін қайтыс болып, осыны пайдаланған Төленің балалары билікті Үгедейдің ұрпақтарынан тартып алмақшы болды. Күйік дүние салған соң басталған 3 жылдық соғыстан кейін Жошы ұлысының билеушісі әрі сол кездің өзінде өзін жеке билеуші сезінетін Батудың көмегімен хан тағына Төленің баласы Мөңке отырды (1251–59). Империядағы билікті енді Мөңке мен Бату бөлісті (олардың шекаралары Шу мен Талас өзендері арқылы өтті). Шағатай мен Үгедей тұқымдарынан шыққан бақталастар өлтірілді. Мөңке қайтыс болғаннан кейін түркі-моңғол империясында тағы да саяси дағдарыс басталды. Енді хан тағы үшін талас Төленің балалары арасында жүрді. 1260 ж. Қаракорымда өткен құрылтайда Шағатай әулеті мен Жошы

әулетінің қолдауымен Мөңкенің бауыры Арық Бұға хан тағына отырды. Сол кезде Мөңкенің Қытайдағы бауыры Құбылай да өзін ұлы хан деп жариялады. Ағайындылар арасындағы 4 жылдық кескілескен қантөгіс Құбылайдың жеңісімен аяқталды. Бірақ оның билігін батыс ұлыстардағы Ш. х. ә. мойындамады. Ұзаққа созылған өзара соғыстардан кейін 1269 ж. Талас құрылтайы өтіп, ол Шыңғыс хан империясының тарағанын ресми түрде заңдастырды. Батыстағы ұлыстар дербес мемлекеттерге айналып, оларды Ш. х. ә-нің жеке тармақтары – Шағатай әулеті, Хулагу әулеті өкілдері биледі. Юань әулеті. 1271 ж. Құбылай өзін Қытайды билеуші жаңа әулет – Юань әулетінің бірінші императорымын деп жариялады. Оның астанасы Ханбалық қ. (Пекин) болды. Бұл әулет императорларының [Құбылай Темір (1295–1307), Тоған Темір (1333–68), т.б.] билігі Қытай мен Моңғолияға жүріп, 1368 жылға дейін созылды. Шағатай әулеті – Орт. Азияда билік құрған Шыңғыс ханның екінші баласы – Шағатайдан тараған үрім-бұтақ. Олар кейіннен 2-ге бөлініп, бір бөлігін Ш. х. ә-не күйеу бала (Гургэн) болып келетін Әмір Темір басқарды. Екінші жағын Шағатайдың ұрпақтары биледі. Жошы әулеті – Жошының екінші баласы – Бату (1227–56) негізін салған әулет. Одан кейінгі әулет ұрпақтары: Берке (1255–66), Мөңке Темір (1266–80), Туда Мөңке (1280–87), Төле Бұға (1287–91), Тоқты (1291–1312), Өзбек (1312–42), Жәнібек (1342–57). Шайбани әулеті – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының бесінші ұлы Шайбанидың ұрпақтары 15–16 ғ-ларда Шығыс Дешті Қыпшақ пен Мауераннахрда билік құрды. Неғұрлым әйгілі өкілдері: Әбілхайыр хан, Мұхаммед Шайбани, т.б. Қазандары. Ш. х. ә. ұрпақтары Жәнібек хан мен Керей хан Шығыс Дешті Қыпшақта Шайбани әулетін жеңгеннен кейін, сол жердегі және Жетісудағы тайпалар мен рулардың біраз бөлігін биледі. Осылардың негізінде Қазақ хандығы құрылды. Жошының ұрпағы Орыс ханнан тараған үрім-бұтақтар Қазақ хандығы мен оның жекелеген бөліктеріне Қазақстан Ресейге қосылып, хандық таратылғанға дейін билік құрды. Ш. х. ә. қазақта төре деп аталады. Хулагу әулеті немесе Ильхандар – Ш. х. ә-нің Ирандағы, Таяу Шығыстағы, Кавказ сыртындағы үрім-бұтақтары. 1256 ж. ұлы хан Мөңкенің қолдауымен Хулагу хан (1256–65) негізін қалады. Оның мұрагері Абақ хан (1256–82) Кавказ бен Каспий бойы жерлері үшін Алтын Ордамен шайқасты. Хулагу әулетінің Иран мен Кавказда үстемдік құрған кезінде моңғолдар қол астындағы басқа да мемлекеттердегі сияқты мұнда езгі күшейе түсті. Толассыз соғыстар қалың бұқараны күйзеліске ұшыратты. 1353 д. ильхандардың үстемдігі жойылды.

З.Қинаятұлы

Ы

ЫБЫРАЕВ Шәкір (Шәкімшәріп) (1950 ж.т., Қызылорда обл. Шиелі ауд.) – фольклортанушы-ғалым, филол. ғыл. докт. (1993), проф. (1997). Абылай ханның ұрпағы, Кеңесарының ағасы Бопының немересі. ҚазМУ-дың филол. ф-тін (1973) бітірген. 1974–76 ж. Мәскеудегі Әдебиет ин-тында оқыды. 1976–79 ж. ҚР ҰҒА-ның Шығыстану ин-тында аспирант болды. 1979–82 ж. Әдебиет және өнер ин-тында кіші ғыл қызметкер, 1982–89 ж. Қазақ ұлттық ун-тінде доцент, 1982–94 ж. Әдебиет және өнер ин-ты жанындағы Қолжазба орт-ның жетекшісі, 1995–2001 ж. Әдебиет және өнер ин-тының директоры, ал 2001



Ш.Ыбыраев

жылдан Көкшетау мемл. ун-тінің ректоры. Ғыл.-зерт. еңбектерінің негізгі тақырыбы фольклор және түркітану мәселелеріне арналған. Ол Халықар. фольклорлық к-ттің мүшесі. Ғалымның эпостың салыстырмалы поэтика мәселелерін тұтас көркемдік жүйе ретінде зерттеп, кеңістік пен уақыт категорияларының эпик. тұжырымдамасын және олардың көркемдік ерекшеліктеріне жаңаша теор. байыптау жасаған «Қорқыт ата» кітабы, «Қазақ эпосы» (1977), «Эпос әлемі» (1993), «Оғыз батырлық эпосының поэтикасы» (1997), түркі тілінде «Дастан құрылымы» (Анкара, 1998) атты моногр. еңбектері жарық көрді. Ы. фольклор бойынша жазылған оқулықтардың, сондай-ақ 5 ұжымдық еңбектің авторы. Фольклор және түркітану саласындағы зерттеулері үшін Түркияның Ататүрік мәдениет, тіл және тарих қоғамының мүшесі (1998) болып сайланды. ҚР

ҰҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. иегері (1990).

А.Мамаиұлы

ЫДЫРЫСОВ Әбілфайыз (23.2.1930 ж.т., қазіргі Қостанай обл. Амангелді ауд. Егінсай а.) – жазушы-журналист, педагог, тарих ғыл. канд. (1972), ҚР-ның еңбек сің. мәдениет қызметкері (1991), ҚР-ның еңбек сің. қайраткері (2004). ҚазМУ-дың (1953, қазіргі ҚазҰУ) журналистика ф-тін бітірген. 1953–54 ж. «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газеті редакциясында әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болып істеді. 1955–61 ж. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. 1961–65 ж. «Қазақстан пионері» газетінде бас редактор, 1965–93 ж. ҚазМУ-да аға оқытушы, доцент, проф. болды. Ы. осы жылдары газет безендіру, полиграфия ісі, мақалаларды өңдеу және редакциялау шеберлігіне байланысты 20-ға тарта әдістемелік құралдар мен оқулықтар жазып, баспадан шығарды. Публицист-жазушы, педагог Ы-тың қаламынан көптеген ғыл.-зерт. кітаптары, деректі эссе, хикаяттармен қатар «Ай-



Ә.Ыдырысов

жанның ғашығы» (1965), «Берік» (1994), «Аңсаған менің әнімсің» (2000), «Ақсүйек», «Кер бұзаудың өлімі» (2004) повестері, «Таңшолпан» романы (2005) жарық көрді. Ы. жас кезінен Абылай хан жайындағы аңыз-әңгімелерді естіп білген, кейін оның өмірі мен қызметі жайында шыққан ғыл. мақалалар мен кітаптарға көңіл бөліп, оқытушылық дәрістерінде пайдаланған. Ы. орден, медальдармен марапатталған.

Т.Барақұлы

ЫРҒЫЗБАЙ Айдосұлы (1744 ж.ш., қазіргі Ақтөбе обл. Ырғыз өз. бойы – 1785, қазіргі Шығыс Қазақстан обл. Абай ауд. Шыңғыстау тауының баурайы) – қоғам қайраткері, батыр, би. Абылай заманында дүниеге келіп, өмір кешкен. Ұлы ақын Абай Құнанбаевтың үшінші атасы. Ырғыз өз. бойында туған Ы-дан анасы Айпара: «Шынжыр балақ, шұбар төс – Ырғызбайым» деп үлкен үміт

ЫРЫСКЕЛДІ



күткен. Ол жастайынан өлең сөзге жүйрік, шешен болып өседі, өз ортасының беделі асқан жігітіне айналады. Тобықтының атақты биі Кеңгірбай Жандосұлы Ы-ды қасына ертіп, ел ішіндегі дау-дамайға, бітім-билікке араластырады. Кейін өзі де құн дауы, жесір дауы сияқты қазақ арасындағы күрделі мәселелерді шешуге белсене қатысады. Ол жоңғар шапқыншылығы кезінде үдере көшкен руластарын Шыңғыстау өңіріне бастап әкеліп қоныстандыруға көп еңбек сіңірді. Қалмақтарға қарсы шайқастарда батырлығымен көзге түсіп, Абылай ханның жақын сырлас достарының бірі болды. Үлкен ас, дүбірлі жиындарда күреске түсіп, палуандығымен де аты шыққан. Атақты Ер Жәнібек батырдың қызына үйленген. Ы-дың Өсер, Мырзатай, Жортар, Өскенбай атты ұлдарының ішінен Өскенбайы елге қадірлі басшы, әділетті би, тапқыр шешен болғаны белгілі. М.О.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында, Абай туралы жазған зерттеулерінде Ы-ға ерекше тоқталады. Шәкәрім де өзінің 1911 ж. Орынборда шыққан «Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі» атты кітабында төртінші атасы Ы. туралы үлкен ілтипатпен жазады. Ы. Шыңғыстау ішіндегі Бөкенші өз. бойындағы әулеттік қорымда жерленген.

Әдеб.: Сапаралы Б., Байшөгел, А., 1995; Әуезов М. О., Абайды білмек парыз ойлы жасқа, А., 1997; Жанболатұлы М., Тобықты–Шыңғыстау шежіресі, А., 2004.

С.С.Қорабай

ЫРЫСКЕЛДІ (т.-ө.ж.б.) – батыр, елші. 1733 ж. Ұлы жүз елшілігі құрамында (елшілік екі адамнан құралған – Аралбай мен Ырыскелді) Кіші жүз ханы Әбілқайырға онан әрі Ресейге барып қайтты. Ондағы мақсаттары – Ресей императоры Анна Иоановнаға жолығып, сол кезде жоңғар хандығына тәуелді болып тұрған Ұлы жүзді сақтап қалу үшін Әбілқайыр арқылы орыстардан көмек алу еді. 1733 жылдың соңында Ұлы жүздің елшілігі мен Әбілқайыр өкілі Тәттімбет батыр Санкт-Петербургке барды. Олар Анна Иоановнаның қабылдауында болып, Ұлы жүздің

көрнекті ел билеушілері – Қодар би, Төле би, Сатай, Хангелді және Бөлек батырлардың қарауындағы ел-жұртымен Ресей азаматтығын қабылдайтындықтарын білдірген хатты табыс етті. 1734 ж. 10 маусымда Анна Иоановна Ұлы жүздің старшындары мен батырларына және «барлық қырғыз-қазақ халқына» арналған және оларды Ресей құрамына алғандығын білдірген грамотаға қол қойды. Ұлы жүз ханы Ор өз. бойына «ант қабылдауға» арнайы шақырылды. Ресми деректер бойынша Ы. 1738 ж. қыркүйекте Кіші жүздің Ресей азаматтығын қабылдауына байланысты өткен салтанатқа қатысқан.

Әдеб.: Басин В. Я., Россия и казахские ханства в 16–18 вв., А.-А., 1971; Қазақстан тарихы, 3-т., А., 2002.

М.Сүгірбеков

ЫСМАҒҰЛОВ, С мағұлов Оразақ (1.10.1930 ж.т., Қостанай обл. Меңдіқара ауд. Ұялысай а.) – тарих ғыл. докт. (1984), проф. (1987). ҚР-ның еңб. сің. ғыл. және тех. қайраткері (1987). ҚР ҰҒА-ның акад. (2003). ҚазМУ-ды (1955, қазіргі ҚазҰУ) және КСРО ҒА Этнол. және антропология ин-тының аспирантурасын (1961) бітірген. Қазақстан ҒА-ның Тарих, археол. және этнол. ин-тында аға ғыл. қызметкер (1961–81), бөлім меңгерушісі (1982–97) қызметтерін атқарды. Осы ин-тың ұйымдастыруымен 36 экспед. мен далалық зерттеулер жүзеге асырылды. Оның ішінде үнді-кенес (1974–75), қазақ-монғол (1991–92) және қазақ-италия (1993–94, 2002–2004), т.б. антропол. экспед.-лар болды. Ол Қазақстан мен Қырғызстанның биік таулы аймақтарына бейімделу мәселелерін аймақтың этноүрдістерімен байланыстыра зерттейтін халықар. ғыл. жобаға жетекшілік етті. «Абылай хан» (2003) кітабының телавторы. «Этническая антропология Казахстана (стоматологическое исследование)» деген тақырыпта докт. дисс. қорғады. 200-ден астам ғыл. жарияланымның, 4 монографияның авторы. ҚР ҰҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты (1992).

А.Оразаққызы

Э

«ЭКСПРЕСС К» – газет. Алғашқы саны «Юношеская правда» деген атпен 1920 ж. Орынбор қ-нда жарық көрді. Қаржының жетіспеушілігі мен материалдық-тех. базасының нашарлығына байланысты бұл газеттің шығуы 1923 жылдың басында тоқтатылып, оның орнына 1924 жылдың қаңтарынан 1925 жылдың аяғына дейін әуелі Орынборда, соңынан (1925 ж. тамызынан) Қызылордада «Комсомолец» деген атпен, 1928 жылдың қазанынан Алматыда «Ленинская смена» деген атаумен шығарылды. 1991 жылдан Алматы қ-нда қазіргі атауымен басылуда. Газетке Тілепберген Бекмағанбетов Бас редакторлық етеді. Газетте тарих ғылымдарының докторы Б.Аяғанның «Великий хан Абылай», «Возвращение Абылая», Н.Әміртайдың «Годы великого бедствия: История джунгарских хунтайджи и политике Жангир хана и Абылай хана» атты мақалалары, И.Ерофееваның «Эпистолы степных правителей» атты А.Бекхожинмен жүргізген сұхбаты және басқа да материалдар жарық көрген.

К.Қошым-Ноғай

Ю

«ЮНОСТЬ АБЛАЯ» – кинохикаят. Авторы – Марат Масалин. Кинохикаят қазақ даласына жоңғар басқыншыларының кезекті шабуылының басталған кезінен желі тартады. Жас Әбілмансұрды жорыққа аттандырып салар алдында оның бапкер-ұстазы Ораз: «Менің төрем! Құран ұстап ант етемін, сен данқты жауынгер, ұлы хан боласың. Барлығы үшін: өлтірілген екең үшін де, қорлық көрген халқың үшін де, қираған қалалар үшін де кек алатын боласың! Барлығы үшін жау жазасын тартатын болады!» деп қоштасады. Осыдан кейін Абылай ханның өмірбаянынан белгілі жайлар: жас Әбілмансұрдың қалмақ батыры Шарышты жекпе-жекте жеңіп, Абылай сұлтан атануы, оның Әбілмәмбет ханмен бірге ел басқару ісіне араласуы, Абылайдың батырлығы мен көреген даналығы жайындағы эпизодтар жалғасады. Шығармада, сондай-ақ, Бұқар жырау Төле би, Қабанбай батыр, Барак сұлтан, т.б. адамдардың көркем бейнелері сомдалған. Кинохикаят «Простор» журналының 2002 жылғы 5-санында жарияланған.

А.Ерназаров

ЮҢ ГҮЙ (т.-ө.ж.б., 18 ғ.) – Қытайдың шекара бастығы. Бұрын Абылай ханнан келген адамдар артық жылқыларын Қашқарға апарып, әр түрлі бұйымға айырбастап алатын. Осыған байланысты Қытай патшасы жарлық шығарып, Ю. Г-ге: «Қазақтар Үрімжіге келіп сауда жасаса, жылқының нарқы өте арзан болады. Ал Шыңжаңның оңтүстігіне апарып сатса, Үрімжіде жылқы бағасы көтеріліп кетеді. Сондықтан қазақтың жылқысын ұйғырлардың өзбетімен сатып алуына қатаң тыйым салып, ол жылқыларды үкімет орындары сатып алатындай ету керек. Жылқы нарқын Іле мен Үрімжідегіден қымбаттатпай, қазақтардың пайда түсіруіне титтей де мүмкіншілік беруге болмайды. Олар жылқы саудасын тек қана Іле мен Үрімжіде жасауы керек» деген бұйрық берген (Қытай патшасының 1765 жылғы 12 желтоқсандағы жарлығы). Бұл қазақтарға моральдық қысым жасаудың бір түрі ғана еді.

Н.Ақбай

Я

ЯКОБИ И. (т.-ө.ж.б.) – Селенга коменданты, ген.-майор. Я-дің Мәскеудегі Сыртқы істер алқасына жолдаған мәлімхатында айтылғандай, Абылай хан қайтыс болғаннан кейін, Ташкентте оның жанында болған серіктері қайтып келген де, Уәли сұлтанға, оның інілері мен жақын туыстарына естірткен. Өзара ақылдасып, Абылай ханға ас беру жағын шешкен. Сөйтіп, Орта жүздің барлық сұлтандарын, ел ағалары мен қалың казактың, барлығы бес мыңдай адамның басын қосқан. Осы астың үстінде марқұм Абылайдың орнына хан сайланған. Хандыққа лайық-ау делінген сұлтандардың қадір-қасиеттері, мінез-құлқы сарапталып, бірауыздан Уәли сұлтан тандалған. Жұма күні сұлтандар, ел ағалары мен казактар алаңға жиналып, халық дәстүрі бойынша хан сайлауға кіріседі. Ташкенттен шақырылған ахун, басқа да дінбасылар тиісті дұғаларын оқып

болған соң, көпшілік Уәли сұлтанды ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Ханды жерге түсірген соң, жиналғандар ханның іш көйлегінен басқа барлық киімін шешіп алып, сыртқы киімдерін сұлтандар, ішкі киімдерін хан сайлау рәсіміне куә болған казактар жыртқыс ретінде бөліп алады. Уәлиге арнайы хан киімін кигізіп, арнап тігілген ақ ордаға кіргізеді. Одан кейін ақбоз атқа қолтығынан көтеріп мінгізіп, тойшылар оған тілек тілеп, жабыла құттықтаған. Бұл хан сайлау мерекесі жеті күнге созылған. Салтанат қызығы аламан бәйгеге ұласып, домбыра мен қобыз тартылып, ән шырқалған, мол дастарқан жайылып, ұлы думанға айналған. Уәли сұлтанның жеке басына келсек, ол да әкесі Абылай сияқты тәкаппар, бірбеткей, оспадар, өр мінезді екен. Қазактардың айтуына қарағанда, Уәли сұлтан марқұм әкесінің жанында жүріп, ел басқару жөнінде жақсы өнеге көрген, қабілетті, пысық және ханға лайық басқа да қасиеттер бар екен. Якоби патша жарлығын орындау үшін, Троицк шекара кеденінің директоры Чучаловты аттандырған еді. Чучалов Уәли сұлтанды құттықтап, патша ағзамның грамотасын тапсырған. Грамота мен хат оқылып болған соң, Уәли сұлтан: «Бұл грамота мен хаттан халыққа деген қамқорлық пен пайданы естіп білдім, өзіміз ақылдасып, патша ағзамның айтқанын орындаймыз» деген.

Н.Ақбай

ҚОСЫМШАЛАР





АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ӨМІРІ, МЕМЛЕКЕТТІК, ӘСКЕРИ ҚОЛБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ МӘМІЛЕГЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖЫЛНАМАСЫ

Абылай хан ресми әдебиеттерде: 1711 ж. Оңт. Қазақстан обл. Ташкент қ-ның маңында дүниеге келген. ...Абылай бахадұр хан 1713 жылы туады. Соңғы кезде әдебиетте айтылатын, ресми түрде қабылданған 1711 деген сан – білместіктен шыққан долбармен алына салған. Бұрынғы-соңғы ешбір тарихи құжатта Абылай 1711 жылы туып, жетпіс жасқа келіпті деген мағлұмат жоқ. Керісінше, барлық дерек 1713 жылға тіреледі. Мәселен, Ресейдің Сібір шебі әскерлерінің әміршісі, генерал-майор Огаревтің Сыртқы істер коллегиясына 1781 жылы мамыр айында жазған құпия қатынасында: «Осы жылғы мамыр айының 23-і күні маған хабар жетті: қырғыз-қайсақ ордасының ханы Абылай жасы алпыс тоғызға қараған шағында, жорық үстінде ауырып, дүние салыпты» деп жазады. Орысшасы: будучи в походе, от приключившейся ему болезни умер на шестьдесят девятом году...». Нақпа-нақ аударсақ, «алпыс сегізден асқан шағында» болып шығады. Осыған жалғас, Абылайдың ұлы Уәли сұлтанның Ресей патшайымы Екатерина Екіншіге жолдаған хатына да осы дерек қайталанады. Бұл құжаттардың барлығы да «Россияның сыртқы саясатының архивінде» сақталған, баспа бетінде де жарияланған, орыс оқымыстылары талай рет пайдаланған. Яғни, жер астында жатқан құпия емес. Қазақ арасында сақталған тарихи жырларда, ақын-жырау шығармаларында да Абылайдың 68 жасқа келіп өлгені, оның ішінде 48 жыл билік құрғаны, алғаш рет жиырма жасында аты шыққаны туралы нақты айтылады. Сонымен, талассыз ақиқат – Абылай 1713 жылы туған. Екі жылдың ары-берісінде не тұр деуге болмайды. Өйткені Абылай өмірі, оның белгілі бір жас кезеңдері елеулі тарихи оқиғалармен тікелей байланысты. Абылайдың ата тегі белгілі. Арғы бабасы – Шыңғыс хан, Жошы хан, бергі бабасы – Қазақ ордасының негізін салған Өз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Барлық уақытта елге тірек болған, жұрт ұстаған әулет. Қысқа қайырсақ, қазақтың төре деген текті руы. Ұлы ханның ата тегі – Абылай ханның ата тегі былай таратылады: 1. Шыңғыс хан. 2. Жошы хан. 3. Тоқай Темір. 4. Өз Темір. 5. Қожа. 6. Бәдіғұл оғлан. 7. Орыс хан. 8. Құйыршық хан. 9. Барақ хан. 10. Өз Жәнібек. 11. Жәдік. 12. Шығай хан. 13. Есім хан. 14. Жәңгір хан. 15. Уәли бақы. 16. Қанішер Абылай. 17. Көркем Уәли. 18. Абылай хан (Әбілмансұр). ...Абылайдың бейбіт күндердегі ел ішіндегі билігі, әділдігі мен парасаты оның кемеңгерлігін танытып, даналығын мойындатады пейілі әміршінің беделін көтеріп, хукімін күшейте түседі. [М.М.Мағауиннің «Абылай – бахадұр хан» атты мақаласынан. Автордың 1993 ж. жазылған «Абылай-бахадұр хан» атты мақаласынан («Жас алаш», 3 қазан, 2013, №79, 1 және 4-б.)].

...Тарихи жазба деректерде Абылайдың аталары оңтүстік өлкені, атап айтқанда, Ташкентті билегені туралы айтылады. Мәселен, Абылайдың хатшысы болған М.Мәмедов 1768 жылы орыс үкіметі өкілдеріне былай деп хабарлайды: «Абылай сұлтанның атасы мен әкесі Ташкент қаласының хандары болған. Қаланы жоңғар қалмақтары жаулап алғанда, он жасар Абылай Түркістан қаласындағы Әбілмәмбетке барады» (История казахской литературы, в 3-х томах, т. 2, А.-А., 1979, 41-б.). Хан хатшысы баяндап отырған хабарлама бізге Абылайдың қай жылы дүниеге келгенін дәл анықтап береді. Тарихи шындықта жоңғарлар Ташкентті 1723 жылы жаулап алады. Ол жылы Абылай 10 жаста болса, оның туған жылы 1713 жылға тура келеді. Бұл мерзім ханның дүниеден өткен кезіндегі жасына да сәйкес келеді. Абылай 1781 жылы дүниеден қайтқанда, оның баласы Уәли сұлтанның хабарлауы бойынша, жасы 68-ден 69-ға қараған еді. 1781 жылдан 68 жасты шегерсек те, сол 1713 жылға тірелеміз. Демек, Абылай 1713 жылы дүниеге келген. Биыл оның туғанына тура 300 жыл (С.А.Қасқабасов пен А.Әбсадықовтың «Аңызға айналған ардағымыз» мақаласынан, «Егемен Қазақстан», 28 мамыр, 2013, 5-б.).



1710 ж. Қарақұмда жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыруға арналған қазақ жүздері өкілдерінің қатысуымен халық жиыны өткен.

1710 жылы Тәуке ханның ордасында жоңғарға қарсы күрес жиыны ашылып, қазақ жасақтары ұйымдастырылады. 1716 жылы жоңғар әскерлері Іледен Аягөзге аттанады. Қазақтар Еділ, Жайық бойына шегінеді. Сонымен қазақты Еділ моңғолдары мен жоңғарлар екі жақтан қыспаққа алып, 1720 жылға келгенде қатты күйзеліске ұшыратады. Оның үстіне 1723 жылы жоңғарлар жетпіс мың қолмен жеті топқа бөлініп, тұтас қазақ сахарасына шабуылға өтеді. Сонымен аянышты «ақ табан шұбырынды» басталады, қырғынға ұшыраған халық Сыр бойына қарай жаяу шұбырады. Шыршық уезіне дейін жетеді. Ұлы жүз бен Орта жүз енді Сыр жағасынан алыстағы Бетбақ далаға қарай жосып, Алакөлге келіп құлайды. Айтулы «ақ табан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөз осылай шығады. Туған жерден, сүйген жардан, жан сүйер туыстан айрылған қанды жас, жаралы жүректен «Елім-ай» әні келіп туындайды. 1725 жылға келгенде сол кездегі қазақтардың қарамағындағы ірі қалалар – Ташкент, Түркістан, Сайрам қалалары біржолата қолдан кетеді (З.Сәнік пен Б.Садықанның «Қаракерей Қабанбай. Аңыз, зерттеу, киссалар» атты кітабынан, А., «Жазушы», 1991, 50–51-бб.).

1715 ж. Әз Тәуке хан қайтыс болды, бірақ 1718 жылы өтті деген пікір қалыптасқан. Алайда 1716 жылдан бастап жергілікті патша әкімшілігінің Ресей үкіметі жолдаған сәлем хаттарында Қайып ханның ғана аты аталады. Сондықтан 1716 жылдың басында дүние салды дейміз. Тәукенің ұлы Қайып хан тағына шамамен 1729–30 жылға дейін отырды. Бірақ ол әкесіндей әкімгер, заңгер бола алмады. Оның әскери істе де қабілеті төмен болды (В.А.Моисеевтің «Қазақ хандары халық қорғандары, яки 17–18 ғасырлардағы алғаш қазақ әміршілерінің тарихи портреттері» атты мақаласынан, «Ақиқат», 1992, №4, 17–21-бб.).

1715 ж. Бірінші Петр Сібір губернаторы М.П.Гагаринге бүкіл Шығыс Түркістан секілді Жоңғария құрамындағы Жаркентке әскери экспанция жіберуге әмір етті.

1717 жылдың күзінде Қайып пен Әбілқайыр жоңғарларға қарсы жорық ұйымдастырады; бірақ бұл жорық нәтижесіз аяқталады.

1718 ж. қалыптасқан деректер бойынша – Жәңгір ханның ұлы, Қазақ хандығының билеушісі Әз Тәуке дүние салды.

10.12.1718 ж. Қайып хан Петр I-ге тату-тәтті көрші әрі одақтас болып, өзара елші алмасып, сауда керуенін жіберіп тұру туралы хатын жолдады.

8.1.1719 ж. Қазан губернаторы П.С.Салтыков Қайып ханға хат жолдады: ол осы хатында қазақ жерінде жасырынып жүрген қарақшы Сейітқұл сияқты ұрыларды, орыс тұтқындарын және Қайып ханның жиені Абылай сұлтан әскерінің Федор Жилиннің солдаттарынан тартып алған қаруларын да қайтаруды сұрап жазған.

1719 ж. Қазақ хандығының билеушісі, Абылай ханның нағашысы Қайып хан қайтыс болды.

1720 ж. ...Коряковты қайсысы салған? Бұл форпостың дүниеге келуі өзгеше. Коряков деген ағайынды адамдар көлдерден тұз өндіріп, соны Омбы, Тобыл, одан әрі Россия жағына жөнелту үшін 1720 ж. Ертіс жағасына пристань тұрғызады. Әрине ол Коряков (1816 ж. Сібір губернаторы Гасфордтың жарлығымен Коряков форпосына Александр екінші патшаның мұрагері Павелдің бір жасқа толуына арнап «Павлодар» деген ат қойылады. Қазақтар бұл қаланы Коряков деген сөзден шығарып Кереку деп кеткен (Исабай Қ., Шоң би, Аст., «Елорда», 2005, 22-б.).

1722 ж. Барақ батыр Жанұзақұлы өмірге келді; 1740–58 ж. қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан азат ету жолындағы шайқастарға қатысқан.

1722 ж. Петр I қазақтарды Ресей қоластына кіргізу туралы пікірі: «...Ұлы Петр 1722 жылы парсы жорығына аттанған жолында Астраханда болғанда, бірқатар адамдардан естіп білген және бұл қазақ Ордасы көшпелі және тұрақсыз халық болса да, оның жері бүкіл Азия елдеріне жол ашатын кілт пен қақпа; сондықтан қазақ жерлері Ресей қоластында болуы қажет, сөйтіп бүкіл Азия елдерімен қарым-қатынас жасап, Ресей жағына пайдалы да тиімді шаралар жүргізуге мүмкін болар еді» (тілмаш әрі елші А.И.Тевкелевтің жазбаларынан; «Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі» кітабы бойынша. Құраст., қазақшаға аударып, көрсеткіштерін түзген және түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай, А., 2011, 1-т., 33-б.).

1723 ж. ата-анасынан жастай жетім қалған Әбілмансұр «Сабалақ» деген атпен Төле бидің малын бағып өсті. Бұқар жырау: Сені мен көргенде Тұрымтайдай ұл едің, Түркістанда жүр едің, Әбілмәмбет патшаға, Қызметші болып тұр едің. Сен қай жерде жүріп жетіктің? Үйсін Төле билердің Түйесін баққан құл едің – дей келіп, Әй, Абылай, сен он бір жасыңда, Әншейін-ақ ұл едің. Он бес жасқа келгенде, Арқада



Әбілмәмбет төренің Түйесін баққан құл едің, Абылай атың жоқ еді, Сабалақ атпен жүр едің, Жиырма жасқа келгенде Оны да көрген жерім бар – деп жырлаған.

8.2.1725 ж. Ресей патшасы Петр I қайтыс болды.

1726 ж. Ордабасыда жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақтың үш жүзі өкілдері қатысқан халық құрылтайы өтті; оған Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Жолбарыс хандар, Төле би, Қазыбек би, т.б. ел ағалары қатысқан. Осы құрылтайда Әбілқайыр қазақ әскерінің қолбасшысы болып сайланды. Сол жылы ол өзінің елшісі Қайбағар Көбековты Санкт-Петербургке, Екатерина I-ге жібереді.

1726 ж (әлде 1727) Ламдар жоңғар ханы Севан Рабданды өлтірді.

1727 ж. Ұлытау өңіріндегі Бұланты және Білеуті өз-дері арасындағы кең жазықта қазақ жасақтары жоңғар басқыншыларын ойсырата жеңіп, жоңғар әскерін Ұлытауға жеткізбей тоқтатты.

1729–30 ж. мамыр-маусым айында біріккен қазақ қолы жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күрес жолында ірі жеңіске жетті; бұл тарихқа Аңырақай шайқасы деген атпен енді.

1730 ж. Ұлытауда жоңғар шапқыншылығына қарсы халық жиыны өткізілді.

1730–33 ж. аралығында болған бір ұрыста қалмақ батыры Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, Абылай атанды. Әбілмәмбет сұлтанмен Көкшетауға барып, ел билеу ісіне араласады.

1731 ж. Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Ресейдің қоластына кіргендігі жөнінде ант (бұл антты 1738, 1740, 1742 ж. қайталады) берді.

1731–1733 жылдар аралығында А.И.Тевкелев қазақ сахарасында бірнеше мәрте болды. Соның бәрінде Әбілқайыр орыс елшісіне берген сертінен айнымай оны төніп келген қауіп-қатерден аман алып қалып отырды. Сөйтіп, Әбілқайыр орыс тағына бодан болған алғашқы қазақ ханы болды. Бұдан кейін осындай тілекті Орта жүз ханы Сәмеке, Ұлы жүз ханы Жолбарыс, ал 1740 ж. Әбілмәмбет пен Абылай білдірді. Мұның өзі қазақ хандарының амалсыздықпен жасаған тірлігі еді (В.А.Моисеевтің «Қазақ хандары халық қорғандары, яки 17–18 ғасырлардағы алғаш қазақ әміршілерінің тарихи портреттері», атты мақаласынан, «Ақиқат», 1992, №4, 17–21-бб.).

1732 ж. Орынбор қ-нда Орта жүздің ханы Сәмеке Ресейге адал екендігі туралы ант береді.

1734 ж. Әбілмәмбет Орта жүздің ханы болып сайланады, ал Абылай оған көмекші болады.

1734 ж. Кіші жүздің ханы Әбілқайыр Ресей үкіметінің мақтау грамотасын алды.

1734, әлде 1737–38 ж. Орта жүздің ханы Сәмеке қайтыс болды.

1738 ж. Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Ресейдің қоластына кіруді қалайтындығын білдірді.

1738 ж. Абылайдың ұлы Уәли (кейбір деректер бойынша 1841) дүниеге келді.

10.4.1738 ж. Әбілмәмбет және Абылай сұлтандардың М.Тевкелевке (А.И.Тевкелевке) жолдаған хатынан (№43): ...Қазақ даласында өз бетімен жүрген, ешқандай бұзық ойы жоқ қазақтарды орыстар ұстап алып, Жайық қалашығында тұтқында отырғызуы жиілеп кетті. Мұның шет жағасын өзіңіз де білесіз, біздің қазақтарымызды босату жөнінде жарлық та бергенсіз. Бірақ, сол адамдар әлі қайтқан жоқ. ...Егер бізбен тату көрші өмір сүріп, ақылдасып кеңесіп отыруға ниетті болсаңыздар, қамаудағы біздің адамдарымызды босатыңыздар. ...Біз сіздермен тату тұруға ынтықпыз, сол үшін де шекараға таяу келіп, қонып отырмыз. Біздің кейбір адамдарымыз аң аулап жүрген жерінде сіздердің қолдарыңызға түсіп, қамалып қалғанын естігенде бәріміздің жүрегіміз ауырады (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 173–74-бб.).

1739 ж. Ұлы жүз ханы Жолбарыс Абылаймен бірге Ташкент пен Сайрам қ-ларын жоңғарлардан азат ету жорықтарына қатысады.

22 қазан, 1739 ж. Орынбор комиссиясының бастығы В.А.Урусовтың сыртқы істер алқасына жолдаған мәлімхатынан (№46): Осы жылғы 17 қазан күні маған қазақтың Орта жүзінен Жәнібек батырдың хатын қазақ Байдәулет пен татар Сәрсекей алып келді. Олар өзімен бірге прапорщик Едігеровтің рапортын да әкеліпті. Қазақтар Жәнібек батырдың мына сәлемін жеткізді: ...Биылғы жазда Әбілмәмбет хан мен Абылай және Барақ сұлтандардың иелігіндегі жерлерге 11 мың қара қалмақ келіпті. Оларды кім басқарып келгенін, қазақты шапқан-шаппағанын Жәнібек батыр Едігеров пен Сәрсекейге айтпапты. Осыған қарағанда және қазақтардың ешқашан нан немесе басқа да тағамдық өнімдер сатып алу жөнінде тілек білдірмегенін еске алсақ, қазақтар әлденеден сескеніп, Жайық өзеніне жақын көшуге бейім отырған жоқ па, деген ой келеді. Осы жазда, шілде айында қазақтардың Кубань жағына өтіп кетпек ниеті бар деген бір сыбыс құлағымға тиіп еді. Осынау көшпелі халықтың тілегін қабыл алмаудың жөнін білмей отырмын. Бізге сенуден қалса, ол да қауіпті. Және де олар көтеріле көшуге бет алса, тоқтату да қиын, сондықтан империяның мүддесіне тиімдісі, оларды үркітіп-шошытпай ұстай тұру, деп ойлаймын.... князь В.А.Урусов, хатшы үшін П.Лучко (Тайшыбай З.С., Қазақ ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 177–78-бб.).



Ойрат әскерлерінің Қазақстан аумағына шабуылы 1739 жылдың күзінде басталды. ...Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Ташкентте кісі қолынан қаза тапты. 1737 жылы Орта жүздің ханы Сәмеке өліп, оның орнына хандыққа сайланған Әбілмәмбет ел ішінде айтарлықтай беделге ие бола қоймаған. Осылайша ынтымағына іріткі кірген қазақ феодалдары тиісті сақтық шараларын жасамай, сыртқы жаудан қорғануға дайын болмады. 1739–1740 жылдың қысында Септен мен Сары Мыңжының әскерлері екіге бөлініп, Сырдарияның жоғарғы ағысы арқылы оңтүстіктен, Ертістен өтіп, солтүстіктен соққы жасады. Орта жүздің Тобыл мен Есіл өзендері бойын қыстаған қазақтары жау шабуылының астында қалды. Осы кезде Қазан губерниялық кеңсесінен Мәскеудегі сыртқы істер алқасының кеңсесіне: «...қазақ жүздеріне 15 мыңдай қоңтайшы әскері басып кіргені және уақ-кереі руларына, Ертіс пен Есіл бойындағы Әбілмәмбет пен Барақ сұлтанға қарайтын ауылдарға шабуыл жасағаны» жөнінде хабар жеткен (Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. Сенаттың 1-департ. қоры. 136-тізбе, 1740–1746. 12/143-іс., 1006-парақ).

19 тамыз – 1 қыркүйек 1740 ж.

Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының Орынбор қаласына келген өкілдерімен В.А.Урусов жүргізген келіссөзінің хаттамасынан (№50): 23 тамызда кешке қарай В.А.Урусовқа башқұрт Таймас батыр келіп, жанындағы Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның өкілдерін таныстырады. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның келе жатқанын хабарлайды.

1740 ж. 24 тамызда генерал В.А.Урусов штаб-квартиермистр Новокоченовты қасына 12 атты әскер ертіп, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды қарсы алуға аттандырады. Генерал өзі Нұралымен, Ералымен, Жәнібек батырмен келіссөз жүргізеді. Кешке қарай генерал В.А.Урусов Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға тілмаш Мақсұтов арқылы бір үлкен шатыр жібереді. Хан оған рахмет айтыпты. «ал, Абылай сұлтан өз адамдарына бұрылып, сөйлесіп алды да: «Маған неге шатыр жібермеген, мен ханмен бірге тұрмаймын ғой», – деген. Абылайдың бұл сөзін Мақсұтов айтып келген және бұл сөздер хаттамаға жазылған.

1740 ж. 25 тамызда В.А.Урусов таңертең, қала сыртында еру болып жатқан Кіші жүз бен Орта жүздің өкілдеріне Спиридовты жібереді. Қонақтардың сойысына: Әбілмәмбет ханға – бір сиыр, екі қой, дастарханына бір бас қант, бір фунт қара шай; Абылай сұлтанға екі қой, бір бас қант, бір фунт қара шай; Нұралы және Ералы сұлтандарға және Жәнібек батырға бір сиыр, бір қой; Есет батырға – екі қой; Бөкенбай батырға екі қой жібереді. Бәрі де разылығын білдіреді.

1740 ж. 26 тамызда таңертең генерал-майор Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға секунд-майор К.Миллер мен прапорщик Гладышевті жіберіп, қабылдау рәсіміне алдын-ала дайындап, олардың қалай сөйлеп, не айтатынын пысықтауды тапсырды. Түстен кейін Нұралы және Ералы сұлтандар В.А.Урусовпен жеке жүздесті.

1740 ж. 27 тамызда прапорщик Гладышев Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға, ертеңгі ант беру рәсімі жөнінде сөйлесуге кетті. 28 тамыз. Қазақтың Орта жүзінің ханы Әбілмәмбет пен оның інісі Абылай сұлтанды қабылдау рәсімі мына төмендегідей болды: Оларды қарсы алуға пример-майор Дмитриев, оған қоса капитан, поручик және адъютант, трубалары мен литаврлары бар 48 адам таңдаулы жасақ және атты әскер ротасы жіберілді. Сонымен бірге әсем безенген 12 атты әскер, 6 ат жеккен күймелі арба, екі атқосшы, бір қызметші, қарауыл қақпа алдында қарсы алуға шықты. Қарауылға жеткен соң, хан мен сұлтанды шақырып келуге тілмаш жұмсалды. Қарауылға келген кезде оларға құрмет көрсетілді. Майор бұл адамдардың генерал-майордың атынан хан мен сұлтанды қарсы алуға келіп тұрғанын айтты, күймеге отыруға шақырды. Хан мен сұлтан күймеге отырды. Күйменің алдына 24 жауынгерді бастап унтер-офицер жолға түсті. Екі қапталда атқосшы-гайдуқтар жаяу жүгіріп отырды, күйменің соңынан атты әскер ротасы ерді. Полктар мен казактар сап түзеп, күтіп тұрды. Хан мен сұлтанның күймесі әскер сапының алдына 50 сажын жетпей, бұрылып барып, тоқтады. Күйме Астрахан полкының алдына келе бергенде барабан соғылып, музыка ойнап, құрмет көрсетілді Артиллерия қатарынан өтіп бара жатқанда тоғыз үлкен зеңбіректен оқ атылды. Хан мен сұлтан Бильяр полкінің қасынан өтіп барып, генерал-лейтенанттың қызмет кеңсесіне қарай бұрылды. Хан мен сұлтан күймемен сарай ауласына кірді (П.И.Рычков дәл осы сәтті «История Оренбургская...», – деген кітабында сәл басқаша жазған: «Хан мен сұлтан генерал-лейтенанттың ауласына салт атпен кірді. Оларға дабыл қағылып, музыка ойналып, құрмет көрсетілді. Бұдан кейін бәрі аттан түсті. Ханды аттан майор түсіріп алды, ал, шатыр алдында подполковник, шатыр ішінде полковник қарсы алып, генерал-лейтенантқа бастап әкелді. Екі қапталда, салтанатты киінген штаб офицерлері сап түзеп тұрды») де, күймеден түсті, қылыштарын тағынған бойда жаппаға қарай жүрді. Қошметшілер де аттарынан түсіп, мылтықтарын иығынан алып, бұлардың соңынан ерді. Аулада барабан соғылып, музыка ойнап, хан мен сұлтанға құрмет көрсетілді, оларды секунд-майор Миллер қарсы алды; ол иіліп сәлем берді де, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды бастап, шатырға алып кірді. Жаппаның



еденіне кілем төселген. Бұларды шатырдың алдында подполковник Останков қарсы алды. Шатырдың есігінен төріне дейін парсы кілемі төселіп, қабырғаға патша ағзамның үлкен суреті және айна ілінген. Шатырға кірген Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанды босағада полковник князь Еделев, ал шатырдың дәл ортасында генерал-лейтенант қарсы алды. Хан мен сұлтанды патша ағзамның портретінің алдына, генерал-лейтенанттың қасына тұрғызды. Олар сөз бастамастан бұрын, генерал-лейтенантқа өздерінің мөрі басылған бір-бір хаттан табыс етті. Хатты хатшы Рычков орысша, дауыстап оқып берді.

...Бұдан кейін сөйлеген Абылай сұлтанның сөзі: ...Мен қазақтың Орта жүзінің сұлтаны Абылай, өз халқыммен бірге өзіңіздің сенімді әрі шын берілген боданыңыз боламын, – деген тілекпен келдім. Сізге генерал-лейтенант мырза, рахметім мен ырзалығымды айтамын, дос ретінде құттықтаймын, біздің тілегімізді патша ағзамға жеткізіп, қуәландыруыңызды сұраймыз. Абылай сұлтанға жауап ретінде генерал-лейтенанттың айтқаны: «Құрметті Абылай сұлтан! Патша ағзамның арнайы жарлығымен маған сіздің өтінішіңізді қабылдап, оны антпен бекітіп, императордың мейірімін жеткізу бұйырылды. Мұның айғағын сіздің ағаңыз Әбілмәмбет ханның атына патша ағзам жіберген грамота деп білеміз. Осында аман-сау келуіңізбен құттықтаймын». Бұдан кейін олар креслоға отырды: хан патша ағзамның портретінің оң жағына, генерал-лейтенант сол жағына, ал олардың алдына Абылай сұлтан отырды. Сәлден кейін генерал-лейтенант оларға, қарсы болмаса, ант беру рәсімін бастау туралы ұсыныс жасады. Олар былай деп жауап (П.И.Рычковтың жазбасында сәл басқаша хатталған: «Біз бұрын да ант берген болатынбыз, дегенмен сол рәсімді қазір де қайталауға дайынбыз»). Осы сөздерден кейін парсының алтын кілемі жедел төселді.) берді: «Біз көптен ант бергелі жүр едік, жеріміз алыс болса да, жүрегіміз патша ағзамға адал, ант беруге дайынбыз». Содан кейін алтынмен әрленген парсы кілемін алдырып, төсетті. Хан да, сұлтан да тізерлеп тұрып, бас киімін қолына алып, Мансұр ахунның куәлігімен, өздерінің заңдары бойынша дұға келтірді. Құранды сүйіп, төбесіне көтерді. Ант беру рәсімі аяқталғаннан кейін, ханға және оның інісі Абылай сұлтанға күміс балдақты, әшекейлі қымбат қылыш тапсырылды. Қылышты тапсырып тұрып, генерал-лейтенант: «патша ағзам бұл қылышты өз қанатының астындағыларды қорғау үшін, жауларын жасқау үшін берді», – деді. Бұдан кейін генерал-лейтенант хан мен сұлтанды құттықтады, сол жерде тұрған обер-офицерлер де құттықтады. Содан кейін генерал-лейтенант, хан мен сұлтан, штаб офицерлері креслоға отырды. Біраз уақыт өткізіп, әңгімелескеннен кейін, генерал-лейтенант: тағы да бір жұмыс бар екенін, атап айтқанда, хан мен сұлтанға еріп келген ел ағалары да ант беруге тиіс екендігін ескертті де: «хан мен сұлтан ант берді, ендігі кезек солардікі» екенін айтты. Хан мен сұлтан бұған келісті. Тілмаштар арқылы хабар алған ел ағалары: «ханымыз бен сұлтанымыз ант қабылдаса, біз де қуана-қуана дайынбыз», – депті. Сөйтіп генерал-лейтенант полковник князь Еделевті шақырып, аталған ел ағаларынан ант алуды тапсырды. Өзі ханды, сұлтанды бастап полковниктер мен подполковниктерді ертіп, киіз үйге кетті. Шатырда 120 адам ант беріп жатты (П.И.Рычков: «Әртүрлі рулардан 128 өкіл ант берді», – деп жазған). Киіз үйге кіргеннен кейін хан мен сұлтан сөз бастап, жанындағы штаб офицерлерінің қайсының қандай шені бар екендігін сұрады. Оларға кімнің қандай шені, қарауында қанша әскері бар екені түсіндірілді. Хан мен сұлтан таңданып: «бұрын естуші едік, енді міне көзіміз көріп тұр», – деді. Абылай сұлтан ханнан гөрі сөзшең екен және сұрақтарға ұшқыр жауап беріп, өзін көрсетіп отырды да: «Біздің іс-қылықтарымызды сөге көрмеңіздер, орыстармен қарым-қатынасқа үйренеміз, патша ағзамның мейір-шапағатынан өнеге алып, бірте-бірте жақындасамыз», – деп қалды да, тағы: «Үй ішінде бас киімшен отырғанымызды да түсініңіздер, біздің қалыптасқан дағдымыз осылай», – деді. Хан да бас изеп құптады. Оған генерал-лейтенант жауап берді: «Біз сіздердің салт-дәстүрлеріңізді сөкпейміз, достар бас қосқанда ондайларға көңіл аудармайды. Біз ханды да, сұлтанды да адал берілген деп отырмыз, ант бергенде бас киімдеріңізді қолдарыңызға алғаныңыз жөн болды, ал одан кейін бас киім киюге болады. Мына жер салқын көрінеді, бас киім тіпті қажет», – деді. Оған хан да, сұлтан да «бізді патша ағзамның мейірі жылытып отыр, жүрегіміз қуанулы, көптен ойда жүрген ісімізді орындадық», – деді. Бұдан кейін Әбілмәмбет те, Абылай сұлтан да: «Генерал-лейтенантпен сөйлесетін басқа да шаруаларымыз бар еді, алдында салтанатты рәсім кезінде айта алмадық», – деп еді генерал-лейтенант оларға: «Сіздер шақырусыз келдіңіздер. Ал, мен сіздерді көптен көргім келіп жүр еді», – деді: Оған жауап ретінде Абылай сұлтан былай деді: «Біздің ата-бабаларымыз хан болған, адал, атақты кісілер болған. Жақсыларға жақын болған, – деп есімдерін санамалап айтып өтті де, – сондықтан біз де сол дәстүрді жалғастыруымыз керек, – деді. «Бізге оң көзіңізбен қарап, бауырыңызға тартыңыз, үлкен аға болыңыз», – деп барып тоқтады. Оған жауап ретінде генерал: «Сіздердің адалдығыңызға сенеміз, соған лайық қарым-қатынаста боламыз, оған кәміл сеніңіздер», – деді. Шатыр ішіндегі шыпта жабылған екі жұмсақ креслода генерал-лейтенант пен Әбілмәмбет хан отырған. Ал, Абылай сұлтанға да дәл сондай, бірақ, былғары кресло қойылған болатын. Мұны байқаған Абылай сұлтан, өзіне де хан отырғандай, бағалы отырғыш қойылуы керектігін білдіріп: «Мына орындық аласа



әрі жайсыз екен», – деп қалды. Сөйтіп, Абылай сұлтанға да хан мен генералдың астындағыдай шыптамен қапталған, қымбат кресло әкеліп берілді. Бұдан кейін дастарханға тағам қойылды. Жұрт тамақ іше бастағанда, зеңбірек атылып тұрды. Дәлірек айтқанда: Патша ағзамның денсаулығы үшін 21 мәрте зеңбірек атылды. Патша ағзамның әулеті үшін – 17 рет, Патша ағзамның жеңімпаз әскері үшін – 13 рет, Әбілмәмбет хан мен оның әулеті үшін және қазақ халқы үшін 9 рет, дегенде, хан жауап ретінде: Патша ағзамның денсаулығы үшін және үмбеті үшін, – деп еді, зеңбіректер 9 рет атылды. Абылай сұлтанның және оның әулетінің денсаулығы үшін – 9 рет, Ресейге бодан болғысы келетіндердің баршасы үшін 7 рет. Түскі дастархан үстінде бәлендей әңгіме болған жоқ, тек орыс әскерінің қуаты үшін шарап ұсынылды. Генерал-лейтенант Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтаннан орыс әскерлерінің жауды қалай жеңген жерістері туралы естіген-естімегенін сұрады. Хан мен сұлтан патша ағзам бүкіл әлемдегі патшалардың бәрінен күдіретті екенін ұзын-құлақтан естігені бар, бірақ ол жөнінде генерал-лейтенанттың өз аузынан білгісі келетінін білдірді. Содан кейін генерал-лейтенант түріктерді қалай жеңгенін, қару-жарақтың күшін айтып беріп еді, хан мен сұлтан оны ықыласпен тыңдап, мұндай қуатты елдің қарауына кіргеніне қуанып отырғанын айтты, орыс әскеріне алда да табыстар тіледі. Патша ағзамның денсаулығы үшін тост айтылғанда, хан мен сұлтан бұрын әдетке айналмаған нәрседен шаршап қалғандығын айтып: «Жақынарақ таныса келе ішеміз ғой, қазір ұяттау болар», – деп тартынды да: «Патша ағзамның шапағат мейірімі шарапсыз да жүрегімізді жылытып отыр» – деп шарап алудан бас тартты. Генерал-лейтенант: «Бұл ақырғы тост, одан кейін сіздерді қолқаламаймыз», – деп еді, оған хан: «Енді бұдан кейін генерал-лейтенанттың денсаулығы үшін ішпесек болмас», – деді де өзі бастап көтеріп қойды. Дастархан жиналып, оның орнына столға түрлі тәттілер, жеміс-жидек, кофе мен шай келді. Шай үстінде хан мен сұлтан гранодерлердің басқа әскерлерден қандай айырмашылығы бар екенін сұрады. Генерал-лейтенант: «Оларда мылтыққа қоса граната деген қару бар», – деді де, гранатаны алдырып көрсетті. Қазақтар: «мұның күші қай жерінде», – деп сұрады. Бұдан кейін генерал-лейтенант тез атылатын зеңбірек пен бірнеше бомба дайындауға бұйырды да: «Қазақ мылтығын оқтағанша, зеңбірек он рет атылады», – деді. Қонақтар оны көзімен көргісі келді және «Біз бұрын патша ағзамда дәрімен атылатын түрлі-түрлі қару бар деп естіген едік», – дегенді айтты. Бұған қоса генерал-лейтенант оларға бір мезгілде қатарынан бірнеше зеңбіректен оқ атылатынын (мортирная пальба) және лақтырылған бомбаның жарылыс қуатын айтып еді, қонақтар тіпті таң қалды. Генерал-лейтенант, ыңғайы келгенде, бұл қарулардың қалай атылатынын көрсететінін айтқанда, олар ырза болып: «Патша ағзамның қарауына кіріп, патша әскерінің өнеріне тәнті болсақ, көріп қуансақ, жақсы болар еді», – деді (Осы сөздерден кейін П.И.Рычков жазбасында: «Бұл көріністерге Әбілқайырдың ұлдары куә болған жоқ. Кеше кешінде олар генерал-лейтенантқа хат жіберіп, әкеміз шақырып жатыр екен, ертең біз сізге бара алмаспыз», – деп хабарлаған). Хан мен сұлтан музыка үнін, аспаптарды мақтады. Оларға әрбір аспаптың үнін естіртіп, әуелі труба мен литавр, одан кейін гобой мен басон, вальторнды көрсетті. Хан мен сұлтан бандура туралы сұрап, өздерінде де сондай аспап бар екенін айтты. Бандура тартушыға ықылас білдіріп, бізде мұндай аспапты тартқанда жұрт секіріп билейді, – деп еді бандурашы да билеп берді. Қонақтар таң қалды. Бұдан кейін генерал-лейтенант оларға зеңбірек атып көрсетті, бір минутқа жетпейтін уақыт ішінде он үш рет оқ атылды. Қазақтың осындағы ел ағалары мен жай адамдар бұған қызыға қарады, ал лақтырылған бомбалар жарылғанда мүлде есі шығып, таңданысты. Хан мен сұлтан көргендеріне разы болып, рахмет айтты. Содан кейін бәрі киіз үйге қарай аяңдады. Жүріп келе жатқанда Орта жүздің атақты ел ағасы Нияз батыр генерал-лейтенантқа тіл қатып, сөйлесіп келе жатты. Бұл Нияз батыр Сәмеке ханның тұсында Түркістанда зор беделге ие болған, Сәмеке өлгеннен кейін Түркістанды билеген және Әбілмәмбетті таққа отырғызған. Азия салтымен қарағанда, Нияз батыр ой өрісі кең адам екен, оның басқа ел басылардан абыройы асып тұрғаны байқалды. Нияз батыр секунд-майор Миллермен бұрын, Ташкентте (Нияз батыр мына аталған К.Миллермен 1738 жылы танысқан болуға тиіс. Сол жылы, К.Миллер Орынбордан Ташкентке беттеген сауда керуенін бастап, барлаушы тапсырмасымен, оңтүстікке өткенде, керуенді жолда Қойгелді батыр бастаған Ұлы жүз бен Орта жүздің қазақтары тонаған. Осы сапарда К.Миллер Ташкентте бөгелген, қайтар жолда Түркістанға тоқтап, Сейіт ханның Ордасында мейман болған. Демек, Нияз батырдың Миллермен танысуы Ташкентте де емес, бәлкім, Түркістанда болған жағдай) танысыпты. Сол жолы Миллер Ниязға арақ ұсынып, ол «ішпеймін», – дегенде, «патша ағзамды ауызға алғанда, сылтау айтып, бас тартпай, анда-санда көтеріп, көңілді отырайық», – деп ескі таныстарша, өзімісініп: «былтыр пәленше батыр да ішіп қойды ғой» – деді. Сонда Нияз батыр «Мен ол батырдай болғанша, өлгенім жақсы», – деп қысқа қайырды. Сол Нияз батыр шатырға кіргенде, қарсы алдында ілулі тұрған патша ағзамның төрдегі портретіне тағзым етті, көп-көп мадақ сөздер айтты. Хан мен сұлтанның сұрауы бойынша Нияз батырды киіз үйге шақырып, орындыққа отырғызды. Генерал-лейтенант оған ықылас білдіріп, сөзге тартты. Нияз батыр оның сұрақтарына ұтқыр жауап беріп отырды. Тіпті бір



реті келіп қалғанда: «Байқаймын, орыс адамдарының ақылы жүрегі мен басында екен, ал біздің қазақтардың ақылы көзінде, жүрегінде ақылы бары көп емес», – деп қалды. Генерал-лейтенант біле түскісі келіп, қазақ хандары мұрагерлік жолмен бола ма, сайланып қойыла ма, – деген сұраққа, Нияз батыр басқалардан бұрын сөз бастап кетіп: «Біздің хандар қашан да мұрагерлік жолмен, туыс әулеттен сайланады. Ал, туыс болып келетін сұлтан хандыққа жарамайтын болса, туыс емес, бірақ лайықты деп саналған басқа сұлтан да сайлана береді», – деп бірнеше ханның ата-тегін мысалға келтіріп, таратып шықты да, Әбілмәмбет ханға әкеліп тіреді. Бұдан кейін, Абылай сұлтанмен тілдесіп: «Кімнің қарауында қанша ел бар, олардың жері қайсы?», – деген сұрақ қойылды. Оған Әбілмәмбет жауап беріп: «мен Орынбордан екі апталық жердемін, ал Абылай сұлтанның елі 20 күндік жерде, қарауында үш рулы ел бар. Біріншісі алты мың, екіншісі 10 мың, үшіншісі 4 мың шаңырақ» – екендігін айтты. Енді оларға патша ағзам атынан сый-сияпат тапсырылды: ханға алтын оқалы 10 аршын парша, 5 аршын жақсы кармазин шұға, бір қара түлкі; Абылай сұлтанға 8 аршын алтын парча, 5 аршын жақсы кармазин шұға, қара түлкі; Нияз батырға өрнекті қылыш, 4 аршын қызыл шұға (әр аршыны 2 сом 50 тиыннан). Осы сыйларды ұсынып тұрғанда Абылай сұлтан: «Біз патша ағзамға сыйлықсыз-ақ қызмет көрсетуге тиіспіз, ал мыналарды патша ағзамның мейір шарапаты деп түсінеміз», – деді. Әбілмәмбет хан: «Патша ағзамға құдайтағала ұзақ өмір берсін», – деді де, кәделі сый-бұйымдарды «сәті келгенде алармын, осында тұра тұрсын», – деп сыртта жиналған өз адамдарының көзінше алып шығуды ыңғайсыз көріп тұрғанын білдірді. Ал, Абылай сұлтан: «Мен ешкімнен қорықпаймын. Әкеліңіз, патша ағзамның сыйлығын менен ешкім тартып ала алмайды», – деді де, буыншақты қасындағы серіктерінің біреуінің қолына ұстатты. Содан соң, генерал-лейтенант Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға: «Сіздердің қасыңыздағы жұртыңызға да арнаған сый-сияпатымыз бар еді, қазір таратайық па, әлде еру болып жатқан жерге апарып берейік пе?» – деп еді, хан мен сұлтан. «Қосқа жеткізіп берерсіздер, өзіміз жөн-жосығымен үлестіріп береміз», – деді. Мәжіліс аяқталып, хан кете беруге рұқсат сұрады. Абылай сұлтан: «Бізді жеңіл арбамен жеткізіп салыңдар», – деді. Көлік дайын болды. Аттанар алдында Абылай сұлтан сөйледі: «Қазақта жылқы кісініскенше, адам түсініскенше», – деген бар, танысып-білістік, әзірше қысылып-қымтырылып тұрғанымыз рас, Ресейдің рәсім-тәртібіне үйрене келе, еркін араласамыз ғой». Оған генерал-лейтенант: «Әуел баста Әбілқайыр хан да, бодан бола келгенде осылай жасқанатын, қазір олай емес, үйренісіп кетті», – деді. Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан: «Бодандыққа біз де ертерек келуімізге болатын еді, жеріміз шалғай болып, жете алмадық. Енді, міне, ниетіміз қабыл болды, тәубә», – десті. Генерал-лейтенантпен қоштасып, хан салт атқа мінді. Ал, оған қарағанда, манадан бері әр қимылымен, сөзімен тақаппарлық танытып отырған Абылай сұлтан арбаға отыруды жөн санап, арбаға барып отырды да, нөкерлерге бастатып жүріп кетті. Бұдан кейін Кіші жүздің өкілдеріне құрмет көрсетілді. 29 тамыз. Ертеңінде Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға секнуд-майор Миллер барып, олардың кешегі берген ант мәтініне мөр бастырып, растатып алды. Миллер өзімен бірге Әбілмәмбетке арнап: 2 сом 50 тиынның шұғасынан 20 аршын, 1 сом шұғасынан 60 аршын, 65 тиынның шұғасынан 40 аршын және 20 кесек жұмсақ былғары әкелді. Абылай сұлтанға да дәл осындай сияпат көрсетілді. Ханның қонақасына бір сиыр, бір қой; Абылай сұлтанға бір сиыр, бір қой; Нұралы мен Ералы сұлтандарға бір сиыр, бір қой; Жәнібек батырға бір сиыр әкелді. 30 тамыз. Түстен кейін, сағат төрттер шамасында Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтан және Нияз батыр келді. Олар кешкі сағат 9-ға дейін генерал-лейтенантпен мына мәселелер жөнінде келіссөз жүргізді: Қазақтардың қолында тұтқында ұсталып отырған Ресейдің азаматтары туралы. Генерал-лейтенант сөз бастап: «бұдан былай хан да, сұлтан да патша ағзамның шын мәніндегі бодандары, демек, қазақ жерінде Ресей азаматтары тұтқын болып ұсталып отырмауға тиіс, ал қазір ұсталып қалған тұтқындар босатылуға тиіс, тұтқындарды іздеп, тауып, жинап Орынборға алып келулерің керек. Сөйтіп, хан мен сұлтан патша ағзамға шын берілгендігін тағы да іс жүзінде дәлелдейді» – деді. Патша ағзамның сарайына қазақтардан өкілдер жіберу туралы. Генерал-лейтенант хан мен сұлтанға: «келесі қыркүйек айының үшін күні патша сарайына қазақ өкілдерін жіберу туралы сөз бастауға болатын еді, бірақ, бұған көбірек сөйлесіп ақылдасу керек болып тұр», – деді. Хан айтты: «Міне, патшаға адалдық туралы ант бердік, әрине, біздің кісілеріміз сарайға барып қайтқаны дұрыс болар еді». Генерал-лейтенант Әбілмәмбет пен Абылайға қарайтын Орта жүздің ел ағалары мен қазақтары Әбілқайыр басқарған Кіші жүздің қазақтарына қарағанда момын және тәртіпті, сондықтан олардың іс-әрекеттеріне өзі разы екендігін айтып, мақтап қойды. Оған хан былай деп жауап берді: «Патша ағзамның қарауында да генералдар мен командирлер көп, бірақ мінез-құлқы, тәртібі жағынан олар да бірдей емес шығар, бұларды тәртіптеу басқарушыға байланысты ғой. Бұл әңгіменің үстінде Абылай сұлтан: «Бүгінгі күннен бастап біздің жұртымыз патша ағзамның қарауында болғандықтан», – деп алды да, Ресей жағында қазақтардан бірнеше адам тұтқында отырғанын айтып, «соларды іздеп, тауып қайтару туралы» мәселе қойды. Генерал-лейтенант



бұл тілекті қабыл алды. Ол үшін қолдан келгенін аямайтынын білдірді және сөзінің дәлелі ретінде осы жерде тұтқында отырған төрт қазақ бар екенін, Ресей заңдары бойынша олардың кінәсі ауыр екенін ескертіп, бұдан былай ұрлық жасап, қолға түспейтін болсын деп: «Орта жүз Абылайға қарайтын ауылдардан: Жақсымбет Күгіленовті, Қайып Оразаевты, Сағындық Сановты; Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанға қарайтын елдерден Тұрсынбай Арыстанбаевты босатып беретінін» айтты. Хан мен сұлтан оған рахмет айтты, өз адамдарын өздері жазалайтынын білдірді. Абылай сұлтан өзінің сұрайтындары көп болып кеткеніне алдын ала кешірім өтініп: өзінің және ағасы Әбілмәмбеттің «елдері Сібірге таяп көшіп келіп жүреді, олар үшін Орынборға келіп сауда жасауға жер жағдайы алыс, сондықтан жақындау жердегі орыс қалаларына келіп, сауда жасасуға, тауар әкелуге мүмкіндік болса, екен» – деген тілегін жеткізді. Оған генерал-лейтенант былай жауап берді: «Патша ағзам өзінің қарауына жаңадан кірген қазақтар үшін Орынбор қаласын салдырғанын, барлық сауда сонда жасалатынын және Орынбордағы саудаға жеңілдіктер берілгенін, мұнда қазақтар да, басқа да халықтар еркін келіп-кете алатынын айтты. Сондықтан, сауданы Орынбормен жасасқан дұрыс болады», – деді. Оған қоса: Сібірдегі қалаларда лайықты тауарлар жоқ екендігін айтты. Абылай, бұл жауапқа қанағат білдірді де: «Егер патша ағзам Орынборға сауда жасатуға ұйғарған болса, біз сол ұйғарымды орындаймыз, алдағы жылдан бастап қазақтар сонда келеді», – деді. Осы тұста әңгімеге Нияз батыр араласып: «Патша ағзам шақыртқан соң, игі жақсыларымыздың бәрі осында келіп отыр, ешкім қалған жоқ, енді, міне, олар да «Түркістанның басында жәрмеңке ашылса, Ташкентпен байланысымыз да үзілмесе», – деп тілек айтып отыр», – деді (Нияз батыр өзі Түркістанда тұрады). Осы келіссөздерден кейін, Әбілмәмбет ханға және оның ханымына, Абылай сұлтан мен оның сұлтаншасына, Жәнібек батырға, Нияз батырға сыйлық таратылған. Сыйлықтың ішінде атап айтқанда: қара түлкі, шатыр, көк шай, жез шәугім, жез қазан, ыдыс-аяқ, жабдықтар, тәрелкелер, былғары, қамқа, шұға, орамал, көйлектік жібек маталар т.с.с. бұйымдар бар. Соңында, хан мен сұлтан, батырлар осынша сый-құрметі үшін генерал-лейтенантқа разылық білдірді, келесі жылы тағы кездесуге уағдаласты.

1740 ж. 1 қыркүйек. Түстен кейін генерал-лейтенант Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның қонып жатқан лагеріне барды. Ол лагерге таяп келгенде, алдынан әуелі Нияз батыр, оның соңынан тағы екі қазақ батыры, олардың артын ала Жәнібек батыр мен бірнеше ел ағаларын ертіп Абылай сұлтан шықты. Генерал-лейтенант Абылайды күймелі арбасына мінгізіп алды. Әбілмәмбет хан генерал-лейтенантты өз шатырының алдында, он сажындай алға шығып қарсы алды. Шатырға кірген хан мен генерал-лейтенант кілемге отырды. Абылай сұлтан отырмады (П.И.Рычковтың кітабында «...Абылай сұлтан әдеп сақтап, отыра қоймады»). «Ештеңе етпейді, ұяттығы жоқ», – деп тұра берді. Генерал-лейтенант: «Отырыңыздар», – деп екінші қайтара сұраған соң, Жәнібек батыр мен Абылай сұлтан да отырды. Тағы бірнеше ел ағалары келді. Ағаш табакпен тағамдар қойылды, дастархан үстінде олар генерал-лейтенант әкелген арақ-шараптан мезіреті қылып, балдан ауыз тиді. Сөзді хан мен сұлтан бастап, Ресейдің қолында қалып отырған тұтқындар жөнінде айтты. Генерал-лейтенант: «Біздің адамдарымыз бүгіннен бастап тұтқын қазақтарды іздеп жатыр және полковник Арсеньевке Тобыл қаласынан да сұратуды тапсырдым», – деді. Хан айтты: «Керуен тонаған және тонауға қатысқан адамдардың төртеуін қайтардыңдар, олар айыпқа төрт жылқы төлейді. Қазақ салты солай, оған қоса ұрлаған тауарларын тауып, төлетеміз», – деді. Нияз батыр: «Ұрыларды осында алып келсін, біз оларды жазасыз қалдырмаймыз және генерал-лейтенанттың көзінше өзге ұрылардың да атын айтсын, сонда ғана мәселе тиянақты шешіледі», – деді. Оларды дереу алдыртты: алтай-арғын руынан Қожамберді Наурызбеков пен Қазы Тоқбураев, атығай руынан Жарылғап Дүйсенов, сарыжетім руынан Өмірзақов Әбдиев, қасында жеті серігі бар. Генерал-лейтенант айтты: «Бұлардың ұрлығы мойнына қойылды, айыптары үлкен. Бірақ, ханның алдында бәрін кешіріп, қолдарыңызға береміз»... Бұдан соң, генерал-лейтенант Жәнібек батырға қарап, оның елінде отырған тұтқын орыстарды босатып беруді сұрады. Жәнібек... босатамын, – деп уағда берді. Мәжіліс соңында генерал-лейтенант Әбілмәмбет ханға ақ бұлғынның терісі мен (соғысқа киетін кіреуке) темір сауыт, Абылай сұлтанға темір сауыт, Жәнібек батырға да сондай сауыт, Тілеуке батырға да сауыт сыйлады. Қоштасып тұрып, генерал-лейтенант бұрын айтылғандарды қорытындылай, қысқа қайырып, тағы бір сендірді де, тұтқындар жайын сөз етті. Қазақтардың тентектік жасауға бейім екенін еске салып, қазақтардың қарулы қолдары орыс мекендеріне тым жақындап келуші болмасын, – деп тапсырды. Оған хан мен сұлтан бас ізеп мақұлдады, өздеріндегі тұтқын орыстарды да іздестіріп тауып, қайтаратынын айтты. Сөз арасында, Абылай сұлтан орыс бекінісінде тұтқында отырған қазақтарды қайтарамын деген уағдасын тағы да еске салып еді, генерал-лейтенант дереу подполковник Остановқа тұтқындағы қазақтарды ертеңнен қалдырмай босатып, еліне қайтару туралы бұйрық берді. Хан мен сұлтан оған рахмет айтты. Генерал-лейтенант пен Әбілмәмбет шатырдан шыққанда жөндемдеу киінген қазақ әйелі есік алдында кезігіп, генерал-лейтенанттың аяғына жығылып, жылады. Оның ұлын қалмақтар тұтқында ұстап отыр екен. Қазақ әйелі



генерал-лейтенанттан қалмақтың ханы Дундук Омбоға хат жазып, ұлын босатуға көмектесуді сұрады. Генерал-лейтенант оған уағда берді. Әбілмәмбет хан генерал-лейтенантты он қадамдай шығарып салып, өз шатырына кірді. Абылай сұлтан жанына ел ағаларын ертіп, генералды 300 қадамдай жерге ұзатып салып қайтты. [«Біздің қолымыздағы деректер Абылай мен Әбілмәмбеттің Ресей патшасына бодан болуының себебі неде? – деген мәселенің басын бір сөзбен ашып бере алмайды, – делінген Р.Б.Сүлейменов пен В.А.Моисеевтің Абылай туралы зерттеуінде – Қазақстанның сол кездегі ішкі және сыртқы саяси жағдайын саралай отырып, Абылай мен Әбілмәмбеттің Орынбор комиссиясының бастығы князь В.А.Урусовқа барып Ресей империясына бодандыққа сұрануына байланысты, авторлар маңызды-маңызды мына факторларды атап көрсеткен. Бұл екі тұлға да Кіші жүздің ғана емес, Орта жүздің барлық рулары мен аталарына билік жүргізісі келіп, патша үкіметі Әбілмәмбет пен Абылайдың беделіне шіркеу түсіргісі келіп жүрген Әбілқайырдың алдын орауға мүдделі еді. Сондай-ақ Орта жүз қазақтарының қолын Сібір мен Оралдағы базарларға жеткізу; Еділ қалмақтарының қарақшылық шабуылдарынан құтылу да керек болды. Ең ақырында, ойрат феодалдарының тағы да шапқыншылық бастау қауіпі күннен-күнге айқындала түскен сайын, екі майданда бірдей соғысатын жағдайға жеткізбей, Ресей сынды аса қуатты одақтасқа арқа сүйеу – қазақтар үшін ащы да болса, бұлтартпас ақиқат болатын. Ресей бодандығын алған Әбілқайырдың хандық әлуеті асып, дербестік құқықтары күшейгенін де естен шығаруға болмас. Тіпті, Әбілқайыр өзінің ішкі және сыртқы саясатында, Орынбор әкімшілігі тұрмақ, патша үкіметіне де құлақ аса қоймаған. «Қазақ-орыс қатынастарын зерттеуші В.Я.Басин әділ атап көрсеткендей: «...қазақтардың бағыныштылығы туралы жиі қолданылып жүрген «бодандық» атауы... Қазақстанның Ресейге қосылу үрдісі аяқталатын соңғы кезге ғана лайық» (Басин В.Я., Россия казахские ханства в XVI–XVIII вв. А.-А., 1971, 240-б.). Ал, сөз болып отырған мына кезеңде шексіз билікке қол созған, тәкаппар Абылай өзіне таяныш, қолдаушы, қорғаушы әрі одақтас іздеді, десек, дұрыс болады. Атап көрсетерлік бір жағдай – бұл Абылайдың Орынбор әкімшілігімен алғашқы және соңғы жүздесуі еді. Бұдан кейін ол Орынборға да, басқа бекіністерге де ат ізін салған емес. Демек, Орынбордағы билік өкілдері сол алғашқы кездесуден-ақ Абылайдың мінез-құлқына назар аударып, тұлға ретінде ол туралы пікір түйгені де шындық. Біріншіден, Әбілмәмбет пен Абылай Кіші жүздің өкілдері – Әбілқайыр ханның ұлдары Нұралы мен Ералыдан кейін, Ор бекінісіне 24 тамызда келді. Оларға жедел түрде үлкен шатыр жіберілді. Шатырды апарып тіккен Мақсұтов деген тілмаш айтып келгендей: «Бұл қызметімізге хан разылық білдірді, ал, Абылай қасындағылармен сөйлесіп тұрды да: «Маған неге арнайы шатыр тігілмейді, мен ханмен бірге тұрмаймын ғой», – деген. Патша әкімшілігі тарапынан жасалған құрметті қабылдау барысында «Абылай әрбір мәселе жөнінде сөзшендік танытып, ханның алдын орап, сұрақтарға ұшқыр жауап беріп отырды». Кездесу үстінде де, кейін де, Абылай өзіне Әбілмәмбет хан деңгейінде құрмет көрсетілуін қалайтынын байқатқан. Айталық, князь В.А.Урусовпен алғашқы сұхбаттан кейін, қосқа қайтарда, Әбілмәмбет өзіне қолденен тартылған атқа салт мінді. «ал, бүкіл болмысымен тәкаппар танылған Абылай күймелі арбаға мінгісі келген сыңай танытқанын» Орынбор комиссиясының бастығы байқап қалған (Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А., Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая), А.-А., 1988, 30–31-бб.). Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанның Ресейге бодандық шартын рәсімдегені жөнінде кезінде А.И.Левшин былайша жазған болатын: «Осылайша, Орта жүздің ханы мен сұлтандары Орынбордан аттанғанда орыс үкіметіне бағыныштылығы мен ізгі ниетін білдірген еді, алайда, 1741 жылдың оқиғалары олардың уағдасының беріктігіне күмәнмен қарауға мәжбүр етеді. Жоғарыда айтқанымыздай, башқұрттың атақты бүлікшісі Қарасақал қазақ арасында жүрген. Оған хандар мен сұлтандардың қайсысы пана болғаны белгісіз, әйтеуір, сол Қарасақал жоңғар ханы «Қалдан Сереннің інісімін», – деп, қалың қазақты бастап, жоңғар жерін шапқыншылыққа ұшыратуы анық. Оның бұл қылығына қаһарланған Қалдан Серен жедел 15 мың жасақтап қазақтарға қарсы аттандырған. Жоңғар әскерлері жол бойы кезіккен ауылдарды жайпап өтіп, қазақ даласы арқылы Орыборға дейінгі елді шауып, Әбілмәмбет пен Абылай қарайтын ұлыстарды талап, малын-жанын өлтіргенін өлтіріп, тірісін алдына салып айдап әкеткен. Жоңғар әскерлерінің таяп қалғанын білген Орынбор коменданты, жаушы шаптырып, жоңғарлардың алдын тоқтатқан. Орыс үкіметі мен Қалдан Серен арасындағы шарт талабын бұзуға болмайды деген. Жоңғар әскерінің қолбасы: «біз қазақтардың Ресейге бодан екенін білмеуші едік, бұл қазақтар, көршілеріне соқтығып тыныштық бермейді», – деген. Оған жауап ретінде: «бұдан былай Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары тиісетін болса, орыс үкіметіне шағым түсіріңіздер, сазайын тартқызамыз», – делінген. Әлбетте, Қалдан Серен де, оның әскербасылары да мұндай дипломатиялық мәміленің анық-қанығына көз жеткізе алған жоқ. Ресейдің жаңа боданы саналған қазақтармен бұрынғысынша, мүлде тәуелсіз кездегідей қарым-қатынас жасай берді. Осындай оқиғалардан кейін дәл осы кезде Әбілмәмбет Орта жүз аумағында бекіністі қала салып беру жөнінде орыс үкіметіне тілек білдірді. Әбілқайырға арнап қала салынатынын ол білген



де, онымен терезем тең менің де тілегім жерде қалмайды, деген ниетте болған» (Левшин А.А., Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832, 2-бөлім, 210-б.). Князь Василий Алексеевич Урусов (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 186–204-бб.).

1740 ж. Орта жүздің Барақ хан, Әбілмәмбет хан және Абылай сұлтан Орынбор қ-на келді. Сол жылдың күзінде ойрат жасақтары Орта жүзге қайта басып кірді. Бұл жолы олар қазақтардың едәуір ұйымдасқан қарсылығына тап болды. Қазақ батырлары әр тұстан кірген жаудың бетін қайтарды. Сол жылы қараша айында ойрат тұтқынынан қашып шыққан Абыз Байболов деген қазақ Жәміш бекінісіне келіп: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет екі мың қолмен Қалдан Сереннің қалмақтарына қарсы кетті», – деп хабарлаған (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Жоңғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741. 1-іс, 6-сыртқы парақ). Қырғын ұрыстар басталды. Соның алдында ғана Әбілмәмбетпен бірге Ресей бодандығын қабылдап келген Абылай да осы соғыстың жуан ортасынан көрінген еді. [Сүлейменов Р.Б., Моисеев В.А., Из истории Казахстана XVIII века (о внешней и внутренней политике Аблая), А.-А., «Наука», 1988, 33–35-бб.].

8.9.1740 ж. Орынбор комиссиясының бастығы В.А.Урусовтың сыртқы істер алқасына мәлімхатынан (№52): Сыртқы істер алқасынан маған биылғы 30 мамырда, Орта жүздің билеушілері Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтанға тапсыру үшін грамота жіберіліген еді. Грамотада олар ел ағалары деп аталыпты. Ал, ежелгі хан тұқымынан шыққан Әбілмәмбет пен Абылай дәстүр бойынша сұлтан деп аталатын көрінеді. Мына Әбілмәмбет бұл күнде халықтың сайлауымен Орта жүздің шын мәніндегі ханы болып отыр. Мен Орынборда болғанда бұл екеуі де патша ағзамға ант беріп, Ресейдің қоластына қабылданды. Олардың анты мен өтініш хаттарын патша кеңсесіне жібергенмін, бұл жолы көшірмелерін жолдап отырмын. Хан мен сұлтанға грамоталарды тапсырарда «ел ағалары», – деген жазуды «сұлтан», – деп түзеттім. Және Әбілмәмбет ханға: «Мен С-Петербурктен шыққанда сіздің хан екеніңізді білген жоқ едім», – деп түсіндірдім... (князь В.А.Урусов, хатшы П.И.Рычков).

1740 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың баласы Ералы сұлтанмен бірге Еділ бойындағы торғауыт-қалмақтармен болған шайқасқа қатысып, жауды Нарын құмына қуып тығады. 1740 ж. жоңғар қоңтайшысы (ханы) Қалдан Серен 15 мың әскерімен Есіл мен Тобыл бойындағы қазақ ауылдарын, Орта жүздің билеушісі – Әбілмәмбет ханды шабады. Сол жылдары Жолбарыс хан қайтыс болды.

8.1.1741 ж. Жоңғар елшісінің Сібір губернаторы П.И.Бутурлинге жеткізген хабарынан (№53): ...Қазақтың үш жүзінің біреуі – Ұлы жүз Севан Равданның кезінде бізбен тату еді, қазір Қалдан Серен ханымызға қарайды. Қалған екі жүз өз бетінше жүріп жатқан. Орта жүз ежелден жаугер халық. Қазақтар бізге тыныштық бермейді, елімізді қайта-қайта шауып, малымызды қуып әкете береді. Таяуда Қалдан Серен әулетінен бір жақын ағайыны 15 кісімен аң аулап жүрген жерінде, оларды қазақтар ұстап алыпты. Ханның әлгі жақын туысын (ел аузында сақталған «Абылай Қалдан Сереннің ұлы немесе жақсы көретін туысы әрі батыры Шарышты жекпе-жекте мерт етіпті» – деген аңызбен осы хабардың байланысы бар сияқты) жазықсыз мерт қылыпты. Осы оқиғаға байланысты, сол туысының қаны үшін кек алуға Қалдан Серен үш есе көп әскер жіберді. Қазақтың Орта жүзі қоңтайшының қарауындағы жұрттарға шапқыншылық жасаудан тыйылар емес.. (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 207-б.).

1741 ж. наурыз айының басы. Әбілқайыр ханның Орынбор комиссиясының бастығы В.А.Урусовқа жазған хатынан (№56): Өзіңіз жіберген поручик Дмитрий Гладышев маған сіздің хатыңызды тапсырды. Онда сіз: 1) қазақ даласында тұтқында жүрген орыс, татар және қалмақ адамдарын іздеп, тауып, қайтаруымды; 2) Қарасақал (башқұрт қолбасшысы) деген ұрыны ұстап беруімді; 3) тоналған керуеннің қолды болған дүние-мүліктерін тауып, қайтаруымды сұраған екенсіз. Мен таяу арада Ордадан ешқайда шығып кете алмаймын. Біздің ақымақ қазақтар тұтқындарды өз еркімен босата қоймайды, мені тындамайды. Сондықтан, сізден қарулы көмек керек. Мен қазақтар мен қарақалпақтардың ортасында отырмын. Сіздерге қарай аттап шығуға мүмкіндігім жоқ. Жан-жақтан жау қаптады. Жоғарғы қалмақтар (жоңғарлар) барлық жағымнан қоршады. Мен кетіп қалсам, жоңғарлар біздің қазақтарды өздеріне икемдеп, басыбайлы көндіріп алуы мүмкін. Сіздерден көп әскер келмесе, біздің ессіз қазақтарды ұстап тұру қиын, қай жауға беріліп кетері белгісіз. Өз басым, Ресейге адал екендігіме, құдай куә. Әскер жіберіп, қорғамасаңыздар, сіздерден де үмітіміз үзіле бастайтын түрі бар. Патша ағзамның құзырхатында: «Сізге генерал-лейтенант, князь Василий Алексеевич Урусовқа, бізді жаудан қорғау» тапсырылған. Ал, біз Ресейге қауіп төнсе, хабарлауға міндеттіміз. Міне, сол жау іргемізде тұр, сіздерге хабарлап, көмекке шақырып отырмын. Келіңіздер, қандай қызметіңізге де құлдықпыз. Ал, енді, Астрахан түбінде қолға түскен [1739 жылы көктемде жоңғар әскерлері 24 мың қолмен Қазақстанға басып кіріп, «қанжығалы, қарауыл, ашамайлы-керей, уақ, керей аталатын бес рудың ауылдарын шапты... Елу мың қойын тартып әкетті» (Ре-



сей сыртқы саясатының мұрағаты, Қазақ істері қоры. 22-қор, 1740 жыл, 3-іс, 15–15-сыртқы парақ)] татарлар мен қалмақтар жөнінде Әбілмәмбет пен Абылай сұлтандар, Жәнібек батыр: «оларды хан өзі де біледі», – деп сізге хабар жіберіпті ғой. Ол қазақтар шапқыншылыққа менің бұйрығыммен барған емес. «Тұтқындарды босатындар», – деп хат жазғанмын. Орындаған жоқ. Енді маған өкпе артпаңыздар. Өзіңіз шара қолданып, мәжбүр етпесеңіз, жабайы қазақтар мен қарақалпақтар мені тыңдамайды. Сізге жалғыз өз басым ғана бағынамын. Құдай жазып, келе қалсаңыздар, бәрінің сазайын тартқызар едік. Бұзықтардың қылығына бола, патша ағзамнан іргемді бөлек салмаймын... Мұсылманша 1154 жылғы амал айының алғашқы күндері, орысша 1741 жылғы наурыздың басы. Қол қойған және орысшалаған тілмаш Арыслан Бекметев (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы – Абылай, А., 2011, 1-т., 210–12-бб.).

1741 ж. Абылай саясатшылықта жүрген жерінен қалмақтарға тұтқынға түседі.

1.6.1741 ж. Жоңғар әскербасы Септеннің жаушы арқылы Жәміш бекінісінің коменданты подп. Зоринге жеткізген ақпарынан (№58): ...Септен биыл қыс айларынан көктемге дейін Обь пен Тобыл өзендері аймағында болыпты. Қалмақ әскері Есілге келгенде, Шілікті және Шідерті деген жерде, қасында 200 жасағы бар Абылай сұлтанға кездесіп, соғысып қалыпты. Қалмақтар қазақтарды жеңіп, Абылай сұлтанды тұтқынға (Абылай сұлтанның жорықта жүріп жау қолына түсіп қалғанын анық көрсететін құжат осы) алыпты. Содан кейін сол маңдағы қазақ ауылдарының жылқысын айдап алып, ауылдарын шауыпты. Қазақтардың екі жүздей ғана ер адам қарсы шыққан екен, қарсылық көрсете алмапты. Олардың ішінен Барақ сұлтанды, Тұрғын сұлтанды, Алыпқаш және Қобутыған (мұрағат құжатында осылай жазылған) батырды ұстап, жоңғар жеріне жөнелтіпті.... Барақ сұлтан да қолға түсіп қалыпты деген дерек кездесе қоймады. Қалған қазақтар Тобылдан өте қашқан екен, қалмақтар соңынан қуыпты. Қалмақтар бір тұтқын қазақты алға салып қазақтарды іздейді. Өлгі қазақ оларды адастырып, сиқырмен қар жаудырып, аяз төндіріпті, содан қалмақтар үсіп-жаурап, суықтан қырылыпты. Қалмақтар әлгі сиқыршы қазақты өртеп жіберіпті. Әрі қарай, қазақ ауылдарын тағы да шаппақ болған екен, өздері көп шығынға ұшырап, күшті аязға ұрынған соң, беті қайтып, қалмақтар шабуылдан амалсыз бас тартыпты. Қазақтар жағы қалмақтарға ештеңе істей алмапты. Содан Септен он бес мыңдық қолымен өз жеріне қайтып оралыпты. Қалмақтың басқа әскерлері тау-тасты аралап, қазақ ауылдарын іздеп кетті (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, т. 1, 215–16-бб.).

Абылай сұлтан жоңғар тұтқынында шамамен 1741 жылғы қаңтардың аяғынан 1743 жылғы наурызға дейін болды. Әуелде Қалдан Серен оны өз Ордасында ұстады. Абылай сұлтанды тұтқында ұстаған Қалдан Серен Орта жүзге қысымды күшейтіп, сонымен бірге Кіші жүзге де ауыз сала бастады. 1742 жылы 14 сәуірде Кіші жүздің Батыр сұлтанына арнайы кісі жіберіп, жоңғарға қарауға үгіттеді, сол елші арқылы Әбілқайыр ханға хат жазды. Қалдан Серен бұл хатында Орта жүз қазақтарына қару кезеп, қорқытып Әбілмәмбет ханның, Барақ сұлтанның, Жәнібек батырдың ұлдарын аманатқа беруді талап еткен. Әбілқайыр ханға да бұйрық беріп, «ұлынды аманатқа өткіз және балаңды білікті-білікті ел ағаларына ертіп маған жеткіз. Соғыс ашамын», – деп қокан-лоққы жасаған. «Алым-салық төлейсің, мен көрсеткен аумақты ғана жайлап-қыстайтын боласың», деп үзілді-кесілді талап қойған. Осыған байланысты маза-сы кеткен Ресей үкіметі Орта жүз бен Кіші жүздің, тіпті Ұлы жүздің қазақтарынан тағы бір қайтара ант алып, оларға деген сенімін нығайта түспек болды. Тиісінше, үш жүзге де шақырту жіберілді. Шақыртуға Әбілмәмбет хан келген жоқ. Сақталған құжатта: «1742 жылғы тамыздың 23-жұлдызында Әбілқайыр ханмен бірге келген қазақтың мына төмендегі ел ағалары мен басқа да кісілері патша ағзамға адал қызмет ететіні жөнінде ант беріп, өздерінің таңбаларын басты», – деп жазылған (сонда, 236–37-бб.).

8.8.1742 ж. Орта жүз қазақтарының Қалдан Сереннің бодандығына өткені туралы (№67): Орта жүздің ханы Әбілмәмбет, Барақ батыр (Барақ батыр Шүрекұлы) және Абылай сұлтан жоңғардың Қалдан Серенінің бодандығын қабылдап, оған аманат беруге, алым-салық төлеуге міндеттенген. Мұның үстіне жоңғар ханы Кіші жүздің Әбілқайыр ханын да міндеттеп, аманат беруді, алым-салық төлеуді талап еткені мәлім болды. Осыған орай И.И.Неплюевке аталғанекі ханда да жоңғар билеушісінің бодандығына жібермеудің ілкімді жолын тауып, алыстату қажет. Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандар бүкіл иелігімен Ресей жағына бұрыннан қарайтындығын, сондықтан олардан қандай да бағыныштылық талап етудің жөні жоқ екенін жоңғар жағына ескерту керек. Қазақтар жағынан жоңғарларға шабуыл жасалатын болса, мәміле жолымен орыс үкіметіне жүгіну қажеттілігі түсіндірілсін (сонда, 242-б.). Орта жүз қазақтарының Қалдан Серенге «бағынуы» туралы (№68): Ресей сыртқы істер мемлекеттік алқасының 1742 жылғы 8 тамыздағы №504 жарлығында мына мәселелер айтылған: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет, Барақ батыр және Абылай сұлтан жоңғар билеушісі Қалдан Сереннің қарамағына өтіпті, өздерінен аманатқа адам беріп қойған, оның үстіне, алым-салық төлемек екен». Осыған байланысты Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке тапсырма берілген: «Аталған екі ханды да жоңғарға берілуден еппен ғана бас тартқызыңыз, ол үшін қазақтар



қоныстарын жоңғардан алысырақ әкетуі тиіс, жоңғар ұлыстарына шабуыл жасауға болмайды. Ал, енді жоңғар билеушісіне былай деп айту керек: «Әбілқайыр мен Әбілмәмбет көптен орыстың қарауына кірген, сондықтан оларды өз қарамағыңызға аламын деп шақырмаңыз, сондай-ақ, алым-салық салуыңыз, тіпті болмайтын іс. Ал, қазақтар мазаңызды алып жатса, орыс үкіметіне шағымданыңыз» (сонда, 243–44-бб.).

2.9.1742 ж. Жоңғар қонтайшысы Қалдан Серенге аттанған майор К.Миллерге берілген нұсқаудан (№69): ...Қазақтар мен жоңғарлардың соңғы қақтығысында Ресей империясының қоластындағы Орта жүздің сұлтаны Абылай бірнеше адамымен жоңғар тұтқынына түсіп қалған болатын және әлі сонда ұсталып отыр. Демек, тұтқын қазақтарды, әсіресе, Абылай сұлтанды босаттыруға күш салындар. «Тату көршілік хақысымен сұлтанды және басқа да қазақтарды босатсаңдар, Ресей патшасы өте-мөте разы болар еді», – дедер. Егер жоңғар жағы: «Қазақтарда да біздің көп адам тұтқында отыр», – дейтін болса: «Мұндағы казак билеушілеріне тиісті бұйрық берілді, олар жоңғардан қолға түскен тұтқындарды түгел жинап қайтарады, өздері уағда беріп отыр», – дедер. Әйтеуір, қайтсе де, Абылай сұлтанды босатып алуға тырысып бағындар, өйткені бұл мәселеде Ресей империясының маңызды мүддесі бар. Әбілмәмбет хан, Барак және Батыр сұлтандар маған әлі келген жоқ, бірақ «Ресей патшасына адалмыз», – дегенді жеткізіп жатыр. Ал, былайғы қазақтардың айтуынша, Әбілмәмбет жоңғар ханына шындап бет бұрған сияқты, аманат та бермек көрінеді. Жағдай осылай болып кетсе, Ресей империясының мүддесіне үлкен нұқсан келеді. ...Абылай сұлтанды, қасындағы қазақтарды босататын болса, Қалдан Серен оларды сендермен бірге қайтарсын... И.И.Неплюев (сонда, 244–47-б.).

2.9.1742 ж. Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевтің Қалдан Серенге жолдаған хатынан (№70): Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, үрім-бұтағымен, бүкіл елімен көп жылдан бері Ресей патшалығының қамқорлығында. Ол 1738 жылы өз балаларымен, қарауындағы халқымен Ресейге тағы да қайталап ант берді. 1740 жылы Әбілмәмбет хан, Орта жүздің Мәмет сұлтан (Абылайдың туған інісі), Жәнібек тархан, басқа да білікті ел ағалары сіздің (жоңғарлардың) жіберген елшілерінің көзінше Ресейге адал бодан екендігі жөнінде ант берді. Қазақтың екі ханы да (Әбілқайыр мен Әбілмәмбет) жоңғар жағынан, сіздің атыңыздан елші келгендігін маған хабарлаған болатын. Өйткені, мұнда патша ағамның атынан билік жүргізетін ең үлкен бастық мен, И.И.Неплюев (сонда, 247–48-бб.). ...Бұдан басқа, қазір сіздерде тұтқында жатқан Абылай сұлтанды, онымен бірге ұсталған қазақтарды босатып, еліне қайтаруға бұйрық беруіңізді сұраймын. Осылайша, сіз біздің патша ағамға құрмет көрсетіп, тату көршілік ниетіңізді білдіреді деп кәміл сенемін. Сіздерге менен хат апарған майорды (елшілікті бастап барған К.Миллерді), жанындағы қосшыларын елшілік дәстүр бойынша дұрыс қарсы алып, күтіп, шаруаларын бітірген соң, шекараға дейін қауіпсіз етіп шығарып салыңыз. Алдағы уақытта сіздерден келетін елшілерді де біз дәл осылай қарсы алып, шығарып салатын боламыз... Хатшы Иван Дронов (сонда, 249-б.).

Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынында отырғанын пайдаланып және Абылайды Қалдан Серен босата қоймас, – деп үміттеніп, Әбілмәмбет ханды тұтқындау арқылы сөз жүзінде ғана бодан болып отырған Орта жүзді бастық қалдырмақ болған Неплюевтің жоспары осындай. Абылай тұрғанда Орынбор әкімшілігі мұндай зұлымдыққа бармас еді. Әкімшіліктің Әбілмәмбетті хандықтан тайдырудың басқа да амалдарын қолданып көргені келесі құжаттардан мәлім. Сондықтан, Әбілмәмбет те, Абылай да үнемі сақтанып жүруге мәжбүр болған (сонда, 262-б.).

18.11.1742 ж. И.И.Неплюевтің сыртқы істер алқасына мәлімхатынан (№74): ...Аманатқа баласын алу дегеніміз, сол арқылы тек хандарды ғана емес, сұлтандарын да, бүкіл халқын да ауыздақтап, былқ еткізбей ұстап отырудың ең дұрыс жолы болып табылады. Әбілқайыр ханның ұлын аманатқа ұстап отырғанымызда, осыған көзіміз әбден жетті. Сонда Әбілқайырды ауыздықтағандай, Әбілмәмбет ханды да, қылп еткізбей, айтқанымызды істетіп отырар едік, мынадай қиын жағдайға қалмас едік (сонда, 266-б.).

5.4.1743 ж. ...Жәнібек тарханға Түркістан төңірегін жайлайтын қоныраттардан Мәмбетбай есімді қазақ келіп жолығып, Жоңғар жағынан келген қазақтардың айтуынша, Қалдан Серен Абылай сұлтанды тұтқыннан босатып, өз еліне қайтарғанын жеткізді. Абылаймен бірге Әбілмәмбет ханның аманатқа берген ұлын, оларға еріп барған қазақтарды да, жоңғар астанасына кіргізбей қайтарыпты. Мәмбетбайдың естуіне қарағанда, бұл қазақтарды Қалдан Сереннің қайтару себебі, жоңғар жерінде шешек індетінен көп адам қырылса керек, сондықтан, жоңғар жағы өздерінің бұл қасыретін қазақтарға көрсеткісі келмейтіндіктен, деп пайымдайды. Бұған керісінше, майор өз тарапынан: Қалдан Сереннің Абылай сұлтанды тұтқыннан босатып, басқа қазақтарды да аман қайтаруының мәнісі генерал мырзаның хатына байланысты екенін, өйткені хатта Абылай Ресей патшасының қарамағындағы адам екендігі жазылғандығын айтып, түсіндірді.

27.4.1743 ж. Жүргіншілер Орта жүздің шеткі ауылдарына келіп іліккенде, бұл жердің қазақтары да, Абылайдың Қалдан Сереннен босап қайтқанын растады. Абылай сұлтан, оздырып жіберген жаушылар



арқылы, өзінің қайтып келе жатқандығын хабарлаған көрінеді. [Жоңғар хандығына барып қайтқан орыс елшісі К.Миллердің жазбаларынан (№77), сонда, 302–303-бб.].

...Абылайдың қайраткер ретінде тарих сахнасынан көрініп, билікке келген кезі Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайлары мейлінше шиеленісті, біртұтас ел ретінде қалыптаспай, ұлттың келешегі айқындалмай тұрған шақ еді. Осылайша, адасқан тұманнан жол таппай тұрғанда ел мен жер тағдырын Ресеймен байланыстырған Әбілқайыр ханның таңдауы қате болмағанын, кейінгі оқиғалар мен қоғамдық-саяси құбылыстар ақтап шықты. Қанша қиын болғанымен, бұл таңдаудың қазақ халқы үшін қажеттігін, қазақ билеушілерінің арасында алғашқылардың бірі болып 27 жастағы Абылай сұлтан түсінді, Әбілмәмбет ханның бас уәзірі ретінде, екіншісі бірі болып, 1740 ж. тамыз айының 28-і күні Ресей императрицасына адалдық шартына қол қойды. Ресей империясымен одақ құру да оңайға түскен жоқ. Көшпелі қауымның келешегіне сенбеген Ресей әкімшілігі бодандық шартын сақтамай, сыртқы саясатта босандық танытты. Осыны пайдаланған Қалдан Серен, бір жылға жетпей-ақ жер қайысқан қалың қолмен Қазақстанның оңтүстігі мен шығысынан екі бағыттан басып кіріп, қазақ ауылдарын қанға бөктіріп, бір ұрыста Абылай сұлтан қамауда қалып қолға түсті. Жоңғар хандығының бұл әрекеті қазақтардың Ресеймен жақындасуына мүмкіндік бермеу ниетінен туған еді. Екіншіден, Ресей үкіметі, алдын ала біле тұрса да, бұрыннан дипломатиялық қатынас жасап келе жатқан Қалдан Сереннің қолын қақпады. Мына жағдайда, қағаз жүзінде ғана одақтас екендігін танытып қойған Ресейден көмек алмаған Орта жүз жалғыз қалды, бақайшағына дейін қаруланып, тас-түйін ұйымдасқан, бүкіл шаруашылығы мен тұрмысын соғыс тәртібіне ерте бейімдеп алған жоңғарлармен бетпе-бет келді. Ішкі жағдайлар да басқаша қалыптаса бастады. Шоқан Уәлиханов дұрыс талдап, жазып кеткендей, Абылайдың ұстанған саясатына сын көзбен қарайтын бірнеше «партия», яғни топтар пайда болды. Мысалы, Шақшақ Жәнібек тархан, Құлсары мен Құлеке батырлар тек қана Ресейге жақын бағыт ұстанды, Абылайдың жоңғар хандығымен, Қытай империясымен, Орта Азия хандықтарымен байланыстарын қолдамады; Барақ сұлтан, Әбілмәмбет хан, арғын Нияз батыр мен бәсентиін Малайсары, уақ Деріпсалды батырлар Қалдан Серенмен тіл табысып, тату көрші ретінде шығыс шекараларды аман сақтау жолын таңдады. Бұған тағы бір себеп, Ұлы жүздің едәуір бөлігі басқыншылыққа қарсы тұра алмай, жоңғар хандығының билігін мойындағандығы еді. Демек, Қалдан Серенмен тығыз байланыс жасау арқылы оңтүстіктегі қандастарымыздың аمانдығына кепіл болу қажеттігі ескерілді. Олар Ресейден рахым күте қоймады; Солтанмәмет, Әбілпейіз сұлтандар мен Қабанбай, Қожаберген, Дәулетбай батырлар Қытай сияқты мықты одақтасқа арқа сүйеп, сауда қатынастарын өрістету, шаруашылық тәсілдерін жетілдіру арқылы бір ғасырға таяу аттан түспей, бел шешпей, тынымсыз жорық жағдайындағы елді бейбіт өмірге бейімдеп, тұрмысын жақсарту қажет, деп білді. Сол үшін қызмет етті. Абылайдың алдында тұрған төртінші таңдау да бар еді. Ол – Орта Азиядағы хандықтармен дін қарындастық жосығымен ынтымақтасу. Бұл бағытта Ауғанстанның Ахмет шаһы мен Қоканның Әбдікәрім бегінің билігін мойындап, одақтасу жолы тұрды. Ал, Абылай сұлтан осы төрт бағыттың бірде-біреуін теріске шығарған жоқ, сондай-ақ, ол елдердің бірде-біреуіне тізгін бермей, әрқайсымен мәмілеге келіп, дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға тырысты және Қазақстанның тәуелсіздігіне нұқсан келетін жолдарды батыл жаба білді. Қажет болса, қарудың күшімен қарсы жауап беруден тайсалған жоқ. Мысалы, Ресейге, Қытайға, Жоңғар хандығына, Қокан хандығына қарсы соғыс ашып, «азу тісін ақситқаны» соған дәлел. Тиісінше, мұндай қарулы қақтығыстардың сонын асықпандырмай, шебер дипломатиямен ұластырды. Әлбетте, жоғарыда аталған «партиялармен» де тіл табысып, сол батырлар мен билердің, сұлтандардың беделін, ақыл-кеңесі мен күш-қуатын елді, жерді қорғау мүддесіне жұмылдыра білді. Табиғатынан терең ойлап, кең пішетін Абылайдың сұңғыла саясатын әріптестері де мойындады. Осы кезге дейін сақталған құжаттарда, тіпті ауыз әдебиетінде Абылайды қандай да бір батырды, немесе биді, сұлтанды пікірлес болмағаны үшін жазаға тартыпты, биліктен шеттетіпті деген дерек кездеспеуі де, ғажап құбылыс. Абылайдың Әбілқайыр ханмен, Нұралы ханмен, Батыр сұлтанмен, тіпті Кіші жүздің ханын өлтірген Барақ сұлтанмен, Әбілмәмбет ханмен, Әбілпейіз сұлтанмен, Төле би мен Қазыбек бимен, Жәнібек тарханмен, Байжігіт тарханмен, Оразмәмет тарханмен, Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Баян батырлармен, т.б. арақатынаста ұнамсыз әрекетке барғаны, немесе сыртынан сөз айтқаны туралы дерек те жоқ, әңгіме де естілмеген. Бұл, әрине, Абылайдың адам ретіндегі мінез-құлқы қандай болғанынан хабар береді. Абылайдың бүкіл мемлекеттік басқару билігі мен тұрмыс-тіршілік тәртібін соғыс жағдайына бейімдеп, билердің құзыретін шектегені рас, төменнен жоғарыға дейінгі әкімшілік билік батырлардың қолына берілді. Ең жоғарғы кеңесші орган болып саналған «жардың» – Хан кеңесінің қарауына аса күрделі халықаралық мәселелерді жеке-дара шешті. Тілге тиек болып отырған себеп «Нияз батырдың ақылымен... істелген», – дегенге қарап, бұл батырдың ниеті жат екен, деген пікір тұмауға тиіс. Кезінде, Абылайдан гөрі басқаша ойлайтын, оны сынаған тұлғаларды Абылайдың өзіне қарсы қойып,



оған оппозиция іздеу арқылы, ел ішіндегі беделіне шіркеу түсіру әрекеттері құдайы көршілеріміздің та-
рапынан талай кездескен, бірақ, одан нәтиже шықпағанына көзіміз жетіп келеді (сонда, 307–309-бб.).

1743 ж. жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серен Ресей үкіметінің сұрауы бойынша Абылай сұлтанды тұтқыннан босатады.

1743 ж. Абылай қалмақ тұтқынынан босап, еліне қайтып келеді. Осы кезден бастап Абылай Орта жүз қазақтарын басқарады. Ал Әбілмәмбет хан Түркістан шаһарына қоныс аударады.

1743 ж. қыркүйек айындағы Орынбор комиссиясының бастығы И.И.Неплюевтің сыртқы істер алқасына хатынан (№82): ...Орта жүздің ханы Әбілмәмбет біздің жіберген кісілеріміз арқылы хат жолдап, патша ағзамға адалдығын білдіріпті... маған өзі келіп жолықпаған себебі ретінде: «Інісі Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан босап [...Орыс тарихшылары, кеңес тарихшылары Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан босануына бірден-бір себепкер К.Миллердің елшілік сапарының және Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің хат жазып сұрауы деп есептейді және бұл тұжырымды кейбір қазақстандық тарихшылар да (мыс., Т.Шойынбаев, В.Я.Басин) құптайды. Бұл сол кездегі Орта жүзде, тіпті бүкіл Қазақ хандығында беделге ие болу үшін орыс әкімшілігі әдейі таратқан сөз. Нақты жағдайды терең білмегендіктен туған жаңсақтық. Неплюевтің хатында Абылайды тұтқыннан босату жөнінде тілек бар екені рас. Бірақ, ол мәселе бойынша Қалдан Сереннің ұстанымы «Әбілқайыр ханға Қалдан Серен атынан жазылған хаттан айқын көрінеді. Оған қосатын біздің дәлеліміз мынадай: Қалдан Сереннің Абылайды мұнша тез босата қоярынан үміттенбеген генерал Неплюев, мына хабарды естігенде үрейленіп қалған. Ол сыртқы істер алқасына 1743 ж. 9 маусымда жазған хатында: «Қалдан Серен бір зымияндықпен Абылай сұлтанды, Әбілмәмбеттің ұлын босатып қайтарыпты. Соған қарап, қазақ билеушілері, әсіресе, Әбілқайыр хан, бізге адал берілгендік ниетінен айнып қала ма, деп қорқып отырмын. Сондықтан, Әбілмәмбет ханды, Барақ пен Абылай сұлтандарды Ор бекінісіне шақырттым» (бұл шақыртуға үшеуі де бармаған), – деп жазған. Бұған сөз қосудың өзі артық болар. Уақыт жағынан Миллер елшілігі жоңғар жерінен аттанып кеткеннен соң, Абылайдың босанып шығуы – кездейсоқтық қана екенін байқау қиын емес. Қалдан Серен Абылайды құрметтеп қайтару мәселесін оған дейін шешіп қойған. Абылайға ұзататын қызды таңдап, оның жасауын түгендеп, отауын дайындап, Топыш қалыңдық пен Абылай күйеудің некесін қиып қойған. Тек қана қазақ жағынан келетін аманат пен хабарды күтіп отырған. Наурыздың басында «ақ үйлі» аманат ретінде Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіз келгенде, қазақ-жоңғар арасындағы дау осымен тамам деген ниетпен, Қалдан Серен тиісті рәсім-жорасын жасап, отыз түйеге дүние-мүлік артып, 30 кісі қосшы беріп, кешегі тұтқын Абылай сұлтанды аттандырып салады. Осының бәрін көзімен көрген орыс тыңшысының жазуына қарағанда, Қалдан Серен мұның үстіне «Абылай сұлтанмен Малайсары батырға сарттың текті тұқымынан шыққан төрт жігітін қосып сыйлаған. Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанға бір-бір оқалы шапан және бұлғын бөрікті» тарту ретінде жіберген (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 112-қор, 1743 ж., 3-іс, 124–125-сыртқы парақ). Абылай сұлтан қайтып келгеннен кейін, қазақтың игі жақсылары Түркістанда, Әбілмәмбет ханның ордасында бас қосып, қазақ-жоңғар қатынастарының келешегі жайында кеңес қылған. Сол жерде ақыл қосып, «Қалдан Серенге сый-сияпат ретінде ақ қаршыға мен құмай тазы жіберуге бәтуаласқан (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 112-қор, 1743 ж., 3-іс, 124–125-сыртқы парақтар). Енді осының бәрінен кейін ғана, Ресейден қаймығып, Абылай сұлтанды тұтқыннан босатыпты-мыс» деудің жөні бола қояр ма екен?» келгенін, қырда үлкен өрт болып, көп жайылым жанып кетіп, халықтың көшіп жатқанына байланысты» екенін айтыпты (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 320-24-бб.).

1743 ж. күзде құрамында төрт адамы бар Қазақ хандығы елшілігі Тобыл әкімшілігімен жүргізген сауда-саттық жөніндегі келісімге қол жеткізді.

20.12.1743 ж. Абылай сұлтан Сібір губерниялық кеңесіне үш хат жолдап, онда Орынбор қ-нда сауда жасауға, марал аулауға барған екі қазақты босатуын сұраған.

19.11.1744 ж. Орта жүздің Барақ сұлтаны Ресейге өз еркімен бодан болуға және ант беруге ниет білдіргені үшін оған Ресей патшасы атынан мақтау грамотасы мен арнайы қылыш сыйға тартылсын делінген.

1745 ж. жоңғар қоңтайшысы Қалдан Серен қайтыс болды; сол жылы Тарақты Наймантай батыр да дүние салды.

16.4.1745 ж. Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің Абылай сұлтанға жазған хатынан (№90): ... Сібір жағында әр түрлі жағдайлармен ұсталып қалған сіздің адамдарыңыз бен жылқыларыңызды қайтару туралы талабыңызды қабыл алып, іздеу салдым. Сіз жіберген кісілерге сол адамдарыңыз бен бірнеше жүз жылқыңызды беріп қайтардым, қалғанын Сібір губернаторы әлі де іздестіріп жатыр. Сіздің көшіп жүрген халқыңыз біздің жаққа ешбір алаңдамасын. Абыройыңыз арта берсін, менің сізге деген шын ниетімді



қабыл алыңыз. Қолымды қойып, мөрімді бастым, Тайный советник әрі кавалер И.И.Неплюев, хатшы П.И.Рычков (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 339–40-б.). Осы жылы Сәмекеңнің ұлы Сейіт хан қайтыс болды.

22.12.1745 ж. Абылай сұлтан Тобыл губернаторы, ген. А.М.Сухаревке хат жолдап, ол хатында бұрын жоңғар қалмақтары мен қазақтар арасында болған үш жүз шаңырақ үйсіндерді Ресей қарауына алуды және олардың Тобыл жағында тұтқында отырған Байжігіт деген қазақты босатуын сұрап жазған.

1746 ж. Әбілқайыр хан Еділ қалмақтарына қарсы жорыққа шығады.

18.7.1746 ж. Ресей сыртқы істер алқасының үйсіндіктерді орыс қоластына алу жөніндегі жарлығынан (№102): Абылай сұлтан хат жазып, 300 түтін үйсін руының бір ауылы орыс қарауына өткісі келетінін мәлімдеген. Сонымен бірге, Абылай сұлтан орыс түрмесіндегі үйсіннің екі жігітін босатуды сұрайды. Олардың біреуі Байжігіт Жаулыбаев жылқы қуып әкеткені үшін дарға асып өлтірілу жазасына кесілген болатын. Бірақ поручик Савва Меньшиков пен тілмаш Фома Десятников екеуінің жаңылып кеткендігінен, оның орнына Календер деген қалмақты асып өлтіріпті. Сыртқы істер алқасы Сібір губернаторына: «бұл үйсіндіктер қандай халық, діні қандай, қыстау-жайлауы қайда?» екенін біліп, хабарлауы тиіс (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 356-б.).

21.7.1747 ж. Ресей Үкіметі сенатының қазақтарға мылтық атқызбау туралы құпия жарлығынан (№106): «Қаулы етілді: барлық сауда адамдарына құпия түрде хабарлансын: қазақтарға ешқандай қару-жарақ, оқ-дәрі, оттық және қорғасын, тіпті оқ жасалмаған күйінде де сатылмайтын болсын. Кімде-кім бұларды сатса, қатаң айып салынады. Неплюевтен сұрау керек, қазақтарға жез бен темір де сатқызбау керек шығар» (сонда, 365-б.).

12.8.1748 ж. Кіші жүздің ханы Әбілқайырды Орта жүздің Барақ ханы өлтірді.

1749 ж. Барақ хан Түркістан қ-на жіберілді.

11–25.7. аралығы 1749 ж. Нұралы ханның, Кіші жүз сұлтандары мен ел ағаларының И.И.Неплюевпен жүргізген келіссөзінен (№128): 16 шілде. ... Бұдан әрі жоңғар хандығы жайында әңгіме қозғалды. ... Осы арада Орта жүздің Абылай сұлтаны туралы сөз қозғалғанда, Нұралы хан: «Абылай біздің әулетпен ниеттес, одан тек жәксылық күтемін», – дегенді айтты. 25 шілде. И.И.Неплюевке Жәнібек тархан мен Бөгембай батырдың келгені, олардан генерал Орта жүздегі жағдай, ол жақта билік жүргізуші кімдер екені сұрағаны жеке журналға тәптіштеп жазылған. Бұл сұраққа Жәнібек тарханның берген жауабы: «Бұрын онда Әбілмәмбет хан бар еді, өзіңіз білесіз, ол көптен бері Орта жүзде Барақ сұлтан бар еді, ол да Әбілқайыр ханды өлтіріп, қылмыс жасағаннан кейін жоғалып кетті. Енді ол жүзді Абылай сұлтан ғана билеп отыр. Соған қарамастан, Орта жүзде тыныштық, патша ағзамға шын берілген жағдайы бар». ...«Абылай сұлтанның қол астындағы ел, негізінен, арғындар. Олар да Кіші жүз сияқты жеті руға бөлінеді. Арғынның билеушісі Абылай сұлтан,.. (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 416-б.).

1750 ж. қазақ сұлтаны Барақ пен Сығай хан қайтыс болды.

4.3.1750 ж. Орынбор губернаторы И.И.Неплюевтің Абылай сұлтанға жазған хатынан (№136):

Қазақтың Орта жүзінің бізге адал берілген құрметті Абылай сұлтанына! 1749 жылы сіздің Шобалай және Төлетай батырлар арқылы жіберген хатыңыздағы талаптарды қабыл алғаным жөнінде ауызша уағда бергенмін. ...Тевкелев мырза бізге келген соң, сіздің сұраған мәселелеріңізді қарап, Орта жүздің қазақтары Үй шекара шебі бойындағы Троицк бекінісіне сауда жасауына болады, деп шештік. Соған байланысты биылғы көктемнен бастап Троицк бекінісінде сауда ашылады. Бұл жөнінде бекініс бастығына хат жаздым. Орынбордан бірнеше көпес тауармен баратын болды. ...Азия көпестері мен Ұлы жүздің сауда адамдары қазақ даласы арқылы Орынборға, сондай-ақ Троицкіге алаңсыз, аман-есен келіп, қайтатын болсын (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 428-б.).

12.12.1752 ж. Сыртқы істер алқасының Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке жарлығынан (№143):

...А.И.Тевкелев өз тарапынан Абылай сұлтанға бір сенімді, қазақ арасына өтімді пысық офицерді жіберіп, жоңғар нояндарын ең жақын деген бекіністерінің біріне келтіріп беруге Абылай сұлтанды икемдеу керек. Осыған байланысты Абылай сұлтанның ордасына капитан Андрей Яковлев жіберіледі. Ол Орта жүзге бұрыннан таныс әрі қазақшаға жүйрік. ...Капитан А.И.Яковлев Абылай сұлтанға А.И.Тевкелевтің: «Қалмақ нояндарын Ресей үкіметінің қолына беру» жөніндегі сәлемін жеткізді. Елшіні жылы жүзбен қарсы алған Абылай, оған былай деп жауап берді: «1751 жылдың күзінде Дауашы, Әмірсана мен оның туған інісі Банчжур, қасындағы 17 серігімен осында болғаны рас. Оларға ойраттардан қашқандар келіп қосылып, барлығы 200-дей жан болды. 1752 жылғы күзге салым Орта жүздің Ұлытауда өткен хан кеңесі бұл нояндарды жоңғар хандығына бермеу туралы шешім алды. Мұны естіген Лама Доржы қазақтарға қарсы әскер жасақтап аттандырды. Мен, Абылай сұлтан, өз тарапымнан Дауашыға, Әмірсана мен оның



інісіне бастатып қазақ жасағын жоңғар қолына қарсы жұмсадым. Қазір олар сол соғыста. Екі жақ кезек жеңісіп, шығын болып жатса керек. Қазақ жасақтары көп қалмақты тұтқындап, малын шауып алыпты деген хабар алдым. Өзім де қол бастап, көмекке аттанайын деп отыр едім. Ресей елшісі келе жатыр деген соң бөгелдім». ...Абылай сұлтан барған соң, қазақ қолы күшейіп, ойрат әскерлерін еңсеріп, жеңе бастады, жауға бірнеше тұстан күйрете соққы берді.

Капитан А.И.Яковлев 1752 ж. 24 қарашада Орынбордан аттанып, ертеңінде жол үстінде Араповқа жолығады. Арапов Абылай сұлтанның Сібір тарабындағы Краснояр бекінісінен 6 күндік жерде, Қасқатау деген маңда, жайлауда екенін айтқан. 13 қазан күні Яковлев Тобыл сыртындағы Арақарағай деген жерде Абылай сұлтанға кездеседі. Абылай оған өздері жоңғарларға қарсы соғысқа қамданып жатқанын, соның алдында ғана жоңғарлар Орта жүздің бірнеше ауылын қансыратып, шауып кеткенін айтады. Сайын Бөлек пен Садыр бастаған 3 мыңдық жоңғар әскері Ұлытау мен Кішітаудағы уақтарды, одан кейін Жыланды бойындағы наймандар мен керейлерді шауып көп малды, 3 мың қазақты айдап әкеткенін айтады. Жоңғар қолына түскендердің арасында уақ-керейдің Баян батыры ұлымен, ақ найман Әжібек батыр бар. Абылай олардың соңынан қуғыншы жасақ жіберген екен, әлі хабар жоқ (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 437–441-бб.).

1750–60 ж. Арғын Күлеке батыр Тәңірбердіұлы қайтыс болды («Жас алаш», 17. 6. 1999 жыл).

1751 ж. жоңғарларды Сырдария өңірінен, Оңтүстік өлкеден азат етеді.

1751 ж. жоңғар қонтайшысы Лама-Доржы Орта жүз ханы (сұлтаны) Абылайға барып, бас сауғалады.

1751–53 ж. Оңт. Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай және Алтай аймақтары жаудан азат етілді.

1752 ж. Ұлытауда жоңғар шапқыншылығына қарсы қазақтың үш жүзі өкілдері қатысқан жиыны өткен.

1752 ж. Абылай сұлтанға жақын атығай-қойлы Аңдықожа батыр (1672–1752) қайтыс болды.

1752 ж. Петропавл қ-ның іргесі қаланды Петропавл қамалының салынуына не себеп болған? 1752 жылы сенат сол кездегі Сібір әскерлерінің қолбасшысы Киндерманның Есіл шебін алға қарай жылжыта түсу арқылы Ертіс пен Орынбор шептерінің арасын қосу жөніндегі жобасын бекітеді. Сол жоба бойынша Омбы мен Звериноғолов қамалдары арасынан он жылдан кейін Петр мен Павел әулиелердің есімі берілген тағы бір қамал салына бастайды. Сөйтіп «сортаң көлдер» шебі жасалады. Шептің бұлай аталуы себебін есімінің өзі-ақ айтып тұр (Қ.Исабай, Шоң би, Аст., «Елорда», 2005, 22-б.).

1752–53 – қазақ әскері Жетісу мен Алтайды жаудан қайтарып алады.

31.3.1753 ж. Троицк бекінісінің командирі Майор И.Ренненкампфтың рапортынан (№144):

Наурыздың 29-күні қазақтың Орта жүзі атығай руының белгілі адамдары Құлсары және Күлеке батыр екеуі Троицкіге келіп, маған өздері сұранып жолықты. Олардың айтуынша: «Абылай сұлтан мен жоңғар қалмақтары арасында жанжал бола қоймайды. Ал, егер қалмақтар шабуыл жасайтын болса, қазақтар қарсы соғысады... Ресейдің қорғаныш болуын тілейміз». Оларға мен: «Бұрынғыдай қорғаймыз, патша ағзамның бұйрығы өзгерген жоқ, қазақтар Ресейге қарайтындықтан, міндетті түрде көмек қолын созымыз», – дедім. Құлсары: «Өзеннің арғы жағасынан қонысқа қолайлы жер кестіріп алғым келеді. Бұрын әрбір рудың өзінің меншікті жері болатын, кейбір рулар қора-қопсы салып алғысы келеді. Жер кескенде бір рудың жерін екіншісіне ауыстырып алмаса екен, әр рудың өз жері болсын. Бұл мәселелерді олар көктемге қарай Абылай сұлтанмен ақылдасып шешеміз. Абылай сұлтан Троицкіге міндетті түрде барады. Жоғарыда айтқан жер туралы тілегімізді жеткізуге Орынборға арнайы кісі де жібереміз», – деді. 30 наурыз күні Күлеке батыр келіп, Абылай сұлтанның Троицкіге сөзсіз келетінін тағы да бекітті. Майор И.Ренненкампф (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 443-б.).

1754 ж. Қытай әскері қалмақтарды аяусыз қырып, Жоңғар мемлекетін біржола жойып жібереді. Жоңғар жерін жаулап алған соң қазақ жеріне көз алартады.

1754 ж. Абылайдың жоңғарларға жасаған жорығы туралы (№148-құжаты): ...1754 жылы шілде-тамызда, Дауашы Әмірсана әскерімен соғысып жатқан шақта Абылай Жоңғарияға тағы да жорық жасады. Бұл жөнінде Сібір губернаторы В.А.Мятлев сыртқы істер алқасына былай деп хабарлады: «қазақтардың айтуынша, Абылай 4 мыңдай әскер алып, жоңғар жеріне барып қайтқан. Жоңғар әскерін өз жерінде талқандап, 3 мыңдай тұтқын алыпты. Дауашы Абылаймен мәмілеге келмек болған екен, Абылай райынан қайтпапты. Абылайдың бұл жеңісі Әмірсананы да аман қалдырмайтын еді. Оның үстіне ойрат әскері мен уранхайлықтардың екі жақты соққысына төтеп бере алмаған Әмірсана қытай шебіне қашып барып паналады. Әмірсананы осылай қуып жіберген Дауашы Абылайға қарсы қайта соғыс ашпақ болды. Тіпті, қазақтармен соғысу үшін орыс әкімшілігінен көмек тілеген. Абылайдың жанында Әмірсанаға қарсы ниеттегі Еринцин сияқты нояндар болатын. Қыс түсіп кетіп, жоңғардың өз ішінде дау-жанжал тұтанып, Дауашы әскерін кері әкетуге мәжбүр болды. [Сулейменов Б.Р., Моисеев В.А., Из истории Казахстана



XVIII в (о внешней и внутренней политики Аблая) А.-А., 1988, 52–53-бб.; З.С.Тайшыбай, Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 447–448-бб.].

31.5.1755 ж. Ресей үкіметі Әскери алқасының жарлығынан (№153): ...Қазақ тұтқынынан қашып шыққан бұхаралықтар мен жоңғар әйелінің айтуынша, Абылай сұлтан он мың адаммен жоңғар жеріне соғысуға кетті. Бұл соғысқа Кіші жүз қолын бастап, Ералы сұлтан да қатысқан. Жоңғарларды талқандағаннан кейін қазақтар жаңа жылға қарай, орыс бекіністері мен қамалдарын шауып, гарнизондарын басып алмақ. Осы мағлұматтарға байланысты және қазақтар тарапынан малдарын іш жаққа рұқсатсыз айдап әкелуіне және қоғамдық әрекеттердің тыйылмауына байланысты, Сібір шебінің бригадирі И.И.Крафт қазақтардан мейлінше сақтанып, шекарадағы әскерлерді сақандай сай ұстауға міндетті. .. (сонда, 452-б.).

6.10.1755 ж. Абылайға Қытай үкіметінің жолдаған хатынан (№164): «...Қазақтың Абылайына: Сенің жіберген елші пақырың Өмір батырды генерал Жау Хуймен кездестіріп, сіздің ілтипатыңызды патшаға мәлімдеген едік, патша қатты риза болды, сенің елшіңді қабылдағанда патша сендерді жарылқамақшы... Сенің елшің жеткізгендей, ойраттар айтты деген сөзге сенуге болмайды. Қазір әскерлерге Өмірсананы ұстауға бұйрық берілді. Ол сендердің жерлеріне қашып барғанда сендер, ұстап берсендер, ұлы мәртебелі патша сендерге мол сыйлық береді. Ал, сендер жасырын ұстайтын болсаңдар, біздің әскерлер оны тұтқындауға барады. Сенің халқын үркіп, әуре-сарсаңға түседі» (сонда, 1-т., 464–465-б.).

1756 ж. батыр әрі би Малайсары қайтыс болды.

1756 ж. Қазақ даласына Цин империясы әскер кіргізеді. Қазақ әскері ашық шайқасқа шықпай, қашып-тііп соғысады. Ауыр бір ұрыста Абылай қатты жарақаттанады.

1756 ж. Қытай әскері Орта жүздің жеріне кіреді. Абылай сұлтан Боғдаханға бағынады.

1756 ж. Төле би (1663–1756) қайтыс болды. Абылайды тәрбиелеп, үш жүздің ханы дәрежесіне көтерген Төле би еді. Баланы кебенек ішінде танып «Сабалақ» деп ат қойып, сырт көзден жасырып, түйе бақтыра жүріп баулып, бүкіл қазаққа хан көтеру Төле сынды дананың ғана қолынан келетін құдірет еді. Абылай өсе келе бидің де, елдің де сенімін абыроймен ақтады. Мұны көзі қаракты, көкірегі ояу қазақтың бәрі біледі. Көмекей әулие Бұқар бабамыз да айтып кеткен. Төле би 1734 жылы Ресей патшасы Анна Иоанновнаға және Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке хат жолдап, бодандыққа қабылдауға ризашылық білдірді. Бұл сол тарихи кезеңде шарасыздықтан жасалған қадам болатын. Ол жоңғар шапқыншылығынан титықтаған халықтың жағдайын жақсартуды бірінші кезекке қойды. 1748 жылы орыс сауда керуені тоналғанда, «тура биде туған жоқ, туған биде иман жоқ» дегендей, атасы бір Қойгелді батырды билер алқасына шақыртып, оған шығынды жұрт көзінше төлеттіреді. ...Төле би елдің шырқын бұзбауды, әлі келгенше халықтың тыныштығын, тұтастығын сақтауды көздеді (М.Жолдасбековтің «Еліне сөзі ем болған» атты мақаласынан, «Егемен Қазақстан», 25-қазан, 2013, №239, 5-б.).

1756–57 ж. қазақтар қытай әскерлерімен бетпе-бет соғысты.

1757 ж. Қытай императоры Цянь Лунь әскері Жоңғарияның халқын қырғынға ұшыратып, тас-талқан етіп жеңеді.

1757 ж. Орта жүздің сұлтаны Абылай және Қошқарбай батыр Алтай жеріне басып кіреді, ол жақтан көптеген төлеңгіттерді тұтқындап алып келеді.

Абылай және Әбілпейіз сұлтандар Пекин қ-на барып, князь дәрежесі мен календарды (бағынудың шарты) белгілейді.

1757 ж. шамамен **қыркүйек** айы, Қытай әкімшілігінің Абылай ханға жазған хатынан (№188):

Абылай, сендер шалғайда жатқан бөтен елсіңдер. Егер сендерге моңғолға жасағандай, ішкі жасақ (1 «засақ») яғни, әкімшілік басқару жүйесін қолына алып, наместник билеуші тағайындау туралы) тәртібін қолдансақ, қысым көріп қаласыңдар. Демек, бұрынғы қоғамдық салт-жүйелеріңде бола беріңдер. Елші жіберіп, патшаға сәлем беріп тұрсаңдар, рақым көресіңдер. Ал, сенің елшің бізге жеткізген: «Тарбағатай, тегінде біздің байырғы жайлауымыз еді, сол жерді патша бізге берсе», – деген сөзге келсек, бұл жерлер жаңа ғана тыныштандырылған. Әлі иен жатқан өңір. Патша, әсілі, ол жерді сендерге қиып бере салушы еді, бірақ сендер бізге еңбек сіңірген жоқсыңдар, ебін тауып ел болып алғансыңдар. Сондықтан, ол жерлерді сендерге сыйға бере салу мемлекеттің тәртібіне қиғаш келеді... Сендер егер, бұрын айтқандай, Өмірсананы тұтқындап әкеліп беретін болсаңдар, онда ол жерлерді сендерге жарылқап беруге болады (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 497–98-бб.).

1757 ж. Абылай Әбілмәмбеттің баласы Әбілпайызды қытайларға елшілікке жібереді. Нәтижесінде екі ел арасындағы ұрыстар тоқтатылады.

27.3.1758 ж. Абылай, Ералы және Айшуақ сұлтандарды Есімі жазылған қарумен марапаттау туралы (№220-құжатынан): Патша ағзамның тиісті жарлығы бойынша сыртқы істер алқасы шешім етті: осы алқаның 1757 жылғы 13 желтоқсанда қол қойылған хаттамасына сәйкес, Нұралы ханның інілері Ералы



мен Айшуақ сұлтандарға: біріншісіне құны 90 сом, екіншісіне 55 сом тұратын бір-бір қылыш жіберілсін. Бұларға қоса, Неплюев пен Тевкелевтің 1758 жылғы 29 қаңтардағы ұсынысы бойынша Орта жүздің Абылай сұлтанына тапсыру үшін құны 120 сом тұратын қылыш жіберілсін. Барлық қылыштарға мынадай сөздер жазылсын: «Құдайдың құдіретімен, бүкіл Ресейдің императоры және жеке дара билеушісі Елизавета I, осы қылышпен өзінің боданы, қазақ сұлтаны (аты жазылады) адал қызметі үшін марапатталды С.-Петербург, 1758 ж.» (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 1-т., 534-б.).

1758 ж. Қытай әскерлері Орта жүздің жеріне шабуыл жасайды.

29.8.1758 ж., Қазақ хандығына жансыз болып барып қайтқан Мырзалі Шиховтың байқағандарынан (№244-құжат): Қазақ арасынан естіп-білуімше, Абылай сұлтан Қытай бодандығын әбден мойындаған. Өткен көктемде, дәл қай тұстан екенін білмедім, Абылай сұлтан жоңғар қалмақтарының қалдығын талқандау ниетімен, олардың қытайлықтар басып алған аймағына жорық жасаған. Сол шақта Қытайдың қарулы жасақтарына ұшырасып қалған... Абылай сұлтанның жайлауы бұл күнде Құлсары мен Құлеке батырлармен іргелес, Есіл өзенінің жоғарғы ағысындағы Бөрілі деген жерде. Петр ағзам бекінісінен салт атпен төрт күндік. Өткен көктемде, (1758 ж.) наурыз бен сәуірде, Қытай боғдыханының 30 адамынан жасақталған елшілігі Абылайға мол сыйлықпен келіпті де, атақты Әмірсана ноянды сұрапты. Абылай: «Әмірсана Ресейге қашып кетті», – депті «Егер ол Ресей жеріне қашқан болса, біз Ресейге табанды түрде талап қоямыз. Олар ұстап бермесе, қарудың күшіне жүгінеміз», – депті сонымен, олар Абылайға әкелген сый-сияпатын тапсырып, қайтып кетіпті (сонда, 563–65-бб.).

1758 ж. қыркүйек айы, Қазақтардың Үрімжі базарына мал әкелгендігі туралы (№247-құжаты): «Қабанбай ... 300-ден аса жылқыны айдап әкеліп, қыркүйектің 17-жұлдызы күні Үрімжіде сауда жасады. Ол қайтарда Абылай ханның басқа да адамдары келіп сауда жасайтынын айтты» (сонда, 569-б.).

10.1.1759 ж., Қытай әкімінің мәлімдесінен (№267): «Қазақ ханы Абылайдың жіберген адамдары Үрімжіге сауда жасауға келді... Абылайдың маған тапсырған хатын патша ағзамға жолдадым. Қазақтар өздері келіп отырғанда, олардың сауда жөніндегі талабын құптау керек. Абылайдың хатына қарағанда, олардан алдағы күндері саудамен келетіндер бар көрінеді...» (сонда, 2-т., 34-б.).

10.1.1759 ж., Абылай қатарлы қазақ көсемдерімен Науанның қазақ жерінде кездескені туралы (№269-құжаты): Мен, Науан, осы мәлімдемемді сіздер, цянцзюнь мен амбандарға жазып отырмын. Сіздер төмендегі айтылған іс туралы хабар алғайсыздар. Мен сіздердің тапсырмаларыңыз бойынша қазақ жеріне келгеннен кейін, осындағы байжигіт найманның Байбарақ есімді адамының жерінен Букчағанды тұтқынға алдық... Осыдан кейін мен, Науан, Құттыбай-аталық пен Байсақал есімді екі қазақ жолбастаушыларын қосқандағы жалпы саны 11 адамды бастап, әрі қарай Абылайды тауып алуға аттандық... Он бірінші күні Абылайға жіберілген адам да қайтып келіп: «елшілер сонда тұрып мені күтсін, мен тез арада сонда барамын. Сол жерде кездесу болғаннан кейін елшілер кері қайтсын, оларды мұнда келгізбедер», – деген Абылайдың сөзін жеткізді. Сөйтіп біз тағы да он неше күн күтіп едік, олар бәрібір келген жоқ... «Әбілмәмбет хан мен Абылай екеуі өздерінің осында келіп бас қосатынын айтып, сіздерге онда бармай, осында күтсін деп еді ғой! Сіздер біздің айтқанымызға сенбей, сонша асығып не жетті?» – деді. Мен оларға: «Мен сіздердің айтқандарыңызға сенбей тұрғам жоқ. Дегенмен, біз бұл жерде күттік, олардан болса ешқандай хабар-ошар болмағалы бірталай уақыт болды ғой!» – деп едім, олар: «Сіздердің айтқаныңыз да жөн. Естуімізше, Абылайдың ауылына екі рет ұры түсіп, 2000-нан астам жылқысын әкетіпті. Бұны істеген орыстар ма, әлде басқалар ма, белгісіз. Абылай орыс жеріне кетті деседі. Біз тағы адам жіберіп, мән-жайды анықтап келгізейік, оған көп уақыт кетпейді», – дегенді айтып, Абылайды іздеуге қайтадан адам жіберіп, бізді тағы да күткізіп қоймақ болды. Мен, Науан, оларға: «Сіздер Әбілмәмбет хан мен Абылай айтты деп, бізді осында күткізіп қойып, қайта-қайта оларды шақыруға адам жіберіп жатырсыздар. Енді, міне, бізге Абылайдың хабарын тағы да күтуге тура келіп тұр, ал Әбілмәмбеттің тұратын жері осыдан алыс емес екен, біз жүгімізді осында қоя тұрып, өзіміз барып онымен кездесіп келсек» – дедім де, 3 адамымды ғана ертіп, 8-айдың 4-күні Нұра өзенінің жеткен шегіндегі «Қорғалжын» деген жерге барып, сондағы Нияз батырдың қонысында Әбілмәмбет ханға кезіктік. ...Әбілмәмбет маған мынаны айтты: «Былтыр Абылай мен Әбілпейіздің Боғда Ежен хандарыңызбен бітімге келгені туралы хабар алғам. Сондықтан, мен осында биыл сөзсіз елші келер деп ойлағам және елшілермен бетпе-бет кездесіп, әңгімелесу үшін арнайы келдім. ...Абылай – менің інім, Әбілпейіз менің ұлым. Олар менің тапсырмам мен бұйрығыма қарсы шығады дейсіз бе? Әрине, мен де өзімнің інім мен ұлымның игі бастамасын бұзбаймын ғой. Сіз маған Абылайға жіберген хатты көрсетіп отырсыз, бұл өте жақсы. Мен бұл хатты көшіріп алайын да, оның мәнін барша қазақ жұртына жеткізейін. Сондай-ақ, Түркістан төңірегіндегі маған қарайтын Ташкент, Бескент, Ордасарай, Қарамұрын, Сайрам, Шымкент, Қарабұлақ, Манкент, Иқан, Ташанак, Қарнак,



Сауран, Қарашық, Аққорған, Үзкент, Созақ, Қазақдыжолық, Құлантөбе, Қошосар, Мұхаможын және Жанкент сынды жерлердің барлығына: «егер Қасақшира жерлеріне барған болса, оны сөзсіз тұтқынға алып, Боғда Ежен ханға тапсырыңдар!» – деп бұйрық түсірейін. Егер ол аталмыш жерлерге бармаған болып шықса, онда «келмепті» деп хат жазып жіберемін». ... Сөйтіп, ол бізді Ханбабаның тұрған жеріне кері қайтарды. Сол айдың 18-күні, Әбілмәмбет хан мен Абылай екеуі де келіп, бізбен кездесті. Біз бастықтардың Абылайға жазған хатын тапсырып, елшілік мақсатымызды тәптіштеп тұрып айтып бердік. Хатты оқып болған соң, Әбілмәмбет хан мен Абылай, алдымен, өзара ақылдасты. Сонан соң, Абылай маған былай деді: «Әбілмәмбет менің ағам болғандықтан, барлық іс соның айтқаны бойынша жүреді, мен оның айтқан-тапсырғандарына бойсұнамын. Мен сіздерден қашық тұрам, оның үстіне жылқыма ұры түсті, соған байланысты мен орыс жеріне барып іздеу салдым да, мұнда кешігіп келдім. Біз ақылдаса келіп сіздерді, алдымен, қайту жолдарыңызға салсақ дегенді ұйғардық. Буқучаған осыдан бұрын тұтқынға алынып, айдалып кеткен; Қасақшира болса, менің жеріме келмеген. Сондай бола тұра, Әбілмәмбет хан мен екеуіміз барша қазақ жұртына бұйрығымызды түсіріп, Қасақшира келген жағдайда оны дереу тұтқынға алып, Боғда Ежен ханға тапсырып беру керек екендігін жеткіземіз. Ал, сауда ісіне келсек, мен былтыр өзімнің Боғда Ежен ханға жазған хатымда былай дегем: «Біздің қазақтарымыз асау жылқы сияқты, емін-еркін өмір сүруді табиғи әдеттеріне айналдырған. Оларды өте зорлап жұмсауға болмайды. Оған қоса, ауылдарымыз шашыраңқы орналасқан. Олардың арасы 1 ай, тіпті 40 күндік жерде. Ондағы елдерді түгендеп саудаға барғызу – қиынның қиыны. Сондықтан, әр ауыл өз еркіне қарай саудагерлерін жіберіп, сауда жасауына рұқсат берейік. Біздің қазақтардың мінезіне қарай, олардың жіберген саудагерлеріне пайда көзін көрсетіп қойсаңыз, келесі жолы «саудаға бармайсың» деп тосқауыл жасағыңыз келсе де, оларды тоқтата алмайсыз. Ондай жағдайда олар өздері-ақ бірінің өкшесін бірі басып барады да, сіздер «саудаға адам келмеді», деп қам жеуден аулақ боласыздар». ...8-айдың 25-і күні біз Абылайдың бастауымен Атбасар маңындағы Есіл өзенінің бойынан аттандық. 9-айдың 7-і күні біз Көксеңгір деп аталатын жерге жеткенде, Абылайдың үйінен екі мәрте адам келіп, Абылайдың бәйбішесі «науқас, халі нашарлап қалды», – деген хабарды жеткізді. Сонда Абылай: «Отбасымның жағдайы сонша маңызды емес қой. Оның үстіне, мен үйімде болғанда да өлейін деп жатқан адамды тірілте алмаспын. Оған қарағанда, Боғда Ежен ханмен арадағы іс маңыздырақ. Сіздерді ел шетіне дейін апарып, кейін қайтармын» деді де, бізді бастап, әрі қарай сапар жалғастырады. Сонан кейін тағы да адам келіп, Абылайды үйіне шақырып кузады. Абылай, бұрынғысынша, әрі қарай жүре бермекші болып еді, біз ол кісіні тоқтатып: «Сіз істің бәрін орны-орнына қойып болдыңыз ғой. Әрі қарай тек бізді аттандыру ғана қалды емес пе? Қазір үйіңізде қиын іс туған екен, қайта берсеңіз. Тезірек барып, жұбайыңызды дәрігерге көрсетіңіз», – дедік. Абылай сонда ғана бізге: «Ендеше сіздер «жол ортада тастап кетті» деменіздер. Мынадай қиын жағдай болғандықтан, мен де шарасыз болып тұрмын. Мен қайтып барғанда, бәйбішем бойында әлі де жан бар болса, онда мен оны дәрігерге көрсетермін; ал егер қайтып барғанда ол әлдеқашан қайтыс болса, онда мен оны міндетті түрде үлкендеріміз жатқан Түркістан жеріне апарып жерлеймін. Сіздер жаңағыдай сөз айтқандықтан мен, міне, тездетіп кері қайтайын деп тұрмын. Сіздерді елдің шетіне дейін апарып тастауға Әбілпейізді жіберейін» – деді де, бізбен қоштасып, кері қайтты. Біз 10-айдың 2-сі күні Әбілпейіздің ауылына келіп жеттік. Әбілпейіз бізді әрі қарай елінің шетіндегі Серке деген жерге дейін әкеліп тастап, өзі қайтып кетті. (Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. 3- т., қытайшадан аударған Б.Еженханұлы, А., 2006, 69–77-б., мазмұндалып берілген; сонда, 2-т., 36–44-бб.).

31.8.1759 ж., Ресей сыртқы істер алқасының жарлығынан (№282): Орта жүз сұлтаны Абылайдың елшілері Петербургте болғанда мынадай мәселелер қаралды: 1759 жылдан бастап Абылай сұлтанға жылына 300 сом жалақы тағайындалды, оның 100 сомы оған жасырын беріледі және оның үстіне Абылайға және ел ағаларына 500 сомның сый-сияпаты берілсін; Абылай сұлтанды Орта жүздің ханы деп жариялау қажет болғанымен, бұлайша Нұралы ханның шамына тимеу үшін (оның Орта жүзге де біраз билігі бар) Абылайға құпия түрде айтылсын: егер ол Троицкіге немесе Орынборға аманат тапсыратын болса, өзіне хан лауазымын беру туралы сөз қозғауына болады; содан кейін ол жалақы жағынан Нұралымен теңеседі; Біздің қолымызға келіп, шокынғысы келіп, тілек білдірген тұтқындарды қайтару жөнінде Абылайдың талабына, «бұл әлі шешілген жоқ, мәселе қаралып жатыр», – деп жауап берілсін (сонда, 2-., 60-б.).

22.10.1759 ж., Абылай сұлтанның Үй әскер шебінің командирі Роденге хатынан (№284): ...Осыдан үш жыл бұрын башқұрттар менің иелігімдегі Орта жүзден 2500 жылқы айдап әкеткен еді. Оны ұрлаған Барын-табын болысынан Лана және Көбелек болысынан Бектемір дегендер. Бұл жөнінде кетіп қалған генерал мен бригадирге бірнеше мәрте жазып, жылқыны тауып, қайтаруға көмек беруді сұраған болатынмын. Әзірге қайтқаны 320 жылқы, қалғаны әлі қолымызға тиген жоқ. Менің жылқымды майор Нармоцкий ұстап отыр. Бір ат пен бір биені мен жұмсаған адамнан қайтарыпты, басқасын бермеген.... Егер



жылқымыз қайтарылмайтын болса, патша ағзамның өзіне шағымданамын. Біздің жайымызды білмек болсаңыз, құдайға шүкір, аман-есенбіз. Көкшетау тауында Қылшақты өзенінде қыстамақпын. Өзім және халқыммен сұрайтыным – Петр ағзам бекінісінде ұн мен жарма айырбастап алуға мүмкіндік беріңіз. Былтыр маған хатшылыққа Азамат молланы жіберген еді, ол қартайып қалған, көзі әрең көреді. Соның орнына жарамды дұрыс адам жіберіңдер, әйелімен болса да келе берсін. Азамат молланы үйіне қайтардым. Абылай сұлтан, мөрімді бастым (сонда, 2-т., 62-б.).

1760 ж. қытай-моңғол әскері Орта жүз қазақтарына шабуыл жасауға ұмтылыс жасайды.

1760 ж. Абылай ханның тапсырмасымен оның немере інісі Жолбарыс сұлтан Орынбор әкімшілігінде болып қайтты.

1760–64 жылдар аралығында Абылай сұлтан Қабанбай батырды Зенгор жеріне бас қолбасшы етіп сайлады.

1760 ж. маусым айы, Абылай сұлтанға императрица Елизавета атынан келген хаттан (№310): ...Қайыпназар... арқылы жіберген хатыңызды алдым. Жолбарыс сұлтан сіздің сәлеміңізді жеткізді. Қошқарбай батыр тұтқынға алған татарларды қайтарады дегендеріңіз жақсы. Сізге барып қайтқан Гордиев деген тілмашқа тұтқындағы татарлар жөнінде мағлұмат бер деген екенсіз, соны хабарлап отырмын... Сіздерге ұн керек болса, Петр ағзам бекінісіне кісі жіберіңіз, қанша керек болса да босатады. Генерал И.И.Веймарнның атынан Абылайға жіберілген сыйлықтардың тізімі жазылған: Абылай сұлтанға – алты жарым аршын мөуіті шұға, екі қызыл құрым былғары, бес фунт жапырақ темекі, екі десте ақ қағаз, бір жілік қызыл сургуч. Оның әйеліне – бір құты қағаз шай, бір бас қант, опа-далап.... Қазақтан тұңғыш танысқан досым Жолбарыс сұлтанға: алты жарым аршын көк шұға, екі фунт жапырақ темекі, бір десте ақ қағаз, бір жілік қызыл сургуч (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 94-б.).

1760 ж. қазан айы, Абылай сұлтанға Петропавл бекінісі бастығының хатынан (№333): «Құрметті, Абылай сұлтан! Өзіңіздің қарауыңыздағы қазақтарға айтып қойыңыз: бұдан былай қолындағы тұтқындары бізге қарай қашатын болса, соңынан сол мезетте қаймықпай-ақ, біздің бекініске дейін қуып келсін де, бекініс бастықтарынан тұтқындарын қайтарып беруді талап етсін, оған ешқандай бөгет жасамаймыз. Ал, сол күні іздемей, алты апта өткенге дейін артынан келмесе, ол тұтқындар Ресей адамдары болып есептеліп, қажет десе, шоқынып та кетуі мүмкін. Ол кезде мұндай адамдары қайтарып алу қиын болады» (сонда, 2-т., 132-б.).

1760–65 ж. Абылай дау болып жүрген аумақтар үшін қырғыз манаптарына қарсы жорыққа шығады.

1761 ж. Бөгенбай батыр Абылайдың Әділ деген баласымен Қытайға келіссөз жүргізуге барған.

14.1.1762 ж., Абылай сұлтанның хатшысына жалақы тағайындау туралы (№349): Орынбор губернаторының ұсынысы бойынша Абылай сұлтанның хатшысы Исет татары Мүнәсіп Мәммәтовке 12 сом жалақы тағайындалсын. Ол қазақ бастықтарының іс-әрекеттері туралы хабарлап отырды және бұдан былай да хабарлауға уағда берді. Бұл жарлыққа қарағанда Нұрала ханның, Айшуақ сұлтанның хатшыларына да тыңшылық қызметі үшін жалақы берілген. Күдік туғызбас үшін жалақыны қазақтардан жасырын беру қажет (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 162-б.).

21.3.1762 ж., Ресей сыртқы істер алқасының жарлығынан (№353): Сібір шебі әскерлерінің бастығы генерал-майор И.И.Веймарн қазақтарды тыныштандырып, Ресейге адалдық ниетін күшейту мақсатында мынадай шараларды жүзеге асыру қажет деп есептейді: Қазақтардың негізгі байлығы – мал. Әсіресе жылқысы аз болса, қазақтар өздері де жуас болады. Сондықтан, ыңғайын тауып, олардың малын азайтудың амалын іздестіру керек. Ол үшін, мысалы, біріншіден, қазақтардың қитығына тимей, айтқанына көнген болып, әділдік танытып, шекараға таяу жерге көшіп келіп, малын жаюға бөгет жасамау керек. Қазақтардан қашып шыққан тұтқындарын малы-мүлкімен бұрынғы иелеріне қайтарып отыру керек. Үшіншіден, қазақтардың беделді деген ел ағаларына шекара шебіне таяу жерден тұрғын «сарайлар», ұсақ малдары мен асыл жылқыларына жабық қора салып беріп, осындай іргелі жайларда тұруға бойын үйрету керек; төртіншіден, қазақтарды шөп шауып, пішен дайындауға машықтандыру керек. Малдары мен жылқыларын қыста қорада тұруға бейімдеп, «жұмсарту» қажет, шекараға таяу тұрған ел ағаларының малына пішен дайындап беру қажет. Егер жылда шөп шабатын болса, қазақтар дене еңбегіне үйренеді, тұрмысы жайлы болса, мінез-құлқы да тыныш болады, «нәзіктеніп» тентектіктен тыйылады, Ресейден қорған, қамқорлық тілейтін болады. Жылы қорада, оттықтан пішен жеп өскен мал да қысқы тебінді ұмытады, осылайша мал басы да шақты болады. Веймарнның бұл айтқандары жөнінде коллегияның пікірі мынадай: әрине, бұл шараларға қазақтар тез арада «нәзіктенбек» түгілі, өзінің көшпелі тұрмыс тәртібін бір ғасырдың ішінде де ұмыта алмайды, дегенмен, бұл ұсыныстар қазақтарды Ресейдің қарауында ұстауға және қытай ықпалынан аулақтатуға аз да болса себі тиеді. Сондықтан, коллегия Абылай сұлтан мен беделді ел ағаларына, әсіресе



Құлсарыға үй салуға, алғашқы екі жылға пішен жинап беру, ал үшінші жазда қазақтарды шөп шабуға үйрету үшін тәжірибелі пішеншілер жіберуге ақша бөлуге рұқсат берді. Ал, қазақтардан қашып шыққан тұтқындарды босату мәселесіне келгенде, шоқынуга келісім беріп қойған тұтқындарды қайтаруға болмайды, өйткені, «бұл христиан заңына қайшы әрі бүкіл әлемде дінге кіргісі келгендердің бетін қайтармау дәстүрі бар» дегенді ұстанамыз. Сондықтан, сыртқы істер алқасы шоқынуга тілек білдірген тұтқындарды Мәскеуге жіберу туралы жарлығын қайталайды (сонда, 166–67-бб.).

1762 ж. Абылай және Әбілпейіз сұлтандар Ресей императрицасы Екатеринаға адал қызмет ететіндігі туралы ант берді.

1762 ж. Ауған шаһы қазақтың бас ханы Әбілмәмбетке жолдаған хатында Абылай ханның жағдайды талдаған хатымен таныс екендігін, соның әсерімен Қытайға елшілік жіберетіндігін ашық айтады. ...Осы ауған елшілігі Пекинге бара жатқанда және 1763 ж. көктемде қайтар сапарында қазақ хандарын, ел игілерін қосып, Ахмад шаһтың жоспарымен таныстырады. Ауған басшысы тағы да Абылайға арнайы хат жолдайды. Хатында соғыс бола қалған жағдайда әскери одақ құру, Қытай әскерлеріне азық-түлікпен, көлікпен көмектеспеу жөнінде ашық айтылған. [Ә.Мұхтардың «Абылай хан және Ахмад шаһ (18 ғасырдағы қазақ-ауған қатынастары хақында)» атты мақаласынан, «Егемен Қазақстан», 4-қазан, 2013, №226, 3-б.].

1763 ж. Ауғанстанның Ахмет шаһы қырғыз ордасын (мұсылмандарды) Қытайға қарсы қасиетті соғысқа шақырды.

11.3.1763 ж., Қазыбек би туралы К.Л. фон Фрауендорфтың сыртқы істер алқасына мәлімхатынан (№364): Шекараға іргелес аймақта қазақтардың Орта жүзінің Абылай сұлтанға қарайтын ұлыстары көшіп-қонып жүреді. Абылай, бұл жақта бүкіл Орта жүздің басты билеушісі болып саналады. Алайда, қазақтар Абылай сұлтанды үнемі тыңдай бермейтін көрінеді. Билік ісінде Абылай өзі де кейбір ел ағаларынан келісім, кеңес сұрап отыратын болса керек. Бұл жөнінде Орта жүздің Солтанмәмет сұлтанға қарайтын қыпшақ ұлысындағы Оразмәмбет тарханнан естіп білдім. Оразмәмбет Ертіске таяу аймақта, Железин бекінісінің маңайын жайлайды. Ол орысша тәп-тәуір тіл біледі, едәуір сауаты бар. Оның айтуынша, Абылай мен Сұлтанмұхаммет сұлтандар, Құлсары мен Құлеке батырлар өз елдерінде беделді, Ресей жағы оларды мойындайды, әсіресе Абылайды бүкіл Орта жүздің билеушісі ретінде таниды. Дегенмен, Абылайдың беделі, артықшылығы белгілі болғанымен, оның билігі негізінен, өзінің атығай руына ғана жүретін болса керек. Оның мәнісі мынада: Орта жүзде найман, арғын, уақ-керей және қыпшақ деген басты-басты төрт ру бар. Олардың ішінде саны көбі, әрі жауынгері – арғындар. Арғындар өз ішінде он аймаққа, немесе ұлысқа бөлінеді. Мұнда жаз айларында Түркістаннан Әбілмәмбет хан келіп тұрады. Өйткені, арғынның ішіндегі ең күштісі – Қаракесек ұлысы. Оның барлық билігі Қазыбек бидің қолында. Қазыбек би Орта жүзде ең басты биі болып табылады. Оған Әбілмәмбет ханның өзі, сондай-ақ Абылай сұлтан, басқа да ұлыстардың сұлтандары мен ел ағалары жыл сайын келіп, әртүрлі кеңестер алады, тіпті Қазыбек бидің келісімінсіз Орта жүзде бірде-бір маңызды мәселе шешілмейді екен (З.С. Тайшыбай, Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 180–81-бб.).

11.9.1763 ж., Абылай сұлтанның генерал-майор К.Л. фон Фрауендорфқа хатынан (№368): Өткен айда хат жазып, Түмен қаласында Шағабуддин деген татардың қолында біздің Наурызбай деген адамымыздың әйелі тұтқында екенін, ол әйелдің Қангелді және Текебай деген екі ұлы біздің ауылда екенін хабарлаған едім, соған жауап ала алмай отырмын. Аталған әйелді қайтаратын-қайтармайтыныңызды хабарлаңыз. Сізден осыған байланысты бұйрық келе қалса, мен де орындауға дайынмын.. (сонда, 191-б.).

1764 ж. Семей қ-ның іргесі қаланды.

13.8.1764 ж., Абылай сұлтанға барып қайтқан М.Араповтың айтқандарынан (№373): 1764 жылғы 13 тамызында Орта жүзге, Абылай сұлтанға жұмсалған тілмаш Матвей Арапов Орынбор губерниялық кеңсесіне мыналарды хабарлады: Троицк бекінісінен 6 маусымда аттанып, үш апта жүріп, Абылай сұлтанның ордасы тұрған Қылшақты өзеніне жеттім. Абылайға жолығуға рұқсат алып, онымен жүздестім. Генерал-поручиктің және Воронеж губерниясының губернаторы А.П.Лачиновтың атынан құттықтау жеткіздім де, генерал-поручик мырзаның хатын тапсырдым. Хатты оқыған Абылай сұлтан разы болып, жылы қабақ танытты. Сұлтанның өзіне деген ықыласын байқаған Арапов Абылайдың аман-саулығын сұрап, қарауындағы халқының бақытты өмір сүріп жатқанын білетінін әдеппен жеткізді. Патша ағзамның мейірім-шапағатына бөленіп Абылайдың: 1) дұшпандарынан қауіпсіз тұрып жатқанын; 2) қазақ сахарасындағы тыныштықты; 3) шекара шебінде ұйымдастырылған саудадан игілік көріп отырғанын; 4) патша ағзамның мақтауы мен құрметіне ие болып, басқалардан гөрі мол жалақы алып отырғанын сұлтанның есіне салды. ...Абылай сұлтан өз адамдарына Араповқа арнап үй тіккізіп, «осында қанша мейман болғысы келсе, сонша болсын» деп тапсырды. Сөйтіп, Арапов Абылай сұлтанның ордасы қайда көшсе, бірге болып, 15 күндей жүрді. Сол күндері Арапов Орта жүздің игі жақсыларымен



араласып, әдеп сақтап тілдесіп, кейде сыр тарта сұрастырып, мына жайларды барлап білуге шамасы келді: қазақтың Орта жүзінде мамыражай тыныштық, Ресейге теріс көзқарас сезілмейді, бұл жақтың қазақтары Троицк бекінісіне алаңсыз барып-келіп, сауда жасауда. Қытай жағына берілгендіктің нышаны да байқалмайды. Өткен қыста төртуыл-найманның үш мыңдай түндігі мал ұрлығынан мазасы кетіп, жоңғар жеріне кіріп, жайлап жатқан болса, бұған Абылай сұлтанның қатысы болмаған. Рұқсатсыз көшіп кеткені үшін Абылай сұлтан оларға наразы, тіпті қарулы қол жіберіп жаза тартқызбақ. Сол қазақтардың өзі қытай жағынан секем алып, «қашан келіп басып алады», деп қорқып отырса керек. Жоңғар жеріндегі қытай әскерінің қатары едәуір қалыңдап, сол аймақта қалашықтар салып, оларға шапқыншылықтан аман қалған қалмақтарды орналастырып жатса керек... Әйтеуір, қазақтар қытайлардың Ресейге салқын қабақты екеніне сенімді. Азиядағы басқа жағдайлар жөнінде: Кіші Бұхария қалашықтары қытай әскерлері жинайтын алым-салықтан қатты қысым көріп отыр. Әсіресе, Ішкі қытайға еріксіз көшіріп жатқанына наразы. Осыған байланысты Кіші Бұхарияның билеушілері Ауғанстанның Ахмет шаһына барып панаалап, қорғауды жалынып сұрайтын көрінеді. ...Қоканның Ердене бегі Абылай сұлтанға хат жолдап, көмек сұраған. ...Абылай Ердене бектің сұрауына байланысты не істейтінін, сондай-ақ қытай жағының іс-әрекеттері туралы Араповқа хабарлауға уағда берді. Абылай Ердене бекке Мамық деген адамды аттандырып жіберді. Ауғанстан ханы ахмет шах қытай жеріне жорық жасай қойған жоқ, бұған Араповтың көзі жеткен. Ахмет шах болашақ жорыққа дайындалып, жол бойы құдық қаздырып, арық тартқызып жатыр. Осылайша, алдын-ала бекем қам жасап алып, Ахмет шах, шынында алдағы көктемде Қытайға қарсы соғыс бастамақ болса керек. ...Абылай сұлтан Араповқа ертіп өз тарапынан патша сарайына арнайы елшілік жібермек болды, сөйтіп, өзінің қалмақ әйеліне еріп келген Бөрі сұлтан есімді өгей ұлын дайындап, жанына ел ағаларының сегіз баласын қосып, хат жазып, Араповқа ертіп жөнелтті... (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 198–201-бб.).

1764/65 ж. Қаз дауысты Қазыбек би (1667–1764) қайтыс болды.

11.5.1765 ж., Ресей императрицасы Екатерина атынан Абылай сұлтанға жазылған хат (№383): Сіздің, хатыңыз бойынша, бек құрметті Абылай сұлтан, генерал-поручик және кавалер Иван Иванович Шпрингер тарапынан, сізге аса құрметті Абылай сұлтан, тұрғын жай алып беру үшін 20 адам, Құттыбаев Бердібай мен Құттыбаев Әлмәмбет деген екі қазағыңызбен, сегіз ат арба барлық құрал-сайманымен бүгін жіберілді. Олар сізге: кіреберіс сенегімен, төрт бөлме тұрғын жай салып береді, үлгерсе, ұсақ малыңызға қорақопсы салады. Жіберіліп отырған жұмысшыларымызға сіздің елдің адамдары тиіспесін, тату көршіміз ғой. Оның үстіне олар егін салуға, құрылыс кәсібін үйретеді... Сіздің сұрауыңыз бойынша алдағы 1766 жылдың есебінен өзіңізге тиесілі ұн босатылды.. (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 220-б.).

1765 ж. Абылай қазақ-қырғыз арасындағы даулы жерлерді айқындау үшін қырғыз манаптарына қарсы жорыққа шығады.

1765–67 ж. Ташкент қ-ндағы Қокан билеушісі Ерденбекпен қақтығыс өрістей түседі де, Абылайдың атты әскер жасағы қалаға кіреді; ақыр аяғында Абылай сұлтанның бастауымен соғысқа кірген жауынгерлер Түркістан, Сайрам, Шымкент, Ташкент қ-ларын басып алды.

1769 ж. Абылай ханның Пекинге жіберген елшілігін Уәли сұлтан бастап барды; оның құрамында 15 адам болды.

30.4.1769 ж., Абылайдың ұлы Уәли сұлтанның сапары жөнінде Қытай патшасының жарлығынан (№404): Патша... қазақ ханы Абылайдың баласы Уәли сұлтан мен оның жора-жолдастарына арнап, құрметті қонақасы берді. Уәли сұлтан және басқаларына дәрежесіне қарай күміс теңгелер беріліп, сыйсияпат жасалды (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 246-б.).

1770 ж. Қаракерей Қабанбай батыр дүниеден озды. ...Абылай хан болғаннан кейін бір күні Қабанбай бастатқан қырық батырды жолдасқа алып, бірнеше мың қолмен жорыққа аттанады. Олар Ащысудың бойына келсе, су тасып, шарасынан шығып кетеді. Ат салып жол ала алмайды. Қалың қол ешбір амал таба алмай дағдарып қалады. Абылай ашуға басып тарқарманға келеді... Осылайша Әбілмансұр кейін шегініп тарқамақ болып тұрғанда Қабанбай келіп, үш күндік уақыт сұрап алып, екі тәулік бойына өткел іздейді. Талығып барып бір жерге келіп жантайса көзі ілініп кетеді, түс көреді. Қабанбай түсте айтылған уағыз бойынша қалың қолды бастап Ащысудан аман өтеді. Абылай мен қалың халық: «Жаудан қайтпаған Қабанбай бұл жолы судан да қайтпай елді аман өткізді» деп оған үлкен қошемет көрсетеді. Абылай оны әскерлерінің бас сардары етіп сайлайды. Демек, Қабанбай бала кезден бастап-ақ батыр болады. Ал оның ара-тұра түс көріп, ісінің оңғарылып отыруы халық тілегінің бейнесі болса керек. ... Қазақтың батырлық жырлары ішіндегі ең көлемді, ең тынысты жырлардың бірі – «Есенгелді батыр» қиссасын алайық, онда, таяу заман қазақ тарихы тұтас шолынғандай тұрады. Қиссада Есенгелдімен бірге хан Абылай, бас батыр



Қабанбай қоса жырланады. Олардың тарихтағы орны, ерлігі, қосқан үлестері өз алдына бір төбе ретінде әңгімеленеді. Хан Абылай Бижиндегі Еженханға барып жолығу үшін «Алпыс атанға» жүгін артып, дөртуыл Төбет биі, қызай Есенгелді батыр сияқты қазақтың біліктілерін жолдасқа алып жолға шығарда: Ұлы жүз, Орта жүздің адамдары, Бата бер жолға салып маған депті. Әуелі құдай, екіншісі сіз ие бол, Қабанбай, халық аманат саған депті, – дейді. Бұдан Қабанбайдың сол кездегі қазақ хандығында ұстайтын орны, рөлін, Абылайдың оған деген сенімін анық көруге болады. Абылай осы жолында жоңғарларды түбегейлі жою жөнінде Еженханмен келісім жасап келеді. Бұл туралы қиссада былай дерек беріледі: Қайтты енді Абылай жолдасымен, Еженнен сыйлық алып олжасымен. Қалмақпен соғыспақшы болып қайтты, Көрсеткен Ежен ханның формасымен. ...Сонымен қалың қазақ жасақтары Абылайдың бастауында, Қабанбайдың бас сардарлығында жоңғарлардың ең соңғы қамалын бұзуға аттанады. Шыңғыс тауы бөктеріндегі бұл қарт қамалды алу шынында қиынға соғады, қазақ жағы қатты қырғын көріп, хан Абылайдың тауаны қайтады. Қайтерін білмей көпке ақыл салады: Қайрат қып қайсы батыр қамал бұзса, Ел даңқын көтереді, туды дейді. Сөзіне Абылайдың қарап тұрып, Қабанбай, ер Еспембет күлді дейді. Абылай екі ерге жарыс депті, Қорғаны жаудың берік, алыс депті. Қабанбай қасиетің бар еді ғой, Талқандап тасташы бір жарып депті. Ал енді барам десең кешікпей бар, Бойыңа Ғайып пірің қонсын депті. Бір Алла Абылай қып жаратқан ең, Жолдарың екі батыр болсын депті... Қысқасы қазақ жеңіп қалмақты алды, Қабанбай хандай болып ардақталды. Абылай Қабанбайды, – хан, – деп қақты, Қымбатты Еспенбетке тонын жапты. ...Мұнда Қабанбайдың сан мың қолдан дара шыққан алапат ерлігін, қамал бұзған қайсарлығын, жау тобына кіргенде «Кірген жағы есік, шыққан жағы жол болып қала беруші еді» дейтін от жүректі образы қиссада өз нәшін тапқан сияктанады. Қызайдың ірі рулары бір жерге жиылып ат шаптырып той жасайды, тойға Қабанбай батырды шақырады (Сәнік З., Садықан Б., Қаракерей Қабанбай. Аңыз, зерттеу, қиссалар, А., «Жазушы», 1991, 59–60, 68–69 және 70-бб.).

1771 ж. Тәуке ханның немересі, Болат ханның үлкен ұлы Әбілмәмбет хан (шамамен 1690 жылдың соңына қарай туған) дүние салды. «...Абылай ең алдымен өзінен бұрын елді ойлайтын Әбілмәмбеттей әулие ханның шарапатына бөленді. Егер Әбілмәмбет болмаса, Абылай қанша батыр, қанша алғыр болса да, мұндай биікке көтерілмес еді. Әбілмәмбет басында мұны атығай-қарауылдың сұлтаны, кейін Орта жүзге хан сайлатып қана қоймай, «бұрын есе тимеген аталарыңның сыбағасы» деп, астындағы үш жүздің тағын бұған бірнеше рет ұсынды-ау! Бірінші рет, Абылай жоңғар тұтқынынан босап келгенде, екінші рет, Қытайға қарсы соғыс қарсаңында. Екі жолда да Абылай таққа отырудан бас тартты. Сонысы дұрыс болды. Әкесіндей қамқорлық жасаған Әбілмәмбеттің көзі тірі тұрғанда, отырған тағын қалай аударып алмақ. ...Ал, батырлар... Тәңір қолдап, Абылайдың бағына, қазақ халқы сол тұста кілең бір жаужүрек, найзаның ұшы алтын, алмас қылыш батырларды тудырды ғой. Өңкей бір тұлпар мініп ту алған, жауды көрсе қуанған, қайтпас ерлер: Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Малайсары, Баян, Көкжал Барак, Наурызбай, Өтеген, Ер Жәнібек, Елшібек, Тілеуке, Бердіқожа, Баймұрат, Шыңқожа... Тағы кімдер бар еді? Міне, осылар ғой – Жоңғарды жүндей түтіп, Шүршітті тәубасына келтірген, Қоканды қойша қайырып, қикар Қырғызды жуасытқан. Абылайдың еңбегі – осы батырларды маңайына топтай білді. Абылай ел ішіндегі батырларды көтерсе, батырлар мұны көтерді. Осындай ерлермен үзеңгі қағысып, бірге соғысқан Абылайда да арман жоқ. ...Бұқар – Абылайдың әулие тұтқан бірден-бір ақылшысы еді ғой. Мұның кем-кетігін қорқып-бұқпай бетке айтатын жалғыз адам – сол Бұқар ағаң болатын. Абылайдың қадірін елден бұрын танып, әспеттеп, көкке көтерген де – сол әулие еді...» (жазушы Қ.Жұмаділовтың «Абылайдың ақырғы күндері» мақаласынан, «Жұлдыз», 2012, №10, 25-б.).

1771 ж. Абылай Жоңғарға өтпек болған Еділ қалмақтарының әскерімен шайқасты; бұл тарихта «Шанды жорық» деп аталды.

1771 ж. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет қайтыс болғанан кейін, оның орнына қазақ дәстүрімен ақ киізге көтеріп, Абылайды Орта жүздің ханы етіп сайлады.

1771–74 ж. қырғыздармен арадағы қақтығысты жағдайларды бейбіт жолмен шешуге ықпал етті.

3.7.1772 ж., Абылай ханның Петропавл бекінісінің бастығы генерал-майор С.К.Станиславскийге жолдаған хатынан (№414): Сіздің Петропавл бекінісіне қызметке келгеніңізге бек қуандық. Бекініске үлкен бастық келгенен соң, тентектер мен ұрыларға тыйым болады деген үміттемін. Мына жағдайларды хабарлаймын: Сіздің жақтан бірнеше адам келіп, бір қазақты сабапты, екіншісінің басын жарыпты, атын мылтықпен атып тастапты. Тағы басқа бір адамдарыңыз менің түйешімді тұтқындап алып кетіпті, ауылға келіп ойран салып, бала-шағаны қорқытқан, екі қазақты алып кеткен. Түйешінің есімі Қайырбай, екіншісі Сырлыбай, үшіншісі, Қайырберлі Майлыұлы дегендер. Ауылды тонап, дүние-мүлік алып кеткен. Сіз келгеннен соң, бұзықтар бізге мұнша қияпат жасамас деп ойлаған едім. Жасақтарыңызға айтып қойыңыз, алдағы уақытта мұндай бұзықтық жасамасын, жазықсыз адамдарды тұтқындамасын.



Алып кеткен үш адамды қайтарыңыз, олар ешқашан, ешкімге қиянат жасап көрмеген. Ал, біреулердің бұзықтығын байқасаңыздар, маған қағаз жүзінде хабарлап отырыңыз, өзім жазасын тартқызамын. Мөрімді бастым, Абылай сұлтан (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 269–270-бб.).

2.9.1772 ж., Абылай ханның генерал-майор С.К.Станиславскийге жазған хатынан (№418): Сіздерге менің қол астындағы қазақтардан үш тұтқын қашып кетіпті. Екеуі – түркімен, біреуі – башқұрт. Олар өздерімен бірге төрт ат, бір доға әкеліпті. Тағы да екі торғауыт қалмақ жаяу қашыпты. Башқұртты талап етпейміз, ал, түркімендер мен қалмақтарымызды аттарымен қайтаруды сұраймын. Егер біздің тұтқындарды қайтармайтын болсаңыздар, арты жақсы болмайды, дос көршілік, қарым-қатынасымыз бұзылады. Біз де тұтқын Ресей азаматтарын қайтармаймыз (сонда, 273-б.).

29.7.1773 ж., Абылайдың генерал-майор С.К.Станиславскийге тілмаш Е.Түсмәметов арқылы жіберген хатынан (№443): ...Сіздердің қолдарыңызға ұрлық жасады деген күдікпен түскен қазақтарды таза жерде, тек қана таза жерде ұстауларыңызды сұраймын. Олардың ісінің анық-қанығына жеткенше, таза жерде ұстаңыздар, оларды қорлап, жәбірлеуге жол бермеңіздер.. (сонда, 296-б.).

3.11.1773 ж., Абылайдың Қытай губернаторына жазған хатынан (№450): «...Мен сіздерге сыйлыққа бір ат жібердім. Сондай-ақ елшім Түгел арқылы аздап саудаға салатын мал жібердім. Сіздерден осы малдарды саудалау ісін жақсы жүргізіп берулеріңізді сұраймын» (сонда, 301-б.).

1773–75 ж. Абылай қазақтың оңт. шекараларын нығайту мақсатымен Ташкент төңірегіне шабуыл жасап, Шымкент, Ташкент бекіністеріне өз адамдарын отырғызады; хан бұл жорықтарға Көкшетау–Есіл–Нұра–Сарысу–Шу–Талас бағытымен жүргендіктен Абылай жолы аталып кеткен.

31.1.1774 ж., Абылайдың ұлы Әділ сұлтанның Қытай патшасына жолыққаны туралы (№455): «...Қазақ ханы Абылайдың ұлы Әділ сұлтан бастаған 15 адам... Ежен ханмен дидарласты...» (сонда, 305-б.).

11.3–10.4.1774 ж. Қазақ ханы Абылай Қытайдан дәрі-дәрмек сұрап хат жазады.

1775 ж. Қанжығалы Бөгенбай батыр (1690–1775) қайтыс болды.

1775 ж. Торғауыттың Еділден Қытайға өткен Убашы ханы өлді.

1776 ж. Абылай хан Екатерина II-ге елшілерін жіберді.

24.4.1776 ж., Абылай ханның Ресей императрицасына жолдаған хатынан (№466): Ұлы мәртебелі патшамыз, мейірімді анамызға иіліп, тағзым етеміз. Көп жылдардан бері Сіздің мүбәрак жүзіңізді көру құрметіне ие бола алмай жүрмін. Сізге деген зор құрметімді білдіріп, ізгі тілектерімді жеткізу үшін мәртебелі сарайыңызға туған ұлымды жібергім келеді, – деген ниетімді қабыл алсаңыз екен. Оған қоса Сіздің назарыңызға жеткізгім келгені мынау. Марқұм әкемнің (Әбілмәмбет хан) көзі тірісінде сұлтан дәрежесінде едім, енді, міне, қарауымдағы қазақ халқының ұйғаруымен хан сайландым. Сізді биік мәртебеңізге өтініш білдіруші, қазақтың Абылай ханы. Абылай сұлтанның қара мөрі басылған (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 323-б.).

24.5.1778 ж. Ресей императрицасы Екатерина II Абылайға хан дәрежесін бекітуі туралы жарлыққа қол қойылып, қазақ сұлтандарына, ел ағаларына және барлық халқына жарлық хаты жария болды.

20.2.1778 ж., Петропавл бекінісінің коменданты Сумароковтың Н.Г.Огаревке хатынан (№490): 1778 жылғы 2 ақпанда Петропавлдан хабар алдым. Абылай сұлтанның ұлы 17 қаңтарда түстен кейін келіпті. Жанында Дат батыр, Тәуекел батыр, Мамут және басқалары бар. Сіздің бұйрығыңыз бойынша біздің қызметкерлер оларды жақсы қабылдап, күтіпті. Приказчик Лев Степановтан екі қой (әрқайсысы 2 сомнан), 2 сом 90 тиынға екі шелек шарап сатып алып, қонақасы беріпті. Оларды бекініске бастап әкелген 50 қазақ еліне қайтарылды. Абылайдың ұлы (Тоғым сұлтан, кей құжаттарда Тоқ сұлтан деп те жазылады) алты кісімен Орынборға, капитан Бреховқа еріп, 18-күні Петропавл бекінісінен аттанып кетті (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 357-б.).

21.9.1778 ж. Ресей патшасы Абылай сұлтанның Орта жүздің ханы болып бекітілуі грамотасын Орынбор губернаторының атына жіберу туралы жарлық шығарды.

21.9.1778 ж. Орта жүздің ханы Абылайға канцлер А.Н.Паниннің жазған хатынан (№503): Қазақтың Орта жүзінің ханы Абылайға! Ұлыңыз Тоғым сұлтан сіздің хандыққа бекіту жөніндегі өтінішіңізді алып, астанаға келген бойынша, өз міндетім бойынша, патшаға баян еттім. Патшамыз сіздің шын берілгендігіңізді қабыл алып, сізді қазақтың Орта жүзінің ханы етіп бекітті. Патша ағзамның жарлығы бойынша сіз Орынбор губернаторы И.А.Рейнсдорптан тиісті грамотаны, оған қоса өзіңізге арналған атыңыз жазылған қылышты, бұлғын ішік пен сусар бөрікті алатын боласыз... (З.С.Тайшыбай, Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т., 372-б.).

1779 ж. Абылай хан қырғыздармен соғысып, өзімен бірге көп тұтқындарды алып келді.



23.5.1781 ж. Абылай хан әскери жорық кезінде Арыс өз. жағасында қайтыс болды. Қожа Ахмет Иас-сауи кесенесіндегі «айнағас» деп аталатын құлпытастың астына жерленді.

25.7.1781 ж., Абылай ханның қайтыс болуына байланысты Қытай патшасының жарлығынан (№524): «Қазақтың ханы Абылайдың қазасына белгіленген өлшем бойынша аза тұтылсын» (Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, А., 2011, 2-т.,408-б.).

23.8.1781 ж., Уәли сұлтанның II Екатеринадан өзін хандыққа бекітуді сұраған хатынан (№529): ...Менің әкем Абылай хан 69-ға қараған жасында қайтыс болды. Елу жыл бойы патша ағзамға қызмет етті, алпыс тоғыз жыл ешкімге жамандық жасамай, адал өмір сүрді. Абылай ханның артында отыз ұл қалдық. Бәрі де халықтың сыйлы ел ағалары, игі жақсылары. Олар да, әкеміз Абылай хан сияқты, патша ағзамның құзырына бағынып, адал қызмет етуге ниет білдіріп отыр. Мәртебелі патша ағзам! Абылай әкеміздің орнына әділдікпен лайықты хан сайлау туралы хатыңызды алып, біздің бүкіл қазақ ордасының сұлтандары мен кара халқы, бас қосып, қоғамдық кеңес үстінде мені хандыққа сайлап, әкем ұстаған билік тізгінін қолыма тапсырды. Сіздің мейірімді ықыласыңыз түсіп, мені хандыққа бекітеді деген сеніммен, Абылай ханның дәрежесін маған беруіңізді сұраймын. Бұған қоса, әкеміз Абылай ханның тұсында менің інілерім мен ел ағалары патша ағзамның сарайына шын ниетімен қызмет еткенін жеткіземін: Атап айтқанда, олар: сұлтандар – Шыңғыс, Рүстем, Жиһангер, Шығай, Тоғым, Қасым мен Байыр; ел ағалары – Дәуітбай тархан, Байжігіт тархан, Жанғи баһадүр, Бекболат би, Бекше би, Нұрқабек, Төлек, Септен, Хош, Оразхан, Сарықазак, Отаршы, Дат баһадүр, Тәуекел молла, Құлыбек, Бабеке, Баубек, Шауқан, Байтоқа, Ток баһадүр, Алыпқар мен Пәшен, осыларды да мейіріміңізден тыс қалдырмаңыз Мәртебелі патша ағзамның тағына адалдық білдіріп, тағзым етіп қайтуға және сіздің шапағатыңызға бөленуге кіші інім Есім сұлтанды, оған қоса Төлек мырзаны, Шауқал батырды, Байтоқаны, Тілеуқабалды, Мырзатайды, Қойлыбай мен Тоқашты және Есімге құтуші ретінде екі адамды жіберіп отырмын (сонда, 412–13-бб.).

1782 ж. ген.-поручик И.В.Якоби Петропавл қ-нда (бекінісінде) Орта жүздің ханы деп Абылайдың үлкен ұлы Уәлиді жариялады. Уәли – Абылай ұлдарының ең үлкені. Әкесі өлгеннен кейін хан сайланып, Россия оны бекіткен. Бұл оқиға 1782 жылы болған. ...Адамның өткен өміріне шолу жасататын, тәубесіне келтіретін, сәті мен сәтсіздігін, істерінің жөнді, жөнсіздігін көңіл таразысына салдырып, есін жинататын оқиғалар болады. Бөкейдің орыстарға өзін Орта жүзге хан сайлауын сұрап жазған хаты Уәли үшін сондай оқиға болды. Ал орыстардың Бөкейге: «ру билері сенің хан болуыңды қолдап, бізге қағаз түсірсе, онда өтінішіңіз қабыл болады» деп кісі жіберіпті дегенді естігенде, тағынан түсіп ордасын кезіп кетті. «Мына Ораз тұқымының көкуін-ай! Оған билеп-төстейтін халық аспаннан түспейді. Орта жүзге жармаспақ! Дүние не болып бара жатыр?» Уәли ойы ә дегенде ашық күнгі сайрап жатқан жолдай айқын жөнге түсе қоймады. Әрі қараңғы, әрі тұманды түнде бір орынды айнала бергенге ұқсайды. Не болмаса ол қалай қарай бұрылмасын бетке ұра беретін Арқаның боранындай үйірілді. Үшінші атасының аты Абылай еді. Одан туған бала Уәли атанды. Өз әкесі Сабалақ та Абылай есімін қабылдады. Ол да баласына әкесінің есімін беріп еді. Алғашқы Абылай төңірегіне соғыс салып тыныштық бермегеннен кейін қанішер атанды. Оның баласы Уәли әкесінің даңқы мен жасап берген дәулеті былай тұрсын, өз басына да ие бола алмады. Көрші хандардың бірі Түркістан қаласын алып, Уәлидің өзін бас қылып, бір түнде бала-шағасын қырып кетті. Сабалақ бір құлдың көмегімен ғана аман қалды... Уәли хан өткен замандарға көңіл көзін салып қараса, аталары басынан көшкен оқиғалар өзі өмір сүрген заманда екінші рет қайталанып бара жатқандай. Өз әкесі Абылайдың беделі қандай болып еді? Көрші елдердің бәрі де одан ақыл-кеңес сұрап, ордада елшілер сапырылысып жүрмеп пе еді? Қалмақ ханы Қалдан әйелдікке қызын, орыстың қатын патшасы грамотасы мен шен-шекпенін, Богдохан анбань деген атағын беріп, қылыш сыйлады. Оны қазақтың үш жүзі бірдей хан таныды. Ал одан туған Уәли ше? Оған әкесінің тағынан басқа не қалды? Мұның үлесіне қазақ даласынан Сыр, Есіл, Ертіс, Шу бойларын жайлаған халық түгел тиіп еді. Әкесінің өсиетін орындап, қараға қайырымсыз болды. Мұның аяғы неге әкеп сайды? Шоң бастаған сүйіндік, алдымен, бұдан теріс қарап кетті. Қаракесек Бөкей тұқымының ықпалына шырмалды. Қаңлы мен қоңырат Қоқан қолында, керейдің жартысы орыс жағына өтіп кетті... Сонда мұның да әкесің қанішер Абылайдың атақ-даңқына ие бола алмай қарақшы қолынан өлген өзі аттас атасына ұқсап қалғаны ма? Егер Абылай есімділер шетінен мықты болып, Уәли есімділер үлесіне ездик тие берсе, онда бұл да әкесінің есімін қабылдар еді ғой. Жоқ, мұның таққа отырған кездегі алғы мақсаттарының бірі өзі аттас атасының есімін де биікке көтеру еді. Енді қарап отырса, өзі сол атасының ізімен құлдырап бара жатқанға ұқсайды. «Жоқ!» – деп түйді кенет Уәли ойын. – Орыстың қатын патшасынан алған грамота қағаз мұнда да бар. Оның бетінде орыс патшалары анасының қолы тұр, мөрі бар. Ендеше олар Уәли хандығын бөлшектей алмайды. Уәли оны бөлшектеуге бермейді» (Исабай Қ., Шоң би, Аст., 2005, 128, 146 және 147-бб.).

1783 ж. Әбілмәмбеттің ұлы Әбілпейіз қайтыс болды.



1783 ж. Абылай ханның келіні Айғаным Сарғалдаққызы өмірге келді.

1784-86 ж. Қаракесек Жарылқап батыр (1733–1784/86) өмірден озды.

1785 ж. Олжабай Толыбайұлы қайтыс болды. «Әр 10–12 түтіннен – ауыл, 60–70 ауылдан – болыс, 20–30 болыстан – дуан. ...Төртұлы деген халықты естіген шығарсың. Осы халықты алғаш жасаған Сәти бабамызды сенің атаң Абылай құптаған. Құптағаны емей немене, «мұның қай халық?» деп сұрамаған. Мен осы отырғанымда, Абылай хан таныған сол Төртұлының елшісімін. Шоңның жұмсауымен жүрген де? Баяғы «ақтабан шұбырынды» деп, Абылайдың тілін алмаса, қазақ жері жаудан арылар ма еді? Ол Абылай – хан, мына Шоң қара ғой? Төртұлының ішкі өмір тынысында аталған бабаларымыздың бәрінің ісінің үлгісі бар. Бірақ сол Абылайдың аруағын сыйлау жоқ қой. Абылай хан туын кім ұстатқанын ұмытпағайсың, төре. Айдабол мен қаржас ата қонысына қайтып келіп жайғасқаннан кейін он-он бес жылдан соң жоңғарлықтардың Орта жүзге қайта атой салғаны бар. Сонда қыруар қолды басқарған Олжабай ала туды асқақтата шаншып қойып: Мынау – Абылайдың туы. Бұл ту «ақтабан шұбырындыдан» кейін жеңіске жеткен қазақтың аспанында желбіреген және үш жүздің басын қосқан. Жау қайта шапқанда, Абылай хан осы туды бізге жолдапты. Бұл – жеңіске жетектейтін ту! – деген екен. Абылай туын расымен Олжабайға беріп жіберді ме, болмаса, батыр оны өз қолымен жасап жасағына жігер берді ме, мәселенің бұл жағы жанға жария емес. Халық бір-ақ нәрсені біледі: Сол тудың астында қазақ ол жолы да жеңіске жеткен. Содан халық арасында «Абылай ала туын Олжабайға ұстатқан» деген сөз қалған. Бұл оқиға жөнінде, «олай болмаған» деп әлі ешкім бас шайқаған емес. Мұны Нұрмағанбет те жоққа шығара алмады (Исабай Қ., Шоң би, Аст., 2005, 497, 535-6.).

1787 ж. әйгілі жырау, Абылайдың ақылшы биі, абыз Бұқар жырау (1693–1787) 94 жасында дүние салды; осы жылы қоралас Жауғаш батыр Қырбасұлы (1738–1787) қайтыс болды.

1792 ж. Қазақ хандарының беделіне қарай лайықты бекітілуі және сайлау кезінде ұлттық дәстүрді ескеру жөнінде жарлық жарияланды.

1793 ж. Ұлы жүздің сұлтаны Тоғым бастаған қазақтар Ертіс өңіріне қарай көшті.

1794 ж. Уәли хан Пекин қ-на елшілік жіберді және Боғдаханның қоластына берілді.

1795 ж. Қойгелді дүниеден озды. ...Төле бидің бұйыруымен Қойгелді бастаған қол Ташкентті 1739 жылғы күзде соғыспен қайтарып алды. Осы кезден бастап Төле би мен Қойгелді өзі елін отырықшыландыруға, суармалы егіншілікпен айналысуға, балаларды медреседе оқытуға көп көңіл бөледі. Болашақ айқастарға даярланып, батырларды Абылай сұлтанға, Сарыарқаға жібереді. Бұлардың арасында Мәмбет, Сенкібай, Шойбек, Жауғаш сияқты батырлар болған. 1750 жылдың бас кезінде қырғыз манаптары Төле бидің қалмақ қоңтайшысы қолындағы Жолан деген баласы аманаттан қайтып келе жатқанда тұтқынға алады. Қойгелді бастаған қол Жоланды босатуға аттанады. Бұларға Абылай сұлтан бастаған арқа қазақтары көмекке келеді. Сөйтсе де Қойгелдінің аса ірі қолбасшылық дарыны 1758 жылдардағы жоңғар басқыншыларына қарсы ақтық шайқастар кезінде көзге түседі. Оның басқарған қолы 17 мың адамға жетеді. Құрамында Ұлы жүз жігіттерінен бөлек қоңырат, қыпшақ, рамадан сияқты орта жүз, кіші жүз, сондай-ақ қарақалпақ бауырлар болады. Қойгелді бастаған қалың қол Абылай, Қабанбай, Бөгенбай әскерлерімен қосылып, қазақ жерін жоңғар басқыншыларынан біржолата азат етеді. ...Қойгелді сарбаздары қазақ жерін жоңғарлардан бөлек қырғыз, түрікпен, Қокан, Қиуа, Бұхар басқыншыларынан да босату жолында көп ерлік көрсеткен. Қойгелді соғысқан жерлер Қазақстанның оңт. өлкесінде жиі ұшырасады. Бір ғана Талас өңіріндегі Қотырбұлақ, Майтөбе, Ақкөл жеріндегі шайқастарының іздері әлі күнге дейін сайрап жатыр. Сол соғыстарда қырылған қалмақтардың обалары төрткүл төбелер ретінде сақталса, туған жерін қорғауда шейіт болған қазақтардың зираттары да айқын байқалады. Кейін туған жерін жоңғарлардан босатқаннан кейін Қойгелді еліне қоныс бөлгенде осы бауырлары қаза тапқан жерлерді таңдапты. Мәселен, қазір «Майтөбе» кеңшары орналасқан Майдан төбені Қойгелді басқарған жауынгерлер әуелі қалмақтардан, одан кейін қырғыздардан, үшінші рет түрікпендерден азат еткен. Бұл соғыстар туралы аңыздарды әлі күнге дейін айтатын қариялар баршылық. Қойгелді Төле би өлгеннен кейін оңтүстіктегі Ұлы жүз қазақтарын өзі өлгенше қырық жылдай басқарған. Оның мемлекеттік қайраткерлігі, көршілес Орта Азия хандарымен байланысы туралы әртүрлі аңыз-әңгімелер аз емес. Бұл жайлар зерттей түсуді керек етеді. ...Қойгелді батыр тарихи деректерге және ұрпақтарының білікті адамдарының айтуына қарағанда шамамен 1702 жылы туып, 1795 жылы қайтыс болған сияқты. Кейбір кісілердің әңгімесі бойынша тоқсан жастан асқанда Мекке-Мәдинаға қажылыққа барып қайтып, дін жолына көбірек түседі. Арыстан баб әулие мазарына зират етіп жүрген кезінде көз жұмып, сүйегі сол кездегі қазақ дәстүрімен Қожахмет Иассауи жатқан Түркістан қаласына қойылады. Қойгелді батырдың сауытының жұрнақтары мұндағыға дейін сақталып келген еді. Ал сары ала туы 1948 жылы Мыңжасарұлы Тайтелі деген ұрпағының үйімен бірге кездейсоқ өртеніп кеткен. Қойгелді ұрпақтарынан Жетібай, Бөлтеш, Жампоз, Бұралқы, Керімбай



сияқты билер, Өтеболат, Қырғызбай, Байшағыр, Қарабатыр, Шоңды сияқты батырлар шыққан. Қазір Жамбыл облысында бір шаруашылық, Жамбыл қаласында бір үлкен көше Қойгелді есімімен аталады. Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтар ақиқаттары анықталып жатқанда есімі әдейі ұмыттырыла бастаған Қойгелді сияқты батырлардың ерліктері қайта айтыла бастады. Ол өзінің қолбасшылық, қайраткерлік еңбегі жөнінен Қабанбай, Бөгенбай сияқты бабаларымызбен қатар айтылуға лайықты ірі тұлға («Төле би мен Қойгелді батыр» жинағынан, А., «Қазақстан», «Мерей», 1992, 5–7-бб.).

1798 ж. Әбілқайыр ханның немересі Есім хан қайтыс болды.

1800–1801 ж. Бөкей ордасы құрылды.

1802 ж. Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы туған; осы жылы Абылай хан есімімен қатар аты ұранға айналған Шұбыртпалы Ағыбай батыр да өмірге келді. Орыс отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі, батыр әрі шешен Сырым Датұлы (1723–1802) Хиуа қ-нда белгісіз себептермен дүние салды.

1808 ж. батыр Мәмбет Күнбасұлы (1711–1808) қайтыс болды.

1811 ж. Абылай ханның немересі Шыңғыс Уәлиханов өмірге келді.

1814 ж. қоқандықтар Түркістанды және Ұлы жүзді өзіне бағындырды.

1816 ж. Тоғай хан қаза болды.

1819 ж. Барақ ханның баласы Бөкей хан (1737–1819) қайтыс болды.

1821 ж. Абылайдың ұлы Уәли хан (кейбір деректер бойынша 86 жасында; 1738/41–1820 ж.) өмірден озды.

1822 ж. Абылай ханның немересі, Кенесарының інісі Наурызбай Қасымұлы туды.

1822 ж. хан өкіметі (Қазақ хандығы) жойылды.

1823 ж. қытайлықтар Абылай ханның немересі Ғұбайдолланы хан деп таныды.

1824 ж. Қарқаралыға Бөкей ханның немересі Тұрсын Жамантайұлы Шыңғысов, ал Көкшетауға Уәли ханның ұлы Ғұбайдолла аға сұлтан болып сайланды.

1824 ж. Уәли ханның жесірі Айғанымға өзінің қалауы бойынша үй және мешіт салып беруге бұйрық берілді.

1826 ж. Баянауылдың іргесі қаланды. Осы жылы Петропавл қ-нда Абылайдың ақ үйі аталған ғимарат тұрғызылды.

1833 ж. Баянауыл сыртқы округі ашылып, оның аға сұлтаны болып Шоң би Едігеұлы сайланды.

Уәли Шоңды соңғы рет төрелер мен билер өзін хан сайлағанда көрген. Астапыралла, олай емес екен-ау, ол күні әкесі Абылайдың қыркы берілді де, соған жиналған ел басшылары артынан Уәлиді хан сайлады. Хан тағына отырғаннан кейін «кім болды, кім болмады» деп сұрағанда біреулер Шоңның Абылайдың қыркына Сүйіндік атынан үлестерін ала келіп, қатысып, Уәлиді хан сайлау салтанатынан кетіп қалғанын айтты. Осы хабарды естіген жерде тіксініп қалған Уәли, міне, отыз екі жыл бойы Шоңның сол қылығын ұмыта алмай келеді. Ұзақ жылдар бойы ол Шоңды алдына келтіру үшін не істемеді, қандай айла-тәсілге жол бермеді, бірақ мақсатына жете алмай-ақ қойды. Шоңның ұстанып отырған саясатынан Уәли жамандай қорқады – Сүйіндік руларын төрелерге билетпей келеді. Билетпей емес-ау, Сүйіндік арасынан төре атаулыны аластатты. Осыны көріп қанжығалы, шұбыртпалы, керей, найман, алтай, қарпық руларынан да төрелерді сыртқа тебетін біреулер табылса, онда Уәлидің хан боп отыруының өзі екі талай ғой. Одан асып бүкіл халық ақ сүйексіз-ақ өмір сүреміз десе, төрелер қайда барып күн көрмек? Шоң саясатынан Уәлидің қорқатыны осы. Сөзбен иіп, табаны астына басайын десе, хан басымен қараға баруға арланады. Ал қараның өзі мұны мүлде керек қылатын емес. Ол өзінің осынысымен-ақ төңірегіне төресіз – хансыз өмір сүре алатынын көрсетіп отырғандай. ...Ол – Уәлидің кіші әйелі – отыз жасар Айғаным. Келгеннен бері әр жаққа құлақ түріп, әркімнен сөз суыртпақтап, Уәлидің үлкен әйелінің Сырымбетте қалып, мұнда Айғаныммен отырғанын естіген. Айғанымның ақыл-парасаттылығы, білімділігі, адамның ойын айтпай-ақ танығыштығы алты алашқа аян. Үкібай енді Ғұбайдолладан өзін сол кісіге жолықтыруын өтінді. Ғұбайдолла бас тартқан жоқ. Алайда, бұдан Үкібай жүзіне кіреукеленген көңілсіздік шымылдығы сыпырылмады. Айғаным Сүйіндік адамдарына хан есігін аша ма деп, дәмеленген ең соңғы адамы. Егер бұл кісі көмек қолын созбай: «Ел арасындағы егесте жұмысым жоқ» деп отырып алса, не істемек? Қожы қанша дегенмен Абылай тұқымы. Ал Айғаным Абылайдың келіні... Айғаным Уәлидің қартайған шағында кіші әйел боп түссе де, ханның өзінен бұрынғы өмірінен тез арада хабардар болған. Соның бірі – Сүйіндік руларының ханға қалыңдық атамағаны. Айғанымның қазақтың осы бір атасына жылы ықыласпен қарайтыны да осы еді. Сол себепті Ғұбайдолланың өтінішін құп алып, қонақтарға көмектесуге барлығын айтты (Исабай Қ., Шоң би, Аст., 2005, 46–51-бб.).



1833 ж. Үшбұлақ сыртқы округі ашылды. Осы округтің аға сұлтаны болып Абылай ханның немересі Нұрмұхамет Сыздықов сайланады.

1834 ж. Аманқарағай сыртқы округі ашылып, оның аға сұлтаны болып Шыңғыс Уәлиханов сайланды

1835 ж. қазақтың ұлы ғалымы, Абылай ханның ұрпағы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов дүниеге келді.

1836 ж. Абылай ханның немересі Саржан сұлтан Қасымұлы өмірден озды.

10.8.1845 ж. ұлы ақын Абай Құнанбаев (1845–1904) өмірге келді.

1858 ж. ақын, ойшыл Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниеге келген.

1860 ж. Көшек ханның немересі Әлікен (Әликен, Әлиакбер) хан қайтыс болды.

25.3.1866 ж. қоғам және мемлекет қайраткері Ә.Н.Бөкейханов (1866–1937) өмірге келді.

21.11.1885 ж. Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын М.Дулатов (1885–1935) туған.

15.1.1873 ж. Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, көсемсөзші А.Байтұрсынов (1873–1938) өмірге келді.

25.12.1889 ж. Алаш қозғалысының қайраткері, көсемсөзші Мұстафа Шоқай (1889–1941) дүниеге келді.

25.6.1893 ж. ақын, Алаш қозғалысының қайраткері М.Б.Жұмабаев (1893–1938) туған.

1.5.1894 ж. ақын, жазушы І.Жансүгіров (1894–1938) өмірге келді.

15.10.1894 ж. жазушы, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері С.Сейфуллин (1894–1938) дүниеге келді.

26.12.1894 ж. мемлекет қайраткері Т.Рысқұлов (1894–1938) туған.

1896 ж. жазушы Б.Ж.Майлин (1896–1937) дүниеге келді.

28.9.1897 ж. ұлы жазушы, қоғам қайраткері, ғалым М.О.Әуезов (1897–1961) өмірге келді.

1898 ж. айтыс ақыны Сүйінбай Аронұлы (1815–1898) қайтыс болды.

31.3.1899 ж. ұлы ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері Қ.И.Сәтбаев (1899–1964) дүниеге келді.

11.5.1904 ж. ғалым Ә.Х.Марғұлан (1904–1985) туған. Ол кезінде «Ақынды айтсақ – Абайға, батырды айтсақ – Абылайға апарып тірмей тоқтамайтын қазағым-ай, батыр біткеннің бәрі Абылайдың төңірегінде жүрмеді ме» – деп ханның тұғырлы тұлғасын биікке көтерді.

1925 ж. «Таң» журналының 4-санында (96–99-б.) М.О.Әуезов Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауын жариялаған: Абылай ханның қасында Бұқарекен жырлайды. Жырлағанда не дейді?! Соғыспа деп жырлайды, Зарын қосып жырлайды, Соғыспа деп жырлайды Бұқар деген кәріңіз. Соғыспен кетер сәніңіз. Жауластық жолды сүймеңіз, Мынау жалған сұм дүние, Өтпейді менен деменіз. ...Ашуланба, Абылай, Ашулансаң, Абылай! Көтерермін, көнермін, Көтеріп қазыға салармын. Өкпеңменен қабынба, Өтіңменен жарылма, Басына мұнша көтерген, Еліңе жаулық сағынба. Күнінде мендей жырлайтын, Мініңді айтып сынайтын, Токсан үштегі қария Ендігәрі саған табылмас.

1927 ж. М.О.Әуезов, «Әдебиет тарихы» кітабынан: ...Әдебиетте қалың елдің бұл қайғысы Абылай айналасынан шығады. Абылай маңына жиналады. Себебі сол аласапыран дәуірде қалың елдің «қайрандап жан қала ма» деген Қазықұрттай үміті, жалғыз ғана Абылай басында қалған болатын. Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін, ту көтеріп бір араға жиған Абылай болатын. Бұлай болса, кейінгі заманда туатын үлкен тарихи оқиғалар мен тарихи жырлары түгелімен Абылай заманынан суат алады. Қазақтың жат елге бағынбай өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салуы, Абылай заманынан бері қарай 19 ғасырдың ортасынан ауғанға шейін жаңа саяси бет сияқты болады. Бірақ ол кезде елі бала еді. Орыс үкіметі әрі қу, әрі мықты еді. Сондықтан Абылай тілегі іске аспады. Ел бағынды. Бұрын орысты құбыжық көріп, сене алмай, бағынбаймын деп жүрген ел бағынған соң не көрді? Көргені көп...

1943 ж. Б.Кенжебаевтың «Абылай» атты кітапшасы жарық көрді.

1961 ж. Алматы қ-нда қазақтың ұлы ғалымы Ш.Ш.Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағы шықты; соның 1-томында ғалымның Абылай атты мақаласы (1-т., 426–30-б.; 2-бас., 1985, 4-т., 111–16-бб.) жарияланды.

1972 ж. тұңғыш рет қазақ тілінде 12 томдық Қазақ совет энциклопедиясының (КСЭ) 1-томы жарық көрді, онда Абылай хан туралы алғаш рет энциклопед. мақала (авторы Қ.С.Әбілханов) жарияланған.

1973 ж. Алматы қ-нда жазушы І.Есенберлиннің «Жанталас» атты тарихи романы жарық көреді.

1991 ж. Көкшетауда Абылай ханның 280 жылдық мерейтойы өтіп, Респуб. ақындар айтысы ұйымдастырылды.

2.8.1991 ж. Көкшетау қ-нда «Абылай және 18 ғасырдағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі» деген тақырыпта ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияны Қазақстан ҰҒА-ның президенті Ө.М.Сұлтанғазин ашып, Ж.М.Әбділдин, Р.М.Сүлейменов, М.Қ.Қозыбаев, Ғ.С.Сапарғалиев, В.М.Моисеев, Ш.А.Уәлихан, Қ.Қ.Әбуев, Н.С.Ыбыраев, тарихшы, философ, заңгер, фольклоршы т.б. ғалымдар баяндамалар жасады; олардың баяндамаларында Абылай ханның ержүрек батырлығы, мемл. қайраткерлігі, тарихи қолбасшылық қызметі жан-жақты ашылып көрсетілді.



Ө.М.Сұлтанғазин, акад.: Кемеңгер қайраткер, ержүрек батыр, дарынды қолбасшы ...Сол себептен де бүгінгі конференция Қазақстанның ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі – Абылай тану мәселелеріне арналып отыр. ...Бізді бүгін Абылай дәуірінен 300 жылдай уақыт бөліп тұр. Қазіргі уақыт тұрғысынан қарасақ, Абылайдың қазақ хандығының беделін халықаралық деңгейге көтеруіне, қазақ мемлекетінің шын мәнісіндегі тәуелсіздігі мен байланыс орнатуда үлкен еңбек сіңіргені бәрімізге айқын («Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 8–9-бб.).

Ө.Жәнібеков, тарихшы-этнограф: «Қазақтың аңыз-жырларында, – деп жазған Шоқан Уәлиханов – Абылай есімі өте бір әсерлі мәнге ие болған. Жұрт Абылай дәуірін қазақ қаһармандығының кемелденген тұсы деп сезінеді. Абылайдың жорықтары, батырларының ерлігі тұрмыстық-салттық дастандардың арқауына айналған». Бұл жерде ғалымның Абылай дәуірі, Абылай заманы деп атап, түстеуі тегін емес. Шынында да, Абылай өмір сүрген 18 ғасыр – Қазақстан тарихында өзгеше, ерекшеленіп көрінетін, қазақ қоғамының сілкініп оянып, қанатын қомдап, оң-солына жіті қарай бастаған тұсы. ...Жұрт оның есімін жауға шапқанда айтатын ұранға, басына іс түсіп, нар тәуекелге бел байлаған шақта, қиналғанда сиынатын ұранға айналдырған. Абылай – аса ірі тұлғаға тән зеректілігімен, ақыл-парасатымен, «Ханың мен» деген қамқорлығымен дараланған жан. ...Іскер басшы, терең ойлы қайраткер болған Абылай қазақ елін өз кезіндегі ықпалды мемлекеттермен тең дәрежеде ұстаған. 18 ғасырдың ортасында Евразия белдеуіне орналасқан күштердің ара салмағын, даланың байлығына ұмтылған шығыстағы күдіретті Қытай империясы мен оңтүстік және оңтүстік-батыстағы Орта Азия хандықтары тарапынан төнген қауіп-қатерді ескере отыра, Абылайдың 1740 жылы Ресей бодандығын қабылдағаны оның көреген саясатшы, заманының аса көрнекті мемлекет қайраткері болғанын көрсетеді. Абылай жөнінде белгілі тарихшы Алексей Левшин былай деп жазған: Өзінің қадір-қасиетін жақсы түсінген ол – Абылай – жұртты ақыл-айласымен, сабырлы салмақтылығымен маңайына топтастыра білді. Жауын сұсымен де, күшімен де сескендіре отыра, ол өз қалауымен біресе Ресейдің, біресе Қытайдың бодандығын қабылдауға мәжбүр болғанымен шын мәнінде ешкімге де бой ұсынбаған тәуелсіз басшы болды. Қарапайым халықтың Абылайға арқа сүйеп, оны хан көтеріп соңынан ілесуі тегіннен тегін болмаса керек. Оның шын мәнінде елдің қамын ойлаған пиғылы, халықтың бірлігін нығайтуға ұмтылуы қазақ хандарынан бұрын-соңды ешкім көрмеген абырой мен даңққа бөленген. Өз билігін нығайту жолында күреске әсіресе, жергілікті хандардың, би-сұлтандардың билігін әлсірету үшін Абылай үш жүздің аға билеріне арқа сүйеген. Абылай хандық құрған тұста олардың ішкі және сыртқы саясатқа ықпалы өте күшті болған. Ұлы жүздің аға биі Төле би Әлібекұлы, Орта жүзді билеген Қазыбек Келдібекұлы, Кіші жүзден Әйтеке би Байбекұлы – Қазақстанның сол кездегі дарынды мемлекет қайраткерлері. ...Ресми түрде солай болғанымен Абылай есімі халық санасынан өшкен емес. Абылай туралы өлеңдер, жырлар, дастандар ұрпақтан ұрпаққа өтіп, бізге де жетті. ...Абылай – қазақ өз бостандығына өзі ие, егеменді ел болсын деген саясат жүргізген адам. Абылайдың сол арманы бүгінде іске асып, Қазақстан егеменді ел бола бастады («Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 9–13-бб.).

Ч.М.Әбутәліпов, Көкшетау обл. к-тің 1-хатшысы: Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің айтқанындай: «Қазақтың дербес ел болуына, басы қосылып бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруына Абылайдай көп еңбек сіңірген кісі болған емес». ...Жалпы көңіл бөлетін бір жай – Абылайдың қайраткерлік қызметі, әскери өнері, елшілік мектебі бір-бірімен біте қайнасқан, бір-бірін толықтырып отырған. Абылайдың ұлпылығы сол – ол осы үш өнердің үшеуін де қатар ұстай білген. Содан болар, қарсыластарының өздері оған тәнті болып, одан үйренуге, үлгі-өнеге алуға тырысқан. ...Абылай, сөз жоқ, өз заманының озық, ойлы азаматы болды. Өзінің қас дұшпаны – жоңғар билеушісі Қалдан Сереннің: «Ол өз заманынан жүз жыл бұрын ерте туды, бүкіл әлемді билеу қолынан келеді» деуі тегіннен тегін айтылмаған болар («Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 14–15-бб.).

М.Қ.Қозыбаев, акад.: Абылай және оның заманы: ...Абылай хан тұлғасы жалаң, жадағай идеологияландырылған схемаға сыймайды. Ол өте алып та, тұңғыықтай терең де тұлға. Оны тудырған оның сол ғажайып қайшылықтарға, қиындықтарға толы заманасы. ...Шоқан айтқандай, барша халық оның жаңалығына сүйсінді, оны пір тұтып, Алланың әмірімен көз жасы боялған елдің тілегі мен батасы Абылай атағын аспаннан бір-ақ шығарды (Валиханов Ч.Ч., Собр. соч., в 5 т., т. 4, 112-б.)... Іс жүзінде Абылай тек қана Орта жүзді ғана емес, бүкіл үш жүзді өз аузына қаратты. ...Абылай хан туралы атақты тарихшы А.И.Левшин: «Абылай тәжірибесі, ақыл-айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғдо ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді» (Левшин А., Описание киргиз-кайсацких орд и степей, СПб, 1832, т. 1, 264-б.) – деп суреттейді. ...18 ғ.



орта шенінде Абылай шығыспен де, батыспен де сауда-саттық ісіне назарын аударды. «1762–1764 жылдар арасында, – дейді қазақ тарихының Геродоты атанған А.И.Левшин, – қазақ даласында айырбас сауда орындары көбейді. Бұрын айырбас сауда тек Орынборда ғана жүргізілетін болса, енді Троицкіде, Семейде, Қызылжарда жүргізілетін болды. Мұның соңғысы Абылайдың орыс өкіметінен сұрауы бойынша ашылды» (Левшин А.И., Описание киргиз-кайсацких орд и степей, 242–43-бб.). Қазіргі Семей облысы, Абай ауданының батысынан басталып, Шыңғыс тауын бөктерлеп, Ертіс өзенінің сол жағын бойлай шығысқа – Қытайға қарай сауда жолы салынды. Халық оны «Абылай жолы» (ҚСЭ, т. 1, 96-б.). Міне, осылай экономикалық байланыс арқылы саяси қарама-қайшылықтар тоңы жібі түсті. Осы тұста орыс шығыс саясатының жандайшабы Қазанның мырзасы шоқынды Қутлу Мұхаммед (А.И.Тевкелев) Абылайханды қазақ елінің «ең қу, ең ықпалды» (Валиханов Ч.Ч., Собр. соч. В 5 т., т. 4, 113-б.) билеушісі деп мойындады. Қалдан Серен өлгеннен кейін құба қалмақтардың берекесі кете бастады. Ғұлама тарихшы В.В.Бартольд өзінің «История турецко-монгольских народов» атты еңбегінде «самым могущественным из ханов XVIII в. был хан Средней орды Аблай (1771–1781)» – деп түйіндейді (Бартольд В.В., Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов, М., 1968, т. 5, 224-б.). ...Қазақ халқы қанша жасаса, аруақты Абылай аты, оның даңқы сонша жасай береді («Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 16–26-бб.).

Р.Б.Сулейменов, акад.: Роль и место Аблая в национально-освободительной борьбе и объединении казахского народа в единое государство в XVIII веке. 18 в. вошел в историю казахского народа как эпоха Аблая. ...Многогранный талант Аблая особенно ярко раскрылся в ходе борьбы казахского народа с джунгарскими и цинскими завоевателями. ...Наш долг как профессиональных историков глубоко и всесторонне изучить его деятельность, его сложную противоречивую личность, окружение и эпоху. 35-б («Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 27–35-бб.).

Ж.М.Әбділдин, акад.: Абылай – тарихи тұлға. Мен Абылай тұлғасына философиялық тұрғыдан тоқталғым келеді. ...Қазақ халқының санасында Абылай шын мәнінде тарихи тұлға ретінде баяғыда-ақ орнығып қалды. ...Сондықтан да бар қазақтың басын біріктіріп, шығыс пен батыстағы алпауыт көршілеріне тәуелсіз, біртұтас қазақ мемлекетін құруға қолы жеткен Абылай халықтың санасында тарихи тұлға болып орнығып қалған. ...Бірақ шын мәнінде Абылай ханның тұсында қазақ мемлекеті – қазақ хандығы өзінің ішкі де, сыртқы да саясатын ешкімге жалтақтамай дербес жүргізді. ...Ие, Абылай Ресей империясының боданы екенін мойындап, тиісті құжатқа қол қойғаны шындық. ...Абылай болса бұған селт етпеген еді. «Мені үш жүзге хан қылып халқым сайлады, ендеше бұған қоса айрықша бір куәлік алудың қажеті жоқ» деп, ол мәселені келтесінен бір-ақ қайырды. ...Оның Қытай алдында да, Ресей империясы алдында да илікпей, өз мемлекетінің дербестігін бәрінен де жоғары санауы осыдан. Мұндай іс тек тарихи тұлғалардың ғана қолынан келмек. [«Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 35–36-бб.].

Ж.М.Абдильдин, вице-президент АН Каз ССР, акад. АН Казахской ССР «Сын своего времени» (Аблау – 280 лет). Отдавая дань уважения его заслугам перед казахским народом, мы должны всегда помнить и негативных чертах его внутренней и внешней политики, помнить, что он был сын своего времени и своего класса («Степной маяк», 5 сентября, 1991, №171, 2-б.).

Ғ.Сапарғалиев, акад.: Абылай және қазақ мемлекеттігі. Абылай аз халықтың басшысы, ханы болды деп оның тарихи ролін, саяси дәрежесін төмендетуге болмайды. Абылай адамзат тарихында болған ұлы саясатшылардың қатарына жататыны сөзсіз деп есептеймін. Оның негізгі себептері: бірінші – өз халқының мемлекеттік тәуелсіздігін керемет адам айтқысыз жойқын, ауыр жағдайларда сақтап қалуы. Екіншіден, жоңғар, Қытай және Россия сияқты күшті де қуатты мемлекеттердің өзімен санасуға мәжбүр етуінде. Бірінші – Абылай өжет, ер жүрек, ешнәрседен сескенбейтін, тайсалмайтын, тұлға болған. Соғыста болсын, тұтқында болсын, елді билеп, ел арасында жүрсін, Абылай айтқанынан қайтпаған, алдына қойған мақсатына жетпей тынбаған. Мұны дәлелдейтін көптеген тарихи деректер бар. Ол халықтың жадында да сақталған. Үмбетей жырау Абылайға: Жиырма жасың тоолғанда, Қалмақпен соғыс болғанда, алғашқы бақыт тапқанда, Шарыштың басын қаққанда, Қанжығаға бас байлап, Жау қашты деп айқайлап, Абылайлап шапқанда, Сол ерлікпен хан болдың, Барша әлемге даң болдың. Екі жыл жоңғар тұтқынында болған Абылай өжеттігімен, ақыл-ойының, парасатының нәтижесінде төніп тұрған ажалдан абыроймен босанып шыққан. Екінші, Абылай өткір ойлы, терең білімді, шешен адам болғаны айтылады. Түркі халықтарының тілін айтпағанда, Абылай парсы, қытай, орыс тілдерін жетік білген. Жоңғарларда тұтқында болғанда Абылай моңғол тілін жетік үйреніп, оқи да, жаза да білген. Бірінші кездескеннен-ақ Абылай ұмытылмайтын таңғажайып әсер қалдыратын болған. Князь В.А. Урусов Абылайдың осы қасиетін еске алып былай дейді: «Ханнан гөрі Абылай барлық әлемге араласып, жауапты кезде және орынды қайтарып отырды». Абылай



қазақтың заңдарын, қазақ қоғамының саяси жүйесін, оның дәстүрлерін өте терең білген және соларды мемлекеттің тәуелсіздігін сақтауға, қоғамдық, тәртіпті нығайтуға қолдана алатын ел басшысы болған. Ел басшысы қандай болуы керек екенін, халқына қызмет көрсету әміршілерге тапсырылған тағдырдың бұйрығы екенін толығынан түсінген. Соны жүзеге Абылай бар ынта-жігерін, күшін жұмсаған. ...Ал, осы тұста мына бір деректі келтірейік. 1760 жылы патша чиновниктерімен бір кездесуінде ел жағдайы туралы әңгіме болғанда Абылай былай дейді: «Әр халық өз түсінігі бойынша өмір сүрсін, орыстар даналығымен, қалмақтар тапқырлығымен, ал біз қазақтар байлығымен». Осы сөздерді тыңдаған қазақтар бұл әділ сөз деп құптаған. Абылай шекаралас мемлекеттердің – Россияның, Жоңғарияның, Қытайдың, Орта Азия халықтарының саяси-әскери, шаруашылық жағдайларын үнемі бақылап, ойға салып, соған байланысты өзінің саясатын анықтап отырған. Көпшілікті таңдандыратын Абылайдың шебер саясаты – көршілес мемлекеттердің жағдайларын терең түсініп, соны өз пайдасына жұмсауға негізделгенінде. Бірақ кейбір «зерттеушімін» леп өздерін ағайтындар бұл саясатты «жалтақтау, бұлталақтау саясаты» дейді. Бұл мүлде дұрыс емес. Себебі жалтақтау саясатының нәтижесінде тәуелсіздікті сақтап қалу мүмкін емес. Үшінші, Абылай реалист саясатшы болған. Былайша айтқанда, қоғамдық өмірге, халықаралық жағдайларға шындық тұрғысынан қараған мемлекеттік қайраткер. Қоғам ішіндегі мәселелер болсын Абылай оларға реалистік тұрғыдан қарап, шешу үшін күрескен. Деректерге қарағанда Абылай мәселені Кеңеске салудың алдында мұқият зерттеп, соның дұрыс шешілуіне бар күшін салып отырған. Өз пікірін тұжырымдағанда ғана ханға, хан болмай тұрып, не басқаларға, сұлтандарға, билерге, батырларға жалтақтамаған. Өз ойын, пікірін дұрыс деп есептесе, соны дәлелдеп жүзеге асыруға бар күшін салған. Бұған көптеген деректерді келтіруге болады. Төртінші, көрегендікпен қатар Абылай сабырлы, шыдамды саясатшы болған. Алдына қойған мақсатына жету үшін төзіп, күте білген. Мысалы, 1756 жылы қытайлар Жоңғар хандығын жойғаннан кейін Абылай олардың алдына мәселе қояды. Бұрын жоңғарлар жаулап алған қазақтың жері елсіз, сонда көшіп-қонып жүруге рұқсат берді. Алғашында мұны Қытайлар естігісі де келмейді. Бірақ Абылай бұл мәселені реті келген сайын айта береді. «Тамшы тасты жарады» күшпен емес, көп тамып дегендей, арада он жыл өткеннен кейін 1767 жылы қазақтарға Тарбағатайда және қазіргі Шығыс Қазақстанның кейбір жерлерінде қыстауға рұқсат беріледі. Осы айтылғандар Абылайдың барлық қасиеттерін сипаттайды дегеннен аулақпыз. Абылай сегіз қырлы, бір сырлы болған мемлекет басшысы. Әрине, ол да тірі пенде болған ғой. Оның қателіктері болған шығар, қатыгездігі де болған шығар. Оның барлығын шындық тұрғысынан әділетті баға беру қажет. Біздің ойымызша, абылайдың айтылған қасиеттері азып-тозған, құлдырай бастаған қазақ мемлекетін қайтадан жаңғыртып, қазақтың сана-сезімін ұлттық деңгейге көтеруге себебін тигізді. Абылайдың саяси қызметін, меніңше, екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезеңде Абылай сұлтан ретінде ел басқарды. Бұл кезең ұзақ уақытқа созылды. 1730 жылдардан 18 ғ-дың 70 жылына дейін, хан болып сайланғанға дейін. Екінші кезең – хан болып сайлағаннан кейін, өмірінің аяғына дейінгі мезгіл. Бірінші кезеңнің басында-ақ Абылай қағандығы саяси өмірге, белсене қатысып, көптеген үш жүздегі сұлтандардың алдына озып шығып, өзінің ерекше орнын алды. Сол кезден бастап Абылай алдына жан салдырмай, өзін қиыннан қиыстырып табатын, алды-артын мұқият ойлап, мемлекеттік мәселелерді шешетін кеменгер саясатшы екенін жұртқа таныта білді. Белгілі ғалымның Ермұқан Бекмақанұлы Абылайды ханның көмекшісі деген болатын. Шынын айтсақ, Абылай көп жылдар ханның көмекшісінен бұрын, оның орынбасары, тіптен екінші хан болған сияқты. Көп жағдайда Абылай ханның да қызметін атқарды. Әбілмәмбет ханның қызметін атқарып жүрді. Әсіресе шет елдермен қарым-қатынас жасасқанда, сондықтан бара-бара шет мемлекет басшылары нағыз хан Әбілмәмбеттің саясатын менсінбей, Абылаймен араласа бастаған. Россия патшасы Абылайды хандыққа көтеруді ұсынған. Қытай императоры да Абылайдың хан болуын қалаған. 1763 жылы Қытай императоры Абылайды хан деп ерекше грамота да жіберген. Бірақ Абылай мұндай ұсыныстарға қызықпаған. Оның себебі ежелден қалыптасқан тақ мұрагерлігін бұзудың қайыры болмайтынын жақсы білген. Абылайдың мақсаты қазақ мемлекетін нығайту, тәуелсіздігін күшейту болғандықтан ол осы мақсатқа жетуді көздеген. Ал, енді шешендердің айтуынша, Абылай өз тұсында мемлекетті тәуелсіз мемлекет ете алды. Бірінші, тәуелсіз мемлекеттің белгісі тәуелсіз мәселені шешу үшін сыртқы елдерге бағынбай, өзінің ұйғаруымен, өзінің түсінігімен шешу, бұл мемлекетте қажетті – тамырланған, тарамдалған органдары болмаған мемлекет. Дегенмен, сол қоғамның негізгі мәселелерін шешетін мемлекеттің тиісті органдары болған. Соның бірі – ханның жанындағы Кеңес. Абылай – қазақ халқының саяси өмірінде ұзақ уақыт жарқырап жанған жұлдызы. ...Қазақ халқының тарихында ерекше орны бар саяси қайраткерлердің бірі – сөзсіз Абылайхан. Абылай қазақ халқының мемлекеттігінің тәуелсіздігін сақтап қалуға, оның егемендігін қамтамасыз етуге жаратылыс молынан берген таудай талап-талантын, таусылмас ақыл-ойын, айбатын, күш-жігерін аямай-ақ жұмсаған ардагер азамат еді. ...Князь В.А.Урусов Абылайдың осы қасиетін еске алып былай



дейді: «Ханнан гөрі Абылай барлық әлемге араласып, жауапты лезде және орынды қайтарып отырды». Абылай қазақтың заңдарын, қазақ қоғамының саяси жүйесін, оның дәстүрлерін өте терең білген және соларды мемлекеттің тәуелсіздігін сақтауға, қоғамдық тәртіпті нығайтуға қолдана алатын ел басшысы болған («Абылай хан – Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993) жинағынан, 37–43-бб.).

... Абылай маңына өзі сияқты халқы үшін жанын аямайтын нағыз батылдар мен батырларды топтастыра білген. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Таракты Байғозы, Балта Керей Тұрсынбай, Уақ Баян батыр, Бәсентіін Малайсары, Райымбек, Үсен, Шақантай сияқты азаттық үшін күресте атақтары аңызға айналған батырлар – оның жақын серіктері. Хан болғанға дейін үш жүздің басын қосқан, ортақ мүддені алдыға көлденең тартып, топтастыра алған. ...Әмірсана Абылай ауылына барып жан сауғалайды. Бұл Пекиндегілерге ұнамайды. Қазақ жеріне қашып, пана тапқан жоңғарларды «жазалау» дегенді желеу етіп, Жоңғарияны талқандаған Қытай енді қазақ мемлекетіне басып кірмекке әрекеттенеді. Император Цянь-Лунның жарлығына сәйкес 1756 жылы 9 маусымда Қытай қолбасшылары Дардан мен Хадахтың әскери топтары Іле мен Тарбағатайды бойлап Қазақстанға шабуыл жасайды. Сонау Кіші жүзден өзінің Орта жүздегі бауырларына қолұшын беру үшін Нұралы ханның інісі Ералы сұлтан бастаған жасақ жетеді. Абылайдың жауға қарсы аттануға шақырған үніне барлық қазақ батырлары мен сұлтандары бірдей үн қоса алмайды. Тағы да 18 ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы жағдай қайталанатын. Ауыз бірлігі болмаған соң жауға қарсы төтеп бере алмаған қазақтар жеңіліске ұшырай бастайды. Абылайдың соңына ерген жасақ орыс шекаралық бекіністеріне қарай шегінеді. Жау әскерлерінің екпінін тоқтату үшін Абылай Пекин үкіметімен келіссөз бастауға мәжбүр болады. Жоңғар – Қазақстан шекарасында 30–40 мың Қытайдың тұрақты әскери бөлімдері шоғырланады. Оған қарсы тұратын Қазақ елінде қаруланған қол жоқ еді. Екінші жағынан, 18 ғасырдың 40-шы жылдардың басында Әбілпейіз сұлтанмен бірге Ресей билігін мойындаған Абылайдың келіссөз жүргізуден басқа амалы жоқ еді. Ресей билігіне бой ұсындық десе де Абылай қазақ руларының мәселелерін шешуде толықтай өз дербестігін сақтады. 1757 жылдың жазында Абылай Пекинде келіссөз жүргізіп, Цин империясының қамқорлығына да ант берді. Оларға тәуелді болғандығының кепілі ретінде Абылай өзінің ұлы Әділ сұлтанды Қытайға аманатқа жіберді. Абылай сөзіне сенген Қытай императоры кейіннен Әділді кері қайтарады. Пекиннің үстемдік жүргізуіне Абылай мүмкіндік бермейді. Екі империяның қыспағында тұрып дипломатиялық жол тапқан Абылайдың сұңғылалығын замандастары арасындағы сұлтандар тегіс түсіне қоймады. Олар Абылайдың Қытаймен жақындасу саясатына наразылық білдірді. Әйтседе қиын-қыстау шақта ол ішкі түсініспеушілікті ушықтырмай, екі бүйірден қару кезеген мықты мемлекеттерді дегеніне жібермеді. Ал мұндай адамды қалай қадірлемейсің. Біз Абылайды білу арқылы ісі қазақты, алты алашты тегіс танып білмейміз бе (проф. Ж.Қасымбаевтың «Хан тарихы – халық тарихы. Мұны елемей келгеніміз қалай?» атты мақаласынан, «Егеменді Қазақстан», 31 шілде, 1991 ж., №176, 3-б.).

1991 ж. тамыздың 3-і күні Бурабайда Абылай ханның құлпытасы салтанатты түрде ашылды. Абылай асынан кейін Целиноград қазақ драма театрының артистерінің күшімен дала сахнасында театрландырылған көрініс жасалды.

...Енді міне, қараңыз, Абылай өзін хан көтеріп сайлаған қазақ халқын билеп, үш жүздің қамын жатпай-тұрмай шын ойлаған соңғы қамқоршы хан десек, бүгінгі Нұрсұлтан сол хан жасаған тұсқа ұқсас, дербестікті, тәуелсіздікті ту етіп қана қоймай, сарапқа салған толқымасы сын сағатта сайланған қазақтың тұңғыш Президенті. ...Абылай кезінде қазақтың тағдыры тек бірігуде ғана емес, біріккен жердің іруінде тұр еді. Жан-жағынан анталаған қаскөй жау қамап, көз алабұртқанда, өз жерінің ұшан-теңіз байлығынан әменде зардап шеккен, табиғатында бейбіт, еркін өмірді көкसेген тұлпардың шоқтығындай аз қазақ тоз-тоз бөлініп, жиған-тергені, ең жайлаған жері кең шапанның етегіндей, саптаманың ұлтрағындай тесіліп, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында жырым-жырым болып кеткелі тұр еді. Қаһармен де, қарумен де жеңуге болмайтын, ақылдың күшімен алатын, айламен амалдап алдайтын, саясатқа саятын басшы ғана елінің бірлігін де, болашақ тірлігін де сақтап қалатын кез еді. Абылай осындай кеменгерлік көрсетіп, тарихта атын ғана емес, Көкшетаудан Ташкентке дейінгі шекараны билеп, сақтаған жердің затын да қалдырды. Егер екі жағынан қаумалаған, айдаһардай жалаңдаған екі үлкен империяға айға шапқан арыстандай атылса, мерт болар еді, ноқайлық танытып, әпербақандық жасаса, қыл үстінде тұрған халқы да тұңғышқа құлап, майып болып үлкен апатқа ұшырар еді. Бүгінгі жағдай тап ондай болмаса да Абылайдың абайлаған айласы, саналы сақтығы, жер ошақтан аулақ жүріп күресер әдісі қазір де керек-ақ. Нұрсұлтаннның Абылайға ұқсайтын тағы бір тұсы осы тұс. Өте ауыр, өте жауапкер өткел (Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты, жазушы С.Н.Жүнісовтің «Хан мен Президент» атты мақаласынан, «Көкшетау», 29-қараша, 1991, №230, 1–2-бб.).



1991 ж. тамызда Қазақ КСР-і Үкіметі Көкшетау обл. Щучье (қазіргі Бурабай) ауд-ндағы Фрунзе атынд. мемлекет қайраткері, мәмілегер Абылай ханның есімі берілді.

23.10.1991 ж. Алматы қ. әкімінің шешімімен қаладағы екі бағытты даңғылға қазақтың ұлы ханы, мемлекет қайраткері, мәмілегер Абылай ханның есімі берілді.

...Кейбір жібі түзу деген ғылыми еңбектердің өзінде Абылайдың тұсындағы тарихи оқиғаларға оның қатысын әділ бағаламаушылық бар. Мысалы, Н.Г.Аполлова, В.Я.Басин, Б.П.Гуревич Абылай Ресей мен Цин империясы арасында айла-шарғы жасап, екі жақты бұлталаққа салған дегенді айтады (Аполлова Н.Г., Экономические и политические связи Казахстана с Россией с XVIII на XIX вв., М., 1960, 421-б.; Басин В.Я., Россия и Казахские ханства в XVI–XVIII вв., А., 1971, 240-б.; Гуревич Б.П., Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первая половина XIX в., М., 1983, 200-б.). Қазақ ССР 5-томдық тарихының авторлары да осы секілді көзқарастың төңірегінен әрі аса алмаған (Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін, бес томдық, 3-т., А., 1972, 83-б.). Абылай туралы ел есінде сақталған деректерде оның 1711 жылы Шыңғыс әулеті Уәлидің шаңырағында дүниеге келгендігі айтылады. Хан тағы үшін болған таласта өзге сұлтандардан беті шайлыққан Көркем Абылай қазақ сахарасынан Үргеніштегі қайын-жұртына ойыстауға мәжбүр болған. Абылайдың шын аты, әуелде азан шақырып қойған аты Әбілмансұр болса керек. Абылайдың арғы атасы Абылай туралы Ш.Уәлиханов: «Ерлігімен даңқы шыққан, сол үшін қанішер деген қаһарлы да құрметті атаққа ие болған» адам деп жазады. Ел аузындағы деректерде Әбілмансұрдың аталары Түркістанды билеген деп те айтылады. Абзалында, олардың билігінде болған жер – Түркістан емес, Ташкент. Мұның айғағы ретінде ханның өз хатшысы М.Мәмедовтің Омбыда 1768 жылы жазған: «Абылай сұлтанның атасы да, өзі де Ташкент шаһарының ханы болған» – деген мәліметін келтірсек, жеткілікті (Уәлиханов Ш., бес томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 4-т., 112-б.). ...Халық жадында сақталған тарихи мағлұматқа сүйенсек, ол алдымен үйсін Төле бидің, кейін Дәулеткелді бидің түйешісі, жылқышысы болған. ...Әбілмансұрдың ат жалын тартып мініп, өмірге белсене араласқан сәті XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар басқыншыларына деген қалақтың ыза-кегі әбден қайнап, бұлықсып, кемерінен асып төгілген кезеңге дәп келеді. Шу дегенде қарапайым халық қосынының бірі болып қалмақтарға қарсы үлгісін көрсете білді. Ол берген пайдалы кеңес пен стратегиялық жөн-жосық оның ақыл иесі адам екеніне елдің көзін оңай жеткізді» – деп жазады Шоқан Әбілмансұр хақында (Уәлиханов Ш.Ш., бес томдық шығармалар жинағы, А., 1985, 4-том, 112-б.). 1731 жылы Ұлытауда үш жүздің жасақшылары мен ойрат қалмақтарының арасында зор айқас болды. ...Абылай алысты болжап, көре білген қазақ қағаны өкілдерінің басты біреуі. ...Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан 1740 жылғы тамыз айының 28-күнгі Ор деген жерде Ресей тәжіне адал болуға ант берген болатын (Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, А., 1961, 152-б. 58-беттен. ...1771 жылы Әбілмәмбет хан дүние салғаннан кейін жай атына ғана ие боп келген оның қолындағы билік түгелдей Абылайға көшті. Абылайды ел-жұрт бірауыздан Орта жүздің ханы етіп сайлады. Ұлы жүз иелігіндегі әскерлердің де көп бөлігі Абылайға қарады. Осыдан жеті жыл араға салып барып Ресей империясының үкіметі Абылайды хан деген атаққа ие деп жариялады (акад. Р.Б.Сүлейменовтің «Абылай: аңыз бен ақиқат» атты мақаласынан, «Қазақстан коммунисті», 1991, №2, 53–60-бб.).

17–18 ғ. қазақ халқының өміріндегі ең бір күрделі кезең болып табылды. Осы аралықта бір ру, яки бір тайпа емес, тұтас бір халықтың тағдыры таразыға салынып, талқыға түсті. Сондай қиын да, қысталаң шақта елдің басын біріктіріп, жоңғар басқыншыларына қарсы күреске жұмылдыра білген. Сөйтіп, сайын сахараның тұтастығын сақтап қалуға лайықты үлес қосып, қазақ мемлекеттігінің шаңырағын көтеріскен ел басшылары аз болған жоқ. Бүгін солардың ішінен Әз Тәуке, оның ұлы Қайып, Әбілқайыр және Абылай хан туралы сөз қозғасақ дейміз. ...Бірақ хан тағында Әбілмәмбет отырғанымен елуінші жылдардан бастап қазақ сахарасында Абылайдың дегені болып, айдарынан жел есіп тұрды. Өйткені, Абылай ер жүрек батырлығымен бірге, тумысынан мемлекет қайраткері болып жаралған жан еді. Оның дипломатиялық өнердің айла шарғысын қалайша меңгергені өз алдына бір әңгіме. Көршілес елдер қазақ мемлекеттігін дәл осы Абылай тұсында мойындай бастады. Маңына қазақтың белгілі билері мен басты батырларын, әйгілі ақын-жырауларын топтастыра білген оның туған халқының арасында мәртебесі жоғарылай түсті. Бөгенбай, Төле би, Олжабай, Малайсары, Бұхар жырау Абылай төңірегінде болғандардың бір парасы, міне осындай жандар. Қанша аузын айға билегенімен ол сол маңында жүрген үзеңгілес достарының ақыл-кеңесіне құлақ түре білген. ...Кейбір тарихшылар ол Қытай мен Ресейді қоса алдап, біржола тәуелсіз болды деседі. Бірақ ол пікірмен тұтастай келісу қалай болар екен? Өйткені Әбілқайыр, Сәмеке және басқа хандардан кейін, Әбілмәмбет пен Абылай да орыс патшасы Анна Иоанновнаға бодан болғандықтары жөнінде ант берді емес пе?! Бірақ солай бола тұрса да Абылайдың бодандықтың қамытын қимегені де шындық. Ол орыс бекіністерімен шекарада тыныштық болуын қадағалаудан басқа ештеңеге міндеттенген



жок. Абылай сондай-ақ Цин сарайымен қарым-қатынасты да осы деңгейде ұстады. ...Абылай сондай-ақ қара сөзге шешендігімен бірге, жалпы тілге бейім болған (В.А.Моисеевтің «Қазақ хандары халық қорғандары, яки 17–18 ғасырлардағы алғаш қазақ әміршілерінің тарихи портреттері,» атты мақаласынан, «Ақиқат», 1992, №4, 17–21-бб.).

1992 ж. Көкшетауда Абылай ханның немересі Кенесары Қасымовтың мерейтойы өтті.

1992 ж. Қ.Салғараұлының «Хандар кестесі» кітабы жарық көріп, онда қазақ хандығы хандарының тізімі берілді: 1. Керей (шамамен 1456–1473), 2. Жәнібек (1473–1480), 3. Бұрындық (1480–1501), 4. Қасым (1511–1518), 5. Мамаш (1518–1523), 6. Таһир (1523–1533), 7. Бұйдаш (1533–1534), 8. Қожа Махмұт (1534–1535), 9. Тоғым (1535–1537), 10. Хақназар (1538–1580), 11. Шығай (1580–1582), 12. Тәуекел (1582–1598), 13. Есім (1598–1628, 1645), 14. Жәңгір (Салқам Жәңгір; 1628, 1645–1652, 1680), 15. Тәуке (1680–1718), 16. Батыр (1718–1726, 1729). Кіші жүз хандары: 1. Әбілқайыр (1718–1748), Нұралы (1748–1786), 3. Ералы (1791–1794), 4. Есім (1795–1797), 5. Айшуақ (1797–1805), 6. Шерғазы (1805–1824); 1801 ж. 11 наурызда Ресей патшалығы Кіші жүзді екі иелікке бөліп, жаңадан Ішкі орда немесе Бөкей ордасы құрылды: 1. Бөкей (1801–1815), 2. Шығай (1815–1823), 3. Жәңгір (1823–1845). Орта жүз хандары: 1. Қайып (1716–1719), 2. Сәмеке (1719–1734), 3. Әбілмәмбет (1734–1771), 4. Абылай (1771–1781), 5. Уәлі (1781–1819). Орта жүзде халықтың көбеюіне және Уәлі ханның өзінше басқаруына байланысты әрі оны мұқатту мақсатымен 1815 ж. патша үкіметі екінші хандық ұйымдастырды: 6. Бөкей (1815–1819), 7. Кенесары (1841–1847).

1993 ж. қазақ халқының атақты қайраткерлері – Абылай хан мен Кенесары Қасымұлына арналған «Абылай хан – Кенесары: ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., «Ғылым») жинағы жарық көріп, онда 18 ғ-дың 2-жартысы мен 19 ғ-дың 1-жартысында Қазақ жерінде мемлекеттік тәуелсіздік идеясы қалай орныға бастағаны және халықтың біртұтас ұлт болуға ұмтылған арман-тілегі мен ойы көрсетілген. Жинақтың жауапты редакторы М.Қ.Қозыбаев, редакциялық алқа мүшелері Ж.С.Кәрібжанов, Ч.М.Әбүтәліпов, А.А.Айтмұхаметов; құраст. В.З.Ғалиев, Ж.Қ.Қасымбаев, Ж.И.Куанышев пен Қ.Қ.Әбуев.

1993 ж. 21 мамырда Жамбыл обл-ның Шу ауд-нда Төле бидің ескерткіші ашылды.

1993 ж. ҚР ҒА-ның Әдебиет және өнер ин-ты «Абылай хан. Тарихи жырлар» (құраст. түсініктерінен жазған С.Дәуіт) атты жинақтың 1-томын (А., «Жазушы») шығарды. Осы жылы Алматы қ-ндағы «Жалын» баспасынан «Хан Кене. Тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар» (құраст. Е.Дүйсенбай) және Үштөбеде Т.Қалилахановтың «Абылайдың аманаты. Өшкен жұлдыз» жинақтары жарық көрді.

1993 ж. әдебиеттанушы Р.Бердібай «Абылайдың шын даналығы да бытыраңқы елді ұлы мақсат жолында біріктіріп, беделді батырлар мен билердің әрқайсысымен «тіл тауып», солардың қайраты мен қабілетін орнымен бағалай білгендігінде деуге де болады» – деп жазған еді. Осы жылы Абылай ханның портреті бейнеленген жүз теңгелік ақша айналымға түсті.

1994 ж. Абылай ханның бас батыры Қаракерей Қабанбай туралы жазушы Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» атты дилогиясы (1-кіт., 1994; 2-кіт., 1996) жарық көрді.

1995 ж. М.М.Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесі» кітабы баспадан шықты.

1996 ж. Астана қ-нда Абылай хан, Кенесары Қасымов, Төле би, Қазыбек би мен Әйтеке би ескерткіштері салтанатты түрде ашылды. «Абылай хан. Әдебиеттер көрсеткіші» (А., құраст. А.Т.Төлбаева мен Н.М.Асқарбекова) кітапшасы шықты.

1997 ж. Қызылорда қ-нда қазақтың ұлы ханы Абылайға ескерткіш тұрғызылды.

29.11.1997 ж. «Егемен Қазақстан» газетінде Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан» атты халықтық-қаһармандық драма дастаны жарияланды.

8.4.1998 ж. жазушы С.Н.Жүнісовтің «Абылай хан» кинохикаясы «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрді.

1999 ж. Жамбыл обл. Мойынқұм ауд-ның орталығындағы алаңда Абылай ханның ескерткіші орнатылды.

1999 ж. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабы шықты.

5.11.1999 ж. Көкшетауда Абылай хан ескерткіші ашылды. Қондың ба, Абылай хан тұғырына, Іліккен сор ғасырдың құрығына. Ұмтылған ұмытпауға ұрпағынның Жібермеді-ау қу заман ырығына. ...Абылай хан үш жүзге «бірік» деді, Үш жүздің асылдарын іріктеді. Шыдатар ма біріксе, талай рет, Жаудың шебін тастағын түріп кері. ...Абылай мен Нұрсұлтан арасы бір, Қосылған қос қырандай қарасып тұр. Арманы мен мақсаты, тілегі ортақ, Екі ғасыр тұтасып, жарасып тұр (С.Н.Жүнісовтің «Хан мен Президент» өлеңінен). Көкшетау қ-ның орт. алаңы Абылай хан алаңы деп аталды.

1999 ж. жазушы Ә.Кекілбайұлының «Абылай хан» атты қаһармандық дастаны жеке кітап болып жарық көрді. Осы жылы Алматы қ-ндағы «Атамұра» баспасынан «Абылай хан» тарихи-антропол. зерттеу



кітабы (авторлары О.Смағұлұлы, М.Қожаев пен А.Оразаққызы) және Қостанай қ-нда А.Әбсадықовтың «Абылай хан. Аңыз бен ақиқат» кітабы шықты.

2000 ж. 16 желтоқсанда Алматы қ-нда Абылай ханның биікт. 8,4 м-лік, төрт тіреулі еңселі ескерткіші (мүсіншісі Қ.Сатыбалдин, сәулетшілер С.Баймағамбетов, Т.Ералиев, З.Баймағамбетов, В.Сидоров және конструкторшы М.Ержанов) ашылды. Ашылу сәтінде академик З.Қабдолов, сәулетші Ш.Ы.Уәлиханов сөз сөйлеп, ақын Т.Молдағалиев өлең оқыды: Түркістанда жата алмай тағат қылып, Күн батырып, бұл жолда таң аттырып. Аялдамай еш жерде, алдияр хан, Алматыға келдің бе ақ ат мініп. Ұрпағыңа өзіңнің өмірі үлгі. Кең жеріңе жеңістің желі кірді Тәңір өзі жарылқап қазағыңды, Нұрсұлтаның көк туды көгіме ілді. Елбасымды қолдасын сенің киен, Алдиярлап алдыңа басымды ием. Алматыңды аңсап бір келгендерді, Өзің қарсы ал алдымен, о хан ием!

2001 ж. Абылай ханға арналған тұңғыш почта маркасы шығарылды.

2003 ж. Ж.Қасымбаевтың «Абылай хан. Тарих, тұлға, уақыт» атты кітабы қазақ және орыс тілінде, сонымен қатар осы жылы Ә.С.Тарақтың «Алаштың айбын ардағы – Абылай хан» атты әдеби-тарихи монографиясы да жарық көрді.

2003–05 ж. қазақ-американ кинематографияшыларының («Қазақфильм» және Голливуд) күшімен «Көшпенділер» атты көркем фильмі түсіріледі.

8.7.2004 ж. Көкшетау тауының баурайындағы Абылай алаңында ұлы ханға арналған ескерткіш-баған орнатылды. Ескерткішті ашып тұрып, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев «Біз үшін Абылай тақырыбын ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет» – деді.

2004 ж. жазушы Ұ.Ә.Доспанбетовтің «Абылайдың ақ туы» атты романы (1-кіт., 2004; 2-кіт., 2008) жарық көрді.

2005 ж. Петропавл қ-ндағы «Астана» баспасынан «Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы» (құраст., қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзіп, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай) шықты. Осы жинақ («Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі», А., 2011) кейін толықтырылып, екі том болып шықты. Ұлы ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың «Абылай» атты мақаласын журналист-жазушы, көсемсөзші Ақтаев қазақ тіліне аударды. Осы жылы Б.Нәсеновтің ұзақ жылдар бойы Омбы және Мәскеу қ-ндағы архивтен тапқан Абылай ханның өмірі мен қызметіне қатысты материалдары «Абылайхан» деген атпен 2 том болып, Алматы және Новосибирск қ-ларында жарық көрді.

2005 ж. ҚР Білім және Ғылым мин-лігінің Шығыстану ин-ты 3-томдық «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» кітабын (А., «Дайк-Пресс»; 1–2-т., 2005; 3-т., 2006) шығарды.

2006 ж. Түркияның Нигде қ-нда Абылай ханның ескерткіші ашылды.

2007 ж. Астана қ-нда «Абылай ханның қамқа тоны және Байдалы би» (құраст. А.С.Сейдімбек), Абылай хан батырларының арасында ең жасы үлкені, Аңырақай, Бұланты шайқастарында қол бастаған Бөгенбай баһадүр туралы «Қанжығалы қарт Бөгенбай» (құраст. А.Смайыл) жинақтары жарық көрді. Ханның қамқа тоны Президенттік мәдениет орт-ғының мұражайына тапсырылды.

2009 ж. Бурабай мемл. ұлттық паркінде «Абылай хан» экспозициялық мүсіндік-таным кешені ашылды.

2010 ж. М.Сәрсекенің Абылай ханның ұрпағы «Ермұхан Бекмаханов» туралы ғұмырнамасы баспадан шықты. Осы жылы ұлы ғалым Ш.Ш.Уәлихановтың қазақ тілінде көп томдық болып шыққан шығармалар жинағының 4-т-нда «Абылай» мақаласы (аударған А.Таусоғаров) жарияланған.

2011 ж. С.Ақтаевтың Ұлы хан және оның ұрпақтары жайлы эсселері жарық көріп, онда ханның туған жылын анықтауға автор өзінің ой-дәлелін білдірді: «Уәли ханның өзі 1781 жылғы тамызда патшайым Екатерина екіншіге жазған хатында былай дейді: «Осы жылдың мамыр айында жасы 69-ға толған шағында әкем Абылай хан дүние салды. Сіздердің қанаттарыңыз астында қызмет еткенде өзіне де, өзгеге де нұқсан келтірген жоқ еді. Әкемнің артында отыз ұл қалды. Бәрі де осы ордада сұлтан болып, ел билеп, патша ағзамға адал қызмет қылды... Қарапайым халық жиналып, жұртшылық кеңесінде әкемнен кейін мені хан көтеріп, ел билігін қолыма бергенімен, соған өзіңіздің мархабатыңыз бен сенім-хатыңыз керек болып отыр». Абылай ханның қазіргі айтылып жүргендей, жетпіске емес, алпыс тоғыз жасында өмірден өткені бұл деректерде айдан анық. Сондықтан ханның дүниеге келген жылын 1712 жыл деп алған әрі дұрыс, әрі әділдік болар еді. Дәл осы жылы шілденің 25 күні Қытай Ежен ханының: «Қазақ ханы Абылайдың қазасына белгіленген рәсім бойынша аза тұтылсын» деген жарлығы шығып, баласы Уәлиге көңіл айтып, хан рухына ас беру үшін сарай ұлығының бірі жіберілетінін хабарлапты («100 құжат», А., «Санат», 1999). Әдетте мұндай құрмет бір ұлыстың ғана емес, бүкіл ұлттың билеушісіне көрсетілсе керек-ті. Асылы, Абылайды, Қытай елінің қазақтың, алғаш Орта жүздің ханы деп танып, тікелей қарым-қатынас жасауы 18 ғасырдың елуінші жылдарынан басталады. Билікке мұрагерлік жолымен емес, батырлығымен



көзге түсіп, қолы жеткен ол алғашқы бетте бұрынғы бедел ханның қасындағы атқарушы билік иесі ғана болып, жан-жақпен құлашын кең жайып, байланыс жасай алған жоқ. Әбілмәмбет ағасы жайлы орын іздеп, Түркістанға ауысқан соң ғана, оған ұлы даланың билігі басы бүтін тиді (Абылайдың ақ жолы. Ұлы хан және оның ұрпақтары жайлы эсселер, А., «Ана тілі», 2011, 260–61-б.). Осы жылы Б.Нәсеновтің «Абылай хан» кітабының 3-бөлімі (Алматы–Новосибирск) жарық көрді. Жезқазған қ-нда Абылай ханның ескерткіші ашылды.

2013 ж. Қазақстан ҰҒА Шығыстану ин-тының ғалымдары іссапармен Қытай Халық Республикасында болып, Қазақ мемлекетінің тарихына байланысты қытай мұрағаттарында сақталған құжаттарды тауып, оның көшірмелерін алып келді. Мыс., ...Жақында Қазақстандық бір топ тарихшы Қытай Халық Республикасының Пекин және Сиань қалаларында археологиялық ғылыми іссапарда болып, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатымен келісімшарт жасап қайтты. ...Шарт аясында бірқатар тың деректерге қол жетті. Атап айтсақ, Абылай, Уәли, Әбілпейіс хандардың Қытай басшыларына жазған хаттары мен жіберген елшілері, 18–20 ғ-дағы қазақ-қытай қатынастары жайлы құжаттардың көшірмелері жасалды, 6–14 ғ-дағы түркі тайпалары мен тарихи тұлғалардың эпитафиялық ескерткіштері анықталды. Қазақ елімен Пекин және Сиань қ-ларында жасалған археографиялық ғыл.-іссапардың мақсаты – қазақ-қытай қатынастарының тарихы бойынша архивтік құжаттарды табу және жинақтау, несториандық жөнінде аса құнды тарихи ескерткіштерді, қазақтардың тарихы мен мәдениетіне қатысы бар түркі тайпаларының көне эпиграфикалық ескерткіштерін айқындау болып табылады. Әзірге Қытай мұрағаттарынан табылған дереккөздер 1742 жылдан басталады. Одан да ертерек кезеңдерге қатысы бар құжаттар бар. ...Байқасақ, қазақ хандары тек шағатай тілінде ғана емес, сонымен қатар парсы тілінде де сөйлеген. ...Келесі бір жазба қазақ-қытай саудасы, тұрмысы мен қазақтардың салт-дәстүрі туралы сөйлейді. Өзінің маңызы тұрғысынан сирек кездесетін Абылай ханға тиесілі ресми хаттар үлкен қызығушылық тудырады. Абылай хан қол қойған хаттар және басқа қағаздар да аралықтың алыстығына қарамастан және біздің заманымызда үйреншікті болып кеткен коммуникациялар жоқ болса да, Қазақ мемлекеті мен Қытайдың арасында өте тығыз қарым-қатынас болғандығына куәлік етеді. Ал қазақ хандарының тұрақтарында дипломат. және әлеум.-экономикалық сипаттағы хан жарлықтарын шығаратын кеңсе болғаны сөзсіз. Іссапар нәтижесінде Қазақстанға қазақ тарихына қатысы бар 283 томнан тұратын Цинь империясының архивтік құжаттары жеткізілді. Құжаттар 1730 жылдың соңы мен 1911 жылдардың арасындағы кезеңдерді қамтиды және экон. қарым-қатынастарының тарихын ашып береді. Қазақ билеушілерінің көршілес мемлекеттердің билеушілеріне жазған хаттардың арасында Абылай хан, сұлтан Болат хан, Уәли сұлтан және басқа да қазақ хандары мен сұлтандарының хат жазысуы туралы аса құнды деректер кездеседі. Бұл хаттарда Абылай ханның Цинь императоры Циньлун мен дипломат. қатынастары туралы деректер бар, мұның қазақ хандығы сияқты Цинь империясына да елшілер алмасу туралы, лауазымды тұлғаларды тағайындау туралы хабарланады. Абылай хан мен Циньлун алысқан көп хаттарда тілек, құттықтау білдірілген, тіпті Қазақ хандығының Цинь империясында елші тағайындағаны жөнінде әлемде баламасы жоқ электронды нұсқасы мен тізбесін жасамақпыз. Бұл Қазақстан тарихы, мәдениетінің жәдігерлерін, қағаз бетіне түскен деректерін, мұрағат материалдарын қамтымақ. Бұл – болашақ ұрпаққа қалатын өте ауқымды мәдени-тарихи мұра қазына. ...Археографиялық шетелдік экспедициялар уақытында Шығыстану институтының ғалымдары тапқан теңдессіз әрі көпбейнелі артефактілер қазақ мемлекеттілігі тарихындағы ақтандақтардың орнын толтырады. Тарихи материалдар ерте кездері Қазақстан көршілес мемлекеттермен тең дәрежелі саяси, экономикалық, дипломатиялық, тарихи-мәдени қарым-қатынастар ұстанған күшті мемлекет болғандығын дәлелдеп береді. Археографиялық экспедиция нәтижелері қазақ халқының көне және ортағасырлық тарихы мен мәдениетін әрі Қазақстанның әртүрлі мемлекеттермен өзара қарым-қатынасын әрі қарай қайта құрау үшін салмақты негіз жасап берді (М.Қ.Әбусейітованың «Бай тарихымызды түгендеуіміз қажет» атты әңгіме-сұхбатынан, сұхбаттасқан Г.Айтжанбай, «Айқын», 2013, 2 қазан, 3-б.).

2.10.2013 ж. «Егемен Қазақстан» газетінде (№224) ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласы жарияланды.

2013 ж. қазан айында Көкшетау қ-нда Абылай ханның 300 жылдық мерейтойына арналып, ғыл.-теориялық конференция өтті. Ақмола обл-нда ұлы хан құрметіне спорттық жарыс марафоны өткізілді.

4–10.10.2013 ж. «Қазақ әдебиеті» газетінде (№39–40) ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Абылай аңсаған азаттық» атты мақаласы жарияланды: «Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә. ...Айбарлы Абылай аңсаған асқақ арманға,



ұлы мұратқа бүгінгі ұрпақ жетті. ...Абылай қызғыштай қорып, тұмарындай тәу еткен, армандап кеткен Қазақ елінің Тәуелсіздігіне біздер, бүгінгі буын қазақстандықтардың жеткені үшін де шексіз тәубә айтып, бөлінуге бастайтын жершілдік пен рушылдық дертінен арылған жөн. Себебі, бүгінгі заманның жаңаша түрленген қауіп-қатері кешегіден кем соқпайды. Ендеше, Абылайдың арманына қазіргі Қазақстан қол жеткізгенін ерекше мақтан тұтып, ішкі ынтымағымызды, сүттей ұйыған татулығымызды сақтауға қызмет ету баршамыздың парызымыз. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын ағайын!». ҚР Президенті Назарбаевтың осы мақаласы «Казахстанская правда», обл («Арқа ажары», 5. 10, 2013, №111) т. б. газеттерде жарияланды.

2013 ж. «Егемен Қазақстан» газетінің (5-қазан, 6-б., №227) тілшісімен сұхбатында Ш.-А.Ы.Уәлихан: Абылай ханның ұлы арманы ендігі жерде ұрпағының, біздің мойнымызда. Бабамыздың майдан маңында қанын төгіп, қолында берік ұстаған бостандық туын жықпау – Қазақ елінің ұлы мұраты. Ол ту мәңгілік жоғалмайды да деп білеміз. Абылайдың дана жолы Нұрсұлтанның нұрлы жолына айналғаны қазақ халқына баянды бақыт әкелді. Бұл жайында «Абылай аңсаған азаттық» атты күні кешегі мақаласында Қазақстан Республикасының Президенті өте жақсы айтты. Көк байрағымыз Абылай арманының биік шыңында мәңгілік желбіресін, – деді.

5.10.2013 ж. шыққан «Арқа ажары» газетінің нөмірі (№111) тұтасымен Абылай ханның 300 жылдық мерейтойына арналды.

5.10.2013 ж. Көкшетау қ-ндағы Мәдениет сарайында «Абылай хан және Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі» деген атпен халықар. ғыл.-тәжірибелік конференция өткізілді; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев конференция қатысушыларына «Абылай хан – қазақ рухын қайта түлетудің алтын дінгегіне айналған тұлға. ...Мыңжылдықтар тоғысында Абылай арманын жүзеге асырып, азат мемлекет құрған, тәуелсіз елдің ордасын ел ортасына, айбынды ханымыз ат ойнатқан Арқа төсіне орнатқан мына біз және тәуелсіздігімізді қалай шыңдаймыз, дүбірлі дүниеде алдымыздан тосылатын сын-қатерлерге қалай шыдаймыз деген мәселелер өте маңызды. Азаттықтың жолы азапты, тәуелсіздіктің жолы тәуекелге толы болатынын ұмытпауға тиіспіз. Бой таластыратын емес, ой таластыратын заманға, білектіден білікті басым түсетін кезеңге келіп отырғанда мұның бәрі көп болып кеңесер күрделі жайлар. Мәңгілік ел құру жолындағы ұлы сапарымызда біздің бәрімізге Абылай ханның аруағы жар болсын», – деген құттықтау хатын жолдады.

6.10.2013 ж. Қызылжар а-ндағы «Құлагер» атшабарында «Азат рухтың Абылай ханы» деген атпен театрландырылған қойылым көрсетілді; ат жарысы өтті.

2013 ж. Ақмола обл-ның Ерейментау ауд-нда Қанжығалы Жантай батырдың (1690–1750) бюст-ескерткіші, ал Тараз қ-нда Төле бидің ескерткіші орнатылды.

Қ.Көшжанұлы, К.Әліпұлы

Абылай ханның өмірі мен қызметіне байланысты негізгі әдебиеттер

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ

Кітаптар :

- Абылай, Қазақ Совет энциклопедиясы, 1-т., А., 1975, 35–36-бб.
Абылай, Қазақ ССР, қысқаша энциклопедия, 1-т., А., 1984, 43–44-бб.
«Абылай хан», дастан (авторы белгісіз), кіт.: Абылай хан, құраст. С. Дәуіт, А., 1993, 183–228-бб.
Абылай хан, А., 1992.
Абылай хан. Әбілмансұр. 1711–1781, А., 1992.
Абылай хан. Әдебиеттер көрсеткіші. Құраст. А.Т. Толыбаева, Н.М. Асқарбекова, А., 1996.
Абылай хан. Кенесары. Ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері, А., 1993 (қазақ және орыс тілінде).
Абылай хан мен Бұқар жыраудың саяси-әлеуметтік көзқарастары, кіт.: Ұлттық идея және қазақ философиясы, А., 2010, 66–80-бб.
Абылай ханның қамқа тоны және Байдалы би, құраст. А. Сейдімбек, Аст., 2007.
Абылайханов Т., Айтылмай жүрген құпия. Әңгімелер мен деректі повесть, А., 2007.
Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, құраст., қазақшаға аударып, түсініктерін жазған, көрсеткіштерін түзген З.С.Тайшыбай, Петропавл–Аст., 2005.
Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу, жауапты редакторы М. Құл-Мұхаммед, А., 1999.
Абылай хан. Тарихи жырлар. 1-т., құраст. С. Дәуіт, А., 1993.
Абылай хан. Тарихи жырлар, 2-т., А., 1995.
Айқап, А., 1992, 31-бб.
Айтбаев М., Абылай (дастан), соның кіт.: Шер. Шығ., А., 2005, 22–58-бб.
Ақтаев С., Ханзаданың қасіреті, А., 1999, 7–33-бб.
Ақтаев С., Абылайдың ақ жолы. Ұлы хан және оның ұрпақтары жайлы эсселер, А., 2011.
Алашұлы А., «Абылай хан», аңыз әңгіме, кіт.: Абылай хан, құраст. С. Дәуіт, А., 1993, 381–85-бб.
Асқаров А., Абылай хан, соның кіт.: Ұлы Тұранның ұлдары–Сыны Великого Турана, А., 1998, 109–12-бб.; 324–27-бб.
Ахметжанова Ғ., Қазақ хандығы мен Орта Азия халықтарының қарым-қатынасындағы Абылай ханның рөлі, жинақ: Отан тарихы тарихы және мәдени мұралардың өзекті мәселелері–Актуальные вопросы Отечественной истории и культурного наследия, жауапты ред. Қ.А.Еңсепов, А., 2011, 16–20-бб.
Әбділдин Ж., Абылай – тарихи тұлға, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері–проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Ғалиев, А., 1993, 35–36-бб.
Әбсадық А., Абылай хан: аңыз және ақиқат, Қостанай, 1999.
Әбсадықов А.А., Абылай туралы аңыздар, автореферат, Ақмола, 1998.
Әбсадықов А., Хан Абылай: тарихи шындық және халықтық таным–Хан Абылай: реальность и фольклор, Қостанай, 2000.
Әбуев Қ., Хан Абылай атандың (Тарихнаманың кейбір мәселелері хақында), соның кіт.: Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен, А., 1994, 4–49-бб.
Әбуев Қ., Хан Абылай атандың (Тарихнаманың кейбір мәселелері хақында), соның кіт.: Қазақстан тарих және тағылым, Аст., 2006, 6–50-бб.
Әбутәліпов Ү., Абылай дәуірі туралы сөз, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері–проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З. Ғалиев, А., 1993, 13–15-бб.
Әзиев Ә., Ұлы дала ұлағаттары. Абылайханнан Нұрсұлтанға дейін, А., 2001, 158–74-бб.
Әубәкір Ж.М., Абылай туралы жырлар: тарихи шындық және көркем тұлға, кіт.: Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығын зерттеудің өзекті мәселелері. Респ. ғыл.-теор. Конференция материалдары, Семей, 2006, 190–94-бб.
Бабалар сөзі. Тарихи жырлар (Қытайдағы қазақ фольклоры), 29-т., Аст., 2006.



- Бабалар сөзі. Шежірелік дастандар (Қытайдағы қазақ фольклоры), 32-т., Аст., 2006.
- Бабалар сөзі. Тарихи жырлар, 57-т., Аст., 2010.
- Бабалар сөзі. Тарихи аңыздар (17–18 ғасырлар), 86-т., Аст., 2012.
- Байдаулетова Е.Е., «Дарабоз» романындағы тарихи тұлғаның көркем бейнеленуі (Қ.Жұмаділовтың романындағы Абылай бейнесі жайлы), жинақ.: 10 лет независимости Казахстана: итоги и развития, материалы международной научной конференции, ч. 3, А., 2001, с. 46–49.
- Баймұханов М., Абылай заманы, деректі, тарихи-танымдық роман, Қарағанды, 2005.
- Байтан А., Абылай ханның қазақ тарихындағы орны және бүгінгі пікір алуандығы, жинақ: «Көкше» академиясының хабаршысы – Вестник академии «Көкше», Көкшетау, 2011, 221–25-бб.
- Байтұрсынұлы А., Бекболат би мен Абылай ханның түйісуі, кіт.: Абылай хан, құраст. С.Дәуіт, А., 1993, 379–80-бб.
- Батырлар жыры (тарихи өлең-толғаулар, дастандар), 6-т., А., 2008.
- Баянауыл. Мәтіні Ж. Артықбаевтікі, Аст., 2009.
- Бердібай Р., Абылай асуы, кіт.: Абылай хан, құраст. С.Дәуіт, А., 1993, 3–34-бб.
- Бұқар жырау, Бұқарекен жырлайды, Бұқардың толғаулары, өлеңдер, кіт.: Абылай хан, құраст. С.Дәуіт, А., 1993, 35–59-бб.
- Дәстүрлі музыка мен композиторлық шығармашылықтағы тәуелсіздік идеясы, А., 2011, 366–446-бб.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, тарихи роман, 1–2-кіт., А., 2004–08.
- Дулатов М., «Абылай», кіт.: Айқап, А., 1995; Абылай хан. Тарихи жырлар, А., 1993, 381–85-бб.
- Дүйсенбаева Ж., «Абылай хан» драмасы хақында, соның кіт.: Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы, А., 2007, 217–25-бб.
- Дүйсенбі А.К., Абылай ханның өлімі туралы тарихи аңыздар, жинақ: «Шоқан тағылымы-6» – «Валихановские чтения-6». ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конференция материалдары – Материалы Междунар. научно-практ. конференции, посв. 10-летию независимости РК, Көкшетау, 2001, т. 1, 207–11-бб.
- Есенберлин І., Жанталас, тарихи роман, А., 1973.
- Жақсанов О., Абылай ханның жетінші ұрпағы, кіт.: Адамдар өмірге қонақ екен, Қостанай, 2008, 190–94-б.
- Жамантаев К., Абылай, құраст. С. Қарамендин, А., 1993.
- Жәнібеков Ө., Абылай – алып тұлға, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері – проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Фалиев, А., 1993, 9–13-бб.; соның кіт.: Таңд. шығ., А., 2011.
- Жұмабаев М., Батыр Баян, дастан, кіт.: Абылай хан, құраст. С.Дәуіт, А., 1993, 240–61-бб.
- Жұмабек С., Сахна көркі – қазақтың Абылайы, соның кіт.: Сын әуені, Аст., 2001, 277–86-бб.
- Жүнісов С., Сабалақ Абылай-хан Абылай, тарихи драма, соның көп томдық шығ. жинағының 1-томы, А., 2005, 12–60-бб.
- Изтаева (Изтаева) В.А., Абылай – қазақ елінің саяси біртұтастығының символы, жинақ: 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. Материалы междунар. науч. конференции, А., 2001, ч. 2, 104–06-бб.
- Изтаева (Изтаева) В.А., Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігі мен біртұтастығын нығайтудағы Абылайханның рөлі, жинақ: Десять лет реформ на постсоветском пространстве: ожидания, результаты, перспективы. Материалы междунар. науч. конференции, А., 2001, ч. 5, 164–68-бб.
- Изтаева (Изтаева) В.А., Қазақ қоғамын топтастырудағы саяси лидерлердің рөлі (Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаевтың саяси қызметін салыстырмалы талдау), канд. автореферат, А., 2007.
- Кекілбайұлы Ә., Абылай хан, драм. дастан, соның 20 томдық шығ. жинағының 9-томы, А., 2010, 177–280-бб.
- Кенжебаев Б., Абылай, А., 1943.
- Көне және қазіргі Тараз. Тарихи және әлеум. – экон. дамуының болашағы, Тараз қ-ның 2000 жылдығына арналған Респ. ғыл.-практ. конференция материалдары, Тараз, 2002, 22–24-бб.
- Көпейұлы Мәшіһүр Жүсіп, Қазақ тарихы, Абылай хан туралы аңыз әңгімелер, соның көп томдық шығ. жинағы, А., 2009, 9-т.
- Көтеш ақын, Абылай, Ботақанды сен өлтірдің, Күркелінің бауыры күнде дауыл,... өлеңдер, кіт.: Бес ғасыр жырлайды, А., 1984, 1-т., 123–25-б.; Бес ғасыр жырлайды, А., 1991, 1-т., 108-б.
- Көтеш ақын Абылай, Ботақанды сен өлтірдің, Қартайғанда қатының дұшпан болды..., өлеңдер, кіт.: Ғасырлар тоғысындағы қазақ жыры, А., 2007, 7–9-бб.
- Қазақ Совет энциклопедиясы, 6-т., А., 1975?, 262-б.; 382–87-бб.; 448-б.
- Қазақ ССР, қысқаша энциклопедия, 1-т., А., 1984, 284-б.



- Қазақ ССР тарихы, т. 1, А., 1957, 272, 277–82 және 294-бб.; 3-т., А., 1982, 207-б.
- Қазақстан тарихы. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейін, 5 томдық, А., 1996, 2010 (қазақ және орыс тілдерінде).
- Қазақ тарихи жырлары, құраст. Б.С. Рахымов, Қарағанды, 2009.
- Қазақ тарихи жырларының мәселелері, А., 1979, 81–91-бб.
- Қазақтар-Казахи, 9-томный попул. справочник, А., 1998, т. 9, с. 345–48.
- Қазақтың ханы – Абылай. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдар, құраст., аударған 3. Тайшыбай, 1–2-т., А., 2011.
- Қазақ халқының қаһармандары. Павлодар, 1991.
- Қазақ халық әдебиеті, 1-т., А., 1995.
- Калилаханов Т., Абылайдың аманаты. Өшкен жұлдыз, Үштөбе, 1993.
- Қасымбаев Ж., Абылай хан. Тарих, тұлға, уақыт, аударған Н. Сламбекова, А., 2003.
- Қозыбаев М.Қ., Абылай және оның заманы, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері – проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Ғалиев, А., 1993, 16–26-бб.
- Қозыбаев М.Қ., Хан Кене немесе Кенесары Қасымұлы, кіт.: Жамантаев К., Абылай, құраст. С.Қарамендин, А., 1993, 103–16-бб.
- Қозыбаев М.Қ., Хан Кене, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері – проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Ғалиев, А., 1993, 77–89-бб.
- Қуандық Е.С., Абылай хан мен ұрпақтары – тәуелсіздік жолындағы күресте. Жинақ: Тәуелсіз Қазақстан – біздің тағдырымыз – Независимый Казахстан – наша судьба», ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықар. ғыл.-тәжірибелік конференция материалдары, Семей, 2011, 36–41-бб.
- Құрбанғали Халид, Тауарих Хамса /Бес тарих/. А., 1993.
- Мағауин М., Қазақ тарихының әліпесі. А., 1995. 105–06-бб.
- Медерова Д.Е., Абылай-нама тарихи жырлар топтамасы – 18 ғасырдағы Қазақстан тарихының дереккөзі ретінде, канд. дисс. авторефераты, А., 2010.
- Момынұлы П., Қазақ музыкасының қысқаша тарихы, А., 2002, 2-т., 44–48-бб.
- Мұқанов С., Халық мұрасы, А., 1974.
- Назарбаев Н.Ә., Тарих толқынында, А., 1999.
- Нәсенов Б., Абылайхан. Омбы архиві сөйлейді, оқулық, 11-бөлім, 16-кіт., А. – Новосибирск, 2005.
- Нәсенов Б., Абылайхан. Омбы архиві сөйлейді, оқулық, 12-бөлім, 17-кіт., А. – Новосибирск, 2005.
- Нәсенов Б., Абылайхан. Мәскеу архивтері сөйлейді, 13-бөлім, 18-кіт., А. – Новосибирск, 2011.
- Өзбекәлі Жәнібек оқулары – 2012, 3-респ. ғыл.-тәжірибелік конференция материалдары, жауапты редакторы Х.М.Тұрсұн, Түркістан, 2012, 4–9-бб.
- «Сабалақ», қисса (авторы белгісіз), кіт.: Абылай хан, құраст. С. Дәуіт, А., 1993, 228–40-бб.
- Сапарғалиев Ғ., Абылай және қазақ мемлекеттілігі, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері – проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Ғалиев, А., 1993, 37–43-бб.
- Сәдуақас Т., Абылай хан мен Аталық, өлеңдер мен дастандар, А., 2005.
- Сәженов С., 18 ғасырдағы оқиғалар мен тұлғалар туралы жырлар, кіт.: Қазақ әдебиетінің тарихы, 1-т., А., 2008, 571–83-бб.
- Сәнік З., Бас сардар (Абылайдың Қабанбайды бас сардар етіп сайлауы туралы), кіт.: Абылай хан, құраст. С. Дәуіт, А., 1993, 360–61-бб.
- Сәнік З., Абылай ханның сауда тоғанақтары. Қазақтың сауда тарихынан дерек, соның кіт.: Тұғырыл хан. Демежан батыр. Тарихи эсселер, ғыл.-зерттеулер, А., 2005, 235–42-бб.
- Сейдімбек А., Қазақтың күй өнері, Аст., 2002.
- Смағұлұлы О. және басқалар, Абылай хан. Тарихи-антропологиялық зерттеу, А., 1999.
- Сматаев С., Абылай хан, киноповесть, соның кіт.: Базарың құтты болсын, киноповестер, А., 2007.
- Сматаев С., Елім-ай, соның көп томдық шығ. жинағы, 7-т., А., 2008.
- Солтоноев Б., 1775–1776 жылдары болған Абылай хан соғысы, кіт.: Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 10-т., Аст., 2006, 206–12-бб.
- Солтоноев Б., Абылайхантегі Кене ханның қырғызбен соғысы. 1846 жылы, кіт.: Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы, 10-т., Аст., 2006, 212–18-бб.
- Сұлтанғазин Ә., Кемеңгер қайраткер, ержүрек батыр, дарынды қолбасшы, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері – проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Ғалиев, А., 1993, 8–9-бб.
- Сыдықов Е.Б., Әбсадықов А.А., Хан Абылай. Таным мен тағылым, Аст., 2013.
- Тарақ Ә.С., Алаштың айбын-ардағы – Абылай хан. Әдеби-тарихи монография, А., 2003.



Тарақов Ә.С., Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы, А., 2004; А., 2006.

Тарақов Ә.С., Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы, докт. дисс. авторефераты, А., 2006.

Тарақов Ә.С., Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы, А., 2006.

Тәгіқара, Қамыстың басы майда; Кебеже қарын, кең құрсақ; Кеше тоқыраулы судың бойынан, өлеңдер, кіт.: Абылай хан, құраст. С. Дәуіт, А., 1993, 64–65-бб.

Уәлиханов Ш.Ш., Шығармалары, құраст. С. Ақтаев, А., 2010, 14–19-бб.

Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, соның көп томдық шығ. жинағы, А., 2010, 4-т., 119–24-бб.

Уәлиханов Ш.Ш., Полковник Павлуцкийдің Абылайға жазған хаты, соның көп томдық шығ. жинағы, А., 2010, 4-т., 253-бб.

Уәлиханов Ш.Ы., Абылай ел есінде, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері –проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З. Ғалиев, А., 1993, 61-б.

Үмбетей жырау, ...На смерть Богембая, Сообщение Аблай-хану о том, что умер Богембай, стихи, в сб.: Небосвод над моей головой. Фольклор и литературные памятники Казахстана, сост. Д.Г.Пряхина, М., 2010, с. 208–16.

Ұстағалиев Е.О., Абылай ханның тарихи хаты туралы, «Әлем өркениеті және Қазақстан – Мировые цивилизации и Казахстан. Материалы науч. конференции . Отв. ред. К.Ш.Хафизова, А., 2007, ч. 1, 408–12-бб.

Үмбетей, Бөгенбай батырдың өлімін Абылай ханға естірту, өлең, кіт.: Абылай хан, құраст. С.Дәуіт, А., 1993, 60–63-бб.

Шәді төре Жәңгірұлы, Тарихат. Абылайдың арғы аталары, кіт.: Абылай хан, құраст. С.Дәуіт, А., 1993, 82–183-б.

Шәмшәтұлы И., Тарихи тұлғалар және қазіргі кезең, А., 1998.

Ыбыраев Н., Қазақ халық жырларындағы Абылай бейнесі, кіт.: Абылай хан. Кенесары (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері – проблемы национально-освободительного движения), құраст. В.З.Ғалиев, А., 1993, 66–72-бб.

Журнал жарияланымдары:

Абылай алып тұлға: Көкшетау қ-нда өткен ғыл.-теор. конференциядан, «Ақиқат», 1991, №11, 41–53-бб.
Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы, жинаушы М.О.Әуезов, «Тан», 1925, №4, 96–99-бб.

Абылай туралы аңыздар. Ел аузынан жазып алған Ә.Тарақ, «Парасат», 1998, №2, 17-б.

Абылай хан, дайынд. К.Ісләмжанұлы, «Жұлдыз», 1992, №11, 203–05-бб.

Абылай хан. Топтаманы дайынд. С.Дәуітов, «Парасат», 1990, №7, 23–25-бб. және тысының 3-б.

Абылай хан, «Заңгер», 2002. №9, 43–45-бб.

Абылай хан айдаудан келгенде Орынбай ақынның айтқаны, дайынд. Қ. Кемеңгеров, «Сана», 1924, №2–3, 120–21-бб.

Абылайханов Т., Кенесары – Наурызбай көші, деректі әңгіме, «Жалын», 1993, №2, 4-б.

Абылайханов Т., Кенесары ханның елшісі, «Алдаспан», 2002, №11–12, 2–3-бб.

Абылай хан өмірінен бір үзік сыр, «Қазақстан тарихы», 2011, №8, 33–42-бб.

Айғақ. Абылай хан туралы архив материалдарынан, 18 ғ., «Парасат», 1991, №1, 2-б.

Айдарқұлова А., Абылай хандығы, «Қазақ тарихы», 2010, №4, 56–57-бб.

Айтбаев М., Қарт, Алтай, қасиетті ата жұртым («Абылай» дастанынан), «Үн», 2006, №1, 82–84-б.

Айтбайұлы Т., Қыңырлар қайда тартады («Абылай хан» қойылымы туралы), «Арай», 1998, №7–8, 4–5-бб.

Ақсерікова Т., Абылайдың хандығы, «Ұлағат», 2010, №2, 68–71-бб.

Ақтаев С., Абылай хан мен Екатерина патшайым, (Абылай ханның патшайымға хат жолдауы), «Азия Транзит», 2002, №1, 22–24-бб.

Ақтаев С., Абылайдың ақ үйі, «Ақиқат», 2008, №11, 86–90-б.

Алпысбаев Қ., Тарихи романдағы Абылай бейнесі және оның деректік негізі, «Ақиқат», 2010, №11, 55–59-бб.

Әбдіғұлова Б., Абылай хан Әбілмансұр, «Қазақстан тарихы», 2011, №9, 71–74-бб.

Әбсадық А., Абылай хан тарихы: шындық және фольклор, «Ақиқат», 2003, №1, 69–76-бб.; №2, 39–45-бб.; №3, 56–61-бб., №5, 77–82-бб.



- Өбсадықов А., Абылайтанудағы ақтаңдақтар, әңгімелескен А.Достанбаева, «Жас өркен», 2011, №2, 10–14-бб.
- Өлшекенов Е., Абылай ханның Қырғызға жорықтары, «Қазақ тарихы», 2007, №1, 26–28-бб.
- Өлімқұлова Ж., «Абылай ханның ақырғы күндері», «Жұлдыз», 2012, №5, 201–03-бб.
- Бадавамұлы Л., Абылай, «Білім және еңбек», 1981, №10, 8–10-бб.
- Байбосын С., Екі шығарма – бір оқиға немесе «Жантай батыр» мен «Батыр Баян» дастандары жайлы, «Ақиқат», 2013, №10, 92–96-бб.
- Баймұханов М., Абылай заманы, романнан үзінді, «Азия Транзит», 2007, №7–8, 30–35-бб.; №9–10, 15–20-бб.
- Байсерке М., Абылайдың аманаты, драм. хикаят, «Жұлдыз», 1996, №8, 63–97-бб.
- Бактыбекова З., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №5, 44-б.
- Бейсебаева Н., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №3, 49-б.
- Бегалин Қ., Абылай хан, «Nomad-Kazakhstan», 2006, №6, 66–70-бб.
- Бораш Б.Т., Т.Қажыбаев дастандарындағы Абылай хан тұлғасының кейіптелуі, Абай атынд. ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Тарих және саяси-әлеум. ғыл. сериясы – Вестник КазНПУ им. Абая. Серия исторические и социально-политич. науки, 2010, №3, 31–35-бб.
- Бұқар жырау, Абылайды жоқтау, өлеңдер, «Жұлдыз», 1998, №4, 3-б.
- Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан толғауы, жинаушы Ж.Рахымжан, «Таң-Шолпан», 2003, №1, 119–21-бб.
- Бұланов Е.О., Абылайдың қолбасшы, саяси қайраткер ретінде қалыптасуы, «Тарих Қазақстан мектебінде – История в казахстанской школе», 2011, №4, 35–37-бб.
- Білалов С., Абылайдың ақ үйі, «Мәдени мұра – Культурное наследие», 2008, №5/6, 8–12-бб.
- Бітібаева Қ., Абылай – Бұқар және замана, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1994, №5–6, 51–59-бб.
- Ғабдулина Б.А., Абылай хан – саясаткер, тарихи тұлға, жинақ: Қазіргі кезеңдегі гуманитарлық ғылымдардың мәселелері – Проблемы гуманитарных наук на современном этапе, Қостанай, 2007, 23–27-бб.
- Дәуітов С., Жыраулар толғауындағы Абылай хан бейнесі, «Жұлдыз», 2012, №4, 183–87-бб.
- Дәуітова С., Тарихи драмадағы Абылайхан бейнесі, «Жұлдыз», 2002, №4, 200–06-б.
- Демежанов Т., Абылай мен Кенесары жөніндегі аңыздардың байланысы, «Қазақ тарихы», 1994, №5, 56–58-бб.
- Демеуғалиева Н., Қазақ драматургиясындағы тарихи тұлғалар, «Ізденіс. Гуманит. ғыл. сериясы – Поиск. Серия гуманитар. наук», 2008, №4, 191–94-бб.
- Досқалиева А., Абылай хан – дарабоз тұлға, «Қазақстан тарихы», 2006, №5, 41–45-бб.
- Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Жас Түркістан», 2003, №2, 25–32-бб.
- Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Ақ желкен», 2006, №7, 18–20-бб.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романның 2-кітабы, «Жұлдыз», 2007, №6, 17–62-бб.
- Дулатов М., Абылай хан, шежіре, дайынд. С.Дәуітов, «Парасат», 1990, №7, 24–25-б.; «Жұлдыз», 1990, №1, 130–33-бб.
- Дулатов М., Хан Абылай, «Жаңа ғасыр», 2006, №1, 66–69-бб.
- Дулатов М., Хан Абылай, «Алаш», 2010, №5, 30–33-бб.
- Дүйсенов С., Абылай ханның сыртқы саясаты, «Қазақстан тарихы», 2005, №5, 24–41-бб.
- Еженханұлы Б., Абылай ханның Цин патшалық ордасына жолдаған тұңғыш хаты және одан туылған тарихи мәселе, «ҚР ҰҒА хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы», 2010, №2, 22–27-бб.
- Елеуқенов Ш., Абылай хан тарихи роман айнасында немесе өткеннен өнеге, «Ақиқат», 2012, №4, 56–64-б.; «Керуен», 2012, №2, 3–26-бб.
- Ер Жәнібек. Абылай бастаған қазақтың жоңғарға қарсы шабуылы туралы, «Шекарашы», 2005, №6, 62–67-бб.
- Жолдасбеков М., Абылай ханның қамқа тоны, «Қарқаралы», 2008, №1, 42–47-бб.
- Жұмабекова А., Елдіктің, еркіндіктің туы – Абылай, «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде – Казахский язык и литература в русской школе», 2011, №12, 58–62-бб.
- Жұмағалиева С., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №1, 44-бб.
- Жұмаділов Қ., Абылайдың ақырғы батыры, тарихи хикаят, «Жұлдыз», 2010, №2, 5–33-бб.
- Жұмаділов Қ., Абылайдың ақырғы күндері, «Жұлдыз», №10, 2012, 3–26-бб.
- Жұмахан Н., «Абылайдың асында шаппағанда...», «Мәдениет», 2006, №1, 41–42-бб.
- Жүнісов Ә., Бөгембай батыр және Абылай хан, «Қазақ тарихы», 1997, №5.
- Жүнісов Ә., Бөгембай батыр және Абылай хан, «Жазира», 2007, №1, 26–28-бб.; №2, 9–11-бб.



- Жүнісов Ж., Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Абылай хан тұлғасы, «Қазақ тарихы», 1999, №6, 30–34-бб.
- Жүсіпова Л., Мәшһүр Жүсіп Абылайдың хан атануы хақында, «Қазақ тарихы», 2000, №3, 17–20-бб.; №5, 8–10-бб.
- Жүсіпова Л., Мәшһүр Жүсіп және Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2000, №5, 8–10-бб.
- Жүсіпова Л., Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы Абылай ханның ел билеу саясаты, «Қазақ тарихы», 2001, №1, 20–23-бб.
- Зәкиров С., «Қырғыз шежіресі» кітабынан: Абылай хан тұсында екі рет қырғызды шабу жорығы, «Жұлдыз», №4, 117–25-бб.; №5, 155–58-бб.
- Изтаева (Изтаева) В.А., Абылай хан тұсындағы қазақ мемлекетінің саяси құрылымы, «Саясат», 2006, №5, 67–71-бб.
- Изтаева (Изтаева) В.А., Қазақстанның ұлттық лидерлерінің саясатындағы сабақтастық: салыстырмалы талдау (Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаевтың лидерлік феномені жайында), «Саясат», 2006, №9, 24–29-бб.
- Иманбаева С., Абылай ханға арналған кеш, «Қазақ тарихы», 1996, №1, 74–77-бб.
- Иманғалиұлы Б., Абылайдың ақ туы, «Айбын», 2011, №8, 22–23-бб.
- Иманғайлы А., Тағдыры қиын тұлғалар (С.Ақтаевтың «Ханзаданың қасіреті» атты кітабы туралы), «Ақиқат», 2000, №6, 70–73-бб.
- Исабеков Д., Экраннан Абылайды көп іздедік, «Мәдениет», 2005, №3, 30-б.
- Исенов Г.И., Тағдыры тоғысқан тағдырлар (Абылай хан мен Есет батырдың ел мүддесі жолында бірлесіп істеген мемл. қызметтері туралы), жинақ: «Шоқан тағылымы-6» – «Валихановские чтения-6», ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған Халықар. ғыл.-практ. конференция материалдары – Материалы Междунар. научно-практ. конференции, посв. 10-летию независимости РК, Көкшетау, т. 1, 2001, 91–95-бб.
- Каренов Р., Қазақтың туы мен ұранына айналған хан Абылай, «Ақиқат», 2001, №4, 10–16-бб.; №5, 21–24-бб.
- Каренов Р., Абылай ханның беделді бас биі – Байдалы шешен, «Азия Транзит», 2001, №4, 33–45-бб.
- Кекілбаев Ә., Абылай хан, халықтық-қаһармандық драм. дастан, «Жалын», 1997, №11–12, 4–103-б.
- Кенжеахметұлы С., Қазақтың қаһарман хандары: Керей хан, ...Қасым хан., Ұлы хан Өз-Тәуке, Абылай хан, Кенесары хан, «Азия Транзит», 2001, №6, 5–8-бб.
- Кенжеғараев Н., Бұқар жырау – Абылай бейнесі – тыңдаушы, Қожа Ахмет Яссауи атынд. халықар. казак-түрік ун-тінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 2005, №3, 75–80-бб.
- Кешуова Р., Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай бейнесі, «Ауыл мектебі – Сельская школа», 2009, №4, 4–5-бб.
- Көкбай, «Сабалақ», дайынд. Қ.Мұхаметханұлы, «Абай», 1992, №3, 59–66-бб.; №4, 43–46-бб.
- Көпеев М., Абылай ханның түсі, дайынд. С.Дәуітов, «Еңбек таңы», 1992, №3, 14–15-бб.
- Көпейұлы М.-Ж., Абылайдың хан атануы, «Қазақ тарихы», 2000, №3, 19–20-бб.
- Қабылов С., Абылай хан өмірінен бір үзік сыр, «Қазақстан тарихы», 2011, №6, 27–30-бб.; №7, 29–37-бб.
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандық екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Қазақ тарихы», 2000, №3, 21–22-бб.
- Қайыпбаева А., Абылай – Азаттық күресті ұйымдастырушы, «Қазақ тарихы», 1997, №6, 40–45-бб.
- Қалмақ ханы Қалдан Серенге Абылайдың тұтқын болған хикаясы, «Еңбек таңы», 1992, №6, 14–15-бб.
- Қарасаев Ғ., Қазақ-жоңғар, казак-қытай қатынастарындағы Абылайдың саясаты, «Ақиқат», 2011, №9, 65–73-бб.
- Қаратаев Т., Абылай хан хақында, «Саясат», 1998, №12, 87–94-бб.
- Қасымбаев Ж., Абылай хақында құнды зерттеу, «Отан тарихы – Отечественная история», 2000, №3–4, 160-б.
- Қасымжанова Ш., Абылай хан билігі тұсындағы қазақ хандығы, «Қазақ тарихы», 2013, №2, 64-б.
- Қашқынов Ж., Абылайдың жауға шапқан қос батыры, «Жалын», 1995, №9–10, 196–205-бб.; «Азия транзит», 2001, №11, 21–23-бб.
- Қожа М., Хан сүйегі қалай анықталды?, «Қазақ тарихы», 2007, №1, 10–15-бб.; №2, 14–21-бб.
- Қожабай Ә.М., Абылай ханның қазақ елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолындағы күресі, «Жас ғалымдар жаршысы – Вестник молодых ученых», 2011, №10/12, 124–28-бб.
- Қозыбаев М.К., Абылай – алып тұлға, «Ақиқат», 1991, №11, 41–43-бб.
- Қойшығұл З., Жыршылық дәстүрдегі деректілік. Абылай, Кенесары жырындағы тарихи деректер, публицистикалық сарын, «ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы – Вестник КазНУ. Серия журналистики», 2005, №1, 90–93-бб.



- Куантаев А., Мұрағаттар айғақтаған үй – Абылайдың ақ ордасы, «Қазақстан мұрағаттары», 2005, №1, 76–80-бб.
- Құрбаева Д., Абылай хан тұсындағы қазақ хандығы, «Қазақ тарихы», 2012, №4, 33–34-бб.
- Мағзұмов М., Абылайкит бұтханасы хақында, «Қазақ тарихы», 1996, №5, 20–25-бб.
- Моисеев В.А., Қазақ хандары – халық қорғандары, яки, 17–18 ғасырлардағы алғаш қазақ әміршілерінің тарихи портреттері, «Ақиқат», 1992, №4, 17–21-бб.
- Молдағалиев Т., Исабеков Д., Сахнада «Абылайхан», «Парасат», 2005, №12, 2-б.
- Мұхаметқанұлы Н., Абылай ханның мәмілегерлік саясаттары (Қытай деректері бойынша), «Қазақ тарихы», 2000, №3, 3–7-б.; №5, 3–8-бб.
- Мұхаметханұлы Қ., Абылай ханның атқарған қоғамдық қызметі, «Алаш», 2009, №5, 25–34-бб.; №6, 23–29-бб.
- Мұхаметханұлы Н., Абылай ханның тарихи орны мен рөлі, «Отан тарихы – Отечественная история», 2010, №4, 62–70-бб.
- Мұқанова Г., Айғаным туралы аңыз бен ақиқат, «Жаңа Сарыарқа», 2007, №2, 17–32-бб.
- Мұқтар Ә., Абылай хан тарихындағы ақтандақтар немесе Абылай хан мен Әбілқайырды бір-біріне қарсы қою тарихи шындыққа жанаспайды, «Қазақ тарихы», 2007, №3, 3–8-бб.
- Мұқтар Ә., Мен – қазақтың үш Алашының ханымын, «Отан тарихы – Отечественная история», 2011, №2, 70–78-бб.
- Мұқтар Ә., Қазақтың үш алашының ханы, «Қазақ тарихы», 2011, №5, 2–6-бб.
- Мұхтар Ә., Уәли Абылайұлының өмірі мен қызметі, «Отан тарихы», 2013, №3, 81–90-бб.
- Мыңжылдық саңлақтар («Абылай хан», «Алтын адам» қорлары және Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы бірлесіп, «мыңжылдық саңлақтары» мен ғасыр саңлақтарын» анықтап, толықтырғандығы туралы), «Парасат», 2001, №1, 16–17 және 23-бб.
- Мырза Әли Қ., Абылай, өлең, «Мұрагер», 1992, №3–4, 2-б.
- Мырзахметов Е., Ер ұраны Абылай, «Шекарашы», 2004, №6, 43–46-бб.
- Набиолла Н., «Жәнібек батыр» жырларындағы Абылай хан бейнесі, «Керуен», 2012, №1, 141–46-бб.
- Нәсенов Б., Абылай Магомет батыр – сұлтан – ханға 300 жыл, «Алаш», 2011, №2, 4–24-бб.
- Нәсенов Б., Абылай ханның аруағын қорламайық, «Қазақ тарихы», 2006, №4, 77–80-бб.
- Нәсенов Б., Абылай ханның патша әкімшілігіне хаттарынан, «Жаңа ғасыр», 2006, №1, 66–69-бб.
- Нәсенов Б., Ресей мұрағаттарындағы Қазақстанның тарихи тұлғалары, «Қазақ тарихы», 2007, №2, 25–27-бб.
- Нәсенов Б., Айбынды Абылай ханға – 300 жыл, «Дарабоз», 2011, №6, 4–7-бб.
- Нұрпейісов К., Абылай, «Білім және еңбек», 1981, №10.
- Омарова А., «Абылай хан» операсындағы поэтикалық мәтіннің ерекшелігі, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2006, №12, 47–52-бб.
- Омарова К., Тарихи тұлғалар: Абылай, Кенесары туралы қазақ, орыс тіліндегі мағлұматтарды оқыту, «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде–Казахский язык и литература в русской школе», 2005, №9, 82–87-бб.
- Ораз Н., Жан дірілі жырымда, Абылай ескерткіші ашылғанда, ... өлеңдер, «Сарыарқа», 2000, №3, 39–43-бб.
- Оразов Н., Абылай мен І-Петр, «Сарыарқа», 1993, №5, 87–89-бб.
- Өзбекұлы С., Абылай хан және Бұқар жыраудың ұлттық мемлекеттілікке көзқарастары, «Жас Түркістан», 1998, №1, 27–32-бб.
- Өмірбаев Т., Ерліктің, еркіндіктің туы – Абылай, «Қазақ тарихы», 2013, №1, 52–53-бб.
- Өтениязов С., Қарабалаев Х., Абылай туралы аңыз бен ақиқат, «Қазақ тарихы», 2007, №2, 73–80-бб.
- Рахатова К., Ардақты Абылай хан, «Тәрбие құралы», 2008, №5, 46–48-бб.
- Рахымбаева Г.К., «Барақ батыр», «Абылай» жыры және оның тарихи сипаты, «ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы – Известия НАН РК. Серия филологическая», 2003, №2, 25–30-бб.
- Салқынбек Д., Абылайды аласартып, Әбілқайырды асқақатқанда не ұтамыз?, «Қазақ тарихы», 2006, №5, 20–28-бб.
- Салқынбек Д., Артық туған Абылай, «Қазақ тарихы», 2008, №2, 21–25-бб.
- Салқынбек Д., Сонымен Абылай хан қайда жерленген?, «Қазақ тарихы», 2006, №1, 40–44-бб.; Абылай хан қайда жерленген?, «Шекарашы», 2006, №3, 67–71-бб.
- Салқынбеков Д., Абылай ханның сыртқы саясаты, «Парасат», 1992, №2, 9-б.
- Сатаев А., Абылай жайлы хикаялар, «Жұлдыз», 2002, №9, 69–97-бб.
- Сәкен Сері, Абылай хан, кинохикаят, «Жұлдыз», 1997, №9, 78–115-б.; №10, 68–105-б.
- Сәтбай Д., Тұлғалар немесе Абылай–Мұхтар–Олжас үштағаны, «Ақиқат», 1997, №3, 68–70-бб.



- Сейдімбек А., Уәлиұлы Абылай хан, «Мектеп», (Шымкент), 2011, №8, 45–47-бб.
- Смағұлұлы О., Абылайдың ұрпағы Шәді ақын, әңгімелескен А. Құлжанов, «Мәдениет», 2010, №12, 62–64-бб.
- Смағұлұлы О., Оразаққызы А., Абылай хан туралы тарихи және антропологиялық зерттеулер, «Отан тарихы – Отечественная история», 1998, №1, 85–93-бб.
- Сматаев С., Абылай хан, проза, «Жалын», 2010, №1, 11–36-бб.
- Сүлейменов Р., Абылай. Аңыз бен ақиқат, «Қазақстан коммунисті», 1991, №2, 53–60-бб.
- Сыдықбай Ж., Абылай хан ғана емес, күйші де болған, «Айбын», 2010, №7, 28–29-бб.
- Сыдықов Ә., Шешіре, тарихи жырлар және Абылай, «Ұлт тағылымы–Достояние нации», 2010, №2, 294–99-бб.
- Сыдықов Ә., Бұқар мен Үмбетей жырындағы Абылайдың тарихи тұлғасы, «Ізденіс. Гуманит. ғыл. сериясы – Поиск. Серия гуманитар. наук», 2010, №2, 135–39-бб.
- Тарақ Ә.С., Абылай хан ақ батада. Қазақ фольклорындағы гуманизм көріністері, «Ақиқат», 1998, №8, 74-б.
- Тарақ Ә.С., Батырларға қамқор болған Абылай, «Жұлдыз», 1998, №7, 202–04-бб.
- Тарақ Ә.С., Тарихилық аясындағы тарихи тағдыр, «Жұлдыз», 2003, №174–78-бб.
- Тарақ Ә.С., Үмбетей жырындағы Абылай өмірінің шындығы, «Ізденіс. Гуманитарлық ғыл. сериясы», 1998, №3, 47–51-бб.
- Тарақов Ә.С., Абылай және елшілік мәдениеті, «Ақиқат», 2004, №4, 65–67-бб.
- Тарақов Ә.С., Абылай ойларындағы елдік мүдделер, болашақ бағдарлар, «Ақиқат», 2002, №6, 59–65-бб.
- Тарақов Ә., Абылай хан – 280, «Парасат», 1991, №1, 14–15-бб.; №11, қосымшаның 1–3-бб.
- Тарақов Ә.С., Тарихи бейне портреті – шығарма ажары (Қ.Жұмаділовтың Абылай портретін кескіндеуі), ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы, 2003, №7, 3–5-бб.
- Тарақов Ә.С., Тарихи романдағы фольклор және көркемдік шындық («Дарабоз» және «Жанталас» романындағы Абылай хан туралы аңыздардың мәні), Семей МУ хабаршысы, 2003, №1, 225–28-бб.
- Татанаев Б., Қандыжап бітімі (Абылай хан тұсында жоңғарлармен жасасқан бітім жайлы), «Алдаспан», 2001, №5–6, 6–8-бб.
- Таукин Н., Жалғандық жалғаса бермек пе?, «Сарыарқа», 1999, №1, 2–5-бб.
- Тауұлы М., Абылайдың ақ семсері, «Парасат», 1992, №9, 10-б.
- Токмырзин Қ., Қолдан жасалған аңыздар, «Таң-Шолпан», 2009, №2, 60–74-бб.
- Төлебаева А., Шоқан Уәлиханов Абылай хан туралы, Ұлт тағылымы–Достояние нации», 2010, №3, 318–21-бб.
- Тұрсынханова Қ.Қ., Абылай жайлы жырлардың зерттелуі, Шәкәрім атынд. «Семей мемл. ун-тінің хабаршысы – Вестник Семипалатинского гос. ун-та им. Шакарима», №1, 149–53-бб.
- Тілегенов Ш., Абылай хан (ел аузындағы деректер), «Сарыарқа», 1997, №5, 8–12-бб.
- Уәлиев М.Е., Абылай хан кезіндегі қазақ хандығының нығаюы, Б.Бейсенов атынд. «Қарағанды академиясының хабаршысы – Вестник Караганд. академии» им. Б.Бейсенова, №1–2, 93–95-бб.
- Уәлиханов Е., Абылай және жоңғар шапқыншылығы, «Қазақ тарихы», 1994, №1, 29–33-бб.
- Уәлиханов Е., Абылай және оның ұрпақтары туралы жалған жорамалдар, «Қазақ тарихы», 2004, №2, 18–19-бб.
- Уәлиханов Ш.Ш., 18 ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар (ауд. С.Ақтаев), «Ақиқат», 1995, №3, 45–50-бб.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай хан, «Алдаспан», 2003, №11–12, 2–3-бб.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, «Ақиқат», 2011, №1, 52–55-бб.
- Уәлиханов Ш.-А. Ы., Абылай хан. Абылай ханның ата-тегінен мәліметтер, «Алдаспан», 2001, №11–12, 4–5-бб.; «Жұлдыз», 2001, №12, 53–60-бб.
- Хаван А., Тәуелсіздікті жырлаған жыраулар шығармашылығындағы хандар бейнесі, «Керуен», 2011, №3, 106–13-бб.
- Хамит Г., Тәуелсіздік және Абылай хан тағылымы, «Нұр-Астана», 2011, №7, 11-б.
- Хасан С., Абылай ханның өлімі, аңыз-эпсана, «Ақиқат», 2008, №4, 68–76-бб.
- Хұсайынов Б., Шаханов Е., Абылайдың арманы–ел мүддесі., «Сарыарқа», №4, 82–85-бб.
- Шантуов Ж., Ер Қасабай. Абылайдың батыры, Қабанбайдың тұстасы, «Парасат», 2006, №12, 28–29-бб.
- Шәкәрім Құдайбердиев, Абылай хан, дайынд. С. Дәуітов, «Парасат», 1990, №7, 23–24-бб.
- Шәмшиденова Ф., Ермак және Абылай тайшы (қалмақ тайшысының Сібірді отарлауға көмегі), «Қазақ тарихы», 2004, №5, 3–9-бб.
- Шәмшиев М.С., Абылай ханның тегі туралы, «Еуразия ун-тінің хабаршысы», 1997, №1–2, 24–26-бб.
- Шотаев А., Абылай ханнан қалған сөз, «Жазира», 2004, №4, 9–10-бб.

Бісқақова Г., Қазақ мемлекетін нығайтудағы Абылай ханның рөлі, «Қазақ тарихы», 1996, №5, 17–19-бб.
Біхсанова В., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №2, 49-б.
Ізтаева В., Абылай хан мен Бұқар жырау, «Ақиқат», 2002, №9, 58–61-бб.
Ізтаева В., Абылай ханның геосаяси көзқарасы, «Саясат», 2002, №9–10, 100–02-бб.
Илиясова Ш., Ел мақтанышы – Абылай, «Қазақ тарихы», 2013, №3, 50-б.

Газет жарияланымдары:

Абайбекұлы Қ., Алаштың төбе биі, «Жетісу», 2013, 29-қазан, 1–2-б., №121.
Абайқызы Б., «Алаштың арыстаны хан Абылай», «Сарбаз», 2011, 21–27-қазан.
Абылай (Қазақ халқының ертедегі батыр ұлдары), «Соц. Қазақстан», 1943, 7-қазан.
Абылайдың ақ туы..., дайынд. К.Адырбекұлы, Д.Мыңжасарқызы, «Түркістан», 2011, 6-қаңтар.
Абылайдың ақ үйі туралы, «Өркен», 1993, 28-тамыз.
Абылайдың түсі: қазак қазір қай тұста, «Алтын орда», 2005, 13-мамыр.
Абылайдың үш арманы немесе ұлы ханның ұлағатты өмірі туралы сыр, әзірлеген А.Сүгірбай, «Сарбаз», 2013, 25-қазан, 6-б.
Абылай сұлтанның Тобыл губернаторы Сухаревке хаты, «Қазақ», 2011, 1–8-шілде, №26/27, 3-б.
Абылайтанушының мерейтойына арналды, «Үш қоңыр», 2012, 25-сәуір.
Абылай хан. Дастан, 2-нұсқа, «Орт. Қазақстан», 1991, 14-қыркүйек; 1992, 9-қаңтар.
Абылай хан және оның тарихи дәуірі, «Көкшетау», 2013, 10-қазан, 1–2-б.
«Абылай хан» қойылымы туралы, «Түркістан», 1999, 3-ақпан.
Абылай хан мен Жанайдар би, «Жас алаш», 2001, 6-наурыз.
Абылай ханның сыны. Райымбектің жауабы, «Ана тілі», 1993, 11-ақпан.
Абылай ханның 300 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралардың бағдарламасы, «Арқа ажары», 2013, 3-қазан.
Абылай ханның 300 жылдығы неге атап өтілмейді?, «Жас алаш», 2011, 30-маусым.
Абылай хан обкомның хатшысы емес... Тарих және этн. ин-тында өткен Балама тарих құбылысы және тарих ғылымы» атты пікірсайыс материалдары, әзірлеген Ө.Нұртайұлы, «Жас алаш», 2004, 6 наурыз, 7-б.
«Абылай хан» тарихи-антропологиялық зерттеу кітабы туралы, «Түркістан», 2000, 17-наурыз.
Абылай хан туралы қалам тартқан, «Қазақ әдебиеті», 2011, 1–7-сәуір.
«Абылай хан» фильмі жарыққа қашан шығады?, дайынд. Ж.Қуанышбекқызы, «Егемен Қазақстан», 2000, 22-наурыз.
Абылай хан. Ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы, «Қазақ», 2006, 7-сәуір, №3, 5-б.
Аджи М., «Абылайдың түсіндей азбау үшін...», «Қазақ әдебиеті», 1997, 24-маусым.
Адырбекұлы Қ., Асқақ еді айбыны Абылайдың..., «Түркістан», 2011, 19-мамыр.
Азат рухтың Абылай ханына арналды, «Үш қоңыр», 2013, 11-қазан, 2-б., №41.
Айтқын Бұлғақов пен Серік Құсанбаевтың айтысы (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Көкшетау қ-нда өткен респ. ақында айтысынан), «Көкшетау», 1991, 13-ақпан.
Айтбаев М., Абылай: дастан, «Лениншіл жас», 1991, 17–18-шілде.
Айтбаев М., Абылай, Киік зары, ... өлеңдер, «Егемен Қазақстан», 2004, 24-қараша, 13-б., №285–88.
Айтмұхаммедұлы Е., Аяғөзден атажұртқа, «Қазақстан–ЗАМАН», 2011, 2-маусым.
Ақатаев С.Н., Абылай хан: тарихи-қаһармандық кинодрама, «Жас алаш», 1998, 28-мамыр.
Ақатаев С.Н., Тұғырда тас мүсін емес, тарих тұруы тиіс, (Алматы қ-нда орнатылатын Абылай хан ескерткіші туралы ой), «Жас алаш», 1998, 28-мамыр.
Ақмырзаев М., Қоңырат сапары (Абылай ханның атақты баһадүрі Жанақ батыр Райымбердіұлының белгі тасы табылуы туралы), «Маңғыстау», 2011, 27-қазан, 11-б.
Ақтаев С., Абылай хан мен Екатерина патшайым, «Қазақстан сарбазы», 2000, 20-қараша.
Ақтаев С., Абылай хан мен Екатерина патшайым, «Егемен Қазақстан», 2001, 31-қазан.
Ақтаев С., Дарабоз дана. Абылай ханға алашта ер жетпеген, «Сұхбат», 1992, 14-көкек.
Ақылбеков А., Аруағыңа бас ием, толғау, (Абылай ханның туғанына 300 жыл), «Жетісу», 2011, 19-мамыр.
Ақыпбекұлы Ө., Абылайы бар елдің абыройы қайда жүр?, Тас, Жұлдыз,... өлеңдер, «Қазақ батырлары», 2000, №11 (қараша), 13-б.
Алланазар М., Рухани Астана, жетімсіреген Абылай хан..., «Жас қазақ үні», 2009, 6-ақпан, 5-б., №5–6.
Алмасбекұлы М., Абылай ханның қамқа тоны Астанада, «Астана хабары», 2007, 15-желтоқсан.



- Алпысбаев Қ., Аңыз бен ақиқат. Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Абылай бейнесі және дереккөз, «Астана ақшамы», 2013, 5-қазан, 8–9-б., №113; 2013, 8-қазан, №114.
- Алыбаев Ә., Абылай : хан тағына жеткенше..., «Түркістан», 1997, 18-маусым.
- Амалбек Б., Абылай рухы еліне қайта оралды, «Егемен Қазақстан», 1999, 6-қараша.
- Амалбек Б., Баяділов Б. т. б., Көкшетауда абылай тойы, «Көкшетау», 1991, 6–7-тамыз.
- Аманжол Қ., «Қанай – Абылай»: поэма, «Егемен Қазақстан», 2009, 16-мамыр.
- Аманжолов К., Абылайдан асқан бар ма асу, «Дала дидары», 1991, 30-мамыр.
- Аманжолов Қ., Абылай халық үшін жасап еді, «Өркен», 1991, 17-тамыз.
- Аманжолов Қ., Асанбаев О., Абылай асының дүбірі, «Дала дидары», 1991, 15, 31-тамыз.
- Амантайұлы Е., Абылайдың «Ақ үйі», «Жас казак», 2006, 26-қыркүйек.
- Аргынбаев Х., «Абылай аспас Арқаның сары белі», «Ана тілі», 1992, 9-шілде.
- Артықбаев Ж., Абылайға қарсы шығу қазаққа қарсы шығумен бірдей, әңгімелескен Г.Хамит, «Нұр-Астана», 2011, 20-қазан.
- Артықбаев Ж., «Абылайдың асында шаппағанда...», дайынд. Т.Тілеубай, «Жас казак», 2011, 29-сәуір.
- Асқақ рух пен киені қастерлеу (Түркістан қ-нда Абылай ханның сүйегі арулап қайта қойылатындығы жайлы), «Егемен Қазақстан», 2000, 17-наурыз.
- Асқаров Е., Армысың, атамекенім! (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына арналған Көкшетауда болатын ақындар айтысының алдында), «Көкшетау», 1991, 26-қаңтар.
- Атығаев Б., Атығаев Н., Артық туған Абылай... Қазақтың ардақты азаматын қаралау кімге керек?, «Айқын», 2009, 30-қаңтар, 4–5-бб., №14.
- Аты мәңгілік Абылай, «Ана тілі», 1991, 8-тамыз.
- Аханбайқызы А., Абылайдан жеткен екі күй, «Айқын», 2008, 8-ақпан, 5-б.
- Ахмет Е., Айбынды Абылай хан: аңыз бен ақиқат, «Айқын», 2011, 7-мамыр, 5-б., №81.
- Ахметова Р., Қыннан қылыш суырған тар заманда (Абылай ханның ұрпақтары туралы), «Көкшетау», 1991, 3-тамыз.
- Аян, Алдияр (Абылай хан туралы), «Қазақ батырлары», 2000, №8 (тамыз), 3-б.
- Әбдікәдімұлы М., Абылай ханның айбары, «Алтын орда», 2011, 11-тамыз.
- Әбдеш М., Жансыз бейне жаңғырығы (Абылай ханның немересі Ғұбайдолла сұлтанның тұқымы Сұлтанғазы Уәлиханов туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 26-шілде.
- Әбдіразақ Б., Абылайдың алдына бір бармасам: өлең, «Жас казак», 2001, 5–11-қаңтар.
- Әбенев Ә., Хан Абылай қадірі қайтсе артады?, «Егемен Қазақстан», 2011, 27-шілде.
- Әбеуова Р., Ұлы хан Ұлытауда ұлықталды, «Сарбаз», 2011, 10–16-маусым.
- Әбсадық А., Абылай мен Үмбетей жырау, ескерту ме?, Жыраулар толғауы мен тарихи аңыздардың шындыққа арақатынасы, «Қазақ», 2008, 5-қыркүйек.
- Әбсадықов А., Аңыз бен тарихи шындықтың ара-жігін ажырата алып жүрміз бе?, Абылай хан туралы, «Ана тілі», 2006, 6-көкек; 13-көкек.
- Әбсадықов А., Абылай және Шақшақ Жәнібек немесе тарихи шындық пен халықтық наным, «Қостанай таңы», 1998, 29-мамыр.
- Әбсадықов А., Абылай хан тарихы: шындық және фольклор, «Ақиқат», 2003, №1, 69–76-бб.; №2, 39–45-бб.; №3, 56–61-бб.; №5, 77–82-бб.
- Әбсадықов А., Хан Абылай, «Қостанай таңы», 2013, 10-қазан, 4-б.
- Әбуев Қ., Абылай және Қазақстан тарихнамасының кейбір мәселелері, «Көкшетау», 1991, 28-қараша.
- Әбуев Қ., Қазақтың ұлы ханы хан Абылай, «Көкшетау», 1996, 20-маусым.
- Әбусейітова М.Қ., Бай тарихымызды түгендеуіміз қажет, сұхбаттасқан Г.Айтжанбай, «Айқын», 2013, 2- қазан, 3-б., №181.
- Әкім Ж., Қазақтың ұлы хандары, “Айғақ», 2009, 21-қазан.
- Әлдибекұлы Б., Батырдан батыр туған бабаларым (Абылай ханның сыны, Райымбектің жауабы), «Қазақстан – ЗАМАН», 2005, 8-шілде, 14–15-бб., №27.
- Әлдибекұлы Ш., Хан Абылай қара қазақтан шыққан?: антрополог ғалымдар хан сүйегін тураноидтерге жапқызды, «Қазақстан – ЗАМАН», 2005, 8-шілде, 14-б., №27.
- Әлжаппаров М., Абылайдың хаты қайдан табылды?, «Егемен Қазақстан», 2009, 28-қаңтар.
- Әлімгереев Ә., Алаш ардақтысы – Абылай, «Атырау», 2011, 3-наурыз.
- Әлімжанов Б., Абылай тойы – ел тойы, «Көкшетау», 1991, 20-қаңтар.
- Әріпбай Б., Рысдәулет М., Абылайханның елшісі, «Егемен Қазақстан», 2001, 27-маусым.
- Әуелбек Ә., Абылай ханның суреті қалай келді?, «Дала мен қала», 2006, 19-мамыр.
- Әшім А., Сейдімбек А., Елубай С., Абылай хан, тарихи киносценарий, «Егемен Қазақстан», 1994, 14-қазан.



- Өшімханұлы Д., Адырбекұлы К., Таразда Төле бидің тойы өтті, «Түркістан», 2013, 31-қазан, №43.
- Базарқұл Е., «Абылайдың асында шаппағанда...», «Алаш айнасы», 2010, 30-қыркүйек.
- Байәділов Б., Арыстан жүректі Абылай, «Жас қазақ», 2013, 11-қазан, 2-б., №39.
- Байәділов Б., Абылай аулада тұр, «Жас қазақ», 2013, 18-қазан, 2-б., №40.
- Байәділов Б., Сырымбеттің етегі – сыршыл тарих мекені, «Жас қазақ», 2013, 1-қараша, 9-б., №42.
- Байбосын С., Алапат заман тудырған ақберен тұлға, «Сарыарқа самалы», 2013, 2-қараша, 8-б.
- Байжігітов Н., Абылай ханның түсі, «Қазақ әдебиеті», 1990, 7-ақпан.
- Бақбергенов С., Абылай асқан сары бел («Абылай хан» атты кітап туралы), «Егемен Қазақстан», 1994, 10-желтоқсан.
- Бакторазов С., Шоқтығы биік ұлы тұлға, «Ақ жол», 2013, 3-қазан, 6-б.
- Балқияұлы Н., Жолбасқан Т., Абылайханның жетінші ұрпағы – қуғын-сүргін құрбаны, «Ақтөбе», 1997, 16-желтоқсан.
- Барлық тойдан Абылайдың тойы артық, «Жас алаш», 2011, 7-шілде.
- Баһадүр Ж., Хан көтерген Түркістан тарихи оқиғаны қайта жаңғыртты, «Оңт. Қазақстан», 2013, 22-қазан, 8-б.
- Бәмшіұлы Б., Абылай ханға айғыр мінгізген «мендік» менталитеттің мешеулігі неде?, «Қазақ әдебиеті», 25-сәуір – 1-мамыр, №17.
- Бейсенбайұлы Ж., Шоқанның бойында Абылай бабасының тектілігі бар-ды..., «Алматы ақшамы», 29-тамыз, 2013, №106.
- Бейсенова Ш., Азаттық жолы – азапты («Абылай хан» қойылымы туралы), «Астана ақшамы», 1998, 28-шілде.
- Бейсенұлы Б., Абылай хан асқан күйші болған ба?, «Жас алаш», 1999, 17-сәуір.
- Бекмұратұлы С., Қайран Абылай, қасиетіңнен айналдым!, өлең, «Жас алаш», 2001, 10-қараша, 5-б., №135.
- Бектас Е., «Қазақтың ханы Абылай», «Түркістан», 2012, 12-қаңтар, 10-б., №2.
- Белгібайұлы І., Абылай – арқа төсінде, «Ана тілі», 2011, 19–25-мамыр, 2-б., №20.
- Бижанов Қ., Халкының басын қосқан (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Коммунизм таңы», 1991, 17-шілде; «Орт. Қазақстан», 1991, 19-шілде; «Сұхбат», 1991, 1–15-тамыз; «Жетісу», 1991, 6-тамыз; «Қазақстан мұғалімі», 1991, 16-тамыз.
- Боданов Б., Абылай хан, «Ақ жол», 1995, 4-наурыз.
- Бозымбекұлы Ж., Қарабайдың қолында түнде туған ұл едің (Абылай хан туралы), «Азия», 1993, №51 (желтоқсан), 4-б.
- Боранбай Ж., Абылайдың ақиқаты мен аманаты, «Түркістан», 2011, 4-тамыз, 9-б., №31.
- Бөжен Б., Абылайдың шапаны Керекуге келді, «Айқын», 2011, 30-наурыз, 5-б., №54.
- Бөпежанова Ә., Сахнада – «Абылай хан», «Қазақ әдебиеті», 1998, 6-маусым, 16-б., №22.
- Бірханқызы Ш., Баба жолына адал болайық (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Көкшетау», 1991, 28-маусым.
- Ғаббасов С., Тарихты бұрмалау – қаскөйлік («Абылай хан қазақ тарихынан тиісті бағасын алды ма» атты газет мақаласына орай), «Жас алаш», 2001, 20-қараша, 5-б., №139.
- Дәуітов С., Абылай ханның түсі: М.Ж.Көпеевтің шежіресі, «Соц. Қазақстан», 1991, 6-сәуір.
- Досби А., Абылай мен Кенесарының хан ордасына, Мағжан мен Сәкеннің жыр ордасына неге казино орнауы тиіс?, «Астана хабары», 2007, 19-мамыр, 1-б., №101.
- Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Алматы ақшамы», 2001, 21-шілде, 3-б., №81; «Қазақ батырлары», 2001, №8 (тамыз), 8-б.; 2002, №10 (қазан), 10-б.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Қазақстан-ZAMAN», 2003, 10-қаңтар; 17-қаңтар; 24-қаңтар, 14-б.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романның 2-ші кітабынан үзінді, «Жетісу», 2006, 7-қазан, 10-б.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Әдебиет айдыны», 2007, 5-сәуір, 9-б., №13.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Заң газеті», 2008, 15–17-шілде, 4-б.; №105–107.
- Доспанбетов Ұ., Абылай хан туралы аңыз бен ақиқат, әңгімелескен Т.Тәшенов, «Айқын», 2011, 3-наурыз, 23-б., №40.
- Доспанбетов Ұ., Жекпе-жек («Абылайдың ақ туы» атты романынан үзінді), «Атамекен», 2003, 23-мамыр, 5–6-бб., №10.
- Дулатұлы Б., Абылай ханның тойы дүрілдеп өтті, «Айқын», 2013, 8-қазан, 6-б., №185.
- Дүйсен Қ., Абылай ханның 300 жылдығында қаламгерлер марапатталды, «Үш қоңыр», 2012, 16-мамыр, 2-б., №19.
- Егінбай М., Абылай, ән, «Қазақ әдебиеті», 1997, 21-қазан, №42, 9-б.



- Ежен Н., ... Абылайдың арманы, ... поэмадан фрагменттер, «Сыр бойы», 2006, 13-қаңтар, 2-б.
- Еламанов О., Абылай ханның арманын орындаған адам, «Атырау», 2011, 24-ақпан, 3-б.
- Ел ескерткіштері: Қызылорда қ-нда Абылай ханға тұңғыш орнатылған ескерткіштің фотосуреті, «Қазақ елі», 1997, 24-қаңтар, 1-б., №3.
- Елеукуенов Ш., Абылай хан – тарихи роман айнасында, «Қазақ әдебиеті», 2011, 16-желтоқсан, 11-б., №50.
- Ерсарин Қ., Мұса С., Елдік пен ерлік ұраны – Абылай хан ескерткішін орнатуға атсалысайық, (Көкшетау қ-нда Абылай ханға ескерткіш орнату туралы), «Егемен Қазақстан».
- Ерік Асқаров пен Баянғали Әлімжановтың айтысы. Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Көкшетауда өткен респ. ақындар айтысынан, «Көкшетау», 1991, 9-ақпан.
- Есали А., Абылай шырқаған асқақ ария..., «Егемен Қазақстан», 2005, 1-қаңтар, 6-б., №1.
- Есжан С., Абылай хан тойы өтеді, «Арқа ажары», 2013, 1-қазан, 1-б.
- Есқали Ө., Абылайдың ақ үйі: Тарихи ғимаратты қалпына келтірудің екінші кезеңі басталып кетті, «Егемен Қазақстан», 2007, 7-ақпан, 4-б., №32.
- Есімов Қ., Абылайды жоңғар тұтқынынан босатқан кім?, «Орт. Қазақстан», 2005, 17-қараша, 7-б.
- Жаманқұлов Т., «Абылай ханның рөлін ойнағаннан кейін бе, Көкшеге келсем ерекше бір сезімге бөленемін!», әңгімелескен Ы. Төлегенқызы, «Арқа ажары», 2011, 28-мамыр, 6-б., №61.
- Жаппархан Ө., Елбасы ашқан ескерткіш (Қызылорда қ-нда Абылай ханға орнатылған тұңғыш ескерткіштің ашылу рәсімі жайлы), «Егемен Қазақстан», 1997, 6-ақпан.
- Жармағамбетов Қ., Ұлылық (Абылай ханға арналған өлең), «Көкшетау», 1991, 3-тамыз.
- Жәкеев С., Ежелгі ескерткіш құпиясы (Абылайхит бұтханасы туралы деректер), «Егемен Қазақстан», 2000, 15-қаңтар.
- Жолдасбеков М., Абылайдың асы, «Қазақ әдебиеті», 1991, 2-тамыз, 2-б.
- Жолдасбеков М., Абылай ханның қамқа тоны, «Егемен Қазақстан», 2007, 14-қараша, 5-б., №354.
- Жолжақсынов Д., Ол қазақтың тұтастығын сақтады, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Жұмабаева А., Абылай хан мұражайында Ленин ескерткіші әлі тұр..., «Астана хабары», 2007, 8-қараша, 3-б., №183.
- Жұмабай Ө., Дулығалы дала перзенті (Абылай хан ұрпақтары Қасым, Кенесары туралы), «Заң газеті», 1996, 12-маусым.
- Жұмағұлов Ж., Қасиетті де киелі Көкшетау топырағы Абылайға қоныс болған, сұхбат жүргізген Б.Сәрсенбаев, «Көкшетау», 2013, 3-қазан, 6–7-бб.
- Жүнісов С., Абылай хан, кино-хикаят, «Егемен Қазақстан», 1998, 8-сәуір.
- Жүнісов С., Хан мен Президент («Біз айтпасақ кім айтады» топтамасынан Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаев туралы), «Көкшетау», 1991, 29-қараша; «Қазақ әдебиеті», 1994, 4-ақпан, 10-б., №5.
- Жүністегі К., Абылайдың «Алты ағашы», «Орт. Қазақстан», 2010, 5-қаңтар, 4-б.
- Жүсіп Қ., Абылай хан мұражайы (Бурабай кентінде), «Арқа ажары», 2003, 2-қазан, 3-б.
- Жүсіп Қ., Бурабай бүк түсіп жатыр (Бурабай к-тіндегі «Абылайхан мұражайы» туралы), «Заң газеті», 2006, 8-тамыз, 2-б., №144.
- Жүсіп Қ., Тұлғаларды тойларда ғана ескеретіміз қалай?, «Заң газеті», 2013, 8-қазан, 1 және 3-б., №151.
- Жүсіп Н., Қасиет пен қасірет (Түркістан қ-нда Абылай ханның мәйіті қайта арулап қойылып, ас берілгендігі жайлы), «Жас алаш», 2000, 21-наурыз.
- Жылысбаев Қ., Астанаға Абылай ханның атын берсек (пікір), «Жас алаш», 2011, 25-тамыз, 4-б., №68.
- Ибраев М., Абылай хан, «Семей таңы», 1990, 13-қазан.
- Ибраһим Ш., Абылай туралы ақиқат (Абылай хан туралы деректерден, әзірл. Б.Хұмажан), «Алматы ақшамы», 1998, 7-тамыз.
- Исабаев Б., Абылай, Кенесары хандар заманын терең зерттеп, назар аударған кісіге «дала дипломатиясы» үлкен сабақ, әңгімелескен Г.Айтжанбайқызы, «Айқын», 2007, 17-сәуір, 3-б., №67.
- Исабеков Д., Абылай ханды, Абайды, Махамбетті өзгеге сеніп беруге болмайды, «Жас қазақ», 2005, 15-шілде, 4-б., №28.
- Исағұлов З., Ұлы ханның тас тағы (Абылай хан туралы), «Орт. Қазақстан», 1993, 13-шілде.
- Исмаилов О., Вашингтоннан жеткен жәдігер, «Жетісу», 2011, 15-қазан.
- Кәкен А., Абылайдың суретін салған ақын Мәжит Айтбаев туралы не білеміз?, «Егемен Қазақстан», 2001, 31-қаңтар.
- Кәкенұлы Ж., Жұмақын жазған Абылай, «Түркістан», 2012, 15-наурыз, 11-б., №11.
- Кәрібаев Ж., Абылайдың бөркі қайда?, «Астана хабары», 2007, 22-ақпан, 6-б., №32–33.



- Кекілбаев Ә., Абылай тақырыбы үлкен шығарманы күтіп тұр, сұхбаттасқан Р.Рақымқызы, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Кекілбаев Ә., Абылай хан. Халықтық-қаһармандық драм. дастан, «Егемен Қазақстан», 1997, 29-қараша.
- Кекілбаев Ә., Шын Абылай – кәдімгі қазақ білетін Абылай, «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Кемпірбаев А., «Абылай аспас Арқаның сары белі...», «Орт. Қазақстан», 2010, 22-сәуір, 3-б.
- Кенжеахметұлы С., Қазақтың қаһарман хандары: Әз-Тәуке, Абылай хан, Кенесары хан туралы, «торғай», 2002, 6-қыркүйек; «Астана хабары», 2006, 15-шілде, 10–11-б., №112/114.
- Кенжебаев Б., Абылай, «Халық кеңесі», 1991, 18-сәуір.
- Кенжебек О., Абылайдың мұражайы – мәдени мұра, «Алаш үні», 2003, 21-қазан, 3-б., №18.
- Көбенов Н., Тарихымның тарауы (Абылайханға арналған өлең), «Халық кеңесі», 1992, 22-ақпан.
- Көкшетаудағы Абылай хан тойы, «Көкшетау», 2013, 3-қазан.
- Көкшетау оязына. Абылайханның тұқымы аға сұлтан Шыңғыстың төрт баласын да оқытқандығы айтылған хабар, «Қазақ», 1915, 9-желтоқсан.
- Көпеев М.-Ж., Абылай хан, дайынд. С. Дәуіт, «Егемен Қазақстан», 1992, 11-қаңтар.
- Көпеев М.-Ж., Абылай хан, дайынд. С. Дәуіт, «Егемен Қазақстан», 2007, 31-қаңтар, 10-б., №24/27.
- Көпейұлы М.-Ж., Абылай хан қайтып келе ме?, «Орт. Қазақстан», 2008, 5-ақпан, 4-б.
- Көшім Д., Ұлы Петрге бұйырған орден Абылай ханға бұйырмай отыр, «Айқын», 2008, 13-наурыз, 3-б., №46.
- Күшіков Ж., Абылай ханның 300 жылдығын қашан атап өтеміз?, «Алматы ақшамы», 2011, 29-қараша, 7-б., №140/141.
- Қабдімәжитов Т., Жанатай батыр (Абылай ханның хас батыры Жанатай туралы), «Қазақ батырлары», 2001, №6, 5-б.
- Қабышұлы Ғ., Абылайдың кінәсі не?, «Жас алаш», 2009, 5-қараша, 1–2-б., №89.
- Қажыбаев Т., Жәпек батыр (Абылайдың жолдасы, Атығайдың Құдайберді тармағынан шыққан батыр жайында), «Арқа ажары», 2000, 3-ақпан, 3-б.
- Қажыбаев Т., Той тағылымы тәнті етті (Сәкен серінің драмасы «Абылаймен» респ. театрлар фестивалінің жабылуы туралы), «Арқа ажары», 2004, 16-қараша, 1 және 4-б.
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым мин-лігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-лігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандыкі екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Егемен Қазақстан», 2000, 17-наурыз.
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым мин-лігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-лігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандыкі екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Қазақ әдебиеті», 2000, 17-наурыз.
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым мин-лігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-лігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандыкі екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Жас алаш», 2000, 18-наурыз.
- «Қазақтың ханы – Абылай» атты екі томдық кітаптың тұсауы кесілді, «Алты алаш», 2012, 13-қаңтар, 5-б., №1.
- Қазы Қ., Абылай ханның 300 жылдығы неге тойланбады?, «Алаш айнасы», 2012, 22-маусым, 1–2-б., №108.
- Қайранбаев Ж., Абылай хан бейнесін бір ізге түсіретін уақыт жетті, әңгімелескен М.Тұрысбекқызы, «Алаш айнасы», 2010, 28-қыркүйек, 6-б., №166.
- Қайратұлы Б., Абылай ханның мөрі мен хаты, «Астана ақшамы», 2001, 21-шілде, 1-б., №85.
- Қайырлин Б., Абылайдың ақ үйі, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 6-б.
- Қалижан У., Талдау және талғам керек, «Айқын», 2013, 4-қазан, 2013, 6-б., №183.
- Қамбар Қ., Абылай хан ескерткіші өз орнында тұр! (Мүсінші Қазыбек Сағыбалдинмен сұхбат), «Түркістан», 2001, 8–15-наурыз, 8-б., №10.
- Қаназ М., Абылайдың атақты түсі, «Қазақ әдебиеті», 2009, 24–30-шілде, 11-б., №32.
- Қанафияұлы Н., Абылай – қазақтың ұлы ханы, «Тасжарған», 2009, 25-ақпан, 20-б., №8.
- Қараева Р., Алты алаштың айбыны («Абылай ханның ақырғы күндері» атты қойылым туралы) «Жас алаш», 1996, 14-мамыр.
- Қаратаев Т., Әбілмансұрдан Абылайға дейін, «Алтын орда», 2002, 26-шілде–1-тамыз, 11-б., №30; 2–8-тамыз, 13-б., №31; 9–15-тамыз, 15-б., №32.
- Қасқабасов С., Әбсадықов А., Аңызға айналған ардағымыз, «Егемен Қазақстан», 2013, 28-мамыр.
- Қасымбаев Ж., Абылай хан, «Лениншіл жас», 1991, 2-тамыз.
- Қасымбаев Ж., Тәуелсіздік демі немесе тарихтан тағылым, Абылай хан туралы деректер, «Заң газеті», 2001, 12-желтоқсан, 1-б., №54.



- Қасымбаев Ж., Хан тарихы – халық тарихы (Абылай хан туралы), «Егемен Қазақстан», 1991, 31-шілде.
- Қасымжанов Б., Теменов Т., Үкімет ерледі. «Абылай ханға» 20 млн доллар инвестиция беретін болды. Газет тілшісінің Ұлттық кинокомпанияның бас директорымен және көркемдік жетекшісімен сұхбаты, «Қазақ әдебиеті», 2000, 15-желтоқсан, 12–13-бб., №50.
- Қашқынов Ж., Абылайдың айбынды батырлары, «Қазақстан сарбазы», 1998, 16-қаңтар, 6-б., №3; 20-қаңтар, 6-б., №4.
- Қожа М., Хан сүйегін қорламайық!, «Жас алаш», 2005, 14-сәуір, 5-б., №44; 16-сәуір, 5-б., №45.
- Қожа М., Абылай хан қай жылы дүниеге келген?, «Айғақ», 2012, 14-маусым, 8-б., №23.
- Қожабеков Ғ., Абылай рухы асқақтады, «Астана ақшамы», 1999, 9-қараша, 1-б.
- Қожақұлы Ө., Абылай хан, «Сыр бойы», 2013, 5-қазан, 8-б.
- Қозыбаев М., Абылай хан, «Егемен Қазақстан», 1991, 2-тамыз.
- Қозыбаев М., Абылай хан, «Қазақ», 2006, 16-маусым, 9-б., №13; 2009, 3–10-сәуір, 8-б., №14/15.
- Қозыбаев М., Қазақтың даңқын асырған (18 ғ-дың әлемдік деңгейдегі алып тұлғасы Абылай хан туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 1-ақпан.
- Қозыбаев М., Тұңғиықтай терең тұлға (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Көкшетау», 1991, 2-тамыз.
- Қойшыбаев Б., Өтенияз С., Нағыз Абылайды білеміз бе?, «Тасжарған», 2008, 24-желтоқсан, 24, 26-б., №47/48.
- Қойшыбаев Б., Өтенияз С., Шын Абылайды білеміз бе?, «Ана тілі», 2008, 18-желтоқсан, 29-б., №51.
- Қойшығұлова Ә., Абылай хан және оның заманы, «Семей таңы», 2010, 21-қазан, 3-б., №42.
- Қоқанбаев С., Тарихи тұлға (Абылай хан туралы), «Коммунизм нұры», 1989, 24-қазан.
- Қорғасбек Ж., Абылайды көрдің бе, Шон бидің жайын білдің бе?, «Қазақ әдебиеті», 1999, 21-мамыр, 1–2-б., №21.
- Қуандық Е., Абылай хан және оның ұрпақтары, «Түркістан», 2011, 3-қараша, 7-б., №44.
- Құл-Мұхаммед М., Абылай – қазақ халқының айбыны, «Жас алаш», 2000, 18-наурыз.
- Құл-Мұхаммед М., Қазақ хандары, «Қазақ әдебиеті», 1999, 22 және 29-маусым, 10–11-б.; 6 және 13-шілде, 8–9-б.
- Құлкенов М., Абылай хан аруағы риза, «Ана тілі», 2000, 22-наурыз, 1-б., №6.
- Құлын шешен, Абылай ханға көңіл айту, дайынд. С.Дәуітов, «Соц. Қазақстан», 1991, 27-сәуір.
- Құнанбаева С., Абылай хан атындағы университет, «Егемен Қазақстан», 1998, 21-сәуір.
- Құндақбаев Б., Ассалаумағалейкүм, хан Абылай!, «Егемен Қазақстан», 1996, 18-маусым.
- Құсайынов А., Абылай асуы, «Астана ақшамы», 1999, 30-қазан.
- Құттыбаев К., Батыр бабалар рухына тағзым (Орта жүзден шыққан Абылай хан мен Жәнібек би туралы), «Қазақстан сарбазы», 1998, 14-тамыз, 6-б., №64.
- Қыдырханұлы У., Абылай хан суретінің авторы кім?, «Әдебиет айдыны», 2008, 11-қыркүйек, 4–5-бб.
- Қытайдың әскерлері кері қайтатын болып, Әмірсананы ұстау жөнінде Абылай ханға тапсырылғанына байланысты жарлықтан, «Қазақ», 2011, 2-желтоқсан.
- Қытай патшалығының Абылай ханға жазған хатынан, «Қазақ», 2011, 16–23-қыркүйек; 30-қыркүйек.
- Қытай патшасының Абылайханға жазған хаты, «Қазақ», 2011, 21–28-қазан.
- Қытай Үкіметінің Абылайға жолдаған хатынан, «Қазақ», 2011, 7–14-қазан.
- Лекеров А., Абылай деген аты бар, әңгімелескен Д.Кенжалин, «Егемен Қазақстан», 2012, 5-мамыр, 3-б., №210/15.
- Мағауин М., Абылай хан – 300, «Жас алаш», 2012, 15-мамыр, 1 және 5-б., №38.
- Махаева А.Ш., Абылай жорығының ақиқаты, «Қазақ батырлары», 2007, №4 (сәуір), 7 және 13-б.; №5/6, 6–7-бб.
- Махаева А.Ш., Абылай ханның қырғызға жорығы, «Отан тарихы – Отечественная история», 2006, №4, 51–69-бб.
- Махамбет Қ., Абылайдың асында шаппағанда..., «Ел», 2005, 29-қыркүйек, 1–2-б., №13.
- Махамбетова Г., Бұқар жырау толғауларындағы Абылай бейнесі, «Қазақ және әлем әдебиеті–Қазақская и мировая литература», 2007, №5/6, 11–12-бб.
- Маханбетова М., Абылай ханның тұсындағы қазақ хандығы, «Семей таңы», 2011, 22-шілде, 7-б., №49.
- Мәкенбайұлы Қ., «Мемлекет тізгінін ұстаған адамның кемеңгерлігі – Ел бақыты». Абылай ханның Ақ ордасы Ақтоғайда, «Қазақстан», 2002, 11-қазан, 5-б.
- Мәлғаждарова Н., «Абылайхан» неге айқайлай береді?, «Жас алаш», 2001, 6-қаңтар.
- Мәмет С., Абылайға (Суретші туындысы жайлы), «Егемен Қазақстан», 1999, 23-қазан.
- Мәшімбаев С., Абылай дипломатиясы, «Алматы ақшамы», 1993, 7-қаңтар.



- Медетбек Т., Абылай, өлең, «Егемен Қазақстан», 1991, 1-тамыз; «Қазақ әдебиеті», 1997, 21-қазан, №42, 9-б.; «Жұлдыз», 1998, №3, 3–4-бб.
- Меңдеке Ә., Абылайхан қалай жатпланеталықтармен соғыса жаздады немесе біз қалай әлемге танылды? немесе Б. Тілеухановтың қолынан не келеді? («Абылайхан» фильмін түсіру жайында), «Қазақ әдебиеті», 2001, 29-маусым, 2–3-бб., №26.
- Меңдеке Ә., Аса қымбатқа түсірілген арзанқол кино немесе өнердегі «ләппайшылдық» хақында («Көшпенділер» фильмі және ондағы кызылшеке даумен қарсы алды, «Жас алаш», 2005, 14-шілде, 1 және 3-б., №83.
- Меңдеке Ә., «Абылай ханның түсі» (Суретші шығарм. жөнінде), «Жас алаш», 2006, 4-мамыр, 5-б., №35.
- Молдағалиев Т., Ұрпағына өзіңнің өмірі үлгі (Абылай ханға), өлең, «Егемен Қазақстан», 2000, 19-желтоқсан.
- Мұқай Ә., Тәуелсіздік алғанымызға сегіз жыл. Қазақ жерінде Абылайханға алғаш рет Пушкиннен кейін барып ескерткіш қойылды..., «Жас алаш», 1999, 9-қараша.
- Мұқай Ә., Абылай ордасы дінбасын қызылшеке даумен қарсы алды, «Жас алаш», 2000, 26-тамыз.
- Мұқай Ә., Абылай хан қазақ тарихынан тиісті бағасын алды ма?, «Жас алаш», 2001, 18-қазан, 1-б., №125; «Қазақстан сарбазы», 2001, 23-қазан, 11-б., №84/85.
- Мұқай Ә., Абылай хан түріктің төріне жайғасты, «Алматы ақшамы», 2006, 26-қыркүйек, 10-б., №112.
- Мұқаметханұлы Н., Абылай хан арандатудың құралына айналмайды, «Ана тілі», 2009, 15-қаңтар, 9-б., №2.
- Мұқан А., Абылай! Абылай!, «Егемен Қазақстан», 2004, 26-қараша, 3-б., №289.
- Мұқанов Қ., Абылайдың қос батыры – Құлеке мен Құлсары, «Егемен Қазақстан», 2006, 17-маусым, 7-б., №137/139.
- Мұқанова Р., «Абылай хан», «Жас алаш», 1998, 25-маусым.
- Мұқтар Ә., Абылай хан. Анықтауды қажет ететін ақтандақтар, «Егемен Қазақстан», 2006, 9-тамыз, 5-б., №187.
- Мұхтар Ә., Абылай хан және Ахмад шах (18 ғасырдағы қазақ-ауған қатынастары хақында), «Егемен Қазақстан», 2013, 4-қазан, 3-б.
- Мұхтар Ә., Абылай хан және Ахмад шах (18 ғасырдағы қазақ-ауған қатынастары хақында), «Үш қоңыр», 2013, 18-қазан, 4- және 7-б., №42.
- Мұқтар Ә., Абылай хан тарихындағы ақтандақтар, «Алтын орда», 2007, 13–19 және 20–27-сәуір, 26–27-бб., №15–16.
- Мұхтар Ә., Абылай хан үмітін арқалаған Уәли, «Үш қоңыр», 2013, 8-қараша, 7-б., №45.
- Мұқтар Ә., Хан мен халық, «Егемен Қазақстан», 2011, 29-маусым, 9-б., №274–77.
- Мұса С., Тұғыры биік тұлғалар (С.Ақтаевтың Абылай хан жайындағы «Ханзаданың қасіреті» атты кітабы туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 4-ақпан.
- Мұсағитов М., Мағжан «Ертегісіндегі» Сыздық кім? (Абылай ханның шөбересі Сыздық Кенесары туралы), «Өркен», 1994, 2-сәуір, 5-б.
- Мұсырман К., Арқада ас берілді (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Егемен Қазақстан», 1991, 10-тамыз.
- Мұхаметқанұлы Қ., Абылай, «Алматы ақшамы», 1992, 2-шілде.
- Мұхаметханұлы Н., Абылайдың шығыстағы атамекенге аттанысы, «Қазақ елі», 2003, №11 (мамыр), 4–5-бб.
- Мұхаметханұлы Н., Абылайхан арандатудың құралына айналмайды, «Ана тілі», 2009, 22-қаңтар, 10-б., №3.
- Мұхаметханұлы Н., Абылай хан дәуірі – қазақ хандығының қайта шарықтаған кезі, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 4-б.
- Мұхаметханұлы Н., Қолымызда – «Қазақтың ханы – Абылай», «Түркістан», 2012, 5-сәуір, 11-б., №14.
- Мұхаметханұлы Н., Тарихи тұлғамызды кеміткеннен басқа Абылай тумайды, «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Мүрде – Абылай хандікі, «Түркістан», 2000, 17-наурыз.
- Мыңбаев Д., Ақырып теңдік сұраған. Алаш арыстарының арманы ақиқатқа айналды (Абылай хан, Кенесары... туралы мағлұматтар бар), «Қазақстан теміржолшысы», 2002, 13-желтоқсан, 3–4-бб., №49.
- Мырзахметов Е., Абылай Оразды өлтірген бе?, «Жас қазақ», 1993, 22-қаңтар.
- Мырзахметов Е., Абылай тойының тағылымдары, «Көкшетау», 14-сәуір, 3-б.
- Мырзахметов Е., Абылай хан, «Азат», 1991, 15–30-сәуір, 4–5-бб.
- Мырзахметов Е., Абылайды пір тұтсақ, әңгімелескен Т.Әбдірайым, «Егемен Қазақстан», 1996, 10-қаңтар.



- Мырзахметов Е., Ел намысы, ер ұраны Абылай, «Көкшетау», 1991, 30-шілде; «Халық кеңесі», 1992, 22-ақпан.
- Мырзахметұлы Е., Абылай, Ораз хикаятынан бірер сөз, «Арқа ажары», 2005, 27-қаңтар, 3-б.
- Мырзахметұлы Е., Ұлы ханның төрт күйі сақталған (Абылай ханның күйлері туралы), «Жас алаш», 2002, 1-қазан, 3-б., №117.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Егемен Қазақстан», 2013, 2-қазан, 1-б.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Түркістан», 2013, 3-қазан, 1–2-бб., №39.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Ана тілі», 2013, 3–9-қазан, 2-б., №39.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Жас қазақ», 2013, 4-қазан, 2-б., №38.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Үш қоңыр», 2013, 4-қазан, 1–2-бб., №40.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Қазақ әдебиеті», 2013, 4–10-қазан, 1-б.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 1-б.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Орт. Қазақстан», 2013, 5-қазан, 1-б.
- Назарбаев Н.Ә., Тәуелсіздікке – мұнара-тұғыр (Абылайхан ескерткішінің ашылу рәсіміндегі сөйлеген сөзі) «Арқа ажары», 2004, 10-шілде, 1-б.
- Нәсенов Б., Абылай хан – қазақ халқының мақтанышы, «Қазақ әдебиеті», 2009, 19–25-маусым, 8-б., №27/28; 26 маусым–2 шілде, 7-б., №29.
- Нәсенов Б., Абылай хан: «Ешқандай Барабы татарларын естіген емеспін. Жер біздікі», «Егемен Қазақстан», 2011, 28-қаңтар, 5-б., №27/28.
- Нәсенов Б., Абылай хан, «Ана тілі», 2012, 26-қаңтар–1-ақпан, 6–7-бб., №4.
- Нәсенов Б., Абылай хан – мұрағат қорларында, «Түркістан», 2012, 16 және 23-ақпан, №7–8, 9-б.
- Негимов С., «Абылай аспаған сары бел» деген қанатты сөз оралымының шығу мәнісі туралы бірер сөз, «Егемен Қазақстан», 2011, 25-мамыр, 14-б., №217/220.
- Нұрзахан Е., Ұлы бабалар бейнесі әр суретшінің қиялында әрқилы, «Түркістан», 2000, 6-қазан.
- Нұралыұлы О., Сабалақ, тарихи поэма, «Арқа ажары», 1991, 24–25 және 30-сәуір.
- Нұрасыл Б., Абылай ханның тойы Ұлытауда ұлықталды, «Алаш айнасы», 2011, 24-мамыр, 1 және 5-б., №87.
- Нұрғожаев Ж., Қарлығаш би, «Жетісу», 2013, 26-қазан, 6-б., №120.
- Нұржекеұлы Б., Абылайдың өмірбаянына анықтама. Орыс деректеріндегі мәліметтер жайлы, «Жас алаш», 2005, 20-қазан, 4-б., №126.
- Нұрмағанбетов Т., «Ғасыр қателігі» кітабына соңғы сөз. Нем есе Абылай ханды қайта жерлеудің өтірік іс екендігін дәлелдейтін құжаттар хақында, «Азат», 2003, 17-қыркүйек, 3-б., №36.
- Нұрмағанбетұлы Т., Абылай ханның бас сүйек-бейнесі анықталды, «Қазақ елі», 1997, 14-қараша, 1 және 3-б., №45; «Торғай», 1998, 16-қаңтар.
- Нұрмағанбетұлы Т., Хан сүйегі қайда қалды ағайын!? (Абылай ханның сүйегі туралы), «Ана тілі», 1999, 29-сәуір, 11–13-бб., №17.
- Нұрмұратов С., Абылай ханның түсі – ескертпе, «Қазақ әдебиеті», 2009, 24–30-шілде, 11-б., №32.
- Нұрмұхамбет Д., Абылайды ажалдан құтқарған адам, деректі романнан үзінді, «Азат», 2003, 3-қыркүйек, 6-б., №34.
- Нұрпейісов Ә., «Абылайдың ұлы аруағына дәйім бас иеміз», «Қазақ әдебиеті», 2000, 24-наурыз, 3-б., №12.
- Нұрпейісов Н., Төле биден тәлім алған хан Абылай, «Оңт. Қазақстан», 2013, 24-қазан, 6-б.
- Нұрпейісұлы Ә., Абылай ханның ұрпағы орыстанып кеткен бе?, «Жас алаш», 2004, 27-қараша, 1–2-бб., №142.
- Нұрмұратұлы Т., Абылай, Кенесары «қарақшы» ма?, «Ислам және өркениет», 2008, 1–10-қазан, 5-б.
- Озғанбаев Ә., Атыңнан айналайын хан Абылай!, «Айқын», 2013, 5-қазан, 5-б., №184.
- Омар Г., Абылайдың асы өтті Көкшеде... Айбарлы ханның мерейтойы ұлттық рухты бір серпілтті, «Түркістан», 2013, 10-қазан, 7-б., №40.
- Омарбеков Т., Абылай – Төле бидің тәрбиесімен қалыптасқан тұлға, «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Омарбеков Т., Абылай – үлкен державалық деңгейдегі саяси қайраткер, «Алаш айнасы», 4-қазан, 4-б.
- Омарова Г., Абылай салған ақ жол, «Түркістан», 2011, 10-наурыз, 3 және 6-б., №10.
- Оразбай Е., Алла берген алашқа Абылайды, «Орт. Қазақстан», 2011, 6-қаңтар, 4-б.
- Оразов Р., Абылай хан заманы, «Дала мен қала», 2013, 12-қыркүйек.
- Оразов Р., «Алаштың арыстаны Абылай ер», «Ана тілі», 2013, 3–9-бб., №39.
- Оразов Р., Төле би, «Дала мен қала», 2013, 3-қазан, 11-б., №40.
- Оспанұлы Ж., Қазақ халқының алтын діңгегі, «Жетісу», 2013, 8-қазан, 1-б., №114.



- Өкенұлы С., Абылай ханның хаттары Қытай мұрағатынан табылды, «Айқын», 2005, 1-желтоқсан, 1 және 11-б., №226.
- Өсербаев Қ., Абылайхан өмірі туралы ақиқат немесе шындық қашан жарыққа шығады?, «Айғақ», 2005, 19-қазан, 7-б., №41.
- Пәрімбекова П., Хан Абылай – халық батыры, «Лениншіл жас», 1991, 8-тамыз.
- Пәрімбекова П., Төменгі төрелер (Абылай ханның ұрпақтары Кәрімбек төре, Гүлдана ханым және Шәді. ...туралы), «Ана тілі», 1998, 21-мамыр, 6-б., №20.
- Президентке хат. Абылай ханның мүшел тойын атап өтуіне орай, «Қазақ әдебиеті», 1991, 26-шілде
- Пресняков С., Абылай хан, «Ленин туы», 1991, 6–8 және 12-наурыз.
- Пресняков С., Тағы да Абылай туралы, «Ленин туы», 1991, 1-қараша.
- Рақымқызы Р., «Артық туған Абылай...», «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Рахмадиев Е., Абылай ариясы шырқалатын опера дүниеге келді, әңгімелескен А.Есали, «Егемен Қазақстан», 2004, 19-қараша, 1 және 5-б., №281–82.
- Рахмадиев Е., «Абылай хан» операсын Балқаш көлінің жағасында жаздым, әңгімелескен С.Жарылқасын, «Астана хабары», 2005, 26-қараша, 3-б., №172–73.
- Рахмадиев Е., «Абылай ханда» қазақтың үлкен тарихы жатыр... әңгімелескен Ж.Бәделұлы, «Айқын», 2005, 1-ақпан, 5-б., №19.
- Рахұлы А., Абылай хан ескерткіші тұғырға қонды, «Орт. Қазақстан», 2011, 19-мамыр, 1-б.
- Рахұлы А., Қазақ рухының айбары – Абылай хан, «Орт. Қазақстан», 2011, 21-мамыр, 2-б.
- Рәмберді Т., Төлепберген М., Абылай рухына адалдық – мәңгілік парыз, «Егемен Қазақстан», 2000, 21-наурыз.
- Рсымбетов Ж., Абылай хан дәуірі, «Онт. Қазақстан», 1991, 9-қазан.
- Садыханұлы М., Абылай хан ақ ордасын тіккен жер, «Дала мен қала», 2009, 2-қараша, 11-б., №43.
- Садыханұлы М., Бурабайдағы Абылай хан ескерткіші белгісі, «Астана хабары», 2004, 10-шілде, 1-б., №92.
- Салқынбек Д., Абылай хан қайда жерленген?, «Жас алаш», 2005, 11-қыркүйек, 5-б., №121.
- Салқынұлы С., Бабалар салған сара жол. Қазақ елін басқарған тұлғалар және ел, жер қорғаған батырлар туралы, «Заң газеті», 2006, 6-қыркүйек, 4-б., №160.
- Салықов К., Жыр әкелдім, Сыйынар пірім – Абылай, Абылай хан,.... өлеңдер, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 5-б.
- Самрат Ж., Абылай алаңындағы айшықты мұнара, «Егемен Қазақстан», 2004, 9-шілде, №172–73.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі, «Егемен Қазақстан», 2003, 29-қазан, 11-б.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі... Аңыз емес, ақиқат!, «Егемен Қазақстан», 2003, 22-қараша, 1-б., №304.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі неге қаңырап, неге иесіз тұр?, «Алтын орда», 2003, 11–17-шілде, 13-б., №27.
- Самрат Ж., «Абылайдың ақ үйін» қорғамасақ қор болармыз, «Алаш үні», 2003, 6-мамыр, 2-б., №7; «Қазақ әдебиеті», 2003, 1-тамыз, 3-б., №31.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі. Ол қалай жаңғырды, «Егемен Қазақстан», 2006, 27-қыркүйек, 9-б., №228–31.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі – халқымыздың бақ үйі, «Егемен Қазақстан», 2008, 31-желтоқсан, 7-б., №426–28.
- Самрат Ж., Абылайдың үйі қалай табылды?, «Алаш үні», 2003, 13-қаңтар, 11-б., №1.
- Санік З., Хан Абылай, хан батыры Қабанбай туралы жазба дерек не дейді?, «Түркістан», 2012, 10-мамыр, 9-б., №19.
- Сариев Ш., Еңкеймей әр ғасырда өр басымыз, өлең, «Арқа ажары», 2013, 17-қазан, 1-б.
- Сатаев А., Дозақты жеңген қазақ (Абылай ханның суретін салған суретші Қ.Қасеновтің өмірінен), «Қазақ елі», 1999, 26-наурыз және 2-сәуір; «Астана хабары», 2008, 29-мамыр, 4-б., №64.
- Сатаев А., Тарихтың талмау тұсы (Түркістанда ... табылған бас сүйек Абылай хандікі ме деген сауал төңірегіндегі ой), «Қазақ елі», 1999, 2 және 9-сәуір.
- Сәдуақасов Т., Абылай хан және оның айналасы, үзінді, «Қазақстан теміржолшысы», 2004, 4-наурыз, 3-б., №43.
- Сәкен Сері, «Абылай хан» фильмінің төңірегіндегі былықтар мен шылықтар, «Қазақ әдебиеті», 1999, 30-сәуір, 14–15-б., №18.
- Сәкен Сері, Хан және Президент, өлең, «Көкшетау», 2013, 3-қазан, 3-б.
- Сәрсекеев Қ., «Абылай ханның резиденциясы» мұражай кешені, «Қазақ», 2011, 15–25-қараша, 9-б., №46–47.
- Сәрсембина Б., Абылай алаңы аукционға түсті, «Жас алаш», 2006, 17-тамыз, 4-б., №66.



- Сәрсенбай О., Абылай ханның арманы, «Ана тілі», 2000, 30-тамыз, 6–7-бб., №20.
- Сейдімбек А., Абылай хан: көне шындыққа жаңа көзқарас («Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар» атты кітап жайында), «Егемен Қазақстан», 2005, 1-наурыз, 8-б., №42; «Орт. Қазақстан», 2005, 10-наурыз, 13-б.
- Сейдімбеков А., Уәлиұлы Абылай хан, «Орт. Қазақстан», 1991, 26-қазан.
- Сейітова Р., Самғауға біткен қанат бар. Абылайдың 280 жылдығына арналған респ. ақындар айтысынан, «Көкшетау», 1991, 2-ақпан.
- Сейітова Р., Ермантаев М., Шәрентаев Д., Көкшетаудағы Абылай тойы, «Көкшетау», 1991, 6–7-тамыз.
- Сейітхазин С., Аруағыңнан айналайын (Абылайға арналған өлең), «Көкшетау», 1991, 2-тамыз.
- Сейітхазин С., Абылай хан ауылы туралы хикая, «Халық кеңесі», 1993, 5-мамыр.
- Сенбай Е., Абылай бабамыздың мерейтойы атаусыз қалмасын!, «Айқын», 2010, 16-қазан, 1 және 3-б., №192.
- Серғазы Г., Абылайлап жауға шапқан халықпыз (театр қойылымы туралы), «Алматы ақшамы», 1998, 3-маусым.
- Смағұлұлы О., Абылай хан сүйегін саудаға салмайық!, «Жас алаш», 1999, 23-ақпан.
- Смағұлұлы О., Мәселені білу және айдалаға лағу (Түркістан қ-нда... табылған Абылай ханның сүйегі төңірегіндегі деректер жайлы), «Егемен Қазақстан», 1999, 29-мамыр.
- Смағұлұлы О., Бұл жерді атам заманнан иесі – қазақ (Абылай ханның сүйегін зерттеуге қатысқан антрополог-ғалыммен сұхбат жүргізген Ә.Қаба мен Б.Бейсенұлы), «Жас алаш», 2000, 6-сәуір.
- Смағұлұлы О., «Біздің маңдайымызға о бастан ұлт болып ұйысуды жазған» (антропологпен сұхбат жүргізген А.Қапбарова), «Оңт. Қазақстан», 2008, 26-сәуір, 8–9-бб.
- Сомжүрек Ж., Абылай алаңында. Сайтанның сойқанынан сақтан, қазақ!, өлеңдер, «Түркістан», 2010, 18-наурыз, 9-б., №11.
- Сұлтанбеков М., Абылайдың Мамай батыры, поэма-толғау, «Семей таңы», 2011, 27-желтоқсан, 3-б., №94.
- Сүлейменов Р., Абылай. Аңыз бен ақиқат, «Көкшетау», 1991, 9-мамыр.
- Сүлейменов Р., Хан Абылай, «Жетісу», 1991, 15-маусым.
- Сүлейменов Р., Атағы жерді жарған хан Абылай, «Қазақ әдебиеті», 1992, 11-желтоқсан, 12–13-б.
- Сүлейменов Р., Ірі саясаткер, жауынгер, қолбасшы, «Көкшетау», 1991, 3-тамыз.
- Сыздықов С., Тарих тереңдігімен құнды (Абылай хан туралы), «Қостанай таңы», 1993, 17-тамыз.
- Сыздықова Г., Тарихи таным мұражайдан басталады, «Солт. Қазақстан», 2013, 26-қараша, 4-б.
- Тайжан Б., Абылайдың айыр қалпағы ұшқан күн, «Жас алаш», 1997, 23-қыркүйек.
- Тайшыбай З., Абылай асқан асулар, «Астана ақшамы», 2013, 1-қазан, 6–7-бб., №111; 2013, 3-қазан, 10–11-бб., №112.
- Тайшыбай З., «Абылайдың ақ үйі» туралы аңыз. Абылай ханды Ресей патшайымының қанжығасына байлап берудің құйтырқылары, әңгімелескен Ж. Шағатай, «Түркістан», 2007, 18-қаңтар, 7-б., №3.
- Тайшыбай З., Абылайдың биік бейнесі қазақтың көкжиегінен төмендемейді, әңгімелескен Е. Анықбай, «Алаш айнасы», 2012, 20-қаңтар, 6-б., №8.
- Тайшыбай З., Абылай орысша жыл есебі бойынша 1713 жылдың басында туған, поэма, «Егемен Қазақстан», 2011, 27-сәуір, 8-б., №170–73.
- Тайшыбай З.С., Абылай танудың кейбір мәселелері, «Солт. Қазақстан», 2013, 26-қараша, 5-б.
- Тайшыбай З.С., Абылай хан туралы жазба деректер, «Орт. Қазақстан», 2013, 5-қазан, 5-б.
- Тайшыбай З., Абылай ханды аңыздан арашалап алдым, әңгімелескен, Т.Тәшенов, «Айқын», 2012, 12-қаңтар, 30-б., №6.
- Тайшыбай З., Қазақ атаулының осы жерде, осылай өмір сүріп отырғаны тек қана бір адамның – Абылай ханның арқасы..., әңгімелескен Р.Рақымқызы, «Айқын», 2005, 2-тамыз, 5-б., №143.
- Тайшыбай З., «Шаңды жорықтың» шындығы, «Орт. Қазақстан», 2011, 5-қараша, 6-б.: 12-қараша, 5-б.; 19-қараша, 6-б.
- Тарақ Ә., «Абылай хан» дастанындағы дәуір шындығы мен хан бейнесі, «Алматы ақшамы», 1997, 9-маусым.
- Тарақ Ә., Абылай ханның қасиетті бейнесі халқына қайта оралды («Абылай хан» ... зерттеу еңбегінің тұсаукесер рәсімі туралы), «Алматы ақшамы», 2000, 17-наурыз.
- Тарақ Ә., «Есенкелді» дастаны және Абылай дәуірінің елеулі кезеңдері, «Шалқар», 1997, 7-наурыз, 4–5-бб., №5.
- Тарақов Ә., Абылайдың ақ туы Астанаға алынып, Президенттік мәдени орталығында тұрса..., «Егемен Қазақстан», 2008, 30-шілде, 4-б., №228–31.
- Тарихи антропологиялық зерттеу кітабы жарыққа шықты, «Жас алаш», 2000, 18-наурыз.



- Тасболат К., Абылай ханның 300 жылдығы ескерусіз қала ма?, «Қазақстан-ZAMAN», 2011, 10-ақпан, 10-б., №6.
- Тасболатқызы Г., Абылай ханның ақ үйі қалпына келетін болды, әңгімелескен О.Дөңқабак, «Айқын», 2006, 28-сәуір, 5-б., №77.
- Тасболатова К., Ұлы Петрге бұйырған орден Абылай ханға бұйырмай отыр, «Айқын», 2008, 13-наурыз, 3-б., №46.
- Тәуімбет Б.Т., Хан Абылайдың түсін жору, «Ана тілі», 1997, 22-мамыр, 5-б., №21.
- Тәшенов Т., Абылайдың алтын тағы қайда?, «Айқын», 2013, №151, 1-б.
- Тәшенов Т., Бәйімбет батырды білеміз бе? «Айқын», 2013, 13-қазан, 7-б., №182.
- Телеуова Г., Қазақ елі егемендігінің жаршысы–хан Абылай және бүгінгі Қазақстан, «Қазақ», 2009, 11–18-желтоқсан, 4-б., №50-51.
- Теменов Т., Ғасырда бір туатын тұлға, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Тоғысбайұлы Б., Елдік пен ерліктің асқақ жыры («Абылай хан» қойылымы туралы), «Қазақ әдебиеті», 1999, 5-ақпан, 16-б., №6.
- Тоқмырзин Қ., Сүйінші, Алаш жұрты! Абылай тарихы нақтыланды!, «Үш қоңыр», 2012, 15-ақпан, 1-б., №6.
- Тотанайұлы А., Жәнібек батырдың Абылайдың оң тізесінен орын алуы, әңгімеден үзінді, «Шалқар», 1998, 28-тамыз, 4-б., №16.
- Төлепберген М., Абылай хан асқақ айбын (Алматы қ-нда Абылай хан ескерткішінің ашылуы туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 19-желтоқсан.
- Төлепберген М., Рәмберді Т., Елдіктің туын көтерген (Түркістан қ-нда Абылай ханның сүйегі арулап қайта қойылғандығы туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 18-наурыз.
- Төрегожин Қ., Мұқтарбеков С., Елдікті асқақтатқан ас (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Халық кеңесі», 1991, 20-тамыз.
- Тұрдақынұлы Н., Абылай қоры, «Қазақ әдебиеті», 1994, 20-мамыр, 2-б., №20.
- Тұрысбекқызы М., Абылай хан бейнесін бір ізге түсіретін уақыт жетті, «Алаш айнасы», 2010, 28-қыркүйек.
- Тұрысбеков С., Күйлері де ешкімге ұқсамайтын дара, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Тұрышев А., Абылай аспас Арқаның сары белі, «Ана тілі», 13-шілде, 12-б., №28.
- Тұяқбаев М., Бас сүйек-бейне Абылай хандікі ме?!, «Қазақ елі», 1999, 22 және 29-қаңтар, 5-ақпан.
- Түркиядағы Абылай хан ескерткіші Нигде қаласында орнатылды, «Егемен Қазақстан», 2006, 23-қыркүйек.
- Түсіпханұлы Е., Абылайдың айлакер батыры, «Астана ақшамы», 2008, 4-қараша, 13-б., №129.
- Тшан А., Ұлы Петрге бұйырған орден Абылай ханға бұйырмай отыр, «Айқын», 2008, 13-наурыз, 3-б.
- Тілеубай Т., «Абылай ханды 300 жылдығында ұлықтамағанда қашан ұлықтаймыз?!», «Жас қазақ», 2011, 18-ақпан, 8-б., №6.
- Тілеуов А., Абылайды хан көтерген Ұлытау ұлт ұясына айналу керек, «Астана ақшамы», 2001, 22-наурыз, 3-б.
- Уәлиұлы Абылай хан, «Жетісу», 2007, 12-мамыр.
- Уәлихан Ш.Ы., Абылай, «Ана тілі», 1991, 6, 13 және 20-маусым, 4–5-бб.
- Уәлихан Ш.Ы., Абылай ханның ата-тегі кім?, «Қазақ әдебиеті», 1992, 18-желтоқсан.
- Уәлихан Ш.Ы., Хандар, сұлтандар һәм төрелер шежіресі. Абылай ханның үрім-бұтағы, «Ана тілі», 1993, 21 және 28-қазан, №42–43.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай (аударған С.Есжанов), «Халық кеңесі», 1991, 1-тамыз; «Орал өңірі», 1992, 5-ақпан.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, «Көкшетау», 2013, 3-қазан, 2-б.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 2-б.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай дәуірі қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры, «Егемен Қазақстан», 2011, 27-сәуір, 8-б., №170–73.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай хан. Орта жүз қазақтарының 18 ғ-да өмір сүрген ханы, «Көкшетау», 1991, 2-тамыз.
- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Абылай саяси тұтқыннан оралды, «Қазақ әдебиеті», 1991, 6-қыркүйек, 10–11-бб.
- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Абылай ханның әулеті, «Егемен Қазақстан», 1998, 30-шілде.
- Уәлихан Ш.-А.Ы., Абылай ханның ұрпағы, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 4-б.
- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Абылайдың хаты табылды, «Ана тілі», 1991, 25-шілде–1-тамыз.
- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Айбынды Абылай, «Егемен Қазақстан», 2001, 22-мамыр, 4-б., №101.
- Уәлиханов Ш.А.Ы., Асып бір туған Абылай, «Көкшетау», 1991, 10–13 және 16-шілде.



- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Рухы биік ел құл болмайды (Абылайхан ұрпақтары жайлы сұхбат, әңгімелескен Ө.Мұқай), «Жас алаш», 2002, 2-ақпан, 5-б.
- Уәлішерұлы Е., Байғозы батырға тағзым (Абылайдың бас батырларының бірі Байғозы Наймантайұлының тойы туралы), «Түркістан», 2005, 18-тамыз, 7-б., №33.
- Хақанов М., Абылайдың ақ туын Олжабай батыр ұстаған, «Егемен Қазақстан», 2009, 20-қазан, 7-б., №341-42.
- Халид Қ., Абылай хан, дайынд. С.Дәуітов, «Қазақ әдебиеті», 1992, 10-көкек, 12 –13-б.
- Халықтың әл-ауқатын көтерген хан, әзірлеген Г.Ахметова, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Хан Абылай тағылымын ардақтады, «Нұр-Астана», 2009, 29-қазан.
- Хұсайынов С., Түркияда Абылайхан ескерткіші ашылды, «Президент және Халық», 2006, 15-қыркүйек, 8-б., №37.
- Шаменов Т., Көкшедегі хан тойы, өлең, «Көкшетау», 2013, 17-қазан, 7-б.
- «Шанды жорық» кезіндегі Абылайдың саяси қадамы, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 4-б.
- Шәкенова Р., Абылайды асқақтатқан азамат, «Егемен Қазақстан», 2010, 21-қазан, 10-б.
- Шәкенова Р., Қызылжардағы Абылайдың ақ үйі, «Ана тілі», 2010, 15 –22-желтоқсан, 4-б., №50.
- Шәмшатұлы И., Абылай туралы ақиқат, «Алматы ақшамы», 1998, 7-тамыз.
- Шөкшир Д., Хан Абылайдың асына «Аққайың» лайық, «Қазақстан», 2012, 24-мамыр, 9-б., №21.
- Ыбырай ақын (Сандыбайұлы), Абылайдың ақ үйіне, өлең, «Бостандық туы», 1926, 6-наурыз; «Солт. Қазақстан», 2004, 22-қараша, 8-б.
- Ысқабай Ә., Хан Абылайдың төртінші ұрпағы Әнуарбек пен оның әулеті жайлы бір үзік сыр, «Жетісу», 2009, 5-желтоқсан, 11-б., №135.
- Ысмағұлұлы О., Жетпіске келген кезінде де Абылайдан кәріліктің белгісі көп байқалмаған, әңгімелескен Р.Рақымқызы, «Алаш айнасы», 2012, 22-мамыр, 5-б., №86.

О Р Ы С Т І Л І Н Д Е

Книги:

- Абдрахманова Б.М., Бий Казыбек, султан Абылай: эпизод из истории взаимоотношений знаменитого бия с властвующим султаном – Чингизидом, в кн.: Современные проблемы социально-политической и экономической модернизации Казахстана. Сб. материалов науч.-практич. конференции, ч. 2, Караганда, 2005, с. 86–90.
- Абсадықов А.А., Сабалак – Абыльмансур – Аблай. Какое из них настоящее имя?, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10-жылдығына арналған халықар. ғыл.-практ. конференция материалдары –Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 10-летию Независимости Республики Казахстан, Кокшетау, 2001, т. 1, с. 43-46.
- Абылай хан. Кенесары. Проблемы нац.-освобод. движения, сост. В.З.Галиев и др., А., 1993, с. 61–65.
- Абуев К.К., Хан Абылай и развитие казахско-русских отношений (историография проблемы), в сб.: Степной край. Зона взаимодействия русского и казахского народов (18–20 веков), под ред. А.П.Толочко, Омск –Кокшетау, 2001, с. 104–07.
- Абуев К.К., Экономическая политика хана Абылая, в кн.: Актуальные проблемы отечественной истории 18–20 веков, межвузовский сб. науч. трудов, отв. редактор Ю.А.Сорокин, Омск, 2002, с. 40–53.
- Абуев К.К., Абылай хан и его время, Аст., 2006.
- Абуев К.К., Буктугутова Р.С., Роль хана Аблая в развитии казахско-китайских отношений. Исторический аспект, в сб.: Валихановские чтения – 7. Материалы Международной научно-практич. конференции..., Кокшетау, 2002, т. 1, с.256–60.
- Алтан-Очир, Исследование даты смерти Аблай-хана, в сб.: Элем өркениеті және Қазақстан –Мировые цивилизации и Казахстан, отв. ред. К.Ш.Хафизова, А., 2007, ч. 1, с. 156-60.
- Байдаров Е.У., Эпоха хана Аблая и казахская цивилизация в контексте глобальной истории. Историко-философский аспект, в сб.: Элем өркениеті және Қазақстан – Мировые цивилизации и Казахстан, отв. ред. К.Ш.Хафизова, А., 2007, ч. 1, с. 160-68.
- Балгозина Р.О., Внешнеполитическая стратегия Абылай хана: история и традиция, в сб.: «Международные отношения: теория – практика – поиск», А., 1999, с. 85-87.
- Валиханов Ч.Ч., Аблай, Собр.соч. в пяти томах, т. 4. А.-А., 1985, с. 111-13.
- Валиханов Ч.Ч., Песня об Аблае, в собр. соч. в 5-ти т. Ч.Ч.Валиханова, т.1, А.-А., 1984, с.258–72.
- Век казахско-джунгарского противостояния, сост. Е.Б.Касенов, Павлодар, 2006, т. 4, с. 137–51 и 156–62.



Данияров К., История Абылай-хана – государственного деятеля, полководца, дипломата, политика, А., 1998.

Донесение начальника Оренбургской экспедиции В.А.Урусова в Коллегию иностранных дел о принятии в подданство России хана Абулмамбета и султана Аблая с текстами их речей и ответных речей Урусова и принятой ими присяги, в кн: Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, сост. М.Г.Масевич, А.-А., 1960, с. 34–59.

Ерофеева И.В., Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик, А., 1999.

Зубов В.А., Музей Абылай-хана, в его кн.: Бурабай – жемчужина Казахстана, А., 2007, с. 135.

Исмагулов О., Историко-антропологическая идентификация Абылай-хана, в сб.: Уроки отечественной истории и возрождение казахстанского общества. Материалы научной сессии ученых Мин-ва науки – АН РК, посв. Году нар. единства и нац. истории, сост. К.С.Алдажуманов и К.Н.Балтабаева, А., 1998, с. 152–56.

Исторический эпос, под общ. ред. Б.У.Азибаевой, А., 2010, с. 157–63.

История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней, А.-А., 1943.

История Казахстана в лицах. Политические портреты, учеб. пособие, вып. 1, под ред. В.К.Григорьева и А.К.Кусаинова, Акмола, 1999.

История Казахстана, курс лекций, под ред. К.С. Каражана, А., 2009, с. 158–65.

Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сб. документов, А.-А., 1961;

Касымбаев Ж., Государственные деятели казахских ханств (18 век), отв. ред. М.Ж.Абдиров, А., 1999, т. 1.

Касымбаев Ж., Абылай хан. История, личность, время, А., 2003; 2007.

Касымбаев Ж., Выдающиеся правители казахской степи. Абылай-хан, Абулхаир-хан, Кенесары-хан, А., 2006.

Касымжанов А.Х., Абылай хан, в его кн.: Портреты. Штрихи к истории Степи, А., 1997, с. 52–54.

Кузнецов В.С., Цинская империя на рубежах Центральной Азии. Новосибирск, 1983.

Кумисбаев Ш., Они были первыми, А., 2007, с. 50–54.

Моисеев В.А., Джунгарское ханство и казахи 17–18 веков, А., 1991.

Моисеев В.А., Роль Аблая в укреплении и развития международных связей казахского ханства, в сб.: Абылай хан. Кенесары (проблемы национально-освободительного движения), А., 1993, с. 43–51.

Оспанулы Е., Абылай, кинороман в 3-х частях, А., 2003.

Сорокин Ю.А., О некоторых проблемах казахско-русских отношений при хане Абылае, «Еуразия әлемі: тарих, қазіргі заман, келешек – Мир Евразии: история, современность, перспектива. Бесінші халықар. Еуразия ғыл. форумның еңбектері – Труды пятого Междунар. Евразийского науч. форума. Под ред. С.А.Абдыманапова, Аст., 2006, с. 242–43.

Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А., Из истории Казахстана 18 века (О внешней и внутренней политике Аблая), А.-А., 1988.

Сулейменов Р.Б., Роль и место Аблая в национальной борьбе и объединении Казахского ханства в единое государство в 18 веке, в кн.: Абылай хан. Кенесары (Проблемы национально-освободительного движения), сост. В.З.Галиев и др., А., 1993, с.27–35.

Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А., Аблай-хан. Внешняя и внутренняя политика, отв. ред. Х.А.Аргынбаев, 2-е изд., А., 2001.

Уроки Отечественной истории и возрождение казахстанского общества. Материалы Науч. сессии ученых Мин-ва науки АН РК..., А., 1999, с. 103–08.

Цинская империя и казахские ханства (вторая половина XVII – первая треть XIX вв., А., 1989, 2-бөлім).

Журнальные публикации:

Абжанов Х., Абылай хан и Толе би, «Мысль», 2013, №10, с. 60–61.

Абсадыков А.А., Является ли имя «Абильмансур» настоящим именем Абылай хана?, «Вестник науки», Сер. обществ.-гуманит. наук, 2000, №1–2, с. 12.

Абылай хан. История правления, «Провинция», 2011, т. №1, с. 93.

Абылай хан. Коротко о жизни и деятельности Абылай хана, «Мәдениет», 1993, 15–30 апр., №8, с. 12; №22–23, с. 8.

Асемкулов Т., Смерть Кокбалака (по мотивам прозв. М.Магауина о коне Аблай хана Кокбалаке), «Простор», 2002, №5, с. 32–58.

Ахметов Ж., Абылай хан: геополитическая и геостратегическая миссия, «Мысль», 2007, №2, с. 82–87.



Басин В.Я., Российские дипломатические миссии в Казахстане в 1740–1742 гг (Посольство К.Миллера к Галдан-Церену. Аблай в джунгарском плену), «Известия АН КазССР», серия обществ. наук, 1967, с. 54–67.

Бегалин А., Абылай хан, «Nomad-Kazakhstan», 2006, №5, с. 66–76.

Бекенов О., Асатиани О.Е., Потомки Абылай хана. «История Казахстана: преподавание в школе», 2012, №6, с. 23–26.

Валиханов Э.Ж., Около исторические тенденции в освещении жизни и деятельности Абылай-хана и его потомков, «Отан тарихы – Отечественная история», 2004, №1, с. 35–39.

Евниев Р.Б., Социализация личности Абылая, «Абай атынд. ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеум. ғылымдар сериясы – Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Исторические и социально-политич. науки», 2009, №2, с. 72–77.

Исмагулов О., Портрет Абылай хана, «Алматы – деловая столица», 2001, №2, с. 48.

Казахский хан Аблай. К 225-летию со дня смерти великого казахского хана, «Жизнь», 2006, №1 с. 24.

Кайсарова М.М., Казахстан в период правления Абылай-хана, «История Казахстана, преподавание в школе и вузах», 2005, №11, с. 26–30.

Касымбаев Ж., Абдиров М., Потомки Чингиз хана – основатели нашего государства, «Мысль», 1996, №1, с. 3–8.

Масалин М., Юность Аблая, «Простор», 2002, №5, с. 5–31.

Моисеев В.А., Аблай и национально-освободительная борьба казахского народа в 18 веке в студенческих исследованиях, «Вестник АН КазССР, 1991, №12, с. 82.

Муканова Г., В поисках кода нации. Антитеза: Абулхаир – Абылай, 18 век, «Мысль», 2000, №8–9, с. 65.

Национальный герой (Международ. фонд Аблай-хана, Казах. об-во охраны памятников истории и культуры и фонд «Алтын адам» выявили десятку выдающихся деятелей века и десятку тысячелетия), «Огонек-Казахстан», 1999–2000, №4, с. 14–15.

Нигматуллин Н.Г., Ханство Абылая. Открытый урок, «Практическая помощь учителю», 2006, №2, с. 16–19.

Нуркеева С., Аблай-хан и его мудрая ханша, «Аружан», 2010, №6, с. 2–4.

Нурмагамбетулы Т., Где же прах Аблай-хана, сородичи?!, «Огонек – Казахстан», 1999–2000, №4, с. 16–19.

Нурмуханбетов А., Сон Абылай-хана, «Рандеву», 2002, №6, с. 92–100.

Нургазина Н., Абылай-хан: воин, дипломат, лидер нации, «QAZYNА», 2009, №1, с. 66–69.

Павлова О., Хан Абылай, его место в истории и в наши дни, «История Казахстана: преподавание в школе», 2005, №6, с. 28–36.

Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А., Койгелдиев М.К., К вопросу об оценке исторической роли Аблая (Новые исследования об Аблайхане, правившем на территории Казахстана в 40–50-е годы 18 века), «Вестник АН КазССР», 1988, №2, с. 24–33.

Хафизова К.Ш., Султан Тезек и его время (Об исторической роли султана Тезека, внука Абылай хана и о его территориальные владении 19 века в 30–70 годы), Вестник ун-та «Кайнар», 2002, №1, с. 3–14.

Хафизова К., Внешнеполитическая действительность Толе би, «Мысль», 2013, №3, с. 63–74.

Урашев С., Потомки Абылай хана на русской службе, «История Казахстана, преподавание в школе», 2008, №8, с. 41–43.

Шакирова Ж.М., Абылай – выдающийся государственный и политический деятель, «История Казахстана, преподавание в школе и вузах», 2010, №1, с. 28–34.

Энголи А., Как Сабалак ханом стал. История хана Аблая, «Зеркало», 2002, №2, с. 42.

Газетные публикации:

Абдильдин Ж., Сын своего времени, «Степной маяк», 1991, 6 сент.

Абдысадыков А., Загадка: Абылай хан – настоящее ли имя?, XXI век, 2000, 5 июня.

Абильдаулы Б., ... И возродил Абылай хан Тараз под названием Аулие-Ата, «Знамя труда», 2002, 19 сент.
Амиргай Н., Годы великого бедствия : история джунгарских хунтайджи и политике Жангирхана и Абылайхана, «Экспресс К», 2005, 9 сент.

Аубакиров Э., Великий правитель Великой степи (К 300-летию Абылай хана), «Экспресс К», 2013, 5 окт., с. 7, №184.

Аульбекова К., Абылай хан и его сардары, «Огни алатау», 2011, 26 февр.



- Аяган Б., Великий хан Абылай: О власти воина и мудрого политика, «Экспресс К.», 2005, 23 сент.
- Аяганов Б., Возвращение Абылай, «Экспресс К.», 1991, 31 окт.
- Баданов Ж., Хан Абылай – потомок чингизидов, «Знамя труда», 1994, 13 июля.
- Балкияулы Н., Жолбаскан Т., Аблай-хан – великая историческая фигура, выдающийся государственный деятель и дипломат, «Актюбинский вестник», 1998, 21 июля.
- Балтабаева К., Хан Аблай без ярлыков, «Огни Алатау», 1991, 9 авг.
- Баянов А., Абылай хану от потомков, «Вечерний Алматы», 2000, 20 дек.
- Бегалин К., Хан Абылай. Об истории ханского периода 18 века, «Эпоха», 2006, 10 нояб., с. 10, №44.
- Бегалин К., Хан Абылай, «Страна и мир», 2009, 16 февр., с. 11, №6.
- Без прошлого нет настоящего, «Каз. правда», 2013, 8 окт., с. 1 и 3, №290.
- Вайскопф О., Сказание об Абильтмансуре: о постановке оперного театра «Аблайхан», «Аргументы и факты», Казахстан Юг, 2004, №47 (нояб.), с. 5.
- Валиханов Ч., Абылай, «Степной маяк», 1991, 18–20, 23–25, 27 и 30–31 июля.
- Валиханов Ч., «Он умел заслужить уважение народа» (Об исторической роли хана Абылая), «Степной маяк», 1991, 2 авг.
- Варшавская Л., На белой кошке оперного искусства, интервью комп. Е.Рахматиева о премьере оперы «Аблай хан»), «Известия», 2004, 27 нояб., с. 10.
- Вержбицкая Н., Установлен памятник Абылай хану, «Каз. правда», 2000, 12 февр.
- Воробьева Л., Время Абылая, «Степной маяк», 1996, 7 и 9 мая.
- Гаврилко В., Дом Абылая встречает гостей, «Око», 2007, и 19 окт., с. 8, №40.
- Гаврилко В., И грозный хан на вздыбленном коне..., «Око», 2007, 19 окт., с. 8, №40.
- Государственный деятель, полководец, дипломат. С научно теоретич. конференции «Абылай и национально-освободительная борьба казахского народа в 18 веке» в Кокшетауе, «Степной маяк», 1991, 3 авг.
- Государство и судебная власть в мировоззрении Аблая хана: Современное сравнение и историч. аспекты, «Закон и правосудие», 2005, 8 июня, с. 5, №23.
- Данияров К., Объединение казахского ханства Абылай-ханом, «Веч. Алматы», 1998, 21 дек.
- Джалдинов А., АРХИВажный документ. В китайских архивах обнаружена переписка Абылай хана и императора династии Цин, «Литер», 2005, 1 дек., с. 3.
- Джелбулдин Е., Абылай: История правления Абылай-хана, «Сев. Казахстан», 2001, 27 нояб., с. 3.
- Доброта Л., Останки Абылай хана предали земле, душе вернули покой, «Каз. правда», 2000, 18 марта.
- Доброта Л., Абылай-хан на Шелковом пути, «Каз. правда», 2001, 22 марта.
- Еженханулы Б., Истина и легенды: вокруг первого письма Аблай хана китайскому императору Цяньлуну, «Деловая неделя», 2010, 19 марта, с. 11.
- Ерофеева И., Хан Абылай, батыр, полководец, политик, записала Г.Шимырбаева, «Каз. правда», 2011, 1 апр. С. 12; 8 апр., с. 14; 15 апр., с. 14; «Мәслихат және әкімдік – Маслихат и акимат», 2011, №2, с. 11–16.
- Замысел обретает конкретные очертания (Совещание о судьбе будущего фильма об Аблайхане), «Каз. правда», 2000, 24 марта.
- Кадыров Б., Свеча надежды хана Абылая, «Каз. правда», 2005, 8 нояб., с. 1.
- Кадыров Б., Хан Абылай: воин и дипломат, «Каз. правда», 2011, 8 дек., с. 8.
- Казанцева Т., Из глубины веков: в Боровом презентовали экспозиционный комплекс Абылай хана, «Литер», 2009, 27 окт., с. 6.
- Канкенова И., Памяти Абылай-хана..., «Каз. правда», 2004, 9 июля, с. 1.
- Касымбаев Ж., Меж трех огней (Абылай хан и Петербургский двор через призму времени в 280 лет), «Веч. Алма-Ата», 1991, 29 нояб.
- Касымбаев Ж., Во имя исторической правды (по поводу статьи «Кто блуждает меж трех огней?», о политич. роли Абылай хана), «Веч. Алма-Ата», 1992, 28 янв.
- Касымжанова Г., Абылай хан сменит гражданство?: На Тайване найден неизвестный архив дипломатической переписки хана), «Литер», 2005, 6 дек., с. 6.
- Касымов Ж., «Властвующий над тремя ордами» (Абылай хан – 1711–1781), «Столичное обозрение», 1998, 23 янв.
- Кешин К., Триумф «Аблай-хана», «Каз. правда», 2004, 23 нояб., с. 1; 26 нояб., с. 8.
- Королев А., Мамаев М., История произведения. Опыт Абылай хана представляется интересным и для современников, «Литер», 2013, 4-окт., с. 4, №183.
- Косянюк В., Дороже всех сокровищ. Открытиеobeliska, посв. Абылай-хану, «Акмол. правда», 2004, 10 июля, с. 1.



- Котеш акын, Хану Аблаю, Старость, мягкая еда, теплая постель..., в кн.: Небосвод над моей головой. Фольклор и литературные памятники Казахстана, сост. Д.Г. Пряхина, М., 2010, с. 233–35.
- Куантаев А., Белый дом Абылая, 2008, «Central Asia Monitor», 10–16 окт., с. 4.
- Кудабаев А., «Абылай-хан» приходит в в Костанай (о спектакле), «Кустанай. Новости», 2000, 19 сент., с. 2.
- Кузенный А., Имя – легенда, имя – символ (о присутствии Н.А.Назарбаева на торжествах в Кокшетау, посв. ... и открытию памятника Абылай хану), «Каз. правда», 1999, 6 нояб.
- Кузенный А., В честь великого Абылай-хана, «Каз. правда», 2009, 28 окт., с. 5.
- Куликова А., Абылай-хан вернулся с севера, чтобы покорить юг, «Новое поколение», 1998, 26 июня, с. 9.
- Макарова Т. и др., Дом Абылай-хана, «Правда», 2007, 11–18 июля, с. 4, №26.
- Мамсуров К., Аблай-хан – образец служения Отечеству, «Воин Казахстана», 1998, №49 (июнь), с. 5.
- Медетов С., Вот памятник – вам... Рукотворный (об открытии памятника великому полководцу Абылай-хану), «Экспресс К.», 2000, 20 дек., с. 4.
- Мерцалов В., Белый дом Абылая, «Каз. правда», 2006, 9 сент., с. 6.
- Мирзоев М., Аблай-хан. Взгляд через столетия, «Огни Мангышлака», 1992, 14 апр.
- Михайлова М., Новая книга об Абылай-хане, «Каз. правда», 2005, 25 июня, с. 5.
- Моисеев В.А., На пути к единству. Из истории внешней политики Казахстана в 16–18 веках, о деятельности Абылай хана, «Степной маяк», 1991, 1–2 окт.
- Моисеев В.А., Аблай как личность, «Каз. правда», 1992, 29 авг.
- Моисеев В.А., Абылай и Россия. Факты и домыслы, «Веч. Алма-Ата», 1992, 21 февр.
- Муканов К., Абылай и его время, «Сев. Казахстан», 2004, 6 февр., с. 5.
- Муканов Г., Нет более чтимого предка, чем хан Абылай, «Каз. правда», 2005, 7 окт., с. 9.
- Назарбаев Н.А., Воплощение мечты Абылая, «Каз. правда», 2013, 2 окт., с. 1, №286.
- Назарбаев Н.А., Воплощение мечты Абылая, «Вечерняя Астана», 2013, 3 окт., с. 4, №119.
- Назарбаев Н.А., Воплощение мечты Абылая, «Вечерний Алматы», 2013, 8 окт., с. 3, №124.
- Нокрабекова З., Исполни казахской истории, «Вечерняя Астана», 2013, 8 окт., с. 1, 6–7, №121.
- Памяти Абылая, «Каз. правда», 1999, 27 окт.
- Письмо полковника Павлуцкого Абылаю, «Степной маяк», 1991, 2 авг.
- Портреты на тенге: краткая биография Абылай хана, «Рудный Алтай», 1993, 25 нояб.
- Рафкат И., Абылай хан – трех жузов государь. Проспект Абылай хана в столице – один из самых просторных и зеленых в городе, «Республика. KZ.», 2011, 23 авг., с. 4.
- Рафкат И., Кинороман «Абылай» (о презентации киноромана «Абылай»), «Веч. Астана», 204, 24 янв., с. 1.
- Резиденция Абылай хана, «Город», 2009, 4 сент.
- Рыцарские времена Аблая, «Огни Алатау», 1993, 13 янв.
- Сорокин Ю.А., На твердой почве объективности (О монографии казах. историка К.Абуева «Хан Абылай и его время»), «Каз. правда», 2004, 13 марта, с. 5.
- Степанов В., Путь к Аблаю (фоторепортаж...), «Советы Казахстана», 1991, 26 авг.
- Сулейманов М.-Х., Величие подвига и ничтожество славы (Абылай хан о бунте Е.И.Пугачева; О кратковременном участии Абылай хана в миротворческой операции), «Веч. Алматы», 1996, 28 июня и 1 июля.
- Сулейманов М.-Х., Величие подвига и ничтожество славы (Уроки и предостережения Барака батыра), «Каз. правда», 1996, 3 июля.
- Сулейменов Е., Одна и та же история. Об Абылай-хане, «Известия», 2002, 19 сент., с. 10.
- Султанбеков М., Абылаймансур – хан Аблай (Об истории правления хана Аблая), «Иртыш», 1991, 17 мая.
- Табулдин Г., Историю делают люди, которые навсегда остаются в ней, беседа с корреспондентом газеты, «Вечерняя Астана», 2013, 5 окт., с.7, №120.
- Ташенов Ч., Его жизнь – пример для нации, «Каз. правда», 2013, 8 октября, с. 1 и 3, №290.
- Торебекова Р., Мировая опера в южной столице (опера «Аблай хан»), «Страна и мир», 2004, 10 дек., с. 19.
- Хан Абылай, «Эпоха», 2006, 1 дек.
- Цитаты известных людей об историческом значении деятельности хана Абылай, «Степной маяк», 1991, 2 авг.
- Шаяхмет А., Знаменосец Абылая. Таттикара – один из прославленных акынов казахского народа, воспевающий подвиги батыров, «Каз. правда», 2005, 19 мая, с. 8.
- Шаяхметов А., Хан Абылай. Страницы родословной, «Ленинский путь», 1991, 22 авг.
- Шулембаева Р., Тайна сабли хана Абылая, «Каз. правда», 2004, 24 янв., с. 8.

Журнал жарияланымдары:

«АБАЙ»

Көкбай, «Сабалак», дайынд. Қ.Мұхаметханұлы, «Абай», 1992, №3, 59–66-бб.; №4, 43–46-бб.

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-ДЫҢ ХАБАРШЫСЫ»

Бораш Б.Т., Т.Қажыбаев дастандарындағы Абылай хан тұлғасының кейіптелуі, Абай атынд. ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Тарих және саяси-әлеум. ғыл. сериясы – Вестник КазНПУ им. Абая. Серия исторические и социально-политич. науки, 2010, №3, 31–35-бб.

«АЗИЯ ТРАНЗИТ»

Ақтаев С., Абылай хан мен Екатерина патшайым, (Абылай ханның патшайымға хат жолдауы), «Азия Транзит», 2002, №1, 22–24-бб.

Баймұханов М., Абылай заманы, романнан үзінді, «Азия Транзит», 2007, №7–8, 30–35-бб.; №9–10, 15–20-бб.

Каренов Р., Абылай ханның беделді бас биі – Байдалы шешен, «Азия Транзит», 2001, №4, 33–45-бб.
Кенжеахметұлы С., Қазақтын қаһарман хандары: Керей хан, ... Қасым хан..., Ұлы хан Өз-Тәуке, Абылай хан, Кенесары хан, «Азия Транзит», 2001, №6, 5–8-бб.

Қашкынов Ж., Абылайдың жауға шапқан қос батыры, «Азия транзит», 2001, №11, 21–23-бб.

«АЙБЫН»

Иманғалиұлы Б., Абылайдың ақ туы, «Айбын», 2011, №8, 22–23-бб.

Сыдықбай Ж., Абылай хан ғана емес, күйші де болған, «Айбын», 2010, №7, 28–29-бб.

«АҚ ЖЕЛКЕН»

Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Ақ желкен», 2006, №7, 18–20-бб.

«АҚИҚАТ»

Абылай алып тұлға: Көкшетау қ-нда өткен ғыл.-теор. конференциядан, «Ақиқат», 1991, №11, 41–53-бб.
Ақтаев С., Абылайдың ақ үйі, «Ақиқат», 2008, №11, 86–90-бб.

Алпысбаев Қ., Тарихи романдағы Абылай бейнесі және оның деректік негізі, «Ақиқат», 2010, №11, 55–59-бб.

Әбсадықов А., Абылай хан тарихы: шындық және фольклор, «Ақиқат», 2003, №1, 69–76-бб.; №2, 39–45-бб; №3, 56–61; №5, 77–82-бб.

Байбосын С., Екі шығарма – бір оқиға немесе «Жантай батыр» мен «Батыр Баян» дастандары жайлы, «Ақиқат», 2013, №10, 92–96-бб.

Елеуенов Ш., Абылай хан тарихи роман айнасында немесе өткеннен өнеге, «Ақиқат», 2012, №4, 56–64-бб.

Имантайұлы А., Тағдыры қиын тұлғалар (С.Ақтаевтың «Ханзаданың қасіреті» атты кітабы туралы), «Ақиқат», 2000, №6, 70–73-бб.

Каренов Р., Қазақтың туы мен ұранына айналған хан Абылай, «Ақиқат», 2001, №4, 10–16-бб.; №5, 21–24-бб.

Қарасаев Ғ., Қазақ – жоңғар, қазақ – қытай қатынастарындағы Абылайдың саясаты, «Ақиқат», 2011, №9, 65–73-бб.

Қозыбаев М.Қ., Абылай – алып тұлға, «Ақиқат», 1991, №11, 41–43-бб.

Моисеев В.А., Қазақ хандары – халық қорғандары, яки, 17–18 ғасырлардағы алғаш қазақ әміршілерінің тарихи портреттері, «Ақиқат», 1992, №4, 17–21-бб.

Сәтбай Д., Тұлғалар немесе Абылай–Мұхтар–Олжас ұштағаны, «Ақиқат», 1997, №3, 68–70-бб.

Сүлейменов Р., Абылай. Аңыз бен ақиқат, «Қазақстан коммунисті» (қазіргі «Ақиқат»), 1991, №2, 53–60-бб.

Тарак Ә.С., Абылай хан ақ батада. Қазақ фольклорындағы гуманизм көріністері, «Ақиқат», 1998, №8, 74-б.



- Тарақов Ә.С., Абылай және елшілік мәдениеті, «Ақиқат», 2004, №4, 65–67-бб.
Тарақов Ә.С., Абылай ойларындағы елдік мүдделер, болашақ бағдарлар, «Ақиқат», 2002, №6, 59–65-бб.
Уәлиханов Ш.Ш., 18 ғасырдағы батырлар туралы тарихи аңыздар (ауд. С. Ақтаев), «Ақиқат», 1995, №3, 45–50-бб.
Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, «Ақиқат», 2011, №1, 52–55-бб.
Хасан С., Абылай ханның өлімі, аңыз-әфсана, «Ақиқат», 2008, №4, 68–76-бб.
Ізтаева В., Абылай хан мен Бұқар жырау, «Ақиқат», 2002, №9, 58–61-бб.

«АЛАШ»

- Дулатов М., Хан Абылай, «Алаш», 2010, №5, 30–33-бб.
Мұқаметханұлы Қ., Абылай ханның атқарған қоғамдық қызметі, «Алаш», 2009, №5, 25–34-бб.; №6, 23–29-бб.
Нәсенов Б., Абылай Магомет батыр–сұлтан–ханға 300 жыл, «Алаш», 2011, №2, 4–24-бб.

«АЛДАСПАН»

- Абылайханов Т., Кенесары ханның елшісі, «Алдаспан», 2002, №11–12, 2–3-бб.
Татанаев Б., Қандыжап бітімі (Абылай хан тұсында жоңғарлармен жасасқан бітім жайлы), «Алдаспан», 2001, №5–6, 6–8-бб.
Уәлиханов Ш.Ш., Абылай хан, «Алдаспан», 2003, №11–12, 2–3-бб.
Уәлиханов Ш.-А. Ы., Абылай хан. Абылай ханның ата-тегінен мәліметтер, «Алдаспан», 2001, №11–12, 4–5-бб.

«АРАЙ»

- Айтбайұлы Т., Қыңырлар қайда тартады («Абылай хан» қойылымы туралы), «Арай», 1998, №7–8, 4–5-бб.

«АУЫЛ МЕКТЕБІ – СЕЛЬСКАЯ ШКОЛА»

- Кешуова Р., Бұқар жырау шығармаларындағы Абылай бейнесі, «Ауыл мектебі – Сельская школа», 2009, №4, 4–5-бб.

Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНД. «ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ХАБАРШЫСЫ – ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ» ИМ. Б.БЕЙСЕНОВА

- Уәлиев М.Е., Абылай хан кезіндегі қазақ хандығының нығаюы, Б.Бейсенов атынд. «Қарағанды академиясының хабаршысы – Вестник Караганд. академии» им. Б.Бейсенова, №1–2, 93–95-бб.

«ДАРАБОЗ»

- Нәсенов Б., Айбынды Абылай ханға – 300 жыл, «Дарабоз», 2011, №6, 4–7-бб.

«ЕҢБЕК ТАҢЫ»

- Көпеев М., Абылай ханның түсі, дайынд. С.Дәуітов, «Еңбек таңы», 1992, №3, 14–15-бб.
Қалмақ ханы Қалдан Серенге Абылайдың тұтқын болған хикаясы, «Еңбек таңы», 1992, №6, 14–15-бб.

«ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ»

- Шәмшиев М.С., Абылай ханның тегі туралы, «Еуразия ун-тінің хабаршысы», 1997, №1–2, 24–26-бб.

«ЖАЗИРА»

- Жүнісов Ә., Бөгенбай батыр және Абылай хан, «Жазира», 2007, №1, 26–28-бб.; №2, 9–11-бб.
Шотаев А., Абылай ханнан қалған сөз, «Жазира», 2004, №4, 9–10-бб.



«ЖАЛЫН»

Абылайханов Т., Кенесары–Наурызбай көші, деректі әңгіме, «Жалын», 1993, №2, 4-б.
Кекілбаев Ә., Абылай хан, халықтық-қаһармандық драм. дастан, «Жалын», 1997, №11–12, 4–103-бб.
Қашқынов Ж., Абылайдың жауға шапқан қос батыры, «Жалын», 1995, №9–10, 196–205-бб.
Сматаев С., Абылай хан, проза, «Жалын», 2010, №1, 11–36-бб.

«ЖАҢА ҒАСЫР»

Дулатов М., Хан Абылай, «Жаңа ғасыр», 2006, №1, 66–69-бб.
Нәсенов Б., Абылай ханның патша әкімшілігіне хаттарынан, «Жаңа ғасыр», 2006, №1, 66–69-бб.

«ЖАҢА САРЫАРҚА»

Мұқанова Г., Айғаным туралы аңыз бен ақиқат, «Жаңа Сарыарқа», 2007, №2, 17–32-бб.

«ЖАС ҒАЛЫМДАР ЖАРШЫСЫ – ВЕСТНИК МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ»

Қожабай Ә.М., Абылай ханның қазақ елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолындағы күресі, «Жас ғалымдар жаршысы – Вестник молодых ученых», 2011, №10/12, 124–28-бб.

«ЖАС ӨРКЕН»

Әбсадықов А., Абылайтанудағы ақтандақтар, әңгімелескен А.Достанбаева, «Жас өркен», 2011, №2, 10–14-бб.

«ЖАС ТҮРКІСТАН»

Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романның үзінді, «Жас Түркістан», 2003, №2, 25–32-бб.
Өзбекұлы С., Абылай хан және Бұқар жыраудың ұлттық мелекеттілікке көзқарастары, «Жас Түркістан», 1998, №1, 27–32-бб.

«ЖҮЛДЫЗ»

Абылай хан, дайынд. К. Ісләмжанұлы, «Жұлдыз», 1992, №11, 203–05-бб.
Әлімқұлова Ж., «Абылай ханның ақырғы күндері», «Жұлдыз», 2012, №5, 201–03-бб.
Байсерке М., Абылайдың аманаты, драм. хикаят, «Жұлдыз», 1996, №8, 63–97-бб.
Бұқар жырау, Абылайды жоқтау, өлеңдер, «Жұлдыз», 1998, №4, 3-бб.
Дәуітов С., Жыраулар толғауындағы Абылай хан бейнесі, «Жұлдыз», 2012, №4, 183–87-бб.
Дәуітова С., Тарихи драмадағы Абылайхан бейнесі, «Жұлдыз», 2002, №4, 200–06-бб.
Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романның 2-кітабы, «Жұлдыз», 2007, №6, 17–62-бб.
Дулатов М., Абылай хан, шежіре, «Жұлдыз», 1990, №1, 130–33-бб.
Жұмаділов Қ., Абылайдың ақырғы батыры, тарихи хикаят, «Жұлдыз», 2010, №2, 5–33-бб.
Жұмаділов Қ., Абылайдың ақырғы күндері, «Жұлдыз», №10, 2012, 3–26-бб.
Зәкиров С., «Қырғыз шежіресі» кітабынан: Абылай хан тұсында екі рет қырғызды шабу жорығы, «Жұлдыз», №4, 117–25-бб.; №5, 155–58-бб.
Медетбек Т., Абылай, өлең, «Жұлдыз», 1998, №3, 3–4-бб.
Сатаев А., Абылай жайлы хикаялар, «Жұлдыз», 2002, №9, 69–97-бб.
Сәкен Сері, Абылай хан, кинохикаят, «Жұлдыз», 1997, №9, 78–115-бб.; №10, 68–105-бб.
Тарақ Ә.С., Батырларға қамқор болған Абылай, «Жұлдыз», 1998, №7, 202–04-бб.
Тарақ Ә.С., Тарихилық аясындағы тарихи тағдыр, «Жұлдыз», 2003, №174–78-бб.
Уәлиханов Ш.-А. Ы., Абылай хан. Абылай ханның ата-тегінен мәліметтер, «Жұлдыз», 2001, №12, 53–60-бб.

«ЗАҢҒЕР»

Абылай хан, «Заңгер», 2002. №9, 43–45-бб.



«ЗЕРДЕ»

Бадавамұлы Л., Абылай, «Білім және еңбек», 1981, №10, 8–10-бб.
Нұрпейісов К., Абылай, «Білім және еңбек», 1981, №10.

«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА: ПРЕПОДАВАНИЕ В ШКОЛЕ»

Павлова О., Хан Абылай, его место в истории и в наши дни, «История Казахстана: преподавание в школе, 2005, №6, с. 28–36

«КЕРУЕН»

Елеукинов Ш., Абылай хан тарихи роман айнасында немесе өткеннен өнеге, «Керуен», 2012, №2, 3–26-бб.
Набиолла Н., «Жәнібек батыр» жырларындағы Абылай хан бейнесі, «Керуен», 2012, №1, 141–46-бб.
Хаван А., Тәуелсіздікті жырлаған жыраулар шығармашылығындағы хандар бейнесі, «Керуен», 2011, №3, 106–13-бб.

«ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ–КАЗАХСКАЯ И МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА»

Махамбетова Г., Бұқар жырау толғауларындағы Абылай бейнесі, «Қазақ және әлем әдебиеті –Қазақская и мировая литература», 2007, №5/6, 11–12-бб.

«ҚАЗАҚСТАН МҰРАҒАТТАРЫ»

Қуантаев А., Мұрағаттар айғақтаған үй – Абылайдың ақ ордасы, «Қазақстан мұрағаттары», 2005, №1, 76–80-бб.

«ҚАЗАҚ ТАРИХЫ»

Абылай хан өмірінен бір үзік сыр, «Қазақстан тарихы», 2011, №8, 33–42-бб.
Айдарқұлова А., Абылай хандығы, «Қазақ тарихы», 2010, №4, 56–57-бб.
Әбдіғұлова Б., Абылай ханның Әбілмансұр, «Қазақстан тарихы», 2011, №9, 71–74-бб.
Әлшекенов Е., Абылай ханның Қырғызға жорықтары, «Қазақ тарихы», 2007, №1, 26–28-бб.
Бақтыбекова З., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №5, 44-б.
Бейсебаева Н., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №3, 49-б.
Демежанов Т., Абылай мен Кенесары жөніндегі аңыздардың байланысы, «Қазақ тарихы», 1994, №5, 56–58-бб.
Досқалиева А., Абылай хан – дарабоз тұлға, «Қазақстан тарихы», 2006, №5, 41–45-бб.
Дүйсенов С., Абылай ханның сыртқы саясаты, «Қазақстан тарихы», 2005, №5, 24–41-бб.
Жұмағалиева С., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №1, 44-б.
Жүнісов Ә., Бөгембай батыр және Абылай хан, «Қазақ тарихы», 1997, №5.
Жүнісов Ж., Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Абылай хан тұлғасы, «Қазақ тарихы», 1999, №6, 30–34-бб.
Жүсіпова Л., Мәшһүр Жүсіп Абылайдың хан атануы хақында, «Қазақ тарихы», 2000, №3, 17–20-бб.; №5, 8–10-бб.
Жүсіпова Л., Мәшһүр Жүсіп және Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2000, №5, 8–10-бб.
Жүсіпова Л., Мәшһүр Жүсіп мұрасындағы Абылай ханның ел билеу саясаты, «Қазақ тарихы», 2001, №1, 20–23-бб.
Иманбаева С., Абылай ханға арналған кеш, «Қазақ тарихы», 1996, №1, 74–77-б.
Көпейұлы М.-Ж., Абылайдың хан атануы, «Қазақ тарихы», 2000, №3, 19–20-бб.
Қабылов С., Абылай хан өмірінен бір үзік сыр, «Қазақстан тарихы», 2011, №6, 27–30-бб.; №7, 29–37-бб.
Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандық екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Қазақ тарихы», 2000, №3, 21–22-бб.
Қайыпбаева А., Абылай – Азаттық күресті ұйымдастырушы, «Қазақ тарихы», 1997, №6, 40–45-б.
Қасымжанова Ш., Абылай хан билігі тұсындағы қазақ хандығы, «Қазақ тарихы», 2013, №2, 64-б.



- Қожа М., Хан сүйегі қалай анықталды?, «Қазақ тарихы», 2007, №1, 10–15-бб., №2, 14–21-бб.
Құрбаева Д., Абылай хан тұсындағы қазақ хандығы, «Қазақ тарихы», 2012, №4, 33–34-бб.
Мағзұмов М., Абылайхит бұтханасы хақында, «Қазақ тарихы», 1996, №5, 20–25-бб.
Мұхаметқанұлы Н., Абылай ханның мәмілегерлік саясаттары (Қытай деректері бойынша), «Қазақ тарихы», 2000, №3, 3–7-бб.; №5, 3–8-бб.
Мұқтар Ә., Абылай хан тарихындағы ақтандақтар немесе Абылай хан мен Әбілқайырды бір-біріне қарсы қою тарихи шындыққа жанаспайды, «Қазақ тарихы», 2007, №3, 3–8-бб.
Мұқтар Ә., Қазақтың үш алашының ханы, «Қазақ тарихы», 2011, №5, 2–6-бб.
Нәсенов Б., Абылай ханның аруағын қорламайық, «Қазақ тарихы», 2006, №4, 77–80-бб.
Нәсенов Б., Ресей мұрағаттарындағы Қазақстанның тарихи тұлғалары, «Қазақ тарихы», 2007, №2, 25–27-бб.
Өмірбаев Т., Ерліктің, еркіндіктің туы – Абылай, «Қазақ тарихы», 2013, №1, 52–53-бб.
Өтениязов С., Қарабалаев Х., Абылай туралы аңыз бен ақиқат, «Қазақ тарихы», 2007, №2, 73–80-бб.
Салқынбек Д., Абылайды аласартып, Әбілқайырды асқақтатқанда не ұтамыз?, «Қазақ тарихы», 2006, №5, 20–28-бб.
Салқынбек Д., Артық туған Абылай, «Қазақ тарихы», 2008, №2, 21–25-бб.
Салқынбек Д., Сонымен Абылай хан қайда жерленген?, «Қазақ тарихы», 2006, №1, 40–44-бб.
Уәлиханов Е., Абылай және жоңғар шапқыншылығы, «Қазақ тарихы», 1994, №1, 29–33-бб.
Уәлиханов Е., Абылай және оның ұрпақтары туралы жалған жорамалдар, «Қазақ тарихы», 2004, №2, 18–19-бб.
Шәмшиденова Ф., Ермак және Абылай тайшы (қалмақ тайшысының Сібірді отарлауға көмегі), «Қазақ тарихы», 2004, №5, 3–9-бб.
Ысқақова Г., Қазақ мемлекетін нығайтудағы Абылай ханның рөлі, «Қазақ тарихы», 1996, №5, 17–19-бб.
Ыхсанова В., Абылай хан, «Қазақ тарихы», 2013, №2, 49-б.
Илиясова Ш., Ел мақтанышы – Абылай, «Қазақ тарихы», 2013, №3, 50-б.

«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»

- Бітібаева Қ., Абылай – Бұқар және замана, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1994, №5–6, 51–59-бб.
Жұмабекова А., Елдіктің, еркіндіктің туы – Абылай, «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде–Қазахский язык и литература в русской школе», 2011, №12, 58–62-бб.
Омарова А., «Абылай хан» операсындағы поэтикалық мәтіннің ерекшелігі, «Қазақ тілі мен әдебиеті», 2006, №12, 47–52-бб.
Омарова К., Тарихи тұлғалар: Абылай, Кенесары туралы қазақ, орыс тіліндегі мағлұматтарды оқыту, «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде – Казахский язык и литература в русской школе», 2005, №9, 82–87-бб.

«ҚАЗМУ ХАБАРШЫСЫ. ФИЛОЛОГИЯ СЕРИЯСЫ»

- Тарақов Ә.С., Тарихи бейне портреті – шығарма ажары (Қ.Жұмаділовтың Абылай портретін кескіндеуі), ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы, 2003, №7, 3–5-бб.

«ҚАЗҰУ ХАБАРШЫСЫ. ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ – ВЕСТНИК КАЗНУ. СЕРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ»

- Қойшығұл З., Жыршылық дәстүрдегі деректілік. Абылай, Кенесары жырындағы тарихи деректер, публицистикалық сарын, «ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы – Вестник КазНУ. Серия журналистики», 2005, №1, 90–93-бб.

«ҚАРҚАРАЛЫ»

- Жолдасбеков М., Абылай ханның қамқа тоны, «Қарқаралы», 2008, №1, 42–47-бб.

«ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ АТЫНД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УН-ТІНІН ХАБАРШЫСЫ»

- Кенжеғараев Н., Бұқар жырау – Абылай бейнесі – тыңдаушы, Қожа Ахмет Яссауи атынд. халықар. қазақ-түрік ун-тінің хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 2005, №3, 75–80-бб.



«ҚР ҰҒА ХАБАРЛАРЫ. ҚОҒАМДЫҚ ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ»

Еженханұлы Б., Абылай ханның Цин патшалық ордасына жолдаған тұңғыш хаты және одан туылған тарихи мәселе, «ҚР ҰҒА хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы», 2010, №2, 22–27-бб.

«ҚР ҰҒА ХАБАРЛАРЫ. ТІЛ, ӘДЕБИЕТ СЕРИЯСЫ – ИЗВЕСТИЯ НАН РК. СЕРИЯ ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ»

Рахымбаева Г.Қ., «Барақ батыр», «Абылай» жыры және оның тарихи сипаты, «ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы – Известия НАН РК. Серия филологическая», 2003, №2, 25–30-бб.

«МӘДЕНИЕТ»

Жұмахан Н., «Абылайдың асында шаппағанда...», «Мәдениет», 2006, №1, 41–42-бб.
Исабеков Д., Экраннан Абылайды көп іздедік, «Мәдениет», 2005, №3, 30-б.
Смағұлұлы О., Абылайдың ұрпағы Шәді ақын, әңгімелескен А.Құлжанов, «Мәдениет», 2010, №12, 62–64-бб.

«МӘДЕНИ МҰРА – КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ»

Білалов С., Абылайдың ақ үйі, «Мәдени мұра – Культурное наследие», 2008, №5/6, 8–12-бб.

«МЕКТЕП»

Сейдімбек А., Уәлиұлы Абылай хан, «Мектеп», (Шымкент), 2011, №8, 45–47-бб.

«МҰРАҒЕР»

Мырза Әли Қ., Абылай, өлең, «Мұрагер», 1992, №3–4, 2-б.

«NOMAD-KAZAKHSTAN»

Бегалин Қ., Абылай хан, «Nomad-Kazakhstan», 2006, №6, 66–70-бб.

«НҮР-АСТАНА»

Хамит Г., Тәуелсіздік және Абылай хан тағылымы, «Нұр-Астана», 2011, №7, 11-б.

«ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ»

Қасымбаев Ж., Абылай хақында құнды зерттеу, «Отан тарихы – Отечественная история», 2000, №3–4, 160-б.

Махаева А.Ш., Абылай ханның қырғызға жорығы, «Отан тарихы – Отечественная история», 2006, №4, 51–69-бб.

Мұқаметханұлы Н., Абылай ханның тарихи орны мен рөлі, «Отан тарихы – Отечественная история», 2010, №4, 62–70-бб.

Мұқтар Ә., Мен – қазақтың үш Алашының ханымын, «Отан тарихы – Отечественная история», 2011, №2, 70–78-бб.

Мұқтар Ә., Уәли Абылайұлының өмірі мен қызметі, «Отан тарихы», 2013, №3, 81–90-бб.

Смағұлұлы О., Оразаққызы А., Абылай хан туралы тарихи және антропологиялық зерттеулер, «Отан тарихы – Отечественная история», 1998, №1, 85–93-бб.

«ПАРАСАТ»

Абылай туралы аңыздар. Ел аузынан жазып алған Ә. Тарақ, «Парасат», 1998, №2, 17-б.

Абылай хан. Топтаманы дайынд. С. Дәуітов, «Парасат», 1990, №7, 23–25-бб. және тысының 3-б.



- Айғақ. Абылай хан туралы архив материалдарынан, 18 ғ., «Парасат», 1991, №1, 2-б.
Дулатов М., Абылай хан, шежіре, дайынд. С. Дәуітов, «Парасат», 1990, №7, 24–25-бб.;
Молдағалиев Т., Исабеков Д., Сахнада «Абылайхан», «Парасат», 2005, №12, 2-б.
Мыңжылдық саңлақтар («Абылай хан», «Алтын адам» қорлары және Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы бірлесіп, «мыңжылдық саңлақтары» мен ғасыр саңлақтарын» анықтап, толықтырғандығы туралы), «Парасат», 2001, №1, 16–17 және 23-бб.
Салқынбеков Д., Абылай ханның сыртқы саясаты, «Парасат», 1992, №2, 9-б.
Тарақов Ә., Абылай хан – 280, «Парасат», 1991, №1, 14–15-бб.; №11, қосымшаның 1–3-бб.
Тауұлы М., Абылайдың ақ семсері, «Парасат», 1992, №9, 10-б.
Шантуов Ж., Ер Қасабай. Абылайдың батыры, Қабанбайдың тұстасы, «Парасат», 2006, №12, 28–29-бб.
Шәкәрім Күдайбердиев, Абылай хан, дайынд. С. Дәуітов, «Парасат», 1990, №7, 23–24-бб.

«САНА»

- Абылай хан айдаудан келгенде Орынбай ақынның айтқаны, дайынд. Қ. Кемеңгеров, «Сана», 1924, №2–3, 120–21-бб.

«САРЫАРҚА»

- Ораз Н., Жан дірілі жырымда, Абылай ескерткіші ашылғанда, ... өлеңдер, «Сарыарқа», 2000, №3, 39–43-бб.
Оразов Н., Абылай мен І-Петр, «Сарыарқа», 1993, №5, 87–89-бб.
Таукин Н., Жалғандық жалғаса бермек пе?, «Сарыарқа», 1999, №1, 2–5-бб.
Тілегенов Ш., Абылай хан (ел аузындағы деректер), «Сарыарқа», 1997, №5, 8–12-бб.
Хұсайынов Б., Шаханов Е., Абылайдың арманы–ел мүддесі, «Сарыарқа», №4, 82–85-бб.

«САЯСАТ»

- Изтаева (Изтаева) В.А., Абылай хан тұсындағы қазақ мемлекетінің саяси құрылымы, «Саясат», 2006, №5, 67–71-бб.
Изтаева (Изтаева) В.А., Қазақстанның ұлттық лидерлерінің саясатындағы сабақтастық: салыстырмалы талдау (Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаевтың лидерлік феномені жайында), «Саясат», 2006, №9, 24–29-бб.
Қаратаев Т., Абылай хан хақында, «Саясат», 1998, №12, 87–94-бб.
Изтаева В., Абылай ханның геосаяси көзқарасы, «Саясат», 2002, №9–10, 100–02-бб.

«СЕМЕЙ МУ ХАБАРШЫСЫ»

- Тарақов Ә.С., Тарихи романдағы фольклор және көркемдік шындық («Дарабоз» және «Жанталас» романындағы Абылай хан туралы аңыздардың мәні), Семей МУ хабаршысы, 2003, №1, 225–28-бб.
Тұрсынханова Қ.Қ., Абылай жайлы жырлардың зерттелуі, Шәкәрім атынд. «Семей мемл. ун-тінің хабаршысы – Вестник Семипалатинского гос. ун-та им. Шакарима», №1, 149–53-бб.

«ТАҢ»

- Абылай орыспен соғысамын дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы, жинаушы М.О.Әуезов, «Таң», 1925, №4, 96–99-бб.

«ТАҢ-ШОЛПАН»

- Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан толғауы, жинаушы Ж.Рахымжан, «Таң-Шолпан», 2003, №1, 119–21-бб.
Токмырзин Қ., Қолдан жасалған аңыздар, «Таң-Шолпан», 2009, №2, 60–74-бб.

«ТАРИХ ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕБІНДЕ – ИСТОРИЯ В КАЗАХСТАНСКОЙ ШКОЛЕ»

- Бұланов Е.О., Абылайдың қолбасшы, саяси қайраткер ретінде қалыптасуы, «Тарих Қазақстан мектебінде – История в казахстанской школе», 2011, №4, 35–37-бб.

«ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ»

Рахатова К., Ардақты Абылай хан, «Тәрбие құралы», 2008, №5, 46–48-бб.

«ҰЛАҒАТ»

Ақсерікова Т., Абылайдың хандығы, «Ұлағат», 2010, №2, 68–71-бб.

«ҰЛТ ТАҒЫЛЫМЫ – ДОСТОЯНИЕ НАЦИИ»

Сыдықов Ә., Шежіре, тарихи жырлар және Абылай, «Ұлт тағылымы – Достояние нации», 2010, №2, 294–99-бб.

Төлебаева А., Шоқан Уәлиханов Абылай хан туралы, Ұлт тағылымы – Достояние нации», 2010, №3, 318–21-бб.

«ҮН»

Айтбаев М., Қарт, Алтай, қасиетті ата жұртым («Абылай» дастанынан), «Үн», 2006, №1, 82–84-бб.

«ШЕКАРАШЫ»

Ер Жәнібек. Абылай бастаған қазақтың жоңғарға қарсы шабуылы туралы, «Шекарашы», 2005, №6, 62–67-бб.

Мырзахметов Е., Ер ұраны Абылай, «Шекарашы», 2004, №6, 43–46-бб.

Салкынбек Д., Абылай хан қайда жерленген?, «Шекарашы», 2006, №3, 67–71-бб.

«ІЗДЕНИС. ГУМАНИТ. ҒЫЛ. СЕРИЯСЫ – ПОИСК. СЕРИЯ ГУМАНИТ. НАУК»

Демеуғалиева Н., Қазақ драматургиясындағы тарихи тұлғалар, «Ізденіс. Гуманит. ғыл. сериясы – Поиск. Серия гуманитар. наук», 2008, №4, 191–94-бб.

Сыдықов Ә., Бұқар мен Үмбетей жырындағы Абылайдың тарихи тұлғасы, «Ізденіс. Гуманит. ғыл. сериясы – Поиск. Серия гуманитар. наук», 2010, №2, 135–39-бб.

Тарақ Ә.С., Үмбетей жырындағы Абылай өмірінің шындығы, «Ізденіс. Гуманит. ғыл. сериясы – Поиск. Серия гуманитар. наук», 1998, №3, 47–51-бб.

Газет жарияланымдары:

«АЗАТ»

Нұрмағанбетов Т., «Ғасыр қателігі» кітабына соңғы сөз. Немесе Абылай ханды қайта жерлеудің өтірік іс екендігін дәлелдейтін құжаттар хақында, «Азат», 2003, 17-қыркүйек, 3-б., №36.

Нұрмұхамбет Д., Абылайды ажалдан құтқарған адам, деректі романнан үзінді, «Азат», 2003, 3-қыркүйек, 6-б., №34.

Мырзахметов Е., Абылай хан, «Азат», 1991, 15–30-сәуір, 4–5-б.

«АЗИЯ»

Бозымбекұлы Ж., Қарабайдың қолында түнде туған ұл едің (Абылай хан туралы), «Азия», 1993, №51 (желтоқсан), 4-б.

«АЙҒАҚ»

Әкім Ж., Қазақтың ұлы хандары, «Айғақ», 2009, 21-қазан.

Қожа М., Абылай хан қай жылы дүниеге келген?, «Айғақ», 2012, 14-маусым, 8-б., №23.

Өсербаев К., Абылайхан өмірі туралы ақиқат немесе шындық қашан жарыққа шығады?, «Айғақ», 2005, 19-қазан, 7-б., №41.

«АЙҚЫН»

- Атығаев Б., Атығаев Н., Артық туған Абылай... Қазақтың ардақты азаматын қаралау кімге керек?, «Айқын», 2009, 30-қаңтар, 4–5-бб., №14.
- Аханбайқызы А., Абылайдан жеткен екі күй, «Айқын», 2008, 8-ақпан, 5-б.
- Ахмет Е., Айбынды Абылай хан: аңыз бен ақиқат, «Айқын», 2011, 7-мамыр, 5-б., №81.
- Әбусейітова М.К., Бай тарихымызды түгендеуіміз қажет, Сұхбаттасқан Г. Айтжанбай, «Айқын», 2013, 2-қазан, 3-б., №181.
- Бөжен Б., Абылайдың шапаны Керекуге келді, «Айқын», 2011, 30-наурыз, 5-б., №54.
- Доспанбетов Ұ., Абылай хан туралы аңыз бен ақиқат, әңгімелескен Т. Тәшенов, «Айқын», 2011, 3-наурыз, 23-б., №40.
- Дулатұлы Б., Абылай ханның тойы дүрілдеп өтті, «Айқын», 2013, 8-қазан, 6-б., №185.
- Исабаев Б., Абылай, Кенесары хандар заманын терең зерттеп, назар аударған кісіге «дала дипломатиясы» үлкен сабақ, әңгімелескен Г.Айтжанбайқызы, «Айқын», 2007, 17-сәуір, 3-б., №67.
- Көшім Д., Ұлы Петрге бұйырған орден Абылай ханға бұйырмай отыр, «Айқын», 2008, 13-наурыз, 3-б., №46.
- Қалижан У., Талдау және талғам керек, «Айқын», 2013, 4-қазан, 2013, 6-б., №183.
- Озғанбаев Ө., Атыңнан айналайын хан Абылай!, «Айқын», 2013, 5-қазан, 5-б., №184.
- Өкенұлы С., Абылай ханның хаттары Қытай мұрағатынан табылды, «Айқын», 2005, 1-желтоқсан, 1 және 11-б., №226.
- Тайшыбай З., Абылай ханды аңыздан арашалап алдым, әңгімелескен, Т.Тәшенов, «Айқын», 2012, 12-қаңтар, 30-б., №6.
- Тайшыбай З., Қазақ атаулының осы жерде, осылай өмір сүріп отырғаны тек қана бір адамның – Абылай ханның арқасы..., әңгімелескен Р.Рақымқызы, «Айқын», 2005, 2-тамыз, 5-б., №143.
- Тасболатқызы Г., Абылай ханның ақ үйі қалпына келетін болды, әңгімелескен О.Дөңқабақ, «Айқын», 2006, 28-сәуір, 5-б., №77.
- Тасболатова К., Ұлы Петрге бұйырған орден Абылай ханға бұйырмай отыр, «Айқын», 2008, 13-наурыз, 3-б., №46.
- Тәшенов Т., Абылайдың алтын тағы қайда?, «Айқын», 2013, №151, 1-б.
- Тәшенов Т., Бәйімбет батырды білеміз бе? «Айқын», 2013, 13-қазан, 7-б., №182.
- Тшан А., Ұлы Петрге бұйырған орден Абылай ханға бұйырмай отыр, «Айқын», 2008, 13-наурыз, 3-б.
- Рахмадиев Е., «Абылай ханда» қазақтың үлкен тарихы жатыр... әңгімелескен Ж.Бәделұлы, «Айқын», 2005, 1-ақпан, 5-б., №19.
- Сенбай Е., Абылай бабамыздың мерейтойы атаусыз қалмасын!, «Айқын», 2010, 16-қазан, 1 және 3-б., №192.

«АҚЖОЛ»

- Бакторазов С., Шоқтығы биік ұлы тұлға, «Ақ жол», 2013, 3-қазан, 6-б.
- Боданов Б., Абылай хан, «Ақ жол», 1995, 4-наурыз.

«АҚТӨБЕ»

- Балқияұлы Н., Жолбасқан Т., Абылайханның жетінші ұрпағы – қуғын-сүргін құрбаны, «Ақтөбе», 1997, 16-желтоқсан.

«АЛАШ АЙНАСЫ»

- Базарқұл Е., «Абылайдың асында шаппағанда...», «Алаш айнасы», 2010, 30-қыркүйек.
- Жолжақсынов Д., Ол қазақтың тұтастығын сақтады, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Кекілбаев Ә., Абылай тақырыбы үлкен шығарманы күтіп тұр, сұхбаттасқан Р.Рақымқызы, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Кекілбаев Ә., Шын Абылай – кәдімгі қазақ білетін Абылай, «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Қазы Қ., Абылай ханның 300 жылдығы неге тойланбады?, «Алаш айнасы», 2012, 22-маусым, 1–2-бб., №108.
- Қайранбаев Ж., Абылай хан бейнесін бір ізге түсіретін уақыт жетті, әңгімелескен М.Тұрысбекқызы, «Алаш айнасы», 2010, 28-қыркүйек, 6-б., №166.



- Мұхаметханұлы Н., Абылай хан дәуірі – қазақ хандығының қайта шарықтаған кезі, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 4-б.
- Мұхаметханұлы Н., Тарихи тұлғамызды кеміткеннен басқа Абылай тумайды, «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Нұрасыл Б., Абылай ханның тойы Ұлытауда ұлықталды, «Алаш айнасы», 2011, 24-мамыр, 1 және 5-б., №87.
- Омарбеков Т., Абылай – Төле бидің тәрбиесімен қалыптасқан тұлға, «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Омарбеков Т., Абылай – үлкен державалық деңгейдегі саяси қайраткер, «Алаш айнасы», 4-қазан, 4-б.
- Рақымқызы Р., «Артық туған Абылай...», «Алаш айнасы», 2011, 26-ақпан, 5-б., №35.
- Тайшыбай З., Абылайдың биік бейнесі қазақтың көкжиегінен төмендемейді, әңгімелескен Е.Анықбай, «Алаш айнасы», 2012, 20-қаңтар, 6-б., №8.
- Теменов Т., Ғасырда бір туатын тұлға, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Тұрысбекқызы М., Абылай хан бейнесін бір ізге түсіретін уақыт жетті, «Алаш айнасы», 2010, 28-қыркүйек.
- Тұрысбек С., Күйлері де ешкімге ұқсамайтын дара, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- Халықтың әл-ауқатын көтерген хан, әзірлеген Г.Ахметова, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 5-б.
- «Шанды жорық» кезіндегі Абылайдың саяси қадамы, «Алаш айнасы», 2013, 4-қазан, 4-б.
- Ысмағұлұлы О., Жетпіске келген кезінде де Абылайдан кәріліктің белгісі көп байқалмаған, әңгімелескен Р.Рақымқызы, «Алаш айнасы», 2012, 22-мамыр, 5-б., №86.

«АЛАШ ҮНІ»

- Кенжебек О., Абылайдың мұражайы – мәдени мұра, «Алаш үні», 2003, 21-қазан, 3-б., №18.
- Самрат Ж., Абылайдың үйі қалай табылды?, «Алаш үні», 2003, 13-қаңтар, 11-б., №1.
- Самрат Ж., «Абылайдың ақ үйін» қорғамасақ қор болармыз, «Алаш үні», 2003, 6-мамыр, 2-б., №7.

«АЛМАТЫ АҚШАМЫ»

- Бейсенбайұлы Ж., Шоқанның бойында Абылай бабасының тектілігі бар-ды..., «Алматы ақшамы», 29-тамыз, 2013, №106.
- Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романның үзінді, «Алматы ақшамы», 2001, 21-шілде, 3-б., №81
- Ибраһим Ш., Абылай туралы ақиқат (Абылай хан туралы деректерден, әзірл. Б.Хұмажан), «Алматы ақшамы», 1998, 7-тамыз.
- Күшіков Ж., Абылай ханның 300 жылдығын қашан атап өтеміз?, «Алматы ақшамы», 2011, 29-қараша, 7-б., №140/141.
- Мәшімбаев С., Абылай дипломатиясы, «Алматы ақшамы», 1993, 7-қаңтар.
- Мұқай Ө., Абылай хан түріктің төріне жайғасты, «Алматы ақшамы», 2006, 26-қыркүйек, 10-б., №112.
- Мұхаметқанұлы Қ., Абылай, «Алматы ақшамы», 1992, 2-шілде.
- Тарақ Ә., «Абылай хан» дастанындағы дәуір шындығы мен хан бейнесі, «Алматы ақшамы», 1997, 9-маусым.
- Тарақ Ә., Абылай ханның қасиетті бейнесі халқына қайта оралды («Абылай хан» ... зерттеу еңбегінің тұсаукесер рәсімі туралы), «Алматы ақшамы», 2000, 17-наурыз.
- Серғазы Г., Абылайлап жауға шапқан халықпыз (театр қойылымы туралы), «Алматы ақшамы», 1998, 3-маусым.
- Шәмшатұлы И., Абылай туралы ақиқат, «Алматы ақшамы», 1998, 7-тамыз.

«АЛТЫ АЛАШ»

- «Қазақтың ханы – Абылай» атты екі томдық кітаптың тұсауы кесілді, «Алты алаш», 2012, 13-қаңтар, 5-б., №1.

«АЛТЫН ОРДА»

- Абылайдың түсі: қазақ қазір қай тұста, «Алтын орда», 2005, 13-мамыр.
- Әбдікәдімұлы М., Абылай ханның айбары, «Алтын орда», 2011, 11-тамыз.



Қаратаев Т., Әбілмансұрдан Абылайға дейін, «Алтын орда», 2002, 26-шілде–1-тамыз, 11-б., №30; 2–8-тамыз, 13-б., №31; 9–15-тамыз, 15-б., №32.

Мұқтар Ә., Абылай хан тарихындағы ақтаңдақтар, «Алтын орда», 2007, 13–19 және 20–27-сәуір, 26–27-бб., №15–16.

Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі неге қаңырап, неге иесіз тұр?, «Алтын орда», 2003, 11–17-шілде, 13-б., №27.

«АНА ТІЛІ»

Абылай ханның сыны. Райымбектің жауабы, «Ана тілі», 1993, 11-ақпан.

Арғынбаев Х., «Абылай аспас Арқаның сары белі», «Ана тілі», 1992, 9-шілде.

Аты мәңгілік Абылай, «Ана тілі», 1991, 8-тамыз.

Әбсадықов А., Аңыз бен тарихи шындықтың ара-жігін ажырата алып жүрміз бе?, Абылай хан туралы, «Ана тілі», 2006, 6-көкек; 13-көкек.

Белгібайұлы І., Абылай – арқа төсінде, «Ана тілі», 2011, 19–25-мамыр, 2-б., №20.

Қойшыбаев Б., Өтенияз С., Шын Абылайды білеміз бе?, «Ана тілі», 2008, 18-желтоқсан, 29-б., №51.

Күлқенов М., Абылай хан аруағы риза, «Ана тілі», 2000, 22-наурыз, 1-б., №6.

Мұқаметханұлы Н., Абылай хан арандатудың құралына айналмайды, «Ана тілі», 2009, 15-қаңтар, 9-б., №2.

Мұқаметханұлы Н., Абылайхан арандатудың құралына айналмайды, «Ана тілі», 2009, 22-қаңтар, 10-б., №3.

Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Ана тілі», 2013, 3–9-қазан, 2-б., №39.

Нәсенов Б., Абылай хан, «Ана тілі», 2012, 26-қаңтар–1-ақпан, 6–7-бб., №4.

Нұрмағанбетұлы Т., Хан сүйегі қайда қалды ағайын!? (Абылай ханның сүйегі туралы), «Ана тілі», 1999, 29-сәуір, 11–13-бб., №17.

Оразов Р., «Алаштың арыстаны Абылай ер», «Ана тілі», 2013, 3–9-бб., №39.

Тәуімбет Б.Т., Хан Абылайдың түсін жору, «Ана тілі», 1997, 22-мамыр, 5-б., №21.

Тұрышев А., Абылай аспас Арқаның сары белі, «Ана тілі», 13-шілде, 12-б., №28.

Уәлихан Ш.Ы., Абылай, «Ана тілі», 1991, 6, 13 және 20-маусым, 4–5-бб.

Пәрімбекова П., Төменгі төрелер (Абылай ханның ұрпақтары Кәрімбек төре, Гүлдана ханым және Шәді... туралы), «Ана тілі», 1998, 21-мамыр, 6-б., №20.

Сәрсенбай О., Абылай ханның арманы, «Ана тілі», 2000, 30-тамыз, 6–7-бб., №20.

Уәлихан Ш.Ы., Хандар, сұлтандар һәм төрелер шежіресі. Абылай ханның үрім-бұтағы, «Ана тілі», 1993, 21 және 28-қазан, №42–43.

Уәлиханов Ш.-А.Ы., Абылайдың хаты табылды, «Ана тілі», 1991, 25-шілде –1-тамыз.

Шәкенова Р., Қызылжардағы Абылайдың ақ үйі, «Ана тілі», 2010, 15–22-желтоқсан, 4-б., №50.

«АРҚА АЖАРЫ»

Абылай ханның 300 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралардың бағдарламасы, «Арқа ажары», 2013, 3-қазан.

Есжан С., Абылай хан тойы өтеді, «Арқа ажары», 2013, 1-қазан, 1-б.

Жаманқұлов Т., «Абылай ханның рөлін ойнағаннан кейін бе, Көкшеге келсем ерекше бір сезімге бөленемін!», әңгімелескен Ы. Төлегенқызы, «Арқа ажары», 2011, 28-мамыр, 6-б., №61.

Жүсіп Қ., Абылай хан мұражайы (Бурабай кентінде), «Арқа ажары», 2003, 2-қазан, 3-б.

Қажыбаев Т., Жәпек батыр (Абылайдың жолдасы, Атығайдың Құдайберді тармағынан шыққан батыр жайында), «Арқа ажары», 2000, 3-ақпан, 3-б.

Қажыбаев Т., Той тағылымы тәті етті (Сәкен серінің драмасы «Абылаймен» респ. театрлар фестивалінің жабылуы туралы), «Арқа ажары», 2004, 16-қараша, 1 және 4-б.

Қайырлин Б., Абылайдың ақ үйі, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 6-б.

Мырзахметұлы Е., Абылай, Ораз хикаятынан бірер сөз, «Арқа ажары», 2005, 27-қаңтар, 3-б.

Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 1-б.

Назарбаев Н.Ә., Тәуелсіздікке – мұнара-тұғыр (Абылайхан ескерткішінің ашылу рәсіміндегі сөйлеген сөзі) «Арқа ажары», 2004, 10-шілде, 1-б.

Нұралыұлы О., Сабалақ, тарихи поэма, «Арқа ажары», 1991, 24–25 және 30-сәуір.

Салықов К., Жыр әкелдім, Сыйынар пірім – Абылай, Абылай хан,... өлеңдер, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 5-б.

Сариев Ш., Еңкеймей әр ғасырда өр басымыз, өлең, «Арқа ажары», 2013, 17-қазан, 1-б.
Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 2-б.
Уәлихан Ш.-А. Ы., Абылай ханның ұрпағы, «Арқа ажары», 2013, 5-қазан, 4-б.

«АСТАНА АҚШАМЫ»

Алпысбаев Қ., Аңыз бен ақиқат. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясындағы Абылай бейнесі және дереккөз, «Астана ақшамы», 2013, 5-қазан, 8–9-бб., №113; 2013, 8-қазан, №114.
Артықбаев Ж., Абылай хан: аңыз бен ақиқат, «Астана ақшамы», 2013, 2-шілде, 7-б.; 4-шілде, 8-б.
Бейсенова Ш., Азагтық жолы – азапты («Абылай хан» қойылымы туралы), «Астана ақшамы», 1998, 28-шілде.
Қайратұлы Б., Абылай ханның мөрі мен хаты, «Астана ақшамы», 2001, 21-шілде, 1-б., №85.
Қожабеков Ғ., Абылай рухы асқақтады, «Астана ақшамы», 1999, 9-қараша, 1-б.
Құсайынов А., Абылай асуы, «Астана ақшамы», 1999, 30-қазан.
Тайшыбай З., Абылай асқан асулар, «Астана ақшамы», 2013, 1-қазан, 6–7-бб., №111; 2013, 3-қазан, 10–11-бб., №112.
Түсіпханұлы Е., Абылайдың айлакер батыры, «Астана ақшамы», 2008, 4-қараша, 13-б., №129.
Тілеуов А., Абылайды хан көтерген Ұлытау ұлт ұясына айналу керек, «Астана ақшамы», 2001, 22-наурыз, 3-б.

«АСТАНА ХАБАРЫ»

Алмасбекұлы М., Абылай ханның қамқа тоны Астанада, «Астана хабары», 2007, 15-желтоқсан.
Досби А., Абылай мен Кенесарының хан ордасына, Мағжан мен Сәкеннің жыр ордасына неге казино орнауы тиіс?, «Астана хабары», 2007, 19-мамыр, 1-б., №101.
Жұмабаева А., Абылай хан мұражайында Ленин ескерткіші әлі тұр..., «Астана хабары», 2007, 8-қараша, 3-б., №183.
Кәрібаев Ж., Абылайдың бөркі қайда?, «Астана хабары», 2007, 22-ақпан, 6-б., №32–33.
Кенжеахметұлы С., Қазақтың қаһарман хандары: Өз-Тәуке, Абылай хан, Кенесары хан туралы, «Астана хабары», 2006, 15-шілде, 10–11-бб., №112/114.
Рахмадиев Е., «Абылай хан» операсын Балқаш көлінің жағасында жаздым, әңгімелескен С.Жарылқасын, «Астана хабары», 2005, 26-қараша, 3-б., №172–73.
Садыханұлы М., Бурабайдағы Абылай хан ескерткіші белгісі, «Астана хабары», 2004, 10-шілде, 1-б., №92.
Сатаев А., Дозақты жеңген қазақ (Абылай ханның суретін салған суретші Қ.Қасеновтің өмірінен), «Астана хабары», 2008, 29-мамыр, 4-б., №64.

«АТАМЕКЕН»

Доспанбетов Ұ., Жекпе-жек («Абылайдың ақ туы» атты романынан үзінді), «Атамекен», 2003, 23-мамыр, 5–6-бб., №10.

«АТЫРАУ»

Өлімгереев Ө., Алаш ардақтысы – Абылай, «Атырау», 2011, 3-наурыз.
Еламанов О., Абылай ханның арманын орындаған адам, «Атырау», 2011, 24-ақпан, 3-б.

«ӘДЕБИЕТ АЙДЫНЫ»

Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Әдебиет айдыны», 2007, 5-сәуір, 9-б., №13.
Қыдырханұлы У., Абылай хан суретінің авторы кім?, «Әдебиет айдыны», 2008, 11-қыркүйек, 4–5-бб.

«БОСТАНДЫҚ ТУЫ»

Ыбырай ақын (Сандыбайұлы), Абылайдың ақ үйіне, өлең, «Бостандық туы», 1926, 6-наурыз.

«ДАЛА ДИДАРЫ»

Аманжолов Қ., Абылайдан асқан бар ма асу, «Дала дидары», 1991, 30-мамыр.
Аманжолов Қ., Асанбаев О., Абылай асының дүбірі, «Дала дидары», 1991, 15, 31-тамыз.

«ДАЛА МЕН ҚАЛА»

Әуелбек Ә., Абылай ханның суреті қалай келді?, «Дала мен қала», 2006, 19-мамыр.
Оразов Р., Абылай хан заманы, «Дала мен қала», 2013, 12-қыркүйек.
Оразов Р., Төле би, «Дала мен қала», 2013, 3-қазан, 11-б., №40.
Садыханұлы М., Абылай хан ақ ордасын тіккен жер, «Дала мен қала», 2009, 2-қараша, 11-б., №43.

«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН»

Абылай (Қазақ халқының ертедегі батыр ұлдары), «Соц. Қазақстан», 1943, 7-қазан.
«Абылай хан» фильмі жарыққа қашан шығады?, дайынд. Ж.Қуанышбекқызы, «Егемен Қазақстан», 2000, 22-наурыз.
Айтбаев М., Абылай, Киік зары, ..., өлеңдер, «Егемен Қазақстан», 2004, 24-қараша, 13-б., №285–88.
Ақтаев С., Абылай хан мен Екатерина патшайым, «Егемен Қазақстан», 2001, 31-қазан.
Амалбек Б., Абылай рухы еліне қайта оралды, «Егемен Қазақстан», 1999, 6-қараша.
Аманжол Қ., «Қанай – Абылай»: поэма, «Егемен Қазақстан», 2009, 16-мамыр.
Асқақ рух пен киені қастерлеу (Түркістан қ-нда Абылай ханның сүйегі арулап қайта қойылатындығы жайлы), «Егемен Қазақстан», 2000, 17-наурыз.
Әбдеш М., Жансыз бейне жаңғырығы (Абылай ханның немересі Ғұбайдолла сұлтанның тұқымы Сұлтанғазы Уәлиханов туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 26-шілде.
Әбенев Ә., Хан Абылай қадірі қайтсе артады?, «Егемен Қазақстан», 2011, 27-шілде.
Әлжаппаров М., Абылайдың хаты қайдан табылды?, «Егемен Қазақстан», 2009, 28-қаңтар.
Әріпбай Б., Рысдәулет М., Абылайханның елшісі, «Егемен Қазақстан», 2001, 27-маусым.
Әшім А., Сейдімбек А., Елубай С., Абылай хан, тарихи киносценарий, «Егемен Қазақстан», 1994, 14-қазан.
Бақбергенов С., Абылай асқан сары бел («Абылай хан» атты кітап туралы), «Егемен Қазақстан», 1994, 10-желтоқсан.
Дәуітов С., Абылай ханның түсі: М.Ж.Көпеевтің шежіресі, «Соц. Қазақстан», 1991, 6-сәуір.
Ерсарин Қ., Мұса С., Елдік пен ерлік ұраны – Абылай хан ескерткішін орнатуға атсалысайық, (Көкшетау қ-нда Абылай ханға ескерткіш орнату туралы), «Егемен Қазақстан».
Есали А., Абылай шырқаған асқақ ария..., «Егемен Қазақстан», 2005, 1-қаңтар, 6-б., №1.
Ескали Ә., Абылайдың ақ үйі: Тарихи ғимаратты қалпына келтірудің екінші кезеңі басталып кетті, «Егемен Қазақстан», 2007, 7-ақпан, 4-б., №32.
Жаппархан Ә., Елбасы ашқан ескерткіш (Қызылорда қ-нда Абылай ханға орнатылған тұңғыш ескерткіштің ашылу рәсімі жайлы), «Егемен Қазақстан», 1997, 6-ақпан.
Жәкеев С., Ежелгі ескерткіш құпиясы (Абылайкіт бұтханасы туралы деректер), «Егемен Қазақстан», 2000, 15-қаңтар.
Жолдасбеков М., Абылай ханның қамқа тоны, «Егемен Қазақстан», 2007, 14-қараша, 5-б., №354.
Жүнісов С., Абылай хан, кино-хикаят, «Егемен Қазақстан», 1998, 8-сәуір.
Кәкен А., Абылайдың суретін салған ақын Мәжит Айтбаев туралы не білеміз?, «Егемен Қазақстан», 2001, 31-қаңтар.
Кекілбаев Ә., Абылай хан. Халықтық-қаһармандық драм. дастан, «Егемен Қазақстан», 1997, 29-қараша.
Көпеев М.-Ж., Абылай хан, дайынд. С.Дәуіт, «Егемен Қазақстан», 1992, 11-қаңтар.
Көпеев М.-Ж., Абылай хан, дайынд. С.Дәуіт, «Егемен Қазақстан», 2007, 31-қаңтар, 10-б., №24/27.
Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандыкі екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Егемен Қазақстан», 2000, 17-наурыз.
Қасқабасов С., Әбсадықов А., Аңызға айналған ардағымыз, «Егемен Қазақстан», 2013, 28-мамыр.
Қасымбаев Ж., Хан тарихы – халық тарихы (Абылай хан туралы), «Егемен Қазақстан», 1991, 31-шілде.
Қозыбаев М., Абылай хан, «Егемен Қазақстан», 1991, 2-тамыз.
Қозыбаев М., Қазақтың даңқын асырған (18 ғ-дың әлемдік деңгейдегі алып тұлғасы Абылай хан туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 1-ақпан.



- Құлын шешен, Абылай ханға көңіл айту, дайынд. С.Дәуітов, «Соц. Қазақстан», 1991, 27-сәуір.
- Құнанбаева С., Абылай хан атындағы университет, «Егемен Қазақстан», 1998, 21-сәуір.
- Құндақбаев Б., Ассалаумағалейкүм, хан Абылай!, «Егемен Қазақстан», 1996, 18-маусым.
- Лекеров А., Абылай деген аты бар, әңгімелескен Д.Кенжалин, «Егемен Қазақстан», 2012, 5-мамыр, 3-б., №210/15.
- Мәмет С., Абылайға (Суретші туындысы жайлы), «Егемен Қазақстан», 1999, 23-қазан.
- Медетбек Т., Абылай, өлең, «Егемен Қазақстан», 1991, 1-тамыз.
- Молдағалиев Т., Ұрпағыңа өзіңнің өмірі үлгі (Абылай ханға), өлең, «Егемен Қазақстан», 2000, 19-желтоқсан.
- Мұқан А., Абылай! Абылай!, «Егемен Қазақстан», 2004, 26-қараша, 3-б., №289.
- Мұқанов Қ., Абылайдың қос батыры – Құлеке мен Құлсары, «Егемен Қазақстан», 2006, 17-маусым, 7-б., №137/139.
- Мұқтар Ә., Абылай хан. Анықтауды қажет ететін ақтаңдақтар, «Егемен Қазақстан», 2006, 9-тамыз, 5-б., №187.
- Мұхтар Ә., Абылай хан және Ахмад шах, «Егемен Қазақстан», 2013, 4-қазан, 3-б.
- Мұқтар Ә., Хан мен халық, «Егемен Қазақстан», 2011, 29-маусым, 9-б., №274–77.
- Мұса С., Тұғыры биік тұлғалар (С. Ақтаевтың Абылай хан жайындағы «Ханзаданың қасіреті» атты кітабы туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 4-ақпан.
- Мұсырман К., Аркада ас берілді (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Егемен Қазақстан», 1991, 10-тамыз.
- Мырзахметов Е., Абылайды пір тұтсақ, әңгімелескен Т.Әбдірайым, «Егемен Қазақстан», 1996, 10-қаңтар.
- Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Егемен Қазақстан», 2013, 2-қазан, 1-б.
- Нәсенов Б., Абылай хан: «Ешқандай Барабы татарларын естіген емеспін. Жер біздікі», «Егемен Қазақстан», 2011, 28-қаңтар, 5-б., №27/28.
- Негимов С., «Абылай аспаған сары бел» деген қанатты сөз оралымының шығу мәнisi туралы бірер сөз, «Егемен Қазақстан», 2011, 25-мамыр, 14-б., №217/220.
- Рахмадиев Е., Абылай ариясы шырқалатын опера дүниеге келді, әңгімелескен А.Есали, «Егемен Қазақстан», 2004, 19-қараша, 1 және 5-б., №281–82.
- Рәмберді Т., Төлепберген М., Абылай рухына адалдық – мәңгілік парыз, «Егемен Қазақстан», 2000, 21-наурыз.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі, «Егемен Қазақстан», 2003, 29-қазан, 11-б.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі... Аңыз емес, ақиқат!, «Егемен Қазақстан», 2003, 22-қараша, 1-б., №304.
- Самрат Ж., Абылай алаңындағы айшықты мұнара, «Егемен Қазақстан», 2004, 9-шілде, №172–73.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі. Ол қалай жаңғырды, «Егемен Қазақстан», 2006, 27-қыркүйек, 9-б., №228–31.
- Самрат Ж., Абылайдың ақ үйі – халқымыздың бақ үйі, «Егемен Қазақстан», 2008, 31-желтоқсан, 7-б., №426–28.
- Сейдімбек А., Абылай хан: көне шындыққа жаңа көзқарас («Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар» атты кітап жайында), «Егемен Қазақстан», 2005, 1-наурыз, 8-б., №42.
- Смағұлұлы О., Мәселені білу және айдалаға лағу (Түркістан қ-нда... табылған Абылай ханның сүйегі төңірегіндегі деректер жайлы), «Егемен Қазақстан», 1999, 29-мамыр.
- Тайшыбай З., Абылай орысша жыл есебі бойынша 1713 жылдың басында туған, поэма, «Егемен Қазақстан», 2011, 27-сәуір, 8-б., №170–73.
- Тарақов Ә., Абылайдың ақ туы Астанаға алынып, Президенттік мәдени орталығында тұрса..., «Егемен Қазақстан», 2008, 30-шілде, 4-б., №228–31.
- Төлепберген М., Абылай хан асқақ айбын (Алматы қ-нда Абылай хан ескерткішінің ашылуы туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 19-желтоқсан.
- Төлепберген М., Рәмберді Т., Елдіктің туын көтерген (Түркістан қ-нда Абылай ханның сүйегі арулап қайта қойылғандығы туралы), «Егемен Қазақстан», 2000, 18-наурыз.
- Түркиядағы Абылай хан ескерткіші Нигде қаласында орнатылды, «Егемен Қазақстан», 2006, 23-қыркүйек.
- Уәлиханов Ш.Ш., Абылай дәуірі қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры, «Егемен Қазақстан», 2011, 27-сәуір, 8-б., №170–73.
- Уәлихан Ш.-А. Ы., Абылай: көне шындыққа жаңа көзқарас, газет тілшісімен сұхбат, «Егемен Қазақстан», 2013, 5-қазан, 6-б.
- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Абылай ханның әулеті, «Егемен Қазақстан», 1998, 30-шілде.

- Уәлиханов Ш.-А.Ы., Айбынды Абылай, «Егемен Қазақстан», 2001, 22-мамыр, 4-б., №101.
Хақанов М., Абылайдың ақ туын Олжабай батыр ұстаған, «Егемен Қазақстан», 2009, 20-қазан, 7-б., №341–42.
Шәкенова Р., Абылайды асқақтатқан азамат, «Егемен Қазақстан», 2010, 21-қазан, 10-б., №435.

«ЕЛ»

Махамбет Қ., Абылайдың асында шаппағанда..., «Ел», 2005, 29-қыркүйек, 1–2-б., №13.

«ЖАС АЛАШ»

- Абылай хан мен Жанайдар би, «Жас алаш», 2001, 6-наурыз.
Абылай ханның 300 жылдығы неге атап өтілмейді?, «Жас алаш», 2011, 30-маусым.
Абылай хан обкомның хатшысы емес... Тарих және этн. ин-тында өткен Балама тарих құбылысы және тарих ғылымы» атты пікірсайыс материалдары, әзірлеген Ө.Нұртайұлы, «Жас алаш», 2004, 6 наурыз, 7-б.
Айтбаев М., Абылай: дастан, «Лениншіл жас», 1991, 17–18-шілде.
Ақатаев С.Н., Абылай хан: тарихи-қаһармандық кинодрама, «Жас алаш», 1998, 28-мамыр.
Ақатаев С.Н., Тұғырда тас мүсін емес, тарих тұруы тиіс. (Алматы қ-нда орнатылатын Абылай хан ескерткіші туралы ой), «Жас алаш», 1998, 28-мамыр.
Барлық тойдан Абылайдың тойы артық, «Жас алаш», 2011, 7-шілде.
Бейсенұлы Б., Абылай хан асқан күйші болған ба?, «Жас алаш», 1999, 17-сәуір.
Бекмұратұлы С., Қайран Абылай, қасиетіңнен айналдым!, өлең, «Жас алаш», 2001, 10-қараша, 5-б., №135.
Ғаббасов С., Тарихты бұрмалау – қаскөйлік («Абылай хан қазақ тарихынан тиісті бағасын алды ма» атты газет мақаласына орай), «Жас алаш», 2001, 20-қараша, 5-б., №139.
Жүсіп Н., Қасиет пен қасірет (Түркістан қ-нда Абылай ханның мәйіті қайта арулап қойылып, ас берілгендігі жайлы), «Жас алаш», 2000, 21-наурыз.
Жылысбаев Қ., Астанаға Абылай ханның атын берсек (пікір), «Жас алаш», 2011, 25-тамыз, 4-б., №68.
Қабышұлы Ғ., Абылайдың кінәсі не?, «Жас алаш», 2009, 5-қараша, 1–2-бб., №89.
Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым мин-лігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім мин-лігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандыкі екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Жас алаш», 2000, 18-наурыз.
Қасымбаев Ж., Абылай хан, «Лениншіл жас», 1991, 2-тамыз.
Қараева Р., Алты алаштың айбыны («Абылай ханның ақырғы күндері» атты қойылым туралы) «Жас алаш», 1996, 14-мамыр.
Қожа М., Хан сүйегін қорламайық!, «Жас алаш», 2005, 14-сәуір, 5-б., №44; 16-сәуір, 5-б., №45.
Құл-Мұхаммед М., Абылай – қазақ халқының айбыны, «Жас алаш», 2000, 18-наурыз.
Мағауин М., Абылай хан – 300, «Жас алаш», 2012, 15-мамыр, 1 және 5-б., №38.
Мәлғаждарова Н., «Абылайхан» неге айкайлай береді?, «Жас алаш», 2001, 6-қаңтар.
Мендеке Ә., Аса қымбатқа түсірілген арзанқол кино немесе өнердегі «ләппайшылық» хақында («Көшпенділер» фильмі және ондағы басты рольдерді шетелдіктерді ойнауы жөнінде), «Жас алаш», 2005, 14-шілде, 1 және 3-б., №83.
Мендеке Ә., «Абылай ханның түсі» (Суретші шығарм. жөнінде), «Жас алаш», 2006, 4-мамыр, 5-б., №35.
Мұқай Ә., Абылай ордасы дінбасын қызылшеке даумен қарсы алды, «Жас алаш», 2000, 26-тамыз.
Мұқай Ә., Абылай хан қазақ тарихынан тиісті бағасын алды ма?, «Жас алаш», 2001, 18-қазан, 1-б., №125.
Мұқай Ә., Тәуелсіздік алғанымызға сегіз жыл. Қазақ жерінде Абылайханға алғаш рет Пушкиннен кейін барып ескерткіш қойылды..., «Жас алаш», 1999, 9-қараша.
Мұқанова Р., «Абылай хан», «Жас алаш», 1998, 25-маусым.
Мырзахметұлы Е., Ұлы ханның төрт күйі сақталған (Абылай ханның күйлері туралы), «Жас алаш», 2002, 1-қазан, 3-б., №117.
Нұржекеұлы Б., Абылайдың өмірбаянына анықтама. Орыс деректеріндегі мәліметтер жайлы, «Жас алаш», 2005, 20-қазан, 4-б., №126.
Нұрпейісұлы Ә., Абылай ханның ұрпағы орыстанып кеткен бе?, «Жас алаш», 2004, 27-қараша, 1–2-б., №142.
Пәрімбекова П., Хан Абылай – халық батыры, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш»), 1991, 8-тамыз
Салқынбек Д., Абылай хан қайда жерленген?, «Жас алаш», 2005, 11-қыркүйек, 5-б., №121.



- Сәрсембина Б., Абылай алаңы аукционға түсті, «Жас алаш», 2006, 17-тамыз, 4-б., №66.
Смағұлұлы О., Абылай хан сүйегін саудаға салмайық!, «Жас алаш», 1999, 23-ақпан.
Смағұлұлы О., Бұл жерді атам заманнан иесі – қазақ (Абылай ханның сүйегін зерттеуге қатысқан антрополог-ғалыммен сұхбат жүргізген Ә.Қаба мен Б.Бейсенұлы), «Жас алаш», 2000, 6-сәуір.
Тайжан Б., Абылайдың айыр қалпағы ұшқан күн, «Жас алаш», 1997, 23-қыркүйек.
Тарихи антропологиялық зерттеу кітабы жарыққа шықты, «Жас алаш», 2000, 18-наурыз.
Уәлиханов Ш.-А.Ы., Рухы биік ел құл болмайды (Абылайхан ұрпақтары жайлы сұхбат, әңгімелескен Ө.Мұқай), «Жас алаш», 2002, 2-ақпан, 5-б.

«ЖАС ҚАЗАҚ»

- Амантайұлы Е., Абылайдың «Ақ үйі», «Жас қазақ», 2006, 26-қыркүйек.
Артықбаев Ж., «Абылайдың асында шаппағанда...», дайынд. Т.Тілеубай, «Жас қазақ», 2011, 29-сәуір.
Әбдіразақ Б., Абылайдың алдына бір бармасам: өлең, «Жас қазақ», 2001, 5–11-қаңтар.
Байәділов Б., Арыстан жүректі Абылай, «Жас қазақ», 2013, 11-қазан, 2-б., №39.
Байәділов Б., Абылай аулады тұр, «Жас қазақ», 2013, 18-қазан, 2-б., №40.
Байәділов Б., Сырымбеттің етегі – сыршыл тарих мекені, «Жас қазақ», 2013, 1-қараша, 9-б., №42.
Исабеков Д., Абылай ханды, Абайды, Махамбетті өзгеге сеніп беруге болмайды, «Жас қазақ», 2005, 15-шілде, 4-б., №28.
Мырзахметов Е., Абылай Оразды өлтірген бе?, «Жас қазақ», 1993, 22-қаңтар.
Назарбаев Н.Ә., Абылай ансаған азаттық, «Жас қазақ», 2013, 4-қазан, 2-б., №38.
Тілеубай Т., «Абылай ханды 300 жылдығында ұлықтамағанда қашан ұлықтаймыз?!, «Жас қазақ», 2011, 18-ақпан, 8-б., №6.

«ЖАС ҚАЗАҚ ҮНІ»

- Алланазар М., Рухани Астана, жетімсіреген Абылай хан..., «Жас қазақ үні», 2009, 6-ақпан, 5-б., №5–6.

«ЖЕТІСУ»

- Абайбекұлы Қ., Алаштың төбе биі, «Жетісу», 2013, 29-қазан, 1–2-б., №121.
Ақылбеков А., Аруағыңа бас ием, толғау, (Абылай ханның туғанына 300 жыл), «Жетісу», 2011, 19-мамыр.
Бижанов Қ., Халқының басын қосқан (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Коммунизм таңы», «Жетісу», 1991, 6-тамыз.
Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романның 2-ші кітабынан үзінді, «Жетісу», 2006, 7-қазан, 10-б.
Исмаилов О., Вашингтоннан жеткен жәдігер, «Жетісу», 2011, 15-қазан.
Нұрғожаев Ж., Қарлығаш би, «Жетісу», 2013, 26-қазан, 6-б., №120.
Оспанұлы Ж., Қазақ халқының алтын діндегі, «Жетісу», 2013, 8-қазан, 1-б., №114.
Сүлейменов Р., Хан Абылай, «Жетісу», 1991, 15-маусым.
Уәлиұлы Абылай хан, «Жетісу», 2007, 12-мамыр.
Ысқабай Ә., Хан Абылайдың төртінші ұрпағы Әнуарбек пен оның әулеті жайлы бір үзік сыр, «Жетісу», 2009, 5-желтоқсан, 11-б., №135.

«ЗАҢ ГАЗЕТІ»

- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романның үзінді, «Заң газеті», 2008, 15–17-шілде, 4-б.; №105–107.
Жұмабай Ә., Дулығалы дала перзенті (Абылай хан ұрпақтары Қасым, Кенесары туралы), «Заң газеті», 1996, 12-маусым.
Жүсіп Қ., Бурабай бүк түсіп жатыр (Бурабай к-тіндегі «Абылайхан мұражайы» туралы), «Заң газеті», 2006, 8-тамыз, 2-б., №144.
Жүсіп Қ., Тұлғаларды тойларда ғана ескеретіміз қалай?, «Заң газеті», 2013, 8-қазан, 1 және 3-б., №151.
Қасымбаев Ж., Тәуелсіздік демі немесе тарихтан тағылым, Абылай хан туралы деректер, «Заң газеті», 2001, 12-желтоқсан, 1-б., №54.
Салқынұлы С., Бабалар салған сара жол. Қазақ елін басқарған тұлғалар және ел, жер қорғаған батырлар туралы, «Заң газеті», 2006, 6-қыркүйек, 4-б., №160.

«ИСЛАМ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ»

Нұрмұратұлы Т., Абылай, Кенесары «қарақшы» ма?, «Ислам және өркениет», 2008, 1–10-қазан, 5-б.

«КОММУНИЗМ НҰРЫ»

Қоканбаев С., Тарихи тұлға (Абылай хан туралы), «Коммунизм нұры», 1989, 24-қазан.

«КӨКШЕТАУ»

Абылай хан және оның тарихи дәуірі, «Көкшетау», 2013, 10-қазан, 1–2-б.

Айтақын Бұлғақов пен Серік Құсанбаевтың айтысы (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Көкшетау қ-нда өткен респ. ақында айтысынан), «Көкшетау», 1991, 13-ақпан.

Амалбек Б., Баяділов Б. т. б., Көкшетауда Абылай тойы, «Көкшетау», 1991, 6–7-тамыз.

Асқаров Е., Армысың, атамекенім! (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына арналған Көкшетауда болатын ақындар айтысының алдында), «Көкшетау», 1991, 26-қаңтар.

Ахметова Р., Қыннан қылыш суырған тар заманда (Абылай ханның ұрпақтары туралы), «Көкшетау», 1991, 3-тамыз.

Әбуев Қ., Абылай және Қазақстан тарихнамасының кейбір мәселелері, «Көкшетау», 1991, 28-қараша.

Әбуев Қ., Қазақтың ұлы ханы хан Абылай, «Көкшетау», 1996, 20-маусым.

Әлімжанов Б., Абылай тойы – ел тойы, «Көкшетау», 1991, 20-қаңтар.

Бірханқызы Ш., Баба жолына адал болайық (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Көкшетау», 1991, 28-маусым.

Ерік Асқаров пен Баянғали Әлімжановтың айтысы. Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Көкшетауда өткен респ. ақындар айтысынан, «Көкшетау», 1991, 9-ақпан.

Жармағамбетов Қ., Ұлылық (Абылай ханға арналған өлең), «Көкшетау», 1991, 3-тамыз.

Жүнісов С., Хан мен Президент («Біз айтпасақ кім айтады» топтамасынан Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаев туралы), «Көкшетау», 1991, 29-қараша.

Көкшетаудағы Абылай хан тойы, «Көкшетау», 2013, 3-қазан.

Қозыбаев М., Тұңғыықтай терең тұлға (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Көкшетау», 1991, 2-тамыз.

Мырзахметов Е., Абылай тойының тағылымдары, «Көкшетау», 14-сәуір, 3-б.

Мырзахметов Е., Ел намысы, ер ұраны Абылай, «Көкшетау», 1991, 30-шілде.

Сәкен Сері, Хан және Президент, өлең, «Көкшетау», 2013, 3-қазан, 3-б.

Сейітова Р., Самғауға біткен канат бар. Абылайдың 280 жылдығына арналған респ. ақындар айтысынан, «Көкшетау», 1991, 2-ақпан.

Сейітова Р., Ермантаев М., Шәренгаев Д., Көкшетаудағы Абылай тойы, «Көкшетау», 1991, 6–7-тамыз.

Сейітхазин С., Аруағыңнан айналайын (Абылайға арналған өлең), «Көкшетау», 1991, 2-тамыз

Сүлейменов Р., Абылай. Аңыз бен ақиқат, «Көкшетау», 1991, 9-мамыр.

Сүлейменов Р., Ірі саясаткер, жауынгер, қолбасшы, «Көкшетау», 1991, 3-тамыз.

Уәлиханов Ш.Ш., Абылай, «Көкшетау», 2013, 3-қазан, 2-б.

Уәлиханов Ш.Ш., Абылай хан. Орта жүз қазақтарының 18 ғ-да өмір сүрген ханы, «Көкшетау», 1991, 2-тамыз.

Уәлиханов Ш.А.Ы., Асып бір туған Абылай, «Көкшетау», 1991, 10 –13 және 16-шілде.

Шаменов Т., Көкшедегі хан тойы, өлең, «Көкшетау», 2013, 17-қазан, 7-б.

«ҚАЗАҚ»

Абылай сұлтанның Тобыл губернаторы Сухаревке хаты, «Қазақ», 2011, 1–8-шілде, №26/27, 3-б.

Абылай хан. Ұлы мемлекет қайраткері, қолбасшы, «Қазақ», 2006, 7-сәуір, №3, 5-б.

Әбсадық А., Абылай мен Үмбетей жырау, естірту ме, ескерту ме?, Жыраулар толғауы мен тарихи аңыздардың шындыққа арақатынасы, «Қазақ», 2008, 5-қыркүйек.

Көкшетау оязына. Абылайханның тұқымы аға сұлтан Шыңғыстың төрт баласын да оқытқандығы айтылған хабар, «Қазақ», 1915, 9-желтоқсан.

Қозыбаев М., Абылай хан, «Қазақ», 2006, 16-маусым, 9-б., №13; 2009, 3–10-сәуір, 8-б., №14/15.

Қытайдың әскерлері кері қайтатын болып, Әмірсананы ұстау жөнінде Абылай ханға тапсырылғанына байланысты жарлықтан, «Қазақ», 2011, 2-желтоқсан.



- Қытай патшалығының Абылай ханға жазған хатынан, «Қазақ», 2011, 16–23-қыркүйек; 30-қыркүйек.
Қытай патшасының Абылайханға жазған хаты, «Қазақ», 2011, 21–28-қазан.
Қытай Үкіметінің Абылайға жолдаған хатынан, «Қазақ», 2011, 7–14-қазан.
Телуова Г., Қазақ елі егемендігінің жаршысы–хан Абылай және бүгінгі Қазақстан, «Қазақ», 2009, 11–18-желтоқсан, 4-б., №50–51.
Сәрсекеев Қ., «Абылай ханның резиденциясы» мұражай кешені, «Қазақ», 2011, 15–25-қараша, 9-б., №46–47.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ»

- Абылай хан туралы қалам тартқан, «Қазақ әдебиеті», 2011, 1–7-сәуір.
Аджи М., «Абылайдың түсіндей азбау үшін...», «Қазақ әдебиеті», 1997, 24-маусым.
Байжігітов Н., Абылай ханның түсі, «Қазақ әдебиеті», 1990, 7-ақпан.
Бөмішұлы Б., Абылай ханға айғыр мінгізген «мендік» менталитеттің мешеулігі неде?, «Қазақ әдебиеті», 25-сәуір–1 мамыр, №17.
Бөпежанова Ә., Сахнада – «Абылай хан», «Қазақ әдебиеті», 1998, 6-маусым, 16-б., №22.
Егінбай М., Абылай, ән, «Қазақ әдебиеті», 1997, 21-қазан, №42, 9-б.
Елеуқенов Ш., Абылай хан – тарихи роман айнасында, «Қазақ әдебиеті», 2011, 16-желтоқсан, 11-б., №50.
Жолдасбекова М., Абылайдың асы, «Қазақ әдебиеті», 1991, 2-тамыз, 2-б.
Жүнісов С., Хан мен Президент («Біз айтпасақ кім айтады» топтамасынан Абылай хан мен Н.Ә.Назарбаев туралы), «Қазақ әдебиеті», 1994, 4-ақпан, 10-б., №5.
Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі мен Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Түркістан қ-ндағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен табылған мәйіттің Абылай хандыкі екенін тексеруге құрылған комиссияның қорытындысы, «Қазақ әдебиеті», 2000, 17-наурыз.
Қаназ М., Абылайдың атақты түсі, «Қазақ әдебиеті», 2009, 24–30-шілде, 11-б., №32.
Қасымжанов Б., Теменов Т., Үкімет ерледі. «Абылай ханға» 20 млн доллар инвестиция беретін болды. Газет тілшісінің Ұлттық кинокомпанияның бас директорымен және көркемдік жетекшісімен сұхбаты, «Қазақ әдебиеті», 2000, 15-желтоқсан, 12–13-бб., №50.
Қорғасбек Ж., Абылайды көрдің бе, Шоң бидің жайын білдің бе?, «Қазақ әдебиеті», 1999, 21-мамыр, 1–2-бб., №21.
Құл-Мұхаммед М., Қазақ хандары, «Қазақ әдебиеті», 1999, 22 және 29-маусым, 10–11-бб.; 6 және 13-шілде, 8–9-бб.
Медетбек Т., Абылай, өлең, «Қазақ әдебиеті», 1997, 21-қазан, №42, 9-б.
Меңдеке Ә., Абылайхан қалай жатпланеталықтармен соғыса жаздады немесе біз қалай әлемге танылды? немесе Б.Тілеухановтың қолынан не келеді? («Абылайхан» фильмін түсіру жайында), «Қазақ әдебиеті», 2001, 29-маусым, 2–3-бб., №26.
Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Қазақ әдебиеті», 2013, 4–10-қазан, 1-б.
Нәсенов Б., Абылай хан – қазақ халқының мақтанышы, «Қазақ әдебиеті», 2009, 19–25-маусым, 8-б., №27/28; 26 маусым–2 шілде, 7-б., №29.
Нұрмұратов С., Абылай ханның түсі – ескертпе, «Қазақ әдебиеті», 2009, 24–30-шілде, 11-б., №32.
Нұрпейісов Ә., «Абылайдың ұлы аруағына дәйім бас иеміз», «Қазақ әдебиеті», 2000, 24-наурыз, 3-б., №12.
Тоғысбайұлы Б., Елдік пен ерліктің асқақ жыры («Абылай хан» қойылымы туралы), «Қазақ әдебиеті», 1999, 5-ақпан, 16-б., №6.
Тұрдақынұлы Н., Абылай қоры, «Қазақ әдебиеті», 1994, 20-мамыр, 2-б., №20.
Президентке хат. Абылай ханның мүшел тойын атап өтуіне орай, «Қазақ әдебиеті», 1991, 26-шілде.
Самрат Ж., «Абылайдың ақ үйін» қорғамасақ қор болармыз, «Қазақ әдебиеті», 2003, 1-тамыз, 3-б., №31.
Сәкен Сері, «Абылай хан» фильмінің төңірегіндегі былықтар мен шылықтар, «Қазақ әдебиеті», 1999, 30-сәуір, 14–15-бб., №18.
Сүлейменов Р., Атағы жерді жарған хан Абылай, «Қазақ әдебиеті», 1992, 11-желтоқсан, 12–13-бб.
Уәлиханов Ш.-А.Ы., Абылай саяси тұтқыннан оралды, «Қазақ әдебиеті», 1991, 6-қыркүйек, 10–11-бб.
Уәлихан Ш.Ы., Абылай ханның ата-тегі кім?, «Қазақ әдебиеті», 1992, 18-желтоқсан.
Халид Қ., Абылай хан, дайынд. С.Дәуітов, «Қазақ әдебиеті», 1992, 10-көкек, 12–13-бб.

«ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫ»

- Ақыпбекұлы Ө., Абылайы бар елдің абыройы қайда жүр?, Тас, «Жұлдыз... өлеңдер, «Қазақ батырлары», 2000, №11 (қараша), 13-б.
- Аян, Алдияр (Абылай хан туралы), «Қазақ батырлары», 2000, №8 (тамыз), 3-б.
- Доспанбет Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Қазақ батырлары», 2001, №8 (тамыз), 8-б.; 2002, №10 (қазан), 10-б.
- Қабдімәжитов Т., Жанатай батыр (Абылай ханның хас батыры Жанатай туралы), «Қазақ батырлары», 2001, №6, 5-б.
- Махаева А.Ш., Абылай жорығының ақиқаты, «Қазақ батырлары», 2007, №4 (сәуір), 7 және 13-б.; №5/6, 6–7-бб.

«ҚАЗАҚ ЕЛІ»

- Ел ескерткіштері: Қызылорда қ-нда Абылай ханға тұңғыш орнатылған ескерткіштің фотосуреті, «Қазақ елі», 1997, 24-қаңтар, 1-б., №3.
- Мұхаметханұлы Н., Абылайдың шығыстағы атамекенге аттанысы, «Қазақ елі», 2003, №11 (мамыр), 4–5-бб.
- Нұрмағанбетұлы Т., Абылай ханның бас сүйек-бейнесі анықталды, «Қазақ елі», 1997, 14-қараша, 1 және 3-б.
- Сатаев А., Дозақты жеңген қазақ (Абылай ханның суретін салған суретші Қ.Қасеновтің өмірінен), «Қазақ елі», 1999, 26-наурыз және 2-сәуір.
- Сатаев А., Тарихтың талмау тұсы (Түркістанда ... табылған бас сүйек Абылай хандікі ме деген сауал төңірегіндегі ой), «Қазақ елі», 1999, 2 және 9-сәуір.
- Тұяқбаев М., Бас сүйек-бейне Абылай хандікі ме?!, «Қазақ елі», 1999, 22 және 29-қаңтар, 5-ақпан.

«ҚАЗАҚСТАН»

- Мәкенбайұлы Қ., «Мемлекет тізгінін ұстаған адамның кеменгерлігі – Ел бақыты». Абылай ханның Ақ ордасы Ақтоғайда, «Қазақстан», 2002, 11-қазан, 5-б.

«ҚАЗАҚСТАН – ZAMAN»

- Айтмұхаммедұлы Е., Аягөзден атажұртқа, «Қазақстан–ZAMAN», 2011, 2-маусым.
- Әлдибекұлы Б., Батырдан батыр туған бабаларым (Абылай ханның сыны, Райымбектің жауабы), «Қазақстан–ZAMAN», 2005, 8-шілде, 14–15-б., №27.
- Әлдибекұлы Ш., Хан Абылай қара қазақтан шыққан?: антрополог ғалымдар хан сүйегін тураноидтерге жатқызды, «Қазақстан–ZAMAN», 2005, 8-шілде, 14-б., №27.
- Доспанбетов Ұ., Абылайдың ақ туы, романнан үзінді, «Қазақстан–ZAMAN», 2003, 10-қаңтар; 17-қаңтар; 24-қаңтар, 14-б.
- Тасболат К., Абылай ханның 300 жылдығы ескерусіз қала ма?, «Қазақстан–ZAMAN», 2011, 10-ақпан, 10-б., №6.
- Шөкшир Д., Хан Абылайдың асына «Аққайың» лайық, «Қазақстан–ZAMAN», 2012, 24-мамыр, 9-б., №21.

«ҚАЗАҚСТАН МҰҒАЛІМІ»

- Бижанов Қ., Халқының басын қосқан (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Қазақстан мұғалімі», 1991, 16-тамыз.

«ҚАЗАҚСТАН САРБАЗЫ»

- Ақтаев С., Абылай хан мен Екатерина патшайым, «Қазақстан сарбазы», 2000, 20-қараша.
- Құттыбаев К., Батыр бабалар рухына тағзым (Орта жүзден шыққан Абылай хан мен Жәнібек би туралы), «Қазақстан сарбазы», 1998, 14-тамыз, 6-б., №64.
- Мұқай Ө., Абылай хан қазақ тарихынан тиісті бағасын алды ма?, «Қазақстан сарбазы», 2001, 23-қазан, 11-б., №84/85.



Қашқынов Ж., Абылайдың айбынды батырлары, «Қазақстан сарбазы», 1998, 16-қаңтар, 6-б., №3; 20-қаңтар, 6-б., №4.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ»

Мыңбаев Д., Ақырып теңдік сұраған. Алаш арыстарының арманы ақиқатқа айналды (Абылай хан, Кенесары... туралы мағлұматтар бар), «Қазақстан теміржолшысы», 2002, 13-желтоқсан, 3–4-б., №49.

Сәдуақасов Т., Абылай хан және оның айналасы, үзінді, «Қазақстан теміржолшысы», 2004, 4-наурыз, 3-б., №43.

«ҚАЗАҚ ҮНІ»

Байжанин М., Алты алаштың айбыны, «Қазақ үні», 2013, 11-маусым, 8–9-бб.; 19-маусым, 12–13-бб.

«ҚОСТАНАЙ ТАҢЫ»

Әбсадықов А., Абылай және Шақшақ Жәнібек немесе тарихи шындық пен халықтық наным, «Қостанай таңы», 1998, 29-мамыр.

Әбсадықов А., Хан Абылай, «Қостанай таңы», 2013, 10-қазан, 4-б.

Сыздықов С., Тарих тереңдігімен құнды (Абылай хан туралы), «Қостанай таңы», 1993, 17-тамыз.

«ЛЕНИН ТУЫ»

Пресняков С., Абылай хан, «Ленин туы», 1991, 6–8 және 12-наурыз.

Пресняков С., Тағы да Абылай туралы, «Ленин туы», 1991, 1-қараша.

«МАҢҒЫСТАУ»

Ақмырзаев М., Қоңырат сапары (Абылай ханның атакты баһадүрі Жанақ батыр Райымбердіұлының белгі тасы табылуы туралы), «Маңғыстау», 2011, 27-қазан, 11-б.

«НҮР-АСТАНА»

Артықбаев Ж., Абылайға қарсы шығу қазаққа қарсы шығумен бірдей, әңгімелескен Г.Хамит, «Нұр-Астана», 2011, 20-қазан.

Хан Абылай тағылымын ардақтады, «Нұр-Астана», 2009, 29-қазан.

«ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН»

Баһадүр Ж., Хан көтерген Түркістан тарихи оқиғаны қайта жаңғыртты, «Оңт. Қазақстан», 2013, 22-қазан, 8-б.

Нұрпейісов Н., Төле биден тәлім алған хан Абылай, «Оңт. Қазақстан», 2013, 24-қазан, 6-б.

Рсымбетов Ж., Абылай хан дәуірі, «Оңт. Қазақстан», 1991, 9-қазан.

Смағұлұлы О., «Біздің маңдайымызға о бастан ұлт болып ұйысуды жазған» (антропологпен сұхбат жүргізген А.Қапбарова), «Оңт. Қазақстан», 2008, 26-сәуір, 8–9-бб.

«ОРАЛ ӨңІРІ»

Уәлиханов Ш.Ш., Абылай (аударған С.Есжанов), «Орал өңірі», 1992, 5-ақпан.

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»

Абылай хан. Дастан, 2-нұсқа, «Орт. Қазақстан», 1991, 14-қыркүйек; 1992, 9-қаңтар.

Бижанов Қ., Халқының басын қосқан (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Орт. Қазақстан», 1991, 19-шілде.

Есімов Қ., Абылайды жоңғар тұтқынынан босатқан кім?, «Орт. Қазақстан», 2005, 17-қараша, 7-б.

Жүністегі К., Абылайдың «Алты ағашы», «Орт. Қазақстан», 2010, 5-қаңтар, 4-б.



- Көпейұлы М.-Ж., Абылай хан қайтып келе ме?, «Орт. Қазақстан», 2008, 5-ақпан, 4-б.
Исағұлов З., Ұлы ханның тас тағы (Абылай хан туралы), «Орт. Қазақстан», 1993, 13-шілде.
Кемпірбаев А., «Абылай аспас Арқаның сары белі...», «Орт. Қазақстан», 2010, 22-сәуір, 3-б.
Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Орт. Қазақстан», 2013, 5-қазан, 1-б.
Оразбай Е., Алла берген алашқа Абылайды, «Орт. Қазақстан», 2011, 6-қаңтар, 4-б.
Рахұлы А., Абылай хан ескерткіші тұғырға қонды, «Орт. Қазақстан», 2011, 19-мамыр, 1-б.
Рахұлы А., Қазақ рухының айбары – Абылай хан, «Орт. Қазақстан», 2011, 21-мамыр, 2-б.
Сейдімбек А., Абылай хан: көне шындыққа жаңа көзқарас («Аылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар» атты кітап жайында), «Орт. Қазақстан», 2005, 10-наурыз, 13-б.
Сейдімбеков А., Уәлиұлы Абылай хан, «Орт. Қазақстан», 1991, 26-қазан.
Тайшыбай З.С., Абылай хан туралы жазба деректер, «Орт. Қазақстан», 2013, 5-қазан, 5-б.
Тайшыбай З., «Шанды жорықтың» шындығы, «Орт. Қазақстан», 2011, 5-қараша, 6-б.: 12-қараша, 5-б.; 19-қараша, 6-б.

«ӨРКЕН»

- Абылайдың ақ үйі туралы, «Өркен», 1993, 28-тамыз.
Аманжолов Қ., Абылай халық үшін жасап еді, «Өркен», 1991, 17-тамыз.
Мұсағитов М., Мағжан «Ертегісіндегі» сыздық кім? (Абылай ханның шөбересі Сыздық Кенесары туралы), «Өркен», 1994, 2-сәуір, 5-б.

«ПРЕЗИДЕНТ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ»

- Хұсайынов С., Түркияда Абылайхан ескерткіші ашылды, «Президент және Халық», 2006, 15-қыркүйек, 8-б., №37.

«САНА»

- Абылай хан айдаудан келгенде Орынбай ақынның айтқаны, дайынд. Қ.Кемеңгеров, «Сана», 1924, №2–3, 120–21-б.

«САРБАЗ»

- Абайқызы Б., «Алаштың арыстаны хан Абылай», «Сарбаз», 2011, 21–27-қазан.
Абылайдың үш арманы немесе ұлы ханның ұлағатты өмірі туралы сыр, әзірлеген А.Сүгірбай, «Сарбаз», 2013, 25-қазан, 6-б.
Әбеуова Р., Ұлы хан Ұлытауда ұлықталды, «Сарбаз», 2011, 10–16-маусым.

«САРЫАРҚА САМАЛЫ»

- Байбосын С., Алапат заман тудырған ақберен тұлға, «Сарыарқа самалы», 2013, 2-қараша, 8-б.

«СЕМЕЙ ТАҢЫ»

- Ибраев М., Абылай хан, «Семей таңы», 1990, 13-қазан.
Қойшығұлова Ә., Абылай хан және оның заманы, «Семей таңы», 2010, 21-қазан, 3-б., №42.
Маханбетова М., Абылай ханның тұсындағы қазақ хандығы, «Семей таңы», 2011, 22-шілде, 7-б., №49.
Сұлтанбеков М., Абылайдың Мамай батыры, поэма-толғау, «Семей таңы», 2011, 27-желтоқсан, 3-б., №94.

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН»

- Сыздықова Г., Тарихи таным мұражайдан басталады, «Солт. Қазақстан», 2013, 26-қараша, 4-б.
Тайшыбай З.С., Абылай танудың кейбір мәселелері, «Солт. Қазақстан», 2013, 26-қараша, 5-б.
Ыбырай ақын (Сандыбайұлы), Абылайдың ақ үйіне, өлең, «Солт. Қазақстан», 2004, 22-қараша, 8-б.



«СҰХБАТ»

Ақтаев С., Дарабоз дана. Абылай ханға алашпа ер жетпеген, «Сұхбат», 1992, 14-көкек.
Бижанов Қ., Халқының басын қосқан (Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Сұхбат», 1991, 1–15-тамыз.

«СЫР БОЙЫ»

Ежен Н., ... Абылайдың арманы, ..., поэмадан фрагменттер, «Сыр бойы», 2006, 13-қаңтар, 2-б.
Қожақұлы Ө., Абылай хан, «Сыр бойы», 2013, 5-қазан, 8-б.

«ТАСЖАРҒАН»

Қанафияұлы Н., Абылай – қазақтың ұлы ханы, «Тасжарған», 2009, 25-ақпан, 20-б., №8.
Қойшыбаев Б., Өтенияз С., Нағыз Абылайды білеміз бе?, «Тасжарған», 2008, 24-желтоқсан, 24, 26-б., №47/48.

«ТОРҒАЙ»

Нұрмағанбетұлы Т., Абылай ханның бас сүйек-бейнесі анықталды, «Торғай», 1998, 16-қаңтар.
Кенжеахметұлы С., Қазақтың қаһарман хандары: Өз-Тәуке, Абылай хан, Кенесары хан туралы, «Торғай», 2002, 6-қыркүйек.

«ТҮРКІСТАН»

Абылайдың ақ туы..., дайынд. К.Адырбекұлы, Д.Мыңжасарқызы, «Түркістан», 2011, 6-қаңтар.
«Абылай хан» қойылымы туралы, «Түркістан», 1999, 3-ақпан.
«Абылай хан» тарихи-антропологиялық зерттеу кітабы туралы, «Түркістан», 2000, 17-наурыз.
Адырбекұлы К., Асқақ еді айбыны Абылайдың..., «Түркістан», 2011, 19-мамыр.
Алыбаев Ө., Абылай : хан тағына жеткенше..., «Түркістан», 1997, 18-маусым.
Әшімханұлы Д., Адырбекұлы К., Таразда Төле бидің тойы өтті, «Түркістан», 2013, 31-қазан, №43.
Бектас Е., «Қазақтың ханы Абылай», «Түркістан», 2012, 12-қаңтар, 10-б., №2.
Боранбай Ж., Абылайдың ақиқаты мен аманаты, «Түркістан», 2011, 4-тамыз, 9-б., №31.
Кәкенұлы Ж., Жұмақын жазған Абылай, «Түркістан», 2012, 15-наурыз, 11-б., №11.
Қамбар Қ., Абылай хан ескерткіші өз орнында тұр! (Мүсінші Қазыбек Сатыбалдинмен сұхбат), «Түркістан», 2001, 8–15-наурыз, 8-б., №10.
Қуандық Е., Абылай хан және оның ұрпақтары, «Түркістан», 2011, 3-қараша, 7-б., №44.
Мұхаметханұлы Н., Қолымызда – «Қазақтың ханы – Абылай», «Түркістан», 2012, 5-сәуір, 11-б., №14.
Мүрде – Абылай хандікі, «Түркістан», 2000, 17-наурыз.
Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Түркістан», 2013, 3-қазан, 1–2-б., №39.
Нәсенов Б., Абылай хан – мұрағат қорларында, «Түркістан», 2012, 16 және 23-ақпан, №7–8, 9-б.
Нұразхан Е., Ұлы бабалар бейнесі әр суретшінің қиялында әрқилы, «Түркістан», 2000, 6-қазан.
Омар Г., Абылайдың асы өтті Көкшеде... Айбарлы ханның мерейтойы ұлттық рухты бір серпілтті, «Түркістан», 2013, 10-қазан, 7-б., №40.
Омарова Г., Абылай салған ақ жол, «Түркістан», 2011, 10-наурыз, 3 және 6-б., №10.
Тайшыбай З., «Абылайдың ақ үйі» туралы аңыз. Абылай ханды Ресей патшайымының қанжығасына байлап берудің құйтырқылары, әңгімелескен Ж. Шағатай, «Түркістан», 2007, 18-қаңтар, 7-б., №3.
Санік З., Хан Абылай, хан батыры Қабанбай туралы жазба дерек не дейді?, «Түркістан», 2012, 10-мамыр, 9-б., №19.
Сомжүрек Ж., Абылай алаңында. Сайтанның сойқанынан сақтан, қазақ!, өлеңдер, «Түркістан», 2010, 18-наурыз, 9-б., №11.
Уәлішерұлы Е., Байғозы батырға тағзым (Абылайдың бас батырларының бірі Байғозы Наймантайұлының тойы туралы), «Түркістан», 2005, 18-тамыз, 7-б., №33.

«ҮШ ҚОҢЫР»

Абылайтанушының мерейтойына арналды, «Үш қоңыр», 2012, 25-сәуір.
Азат рухтың Абылай ханына арналды, «Үш қоңыр», 2013, 11-қазан, 2-б., №41.



Дүйсен Қ., Абылай ханның 300 жылдығында қаламгерлер марапатталды, «Үш қоңыр», 2012, 16-мамыр, 2-б., №19.

Мұхтар Ә., Абылай хан және Ахмад шах (18 ғасырдағы қазақ-ауған қатынастары хақында), «Үш қоңыр», 2013, 18-қазан, 4- және 7-б., №42.

Мұхтар Ә., Абылай хан үмітін арқалаған Уәли, «Үш қоңыр», 2013, 8-қараша, 7-б., №45.

Назарбаев Н.Ә., Абылай аңсаған азаттық, «Үш қоңыр», 2013, 4-қазан, 1–2-б., №40.

Тоқмырзин Қ., Сүйінші, Алаш жұрты! Абылай тарихы нақтыланды!, «Үш қоңыр», 2012, 15-ақпан, 1-б., №6.

«ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ»

Кенжебаев Б., Абылай, «Халық кеңесі», 1991, 18-сәуір.

Көбенов Н., Тарихымның тарауы (Абылайханға арналған өлең), «Халық кеңесі», 1992, 22-ақпан.

Мырзахметов Е., Ел намысы, ер ұраны Абылай, «Халық кеңесі», 1992, 22-ақпан.

Сейітхазин С., Абылай хан ауылы туралы хикая, «Халық кеңесі», 1993, 5-мамыр.

Төреғожин Қ., Мұқтарбеков С., Елдікті асқақтатқан ас (абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай), «Халық кеңесі», 1991, 20-тамыз.

Уәлиханов Ш.Ш., Абылай (аударған С.Есжанов), «Халық кеңесі», 1991, 1-тамыз; «Орал өңірі», 1992, 5-ақпан.

«ШАЛҚАР»

Тарақ Ә., «Есенкелді» дастаны және Абылай дәуірінің елеулі кезеңдері, «Шалқар», 1997, 7-наурыз, 4–5-б., №5.

Тотанайұлы А., Жәнібек батырдың Абылайдың оң тізесінен орын алуы, әңгімеден үзінді, «Шалқар», 1998, 28-тамыз, 4-б., №16.

Журнальные публикации:

«АБАЙ АТЫНД. ҚАЗҰПУ-ДЫҢ ХАБАРШЫСЫ. ТАРИХ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМ. ҒЫЛЫМДАР СЕРИЯСЫ – ВЕСТНИК КАЗНПУ ИМ. АБАЯ. СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКИЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧ. НАУКИ»

Евниев Р.Б., Социализация личности Абылая, «Абай атынд. ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Тарих және саяси-әлеум. ғылымдар сериясы – Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Исторические и социально-политич. науки», 2009, №2, с. 72–77.

«АЛМАТЫ – ДЕЛОВАЯ СТОЛИЦА»

Исмагулов О., Портрет Абылай хана, «Алматы – деловая столица», 2001, №2, с. 48.

«АРУЖАН»

Нуркеева С., Аблай-хан и его мудрая ханша, «Аружан», 2010, №6, с. 2–4.

«ВЕСТНИК НАУКИ», СЕРИЯ ОБЩЕСТВ.-ГУМАНИТ. НАУК

Абсадыков А.А., Является ли имя «Абильмансур» настоящим именем Абылай хана?, «Вестник науки», Сер. обществ.-гуманит. наук, 2000, №1–2, с. 12.

«ВЕСТНИК АН КАЗССР»

Моисеев В.А., Аблай и национально-освободительная борьба казахского народа в 18 веке в студенческих исследованиях, «Вестник АН КазССР», 1991, №12, с. 82.

Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А., Койгелдиев М.К., К вопросу об оценке исторической роли Аблая (Новые исследования об Аблайхане, правившем на территории Казахстана в 40–50-е годы 18 века), «Вестник АН КазССР», 1988, №2, с. 24–33.



ВЕСТНИК УНИВЕРСИТЕТА «КАЙНАР»

Хафизова К.Ш., Султан Тезек и его время (Об исторической роли султана Тезека, внука Абылай хана и о его территориальные владении 19 века в 30–70 годы), Вестник ун-та «Кайнар», 2002, №1, с. 3–14.

«ЖИЗНЬ»

Казахский хан Аблай. К 225-летию со дня смерти великого казахского хана, «Жизнь», 2006, №1 с. 24.

«ЗЕРКАЛО»

Энголи А., Как Сабалак ханом стал. История хана Аблая, «Зеркало», 2002, №2, с. 42.

«ИЗВЕСТИЯ АН КАЗССР», СЕРИЯ ОБЩЕСТВ. НАУК

Басин В.Я., Российские дипломатические миссии в Казахстане в 1740–1742 гг (Посольство К.Миллера к Галдан-Церену. Аблай в джунгарском плену), «Известия АН КазССР», серия обществ. наук, 1967, №6, с. 54–67.

«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА: ПРЕПОДАВАНИЕ В ШКОЛЕ»

Бекенов О., Асатиани О.Е., Потомки Абылай хана. «История Казахстана: преподавание в школе», 2012, №6, с. 23–26.

Павлова О., Хан Абылай, его место в истории и в наши дни, «История Казахстана: преподавание в школе», 2005, №6, с. 28–36.

Урашев С., Потомки Абылай хана на русской службе, «История Казахстана: преподавание в школе», 2008, №8, с. 41–43.

«ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА, ПРЕПОДАВАНИЕ В ШКОЛЕ И ВУЗАХ»

Кайсарова М.М., Казахстан в период правления Абылай-хана, «История Казахстана, преподавание в школе и вузах», 2005, №11, с. 26–30.

Шакирова Ж.М., Абылай – выдающийся государственный и политический деятель, «История Казахстана, преподавание в школе и вузах», 2010, №1, с. 28–34.

«МӘДЕНИЕТ»

Абылай хан. Коротко о жизни и деятельности Абылай хана, «Мәдениет», 1993, 15–30 апр., №8, с. 12; №22–23, с. 8.

«МЫСЛЬ»

Абжанов Х., Абылай хан и Толе би, «Мысль», 2013, №10, с. 60–61.

Ахметов Ж., Абылай хан: геополитическая и геостратегическая миссия, «Мысль», 2007, №2, с. 82–87.

Касымбаев Ж., Абдиров М., Потомки Чингиз хана – основатели нашего государства, «Мысль», 1996, №1, с. 3–8.

Муканова Г., В поисках кода нации. Антитеза: Абулхаир – Абылай, 18 век, «Мысль», 2000, №8–9, с. 65.

Хафизова К., Внешнеполитическая действительность Толе би, «Мысль», 2013, №3, с. 63–74.

«QAZYNA»

Нуртазина Н., Абылай-хан: воин, дипломат, лидер нации, «QAZYNA», 2009, №1, с. 66–69.

«NOMAD-KAZAKHSTAN»

Бегалин А., Абылай хан, «Nomad-Kazakhstan», 2006, №5, с. 66–76.



«ОГОНЕК-КАЗАХСТАН»

Национальный герой (Междунар. фонд Аблай-хана, Казах. об-во охраны памятников истории и культуры и фонд «Алтын адам» выявили десятку выдающихся деятелей века и десятку тысячелетия), «Огонек-Казахстан», 1999–2000, №4, с. 14–15.

Нурмагамбетулы Т., Где же прах Аблай-хана, сородичи?!, «Огонек – Казахстан», 1999–2000, №4, с. 16–19.

«ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ»

Валиханов Э.Ж., Около исторические тенденции в освещении жизни и деятельности Абылай-хана и его потомков, «Отан тарихы – Отечественная история», 2004, №1, с. 35–39.

«ПРАКТИЧЕСКАЯ ПОМОЩЬ УЧИТЕЛЮ»

Нигматуллин Н.Г., Ханство Абылая. Открытый урок, «Практическая помощь учителю», 2006, №2, с. 16–19.

«ПРОВИНЦИЯ»

Абылай хан. История правления, «Провинция», 2011, т №1, с. 93.

«ПРОСТОР»

Асемкулов Т., Смерть Кекбалака (по мотивам прозв. М.Магауина о коне Аблай хана Кекбалаке), «Простор», 2002, №5, с. 32–58.

Масалин М., Юность Аблая, «Простор», 2002, №5, с. 5–31.

«РАНДЕВУ»

Нурмуханбетов А., Сон Абылай-хана, «Рандеву», 2002, №6, с. 92–100.

Газетные публикации:

«АКМОЛИНСКАЯ ПРАВДА»

Косянюк В., Дороже всех сокровищ. Открытие обелиска, посв. Абылай-хану, «Акмол. правда, 2004, 10 июля, с. 1.

«АКТЮБИНСКИЙ ВЕСТНИК»

Балкияулы Н., Жолбаскан Т., Аблай-хан – великая историческая фигура, выдающийся государственный деятель и дипломат, «Актюбинский вестник», 1998, 21 июля.

«АРГУМЕНТЫ И ФАКТЫ. КАЗАХСТАН ЮГ»

Вайскопф О., Сказание об Абыльмансуре: о постановке оперного театра «Аблайхан», «Аргументы и факты», Казахстан Юг, 2004, №47 (нояб.), с. 5.

«ВЕЧЕРНЯЯ АСТАНА»

Назарбаев Н.А., Воплощение мечты Абылая, «Вечерняя Астана», 2013, 3 октября, с. 4., №119.

Нокрабекова З., Исполни казахской истории, «Вечерняя Астана», №121, 8 октября, 2013, с. 1, 6–7.

Рафкат И., Кинороман «Абылай» (о презентации киноромана «Абылай»), «Веч. Астана», 2004, 24 янв., с. 1.

Табулдин Г., Историю делают люди, которые навсегда остаются в ней, беседа с корреспондентом газеты, «Вечерняя Астана», 2013, 5 окт., с.7, №120.



«ВЕЧЕРНИЙ АЛМАТЫ»

- Баянов А., Абылай хану от потомков, «Вечерний Алматы», 2000, 20 дек.
Данияров К., Объединение казахского ханства Абылай-ханом, «Веч. Алматы», 1998, 21 дек.
Касымбаев Ж., Меж трех огней (Абылай хан и Петербургский двор через призму времени в 280 лет), «Веч. Алма-Ата», 1991, 29 нояб.
Касымбаев Ж., Во имя исторической правды (по поводу статьи «Кто блуждает меж трех огней?», о политич. роли Абылай хана), «Веч. Алма-Ата», 1992, 28 янв.
Моисеев В.А., Абылай и Россия. Факты и домыслы, «Веч. Алма-ата», 1992, 21 февр.
Назарбаев Н.А., Воплощение мечты Абылая, «Вечерний Алматы», №124, 2013, 8 октября с. 3.
Сулейманов М.-Х., Величие подвига и ничтожество славы (Абылай хан о бунте Е.И.Пугачева; О кратковременном участии Абылай хана в миротворческой операции), «Веч. Алматы», 1996, 28 июня и 1 июля.

«ВОИН КАЗАХСТАНА»

- Мамсуров К., Аблай-хан – образец служения Отечеству, «Воин Казахстана», 1998, №49 (июнь), с. 5.

«ГОРОД»

- Резиденция Абылай хана, «Город», 2009, 4 сент.

«XXI ВЕК»

- Абдысадыков А., Загадка: Абылай хан – настоящее ли имя?, XXI век, 2000, 5 июня.

«ДЕЛОВАЯ НЕДЕЛЯ»

- Еженханулы Б., Истина и легенды: вокруг первого письма Аблай хана китайскому императору Цяньлуну, «Деловая неделя», 2010, 19 марта, с. 11.

«ЗАКОН И ПРАВОСУДИЕ»

- Государство и судебная власть в мировоззрении Аблая хана: Современное сравнение и историч. аспекты, «Закон и правосудие», 2005, 8 июня, с. 5, №23.

«ЗНАМЯ ТРУДА»

- Абильдаулы Б., ...И возродил Абылай хан Тараз под названием Аулие-Ата, «Знамя труда», 2002, 19 сент.
Баданов Ж., Хан Абылай – потомок чингизидов, «Знамя труда», 1994, 13 июля.

«ИЗВЕСТИЯ»

- Варшавская Л., На белой кошме оперного искусства, интервью комп. Е.Рахмадиева о премьере оперы «Аблай хан», «Известия», 2004, 27 нояб., с. 10.
Сулейменов Е., Одна и та же история. Об Абылай-хане, «Известия», 2002, 19 сент., с. 10.

«ИРТЫШ»

- Султанбеков М., Абыльмансур – хан Аблай (Об истории правления хана Аблая), «Иртыш», 1991, 17 мая.

«КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»

- Без прошлого нет настоящего, «Каз. правда», 2013, 8 окт., с. 1 и 3, №290.
Вержбицкая Н., Установлен памятник Абылай хану, «Каз. правда», 2000, 12 февр.
Доброта Л., Останки Абылай хана предали земле, душе вернули покой, «Каз. правда», 2000, 18 марта.



- Доброта Л., Абылай-хан на Щелковом пути, «Каз. правда», 2001, 22 марта.
- Ерофеева И., Хан Абылай, батыр, полководец, политик, записала Г.Шимырбаева, «Каз. правда», 2011, 1 апр. С. 12; 8 апр., с. 14; 15 апр., с. 14.
- Замысел обретает конкретные очертания (Совещание о судьбе будущего фильма об Аblaйхане), «Каз. правда», 2000, 24 марта.
- Кадыров Б., Свеча надежды хана Абылая, «Каз. правда», 2005, 8 нояб., с. 1.
- Кадыров Б., Хан Абылай : воин и дипломат, «Каз. правда», 2011, 8 дек., с. 8.
- Канкенова И., Памяти Абылай-хана..., «Каз. правда», 2004, 9 июля, с. 1.
- Кешин К., Триумф «Аблаи-хана», «Каз. правда», 2004, 23 нояб., с. 1; 26 нояб., с. 8.
- Кузенный А., Имя – легенда, имя – символ (о присутствии Н.А.Назарбаева на торжествах в Кокшетау, посв. ... и открытию памятника Абылай хану), «Каз. правда», 1999, 6 нояб.
- Кузенный А., В честь великого Абылай-хана, «Каз. правда», 2009, 28 окт., с. 5.
- Мерцалов В., Белый дом Абылая, «Каз. правда», 2006, 9 сент., с. 6.
- Михайлова М., Новая книга об Абылай-хане, «Каз. правда», 2005, 25 июня, с. 5.
- Моисеев В.А., Аблай как личность, «Каз. правда», 1992, 29 авг.
- Муканова Г., Нет более чтимого предка, чем хан Абылай, «Каз. правда», 2005, 7 окт., с. 9.
- Назарбаев Н.А., Воплощение мечты Абылая, «Каз. правда», 2013, 2 окт., с. 1, №286.
- Памяти Абылая, «Каз. правда», 1999, 27 окт.
- Сорокин Ю.А., На твердой почве объективности (О монографии казах. историка К.Абуева «Хан Абылай и его время»), «Каз. правда», 2004, 13 марта, с. 5.
- Сулейманов М.-Х., Величие подвига и ничтожество славы (Уроки и предостережения Барака батыра), «Каз. правда», 1996, 3 июля.
- Ташенов Ч., Его жизнь – пример для нации, «Каз. правда», 2013, 8 окт., с. 1 и 3, №290.
- Шаяхмет А., Знаменосец Абылая. Таттикара – один из прославленных акынов казахского народа, воспевавший подвиги батыров, «Каз. правда», 2005, 19 мая, с. 8.
- Шулембаева Р., Тайна сабли хана Абылая, «Каз. правда», 2004, 24 янв., с. 8.

«КУСТАНАЙ. НОВОСТИ»

- Кудабаев А., «Абылай-хан» приходит в Костанай (о спектакле), «Кустанай. Новости», 2000, 19 сент., с. 2.

«ЛЕНИНСКИЙ ПУТЬ»

- Шаяхметов А., Хан Абылай. Страницы родословной, «Ленинский путь», 1991, 22 авг.

«ЛИТЕР»

- Джалдинов а., АРХИВажный документ. В китайских архивах обнаружена переписка Абылай хана и императора династии Цин, «Литер», 2005, 1 дек., с. 3.
- Казанцева Т., Из глубины веков: в Боровом презентовали экспозиционный комплекс Абылай хана, «Литер», 2009, 27 окт., с. 6.
- Касымжанова Г., Абылай хан сменит гражданство?: На Тайване найден неизвестный архив дипломатической переписки хана), «Литер», 2005, 6 дек., с. 6.
- Королев А., Мамаев М., История произведения. Опыт Абылай хана представляется интересным и для современников, «Литер», 2013, 4-окт., с. 4, №1.

«МӘСЛИХАТ ЖӘНЕ ӘКІМДІК–МАСЛИХАТ И АКІМАТ»

- Ерофеева И., Хан Абылай, батыр, полководец, политик, записала Г.Шимырбаева, «Мәслихат және әкімдік – Маслихат и акимат», 2011, №2, с. 11–16.

«НОВОЕ ПОКОЛЕНИЕ»

- Куликова А., Абылай-хан вернулся с севера, чтобы покорить юг, «Новое поколение», 1998, 26 июня, с. 9.



«ОГНИ АЛАТАУ»

Аульбекова К., Абылай хан и его сардары, «Огни Алатау», 2011, 26 февр.
Балтабаева К., Хан Аблай без ярлыков, «Огни Алатау», 1991, 9 авг.
Рыцарские времена Аблая, «Огни Алатау», 1993, 13 янв.

«ОГНИ МАНГЫШЛАКА»

Мирзоев М., Аблай-хан. Взгляд через столетия, «Огни Мангышлака», 1992, 14 апр.

«ОКО»

Гаврилко В., Дом Абылая встречает гостей, «Око», 2007, и 19 окт., с. 8, №40.
Гаврилко В., и грозный хан на вздыбленном коне..., «Око», 2007, 19 окт., с. 8, №40.

«ПРАВДА»

Макарова Т. и др., Дом Абылай-хана, «Правда», 2007, 11–18 июля, с. 4, №26.

«РЕСПУБЛИКА. KZ.»

Рафкат И., Абылай хан – трех жузов государь. Проспект Абылай хана в столице – один из самых просторных и зеленых в городе, «Республика. KZ.», 2011, 23 авг., с. 4.

«РУДНЫЙ АЛТАЙ»

Портреты на тенге: краткая биография Абылай хана, «Рудный Алтай», 1993, 25 нояб.

«СЕВЕРНИЙ КАЗАХСТАН»

Джелбулдин Е., Абылай: История правления Абылай-хана, «Сев. Казахстан», 2001, 27 нояб., с. 3.
Муқанов К., Абылай и его время, «Сев. Казахстан», 2004, 6 февр., с. 5.

«CENTRAL ASIA MONITOR»

Куантаев А., Белый дом Абылая, 2008, «Central Asia Monitor», 10–16 окт., с. 4.

«СОВЕТЫ КАЗАХСТАНА»

Степанов В., Путь к Аблаю (фоторепортаж...), «Советы Казахстана», 1991, 26 авг.

«СТЕПНОЙ МАЯК»

Абдильдин Ж., Сын своего времени, «Степной маяк», 1991, 6 сент.
Валиханов Ч., Абылай, «Степной маяк», 1991, 18–20, 23–25, 27 и 30–31 июля.
Валиханов Ч., «Он умел заслужить уважение народа» (Об исторической роли хана Абылая), «Степной маяк», 1991, 2 авг.
Воробьева Л., Время Абылая, «Степной маяк», 1996, 7 и 9 мая.
Государственный деятель, полководец, дипломат. С научно теоретич. конференции «Абылай и национально-освободительная борьба казахского народа в 18 веке» в Кокшетауе, «Степной маяк», 1991, 3 авг.
Моисеев В.А., На пути к единству. Из истории внешней политики Казахстана в 16–18 веках, о деятельности Абылай хана, «Степной маяк», 1991, 1–2 окт.
Письмо полковника Павлуцкого Абылаю, «Степной маяк», 1991, 2 авг.
Цитаты известных людей об историческом значении деятельности хана Абылай, «Степной маяк», 1991, 2 авг.



«СТОЛИЧНОЕ ОБОЗРЕНИЕ»

Касымов Ж., «Властвующий над тремя ордами» (Абылай хан – 1711–1781), «Столичное обозрение», 1998, 23 янв.

«СТРАНА И МИР»

Бегалин К., Хан Абылай, «Страна и мир», 2009, 16 февр., с. 11, №6.
Торбекова Р., Мировая опера в южной столице (опера «Аблай хан»), «Страна и мир», 2004, 10 дек., с. 19.

«ЭКСПРЕСС К.»

Амиртай Н., Годы великого бедствия : история джунгарских хунтайджи и политике Жангирхана и Абылайхана, «Экспресс К.», 2005, 9 сент.
Аубакиров Э., Великий правитель Великой степи (К 300-летию Абылай хана), «Экспресс К.», 2013, 5 окт., с. 7, №184.
Аяган Б., Великий хан Абылай: О власти воина и мудрого политика, «Экспресс К.», 2005, 23 сент.
Аяганов Б., Возвращение Абылай, «Экспресс К.», 1991, 31 окт.
Медетов С., Вот памятник – вам... Рукотворный (об открытии памятника великому полководцу Абылай-хану), «Экспресс К.», 2000, 20 дек., с. 4.

«ЭПОХА»

Бегалин К., Хан Абылай. Об истории ханского периода 18 века, «Эпоха», 2006, 10 нояб., с. 10, №44.
Хан Абылай, «Эпоха», 2006, 1 дек.



«Абылай хан» энциклопедиясын дайындауда пайдаланылған басылымдар:

- «Қазақ Совет энциклопедиясы» (12 томдық), Алматы, 1972–78;
- «Казахская ССР» 4-томная краткая энциклопедия. Алма-Ата, 1989. т. 3;
- «Ақмола» энциклопедиясы, Алматы, 1995;
- «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы (10 томдық), Алматы, 1998–2007;
- «Атырау» энциклопедиясы, Алматы, 2000;
- «Түркістан» халықаралық энциклопедиясы, Алматы, 2000;
- «Ақтөбе» энциклопедиясы, Ақтөбе, 2001;
- «Қазақ әдебиеті». Энциклопедия, Алматы, 2001;
- «Қазақ өнері». Энциклопедия, Алматы, 2002;
- «Батыс Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2002;
- «Тараз. Жамбыл облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2003;
- «Жетісу» энциклопедиясы, Алматы, 2004;
- Нәсенов Б., Абылайхан. 3 кітап, Алматы–Новосибирск, 2004–2011;
- «Оңтүстік Қазақстан облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2005;
- «Сыр елі» энциклопедиясы, Алматы, 2005;
- Военная энциклопедия Казахстана, Алматы, 2005, Т. 1–2;
- Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері, 1–3-т., Алматы, 2005–2006;
- Қазақстан тарихы, энциклопед. анықтамалық, А., 2006.
- «Костанайская область». Энциклопедия, Алматы, 2006;
- «Қарағанды облысы» энциклопедиясы, Алматы, 2006;
- Тайшыбай З.С., Қазақтың ханы – Абылай. Дәуірі, өмірі мен қызметі, Алматы, 2011;
- «Ертістің Павлодар өңірі» энциклопедиясы; Алматы, 2013.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

- А. – Алматы
А.-А. – Алма-Ата
а. – ауыл(ы)
абс. – абсолюттік
автоном. – автономиялық
агр. – аграрлық
акад. – академик(гі)
акцион. – акционерлік
АҚ – акционерлік қоғам(ы)
Ақм. – Ақмола
АН – Академия наук
антик. – антикалық
АО – автономиялы облыс
араб. – арабша
археол. – археология(лық)
архит. – архитектуралық
Аст. – Астана
атынд. – атындағы
ауд. – аудан(ы), аудандық
аум. – аумағы(тық)
а. ш. – ауыл шаруашылық(ғы)
Әдеб. – әдебиет
әкімш. – әкімшілік(гі)
әлеум. – әлеуметтік
б. – бет(і)
б. з. – біздің заманымыз(дың)
б. з. б. – біздің заманымыздан бұрынғы
библ. – библиографиялық
биікт. – биіктігі
БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік
(большевиктер) Партиясы
БЛКЖО – Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік
Жастар Одағы
вв. – века
в. – выпуск
ген. – генерал
геогр. – географиялық
губ. – губерния(сы, лық)
гуманит. – гуманитарлық
ғ. – ғасыр(ы)
ҒА – Ғылым академиясы
ғ. ш. – ғасыр шамасы
ғыл. – ғылым(и)
...ғыл. докт. – ғылымдарының докторы
ғыл.-зерт. – ғылыми-зерттеу
ғыл.-теор. – ғылыми-теориялық
дер. – деревня(сы)
диалект. – диалектикалық
дипломат. – дипломатиялық
дисс. – диссертация(лық)
докт. – докторлық, докторы
дүниежүз. – дүниежүзілік
еңбек сің. – еңбек сіңірген
еур. – еуропалық
ж. – жылы
жин.. – жинақ(ғы)
Жоғ. – Жоғарғы
ж. ө. – жылы өлген
ж. т. – жылы туған
ж. ш. – жыл шамасы
ж. ш. ө. – жыл шамасында өлген
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік(гі)
ж. ш. т. – жыл шамасында туған
Зап. – Записки
з-т – зауыт
идеол. – идеологиялық
Избр. тр. – Избранные труды
Изв. – Известия
изд. – издание
инж. – инженер(лік,-і)
ин-т – институт
канд. – кандидаттық
к. – кент (і)
кеңшар – кеңестік шаруашылық
классик. – классикалық
км – километр
кн. – книга
КОКП (СОКП) – Кеңес (Совет) Одағы
Коммунистік партиясы
корр. мүшесі – корреспондент мүшесі
көл. – көлемі
көш. – көше
КСРО – Кеңестік Социалистік Республикалар
Одағы
КСРО Мемл. сыйл. – КСРО Мемлекеттік
сыйлығы
к-т – комитет
кіт. – кітап
қ. – қала(лар, сы)
қ. – қара
Қазақ АКСР-і – Қазақ Автономиялық Кеңестік
Социалистік Республикасы
Қазақ КСР-і – Қазақ Кеңестік Социалистік
Республикасы
ҚазМУ – Қазақ мемлекеттік университеті
ҚазПИ – Қазақ педагогикалық институты
ҚазҰПУ – Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті
ҚазҰУ – Қазақ ұлттық университеті
Қ.-о. – Қызылорда
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасының
Ұлттық Ғылым академиясы
ҚСЭ – Қазақ Совет энциклопедиясы



ҚХР – Қытай Халық Республикасы	солт.-батыс – солтүстік-батыс (ы)
құраст. – құрастырған(дар), құрастырушы(лар)	солт. – солтүстік-шығыс (ы)
қыт. – қытайша	соц. – социалистік
Л. – Ленинград	социол. – социологиялық
Лениндік сыйл. – Лениндік сыйлық(ғы)	Соч. – Сочинения
лингвист. – лингвистикалық	СПБ, СПб. – Санкт-Петербург
лирик. – лирикалық	ст. – станса(сы)
М. – Москва	Ст. – статья
мал ш. – мал шаруашылығы	статист. – статистикалық
мед. – медицина (лық)	сыйымд. – сыйымдылығы
Мемл., мемл. – мемлекеттік	т. – теңіз(і)
Мемл. сыйл. лауреаты – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты	Т. – том
м – метр	Таңд. шығ. жин. – Таңдамалы шығармалар жинағы
мин-лік – министрлік(гі)	Таш. – Ташкент
Мин. Каб. – Министрлер Кабинеті	т.б. – тағы басқа
Мин-лер Кеңесі – Министрлер Кеңесі	темп-ра – температура
мифол. – мифологиялық	теор. – теориялық
МҚК – Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті	тереңд. – тереңдігі
млн. – миллион	terr. – территориялық
млрд. – миллиард	тех. – техника(лық)
М.–Л. – Москва–Ленинград	технол. – технологиялық
моногр. – монографиялық	т. ж. – темір жол(ы)
моңғ. – моңғолша	т. ж. б. – туған жылы белгісіз
мөлш. – мөлшері	т.-ө. ж. б. – туған-өлген жылы белгісіз
муз. – музыка (сы, лық)	төм. – төменгі
мыс. – мысалы	Тр. – Труды
ОАК – Орталық Аткару комитеті	т.с.с. – тағы сол сияқты
обл. – облыс(ы), облыстық	ун-т – университет
ОК – Орталық комитет(і)	уч-ще – училище
окр. – округ(і), округтік	Уч. зап. – Ученые записки
онт. – оңтүстік(гі)	ұжымшар – ұжымдық шаруашылық
оңт.-батыс – оңтүстік-батыс(ы)	ұз., ұзынд. – ұзындығы
оңт.-шығыс – оңтүстік-шығыс(ы)	ҰҚК – Ұлттық Қауіпсіздік комитеті
Орт., орт. – орталық, орталығы	феод. – феодалдық
ө. – өлген	филол. – филология(лық)
ө.ж.б. – өлген жылы белгісіз	филос. – философия(лық)
өз. – өзен(і)	ф-ка – фабрика
парс. – парсыша	ф-т – факультет
пед. – педагогика(лық)	халықар. – халықаралық
политех. – политехникалық	халық ш. – халық шаруашылық(ғы)
полк. – полковник	ч. – часть
Полн. собр. соч. – Полное собрание сочинений	Шығ., шығ. – шығармалары
проф. – профессор(ы)	шығарм. – шығармашылық(ғы)
психол. – психология (лық)	ІМ – Ішкі істер министрлігі
рев. – революциялық	экол. – экологиялық
Респ., респ. – республика (лық)	экон. – экономика(лық)
романтик. – романтикалық	экспед. – экспедиция (лық, сы)
Сем. – Семей	энциклопед. – энциклопедиялық
с. – село(сы)	эпик. – эпикалық
салм. – салмағы	эстетик. – эстетикалық
Собр. соч. – собрание сочинений	этик. – этикалық
с. – страница	этно. – этникалық
сб. – сборник	этногр. – этнографиялық
сер. – серия	этнол. – этнология(лық)
сост. – составитель(и)	ЮНЕСКО – БҰҰ жанындағы оқу-ағарту, ғылым және мәдениет жөніндегі халықаралық ұйым
см – сантиметр	ядр. – ядролық
соавт. – соавтор	
солт. – солтүстік(гі)	



ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

Абылқасым (Әбілқасымұлы) Б. – филолог; Адырбекұлы К. – журналист; Ақбай Н.Е. – журналист, ҚР Мәдениет қайраткері; Ақбаева Л.Н. – филос. ғыл. канд.; Ақмақанов Ж.Қ. – инж.-құрылысшы; Ақтаев С. – жазушы-журналист; Ақынбекұлы Ө. – тарихшы; Алдажұманов Қ. – тарихшы; Алтынбаев Қ. – журналист; Аманжол Қ. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Аманжолова Ш. – тарихшы; Арғынбаев Х. – тарих ғыл. докт., проф.; Арғынғазин С. – «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Артықбаев Ж. – тарих ғыл. докт., проф.; Асан Ө. – журналист; Атығаев (Атығай) Б. – филол. ғыл. канд.; Атығаев Н. – тарих ғыл. канд.; Ахметжан Қ. – тарихшы; Ахметов З. – Қазақстан ҰҒА-ның акад., филол. ғыл. докт., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Ахметов Қ. – «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Әбдәзұлы Қ. – филол. ғыл. докт., проф.; Әбдеш М. – тарихшы; Әбдиманұлы Ө. – филол. ғыл. докт., проф.; Әбдіғазиев Б. – филол. ғыл. докт., проф.; Әбдірахманов С. – географ; Әбдірәсілов Ө. – тарих ғыл. канд.; Әбдіров М. – тарихшы; Әбжанов Х.М. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, тарих ғыл. докт., проф., Ш.Ш. Уәлиханов атынд. Тарих және этнол. ин-тының директоры; Әбсадықов А. – филол. ғыл. докт., проф.; Әбуев Қ.Қ. – тарих ғыл. докт., проф., Қазақ КСР-і Халық ағарту ісінің үздігі; Әбусейітова М.Қ. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, тарих ғыл. докт., проф.; Әбілдаұлы Б. – журналист-жазушы; Әбілғожин Ж.Б. – тарих ғыл. докт.; Әбілқасымов Т. – журналист; Әбішев П.К. – педагог; Әбішева И.К. – жазушы; Әжіғали (Әжіғалиев) С.Е. – тарих ғыл. докт.; Әлімжан Е. – журналист-жазушы; Әлімқұлов А. – мәдениет қызметкері; Әліпұлы Е. – шежіреші; Әріпбай Б. – тарихшы; Әшіров Н. – тарихшы; Базылхан Н. – тарих ғыл. докт., проф.; Байбатша Ө. – геол.-минерал. ғыл. докт., проф.; Байғабатова Н. – тарихшы; Байдосов З. – журналист; Байжанов Т. – тарихшы; Байленова М. – «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Барлыбай Ө. – журналист; Байсеркеұлы М. – режиссер, проф., Қазақстанның халық артисі; Баянұлы Ж. – журналист; Бейсенбаев Ж. – журналист-жазушы; Бекбембет К.Ә. – өнертанушы; Бекшора М. – тарихшы; Белан П.С. – тарих ғыл. докт.; Бельгер Г.К. – жазушы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Бердіғалиева Р. – кітапханашы; Бермаханов А. – тарихшы; Биғожаұлы Қ. – тарихшы-шежіреші; Бисенғали З.Қ. – филол. ғыл. докт., проф.; Болатбаев К. – пед. ғыл. канд.; Бөгенбайтегі Ө. – тарихшы; Бірмағанбетов Ө. – тарихшы; Ғалымбаева Ө. – тарихшы; Дайрабай Т. – өлкетанушы-журналист; Данияров Қ. – журналист; Дәдебаев Ж. – филол. ғыл. докт., проф.; Дәкенов М. – тарихшы; Дәуіт (Дәуітов) Д. – журналист; Дәуітов (Дәуітұлы) С. – филол. ғыл. докт., проф.; Динашева Л. – тарихшы; Доспамбетұлы (Доспанбети) Ұ. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Достайұлы Ж. – геогр. ғыл. докт.; Дулатбекова Н. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, заң ғыл. докт., проф.; Дүйсенбек Ө. – журналист; Дүйсенов Б. – «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Дүкенбаева З. – тарихшы; Елеуқенов Ш.Р. – филол. ғыл. докт., проф.; Ерғазиева Қ. – журналист; Ерғазы Қ. – журналист; Ерғалиев Ж. – жазушы, сенатор, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Ергөбек Қ. – филол. ғыл. докт., проф.; Ерофеева И.В. – тарих ғыл. докт., проф.; Есламғалиұлы М. – жазушы; Есім Ғ. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, филос. ғыл. докт., проф., сенатор; Есмағанбетов К. – тарих ғыл. докт., проф.; Жайлыбаев (Жайлыбай) Ғ. – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Жақып Б.Ө. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, филол. ғыл. докт., проф., ҚР «Дарын» Мемл. жастар сыйл. лауреаты, «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакторы; Жақыпов Е. – тарих ғыл. канд.; Жандыбаев Ғ. – ақын, энциклопедияшы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Жармұхамедұлы М. – филол. ғыл. докт.; Жексембаева Г. – педагог; Жолдасбаев С. – тарих ғыл. докт., проф.; Жолдасбеков М. – филол. ғыл. докт., проф.; Жолсейітова М. – тарихшы; Жолымбетов Ө. – журналист; Жорабаева Г. – тарихшы; Жұмаділов Қ. – жазушы, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Жұмажан Б. – журналист; Жұматаев Б. – энциклопедияшы, «Қазақ энциклопедиясының» жауапты хатшысы; Жұртбай Т. – филол. ғыл. докт., проф.; Зәкенұлы Т. – журналист; Иманбаева С. – журналист; Исабай Қ. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Карпеков Қ. – географ; Кәкішев Т. – филол. ғыл. докт., проф.; Кәрібаев Б. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, тарих ғыл. докт., проф.; Кекілбаев Ө. – Қазақстанның халық



жазушысы, Қазақстанның Еңбек ері, Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты; Кенжалиев З – тарихшы; Кенжеахметов С. – ақын, жазушы; Көбеев А.О. – инж.-экономист; Көбеева Н.С. – инж.-құрылысшы; Көбеева С.О. – педагог-психолог; Көмеков Б. – ҚР ҰҒА-ның акад., тарих ғыл. докт. проф.; Көшжанұлы Қ. – тарихшы-педагог; Күзембаев Н. – журналист; Күзембаева С.Ә. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, өнертану докт., проф.; Қажыбаев Т. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Қаймулдинова К. – географ; Қайырғалиев М. – тарихшы; Қалаубаев Б. – тарихшы; Қалиев М. – тарихшы; Қалижанов У. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, филол. ғыл. докт., проф., М.О. Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тының директоры; Қамзабекұлы Д. – филол. ғыл. докт., проф., ҚР «Дарын» Мемл. жастар сыйл. лауреаты; Қаназ М. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Қарамендина Ә. – журналист; Қасқабасов С.А. – ҚР ҰҒА-ның акад., филол. ғыл. докт., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Қасымбаев Ж. – тарих ғыл. докт., проф.; Қинаятұлы З. – тарих ғыл. докт., проф.; Қирабаев С.С. – ҚР ҰҒА-ның акад., КСРО Пед. ҒА-ның корр. мүшесі, филол. ғыл. докт., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Қожакеев Т. – филол. ғыл. докт., проф.; Қожахметова М. – журналист-жазушы; Қозыбаев М.Қ. – ҚР ҰҒА-ның акад., тарих ғыл. докт., проф., Қазақстан Мемл. сыйл. лауреаты; Қойгелдиев М. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, тарих ғыл. докт., проф.; Қоңыратбай Т.Ә. – филол. ғыл. докт., проф., ҚР Білім беру ісінің үздігі; Қорабай С.С. – филол. ғыл. канд.; Қорғасбекова А. – журналист; Қоспақов З. – өнертану канд.; Қошым-Ноғай К. – ақын, «Қазақ энциклопедиясының» жетекші маманы; Қуандықов Е. – тарих ғыл. докт.; Құдабаев А. – филол. ғыл. канд.; Құдайбергенов Е. – филолог; Құлкенов М. – журналист; Құндақбаева Ж. – тарихшы; Құралов Ғ. – инж.; Құрманғалиев Б. – тарихшы; Қыдырханұлы У. – жазушы-журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Қыстаубаева Г. – журналист; Мағауин М.М. – жазушы, филол. ғыл. канд., Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Мақанұлы С. – тарихшы; Мамашұлы А. – филолог; Маусынбаев М.М. – инж.-құрылысшы; Маусынбаева С.М. – мед. ғыл. канд., ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі; Мауытов Н. – журналист, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакторының орынбасары; Махаева А.Ш. – тарих ғыл. докт.; Мәшімбаев С.М. – тарих ғыл. докт., проф., Қазақстан Білім беру ісінің үздігі; Медерова Н. – тарих ғыл. канд.; Молдамұратов Ғ. – тарихшы; Мұқамбетқалиұлы Қ. – журналист; Мұқанұлы Т. – филолог; Мұратбаев Ж. – тарихшы; Мұхаметханұлы Н. – тарих ғыл. докт., проф.; Мырзабеков М. – тарихшы; Мырзахметұлы М. – филол. ғыл. докт., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Нарымбетов Ә. – филол. ғыл. докт., проф., Қазақстан ҰҒА-ның Ш.Ш. Уәлиханов атынд. сыйл. лауреаты; Нәсенов Б. – экон. ғыл. канд., тарих ғыл. докт., проф.; Негимов С. – филол. ғыл. докт., проф.; Нұрғали Р. – ҚР ҰҒА-ның акад., филол. ғыл. докт., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Нұржекеев Б. жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Нұрпейіс К. – ҚР ҰҒА-ның акад., тарих ғыл. докт., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Нұрпейісов К.Ә. – театртанушы, өнер энциклопедияшысы; Нұрпейісов Қ.К. – тарихшы-педагог; Нұрпейісова Ә.М. – мәдениет қызметкері; Нысанбаев Ә. – ҚР ҰҒА-ның акад., филос. ғыл. докт., проф.; Омарбеков Т. – тарих ғыл. докт., проф.; Омарбекова Д. – экономист; Омаров (Омарұлы) Б. – филол. ғыл. докт., проф.; Омаров Т. – журналист; Орда Ғ. – филол. ғыл. докт.; Оршын К.Ә. – өнертанушы; Өзбекұлы С. – заң ғыл. докт., проф., ҚР Заң ҒА-ның акад.; Өсеров Н. – заң ғыл. докт., проф.; Өскенбай Қ. – тарих ғыл. канд.; Өтенияз С. – тарих ғыл. канд.; Пищулина К.А. – тарих ғыл. канд.; Пресняков С.М. – өлкетанушы; Пірімбетова Е. – тарихшы; Рақымов Б. – филол. ғыл. канд.; Рақышев А. – мед. ғыл. докт., проф.; Рсаев Т.Б. – журналист-жазушы, аудармашы, КСРО Баспасөзінің үздігі, ҚР Баспасөз және полиграфия ісінің қайраткері; Рүстемов С. – тарих ғыл. канд.; Сайлан Б. – тарих ғыл. докт.; Сақиұлы З. – аудармашы; Самитұлы Ж. – тарихшы; Сапаралы (Сапар Али) Б. – журналист; Сапарқызы Г. – журналист; Сарай Ә. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Сатаев А.Р. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Сәнік З. – тарих ғыл. докт., проф.; Сәрсекке М. – жазушы-драматург, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Сәрсекеев Қ. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Сейдімбек А.С. – филол. ғыл. докт., проф., Қазақстанның еңбек сің. қайраткері, ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Сейтжанұлы З. – филол. ғыл. канд.; Серікбаев К. – полк., әскери ғыл. канд., проф.; Смағұлова Б. – инж.-құрылысшы; Сманов Б. – ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі, пед. ғыл. докт., проф.; Сматаев С. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; Спан Ә. – өлкетанушы-журналист; Сүлеймен Ж. – тарихшы; Сүлейменов Б. – тарихшы; Сыдықұлы Қ. – филол. ғыл. канд.; Сыдықов Ж. – Қазақстан ҒА-ның акад., геол.-минерал. ғыл. докт., проф., Қазақ КСР-і Мемл. сыйл. лауреаты; Сыдықов Х. – аудармашы-жазушы; Тайшыбай З.С. – филол. ғыл. канд., проф.; Тебегенов Т. – филол. ғыл. докт., проф.; Темешина И.К. – педагог; Темірғалиев А.С. – экономист; Темірғалиев С.Ж. – экон. ғыл. канд., доцент; Темірғалиева Г.О. – педагог-филолог; Тоқтабаев А. – тарихшы; Толыбаев Қ. – жазушы; Толысбайұлы К. – журналист; Төрекұл Н. – филол. ғыл. докт.; Тұрғынбаев Е. – тарихшы; Тұржанова О. – тарих-



шы; Тұрлыбайұлы Ж. – жазушы; Тұрысов Е. – жазушы; Түсіп Е.Ж. – майор-өлкетанушы; Тілепов Ж. – филол. ғыл. докт., проф.; Тілеубаев Ш. – тарихшы; Тілеуова Ә. – тарихшы; Уақатов Б. – филол. ғыл. докт.; Уәлиханов Е. – тарихшы; Уәлиханов Ш.Ы. – архитектор, Қазақ КСР-інің еңбек сің. архитекторы, Шығыс елдері Халықар. архит. академиясының акад., проф., ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Халидуллин Ғ. – журналист; Хасенов Ә. – тарих ғыл. докт., проф.; Шалғынбаева (Шалғынбай) Ж. – тарихшы; Шаңбай Т. – филол. ғыл. канд.; Шарахымбай Б. – журналист; Шәкеев Н. – журналист; Шалекенов У.Қ. – тарих ғыл. докт., проф.; Шәмшәтұлы И. – тарих ғыл. докт., проф., КСРО Оқу-ағарту ісінің үздігі; Шойбекова А. – журналист; Шокпарұлы Д. – колөнер шебері, педагог, ҚР-ның еңбек сің. қайраткері; Шүкеева Н. – тарихшы; Ыбыраев Ш. – филол. ғыл. докт., проф.; Ысқақ Қ. – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі; ҚР Мемл. сыйл. лауреаты; Ысқақова Ғ.О. – педагог-филолог; Ысқақұлы Д. – филол. ғыл. докт., проф.; Ысмағұлұлы (Смағұлұлы) О. – ҚР ҰҒА-ның акад., тарих ғыл. докт., проф.; Ізтаева В. – тарих ғыл. канд.; Ізімұлы М. – журналист-жазушы; Ісмақова А.С. – филол. ғыл. докт., проф.

Энциклопедия посвящена исторической роли жившего в 18 веке великого Абылай хана, талантливого полководца, блестящего дипломата, посвятившего всю свою жизнь, ум и силы, сохранению и объединению казахского народа в годы лихолетья, а также его политической и государственной деятельности. В энциклопедии представлены периоды юношеских лет, возмужания, его окружение и среда, в которой он вырос от султана до уровня хана, его предки и потомки, его современники, герои, защищавшие народ от чужеземных захватчиков, народные бии и мудрецы, заботившиеся о будущем народа, герои, посвятившие свою жизнь борьбе за независимость казахского народа до и после Абылай хана, поэты, писатели и ученые, описавшие и исследовавшие жизнь и деятельность хана, а также исторические места, оставленные в наследие будущим потомкам.



Encyclopedia is devoted to the historical role of the great Abylai Khan who lived in the 18 th century and talented military leader, a brilliant diplomat, who devoted his entire life, mind and strength, preservation and unification of the Kazakh people during the years of hardship, as well as its political and state activity. In encyclopedia periods presented his youth, manhood, the environment, and the environment in which he grew from the Sultan to the level Khan, his ancestors and descendants, his contemporaries, heroes, defending the nation from foreign invaders, folk Biya and sages care much about the future of the people, the heroes who devoted life to the struggle for independence of the Kazakh people before and after Abylai Khan, poets, writers and scientists, who have described and studied the life and activity of the Khan, as well as historical places left in the heritage of future generations.

«Қазақ энциклопедиясының» Бас директоры
ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Бауыржан ЖАҚЫП

**«Абылай хан» энциклопедиясын әзірлеуге
қатысқан шығармашылық топ:**

Ғылыми-шығармашылық топтың жетекшісі К.Ә. НҮРПЕЙІСОВ,
Ғ. ЖАНДЫБАЕВ (жетекші маман)
К. ҚОШЫМ-НОҒАЙ (жетекші маман)

Ғылыми-бақылау

Ә. БАЛҚЫБЕК (жетекші маман)

Компьютерлік баспа орталығы

С.Т. АҚЫЛОВ (орталық жетекшісі)
Г.С. АЛМАСБЕКОВА (1-санатты маман)
Н.О. АРҒЫНБАЕВА (дизайнер-көркемдеуші)
Е.Е. РЫСМЕНДИЕВ (2-санатты маман)

Маркетинг орталығы

Ғ.М. МҰХАМЕДЖАН (іс басқарушы)
К.Қ. ӘТЕЙБЕКОВА (менеджер)
Д.Т. НАУШАБАЙ (менеджер)

Есеп-қисап бөлімі

А.А. СМАЙЛОВА (бас есепші)
Р.А. БАЙМҰХАНБЕТОВА (есепші)
Б.А. ТӘУЕКЕЛОВ (экономист)

ISBN 978-601-7472-23-8



Басып шығаруға 19.09.2013 ж. қол қойылды.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 55,9.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС
050035, Алматы қаласы, 8-ықшамаудан, 19^а-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі, 41.

Ұсыныс үшін

Ұсыныс үшін